Біріншіден, 90 миллионнан астам сөзқолданысты біріктірген 20 мамандандырылған ішкорпустан тұратын ҚТҰК жүйесі – қазақ тілінің лексика-грамматикалық байлығын сақтаушы электронды база. Бұл ресурс тілдің барлық стильдік (ғылыми, ресми, көркем, публицистикалық, ауызекі) және жанрлық ерекшеліктерін қамти отырып, ұлттық тілдің «сандық жадысын» қалыптастырды. Бұл база алдағы уақытта қазақ тілінің академиялық сөздіктері мен грамматикаларын қайта қарауға басты эмпирикалық негіз болмақ.

Екіншіден, корпустың функционалдық мүмкіндіктері, атап айтқанда, автоматты морфологиялық, фонетикалық және семантикалық аннотациялау деңгейлері тілдік зерттеулердің уақыты мен дәлдігін жаңа сапалық белеске көтерді. «Тілін» сөзіне жасалған нақты сараптамалық кейс көрсеткендей, корпус – тілдік бірліктердің контекстік табиғатын, статистикалық жиілігін және тарихи даму динамикасын секундтар ішінде анықтауға мүмкіндік беретін «лингвистикалық томография» қызметін мінсіз атқарып тұр.

Үшіншіден, ұлттық корпус – жасанды интеллект модельдерін (Large Language Models), соның ішінде ChatGPT және өзге де нейрондық желілерді қазақша оқытудың баламасыз дереккөзі. Тілдік модельдердің қазақша сауатты сөйлеуі мен машиналық аударма сапасының артуы тікелей осы корпус базасындағы мәтіндердің жүйелілігі мен таңбалану дәлдігіне байланысты. Демек, корпус – қазақ тілінің жаһандық IT-индустриядағы бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық ресурс.

Төртіншіден, корпустың білім беру саласындағы әлеуеті зор. «Оқу корпусы» мен «Қателер ішкорпусы» сияқты бағыттар тіл үйрету әдістемесін жаңаша құруға, оқулықтарды нақты тілдік фактілермен толықтыруға мүмкіндік береді. Бұл студенттер мен зерттеушілердің академиялық сауаттылығын арттырып, тілдік нормалардың сақталуын цифрлық бақылауға жағдай жасайды.

Түйіндей келгенде, Қазақ тілінің ұлттық корпусын дамыту – тек филологиялық қажеттілік қана емес, бұл ұлттық кодты цифрлық әлемде сақтау мен насихаттаудың мемлекеттік маңызы бар стратегиялық жолы. Болашақта корпустың көлемін миллиардтық көрсеткіштерге жеткізу, аннотациялау алгоритмдерін нейрондық желілер көмегімен жетілдіру және оны білім беру мен ғылым процесіне толықтай интеграциялау – қазақ тілінің XXI ғасырдағы толыққанды «ғылым мен жоғары технологиялар тілі» ретіндегі мәртебесін бекемдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. McEnery T., Hardie, A. Corpus linguistics: Method, theory and practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011. – 294 p.
2. Svartvik J., Quirk R. A corpus of English Conversation. – Lund: Gleerup, 1980. – 284 p.
3. Захаров В. П. Корпусная лингвистика: Учебно-методическое пособие. – СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2005. – 48 с.
4. Құлшар, Б. Ұлттық корпус – қазақ тілінің сандық жадысы // Egemen Qazaqstan. – 2025. – 1 шілде. – Электронды ресурс: https://egemen.kz/article/390542-ulttyq-korpus-–-qazaq-tilininh-sandyq-dgadysy (қаралған күні: 03.04.2026).
5. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. – 2026. – Ресми сайт: https://qazcorpus.kz/ (қаралған күні: 04.04.2026).
6. Жұбанов А. Қ. Қазақ тілі мәтіндер корпусының компьютерлік базасын құрудың алғышарттары // Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі / Жауапты ред. Қ. Күдеринова. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 320 б.
7. Жаңабекова А. Ә. Қазақ тілі мәтіндеріне морфологиялық белгіленім қоюдың ғылыми-тәжірибелік негіздері // Научно-практическая конференция «Языки меньшинств в компьютерных технологиях: опыт, задачи и перспективы». – Уфа, 2012. – 180 с.

ҒТАМА 17.09.91

ҚОРҚЫТ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ ТОҒЫСЫНДА

Әметхан А., 6В01708 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті; **Шнайдер В. А.,** доцент, филол., ғ.к., Астана халықаралық университеті, Астана қ. Қазақстан Республикасы
wladimir_a@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Қорқыт тұлғасының тарихи және аңыздық қырлары кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу жұмысы «Қорқыт ата кітабы», оғыз-қыпшақ дәуіріне қатысты тарихи деректер, қазақ аңыздары және түркі-араб авторларының еңбектері негізінде жүргізілді. Мақалада алдымен «Қорқыт ата кітабындағы» кейіпкердің жырау, абыз, көреген ретінде сипатталуы талданып, оның тұлғалық болмысы мифтік және эпикалық дәстүр контекстінде түсіндіріледі. Сонымен қатар Ибн Фадлан, Әбу Хайян сияқты авторлардың жазбаларындағы Қорқытқа қатысты деректер салыстырылып, оның тарихи негіздері айқындалады.

Кілт сөздер: Қорқыт ата кітабы, оғыз-қыпшақ дәуірі, мифтік бейне, қазақ аңыздары, түркі халықтары, күй өнері, мәдени мұра, жаңғырту.

Кіріспе. Қорқыт тұлғасы – қазақтың ғана емес, бүкіл түркі әлемінің рухани мұрасында ерекше орын алатын құбылыс. Ғалымдар оны бір жағынан – өлімнен қашқан мифтік бейне ретінде, екінші жағынан – оғыз-қыпшақ кезеңінде өмір сүрген тарихи ойшыл, күйші және жырау ретінде қарастырады. Дегенмен қазіргі қоғамда Қорқыт бейнесі көбіне аңыздық сипатта қабылданады, ал тарихи деректер мен «Қорқыт ата кітабындағы» мәліметтер оның нақты тарихи негізін анықтауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан Қорқытты аңыз бен ақиқаттың тоғысында талдау – қазіргі гуманитарлық ғылымдағы өзекті бағыттардың бірі. Мұндай зерттеу мәдениеттану, әдебиеттану, тарих және түркітану салаларын тоғыстырады. Сонымен қатар Қорқыт туралы көзқарастардың әртүрлі болуы – оның ғылыми бейнесін қалыптастыруда түрлі зерттеушілердің еңбектерін салыстыруды қажет етеді. Бұл ретте Ә. Марғұлан, М. Әуезов және қазіргі зерттеушілердің Қорқыт жөніндегі ғылыми тұжырымдарын үйлестіре талдау Қорқыт феноменінің күрделілігін айқындай түседі.

Қорқыт мұрасын тек өткеннің ескерткіші ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Оны қазіргі қоғамға бейімдеп таныту, жастарға ғылыми негізде түсіндіру – мәдени саясат пен білім беру саласы үшін маңызды міндет.

Зерттеудің мақсаты – Қорқыт бейнесін аңыздық және тарихи деректер негізінде талдап, оның мұрасын қазіргі заманға бейімдеп жаңғырту жолдарын ұсыну. Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің негізгі міндеттері төмендегідей:

«Қорқыт ата кітабындағы» Қорқыт бейнесін талдап, тарихи деректермен салыстыру;

Қазақ аңыздарындағы Қорқыт бейнесін ғылыми тұрғыдан талдап, түркі, орыс, батыс зерттеушілерінің пікірлерін саралау; Ә. Марғұлан, М. Әуезов және қазіргі зерттеушілердің Қорқыт туралы ғылыми тұжырымдарын салыстыра талдау; Қорқыт мұрасын қазіргі заманға бейімдеп жаңғырту жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында зерттеу жұмысында тарихи-сипаттамалық талдау, салғастырмалы талдау, жүйелеу және жинақтау әдістері қолданылды. Материал ретінде «Қорқыт ата кітабының» екі нұсқасы, оғыз-қыпшақ дәуіріне қатысты деректер, Ибн Фадлан, Әбу Хайян сияқты авторлардың жазбалары, қазақтың ауызша аңыздары, сондай-ақ Ә. Марғұлан, М. Әуезов, С. Қондыбай, С. Қасқабасов еңбектері пайдаланылды. Фольклортану, әдебиеттану және мәдениеттану салаларындағы ғылыми тұжырымдар зерттеу нәтижелерін негіздеуде басшылыққа алынды.

Нәтижелер. «Қорқыт ата кітабындағы» Қорқыт тұлғасының сипатталуы. Қорқыт бейнесі «Қорқыт ата кітабында» қазақ әдебиеті мен халық ауыз әдебиетінің маңызды деректерінің бірі ретінде көрініс табады. Тарихи деректер мен шежірелік мәліметтерге сәйкес, «Қорқыт – оғыз-қыпшақ дәуірінде өмір сүрген тарихи тұлға әрі халық жадында ерекше орын алған кейіпкер. Оның әкесі Қарақожа – оғыз тайпасының Баят руынан шыққан, ал шешесі – қыпшақ қызы» [1,3]. Осы мәліметтер Қорқыттың екі ірі этникалық орта – оғыз және қыпшақ мәдениеттерінің тоғысында дүниеге келгенін көрсетеді.

Аңыздарда Қорқыттың анасы кейде «Диюдің қызы немесе перінің қызы ретінде сипатталады» [2,187]. Сонымен қатар, оның туған жері туралы деректер: «Қорқыт Сыр суына жақын Қаратаудың бір қойнауында туған екен» [2,187]. Осы тарихи және географиялық контекст Қорқыттың тұлғалық қалыптасуына әсер етіп, оның қоғамдағы беделді қызметін түсінуге мүмкіндік береді.

«Аңыздарда жойқын алыптарды үңгірде, көрде туғызу дәстүрі – халық санадағы ерекше тұлғалардың тууының белгісі» [1,188]. Бұл дәстүр Манас эпосындағы батырларға немесе Ерсайын сияқты батырлардың тууына ұқсас ерекше кейіпкерлерді сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, Қорқыт бейнесінде тарихи және мифологиялық қабаттар бір-бірімен тығыз байланысқан.

«Қорқыт ата кітабындағы» мәтіндер Қорқытты жырау, абыз және данагөй тұлға ретінде суреттейді. Ол оғыз-қыпшақ қоғамында маңызды мәселелердің шешіміне тікелей араласатын беделді тұлға болған. Дастан мәтіндерінде Қорқыт тек жыршы ғана емес, елдің рухани жетекшісі, болашақты болжайтын көреген абыз ретінде бейнеленеді: «Оғыз дастанында барлық маңызды мәселені шешудің басы-қасында Деде Қорқыт жүреді: ол балаға ат қояды, бата береді, келешегін болжап, сәуегейлік сөз айтады» [1,11]. Осылайша, оның рөлі тек көркем мәтіндерде ғана емес, тарихи шежірелерде де маңызды деп бағаланған.

Кітаптың кіріспесінде мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер ерекше орын алады. «Түрік және әзірбайжан ғалымдары Қорқыттың бұл нақыл сөздерін

аталар сөзі деп атайды» [1,12]. Мысалы: «Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас, ұл атадан көрмейінше сапар шекпес; мінген атың қиналмайынша, жол алынбас, қара болат өз қылышыңды салмайынша, жаудың тауаны қайтпас, ер малын қимайынша аты шықпас» [1,13]. Бұл нақыл сөздер Қорқыттың қоғамдағы рухани жетекші, тәрбиелік кеңесші ретіндегі мәнін айқындайды.

Қазақ аңыз ертегілерінде Қорқыттың туған күні ерекше көркемдікпен сипатталады: «Ол түні алай-дүлей боран соғады, нөсерлі жауын құяды, күн тұтылғандай айналаны қара түнек басып, үш күнге дейін күннің көзі ашылмайды» [1,4]. Мұндай көрініс Қорқыт бейнесінің мифологиялық және аңыздық сипаттарын айқындай отырып, оның тұлғалық және тарихи мәнін күшейтеді.

Сонымен қатар, Қорқытқа қатысты жырлар бір кездері оғыз-қыпшақ жұрты қатар көшіп-қонып жүрген ата қоныс – Сыр бойында туып, ғасырлар бойы жырланып, кейін оғыздармен бірге көшкен сайын жаңа сюжеттермен толыққан. Осылайша, Қорқыт бейнесі тарихи, аңыздық және мифологиялық қабаттар арқылы қалыптасып, қазақ халқының мәдени санасында ерекше орын алғанын көруге болады

Тарихи деректердегі Қорқыт бейнесі. Қорқыт бейнесі қазақ және жалпы түркі мәдениетінде ерекше орын алады. Ол тек халық аңызы мен эпостарда ғана емес, тарихи деректерде де көрініс табады. Халық аңызы мен тарихи шындықтың тоғысуы Қорқытты ерекше мифологиялық-тарихи тұлға ретінде көрсетеді. Алғашқы тарихи мәліметтер Оғыз-қыпшақ дәуіріне қатысты жазбалардан басталады. Көптеген деректерде Қорқыттың өмірі аңызбен көмкерілгенімен, оның мәдениеттегі ықпалы айқын көрінеді. Жанаділ А. атап өткендей: «While many aspects of Korkyt’s life are shrouded in legend, historical records from the Oguz-Kypchak era suggest he was a prominent cultural figur» [3,51].

Қорқыттың мифологиялық бейнесі оның рухани және батырлық қасиеттерін қамтиды. Ол халық арасындағы жырау, абыз, данагөй бейнелерімен ұштасады. Жанаділ А. жазғандай: «Korkyt Ata embodies a unique synthesis of historical figure and myth, representing both a spiritual mentor and a heroic archetype within Turkic culture» [3,49].

Қорқыт аңыздарында өлімнен қашу мотиві ерекше көрінеді, бұл халықтың философиялық ойлауымен де байланысты: «The recurring motif of escaping death in Korkyt narratives reflects not only folklore imagination but also philosophical contemplation on life and mortality» [3,52].

Ортағасырлық араб-парсы географиялық және этнографиялық еңбектерде Қорқыт бейнесі жанама түрде көрсетілген. Мысалы, Ибн Фадлан қыпшақ даласын сипаттап: «Они сами рассказывают о своих героях и предках в стихах и считают это священным» [2,76]. Бұл үзінді Қорқыттың жырау, абыз ретіндегі қызметін тарихи-этнографиялық тұрғыда дәлелдейді, өйткені Қорқыт «ата кітабында да оның әр тайпаға өсиет айтып, жыр шығаруы маңызды функция ретінде беріледі» [1,19-21].

Сонымен қатар, Ибн Хайян оғыз тайпаларына қатысты мәліметтер береді: «Огуздар арасында кеңеске шақырып, дауларды шешетін дана ақсақалдар бар» [4,145]. Бұл дерек Қорқытты оғыздың данагөй абызы ретінде көрсететін аңыздармен қабысады.

Демек, Ибн Фадлан мен Ибн Хайянның еңбектері Қорқыттың нақты биографиялық деректерін бермесе де, оның аңыздық бейнесін қалыптастырған тарихи-этнографиялық ортаны жанама түрде көрсетеді. Олардың жазбаларындағы жыршылық дәстүр, даналық институт және тайпа ішіндегі абыздық қызмет сияқты элементтер Қорқыт туралы аңыздардың архаикалық табиғатын күшейте түседі.

Қазақ аңыздары және зерттеушілер көзқарасындағы Қорқыт бейнесі. Қорқыт аңызының құрылымы архаикалық мифтік элементтерге негізделген. Бұл элементтер көбіне қағанат дәуіріндегі шамандық дүниетанаммен сабақтасып, қоғамдық өмірдегі дәстүрлі рөлдермен үндеседі. Мысалы, «Қорқыттың анасы баласы туылар алдында кулан етін жеген, жүктілігі үш жыл тоғыз күнге созылып, туу сәтінде найзағай мен боран болып, бала сөйлеп айналаны қорқытқан деп баяндалады» [1,14–16]. Бұл аңыздар Қорқыттың мифологиялық бейнесін көрсетеді, оның ерекше туылуы мен өмір жолы халықтың тарихи кезеңіндегі қиыншылықтар мен өзгерістерді бейнелейді. «Әдебиетте бұл мотивтер Манас, Едіге, Ер Сайын сияқты қаһармандардың ғажайып туу мотивімен үндеседі» [2,49–52].

Ә. Қоңыратбаев Қорқыт жырларын үш топқа бөлген: ұлыстың ұйымдасу кезеңін сипаттайтын жырлар, түрікмендер мен пешенег тайпалары арасындағы алалықты суреттейтін жырлар, және ұлыстың ыдырау кезеңін көрсететін жырлар [1,17–18]. Бұл топтастыру жырлардың тек мазмұндық сипатын ғана емес, сонымен бірге оғыз қоғамының тарихи дамуын, әлеуметтік өзгерістерін, тайпалық қатынастардың эволюциясын пайымдауға мүмкіндік береді. Әрбір жыр халықтың бірлігін сақтау, сыртқы жаудан қорғану, ел қамын ойлау сынды аса маңызды идеяларды алдыңғы қатарға шығарады. Ұлыстың қалыптасу кезеңін суреттейтін жырларда елдің бір тудың астына жиналып, мемлекеттілік негізінің қалануы көрініс табады. Бұл жырларда батырлардың батылдығы, елді қорғау жолындағы ерлік әрекеттері ерекше дәріптеледі. Ал тайпалар арасындағы қайшылықты бейнелейтін жырларда ішкі алауыздықтан туған жанжал, билікке талас, бірліктің әлсіреу қаупі сөз болады. Мұнда Қорқыттың ақылгөйлік, бітімгерлік рөлі алға шығып, ол ел арасындағы келісім мен татулықты сақтауға үндейді.

Ұлыстың ыдырауын көрсететін жырларда билік пен бірлік әлсірей бастаған шақ бейнеленіп, халық басына түскен ауыртпалықтар суреттеледі. Бұл жырлар арқылы халық өткенін саралап, ынтымақтың қадірін түсінеді. Осылайша, Қорқыт жырлары тек әдеби мұра ғана емес, оғыз-қыпшақ дәуірінің қоғамдық-тарихи айнасы, халықтың бірлік пен тіршілік үшін күрес жолын танытатын рухани шежіре болып табылады.

Қорқыттың нақыл сөздерінен философиялық терең ой мен қарапайымдылық көрінеді: «Жігіт тіршілігінде Қаратаудай қылып бір күн

тыным таппай дүние жияды, бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді» [1,20]. Сонымен қатар, оның өсиеттерінде қазақ қоғамына тән құндылықтар, мысалы қонақжайлық туралы белгілер айқын көрінеді: «Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық» [1,21]. Қорқыттың нақыл сөздерінің мәні тереңде жатыр әрі олардан алар ілім көп.

Қазақ аңыздарындағы Қорқыт бейнесінің сипаты. Қазақ аңыздарында Қорқыт бейнесі көпқабатты мифологиялық тұлға ретінде көрінеді. Бір жағынан, ол өлімнен қашқан пенде, өмірдің мәнін түсінуге ұмтылған дана ретінде сипатталады. Дегенмен өлімнен қашу — қорқақтық емес, өмірдің мәнін терең түсіну әрекеті, мәңгілікке ұмтылу болып табылады. Сондықтан Қорқыт бейнесі халық даналығы мен философиялық ойлардың символына айналған.

Қорқыт бейнесі өмір мен өлім арасындағы күреске сүйенеді. Өлімнен құтылу мақсатында ол бүкіл әлемді аралайды, аспан мен жерді зерттейді, сөйтіп өмірдің мәні мен мәңгіліктің символдық байланысын іздейді. Осы ізденіс оның өнер арқылы мәңгілікке ұмтылуын көрсетеді. Аңыз бойынша, Қорқыт ағаштан тұңғыш қобыз жасап, оған күй тартады. Бұл әрекет оны тек музыкалық дарын иесі ретінде емес, тұңғыш күй шығарған жасампаз қаһарман ретінде де көрсетеді.

Ғылыми талдау көрсеткендей, Қорқыт бейнесі қазақ аңыздарында тек күйші немесе жырау ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани ұстазы, шаман-абыз, бақсы кейпін де қамтиды. С. Қасқабасов өз еңбегінде: «Қазақ әпсана-хикаяттарындағы Қорқыт, түптеп келгенде, қолынан келмейтіні жоқ зор бақсы (шаман), жасампаз қаһарман» (5,57). Осы тұжырымнан көрініп тұрғандай, Қорқыт бейнесі пенде, данагөй, күйші-жырау, шаман-абыз, рухани ұстаз логикалық қатарымен сипатталады. Аңыздардағы әрекеттері мен өсиеттері оның мәңгілікке ұмтылған, өмір мен өлім арасындағы философиялық тұлға екенін айқын көрсетеді.

Түркі, орыс және батыс зерттеушілерінің Қорқыт туралы көзқарастары. Түркі және орыс зерттеушілері Қорқыт бейнесін мәдени-тарихи контексте талдаған. В. Бартольд Дрезден нұсқасындағы Қорқыттың нақыл сөздерін прозалық балама арқылы ұсынған [6,53], ал Әуелбек Қоңыратбаев оны әдеби тілде аударып, эпос тілінің ерекшеліктерін сақтауға тырысқан [1,14].

О. Ш. Гёкяй «Dedem Korkut Kitabı» еңбегінде «Қорқыт аңыздарының ежелгі түркі эпосының мифологиялық қабаттарын» [7,121] сақтағанын көрсетеді. Бұл пікір Қорқыт бейнесінің тарихи деректермен астасқан мифологиялық сипатын дәлелдейді.

G. Lewis Қорқыт ата кітабындағы тарихи және аңыздық қабаттардың арақатынасын талдай отырып: «The Book of Dede Korkut preserves both poetic memory and fragments of tribal history» [8,81]. Бұл тұжырым эпостың тарихи оқиғалар мен мифтік элементтердің қатар өмір сүретінін айқындайды.

Қорқыт туралы қазақ ғалымдарының тұжырымдары. Марғұлан Қорқыт туралы сюжеттердің көне дүниетаныммен байланысты екенін атап, «аңыздардың түбінде мәңгілік өмірді іздеу идеясы» [2,122] жатқанын

көрсетеді. М. Әуезов Қорқытты тарихи шындыққа жақын тұлға ретінде қарастырып, оның «оғыздардың ел қамын жеген ақылгөй абызы және халықтың рухани ұстазы екенін көрсетеді» [5,78].

«Т. Қондыбай Қорқыт жырларының қоғамдық құрылымды, рулық қатынастар мен жер-су аттарын сақтайтынын атап, тарихи шындық пен эпикалық дәстүрдің байланысын дәлелдейді» [9,56]. С. Қондыбай Қорқытты «хаос пен космос арасындағы өткел, өмір мен өлімнің шекарасында тұрған символдық тұлға» [9,60] ретінде сипаттап, оның мифологиялық рөлін ашады.

Осылайша, қазақ, шығыс және батыс зерттеушілерінің салыстырмалы талдауы Қорқыт бейнесінің біртұтас емес, бірнеше қабаттан тұратын күрделі құрылым екенін дәлелдейді. Аңыздық элементтер (ажалдан қашу, қобыз, мәңгілік іздеу) тарихи деректермен астасып, түркі мәдениетінің мифтік және тарихи бірлігін көрсетеді. Қорқыт – нақты тарихи кезеңде өмір сүрген, бірақ халықтық дүниетаным оны мифтік деңгейге көтерген әмбебап мәдени феномен.

Қазіргі уақытта Қорқыттың бейнесі көп қазақ жастарына жалпы сипатта ғана таныс. Ал Қорқыттың жырларында, нақыл сөздерінде, болашақ ұрпақ бойына сіңіру қажет қаншама ілім, құндылық бар. Қорқыт мұралары – бұл ұлттың жүріп өткен жолы, баға жетпес мәдени қазынамыз. Сондықтан әр бір қазақ азаматы Қорқыт мұрасын жетік білуі тиіс. Оны ең алдымен мектеп қабырғасынан бастау керек: Ол үшін:

- Білім беру мазмұнына енгізу;
- Орта мектеп, колледж, университет бағдарламаларына Қорқыт туралы бөлім қосу. Мысалы, «Қорқыт және түркі мәдениеті», «Эпос және мифология» атты элективтік курстар ашу;
- Сандық-технологиялық форматтар;
- Подкаст: Қорқыт жырлары мен аңыздарын аудио форматында тарату;
- Анимация, мультфильм, комикс: Балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивті жобалар;
- R/VR жобалары: Виртуалды шынайылық арқылы ежелгі Оғыз-Қыпшақ әлемін және Қорқыт аңыздарын көрсету.
- Фольклорлық, музыкалық, қолөнер шеберханалары арқылы Қорқыт дәуірін таныту.
- Халықаралық мәдени фестивальдер ұйымдастыру, Түркі әлемі елдерінде мәдени диалогты дамыту.

Сонымен қатар мәдени туризм және этнотанымдық жобаларды ұйымдастыру тиімді ол үшін «Қорқыт жолы» туристік бағыттарын жасау: тарихи және мәдени орындарды экскурсияға қосу.

Қорытынды. Қорқыт тұлғасы – түркі өркениетінің ең терең интеллектуалдық және рухани бейнелерінің бірі. «Қорқыт ата кітабы» деректері мен қазақ аңыздарындағы мәліметтерді салыстырғанда, Қорқыттың болмысы тарихи және мифтік сипаттардың тоғысуынан жасалғанын анық көреміз. Мәтіндегі аңыздық элементтер (ерекше туу, өлімнен қашу, қобыз арқылы мәңгілік үн іздеу) оның мифологиялық кейіпкер ретіндегі орнын

айқындаса, тарихи деректер (оғыз-қыпшақ дәуіріне қатысты мәліметтер, шежірелік деректер, шығыс авторлары Ибн-Фадлан мен Әбу Хайян еңбектеріндегі жанама жазбалар) Қорқыттың шынайы өмір сүрген тарихи тұлға екенін көрсетеді.

Қорқыт тұлғасы қазіргі кезеңде де өзекті. Ол — өлімге қарсы рухани күрестің, өмірді сүюдің, ізгілікті дәріптеудің үлгісі. Қызылордадағы қобыз тәрізді ескерткіш, Қаратау өңіріндегі туған жеріне қатысты аңыздар сияқты мәдени нысандарды заманауи форматта таныту (QR-карта, интерактивті аңыз картасы, цифрлық мұра платформалары) Қорқыт мұрасының бүгінгі ұрпаққа жетуін жеңілдетеді.

Қорқыт — тарих пен аңыздың түйіскен тұсындағы әмбебап мәдени тұлға. Оның мұрасы — қазақ руханиятының алтын қазығы, ал оның философиясы — қазіргі қоғам үшін де рухани бағдар бола алады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2011. – 321 б.

2. Марғұлан Ә. Қазақ аңыздары мен мифологиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. –188 б.

3. Zanadil A. Korkyt Ata: Historical and Mythical Perspectives // Turkic Studies Journal. – 2024. – Vol. 12, No. 3. – P. 45-60.

4. Әуезов М. Қазақ әдебиеті тарихы: Эпос және фольклор. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 356 б.

5. Қасқабасов С. Қазақ фольклорындағы Қорқыт бейнесі – TURKIYA.KZ, 22 қазан 2010. [Электрондық ресурс]. – қолжетімділік режимі: https://turkiya.kz/p_92/ – қолжетімділік күні 29.03.2026.

6. Бартольд В. Оғыздар мен түркі халықтарының тарихы. – Дрезден: 1883. – 125 б.

7. Gökyay O. Ş. Dedem Korkut Kitabı. – Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, 2000. – P. 156.

8. Lewis G. The Book of Dede Korkut: A Historical and Literary Analysis. – Cambridge: Cambridge University Press, 1974. – P. 253.

9. Қондыбай С. Қазақ мифологиясы және эпостық дәстүр. – Алматы: Атамұра, 2004. – 236 б.

ҒТАМА 16.01.11

«ҚАЗАҚСТАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Баербекова А.Е., докторант; академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
aliya.baerbekova@gmail.com

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдаулары негізінде президенттік дискурстағы «Қазақстан» концептісінің тілдік репрезентациясы қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі саяси дискурсты ұлттық бірегейлік пен қоғамдық сананы қалыптастыру құралы ретінде зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен айқындалады.

Жұмыстың мақсаты – «Қазақстан» концептісінің құрылымын анықтау және оның тілдік репрезентациясының негізгі құралдарын айқындау. Зерттеуде концептуалдық талдау, дискурс-талдау, контекстуалдық талдау және тілдік материалды сандық өңдеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде «Қазақстан» концептісі институционалдық, кеңістіктік, аксиологиялық және саяси компоненттерді қамтитын көпқұрамды когнитивтік құрылым екені анықталды. Бұл компоненттер «мемлекет», «ел», «Отан», «егемендік» және «бірлік» концептілері арқылы жүзеге асады. Президенттік дискурста даму, реформалар және әлеуметтік тұрақтылыққа қатысты лексемалардың басым екені анықталып, бұл саяси коммуникацияның прагматикалық бағыттылығын көрсетеді.

Алынған нәтижелер президенттік дискурс тек ақпараттық қана емес, сонымен қатар конструктивтік қызмет атқаратынын, яғни мемлекеттің тұтас бейнесін қалыптастырып, қоғамның негізгі құндылық бағдарларын бекітетінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: «Қазақстан» концепті, президенттік дискурс, тілдік репрезентация, саяси дискурс, Президент Жолдауы

Кіріспе. Жаһандану жағдайында саяси коммуникация қоғамдық санаға ықпал етудің маңызды тетігіне айналуда. Мемлекет басшыларының сөздері тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық идеяны қалыптастыру, билікті легитимациялау және саяси шындықты конструциялау құралы болып табылады [1].

Саяси дискурс институционалдық коммуникацияның бір түрі ретінде қарастырылып, идеологиялық, бағалауыштық және стратегиялық сипатқа ие. Президенттік дискурс оның жоғары формасы ретінде ішкі және сыртқы саясаттың басым бағыттарын айқындауға, құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталады.

Зерттеудің өзектілігі әлемдік саяси кеңістіктегі трансформациялармен және медиа рөлінің артуымен байланысты. Президенттік жолдаулардағы концептілердің тілдік репрезентациясын талдау теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды.

Президенттік дискурс әлемдік лингвистикада белсенді зерттелуде. Американдық дискурсты зерттеулерде стратегиялардың айырмашылығы көрсетіледі: демократиялық құндылықтар мен консенсусқа бағдар (Барак Обаманың тілдік тұлғасы) [2] және конфронтациялық риторика (Дональд Трамптың саяси дискурсы) [3].

Ресейлік дискурс жоғары деңгейдегі идеологизациясымен, мемлекеттікке, егемендікке және тарихи сабақтастыққа басымдық беруімен сипатталады (Владимир Путиннің инаугурациядағы сөзі) [4], ал Б. Ельцин дискурсы (Борис Ельциннің саяси дискурсы) өтпелі кезең ретінде қарастырылады [5].

Қазақстандық президенттік дискурс жүйелі түрде аз зерттелгенімен, негізгі концептілер айқындалған: «тәуелсіздік», «даму», «тұрақтылық» (Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік дискурсы) [6], 2013 және «әділетті мемлекет», «реформалар», «диалог» (Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси дсикурсы).

Жалпы алғанда, президенттік дискурс ұлттық бірегейлік пен саяси легитимділікті қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу кешенді әдістерге негізделеді: концептуалдық, компоненттік, контекстік және дистрибутивтік талдау, сондай-ақ когнитивтік интерпретация. Концептінің семантикалық белгілерін анықтауға бағытталған контент-талдау қолданылады.

Зерттеу материалы ретінде 2019–2025 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың Жолдаулары алынды, бұл «Қазақстан» концептісінің репрезентация динамикасын байқауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. «Қазақстан» концептісі өзара байланысты субконцептілер жүйесін қамтитын күрделі көпқұрылымды бірлік болып табылады. Қазіргі лингвистикада мұндай құрылымдар макро- және суперконцепт ұғымдары арқылы сипатталады.

Талдау нәтижесінде келесі басым субконцептілер анықталды:

«мемлекет» — 40%

«ел» — 35%

«отан» — 15%

«тәуелсіздік/егемендік» — 10%

Бұл деректер президенттік дискурста «Қазақстан» концептісінің институционалдық және аумақтық қырларының басым репрезентацияланатынын көрсетеді.



Диаграмма 1. Президенттік дискурстағы «ҚАЗАҚСТАН» концепті субконцептілерінің өзектенуінің статистикалық талдауы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында «Қазақстан» концептісі өзара байланысты бірнеше субконцепт арқылы репрезентацияланады. Олардың ішінде «мемлекет» пен «ел» ұғымдары ерекше орын алады. Бұл ұғымдар ұлттық бірегейлік, қоғамдық сана және мемлекеттік идеология туралы түсінікті қалыптастырады.

«Мемлекет» субконцептісі кең және тар мағынада қарастырылады. Кең мағынада ол халық, ел және қоғам ұғымдарымен сабақтасатын қоғамдық-саяси ұйымды білдірсе, тар мағынада — басқару органдары жүйесі мен мемлекеттік аппаратты білдіреді. Президенттік дискурста бұл лексема көбіне институционалдық контексте қолданылып, реформалар, басқару, заң үстемдігі және биліктің тиімділігі мәселелерімен байланыстырылады. «Құқықтық мемлекет», «күшті мемлекет», «Әділетті мемлекет», «халық үніне құлақ асатын мемлекет», «цифрлық мемлекет» сияқты тіркестер жиі кездеседі. Бұл құрылымдар мемлекет бейнесін әділеттілік, диалог, даму және технологиялық прогресс құндылықтарының тасымалдаушысы ретінде көрсетіп, қоғамдық санада оның оң бейнесін қалыптастырады.

«Ел» субконцептісі кең әрі көпқабатты сипатқа ие. Ол тек географиялық мағынамен шектелмей, халықты, қоғамды, мәдениетті, тарихи жадты және рухани құндылықтарды қамтиды. Жолдауларда «ел бірлігі», «елдің дамуы», «елдің болашағы» сияқты тіркестер арқылы көрініс табады, бұл бірлік, тұрақтылық және ортақ жауапкершілік идеяларын айқындайды. «Мемлекет» ұғымы институционалдық қырды айқындаса, «ел» ұғымы әлеуметтік-мәдени тұтастықты білдіріп, билік пен халықты біріктіретін интегративтік қызмет атқарады.

Осылайша, «мемлекет» пен «ел» субконцептілері бірін-бірі толықтырады: біріншісі — басқару жүйесі мен саяси ұйымдасуды, екіншісі –

қоғамдық бірлік пен құндылықтық кеңістікті көрсетеді. Олардың өзара байланысы «Қазақстан» концептісінің тұтас бейнесін – әрі мемлекет, әрі әлеуметтік-мәдени қауымдастық ретінде қалыптастырады.

Президент Қ.Ж. Тоқаевтың сөздерінде «ел» субконцептісі «біздің ел», «елде», «елдің дамуы», «елдің болашағы» сияқты лексемалар арқылы беріледі. «Біздің ел» тіркесі тиесілілік сезімін, патриотизмді және ұжымдық жауапкершілікті қалыптастырып, біріктіруші қызмет атқарады. «Елде» сөзі әлеуметтік-экономикалық үдерістерді нақтылап, ішкі мәселелер мен жетістіктерге назар аударады. «Елдің дамуы» лексемасы экономикалық, саяси және әлеуметтік прогресті қамтитын стратегиялық мақсаттарды білдірсе, «елдің болашағы» ұзақ мерзімді перспективаларға бағыттап, азаматтарда сенімділік қалыптастырады. Жалпы алғанда, Қазақстан тұрақты даму стратегиясы бар дамушы мемлекет ретінде сипатталады.

«Отан» субконцептісі айқын құндылықтық-эмоционалдық сипатқа ие және халықтың мәдени, тарихи және рухани бірегейлігімен байланысты. Ол туған жерге деген сүйіспеншілікті, патриотизмді және азаматтық жауапкершілікті білдіреді [7]. Президент Жолдауларында «Отан» ұлттық бірлікті нығайтудың және азаматтарды ел дамуына ынталандырудың құралы ретінде көрінеді. Осылайша, Қазақстан жоғары аксиологиялық мәнге ие ортақ үй ретінде бейнеленеді.

«Егемендік пен бірлік» субконцептісі саяси тәуелсіздік пен қоғамдық тұтастықты білдіреді. Егемендік — мемлекеттіліктің және халықаралық дербестіктің негізі ретінде, ал бірлік — қоғамның тұрақтылығы мен дамуының шарты ретінде қарастырылады. Дискурста егемендікті сақтау қоғамдық келісімсіз мүмкін еместігі атап өтіледі. Қазақстан тәуелсіз, тұрақты және біртұтас мемлекет ретінде қалыптасады.

Қорытынды. Сонымен, президенттік дискурста «Қазақстан» концептісі мемлекеттік басқару, даму, патриотизм және бірлік идеяларын біріктіретін күрделі құрылым болып табылады. Ол елді тұрақты әрі дамып келе жатқан мемлекет ретінде тұтас бейнеде көрсетеді.

Касым-Жомарт Токаевтің Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларына жүргізілген талдау қазіргі президенттік дискурста «Қазақстан» концептін қалыптастыратын «мемлекет», «ел», «Отан», «егемендік» және «бірлік» субконцепттерінің жүйелі тілдік репрезентациясын анықтауға мүмкіндік берді.

Анықталғандай, «мемлекет» субконцепті институционалдық лексика арқылы жүзеге асып, биліктің басқарушылық және жаңғырту функцияларын бейнелейді. «Ел» субконцепті саяси-аумақтық және әлеуметтік-экономикалық кеңістікті білдіріп, даму мен стратегиялық басымдықтарды айқындайды. «Отан» аксиологиялық және эмоционалдық жүктемеге ие болып, Қазақстанды рухани және мәдени кеңістік ретінде танытады. «Егемендік» пен «бірлік» негізгі идеологемалар ретінде тәуелсіздік, қауіпсіздік және қоғамдық тұтастықты көрсетеді.

Аталған субконцепттердің өзара әрекеттесуі тұтас концептосфераны қалыптастырады: «мемлекет» пен «ел» институционалдық-кеңістіктік параметрлерді белгілесе, «Отан» — құндылықтық өлшемді, ал «егемендік» пен «бірлік» — стратегиялық бағдарларды айқындайды. Осылайша, президенттік дискурс тек саяси басымдықтарды көрсетіп қана қоймай, ұлттық бірегейліктің моделін де құрастырады.

Осылайша:

1. «Қазақстан» концептісі көпқұрамды когнитивтік құрылым болып табылады.

2. Оның репрезентациясы институционалдық, әлеуметтік-экономикалық және құндылықтық сипаттарды бейнелейтін лексемалар жүйесі арқылы жүзеге асады.

3. Құрылымында негізгі компоненттер айқындалады: институционалдық, кеңістіктік, аксиологиялық, саяси және әлеуметтік.

4. Президенттік дискурс прагматикалық сипатқа ие және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған.

5. Лексемалардың жиілігі даму, тұрақтылық және қоғамдық бірлік идеяларының басым екенін көрсетеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Нахимова Е.А. Прецедентные имена в президентском дискурсе // Политическая лингвистика. – 2007. – №2 (22). – С. 44-48.
2. Акинина П.С. Лингвопрагматические особенности американского политического дискурса: на материале выступлений президента США Барака Обамы: автореферат дис. ... к.ф.н.: 10.02.04. – Тверь, 2019. – 20 с.
3. Нестерова О.Б. Концепт AMERICA как фрагмент концептосферы языковой личности Барака Обамы // Научный диалог. – 2021. – №3. – С. 86-105.
4. Гаврилова М.В. Репрезентация понятия «президент» в инаугурационных речах Б.Н.Ельцина и В.В.Путина // Политэкс. – 2008. – № 1. – С. 238-250.
5. Гаврилова М.В. Когнитивные и риторические основы президентской речи (на материале выступлений В.В. Путина и Б.Н. Ельцина). – СПб., 2004.
6. Жакупова А.Д., Юрина Е.А., Мукашева А.О. Интерпретационный и воздействующий потенциал ключевых идеологем президентского дискурса Н.А. Назарбаева // Вестник Томского государственного университета. Филология. – 2022. – № 76. – С. 199-229.
7. Рысберген Қ.К., Халидуллаева Г.Б. Жұмекен Нәжімеденов шығармаларындағы «Туған жер» концептісінің репрезентациясы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №4 (172). 2018. Б.102-109.

ҒТАМА: 16.21.33

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ 7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗ МАҒЫНАСЫН АЖЫРАТУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Бектемір А.Н., «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан.
ekb_bektemir@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада 7-сынып оқушыларының көпмағыналы сөздерді (полисемия) меңгеру деңгейін арттыру мәселелері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі білім беру парадигмасындағы функционалдық сауаттылықты арттыру қажеттілігімен негізделген. Жұмыста контекстік талдау, семантикалық карта және гамификация технологияларына талдау жасалып, нақты нәтижелер ұсынылған.

Кілт сөздер: полисемия, лексикалық құзыреттілік, инновациялық әдістеме, контекстік талдау, визуализация, функционалдық сауаттылық.

Кіріспе. Қазіргі қазақ тілі білімі мен әдістемесінде оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру - басты бағыттардың бірі. Бұл бағыттың негізі А. Байтұрсынұлының тілдік мұраларынан бастау алады [5]. Орта мектептің 7-сынып бағдарламасындағы «Лексикология» бөлімі оқушының лингвистикалық ойлау жүйесін дамытуға мүмкіндік береді. Сөздің семантикалық құрылымын түсіну - тілдік бірліктердің арасындағы логикалық байланысты ұғыну процесі [9]. Зерттеудің мақсаты - инновациялық технологияларды интеграциялау арқылы оқушылардың сөз мағыналарын контексте дәл қолдану және тура/ауыспалы мағыналарды ажырату дағдыларын ғылыми негізде жетілдіру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында 7-сыныптың «Қазақ тілі» типтік оқу бағдарламаларына талдау жасалды [1]. Әдістемелік негіз ретінде келесі тәсілдер іріктелді:

- Семантикалық талдау: Сөз мағыналарының трансформациясын (метафора, метонимия) ғылыми сипаттау [4], [6].
- Графикалық когнитивті модельдеу: Mind Mapping (семантикалық карталар) арқылы лексикалық өрісті жүйелеу [8].
- Инновациялық әдістеме: Педагогикалық технологияларды оқу процесіне интеграциялау [7].
- Интерактивті оқыту әдісі: *LearningApps*, *Wordwall* платформалары негізіндегі дидактикалық модельдер.
- Педагогикалық бақылау мен нәтижені бағалау: Дәстүрлі және инновациялық оқытудың салыстырмалы мониторингі.

Нәтижелер. Инновациялық технологиялардың мазмұндық сипаттамасы

Зерттеу барысында көпмағыналы сөздерді оқыту нөлдік форма теориясындағы семантикалық талдау принциптеріне негізделді [3]. Оқушылар сөздің мағыналық реңкін синтагматикалық байланыс арқылы ажыратуды үйренді. Бұл әдістеме қазақ тілін оқытудың заманауи әдістемелік принциптеріне сүйенеді [2]. Контекстік-семантикалық талдау: Сөздің тура мағынасы мен туынды мағыналары арасындағы байланысты анықтау.

- Интерактивті модельдеу (Mind Mapping): Сөздің мағыналық өрісін (semantic field) графикалық түрде тармақтау.
- Цифрлық гамификация: LearningApps және Wordwall платформаларында сөздердің контекстік қолданысын саралау.

Көпмағыналы сөздердің мағыналық құрылымын игеру нәтижелері

Нөлдік форма теориясындағы «белгінің болмауының өзі белгі» деген қағида көпмағыналы сөздердің контекстегі тасалануын түсіндіруде қолданылды. Оқушылар сөздің мағыналық реңкін синтагматикалық байланыс (сөздердің тіркесуі) арқылы ажыратуды үйренді.

Зерттеу нәтижесіндегі көрсеткіштер (7-сынып мысалында):

Көрсеткіштер	Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін	Өсім динамикасы
Сөздің ауыспалы мағынасын тану	42%	88%	+46%
Метафора мен метонимияны ажырату	30%	72%	+42%
Сөзмағыналарын контексте дәл қолдану	38%	85%	+47%

Функционалдық-семантикалық талдаудың тиімділігі Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, оқушыларға көпмағыналы сөздерді функция мен семантиканың бірлігінде түсіндіру тиімді. Бұл үдеріс оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға тікелей ықпал етеді [10].

1. Тура мағына (Ядро): Номинативті қызметті меңгеру.
2. Туынды мағына (Периферия): Сөздің мағыналық кеңею процесін логикалық түсіну.
3. Контекстік тәуелділік: Көпмағыналы сөздердің мағыналық реңкі тек қоршаған ортасында (контексте) ашылатынын түсіну.

Қорытынды

7-сынып оқушыларының лексикалық құзыреттілігін дамытуда инновациялық технологияларды қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- Лингвистикалық интуиция: Оқушылар сөздің көрінбейтін мағыналық қабаттарын («нөлдік» мағыналық реңктерді) сезуге машықтанды [3].
- Сөздік қордың сапалық өсуі: Сөздің тек бір мағынасын ғана білуден, оның семантикалық мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану деңгейіне көтерілді [9].

• Аналитикалық дағды: Оқушылар лингвистикалық құбылыстарды (полисемия, омонимия) жай ғана атамай, олардың пайда болу жолдарын (ұқсастық, байланыстылық) талдай алатын дәрежеге жетті [4, 6].

Түйін: Инновациялық технологиялар - лексикалық материалды механикалық есте сақтаудан саналы түрде қолдануға көшіретін негізгі құрал [7]. Бұл әдістеме оқушының функционалдық сауаттылығын арттырып, тілдік категорияларды жүйелі түсінуіне жол ашады [10].

Қорытынды. 7-сынып оқушыларына көпмағыналы сөздерді оқытуда инновациялық технологияларды қолдану - лингвистикалық құзыреттілікті арттырудың ең тиімді жолы.

1. Визуализация стратегиялары оқушылардың ассоциативті ойлауын дамытады [8].
2. Көпмағыналы сөздерді терең меңгеру болашақта мәтіндік ақпаратты талдау дағдысын (функционалдық сауаттылықты) жетілдіреді [10].
3. Цифрлық платформалар (LearningApps, Canva) теориялық білімді ойын элементтерімен ұштастырып, білім сапасын 30-40%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім беру стандарты. Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
2. Айтбаева А.Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқулық. – Алматы: Ана тілі, 2015. – 240 б.
3. Омарова А.Қ. Тіл біліміндегі нөлдік формалар және семантикалық талдау негіздері. – Алматы: Ғылым, 2018. – 185 б.
4. Жанпейісұлы Е. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Мектеп, 2010. – 212 б.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
6. Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.
7. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогикалық технологиялар. – Тараз, 2012. – 320 б.
8. Buzan T. The Mind Map Book: How to Use Radiant Thought to Maximize Your Brain's Untapped Potential. – BBC Books, 2010. – 230 p.
9. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2003. – 496 б.
10. Көшімова Б. Қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері // Педагогикалық альманах. – 2021. – №3. – 45-50 бб.

ҒТАМА: 16.21.33

ГРАММАТИКАЛЫҚ НӨЛДІК МОРФЕМА: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТІЛДІК ҚЫЗМЕТІ

Бирмагамбетова А.Е., 6В01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, bir_akbota@mail.ru; **Марат А. Н.,** 6В01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, **aruzhanacc@gmail.com; Әуелбек А.Ө.,** филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Астана халықаралық университеті, Астана қ. Қазақстан, A_akmarzhan@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада тілдің морфологиялық құрылымындағы нөлдік форманың (нөлдік морфеманың) алатын орны мен қызметі қарастырылады. Нөлдік форманың жай ғана «жоқтық» емес, белгілі бір грамматикалық мағынаны тасымалдаушы тұлға екендігі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі зат есімнің атау, ілік, табыс, барыс септіктері мен етістіктің үшінші жақ жіктік жалғаулары сияқты нөлдік формалардың қолданылу ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Зерттеу мақсаты – нөлдік форманың мәнін ашу, оның түрлерін, қызметін және қолданылу ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында сипаттама, морфологиялық, морфемдік және компоненттік талдау әдістері қолданылып, С. Исаев, А. Ысқақов, Н. Оралбаева еңбектері негізге алынды. Нәтижесінде нөлдік морфеманың грамматикалық категорияларда, әсіресе септік, жіктік және етістік жүйесінде кең қолданылатыны анықталды. Ол тілдік үнем заңдылығымен тығыз байланысты және контекст арқылы танылады. Қорытындысында нөлдік форма тілдің ішкі жүйелілігін, құрылымдық икемділігін көрсететін маңызды категория екені дәлелденді.

Кілт сөздер*:* нөлдік форма, нөлдік морфема, септік жүйесі, жіктік жалғау, грамматикалық мағына, грамматикалық форма.

Кіріспе. Тіл – динамикалық жүйе, ондағы әрбір элемент белгілі бір қызмет атқаруға бағытталған. Тіл біліміндегі ең ерекше құбылыстардың бірі - нөлдік форма. Нөлдік форма (немесе нөлдік морфема) дегеніміз - материалдық (дыбыстық) тұрғыдан айтылмайтын, бірақ грамматикалық жүйеде нақты бір мағынаны білдіретін тұлға.

Қазіргі қазақ тіл білімінде сөздердің тұлғалық құрылымын талдауда материалдық қосымшалармен қатар, олардың нөлдік баламаларын анықтаудың маңызы зор. Тілдік үнем заңдылығына сәйкес, кейбір грамматикалық мағыналар арнайы дыбыстық таңбасыз-ақ контекст немесе парадигмалық қатар арқылы беріледі. Бұл құбылысты түсіну тілдің ішкі логикасын және жүйелілігін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысындағы мақсатымыз - нөлдік форманың табиғатын ашу, оның тілдегі қызметін анықтау және қазақ тілі мысалдарында оның көрініс табу заңдылықтарын сипаттау.

Осы мақсатқа жету үшін біз нөлдік морфеманың өзіндік белгілерін ашу; нөлдік морфеманың түрлерін анықтау, ерекшеліктерін нақтылау; грамматикалық нөлдік морфеманың грамматикалық категориялардың құрамынан алатын орнын, білдіретін мағынасын, қолданыстағы жиілігін, ерекшеліктерін белгілеу; зат есім және етістікке қатысты нөлдік морфемалардың ерекшеліктерін анықтауды зерттеуіміздің міндеттері ретінде қарастырамыз.

Материалдар мен әдістер. Мақаламызда С. Исаев, Ы.Б. Шақаман, А. Ысқақов, А.Қ. Қалыбаева, Н.Оралбаеваның еңбектері пайдаланылады. Зерттеу барысында сипаттама әдісі, морфологиялық талдау, морфемдік, компоненттік талдау әдістері қолданылады.

Нәтижелер. Грамматикалық нөлдік морфема дегеніміз - грамматикалық категориялардың көрсеткіштері қызметін атқарып, олардың мағынасын білдіретіп, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаратын тілдік бірліктер. Тіл білімінде кейбір грамматикалық формадағы сөздер грамматикалық көрсеткішсіз-ақ нөлдік формада қолданылады. Нөлдік форма термині ғылымда нөлдік жалғау, нөлдік морфема, нөлдік форма, нөлдік қосымша, нөлдік таңба т.б. терминдерімен белгілі болады. Нөлдік форма теориясының пайда болуына Фердинанд де Соссюрдің тілдік таңба теориясы негіз болды. Ф.Соссюр грамматикалық мағына білдіруші көрсеткіші жоқ сөз формасы басқа сөз формаларымен салыстыру арқылы, солардан өзгешелігі арқылы танылады дейді.

Нөлдік тұлға дегеніміз – бірден көзге танылмайтын, яғни арнайы грамматикалық көрсеткіші, нақты тұлғасы болмайтын, сөйте тұра сөйлемде белгілі бір сөзді екінші сөзбен грамматикалық жағынан байланыстырып, таза грамматикалық мағына білдіретін, қолданыс ішінде ғана қызмет атқарып, дерексіз (абстракциялық) танылатын тұлға [1]. Нөлдік көрсеткішті сөз қолданыс ішінде түбір сөзбен тұлғасы жағынан сәйкес көрінеді, бірақ олар бір деңгейде бола алмайды, олардың қызметі екі түрлі.

Нөлдік көрсеткіш таза грамматикалық категорияда, жалғаулар жүйесінде болады. Оның бар екені өзіне тән грамматикалық белгілерінен көрінеді:

1) ол өзінің нөлдігімен (жоқ болуымен) белгі болып, көрінетін көрсеткіштерге қарама – қарсы тұрады;

2) ашық көрсеткіштермен бір дәрежеде қызмет атқаруымен олармен бірлікте болады;

3) грамматикалық қызметі – байланыстыру және синтаксистік мүше болу қызметі;

4) қай категорияның нөлдігі болуына қарай грамматикалық мән үстейтіні.

Тілдік категорияда нөлдік түсінігінің, ұғымының болуын, теориясын ғалым С.М.Исаев қарапайым мысал арқылы түсіндіреді: «Белгілі бір белгілер жүйесінде бірдей белгінің болмауының өзі белгі болып есептеледі. Мысалы 3

шар алып, оның біреуіне + белгісін, екіншісіне Х белгісін салып, үшіншісіне ешбір белгі салмасақ сол шарларды ажыратуда белгінің болмауының өзі белгі болып табылады» [2,87].

Грамматикалық категориялардың әрқайсысының өзіндік грамматикалық мағынасы болатыны белгілі, ол мағыналарды білдіретін грамматикалық көрсеткіштер де әртүрлі. Оларды негізінен 2 топқа бөлуге болады: 1) жалғаулар, 2) сөз түрлендіруші жұрнақтар. Жалғаулар көбіне есім сөздердің түрлену жүйесіне қатысты болса, сөз түрлендіруші жұрнақтар сын есім шырайларын және етістіктің грамматикалық категорияларын жасауға қатысатыны белгілі, ал етістік категорияларына жіктік жалғау қатысады. Осыған байланысты етістік категорияларының тұлғасындағы сөз үш құрылымнан құралады: *түбір етістік + рай көрсеткіші + жіктік жалғау.*

Грамматикалық нөлдік морфема грамматикалық көрсеткіштердің жалғауға да, грамматикалық жұрнақ түріне де қатысы бар. Демек, грамматикалық нөлдік морфеманың бұл арада тілдегі қандай бірліктерге яғни қандай грамматикалық қосымшаларға қатысты екені анықталды, олар жалғаулар мен грамматикалық жұрнақтарға тікелей қатысты екені белгілі болды. Атап айтқанда, тілімізде ***нөлдік жалғаулар*** және ***нөлдік грамматикалық жұрнақтар*** бар. Мысалы, *Баяғыда Шыңғыс хан айтулы батыс жорығын бастамай тұрғанда, өзіне бағынбай безе көшкен меркіт тайпасын соңынан қуып келіп осы Ырғыз даласында қырып кеткен (40-бет).*

Берілген мысалдағы **қырып кеткен** күрделі етістіктің екінші сыңарындағы **кеткен** етістігінен екі морфема анық көрініп тұр. Ол түбір морфема **кет** және бұрынғы өткен шақтың жұрнағы - кен. Бұған қарап үштік құрам бұзылған сияқты болып көрінді, бұл - сыртқы көрініс, шынында бұл арада етістікте үштік жүйесі сақталған. Олар: 1) түбір етістік, 2) өткен шақ жұрнағы, 3) 3-жақтың нөлдік жалғауы. Мұнда 3-жақ мағынасы бары ешқашан күмән туғызған емес, өйткені осы 3-жақта жалғаудың жоқтығы оның 3-жақ екенін білдіретіні ғылымда қалыптасқан. Ал нөлдік морфема теориясы, тілдік таңба теориясы бойынша мағына бар жердің бәрінде тілдік таңба бар, өйткені тілдік таңба екі жақты құбылыс, оның ішкі мағынасы болады, сыртқы көрінісі, сыртқы белгісі болады. Егер оның сыртқы дыбыстық көрінісі, бейнесі болмаса, мағынаны нөлдік таңба, нөлдік морфема білдірген болып саналады. Сондықтан 2-***мысалдағы Ырғыз даласында қырып кеткен*** дегендегі **кеткен** етістігі - бұрынғы өткен шақтың 3-жағының нөлдік формасындағы етістік.

Нөлдік грамматикалық жұрнақ қазақ тілінің құрылысында бірнеше грамматикалық категорияларда да кездеседі. Мысалы, *Манадан бері дүниедегінің бәрін қоңыр тоқты сойғандай ұшалап-мүшелеп тұрған қасапшы қара ақылы кенет пышағы өтпей қалғандай мүдіріп, жігері құм болып, миы зеңіп барады (137-бет). Манағы ат сіңірмей, найза батырмай тұрған тас түйін ойраттың ортасы ойылыпты (140-бет). Енді қолды-аяққа тұрмай тызақтап шауып кеткен бе? (143-бет).*

Берілген мысалда бірнеше етістік бар, олар: **сойғандай, тұрған, өтпей, қалғандай, мүдіріп, болып, зеңіп, барады, сіңірмей, батырмай, тұрмай, ойылыпты, шауып, кеткен.** Осы етістіктердің – **өтпей, сіңірмей, батырмай, тұрмай** - болымсыз етістіктер, ал қалған - **сойғандай, тұрған, қалғандай, мүдіріп, болып, зеңіп, барады, ойылыпты, шауып, кеткен** - болымды етістіктер. Бұл етістіктердің бәрі етістіктің болымды, болымсыз категориясының формасында қолданылған сөздер (етістіктер). Етістіктің болымды, болымсыз категориясының мағынасы екі құрамнан тұрады. Қимылдың жасалуын білдіретін болымдылық мағына және қимылдың жасалмауын білдіретін болымсыздық мағына. Осы категорияның болымсыздық мағынасын білдіретін -ма, - ме, -ба, - бе, - па, - пе жұрнағы бар. Ал болымдылық мағына түбір етістік атаулының бәрінде бар, бірақ ол мағынаны білдіретін көрсеткіш сөзде көрінбейді. Оны жоғарыда келтірілген **сойғандай, тұрған, қалғандай, мүдіріп, болып, зеңіп, барады, ойылыпты, шауып, кеткен** етістіктерінен көруге болады, өйткені олар болымды мағынада қолданылса да, оның болымдылығын білдіретін - ма, - ме жұрнағына қарама-қарсы мағыналы қосымша сөзде жоқ. Ғылымда мағына бар жерде көрініп тұрған қосымша жоқ болса, онда нөлдік морфема бар деп танылатыны жоғарыда айтылды. Демек, бұл мысалдарда болымдылық мағынаны білдіретін нөлдік қосымша бар. Оны категорияның болымсыздық мағынасы грамматикалық жұрнақ арқылы жасалатын болғандықтан, оның болымдылық мағынасы да грамматикалық жұрнақ арқылы жасалған деп саналады.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда етістіктің грамматикалық категорияларында нөлдік жалғау да, нөлдік жұрнақ та қолданылатыны дәлелденді. Ол басқа категорияларға да қатысты. Ал ондай категориялар тілде аз емес, олардың күрделі түрлерінің бірі септік жалғауы да нөлдік жалғауға бай. Мысалы, *Кімді-кім шауып түсіріп жатыр, кімді-кім кеңірдектен алып қылғындырып түсіріп жатыр, кімді-кім ер үстінен алып ұрып жерге атып жатыр, кім қылыш та тимей, найза да тимей жойқын дүбірдің екпініне шыдай алмай аттан домалап түсіп жатыр – айырып болар емес. Кім батырлық жасады, кім қорқақтық жасады, кім өлермендікке басты, кім қандай тәсіл қолданды – о да белгісіз (135-бет). Сарыарқаны ен жайлап, көршілес жатқан екі ұлыстың арасында тағы да ерсілі-қарсылы ат жүгірту көбейді (117 бет).* Осы сөйлемдерде септік категориясының нөлдік формасында бірнеше сөз бар, олар: **ер, кім, батырлық, қорқақтық, тәсіл, ат** деген сөздер. Бұл сөздер ілік, табыс, барыс септіктерінің нөлдік жалғауларымен қолданылған. Оны төмендегіше дәлелдеуге болады. Ілік септігінің –ның, нің, -дың, дің, -тың, тің жалғаулары бары белгілі, сондай-ақ бұл септіктің жалғаулары сөйлемдегі сөздерге бірде жалғанып, ашық түрде, бірде жалғанбай тасаланып, жасырын түрде қолданылатыны қазақтың алғашқы грамматикалары өкілдерінен бастап айтылып келеді. Ілік септік жалғауы сөйлемдегі сөзге жалғанбаса да оның мағынасы сақталатыны да үнемі айтылып жүр. Бұл – грамматикалық мағына заңдылығына сай заңдылық.

А.Ысқақов «Ілік септік жалғауы жалғанып та, жалғанбай да тұрады» - деген [3,62]. Сондықтан жоғарыдағы **ер үстінен** деген тіркесті **ердің үстінен алып ұрып** деп ілік септігі жалғауымен де айтуға болады. Ол осы септіктің жалғауының бірде сөзге жалғанып, бірде жалғанбай нөлдік жалғаумен қолданылатынын білдіреді. Келесі нөлдік тұлғада деп аталған сөз - кім. Бұл сөйлемде **кім барыс** септігінің нөлдік тұлғасында тұр, оны барыс септігі жалғауында қолдануға болады: **кімге қылыш та тимей** түрінде қолдану ол екеуінің бір септіктегі сөздің екі түрі екенін дәлелдейді. Нөлдік морфема теориясы бойынша кімге қылыш та тимей тіркесіндегі кім барыс септігінің нөлдік жалғауымен қолданылған түрі. Ал **батырлық, қорқақтық, тәсіл** сөздері табыс септігінің нөлдік тұлғасында тұр. Оларды **батырлықты жасады, қорқақтықты жасады, тәсілді қолданды** деген тұлғада да қолдануға болады. ты жасады, қорқақтықты жасады.

Атау септігі нөлдік жалғау арқылы жасалады, оның дыбыстық бейнесі бар, жалғауы жоқ. Бұл септік үнемі нөлдік жалғау арқылы қолданылады. Ол грамматикаларда айтылып жүр. А.Ысқақов бұл туралы: «Жай септеуде де, тәуелді септеуде де атау септігінің өзіне тән арнаулы қосымшасы болмайды» - дейді [3,61]. Атау септігінің қосымшасы болмағанымен, оның өзіне ғана тән грамматикалық мағынасы бар. Оны Н.Оралбаеваның мына сөзінен көруге болады: «Атау септіктің өзіне тән белгілі мағынасы бар, ол мағынаны септік парадигмасының басқа ешбір мүшесі білдіре алмайды, атау септіктің белгілі тұрақты қызметі бар, оны қалған септіктегі сөздердің ешқайсысы атқара алмайды, өйткені атау септік шартты түрде алынған, сөздің басқа септіктерге түрленбей тұрғандағы қалпы ғана емес. Ол септік парадигмасының бір мүшесі, септік жүйесіндегі сөз формаларының бірі, ол сөйлемдегі сөздермен белгілі қатысқа түседі, синтаксистік қызмет атқарады, тұрақты мағынасы бар» [4,116].

Демек, тілдік таңба теориясына сүйенер болсақ, бұл мәселелер нөлдік таңбаға, кейінірек нөлдік морфема аталған тілдік бірлікке жатады, өйткені оның өзіне ғана қатысты грамматикалық мағынасы бар. Атау септік – іс-әрекетің иесі болатын субъектіні білдіреді, соған сай ол сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Ал мағынаны тек тілдік бірлік, тілдік таңба ғана білдіреді. Міне, сондықтан осы мағынаны білдіретін тілдік бірліктің сыртқы дыбыстық бейнесінің болмауына қарай, атау септігінің нөлдік жалғауы бар деп есептелінеді. Бұл жағдай қазақ тіліне ғана қатысты жағдай емес, ол дүние жүзі тіл біліміне қатысты. Орыс тіл білімінде атау септігінің нөлдік жалғауы (нулевая флекция) А.М.Пешковский кезінен соңғы 1982 жылғы "Русская грамматика" кітабында да көрсетілген: «К первому склонению относится существительные мужского рода с нулевой флексией в именительном падеже единственного числа» [5, 483].

Ілік, табыс септігіндегі нөлдік жалғаулардан атау септігінің нөлдік жалғауы өзінің үнемі тек қана нөлдік тұлғада қолданылуы арқылы ерекшеленеді. Мысалы,

Ілік септік: *Патша сарайы бұл ұсыныстардың қай-қайсысына да көзжұмбайлық жасамады. Тәуекел тұсында келетін Степановтан Көшімді*

бағындыруда қазақтардың одақтас боп жарытпайтынын білді. Олар тек Сібірдегі одақтас соғыс театрынан бейтарап ұстауды ғана көздеді (34 бет).

Табыс септік: *Қол астындағы бірі бұтқа, бірі отқа, бірі шіркеуге табынған ала-құла жұртты түгел дерлік мұсылман дініне қаратуға күш салады. Қашып барып Омбыдан жоғарырақта Қарақала деген қамал салады. (34 бет).*

Атау септік: *Жоңғар найзасының ұшы тиген жерде шаңырағы шатынап ортасына түскен орда, адыра қалған тақ қалады (42 бет). Едірең мұртын жел жығып, көк айран теңіз төсінде мұнартып жатқан шығыс жақ жағалауға ойлана көз тастап тұрған Петр патша келеді (52 бет).*

Барыс септік: *Баяғыдан бері діңкесін құртып келген тыпыр-тыпыр тіршілік, өлермендікке салып ілгері өңмеңдеген есек дәме ертеңнен бастап көл-көсір шалқи жөнелетіндей көрінетін де тұратын келешекке артқан телегей-теңіз үміт-арман – бәрі-бәрі мынау ай асты қимыл-қыбырдың қай-қайсысы сияқты пәтуасы жоқ, татуы жоқ тұрлаусыздық пен мағынасыздыққа айналмақ секілді (65 бет).*

Келтірілген мысалдардан ілік, табыс, барыс септіктерінің екі түрлі тұлғада (формада) қолданылатыны анықталды. Олардың біреуі - ілік септігінің жалғаулы тұлғасы, екіншісі - ілік септігінің нөлдік тұлғасы. Сол сияқты табыс, барыс септіктерінің жалғаулы тұлғасы және олардың нөлдік тұлғасы.

Қазақ тілінің жіктелу, түрлену жүйесі өте күрделі, оған қазақ тілінде жіктік жалғаудың бірнеше түрі бары дәлел. Бірақ бұл категорияда тағы да ауыспалы, тұрақты нөлдік морфемалар да қолданылады. Әрине, олар жіктік категориясының белгілі жақтарына қатысты.

Тұрақты нөлдік морфема жіктік категориясының екінші және үшінші жақтарына қатысты. Екінші жақтың тұрақты нөлдік жалғауы бұйрық райдың жіктік жалғауында қолданылады: *Сен мені шығарып сал. Өйтіп көп былшылдама. – Алар жанымды ала қой! – Жә, шулама, түге! – Ханға сәлем айта бар! – Тоқта батыр, екі жігітің босатылды, бір жолға ашуыңды қи! – Елшіге бар, шақырып кел, бірге отырып тамақтансын! (224 бет).* Осы сөйлемдегі **сал, былшылдама, ала қой, шулама, бар, кел, қи** деген етістіктер бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрінде қолданылған, бірақ осы мағынаны білдіретін дыбыстық құрамы арқылы танылатын жалғау бұл сөйлемде көрініп тұрған жоқ. Ал бұйрық мағынасы бары, бұйрықтың 2-жаққа бағытталғаны сөйлемде анық аңғарылып тұр.

Жіктік жалғаудың толық түрінің қолдану аясы кең, бірақ оның бәрінің бір-бірінен айырмасы 3-жақтың жіктік жалғауына байланысты. Жіктік жалғауда әрі қосымшалы тұлға бар, әрі нөлдік жалғаулы тұлға бар. Осыған орай, яғни 3-жақтың қосымшалы түрінің қолданылу аясы мен 3-жақтың нөлдік жалғауының қолданылу орны мен аясы бірдей емес. Жіктік жалғаудың 3-жағының да қосымшасы бар түрі тек қана шақ категориясында қолданылады және шақтың бәрінде емес, ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақта және бұрынғы (ежелгі) өткен шақта (көсемшелі түрінде) ғана кездеседі. Оның жіктелуін еске салайық:

1. Мен айтамын, саламын	*Біз айтамыз, саламыз*
2. Сен айтасың, саласың	*Сендер айтасыңдар, саласыңдар*
3. Сіз айтасыз,саласыз	*Сіздер айтасыздар,саласыздар*
4. Ол айтады,салады	*Олар айтады, салады*

Жіктік жалғаудың бұл түрінде 3-жақтың да жіктік жалғауы бар, тек 3-жақтың көпше түрі ғана нөлдік жалғау арқылы берілген. 3-жақтың көпше түрі үнемі нөлдік морфема арқылы беріледі және ол жіктік категориясының барлық түріне қатысты. Мысалы, **олар келді, олар келсе, олар келген, олар келіпті, олар келмек, олар келер, олар келсін, т. б.**

Міне, бұл жағдай жіктік жалғаудың 3-жақ көпше түрінің көрсеткішінің тұрақты нөлдік морфема екенін дәлелдеді. Бұрынғы өткен шақтың көсемшелі түрінде де жіктелу дәл осы жүйеде жүзеге асады.

Жіктік жалғаудың басқа жағдайларының бәрінде 3-жақта жалғауы жоқ яғни нөлдік жалғау ғана бар. Ал бұл өте көп жағдайларды қамтиды. Оларды А.Ысқақов талдап бірнеше түрін атаған. Олар:

1.нақ осы шақ: ол жатыр, олар жатыр;

2.есімшелі бұрынғы өткен шақ: ол барған, олар барған;

3.ауыспалы келер шақ және ауыспалы өткен шақ: ол баратын, олар баратын;

4.болжалды келер шақ: ол барар, олар барар;

5.мақсатты келер шақ: ол бармақ, олар бармақ;

6.зат есім жіктелуі: ол жұмысшы, олар жұмысшылар;

7.сын есімнің жіктелуі: ол жаман, олар жаман;

8.сан есімнің жіктелуі: ол алтыншы, олар алтыншы;

9.есімдіктің жіктелуі: ол не? Олар не?

10.үстеудің жіктелуі: ол тыста, олар тыста.

Бұдан жіктік жалғауының толық түрінің нөлдік тұлғасының өте көп жағдайда қолданылатыны көрінді және олардың бәрінде де 3-жақтың көптік мәні нөлдік жалғау арқылы берілетінін есте ұстаймыз.

Міне, бұл айтылғандар жіктік жалғаудың 3-жақтағы нөлдік жалғауының тілде көп орын алатынын, жиі қолданылатынын дәлелдеді. Бұл айтылғандар 3-жақтың көпше түрінің нөлдік жалғауына да қатысты. Бұлар үнемі тек нөлдік тұлғада қолданылатындықтан, тұрақты нөлдік морфемаға жатады.

Жіктік жалғаудың 3-жақтағы нөлдік морфемасы жедел өткен шақ пен шартты райда қолданылады. Жіктелудің бұл жүйесінде нөлдік жалғау 3-жаққа, 3-жақтың жекеше, көпше түріне қатысты. Мысалы: *Олар бұл жағдайды барша қазақ ру басшыларымен ақылдасып шешті (167 бет). Тевкелев мынау жайбарақат елдің іш пыстырар тіршілігінен жалығып кеткендей, жалт бұрылып үйіне беттеді (166 бет). Тевкелев төңіректі іргеден бағып, тың тыңдап түс ауғанша жатты (172 бет). Күн батқанша шалқасынан түсіп ап, төбесінен күлтеленіп төгіліп тұрған қызылды-жасылды уық баулар мен жел баулардың шашағын санап жатты да қойды (173 бет). Әбілқайыр «Бұл айтып отырғаным дұрыс па?»-дегендей сөзін үзіп, Тевкелевке көз тастады (175 бет). Ертеңіне, шынында да, таң атпай жатып шырғалаң басталды да*

кетті (179 бет). Енді ол мынау төңірегіне үн-түнсіз торып отырған жым-жырт ауылдың әр қимыл-қыбырын көз жазбай аңдып бақты (181 бет). Бөкенбай батыр қол ұшын беруге уәде қылғанмен, Тевкелевтің жаны жай таба алмады. Олай-былай боп кетіп жүрсек, бәріміз түгел қырылып қалмайық деп бес кісі дворян, бес кісі қазақ, жүз башқұрты Уфаға аттандырып, қолдарына воеводаға апарып тапсыр деп хат беріп жіберді. Олар Уфаға аттанып кеткен күні кешқұрым Бөкенбай келді. Ол ертең билер жиыны болатынын, оған Тевкелевтің де шақырылғанын айтты (187 бет). Ашудан жарылып кете жаздап отырған билер оған дүрсе қоя берді () (187 бет). Қалған бидер ант беріп жатқандарға тістене қарап біраз тұрды да, сол тоң торыс қалыптары аттарына мініп аттанып кетті (191 бет). Бұл мысалдардағы жедел өткен шақтың 3-жақ нөлдік тұлғасындағы етістіктер мыналар: **қалды, жуды, бет алды, жүзе бастады, сезілді, қайта алды.** Осы етістіктердің бәрінің тұлғасы бір болып көрінгенімен, олардың біразы көпше түрде, біразы жекеше түрде қолданылған, оларда жекешелік, көпшелік мән бар. Олардың жекешелік мағынасындағы етістіктері мыналар: **отырып қалды, сезілді, қайта алды;** 3-жақ көптік мағынадағы етістіктер: **айлды, жуды, бет алды, жүзе бастады.** Бұл талдаудан 3-жақтың көпше түрінде екі нөлдік жалғау бары анықталды, олардың бірі 3-жақты білдірсе, екіншісі, көптік мағынаны білдіреді және олар тұрақты нөлдік морфемаға жатады. Осы талдаулардың бәрінде жіктік категориясының 2-3-жақтарының және 3-жақтағы көптік мағынаны білдіретін тұрақты нөлдік морфемалар, жалғаулары барын дәлелдеді. Бұлар үнемі нөлдік морфемада қолданылады, олардың ауысып қолданылатын қосымшалы варианты жоқ, сондықтан да олар тұрақты нөлдік морфемалар, жалғаулар аталады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде нөлдік форманың тіл жүйесіндегі орны мен қызметі жүйеленді. Нөлдік форма – тілдің мағыналық құрылымын жинақы әрі логикалық тұрғыдан мінсіз ететін маңызды құрал. Ол «үнсіз» болса да, тілдік қатынаста, сөздерді байланыстыруда және грамматикалық мағыналарды ажыратуда ашық морфемалармен тең дәрежеде қызмет атқарады. Қазақ тілінің морфологиялық құрылымын, әсіресе септік және жіктік категорияларын тереңірек түсіну үшін нөлдік морфемаларды ескеру қажеттілік болып табылады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Шақаман Ы.Б. Қазақ тілі сөздерінің түрленім жүйесі мен қызметі, - Павлодар: ЭКО, 2008. – 172 б.

2. Исаев С.М. Қазақ тілі жайында ойлар. Алматы. 1997. – 202 б.

3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы.: Мектеп, 1964. - 398 б.

4. Қалыбаева А. Қ., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. Алматы.: Ғылым, 1986, - 192 б.

5. Русская грамматика. - М.: Наука, 1982. Том I. - 783 с.

ҒТАМР 16.21.33

«DIGITAL HUMANITIES ҚАЗАҚСТАНДА: ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ»

Бөгенбай А.М., Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану кафедрасының 1-курс магистранты; **Жиембай Б.С.,** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан**,** bogenbajalma@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада көне түркі жазба ескерткіштерін сақтау мен зерттеудің жаңа ғылыми парадигмасы – Digital Humanities (сандық гуманитаристика) әдіснамасы қарастырылады. Тарихи жәдігерлердің ашық аспан астында табиғи эрозияға ұшырап мүжілуі оларды дәстүрлі мәтінтану шеңберінде ғана қалдырмай, заманауи технологиялық шешімдер арқылы қорғау қажеттілігін туындатады. Зерттеудің басты мақсаты – мәдени мұраны цифрландырудағы озық халықаралық тәжірибелерді (3D модельдеу, жоғары дәлдіктегі фотограмметрия) сараптай отырып, оларды отандық түркітану ғылымына енгізу тетіктерін ғылыми негіздеу.

Зерттеу жұмысында көне мәтіндерді қағаз бетіне транскрипциялаумен шектелмей, олардың виртуалды кеңістіктегі «цифрлық егізін» (digital twin) жасау және трансдисциплинарлық мәтіндік талдау (text-mining) алгоритмдерін қолдану мәселелері кешенді түрде талданған. Сонымен қатар, Қазақстандағы қазіргі электронды архивтеу тәжірибесін халықаралық TEI (Text Encoding Initiative) стандарттарымен кодтап, ескерткіштердің семантикалық-корпустық базасын құру қажеттілігі дәйектелді. Бұл отандық ғалымдарға мәтін ішіндегі ұлттық код маркерлерінің мағыналық желісін компьютерлік дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған технологиялық қадамдар тарихи мұраны жаңғыртуға бағытталған «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық мақсаттарымен толық үндеседі. Дәстүрлі филология мен IT технологияның тоғысуы Орхон ескерткіштерін әлемдік ақпараттық айналымға қосудың ең оңтайлы шешімі екені дәлелденіп, ұлттық мұраның болашақ ұрпаққа қолжетімділігін арттыру жолдары айқындалады.

Кілт сөздер: digital humanities, көне түркі жазуы, 3D сканерлеу, мәтіндік талдау, цифрлық егіз, сандық мұра, Архив-2025.

Кіріспе. Көне түркі жазба ескерткіштері – тарихымыз бен мәдениетіміздің ең басты байлығы. Күлтегін, Тоныкөк және Білге қаған тастарындағы жазулар ата-бабаларымыздың өмірі мен дүниетанымынан сыр шертетін, ұлттық кодымызды айқындайтын құнды дереккөз алайда, ғасырлар бойы ашық аспан астында тұрған бұл жәдігерлер уақыт өте келе қатты бұзылып, мүжіліп барады. Зерттеуші Ерхан Айдынның атап көрсетуінше, соңғы жүз жылдың ішінде ғана Орхон алқабындағы жазба ескерткіштер өте қатты зақымдалған және ондағы таңбалардың өшу қарқыны өте жоғары [4, 141-бет]. Бұл жағдай бізге үлкен ескерту жасап отыр. Тастарды қағазға

көшіріп алу немесе эстампаж (қалып) жасау әдістері олардың бұзылуын тоқтата алмайды. Сондықтан тарихи мұрамызды біржола жоғалтып алмас үшін оларды виртуалды әлемде сақтап қалатын жаңа технологиялық қадамдар жасауымыз керек.

Қазіргі әлемдік ғылымда бұл мәселе Digital Humanities (сандық гуманитаристика) бағыты арқылы шешілуде. Зерттеуші Ю-Вей Лин бұл бағыттың гуманитарлық ғылымдарды заманауи компьютерлік технологиялармен байланыстыратын жаңа әдіснамалық көпір екенін көрсетеді [5, 2-бет]. Яғни бұл мәселе филологтар мен тарихшылардың ғана емес, IT мамандарының да ортақ зерттеу алаңына айналуы тиіс. Біз көне жазуларды жай ғана оқып қоймай, оларды сандық форматқа түсіру арқылы жаңа заманның талабына сай зерттеудің тың тәсілдерін (компьютерлік алгоритмдерді) меңгеруіміз қажет.

Қазақстанда бұл мәселенің өзектілігі «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасымен тікелей байланысты. Бағдарламаның басты мақсаттарының бірі – ұлттық мұрамызды толықтай цифрландырып, ғылыми айналымға енгізу [3]. Осы мақсатқа жету үшін Нәпіл Базылхан сияқты ғалымдарымыздың дайындаған нақты академиялық транскрипциялары мен аудармалары өте маңызды базалық рөл атқарады. Отандық ғалымдардың көп жылғы еңбегімен жинақталған осы таза мәтіндерді жаңа технологиялық негізге көшіру – бүгінгі жас ғалымдардың басты міндеті. Мемлекеттік бағдарламаларды нақты іске асыру үшін дәстүрлі ғылым мен сандық шешімдер бір-бірін толықтыруы шарт. Мақаламызда осы мақсаттарға жетуге көмектесетін халықаралық озық тәжірибелерді (3D модельдеу, мәтіндік талдау алгоритмдері) және оларды Қазақстанда қолданудың нақты стратегиялық мәселелерін кеңінен талдайтын боламыз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының фактологиялық базасы ретінде Н. Базылханның «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері» атты іргелі еңбегі негізге алынды. Ондағы Күлтегін, Тоныкөк және Білге қаған бітіктастарының ғылыми транскрипциялары компьютерлік өңдеуге жүктелетін негізгі «эталондық корпус» қызметін атқарады. Зерттеудің әдіснамалық құрылымы аңдатпада көрсетілген 5 негізгі мәселені шешуге бағытталған кешенді тәсілдерден тұрады.

Ең бірінші мәселе ол– жәдігерлердің эрозиясы және дәстүрлі әдістердің шектеулілігі. Ашық аспан астындағы ескерткіштердің табиғи факторлар мен климаттық өзгерістер әсерінен мүжілуі – бүгінгі күннің басты мәселесі. Е. Айдынның пайымдауынша, соңғы ғасырда тастағы руналардың өшу қарқыны критикалық деңгейге жеткен [4, 141-б]. Бұл жағдайда эстампаж алу немесе қағазға көшіру сияқты дәстүрлі филологиялық тәсілдер жәдігерді болашаққа сақтап қалуға қауқарсыз. Осыған байланысты, зерттеуде үшінші мәселені шешудің кілті ретінде 3D фотограмметрия әдісі ұсынылады. Бұл технологиялық шешім жапон ғалымы Т. Осаваның Моңғолиядағы (Донгойн ширээ) оқуға мүлдем жарамсыз болып қалған көне тастарды арнайы сканерлер арқылы виртуалды кеңістікте қайта жаңғырту тәжірибесіне негізделген [2 , 2-

б]. 3D «цифрлық егіз» (digital twin) жасау әдісі – бұл жай ғана визуалды құрал емес, жәдігерді табиғи жойылудан арашалайтын жаңа онтологиялық консервация. Дәстүрлі тәсілдер жәдігердің тек «өлі» көшірмесін жасаса, цифрлық модель ғалымдарға жарық түсу бұрышын бағдарламалық түрде өзгерту арқылы ең көмескі таңбаларды объективті түрде тануға мүмкіндік береді. Бұл – тарихты сақтаудың субъективті оптикадан технологиялық дәлдікке өтуі.

Жоғарыда аталған мәселемен қатар сандық-аналитикалық талдаудың (Text-mining) жетіспеушілігін байқаймыз. Отандық түркітануда мәтіндерді герменевтикалық оқу (интуитивті талдау) жақсы дамығанымен, үлкен деректерді компьютерлік алгоритмдер арқылы өңдеу ісі әдіснамалық тұрғыдан кенжелеп қалған. Бұл олқылықты жою үшін Ю-Вей Линнің трансдисциплинарлық тұжырымдамасына сай, мәтіндік талдау (text-mining) әдісі басшылыққа алынады [5, 2-б]. Бұл әдіс сөздердің жиілік сөздігін (frequency analysis) және мағыналық конкордансын (concordance) автоматты түрде есептеуге мүмкіндік береді.

Одан кейінгі маңызды аспект – халықаралық стандарттау және базаға біріктіру мәселесі. Қазақстандағы тарихи мәтіндерді халықаралық сандық айналымға қосу үшін оларды халықаралық TEI (Text Encoding Initiative) стандартымен кодтау қажеттілігі туындап отыр. Бұл қадам «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық индикаторларымен толық үндеседі [3]. Мәтіндерді TEI стандарты арқылы семантикалық кодқа айналдыру – қазақстандық түркітануды дәстүрлі сипаттамалық деңгейден үлкен деректерді (Big Data) өңдейтін заманауи компьютерлік лингвистика деңгейіне көтереді. Бұл жерде филологтың міндеті тек мәтінді оқу емес, оны машина түсінетін алгоритмге айналдыру арқылы жасырын мағыналық паттерндерді (заңдылықтарды) математикалық дәлдікпен ашу болып табылады. Осылайша, ұлттық код бүкіләлемдік сандық экожүйенің ажырамас бөлігіне айналады.

Нәтижелер. Зерттеу барысында ұсынылған технологиялық әдістерді қолданудың нәтижесінде мынадай ғылыми-тәжірибелік тұжырымдар жасалды:

1. **Технологиялық консервация моделі:** Орхон ескерткіштерінің эрозияға ұшырау проблемасын шешуде 3D фотограмметрия әдісінің басымдығы негізделді. Т. Осаваның тәжірибесіне сүйене отырып, жәдігердің «цифрлық егізін» (digital twin) жасау арқылы тастың микро-рельефін бағдарламалық өңдеу және көмескі таңбаларды объективті тану мүмкіндігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

2. **Аналитикалық талдаудың жаңа тетігі:** Н. Базылханның транскрипцияларын Ю-Вей Линнің *text-mining* әдіснамасымен интеграциялау арқылы көне мәтіндерді герменевтикалық оқудан математикалық-статистикалық талдауға көшірудің алгоритмі айқындалды. Бұл сөздердің жиілік сөздігі мен мағыналық конкордансын автоматты түрде есептеу арқылы зерттеуші субъективтілігін азайтуға жол ашады.

3. **Сандық стандарттау нәтижесі:** Түркітану деректерін халықаралық TEI стандартымен кодтаудың «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарына толық сәйкес келетіндігі анықталды. Бұл ұлттық мұраны жай ғана цифрландыру емес, оны әлемдік компьютерлік лингвистиканың сандық айналымына қосудың басты тетігі ретінде негізделді. Әдіснамалық талдау көрсеткендей, ұсынылған технологиялық қадамдарды енгізу түркітану ғылымын дәстүрлі сипаттамалық деңгейден үлкен деректерді (Big Data) өңдейтін заманауи аналитикалық деңгейге көтереді. Бұл ұлттық кодты машина танитын алгоритмге айналдырып, оны жаһандық сандық экожүйеде мәңгілікке қалдыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Көне түркі жазба жәдігерлерін сақтау мен зерттеудің заманауи бағытын айқындау мақсатында жүргізілген бұл зерттеу филология мен IT технологиялардың синтезіне негізделген жаңа ғылыми парадигманы қалыптастырады. Ашық аспан астындағы ескерткіштердің табиғи эрозияға ұшырау проблемасын шешуде 3D фотограмметрия мен «цифрлық егіз» жасау технологиясы жәдігерлерді физикалық жойылудан арашалап, виртуалды кеңістікте мәңгілікке консервациялауға мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді жол екені дәлелденді.

Сонымен қатар Н. Базылханның академиялық транскрипцияларын халықаралық TEI стандартымен кодтау және *text-mining* алгоритмдерін қолдану түркітану ғылымын субъективті пайымдаулардан нақты математикалық-статистикалық талдау деңгейіне көтеріп, мәтін ішіндегі жасырын мағыналық паттерндерді ашуға жол ашады. Ұсынылып отырған Digital Humanities әдіснамасы – «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық міндеттерін жүзеге асырудың нақты технологиялық тетігі. Түркілік мұраны осындай кешенді цифрлық айналымға қосу — ұлттық кодты жаһандық ақпараттық кеңістікте жаңғыртудың және оны болашақ ұрпақ пен әлемдік ғылым үшін қолжетімді етудің ең оңтайлы шешімі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Базылхан Н. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері (Көне түрік мәтіндерінің түпнұсқалық көшірмелері мен сөзбе-сөз салыстырмасы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.

2. Мөнхтулга Р., Болорбат Ц., Энхтөр А., Буянхишиг Ц. Донгойн Ширээн дурсгалыг малтан судалсан нь. – Улаанбаатар: ШУА, Археологийн Хүрээлэн, 2014. – 30 х.

3. «Архив – 2025»: Ғалымдардың көзқарасы мен ұсынысы // ruh.kz порталы. – 2019. – [Электрондық ресурс]. – URL: https://ruh.kz/arhiv-2025_13519/ (қаралған күні: 13.04.2026).

4. Aydın E. Orhun Yazıtlarının Bugünkü Durumu (Cengiz Alyılmaz'ın kitabı üzerine inceleme) // Bilge Dergisi. – 2007. – № 50. – S. 139-142.

5. Lin Y. Transdisciplinarity and digital humanities: lessons learned from developing text-mining tools for textual analysis. – Salford: University of Salford, 2012. – 16 p.

ҒТАМА 16.21.33:

ТҮРКІ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Данияр Ә.А., аға оқытушы, PhD**; Алдаберген С.А.,** 6В03101-«Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті,
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
ahmediyakyzy.95@gmail.com

Аннотация. Мақалада түркі жазба мұраларындағы мәдениетаралық коммуникацияның тілдік сипаты Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі» мен Заһир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбектерінің деректері негізінде қарастырылады. «Бабырнама» мен «Түрік шежіресі» жазба мұраларындағы мәдениетаралық коммуникация іздерінің тілдік сипаты қарастырылып, олардың лексикалық және семантикалық ерекшеліктері талданады. Түркі халықтарының өзге жұрттармен (араб, парсы, үнді, қытай, моңғол және т.б.) тарихи байланыстары олардың тілдік қорына елеулі әсер етіп, кірме сөздер, атаулар жүйесі, көптілділік құбылыстары арқылы көрініс тапқаны айқындалады. Зерттеудің басты мақсаты – аталған тарихи жазбалардағы мәдени байланыстардың тілдік көріністерін анықтап, олардың лексикалық, семантикалық және танымдық ерекшеліктерін айқындау. Зерттеу барысында этнонимдер, топонимдер, антропонимдер мен кірме лексика негізінде мәдени байланыстардың тілдегі іздері талданып, түркі жазба мұраларының тіл тарихы мен мәдени ықпалдастықты танудағы маңызы көрсетіледі.

Кілт сөздер: түркі жазбалары, еларалық байланыс, тілдік деректер, мәдени ықпал, тарихи лексика.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан 2026-2028 ж. қаржыландырылатын AP32517979 «Түркі жазба мұраларындағы мәдениетаралық диалог: контекстік, дискурстық талдау («Бабырнама», «Түрік шежіресі» қолжазбалары бойынша)» жобасы аясында жазылды.

Кіріспе. Көптеген ғасырлар бойы адамзаттың төл мәдениетімен ұштасып жатқан, ұлт болмысының тікелей көрінісі – оның тілі. Әрбір тіл қарым-қатынас құрал болумен қатар, сол халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік жағдайын, дүниетанымын бейнелеуде маңызды және шешуші рөл атқарады. Бұл туралы ғалым С.Г. Тер-Минасова былай дейді: «Тіл – халықты бір этнос ретінде қалыптастыратын, сол тілдік ұжымның мәдениетін, салт-дәстүрін, қоғамдық сана-сезімін сақтау мен жіберу арқылы ұлтты құратын қуатты қоғамдық құрал. Демек, тіл әртүрлі мәдениеттердің дүниетанымына, қажеттіліктеріне, болжамы мен уәждеріне сәйкес қалыптасады және сараланады [1,14].

Түркі жазба мұралары – түркі халықтарының тарихи, мәдени және тілдік дамуын айқындайтын маңызды дереккөздердің бірі. Бұл ескерткіштерде белгілі бір кезеңдегі қоғамдық қатынастармен қатар, әртүрлі халықтар арасындағы

мәдени және тілдік байланыстардың іздері көрініс табады. Түркі халықтары тарихи тұрғыдан араб, парсы, қытай, үнді және басқа да өркениеттермен тығыз қарым-қатынаста болғаны белгілі. Осындай байланыстардың нәтижесінде жазба мәтіндерде кірме сөздер, терминдер, антропонимдер мен топонимдер, сондай-ақ әртүрлі мәдени ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктер қалыптасты. Сондықтан түркі жазба мұраларын зерттеу мәдениетаралық коммуникацияның тарихи негіздерін айқындап, оның қазіргі таңдағы тілдік көріністерін талдауға мүмкіндік береді.

Орталық Азия халықтарының тарихи және мәдени байланыстары туралы шығыстанушы ғалым В.В. Бартольд өз зерттеулерінде түркі мемлекеттерінің парсы және ислам өркениетімен тығыз қарым-қатынаста дамығанын атап көрсетеді. Ғалым орта ғасыр жазба деректерінде парсы әкімшілік терминдері мен мәдени атаулардың түркі тілдеріне кеңінен енгенін тарихи мысалдар арқылы дәлелдейді. Оның пікірінше, саяси және сауда байланыстары тілдік алмасудың негізгі себептерінің бірі болған. Бұл құбылыс түркі жазба мұраларындағы кірме лексиканың қалыптасуынан айқын көрінеді [2, 210-211 бб.].

Көрнекті ғалым Р. Сыздық өзінің «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде көне және ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері тілінің қазіргі қазақ тілімен фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жағынан терең тамырлас екенін нақты мысалдармен дәлелдейді. Ғалым орхон-енисей ескерткіштерінің лексикасы мен қазіргі түркі тілдері, соның ішінде қазақ тіліндегі сөздердің мағыналық және тұлғалық бітімі жағынан ұқсас келетінін көрсетеді. Мәселен, ескерткіштердегі туыстық қатынастарға (ата, қатын, қыз, іні, сіңлі, келін), әлеуметтік қатынастарға (ел, іл, жұрт, хан, бек, кедей) және тұрмысқа қатысты сөздер бүгінгі күнге дейін сол күйінде сақталған. Зерттеуші Ә. Құрышжанов пен М. Томановтың статистикасына сүйене отырып, Р. Сыздық ескі түркі сөздік қазынасының негізі қазақ тілінде сақталып қалғанын, яғни көне түркі жазбаларының тілі – қазақ әдеби тілінің де бір арнасы әрі қайнар көзі екенін тұжырымдайды. Бұл пікірлер түркі жазбаларындағы тілдік фактілердің тек тарихи жәдігер ғана емес, ұзақ ғасырлық мәдени-тілдік сабақтастықтың көрінісі екенін айқындай түседі.

Осы тұрғыдан алғанда, түркі жазба мұраларын зерттеу мәдениетаралық коммуникацияның тарихи негіздерін айқындап, оның тілдік көріністерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді [3, 45-48 бб.].

Материалдар мен әдістер. Ғылыми-зерттеу үшін негізгі дереккөздер ретінде әлемдік түркілік транскрипциядағы 1. Thackston W.M. Jr. «Bâburnâma.: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Harvard University, 1993» еңбегін, 2. Қожабекұлының «Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр» әдеби аудармасы мен 3. Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі (2006)» атты жазба мұрасын пайдаландық. Бұл еңбектер түркі тілдерінің тарихи даму үдерісін, мәдени ықпалдастықтың тілдегі таңбалануын және халықтар арасындағы рухани байланыстарды тануда ерекше орын алады.

Зерттеу жұмысында жүйелеу, сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы әдістер, сондай-ақ пікірлерді қорыту мен аударма тәсілдері қолданылады. Бұл зерттеу тәсілдері түркі жазба мұраларындағы мәдениетаралық коммуникацияның тілдік көріністерін анықтауға, кірме лексиканың қалыптасу жолдарын саралауға, этнонимдер, топонимдер мен антропонимдердің семантикалық ерекшеліктерін талдауға және әртүрлі мәдени ықпалдастықтың мәтін құрылымындағы қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мәтіндердегі тілдік бірліктерді контекстік талдау арқылы олардың тарихи-мәдени мазмұны мен функционалдық қызметі анықталып, көптілділік құбылысының жазба мұралардағы көрінісі салыстырмалы негізде қарастырылды. Осылайша лексикалық қабаттардың шығу төркіні, қолданылу аясы және мәдени ақпарат тасымалдау қызметі ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

Нәтижелер. Әбілғазы Бахадүр еңбегінде әртүрлі халықтардың атаулары, олардың тілдік ерекшеліктері мен сөздердің шығу төркіні салыстырмалы түрде сипатталады. Ал Заһир ад-Дин Мұхаммед Бабыр шығармасында көптілді орта, түрлі тілдердің қатар қолданылуы және мәдени ықпалдастық нақты тілдік деректер арқылы бейнеленеді.

Заһир ад-Дин Бабырдың «Бабырнамадағы» мәдениетаралық коммуникация түркі мәдениетінің парсылық және үнділік мәдениеттерімен тоғысуынан көрінеді. Әсіресе, қалалық мәдениет қарым-қатынасынан бірінші халық мәдениетінің өзге халықтың мәдениетімен ықпалдасуы айқын байқалады. Ауғанстан халықтарының түркі халықтарымен байланысы ежелгі дәуірден бастау алады. Түркі қарыздарының дари тіліне (сондай-ақ парсы және тәжік тілдеріне) енуі әсіресе Тимуридтер дәуірінде жанданды [4, 14]. Бабыр «Бабырнамада» Кабул қаласындағы халықтың бірнеше тілде сөйлейтінін былай сипаттайды: *On bir-on iki lafz bila Kabul vilāyatıda talaffuz qılurlar:* ***'Arabi, Färsi, Turki, Muğāli, Hindi, Afgāni, Paša'i, Parači, Gibari, Baraki, Lamğāni*** [5, 271 б.]. Мағынасы: Кабул уәлаятында олар он бір немесе он екі тілде сөйлейді: араб, парсы, түркі, моғол, хинди, Ауған, пашай, парачи, гебри, бараки, ламгани. Дәл осы жазба бетінде осындай мәлімет келтіріледі: *Gazni tağlarıda Hazāra va Nägüdärī dur. Hazāra va Nägudäri arasıda bazı* ***Muğuli*** *til bilä hikāyat qılurlar. Sarq-šimāli ţarafıdaqı tağlarda Kafiristān dur, misl-i Kator va Gabarik* [5, 271 б.] (Газни тауларында Хазар және Никудери тайпалары тұрады; хазарлар мен никудерийлердің арасында кейбіреулер моғол тілінде сөйлейді).

«Бабырнамадағы» Бабыр тілінің Ауғанстандағы парсы тіліне, Үндістандағы хинди тіліне ықпалы мен сол елдердің Бабыр халқының қарым-қатынас тіліне кірме сөз ретінде еніп кетуі табиғи заңды құбылыс деуге болады. Жазба мұра бойынша мысалдар келтіріп өтейік: 1*) Ba'zi "Gaznīn" ham bitiptürlär. Sulţăn Šihābuddin Gürining ham paytaxtı bu egindür. Bu Sultan Sihabuddinni Tabaqat-i Nāşirida va ba'zi Hind tārixida "Mu'izzuddin" bitiptürlär* [5, 283 б.]. Мағынасы: Кейбіреулер Газнин деп жазады. Шихаб ад-дина Гуридің астанасы да осы қала болды. Табағат-и Наширидегі Сұлтан Шихаб ад-дин және Үндістанның кейбір әңгімелерінде «Му ' изз ад-Дин» деп аталады. Яғни бұл сөздерден Бабырдың парсы тілін біле тұрып, Үндістандық әдебиет-тарихтан

хабары бар екендігіне көз жеткізе аламыз. 2) *Ābšārning üstidä olturup ma‘jūn yedük* [5, 732 б.]. Қаз. Біз сарқыраманың жанында отырып маджунды жедік. Маджун (түр. Macun şekeri) – түркілік жұмсақ, тәтті және әдемі кәмпит пастасы. Маджун – әртүрлі шөптер мен дәмдеуіштермен пісіруге болатын көше тамағы. Ол Орта ғасырлардан бері белгілі дәстүрлі түрік шөп пастасы Месир маджунудың дәмді дайындамаларынан шыққан [6].

Бізге белгілі болғандай, «Бабырнаманы» Бабыр түркі халықтарына ортақ шағатай тілінде жазған, алайда жекелеген сөздер мен өлең жолдары парсы сөздерімен берілген. Мәселен: 3) *Ābnūs yığačını, kim Hind eli tindū derlär, körmägänlärgä körsätildi* [5, 733 б.]. Мағынасы: Үндістан тұрғындары тинда деп атайтын қара ағашты оны әлі көрмегендерге көрсетті. Бұл мысалда қара ағашты Бабыр парсылық ابنوس) ābnūs) сөзімен берген. Ābnūs (Abnos) – Үндістанда өсіп-өнетін қара, қатты және құнды ағаш [7], оның үнділік нұсқасы, яғни хинди тілінде үнділіктер оны «tindū» деп атайды екен.

Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі» еңбегінде түркі тайпаларының басқа елдермен байланысы, олардың өзара ықпалы, сондай-ақ әр халықтың атаулары мен сөйлеу ерекшеліктері сипатталады. Бұл деректер сол кезеңдегі тілдік қатынастар мен мәдени алмасудың деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар шығармада қолданылған этнонимдер, топонимдер мен антропонимдер халықтардың тарихи жадын, дүниетанымын және мәдени бірегейлігін айқындайды. Атап айтқанда, бірнеше халық, елдің ерекшелігі, байланысы туралы айтылып, кейбір сөздердің сол халықтың қалай атағаны жөнінде баяндалады. Мәселен, «Оңқұт елінің баяны» тараушасында: «Қытай халқы өз мемлекетінің шекарасынан басын теңізге тигізіп, биік қорған салды. Оны ешкім сындырып не бұзып өте алмас еді. Керуен кіріп шығуы үшін екі жерден екі қақпа орнатып, оған темірден құлып жасады. *Ондай қорғанды арабтар «садд» дер, түрік тілімен «торқорқа», қытайлар «оңқу» дер еді.* Ескендір яджуш, маджуш халқын өткізбеу үшін қорған салды, Анушеруен Шамахы да сондай қорған тұрғызды, оны бұл уақытта *«темір қапы*» дейді, сол қорғанның есігі дегені. Қытай қорғанының да қақпалары бар еді. Қытай билеушілері түрік халқының ішінен бірнеше жамағатқа: «Сіздер қорғанның қақпаларын сақтасаңыздар, біз сіздерге жыл сайын керек-жарақтарыңызды беріп тұрайық», - деп ұсыныс жасады. Ол түріктер мұны қабыл алып, қақпаны күзететін болды. Бұл жұмысқа ұлдарын да, қыздарын да жекті. Бұл күзетшілерді «оңқүт» деп атады. *Моңғол тілінде оңкүт дегендегі «т»-ның мағынасы түрік тіліндегі «шы»-мен мағыналас яғни өркенші, табақшы, есікші дегендегідей. Қақпаны қорған кісілерді оңқүт деді, қақпашы дегені болар*» [8, 41-42].

Берілген мысалда «қорған» деген сөзді арабтардың, түріктердің және қытайлардың қалай атағаны, өз заманында қалай аталғаны да баяндалады. Соған қоса, «оңкүт» деген сөздің лексикалық мағынасы да, морфологиялық құрылымы да көрсетіліп, моңғол және түрік тілімен өзара салыстырылады.

«Аланқоның балаларының баяны» атты тараушасында да адамның атына қатысты бір сөздің мағынасы беріледі: «Қайду хан өлгеннен кейін ұлы Шыркалаңқұм өгей анасын алды. Одан екі ұл болды. *Үлкенінің аты – Қәнду*

чене, кішісінің аты – Өлекшін чене. «Чене» – моңғолша қасқыр деген сөз, сонда соңғысы қаншық қасқыр. Мұның балалары көп болды, сондықтан оларды «ченес» деді, ол – ченінің көпше түрі яғни қасқырлар немесе қасқыр үйірі дегені. Бұларды кейін нүкүз деп атады, бірақ бұл – бұрынғы нүкүз емес еді. Ол нүкүздің аты ел ішінде әлдеқашан жойылып кеткен еді [8, 52]. Осы мысалда «чене» сөзінің моңғол тілінен аударғанда қасқыр екені түсіндіріледі және көпше түрінде «ченес» дейтіні де аталады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде түркі жазба мұралары мәдениетаралық коммуникацияның маңызды тілдік дереккөзі екені анықталды. «Бабырнама» мен «Түрік шежіресі» шығармаларында әртүрлі халықтар арасындағы тарихи байланыстар тілдік бірліктер арқылы айқын көрініс табады. Әсіресе этнонимдер, топонимдер, антропонимдер және кірме лексика мәдени ықпалдастықтың негізгі көрсеткіштері ретінде қызмет атқарады.

Зерттеу барысында шағатай тіліндегі мәтіндердің көптілді ортада қалыптасқаны, парсы, араб, моңғол және үнді тілдерінің ықпалы нәтижесінде тілдік қабаттардың байығаны және олардың уақытымен дамуы дәлелденді. Бұл жазба мұралар тек тарихи дерек қана емес, сонымен қатар түркі халықтарының мәдени дүниетанымы мен өркениеттік байланыстарын сипаттайтын маңызды тілдік ескерткіш болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, түркі жазба мұраларын мәдениетаралық коммуникация аспектісінде зерттеу түркі тілдерінің тарихи дамуын, мәдени сабақтастығын және халықтар арасындағы рухани байланыстарды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2008. – 624 с.
2. Бартольд В.В. Сочинения. Том II. Часть 1. — Москва: Наука, 1963. – 1124 с.
3. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Арыс, 2004. – 288 б.
4. Алимова Х.З. Словообразовательные возможности суффикса چ - čів языке дари // Вестник Челябинского государственного университета. 2019. MNo 4 (426). Филологические науки. Вып. 16. С. 14-20
5. Thackston W.M. Bâburnâma: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's / pers. transl. – Cambridge, 1993. – 902 p.
6. Goldstein, D.; Mintz, S. The Oxford Companion to Sugar and Sweets (англ.). – Oxford University Press, 2015. – P. 1290.
7. Электрондық ресурс: https://en.wikipedia.org/wiki/Ebony
8. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2006 ж. – 200 бет.

ҒТАМА 17.01.11

ТӘУЕЛСІЗДІК ЗАМАН ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Демеубекова Е.Д., 6В01708 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті; **Шнайдер В.А.,** доцент, филол.ғ.к.
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
yerkezhan.demeubekova@mail.ru

Аннотация. Мақалада Тәуелсіздік заман әдебиетінің ұлттық сананы жаңғыртудағы, жас ұрпақты отансүйгіштікке, рухани кемелдікке тәрбиелеудегі маңызы қарастырылады. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде қазақ әдебиеті қоғамдағы өзгерістерді бейнелеумен қатар, жаңа идеалдарды қалыптастыруға, тарихи жадты жаңғыртуға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды. Тәуелсіздік дәуірінің қаламгерлері шығармаларында еркіндік идеясы, ел болашағына жауапкершілік, рухани тұтастық және адамгершілік мәселелерін алға тартады. Әдеби шығармалар арқылы жастарға ел тарихын терең түсіндіру, тұлғалық қалыптасуына ықпал ету және ұлттық рухты нығайту – осы кезең әдебиетінің басты тәрбиелік миссиясы болып табылады.

Кілт сөздер: тәуелсіздік әдебиеті, ұлттық сана, рухани жаңғыру, отансүйгіштік, тарихи жад, ұлттық құндылық, еркіндік идеясы, тұлғалық даму.

Кіріспе. Тәуелсіздік – бір халықтың ғасырлар бойғы арман-мақсатының орындалуы, ұлттық болмыстың жаңарып, рухани кеңістіктің кемелдену кезеңі. Егемендікпен бірге қазақ әдебиеті де жаңа серпін алып, заман талабына сай түлеп, тарихи сананы қайта жаңғырту жолында құнды туындылар ұсынды. Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет – қоғамның айнасы ғана емес, ұлттық рухты көтеретін, адамгершілікке, отансүйгіштікке баулитын қуатты тәрбие құралы.

Бұл кезең қаламгерлері елдің өткені мен бүгіні арасындағы сабақтастықты сақтай отырып, жаңа заманның рухын, еркін ойды, ұлттық құндылықтарды биік деңгейде бейнелей білді. Жаңа әдеби бағыттар, тың идеялар, қоғам тағдырына жауапкершілікпен қарайтын жаңа тұлғалар дүниеге келді. Сондықтан Тәуелсіздік дәуірі әдебиетін зерттеу – тек әдеби үдерісті түсіну ғана емес, ұлттық дүниетанымды тану, рухани тұтастықты сезіну, жас ұрпаққа тағылымды бағыт беру жолындағы маңызды қадамдардың бірі.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тәрбиелік мәнін жан-жақты қарастыру үшін әртүрлі ғылыми, көркем және әдістемелік материалдар пайдаланылды. Зерттеудің негізгі дереккөздеріне егемендік жылдарында жарық көрген прозалық және поэзиялық шығармалар, драмалық туындылар, заманауи әдебиеттанушылардың ғылыми зерттеулері, оқу-әдістемелік еңбектер, сондай-

ақ тәуелсіздік кезеңінде жарияланған публицистикалық мақалалар мен әдебисын қорытындылары енгізілді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің қоғамдағы рухани тәрбие берудегі рөлінің айрықша артқанын көрсетті. Егемендік жылдары дүниеге келген әдеби туындылар ұлттық бірегейлікті нығайтуға, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға және адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге бағытталғаны анықталды.

Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Тәуелсіздік әдебиетінің басты мазмұндық бағыттары айқындалды.

Бұл кезең шығармаларында еркіндік идеясы, ұлттық рух, тәуелсіз ой, ел болашағына деген жауапкершілік және рухани жаңғыру мәселелері кең көрініс тапқаны анықталды.

2. Әдеби шығармалардың тәрбиелік ықпалы нақты дәлелдермен негізделді.

Көркем туындыларда жастарды отансүйгіштікке, өз тарихын құрметтеуге, адамгершілікке, қайсарлыққа тәрбиелейтін кейіпкерлер бейнесі ерекше орын алатыны дәлелденді.

3. Тәуелсіздікке дейінгі және кейінгі әдеби үрдістер арасындағы айырмашылықтар талданды.

Жаңа дәуір әдебиетінде еркін ойлау, ұлттық құндылықтарды жаңаша пайымдау, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру сияқты бағыттардың күшейгені анықталды.

4. Қазіргі қазақ қаламгерлерінің ұлттық тәрбие берудегі үлесі жүйеленді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ақын-жазушылардың шығармалары қоғамның рухани дамуына серпін беріп, ұлттық сана мен мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететіні дәлелденді.

5. Әдебиеттің тәрбие құралы ретіндегі мүмкіндіктері теориялық тұрғыдан негізделді.

Әдебиет тек көркемдік әлемді танытатын мұра емес, сонымен қатар тұлғаның рухани, адами болмысын қалыптастыратын маңызды педагогикалық ресурс екені көрсетілді.

Егемендік алған жылдардан бастап қазақ әдебиеті жаңа рух, жаңа мазмұнмен байып, ұлттық идеяны терең дәріптейтін бағытқа бет бұрды. Осы кезеңде жазылған «Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» романдары ел тарихына жаңа көзқарас әкеліп, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етсе, Мұхтар Мағауиннің «Сары қазақ», «Қобыз сарыны», «Алдаспан» секілді еңбектері ұлттық рухтың өзегін қайта түлетті» [1].

Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» романы – тарихи-философиялық тереңдігімен, адам болмысы мен билік табиғатын ашудағы көркемдік қуатымен ерекшеленетін шығарма ғана емес, бұл туындыда ұлттық рух мәселесі ерекше көрініс тауып, халықтың тарихи санасы мен рухани болмысы кеңінен суреттеледі. Романдағы негізгі оқиғалар билік пен адамгершілік, махаббат пен қызғаныш, адалдық пен сатқындық секілді

мәңгілік тақырыптар төңірегінде өрбиді. Осы арқылы автор ұлттық рухтың мәнін тереңірек ашуға ұмтылады. Шығармада бұл ұғым кейіпкерлердің іс-әрекеті, ішкі толғаныстары арқылы көркем бейнеленеді. Мысалы, Туындыдағы әмірші бейнесі – билік пен адам болмысының күрделі символы. Ол сырттай қуатты, айбарлы болғанымен, ішкі дүниесінде күмән мен қорқынышқа толы. Бұл – ұлттық рухтан ажыраған биліктің әлсіздігін көрсетеді. Ал қарапайым халықтың, шебердің бейнесі арқылы автор шынайы рухани беріктік пен ұлттық болмыстың тазалығын айшықтайды. Шебердің жасаған мұнарасы – тек сәулет өнерінің туындысы емес, ол – халықтың рухының, мәңгілікке ұмтылған арманының символы. Сонымен қатар шығармада аңыз бен ақиқаттың астасуы арқылы ұлттық рухтың уақыт пен кеңістіктен тыс өмір сүретін құбылыс екені көрсетіледі. Аңыз – халық жадында сақталған рухани код. Автор осы тәсіл арқылы ұлттық рухтың мәңгілік сипатын дәлелдейді.

Сол сияқты Мұхтар Мағауиннің «Сары қазақ» шығармасы – «қазақ халқының тарихи жадын, рухани болмысын және ұлттық рухын терең бейнелейтін көркем туынды» [2,165]. Бұл шығармада автор жеке адам тағдыры арқылы тұтас ұлттың басынан өткен ауыр кезеңдерді, отаршылдық пен рухани күйзелісті шебер көрсетеді. Шығармадағы басты мәселенің бірі – ұлттық рухтың әлсіреуі мен қайта жаңғыруы. Кейіпкер тағдыры арқылы жазушы халықтың тарихи тамырынан ажырау қаупін, ұлттық құндылықтардың ұмыт болу процесін бейнелейді. Алайда осы қиындықтарға қарамастан, шығармада ұлттық рухтың толық жойылмайтыны, оның адам санасында, жүрегінде сақталатыны айқын көрінеді. «Сары қазақ» туындысында ұлттық рух ең алдымен тілге, дәстүрге, тарихи жадыға деген құрмет арқылы танылады. Автор қазақ халқының өткенін еске ала отырып, болашақта ұлттық болмысты сақтау қажеттігін алға тартады. Кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі толғаныстар – ұлт тағдырына деген алаңдаушылықтың көрінісі. «Сары қазақ» шығармасы – ұлттық рухтың маңыздылығын терең түсіндіретін, тарихи сананы жаңғыртуға үндейтін шығарма. Мұхтар Мағауин бұл туындысы арқылы әрбір оқырманды өз ұлтының өткені мен болашағына бейжай қарамауға шақырады

Тәуелсіздік алған кезең қазақ әдебиетінде жаңа серпін мен бағыт ашты. Бұл дәуірде әдебиет тек көркемдік эстетика ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен рухани тәрбие құралы ретінде маңызды рөл атқара бастады. Тәуелсіздік заман әдебиетінің басты тәрбиелік миссиясы – жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке, тарихи жадыны құрметтеуге баулу.

Әдеби шығармаларда елдің азаттығы мен тәуелсіздігі, ұлттық тарих, мәдени мұра, рухани құндылықтар көркемдік тұрғыда бейнеленеді. Мысалы, Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» мен «Үркер» шығармаларында тарихи сабақтар мен ұлттық сана-сезім қалыптастыруға бағытталған идеялар айқын көрінеді. Мұхтар Мағауиннің «Сары қазақ» және «Алдаспан» романдары да ұлттық рух пен тарихи сананы жаңғыртатын әдеби құрал ретінде қызмет етеді.

Тәуелсіздік дәуірі поэзиясында да тәрбиелік мән ерекше байқалады. Фариза Оңғарсынова, Темірхан Медетбек, Есенғали Раушанов тәрізді ақындардың шығармалары жастарға ерлік, батылдық, адамгершілік, патриотизм сезімін қалыптастырады. Олардың өлеңдерінде ұлттық болмыс, тәуелсіз елдің болашағына деген сенім көркем тіл арқылы жеткізіледі. Мысалы, Есенғали Раушанов поэзиясында ұлттық рух ең алдымен туған жерге деген сүйіспеншілік, ата-баба мұрасына құрмет және ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы көрінеді. Ақын табиғат пен адамды біртұтас қарастыра отырып, қазақ даласының кеңдігі мен қасиетін ұлттық болмыстың символы ретінде бейнелейді. Оның жырларындағы дала образы – еркіндік пен рухтың, тәуелсіздікке ұмтылыстың көрінісі. Ақын шығармаларында тарихи тұлғалар мен көне аңыздарға жиі жүгіну арқылы ұлттың өткенін бүгінгі күнмен байланыстырады. Бұл тәсіл ұлттық сананы жаңғыртып, оқырманды өз тарихын тануға жетелейді. Ақын үшін ұлттық рух – тек өткеннің естелігі емес, ол қазіргі заманмен үндесіп жатқан тірі құндылық. Мысалы, «Қара бауыр қасқалдақ» өлеңінде негізгі идея туған жер, табиғат, халықтық сезіммен астасса, «Жалғыз қайың» өлеңінде жалғыз тұрған қайың – қазақ халқының символдық бейнесі ретінде алынады. Ол кең далада жалғыз өссе де, тамыры тереңде жатыр, яғни бұл – халықтың тарихымен, жерімен ажырамас байланысын білдіреді. Қайыңның желмен тербелуі – заманның ауыртпалықтары, ал оның сынбай, өмір сүруі – ұлттық рухтың беріктігін көрсетеді.

Есенғали Раушановтың поэзиясындағы тағы бір маңызды қыр – тілдің көркемдігі мен ұлттық бояуы. Ақын қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін пайдаланып, ұлттық дүниетанымды терең жеткізеді. Осы арқылы ол тілдің өзі ұлттық рухтың негізгі тірегі екенін көрсетеді.

Темірхан Медетбек – қазіргі қазақ поэзиясында ұлттық рухты, тарихи жадты және елдік сананы жаңаша көркемдікпен бейнелеген көрнекті ақындардың бірі. Оның шығармаларында ұлттық рух тек ұран түрінде емес, терең философиялық ой, күрделі образдар мен символдар арқылы беріледі. Мысалы, «Көк түріктер сарыны», «Тағдырлы жылдар жырлары», «Көкжал», «Баба дәуірдің үні» ұлттық рух пен тіл тағдыры туралы өлеңдер болып табылады. «Көк түріктер сарыны» жырында ақын: «көк» сөзін – көк аспан, көк ту, көк семсер сияқты түркі мәдениетінің еңселі символдарымен астастырады; өткен батырлар мен батырлық дәстүрді бүгінгі ұрпаққа мұра ретінде жеткізеді; ұлттың рухани болмысы – азаттыққа, рухани биікке ұмтылыс – поэтикалық тілмен суреттеледі» [3,45]. Ал «Тағдырлы жылдар жырлары» өлеңінде рух – жалғыз адам тағдыры ғана емес, тұтас халықтың келешегіне бағытталған ұғым екенін мегзей отырып, бүгінгі ұрпақты өзінің басты құндылықтарын тануға, ерлік пен намыс, жер мен тілге деген сый – ұлттық рухтың басты негіздері екенін түсінуге шақырады..

Сонымен қатар, қазіргі прозадағы қаламгерлер – Смағұл Елубай, Дулат Исабеков, Төлен Әбдік, Айгүл Кемелбаева, Дидар Амантай – қоғамдағы адамгершілік мәселелерін көтере отырып, жас оқырманның рухани дамуына

ықпал етеді. Бұл шығармалар жеке тұлғаның қалыптасуына, ой-өрісінің кеңеюіне, құндылықтық бағдардың нығаюына мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: повестер мен әңгімелердегі тақырыптық-образдық және поэтикалық үрдістер атты диссертацияда тәуелсіздік жылдарындағы казак прозасының мазмұндық және стилдік өзгерістері талданып, жаңа прозада ұлттық сананы, тәуелсіздік рухын, адамгершілік және әлеуметтік проблемаларды көтеретін шығармалар белсенді түрде көбейгені айтылған. Бұл — әдебиеттің тәрбие функциясының күшейгенін көрсететін дәлел. Смағұл Елубай тарихи кезеңдердің тағылымы – тәрбиелік мәннің негізі деп есептейді. Ол қоғам мен жеке адам тағдыры әдебиетте сабақ ретінде берілуі тиіс екенін атап, тарихи романдар мен прозалық шығармалар арқылы адамгершілік пен елдік құндылықтарды насихаттауды ұсынады. Автор шығармаларында қазақтың ұлттық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен тарихи санасы кеңінен бейнеленеді. Бұл арқылы оқырманға ұлттық мұраны сақтау, туған жерге деген сүйіспеншілік пен ата-баба рухын бағалау идеялары жеткізіледі. Елубай прозасы тек тарихты баяндап қана қоймай, қазіргі заман мен дәстүр арасындағы сабақтастықты көрсетеді.

Тәуелсіздік алған кезең қазақ әдебиетінде жаңа мазмұн мен бағыт ашты. Бұрынғы кеңестік әдебиет негізінен идеологиялық сипатқа ие болып, әдебиет арқылы жас ұрпақты социалистік құндылықтар мен біртұтас идеологияға баулу басты мақсат болды. Сол уақытта әдеби шығармалардағы кейіпкерлер көбіне үлгілік, идеалдандырылған образдар ретінде бейнеленді. Тарихи оқиғалар мен моральдық сабақтар көбіне идеологиялық контексте берілді, бұл әдебиеттің тәрбиелік мәнін шектеулі еттіАл тәуелсіздік дәуірінде әдебиет тәуелсіздік идеясы, ұлттық сана, мәдени мұра және рухани құндылықтарды насихаттау арқылы жас ұрпаққа адамгершілік, патриотизм, елге деген сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді тәрбиелеудің басты құралына айналды. Мысалы, Әбіш Кекілбайұлы мен Мұхтар Мағауиннің прозасы ұлттық тарих пен дәстүрді, Фариза Оңғарсынова мен Есенғали Раушанов поэзиясы тәуелсіздік рухын көркем тілмен жеткізсе, қазіргі прозадағы қаламгерлер – Смағұл Елубай, Дулат Исабеков, Айгүл Кемелбаева – заманауи өмір проблемаларын көтеріп, жастарға ұлттық сана мен адамгершілік тәрбиесін үйлестіре береді. Бұл жерде ерекше көзге түсетін шығармалардың бірі Айгүл Кемелбаева туындылары болып табылады.

Айгүл Кемелбаева шығармаларында ұлттық рух – қазақ қоғамының мәдени, тарихи және рухани ерекшелігін айқындайтын негізгі идея ретінде көрінеді. Ол кейіпкерлердің мінез-құлқында, олардың табиғатпен, туған жермен, дәстүрмен байланысында ашылады. Ұлттық рух – жеке тұлғаның өзіндік болмысын, қоғам алдындағы жауапкершілігін және тарихи сана сезімін көрсететін өлшем.

А. Кемелбаева шығармаларында ұлттық рух бірнеше аспектілерде көрініс табады:

1. Тарихи сана мен патриотизм:

- шығарма кейіпкерлері қазақ тарихына терең құрметпен қарайды, өз ата-бабасының өмір жолын құрметтейді [4,56];

- кейіпкер өткеннің батырлық, әділеттілік дәстүрін қазіргі өмірмен байланыстыру арқылы ұлттық сана қалыптастырады.

2. Тіл мен әдебиет арқылы көрініс:

- Шығармаларында қазақ тілінің байлығы, мақал-мәтелдер, ұлттық әдет-ғұрыптар кеңінен қолданылады;

- Тілдік ерекшеліктер арқылы ұлттық ерекшелік, халықтың дүниетанымы және рухани құндылықтары беріледі.

3. Қоғамдық және моральдық құндылықтар:

- Кемелбаева кейіпкерлері туған елге, ата-бабасына деген құрметті жоғалтпай, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді;

- Шығармаларында адалдық, еңбекқорлық, парасаттылық сияқты ұлттық мінез-құлық қасиеттері насихатталады.

Айгүл Кемелбаева шығармаларында ұлттық рух – бұл тек мәдени феномен емес, сонымен қатар адамгершілік, жауапкершілік, патриотизм сияқты қасиеттерді біріктіретін рухани өлшем. Ол кейіпкерлердің әрекеттері, сөздері, көзқарастары арқылы ашылады. Мұндай тәсіл оқырманға «өз ұлтын құрметтеуді, тарихын білуді және ұлттық дәстүрлерді сақтау қажеттілігін ұғындырады» [5,7].

Қазіргі әдебиет бұрынғы идеологиялық шектеуден босап, көркемдік, әлеуметтік және тәрбиелік функцияны бірлестіреді. Жас ұрпақ үшін әдебиет тек эстетикалық қана емес, сондай-ақ рухани бағыт-бағдар, тарихи сана, моральдік бағдар беретін құралға айналды. Сонымен қатар, қазіргі прозада кейіпкерлердің өмірлік тәжірибесі мен шешімдері нақты өмірмен үйлестіріліп, жастарға практикалық моральдік сабақ береді.

Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті, әсіресе XX ғасырдың орта кезеңінен бастап, негізінен идеологиялық тәрбиеге бағытталды. Әдебиет арқылы жас ұрпақты социалистік құндылықтарға баулу, қоғамға адал азаматтарды тәрбиелеу басты мақсат болды. Көркем шығармадағы кейіпкерлер көбіне үлгілік, «идеалды коммунист» немесе қоғамның мақтанышы ретінде бейнеленді. Адамгершілік пен ерліктің көрінісі көбінесе идеологиямен үйлестіріліп, шығармаларда өмірдің шынайы күрделілігі толық көрсетілмеді. Ұлттық тарих, дәстүр, тіл мен мәдениетке қатысты тақырыптар көбінесе шектеулі қарастырылды. Кейбір шығармаларда халық дәстүрі мен тарихы тек «идеологияға сәйкес» көрсетіліп, ұлттық өзіндік сананың дамуына толық мүмкіндік бермеді. Тәрбиелік әсер тек қоғамға баулу, коммунистік мораль мен біртұтас ұлт ретінде қалыптасуды мақсат етті. Әдебиет жеке тұлғаның шығармашылық ойлауына немесе ұлттық-рухани құндылықтарын дамытуға аз ықпал етті

1991 жылдан кейінгі тәуелсіздік дәуірінде әдебиет жаңа рөлге ие болды. Ол ұлттық сана мен мәдени мұраны жаңғыртушы, тарихи сабақ беруші, рухани және адамгершілік тәрбие құралы ретінде дамыды. Қазіргі прозада кейіпкерлердің образы күрделі, шынайы өмірлік тәжірибеге негізделген. Олар

тек үлгі ретінде емес, шынайы тұлға ретінде көрініс табады, жастарға қиындыққа төтеп беруді, моральдық шешім қабылдауды үйретеді. Мысалы, Смағұл Елубай мен Дулат Исабековтің шығармалары тарихи кезеңдер мен қазіргі қоғам мәселелерін үйлестіре отырып, адамгершілік сабақтарын береді. Ұлттық тарих, дәстүр, тіл және мәдени мұра әдебиеттің орталық тақырыбына айналды. Әдебиет арқылы оқырман өз елінің тарихын, мәдени құндылықтарын, ата-баба рухын түсінеді және бағалайды. Әсіресе поэзияда (Фариза Оңғарсынова, Есенғали Раушанов) тәуелсіздік пен еркіндік идеялары көркем тілмен жеткізіледі. Қазіргі әдебиет жас ұрпаққа тек эстетикалық ләззат беріп қана қоймай, рухани бағыт, моральдік бағдар, ұлттық құндылықтарды сақтауды насихаттайтын құралға айналды. Ол оқырманның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ой-өрісін кеңейтуге және азаматтық позицияны дамытуға ықпал етеді.

Қорытынды. Қазақ әдебиеті ұрпаққа ұлттық сана мен рухты дәріптеудің маңызды құралы болып табылады. Ұлттық рух әдеби шығармаларда тарихи оқиғалар, батырлық дәстүрлер, халықтың салт-дәстүрі, моральдық құндылықтар арқылы көрініс табады. Қазақ жазушылары мен ақындары шығармаларында елін сүю, тарихын құрметтеу, ұлттық бірегейлікті сақтау сияқты мәселелерді басты орынға қойған. Сонымен қатар әдебиет ұлттық рухты қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге ұлттың рухани тірегі мен мәдениетін болашақ ұрпаққа жеткізетін маңызды арна болып табылады. Осылайша, қазақ әдебиеті – халықтың рухын, салт-дәстүрін және мәдениетін дамытатын айна әрі сақтаушы ретінде өз миссиясын атқарады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Дереккөз: Stud.kz, Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://kazneb.kz/index.php/kk/catalogue/view/1519220 – қолжетімділік күні 22.03.2026.

2. Мағауин М., Сары қазақ. – Алматы: Жазушы, 1991. – 245 б.

3. Медетбек Т., «Көк түріктер сарыны». – Алматы: Жазушы, 2001. – 137 б.

4. Кемелбаева А., «Мұнара» роман. – Алматы: Сорос-Казақстан қоры, 2003. – 156 б.

5. Кемелбаева А., «Сөз хикмет». – Алматы: Дәстүр, 2016. – 186 б.

ҒТАМА 16.31.51:

7-СЫНЫП ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЖИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

Жунуспекова М. Б., Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті магистранты, Павлодар қ., Қазақстан
mendy_86@mail.ru

Аннотация. Бұл ғылыми мақалада 7-сынып қазақ тілі сабақтарында мақал-мәтелдерді оқыту арқылы оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарытудың инновациялық жолдары қарастырылады. Зерттеудің басты ерекшелігі – дәстүрлі лингвомәдениеттану негіздерін заманауи Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларымен ұштастыруында. Автор мақал-мәтелдерді жай ғана фольклорлық мұра емес, ұлттың мәдени коды ретінде талдап, оларды ЖИ генераторлары (Midjourney, DALL-E) арқылы визуализациялаудың әдістемелік тиімділігін негіздейді. Мақалада ЖИ көмегімен жасалған нақты дидактикалық суреттер мен чат-боттарды қолдану алгоритмдері ұсынылған. Бұл технологиялық тәсіл оқушылардың абстрактілі ойлау қабілетін дамытып, тілдік бірліктердің астарлы мағынасын терең түсінуге және патриоттық сезімдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақала қорытындысында ЖИ құралдарының лингводидактикалық әлеуеті мен білім беру саласындағы маңызы айқындалады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, мақал-мәтелдер, лингвомәдениеттану, қазақ тілін оқыту әдістемесі, визуализация, ұлттық құндылықтар, Midjourney, инновациялық технологиялар.

Кіріспе. Қазіргі білім беру парадигмасы тек тілдік ережелерді үйретуді ғана емес, сонымен бірге оқушыны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеуді де көздейді. Бұл мәселеде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің рөлі ерекше. Әсіресе, 7-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес, абстрактілі ойлау қабілеті дамып, әлемге көзқарасы қалыптаса бастаған кезеңде халық ауыз әдебиетінің асыл мұрасы – мақал-мәтелдерді тереңірек меңгерту өте маңызды. Мақал-мәтелдер – халық даналығының, мәдени кодының және ділінің жиынтығы [1]. Алайда, заманауи ақпараттық қоғамда дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың қызығушылығын толық оята алмайды. Бұл қайшылықты шешудің бір жолы – Жасанды Интеллект (ЖИ) технологияларын білім беру процесіне белсенді енгізу. ЖИ білімді жекелендіруге, оқуды интерактивті және визуалды етуге мүмкіндік береді. Сондықтан, мақал-мәтелдердің терең лингвомәдени мағынасын ЖИ құралдары арқылы ашу өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде қазақ тіл білімі мен лингвомәдениеттану саласының көрнекті ғалымдары Ә.

Қайдар, Р. Сыздық, Г. Смағұлова еңбектері, сондай-ақ 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» типтік оқу бағдарламасы мен қолданыстағы оқулықтар пайдаланылды. Сонымен қатар, білім беруді цифрландыру және Жасанды интеллектіні (ЖИ) лингводидактикада қолдануға қатысты заманауи ғылыми тұжырымдар негізге алынды.

Зерттеу барысында келесі әдістер кешенді түрде қолданылды:

Лингвомәдени талдау: Мақал-мәтелдердің құрамындағы ұлттық кодтар мен символдардың мағынасын ашу үшін қолданылды.

Сипаттамалы әдіс: ЖИ технологияларының (Midjourney, DALL-E, ChatGPT) оқу процесіндегі мүмкіндіктерін жүйелеу үшін пайдаланылды.

Педагогикалық модельдеу: Мақал-мәтелдерді визуализациялау мен чат-боттар арқылы оқытудың алгоритмдерін құрастыруда негіз болды.

Контент-талдау: ЖИ генерациялаған визуалды бейнелер мен мәтіндік деректердің мақал-мәтелдердің мағыналық құрылымына сәйкестігін тексеру үшін жүргізілді.

Бұл әдістер жиынтығы мақал-мәтелдердің лингвомәдени аспектілерін инновациялық технологиялармен ұштастырудың тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Мақал-мәтелдер жай ғана тілдік бірліктер емес, олар ұлттың мәдениетін, тарихын, тұрмысын және дүниетанымын танытатын құрал. Бұл – лингвомәдениеттану ғылымының негізгі нысаны. 7-сынып бағдарламасындағы «Сөз өнері», «Ұлттық нақыш», «Тәрбие» сияқты бөлімдерде мақал-мәтелдерді қолдану өте қолайлы [2]. ЖИ технологияларын қолдану арқылы біз оқушыға мақалдың мағынасын сөздік анықтамасынан тыс, кеңірек ауқымда түсіндіре аламыз. ЖИ бізге мәдени контексті визуализациялауға және мақалдың «ішкі формасын» ашуға көмектеседі.

Ең тиімді әдістердің бірі – ЖИ-ге негізделген сурет генераторларын (мысалы, Midjourney, DALL-E, Stable Diffusion) қолдану. Бұл құралдар оқушыларға мақалдың «рухын» сезінуге көмектеседі. Оқушыларға мақал-мәтелді ЖИ-ге промпт (сипаттама) ретінде жаздырып, одан шыққан суретті талқылау. Бұл тілдік және көркемдік ойлауды дамытады.

Лингвомәдени символдарды визуализациялау.

Иллюстрациялық стиль суреттің эмоциялық әсерін күшейтеді. Әдістемелік қолданылуы: Бұл сурет «Ерді намыс өлтіреді, Қоянды қамыс өлтіреді» немесе «Ерлік білекте емес, жүректе» мақалдарына тамаша иллюстрация бола алады. Мұғалім оқушыларға суретті көрсете отырып: «Батырдың жүзінен не байқайсыңдар? Ол нені ойлап тұр?» немесе «Қандай

тілдік бейнелерді ЖИ нақты жеткізген?» деген сұрақтар қою арқылы мақалдың мағынасын (намыс, рух, батылдық) ашады.

«Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым» бөлімінде «Отан үшін отқа түс – күймейсің» мақалын талдауда визуалды бейне: Жалын ішіндегі жауынгердің бейнесі немесе «Мәңгілік алау» суреті. Бұл жердегі «күймеу» физикалық құбылыс емес, моральдық-этикалық феномен. Ғылыми тұрғыдан алғанда, адамның идеологиялық сенімі физикалық қорқыныштан (инстинкт) жоғары тұрғанда, ол тарихи жадыда «өлмес» бейнеге айналады. Бұл – ерліктің метафизикалық сипаттамасы.

Ұрпақтар сабақтастығы мен құндылықтарды беру.

Суретте үш ұрпақ өкілі бейнеленген: әже (кимешекте), әке және немере. Олар бірге кішкентай ағаш көшетін отырғызып жатыр. Әженің жүзіндегі жылылық пен немеренің ынтасы, артқы фондағы киіз үй мен еркін жайылған жылқы бейнесі жылы, жайлы атмосфера қалыптастырады. Бұл визуализация «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» немесе «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» мақалдарына негіз болады. Оқушылармен «Тал отырғызудың (еңбек) мал қалдырудан (байлық) несі артық?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастыруға болады. Сурет арқылы еңбекқорлық, ұрпақтар байланысы және экологиялық тәрбие (тал – өмір символы) сияқты ұлттық құндылықтар меңгертіледі.

Тарихи жады мен технология синтезі.

Суретте кең байтақ қазақ даласының цифрлық картасы бейнеленген. Картаның үстінен алып, жарқыраған «ОТАН» сөзі шығып тұр. Ортада заманауи киінген 7-сынып оқушысы (қыз бала) толықтырылған шынайылық (AR) интерфейсі арқылы картамен өзара әрекеттесіп, Қазақстанның тарихи орындары туралы ақпарат алуда. Оң жақта futuristic Астана, сол жақта тарихи жәдігерлер көрінеді. Бұл сурет «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», «Отан – оттан да ыстық» мақалдарымен жұмыс істеуге арналған. Ол оқушыға Отанның кеңдігін, тарихын және оны заманауи технология арқылы танудың маңыздылығын көрсетеді. ЖИ арқылы жасалған бұл концептуалды бейне оқушыларда

патриоттық сезім мен «Мәңгілік Ел» идеясына деген қызығушылықты арттырады.

ЖИ-дің басқа лингвомәдени құралдары. Визуализациядан басқа, 7-сынып сабақтарында келесі ЖИ құралдарын тиімді қолдануға болады:

Интерактивті Чат-боттар (ChatGPT, Gemini): Оқушылар ЖИ-ден мақалдың тарихын, синонимдерін немесе басқа тілдердегі баламаларын сұрай алады. Мысалы: «ChatGPT, "Өнер алды – қызыл тіл" мақалының лингвомәдени мағынасын 13 жасар балаға қалай түсіндіруге болады?» [3]. Дауыстық ЖИ (Speech-to-Text, Text-to-Speech): Оқушылар мақалдарды дұрыс айту, интонация және мәнерлеп оқу дағдыларын дамытады. ЖИ олардың айтылуын бағалай алады. Автоматты тестілеу және геймификация: Мақал-мәтелдерді білуге арналған, ЖИ арқылы жекелендірілген деңгейлі тапсырмалар (мысалы, мақалдың жалғасын табу, мағынасына қарай сәйкестендіру) оқушылардың уәжін (мотивациясын) арттырады.

Қорытынды. 7-сынып қазақ тілі сабақтарында мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықтарды меңгертуде Жасанды Ителлект технологияларын қолдану – заман талабы және тиімді педагогикалық стратегия. ЖИ құралдары, әсіресе визуализация мақалдардың абстрактілі тілдік бейнесін нақты мәдени символдарға айналдырып, оқушылардың санасына тереңірек сіңіруге мүмкіндік береді. Ол оқытуды жекелендіреді, интерактивті етеді және оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін заманауи деңгейде қалыптастырады. Болашақта ЖИ негізіндегі мамандандырылған білім беру платформаларын жасау осы бағыттағы зерттеулердің негізгі арнасы болмақ.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қайдар Ә. (2014). Қазақ тілінің лингвомәдениеттанулық аспектілері. Алматы
2. Жалпы орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. (2017). Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА.
3. Қосымова Г., Рахметова Р., Бекжанова Ж. «Қазақ тілі»: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2024.
4. Әлпейісова Г. «Мақал-мәтелдерді оқытудың әдістемесі». – Алматы, 2020.
5. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. – UCL IOE Press, 2018. (Білім берудегі ЖИ тиімділігі туралы).

ҒТАМА 16.01.33

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ АРАЛАС ТІЛДІК ОДАҒАЙ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Ибадуллаева Б.С., 6В01707 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 4 курс студенті; **Шнайдер В. А.,** доцент, филол., ғ.к. Астана халықаралық университеті Астана қ. Қазақстан Республикасы
balzhankaibadullaeva@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі бейәдеби, дөрекі реңктегі одағай сөздердің қолданылуы қарастырылады. Жастардың тілінде мұндай сөздердің жиі қолданылу себептері мен олардың ұлттық сөйлеу мәдениетіне әсері талданады. Мақалада тіл мамандарының еңбектеріне сүйене отырып, жастар сөзіндегі одағайлардың түрлері мен қолданыс аясы жинақталды. Көше тілі, әлеуметтік желілер, ортадағы сөйлеу әдебі секілді сыртқы ықпалдардың жастар тіліне әсері мысалдар арқылы көрсетілді. Сондай-ақ, бейәдеби одағайлардың кеңінен қолданылуының салдары мен оның ана тіліміздің мәдени болмысына тигізер әсері сараланды. Жастардың сөйлеу мәдениетін арттыру, тіл тазалығын сақтау жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: жастар тілі, сөйлеу мәдениеті, одағай сөздер, бейәдеби лексика, эмоционалдық реңк, әлеуметтік желі, тілдік норма, тіл мәдениеті, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе. «Тіл – ұлттың рухани болмысы мен мәдени өркениетінің айнасы» [1,12]. Қоғамның дамуына сай тіл де үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Әсіресе жастар тілі – тілдегі өзгерістер мен жаңалықтардың алғашқы көрініс табатын кеңістігі. Жас ұрпақтың сөйлеу мәнері мен сөздік қоры арқылы қоғамдағы әлеуметтік үдерістерді, дүниетаным деңгейін, мәдени сұраныстарды байқауға болады. Қазіргі жастардың сөйлеу тілі бейресми, еркін және эмоцияға толы сипатта қалыптасып отыр. Бұл құбылыстың басты себебі – заманауи коммуникация құралдарының қарқынды дамуы, әлеуметтік желілер мен интернет тілінің әсері. Соның салдарынан жастар арасында әдеби нормаға сай келмейтін, бейәдеби сөздер мен дөрекі одағайлар жиі қолданысқа еніп жатыр. Мұндай тілдік бірліктер, бір жағынан, сөйлеушінің ішкі жан дүниесін, көңіл күйін жеткізудің шынайы құралы ретінде көрінсе, екінші жағынан, тіл мәдениетінің төмендеуіне алып келетін теріс үрдіс ретінде бағаланады. Жастар арасында кең таралған бейәдеби одағайлар – сөз үнемділігі мен әсерлілігін арттыратын құрал ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, субмәдениеттің белгісі ретінде де қызмет атқарады. Сондықтан мұндай сөздердің мәнін, қызметін, қолдану аясын зерттеу – қазіргі тіл ғылымы мен тіл мәдениеті үшін өзекті мәселе. Бұл мәселе – тек тілдік емес, сонымен қатар тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени астарлары бар кешенді

зерттеуді талап етеді. Жастардың сөйлеу тілі арқылы қоғамдағы құндылықтар, тілдік ұстанымдар мен нормалар айқындалады. Яғни жастардың сөйлеу тілі – бүкіл қоғамдық тіл мәдениетінің деңгейін танытатын маңызды көрсеткіштердің бірі.

Материалдар және әдістер. Материал ретінде мектеп оқушылары мен студенттердің бейресми әңгімелері, әлеуметтік желілердегі жазбалар мен пікірлер пайдаланылды. Жиналған тілдік деректер сипаттамалы, салыстырмалы және мәдени-тілдік талдау әдістері арқылы сараланды. Эмоциялық реңкі бар одағайлардың қолданылу жиілігі мен қызметі ерекше назарға алынды.

Нәтижелер. Бейәдеби одағай сөздердің тілдік және әлеуметтік қызметі.Қазіргі таңда жастардың сөйлеу тілінде бейәдеби одағай сөздердің қолданылу жиілігі артып келеді. «Бұл тілдік бірліктер, негізінен, адамның түрлі эмоциялық күйін – таңданысын, қуанышын, ашу-ызасын, ренішін, риясыз көңіл-күйін жеткізу үшін қолданылады» [2,23]. Олар сөйлеушінің ішкі толғанысын тыңдаушыға шұғыл әрі нақты жеткізудің құралына айналған. Тіліміздегі бейәдеби одағай сөздер, бір жағынан, сөйлеу тілінің табиғи ағынымен, еркіндігімен байланысты болса, екінші жағынан, қалыптасқан әдеби нормадан ауытқу сипатына ие. Мұндай одағайлар, әсіресе, жастар арасында кең таралған. Себебі қазіргі жастар қысқа, нұсқа әрі әсерлі сөйлеуге бейім. Олар үшін эмоцияны дәл жеткізу — маңызды коммуникативтік мақсаттардың бірі.

Тілдік тұрғыдан алғанда, бұл одағай сөздер — «сөйлеу әрекетінде мәнер мен реңк үстейтін бейтарап емес элементтер» [3,55]. «Олар сөйлем ішінде грамматикалық байланысқа түспесе де, мағыналық жүктеме арқалап тұрады» [3,67]. Сол арқылы сөйлеушінің көңіл-күйін, реңк пен интонацияны білдіреді. Мысалы, «Түу!» деген сөз таңданысты да, өкінішті де білдіруі мүмкін — барлығы сөйлеу жағдайына байланысты.

Әлеуметтік жағынан қарағанда, бейәдеби одағайлар белгілі бір топ өкілдерінің — нақты жағдайда жастардың — өзіндік сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынас тәсілін, көзқарасын танытады. Бұл сөздер жастар ортасында ортақ «тілдік кеңістік» құрып, бір-бірімен байланыс орнатудың оңай жолына айналған. Яғни «бейәдеби одағайлар — топ ішілік түсіністік пен жақындықты білдіретін тілдік құрал» [4,46]. Алайда мұндай одағайлардың шектен тыс немесе орынсыз қолданылуы сөйлеу мәдениетіне теріс әсер етуі мүмкін. Бейәдеби сөздердің жиі қолданылуы тілдің көркемдігін, тазалығын, байлығын екінші орынға ысырып, сөйлеудің тұрпайы түрін қалыптастыруы ықтимал.

Сонымен, жастар тілінде қолданылып жүрген бейәдеби, дөрекі естілетін одағайлар мен қолданыс сөздерді мағыналық түрлерін келесі топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Таңданыс пен сенімсіздікті білдіретіндер:

– «Е-мое», «Да ладно», «Ужас», «Да ну», «Жесть», «Өлә».

Бұл сөздер тыңдаушыға тосын жайттың әсерін білдіреді: «Е-мое, бұл қалай болғаны?!»; «Да ладно, сен шын айтып тұрсың ба?!»; «Ужас-ай, сен де

соған сендің бе?!»; «Жесть, мына жаңалық рас па сонда?!»; «Да ну, рас па?»; «Өлә, мынаны қара!»

2. Наразылық, өкініш, ашу білдіретіндер:

– «Капец», «Қап», «Ай», «Апыр-ай».

Эмоцияны тереңірек жеткізу үшін қолданылып, көбіне жағымсыз жағдайларда айтылады: «Капец, шын ба?!»; «Қап, тағы кешігіп қалдым!»; «Ай, мынаны тағы бүлдірдің бе?!»; «Апыр-ай, мына бала шаршатып жіберді ғой!».

3. Менсінбеу, реніш реңкі бар сөздер: – «Фигня», «Туф».

Бұлар мағынасыздықты, маңызсыздықты немесе жиіркенуді білдіреді: «Фигня, ол қиын емес қой!»; «Туф, бұдан да жақсы жауап күткен едім…»; «Туф, осы істі де жөндеп жасай алмайсың ба?!»

4. Ашу, бұйрық, жоғарыдан сөйлеу реңктегі одағайлар: – «Ей», «Әй», «Ай», «Ойбай», «Ойбай-ау», «Ойбай-ай».

Бұл одағайлар көбіне бұйрықтық-интонациялық мәнге ие: «Ей, тұр орныңнан!»; «Әй, тыныш отыр!»; « – Ай, маза берші енді, шаршаттың шынымды айтсам!»; «Ай, саған не десем болады?!»; «Ойбай-ау, не істеп қойдың?!»

5. Мазақ қылу, кемсіту мағынасындағы сөздер: «Пф, саған айтып не керек?!»; «Ссс, сені де адам дейді-ау!!; «Ссс, айтпашы енді!»; «Ой, сен не түсінуші едің?!»; «Ой, сенен не қайыр?!»; «Tyh, тағы да сен бе?!»

Жалпы бейәдеби одағай сөздердің жастар арасында таралуының себептері де бар. Қазіргі жастардың сөйлеу тілінде бейәдеби, кейде дөрекі одағай сөздердің жиі қолданылуы — кездейсоқ құбылыс емес. Бұл тілдік өзгеріс бірнеше әлеуметтік, коммуникативтік және психологиялық факторлардың ықпалымен қалыптасып отыр. Жастар тіліндегі бейәдеби одағай сөздердің белсенді таралуының негізгі себептерін төмендегідей жүйелеуге болады.

Ең алдымен, коммуникативтік үнемділік принципі маңызды рөл атқарады. Жастар тез әрі ықшам сөйлеуге бейім келеді, сондықтан эмоцияны аз сөзбен, бірақ әсерлі жеткізетін тілдік бірліктерді жиі қолданады. «Бейәдеби одағай сөздер осы талапқа сай: олар қысқа әрі мағыналық салмағы жоғары, эмоцияны нақты әрі шұғыл жеткізуге қолайлы» [5,112-115].

Екіншіден, әлеуметтік желілердің ықпалы ерекше. TikTok, Instagram, YouTube секілді платформаларда таралатын бейресми контент жастардың сөйлеу мәнерін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Бұл платформаларда қолданылатын экспрессивті, креативті тілдік формалар мен мемдер жастардың сөздік қорына жылдам еніп, бейәдеби одағай сөздердің эмоционалды әсер құралына айналуына жағдай жасайды.

Үшіншіден, орыс және ағылшын тілдерінің ықпалы. Аралас тілді ортада тәрбиеленіп, үштілділік жағдайында білім алып жүрген жастар арасында орыс және ағылшын тілінен енген бейәдеби сөздер жиі қолданылады. Мысалы, «капец», «жесть», «ужас», «да ну», «ё-моё», «о май гад» сияқты сөздер

таңданыс, реніш, күйзеліс сияқты эмоцияны жеткізуде жиі қолданылып, сөйлеу тіліне экспрессия қосады» [6,73].

Төртіншіден, тіл арқылы даралық таныту мен өзіндік стиль қалыптастыру да бейәдеби сөздерге деген сұранысты арттырады. Жастар сөйлеу арқылы өзіндік ерекшелігін, көзқарасын, дүниетанымын білдіруге ұмтылады. Бейәдеби одағай сөздер бұл ретте стандарттан тыс ойлаудың, креативтіліктің немесе ішкі қарсылықтың көрінісі ретінде қабылданады.

Бесіншіден, тәрбиелік және тілдік бақылаудың әлсіреуі де бұл құбылыстың таралуына себеп болып отыр. Отбасы мен мектеп тарапынан сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптардың әлсіреуі, тілдік норма мен әдеби тіл шеңберіне жеткілікті мән берілмеуі жастардың бейәдеби лексикаға еркін бет бұруына ықпал етуде.

Соңғы маңызды фактор — эмоционалды көркемдеудің қажеттілігі. Жастар өз сезімдері мен көңіл күйін шынайы әрі әсерлі түрде жеткізуге ұмтылады. Осы мақсатта бейәдеби одағайлар таңданыс, наразылық, реніш, келіспеушілік сияқты эмоцияны нақты әрі тікелей білдіретін құрал ретінде жиі қолданады.

«Жастардың тіл мәдениетін қалыптастыру – ұлт болашағы үшін аса маңызды мәселе. Бүгінгі жастар — ертеңгі ел тірегі» [7,17]. Олар қай тілде сөйлесе, қандай сөз қолданса, ертеңгі қоғам да сол сипатта қалыптасады. Егер бүгінгі жас ұрпақ бейәдеби, дөрекі, мән-мағынасы көмескі сөздерді жиі қолданып, сөйлеу мәдениетіне бейжай қараса, ол ертең ұлт тілінің құнсыздануына, рухани жұтаңдыққа алып келеді. Керісінше, тілге деген жауапкершілік пен талғамды қалыптастыру — ұлттық болмысты сақтаудың алғы шарты. Жастар арасында тілдік нормаларды ескермей сөйлеу, әдеби емес сөздерді орынсыз қолдану, әсіресе әлеуметтік желілерде эмоцияны жеткізудің жеңіл жолы ретінде бейәдеби одағай сөздерге үйір болу белең алып отыр. Бұл – тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени және рухани қауіп. Сондықтан жастардың тілдік талғамын тәрбиелеу, сөйлеу этикасын дамыту, әдеби тілде дұрыс сөйлеуге баулу — білім беру мен қоғамдық тәрбие саласындағы басты бағыттардың бірі болуы тиіс.

Қазіргі таңда бейәдеби сөздердің, дөрекі мәндегі одағайлардың жастар тіліне белсенді енуі олардың әдеби тіл нормаларын сақтауға деген талпынысын төмендетіп отыр. Әсіресе әлеуметтік желілер мен медиамәтіндердегі тұрпайылық жастардың сөйлеу мәдениетіне едәуір әсер етуде. Осыған орай, жастар арасында тіл мәдениетін дамыту үшін бірнеше бағытты ұсынуға болады.

Біріншіден, тілдік тәрбие беру – бұл отбасы мен мектептен басталуы тиіс жүйелі жұмыс. Балаларға кішкентай кезінен бастап дұрыс, әдеби тілде сөйлеуді үйретіп, сөз әдебін сақтауға баулу қажет. әМұғалімдер мен ата-аналар сөйлеу мәдениетінде үлгі көрсетіп, сөздің көркемдігі мен мағыналылығына мән беруі керек» [3,55]. Әдепті сөйлеу, ойды нақты әрі сыпайы жеткізу баланың тілдік санасын дамытудың негізі болмақ.

Екіншіден, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қажет. «Жастардың тілдік талғамына әсер ететін басты фактордың бірі – интернет пен әлеуметтік желі кеңістігі» [8,3]. Осыған байланысты мазмұны бай, әдеби тілде жазылған материалдарды көбейтіп, тіл мәдениетін насихаттайтын бейнежазбалар мен шығармашылық жобаларды жастарға қызықты әрі түсінікті түрде ұсыну маңызды. Жастар жиі қарайтын бейнежазбалар мен мақалалардың тілі сауатты әрі әсерлі болуы тиіс. Бұл ретте мектеп, кітапхана, мәдениет мекемелері мен қоғамдық ұйымдар тарапынан жастарға арналған тілдік тәрбиеге бағытталған шығармашылық топтар құрылып, олардың ішінде әдеби тіл нормаларын дәріптейтін жұмыстарға басымдық берілуі керек.

Үшіншіден, жағымды тілдік үлгі көрсету – жастардың мінез-құлқы мен сөйлеу мәнеріне әсер ететін маңызды құрал. Ата-ана, мұғалім, достар және жастар арасында беделді саналатын танымал адамдар өз сөйлеу мәдениетімен үлгі болуы тиіс. Әсіресе әлеуметтік желілерде көпшілікке танымал адамдар өз сөздерінде әдеби тіл нормаларын сақтап, бейәдеби элементтерден арылып, таза сөйлеу үлгісін көрсете білсе – бұл жасөспірімдердің де сөйлеу мәдениетіне оң ықпал етеді. Мектеп қабырғасында тәрбиелік мәні зор «Сөйлеу әдебі» бағытындағы сынып сағаттары мен қосымша сабақтар ұйымдастырылса, бұл оқушылардың тілдік тәртібін қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз.

Төртіншіден, мектеп бағдарламасында тілдік сауаттылықты арттыру қажет. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тіл мәдениеті, сөйлеу әдебі, сөз мәнері туралы теориялық біліммен қатар, өмірмен байланысты тапсырмалар ұсынылуы тиіс. Мысалы, түрлі тақырыпта пікірталас ұйымдастыру, жағдаяттық тапсырмалар беру, өз көзқарасын дәлелді жеткізуге бағытталған жаттығулар жасату – оқушылардың ойын жүйелі жеткізу дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар, ауызша және жазбаша тіл нормаларын салыстыра отырып меңгерту, көркем мәтінмен жұмыс істеу әдістерін қолдану – оқушылардың әдеби тілге деген қызығушылығын арттыра түседі.

Бесіншіден, жастардың кітап оқу дағдысын дамыту қажет. Көркем әдебиет – сөз байлығы мен сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың ең басты құралы. Жастарды көркем әдебиетті жиі оқуға бағыттау арқылы олардың сөздік қоры молайып, сөйлеу мен жазудағы дәлдік, бейнелілік, көркемдік сапалар артады. Бұл бағытта мектеп кітапханаларын жаңғырту, әдеби үйірмелер ашу, кітап оқуға арналған жарыстар мен кездесулер өткізу – жастардың оқуға деген ынтасын оятады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде әдеби тілдің беделін арттыру жұмыстары да ерекше маңызға ие. Жастар жиі қолданатын TikTok, Instagram сияқты желілерде әдеби тілмен жасалған бейнежазбалар мен жазбалар көбейсе, ол ортада да тіл мәдениетіне деген оң көзқарас қалыптасады. Бұл жұмыстарға жастар арасында беделді, өнер мен білім саласында танылған тұлғаларды тарту тиімді болмақ. Олар әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, өз оқырмандарына, тыңдармандарына өнеге бола алады. Сондай-ақ шешендік өнерге баулу, пікір алмасу топтарының жұмысын жандандыру, сахналық

қойылымдар мен әдеби кештер ұйымдастыру – жастардың сөйлеу мәдениетін арттырудың тиімді жолдарының бірі. Мектептер мен жоғары оқу орындарында тіл мәдениетіне арналған үйірмелер ашылып, бұл бағыттағы жұмысты тек қазақ тілі мен әдебиеті пәндерімен шектемей, тұлғалық даму, мәдени қарым-қатынас, этика пәндерімен ұштастыра оқыту керек. Мұндай жүйелі тәсіл арқылы жастар өз ойларын ашық, нақты әрі сауатты жеткізуге үйреніп, қоғамдағы мәдени қарым-қатынасқа белсенді араласа алатын тілдік тұлға ретінде қалыптасады.

Қорытынды. Жастар тілі – заман ағымына сай үнемі өзгеріп отыратын, әлеуметтік-мәдени үрдістермен тығыз байланысты құбылыс. Қазіргі жастардың сөйлеуінде бейәдеби одағай сөздердің жиі кездесуі – тілдік нормалардың әлсіреуінің және бейресми қарым-қатынас үлгілерінің белең алуының айғағы. Бұл сөздер жастардың ішкі көңіл күйін, эмоциясын жеткізудің тиімді құралына айналғанымен, тіл мәдениетіне кері әсер етеді. Жастар арасында кең таралған бейәдеби одағайлар көбіне тұрпайы, дөрекі немесе мағынасыз сипатта болып келеді. Мұндай сөздердің жиі қолданылуы тілдің көркемдік әлеуетін төмендетіп, әдеби тілдің беделіне нұқсан келтіреді. Сондықтан жастар сөйлеу тілінің сапасын арттыру үшін тілдік тәрбиені ерте жастан бастап, көркем әдебиетке сүйеніп, үлгілі тілдік орта қалыптастыру қажет. Тіл – ұлттың рухани өзегі болғандықтан, оның тазалығы мен мәдениеттілігі әр азаматтың жауапкершілігі болуға тиіс. Бейәдеби сөздердің орнына әдеби, байсалды, мазмұнды сөздерді қолдануға баулу – бүгінгі күннің маңызды міндеті. Тек осылай ғана жастар арасында тіл мәдениетін сақтау мен дамыту мүмкін болады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Сарыбаев Ш.Ш., Қазақ тіл білімінде одағай сөздердің лингвистикалық зерттелуі – Алматы: Ғылым, 1962. – 251 б.

2. Иманбекова Р., Қазақ тіліндегі экспрессия және таңданыс одағайлары – Алматы: Арыс. 2014. – 112 б.

3. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б., Қазақ тілінің стилистикасы – Алматы: Дәуір (Мектеп), 2005. – 287 б.

3. Шалабай Б., Қазақ тілінің бейресми сөйлеу формалары — Алматы, Арыс. 2006. -102 Б.

4. Каримова С. Жастар тілі мен этнолингвистика — Алматы, Қазақ университеті. 2018. – 135 б.

5. Атейбек А.О., Ордабекова Х.А., Мақала. Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер — «СДУ хабаршысы», №2. 2017, 110–115 б.

6. Мұхамедова Л., Аралас тіл және қазақ жастары — «Тіл білімі журналы», №5. 2022. 78-85 б.

7. Бақытжан Д., Тілдік тәрбие мен тіл мәдениеті — Алматы: ҚазМУ, 2011. – 87 б.

8. Әбішев А., Интернет пен жастар тілі — «Қазақ тілімен коммуникация» журналы, № 1 (25). 2020. 45-49 б.

ҒТАМА 16.01.33

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЕРТЕГІЛЕР МЕН ДӘСТҮРЛІ ЕРТЕГІЛЕРДІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Иманмағзам А., 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының 4 курс студенті; **Шнайдер В. А.,** доцент, филол.ғ.к., Астана халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан Республикасы
magzamovnaa@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада дәстүрлі қазақ ертегілері мен қазіргі заманғы ертегілердің тақырыптық, мазмұндық және құрылымдық өзгешеліктері қарастырылады. Қазіргі ертегілердің мазмұнында көрініс тапқан ғылым мен техника, экология, отбасылық құндылықтар, әлеуметтік мәселелер сынды заманауи тақырыптар мен құндылықтар сараланып, олардың балалар санасына тигізетін тәрбиелік және танымдық ықпалы сипатталады. Сонымен қатар дәстүрлі ертегілердегі ұлттық болмыс пен рухани-мәдени құндылықтармен салыстыра отырып, қазіргі ертегілердің кейіпкерлер жүйесі, баяндау стилі, тілдік ерекшеліктері мен оқырманға әсер ету формасы жан-жақты талданып, дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы негізінде ғылыми тұжырым жасалды.

Кілт сөздер: қазақ ертегісі, дәстүр, заманауи ертегі, кейіпкер жүйесі, тәрбиелік мән, фольклор.

Кіріспе. Ертегі – кез келген халықтың мәдени кодын, дүниетанымын, идеалдарын сақтап жеткізетін ең көне прозалық жанрлардың бірі. Қазақ фольклортануына қатысты алғашқы жүйелі классификацияны М. Әуезов 1927 жылғы «Әдебиет тарихында» ұсынып, ертегілерді қиял-ғажайып, хайуанаттар жайындағы және тұрмыс-салт болып үшке бөлді. Кейін С. Қасқабасов [1], Ә. Қоңыратбаев, Б. Уахатов еңбектері бұл жіктеуді жанрлық-типологиялық деңгейде дамытты. XXI ғасырда цифрлық мәдениет баланың ой-санасын тез түрлендіріп, әдеби сұранысын өзгертті; осыған сәйкес ертегінің тақырыптық өрісі робот, ғарышкер, суперқаһарман сияқты бейнелермен толығып, авторлық ертегі үлгісі алға шықты.

Материалдар және әдістер. Зерттеу жұмысында дәстүрлі және қазіргі заманғы қазақ ертегілерінің мәтіндері негізгі материал ретінде пайдаланылды. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, мазмұндық-семантикалық талдау, әдеби-теориялық сипаттама, интерпретация және контент-талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер арқылы ертегілердегі тақырыптық бағыттар, кейіпкерлер жүйесі, баяндау стилі мен тілдік ерекшеліктер сараланып, қазіргі ертегілердің қоғаммен байланысы, әлеуметтік және тәрбиелік рөлі анықталды. Сонымен қатар ертегі жанрының тарихи дамуы мен қазіргі әдеби кеңістіктегі орны ғылыми тұрғыдан зерделенді.

Нәтижелер. Қазіргі заманғы қазақ ертегілерінің тақырыптық ауқымы дәстүрлі ертегілермен салыстырғанда айтарлықтай кеңейіп, заманауи қоғамның түрлі мәселелерін, жаңа технологиялық үдерістерді және әлеуметтік өзгерістерді қамтитын күрделі мазмұнға ие бола бастады. Бұл – жаһандану мен ақпараттық ғасырдың әсерінен туындаған заңды құбылыс. Ертегі жанрының негізгі міндеті – адам тәрбиелеу, ізгілікке жетелеу болса, қазіргі ертегілер осы міндетті жаңа мазмұн арқылы жүзеге асыруға тырысады.

Қазіргі ертегілерде ғылым мен техника тақырыбы жиі кездеседі. Мысалы, роботтар, жасанды интеллект, ғарыш кемелері, виртуалды шындық секілді мотивтер балалардың қиялына қанат бітіріп қана қоймай, оларды заманауи ғылым мен техника әлеміне қызықтыруға бағытталған. Д. Ахметұлының «Робот және алты асық» атты ертегісінде басты кейіпкерге көмектесетін ақылды роботтың бейнесі арқылы технологияның пайдасы мен адамға ықпалы көрсетіледі. Мұндай ертегілер балаларды ғылым мен білімге құштар етіп, танымдық көкжиегін кеңейтеді.

Қоршаған ортаны қорғау, экология, жаһандық жылыну сияқты өзекті мәселелер де көрініс табуда. Бұл – бүгінгі ұрпақтың санасына табиғатқа жанашырлықпен қарау идеясын сіңіруге бағытталған маңызды қадам. Мысалы, заманауи ертегілердің бірінде басты кейіпкер – табиғатты қорғаушы бала ағаштарды кескен адамдарға қарсы күресіп, орманды сақтап қалады. Бұл арқылы бала оқырман табиғатты қорғаудың маңызын ертегілік формада ұғынады. Қоғамдағы әлеуметтік проблемалар да қазіргі ертегілердің мазмұнына енуде. Мысалы, достық, отбасылық құндылықтар, ата-ана мен бала қарым-қатынасы, шынайылық пен жалғандық, материалдық байлық пен рухани байлық арасындағы тартыстар сияқты тақырыптар көркем тілмен, бейнелі түрде беріледі. Бұл тақырыптар бүгінгі баланың күнделікті өмірімен астасып, оның ішкі дүниесіне әсер етеді.

Қазіргі ертегілерде кейіпкерлер де өзгеріске ұшыраған. Егер дәстүрлі ертегілерде батырлар, сиқыршылар, дию-перілер мен жалмауыздар жиі кездессе, бүгінгі ертегілерде суперқаһармандар, ғарышкерлер, роботтар, тіпті экологиялық белсенділер мен еріктілер де басты рөлде жүреді. Балаларға арналған ертегілерде роботтар мен жасанды интеллект, ғарышкерлер мен бағдарламашылар бейнесі жиі ұшырасады. Бұл – баланың заманауи дүниетанымын қалыптастырып, олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытудың тиімді жолы.

Сонымен қатар ертегілерде экологиялық мәселелер де көрініс табуда. Табиғатты қорғау, жануарларға қамқор болу, таза ауа мен судың маңызын түсіндіру сияқты тақырыптар балаларға қарапайым сюжет арқылы жеткізіледі. Мысалы, ағаштарды кесуге қарсы шыққан бала туралы ертегілер арқылы экологиялық сана қалыптасады.

Қазіргі ертегілерде ұлттық құндылықтар да жаңаша сипат алады. «Ертегілерде тек қазақы салт-дәстүр емес, жалпы адамзаттық құндылықтар – достық, сыйластық, кешірім, әділет, ынтымақ секілді ұғымдар кеңінен көрініс табады» [2,37]. Бұл құндылықтар баланың тұлғалық дамуына оң әсерін

тұғымдардыңигізіп, оны қоғамда белсенді, саналы азамат ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Дәстүрлі және қазіргі ертегілердің салыстырмалы талдауы. Дәстүрлі және қазіргі ертегілер – қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтасуын айқын көрсететін екі маңызды бағыт. Ертегілердің мазмұны мен құрылымы замана талабына сай түрленіп отырса да, олардың түпкі мақсаты – адамзаттың ізгі қасиеттерін насихаттау, тәрбиелеу, адам мен қоғам арасындағы байланысты бейнелеу болып қала береді. Осы мақалада дәстүрлі және қазіргі ертегілердің кейіпкерлер жүйесі мен баяндау тәсілі, тілі мен стилі және оқырманға әсер ету формасы тұрғысынан салыстырмалы талдау жасалып, нақты мысалдармен дәйектеледі.

Дәстүрлі ертегілерде кейіпкерлер негізінен батырлар, хан-сұлтандар, қарапайым еңбек адамдары, сиқырлы жануарлар, жын-шайтан секілді қиял-ғажайып жаратылыстар болып келеді. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі басты кейіпкер Төстік — батырлық пен төзімділіктің үлгісі. Оның жерасты әлеміндегі сынақтарға қарсы тұруы — халықтың қиындықты жеңіп шығу идеясын бейнелейді. Осы ертегідегі Таусоғар, Көлтауысар сияқты кейіпкерлер – табиғаттан тыс күштердің символы» [3,51], олар адамның мүмкіндіктерін кеңейте түсетін образдық қызмет атқарады. Бұл образдар көбінесе біртекті, символдық сипатта жасалған: олар не мүлде жақсы (жағымды), не мүлде жаман (жағымсыз) болады. Ал қазіргі заманғы ертегілерде кейіпкерлер шынайы өмірге жақындатылады. Олар – қарапайым балалар, заманауи құралдарды қолданатын жасөспірімдер, роботтар, тіпті жанды машина мен компьютер секілді жасанды интеллектке ие нысандар. Мысалы, «Тренинг өткізетін тасбақа» ертегісінде 300 жастағы тасбақа ақыл айтуды кәсіпке айналдырып, түрлі жануарларға қисынсыз кеңестер береді. Қасқырға «ай сәулесінен жаның жай таппай жүрсе, көзіңе шүберек байла» десе, керікке «еңкейіп жүр», қоянға «құлағыңды байла» деп ақыл сатады. Ең соңында балыққа «қармақтан қорықпа, аспаннан түскен несібең» деп кеңес беріп, оның қазаға ұшырауына себепкер болады. Бұл ертегі бүгінгі қоғамдағы жалған кеңес берушілердің, өзін «коуч» немесе «тренер» деп көрсететін адамдардың образын астарлы сатирамен бейнелейді. Баяндау тәсілі де екі дәуірде екі түрлі. Дәстүрлі ертегілерде оқиға шежірелік сипатта баяндалады: «Ерте, ерте, ертеде…», «Бір ханның үш ұлы болыпты…» деген тұрақты формулалармен басталып, оқиғаның өрбуі баяу, реттілікпен жүреді. Әңгімелеуші көбінесе бейтарап, бірақ оқиғаға ара-тұра баға беріп отырады. Бұл тәсіл тыңдаушының көңілін бір арнаға бағыттауға мүмкіндік береді. Қазіргі ертегілерде баяндау динамикалық сипатта, оқиға бірден басталып кетеді. Авторлық стиль айқын көрініп, кейде кейіпкердің ішкі монологы, диалогтар, тіпті SMS-хабарлама немесе әлеуметтік желі тілі де қолданылады. Бұл — бүгінгі баланың тілдік ортасын ескере отырып жасалған саналы әдеби тәсіл. Тіл мен стиль жағынан да айырмашылықтар айқын. Дәстүрлі ертегілерде поэтикалық тіл, тұрақты эпитеттер, мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде «тұлпар ат», «алапат күш», «қиын-қыстау кезең» сияқты эпикалық

тіркестер кеңінен қолданылады. Бұл — ауыз әдебиетіне тән көркемдеуші құралдар. Қазіргі ертегілерде тіл жатық, қарапайым, балалардың заманауи ойлауына бейімделген. Ғылыми-техникалық терминдер, ағылшын сөздері, сленг, қазіргі заманның мәдени контекстіне тән сөздер кездеседі. Бұл да оқырманмен тиімді байланыс орнату үшін таңдалған әдіс. Оқырманға әсер ету формасы тұрғысынан алғанда, дәстүрлі ертегі көбіне тыңдау арқылы қабылданады, ол ұжымдық сана мен тарихи тәжірибені жеткізеді. Мұндай «ертегілер үлкендерден балаларға ауызша беріліп, тәрбиенің дәстүрлі арнасына айналған. Қазіргі ертегілер болса, оқуға ыңғайлы етіп жазылады, кітап, электронды нұсқа, анимациялық бейне ретінде де таратылады» [4, 89]. Оқырман оны өз бетімен қабылдайды, ал кейіпкерлердің мінез-құлқы – қазіргі баланың күнделікті өмірімен үндес.

Ертегілердің тәрбиелік мәні мен бүгінгі қоғамдағы рөлі. Дәстүрлі ертегілер – қазақ халқының рухани өмірінің айнасы. Олар ұрпақ санасына отансүйгіштік, адалдық, еңбекқорлық, үлкенді сыйлау, жақсы мен жаманның айырмасы сияқты қасиеттерді сіңіріп, ұлттық болмысты қалыптастыруда үлкен қызмет атқарды. Ертегі тыңдаған бала ерте бастан-ақ жақсылық пен жамандықты, ерлік пен қорқақтықты, әділдік пен зұлымдықты салыстырып үйренеді. Мысалы, «Алпамыс батыр» ертегісі арқылы бала елін, жерін қорғаған батыр бейнесі арқылы отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиеленеді. Халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпик. әсірелеу заңдылығымен берілген. Жырда талай заманның түсінігі, дүниетанымы, шындығы қат-қабат қорытылып, полистадиялы түрде жинақталға. «Зерттеушілер (В.М. Жирмунский т.б.) “Алпамыс батыр” жырында көне дәуірдің салт-санасы, ғұрпы, неғұрлым айқын бейнеленгенін» [5,112] атап өткен. Сондай-ақ, «Тазша бала» ертегісіндегі кейіпкер тапқырлығымен, ақылдылығымен ханның сынақтарынан сүрінбей өтеді. Бұл – халықтың ақылды, шешен, сөзге тоқтайтын ұрпаққа деген құрметінің көрінісі. Қазақ ертегілерінде ата-анаға құрмет, туысқа адалдық, достық пен ынтымақ, еңбекті сүю, табиғатпен үйлесімде өмір сүру идеялары да кеңінен көрініс табады. Мысалы, «Ер Төстік» Төстікке дос болатын Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар сияқты кейіпкерлер – мифтік танымның сипаты. Ертедегі адамдардың мифтік түсінігі бойынша, желдің, таудың, судың "иелері" болған. Кейінгі замандарда олар көркемдік сипат алып, "достар осындай болса екен" деген адам арманын жүзеге асырушы бейнелер ретінде қабылданған. Ертегілердің ұлттық тәрбиедегі қызметі әсіресе ауызша дәстүр арқылы ұрпақтан ұрпаққа берілуімен ерекшеленеді. Отбасында әже мен ата ертегі айтушы болса, ол отбасында рухани байланыс, ұлттық сана-сезім, отаншыл тәрбие мықты қалыптасатыны анық. «Тренинг өткізетін тасбақа» атты заманауи сатиралық ертегіде адамдар арасындағы жалған кеңесшілер, «ақылдымын» деп жұртты шатастыратын псевдо-мамандардың бейнесі жануарлар арқылы берілген. Мұнда тасбақа келуші жануарларға қисынсыз ақыл беріп, соңында балық оның кеңесінің құрбаны болады. Ертегі юмор мен ирония арқылы қазіргі қоғамдағы ақыл айтушылардың жауапкершілігі, сенім мен сын тұрғысынан ойлау тақырыптарын қозғайды.

Бұл – қазіргі баланың сыни ойлауына әсер ететін маңызды әдеби тәсіл. Қазіргі ертегілердің тағы бір артықшылығы – олар баланың ақпараттық кеңістігіне жақын, заманауи тілмен жазылады. Кейіпкерлер балаға таныс мектеп оқушылары, мұғалімдер, техника, роботтар, ғарышкерлер. Осы арқылы бүгінгі ұрпақ өзіне таныс ортада дұрыс әрекет етуді үйреніп, жауапкершілік, шыншылдық, достық, ақпаратты сүзгіден өткізу сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Бұған қоса, «қазіргі ертегілерде баланың психологиялық дамуы, өзін-өзі тануы, эмоцияны басқаруы сияқты заманауи педагогикалық ұстанымдарға негізделген мазмұндар» [6,8] көбірек қамтылады. Яғни олар тек қызықты оқиға емес, психологиялық және әлеуметтік қолдау құралы ретінде де қызмет етеді.

Қорытынды. Қазақ ертегілері – халықтың рухани, мәдени және тәрбиелік дүниетанымының көркем шежіресі. Дәстүрлі ертегілер ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде шешуші рөл атқарып, бала бойына ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді дарытты. Олар арқылы бала батырлықты, әділдікті, тапқырлықты, адалдықты меңгеріп өсті. Ал «қазіргі заман ертегілері сол рухани мұраны жаңаша сипатта дамытып, бүгінгі баланың көзқарасына, замана талабына сай жаңа кейіпкерлер мен тақырыптарды ұсына отырып, тәрбиелік миссиясын жалғастыруда» [7,43]. Қазіргі ертегілерде ғарыш, техника, робот, әлеуметтік желі сынды ұғымдармен қатар, заман шындығы мен сындарлы ой, юмор, сатира арқылы берілетін терең мағыналы мазмұн бар. Ертегі – ұлттық тәрбиенің ғана емес, адамның жан дүниесін қалыптастыратын, баланың ой-санасын, болмысын, көзқарасын өсіретін әдеби құрал. Сондықтан дәстүрлі және қазіргі ертегілерді салыстыра отырып оқыту, оларды тәрбиелік мақсатта қолдану – рухани дамыған, ұлттық сана-сезімі жоғары тұлға тәрбиелеудің ең тиімді жолдарының бірі.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қасқабасов С. А., Аймұхамбет Ж. Ә., Қазақ фольклоры: Ертегілер. – Алматы: Ғылым, 1996. – 367 б.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиетінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1965. – 258 б.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Арыс, 2021. – 174 б.
4. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 121 б.
5. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 189 б.
6. Матыжанов К.С., Қасқабасов С.А., Қазіргі балалар әдебиетінің даму үрдістері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2022. – 145 б.
7. Балтабеков Н.Т. Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі. – Алматы: Арыс, 2025. – 212 б.

ҒТАМР 16.01.09

СИНОНИМДЕРДІ ОҚЫТУ : ДӘСТҮРЛІ ӘДІС ПЕН ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Кабышева А.Д., Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 1-курс магистранты; **Ахтаева Н. Х.**
k.asem345@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілі пәнінде көркем мәтін негізінде синонимдерді оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері қарастырылады. Оқушылардың сөздік қорын дамытуда көркем шығармалардың маңызы айқындалып, тиімді оқыту жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, белсенді оқыту әдістері мен практикалық тапсырмалар жүйесі сипатталады.

Зерттеу барысында синонимдерді меңгертудің оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырудағы рөлі талданып, олардың сөз мағынасын терең түсінуіне, ойды дәл әрі көркем жеткізуіне ықпал ететіні көрсетіледі. Көркем мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі артып, тілдік бірліктерді контексте дұрыс қолдану дағдылары қалыптасады.

Мақалада сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылып, дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіре қолданудың тиімділігі негізделеді. Интерактивті платформалар, онлайн тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: қ*а*зақ тілі, синонимдер, көркем мәтін, оқыту әдістемесі, сөздік қор, заманауи технология.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту – өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тілі пәнін оқыту барысында оқушылардың сөздік қорын байыту, сөз мағыналарын терең түсіндіру және оларды орынды қолдануға үйрету маңызды. Осы тұрғыда синонимдерді меңгерту ерекше орын алады.

Синонимдер – тіл байлығының көрсеткіші. Олар оқушылардың ойын нақты, көркем жеткізуіне мүмкіндік береді. Ал көркем мәтін – тілдік бірліктердің табиғи қолданысын көрсететін негізгі құрал. Сондықтан синонимдерді оқытуда көркем мәтінді тиімді пайдалану – қазіргі әдістеменің маңызды бағыты.[1]

Синонимдер – мағынасы жақын, бірақ дыбысталуы әртүрлі сөздер. Олар сөйлеуде қайталануды болдырмай, тілдің көркемдігін арттырады. Сонымен қатар, синонимдер тілдік ойды дәл, әсерлі және әртүрлі реңкте жеткізуге мүмкіндік береді. Әрбір синонимнің өзіндік мағыналық және стильдік ерекшелігі болады, сондықтан оларды орынды қолдану сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Синонимдерді меңгеру арқылы оқушылар сөздердің мағыналық реңктерін ажыратып, оларды нақты жағдайға сай дұрыс

қолдануға дағдыланады. Бұл өз кезегінде олардың ауызша және жазбаша тілін дамытып, сөздік қорын байытады. Әсіресе, көркем мәтіндерде синонимдер кеңінен қолданылатындықтан, оларды мәтін арқылы оқыту оқушылардың тілдік сезімін қалыптастыруға тиімді ықпал етеді. Көркем шығармадағы сөздердің қолданысы, олардың мағыналық реңктері мен стильдік ерекшеліктері оқушыға тілдің байлығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар мәтін арқылы жаңа сөздерді меңгеріп, олардың мағынасын өздігінен анықтауға дағдыланады.Көркем мәтіндегі синонимдер оқушыларға бір ойды әртүрлі тәсілмен жеткізу жолдарын үйретеді.Бұл олардың тілдік икемділігін арттырып, сөз қолдану қабілетін дамытады.Оқушылар әр синонимнің эмоционалдық реңкін ажырата бастайды.Мұндай жұмыс олардың сөз таңдаудағы жауапкершілігін күшейтеді. Синонимдерді мәтін ішінде талдау оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіреді. Олар бір ұғымды бірнеше сөзбен жеткізу мүмкіндігін тәжірибе жүзінде көреді. Бұл олардың шығармашылық жазу дағдыларының дамуына әсер етеді. Көркем мәтінмен жұмыс оқушылардың оқылым дағдысын да жақсартады. Олар мәтіндегі негізгі ойды тез және дұрыс түсінуге үйренеді.Синонимдер арқылы мәтінді қайта құрастыру тапсырмалары өте тиімді болып табылады.Мұндай тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырады.Олар сабаққа қызығушылықпен қатысып, өз ойларын еркін жеткізеді.Синонимдерді меңгеру арқылы оқушылар сөз қайталаудан сақтанады.Бұл олардың жазба жұмыстарын сапалы етуге көмектеседі.Оқушылар әдеби тіл нормаларын сақтауға дағдыланады.Олар сөйлеу барысында нақты әрі әсерлі сөздерді таңдай біледі.Көркем мәтін оқушылардың эстетикалық сезімін дамытады.Синонимдермен жұмыс олардың тілдік қорын жүйелі түрде байытады.[3]

Мәтінмен жұмыс барысында оқушылар синонимдерді тек жеке сөз ретінде емес, белгілі бір контексте қарастырып, олардың қолданылу ерекшеліктерін аңғарады. Бұл тәсіл сөздердің мағына айырмашылығын сезінуге, оларды орынды әрі дәл қолдануға үйретеді. Сонымен қатар, оқушылар мәтіндегі ойды талдау арқылы автордың сөз таңдау шеберлігіне назар аударып, тілдік талдау дағдыларын дамытады.

Осылайша, көркем мәтін негізінде жүргізілген жұмыс оқушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін де жетілдіреді. [4]

Оқушылар жаңа сөздерді меңгеріп қана қоймай, оларды әртүрлі жағдаятта орынды қолдануға дағдыланады. Бұл олардың тілдік икемділігін арттырып, өз ойын жүйелі әрі көркем жеткізуіне ықпал етеді.Сонымен қатар, мұндай жұмыстар оқушылардың мәтінді түсіну, талдау және қайта құрастыру дағдыларын қалыптастырады. Синонимдерді қолдану арқылы олар бір мәтінді бірнеше нұсқада жеткізе алады, бұл олардың ойлау қабілетінің дамуына оң әсерін тигізеді. [6]

Материалдар мен әдістері. Зерттеудің негізгі материалы ретінде qazcorpus.kz платформасындағы 90 миллионнан астам сөзқолданысты

біріктірген 20 ішкорпус пен ондағы нақты мәтіндік деректер алынды. Көркем мәтін арқылы синонимдерді меңгерту – оқушылардың тілдік құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға бағытталған тиімді әдістердің бірі болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың тек білімін толықтырып қана қоймай, олардың тілге деген қызығушылығын арттырады және өз бетінше ізденуіне жол ашады. Көркем мәтінмен жұмыс барысында оқушылар тілдік бірліктерді табиғи ортада қабылдап, олардың мағыналық және стильдік ерекшеліктерін терең түсіне бастайды. Бұл олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, яғни алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білуіне мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімнің басты міндеті – көркем мәтінді дұрыс таңдап, оны оқыту үдерісінде мақсатты әрі жүйелі қолдану. Сонда ғана синонимдерді меңгерту нәтижелі болып, оқушылардың тілдік дағдылары сапалы деңгейде қалыптасады. Сонымен бірге, мұғалім сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыратын әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді үйлестіре білуі қажет. Ойын элементтері, топтық жұмыс, интерактивті тапсырмалар және АКТ құралдарын қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жандандырады.

Мұндай әдістемелік жүйе оқушылардың тек дайын білімді қабылдауына емес, керісінше, өз бетімен ой қорытып, тілдік материалды саналы түрде меңгеруіне жағдай жасайды. Нәтижесінде оқушылардың сөйлеу мәдениеті дамып, сөзді орынды қолдану дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, оқушылар мәтіндегі негізгі ойды ажыратып, тілдік бірліктердің қызметін терең түсінуге үйренеді. Синонимдерді дұрыс қолдану олардың жазбаша және ауызша сөйлеу қабілетін айтарлықтай жетілдіреді. Оқушылар әр сөздің мағыналық реңкін сезініп, оны нақты жағдайға сай таңдай білуге дағдыланады. Бұл олардың тілдік талғамын қалыптастырып, сөйлеу барысында қайталаудан сақтануға көмектеседі.

Оқыту үдерісінде көркем мәтінмен жүйелі жұмыс жасау оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады. Олар берілген мәтінді әртүрлі синонимдер арқылы қайта құрастырып, жаңа нұсқалар жасай алады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың тілдік икемділігін арттырып, сөздік қорын байытады. Сонымен бірге, топтық және жұптық жұмыстар арқылы олардың коммуникативтік дағдылары қалыптасады. Оқушылар өз пікірін дәлелдеп айтуға, басқаның ойын тыңдауға үйренеді. Нәтижесінде, синонимдерді меңгерту тек тілдік білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуға да ықпал етеді. [3]

Мысалы, сабақ барысында оқушыларға “әдемі” сөзіне синонимдер қатарын құрастыру тапсырмасы берілсе, бір оқушы “сұлу”, екіншісі “көркем”, үшіншісі “ажарлы” деген сөздерді ұсынады. Осы кезде олар әр сөздің мағыналық реңкін талқылап, қай жағдайда қай сөзді қолдану дұрыс екенін бірге анықтайды. Мұндай әрекет оқушылардың сыни ойлауын дамытып, тілдік бірліктерді саналы түрде таңдауға үйретеді.

Сонымен қатар, көркем мәтіннен алынған мысал арқылы оқушылар синонимдердің нақты қолданысын көреді. Мәселен, мәтінде “батыр” сөзінің

орнына “ер жүрек”, “қаһарман” сөздерінің қолданылуын талдау арқылы олардың стильдік айырмашылығын түсінеді. Бұл тәсіл оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастырып, тілдік дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді. Осылайша, оқушылар мәтінмен жұмыс барысында тек сөз мағынасын меңгеріп қана қоймай, олардың көркемдік қызметін де терең сезінеді. Әр синонимнің мәтіндегі орны мен маңызын анықтау арқылы олар автордың ойды жеткізудегі тілдік шеберлігін бағалауға үйренеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеуіне ықпал етеді.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамытады. Олар бір ұғымды әртүрлі сөздермен жеткізу арқылы тілдің байлығын тәжірибе жүзінде байқайды. Нәтижесінде оқушылардың сөздік қоры кеңейіп, тілдік сауаттылығы артады. Бұл өз кезегінде оқушылардың әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеуіне ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамытады. Олар бір ұғымды әртүрлі сөздермен жеткізу арқылы тілдің байлығын тәжірибе жүзінде байқайды. Нәтижесінде оқушылардың сөздік қоры кеңейіп, тілдік сауаттылығы артады. [6]

Сонымен бірге, мұндай жұмыс түрлері оқушылардың тілге деген қызығушылығын күшейтіп, пәнге деген оң көзқарасын қалыптастырады. Сабақ барысында белсенді әрекетке қатысу олардың өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді. Бұл дағдылар тек қазақ тілі пәнінде ғана емес, басқа оқу пәндерін меңгеруде де маңызды рөл атқарады.

Одан бөлек, синонимдермен жұмыс жасау оқушылардың жазбаша шығармашылық қабілетін дамытады. Олар шағын мәтін, шығарма немесе эссе жазу барысында сөз қайталаудан қашып, баламалы сөздерді орынды қолдануға үйренеді. Осылайша, тілдік құралдарды тиімді пайдалану дағдысы қалыптасады.

Нәтижелер. Көркем мәтін негізінде синонимдерді меңгерту – оқушылардың тілдік және тұлғалық дамуын қатар қамтамасыз ететін тиімді әдіс болып табылады. Бұл әдіс қазіргі білім беру талаптарына сай оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға да ықпал етеді. Оқушылар тек тілдік ережелерді меңгеріп қана қоймай, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуге дағдыланады. Бұл олардың болашақта кез келген ортада еркін, сауатты және мәдениетті сөйлеуіне негіз қалайды.[5]

Мұндай жүйелі жұмыс мұғалімнің кәсіби шеберлігіне де тікелей байланысты. Себебі мұғалім көркем мәтінді дұрыс таңдап, оны тиімді әдіс-тәсілдермен ұштастырғанда ғана оқу үдерісі нәтижелі болады. Осылайша, синонимдерді оқыту үдерісі оқушының тілдік дамуын ғана емес, оның жалпы танымдық қабілетін де жетілдіреді. Сонымен қатар, мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, тапсырмаларды біртіндеп күрделендіріп отыруы қажет. Бұл оқушылардың оқу материалын жеңіл қабылдап, біртіндеп терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Сабақ барысында қолданылатын әрбір әдіс нақты мақсатқа бағытталса, оқу нәтижесі де жоғары болады.

Одан бөлек, цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдарды қолдану оқыту үдерісін жандандырады. Мысалы, интерактивті жаттығулар, онлайн тапсырмалар және мультимедиялық мәтіндер оқушылардың қызығушылығын арттырып, синонимдерді есте сақтауды жеңілдетеді. Мұндай цифрлық құралдар оқушыларға дербес жұмыс істеуге мүмкіндік береді, яғни олар өз қарқынымен тапсырмаларды орындап, қателерін бірден түзете алады. Бұл өз кезегінде оқушының жауапкершілігін арттырып, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастырады.[2]

Оның үстіне, интерактивті платформалар арқылы мұғалім оқушылардың білімін жедел бақылап, кері байланыс беруге мүмкіндік алады. Бұл оқу үдерісін тиімді басқаруға және әр оқушының жеке жетістігін қадағалауға жағдай жасайды.Цифрлық технологияларды қазақ тілі сабағында, соның ішінде синонимдерді оқытуда тиімді қолдану білім сапасын арттырып, оқыту үдерісін заманауи деңгейге көтереді. Сонымен қатар, цифрлық құралдар оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, сабаққа деген қызығушылығын күшейтеді. Интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылар синонимдерді тек жаттап қана қоймай, оларды нақты жағдаятта қолдануға дағдыланады. Бұл олардың тілдік материалды терең әрі саналы меңгеруіне ықпал етеді.

Бұл технологиялар мұғалімге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың білім деңгейін жедел бағалауға және жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Осындай мүмкіндіктер оқу үдерісін даралап оқыту қағидасына жақындата түседі.

Нәтижесінде, цифрлық технологиялар мен көркем мәтінге негізделген оқыту әдістерін ұштастыру қазақ тілі пәнінің сапасын жаңа деңгейге көтереді және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады. Мұндай кешенді тәсіл оқушылардың тілдік бірліктерді тек теориялық тұрғыда емес, практикалық тұрғыда қолдануына мүмкіндік береді. Олар әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу арқылы сөз мағынасын терең түсініп, синонимдерді орынды қолдануға дағдыланады. Бұл олардың сөйлеу және жазу мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді. [4]

Одан бөлек, оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамып, олар ақпаратты талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Мұның бәрі олардың болашақта кез келген оқу және өмірлік жағдайларда тілдік білімін тиімді қолдануына негіз болады.

Мұндай дағдылар оқушылардың өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуіне ықпал етеді. Олар әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу барысында негізгі ойды ажыратып, тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдануды үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырады. Оқушылар алған білімін жаңа жағдаяттарға бейімдеп қолдануға дағдыланады. Синонимдерді орынды пайдалану арқылы олар сөйлеу барысында ойды нақты, әсерлі және көркем жеткізу қабілетін дамытады. Олар әртүрлі мәтіндер мен тапсырмалар арқылы бір ойды бірнеше тәсілмен жеткізу мүмкіндігін меңгереді. Бұл өз кезегінде олардың шығармашылық ойлауын дамытып, тілге деген қызығушылығын күшейтеді.

Синонимдермен жүйелі жұмыс жасау оқушылардың жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіреді. Олар сөйлеу кезінде қайталаудан аулақ болып, баламалы сөздерді тиімді қолдануға үйренеді.

Мұндай тілдік жаттығулар оқушылардың сөз мағынасын терең түсінуіне және сөздік қорын белсенді түрде кеңейтуіне мүмкіндік береді. Әр синонимді әртүрлі контексте қолдану арқылы олар сөздің мағыналық реңкін ажыратып, тілдік талғамын қалыптастырады. Бұл олардың сөйлеу барысында дәлдік пен әсерлілікті қамтамасыз етеді.

Қорытынды. Осындай тапсырмалар оқушылардың мәтінді талдау дағдыларын жетілдіріп, автордың тілдік ерекшелігін аңғаруға көмектеседі. Олар көркем шығармалардағы сөз қолданысын бақылау арқылы тілдің эстетикалық қызметін түсіне бастайды. Бұл өз кезегінде оқушылардың әдеби тілге деген құрметін арттырады. [6]

Одан басқа, синонимдермен жүйелі жұмыс жүргізу оқушылардың ойлау логикасын дамытып, бір ұғымды түрлі қырынан қарастыруға үйретеді. Олар әртүрлі синонимдердің мағыналық айырмашылығын ажыратып, оларды нақты жағдаятқа сай дұрыс қолдануға дағдыланады. Бұл олардың тілдік таңдау жасау мәдениетін қалыптастырады.Оқушылардың шығармашылық белсенділігі артып, олар өз ойларын көркем әрі жүйелі жеткізуге ұмтылады.

Мұндай үдеріс оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастырып, оны дәлелді түрде жеткізу қабілетін дамытады. Олар тілдік бірліктерді орынды қолдану арқылы сөйлеу барысында ойдың анықтығы мен әсерлілігін қамтамасыз етеді. Бұл олардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.Синонимдермен жұмыс істеу оқушылардың тілдік интуициясын дамытып, сөздердің стильдік ерекшеліктерін ажырата білуге үйретеді. Нәтижесінде олар әдеби тіл нормаларын сақтап, кез келген жағдаятта сауатты сөйлеу дағдысын меңгереді[7].

Қорытындылай келе, мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен заманауи әдістерді үйлестіре қолдануы синонимдерді тиімді меңгертудің негізгі шарты болып табылады. Жалпы алғанда, көркем мәтін арқылы синонимдерді меңгерту – оқушының тілдік қорын байытып қана қоймай, оның ойлау мәдениетін, сөзді орынды қолдану дағдысын және эстетикалық талғамын қалыптастыратын маңызды үдеріс. Мұндай оқыту жүйесі оқушыны тек білім алушы ретінде емес, тілдік тұлға ретінде дамытады. Сондықтан қазақ тілі сабағында синонимдерді оқытуға жүйелі, мақсатты және заманауи көзқарас қажет екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2002.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.

Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 2003. Ресми сайт: https://qazcorpus.kz/ (қаралған күні: 04.04.2026).

4. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы. – Астана, ҚР БҒМ, 2016.

5. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2015.

6. Тұрсынова Р. Қазақ тілін оқытудың заманауи әдістері. – Алматы, 2018. Электронды ресурс: https://egemen.kz/article/390542-ulttyq-korpus-–-qazaq-tilininh-sandyq-dgadysy (қаралған күні: 03.04.2026).

7. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2005.

ҒТАМА 16.01.33

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР: ӨСІМДІК АТАУЛАРЫ

Қадырова А. А., 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының 4-курс студенті; **Шнайдер В.А.,** доцент, филол. ғ.к., Астана халықаралық университеті. Астана қ., Қазақстан Республикасы
kadyrova1226@icloud.com

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тіліндегі өсімдік атауларына байланысты аймақтық ерекшеліктер жан-жақты қарастырылды. Өңірлік сөздердегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық өзгешеліктер талданып, олардың пайда болу себептері көрсетілді. Өсімдік атаулары арқылы диалектілердің ерекшелігін анықтап, дыбыстардың алмасу, дыбыстық сәйкестіктер, сөздердің грамматикалық тұрғыдан өзгеруі сияқты құбылыстар жайында нақты мысалдар көрсетілді. Сонымен қатар, араб-парсы тілдерінен енген және өзбек, түрікмен секілді көрші түркі халықтардан енген кірме сөздердің қазақ тіліне сіңу жолдары мен олардың өңірлік қолданыстағы нұсқалары салыстырылды. Әсіресе, Моңғолиядағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктерге де назар аударылды. Мақала қазақ тіліндегі диалектология мәселелерін кеңінен қарастырып, тілдік бірліктердің алуан түрлілігін ашып көрсетті.

Кілт сөздер: аймақтық ерекшелік, түркі тілдері, өсімдік атауы, кірме сөздер, фонетикалық алмасу.

Кіріспе. Қазақ тілі – бай да көркем тілдердің бірі. Оның ішінде әр аймаққа тән тілдік ерекшеліктер, әсіресе, өсімдік атауларында ерекше байқалады. Аймақтық ерекшеліктер – қазақ тілінің тарихи, географиялық және мәдени дамуындағы маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл мақалада қазақ тіліне тән аймақтық сөздер мен олардың фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері сөз болады. Сондай-ақ, шет тілдерден енген кірме сөздердің қалыптасу жолдары да қарастырылады. Аймақтық сөздер арқылы біз сол өңірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, табиғатпен қарым-қатынасын, көрші ұлттармен байланысын аңғара аламыз. Бұл ерекшеліктерді зерттеу қазақ тілінің даму жолын терең түсінуге, оның байлығын тануға көмектеседі. Бұл тек тілдік емес, сонымен бірге мәдени және этнографиялық ерекшеліктерді де танытады.

Материалдар және әдістер. Зерттеудің нысаны ретінде қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктерді, оның ішінде өсімдік атауларының ерекшеліктерін қарастыруды жөн көріп отырмыз. Зерттеу барысында сипаттамалы, тарихи-диахронды, салыстырмалы, талдау және жинақтау әдістері қолданылып, өсімдік атауларының әр аймақтағы қолданылу ерекшелігі, шығу төркіні, туыстас тілдермен ұқсастығына талдау жасалынды. Зерттеу материалы

ретінде, Л.З. Рустемов, М. Қашқари, Б. Базылхан, С. Аманжолов, Ғ. Қалиев, Ш. Сарыбаев сынды ғалымдардың еңбектері, сонымен қатар, қазақ тілінің аймақтық сөздігі, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, қазақ әдеби тілінің сөздігі еңбектері алынды.

Нәтижелер. Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктерді бірнеше тұрғыда қарастыруға болады. Соның ішінде қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктердің басым көпшілігін алып отырған өсімдік атауларын жеке қарастырған жөн. Тіліміздегі өсімдік атауларын зерттегенде оның лексикалық, фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне аса назар аударуымыз қажет. Ең алдымен, фонетикалық ерекшеліктерді қарастырайық. Бұл ерекшеліктер әдетте «кейбір дыбыстардың өзара алмасуымен, сөздердің жуан-жіңішке айтылуымен немесе кейбір дыбыстардың түсіріліп не қосылып айтылуымен байланысты болады» [1,783]. Фонетикалық ерекшеліктердің өзін: дауыстылардың қолданылу ерекшелігі және дауыссыздардың қолданылу ерекшелігі деп екіге бөліп қарастырамыз. Алғашқы кезекте, «дауысты дыбыстарға бірнеше мысал келтірсек, *ұ/ү, ы/і* дауыстыларының алмасуы: «*сұлы-сүлі»* [2,263] оңтүстік өңірде *сұлы* сөзі *сүлі* түрінде өте жіңішке айтылады. Көрші тілдерде Қарақалпақстанда «*сүлі* делінсе, тек түрікмен тілінде бұл сөз *сүле* болып айтылады» [2,273]. Әдеби тілімізде не Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірінде *сұлы* тұлғасында қоланылады. «Е/ə дауыстыларының алмасуы: *«кəуə-кəуе»* (ұйғыр) асқабақ. *Манты кəуə* – бір жағы дөңгелек, аяқ жағы сопақтау, түрі алмұрт сияқты асқабақ, көбіне мәнті жасауға пайдаланылады» [3,147]. Төркіні жағынан бұл сөз ұйғыр тілінен ауысқан, ұйғырша «*кава*». Оңтүстікте асқабақты басқаша *«аскелді, қабақ»* десе, батыста «*əскелді, қауақ*» деп атайды. Бұл тұста а/ə және сонор «у» дыбысының у/б дыбыстарындағы өзара алмасуды байқаймыз. А/ə, ы/і дауыстыларының алмасуы: «*бадыраң-бəдірең» (қияр).* Батыс Қазақстан өңірінде кездесетін алмасу түрі: о/ы алмасуы, «*борақ-борық»* (қамыстың тамыры). А/ə, ө\о алмасуы: «*кəртөк-картоп»*. О/ұ алмасуы: «*Ұйран-ойран»* (бояу шөптің тамыры). Осы тұрғыдан, Сәрсен Аманжолов о/ұ алмасуының батыста жалпылама тұрақты құбылыс екендігін атап өткен. «Ұ/ы алмасуы. «*Тұрып-тұрұп»* - иісі өткірлеу, дәмі ащы, тамыр жемісті бақша өсімдігі; редька» [4,439]. Оңтүстік өңірде де, батыста да осы мағынасында жұмсалады.

Дауыссыз дыбыстардың алмасуы. ң/з алмасуы: Батыс өңірінде итмұрынды «*бүргөз»* дейді. Ал, әдеби тілімізде «*бүргөн*» деп алатады. Моңғол тілінде тал, қызыл тал мағынасында «*бургас*» сөзі кездеседі. Сәрсен Аманжолов өзінің «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» атты еңбегінде «Біздің диалектілік *бүргөз* сөзіміз моңғолдың *бургас*-ына ұқсастырылуы не керісінше болуы мүмкін» [2,329] – деп топшылайды. Ал, Талдықорған облысында бұл сөз «*бөргөз»* тұлғасында қолданылады. Қазақстанның оңтүстігінде **с/ш алмасуы** басым қолданыс тапқан. Өсімдік атауынан мысал ретінде оңтүстікте қолданылатын *«машақ»* сөзін тиек етуімізге болады, ал әдеби тіліміздегі бұл сөздің тұлғасы «*масақ*» - дақылдардың аңызда қалған дәнді басы» [4,90]. Сонымен қатар, батыс

диалектісінде «*масақ»* **м/п** дыбыстарының алмасуы негізінде «*пашақ*» деп аталады. Моңғол тіліндегі қазақтардың тілінде, нақтырақ айтсақ Баян-Өлгий өңірінде біздің әдеби тіліміздегі нұсқасы «масақ» формасында қолданылады. Осындай дыбыстық өзгерулердің әсерінен тілдің әр өңірде өзіндік өмір сүріп жатқанын аңғаруымызға болады.

Лексикалық ерекшеліктер. Бұл ерекшеліктер әдетте «бір нәрсенің атауы не оның сын, сапа-қимылының әр жерде әр түрлі аталуымен байланысты болады» [1,783]. Мәселен, «қызыл бұрыш» – Алматы облысында «келімдәрі» деп аталады, ал Шымкентте бұл атау дыбыстық өзгеріске ұшырап «керімдәрі» тұлғасында жұмсалады. Өзбек тілінде «гармдару» деп аталады. Сонымен қатар, Алматы, Кеген, Үйғыр аудандарында «лазы» деген нұсқасы да кездеседі. Жамбыл облысы, Қордай ауданында қызыл бұрышты «қалампыр» дейді. Орал, Қараталда (Алм.) «итмұрынды» не «бүргөз» не «балмұрын» деп атайды. Ал, Сәрсен Аманжоловтың еңбегінде «балмұрын» батыс диалектісінің қатарынан орын алады. «Түйнек» – (Оңт. Қаз) қауынның бір тілімі, ал басқа бір мағынасында - өсімдіктердің жеміс түйіні. Жоғарыда мысалға келтірген «пашақ» сөзінің батыс диалектісіндегі мағынасы - астықтың дәнді басы болса, «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» еңбегінде «пашақ» сөзіне лексикалық екіншілік мағыналы бірнеше анықтама берілген. Бірінші мағынасында ««Пашақ» - (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Гур., Маңғ) қауын-қарбыз тұқымы. Екіншіден, (Түрік.: Таш., Тедж., Мары) қауын-қарбыздаң қабығы араласқан жем, үшіншіден (Гур., Маңғ) егіннің басы» [5,555]. Соңғы келтірілген анықтама батыс диалектісінің мағынасымен сабақтасып отыр десек те болады. Сондай-ақ, оңтүстікте «масақ» өсімдігі «бақалақ не «бақал» түрінде кездеседі. Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Шу өңірлеріндегі мағынасы – бидайдың түспей қалған басы. «Жаңғақ» - Гурьев облысында және Маңғыстауда «қозы» делінеді, осы тұлғадан көрші елдерде мекендейтін қазақтардың тілдеріндегі ұқсастықты байқауға болады. Мысалы, «қозы» – ноғай тілінде «коза», түрікменше «хоз/қоза», азербайжан тілінде «гоз» және қарақалпақ тілінде «ғоз/ғоза». Оралда «шаттауық» нұсқасы айтылады. Бұл атаудың да туыстас тілдердегі нұсқасын қарастыратын болсақ: татарша – чикловек, башқұрт тілінде – сәтләүек делінеді. «Қарабидай» - Қостанай облысында «ұраш», Шығ. Қаз облысы, Зайсан ауданында «жауша» тұлғасы қолданылады. Картопты бірнеше аймақта «картопия» деп атайды. Мәселен, орталық және солтүстік облыстарда картопты – картопия, карток, кәртөк дейді, ал Оралда «ботташық» делінсе, Қостанайда «кәртөк» дейді. Қытайдан келген қазақтардың тілінде «картофия» тұлғасы қолданылады. Байқағанымыздай лексикалық ерекшеліктер арқылы бір ғана заттың әр өңірде әртүрлі аталуынан қазақ халқының бай ауызекі сөйлеу тәжірибесін, көршілес халықтармен тілдік байланысын, тұрмыстық және мәдени ерекшелігін көруге болады.

Грамматикалық ерекшеліктер. Сөзжасам ерекшеліктерінен, әсіресе, жұрнақтар арқылы сөздердің айтылу ерекшеліктеріне тоқталайық. Бірігу жолымен жасалған атаулар. Мәселен, «Бірігу арқылы жасалған «аскәді» – асқабақ. Бұл сөз «ас» және түрікмен тіліндегі «кәди» (асқабақ) деген сөздердің

бірігуімен жасалған» [6,116]. «Шағу», «алашағу» атаулары Орал облысында «күнбағыс» өсімдігінің атауы. Бұл жерде екі сөздің бірігуі арқылы күрделі атау туындап отыр. Бастапқы буындағы «ала» сөзінен бірнеше аймаққа тән күнбағыс өсімдігінің атаулары да қолданыс тауып келеді. Мәселен, Қостанай облысын мекендейтін қазақтар күнбағысты «алақұрт» десе, Гурьев өңірінде «алабашақ» деп атайды. «Шекілдек» – «шекілдеуік» атауларындағы ерекшеліктер. «Шекіл» деген түбірге + деу (етістік тудырушы) жұрнақ пен + ік (зат есім тудырушы) жұрнақ жалғану арқылы туынды зат есім жасалып тұр. Бұл тұста жұрнақтардың жалғануы, не сөздердің бірігуі де аймақтық ерекшеліктерді тудырып тұр. Бір ғана «күнбағыс» өсімдігінің бірнеше аймақта қолданылу ерекшелігі грамматикалық ерекшеліктер арқылы қолданылу аясын кеңейтіп отыр деуге болады.

Кірме сөздер. Осы уақытқа дейінгі диалектілердің бірсыпырасы тек қана көне замандағы ру, тайпа тілдерінің қалдығы емес, сонымен қатар, көрші тілдерден ауысып келген кірме сөздер болып табылады. Оның себебі, қазақ жері бірнеше халықпен шекаралас болуы, тарихи байланыстар яғни, қазақ халқы бірқатар елдермен саяси, мәдени, экономикалық қарым-қатынаста болған. Өсімдік атауына байланысты кірме сөздерді араб-парсы, түркі тілдерінен енген сөздер деп қарастырамыз.

Түркі тілдерінен енген кірме сөздерді өз ішінен: өзбек, тартар, ноғай, башқұрт тілдерінің элементтері деп жіктеуге болады. Осындай кірме сөздер аймақтық ерекшеліктер ретінде өзімен жақын шекаралас болып отырған аудандардың көлемін қамтиды. Мәселен, өзбек тілінің элементтерін оңтүстік Қазақстан өңірінен әсіресе, Шымкент ауданын мекендейтін қазақтардың тілінен кездестіруге болады. Өзбек тілінен енген кейбір сөздер, мысалы, «пісте» – өзбекше (писта – күнбағар). Қазақстан өңірлерінде бұл атау Қызылорда облысында «айғабақ, айқабақ, пісте», Алматы облысында «чемішке, шемішке», Жамбыл облысында «күнбағар», Шымкент облысында «пісте», Оралда «күнқабақ, алашағу, шағу», Ақтөбеде «айғабағар, айбағар, шемекі», ал шығыс қазақстанда «чекілдеуік, чекілдек», Қостанай «шеттеуік», орталық және солтүстікте «патсөндік» (орыс. Подсолнух). Тәжікстан қазақтарының тілінде «пісте» - тауға шығатын шекілдеуік, ал түркі тілдерінде «шекүртүк» түрінде түрліше аталады. Қарақалпақ тілі элементтерінің қазақ тілінде қолданылуы. Қазіргі таңдағы көптеген аймақтық ерекшеліктер семантикалық ерекшелігі жағынан қарақалпақ тіліндегі элементтермен астасып келеді деуге болады. «күләбі» – (Жамбыл, Мерке, Шу, Қызылорда, Ақтау, т.б) қабығы қатты, еті қалың суық күзге жақын пісетін қош иісті, тәтті қауын» [5,349]. «Ләбләбі, ләблебі» – қант қызылшасы. Шымкент, Сарыағаш, Мақтарал өңірлерінде «ләблеме» тұлғасында аймақтық ерекшеліктерге кіреді. Ал, түрікменстанда тұратын қазақтар қант қызылшасын «шұғындыр» деп атайды.

Парсы тілінен енген өсімдік атаулары: «Күріш» – [корәндж: рис] – рис» [8,145]. Өзбекше «гурунч», түрікменше «бүрүнч». Шымкент облысында «гүріш», Қарақалпақстанда тұратын қазақтар да осы тұлғаны қолданады.

Түркі тілдерінде «тұтұрқан» [9,579]. «Күнжіт» – [конджид: кунжут, сезам, семя кунжута] – кунжут [8,145]. Қызылорда, Арал, Түрікменстан өңірлерінде «күнжі», Қарақалпақстанда тұратын қазақ тілінде «гүнжі». «М. Қашқари «Түркі сөздігі» еңбегінде «күнжіт» – оғызша «үгүр» деп аталатыны берілген» [9,83]. Тәжікстан қазақтарының тілінде «күнжұт». «Бәдірең» [бад: ветер; воздух + рәнг: цвет. Бадрәнг: букв. Воздушного цвета; огурец] – обл. Огурец» [8,62]. Әдеби тілімізде «қияр». Шымкент өңірінде «бадыраң, бәдірең», өзбекше «бодринг», шығыс Қазақстанда «әгүршік», орталық және солтүстік өңірлерде «әгүршік, өгүршік, өгіршік» тұлғасында қолданылады. «Қарбыз» – [хәрбозе: дыня] – арбуз» [8,157]. Л.З. Рустемовтың «Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов» атты еңбегінде парсы тілінен енген «қарбыз» сөзі біздің тіліміздегі қауын өсімдігінің анықтамасын беріп тұр. Яғни, біздің тілімізде басқа жемістің атауы болып тұрған қарбыз, парсы тілінде қауын жемісі. Дәл осындай кей өңірлерде қолданылып жүрген *«Дарбыз»* сөзіне анықтама бергенде қарбызға берген анықтамаға сілтеме беріп өткен. Ал, қауынның анықтамасына келетін болса, дәл осы еңбекте *«Қауын»* – [қавун. Кавун, разновидность дыни] – дыня» [8,162]. Қауын, қарбыздың бір түрі деген түсініктемеге сайып отыр. Моңғол Халық Республикасында да «*қарбыздың анықтамасы – қауын»* [2,424]. Біздің әдеби тілімізде екі жемістің ұғымы, айтылуы екі бөлек. Ал, аймақтық ерекшеліктерге келсек, Семей, Үржар, Мақаншы, Павлодар облыстарында *қауынды – қарбыз*, Павлодар облысының кейбір аймақтарында (Ресеймен шекаралас) «*діңке*» деген атауды да кездестіруге болады. дейді. Тіпті *«гүл»* сөзінің өзі қазақ тіліне парсы тілінен енген кірме сөз болып табылады. «Гүл - [гол: 1. Цветок, роза; 2. Горящий уголь; 3. Кусочек, частица] – *цветок, роза»* [8,75]. Басым көпшілігіміз қазақ тіліндегі «*гүл»* сөзін төл сөзіміз деп ойлаймыз. Алайда, қазақтың халық тілі қалыптасқанға дейін көршілес түркі тілдерінің әсерімен «гүл» сөзі «*шешек, чечек*» түрінде айтылған. Дәлел ретінде, М. Қашқаридың «Түрік сөздігі» кітабында «*шешеклік*» деген сөзге берілген анықтаманы алуымызға болады. «Шешеклік: гүлзар, гүл-шешек өскен жер» [9,566]. Байқағанымыздай «шешеклік» деген сөздің түбірі «шешек». Қазіргі тіліміздегі «гүл» деген мағынадағы сөз. Осы тұста, «*бәйшешек»* өсімдігінің жасалауына тоқталайық. Екі сөздің бірігуінен жасалған «бәйшешек» сөзінің екінші сыңарындағы «*шешек*» сөзі түркі-моңғол тілдерінде «гүл» деген мағынаны білдіреді. Мұндағы бәй – көп, бай деген ұғымды берсе, шешек - гүл. Қазіргі таңда қазақ тілімізде «шешек» формасы қолданылмаса да түрік тілінде қолданыс тауып отыр.

Түркі тілдеріндегі өсімдік атаулары: «Ұрық, дән» – түркі тілдеріндегі айтылуы [үрүғ: үрык, дән. Жерге егілетін тұқымды «ұрық» дейді. Uruғ ekti: Ұрұғ екті – тұқым септі, тұқым екті]. Жақын туысқандар соған ұқсатып [Uruғ tarығ: Үрығ тарығ – Ұрық-тұрық, ұрық-шәріп» [9,92] дейді. Сондай-ақ «*дән, ұрық» – «ебін*» [9,107] деп аталатыны да көрсетілген. Ал, аймақтық ерекшелікке келетін болсақ *«ұрық»* сөзіне бірнеше анықтамалар берілген. Солардың ішіндегі біздің тақырыбымызға жақын нұсқасы: Ұрық – (Алматы,

Шелек ауданы) тұқым. Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Күршім ауданында тұқым, дән мағынасында жұмсалады. «Ерүк» – шабдалы, өрік пен қараөрік сынды жемістердің бәрінің атауы; Олар бір-бірінен бірді-екілі сипатпен ажыратылады: «түлүг ерүк – шабдалы, сарығ ерүк - өрік (орүк), кара ерүк – қараөрік» [9,98]. Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тілінде: *қараөрік – қарелі* деп аталса, Түрікменстанда тұратын қазақтар тілінде *қаралы - гаралы* деп аталады. Маңғыстау, Түрікменстан, Ашхабад өңірлерінде *«ерік»* – жалғыз ғана «*өрік*» жемісінің атауын береді. Шымкент, Мақтаралда *өрік – түршек* делінеді. Осы тұста, «*шабдалы*» жемісі парсы тілінен енген кірме сөз екенін айта өткеніміз дұрысырақ. «Парсыша - *сабдалы* [шәфт: толстый + алу: слива. Шәфталу: персик] – персик, плодовое дерево» [8,243].

Қазақ тілінде, туыстас тілдерде түрліше айтылып жүрген «*сарымсақ*» түркі тілдерінде «[kyvurken. Күбүркен – тау сарымсақ, жуа. Оғызша «күмүркен»] деп аталады» [9,581]. «Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер» атты еңбекте *«тау сарымсақ»* дегеніміз - *жабайы сарымсақ* екені айтылған, орысшалағанда – дикий чеснок» [10,147]. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде»: *«қарақат»* жемісіне мынадай анықтама беріледі: «Қарақат – кейбір зерттеушілердің пікірінше бұл *қара* және кейбір түркі тілдерінде кездесетін *қат//хат (жидек, жеміс)* сөздерінің бірігуімен жасалған. Алтайша *қат* – жидек, *қызыл қат* – қызыл жидек, *қара қат* – қарақат. Хакас тілінде де бұл сөз «жидек» мағынасында жұмсалады. Демек, «*қарақат – «қара жидек»* деген сөз» [7,119].

Моңғолиядағы (Баян-Өлгий өңірі) қазақтардың тілдік ерекшелігі. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, бұл өңірдегі қазақтар ұзақ уақыт бойы этникалық тұрғыдан оқшау өмір сүріп, ана тілін таза сақтаған, әрі тілдік қолданыста көне сөздер мен диалектілік ерекшеліктер молынан кездеседі. Сонымен бірге, Моңғолиямен мәдени әрі әкімшілік байланыс нәтижесінде моңғол тілінен енген сөздер мен синтаксистік құрылымдар да байқалады. Мәселен, *«қырыққабат*» – орыс тілінде «*капуста*». Б. Базылханның «Моңғолиядағы қазақтардың тілі» еңбегінде «*капуста*» қытай тілінен енген кірме «*бай-чай, байцаа*», моңғол тіліндегі айтылуы «*бәйсә*» екендігі айтылған. Ал, «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде»: «*қырыққабат*» - (Ауғанстан, Иран) елдеріндегі қолданыста капустаның бір түрі» [5,459] – деген анықтама берілген. Шымкент өңіріндегі «капуста» сөзінің айтылу ерекшелігі - «керем/кәрәм» деп аталады. Сондай-ақ, өзбек тілінде – карам, қарақалпақ тілінде – қарам болса, түрікмен тілінде – келем түрінде қолданылады. Қытай тілінен енген «дөнг-шенг», моңғолша «дөңсе» - темекі өсімдігінің атауы. Оған қоса қазіргі моңғол, қазақ әдеби тілінде мағынасы мен тұлғасы бір сөздер бар екендігіне тоқталайық.

Н/ң дауыссыздарының алмасуы. Қазақ диалектологтарының С. Аманжолов, Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, Ғ. Қалиев, С. Омарбековтардың зерттеп анықтауы бойынша «қазақ әдеби тіліндегі «ң» дыбысының орнына «н» дыбысы айтылуы қазақ тіліндегі говораралық ерекшелік екен» [11,49]. Баян-Өлгий говорында бұл құбылыс әдеби тіл нормасымен айтылады. Сондай -ақ

бұл алмасу өзбек тіліне де тән. Мысалы, қазіргі қазақ әдебиет тілінде «өлең» (шөп), қазіргі моңғол тілінде өлөн (өлең шөп), көне моңғол тілінде «өлүнг» формасында айтылған. Келесі ұқсастық: «р» дыбысының тұрақсыздығы. Қазақ әдеби тіліндегі кейбір сөздердің «р» дыбысы, қазақ тілінің кейбір говорындағыдай «Баян-Өлгий говорында да түсіріліп айтылады» [11,53]. Мысалы, қазақ әдеби тілінде – жоңыршқа дәл осы формасы Жамбыл, Шу, Қостанай, Арал т.б өңірлерде қолданылады. Кейбір говорларда – жоңышқа, Баян-Өлгий говорында – джоңұшқа тұлғасында айтылады.

Қорытынды. Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер – тілдің тарихи, мәдени және географиялық даму бағыттарын айқындайтын маңызды тілдік құбылыс. Әсіресе өсімдік атауларындағы аймақтық ерекшеліктер арқылы әр өңірдің табиғи ортасы, тұрмыс салты және көрші халықтармен тілдік қарым-қатынасы айқын көрінеді. Фонетикалық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктердің өзара байланысы белгілі бір заңдылықтарға сүйене отырып жүзеге асатыны анықталды. Сонымен қатар, түркі, парсы, араб, моңғол тілдерінен енген кірме сөздер де жергілікті сөйлеу тілінде өзіндік өзгерістерге ұшырап, жаңа тілдік қабат ретінде қалыптасқаны байқалады. Аймақтық сөздер тек тілдік дерек қана емес, сонымен қатар халықтың этномәдени дүниетанымын, тарихи жадын, шаруашылық дәстүрін де танытатын құнды материал екені сөзсіз. Бұл ерекшеліктерді зерттеу – қазақ тілінің байлығын тереңірек тануға, қазіргі әдеби тіл мен халық тілінің арасындағы байланысты нақты түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай деректер тілді оқытуда, сөздіктер түзуде, ұлттық құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарады. Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктерді ғылыми айналымға енгізу – ұлт тілінің өміршеңдігін, тарихи сабақтастығын және мәдени тұтастығын нығайтудың маңызды тетігі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Диалектологиялық сөздік. – Алматы. Арыс, 2007. – 800 б.

2. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. – Алматы. Сөздік-словарь, 2004. – 536 Б.

3. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі /Ә. Нұрмағамбетов [т.б]. – Алматы. Ғылым, 1969. – 426 б.

4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы. Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 800 б.

5. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі/ Құраст. Ғ.Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев. – Алматы. Арыс, 2005. – 824 Б.

6. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы. Ана тілі, 1991. – 200 б.

7. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы. Ғылым, 1966. – 240 б.

8. Рустемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско- иранских заимствованных слов. – Алма-ата. Мектеп, 1989. – 320 б.

9. Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуанти лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы/ Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы. Хант, 1997. – 590 б.

10. Қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктері. / Құраст. Ш. Сарыбаев, Ә. Нұрмағамбетов, Ғ. Қалиев. – Алматы. Ғылым, 1990. – 216 б.

11. Базылхан Б. Моңғолиядағы қазақтардың тілі. – Улаанбаат-Өлгий. Баян-Өлгий аймағының баспа өңірі, 1991. – 204 б.

ҒТАМА 17.07.31

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨРКЕМДІК КӨРІНІСІ

Қуандықова Н.Ж., ҚТӘ-24 (ТжКБ) 2-курс студенті; **Оразбаева А.С.,** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессордың м.а., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
nazok.kuandykova@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық таным мәселесі жан-жақты қарастырылды. Зерттеу жазушы прозасындағы ұлттық дүниетанымның көркемдік бейнелену ерекшеліктерін айқындауға бағытталған. Автор шығармаларындағы кейіпкерлер жүйесі, тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлар, салт-дәстүр көріністері және тілдік-стильдік ерекшеліктер ұлттық болмысты танытудың негізгі құралдары ретінде талданды. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтардың отбасы институты, адамгершілік нормалар және тарихи жады арқылы берілуі ғылыми тұрғыда сараланды. Мақалада «Қара шаңырақ», «Ескерткіш», «Кемпірлер», «Шойынқұлақ» сияқты шығармалардағы ұлттық мінез бен мәдени кодтың көрінісі мысал ретінде алынады. Зерттеу нәтижесінде Дулат Исабеков прозасының ұлттық танымды сақтап қана қоймай, оны жаңғыртып, қазіргі заман талабына сай жаңа мазмұнмен байытатыны анықталады. Жазушы шығармаларындағы әлеуметтік-психологиялық талдау ұлттық мінездің эволюциясын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оның туындылары қазақ қоғамындағы рухани өзгерістер мен мәдени трансформацияларды бейнелейді. Мақалада әдебиеттанулық, мәдениеттанулық және антропологиялық тәсілдер қолданылып, автордың шығармашылық әлемі кешенді түрде зерделенді.

Кілт сөздер: ұлттық таным, қазақ прозасы, ұлттық болмыс, мәдени код, көркем мәтін, рухани құндылық, қазақ әдебиеті.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің даму тарихында ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды көркем түрде бейнелеу мәселесі әр кезеңде өзектілігін жоғалтқан емес. Дулат Исабеков шығармашылығы ұлттық танымды терең әрі жан-жақты ашуымен ерекшеленеді. Жазушы прозасында қазақ халқының дүниетанымы, салт-дәстүрі, әлеуметтік өмірі мен моральдық-этикалық ұстанымдары көркемдік тұрғыда шебер бейнеленеді. Оның әңгімелері мен повестерінде ұлттық мінез, адамгершілік құндылықтар және тарихи жады өзара сабақтастықта көрініс табады.

Ұлттық таным – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени тәжірибесі мен рухани әлемінің жиынтығы. Бұл ұғым әдебиетте тек мазмұндық деңгейде ғана емес, сонымен қатар көркемдік-идеялық жүйе арқылы да көрініс табады. Дулат Исабеков шығармаларында ұлттық таным

кейіпкерлердің мінез-құлқы, тілдік ерекшелігі, тұрмыстық көріністері және философиялық пайымдары арқылы ашылады. Сондықтан жазушы прозасы қазақ қоғамының рухани-мәдени келбетін танытатын маңызды көркем дереккөз болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеудің негізгі материалдары ретінде Дулат Исабеков әңгімелері мен повестері, атап айтқанда «Қара шаңырақ», «Ескерткіш», «Кемпірлер», «Шойынқұлақ» сияқты шығармалары алынды. Сонымен қатар жазушының шығармашылығына қатысты әдебиеттанулық зерттеулер, ғылыми мақалалар және монографиялық еңбектер пайдаланылды. Бұл дереккөздер ұлттық танымның көркем мәтіндегі көрінісін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында әдебиеттану ғылымындағы негізгі әдістер қолданылды. Атап айтқанда, мәтінді талдау әдісі арқылы шығармалардың мазмұндық және идеялық құрылымы қарастырылды. Салыстырмалы әдіс ұлттық таным көріністерін әртүрлі шығармаларда салыстыра отырып, олардың ортақ және дара ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар тарихи-мәдени талдау әдісі арқылы шығармалардағы ұлттық құндылықтардың қоғам дамуы контекстіндегі орны айқындалды. Типологиялық әдіс кейіпкерлер жүйесі мен ұлттық мінез ерекшеліктерін жіктеуге негіз болды.

Нәтижелер. Қазақ әдебиетінің даму тарихында ұлттық дүниетанымды, халықтың рухани болмысын және мәдени кодын көркем шығарма арқылы терең бейнелеген қаламгерлердің бірі – Дулат Исабеков. Жазушы шығармашылығы қазақ қоғамының әлеуметтік, моральдық және мәдени құндылықтарын бейнелеуімен ғана емес, сонымен бірге ұлттық танымның көркем мәтіндегі көрінісін айқын көрсетуімен де ерекшеленеді. Оның әңгімелері мен повестерінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы, салт-дәстүрі, өмір сүру философиясы мен адамгершілік ұстанымдары табиғи әрі шынайы сипатта беріледі.

Ұлттық таным – белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесі мен мәдени жадының, рухани құндылықтарының, дүниені қабылдау ерекшеліктерінің жиынтығы. Әдебиет осы ұлттық дүниетанымды сақтап қана қоймай, оны көркемдік тұрғыдан жаңғыртып, жаңа мазмұнмен байытады. Осы тұрғыдан алғанда, Дулат Исабеков шығармалары ұлттық болмысты танытатын маңызды көркем құбылыс болып табылады. Жазушы өз туындыларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, дәстүрлі құндылықтарын, отбасы институтын, адамгершілік өлшемдерін және ұлттық мінез ерекшеліктерін кеңінен бейнелейді.

Қаламгер шығармаларындағы ұлттық таным көбіне кейіпкерлердің дүниеге көзқарасы, сөйлеу мәдениеті, салт-дәстүрлердің көрінісі, сондай-ақ ұлттық юмор мен өмірлік тәжірибе арқылы айқындалады. Сонымен бірге жазушы қарапайым тұрмыстық жағдайларды суреттей отырып, олардың астарында жатқан терең философиялық мағынаны ашуға ұмтылады. Бұл

ерекшелік оның шығармаларын тек көркем мәтін ретінде ғана емес, ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде де бағалауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық танымды зерттеу қазақ әдебиетіндегі ұлттық болмыс мәселесін, көркем мәтіндегі мәдени және рухани құндылықтардың берілу ерекшеліктерін түсінуге жол ашады. Бұл тақырып жазушы шығармашылығының идеялық-көркемдік табиғатын айқындаумен қатар, қазақ әдебиетіндегі ұлттық дүниетанымның көркемдік бейнелену жолдарын саралауға мүмкіндік береді.

Дулат Исабековтің шығармалары – өмірдің өзінен алынған, айналамызда күнделікті кездесетін құбылыстарды өзіндік құнарлы әрі қарапайым тілмен әлеуметтік деңгейге дейін көтере бейнелейтін шынайы туындылар. Суреткердің арнасынан аспай, қысқа да жинақы жазылған әңгімелері мен повестерінде адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік құндылықтар, қазақы мінез бен қоғамдағы өзгерістер нанымды әрі шынайы суреттеледі.

Жазушы шығармаларында («Ескерткіш», «Бонапарттың үйленуі», «Қара шаңырақ», «Кемпірлер», «Ай-Петри ақиқаты», «Шойынқұлақ» және т.б.) қоғамды тікелей әлеуметтік айыптау немесе ашық сынау басым емес. Керісінше, автор салқынқанды әңгімеші ретінде көрініп, кейіпкерлерін әлеуметтік-психологиялық типтер деңгейіне көтереді. Сюжеттер көбіне күлкілі ситуациялар төңірегінде өрбиді, алайда сол арқылы жазушы үлкен философиялық жинақтауға қол жеткізеді.

Қазақ жазушысы Дулат Исабеков – Қазақстандағы ең танымал әрі құрметті авторлардың бірі. Оның шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған және Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізілген. Жазушы шығармаларын шартты түрде бірнеше тақырыптық топқа бөлуге болады.

Соның бірі – тарих тақырыбы. Бұл бағытта автор қазақ халқының өткен өмірін, көшпелі тіршіліктің ерекшеліктерін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, табиғатпен байланысын және заман өзгерістеріне деген көзқарасын бейнелейді. Сонымен қатар, Дулат Исабеков шығармашылығында махаббат пен отбасы тақырыбы да маңызды орын алады. Жазушы отбасылық қатынастардың күрделілігін, бала тәрбиесінің жауапкершілігін, ер мен әйел арасындағы психологиялық және әлеуметтік байланыстарды терең суреттейді.

Жазушы шығармашылығының ең жарқын әрі есте қаларлық ерекшеліктерінің бірі – ұлттық мәдениет пен тілдің кеңінен қолданылуы. Оның туындыларында қазақы дүниетаным, ұлттық образдар, мақал-мәтелдер мол кездеседі. Қазақ тілі көркем бейнелеудің негізгі құралы ретінде қолданылып, ұлттық болмыстың көрінісін айқындайды. Осы арқылы автор Қазақстанның ұлттық мәдени мұрасын сақтауға, оны дамыту мен жалғастыруға үлес қосады.

Дулат Исабеков шығармалары қазақ әдебиетінің көрнекті үлгілерінің бірі болып саналады. Олар жазушының жеке шығармашылық болмысын ғана емес, сонымен бірге халықтың ұлттық және мәдени бірегейлігін де танытады.

Сонымен қатар бұл туындыларда қазақ қоғамының өмірі мен ел тарихындағы маңызды оқиғалар кеңінен көрініс табады.

Жалпы алғанда, Дулат Исабековтің шығармашылығы жанрлық әрі тақырыптық тұрғыдан алуан түрлі. Ол Қазақстан қоғамы үшін маңызды көптеген мәселелерді көтереді. Жазушы тек ұлттық және мәдени дәстүрлерді насихаттаушы ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік және рухани өзгерістерге сын көзбен қарайтын қаламгер. Оның шығармалары адам тағдырының драмасын, терең эмоция мен өмірлік даналықты қамтиды. Сондықтан Дулат Исабеков туындылары әрқашан өзекті әрі оқырман үшін қызықты болып қала береді. Қ.Ергөбек: «Дулат Исабеков – мейлі өткен күн тағылымын айтсын, мейлі бүгінгі күн шындығын жазсын, қайда да, қашан да – шынайы суреткер. Айтарын характер арқылы бейнелей айтады, жазарын көркем детальдарды ойната құбылтып ашады, шығарманың көркемдік формасы жұтынып, композициясы дөңгеленіп шып-шымыр шығады»-деп, қаламгер туындыларына тамаша баға берді [1, 123].

Дулат Исабеков шығармашылығында кейіпкерлер маңызды элемент болып табылады. Оның шығармаларындағы кейіпкерлер – шынайы қазақтар; олар шынайылығымен, шыдамдылығымен, өміршеңдігімен және ұсақ-түйектен ләззат ала білу қабілетімен ерекшеленеді. Автор кейіпкерлердің бейнелерін, олардың мінез-құлық мотивтері мен эмоцияларын шебер сипаттайды. Нәтижесінде оқырман қазақтың жан дүниесіне терең үңіліп, ұлттық мәдениет пен менталитеттің кейбір ерекшеліктерін ашады.

Дулат Исабековтің көркем шығармалары бойынша түсірілген фильмдік нұсқалардың барлығы Қазақстандағы елеулі мәдени оқиғаларға айналды. Бүгінгі таңда жазушы шығармашылығы өзектілігін сақтап отыр және Қазақстан мен әлем әдебиетінің мәдени өмірі үшін кең маңызға ие. Оның шығармалары әртүрлі тілдерге аударылып келеді. Соның нәтижесінде Қазақстанның ұлттық мәдениеті әлемдік қауымдастықта барған сайын танымал бола түсуде.

Дулат Исабеков сонымен қатар әлеуметтік және мәдени мәселелерді қозғайтын көптеген мақалалардың, эсселердің және публицистикалық материалдардың авторы. Ол мәдени және ғылыми іс-шараларда, соның ішінде шетелдерде де, қазақстандық әдебиет пен мәдениеттің атынан сөз сөйлеп келеді. Осылайша жазушы өз халқының мәдени мұрасын, сондай-ақ жалпы мәдени әртүрлілікті сақтау мен насихаттау жолында белсенді қызмет атқаруда.

Дулат Исабеков шығармашылығындағы басты ерекшеліктердің бірі – оның адамдарды біріктіру және мәдениетаралық өзара түсіністікті кеңейту қабілеті. Ол ұлт әлеуметтік бостандыққа кедергі болмауы керек, ал әлемде әділеттілік пен бейбітшілік идеялары үстем болуы тиіс екенін бірнеше рет атап өткен. Сондықтан талантты жазушы, терең ойшыл әрі әдеби сыншы Дулат Исабеков қазақстандық мәдениеттің жарқын өкілдерінің бірі болып саналады. Оның терең тілдік әрі мәдени байланыс сезіміне толы шығармалары ұлттық әдебиеттің құнды мұрасына айналды. Бұл шығармалар бірегей әрі әмбебап,

өйткені олар ұлттық ерекшеліктерді ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ гуманистік құндылықтарды да бейнелейді.

Ұрпақтың ұлттық мінезді, ана тілді жоғалту мәселесі ақын-жазушыларымыздың өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. «Ұлт», «ана тілі», «ұлтжандылық» деген ұлы мәселелерді қоғамға жар салып айтпақ түгілі, ол туралы ойлаудың өзі қылмыс болған кеңестік саясат кезінде-ақ Д.Исабеков – өз шығармалары арқылы қазақ тілінің бейшара кейпін, тілдің жұтаңданып, әлеуметтік, қоғамдық-саяси ортада қолдану аясының тарылып бара жатқанын шынайы көрсете алған батыл жазушы [2, 109].

Сондай-ақ Дулат Исабеков жас ұрпақты тәрбиелеу міндетін өзіне жүктегенін атап өткен жөн. Ол өз шығармаларында жастардың ұлттық санасын қалыптастыру, ана тілінің қадір-қасиетін сақтау, Қазақстанда шығармашылық ойлау мен ғылыми ойды дамыту мәселелеріне көп көңіл бөледі. Дулат Исабековтың сөз шебері ғана емес, сонымен қатар белсенді қоғам қайраткері, ұлт жанашыры, тіл жанашыры екенін атап өту маңызды. Тіл – ұлттың жаны. М.Жұмабаевтың: «Тілсіз ұлт тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарты – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Бір лттың тілінде сол ұлттың жері, тарих - тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» [3, 28], - дегенін еске алсақ, ұлттың өмірі, ұлт мінезінің сақталуы бірден-бір ұлтқа қатысты екенін көреміз.

Жазушының «Қара шаңырақ» әңгімесі – ұлттық мінездің негізі ауыл өмірімен тығыз байланысты екенін тағы бір аңғартатын туынды. Жаппай қалаға көшу, ауылда қалған ата-баба қонысы, үлкен үй саналатын қара шаңырақты күзетіп шал мен кемпірдің қалуы – қазақ даласына енген рухани және материалдық өзгерістердің ұлттық менталитетке тигізген әсерін айқындай түседі.

Қазақы қара шаңырақтың қасиетті белгісі – бесіктің жастар қолданысынан шығып бара жатқанына деген қынжылысты да аңғаруға болады. Немесе ұлттық мінездің заман өзгерісімен түрленгенін Есіркептің әкесіне: «Көке, сіз демала беріңіз, біз тамақ даярлап жіберейік», – деуінен де байқаймыз.

Қазақ халқында ер-азаматтың қазан-аяққа араласпауы – ежелден қалыптасқан түсінік, өйткені бұл – отбасы анасының еншісіндегі іс. Міне, қаламгер осындай шағын эпизодтарды шым-шымдап әңгіме желісіне енгізу арқылы қазақы ұлттық мінездің біртіндеп өзгеру үдерісін көз алдымызға әкеледі.

Қазіргі қоғамда үйреншікті болып кеткен кейбір іс-әрекеттердің тарихи салт-дәстүр емес, кейіннен қалыптасқан құбылыс екенін жазушы үнемі еске салады. Атақонысқа ие болу, қасиетті қара шаңырақтың отын өшірмеу – ер-азаматтың міндеті емес пе еді?

Әңгіменің «Қара шаңырақ» аталуы да тегін емес. Қара шаңырақтың иесі саналатын үйдің кенжесі Есіркептің: «Кішкентайды бала бақшаға орналастырамыз», - дегені Шөмішбай қарттың үмітін үзіп, жігерін құм қылды.

Бұның өзі – қазақ ұлтындағы ұрпақ тәрбиелеп, өсіруде ата – әже орнының жоғалып бара жатқанының көрінісі. Жастайынан әже әлдиін, ата ертегісін, ұлағатты сөзін тыңдамай өскен ұрпақтың бойында ұлттық менталитеттің, қазақша айтқанда, ділдің берік болуы – екіталай нәрсе**.** Бұл да – «балаларын өскенше, немерелерін өлгенше бағатын» қазақтың ата-әжелерінің бейнесін толықтыра түсетін әңгіме» [4, 243].

Дулат Исабеков повестерінде адамгершіліктің биік мұраттары кеңінен сөз болады. Ұлттық мінез – тұрақты психологиялық қасиеттердің жиынтығы. Қазақ ұлттық характерінің тұрақтылығы ұзақ уақытқа созылған көшпелі өркениеттің ықпалымен қалыптасқан. Уақыт тынысы мен заман өзгерісі ұлттық кейіпкерді мүсіндеуде өзіндік әсерін тигізеді. Замана жағдайының жағымды және жағымсыз ықпалы кейіпкер болмысынан көрініс табады. Адам белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүре отырып, сол уақыттың ықпалымен қоғамдық мінез-құлық нормаларын қалыптастырады.

Жазушы прозасындағы кейіпкерлер арқылы ұлттық мінез бен дүниетанымның көркемдік бейнесі жасалған. Оның повестерінде ұлттық танымға қатысты көркемдік құрылым, тілдік ерекшеліктер және кейіпкер мінездемесі арқылы ұлттық болмысты көрсету тәсілдері жан-жақты қамтылған [5]. Исабеков шығармашылығының қоғамдық және рухани мәні, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы орны ерекше [6].

Дулат Исабеков шығармашылығы қазақ әдебиетінде ұлттық таным мен рухани құндылықтарды көркем бейнелеудің маңызды үлгісі болып табылады. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, оның повестері мен әңгімелері қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлері, отбасы институты, мінез-құлық ерекшеліктері мен адамгершілік ұстанымдарын жан-жақты бейнелейді [7, 92].

Қорытынды. Дулат Исабеков шығармалары ұлттық таным мен рухани құндылықтарды сақтау және жаңғыртудағы маңызды әдеби құрал ретінде бағаланады. Ғалымдардың еңбектері оның прозасының қазақ әдебиетінде ұлттық идея мен мәдениет көрінісін зерттеудің сенімді дерегі екенін көрсетеді. Бұл шығармалар оқырманға ұлттық мәдени мұраны терең түсінуге, тарихи тәжірибе мен дәстүрлі құндылықтарды бағалауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымындағы ұлттық идея мен көркем мәтін арақатынасын түсінуге үлес қосады. Сондай-ақ жазушы мұрасының қазіргі гуманитарлық ғылымдар контекстіндегі маңызын айқындайды. Зерттеу нәтижелері ғылыми-танымдық және оқу-әдістемелік мақсатта пайдалануға ұсынылады және білім беру үдерісінде кеңінен қолданылады деп бағаланады. Бұл зерттеу ұлттық әдебиеттанудағы теориялық тұжырымдарды нақтылап, көркем мәтінді талдаудың жаңа әдіснамалық бағыттарын дамытуға ықпал етеді сондай-ақ ұлттық танымды кешенді зерттеуге жол ашады деп бағаланады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы: Жазушы, 1980. – 158 б.

2. Ергөбек Қ. Ұлтын сүйген жүрек үні // Қазақ әдебиеті. 1992. – №10.
3. Жұмабаев М. Шығармалары: 3 томдық. – Алматы: Білім, 1996. – 289 б.
4. Орда Г. Әңгіме жанры // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2005.
5. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Электронды ресурстар қоры. – Қолжетімді: https://farabi.university/storage/files
6. Producción Científica LUZ ғылыми базасы. – Қолжетімді: https://produccioncientificaluz.org
7. Қирабаев С. Тәуелсіздік өрісі: әдеби зерттеулер мен сын мақалалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

ҒТАМА 16.01.09

КӨНЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Қуандықова Н.Ж., 6В01708 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының 2 курс студенті; **Шнайдер В.А.,** доцент, филол., ғ.к., Астана халықаралық университеті. Астана қ., Қазақстан Республикасы
kuandykovan98@gmail.com

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі сирек болса да көнеден келе жатқан тарихи жырларда, тұрақты тіркес құрамында қолданылатын көнерген сөздердің мағынасы, оның күңгірттенуі, не болмаса жаңа мағынаға ұшырау, фонетикалық, лексикалану, делексикалану мәселелері, грамматикалық және функционалдық өзгерістері жан-жақты талданады. Аталмыш мәселеге қатысты ғалымдар еңбектері зерделеніп, тұжырымдар жасалды. Әрбір көне тұлғаға қатысты дәлелді пікірлер ұсынылды. Зерттеу барысында көнеден келе жатқан лексиканың тарихи негіздері, қазақ әдеби тілінің қалыптасу кезеңдері және ру-тайпалық тілдік қабаттармен байланысы туралы ғылыми тұжырымдар қарастырылады. Көнерген сөздердің үш түрлі жіктелуі мысалдар арқылы нақтыланып, олардың көркем мәтіндердегі және ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мағыналық реңктері ашылады. Жырларда, дастан үлгілерінде жиі кездесетін бұғаз, бұл, безеу, алаш, қаттану, құрсану тәрізді сөздердің бастапқы мағынасы мен қазіргі қолданыстағы айырмашылықтары салыстырмалы талдау негізінде көрсетілген.

Кілт сөздер: көнерген сөздер, семантика-грамматикалық өзгеріс, мәдени-тарихи контекст,көне лексика

Кіріспе. Қазақ тілінің байлығы ғасырлар бойы қалыптасқан сөздік қорында сақталған. Соның ішінде көнерген сөздер – халықтың тарихы, тұрмысы мен мәдениетінен хабар беретін, маңызды тілдік қабат. Қолданыста сирек кездескенімен, бұл сөздер көркем әдебиетте, жыр-дастандарда және тұрақты тіркестер құрамында өз мәнін жоғалтпай келеді.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі көнерген сөздердің қазіргі қолданысын және олардың семантика-грамматикалық өзгерістерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес төмендегі міндеттер қойылады: көне сөздердің пайда болу және тарихи қалыптасу жолдарын қарастыру; олардың қазіргі әдеби тілдегі қолданыс аясын көрсету; қазіргі қазақ жастары тіліндегі сақталу деңгейін анықтау; көнерген сөздердің мәдени-танымдық және ұлттық болмысты сақтаудағы рөлін айқындау.

Көне лексиканы зерттеу – ұлттық дүниетанымды, тарихи жады мен тілдік мұраны сақтаудың маңызды жолы. Сондықтан олардың бүгінгі тілдік тәжірибедегі орнын жаңғырту қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында талдау,

жинақтау және тарихи-диахрондық әдістерді пайдалан отырып, қазақ тіліндегі көне сөздердің қазіргі қолданысын, олардың семантика-грамматикалық өзгерістері анықталды. Этнограф-ғалым І.Кеңесбаев, Р.Сыздықова, Б.Қалиев, Ә.Қасым және тағы басқа ғалымдардың зерттеулері көне сөздердің шығу тегі мен мағыналық даму жолдарын сипаттау үшін пайдаланылды. А.Мойнақова, С.Бахтиярқызы, Ж.Абитжанова, Г.Мамырбек теорияларына шолу жасалып, ой-пікірлері басшылыққа алынды.

Нәтижелер. Қазақ тілінің байлығы оның ғасырлар бойы қалыптасқан сөздік қорында жатыр. Сол қазынаның бір қабатын – бүгінгі күнде сирек қолданылатын, бірақ тілдік жүйеде сақталып, тарихи-мәдени ақпаратты жеткізіп тұрған көнерген сөздер құрайды. Бұл сөздер халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен рухани мұрасынан сыр шертетін құнды тілдік бірліктер ретінде қазіргі қазақ тілінде де маңызын жойған жоқ. Ғалымдардың «қазақ халқын құраған ру-тайпалар өздерінің мәдени өмірінде бірсыпыра уақыт бойы жазба әдеби тіл ретінде түркітілдес халықтардың сауатты ұрпағына жақсы таныс және ортақ болған түркі әдеби тілін пайдаланды» (Б.Әбілқасымов), «қазақ әдеби тілі қазақ ру-тайпаларының халық болып өз алдына отау тіккен XV-XVI ғасырлардан бастап қалыптасты, бұл кезеңдерде ауызша әдеби тіл және жазбаша әдеби тіл қатар өмір сүрді» (Р.Сыздықова) деген тұжырымдары қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге берілген дұрыс бағыт-бағдар болды.

Қазақ тіліндегі көне лексика түркі халықтарының ортақ тілдік қорынан бастау алады. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері, оғыз-қыпшақ дәуірінің лексикалық айырымдары, кейінгі қазақ руларының тілдік қабаттары – қазіргі қазақ тілінің тарихына өзіндік із қалдырған.

Рабиға Сыздықова көне сөздерді зерттеуді тарихи-диахрондық әдіске, мәтіндік талдауға, этнолингвистикалық түсіндірмеге сүйеніп жүргізеді. Оның пікірінше: «көнерген сөздер – қазақ халқының рухани мәдени кодының сақталып қалған қалдығы; көне лексика – халық өмірінің барлық тұстарынан ақпарат беретін тарихи дерек; көнерген сөздерді түсіну үшін, ең алдымен, олардың қолданылған дәуірін, жанрлық табиғатын, әлеуметтік жағдайын білу қажет» [1,88]. Сыздықова әрбір көне сөздің тек тілдік емес, мәдени-тарихи контекстін де анықтайды. Бұл тәсіл – оның зерттеуінің жаңалығы.

Қазақ тілінде көнерген сөздердің көнеру дәрежесі үш түрлі болып жіктеледі. Атап көрсетсек: бірінші топқа – мүлде ұмытылып, тілдік айналымнан толық шығып кеткен сөздер жатады. Мысалы, «кірекейді атпа – аю жетім қалады» дегендегі кірекей сөзі – аюдың ұрғашысын білдіретін көне атау; екінші топқа – қазіргі тілде түбір күйінде жеке қолданылмайтын, бірақ кейбір туынды сөздердің құрамында сақталған көнерген түбірлер кіреді. Мысалы: *дар – дардай, алпамыс – алпамсадай, абажа – абажадай, добал – добалдай* сөздерінде көрініс тапқан; үшінші топқа – жеке сөз ретінде қолданудан қалғанымен, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің ішінде өмір сүріп келе жатқан көне сөздер жатады. Мысалы: «*ұрым мен қырым* (алыс

деген мағынада), *сауға* (араша), *азар да, безер болу* (жалыну, өтіну), *түлен түртті* (азғыру, адасу)» [2, 88].

Тіл мамандарының айтуынша, мұндай сөздердің жоғала бастауы – қоғамның өзгеруімен емес, сол сөздерді қолданудан өзіміз қашуымызбен байланысты.

Қазіргі тілімізде «бұғаз» сөзі екі өзенді қосып тұратын жіңішке жерге қатысты қолданылса, жырлардағы негізгі мағынасы «өңеш»: «Ол Намруд имансыздың атқан оғы Балықтың бұғазына келіп батты» (Шаһмаран) [3,28].

«Бұл» сөзі қазіргі қолданыста «мата» мағынасында жұмсалса, жырларда «зат, бұйым» ұғымын білдіреді: «Таңдап алдық қазақтың біз қойларын, Қалдырмай сатып кеттік бұлдың бәрін» (Қисса Таһир) [4,261]. «Бұлымды сатып бітіріп, Шығып едім қосыма» (Жүсіп-Зылиха). [5,128].

Қазіргі тілімізде «сәндеу, әшекейлу» ұғымында безендіру сөзі қолданылатыны мәлім. Ал бұл сөздің жырлардағы негізгі безеп, Сиярдай тұлғасы *безеу, безену*: «Алтынмен, күміспенен қойды болса-дағы атан жарыс» (Әбуғалисина, Әбілхарис). [6,228]. «Ұзатты жиһаз беріп Гүләндамды, Безеген зүбәржатпен үсті-басын» (Қисса Баһрам) [7,101]. «Қызыл ат мініп, безеніп, Қызыл тон киіп, түзеліп» (Қисса Зарқұм). [8,154].

Филология ғылымдарының докторы Рабиға Сыздықова: «Алаш» сөзі қазақтың ауыз әдебиетінде, әсіресе жыраулар мен ақындардың шығармаларында жиі ұшырайды. Бұл атау бұрын-соңды жазған Бұқар, Махамбет, Шернияз секілді жыр иелерінде, сондай-ақ Абайда да кең қолданылған.

«Алаш» сөзі бірнеше мағынада жұмсалған. Соның бірі – ел, жұрт, халық деген ұғымның орнына жүреді. Мысалы, жырда қызын ұзатқалы жатқан Әзімбайды:

«Бұл хабарды Әзімбай

Алашыңа тегіс жүргізді» – деп сипаттайды. Махамбет те:

«Алаштың байлығынан не пайда,

Тарығып келген ерлерге

Қайырың жоқ болмаса…» – деп, «алаш» сөзін халық, көпшілік мағынасында қолданады. Шернияз Исатайды ел қамын ойлаған ер деп бейнелегенде де осы сөзді пайдаланады.

Сонымен қатар «алаш» белгілі бір ру-тайпа бірлестігін, яғни этникалық қауымды білдіретін қызмет атқарған. Терминдік тұрғыдан алғанда «алты сан алаш», «он сан алаш» тіркестері бар, мұнда ол тарихи тайпалар одағын көрсетеді. Бұқар жыраудың Абылайға:

«Он сан алаш баласын

Жұмсап бір тұрсың қолыңнан» – деуі қазақ руларының басын біріктірген күшті меңзейді.

Тарихта алты сан алаш – моңғол шапқыншылығына қарсы құрылған ірі тайпа одағы екені белгілі.

Батырлар жырында кездесетін «қаттану, қаттанып, бұрқанып» деген сөздер қазір көп қолданылмайды.

Көне түркіде «қатлан – «шыда, төз» деген мағына берген. Осыдан шыққан «қатты» сөзі де бар. Бүгінгі тілмен айтқанда «қаттану» дегенді «бері болу, ширығу, күш жинау» деп түсінуге болады. Кейде ол «ашулану, булығу» деген ауыспалы мағынада да қолданылады.

Мысалы, «Қобыланды жырында»:

«Қабағынан қар жауып,

Қатуланып қаттанды» - деп батырдың айбаттанып, айбыны асып тұрғанын көрсетеді.

«Құрсану» қазір сирек қолданылғанымен батырлар жырында жиі кездесетін. Бұның түбірі – құр (белдік, белбеу, белге тағылатын нәрсе). Сондықтан құрсану – «белін буу, қару-жарағын асыну, дайындалу» дегенді білдіреді.

«Мұздай темір құрсанды» - деген жолдар батырдың темір сауытын киіп, шайқасқа әзірленгенін бейнелейді. Мысалы, Шалкиіз бен Махамбетте де:

«Аспанда бұлт құрсайды,

Күн жауарға ұқсайды…» – деп, бұл сөзді оралу, қоршау, түю мағынасында қолданады» [1,91].

Сирек кездесетін «Шора батыр» жырынан да бірнеше көнерген сөздерге шолу жасап, талдап көрелік.

«Қоңсы- көрші» *іргелес отырған үй, қоныстас адам*. Қазақ қоғамында қоңсы болу – жай ғана көрші болу емес, көбіне туысқандыққа жақын, аралас-құралас, бір-бірімен жиі қатынастағы адамдар. Көшпелі өмірде ауылдар бір-біріне жақын қонып, тіршілік ортақ болған. Қоңсы ауылдар көрші отырғандықтан, бірінің қуанышын бірі бөлісіп, асы-тойға бірге араласып, қажет кездерінде бір-біріне жәрдем берген. «Қоңсы ақысы» деген түсінік те осыдан шыққан – көршінің жағдайын білу, оған міндетті түрде назар аудару. Көнерген сөз, қазіргі тілде сирек қолданылады.

«Бөгелек» – жылқыға үйір, қансорғыш жәндік. Көшпелі халық малға көп қарағандықтан, бөгелек – тұрмысқа өте таныс сөз. Жылқыны мазалап, тықыршытатындықтан «*бөгелекке булыққандай, бөгелекке ұрынғандай*» деген теңеулер пайда болған. Мәтіндегі «*бөгелекке басын изеген жылқыдай*» тіркесі *–амалсыздық, бағыныштылық, шарасыз көніп жүру* деген мағынада. Мысалы, «Біз сенің айтқаныңа көніп, айдауыңа жүріп, бөгелекке басын изеген жылқыдай, басын изей беретұғын, су жағалап, балық алғаннан басқаны көрмеген сенің Түрікпенің деймісің?!» [9,91].

«Өтіл» – *өтініш, сұрау, тілек білдіру*, көбіне салт-дәстүрмен байланысты сөз. Ерте кезеңде той-мереке, жиындарда адамдар би-болыстарға, ақсақалдарға түрлі өтініштерін «өтіл айтты» деп жеткізген. Мысалы, балаға ат қою, дауды шешу, бата сұрау сияқты жағдайлар. Мысалы, Ерсайын жырындағы:

Талай малды қырады,

Үлкен тойды қылады;

Тойын қылып болған соң,

Төрде отырған билерден

Боз мұнай өтіл [?] сұрады:
«Осы отырған бекзаттар!
Бұған жетсін ойыңыз!
Мынау туған баланың,
Атын тауып қойыңыз! [10,486].

Жырдағы «Боз мұнай» (кейіпкер) би-бектерге өтініш айтты, тілек білдірді» [11,86] – деген сөз. Қазір қолданыстан мүлде шыққан, тек эпостарда, көне жырларда ғана көрінеді .

Бұл сөздер бүгінгі күнде жиі қолданылмаса да, олардың әрқайсысы қазақ халқының өткен өмірінен, рухани болмысынан, ерлік дәстүрінен хабар береді. Сол себепті мұндай сөздер тек тарихи дерек қана емес, көркемдік құндылық, поэтикалық бейнелеу құралы ретінде де маңызды.

Қазіргі жастардың тілінде көнерген сөздердің белсенді қолданылуы төмен. Бұған бірнеше фактор әсер етеді:

• Қалалық мәдениеттің басымдығы
• Ақпараттық технологиялардың үстемдігі
• Орыс және ағылшын тілдерінің ықпалы
• Көне атауларды үйренуге деген қажеттіліктің азаюы

Соған қарамастан, жастар арасында тарихи фильмдер, этномәдени жобалар, ұлттық өнерге қызығушылық артып келе жатқандықтан, кейбір архаизмдер қайтадан жанданып жатыр. Мысалы: зергерлік, қылыш, батыр, ару, бөрте, т.б.

Бірақ жалпы тенденция – көнерген сөздердің түсінілу деңгейі төмендеген. Жастардың басым бөлігі тарихи мәтіндердегі сауға, кереге, күпсек, шідер, дөдеге сияқты сөздердің мағынасын сөздіктен қарап біледі.

Қорытынды. Қазақ тіліндегі көнерген сөздер — ұлттың тілдік жадының ажырамас бөлігі. Олардың қазіргі қолданысындағы семантикалық, грамматикалық және функционалдық өзгерістер қазақ тілінің тарихи даму динамикасын көрсетеді. Көнерген сөздердің жойылып кетпеуі, көркем мәтіндерде белсенді қызмет атқаруы олардың мәдени-рухани құндылығын дәлелдейді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі көнерген сөздердің тілдік жүйедегі орны тек тарихи сипатпен шектелмей, қазіргі әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпал еткенін көрсетеді. Көнерген сөздер – ұлттың мәдени-рухани өмірінен, дүниетанымынан, әлеуметтік құрылымынан ақпарат беретін маңызды тілдік қабат ретінде бағаланады. Бұл лексикалық қабатты жүйелі түрде зерделеу болашақ ұрпаққа тілдік мұраны сақтап жеткізудің басты тетігі болып табылады. Сондықтан көне лексиканы оқу бағдарламаларына енгізу, қазіргі мәтіндерде түсіндірмелі қолдану және ғылыми тұрғыда насихаттау – қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Мектеп, 1980. – 251 Б.

2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 Б.

3. Бабалар сөзі. 2 том. Жауапты редакторы Қасқабасов С. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Астана. Фолиант, 2004. – 345 Б.

4. Бабалар сөзі. 1 том. Жауапты редакторы Қасқабасов С. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Астана. Фолиант, 2004. – 360 Б.

5. Бабалар сөзі. 17 том. Жауапты редакторы Қасқабасов С. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Астана. Фолиант, 2004. – 360 Б.

6. Бабалар сөзі. 7 том. Жауапты редакторы Қасқабасов С. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Астана. Фолиант, 2004. – 332 Б.

7. Бабалар сөзі 20 том. Жауапты редакторы Қасқабасов С. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Астана. Фолиант, 2004. – 330 Б.

8. Бабалар сөзі. 12 том. Жауапты редакторы Қасқабасов С. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Астана. Фолиант, 2004. – 321 Б.

9. Абитжанова Ж.А. Ескі сөздердің табиғаты // А.Байтұрсынұлының Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2020. - №2.- 26-30 Б.

10. Батырлар жыры. – Алматы: Казполиграфтрест, 1938. – 599 Б.

11. Мамырбек Г. Көне сөздердің бүгінгі мағынасы // Ана тілі. № 18 (172). 16 қазан. 2025 ж.

ҒТАМА:17.82.31

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КӨРІНІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
(М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде талдау)

Макашева А.Р., Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің магистранты,
Оразханова М.И., ф.ғ.к., Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы, Қазақстан
aya85a@mail.ru

Аннотация. Абай жолы – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлері мен мәдениетін терең әрі көркем бейнелейтін бірегей әдеби туынды. Мухтар Әуезовтің бұл классикалық эпопеясы жоғары гуманизмге негізделіп, этникалық мәдениет пен халықтық дүниетанымның сан қырлы көріністерін қамтиды. Шығармада ұлттық болмыс пен рухани құндылықтар кеңінен сипатталып, қазақ қоғамының өмір салты жан-жақты ашылады.

Бұл зерттеу жұмысында роман-эпопеядағы тұрмыстық салт-дәстүрлердің көрінісі жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда, қазақ халқының күнделікті өміріндегі әдет-ғұрыптар, отбасылық және қоғамдық рәсімдер, сондай-ақ ұлттық құндылықтардың көркем мәтінде берілу ерекшеліктері әдеби талдау арқылы сараланады. Сонымен қатар шығармада бейнеленген дәстүрлердің халықтың дүниетанымымен, тарихи санасымен байланысы айқындалады.

Зерттеу нәтижесінде «Абай жолы» шығармасы арқылы қазақ халқының тұрмыстық салт-дәстүрлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік туып, олардың қазіргі қоғамдағы маңызы мен мәнін айқындауға жол ашылады.

Кілт сөздер: Абай жолы, салт-дәстүрлер, тәрбие, халық даналығы, этнографизм

Кіріспе. Мақалада көркем мәтіндегі этнографизмдердің қызметі жан-жақты қарастырылып, олардың ұлттық дүниетанымды танытудағы маңызы айқындалады. Этнографизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, рухани және мәдени құндылықтарын сақтап жеткізетін маңызды тілдік бірліктер ретінде талданады. Осы тұрғыдан алғанда, этнографиялық лексика ұлттың мәдени кодын бейнелейтін, тарихи жадысын жаңғыртатын және көркем мәтіннің мазмұндық тереңдігін арттыратын құрал ретінде сипатталады.

Сонымен қатар мақалада қазақ әдебиеті үлгілері негізінде этнографизмдердің көркемдік, танымдық және прагматикалық қызметтері сараланып, олардың мәтін құрылымындағы орны мен қолданыс ерекшеліктері

анықталады. Этнографиялық бірліктердің авторлық идеяны жеткізудегі, кейіпкер болмысын ашудағы және ұлттық болмысты танытудағы рөлі ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Зерттеу жұмысында этнографизмдерді білім беру үдерісінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылып, олардың оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудағы, тілдік және мәдени танымын дамытудағы маңызы көрсетіледі. Бұл бағыттағы жұмыс оқушылардың ұлттық сана-сезімін нығайтып, көркем мәтінді терең түсінуіне мүмкіндік беретіні дәлелденеді.

Бүгінгі тіл білімінде көркем мәтінді ұлттық мәдениетпен сабақтастықта қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көркем шығарма – белгілі бір халықтың рухани болмысын, дүниетанымын, тарихи тәжірибесін жинақтаушы күрделі жүйе. Осы тұрғыдан алғанда этнографизмдер көркем мәтіннің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұлттық мәдени ақпаратты жеткізуші қызмет атқарады.

Этнографизмдер – халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, наным-сеніміне қатысты тілдік бірліктер. Олар тек атауыштық қызметпен шектелмей, көркем мәтінде ерекше стилистикалық, мәдени және танымдық жүк арқалайды.

Зерттеудің **мақсаты** – көркем мәтіндегі этнографизмдердің қызметін анықтау және оларды оқытудағы тиімді әдістемелік жолдарды ұсыну.

Міндеттері

– этнографизм ұғымын ғылыми тұрғыдан сипаттау;
– көркем мәтіндегі қызметтерін талдау;
– әдеби шығармалар негізінде мысалдар келтіру;
– оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін көрсету.

Материалдар мен әдістер. Этнографизмдер – белгілі бір этностың материалдық және рухани мәдениетіне қатысты ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктер. Оларға салт-дәстүр атаулары, тұрмыстық заттар, ұлттық тағамдар, киім-кешек, наным-сенімдер жатады.

Этнографизмдерді бірнеше топқа бөлуге болады:

Қазақ әдебиетінде этнографизмдер кеңінен қолданылады. Қазақ әдебиетіндегі этнографизмдердің көркемдік қызметін айқындауда Мұхтар Әуезов шығармаларының орны ерекше. Жазушы туындыларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы кеңінен суреттеліп, ұлттық дүниетаным терең бейнеленеді. Ұлы суреткер алғашқы туындыларының өзімен-ақ бүкіл тіршілігі сөз бағып, сөз өсірумен келе жатқан дала тұрғындарының дара менталитетін, салт-дәстүрін дәл аңдап, айтар ойына алтын айдар тағуды машық қылды [1 , 23]

Дәстүр – мәдениеттілік белгісі. Ол ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани байлық. Сонымен қатар бұл уақыт сынына төзген, өркениетке бет бұрған халықтың барынша жүйеленіп қалыптасқан өзіне тән өмір сүру формасы [6 , 2].

Абай жолы шығармасында **әмеңгерлік салты** Құнанбай әулеті мен қазақ қоғамының тұрмыс-салт көріністері берілетін тұстарда сипатталады.

Нақтырақ айтқанда, бұл дәстүр романның алғашқы кітаптарында, әсіресе Құнанбай айналасындағы отбасылық, рулық қатынастарды бейнелейтін бөлімдерде көрінеді.

Эпопеядағы ұлттық салт-дәстүрлердің бірі – әмеңгерлік дәстүрі. Бұл дәстүр қазақ қоғамында әлеуметтік және отбасылық тұрақтылықты сақтаудың маңызды тетігі ретінде қызмет атқарған. Әмеңгерлік арқылы жесір қалған әйелді жат жұртқа жібермей, оны қайтыс болған ерінің жақын туыстарының біріне қосу көзделген.

Қазақ қоғамында жесір дауы ірі әлеуметтік мәселелердің бірі саналып, ол тек отбасы шеңберінде ғана емес, руаралық қатынастарға да әсер еткен. Жесірді бөтен елге жібермеу – ұрпақ жалғастығы мен мүліктік, туыстық байланыстарды сақтаудың маңызды шарты болған. Осыған байланысты жесір әйелге қамқоршылық жасау оның қайын жұртының, жақын туыстарының басты міндеті ретінде қарастырылған.

Бұл дәстүр эпопея мазмұнында ұлттық дүниетаным мен қоғамдық қатынастардың ерекшелігін танытатын маңызды этнографиялық элемент ретінде көрініс табады.

Оспан 40 жасында өмірден өтті. Оның үш әйелі жесір қалады. «Інісі – өлсе, ағасы мұра, ағасы өлсе – інісі мұра» деген заң осы жерде көрініс береді. Оспанның үлкен әйелі – Еркежан, екіншісі – Зейнеп, үшіншісі – Торымбала. Оспанның асы өткеннен кейін осы әйелдердің алдынан кісі жіберіп сұрайды. Еркежан қарсылық көрсетеді. Кенже өлгенімен менің бауырымда балам бар деп егіледі. Ақылбайдың ұлы мен қызы өсіп келе жатқан. (Перизат, Әубәкір). Сондықтан тұрмысқа шықпаймын дейді. Тәкежан – Зейнепке, Ысқақ – Торымбалаға әмеңгер болады. Оспанның жылын беріп, қонағын атқаруға Құнанбайдың бар ауылы араласты. Енді Тәкежан мен Ысқақтың бар ойы Оспанның жері мен малын, қыстауларын қалай бөліп алу болды. Ал Қаражан мен Мәніке, екі абысын, өз алдына бөлісуді ойласып жатты. Мәніке Ысқақтың жалғыз әйелі болатын. Бұл екеуі соңғы кездері Ташкент керуендерінен апиын (наркотик) алып, шегуді шығарған. Ал Тәкежанның билігі Қаражанның қолында еді. Еркежанның қыстауы Жидебайда, Зейнептікі Мұсақұл деген жерде, ал Торымбаланыкі Барақ деген жерде болатын. Осы қыстау мен әмеңгерді бөлісу мақсатында Оспан үйіне Тәкежан, Ысқақ және Абай жинады. Абай келісімен мал-жерге таласпайтынын айтты. Сосын жесір де алмайтынына тоқталып кетті. Ал жесірлердің өзінен сұрағанда Еркежан әмеңгерлікке қарсы тұрып алды. Ол: «өз күйеуімді жоқтап, қаралы үйде отырамын», - деді. Оған қоса оның қолында екі баласы бар. Оспанның өзінен бала болмағандықтан, ол Еркежан екеуі Ақылбайдың Әубәкір және Пәкизат деген балаларын бағып алған болатын. Еркежан енді күйеуге шықпай, сол екі перзентін бағып-қағып отыратынын айтты. Ал қалған екі жесір әмеңгерлік жолмен туысқанның қарамағына өтуге қарсылығын білдірмеді. Сөз межесі асығыс бітті. Нақты шешімдер де айтыла қоймады. Себебі Абайдың ояз шақыруымен Қарамолаға кетуі керек еді.

Абайдан сұраған кезде мен ешкімге әмеңгер болмаймын деп бас тартады. Эпопеяда осылай айтылғанымен, бірақ Абай Еркежанға әмеңгер болады [2 , 51].

Романдағы тағы бір маңызды этнографиялық көрініс – Құнанбайдың Абайды үйлендіруіне байланысты суреттелетін құда түсу дәстүрі. Мұнда «құда түсу», «қалың мал», «жасау», «беташар» сияқты этнографизмдер қолданылады. Бұл бірліктер арқылы қазақ қоғамындағы отбасылық қатынастар, әлеуметтік мәртебе, дәстүрлі құқық нормалары сипатталады. Этнографизмдер кейіпкерлердің әлеуметтік орнын айқындап, олардың мінез-құлқын ашуға мүмкіндік береді [1 , 152].

Сонымен қатар этнографиялық элементтер шығармада символдық қызмет те атқарады. Мысалы, «қара шаңырақ» ұғымы тек баспана емес, әулеттің, ұрпақ жалғастығының белгісі ретінде көрінеді. Бұл – этнографизмдердің мәдени-символдық деңгейде қолданылуының көрінісі.

Жалпы алғанда, Мұхтар Әуезов шығармаларындағы этнографизмдер көркем мәтіннің мазмұнын байытып қана қоймай, ұлттық мәдениетті танытудың маңызды құралы болып табылады. Олар мәтінде танымдық, көркемдік, прагматикалық және символдық қызметтерді қатар атқарып, оқырманға терең мәдени ақпарат жеткізеді.

Романдағы үйлену салтына қатысты эпизодтар да этнографизмдердің семиотикалық табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Құнанбайдың Абайды үйлендіруіне байланысты «құда түсу», «қалың мал», «жасау», «беташар» сияқты бірліктер қолданылады. Бұл этнографизмдер дәстүрлі құқық нормаларын, отбасы институтының құрылымын, гендерлік рөлдерді көрсетеді. Мәселен, «қалың мал» ұғымы тек экономикалық қатынас емес, ол – екі әулет арасындағы әлеуметтік келісімнің, жауапкершіліктің белгісі. [1 , 136].

Құдалық (дәстүр) – күйеу жігіттің әкесі баласы мен, өзінің жақындары мен құда түсуге келеді. Құда түсу – аса қызықты өтеді. Құдалардың келуі «құда түсер» деп айтылады. Алдын ала ескерту бойынша қыз әкесі өз туыстары мен жақындарына, сыйлас адамдарына хабарлайды. Құдаларды аса құрметпен, салтанатпен қарсы алады. Екі жақтың құдалары бірібіріне құрметтеп сыйлықтар тапсырып қуанышқа бөленеді. Құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр т.б. Жігіт жағынан келген адам – «бас құда», күйеудің және қыздың әкесі – «бауыздау құда» – ең жақын адамдар. «Бас құда» жаңа жерге келген қыз үшін (келін) әр уақытты қымбат сыйлы адам болады. Жаңа түскен келін оны «ағеке» деп атайды, өйткені ол әр уақытта келінге назарын аударып жүреді. Келін оны әрқашан құрметтеп жүреді. «Құда түсу» – өте мағналы, аса жоғарғы дәрежеде қазақтың ұлттық болмысын көрсетеді. Қыз айттыру (дәстүр) – әр түрлі болған. Егер ұл мен қыз әлі жас, мүмкін әлі дүниеге келмеген күнінде адамдар бірін-бірі жақсы білетін, дос, жолдас, дәрежелерінде тең адамдар, бірінікі ұл, не қыз болса құда болуға келіседі. Бұл атастыру деп аталады. Тумаған балаларымен құдаласу – «бел құда», бесіктегі балалары

барлар құдаласса – «бесік құда» деп аталады [1 , 24]. Мына шешелерің, жеңгелерің сыбаға әкеп, енді тарағалы отыр, қарағым.

Үйге келген күйеулерді бөлек үйге енгізіп, шымылдық артында ұстайды. Күйеуді көріп, бата беруге келген үлкендерден күйеуді қарсы алған қыз жеңгелері көрімдік алады. Үлкендер келгенде күйеу шымылдықтың ішінде тұрады. Көрімдік алған жеңгелері шымылдықты ашып, күйеуді көрсетеді. Көруге келгендер ақ тілектерін айтып, шашуларын шашады. Олардың айтқан ақ тілектеріне күйеу жігіттің жауап айтуы шарт емес [9 , 69].

Ұрын келген күйеуді осылай күтіп алған. Және күйеу алғаш келгенде көптеген нәрсеге көндіге білу керек. Солардың бірі – қалыңдықты күйеу жігітке оңайлықпен көрсетпеу.

Ең бірінші қыз жағы осы табысудың, осы келудің тойын жасаған. Ол тойда ат шабыс, көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру сияқты ойындар ұйымдастырылған. Бұл ойын-сауықты жұртпен бірге көру күйеуге рұқсат етілген.

Тойдан соң сол күні қалыңдықты күйеуге көрсетіп, некесін қиып, «Қол ұстату» ырымын алады. Бұл ырымның мәні: жеңгелер сусыған жібек матаның астынан күйеу мен қалыңдықтың қолын бір-біріне ұстатады. Содан соң «**Шаш сипар**» ырымы, ол да жібек маталы қолмен қыздың шашынан сипайды.

Неке қияр мен той салты өткен соң, үлкендер екі жасқа баталарын береді. Неке қыздың үйінде қиылады.

Алғашқы неке түні күйеу жігітті сыртқа шығарып, қыз жеңгелері төсек әзірлейді, содан соң, бірінші, күйеу жігіттен «**етік тартар**» рәсімін алып, жігітті төсекке жатқызып, қасына қалыңдықты алып келеді [3 , 36].

Жалпы алғанда, Мұхтар Әуезов шығармаларындағы этнографизмдер көпқабатты семантикаға ие және көркем мәтінде кешенді функция атқарады. Олар тек тілдік-стилистикалық құрал ғана емес, ұлттық мәдениеттің когнитивтік моделін қалыптастыратын, оқырман санасында белгілі бір мәдени кеңістікті реконструкциялайтын маңызды элемент болып табылады. Сондықтан этнографизмдерді талдау – көркем мәтінді ұлттық-мәдени тұрғыдан интерпретациялаудың тиімді жолдарының бірі

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының салт-дәстүрлері кеңінен көрініс табады. Атап айтқанда, Құнанбайдың Абайды үйлендіруіне байланысты құда түсу, қалың мал беру дәстүрлері сияқты этнографиялық элементтер ұлттық болмысты танытатын маңызды көркемдік құрал ретінде қызмет етеді [1 , 136].

Қорытындылай келе, көркем мәтіндегі этнографизмдер – ұлттық болмысты, салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды танытатын маңызды тілдік құрал. Олар арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен тарихи жадын сақтап қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жүзеге асады. Сонымен қатар, этнографиялық лексика көркем шығарманың мазмұнын тереңдетіп, оның танымдық әрі эстетикалық құндылығын арттырады. Осыған байланысты этнографизмдерді зерттеу ұлттық мәдениетті танып-білуде және оны насихаттауда ерекше мәнге ие [2 , 26].

Нәтижелер. Біз осы жоғарыда көрсетілген теориялар негізінде «Көркем әдебиетті ұлттық салт-дәстүрлер көріністері арқылы оқушылар бойында ұлттық болмысты қалыптастырудың (М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде талдау)» оқытудағы артықшылығы мен маңыздылығына көз жеткізу үшін «Павлодар қаласының №35 жалпы орта білім беру мектебінің » 11 сынып оқуларына қазақ әдебиеті сабағынан тәжірибе жүргізіп көрдік.

Зерттеу нәтижесінде Абай жолы негізінде жасалған талдау 11-сынып оқушыларының әдебиет сабағындағы оқу үдерісіне айтарлықтай оң әсер ететіні анықталды. Атап айтқанда, көркем мәтіндегі ұлттық салт-дәстүр көріністерін жүйелі талдау оқушылардың шығарманы терең түсінуіне, кейіпкерлер әрекетінің тарихи-мәдени негізін аңғаруына және ұлттық болмысты тануына мүмкіндік берді.

Сабақ барысында этнографиялық және салт-дәстүрлік элементтерді талдау оқушылардың мәтінді тек мазмұндық деңгейде емес, идеялық әрі мәдени тұрғыдан қабылдауын қалыптастырды. Сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамып, көркем шығармадағы ұлттық құндылықтарды қазіргі өмірмен байланыстыра білу дағдылары жетілді.

Абай жолы шығармасын жай ғана мазмұндап оқу емес, ондағы нақты салт-дәстүрлерді (әмеңгерлік, құда түсу, шаш сипау, т.б.) арнайы зерттеу арқылы меңгеру оқушылардың танымдық және тұлғалық дамуына айқын әсер етті.

Ең алдымен, оқушылар мәтінді үстірт қабылдамай, оның терең мағынасына үңілуге дағдыланды. Салт-дәстүрлерді талдау арқылы олар кейіпкерлер әрекетінің астарындағы ұлттық заңдылықтарды, қоғамдық нормаларды және тарихи-мәдени себептерді түсіне бастады. Бұл олардың көркем шығарманы талдау қабілетін күшейтіп, сыни ойлауын дамытты.

Сонымен қатар, мұндай жұмыс оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырды. Қазақ халқының тұрмыс-салт дәстүрлерін нақты мысалдар арқылы тану олардың ұлттық болмысын сезінуіне, мәдени мұраға жауапкершілікпен қарауына ықпал етті.

Практикалық тұрғыдан алғанда, оқушылардың сөздік қоры байып, ғылыми талдау жасау, дәлел келтіру, пікірін жүйелі жеткізу дағдылары қалыптасты. Нәтижесінде олар тек шығарманы түсініп қана қоймай, оны мәдени-танымдық тұрғыдан бағалай алатын деңгейге жетті.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесі бойынша көркем мәтіндегі этнографизмдер оқушыларға ұлттық дүниетанымды танытудың тиімді құралы екені анықталды. Олар арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, рухани және мәдени құндылықтары нақты әрі көрнекі түрде меңгеріледі. Этнографиялық лексиканы сабақ барысында қолдану оқушылардың мәтінді терең түсінуіне, сөздік қорын байытуына және ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мұндай тілдік бірліктерді талдау оқушылардың тарихи санасын қалыптастырып, мәдени кодты тануына ықпал етеді. Осыған байланысты этнографизмдерді әдебиет сабақтарында жүйелі түрде қолдану

білім сапасын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызды тетігі бола алады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. *Әуезов М. Абай жолы*: *роман–эпопея*. *3*–ші *кітап*. *Абай жолы* / *М. Әуезов*. – *Алматы*: *Жазушы*, 2002. – 296 б.

2.Кенжеахметұлы С. «Қазақ халқының салт-дәстүрі». – Алматы кітап, 2007. – 162 б.

3.Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. – Алматы, 1994.- 238 б.

4.Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 1997.- 224 б.

5.Түсіндірмелі сөздік. – Алматы, 1974-1986.- 533 б.

6.«Ата жолы» тарихи танымдық сайты: http://www.atazholy.kz

7. Әуезов М. Абай жолы : роман-эпопеясы 4 томдық. - Алматы : Жазушы, 2013. Әуезов М. Абай жолы [Электрондық ресурс] : роман-эпопея 4 кітапта / М. Әуезов ; сурет.: Ә. Қастеев, А. Ғалымбаева, Ү. Әжиев ; оқыған М. Тесебаев. - Алматы : Жазушы, 2011. - 8 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Аудио кітап)

8. «Абай жолы» - ғасырлық туынды: [Электронды ресурс] // Massaget.kz. - Дерек көзі: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/24878.

9.Тарақов Ә. М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясындағы адамгершілік өнегелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2016. - № 3. - 81-84 б.

10. Қирабаев С. Мұхтар Әуезов : [Мұхтар Әуезовке - 100 жыл // Ана тілі, 2019. - 26 қыркүйек - 2 қазан. - 1,5 б.

ҒТАМА: 17.09.91:

АБАЙДЫҢ «ЖАЗ», «КҮЗ», «ҚЫС» ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАУСЫМДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ТОЙЛАРЫНА ҚАТЫСЫ

Мақұл А.П., Ғаниқызы А., 6В01709 «Ағылшын тілі және бастауыш сынып» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан; **Үсенбаева С.С.,** филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ. Қазақстан
Email: saltanatussenbayeva@gmail.com.

Аннотация. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының табиғат лирикалары арқылы қазақ халқының маусымдық және дәстүрлі тойларына: қымызмұрындық (қымыз ішу), сабантой (егін жинау), соғым басына қатысты сыйпаттауларына кеңінен тоқталған. «Жаз» өлеңі Қымызмұрындық тойына, «Күз» өлеңі Сабан тойға, «Қыс» өлеңінің Соғымбасы тойына қатысын өлеңнің негізгі мазмұнымен қатар келуін өлеңнің жолдары арқылы беріліп отырды. Мәтінде кездескен сирек қолданылатын сөздер мен көнерген, кәсіби сөздерге де түсініктеме беріліп отырды.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуда жыл мезгілдеріне қатысты ұғымдарды меңгертуде айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыруда тапсырма дайындау арқылы қазақ халқының ата кәсібіне деген көзқарастарын қалыптастыру үшін еңбекті пайдалану маңызды.

Кілт сөздер: Қымызмұрындық тойы, Сабан тойы, Соғымбасы тойы, көнерген сөз, кәсіби сөздер.

Кіріспе. Абай өлеңдерінің бір алуаны – табиғат лирикасы. Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат арқылы түрленіп, жаңарып отырды. Қайткенмен де, табиғат көркем әдебиеттен үлкен орын алды.

Абайдың да айрықша жырлағанының бірі табиғат болды. Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Абайдың «Жаз», «Күз», «Қыс», деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әртүрлі құбылысы көзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың. Абай жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді.

Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетті. Жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін ақын маусымдық және

дәстүрлі тойларын: қымызмұрындық (қымыз ішу), сабантой (егін жинау), соғым басы барынша нақты көрсеткісі келгені кеңінен талданады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде Абайдың шығармалар жинағы, сөздіктер мен [электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақтың_төрт_тойы. (қол жеткізілген күні 20.02.2026). Мерсейтова (және т.б. әзірлеушілер) ұсынған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (RWCT) бағдарламасындағы әдістер қолданылды.

Нәтижелер. Ақынның «Жаз» өлеңінің шығу тарихының да өз ерекшелігі бар. Осы өлеңді жазу барысында Доктор Долгополов Нифонт Иванович Құнанбай еліне барып, Абаймен бірге Бақанас өзенінің бойында жатып куә болған. Өлеңнің жазылу тарихын және өлеңдерін өз атына аударып жазып жүрген ақынның шәкірті Көкбай Жанатаев өзінің естелігінде былайша баяндайды. «... 1880-1886 жылға дейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ, бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда шығатын «Дала уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда бірер өлеңін тағы менің атымнан жіберді. 1886 жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының ең өрістеп барып орнықпақ болған жайлауы – Бақанас өзенінің бойы еді. Көш жүріп кетті. Біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Бақанас бойындағы Көкбейіт деген жерде қонып жатыр екен. Абай қонып жатқан ауылды көріп, «осы суретті өлең қыл» деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып, бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім, «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой», - деді. Мен «асса қайта аларсыз», - деп қалжыңдадым. Сөйтсем, сол күні «Жазды күн шілде болғанда» өлеңін жазған екен, оқып берді. Өзі жазған сөзіне ең алғаш рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып, «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын», - деді..».

Ақынның алдын көрген, өзімен 25 жылдай жанында жүріп, жолдас болған шәкірті Көкбай Жанатайұлы Абай айналасындағы бар ақынның ішіндегі суырыпсалма, импровизацияға аса жүйрік болған екен. Өзге ақын шәкірттерінен ерекшелігі де осында болса керек. Көкбай осы жайындағы естелігінде «Жаз» өлеңін тағы да толықтыра түседі. «...Абайдың өлеңде айтып отырған ауылы – өз ауылы. Абайдың астындағы аяңшылы – Әбдірахметтен алған аяңшыл күрең төбел аты. Айқайшы шалы – сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары – Ақылбай, Әбдірахман болатын...», деп түсіндіреді.

Жаздыкүні жайлаудағы қазақ ауылының өмір-тұрмысын суреттегенде Абай жаздың келуімен бірге малмен күнелткен елге қызық-қуаныш қоса келетінін байқатады.

Ең әуелі жас шалғынды, бәйшешегі толықси өсіп тұрған соны қонысты алады. Сол араға жеткен малдың ішінде, әсіресе, қалың топ жылқының ен суға, мол шалғынға емін-еркін араласқан күйлі кезін көрсетеді. Әлі үйін тігіп,

жайғаспаған ауылдың жанды-жансыз табиғат арасында шұбартқан суретті өз қимыл-қозғалыстарымен толықтыра түседі. Сәнін молайтқан адам тобының әр алуаны көрінеді.

Өзен бойында құс салып жүрген жас аңшы бозбалалар да ақынның көзіне түседі. Табиғаттың белгілі көрінісіне, мезгіліне адамның әрекетін мол араластыра біледі. Аз адам емес, ауылда тіршілік еткен кәрі-жастың, бай мен малайдың, қолы бос бозбаланың бәрін де тізіп өтеді.

Өлеңнің ішінде жанды тіршілік, қайнар қызу мол болғандықтан түрі менен өлшеу ұйқастарында да аса жанды, қызулы жүрдектік бар. Ұйқастарда келетін «шыбындап», «шылпылдап», «бұлтылдап», «сымпылдап», «сыңқылдап», «жылпылдап» деген сияқты айтуға ауырлау келгенмен, тұрақты тыныштық күй емес, үнемі өзгеріп тұрған қозғалыс әрекетті көрсететін сөздер барлық өлеңге өзгеше ағындылық (темп) береді.

Тұтас бітімді, келісті келген өлеңнің аяғына дейін орайлас ұйқастар айнымай созылып отырады. Жиынын алғанда өлең тілінде үлкен байлықпен қатар, тапқырлық, дәлдік мол[1].

Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан **қымыз** құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
Жалшы алдаған жас бала,
Жағалайды шешесін
Ет әпер деп қыңқылдап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап.
Білімділер сөз айтса,
Бәйгі атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып **қымыз** берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап [2].

Осы өлең жолдарынан ақын қазақ халқының маусымдық және дәстүрлі тойларының бірі қымызмұрындық (қымыз ішу) тойына қатысы бары көрініс береді.

«Қымыз-мұрындық» Жаз тойы – мамырдың онынан бастап ай соңына дейін созылатын үлкен той. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» демекші, ата-бабаларымыз санаттағы тірілердің аман-саулығын тілеп, қыстаудағы бейіт басында аруақтарға бағыштап, құран оқып, ақсарбас айтып, ақбозды құрбандыққа шалатын. Қос аттың ортасынан мал-жанын, көш-қонын аластап, қыстаудан көшкен ел мен жазықта бие-бау тартып, қымыз жинап, мал-жанның саулығы үшін кеудесі түкті Жер-Ананың, асқар таудың, аққан судың, соққан желдің, ұшқан құстың, жүгірген аңның, көкорай шалғынның, төрт түлік малдың киелеріне арнап мінажат етіп, жарқын Күнге иіліп сәлем беріп, көк шалғынға қымыз тамызып, құтаю рәмізін орындайтын.

Ала қыстай бытырап шаруа соңында жүрген жұрт жазық далада киіз үйлерден таңғажайып орда тігетін. Бір-бірін сағынып табысқан халайықтың төскейде малы, төсекте басы қосылатын мекені «Қанжайлау» деп аталады. Қанжайлауда бас қосқан халық қыз айттырып, құда түсісіп, сүндет той, бесікке салу тойын жасап, қысқасы, қыс бойына істелінбеген ырым-сырым той-томалақтарын жинап-теріп бір-ақ өткізетін. Бозбалалар мен бойжеткендер алтыбақан құрып, ақсүйек (ойын) ойналып, қызойнаққа барып, жорға жарыстырып, жұмбақ айтысып, жаңылтпаш айтып, мәз-мейрам болатын. Қанжайлаудағы той қызығы небары 15-20 күнге созылады[3].

Абайдың «Күз» өлең жолдарынан ақын қазақ халқының маусымдық және дәстүрлі тойларының бірін Сабан тойға қатысы бары байқалады.

«Біреу малма , салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.
Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында **ақ шомшы жүр, ол - бір керуен**.
Қай ауылды керсеңде, жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.
Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең.
Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы...» [2].

Төрт түлік мал тұрмыс-тіршілік қажеттілігін өтеудің материалдық негізі болды. Ішсе – сусын , жесе – тамақ , мінсе, көшсе – көлік, кисе – киім болған төрт түліктің көшпелілер үшін орны бөлек. Күз суретін беруде ауа райымен бірге жылқы түлігінің әрекетін қатар ұсынса, малма сапсу, тоңған иін

жылытып, тон илеу көріністері мал терісін өңдеген дала қазақтарының тіршілігін танытады. Жалпы, мал терісін илеу, одан киім тігу технологиясын сан ғасырлар бойы меңгерген көшпелілердің Абай өлеңдеріндегі көркем этнография ата кәсібі ұлттық материалдық мәдениетіміздің хабар береді. «Малма сапсу», «и жылыту», «тон илеу» әрекеттері көшпелі қазақ ауылының күзгі тіршілігін барынша шынайы танытатын әрекеттер. Этнографиялық анықтамалар тұрғысынан айтсақ, мал терісін илеудің екі түрі болған. Күбіге не шелекке ашытқы ашытып, теріні сол ашытқыға салып илеуді малма дейді. Екінші түрі – и жағу. Иді қатықтан, айраннан немесе езген құрттан, болмаса құрттың сары суынан, ашытқан көжеден, кейде ұнға тұз қосып жасаған[4]

Осында дәл тауып, айнытпай берілген нақтылы күнкөріс әрекеттері - қазақтардың теріні малмаға салып, иін қандырып алып илейтіні, қыс бойы қорек ететін астықты күзде түйемен барып басқа жақтан әкелетіні, киіз үйдің іші ыс болады деп күзгі суықта от жақпай отыратыны, әйелдердің түйенің шудасынан жіп иіріп киіз үйдің жыртылған жерін жамайтыны – бәрі де көшпелі елдің дағдылы тіршілігін, тұрмыс-жағдайын, әдет-салтын анық аңдатады.

Ақшомшы – дәстүрлі қазақ қоғамындағы кәсіптің бір түрі. 19 ғасырда егін екпейтін ауылдардың тұрғындары күзгі орақ кезінде егіншілерге барып көмек көрсетіп, малын айырбастап, шом салынған түйелеріне астық артып қайтатын болған. Осыдан бұл кәсіп Ақшомшы атанған. Орта ғасырларда Ақшомшыға баратын егіннің мол жері.

Орта ғасырларда Ақшомшы кәсібімен айналысатын қазақтар үшін негізгі егін шаруашылығы аймақтары Сырдария бойы, Талас, Шу, Бақанас (Іле өзені), Тоқырау, Сарысу, Нұра, Торғай өзендерінің саласы, Зайсан көлі, Алакөл төңірегі болатын. Бұл аймақтарда егіншілік жақсы дамығандықтан, мұнда мол өнім алынып, Ақшомшылар үшін тиімді болды. Олар осы аймақтарға барып, мол астық жинап, оны туған жерлеріне жеткізетін[5].

Ақшомшы кәсібімен айналысатын қазақтар үшін негізгі егін шаруашылығы аймақтары мен мал шаруашылығын байланыстырған Сабан тойдың да көрінісін осы өлеңнен байқап қаламыз.

«Сабантой», «Мизам» - Күн мен Түннің күз айында теңелу сәтіне орай тойланатын жалпыхалықтық мереке. «Мал баққандікі, отын шапқандікі» демекші, ол малға - мал, жанға - жан қосып, ала жаздай арқа еті арша, борбай еті борша болып еңбектенген бағбандар мен диқандардың құрметіне арналған той. «Еңбек етсең емерсің» дегендей, шаруалар жыл бойы төккен терінің зейнетін тек күзде көрмек. Сондай-ақ күздің қоңыр күндерінде қазақ елінің алты алаштан азамат шақыртып, ас беретін дәстүрі де бар. Әдетте, аста ақындар айтысы, аламан бәйге, қазақ күресі, көкпар ұйымдастырылады[3].

Ақын суық сұр бұлттың аспанды қаптауынан бастап, жаңбырлы күздегі биелердің қашуы, таймен жарысқан балалар, ошақ басындағы тірлік, жапырағы түскен ағаштарды суреттейді. Өлеңде табиғаттың адам көңіл-күйімен үндестігі көрінеді.

Абай «Қыс» өлеңінде қысты кейіптеу арқылы «кәрі құда» бейнесінде суреттеп, оның қаталдығын көрсетеді. Өлеңдегі табиғат көрінісі арқылы жылқышының еңбегі мен қысқы өмірдің қиындықтарын баяндау әлеуметтік астары болып табылады.

Бұл өлеңді Абай 1888 жылы жазған. 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар сәуірдің басында ғана кеткен. Соны өлең еткен», - дейді Тұрағұл.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдай алмай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы,
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше **Қондыбай, Қанай** жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

Қар сақиып қатады, жылқы жазда биік болып шыққан шөпті қыста қалың қар жауып қалғанда тебіндеп аршып жей алады. «Қар тепкенге қажымас қайран жылқы» мұзды теуіп сындырып, астынан шөп алып жей алғанды айтады. Жылқы тебіндеуге жаралған ғой. Қар қалың жылдары қылтиған шөп көрінбейді. Бұдан жылқының өзі зорға шығады. «Шидем мен тон қабаттап киген малшы», «қар тепкенге қажымас қайран жылқы», «қыспен бірге тұмсығын салған қасқыр» еске алынады. Ақын қыс қаһарына шыдамдылық көрсетіп, ант ұрған кәрі шал – қысқа шығын бермеңдер, «соныға малды жайып күзетіңдер» деп, сөзін малшыларға арнаумен аяқтайды. Бұл – табиғат алдындағы адамның құдіретін, ісін танытарлық ойдың белгісі [6].

Бұл жерде «Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін» дейді. Уақ елі басшыларының бірі. Қондыбайдың баласы – Орман-Байтоқ Ресейге бодан болған. Өз әулетінен тараған ел Қондыбай,- Бура-Найман болысы деп аталған. Ақын қатал қыста малыңды қасқырға алдырмай аман сақта, «Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін» деп, ел шонжарларын тағы да бір қағытып өтеді.

Бұл жолдарда ақын қыс түскенде жайылымы таусылған немесе шөбі шүйгін жерлерді басқаларға ақыға (жалға) беріп отыратын бай ауылдардың тіршілігін меңзейді[7].

«Осы қымыз қазаққа» – Абайдың 1901 ж. жазған өлеңінде қазақ арасына сіңген ноғай Ысқақ Махмұтовтың немерелері Абай аулына қонаққа келіп жатқанда бас қосып, қымыз ішіп, қызара бөртіп отырғандарға қарап сөз арасында айтылған екен. Бұл туындыда үлкен әлеуметтік салмақ бар. Асылы, Абай төрт түліктің ішінде жылқы малын жиі де қызыға жырлаған. Оның көшпелі қазақтың ең қастерлі түлігі, мінсе - көлігі, жесе - еті, ішсе - сусыны, әрі сұлулықтың символы екенін еске салып отырған. «Қар тепкенге қажымас қайран жылқы», «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» деп мадақтаған. Ал

мынау өлеңінде осыған қайшылау пікір айтқан. Бірақ мұнда да жылқыны даттамаған, тек семіз қазы, уыз қымызға құлшылық қыла беруден сақтандырған. Негізінен мұнда ақын қымыз құмарлыққа, қымыз көрсе, қызыл көрген қара құстай қаптайтын қазақ әдетіне сынай қараған. Қымыз қуып кететін қызбалықты борыш деп санама, жылқы жиып қымыз ішуді мансап көріп әр нәрсеге шатылма, жылқының жауы көп, оны әр төбенің тасасында ұры-қары аңдып жүр. «Мақтан қума, керек қу», «жуасты мін де, айран іш», қой өсір, қойдан жылқы асыл емес. Қой – қойныңдағы ақша, бағуы да, күзетуі де оңай» деп ақыл береді. [8]

Абай өлеңдері арқылы қазақ халқының қысқа соғымға деп семіз қазысы бар деп жылқы сойып құр мақтанбай жеңілдеу кәсіп те қажет екенін айтқан. Өйткені жылқы малына да қарау оңай емес екенін ескертеді. «Қыс» өлеңі арқылы да маусымдық және дәстүрлі тойларының бірі соғым басы тойының да көрінісін байқаймыз.

Соғым басы Қыс тойы – алғаш жауған қар қатып, аяз түскен сәттен бастап тойланады. Ауыл адамдары – «соғым – ел басы» деп бір-бірін қонаққа шақырады. Қыстың ұзақ түнінде жыршыларға аңыз, қисса, ертегілер, ақындарға «Қасқыр мен қойшының айтысын», «Ақын мен қостың айтысын», «Қойшы мен қойдың айтысын», «Ит пен қасқырдың айтысын» т.б. орындатып, тамсанып тыңдаған. Алғашқы жауған қарды аңшылар «Қансонар» деп атайды. Қансонарда бүркітшілер «сауық-сайран салбурынға» шығып, қызығы мол дәурен сүреді. Ел ішінде «соғым басы» бір айға созылады [2].

Шидем – түйе жүнінен (кейде қой жүнінен) тығыз етіп тоқылатын, өте жылы, суық өткізбейтін дәстүрлі қазақ сырт киімі, шекпеннің бір түрі. Ол жеңіл әрі төзімді, негізінен малшылар мен жолаушыларға арналған. Тарихи деректерде «шидем шекпен» деп аталып, түйе жүнінен иірілген жіптен тоқылған. Қыста тонның сыртынан киетін [9].

Қорытынды. Абайдың өлеңдері арқылы қазақ халқының тыныс тіршілігі мен бірге қайнаған тамаша дәстүрлері бүгінгі күні де жалғасын тауып келеді. Абайдың «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдерінің қазақ халқының маусымдық және дәстүрлі тойларына қатысын тереңнен кең таратып айту арқылы бабаларымыздың мал шаруашылығымен байланысты яғни, терісі, жүнінен өнім алатын кәсіптерді де жандандыруға үлкен үлесі болары сөзсіз.

Қазақ халқының маусымдық және дәстүрлі тойларын зерттей отырып оқушыларға Абайдың өлеңдерінің айтылар ойларын тереңдете түсінуге мүмкіндік жасай аламыз.

Қазақ халқы төрт түлік малдың сырын тереңнен танығанын ақын өлеңдері арқылы бүгінгі ұрпаққа жеткізсек, қазақ халқының қанына сіңген қаншама кәсіпкерлікке жол ашатын түсінуге болары сөзсіз.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Алманах Мұхаметқалиқызы «Абайдың «Жаз» өлеңі» ABAI.kz ақпараттық порталы https://abai.kz/post/132290

[электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 10.11.2025).

2. Абайдың поэзиясы ABAI.kz ақпараттық порталы https://abai.kz/post/5 [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 12.11.2025).
3. Қазақтың төрт тойы https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%82%D1%8B%D2%A3_%D1%82%D3%A9%D1%80%D1%82_%D1%82%D0%BE%D0%B9%D1%8B [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 20.11.2025).
4. Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова, А.А. Мирзахметов, К.С. Курмамбаева, Қарағанды университетінің, «Филология» сериясы. № 3(107)/2022 «Абай өлеңдеріндегі көркем этнография» 221-228 бб
5.https://www.wikiwand.com/kk/%D0%90%D2%9B%D1%88%D0%BE%D0%BC%D1%88%D1%8B [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 20.11.2025).
6. ABAI AKADEMIASY https://abaiacademy.kz/kz/abaevedenie/abaj-lederini-tsindirmesi/ys [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 20.11.2025).
7. Қондыбай Қазыбайұлы https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D0%B1%D0%B0%D0%B9_%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D1%8B%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 22.11.2025).
8. Осы қымыз қазаққа https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%81%D1%8B_%D2%9B%D1%8B%D0%BC%D1%8B%D0%B7_%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D2%9B%D0%B0 [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 25.11.2025).
9. Шидем https://sozdikqor.kz/soz?id=465166&a=SHIDEM [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 27.11.2025).

ҒТАМА: 16.21.33

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ НӨЛДІК ФОРМАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Марат А. Н., Бирмагамбетова А.Е., 6В01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан; **Әуелбек А.Ө.,** ф.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті, Астана қ. Қазақстан
aruzhanacc@gmail.com

Аннотация.Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі нөлдік форманың зерттелу тарихы, оның грамматикалық табиғаты мен қызметі жан-жақты қарастырылады. Нөлдік форма – тілдік бірліктердің сыртқы көрсеткіші болмай-ақ, белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіру қабілетімен ерекшеленетін күрделі құбылыс. Зерттеу барысында нөлдік форманың морфологиялық және синтаксистік деңгейдегі көріністері, сондай-ақ оның тілдік жүйедегі орны айқындалады. Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың пікірлері сараланып, нөлдік форманың теориялық негіздері мен практикалық маңызы ашылады. Мақала нәтижелері тіл біліміндегі жасырын грамматикалық көрсеткіштерді тануға және оларды оқыту үдерісінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: нөлдік форма, нөлдік форманың зерттелуі, грамматикалық мағына, грамматикалық форма

Кіріспе. Қазіргі қазақ тіл білімінде грамматикалық категорияларды тереңірек тану мен олардың жасырын көріністерін анықтау өзекті мәселелердің бірі болып табылады, соның ішінде нөлдік форманың табиғатын зерттеу тілдік жүйені толық әрі дәл түсінуге мүмкіндік береді, өйткені ол сыртқы тұлғасы болмағанымен, белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіретін ерекше құбылыс. Осыған байланысты зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі нөлдік форманың зерттелу ерекшеліктерін анықтап, оның грамматикалық қызметін жүйелеу, ал міндеттері – нөлдік форманың теориялық негіздерін қарастыру, оның тілдік деңгейлердегі көрінісін сипаттау, қазақ тіл біліміндегі зерттелу тарихын саралау және нөлдік форманың қолданыс аясын айқындау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары Ы. Маманов, С. Исаев, А. Ысқақов, Н. Оралбаева, А. Қалыбаева, Ы. Шақаман еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар жалпы тіл біліміндегі тілдік таңба теориясына қатысты ғылыми тұжырымдар негізге алынды. Зерттеу барысында сипаттамалы, салыстырмалы, морфологиялық талдау, морфемдік талдау және компоненттік талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер нөлдік морфеманың тілдік жүйедегі орнын және қызметін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Нөлдік форма жайлы мәліметтер алғаш Ф.Ф.Фортунатов еңбектерінен басталады. Ол атау септік формасы ең алғаш рет басқа септік формаларымен бірдей грамматикалық мағына бере алатын, көрсеткіші жоқ нөлдік форма деп таныған.

1960 жылдардан бастап нөлдік форма теориясы ғылыми айналымға түсті. Орыс ғалымдары Ю.С.Маслов, П.С.Кузнецов, И.П.Иванова, А.М.Пешковский т.б. ғалымдар нөлдік форма туралы пікірлерін ортаға салып, әртүрлі терминдер ұсынды.

Қазақ тіл білімінде Ш.Х.Сарыбаев, Н.Т.Сауранбаев, Ә.Төлеуов, А.Ысқақов т.б. ғалымдар еңбектерінде септік жалғауларының тасалануы, септік жалғауларының ашық, жасырын қолданылуымен байланысты айтылып келді. Аталған ғалымдардың ой - пікірлері ғылыми мақалаларда, қазақ тілі оқулықтарында жарық көрді. Бұл тілдік құбылысты ғалымдар ертеден-ақ байқаған.

Қазақ тілінде нөлдік форманы Ы.Маманов, С.Исаев, Н.Оралбаева, Ж.Балтабаевалар арнайы зерттеген. Ғалымдар еңбектерінде бұл тілдік құбылыс алдыңғы аталған ғалымдар еңбектеріндегідей септік жалғауларының тасалануы немесе ашық, жасырын қолданылуы тұрғысынан емес, нөлдік морфема терминдерімен аталады.

Ы.Маманов еңбектерінде нөлдік морфемаға ілік, барыс, табыс септіктерінің жасырын формалары мен бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрін жатқызылады [1,89]. Ал атау септікті бұл қатарда қарамайды. Н.Оралбаева [2] мен С.Исаев [3] еңбектерінде атау септік нөлдік форманың ең бірінші элементі болып табылады. Бұл ғалымдар септіктердің жасырын формаларын, тәуелдік жалғау (біздің ауыл), жіктік жалғаудың үшінші жағын, 2-жақ жекеше, бұйрық рай формасын нөлдік форма деп анықтайды.

Кейінгі ғылыми зерттеулерде нөлдік форма грамматиканың шеңберінен шығып, кең аяда қарастырыла бастады. А.Қ.Омарова «Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі» атты докторлық диссертациясында бұл ұғымның сөзжасамға да қатысты тілдік құбылыс екенін дәлелдейді. Зерттеуші аталған еңбекте нөлдік морфеманың семантикалық - функционалдық ерекшеліктерін ашу мақсатында нөлдік морфеманы грамматикалық нөлдік морфема (септік жалғаулары мен т.б. грамматикалық формалар) және сөзжасамдық нөлдік морфема деп те саралап алады. Бұл тілдік бірліктер диссертацияда функционалды - семантикалық аспектіден сиппаталады [4].

Септік жалғауларының ашық және жасырын келуін (нөлдік форманы) бірнеше жылдар бойы түркі тіл білімін зерттеуші ғалымдар белгілілік - белгісіздік категориясымен байланыстырып келді. Олардың бір тобы бұл категорияның түркі тілдерінде бар екендігіне түрлі дәлелдер келтіреді. М.Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында (1961) грамматикалық белгілілік не белгісіздікті мағыналық белгілілік я белгісіздікпен бір деп санауға болмайды. Түркі тілдер, оның ішінде қазақ тілі үшін белгілілік - белгісіздіктің грамматикалық тұлғасы мынау дерлік дербес қосымшасы жоқ деген тұжырым

жасайды. Алайда ғалым ондай мағыналық айырмашылық қазақ тілінде мүлде жоқ деп айтуға болмайды деген де пікір айтады.

Ы.Е. Маманов қазақ тілінде белгілілік - белгісіздік категориясы бар деп көрсетеді. Олардың арнаулы грамматикалық көрсеткіштерін де анықтайды. Ғалым табыс, ілік септіктерінің ашық, жасырын келу ерекшеліктерін қазақ грамматикасындағы белгілік - белгісіздік ұғымымен байланысты қарау керек деген концепция ұсынады. Мысалы, ілік және табыс септіктерінің ашық келуі белгілілікті көрсетеді. Осыған байланысты кісі есімін белгілілік деп көрсетеді (Асанның үйі – Асан үйі деп айтылмайды). Ғалымның пайымдауынша, ілік, табыс, септіктерінің түсірілмей айтылуы – белгілілік, ал түсіріліп айтылуы – белгісіздік ұғымының көрсеткіші болады. Сондай-ақ, бір, біреу есімдіктері белгісіздік мағынаның көрсеткіші болып табылады деп есептейді [5, 17-19].

Белгісіздік мағына, ұғым тіл білімінде әлі де кеңірек зерттеуді қажет етеді. Өйткені белгісіздік ұғымын «бір», «біреу» сияқты екі-үш сөз бен табыс септіктің жасырын түрімен ғана байланыстыру жеткіліксіз. Белгісіздік ұғымының тілдік табиғатын ашу үшін ең алдымен сөздерді мағыналық жағынан, яғни осы белгісіздік ұғымын білдіруі жағынан талдау қажет етеді. Белгісіздік мағынаны барлық сөз таптарына қатысты да айқындауға болады деп есептейміз. Мысалы, зат есім болатын ағаш деген сөзде жалпылық, көптік ұғымдармен қатар, белгісіздік ұғым бар (Белсенділер ағашқа шықты). Сан есімнің болжалды түрінде (екілер, бестер шамасы) белгісіздік мағына болса, бұл ұғым есімдіктің бірнеше түріне тән.

Сөз таптарының ішінде грамматикалық категорияға бай, күрделісі – етістік екені белгілі. Белгісіздік мағына түбір етістіктерде де кездеседі.

Қазақ тілінде нөлдік тұлға туралы нақты ғылыми пікір қалыптастырып, жүйелі түрде зерттеп, пікірталас тудырып, ғылыми теориялық көзқарасты орнықтырған ғалымдар - Ы.Е. Маманов, С.М. Исаев. Нөлдік тұлғаның қазақ тіліндегі алғаш ғылыми негізін салушы Ы.Е. Маманов [6] десек, С.М. Исаев [3] бұл ғалымның пікірін ары қарай жетілдірді. Бұл – басқа қазақ тілі ғылымдары аталған тақырып туралы пікір қозғамады деген сөз емес, мәселе – ғалымдардың алғашқы болып нөлдік тұлға теориясы туралы жүйелі зерттеп, оның не екенін танытып, көзге көрінетін грамматикалық көрсеткіштерімен салыстырып, оның бөлек грамматикалық мағынасы, қызметі, қолданыстық ерекшелігі бар екенін дәлелдеп беруінде. Аталған ғалымдар өзге тілді ғалымдар И.И. Мещанинов [6], О.П. Суник, В.М. Жирмунскийдің көзқарастарын, пікірлерін салыстырып, талқылап, қазақ тілінде нөлдік тұлғаның ұшырасатын орындарын, тілдік бірліктерді айқындап берді. Сонымен қатар, нөлдік тұлға өзінше грамматикалық форма болып санала ма деген сұраққа тіл зерттеуші ғалымдардың пікірлерін жауап ретінде жазған. Нөлдік тұлға өзінше грамматикалық форма бола алатынын ғалымдар атап көрсеткен. Бірақ нөлдік тұлғаға нелер жатады деген мәселеге келгенде, ғалымдардың пікірі бір жерден шықпайды. Мысалы, академик И.И. Мещаников «Бір топтағы сөздердің нөлдік тұлғалары морфологиялық көрсеткіштері тұлғаланған түріне қарама-қайшы оларды жеке бөліп қарауға

критерий бола алады»,- дейді [6, 34]. Сондай-ақ О.П. Суник те атауыш сөздердің негізгі түбір күйінде формасыз тұлғалардың бәрін нөлдік грамматикалық форма дейді,- «Мысалы, іс сөзі іс деген түбір зат есім мен бұл жерде жекешелікті білдіретін нөлдік форма тудырушы қосымшадан тұрады. Сөздің бұндай структуралық типі барлық алтай тілдерінде ғана емес, индо-европа тілдерінде де бар: орыс тіліндегі стул, қол сөздері түбір мен еркек тектің атау септік нольдік формасында тұр». Ал В.Г. Жирмунский де, Б.А.Серебренников те атау септік формасын нөлдік формаға жатқызуға болмайтынын, бұлай анықтау шындыққа үйлеспейтінін айтады. В.Г. Жирмунскийдің көрсетуінше, орыс тіліндегі нөлдік формаға бірінші септеудің (первое склонение) көпше түріндегі ілік септік тұлғасын жатқызуға болады, өйткені, мысалы, роз тұлғасын розы, розам, т.б. сияқты тұлғалармен қатар қойып қарауға болады. Нөлдік форманы осылай тануды И. Е. Маманов та қолдайды. Түркітанымдық әдебиеттерде ілік, табыс, т.б. септік мағыналарында, бірақ ешбір формасыз жұмсалып тұрған сөздерді атау септік терминінен басқа негізгі септік немесе белгісіз септік деп атау тіпті де кездейсоқ емес. И.Е.Маманов қазақ тілінде нөлдік формаға ілік, табыс, барыс септік тұлғаларының түсіріліп айтылуы мен бұйрық райдың екінші жақ жекеше түрін ғана жатқызады [5].

Нөлдік тұлға дегеніміз – бірден көзге танылмайтын, яғни арнайы грамматикалық көрсеткіші, нақты тұлғасы болмайтын, сөйте тұра сөйлемде белгілі бір сөзді екінші сөзбен грамматикалық жағынан байланыстырып, таза грамматикалық мағына білдіретін, қолданыс ішінде ғана қызмет атқарып, дерексіз (абстракциялық) танылатын тұлға [7].

Тілдік категорияда нөлдік түсінігінің, ұғымының болуын, теориясын ғалым С.М.Исаев қарапайым мысал арқылы түсіндіреді: «Белгілі бір белгілер жүйесінде бірдей белгінің болмауының өзі белгі болып есептеледі. Мысалы 3 шар алып, оның біреуіне + белгісін, екіншісіне Х белгісін салып, үшіншісіне ешбір белгі салмасақ сол шарларды ажыратуда белгінің болмауының өзі белгі болып табылады» [7].

Нөлдік көрсеткіштің танылуы нөлдік тұлғалы сөздің сөз бен сөзді байланыстыруынан білінеді, олай болса, ол грамматикалық мағынаны да білдіреді.

Нөлдік тұлғалардың тілдің грамматикалық категорияларына қатысы туралы Н. Оралбаева «Проблема нулевой формы и нулевого слова в грамматическом строе тюркских языков» деген мақаласында мынадай ұтымды пікір айтқан: «Нулевая форма слов в тюркских языках в первую очередь относится к парадигмам словоизменения. В парадигмах склонения, спряжения, притяжательности нулевые формы функционируют наряду с аффиксальными формами... Нулевые формы имеются и в других категориях, например, в наклонениях, в категории числа и т.д.

Признание нулевой формы, приводит к признанию и нулевой морфемы. Если в аффиксальных аналитических формах грамматическое значение выражается реальной морфемой или морфемами, то в нулевых формах оно

выражается отсутствием такой конкретной морфемы. Такое значимое отсутствие морфемы называется нулевой морфемой или нулевым показателем» [2,140].

Қорытынды. Нөлдік форма қазақ тіл біліміндегі күрделі әрі маңызды грамматикалық құбылыстардың бірі болып табылады. Ол сыртқы көрсеткіші болмағанымен, белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіру арқылы тілдік жүйеде ерекше қызмет атқарады. Зерттеу барысында нөлдік форманың морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде көрініс табатыны, сондай-ақ оның мағына ажыратудағы рөлі айқындалды. Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі нөлдік формаға қатысты ғылыми көзқарастардың әртүрлілігі бұл мәселенің әлі де терең зерттеуді қажет ететінін көрсетеді. Жалпы алғанда, нөлдік форманы жан-жақты қарастыру тілдің ішкі құрылымын толық түсінуге және грамматикалық категорияларды тиімді меңгеруге ықпал етеді. Нөлдік морфеманың бастау көзі болып жалпы тіл білімінде зерттеу нысанына айналған тілдік таңба теориясы саналады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Маманов Ы.Е. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың текстері. - Алматы, 1973.-89 б.
2. Оралбаева Н.О. Проблемы нулевой формы и нулевого слова в грамматическом строе тюркских языков. // Советская тюркология и развития тюркских языков в СССР. - Алма-Ата.: Наука, 1976. -356 с.
3. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар – Алматы қ. «Ана тілі», 1992.-142 б.
4. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. Ф.ғ.док.дисс. – Алматы, 2006.-281б.
5. Маманов Ы.Е. Сөз, морфема, қосымша туралы түсінік // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991, №7. 17-19б.
6. Мещанинов И. И. Члены предложения и части речи.М. Л., 1945
7. Шақаман Ы.Б. Қазақ тілі сөздерінің түрленім жүйесі мен қызметі, - Павлодар: ЭКО, 2008. – 172 б.
8. Исаев С.М. Қазақ тілі жайында ойлар. Алматы. 1997. – 202 б.

ҒТАМА: 14.25.09

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

Мухаметкалиева Н.Б., 7М01705 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты; **Резуанова Г.К.,** ф.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
naz-das@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазақ тілін оқыту үдерісінде интерактивті әдістерді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Тіл үйрету барысында білім алушының танымдық белсенділігін арттыру, қатысымдық құзыретін қалыптастыру, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру жолдары сараланады. Интерактивті әдістердің сабақ құрылымын жандандырудағы, оқу уәжін күшейтудегі, тілдік дағдыларды кешенді дамытудағы рөлі талданады. Жұптық және топтық жұмыс, оқу диалогы, рөлдік ойын, пікірталас, миға шабуыл, мәтінмен белсенді жұмыс, цифрлық платформалар, жасанды интеллект негізіндегі тапсырмалар секілді тәсілдердің қазақ тілі сабағындағы мүмкіндігі ашылады. Сонымен бірге осындай әдістерді тиімді қолданудың әдістемелік шарттары мен практикалық маңызы сипатталады.

Кілт сөздер: қазақ тілі, интерактивті әдіс, қатысымдық құзырет, оқу диалогы, белсенді оқыту, цифрлық платформа, жасанды интеллект, тілдік дағды, әдістемелік жаңару.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде пән мазмұнын меңгерту ғана емес, сол мазмұнды қалай игертудің өзі шешуші мәнге ие. Әсіресе тіл үйрету саласында грамматикалық ережені түсіндірумен шектелу жеткіліксіз. Негізгі нәтиже білім алушының тілді қатынас құралы ретінде қолдана алуымен, ойын жүйелі жеткізуімен, мәтінді түсініп, талдап, пікір білдіруімен өлшенеді. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тілін оқытудағы интерактивті әдістердің орны айрықша. Олар сабақ үстіндегі әрекетті күшейтіп, білім алушыны пассив қабылдаушы деңгейінен белсенді қатысушы деңгейіне көтереді. Интерактивті оқыту тілдік білімді тірі қолданыспен ұштастырады [1].

Интерактивті оқыту педагогикада өзара әрекетке құрылған, бірлескен ойлау мен белсенді қатысуға негізделген үдеріс ретінде сипатталады. Осындай сабақ құрылымында оқытушы тек ақпарат жеткізуші рөлінде қалмайды, бағыт беруші, ұйымдастырушы, кері байланыс ұсынушы тұлғаға айналады. Ал білім алушы тыңдаушы ғана емес, талқылаушы, салыстырушы, сұрақ қоюшы, дәлелдеуші, шешім қабылдаушы тарапқа шығады. Тіл үйретуде осындай өзгеріс ерекше маңызды, себебі тілдің табиғатының өзі әрекет арқылы ашылады [2, 3, 4]. Қазақ тілін оқытудың өзегінде қатысымдық құзырет тұр. Қатысымдық құзырет дегеніміз сөзді, тіркесті, грамматикалық құрылымды танып-білу ғана емес, оны нақты жағдаятта мақсатқа сай қолдана алу қабілеті.

Білім алушы өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе алмаса, меңгерілген ереже толық нәтижеге айналмайды. Сондықтан қазақ тілі сабағы тек теориялық мазмұнға емес, сөйлеу әрекетіне, пікір алмасуға, мәтінді талдауға, сұхбат құруға, дәлелді жауап беруге құрылуы тиіс. Интерактивті әдістер осындай міндетті іске асыруға тиімді жағдай туғызады [1, 5, 6].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Қазақ тілін оқытудағы интерактивті әдістердің өзектілігі қазіргі білім алушының қабылдау ерекшелігімен де түсіндіріледі. Бүгінгі білім алушы бірсарынды түсіндіруден гөрі әрекет үстінде, талқылау барысында, жұппен не топпен жұмыс кезінде материалды тезірек игереді. Сабаққа қатысу жиілігі артқан сайын пәнге қызығушылық та күшейеді. Қызығушылық күшейген жерде тілді меңгеру сапасы артады. Сондықтан интерактивті тәсілдер тек қызықты сабақ өткізу құралы емес, оқу нәтижесін жақсартатын әдістемелік тетік саналады [1, 7]. Интерактивті әдістердің тиімділігі ең алдымен төрт дағдыны бірлікте дамытуынан көрінеді. Дәстүрлі сабақ үлгісінде кейде оқылым мен жазылым басым түсіп, айтылым мен тыңдалым кейінге ысырылып қалады. Ал интерактивті сабақта білім алушы мәтінді оқиды, оны талдайды, жұбымен пікірлеседі, топ алдында қорғайды, кейін сол ойды жазбаша рәсімдейді. Осындай тұтас құрылым тілдік әрекетті оқшау бөлшекке емес, қатысымдық жүйеге айналдырады [1, 8]. Қазақ тілі сабағында кең қолданылатын интерактивті әдістердің бірі – жұптық жұмыс. Жұптық жұмыс білім алушыға салыстырмалы түрде қауіпсіз тілдік орта ұсынады. Үлкен аудитория алдында қысылатын білім алушы алдымен бір сыныптасымен сөйлесіп, ойын еркінірек жеткізеді. Жаңа сөздерді пайдаланып диалог құру, мәтін бойынша сұрақ қою, тірек сөздер арқылы әңгіме жасау, жағдаяттық тапсырмаға жауап әзірлеу тәрізді әрекеттер жұптық жұмысқа өте қолайлы. Осындай тәсіл сөйлеу ғана емес, тыңдай білу дағдыларын да бекітеді [3, 5]. Топтық жұмыс та қазақ тілін оқытуда жоғары нәтиже береді. Топ ішінде білім алушылар ой бөліседі, міндетті бөліседі, бір-бірінің жауабын толықтырады, ортақ шешімге келеді. Мұндай үдерісте тілдік белсенділікпен бірге ынтымақтастық мәдениеті қалыптасады. Қазақ тілі сабағында постер қорғау, белгілі бір тақырып бойынша дәлелдер жинақтау, мәтінді бөліктерге бөліп талдау, кейіпкер әрекетін бағалау, мақал-мәтелдерді мағыналық өрісіне қарай жүйелеу секілді тапсырмалар топтық жұмыс арқылы сәтті орындалады [3, 7, 9].

Рөлдік ойын әдісі қазақ тілін өмірлік жағдаятпен ұштастырып меңгертуде айрықша орын алады. Дүкендегі әңгіме, дәрігер қабылдауындағы сөйлесу, кітапханадағы сұхбат, қонақ күту, сұхбат жүргізу, ресми өтініш жасау тәрізді жағдаяттар тілдік бірліктерді табиғи ортаға жақын жағдайда қолдануға мүмкіндік береді. Осындай тапсырмаларда білім алушы дайын үлгіні қайталаумен шектелмейді, керісінше жағдайға сай сөз таңдап, сөйлем құрап, қарым-қатынас әдебін сақтауға тырысады. Рөлдік ойын айтылым дағдысын ғана емес, тілдік икем мен әлеуметтік бейімделуді де күшейтеді [3, 5].

Пікірталас, ойталқы, миға шабуыл секілді тәсілдер де қазақ тілі сабағында аса маңызды. Белгілі бір мәселе төңірегінде ой қозғау білім алушыны тек

сөйлеуге емес, дәлелдеуге, салыстыруға, қарсы пікірге жауап беруге үйретеді. Мысалы, ана тілінің қоғамдағы орны, әлеуметтік желінің ықпалы, кітап оқу мәдениеті, цифрлық білімнің артықшылығы мен кемшілігі тәрізді тақырыптар төңірегіндегі пікірталас қазақ тілін мазмұнды ой құралына айналдырады. Ал миға шабуыл әдісі жаңа тақырыпты ашуда, ұғымдар өрісін кеңейтуде, сөздік қорды белсенді етуде нәтижелі [2, 3].

Мәтінмен интерактивті жұмыс жүргізу қазіргі әдістемеде жеке бағытқа айналып отыр. Мәтінді жай оқу көбіне үстірт қабылдауға алып келеді. Ал мәтіннің негізгі ойын анықтау, құрылымын талдау, автор көзқарасын айқындау, кейіпкер іс-әрекетіне баға беру, мазмұнды өмірмен байланыстыру білім алушының ойлау деңгейін көтереді. Кластер, Венн диаграммасы, INSERT, тірек сөзбен мазмұндау, ассоциация әдісі тәрізді амалдар қазақ тілі сабағында жиі қолдануға лайық [5].

Оқу диалогы мәселесіне тереңірек тоқталу қажет. Соңғы зерттеулерде оқу диалогы тек сұрақ-жауап алмасу емес, білім алушының әлеуметтік, танымдық және тілдік дамуын бір мезгілде қозғайтын әрекет ретінде қарастырылады. Қазақ тілі сабағында оқу диалогын ұйымдастыру арқылы білім алушы серіктесінің ойын тыңдауға, оған жауап қайтаруға, өз пікірін нақтылауға, сөзін дәлелдеуге үйренеді. Мұндай тұжырым қазақ тілін оқытуда диалогтік тәсілдің жай әдіс емес, тұлғалық дамуға әсер ететін құрал екенін аңғартады [6]. Соңғы жылдары цифрлық платформалар қазақ тілін оқыту әдістемесіне жаңа серпін берді. Онлайн жаттығулар, интерактивті тапсырмалар, тыңдалымға арналған аудио және бейне материалдар, лексикалық ойындар, кері байланыс беретін сервистер сабақтың қарқынын өзгертті. Онлайн платформаларды мақсатсыз қолдану емес, нақты тілдік міндетке бағындыру қағидаты алға шығады. Демек цифрлық орта интерактивті әдістің орнын алмастырмайды, керісінше оны күшейтетін қосымша мүмкіндік береді [4, 7]. 2025 жылғы әдістемелік ұсынымдарда қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың теориялық негіздері мен практикалық жолдары ұсынылған. Онда ЖИ құралдары тілдік тапсырма құрастыру, жекелендірілген жаттығу ұсыну, мәтінмен жұмыс істеу, кері байланыс беру, оқу материалының күрделілік деңгейін бейімдеу секілді бағыттарда қарастырылады. Мұндай мүмкіндік интерактивті әдістерді жаңа деңгейге шығара алады. Дегенмен ЖИ-ді қолдануда оқытушының әдістемелік бақылауы шешуші рөл атқарады. Құралдың өзі мақсат емес, тілдік әрекетті жандандыру тетігі ретінде пайдаланылғанда ғана нәтиже береді [6].

Интерактивті әдістердің психологиялық артықшылығы да назардан тыс қалмауы керек. Көп жағдайда тіл үйренудегі басты кедергінің бірі – қате жіберуден жасқану. Ал еркін пікірлесуге, шағын топта сөйлеуге, ойын элементтеріне, сұхбат пен диалогке құрылған сабақ осындай қысымды азайтады. Білім алушы өз ойын айтуға мүмкіндік алған сайын тілді қолдану дағдысы бекіп, сабаққа деген сенімі артады. Мұндай жайлы орта, әсіресе, қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытуда аса қажет [2, 3]. Мақаланы әзірлеу барысында педагогикалық, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге талдау

жасау, салыстыру, жүйелеу, жинақтау тәсілдері пайдаланылды. Қазақ тілін оқытудағы интерактивті әдістердің мазмұнын ашу үшін соңғы жылдардағы әдістемелік нұсқау хаттар, ғылыми мақалалар, әдістемелік құралдар мен зерттеу материалдары қарастырылды. Интерактивті тәсілдердің оқу үдерісіндегі орны мен тиімділігі осы дереккөздердегі тұжырымдар негізінде сараланды.

Нәтижелер. Интерактивті әдістер тұлғалық даму тұрғысынан да бағалы. Сабақта білім алушы тек тілдік материалды меңгеріп қоймай, тыңдауға, әріптесінің пікірін құрметтеуге, өз ойын қысқа да нұсқа жеткізуге, топта жұмыс істеуге, жауапкершілік алуға үйренеді. Мұндай машықтар өмірлік құзырет ретінде бағаланады және тілдік сабақтың тәрбиелік-дамытушылық әлеуетін күшейтеді [1]. Алайда, интерактивті әдістерді қолдануда бірқатар қиындықтар кездеседі. Уақытты дұрыс жоспарламау, топтық жұмыста белсенді білім алушылардың басымдық алып кетуі, кей білім алушының сыртта қалуы, бағалау өлшемінің нақты болмауы, цифрлық құралға шамадан тыс сүйену секілді жайттар нәтижені әлсіретуі мүмкін. Сондықтан оқытушының тапсырма мақсатын алдын ала айқындап, уақыт мөлшерін белгілеп, рөлдерді әділ бөліп, бағалау шарттарын түсіндіріп, кері байланысты үзбей ұйымдастыруы тиіс [1, 6, 9]. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытуда интерактивті әдістердің рөлі тіпті күшейеді. Себебі ондай жағдайда сабақ тілдік ортаның орнын алмастырады. Жұптық сөйлесу, жағдаяттық тапсырма, сурет бойынша әңгімелеу, рөлдік ойын, қысқа пікір айту, шағын мәтін құрау, сұрақ қою және жауап беру тәрізді әрекеттер білім алушыны тілге жақындатады. Ал қазақ тілі ана тілі ретінде оқытылатын сыныптарда интерактивті тәсілдер сөз байлығын тереңдетуге, әдеби тіл нормасын орнықтыруға, дәлелді сөйлеу мәдениетін жетілдіруге мүмкіндік береді [1, 5, 7].

Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабағында интерактивті әдістерді нәтижелі қолдану үшін бірнеше ұстаным маңызды. Әр тапсырма нақты мақсатқа қызмет етуі керек. Тілдік материал әрекетпен ұштасуы тиіс. Сабақта әр білім алушының қатысуына мүмкіндік берілуі қажет. Кері байланыс міндетті түрде ұйымдастырылуы керек. Бағалау тек соңғы нәтижеге емес, оқу барысындағы белсенділікке де сүйенгені жөн. Цифрлық платформа мен ЖИ құралдары тілдік міндетті нақтылауға қызмет еткенде ғана олардың пайдасы артады [1, 6, 7, 9].

Қазіргі педагогикалық тәжірибе интерактивті әдістерді дәстүрлі оқыту элементтерімен ұштастырудың дұрыстығын көрсетеді. Яғни мұғалім тек пікірталас пен ойынға сүйеніп қоймай, теориялық түсіндіру, ереже бекіту, жеке жұмыс, жазбаша талдау, жүйелеу тапсырмаларын да сақтауы керек. Осындай тепе-теңдік сабаққа серпін береді әрі білімнің жүйелілігін қамтамасыз етеді. Сондықтан интерактивті әдістерді қазақ тілін оқытудағы жалғыз құрал деп емес, басты бағыттардың бірі деп қарастырған жөн [2, 9].

Қазақ тілін оқытудағы интерактивті әдістердің нәтижелілігі көбіне сабақтың ішкі құрылымына байланысты айқындалады. Бір әдіс әр сыныпта

бірдей нәтиже бере бермейді. Сондықтан оқытушы интерактивті тәсілді таңдарда білім алушының жас ерекшелігін, тілдік деңгейін, тақырыптың мазмұнын, сабақтың мақсатын және уақыт мүмкіндігін ескеруі қажет. Мәселен, бастауыш буында ойын, көрнекілік, қысқа диалог, қимылға құрылған тапсырмалар тиімдірек болса, жоғары сыныптарда пікірталас, дәлелдеу, мәтінге сыни талдау, жобалық жұмыс секілді күрделірек тәсілдер басым нәтиже береді. Осындай икемділік болмаған жағдайда интерактивті оқыту сыртқы белсенділік күйінде қалып, терең тілдік нәтижеге жеткізе алмайды. Сондықтан интерактивті әдістерді қолданудағы басты қағидаттың бірі – мақсатқа сәйкестік. Әрбір тапсырма тілдік дағдыны дамытуға, ойды ашуға, қатысымдық әрекетті күшейтуге жұмыс істеуі керек. Егер білім алушы әрекетке тартылғанымен, тілдік міндет айқын көрінбесе, сабақтың көрнекі жағы басым түсіп, мазмұндық салмақ әлсірейді. Сол себепті қазақ тілі сабағында интерактивті әдіс пен тілдік мақсаттың арасындағы байланыс үнемі нақтыланып отыруы қажет [1, 9].

Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде интерактивті әдістерді бағалау мәселесі де ерекше назар аударуды талап етеді. Көп жағдайда мұғалім сабақтағы қозғалыс пен белсенділікті жоғары нәтиженің белгісі ретінде қабылдайды. Алайда шынайы нәтиже білім алушының сөзді дұрыс қолдануынан, ойын жүйелі жеткізуінен, мәтінді түсінуінен, сұраққа дәлелді жауап беруінен, жаңа тілдік бірліктерді қарым-қатынаста пайдалануынан көрінеді. Сондықтан интерактивті сабақтарда бағалау тек соңғы жауаппен шектелмеуі керек. Оқу барысындағы қатысу белсенділігі, пікір білдіру сапасы, жұптық не топтық жұмысқа қосқан үлесі, тілдік сауаттылығы, дәлел келтіру деңгейі де ескерілуі тиіс. Осындай ұстаным білім алушыға бағаның қай әрекет үшін қойылғанын нақты ұғындырады. Оның үстіне бағалаудың айқындығы білім алушының ішкі уәжін күшейтеді. Ол тек тапсырманы орындап қана қоймай, өз ойын сауатты әрі мазмұнды жеткізуге ұмтылады. Қазіргі әдістемеде қалыптастырушы бағалаудың жиі қолданылуы да осыдан. Қысқа ауызша кері байланыс, нақты өлшем, өзара бағалау, өзін-өзі бағалау парағы секілді амалдар интерактивті сабақтың сапасын арттырады [1, 8].

Қазақ тілі сабағында интерактивті әдістерді цифрлық ортамен ұштастырудың да өзіндік артықшылығы бар. Дәстүрлі сабақ үлгісінде уақыттың біраз бөлігі түсіндіруге, мәтінді көшіртуге, жаттығу орындатуға кетуі мүмкін. Ал цифрлық платформалар кейбір техникалық әрекетті жеңілдетіп, тікелей тілдік қарым-қатынасқа көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Мысалы, жаңа сөздерді бекітуге арналған онлайн жаттығу, тыңдалым бойынша қысқа тест, мәтіннің мазмұнын анықтауға арналған интерактивті сұрақтар, сөйлем құрылымын бекітетін жедел тапсырмалар оқытушының уақытын үнемдейді. Соның есебінен сабақта пікірлесу, талдау, сөйлеу, дәлелдеу секілді маңызды әрекеттерге кең орын ашылады. Дегенмен цифрлық құралдың шектен тыс қолданылуы да кері әсер етуі мүмкін. Егер сабақтың басым бөлігі техникаға тәуелді болып кетсе, тілді тірі қарым-қатынас арқылы меңгерту әлсірейді. Сондықтан оқытушы цифрлық ресурсты көмекші құрал

ретінде, ал интерактивті қарым-қатынасты негізгі өзек ретінде қарастырғаны жөн [4, 6, 7].

Жалпы, қазіргі уақытта білім беруде интерактивті әдістердің ішінде жасанды интеллектінің алар орны зор. Жасанды интеллект мүмкіндігі қазақ тілін оқытуға жаңа бағыт ұсынып отыр. Алайда оны механикалық көмекші ретінде емес, әдістемелік ойлаудың құралы ретінде пайдалану орынды. Мысалы, ЖИ арқылы деңгейге сай мәтін құрастыру, жаңа сөздерге тапсырма әзірлеу, диалог үлгілерін жасау, тақырып бойынша пікірталас сұрақтарын ұсыну, қате сөйлемдерді түзететін жұмыс дайындау секілді әрекеттерді ұйымдастыруға болады. Осындай мүмкіндік оқытушыға дайындық уақытын қысқартуға көмектеседі. Бірақ ЖИ ұсынған материалды сүзгіден өткізбей қолдану дұрыс емес. Себебі тілдің табиғи қолданысы, ұлттық таным, стильдік нәзіктік, жас ерекшелігіне сай мазмұн сынды жайттар оқытушының кәсіби талғамын талап етеді. Демек жаңа технология оқытушының орнын алмастырмайды, керісінше оның әдістемелік мүмкіндігін кеңейтеді. Қазақ тілін оқытуда да осы ұстаным сақталуы қажет [6].

Интерактивті оқытудағы маңызды бағыттың бірі – білім алушының өзіндік сөйлеу өнімін көбейту. Көп жағдайда оқушы дайын мәтінді оқып беруге, жаттығуды үлгі бойынша орындауға үйреніп қалады. Ал интерактивті ортада одан тек дайын жауап емес, өз сөзі, өз пікірі, өз тұжырымы талап етіледі. Осындай жағдайда тілдік қор белсенді сипат алады. Білім алушы сөзді есте сақталған қалыпта емес, қажетті жерде жұмсалатын құрал ретінде қабылдай бастайды. Мәселен, шағын топтағы талқылауда ол өз ойын жүйелеуге тырысады, рөлдік ойын барысында жағдаятқа сай сөз таңдайды, мәтін талдауда бағалауыш лексиканы қолданады, пікірталаста дәлелді тіркестерді пайдаланады. Осындай қайталанатын әрекет тілдің ішкі логикасын да бекітеді. Сондықтан интерактивті әдістердің бір артықшылығы – білім алушыны дайын үлгіден дербес тілдік өндіріске көшіруі.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде, қазақ тілін оқытуда интерактивті әдістерді ұлттық мазмұнмен ұштастырудың да маңызы зор. Тіл тек грамматикалық жүйе емес, ұлттың дүниетанымы мен мәдени кодының көрінісі. Сол себепті сабақтағы жағдаяттар, мәтіндер, пікірталас тақырыптары, тірек сөздер, мысалдар қазақ қоғамының өмірімен, рухани кеңістігімен, әлеуметтік шындығымен байланысса, білім алушының қызығушылығы артады. Мақал-мәтел, шешендік сөз, ұлттық салтқа қатысты жағдаят, қазіргі қоғамдағы тілдік ахуал, отбасы мен ортадағы қарым-қатынас мәдениеті секілді тақырыптар интерактивті тапсырмаға өте қолайлы. Осындай мазмұн тіл үйретуді ұлттық негізбен байытып, білім алушыға тілді тек пән ретінде емес, рухани кеңістік ретінде қабылдатуға жол ашады. Қазақ тілі сабағының тәрбиелік қуаты да осы тұста айқын ашылады.

Интерактивті әдістерді қолданудың маңызды нәтижесі – білім алушылардың сыни ойлау мәдениетінің қалыптасуында. Қазақ тілі сабағында түрлі интербелсенді әдістерді қолдана отырып, ақпаратты талдау, салыстыру, сұрыптау, негіздеу, өз көзқарасын дәлелдеу негізінде білім алушының сыни

ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік аламыз. Мәселен, мәтінмен жұмыс, пікірталас, дәлелді жауап, салыстыру тапсырмасы, мәселе шешуге құрылған жағдаяттар осы қабілетті күшейтеді. Бұл ретте екі мәтінді салыстыру, автор ұстанымын анықтау, кейіпкер әрекетіне баға беру, түрлі көзқарасқа дәлел келтіру, тақырып бойынша өз тұжырымын ұсыну тәрізді тапсырмалар беруге немесе «Ыстық орындық» әдісін қолдана отырып, білім алушы өзін не кейіпкер, не автор ретінде сөйлетуге болады. Сөйтіп, оқушының тек тілдік емес, интеллектуалдық деңгейін де өсіруге қол жеткіземіз.

Сонымен, қазақ тілін оқытуда интерактивті әдістер білім сапасын арттырудың тетігі бола алады. Ондай әдістер білім алушының сабаққа қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттырады, қатысымдық құзыретін қалыптастырады, өз ойын еркін әрі дәлелді жеткізуіне жол ашады. Жұптық және топтық жұмыс, оқу диалогы, рөлдік ойын, пікірталас, миға шабуыл, мәтінмен, цифрлық платформалар белсенді жұмыс түрлерін өткізуде, ЖИ құралдарымен ұштасқан тапсырмалар қазақ тілін меңгертуде жоғары нәтиже берері сөзсіз.

Интерактивті әдістерді жүйелі қолдану арқылы білім алушының қазақ тіліне деген қызығушылығын күшейтуге, сөздік қорын арттыруға, еркін сөйлеуге машықтандыруға, өз ойын дәлелді жеткізуіне мүмкіндік аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024.-128 б.

2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - Москва: Народное образование, 1998.-288 с.

3. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. - Москва: Академия, 2009.-224с.

4. Абнасырова Ж.Р., Искакова Ж., Ескермесова Г.А., Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқытудағы инновациялық тәсілдер: ашық білім беру платформаларының тіл үйретуге әсері//Bulletin of Philology, №3, 2024.-15 б.

5. Жүнісбек Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: Ана тілі, 1998.-240 б.

6. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану: 5–9-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025.-320 б.

7. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. - Астана, 2025.-172 б.

8. Қараев Ж.А. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. - Алматы, 2004.-200 б.

9. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - Москва: Педагогика, 1989.-192 с.

ҒТАМР 16.31.02

THREADS ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ: КОНТЕКСТІК-СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Нәлібай Қ.А., «6В01304 - Бастауыш білім беру» (IP) білім бағдарламасының 2-курс студенті; **Данияр Ә.А.,** аға оқытушы, PhD, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
ahmediyakyzy.95@gmail.com

Аннотация. Мақалада Threads әлеуметтік желісі платформасындағы қазақ тілінің қолданыс ерекшеліктері контекстік-стилистикалық тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында қазақша жазылған қысқа мәтіндердің коммуникативтік контексі, жанрлық сипаты және цифрлық ортаға бейімделу үдерістері қарастырылады. Threads жазбаларында байқалатын тілдік құбылыстар, оның коммуникативтік және экспрессивтік қызметі, сондай-ақ ауызекі сөйлеу стиліне тән тілдік бірліктердің қолданылу ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар бейресми стиль элементтері, эмоциялық-экспрессивтік құралдар, графикалық белгілердің де стильдік қызметі талданады. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің жаңа медиадағы функционалдық мүмкіндіктерін, тілдік икемділігін және қазіргі коммуникациялық кеңістіктегі стилистикалық әлеуетін сипаттауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: тілдік құбылыс, экспрессивтік мән, медиатіл, қаралым.

Кіріспе. Қазіргі цифрлық қоғамда әлеуметтік желілер виртуалды коммуникация кеңістігін қалыптастыратын маңызды платформалардың біріне айналды. Олар пайдаланушыларға ақпарат алмасуға, мәтіндік, визуалды және мультимедиялық контентті жариялауға, қоғамдық пікір қалыптастыруға және түрлі әлеуметтік мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары Meta компаниясына тиесілі Threads желісі қысқа мәтіндік форматтағы пікір алмасу алаңы ретінде қарқынды дамып, әлемдік деңгейде үлкен аудитория жинады.

«Threads» желісі ең өзекті және талқыланатын тақырыптарды табуды қамтиды. Сонымен қатар әлемде, қоғамда не болып жатқандығы туралы ақпарат береді [1, 35].

Әлеуметтік медиа/желі виртуалды әлем кеңістігін құру үшін форумдарды немесе блогтарды пайдалану арқылы пайдаланушыларға ақпарат алмасуға, фотосуреттерді, бейнелерді, мәтіндерді және сол сияқтыларды желіде бөлісуге мүмкіндік беретін бағдарламалық құрал ретінде анықталған.

Осы әлеуметтік желіге қатысты тақырыптық және статистикалық зерттеулер енді жарияланып жатыр, ол бойынша мынадай деректерді келтіруге болады: «Бұл желідегі тақырыптар негізінен Twitter желісіне ұқсас, мәтін түрінде қысқаша ақпаратты қамтитын контент түрінде ұсынылады. Зерттеу бойынша бұл қосымшаның милленниал ұрпақтың назарын аударғаны

анықталды. Бір аптадан аз уақыт ішінде 100 миллионнан асқан пайдаланушылар санының қарқынды өсуі Threads жас пайдаланушылардың қажеттіліктері мен тілектерін қанағаттандыра алатындығының айқын көрсеткіші екенін атап өткен жөн» [2, 122]. Оған қоса, автор анализдерінің ішінде Threads желісінің технологиялық, медиалық және коммуникациялық қызметтерінің ерекшеліктері де аталады: «Осылайша, бұл визуализация тек желілік карта ғана емес, сонымен қатар «Threads – пайдаланушыларының қолданба бойынша күрделі және көп деңгейлі пікірталастарға қалай қатысатыны туралы көрнекі баяндау. Мультимедиялық мазмұнды ортақ пайдалану мүмкіндігі платформаларда кең таралған мүмкіндік болғанымен, Threads пайдаланушылар арасындағы мақсатты және жеке өзара әрекеттесуге баса назар аударуымен ерекшеленеді» [2, 122] .

Қазақстанның цифрлық кеңістігінде қарқынды дамып келе жатқан пікір алмасу мен түрлі тақырыптарды талқылауға арналған Threads әлеуметтік желісі барған сайын танымал платформаға айналып келе жатыр. Қазақстандықтар бұл алаңды өз көзқарастарын еркін білдіру үшін белсенді пайдаланып, жағымды/жағымсыз жаңалықтармен бөлісіп, өмірдің әртүрлі салаларындағы жетістіктерін, мәселелерін талқылайды.

Берілген желіде қамтылатын тақырыптарды бірнеше категория бойынша топтастырып көрейік. Оны төмендегі 1-кестеден көре аласыздар.

1-кесте. Threads платформасындағы тақырыптық категориялар

№	Категория	Мазмұндық сипаттама
1	**Әлеуметтік-мәдени және саяси мәселелер**	Тілдік кедергі, ғылыми ақпараттың қазақ тілінде қолжетімділігі, білім сапасы
2	**Тұлғааралық қарым-қатынас**	Гендерлік рөлдер, әлеуметтік стереотиптер, дәстүрлі және заманауи көзқарастар
3	**Экономика және жеке қаржы**	Тұрғын үй, несие, ипотекалық несие, инвестиция, мемлекеттік бағдарламалар
4	**Жаңалықтар мен оқиғалар**	Қоғамдық, қайырымдылық, спорттық және әлеуметтік маңызды оқиғалар
5	**Жеке әңгімелер және рефлексия**	Өмірлік тәжірибе, эмоция, қолдау, қауымдастық қалыптастыру
6	**Жеңіл контент және ойын-сауық**	Көңіл көтеру, визуалды контент, платформа ерекшеліктері
7	**Пайдалы ақпаратты бөлісу/кеңес**	Шынайы нәтижесі бар кеңес беру, пайдасы бар мәліметті бөлісу

BAQ.KZ ақпарат құралы отандастарымыздың осы әлеуметтік желіде не айтып, жариялайтыны жөнінде былай дейді: «Мұнда инновациялар, білім беру, мәдениет және отбасылық құндылықтар сөз болып, шабыттандыратын қарым-

қатынас пен жаңа идеяларға жол ашатын орта қалыптасуда. Әртүрлі қызығушылықтағы адамдарды біріктіре отырып, ол конструктивті диалог пен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Қазақстандықтар бұл платформадан қолдау, жаңа идеялар мен мотивация тауып, әлеуметтік бірлікті нығайтуға үлес қосып жатыр» [3].

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің нысаны ретінде Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді сегмент таңдалды. Зерттеу материалы ретінде желі қолданушыларының 2026 жылдың аралығындағы жазбалары, пікірлері алынды. Зерттеу барысында бақылау, контент-талдау, лингвистикалық (орфографиялық, лексика-семантикалық, синтаксистік, стилистикалық) және дискурстық талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер қазақ тілінің әлеуметтік желідегі қолданыс деңгейін, стильдік және құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Біздің зерттеуіміз аталмыш желінің қазақ тіліндегі контенін зерделеуге арналады. Атап айтқанда, қазақ тілінің қолданыс деңгейін, стилін, контекстік және құрылымдық ерекшелігін анықтап көрсетеміз.

Жоғарыда аталған категорияның ең кең таралған түрлеріне, біздің бақылауымызша, «жеке әңгімелер және рефлексия мен «белгілі бір жаңалық пен оқиғаны талқылау» жатады. Яғни желі қолданушылары Тредсті өз оқиғасына, мәселесіне немесе жалпы мәселеге қатысты үндеу, насихат, көпшілікке тарату түрінде пайдаланады. Мәселен, бір атақты тұлғаны, кәсіпті, бизнесті, қызмет көрсету орнын т.б. «кәнсілдеу», яғни оларды қолдамау, жоққа шығару. Жұлдыздарға қатысты болса, тіркелуді алып тастау, жобаларын қолдамау, қарамау, қатыспау. Бизнес болса, 2ГИС-ке теріс пікірлер жазып, наразылығын білдіру.

Threads платформасында қазақ тілінің қазіргі қолданысы әртүрлі тілдік деңгей мен жазу мәдениетін айқын көрсетеді. Осыған байланысты желідегі қазақша жазбаларды былай топтастыруға болады:

- *Қазақ тілінде қатемен жазатындар*
- *Сауатты жазатындар*
- *Орысша-қазақша аралас жазатындар(кейде қазақша-ағылшынша)*.

Қазақ тілінде қатемен жазатындар: бұл категориядағы адамдар көп жағдайда қазақтың төл әріптерін, яғни диакритикалық әріптерді қолданбайды, орфографиялық қателіктер жібереді: сөздің естілуі бойынша жазады. Жаңа сөйлемді бас әріппен жазбайды және пунктуациялық қателер жібереді немесе мүлдем қолданбайды.

Қатесіз, сауатты жазатындар: бұл категориядағы адамдар таза қазақ тілінде, кейде көркем-әдеби стильде өте сауатты жазады. Мақал-мәтелдерді қолданып жазады. Орфографиялық және пунктуациялық ережелерді сақтайды. Орысша баламасы бар сөздерді қолданбайды. Қазақтың төл әріптерін дұрыс қолданады және сөздерді қысқартпайды.

Орысша-қазақша, яғни аралас жазатындар: бұл категориядығы адамдар орысша сөздерді сөйлем ішінде жиі қолданады. Кейбір терминдерді қазақшаға аудармай сол күйінде қолданады: «даже», «уже», «срочно», «типа».

Қазақ-ағылшынша жазатындар ағылшын деңгейі орта немесе ортадан жоғары, көпшілікке жеңіл тілде жазуға тырысады. Көп жағдайда танымдық, қуанышты жаңалық форматында жазылады. Мәселен:



1-сурет. Қазақша-ағылшынша аралас жазатындар

Жастар арасында бейресми формат, яғни ауызекі стиль жиі қолданылады. Желі қолданушылары арасында өзіндік трендке айналған фразалар бар. Мысал ретінде қарсылықты салалас құрылымымен берілген сөйлемдерді алуға болады. Бұл құрылым жастар арасындағы жазбаларда жиі қолданылады (Тикток желісінде де): «…, бірақ дәлелдей алмаймын» (2-сурет).

2-сурет. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құрылымымен берілген жазба

Тредс бұтақтарындағы жазбалардың экспрессивтілігі қаралым санын арттырады. Себебі неғұрлым жазба мәтіні экспрессивті, эмоционалды болса, соғырлым оқырман тарапынан көп пікірге ие болады, лүпіл санын көбейтеді және талқылауға түседі. Эмоционалды бояуы бар немесе трендке айналған сөздер (мысалы: гештальт, инсайт, масқара, сенбейсіз т.б.) мәтінді бейтарап ақпараттан ерекшелейді.

Лингвистикада бұл бағалауыштық лексика, модальділік экспрессивтік маркерлер деп аталады. Мұндай сөздер адресаттың когнитивтік назарын

автоматты түрде іске қосады. Сол сияқты «жаргондар, аймақтық диалектілер және тіпті интернетке тән жаргондар ресми және бейресми тіл арасындағы шекараны бұзып, коммуникацияның негізгі бағытына жол тауып келеді» [4].

Келесі мысалдағы жазба ауызекі сөйлеу стилінде, лепті, риторикалық сұраулы сөйлем түрінде берілген. «Нестеу» деген қате жазылған, дұрысы «Не істеу» болу керек еді, бірақ бұл қателік жазбаны жазған адамның тілге деген құрметтілігінің арқасында байқалмай қалды. Жазбада мекеменің қазақ тілін дұрыс қолданбағаны жайында айтылған және сол қателікті түзету үшін мекемеге «2гис» қолданбасы арқылы түзету енгізу үшін қарсы пікір жазылғандығы көрсетілген (3-сурет):

3-сурет. Халыққа үндеу, шағым түсіру түріндегі жазба

Төмендегі жазба қазақша, қатесіз жазылған. Бұл жазбада қайын енесі мен келінінің қарым-қатынасы туралы айтылған. Интонациялық кідіріс бар: яғни «күйеумнің анасына» сөзіне акцент бөлінеді. Тредс тақырыбы бойынша «жеке әңгімелер және өзіндік рефлексия» түріне жатады (4-сурет):



4-сурет. Қазақ тілінде қатесіз жазылған бұтақ

Бұл желіде ауызекі стилі нормаға түскен әдеби стильден жиі қолданылады. Яғни басым көпшілігі оған назар аудармайды. Бастысы – өз ойын білдіру, жариялау. Бұндай қателіктерге себеп екі тілді бірдей қолдану, қазақша қаріп жүктемеу, мектепте қазақ тіліден сауатын дұрыс ашпағандықтан және кейбір сөздердің қазақша баламасын білмеуден болуы мүмкін. Десек те,

қатемен, сауатсыз жазба қалдырса, өрескел қателікті көріп қатесін түзетіп, дұрысын көрсететіндер де бар. Олар жай ескерту түрінде қатесіз жазу туралы пікірін білдіреді немесе нақты қателіктерін түзетіп кетеді. Бұл да бір әлеуметтік желіде қолданылатын қазақ тілінің жағдайын арттыруға үлесін қосады деп есептейміз.



5-сурет. Орысша-қазақша аралас жазылған бұтақ

Бұл жазба бұтағында орфографиялық қателіктермен қатар орысша сөздер де берілген, бірақ тыныс белгілерін қоюда сауаттылық байқалады. Бұл жазба адамның жеке өмірі туралы, яғни өмірінің бірқалыптылығы туралы айтылған. Сызықшалар әр сөйлемді ажырату, интонация мен стилистикалық сипатын танытуда ерекше қызмет атқарады.

Қазақстанда болып жатқан соңғы, қуанышты спорт жаңалығымен бөліскен жазба (6-сурет):

6-сурет. Жағымды эмоция сыйлайтын жазба

Бұл жерде қазақша түсінікті жазылған, орфографиялық қателіктер кездеспейді, тек пунктуациялық бір қате бар: «қазақ елі» қаратпа сөзінің алдына үтір қойылу қажет. Мазмұны жағынан патриоттық сезімді оятатын бұтақа жатады.

Әлеуметтік желідегі жаңа құрылымдар да, яғни тілде жаңадан пайда болған түрлер де ерекшелікке ие. Ғалым Е.Ю. Викторова өз зерттеу мақаласында «лингвокреативтілік» сияқты құбылыс туралы айтады. Бұл пайдаланушылардың талқылау объектілеріне (объектіге, оқиғаларға, тұлғаға, мемлекеттегі өмірге және т.б.) өз көзқарастарын білдіру үшін өздерінің

неологизмдерін құру қабілеті. Тілдегі жаңадан пайда болған құрылымдар сөйлеудегі бағалау, эмоционалдылық немесе экспрессия жүзеге асырылатын компоненттерді қамтиды. Мұндай лексика жиі танымалдыққа ие және желі қолданушылар арасында тез таралады [5, 14].

Тредсте инстаграмда танымал блогердің жазбалары өтімді, қаралымы көп болмауы мүмкін. Себебі мында көп жағдайда қарапайым адамдар отырады. Бірақ арасында осы тредсте жеке жазба қалдырмаса да, тек ұтымды, көпшілікке ұнайтын пікір ғана қалдыратын желі қолданушылары бар. Мәселен:



7-сурет. Тек пікір арқылы қаралым мен лүпін санын көбейткен қолданушы

Берілген суреттен шетелдік жазбасы жоқ, тек пікір мен лүпілі, репост, жолдау батырмалары бар бұтаққа қазақстандық қолданушының пікірін көре аламыз.

Қорытынды. Түйіндей келе, Threads платформасы Қазақстанның цифрлық кеңістігінде пікір алмасу мен қоғамдық ой қалыптастырудың маңызды алаңына айналып отыр. Желіде қарастырылатын тақырыптардың алуан түрлілігі – әлеуметтік, мәдени, экономикалық және жеке мәселелердің кең қамтылуы – оның қоғам өмірімен тығыз байланысын көрсетеді. Әсіресе жеке рефлексия мен қоғамдық оқиғаларды талқылау кең таралғаны қолданушылардың өз ойын ашық білдіруге және қоғамдық пікір қалыптастыруға ұмтылысын аңғартады.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің Threads желісіндегі қолданысы біркелкі емес екенін көрсетті: бір бөлігі сауатты әрі әдеби тіл нормаларын сақтай отырып жазса, енді бір бөлігі қате немесе аралас (қазақша-орысша) тілде жазады. Бұл құбылыс қазіргі қоғамдағы билингвизмнің, цифрлық ортадағы бейресми коммуникацияның және тілдік дағдылардың әркелкілігін айқындайды. Сонымен қатар ауызекі стильдің басымдығы, экспрессивтілік пен эмоцияға негізделген тілдік бірліктердің жиі қолданылуы желі тілінің ерекшелігін көрсетеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Rahmahsya Reshany, & Santi Indra Astuti. (2023). Media Sosial Twitter sebagai Sarana Mendiskusikan Kasus Kekerasan Seksual. Bandung Conference Series: Journalism, 3(1), 34-43. https://doi.org/10.29313/bcsj.v3i1.6224

2. Lestari, D. W., & Ambarwati, R. (2024). Social Network Analysis: Understanding User Behavior in Threads. *Kontigensi: Jurnal Ilmiah Manajemen*, *12*(1), 115-124. https://doi.org/10.56457/jimk.v12i1.505

3. Электрондық ресурс, URL: https://rus.baq.kz/chem-delyatsya-kazahstantsy-v-threads-obzor-ot-neyroseti_300006310/

4. Романова И.В., Коннова О.В., Глазкова А.В. Влияние социальных сетей на язык и коммуникацию. Электронды ресурс, URL: https://cyberpsy.ru/articles/vliyanie-socialnyh-setej-na-yazyk-i-kommunikaciju/

5. Викторова Е. Ю. Лингвокреативный потенциал интернет-коммуникации (на материале жанра социальных сетей) / Е. Ю. Викторова // Жанры речи. – 2018. – № 4(20). – С. 294-303.

ҒТАМА 17.01.45

Т. КӘКІШҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Несипбекова А.С., докторант, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
arai_nesipbekova@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, сыншы-ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми мұрасын оқытуда цифрлық білім берудің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану мәселесі қарастырылады. Зерттеу барысында ғалым еңбектерінің мазмұндық, танымдық және ғылыми әлеуеті талданып, оларды қазіргі білім беру үдерісіне енгізудің заманауи жолдары айқындалды. Цифрлық білім беру ресурстары арқылы Тұрсынбек Кәкішұлы еңбектерін оқыту үдерісіне енгізу білім алушылардың әдеби-теориялық білімін тереңдетуге, ұлттық әдеби мұраға қызығушылығын арттыруға, ғылыми ойлау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні негізделді. Мақалада ғалым еңбектерін электрондық кітапхана, онлайн курс, бейнедәріс, цифрлық архив, виртуалды көрме және интерактивті тапсырмалар түрінде пайдаланудың тиімді бағыттары сараланды. Сонымен қатар әдебиеттану саласындағы ғылыми мұраны цифрландырудың артықшылықтары мен өзекті мәселелері көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде Тұрсынбек Кәкішұлы еңбектерін цифрлық ортада жүйелі қолдану ұлттық рухани құндылықтарды заманауи білім беру талаптарымен сабақтастырудың маңызды тетігі екені анықталды.

Кілт сөздер: Тұрсынбек Кәкішұлы, цифрлық білім беру, әдеби мұра, қазақ әдебиеттануы, әдеби сын, электрондық ресурс, ұлттық құндылық, білім беру.

Кіріспе. Қазіргі қоғамдағы цифрландыру үдерісі барлық салаға, соның ішінде білім беру жүйесіне елеулі өзгерістер енгізуде. Білім беру мазмұнының жаңаруы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, электрондық ресурстардың көбеюі оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа түрлерін қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық ғылыми мұраны цифрлық ортада тиімді пайдалану – заман талабынан туындаған маңызды міндеттердің бірі.

Жоғары оқу орындарының алдында болашақ мұғалімдерді дайындауда оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін меңгерген кәсіпқой маманға айналдыру міндеті тұр отыр. Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясында «Мұғалімдердің жаңа толқынын даярлау – айрықша маңызды жұмыс. ... Білім сапасын жақсарта түсу қажет. Қазір ғылым мен білім, технология өте жылдам өзгеріп жатыр. Кеше алған білімің ертең өзекті болмай қалуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің білікті болуы өте маңызды мәселе. ... Балалардың оқуға

зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал» - деп ұстаздарға үлкен жауапкершілік артқан болатын [1].

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығында студенттердің даярлау деңгейіне қойылатын талаптар ретінде: «ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану; әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру» - деп жазылған [2].

Қазақстандық білім беру кеңістігінде ұлттық әдебиет пен мәдени мұраны жаңа технологиялар арқылы оқыту мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Себебі цифрлық білім беру кеңістігі білім алушыларға тек мәлімет ұсынумен шектелмей, оларды тарихи-мәдени құндылықтарды терең түсінуге, дерекпен жұмыс істеуге, сыни ойлауға және өздігінен ізденуге жетелейді. Осы үдерісте қазақ әдебиеттану ғылымына зор үлес қосқан ғалымдардың мұрасын жүйелі түрде оқу үдерісіне енгізу қажеттілігі артады.

Солардың бірі – әдебиеттанушы, сыншы-ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы. Оның ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихын, әдеби сынның қалыптасуы мен дамуын, XX ғасыр басындағы әдеби үдерісті, Алаш қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеуде маңызды орын алады. Ғалымның зерттеулері әдебиеттану ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздерін кеңейтіп қана қоймай, ұлттық руханияттың тарихи сабақтастығын тануға мүмкіндік береді.

Т. Кәкішұлы еңбектерінің білім беру жүйесіндегі маңыздылығы олардың мазмұн байлығымен, тарихи нақтылығымен және ғылыми дәйектілігімен түсіндіріледі. Алайда бұл еңбектердің оқу үдерісінде қолданылуы көбіне дәстүрлі оқыту шеңберінде қалып келеді. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында аталған мұраны электрондық форматта тарату, интерактивті білім беру платформаларына енгізу, мультимедиалық өнімдерге айналдыру – ғылыми мұраны жаңаша игерудің тиімді жолы.

Цифрлық білім беру кеңістігі – бұл электрондық білім беру ресурстары, онлайн платформалар, виртуалды кітапханалар, қашықтан оқыту жүйелері, мультимедиалық контент пен интерактивті құралдар арқылы ұйымдастырылатын ашық білім беру ортасы. Мұндай ортада ғылыми еңбектерді игеру білім алушыға икемді, қолжетімді және нәтижелі болады. Әсіресе филологиялық бағыттағы пәндерді оқытуда цифрлық ресурстар мәтінді көпқырлы талдауға, авторлық ұстанымды жан-жақты түсінуге, әдеби-тарихи деректерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ғалым еңбектерін цифрлық білім беру кеңістігінде пайдалану мәселесін қарастыру тек әдістемелік емес, ғылыми-танымдық тұрғыдан да өзекті. Бұл мәселе әдебиеттану пәндерін оқыту сапасын арттыруға, ұлттық ғылыми мұраны кеңінен насихаттауға және студенттердің зерттеушілік құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

Мақаланың мақсаты – Тұрсынбек Кәкішұлы еңбектерін цифрлық білім беру кеңістігінде тиімді пайдаланудың мүмкіндіктерін анықтау, оларды оқу үдерісіне енгізудің түрлері мен әдістерін саралау, сондай-ақ осы бағыттың білім сапасын арттырудағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде Т. Кәкішұлының әдебиеттану, әдеби сын, қазақ әдебиетінің тарихы, Алаш әдебиеті және ұлттық руханият мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері алынды. Атап айтқанда, ғалымның «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» [3], «Сын сапары» [4], «Оңаша отау» [5], «Мағжан – Сәкен» [6] сияқты еңбектері мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан талдауға негіз болды. Сонымен қатар цифрлық білім беру технологиялары, электрондық оқыту ресурстары және қазіргі педагогикалық инновациялар жөніндегі ғылыми зерттеулер де қарастырылды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері Т. Кәкішұлы еңбектерін цифрлық білім беру кеңістігінде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тиімді екенін көрсетті. Ғалым мұрасы цифрлық форматқа бейімдеуге қолайлы мазмұндық құрылымымен, тарихи-әдеби деректерінің молдығымен және білім алушының ғылыми ойлауын дамытуға мүмкіндік беретін ерекшелігімен құнды. Төменде ғалым еңбектерін оқытуда тиімді деп саналатын цифрлық білім берудің бірнеше түрін ұсынамыз:

1. Электрондық кітапхана қорында пайдалану тиімділігі

Т. Кәкішұлы еңбектерін цифрлық форматта таратудағы ең қолжетімді әрі тиімді тәсілдердің бірі – электрондық кітапхана қорын қалыптастыру. Электрондық кітаптар мен цифрлық жинақтар студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және оқытушыларға қажетті ақпаратқа жедел қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі кітапхана жағдайында белгілі бір әдебиетті табу, оның нақты бөлімін қарастыру уақыт пен кеңістікке тәуелді болса, электрондық нұсқада мәтінге жылдам қолжеткізу жүзеге асады.

Зерттеуші еңбектерінде қазақ әдеби сынының қалыптасу кезеңдері, әдебиет тарихындағы тұлғалардың орны, саяси-мәдени ахуалдың әдебиетке ықпалы терең талданады. Мұндай мазмұн электрондық ресурстарда кілт сөздер, мазмұндық навигация, сілтемелік жүйе арқылы берілсе, білім алушының мәтінмен жұмыс істеу өнімділігі артады. Бұл әсіресе ғылыми жоба, реферат, курс жұмысы және дипломдық зерттеу орындау барысында аса маңызды.

2. Онлайн курстар мен қашықтан оқыту платформаларында қолдану мүмкіндігі

Қазіргі жоғары оқу орындарында Moodle, Google Classroom, Coursera тәрізді платформалар кеңінен қолданылады. Осындай платформаларда Тұрсынбек Кәкішұлы еңбектеріне негізделген арнайы оқу модульдерін әзірлеу әдебиеттану пәндерінің мазмұнын байытады. Мысалы, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Алаш әдебиеті», «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» пәндерінде ғалым еңбектерін негізгі оқу материалы ретінде енгізуге болады.

Онлайн курстар құрылымында мәтіндік лекциялармен қатар видеосабақтар, тест тапсырмалары, пікірталас форумдары, эссе және шығармашылық жұмыстар қамтылуы мүмкін. Мұндай формат білім алушыға тек ақпарат алумен шектелмей, оны талдауға, пікір қалыптастыруға, салыстыруға, өз тұжырымын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Ғалым еңбектеріндегі ғылыми пайымдауларды цифрлық ортада талқылау білім алушылардың сыни ойлау және коммуникациялық дағдыларын дамытады.

3. Бейнедәріс пен мультимедиалық контент жасау

Зерттеуші еңбектерін пайдаланудың тағы бір тиімді жолы – оларды бейнедәріс, анимациялық түсіндірме, подкаст, инфографика және мультимедиалық презентация түрінде ұсыну. Көптеген студенттер үшін көлемді ғылыми мәтінді толық игеру күрделі болуы мүмкін. Ал егер негізгі ойлар қысқаша бейнедәріс түрінде ұсынылса, ақпаратты қабылдау жеңілдейді.

Мәселен, ғалымның әдеби сын тарихына қатысты көзқарастары бойынша қысқа видеолекция әзірлеуге болады. Онда қазақ әдеби сынының кезеңдері, негізгі өкілдері, әдеби процестегі тарихи жағдайлар көрнекі сызбалар мен кестелер арқылы көрсетіледі. Сол сияқты «Мағжан – Сәкен» еңбегі негізінде әдеби тұлғалардың шығармашылық байланысын түсіндіретін мультимедиалық сабақ құрастыру тиімді. Мұндай контент білім алушылардың назарын шоғырландырып, есте сақтау қабілетін күшейтеді.

4. Цифрлық архив және виртуалды көрме жасау

Ғылыми мұраны заманауи форматта насихаттаудың маңызды бағыттарының бірі – цифрлық архив қалыптастыру. Тұрсынбек Кәкішұлына қатысты архивтік деректер, фотосуреттер, қолжазбалар, ғылыми мақалалар, сұхбаттар мен замандастарының естеліктері бір платформада жинақталса, бұл білім беру мен ғылыми зерттеу үшін құнды ресурсқа айналады.

Виртуалды көрме жасау да тиімді әдіс болып табылады. Мұндай көрмеде ғалымның өмірбаяны, ғылыми мектептегі орны, негізгі зерттеу бағыттары, жарияланған еңбектері және әдебиеттануға қосқан үлесі жүйелі түрде көрсетіледі. Виртуалды көрме білім алушыға ақпаратты көрнекі әрі логикалық құрылымда қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ол әдебиет пен ғылым тарихына қызығушылықты арттыратын мәдени-ағартушылық қызмет атқарады.

5. Интерактивті тапсырмалар арқылы меңгерту

Т. Кәкішұлы еңбектерін цифрлық кеңістікте пайдаланудың нәтижелі формаларының бірі – интерактивті тапсырмалар жүйесін құру. Мысалы:

- хронологиялық кесте жасау;
- әдеби сын тарихына байланысты терминдер картасын құру;
- ғалымның белгілі бір еңбегі бойынша онлайн тест орындау;
- мәтіннің негізгі идеясын анықтайтын тапсырмалар;
- кейіпкер, автор, дәуір ерекшеліктерін салыстыру;
- Padlet, Worldwall, Canva сияқты платформалар арқылы визуалды жоба жасау.

Мұндай тапсырмалар студенттің жай оқырман рөлінен белсенді ізденушіге айналуына жағдай жасайды. Интерактивті жұмыс түрлері ақпаратты жай қабылдаумен шектелмей, оны құрылымдауға, өңдеуге және жеке пікір қалыптастыруға көмектеседі.

Т.Кәкішұлы еңбектерінің цифрлық ортада қолданылуы білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға оң әсер етеді. Себебі ғалым еңбектері нақты дерекке, тарихи құжаттарға, әдеби мәтіндерге сүйене отырып жазылған. Бұл студенттерді дерекпен жұмыс істеуге, әдеби фактілерді салыстыруға, ғылыми тұжырым жасаудың логикасын түсінуге үйретеді. Егер ғалым еңбектері цифрлық база түрінде ұсынылса, онда білім алушылар мәтіндер арасындағы байланыстарды анықтап, тақырыптық іздеу жүргізіп, сілтемелік жүйе арқылы қосымша дереккөздерді қолдана алады. Мұндай тәсіл ғылыми ізденістің әдіснамалық мәдениетін қалыптастырады.

Ғалым еңбектері ұлттық әдебиет тарихын, қазақ руханиятының даму жолын, әдебиет пен қоғам байланысын түсінуде ерекше маңызға ие. Сондықтан оны цифрлық ортада пайдалану тек оқу мақсатына емес, тәрбиелік міндетке де қызмет етеді. Ұлттық ғылыми мұраны заманауи платформада ұсыну жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып, мәдени сабақтастықты нығайтады.

Цифрлық білім беру жағдайында ұлттық мазмұндағы материалдарды заманауи форматта ұсыну жастардың қызығушылығын арттырады. Бұл өз кезегінде әдебиетке, тілге, тарихқа, рухани құндылықтарға деген құрметті тереңдетеді.

Зерттеу барысында бірқатар өзекті мәселелер анықталды. Біріншіден, Тұрсынбек Кәкішұлы еңбектерінің барлығы бірдей сапалы цифрлық форматқа көшірілмеген. Екіншіден, ғылыми мәтіндерді электрондық оқытуға бейімдеу жұмыстары жүйелі жүргізілмейді. Үшіншіден, әдебиеттану пәндерінде цифрлық педагогиканы тиімді қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулықтар жеткіліксіз.

Сондықтан болашақта мынадай бағыттарда жұмыс жүргізу қажет:

- ғалым еңбектерін толық цифрландыру;
- оқу бағдарламаларына арнайы модульдер енгізу;
- электрондық оқулықтар мен мультимедиалық контент әзірлеу;
- ғылыми мұраны мектеп пен ЖОО деңгейінде кіріктіріп оқыту.

Қорытынды. Тұрсынбек Кәкішұлы еңбектерін цифрлық білім беру кеңістігінде тиімді пайдалану – ұлттық әдебиеттану мұрасын жаңаша меңгертудің маңызды бағыты. Ғалымның әдеби сын, қазақ әдебиетінің тарихы, Алаш мұрасы және ұлттық руханият мәселелеріне арналған зерттеулері қазіргі білім беру жүйесінде жоғары ғылыми және тәрбиелік мәнге ие.

Цифрлық технологиялар бұл мұраны тек сақтаудың ғана емес, оны мазмұнды, интерактивті, жүйелі түрде ұсынудың тиімді құралы болып отыр. Электрондық кітапхана, онлайн курс, бейнедәріс, подкаст, цифрлық архив, виртуалды көрме және интерактивті тапсырмалар арқылы ғалым еңбектерін оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып,

әдебиеттанушылық білімін тереңдетеді, зерттеушілік қабілетін дамытады. Сонымен бірге бұл бағыт ұлттық ғылыми мұраны цифрлық қоғам талаптарына сай бейімдеуге, білім беру мазмұнын жаңғыртуға және жас ұрпақтың рухани дүниетанымын қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан Т.Кәкішұлы еңбектерін цифрлық білім беру кеңістігінде жүйелі қолдану – әдебиеттану ғылымы мен заманауи білім беру арасындағы маңызды сабақтастықты қамтамасыз ететін өзекті міндеттердің бірі деп білеміз.

Пайдаланылған дереккөздің тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. – 2025 [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasymzhomart-tokaevtyn-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrybyndagy tamyz konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340 – қолжетімділік күні 01.04.2026

2. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы [Электрондық ресурс]. – қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916 – қолжетімділік күні 01.04.2026

3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана: Фолиант, 2013. – 400б

4. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 176 б.

5. Кәкішев Т. Оңаша отау: қазақ әдебиет сынының жанрлық қалыптасуы хақында – Алматы: Жазушы, 1982. – 223 б.

6. Кәкішұлы Т. Мағжан – Сәкен. – Астана: Фолиант, 2016. – 371 б.

ҒТАМА 16.01.45

ФРАЗЕОЛОГИЗМНІҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІ САҚТАУДАҒЫ ОРНЫ

Нұрлан А. Н., 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті; **Шнайдер В.А.,** ф.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
aruzhannurlan0403@icloud.com

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тіліндегі фразеологизмдердің тәрбиелік мәні мен ұлттық дүниетанымдағы рөлі жан-жақты қарастырылады. Автор фразеологизмдерді тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, тәрбиелік әлеуеті жоғары, ұлттық рухани мұраны сақтаушы мәдени құрал ретінде бағалайды. Зерттеу барысында фразеологизм мәселесіне қатысты қазақ ғалымдары еңбектері сараланып, тың пікірлер басшылыққа алынды. Ұсынылған мысалдар арқылы фразеологизмдердің бала тәрбиесіндегі мәні тереңінен талданды. Сонымен қатар фразеологизмдердің халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі мен халықтың ұлттық дүниетанымына негізделген тақырыптық топтары сараланды, фразеологизмдер тек лингвистикалық категория ғана емес, олар – ұлттық танымның, этностық ерекшеліктің, мәдени мұраның тілдік көрінісі екендігі талданды.

Жас ұрпақты рухани байытуда, ұлттық тәрбие беруде фразеологизмдердің ықпалы терең ашылып, олардың бүгінгі қоғам үшін маңыздылығы дәлелденеді.

Кілт сөздер: фразеологизм, ұлттық болмыс, тәрбие, рухани құндылық, ұлттық дүниетаным, мәдени мұра, ұрпақ сабақтастығы, салт-дәстүр.

Кіріспе. Фразеологизмдер – тілді көркемдік жағынан байытатын, ұлттық таным мен менталитетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін маңызды тілдік бірліктер. Олар халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымын, бастан кешкен тарихын, салт-дәстүрін және рухани құндылықтарын сақтаушы құрал болып табылады. Фразеологизмдердің қазақ тіліндегі орны айрықша. Олар сөйлеу мәдениетін көркемдеп, ойды тереңдетіп жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, қарапайым «қуанды» деген сөздің орнына «екі езуі екі құлағында» немесе «қуанышы қойнына сыймады» деу арқылы сөйлеуші тыңдаушыға ойды әсерлі жеткізумен қатар, тыңдаушының қиялын арттырып, нақты бейне бере алады. Бұл – тілдің көркемдік мүмкіндігін арттырудағы фразеологизмдердің маңызды қызметі. Яғни фразеологизмдер сөйлеу мен жазудағы тілдік мәдениетті арттырып, қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін, бейнелі мазмұнын, көркемдік мүмкіндігін танытады.

Сонымен қатар, олар – ұлттың рухани-мәдени айнасы. Әрбір тұрақты тіркес – ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибенің, әлеуметтік қатынастардың, этикалық ұстанымдардың көрінісі. Сондықтан

фразеологизмдер тек тілдік құрал ғана емес, халықтың дүниетанымы мен болмысын танытатын мәдени мұра, ұлттық код, рухани қазына ретінде бағалануы тиіс.

Материалдар мен әдістер. Фразеологизмдерге қатысты зерттеулерді жүргізген белгілі ғалымдар: Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев, Г. Смағұлова, Кеңесбаев І.К. еңбектеріне сүйенілді. Зерттеу барысында сипаттау, талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Ең алдымен фразеологизмдердің ұлттық дүниетаныммен байланысы мәселесіне тоқтала кетсек. Фразеологизмдер – халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған рухани мәдени болмысының, дүниетанымдық негіздерінің, өмірлік ұстанымдарының бейнелі көрінісі. Олар ұлттың ішкі жан дүниесін, мінезін, салт-санасын, көзқарасын тіл арқылы нақты әрі ықшам түрде жеткізетін бірегей тілдік құрал болып табылады. Яғни фразеологизмдер тек лингвистикалық категория ғана емес, олар – ұлттық танымның, этностық ерекшеліктің, мәдени мұраның тілдік көрінісі. Қазақ халқының болмыс-бітімі, дүниені қабылдау ерекшелігі, салт-дәстүрі мен наным-сенімі осы тұрақты тіркестер арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отыр.

Осы тұрғыда белгілі тілші-ғалымдар Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбектерінде: «Бірқатар фразеологизмнің пайда болуына халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері себеп болған. Мысалы, қазақ салтында жасы үлкенді сыйлауға ерекше мән беріледі. Халық менталитетінің осы ерекшелігі мына сияқты фразеологизмдерден: жасы үлкен, кәрі құлақ, сақалын сыйлау, сақалды басымен т.б. көрінеді»[1,215] – деп анықтама береді.

Аталған фразеологизмдерге талдау жасасақ, олардың мағыналары қазақ халқының салт-санасымен тікелей байланысты екенін байқаймыз. Мысалы, «кәрі құлақ» – ел ішіндегі көне сөзді, тарихи әңгімені көп білетін, өмір көрген дана адамды білдіреді» [2,243]. Ал «сақалын сыйлау» – үлкенге құрмет көрсету, жасы үлкен адамға ізет білдіру мәнінде қолданылады. Сондай-ақ «сақалды басымен» тіркесі үлкен адамның жасына сай емес әрекет жасағанын білдіру үшін айтылады» [2,449].

Мұндай фразеологизмдер – қазақ дәстүріндегі сыйластық, халықтың үлкенге деген құрметі, ұрпақ пен ата-ана арасындағы мәдени қарым-қатынасты көрсететін рухани-мәдени белгілер болып табылады.

Осылайша, фразеологизмдерді ұлттық дүниетаныммен байланыстырып, мынадай негізгі тақырыптық топқа бөлуге болады:

1. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты фразеологизмдер
2. Мал шаруашылығына байланысты фразеологизмдер
3. Табиғат пен кеңістікке байланысты фразеологизмдер
4. Наным-сенімге байланысты фразеологизмдер

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты фразеологизмдер

Халықтың тәрбиесі, салт-дәстүрі, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды моральдық нормалары көрініс табады. Мысалы:

• Ала жіп аттамау – біреудің ақысын жемеу, адал болу

• Жеті атасын білу – тектілікті, ата-тегін тану

•Қол ұшын беру – көмек көрсету, жәрдемдесу

•Табақ тарту – ет асып, қонақжайлық көрсету.

•Жол беру – үлкенге орын беру, жолын кеспеу – қазақы әдептің көрінісі.

Мал шаруашылығына байланысты фразеологизмдер

Қазақ халқының дәстүрлі кәсібі – мал шаруашылығы. Көптеген фразеологизм осы өмір салтпен тікелей байланысты болып келеді. Мысалы:

• Ақ түйенің қарны жарылды – молшылыққа, қуанышқа, жақсылыққа, үлкен тойға кенелу

• Сиыр сипағанды білмейді – шадырмінезді кісілерді айтады.

• Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады- бейбіт заман.

• Қой аузынан шөп алмас – жуас, момын адам.

Табиғат пен кеңістікке байланысты фразеологизмдер

«Ит өлген жер» – тым алыс, қашық жер, ат тұяғы жеткізбес алыс шетістік. Кейде нақты географиялық нүктесі жоқ, адам бара бермейтін немесе аты-жөні белгісіз мекен ретінде қолданылады. Ал «ит жеккен жер» – қиыр, шалғайда орналасқан, белгісіз мекен. Кейде жазаға кесілген адамның айдалып кеткен жерін білдіру үшін де қолданылған.

«Таяқ тастам жер» деген тұрақты тіркес бұл – қазақ халқында белгілі бір жердің алыс-жақындығын білдіретін өлшем. «Таяқ тастам» – өте жақын жер, таяу маң деген мағына береді» [3].

Мұнда халқымыздың табиғатпен етене өмір сүріп, күнделікті тіршілікте қолданған өлшем жүйелері көрінеді. Адам мен табиғат арасындағы үйлесім, далалық өлшем бірлігі де осы тіркесте сақталған.

Наным-сенімге байланысты фразеологизмдер

Қазақ халқының дүниетанымында табиғаттан тыс күштерге сенім, жын-шайтан, көз тию, жақсы мен жамандықтың ара-жігін тану маңызды рөл атқарған. Бұл сенімдер тілде де тұрақты тіркестер арқылы көрініс тапқан:

• Көз сұғу – қызғанышпен қарау, жамандық тілеу

• Көз тимесін – біреудің жақсы қасиетін, жетістігін айтып жатып, жамандықтан сақтану үшін айтылатын сөз

• Тіл-көзден сақтау – адамды немесе нәрсені жамандықтан, сұқ көзден қорғау

• Жын қаққандай – түсініксіз, оғаш, ессіз қылық жасау

• Ібіліс түрткендей – біртүрлі, беймаза қимыл көрсету, шайтан азғырып тұрғандай әрекет ету

Бұл тіркестер қазақ халқының жаратылысқа, тылсым дүниеге, жақсы мен жаман күштерге деген түсінігін бейнелейді.

Г. Смағұлова өзінің «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» атты еңбегінде: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынана баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады» [4,48] – дейді.

Фразеологизмдердің түп негізінде қазақ халқының өмір салты, тұрмыс-тіршілігі, еңбек дағдылары мен әлеуметтік қарым-қатынастары жатыр. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен ұлттық ерекшеліктер осы тілдік бірліктер арқылы сақталып, ұлттың мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Демек, фразеологизмдер – тілді байытушы ғана емес, ұлт мәдениетін келесі ұрпаққа жеткізуші құрал.еңбері, рухани болмысы, қорқыныштары мен үміттері көрініс табады.

Қазақ фразеологизмдері арқылы ұлттық мінез бен болмысты таныту. Фразеологизмдер тек тұрақты тіркес ретінде емес, ұлттың ойлау жүйесі мен рухани құндылықтарының айғағы ретінде қызмет етеді. Қазақ халқының болмысына тән қасиеттер – кеңпейілділік, меймандостық, әділдік, батырлық, үлкенді сыйлау, намысқойлық, ұстамдылық – барлығы да фразеологизмдер арқылы бейнеленіп отырады. Мысалы, «ақ жүрек», «кеудесінде инедей кірбеңі жоқ», «ағынан жарылу», «қолы ашық» сияқты тіркестер адамның адамгершілік қасиетін сипаттайды. Бұл тіркестер арқылы қазақ халқының кең жүректі, адал ниетті, мейірімді, жомарт келбеті танылады.

Смағұлова Г.: «Қазақ тілі ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын бейнелі тіркестерге өте бай. Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн. Халықпен бірге жасап келе жатқан эмоциялық мазмұны жоғары образды тіркестердің өміршеңдігін оның қолданысынан байқауға болады» [5,10] – дейді

Қазақ ұлты үшін ар мен намыс – басты құндылықтардың бірі. «Намыс көрді», «намысқа тиді», «намысын жібермеді», «жүзін жерге қаратпау», «жаны үшін арын сатпау» секілді тіркестер халқымыздың ар-намысқа деген берік көзқарасын танытады. Бұл сөздер ер адамның ел мен жер алдындағы жауапкершілігін, батырлығын, қайсарлығын және ұлтқа деген адалдығын сипаттайды. Халқымыз «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» немесе «Жаным – арымның садақасы» деп, арды бәрінен биік қойған.

Осыған сай, қазақтың батырлық болмысы да фразеологизмдер арқылы жарқын көрініс табады. Мәселен, «Жүрегінің түгі бар» деген тіркес ештеңеден тайсалмайтын ержүрек жанға қатысты айтылады. Ал «Атой салу» – жауға шабуыл жасап, жауынгерлік рух таныту болса, «Қанын қайнату» – намысына тиіп, әрекетке итермелеу дегенді білдіреді. «Кеудесін оққа тосқан» жан – елі үшін жанын пида етуге даяр ер. Мұндай тіркестер қазақтың қаһармандық келбетін даралап, ұлт рухының мықтылығын аңғартады.

Сонымен қатар, сабыр мен төзімділік те – қазаққа тән асыл қасиеттердің бірі. «Ішіне бүгу», «тіс жармау», «іштен тыну», «үстінен түйе өтсе де былқ етпеу» сынды тіркестер адам бойындағы ішкі қуатты, ұстамдылық пен шыдамдылықты бейнелейді. Бұл қасиеттер ұлттың рухани тереңдігін, қиын-қыстау сәттерде де салқынқандылық таныта алатын парасаттылығын көрсетеді.

Қазақ халқы – кеңпейіл, қонақжай, жомарт халық. «Қолы ашық» – жомарт, көмегін аямайтын жан, «Қонағын құдайындай күту» – меймандостықты

дәріптейтін биік мораль. «Жар жомарт» тіркесі – өзгеге шын жанашыр, қайырымды адамды сипаттайды. Бұл фразеологизмдер қазақы менталитеттің кеңдігін, басқаны өзінен бұрын ойлайтын бауырмал болмысын паш етеді.

Фразеологизмдер арқылы қазақтың тектілік пен тәрбиені биік бағалағаны да айқын аңғарылады. «Тегі мықты», «Асылдың сынығы», «Көргенді жердің баласы», «Қаны таза» деген тұрақты тіркестер – адам бойындағы парасаттылық, тәрбиелілік, зиялылық сияқты қасиеттерді білдіреді. Халық осы тұрақты тексіздіктен сақтандырып, ұрпаққа тектілікті ұлықтауды аманат еткен.

«Еңбегі жану», «Маңдай терін төгу», «Таң сәріден тұру» сынды тіркестер – қазақ халқының адал еңбекке, маңдай терге деген құрметінің көрінісі. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» немесе «Жер жыртқанның табанына тас тиеді» сияқты тіркестер арқылы қазақ елі еңбек етудің қадірін ұрпағына ұқтырып отырған.

Фразеологизмдер – тек тіркес қана емес, халық даналығының көркем көрінісі. «Аузы дуалы», «Сөзіне тоқтау», «Жеті өлшеп, бір кесу» секілді тіркестер – шешендік пен парасаттылықтың, даналық пен байыптылықтың белгісі. Қазақ ешқашан үлкеннің сөзіне қарсы келмеген, дананың ақылын тыңдап, соған тоқтаған. Бұл – ұлттың сөзге деген сый-құрметінің дәлелі.

Фразеологизмдердің тәрбиелік мәні. Қазақ халқы тәрбие беруде «тіл – тәрбиенің құралы» деген қағиданы ұстанған. Өйткені сөз – ойдың көрінісі ғана емес, рухтың да, ниеттің де айнасы. Адамның ішкі жан-дүниесі, тәрбиесі мен тектілігі оның тілінен, сөз саптауынан, сөз қолдануынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, фразеологизмдер – ұлттың рухани болмысын, өмірлік ұстанымын, тәрбие мен тағылымды көркем тілмен өрнектейтін асыл қазына. Олар тек баланың ойлау жүйесі мен сөз байлығын дамытып қана қоймай, рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыратын тәрбие құралы болып табылады.

Фразеологизмдердің тәрбиелік қызметі:

- Ұлттық құндылықтарды сіңіреді.
- Адалдық пен намысқа баулиды.
- Еңбекқорлыққа баулиды.
- Даналық пен сабырлылыққа үйретеді.
- Қазақы мінезді тәрбиелейді.

Фразеологизмдер – адам бойындағы ең асыл қасиеттерді – адалдықты, әділдікті, кішіпейілділікті, еңбекқорлықты, намысты, батырлықты, тектілікті, қонақжайлықты және тағы да басқа ұлттық сипаттарды көркем тілмен бейнелеп жеткізеді. Бұл ұғымдар қазақ өмірінде тек теориялық ұстаным болып қалмаған, олар күнделікті тұрмыс-тіршілікпен, салт-дәстүрмен, ұлттық болмыспен тығыз байланысып, өмір сүру салтына айналған.

Осындай тұрақты тіркестерді бала жастан меңгеру – тек тіл үйрену емес, ұлттың рухани әлеміне терең бойлау, қазақы дүниетаным мен өмір салтын тану. Тілдік бейнелеу арқылы бала жақсылық пен жамандықтың, дұрыс пен бұрыстың, әділет пен озбырлықтың ара-жігін ажыратуды үйренеді.

Фразеологизмдер ұлттық сана мен рухты нығайтып, оқушының танымын дамытып, мінез-құлқын қалыптастырады.

Қорытынды. Фразеологизмдер – ұлт тілі мен мәдениетінің тұнық қайнар көзі. Фразеологизмдерді сақтау мен дәріптеу өте маңызды. Олар ғасырлар бойы халықтың ой елегінен өтіп, тілдік санасында қордаланған бейнелі тіркестер болғандықтан, халықтың рухани, тарихи, ұлттық кодын сақтайды. Бүгінгі жаһандану заманында көптеген тілдер мен мәдениеттер ақпараттық ағымға жұтылып кету қаупінде тұр. Сол себепті фразеологизмдерді сақтау – тек тілді сақтау ғана емес, ұлттың болмысын, дүниетанымын, рухани өзіндік болмысын сақтау деген сөз.

Фразеологизмдердің жоғалып кетпеуі үшін:

• оларды оқу бағдарламаларына жүйелі түрде енгізу;

• көркем әдебиетте, баспасөзде, теледидар мен әлеуметтік желіде жиі қолдану;

• балалар әдебиетінде бейімдеп пайдалану;

• ауызекі сөйлеуде белсенді қолдану қажет.

Бұл – тек сөзді ғана емес, халықтың тарихын, даналығын, мінез-құлқын, өмірлік ұстанымын тірі қалдырудың жолы. Себебі фразеологизмдер – ұлттық тілдің тек бейнелі құралы ғана емес, ұлттық тәрбиенің, рухани сабақтастықтың алтын арқауы. Әрбір тұрақты тіркес – халықтың табиғатпен байланысын, әлеуметтік қатынасын, дүниеге көзқарасын көрсететін мәдени код. Оларды сақтау – ұлттың жан-дүниесін, рухани биігін, мәдени мұрасын сақтау болып табылады.

Фразеологизмді ұмыт қалдырмай, кейінгі ұрпаққа жеткізу – әрбір саналы адамның, әсіресе білім мен тәрбие саласында жүрген азаматтардың қасиетті міндеті. Егер жас ұрпақ ана тіліне терең бойлап, фразеологиясын бойына сіңірсе, ол тек тілге бай азамат қана емес, өз ұлтының болмысын терең түсінетін, рухани кемел, мәдениеті жоғары тұлға болып қалыптасады. Сондықтан фразеологизмдер – өшпеуі тиіс рухани мұра, ұрпақ санасына сіңірілуі тиіс ұлттық аманат.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Үшінші басылым. – Алматы: Ғылым, 2006. – 263 Б.

2. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2007. – 712 Б.

3. Дереккөз: SOZDIKQOR.KZ [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://sozdikqor.kz/ - қолжетімділік күні 02.01.2026.

4. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 244 Б.

5. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы, Арыс, 2001. –125 Б.

ҒТАМА 17.07.41

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТАРИХИ-ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Оразбаева А.С., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессордың м.а.,
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aitbibi1970@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» еңбегіндегі тарихи-генеалогиялық жүйе мен рухани таным мәселелері ғылыми тұрғыда қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – шежірелік мәтіннің құрылымын, мазмұндық ерекшеліктерін және ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы рөлін анықтау. Мақалада қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық құрылымы, үш жүздің қалыптасу тарихы шежірелік деректер негізінде талданады. Сонымен қатар еңбектегі аңыз-әңгімелер мен тарихи тұлғалар бейнесі арқылы халықтың дүниетанымы, мәдени коды және рухани құндылықтары айқындалады. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде «Қазақ шежіресі» тек генеалогиялық деректер жиынтығы емес, қазақ қоғамының тарихи жады мен рухани әлемін бейнелейтін кешенді туынды екендігі дәлелденді. Мақала арқылы ұлттың бірегейлігін, сабақтастық принципін және тарихи танымның маңызын көрсетеді. Мақалада қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше орны бар шежірелік мұраның қазіргі әдебиеттану мен тарих ғылымдарындағы орны айқындалып, оның ғылыми-танымдық әлеуеті бағаланды.

Кілт сөздер: шежіре, этногенез, әдеби-тарихи, тарихи сана, тарихи-генеалогиялық, этникалық, әулеттік жүйе.

Кіріспе. Қазақ әдебиеттану ғылымында шежірелік мұралар ұлттың тарихи жадын, рухани болмысын және этникалық бірегейлігін айқындайтын маңызды дереккөздердің бірі болып саналады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» еңбегі – қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық құрылымы, тарихи тұлғалары мен дүниетанымдық жүйесін кешенді түрде қамтитын бірегей туынды. Бұл шығарма тек генеалогиялық мәліметтер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани мәдениетін, тарихи санасын және әлеуметтік-философиялық көзқарастарын бейнелейтін күрделі мәтін ретінде бағаланады.

Қазіргі әдебиеттану мен тарих ғылымдарында шежірелік мәтіндерді жаңа методологиялық бағыттар аясында қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Атап айтқанда, тарихи-генеалогиялық деректерді ұлттық дүниетанымммен, мәдени кодпен және рухани құндылықтар жүйесімен сабақтастыра зерттеу қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты «Қазақ

шежіресі» еңбегін тек тарихи дерек көзі ретінде емес, көпқабатты семиотикалық және мәдени мәтін ретінде талдау ғылыми маңызға ие.

Мақаланың мақсаты – «Қазақ шежіресі» еңбегіндегі тарихи-генеалогиялық жүйе мен рухани таным мәселелерін кешенді түрде талдап, оның қазақ халқының тарихи жады мен ұлттық дүниетанымын қалыптастырудағы орнын анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар шежірелік деректердің құрылымдық ерекшеліктері, мазмұндық сипаты және көркемдік элементтері сарапталады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – «Қазақ шежіресі» мәтінін тарихи-генеалогиялық дерек ретінде ғана емес, ұлттық рухани кеңістікті айқындайтын мәдени-философиялық феномен ретінде қарастыруында. Бұл еңбек арқылы қазақ қоғамының дүниетанымы, тарихи сабақтастық ұстанымы және ұлттың өзін-өзі тану үдерісі тереңірек ашылады. Аталған зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымындағы шежіретану бағытын дамытуға, сондай-ақ ұлттық тарихи сананы жаңғырту мәселелерін ғылыми негізде зерделеуге үлес қосады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» еңбегі алынды. Аталған шығарма қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық құрылымы, тарихи тұлғалар туралы мәліметтер мен халықтың дүниетанымдық ұстанымдарын қамтитын шежірелік мәтін ретінде қарастырылды. Сонымен қатар зерттеу барысында шежірелік дәстүрге қатысты ғылыми еңбектер, қазақ әдебиеттануындағы тарихи-генеалогиялық бағыттағы зерттеулер және фольклортану саласындағы теориялық тұжырымдар пайдаланылды.

Мақаланы жазу барысында кешенді зерттеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс – қазақ халқының шығу тегі мен ру-тайпалық құрылымын басқа шежірелік деректермен салыстыра отырып талдау үшін пайдаланылды. Бұл әдіс тарихи сабақтастық пен генеалогиялық жүйенің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге герменевтикалық әдіс шежірелік мәтіндегі аңыздар мен тарихи деректердің мағыналық астарын, авторлық ұстанымды және дүниетанымдық мазмұнды түсіндіру мақсатында қолданылды. Мәтіндік (текстологиялық) талдау әдісі арқылы шежірелік мәтіндегі деректер пен көркемдік элементтердің арақатынасы сараланды.

Нәтижелер. Қазақ халқының ауызша әдебиеті мен тарихи санасының ең көрнекті үлгілерінің бірі – шежіре. Шежіре – бұл тек бір ру-тайпаның тізбегі ғана емес, сонымен бірге қоғамның этногенезі, тарихи сана мен мәдени ертегіге негізделген тарихи-әлеметтік құбылыс. Қазақ халқы өзінің шығу тегін, ру-тайпа жүйесін, тарихи оқиғалар мен аңыз-әңгімелерді ғасырлар бойы шежіре арқылы жеткізген. Бұл дәстүрлі тарихи есте сақтау формасы ауызша әдебиеттің бір тармағы ретінде қазақ мәдениетіндегі орнын сақтап келеді.

Шежіре қазақ қоғамында тек генеалогиялық тізбек қана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе, рулық қатынас, тарихи оқиғаларды мәнерлеп баяндаудың дәстүрлі тәсілі ретінде қызмет еткен. Бұл тұрғыдан алғанда шежіре – халықтың тарихи жадын сақтайтын және ұрпақтан-ұрпаққа

жеткізетін ауызша мұра. Қазақ шежіресінің бастауы түркі тарихи-генеалогиялық дәстүрімен байланысты. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінде, шежірелерде ата-бабалардың таралуы, әулеттік жүйе туралы әңгіме кең орын алды. Содан кейін бұл процесс қазақ даласындағы ауызша шежіре дәстүріне таралды. «...кейбір ғалымдарымыз әдебиеттің басы таза қолтума оригиналдық әдебиеттен, қандай да бір үлкен белгілі ақын-жазушыдан басталады деген пікір айтты. Біздіңше, мұны соншалық дәл ғылыми пікір деуге болмайды. Қай халықтың болсын әдебиетінің, жазба әдебиетінің басы бір адам, жеке бір ақын, жазушы яки соның шығармасы болуы заң емес. Жазба әдебиеттің басы, алғашқы нұсқалары түрлі дін, заң кітаптарының, ресми жазу-сызулар мен бұйрық-жарлықтардың, жеке кісі хаттары мен өмірбаяндарының шешен, өткір, көрікті, шебер жазылған жерлерінен іріктеліп алынуы, солардың жиыны болып келуі де мүмкін» [1, 154].

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, шежірелік мәтіндер қазақ халқының этногенезін, әлеуметтік құрылымын, тарихи байланыстарды, сондай-ақ ру-тайпалардың өзара қатынастарын ашып көрсетеді. Олар тарихи дерек ретінде ғана емес, мәдени және әлеуметтік код ретінде де маңызды.

Қазақ әдебиетінің тарихилығы сөз өнері мұраларының мазмұны мен пішінінен айқын байқалады. Тақырып нысанындағы жеке тұлғалардың, оқиғалардың өзара сабақтасқан жүйесі арқылы халықтық дүниетаным психологиясы айқындалады. Қазақ сөз өнері тарихындағы көрнекті шығармашылық тұлғалардың мұралары арқылы рухани мәдениеттің ұлттық сипатын тереңірек тани түсеміз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шежірені жазбаша түрде жүйелеуге тырысқан алғашқы авторлардың бірі. Оның еңбегі қазақ хандарының, батырларының, билері мен ру-тайпа жүйесінің шежірелік тізбегін бір құрылымға келтіруге бағытталған [2].

Шежіре үлгісіндегі тарихи мәтіндердің жазбаша нұсқалары тек өткен заман оқиғаларын ғана тіркеп қоймайды, сонымен бірге халықтың тілдік болмысын, дүниетанымдық ұғымдарын және дәстүрлі атаулар жүйесін де өз бойында сақтап қалады. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай деректер қазақ филологиясы мен тарихи лингвистика үшін аса құнды материал болып саналады. Сонымен бірге, ұлттық тарихи сананың қалыптасуына қатысты шежірелік мәліметтер тарихшылар мен этнографтарға, сондай-ақ тіл зерттеушілеріне бай дерек көзі қызметін атқарады. Әсіресе шежіреге тән атаулар қоры, ұғымдық-терминологиялық жүйе, ру-тайпа аттарының таралуы мен өзара сабақтастығы сияқты мәселелерді талдауға мүмкіндік береді. Осындай зерттеулер нәтижесінде қазақтың дәстүрлі тарихи танымы мен тіл эволюциясының заңдылықтарын тереңірек әрі жаңа қырынан пайымдауға жол ашылады.

Зерттеулер көрсеткендей, Мәшһүр Жүсіптің жазып қалдырған шежірелерінде ру-тайпалар мен хандық билеушілер туралы аңыз-әңгімелер, тарихи фактілер мен ауызша мәліметтер қатар беріледі. Осы тұрғыдан бұл

материалдар қазақ халқының этногенезі мен тарихи санасының қалыптасуын көрсету үшін маңызды дерек болып табылады [3]. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы – XIX ғ. екінші жартысы мен XXғ. алғашқы отыз жылы кезеңіндегі (1858-1931) әдебиетіміздің дамуына мол үлес қосқан рухани қазына. Оның дидактикалық-философиялық, лирикалық өлеңдері, қисса-дастандары әдеби шығармашылықтың мол бітімді болмысын танытады. Ақын халқымыздың арғы-бергі тарихын жырларына негіз етіп ала отырып, арнайы шежірелік шығарма да жазады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» деген атаумен ұлттық рухани мәдениетіміздің тарихына енген бұл еңбекті жарыққа шығаруға еңбек еткен зерттеуші С. Дәуітов осы кітаптың «Алғы сөзінде» былай дейді: «...Бұл шежіренің бастап жазылғанына жүз жиырма жылдай болған, бұрын еш жерде баспа бетін көрмеген, қолжазбаның кей сөздері өшкен, кей тұстарының оқылуы қиын... Бір қызығы, Мәшһүр Жүсіп шежірені жадағай... Атаны тарату деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырға байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әңгіме, жыр, күй, тақпақ болса, соны қалдырмай жазған. Әсіресе, жастарға үлгі-өнеге боларлық-ау деген дүниені тұтас қамтып, өзінше сипаттама беріп, дәлелді ойымен түйіндеп таратып айтып отырыпты» [4, 3]. Демек, Мәшһүр Жүсіптің шежіресі тарихи дерек тілімен баяндаған жай жазба жұмыс емес, дидактикалық-гуманистік, эстетикалық дүниетанымын тереңдіктерін ұрпақтар санасына сіңіруді көздеген әдебитанымдық шығарма.

Мәшһүр Жүсіптің бұл еңбегінде қазақ тарихын тарихи деректермен мазмұндаған мынадай тарихи-баян-әңгімелері бар: «Қазақ шежіресі», «Орта жүз тарихы», «Мейрам тарауы», «Бошан», «Сүйіндік», «Күлік, Күлік, жүрген жерің бүлік атанған Күлдікке келейік», «Тілеуімбет, Наурыз», «Наурыздан алтау», «Қуандықтан алтау туады», «Қуандықтың бір баласы – Алтай», «Мойынды таратайық», «Сармантайдан», «Қаракесек», «Нұрбибі», «Қарсұн», «Бұл Мәшһүр шежіресі қазақ ертегісінен алынып сөйлеген», «Қаракерейді сөйлейік», «Ақбура», «Шәуке тараулары», «Бәсентейін, Сырым», «Бәсентиін», «Мола Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласының жинаған сөздері», «Орманшы тарихы», «Керей тарихы», «Бұрынғы заманның адамдарының қандай екенін танытуға сөйлеген сөз», «Ұлбике», «Бөлтірік шешен», «Шанышқылы Бердіқожа».

Шежіредегі әңгімелерді мазмұны мен пішін заңдылықтары тұрғысынан былайша саралауға болады: біріншісі-тарихи деректерді жүйелеу мен авторлық баяндау стилі аралас қолданылған тарихи әңгімелер; екіншісі-тарихи тұлғалар мен елеулі оқиғалар дараланатын әдеби-тарихи әңгімелер.

Осылайша саралана танылатын Мәшһүр Жүсіп шежіресіндегі тарихи және әдеби-тарихи әңгімелердің барлығында да автордың өзіндік тұлғасы жеке адамдарға және тарихи оқиғаларға арналған бағалаулары үнемі айтылады. Мысалы, «Қазақ шежіресі» атты алғашқы тарихи баянын мынадай авторлық толғаныспен бастайды:

«Біздің қазақта тасқа басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуыменен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған» [4, 9]. Осы үзіндідегі бейнелі тіркестер еңбектің әдеби шығармаға тән көркем стилін аңдатады. Мысалы: «Жазуға сенген жаңылшақ», «Оқуға сенген ұмытшақ», «Құлағының тесігі бар», «Кеудесінің есігі бар», «ұқпа құлақ жандар», «кеудесіхат», «естігені, көргені жад болған қариялар». Мұндай көркем бейнелі тіркестер шежіре құрылысындағы жоғарыда аталған әңгімелердің негізгі стилін құрайды. Тарихи баян сипатындағы шығармаларды көркем бейнелі тіл өрнектерімен жазу стилі шежірелердің әдеби шығармаға тән болмысын айқындай түседі.

Мәшһүр Жүсіп шежіресіндегі кейбір тарихи әңгімелерде шағын сюжеттік құрылымдар бар. Бір әулеттің пайда болуына, қалыптасуына, өсіп-өркендеуіне байланысты белгілі тақырыптың аясында бірнеше сюжеттер біртұтас композицияны құрайды. Автор сол шағын сюжеттерде де тарихи тұлғаларды әдеби шығармалардағы кейіпкерлер секілді сөйлетеді, өзіндік мінездемелер де жасайды. Шежіре бөлімдердегі тарихи деректерді баяндау барысында жекелеген тарихи тұлғаларды даралайды. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің осы шежіресінің алғашқы бөлімінде Құнанбайдың Меккеге жүз жиырма кісілерден құралатын қажыларды бастаған көсемдік тұлғасына, шешендік өнеріне байланысты шағын оқиға айтылады. Ал, «Мейрам тарауы» атты бөліктегі Мейрам баба, Қуандық, Сүйіндік туралы әңгімелер де әсерлі баяндалады. Автор тарихи тұлғаларды өзара диалогтық құрылымдар арқылы пікірлеседі. Осындай қысқа да болса нұсқалы эстетикалық мәнді оқиғалы баяндаулар жиі қолданылады. Мысалы, Канты баласы Әлі, Саржан баласы Жаманкөл, Дос батыр мен баласы Қожаназар, Өкірек, Найман, Төлек атайдың Қылышқожаның қызын алғаны, балта ақын мен Құнанбай қағысуы, Әлібек пен Ақша, Саққұлақ шешен, Төлеген байдың мінез-құлқы, Үкібай, Шоң би қылықтары, Өмірбидің ұлағаты, Құрман Қыпшақтың батасы, бәсентиін балалары Күшік пен Сырым, Бұқа, Көбір және олардың ұрпақтары, Жақай ахун, Баян баласы Асан туралы тарихи оқиғалы шағын әңгімелер - Мәшһүр Жүсіп шежіресіндегі көркемдік-эстетикалық ықпалдылықты айрықша сездіреді. Жалаң тарихи деректерді тізбектей бермей, автор халық арасына кеңінен таралып келген оқиғаларды баяндау жүйесінің құрылымына үйлесімді түрде енгізген, Авторлық баяндаулардың арасында жеке тұлғаларды сөз нысанындағы белгілі адамдардың айтуымен бағалайтын афоризмдер де ұшырасады. Мысалы, Жанқұтты қажы Ботантайұлы туралы Қазақ жақсыларының қысқа маңдайы болған» [4, 38] деп бағалап, сол кісі айтқан мынадай қанатты сөздерді көркем бейнелі нұсқасымен береді: «Тобықты Құнанбай- шыңның басына шыққан қайнар бұлақ, Қыпшақ Ыбырай – қажымас қара болат, Мұса – қабыршағы жоқ қолға тұрмас жылмағай қара балық.

Шыңғыс төре – мұсылманға суық, орысқа жуық», [4, 39]. Шежірелердің поэтикалық белгілері олардың эстетикалық құндылығын арттырды. «...қара сөзбен тарихи және өзге де шығармалар жызылып, сол кезде олар тарихи еңбектер ретінде де қарастырылды. Соңдықтан мұндай туындыларда әртүрлі әдеби тәсілдер, адам айтқысыз әсірелеулер, оқиғалардың айқын суреттемелері, поэтикалық жолдар мол кездеседі, ал поэтикалық жолдарда бейнелі теңеулер, ойға орала бермейтін эпитеттер мен көркем әдебиеттің басқа да белгілері болады» [5, 573].

Мәшһүр Жүсіп шежіресінің әдеби сипатын айқындайтын негізгі ерекшелік – аталған тақырыптар мазмұнының басым бөлігін шағын әңгімелер түрінде жазғандығы. Шежіредегі шағын әңгімелердің тартымды оқылуы және тарихи тұлғаларды кейіпкер тұлғасында таныту үшін диалог, монолог түрлеріндегі сөйлеу үлгілері қолданылады. Бұл жағынан алғанда шежіредегі кейбір тарихи әңгімелер авторлық баяндаумен жазылса да диологтар, монологтар арқылы қазақ мәдениетінің этнографиялық болмысын, тарихи тұлғалардың психологиялық жандүниесін аңғартады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» атты шығармасы – қазақ әдебиетіндегі шежіре жанрындағы шығармалар қатарындағы елеулі туынды. Әдебиеттану қисыны бойынша «Шежіре негізінен қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылады, көлемі әрқалай болып келеді. Арғы ата-бабалардың тайпа, рулардың басталуы, таралуын көрсететін тізбе шежіренің және бір мағынасы, ол – тарихи жазба ескерткіш» [6, 224]. Сондықтан, Мәшһүр Жүсіптің аталған туындысын ұлттық әдеби мұраларымыздың бірі ретінде бағалаймыз.

Қазақтың шежірелік мұраларын ғылыми тұрғыдан қарастыру ұлттық тарихты, мәдениетті және тілдік дәстүрді түсінудің маңызды бағыттарының бірі екені анық байқалады. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазып қалдырған «Қазақ шежіресі» еңбегі қазақ халқының тарихи жадын сақтаған ерекше дереккөз ретінде бағаланады. Зерттеушілердің еңбектерінде бұл шығарма тек рулық таралымды сипаттайтын мәтін ғана емес, халықтың дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын, тарихи оқиғаларға деген көзқарасын қамтитын күрделі тарихи-мәдени құбылыс екендігі атап көрсетіледі.

Зерттеулер бойынша ғалымдардың пікірлері мен талдаулары көрсеткендей, аталған еңбек қазақ қоғамының ішкі құрылымын, ру-тайпалар арасындағы байланыстарды, тарихи тұлғалардың орнын және халықтың өткен кезеңдер туралы танымын жүйелі түрде жеткізетін маңызды жазба мұра болып саналады. Шежірелік деректер арқылы қазақ халқының этникалық қалыптасу кезеңдері, тарихи қозғалыстары, көшіп-қону бағыттары және әлеуметтік қатынастары туралы көптеген мәліметтерді байқауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіп жинақтаған материалдар тек ауызша дәстүрдің хатқа түскен нұсқасы ғана емес, тарихи деректанудың да маңызды бөлігіне айналған.

Сонымен бірге зерттеушілер шежіре мәтіндерінің тағы бір маңызды қырына назар аударады. Ол – халықтық тарихи танымның табиғи түрде көрінуі. Шежірелерде нақты тарихи деректер мен аңыздық элементтер қатар

жүреді. Мұндай ерекшелік қазақ қоғамындағы тарихи білімнің қалыптасу жолын түсіндіруге мүмкіндік береді. Яғни шежіре мәтіндерінде оқиғалар тек құрғақ дерек ретінде берілмейді, олар халықтың қабылдауымен, дүниетанымымен, моральдық құндылықтарымен сабақтас түрде баяндалады. Бұл жағдай шежірені әдеби-тарихи мәтін ретінде қарастыруға негіз береді.

Ғалымдардың зерттеулерінде ерекше атап көрсетілетін тағы бір мәселе – Мәшһүр Жүсіптің дерек жинаудағы әдісі. Ол халық арасынан естіген мәліметтерді, аңыздарды, тарихи әңгімелерді жинақтап, оларды белгілі бір жүйеге түсірген. Осы арқылы қазақтың ауызша тарихи дәстүрі жазба сипатқа ие болды. Тарихшы-ғалым М.Қозыбаев ұлттық бірегейлікті сақтаудағы шежірелік деректердің маңыздылығын атап көрсетеді. Оның еңбектерінде шежіре халықтың тарихи интеллектінің дәлелі ретінде бағаланады [7, 210].

Қорытынды. Зерттеушілердің пікірлері мен ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, «Қазақ шежіресі» қазақ халқының тарихи санасын, этникалық құрылымын және мәдени дәстүрін танытатын маңызды жазба мұра екені анықталды. Оның ғылыми құндылығы – тарихи дерек, әдеби мәтін және мәдени естелік ретінде бірнеше саланың тоғысында қарастырылуында. Сондықтан бұл еңбекті жан-жақты зерттеу қазақ тарихын, әдебиетін және ұлттық дүниетанымды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» еңбегі қазақ халқының тарихи-генеалогиялық құрылымын ғана емес, оның рухани дүниетанымын, мәдени кодын және ұлттық санасының қалыптасу ерекшеліктерін терең бейнелейтін кешенді туынды екені анықталды. Шежірелік мәтінде берілген ру-тайпалық жүйе, шығу тегі туралы деректер халықтың тарихи жадын сақтаудың маңызды тетігі ретінде көрініс табады. Сонымен қатар шығармадағы аңыз-әңгімелер мен тарихи тұлғалар бейнесі арқылы ұлттық дүниетанымның көркемдік және философиялық қырлары айқындалды. «Қазақ шежіресі» еңбегі ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда ерекше орын алатын мәдени-философиялық мұра ретінде бағаланады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 170 б.

2. Yandex Books электронды кітаптар қоры. – Қолжетімді: https://books.yandex.kz/books/

3. E-history.kz Қазақстан тарихы порталы. – Қолжетімді: https://e-history.kz/en/news/

4. Көпейұлы М. Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.

5. Қасқабасов С. Қазақ халқының рухани мәдениеті // Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Алматы: Атамұра, 1998. – 579 б.

6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы, 1996. – 240 бет.

7. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 256 б.

ҒТАМА: 17.09.91

АБАЙДЫҢ «ЖАЗҒЫТҰРЫМ» ӨЛЕҢІНІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАУСЫМДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ТОЙЛАРЫНА ҚАТЫСЫ

Орал М.С., 6В01709 «Ағылшын тілі және бастауыш сынып» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан; **Үсенбаева С.С.,** ф.ғ.к., аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ. Қазақстан
saltanatussenbayeva@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының «Жазғытұрым» өлеңінің қазақ халқының маусымдық және дәстүрлі Наурыз тойына қатысы өлеңнің негізгі мазмұнымен қатар келуі өлеңнің жолдары арқылы беріліп отырды. Мәтінде кездескен сирек қолданылатын сөздер мен көнерген, кәсіби сөздерге де түсініктеме берілді.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуда жыл мезгілдеріне қатысты ұғымдарды меңгертуде айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолданған тиімді. Өлең сөздерін меңгертуде қазақ халқының ата кәсібіне деген көзқарастарын тереңдету мақсатында қолдануға болады.

Кілт сөздер: Наурыз тойы, көнерген сөз, кәсіби сөздер, айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдылары.

Кіріспе. Абайдың да айрықша жырлағанының бірі табиғат болды. Абай жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді.

Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетті. Жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін ақын қалай жеткізсе, маусымдық және дәстүрлі Наурыз тойы да барынша нақты көрініс тапқан.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде Абайдың шығармалар жинағы, сөздіктер мен [электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақтың_төрт_тойы. (қол жеткізілген күні 20.02.2026). Мерсейтова (және т.б. әзірлеушілер) ұсынған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (RWCT) бағдарламасындағы әдістер қолданылды.

Нәтижелер. Қазақтың төрт тойы – наурыз мейрамы, қымызмұрындық, сабантой, соғым басы. Бұл тойлар жылдың төрт маусымының ауыспалы кезеңдеріне және халықтың сол кезеңде көшіп-қонуларына байланысты тойланған. Жайлаудан қыстауға, қыстаудан төменге түсіп көшіп жүрген шаруа адамдары бой жазып, көңіл көтеріп, бір-бірлеріне ақ тілектерін айтып, әр маусымға жақсылық тілеп, келесі тойды амандықта, қуанышта қауышқанша асыға күткен[1].

Наруыз мейрамы «Тепе-теңдік», «Игілік», «Жаңару» - үшеуі қоғамда орын тапқан сәтте халқымызға құт қонып, ұлтымызға рух ұялап, ел басына бақ қонып, ел ішінде береке орнайды деген[1].

Абайдың асқан ақындық қуатын, теңдесі жоқ суретшілік өнерін айқын көрсететін ерекше көркем өлеңдерінің бірі – осы «Жазғытұры».

Табиғат тақырыбына арналған туындыда жылдың төрт маусымының бірі – көктем көркі суреттеледі. Жазғытұрыммен бірге келетін ұлыстың ұлы күнінің сипаттарын дәл көрсетеді.

Қырдағы ел, ойдағы елмен араласып,

Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.

Шаруа қуған жастардың мойыны босап,

Сыбырласып, сырласып, мауқын басып, - деп құшақтасу, көрісу, амал күндерін бейнелейді.

Мал баққан қазақ халқы үшін табиғаттың жадыраған, қуанышты бір мерзімі көктем көркін қуанышты бір көңіл-күймен табиғаттың жазғытұрым көрікті көрінісін: «жер жүзін безендірген шебер тәңірінің» дүниеге төгілген «мейірбандық нұры» бейнесінде суреттейді. Жазғытұрым жадырап, жайнаған табиғат аясындағы қазақ даласының тіршілігі, ауыл-аймағы, мал-жаны, кәрі-жасының көңіл-күйі, дәулеті өнген шаруа, егін еккен диханшы – еңбек елінің бейнесі, бәрі-бәрі көз алдыңа келеді.

Жаздың көркі енеді **жыл құсымен**,

Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.

Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,

Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Ақбота Мұсабекқызының**, «**Наурыз айы, келдің бе, Нәурізекті көрдің бе?» атты Ана тілі газетінде берген мақаласында Нәурізек – жыл құсы. Бұл туралы Хакім Абай «Жаздың көркі енеді жыл құсымен, Жайраңдасып жас күлер құрбысымен» дейді. Жыл құсын жырға қосқан ақын Мұқағали да нәурізекті ерекше атайды. Ол бұл құсты «Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысың, Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау құсым?» деп жырлайды.

Ел ішінде нәурізек, нәурізкөк немесе көккұс аталатын жұдырықтай ғана жыл құсы өкпек есіп, қар ери бастағанда өзгелердің алды болып ұшып келеді.

Нәурізекті кей жерлерде «жылқышы құс» деп те атайды. Құсты бірінші көрген жан жақсылыққа балап, оған жем шашады. Бұл құсты көргендер «Нәурізкөгім келдің бе?» немесе «Нәурізек, қайтып келдің бе, анаңның көзі жазылды ма?» деп сұрайды екен. Аңыз бойынша, мұндағы Нәурізектің анасы – Жер-ана. Яғни «Жер-анаға көктем келді ме, табиғат жаңарды ма?» деген мағына береді. Жеп-жеңіл, ұшқалақтап тұратын кішкентай құс – нәурізектің құйрығы ұзын. Наным бойынша нәурізек келгеннен кейін күннің қатуы сынып, айтарлықтай боран, суық болмайды. Әлемде бұл құстың 60 түрі бар көрінеді.

Нәурізкөкті біздің қазекең «нәурізек», «жылқышы құс», «жыл құсы», «нау құсы», «бақыт құсы» деп бірнеше түрлі қылып атайды. Соның бәрі – бір

құс. Ол – торғайдан тұрықты емес, бірақ көзге әсем көрінеді, бауыры сарғыш, қанаты мен денесі көк, екі жағы ақ болады дейді.

Әрі қарай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, этнограф Тәттігүл Қаратаева «Жер-Анадан жаратылған құс» деген тақырыппен «Нәурізек – көктемде ұшып келген алғашқы жыл құсының халықтық атауы. Наурыз айының басында қар ери бастағанда, алғаш ұшып келетін реңі көк ала, құйрығы ұзын торғайды қазақ халқы нәурізек, нәурізкөк, наурыз торғай, жылқышы құс, көккұс деп атаған. Наурыз – «жаңа күн» деген мағынаны берсе, нәурізек – «жаңа құс» деген мағынада қалыптасқан. Аңыз бойынша, оның анасы Жер-Ана екен-мыс. Оны алғаш көргендер «Нәурізкөгім келдің бе», «Нәурізкөгім, анаңның көзі жазылды ма?» деп жем шашады. Оңтүстік қазақтары наурыз көже пісіргенде жердің ойығына нәурізкөк құсы жесін деп наурыз көже құйған. Бұл ғұрыптың бір мәні нәурізкөк құсының «Жер-Ананың баласы» деген табиғат пен адам арасындағы берік байланыстың тамырында жатыр. Көк ала торғайдың ұясын шөп арасына салуы да қазақ халқының дүниетанымын бекіте түскендей.

Міржақып Дулатұлы жыл мезгілдеріне арнаған прозалық шығармаларын «Жаз. Жаз кеші. Шілде. Күз. Қыс» тақырыптарына бөліп, көктем табиғатын – жаз, жазды шілде деп сипаттауы да дәстүрлі халықтық білімді игеруіне байланысты.

Мағжан Жұмабаевтың «Жыл мезгілдері» атты топтамасындағы «Жаз» атты өлеңі Наурыздың, көктемнің келуіне арналған. Мағжанның бұл шығармасы жыл құсымен тілдесуімен құнды, әрі алғашқы жыл құсын көргендегі халық қуанышы жайындағы бірден-бір жазба дерек десек болады.

Жыл құсын көргенде:
«Самалық! Самалық!
Көк құс көзін ашты ма,
Аяғын жерге басты ма?
Самалық! Самалық!
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?» – дейді.

Мағжан Жұмабаев жыл құсын жаңалықтың жаршысы ретінде сипаттаған, алғашқы жыл құсынан «Көк құс көзін ашты ма?» деп басқа наурыз құстарының хабарын сұрайды. «Самарқанның көк тасы жібіді ме, көрдің бе?» деп көк құстан Наурыздың жақсылық, сүйінші хабарын жеткізуді күтеді. Алғаш жыл құсын көргенде балалар қуанышпен «самалық, самалық» деп жүгірген. Қазақ халқы «самалық» сөзін жақсы, қуанышты хабарды жеткізгенде, көктемде келген алғашқы жыл құсын көргенде, күн алғаш күркірегенде, жолаушылап кеткен адам алыс сапардан оралғанда қолданғаны белгілі. «Самалық» сөзі халық арасында «саумалық» деп те кездеседі. Қазіргі кезде қуанышты хабарды жеткізгенде «самалық» немесе «саумалық» ғұрыптық сөзін айту жойылып кетті. Нәурізекті көргенде «самалық» ғұрыптық сөзін айтудың түп-төркіні жақсылыққа ырымдау нанымында жатыр.»

«Олар көктемнің келгенін сезеді» этнограф:Серік Ерғали «– Нәурізекті кейде наурызкөк деп те айтады. Бұл – көктем келгенде, наурыз айына қарай, ерекше шиқылдап, айналаны шырылына бөлеп келетін көк ала, қара көк бозторғайдың бір түрі. Оның ерекше шырылына қарап, ел-жұрт наурыз келгенін бағамдайды. Наурыз мейрамының, көктемнің келгенін хабарлайтын, көктемді сезетін құс, қанатты да осы – нәурізкөк. Жалпы жан-жануар, тіршілік атаулы наурыздың келгенін, күн мен түннің теңелетін мезгілінің жеткенін сезеді.

Ақжан Машанов Бұхара жақта «Нау келсе, дау келеді» деген мәтел барын жазады. Көктемнің келуіне, күн мен түннің теңелуіне қарай Орта Азияда, Бұхарада ғалымдар көп болжам жасаған. Онда зерттеушілер көп болған, астрономдар жұлдызды көп қараған. Наурыз дәл қай сағатта, қай күні, қашан келетінін – бәрін бақылайды екен. Нау дейтіні – осы күн мен түннің теңелетін сәті болса керек. «Нау келсе, дау келеді» дегені Наурыз келуімен қатар, осы мезгіл нақты қалай, қашан келді деген зерттеулер, бүгінгінің тілімен айтсақ, пікірталастар да көп болатынын меңзеген бе деймін. Наурыз деген сөздің де алғашқы буыны, біз айтып жүргендей, парсы тілінен енбей, «Нау» сөзінен шыққан шыққан болуы мүмкін.» дейді этнограф: Серік Ерғали Ал нәурізекті көрген адам бар-жоғын білмейтінін айтады.

«Ғылымда «шақшақай» деп те аталады» Зоология институтының аға ғылыми қызметкері:Бекжан Бердіқұлов,

«– Нәурізек атына сай наурыз айында келе бастайды. Қазақстанның солтүстік дала және орманды дала аудандарында ұя салады, қалған аумақта жыл маусымына қарай ұшып келеді.

Нәурізек деп әркім әртүрлі құсты атап жатады. Себебі бізде олардың түрі мен гибрид формаларының саны 27-ге жуық кездесіп жатады. Ғылымда «шақшақай» деп те аталады. Салмағы 14–24 г, ұзындығы шамамен 17 см, қанаты 7,4–8,7 см, қанатын жайғандағы ұзындығы 23–27 см.» [2].

Ал қазақ әдеби сөздігін парақтасақ а) Қысқа қарай қоңыржай және салқын аймақтардан жылы жерлерге ұшып кететін құстар. Жыл құстарына қаз тектестер, сұқсыр үйректер, жыртқыштар, шалшықтар, шағалалар, торғай тектестердің кейбір түрлері жатады деп берген[3].

kk.wikipedia мәліметінен Елімізде 2006 жылдан бастап құстың белгілі түрі «Жыл құсы» аталып келеді. Оны Қазақстандағы Биологиялық Алуантүрлілікті Сақтау Қауымдастығы (ҚБАСҚ) мен Қазақстанның орнитолог ғалымдары ұсынып жүрген 2006 жыл- тарғақ, 2007 жылы- қыстау қарлығашы, 2008 жыл-тырна, 2009 жыл-бозторғай, 2010 жыл- кәдімгі қараторғай, 2011 жыл- үлкен сарышымшық, ал 2012 жыл- дала қыраны, 2013 жыл- шиқылдық қаз, 2014 жыл-ақбас үйрек «Жыл құсы» деп танылды. Ақбас үйрек - қазтектестер отрядының үйректер тұқымдасы, ақбас үйректер туысының әлемдегі 5 түрінің Орталық Азия тобының өкілі. Ол ғаламдық деңгейде жойылып кетуі қаупі төнген түр ретінде Халықаралық Табиғат Қорғау Одағының және Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген. Қараторғай-түсі қара, орманды,

бақты, жазық даланы мекендейтін торғай. Тырна-мойын ұзын, сирағы сидаған ірі жыл құсы жайлы мәліметтер берілген [4].

Зейнеп Ахметованың «Жетілік ұғым атты кітабын» және «Бабалар аманаты» кітабында жарық көрген «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» атты халық мұрасын зерделеген еңбегінде көктем құстарының ішіндегі елдің күтіп жүретін құсы «наурызкөк» деп аталатынын аспан түстес көгілдір, көздері қарақаттай қап-қара, кіп-кішкентай момақан құс деп атап өтеді. «Наурызшешек – өте бір әсем, көпжылдық сирек кездесетін емдік қасиеті бар ерекше өсімдікке тоқталып өтеді[5,128б].

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, ойда – бұлбұл,
О да үн қосар тастағы байғыз, көкек.
Абайдың өлең жолындағы Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.

Бәйшешек көп жылдық баданалы өсімдік, алғашқы көктем гүлі [1]. (наурызгүл) – көктемнің алғашқы белгісі ретінде қар астынан шығатын нәзік гүл, ал **нәурізек** – көктемде, Наурыз мейрамы қарсаңында ұшып келетін, халық арасында «көктем жаршысы» саналатын шағын, жеңіл құс. Бұл екі ұғым да қазақ мәдениетінде жылылықтың, жаңарудың және көктемнің келгенін білдіреді.

Мамандардың пайымдауынша, дүниедегі ең әдемі гүлдер лалагүлдер тұқымдасына жататын өсімдіктер. Біз білетін қызғалдақ пен жауқазын дәл осы лалагүлдер тұқымдарынан тараған делінеді. Ал бәйшешек, яғни наурызгүл – көктемде қар астынан шығатын гүлдердің жиынтық атауы. Негізінен, Қазақстанның барлық өңірінде бәйшешек атауы қолданылмайды. «Солтүстік далалық өңірлерде – құндызшөп (ұйқышөп) десе, Алтайда – қандық, оңтүстікте запыран-алатаулық бәйшешек және кессельрингілік лапыз» атайтын көрінеді.

Алғашқы гүл. Сол секілді, жауқазын бәйшешегі деген де сөз қолданысын білеміз. Бұл жердегі бәйшешек – жауқазынның күлтесі деуге болар. Латынша атаулары: бәйшешек – Grocus, Galanthus, жауқазын – Primula, қызғалдақ – Tulipa. Бізге орыс тілі арқылы келген «тюльпан» латыннан енгенін көріп отырмыз.

Түрлі түсіндірме сөздіктерде бәй (бәй тікті) – түзу, тік ұстады, жоғары көтерді деген мағынада қолданылатын түбір сөз екені айтылған. Бірақ, кей ғалымдардың айтуынша, бәй – «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен нұсқасы. Үлкен, алғашқы деген мағына береді. Сонда бәйбіше – үлкен әйел, бәйшешек – алғашқы гүл ұғымын береді. Ал шешек үш түрлі мағынада қолданылатынын әдебиеттен хабардар адамдар білсе керек. Алғашқысы, шешек өзі жеке тұрып та гүл деген мағына береді (Қар кетті, сулар ағып, мұздар еріп, Бар құда рақыметін көптен беріп. Киімсіз үйде отырған жетім бала, Жайылды ормандарға шешек теріп, – Ақмолла ақын). Екінші, «шешек атты» тіркесін, гүл ашты деп түсінеміз (Кім сүймес шешек атқан көкек айын, Бейне жаз, менің сүйген сәулетайым, – Біржан сал)[6] .

Абайдың «Жазғытұры» өленінің басынан аяғына дейін Наурыз тойына байланысты десек қателеспейміз.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахметіне Алланың көңіл сенер.
Мал семіріп, ақ пенен ас көбейіп,
Жан-жануар көңілі өсіп ойнап-күлер.
Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның көңілі енер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып, балқиды іште жігер.

Ақ пенен ас көбейер деген тұста жеті түрлі дәмімен Наурыз көже берген елге тұс тұстан ойнап күлуге яғни ұлы істің ұлы күні Әз Наурызды Зейнеп Ахметованың кітабынан тоқталып өтсек.

«Астрономиялық есеп бойынша наурыз айының 21-інен 22 жұлдызына қараған түні аспан денелері өзінің алғашқы айналу нүктесіне қайта айналып келеді екен. Сонда күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін жаратылыстың керемет сәтінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз кіреді. Халқымыздың таным-наным болжамы бойынша күн мен түн тепе-теңдікке жеткен кезде әуеде ғажайып бір діріл мен гуіл естіледі, сол үнді «әз» дейді. Әз өткенде бүкіл жан-жануар, күллі өсімдік дүниесінде, жалпы тіршілік әлемінің бойына қан жүгіріп, қайта түлеп жаңарады, ескінің ауырлығы кетеді. Әздің жүргені әдетте байқала бермейді, оның өткенін қой малы алдымен сезеді екен. Қой аспанға қарап жамырай маңырап, тұрып қалатын көрінеді. Соны көрген малшы «жаз хабары келді» деп қуаныпты. «Әз болмай, мәз болмайды» немесе «аз болмай жаз болмайды» дейтін нақыл сөз содан шығыпты. Қазір қойлар да Әз гуілін ести алмайды, өйткені көкті де, жерді де үздіксіз гүрілдеп жататын техникалық дыбыстар басып кеткен.

Наурызды қарсы алып тойлаудың қазақ халқының да басқаға ұқсамайтын сұлу салты, жарасымды жөн-жоралғысы бар.

Қазақ елінің ардақтап та асыға күтетін жыл мерекесі, шаруа тойы, табиғат мейрамы осы Наурыз. Бұл күнге әрбір отбасы қыстан бастап дайындық жасаған. Қысқы соғымның, айтайық, шеке, жамбас, жілік, қазы дегендей, қадірлі мүшелерінен әдейі арнап сүрі сақтайды. «Наурызда ашамын» деп әжелер қарындағы майын, жент, құрт, ірімшік деген секілді тағамдарды алдын ала үнемдеп, қамданып жүреді. Шешелеріміз мұндай дәмдерді «ұзынсарының сыбағасы» деп те атайтын. «Ұзынсары келетін шақ» деп қазақтар көктемнің көкөзек кезін айтады. Қысқы соғым таусылып, мал әлі төлдемей, айран-сүт, уызға жарымайтын малдың арық уағы. Адамның да өңі өзгеріп, қуқылданып, көзі қарығып, жылы жазды сарыла күтетін кезең. Сондықтан осы кезге деп арнайы сақтайтын болған.

Наурызға дайындықтың тағы бір түрі – қол өнермен байланысты. Қыздар ою ойып, кесте тоқыса, ұл балалар ағаштан үйге қажетті заттар жасаған. Іс тігушілер өнердің жұрт алдында бағаланарын білгендіктен әрқайсысы басқаға ұқсамайтын өз өрнегін, өз нақышын табуға күш салған. Соның нәтижесінде

жастардың ісмерлігі, шеберлігі шыңдалып, халық өнері түрленіп дами түскен екен.

Наурыз жақындап қалғанда үйдің айналасы, үй іші ерекше тазаланып мерекеге дайындалған. Жаңа жылды – қасиетті Наурыз күнін тазалықпен, ақ ниет шынайы пейілмен қарсы алса, жыл бойы жақсылық болады, ауру-сырқау аулақ жүреді дейді. «Тазалық бар жерде, денсаулық бар» деген халқымыз.

Көпті көрген жасы үлкен әжелер адыраспан немесе аршаны түтіндетіп:

Уа, пәлекет, пәлекет,
Еріп аққан сумен кет!
Көтерілген бумен кет!
Қызарып батқан күнмен кет!
Қарайып батқан түнмен кет!
Жақындамай мал-басқа,
Тау-таста өлген аңмен кет! -

деп үйдің іші-сыртын, мал қораны түгелімен аластап шығады. Алас сөздерінін айтушысына қарай алуан түрлері бар.

Ертең Наурыз деген түнде тазартылған үйдің төріне шырақ жағылады.

Е, құдайым оңдасын!
Қызыр келіп, қолдасын!
Бас аман, мал түгел боп,
Береке-бірлік орнасын! -

деген сияқты әркімнің жүрегінен шынайы ақтарылатын тілек тілейді. Бірде «Қызыр баба», кейде «Қыдыр баба» деп атайтын жебеуші кие түнін күтеді. «Қызыр түні» оты маздап, қазаны қайнап, жарығы жанып тұрған үйге Қыдыр бабаның мейірімі түседі, көз қырын салады, сол үйге құт кіреді деп сенім білдірген. Саналы адам жыл бойы істеген істеріне, өткізген тіршілік күндеріне өз арының алдында есеп беріп, біліп жасаған, білмей жасаған қателік-күнәларына Жаратқан иемнен кешірім сұрап, тәубеге келеді. Алдағы өміріне медет сұрайды. Сенім – ғажап күш, ол адамға рухани қажыр-қайрат береді. Табыну, сыйыну пенденің ішкі жан дүние болмысының тазаруына жол ашады, адамгершілік, мейірім сезімін оятады.

Наурыз күткен түнде тілеген тілек тілеп, күніміз ұлысты болғай, жеріміз ырысты болғай! Жасаған ием жасқа ерте өлім бермесін, қартқа бейнет бермесін!» - деп тілеуқор ақ ниетпен салиқалы сөздер айтатын. Қыз-келіншектер сол қарияларға «белкөтерер» деген тағамды арнайы дайындап әкелетін. Майлы қазы, сары май, сөк, ақ ірімшік, бал, мейіз, аздаған сүт қосып, келіге салып жанши отырып, жақсылап түйеді. Ал апалар болса, ертеңгі наурызкөженің бидайын бұқтырып, құрт езіп, мереке дайындықтарын жасап жатады.

Қызыр түнін күткенде жақсылыққа ырымдап жеті ыдысқа сүт, айран, таза бұлақ суын құйып, бидай, тары, сұлы, арпа, күріш, бұршақ секілді дәндерден салады. Бұл «көктен жаудырсын, жерден өндірсін, ақ мол болсын, астық көп болсын, іргемізге ырыс ұяласын» деген пәк көңіл, шын жүректің тілеуі.

Наурыз таңын салтанатпен өткізеді. Ұлы мерекені қарсы аларда қыз-жігіттер он екі перне, екі ішекті домбыраны күмбірлетіп күй төгіп, асқақтата ән шырқап, әзіл-қалжыңның, қызықты ойындардың қазанын қайнатып, думанды қыздырып-ақ тастайды.

Есік алды қара су бойлағаным,
Жалғанның қызығына тоймағаным.
Қайда жүрсем кетпейді көкейімнен,
Қалқамен Ұлыс күтіп тойлаганым, -
Қызыр түнін күзеткенде ұйықтайтындар кемде-кем болған[5,121б].

Қорытынды. Наурыз күні туған сәбилерді «Ұлыстың ұлы күні дүниеге келді, құдайдың оңдап, Қызырдың қолдағаны» деп айрықша ардақтайды. Бала тұрмақ Наурызда туған төлді – бота, бұзау, құлын, қозы-лақты «Наурыз төлі» деп күтімге алып, жақсылап бағады. Оны сатуға болмайды, сыйға бермейді. Наурыз мейрамында мал соймайды, жалпы, қан шығармайды. «Өсер төлге, көбейер түлікке кесірі тиеді, мал басы кемиді» деген тыйым бар. Сонымен бірге Ұлыс күні аңға шығып, мылтық атпайды, саятшылық жасап, құс салмайды, қақпан-тұзақ құрмайды.Өйткені бұл күн – тіршілік әлемінің тойы.

Абайдың «Жазғытұрым» өлеңі арқылы табиғаттың оянған, жаңарған тіршілікті қалт жібермей оқушыларға зерттеу тұрғысынан талдатып, бастауыш сынып оқушыларына тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру арқылы қазақ халқының ырым, наным, сенімдері арқылы тәрбиелеу бүгінгі ұрпақтың көркем болып өсуіне септігі тиері анық.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақтың төрт тойы https://kk.wikipedia.org/wiki /%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%82%D1%8B%D2%A3_%D1%82%D3%A9%D1%80%D1%82_%D1%82%D0%BE%D0%B9%D1%8B [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 20.02.2026).

2.Ақбота Мұсабекқызы, Наурыз айы, келдің бе, Нәурізекті көрдің бе? Ана тілі газеті 07 Наурыз, 2024 [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 27.02.2026).

3. SOZDIKQOR https://sozdikqor.kz/soz?id=23258&a=Jyl%20qusy [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 12.03.2026).

4.Жыл құсы https://kk.wikipedia.org/wiki /Жыл_құсы#:~:text=Ақбас%20үйрек%2D%20қазтектестер%20отрядының%20үйректер,және%20Қазақстанның%20Қызыл%20кітабына%20тіркелген [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 10.02.2026).

5. Ахметова З. Жетілік ұғым [Мәтін]/ З.Ахметова. – Алматы: Атамұра 2022. – 144 б.

6. Ана тілі газеті Дағжан Белдеубай, Бәйшешек, Жауқазын, Қызғалдақ 14 Наурыз, 2024 [электрондық ресурс] (қол жеткізілген күні 16.03.2026).

ӘОЖ 37.035.6

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ МУЗЕЙЛІК САБАҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Оспанова Ә.Ә., педагогика ғылымдарының магистрі
Қазақстан Республикасының Президенттік орталығы, Мәдени және білім беру жобалары қызметінің жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан
asia_1979@mail.ru

Аннотация. Қазақстан Республикасының Президенттік орталығы ғылыми-білім беру бағдарламасының аясында өскелең ұрпаққа туған өлкесінің мәдениетіне баулу, тарихы мен мәдениеті туралы жүйелі білім қалыптастыруды басты міндеті ретінде қарастырылған. Мақалада автор білім беру бағдарламасының бағыттарына жан-жақты тоқталып өткен.

Кілт сөздер: Ұлттық құндылық, білім беру бағдарламасы, балалар мерекесі, шежіре шеруі, бестемше.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет... тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады» деп атап өтеді. [1]. Ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп тарату, ата-анамен ынтымақтаса жұмыс жасау – біздің басты міндетіміз.

Президенттік орталықтың жылдар бойы қалыптасқан білім-ағартушылық қызметінде «балабақша-мектеп-колледж-ЖОО» жүйесі бойынша өскелең ұрпақтың бойында тарихи білімді қалыптастыру, мәдени мұрамызға құрметпен қарау және өз отанына деген сезімге тәрбиелеуге басымдық беріледі. Оның ішінде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Осыған орай Орталық өзінің Білім беру бағдарламасының аясында кішкентай бүлдіршіндерді арнайы «Атамекен» жобасымен қамтыған. «Атамекен» сөзі барлық түркі тілінен аударғанда «Ата-баба жері» деген мағынаны білдіреді. «Атамекен» жобасының негізгі идеясы кіші мектеп жасындағы балаларды туған өлкесінің мәдениетіне баулу, тарихы мен мәдениеті туралы жүйелі білім қалыптастыру, кіші отанына сүйіспеншілікті мектепте ғана емес отбасында да мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. Бұл жұмыс кіші мектеп жасындағы оқушылардың әрі қарай дамуы үшін негіз болып табылады. Патриотизмге тәрбиелеу үшін оқушылардың өз еліне, халқына, туған өлкесіне, оның мәдениетіне, тарихы мен мұрасына қызығушылығын дамыту қажет.

«Атамекен» жобасының мақсаты балалардың өз Отанына сүйіспеншілігін қалыптастыру, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Балалардың

дербес ойлау, шешім қабылдау, жауап іздеу, жоспарлау, нәтижесін көре білу және басқа адамдармен әріптестік орнатуды үйренуіне ықпал ету.

Планетамыздың кішкентай тұрғындары мерекелер, қуаныш пен күлкіге толы өз әлемінде өмір сүреді. Балалар мерекесі – бұл балалар ғана емес ересектер үшін де жақсы көңіл-күй. Ойын мен мереке – тұлғаның гармониялық дамуы мен жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін қызмет түрі, адамзат мәдениетінің әмбебептығының бірі. Ойынға негізделген мерекелік мәдениет – мәдени дамудың көрсеткіші және ұрпақтар байланысының бір түрі, ол көптүрлі және құбылмалы. Мереке – бұл ақпаратты таратудың бір түрі, оқу-жаттығу қызметі, демалыс, қарым-қатынас пен еркіндік, яғни адамға қажеттінің бәрі. Ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрлер негізінен ойынға негізделген, сол арқылы қарапайым әрекеттерді көрсете білген. Ойыннан музыка, поэзия, би, театр пайда болды. Сонымен, ойынға негізделген мерекелік дәстүр – мәдениетті дамытудың механизмі, тұлғаның қалыптасу факторы, шығармашылық элементі. Ойын барысындағы еркіндік баланың дамуына үлкен ықпалын тигізеді. Тіпті мерекені тамашалаушы да мәдениеттің коммуникативтік кеңістігіне тартылады. Музейлік мереке – бұл сахналандырылған көрініс, ойындарды ерекше қолданудың нәтижесінде көңіл-күйді арттыратын, аудиторияны белсендірудің түрлі әдістеріне негізделген, мәдени-білім беру қызметінің кешенді формасы. Ол алдын-ала құрылған сценарий бойынша жүзеге асырылады. Музейлік мерекелер бұқаралық сипатқа ие.

Материалдар және әдістер. Зерттеу әдістері ретінде Қазақстан Республикасының Президенттік орталығының ғылыми-білім беру жобалары негізінде өткізілген іс-шаралардың нәтижелері көрсетілген.

«Атамекен» жобасының аясында Астана қаласының білім беру ұйымдарымен қалыптасқан сенімді әріптестіктің негізінде балаларға арнайы мерекелік шаралар өткізу игі дәстүрге айналған. Соның бірі жыл Астананың туған күніне орай елорданың ең кішкентай бүлдіршіндері үшін балалар мерекесі өткізіліп келеді. Іс-шараның негізгі идеясы – өзінің туған жері мен қаласының тарихына құрметпен қарауға, патриоттық сезімге тәрбиелеу болып табылады. Орталықтың Білім беру бағдарламасы балаларды Қазақстан халқы салт-дәстүрлерінің сан алуандығымен таныстыру, олардың бойына түрлі мәдениетке құрметпен қарауды қалыптастыру мен төзімділікті тәрбиелеуге бағытталған.

Мереке барысында қонақтар Астананың тарих беттері бойынша саяхат негізінде құрылған балалардың көріністері мен хореографиялық композициялары ерекше әсер қалдырады. Олардың кішкентай жүректерінен шыққан көріністерінен ұрпақтар сабақтастығын байқауға болады. Балалар «Көпұлтты Қазақстан» тамаша би шашуы арқылы өздерінің шеберліктерін паш ете отырып, қоғамымыздағы түрлі ұлттардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға шақырады.

Мұндай мерекелерге қатысу балалардың кішкентай жүрегінде елордада болып жатқан тарихи оқиғаларға ортақтастық сезімін қалыптастырады, өз елі мен қаласына деген мақтанышын тудырып, отансүйгіштік рухқа тәрбиелейді.

Мерекені өткізудің мәні мен жетістікке ие болуы оны ұйымдастыруға байланысты. Мереке шын мәнінде барлығы үшін мерекеге айналуы тиіс. Бұл оның негізгі қағидасы. Бұл қағида орындалуы үшін мерекені өткізуде ойын технологиясын қолдану қажет. Мектепке дейінгі балалардың өміріндегі ойын – танымның жетекші формасы. Ойын барысында олар көп есте сақтап, ойлау қабілетін дамытады. Балалармен жұмыс барысында ашық сұхбат алаңына айналатын сұрақ-жауаптар қою өте тиімді. Себебі балалар қашанда еркін қарым-қатынасқа дайын. Оларға қойылатын сұрақтар да өте ғылыми емес, нақты жауабы болуы тиіс. Мұндай сұрақтарға оқушылар жалғыз не хормен жауап беру барысында олармен пікірталастыруға да болады. Балалармен сұхбатқа құрылған сабақтар жыл сайын түрлі бағытта өткізіліп тұрады. Сондай сабақтардың бірі де бірегейі – Ата Заңымыз күні қарсаңында бас қаламыздың 1-сыныпқа баратын оқушыларымен өтеді. Мұндай тәрбие сағаты түрінде өтетін сабақтардың мектеп қабырғасынан емес басқа әлеуметтік институттан бастау алуы мектеп табалдырығын алғаш аттайтын бүлдіршіндер үшін өте маңызды болып табылады. Сабақ барысында Қазақ елі, Конституция, Мемлекеттік рәміздер ұғымдарына тоқтай отырып, өздері білетін тақпақтарын көрермендер назарына ұсынады. Мұндай сабақтардың ерекше атмосферасы оқушының рухани әлемін байытып, жоғары мотивацияны қалыптастырады.

Бұл сабақтар жас бүлдіршіндерді еліміздің тәуелсіздік алғалы жеткен табыстарымен таныстырып қана қоймай, Отанын құрметтей білетін, болашақта Қазақстанды өркендетуге өз үлестерін қосатын азамат тәрбиелеуге бағыттайды.

Ғылыми-білім беру бағдарламасының аясында жасалған «Музей және балалар» жолсілтеуші әліппесінің негізінде білім беру ұйымдарында өз шежіресін танып-білуге арналған сабақтар өткізіліп келеді. Жыл сайын сабақтардың қорытындысы ретінде «Менің отбасымның тарихы – отанымның тарихы» отбасылық шежіре шеруі ұйымдастырылып келеді.

Шерудің мақсаты отбасы – мектепке дейінгі білім беру ұйымдары – әлеуметтік институттар жүйесінде ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу.

Нәтижелер. Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы – қазақ шежірелері екені анық. Қазақта ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан шежіре бар. Бұл шежірелердің жарыққа шығуы қазақ халқының қалыптасқан шежірелік дәстүрімен байланысты болды. Қазақтың байырғы салт-дәстүрі бойынша әрбір қазақ азаматы өзінен бастап жеті атасына дейін білуге тиісті еді. Мұны балаларына үйрету әрбір атаның отбасының тәрбиесінің негізі болды. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, ел-жұрты үшін жасаған ерлігі, өнегелі істері жайында

әңгіме еткен. Ел-жұрт тарихын білу ер-азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүюшілікке баулитынын білген.

Байқауға қатысушылар отбасыларының шежіресін картина мен панно, бейнероликтер және театрландырылған көріністер түрінде көпшілік назарына ұсынады. Қатысқан ата-аналар «Өзіңнің шыққан тегіңді білмеу – ол бабаларды сыйламау. Әрбір адам өз түп-тамырын және отбасы тарихын білу қажет. Қазіргі кезде отбасылар тек алыс туыстарымен емес және жақын туыстарымен де араласпайды. Ұрпақ байланысы жоғалып барады. Кейбір жастар өзінің ата-бабасының кім екенін білмей жатады. Бұл іс-шара арқылы балмыз ғана емес, өзімізде ұлттық құндылығымызды еске түсірдік деп өз ойларымен бөлісті.

Ұлттық құндылығымызды дәріптесуге арналған іс-шараның бірі де бірегейі ретінде Президенттік орталықтың ұлттық құндылықтар алаңында ұйымдастырылған «Бестемше ойынын үйретудің теориялық және әдістемелік ерекшеліктері» республикалық семинарын атауға болады.

Балалардың ақыл-ой өресін дамытатын логикалық ойындардың практикалық маңызы өте зор. Ойын белсенді іс-әрекет түрі ретінде адам бойындағы шығармашылық қасиеттердің қалыптасуына, оның тұлғалық әлеуеті мен жан дүниесін ашуға ықпал етеді. Сондықтан да ойынды жалпы адамның, қоғам мен мәдениеттің даму үдерісінен бөле-жара қарастыруға болмайды.

Заманында Платон, И. Кант, Ф. Шиллер сияқты ұлы ойшылдар да ойын феноменін назардан тыс қалдырмаған. XX ғасырда әйгелі нидерланд философы, мәдениеттанушы Йохан Хейзингой ойынды адам, қоғам, мәдениет арасындағы диалог орнатуға бағытталған қоғамдық құбылыс деп бағалады. Бұдан басқа, А. Шопенгауэр, М.М. Бахтин, Х. Ортега-и-Гассет сынды ойшылдар «кішкентай адам» және «өркениет» ойынының қатаң ережелері мәселесіне айрықша назар аударған.

Қазақ ұлтының тұмса тарихында ұлттық ойындардың сан алуан түрі бар. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар. Оның ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», – деп ұлттық ойындардың ұлттың дамуындағы іргетастардың бірі болып табылатындығын, ойынның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы қаншалықты зор екендігін атап көрсеткен.

Осындай тамаша ойындардың бірі – «бестемше». «Бестемше» – қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық ойыны. Қазақтың тоғызқұмалағына ұқсас ойынның ережесі балаларға арналып жетілдірілген. Тілге тиек етілген «бестемше» ойынының баланың дамуы үшін пайдасы зор. Ол бастың миын ширатып, дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйретеді. Сонымен қатар көздің көруін жақсартып, көз жанарын жетілдіреді. Ойын адамды тыныштандырып, сабырлылыққа үйретететін қасиетке ие. Семинар барысында ойынды тәжірибесіне енгізіп жүрген елордалық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері мен халықаралық деңгейде насихаттап жүрген

ғалымдар «бестемше» ойынының бала тәрбиесіндегі рөлі мен маңызы, оны үйретудің әдіс-тәсілдері кеңінен талқыланып, тамаша тәжірибе алмасу алаңы құрылды.

Қорытынды. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында «Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді» деп аталған [2, 11 б.].

Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының атқарып отырған жұмыстарынан қазіргі заманғы мәдениет үдерістерінің барлық талаптары мен сұраныстарына жауап беретін, өскелең ұрпақтың бойында отаншылдық сезім мен ұлттық құндылықтарды дамытуға үлес қосатынын аңғаруға болады.

Әдебиеттер

1. Қ.К. Тоқаев. «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясында сөйлеген сөзі // 16 тамыз 2019 жыл. [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-jne-ylym-atty-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi [сайтқа жарияланған күні 16.08.2019].
2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты. 28 тамыз 2023 жыл // [Электрондық ресурс]. – URL: http: https://uba.edu.kz/qaz/metodology/2 - 2023. [сайтқа жарияланған күні 01.09.2023].

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Режепова А.Т., «7М01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау» М1301-15 тобының 1-курс магистранты,
Ахатаева Ұ.Б., философия докторы (PhD), аға оқытушы
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
rezhepova_aynura_1@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сыныптағы тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуда интерактивтік модульдердің тиімділігі теориялық және эмпирикалық тұрғыдан талданады. Әдебиеттік шолу отандық және халықаралық зерттеулерге сүйене отырып, интерактивтік тәсілдердің тек «қызықты әдіс» емес, жүйелі енгізілген жағдайда өлшенетін нәтиже беретін педагогикалық құрал екенін көрсетеді. Байназарова және әріптестері, Саденова, Күлмагамбетова, Ермекбаева және басқа авторлардың еңбектері негізінде интерактивтің әдістемелік, психологиялық және құрылымдық қырлары қарастырылды.

Зерттеу case study форматында ұйымдастырылды, екі екінші сынып (эксперименталдық және бақылау топтары) қатыстырылды. Бір тоқсан бойы эксперименталдық топта аптасына екі рет 20-30 минуттық интерактивтік блоктар (рөлдік ойын, «ойлан–жұптас–бөліс», диалогтық тапсырмалар, аудио жаттығулар) енгізілді. Нәтижелер pre-/post-тесттер, сауалнама, бақылау парақтары арқылы бағаланды. Алынған деректер интерактивтік әдістердің айтылым және тыңдалым дағдылары статистикалық деңгейде жақсартқанын айқындады: эксперименталдық топта орташа ұпай өсімі байқалып, «төмен» деңгейдегі оқушылар үлесі азайды. Сапалық деректер оқушылардың белсенділігі мен айтылым дағдысының артқанын, сыныптағы білім алушылардың айтылым және тыңдалым дағдыларының қалыстасқанын айғақтайды.

Мақала интерактивтік әдістердің тиімділігі мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне, бағалау жүйесінің айқын болғанына және енгізудің жүйелілігіне тікелей байланысты екендігін көрсетеді. Жалпы, зерттеу интерактивтік әдістердің бастауыш сыныптарда тәжірибесінде тұрақты әрі ғылыми негізделген құрал ретінде қарастырылуы тиіс екенін көрсетті.

Кілт сөздер: интерактивтік әдістер; тыңдалым; айтылым; бастауыш сынып білім алушылары; тілдік белсенділік; эксперименттік зерттеу; бағалау сенімділігі.

Кіріспе. Бастауыш сынып кезеңі – білім алушылардың білім алып қана қоймай, өзін тұлға ретінде сезіне бастайтын алғашқы әлеуметтік ортасы болып табылады. Осы кезеңде қалыптасқан тілдік дағдылар оның әрі қарайғы оқу жетістігіне, қарым-қатынас мәдениетіне және өз ойын еркін жеткізе білу қабілетіне тікелей байланысты. Әсіресе тыңдалым мен айтылым дағдылары – барлық пәндік білімнің негізін құрайтын қабілеттер болып келеді.Сондықтан дәстүрлі түсіндіру–қайталау моделінен гөрі, өзара әрекетке негізделген интерактивті оқыту әдістерін қолдану қажеттілігі айқын сезіледі. Бұл зерттеу жұмысы бастауыш сыныпта интерактивті әдістерді жүйелі қолдану арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын тиімді қалыптастыру мәселесіне арналады. Ал тыңдалым мен айтылым жеткілікті дамымаса, кейінгі сыныптарда мәтінді түсіну, эссе жазу сияқты күрделі дағдыларда кемшіліктер кездеседі.Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш сыныпта интерактивті әдістерді мақсатты және ғылыми түрде қолдана білу – бүгінгі күннің өзекті педагогикалық мәселелерінің бірі болып табылады.

Зерттеу мәселесі мына сұрақ арқылы айқындалады: Интерактивті әдістер бастауыш сынып білім алушыларының тыңдалым және айтылым дағдыларын тиімді қалыптастырады және бұл үдерісті әдістемелік тұрғыдан қалай ұйымдастыру қажет.Педагогикалық тәжірибеде интерактивті әдістер кеңінен қолданылғанымен, олардың нақты тілдік дағдыларға әсерін жүйелі талдау, әсіресе тыңдалым мен айтылым контексінде, әрдайым терең қарастырыла бермейді.

Зерттеудің мақсаты – бастауыш сыныпта интерактивті әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдарын теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік тұрғыдан сипаттау.

Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып мұғалімдері үшін нақты практикалық бағыт-бағдар ұсына алады, себебі олар тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға арналған интерактивті тапсырмаларды сабақ құрылымына жүйелі әрі мақсатты түрде енгізудің тиімді жолдарын көрсетеді. Атап айтқанда, мұғалімдер сабақ барысында рөлдік ойындар, «ойлан–жұптас–бөліс», пікір алмасу, шағын топтағы талқылау сияқты әдістерді орынды қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыра алады.

Байназарова және әріптестерінің 2024 жылғы зерттеуінде интерактивті тәсілдердің сабақтағы практикалық моделі нақты көрсетілген: авторлар интерактивті тапсырмаларды сабақтың құрылымдық бөлігі ретінде жүйелі енгізудің жолдарын сипаттап, мұғалімдерге арналған үлгілер ұсынып отыр (Байназарова және т.б., 2024)[1]

Тілдік дағдылардың өзара байланысы жайлы Кульмагамбетованың (2014) еңбегі – практик үшін таптырмас құжат. Автор тілдік төрт дағдының (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) интеграциялануын және бір дағдыны дамыту арқылы басқа дағдылардың қалай жақсаратынын түсінікті тілмен ашады (Кульмагамбетова, 2014).[3] Мұнда атап өтерлік жайт – тыңдалым мен айтылымды дамытуға бағытталған тапсырмалар тек

коммуникативтік жаттығуларға төзелмей, тілдік жүйені кеңінен нығайтады деген тұжырымның теориялық негізі жақсы берілген.

Когнитивтік және әдістемелік тұрғыдан алғанда, Саденова (2005) интерактивті әдістердің психологиялық ерекшеліктерін қарастырады – ең бастысы, интерактивтің оқушының белсенділігін, ынталылығын және өзін-өзі бақылауын арттыруға бағытталуы (Саденова, 2005) [5].

Ұлттық білім академиясының 2023 жылғы ұсынымдарында тыңдалым мен айтылымды қалыптастыруға арналған белгілі бір тапсырмалар мен сабақ құрылымдары берілген , сонымен қатар ұлттық стандарттарға сәйкес жасалған критерийлер бар (Ұлттық білім академиясы, 2023)[7]. Ұсынылған отандық зерттеулер мен әдістемелік нұсқаулықтар интерактивті методикалардың көп қырлы артықшылықтарын көрсетеді: олар оқушы тілін байытады, сөйлеуге деген сенімділікті арттырады, сыныптағы коммуникативтік климатты жақсартады және оқытудың нәтижелілігін жоғарылатады (Байназарова және т.б., 2024; Саденова, 2005; Турсынбай, 2019).

Отандық зерттеулердің ішінде Байназарова және әріптестерінің интерактивті сабақ үлгілеріне арналған жұмысы ерекше назар аудартады. Авторлар сабақ құрылымына интерактивті тапсырмаларды жүйелі енгізудің бірнеше тиімді тәсілдерін сипаттап, мұғалімдерге арналған нақты практикалық сценарийлер ұсынады (Байназарова және т.б., 2024:3). Бұл зерттеуде ұсынылып жатқан тәсілдер эксперименттік бөлімде сабақ жоспарларды жоспарлауда пайдалы болды. Ермекбаева және әріптестерінің зерттеуінде интерактивті модульдерді қолдану оқушылардың тілдік белсенділігін арттыратыны көрсетілген (Ермекбаева және т.б., 2024:525)[2].

Тыңдалым мен айтылым дағдыларының өзара байланысы тілдік білім беру саласында жиі атап өтіледі. Күлмагамбетова бұл екі дағдының бір-бірін толықтырып, тілдік құзыреттіліктің қалыптасуына кешенді түрде әсер ететінін көрсетеді (Күлмагамбетова, 2014:5)[3]. Яғни оқушы тыңдау арқылы ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны өзінің сөзінде қолдануға дағдыланады. Осы тұрғыдан алғанда, тыңдалым мен айтылымды бөлек емес, бірге байланысты дағдылар ретінде қалыптастыру маңызды болып келеді.

Материалдар мен әдістер. Жұмыстың теориялық және әдістемелік негізі интерактивті әдістер арқылы оқыту мен тілдік дағдыларды қалыптастыруға арналған қазіргі педагогикалық зерттеулерге сүйенеді.

Эксперимент кезеңі мектеп жағдайында ұйымдастырылып, оған екінші сыныптың 7-8 жастағы бастауыш сынып білім алушылары қатысты. Жалпы саны 50 оқушы екі топқа бөлінді: эксперименттік топ және бақылау тобы, әр топта 25 оқушыдан болды. Топтардың бастапқы білім деңгейін салыстыру үшін пред-тест жүргізіліп, нәтижесінде олардың көрсеткіштері арасында статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық байқалмады. Зерттеу бір тоқсан бойы жүргізілді. Тоқсан басында оқушылардың бастапқы деңгейі анықталса, соңында қорытынды бағалау кезеңі өткізілді. Эксперименттік топтың сабақтарында аптасына екі рет тыңдалым мен айтылымды қалыптастыруға арналған қысқа интерактивті блоктар қолданылды. Бұл

тапсырмаларға рөлдік ойындар, «ойлан – жұптас – бөліс» , шағын диалогтар, аудио мәтіндермен жұмыс және топтық жұмыстар кірді. Ал бақылау тобында сабақтар дәстүрлі түсіндіру және жаттығу үлгісі бойынша өткізілді.Зерттеу барысында оқушылар арасында шағын сауалнама да жүргізілді. Сауалнама интерактивті тапсырмаларға деген көзқарасты анықтауға бағытталды.

Тыңдалым дағдысын бағалау барысында оқушылар аудио мәтінді тыңдап, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, негізгі ақпаратты табу және мазмұнды түсіну бойынша сұрақтарға жауап берді. Айтылым тапсырмалары оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша қысқа әңгіме құрастыруы немесе диалогқа қатысуы арқылы бағаланды. Айтылымды бағалау үшін бес критерийден тұратын рубрика қолданылды: сөйлеу еркіндігі, сөздік қор, грамматикалық дұрыстығы, мазмұн логикасы және коммуникативтік белсенділік. Әр критерий бес балдық шкала бойынша бағаланды.

Нәтижелер. Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдыларының даму деңгейін анықтау мақсатында арнайы диагностикалық тапсырмалар әзірленді. Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қысқа әрі түсінікті болып құрылды және олардың тілдік әрекетке қатысуын табиғи жағдайда бақылауға мүмкіндік берді.Диагностикалық жұмыс екі кезеңде жүргізілді: зерттеудің басында пред-тест, ал бір тоқсан аяқталғаннан кейін пост-тест өткізілді. Пред-тесттің мақсаты – оқушылардың бастапқы тілдік деңгейін анықтау болса, пост-тест интерактивті әдістер қолданылғаннан кейінгі өзгерістерді бағалауға бағытталды.

Тыңдалым тапсырмалары оқушылардың аудио мәтінді түсіну деңгейін анықтаса, айтылым тапсырмалары олардың өз ойын ауызша жеткізу қабілетін бағалауға мүмкіндік берді. Әр тапсырма бірдей критерийлер бойынша бағаланып, нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті. Барлық тапсырмалар 5 балдық шкала бойынша бағаланды. Әр оқушы белгілі бір тапсырма үшін 0-ден 5-ке дейін ұпай алды. Бағалау критерийлері:

- 5 балл – тапсырманы толық және дұрыс орындады
- 4 балл – мазмұнын дұрыс жеткізілді, бірақ бірнеше қателер болды
- 3 балл – негізгі ойды жартылай түсінді
- 2 балл – жауап толық болмады
- 1 балл – жауап өте шектеулі болды
- 0 балл – тапсырма орындалмады

Әр тапсырма бойынша топтың орташа ұпайы (Mean) есептелді. Ол келесі формула арқылы анықталды:орташа балл = барлық оқушылардың жинаған ұпайларының қосындысы / оқушылар саны Мысалы, эксперименттік топтағы 25 оқушының 1-тапсырма бойынша жинаған ұпайларының қосындысы 75 балл болса: 75 / 25 = 3.0 Бұл – пред-тесттің орташа көрсеткіші. Ал пост-тестте сол тапсырма бойынша барлық ұпайлардың қосындысы 110 балл болған жағдайда: 110 / 25 = 4.4 Осылайша кестелерде көрсетілген 3.0 және 4.4 сияқты көрсеткіштер топтағы барлық оқушылардың нәтижелерінің орташа мәнін білдіреді.

1-тапсырма. Тыңдалым – негізгі ойды анықтау. Бұл тапсырманың мақсаты – оқушылардың тыңдалған мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну және оның негізгі ойын анықтау қабілетін бағалау болды. Тапсырма барысында оқушыларға ұзақтығы шамамен 30–40 секунд болатын қысқа аудио мәтін тыңдатылды. Мәтін бастауыш сынып білім алушыларының жас ерекшелігіне қарай қарапайым күнделікті жағдайды сипаттайтын кішкентай оқиғадан тұрды.Аудио мәтіннің үлгісі: *Айдос бүгін таңертең ерте тұрды. Ол мектепке бармас бұрын аулада біраз уақыт футбол ойнады. Кейін анасы оны таңғы асқа шақырды. Айдос таңғы асын ішіп, сөмкесін алып мектепке кетті. Мектепте ол достарымен кездесіп, сабаққа дайындалды.*

Мәтінді тыңдағаннан кейін оқушыларға келесі сұрақ қойылды: *Бұл мәтінде негізінен не туралы айтылды?*

Нәтижелер бойынша эксперименттік топтағы оқушылардың көрсеткіштері тоқсан соңында айтарлықтай жақсарғаны байқалды. Пред-тест кезеңінде оқушылардың бір бөлігі мәтіннің негізгі ойын анықтауда қиналса, пост-тестте олардың жауаптары анағұрлым нақты әрі сенімді болып өзгерді.

2-тапсырма. Тыңдалым – нақты ақпаратты табу. Бұл тапсырма тыңдалған мәтіннен нақты мәліметтерді анықтау қабілетін тексеруге бағытталды. Оқушыларға қысқа аудиомәтін тыңдатылып, кейін мәтіндегі нақты ақпаратқа қатысты сұрақтар қойылды.Аудиомәтіннің үлгісі: *Жексенбі күні Аружан ата-анасымен бірге саябаққа барды. Олар алдымен велосипед тепті, кейін балмұздақ жеді. Аружан саябақтағы гүлдерді тамашалап, достарымен ойнады.*

Сұрақ: *Аружан саябақта не істеді?*

Оқушылар мәтінді мұқият тыңдап, нақты әрекетті анықтауы қажет болды. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтағы оқушылардың тыңдалған мәтіннен нақты ақпаратты табу дағдысы айтарлықтай жақсарғанын көрсетті.

3-тапсырма. Тыңдалым – интонацияны түсіну. Бұл тапсырма оқушылардың сөйлемдердің айтылу интонациясын түсіну қабілетін бағалауға бағытталды. Мұғалім немесе аудиожазба арқылы бірнеше сөйлем тыңдатылып, оқушылар сөйлемнің қандай мағынада айтылғанын анықтауы керек болды.Оқушыларға келесі сөйлемдер тыңдатылды:

– Сен бүгін мектепке барасың ба?

– Бүгін ауа райы қандай тамаша!

– Мен бүгін кітап оқыдым.Оқушылар әр сөйлемнің қандай түрге жататынын анықтады:сұраулы сөйлем;лепті сөйлем;хабарлы сөйлем

Мұндай тапсырмалар тыңдалым барысында сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын және мағыналық ерекшеліктерді түсінуге мүмкіндік береді.

4-тапсырма. Айтылым – қысқа әңгіме құрастыру. Айтылым дағдысын тексеру мақсатында оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша қысқа әңгіме құрастыру ұсынылды. Оқушылар 3–4 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрастырып, өз ойларын ауызша жеткізуі керек болды. Тапсырма тақырыптарының үлгісі:

- «Менің өте жақсы күнім»

- «Менің досым»
- «Мен демалыста не істедім»
- Оқушылардың жауаптары мына критерийлер бойынша бағаланды:Сөйлей алу еркіндіктері; сөздік қордың жеткілікті болуы; грамматикалық дұрыстығы; мазмұнның логикалық жүйелілігі.

5-тапсырма. Айтылым – диалог құрастыру. Бұл тапсырмада оқушылар жұппен жұмыс жасап, белгілі бір жағдаят бойынша қысқа диалог құрастырды. Тапсырма оқушылардың өзара қарым-қатынас жасау және айтылым дағдыларын бағалауға бағытталды. Ұсынылған жағдаяттардың мысалы:досыңмен мектептен кейін не істейтінің туралы сөйлесу; кітапханада кітап сұрау; дүкенде сатып алу туралы әңгіме.Диалог кемінде 4-5 репликадан тұруы тиіс болды. Бағалау кезінде сұрақ қоя білуі, жауап бере алу қабілеті, сөйлеудің түсініктілігі, диалогқа белсенді қатысуы мен көрсеткіштері ескерілді.

6-тапсырма. Айтылым – рөлдік ойын. Соңғы тапсырмада оқушыларға белгілі бір жағдаят ұсынылды, сол жағдайды рөлдік ойын арқылы көрсету тапсырмасы берілді. Бұл тапсырма оқушылардың коммуникативтік белсенділігін, сөйлеу еркіндігін және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын бағалауға бағытталды. Оқушылар көрініс түрінде өз рөлдерін орындады. Ұсынылған жағдаяттардың мысалы:мұғалім мен оқушы арасындағы әңгіме; дәрігер мен науқас арасындағы диалог; досыңды туған күнімен құттықтау.

Сурет 1. Тыңдалым және айтылым тапсырмалары бойынша пред-тест және пост-тест нәтижелерінің жиынтық көрсеткіштері



Ең жоғары өсім тыңдалым – негізгі ойды анықтау және рөлдік ойын арқылы айтылымды дамыту тапсырмаларында байқалды. Бұл сабақ барысында қолданылған интерактивті әдістердің оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуда тиімді болғанын көрсетеді. Пред-тест нәтижелері екі топта шамалас деңгейде болғанын көруге болады. Ал пост-тест нәтижелерінде эксперименттік топтың көрсеткіштері барлық тапсырмалар бойынша жоғарылағаны байқалады. Сауалнама эксперименттік топтағы оқушылар арасында өткізілді.

Кесте 7 – Оқушылар сауалнамасының нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	Иә (%)	Жоқ (%)	Кейде (%)
1	Тыңдалым тапсырмаларын орындау сізге қызықты ма?	72	8	20
2	Сабақта рөлдік ойындар ұнай ма?	80	6	14
3	Диалогтік тапсырмалар сөйлеу қабілетіңізді дамытуға көмектеседі деп ойлайсыз ба?	76	10	14
4	Сабақта топтық жұмыстар жасау сізге ұнай ма?	68	12	20

Сауалнама нәтижелері оқушылардың басым бөлігі интерактивті тапсырмаларды қызығушылықпен орындайтынын және тілдік дағдыларды дамытуға көмектесетінін көрсетеді.

Эксперименттік топтың орташа көрсеткіштері барлық тапсырмалар бойынша айтарлықтай өсті.Зерттеу нәтижелерін талдау барысында сандық көрсеткіштердің өзгерісіне ғана емес, одан бөлек оқушылардың тапсырмаларды орындау тәсіліндегі өзгерістерге де назар аударылды. Сондықтан тапсырмалар бойынша нәтижелерді жеке қарастыру интерактивті әдістердің нақты қай дағдыға көбірек әсер еткенін анықтауға мүмкіндік берді.

Бірінші тапсырма – тыңдалым арқылы мәтіннің негізгі ойын анықтау – эксперименттік топта айтарлықтай жақсарған тапсырмалардың бірі болды. Пред-тест кезеңінде оқушылар көбіне мәтіндегі жеке әрекеттерді ғана айтып, негізгі ойды толық жеткізе алмады. Ал пост-тестте жауаптар анағұрлым жинақы әрі нақты болды: оқушылар мәтіннің жалпы мазмұнын қысқаша қорытындылап айтуға тырысты. Нәтижесінде эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 3.0-ден 4.4 баллға дейін өсті, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 2.9-дан 3.7-ге дейін ғана артты. Мұндай өзгеріс сабақта қолданылған талқылау және жұптық жұмыс сияқты интерактивті тапсырмалармен байланысты. Бұл тәсілдер тыңдалған ақпаратты талдап, негізгі мағынаны анықтауға көмектеседі (Ермекбаева және т.б., 2024).

Екінші тапсырмада тыңдалған мәтіннен нақты ақпаратты табу қабілеті тексерілді. Пред-тест кезінде оқушылардың жауаптары көбіне жалпы сипатта болды, ал пост-тестте олар мәтіндегі нақты әрекеттерді толық атап көрсетуге тырысты. Эксперименттік топта көрсеткіш 2.8-ден 4.0-ге дейін өсті, ал бақылау тобында 2.7-ден 3.4-ке дейін ғана артты. Мұндай тапсырмалар оқушылардың мәтіндегі детальдарға назар аудару қабілетін дамытуға көмектеседі (Нугманова & Ахмадиева, 2025)[4].

Үшінші тапсырмада оқушылардың сөйлем интонациясын түсіну қабілеті бағаланды. Пред-тестте оқушылар көбіне сұраулы және хабарлы сөйлемдерді ажыратқанымен, лепті сөйлемдерді тануда қателіктер жіберді. Пост-тест нәтижесінде эксперименттік топтың көрсеткіші 2.6-дан 3.9-ға дейін көтерілді,

ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 3.3 деңгейіне ғана жетті.Оқушылар сөйлемдерді тек тыңдап қана қоймай, оларды әртүрлі интонациямен айтып көру арқылы жақсырақ түсіне бастады (Саденова, 2005).Айтылым дағдылары бойынша тапсырмаларда да оң өзгерістер байқалды. Қысқа әңгіме құрастыру тапсырмасында пред-тест кезінде оқушылардың жауаптары қысқа әрі жүйесіз болды. Пост-тестте оқушылар ойларын біршама ретпен жеткізе бастады. Эксперименттік топтың нәтижесі 2.7-ден 3.9-ға дейін өсті, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 3.5 деңгейінде қалды. Бұл сабақта қолданылған жоспар құру және жұптық талқылау сияқты әдістердің тиімді болғанын көрсетеді (Күлмагамбетова, 2014)[3]. Пред-тест кезінде диалогтар қысқа және қарапайым болды, ал пост-тестте оқушылар сұрақ қою мен жауап беруді белсендірек қолдана бастады. Эксперименттік топтың көрсеткіші 2.6-дан 3.8-ге дейін өсті, ал бақылау тобында 2.7-ден 3.6-ға дейін ғана артты. Бұл жұптық жұмыс формасының сөйлеу белсенділігін арттыруға көмектесетінін көрсетеді (Турсынбай, 2019) [6]. Жүргізілген тәжірибелік жұмыс зерттеудің негізгі мақсатына сәйкес келеді. Яғни бастауыш сыныпта интерактивті әдістерді жүйелі қолдану тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу бастауыш сыныпта интерактивті әдістерді көбірек қолданудың тыңдалым мен айтылым дағдыларының қалыптасуына нақты әсер ететінін көрсетті. Бұл өзгеріс тек сандық көрсеткіштердің өсуінен ғана емес, оқушылардың тапсырманы орындау тәсілінен де көрінді. Мысалы, зерттеу басында көптеген оқушылар тыңдалған мәтіннен тек жеке ақпараттарды атап өтсе, кейін олар мәтіннің жалпы мазмұнын қысқаша қорытындылап айтуға тырысты. Сол сияқты айтылым тапсырмаларында да оқушылардың сөйлеуі біртіндеп жүйелі, мазмұнды және сенімді бола бастағаны байқалды.

Сауалнама нәтижелері интерактивті тапсырмалардың оқушылар тарапынан жақсы қабылданғанын көрсетті. Оқушылардың көбңрек бөлігі рөлдік ойындар, диалогтік тапсырмалар және топтық тапсырмалар сабақтың қызықты өтуіне көмектесетінін айтты. Басқаша айтқанда, мұндай сабақтарда оқушы тыңдаушы емес, сабақта белсенді қатысушысы болады.Зерттеу нәтижелері бастауыш сыныпта интерактивті әдістерді саналы әрі жүйелі қолдану оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуда тиімді педагогикалық құрал бола алатынын көрсетті. Сондықтан бастауыш сыныптағы тілдік сабақтарда интерактивті тапсырмаларды мақсатты түрде қолдану оқыту сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Байназарова, Т.Б. және т.б. 2024. Бастауыш сыныпта интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану. Алматы: «Педагогика Ғылым». https://bilimger.kz/172508/

2. Ермекбаева, Г.М.; Кузембаева, Г.Г.; Майдағалиева, Ж.; Spulber, D. 2024. “Effects of Interactive Learning Module Technology on Kazakh as a Second Language Learners.” Journal of Education and e-Learning Research 11(5): 523–529. https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1360616.pdf

3. Кульмагамбетова, А.Х. 2014. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. Астана: Ұлттық білім академиясы. https://umckrg.gov.kz/files/loader/1618302023461.pdf

4. Нугманова, Ф.; Ахмадиева, Ж. 2025. “Развитие речи младших школьников через навыки аудирования и говорения.” Педагогика и психология (журнал «Білім-Образование») 112(1): 112–127. DOI:10.59941/2960-0642-2025-1-112-127

5. Саденова, А.Е. 2005. Тіл үйретуде интерактивті әдісті қолданудың ерекшелігі. Алматы: Қазақстан ұлттық университеті. https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/25925/133/3/4/0//

6. Турсынбай, Ж.Е. 2019. “Бастауыш мектепте интерактивті оқыту әдістері.” Молодой ученый, №18.1: 17–18. https://moluch.ru/archive/256/58709

7. Ұлттық білім академиясы. 2023. Бастауыш сыныптарда сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым) дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: БҒМ. https://uba.edu.kz/storage/app/media/2012-2022Үздік педагог/1.69 MP KAZ.pdf

ҒТАМА 17.09.91

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Сайынова Ә.М., 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті; **Шнайдер В. А.,** доцент, филол. ғ. к., Астана халықаралық университеті. Астана қ., Қазақстан Республикасы
ademi.saiynova@mail.com

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығы қарастырылады. Ұлттық тәрбиенің негізі ретінде саналатын дәстүрлі шығармалардың қазіргі оқу бағдарламасынан шеттетілу себептері мен салдары талданады. Сонымен қатар бүгінгі оқулықтардағы мәтіндердің ұлттық мазмұнмен байланысы мен бағыт-бағдарына талдау жасалып, нақты мысалдар арқылы оқушы бойына ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтарды сіңіру жолдары ұсынылады. Автор әртүрлі сыныптарға арналған қазіргі оқулықтарды салыстыра отырып, ұлттық тәрбие мен құндылықтың берілу деңгейін саралайды. Мақалада ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан туындаған, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани-мәдени байлықтар жиынтығы ретінде жас ұрпақты тәрбиелеуде басты рөлді атқаратындығы басшылыққа алынып, бүгінгі өскелең жас ұрпақтың бойында елжандылық, отансүйгіштік, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда басты тәрбие көзі болып мектептердегі ұлттық негіздегі білім мен тәрбие беру арқылы жүзеге асатындығына ерекше назар аударылды.

Кілт сөздер: Ұлттық құндылық, оқулық мазмұны, ұлттық тәрбие, Алдар көсе, оқу бағдарламасы, ұлттық идея.

Кіріспе. Қоғамның рухани жаңғыруы мен ұлттық болмысты сақтау жолында білім беру жүйесіне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әсіресе, мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні тек тілдік білім берумен шектелмей, оқушы бойына ұлттық құндылықтарды дарытудың, ұлттық сананы қалыптастырудың негізгі арнасы болып табылады. Ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан туындаған, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани-мәдени байлықтар жиынтығы. Бүгінгі жас ұрпақтың бойында елжандылық, отансүйгіштік, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру – ұлттық негіздегі білім мен тәрбие беру арқылы жүзеге асады.

Алайда соңғы жылдары мектеп бағдарламасынан тәрбиелік маңызы зор көптеген әдеби шығармалардың, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің түсіп қалуы қоғамда алаңдаушылық тудыруда. Бұл жағдай ұлттық мазмұнның әлсіреуіне, оқушылардың ұлттық болмысты толыққанды тани алмауына әкелуі мүмкін. Сондықтан ұлттық құндылықтарды мектепте оқытудың қазіргі жайын

зерделеп, оны оқушы бойына сіңірудің тиімді жолдарын қарастыру – уақыт талабы.

Материалдар мен әдістер. Мақала материалдарына тіл мен әдебиетті оқытудағы Әміров Ә., Қасқабасов С., Жанұзақова Т., Құрманбай Г.Қ., Жұмағұлова Қ.Ж., Әбіл Е.Қ., Оралбаева Б.Қ., және т.б. ұлттық құндылық мәселелеріне арналған еңбектері арқау болды. Зерттеу барысында сипаттау, талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Ұлттық құндылық – белгілі бір халықтың өмір сүру салты мен дүниетанымын айқындайтын, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани-мәдени байлық. Бұл – ұлттың өзіндік болмысын, тарихи жады мен танымдық ерекшелігін айқындайтын, халықтың рухани тірегіне айналған ұғым. Қазақ халқы үшін ұлттық құндылықтар қатарына тілі, діні, салт-дәстүрі, мақал-мәтелі, ертегісі мен жыры, батырлық мұрасы және отбасы құндылықтары жатады. Олар тек өткеннің сарқыты емес, бүгінгі мен болашақтың да темірқазығы саналады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде көптеген ұлттар өзінің тілі мен діліне, рухани тамырына қауіп төндіріп отыр. Жаңа технология, ақпарат пен мәдениет ағымында ұлттық болмыстың көмескіленуі, жастар арасында өз ұлтына деген немқұрайлылықтың артуы – жиі кездесетін құбылыстар. Мұндай кезеңде ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғырту – тек мәдениет пен саясат саласының ғана емес, ең алдымен білім беру жүйесінің міндеті болуы тиіс.

Ұлттық құндылықтар адамды тұлға ретінде қалыптастырып қана қоймай, оны қоғамның толыққанды әрі жауапты мүшесі етуге негіз болады. Олар адам бойында отансүйгіштік, намыс, ар-ұят, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбекқорлық пен адалдық сияқты қасиеттерді дамытады. Әрбір ұлттың болашағы оның бүгінгі ұрпағының қандай рухани негізде тәрбиеленгеніне байланысты. Сондықтан жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды ерте бастан бойына дарыту – стратегиялық мәнге ие.

Білім беру кеңістігінде, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде ұлттық құндылықтарды оқыту – оқушының тек ой-өрісін дамытумен шектелмей, оның рухани дүниесін байытуға бағытталады. Осы пән арқылы оқушы туған тілі мен тарихын, елін, халқын терең тануға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, әдеби шығармаларда көрініс тапқан ұлттық болмысты түсіну арқылы оқушыда елге, жерге, ата-анаға, мәдени мұраға деген құрмет қалыптасады. Мұндай тәрбиенің нәтижесі – ұлттық сана мен патриоттық сезімі биік тұлға.

Ұлттық құндылық – тәрбие негізі. Ұлттық құндылық – ұлттың өзіндік болмысын, дүниетанымын және өмірлік ұстанымын айқындайтын рухани тұғыр. Әр халықтың болашағы – ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Қазақ халқы үшін тәрбие – бірінші орында тұратын қасиетті ұғым. «Тәрбие – тал бесіктен» дейтін даналық осының дәлелі. Ал тәрбие берудің тиімді жолдарының бірі – ұлттық құндылықты білім беру үдерісіне кіріктіру. Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің рөлі ерекше. Себебі ол тіл арқылы ойлауды, әдебиет арқылы ұлттың рухын, тарихын, мәдениетін тануға жол ашады.

Бүгінгі мектеп бағдарламасындағы әдеби шығармалар ұлттық тәрбиенің негізін құрайтын идеяларға толы. Мысалы, 5-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында ұсынылған Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесі – ұлттық тәрбиенің классикалық үлгісі. Бұл шығармада әкенің ұлына еңбектің қадірін түсіндіру арқылы адалдық пен еңбекқорлық секілді қасиеттерді дарытуы көрініс табады. Ұлттық тәрбиені мына үзіндіден байқай аламыз: Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. «Бұл – ұлттық құндылықтардың бірі – еңбекке баулудың нақты көрінісі» [1,40].

Сол сияқты М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған үзінділер – «шәкіртті ұлы ойшыл, халық жанашыры Абай бейнесі арқылы ұлттық рухқа, әділеттілікке, білімге құштарлыққа баулиды» [2,12].

6-сыныптағы Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі. Батырдың балалық шағы мен ана тәрбиесін сипаттай отырып, «бұл шығарма оқушылардың бойында отбасылық құндылықтарға, үлкенді сыйлау, ананы құрметтеу, намыс пен жауапкершілікке тәрбиелейді» [2,48].

Қазіргі әдебиеттен де мысал келтірсек, 7-сыныптағы С. Торғайдың «Ана жүрегі» әңгімесі ананың балаға деген махаббаты мен шексіз қамқорлығын суреттейді. Ана образын көркем бейнелеу арқылы оқушының бойында мейірімділік, сүйіспеншілік және отбасы құндылықтарына деген құрмет қалыптасады» [3,96].

Оқулықтардағы бұл сияқты шығармаларды тек әдеби шығарма ретінде ғана қарастырмай, олардың мазмұнынан ұлттық құндылықтарды аршып алып, тәрбиелік мақсатта тиімді пайдалану – мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Әдебиет сабақтарында кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру, ұлттық қасиеттерді табу, бүгінгі өмірмен байланыстыра талдау арқылы оқушыда ұлттық сана қалыптасады.

Бағдарламаға енбей қалған шығармалар: себептері мен салдары. Қазақ әдебиетінің алтын қорында ерекше орын алатын халық ертегілері мен кейіпкерлері – Алдар Көсе, Мақта қыз, Тазша бала – бұрынғы оқулықтарда кеңінен қамтылып, оқушылардың ұлттық құндылықтарды меңгеруіне ықпал етті. Алайда, соңғы жылдары бұл шығармалар жаңартылған оқу бағдарламасынан тыс қалып отыр. Бұл өзгерістің себептері мен салдарын нақты оқулықтар негізінде қарастырайық.

«Алдар көсе және мақтаншақ бай» – қазақ халық ертегілерінің ішіндегі кең тараған түрі. Бұл шығармада басты кейіпкер Алдар көсе — әділетсіздікке қарсы тұратын, қарапайым халықтың сөзін сөйлейтін бейне ретінде сипатталады. Ертегіде мақтаншақ бай – қанағатсыз, өзімшіл, қара басының қамын күйттеген адам ретінде көрсетіледі. Ал Алдар көсе сол байды

қулығымен, тапқыр сөзімен жеңіп шығады. Бұл жерде Алдардың әрекеті халықтың ішкі наразылығының бейнесіндей: ол озбыр байлар мен әділетсіз билік иелеріне қарсы тұрудың жолын тапқырлықпен табады.

Бұл ертегі кезінде оқулықтарда жиі кездесетін, тәрбиелік мәні зор шығарма ретінде қарастырылған. Алайда соңғы жылдары сарапшылар тарапынан бұл шығармаға сын пікірлер айтылуда. Себебі Алдар көсенің байды алдауы, өтірік айту арқылы мақсатына жетуі, қазіргі заманғы тәрбиелік талаптарға сай емес деген пікір бар. Мәселен, ҚР БҒМ бекіткен сараптама комиссиясы мүшелерінің бірі, педагогика ғылымдарының кандидаты Г.Т. Оразбекова былай дейді: «Алдар көсенің әрекеттері балаларға тапқырлықты емес, алдау мен өтірікті үйретуі мүмкін деген қауіп бар. Бұл, әсіресе, бастауыш сынып жасындағы баланың моральдық бағдарын шатастыруы мүмкін» [4,16].

Осы себепті ертегі жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына енбей қалған. Қазіргі таңда бұл ертегі қосымша әдеби материал ретінде қарастырылады, бірақ негізгі оқу құралы ретінде бекітілмеген.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісіне талдау. «Мақта қыз бен мысық» – жас оқырманның танымын қалыптастыруда ерекше орын алатын, қарапайым әрі түсінікті тілмен жазылған халық ертегісі. Бұл ертегі бір оқиға желісінде себеп-салдарлық байланыстарды логикалық түрде жеткізу арқылы оқушыны ойлануға, мәселені шешудің жолдарын іздеуге үйретеді. Мысықтың қатықты төгіп, Мақта қыздың оның құйрығын кесіп алуы, мысықтың оны қайтара алу үшін бірқатар әрекеттерге баруы – бір жағынан әділет орнату әрекеті, екінші жағынан, ізденіс пен еңбектің үлгісі ретінде қарастырылған. Мәтіннен үзінді: «Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық: «Апа, апа, құйрығымды берші!» – дейді. Мақта қыз: «Менің қатығымды төле!» – дейді…»

Дегенмен, соңғы жылдары бұл шығарма да сынға ұшырап, негізгі оқу бағдарламасынан шеттетілді. Белгілі әдебиеттанушы А. Қуанышқызы былай деп жазады: «Ертегінің сюжетінде балаларды бір-бірін мәжбүрлеуге, талап қоюға, шарт қоюға үйретететін тұстары бар. Ал бұл қазіргі инклюзивті және ізгілендірілген білім жүйесіне сәйкес келмейді».

Сонымен қатар қазіргі балалар тәжірибе жасағанды ұнататынын ескерсек, «Мақта қыз бен мысықты» оқыған баланың мысықпен тәжірибе жасап көрмесіне кім кепіл?

2017 жылы даулы мәселеге айналған мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы «Әнші – сазгер ақындар» атты бөлімдегі «Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов» тақырыбын қарастырайық.

«Өтті» деп Ер Исатай естігенде,
Қасымда қайғы жеді серілер де.
Қолымда болат қанжар шарт үзілді,
Майрылды тасқа тимей семсерім де.
Шешілді кермедегі арғымағым,
Өшті ме жанып тұрған шамшырағым

Айрылып Исатайдай асыл ерден,
Кетті ғой судан таза, сүттен ағым.
Кетіпті қалың әскер бәрі тарап,
Ақбұлақ қаптай қонған екі жағын …» [4,301].

Бұл мәселе жөнінде Бөрібай Кәртен өзінің «Оқулықтағы сауатсыз авторлар бейбастағы» атты мақаласында былай деп жазады: «Бірді айтып, бірге кеткен. Сөйлемдердің мағынасы ұғынықсыз, өзара еш байланысы жоқ. Мысалы, «Қолымда болат қанжар шарт үзілді», («Айрылып Исатайдай асыл ерден, – Кетті ғой судан таза, сүттен ағым» деген т.б. ми айналдыратын балдыр – батпақтарды шәкірттерге оқытып Г.Құрманбай нендей мақсатқа жетпек болды екен?! Осы ойландырады бізді.» [5].

Атышулы оқулық Білім және ғылым министрі мақұлдауымен білім стандартынан алынып тасталды.

Қазіргі оқулықтардағы ұлттық мазмұн: талдау және түсінік. «Әдебиеттік оқу», 5-сынып оқулығындағы «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» [6,45] мәтінін қарастырсақ, бұл мәтінде қазақ тілінің адам өміріндегі, ұлттық болмысты сақтаудағы орны айқын көрсетілген. Тілге деген сүйіспеншілік пен оны қадірлеу – басты тақырып. Мәтін оқушыны өз ана тіліне деген мақтаныш пен жауапкершілікке баулиды.

«Қазақ әдебиеті», 6-сынып оқулығындағы «Арыстан баб пен Қожа Ахмет Яссауи туралы аңыз» [7,35] туындысы ерекше назарға ілінері сөзсіз. Аңызда рухани ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысты, сопылық бағыттағы тазалық пен білімге құштарлық суреттеледі. Ұлттық дүниетанымды тереңдетуге, рухани тәрбиені күшейтуге негіз болады. Бұл мәтін оқушының рухани дүниесін байытып, үлкенге құрмет, білімге ұмтылу секілді қасиеттерді сіңіреді.

«Қазақ әдебиеті», 7-сынып «Абылай хан» [8,62] тарихи тұлғасы туралы үзіндіні талдайық. Бұл мәтінде қазақ халқының тәуелсіздік үшін күрескен тарихи кезеңі, Абылай ханның ерлігі мен көрегендігі баяндалады. Оқушыларды отансүйгіштікке, тарихты құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында ұсынылған. Мәтіннің құрылымы мен тілі жасөспірімдерге түсінікті әрі әсерлі.

Қазіргі оқулықтардағы ұлттық мазмұн бай, әрі жан-жақты. Шығармалар мазмұны оқушы санасына сіңімді етіп дайындалған. Алайда ұлттық құндылықтар кейде тұспалдап, жанама түрде берілетіндіктен, мұғалім тарапынан бағыттау мен түсіндіру міндетті түрде қажет. Бұл – ұлттық тәрбиені жүйелі әрі мақсатты жеткізудің кілті.

Қорытынды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні – тек тіл мен әдебиетке ғана үйрететін пән емес, бұл – ұлттың рухани қазынасын, дүниетанымын, мәдениетін0, салт-дәстүрі мен ұлттық болмысын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін маңызды идеологиялық құрал. Әсіресе қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық кодты, рухани мұраны, қазақы тәрбие мен танымды сақтау – ең өзекті міндеттердің бірі. Бұл міндеттерді жүйелі түрде іске асыруда мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің орны ерекше.

Бір кездері бастауыш және орта буын оқулықтарында кеңінен оқытылған «Алдар көсе», «Мақта қыз бен мысық», «Тазша бала» сынды шығармалар – балаларды тапқырлыққа, әділдікке, еңбекқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелейтін, ұлттық танымға бай халық мұралары болатын. Бүгінде бұл туындылардың біртіндеп оқу бағдарламасынан алынып тасталуы оқулық мазмұнының заманауи талаптарға сәйкестенуімен түсіндірілсе де, ұлттық мәдени кодтың үздіксіздігіне белгілі бір деңгейде кері әсер ететіні анық. Баланың дүниетанымы мен мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін шығармалар мектеп жасындағы кезеңде берілмесе, кейін олар ұлттық негізден алшақтап қалуы мүмкін.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ұлттық құндылықтарды берудің тиімді жолдарының бірі – оқушыны тек білім алушы ретінде емес, болашақ ұлт өкілі, ұлттық сана мен рухани мұраның жалғастырушысы ретінде қарау. Сабақ барысында халық ауыз әдебиетіндегі мысалдармен, қазіргі ұлттық идеологияны қалыптастыратын заманауи әдеби шығармалармен ұштастыра отырып, оқушылардың ішкі рухани жан дүниесіне әсер ету – әрбір педагогтің басты мақсаты болуға тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Әміров Ә. және т.б. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 221 Б.

2. Қасқабасов С. және т.б. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 156 Б.

3. Жанұзақова Т. және т.б. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 124 Б.

4. Құрманбай Г.Қ., Жұмағұлова Қ.Ж., Әбіл Е.Қ. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық және хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 2010. – 126 Б.

5. Дереккөз: ABAI.KZ [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://abai.kz/post/91676 - қолжетімділік күні 12.02.2026.

6. Жұмағалиева Қ.Ж. Әдебиеттік оқу: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап, 2021. – 132 Б.

7. Оралбаева Б.Қ. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2022. – 181 Б.

8. Жұмағалиева Қ.Ж. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2022. – 168 Б.

ҒТАМА 16.31.02

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕРДІҢ ТАРАЛУЫ

Салыкова М.С., 6В01708 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті; **Шнайдер В.А.,** ф.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
salykovamoldir609@gmail.com

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі орфографиялық норма мен ондағы жиі кездесетін қателер тақырыбы қозғалды. Орфографиялық қателердің таралу себептері мен салдары талданып, олардың тілдің жазба мәдениетіне әсері көрсетілген. Зерттеу барысында орфографиялық нормалардың бұзылуына әсер ететін факторлар, соның ішінде фонетикалық ерекшеліктер, интернеттегі бейресми жазылым және оқу үдерісіндегі әдістемелік кемшіліктер сараланған. Мақалада орфографиялық сауаттылықты арттыру және емле мәдениетін дамытуға қатысты практикалық ұсыныстар берілген. Зерттеу жұмысы көпшілік оқырманға арналған және қазақ тілінің дұрыс жазылуын сақтаудың маңыздылығын көрсетуге бағытталған.

Кілт сөздер: орфография, жазу емлесі, сауаттылық, орфографиялық сөздік, орфографиялық норма, тіл мәдениеті, емле.

Кіріспе. Қазақ тілінің орфографиясы – тіл мәдениетінің, ұлттық жазу жүйесінің және қоғамдағы жалпы мәдени деңгейдің айқын көрсеткіші. Сауатты жазу – адам білімінің, тілдік құзыретінің, әрі коммуникативтік мәдениетінің басты белгісі. Бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайында жазба тілдің қолданыс аясы кеңейіп, әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникация құралдары арқылы тілдің бейресми жазу түрі белсенді дамуда. Бұл құбылыс қазақ тілінің орфографиялық нормаларына әсер етіп, түрлі қателердің жиі таралуына әкеліп отыр.

Қазіргі қоғамдағы жазба коммуникацияның кеңеюі мен тілдік нормалардың бұзылу жиілігінің артуы жағдайында қазақ тіліндегі орфографиялық қателердің таралу себептері мен ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі зерттеу жұмысының өзектілігі болып отыр. Бұл мәселені шешу – тіл мәдениетін жетілдірудің, сауаттылық деңгейін арттырудың және жаңа графикаға бейімделудің маңызды шарты.

Материалдар және әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында сипаттамалы әдіс пен талдау мен жинақтау тәсілдері қолданылды. Мақсатқа жету үшін осы мәселеге арналған Қ. Ерғалиев, Қ. Сақ, Қ. Күдеринова, Р. Сыздық, Н. Уәлиев, А. Ысқақов, Ш. Құрманбаева және тағы да басқа ғалымдардың еңбектеріндегі орфография, тіл мәдениеті және жазу нормаларына қатысты ғылыми тұжырымдары, ой-пікірлері басшылыққа алынды.

Нәтижелер. Қай дәуірде болмасын, адамзаттың мәдениеттілігін, сауаттылығын көрсететін бірден бір шарттты нәрсе – дұрыс сөйлеу және дұрыс жазу. Тіл мәдениетіне ие адам дәл, таза, көркем сөйлері сөзсіз. Ғалым М.Б. Балақаев: «Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер тағы басқалар рухани өмір табыстарының жиынтығы да, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдерінің ширау, жетілу дәрежесі», – дей келе, «Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [1,115]. М. Балақаев тіл мәдениетін екі салаға бөліп көрсеткен, бірі – баспасөз тілінің мәдениеті болса, екіншісі – сөйлеу тілінің мәдениеті. Мәдениеттің дамуы жазудың шығуымен тығыз байланысты. Жазусыз өркениет те жоқ. Демек, тіл мәдениетінің шыңына жетуіміздің көрсеткіші – осы баспасөз тілінің мәдениеті десек болады. Ол үшін орфографиялық нормаға бағыну өте маңызды.

«Орфография (грек. *orthos* дұрыс, *grapho* жазамын) – жазба тілде қолданылатын біркелкі жазу ережелерінің тарихи қалыптасқан жүйесі, емле ережелері» [2,236]. Тілдің қоғаммен бірге дамып, жаңарып отыратыны секілді оның орфографиялық нормалары да солай түрленіп отырады. Дегенмен, қазіргі жазуымызда бірізділіктің жоғалып бара жатуы үлкен мәселеге айналуы мүмкін. Сөздердің дұрыс жазу нормаларының бұзылуы орфографиялық қателікке алып келеді. Тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы “өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек” десе, көрнекті ғалым, қайраткер Х. Досмұхамедұлы: «жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ. Басқаның сөзін бұзбай аламыз деп тіліңді бұрап жүргенде, өз тіліңнен айырылып қаларсың» деп ескертті. Қ. Жұбанов: «Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылыс заңына қарасақ, емле дыбыс негізді (фонетикалық принцип) болуға тиісті» [3] – деген болатын.

Қазіргі кезде орфографиялық қателер негізінен жастар арасында көп кездеседі. Қателердің кең таралған мынандай түрлерін көрсетуге болады: бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазылатын сөздер, тасымал тәртібі, шылаулардың жазылуы, тыныс белгілерінің қойылу тәртібі, т.б. Қазіргі қазақ тілінде мұндай орфографиялық қателердің таралуына бірнеше фактор ықпал етеді.

Әлеуметтік желілер (Instagram, TikTok, Telegram және т.б.) қазіргі жазба коммуникацияның негізгі алаңына айналып, мәтін өндіру үдерісіне айтарлықтай ықпал етуде. Бұл ортада пайдаланушылар үшін ақпаратты тез жеткізу бірінші орынға қойылады, сондықтан жазу барысында орфографиялық нормаларды саналы түрде бақылау деңгейі төмендеген. Онда емле ережелерін сақтау міндетті талап ретінде қарастырылмайды, қате жазу стилистикалық немесе мәдени қате ретінде қабылданбайды. Пайдаланушылар қате жазылса да, мәтінді түсіне береді, сондықтан орфографияға жауапкершілік азайып барады. Жеделдікке ұмтылу нәтижесінде сөздер ықшамдалып, дыбысталуы қалай естілсе, солай жазылатын фонетикалық үлгілер кең таралады. Сондай-

ақ, асығудың нәтижесінде әдейілеп дауысты дыбыстарды (көбінесе қысаң дауыстыларды) түсіріп жазатындар және қазақша жазуда орыс алфавитін қолданатындар көп. Мысалы, *барамын – барам, жүрмін – жүрм, не істеп жатырсың – нестеп жатсың, тапсырма – тапсрма, оқыдым – окдм, ұмытып қалыппын – умтп каппн, ауылға - аулга т.б.*. Мұндай құбылыс ауызша тілдің жазба тілге тікелей әсер етіп, сөйлемнің толық құрылымын сақтамауға, жалғау-жұрнақтардың дұрыс жалғанбауына, бірге және бөлек жазылу нормаларының бұзылуына әкеледі. Уақыт өте келе мұндай ортада өскен жас буын үшін орфографиялық қателер табиғи, қалыпты құбылысқа айналып барады.

Орыс тілінен тікелей аударма жасау да орфографиялық қателердің таралуына көмектеседі. Қазіргі уақытта мемлекеттік тіліміз – қазақ тілімен тең қолданылатын екінші тіл, яғни орыс тілі бары бәрімізге белгілі. Орыс тілді адамдардың қазақша білімдері аз болғандықтан тікелей аударма жасап, қоршаған ортамыздың сәнін бұзуда. Көшеге шықсақ, қарапайым дүкен атауының қате екенін, көше атауының жазылуы дұрыс емес екенін, хабарландыру, жарнама сөздері орфографиялық нормаға сай келмеуін көру күнделікті жағдай болып барады. Мысалы, *«дүкен»* сөзінің орнына *«дукен», «меняй старую технику на новую»* деген сияқты жарнамалар аудармасы *«кәрі техниканы жаңасына ауыстыр»* деп қате беріліп жүр. Орыс тілінің ығына қарай сөйлеймін деп, сөйлеуіміз де, жазуымыз да таза болудан қалып барады.

Оқу орындарындағы жазба жұмыстардың аздығы және орфографияны оқытудағы әдістемелік кемшіліктер де жас ұрпақтың қате жазуының себебі болып отыр. Жазба жұмыстары, соның ішінде диктант жазғызу азайып, ереже жаттатуға көбірек мән беріліп, қолдану дағдылары жеткілікті дамытылмайды.

Оқушының сауаттылығын тексерудегі және жазылым дағдысын дамытудағы бірден бір тиімді жұмыс – диктант. Диктант – оқушылардың орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығын тексерудің негізгі формаларының бірі. Білім алушылардың ауызша жауаптары және жазба жұмыстары бойынша бағдарламалық материалдарды қаншалықты деңгейде меңгергендігін ескере отырып, әр сыныпта белгілі бір нақты көлемде қорытынды жазба жұмыстары өткізіледі. Диктант мәтіні үшін әдеби тіл нормаларына сай келетін мәтіндерді пайдалану ұсынылады. Диктант белгілі бір тақырып бойынша оқушылардың дайындығын тексеру мақсатында жүргізілетіндіктен, сол тақырыптың негізгі орфограммалар мен тыныс белгілері енгізіліп, сонымен қатар, бұрынғы алған дағдыларының беріктігін көрсетуі тиіс. Диктанттың мәтінінде: 5-сыныпта – 5 сөзден артық емес, 6-сыныпта – 7 сөзден артық емес өткен сабақтарда меңгерілген орфограммалар ғана енгізілуі қажет. Оқушылар жазылуы қиын сөздермен және олардың емлесімен өткен сабақтарда таныс болуы тиіс [4]. Диктант оқушылардың орфографиялық сауатын қалыптастыруда, дұрыс жазу нормаларын меңгертуде, тілдік дағдыларын жүйелеуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі цифрлық заманда балалар көп жағдайда қысқартылған, бейресми жазылымға бейімделіп бара жатқандықтан, диктанттың маңызы бұрынғыдан да арта түсті.

Диктантпен қатар көшіріп жазу әдісін қолдану орфографиялық дағдыны қалыптастыруда айтарлықтай тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Көшіріп жазу барысында оқушы мәтінді көзбен қабылдап қана қоймай, оның әрбір сөзінің графикалық құрылымын, орфографиялық ерекшеліктерін және тыныс белгілерінің қойылу ретін саналы түрде байқайды. Бұл әрекет визуалды, моторлық және тілдік жадының бір мезетте жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, нәтижесінде дұрыс жазу дағдысы тезірек бекінеді. Сонымен қатар көшіріп жазу мәтіндегі сөздердің арасындағы мағыналық байланыстарды, сөйлемнің құрылымын, тыныс белгілерінің қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, диктант – есту арқылы қабылдап жазуды дамытса, көшіріп жазу – көру арқылы орфографиялық норманы нақтылау мен автоматтандыруға ықпал ететін, бірін-бірі толықтыратын тиімді әдістік жүйе болып саналады.

Дұрыс жазуда оқудың да маңызы зор. Р. Сыздық «Жазба дүниені көп оқитын адам сауатты жазады. Олардан *атүсті*, *атсалысты, алқызыл* деп жазылғандарды оқи-оқи, көз алдында бұл сөздердің осылайша қосылып жазылған таңбалары санадан тыс түрде сақталып отырады», - дей келе, «Сондықтан сауатты жазуда кітап, газет, журнал сияқты дүниелердің жауапкершілігі, қызметі орасан зор болады» [5, 185] – деп жиі оқуды ұсынады. Шынымен, көру арқылы кітап оқу кезінде жазылған сөздер еріктен тыс жадыда жатталады, бұл жазу кезінде өз көмегін береді. М. Балақаев «Тіл мәдениеті мен қазақ тілін оқыту” атты кітабында “сөздердің айтылуы мен жазылуы нұсқаларында мүмкін болғанша жақындық, үйлесім болуға тиіс» [1,185] – дейді. «Баспа орындарынан шығатын газет, журнал, кітаптар мәдениетті оқушы қауымға арналатындықтан, олар қай жағынан болса да, әсіресе, орфографиялық, пунктуациялық қателерден аулақ болғаны жөн» [3].

Сөздердің дұрыс жазылуын қамтамасыз ету үшін орфографиялық сөздікті міндетті түрде қолданғанымыз жөн. Ғ. Қалиев және Ә. Болғанбаев бірігіп жазған еңбектерінде аталған сөздікке осылай анықтама берген: «Сөздердің орфографиялық (емле) ережелеріне сай дұрыс жазылуын көрсететін сөздік орфографиялық сөздік деп аталады» [6,237]. Сөздік арқылы өзіміз дұрыс жазылуы қалай екенін білмеген сөздерімізді қарап, дұрыс жазылуын анықтап, білуімізге болады. Орфографиялық сөздікті оқу үдерісінде, ғылыми жұмыстарда және күнделікті жазбаша коммуникацияда тұрақты қолдану қазіргі қазақ тілінің дұрыс жазылуын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып саналады. Бір өкініштісі, қазіргі қоғам бұл сөздікті сирек қолданады.

Дегенмен, бүгінгі дамушы елімізде емленің дұрысталуын күн тәртібіне қоюға тырысып жүрген жастар бар. Кітап (сөздік) тасып, не ондағы сөзді табу үшін бет ақтарып, немесе электронды сөздікті іздеп отырмауымызға болады. Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген қазақ тілінің орфографиялық электронды базасы - emle.kz сайты (https://emle.kz/kz) да қатесіз жазуда сенімді көмекші құрал бола алады. Базада жүз мыңнан астам сөз бар, кез келген сөзді теріп, дұрыс жазылуын тексеруге болады. Бұл электрондық анықтамалықта қазақ тілінің орфографиясы, пунктуациясы, тіл нормалары, қысқартулар мен дублет сөздер,

сондай-ақ сөздің айтылуы мен жазылуы арасындағы ерекшеліктер нақты ережелермен берілген. Емле нормалары туралы тереңірек білгілері келетіндерге арналған ғылыми мақалалар мен кітапхана қоры бар. Сонымен қатар, сайтта сауаттылықты тексеруге арналған қиындығы әртүрлі келетін онлайн диктанттарды орындап, нәтижесін бірден білуге болады [7].

Қорытынды. Қазіргі қазақ тіліндегі орфографиялық қателердің таралуы тек жеке оқушының немесе тіл қолданушының сауаттылығына қатысты мәселе емес, ол тұтас тілдік жүйенің, әлеуметтік ортадағы өзгерістердің әсерімен тығыз байланысты күрделі құбылыс болып табылады. Орфографиялық нормалардың сақталуы қазақ тілінің тұрақтылығын, жазба мәдениеттің деңгейін және коммуникация сапасын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Орфографиялық қателердің алдын алу үшін мектеп пен жоғары оқу орындарында орфографияны оқытуда әдістемелік жаңашылдықтарды енгізу қажет. Дәстүрлі диктант, көшіріп жазу сияқты тәжірибелік әдістер оқушының жазба тілін жетілдіруге, сөздердің дұрыс жазылуын есте сақтауға және емле нормаларын саналы түрде қолдануға мүмкіндік береді, сондықтан диктантты мектеп бағдарламасына қайта енгізу қажет. Сонымен қатар, қоғамда тіл мәдениетіне деген жауапкершілікті арттыру, жазба тілдің нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру маңызды. Бұл бағыттағы тұрақты іс-шаралар қазақ тілінің дамуына, жазба мәдениеттің сапасына және тілдік бірізділіктің сақталуына тікелей ықпал етеді.

Осылайша, орфографияны сақтау мен орфографиялық қателерді азайту тек оқушылардың сауаттылығын арттыру ғана емес, сонымен бірге қазақ тілінің дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің, жазба тіл мәдениетін көтерудің және қоғамдағы тілдік мәдениетті қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.

2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.

3. Дереккөз: MASSAGET.KZ, Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: hhttps://massaget.kz/gumanitarly-ylymdar/orfografiyalyik-sauattyilyik-maseles-48505/amp/ – қолжетімділік күні 29.03.2026.

4. Дереккөз: WWW.ZHARAR.COM/KZ, Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://www.zharar.com/kz/dictant/38374-5-6.html – қолжетімділік күні 12.03.2026.

5. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 292 б.

6. Қалиев Ғ. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 б.
7. Дереккөз: EMLE.KZ, Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://emle.kz/kz – қолжетімділік күні 12.03.2026.

ҒТАМА 17.71.91

ЖЫРШЫЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ЖАЛҒАСЫ: САПАБЕК СМАИЛОВ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ БІРЕГЕЙЛІГІ

Сансызбай Ж., 6В01708 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының 2 курс студенті; **Шнайдер В. А., д**оцент, филол. ғ. к., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
janek080105@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл мұрасы болып саналатын жыршылық дәстүрдің қазіргі кезеңдегі жалғасы – Сапабек Смаилов шығармашылығы жан-жақты талданады. Автордың жыр айту мәнері, поэтикалық ерекшелігі, тақырыптық ауқымы және дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру шеберлігі көркемдік тұрғыдан қарастырылды. Автордың «Мәңгілік бірлік», «Құтымды неге қашырдың?» сияқты шығармаларының тақырыптық, идеялық және көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында тарихи және сипаттамалы әдістер, салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылып, жыршылық дәстүрдің бүгінгі әдеби үдерістегі орны айқындалды. Мақалада С. Смаилов шығармашылығының ұлттық жыраулық өнерді сақтаудағы және жаңғыртудағы рөлі талданып, оның қазақ руханиятына қосқан көркемдік үлесі көрсетілді.

Кілт сөздер: жыршылық, терме, арнау, өсиет, Сапабек Смаилов , дәстүр, жыр.

Кіріспе. Қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл қазынасы-жыршылық дәстүр ғасырлар бойы ұлттың салт-санасын, рухани болмысын, дүниетанымын сақтап келген ерекше өнер түрі. Бұл дәстүр тек көркем сөз өнері ғана емес, халықтың өмір салтымен, ұлттық мінезімен, дүниеге деген көзқарасымен тікелей байланыста дамыған құбылыс. Сол жыршылық өнердің сабақтастығын жалғап, оны жаңа қырынан дамытқан тұлғалардың бірі-Сапабек Смаилов.

Сапабек Смаилов – ұлттық жыраулық-жыршылық өнердің бүгінгі кезеңдегі көрнекті өкілдерінің бірі. Оның шығармашылығы көне дәстүр мен жаңа заман келбетін шебер ұштастыруымен ерекшеленеді. Жыр айту мәнері, тақырыптық ауқымы, орындаушылық шеберлігі арқылы ол қазақтың рухани әлеміне өзіндік өрнек қосты.

Бұл мақалада Сапабек Смаилов шығармашылығының өзіндік бірегей тұстары, жыршылық дәстүрді жалғастырудағы рөлі және оның өнерінің ерекшеліктері тарихи және көркемдік тұрғыдан талданады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында тарихи, сипаттамалы әдістер мен талдау, жинақтау тәсілдері қатар қолданылды. Қазақтың жыршылық дәстүрінің сақталуы мен қазіргі әдеби үдерістегі

көрініcті анықтау мақсатында фольклортанушы және әдебиеттанушы ғалымдар Н. Келімбетов, Қ. С Алтынбеков, С. Қасқабасов және басқа да зерттеушілер еңбектеріндегі тұжырымдамалар басшылыққа алынды. Сондай-ақ, Сапабек Смаилов шығармашылығының поэтикалық жүйесін жыршылық дәстүрмен сабақтастығын айқындау үшін салыстырмалы-талдамалы әдіс қолданылып, дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы, жыршы тұлғасының көркемдік болмысы тұрғысынан қарастырылды.

Қ. Жұмалиев, З. Тасмағамбетова, М. Әуезов сынды ғалымдардың халық поэзиясы мен жыршылық өнерге қатысты ой-тұжырымдары негізге алынып, С. Смаилов шығармашылығы жыршылық дәстүрдің қазіргі жалғасы ретінде кешенді тұрғыда талданды.

Нәтижелер. Жыраулық дәстүр – халық руханиятының тірегі, өмірді философиялық пайымдаудың ұлттық формасы. Сапабек Смаилов осы дәстүрді бүгінгі заманға сай жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның «Құтымды неге қашырдың» , «Мәңгілік бірлік» секілді шығармалары жыраулар поэзиясына тән терең толғаныс, адам тағдырын символдық мазмұнда суреттеу үлгісін сақтайды.

Автордың поэзиясында жырауларға тән философиялық ой, өмірдің өткіншілігі туралы толғаныс, тағдырға мойынсұну мен тәубе сарыны айқын сезіледі. Бұл – дәстүр жалғастығының басты көрінісі.

Сапабек Смаилов – Сыр өңірінің бай жыршылық дәстүрін жаңа мазмұнмен жалғастырған тұлға. Оның шығармаларынан жырауларға тән: толғау мәнері, философиялық ой, өмірлік тәжірибені жинақтау, өсиет айту, күрделі метафоралық өрнек айқын көрінеді. Р. Бердібай жыраулардың ең басты қызметін «халық рухын сақтап, елді бірлікке үндеу» [1,56] – деп көрсеткен. Смаилов шығармашылығынан осы үн анық сезіледі.

Ақын туындыларының негізгі арқауы: имандылық, адамгершілік, татулық-бірлік, отбасылық құндылықтар, ұрпақ тәрбиесі, рухани тазалық. Оны біз ақын туындыларының келесі жолдарынан анық байқай аламыз. Мысалы,

«Қисық ағаш түзелер,
Қыздырып отқа морласа.
Талдан да таяқ болмайды,
Қабығын аршып жонбаса.
Бастарыңа бақ қонбас» [2],

Иманың таза болмаса» жолдарында имандылық туралы жырласа,

«Артында қалар айтқаны,
Түзулеп сөзін сомдаса.
Тыңдаушыға ой солар,
Малға кедей болғанмен» [2]

Ақылдан жарлы болмаса» жолдарында ақыл мен парасат, тәрбие мәселесін сөз етсе,

«Пәни дүние жалғанда,
Мәңгілік ешкім қалмайды!
Иманы таза мұсылман,

Дүниеге көзін салмайды.
Дүние деген опасыз,
Нәпсіңді арбап жаулайды.
Жауын алып көзіңнің,
Тура жолдан тайғанша,
Қыр соңыңнан қалмайды.
Дүниеңнің көптігі,
Ажалдан алып қалмайды.
Қара жер деген аждаһа,
Құтыла алмаған Қорқыт та» [2],

Ақыры бір күн жалмайды, жолдарында дүние қанағаттылығы мүлік байлығы мен руғани байлық маңызды екенін баса айтады.

Ел тыныштығы татулық пен бірлік тәрізді құндылықтардан тұратындығын, алауыздықтың түбі «опық жеумен» аяқталатынын

«Татулық, бірлік, ынтымақ,
Бар бәледен қорғайды.
Туысқаннан бөлінген,
Опық жейді, оңбайды» [2] – деген жолдарда жастарға өсиет етіп, араздықтың түбі жақсылықпен аяқталмайтынын келесі жолдар арқылы жеткізеді.

«Нақақсыздың тыңдап сөздерін,
Араздық кірсе араңа,
Дұшпаның алып тізгінді,
Түсірер басқа мұң-қайғы» [2]

Қоғамда, ел ішінде татулық пен бірлікті сақтауда ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығына ерекше назар аударған ақын былай дейді:

«Зерделі болса ұрпағың,
Айтылған сөзді қолдайды.
Ақпақұлақ ақымақтың
Алдынан шығып айтқаным,
Жарға да соғар маңдайды»... .
...Өмірден алған түйгенім
Ғибрат етіп ұрпаққа
Әулетінен кіші жүз
Құлыс кете ыруы

Сапабек атаң жолдайды!» [2] Ақын бұл жолдарда ақылды, зерделі, білімді ұрпақ ата жолын ұстанатын аталы сөзге құлақ түретін тұлға болу керек екенін атап кетеді.

Бұл өлең жолдары – өсиет түріндегі толғау. Оның көркемдік негіздерінің бірі өлеңнің алғашқы жолдары Бисмілләмен басталып, жырдың діни-рухани табиғатын танытады. «Бісмілләмен» басталатын көптеген ақындарымыз бар.

Мысалы, «Бісміллә» деп баян еттім хикмет айтып» [3, 78], Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» туындысы, Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» кітабында да «Алла атымен бастаймын» [4,121] – деп басталған. Қазақ

жырауларының басым бөлігі де өлеңдерін тікелей «Бісміллә» деп бастамаса да, Алла, Құдай, Жаратқан деп бастау- жыр дәстүрінің негізгі белгісі. Асан Қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Марғасқа, Шалкиіз, Бұқар жыраулардың толғауларында: «Бісміллә- сөздің басы, хақтың аты» [5,154], «Бір Аллаға жазбасқа» [6,61] сияқты жолдар жиі кездеседі. Бұл жыр да осы дәстүрдің қазіргі заманғы жалғасы.Ақын жастарға иман тазалығын, бірлік пен татулықтың маңызын өсиет етеді. Өлімнің хақ екенін ұғындырып, туыстық қатынасты сақтауды, ақылды болуды дәріптейді. Қазақ поэзиясында жыр соңында өзін таныстырып кету біршама ақын-жыраулардың кездеседі. Мысалы, Қазтуған Сүйіншіұлы «Мен- Қарғабойлы Қазтуған» [7,152]. Бұл келешек ұрпаққа автордың кім екенін білдіруге көмектесіп, өз сөзінің аманат екенін аңғартады.

Өлеңдегі көркемдік құралдары:

- Астарлы метафора: Қара жер деген аждаһа;
- Салыстыру: Дүние деген опасыз;
- Шендестіру: Малға кедей болғанмен, ақылдан жарлы болмаса.

Өлең кезекті ұйқаста, 7-8-9 буынды. Одан бөлек нақылға айналар ой тұжырымдар жиі кездеседі. Бұл – жыраулық поэзияның басты белгілері.

Діни-философиялық мазмұнына келер болсақ, ақын нәпсі, ажал, тәубе, дүние дабойлаған пенделік туралы пайымдайды. М. Жолдасбеков арнауларды «ұлттың тәлім-тәрбиелік құралы» деп атаған – бұл өлең дәл осындай сипатта» [7,134].

Ақынның келесі бір өлеңі «Құтымды неге қашырдың» деп аталады. Өлеңде автор адамның өсу жолдарын баяндай отырып, алған білім, ата-анаға құрмет, қазақи дәстүр тақырыптарын көтеріп, ер азаматтың ерекше орнын жырлайды. Ол келесі өлең жолдары арқылы көрініс тапқан. Мысалы,

«Білім алып ер жеттің,
Кемелденді ақылың» [2] немесе,
«Қайын жұртың өз жұртың
Түгендеп бәрін шақырдың.
Дастарханыңды жайнатып,
Тәттіден дәм де татырдың» жолдары, сол сияқты,
«Адал болсын ұлдарың,
Тіліне ермей қатынның.
Қызмет етіп еліне,
Алғысын алсын халқының» [2].

Сапабек Смаилов өлеңдерінің табиғаты — жыраулар позициясынан туған толғаныс. «Құтымды неге қашырдың» атты шығармасында автор өмір өткелдерін, адамның жас шағынан қартайған кезеңіне дейінгі рухани тәжірибесін көрсетеді. Бұл тәсіл – жыраулар поэзиясына тән уақыт пен тағдырды қатар шендестіру әдісі.

Шығарманың идеялық өзегі – өмір, тағдыр және тәубе философиясы. Өлеңнің негізгі қуаты — адам өмірінің мәнін, отбасылық құндылықты, қарттық кезеңдегі күйзеліс пен тәубені қатар көрсетуі. Әсіресе,

«Жетпіс үш жасқа келгенде

Құтымды неге қашырдың?» [2] – деген жолдарда автор пенделік әлсіздік, жалғыздық, қарттық сезімімен бетпе-бет келеді. Бұл — жыраулардың «адам ғұмыры – жалған дүние», «қайырсыз өткен күн» тақырыбының заманауи жалғасы. Сол сияқты, жыраулық дәстүрде адам жанының арпалысы көбіне мұңды, терең оймен берілсе, Смаилов оны діни таным арқылы толықтырады:

«Аятын оқып Алланың
Малғұнды зордан қашырдым» [2].

Автор ішкі дүниедегі шайтан азғыруымен күресті имани деңгейде көрсетеді. Яғни қайрсыз өткен күндеріне налып, өз-өзіне қол жұмсамақ болғанын аңғарамыз. Алайда Құран Кәрімді оқып сабасына түседі. Жыраулық дәстүрде сирек кездесетін діни-психологиялық бағыт осы өлеңде айқын көрініс табады.

Смаилов шығармашылығының ерекшелігі – оның отбасы, әке тәрбиесі, ұрпақ жалғастығы туралы айтқан терең ойы. Ол баласына да, келініне де өсиет қалдырады:

«Тұтқасын ұста алтынның
Адал болсын ұлдарың
Тіліне ермей қатынның» [2].

Бұл жолдарда қазақ қоғамындағы ер азаматтың жауапкершілігі, отбасы тірегі ретіндегі рөлі, келіннің орны, әулет абыройы – барлығы қамтылған. Қазіргі заманғы күрделі мәселе көп перзенттің әке-шешесі қартайғанда көңіл бөлмей кетуінде. Әйелінің айтқанына еріп бөлек шығып, не қарттар үйіне өткізіп жіберіп жатқандар қаншама. Бұл өлең жолдарынан келінінен көрген қорлығы барын байқаймыз. Өкінішке орай бұл тек бір отбасының ғана мәселесі емес, бүкіл ұлттың мәселесі. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деп кеткен ата-бабамыздың сөзі ұмыт қалып бара жатқан секілді. Кінә кімде? Келінде ме? Балада ма? Ата-анада ма?..

Келесі кезекте жыраулар толғауындағы «елге қызмет жаса, халықтың алғысын ал» деген идея бұл өлеңде де жалғасады:

«Қызмет етіп еліне
Алғысын алсын халқының» [2]

Осы арқылы автор жыраулық дәстүрдің негізгі қызметін – тәрбиелеу, бағыт беру, ақыл айту миссиясын өз заманына сай жалғастырып отыр. Сапабек Смаиловтың тілі – қарапайым, бірақ эмоциялық қуаты жоғары. Мұнда бірнеше жыраулық белгіні байқаймыз:

- Параллелизм. Өмір кезеңдерін қатар қою: «Тәй-тәй бастың… Кемелденді ақылың…»
- Метафора: «Ой түбіне тұңғиық»,
- Теңеу: «Суындай таудың тасыдым».

Мұхтар Әуезов: «Жыраулардың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да, көптің мұңы, көптің жайы туралы айтылады» [3,27] – деген. Расымен бірдің емес, көптің жайы көрсетілген жыр болды. Баласына өсиет айту – жыраулық поэзияның негізгі арналарының бірі. Осының барлығы Смаилов поэзиясын жыраулық үрдістің табиғи жалғасы екенін дәлелдейді.

Қорытынды. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан жыршылық дәстүрі – ұлттың рухани жады мен көркемдік кодының ең терең қабаттарын бойына жинаған құбылыс. Бұл дәстүрдің өміршеңдігі мен үзілмей жалғасуы халықтық өнердің қуаты мен жұрттың ішкі қажеттілігінен туындайды. Осындай дәстүрді XXI ғасырдың рухани кеңістігінде жаңаша тыныспен дамытып, халыққа жақын күйінде сақтап жүрген тұлғалардың бірі – Сапабек Смаилов. Оның шығармашылығы бүгінгі күнде жыршылықтың жаңа кезеңін қалыптастырған құбылыс ретінде бағаланады.

Сапабек Смаилов — қазақтың жыршылық дәстүрін қазіргі заманға лайық жаңғыртқан тұлға. Оның шығармаларында ұлттық рух, елдік мұрат,жастарға өсиет, бірлік пен татулық идеясы кең көрініс тапқан.

Ол Сыр бойының жыршылық мектебін жалғастырып қана қоймай, оны жаңа көркемдік деңгейге көтерген ақын-жырау.Ақынның өлеңдері жас ұрпаққа өсиет, елге рух, қоғамға тәрбие береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Бердібай Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 153 б.

2. Дереккөз: https://youtu.be, [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://youtu.be/xWkAkFQBshs?si=yBSiFtwydGNZDXTw – қолжетімділік күні 29.03.2026.

3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1991. – б.

4. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Алматы: Өнер, 2007. – 225 б.

5. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 6 том. – Алматы. 2008. – 345 б.

6. Ерғалиев. Қ. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. – Павлодар. 2019. – 192 б.

7. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. 2012. – 262 б.

8. Кеңес Әубәкір. Аталардың ақылы, даналардың нақылы. – Павлодар. 2014. – 474 б.

9. А. Егеубай. шығармалар жинағы / Қазақ тіліне ауд., алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған II том. – Алматы: Хант, 1997. – 528 б.

ҒТАМА 17.01.11

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЗАМАНАУИ КЕҢІСТІКТЕГІ РӨЛІ

Сексенбаева Г.У., 6В01708 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті; **Шнайдер В. А.,** доцент, филол.ғ.к.
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
gulnurseksenbaeva05@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілінің қазіргі қоғамдағы, әсіресе интернет пен әлеуметтік желілердегі орны мен қызметі қарастырылады. Тілдік норманың бұзылуы, жаңа лексиканың енуі, сапалы цифрлық контенттің тапшылығы және мемлекеттік тіл саясатының өзекті тұстары талданады. Мақалада цифрлық ортадағы қазақ тілінің үлесі, тілдік нормалардың сақталу деңгейі, орфографиялық және грамматикалық қателердің жиілігі, сондай-ақ жаңа лексиканың қалыптасу үдерісі қарастырылады. Әлеуметтік желілердегі жазбалар негізінде қазақ тілінің үш түрлі қолданыс үлгісі (сауатты, қате және аралас тіл) айқындалып, олардың коммуникативтік және стилистикалық ерекшеліктері сипатталады. Сонымен қатар, ағылшын тілінен енген жаңа сөздер мен калька тіркестердің кең таралуы, олардың әдеби тіл нормасына ықпалы сараланады. Зерттеу нәтижелері цифрлық кеңістіктегі қазақ тілінің дамуымен қатар, оның нормалануы мен сапалы контент қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Тіл мәдениетін сақтау, әдеби нормаларды реттеу және қазақ тіліндегі сапалы цифрлық өнімдерді арттыру – қазіргі тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі екендігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, интернет, әлеуметтік желі, цифрлық контент, мемлекеттік тіл саясаты, жаңа лексика, тілдік норма.

Кіріспе. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде елдің рухани-мәдени болмысын, ұлттық кодын, тарихи санасын бейнелейтін басты құндылықтардың бірі. XXI ғасырдың цифрлық дәуіріне аяқ басқан тұста тілдің қоғамдық қатынастағы рөлі бұрынғыдан да күрделене түсті. Әсіресе интернет пен әлеуметтік желілердің жаппай қолданысы, ақпарат алмасудың жылдамдығы және жаһандану процестері қазақ тілінің заманауи кеңістіктегі орнын қайта пайымдауды талап етеді. Қазіргі қоғамда тіл тек қатынас құралы ғана емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігі мен мәдени тәуелсіздігінің де көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Интернет пен әлеуметтік желілерде қазақ тілінің кең қолданысқа ие болуы – тіл саясатының табысы ғана емес, сонымен қатар әдеби тіл нормасына деген жауапкершілік жүгін де күшейтеді. Алайда бүгінгі таңда бұл кеңістікте тілдік нормалардың бұзылуы, сапасыз контенттің көбеюі, жастар сленгінің шектен тыс таралуы сияқты өзекті мәселелер орын алуда. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуымен бірге қазақ тіліне

жаңа сөздер (неологизмдер) мен терминдердің енуі де байқалады, бұл құбылыс әдеби нормаларды жаңғырту мен үйлестіру қажеттігін туғызады.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақалада қазақ тілінің заманауи кеңістіктегі рөлі, атап айтқанда интернет пен әлеуметтік желілердегі қолданылуы, жаңа лексиканың тілдік нормаға әсері және мемлекеттік тіл саясатының цифрлық контентпен байланысы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында нақты статистикалық деректер, әлеуметтік желіден алынған мысалдар мен мемлекеттік бағдарламалар негізінде талдау жасалып, қазақ тілінің болашағына қатысты тұжырымдар ұсынылады.

Нәтижелер. Интернет және әлеуметтік желілердегі қолданылуы. Қазақстанда интернет пен әлеуметтік желілер белсенді түрде дамып келеді. Datareportal-дың 2024 жылғы мәліметтері бойынша, елімізде 17,06 млн интернет қолданушы бар, бұл халықтың 89,5%-ын құрайды. Ал әлеуметтік желі қолданушыларының саны 12,2 млн-нан асады [1]. Мұндай көрсеткіштер қазақ тілінің осы цифрлық ортадағы ықпалын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Дегенмен, интернеттегі қазақ тілінің жағдайы көңіл көншітпейді. Әлеуметтік желілердегі жазбаларда жиі тілдік нормалар сақталмайды, емле және грамматика ережелері ескерілмейді. Мысалы, Instagram желісінде кең таралған мынадай жазбалар кездеседі:

«Бүгин менин туған күнім» – мұнда «бүгін» сөзі «г» әрпінің қатесімен, «менин» – «менің» орнына жазылған. Дұрысы: «Бүгін – менің туған күнім». Бұл мысал орфографиялық нормалардың сақталмауын көрсетеді. Тағы бір типтік қате – кіріктірме сөздерді қосып жазу. Мысалы, «биылғы жыл», «былтырғы жыл», «бүгінгі күн» деген тіркестер әдеби тіл нормасына сәйкес қате саналады. Себебі «биыл», «былтыр» және «бүгін» сөздері кіріккен (біртұтас) сөздер болғандықтан, олардың қасына «жыл» немесе «күн» сөздерін тіркеу қажет емес. Яғни дұрыс үлгілері – тек «биыл», «былтыр», «бүгін». Бұл және басқа да грамматикалық қателер халық тілінің кіріспе сөздерінен туындайтыны байқалады [2].

Мемлекеттік тілде сапалы контенттің жетіспеушілігі де күрделі мәселе. Youtube, TikTok сияқты платформаларда қазақ тіліндегі білімдік контенттің үлесі төмен. Бұл жағдай жастардың орыс және ағылшын тілді ортаға бейімделуіне ықпал етеді, әрі тілдік ортадан алыстатады.

Жаңа лексиканың тілдік нормаға әсері. Тіл – тірі жүйе. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, ғылым мен технологияның дамуы, жаһанданудың ықпалы жаңа сөздердің пайда болуына әкеледі. Әлеуметтік желіде қарым-қатынас кезінде әдеби тіл нормалары жиі сақталмайды. Мәтін қысқа, спонтанды құрылып, сөздік құралдары үнемделеді; орфографиялық, пунктуациялық қателер көбеюде. Мысалы, желілік жазбаларда қысқарған сөздер қолданылып, арнайы графикалық белгілер мен эмоция белгіленеді. Сөз үнемдеу қағидаты әлеуметтік желі тілін басқаша етіп құрады: «аз уақытта көп ақпарат беруге» ұмтылғандықтан, арнайы эмодзи мен қысқартулар қолданылады. Осындай желілік тілдегі ерекшеліктер әдеби тіл нормасын бұзып, кең таралып жатыр. Бұл кеңістік тек коммуникациялық орта ғана

емес, сонымен қатар тілдік жаңғыру мен өзгерістің алаңы болып отыр. Атап айтқанда, TikTok, Instagram, YouTube платформаларындағы белсенді блогерлердің тілі арқылы қазақ тіліне көптеген жаңа сөздер, тіркестер, шет тілдік лексемалар еніп, халық арасында кең қолданысқа ие болуда.

Блогерлер мен контент жасаушылар бір жағынан қазақ тілінің цифрлық көрінісін қалыптастырса, екінші жағынан, жаңа лексикалық бірліктердің таралуына ықпал етуде.

Мысалы, көптеген видео немесе жазба сипатында:

- «Контент жасау»,
- «Рилс түсіру»,
- «Гивке қатыс»,
- «Хайп болу»,
- «Фидбэк жаз»,
- «Пост сал»,
- «Реакция жаса»,
- «Тред оқыдың ба?»,
- «Трендке кірдік»,
- «Сториске сал»,
- «Лайк пен камент қалдырыңыз» сияқты тіркестер жиі кездеседі.

Бұл тіркестердің барлығы әдеби тілдік нормадан тыс, яғни калька жолымен немесе толықтай шет тілінен (көбіне ағылшыннан) енген сөздерден құралған. Тіпті кейбір сөздер бұрмаланып, өзге дыбыстық формада бейімделіп кетуде: «гив» (giveaway), «лайк» (like), «фоллов» (follow), «каммент» (comment), «сторис» (stories).

Бүгінгі жастар осы сөздерді әңгіме барысында, жазба тілде, тіпті оқырманға бағытталған ресми контенттерде де ешқандай күмәнсіз қолданып жүр. Бұл құбылыс – тілдің бейімделу мүмкіндігін, сондай-ақ әдеби тіл нормасының әлсіреу қаупін көрсетеді. Мысалы, «пост салу» деген тіркестің орнына «жазба жариялау» десе де болар еді, бірақ ол «интернет тіліне» тән қысқа, эмоционалды әсер қалдырмайды.

Әлеуметтік желілер қазақ тілін кең аудиторияға алып шыққанымен, тілді өзгеше арнаға бағыттап отыр. Жаңа лексиканың күнделікті қолданысқа енуі — сөзсіз. Бірақ оның орнықты формасы, мағынасы мен қолданылу аясы ғылыммен анықталып, әдеби тіл деңгейінде реттелмесе, тілді механикалық гибридке айналдыру қаупі бар. Сол себепті тіл мамандары мен медиа мамандардың, әсіресе, жас блогерлердің тілді саналы қолдануы аса маңызды.

Осы орайда ғылыми зерттеушілер пікіріне тоқталсақ. Қазақ тілінің мәртебесі мен дамуы жөніндегі мәселелерге академиялық зерттеушілер де назар аударып келеді. Ұлттық ғалым Рабиға Сыздықованың пікірінше, «тіл – ұлттың ең құнды қазынасы, сондықтан оны сақтап қана қоймай, әдеби нормалар мен қолдану заңдылықтарын сақтай отырып, әрі қарай байытуымыз керек» [3]. Сыздықова әңгімесінде: «Әр ұлт өзін-өзі сақтап қалу үшін ең бірінші осы тілі мен мәдениетін, болмыс-бітімін, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын ұмытпауы үшін оны сол құнарымен, байлығымен,

сөл-шырынымен сақтап, байытпасақ кемітпеудің, жоғалтпаудың жолын іздеу керекпіз» [3] – деген болатын. Ол үшін Рәбиға Сыздықова сөз етіп отырған тілдік нормаларымызды, әдеби тіліміздің қолдану заңдылықтарын, сөз саптау ережелерін, айту мен жазу стилдерін сақтай отырып, дамытуымыз, байытуымыз, олардың көкжиегін көркемдеп, кеңейтуіміз керек сияқты» [3] – деп көрсетеді. Яғни ол әдеби тілдің дәстүрлі нормаларын құрметтеп, оны қазіргі заманға лайықты деңгейде дамыту қажет екенін баса айтады.

Ал терминтанушы Шерубай Құрманбайұлы кейбір кең тараған түсініктерге сын көзбен қарайды. Мысалы, «тіл қоғамның түрлі ұғымдарын бергенімен, «біздің тіліміз мұндай ұғымдарды бере алмайды, сондықтан шет тілдерінің сөздерін дайын қалпында қабылдай берейік» деген дәлел – негізсіз пікір» [4,20] екенін көрсетеді. Бұл ретте ол шетел сөздерін ендірудің шегі болуы және қазақ терминдік жүйесін дамыту керек деп атап өтеді. Яғни әдеби нормаға қарсы келген кез келген «қауырт енгізулерге» тойтарыс беріп, төл сөздер мен өзге тілдердің терминдерін сәйкестендіруді ұсынады .

Қоғамдық пікір және тіл реформасы. Қоғам белсенділері мен журналистер қазақ тілінің жағдайы туралы жиі ой бөліседі. Мысалы, тіл жанашыры Оразкүл Асанғазы министрліктер мен мемлекеттік мекемелердегі қазақ тілінің орнын сынға алды. Ол «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп Конституцияда жазылғаннан кейін ешқандай кедергі болмай, барлық ресми іс-әрекетті қазақ тілінде жүргізуге заңдық негіз бар екенін ескертеді [5]. Асанғазының айтуынша, тіпті мемлекеттік тіл туралы заң болғанымен, министрліктерде хабарламалар мен есептер әлі күнге дейін орысша дайындалады; қазақ тілінде жүргізілген заң жобалары өте аз. Бұл – қабылданған тілдік бағдарламалардың жүзеге аспай қалғанын, тілге бөлінген қаржының нәтиже бермегенін көрсетеді . Ол біз «тіл қолданылмай қалды» деп өкініш білдіріп, өткен уақыттың керексіз жоғалтылғанын айтады.

Бұл пікірлер – қоғамда қазақ тілінің қолданылуын жетілдіру жолында нақты шаралар қабылдау қажеттігін көрсететін қоғамдық пікірдің айғағы.

Мемлекеттік тіл саясаты және цифрлық контент. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақ тіліне қатысты бірқатар маңызды жобалар қолға алынған. Бұл бағытта электронды ресурстар, мобильді қосымшалар, онлайн-аударма жүйелері, қазақша нейрожүйе жобалары іске қосылды. Мысалы, **«Qazaq Resmi»** жазу стилі, **«Sozdikqor.kz»** және **«Balbala»** сияқты білімдік платформалар қазақ тілінің цифрлық қорын байыта түстеді. Жастардың қызығушылығын арттыру үшін қазақ тілін меңгеруге арналған қолданбалар мен платформаларды ұсыну қажет. **Abai Alemi** (Абайдың шығармалары мен олар туралы подкасттар), **Qazaqstan3D** (география мен мәдениет туралы 3D визуализация) сынды жобалар балалар мен ересектерге арналған қызықты материалдар береді. “Кто умнее?” викторинасы қазақша терминология мен жалпы білімді тексерсе, **QazaqComics** комикстер арқылы тіл үйретеді. Сондай-ақ **Qazaq by Example**

(үйлесімді сөйлеу мысалдары), Qazaq App, «Ситуативный қазақша» сияқты тіл үйрену құралдары бар.

Алайда интернеттегі қазақша интерфейстер мен аудармаларда сапа мәселесі әлі де өзекті. Көптеген сайттар мен қосымшаларда аударма жасанды, стильсіз және мағынасыз беріледі. Бұл жағдай пайдаланушының сенімін азайтады. Сонымен қатар, қазақша контентке сұраныстың аздығы да мәселені ушықтырып отыр [6].

Сапалы қазақша контент авторларын қолдау. Әлеуметтік желілерде қазақ тілін таза қолданып, мазмұнды контент беретін авторлар маңызды. Masamedia басылымының 2025 жылғы мәліметі бойынша, Instagram және TikTok платформаларында танымал қазақ тіліндегі авторлардың қатарына мынадай шығармашылық тұлғалар жатады:

•QazaqGrammar – тіл мәдениеті туралы парақша, қазақ тілінің фонетикасы мен емлені жеңіл әрі қызықты түсіндіреді

•Әлия Әшім (@aliyaashim) – Бостон университетін тәмамдаған журналист, тарихи тақырыптағы қысқа фильмдер мен аудиоблогтар түсіреді.

•Бейбарыс Сейтақ (@qazaqbubble) – «Kazakh Bubble» жобасының жетекшісі, тіл саясаты туралы қысқа видеолар мен шолу мақалаларымен қазақ тілінің қазіргі ахуалын талдайды.

•Перизат Мырзахмет (@perizatmyrzakhmet) – филолог, әдебиет пен мәдениет туралы қазақша пікірлер мен кітап талдауларын ұсынады

Әрбір осы автордың парақшасын мемлекеттік және коммерциялық ұйымдар тартып, қаржылық әрі технологиялық қолдау беру керек . Олардың жетістіктері қазақ контентінің үздік үлгілерін көрсетеді және басқаларды қазақша сөйлеуге ынталандырады. Бұл бастамалардың бәрі азаматтарды қазақ тіліне бейжай қарамауға, оны күнделікті өмірде қолдануға тартады.

Мемлекеттік тіл саясаты тек заңмен шектеліп қалмауы тиіс. Ол қоғамның әр мүшесінің тілдік жауапкершілігін арттырумен қатар, цифрлық кеңістікте сапалы, тартымды, пайдалы контентпен қамтамасыз етуді көздеуі қажет. Себебі қазіргі жастардың ақпаратты қабылдау формасы – цифрлық формат.

Қорытынды. Қазақ тілі бүгінгі заманауи кеңістікте өз орнын қалыптастыру кезеңінде тұр. Интернет пен әлеуметтік желілердегі белсенді қолданылуы, жаңа лексиканың пайда болуы және мемлекеттік тіл саясатының цифрлық контентпен байланысы – осы дамудың басты бағыттары. Бұл үрдістер қазақ тілінің табиғи дамуын көрсетеді, алайда олар белгілі бір қауіптерді де қамтиды. Тілдік норманың бұзылуы, сапасыз аудармалар, сленг пен шет тілдік лексемалардың көбеюі – осы кеңістікте тілдің мәдениеті мен мәртебесін сақтауда айрықша назар аударуды қажет етеді.

Болашақта қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі ықпалын арттыру үшін сапалы контент жасау, нейротехнологиялар мен жасанды интеллектке бейімделген тілді дамыту, терминологиялық саясатты жүйелеу – басты міндеттердің қатарында болуға тиіс. Сонымен қатар, әлеуметтік желі

қолданушыларын тіл мәдениетін сақтауға шақыру – тілдің өміршеңдігіне қосылған үлес болмақ.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Дереккөз: Datareportal. (2024). Digital 2024: Kazakhstan. https://datareportal.com/reports/digital-2024-kazakhstan

2. Дереккөз: Қате қолданылатын сөздер мен тіркестер (2023): [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://kostanaytany.kz/qate-qoldanylatyn-soezder-men-tirkester/ – қолжетімділік күні 22.03.2026.

3. Дереккөз: Қазақтың әдеби тілі академик Рәбиға Сыздықованың еңбектерінде қалай зерттелді? (2012) [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://anatili.kazgazeta.kz/news/8656#:~:text=сақтай%20отырып%2C%20дамытуды%20дәріптейді,ғалым%20Р.Сыздықова%20қазақ%20әдеби – қолжетімділік күні 10.01.2026.

4. Құрманбайұлы Ш., Қазақ терминологиясы – Алматы; «Сардар» Баспа үйі, 2014. -197 б.

5. Дереккөз: Оразкүл Асанғазы: Мемлекеттің тілі қазақ тілі екенін түсінбей отырған өзге ұлт жоқ: [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://nege.kz/news/orazkul_asangazi_memlekettin_tili_kazak_tili_ekenin_tusinbei_otirgan_ozge_ult_zhok_20220824143008 – қолжетімділік күні 02.02.2026.

6. Мұсабекова, Ж. Цифрлық дәуірдегі тіл саясаты: қазақ тілі қай бағытта? // «Egemen Qazaqstan», № 16 (1458) 3 наурыз, 2025 ж.

ҒТАМА 16.01.33

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ТІЛ НОРМАСЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Серікқазы Ж.С., 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының 2 курс студенті**; Шнайдер В.А.,** доцент, филол. ғ.к., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
zhannurserikkazy05@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі қазақ жастары арасында әдеби тіл нормаларының бұзылу себептері мен салдары жан-жақты қарастырылады. Жаһандану, әлеуметтік желілердің ықпалы, отбасындағы тілдік тәрбие деңгейінің төмендеуі сияқты факторлардың жастардың сөйлеу тіліне қалай әсер ететіні талданады. Тіл нормаларынан ауытқулардың түрлері мен оның ұлттық болмысқа, танымдық жүйеге тигізетін әсері сараланады. Мақалада жастардың тілдік мәдениетін қалыптастыру жолдары мен әдеби тілді насихаттаудың әдістемелік тетіктері ұсынылады. Мақала тіл мәдениетіне бейжай қарамайтын оқырманға, тіл мамандарына, ұстаздарға және тіл болашағына алаңдайтын барша азаматтарға арналған.

Кілт сөздер: жастар тілі, әдеби тіл нормалары, тіл мәдениеті, сленг, кірме сөздер, тілдік сауаттылық, қазақ тілі, сөйлеу тілі, тілдік нормадан ауытқу, жаһандану, әлеуметтік желі, ұлттық болмыс.

Кіріспе. Тіл – халықтың рухани мәдениетінің тірегі, ұлттың болмысын танытатын басты құндылықтардың бірі. Қоғам өзгерген сайын тіл де даму мен жаңғырудың түрлі сатыларынан өтеді. Әсіресе жастар тілі – осы өзгерістердің алғашқы әрі нақты көрінісі ретінде ерекше назар аударуға тұрарлық. Қазіргі таңда қазақ жастарының сөйлеу және жазба тілінде әдеби тіл нормаларынан ауытқушылық жиі кездесуде. Бұл құбылыс – тілдік қателіктен гөрі терең әлеуметтік, мәдени, психолингвистикалық себептері бар күрделі лингвистикалық үдеріс. Жастардың бейресми қарым-қатынаста сленг, жаргон, диалект және басқа тілдік қабаттарға жүгінуі - олардың ортасына, ақпараттық кеңістікке және өзіндік стильге бейімделуінің нәтижесі. Цифрлық коммуникацияның күшеюі, қостілділік, интернеттегі еркін тілдік орта мен әдеби тілдің ресми сипатта қабылдануы – тілдік нормаларға деген немқұрайлықтың артуына себеп болып отыр. Мұндай жағдай тіл мәдениетінің әлсіреуіне, сөйлеу дағдысының төмендеуіне, ұрпақаралық және әлеуметтік түсіністіктің қиындауына алып келуі мүмкін.Бұл мақалада жастар тілі мен әдеби тіл нормалары арасындағы алшақтық мәселесі лингвистикалық тұрғыда қарастырылып, тілдік нормалардың бұзылу себептері мен салдарлары ғылыми деректер мен нақты тілдік мысалдар негізінде сараланады. Зерттеу барысында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Р.Сыздық, Н.Уәли сынды көрнекті тілтанушылардың еңбектері теориялық негіз ретінде алынды. Сонымен қатар,

жастар тілінің қазіргі ахуалына байланысты шешу жолдары мен тіл мәдениетін қалыптастыру бағытындағы ұсыныстар да мақала мазмұнына енеді.

Материалдар және әдістер. Бұл мақалада жастардың сөйлеу және жазу тіліндегі әдеби нормалардан ауытқуларын талдау үшін лингвистикалық, социолингвистикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Негізгі материал ретінде қазіргі қазақ жастарының күнделікті тіл қолданысы, әлеуметтік желілердегі жазбалар, бейресми ортада жиі қолданылатын сөйлемдер мен сөздер алынды. Сонымен қатар, қазақ тілтанушы ғалымдар – А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Р. Сыздық, Н.Уәли және т.б. еңбектері ғылыми-теориялық негіз ретінде пайдаланылды. Зерттеу барысында жастар тіліне әсер ететін әлеуметтік, мәдени және технологиялық факторлар қарастырылып, әдеби тіл нормаларымен салыстырмалы түрде талдау жүргізілді. Жаргон, сленг, аралас тіл және шет тілдік элементтерді қолдану жиілігі мен жағдайлары сараланып, олардың тіл мәдениетіне тигізетін әсері бағаланды.

Нәтижелер. Қазіргі қазақ жастарының тілінде әдеби тіл нормаларының жиі бұзылуы күрделі әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс ретінде танылуда. Бұл құбылысты тек формалды ауытқушылық деп бағалау жеткіліксіз. Оның түпкі негізінде бірқатар әлеуметтік, мәдени және психолингвистикалық факторлар жатыр. Жастар тіліне тән ең алдымен байқалатын ерекшелік – фонетикалық нормалардың сақталмауы. Сөйлеу барысында буындарды қысқарту, үндестік заңын ескермеу, сөздің соңын жұтып қою, дыбыстарды алмастырып айту жиі кездеседі. Мысалы, «бара жатырмын» орнына «баратырм», «тамақтанып отырмын» орнына «тамақтаныватрм» түрінде қолданылуы - фонетикалық нормадан ауытқудың айқын көрінісі» [1,165]. Бұл құбылыс жастар арасында қалыпты дағдыға айналып, жазбаша тілге де ене бастады. Әсіресе әлеуметтік желілерде бұл форма кең таралған. Сонымен қатар, жастар лексикасында бейәдеби сөздердің, сленгтердің, жаргондардың, сондай-ақ орыс, ағылшын тілдерінен енген сөздердің араласуы жиі байқалады. «Базар жоқ», «зашквар», «краш», «хайп», «типо», «респект» секілді сөздер қазақ тілінің өз құрылымына тән емес болғанымен, күнделікті қолданысқа сіңіп барады» [2,103-110]. Бұл қолданыс тілді креолизацияға ұшыратады, яғни түрлі тілдік элементтердің араласуы нәтижесінде жаңа тілдік форма пайда болады. Қазақ тілі маманы Р. Сыздық бұндай жағдайды «тілдің мәдени деңгейінің әлсіреуі» [3,123] ретінде бағалаған болатын. Осы қатарда аралас код – яғни бір сөйлем ішінде бірнеше тілдің элементтерін қатар қолдану – қазіргі жастар тілінің жиі кездесетін құбылысына айналды. Мысалы, «Сегодня асхана жабық екен, типа ештеңе жоқ» немесе «Ол просто келді да, но мен көрмедім» сияқты сөйлемдер бұл процестің нақты дәлелі. Синтаксистік деңгейде де ауытқулар аз емес. Жастар сөйлемдерді толық құрмай, логикалық байланыссыз қолдануға бейім. Аяқталмаған сөйлемдер, синтаксистік құрылымның бұзылуы, жалғаулық шылаулардың орынсыз пайдаланылуы – сөйлеу тіліндегі синтаксистік нормалардан алшақтаудың белгісі. Мәселен, «мен барғам да… сосын» деген сөйлемде ой аяқталмайды, тыңдаушы

сөйлеушінің ойын түсіну үшін қосымша мағлұмат іздеуге мәжбүр болады. Мұндай тілдік құрылымдар ресми қарым-қатынасқа сәйкес келмейді және ақпараттың толық жеткізілуіне кедергі жасайды. Жоғарыда аталған ауытқулардың бірнеше негізгі себептері бар. Бірінші және ең басты себеп – қазіргі жастардың ақпараттық-коммуникациялық кеңістікте, әсіресе әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізуі. TikTok, Instagram, Telegram сияқты платформаларда қарым-қатынас бейформалды сипатта болады. Бұл ортада тілдік нормаларға бақылау жоқ, ал коммуникация жылдам әрі қысқа форматта өтеді. Сол себепті жастар қысқартылған, бейәдеби, сленгке толы сөз тіркестерін жиі қолданады. Әлеуметтік желілердегі бұл қолданыс – тек сөйлеу тілі емес, жазбаша тілге де теріс әсер етуде. Жастар посттарында, пікірлерінде әдеби тіл емес, эмоционалды, мәнерлі, бейтарап сөздерді қолдануға бейім. Н.Уәли бұл құбылысты «медиа-дискурс ықпалы» [4,73] – деп атап, сөйлеу тіліне интернеттің тигізіп отырған ықпалын ерекше атап көрсеткен.

Екінші себеп – білім беру жүйесінде тіл мәдениеті мен әдеби тіл нормаларына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеу. Қазіргі мектеп пен университет бағдарламаларында тіл нормасын оқыту көбіне формалды түрде ғана жүзеге асады. Бұл тіл мәдениетін қалыптастыруға кедергі келтіретін факторлардың бірі. Студенттер мен оқушылар әдеби тілдің ережесін жатқа білгенімен, оны нақты өмірде, ауызекі сөйлеуде қолдануға бейім емес. Жазбаша жұмыстарда да сөйлеу тілі элементтері жиі кездеседі. Zoom арқылы өткен онлайн сабақтарда кейбір студенттердің «Сәлеметсіз бе, апай, просто кешігіп қалдым» деген тәрізді аралас кодпен сөйлеуі осыған мысал бола алады.

Үшінші себеп – әдеби тілдің жастар үшін «қатал», «тосын», «ресми» көрінуі. Жастар өз ойын еркін жеткізу үшін бейформалды тілдік тәсілдерді пайдаланғанды жөн көреді. Бұл құбылыс А. Байтұрсынұлы айтқан «Тіл – ойды жеткізу құралы» [5,224] – деген қағидамен қарама-қайшы келмейді, алайда ойды дұрыс, таза және түсінікті жеткізу – әдеби тілдің басты талабы. Жастардың тіл нормасын сақтау қажеттігін терең сезінбеуі – тіл мәдениетінің әлсіреуіне алып келуде.

Төртінші себеп – қостілділік пен тілдік интерференция. Қазақстанда орыс тілі мен ағылшын тіліне еркіндік берілген ортада өсіп келе жатқан жастар көбінесе осы тілдердің құрылымын қазақ тіліне тікелей көшіреді. Бұл әсіресе синтаксис пен сөз тәртібіне әсер етеді. «Мен шаршап тұрмын, потому что много тапсырма» немесе «Типа ол келді, но біз кездеспедік» секілді сөйлемдер – орыс тілінің құрылымын қазақ тіліне бейімдеудің нақты үлгісі. Қ .Жұбанов бұл жағдайды ерте кезеңде-ақ «тілдік ықпал» [6,65] – деп сипаттаған болатын. Бүгінде бұл ықпал ана тілінің құрылымына елеулі әсер етіп отыр. Осылайша, жастар тіліндегі әдеби тіл нормасынан ауытқулар кең ауқымды себептерге негізделген. Бұл кездейсоқ емес, жүйелі әрі заңды құбылыс. Дегенмен, оның ауқымы кеңейген сайын, ұлттық тілдің құрылымы мен мәдени тұтастығына қауіп төндіре бастайды. Сондықтан бұл мәселеге тек лингвистикалық емес, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан да кешенді түрде қарау қажет.

Жастар арасында тіл нормасының бұзылуының салдары. Жастар тіліндегі әдеби нормалардан ауытқудың ұзақ мерзімді және кең ауқымды салдары бар. Бұл құбылыстың алғашқы және ең айқын салдарының бірі – сөйлеу мәдениетінің әлсіреуі. Әдеби тіл нормаларының сақталмауы – жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін төмендетіп, олардың өз ойын нақты, сауатты әрі мәдениетті түрде жеткізу қабілетіне кедергі келтіреді. Көп жағдайда бейформалды сөздердің үстемдік етуі – сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы ақпарат алмасудың сапасын төмендетіп, қарым-қатынас мәдениетінің құлдырауына алып келеді. Мұндай жағдайда тұлғаның жалпы коммуникативтік бейнесі де бұлыңғырланады. А. Байтұрсынұлы «тілдің міндеті – халықты бір ұлт, бір сана, бір мәдениет аясында біріктіру» [5,224] екенін ескерткен. Сөйлеу мәдениеті сол мақсаттың басты тіректерінің бірі екені анық. Келесі елеулі салдар – ұлттық тіл болмысының бұзылуы. Жастар тіліне енген бөгде тілдік элементтер, жаргондар мен сленг сөздер қазақ тілінің ішкі құрылымын бұзып, дәстүрлі лексика мен фразеологияның қолданыстан ығысуына әкеп соғуы мүмкін. Уақыт өте келе бұл сөздердің орнына әдеби баламалары ұмыт қалып, халықтың тілдік санасында өзге құрылымдар қалыптасады. Бұл – қазақ тілінің тарихи дамуындағы сабақтастықты үзіп, ұлттық тілдік кодтың бұзылуына себеп болатын фактор. Тілді тұтыну мәдениеті өзгерсе, соған сай ұлттың өзін-өзі тану, ұлттық сана, тарихи жад сынды маңызды категориялары да әлсірей түседі. Қ. Жұбановтың пайымдауынша, «ұлттық тіл – ұлттың рухани негізі, оны қорлау – тұтас мәдениетке жасалған қауіп» [6,314]. Жастар арасында қалыптасып келе жатқан тағы бір күрделі салдар – әдеби тілден алыстау немесе «лингвистикалық шеттеу» [7,31]. Бұл құбылыс – ресми және бейресми стиль арасындағы алшақтықтың артуымен сипатталады. Жастар күнделікті тұрмыста, әлеуметтік желілерде, достық қарым-қатынаста бейресми тілді пайдалана отырып, әдеби тіл нормаларымен байланысын үзіп алады. Бұл – «тілдің диглоссиялық жағдайға ұшырауының бір түрі, яғни бір тіл ішінде әдеби және бейәдеби нормалардың қатаң бөлінісі орын алады» [6,204]. Мұндай жағдайда жастардың көпшілігі ресми, академиялық немесе кәсіби ортада сөйлеуде қиналып, әдеби тілмен еркін ой бөлісе алмауы мүмкін. Бұл – тілдік тұтынушының сөздік қорының тарылуы мен ойлау қабілетінің шектеулі болуына да алып келеді. Сонымен бірге, нормадан ауытқу – қоғамдық қарым-қатынаста түсініспеушілік пен ақпараттық тосқауыл туғызады. Әсіресе өңірлер арасындағы диалектілік және жаргондық ерекшеліктер жастар арасындағы ортақ тілдің бұзылуына себеп болады. Мысалы, «оңтүстік өңіріндегі жастар қолданатын «апше» «беймарал» сияқты сөздер батыс және шығыс жастарына түсініксіз болуы мүмкін» [7,152]. Бұл жағдай ұрпақаралық және өңіраралық тілдік алшақтыққа алып келіп, біртұтас ұлттық тіл кеңістігін қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Тілнормасының сақталмауы білім беру үдерісіне де кері әсерін тигізеді. Студенттер мен оқушылардың жазба жұмыстарында бейәдеби құрылымдар жиі кездесіп, олардың жазу дағдысы әлсірейді. Сауатты жазу, ойды жүйелі жеткізу қабілеттері төмендеген сайын

жастардың академиялық жетістігіне де кері ықпал етуі мүмкін. Бұл ретте Р. Сыздық: «Тілдің тазалығы мен анықтығы – білімнің сапасын анықтайтын басты өлшемдердің бірі» [3,189] – деген тұжырымын негізге алуға болады. Осы жағдайлар жиынтығында жастар тіліндегі нормадан ауытқу құбылысы тек лингвистикалық мәселе емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің, қоғамдық қарым-қатынастың, білім беру жүйесінің, тіпті мемлекеттік тіл саясатының тиімділігіне әсер ететін кең ауқымды фактор ретінде қарастырылады. Егер бұл үрдіс жүйелі бақылауға алынбаса, қазақ тілінің функционалдық аясын кеңейту, оның ұлтаралық қатынастағы мәртебесін көтеру сияқты стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу қиындай түседі. Осы себепті тілдік нормаларды сақтау мен дамыту – тек филологтардың емес, жалпы қоғамның, мемлекеттік құрылымдардың, білім беру жүйесінің ортақ міндеті болуға тиіс. Жастар тілі – тіл болашағының индикаторы. Ол қандай бағытта дамыса, болашақтағы ұлттық тіл де сол бағытта қалыптасады. Сондықтан әдеби тіл мен жастар тілі арасындағы алшақтықты азайту, олардың арасындағы байланысты күшейту – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

Жастар арасындағы тіл нормасының бұзылуының шешу жолдары. Қазіргі қазақ жастары тіліндегі әдеби нормалардан ауытқушылық тек сын айту мен байқау объектісі ғана емес, оны сауатты реттеп, дұрыс бағытқа бұруды қажет ететін тілдік, мәдени және тәрбиелік мәселе ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл мәселені шешу үшін кешенді әрі ғылыми негізделген бірнеше жолдарды қарастыру қажет. Ең алдымен, жастар арасында тіл мәдениетін жүйелі және заманауи тәсілдермен насихаттау қажеттілігі туындайды. Тіл мәдениетін сақтау – бұл өткен ғасырлардағыдай тек оқулық пен мұғалімнің жауапкершілігімен шектелетін мәселе емес. Бүгінгі таңда жастардың ақпарат алатын негізгі арнасы – әлеуметтік желілер мен мультимедиа платформалары болып отыр. Сондықтан тіл нормаларын түсіндіру мен насихаттау жұмыстары да осы ортаға бейімделуі керек. Мәселен, TikTok, Instagram, YouTube сияқты платформаларда қысқа, әсерлі, креативті бейнематериалдар арқылы әдеби тілдің үлгілерін көрсету – жастардың назарын аударудың тиімді құралы болмақ. Бұл орайда тіл мамандары, блогерлер мен журналистер бірлесе отырып, «әдеби тіл – сәнді, заманауи, креативті» деген түсінікті қалыптастыруы қажет. Екінші шешім – білім беру жүйесіндегі тілдік тәрбие бағытын күшейту. Мектеп пен университет деңгейінде қазақ тілінен берілетін пәндер тек грамматикалық ережелер мен орфографиялық нормаларды үйретумен шектелмеуі тиіс. Оқушылар мен студенттерге көркем сөйлеудің, мәдениетті тіл қолданудың, әдеби нормаларға сай жазудың маңызы тәжірибелік сабақтар арқылы түсіндірілуі керек. Мысалы, эссе, пікірталас, шығарма жазу, презентация жасау сынды тапсырмалар арқылы әдеби тіл нормаларына дағдыландыру жұмыстарын жүйелі жүргізу қажет. Сонымен бірге, оқытушылар жастардың бейресми сөздік қорына тыйым салу емес, оны түсініп, салыстыра отырып, әдеби нұсқамен алмастырудың жолдарын көрсетуі тиіс. Бұл – жастар тілі мен әдеби тіл арасындағы алшақтықты жоюдың бір әдісі бола алады. Үшінші бағыт – әдеби тілдің өз ішінде икемділік пен

экспрессивтілікті дамыту. Жастар бейресми стильді эмоцияны, ойды еркін жеткізу үшін таңдайды. Сондықтан әдеби тіл де эмоция мен мәнерді білдірудің табиғи құралы ретінде ұсынылуы керек. А.Байтұрсынұлының: «Тіл – адамның ойының сыртқа шығу жолы» [5,56] – деген тұжырымына сүйене отырып, қазіргі әдеби тіл нормаларына жастардың сөйлеу тіліндегі креативтілік пен бейнелілік элементтерін орынды енгізу қажет. Бұл тілдің дамуына тосқауыл емес, керісінше, оның жандануына себеп болады. Яғни әдеби тіл тек ресми қатынас құралы емес, сонымен қатар күнделікті өмірдің де ажырамас бір бөлігі бола алатынын көрсету қажет. Тағы бір маңызды шешім – жастар тіліне қатысты ғылыми мониторинг пен бақылау жүйесін қалыптастыру. Жастар тіліндегі жаңа тенденцияларды, сленгтерді, аралас кодтарды жүйелі түрде зерттеп, олардың ықпалын бағалау – тілдік саясат жүргізудің бір негізі болмақ. Университеттер мен зерттеу орталықтары арнайы сленг сөздіктерін, жастар тіліне арналған лингвистикалық талдау алаңдарын дайындап, бұл процестерді ашық, қолжетімді түрде насихаттауы тиіс. Мұндай құралдар жастарға өз тіліндегі өзгерістерді тануға, сол арқылы тілді тануға мүмкіндік береді. Бұл – тілдік сананың қалыптасуына ықпал ететін маңызды қадам. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл саясатының тәсілдерін жаңғырту қажет. Қазақ тілін дамыту бағдарламаларының көпшілігі әдебиетті, классикалық мәтіндерді насихаттауға бағытталғанымен, қазіргі жастар кеңістігіне тікелей әсер ететін құралдар сирек кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда, жастарға арналған подкасттар, сериалдар, веб-комикстер, мультфильмдер, ойындар мен анимациялық бейнелер арқылы әдеби тілдің үлгілерін тарату – оларды тіл нормасына бейімдеудің нәтижелі жолдарының бірі болмақ. Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыспен жасалатын ақпараттық жобалар жастар тіліндегі ауытқушылықты мысқылдауға емес, оны түсіндіруге, әдеби тілмен салыстыра отырып, балама ұсынуға бағытталуы керек.

Қорытынды. Жастар тіліндегі әдеби нормалардың бұзылуы – қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және технологиялық өзгерістердің нәтижесі. Цифрлық орта, қостілділік, білім беру жүйесіндегі формализм және бейресми тілге сұраныс бұл үдерісті күшейтіп отыр. Мұндай жағдай тіл мәдениетінің әлсіреуіне, ұрпақаралық түсіністеушілікке, әдеби тілден алыстауға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар жастар тіліндегі өзгерістерді толығымен теріс құбылыс деп қарауға болмайды. Бұл – тілдің икемділігі мен даму қабілетінің көрінісі. Мәселе – осы өзгерістерді дұрыс бағытқа бұрып, әдеби тілмен сабақтастыра білуде. Сондықтан тіл саясаты мен білім беру жүйесі жастардың тілдік талғамын ескеріп, әдеби тілге қызығушылықты арттыратын заманауи, тартымды тәсілдер қолдануы тиіс. Тілді сақтау – ұлтты сақтау. Бұл – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу мәдениеті. – Алматы: Раритет, 2021. – 165 б.

2. Құрманәлиева Ж. Жастар жаргоны және интернет тілінің ықпалы. // Тіл және қоғам. – 2023. – №1. – 66-71 бб.

3. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 224 Б.

4. Уәли Н. Тіл мәдениеті және коммуникативтік бірліктер. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 118 б.

5. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: Арыс, 2006. – 224 б.

6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 320 б.

7. Қажығұлова Қ. Әлеуметтік лингвистика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 204 б.

8. Ермекбаева Л. Жастар сленгі және интернет тілі. // Филология ғылымдарының хабаршысы. – 2020. – №2. – 103–110 б.

9. Мусин Ч. Диалектология негіздері. – Алматы: Білім, 2006. – 152 б.

ҒТАМА 16.01.33

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДИКТАНТ – ОҚУШЫ ҚИЯЛЫН ДАМЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Талғатқызы К., 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті; **Шнайдер В. А.,** доцент, филол. ғ.к., Астана халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан Республикасы
Email: talgatkyzykamila3@gmail.ru

Аннотация. Бұл мақалада шығармашылық диктанттың оқушы қиялын дамытудағы орны мен маңызы қарастырылады. Диктанттың дәстүрлі түрлерінен айырмашылығы, шығармашылық диктант оқушылардың еркін ойлауын, тілдік қоры мен жазу дағдыларын дамытады. Мақалада шығармашылық диктанттың түрлері, оларды өткізудің тиімді әдістері және оқу процесіндегі нәтижелілігі нақты мысалдармен көрсетілген. Сондай-ақ, бұл әдістің оқушылардың мотивациясына, тілдік және коммуникативтік қабілеттеріне оң әсері талданады.

Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың басым бөлігі (82%) шығармашылық диктантты қызықты әрі пайдалы деп бағалаған. Сонымен қатар жазба жұмыстарында орфографиялық және грамматикалық қателердің азайғаны байқалды. Бұл әдіс оқушылардың тілдік нормаларды меңгеруімен қатар, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында диктанттың дәстүрлі бақылау құралы ғана емес, сонымен қатар тілдік-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын кешенді әдіс екені дәлелденді. Қорытындылай келе, шығармашылық диктант оқушылардың функционалдық сауаттылығын, тіл мәдениетін және шығармашылық әлеуетін дамытуда тиімді педагогикалық құрал ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: шығармашылық диктант, қиял, жазылым, тіл дамыту, оқыту әдістемесі, оқушы белсенділігі, жазу дағдысы, білім беру

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту – басты міндеттердің бірі. Бұл талап оқыту әдістеріне жаңа көзқараспен қарауды қажет етеді. Соның бірі – шығармашылық диктант. Дәстүрлі диктанттар көбіне орфографиялық және пунктуациялық білімді тексеруге бағытталса, шығармашылық диктанттар оқушылардың еркін ойлауына, тілдік қорын дамытуға және қиялын оятуға септігін тигізеді. Шығармашылық диктант – бұл тек жазылым жұмысын орындау ғана емес, сонымен қатар оқушының тілмен жұмыс істеуіне, оқиға құруына, өз ойын көркем әрі логикалық жеткізуіне мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Мұндай диктанттарда оқушылар берілген мәтінді толықтырып, жалғастырып немесе еркін мазмұнда жазу арқылы өзіндік көзқарасын білдіреді. Бұл үдеріс баланың ойлау қабілетін арттырып, тілдік

бірліктерді орынды қолдануға үйретеді. Осы мақалада шығармашылық диктанттың түрлері, оларды өткізудің ерекшеліктері және оқу барысында алынған нәтижелер негізінде оның оқушы қиялын дамытудағы маңызы қарастырылады.

Материалдар және әдістер. Зерттеу барысында шығармашылық диктанттың оқушы қиялын дамытудағы мүмкіндіктері мен оны оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдары қарастырылды. Материал ретінде жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен алынған 7–8-сыныпқа арналған оқулықтар, әдістемелік нұсқаулықтар, сондай-ақ мұғалімдердің тәжірибесінде қолданылатын шығармашылық сипаттағы тапсырмалар пайдаланылды. Оқу барысында толықтыру, жалғастыру және еркін диктант сынды шығармашылық диктант түрлері қолданылды. Зерттеу аясында сабақтарға қатысу арқылы бақылау жүргізіліп, оқушылардың жазу белсенділігі мен қиялдау қабілетінің деңгейі анықталды. Сонымен қатар, диктанттан кейінгі оқушы жауаптары, олардың тілдік шығармашылығы мен ой еркіндігі сапалық тұрғыдан талданды. Оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, олардың шығармашылық тапсырмаларға деген қызығушылығы мен пікірлері сарапталды. Жинақталған деректер негізінде шығармашылық диктанттың оқушы тілін дамыту мен жазу дағдысын жетілдірудегі рөлі нақтыланды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде шығармашылық диктанттардың оқушы белсенділігі мен тілдік дағдыларын дамытуда оң әсері бары анықталды. Сабақ барысында шығармашылық диктант қолданылған кезде оқушылардың қызығушылығы мен қатысу деңгейі артқаны байқалды. Олар өз ойын еркін жеткізуге, мәтін құрауға және сөздерді орынды қолдануға ұмтылды. Толықтыру және жалғастыру сипатындағы диктанттар оқушылардың логикалық ойлауына, сөйлем құрау дағдысына оң ықпал етті. Еркін диктанттар арқылы олардың қиялы мен тілдік шығармашылығы дамып, сөйлем құрылымын сақтай отырып, мазмұн жағынан бай мәтіндер жазуға қабілетті екені байқалды. Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың 82%-ы шығармашылық диктанттың қызықты әрі пайдалы екенін атап өтті. Олар бұл тапсырмаларды орындау кезінде өздерін еркін сезінетінін және ойларын ашық жеткізе алатынын білдірді. Сонымен қатар, оқушылардың жазылым жұмыстарының сапасы жақсарып, бұрын жиі жіберілетін орфографиялық және грамматикалық қателер саны азайғаны тіркелді. Бұл шығармашылық диктанттың тек қиялды ғана емес, тілдік нормаларды меңгеруге де көмектесетінін көрсетті. Жалпы алғанда, шығармашылық диктант оқушылардың ойлау қабілетін, тілдік құзыреттілігін, жазылым дағдысын және шығармашылық әлеуетін дамытуда тиімді құрал ретінде бағаланды.

Бүгінгі орта білім саласында диктант сауаттылықты тексеру тетігі ретінде сирек қолданылып, тіпті қолданылмай жатқан бақылау формасының біріне айналғаны белгілі. Дегенмен, диктанттың оқу үдерісіндегі орны ұандай? – деген сауалға жауап беріп көрелік. Диктант – тіл үйретудегі ең негізгі және дәстүрлі жазба жұмыстарының бірі болып табылады. Ол оқушылардың

орфографиялық сауаттылығын қалыптастырып, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диктант жазу арқылы оқушының тіл мәдениеті, сауатты ой айту және оны жазбаша түрде жеткізу дағдысы дамиды. Жазылым әрекетін қалыптастыруда диктанттың алатын орны ерекше. Бұл – оқушының естігенін жазу арқылы есте сақтау, дұрыс жазу, құрылымды сөйлем құрау сияқты бірнеше дағдыны бір мезетте қамтитын кешенді тапсырма түрі [1,15–16]. Бүгінгі әлем мектептері қолданатын диктанттың оннан астам түрі бар. Олар: үйрету, әріп, буын, сөз, сөйлем, түсіндірмелі, өздік, шығармашылық, сөздік, терме, ескерту, бақылау, графикалық, конкурстық, жүгіру, сүйеніп отыру, ысқырық, модельдеу. Әрбір диктант түрінің оқушының жазу дағдысын дамытуға өзіндік ерекшелігі, тиімділігі, мақсаты мен міндеттері бар. Мәселен, бақылау диктанты – оқушы білімін тексеруге бағытталса, ескерту диктанты – жаңа материалды меңгеруге көмектеседі. «Көру арқылы орындалатын диктант оқушының көру, есте сақтау дағдыларын дамытады, ал шығармашылық диктант — оқушының ойлау және қиял қабілеттерін белсендіреді» [2,47–48]. Шығармашылық диктант — бұл оқушыға еркіндік беретін, тек тілдік нормаларды емес, ой құрылымын, қиялды, мазмұндық ойлауды дамытатын әдіс. Мұндай диктантта оқушы сөйлемді жалғастырады, мәтінді толықтырады немесе берілген сөздермен еркін мазмұн құрайды. Бұл тәсіл оқушылардың тек білімін емес, «олардың тілдік-коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған» [3,25]. Сонымен қатар, «диктанттың бұл түрі – үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, стиль, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі тіл үйренушілердің ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін көрсетеді» [4,25]. Нәтижесінде, оқушылардың жазуға деген қызығушылығын арттырып, өзіндік көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Шығармашылық диктанттың ерекшеліктері. Шығармашылық диктант – оқушылардың тілдік және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ерекше жазба жұмыс түрі. Оның негізгі мақсаты – оқушының тек орфографиялық сауаттылығын ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қиялын, сөз байлығын, сөйлем құрау шеберлігін, ойды жүйелі жеткізе білу қабілетін жетілдіру. Мұндай диктанттардың мазмұны алдын ала дайындалған мәтінге немесе сөйлем құрылымына негізделеді, алайда ол оқушы тарапынан еркін жалғастыруды талап етеді. Бұл диктанттың құрылымы оқушының белсенді араласуына мүмкіндік береді: «сөйлемді толықтыру, аяқтау, оқиғаны жалғастыру, сұраққа жауап беру немесе белгілі бір тақырыпта ой қозғау секілді әртүрлі элементтерден тұрады» [2,50]. Қиял мен ойлауды белсендіру шығармашылық диктанттың басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Мұндай тапсырмаларда оқушы логикалық және образдық ойлауын қолданады. Мысалы, толықтыру диктанты – сөйлемнің белгілі бір бөлігін оқушы өзі құрастырып толтырады, ал жалғастыру диктантында оқушы берілген мәтіннің мазмұнын жалғастырып жазады. «Еркін әңгімелеу элементтері бар диктанттарда оқушыға белгілі бір ситуация беріледі, сол бойынша ол өз

көзқарасын білдіре отырып, шығармашылық тұрғыдан мәтін құрастырады» [3,27]. Жазылым дағдысын қалыптастыруда шығармашылық диктанттың рөлі зор. Біріншіден, бұл әдіс оқушыларды еркін ойлауға, тілдік нормаларды дұрыс қолдануға үйретеді. Екіншіден, мәтін құрау барысында оқушының синтаксистік, лексикалық білімдері бекіп, жазу стилі дамиды. Үшіншіден, «шығармашылық диктант оқушыға өзіндік көзқарасын білдіруге, эмоциясын жазу арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Мұның барлығы оқушының тілдік құзыреттілігін дамытып, функционалдық сауаттылығын арттырады» [1,19].

Шығармашылық диктанттың түрлері және мысалдары. Шығармашылық диктанттың бірнеше түрі бар, әрқайсысы оқушының жазылым дағдысын әртүрлі қырынан дамытады. Бұл диктант түрлері оқушылардың ойлау, елестету, сөйлеу және жазу қабілеттерін жандандыруға бағытталады. Әр түрінің өзіндік әдістемелік мақсаты мен оқушыға тигізетін әсері бар.

1. Толықтыру диктанты – бұл диктант түрінде оқушыларға сөйлемнің бір бөлігі беріледі, ал қалған бөлігі бос қалдырылады немесе кей сөздер түсіріледі. Оқушы берілген логикаға сәйкес сөйлемді аяқтауы немесе сөзді тауып, орынды қолдануы керек. Бұл «оқушының тілдік бірліктерді дұрыс қолдану, логикалық байланыс құру, синтаксистік құрылымды түсіну қабілетін дамытады. Мысалы: «Анасы бауырсақ пісіріп жатқанда, бала …» — оқушы осы сөйлемді өз қиялы бойынша жалғастырып жазады. Бұл диктант түрі оқушылардың назарын, байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіреді және нақты ой құрауға үйретеді» [2,51].

2. Жалғастыру диктанты – мұнда оқушыға қысқа мәтін беріледі, ол сол мәтіннің жалғасын өз ойымен толықтырып жазуы қажет. Бұл тәсіл оқушының шығармашылық қиялын дамытуға, оқиғаны жалғастырып, баяндау қабілетін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, оқушы мәтіннің құрылымын сақтауға, сөйлемдердің мағыналық байланысын сақтай отырып жалғастыруға дағдыланады. Мысалы: «Күзгі орман. Жел соғып тұр. Бір кезде …» — осы сөйлемдерден кейінгі оқиғаны оқушы өзі құрастырып жазады. «Бұл әдіс оқушыны логикалық тұрғыда ойлауға, композициялық құрылымды сақтауға баулиды» [3,29].

3. Еркін диктант (қиялға негізделген) – бұл диктант түрінде оқушыға тақырып қана беріледі. Мәтінді толығымен өзі ойлап шығарады. Мұнда оқушының шығармашылық ойлауына, қиялына, ішкі сөздік қоры мен тіл байлығына сүйеніп жазу қабілеті белсендіріледі. Мысалы: «Егер мен құс болсам…» – тақырып бойынша оқушы өзінің қиялындағы өмірін сипаттайды, өзін кейіпкер ретінде қиял әлеміне енгізеді. «Бұл әдіс бала тұлғасының ішкі дүниесін ашуға, еркін ойлауға мүмкіндік береді және тілдік еркіндік сыйлайды» [1,20].

Әр диктант түрі оқушының жазу шеберлігін әртүрлі бағытта дамытады. Толықтыру диктанты – тілдік құралдарды қолдануға, жалғастыру диктанты – оқиғаларды байланыстыра жазуға, ал еркін диктант – қиялға ерік беруге және өзіндік пікірді білдіруге ықпал етеді. Барлық түрлердің басты ерекшелігі –

оқушының белсенді позицияда болып, тілді шығармашылықпен меңгеруіне жол ашу.

Практикалық қолдану және нәтижелері. Шығармашылық диктантты сабақ барысында жүйелі қолдану оқушылардың жазылымға деген ынтасын арттырып, белсенділігін күшейтеді. Тіл сабақтарында бұл әдісті әртүрлі мақсатта: жаңа тақырыпты меңгеру, бекіту немесе білімді тексеру барысында қолдануға болады. Мысалы, 7-сыныпта «Көктем мезгілі» тақырыбын өткен соң, мұғалім оқушыларға келесі диктантты ұсынды: «Көктем келді. Ауа райы жылынды. Бір күні мен далаға шықтым да…» – оқушылар осы сөйлемді өз ойымен жалғастырып, шағын әңгіме құрастырды. Мұндай жұмыс барысында оқушылар табиғат құбылыстары, эмоция, әрекет туралы сөз тіркестері мен көркем сөздерді белсенді қолданды. Жүйелі түрде шығармашылық диктант жүргізу оқушылардың сөздік қорын, тілдік құрылымдарды дұрыс қолдану дағдысын қалыптастырады. Бақылау жұмыстары нәтижесінде анықталғандай, шығармашылық диктантты үнемі орындаған оқушылардың 78%-ы жазылым сапасын жақсартты: сөйлемдер күрделене түсті, мазмұнды ойлар пайда болды, стилистикалық қателер азайды. Мұғалімдердің тәжірибесінен алынған мысал ретінде келесідей мини-кейсті атап өтуге болады. Алматы қаласындағы № 63 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі шығармашылық диктантты әр аптаның соңында бекіту сабағында қолдануды дәстүрге айналдырған. Ол төменгі сыныптарда толықтыру диктанттарын, ал жоғары сыныптарда еркін мазмұндағы шығармашылық диктанттарды ұсынады. Мұғалімнің айтуынша, оқу жылының басында оқушылар қысқа, қарапайым сөйлемдермен шектелсе, ал жыл соңына қарай бірізді, құрылымы жағынан күрделі мәтіндер жаза бастаған. Сонымен қатар оқушылар диктант жазуды «қызықты шығармашылық жұмыс» ретінде қабылдай бастаған. Бұл – әдістің тиімділігінің нақты дәлелі. Осылайша, шығармашылық диктант – оқушылардың тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған, практикада оң нәтиже беретін пәрменді әдіс. Ол оқу үдерісін тек тиімді етіп қоймай, сонымен бірге баланың өзін-өзі тануына, еркін ой білдіруіне жол ашады.

Қорытынды. Шығармашылық диктант – заманауи білім беру үдерісінде оқушылардың тілдік және когнитивтік қабілеттерін дамытудың тиімді құралы. Ол дәстүрлі диктанттардан ерекшеленіп, оқушыны тек орындаушы емес, ойлаушы әрі туынды жасаушы тұлға ретінде қалыптастырады. Мұндай жұмыс түрі оқушының сөздік қорын кеңейтіп, тілдік құрылымдарды еркін қолдануына, қиялын дамытуына және өзіндік ой айту дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында шығармашылық диктанттың бірнеше түрі, құрылымы мен әдістемелік тәсілдері қарастырылды.

Практикалық мысалдар мен мұғалімдердің тәжірибесі бұл әдістің оқу сапасына оң әсер ететінін көрсетті. Оқушылардың жазу белсенділігі артып, олардың жазылымдағы еркіндігі мен қызығушылығы байқалды. Сонымен қатар, шығармашылық диктанттар тіл мәдениетін қалыптастыруда, функционалдық сауаттылықты арттыруда маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, шығармашылық диктантты қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тұрақты қолдану – оқушыны жан-жақты дамытудың, шығармашылық әлеуетін ашудың және жазылым дағдыларын тереңдетудің пәрменді жолы екендігі дәлелденіп отыр.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Жұбанова Р.Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 240 Б.
2. Әміров Р. Жазу мәдениеті және грамматика. – Алматы: Мектеп, 2003. – 180 Б.
3. Сүлейменова Э.Д., Жұманова С.Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2005. – 256 Б.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат. Қазақ білім академиясы баспасы, 2000. – 208 Б.

ҒТАМА 16.01.33

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ НЕОЛОГИЗМДЕРМЕН ТОЛЫҒУЫ

Уәли М.А., 6В01708 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті; **Резуанова Г.К.,** ф.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
marzhanuali@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі қазақ тілінің лексикалық жүйесінің неологизмдер арқылы толығу үрдістері жан-жақты талданады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-техникалық және мәдени-ақпараттық кеңістіктегі жаңғыруы жаңа атаулардың пайда болуымен тығыз байланысты. Зерттеуде неологизмдердің пайда болу көздері, жасалу тәсілдері, қолданыс аясы, тілдік нормаларға әсері және олардың қоғамдағы коммуникативтік қажеттілікті өтеудегі рөлі қарастырылады. Теориялық талдаулар мен нақты тілдік материал негізінде қазақ лексикасының жаңару динамикасы анықталады.

Кілт сөздер: неологизм, лексикалық неологизм, семантикалық неологизм, лексика,

Кіріспе. Қазақ тілінің сөздік қоры – ұлт болмысының көрінісі. Тіл - қоғам өмірімен, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени өзгерістермен тығыз байланыста дамып отыратын тірі құбылыс. Қазіргі кезеңде жаһандану үрдісі, ақпараттық технологияның жедел дамуы, халықаралық қатынастардың кеңеюі қазақ тілінің лексикалық жүйесіне жаңа сөздердің, яғни неологизмдердің қарқынды енуіне себеп болуда.

Неологизмдер - тілдің дамуы мен жаңаруын танытатын негізгі көрсеткіштердің бірі. Олар қоғамдағы жаңа ұғымдар мен заттардың атауы ретінде пайда болып, тілдің сөздік құрамын байытып, семантикалық өрісін кеңейтеді. Сол себепті неологизмдер мәселесін зерттеу қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптасу үдерісі тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени факторлармен де тығыз байланысты. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары, интернет кеңістігі және ғылыми-техникалық сала арқылы қазақ тілінің лексикасы үздіксіз жаңарып, байып отыр. Біздің зерттеуде қойған мақсатымыз да қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамындағы неологизмдердің қалыптасу және даму ерекшеліктерін, тілдегі сөздік қорды байыту жолдарын ғылыми тұрғыда талдап, олардың қоғам өмірімен байланысын көрсету. Осы мақсатқа сәйкес қазақ тіл білімінде неологизм мәселесінің теориялық негіздеріне шолу жасау; қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің жасалу тәсілдерін анықтау; қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдерді лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастыру;

бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет кеңістігінде жаңа сөздердің қолданылу ерекшеліктерін талдау; неологизмдердің қазақ тілінің дамуы мен әдеби нормасына ену үдерісіндегі маңызын бағалау жұмыстары жүргізілді.

Материалдар және әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында сипаттамалы әдіс пен талдау мен жинақтау тәсілдері пайдаланылды. Зерттеу барысында жаңа сөздердің пайда болу көздері мен олардың қазақ тілінің лексикалық құрамын байытудағы рөлі анықталды. Мақсатқа жету үшін Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, К.Аханов және тағы да басқа көрнекті тілші ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар мен ой-пікірлер басшылыққа алынды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік материалдары, интернет ресурстар мен қазіргі қазақ сөздіктеріндегі жаңа қолданыстар зерттеу дереккөзі ретінде қарастырылды.

Нәтижелер. Қазақ тілінің лексикасы ғасыр, не жыл санап өспейді, ол күн өткен сайын толығып, үздіксіз өзгеріс үстінде болады. Әртүрлі ықпалдардың әсерінен еліміз дамыған сайын лексикамыз да байи түседі, жаңа зат, құбылыстардың пайда болуымен бірге жаңа сөздер де туады.

«Неологизмдер – бүгінгі қазақ қоғамының рухани және заттық әлеміне енген жаңалықтарды бейнелейтін, қазақ тілінің лексикалық қазынасын толықтыратын жаңа тілдік бірліктер» [1,10]. «АҚШ-та, Францияда, Жапония елдерінде неологизмді зерттейтін арнайы орталықтар құрылып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді» [2]. Тіліміздегі көптеген сөздер бір кездері халық енді танысып бастаған жаңа сөздер болған, бірақ уақыт өте келе олар жалпыхалықтық сипат алып, тілден өз орнын тауып алып, неологизмдер қатарынан шығып қалды. Мысалы, Кеңес үкіметінің кезінде *шәйнек, партия, коммунизм, бригада, колхоз, пионер, институт, болыс, радио, газет* сияқты сөздерді халық жаңа сөз ретінде қабылдаса, бүгінде олар көпке түсінікті, күнделікті қолданылатын сөздер болып қалыптасты. «Жазушы, аудармашы Ислам Жарылғапов кезінде аялдама, балмұздақ, оқырман, көрермен сөздерін орыс тілінен аударған. Бұл сөздер неологизмдер болып еніп, әлі күнге дейін қолданылып келеді. Сәтті аударылған сөздердің ғұмыры да ұзақ болмақ» [3,73].

Ғалым Р. Сыздықова лексикалық құрамның толығуына себепкер болатын алуан факторларды көрсеткен: «1) тілдің өзіне тән ішкі даму заңдары: сөз мағынасының кеңеюі, әр затты, әр құбылысты, әр ұғымды даралап жеке-жеке атау қажеті; 2) экстралингвистикалық факторлар: термин жасау процесі, аударма әдебиетінің дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-техникалық революция» [4,119].

Неологизмдер лексикалық және семантикалық деп бөлінеді. Бұл туралы Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде «Неологизмдер лексикалық және семантикалық болып, екі түрде кездеседі», – дей келе, «Лексикалық неологизмдерге жаңа ұғымдардың тууымен бірге шыққан жаңа терминдер жатса, семантикалық неологизмдерге калька тәсілімен сөзбе-сөз аудару

арқылы төл сөзге қосылған жеке мағынаны айтуға болады», [5, 178] – деп бөліп көрсеткен. Лексикалық неологизмдер мыналар: *смартфон, телефон, баспасөз, аялдама, ноутбук, атом, теледидар, космос, ракета, редактор, анализ, компьютер, т.б.* Ал семантикалық неологизмдерге *ғаламтор, тінтуір, үнтаспа, компьютерлік жүйе, кесте, шарт, шөгінді, үндеухат, т.б.* жатады.

Қазіргі кезде де неологизмдер басқа тілдерден аударылу және сөзжасам тәсілдері арқылы жасалады. Неологизмдердің жасалуындағы сөзжасам тәсілдері төмендегідей:

- **синтетикалық тәсіл** (жұрнақ жалғау арқылы): *баспагер, баспахана, бағдарлама, қойылым, аялдама, т.б.*

- **аналитикалық тәсіл** (түбірлерді біріктіру арқылы, сөз тіркесі арқылы): *зейнетақы, тілашар, қызыл кітап, балмұздақ, еңбеккүн, шетел, үндеухат, шаруа қожалығы, егіс дақылдары, т.б*. Осы типтес аналитикалық тәсіл арқылы жасалған неологизмдер қатарын басқа да кірме терминдерді қазақтың байырғы сөзімен тіркестіру арқылы кеңейтуге болады. Мысалы, бір ғана электротехникаға байланысты мына тіркестерді атауға болады: *абонент байланысы, абонент желісі, абонент қондырғысы, абонент қорабы, абонент телеграфы, абсорбциялық тыну, автобұғаттау т.б.*[3,73]

- **лексика-семантикалық тәсіл** (бұрынғы сөзге жаңа мағына қосу арқылы): *сапар, сапаржай, желік, талқылау, тайғақтау, жақтау, сызу, т.б.*

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері әр сала өз қажетіне қарай даму жолында келе жатыр. Сол себепті, түрлі мағынадағы жаңа сөздер көп.

Қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдерді төмендегідей лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады:

1. **Саяси және әлеуметтік саладағы неологизмдер:** ұлттық жоба, әлеуметтік пакет, инклюзивті қоғам, қауырт желі, әлеуметтік карта, пандемиялық шектеу, локдаун, халықтық бақылау, цифрлық құжат, урбанистикалық саясат, қоғамдық мониторинг, т.б.

2. **Экономика және қаржы саласындағы неологизмдер:** субсидиялау, монетизация, фрилансер, краудфандинг, маркетплейс, кэшбек, криптовалюта, токен, блокчейн, аутсорсинг, краудфандинг, токенизация, венчурлық капитал, әмиян-қосымша, стратегиялық менеджмент, т.б.

3. **Ғылым мен білім саласындағы неологизмдер:** жасанды интеллект (AI), наноматериал, биоқорғаныс, биохакинг, ақпараттық қоғам, биожүйе, робототехника, нейротехнология, кванттық есептеу, биотрасса, STEM, soft skills, аралас оқыту, инклюзивті оқыту, қашықтықтан оқыту, академиялық адалдық, электронды оқулықтар, интерактивті тақта, цифрлық-интерактивтік мультимедиялық білім бері қоры,

4. **Ақпараттық технология (IT) лексикасы:** онлайн, оффлайн, стриминг, QR-код, чатбот, киберқауіпсіздік, бұлттық есептеу, дата-центр, смарт құрылғы, метағалам, алгоритмдеу, платформа, интерфейс, контент, бұлттық қызмет, инфографика, фэйк, электрондық сканерленген көшірме, инновациялық инфоқұрылым, т.б.

5. **Медиакеңістік және әлеуметтік желі тілінің неологизмдері:** хайп, тренд, фейк, краш, мем, рил, сторис, блогинг, лайфхак, диз, челендж, стример, тиктокер, репост, фолловер, фандом, т.б.

6. **Әлеуметтік-психологиялық неологизмдер:** эмоциялық интеллект, менталды денсаулық, буллинг, моббинг, абьюз, токсик, коучинг, фасилитация, медиация, т.б.

7. **Экология саласындағы неологизмдер:** жасыл экономика, қайта өңдеу, экосана, экожүйе, нөлдік қалдық, карбон ізі, көміртек бейтараптылығы, жасыл инфрақұрылым, экологиялық апат,т.б.

8. **Тұрмыстық және күнделікті қолданыстағы жаңа сөздер:** жеткізім, қолма-қол төлем, қосалқы бөлшек, шаңсорғыш-робот, смартфон, элеватор (үйдегі лифт), донорлық пункт, вендинг аппарат, смарт-үй, шаңсорғыш-робот, онлайн-касса, QR-төлем, электромобиль, зарядтау станциясы, т.б.

9. **Мәдениет, өнер және индустрия саласындағы неологизмдер:** арт-простор, арт-кеңістік, креативті индустрия, стрит-арт, урбанистика, фестиваль-хаб, метафестиваль, иммерсивті театр, перформанс, фан-база, плейлист, шорт-фильм, фан-сервис, премьера-ивент, кавер, лайв-формат, трейлер, байопик, фотосет, т.б.

10. **Медицина саласындағы неологизмдер:** бустер-доза, ревакцинация, штамм, постковидтік синдром, геном редакциялау, биомаркер, иммуномодулятор, т.б.

11. **Ғарыш саласы және аэронавтика терминдері:** жерсерік, космос, ракета, орбиталық модуль, ғарыш станциясы, телеметриялық деректер, т.б.

12. **Спорт және фитнес лексикасы:** кроссфит, функционал жаттығу, фитнес-трекер, марафон-ивент, стречинг, спорттық аналитика т.б.

13. **Ауыл шаруашылығы және агротехнология неологизмдері:** агродрон, агроскаутинг, смарт-ферма, цифрлық агрокарта, тамшылатып суару, гидропоника, аквапоника, агроинновация, дәлме-дәл егіншілік, агрохаб, биотыңайтқыш, органоминералды қоспалар, агромониторинг, цифрлық ауыл шаруашылығы, органикалық және экологиялық фермерлік, биотехнологиялық агрономия, т.б.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында тілдің дамуы мен өзгеру үдерісі бұқаралық ақпарат құралдары және интернет кеңістігімен тығыз байланысты. Ақпарат тарату жылдамдығының артуы, жаңа технологиялардың енгізілуі және әлеуметтік желілердің кеңінен қолданылуы тілдік жүйеде жаңа сөздердің пайда болуына және олардың белсенді қолданысқа енуіне ықпал етіп, таралу үдерісін одан әрі жеделдетті. Интернет кеңістігі тілінің ерекшелігі – еркіндік, бейресмилік және экспрессивтілік. Мұнда жаңа сөздер қысқарту, сленг, ағылшын тілінен тікелей алынған нұсқалар арқылы кең қолданылады. Кейбір сөздер эмоциялық реңкке ие болып, контекстке байланысты мағынасы өзгеріп отырады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасқан неологизмдер көбіне жастар тілі арқылы таралып, кейіннен жалпы қолданысқа енуі мүмкін. Мысалы, соңғы жылдары БАҚ беттерінде жиі кездесетін *«онлайн»* сөзі бастапқыда ағылшын тілінен енген кірме сөз болып табылады. Бұл сөз

алғашында тек интернетке қосылу мағынасында қолданылса, қазіргі кезде *«онлайн оқу», «онлайн жиналыс», «онлайн қызмет»* сияқты тіркестерде кең мағынада қолданылады. Мұнда сөздің семантикалық кеңеюі байқалады. Тағы бір мысал – *«блогер»* сөзі. Бұл неологизм интернет кеңістігінде пайда болып, кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне енді. Алғашында жеке күнделік жүргізуші адамды білдірсе, қазіргі кезде бұл сөз кәсіби қызмет иесін, яғни әлеуметтік желі арқылы аудиторияға ықпал ететін тұлғаны білдіреді. БАҚ-та «танымал блогер», «блогерлер қауымдастығы» сияқты тіркестердің жиі қолданылуы бұл сөздің тілдік қолданыста орныққанын көрсетеді.

Интернет кеңістігінде жаңа сөздердің өмір сүру циклі әлдеқайда жылдам. Кейбір неологизмдер қысқа уақыт ішінде кең таралып, кейін қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Бұл құбылыс интернет тілінің динамикалық сипатын көрсетеді. Әлеуметтік желілерде пайда болған сөздер көбіне бейресми сипатта болады және эмоционалдық-экспрессивтік реңкі басым келеді. Мұндай сөздер сөйлеушінің көңіл күйін, бағалауыштық қатынасын білдіру үшін қолданылады. Осы арқылы интернет тілінде жаңа сөздер прагматикалық қызмет атқарады.

Неологизмдер қазақ тілінің дамуына бірнеше бағытта ықпал етеді:

- олар тілдің лексикалық қорын байытып, жаңа ұғымдарды атауға мүмкіндік береді;
- қазақ тілінің функционалдық аясын кеңейтіп, оны ғылым, техника және медиа салаларында қолдануға бейімдейді;
- неологизмдер тілдің заман талабына сай икемді әрі өміршең болуына жағдай жасайды.

Қорытынды. Қазіргі қазақ тілі лексикасының неологизмдермен толығуы тіл дамуының ішкі заңдылықтарына сәйкес жүріп жатқан үдеріс болып табылады. Тіл қоғамдағы өзгерістерге бейтарап қарай алмайды, сондықтан жаңа қоғамдық, ғылыми және технологиялық құбылыстардың тілдік бейнесі ретінде неологизмдердің пайда болуы заңды құбылыс саналады. Осы тұрғыдан алғанда, неологизмдер қазақ тілінің қазіргі кезеңдегі даму деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Зерттеу барысында анықталғандай, неологизмдер қазақ тілінің лексикалық жүйесіне әртүрлі жолмен еніп, белгілі бір уақыт аралығында қолданысқа түседі. Олардың бір бөлігі тілдік қажеттілікке байланысты тұрақтанып, әдеби тіл нормасының құрамына енсе, енді бір бөлігі уақытша сипатта болып, қолданыстан шығып қалады. Бұл жағдай тілде сұрыптау және реттеу механизмдерінің бар екенін көрсетеді және әдеби тілдің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар неологизмдердің әдеби тілге ену үдерісі тіл мәдениетімен тығыз байланысты. Жаңа сөздердің мағыналық айқындылығы, құрылымдық сәйкестігі және функционалдық қолайлылығы олардың қолданыста сақталу-сақталмауын айқындайды. Осы талаптарға сай қалыптасқан неологизмдер ғана қазақ әдеби тілінің дамуына нақты үлес қоса алады.

Осылайша, неологизмдер қазақ тілінің лексикалық қорын толықтырушы құрал ғана емес, оның даму бағытын, тілдік саясаттың тиімділігін және тілдік сананың деңгейін көрсететін күрделі тілдік құбылыс ретінде бағалануы тиіс. Қазіргі қазақ тілінің болашақтағы тұрақты дамуы неологизмдерді ғылыми тұрғыдан жүйелеу мен олардың әдеби нормаға ену үдерісін мақсатты түрде реттеуге тікелей байланысты.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ., Қасабек Қ., Балтабаева Ж., Мұхамади Қ., Рахметова Р., Көпбаева Ж. Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 535 Б.
2. Дереккөз: https://kk.wikipedia., [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B5%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%B7%D0%BC қолжетімділік күні – 11.02.2026.
3. Әбенова Г.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі терминдік неологизмдер сипаты // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары. – 2017. - №6 (316).
4. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 292 Б.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 Б.

ҒТАМА 14.25.09

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ КӨРКЕМ МӘТІНДЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Умержанова Г.С., М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің 2-курс магистранты; **Кулибекова Ж.С.,** ф.ғ.к., доцент, профессор М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан
gulzhan.umerzhanova@mail.ru

Аннотация.Мақалада қазақ тілін меңгертуде көркем мәтіндерді пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – көркем мәтіннің тілдік, танымдық, тәрбиелік және коммуникативтік әлеуетін жүйелеп, оны сабақта тиімді қолданудың кезеңдік моделін ұсыну. Зерттеу барысында отандық және шетелдік лингводидактикалық еңбектерге теориялық талдау, салыстыру, жүйелеу және әдістемелік модельдеу тәсілдері қолданылды. Нәтижесінде көркем мәтіннің сөздік қорды байытуға, грамматикалық тұлғаларды контексте меңгертуге, мәдени-ұлттық құндылықтарды игертуге, сыни ойлау мен диалогтік әрекетті дамытуға ықпал ететіні айқындалды. Мәтін іріктеудің негізгі өлшемдері ретінде тілдік қолжетімділік, жас ерекшелігіне сәйкестік, эстетикалық әсер, проблемалылық және цифрлық ортаға бейімделгіштік көрсетілді. Ұсынылған тұжырымдар мектеп пен колледж тәжірибесінде қазақ тілі сабақтарының мазмұнын байытуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: көркем мәтін, қазақ тілін оқыту, лингводидактика, педагогикалық мүмкіндік, мәтінмен жұмыс, коммуникативтік құзырет, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе. Қазақ тілін сапалы меңгерту бүгінгі білім кеңістігінде тек грамматикалық ережелерді жаттатумен шектелмейді. Қазіргі сабақта тіл үйренушінің сөзді дұрыс қолдануы, ойын тұтас мәтін арқылы жеткізуі, тілдік бірліктерді жағдаятқа сай таңдай алуы және ұлттық-мәдени мазмұнды түсінуі қатар қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтін – тілдің жүйелік табиғатын да, оның рухани-эстетикалық қуатын да бір арнаға тоғыстыратын тиімді дидактикалық құрал. Ахмет Байтұрсынұлы сөзді дұрыс таныту мен оқу-ағарту ісіндегі тілдің табиғи қызметін ерекше бағаласа, Мағжан Жұмабаев тәрбиені жан мен ақылдың тұтас дамуы ретінде қарастырған [1; 2]. Бұл ұстанымдар көркем мәтінді тіл мен тұлға қалыптастырудың біртұтас құралы ретінде пайымдауға негіз береді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде мәтінге сүйенген қатысымдық бағыттың орны ерекше. Ф.Ш. Оразбаева тілдік қатынасты тұлғааралық өзара әрекетпен байланыста қарастырса, А. Әбілқаев мәтінді оқытудағы жүйелілік пен мазмұндық тұтастықтың маңызын көрсетеді [3; 4]. Ал көркем мәтін бұл

үдерісте жай ғана ақпарат көзі емес, эмоциялық әсері бар, образға құрылған, көпқабатты мағына тудыратын тілдік кеңістік болып табылады. Т. О. Есембеков көркем мәтінді эстетикалық және семантикалық құрылымы күрделі құбылыс ретінде сипаттайды [5]. Сондықтан оны қазақ тілі сабағында пайдалану оқушының тек лингвистикалық емес, интерпретациялық қабілетін де дамытады.

Шетелдік лингводидактикада да әдебиетті тіл үйретудің пәрменді құралы ретінде тану берік орныққан. G. Lazar көркем мәтіннің шынайы тілдік қолданысты, мәдени контексті және көпмәнді түсінуді қатар ұсынатынын атап өтеді [6]. J. Collie мен S. Slater әдеби мәтіннің тіл үйренушінің уәжін күшейтіп, пікір айтуға итермелейтінін көрсетсе [7], R. Carter мен M. N. Long оны тілдік форма, жеке түсіндіру және мәдени модельдің біріккен алаңы ретінде қарастырады [8]. Осы еңбектер қазақ тілін меңгертуде көркем мәтіннің мүмкіндіктерін қайта бағамдауға негіз болады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілін меңгертуде көркем мәтіндердің педагогикалық мүмкіндіктерін жүйелеу және оларды сабақта тиімді пайдаланудың әдістемелік моделін ұсыну. Зерттеу нысаны ретінде қазақ тілін оқыту үдерісіндегі көркем мәтінмен жұмыс жасау тәжірибесі алынды. Зерттеу пәні – көркем мәтіннің тілдік, танымдық, тәрбиелік және коммуникативтік әлеуеті.

Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы сипаттау, жүйелеу, мазмұндық талдау және әдістемелік модельдеу әдістері қолданылды. Дереккөздер қатарына қазақ тілін оқыту әдістемесіне, тілдік қатынас теориясына, көркем мәтін теориясына қатысты отандық еңбектер, сондай-ақ әдебиетті тіл үйретуде қолдануға арналған шетелдік зерттеулер енді [3–9]. Сонымен бірге соңғы оқу-әдістемелік ұсынымдар мен мәтін таңдау өлшемдерін сипаттайтын заманауи еңбектер де ескерілді [10; 11]. Талдау нәтижесінде көркем мәтінмен жұмыстың кезеңдік моделі, мәтін іріктеу критерийлері және педагогикалық нәтижелері айқындалды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесі көркем мәтіннің қазақ тілін меңгертуде кемінде бес ірі педагогикалық мүмкіндікке ие екенін көрсетті. Біріншіден, ол сөздік қорды табиғи контексте байытады: сөздің мағынасы, стильдік реңкі, тұрақты тіркестер мен бейнелі қолданыстар оқшау емес, тұтас мазмұн аясында игеріледі. Екіншіден, грамматикалық тұлғалар жасанды мысалдармен емес, қызмет үстінде танылады; бұл тілдік бірліктің мағына мен қызметін бірге ұғынуға жол ашады. Үшіншіден, көркем мәтін оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым әрекеттерін өзара ықпалдастыратын тұтас орта қалыптастырады. Төртіншіден, көркем шығарма ұлттық мәдениет пен құндылықтарды танытудың пәрменді арнасы болып табылады. Бесіншіден, әдеби образ, кейіпкер мінезі, тартыс пен шешім оқушыны эмоциялық тұрғыдан қатыстыру арқылы ішкі уәжді күшейтеді [6–9].

Алайда кез келген көркем мәтінді сол күйінде сабаққа енгізу тиімді нәтиже бере бермейді. Мәтін іріктеу барысында оның тілдік қолжетімділігі, көлемі, оқушы жасына сәйкестігі, тәрбиелік салмағы, мәдени мазмұны,

проблемалық сипаты және диалог тудыру әлеуеті ескерілуі тиіс [10; 11]. Мәтін өте күрделі болса, оқушы мағынаны игермей қалады; тым қарапайым болса, танымдық серпін әлсірейді. Сондықтан мұғалім мәтінді сабақ мақсатына сай ықшамдап, қажет жағдайда түсіндірме сөздік, тірек сызба, контекстік тапсырма, аудиожазба немесе цифрлық белгілеу секілді қолдаушы құралдармен ұштастырғаны жөн.

Кесте 1 – Көркем мәтінмен жұмыстың кезеңдері және күтілетін педагогикалық нәтиже

Кезең	Негізгі жұмыс түрлері	Күтілетін нәтиже
Мәтіналды кезең	Тірек сөздермен жұмыс, болжау, автор мен тақырыпқа қатысты қысқа әңгіме, уәжді ояту	Қызығушылық артады, алдыңғы білім белсендіріледі, жаңа лексикаға дайындық жүреді
Мәтінмен жұмыс	Мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, мағыналық бөлшектеу, тілдік бірліктерді контексте талдау	Оқылым дағдысы дамиды, сөз бен грамматикалық тұлғаның қызметі түсініледі
Мәтіннен кейінгі кезең	Пікірталас, кейіпкерге мінездеме, эссе, қайта әңгімелеу, шығармашылық тапсырма	Айтылым мен жазылым күшейеді, сыни ойлау, интерпретация және құндылықтық пайым қалыптасады

Ұсынылып отырған кезеңдік модель мұғалімге көркем мәтінді тек оқу материалы ретінде емес, сабақтың өзегіне айналдыруға мүмкіндік береді. Мәселен, мәтіналды кезеңде оқушының жорамал жасауына, сөз мағынасын контекст арқылы болжауына, авторлық позицияны алдын ала сезінуіне жағдай жасалады. Мәтінмен жұмыс барысында тілдік талдау мазмұндық талдаумен қабаттасып жүреді: диалогті табу, эпитет пен теңеудің рөлін аңғару, сөйлем құрылымын кейіпкер мінезімен байланыстыру, мәтіндегі эмоциялық реңкті ажырату сияқты тапсырмалар тілдік білімді өміршең етеді. Ал мәтіннен кейінгі кезеңде оқушының дербес пікірі мен тілдік өнімі алдыңғы орынға шығады. Бұл – қайталап айту, пікірталас, эссе, рөлдік ойын, балама аяқталым жазу, цифрлық постер әзірлеу сияқты жұмыс түрлері арқылы жүзеге асады.

Көркем мәтіннің тағы бір маңызды артықшылығы – оны цифрлық ортада да тиімді қолдануға болатыны. Мысалы, мәтінге QR-код арқылы аудио нұсқа тіркеу, түсіндірме сөздікке сілтеме беру, ортақ онлайн-тақтада кейіпкер әрекетін талдау, қысқа бейнерефлексия жазу оқушы белсенділігін арттырады. Жасанды интеллектке негізделген құралдар мәтін бойынша деңгейлік сұрақтар құрастыруға, сөздік минимумды саралауға, жедел кері байланыс беруге көмектесе алады. Дегенмен әдеби мәтіндегі мағынаны интерпретациялау,

ұлттық реңкті сезіну және құндылықтық бағалау сияқты қызметтерде мұғалім жетекшілігі негізгі орында қалуы тиіс. Демек, цифрлық технология көркем мәтінді алмастырмайды, керісінше оның педагогикалық әлеуетін кеңейтеді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, көркем мәтін қазақ тілін меңгертуде көпқырлы педагогикалық ресурс ретінде танылады. Ол тілдік норманы табиғи қолданыста көрсетеді, сөздік қор мен грамматикалық дағдыны контексте дамытады, оқушының ауызша және жазбаша сөзін жетілдіреді, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты танытады, сондай-ақ эмоциялық қатысу арқылы уәжді күшейтеді.

Көркем мәтіннің сабақтағы тиімділігі оны дұрыс іріктеуге және кезең-кезеңмен ұйымдастырылған жұмысқа тікелей байланысты. Сондықтан мұғалім мәтіннің мазмұндық, тілдік және тәрбиелік әлеуетін бірлікте бағалап, мәтіналды, мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды өзара сабақтастықта құруы қажет. Осындай жағдайда көркем мәтін қазақ тілі сабағын мазмұнды, диалогті, ойландыратын және тұлғаны дамытатын кеңістікке айналдырады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2000. – 208 б.
4. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
5. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
6. Lazar G. Literature and Language Teaching: A Guide for Teachers and Trainers. – Cambridge: Cambridge University Press, 1993. – 267 p.
7. Collie J., Slater S. Literature in the Language Classroom: A Resource Book of Ideas and Activities. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987. – 266 p.
8. Carter R., Long M.N. Teaching Literature. – Harlow, Essex: Longman, 1991. – 200 p.
9. Krashen S.D. Principles and Practice in Second Language Acquisition. – Oxford: Pergamon Press, 1982. – 202 p.
10. Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер жинағы (қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 160 б.
11. Нұрмышева Ш.А., Аққожина Б.Қ., Алдабергенова Г.Д. Қазақ тілін үйретуде мәтін таңдау және тиімді пайдалану әдістері // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Педагогические науки». – 2023. – Т. 68. – № 1. – DOI: 10.48371/PEDS.2023.68.1.010.

ҒТАМА 16.01.07

XIX-XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТІЛДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЕМЛЕ МӘСЕЛЕСІ

Усеров Д.А., «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті**, Шнайдер В. А.,** доцент, филол.ғ.к., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
dosusserov@gmail.com

Аннотация. Бұл мақала XIX-XX ғасырлар аралығындағы қазақ тіліндегі сөздік құрамның өзгеруін, әсіресе жазу графикасының ауысуы мен сөйлеу тіліне әсерін зерттейді. Зерттеу кезеңі қазақ қоғамындағы ірі әлеуметтік-саяси өзгерістермен, соның ішінде жазу жүйесінің (арабтан латынға, латыннан кириллицаға) үш рет ауысуымен сипатталады. Мақалада осы өзгерістердің тілдің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық деңгейлеріне қалай ықпал еткені, сондай-ақ бұл процестердің қазақ тілінің дамуына тигізген оң және кері әсерлері талданады. Әсіресе, жаңа сөздердің енуі, ескі сөздердің қолданыстан шығуы немесе мағынасының өзгеруі, тілдік нормалардың қалыптасуы мәселелеріне баса назар аударылады.

Кілт сөздер: жазу графикасы, араб графикасы, латын графикасы, кириллица, тілдік өзгерістер, сөйлеу тілі, тілдік реформалар.

Кіріспе. Тіл – халықтың жаны, тарихы мен мәдениетінің айнасы. Ол қоғаммен бірге дамып, өзгеріп отырады. XIX-XX ғасырлар – қазақ халқының тарихындағы аса күрделі, әрі ірі бетбұрыстарға толы кезең. Бұл кезеңде қазақ қоғамы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының күшеюімен, кеңестік жүйенің орнауымен, саяси-экономикалық және мәдени реформалармен бетпе-бет келді. Осындай аласапыран уақыт тілдің дамуына да тікелей әсер етті. Әсіресе, жазу графикасының үш рет ауысуы (арабтан латынға, латыннан кириллицаға) тілдің ішкі құрылымына, сөздік қорына, тіпті сөйлеу нормаларына дейін елеулі өзгерістер енгізді.

Материалдар мен әдістер. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген басылымдар мен оқулықтар негізінен араб графикасына негізделген жазуды қолданды. Алайда, араб жазуының қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін толық бере алмауы, оның күрделілігі сауат ашуда қиындықтар туғызды. Осыған байланысты, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ағартушылар араб графикасын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеу бағытында үлкен жұмыстар атқарды. Олар араб әліпбиіне қазақ тіліне тән дыбыстарды белгілейтін таңбалар енгізіп, "Төте жазу" деп аталатын реформаланған жүйені ұсынды. Бұл жүйе қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін дәлірек көрсетуге мүмкіндік берді.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, 1929 жылы қазақ тілі латын графикасына көшті. Бұл – халықтың сауатын ашу, білім беру жүйесін жаңарту, жаңа

терминологияны енгізу мақсатында жасалған үлкен қадам болды. Латын графикасына көшу барысында көптеген жаңа сөздер еніп, тілдің сөздік қоры кеңейді. Алайда, латын әліпбиінің де қазақ тілінің барлық дыбыстарын дәл беруде кемшіліктері болды. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында, 1940 жылы, қазақ тілі кириллицаға ауыстырылды. Бұл шешім КСРО халықтарын бірыңғай орыс тілді кеңістікке интеграциялау, саяси және идеологиялық тұрғыдан біріктіру мақсатында қабылданды. Кириллицаға көшу қазақ тілінің дамуына екіжақты әсер етті. Бір жағынан, орыс тілі арқылы халықаралық және ғылыми терминдердің көптеп енуі тілдің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтті. Екінші жағынан, орыс тілінің тікелей ықпалымен қазақ тіліне тән кейбір дыбыстардың қолданыстан шығуы немесе өзгеріске ұшырауы, сөздердің мағыналық реңкінің ауысуы сияқты құбылыстар байқалды. Осы кезеңдегі тілдік өзгерістерді зерттеу қазақ тілінің тарихын, оның даму заңдылықтарын, сондай-ақ тілдің қоғамдық факторларға тәуелділігін түсіну үшін аса маңызды. Мақалада осы өзгерістердің тілдің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық деңгейлеріне қалай әсер еткені, жазу графикасының ауысуының сөйлеу тіліне қаншалықты ықпал еткені жан-жақты қарастырылады.

Жазу графикасының ауысуы және оның лексикаға әсері. XIX-XX ғасырлардағы қазақ тілі лексикасындағы ең басты өзгерістердің бірі – жазу графикасының ауысуымен тікелей байланысты. Араб, латын және кириллица жазуына көшу барысында тілге жаңа сөздер еніп, ескірген сөздер қолданыстан шығып немесе мағынасы өзгерді.

Араб жазуы кезеңі: XIX ғасырда қазақ тіліндегі кітаби шығармалар мен баспасөз өнімдері араб графикасына негізделді. Бұл кезеңде қазақ тіліне араб, парсы тілдерінен көптеген діни, әдеби, әкімшілік терминдер енді. Мысалы, намаз, ораза, зекет, ғалым, шәкірт, мектеп, медресе, заң, үкімет сияқты сөздер тілдің сөздік қорына берік енген. Ахмет Байтұрсынұлының "Төте жазуы" қазақ дыбыстарын дәлірек беруге мүмкіндік беріп, сауаттылықты арттыруға ықпал етті. Дегенмен, бұл кезеңде қазақ тілінің төл сөздері мен араб-парсы сөздері арасындағы тепе-теңдік сақталды.

Латын жазуы кезеңі (1929-1940): Латын графикасына көшу кезінде қазақ тілінің лексикасы үлкен өзгерістерге ұшырады. Кеңестік идеологияға сай жаңа қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық терминдер енгізілді. Бұл сөздер көбінесе орыс тілі арқылы келген интернационалдық терминдер болды. Мысалы, «коммунизм, социализм, колхоз, совхоз, трактор, комбайн, электростанция, университет, академия, профессор, инженер, дәрігер, депутат сияқты мыңдаған сөздер қазақ тілінің сөздік қорын байытты. Осы кезеңде қазақ тіліндегі ғылыми және техникалық терминологияның қалыптасуында елеулі жұмыстар атқарылды» [1,150].

Кириллица жазуы кезеңі (1940 жылдан бастап): Кириллицаға көшу қазақ тілінің лексикасына орыс тілінің ықпалын одан әрі күшейтті. Орыс тілінен енген сөздердің саны артып, қазақ тілінің төл сөздерін ығыстыру құбылыстары да байқалды. Мысалы, паровоз, поезд, автобус, самолет, радио, телевизор

сияқты техникалық атаулармен қатар, завод, фабрика, цех, бригада, партия, комсомол сияқты әлеуметтік-саяси ұғымдардың орыс тілінен тікелей енуі байқалды. Кейбір жағдайларда, қазақ тілінде баламасы бола тұра, орыс тілінен енген сөздер жиі қолданылды. Мысалы, әңгіме сөзінің орнына “разговор”, міндет сөзінің орнына “обязанность” деген сияқты. Бұл – орыстандыру саясатының тілге тигізген кері әсерлерінің бірі еді. Дегенмен, кириллицаға көшу ғылым мен білімнің дамуына, қазақ тіліндегі кәсіби және ғылыми терминологияның қалыптасуына да оң ықпал етті.

Жазу графикасының ауысуы және оның фонетикаға әсері. Жазу графикасының өзгеруі қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне де әсер етті. Әр графиканың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілінің дыбысталуына ықпал етті.

Араб жазуы кезеңі: Араб жазуында қазақ тілінің ә, ө, ү, ұ, і, ы, қ, ғ, ң сияқты дыбыстарын дәл беруде белгілі бір қиындықтар болды. Бұл дыбыстарды жеткізу үшін арнайы диакритикалық белгілер немесе қосымша таңбалар қолданылды. Мысалы, “ә” дыбысы үшін “айн” немесе “һәмза” қолданылуы мүмкін. Бұл жазу жүйесіндегі біркелкісіздік сөздердің дұрыс оқылуына әсер етті. «Ахмет Байтұрсынұлының "Төте жазуы" осы кемшіліктерді жоюға тырысты, ол әр қазақ дыбысына жеке таңба беріп, тілдің дыбыстық жүйесін дәлірек көрсетуге мүмкіндік берді» [2,30].

Латын жазуы кезеңі: Латын графикасына көшу қазақ тілінің фонетикасына оң әсер етті. Латын әліпбиі қазақ тілінің жуан-жіңішке дыбыстарын, үнді дауыссыздарын және басқа да ерекшеліктерін беруге ыңғайлы болды. Мысалы, “ə, ö, ü, ı, i, ş, ç, ŋ” сияқты таңбалар қазақ дыбыстарын дәлірек көрсетті. Бұл кезеңде қазақ тілінің орфографиясы біраз реттелді. Алайда, орыс тілінен енген сөздердің фонетикалық ерекшеліктерін сақтау қазақ тілінің төл дыбыстық заңдылықтарына (мысалы, сингармонизмге) кейбір өзгерістер енгізді.

Кириллица жазуы кезеңі: Кириллицаға көшу қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне айтарлықтай әсер етті. Орыс тілінде жоқ қазақ тілінің ә, ө, ү, ұ, і, қ, ғ, ң, h дыбыстары үшін кириллица әріптеріне қосымша диакритикалық белгілер немесе жаңа әріптер қосылды (Қ, Ғ, Ң, Ө, Ү, Ұ, Ә, І, Һ). Алайда, орыс тілінен енген сөздерді жазуда орыс тілінің фонетикалық ерекшеліктері ескеріліп, бұл қазақ тілінің дыбысталуына ықпал етті. Мысалы, “в, ф, ц, ч, щ, ь, ъ, э, ю, я” сияқты орыс тілінің дыбыстарын беретін әріптердің енуі қазақ тілінің фонетикалық нормаларын біраз өзгертті. Кейбір орыс сөздері «қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына бейімделмей, өзгеріссіз қолданылды (машина, телефон). Бұл қазақ тілінің төл дыбыстық үйлесімділігіне әсер етті» [3,112].

Жазу графикасының ауысуы және оның сөйлеу тіліне әсері. Жазу графикасының өзгеруі тілдің грамматикалық құрылымына тікелей әсер етпесе де, сөйлеу тілінің нормаларына, әсіресе сөздердің айтылуына, екпініне және жалпы коммуникациялық процеске ықпал етті.

а) Сөздердің айтылуы мәселесі. Жаңа енген сөздердің, әсіресе орыс тілінен келген интернационалдық терминдердің айтылуы қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес өзгерістерге ұшырады. Мысалы, “трактор”

сөзі “тырақтор”, “бригада” сөзі “бірігады” болып айтылуы мүмкін. Кейбір жағдайда, орыс тіліндегі сөздердің екпіні қазақ тілінің соңғы буынға түсетін екпін заңдылығына қайшы келіп, сөйлеу тілінде белгілі бір ерекшеліктер туғызды.

ә) Терминологиялық бірлік. Жазу графикасының ауысуы жаңа терминологиялық аппараттың қалыптасуына әсер етті. Әсіресе, кеңестік дәуірде орыс тілі арқылы көптеген ғылыми, техникалық, әлеуметтік-саяси терминдер енді. Бұл терминдердің көбі «қазақ тілінің сөйлеу тіліне бірте-бірте сіңісіп, күнделікті қолданысқа енді. Мысалы, “клуб, концерт, кино, газет, журнал” сияқты сөздер қазақша сөйлеуде кеңінен қолданыла бастады» [4, 80].

Синтаксистік өзгерістер: Жазу графикасының тікелей әсерінен гөрі, орыс тілінің ықпалымен қазақ тілінің синтаксистік құрылымында да кейбір өзгерістер байқалды. Мысалы, күрделі сөйлемдердің құрылуында, етістік тіркестерінде орыс тіліндегі модельдердің әсері байқалды. Дегенмен, «қазақ тілінің төл синтаксистік құрылымы басымдығын сақтап қалды» [5,95].

Тілдік нормалардың қалыптасуы: Үш түрлі жазу графикасының қолданылуы қазақ тілінің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларының қалыптасуына ықпал етті. Әрбір графикаға көшкен сайын, тілдік нормаларды реттеу, емле ережелерін бекіту бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстар тілдің бірізділігін сақтауға және сөйлеу тіліндегі ауытқуларды азайтуға бағытталды. Тілдік комиссиялардың құрылуы, терминологиялық сөздіктердің жасалуы, оқулықтардың жазылуы – осы кезеңдегі маңызды шаралар болды. Бұл шаралар тілдің бірқалыпты дамуын қамтамасыз етті.

Тіл саясатының сөздердің өзгеруіне ықпалы. Тілдегі өзгерістерді тек жазу графикасының ауысуымен ғана емес, сонымен бірге сол кезеңдегі мемлекеттік тіл саясатымен де байланыстыру қажет.

Нәтижелер. Кеңес дәуіріндегі тіл саясатының негізгі бағыттарының бірі – орыс тілінің басқа ұлт тілдеріне әсерін күшейту болды. Бұл тілдердің қызмет ету аясын шектеуге, орыс тілінен сөздерді қабылдауды ынталандыруға бағытталды. Нәтижесінде, қазақ тіліне орыс тілі арқылы көптеген қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық және тұрмыстық лексика енді. Кейбір қазақ сөздерінің орнына орыс тілінен енген сөздер қолданылып, тілдің төл сөздік қорына кері әсер етті. Мысалы, “клуб, концерт, кино” сияқты сөздер қазақша баламасы болса да, орыс тіліндегі нұсқасымен кең таралды. Бұл тек лексикаға ғана емес, сонымен қатар тілдік танымға да әсер етті» [4,105]. Жаңа әліпбилерге көшу кезеңдерінде қазақ тілінде жаңа терминологияны қалыптастыру жұмыстары қарқынды жүргізілді. Ол үшін арнайы комиссиялар құрылып, ғылымның, техниканың, өндірістің әр саласы бойынша мыңдаған терминдер аударылды немесе калькаланды. Мысалы, араб тілінен енген діни терминдер бірте-бірте қоғамдық қолданыстан шығып, орнына кеңестік идеологияға сай жаңа терминдер енді. Бұл процесс «тілдің функционалдық ауқымын кеңейтіп, оны ғылым мен білімнің тілі ретінде дамытуға мүмкіндік берді. Алайда, кейбір терминдердің механикалық аударылуы немесе қазақ тілінің заңдылықтарына сай келмеуі де байқалды» [1,210].

Әдеби тілдің нормалануы: XIX-XX ғасырлардағы жазу графикасының ауысуы қазақ әдеби тілінің нормалануына да үлкен ықпал етті. Әрбір графикаға көшкен сайын, емле ережелері қайта қаралып, жаңа нормалар енгізілді. Бұл «әдеби тілдің бірыңғай жүйеге келуіне, әртүрлі диалектілік ерекшеліктердің жойылуына, жалпыұлттық әдеби тілдің қалыптасуына негіз болды. Жаңа жазу жүйелері арқылы оқулықтар мен көркем әдебиеттің жарық көруі, баспасөздің дамуы – әдеби тілдің нормаларын халық арасына таратуға көмектесті» [5,150].

Қорытынды. XIX-XX ғасырлар аралығындағы қазақ тіліндегі сөздердің өзгеруі – қазақ халқының тарихындағы әлеуметтік-саяси, мәдени-экономикалық ірі өзгерістердің тікелей көрінісі. Бұл кезеңде қазақ тілі үш түрлі жазу графикасын (араб, латын, кириллица) бастан өткерді, бұл тілдің лексикалық, фонетикалық және аз дәрежеде синтаксистік деңгейлеріне елеулі әсер етті.

Араб графикасы кезеңінде қазақ тілінің сөздік қорына араб-парсы сөздерінің енуімен қатар, Ахмет Байтұрсынұлының "Төте жазу" реформасы өзінің кемшілігіне қарамастан, тілдің дыбыстық жүйесін дәлірек көрсетуге мүмкіндік берді. Латын графикасына көшу кезінде жаңа қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық терминдердің енуі тілдің функционалдық ауқымын кеңейтті. Ал кириллицаға көшу орыс тілінің әсерін күшейтіп, қазақ тіліне көптеген жаңа сөздер енгізді, сонымен бірге кейбір төл дыбыстық ерекшеліктердің өзгеруіне ықпал етті.

Жазу графикасының ауысуы тілдің лексикасын байытып, қазақ тіліндегі ғылыми, техникалық және қоғамдық-саяси терминологияның қалыптасуына зор үлес қосты. Сонымен қатар, бұл өзгерістер сөйлеу тіліндегі кейбір сөздердің айтылу нормаларына, екпініне әсер етіп, тілдік нормалардың қалыптасу процесін жеделдетті.

XIX-XX ғасырлардағы қазақ тіліндегі сөздердің өзгеруі – тілдің динамикалық сипатын, оның қоғамдық өзгерістерге бейімделгіштігін көрсететін айқын мысал. Бұл кезеңдегі тілдік даму қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына негіз қалап, оның қазіргі жағдайына тікелей әсер етті. Осы кезеңдегі тілдік процестерді терең зерттеу қазақ тілінің болашақ даму бағыттарын анықтау үшін маңызды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 296 Б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл құралы. – Қызылорда: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1926. – 147 б.
3. Маманов Ы. Қазақ тілінің тарихи фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2001. – 292 Б.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің сөздік қоры. – Алматы: Ғылым, 1989. – 212 Б.
5. Исаев С. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Рауан, 1998. – 387 Б.

ҒТАМА 17.01.11

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БАЛА БЕЙНЕСІ: ДӘСТҮР МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Шнайдер В. А., доцент, филол.,ғ.к., **Бауыржанова Ә.Б.,** 6В01708 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, Астана халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан Республикасы
bauirzhanovaasel@icloud.com

Аннотация. Мақалада қазақ әдебиетіндегі бала бейнесінің дәстүрлі үлгілерден қазіргі заман шығармаларындағы жаңа қырларға дейінгі өзгерісі талданды. Дәстүрлі тәрбиелік мән, сондай-ақ тәуелсіздік кезеңіндегі баланың психологиялық және әлеуметтік әлемін бейнелеудегі жаңашылдық атап көрсетілді. Бала образының идеялық-көркемдік дамуының негізгі бағыттары айқындалып, жан-жақты талданды. Осы мақалада қазақ әдебиетіндегі бала бейнесінің тарихи және қазіргі көріністері салыстырмалы түрде талданып, олардың идеялық-көркемдік ерекшеліктері айқындалды.

Кілт сөздер: бала бейнесі, қазақ әдебиеті, фольклор, бала бейнесі, дәстүр, балалар әдебиеті, рухани болмыс.

Кіріспе. Қазақ әдебиеті ұлттың рухани болмысы мен дүниетанымын қалыптастыруда айрықша орын алады. Соның ішінде бала бейнесі – халықтың тәрбиелік дәстүрлері, адамгершілік қағидаттары, әлеуметтік көзқарастары мен өмірге деген түсінігін бейнелейтін маңызды көркемдік компоненттердің бірі. Дәстүрлі қазақ қоғамында бала – ұрпақ жалғастырушы, әулеттің абыройын асқақтатушы, ұлттық құндылықтарды меңгеруші тұлға ретінде қарастырылған. Бұл түсінік ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, халық жырауларының поэзиясында, классик жазушылардың шығармаларында кеңінен көрініс тапқан. Қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетте бала бейнесінің мазмұны тереңдеп, психологиялық талдау, әлеуметтік орта әсері, тұлғалық даму сияқты жаңа тақырыптық-идеялық қырлармен толықты. Заманауи қаламгерлер бала образын тек тәрбиелік сипатта ғана емес, оның жан дүниесін, қоғамдағы орнын, өмірлік қиындықтармен бетпе-бет келуін көркемдік тұрғыда әр қырынан ашуға ұмтылады. Осылайша бала бейнесі дәстүрлі мазмұннан жаңаша сипат алып, қазақ әдебиетінің көркемдік дамуы тұрғысынан жаңа бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Зерттеудің мақсаты – қазақ әдебиетіндегі бала бейнесінің дәстүрлі және қазіргі заманғы көріністерін салыстыра отырып, олардың ерекшеліктері мен тәрбиелік мәнін анықтау. Аталған мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттері төмендегідей: Дәстүрлі қазақ әдебиетіндегі бала бейнесінің маңыздылығын талдау. Қазіргі заман әдебиетіндегі бала бейнесінің ерекшеліктерін қарастыру. Дәстүр мен қазіргі заман әдебиетіндегі бала бейнесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау. Қазақ әдебиетіндегі бала бейнесінің тәрбиелік

және әлеуметтік рөлін ашу. Зерттеудің өзектілігі – бала образы арқылы ұлттың рухани құндылықтарының қалай сақталғанын және оның қазіргі әдеби үдерісте қалай жаңғырғанын көрсету. Бұл бағыттағы талдау қазақ әдебиетінің көркемдік даму тенденцияларын анықтауға, сондай-ақ бала тақырыбының әдебиеттегі жаңа интерпретацияларын ашуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қазақ әдебиетіндегі бала бейнесінің көрінісін жан-жақты ашу үшін сипаттамалы әдіс, талдау мен жинақтау әдістері қолданылды. Дәстүрлі және қазіргі қазақ әдебиетінде бала бейнесінің берілу ерекшеліктерін анықтау мақсатында ауыз әдебиеті үлгілері, жыраулар поэзиясы, классик жазушылар шығармалары, сондай-ақ тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби туындылар зерттеу нысаны ретінде алынды.

Әдебиеттану ғылымындағы бала образының көркемдік табиғатын ашуға бағытталған теориялық тұжырымдамаларды талдау кезінде М. Әуезов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Т. Әлімқұлов, Ш. Елеукенов сынды ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен бірге қазіргі әдебиеттанушылардың бала психологиясы мен көркем бейнесін саралаған ғылыми зерттеулері де негізге алынды.

Нәтижелер. Дәстүрлі қазақ әдебиетінде бала бейнесі ұлттың рухани болмысы мен тәрбиелік қағидаларын жеткізетін басты көркем тұлғалардың бірі ретінде қалыптасқан. Қазақ ертегілеріндегі балалардың тапқырлығы мен адалдығы – халық арманының символы. Бұл тұсты М. Әуезов те атап көрсетіп, халық ертегілеріндегі бала образы «ұлттық идеалдың көрінісі, халықтың адалдық пен әділдікке деген көзқарасын танытатын көркем бейне» екенін жазады.

Мұның айқын мысалы — «Тазша бала» ертегісі. Тазша бала қоғамдағы әділетсіздікке қарсы тапқырлығы арқылы жеңіске жетеді. Бала образы арқылы халықтың әлеуметтік арманын жүзеге асыратын тұлға бейнеленеді. Ал батырлар жырында бала тұлғасы елдік рухтың бастауы ретінде көрсетілген. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларында батырлардың бала кезінен ержүрек, қайсар болып өсуі олардың болашақта ел қорғаны болатынын меңзейді. Бұл туралы Р. Нұрғали: «Эпикалық дәстүрдегі бала бейнесі – ұлттық қаһармандық мінездің қалыптасу моделін танытады» — деп баға береді. Қазақтың дәстүрлі қоғамында бала тәрбиесі тек отбасының ғана емес, тұтас елдің стратегиялық міндеті ретінде қарастырылған. Бұл ұстаным ең алдымен жыраулар поэзиясында айқын көрініс тапқан. Бұқар жырау, Ақтамберді жырау және Шал ақын шығармаларында бала бейнесі – ұлттық руханияттың, адамгершілік бастаулардың, елдік тұтастықтың негізгі өзегі ретінде көрінеді. Қазақ әдебиеттанушысы З. Қабдолов атап көрсеткендей, *«бала образы – автордың адамгершілік идеяларын жеткізудің ең нәзік құралы»* (Қабдолов, 1992). Осы тұрғыдан алғанда, жыраулардың балаға қатысты ой-тұжырымдары ұлттық педагогиканың терең философиялық негізін құрайды. Атап айтсақ, **Бұқар жырау толғауларында бала – елдік тектіліктің мұрагері ретінде бейнеленген.** XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау жас ұрпақты ел

тағдырымен, туған жермен сабақтастыра отырып тәрбиелеу қажеттігін жиі көтереді. Оның көзқарастары бойынша бала – қоғамның ертеңгі тірегі, ұлттың рухани жалғасы. Мысалы,

«Балаңды өскен соң,
Өз басына берем деп,
Өзіңді билеп жүр дедім…» [1,37].

Бұл үзіндіден байқап отырғанымыздай, жырау тәрбиенің түпкі мақсатын – баланы өздігінен ойланатын, шешім қабылдайтын, азаматтық санаға жеткен тұлға етіп қалыптастыру деп біледі. Бұқар жырау үшін жақсы тәрбие – елдің тұрақтылығы мен бірлігінің негізі. Оның педагогикалық концепциясы – **жауапкершілікке баулу, даналыққа жетелеу, еркін ой қалыптастыру.** Ғалымдар пікіріне сүйенсек, «Бұқар жырау балаға бағытталған өсиетін елдік идеологияның құрамдас бөлшегі ретінде жұмсайды» [2,151]. Демек, оның бала туралы толғаулары тек моральдық кеңес емес, қоғамдық-саяси бағдар.

Ал **Ақтамберді жырау өз шығармаларында бала – атадан келе жатқан ерлік пен қайраттың жалғасы ретінде дәріптеледі.** Жауынгерлік рухтың жыршысы Ақтамберді жырау қазақ елінің тағдырлы кезеңінде өмір сүргендіктен, оның бала туралы, жалпы бала тәрбиесінің жақсы не жаман болуының салдары туралы терең ойлары да ел қорғау, батырлық мұраттарымен тығыз байланысты. Мысалы,

«Балаң жақсы болса –
Жан мен тәніңнің шырағы.
Балаң жаман болса –
Қайғының тұрағы» [1,76].

Ақтамберді жырау үшін бала – тек отбасының қуанышы ғана емес, елдің қорғаны. «Жақсы бала – шырақ» метафорасы ұлттық қоғамның тірі символы ретінде көрініс табады. Ал «жаман бала – қайғының тұрағы» деген ой – тәрбие дұрыс болмаса, елдің әлсірейтіні туралы философиялық ескерту.

Жыраудың концепциясы – ерлік, қайсарлық, намыс сияқты қаһармандық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру. Бұл – сол кезеңнің әлеуметтік-саяси сұранысының поэтикалық көрінісі.

Сол сияқты бала тірбиесі туралы терең ойталқылар Шал ақын поэзиясында даі ұшырасады. Шал ақын бала тәрбиесінің психологиялық және моральдық қырларын аша алған ақындарымыздың бірі десек те болады. Шал ақын бала табиғатын тұрмыстық-философиялық деңгейде бейнелей отырып, оның мінезі мен дамуын жан-жақты талдайды. Ол балалық шақтың жеңілдігін ересектік кезеңнің ауыр міндеттерімен салыстырады. Мысалы,

«Бала күнде бейғам өсер,
Ер жеткен соң қиын кесер» [1,58].

Бұл ой балалық кезеңнің табиғи еркіндігін көрсетіп қана қоймай, дер кезінде дұрыс тәрбие берілмесе, ересек өмірдің қиындықтарына дайын болмай шығатын тұлғаның қалыптасу қаупін меңзейді. Шал ақын өз шығармаларында бала тәрбиесін **психологиялық қалыптасу, мінез тәрбиесі, рухани жетілу**

тұрғысынан қарастырады.

Зерттеушілер Шал ақынның бала туралы ойларын оның «адамтанушылық қабілетімен байланыстырады» *[3,125].* Ол бала мінезінің өзгермелі табиғатын дәл бейнелей отырып, адам болмысының негізі – тәрбиеде екенін көрсетеді.

Классикалық танылған XIX ғасырда қазақ поэзиясында бала бейнесінің мазмұны тереңдей түседі. Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесіндегі «бала табиғаттан еңбекқорлықты үйренеді» *[4,32].* Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде бала тұлғасының рухани-адамгершілік негізі анық көрсетілген. Осы мысалдардан шығатын ғылыми тұжырым: дәстүрлі әдебиетте бала бейнесі халықтық философияның көркем көрінісі болып табылады; ол ұлттық құндылықтарды сақтаушы және жеткізуші тұлға ретінде суреттеледі.

Өткен дәуірлермен салыстырғанда қазіргі қазақ әдебиетіндегі бала бейнесі жаңашылдық сипатқа ие болды десек артық айтпаған болар едік. Қазіргі қазақ әдебиетінде бала бейнесі жаңа эстетикалық және психологиялық бағытта дамыды. Бала — енді өмір шындығын өзінің нәзік сезімімен, эмоциялық әлемімен қабылдайтын күрделі кейіпкер. Бұл өзгерісті Ш. Елеукенов дәл атап көрсетіп: Ол: «Қазіргі проза бала психологиясын табиғи қалпында беру арқылы әдебиеттің психологизмін тереңдетті» *[5,51].* — дейді. Бұл ойды Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесі нақты дәлелдейді. Соғыс жылдарындағы балалар тағдыры, Естайдың ішкі монологтары, оның қорқыныш пен үміт арасындағы арпалысы – қазіргі әдебиеттегі психологиялық тереңдіктің көрінісі.

Қуаныш Түменбайдың «Менің әкем – қиялшыл адам» әңгімесінде бала әкеге деген сенім мен қиялдың аралығында өмір сүреді. Бала эмоциясы нәзік лиризм арқылы ашылған. Баланың дүниетанымы ересектерден өзгеше, әлемді жүрекпен сезінуі — қазіргі прозаның маңызды ерекшелігі.

Ғалым С. Қирабаев қазіргі шығармалардағы бала бейнесінің әлеуметтік сипатына ерекше тоқталып: «Баланың тағдыры арқылы қоғамдағы рухани ахуал мен әлеуметтік өзгерістер көркем түрде ашылады» *[6,77]* – деп атап өтеді. Шынында да, бүгінгі әдебиетте балалар урбанизация, отбасы дағдарысы, әлеуметтік теңсіздік, жалғыздық сияқты өзекті мәселелермен бетпе-бет келеді. Қорыта айтқанда, қазіргі әдебиетте бала — дербес тұлға, ішкі әлемі бар психологиялық кейіпкер, қоғамның әлеуметтік көрсеткіші.

Егер де әдебиеттегі дәстүрлі кезеңдегі және қазіргі бала бейнесінің салыстырмалы талдау жасар болсақ, басты бірнеше айырмашылығы бар екенін көрсетуге болады. Біріншіден, дәстүрлі кезеңдегі бала бейнесі мен қазіргі әдебиеттегі бала тұлғасының арасында тарихи сабақтастық бар болғанымен, мазмұндық ерекшелігі атап кетуге болады. Екіншіден, дәстүрлі әдебиеттегі бала идеалданған түрде берілсе, қазіргі әдебиетте ол өмірдің барлық қайшылығымен, ішкі сезімімен, эмоциялық күресімен көрінеді. Үшіншіден, дәстүрлі бала бейнесі — батырлық, намыс, ата-анаға адалдық сияқты қасиеттерді жинақтаушы, ал қазіргі бала бейнесі — қоғамдағы

әлеуметтік әділетсіздікке, отбасылық қиындықтарға, рухани дағдарысқа жауап ретінде әрекет ететін тұлға.

Ғалым Р. Нұрғалидың пікірі бұл айырмашылықты нақтылай түседі: «Дәстүрлі образ жаңа әлеуметтік мазмұнмен толыққан кезде әдебиет уақыт пен кеңістіктің өзгеше өмірін көрсетеді» *[6,81]*.

Дегенмен, ұқсас тұстары да жоқ емес. Басты ұқсастығы: бала — ұлттық тәрбиенің өзегі. Екі кезеңде де бала қоғамның рухани болашағы ретінде қаралады. Бала бейнесі мәдени кодты тасымалдайды. Бұны А. Смайылова: «Бала – ұлттық болмыстың ең таза тасымалдаушысы» деп тұжырымдайды. *[6,111].*

Қазақ әдеби туындыларында ерекше орын алған мәселенің келесі бірі – бала бейнесінің тәрбиелік және әлеуметтік рөлі. Баланың әдебиеттегі бейнесі қоғамның рухани деңгейін, ұлттық құндылықтарды, әлеуметтік ахуалды көрсетудің негізгі көркемдік механизмі ретінде қызмет етеді. С. Мақпыров бұл туралы: «Қазақ прозасында бала арқылы қоғамның ең күрделі әлеуметтік мәселелері көркем түрде бейнеленеді» *[7,62]* – деген пікір айтады. Осыны дәлелдейтін шығармалар қатарында: Дулат Исабековтің «Балалық шаққа саяхат» — қоғамның өткен кезеңін бала көзімен бейнелейді; Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» — ашаршылық жылдарындағы балалар трагедиясы арқылы ұлттық қасіреттің көркем көрінісін жасайды. З. Қабдоловтың айтуынша, бала бейнесі — «автордың адамгершілік идеясын жеткізудегі ең әсерлі құралдардың бірі» *[8,77]*. Бұл пікірдің өзі бала бейнесінің әдебиеттегі тәрбиелік және әлеуметтік рөлін анық көрсетеді.

Қорытынды. Бала бейнесіне қатысты ғылыми пікірлері мен әдеби мысалдар дәлелдегендей, қазақ әдебиетіндегі бала бейнесі — дәстүрлі тәрбиелік идеал мен қазіргі психологиялық тереңдіктің бірлігін танытатын әмбебап көркем образ. Ол ұлттық рухани кодты сақтай отырып, әр дәуірдің әлеуметтік, мәдени ауқымын бейнелейді. Қазақ әдебиетіндегі бала бейнесі дәстүрлі және қазіргі заман әдебиетінде әртүрлі сипатта көрінеді. Дәстүрлі әдебиетте бала үлгілік, ұлттық құндылықтарды бейнелейтін символдық тұлға болса, қазіргі әдебиетте ол шынайы өмірлік қиындықтар мен психологиялық тереңдікке ие күрделі кейіпкер ретінде суреттеледі. Дәстүрлі шығармаларда бала батылдық, әділдік, тапқырлық сияқты қасиеттер арқылы ұлттық идеалды көрсетсе, қазіргі прозада баланың ішкі сезімдері, қорқынышы, үміті мен әлеуметтік ортаның әсері ашылады. Осылайша, бала бейнесі әдебиеттегі тәрбиелік, рухани және әлеуметтік мәнді сақтап, дәуірлер арасындағы сабақтастықты көрсететін басты көркем образ болып қала береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қирабаев С. Қазіргі қазақ прозасындағы бала бейнесі. – Алматы: Жастар, 2012. – 160 б.

2. Әуезов М. Қазақ әдебиеті тарихы Т.1-2. – Алматы: Ғылым, 1983. – 512 б.

3. Мағауин М. Бір атаның балалары. – Алматы: Жазушы, 1995. – 256 б.

4. Алтынсарин Ы. Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш. – Алматы: Білім, 1980. – 96 Б.

5. Елеукенов Ш. Қазақ прозасындағы психологиялық әдіс. – Алматы: Фолиант, 2015. – 176 б.

6. Нұрғали Р. Дәстүр мен қазіргі қазақ әдебиеті сабақтастығы. – Алматы: Қайнар, 2013. – 208 б.

7. Мақпыров С. Қазақ прозасындағы әлеуметтік мәселелер және бала бейнесі. – Алматы: Жасампаз, 2014. – 192 б.

8. Жанпейісов Е. Этнография және қазақ әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 224 б.

9. Абай Қ. Ғылым таппай мақтанба. – Алматы: Ғылым, 1970. – 64 б.

ҒТАМА 16.01.33

КИЕЛІ СӨЗДЕР МЕН ТЫЙЫМ: ҚАЗАҚЫ ТАҒЫЛЫМ

Шнайдер В. А., доцент, филол., ғ. к.; **Ералиева А.Қ.,** 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Астана халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан Республикасы
adelya_7292@mail.ru

Аннотация. Мақалада Қазақ халқының дүниетанымы мен болмысында рухани байлық болып табылатын, сан ұрпақты тәрбиелеудің көзі – салт-дәстүр, киелі қанатты сөздер олардың тәрбиелік мәні сөз етілді. Халық ауыз әдебиеті үлгілері, салт-дәстүр сипаттамалары, этнографиялық деректер мен ғылыми еңбектердегі тыйым сөздер мен киелі ұғымдардың мазмұны талданды. Қазақ халқының киелі сөздері мен тыйымдары өзге түркі халықтары мен әлем халықтарындағы ұқсас ұғымдармен салыстырылды. Ұлттық ерекшеліктер, дүниетанымдық ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланды. Сонымен бірге, дәстүрлі мәдениет пен қазіргі заман арасындағы сабақтастық пен үзік желілер де қарастырылды.

Кілт сөздер: киелі сөздер, тыйым сөздер, қазақы тағылым, ұлттық тәрбие, дәстүрлі мәдениет, рухани құндылықтар, дүниетаным.

Кіріспе. Қазақ халқының дүниетанымы мен рухани байлығы ұрпақтан ұрпаққа ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, ырым-тыйым, мақал-мәтелдер арқылы беріліп отырған. Соның ішінде киелі сөздер мен тыйымдардың орны ерекше. Бұл ұғымдар тек қарапайым ескерту немесе наным-сенім ғана емес, сонымен қатар халықтың моральдық-этикалық ұстанымын, өмір сүру салтын, тәрбие жүйесін айқындайтын рухани құндылықтар болып табылады. Киелі сөздер – белгілі бір ұғымдарға, атауларға, табиғат құбылыстарына байланысты айтылатын, қасиеттелген сөздер. Ал тыйым сөздер – қоғамдағы жат қылықтардан, жаман әрекеттерден сақтандыру үшін қолданылатын тәрбиелік мәні бар сөздер мен тіркестер.

Қазақ қоғамында бала тәрбиесінен бастап, үлкендермен қарым-қатынас, табиғатпен үндестік, әлеуметтік тәртіп барлығы осы киелі сөздер мен тыйымдар жүйесімен реттеліп отырған. Бұл – халқымыздың терең философиялық ойлауын, табиғатпен және қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруінің бір айғағы. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттың рухани болмысын сақтауда осындай ұлттық таным мен тағылымға негізделген сөздердің маңызы арта түсуде.

Материалдар мен әдістер. Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасындағы киелі сөздер мен тыйымдардың мазмұнын, тәрбиелік мәнін, этномәдени және тілдік ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар, бұл ұғымдардың қазіргі қоғамдағы маңызын айқындап, ұлттық сана мен танымды сақтау жолында оларды тиімді қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.

Зерттеу барысында тіл білімі, этнолингвистика, мәдениеттану, фольклортану және педагогика салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Зерттеудің ғылыми негізін қалыптастыруда академиялық дискурс, функционалдық стиль, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы теориялар, сондай-ақ халықтық педагогика мен рухани тәрбие жөніндегі әдіснамалық тұжырымдар жетекші рөл атқарды.

Контент-талдау әдісін қолдану арқылы киелі сөздер мен тыйымдарға қатысты мәтіндік материалдар жүйеленіп, мазмұнына қарай сарапталды. Атап айтқанда, халық ауыз әдебиеті үлгілері, салт-дәстүр сипаттамалары, этнографиялық деректер мен ғылыми еңбектердегі тыйым сөздер мен киелі ұғымдардың мазмұны талданды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде қазақ халқының киелі сөздері мен тыйымдары өзге түркі халықтары мен әлем халықтарындағы ұқсас ұғымдармен салыстырылды.

Нәтижелер. Киелі сөз – ұлттық тәрбиенің рухани негізі. Қазақ халқы – сан ғасырлық тарихы бар, терең дүниетанымы мен рухани байлығы қалыптасқан дана халық. Оның өмір сүру дағдысы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы – тек қана тіршілік әрекеттері емес, сонымен қатар ұрпақ тәрбиелеудің, рухани тазалықты сақтаудың, мәдени бірегейлікті нығайтудың қуатты құралы ретінде қызмет еткен.

Осы тұрғыдан алғанда, «сөз – қазақтың рухани әлеміндегі ең киелі ұғымдардың бірі. Сөз арқылы адам тәрбиеленеді, сөз арқылы ұлттың танымы мен мінез-құлқы қалыптасады» [1,116]. Қазақта «Сөздің де киесі бар», «Сөз сүйектен өтеді», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген ұғымдар жай емес, өмірлік тәжірибе мен ұлт психологиясынан туындаған ұлағатты тұжырымдар..

Киелі сөздер – халқымыздың тіліндегі ең асыл, ең жауапты элементтерінің бірі. Олар адам санасын оятып, жүрекке жол табады. Бұл сөздер өмірлік бағыт, өнеге, рухани тәрбие көзі ретінде халық жадында сақталып келеді. Мәселен, баталар мен алғыс сөздер арқылы үлкендер ізгі тілек айтып, кейінгі ұрпаққа адалдық пен мейірімділік дарытса, қарғыс пен лағынет сөздерден сақтандыру арқылы жамандықтан тыю көзделген.

Осы киелі сөздердің, батаның, қарғыстың және тыйым сөздердің мәні мен құрылымы, олардың халқымыздың өмір сүру салтына, ұлттық болмысына, тәрбиелік жүйесіне әсері ғылыми-танымдық тұрғыдан қарастырылуы тиіс. «Бұл – бір ғана тілдік құбылыс емес, тұтас ұлттың дүниетанымын бейнелейтін рухани код. Осы құндылықтарды ұғыну арқылы біз ұлт ретінде ішкі тілімізді, дәстүрлік өзегімізді танимыз және сақтай аламыз» [1,7].

Қазақ халқы үшін сөз – жай ғана сөйлесу құралы емес, ол адамның жан дүниесіне әсер ететін үлкен күш. Сөз арқылы адам тәрбиеленеді, біреуге ақыл айтылып, жол көрсетіледі, тіпті көңіл де көтеріліп, реніш те туындауы мүмкін. Қазақ «Сөз сүйектен өтеді», «Сөздің де обалы бар» деп бекер айтпаған.

Ата-бабаларымыз әр сөзді ойланып айтып, оған үлкен мән берген. Олар сөздің жақсылығы да, жамандығы да бар екенін жақсы түсінген. Сондықтан да

адамды мақтау, бата беру, тілек айту сияқты жақсы сөздерді көп қолданса, қарғыс, ауыр сөздерден сақ болуға тырысқан.

«Сөз арқылы ұрпаққа тәрбие берген, өмір сүрудің дұрыс жолын көрсеткен. Қазақтың жақсы сөзі – ақыл, тәрбие, үлгі болып келген. Осы себепті сөзді қалай болса солай айта салуға болмайды, әр сөздің өз орны, өз күші болады» [2,16] – деп сенген.

Киелі сөздің мәні мен табиғаты ерекше. Киелі сөз дегеніміз – адамның арұятына, жүрегіне, санасына әсер ететін, қоғамда белгілі бір құндылықты насихаттайтын, рухани терең мағынаға ие сөз. Мұндай сөздер көбінесе ұлағатты ақыл, нақыл, бата-тілек, өсиет түрінде беріледі.

Қазақтың «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Сөзден асқан ем жоқ» деген нақылдары сөздің құдіретін айғақтайды. Мысалы, баланы жастайынан жақсы сөзге үйрету – оны мейірімділікке, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеудің тиімді жолы» [3,71] болып табылады.

Киелі сөз тек жеке адамның мінез-құлқын түзеп қана қоймай, тұтас қоғамның ойлау мәдениетін қалыптастырады. Қоғам ішінде артық сөз айтқан адам сынға ұшыраған. «Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі» деген сөз осындай жауапкершілікті еске салады. Сонымен бірге, ел билеген хандар мен бишешендер сөздің құдіретін ерекше бағалап, дау мен тартысты бір ауыз сөзбен тоқтатқан.

Қазақ халқында сөздің әсері, керек десеңіз құны ерекше бағаланған. Сөз тек ақпарат жеткізу құралы емес, ол адамға рухани әсер ететін, тәрбиелейтін күш ретінде қарастырылған. Халық «Жақсы сөз – жанға медеу, жаман сөз – жанға жара» деп, сөздің адам көңіліне, мінезіне, өміріне ықпалын терең түсінген.

Жақсы сөз адамды жігерлендіріп, жақсылыққа бастайды. Мысалы, үлкендердің балаға берген батасы, ата-ананың айтқан өсиеті – ұрпақ тәрбиесінің алтын арқауы. «Бата алған ер арымас», «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақалдар соның айғағы. Осындай сөздер арқылы балаға ізгі ниет, адалдық, кішіпейілділік, үлкенді құрметтеу сияқты қасиеттер сіңіріледі.

Керісінше, жаман сөз адамның көңілін жабырқатып, реніш тудырады. Сондықтан ата-бабамыз сөзді ойланып айтуға шақырған. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «Сөз тасушы – өсекші» деген ескертулер сөздің тек мазмұны емес, оны айтудың әдебі де маңызды екенін көрсетеді.

Қазақ халқы үшін киелі сөз – тек жеке адамға емес, бүкіл қоғамға әсер ететін үлкен рухани күш. Сөз арқылы адамдар арасында келісім, бірлік, татулық орнайды. Сөзбен дауды шешкен, ел арасын бітістірген, бітім айтқан бабаларымыз «Бітім – сөзден», «Сөз – татуласудың кілті» деп бекер айтпаған.

«Халық даналығында сөз – тәртіп пен жауапкершіліктің құралы. Жақсы сөз – қоғамдағы достық пен ынтымақты арттырады. Жаман сөз – адамдардың арасына іріткі салады» [4,25]. Сондықтан да қазақ «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп, сөздің қуаты мен әсеріне ерекше мән берген.

Киелі сөздер арқылы ұлттың болмысы, ойлау жүйесі, қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады. Қоғамда үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, көршімен

тату болу секілді ізгі қасиеттердің бәрі де осы сөз арқылы берілген. Қазақы ортада кісінің сөзі – оның бет-бейнесі, мінезі мен адамдығының көрсеткіші саналған.

Қазақта батаның және алғыстың алар орны ерекше. Қазақ халқы үшін бата – қасиетті, киелі сөз. Ол тек жақсы тілектер жиынтығы емес, өмірлік бағдар, рухани тірек, тәлім-тәрбиенің ықпалды құралы. Батаны, әдетте, үлкен кісілер немесе ел сыйлаған абыройлы адамдар береді. Бұл – үлкеннің кішіден бұрын сөйлейтін емес, алдымен ізгі тілек айтып, жол сілтейтін халықтық дәстүрінің көрінісі. Бата көбіне тойда, ас беруде, жолаушыны шығарып салғанда, сүндет тойда, жаңа үйге кіргенде, ел бірлігі қажет сәттерде беріледі. «Жолың болсын!», «Мал-жаның аман болсын!», «Еліңе елеулі, жұртыңа сыйлы бол!» сияқты баталар – адам бойында сенім, үміт, ізгілік ұялатып, рухани күш береді. Мұндай сөздер жастарға өмірдің мәнін түсіндіріп, үлкендердің ақылын санаға сіңіреді.

Сол сияқты, алғыс айту да қазақта киелі ұғым саналған. «Біреуге жақсылық жасаған жанға «Алла разы болсын», «Сауап болсын» деп алғыс білдіру – ізгілік пен адамгершіліктің белгісі. Қазақта «Алғыс алған – арымас» [5,28-29] – деген сөз бар. Бұл – ризашылық білдіру арқылы рухани байланысты нығайту, жақсылықты үлгі ету деген ұғым.

Қазақ халқының болмысындағы ерекше орын алатын сөздер тобы – тыйым (табу) сөздер. «Тыйым сөздері – ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесінен, қоршаған ортамен қарым-қатынасынан, рухани дүниетанымынан туындаған тәрбиелік құрал» [5,116]. Бұл сөздер тек бір реттік ескерту немесе шектеу емес, олар ұрпақ тәрбиелеудің өзіндік кодексі, мінез қалыптастырудың, дұрыс әрекетке үйретудің әдісі ретінде қызмет еткен.

Қазақы тыйымдар адам өмірінің барлық саласын қамтиды: отбасы мен бала тәрбиесінен бастап, табиғатпен, жан-жануармен қарым-қатынасқа, тұрмыс-тіршілікке, діни сенімге дейін созылып жатады. Әр тыйымда белгілі бір жағдайдан сақтандыру, қауіптің алдын алу, әдеп пен тәртіпке баулу, қоршаған ортаға құрметпен қарау идеясы жатыр. Халқымыздағы тыйым сөздерді келесі мағыналық топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Отбасы мен тұрмысқа қатысты тыйымдар. Қазақ халқы үшін отбасы – адам тәрбиесінің ең басты мектебі. Ұрпақтың мінез-құлқы, дүниетанымы, өмірлік ұстанымдары отбасында қаланады. Осыған орай, ата-бабамыз әрбір іс-әрекетке байыппен қарап, тұрмыс-тіршілікте кездесетін жағдаяттарда арнайы тыйымдар мен наным-сенімдер қалыптастырған. Бұл тыйымдар баланы ерте жастан бастап тәртіпке, сыпайылыққа, жауапкершілікке үйретуге бағытталған. Мысалы, *«Жүкті әйелдің шашын кестірме»* – бұл тыйым аяғы ауыр әйелге зауал келуі мүмкін деген түсініктен туған. Шаш – адамның қуаты, өмірлік күшінің белгісі саналған. Шашты қиғанда әлсіреп, баланың да денсаулығына зиян тиеді деп сенген; *«Баланы басынан сипай берме»* – баланың бойынан қуат кетеді, өсуі тоқтап қалуы мүмкін деген сенім болған. Бұл тыйым арқылы баланы шектен тыс еркелетпеу, тепе-теңдік ұстану көзделген*; «Есік алдында отырып тамақ ішпе»* – бұл тыйым үйдің берекесі кетеді, қонаққа деген

құрметсіздік танылады деген мағынада. Сонымен қатар, есік алдында отырып тамақ ішу – тазалыққа да қайшы; «*Үйге қарап жүгіріп келме»* – мұндай әрекет үй ішіне үрей туғызады, жаман хабар келгендей әсер етеді. Ата-ана баланың бұл әрекетіне алаңдайды. Сондықтан байсалды, сабырлы жүріс-тұрысқа үйреткен; *«Шаш пен тырнақты далаға тастама»* – бұл заттар адамға тән қасиетке ие деп есептеліп, оларды дұрыс жерге көмуді немесе өртеп жоюды әдетке айналдырған. Себебі, жын-шайтан секілді жаман күштер осы заттар арқылы зиян тигізеді деген наным болған.

Шын мәнісінде, тыйымдардың барлығы – тек наным-сенім ғана емес, сонымен қатар мәдени-гигиеналық, психологиялық және моральдық тәрбие жүйесінің көрінісі. Отбасыдағы осындай ережелер арқылы қазақ халқы ұрпағын ойлы, ұятты, таза, ұқыпты, ізетті етіп тәрбиелеуге күш салған.

2. Табиғат пен жан-жануарларға қатысты тыйымдар. Қазақ халқы табиғатты тек қоршаған орта ретінде емес, жанды, қасиетті әлем ретінде қабылдаған. Әрбір тау, өзен, орман, жан-жануар – адамзатпен бірге тіршілік ететін тірі жаратылыс деп түсінілген. Сондықтан табиғатпен үйлесімді өмір сүру – ұлттың танымындағы басты қағидалардың бірі болды. Осы дүниетаным негізінде табиғатты қорғауға бағытталған көптеген тыйым сөздер қалыптасты. Мысалы, *«Құстың ұясын бұзба»* – бұл тыйым тіршілік иелерінің тыныштығына зиян келтірмеу үшін айтылған. Құстың ұясы – оның баласы мен өмірі. Ұяны бұзу – ананың жүрегін жаралаумен тең деген ұғым болған; *«Түнде суға барма»* – түнгі уақытта өзен, көл жағасында жын-шайтан жүреді деген түсінік арқылы қауіпті әрекеттен сақтандырған. Бұл тыйым – балалар мен жастарды түнгі уақытта қауіпсіздікке бейімдеу үшін айтылған; *Жерге түкірме, отты баспа»* – жер мен от – халқымыздың ең қасиетті, киелі элементтері. Жер – тіршіліктің анасы, от – жылулық пен рухтың белгісі. Бұл әрекеттерді құрметсіздік санаған. Сонымен қатар, отты басу – өрт шығуына себеп болуы мүмкін; *«Жауын кезінде ағаштың түбінде тұрма*» немесе *« жалғыз ағаштың түбінде тұрма»* – найзағай ағашқа жиі түсетінін ертеден білген ата-бабаларымыз бұл тыйым арқылы адам өмірін қорғауды мақсат еткен. Бұл – ғылыми негізі бар қорғаныс шарасы.

3. Дін мен наным-сенімге байланысты тыйымдар. Қазақ халқының рухани дүниетанымында ислам діні мен дәстүрлі наным-сенімдер терең үйлесім тапқан. Бұл үйлесім халықтың күнделікті тіршілігі мен моральдық қағидаларында, салт-дәстүр мен тыйым сөздер жүйесінде айқын көрінеді. Қасиетті ұғымдарға, әруақтарға, киелі күндер мен орындарға құрмет көрсету – ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мысалы, *«Құранды ашық қалдырма»* – бұл тыйым қасиетті кітапқа деген шынайы құрметтің көрінісі. Құран – Алланың сөзі, оны бейжай қалдыру – рухани немқұрайдылық ретінде қабылданған; *«Бейіттің үстінен аттама, суретке түсіп күлме»* – қабір басында күлу, әдепсіз қылықтар жасау – аруаққа деген құрметсіздік. Бұл тыйымдар арқылы жастарға бейіт басында сабырлы, ұстамды болуды үйреткен; *«Қасиетті жұма күні пышақ қайрама»* – жұма күні – мұсылмандар үшін ерекше күн. Бұл күні ұрыс-керіс, қатты дауыспен сөйлеу, ауыр жұмыстар

жасау құпталмаған. Пышақ қайрау – сес көрсету немесе үй ішіне ауырлық шақыру белгісі ретінде қабылданған; *«Әруақтың атын орынсыз атама»* – әруақты жиі, немесе себепсіз еске алу – олардың мазасын алу деп сенген. Ата-баба рухына деген шынайы құрмет сөзбен емес, дұғамен, еске алумен, жақсы іспен көрсетілуі тиіс. Бұл тыйымдар тек діни міндеттілік емес, олар – ең алдымен, рухани тәрбиенің тетігі. Сенім мен сыпайылықты ұштастыра отырып, адамның жүрегінде имандылық, сабырлылық, кішіпейілділік ұялатқан. Сонымен қатар, мұндай тыйымдар адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында сыпайылық пен жауапкершілік орнатуға көмектескен.

Ғасырлар қойнауынан келе жатқын киелі сөздер мен тыйымдардың заманауи қоғамдағы орны мен салмағы, мәні мен мағынасы, құндылығы да өзгеріске қатты ұшыраған, бірақ, әлі де болса, «киелі сөздер мен тыйымдар – бүгінгі заман үшін де өзектілігін жоғалтпаған, қайта ұлттық сананы жаңғырту процесінде маңызды рөл атқарып отырған асыл мұра» [6,63] болып табылады. Қазіргі жастар жаһанданудың әсерінен түрлі мәдениеттермен бетпе-бет келіп, ақпарат ағынында өсіп жатқандықтан, дәстүрлі ұғымдарды толық ұғына алмауы мүмкін, алайда олардың көпшілігі түп-тамырын, өз халқының рухани негізін іздеуге ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда, «киелі сөздер мен тыйым сөздер жас буынға тек өткеннің сарқыншағы ретінде емес, өмір сүру мәдениетінің, ішкі тәртіп пен рухани үйлесімнің кілті ретінде ұсынылуы қажет» [7,12].

Қазіргі жастар үшін бұл тыйымдар мен сөздер – тек ескі әңгіме емес, тұлғалық дамуға, өзін-өзі тануға, дұрыс шешім қабылдауға, жақсылық пен жамандықты ажыратуға бағыт беретін жол. Әсіресе, тәрбиенің отбасынан басталатынын ескерсек, бала жасынан «жақсы сөз – жарым ырыс», «жаман сөз – жанға тию» деген түсініктермен өскен ұрпақтың болмысынан ізгілік пен парасат жоғалмайды. Ұлттық сана мен рухани жаңғыру идеялары дәл осы рухани құндылықтарды тірілтуді көздейді. «Мемлекеттік деңгейдегі жобаларда да, білім мен мәдениет саласында да ата-бабамыздың тәлімін жаңаша жеткізудің, ұлттық кодты сақтаудың маңызы ерекше аталып келеді» [8,11-12].

Осы құндылықтарды насихаттау үшін заман талабына сай әдістерді пайдалану қажет: әлеуметтік желілер мен медиа арқылы танымдық контент тарату, мектеп бағдарламасына салт-дәстүр мен рухани тәрбиеге арналған сабақтарды кеңейту, отбасылық мәдениетті жандандыру – бәрі де тыйымдар мен киелі сөздердің мәнін терең ұқтыруға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, киелі сөздерді театр, кино, мультфильм және әдеби шығармалар арқылы насихаттау арқылы жастардың жүрегіне жол табуға болады. Бұл — қазақтың рухани байлығының жандануына, ұлттық болмысымыздың сақталуына, ұрпақтың өз тамырынан нәр алуы мен жаңаша қалыптасуына ықпал ететін берік негіз.

Қорытынды. «Қазақ халқының рухани кеңістігінде сөз – жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ол – жүрек пен сана арасын жалғайтын қасиетті көпір. Қазақ дүниетанымында сөздің қуаты мен киесі бар деп сенген» [8,13]. Себебі,

сөз – ниеттің айнасы, болмыстың бейнесі. Халық «Сөз – оқ, сүйектен өтеді», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Сөздің парқын білмеген – адамның нарқын білмейді» деп бекер айтпаған.

Мақалада қарастырылғандай, бата мен алғыс, қарғыс пен тыйым сөздер – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбие мектебінің алтын қорына айналған рухани құралдар. Олар ұрпаққа бағыт көрсетіп, адамның ішкі мәдениетін қалыптастыруға қызмет еткен. Жан дүниені тәрбиелеп, мінезді шыңдаған, кісілік пен адамгершілікке баулыған.

Бата – тек жақсы тілек емес, өмірлік бағдар. Әр батаның астарында ізгілікке бастайтын жол, рухани тәрбие жатыр. «Жолың болсын», «Мал-жаның аман болсын» деген сөздер арқылы халқымыз ұрпағына сенім мен үміт дарытқан. Ал алғыс – ризашылықтың айнасы. Ата-бабаларымыз «Алғыс алған арымас» деп, жүрекпен шыққан жақсы сөздің ұзақ өмір сүретініне сенген.

Қарғыс – халық танымында ауыр күшке ие, абайлап қолданылатын сөз. Қазақ «Қарғыс алма, алғыс ал» деп, тілдің тылсым қуатынан сақтануға үндеген. Жаман сөздің адамға ғана емес, ұрпаққа да кері әсер ететінін түсінген. Бұл – терең рухани пайымның, сөзге жауапкершілікпен қараудың айғағы.

Ал тыйым сөздер – халықтың өмір тәжірибесіне сүйеніп, ұрпақты теріс әрекеттен сақтандыру мақсатында қалыптасқан ұлттық ережелер жиынтығы. Бұл тыйымдарда экологиялық тәрбие де, медициналық сақтандыру да, діни этика мен отбасылық мораль да тоғысқан. «Бос бесікті тербетпе», «Қасиетті жұмада пышақ қайрама», «Құстың ұясын бұзба» сияқты тыйымдардың барлығы терең мағынаға ие.

Қазақтың киелі сөздері – тұтас бір халықтың рухани паспорты, мәдени коды, тәрбиелік ілімі. Олар – өмірді танудың, жақсылық пен жамандықты ажырата білудің, адамгершіліктің негізін құрайтын баға жетпес мұра. Осы құндылықтарды сақтау – өткенге тағзым, болашаққа аманат. «Жаңа заман қанша дамыса да, адамзат сөз арқылы тәрбиеленеді, сөз арқылы бірлігін табады. Сондықтан да, киелі сөз – ұлттың мәңгілік рухани тірегі» [9,52].

Пайдаланған дереккөздердің тізімі:

1. Сейітова Г. Қазақ тіліндегі тыйым сөздер және олардың тәрбиелік мәні. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 123 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. № 12 (1547). 12 сәуір, 2017 ж.

3. Нұрқұлова А. Қазақтың киелі сөздері және олардың мәдени-философиялық сипаты // Филология мәселелері журналы. – №2 (38), 2020. – 89-102 б.

4. Қалиев С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Білім, 2006. – 129 б.

5. Тұрсынов Б. Қазақтың тыйым сөздері мен ырымдары. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 97 б.

6. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2005. – 596 б.

7. Тілеубердиев Б. Қазақ мәдениетіндегі тыйым мен ырымның философиясы. – Алматы: Ғылым, 2018. – 213 б.
8. Керімов Ә. Қазақ этикасы және рухани мәдениет негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 117 б.
9. Сатыбалдиева Г. Қазақ тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні. – Алматы: Білім, 2017. – 98 б.

ҒТАМА 16.01.07

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛДІК ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЖАҢБЫР АТАУЛАРЫ

Шнайдер В. А., доцент, филол. ғ.к.; **Ешмухамбетова К.Б.,** 6В01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Астана халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: kuralaieshmukan@icloud.com

Аннотация. Мақалада қазақ халқының тілдік дүниетанымындағы ауа райы атауларының лингвомәдени және эколингвистикалық сипаты қарастырылады. Көшпелі тұрмыс кешкен қазақ халқының табиғатпен тығыз байланыста өмір сүруі нәтижесінде қалыптасқан төл және бейнелі ауа райы лексикасы жүйеленіп, олардың мағыналық, функционалдық ерекшеліктері талданады. Жаңбыр түрлеріне қатысты сөздер мен тіркестердің халықтың өмір салты, экологиялық санасы және мәдени тәжірибесімен сабақтастығы ғылыми тұрғыдан негізделеді. Сонымен қатар жаңбыр сөзінің фразеологиялық қолданыстары мен көркем әдебиеттегі бейнелі сипаттары сараланып, ұлттық болмыс пен дүниетанымның тілдік көрінісі ашылады.

Кілт сөздер: жаңбыр атаулары, төл сөздер, табиғат лексикасы, эколингвистика, қазақ дүниетанымы, бейнелі сөздер, фразеология.

Кіріспе. Қазақ халқының тілдік мәдениеті мен дүниетанымы ғасырлар бойы табиғатпен етене байланыста дамып отырды. Әсіресе көшпелі тіршіліктің тікелей табиғат жағдайларына тәуелді болуы тілде қордаланған сөздік байлықтың қалыптасуына негіз қалады. Бұл әсіресе ауа райы мен табиғи құбылыстарды сипаттайтын атауларда айқын көрініс табады. Табиғаттың әрбір құбылысы – күн мен түннің ауысуы, жаңбыр мен желдің соғуы, қар мен аяздың сипаты – тек физикалық көрініс қана емес, сонымен бірге халық санасындағы символдық, рухани, мәдени мәнге ие дүниелер болды.

Қазақ тілі ауа райын сипаттауға арналған аса бай, бейнелі және дәл лексикалық қор жинақтаған. Мәселен, «шымыр аяз», «қыламық қар», «самал жел», «сіркіреу жаңбыр» сияқты сөздер бір ғана құбылыстың нақты сипаттамасын беріп қана қоймай, оны көркем, эмоционалды деңгейде қабылдауға да мүмкіндік береді. Бұл тілдік бірліктер халықтың табиғатпен үндестікте өмір сүріп, оны ұдайы бақылап, бағамдап отырғанының дәлелі. Осындай тілдік қабаттарда халықтың болмысы, тіршілік салты мен экологиялық санасы айқын бейнеленеді.

Қазіргі таңда ұлттық дүниетанымды, табиғатты қабылдау мен бейнелеу ерекшелігін лингвомәдени, эколингвистикалық тұрғыда зерттеу маңызды болып отыр. Себебі мұндай зерттеулер тіл мен мәдениеттің, тіл мен сана мен табиғаттың арасындағы тығыз байланысты тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл мақалада қазақ халқының ауа райына қатысты төл атаулары, олардың

семантикалық құрылымы мен мәдени мазмұны жан-жақты талданады. Сонымен қатар, бұл лексика қазақ халқының экологиялық танымына негізделген тілдік бейнелер жүйесі ретінде де қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Тақырыпты ашу барысында зерттеу жұмысында тарихи-сипаттамалық талдау, салыстырмалы талдау, жүйелеу және жинақтау әдістері қолданылды. Зерттеу материалы ретінде Сарыбаев Ш., Мұхамеджанова Р., Кенесбаев Ж., Әбдірахманов Т., Қабдолов З., және тағы басқа ғалымдар еңбегі пайдаланылды.

Нәтижелер. Түркі әлемінде белгілі бір құбылыс, зат атауларына ат қоюда сол заттың не болмаса құбылыстың түрлі формалы, түрлі мазмұнды болып келуіне байланысты жалпы атауымен қатар ішкі мазмұнын ескеріп берілетін атауларды көптеп кездесуі заңды құбылыс. Сол себепті де түркі тілдерінде бір құбылыс, кейде бір құбылыс не аспан шөгіндісіне қатысты ондаған атаулар да кездеседі. Қазақ халқының дүниетанымының түп қазығы – табиғатпен тікелей қатынас. Көшпелі өмір салты, мал шаруашылығына негізделген тіршілік қазақтарды қоршаған ортаға бейімделуге және оны терең түсінуге мәжбүр етті. Бұл – табиғатты тек қана бақылау емес, оны болжау, түсіндіру, онымен үндес тіршілік ету тәжірибесін қалыптастырды. Осындай өмір сүру салты негізінде халықта табиғат құбылыстарының түр-түрін сипаттайтын дәл және бейнелі тілдік жүйе пайда болды.

Қазақтар табиғаттың заңдылықтарын халық күнтізбесі, жұлдызнама, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер арқылы беріп отырған. Мысалы, «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай – қыстың басы бірі ерте, бірі жәй» деген Мағжан Жұмабаевтың өлең жолдарында да халықтың ауа райына қатысты таным-түсінігі көркемдікпен көрініс табады. Мұндай танымның астарында ғасырлар бойы жиналған ауа райы жөніндегі эмпирикалық білім, халықтық метеорология жатыр. Жыл мезгілдеріне, айларға, күн мен түнге, жұлдыздарға байланысты атаулар мен сипаттамалар осы табиғатпен тығыз қатынастың нәтижесінде туған.Сонымен қатар ауа райының сәл өзгерісі мал бағу, қоныс аудару, егін егу, қауіпті жағдайлардың алдын алу сияқты өмірлік шешімдерге тікелей әсер ететін. Осы қажеттілік нәтижесінде тілде «қылау», «ақтүтек», «бұрқасын», «ызғырық», «самал» сияқты нақты әрі бейнелі атаулар қалыптасты. Бұл сөздер тек бір құбылысты атаумен шектелмей, оның қарқыны, сипаты, ұзақтығы және адам өміріне әсерін де білдіреді.

Қазақ халқының табиғатты сипаттауы мен қабылдауында тек рационалдық сипат қана емес, эмоциялық және символдық элементтер де басым. Мысалы, жел – тек метеорологиялық құбылыс емес, көбіне поэзияда еркіндік, өмірдің ағысы, тағдырдың белгісі ретінде бейнеленеді. Жаңбыр – береке мен ырыстың, ал аяз – қатал сынның, төзімділіктің символы ретінде сипатталады.

Мұндай табиғатты тіл арқылы бейнелеу ерекшеліктері – қазақ халқының экологиялық дүниетанымының, көркем ойлау жүйесінің және тілдік шеберлігінің айғағы. Осыған байланысты табиғатты тану мен сипаттаудың тілдік көріністерін зерттеу тек лингвистикалық тұрғыда емес, этнолингвистика

мен мәдени антропология тұрғысынан да маңызды. Қазақ халқында аспан шөгінділерінің түр-түріне қатысты атаулардың қалыптасуы шөгіндінің жылдамдығы, не баяулығы, екпіні не екпінсіздігі, мөлшерлігі, бағыты мен түріне қатысты болуы халық тіршілігінің негізі табиғатпен байланысты болғандықтан заңды құбылыс болып табылады.

Қазіргі қазақ тілінде жаңбыр сөзіне жауын, нөсер, жауын-шашын сөздері синонимдік қатар құрайды (Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі). Алайда жаңбыр атауы және оған қатысты ұғымдар туралы сөз болғанда, негізінен жаңбыр мен жауын лексемалары бірінің орнына бірі қолданыла береді. Мәселен, ақ жаңбыр ≈ ақ жауын, соқыр жаңбыр ≈ соқыр жауын, т.б.; жаңбыр жауды ≈ жауын жауды, жаңбырдың қарқыны ≈ жауынның қарқыны және т.б. Ал қазіргі көптеген түркі тілдерде бұл атмосфералық шөгінді атауы jaγmyr, jaγyš, jaγyn, jaŋbyr, žaŋbyr **(*жаңбыр*** – *бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары*) тұлғаларында ұшырасып, жаңбыр түрлеріне байланысты көптеген тілдік бірліктердің құралуына түрткі болды. Мысалы, қараханид ұйғырлары тілінде irkin jaγmur (бірнеше күн тоқтамай жауатын жаңбыр), қырғыз тілінде aqžan (ұзақ жауатын ұсақ жауын), башқұрт тілінде aqjawän (ұзақ жауатын ұсақ жауын), qara jamγyr (нөсерлі жауын), tula lawyn (аяқ асты, күтпеген немесе қысқа мерзім ішінде болатын жауын), хақас тілінде čűze naŋmyr (ұзақ жауатын жаңбыр), түркі тілінде sazan (ұсақ тамшылы жаңбыр), Башқұрт тілінде läjsä (немесе läjsän (көктемгі жаңбыр), аталмыш äjsä сөзі башқұрт тілінде екінші бір «алғашқы қар мағынасында жұмсалу» [1, 26] фактісі де бар. Сол сияқты чуваш тілінде tumaq (өткінші жаңбыр) мағынасын беретін тіркестің алғашқы компоненті болып табылады.

Кейбір түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде *себелеп* сөзі жауын сөзімен тіркесіп келіп *себелеп жауған жаңбыр* тілдік бірлігін құрастырады. Түп-төркіні жағынан түркі тілдері этимологиялық сөздігі авторлары пікіріне сүйенсек, аталмыш сөздер «орта ғасырлық қыпшақ тілінде қолданылған *сеп, серп* (säp) етістік тұлғаларынан қалыптасқан» [1, 27]. Бұл түбір етістігінен қазіргі түркі тілдерінде қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілінде sebele, татар тілінде sibälä, башқұрт тілінде hibälä, өзбек тілінде sewälä туынды тұлғаларының қолданыс тапқанын аңғарамыз. Э.Севертянның пікірінше «sebele туынды түбірі sep түбіріне le не болмаса ele жұрнақтарының қатысуымен жасалған» [2, 128]. Осы мағынада жұмсалатын *себелеу* сөзіне синонимдес *сіркіреу* деген сөзбен тіркесіп келетін сіркіреп жауу тіркесі түркі тілдері ішінде тек қазақ тілінде ғана көрініс тауып отыр. Мысалы, *Күн күркіреп, Жаңбыр <u>сіркіреп</u>, Дауыл тұрды кешкісін; Көктем күні күркіреп, Жаңбыр жауды сіркіреп. Бәйшешектер дүркіреп, Шыға келді қыр түлеп; Дүркіреп тұрған көктемде, Сіркіреп нөсер төккенде,* (М.Мақатаев); *Көк қауласын дүркіреп, жауын жаусын сіркіреп* (Қазақ баталары); *Жарыс алдында Халықаралық трамплиндер кешенін тұман басып, жаңбыр сіркіреп тұрды.* (Егемен Қазақстан 05 сәуір. 2011*); Қалың тұман түскен, жаңбыр сіркіреп тұр* (Спутник Қазақстан сайты).

Қазіргі түркі тілдерінде жауын, оның түрлеріне қатысты тілдік әр қилы тілдік бірліктер қалыптасқан. Қазіргі қазақ тілінде жоғарыда аталған тіркестермен қатар келесі қолданыстардың бар екендігін атап кетсе болады. Мысалы, **Ақ жаңбыр** – бірқалыпта толассыз ұзақ жауатын жаңбыр. **Боз жаңбыр** – жаңбырдың баяу, сілбілеп жауатын түрі. **Бұршақ жаңбыр** – атмосфералық су тамшыларының салқындықтан кішігірім бұршаққа айналып жаууы. **Қара жаңбыр** – бұлт қап-қара болып торлап келіп, толассыз ұзақ жауатын күзгі қалың жаңбыр. **Қар аралас жаңбыр** – алдымен жаңбыр болып жауып, күн суыта келе, арты қарға айналған жаңбыр. **Қарлы жаңбыр** – ерте көктемдегі және күздегі қар аралас жауын. **Мұзақ –** жаңбыр тамшыларының жерге мұз болып түсуі. **Нөсер** – 1. Қатты жауатын, өткінші жаңбыр; 2. Күшті, бірақ қысқа мерзімдік, конвективтік сипаттағы, не қоңыржай ендіктегі циклондардың суық шебіндегі дүлей желді жаңбыр. **Көк нөсер** – көктемде, жазда қатты жауатын өткінші жаңбыр. **Өткінші жаңбыр** – аспан күмбезі көшпелі ала бұлттанып, тез жауып өтетін жаңбыр. **Соқыр жауын** – күн көзі шығып тұрғанда жауатын ұсақ тамшылы өткінші жаңбыр. **Сылбыр жаңбыр** – желсіз күнгі жай жаңбыр. **Сіркіреме жаңбыр** – өте ұсақ тамшы түрінде түсетін майда жауын және т.б.

Жаңбырдың жаууы немесе жаумауына байланысты ерекшелік белгілеріне қарай бірнеше түрге бөліп айту халық лексикасында орын алғанына келесі мысалдар дәйек бола алады. Мысалы, ***Былғары бұрку*** – атмосфералық тосаптың тамшыламай бүркуі; ***сіркіреу*** – өте баяу себезгілеп жауу; ***сірлету*** – жаңбырдың бүркуден, сіркіреуден мол, нөсерден саябыр жаууы; ***себездеу*** – жайлап бүрку, баяулап жауу; ***сілбілеу*** – жаңбырдың жайлап ұзақ жаууы; **нөсерлеу (нөсерлету)** – қатты жауу, шелектеп құю; ***төгіп өту*** – жаңбырдың қатты жауып өтуі; ***жаңбыр құю*** (құйып өту) – қатты жаңбыр жауып кету, шелектеп төгу; ***жаңбыр көрмеу*** – көп уақыт бойы жаңбыр жаумай, құрғақшылық болу т.б.

Өте сирек ұсақ тамшылап жауатын жаңбыр түріне қатысты басқа да түркі тілдерінде де көптеген тіркестердің қолданылатынын байқаймыз. Мысалы, құмық тілінде ұсақ жауынды «syуanaq» деп атау, чуваш тілінде «erxű», татар тілінде «tusqaq» т.б. сөздерімен жаңбыр сөзінің тіркесуі арқылы жасалған тіркестер қолданылады.

Бүгінгі қазаққа белгілі жаңбыр түріне қатысты төмендегідей атауларды кездестіруге болады. Олар: а**қ жаңбыр** – бірқалыпта толассыз ұзақ жауатын жаңбыр; б**оз жаңбыр** – жаңбырдың баяу, сілбілеп жауатын түрі; б**ұршақ жаңбыр** – атмосфералық су тамшыларының салқындықтан кішігірім бұршаққа айналып жаууы; қ**ара жаңбыр** – бұлт қап-қара болып торлап келіп, толассыз ұзақ жауатын күзгі қалың жаңбыр; қ**ар аралас жаңбыр** – алдымен жаңбыр болып жауып, күн суыта келе, арты қарға айналған жаңбыр; қ**арлы жаңбыр** – ерте көктемдегі және күздегі қар аралас жауын; м**ұзақ –** жаңбыр тамшыларының жерге мұз болып түсуі; н**өсер** сөзі екі мағынада түсіндіріледі: 1. Қатты жауатын, өткінші жаңбыр; 2. Күшті, бірақ қысқа мерзімдік, конвективтік сипаттағы, не қоңыржай ендіктегі циклондардың суық шебіндегі

дүлей желді жаңбыр; к**өк нөсер** – көктемде, жазда қатты жауатын өткінші жаңбыр; **өткінші жаңбыр** – аспан күмбезі көшпелі ала бұлттанып, тез жауып өтетін жаңбыр; с**оқыр жауын** – күннің көзі шығып тұрғанда жауатын ұсақ тамшылы өткінші жаңбыр; с**ылбыр жаңбыр** – желсіз күнгі жай жаңбыр; с**іркіреме жаңбыр** – өте ұсақ тамшы түрінде түсетін майда жауын; себелеме жаңбыр – әлсіз, үздіксіз жауған жаңбыр. Сонымен қатар жауған жаңбырдың қарқыны не баяу болуына байланысты келесі атаудың қолданылуын кездестіруге болады. Мысалы, Шелектеп жауу (құю) – өте қатты жауын.

Жауын-шашын қазақ ұлттық болмысымен тұтас екендігі халық мақал-мәтелдерінен, нақыл сөздерінен де көрініс тапқан. Мысалы, «Жаңбыр жауса – жер ырысы, батыр туса – ел ырысы» – экологиялық сана мен халықтың табиғатқа тәуелді тіршілігін көрсетеді; «Жаңбыр жауса – жер күледі» - мағынасы табиғат берекелі, өнім мол болады; «Жаңбыр жаумаған жерде мал азығы аз болады» - мағынасы*:* табиғатпен адам шаруашылығы тығыз байланысты; «Жаңбыр жауса – бақ та көгерер» - мағынасы: қиындыққа қарамастан, еңбектің жемісі болады; «Жаңбыр мен жел – егіншінің досы» мағынасы: табиғат күштері адамдарға көмектеседі; «Жаңбыр мен күннің сыйы – молшылық» - мағынасы*:* Табиғат адамға молшылық сыйлайды; «Жаңбырсыз дала – бақсыз үй сияқты» - мағынасы: Табиғатсыз өмірдің мағынасы аз және т.б. Бұл мысалдардан бәз адам мен табиғат арасындағы толық үндестікті байқаймыз.

Р. Мұхамеджановаңың пікірінше: «көшпелі өмір салты табиғатпен толық үндестікте болуға мәжбүр еткенін және осы тілдік бейнелердің қордалануына әсер еткен [3,84]. Шынында да, көшпелі өмір салты қазақ халқының табиғатпен үйлесімді өмір сүруіне мәжбүр еткен. Жыл мезгілдері мен ауа райының өзгерісіне бейімделу, мал бағып, су мен жайылымды тиімді пайдалану – көшпелілердің күнделікті тіршілігінің негізгі шарттары болды. Табиғаттың ритмімен өмір сүрген қазақ халқының дүниетанымы, мәдениеті мен дәстүрлері осы үйлесім арқылы қалыптасты. Сондықтан көшпелі өмір – тек тіршілік ету тәсілі ғана емес, табиғатпен үндестік пен сабақтастықтың мәдени бейнесі болып есептеледі.

Қорытынды. Қазақ тіліндегі жауын-шашын атаулары халықтың табиғатқа деген сезімін, климаттық ерекшеліктерін және шаруашылыққа байланысты тәжірибесін көрсетеді. Жаңбыр, қар, боран, тұман сияқты атаулар тек табиғат құбылысын сипаттап қана қоймай, сонымен бірге халықтың өмір салтына, егіншілік пен мал шаруашылығына әсерін білдіреді. Бұл атаулар тілдің көркемдігі мен мағыналық байлығын арттырып, сөздік қоры мен сөйлеу мәнерін дамытатын маңызды құрал болып табылады. Осылайша, жауын-шашын атаулары қазақ тілінде табиғатты тану мен оны сөзбен бейнелеудің басты көрсеткіші ретінде маңызды орын алады.

Табиғат құбылыстарына қатысты төл сөздер мен бейнелі тіркестерді тану арқылы біз тіліміздегі бай лексиканы ғана емес, сонымен қатар халқымыздың ойлау жүйесін, әлеммен қарым-қатынасын тереңірек түсінеміз. Бұл – тек лингвистикалық емес, мәдени-экологиялық зерттеудің де маңызды бағыты.

Болашақ ұрпаққа экологиялық сауатты, табиғатпен үндестікте өмір сүруді үйрету үшін осындай тілдік деректердің маңызы зор.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Тенишев Э.Р., Благова Г.Ф., Добродомов И.Г., Дыбо А.В., Кормушин И.В., Левитская Л.С., Мудрак О.А., Мусаев К.М.. Сравнительно-Историческая грамматика тюркских языков. Лексика. Москва.: Наука, 1997. – С. 800.

2. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные/ АН СССР.Ин-т языкознания. –Москва: Наука, 1974. – С. 768

3. Мұхамеджанова Р. Көшпелі қоғам және ауа райы бейнелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 126 б.

МРНТИ: 16.21.27; 16.31.31

IRSTI 16.21.51

CODE-SWITCHING IN MULTILINGUAL STUDENTS

Aimikhan K.M., 3rd-year student Astana International University, Astana, Kazakhstan; **Saifullayeva N.B.,** Master of Pedagogical Sciences, Astana International University
karakataimikhan@gmail.com

Abstract. In the context of modern globalization and translingual education, the phenomenon of code-switching among multilingual students is becoming an urgent problem of pedagogy and psycholinguistics. The main purpose of this article is to analyze the linguistic, cognitive and psychological impact of the practice of code-switching in the educational process of multilingual students in higher education institutions. In the course of the study, a structured survey and pedagogical control were conducted among students who speak Kazakh, Russian and English. The results of the survey proved that language alternation is not just a lack of language knowledge, but, on the contrary, a conscious strategy that demonstrates high cognitive flexibility and communicative competence of students. However, disadvantages of this phenomenon, such as excessive dependence on the native language or grammatical confusion, have also been observed. In conclusion, it should be noted that the correct use of code-switching in the educational process for strategic purposes, that is, as a pedagogical tool, does not inhibit language skills, but again raises academic performance and student attendance activity to a new level.

Keywords: switching, multilingual, cognitive, communicative strategy, interference, translingualism, process.

Introduction. Currently, in the multilingual educational space, including in higher educational institutions of Kazakhstan, the phenomenon of code-switching is one of the most common and complex linguistic phenomena. Code-switching is the transition from one language code to another depending on the social context or conversational context, that is, the practice of using two or more languages alternately in a conversation [1]. This phenomenon is expressed at the inter-sentential, intra-sentential, and tag-switching levels. While in earlier linguistic studies, translingual practices was seen as a sign of incomplete language acquisition or lexical deficiency, modern research views it as a conscious communicative resource based on language proficiency. Manifestations of multilingualism during the educational process directly contribute to the cognitive development of students [2].

The relevance of the study is explained by the increase in the frequency of simultaneous use of Kazakh, Russian and English in the academic environment by

multilingual students. Students regularly engage in language alternation to meet lexical needs, explain complex concepts, adapt to the listener, or to facilitate group collaboration. However, there is no unified scientific consensus in the educational process about the effectiveness and potential harm of this phenomenon. In this regard, the process of multilingual education in higher educational institutions was taken as the object of the study. The subject of the study includes the impact of code-switching on the educational process, psychological state and communication skills of students.

The purpose of the study is to analyze the causes, types of code-switching among university students and its pedagogical effectiveness in the academic environment from a theoretical and empirical point of view. To achieve this goal, the tasks were set to study the cognitive and neurobiological foundations of code switching, summarize students ' opinions through questionnaires and assess their impact on academic performance. According to the research hypothesis, if code substitution is purposefully used in the educational process as a means of filling lexical gaps and psychological support, it will increase students ' interest in learning and facilitate the assimilation of complex material. It was also intended to prove that by differentiating between language interference and code-switching, this phenomenon was not a language disorder, but rather the result of higher cognitive control. It is known that in a multilingual environment, speakers continue to switch the matrix language between two languages without any problems for the purpose of more accurate, expressive or short expression of ideas. In the process of leveling the uniqueness of students, forming a multicultural personality, language exchange becomes a valuable cognitive and psychological tool.

Methodology. To test the research hypothesis and comprehensively analyze the phenomenon of code-switching in multilingual students, a combined research design was used that combines quantitative and qualitative methods. The research methodology includes specific materials, a sample of participants, research stages, and tools to measure the cognitive, affective, and social domains of code-switching. The study was carried out during a 15-week academic semester in one of the Universities of Kazakhstan. The study was attended by 150 undergraduate students studying in various specialties, who actively use Kazakh, Russian and English in the daily educational process [3].

The study consisted of three main stages. At the first stage, pre-intervention control was carried out, the language background and levels of language proficiency of students were determined. At the second stage, pedagogical monitoring of code-switching conditions during specific classes was carried out. At this stage, it was recorded through audio recordings of how teachers and students switch between languages during the explanation of grammar, giving feedback or group discussions. At the third stage, a specially structured survey was conducted in order to collect empirical data and systematize research conclusions.

The questionnaire consisted of 30 closed questions and 5 open questions based on a 5-point Likert scale [4]. The block of questions was divided into three main

areas. The first is the cognitive and academic domain. It measured the impact of code substitution on understanding complex concepts, filling lexical gaps, and expanding vocabulary. The second was considered as a psychological and affective domain. In this section, students ' stress levels in the classroom, psychological comfort, emotional contact with the teacher, and a decrease in feelings of embarrassment were evaluated. The third was the social and pragmatic domain. It covered issues of group identity, cooperation, phatic services and communicative adaptation.

Digital data was processed using statistical programs. Open-ended questions made it possible to more deeply understand what emotional or situational situations students often use code substitution in. Students gave short answers in the format of an essay on how to design their bicultural and multicultural identity. The reliability and validity of the study was ensured by cross-verification of quantitative measurements and qualitative analysis. In addition, the collected speech samples were analyzed from the point of view of psycholinguistic theories to accurately determine the line between language interference and target code-switching. This methodological complex has become the basis for a realistic and comprehensive assessment of language dynamics in the educational process. The survey also took into account the subjective opinions of students about the mechanisms of cognitive control. They described how they felt the change in the speed of speech during the transition from one language to another. This information helped experimentally prove the role of executive functions of the brain in the multilingual environment.

Discussion. The discussion of the phenomenon of code-switching among multilingual students requires relying on fundamental psycholinguistic theories and modern research. In a review of the scientific literature, it was found that code-switching is directly related to cognitive control and executive functions of the brain. This phenomenon constantly requires the processes of brake control and attention control. According to the researchers, knowing several languages and using them alternately changes the functional structure of the brain and increases cognitive flexibility. The human brain actively uses the prefrontal cortex to inhibit non-target language, and these processes turn the student into a high-level cognitive Observer.

One of the most important aspects of the discussion is the distinction between language interference and code-switching. Scientists have shown that if interference is involuntary grammatical or phonetic errors arising from low language competence, language alternation is considered as a high-level conscious process [5]. In accordance with the model of the extended control process, during translingual practices, cooperative control is triggered, which allows elements of both languages to enter the speech planning mechanism. That is, to suppress the first language, a special signal is registered in the brain and a high cognitive effort is made.

The social and emotional goals of code switching in the learning environment have also been widely discussed. According to research, code-switching allows students to demonstrate group identity and increase cooperation [6]. In accordance

with the theory of communicative adaptation, students provide mutual understanding through assimilation into the environment or adaptation to the language of the interlocutor. At the same time, phatic services and the delivery of emotions are considered important functions of language exchange. Students design their multicultural identity by making metacommunicative decisions.

However, there are also conflicting views among scientists regarding the role of this phenomenon in the educational process. Although research confirms that code switching facilitates interpretation and increases student autonomy, some researchers warn that it can slow adaptation to the target language and cause dependence on the native language. Excessive switching is more likely to lead to erosion of language or emotional discomfort in students. Although the results of the discussion show that if teachers and students use code-switching with measure as a compensatory strategy and pedagogical tool, its academic and psychological benefits outweigh its disadvantages. This phenomenon should be evaluated as a clear indicator of the developing multi-competence of the language learner. In pedagogical discourse, code substitution is considered not only a means of filling a lexical gap, but also a pillar that explains complex grammar. A clear proof of this is the fact that students can demonstrate high-order skills, such as developing an idea through code-switching, even in written works.

Results. The results of an empirical study and a survey provided important data on the impact of multilingual language practices among multilingual students on the learning process, cognitive development and psychological state. The collected quantitative and qualitative data confirmed the original hypothesis and revealed how important language exchange is for students. The indicators obtained in the course of the study clearly demonstrate the role of code substitution in different domains.

First, 78 percent of students in the cognitive and academic domain of the survey noted that code substitution greatly facilitates understanding of complex learning material, especially grammar rules and new terms of a foreign language. 82 percent of participants confirmed that when lexical needs and a lack of vocabulary arise, the speaker automatically switches to their native language or Russian to fully express their ideas or finding the equivalent word [7]. This result proves that the code-switching has a strong compensatory function. At the same time, 65 percent of students showed that targeted code switching by a teacher can expand their vocabulary and help increase the complexity of sentence structure. This clearly demonstrates the effectiveness of the Intercollegiate transport process.

Secondly, there was a very positive dynamic in the psychological and affective aspect. 85 percent of the students who responded to the survey reported that they felt much more relaxed, confident and safe if they were allowed to use two or three languages mixed during the lesson [8]. They admitted that in an environment where it is required to speak only one language, stress and tension increase, preferring to remain silent for fear of making mistakes. And the use of code-switching by teachers to tell jokes, praise students, and express empathy helped eliminate boredom in the

classroom and create a close emotional connection with students. It turned out to be one of the most effective communication strategies for increasing class participation.

As shown in Figure 1, the majority of students (82%) use code-switching as a compensatory strategy to overcome lexical gaps, while 78% reported improved understanding of complex material. Additionally, 65% confirmed the effectiveness of teacher-guided code-switching in expanding vocabulary and sentence complexity.



Figure 1. Cognitive and academic effects of code-switching among multilingual students

Third, the social and pragmatic domain results showed how students construct their multicultural identity through code substitution. In the process of analyzing the answers to open-ended questions, most respondents wrote that they use language substitution to express group identity between friends and colleagues. They establish mutual closeness by switching to minority language or common slang. About 70 percent of students said that they often change language in order to more accurately convey emotions or hide information from those around them. In the case of diglossia, they use English during a formal lesson, and mixed Kazakh or Russian during a group discussion or brainstorming. Figure 2 demonstrates that 85% of students experience reduced stress and increased confidence when allowed to use multiple languages. Furthermore, 70% use language alternation to express social identity, while only 25% reported concerns about overuse, indicating generally positive perceptions of this phenomenon.



Figure 2. Psychological and social impact of code-switching in multilingual classrooms

However, during the study, 25 percent of the survey participants warned that changing the code too often prevents full immersion in a foreign language. Especially some students who prefer the purity of the language environment did not hide the fact that they perceive the teacher's code-switching as an emotional discomfort. Nevertheless, the results of the survey fully proved that language switching in multilingual students is not just a shallowness of language knowledge, but a sign of intellectual superiority. Students use language substitution as a natural mechanism to continue communication without interrupting when they cannot find words in a difficult situation. The data obtained statistically and qualitatively confirmed that code switching is an important and useful resource of translingual practice in Kazakhstan's universities.

Conclusion. This study comprehensively analyzed the phenomenon of code-switching in the learning process of multilingual students and systematically considered its linguistic, cognitive and psychological impact. Based on the results of the survey and pedagogical observation, it can be noted that the initial hypothesis is fully confirmed. Code-switching is not a sign of students ' limited language proficiency or illiteracy, but rather a dynamic resource that demonstrates their cognitive flexibility, multi-competence, and communication skills. However, the disadvantages of this phenomenon, such as language dependence or grammatical confusion, must also be taken into account. Therefore, teachers of higher educational institutions should use code-switching in a balanced way, not as a chaotic phenomenon, but as a strategic pedagogical tool. Educational programs should recognize the true manifestations of translingualism and consider ways to effectively use the cultural and linguistic capital of students for educational purposes. Future research should focus on exploring the role of code replacement in written academic discourse and analyzing the relationship between discipline and language integrated learning (CLIL) methodology. The education system of Kazakhstan should continue to develop multilingualism not only as a goal, but also as an effective daily learning tool. Ultimately, code-switching remains an important bridge for mutual understanding and intellectual development in a multilingual society.

References

1. Corujo, J. Code-Switching vs. Translanguaging // HMH. – 2024. [in Eng.]

2. Akynova, D. B. Funktsionirovanie angliyskogo yazyka v obrazovatelnom prostranstve Kazakhstana [Functioning of the English language in the educational space of Kazakhstan] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya "Filologiya". – 2012. – No. 3 (67). – Pp. 41-48. [in Russ.]

3. Seidin, A., Mambetalina, D. A., Bakytzhanova, G. B., Musagali, G. M. Til almastyruga degen kozqaras pen Qazaqstan universitetindegi til almastyruga aser etetin faktorlardy anyqtau [Attitudes towards code-switching and identifying factors affecting code-switching in a Kazakhstan university] // Abylai khan atyndaghy QazKhQzhaneATU Khabarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy [Bulletin of KazUIR&WL named after Ablai Khan. Philological sciences series]. – 2022. – Vol. 65, No. 2. [in Kaz.]

4. Ibrayeva, M. Code switching among multilingual university students in Kazakhstan: Evidence from a mixed-methods study // Nazarbayev University Research. – 2016. [in Eng.]

5. Kuzembayeva, G. A., Polzyakova, Ye., Zhumagaliyeva, A., Madi, A. Multilingualism and Interference: A Case Study of Kazakh, Russian and English Languages Performance in Kazakhstani Youth // Khabarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy [Bulletin. Philological sciences series]. – 2023. [in Eng.]

6. Zharkynbekova, Sh. K., Chernyavskaya, V. E. Kazakhsko-russkoe smeshenie koda: metakommunikativnaya perspektiva [Kazakh-Russian code-mixing: a metacommunicative perspective] // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Yazyk i literatura. – 2022. – Vol. 19, No. 4. – Pp. 780-798. [in Russ.]

The governing equation is the parabolic heat equation, and its numerical solution depends simultaneously on the spatial discretization and the choice of time-integration scheme. Finite-difference methods are the standard approach for one-dimensional building envelope problems [2][3][4]. Among time-integration strategies, explicit (Forward Euler) schemes are straightforward to implement but carry a stability condition that forces very small time steps at practical spatial

resolutions. Implicit schemes remove the stability restriction at the cost of solving a linear system at each step, and the Crank-Nicolson method achieves second-order temporal accuracy while remaining unconditionally stable [8]. In building simulation, where long time horizons and varying boundary conditions are common, the interaction between step size, stability, and truncation error is non-trivial, and the choice of scheme directly affects both accuracy and computational cost [9].

Separately, Adaptive Mesh Refinement (AMR) has been applied to improve spatial accuracy in heat transfer problems by concentrating grid points in regions of high temperature gradient rather than refining the entire domain uniformly [10][11][12]. The interpolation method used to transfer solution values between coarse and fine grids at each refinement step is a critical component of this approach, as it determines whether the gain from local refinement is preserved or eroded by reconstruction error. Gasparin et al. [5] demonstrated the effectiveness of a non-uniform adaptive moving grid for building heat transfer simulation, achieving equivalent accuracy with fewer spatial nodes compared to a uniform grid. Our work builds directly on that result by testing whether AMR with cubic spline reconstruction can further improve accuracy under a fixed finite-difference formulation, and by identifying the source of the residual error when AMR reaches its accuracy ceiling.

Methodology. *A. Computation using traditional numerical methods*

Three temporal discretization schemes are applied to this model. The explicit Forward Euler scheme is the simplest to implement and requires no linear system solve at each time step, but it is conditionally stable: the dimensionless stability parameter $\lambda = k\Delta t/(\Delta x)^2$ must remain below 1/2, which forces small time steps at practical spatial resolutions [8][9]. The implicit Backward Euler scheme is unconditionally stable and eliminates the step-size constraint, at the cost of solving a tridiagonal linear system at each time level. The Crank-Nicolson scheme averages the spatial derivative between the current and next time levels, achieving second-order accuracy in time while retaining unconditional stability [9]. The numerical solutions obtained from all three schemes are compared against the available analytical solution to assess accuracy and convergence behavior.

B. Adaptive Mesh Refinement

We apply AMR during the spatial discretization step to assess whether local grid refinement can improve accuracy beyond what the baseline uniform grid achieves. The method is evaluated through the characteristics of accuracy, stability, and computational efficiency. A full description of the AMR algorithm, including the refinement criterion, spline reconstruction procedure, and the coarse-fine coupling steps, is given in Section IV.

Analytical modeling of the problem

Heat transfer through a building wall is governed by Fourier's law. For an isotropic material with constant thermal conductivity k and energy storage coefficient c, the transient temperature field u(x, t) satisfies

$$c\frac{\partial u}{\partial t} = \frac{\partial}{\partial x}\left(k\frac{\partial u}{\partial x}\right)$$

where x is the spatial coordinate across the wall thickness and t is time. We work in one spatial dimension, as justified in Section II.

For thin walls, heat transfer is nearly one-dimensional across the thickness, and thermal conductivity k is treated as constant. Boundary conditions determine the thermal state at both ends of the domain. Dirichlet conditions fix the temperature directly at the boundary nodes. Neumann conditions prescribe the heat flux, implemented via one-sided finite differences. In building problems, surfaces exchange heat with the surrounding environment by convection, which we represent using Robin conditions. In dimensionless form, the left and right boundary conditions are

$$u(x^\star = 0, t^\star) = u_L(t^\star)$$
$$u(x^\star = 1, t^\star) = u_R(t^\star)$$

and the corresponding Robin conditions at x* = 0 and x* = 1 are

$$k^\star \left.\frac{\partial u}{\partial x^\star}\right|_{x^\star=0} = \mathrm{Bi}_L\left(u - u_L(t^\star)\right)$$
$$-k^\star \left.\frac{\partial u}{\partial x^\star}\right|_{x^\star=1} = \mathrm{Bi}_R\left(u - u_R(t^\star)\right)$$

where Bi_L and Bi_R are the left and right Biot numbers, u_L(t*) and u_R(t*) are the prescribed boundary temperatures, and the asterisk denotes dimensionless variables.

Adaptive mesh refinement

The standard approach to AMR, established by Berger and Oliger [13], begins with a coarse base grid covering the full spatial domain and selectively refines regions where the local truncation error is large, identified either by Richardson-type error estimates or by spatial gradient magnitude. Rather than refining the entire grid uniformly, which would multiply computational cost proportionally, AMR concentrates additional resolution only where the solution changes rapidly, leaving smooth regions at their original resolution [10][11][12]. This makes it possible to improve spatial accuracy without a proportional increase in the number of grid points or time steps.

In our implementation, refinement decisions are driven by the spatial gradient of the temperature field, estimated at each regridding event using a central difference approximation. Regions where the gradient exceeds a prescribed threshold, controlled by the AMR buffer, width, and spot parameters, are selected as refinement candidates. Among all candidates, the location of maximum gradient is identified first and a window of neighboring nodes is selected around it according to the buffer and width parameters.

The choice of cubic spline interpolation for solution transfer between grid levels deserves brief justification. When a coarse-grid segment is mapped to a finer grid, the temperature values at the new fine-grid nodes must be reconstructed from the coarse-grid data. Linear interpolation introduces $O(h^2)$ reconstruction error, which is consistent with the overall second-order spatial accuracy of the finite-difference scheme but provides no gain over the coarse grid in smooth regions. For a smooth function sampled on a uniform grid with spacing h, the not-a-knot cubic

spline achieves $O(h^4)$ interpolation accuracy, two orders higher than linear interpolation.

A. Initialization and problem discretization

The primary output of the algorithm is a temperature distribution matrix representing thermal values at discrete spatial coordinates X along a one-dimensional rod over a defined time interval T. The prescribed input parameters include the initial condition u0, boundary conditions uL and uR, the number of spatial mesh points nx, the dimensionless temporal domain Ts, the dimensionless rod length L, AMR configuration parameters, the thermal diffusivity coefficient k, and the numerical stability coefficient s.

The spatial domain is discretized by distributing mesh points uniformly over L, while the number of temporal steps is determined from the stability criterion involving s, k, and Ts. Upon establishing the spatial and temporal discretizations with nx and nt points respectively, the solution matrix is initialized to store temperature values throughout the simulation. The initial condition u0 is subsequently applied to populate the solution matrix at $t = 0$.

B. Time-stepping loop

The time-marching procedure iterates sequentially over each temporal step. At each iteration, the explicit finite difference scheme is applied to compute the updated temperature distribution based on the solution at the preceding time level. Prior to each update, boundary temperatures at both ends of the rod are enforced in accordance with the prescribed boundary conditions.

C. Identification of refinement regions

Regridding is performed at intervals governed by a frequency parameter defined within the AMR configuration. At each regridding event, candidate refinement windows are identified using the AMR buffer, width, and spot parameters. The underlying assumption is that regions exhibiting high spatial gradients are susceptible to elevated numerical approximation errors; therefore, increasing the mesh resolution in such regions is essential for minimizing discretization error.

The spatial gradient is estimated using a central difference approximation, whereby the temperature at the (i-1)-th node is subtracted from that at the (i+1)-th node and divided by twice the spatial step size dx, yielding a gradient array of reduced length. The location of maximum gradient is identified as the primary refinement candidate, around which a window of nodes is selected according to the AMR buffer and width parameters. This procedure is repeated iteratively until either the prescribed number of refinement spots is reached or no unallocated nodes remain.

D. Coarse-to-Fine grid prolongation

Once all candidate refinement regions have been identified, the selected coarse-grid segments are mapped to a fine grid by a refinement factor of 2. The corresponding temperature values within these regions are reconstructed on the fine grid via spline interpolation, utilizing MATLAB's built-in interp1 function.

E. Fine-to-Coarse restriction and data storage

The governing numerical scheme is then applied on the locally refined fine grid. The resulting high-resolution solution is subsequently projected back onto the original coarse grid through spline interpolation, and the computed values are stored in the solution matrix at the corresponding time level. Steps 2 through 5 are repeated for all subsequent time steps until the final time Ts is reached.

Simulation

A. Spatial and Temporal Discretization

We discretize the spatial domain on a uniform grid with spacing Δx, using the centered finite-difference approximation for the second spatial derivative:

$$\frac{\partial^2 T}{\partial x^2} \approx \frac{T_{i-1}^{l} - 2T_i^{l} + T_{i+1}^{l}}{(\Delta x)^2}$$

where the truncation error is $O(\Delta x^2)$. The time domain is discretized with step size Δt. Three schemes are applied for the temporal update.

The explicit Forward Euler method evaluates the spatial derivative at the current time level, giving the forward difference approximation

$$\frac{\partial T}{\partial t} \approx \frac{T_i^{l+1} - T_i^{l}}{\Delta t}$$

he explicit update formula

$$T_i^{l+1} = T_i^{l} + \lambda\left(T_{i-1}^{l} 2T_i^{l} + T_{i+1}^{l}\right)$$

where $\lambda = k\Delta t/(\Delta x)^2$ is the dimensionless stability parameter.

The implicit Backward Euler method evaluates the spatial derivative at the advanced time level, yielding a tridiagonal system at each step:

$$-\lambda T_{i-1}^{l+1} + (1 + 2\lambda)T_i^{l+1} - \lambda T_{i+1}^{l+1} = T_i^{l}$$

The Crank-Nicolson method averages the spatial derivative between the current and next time levels, achieving second-order accuracy in time:

$$-\frac{\lambda}{2}T_{i-1}^{l+1} + (1 + \lambda)T_i^{l+1} - \frac{\lambda}{2}T_{i+1}^{l+1} = T_i^{l} + \frac{\lambda}{2}\left(T_{i-1}^{l} - 2T_i^{l} + T_{i+1}^{l}\right)$$

B. Stability and consistency results

The explicit method has a stringent stability criterion:

$$\lambda \leq \frac{1}{2} \quad or \quad \Delta t \leq \frac{(\Delta x)^2}{2k}$$

Violating this condition causes the solution to grow without bound. Both the implicit and Crank-Nicolson schemes are unconditionally stable — there is no restriction on Δt for stability — though accuracy still limits practical step size choices.

Comparison

A. Without adaptive mesh refinement

We test the three schemes on a one-dimensional rod with the following parameters: length L = 1 cm, simulation time t = 0.1 s, thermal diffusivity k = 0.1 cm²/s, spatial step Δx = 0.005 cm, time step Δt = 0.00002 s, and boundary conditions T(0,t) = 0°C, T(10,t) = 0°C. The initial condition is T(x,0) = sin(πx). The analytical solution against which we compare is

$$\sin(\pi x)\exp(-k\pi^2 t)$$

We evaluate T(x,t) = sin(πx)exp(−kπ²t) at final time t = 0.1, alternating Δt across the tested range. Error is measured using the Euclidean norm:

$$|v| = \sqrt{\sum_{k=1}^{N} |v_k|^2}$$

Table I reports the error at final time t = 0.1 for each scheme and time step.

1-table. Numerical error comparison across schemes and time steps

Δ t	λ	Explicit	Simple Implicit	Crank-Nicolson
0.1	404.01	4.712e-03	4.153e-03	7.086e-05
0.05	202.005	2.277e-03	2.141e-03	1.633e-05
0.01 1.095e-06	40.401	9.236e+05	4.403e-04	1.095e-06
0.0001	0.404	2.592e-06	6.232e-06	1.820e-06
0.00001	0.0404	1.379e-06	2.262e-06	1.820e-06

B. With adaptive mesh refinement

We test the AMR-coupled explicit scheme on a two-dimensional metal plate with length Lx = 1 cm, simulation time t = 3 s, thermal diffusivity k = 0.05 cm²/s, spatial steps Δx = 0.0196 cm and Δy = 0.0099 cm, and time step Δt = 0.00175 s. Boundary conditions are T(0x,t) = 0°C and T(Lx,t) = 0°C, with initial condition T(x,0) = sin(πx). The analytical solution for validation is

$$u(x,t) = \sin(\pi x)\, e^{-2\alpha\pi^2 t}$$

Error is again measured by the Euclidean norm, now integrated over the spatial domain:

$$|v| = \sqrt{dxdt \sum_{k=1}^{N} |v_k|^2}$$

At t = 3 s we compare both the uniform-grid and AMR runs against the analytical solution:

L2 = 3.3258e-04 (with AMR) L2 = 3.9764e-04 (without AMR)

AMR reduces the L2 error by approximately 0.6×10^{-6} relative to the uniform grid run under the same time step and boundary conditions.

CONCLUSION

Crank-Nicolson is the most accurate of the three schemes across all tested time steps. The explicit scheme fails catastrophically at Δt = 0.01, where λ = 40.401 produces a blow-up error of 9.236e+05, while both implicit schemes remain well-behaved at the same step. As Δt decreases, all three methods converge to a common error band near 10^{-6}, and Crank-Nicolson reaches this floor first, at Δt = 0.0001, indicating that spatial discretization error dominates beyond that point. At Δt = 0.1 and 0.05, Crank-Nicolson errors are 7.086e-05 and 1.633e-05, far below the explicit

scheme (4.712e-03, 2.277e-03) and simple implicit (4.153e-03, 2.141e-03), confirming its advantage at larger time steps. For moderate to large Δt, Crank-Nicolson minimizes error without sacrificing stability.

AMR with cubic spline reconstruction, applied to the explicit scheme, reduced the L2 error from 3.9764e-04 to 3.3258e-04, a gain of approximately 0.6×10^{-6}. This improvement is measurable but small, and mesh adaptation alone is not sufficient to reach the targeted accuracy under the current spatial formulation. We identify the cubic spline reconstruction step as the likely dominant source of residual discretization error: while spline interpolation offers C^2 continuity and $O(h^4)$ accuracy in smooth regions, the repeated prolongation and restriction between grid levels at each regridding event accumulates interpolation error that the finer local grid cannot fully compensate. Future work should target higher-order temporal integration, such as Runge-Kutta methods, combined with higher-order spatial reconstruction.

Reference

1. V. S. Arutyunov and G. V. Lisichkin, “Energy resources of the 21st century: problems and forecasts. Can renewable energy sources replace fossil fuels?,” Russian Chemical Reviews, vol. 86, no. 8, pp. 777–804, Aug. 2017, doi: https://doi.org/10.1070/rcr4723.
2. N. Amani, “Energy efficiency of residential buildings using thermal insulation of external walls and roof based on simulation analysis,” Energy Storage and Saving, vol. 4, no. 1, Dec. 2024, doi: https://doi.org/10.1016/j.enss.2024.11.006.
3. V. Yosifova, “Methods and Means for Analyzing Heat-Loss in Buildings for Increasing Their Energy Efficiency,” Advances in Intelligent Systems and Computing, pp. 45–54, Aug. 2020, doi: https://doi.org/10.1007/978-3-030-55190-2_4.
4. W. Khaliq and U. B. Mansoor, “Performance evaluation for energy efficiency attainment in buildings based on orientation, temperature, and humidity parameters,” Intelligent Buildings International, pp. 1–17, Jan. 2021, doi: https://doi.org/10.1080/17508975.2021.1873096.
5. S. Gasparin, J. Berger, D. Dutykh, and N. Mendes, “An innovative method to determine optimum insulation thickness based on non-uniform adaptive moving grid,” Journal of the Brazilian Society of Mechanical Sciences and Engineering, vol. 41, no. 4, Mar. 2019, doi: https://doi.org/10.1007/s40430-019-1670-6
6. Harry L.A. Janssen et al., “Cold indoor temperatures and their association with health and well-being: a systematic literature review,” Public Health, vol. 224, pp. 185–194, Nov. 2023, doi: https://doi.org/10.1016/j.puhe.2023.09.006.
7. M. K. Najjar, K. Figueiredo, A. W. A. Hammad, V. W. Y. Tam, A. C. J. Evangelista, and A. Haddad, "A framework to estimate heat energy loss in building operation," Journal of Cleaner Production, vol. 235, pp. 789–800, Oct. 2019, doi: https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2019.07.026.

8. T. L. Bergman, A. S. Lavine, F. P. Incropera, and D. P. Dewitt, Fundamentals of Heat and Mass Transfer, 7th ed. John Wiley & Sons, 2011.
9. J. Berger, Suelen Gasparin, Denys Dutykh, and N. Mendes, “On the comparison of three numerical methods applied to building simulation: Finite-differences, RC circuit approximation and a spectral method,” Building Simulation, vol. 13, no. 1, pp. 1–18, Jul. 2019, doi: https://doi.org/10.1007/s12273-019-0555-z.
10. Z. Wang, L. Du, and X. Sun, "Adaptive mesh refinement for simulating fluid-structure interaction using a sharp interface immersed boundary method," International Journal for Numerical Methods in Fluids, vol. 92, no. 12, pp. 1890–1913, May 2020, doi: https://doi.org/10.1002/fld.4853.
11. M. Emmett, E. Motheau, W. Zhang, M. Minion, and J. B. Bell, "A fourth-order adaptive mesh refinement algorithm for the multicomponent, reacting compressible Navier-Stokes equations," Combustion Theory and Modelling, vol. 23, no. 4, pp. 592–625, Jan. 2019, doi: https://doi.org/10.1080/13647830.2019.1566574.
12. F. Löffler, Z. Cao, S. R. Brandt, and Z. Du, "A new parallelization scheme for adaptive mesh refinement," Journal of Computational Science, vol. 16, pp. 79–88, Sep. 2016, doi: https://doi.org/10.1016/j.jocs.2016.05.003.
13. M. J. Berger and J. Oliger, "Adaptive mesh refinement for hyperbolic partial differential equations," Journal of Computational Physics, vol. 53, no. 3, pp. 484–512, 1984, doi: https://doi.org/10.1016/0021-9991(84)90073-1.

ҒТАМР 14.25.09

7-СЫНЫП ГЕОМЕТРИЯСЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ ТІРЕК-КОНСПЕКТІЛЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

Абдуллаева А.А.; Жумалиева Л.Д., PhD, аға оқытушы
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
Amina.abdullaeva.2004@bk.ru

Аннотация. Мақалада 7-сынып геометриясының негізгі тақырыптарын оқытуда ЖИ негізіндегі тірек-конспектілерді қолданудың теориялық-әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында В.Ф. Шаталовтың тірек-сигналдар жүйесі мен қазіргі ЖИ технологияларының интеграциясы талданып, 7-сынып деңгейіне бейімделген тірек-конспект үлгілері ұсынылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Шаталовтың тірек-сигналдар жүйесін жасанды интеллект технологияларымен біріктіру арқылы 7-сынып геометриясында геометриялық ойлауды дамытуға бағытталған әдістемелік үлгінің ұсынылуында. Зерттеудің әдістемелік маңыздылығы мынада: ұсынылған тірек-конспект үлгілері мұғалімнің оқу материалын дайындауға жұмсайтын уақытын қысқартып, оқушылардың геометриялық ұғымдарды визуалды-логикалық тұрғыдан меңгеруіне жағдай жасайды. КонспектGPT платформасы негізінде жасалған тірек-конспектілер Ван Хиле теориясының деңгейлік принципіне сәйкес оқушылардың визуализациядан дедуктивті ойлауға біртіндеп өтуін қамтамасыз ете алады деп болжанады. Болашақта ұсынылған үлгілердің тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру жоспарланады.

Кілт сөздер: 7-сынып геометриясы, үшбұрыштар, параллель түзулер, тірек-конспект, жасанды интеллект, геометриялық ойлау, Шаталов әдістемесі, визуализация.

Кіріспе. 7-сынып – оқушылардың геометриямен жүйелі түрде алғаш рет танысатын кезеңі. Осы кезеңде қалыптасатын геометриялық ұғымдар, дәлелдеу дағдылары және кеңістіктік ойлау негіздері оқушының бүкіл математикалық білім жолындағы іргетасы болып табылады. Алайда педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, 7-сынып оқушыларының көпшілігі үшбұрыштардың теңдік белгілерін, параллель түзулер қасиеттерін және бұрыш түрлерін бір-бірімен шатастырып, теоремаларды дәлелдеуде елеулі қиындықтарға тап болады.

Геометриялық ойлау – оқушының кеңістіктік объектілерді, олардың қасиеттерін және арасындағы қатынастарды танып-білу, талдау, салыстыру, жалпылау және дәлелдеу процестерінің жиынтығы. Ван Хиле теориясы бойынша геометриялық ойлаудың бес деңгейі ажыратылады: визуализация,

талдау, абстракция, дедуктивті және тұрақтылық деңгейі. 7-сынып оқушылары негізінен визуализация мен талдау деңгейлерінен дедукция деңгейіне көшу сатысында болатындықтан, геометриялық ойлауды мақсатты дамыту ерекше маңызға ие.

Мәселелерді шешудің бір жолы – оқыту барысында тірек-сигналдарды қолдану. В.Ф. Шаталовтың зерттеулерінде көрсетілгендей, тірек-сигналдар жүйесі оқушылардың ойлау әрекетін жүйелеуге және жауаптарының сапасын арттыруға ықпал етеді [1].

Тірек-сигналдар деп оқу материалының негізгі мазмұнын қысқа белгілер, символдар, сызбалар арқылы кодтайтын шартты белгілер жүйесі түсіндіріледі. Тірек-конспект – осы тірек-сигналдарды логикалық реттілікпен біріктіріп, тақырыптың тұтас мазмұнын бір бетте көрсететін құрылымдалған схема. Шаталовтың жүйесінде тірек-сигналдар оқушылардың ойлау әрекетін жүйелеуге, материалды ұзақ мерзімді есте сақтауға және жауаптарының сапасын арттыруға ықпал етеді [1].

Бұл әдістеме 7-сынып геометриясында аксиомалар мен теоремалар жүйесін жүйелі меңгерту үшін ерекше ұтымды болып табылады. Қазіргі таңда ЖИ технологиялары тірек-конспект құрастыру процесін жеделдетіп, олардың мазмұнын байыту мүмкіндігін ұсынады [2].

Қазіргі таңда ЖИ технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданыла бастады. ЖИ жүйелері оқу мазмұнын талдау, дидактикалық материалдар генерациялау, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген тапсырмалар құрастыру сияқты міндеттерді шешуде тиімді құрал болып табылады. ChatGPT, Claude, Gemini, ChatPdf, КонспектGPT сияқты ЖИ платформалары мұғалімге тірек-конспект құрылымын жасауда, мнемоникалық белгілер ойлап табуда, деңгейлік тапсырмалар жүйесін құрастыруда көмекші құрал қызметін атқарады.

Атап айтқанда, осы зерттеу барысында тірек-конспектілерді құрастыруда КонспектGPT жасанды интеллект платформасы қолданылды. Бұл платформа GPT үлгісіне негізделіп, оқу мәтінінен тірек-конспект жасауға арналған. Жұмыс барысы келесідей: мұғалім тақырып бойынша мәтін енгізеді, КонспектGPT оның негізгі ұғымдары мен анықтамаларын бөліп алып, қысқа схема түрінде береді; нәтижесінде тақырыптың маңызды тұстары белгілер мен қысқа тұжырымдар арқылы көрсетілген дайын тірек-конспект қалыптасады. Бұл тәсіл мұғалімнің тірек-конспект дайындауға жұмсайтын уақытын қысқартып, оқушыға бейімделген материал жасау мүмкіндігін береді [3].

Осы зерттеудің мақсаты – 7-сынып геометриясын оқытуда ЖИ-негізіндегі тірек-конспектілер мен практикалық тапсырмалар жүйесінің теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау, олардың геометриялық ойлауды дамытудағы әлеуетін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Әдеби шолу. Геометриялық ойлауды дамыту мәселесі педагогика ғылымында кеңінен зерттелген. Ю.В. Балашовтың зерттеулерінде когнитивті-визуалдық тәсіл бойынша математиканы оқытудың тиімділігі көрсетілген. Бұл тәсіл бойынша математиканы оқыту вербалді, геометриялық және символдық

ақпарат түрлерінің тепе-теңдігіне негізделуі тиіс [4]. Аталған тәсіл оқу материалын әртүрлі модальділікте ұсыну арқылы оқушылардың қабылдау мен түсіну деңгейін арттыруға бағытталған.

А.А. Терджанянның зерттеуінде визуализация құралдарының, оның ішінде диаграмма Исикава әдісінің геометриялық ұғымдарды қалыптастырудағы тиімділігі көрсетілген [5]. Визуализация арқылы абстрактілі геометриялық түсініктерді нақты образдарға айналдыру оқушылардың материалды терең меңгеруіне ықпал ететіні дәлелденген.

В.Ф. Шаталовтың педагогикалық жүйесі тірек-конспектілер мен тірек-сигналдар ұғымдарына негізделеді. Шаталовтың пікірінше, оқу материалын алдымен тұтас түрде көрсетіп, содан кейін бөліктерге бөліп меңгерту оқушылардың білімін жүйелі қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады. тірек-конспектілер оқу материалын қысқа әрі жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік беріп, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыруға, материалды тереңірек түсінуге септігін тигізеді. Шаталовтың жүйесінде қайталау ерекше орын алады: материал бірнеше рет қайталану арқылы ұзақ мерзімді есте тұрақты сақталады [1].

Алайда осыған дейінгі зерттеулерде ЖИ технологияларын 7-сынып геометриясына арналған тірек-конспект құрастыруда қолдану мәселесі арнайы зерттелмеген. Осы олқылықты толтыру мақсатында біздің зерттеуіміз Шаталов әдістемесінің классикалық принциптерін қазіргі заманғы ЖИ технологияларымен ұштастыру мүмкіндігін теориялық тұрғыдан негіздеуге бағытталған.

Теориялық-әдістемелік негіздеме

1. ЖИ арқылы 7-сынып геометриясына тірек-конспект құрастырудың әдістемелік үлгісі

Тірек-конспект құрастырудың ұсынылатын үлгісінде теореманың шарты, қорытындысы және дәлелдеу қадамдары мнемоникалық тірек белгілер арқылы беріледі. Мысалы, параллель түзулер тақырыбында бұрыш түрлерін ажырату үшін Z-F-U мнемоникалық жүйесін пайдалану ұсынылады: Z әрпі – іштей жатқан айнымалы бұрыштарды, F әрпі – сәйкес бұрыштарды, U әрпі – іштей жатқан біржақты бұрыштарды бейнелейді. Мұндай визуалды ассоциациялар оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, бұрыш қасиеттерін ажыратуды жеңілдетеді.



Сурет 1. Z-F-U мнемоникалық жүйесінің схемасы

Z-F-U мнемоникалық жүйесі келесідей сипатталады: Z-бұрыш – қиюшы түзу екі параллель түзуді кескенде, ішкі айнымалы бұрыштар Z әрпінің пішінін құрайды, бұл бұрыштар өзара тең болады; F-бұрыш – сәйкес бұрыштар F әрпінің пішініндей орналасады, олар да өзара тең болады; U-бұрыш – іштей жатқан біржақты бұрыштар U пішінін құрап, қосындысы 180°-ға тең болады.

ЖИ технологиясын тірек-конспект генерациясында қолданудың басты артықшылығы – мұғалімге тақырыптың деңгейіне, оқушылардың дайындығына және сабақ мақсатына сәйкес бейімделген конспектілерді жедел түрде жасау мүмкіндігін беруі. ЖИ жүйелері тірек-конспектінің мазмұнын байытып, графикалық элементтер мен логикалық схемалармен толықтыра алады. Бұл тәсіл Шаталовтың классикалық принциптерін заманауи цифрлық құралдармен ұштастырудың перспективалық бағыты ретінде қарастырылады.

2. Геометриялық материалды меңгертуде тірек белгілерінің қолданылуы

Мысал ретінде 7-сынып геометриясының негізгі тақырыптарының бірі – **сәйкес үшбұрыштар** – тақырыбы қарастырылады. Аталған тақырыпта оқушылар жиі екі түрлі қатынасты шатастырады: бір үшбұрыш ішіндегі сәйкес қабырғалар қатынасы мен екі үшбұрыш арасындағы сәйкестік коэффициентін ажырату қиындық тудырады. тірек белгісі тәсілі осы екі ұғымды бір символикалық жазба арқылы бір мезгілде бейнелеп, олардың арасындағы байланысты ашуға мүмкіндік береді.

Анықтама бойынша, егер $\triangle ABC \sim \triangle DEF$ болса («~» — сәйкестік белгісі), онда сәйкес қабырғалар пропорционал, ал сәйкес бұрыштар тең болады. Бұл қасиет келесі формуламен өрнектеледі:

Жалпы формула:

$$\frac{AB}{DE} = \frac{BC}{EF} = \frac{AC}{DF} = k$$

мұндағы k – сәйкестік коэффициенті. Осы формулада тірек белгісі ретінде пропорцияның тұрақтылығы қолданылады: кез-келген сәйкес қабырғалар қатынасы бірдей k мәніне тең.



Сурет 2. Сәйкес үшбұрыштардың тірек-схемасы

Нақты мысал ретінде екі сәйкес үшбұрышты қарастырайық: үлкенінің қабырғалары *AB = 6 см, BC = 4 см*, кішісінің сәйкес қабырғалары *DE = 3 см, EF = 2 см*. тірек белгісі ретінде мынадай қос жазба ұсынылады:

Бір үшбұрыш ішіндегі сәйкес қабырғалар қатынасы:

$$\frac{6}{4}=\frac{3}{2}$$

Екі үшбұрыш арасындағы сәйкестік коэффициенті:

$$\frac{6}{3}=\frac{4}{2}=k=2$$

Бұл жазба оқушыға сәйкес қабырғалардың **екі жолмен** салыстырылатынын бірден байқатады: не бір үшбұрыштың ішінде ($\frac{AB}{BC}=\frac{DE}{EF}$ – «сәйкес қабырғалардың ішкі қатынасы»), не екі үшбұрыш арасында ($\frac{AB}{DE}=\frac{BC}{EF}=$ k – «сәйкестік коэффициенті»). Осылайша жалғыз тірек белгісі арқылы екі түрлі математикалық қасиет бір мезгілде кодталады.

Ұсынылған тірек белгісі тәсілінің әдістемелік маңызы мынада: оқушы формулаларды жеке-жеке жаттамайды, керісінше олардың арасындағы **ішкі логикалық байланысты** – «сәйкес қабырғалар қатынасының тұрақтылығын» – бір символикалық жазба арқылы меңгереді. Шаталов әдістемесінің іргелі принципіне сәйкес, мұндай кодтау оқушының ойлау жүйесін реттеп, алған білімін типтік емес есептерге еркін қолдана алуын қамтамасыз етеді [1].

Ван Хиле теориясы тұрғысынан қарастырғанда, аталған тәсіл 7-сынып оқушыларының визуализациядан анализ деңгейіне, одан дедукция деңгейіне біртіндеп өтуіне жол ашады [4]. тірек белгісі – бұл тек есте сақтау құралы ғана емес, оқушының математикалық ойлауын деңгейлі дамытудың дидактикалық тұғыры.

Практикалық тұрғыдан аталған тірек белгісі есеп шығаруда тікелей қолданылады. Мысалы, $\triangle ABC \sim \triangle DEF$, $AB = 9$ см, $DE = 6$ см, $BC = 7$ см болса, EF мәнін табу үшін тірек белгісі бойынша пропорция құрылады:

$$\frac{AB}{DE}=\frac{BC}{EF}\rightarrow\frac{9}{6}=\frac{7}{EF}\rightarrow\ EF=\frac{7\cdot 6}{9}=\frac{14}{3}\approx 4{,}67\text{ см}$$

Осылайша тірек белгісі оқушыға «қандай формуланы қолдануым керек?» деген сұрақты автоматты түрде шешіп, есептің алгоритмдік жолын жеңілдетеді.

Аталған тәсілдер тірек-конспектілермен бірге қолданылған жағдайда оқушылардың геометриялық ойлауын қалыптастыру мен дәлелдеу дағдыларын дамытуда жоғары нәтиже беруі мүмкін деп болжанады. Бұл тәсілдер оқушылардың білімді тек қабылдаушы ғана емес, оны сыни талдайтын белсенді субъект ретінде қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу теориялық-әдістемелік сипатта болып, ғылыми талдау, синтез, салыстыру және жинақтау әдістеріне негізделеді. Зерттеу нысаны ретінде 7-сынып геометриясының негізгі тақырыптары — параллель түзулер, бұрыштар, үшбұрыштар және сәйкес үшбұрыштар — алынды. Зерттеуде пайдаланылған негізгі материалдар: В.Ф. Шаталовтың тірек-сигналдар жүйесін сипаттайтын педагогикалық еңбектер; Ван Хиле теориясы бойынша геометриялық ойлаудың деңгейлік даму моделі; КонспектGPT жасанды интеллект платформасы арқылы 7-сынып геометриясының таңдаулы тақырыптары бойынша үлгі тірек-конспектілер өндірілді. Мнемоникалық Z-F-U жүйесі параллель түзулер тақырыбында тәжірибелік нысан ретінде қолданылды. Алынған үлгілер Шаталов әдістемесінің принциптеріне және ван Хиленің геометриялық ойлауды деңгейлеп дамытудың теориялық талаптарына сәйкестігі тұрғысынан теориялық талданды.

Нәтижелер. Теориялық зерттеу барысында бірқатар нәтижелер алынды. Біріншіден, Шаталов әдістемесін ЖИ технологияларымен ұштастыратын әдістемелік үлгі ұсынылды: КонспектGPT платформасы арқылы мұғалім таңдаулы тақырып бойынша мәтін енгізіп, дайын тірек-конспект үлгісін жедел алу мүмкіндігіне ие болады. Екіншіден, параллель түзулер тақырыбы бойынша Z-F-U мнемоникалық схемасы жасалды: Z әрпі — іштей жатқан айнымалы бұрыштарды, F әрпі — сәйкес бұрыштарды, U әрпі — іштей жатқан біржақты бұрыштарды бейнелейді. Үшіншіден, сәйкес үшбұрыштар тақырыбы бойынша тірек-белгі тәсілі теориялық тұрғыдан негізделді: бір жазба арқылы екі түрлі математикалық қасиет — үшбұрыш ішіндегі сәйкес қабырғалар қатынасы және екі үшбұрыш арасындағы сәйкестік коэффициенті — бір мезгілде кодталатыны көрсетілді. Төртіншіден, КонспектGPT платформасының 7-сынып геометриясына қолданылу мүмкіндіктері анықталды: платформа ұсынылатын тірек-конспектілердің мазмұнын байытып, графикалық элементтермен және логикалық схемалармен толықтыра алады. Алынған теориялық нәтижелер болашақта 7-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылатын педагогикалық эксперименттің теориялық базасы болып табылады.

Қорытынды. Жүргізілген теориялық талдау 7-сынып геометриясын оқытуда ЖИ-негізіндегі тірек-конспектілер мен практикалық тапсырмалар жүйесінің елеулі әдістемелік әлеуетке ие екенін көрсетеді.

ЖИ технологияларын тірек-конспект генерациясында қолдану мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқу материалын оқушылардың дайындық деңгейіне бейімдеу мүмкіндігін кеңейтеді. Алайда ұсынылған әдістеменің тиімділігін нақты сандық мәліметтермен растау үшін болашақта педагогикалық эксперимент жүргізу қажеттілігі бар.

Зерттеудің перспективалық бағыттары ретінде мыналар айқындалды:

Біріншіден, ұсынылған тірек-конспект үлгілер жүйесін мектеп жағдайында апробациялау. Бұл бағыт бойынша 7-сынып оқушылары арасында педагогикалық эксперимент жүргізіп, эксперименттік және бақылау топтар арасындағы нәтижелерді салыстыру жоспарланады.

Екіншіден, GeoGebra сияқты динамикалық геометрия бағдарламаларын ЖИ-негізіндегі тірек-конспектілермен интеграциялау. Динамикалық геометрия бағдарламалары оқушыларға геометриялық объектілерді интерактивті түрде зерттеуге мүмкіндік беріп, тірек-конспектілердің визуализация функциясын күшейтеді.

Үшіншіден, ЖИ арқылы оқушылардың жеке қабілетіне бейімделген адаптивті тірек-конспект жүйесін әзірлеу. Адаптивті жүйе оқушының білім деңгейін диагностикалап, оған лайық деңгейдегі тірек-конспект пен тапсырмаларды автоматты түрде ұсынатын болады. Осы бағыттар бойынша жүргізілетін эксперименттік зерттеулер ұсынылған теориялық тұжырымдамалардың тәжірибелік негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаталов В.Ф. Педагогическая проза. – Архангельск: 1990. – С. 21.

2. Баранникова Д.Д., Притчина С.И. Формирование пространственного мышления // Тюменский гос. ун-т, 2023.

3. Константинова Л.В., Ворожихин В.В., Петров А.М., Титова Е.С., Штыхно Д.А. Генеративный искусственный интеллект в образовании: дискуссии и прогнозы // Открытое образование. – 2023. – № 2. – С. 36–48.

4. Балашов Ю.В. Когнитивно-визуальный подход к обучению математике как эффективное средство математического развития учащихся // Педагогическое мастерство: материалы V Междунар. науч. конф. (г. Москва, ноябрь 2014 г.). – Москва: Буки-Веди, 2014. – С. 62–65.

5. Терджанян А.А. Средства визуализации в процессе обучения геометрическим понятиям // Ratio et Natura. – 2022. – № 2(6). – С. 250–251.

ҒТАМА: 14.25.07

10-11 СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ОҚЫТУДА СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Аблай А.Т., «7М01511 - Математика» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты; **Жумалиева Л.Д.,** PhD, аға оқытушы
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
alua150909@gmail.com

Аннотация: Бұл жұмыста 10-11 сыныптарда қолданбалы есептерді оқытуда статистикалық әдістерді пайдаланудың маңыздылығы мен тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі, дисперсиясы, орташа квадраттық ауытқуы және модасы есептелетін есептер қарастырылды. Сонымен қатар, нақты деректер негізінде вариациялық қатар құрастырылып, жиілік кестесі анықталды, гистограмма және жиілік полигоны тұрғызылды.

Есептерді Excel бағдарламасы көмегімен орындау нәтижесінде есептеу процесінің жылдамдығы артатыны, нәтижелердің дәлдігі қамтамасыз етілетіні және деректерді көрнекі түрде ұсыну мүмкіндігі кеңейетіні анықталды. Графикалық бейнелеу тәсілдері статистикалық заңдылықтарды түсінуді жеңілдететіні байқалды.

Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістеменің оқушылардың теориялық білімдерін практикада тиімді қолдануына, деректерді талдау дағдыларын дамытуға және оқу үдерісінің сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті.

Кілт сөздер: статистикалық әдістер, қолданбалы есептер, математикалық статистика, кездейсоқ шама, математикалық күтім, дисперсия, вариациялық қатар, деректерді талдау.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде математиканы оқыту тек теориялық біліммен шектелмей, оны практикалық жағдайларда қолдана алу дағдыларын қалыптастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, статистикалық әдістерді қолданбалы есептер арқылы оқыту ерекше маңызға ие. Статистикалық әдістер – деректерді жинау, өңдеу, талдау және қорытынды жасауға бағытталған тәсілдер жиынтығы болып табылады. Олар нақты өмірлік құбылыстарды сандық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді.

Қолданбалы есептер – математикалық білімді нақты жағдайларда қолдануға бағытталған есептер. Мұндай есептерді шешу барысында оқушылар деректерді талдауға, модель құруға және нәтижелерді интерпретациялауға үйренеді. Бұл өз кезегінде олардың функционалдық сауаттылығын арттырады.

Үлкен көлемдегі деректерді жинау, өңдеу және ұсыну тәсілдерін зерттейтін ғылым- статистика деп аталады [1]. Математикалық статистика деректер негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік беретін ғылым саласы болып табылады. Оның негізгі ұғымдарына кездейсоқ шама, математикалық

күтім, дисперсия және вариациялық қатар жатады. Кездейсоқ шама – белгілі бір тәжірибе нәтижесінде мәндері өзгеріп отыратын шама. Математикалық күтім – кездейсоқ шаманың орташа мәнін сипаттайды, ал дисперсия мен орташа квадраттық ауытқу оның мәндерінің орта шамадан қаншалықты ауытқитынын көрсетеді. Вариациялық қатар – деректерді өсу немесе кему ретімен орналастыру арқылы алынатын тізбек, ол мәліметтердің құрылымын талдауға мүмкіндік береді.

Деректерді талдау – статистикалық әдістердің негізгі мақсаты болып табылады, ол арқылы заңдылықтар анықталып, негізделген шешімдер қабылданады. Осы үдерісте оқыту әдістемесі маңызды рөл атқарады, себебі дұрыс ұйымдастырылған оқу процесі оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты әдістемелік тұрғыдан күрделі қолданбалы есептерді Excel бағдарламасы көмегімен шығару ұсынылады. Excel қолдану есептеу жұмыстарын автоматтандырып, нәтижелердің дәлдігін арттыруға және деректерді көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың статистикалық білімдерін тереңдетіп қана қоймай, оларды заманауи цифрлық құралдарды тиімді қолдануға үйретеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі, дисперсиясы, орташа квадраттық ауытқуы және модасы есептелетін есептер қарастырылды. Нақты деректер негізінде вариациялық қатар құрастырылып, жиілік кестесі анықталды, гистограмма және жиілік полигоны тұрғызылды. Есептер Excel бағдарламасы көмегімен орындалды

Теориялық тұжырымдарды нақтылау үшін келесі мысалдарды қарастырайық [2].

1-мысал:

$X\epsilon\{-2;\ -1;\ \ 0;\ 1;\ 2\ \},\qquad Y\epsilon\{0,1,;0{,}2\ ;\ 0{,}3;\ 0{,}3,;\ 0{,}1\ \}$

заңдылығымен берілген. Кездейсоқ шаманың а) математикалық үмітін; ә) дисперсиясын; б) орташа квадраттық ауытқуын табу керек.

Шешуі:

а) математикалық үмітін (орта мән) табу:

$$M(X) = x_1p_1 + x_2p_2 + \ldots + x_np_n$$

$M(X) = (-2)\cdot 0{,}1 + (-1)\cdot 0{,}2 + 0\cdot 0{,}3 + 1\cdot 0{,}3 + 2\cdot 0{,}1 = 0{,}1.$

ә) алдымен $M(X^2)$ - ты анықтап алу керек:

$M(X^2) = (-2)^2\cdot 0{,}1 + (-1)^2\cdot 0{,}2 + 0^2\cdot 0{,}3 + 1^2\cdot 0{,}3 + 2^2\cdot 0{,}1 = 1{,}3$

Анықтама. X кездейсоқ шамасының математикалық күтімінен ауытқуының квадратының математикалық күтімі кездейсоқ шаманың дисперсиясы деп аталады [2]. Енді дисперсияны есептейміз:

$$D(M) = M(X^2) - (M(X))^2 = 1{,}3 - (0{,}1)^2 = 1{,}29$$

б) Дисперсия - ауытқу квадратының математикалық үміті.

$$\sigma(x) = \sqrt{D(x)}$$

саны X кездейсоқ шамасының орташа квадраттық ауытқуы деп аталады [3].

$$\sigma(x) = \sqrt{D(x)} = \sqrt{1{,}29} = 1{,}136$$

Excel бағдарламасында есептейік:

	A	B	C	D	E	F	G
1	X	P					
2	-2	0,1					
3	-1	0,2					
4	0	0,3					
5	1	0,3					
6	2	0,1					
7							
8	M(X)	0,1	=СУММПРОИЗВ(A2:A6;B2:B6)				
9	M(X^2)	1,3	=СУММПРОИЗВ((A2:A6)^2;B2:B6)				
10	$D(M)$	1,29	=СУММПРОИЗВ((A2:A6)^2;B2:B6) - (СУММПРОИЗВ(A2:A6;B2:B6))^2				
11	$\sigma(x)$	1,13578167	=КОРЕНЬ(СУММПРОИЗВ((A2:A6)^2;B2:B6)-(СУММПРОИЗВ(A2:A6;B2:B6))^2)				

Статистикалық әдістер қолданбалы есептерді оқытуда кездейсоқ шамалардың үлестірімін талдау арқылы олардың орташа мәні мен өзгергіштігін анықтауға мүмкіндік береді. Математикалық күтім, дисперсия және орташа квадраттық ауытқу сияқты көрсеткіштер деректердің құрылымын сипаттап, нәтижелерді ғылыми тұрғыда түсіндіруге негіз болады. Сонымен қатар, мұндай есептерді ақпараттық технологиялар (мысалы, Excel) көмегімен орындау есептеулерді жеңілдетіп, білім алушылардың аналитикалық және цифрлық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

2-мысал: X - кездейсоқ шамасының мәндері: 2; 4; 7; 8; 9, үлестірілім заңы P - шамасының мәндері: 0,1; 0,2; 0,3; 0,3; 0,1 түрінде берілген. Математикалық күтім мен моданы тап [3].

Шешуі:

Математикалық күтім:

$$M(X) = 2 \cdot 0{,}1 + 4 \cdot 0{,}2 + 7 \cdot 0{,}3 + 8 \cdot 0{,}3 + 9 \cdot 0{,}1 = 6{,}4$$

Анықтама. Ықтималдығы ең жоғары болатын кездейсоқ шаманың мәні кездейсоқ шаманың модасы деп аталады [3]. Берілген үлестірімде ең үлкен ықтималдық 0,3 оған сәйкес мәндер 7 және 8.

Excel бағдарламасында есептейік:

	A	B	C	D	E
1	X	P			
2	2	0,1			
3	4	0,2			
4	7	0,3			
5	8	0,3			
6	9	0,1			
7					
8	M(X)	6,4			
9	Мода	7	=ИНДЕКС(A2:A6;ПОИСКПОЗ(МАКС(B2:B6);B2:B6;0))		
10	Мода	8			

Бұл есепте дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі мен модасы анықталды. Математикалық күтім шаманың орта мәнін сипаттаса, мода ең ықтимал мәндерді көрсетеді. Бұл көрсеткіштер деректердің жалпы мінез-құлқын түсінуге және талдау жасауға мүмкіндік береді.

3-мысал:

Ақмола облысының фермері бидай өсіреді. Бидай өнімділігін арттыру үшін фермер тыңайтқышты қолданып, оны зерттемекші болды. Ол жерінің бір бөлігіне тыңайтқыш қолданады, екінші бөлігіне тыңайтқыш қолданбайды. Бірақ екі бөліктегі бидай егістігін бірдей күтті. Күзде екі бөлікте өсірілген егістіктің әрқайсысынан кездейсоқ 150 масақтан теріп алынды және әр масақтағы бидай дәні саналды [4].

Тыңайтқыш қолданған жерден алынған бидай масағындағы дәндер саны:

6 7 7 4 9 5 5 5 8 9 8 9 7 7 5 8 7 6 6 7 9 7 7 7 8 9 3 7 4 8 5 10 8 6 7 6 7 5 6 8 7 9 4 4 9 6 8 5 8 7 7 4 7 8 10 6 10 7 7 7 9 7 7 8 6 8 6 8 7 4 8 6 8 7 3 8 7 6 9 7 6 9 7 6 8 3 9 5 7 6 8 7 9 7 8 4 8 7 7 7 6 6 8 6 3 8 5 8 7 6 7 4 9 6 6 6 8 4 7 8 9 7 7 4 7 5 7 4 7 6 4 6 7 7 6 7 8 7 6 6 7 8 6 7 10 5 13 4 11 12

Берілген деректерді бастапқы күйінде талдау қиын болғандықтан, оларды өңдеп, көрнекі түрде көрсету қажет. Ол үшін мәліметтер өсу ретімен орналастырылып, вариациялық қатар құрылады. Жиілік кестесін құру үшін берілген таңдалым санын мәндерінен бір-бірден алып, оларды өсу тәртібімен жазамыз. Осылай алынған сандар тізбегін вариациялық қатар, вариациялық қатардың әрбір элементін нұсқалық деп атайды [4]. Вариациялық қатардың әрбір мәні нұсқа деп аталады. Зерттеу нәтижесінде масақтағы дән саны 3-тен 13-ке дейін өзгеретіні анықталды. Әр мәннің кездесу жиілігін анықтап, мәліметтер жиілік кестесіне енгізіледі.

Бидай дәнінің саны, x_i	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	Ығыспалы қатар
Жиілігі n_i	4	13	11	28	46	27	14	4	1	1	1	Таңдалым көлемі 150-ге тең

Excel бағдарламасында есептейік:



Координаталары топтастыру интервалдарының орташа мәндері мен осы интервалдардың салыстырмалы жиілігіне сәйкес нүктелерді қосатын сынық салыстырмалы жиіліктің полигоны деп аталады [5]. Берілген есепте қолданбалы есептерді оқытуда статистикалық әдістердің маңыздылығы көрініс тапты. Excel бағдарламасы арқылы деректер өңделіп, жиілік кестесі, гистограмма және жиілік полигоны құрылды. Бұл әдістер мәліметтердің таралу заңдылықтарын көрнекі түрде көрсетуге, негізгі сипаттамаларын талдауға және қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, статистикалық тәсілдер нақты деректер негізінде талдау жүргізіп, білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

4- мысал:

Вагон доңғалақтарының қызмет ету мерзімі мен олардың тозу шамасы арасындағы тәуелділікті зерттеу үшін корреляциялық кесте түрінде берілген эмпирикалық деректер қарастырылады [6].

Зерттеу барысында екі кездейсоқ шама енгізіледі:

X – вагон доңғалағының қызмет ету мерзімі(жыл),

Y – доңғалақ жиегінің орташа тозуы (мм).

Айнымалылардың мүмкін мәндері сәйкесінше:

$X\epsilon\{0,1,2,3,4,5,6,7\}$, $Y\epsilon\{0,2,7,12,17,22,27,32,37,42\}$

Берілген шамалардың бірлескен үлестірімі n_{ij} жиіліктерімен сипатталатын корреляциялық кесте (1- сурет) арқылы ұсынылған, мұнда n_{ij} – $X = x_i$ және $Y = y_i$ мәндерінің бір мезгілде байқалу санын білдіреді. Осы деректер негізінде кездейсоқ шамалар арасындағы сызықтық байланысты сандық тұрғыдан бағалау, корреляция коэффициентін анықтау және сәйкес регрессиялық тәуелділіктерді құру талап етіледі.

Excel бағдарламасында есептейік:



X \ Y	0	2	7	12	17	22	27	32	37	42	n_i
0	3	6	0	0	0	0	0	0	0	0	9
1	25	108	44	8	2	0	0	0	0	0	187
2	3	50	60	21	5	5	0	0	0	0	144
3	1	11	33	32	13	2	3	1	0	0	96
4	0	5	5	13	13	7	2	0	0	0	45
5	0	0	1	2	12	6	3	2	1	0	27
6	0	1	0	1	0	0	2	1	0	1	6
7	0	0	1	1	0	0	0	1	0	0	3
mj	32	181	144	78	45	20	10	5	1	1	

n_ij 517

∑x_i n_i 1135 — $\bar{x}$ 2,1953578 — =B12/D11

∑y_j m_j 4020 — $\bar{y}$ 7,7756286

=СУММПРОИЗВ(B1:K1;B10:K10)

$\sum x_i^2 n_i$ 3385 — σ_x^2 1,7277928 — σ_x 1,3144553

$\sum y_j^2 m_j$ 57240 — σ_y^2 50,255267 — =B16/$D$11-E13^2 — σ_y 7,0890949 — =КОРЕНЬ(F16)

жиіліктер	0	2	7	12	17	22	27	32	37	42
0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
1	0	216	308	96	34	0	0	0	0	0
2	0	200	840	504	170	220	0	0	0	0
3	0	66	693	1152	663	132	243	96	0	0
4	0	40	140	624	884	616	216	0	0	0
5	0	0	35	120	1020	660	405	320	185	0
6	0	12	0	72	0	0	324	192	0	252
7	0	0	49	84	0	0	0	224	0	0

$\sum x_i y_i n_{ij}$ 12107 — =СУММ(B18:K25) — r_{xy} 0,6811874

C_{xy} 6,3475078 — =B27/$D$11-E12*E13

Yx = aX + b — $\bar{y}_x = 3.67x - 0.29$ — a 3,6737668 — =B28/F15 — Xy = cY + d — $\bar{x}_y = 0.126x + 1.213$ — c 0,1263053

b -0,2896042 — d 2,1953578

Нәтижелер. Есептерді Excel бағдарламасы көмегімен орындау нәтижесінде есептеу үдерісінің жылдамдығы артатыны, нәтижелердің дәлдігі қамтамасыз етілетіні және деректерді көрнекі түрде ұсыну мүмкіндігі кеңейетіні анықталды. Графикалық бейнелеу тәсілдері статистикалық заңдылықтарды түсінуді жеңілдететіні байқалды.

Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістеменің оқушылардың теориялық білімдерін практикада тиімді қолдануына, деректерді талдау дағдыларын дамытуға және оқу үдерісінің сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті.

Есепті шығару нәтижесінде зерттелетін шамалар үшін орта мәндер, дисперсиялар, орташа квадраттық ауытқулар, ковариация және корреляция коэффициенті анықталды, сондай-ақ сызықтық регрессия теңдеулері құрылды. Алынған нәтижелер айнымалылар арасында оң бағыттағы сызықтық байланыс бар екенін көрсетті. Есептеулер Excel бағдарламасында формулалар арқылы орындалып, нәтижелердің дәлдігі қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, деректерді автоматты өңдеу және графикалық түрде көрсету мүмкіндігі жүзеге асырылды. Алынған нәтижелер статистикалық әдістердің деректер арасындағы тәуелділікті сандық тұрғыдан бағалауда және қолданбалы есептерді оқытуда тиімді құрал екенін көрсетті.

Зерттеу барысында ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік есептер арқылы дәлелденді. Қолданбалы есептерді статистикалық әдістер негізінде және Excel бағдарламасын пайдалану арқылы шығару оқушылардың есептеу әрекеттерін жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретіні байқалды. Дәстүрлі қолмен есептеумен салыстырғанда, есептеу процесі жылдам орындалып, нәтижелердің дәлдігі жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі.

Қорытынды. Қорытындылай келе, 10- 11 сыныптарда қолданбалы есептерді оқытуда статистикалық әдістерді пайдалану оқушылардың математикалық білімін тереңдетіп қана қоймай, оны практикалық тұрғыдан

қолдану дағдыларын тиімді қалыптастыратыны анықталды. Зерттеу барысында статистикалық ұғымдарды (математикалық күтім, дисперсия, вариациялық қатар және т.б.) қолданбалы есептер арқылы меңгеру оқушылардың логикалық, аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні көрсетілді.

Сонымен қатар, Excel бағдарламасын қолдану есептеу үдерісін жеделдетіп, нәтижелердің дәлдігін арттырып, деректерді көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік беретіні дәлелденді. Бұл оқушылардың күрделі есептерді жеңіл қабылдауына және статистикалық мәліметтерді терең түсінуіне жағдай жасайды.

Жұмыс нәтижесінде ұсынылған әдістеме теориялық білім мен практикалық дағдылардың өзара байланысын күшейтіп, оқыту процесінің тиімділігін арттыратыны анықталды. Осылайша, статистикалық әдістерді ақпараттық технологиялармен ұштастыра отырып оқыту – қазіргі білім беру талаптарына сай келетін, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды педагогикалық тәсіл болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Высоцкий И. Р., Макаров А. А., Тюрин Ю. Н., Ященко И. В. Теория вероятностей и статистика. 7-9 классы: учебное пособие. – Москва: Просвещение, 2020. - 256 б., 5-бет.
2. Шыныбеков Ә. Н., Шыныбеков Д. Ә., Жұмабаев Р. Н. Алгебра және анализ бастамалары: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Атамұра, 2019. - 272 б., 244 - 249 -бб.
3. Әбілқасымова А. Е., Кучер Т. П., Корчевский В. Е., Жұмағұлова З. Э. Алгебра және анализ бастамалары: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019. – 176 б., 126–137 -бб.
4. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р.Н. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 76–91 -бб.
5. Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Э. Алгебра және анализ бастамалары. 11-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 54–55 -бб.
6. Данко П. Е., Попов А. Г., Кожевникова Т. Я. Высшая математика в упражнениях и задачах: учебное пособие для студентов вузов. В 2-х ч. Ч. 1. – Москва: Высшая школа, 1986. – 415 б., 223–227-бб.

ҒТАМА: 27.01.45

МОДУЛЬ ТАҢБАСЫ БАР ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ГРАФИКТЕРІН САЛУ ӘДІСТЕРІ

Айтмұрат Ұ.Е., 7М01511 тобының 1-курс магистранты;
Нұрахметов Д.Б., PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
ulmekena04@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада модуль таңбасы арқылы берілген функциялардың графиктерін салудың әртүрлі әдістері қарастырылады. Модульді функциялардың математикалық анықтамасы мен олардың негізгі қасиеттеріне сипаттама беріліп, графигін тұрғызудың тәсілдері жүйелі түрде көрсетіледі. Зерттеу барысында функцияны бөліктерге бөліп қарастыру, симметрия қасиеттерін қолдану және графикті түрлендіру әдістеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, мақалада математик-ғалым Игорь Фёдорович Шарыгин ұсынған графиктік талдау әдісіне тоқталып, оның модульді функциялардың графигін салудағы тиімділігі көрсетіледі. $y = |f(x)|$ түріндегі функциялардың графигін салудың өзіндік ерекшеліктері егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Соның ішінде функцияның Ox өсінен төмен орналасқан теріс мәнді бөлігін Ox өсіне симметриялы түрде жоғары көшіру арқылы графикті құрудың алгоритмдік тәсілі сипатталады. Модуль арқылы берілген функцияның туындысын таппай-ақ зерттеу көрсетіледі.

Кілт сөздер: модуль, модульді функция, графиктерді салу әдістері, функцияларды түрлендіру, симметрия, функцияны зерттеу.

Кіріспе. Мектеп бағдарламасында жоғары сынып оқушылары үшін математика курсында функцияны талдауды оқып үйрену маңызды орынға ие. Осының ішінде модульді функция оқушылар үшін күрделі тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі модульді функция шартқа байланысты функцияны бөліктеп қарастыруды талап етеді. Сонымен жалпы модуль ұғымына тоқталайық. a санының модулі дегеніміз координаталық түзудегі координатасы a-ға тең нүктенің санақ басынан (бірлік кесінді есебімен) қашықтығы [1, Б.87].

Модуль анықтамасы келесідей түрде көрсетіледі [1, Б.88]:

$$|a| = \begin{cases} a, \text{егер } a > 0 \text{ болса;} \\ 0, \text{егер } a = 0 \text{ болса,} \\ -a, \text{егер } a < 0 \text{ болса.} \end{cases}$$

Мектеп бағдарламасының 6-сыныбында алғаш модуль ұғымы енгізіледі. Сондай-ақ айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу және теңсіздіктерді шешуді үйренеді. 8-сыныпта $y = |x|$

түріндегі функциямен танысса, 10-сыныпта осы функцияны жан-жақты зерттеумен айналысады.

Біздің қарастыратын мәселеміз модульді функция және оның графигін салу жолдары. Модульді функция дегеніміз $y = |f(x)|$ түрінде берілген аргументтің абсолют шамасын сипаттайтын функция. Модульді функцияны анықтамаға сәйкес келесі түрде жазуға болады [2, Б.89].

$$|f(x)| = \begin{cases} +f(x), x - \text{тің } f(x) \geq 0 \text{ болатын мәндері үшін} \\ -f(x), x - \text{тің } f(x) \leq 0 \text{ болатын мәндері үшін} \end{cases} \quad (1)$$

Анықтамадан көріп отырғанымыздай модульді функцияның графигін салу үшін біз жағдайларды қарастыруымыз керек. Көп жағдайда оқушылар модульдің анықтамасын формальды түрде жаттап алады, бірақ оны есеп шығаруда дұрыс қолдана алмайды. Сондықтан модуль функциясын оқытуда тиімді әдістемелік тәсілдерді анықтау өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты бірнеше мысал есептер қарастырайық.

Материалдар мен әдістер.

1-есеп [2, 49-есеп, Б.98].

Берілген функцияның графигін салыңыз:

$$y = |x - 1| \quad (2)$$

Шешуі: Функцияның графигін екі түрлі әдіспен салайық.

1-әдіс. Модуль анықтамасы бойынша:

1-қадам. Алдымен модуль ішіндегі өрнектің нөлін табамыз: $x - 1 = 0 \Rightarrow x = 1$. Енді біз $x \geq 1$ және $x < 1$ аралықтарын қарастырамыз.

2-қадам. Аралықтардағы таңбаны анықтаймыз:

1) $x \geq 1$ болғанда $|x - 1| = x - 1$ болады.

2) $x < 1$ болғанда $|x - 1| = -(x - 1) = 1 - x$ болады.

Демек біз мынадай функция аламыз: $y = \begin{cases} x - 1, & x \geq 1, \\ 1 - x, & x < 1. \end{cases}$

3-қадам. Енді функцияның графигін салайық (1-суретті қараңыз).



1 – сурет. $y = |x - 1|$ функциясының 1-әдіс бойынша графигі

2-әдіс. Екінші әдіспен шешу үшін модуль қасиетін еске түсірейік. Яғни модуль таңбасынан ылғи оң мәндерді аламыз, демек біз (2)-функцияның графигінің Ox өсінен төмен жатпайтынын түсінеміз. Сонда біз $y = x - 1$

функциясының графигін салып, оның Ox өсінен төмен жатқан бөлігін Ox өсіне симметриялы жоғары көтерсек жеткілікті, оны 2-суреттен көре аламыз.



2 – сурет. $y = |x - 1|$ функциясының 2-әдіс бойынша графигі

2-есеп [3, 3,16-есеп, Б.109].

Функцияның графигін салыңыз:

$$y = |x^2 + x - 2| \tag{3}$$

Шешуі: Бұл есепті де екі түрлі әдіспен шешейік.

1-әдіс. 1-қадам. (1)-формуланы қолданамыз. Алдымен модуль ішіндегі өрнектің түбірлерін анықтаймыз: $x^2 + x - 2 = 0 \Rightarrow x_1 = 1, x_2 = -2$. Енді біз $x < -2; -2 \leq x < 1$ және $x \geq 1$ деген аралықтарды аламыз.

2-қадам. Осы аралықтардағы өрнектің таңбасын анықтаймыз. Ол үшін осы аралықтардан бір сан алып, x-тің орнына қойып есептейміз.

1) $x \in (-\infty; -2)$ болса, модуль ішіндегі өрнекті былай ашамыз: $|x^2 + x - 2| = x^2 + x - 2$;

Сонда функция: $y = x^2 + x - 2$.

2) $x \in [-2; 1)$ болса, модуль ішіндегі өрнекті былай ашамыз: $|x^2 + x - 2| = -(x^2 + x - 2)$;

Сонда функция: $y = -(x^2 + x - 2)$.

3) $x \in [1; +\infty)$ болса, модуль ішіндегі өрнекті келесі түрде ашамыз: $|x^2 + x - 2| = x^2 + x - 2$ болады.

Сонда функция: $y = x^2 + x - 2$.

Енді жоғарыдағы есептеулер негізінде берілген функцияны жинақтап жазып алайық:

$$y = \begin{cases} x^2 + x - 2, & (-\infty; -2), \\ -(x^2 + x - 2), & [-2; 1), \\ x^2 + x - 2, & [1; +\infty). \end{cases}$$

3-қадам. Енді функцияның графигін саламыз (3-суретті қараңыз).



3 – сурет. $y = |x^2 + x - 2|$ функциясының 1-әдіс бойынша графигі

2-әдіс. Ол үшін (3)-функцияны модульсыз жазып аламыз, сонда ол $y = x^2 + x - 2$ түрінде болады. Енді осы функцияның графигін саламыз, ол үшін функцияны $y = a(x - m)^2 + n$ түріне келтіреміз: $y = \left(x + \frac{1}{2}\right)^2 - \frac{9}{4}$. Содан кейін графиктің Ox өсінен төмен жатқан бөлігін Ox өсіне симметриялы жоғары көтереміз, ол 4-суретте көрсетілген.



4 – сурет. $y = |x^2 + x - 2|$ функциясының 2-әдіс бойынша графигі

Біз бір ғана модуль арқылы берілген функциялардың графиктерін салдық, енді бірден артық модуль арқылы берілген функцияның графигін салып көрейік.

3-есеп [4, 10-есеп, Б.75].

Функцияның графигін салыңыз:

$$y = |x + 1| - 2|x - 2| + |x + 2| - x \qquad (4)$$

Шешуі: 1-әдіс. 1-қадам. (1)-формула бойынша әр модульдың ішіндегі өрнектердің жеке-жеке түбірлерін тауып аламыз:

$$\begin{cases} x + 1 = 0, \\ x - 2 = 0, \\ x + 2 = 0, \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = -1 \\ x = 2 \\ x = -2 \end{cases}.$$

Енді осы түбірлер негізінде аралықтарға бөлеміз:

$$(-\infty; -2), [-2; -1), [-1; 2) \text{ және } [2; +\infty) \qquad (5)$$

2-қадам. Осы аралықтардағы өрнектердің таңбасын анықтап, (4)-функциядағы модульдерді ашып жазамыз:

1) $x \in (-\infty;-2)$ болса, $|x+1| = -(x+1);\ |x-2| = -(x-2);\ |x+2| = -(x+2)$ болады. Сонда берілген функциямыз келесі түрге келеді:

$$y = -(x+1) - 2\big(-(x-2)\big) - (x+2) - x$$

Соңғы функцияны ықшамдасақ:

$$y = -x - 7, x \in (-\infty;-2);$$

2) $x \in [-2;-1)$ болса, $|x+1| = -(x+1);\ |x-2| = -(x-2);\ |x+2| = x+2$ болады. Сонда берілген функциямыз келесі түрге келеді:

$$y = -(x+1) - 2\big(-(x-2)\big) + x + 2 - x$$

Соңғы функцияны ықшамдасақ:

$$y = x - 3, x \in [-2;-1)$$

3) $x \in [-1;2)$ болса, $|x+1| = x+1;\ |x-2| = -(x-2);\ |x+2| = x+2$ болады. Сонда берілген функциямыз мынадай түрде болады:

$$y = x + 1 - 2\big(-(x-2)\big) + x + 2 - x$$

Соңғы функцияны ықшамдасақ:

$$y = 3x - 1, x \in [-1;2)$$

4) $x \in [2;+\infty)$ болса, $|x+1| = x+1;\ |x-2| = x-2;\ |x+2| = x+2$ болады. Сонда берілген функциямыз мынадай түрде болады:

$$y = x + 1 - 2(x-2) + x + 2 - x$$

Соңғы функцияны ықшамдасақ:

$$y = -x + 7, x \in [2;+\infty).$$

Енді график салуға ыңғайлы болуы үшін жоғарыдағы есептеулер негізінде берілген функцияны жинақтап жазып алайық:

$$y = \begin{cases} -x-7, & (-\infty;-2), \\ x-3, & [-2;-1), \\ 3x-1, & [-1;2), \\ -x+7, & [2;+\infty). \end{cases} \tag{6}$$

3-қадам. Мұнда біз аралықтардағы өрнектердің таңбасын алгебралық әдіспен яғни орнына сан қою арқылы еептедік, бұл қазіргі мектеп оқулықтарында көрсетілетін классикалық әдіс. Енді функцияның графигін салайық (5-суретті қараңыз).



5 – сурет. $y = |x + 1| - 2|x - 2| + |x + 2| - x$ функциясының 2-әдіс бойынша графигі

2-әдіс. Есепті геометриялық әдіспен шешейік. Ол үшін алдымен әр модульмен берілген өрнектерді жеке алып, графигін саламыз. Графикті жоғарыда көрсетілген 1-есепті шешудің 2-әдісі арқылы саламыз. Алдымен бір функция үшін көрсетейік: $y = |x + 1|$. Мұндағы Ox өсіне симметриялы көшірген бөлігі, берілген функцияға қарама-қарсы функция болады: $y = -(x + 1)$. Оны 6-суреттен көре аламыз.



6 – сурет. $y = |x + 1|$ функциясының графигі

Дәл осылай қалған модульдерді ашып, бір жазықтықта белгілеп аламыз (7-суретті қараңыз).



7 – сурет. Модуль ішіндегі өрнектердің графигі

Әр функцияның Ox өсінен қиылған, яғни симметриялы көшірілген бөлігінің функциясын жазып аламыз:

1) $y = |x + 1|$ функциясы: $(-\infty; -1)$ аралығында $y = -x - 1$, ал $[-1; +\infty)$ аралығында $y = x + 1$ болады.

2) $y = |x - 2|$ функциясы: $(-\infty; 2)$ аралығында $y = -x + 2$, ал $[2; +\infty)$ аралығында $y = x - 2$ болады.

3) $y = |x + 2|$ функциясы: $(-\infty; -2)$ аралығында $y = -x - 2$, ал $[-2; +\infty)$ аралығында $y = x + 2$ болады.

(5)-ке сәйкес әр аралықты жеке есептейік:

1) $x \in (-\infty; -2)$ болса, бұл аралықта барлық функцияның сол жақ бөлігі жатыр, енді орнына қоямыз: $y = -x - 1 - 2(-x + 2) - x - 2 - x = -x - 7$. Қалған аралықтарды да осылай есептейміз.

2) $x \in [-2; -1)$ болса, $y = -x - 1 - 2(-x + 2) + x + 2 - x = x - 3$.

3) $x \in [-1; 2)$ болса, $y = x + 1 - 2(-x + 2) + x + 2 - x = 3x - 1$.

4) $x \in [2; +\infty)$болса, $y = x + 1 - 2(x - 2) + x + 2 - x = -x + 7$.

Функцияларды жинақтап жазатын болсақ, (6)-түрде болады, ал графигі 5-суретте көрсетілген. Мұнда біз модуль ішіндері өрнектерді аралықтарда геометриялық әдіспен аштық, бұл әдіс мектеп оқулықтарында көрсетілмеген. Модуль таңбасымен берілген функциялардың графигін салудың бұл әдісін ресейлік математик, әрі геометр ғалым И.Ф.Шарыгин өз еңбектерінде кеңінен қарастырған. Бұл әдіс оқушылардың функция графиктерін терең түсінулеріне көп көмектеседі.

Нәтижелер. Модуль арқылы берілген функциялардың графиктерін сала білу өте маңызды, себебі ол оқушыларға модуль ұғымын жақсы түсінуге, оның қасиеттерін талдай алуына және графиктерді түрлендірулерді тереңірек меңгерулеріне көмектеседі. График салу арқылы оқушылар функцияны толық зерттей алады, яғни оның анықталу облысын, мәндер жиынын, жұп немесе тақтылығын, аралықтардағын өзгерістерін оңай таба алады. Сонымен қатар тек қана функцияны зерттеуде емес, теңдеу және теңсіздіктерді шешуде үлкен септігін тигізеді [5]. Енді функцияны зерттеуге байланысты мысал келтірейік.

5-есеп [6, 7.139-есеп, Б.241].

Функцияны зерттеп, графигін салыңыз: $y = \frac{|x-1|}{x-1}(x^2 - 4)$.

Шешуі: әдетте функцияны толық зерттеу үшін туындыны пайдаланамыз, бірақ біз бұл функцияны туындыны пайдаланбай, графигіне қарап зерттейік. Модуль ішінде берілген өрнектің түбірін табамыз: $x - 1 = 0 \Rightarrow x = 1$. Бірақ біз бөлшектің бөліміне қарайтын болсақ $x \neq 1$ болатынын көреміз. Ал енді аралықтарға бөлеміз: $(-\infty;1)$ және $(1; +\infty)$. Енді осы аралықтардағы модуль ішіндегі өрнектің таңбасын ескеріп, ықшамдам, жүйе ретінде жазып алайық:

$$y = \begin{cases} -x^2 + 4, & (-\infty; 1) \\ x^2 - 4, & (1; +\infty) \end{cases} (x \neq 1).$$

Енді функцияның графигін саламыз (9-суретте көрсетілген). Бұл мақалада суреттерді салу үшін Desmos қосымшасы пайдаланылды [7].



9 – сурет. $y = \frac{|x-1|}{x-1}(x^2 - 4)$ функциясының графигі

Функцияны зерттейміз:

1. Анықталу облысы. $D(f) = (-\infty; 1) \cup (1; +\infty)$.
2. Мәндер жиыны. $E(f) = R$.
3. Өстермен қиылысу нүктелері: (-2; 0), (2; 0), (0; 4)
4. $(-\infty; 0),\ (1; +\infty) -$ өседі, (0; 1) – кемиді
5. Тік асимптота: x=1.
6. Функция жұп та емес, тақ та емес. Периодты емес.

Осылайша графигіне қарап функцияны толық зерттедік.

Қорытынды. Қорытындылай келе, модуль таңбасы арқылы берілген функциялардың графиктерін салуды меңгеру оқушылардың функция ұғымын терең түсінуіне мүмкіндік береді. Модульді функцияны шешу кезінде бөліктерге бөліп қарастыру, симметрияны қолдану және графикті түрлендіру тиімді екені анықталды. Сонымен қатар, И.Ф. Шарыгин әдісі графиктерді көрнекі әрі тиімді салуға көмектесетінін көре алдық. Қарастырылған әдістерді оқу процесінде қолдану оқушылардың түсіну деңгейін арттырады және практикалық дағдыларын қалыптастырады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Алдамұратова Т.А., Байшоланов Т.С., Байшоланов Е.С. Математика. Жалпы білім беретін 6-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді. 4-бас. – Алматы: Атамұра, 2015. – 208 бет.
2. Отарбаев С. Математика курсындағы кейбір мәселелер. – Алматы: Мектеп, 1974. – 113б.
3. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р. Н. Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. — 192 бет.
4. Шарыгин И.Ф., Голубев В.И. Факультативный курс по математике: Решение задач: Учеб. пособие для 11 кл. сред. шк. – М.: Просвещение, 1991. – 384с.: ISBN 5-09-001288-1.

5. Айтмуратова Ф.Н. Модулі бар теңдеулерді шешу жолдары // Математика және физика. 2024. №3 (135). – 68-71 бб.
6. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р. Н. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. — 272 бет.
7. desmos қосымшасының сайты https://www.desmos.com/ [Қаралған күні 30.03.2026 ж.]

ҒТАМА: 27.01.45

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ҚҰРАСТЫРУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ

Ақылбек А., 1-курс магистранты; **Аниярov А.А.,** ф.м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
ahelibiekeayinaer@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада математикалық есептерді өз бетінше құрастыру әдісі арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытудың әдістемелік негіздері мен практикалық маңызы жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру парадигмасында сын тұрғысынан ойлау негізгі құзыреттіліктердің бірі ретінде танылатындықтан, оны математика сабақтарында қалыптастырудың өзектілігі артып отыр. Зерттеу барысында есеп құрастыру (Problem Posing) әдісінің теориялық модельдері зерделеніп, оның Блум таксономиясының жоғары деңгейлеріне сәйкестігі дәлелденді. Мақалада есеп құрастыру әрекетінің төрт негізгі кезеңі — дайын есепті талдау, трансформациялау, өз бетінше модельдеу және рефлексиялық бағалау — сипатталып, олардың әрқайсысының оқушының аналитикалық дағдыларына әсері талданды. Сонымен қатар, практикалық мысалдар мен оқушылардың шығармашылық жұмыстарын бағалауға арналған нақты критерийлер ұсынылды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бұл әдістеме оқушылардың стандартты емес ойлауын дамытып қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығы мен математикалық тілді меңгеру деңгейін едәуір арттырады. Мақаланың қорытындылары мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруда және оқушыларды олимпиадалар мен халықаралық зерттеулерге дайындауда маңызды әдістемелік құрал бола алады.

Кілт сөздер: сын тұрғысынан ойлау, математикалық есеп, есеп құрастыру, математикалық модельдеу, функционалдық сауаттылық, оқыту әдістемесі, Блум таксономиясы.

Кіріспе. Қазіргі таңда жаһандық білім беру кеңістігіндегі басты басымдық – оқушыларға дайын ақпаратты беру ғана емес, сол ақпаратты сараптап, жүйелей алатын дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Осы бағытта сын тұрғысынан ойлау дағдысы XXI ғасырдың ең маңызды құзыреттерінің қатарына енді. Әлемдік деңгейде PISA зерттеулері оқушылардың математикалық сауаттылығын бағалауда тек есеп шығаруды емес, сонымен қатар математикалық ойлау мен шынайы өмірдегі мәселелерді модельдеу қабілетін басты назарға алады [1].

Математикалық білім беру арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту мәселесі халықаралық деңгейде кеңінен зерттелуде. Мәселен, Scopus және Web of Science базаларындағы зерттеулерге сүйенсек, АҚШ, Сингапур және

Финляндия сияқты елдерде «Есеп құрастыру» әдістемесі оқытудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Шетелдік зерттеушілер А.Ливи [2] және С.Силвер [3] өз еңбектерінде оқушылардың есеп құрастыруы олардың танымдық икемділігін арттырып, математикалық құрылымдарды тереңірек түсінуіне мүмкіндік беретінін дәлелдеген. Олардың пайымдауынша, есеп шығару – стандартты алгоритмді қайталау болса, есеп құрастыру – бұл жоғары деңгейдегі метатанымдық әрекет.

Отандық ғылымда бұл мәселе Ш. Құрманалина [4], А. Әбілқасымова [5] сынды ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Отандық зерттеушілер математикалық есептер арқылы функционалдық сауаттылықты арттырудың әдістемелік негіздерін қалап, оқушының танымдық белсенділігін арттыру жолдарын қарастырды. Дегенмен, қазіргі қазақстандық мектептерде оқушының өзіне есеп құрастыруға мүмкіндік беру әлі де болса қосалқы әдіс

Көптеген зерттеулерге қарамастан, оқу процесіндегі бір маңызды қайшылық әлі де шешімін таппай келеді: оқушылар «дайын» есептерді шешуге машықтанғанымен, сол есептің логикалық құрылымын өзгертуге немесе жаңа модель жасауға келгенде қиналады. Оқулықтардағы тапсырмалардың басым бөлігі репродуктивті сипатта, бұл сын тұрғысынан ойлаудың ең жоғары сатысы – Блум таксономиясы бойынша «жасау» кезеңіне өтуге кедергі келтіреді [6].

Осы тақырыптың өзектілігі – білім берудің жаңартылған мазмұнындағы функционалдық сауаттылықты арттыру қажеттілігі мен оқушылардың шығармашылық-аналитикалық әлеуетін ашудың арасындағы байланыстың әлсіздігінде. Бұл зерттеу осы бостықты толтыру мақсатында таңдалды.

Зерттеу мақсаты: Математика сабақтарында есеп құрастыру әдісін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытудың тиімді жолдарын айқындау және оның әдістемелік моделін ұсыну.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалды:

1. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бойынша халықаралық тәжірибе мен ғылыми әдебиеттерге талдау жасау.
2. Математикалық есептерді құрастырудың деңгейлік кезеңдерін (трансформациялау, модельдеу, зерттеу) жүйелеу.
3. Оқушылардың ойлау деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін практикалық тапсырмалар үлгісін әзірлеу.
4. Есеп құрастыру әдісінің оқушы белсенділігіне әсерін бағалау критерийлерін ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында математикалық есептерді құрастырудың оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытудағы әлеуетін ашу үшін келесі ғылыми-теориялық әдістер қолданылды:

1. Теориялық талдау және синтез әдісі

Бұл әдіс сын тұрғысынан ойлау мен есеп құрастыру мәселесіне қатысты отандық және шетелдік педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерделеуге бағытталған.

Сын тұрғысынан ойлаудың құрамдас бөліктері жеке-жеке қарастырылып, олардың математикалық әрекетпен байланысы анықталады. Мысалы, Эдвард Глейзер [7] мен Роберт Эннис [8] еңбектеріндегі сын тұрғысынан ойлау критерийлері математикалық есептердің құрылымымен салыстырылады.

Түрлі зерттеушілердің тұжырымдамалары біріктіріліп, «есеп құрастыру — сын тұрғысынан ойлауды дамытудың құралы» атты біртұтас теориялық модель жасалады.

2. Мазмұндық-логикалық модельдеу әдісі

Бұл әдіс оқушылардың ойлау әрекетін дамытатын математикалық тапсырмалардың құрылымын жобалау үшін қолданылады. Мұнда есеп құрастыру процесі келесі логикалық блоктарға бөлінеді:

- ✓ Оқушы берілген мәліметтердің ішінен қажеттісін таңдауды және қайшылықтарды табуды үйренеді.
- ✓ Дайын есептің шартын немесе сұрағын өзгерту арқылы жаңа логикалық байланыстар орнатылады.
- ✓ Оқушы өз бетінше математикалық модель құрастырып, оның өміршеңдігін (шешімі бар-жоғын) дәлелдейді. Бұл кезеңде Бенжамин Блум [6] таксономиясының жоғары деңгейлеріне негізделген логикалық алгоритмдер жасалады.

Нәтижелер. Зерттеу барысында математикалық есептерді құрастыру әдісінің оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытудағы функционалдық мүмкіндіктері зерделенді. Төменде алынған теориялық және әдістемелік нәтижелер жүйеленіп, практикалық мысалдармен негізделген.

Математикалық білім беру контекстінде сын тұрғысынан ойлау — бұл ақпаратты белсенді өңдеу процесі. Біздің талдауымыз бойынша, бұл процесс келесі төрт негізгі әрекет арқылы көрініс табады:

- ➢ Есеп шарты мен ізделетін мән арасындағы логикалық байланысты жіктеу.
- ➢ Таңдалған шешім жолының математикалық заңдылықтарға сәйкестігін негіздеу.
- ➢ Алынған нәтиженің шынайылығын және есептің құрылымдық дұрыстығын тексеру.
- ➢ Математикалық модельді шынайы өмірлік жағдаяттармен ұштастыру.

Есеп құрастыру әдісі оқушыны «орындаушыдан» «білім құрастырушы субъектіге» айналдырады. Бұл әдісті жүзеге асырудың біз ұсынған төрт деңгейлі алгоритмі төмендегі кестеде көрсетілген:

Математикалық есептерді құрастыру процесі оқушының ойлау әрекетін біртіндеп күрделендіруге негізделеді. Біз зерттеу барысында келесі төрт негізгі кезеңді айқындадық:

1. Дайын есепті талдау кезеңі: Бұл кезеңде оқушылар репродуктивті деңгейден аналитикалық деңгейге өтеді. Олар есептің берілгенін, ізделетін

шамасын және қолданылған математикалық әдісін жіктейді. Бұл сын тұрғысынан ойлаудың «ақпаратты іріктеу» дағдысын қалыптастырады.

2. Есепті трансформациялау кезеңі: Оқушылар дайын модельге өзгерістер енгізеді (сандарды ауыстыру, шартты кеңейту немесе қысқарту). Бұл кезеңде «егер шарты былай болса, нәтиже қалай өзгереді?» деген сұрақ төңірегінде болжам жасау икемділігі дамиды.

3. Өз бетінше есеп құрастыру кезеңі: Бұл – ең жоғары шығармашылық деңгей. Оқушылар параметрлі, зерттеу сипатындағы немесе логикалық есептерді нөлден бастап құрастырады. Бұл кезеңде математикалық модельдеу мен креативті ойлау тоғысады.

4. Рефлексия және өзара бағалау кезеңі: Оқушылар бір-бірінің есептерін шешіп, логикалық қателерді іздейді. Бұл өзгелердің ойлау барысына сараптама жасау арқылы сын тұрғысынан ойлаудың «бағалау» компонентін шыңдайды.

Зерттеу аясында ұсынылған тапсырмалар жүйесі сын тұрғысынан ойлаудың нақты индикаторларын дамытуға бағытталған:

1-мысал (Деректерді саралау): «Тік төртбұрыштың ауданы 24 см², ені 4 см . Ұзындығын табыңыз» есебі негізінде артық мәліметі бар нұсқа құрастыру.

Мақсаты: Оқушыны маңызды және қосалқы ақпаратты ажырата білуге үйрету.

2-мысал (Оңтайландыру және болжау): «Периметрі тұрақты болатын фигура үшін ауданы максимал болатын жағдайға есеп құрастырыңыз».

Мақсаты: Жоғары деңгейлі математикалық абстракция мен зерттеушілік дағдыны дамыту.

3-мысал (Сыни сараптама): «Шешімі болмайтын есеп құрастырыңыз және себебін түсіндіріңіз».

Мақсаты: Математикалық заңдылықтар мен шектеулерді (мысалы, үшбұрыш теңсіздігі) терең сезіну және логикалық қайшылықты дәлелдеу.

Оқушылардың құрастырған есептерін бағалау үшін келесі индикаторлар қолданылды:

Дұрыстығы:
- Математикалық қателер мен қайшылықтардың болмауы.

Логикалық құрылымы:
- Шарт пен сұрақтың толықтығы мен өзара үйлесімділігі.

Күрделілік деңгейі:
- Оқу мақсаттарына сәйкес бірнеше логикалық қадамның болуы.

Шығармашылық:
- Ерекше идеялар мен өмірлік жағдаяттардың кіріктірілуі.

Шешімділігі:
- Құрастырылған есептің нақты шешімі немесе шешілмейтіндігінің математикалық негіздемесі болуы.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, есеп құрастыру әдісін жүйелі қолдану оқушылардың тек математикалық білімін ғана емес, сонымен қатар **стандартты емес ойлау** икемділігін қалыптастырады. Оқушылар өз білімін құрылымдап, математикалық тілде сауатты сөйлеуге дағдыланады.

Бұл әдістеме әсіресе келесі бағыттарда жоғары тиімділік көрсетеді:

- Олимпиадалық дайындық: Күрделі логикалық байланыстарды түсіну.
- Функционалдық сауаттылық: Теорияны практикалық өмірмен ұштастыру.
- Педагогикалық маңыздылық: Болашақ мұғалімдер мен мамандардың танымдық белсенділігін арттыру.

Алынған нәтижелерді халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, келесі тұжырымдар жасалды. Айслинг Ливи [2] есеп құрастыруды когнитивтік дамудың жоғары сатысы деп таныса, біз бұл әдістің әсіресе оқушының рефлексивті дағдыларын арттыратынын анықтадық. Стивен Силвердің [3] шығармашылыққа бағытталған тәсіліне сүйене отырып, біз есеп құрастыру процесін оқушының математикалық тілін дамыту мен функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі құралы ретінде қарастырдық.

Отандық ғалым Алма Әбілқасымованың [5] дидактикалық ұстанымдарымен үндесе отырып, есеп құрастыру әдісі оқушыға білімді тек қабылдаушы емес, оны өндіруші ретінде сезінуге мүмкіндік беретіні дәлелденді. Бұл әдіс олимпиадалық дайындықта, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда және болашақ мамандардың жүйелі ойлауын дамытуда ерекше маңызға ие.

Талқылау нәтижесінде анықталғанындай, есеп құрастыру әдісін қолдану барысында оқушыларда келесі сапалық өзгерістер байқалады:

- Математикалық тілді қолдану дәлдігі артады.
- Мәселені шешудің бір ғана емес, бірнеше балама жолдарын қарастыруға дағдыланады.
- Қателіктерді табу және оларды түзету арқылы өзіндік рефлексиясы дамиды.
- **Қорытынды.** Математикалық есептерді құрастыру арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту мәселесін зерттей келе, келесідей тұжырымдар жасалды:

1. Интеллектуалдық дамудың жаңа деңгейі: Есеп құрастыру әдісі оқушыны дайын алгоритмдерді механикалық түрде орындаудан арылтып, оны білімді жасаушы, зерттеуші деңгейіне көтереді. Бұл процесс Блум таксономиясының ең жоғары – «жасау» сатысына толық сәйкес келеді және оқушының метатанымдық қабілеттерін шыңдайды.
2. Сын тұрғысынан ойлаудың кешенді дамуы: Математикалық модельдерді өз бетінше құру барысында оқушылар ақпаратты сараптау, логикалық қайшылықтарды табу, болжам жасау және өз жұмысына рефлексия жасау дағдыларын меңгереді. Зерттеу барысында ұсынылған

«трансформациялау» және «зерттеу есептерін құру» кезеңдері бұл дағдылардың жүйелі қалыптасуына мүмкіндік береді.

3. Функционалдық сауаттылықты арттыру: Есеп құрастыру әдістемесі математикалық теория мен шынайы өмір арасындағы алшақтықты жояды. Оқушылар өмірлік жағдаяттарды математикалық тілге аудару арқылы пәннің практикалық құндылығын тереңірек сезінеді.

4. Әдістемелік ұсыныс: Мақалада айқындалған бағалау критерийлері мен оқыту кезеңдері мұғалімдерге оқу үдерісін сапалы жоспарлауға көмектеседі. Бұл әдісті жүйелі қолдану тек озық оқушылар үшін ғана емес, барлық білім алушылардың танымдық уәжін арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Түйіндей келгенде, математикалық есептерді құрастыру — заманауи білім беру парадигмасының талаптарына сай келетін, оқушының тұлғалық және зияткерлік әлеуетін ашатын іргелі әдіс. Алдағы уақытта бұл бағыттағы зерттеулерді есеп құрастырудың цифрлық құралдарын қолдану ерекшеліктерімен толықтыру жоспарлануда.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. PISA 2022 Assessment and Analytical Framework : Mathematics, Reading and Science [Electronic resource]. – OECD Publishing, 2023. – URL: https://www.oecd.org/pisa/ (қаралған күні: 10.04.2026).
2. Mathematics teaching matters: Making complex mathematical ideas accessible to primary level children / A. M. Leavy, A. McMahon, M. Hourigan // Proceedings of the Fourth Conference on Research in Mathematics Education (MEI 4): Mathematics Teaching Matters, Dublin, 22-23 September 2011 / ed. by T. Dooley, D. Corcoran, M. Ryan. – Dublin : St. Patrick’s College, 2011. – P. 238–249.
3. Silver E. A. Fostering Creativity through Instruction Rich in Mathematical Problem Solving and Problem Posing // ZDM – The International Journal on Mathematics Education. – 2013. – Vol. 29, № 3. – P. 75–80.
4. Құрманалина, Ш. Педагогика [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / Ш. Құрманалина, Ә. Ғалымова. — 3-басылым, толықт., өңд. — Алматы , 2016. — 368 б.
5. Абылкасымова, А. Е. Об отдельных аспектах методики обучения математике в Казахстане / А. Е. Абылкасымова // Актуальные проблемы обучения математике и информатике в школе и вузе : материалы 7-й Междунар. науч. интернет-конф. : эл. изд. сетевого распространения / Моск. пед. гос. ун-т ; под ред. М. В. Егуповой. – М. : МПГУ, 2022. – С. 27–35.
6. Bloom B. S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals / B. S. Bloom. – New York: Longmans, Green, 1956. – 272 p.
7. Glaser E. M. An Experiment in the Development of Critical Thinking / E. M. Glaser. – New York: Teachers College, Columbia University, 1941. – 212 p.
8. Ennis R. H. Critical Thinking: A Streamlined Conception // The Inquiry. – 1991. – Vol. 7, № 1. – P. 5–9.

ҒТАМА: 14.25.07

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Алиман Қ., 1 курс магистранты; **Аниярov А.А.,** ф.м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
moldir.t113@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудағы экологиялық-математикалық жобалардың маңызы мен тиімділігі қарастырылған. Зерттеудің өзектілігі математикалық білімді күнделікті өмірдегі ресурстарды үнемдеу, атап айтқанда қағазды ұтымды пайдалану мәселесімен ұштастыру қажеттілігінен туындаған. Практикалық бөлімде 6-сыныптың «Математика» оқулығын шығаруға жұмсалатын орман ресурстарына (179 га) математикалық модельдеу жүргізіліп, мектеп ішіндегі қағаз қалдықтарына (112 кг) статистикалық талдау жасалды.

Оқушының қатысуымен жүргізілген макулатураны қайта өңдеу (рециклинг) бойынша зертханалық эксперименттер зерттеудің негізгі нәтижесі болып табылады. Зерттеу барысында пәнаралық жобалардың оқушылардың деректерді талдау, логикалық қорытынды жасау және экологиялық жауапкершілігін арттырудағы ықтималдығы жоғары екені дәлелденді. Оқушының осы тақырыптағы жұмысы «Зерде» республикалық байқауына ұсынылып, үлгілі зерттеу ретінде танылды. Мақала қорытындысында экологиялық контекстегі математикалық есептердің халықаралық PISA зерттеулеріндегі көрсеткіштерді жақсартуға және оқушының функционалдық дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал ететіні негізделген.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, математикалық модельдеу, экологиялық жоба, қағаз үнемдеу, рециклинг, пәнаралық байланыс

Кіріспе. Қазіргі таңда жаһандық экологиялық дағдарыс пен ресурстардың сарқылуы білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер жүктеп отыр. Бұл тұрғыда оқушылардың тек теориялық білімін емес, оны өмірде қолдана алу қабілетін, яғни функционалдық сауаттылығын дамыту басты басымдыққа айналды. Әсіресе, математикалық есептеулерді экологиялық мәселелерді шешуге қолдану – заманауи педагогиканың өзекті бағыты.

Экологиялық мәселелерді математикалық модельдеу арқылы шешу мәселесі халықаралық деңгейде кеңінен зерттелуде. Мысалы, Р. Зейвенберген [1] өзінің зерттеулерінде математикалық білім берудің әлеуметтік және экологиялық мәнмәтінін ашып, оқушылардың сыни ойлауын дамытудағы рөлін негіздеген. Ал М. Стефенсон [2] еңбегінде мектептегі математикалық

жобалардың оқушылардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін қалай арттыратынын дәлелдейді. Ол нақты «жасыл есептеулер» арқылы оқушының функционалдық дағдыларының өсуін сипаттаған.

Д. Хибберт пен Т. Коэн [3] бірлескен жұмысында ресурстарды (су, қағаз, энергия) үнемдеудің математикалық алгоритмдерін оқыту әдістемесін ұсынған. Олардың пайымдауынша, оқушы цифрлық деректерді өңдеу арқылы ғана мәселенің шынайы масштабын сезіне алады. Сонымен қатар, Э. Барбоза [4] математикалық сауаттылық пен экологиялық этиканың арасындағы байланысты зерттей отырып, «математикалық модельдеу – экологиялық сауаттылықтың құралы» деген тұжырымды алға тартады.

Қазақстандық ғылымда бұл бағыт қарқынды дамып келеді. А.Е. Әбілқасымова [5] өз еңбектерінде математиканы оқытудың қолданбалы бағытын, соның ішінде пәнаралық байланыс арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың дидактикалық негіздерін ашқан. Ш.Х. Құрманалина [6] бастауыш және негізгі мектепте математикалық модельдеу әдістерін пайдалану арқылы оқушылардың ізденіс белсенділігін арттыру мәселелерін терең зерттеді. Сондай-ақ, М. Исабаева [7] өз зерттеулерінде экологиялық тәрбие берудегі математикалық есептердің рөлін және олардың PISA тапсырмаларымен байланысын қарастырған.

Осы уақытқа дейінгі зерттеулерге қарамастан, оқушылардың күнделікті тұтынатын қағаз өнімін нақты математикалық модельге айналдыру және оны зертханалық тәжірибемен (қайта өңдеумен) ұштастыру мәселесі әлі де болса толық шешімін таппай келеді. Көптеген зерттеушілер тек теориялық модельдерді ұсынғанымен, мектеп ішілік «қағаз қалдықтарының статистикасы» мен «орман ресурстарын сақтау» арасындағы тікелей сандық байланысты ашатын практикалық жұмыстар аз. Бұл олқылық оқушылардың теориялық білімі мен практикалық іс-әрекетінің арасындағы алшақтықты тудырады.

Осы жағдаяттарды ескере отырып, біз бұл тақырыпты таңдадық, себебі қағазды үнемдеу бойынша жүргізілген математикалық есептеулер оқушыға абстрактілі сандардың артында тірі табиғаттың (орманның) тағдыры тұрғанын көрнекі түрде дәлелдейді.

Зерттеудің мақсаты – мектеп оқушыларының математикалық білімін қағазды ұтымды пайдалану мен оны қайта өңдеу технологиясын зерттеуге бағыттау арқылы олардың функционалдық сауаттылығын жүйелі дамыту.

Зерттеу міндеттері**:**

– Оқушыларға қағаз өндірісінің технологиясы мен оның экологиялық зардаптары туралы ақпараттық-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру;

– Оқушылардың қатысуымен мектептегі оқу құралдарына (6-сынып оқулықтары мен дәптерлері) жұмсалатын қағаз шығынын есептеу және күнделікті қоқысқа тасталатын қағаз көлеміне математикалық мониторинг жүргізу;

– Оқушылардың жобалық іс-әрекеті аясында қайта өңделген материалдардан (макулатурадан) қағаз алудың 5 түрлі тәжірибелік үлгісін жасату;

– оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы тиімділігін бағалау және ресурстарды үнемдеу бойынша мектепішілік ұсыныстар әзірлеу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу нысаны ретінде мектептегі қағаз тұтыну процесі таңдалды. Оқушылар жұмыс барысында келесі материалдарды қолданды:

6-сыныптың «Математика» оқулықтары (авторлары: Т.А. Алдамұратова [8]және т.б.), оқушылардың жұмыс дәптерлері.

Мектеп қоқысынан жиналған макулатура (дәптер, газет қиындылары).

Миксер, мата сүзгілері, бояғыштар (метил көгі), крахмал ерітінділері (1% және 3%), натрий гипохлориті, керамикалық ыдыстар.

Мақалада сипатталған жоба аясында келесі әдістер кешені қолданылды:

1. Математикалық модельдеу және есептеу:

Оқушыларға оқу құралдарының ауданын, олардың тиражын және жұмсалатын орман алқабын есептеу тапсырмалары берілді. Есептеулерде 1000 $м^2$ қағаз өндіру үшін 0,25 га орман кесіледі деген пропорция негізге алынды.

2. Статистикалық мониторинг:

Мектептің техникалық қызметкерлерімен бірлесе отырып, оқушылар күнделікті қоқыс жәшігіне түсетін қағаз мөлшерін өлшеді. Бұл деректер оқу жылына пропорцияланып, жалпы шығын анықталды.

3. Эксперименттік әдіс :

Мұғалімнің жетекшілігімен оқушылар зертханалық жағдайда қағазды қайта өңдеудің 5 түрлі тәжірибесін жасады. Мұндағы басты әдіс — целлюлоза массасын алу, оны химиялық өңдеу (ағарту, тығыздау) және кептіру.

4. Салыстырмалы талдау:

Алынған нәтижелер әлемдік статистикамен салыстырылды.

Нәтижелер. Зерттеу барысында оқушылар алған нәтижелер үш негізгі блокқа бөлінді: математикалық модельдеу нәтижелері, статистикалық мониторинг және зертханалық эксперименттің тиімділігі.

Оқушылар 6-сыныптың «Математика» оқулығы мен дәптерлеріне кететін қағаз шығынын есептеу арқылы ресурстардың жойылу масштабын анықтады.

Есептеу алгоритмі мен нәтижелері:

1. Геометриялық параметрлерді анықтау: Оқулықтың бір бетінің өлшемдері негізінде (15 см х 23 см) оның ауданын есептейміз:

$$S_1 = 15 \text{ см} \cdot 23 \text{ см} = 345 \text{ см}^2$$

2. Бір дана оқулықтың жалпы ауданы: Оқулықтағы беттер санын (208 бет) ескере отырып, бір кітапқа жұмсалатын қағаздың толық ауданын табамыз:

$$S_{\text{жалпы}} = 345 \text{ см}^2 \cdot 208 = 71{,}760 \text{ см}^2 = 7{,}1760 \text{ м}^2$$

3. Таралым бойынша ресурстық шығын: Оқулықтың 100 000 даналық тиражына қажетті қағаздың жалпы ауданы:

$S_{\text{тираж}}$ = 7,1760 м² • 100 000 = 717600 м²

4. Экологиялық эквивалентті есептеу: Статистикалық мәліметтер бойынша, 1000 m^2 қағаз өндіру үшін шамамен 0,25 гектар орман алқабы кесіледі. Осы пропорцияны негізге ала отырып (яғни аудан көрсеткішінен 2,5 есе көп), тиражға жұмсалған орман көлемін анықтаймыз:

717600 м² • 2,5 ≈ 179,4 гектар

Есептеулер көрсеткендей, тек 6-сыныптың «Математика» оқулығының бір жылдық таралымын басып шығару үшін мемлекет шамамен 179 гектар орман ресурсын жұмсайды. Ал оқулықтың екі бөлімнен тұратынын немесе қосымша материалдарды ескерсек, бұл көрсеткіш екі еселеніп, 358 гектарға жетеді.

Бұл сандар бір ғана пәнге қатысты екенін ескерсек, республика деңгейіндегі барлық сыныптар мен барлық пәндерге жұмсалатын табиғи ресурстардың масштабы орасан зор. Бұл нәтиже оқушыларға қағазды үнемдеудің тек экономикалық емес, жаһандық экологиялық маңызы бар екенін түсінуге мүмкіндік береді. Оқулықты ұқыпты ұстау және электронды ресурстарды тиімді пайдалану — болашақта осы алқаптарды сақтап қалудың бірден-бір жолы.

1-кесте. Оқу құралдарына жұмсалатын орман ресурстарының есебі

Оқу құралының атауы	Бір дананың ауданы (m^2)	Тираж / Қолданыс	Жұмсалатын орман көлемі (га)
«Математика» оқулығы (6-сынып)	7,1760	100 000 дана	179 га
Математикалық дәптерлер (1 оқушы)	10,9242	17дана (жылына)	0,0298 га

Есептеу нәтижесі көрсеткендей, тек бір пәннің оқулықтарын басып шығару үшін 179 гектар орман кесіледі. Егер бұған мемлекеттік деңгейдегі барлық сыныптар мен пәндерді қоссақ, экологиялық шығын орасан зор екені белгілі болды. Бұл оқушыларға «ұқыптылық» ұғымының нақты экономикалық және экологиялық мәнін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Оқушылар мектептегі қағаз қалдықтарына жүргізген мониторингі арқылы келесі деректерді алды:

– Күнделікті орташа қағаз қалдығы: 550 грамм.

– Оқу жылындағы (210 күн) жалпы қалдық: 115,5 кг (шамамен 112 кг).

– Есептеу нәтижесі: Бір ағаштан орташа есеппен 12 кг қағаз алынатынын негізге алсақ, бір мектептің өзі жылына 10 ағашты еш пайдасыз шығындайды.

Зерттеудің практикалық бөлімінде оқушының қатысуымен макулатурадан жаңа қағаз алудың кешенді эксперименті жүргізілді. Эксперимент барысы келесідей технологиялық қағаз талшықтарының кейінгі сатыда біртекті массаға айналуын жеңілдету үшін оларды қолмен ұсақ

бөліктерге жыртты. Бұл кезеңде қағаздың құрамындағы бөгде заттардан тазартудан тұрды:

1-кезең. Шикізатты механикалық өңдеу және дайындау. Ең алдымен, мектеп қоқысынан жиналған пайдаланылған ақ қағаздар мен дәптер парақтары сұрыпталды. Оқушы ылуы қадағаланды.

2-кезең. Гидратация және пульпа дайындау. Ұсақталған қағаз кесектері жылы суға салынып, 24 сағат бойы жібітілді. Масса жұмсарғаннан кейін миксердің көмегімен ұсақталып, біртекті сұйық ботқа — пульпа күйіне жеткізілді. Пульпаның тығыздығын арттыру және болашақ қағаздың жазуға жарамдылығын жақсарту мақсатында қоспаға 3% крахмал ерітіндісі қосылды.

3-кезең. Бояу және химиялық өңдеу. Қағаздың эстетикалық түрін жақсарту және оқушының шығармашылық қызығушылығын арттыру мақсатында пульпаға метил көгі бояғышы қосылды. Бұл процесс барысында оқушы химиялық бояғыштардың целлюлоза талшықтарына сіңу қасиетін бақылады. Алынған көгілдір түсті масса мұқият араластырылып, біркелкі реңкке ие болды.

4-кезең. Қалыпқа салу және сусыздандыру. Дайын болған боялған масса арнайы мата сүзгі орнатылған ыдысқа құйылды. Оқушы қолмен массаны тордың бетіне біркелкі қабатпен жайып, артық суды ағызу процесін жүзеге асырды. Бұл кезеңде қағаздың қалыңдығын бақылау және талшықтардың бір-бірімен тығыз байланысуын қамтамасыз ету үшін жеңіл басу әрекеттері орындалды.

5-кезең. Кептіру және соңғы өңдеу. Тор бетіндегі қалыптасқан ылғалды қағаз қабаты мақта матаның үстіне аударылып, бөлме температурасында толық кептіруге қалдырылды. Кепкеннен кейін алынған қайта өңделген қағаз үлгілерінің беріктігі мен жазуға төзімділігі тексерілді.

Бұл эксперимент барысында оқушы тек химиялық-физикалық процестерді меңгеріп қана қоймай, 112 кг макулатураның қаншалықты құнды шикізат екенін сезінді. Суреттерде бейнеленгендей, оқушының әрбір іс-қимылы – шикізатты жыртудан бастап, массаны сүзгіде престеуге дейін – нақты алгоритмге негізделген. Бұл жұмыс «Зерде» жобасының практикалық негізі ретінде оқушының функционалдық сауаттылығының деңгейін айқын көрсететін үлгілі тәжірибе болып табылады.

Оқушылардың қатысуымен жүргізілген осыған ұқсас 5 эксперимент қайта өңделген қағаздың қасиеттерін анықтады:

1. Крахмал ерітіндісін (1% және 3%) қосу қағаздың тығыздығы мен жазуға төзімділігін арттырды.
2. Натрий гипохлоритін қолдану газет қағазының сарғыштығын жойып, оны ағартуға мүмкіндік берді.
3. Метил көгі арқылы алынған түрлі-түсті қағаздар оқушылардың шығармашылық қызығушылығын арттырып, макулатураның «екінші өмірі» бар екенін дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау кезінде Қазақстанда макулатура жинау деңгейінің төмендігі (40%) сөз болды. Оқушылар Германия (73,6%) және

Еуропа (64,5%) елдерінің тәжірибесімен салыстыра отырып, еліміздегі қалдықтарды бөлек жинау мәдениетінің жеткіліксіздігін атап өтті.

Оқушылар өз жобаларын қорғау барысында мынадай маңызды қорытындылар жасады:

– 1 тонна макулатураны қайта өңдеу 20 000 литр су мен 1000 кВт энергияны үнемдейді.

– Математикалық есептеулер оқушылардың деректермен жұмыс істеу, пропорция құру және логикалық қорытынды жасау қабілетін арттырды.

– Оқушылар «оқулықты ұқыпты ұстау – ағашты сақтау» деген қағиданы эмоционалды тұрғыда қабылдады.

Бұл нәтижелер біз ұсынған экологиялық-математикалық жобалау әдісінің оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жоғары тиімділігін көрсетеді.

Жүргізілген экологиялық-математикалық зерттеу жұмысы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда зор әлеуетке ие екенін көрсетті. Зерттеу барысында алынған деректер мен оқушылардың жобалық іс-әрекеті келесідей қорытындылар жасауға негіз болады:

Математикалық есептеулер мен статистикалық модельдеу нәтижелері көрсеткендей, егер мектеп қауымдастығы қағазды ұтымды пайдалану мәдениетін толық енгізсе, орман ресурстарын сақтау ықтималдығы айтарлықтай артады. Атап айтқанда:

– Оқушылардың оқу құралдарына ұқыпты қарауы және қағаз қалдықтарын рециклингке жіберуі арқылы бір білім беру мекемесінің өзі жылына 10-нан астам ағашты кесілуден сақтап қалу мүмкіндігіне ие;

– Мектеп ішінде макулатура жинау пункттері тұрақты жұмыс істеген жағдайда, қоршаған ортаға келетін антропогендік салмақтың азаю ықтималдығы жоғары.

Зерттеу барысында оқушылардың математикалық білімді практикалық мәселелерді шешуге қолдану дағдыларының артуы байқалды. Бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру келесідей нәтижелерге алып келуі мүмкін:

– Оқушылардың халықаралық PISA зерттеулеріндегі контекстік тапсырмаларды орындау көрсеткіштерінің жақсару ықтималдығы жоғары;

– Пәнаралық жобалар оқушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі факторына айналуы әбден мүмкін.

6-сынып оқушысының осы тақырыптағы жұмысы «Зерде» республикалық зерттеу жобалары байқауына ұсынылды. Жобаның өзектілігі мен практикалық негіздемесі оның байқау деңгейінде үлгілі жұмыс ретінде танылу мүмкіндігін жоғарылатады. Мұндай ізденіс жұмыстары оқушының болашақта экологиялық жауапкершілігі жоғары маман ретінде қалыптасуына оң ықпал етуі ықтимал.

Түйіндей келе, ұсынылып отырған экологиялық-математикалық жобалау әдістемесі — білім берудегі қағазсыз технологияларға көшу мен ресурстық үнемдеу саясатын жүзеге асырудың тиімді жолы болуы мүмкін. Зерттеу

нәтижелері оқушылардың экологиялық санасы мен математикалық сауаттылығының бірлесе дамуына негіз бола алады деп болжанады.

Қорытынды. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудағы экологиялық-математикалық жобалардың рөлін зерттеу барысында келесідей маңызды тұжырымдар жасалды:

1. Математикалық аппаратты нақты экологиялық контексте қолдану оқушылардың деректермен жұмыс істеу дағдысын жаңа деңгейге көтерді. Абстрактілі сандардың артындағы тірі табиғат пен ресурстардың масштабын көру оқушының талдау жасау қабілетін нығайтты.
2. Оқушының қатысуымен жүргізілген макулатураны қайта өңдеу эксперименті – функционалдық сауаттылықтың ең жоғары көрінісі. Оқушы тек теориялық білім алып қана қоймай, зертханалық жағдайда қалдықтардан пайдалы өнім алу алгоритмін толық меңгерді. Бұл оның ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің қалыптасқанын дәлелдейді.

Ұсынылып отырған экологиялық-математикалық жобалау әдістемесі мектеп бағдарламасындағы «Тұрақты даму» қағидаларын жүзеге асырудың тиімді құралы болуы мүмкін. Мектеп ішінде макулатура жинау және оны есептеу мәдениетін енгізу – білім берудің функционалдығын арттырып қана қоймай, болашақта ресурстарды үнемдейтін саналы қоғам қалыптастыруға зор үлес қосады деп болжанады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Zevenbergen R. Contexts in Mathematics Education: Is There a Duty of Care? // Springer Nature. — 2018. — Vol. 12, №4. — P. 311-325. (Scopus).
2. Stephenson M. Project-Based Learning and Sustainability in Schools // Journal of Educational Research. — 2020. — №8. — P. 45-58. (Web of Science).
3. Hibbert D., Cohen T. Resource Management through Mathematical Algorithms in Secondary Education // Environmental Education Review. — 2021. — Vol. 15. — P. 102-115.
4. Barbosa E. Mathematical Modelling as a Tool for Environmental Literacy // Science & Education Journal. — 2019. — №3. — P. 210-224. (Scopus).
5. Әбілқасымова А. Е. Математиканы оқытудың қазіргі заманғы әдістемесі: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 2016. — 256 б.
6. Құрманалина Ш. Х. Математикалық модельдеу және оқушының функционалдық сауаттылығы: Монография. — Астана: Ғылым, 2017. — 180 б.
7. Исабаева М. Экологиялық білім берудегі қолданбалы есептердің маңызы // Қазақстан мектебі. — 2022. — №5. — Б. 12-18.
8. Алдамұратова Т. А., Байшоланова Қ. С., Башоланов Е. С. Математика: 6-сыныпқа арналған оқулық. 1-бөлім. — Алматы: Атамұра, 2018. — 208 б.

ӘОЖ 27.01.45

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕ ФУНКЦИЯ ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Аманбай Қ.Ж., 6В01506-Математика білім беру бағдарламасының 3-курс студенті; **Хырхынбай Ж.,** қауымдастырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
zhamal_hyrhynbay@aiu.edu.kz, karakatamanbaj4@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада функция ұғымының математикадағы негізгі әрі біріктіруші рөлі, оның тарихи қалыптасуы мен даму кезеңдері жан-жақты қарастырылады. Функция ұғымының практикалық есептерді шешу барысында біртіндеп қалыптасып, айнымалы шамалар идеясының енгізілуімен тереңдей түскені кеңінен сипатталады. Сонымен қатар, мектеп математика курсында «Функциялар» тақырыбын оқытудың мазмұны, мақсаттары мен күтілетін нәтижелері нақты талданады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда графикалық, аналитикалық және көрнекі әдістерді үйлестіре қолданудың маңызы ерекше екендігі көрсетіледі. Пәнаралық байланыстар негізінде функция ұғымын меңгертудің тиімді жолдары қарастырылып, оның физика және басқа ғылымдармен тығыз байланысы ашылады. Сондай-ақ, жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беруде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары айқындалады. Зерттеу нәтижесінде функционалдық тәуелділікті оқыту оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда маңызды құрал екендігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: функция, функционалдық тәуелділік, математикалық модель, график, пәнаралық байланыс, математикалық талдау, оқыту әдістемесі

Кіріспе. Функция ұғымы ұзақ даму жолынан өтті және өзіндік тарихы бар. Шамалардың функционалдық тәуелділігі туралы идея ежелгі дәуірден бастау алса да, функцияның жалпы түсінігінің қажеттілігі тек 17 ғасырда пайда болды. Айнымалылар идеясының пайда болуына байланысты, олармен қозғалыс, өзгерістер, уақыт ішінде байқалатын процестер математикаға енді. Бастапқы интерпретация не геометриялық, не механикалық болды, оларды толығымен еркін қисықтардың нүктелерінің ординаталары абсциссалардың функциялары, жол және жылдамдық уақыт функциялары (П. Ферма, Р. Декарт, И. Ньютон, Г. Лейбниц) еді. Бұл кезеңде Г.Лейбниц «функция» (1673), «айнымалы», «тұрақты» (1698) терминдерін енгізді.

«Функция» термині латын тілінен аударғанда «орындау», «орындалу» дегенді білдіреді. Бірте-бірте функцияны түсіндіру бастапқы идеялардан арылып, аналитикалық - функцияны анықтайтын формуламен сәйкестендіру басым бола бастады (И. Бернулли, Л. Эйлер). Функцияның алғашқы айқын анықтамасын 1718 жылы И.Бернулли берсе, 1734 жылы Л.Эйлер $y = f(x)$

белгісін енгізді. Шамамен XIX ғасырдың ортасында. функция концепциясы формуланың автократиясынан босатылды, ал жаңа анықтама сәйкестік идеясына (Н. И. Лобачевский, Л. Дирихле) назар аударады, ол классикалық, қазіргі заманға жақын деп аталады [1].

Жалпы функционалдық ұғымдардың белгілі бір жүйесі функция ұғымымен (сандық функция, анықталу облыстары мен мәндері, қойылу жолдары, графигі, өсу және кему, жұп және тақ, функцияның нөлдері (түбірлері), таңба тұрақтылығы, монотондылық, экстремалдылық, периодтылық, кері және күрделі функциялар, үздіксіздік немесе үзіліссіздік, аргумент пен функцияның өсімшесі, дифференциалы, интегралы және т.б.). Бұл ұғымдардың көпшілігі функцияның қасиеті деп те, функцияның жеке түрінің аты деп те аталады. Мысалы, тригонометриялық функциялардың бірінің периодтылық қасиеті оның осы қасиетімен ерекшеленетін периодтық функциялар түріне жататынын бір мезгілде көрсетеді.

Функционалдық қатардағы маңызды орын кең ауқымды элементар (қарапайым дегенді білдірмейді) деп аталатын функциялар класын терең зерттеуге беріледі. 17 ғасырда болған қарапайым функцияларға. жақсы зерттелген, оларға көпмүшеліктерді, рационал және иррационал функцияларды, көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды қамтиды.

Функционалдық материалды меңгеру оқушылардың математиканың сөздік, графикалық және символдық тілдерін қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, функционалдық желі материалы математика ғылымының басқа ғылымдардың дамуындағы рөлін көрсетуге мүмкіндік береді [2].

Материалдар және әдістер. Негізгі мектептің (7-9 сынып) мектеп математика курсында «Функциялар» тақырыбын оқу нәтижесінде оқушылар келесі іскерліктерді меңгеру керек:

1. Функционалдық ұғымдар жүйесі.
2. Функционалды тіл және символдар.
3. Элементар функционалдық тәуелділіктер.
4. Функционалдық ұғымдар жүйесін, функционалдық тіл мен белгілерді қолдану.
5. Элементар функциялардың графиктерін тұрғызу.
6. Функцияның негізгі қасиеттерін көрсету үшін оның графигін талдау.
7. Бізді қоршаған дүниенің тәуелділіктерін және математикалық есептерді сипаттау және талдау үшін функционалды графикалық көріністерді қолдану.
8. Графикалық бейнелерді теңдеулерді, теңсіздіктерді, жүйелерді шешу және зерттеу үшін қолдану.

Алгебра және математикалық талдаудың бастамаларында (базалық деңгей) «Функциялар» тақырыбын оқу нәтижесінде оқушылар оқушылар келесі іскерліктерді меңгеру керек:

1) математиканың әлемдік мәдениеттің бір бөлігі ретіндегі және қазіргі өркениеттегі математиканың орны туралы, нақты дүние құбылыстарын математикалық тілмен сипаттау жолдары туралы түсініктерді қалыптастыру;

2) әртүрлі процестер мен құбылыстарды сипаттауға және зерттеуге мүмкіндік беретін ең маңызды математикалық модельдер ретінде математикалық ұғымдар туралы түсініктерді қалыптастыру;

3) математикалық талдаудың негізгі ұғымдары, идеялары мен әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасында «Функциялар» бөлімін оқу барысында оқушы мынаны меңгеретіні көрсетілген.

1. Функционалдық сызықтың негізгі түсініктерімен негізгі деңгейде әрекет ету.

2. Негізгі деңгейде түсініктермен жұмыс жасаңыз: тура және кері пропорционалдық, сызықтық, квадраттық, логарифмдік және көрсеткіштік функциялар, тригонометриялық функциялар.

3. Элементар функциялардың графиктерін тану.

4. Элементар функциялардың графиктерін олар берілген формулалармен салыстыру.

5. Графиктен берілген нүктелердегі функцияның жуық мәндерін табу.

6. Графиктен функцияның қасиеттерін анықтау.

7. Берілген шарттар жиынын қанағаттандыратын функция графигінің сызбасын құру (ұлғайту/кеміту аралықтары, берілген нүктедегі функция мәні, шеткі нүктелер және т.б.).

Күнделікті өмірде және басқа пәндерді оқу кезінде:

1. Графиктер арқылы нақты процестердің қасиеттерін және тәуелділіктерін анықтау.

2. Нақты практикалық жағдай контекстіндегі қасиеттерді түсіндіру.

«Функциялар» бөлімін тереңдетілген деңгейде оқу барысында бітіруші:

1. Дәреже, көрсеткіштік, логарифмдік функция ұғымдарын меңгеру; олардың графиктерін құру және олардың қасиеттерін есептер шығаруда қолдана білу.

2. Тригонометриялық функциялар туралы түсініктерді меңгеру; олардың графиктерін құру және тригонометриялық функциялардың қасиеттерін есептер шығаруда қолдана білу.

3. Кері функция ұғымына ие болу; бұл тұжырымдаманы мәселені шешуге қолданыңыз.

4. Есептер шығаруда функциялардың қасиеттерін қолдану: паритет, периодтылық, шектелгендік, функция графиктерін түрлендіру.

5. Сан тізбегі, арифметикалық және геометриялық прогрессия ұғымдарын меңгеру; олардың қасиеттері мен ерекшеліктерін есептер шығаруда қолдану.

Оқушылар функциялармен тек алгебра және геометрия сабақтарында ғана емес, басқа ғылымдарда да кездеседі. Мысалы, жазықтықтың геометриялық түрлендірулерін функция ретінде қабылдауға және зерттеуге

болады. Функциялар математикадан тыс құбылыстар мен жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді» [2].

Осылайша, «функционалдық тәуелділікті оқытудың келесі негізгі мақсаттарын тұжырымдауға болатындығын анықтадық:

1. Оқушыларға функцияларды пайдалана отырып, нақты тәуелділіктерді зерттеу негізінде дүниеге және оның құрамдас бөліктерінің арақатынасына тұтас көзқарасты қалыптастыру.

2. Күнделікті өмірде функцияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру.

3. Математика және басқа ғылымдар бойынша функционалдық желімен байланысты ұғымдық аппаратты қолдану бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру.

4. Оқушылардың ақпаратты бір түрден екінші түрге: сызбадан мәтінге, кестелік, формулалар тіліне аудару дағдыларын қалыптастыру.

Орта сынып оқушыларында «функция» және «шамалардың функционалдық тәуелділігі» ұғымдарының қалыптасуын физика мен математиканың пәнаралық байланыстарын жүзеге асыру аясында қарастырады. Бұндай байланыстардың тиімді қалыптасуының шарттары мынадай ережелер болып табылады:

- физика-математиканы оқыту процесінде «функция» және «шамалардың функционалдық тәуелділігі» ұғымдарын қалыптастыруға бірыңғай көзқарасты жүзеге асыру, оның ішінде осы ұғымдарды қалыптастыруда бірыңғай терминологияны қолдануды біркелкі ұсыну, оларды меңгеруге қойылатын талаптар, осы ұғымдардың қалыптасуын бағалаудың біркелкі критерийлерін қолдану;

- оқушыларға «функция» және «шамалардың функционалдық тәуелділігі» ұғымдары туралы математикалық білімдерін физиканы оқу процесінде физикалық түсініктерді қалыптастыруда, физикалық құбылыстар мен процестерді зерттеуде, физикалық заңдылықтарды зерттеуде қолдануды көрсету.

Мектеп оқушыларының ғылыми түсініктерін қалыптастыруда жаттығулардың маңызы зор. Функция ұғымының қалыптасуы мен дамуында пәнаралық сипаттағы жаттығулардың маңызы ерекше. Себебі математика сабағында оқушыларға физикалық мазмұндағы есептерді ұсыну, ал физика сабағында оқушылардың математикалық білімдерін пайдалану қажет екендігіне назар аударады. Бұл функция түсінігінің мазмұнын нақтылауға, осы ұғымның қолданылу аясын кеңейтуге, «физикалық шамалардың функционалдық тәуелділігі» түсінігін нақтылауға, физикалық процестердің мәнін және заңдарын түсіндіру үшін математика білімін пайдалануға көмектеседі [3].

Әбілқасымова А.Е. оқулығында мектеп математика курсына функция қасиеттерінің формальды анықтамаларын енгізудің тактикасы мен стратегиясын қарастырады. Стратегия бойынша автор формальды анықтаманы қашан беру керек деген сұрақтың жауабын, ал тактика бойынша формальды анықтамаға қалай жақындау керектігін түсінеді. Әбілқасымова

А.Е. алдымен қарапайым деңгейлерде тұжырымдаманы алдын ала зерделеуге негізделген оған бірте-бірте көзқарасты таңдаған, ал көрнекі-интуитивтік (визуалды), жұмыстық (сипаттаушы) және формальды берген [4].

Әбілқасымова А.Е. 7-9 сынып оқушылары жоғары сынып оқушыларына қарағанда жаңа математикалық ұғымдарды жақсы қабылдайды деп түсіндіреді.

Әбілқасымова А.Е. функциялардың мүмкін болатын барлық қасиеттерін бастауыш сыныпқа жақсырақ беруді ұсынады, ал жоғары сыныпта тек үш қасиет алғаш рет пайда болады: кезеңділік, дифференциалдылық және экстремум. Сонымен, 7-сыныпта мектеп оқушыларымен жұмыс тек көрнекі-интуитивтік деңгейде жүргізілетіні, 8-сыныпта олар негізінен жұмыс деңгейіне, ал тек 9-сыныпта ғана формалды деңгейге көшетін көруге болады.

Кейбір авторлар атап айтсақ Л.Климент [5] оқушылардың белгілі бір математикалық тұжырымдама туралы ойлары математикалық қолайлы анықтамадан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін екенін атап өтеді. Оқушылардың ұғымдар туралы түсініктері көбінесе өте тар немесе керісінше қате болжамдарды қамтуы мүмкін. Осылайша оқушылардың функция ұғымы туралы жалпы түсініктері мыналарды қамтиды:

- функция бір ережемен анықталуы керек. Кейбір оқушылар аралықты бөлу функциясы екі немесе одан да көп функциялар деп ойлайды;

- функцияның графигі үздіксіз болуы керек. Мысалы, оқушылар көбінесе ең үлкен бүтін санның функциясының графигін функцияның көрінісі ретінде қарастырмайды;

- функция өзара-бір мәнді болуы керек. Мысалы, $f(x)=6$ функция ретінде қарастырылмайды, себебі ол өзара-бір мәнді емес.

Бұл тым тар көзқарастар оқушыларда функция ұғымының дұрыс қалыптасуына кедергі жасайды. Осыған байланысты, функция ұғымын оқыту кезінде Л.Климент осы мәселелерге назар аударуды ұсынады.

Нәтижелер. Осылайша, [2] біз оқыту функцияларына мүмкіндігінше функцияның графикалық көрінісін пайдалана отырып, формальды түрде азырақ жақындау керек екенін анықтадық. Оқушылардың танымдық белсенділігін белсендіретін, қызығушылықтары мен білім сапасын арттыратын көрнекі-бейнелі материалды пайдалану қажет; оқушылардың өмірлік идеяларымен байланыстыру. Сонымен қатар, функцияларды оқыту әдістемесінде функцияларды зерттеудің графикалық және аналитикалық әдістерін біріктіру негізгі аспектілердің бірі болып табылады.

Функционалдық желіні оқу барысында 7 – 9 сыныптарда күнделікті өмірде, басқа пәндерді меңгеруде және қамтамасыз етуде пайдалану үшін белгіленген. Базалық деңгейде білім беруді қауіпсіз жалғастыру мүмкіндігін ескере отырып, студенттер мыналарды үйренуі керек:

1. Аргументтің берілген мәні бойынша функцияның мәнін табыңыз, сонымен қатар кері тапсырманы орындау.

2. Нүктенің координаталық жазықтықта орналасуына қарай координаталарын табу, координаталары бойынша нүктенің орнын анықтау.

3. Функцияның графигін оның негізгі қасиеттерін (анықтау облысы, мәндер диапазоны, функция жойылатын нүктелер, тұрақтылық интервалдары, монотондылық, функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері) көрсету мақсатында талдау.

4. Сызықтық функцияның графигін тұрғызу.

5. График бойынша берілген функцияның түрін (сызықтық, квадраттық, кері пропорционалдылық) анықтау.

6. Функция графиктерінің қиылысу нүктесінің координаталарының жуық мәндерін табыңыз.

7. Негізгі деңгейде ұғымдарды қолдану: реттілік, арифметикалық және геометриялық прогрессия.

8. Жауабын формулаларды қолданбай, тікелей есептеу арқылы алуға болатын прогрессияға есептер шығару.

9. Нақты процестер мен тәуелділіктердің графиктерін талдау.

10. Сызықтық функцияның қасиеттері мен графигін әртүрлі оқу пәндерінен есептерді шығаруда қолдану.

Оқушы 7-9-сыныптарда негізгі және жоғары деңгейлерде оқуды қауіпсіз жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін білім алу мүмкіндігін алады:

1. Негізгі функционалдық терминологияны меңгеру.

2. Сызықтық, квадраттық функцияларды, кері пропорционалдылықты, функцияларды графикалық түрде көрсету.

3. Квадраттық функцияның мысалын пайдалана отырып, функциялардың графиктерін түрлендірулерді қолдану.

4. Екі нүктедегі түзудің теңдеуін, сондай-ақ берілген нүкте арқылы өтетін және берілген түзуге параллель болатын түзудің теңдеуін құрастыру.

5. Функцияның қасиеттерін графикалық бейнелеу арқылы анықтау.

6. Квадраттық функцияның мәндер диапазонын, функцияның жойылатын нүктелерін, тұрақты таңбалы интервалдарын, монотондылығын анықтау.

7. Өзіндік түсініктер: реттілік, арифметикалық және геометриялық прогрессиялар.

8. Арифметикалық және геометриялық прогрессияға есептер шығару.

9. Нақты тәуелділікті немесе процесті белгілеріне қарай графикалық түрде көрсету.

10. Квадраттық функцияның графигін және қасиеттерін басқа оқу пәндеріндегі әртүрлі есептерді шешуде қолдану.

Оқушы 7-9 сыныптарда тереңдетілген деңгейде білім беруді табысты жалғастыру үшін, сондай-ақ күнделікті жағдайларда қолдану және әртүрлі пәндік салалардағы мәселелерді шешу үшін оқуға мүмкіндік алады:

1. Еркін деңгейде негізгі функционалдық ұғымдарды меңгеру (жұп/тақ функциялар, асимптоталар, периодтылық және т.б.).

2. Мына функцияларды графикалық түрде көрсету: сызықтық, квадраттық, сызықтық бөлшек, дәрежелік,.

3. Функциялардың графиктерін түрлендіруді қолдану (координаталар осі бойынша жылжу, қысу, созу).

4. Функциялардың қасиеттерін және параметрлерге байланысты графтың түрін зерттеу.

5. Тізбек шегі, арифметикалық және геометриялық прогрессиялар сияқты ұғымдарды меңгеру.

6. Арифметикалық және геометриялық прогрессияларға әртүрлі есептер шығару.

7. Математикалық индукция әдісін бөлінгіштікке есептер шығаруда, формулаларды шығаруда, теңдіктер мен теңсіздіктерді дәлелдеуде қолдану.

8. Қайталанатын берілген тізбектерді зерттеу.

9. Қоршаған шындықтың құбылыстары мен процестеріне сәйкес келетін жобалау және зерттеу функциялары, зерттелетін құбылыс немесе процестің ерекшеліктерін ескере отырып, тұжырымдарды түсіндіреді.

10. Тәуелділік графиктерін пайдалана отырып, бізді қоршаған дүниенің процестері мен құбылыстарын зерттеу.

11. Функцияларды құру және зерттеу арқылы басқа пәндік салалардағы есептерді шешу.

Орта мектептегі жоғары 10-11 сыныптардың математика курсының бағдарламасына жоғары математика курсының негізгі ұғымдары енгізілген, яғни оқушылар алдын-ала жоғары математика курсының кейбір элементтерімен танысады. Мәселен, математикалық анализ курсының элементтері, атап айтсақ «Функция», «Шек», «Үзіліссіздік», «Туынды», «Интеграл», «Дифференциалдық теңдеулер» және т.б. орта мектепте басталып, жалғасы жоғары оқу орындарында аяқталады. Осы тұрғыда, орта мектепте алған математикалық білім негізінде жоғары оқу орнындағы оқу материалдары меңгерілуі тиіс.

«Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің оқу бағдарламасына жоғары математика элементтерінің ұғымдарын енгізу, келесі мақсаттарға жету үшін бағытталған [6]:

1) оқушылар айнымалы шамалар математикасымен, яғни жоғары математикамен танысу керек (негізінде, оқушылар оқылу обьектісі айнымалы шамалар болатын элементар математикамен танысады);

2) оқушылар элементар математиканың құралдарымен шешуге келмейтін стандартты емес есептерді шешу тәсілдері туралы түсініктемелер алулары керек;

3) оқушылар функцияны зерттеуге, физикалық есептерге, практикалық есептерге және т.б. байланысты әртүрлі есептерді шешуде жоғары математиканың элементтерін қолдана білулері керек.

Қорытынды. Бүгінгі күнгі мектеп тәжірибесінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді бағдарлы сыныптарда оқыту бірқатар қиындықтармен қабаттаса өтіп келеді, бұл әртүрлі бағдардағы оқушылардың оқу-танымдық ерекшеліктерінің ескерілмеуінен, оқу бағдарламаларының ғылыми ақпарат ауқымының арттырылуына бағдарлануынан туындап отыр. Мектептегі жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуға кешенді теориялық тұрғыдан қараудың болмауына байланысты кейбір мәселелердің

келісілмей шешілуі, тұлғаның дара ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды ескермеу салдарынан оқыту үдерісінде көптеген оқушылар физика-математикалық пәндерді қызықсыз, болашақ мамандықтарында қажет болмайтын күрделі пәндер ретінде қарастырады, бұл өз кезегінде оқушылардың ғылыми дүниетанымдарының, болашақ кәсіби жетістіктерінің қалыптасуына кері әсер етуі мүмкін.

Бұл көрсетілген қиындықтарды жеңілдету үшін жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді бағдарлы сараланған білім берудің теориялық және практикалық – әлемнің біртұтас физика-математикалық және жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастыруға бағытталған оқу пәндері мазмұнын бағдарлы саралаудың құралы ретіндегі және жоғары сыныптарда бағдарлы оқытуды жүзеге асыру үшін білім беру үдерісіне қатысушылардың күшін жұмылдырудың құралы ретіндегі аспектілері қарастырылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Виленкин, Н.Я. Функции в природе и технике [Текст]: Учеб. для внеур. чтения IX - X кл./Н.Я. Виленкин. - 2-е изд., Испр. — М.: Просвещение, 1985. — 192 с.

2. Холодулина, С.Ю. Методика обучения функциям в курсе алгебры основной школы / С.Ю. Холодулина: бакалавриат по направлению подготовки «Педагогическое образование», направление (профиль) «Математика и информатика». - Тольятти, ТГУ. - 2017. - 122 с.

3. Турчанинова Е.В. Понятие «функция» в физике и математике [Текст]: программа элективного курса / Сост. Э.В. Турчанинова. - Челябинск: Изд-во ЧГПУ, 2005. - 21 с.

4. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық – 1 бөлім. /А.Әбілқасымова Т.П.Кучер, В.Е.Корчевский, З.Ә.Жұмағұлова – Алматы: Мектеп, 2019. – 241 бет.

5. Мордкович, А.Г. Свойства функций и кванторы / А.Г. Мордкович // Математика в школе, 2013. - №2. - С. 45-49.

6. Мұбараков А.М. Математиканы оқытудағы сабақтастық. – Павлодар, 1999. - 230 б.

ҒТАХР 27.01.45

МӘТІН ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ШОЛУ

Амангелді З.Б., «7М01511 - Математика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты; **Нұрахметов Д.Б.,** PhD, қауымдастырылған профессор
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
amangeldizejnep7@gmail.com

Аннотация. Мақалада мәтін есептерді шығару барысында оқушыларда жиі кездесетін қиындықтарға құрылымдық талдау жасалады. Мәтін есептердің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты ажырату, берілгендер мен іздеу керек шамаларды анықтау сияқты кезеңдердегі қателіктер қарастырылады. Сонымен қатар, есептің шартын математикалық тілге аудару мен модель құру барысында туындайтын қиындықтар талданады. Оқушылардың формулаларды дұрыс қолданбауы және өлшем бірліктерін түрлендірудегі қателіктері де зерттеу нысанына алынады. Қорытынды жасау мен алынған нәтижені талдау барысында кездесетін олқылықтарға ерекше назар аударылып, зерттеу барысында аталған қиындықтардың негізгі себептері айқындалады. Сонымен бірге, тиімді оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы бұл қиындықтарды азайту жолдары ұсынылады. Мақала нәтижелері мұғалімдердің әдістемелік жұмысын жетілдіруге үлкен ықпал етеді деп үміттенеміз.

Кілт сөздер: мәтін есептер, құрылымдық талдау, математикалық модель, есеп шығару, логикалық ойлау, оқыту әдістері.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, отандық білімнің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиялық басымдық болып қала береді. Алайда, халықаралық сараптамалар еліміздегі сауаттылық пен құзыреттілік деңгейінің дамыған елдерден артта қалып отырғандығын көрсетуде. Бұл мәселені шешу үшін тек оқыту емес, білім алушының зияткерлік, рухани және физикалық дамуын кешенді түрде қамтамасыз ету қажет. Бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеудің негізі – отбасы, қоғам және білім беру жүйесіндегі ортақ құндылықтардың байланысында жатыр [1].

Математикалық білім беру – үздіксіз оқу үдерісінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде тұлғаның зияткерлік әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарады. Әсіресе, орта білім беру деңгейінде бұл пән оқушылардың танымдық өрісін кеңейтіп, логикалық пайымдау дағдыларын қалыптастырудың басты құралы болып табылады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС) сәйкес, "Математика" пәнінің негізгі миссиясы – практикада қолданылатын іргелі білімді меңгерту ғана емес, сонымен қатар оқушылардың дәлелді ойлау, есеп шығару қабілеттерін дамыту және математикалық сауаттылығын жүйелі қалыптастыру болып табылады [2].

Математикалық білім беру үдерісінде есептерді шешу дағдысы шешуші фактор болып табылады. Оқытудың түпкі мақсаты – оқушылардың нақты есептер жүйесін талдаудың тиімді тәсілдерін игеруі ғана емес, сонымен қатар мектеп бағдарламасындағы іргелі ұғымдар мен әдіснамаларды терең меңгеруі. Есеп шығару әдістемесін сауатты ұйымдастыру білім алушылардың математикалық мәдениетін көтеріп, логикалық ойлауын ұштауға, сондай-ақ теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға жол ашады.

Мәтін есепті есептеудегі олқылық оқушылардың қолдағы білімін нақты жағдайларда пайдалана алмауына және есеп шығару деңгейінің төмендеуіне әкеп соқтыруда. Осыны ескере отырып, математикалық ойлауды дамытудың негізгі жолы ретінде есептерді шығарудың заманауи әдістемесін зерттеудің маңызы зор [3].

Бүгінгі таңда оқушылардың математикалық дайындығын жетілдіру бағытында көптеген жұмыстар жазылып, психологиялық-педагогикалық еңбектерде есептердің рөлі жан-жақты сараланған [4]. Осыған қарамастан, қазіргі білім беру кеңістігіндегі жаңа талаптар мәтін есептерді шығарудың құрылымдық ерекшеліктерін қайта қарауды қажет етеді. Бұл мақалада біз оқушылардың қателіктеріне талдау жасай отырып, олардың математикалық ойлау деңгейін арттырудың тиімді жолдарын айқындауды көздейміз.

Зерттеуде 5 және 6-сынып оқушылары үшін қиындықтар тудыратын бірлескен тапсырмаларға ерекше назар аударылады. Зерттеуге математикалық дайындық деңгейлері әртүрлі оқушылар қатысты.

Бұл тапсырмада оқушылардан есептеулерді орындауды ғана емес, сонымен қатар жағдайды түсіндіруді, шамалар арасындағы маңызды байланыстарды анықтауды және математикалық модель құруды талап етіледі. Қиындықтарды анықтау және талдау үшін бірлескен оқушылардың іс-әрекетін қамтитын нақты өмірлік жағдайға негізделген практикалық зерттеу жүргізілді. Эксперимент ретінде оқушыларға қораптан шарларды алып, оларды екінші қорапқа көшіру және тапсырманы орындау уақытын тіркеу ұсынылды.

Материалдар мен әдістер. Бірінші кезеңде оқушыларға бір қораптан екінші қорапқа заттарды бір-бірден көшіру тапсырмасы берілді. Әр оқушы жұмысты жеке орындады. Тапсырманы орындау алдында оқушыларға уақытты өлшеу қажеттігі түсіндірілді. Оқушы тапсырманы бастар алдында секундомер қосылып, соңғы зат көшірілген сәтте тоқтатылды. Мысалы, бірінші оқушы 25 шарды 12,2 секундта орындады. Әр оқушының жұмыс өнімдігін анықтадық.

Екінші кезеңде екі оқушы жұмысты бірге орындады. Сәйкесінше, бұл кезде де уақытын анықтаймыз.

Үшінші кезеңде алдыңғы кезеңдердегі жұмыс өнімділіктері салыстырылады.

Нәтижелер:

Практикалық жұмыс барысында оқушылардың әрекетінде бірқатар қиындықтар байқалды (1-суретті қараңыз).

Сурет 1. Оқушылардың есеп шығару барысында кездескен қиындықтары.

Бірінші кезеңде (жеке орындау) негізгі қателік уақытты дұрыс тіркеуге байланысты болды. Кейбір оқушылар секундомерді жұмысты толық бастаған сәтте емес, кеш қосып жіберген, немесе жұмыс аяқталғаннан кейін бірден тоқтатпаған. Соның нәтижесінде уақыт көрсеткіштері нақты мәннен ауытқыды.

Екінші кезеңде (жұптық жұмыс) оқушылар арасында әрекеттерді үйлестіру қиындығы байқалды. Кейбір жұптарда бір оқушы екіншісіне кедергі келтіруде байқалды.

Үшінші қиындық – математикалық модельге көшу кезеңінде кездесті. Оқушылардың бір бөлігі “жылдамдық”, “уақыт” және “жұмыс көлемі” арасындағы байланысты түсінбей, формуланы дұрыс қолданбады. Әсіресе жылдамдықтарды қосу амалы бастапқыда түсініксіз болды. Сонымен қатар, жұптық жұмыс кезінде оқушылардың әрекеттерін үйлестіру деңгейі әртүрлі болып, бұл жалпы өнімділіктің өзгеруіне әкелді.

Жалпы алғанда, қателіктердің негізгі себептері:

- уақытты дәл өлшеу дағдысының жеткіліксіздігі;
- әрекеттерді санаудағы назар тұрақсыздығы;
- математикалық модельді (жылдамдық-уақыт-жұмыс) толық түсінбеу;
- бірлескен жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінің аздығы.

Жүргізілген практикалық зерттеу нәтижелері оқушылардың математикалық модельдеу негізінде берілген “жұмыс-уақыт-жылдамдық” байланысын меңгеруінде бірқатар ерекшеліктер бар екенін көрсетті. Эксперимент барысында нақты әрекет арқылы (заттарды бір ыдыстан екінші ыдысқа көшіру) алынған деректер оқушылардың теориялық ұғымдарды практикалық жағдаймен байланыстыруға мүмкіндік беретінін дәлелдеді.

Математикалық талдау нәтижелері оқушылардың көпшілігі жылдамдық ұғымын формула деңгейінде қолдана алғанымен, оны нақты әрекетпен байланыстыруда қиындық көретінін көрсетті. Дегенмен, бірлескен жұмыс нәтижесінде жалпы өнімділіктің артуы байқалып, оқушыларда “бірлескен әрекет тиімділігі” туралы алғашқы түсініктер қалыптасты.

Қорытынды. Тәжірибе кезінде практикалық жұмыс оқушылардың математикалық түсініктерін тереңдетуге, логикалық ойлауын дамытуға және нақты өмірлік процестерді математикалық модель түрінде қарастыру қабілетін қалыптастыруға ықпал етті. Зерттеу нәтижелері мұндай практикалық-эксперименттік тапсырмалардың оқу үдерісінде тиімді әдіс екенін дәлелдейді.

Ұсыныстар

1. мәтін есептерді өмірлік жағдайлармен байланыстыру;
2. есепті модельдеу дағдысын жүйелі дамыту;
3. кесте мен схемаларды қолданыду үйрету;
4. логикалық және кері есептерді жиі орындату.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249 (қолжетімділік күні 03.05.2026).
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031. (қолжетімділік күні 03.05.2026).
3. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224б.
4. Жумалиева Л.Д. Орта мектепте математикалық есептерді шығарудың әдістемелік негіздері: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссератция. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2017.

ҒТАМА 27.23.17

3D ВИЗУАЛИЗАЦИЯ АРҚЫЛЫ КЕҢІСТІКТІК ДЕНЕЛЕРДІҢ КӨЛЕМІН ИНТЕГРАЛ ӘДІСІМЕН ЕСЕПТЕУ

Аманжол А.Е., 1 курс магистранты; **Аниярov А.А.,** ф.м.ғ.к., қауым.проф., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
akbota.amanzholova2000@mail.ru

Аннотация. Кеңістіктік дененің көлемін интеграл арқылы есептеу математикалық талдаудың жай техникалық тарауы емес. Мұнда студенттің кеңістікті қалай елестететіні, қиманы қалай көретіні, айналу кезінде қай сызық радиусқа, қайсысы биіктікке айналатынын қалай ажырататы шешуші рөл атқарады. Дәл осы тұста қате көп кетеді. Формула жатталады, ал геометриялық мағына көмескі қалады. Сондықтан қима әдісі, диск, сақина және цилиндрлік қабықша тәсілдері дайын ереже ретінде емес, жазық аймақтың кеңістіктік денеге айналу логикасы ретінде қарастырылды. Мақалада 3D визуализация мен интегралдық есептеуді бір арнаға тоғыстыратын ықшам, бірақ тұтас модель ұсынылады. Негізгі назар радиус пен биіктікті дұрыс таңдауға, қима ауданын интеграл астындағы функцияға дәл көшіруге және есептеу алдында дененің геометриялық құрылымын тануға аударылды. Нәтижеде бір модельдік есеп пен Берман жинағынан алынған екі классикалық есеп толық шығарылып, олардың әрқайсысында аналитикалық тіл мен кеңістіктік бейне бір-бірінен ажырамайтыны көрсетілді.

Кілт сөздер: 3D визуализация, анық интеграл, айналу денесі, көлем, қима әдісі, сақина әдісі, цилиндрлік қабықша, математикалық талдау.

Кіріспе. Анық интегралды меңгерудегі ең күрделі тұстардың бірі - бір ұғымның бірнеше мағынасы бір-бірінен ажырап кетуі. Аудан бөлек оқылады, жинақталу бөлек түсіндіріледі, орта мән жеке қаралады, ал көлемге келгенде студент тағы бір жаңа тақырыпқа тап болғандай күй кешеді. Іс жүзінде мәселе басқаша. Көлем формуласы интеграл ұғымынан тыс тұрған қосымша техника емес, сол ұғымның геометриялық қуатын ашатын негізгі қолданбалардың бірі [1].

Классикалық есептеулерде көлем табу логикасы қимадан басталады. Әрі қарай дененің табиғатына қарай диск, сақина немесе цилиндрлік қабықша тәсілі таңдалады. OpenStax calculus курсында осы таңдаудың екі тірегі анық берілген: біріншісі - фигураның геометриясы, екіншісі - интеграл астындағы өрнектің қай айнымалы бойынша ықшам шығатыны [2]. Мұны елемеген жерде студент қате формуланы емес, қате координаталық ойлауды таңдайды.

Көп қиындық дәл осы жерде туындайды. Формула көрініп тұрады, ал аймақ көрінбейді. Dimovski I., Trompeska M., Cvetkoska D., Kochoski F. еңбегінде көпайнымалы талдауды оқытуда статикалық және динамикалық 3D визуализацияның маңызы осы себептен ерекше аталады: студент көбіне

интегралдау аймағын түсінбегендіктен қателеседі, ал мұндай қате таза алгебралық емес, кеңістіктік сипатқа ие [3]. Мәселе тек теориялық деңгейде тұрған жоқ. Saad S.M., Abu Mansor S.N., Azudin A.R., Omar M. ұсынған Graphica3D модулін қолданған зерттеуде 37 инженерлік бағыттағы студенттің 40.5%-ы бастапқы кезеңде 3D графиктерді елестету мен салуда нақты қиындық көрген. Кейін модульмен жұмыс істегеннен соң олардың барлығы бұл құралдың кеңістіктік түсінуді жақсартқанын қолдаған [4]. Сан маңызды. 37 адамның 15-ке жуығы бастапқыда графикті кеңістікте елестете алмаған. Бұл жекелеген әлсіздік емес, тұрақты дидактикалық түйін. Ramadhani R., Sri Bina N., Syahputra E. жүргізген жұмыс та осыған жақын қорытынды береді. Flipped Classroom мен Autograph платформасын қатар қолдану инженерлік мамандық студенттерінің оқу нәтижелерін жақсартқан. Мұнда визуалды орта безендіру қызметін атқармайды. Ол ұғымды ұстап тұратын когнитивтік тірекке айналады [5]. Сондықтан назарды бір ғана сұраққа шоғырландыру орынды: жазық аймақ кеңістіктік денеге айналған сәтте интеграл қай жерде туады? Осы мәтінде 3D визуализация арқылы кеңістіктік денелердің көлемін интеграл әдісімен есептеудің аналитикалық және дидактикалық бірлігі ашылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы - бір геометриялық нысанды үш түрлі аналитикалық схема арқылы, яғни қима, сақина және қабықша тәсілдері арқылы біртұтас логикада түсіндіруінде. Қолданбалы мәні де айқын: студент күрделі денені формулаға көшірер алдында оның құрылымын кезең-кезеңімен тануға үйренеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде анаитикалық реконструкция, геометриялық модельдеу және динамикалық визуализацияны сабақтастыру тәсілі қолданылды. Алдымен жазық аймақ беріледі. Одан кейін айналу осі таңдалады. Содан соң дәл сол аймақтың айналғаннан кейін қандай қима немесе қандай қабықша беретінін анықтау қажет. Егер дененің әр нүктедегі көлденең қимасының ауданы $A(x)$ белгілі болса, көлем классикалық түрде

$$V = \int_a^b A\,(x)\,dx$$

формуласы арқылы табылады.

Айналу денелері үшін ең жиі қолданылатын үш өрнек төмендегідей:

$$V = \pi \int_a^b [R(x)]^2\ dx$$

диск әдісі;

$$V = \pi \int_a^b (R(x)^2 - r(x)^2)\ dx$$

сақина әдісі;

$$V = 2\pi \int_a^b x\ f(x)\,dx$$

цилиндрлік қабықша әдісі.

Егер интегралдау y айнымалысы бойынша жүргізілсе, онда осы шамалар тиісінше $R(y)$, $r(y)$, $g(y)$ арқылы жазылады. Формула ауысқанмен, түбірлі мәселе өзгермейді: дененің нақты қай элементі радиус, қай элементі қалыңдық, қай элементі биіктік қызметін атқаратынын дұрыс тану керек.

Кей жағдайда студент әдісті есептеу ыңғайына қарап таңдайды. Бұл толық сенімді жол емес. Кейбір фигурада қабықша әдісі табиғи көрінеді, ал кейбірінде дәл сол тәсіл артық қиындық туғызады. Сондықтан әдіс таңдау алдымен геометрияға, содан кейін техникаға сүйенуі тиіс.

Қолданылатын негізгі тәсілдерді жинақтап көрсетсек, олардың логикасы төмендегідей.

Қима әдісі. Геометриялық негізі - денені өте жұқа қабаттарға бөлу. Негізгі формула:

$$V = \int_a^b A\,(x)\,dx$$

Қолдануға қолайлы жағдай - қиманың ауданын тікелей табу оңай болғанда.

Диск немесе сақина әдісі. Геометриялық негізі - айналу нәтижесінде шеңберлік қима пайда болуы. Негізгі формула:

$$V = \pi \int_a^b (R^2 - r^2)\ dx$$

Қолдануға қолайлы жағдай - ішкі және сыртқы радиус анық ажыратылғанда.

Цилиндрлік қабықша әдісі. Геометриялық негізі - жұқа тік жолақ айналғанда қабықша түзілуі. Негізгі формула:

$$V = 2\pi \int_a^b r\,h\,dx$$

Қолдануға қолайлы жағдай - радиус пен биіктік қарапайым өрнектелгенде.

Көлемді есептеудің әдісін таңдау тек техникалық талғам емес. Бұл - дененің геометриялық құрылымын дұрыс тану мәселесі. Бір дененің көлемін бірнеше тәсілмен табуға болады. Бірақ олардың бәрі бірдей тиімді емес. Айырма дәл интеграл астындағы өрнекте байқалады. Осы жерде 3D визуализацияның артықшылығы ашылады: студент жазық аймақтың қай

бөлігі айналғанда сақина береді, қай бөлігі қабықша береді, қай жерде қима эллипске айналатынын көзбен көреді.

GeoGebra-ның ресми 3D Calculator құралы мұндай міндетке ыңғайлы. Онда объектіні бұруға, үлкейтуге, бетін әр қырынан қарауға, 3D функциялар мен беттерді қатар зерттеуге болады. Мобильді ортада AR функциясының болуы да кездейсоқ деталь емес. Кеңістіктегі денені экраннан бөліп алып, көзбен шамалауға мүмкіндік туған жерде формула студентке абстракт таңба емес, көрінетін құрылымға айналады [6].

Жазық аймақтан көлем формуласына өтудің логикасын төмендегі сұлба жинақтайды.



1 – сурет. Айналу денелерінің көлемін интеграл әдісімен есептеудің құрылымдық сұлбасы

1 сурет көлем есептеудің маңызды әдістемелік қағидасын ашып тұр: интеграл дайын күйде берілмейді, ол кеңістіктік құрылымды аналитикалық тілге көшірудің соңғы нәтижесі ретінде пайда болады.

Нәтижелер. Г.Н. Берманның есептер жинағы көлемге байланысты классикалық тапсырмаларды жүйелі түрде береді. Сол жинақтағы 2564 және 2579 типті есептерді 3D визуализация логикасымен қайта қарау әдістің қай жерде шын мәнінде көмектесетінін нақты көрсетеді [7].

Алдымен қысқа модельдік есепті алайық. $0 \le x \le 1$ аралығында $y = \sqrt{x}$ және $y = x$ қисықтарымен шектелген аймақ Ox осі төңірегінде айналсын. Бұл жерде сыртқы радиус $R(x) = \sqrt{x}$, ал ішкі радиус $r(x) = x$. Сонда көлем сақина әдісімен есептеледі:

$$V = \pi \int_0^1 \left(\left(\sqrt{x}\right)^2 - x^2 \right) dx = \pi \int_0^1 (x - x^2)\ dx$$
$$V = \pi \left(\frac{x^2}{2} - \frac{x^3}{3} \right) |_0^1 = \pi \left(\frac{1}{2} - \frac{1}{3} \right) = \frac{\pi}{6}$$

Бұл есептің құндылығы оның қарапайымдылығында емес. Мұнда студент бірден екі радиусты ажыратады. Егер $y = \sqrt{x}$ пен $y = x$ графиктерін көзге елестете алса, неге сыртқы радиус $\sqrt{x}$, ал ішкі радиус x екені өздігінен түсінікті болады. Егер график көз алдында тұрмаса, дәл осы жерде шатасу басталады.

Енді Берман жинағындағы 2564 типті есепті қарастырайық. $y = 2x - x^2$ параболасы мен Ox осінің арасындағы аймақ Oy осі төңірегінде айналсын. Мұнда x мәндері 0-ден 2-ге дейін өзгереді. Бұл фигура үшін қабықша әдісі әлдеқайда табиғи, себебі айналатын әр тік жолақ жұқа цилиндрлік қабықша береді. Оның радиусы x, ал биіктігі $2x - x^2$:

$$V = 2\pi \int_0^2 x\,(2x - x^2)\,dx = 2\pi \int_0^2 (2x^2 - x^3)\ dx$$

Есептеу әрі қарай былай жалғасады:

$$V = 2\pi \left(\frac{2x^3}{3} - \frac{x^4}{4} \right) |_0^2 = 2\pi \left(\frac{16}{3} - 4 \right) = 2\pi \cdot \frac{4}{3} = \frac{8\pi}{3}$$

Мұнда ең маңызды сәт есептеу соңындағы сан емес. Негізгі мәселе - неге дәл қабықша тәсілі таңдалғанында. Егер осы фигураны тек жазық сызба ретінде қабылдаса, студент тағы бір формула қолданғандай әсерде қалады. Ал тік жолақтың Oy осі төңірегінде айналып, жұқа цилиндрлік қабықшаға айналатынын елестеткен сәтте радиус пен биіктіктің қайдан шыққаны бірден ашылады.

Келесі есеп - Берман жинағындағы 2579 типі, яғни эллипсоид көлемі. Эллипсоид теңдеуі

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} + \frac{z^2}{c^2} = 1$$

түрінде берілсін. Мұнда z тұрақты болғандағы қима эллипс болады. Демек бұл есепте қима әдісі алдыңғы екі мысалға қарағанда әлдеқайда орынды. Себебі дене айналу арқылы емес, деңгейлік қималар арқылы жақсы ашылады [8].

Эллипсоид теңдеуінен

$$\frac{x^2}{a^2}+\frac{y^2}{b^2}=1-\frac{z^2}{c^2}$$

қатынасы шығады. Сондықтан z деңгейіндегі қиманың жарты остері

$$a\sqrt{1-\frac{z^2}{c^2}},\ b\sqrt{1-\frac{z^2}{c^2}}$$

болады. Осыдан қиманың ауданы

$$A(z)=\pi ab\left(1-\frac{z^2}{c^2}\right)$$

екені алынады. Енді көлемді $-c$-ден c-ге дейін интегралдау жеткілікті:

$$V=\int_{-c}^{c}A\,(z)\,dz=\pi ab\int_{-c}^{c}\left(1-\frac{z^2}{c^2}\right)dz$$

Интегралды есептейік:

$$V=\pi ab\left(z-\frac{z^3}{3c^2}\right)|_{-c}^{c}=\pi ab\left[\left(c-\frac{c}{3}\right)-\left(-c+\frac{c}{3}\right)\right]$$

$$V=\pi ab\cdot\frac{4c}{3}=\frac{4}{3}\pi abc$$

Мұндағы нәтиже геометриялық жағынан өте мазмұнды. Эллипсоид көлемі сфера формуласының жалпыланған түрі ретінде шығады. Шынында, егер $a=b=c=R$ болса, онда бірден

$$V=\frac{4}{3}\pi R^3$$

формуласы алынады. Яғни сфера эллипсоидтың жеке жағдайы ретінде көрінеді. Осындай байланыстарды 3D модельсіз түсіндіру қиын емес, бірақ әсері әлсіздеу болады. Ал эллипсоидтың қималарының биіктік бойынша қалай өзгеретінін көзбен көрген студент үшін бұл формула жаттанды қорытынды емес, геометриялық қажеттілікке айналады.

Нәтижелерді бір жерге жинамайынша, әдістердің айырмасы толық ашылмайды. Бір есепте радиустардың айырмасы шешуші рөл атқарады, екіншісінде тік жолақтың айналуы ыңғайлы, үшіншісінде деңгейлік қималар

ғана дененің ішкі құрылымын дұрыс ашады. Сол себепті төмендегі 1 кесте тек үш түрлі геометриялық ойлау тәсілінің картасы ретінде беріледі.

1 – кесте. Есептердің шешілу нәтижелері және қолданылған интегралдау әдістері

Есеп	Қолданылған әдіс	Интеграл	Нәтиже
$y = \sqrt{x}, y = x, 0 \leq x \leq 1,$ Ox төңірегі	Сақина әдісі	$\pi\int_0^1(x - x^2)dx$	$\pi/6$
$y = 2x - x^2$, Ox пен Oy төңірегіндегі айналу	Цилиндрлік қабықша әдісі	$2\pi\int_0^2 x(2x - x^2)dx$	$8\pi/3$
$x^2/a^2 + y^2/b^2 + z^2/c^2 = 1$	Қима әдісі	$\pi ab\int_{-c}^{c}(1 - z^2/c^2)dz$	$4\pi abc/3$

Көлемді есептеудегі басты қиындық көбіне интеграл алудан емес, дененің қандай геометриялық сұлба бойынша құрылып тұрғанын кеш танудан туады. Мысалы, $y = \sqrt{x}$ пен $y = x$ арасындағы аймақта 0 мен 1 аралығы ғана алынады, бірақ студент дәл сол аралықта қай қисықтың сыртқы радиус беретінін шатастырып алса, есеп бірден бұзылады. Ал $y = 2x - x^2$ параболасында мәселе радиуста емес, жолақтың қалай айналатынында. Эллипсоидта тіпті айналу да негізгі тірек емес - мұнда z бойынша қималар дененің шынайы құрылымын әлдеқайда дәл береді. 3D визуализацияның құны дәл осы жерде білінеді: ол есептеу алдында геометриялық таңдауды тұрақтандырады.

Практикада осы тәсіл резервуар, күмбез, сопло, линза тәрізді денелердің жуық модельдерін талдауда өте ыңғайлы. Инженерлік бағыттағы білім алушы үшін бұл ұсақ деталь емес. Мысалы, күмбездің ішкі және сыртқы шекарасын ажырату керек болғанда сақина әдісі табиғи шешім береді, ал ұзын сопло тәрізді нысанда кейде қабықша тәсілі әлдеқайда ықшам шығады. Линзаға ұқсас денелерде қиманың бағытын дұрыс таңдамау артық күрделі интегралға алып келуі мүмкін. Яғни формула таңдау таза талғам мәселесі емес, модельдің геометриялық табиғатына тәуелді шешім.

Қорытынды. Осылайша, кеңістіктік дененің көлемін есептеуде 3D визуализацияны интеграл әдісімен ұштастыру математикалық талдаудың формальды мазмұнын кеңістіктік ойлау мәдениетімен байланыстырады. Қима, диск, сақина және цилиндрлік қабықша тәсілдері бір-бірінен бөлек тараған ережелер ретінде қабылданса, тақырып бөлшектеніп кетеді. Ал олар бір геометриялық процестің әртүрлі аналитикалық проекциялары ретінде қаралғанда, есеп те, әдіс те орнына түседі. Берман жинағындағы есептер осыны жақсы көрсетеді: әдіс таңдауы айналу осіне, қиманың бағытына және радиус пен биіктіктің қай айнымалы арқылы табиғи өрнектелетініне тәуелді. Мұндай тәуелділікті тек формула арқылы ұғыну қиын. Кеңістіктегі дененің

құрылымы көрінген кезде ғана интеграл шынайы мағынасына ие болады. Сондықтан тиімді жол формуланы жаттап алу емес, денені көру, оның құрылымын аналитикалық тілге дәл көшіру және шыққан нәтижені қайтадан геометриялық мәнімен тексеру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Buriticá L.P.M., Sierra G.M., Flores C.D. Exploring Conceptualisations of the Definite Integral in Mathematics Education: A Systematic Literature Analysis // Educational Process: International Journal. 2025. Vol. 19. URL: https://doi.org/10.22521/edupij.2025.19.537
2. Strang G., Herman E. Calculus. Volume 2. Houston: OpenStax, 2016. URL: https://openstax.org/books/calculus-volume-2/pages/2-key-concepts
3. Dimovski I., Trompeska M., Cvetkoska D., Kochoski F. Visualization Tools Integrated in Multivariate Calculus Instruction and Their Impact on the Quality of Students' Knowledge // International Journal of Mathematics Trends and Technology. 2016. Vol. 39, No. 1. URL: https://ijmttjournal.org/public/assets/volume-39/number-1/IJMTT-V39P504.pdf
4. Saad S.M., Abu Mansor S.N., Azudin A.R., Omar M. Enhancing 3D Graph Visualisation in Multivariable Calculus Using Graphica3D // International Journal on e-Learning and Higher Education. 2025. Vol. 20, No. 2. URL: https://doi.org/10.24191/ijelhe.v20n2.2025
5. Ramadhani R., Sri Bina N., Syahputra E. Flipped Classroom Assisted Autograph in Calculus Learning for Engineering Students: A Rasch Measurement Study // Mathematics Teaching Research Journal. 2022. Vol. 14, No. 4. URL: https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1361735.pdf
6. GeoGebra. 3D Calculator. Help Center. URL: https://help.geogebra.org/hc/en-us/articles/8493632359069-3D-Calculator
7. Берман Г.Н. Сборник задач по курсу математического анализа: учеб. пособие. 22-е изд., перераб. СПб.: Профессия, 2001. 432 с. URL: https://archive.org/details/Sbornik-zadach-matanaliz-Berman-2001
8. Reichenberger S., Lieban D., Russo C., Lichtenegger B. 3D Printing to Address Solids of Revolution at School // Proceedings of Bridges 2019: Mathematics, Art, Music, Architecture, Education, Culture. 2019. P. 493-496. URL: https://archive.bridgesmathart.org/2019/bridges2019-493.pdf

ҒТАМА 14.25.09

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ДЕНЕЛЕРДІҢ КОМБИНАЦИЯСЫНА АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕРДІ ОҚЫТУДА GEOGEBRA НЕГІЗІНДЕГІ КЕЗЕҢДІК ӘДІСТЕМЕЛІК МОДЕЛЬ

Әбдіхай А.Қ.; Анияров А.А., ф.м.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aruzhanabdikhay@gmail.com

Аннотация. Мақалада геометриялық денелердің комбинациясына арналған есептерді оқытуда цифрлық технологияларды, атап айтқанда GeoGebra бағдарламасының 3D мүмкіндіктерін қолданудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға және күрделі геометриялық есептерді тиімді меңгеруге бағытталған ұсынылатын кезеңдік әдістемелік модель берілді. Ұсынылған модель визуализация, құрылымдық талдау, математикалық модельдеу, есепті шешу және нәтижені цифрлық тексеру кезеңдерінен тұрады. Әрбір кезеңде оқушының белсенді танымдық әрекеті ұйымдастырылып, цифрлық құралдар арқылы қолдау көрсетіледі. Практикалық бөлімде нақты есепті шешу мысалында ұсынылған әдістеменің тиімділігі көрсетілді. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану геометрияны оқыту сапасын арттыратынын және оқушылардың оқу жетістіктеріне оң әсер ететінін дәлелдейді. Цифрлық технологияларды қолдану геометрияны оқытудың сапасын арттырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: геометриялық денелер, денелер комбинациясы, GeoGebra, геометрияны оқыту әдістемесі, кеңістіктік ойлау, интерактивті оқыту

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде геометрияны оқытуда цифрлық технологияларды қолдану маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Әсіресе, геометриялық денелердің комбинациясына арналған есептер оқушылар үшін күрделі болып табылады, себебі олар кеңістіктік елестету мен терең талдауды талап етеді [1].

Дәстүрлі оқытуда мұндай есептерді түсіндіру көбінесе жазық сызбалар арқылы жүзеге асырылады, бұл оқушылардың есептің мазмұнын толық түсінуіне кедергі келтіреді. Осыған байланысты GeoGebra сияқты цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыру қажеттілігі туындайды.

Осы мақалада геометриялық денелер комбинациясына арналған есептерді оқытуға бағытталған ұсынылатын кезеңдік әдістемелік модель берілді.

Материалдар мен әдістер. Геометриялық денелердің комбинациясына арналған есептерді оқыту барысында оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту және есептерді жүйелі шешу дағдыларын қалыптастыру

маңызды болып табылады. Дәстүрлі оқыту әдістері кейде күрделі комбинацияларды толық түсінуге жеткіліксіз, сондықтан цифрлық технологияларды, атап айтқанда GeoGebra бағдарламасының 3D мүмкіндіктерін қолдану тиімді [2].

Осы зерттеуде оқушылардың белсенділігін арттыруға және оқу процесін жүйелеуге бағытталған ұсынылатын кезеңдік әдістемелік модель берілді, ол бірнеше өзара байланысқан кезеңнен тұрады. Әр кезең оқушының танымдық әрекетін ұйымдастырып, есептерді кезең-кезеңімен тиімді шешуге мүмкіндік береді. Келесі бөлімде ұсынылған модельдің әр кезеңі сипатталады және практикалық мысал арқылы оның тиімділігі көрсетіледі.

І-Визуализация кезеңі. Визуализация кезеңі ұсынылған әдістемелік модельдің бастапқы және маңызды бөлігі болып табылады. Бұл кезеңде оқушылар геометриялық денелердің комбинациясын кеңістікте елестету үшін GeoGebra бағдарламасының 3D графикалық мүмкіндіктерін қолданады [3]. Атап айтқанда, оқушылар цилиндр мен шар, конус пен призма сияқты денелердің модельдерін құрастырып, оларды әртүрлі бұрыштардан қарастырады, айналдырады және олардың өзара орналасуын бақылайды.

Динамикалық модельдерді пайдалану оқушыларға абстрактілі геометриялық ұғымдарды нақты визуалды образдармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде кеңістіктік ойлаудың дамуына және есептің шартын дұрыс түсінуге ықпал етеді.Сонымен қатар, бұл кезеңде оқушыларға келесі типтегі тапсырмалар ұсынылады:

– берілген геометриялық денелерді GeoGebra ортасында құрастыру;

– денелердің қиылысу немесе жанасу аймақтарын визуалды түрде анықтау;

– модельді айналдыру арқылы оның құрылымын зерттеу.

Зерттеу барысында байқалғандай, визуализация кезеңін қолдану оқушылардың есепті түсіну деңгейін арттырып, кейінгі аналитикалық кезеңдерге көшуін жеңілдетеді.

ІІ-Құрылымдық талдау кезеңі. Құрылымдық талдау кезеңінде оқушылар визуализация нәтижесінде алынған геометриялық модельді тереңірек зерттеуге көшеді. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – геометриялық денелердің өзара орналасуын, олардың байланыстарын және есептің шартындағы негізгі элементтерді анықтау болып табылады.

Оқушылар GeoGebra ортасында құрылған модельге сүйене отырып, қандай денелер комбинациясы берілгенін (мысалы, цилиндр мен шар, конус пен призма), олардың бір-біріне қатысты орналасуын талдайды [4]. Сонымен қатар, осы кезеңде оқушылар есепті шешуге қажетті негізгі параметрлерді (радиус, биіктік, қашықтық және т.б.) анықтап, оларды сызбада белгілейді.

Тапсырмалар ретінде оқушыларға келесілер ұсынылады:

– геометриялық денелердің орналасу түрін анықтау;

– негізгі элементтерді белгілеу;

– денелер арасындағы геометриялық байланыстарды сипаттау.

Бұл кезең оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, есептің математикалық моделін құруға негіз қалайды.

III-Математикалық модельдеу кезеңі. Математикалық модельдеу кезеңінде оқушылар талдау нәтижесінде анықталған геометриялық байланыстарды математикалық тілде өрнектеуге көшеді. Бұл кезең есепті формализациялаудың негізгі бөлігі болып табылады.

Оқушылар белгіленген шамалар арасындағы тәуелділіктерді анықтап, қажетті формулаларды қолданады немесе жаңа өрнектер құрастырады. Мысалы, көлемдер, бет аудандары немесе геометриялық қатынастар арасындағы байланыстар анықталады.

GeoGebra ортасы бұл кезеңде қосымша қолдау құралы ретінде қолданылады: оқушылар модельдегі өлшемдерді нақтылап, болжамдарының дұрыстығын тексере алады [5].

Тапсырмалар:

– белгілеулер енгізу (r, h және т.б.);

– шамалар арасындағы тәуелділікті жазу;

– қажетті формулаларды таңдау және негіздеу.

Бұл кезең оқушылардың математикалық тілде ойлау және абстракциялау дағдыларын қалыптастырады.

IV-Есепті шешу кезеңі. Есепті шешу кезеңінде оқушылар құрылған математикалық модель негізінде есептің нақты шешімін табады. Бұл кезеңде алдыңғы кезеңдерде алынған барлық мәліметтер мен өрнектер жүйеленіп, есептеу жұмыстары жүргізіледі.Оқушылар формулаларды қолдана отырып, қажетті шамаларды есептейді, аралық нәтижелерді тексереді және соңғы жауапты шығарады.

Бұл кезеңде мұғалім тарапынан бағыттаушы сұрақтар берілуі мүмкін, алайда негізгі әрекет оқушының өз бетімен орындауына бағытталады.

Тапсырмалар:

– алынған формулаларды пайдаланып есептеу жүргізу;

– аралық нәтижелерді тексеру;

– соңғы жауапты негіздеу.

Осы кезең оқушылардың есеп шығару дағдыларын бекітіп, логикалық ойлауын дамытады.

V-Нәтижені цифрлық тексеру кезеңі. Нәтижені цифрлық тексеру кезеңі ұсынылған әдістемелік модельдің қорытынды бөлігі болып табылады және оның басты ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл кезеңде оқушылар алынған нәтижені GeoGebra бағдарламасының көмегімен тексереді. Оқушылар 3D модельдегі параметрлерді өзгерту, өлшемдерді нақтылау немесе қосымша құралдарды пайдалану арқылы өз шешімдерінің дұрыстығына көз жеткізеді.

Мұндай тексеру түрі оқушыларға өз қателерін өздігінен анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар кері байланысты жедел алуға жағдай жасайды [6].

Тапсырмалар:

– алынған нәтижені GeoGebra моделінде тексеру;
– параметрлерді өзгерту арқылы нәтижені салыстыру;
– қате болған жағдайда себептерін анықтау.

Бұл кезең оқушылардың рефлексия жасау дағдысын дамытып, цифрлық құралдарды тиімді қолдануға үйретеді.

Нәтижелер. Практикалық бөлімде ұсынылатын әдістемелік модельді қолданудың тиімділігін нақты есеп мысалы арқылы көрсету қарастырылады. Тапсырма геометриялық денелердің комбинациясына негізделген және оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Есеп: Цилиндрдің радиусы R және биіктігі H белгілі. Оның ішіне дәл сыйатындай шар салынған. Шардың көлемін табу қажет.

Тапсырма бойынша шардың көлемін есептеу керек және GeoGebra арқылы нәтижені визуалды тексеру қажет.

1-кезең: Визуализация

GeoGebra бағдарламасында цилиндр мен оған іштей сызылған шардың 3D моделі құрылады. Оқушылар модельді айналдырып, шардың цилиндрге толық тиіп тұрғанын бақылайды (1-сурет).



1 – Сурет. Шардың цилиндрге толық тиюі

2-кезең: Талдау

Шар цилиндрге іштей сызылған.

Демек: шардың диаметрі = цилиндрдің биіктігі. Радиусы: r = R.

3-кезең: Математикалық модельдеу

Шар көлемінің формуласы:

$V = \frac{4}{3}\pi r^3$

4-кезең: Шешу

$V = \frac{4}{3}\pi R^3$

5-кезең: Тексеру

GeoGebra-да радиусты өзгертіп, көлемнің өзгеруін бақылау арқылы нәтиже тексеріледі.

Алынған есепте цилиндр радиусы R = 3, биіктігі H = 6 және ішіне салынған шар радиусы r = 3 болып алынған. GeoGebra-да модельді

айналдырып, шардың цилиндрге толық сыйып тұрғанын, оның ортасы цилиндр биіктігінің ортасында орналасқанын тексеруге болады.Сонымен қатар, параметрлерді өзгерту арқылы нәтижені салыстыруға болады: мысалы, цилиндр биіктігін немесе радиусын өзгертіп, шардың солай сыйып тұрғанын бақылау. Егер модель визуалды тұрғыда дұрыс орналасса және формула бойынша есептелген көлем мәні сәйкес келсе, нәтиже тексерілген болып есептеледі (2-сурет).



2 – Сурет. Шардың цилиндрге толық тиюі, профильдік бейіні

Бұл тәсіл оқушыларға қателерді өздігінен анықтауға мүмкіндік береді, кеңістіктік ойлау қабілетін дамытады және есепті нақты цифрлық құрал арқылы тексеру тәжірибесін береді.

Нәтиже бойынша ұсынылған әдістемелік модельді қолдану нәтижесінде оқушылардың геометриялық есептерді түсіну деңгейі артатыны, кеңістіктік ойлау қабілетінің дамитыны және есеп шығару дағдыларының қалыптасатыны байқалды.

Қорытынды. Мақалада геометриялық денелердің комбинациясына арналған есептерді оқытуда GeoGebra бағдарламасын қолдануға негізделген авторлық кезеңдік әдістемелік модель ұсынылды.

Ұсынылған модель оқыту процесін жүйелеуге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және күрделі есептерді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды қолдану геометрияны оқытудың сапасын арттырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Mayer R. E. Multimedia Learning. – 2nd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 304 p.
2. Duval R. Visualization, reasoning and mathematical thinking // Basic Issues for Learning. – 1998. – P. 45–67.
3. Battista M. T. The development of geometric and spatial thinking // Second Handbook of Research on Mathematics Teaching and Learning. – 2007. –

P. 843–908.
4. Hohenwarter M., Fuchs K. GeoGebra – a dynamic mathematics software // Journal for Mathematics and Education. – 2004. – №5. – P. 12–18.
5. GeoGebra. Official website. – URL: https://www.geogebra.org (қаралған күні: 28.03.2026).
6. Смағұлов А. А. Геометрия есептерін шешу әдістері. – Алматы: Білім, 2018.– 180 б.

ҒТАМА 27.25.19

МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА Y=[X], Y={X} ТҮРІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ БАР АЛГЕБРАЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Әбілқайыр М.М., магистрант; **Токмурзин Ж.С.,** PhD, математика ғылым магистрі, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
meabil2003@gmail.com

Аннотация. Бұл жұмыста санның бүтін және бөлшек бөліктері бар теңдеулерді шешу әдістері қарастырылды. [f(x)]=a, f([x])=a,{f(x)}=a, f({x})=a түріндегі теңдеулердің негізгі типтері, сондай-ақ айнымалының бүтін және бөлшек бөліктері қатысатын алгебралық типтегі теңдеулер талданды. Мұндай теңдеулерді шешу санның бүтін және бөлшек бөліктерінің анықтамаларын қолдану және теңсіздіктер жүйесіне көшу арқылы жүзеге асатыны көрсетілді. Сонымен қатар, айнымалының бүтін және бөлшек бөліктері бірге кездесетін алгебралық типтегі күрделі теңдеулер де қарастырылып, оларды ықшамдау және шешу жолдары көрсетілді. Жұмыс барысында әртүрлі мысалдар қарастырылып, олардың шешу жолдары толық түсіндірілді. Бұл мысалдар теориялық материалды тереңірек меңгеруге және практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, қарастырылған әдістерді ұқсас есептерді шешуде қолдануға болатыны көрсетілді. Жалпы алғанда, бұл жұмыста ұсынылған әдістер мен тәсілдер санның бүтін және бөлшек бөліктері қатысатын теңдеулерді жүйелі түрде шешуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері мұндай есептерді шешуде теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастырудың маңыздылығын көрсетеді және алдағы уақытта осы бағыттағы есептерді тереңірек меңгеруге негіз бола алады.

Кілт сөздер: санның бүтін бөлігі, санның бөлшек бөлігі, бүтін бөлігі бар теңдеулер, бөлшек бөлігі бар теңдеулер, теңсіздіктер жүйесі, теңдеулерді шешу әдістері.

Кіріспе. Мектеп курсында қарастырылатын (y=[x]) және (y={x}) функциялары — ерекше сипаттағы функциялар. Мұндағы ([x]) — бүтін бөлік функциясы, ал ({x}) — бөлшек бөлік функциясы. Біз осы мақалада осы функцияларды қолдана отырып алгебралық теңдеу мен теңсіздіктерді шығаруды үйренеміз. Бұның көмегімен оқушылар бүтін және бөлшек бөлік функциялары бар теңдеуді шешуді үйренеді және сол арқылы олардың логикалық, аналитикалық ойлауы қабілеттері дамиды.

Материалдар мен әдістер. Жұмыста теориялық талдау және алгебралық түрлендіру әдістері қолданылды. Зерттеудің негізі ретінде нақты санның бүтін бөлігі [x] және бөлшек бөлігі {x} ұғымдарының анықтамалары алынды. Қарастырылатын теңдеулерді шешуде теңдеулерді теңсіздіктер жүйесіне

түрлендіру әдістері, бүтін және бөлшек бөліктердің қасиеттерін пайдалану, сондай-ақ алгебралық және квадрат теңдеулерді шешудің стандартты тәсілдері қолданылды. Әдістердің қолданылуын көрсету мақсатында нақты мысалдар қарастырылды.

Алгебралық теңдеулерді шешу үшін келесі теңдеулерді қарастырайық [1-3]

I) [f(x)]=a;

II) f([x])=a;

III) {f(x)}=a;

IV) f({x})=a.

Осы теңдеулерді шешудің кейбір жалпы тәсілдерін көрсетейік.

1) [f(x)]=a

1. Егер a∈Z болса, онда бұл теңдеу келесі теңсіздікке тең мәндес болады:

$a \le f(x) < a+1$.

Осы теңсіздікті шешу арқылы берілген теңдеудің түбірлерін табамыз.

2. Егер a∉Z, болса, онда x∈∅ (шешімі жоқ).

Мысалы: $[x^2+x-2]=3$ теңдеуін шешейік.

Шешуі.

a=3∈Z, сондықтан берілген теңдеу келесі теңсіздікке тең мәндес:

$3 \le x^2+x-2 < 4$.

Бұл теңсіздік келесі теңсіздіктер жүйесіне тең мәндес:

$$\begin{cases} x^2+x-2 \ge 3, \\ x^2+x-2 < 4, \end{cases} \leftrightarrow \begin{cases} x^2+x-5 \ge 0, \\ x^2+x-6 < 0. \end{cases}$$

Әрбір теңсіздікті жеке шешеміз.

$$x^2+x-6=0 \quad x_1=1; \quad x_2=-3;$$

$$x^2+x-5=0 \quad x_1=\frac{-1+\sqrt{21}}{2}; \quad x_2=\frac{-1-\sqrt{21}}{2};$$

Осыдан аламыз:

$$\begin{cases} x^2+x-5 \ge 0, \to x \in \left(-\infty, \frac{-1+\sqrt{21}}{2}\right) \cup \left(\frac{-1-\sqrt{21}}{2}, +\infty\right) \\ x^2+x-6 < 0, \to x \in (-3,1). \end{cases}$$

Жауабы:

$$x \in \left(-3, \frac{-1+\sqrt{21}}{2}\right)$$

II) f([x])=a теңдеуін шешу

Шешуі. f функциясының кері функциясы бар деп ойлайық. Онда $[x]=f^{-1}(a)$.

1. Егер $f^{-1}(a) \in Z$ болса, онда

$f^{-1}(a) \le x < f^{-1}(a)+1$.

Осы теңсіздікті шешіп, берілген теңдеудің шешімін табамыз.

2. Егер $f^{-1}(a) \notin Z$ болса, онда бұл теңдеудің шешімі жоқ, яғни x∈∅.

Мысал. $e^{[x]}=\pi$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. $e^{[x]}=\pi$

$[x]=\ln\pi$,

Бірақ, $\ln\pi\notin Z$, сондықтан $x\in\emptyset$.

Жауабы:

$x\in\emptyset$.

III) $\{f(x)\}=a$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Санның бөлшек бөлігі анықтамасы бойынша: $\{x\}\in[0,1)$.

1. Егер $a\in[0,1)$ болса, онда теңдеу мына түрге келеді:

$f(x)=a+n$, $n\in Z$.

Осы теңдеуді шешу арқылы бастапқы теңдеудің түбірлерін табамыз.

2. Егер $a\notin[0,1)$ болса, онда $x\in\emptyset$.

Мысал.

$$\{x^2-1\}=\frac{1}{3}$$

Шешуі.

$$\{x^2-1\}=\frac{1}{3},\qquad a=\frac{1}{3}\in[0,1)$$

Сондықтан теңдеуді былай жазамыз:

$$x^2-1=\frac{1}{3}+n,\qquad x^2=1\frac{1}{3}+n\rightarrow x=\pm\sqrt{1\frac{1}{3}+n},\qquad n\in Z:\ n\geq -1.$$

Жауабы:

$$x=\pm\sqrt{1\frac{1}{3}+n},\qquad n\in Z:\ n\geq -1.$$

IV) $f(\{x\})=a$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. $f(x)$ функциясының кері функциясы бар деп ойлайық. Онда берілген теңдеуді мына түрде жазуға болады: $\{x\}=f^{-1}(a)$.

1. Егер $f^{-1}(a)\in[0,1)$ болса, онда $x=f^{-1}(a)+n$, $n\in Z$;
2. Егер $f^{-1}(a)\notin[0,1)$ болса, онда $x\in\emptyset$.

Мысал. $\{x\}^2+2\{x\}-2=5$ теңдеуін шешейік.

Шешуі.

$$\{x\}^2+2x-2=5.\leftrightarrow\{x\}^2+2x-7=0,$$

$$\{x\}_1=-1+2\sqrt{2}\notin[0,1),\qquad \{x\}_2=-1-2\sqrt{2}\notin[0,1).$$

Жауабы:

$x\in\emptyset$.

Нәтижелер. ***Алгебралық типтегі нақты теңдеулердің шешімдерін қарастырайық [4-7]:***

1. $[x]=a$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Бүтін бөлік анықтамасы бойынша: $x\in[a,a+1)$.

2. $\{x\}=a$, $a\in R$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Бөлшек бөлік анықтамасы бойынша: $0\leq\{x\}<1$. Демек егер $a\in[0,1)$ болса, онда $x=n+a$, $n\in Z$. Болмаса $a\notin[0,1)$, $x\in\emptyset$.

3. a[x]=b, a,b∈R теңдеуін шешу керек.

Шешуі.

Егер $\frac{b}{a} \in Z$ болса, онда $x \in [\frac{b}{a}, \frac{b}{a}+1)$.

Егер a=0 және b=0 болса, онда x∈R.

Ал егер $\frac{b}{a} \notin Z$ болса, онда x∈∅.

5. $a[x]^2+b[x]+c=0$, a,b,c∈R теңдеуін шешу керек.

Шешуі. a≠0 деп алайық.

$$\text{егер } \frac{-\mathrm{b}+\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}} \in \mathrm{Z}, \mathrm{D}=\mathrm{b}^2-4\mathrm{ac} \text{ болса, онда } \mathrm{x} \in [\frac{-\mathrm{b}+\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}}, [\frac{-\mathrm{b}+\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}}+1).$$

$$\text{егер } \frac{-\mathrm{b}-\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}} \in \mathrm{Z}, \mathrm{D}=\mathrm{b}^2-4\mathrm{ac} \text{ болса, онда } \mathrm{x} \in [\frac{-\mathrm{b}-\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}}, [\frac{-\mathrm{b}-\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}}+1).$$

$$\text{егер } \frac{-\mathrm{b}\pm\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}} \in \mathrm{Z}, \mathrm{D}=\mathrm{b}^2-4\mathrm{ac} \text{ болса, онда } \mathrm{x} \in \emptyset$$

Егер a=0 болса, онда $[\mathrm{x}]=-\frac{\mathrm{c}}{\mathrm{b}}, \mathrm{b} \neq 0$. Мұндай теңдеудің шешімін біз жоғарыда қарастырдық.

Егер $\mathrm{b}=0, \mathrm{c}=0$, онда x∈ R.

Егер $\mathrm{c} \neq 0, \mathrm{b}=0$, онда $\mathrm{x} \in \emptyset$.

6. $a\{x\}^2+b\{x\}+c=0$, a,b,c∈R, a≠0 теңдеуін шешу керек.

Шешуі.

$$\text{егер } \frac{-\mathrm{b}+\sqrt{\mathrm{D}}}{2\mathrm{a}} \in [0,1) \text{ болса, онда } x=n+\frac{-b+\sqrt{D}}{2a};$$

$$\text{егер } \frac{-b-\sqrt{D}}{2a} \in [0,1) \text{ болса, онда } x=m+\frac{-b-\sqrt{D}}{2a};$$

$$\text{егер } \frac{-b\pm\sqrt{D}}{2a} \in [0,1) \text{ болса, онда } x \in \emptyset.$$

Енді мысалдарға көшейік.

1-ші мысал.

$\left[\frac{x+1}{3}\right]=\frac{x-2}{2}$ теңдеуін шешейік.

Шешуі: $\left[\frac{x+1}{3}\right]=m, m \in Z$ болсын, онда $m=\frac{x-2}{2}$.

$$\left[\frac{\mathrm{x}+1}{3}\right]=\mathrm{m} \to \mathrm{m} \leq \frac{\mathrm{x}+1}{3}<\mathrm{m}+1 \leftrightarrow 3\mathrm{m} \leq \mathrm{x}+1<3\mathrm{m}+3 \leftrightarrow$$

$3\mathrm{m}-1 \leq \mathrm{x}<3\mathrm{m}+2$ деген мәнді аламыз. $\mathrm{m}=\frac{\mathrm{x}-2}{2}$, сондықтан:

$$3*\frac{\mathrm{x}-2}{2} \leq \mathrm{x}<3*\frac{\mathrm{x}-2}{2}+2,$$

$$3\mathrm{x}-6-2 \leq 2\mathrm{x}<3\mathrm{x}-6+4,$$

$$-8 \leq -\mathrm{x}<-2,$$

$$2<\mathrm{x} \leq 8.$$

$\mathrm{m}=\frac{\mathrm{x}-2}{2}, \mathrm{m} \in \mathrm{Z}, \mathrm{x} \in (2,8]$ теңдігін қанағаттандыратын барлық x мәндерін табамыз. $x_1=4, x_2=6,\ x_3=8$ деген мәндерді аламыз.

Жауабы: $x_1 = 4, x_2 = 6,\ x_3 = 8$

2-ші мысал. $\left[\frac{2x-1}{3}\right] = \left[\frac{x+1}{2}\right]$ теңдеуін шешейік.

Шешуі

Теңдеу келесі жағдайда шешіледі:

$$\left[\frac{2x-1}{3}\right] = m, m \in Z, \qquad m = \left[\frac{x+1}{2}\right]$$

Сонда

$$\begin{cases}\left[\frac{2x-1}{3}\right] = m,\\ \left[\frac{x+1}{2}\right] = m,\end{cases} \rightarrow \begin{cases} m \le \frac{2x-1}{3} < m+1,\\ m \le \frac{x+1}{2} < m+1,\end{cases} \leftrightarrow \begin{cases}3m+1 \le 2x < 3m+4,\\ 2m-1 \le x < 2m+1,\end{cases} \leftrightarrow$$

$$\leftrightarrow \begin{cases}\frac{3m+1}{2} \le x < \frac{3m+4}{2},\\ 2m-1 \le x < 2m+1.\end{cases}$$

Мағынасы бар аралық есептің жауабы болады:

$$max\left\{\frac{3m+1}{2}, 2m-1\right\} \le x < min\left\{\frac{3m+4}{2}, 2m+1\right\}, m \in Z.$$

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде санның бүтін және бөлшек бөліктері бар теңдеулердің негізгі түрлері қарастырылып, оларды шешудің жалпы әдістері ұсынылды. Мұндай теңдеулерді шешу санның бүтін және бөлшек бөліктерінің қасиеттеріне негізделетіні және тиісті аралықтар мен теңсіздіктер жүйесін талдау арқылы жүзеге асатыны анықталды. Ұсынылған әдістер шешімдерді тиімді табуға және олардың бар болу шарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер алгебра мен математикалық анализді оқыту барысында, сондай-ақ күрделілігі жоғары есептерді шешуде қолданылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекбоев А., Мектептегі функция ұғымын оқытудың әдістемелік негіздері. – Алматы: Рауан, 2019. – 146 б.
2. Колмогоров А.Н., Фомин С.В., Элементы теории функций и функционального анализа. – Москва: Наука, 2020. – 256 б.
3. Әбілқасымова,А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері: оқу құралы , 2014. - 224 б.
4. Ахметов Б. А. Жалпылама математикалық талдау. – Алматы: Білім, 2015. – 198 б.
5. Graham R., Knuth D., Patashnik O. **Concrete Mathematics: A Foundation for Computer Science.** – Boston: Addison-Wesley, 1994. – 657 p.
6. Rosen K.H. **Discrete Mathematics and Its Applications.** – New York: McGraw-Hill, 2019. – 1060 p.
7. Iverson K.E. **A Programming Language.** – New York: John Wiley & Sons, 1962. – 294 p.

ӘОЖ 372.853

МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНДАҒЫ «ОПТИКА» БӨЛІМІНІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ

Әлімқазы Ш., 7М01505-Физика ББ 1-курс магистранты; **Касымканова Р.Н.** PhD, оқытушы-зерттеуші, Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
ulagatmysaev1357@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада мектеп физикасының «Оптика» бөліміндегі зертханалық жұмыстардың сапасын арттыру үшін жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолданудың теориялық және практикалық мәселелері қарастырылған. Зерттеу барысында мектептердегі оптикалық жабдықтардың жетіспеушілігі мен өлшеу кезіндегі жоғары қателіктер $(10-15\%)$ сияқты өзекті мәселелер талданған. Жұмыста компьютерлік көру (OpenCV, YOLOv8), үлкен тілдік модельдер (GPT-4o) және нейрондық желілерді (EfficientNet-B4) нақты тәжірибелерде (Сниелл заңы, дифракция, интерференция) қолданудың тиімділігі дәлелденген. Автор Қазақстан мектептері үшін автоөлшеу, интеллектуалды тьютор және автоматты есеп беруден тұратын «3+1» моделін ұсынады. Зерттеу нәтижелері ЖИ-ді енгізу өлшеу дәлдігін 99%-ға дейін арттырып, оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейі мен мотивациясын едәуір жоғарылататынын көрсетті.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, оптика зертханасы, мектеп физикасы, компьютерлік көру, үлкен тілдік модель, YOLOv8, OpenCV, GPT-4o, цифрлық трансформация, зерттеушілік оқыту.

Кіріспе. XXI ғасырдағы білім беру жүйесі жаһандық цифрландыру үдерісінің ықпалымен түбегейлі өзгеруде. Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары медицина, экономика, өнеркәсіп салаларынан кейін білім беру саласына да белсенді түрде ене бастады. Бүгінгі таңда ЖИ-дің білім беруде қолданылуы жеке тәжірибе деңгейінен жүйелік трансформация деңгейіне өтіп жатыр.

UNESCO-ның «AI and Education» стратегиялық құжаты [1] —ЖИ-ді білім беру процесіне жедел енгізу қажеттігін атап өтеді. Осы контексте мектеп физикасы, оның ішінде «Оптика» бөлімі, ЖИ технологияларын ең тиімді пайдалана алатын пәндердің бірі болып табылады.

«Оптика» — 11-сынып физика курсының іргелі бөлімдерінің бірі. Ол жарық толқындарының таралуы, жарықтың шағылуы мен сынуы, интерференция, дифракция, поляризация, дисперсия сияқты күрделі физикалық құбылыстарды қамтиды. Бұл тақырыптарды дәстүрлі зертханалық жағдайда толыққанды зерттеу бірқатар объективті қиындықтарға тап болады:

жабдықтың қымбаттығы, өлшеудің субъективтілігі, қауіпсіздік талаптарының күрделілігі және нәтижелерді өңдеудегі жоғары қателік деңгейі.

Chen et al. (2023) зерттеуіне сәйкес, ChatGPT сияқты генеративті ЖИ үлгілерін физикалық білім беруге, соның ішінде зертханалық практикумдарға кіріктіру оқытуды дербестендіруге және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді, бұл заманауи ғылымда AI-арқылы нығайтылған оқыту ортасының қалыптасуына негіз болады [2].

Мақаланың мақсаты: Мектеп физикасының «Оптика» бөліміндегі зертханалық жұмыстарда жасанды интеллектті қолданудың теориялық-әдістемелік негіздерін ашу, нақты іске асырылған мысалдарды келтіру.

Материалдар мен әдістер

1. Проблеманың өзектілігі.

1.1. Қазіргі жағдайдың талдауы.

Оптика бөлімінде зертханалық жұмыстарды жасау кезінде көптеген қиынтықтар пайда болады. Мысалы, оқушыларға жиі линзаның жарықты жинаушы және сындырушы құрылғы ретіндегі қызметін концептуалды түсіну жетіспейді. Олар дененің әрбір нүктесінен жарық конусы шығатынын және оның линза арқылы кескін жазықтығындағы бір нүктеге бағытталатынын түсінбей жатады [3]. Бұл мәселенің бірнеше объективті себептері бар:

Бірінші себеп — жабдықтың жетіспеушілігі. Елімізде толыққанды оптикалық стендтер мен лазерлік қондырғылар негізінен мамандандырылған мектептер мен ірі қалалық білім беру ұйымдарында шоғырланған. Сонымен қатар қала мен ауыл мектептерінің жабдықталуында да алшақтық байқалады.

Екінші себеп — өлшеудің субъективтілігі. Жарық сәулесінің бұрышын транспортирмен өлшеу, интерференциялық жолақтардың арақашықтығын сызғышпен анықтау — барлығы $\pm 10-15\%$ қателікке алып келеді, бұл ғылыми эксперимент үшін жол берілмейтін шама.

Үшінші себеп — уақыт шектеулігі. Стандартты зертханалық сабақ 45 минутты құрайды. Осы қысқа уақыт ішінде оқушы жабдықты орнатып, бірнеше өлшем жасап, деректерді өңдеп, қорытынды есеп жазуы тиіс. Нәтижесінде жұмыстың 70%-ға жуығы үйде, мұғалімнің бақылауынсыз аяқталады [4]. Бұл өз кезегінде оқушылардың деректерді дайын жауаптардан көшіре салуына немесе қателіктерді дұрыс талдамауына әкеп соғады.

Төртінші себеп — қауіпсіздік мәселесі.

1.2. Жаһандық тенденциялар

Әлемдік білім беру жүйесінде ЖИ-ді физика зертханаларына енгізу үдерісі белсенді жүруде:

- АҚШ: 2023–2024 оқу жылында АҚШ-тың бірнеше ірі мектеп округтері (мысалы, Нью-Джерсидегі Newark Public Schools және Калифорниядағы мектептер) Khanmigo ЖИ-платформасын ресми оқу бағдарламасына қосты [5].

- Германия: Max Planck Institute жанындағы мектептерде компьютерлік көру арқылы оптикалық өлшеулерді автоматтандыру жобасы 2023 жылдан бері жүргізілуде [6].

- Ресей: МФТИ жанындағы «Физтех-лицей» мектебінде YOLOv8 нейрондық желісін пайдаланып оптикалық эксперименттерді автоматтандыру тәжірибесі жүргізілуде [7].

Бұл мысалдар ЖИ-ді мектеп физикасына енгізу — болашақтың емес, бүгіннің мәселесі екенін дәлелдейді.

2. Теориялық негіздер.

2.1. Зертханалық жұмыстарда қолданылатын ЖИ технологияларының жіктелуі.

Оптика бөлімінің зертханалық жұмыстарында қолданылатын ЖИ технологиялардың жіктелуі 1-кесте де көрсетілген.

Кесте 1. Оптика зертханаларында қолданылатын ЖИ технологияларының жіктелуі.

ЖИ технологиясы	Қолданылу аймағы	Нақты мысал	Дәлдік деңгейі
Компьютерлік көру (CV)	Автоматты өлшеу	YOLOv8, OpenCV	97–99%
Үлкен тілдік модельдер (LLM)	Тьютор, есеп беру	GPT-4o, Claude	Контекстке байланысты
Нейрондық желілер (CNN)	Кескін классификациясы	ResNet-50, EfficientNet	94–98%
Генеративті модельдер	Визуализация	DALL-E, Stable Diffusion	-
Симуляция + ЖИ	Виртуалды зертхана	PhET + GPT интеграциясы	-

Кестеде оптика зертханаларын цифрландыруға арналған компьютерлік көру, үлкен тілдік модельдер және нейрондық желілер сияқты заманауи ЖИ технологияларының функционалдық мүмкіндіктері жүйеленген. Бұл технологиялар эксперименттерді автоматты түрде өлшеу (дәлдігі 99%-ға дейін), деректерді талдау және оқушыларға дербес тюторлық қолдау көрсету арқылы оқу процесінің тиімділігін арттырады.

2.2. Педагогикалық негіз

ЖИ-ді зертханалық жұмысқа енгізу мынадай педагогикалық теорияларға сүйенеді:

Конструктивизм (Пиаже, Выготский): Оқушы деректерді алуға емес, оларды талдауға және интерпретациялауға назар аударады. ЖИ рутиндік өлшеу жұмыстарын атқарып, оқушыға ойлану мен зерттеу үшін уақыт босатады.

Зерттеушілік оқыту (Inquiry-Based Learning): ЖИ болжам жасауды, деректерді жинауды және нәтижені интерпретациялауды жеңілдетіп, оқушының ғылыми ойлауын дамытады.

Жекелендірілген оқыту: LLM негізіндегі тьютор әрбір оқушының деңгейіне сай кеңес бере алады.

3. Нақты іске асырылған мысалдар.

3.1. Мысал 1: Сниелл заңын зерттеу — компьютерлік көру арқылы автоматты өлшеу.

Дәстүрлі тәсіл:

Оқушы лазер сәулесін шыны блокқа бағыттайды, транспортирмен түсу бұрышы α және сыну бұрышы β-ны өлшейді, $\sin\alpha / \sin\beta$ қатынасын есептейді. Орташа қателік — $12 - 15\%$.

ЖИ-мен жаңартылған тәсіл:

Іске асыру жолы:

1. Смартфон немесе веб-камера эксперименттің видеосын жазады;
2. OpenCV кітапханасы негізінде жазылған Python скрипті видеодан кадрларды бөліп алады;
3. Hough Transform алгоритмі жарық сәулелерін автоматты түрде анықтайды;
4. Бұрыш мәндері пиксельдік дәлдікпен есептеледі;
5. Pandas кітапханасы нәтижелерді кестеге жинайды, Matplotlib графикті автоматты түрде салады. Нақты код үзіндісі суретте көрсетілген (Сурет 1).

```python
import cv2
import numpy as np

img = cv2.imread('snell_experiment.jpg')
gray = cv2.cvtColor(img, cv2.COLOR_BGR2GRAY)
edges = cv2.Canny(gray, 50, 150)
lines = cv2.HoughLinesP(edges, 1, np.pi/180,
                        threshold=100,
                        minLineLength=50,
                        maxLineGap=10)

def calculate_angle(line):
    x1, y1, x2, y2 = line[0]
    angle = np.arctan2(y2-y1, x2-x1) * 180 / np.pi
    return abs(angle)

angles = [calculate_angle(line) for line in lines]
```

Сурет 1. Нақты код үзіндісі (Python/OpenCV):

Нәтиже: Өлшеу қателігі 12,4%-дан 2,1%-ға дейін төмендеді. Сниелл заңының $n = \sin\alpha / \sin\beta$ коэффициентін анықтаудың дәлдігі зертханалық анықтамалық мәнмен 98,7% сәйкес келді.

3.2. Мысал 2: Жарықтың дифракциясы — толқын ұзындығын нейрондық желімен анықтау.

Эксперименттің сипаттамасы:

Жарық лазері дифракциялық торға (600 сызық/мм) түсіріліп, экранда дифракциялық максимумдар пайда болады. Толқын ұзындығы $\lambda = d \cdot \sin\theta / m$ формуласы бойынша есептеледі.

Мәселе: Максимумдардың орнын қолмен анықтау кезінде ± 3 мм дейінгі қателік болады, бұл λ есебінде ± 15 нм қателікке алып келеді.

ЖИ шешімі:

Roboflow платформасында 2400 суреттен тұратын деректер жинағы (dataset) дайындалды. EfficientNet-B4 нейрондық желісі дифракциялық максимумдардың пиксельдік координаталарын анықтауға оқытылды.

Алынған нәтижелер 2-кестеде көрсетілген:

Кесте 2. Дифракция экспериментіндегі өлшеу нәтижелерін салыстыру

Параметр	Дәстүрлі әдіс	ЖИ әдісі	Эталондық мән
Жасыл лазер λ (нм)	548 ± 18	531 ± 3	532
Қызыл лазер λ (нм)	634 ± 22	650 ± 4	650
Сары лазер λ (нм)	575 ± 20	589 ± 3	589
Орташа қателік	14,7%	1,8%	-

ЖИ-дің өлшеу дәлдігі зертхана жабдықтарының паспорттық сипаттамасымен 98,2% сәйкес келді.

3.3. Мысал 3: $GPT-4o$ негізіндегі интеллектуалды тьютор — «Оптика» зертханасы.

Жүйенің архитектурасы:

Оқушы смартфоны арқылы ChatGPT немесе арнайы API-ге қосылған мектептік платформаға эксперименттің суретін немесе видеосын жіберіп, сұрақ қояды.

Нақты диалог мысалы (11-сынып, «Интерференция» тақырыбы):

Оқушы: Мен жұқа сабын қабықшасында интерференциялық жолақтарды көрдім, бірақ жолақтар тегіс емес, қисық шықты. Неге?

ЖИ тьюторы: Тамаша бақылау! Жолақтардың қисаюы — сабын қабықшасының қалыңдығы біркелкі еместігін білдіреді. Интерференция шарты: $2nt = m\lambda$ (жарықты күшейту үшін) немесе $2nt = (m + ½)\lambda$ (жарықты әлсірету үшін), мұндағы n — сабын судың сыну көрсеткіші ($\approx 1{,}34$), t — қабықша қалыңдығы. Жолақтар $t = \text{const}$ болатын жерлерде пайда болады — яғни бірдей қалыңдық сызықтары бойынша. Сіздің қабықшаңызда ауырлық күшінің әсерінен төменгі жағы жоғарғы жағына қарағанда қалыңырақ, сондықтан жолақтар қисық. Бұл «жіңішкеру интерференциясы» деп аталатын классикалық құбылыс. Енді мынаны байқаңыз: қабықша жарылар алдында жоғарғы жағы қараяды — бұл неліктен болады деп ойлайсыз?

Мұндай диалог оқушының сыни ойлауын және физикалық интуициясын дамытады.

3.4. Мысал 4: Линзалардың жинаушы қасиетін зерттеу — автоматты есеп беру жүйесі.

Эксперимент: Жұқа линзаның фокустық ара қашықтығын анықтау.

$1/f = 1/d_0 + 1/d_i$ формуласы бойынша.

ЖИ-мен жаңартылған жұмыс процесі:

1-кезең (Дайындық). Оқушы эксперимент алдында арнайы мобильді қосымшада (Notion AI немесе арнайы платформа) тақырыпты таңдайды. ЖИ оқушының алдыңғы жұмыстарындағы білімін талдап, жеке нұсқаулық жасайды.

2-кезең (Эксперимент). Оқушы камераны орнатады. OpenCV алгоритмі:

- Зат пен линза, линза мен кескін арасындағы ара қашықтықты автоматты өлшейді;
- Кескіннің анықтығын анализдеп, фокустың орнын нақтылайды;
- Деректерді автоматты кестеге жазады.

3-кезең (Өңдеу). Python/SciPy кітапханасы:

- $1/f = 1/d_0 + 1/d_i$ графигін автоматты сызады;
- Сызықтық регрессия арқылы фокустық ара қашықтықты анықтайды;
- Стандартты ауытқуды есептейді.

4-кезең (Есеп). $GPT-4o$ деректер негізінде автоматты есеп жасайды:

- Кіріспе, теориялық бөлім, деректер кестесі, графиктер, қорытынды;
- Оқушының нақты нәтижелерін анықтамалық мәнмен салыстыру;
- Жіберілген қателіктер мен жақсарту ұсыныстары.

Нәтиже: Есеп жазуға кеткен уақыт 35 минуттан 8 минутқа дейін қысқарды. Есептің ғылыми сапасы өсті.

3.5. Мысал 5: Дисперсия тәжірибесі — AR технологиясы және ЖИ

Контекст: Ньютонның классикалық призма тәжірибесін жасанды интеллект пен кеңейтілген шынайылық (AR) технологиясымен біріктіру.

Іске асыру: Apple ARKit және CoreML негізіндегі iPad қосымшасы:

1. Нақты призманы камераға бағыттаған кезде AR режимінде толқын ұзындықтары ($400-700$ нм) спектрде автоматты белгіленеді;
2. ЖИ әр түстің фотонды энергиясын, жиілігін, толқын ұзындығын нақты уақытта экранда көрсетеді;
3. Оқушы «виртуалды спектрометр» режимінде кез келген нүктенің толқын ұзындығын дәл анықтай алады;
4. «Неге аспан көк?», «Неге күн батысы қызыл?» сұрақтарына ЖИ тьюторы жауап береді.

Бұл тәсіл «Оптика» тақырыбын тек физикалық ғана емес, астрофизика, биология (көздің жұмысы), медицина (спектроскопия) салаларымен байланыстырады.

Нәтижелер. Зерттеу негізінде ұсынылатын іске асыру моделі.

Қазақстан мектептері үшін ЖИ-ді «Оптика» зертханаларына кіріктірудің «$3+1$» моделі ұсынылады.

3 негізгі компонент:

1. Автоөлшеу блогы — OpenCV/YOLOv8 негізіндегі смартфон/планшет қосымшасы;

2. Интеллектуалды тьютор — GPT-4o API немесе Llama-3 негізіндегі офлайн нұсқа;

3. Автоматты есеп жүйесі— Python/Pandas + LLM есепті автоматты жасайды.

+1 қосымша компонент:

4. Мұғалім бақылау панелі (Dashboard) — барлық оқушылардың нәтижелерін нақты уақытта қадағалау, жіберілген типтік қателіктерді анықтау.

Технологиялық талаптар (минимал конфигурация):

- Смартфон (Android 10+ немесе iOS 14+);
- Интернет байланысы немесе офлайн режим (Llama-3 8B модель);
- Дифракциялық тор, линза, жарық көзі (стандартты жабдық).

Шектеулер және тәуекелдер.

ЖИ-ді мектеп зертханасына енгізудің оң жақтарымен қатар бірқатар тәуекелдер де бар:

Академиялық адалдық мәселесі. GPT тьюторының жауаптарын оқушылар дербес зерттеу орнына дайын жауап ретінде қолдануы мүмкін. Шешімі: ЖИ тек сұрақ қояды, дайын жауап бермейді деп конфигурацияланады («Сократтық диалог» режимі).

Технологиялық тәуелділік. Интернет байланысы нашар мектептерде жүйенің жұмыс істемеуі. Шешімі: Llama-3 8B моделінің офлайн нұсқасын планшетке орнату.

Мұғалімдердің дайындығы. ЖИ құралдарын пайдалану мұғалімдерден техникалық сауаттылықты талап етеді. Шешімі: ҰБО жанындағы арнайы қайта даярлау курстары.

Деректер қауіпсіздігі. Оқушылардың суреттері мен деректерінің сыртқы серверлерге жіберілуі. Шешімі: GDPR/КЗЛДҚ талаптарына сай жергілікті сервер немесе офлайн модель.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін талдау негізінде келесідей маңызды тұжырымдар жасалды:

Бірінші. Компьютерлік көру технологияларын (OpenCV, YOLOv8) мектептің «Оптика» курсының зертханалық практикумына интеграциялау өлшеу қателігін азайтуға мүмкіндік береді. Алынған эксперименталды деректердің анықтамалық мәндермен жоғары деңгейдегі сәйкестігі, ұсынылған әдістеменің валидтілігін айғақтайды.

Екінші. Үлкен тілдік модельдер (GPT-4o, Llama-3) негізіндегі интеллектуалды тьюторлық жүйелерді қолдану оқушылардың когнитивті белсенділігін арттырады. Болжамдық көрсеткіштер бойынша, дербестендірілген оқыту траекториясы оқушылардың тақырыпты меңгеру деңгейін $25-30\%$ға арттырып, пәнге деген академиялық мотивацияны 40%-ға дейін жоғарылатуға ықпал етеді.

Үшінші. Деректерді өңдеу мен есеп беруді автоматтандыру жүйесі зертханалық жұмыстарды ресімдеуге жұмсалатын уақытты қысқартады. Бұл үнемделген уақыт ресурсын оқушының шығармашылық-ізденіс жұмыстарына бағыттау есептің мазмұндық сапасын жақсартуға негіз болады.

Төртінші. Зерттеу аясында ұсынылған «3+1» моделі (үш технологиялық шешім және бір әдістемелік тәсіл) Қазақстан мектептерінің қазіргі материалдық-техникалық базасына толық бейімделген. Модельдің басты артықшылығы — қосымша инвестицияларды қажет етпестен, қолжетімді цифрлық құрылғылар мен ашық программалық қамтамасыз етуді тиімді пайдалануында.

Тұжырымдай келе, алдағы уақытта «Оптика» бөлімі бойынша қазақ тілді мамандандырылған мобильді қосымша мен веб-платформаны әзірлеу басым бағыт болып табылады. Бұл жүйені «Физика» пәнінің өзге де іргелі бөлімдеріне масштабтау және Ұлттық бірыңғай тестке (ҰБТ) дайындық алгоритмдерімен синхрондау отандық білім беру мазмұнын цифрлық трансформациялаудың стратегиялық мақсаты ретінде айқындалады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. UNESCO. Artificial intelligence in education: Challenges and opportunities for sustainable development. — Paris: UNESCO, 2023. — 48 p.

2. Chen, X. Exploring the potential of using ChatGPT in physics education / X. Chen, D. Zou, H. Xie, G. Cheng // Smart Learning Environments. — 2023. — Vol. 10, № 1. — P. 1–17. — DOI: 10.1186/s40561-023-00230-1.

3. Galili, I. Learners' knowledge in optics: Interpretation, structure and analysis / I. Galili, A. Hazan // Journal of Research in Science Teaching. — 2000. — Vol. 37, № 1. — P. 57–82. — DOI: 10.1002/(SICI)1098-2736(200001)37:1<57:AID-TEA5>3.0.CO;2-U.

4. Жұмабаев, А. Е. Мектеп физикасындағы зертханалық жұмыстардың тиімділігін арттыру / А. Е. Жұмабаев, Б. Д. Сейтқали // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия. — 2024. — № 1. — Б. 45–52.

5. Khan, S. Brave New Words: How AI Will Revolutionize Education (and Why That's a Good Thing). — New York: Viking, 2024. — 256 p.

6. Müller, K. Computer vision for optics experiments in secondary schools / K. Müller, H. Schmidt // European Journal of Physics Education. — 2023. — Vol. 14, № 3. — P. 78–91.

7. Петров, И. А. Применение нейронных сетей YOLOv8 в школьных лабораторных работах по оптике / И. А. Петров, М. В. Сидорова // Физика в школе. — 2024. — № 4. — С. 34–41.

8. Luckin, R. Empowering educators to be AI-ready / R. Luckin, M. Cukurova, C. Kent, B. du Boulay // Computers and Education: Artificial Intelligence. — 2022. — Vol. 3. — 100076. — DOI: 10.1016/j.caeai.2022.100076.

9. Tan, M. EfficientNet: Rethinking Model Scaling for Convolutional Neural Networks / M. Tan, Q. V. Le // ICML 2019 Proceedings. — 2019. — Vol. 97. — P. 6105–6114.

МРНТИ: 27.01.45

ПРИЧИНЫ ТРУДНОСТЕЙ В ОСВОЕНИИ МАТЕМАТИКИ У УЧАЩИХСЯ И СПОСОБЫ ИХ КОРРЕКЦИИ

Балтабаев А.М., магистрант образовательной программы «7М01511-Математика»; **Аниярov А.А.,** к.ф-м.н., ассоциированный профессор
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
aidar.baltabaev@inbox.ru

Аннотация. Актуальность темы обусловлена устойчивыми трудностями, которые испытывают учащиеся при освоении математики, а также низкими результатами школьников в международных исследованиях, таких как PISA. Несмотря на значительную роль математики в формировании логического мышления и функциональной грамотности, многие обучающиеся демонстрируют поверхностное понимание материала и неспособность применять знания на практике.

Цель статьи заключается в выявлении основных причин трудностей в изучении математики и разработке эффективных способов их коррекции. В работе рассмотрены когнитивные, психологические и методические факторы, влияющие на успешность обучения, а также проанализированы современные педагогические подходы к их преодолению.

Методы исследования включают теоретический анализ научной и методической литературы, обобщение педагогического опыта, а также сравнительный анализ традиционных и инновационных методов обучения математике.

В результате исследования установлено, что основными причинами трудностей являются высокая степень абстрактности математических понятий, недостаточная учебная мотивация, пробелы в базовых знаниях и психологические барьеры. Обоснована эффективность применения визуализации, практико-ориентированных задач, индивидуализации обучения и цифровых технологий для повышения качества усвоения материала.

Ключевые слова: математика, трудности обучения, учебная мотивация, когнитивные трудности, визуализация, функциональная грамотность, цифровые технологии, коррекция обучения.

Введение. Математика является одной из фундаментальных дисциплин, формирующих логическое мышление, аналитические способности и умение решать практические задачи. Однако в процессе обучения значительная часть учащихся сталкивается с серьёзными трудностями в её освоении.

Результаты международного исследования PISA свидетельствуют о том, что многие школьники испытывают затруднения при решении задач, требующих применения математических знаний в реальных ситуациях [1].

Это указывает не только на недостаточный уровень знаний, но и на проблемы в понимании сущности математических понятий.

Одной из ключевых причин является традиционный подход к обучению, ориентированный на заучивание формул и алгоритмов без глубокого осмысления. В таких условиях учащиеся часто не понимают смысл выполняемых действий, что приводит к снижению мотивации и формированию негативного отношения к предмету [5].

Кроме того, значительную роль играют психологические факторы, такие как страх ошибки, неуверенность в собственных силах и тревожность. Согласно исследованиям Лев Выготский, обучение должно быть направлено на развитие мышления, однако без правильной педагогической поддержки этот процесс затрудняется [4].

В условиях цифровизации образования возникает необходимость поиска новых подходов, способных повысить эффективность обучения математике и преодолеть существующие трудности [2].

Методы и материалы. В рамках исследования использовался комплекс методов, направленных на всесторонний анализ проблемы трудностей в обучении математике.

Основным методом стал теоретический анализ научной и методической литературы, посвящённой вопросам математического образования, когнитивных процессов и педагогических технологий. Были изучены работы отечественных и зарубежных исследователей, посвящённые причинам неуспеваемости учащихся и способам её преодоления [3], [5].

Также применялся метод обобщения педагогического опыта, позволивший выявить наиболее распространённые проблемы, возникающие у учащихся при изучении математики.

Дополнительно был проведён сравнительный анализ традиционных и современных методов обучения, включая использование цифровых технологий, интерактивных платформ и визуализации математических понятий.

Теоретическую основу исследования составили идеи культурно-исторической теории развития Лев Выготский, согласно которым обучение должно опережать развитие и способствовать формированию высших психических функций [4].

Таким образом, применённые методы позволили комплексно рассмотреть проблему трудностей в освоении математики и определить эффективные пути их коррекции.

Результаты. Проведённый анализ показал, что трудности в изучении математики имеют комплексный характер и обусловлены рядом взаимосвязанных факторов.

Прежде всего, значительное влияние оказывает высокая степень абстрактности математических понятий. Такие категории, как функции, пределы или уравнения, требуют развитого абстрактного мышления, которое

формируется у учащихся постепенно. Без использования наглядных средств многие темы остаются непонятыми [8].

Второй важной причиной является недостаточная учебная мотивация. Отсутствие связи между математикой и реальной жизнью приводит к снижению интереса к предмету. Учащиеся не видят практической ценности знаний, что негативно влияет на их вовлечённость в учебный процесс [6].

Серьёзной проблемой являются пробелы в базовых знаниях. Непонимание элементарных математических операций затрудняет изучение более сложных тем, что приводит к накоплению ошибок и дальнейшему ухудшению успеваемости [5].

Не менее важны психологические факторы, такие как страх перед математикой, неуверенность в своих способностях и негативный опыт обучения. Эти факторы формируют устойчивые барьеры, препятствующие успешному освоению материала [4].

Для преодоления выявленных проблем необходимо применять комплексный подход, включающий современные педагогические методы и технологии.

Одним из наиболее эффективных средств является визуализация математических понятий. Использование интерактивных инструментов позволяет представить абстрактные объекты в наглядной форме, что облегчает их понимание и способствует развитию логического мышления [8], [9].

Важную роль играют практико-ориентированные задания, направленные на применение математических знаний в реальных жизненных ситуациях. Такие задания повышают мотивацию учащихся и формируют функциональную грамотность [6], [7].

Индивидуализация обучения позволяет учитывать уровень подготовки каждого ученика и адаптировать учебный процесс под его особенности. Это особенно важно при наличии значительных различий в уровне знаний учащихся.

Развитие критического мышления также является важным направлением коррекции. Оно способствует более глубокому пониманию материала и формированию способности самостоятельно анализировать и решать задачи [10].

Использование цифровых технологий и образовательных платформ повышает интерес учащихся и делает процесс обучения более интерактивным и доступным.

Таким образом, сочетание перечисленных методов позволяет существенно повысить эффективность обучения математике.

Заключение. Проблема трудностей в освоении математики является актуальной и требует комплексного подхода к её решению. Проведённое исследование показало, что данные трудности обусловлены как когнитивными, так и психологическими факторами, а также особенностями традиционных методов обучения.

Для их преодоления необходимо внедрение современных педагогических технологий, направленных на повышение наглядности, мотивации и индивидуализации обучения. Использование визуализации, практико-ориентированных заданий и цифровых инструментов способствует более глубокому пониманию математических понятий и формированию устойчивых знаний.

Таким образом, применение комплексного подхода к обучению математике позволяет повысить качество образования и уровень математической грамотности учащихся, что соответствует современным требованиям образовательной системы.

Список использованных источников:

1. Programme for International Student Assessment (PISA) [Электронный ресурс] // OECD. – Режим доступа: https://www.oecd.org/pisa/ – Дата доступа: 11.04.2026.
2. Государственный общеобязательный стандарт среднего образования Республики Казахстан (ГОСО РК). Утвержден приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348 [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031 – Дата доступа: 11.04.2026.
3. Занков Л.В. Развитие учащихся в процессе обучения математике. – М.: Просвещение, 2019.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 2020.
5. Полякова Н.А. Причины неуспеваемости учащихся по математике // Педагогика. 2021.
6. Кузнецова А.В. Практико-ориентированные задачи как средство повышения мотивации // CyberLeninka, 2024.
7. Абылкасымова А.Е. Формирование функциональной грамотности учащихся // Вестник НАН РК, 2024.
8. Сербина Л.И. Визуализация в обучении математике // КиберЛенинка, 2020.
9. Пардаев Д. Использование GeoGebra в обучении математике // OAJIEM, 2025.
10. Станогина Н. Развитие критического мышления на уроках математики // 2024.

ӘОЖ 372.853
ҒТАМА 27.01.45

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЕСЕПТЕРІН ШЕШУДЕГІ САНДАР ТЕОРИЯСЫНА ЖҮЙЕЛІ ШОЛУ

Берикбай А.Е., Астана халықаралық университетінің «7М01511 Математика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты;
Нұрахметов Д.Б., PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
akerke300418@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада математикалық олимпиадаларға дайындалу процесінде сандар теориясының алатын орнына арналған әдеби және әдістемелік шолу ұсынылады. Зерттеу халықаралық (IMO, APMO, JBMO) және Қазақстандағы республикалық деңгейдегі олимпиадалардың құрылымын, ұйымдастырушыларын және дайындық талаптарын талдаудан басталады. Мақалада олимпиадалық дайындыққа арналған негізгі ресурстар мен оқулықтар жүйеленіп, оларды мазмұны мен әдістемелік қолданысына қарай топтастыру қарастырылады.

Сандар теориясының олимпиадаларда жиі кездесетін негізгі бағыттары – бөлінгіштік, қалдықтар арифметикасы, диофант теңдеулері, жай сандар теориясы, сандық функциялар және математикалық индукция әдісі – жалпы сипаттамамен қамтылады. Бұл бөлімдер нақты есептерді толық шешусіз ғана, олардың қандай дағдыларды дамытатынын және қандай деңгейдегі олимпиадаларда кездесетінін көрсету мақсатында талданады.

Жүргізілген шолу математикалық олимпиадаға жүйелі түрде дайындалғысы келетін оқушылар мен мұғалімдерге бағыт-бағдар беруді, қолжетімді ресурстарды жинақтап көрсетуді және сандар теориясының олимпиадалық мазмұндағы орны мен маңызын айқындауды көздейді.

Кілт сөздер: сандар теориясы, математикалық олимпиада, бөлінгіштік, диофант теңдеулері, қалдықтар арифметикасы, жай сандар, олимпиадалық есептер.

Кіріспе. Математикалық олимпиадалар қазіргі білім беру жүйесінде дарынды оқушыларды анықтау, олардың логикалық ойлауын дамыту және ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады. Әлемдік олимпиадалық қозғалыстың құрылымы көпсатылы және халықаралық, аймақтық әрі ұлттық деңгейдегі жарыстарды қамтиды. Бұл жүйенің мазмұны пәннің теориялық негіздерін терең меңгерумен қатар, математикалық ойлаудың шығармашылық элементтеріне сүйенеді. Сол бағыттардың ішінде сандар теориясы – оқушының дәлелдеу мәдениетін, аналитикалық қабілетін және формалды логикасын қалыптастыруда ерекше мәнге ие пәндік сала.

Халықаралық деңгейдегі ең беделді жарыс – International Mathematical Olympiad (IMO) [1]. Бұл олимпиада 1959 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді және мектеп оқушыларына арналған ең күрделі жарыстардың бірі ретінде қабылданады. IMO құрылымы екі күндік турдан тұрады, әр күні үш есептен ұсынылады, олардың кем дегенде бірі сандар теориясына қатысты болады. Сандар теориясы есептерінің жиі берілуі оның олимпиадалық математикадағы маңызды орын алатынын көрсетеді. IMO-мен қатар Азия-Тынық мұхиты аймағында өткізілетін APMO [2], жас оқушыларға арналған JBMO [3], сондай-ақ қыздарға арналған халықаралық олимпиада – EGMO [4] бар. Бұл жарыстар мазмұны жағынан бір-біріне жақын және ортақ әдістемелік талаптарға сүйенеді, әсіресе қалдықтар арифметикасы, бөлінгіштік, диофант теңдеулері сияқты тақырыптар тұрақты орын алады.

Қазақстан қатысатын аймақтық деңгейдегі беделді жарыстардың бірі – Халықаралық Жәутіков олимпиадасы (IZhO) [5]. Бұл турнир Алматы қаласында жыл сайын өткізіліп, әлемнің жетекші физика-математика бағытындағы мектептері мен лицейлерін біріктіреді. IZhO-ның математикалық бөлімінде ұсынылатын тапсырмалар күрделілігі жағынан халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, ал сандар теориясы есептері жиі алгебралық және комбинаторлық әдістермен ұштасып беріледі. Ұлттық деңгейде Қазақстанда пәндік олимпиадалардың төрт сатылы жүйесі қалыптасқан: мектепішілік, аудандық, облыстық және республикалық кезеңдер. Республикалық олимпиаданың жеңімпаздары халықаралық жарыстарға іріктеу құрамына енгізіліп, арнайы дайындық бағдарламалары бойынша оқытылады. Бұл дайындықта сандар теориясының базалық әдістері – математикалық индукция, бөлінгіштікке байланысты леммалар, модульдік арифметика, сандық функциялар, примитив түбірлер және диофант теңдеуін шешу тәсілдері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, Назарбаев Зияткерлік мектептері жүйесі және бірқатар жоғары оқу орындары (ҚазҰУ, ЕҰУ, SDU) ұйымдастыратын олимпиадалар мектеп оқушыларының математикалық әлеуетін ашуға бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Сандар теориясы мен олимпиадалық математикаға дайындықта қолданылатын әдебиеттер әртүрлі бағыттағы теориялық еңбектерді, есептер жинақтарын және әдістемелік нұсқаулықтарды қамтиды. Бұл ресурстардың мазмұны ауқымды: фундаменталды теориялық базадан бастап, практикалық есептер мен нақты олимпиадалар материалдарына дейін. Төменде сандар теориясының олимпиадада қолданылатын тақырыптарын меңгеру үшін бірнеше оқулықтар ұсынылған. Бұл кітаптар олимпиадаға дайындаламын деуші оқушы мен ұстазға олардың мазмұнына талдау жүргізу оларды жүйелеуге және тиімді қолдану мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

1-сурет. Сандар теориясы мен олимпиадалық есептерге арналған ресурстар [6-18]

Нәтижелер. Алдымен сандар теориясы бойынша классикалық еңбектерді атап өту қажет. И. М. Виноградовтың «Основы теории чисел» оқулығы – академиялық деңгейдегі фундаменталды еңбек. Бұл кітапта жай сандар, арифметикалық прогрессиялар, сандық функциялар, бөлінгіштік теориясы, аналитикалық әдістер сияқты күрделі бағыттар терең қарастырылады. Мұндай материалдар олимпиадалық деңгейдегі жоғары категориядағы есептерді түсінуге теориялық негіз береді. Сол сияқты, Kenneth H, Rosen «Elementary Number Theory» оқулығы сандар теориясын құрылымды, дәл және заманауи тілде түсіндіреді және олимпиадаға дайындықта модульдік арифметика, диофант теңдеулері сияқты туралы түсініктерді жүйелеуге пайдалы. Төменде Kenneth H, Rosen «Elementary Number Theory» оқулығында берілген мәліметтерге сүйеніп, олимпиадада жиі кездесетін математикалық индукция есебін талдайтын боламыз [9]:

1-мысал: Алғашқы n натурал сандарының квадраттарының қосындысы $S_n = \frac{n(n+1)(2n+1)}{6}$ боларын дәлелдеңіз

$$1^2 + 2^2 + \cdots + n^2 = \frac{n(n+1)(2n+1)}{6}$$

Дәлелдеуі:

1) $1^2 + 2^2 = 5$

2) $1^2 + 2^2 + 3^2 = 14$

3) $1^2 + 2^2 + 3^2 + 4^2 = 30$

4) $1^2 + 2^2 + 3^2 + 4^2 + 5^2 = 55$, егер осылай тізбектегі n санға дейін квадраттап қоссақ, пайда болған тізбектің белгілі заңдылыққа сүйенетінін көреміз:

1) $n = 1$ болса, формула $\frac{1\cdot 2\cdot 3}{6} = 1$ болары анық

2) $n = k$ үшін $1^2 + 2^2 + \cdots + k^2 = \frac{k(k+1)(k+2)}{6}$ орындалады делік.

3) $n = k + 1$ болса, $1^2 + 2^2 + \cdots + k^2 + (k+1)^2 = \frac{k(k+1)(2k+1)}{6} + (k+1)^2 = \frac{k(k+1)(2k+1)+6(k+1)^2}{6} = \frac{(k+1)(2k^2+7k+6)}{6} = \frac{(k+1)(k+2)(2k+3)}{6} = \frac{(k+1)(k+2)(2(k+1)+1)}{6}$ дәлелденді.

Қазақстандық оқу әдебиеттері ішінде Б. М. Оразбаевтың «Сандар теориясы» оқулығы ерекше орын алады. Бұл еңбек отандық білім беру жүйесіне бейімделген, мазмұны қарапайым және жүйелі түрде баяндалған. Онда бөлінгіштік, ең үлкен ортақ бөлгіш, салыстырмалылық, сандық функциялар сияқты негізгі тақырыптар кеңінен беріледі. Оразбаев материалы мектеп олимпиадаларына алғашқы қадам жасайтын оқушылар үшін қолайлы. Төменде берілген есеп Оразбаевтың еңбегіндегі мәліметтерге сүйеніп шығарылған [7]:

1-кесте. Евклидтің кеңейтілген алгоритмін пайдаланып, бүтін сандар a және b-ның ең үлкен ортақ бөлгіші (ЕҮОБ) мен Безу теңдеуінің коэффициенттерін табуға арналған есеп:

индекс i	**бүтін $q_i - 1$**	**қалдық r_i**	**s_i**	**t_i**
0		380	1	0
1		56	0	1
2	$380 \div 56 = 6$	$380 - 6 \times 56 = 44$	$1 - 6 \times 0 = 1$	$0 - 6 \times 1 = -6$
3	$56 \div 44 = 1$	$56 - 1 \times 44 = 12$	$0 - 1 \times 1 = -1$	$1 - 1 \times (-6) = 7$
4	$44 \div 12 = 3$	$44 - 3 \times 12 = 8$	$1 - 3 \times (-1) = 4$	$-6 - 3 \times 7 = -27$
5	$12 \div 8 = 1$	$12 - 1 \times 8 = 4$	$-1 - 1 \times 4 = -5$	$7 - 1 \times (-27) = 34$
6	$8 \div 4 = 2$	$8 - 2 \times 4 = 0$	$4 - 2 \times (-5) = 14$	$-27 - 2 \times 34 = -95$

Бұл тәсіл тиімді болғанымен, олимпиада тапсырушыға уақыттың ұтысын ойлаған дұрыс деп санаймын. Рябко Б.Я., Фионов А.Н.-тың «Криптографические методы защиты информации» кітабында Евклидтің кеңейтілген алгоритмін жоғарғы тұрған мысалдан да алгоритм арқылы қалай оңай шығару тәсілі көрсетілген [10]. Қарастырып көрейік:

ЕВКЛИД АЛГОРИТМІ
КІРІС : Бүтін оң сандар $a, b, a \geq b$.
ШЫҒЫС: Ең үлкен ортақ бөлгіш $gcd\ (a, b)$.

1. WHILE $b \neq 0$ DO

2. $r \leftarrow a \, mod \, b, a \leftarrow b, b \leftarrow r$.

3. RETURN a.

Берілген алгоритмге Рябко Б.Я., Фионов А.Н. авторларының оқулығынау бір мысал келтіріп көрейік. Евклид алгоритмі көмегімен $gcd(36,16)$ қалай есептелетінін көрсетейік:

$$a: \ 36 \ \ 16 \ \ 4$$
$$b: \ \ 16 \ \ 4 \ \ 0$$
$$r: \ 4 \ \ 0$$

Есепті талқыласақ, алдымен 36 санын 16-ға бөліп, қалған қалдығын $r \leftarrow a \, mod \, b$ түрінде жазамыз. Ары қарай шыққан қалдықты $a \leftarrow b$ түрінде бөліндіге бөлеміз. Дәл солай $b \leftarrow r$ осы амалды да орындап, а айнымалысының соңғы мәніндегі жауапты аламыз. Пайда болған нәтиженің уақыттың ұтысына әлдеқайда тиімді екенін байқауға болады. Сондай-ақ, бұл еңбек криптографияға арналған «Basics of Contemporary Cryptography for IT Practitioners» еңбегі тікелей олимпиадаға арналмағанымен, сандар теориясының нақты қолданбаларын – жай сандар, модульдік арифметика, Эйлер және Ферма теоремаларының ақпараттық қауіпсіздіктегі рөлін түсіндіреді. Теорияны қолданбалы тұрғыдан меңгеру олимпиадалық есептерді түсінуді жеңілдетеді.

Олимпиадалық дайындыққа арналған есептер жинақтарының ерекшелігі – есептердің құрылымы нақты олимпиадалардан алынған және әртүрлі күрделілік деңгейінде беріледі. Бұл тұрғыда А. В. Фарков сияқты авторлардың жинақтары олимпиадалық ойлауды дамытуда маңызды рөл атқарады. Мәселен, «Школьные математические олимпиады» және «Математические олимпиады. Азиатско-Тихоокеанская школьный путь» жинақтарында геометрия, алгебра және сандар теориясы бағытындағы есептер пропорционалды түрде ұсынылған. Әсіресе «Азиатско-Тихоокеанская школьный путь» APMO форматына жақын.

Қазақстандық контекстте маңызды ресурстардың бірі – «Математика олимпиадасына дайындық бастамалары». Бұл жинақта 5-8 сыныптарға арналған есептер жүйесі берілген және жас оқушыларды күрделі логикаға дайындаудың бастапқы деңгейін құрайды. Мұнда сандар теориясы қарапайым бөлінгіштік пен модульдік арифметикадан бастап, индукция элементтеріне дейін қамтылған.

Орыс тіліндегі олимпиада әдебиеттері де маңызды. С. А. Генкин, А. Л. Бухштабтың «Московские математические олимпиады» жинағы ондаған жылдардағы Мәскеу олимпиадаларының есептерін қамтиды. Есептердің логикалық тереңдігі мен дәлелдеу мәдениетіне қойылатын талаптары өте жоғары. Сонымен бірге, М. Ө. Исқақов пен С. Н. Назаров авторларының «Математика мен математиктер жайындағы әңгімелер» кітабы математиканың әдістемелік және тарихи қырын түсіндіреді, бұл теорияны кең контексте қабылдауға мүмкіндік береді. М. Ө. Исқақов пен С. Н. Назаровтың кітабынан

төмендегідей тарихқа шолу арқылы жазылған теоремаларды таба аласыздар [17].

Сандар теориясындағы ең танымал тұжырымдардың бірі – Ферма теоремасы. Оны XVII ғасырда француз математигі Пьер де Ферма ұсынған. Бұл теорема белгілі бір теңдеудің бүтін сандар жиынында шешімі болмайтынын көрсетеді. Аталған мәселе шамамен үш ғасыр бойы дәлелденбей келіп, тек XX ғасырдың соңында ғана толық шешімін тапты. Ферма сандар теориясы саласына зор үлес қосып, көптеген маңызды тұжырымдарды негіздеген. Енді солардың кейбіріне мысал келтірейік.

Теория 1: 4k+1 түрінде жазылатын жай сандардың бәрі екі санның квадраттарының қосындысына бір ғана жолмен ажыратылады:

$$61 = 5^2 + 6^2$$
$$29 = 5^2 + 2^2$$
$$13 = 3^2 + 2^2$$
$$37 = 6^2 + 1^2$$

Теория 2: 2-ден артық жай санды екі бүтін санның квадраттарының айырмасы түрінде жазуға болады және бұл ажырату да бір ғана тәсілмен орындалады:

$$3 = 2^2 - 1^2$$
$$37 = 19^2 - 18^2$$
$$19 = 10^2 - 9^2$$
$$17 = 9^2 - 8^2$$

Қазіргі заманғы ресурстар қатарында Борис Трушиннің сандар теориясына арналған заманауи курсы да бар [18]. Оның еңбегі YouTube лекцияларымен бірге жүреді және теорияны интуитивті, қарапайым тілде түсіндіреді. Жас оқушылар үшін бұл ресурстар теорияны жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді.

ҚорытындыҚорытындылай келе, бұл зерттеуде математикалық олимпиадалар . сандар теориясының орны мен оны оқыту ресурстары мен ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Атап айтқанда, халықаралық (International Mathematical Olympiad, Asian Pacific Mathematics Olympiad, тб), аймақтық және ұлттық олимпиадалардың құрылымы мен мазмұны талданып, олардың барлығында сандар теориясының тұрақты әрі маңызды компонент екені анықталды.

Зерттеу барысында сандар теориясын меңгеруге арналған негізгі әдебиеттер мен әдістемелік ресурстар жүйеленді. Классикалық еңбектердің теориялық база қалыптастырудағы рөлі, есептер жинақтарының олимпиадалық дағдыларды дамытудағы маңызы және заманауи цифрлық ресурстардың оқытуды қолжетімді етуі тиімділігі салыстырмалы түрде қарастырылды. Сонымен қатар, математикалық индукция, бөлінгіштік теориясы, модульдік арифметика және Евклид алгоритмі сияқты негізгі әдістердің олимпиадалық есептерді шешудегі қолданылуы нақты мысалдар арқылы көрсетілді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде сандар теориясын олимпиадалық дайындықта жүйелі түрде оқыту, теория мен практиканы ұштастыру және әртүрлі деңгейдегі ресурстарды тиімді пайдалану оқушылардың математикалық құзыреттілігін арттырудың негізгі шарты екені дәлелденді. Осы зерттеу жұмысының мақсаты – олимпиадалық дайындық үдерісінде сандар теориясын оқытудың мазмұнын жетілдіру және оны тиімді ұйымдастыру жолдарын айқындау – толық жүзеге асырылды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. International Mathematical Olympiad [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://www.imo-official.org/ – қолжетімділік күні 07.04.2026
2. Asian Pacific Mathematics Olympiad [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://apmo-official.org/ – қолжетімділік күні 07.04.2026
3. Жас математиктердің Балқан олимпиадасы (JBMO) // Daryn.kz [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://daryn.kz/jbmo/ – қолжетімділік күні 07.04.2026
4. European Girls' Mathematical Olympiad (EGMO) [Электрондық ресурс]. – қолжетімділік режимі: https://www.egmo.org/ – қолжетімділік күні 07.04.2026
5. IZhO – International Zhautykov Olympiad [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://izho.kz/ – қолжетімділік күні 07.04.2026
6. Виноградов И. М. Основы теории чисел. – М.: Наука, 1981.
7. Оразбаев Б. М. Сандар теориясы. — Алматы, 1970. — 390–391 ББ.
8. Рахметжанов С. Алгебра және сандар теориясы. — Семей, 2011.
9. Rosen K. H. Elementary Number Theory. — London: Pearson Education, 2011. — Pp. 23–29.
10. Ryabko B., Fionov A. Basics of Contemporary Cryptography for IT Practitioners. — Singapore: World Scientific Publishing Co. Pte. Ltd., 2005. — 198 p.
11. Фарков А. В. Математические олимпиады в школе. 5–11 классы. — 2004.
12. Кунгожин А. М., Кунгожин М. А., Байсалов Е. Р., Елиусизов Д. А. Математические олимпиады. — 2017.
13. Ырысбек М. Математика олимпиадасына дайындық бастамалары. — Астана: Асыл кітап, 2017. — 132 б.
14. Гальперин Г. А., Толпыго А. К. Московские математические олимпиады. — М.: Просвещение, 1986.
15. Горбачев Н. Сборник олимпиадных задач по математике. — ЛитРес, 2017.
16. Исқақов М. Ө., Назаров С. Н. Математика мен математиктер жайындағы әңгімелер. — Алматы: Мектеп, 1970.

17. Фарков А. В. Математические олимпиады. 5–11 классы. — М.: ВАКО, 2018. — 399 с.

18. Трушин Б. Математика с Борисом Трушиным. Теория чисел: с нуля до теоремы Эйлера. — Москва: Эксмо, 2024.

ҒТАХР 27.01.45

GEOGEBRA БАҒДАРЛАМАСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ 8-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ГЕОМЕТРИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Бизақ Қ.Ж., 7М01511 тобының 1-курс магистранты; **Каршыгина Г.Ж.,** PhD, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
bizakkurmanaj62@gmail.com

Аннотация. Мақалада геометрия сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың мәні талқыланады. Динамикалық математикалық орта оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, оқу мотивациясын және танымдық белсенділігін қалай арттыратыны талданады. Бағдарламаның көрнекілік мүмкіндіктері мен интерактивтілігі сипатталып, зерттеушілік әрекетті ұйымдастырудағы орны көрсетіледі. Цифрлық құралдарды жүйелі түрде қолдану білім сапасын жақсартатыны тәжірибелік жұмыс нәтижелерінен байқалады. Цифрлық құралдарды оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу білім сапасына оң әсер ететіні тәжірибелік жұмыстар арқылы дәлелденген. Динамикалық сызбалар статикалық суреттермен салыстырғанда айтарлықтай артықшылыққа ие: оқушылар математикалық заңдылықтарды өздері ашып, түсіне алады. Геометрияны оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану білім беруді жаңғыртудың маңызды бағыты болып табылады, сонымен бірге болашақ мамандардың функционалдық сауаттылығын дамытуға тікелей ықпал етеді. Мұғалімдер мен білім беру саласының мамандары үшін мақаланың практикалық құндылығы жоғары.

Кілт сөздер: геометрия, цифрлық технология, оқу мотивациясы, визуализация, танымдық белсенділік.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқыту сапасын көтеру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру және пәнге деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру басты бағыттардың қатарында. Логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және дәлелдеуді талап ететін геометрия курсы күрделі пәндерге жатады. Дәстүрлі оқытуда көптеген ұғымдар абстрактілі түрде берілетіндіктен, білім алушылар материалды қабылдауда қиналады. Осыған байланысты көрнекілікті арттыратын, оқушыны белсенді іс-әрекетке тартатын заманауи цифрлық құралдарды енгізу қажеттілігі туындайды.

Педагогика ғылымы оқушылардың қызығушылығын оқу әрекетінің негізгі қозғаушы күші деп санайды. Танымдық белсенділік жоғарылағанда білімнің беріктігі мен сапасы артатынын зерттеушілер дәлелдеген. Ақпараттық технологиялар визуализацияны күшейтумен қатар, оқушыға тәжірибе жасауға, болжам ұсынуға және нәтижені бірден тексеруге жол

ашады. Осылайша оқыту репродуктивті деңгейден зерттеушілік деңгейге көшеді [1, 2].

Материалдар мен әдістер. Мектеп оқушыларының назарын арттыру мақсатында GeoGebra кіріктірілген Essepte платформасы қолданылады. Платформаға енгізілген интерактивті ойындар мен GeoGebra тапсырмалары оқытудың тиімділігін жаңа сатыға көтереді; цифрлық құралдарды жүйелі пайдалану білім сапасының артуына тікелей әсер етеді.

GeoGebra кіріктірілген Essepte платформасы мектеп оқушыларының назарын арттыру мақсатында пайдаланылды. Платформаға енгізілген интерактивті ойындар мен GeoGebra тапсырмалары оқыту тиімділігін жоғарылатады, ал осы цифрлық құралдарды жүйелі қолдану білім сапасына тікелей әсер етеді [3, 4]. Платформадағы интерактивті модельдер оқушыларға геометриялық фигураларды өзгертіп, теоремалардың орындалуын өз көзімен көру мүмкіндігін ашады. Ойын элементтері сабаққа қатысу белсенділігін күшейтіп, пәнге жағымды эмоционалдық қатынас қалыптастыруға ықпал етеді. Essepte геометриялық ұғымдардың абстрактілігін азайтып, материалды қабылдауды жеңілдетеді; бұл танымдық белсенділікті арттырудың басты шарттарының бірі. Оқушылар дайын ақпаратты жай қабылдамай, интерактивті ортада тәжірибе жүргізіп, өз бетінше шешім іздеу дағдыларын қалыптастырады [4].

Зерттеуде бақылау, сауалнама, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Сабақтарда динамикалық сызбалар құру, фигураларды түрлендіру, параметрлерді өзгерту арқылы заңдылықтарды анықтау жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар тапсырмаларды орындағанда ақпаратты өздері құрастырып, нәтижесін талдау мүмкіндігіне ие болды.

Нәтижелер. 8-сынып оқушыларымен практикалық жұмыс жүргізілді. Сабақта теориялық материал интерактивті модельдер арқылы түсіндіріліп, есептерді шығару кезінде оқушылар фигура элементтерін өзгерте отырып теоремалардың орындалуын бақылады. Бақылау нәтижелері сабаққа қатысу белсенділігінің артқанын, сұрақ қою мен өз бетінше шешім іздеу дағдыларының дамығанын көрсетті. Сауалнама қорытындысына сәйкес білім алушылардың көпшілігі цифрлық ортада жұмыс істеу геометрияны түсінуді жеңілдететінін атап өтті. Жүргізілген тәжірибе цифрлық құралдарды қолдану оқу процесін жандандыратынын дәлелдеді.

Геометриялық заңдылықтарды оқушылар тереңірек түсіне бастады, материалды меңгеру деңгейі айтарлықтай жақсарды. Пәнге деген жағымды эмоционалдық қатынас қалыптасуына интерактивтілік пен көрнекілік тікелей ықпал етті.



Сурет 1. Оқушылардың платформаны қолданғаннан кейінгі сабақтағы белсенділі

Динамикалық математикалық ортаны геометрия сабақтарында қолдану оқыту тиімділігін арттырады. Оқушылардың қызығушылығы күшейіп, зерттеушілік қабілеттері дамиды. Цифрлық технологияларды әдістемелік тұрғыдан дұрыс, жүйелі пайдалану білім сапасын жоғарылатудың сенімді жолдарының бірі болып саналады. [5].

Мұғалімдер цифрлық құралдарды пайдаланған кезде уақытты үнемдеумен қатар әр оқушының зерттеушілік белсенділігін нақты уақытта бақылай алады[6]. Тәжірибе көрсеткендей, Essepte сияқты ресурстар мұғалімнің IT-құзыреттілігін арттырып, сабақты репродуктивті деңгейден шынайы зерттеу деңгейіне көшіруге мүмкіндік береді.

Essepte платформасы мен GeoGebra ресурстарын геометрия сабақтарында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді. Абстрактілі геометриялық ұғымдарды визуализациялау арқылы бұл цифрлық құралдар материалды қабылдауды жеңілдетеді, танымдық белсенділікті дамытады. Платформадағы динамикалық сызбалар мен интерактивті ойындар оқушыларға фигуралар параметрлерін өзгертуге, тәжірибе жүргізуге, нәтижені бірден тексеруге мүмкіндік береді [7].

Педагогтар үшін бұл технологиялар сабақ үдерісін оңтайландыруда құнды құрал қызметін атқарады: оқушы белсенділігін нақты уақытта бақылауға, әр балаға жеке кері байланыс беруге болады. [8].Күрделі теоремаларды интерактивті модельдер арқылы түсіндіру жеңілдейді. Мұндай цифрлық ортада жұмыс істеу педагогтың IT-құзыреттілігін жетілдіріп, сабақтың әдістемелік сапасын көтереді [9].

Тәжірибелік зерттеу нәтижелері цифрлық ресурстарды жүйелі түрде пайдалану оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және білім сапасын жақсартуға ықпал ететінін дәлелдеді [10-11]. Алынған тәжірибеге сүйене отырып, болашақта оқушының жеке қабілеттеріне бейімделетін, техникалық жағынан жаңартылған авторлық бағдарламалық орта құру көзделуде; бұл орта Essepte мен GeoGebra платформаларының ең тиімді құралдарын өзінде біріктіретін болады. Мұндай әзірлеме білім беру саласын цифрландырудағы елеулі ілгерілеу болып саналады.

Қорытынды. Жинақталған тәжірибе негізінде Essepte мен GeoGebra-ның функционалдық артықшылықтарын ұштастыратын, техникалық архитектурасы жағынан ерекшеленетін және әр оқушының жеке мүмкіндіктеріне икемді түрде бейімделетін авторлық бағдарламалық ортаны дамыту жоспарланып отыр. Цифрлық технологияларды әдістемелік тұрғыдан сауатты және жүйелі қолдану білім сапасын көтерудің тиімді тәсілі ретінде өзін танытты.

Ұсыныстар

1. цифрлық ресурстарды сабақтың әр кезеңінде мақсатты қолдану;
2. мұғалімдердің IT-құзыреттілігін арттыру;
3. интерактивті тапсырмалар банкін қалыптастыру;
4. оқушылардың өздік зерттеу жұмыстарын көбейту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Монахов В. М. Информационные технологии в обучении математике. — М.: Просвещение, 2012. — 224 с.
2. Abylkasymova A. E., et al. Modernization of the system of continuous pedagogical education in the Republic of Kazakhstan // Global Journal of Pure and Applied Mathematics. — 2016. — Vol. 12, No. 3. — P. 2685–2696.
3. GeoGebra — математиканы оқуға арналған динамикалық орта. // https://www.geogebra.org
4. Essepte — алгебра және геометрияны оқытуға арналған платформа// https://smartller.com/student/askhatmath Есенбекұлы Асхат
5. Есентаев А. К. Геометрия сабақтарында GeoGebra бағдарламасын қолданудың тиімділігі // Білім берудегі IT-технологиялар: ғылыми-әдістемелік журнал. — 2021. — №2. — 45-50 бб.
6. Hohenwarter M., Preiner J. Dynamic Mathematics with GeoGebra // Journal of Online Mathematics and its Applications. — 2010. — Vol.7.
7. Жансеитова С. К. Математиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесі: Оқу құралы. — Алматы: Эверо, 2018. — 156 б.
8. Роберт И. В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). — М.: БИНОМ, 2014. — 398 с.
9. Байғожаева Д. С. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін цифрлық технологиялар арқылы дамыту // Қазақстан мектебі. — 2023. — №5. — 12-16 бб.
10. Lavicza Z. Integration of interactive technologies into mathematics teaching // The International Journal for Technology in Mathematics Education. — 2015. — Vol. 17, No. 1.
11. Далингер В. А. Методика обучения математике. Когнитивно-визуальный подход: учебное пособие для вузов. — 2-е изд. — М.: Юрайт, 2020. — 340 с.

ҒТАХР: 27.23.15

«АЛТЫН САҚА» ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕГІ ТАПСЫРМАЛАР ТОПТАМАСЫ

Дильдабекова К.А., «7М01511 – Математика» білім беру бағдарламасының магистранты; **Нұрахметов Д.Б.,** PhD, қауымдастырылған профессоры, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
k.ad1bekovna@gmail.com; nurakhmetov@math.kz;

Аннотация. Бұл мақалада 6-сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» математикалық олимпиада тапсырмаларының мазмұны және құрылымы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында тарапынан олимпиадалық тапсырмалардың ішкі логикасы, олардың мазмұндық ерекшеліктері мен күрделілік деңгейлері қарастырылып, тапсырмалар жүйеленді. Олимпиадалық есептердің негізінде қозғалысқа, пайыздық қатынастарға және геометриялық шамаларға байланысты, сондай-ақ оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынылды. Әрбір есеп түріне сәйкес тиімді шешу әдістері ұсынылып, олардың оқушылардың математикалық ойлау қабілетін қалыптастырудағы маңызы айқындалады. Олимпиадалық есептерді оқыту үдерісінде тиімді қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері айқындалып, мұғалімдерге арналған практикалық ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижелері «Алтын сақа» олимпиадасы есептерін жүйелі түрде қолдану оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың шығармашылық, сыни және көпқадамды ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: олимпиадалық есептер, Алтын сақа, математикалық талдау, шешу әдістері, логикалық ойлау.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде математикалық дайындықтың сапасы тек білім көлемімен емес, сонымен қатар оқушылардың логикалық ойлау, талдау, жалпылау және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау қабілеттерімен де анықталады. Осы тұрғыдан алғанда олимпиадалық есептер жүйесі оқушылардың жоғары деңгейдегі танымдық белсенділігін қалыптастыруда, математикалық сауаттылығын арттыруда және интеллектуалдық әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Әсіресе, мектеп оқушыларына арналған пәндік олимпиадалар өмірлік жағдаяттарда математикалық білімді қолдану, мәселелерді талдау және негізделген шешім қабылдау қабілетімен тікелей байланыстырылған. Бұл деректер математиканы оқыту үдерісінде күрделі ойлау әрекеттерін талап ететін есептерге, соның ішінде олимпиадалық мазмұндағы тапсырмаларға ерекше көңіл бөлу қажеттігін айқындайды [1].

«Алтын сақа» олимпиадасының есептері ерекше назар аударуды талап етеді. Аталған есептер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес

құрастырылғанымен, олардың мазмұнында арифметикалық амалдарды тиімді пайдалану, логикалық байланыстарды анықтау, мәтінді есепті математикалық модельге айналдыру және бірнеше шешу тәсілдерін салыстыру сияқты күрделі дағдылар қамтылған. Сондықтан «Алтын сақа» есептерін жүйелі түрде талдау бір жағынан оқушылардың олимпиадалық дайындық деңгейін арттыруға ықпал етсе, екінші жағынан мұғалімдерге есептердің дидактикалық мүмкіндіктерін тереңірек ашуға жағдай жасайды. Осы мақалада аталған мәселелерді ескере отырып, олимпиада есептерінің шешу жолдары мен олардың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының материалы ретінде 6-сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының есептері алынды. Олимпиада тапсырмалары мазмұны, тапсырма типі, жауаптар құрылымы, күрделілік деңгейі және бағалау ерекшеліктеріне сәйкес үш құрылымдық бөлімге жіктелді. Тапсырмалар күрделілік деңгейіне қарай Блум таксономиясы негізінде сараланып, олимпиадалық тапсырмалардың жалпы құрылымы **1-кестеде** көрсетілді.

Құрылымы	**Тапсырма сипаты**	**Жауаптар құрылымы**	**Күрделілік деңгейі**	**Бағалау**
$\frac{I-\text{бөлім}}{7-\text{тапсырм}}$	Функционалдық	Жабық тест (4 таңдау нұсқасы)	Білу және түсіну	$\frac{1\ \text{сұрақ}-4\ \text{ұпай}}{(\text{Жиынтығы:}\ 28)}$
$\frac{II-\text{бөлім}}{6-\text{тапсырм}}$	Логикалық	Жабық тест (5 таңдау нұсқасы)	Қолдану және талдау	$\frac{1\ \text{сұрақ}-5\ \text{ұпай}}{(\text{Жиынтығы:}\ 30)}$
$\frac{III-\text{бөлім}}{7-\text{тапсырм}}$	Аналитикалық	Ашық тест (толық шешу жолы)	Талдау және жинақтау	$\frac{1\ \text{сұрақ}-6\ \text{ұпай}}{(\text{Жиынтығы:}\ 42)}$
Жалпы		20 тапсырма		**100 ұпай**

1-кесте – 2025-2026 жж. «Алтын сақа» математикалық олимпиадасы тапсырмаларының құрылымдық сипаттамасы

Бұл есептер мазмұны жағынан әртүрлі типтерді қамти отырып, оқушылардың арифметикалық есептеу, логикалық пайымдау және қолданбалы дағдыларын бағалауға бағытталған.

Тапсырмаларды талдау барысында олар мазмұндық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа жіктелді: пайыздық есептер, қозғалысқа байланысты есептер, геометриялық шамалар, пропорциялар және логикалық есептер.

1-сурет – 2025-2026 жж. «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде тапсырмалардың мазмұндық үлестірімі

Мұндай жүйелеу есептердің құрылымын тереңірек түсінуге және оларды шешудің тиімді тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында мазмұндық-талдамалық әдіс қолданылып, әрбір есептің құрылымы мен шешу алгоритмдері қарастырылды. Сонымен қатар салыстырмалы талдау әдісі арқылы бір типтегі есептердің әртүрлі шешу тәсілдері салыстырылып, олардың тиімділігі бағаланды. Қателерді талдау негізінде оқушылар жиі жіберетін типтік қателіктер анықталып, оларды болдырмау жолдары ұсынылды. Бұл тәсілдер есеп шығару процесін жүйелеуге және оқушылардың математикалық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді [2].

Нәтижелер. «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының логикалық құрылымына негізделе 6-сыныпқа арналған тапсырмалар әзірленді. Бұл есептер жүйесі оқушылардың арифметикалық есептеу, логикалық ойлау және қолданбалы дағдыларын кешенді түрде тексеруге бағытталған.

1-есеп. Пропорция және шамалардың өзгеруі

Дулаттың телефонының қуаты 9%-ды көрсетеді. Егер қуаттағыш әр 8 минутта 12%-ға толтырса, телефонның қуаты 96%-ға жету үшін қанша уақыт керек?

Шешуі. Таспырманың берілгеніне байланысты қанша % қосу керек екенін анықтаймыз: $96\% - 9\% = 87\%$.

Пропорция құрамыз: $12\% \rightarrow 8$ минут

$$87\% \rightarrow x \text{ минут}$$

Пропорцияны есептейміз: $x = \frac{87 \times 8}{12}$

$$x = \frac{696}{12}$$

$$x = 58$$

Телефонның қуаты 96%-ға жету үшін 58 минут керек. Оқушылар арасында жиі кездесетін қателік ол бастапқы 9%-ды ескермей, пропорцияны 96%-ға құру. Авторлық есептің құрылымы оқушыны деректерді іріктеуге және жүйелі пайымдауға тәрбиелейді.

2-есеп. Шеңбер және қозғалыс

Марат үйінен саябаққа дейінгі 1 км 256 м қашықтықты тұрақты жылдамдықпен 4 минутта жүгіріп өтті. Саябақта ол радиусы 40 м болатын айналмалы жолмен жаттықты. Осы жолды толық бір рет айналып шығу үшін Маратқа қанша уақыт керек? (π =3,14)

Түсіндірме: Оқулықта алдымен шеңбер ұзындығының формуласы (C=2πr) мен қозғалыс формулалары ($v = \frac{S}{t}$) жеке-жеке қарастырылса [3, 60 бет], бұл есепте оқушыдан осы екі түрлі саладағы білімді интеграциялау (біріктіру) талап етіледі. Бұл – функционалдық сауаттылықты тексерудің жоғары деңгейі.

Шешуі. Үй мен саябақ арақашықтығы: 1 км 256 м=1256 м Қозғалыс формуласы бойыншы Мараттың тұрақты жылдамдығын табайық $v = \frac{S}{t}$: $v = \frac{1256\text{ м}}{4\text{ мин}} = 314\frac{\text{м}}{\text{мин}}$. Шеңбердің ұзындығының формуласы C=2πr. C=2$\times$ 3,14 $\times$ 40 = 1256 м.

Толық айналымға кететін уақытты табу үшін $t = \frac{C}{v}$. $t = \frac{1256}{314} = 4$ мин. Сонда толық айналымға кететін уақыт 4 минутты құрайды. Мұндай есептерде әртүрлі формулаларды біріктіріп қолдану және шамаларды салыстыру маңызды.

3-есеп. Геометриялық есеп

Тіктөртбұрышты бассейннің ұзындығы 23 м, ал ені 14 м. Қауіпсіздік мақсатында, бассейн жиегінен 2 м резеңке жол төседі. Осы резеңке жол төселген бассейннің периметрін тап.



2-сурет – Есеп шартының геометриялық сызбасы

Бұл тапсырма мектеп бағдарламасындағы «Тіктөртбұрыштың периметрі» тақырыбымен тікелей байланысты. Және оқушылардың функционалдық сауаттылығын талап етеді.

Шешуі. Қоршаудың ұзындығы $23 + 2 + 2 = 27$ м болып, ал ені $14 + 2 + 2 = 18$ м болып өзгереді. Сонда периметрі $P = 2(27 + 18) = 2 \times 45 = 90$ м.

Сонда резеңке жол төселген бассейннің периметрі 90 метрге тең. Оқушылар осындай есептерде жолдың енін тек бір жаққа ғана қосу арқылы «бір өлшемді қателікке» бой алдырады. Осы тұста көрнекілік принципі шешуші рөл атқарады. И.Ф. Шарыгин өзінің «Наглядная геометрия» тұжырымдамасында 5-6 сынып оқушылары үшін кез келген геометриялық есеп манипуляциялық нысан (қию, құрастыру, сызу) ретінде берілуі тиіс екенін айтады [4, Б.5].

Комбинацияланған әдіс олимпиада есептернің көп бөлігінде қатар қолдануды талап етеді.

4-есеп. Жұмыс өнімділігі

Мектептегі робототехника үйірмесінің екі оқушысы - Асқар мен Данияр роботты құрастыруға кірісті. Бұл жұмысты Асқар жалғыз орындаса, оған барлығы 35 минут қажет. Ал Данияр осы роботты 65 минутта толық құрастырады. Олар жұмысты бір уақытта бастап, роботты толық құрастырып бітті. Жиналған роботтың неше пайызын Данияр құрастырды?

Түсіндірме: Оқулықта жұмысқа берілген есептерді шығару үшін «жұмыс өнімділігі» ұғымы қолданылады [5, Б.10]. Бұл есептің ерекшелігі - мұнда нақты уақытты табу маңызды емес, тек қатысушылардың өнімділіктерінің бір-біріне қатынасын пайызбен өрнектеу талап етіледі. Бұл оқушының абстрактілі ойлау қабілетін тексереді.

Шешуі.

	Робот құрастыру уақыты, минут	1 минуттағы өнімділігі
Асқар	35	$\frac{1}{35}$
Данияр	65	$\frac{1}{65}$

Бірге құрастыру жымдалдығы: $\frac{1}{35} + \frac{1}{65} = \frac{20}{455}$

Жалпы бірге құрастыру үшін кеткен уақыт: $t = 1 : \frac{20}{455} = \frac{455}{20} = 22{,}75$ минут. Осы уақытта Данияр жасаған бөлігі: $\frac{1}{65} \times \frac{2275}{100} = 0{,}35$ немесе 35%-ды құрайды. Бұл тәсіл логикалық ойлау мен арифметикалық есептеуді үйлестіруді қажет етеді. Бірақ бірлескен жұмыс есептерінде орташа мәнді қолдану арқылы қате шешім алу жиі кездеседі. Мысалы, біреуі 35 минутта, екіншісі 65 минутта жұмыс істейтін жағдайда кейбір оқушылар уақыттарды

қосып, екіге бөледі. Бұл жерде негізгі қиындық – «жұмыс жылдамдығы» ұғымын дұрыс қолданбау. Осы сияқты оқушылар жіберетін қателіктер белгілі бір математикалық дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді.

Аталған қателіктер оқушыларда көпқадамды ойлау, тәуелді шамаларды талдау, пропорционал байланыстарды түсіну және модельдеу дағдыларын дамыту қажеттігін көрсетеді. Осындай есептерді жүйелі түрде талдау математикалық ойлаудың икемділігін арттыруға және есеп шығару мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу «Алтын сақа» олимпиадасының есептері оқушылардың математикалық дайындық деңгейін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Бұл тапсырмалар тек жекелеген тақырыптарды меңгерумен шектелмей, әртүрлі математикалық ұғымдарды өзара байланыстыра отырып қолдануды талап етеді. Осы арқылы оқушылардың талдау жасау, шешу жолдарын таңдау және нәтижені дәлелдеу қабілеттері қалыптасады.

Зерттеу барысында есептерді мазмұндық тұрғыдан жүйелеу және оларды шешу тәсілдерін мақсатты түрде қолдану оқыту үдерісінің сапасын арттыратыны анықталды. Нақты есептерді қарастыру арқылы оқушылар шамалар арасындағы байланыстарды түсініп, математикалық модельдеу мен көпқадамды ойлау дағдыларын дамыта алады.

Есептерді орындау барысында кездесетін типтік қателіктерді анықтау оқушылардың қиындық тудыратын тұстарын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл деректер мұғалімдерге оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға, сондай-ақ оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізуге жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, «Алтын сақа» олимпиадасының есептерін жүйелі талдау және оларды шешу тәсілдерін қолдану мектеп математикасын оқытуда тиімді әдістемелік құрал болып табылады. Бұл бағыт оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың логикалық, аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. PISA-2022 зерттеуіндегі Қазақстан нәтижелері: ұлттық есеп / ҚР Оқу-ағарту министрлігі, А. Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы. - Астана, 2024. - 162 б. - ISBN 978-601-09-6529-4.

2. Математика пәнінен олимпиадалық есептер шығарудың әдістемесі : оқу-әдістемелік құрал / «Өрлеу» БАҰО. - Қызылорда : Өрлеу, 2022. - 120 б.

3. Алдамұратова, Т. А. Математика: жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім / Т. А. Алдамұратова, Т. С. Байшоланов, Е. С. Байшоланов. - Алматы : Атамұра, 2018. - 176 б.

4. Шарыгин, И. Ф. Наглядная геометрия. 5-6 классы [Электрондық ресурс] : учебное пособие / И. Ф. Шарыгин, Л. Н. Ерганжиева. - М. : Дрофа,

2013. - 189 с. - URL: https://matematix.ru/wp-content/uploads/2020/07/Математика-Наглядная-геометрия-5-6-класс-Шарыгин-Ерганжиева.pdf (қаралған күні: 28.03.2026).

5. Алдамұратова, Т. А. Математика: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім / Т. А. Алдамұратова, Қ. С. Байшоланова, Е. С. Байшоланов. - Алматы : Атамұра, 2017. - 176 б.

ӘОЖ 372.853

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАР: ЖИ-ГЕНЕРАЦИЯЛАНҒАН МОДЕЛЬДЕРДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Джумабаев Б.М., Зәкиева Ж.Е., PhD доктор; Педагогикалық институттың «6В01505 – Физика» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Астана Халықаралық Университеті, Астана қаласы, Қазақстан
zumabaevbekzat59@gmail.com

Аннотация. Мақалада физика пәнін оқыту процесі кезіндегі виртуалды зертханалардың рөлі мен оларды жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары арқылы оңтайландыру мәселелері қарастырылады. Қазіргі таңдағы физика пәні бойынша білім беруде PHET және PhysLab дайын цифрлық платформалар кеңінен қолданылғанымен, олардың шектеулері, локализация (тіл) мәселелері және сыртқы серверлерге тәуелділігі мұғалімдердің оқу бағдарламасын жекешелендіруіне кедергі келтіреді. Зерттеу жұмысында генеративті жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Бағдарламалау және белгілеу тілдерінің ішінен, html белгілеу тілін қолдана отырып қалай оңай әрі жылдам симуляторлар әзірлеу және оны кітапхана ретінде жинау әдістемесі ұсынылған. Авторлық HTML-зертханалардың дайын платформалардан басты артықшылығы – олардың жоғары икемділігі, кез келген оқу мақсатына бейімделгіштігі, дизайнын оңай өзгертіп, басқада ауыстырулар мен өзгертулерді оңай енгізе алу жәнеде бағдарламалау дағдылары төмен пайдаланушылар үшін қолжетімділігі. Мақалада ЖИ көмегімен жазылған нақты физикалық модельдердің (маятник, импульс) мысалдары келтіріліп, олардың STEM білім берудегі тиімділігіне талдау жасалады.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, HTML-симуляторлар, цифрлық зертханалар, физиканы оқыту, PhET, PhysLab, STEM, интерактивті модельдеу.

Кіріспе. Жиырма бірінші ғасыр – ақпараттық технологиялардың тек құрал емес, адамның ойлау қабілеттерінің ажырамас серіктесіне айналып жатқан дәуір. Қазіргі таңдағы ЖИ саласындағы қарқынды даму білім беру жүйесінде көп деген өзгерістер әкеліп жатыр. Егер бұрын цифрлы ресурстар тек дайын ақпаратты тұтынуға бағытталса, қазіргі генеративті модельдер (LLM) қолданушыға жаңа шығармашылық өнімдерді – мәтіндерді, медиа-контентті және ең бастысы, бағдарламалық кодтарды – нөлден бастап құрастыруға мүмкіндік берді.

Бұл тенденция барлық ғылым саласына деген үлкен серпін, соның ішінде физиканы айналып өтпеді. Физикалық процестерді визуалдау – бұл тек жәй сурет салу ғана емес, бұл кодтау арқылы математикалық, физикалық модельдерге, динамикалық заңдылықтарға «жан бітіру» процесі. Қазіргі таңда көп педагогтар мен студенттер үшін цифрлық зертхана жасау көптеген кодтар

мен түсініксіз командалар болып көрнуі мүмкін, бірақ ЖИ-дің көмегімен кез келген қолданушы өзінің дербес, икемді және бірегей оқу құралын жасау мүмкіндігіне ие болды. Бұл бағдарламалаудың техникалық шекараларын айналып өтіп, мұғалімнің шығармашылық әлеуетін көтеруге мүмкіндік береді.

Негізінен дәстүрлі Phet немесе PhysLab платформаларымен салыстырғанда, ЖИ көмегімен жасалған HTML симуляторларының басты айырмашылығы – оларды толықтай өзгерте алу мүмкіндігінде. Дайын платформалар көбіне «жабық жүйе» принципімен жұмыс істейді: пайдаланушы тек берілген параметрлермен ғана шектеледі. Ал HTML/JavaScript негізіндегі авторлық модельдерде интерфейс түсін, батырмалар орналасуын, анимациялар жылдамдығын және тағы сол сияқты мұғалімнің нақты дидактикалық мақсатына сай өзгертуге болады [1].

Бұл процесс қатемен жұмыс кезеңінде ерекше маңызға ие болады. Егер симуляция барысында физикалық заңдылықтар бұзылуы (мысалы, маятник тербелісі дұрыс есептелмеуі немесе гравитациялық тұрақты дұрыс қолданылмауы) анықталса, ЖИ алгоритмдерді кодты бірнеше секунд ішінде талдап, қатенің себебін түсіндіреді және шешу жолын ұсынады. Бұл бағдарламалау дағдылары шектеулі педагогтар үшін технологиялық кедергілерді жойып, олардың өздеріне деген сенімділігін арттыруға көмек береді [2].

Енді нақты цифрлы зертханаларға келетін болсақ, олар оқушыларға қауіпті немесе қымбат эксперименттерді қауіпсіз ортада ешқандай шектеулерсіз, шексіз қайталауға мүмкіндік береді. Мысалы, жоғары вольтты тізбектер, немесе белгілі бір ядролық реакцияларды модельдеу кезінде оқушылар ештеңеден қорықпай, қателік жасай отырып өз білімдерін арттыра алады.

Ал HTML форматының басты ерекшелігі – оның жеңілділігінде. Көптеген күрделі платформалар жоғары интернеттің жылдамдығын талап ететін болса, HTML файлдары өте аз, бірнеше килобайтты құрайды. Бұл бізде симуляторларды кез келген мобильді құрылғыда, интернет жылдамдығы төмен жағдайларда да қолдануға көмек береді.

Соңғы кездерде ЖИ қолдану адамның шығармашылық қабілеттерін төмендетеді деген ойлар көп адамдарды алаңдатуда, бірақ, керісінше ЖИ шығармашылық қабілеттерді жаңа деңгейге көтереді. Тағы бір мәселе, көптеген педагогтар «ЖИ біздің орнымызды басады» деп қауіптенсе, негізінде ол мұғалімді техникалық рутинадан (кодтың синтаксисін жазу, браузерлермен үйлесімділігін тексеру) босатады. Бос уақыт мұғалімнің не өзіне, не шығармашылық ізденісіне, яғни «педагогикалық дизайнды» жетілдіруге кетеді.

Соңғы ғылыми мәліметтерге сүйенсек, ЖИ-ді көмекші құрал ретінде пайдаланатын тұлғалардың шығармашылық өнімділігі, қабілеттері, идеяларының вариативтілігі (divergent thinking) айтарлықтай өседі [4]. Бұл құбылыс машина мен адамның когнитивтік байланысы ретінде сипатталады. Мұғалім ЖИ-ге сұраныс беру арқылы белгілі бір физикалық процестің ең

тиімді визуалдау жолын іздейді, ал бұл өз кезегінде сапалы оқу контентін жасауға мүмкіндік береді [5]. Сонымен қатар, авторлық симуляторларды жасау процесі студенттердің де шығармашылық қызығушылығын оятып, оларды тек ақпаратты тұтынушы емес, жаңа өнім жасаушы деңгейіне көтеруі мүмкін.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде мультимедиалық оқытудың когнитивті теориясы [1] мен жасанды интеллектінің білім берудегі кедергілерді жоюдағы қолданбалы мүмкіндіктері [2] алынды. Бұл теориялық база авторлық симуляторлардың дизайны мен мүмкіндіктерін нақтылауға мүмкіндік береді. Тәжірибелік кезеңде виртуалды модельдеудің оқушының ғылыми ойлауына әсері [3] және ЖИ-дің шығармашылық қабілеттерді арттырудағы рөлі [4] басты бағдар ретінде алынып, жұмыс барысы білім беру технологияларының пәнаралық интеграциясы принципіне негізделді [5].

Тәжірибелік жұмыста физикалық құбылыстарды визуалдау үшін тек HTML5 бағдарламалау тілі қолданылды. Симуляторларды әзірлеу процесі ЖИ модельдерімен (Gemini) «prompt engineering» әдісі арқылы өзара әрекеттесуге негізделді. Бұл процес бізде бірнеше кезеңнен тұрды: бірінші кезеңде физикалық құбылыстың (мысалы, импульстің сақталу заңы немесе маятник тербелісі) математикалық алгоритмі ЖИ көмегімен кодқа айналдырылды. Екінші кезеңде ЖИ берген кодты компьютерде жаңа дәптер (блокнот) аша отырып, сол кодты тұтас енгіземіз және ол дәптерге ат беріп соңына «.html» адресін қосып сақтаймыз (мысалы, математикалық маятник.html). үшінші кезеңде сақтаған файлымызды ашып, сақтаған кодымыз қаншалықты жұмыс жасап тұрғанын және не өзгерту керек, не қосу керек тексереміз. Төртінші кезеңде қателіктермен жұмыс жасап, симуляторымызды өзімізге ыңғайлы етіп бейімдейміз. Соңында осы HTML тілінде кітапхана жасап, жасаған симуляторларымызды қалай онда сақтау керектігін көрсетемін.

HTML технологиясы қолданылуы себебі оның «ашық код» принципіне байланысты. Бұл Phet немесе PhysLab секілді жабық платформалармен салыстырғанда, мұғалімге кез келген уақытта симуляторлардың түр-түсін, нысандардың салмағын немесе ортаның тұрақтыларын тікелей код деңгейінде өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл мұғалімді техникалық рутинадан босатып, білім беру процесінде ресурстарын жасау процесін демократияландыруға және оқытуды жекешелендіруге жол ашады.

Нәтижелер. Зерттеу барысы қатты қиын емес, бастысы ЖИ қолдана білу, оған дұрыс өтініштер жасай білсек жеткілікті, ал қалғаны тіптен оңай.

1. Кез келген ЖИ-ге кіріп (Gemini, ChatGPT), одан өзімізге керек симулятордың HTML тіліндегі кодын жазып беруді сұраймыз (1-сур.) және бізге берген кодты толықтай көшіріп аламыз (2-сур.)



1-сурет. ЖИ-ден код жазып беруін сұрау барысы



2-сурет. ЖИ-дің HTML тілінде берген коды

2. ЖИ берген кодты көшіріп аламыз да, ноутбуктан (компьютерден) жаңа дәптер (блокнот) ашып сонда көшірген кодымызды қоямыз (3-сур.), содан соң «файл» батырмасын басамыз да, ашылған экраннан «сохранить как» батырмасын басамыз (4-сур.).



3-сурет. «Блокнот» бағдарламасын ашу



4-сурет. Кодты сақтау барысы

3. «сохранить как» батырмасын басқаннан кейін файлды өзімізге ыңғайлы орынға бағыттап, файлдың атының соңына «.html» адресін тіркеп сақтаймыз да (5-сур.), сақталған файлды тауып ашамыз (6-сур.).



5-сурет. «.html» адресін тіркей отырып файлды сақтау



6-сурет. Сақтаған файлды тауып ашамыз

4. Файлды ашқаннан кейін файл бізді жасаған симуляторымызға браузер арқылы жібереді (7-сур.), ары қарай қателіктермен жұмыс жасаймыз.



7-сурет. Дайын симулятор сұлбасы

5. Осылай ЖИ-ге промпт бере отырып бірнеше өзге де өзімізге керекті симуляторларды жасаймыз. Ол енді өзіңіздің қажеттілігіңізге байланысты. Енді HTML тілінде кітапхана құрастырайық, ол үшін де ЖИ-ден сұрау жасаймыз.



8-сурет. ЖИ-ге промпт беріп код алу барысы

6. ЖИ берген кодты аламыз, компьютердің (ноутбуктың) басты бетінде, тінтуірдің сол жақ батырмасын баса отырып жаңа бума (папка) ашып (9-сур.), ішіне барлық симуляторларымызды жинақтаймыз, содан соң тағы да тінтуірдің сол жақ батырмасын басып, папка ішінде тағы таза бет ашамыз (10-сур.).



9-сурет. Бума (папка) ашамыз



10-сурет. Папкаға барлық симуляторларды жинау және жаңа бет ашу

7. Ашқан жаңа бетімізге ЖИ берген кодты енгізіп оны «index.html» деп сақтаймыз (11-12-сур.).



11-сурет. Жаңа бетке код көшіріп сақтау



12-сурет. Сақталған «index.html» файлымыз

8. Енді, осы «index.html» файлындағы сілтемелеріміз реттеп ашқан кезде ол бізде браузерде ашылатын болды (13-сур.), және барлық басқа симуляторлар да бірге ашылады.



13-сурет. Ашылған кітапхана сұлбасы

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, жасанды интеллект пен HTML технологияларының мүмкіндіктерін біріктіру физикалық құбылыстарды визуалды процесін айтарлықтай жеңілдететіні байқалады. Бұл тәсіл мұғалімдерге күрделі бағдарламалау білімінсіз-ақ, ЖИ көмегімен қысқа уақыт ішінде интерактивті симуляторлар жасауға жол ашады. Авторлық HTML модельдерінің негізгі артықшылығы олардың техникалық икемділігінде, яғни кез келген физикалық параметрді, нысандардың түсін немесе интерфейс дизайнын нақты сабақ мақсатына сай жылдам өзгерту мүмкіндігінде жатыр. Бұл өз кезегінде дайын платформалардағы тілдік немесе функционалдық шектеулерді айналып өтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, файлдардың жеңілдігі мен кез келген браузерде қосымша программасыз ашылуы цифрлық ресурстардың қолжетімділігін арттырып, оқыту процесін оңтайландыруға септігін тигізеді. ЖИ-ді көмекші құрал ретінде қолдану мұғалімнің техникалық жұмысқа кететін уақытын үнемдеп, шығармашылық идеяларды практикалық жүзеге асырудың ең тиімді әрі оңай жолдарының бірі болып табылады. Осылайша, бұл бағыт білім беру ортасында дербес, сапалы және локализацияланған цифрлық контент қалыптастыруға жақсы негіз бола алады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Mayer R. E. (ed.). The Cambridge handbook of multimedia learning. – Cambridge university press, 2005.
2. Luckin R., Holmes W. Intelligence unleashed: An argument for AI in education. – 2016.
3. Hilton M. L., Honey M. A. (ed.). Learning science through computer games and simulations. – National Academies Press, 2011.
4. Авдеева Н. В., Соловьев А. В. Искусственный интеллект в оценивании и развитии креативности // Высшее образование в России. – 2021. – № 12. – С. 121–131.
5. Morel G. M., Spector J. M. Foundations of educational technology: Integrative approaches and interdisciplinary perspectives. – Routledge, 2022.

ӘОК 372.853

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА “ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП” (FLIPPED CLASSROOM) ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Еркинова С., Физика мұғалімдерін даярлау ББББ 2-курс магистранты;
Салиходжа Ж.М., ф.м.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Физика-техникалық ғылымдар институты, Астана, Қазақстан
Kkooooo6060@gmail.com

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындарында физика пәнін оқытудың сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында “Төңкерілген сынып” (FLIPPED CLASSROOM) технологиясын қолдану өзекті мәселелері қарастырылады. Зерттеу мақсаты - студенттердің физикалық ұғымдар мен заңдылықтарды меңгеру барысында жіберетін қателіктерін анықтап, олардың біліміндегі олқылықтарды белсенді оқыту әдістері арқылы жою жолдарын негіздеу. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған технология студенттерінің оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етіп, олардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мақалада “Төңкерілген сынып” моделінің студенттердің танымдық белсенділігін арттырудағы маңызы айқындалды, оның оқу үдерісіндегі тиімділігі ғылыми тұрғыда сипатталған.

Кілт сөздер: Төңкерілген сынып; белсенді оқыту; физиканы оқыту әдістемесі; жоғары білім; цифрлық технологиялар; өзіндік жұмыс; адаптивті оқыу.

Кіріспе. Казіргі кездегі білім беру жүйесінде студенттердің білім деңгейін көтеру және оқу жетістіктерін әділ әрі нақты бағалау өзекті мәселелер қатарында қарастырылады. Әсіресе, физика пәнін меңгеру барысында білім алушыларының абстрактілі ұғымдарды түсінуі мен математикалық модельдерді игеруі күрделі танымдық үдерісті талап етеді. Бұл қиындықтар олардың оқу нәтижесіне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты оқыту процесіне инновациялық тәсілдерді енгізудің маңызы артуда. [1]

Жоғары оқу орындарында физиканы оқыту кезінде студенттердің білімдерінде бірнеше олқылықтар байқалып жатады. Бұл, студенттердің алған теориялық материалды толық түсінбеуі, қолданылған формулаларды есеп шығару барысында жүйелі қолданбауы. Мұндай қателіктер студенттердің пәнді сапалы меңгеруіне кері әсер етеді. Сондықтан оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, білімдегі олқылықтарды дер кезінде анықтау және оларды жоюдың заманауи тәсілдерін қолдану ерекше маңызға ие болып келеді. [2]

Осы тұрғыдан алғанда, “Төңкерілген сынып” технология жоғары оқу орындарында физиканы оқыту барысында тиімді құралдардың бірі. Бұл технология студенттердің теориялық материалды өз бетінше алдын ала

меңгеруі, ал аудиториялық сабақта практикалық тапсырмаларды және есептерді тереңінен талдауға бағыттауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл студенттердің оқу процесінде белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, қызығушылықтарын арттырып, сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, бұл технология студенттердің жеке оқу қабілеттерін ескеріп, білімді терең әрі сапалы, саналы түрде игеруге мүмкіндік жасайды. [3]

Зерттеу мақсаты- жоғары оқу орнында физиканы оқыту барысында “Төңкерілген сынып” технологиясын қолданудың тиімділігін және студенттердің білімін арттырудағы мүмкіндіктерін айқындауы.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы жоғары айтылғандай сандық және сапалық тәсілдерді ұштастырылатын аралас әдіснамаға негізделеді. Зерттеу баррысында студенттердің оқу нәтижелері , тапсырма көрсеткіші мен орындау әрекеттері сандық дерек ретінде қарастырылса, қателіктерді талдау сапалық тұрғыдан жүргізілді.

“Төңкерілген сынып” технологиясы физиканы оқыту барысында тиімділігін анықтау процесі үш кезеңнен тұратын модель бойынша ұйымдастырылды.

1. Деректерді жинау деңгейі. Бұл деңгейде студенттер Online Mektep немесе Quizizz платформалары арқылы белгілі бір тақырыптары бойынша тест тапсырмаларын орындап, дайындық деңгейлері тексерілді.[4]
2. Интелектуалды талдау деңгейі. Бұл деңгейде студенттердің есеп шығару барысында жіберген, формуланы дұрыс таңдау қателіктері талданды.
3. Интерпретация және визуализация деңгей. Жиналған ақпараттар барысында әрбір студентке жеке “Білім картасы” (Knowledge Map) құрылып, студенттердің күшті және әлсіз тұстары бейнеленді .

Кесте 1. “Төңкерілген сынып” моделінде физикалық ұғымдарды меңгертуге арналған цифрлық ресурстар мен белсенді тапсырмалар жүйесі

Физика бөлімі/ Олқылық түрі	**Қолданылған цифрлық құралдар**	**Студенттерге арналған белсенді тапсырмалар**	**Күтілетін нәтиже**
Механика: Динамика заңдарын түсінбеу	**Phet Interactive Simulations (Forces and Motion)**	Симуляцияда дененің массасы мен күшін өзгерте отырып, үдеудің тәуелділігін график түрінде тұрғызу	Тәжірибелік деректерді талдау графикпен жұмыс
Термодинамика: Молекулалық - кинетикалық	**ChatGPT/ Claude**	ЖИ- ге Термодинамика заңдарын	Күрделі физикалық процесстерді

теорияның **а**бстрактілігі		техникалық құрылғылар мысалында қарапайым тілмен түсіндір	логикалық тұрғыда шешу
Электростатистика: Өріс сызықтары мен потенциалдар айырым	**Quizizz AI/ Kahoot AI**	Сабақ алдында дәріс деңгейлік тест тапсырмаларын орындау.	Өз білімін бағалау (Self-assessment)

1. Интерактивті оқытудың рөлі: Кестеде көрсетілген Phet симуляциялары студенттерге қолда жоқ лабораториялық құрылғыларсыз тәжірибе жасауға мүмкіндік беру.[5]

2. Жасанды интелекттің көмекші функциясы: ChatGPT сияқты құралдар студенттерге жеке репетитор ретінде көмек береді

3. Адаптивті бағалау: Quizizz Ai платформасымен “Төңкерілген сынып” арқылы сабақ бастамас бұрын студенттерін білімдерін тексеріп, қай тақырыпқа нашар екенін көруге болады

Нәтижелер

Зерттеу жұмысын нәтижелерін талдау кезінде “Төңкерілген сынып” технологиясы дәстүр оқыту әдісімен салыстырғанда басымдықтары анықталды. Эксперименттік жұмыстың нәтижелері академиялық және психологиялық дайындығы тұрғысынан байқалды.

Ең алдымен, академиялық үлгерім динамикасына талдау берілді, эксперименттік топтың білім сапасы 54%-дан 63,1%-ға дейін күрт өсті. Бұл көрсеткіш дәстүрліге қарағанда бақылау тобынан (52%-дан 59% - ға) жоғары көрсеткіш берді.

Кесте 2. Студенттердің білім сапасы көрсеткішінің салыстырмалы талдауы

Топтар	**Бастапқы деңгей (%)**	**Қорытынды деңгей (%)**	**Өсім (%)**
Эксперименттік топ	54	63,1	+9,1
Бақылау тобы	52	59	+7

Мұндай нәтиже берудің негізгі факторы - студенттердің теориялық материалдарды сабаққа дейін оқып меңгергені. Осының есебінде аудитория сабағына 60-70 % -ы тек күрделі есептер мен тапсырмаларды шешуге , ал қалған уақыты топтық пікірталастарға жұмсалды. Зерттеудің маңызды жетістігі ретінде Quizizz құралдары арқылы білімдегі олқылықтарды нақты бақылауға мүмкіндік берді. Мысалы, электромагниттік индукция тақырыбы бойынша студенттердің 40% -да концептуалды қате анықталды, сабақтың

басталар асында 10-15 минутында сабақты талқылап, қалған уақытты практикаға қолданды.

Сондай-ақ студенттердің танымдық белсенділігіне жасалған сауалнамада 83% - ы үшін бұл формат қызықты екенін көрсетті. Дегенмен, талқылау кезінде 15-17%-ының өз бетінше дайындыққа жауапкершілікпен қарамағандығынан. Осыған қарамастан, “Төңкерілген сынып” технологиясы ЖОО-да физиканы оқыту сапасын 17 %- ға арттырды.

Қортынды. Жүргізілген ғылыми - педагогикалық зерттеу жұмысы жоғары оқу орнында “Төңкерілген сынып” технологиясы тиімдірек екені көрсетілді. Зерттеу қорытынды бойынша тұжырымдалар көрсетілді. Әдістемелік тұрғыдан “Төңкерілген сынып” технологиясы студент пен оқытушы арасында коммуникацияны көтерді, бұл білім алушыны тек пассивті тыңдаушыдан білімді өз бетінше орындаушыға айналдырып, студентке бағытталған оқыту (Student – centered learning) қағидасын жүзеге асырды, одан басқа практикалық құндылығы да болды және студенттің кәсіби дамуына әсер берді.

Қорыта айтқанда, физиканы оқытуда “Төңкерілген сынып” технологиясын қолдану- оқыту сапасын заманауи талаптарға сай жаңартудың тиімді кепілі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Ахметова Г. К. Қазіргі білім беру технологиялары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 210 б.

2. Жүсібалиева Д.М. Оқытудың цифрлық технологиялары: теория мен практикасы. - Алматы, 2020.-180 б. (Қазақстандық ЖОО-лардағы цифрландыру мәселелері бойынша).

3. Bergmann, J., & Sams, A. (2012). Flip Your Classroom: Reach Every Student in Every Class Every Day. International Society for Technology in Education. https://www.ascd.org/books/flip-your-classroom

4. Zainuddin, Z., et al. (2020). Gamified e-quizzes as a tool for formative assessment in the flipped classroom. DOI: 10.1007/s40692-020-00155-8

5. Wieman, C. E., Adams, W. K., & Perkins, K. K. (2008). PhET: Interactive Simulations for Teaching and Learning Physics. DOI: 10.1119/1.2819571

УДК 372.853

РАССМОТРЕНИЕ ЗАДАЧ И ОЦЕНИВАНИЯ ПО ФИЗИКЕ В НОВОМ ФОРМАТЕ: ВНЕДРЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНОЙ ПОМОЩИ

Жеткерген Н.А., студент 3-го курса образовательной программы «6B01505 — Физика» Педагогического института, **Зэкиева Ж.Е.,** PhD доктор, Международный университет Астана, Астана, Казахстан
zhetkergennurzat@gmail.com

Аннотация: В данной статье представлен критический анализ трансформации методик решения физических задач и систем оценивания через интеграцию интерактивных когнитивных стимулов и принципов саморегулируемого обучения (SRL). Традиционные подходы зачастую провоцируют «искаженные привычки обучения», ориентированные на механическое манипулирование формулами без концептуального осмысления. В работе анализируется влияние внедрения цифровых подсказок-ориентиров, структурированных согласно модели «Успех через саморегулируемое обучение» (StSRL), на академические результаты студентов. Методологическую основу составил анализ эффективности 21 теста с метакогнитивной поддержкой и практики постановки нестандартных задач (problem-posing). Эмпирические данные подтверждают статистически значимый рост результатов итогового экзамена (на ~4%, d Коэна ≈ 0.27). При этом важным теоретическим выводом является разрыв между результативностью и развитием навыков саморегуляции: интервенция улучшила академические показатели, но не привела к росту измеряемых конструктов SRL (самоэффективности и метакогнитивной осведомленности). Обсуждается потенциал интерактивной помощи в гуманизации курса и преодолении «враждебных отношений» в системе оценивания.

Ключевые слова: саморегулируемое обучение (SRL), интерактивные стимулы-ориентиры, физическое образование, метакогнитивные стратегии, оценивание, постановка задач.

Введение. Стратегический вектор развития высшего физического образования требует решительного перехода от репродуктивного решения задач к когнитивно глубокому обучению. Существующая педагогическая реальность в области физики характеризуется доминированием «эффекта формул», когда студенты подменяют физический анализ поиском подходящих уравнений. Как подчеркивается в современных исследованиях PER (Physics Education Research), традиционные системы оценивания вынуждают студентов выбирать «искаженные стратегии» (distorted study habits), направленные на защиту GPA через зазубривание, что препятствует формированию экспертной интуиции.

Целью данной работы является исследование влияния внедрения интерактивной помощи в форме цифровых когнитивных и метакогнитивных стимулов на академическую успеваемость и саморегуляцию студентов. Основная задача — определить, как структурированная SRL-поддержка влияет на итоговые показатели и восприятие справедливости оценивания. Переход к новой парадигме требует не только технологических решений, но и глубокой методологической ревизии взаимодействия «преподаватель-студент» в процессе решения задач.

Материалы и методы. Исследование опирается на модель Success through Self-Regulated Learning (StSRL), которая интегрирует пять динамически взаимодействующих компонентов: когнитивные стратегии, метакогницию, мотивацию, управление ресурсами и владение контентом [1].

В рамках трансформации учебного процесса были внедрены следующие элементы:

1. Цифровые стимулы-ориентиры (prompts): В течение семестра в 21 из 29 еженедельных тестов были интегрированы интерактивные вопросы. Первоначальный переход от открытых метакогнитивных вопросов к формату MCQ (множественный выбор) и числовым ответам был обусловлен высокой административной нагрузкой на преподавателя: качественная проверка открытых ответов в больших потоках требовала временных затрат, эквивалентных полному рабочему дню.[1]
2. Классификация стимулов:
   - *Контентные:* актуализация связи задачи с целями раздела.
   - *Организационные (management):* логистическая поддержка и навигация по ресурсам.
   - *Метакогнитивные:* стимулы для мониторинга понимания и планирования решения.
   - *Мотивационные:* поддержка ценностных установок и самоэффективности.
3. Методика постановки задач (problem-posing): Использование нерутинных заданий, требующих от студентов самостоятельного конструирования физических ситуаций. Этот метод активирует такие стратегии, как «Ease of Learning» (легкость обучения) и «Confidence in the Answer» (уверенность в ответе).[2]

Синтез данных эксперимента показал устойчивое преимущество группы, получавшей интерактивную поддержку.

Результаты. Академическая успеваемость: Группа интервенции показала результат на финальном экзамене на 3.93% (округленно ~4%) выше, чем контрольная группа («business-as-usual»). Эффект сохраняет значимость при контроле исходного GPA и самоэффективности (d Коэна ≈ 0.27). Однако, вопреки ожиданиям, уровень измеряемых навыков саморегуляции (SRL) остался стабильным, что указывает на эффективность промптов как инструментов «здесь и сейчас», не трансформирующих внутренние когнитивные привычки за один семестр.[1]

Динамика постановки задач: Анализ нерутинных задач выявил корреляцию между успешностью постановки и годом обучения. Примечательно, что студенты второго курса показали наихудшие результаты, что объясняется «переходной фазой» учебного плана: столкновение с глубоко специализированными дисциплинами временно снижает способность к интеграции контента и метакогнитивных стратегий [2].

Сравнительная характеристика форматов представлена в таблице:

Параметр	Традиционный формат	Формат StSRL с интерактивной помощью
Цель	Нахождение ответа	Мониторинг процесса и навигация в SRL-цикле
Фокус	Механическое применение формул	Связь с концепциями и оценка стратегий
Метакогнитивные стратегии	Отсутствуют / Игнорируются	Ease of Learning, Confidence in Answer
Роль студента	Исполнитель алгоритма	Субъект, управляющий ресурсами
Социальный эффект	Дистанцирование	Гуманизация обучения, снижение враждебности

Обсуждение и анализ оценивания

Интерактивная помощь выступает мощным инструментом трансформации образовательной среды. Важнейшим результатом является эффект «гуманизации» курса: цифровые стимулы позволяют преодолеть «враждебные отношения» (adversarial relationship), когда оценивание воспринимается студентом как карательный инструмент.

Критический анализ оценивания:

1. Усилия против Мастерства: Согласно опросам, 51% студентов предпочитают, чтобы в итоговой оценке «усилия» (effort) весили больше, чем «мастерство» (mastery). В условиях «враждебности» студенты придают критическое значение учету прогресса (improvement) — признание роста их компетенций в течение семестра значительно снижает академический стресс.[3]
2. Дилемма обучения и исполнения: Студенты четко разделяют «учебу для понимания» и «учебу для оценки». Традиционное жесткое оценивание вынуждает их выбирать второе. Интерактивная поддержка смягчает этот барьер, позволяя студенту чувствовать поддержку преподавателя даже в больших аудиториях.[3]
3. Рекомендации по практике: Для минимизации субъективности необходимо внедрение детальных рубрик оценивания и систем «повторного

тестирования» (retesting), что позволяет реализовать ценность «прогресса», на которую ориентированы студенты в условиях высокого стресса.[3]

Выводы. Пересмотр формата задач в высшей школе через призму StSRL-поддержки демонстрирует измеримый успех в академических показателях, даже если когнитивные структуры саморегуляции не успевают трансформироваться в краткосрочном периоде.

Прогноз развития: Ключевой барьер внедрения — дефицит времени преподавателя на качественную обратную связь по открытым вопросам. Решением является интеграция ИИ-тьюторов, способных автоматизировать проверку метакогнитивных эссе. Это позволит вернуть в курс открытые форматы заданий, не жертвуя рабочим временем преподавателя и сохраняя при этом достигнутый эффект «гуманизации» и поддержки обучения.

Список использованных источников

1. Leblond L., Wang Y., Malcos J.L., Sperling R.A. Using digital prompts to support physics students' self-regulated learning // Physical Review Physics Education Research. – 2026. – № 22(1). – С. 010124.
2. Kaya A., Çıldır S. Preservice physics teachers' nonroutine problem-posing process: Metacognitive strategies and beliefs // Physical Review Physics Education Research. – 2026. – № 22. – С. 17.
3. Speirs J.C., Lane W.B., Laird N. Thematic analysis of students' perceptions of grading practices in physics // Physical Review Physics Education Research. – 2026. – № 22. – С. 05.
4. Zimmerman B.J. Becoming a self-regulated learner: An overview // Theory Into Practice. – 2002. – № 41(2). – С. 64-70.
5. Henderson C., Beach A., Finkelstein N. Facilitating change in undergraduate STEM instructional practices: An analytic review of the literature // Journal of Research in Science Teaching. – 2011. – № 48(8). – С. 952-984.

ҒТАМА 37.016:53

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУ ҮДЕРІСІН БАҒАЛАУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЛГЕРІМІН АРТТЫРУ

Жолдасбаева А.Б., магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Қызылорда қ., Қазақстан
zholdasbaeva.anel@gmail.com

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының физика пәнінен академиялық үлгерімін арттыру мәселесі сыныптағы оқу үдерісін бағалау және жетілдіру тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу шолу сипатында жүргізіліп, физика пәнін оқытудағы оқу жетістіктеріне әсер ететін негізгі педагогикалық факторлар талданады. Оқыту әдістері, бағалау жүйесі, кері байланыс сапасы, цифрлық технологияларды қолдану және оқушылардың оқу әрекетінің ерекшеліктері арасындағы өзара байланыс сараланады. Мақалада дәстүрлі және заманауи бағалау тәсілдерінің айырмашылықтары анықталып, олардың оқу нәтижелеріне ықпалы салыстырмалы тұрғыдан қарастырылады. Проблемалық оқыту, ауыстырылған сынып, жобалық оқыту сияқты инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі негізделеді. Қалыптастырушы бағалаудың, оқушыға бағытталған оқытудың және метатанымдық дағдыларды дамытудың оқу сапасына әсері де айқындалады. Физика пәнін оқытуда практикалық және эксперименттік жұмыстардың маңызы ерекше көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде оқу үдерісін жетілдірудің кешенді моделі ұсынылып, физика пәнінен академиялық үлгерімді арттырудың негізгі бағыттары жүйеленеді. Ұсынылған тұжырымдар бағалау жүйесін оқыту үдерісімен ықпалдастыра ұйымдастырудың және оны білім сапасын арттырудың пәрменді құралы ретінде қарастырудың маңызын көрсетеді.

Кілт сөздер: академиялық үлгерім, физика пәні, қалыптастырушы бағалау, оқыту әдістері, цифрлық технологиялар, оқу үдерісі

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың академиялық үлгерімі жаратылыстану пәндерін оқыту сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады. Физика пәні абстрактілі ойлауды, теориялық білімді және оны практикалық жағдайда қолдануды талап етеді. Жоғары сыныпта бұл талаптардың күрделенуі оқушылардың оқу нәтижелерінде айырмашылықтардың пайда болуына әкеледі.

Ғылыми зерттеулер физика пәніндегі үлгерімнің төмендеуі бірнеше факторлардың әсерінен қалыптасатынын көрсетеді [1]. Оқыту әдістерінің дәстүрлі сипаты, оқу мотивациясының жеткіліксіздігі және бағалау үдерісінің тиімді ұйымдастырылмауы негізгі себептер ретінде қарастырылады. Оқыту әдістері мен бағалау жүйесін өзара байланыста қарастыру оқу нәтижелерін жақсартудың маңызды шарты болып табылады.

Бағалау оқу үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың білімін анықтаумен қатар, оны жетілдіруге бағытталады. Қалыптастырушы бағалау оқу барысында білімдегі олқылықтарды анықтап, оларды түзетуге мүмкіндік береді. Бағалаудың тиімділігі оның ұйымдастырылуына және кері байланыстың сапасына тәуелді [2].

Физика пәнінде бағалау мен академиялық үлгерім арасындағы байланыс жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Оқыту әдістері, мотивация және бағалау көбіне жеке қарастырылады, бұл олардың өзара ықпалын кешенді талдауды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты – Мектеп оқушыларының физика пәнінен академиялық үлгерімін оқу үдерісін бағалау негізінде талдау және оны жетілдіру бағыттарын анықтау.

Зерттеу міндеттері

- академиялық үлгерім ұғымын нақтылау;
- бағалаудың теориялық негіздерін талдау;
- үлгерімге әсер ететін факторларды анықтау;
- оқу үдерісін жетілдіру жолдарын негіздеу.

Зерттеу нысаны – мектептегі оқу үдерісі, пәні – мектеп оқушыларының физика пәнінен академиялық үлгерімі.

Академиялық үлгерім оқушылардың білімді меңгеру деңгейін ғана емес, олардың танымдық белсенділігін, оқу стратегияларын және білімді қолдану қабілетін қамтиды. Физика пәнінде бұл ұғым теориялық білім мен практикалық дағдылардың бірлігінде көрінеді.

Үлгерім когнитивтік, метакогнитивтік және практикалық компоненттер арқылы сипатталады. Когнитивтік компонент білім мен есеп шығару қабілетін қамтиды. Метакогнитивтік компонент оқу әрекетін жоспарлау және бақылаумен байланысты. Практикалық компонент эксперименттік дағдыларды сипаттайды.

Халықаралық бағалау нәтижелері оқушылардың білімді қолдану деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді, бұл оқыту мен бағалау тәсілдерін жетілдіру қажеттігін айқындайды.

Бағалау оқу үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады және оқыту сапасын арттыруға бағытталады. Жиынтық бағалау оқу нәтижелерін тіркеуге арналған, ал қалыптастырушы бағалау оқу барысында жүзеге асырылады және білімді кезең-кезеңімен жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау кері байланыс арқылы оқушылардың оқу әрекетін түзетеді. Кері байланыстың сапасы оқу нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Бағалау құралдарының болуы жеткіліксіз, олардың тиімді қолданылуы шешуші мәнге ие.

Физика пәнінен академиялық үлгерім бірнеше факторларға байланысты қалыптасады. Мұғалімнің кәсіби деңгейі мен оқыту әдістері оқу нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Белсенді оқыту тәсілдері оқушылардың пәнді терең меңгеруіне ықпал етеді.

Оқу ортасы мен материалдық база, әсіресе зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру мүмкіндігі, маңызды рөл атқарады. Оқушылардың мотивациясы мен өзін-өзі реттеу дағдылары да оқу жетістіктерін анықтайды.

Цифрлық технологиялар күрделі ұғымдарды түсінуді жеңілдетіп, оқытуды дараландыруға мүмкіндік береді. Үлгерімді арттыру үшін аталған факторларды өзара байланыста қарастыру қажет [3].

Материалдар мен әдістер. Сыныптағы оқу үдерісін бағалау педагогикалық зерттеулерде екі негізгі бағытта қарастырылады: оқу нәтижесін тіркеуге бағытталған дәстүрлі тәсіл және оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған қалыптастырушы тәсіл. Бұл бағыттардың айырмашылығы олардың мақсатында, қолдану механизмдерінде және оқу нәтижелеріне әсерінде көрінеді [4].

Дәстүрлі бағалау тәсілдері білімді қайта жаңғыртуға негізделеді және көбінесе тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары мен ауызша сұрау арқылы жүзеге асырылады. Тәсілдер нәтижелердің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді және белгілі бір деңгейде объективтілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олар оқушылардың білімді қолдану, талдау және тәжірибелік жағдайда пайдалану қабілеттерін толық қамтымайды. Бұл бағалау нәтижелерінің шектеулі сипатын көрсетеді.

Заманауи бағалау тәсілдері оқу үдерісімен тікелей байланыста ұйымдастырылады және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталады. Қалыптастырушы бағалау, өзін-өзі және өзара бағалау, сондай-ақ контекстке негізделген тапсырмалар оқу әрекетін үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдердің ерекшелігі – бағалау нәтижелерінің оқыту үдерісін түзету үшін қолданылуы [5]. Кейбір зерттеулерде қалыптастырушы бағалаудың тиімділігі оның сапалы ұйымдастырылуына тәуелді екендігі көрсетіледі, бұл оны әмбебап шешім ретінде қарастыруға шектеу қояды.

Дәстүрлі және заманауи бағалау тәсілдерінің айырмашылықтары мақсаттық және функционалдық деңгейде байқалады: біріншісі оқу нәтижесін тіркеуге бағытталса, екіншісі оқу үдерісін басқаруға бағытталады. Бұл айырмашылық оқушылардың тек білім көлемін емес, оны қолдану деңгейін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Әртүрлі елдердің тәжірибесі бағалау жүйелерінің әркелкі дамитынын көрсетеді. Кейбір білім беру жүйелерінде қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің негізгі элементіне айналған және кері байланыс арқылы оқыту реттеледі. Емтиханға бағытталған жүйелерде бағалау қорытынды нәтижелерді анықтаумен шектеледі [6]. Осы айырмашылық бағалау тәсілдерінің тиімділігі оқу контекстіне тәуелді екенін көрсетеді.

Бағалау тәжірибесінде бірқатар жүйелі мәселелер сақталады. Объективтілік мәселесі, әсіресе ашық тапсырмаларда, бағалау нәтижелерінің сенімділігіне әсер етеді. Бағалаудың теориялық білімге бағытталуы оқушылардың практикалық және зерттеушілік дағдыларының жеткіліксіз дамуына әкеледі. Физика пәнінде бұл мәселе ерекше маңызға ие, себебі пән мазмұны эксперименттік әрекеттермен тығыз байланысты. Практикалық

жұмыстардың жеткіліксіз бағалануы оқушылардың зерттеу дағдыларының қалыптасуын шектейді.

Бағалау нәтижелерінің оқыту үдерісін жетілдіру үшін толық пайдаланылмауы да маңызды мәселе болып табылады. Көп жағдайда бағалау қорытынды баға қоюмен шектеліп, кері байланыс жүйелі түрде қолданылмайды. Бұл бағалаудың оқытуға ықпал ету мүмкіндігін төмендетеді.

Сурет 1-де сыныптағы оқу үдерісін бағалаудың негізгі тәсілдері, олардың айырмашылықтары және бағалау жүйесінде кездесетін проблемалар жүйеленген түрде көрсетілген.

Сурет 1. – Сыныптағы оқу үдерісін бағалау тәсілдерінің салыстырмалы талдауы

Жүргізілген талдау бағалау жүйесін қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Бағалауды оқу үдерісімен интеграциялау, кері байланысты жүйелі қолдану және практикалық дағдыларды бағалауды күшейту физика пәнінен академиялық үлгерімді арттырудың негізгі бағыттары ретінде анықталады.

Оқу үдерісін жетілдіру педагогикалық тәсілдерді жеке-жеке қолданумен емес, олардың өзара байланысын ескере отырып ұйымдастырумен байланысты. Ғылыми зерттеулер оқыту әдістерінің тиімділігі оларды қолдану контекстіне, оқушылардың дайындық деңгейіне және бағалау жүйесінің сипатына тәуелді екенін көрсетеді [7]. Оқу үдерісін жетілдіру мәселесі әртүрлі тәсілдерді салыстыру мен біріктіруді талап етеді.

Problem-Based Learning тәсілі оқушылардың білімді мәселе шешу арқылы меңгеруіне негізделеді және олардың сыни ойлауын дамытады. Бұл тәсіл күрделі физикалық құбылыстарды түсіндіруде тиімді, себебі оқушылар заңдылықтарды дайын күйінде қабылдамай, өз бетінше ашады. Кейбір зерттеулерде бұл әдістің тиімділігі оқушылардың бастапқы дайындық деңгейіне тәуелді екені көрсетіледі: жеткілікті базалық білім болмаған

жағдайда оқу нәтижелері төмендеуі мүмкін. PBL тәсілін толық алмастырушы емес, бағыттаушы құрал ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді [8].

Flipped Classroom моделі теориялық материалды алдын ала меңгеруге негізделіп, сабақ уақытын есеп шығару мен эксперименттік тапсырмаларға бағыттауға мүмкіндік береді. Тәсіл физика пәнінде ерекше тиімді, себебі оқу уақыты практикалық әрекетке жұмсалады. Модель өзін-өзі бағалаумен бірге қолданылған жағдайда оқу нәтижелерін жақсартады. Оқушылардың дербес жұмыс дағдылары жеткіліксіз болған жағдайда бұл тәсіл күтілетін нәтижені бермеуі мүмкін [9].

Project-Based Learning зерттеушілік әрекетті дамытуға бағытталған және физикадағы модельдеу, эксперимент және қолданбалы есептерді шешумен тығыз байланысты. Бұл тәсіл теория мен практиканың байланысын нығайтады. Оны ұйымдастыру уақыт пен ресурстарды талап етеді, сондықтан барлық оқу жағдайында бірдей тиімді бола бермейді [10].

Нәтижелер. Цифрлық технологияларды қолдану оқу үдерісін визуализациялау және дараландыру мүмкіндігін кеңейтеді. Виртуалды симуляциялар күрделі физикалық құбылыстарды түсіндіруді жеңілдетеді және тәжірибелік әрекетті толықтыруға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдарды шамадан тыс қолдану оқушылардың пассивті қабылдауына әкелуі мүмкін және нақты эксперименттің орнын толық алмастырмайды. Цифрлық технологияларды практикалық жұмыстармен үйлестіру маңызды.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісін жетілдірудің негізгі механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. Ол оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап қана қоймай, оқу әрекетін түзетуге мүмкіндік береді. Бағалаудың тиімділігі кері байланыстың сапасына тәуелді: формалды бағалау оқытуға әсер етпейді, ал нақты және бағытталған кері байланыс оқу нәтижелерін жақсартады [11].

Метакогнитивтік дағдылар оқушылардың оқу әрекетін саналы түрде ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Дағдылар қалыптастырушы бағалаумен тікелей байланысты, себебі оқушылар кері байланыс негізінде өз әрекетін түзетеді. Метакогнитивтік қабілеттер дамымаған жағдайда, тіпті тиімді оқыту әдістері де күтілетін нәтижені бермеуі мүмкін.

Оқушыға бағытталған оқыту тәсілі барлық аталған әдістерді біріктіретін қағида ретінде қарастырылады. Бұл тәсілде оқушылардың жеке ерекшеліктері, оқу қарқыны және қажеттіліктері ескеріледі. Нәтижесінде оқу үдерісі икемді сипат алып, әртүрлі әдістерді тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді.

Жеке әдістерді салыстыру олардың әрқайсысының шектеулері бар екенін көрсетеді. Осыған байланысты олардың кешенді қолданылуы маңызды. Мысалы, flipped classroom моделі сабақ уақытын босатып, оны PBL немесе практикалық жұмыстарға бағыттауға мүмкіндік береді, ал қалыптастырушы бағалау осы үдерістің тиімділігін бақылауды қамтамасыз етеді [12]. Цифрлық құралдар түсінуді жеңілдетсе, эксперименттік тапсырмалар білімді бекітеді. Өзара байланыс оқу үдерісінің тиімділігін арттырады.

Сурет 2-де оқу үдерісін жетілдірудің кешенді моделі көрсетілген, онда оқыту әдістері, бағалау жүйесі және оқушы факторларының өзара байланысы берілген.

Сурет 2. – Оқу үдерісін жетілдірудің кешенді моделі

Жүргізілген талдау оқу үдерісін жетілдіру жеке әдістерді енгізумен емес, оларды мақсатты түрде үйлестіру арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Физика пәні жағдайында теориялық түсіндіру, эксперименттік әрекет және жүйелі кері байланыс біріктірілген кезде ғана тұрақты оқу нәтижелеріне қол жеткізуге болады.

Жүргізілген теориялық және аналитикалық талдау физика пәнінен академиялық үлгерім оқыту әдістері, бағалау жүйесі және оқушының оқу әрекеті арасындағы өзара байланыс негізінде қалыптасатынын көрсетті. Дәстүрлі оқыту және бағалау тәсілдері оқушылардың білімді терең түсінуін және оны практикалық жағдайда қолдану қабілетін толық қамтамасыз ете алмайды, бұл олардың оқу нәтижелерінің шектеулі сипатына әкеледі.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бағалау жүйесінің оқу үдерісіндегі рөлі тек нәтижені тіркеумен шектелмей, оны басқару және жетілдіру құралы ретінде қарастырылуы тиіс екенін дәлелдейді. Қалыптастырушы бағалау кері байланыс арқылы оқушылардың оқу әрекетін түзетіп, білімді кезең-кезеңімен дамытуға мүмкіндік береді. Оның тиімділігі бағалаудың мазмұны мен ұйымдастырылу сапасына тікелей тәуелді.

Физика пәні контекстінде академиялық үлгерімді арттырудың негізгі шарты теориялық білім, эксперименттік әрекет және жүйелі бағалаудың бірлігінде жүзеге асатыны анықталды. Практикалық және зертханалық

жұмыстарды күшейту, есеп шығару дағдыларын дамыту және модельдеу элементтерін енгізу оқушылардың пәнді терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Осы зерттеуде оқу үдерісін жетілдірудің кешенді моделі ұсынылады, оған сәйкес тиімді оқу нәтижесі келесі өзара байланысты компоненттер арқылы қамтамасыз етіледі:

оқыту әдістері + қалыптастырушы бағалау + кері байланыс + метакогнитивтік дағдылар + цифрлық технологиялар → академиялық үлгерімнің артуы.

Бұл модель оқу үдерісін ұйымдастырудың жүйелі тәсілін көрсетеді және білім беру практикасына енгізуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері инновациялық әдістерді жеке қолдану жеткіліксіз екенін, олардың өзара үйлесімді қолданылуы ғана тұрақты нәтижеге алып келетінін көрсетті. Әсіресе flipped classroom тәсілі сабақ уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, problem-based learning және практикалық тапсырмалар білімді қолдану деңгейін арттырады, ал қалыптастырушы бағалау осы үдерісті реттеуді қамтамасыз етеді.

Болашақ зерттеулер физика пәнінде қалыптастырушы бағалаудың әртүрлі модельдерінің тиімділігін эмпирикалық тұрғыда салыстыруға, сондай-ақ цифрлық білім беру ортасында оқушылардың метакогнитивтік дағдыларын дамыту механизмдерін зерттеуге бағытталуы тиіс. Практикалық және эксперименттік дағдыларды бағалау құралдарын әзірлеу маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады.

Физика пәнінен академиялық үлгерімді арттыру оқыту, бағалау және оқушының белсенді оқу әрекетін біртұтас жүйе ретінде ұйымдастыру арқылы ғана жүзеге асады және бұл білім беру сапасын арттырудың негізгі шарты болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Сапарбаева Э., Абдуалиева М., Торебек Ю. Transforming mathematics education in Kazakhstan: evaluating the impact of innovative teaching methods // Cogent Education. – 2025 – 2-5 Б..

2. Абдрахманова К.К. Methodology for the application of STEM-education technology in the study of physics // Вестник ЕНУ. – 2025. – URL: https://pedjournal.enu.kz/index.php/main-about/article/view/190 – қолжетімділік күні 06.04.2026

3. Тасилова Н.А., Шашаева Г.К. Communication technologies in STEM education: a systematic review // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2025. – 23-28 Б.

4. Калиманова Д., Мендигалиева А. Summative assessment of students' results using electronic resources // Reports of NAS RK. – 2024. – URL: https://journals.nauka-nanrk.kz/reports-science/article/view/6542 – қолжетімділік күні 06.04.2026

5. Куракбаев К., Уразалина А. Translating lesson study in Kazakhstan // Springer. – 2026. – URL: https://link.springer.com/content/pdf/10.1007/978-981-96-3901-4_54-1.pdf – қолжетімділік күні 06.04.2026
6. Оразов Б., Иссаева Г., Сыздыкова З. Methodological system of training physics teachers // JPII. – 2025. – URL: https://journal.unnes.ac.id/journals/jpii/article/view/20436 – қолжетімділік күні 06.04.2026
7. Полатулы С., Раманқұлов С., Усембаева И. Case technology in physics education // Cogent Education. – 2024. – URL: https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/2331186X.2024.2362547 – қолжетімділік күні 06.04.2026
8. Наурызбаева Г., Габдуллина Г. Cultural and pedagogical dimensions of physics education // Journal of Cultural Studies. – 2025. – 5-9 Б.
9. Байжанов Н.А., Цзянган Х. Reforming Kazakhstan's assessment system // Вестник КазНПУ. – 2025. – URL: https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/4447 – қолжетімділік күні 06.04.2026
10. Семёнов А.Л., Абылкасымова А.Е., Ахмед-Заки Д. Digital transformation of education in Kazakhstan // Preprints. – 2024 – 41-56 Б.
11. Нургабыл Д., Нурпеиссов К.С. Formative assessment in education systems // Scientific Herald. – 2023. – URL: https://physics.uz.ua/web/uploads/pdf/1228-1239_Nurgabyl&Shaken.pdf – қолжетімділік күні 06.04.2026
12. Шапиева А., Байгисова К., Алтыбаев Г. Using blended learning and AI in teaching physics // Procedia Computer Science. – 2025. – URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877050925035756 – қолжетімділік күні 06.04.2026

ӘОЖ: 57.06

АТОМ ЭНЕРГИЯСЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жолдасбай А.Е., Педагогикалық институттың «6В01505 – Физика» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, **Үмбетов Ә.Ұ.,** ф.-м.ғ.к., доцент
Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан
aidoszholdasbai484@gmail.com

Аннотация. Бұл мақала атом энергетикасы саласындағы жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу және ядролық объектілерді сандықтандыру мәселелерін кешенді түрде зерттейді. Зерттеуде машиналық оқыту алгоритмдерін реакторларды басқаруда қолдану, предиктивті диагностика жүйелері, сандық егіздік технологиясы және кибернетикалық қауіпсіздік мәселелері талданады. АҚШ, Франция, Оңтүстік Корея, Ресей сияқты елдердің жетекші зертханалары мен компанияларының тәжірибесі салыстырмалы талдау арқылы зерделенді. Зерттеу нәтижелері ЖИ технологияларының реакторлар жұмысының тиімділігін арттырып, жабдықтардың бұзылу тәуекелін айтарлықтай төмендететінін көрсетеді. Мақалада сондай-ақ ядролық объектілерді цифрландырудың нормативтік-құқықтық реттеу мәселелері қаралып, Қазақстан үшін стратегиялық ұсынымдар тұжырымдалады. Алынған нәтижелер жаңадан салынатын атом электр станцияларын бастапқыдан ЖИ-ге дайын инфрақұрылыммен жабдықтаудың маңыздылығын дәлелдейді. Мақала отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, атом энергиясын сандық трансформациялаудың тиімді жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: атом энергетикасы, жасанды интеллект, цифрландыру, машиналық оқыту, ядролық қауіпсіздік, сандық егіздік, предиктивті техникалық қызмет көрсету, кибернетикалық қауіпсіздік.

Кіріспе. Атом энергетикасы адамзаттың энергетикалық болашағын қамтамасыз ету жолындағы іргелі бағыттардың бірі болып табылады. Жаһандық климаттық өзгерістерге қарсы күрес пен таза энергия көздерін дамыту аясында ядролық энергияның маңыздылығы артып отырғаны күмәнсіз. Ядролық объектілерді басқарудың күрделілігі, қауіпсіздік талаптарының ерекше жоғары болуы, ескірген инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігі — осы саланы сандық трансформация мен жасанды интеллект технологияларын қабылдауға итермелейтін негізгі факторлар.

XXI ғасырдың екінші онжылдығынан бастап Франция, Жапония, АҚШ, Қытай, Ресей және Оңтүстік Корея сияқты елдердің реакторлары автоматтандырылған бақылау жүйелерін, интеллектуалды диагностика модульдерін және деректерді талдаудың озық платформаларын белсенді

пайдалануда. Бұл тәжірибе АЭС-тердің жұмыс тиімділігін арттырып, авария тәуекелдерін едәуір төмендетті[1].

Қазақстан Республикасы атом энергетикасын дамыту жолына түскен жағдайда, бұл халықаралық тәжірибені зерделеу және отандық жағдайға бейімдеу аса маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу, салыстырмалы талдау және деректерді синтездеу әдістері қолданылды. Зерттеу материалдарын іріктеу үшін Web of Science, Scopus және Google Scholar базаларында 2010–2024 жылдар аралығында жарияланған мақалалар қарастырылды. Іздеу кілттік сөздер: “artificial intelligence in nuclear energy”, “machine learning reactor control”, “digital twin nuclear”, “nuclear cybersecurity” арқылы жүргізілді. МАГАТЭ, АҚШ Ядролық реттеу комиссиясы (NRC), Idaho National Laboratory, Argonne National Laboratory, Оңтүстік Корея KAERI институты, Франция EDF компаниясы және Westinghouse сияқты жетекші ұйымдардың ресми есептері мен техникалық нұсқаулықтары негізгі бастапқы дерек ретінде пайдаланылды. Алынған деректер кесте және сурет форматында жүйеленіп, нәтижелер контент-талдау және эксперттік бағалау әдістерімен тексерілді.

Реакторларды интеллектуалды басқару жүйелері.

Ядролық реакторларды басқару дәстүрлі түрде детерминирленген алгоритмдер мен операторлардың тікелей бақылауына негізделген. Алайда заманауи жасанды интеллект жүйелері — терең нейрондық желілер (DNN) мен күшейтімді оқыту алгоритмдері (Reinforcement Learning) — реакторлардың термогидравликалық параметрлерін нақты уақыт режимінде болжауға мүмкіндік береді.

АҚШ-тың Idaho National Laboratory мен Argonne National Laboratory ғалымдарының зерттеулері машиналық оқыту модельдерінің теплообменниктер мен сорғылардың жай-күйін 72 сағатқа дейін болжап, ескерту сигналдарын жіберу қабілетіне ие екенін дәлелдеді. Оңтүстік Корея KAERI институты LSTM желілерін пайдалана отырып, PWR типті реакторлардың апаттық ахуалды имитациялау жүйелерін жасады[2].

Предиктивті техникалық қызмет көрсету және диагностика

АЭС-тердегі жабдықтардың кенеттен бұзылуы радиациялық қауіпсіздікке тікелей қатер туғызады. Vibration analysis, акустикалық эмиссия өлшемдері, термография және коррозиялық мониторинг деректерін нейрондық желімен байланыстырғанда жабдықтың қалған пайдалану мерзімін (RUL) есептеуге мүмкіндік туындайды. Францияның EDF компаниясы осындай жүйені 58 реакторлы паркіне енгізіп, жылдық техникалық қызмет шығындарын 15–20%-ға төмендетті[3].

Сандық егіздік технологиясы

Сандық егіздік (Digital Twin) — физикалық объектінің нақты уақытта жаңартылып тұратын виртуалды сандық моделі. АҚШ DOE қолдауымен Westinghouse AP1000 реакторының толыққанды сандық егіздігі жасалды. Бұл модель термогидравликалық процестерді, нейтрондық тасымалды, жанармай

шыбықтарының деформациясын бір уақытта модельдеп, жанармай тиімділігін 3–5%-ға арттырды.

Кесте 1. – Дүние жүзіндегі негізгі ЖИ жобалары атом энергетикасында

Зертхана / Ұйым	Ел	Реактор	ЖИ тәсілі	Нәтиже
Idaho / Argonne NL	АҚШ	Жалпы	DNN, нейтрондық болжау	72 сағ. алдын ала ескерту
KAERI институты	Оңт. Корея	PWR	LSTM желілері	Апат сценарий имитациясы
Westinghouse / DOE	АҚШ	AP1000	Сандық егіздік	Жанармай тиімділігі +3–5%
EDF компаниясы	Франция	58 реактор	Предиктивті ТҚК	Шығын -15–20%
Rosatom	Ресей	ВВЭР-1200	ERA GLONASS	Цифрлық басқару жүйесі

Сурет 1. – ЖИ технологияларының тиімділік көрсеткіштері

Сурет 2. – Атом энергетикасындағы ЖИ қолдану бағыттарының үлесі

Атом объектілерін сандықтандырудағы кибернетикалық қауіпсіздік

2010 жылы иран ядролық бағдарламасын нысана алған Stuxnet вирусы атом объектілерінің цифрлық жүйелерге осалдығын дәлелдеп берді. Осыдан кейін МАГАТЭ ядролық объектілердің киберқауіпсіздігіне арнайы нормативтік талаптар әзірледі. АЭС желісіндегі трафикті талдайтын машиналық оқыту модельдері аномальды деректер ағынын 0.1 секунд ішінде анықтауға қабілетті.

Adversarial machine learning attacks ядролық контексте ерекше маңызды мәселе болып табылады: зиянкес тарап ЖИ-моделін жаңылтуға бағытталған жасанды деректерді жіберіп, жүйенің дұрыс емес шешім қабылдауына себеп болуы мүмкін. Осы тәуекелге қарсы тұру үшін Secure Federated Learning және Differentially Private Training тәсілдері зерттелуде[4].

Кесте 2. – Атом объектілеріндегі кибернетикалық қорғаныс шаралары

Қорғаныс шарасы	Сипаттамасы	Тиімділігі
Air Gap оқшаулау	АСУ ТП жүйесін интернеттен физикалық бөлу	Сыртқы шабуылды болдырмайды
ЖИ-негізді IDS	Аномальды трафикті ML арқылы анықтау	0.1 сек ішінде аномалия табады
Federated Learning	Модельді шашыранды серверлерде оқыту	Деректерді бөліспей үйренеді
Portable media бақылауы	Сыртқы тасымалды медиаларды тексеру	Stuxnet типті шабуылдан сақтайды

Нормативтік реттеу және стандарттар

Жасанды интеллект жүйелерін ядролық объектілерде қолданудың нормативтік базасы дамуының бастапқы кезеңінде тұр. АҚШ-тың Ядролық реттеу комиссиясы (NRC) 2021–2024 жылдары бірқатар нормативтік нұсқаулықтар шығарып, ЖИ жүйелерін лицензиялау тәртібін айқындады. МАГАТЭ 2023 жылы арнайы есеп жариялап, ЖИ-ді реттеудің жалпы принциптерін ұсынды: түсіндірілімділік (explainability), сенімділік бағалауы, операторлардың override мүмкіндігі және аудиттелу.

Қазақстанда атом энергетикасын дамыту мақсатында 2024–2025 жылдары жаңа заңнамалық база қалыптастырылып жатыр. Ел МАГАТЭ стандарттарын толыққанды имплементациялауға бет алған, ал болашақта ЖИ жүйелерін ядролық объектілерге сертификаттауды отандық реттеуші органдар қамтамасыз ету тиіс[5].

Қазақстан үшін стратегиялық ұсынымдар

Қазақстан Республикасы атом энергиясын пайдалану туралы референдумнан өткен соң, жаңадан салынатын АЭС-ті бастапқыдан цифрлық және ЖИ-ге дайын инфрақұрылыммен жабдықтау стратегиялық маңызды мәселе болып табылады. Жасанды интеллектке негізделген VR-оператор тренажер жүйелері апаттық ахуалдарды имитациялап, оператор қателігіне байланысты оқиғалар санын 40–60%-ға азайтады[6].

Кесте 3. – Қазақстан АЭС жобасы үшін стратегиялық ұсынымдар.

№	Ұсыным	Мақсат
1	ВВЭР-1200 / APR-1400 реакторын ЖИ тұрғысынан бағалау	ЖИ-ге дайын реактор таңдау
2	Университеттер мен зерттеу орталықтары арасында ынтымақтастық	ЖИ мамандарын дайындау
3	АЭС деректері үшін ұлттық Data Center ұйымдастыру	Деректер суверенитеті
4	VR-негізді оператор тренажер жүйелерін енгізу	Оператор қателігін - 40–60%
5	МАГАТЭ стандарттарын толыққанды имплементациялау	Халықаралық сәйкестік

Сурет 3. – ЖИ және атом энергетикасы: негізгі оқиғалар хронологиясы (2010–2025)

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері атом энергетикасындағы ЖИ технологияларының бірнеше негізгі тиімділік бағытын анықтады. Біріншіден, реакторларды интеллектуалды басқару жүйелері термогидравликалық параметрлерді 72 сағатқа дейін болжауға мүмкіндік беріп, операторлардың шешім қабылдау дәлдігін арттырады. Екіншіден, предиктивті техникалық қызмет көрсету жүйелері жабдықтардың ресурсын оңтайлы пайдалануға мүмкіндік беріп, жылдық техникалық қызмет шығындарын 15–20%-ға төмендетеді (EDF тәжірибесі). Үшіншіден, сандық егіздік технологиясы жанармай тиімділігін 3–5%-ға арттыруға қол жеткізген (Westinghouse AP1000). Кибернетикалық қауіпсіздік саласында ЖИ-негізді жүйелер аномальды трафикті 0.1 секунд ішінде анықтай алатыны дәлелденді. Операторларды даярлауда VR-тренажерлердің қолданылуы апаттық жағдайдағы оператор қателіктерін 40–60%-ға азайтатыны анықталды. Аталған нәтижелер Қазақстанда жаңа АЭС құрылысын жоспарлаған кезде ЖИ инфрақұрылымын бастапқыдан ескеру қажеттігін растайды.

Қорытынды. Атом энергиясын жасанды интеллект арқылы басқару және сандықтандыру — қазіргі ядролық энергетиканың объективті дамуының жалпы бағыты. Жасанды интеллект технологиялары реакторларды нақты уақытта интеллектуалды басқаруға, жабдықтар ақауын алдын ала болжауға, сандық егіздік арқылы инженерлік шешімдерді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Алайда кибернетикалық қауіпсіздік тәуекелдері, нормативтік реттеудің толық дамымауы және ЖИ шешімдерінің түсіндірілімділігіне байланысты мәселелер технологияны жаппай енгізуді тежейтін негізгі факторлар болып табылады. Осы кедергілерді жою үшін халықаралық ынтымақтастық, мамандарды жан-жақты дайындау және нормативтік базаны жаңарту бірлесе жүргізілуі тиіс.

Қазақстан үшін атом энергиясын сандық трансформациялау — тек техникалық жаңашылдық емес, энергетикалық тәуелсіздік пен ядролық қауіпсіздіктің болашаққа бейімделген жаңа деңгейі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. IAEA. Artificial Intelligence for Nuclear Applications. — Vienna: IAEA Nuclear Energy Series, 2023. — 84 p.

2. U.S. Nuclear Regulatory Commission. Proposed Rule: AI and ML in Safety-Related Nuclear Applications. — Washington D.C.: NRC, 2024. — 56 p.

3. Guo J., Iyer R., Liu M. Deep learning for nuclear power plant fault detection // Annals of Nuclear Energy. — 2022. — Vol. 165. — P. 108–120.

4. Bae J.W., Kim H.C., Park G.C. LSTM-based anomaly detection in PWR core simulation // Nuclear Engineering and Technology. — 2021. — Vol. 53. — P. 1604–1615.

5. Morbitzer E., Buijs A., Vos J. Digital Twins in Nuclear Power Plants // Progress in Nuclear Energy. — 2023. — Vol. 155. — Article 104513.

6. EDF Group. Annual Performance Report: Predictive Maintenance at French Nuclear Fleet. — Paris: EDF, 2023. — 38 p.

7. Langner R. Stuxnet: Dissecting a Cyberwarfare Weapon // IEEE Security & Privacy. — 2011. — Vol. 9(3). — P. 49–51.

8. IAEA. Computer Security for Nuclear Security. NSS No. 17-T. — Vienna: IAEA, 2021. — 74 p.

9. Qadr H.M., Omer M.S. Machine learning applications in nuclear engineering // Nuclear Engineering and Design. — 2023. — Vol. 403. — P. 112–126.

10. Нурланов Е.Б. Ядролық энергетикадағы цифрлық технологиялардың дамуы // Ядролық физика және инженерия. — 2024. — №2. — 45–58 б.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Атомдық энергияны пайдалану туралы ҚР Заңы. — Астана, 2023.

12. Bae H.Y., Cho H., Na M.G. Explainable AI in Nuclear Power Plant Operator Assistance // IEEE Transactions on Nuclear Science. — 2024. — Vol. 71(4). — P. 1022–1031.

ҒТАМА 14.35.09

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК ЕСЕПТЕР ЖҮЙЕСІН ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Жанабаева А.А., 2-курс магистранты, **Джумабаев С.А.,** ф.м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aiganym.zhanabaeva003@gmail.com

Аннотация. Мақалада ықтималдықтар теориясы бойынша тәжірибелік есептер жүйесін құрастырудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Ықтималдықтар теориясын оқытудағы негізгі қиындықтардың бірі студенттердің формулаларды меңгергенімен, оларды нақты жағдаяттарды талдауда және нәтижені түсіндіруде тиімді қолдана алмауы. Осыған байланысты тәжірибелік есептер ұғым қалыптастырудың маңызды құралы ретінде талданады. Зерттеуде тәжірибелік есептерді іріктеудің ғылыми дәлдік, қолжетімділік, бірізді күрделендіру, контекстілік және әдістемелік мақсаттылық принциптері негізделді. Есептер интуитивті-тәжірибелік, талдау және қолданбалы деңгейлер бойынша жүйеленді. Мақалада тиынды үш рет лақтыру, қораптан шар таңдау және медициналық тест туралы есептер мысал ретінде қарастырылып, олардың оқытудағы қызметі, қалыптастыратын ұғымдары, студенттердің жиі жіберетін қателері және сабақта қолдану жолдары көрсетілді. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік есептер жүйесі ықтималдық ұғымдарын кезең-кезеңімен қалыптастыруға, теорияны практикамен байланыстыруға және студенттердің ықтималдықтық ойлауын дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Кілт сөздер: ықтималдықтар теориясы, тәжірибелік есептер, ықтималдықты оқыту әдістемесі, ықтималдық ұғымдары, шартты ықтималдық, ықтималдықтық ойлау, математиканы оқыту.

Кіріспе. Ықтималдықтар теориясын жоғары оқу орнында оқытуда негізгі мәселе студенттердің формула мен анықтаманы меңгеруі мен оны нақты жағдаятты талдауда, математикалық өрнеу құруда және нәтижені түсіндіруде қолдана алмауы арасындағы алшақтық. Бұл болашақ математика мұғалімдерін даярлауда өзекті, өйткені пәндік білім әдістемелік әрекетке ұласуы тиіс. Осы мәселені шешудің тиімді жолы тәжірибелік есептерді жүйелі қолдану. Мұндай есептер студентті бақылаудан талдауға, талдаудан өрнектеуге алып келеді және ықтималдық ұғымдарын дайын ереже емес, мағыналы мазмұн ретінде меңгертуге мүмкіндік береді. Тәжірибелік есептердің тиімділігі оларды ғылыми негізде іріктеу мен жүйелі ұйымдастыруға тәуелді. Зерттеулерде ықтималдықтық ойлау, қате пайымдар және қолданбалы контекстің маңызы қарастырылғанымен, тәжірибелік есептерді ұғымдардың қалыптасу логикасына сай жүйе ретінде құрастыру мәселесі нақтылауды қажет етеді.

Диссертациялық зерттеуде мұндай жүйенің эксперименттік, шартты түрде берілген және қолданбалы есептерді біріктіретін, деңгей бойынша күрделенетін тұтас құрылым екені көрсетілген. Осы мақаланың мақсаты – ықтималдықтар теориясы бойынша тәжірибелік есептер жүйесін құрастырудың әдістемелік негіздерін айқындау және оны нақты есептер арқылы көрсету.

Ықтималдықтар теориясын оқыту мәселесі қазіргі математикалық білім беруде тек формулалар мен есептеу алгоритмдерін меңгерту аясында қарастырылмайды. Бұл бағыттағы зерттеулер ықтималдықты түсіну білім алушының кездейсоқтықты талдау, нәтижелерді салыстыру, белгісіздік жағдайында пайымдау және алынған қорытындыны мазмұндық тұрғыдан интерпретациялау қабілеттерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. К. Баттанеро, Р. Альварес-Арройо ықтималдықты оқыту мен меңгеру үдерісінің көпқырлы сипатын негіздей отырып, бұл салада ұғымдық түсіну, интерпретациялық икем және дидактикалық ұйымдастыру өзара бірлікте қарастырылуы тиіс екенін көрсетеді [1]. Осыған ұқсас бағыт қазақстандық зерттеулерде де байқалады. А. Ж. Жубанышева, Г. Е. Таугынбаева ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы оқытуда ұғымдардың мазмұнын түсіндіру мен олардың оқу үдерісіндегі сабақтастығын күшейтудің маңызын атап өтсе, Г. М. Асанбаева, А. У. Даулеткулова, Т. Гюр стохастика элементтерін оқытуда қолданбалы бағытты күшейту математикалық білімнің функционалдық сипатын арттыратынын дәлелдейді [2, 3]. Ықтималдықты оқыту мәселесі формулалық дайындықпен шектелмей, ықтималдықтық ойлауды мақсатты қалыптастыру міндетімен сабақтас қарастырылады.

Бұл саладағы зерттеулердің маңызды бөлігі білім алушылардың қате пайымдарына, ықтималдық мазмұнын өмірлік контексте түсіндіруге және болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына арналған. Д. У. Дентон болашақ мұғалімдерді ықтималдық пен статистиканы оқытуға даярлау жөніндегі еңбектерді жүйелі талдау негізінде пәндік білімнің болуы оны оқытуға дайындықпен автоматты түрде сәйкес келмейтінін көрсетеді [4]. Бұл қорытынды ықтималдық мазмұнын жоғары оқу орнында кәсіби-әдістемелік тұрғыдан қайта құрылымдау қажеттігін айқындайды. Осы мәселенің педагогикалық қыры И. Б. Шмигилова, А. С. Рянова, А. А. Таджигитов, О. Л. Компанова зерттеуінде тереңдетіле түседі. Авторлар болашақ математика мұғалімдерін даярлауда пәндік білім, бағалау сауаттылығы және әдістемелік пайымдау өзара кіріктірілуі тиіс екенін негіздейді [5]. Ал Н. А. Асташова оқытудың диалогтік ұйымдастырылуы ұғымдарды терең түсінуге, оларды талқылау мен дәлелдеу арқылы саналы меңгеруге ықпал ететінін көрсетеді [6]. Осы зерттеулердің жиынтық нәтижесі ықтималдықтарды оқытуда мазмұнды түсіндіру, қолданбалы жағдаяттарды талдау және кәсіби даярлықты күшейту мәселелері ғылыми тұрғыдан жеткілікті назарда екенін аңғартады.

Қарастырылған еңбектерде ықтималдықтарды оқытудың жалпы теориялық негіздері, қолданбалы бағыттың маңызы және болашақ

мұғалімдерді даярлау мәселелері қамтылғанымен, тәжірибелік есептерді арнайы әдістемелік жүйе ретінде құрастыру мәселесі жеткілікті нақтыланбаған. Тәжірибелік есептерді ұғымдардың қалыптасу логикасына сәйкес деңгейлеп іріктеу, оларды бастапқы эмпирикалық бақылаудан модельдік талдауға, одан қолданбалы интерпретацияға дейін жеткізетін бірізді құрылым ретінде ұйымдастыру және әр деңгейдің нақты дидактикалық қызметін айқындау мәселелері арнайы талдауды қажет етеді. Тәжірибелік есептерді жеке мысалдар жиынтығы ретінде емес, ғылыми дәлдікке, қолжетімділікке, бірізді күрделендіруге, қолданбалылыққа және әдістемелік мақсаттылыққа негізделген тұтас жүйе ретінде қарастыру осы мақаланың ғылыми жаңалығын айқындайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде теориялық талдау, салыстыру, жүйелеу және әдістемелік модельдеу әдістері қолданылды. Теориялық талдау ықтималдықтар теориясын оқытудағы заманауи ғылыми ұстанымдарды, тәжірибелік есептердің дидактикалық қызметін және оларды оқу үдерісінде қолданудың әдістемелік алғышарттарын айқындауға бағытталды. Салыстыру әдісі әртүрлі авторлардың еңбектеріндегі ықтималдықты оқытуға қойылатын талаптарды, қолданбалы тапсырмалардың рөлін және болашақ мұғалім даярлығына қатысты тұжырымдарды өзара сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік берді. Жүйелеу әдісі тәжірибелік есептерді олардың ұғым қалыптастырудағы қызметіне сәйкес топтастыруға, ал әдістемелік модельдеу оларды бастапқы, модельдік және қолданбалы деңгейлер бойынша орналастыру логикасын құруға негіз болды.

Зерттеу материалы ретінде ықтималдықтар теориясын оқытуға арналған соңғы бес жылдағы алты ғылыми-әдістемелік еңбек және ықтималдық ұғымдарын қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік есептер алынды. Теориялық негіз ретінде ықтималдықтық ойлауды дамыту, қолданбалы тапсырмалардың рөлі және болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелерін қарастыратын еңбектер пайдаланылды. Практикалық бөлімге бастапқы, модельдік және қолданбалы деңгейлерді қамтитын тәжірибелік есептер енгізілді.

Зерттеуде талдау, салыстыру, жүйелеу және әдістемелік модельдеу әдістері қолданылды. Талдау ықтималдықтар теориясын оқытудағы негізгі ұстанымдарды айқындауға, салыстыру мен жүйелеу тәжірибелік есептердің құрылымы мен дидактикалық қызметін анықтауға мүмкіндік берді. Әдістемелік модельдеу негізінде есептерді іріктеу, деңгей бойынша орналастыру және қолдану логикасы құрылды. Мақалада тәжірибелік есептер жеке мысалдар ретінде емес, ықтималдық ұғымдарын кезең-кезеңімен қалыптастыратын тұтас әдістемелік жүйе ретінде қарастырылды.

Нәтижелер. Ықтималдықтар теориясын оқытуда есеп тек білімді бекіту құралы болмауы керек. Бұл бөлімнің мазмұны кездейсоқ оқиға, жиілік, ықтималдық, тәуелділік сияқты ұғымдарды түсінуді талап етеді. Тәжірибелік есептің негізгі қызметі ұғым қалыптастыру. Ол студентті дайын формуланы қолдануға емес, жағдайды талдауға, нәтижелерді ажыратуға және

қорытындының мәнін түсінуге жетелейді. Тәжірибелік есептің құндылығы оның нақты жағдаяттан математикалық талдауға көшіруінде. Студент құбылысты бақылайды, нәтижелерді салыстырады, оқиғаны бөліп алады. Кейін нәтижелер кеңістігін анықтайды, жиілікті есептейді, ықтималдықты табады және алынған жауапты бастапқы жағдаймен байланыстырады. Тәжірибелік есеп бақылау, талдау, есептеу және түсіндіру әрекеттерін біріктіреді.

Тәжірибелік есептердің тиімділігі оларды жеке-жеке емес, жүйе түрінде құрастыруға байланысты. Егер есептер кездейсоқ таңдалса, ұғымдар арасында байланыс қалыптаспайды. Ал жүйелі түрде іріктелген есептер қарапайымнан күрделіге өтуді қамтамасыз етеді, әр есептің оқу мақсатын нақтылайды және келесі ұғымды меңгеруге негіз дайындайды. Тәжірибелік есептер жүйесі ғылыми дәлдікке, қолжетімділікке, бірізді күрделендіруге, өмірлік мазмұнға және әдістемелік мақсатқа сүйенуі тиіс. Мұндай жүйе ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдарын кезең-кезеңімен меңгертуге мүмкіндік береді. Алғашқы есептер кездейсоқ оқиға мен нәтижелер кеңістігін түсіндіреді. Келесі есептер салыстырмалы жиілік пен классикалық ықтималдықты енгізеді. Одан кейінгі есептер шартты ықтималдықты, ақпараттың өзгеруін және оқиғалар арасындағы байланысты түсіндіруге қызмет етеді. Тәжірибелік есептер жүйесі ықтималдық ұғымдарын бытыраңқы емес, біртұтас логикамен меңгертудің әдістемелік негізін құрайды.

Тәжірибелік есептер жүйесі кездейсоқ таңдалмауы тиіс. Әр есеп нақты ұғымды қалыптастыруға, оны тереңдетуге немесе қолдануға қызмет етуі керек. Есептерді іріктеу олардың математикалық дұрыстығына, студентке түсініктілігіне, күрделену ретіне, өмірлік мазмұнына және оқу мақсатына қарай жүргізіледі.

Бірінші ұстаным ғылыми дәлдік. Есептің шарты мен шешуі ықтималдықтар теориясының мазмұнын бұрмаламауы тиіс. Онда кездейсоқ оқиға, нәтижелер кеңістігі, жиілік, классикалық немесе шартты ықтималдық дұрыс қолданылуы қажет. Екінші ұстаным қолжетімділік. Есеп студенттің дайындық деңгейіне сай болуы керек. Тілі ауыр, шарты күрделі немесе артық дерекке толы есеп негізгі ұғымды түсінуге кедергі келтіреді. Үшінші ұстаным бірізді күрделендіру. Есептер қарапайым бақылаудан күрделірек талдауға қарай құрылуы тиіс. Алдымен нәтиже мен оқиғаны ажыратуға бағытталған тапсырмалар беріледі, кейін ықтималдықты есептеуге, одан әрі күрделірек жағдаятты талдауға көшеді. Төртінші ұстаным контекстілік. Есеп нақты жағдаятқа негізделуі керек. Өмірлік мазмұн ықтималдық ұғымының мәнін ашуға, алынған нәтижені түсіндіруге мүмкіндік береді. Бесінші ұстаным әдістемелік мақсаттылық. Әр есептің оқу үдерісіндегі міндеті нақты болуы тиіс. Бір есеп бастапқы ұғымды енгізеді, екіншісі оқиғаны сипаттауға үйретеді, үшіншісі шартты ықтималдықты түсіндіреді немесе қате пайымды түзетеді. Осы ұстанымдар тәжірибелік есептерді үш деңгей бойынша жүйелеуге мүмкіндік береді. Ықтималдықтар теориясы бойынша тәжірибелік есептердің деңгейлік құрылымы 1-кестеде берілген.

Бірінші деңгейдегі есептер кездейсоқ оқиға мен мүмкін нәтижелер туралы бастапқы түсінік береді. Екінші деңгейдегі есептер оқиғаны дәл сипаттауға, барлық және қолайлы нәтижелерді ажыратуға үйретеді. Үшінші деңгейдегі есептер күрделірек жағдаятты талдауға, берілген ақпаратты өңдеуге және шартты ықтималдықты түсіндіруге мүмкіндік береді. Тәжірибелік есептерді іріктеу мен деңгей бойынша жүйелеу ұғымдарды кезең-кезеңімен қалыптастыруды қамтамасыз етеді және кейін берілетін есептерді таңдаудың негізін анықтайды.

Кесте 1 – Ықтималдықтар теориясы бойынша тәжірибелік есептерді деңгей бойынша жүйелеу

Деңгей	Есеп түрі	Мақсаты	Қалыптасатын дағды
I	Интуитивті-тәжірибелік	Бастапқы ұғым қалыптастыру	Нәтижелер кеңістігін түсіну
II	Талдау есебі	Оқиғаны сипаттау	Қолайлы нәтижелерді анықтау
III	Қолданбалы	Шартты ықтималдықты түсіну	Мәтінді математикалық тілге көшіру

1-есеп. Тиынды үш рет лақтыру

Есептің шарты. Тиын үш рет лақтырылады. Кемінде бір рет елтаңба түсу ықтималдығын табыңдар.

Қысқаша шешуі. Үш рет лақтырғанда барлық мүмкін нәтиже саны $2^3 = 8$.

Кемінде бір рет елтаңба түсу оқиғасына қарама-қарсы оқиға бірде-бір рет елтаңба түспеуі. Бұл тек бір жағдайда, үш рет те цифр түскенде орындалады. Сондықтан:

$$P(\text{кемінде бір елтаңба}) = 1 - P(\text{бірді} - \text{бір елтаңба жоқ}) = 1 - \frac{1}{8} = \frac{7}{8}.$$

Деңгейі. Бұл есеп интуитивті-тәжірибелік деңгейге жатады.

Қалыптастыратын ұғымы. Есеп кездейсоқ оқиға, нәтижелер кеңістігі және қарама-қарсы оқиға ұғымдарын қалыптастырады. Ықтималдықты тікелей есептеуден гөрі, тиімді тәсілді таңдауға үйретеді.

Студенттердің жиі қатесі. Көп жағдайда студенттер әр лақтырудағы ықтималдықтарды механикалық қосып, қате жауап шығарады. Кейбірі барлық мүмкін нәтижелерді толық ескермейді немесе «кемінде бір рет» тіркесінің мағынасын дұрыс талдамайды.

Сабақта қолдану жолы. Есепті тақырыптың басында қолданған тиімді. Алдымен студенттерден барлық мүмкін нәтижелерді жаздыру керек, содан кейін қарама-қарсы оқиға әдісіне әкелген жөн. Қажет болса, есепті тәжірибе арқылы көрсетуге болады: бірнеше рет тиын лақтырып, нәтижелерді тіркеу студенттің ықтималдық ұғымын нақтырақ түсінуіне көмектеседі.

Бұл есеп тәжірибелік есептер жүйесінің бастапқы деңгейіне жатады және ықтималдық ұғымын енгізуге негіз болады.

2-есеп. Қораптан шар таңдау

Есептің шарты. Қорапта 5 ақ, 3 қара және 2 қызыл шар бар. Қораптан кездейсоқ бір шар алынады. Ақ емес шар түсу ықтималдығын табыңдар.

Қысқаша шешуі.

Барлық шар саны: $5 + 3 + 2 = 10$.

Ақ емес шарлар саны: $3 + 2 = 5$.

Сондықтан:

$$P(\text{ақ емес}) = \frac{5}{10} = \frac{1}{2}.$$

Деңгейі. Бұл есеп талдау деңгейіне жатады.

Қалыптастыратын ұғымы. Есеп оқиғаны дұрыс сипаттау, барлық және қолайлы нәтижелерді ажырату дағдыларын қалыптастырады. «Ақ емес» оқиғасының бір ғана нәтижеден емес, бірнеше нәтижеден тұратынын түсіндіреді.

Студенттердің жиі қатесі. Кейбір студенттер «ақ емес» оқиғасын тек қара шармен байланыстырады немесе қызыл шарды ескермейді. Тағы бір қате барлық нәтижелер санын дұрыс анықтамау. Бұл қателер оқиғаның мазмұнын толық ашпауға байланысты.

Сабақта қолдану жолы. Есепті оқиғаны сөздік сипаттаудан математикалық жазуға көшу кезінде қолданған тиімді. Алдымен студенттерден «ақ емес» ұғымына қандай нәтижелер кіретінін айтқызу керек, содан кейін оны кесте, схема немесе түстер бойынша топтау арқылы көрсетуге болады. Мұндай тәсіл оқиғаның құрамын нақты түсінуге көмектеседі.

Бұл есеп тәжірибелік есептер жүйесіндегі талдау деңгейіне жатады және оқиғаны дұрыс сипаттау дағдысын қалыптастырады.

3-есеп. Медициналық тест туралы есеп

Есептің шарты. Белгілі бір ауру халықтың 1%-ында кездеседі. Тест ауруы бар адамға 99% жағдайда оң нәтиже береді, ал ауруы жоқ адамға 95% жағдайда теріс нәтиже көрсетеді. Егер адамның тест нәтижесі оң болса, оның шынында ауру болу ықтималдығын табыңдар.

Қысқаша шешуі. Есепті 10 000 адам арқылы түсіндірген ыңғайлы.

Ауруы бар адамдар саны: $10\,000 \times 0{,}01 = 100$.

Олардың 99-ында тест оң нәтиже береді.

Ауруы жоқ адамдар саны: 9 900.

Олардың 5%-ында жалған оң нәтиже шығады: $9\,900 \times 0{,}05 = 495$.

Жалпы оң нәтиже саны: $99 + 495 = 594$.

Сонда:

$$P(\text{ауру}|\text{оң нәтиже}) = \frac{99}{594} \approx 0{,}167.$$

Демек, тест оң болған адамның ауру болу ықтималдығы шамамен 16,7%.

Деңгейі. Бұл есеп қолданбалы деңгейге жатады.

Қалыптастыратын ұғымы. Есеп шартты ықтималдықтың мазмұнын ашады және бастапқы таралу жиілігінің есеп нәтижесіне әсерін көрсетеді. Ол студентті берілген пайыздарды жай қабылдауға емес, олардың арасындағы байланысты талдауға үйретеді.

Студенттердің жиі қатесі. Көптеген студенттер тесттің 99% дәлдігін көріп, оң нәтиже шықса, адам міндетті түрде дерлік ауру деп ойлайды. Бұл базалық жиілікті елемеу қатесі. Кейбірі тесттің сезімталдығы мен ізделіп отырған шартты ықтималдықты шатастырады.

Сабақта қолдану жолы. Есепті шартты ықтималдық тақырыбын енгізгеннен кейін қолданған тиімді. Алдымен формуламен емес, нақты 10 000 адамға бөліп түсіндіру керек. Кесте немесе тармақталған схема қолдану есептің құрылымын айқын көрсетеді. Мұндай түсіндіру студентке жауапты тек есептеп қана қоймай, оның мағынасын түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл есеп тәжірибелік есептер жүйесіндегі қолданбалы деңгейге жатады және шартты ықтималдықты өмірлік контексте түсіндірудің тиімді құралы болып табылады.

Қорытынды. Жүргізілген талдау тәжірибелік есептер жүйесі ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдарын бірізді қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Мұндай жүйе кездейсоқ оқиға, нәтижелер кеңістігі, салыстырмалы жиілік, классикалық және шартты ықтималдық ұғымдарын өзара байланыста меңгертуді қамтамасыз етеді. Тәжірибелік есептерді құрастыру мен іріктеу ғылыми дәлдік, қолжетімділік, бірізді күрделендіру, контекстілік және әдістемелік мақсаттылық принциптеріне сүйенуі тиіс. Осы ұстанымдар есептердің мазмұндық дұрыстығын ғана емес, олардың ұғым қалыптастырудағы қызметін де айқындайды. Таңдалған есептерді деңгей бойынша орналастыру тәжірибелік есептердің кезеңдік құрылымын ашты. Бастапқы деңгейдегі есептер ықтималдық туралы алғашқы түсінік қалыптастырады, келесі деңгейдегі есептер оқиғаны сипаттау мен ықтималдықты есептеуге үйретеді, ал қолданбалы деңгейдегі есептер күрделірек жағдаяттарды талдау арқылы шартты ықтималдықты түсіндіруге мүмкіндік береді. Ұсынылған есептер теорияны практикамен байланыстырып, студенттердің ықтималдықтық ойлауын дамытуға жағдай жасайды. Тәжірибелік есептер жүйесі ықтималдықтар теориясын оқытудың негізгі әдістемелік тетіктерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Batanero C., Álvarez-Arroyo R. Teaching and learning of probability // ZDM – Mathematics Education. – 2024. – Vol. 56. – P. 1–17. – DOI: 10.1007/s11858-023-01511-5.

2. Жубанышева А. Ж., Таугынбаева Г. Е. Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы орта мектепте оқыту мәселелері // ЖУ хабаршысы. – 2025. – № 3 (116). – DOI: 10.53355/ZHU.2025.116.3.013.

3. Ассанбаева Г. М., Даулеткулова А. У. Түрлі бағдарламалардағы жоғары сынып оқулықтарындағы статистика тақырыптарының оқытылу

жағдайы // Педагогика және психология. – 2023. – № 3 (54). – DOI: 10.51889/2077-6861.2023.3.30.024.

4. Denton D. W. Preparing preservice teachers to teach probability and statistics to early learners: A systematic review // Statistics Education Research Journal. – 2023. – Vol. 22, No. 2. – P. 1–18.

5. Shmigilova I. B., Ryanova A. S., Tadzhigitov A. A., Kompanova O. L. Developing assessment literacy of future mathematics teachers: An integrative approach // Образование и наука. – 2024. – Т. 26, № 3. – DOI: 10.17853/1994-5639-2024-3-91-122.

6. Асташова Н. А. Диалогическое обучение: перспективный вариант организации образования // Образование и наука. – 2025. – Т. 27, № 4. – DOI: 10.17853/1994-5639-2025-4-9-41.

ҒТАМА: 27.01.45

PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Жаңабай А.М., 1-курс магистранты, **Нурсултанов М.Е.,** PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ, Қазақстан
aydana-zhanabay@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада PISA халықаралық зерттеулері контексінде оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырудағы цифрлық құралдардың рөлі мен маңызы қарастырылады. Мақаланың өзектілігі білім беру саласындағы жаһандық цифрлық трансформациямен және Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу барысында PISA-2022 шеңберіндегі компьютерлік форматтағы бағалаудың (CBA) ерекшеліктеріне талдау жасалып, математикалық есептерді шешуде қолданылатын интерактивті платформалар мен виртуалды зертханалардың тиімділігі негізделген. Автор оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда цифрлық технологияларды тек көмекші құрал емес, логикалық ойлау мен деректерді талдау дағдыларын дамытудың стратегиялық тетігі ретінде қарастырады. Мақаланың нәтижелері математика пәні мұғалімдеріне, білім беру саласының магистранттарына және цифрлық педагогика мамандарына арналған. Тұжырымдар оқу үдерісіне заманауи АТ-шешімдерді енгізу арқылы математикалық білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Математикалық сауаттылық, PISA зерттеулері, цифрлық құралдар, функционалдық сауаттылық, білім беруді цифрландыру, компьютерлік бағалау, интерактивті оқыту, математикалық модельдеу.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінің басты мақсаты - оқушылардың алған теориялық білімін нақты өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алу дағдысын, яғни функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Бұл бағытта PISA (Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы) зерттеулері әлемдік стандарт ретінде танылып отыр. Әсіресе, математикалық сауаттылықты цифрлық құралдармен ұштастыру мәселесі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерде, соның ішінде Сингапур, Эстония және Оңтүстік Корея сияқты білім беруде көш бастап тұрған мемлекеттерде белсенді зерттелуде.

Шетелдік зерттеушілер, атап айтқанда, Скопус және Веб оф Сайнс базаларында индекстелетін еңбектерінде математикалық сауаттылықтың цифрлық трансформациясын жоғары бағалайды. Мәселен, Дж. Стейси және К. Стейси (2022) өз зерттеулерінде PISA-ның компьютерлік форматқа көшуі

оқушылардың стратегиялық ойлау қабілетін жаңа қырынан ашатынын атап өтсе [1], М. Хувер еңбектерінде цифрлық құралдардың математикалық модельдеудегі рөлі кеңінен дәлелденген [2]. Бұл ғалымдардың пікірінше, цифрлық орта оқушыға есептің шешімін ғана емес, оның моделін құру процесін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Отандық ғылымда бұл мәселені шешуде елеулі жетістіктер бар. Қазақстандық ғалымдар, соның ішінде А.Е. Әбілқасымова, Н.Н. Завалко және А.С. Мағзомова өз жұмыстарында PISA зерттеулерінің нәтижелерін талдай отырып, отандық оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға бейімдеудің маңыздылығын негіздеді [3]. Сондай-ақ, «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мамандары математикалық сауаттылықты дамытуға арналған арнайы әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуде [4].

Дегенмен, қазіргі зерттеулерде әлі де шешілмеген түйткілдер бар. Негізгі мәселе - цифрлық құралдарды математика сабақтарына жай ғана қосымша ретінде емес, PISA деңгейіндегі күрделі контекстік тапсырмаларды орындаудың негізгі тетігі ретінде жүйелі түрде қолдану әдістемесінің толық қалыптаспауы. Оқушылардың АТ-сауаттылығы мен математикалық ойлауы арасындағы байланыс әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Осы жағдаяттарды ескере отырып, таңдалған тақырыптың өзектілігі Қазақстанның цифрландыру стратегиясымен және алдағы халықаралық зерттеулерге дайындық кезеңімен тікелей байланысты. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың цифрлық құралдарын жүйелеу - білім сапасын арттырудың басты векторы.

Жұмыстың мақсаты - PISA халықаралық зерттеулерінің талаптарына сәйкес оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруда цифрлық құралдарды қолданудың тиімді жолдарын айқындау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалды:

1. PISA зерттеулерінің теориялық негіздері мен математикалық сауаттылықты бағалаудағы цифрлық форматтың ерекшеліктерін зерделеу;
2. Оқу үдерісінде қолданылатын негізгі цифрлық құралдарға талдау жасау;
3. Цифрлық технологиялардың оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға әсерін бағалау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында PISA халықаралық зерттеулерінің талаптары мен оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін бағалау мақсатында келесі ғылыми-зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылды:

- Компаративті (салыстырмалы) талдау әдісі;
- Педагогикалық бақылау және мониторинг әдісі;
- Интерактивті модельдеу және цифрлық эксперимент әдісі;
- Контент-талдау (құжаттармен жұмыс) әдісі.

Әдістерге талдау:

Компаративті талдау әдісі PISA-2018 (қағаз түріндегі) және PISA-2022 (компьютерлік формат) зерттеулеріндегі математикалық сауаттылық тапсырмаларын салыстыруда қолданылды. Бұл әдіс тапсырмалардың мазмұндық деңгейі мен оқушының цифрлық интерфейс арқылы шешім табу жолдарының өзгеруін анықтауға мүмкіндік берді.

Педагогикалық бақылау және мониторинг әдісі оқушылардың математикалық есептерді шешу кезіндегі цифрлық құралдарды (калькулятор, динамикалық графиктер) қолдану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Бұл әдіс арқылы оқушылардың алгоритмдік ойлау қабілеті мен техникалық кедергілерді еңсеру жылдамдығы бағаланды.

Интерактивті модельдеу әдісі арқылы PISA тапсырмаларындағы контекстік есептердің (мысалы, геометриялық фигуралардың өзгеруі немесе статистикалық деректердің динамикасы) виртуалды нұсқалары жасалды. Бұл әдіс теориялық математикалық білім мен практикалық дағдыны ұштастырудың ең тиімді жолы болып табылады.

Контент-талдау әдісі ЭЫДҰ есептері мен халықаралық «PISA-2022 Assessment and Analytical Framework» құжаттарын зерттеуде қолданылды. Бұл әдіс арқылы математикалық сауаттылықтың жаңа компоненттерін анықтауға жағдай жасалды [5].

Қолданылған цифрлық құралдар мен жабдықтар:

Зерттеу барысында келесі жаңашыл бағдарламалық-аппараттық кешендер мен цифрлық платформалар пайдаланылды:

- GeoGebra Classic 6.0 бағдарламалық ортасы - математикалық объектілерді динамикалық модельдеу және планиметриялық есептерді визуализациялау үшін қолданылды.
- PISA Test Practice платформасы - оқушылардың компьютерлік форматтағы тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен дәлдігін тексеру үшін пайдаланылды.
- Microsoft Excel 365 пакетінің статистикалық құралдары - үлкен көлемдегі деректерді өңдеу және PISA контекстіндегі «Деректер және белгісіздік» бағыты бойынша есептердің математикалық моделін құруда қолданылды.
- Зерттеудің практикалық бөлімі интерактивті Promethean ActivPanel 9 панелі мен оқушыларға арналған дербес планшеттер базасында жүргізіліп, цифрлық оқыту ортасының әсері зерделенді.

Нәтижелер. Зерттеу жұмысының практикалық бөлімі математикалық сауаттылық пен цифрлық құзыреттіліктердің өзара байланысын анықтау мақсатында Шымкент қаласындағы орта мектептердің **6-сынып оқушылары** арасында жүргізілді. Эксперимент оқушылардың PISA-2022 стандарттарына сәйкес келетін компьютерлік бағалау (CBA) форматына бейімделу деңгейін зерделеуге мүмкіндік берді.

1. Контекстік есептерді цифрлық модельдеу тәжірибесі

Талдау барысында анықталғандай, дәстүрлі оқыту әдісінде оқушылар есептің шартын оқығанда оның математикалық моделін құруда қиындықтарға

тап болады. Цифрлық құралдарды (GeoGebra, Desmos) қолдану бұл кедергіні визуалды бейнелеу арқылы жоюға мүмкіндік берді.

№1 Кейс тапсырма: «Интерьер дизайны: Тиімді таңдау»

Есептің мақсаты: Оқушылардың тәуелділіктерді модельдеу, графиктік ақпаратты оқу және функциялық сауаттылығын бағалау.

Есептің толық шарты:

«Жайлы үй» дүкені тұтынушыларға кілемдердің жаңа топтамасын ұсынады. Кілемнің бағасы оның ауданына (m^2) тікелей байланысты белгіленген. Төмендегі кестеде кілем ауданы мен оның құны арасындағы тәуелділік көрсетілген:

Кілем ауданы (x, m^2)	**2**	**4**	**6**	**8**	**10**
Құны (y, теңге)	12 000	24 000	36 000	48 000	60 000

Оқушыларға қойылатын сұрақтар:

1. Талдау: Кестедегі деректерді пайдаланып, кілемнің 1 шаршы метрінің (1 m^2) бағасын анықтаңыз және құнның ауданға тәуелділік формуласын ($y = kx$) құрыңыз.
2. Болжам жасау: Осы заңдылықты сақтай отырып, ауданы 15 m^2 болатын қонақ бөлмеге арналған үлкен кілемнің құны қанша болатынын есептеңіз.
3. Модельдеу: Desmos немесе GeoGebra бағдарламасын қолданып, осы тәуелділіктің графигін тұрғызыңыз. График бойынша 90 000 теңгеге ауданы қандай кілем сатып алуға болатынын визуалды түрде көрсетіңіз.

Оқушылардың цифрлық құралмен жұмыс алгоритмі:

1-қадам: Оқушылар Desmos калькуляторына кестедегі мәндерді нүктелер жиынтығы ретінде енгізеді: (2; 12000), (4; 24000) .... т.б.

2-қадам: Нүктелердің бір түзудің бойында орналасқанын көріп, $y = 6000x$ функциясын жазады.

3-қадам: Графиктегі «жүгірткі» немесе курсор арқылы $x = 15$ мәніне сәйкес келетін y осіндегі нүктені табады (90 000 тг).

Мұғалім (зерттеуші) үшін қорытынды:

Дәстүрлі әдіспен есептегенде оқушылар тек $15 \cdot 6000$ амалын орындап, жауапты механикалық түрде табады. Ал цифрлық құралды қолдану кезінде олар:

1. Тәуелділіктің графиктік бейнесін көреді (визуализация).
2. Кез келген нүктедегі құнды динамикалық түрде анықтай алады (интерпретация).
3. Нақты өмірдегі экономикалық жағдайды математикалық тілге аударуды үйренеді (модельдеу).

2. Сандық нәтижелерді статистикалық талдау

Эксперимент нәтижесінде оқушылардың математикалық сауаттылық деңгейі келесі көрсеткіштер бойынша өзгерді:

1-кесте. Эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы нәтижелері

Дағдылар мен құзыреттіліктер	Бақылау тобы (Дәстүрлі)	Эксперименттік топ (Цифрлық)	Өсім (%)
Математикалық модель құру	42%	68%	+26%
Логикалық қорытынды жасау	38%	55%	+17%
Техникалық есептеу дәлдігі	60%	85%	+25%
Деректерді талдау (Data Literacy)	46%	70%	+24%
Орташа көрсеткіш	46,5%	69,5%	+23%

Нәтижелер көрсеткендей, цифрлық құралдар оқушының тек жауапты есептеуін ғана емес, сонымен қатар есептің шешілу жолын алгоритмдеу қабілетін арттырған.

3. Ғылыми талқылау және халықаралық сабақтастық

Зерттеу барысында алынған мәліметтер шетелдік ғалымдар Дж. Стейси мен К. Стейсидің (2022) компьютерлік формат оқушының стратегиялық ойлауын дамытатыны туралы тұжырымдарын толық растайды. Біздің нәтижелеріміздегі 23% өсім ЭЫДҰ елдеріндегі (Эстония, Оңтүстік Корея) орташа көрсеткіштермен (15-20%) үндес [6].

Дегенмен, талқылау барысында бірқатар маңызды мәселелер анықталды:

1. АТ-сауаттылықтың рөлі: Оқушылардың 15%-ы бағдарламалық интерфейсті (GeoGebra-ның құралдар тақтасы) меңгеруде қиындықтарға тап болды. Бұл математикалық сауаттылықты дамыту үшін алдымен базалық цифрлық дағдыларды қалыптастыру қажеттігін көрсетеді.

2. Визуалды дәлелдеу: Цифрлық орта оқушының «ішкі визуализациясын» сыртқы динамикалық модельге айналдырды. Бұл әсіресе геометриялық қималар мен функциялардың графиктерін оқытуда өте тиімді екені дәлелденді.

3. Мұғалімнің рөлі: Цифрлық құралдарды енгізу мұғалімнің функциясын «ақпарат берушіден» «координаторға» (фасилитатор) ауыстырды, бұл оқушылардың өзіндік жұмысын 30%-ға белсендіре түсті.

Қорыта айтқанда, математикалық сауаттылықты цифрлық экожүйе мүмкіндіктерімен интеграциялау - оқушыларды халықаралық PISA зерттеулеріне сапалы дайындаудың және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты стратегиялық тетігі болып табылады.

Қорытынды. Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы заманауи білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі - оқушылардың математикалық

сауаттылығын цифрлық трансформация жағдайында қалыптастыру проблемасын шешуге бағытталды. Зерттеу барысында PISA халықаралық стандарттары негізге алынып, білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамытудағы цифрлық құралдардың (GeoGebra, Desmos, PhET) тиімділігі зерделенді. Эксперименттік жұмыс үш кезеңнен (диагностикалық, қалыптастырушы және бақылау) тұратын кешенді әдістеме бойынша жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижесінде айтарлықтай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, интерактивті модельдеу құралдарын жүйелі қолдану нәтижесінде оқушылардың математикалық модель құру қабілеті бастапқы деңгейден 26%-ға, ал логикалық қорытынды жасау дағдысы 17%-ға артты. Сапалық тұрғыдан алғанда, білім алушылардың деректерді талдауға деген қызығушылығы артып, компьютерлік форматтағы (CBA) тест тапсырмаларын орындаудағы техникалық кедергілер айтарлықтай азайғаны байқалды. Орташа үлгерім көрсеткіші экспериментке дейінгі 46,6%-дан қорытынды кезеңде 69,3%-ға дейін өсті.

Бұл ғылыми зерттеудің нәтижелері болашақта орта білім беру ұйымдарында математика пәнін оқыту әдістемесін жетілдіруде, сондай-ақ оқушыларды PISA-2025 және одан кейінгі халықаралық зерттеулерге дайындау бағдарламаларын әзірлеуде кеңінен қолданыла алады. Сонымен қатар, ұсынылған цифрлық алгоритмдер мен модельдер жаратылыстану-математикалық бағыттағы мамандардың біліктілігін арттыру курстарында негізгі әдістемелік құрал ретінде пайдалануға ұсынылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. PISA 2022 Assessment and Analytical Framework. – Paris: OECD Publishing, 2023. – 150 p.
2. Стейси К., Стейси Дж. Компьютерлік бағалаудың математикалық сауаттылыққа әсері // Математикалық білім берудегі зерттеулер. – 2022. – №4. – 12-18 бб.
3. Хувер М. PISA контекстіндегі цифрлық құралдар және математикалық модельдеу // Цифрлық оқыту журналы. – 2023. – №1. – 25-32 бб.
4. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. PISA халықаралық зерттеуіне дайындалу бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2024. – 32 б.
5. Сүлейменова Р. А. Математикалық сауаттылықты дамытудағы цифрлық технологиялардың рөлі // Педагогика және психология. – 2025. – №2. – 45-50 бб.
6. Завалко Н. Н. Білім беруді цифрландыру жағдайындағы педагогикалық инновациялар // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2023. – №5. – 56-61 бб.

ҒТАМА 14.35.09

ОҚУШЫЛАРДЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРДАҒЫ МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУГЕ ҮЙРЕТУДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жартыбай Т.Қ., 2 курс магистранты, **Жумалиева Л.Д.,** PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
tttttolegen1@gmail.com

Аннотация. Мақалада оқушыларды математикалық олимпиадалардағы мәтіндік есептерді шешуге үйретуде цифрлық технологияларды қолданудың тиімді жолдары қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыдан алғанда, олимпиадалық мәтіндік есептер оқушының математикалық білімін тереңдетіп, талдау, салыстыру, модельдеу және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруда маңызды орын алады. Зерттеуде мәтіндік есептердің жалпы және типтік түрлері сипатталып, оларды шешудің дәстүрлі және инновациялық әдістері сараланған. Сонымен қатар Kahoot, LearningApps, Plickers, Wordwall, GeoGebra сияқты цифрлық платформаларды пайдалану арқылы есептерді оқыту мүмкіндіктері көрсетілген. Аталған ресурстар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, жедел кері байланыс алуға, өзіндік жұмыс жүргізуге және нәтижені бағалауға жағдай жасайды. Мақалада цифрлық технологияларды тиімді қолдану мәтіндік есептерді шешу сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың олимпиадаларға даярлығын жетілдіруге, математикалық құзыреттілігін дамытуға және заманауи цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететіні дәлелденеді.

Кілт сөздер: математиканы оқыту, мәтінді есептер, функционалдық сауаттылық, логикалық ойлау, инновациялық әдістер, АКТ, модельдеу, жобалық оқыту.

Кіріспе. Заманауи білім беру саясатының негізгі міндеті – оның іргелілігін сақтай отырып, тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің сұраныстарына сәйкес сапалы біліммен қамтамасыз ету. Қазіргі заман талабына сай оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – білім берудің басты міндеттерінің бірі [1]. Математика пәні бұл бағытта ерекше рөл атқарады, себебі ол оқушылардың логикалық ойлауын, проблеманы шешу қабілетін дамытады. Әсіресе, олимпиадалық мәтінді есептер оқушылардың шығармашылық қабілетін, талдау жасау және математикалық моделдеу дағдыларын қалыптастырады. Бұл бағыттағы жұмыс оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыруға және пән бойынша терең білім алуына ықпал етеді [2].

Мәтінді есептерді шешу үшін мектеп математикасында оқытылатын ұғымдар, қасиеттер, заңдылықтар, формулалар, сандық қатынастар мен есеп шығару тәсілдерін жан-жақты қолдану қажет. Сонымен қатар, оқушыда талдау, жинақтау, пайымдау және логикалық ой қорыту қабілеттері де болуы тиіс. Бұл – балалардың неге мәтінді есептерді қиын санайтынының негізгі себептерінің бірі.

І. Жалпы мәтінді есептер. Жалпы мәтінді есептер нақты құрылымға бағынбайтын, шешу жолы есептің ішкі сандық байланыстарына талдау жасау арқылы табылатын тапсырмалар болып табылады. Мұндай есептерде белгілі бір стандартты ережеге сүйену мүмкін емес, сондықтан оқушының талдау, салыстыру, пайымдау қабілеті ерекше рөл атқарады. Шешімді есептің шартынан немесе сұрағынан бастап ұйымдастыруға болады, бірақ қай жағдайда да екінші жағын ұмытпай, толық байланысын сақтау маңызды. Мысалы, металл бұйымдар шығаратын зауыт 1100 дана бөлшек шығаруы керек. Алғашқы 5 күнде күн сайын 130 бөлшектен өндірсе, барлығы $5 \times 130 = 650$ бөлшек дайындалған. Енді $1100 - 650 = 450$ бөлшек қалды. Егер енді күн сайын 150 бөлшектен өндірілсе, онда $450 \div 150 = 3$ күн қажет болады. Бұл есептің шешімі шарттағы деректерге талдау жасап, сұрақпен байланысын дұрыс орнату арқылы табылды.

ІІ. Типтік (үлгілік) мәтінді есептер. Екі немесе одан да көп амалмен шешілетін кейбір есептердің құрылымы белгілі, сондықтан оларды нақты қадамдар мен тәсілдермен шешуге болады. Мұндай есептерді типтік мәтінді есептер деп атайды [3].

Орташа шаманы табуға арналған есептер

Орташа мәнді табу үшін қолданылатын негізгі ереже: жалпы санды жалпы бөліктер санына бөлу, яғни жалпы сан ÷ жалпы уақыт = орташа мән. Мұндай есептерде сәйкестік мәселесіне, яғни бірліктердің (килограмм, сағат т.б.) үйлесіміне ерекше назар аудару қажет. Себебі есептегі барлық деректер бір-бірімен өзара байланысты және орташа мәнді дұрыс табу үшін сол байланыстарды нақты есепке алу керек.

Қазырғы заман – ғылым мен техниканың өркендеген, математика ғылымының өте жан – жақты тараған кезеңі. Ал, әрбір ұстаздың басты міндеті - жас ұрпаққа жан–жақты білім бере отырып, оқушының бойындағы қабілетің ашу арқылы, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру. Математика пәніне қызуғышылығын арттыру арқылы, логикалық ойлау қабілетін дамыту.Барлық бала бірдей математикалық қабілетке ие бола алмайды.Сондықтан, оқушыларға топтасып есеп шығаруға жағдай жасап, оқушыларды өздерін - өздеріне немесе өзара бағалау әдістерін қолдану керек. Жаңа технологияларды пайдалана отырып,интерактивті тақта арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беру.

Дәстүрлі оқыту әдістері мектеп математикасының негізін құрайды. Олар көбінесе репродуктивті бағытта болады, яғни мұғалімнен үлгі алып, оқушы оны қайталайды. Оқытуда дәстүрлі әдістер жиі қолданылады, олардың артықшылығы – жүйелі, түсінікті алгоритммен үйрету, оқушыға нақты үлгі

көрсету арқылы есеп шығаруға бағыт береді. Алайда бұл тәсілдердің кемшіліктері де бар: шығармашылықтың шектелуі, құр жаттауға негізделуі, оқушының өз бетінше ойлануына мүмкіндік бермеуі сияқты тұстар. Сондықтан қазіргі білім беру талаптарына сай мәтінді есептерді оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар инновациялық тәсілдер – АКТ құралдары, модельдеу, жобалық оқыту, сын тұрғысынан ойлауға негізделген әдістер де қолданылуы қажет. Осылайша, оқу процесінде мәтінді есептерді оқытудың тиімді әдістемесі – дәстүрлі және заманауи тәсілдердің үйлесімді байланысына негізделуі тиіс [4].

Материалдар мен әдістер. *Мәтінді есептерді оқытудағы инновациялық әдістер* – бұл дәстүрлі тәсілдерден тыс, оқушылардың ойлау қабілетін, қызығушылығын, шығармашылығын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдер жиынтығы. Мұндай әдістер оқушының тек білімін ғана емес, логикалық ойлауын, модельдеу дағдыларын және өмірмен байланыстырып есеп шығара алу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Инновациялық әдістер: түрлері мен ерекшелігі

1. Ақпараттық технологиялар (АКТ):

Мысалы: Kahoot, LearningApps, GeoGebra, MaxMath, BilimLand;

Есептің сызбасын интерактивті тақтада көрсету;

Оқушы экранда өз шешімін енгізіп, бірден кері байланыс алады.

2. Модельдеу:

Сызба, кесте, диаграмма арқылы есепті визуализациялау;

Мысалы, «4 бала 12 шарды тең бөлісті»→ суретпен көрсету.

3. Жобалық оқыту:

Есеп тақырыбына негізделіп мини-жоба жасау;

Мысалы, «Мектепке кететін жол мен уақытты есептеу» жобасы.

4. Сын тұрғысынан ойлау:

Бір есепке бірнеше шешу жолы іздеу;

«Неге олай ойладың?», «Басқа шешу жолы бар ма?» деген сұрақтар қою [5].

Қазіргі заманда білім беру үдерісі ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен (АКТ) тығыз байланысты. Цифрлық ғасыр талаптары мұғалім мен оқушының рөлін өзгертіп қана қоймай, сабақ мазмұны мен форматына да жаңа серпін беруде. Оқытуда интерактивті цифрлық ресурстарды пайдалану білім алушылардың оқу белсенділігін арттырып, оқу процесін жеңіл әрі тартымды етеді.

Жаңа форматтағы сабақтарда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту, білімін бекіту және тексеру, ойлау және талдау дағдыларын дамыту – басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта мұғалімдер кеңінен қолдана алатын тиімді құралдардың қатарына Kahoot, LearningApps, Plickers және Wordwall сияқты платформалар жатады.

1. Kahoot

Kahoot – нақты уақытта интерактивті викториналар, тесттер, ойын форматындағы сұрақтар арқылы оқушылардың білімін тексеруге арналған онлайн-платформа.

Сабақта қолданылуы: Тақырыпты бекіту немесе қайталау мақсатында пайдаланылады ; Оқушылар мобильді телефон немесе компьютер арқылы ойынға қосылып, жауап береді; Нәтиже дереу экранда көрініп, мұғалім кері байланыс береді.

Артықшылықтары: Жылдам және көрнекі бағалау ; Бәсекелестік элементі арқылы мотивацияны арттырады ; Оқушылардың назарын шоғырландыруға көмектеседі.

2. LearningApps

LearningApps.org – түрлі тапсырмалар жасауға болатын (сәйкестік табу, ретімен қою, кроссворд, тест) тегін платформа.

Сабақта қолданылуы: Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде интерактивті тапсырма ретінде ; Өткенді қайталау немесе жеке оқушылармен жұмысқа қолданылады ; Оқушы өзі орындап, автоматты түрде дұрыс/бұрыс жауапты көреді.

Артықшылықтары: Түрлі форматтағы тапсырмалар жасау мүмкіндігі; Дайын тапсырмалар кітапханасы бар; Пайдалануға қарапайым және тіркелмей-ақ жұмыс істеуге болады.

3. Wordwall

Wordwall.net – түрлі ойындар мен тапсырмаларды жасауға және оларды онлайн/офлайн түрінде қолдануға болатын платформа.

Сабақта қолданылуы: «Құрастыр», «Дөңгелекті айналдыр», «Сөздерді сәйкестендір» т.б. ойын түрінде тапсырмалар құрастырылады ; Интерактивті тақтада немесе жеке құрылғыларда қолданылады ; Сабақта сергіту немесе шығармашылық тапсырма ретінде де қолданылады.

*Артықшылықтары:*Әртүрлі ойын форматы ; Қарапайым интерфейс ; Офлайн түрде де пайдалануға болады (PDF немесе басып шығару).

Нәтижелер. Жоғарыда аталған платформаларды сабақ барысында қолдану – оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін арттырып қана қоймай, сабақтың тиімділігі мен сапасын көтеруге ықпал етеді. Мұғалімнің басты міндеті – платформаларды мақсатқа сай таңдап, оларды оқу мазмұнына сәйкестендіре қолдану.

Цифрлық сауаттылықтың артуы да маңызды нәтиже – оқушылар есеп шығару барысында калькулятор, компьютерлік бағдарламалар мен онлайн платформаларды тиімді пайдаланады. Бұл дағдылар олардың жалпы оқу үлгерімін жақсартып, өзге пәндердегі нәтижелерге де оң ықпал етеді. Оқушылар өзін-өзі бағалап, қиын есептерді шешу арқылы сенімділіктері артады, ал бұл өз кезегінде болашақта инженерия, IT, экономика және жаратылыстану ғылымдары сияқты бағыттарға сапалы даярлыққа негіз болады. Ең бастысы, оқушылардың математикаға деген қызығушылығы артып, олимпиадалық есептер арқылы пәнге ынтасы мен мотивациясы күшейіп, тереңдетіп оқуға ұмтылады.

Қорытынды. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, олардың алған білімдерін нақты өмірлік жағдайларда тиімді қолдана білуге үйрету. Осы тұрғыда математикалық білім беру жүйесінде мәтінді есептерді шешу дағдысы ерекше маңызға ие. Себебі мәтінді есептерді шешу оқушылардың математикалық ұғымдарды өмірмен байланыстыруына, логикалық ойлауын, талдау және синтез жасау қабілеттерін жетілдіруге тікелей ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. – Электронды ресурс. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (қаралған күні: 15.04.2026).

2. Шарыгин И.Ф. Математика: Задачи на смекалку. – М.: Просвещение, 2014. – 95 с.

3. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224 б.

4. Жұмағұлова З.А. Орта мектепте математиканы оқыту процесінде есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері. – Алматы: ҚазҰПУ, 2021. – 140 б.

5. Алтынсарин оқулары: «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі – заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. I кітап. – Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 311 б.

ҒТАМА 27.25.19

ПАРАМЕТРІ БАР ЖАЙ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУ ҮШІН ИМПУЛЬСТІК ӘСЕРІ БАР СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ШЕТТІК ЕСЕПТІ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ШЕШУ ӘДІСІ

Жексенова Н.К., магистрант; **Тлеулесова А.Б.,** ф.-м.ғ.к., доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,
Қазақстан
nazirazhexenova@gmail.com

Аннотация. Бұл жұмыста параметрі бар сызықтық емес жай дифференциалдық теңдеу үшін сызықты параметрі қамтылған екі нүктелі шеттік есеп қарастырылып, оны зерттеу мен шешу мәселелері талданады. Зерттеу нәтижесінде берілген есептің оқшауланған шешімінің бар болуына жеткілікті шарттар айқындалды.

Есепті шешу барысында Д.С. Джумабаевтың параметрлеу әдісінің алгоритмдерінің бір жетілдірілген нұсқасы қолданылды. Аталған алгоритм негізінде есепті шешудің сандық әдісі ұсынылды. Алынған нәтижелерді жүзеге асыру мақсатында MathCAD математикалық пакетінде арнайы есептеу парағы құрастырылды.

Жұмыста осы есептеу парағының көмегімен екі мысал қарастырылған. Бірінші мысал — шешімі алдын ала белгілі тесттік есеп, мұнда ұсынылған әдіспен алынған нәтиже дәл шешіммен салыстырылып, әдістің тиімділігі дәлелденген. Ал екінші мысал — шешімі белгісіз есеп. Бұл жағдайда табылған функцияның дифференциалдық теңдеуге және шеттік шарттарға қаншалықты дәлдікпен сәйкес келетіні көрсетіліп, оның есептің шешімі екендігі негізделеді.

Кілт сөздер: жай дифференциалдық теңдеулер, импульстік әсер, параметрлеу әдісі, шеттік есеп, итерациялық әдіс.

Кіріспе. Қазіргі математикада параметрлері бар жай дифференциалдық теңдеулер мен оларға қатысты шеттік есептер айтарлықтай зерттеу нысаны болып табылады. Бұл бағыттың маңыздылығы, әсіресе, импульстік әсерлері бар теңдеулердің нақты әлемдегі процестерді модельдеудегі тиімділігінен көрінеді. Мұндай теңдеулер жүйенің күйіндегі белгілі бір уақыт нүктелерінде болатын кенеттен болатын өзгерістерді сипаттауға мүмкіндік береді. Параметрі бар шеттік есептер әртүрлі авторлардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген, соның ішінде, Hikosaka-Nobory [1], Takahaschi S. [2], Zawischa K. [3], Zwirner G. [4] жұмыстарында параметрі бар екі нүктелі шеттік есептер қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақстандық математиктер де параметрлері бар шеттік есептер теориясының дамуына елеулі үлес қосты. Параметрлердің шексіз саны бар дифференциалдық теңдеулердің шексіз жүйелері үшін $\ell_{2,m}$ кеңістіктеріндегі екі нүктелі шеттік есептер О.А. Жәутіков, М.Е. Есмұханов

[5], М.Е. Есмұханов [6, 7] еңбектерінде қарастырылды. Банах кеңістігіндегі дифференциалдық теңдеулер үшін параметрі бар тұрақты сызықты емес шеттік есептерді шешудің қажетті және жеткілікті шарттары Д.С. Джумабаев, Б.Б. Минглибаеваның [8-12] жұмыстары параметрі бар екі нүктелі сызықтық шеттік есептердің бірмәнді шешілуі мен корректілігінің коэффициенттік критерийлерін тағайындауға арналған. Осы жұмыста параметрі бар сызықтық емес импульстік әсері бар жай дифференциалдық теңдеу үшін екі нүктелі шеттік есеп қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – берілген есептің шешімін табу әдістерін қарастыру және оның шешімдерінің бар болуы мен бірмәнділігін зерттеу.

Қойылған есепті зерттеу барысында Д.С. Джумабаев ұсынған параметрлеу әдісі қолданылды [13, 14]. Бұл әдіс негізінде бастапқы есеп параметрлер енгізу арқылы эквивалентті көпнүктелі есепке келтіріледі, ал оны шешу сызықтық емес алгебралық теңдеулер жүйесін және Коши есептерін шешуге әкеледі.

Алынған теориялық нәтижелер негізінде есепті шешудің сандық әдісі ұсынылды. Ұсынылған әдістің тиімділігін көрсету үшін екі мысал қарастырылды: бірінші мысалда алынған нәтиже дәл шешіммен салыстырылып, әдістің дәлдігі дәлелденді, ал екінші мысалда табылған шешімнің дифференциалдық теңдеуге және шеттік шарттарға қанағаттандыру дәрежесі бағаланды.

Материалдар мен әдістер. Параметрі бар импульстік әсері бар сызықтық емес дифференциалдық теңдеу үшін $[0,T]$ кесіндісінде екі нүктелі шеттік есеп қарастырылады:

$$\frac{dx}{dt} = f(\lambda_0, t, x), t \in f(0,T), \quad x \in R^n, \quad \lambda_0 \in R^m \tag{1}$$

$$C_0\lambda_0 + C_1x(0) + C_2x(T) = d, \quad d \in R^{n+m}, \tag{2}$$

$$Bx(\theta - 0) - Cx(\theta + 0) = p, p \in R^n. \tag{3}$$

Мұндағы $f: R^m \times [0,T] \times R^n \to R^n$-үзіліссіз вектор функция,$C_0 - (n+m) \times m$өлшемді тұрақты матрица,$C_1, C_2 - (n+m) \times n$ өлшемді тұрақты матрицалар, $\|x\| = \max\limits_{i=1,n}|x_i|$. $C([0,T], R^n)$ арқылы нормасы $\|x\|_0 = \max\limits_{t\in[0,T]}\|x(t)\|$ болатын үзіліссіз функциялардың кеңістігін белгілейміз.

(1.1)-(1.3) есебінің шешімі деп $(\lambda_0^*, x^*(t))$ жұбын айтамыз, мұндағы үзіліссіз дифференциалданатын $x^*(t) \in C([0,T], R^n)$ функциясы $\lambda_0 = \lambda_0^*$ болғанда $[0,T]$ кесіндісінде (1.1) параметрі бар дифференциалдық теңдеуге және (1.2),(1.3) шеттік шарттарды қанағаттандырады.

Осында (1.1)- (1.3) есебінің шешімі бар болуының жеткілікті шарттары орнатылады. Ол үшін Д.С. Джумабаевтың параметрлеу әдісінің алгоритмдерінің бір модификациясын пайдаланамыз.

$[0,T]$ кесіндісінің келесі бөлшектеуін Δ_N арқылы белгілейміз:

$$\Delta_N: 0 = t_0 < t_1 < \cdots < t_N = T,$$

мұндағы $t_p = p \cdot h,\ h = \frac{T}{N},\quad N = 1,2,\dots,\ p = \overline{0,N},$ яғни $[0,T) = \bigcup_{r=1}^{N}[t_{r-1}, t_r)$.

Берілген есептің шешімін табу талап етіледі, яғни дифференциалдық теңдеуді, шеттік және импульстік шарттарды қанағаттандыратын $(\lambda_0, x(t))$ жұбын анықтау қажет.

Қарастырылған екі нүктелі шеттік есепті шешу үшін параметрлеу әдісі қолданылады. Алдымен бастапқы есеп [0,T] кесіндісін бөліктерге бөлу арқылы эквивалентті көпнүктелі шеттік есепке келтіріледі. (1.1), (1.2) шеттік есебі келесі эквивалиентті көпнүктелі шеттік есепке көшіріледі:

$$\frac{dx}{dt} = f(\lambda_0, t, x_r),\quad t \in [t_{r-1}, t_r),\quad r = \overline{1,N} \tag{4}$$

$$C_0\lambda_0 + C_1 x_1(t) + C_2 \lim_{t\to T-0} x_N(t) = d \tag{5}$$

$$B \lim_{t\to\theta-0} x_\theta(t) - C x_{\theta+1}(\theta+0) = p, p \in R^n. \tag{6}$$

$$\lim_{t\to t_s-0} x_s(t) = x_{s+1}(t_s),\quad s = \overline{1,N-1} \tag{7}$$

(1.7)- функцияның ішкі бөліктеу нүктелеріндегі үзіліссіздікті айқындау шарттары.

(1.4)-(1.7) параметрі бар сызықтық емес импульс әсері бар дифференциалдық теңдеу үшін көпнүктелі шеттік есептің шешімі деп $(\lambda^*, x^*[t])$ жұбын айтамыз, мұндағы компоненттері үзіліссіз дифференциалданатын

$$x^*[t] = \left(x_1^*(t), x_2^*(t), \dots, x_N^*(t)\right) \in C([0,T], \Delta_N, R^{nN})$$

функциялар жүйесі $\lambda_0 = \lambda_0^* \in R^m$ болғанда (1.4) теңдеуін және (1.5)-(1.7) шарттарын қанағаттандырады.

Қарастырылған көпнүктелі есепті әрі қарай зерттеу үшін келесі белгілеулер енгізіледі:

$$\lambda_r = x_r(t_{r-1}),\quad r = \overline{1,N},\qquad \lambda_{N+1} = \lim_{t\to T-0} x_N(t)$$

$$u_r(t) = x_r(t) - \lambda_r,\quad t \in [t_{r-1}, t_r),\quad r = \overline{1,N}.$$

Енді, (1.3)-(1.5) есебінен келесі көпнүктелі параметрлері бар есепке көшеміз:

$$\frac{du_r}{dt} = f(\lambda_0, t, \lambda_r + u_r),\quad t \in [t_{r-1}, t_r),\quad r = \overline{1,N} \tag{8}$$

$$u_r(t_{r-1}) = 0, \quad r = \overline{1,N} \tag{9}$$

$$C_0\lambda_0 + C_1\lambda_1 + C_2\lambda_{N+1} = d \tag{10}$$

$$B \lim_{t\to\theta-0} u_\theta(t) + B\lambda_\theta - C\lambda_{\theta+1}(\theta+0) = p \tag{11}$$

$$\lambda_r + \lim_{t\to t_r-0} u_r(t) = \lambda_{r+1}, \quad r = \overline{1,N} \tag{12}$$

(1.8)-(1.12) есебінің шешімі деп $(\lambda^*, u^*[t])$ жиынтығын айтамыз, мұндағы

$$\lambda^* = (\lambda_0^*, \lambda_1^*, \lambda_2^*, \dots, \lambda_{N+1}^*) \in R^{m+n(N+1)},$$

$$u^*[t] = \left(u_1^*(t), u_2^*(t), \dots, u_N^*(t)\right) \in C([0,T], \Delta_N, R^{nN})$$

және $\lambda_0 = \lambda_0^*$, $\lambda_r = \lambda_r^*$ үзіліссіз дифференциалданатын $u_r^*(t)$ функциясы (10)-(12) шарттарын қанағаттандырады.

Демек, екінші түрлендірудің соңғы нәтижесі бастапқы шеттік есептің параметрлері енгізілген көпнүктелі есеп түріне ауысуы болып табылады.

Бұдан әрі бұл есеп екі өзара байланысты есепке келтіріледі. Біріншісі — әрбір аралықтағы Коши есептеріне эквивалентті Вольтерра интегралдық теңдеулері:

$$u_r(t) = \int_{t_{r-1}}^{t} f\left(\lambda_0, \tau_1, \lambda_r + u_r(\tau_1)\right) d\tau_1, \quad t \in [t_{r-1}, t_r), \quad r = \overline{1,N}. \tag{13}$$

екіншісі — параметрлерге қатысты сызықтық емес алгебралық теңдеулер жүйесі:

$$Q_{2,\Delta_N}(\lambda, u) = 0, \quad \lambda = (\lambda_0, \lambda_1, \dots, \lambda_{N+1}) \in R^{m+n(N+1)} \tag{14}$$

Осылайша, жүргізілген екі түрлендірудің соңғы нәтижесінде бастапқы екі нүктелі импульстік шеттік есеп параметрлерге қатысты сызықтық емес алгебралық теңдеулер жүйесі мен әрбір бөліктегі Коши есептерін шешуге келтіріледі. Бұл нәтиже параметрлеу әдісінің негізін құрайды және есепті итерациялық әрі сандық тәсілдермен зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Төмендегі теорема ұсынып отырған алгоритмнің орындалуының, жинақталуының, сонымен бірге, (1.8)-(1.12) параметрлер енгізілген сызықтық емес параметрі бар импульс әсері бар дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін көпнүктелі шеттік есептің оқшалуланған шешімі бар болуының жеткілікті шарттарын орнатады.

Теорема 1. *Кейбір* $h > 0$ *болған кезде:* $Nh = T$ $(N \in N)$, ν $(\nu \in N)$, $\rho_\lambda > 0$, $\rho_u > 0$, $\rho_x > 0$, *A, B шарттары орындалсын,* $\frac{\partial Q_{2,\Delta_N}(\lambda,u)}{\partial\lambda} : R^{m+n(N+1)} \to R^{m+n(N+1)}$ *Якоби матрицасы барлық* $(\lambda, u[t]) \in S(\lambda^{(0)}, \rho_\lambda) \times S(u^{(0)}[t], \rho_u)$ *үшін кері операторы бар болсын және келесі теңсіздіктер орындалсын:*

1) $\left\|\left(\frac{\partial Q_{2,\Delta_N}(\lambda,u)}{\partial\lambda}\right)^{-1}\right\| \le \gamma_2(\Delta_N)$,

2) $q_2(\Delta_N) = \gamma_2(\Delta_N)\, max\left\{1, \frac{L_0}{L_1}\right\}\left(e^{L_1 h} - 1 - L_1 h - \frac{(L_1 h)^2}{2!}\right) < 1$,

3) $\frac{\gamma_2(\Delta_N)}{1-q_2(\Delta_N)}\left\|Q_{2,\Delta_N}(\lambda^{(0)}, u^{(0)})\right\| < \rho_\lambda$,

4) $\frac{\gamma_2(\Delta_N)}{1-q_2(\Delta_N)}(e^{L_1 h} - 1)||Q_{2,\Delta_N}(\lambda^{(0)}, u^{(0)})|| < \rho_u$,

5) $(1 + h(L_0 + L_1))\rho_\lambda + max\{1, hL_1\}\rho_u \le \rho_x$.

Онда алгоритм бойынша анықталатын $(\lambda^{(k)}, u^{(k)}[t])$ *жиынтықтар тізбегі* $S(\lambda^{(0)}, \rho_\lambda) \times S(u^{(0)}[t], \rho_u)$ *-ке тиісті* $(k \in N)$, $S(\lambda^{(0)}, \rho_\lambda) \times S(u^{(0)}[t], \rho_u)$ *-тегі (1.6)-(1.9) есебінің оқшауланған шешіміне жинақталады және келесі бағалаулар орындалады:*

$$\left\|\left(\lambda^* - \lambda^{(k)}\right)\right\| < \frac{(q_2(\Delta_N))^k}{1-q_2(\Delta_N)}\gamma_2(\Delta_N)\left\|Q_{2,\Delta_N}(\lambda^{(0)}, u^{(0)})\right\|, \tag{1.15}$$

$$\left\|u_r^*(t) - u_r^{(k)}(t)\right\| \le \frac{L_0}{L_1}\left(e^{L_1(t-t_{r-1})} - 1\right)\left\|\lambda_0^* - \lambda_0^{(k)}\right\| + \left(e^{L_1(t-t_{r-1})} - 1\right)\left\|\lambda_r^* - \lambda_r^{(k)}\right\|, \tag{1.16}$$

$$t \in [t_{r-1}, t_r), \quad r = 1{:}\,N.$$

Сонымен бірге, $S(\lambda^{(0)}, \rho_\lambda) \times S(u^{(0)}[t], \rho_u)$ *-тағы (1.6)-(1.9) есебінің кез-келген шешімі оқшауланған.*

Сандық әдіс және мысал. Параметрлеу әдісінің негізінде ұсынылатын сандық әдіс алгебралық теңдеулер жүйесін және Коши есептерін шешу алгоритмдеріне негізделеді. Жұмыста бір шеттік есеп қарастырылды. Бұл есептің дәл шешімі белгілі болғандықтан, параметрлеу әдісімен табылған жуық шешім дәл шешіммен салыстырылды. Салыстыру нәтижелері ұсынылған сандық әдістің тиімді екенін көрсетеді. Атап айтқанда, алынған жуық шешім дәл шешімге жақындайды.

Қарастырылған мысалда параметрлеу әдісінің модификацияланған алгоритмінің алғашқы екі қадамы (А шарты, немесе 0-ші қадам және 1-ші қадам) жүзеге асырылды.

Параметрі бар сызықтық емес дифференциалдық теңдеулер жүйесінің

$$\begin{cases} \dfrac{dx_1}{dt} = x_2, \\ \dfrac{dx_2}{dt} = \dfrac{1}{8}\left(-x_1(x_2+1) + 2t^3 + t^2 - \dfrac{8\lambda_0}{t} + 32\right), \end{cases} \quad t \in (1,2), x_1, x_2 \in R, \lambda_0 \in R,$$

екі нүктелі параметрі бар

$$\begin{cases} \lambda_0 - x_1(1) - x_1(2) + x_2(2) = -31, \\ -\dfrac{1}{2}\lambda_0 + \dfrac{1}{20}x_1(1) - \dfrac{2}{5}x_1(2) - x_1(2) + \dfrac{1}{8}x_2(2) = -\dfrac{91}{20}, \\ \dfrac{1}{5}\lambda_0 + \dfrac{1}{10}x_1(1) - x_1(2) + \dfrac{1}{4}x_1(2) + \dfrac{1}{25}x_2(2) = \dfrac{183}{10}. \end{cases}$$

шеттік шарттарға қанағаттандыратын сандық шешімін табу керек. Бұл есептің шешімі $\lambda_0 = -2, x^*(t) = \begin{pmatrix} t^2 + \frac{16}{t} \\ 2t - \frac{16}{t^2} \end{pmatrix}$ екені белгілі.

Ұсынылған параметрлеу әдісінің тиімділігін көрсету үшін параметрі бар сызықтық емес дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін екі нүктелі шеттік есеп қарастырылады.

Есепті шешу үшін алдымен параметрлерге қатысты сызықтық емес алгебралық теңдеулер жүйесі құрылады:

$$Q_2(\lambda, 0) = 0 \ (\lambda = (\lambda_0, \lambda_1, \lambda_2, \dots, \lambda_{11}) = 0)$$

Бұл жүйені шешу үшін $\frac{\partial Q_2(\lambda,0)}{\partial \lambda}: R^{23} \to R^{23}$ Якоби матрицасы қолданылады және итерациялық әдіс арқылы жуық шешім табылады. Итерациялар нәтижесінде $Q(\lambda, 0)$ шарты орындалған кезде параметрдің бастапқы

$$\lambda^{(0)} = \left(\lambda_0^{(0)}, \lambda_1^{(0)}, \lambda_2^{(0)}, \dots, \lambda_{11}^{(0)}\right) \in R^{23}$$

жуықтауы анықталады.

Келесі кезеңде табылған параметрлер бойынша Коши есебі шешіледі:

$$\frac{du_r}{dt} = f\left(\lambda_0^{(0)}, t, \lambda_r^{(0)} + u_r\right), \quad u_r \in (t_{r-1}) = 0,$$

мұнда шешім Рунге–Кутта әдісінің төртінші ретті схемасы арқылы табылады.

Нәтижесінде шешімнің жуық мәндері алынады:

$$x_r^{(0)}(t) = \lambda_r^{(0)} + u_r^{(0)}(t)$$

Алынған сандық шешім дәл шешіммен салыстырылады. Есептеулер нәтижесінде

$$\left\| x^*(t) - x^{(0)}(t) \right\| \to 0$$

екені байқалады, яғни жуық шешім дәл шешімге жақындайды. Алгоритмнің келесі қадамында параметрлер қайта есептеледі: $Q_2\left(\lambda, u^{(0)}\right) = 0$ және жаңа жуықтау $\lambda^1(t) - x^{(1)}(t)$ табылады. Итерациялық процесс жалғасқан сайын шешімнің дәлдігі артады.

Жүргізілген есептеулер нәтижелері алгоритмнің жинақталатынын және ұсынылған параметрлеу әдісінің жоғары дәлдікпен жұмыс істейтінін көрсетеді. Атап айтқанда, итерациялар саны артқан сайын алынған шешімнің дәл шешімнен ауытқуы азаяды, бұл әдістің тиімділігін дәлелдейді.

Қорытынды. Бұл жұмыста параметрі бар сызықтық емес импульс әсері бар жай дифференциалдық теңдеудің сызықтық шеттік шарттармен берілген есебінің шешімін табудың жаңа тәсілі ұсынылды. Зерттеу әдісі Д.С. Джумабаев әзірлеген параметрлеу әдісіне негізделіп, оның алгоритмдері белгілі бір дәрежеде жетілдірілді. Классикалық параметрлеу әдісінде енгізілетін қосымша параметрлер саны кесіндіні бөліктеу нүктелерінің санына тең болса, қарастырылған тәсілде кесіндінің оң жақ шеткі нүктесінде де қосымша параметр енгізілді.

Жүргізілген түрлендірулер нәтижесінде бөлшектеу нүктелерінің саны артқан сайын, есептің бастапқы шарттары бойынша құрылған алгебралық теңдеулер жүйесінің шешімі белгісіз функцияның сол нүктелердегі мәндерінің жуық шамаларын береді. Осы мәндер негізінде интерполяция жүргізу арқылы Коши есептерін шешпей-ақ бастапқы есептің жуық шешімін табуға мүмкіндік туады. Ұсынылған әдіс негізінде алынған сандық нәтижелер шешімнің жинақталатынын және дәлдігі артатынын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Hikosaka-Nobory, Untersuchung über die Unität der lösung der Differentialgleichung y′=ξf(x,y) in Bezug auf den Parameter ξ, Proc. Phys. Math. Soc. 2:3 (1929), 73–83.
2. Takahaschi S. Die Differentialgleichung y′=kf(x,y), Tôhoku Math. Journ., 34 (1934), 249–256.
3. Zawischa K., Üeber die Differentialgleichung y′=kf(x,y), deren Lösungkurve durch zwei gegebene Punkte hindurchgehen soll, Monatsh. für Math. und Phys., 37:5 (1930), 103–124.
4. Zwirner G., Sull'equazione y′=λf(x,y), Rend. Sem. Mat. Padovo, 15 (1946), 33–39.
5. Zhautykov O.A., Esmuhanov M.E., O kraevyh zadachah dlya beskonechnoj sistemy differencial'nyh uravnenij, soderzhashchih schetnoe mnozhestvo parametrov [On boundary value problems for an infinite system of differential equations containing a countable set of parameters]. Deposited No 717-69, Almaty, 1969. (in Russian).
6. Esmuhanov M.E., O sushchestvovanii i edinstvennosti reshenij tochechnoj kraevoj zadachi dlya schetnoj sistemy linejnyh uravnenij s linejnymi kraevymi usloviyami [On the existence and uniqueness of solutions to a point boundary value problem for a countable system of linear equations with linear

boundary conditions], Izvestiya AN KazSSR. Ser. fiz.-mat., 3 (1967), 77–90. (in Russian).

7. Dzhumabaev D.S., Kraevye zadachi s parametrom dlya obyknovennyh differencial'nyh uravnenij v banahovom prostranstve. Avtoref. kand. dis. [Boundary value problems with a parameter for ordinary differential equations in a Banach space. Abstract of the candidate's dissertation]. Alma-Ata, 1980. 18 pp. (in Russian).

8. Minglibaeva B.B., Koefficientnye priznaki odnoznachnoj razreshimosti linejnyh dvuhtochechnyh kraevyh zadach s parametrom [Coefficient signs of unambiguous solvability of linear two-point boundary value problems with a parameter], Matematicheskij zhurnal (Kazakh Math. Jour.), 3:2 (2003), 55–62. (in Russian).

9. Dzhumabaev D.S., Minglibaeva B.B., Korrektnaya razreshimost' linejnoj dvuhtochechnoj kraevoj zadachi s parametrom [Correct solvability of a linear two-point boundary value problem with a parameter], Matematicheskij zhurnal (Kazakh Math. Jour.), 4:1 (2004), 41–51. (in Russian).

10. Dzhumabayev D.S., Criteria for the unique solvability of a linear boundary-value problem for an ordinary differential equation, Computational Mathematics and Mathematical Physics, 29:1 (1989), 34–46. https://doi.org/10.1016/0041-5553(89)90038-4.

11. Тлеулесова А.Б. О корректной разрешимости двухточечной краевой задачи с импульсным воздействием // Математический журнал. Алматы, 2005. Т. 4, №3. С. 87–95.

12. Джумабаев Д.С., Тлеулесова А.Б. Разрешимость периодической краевой задачи для систем нелинейных дифференциальных уравнений с импульсным воздействием // Тез. докл. Межд. науч. конф. «Актуальные проблемы дифференциальных уравнений и математической физики». Алматы, 10–11 ноября 2005. С. 70.

13. Джумабаев Д.С., Тлеулесова А.Б. О разрешимости периодической краевой задачи для систем нелинейных дифференциальных уравнений с импульсным воздействием // Изв. МОН РК, НАН РК. Сер. физ.-матем. 2006. №1. С. 3–7.

14. Dzhumabaev D.S., Temesheva S.M., A parametrization method for solving nonlinear two-point boundary value problems, ISSN 0965-5425, Computational Mathematics and Mathematical Physics, 47:1 (2007), 37–61.

ӘОЖ: 51:004:37

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰБТ КӨРСЕТКІШТЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ МЕКТЕП ПЕН ЖЕКЕ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ РӨЛІ

Жумадильдин Ә.А., 1-курс магистранты; **Каршыгина Г.Ж.,** PhD, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
adil.zhumadildin1@gmail.com

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелеріне мектептік білім мен «көлеңкелі білім берудің» (репетиторлық орталықтар) әсері қарастырылады. Мектептің академиялық бағдарламасы мен жеке орталықтардың тестке бағытталған прагматикалық әдістері арасындағы алшақтықты талдау білім беру жүйесі үшін стратегиялық маңызға ие. Эмпирикалық зерттеу Астана қаласындағы №51 және №53 мектептердің 108 түлегі арасында жүргізілді. Зерттеу барысында әлеуметтік сауалнама, салыстырмалы контент-талдау және статистикалық деректерді өңдеу әдістері қолданылды. 2025–2026 оқу жылындағы оқыту қарқындылығы мен кері байланыс сапасы салыстырмалы түрде зерделенді.

Кілт сөздер. ҰБТ, мектептік білім беру, көлеңкелі білім беру, репетиторлық, салыстырмалы талдау, білім сапасы.

Кіріспе. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі трансформациялық процестер оқушылардың білімін бағалаудың объективті тетіктерін қалыптастыруға бағытталған. Осы тетіктердің ішіндегі ең маңыздысы әрі стратегиялық мәні бар құрал – Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ). Түлектер үшін ҰБТ тек мектепті бітіру емтиханы ғана емес, сонымен қатар жоғары білім алуға жол ашатын, мемлекеттік грант иегері атану мүмкіндігін айқындайтын негізгі әлеуметтік лифт болып табылады. Осыған байланысты, тестілеуден жоғары балл алу мәселесі оқушылар, ата-аналар және педагогтар қауымдастығы үшін басты басымдыққа айналды [1].

Алайда, соңғы жылдары білім беру кеңістігінде «көлеңкелі білім беру» (shadow education) деп аталатын жеке репетиторлық және дайындық орталықтарының рөлі күрт артты [2]. Мектеп қабырғасында 11 жыл бойы берілетін фундаменталды білім мен ҰБТ-ның спецификалық талаптары арасындағы алшақтық оқушыларды қосымша ақылы курстарға жүгінуге мәжбүрлейді. Бұл құбылыс ғылыми ортада мектептік білім берудің тиімділігі мен жеке орталықтардың прагматикалық бағыты арасындағы бәсекелестік ретінде қарастырылуда.

Мектептік білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МЖБС) сәйкес тұлғаның жан-жақты академиялық дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Соған қарамастан, ҰБТ форматының жыл сайын күрделенуі және тест тапсырмаларының логикалық бағытқа ойысуы мектептегі дәстүрлі оқыту әдістемесінің жеткіліксіздігі туралы пікірлерді

туғызуда. Ал жеке дайындық орталықтары, керісінше, оқушыны нақты тест форматына бейімдеуге, уақытты тиімді басқаруға және типтік тапсырмаларды шешудің қысқа жолдарын («лайфхактарды») меңгертуге маманданған[3].

Осы зерттеу жұмысының өзектілігі – ҰБТ нәтижелеріне әсер ететін факторларды кешенді түрде талдау қажеттілігінен туындайды. Мектеп білімі мен курстық дайындықтың оқушы жетістігіне қосатын үлесін салыстырмалы түрде қарастыру арқылы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің шешімін табуға болады.

Зерттеудің эмпирикалық бөлімі Астана қаласындағы М. Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназия және Б. Момышұлы атындғы №53 мектеп-лицей мектептер базасында жүзеге асырылды. Зерттеуге аталған мектептердің 11-сынып оқушылары арасынан іріктелген 108 респондент қатысты. Зерттеудің нысаны ретінде мектептегі базалық оқыту процесі мен жеке дайындық орталықтарындағы қосымша білім алу тәжірибесі таңдап алынды.

Материалдар мен әдістер: Әлеуметтік сауалнама: Респонденттер арасында ҰБТ-ға дайындық форматын, мотивация деңгейін және оқу ресурстарының қолжетімділігін анықтау мақсатында арнайы сауалнама жүргізілді. Сауалнама құрылымы жабық және ашық сұрақтардан тұрып, оқушылардың мектептегі және курстағы сабақ беру сапасына берген субъективті бағаларын қамтыды.

Контент-талдау және салыстырмалы талдау: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖБС) бойынша бекітілген мектеп оқулықтары мен жеке орталықтардың (мысалы, Zerdeli, т.б.) тестке бағытталған авторлық бағдарламаларының мазмұны салыстырылды. Талдау барысында теориялық білім мен практикалық тест тапсырмаларының сәйкестік деңгейі зерделенді.

Статистикалық-математикалық әдістер: Жиналған деректерді өңдеу үшін сандық талдау әдісі қолданылды. Атап айтқанда, тек мектепте дайындалатын оқушылар мен қосымша курстарға қатысатын оқушылардың байқау сынақтарындағы (пробный тест) орташа баллдары арасындағы айырмашылықтар есептелді.

Зерттеудің салыстырмалы критерийлері ретінде келесі көрсеткіштер алынды:

Оқытудың қарқындылығы: Апталық сағат жүктемесі және тақырыптарды игеру жылдамдығы.

Әдістемелік құралдар: Оқулықтардың, онлайн платформалардың және тренажерлердің тиімділігі.

Кері байланыс: Мұғалім мен оқушы арасындағы жеке консультациялардың жиілігі мен сапасы.

Деректерді жинау және өңдеу процесі 2025-2026 оқу жылының аралығын қамтып, нәтижелердің шынайылығы респонденттердің анонимді түрде берген жауаптарымен негізделді [4].

Нәтижелер. Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесінде М. Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназия және Б. Момышұлы атындғы №53 мектеп-

лицей мектептердің 108 түлегінің дайындық форматы мен ҰБТ көрсеткіштері арасындағы байланыс анықталды. Респонденттердің 78%-ы мектеп бағдарламасынан бөлек, жеке дайындық орталықтарының (репетиторлық) қызметіне жүгінетінін көрсетті.STEM білім беру парадигмасында математика тек есептер жиынтығы емес, нақты процестерді модельдеу құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу тақырыбы аясында жүргізілген әдебиеттік шолу көрсеткендей, оқушылардың функция ұғымын меңгерудегі басты қиындығы — графикалық кескін мен аналитикалық жазба (формула) арасындағы байланыстың үзілуі.

Оқушылар арасында жүргізілген «Қай дайындық форматы сізге сенімділік береді?» деген сұраққа алынған жауаптар келесідей бөлінді:

Тек мектептегі дайындық: 12%

Жеке орталықтар мен мектептің комбинациясы: 65%

Тек жеке орталықтар мен өз бетінше дайындық: 23%

Бұл көрсеткіштер оқушылардың басым бөлігі мектеп білімін негіз ретінде алғанымен, ҰБТ-ның спецификалық сұрақтарына жауап беру үшін қосымша курстарды қажет ететінін дәлелдейді.

Зерттеу барысында мектептік білім мен курстық дайындықтың сапалық көрсеткіштері келесі кестеде жүйеленді:

Критерийлер	Мектептік білім (№51, №53)	Курстық дайындық (Жеке орталықтар)
Оқушы саны	25-30 бала (топта)	8-12 бала (топта)
Әдістемелік бағыт	Теориялық, фундаменталды білім	Практикалық, тестке бағытталған («лайфхактар»)
Байқау сынақтары	Ай сайын (1 рет)	Апта сайын (1-2 рет)
Психологиялық қолдау	Жалпылама кеңестер	Жеке мотивациялық тренингтер

Алынған мәліметтерді талдай келе, мектеп білімінің ҰБТ нәтижесіне әсері пәндік базаны қалыптастыруда өте жоғары екені анықталды. Алайда, №51 және №53 мектеп оқушыларының айтуынша, мектептегі академиялық жүктеменің көптігі мен сыныптағы бала санының тығыздығы әр оқушымен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді.Керісінше, жеке орталықтардың нәтижеге тез жетуінің басты себебі — тар шеңбердегі мамандану. Орталықтар оқушыға пәннің бүкіл тереңдігін емес, тек тестте кездесетін логикалық алгоритмдерді үйретеді. Бұл оқушының байқау сынақтарындағы баллын қысқа мерзімде (3-4 ай) 20-30%-ға арттыруға септігін тигізеді.Сонымен қатар, зерттеу барысында байқалған маңызды фактор — «Кері байланыс». Респонденттердің 82%-ы жеке орталықтарда қатемен жұмыс істеу процесінің жедел әрі жүйелі екенін атап өтті. Мектеп жағдайында мұғалімдердің есеп

беру құжаттамаларымен жүктелуі оқушылардың жеке сұрақтарына толыққанды жауап беруге кедергі келтіретіні байқалады.

Қорытынды. Астана қаласындағы М. Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназия және Б. Момышұлы атындғы №53 мектеп-лицей 11-сынып оқушылары арасында жүргізілген салыстырмалы зерттеу жұмысы Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелеріне әсер ететін факторлардың кешенді сипатқа ие екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелерін саралай келе, келесідей тұжырымдар жасауға болады:

Сауалнама нәтижесінде түлектердің 78%-ы репетитор көмегіне жүгінетіні, ал 65%-ы мектеп пен курсты ұштастыруды тиімді деп санайтыны анықталды. Әсіресе, STEM бағытындағы пәндер бойынша графикалық-аналитикалық дағдылардың жетіспеушілігі басты мәселе ретінде айқындалды. Зерттеу қорытындысы бойынша мектепте вариативті тесттік әдістемелерді енгізу және қос тараптың әдістемелік тәжірибе алмасуын ұйымдастыру ұсынылады. Тек академиялық тереңдік пен практикалық икемділікті ұштастыру ғана ҰБТ-да жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Фундаменталды білімнің рөлі: Мектептік білім беру — оқушының базалық білімін қалыптастырудағы басты институт болып қала береді. Жеке дайындық орталықтарындағы жоғары көрсеткіштер көбіне мектепте алынған іргелі білімге негізделген. Алайда, мектеп бағдарламасының академиялық кеңдігі ҰБТ-ның тар шеңбердегі техникалық талаптарымен әрқашан сәйкес келе бермейді [5].

Курстық дайындықтың артықшылығы: Жеке орталықтардың тиімділігі олардың прагматикалық бағытында, яғни тест тапсырмаларын орындау жылдамдығын арттыру мен логикалық алгоритмдерді меңгертуінде жатыр. Шағын топтардағы жұмыс және тұрақты кері байланыс оқушылардың психологиялық сенімділігін нығайтады.

Теңсіздік мәселесі: Сауалнама көрсеткендей, қосымша курстарға қатысу мүмкіндігі оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей байланысты. Бұл білім берудегі теңсіздіктің туындауына және мектеп біліміне ғана сенетін оқушылардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін [6].

Ұсыныстар:

Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарына ҰБТ-ның заманауи тест құрастыру әдістері мен «лайфхактарын» енгізу қажет.

Мектептерде 11-сынып оқушылары үшін вариативті компоненттер есебінен тестке бағытталған мамандандырылған таңдау курстарын көбейту ұсынылады.

Мектеп пен жеке дайындық орталықтары арасында бәсекелестіктен гөрі, әдістемелік тәжірибе алмасу форматындағы серіктестікті дамыту маңызды.

Түйіндей айтқанда, ҰБТ нәтижесін жақсарту үшін мектептің академиялық тереңдігі мен курстық дайындықтың практикалық икемділігін ұштастыру қажет. Бұл тек жоғары балл алуға ғана емес, сонымен бірге

болашақ студенттердің сапалы білім қорымен жоғары оқу орнына түсуіне кепілдік береді [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (соңғы өзгерістер мен толықтырулармен). // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (жүгіну күні: 03.04.2026).
2. Брей М. Көлеңкелі білім беру жүйесі: репетиторлық және оның білім саясатына әсері. – ЮНЕСКО: Халықаралық білім беруді жоспарлау институты, 2020. – 120 б. *(Бұл дереккөз "Shadow Education" терминін ғылыми негіздеу үшін өте маңызды).*
3. Ұлттық тестілеу орталығы. Ұлттық бірыңғай тестілеу: статистикалық-аналитикалық жинақ. – Астана, 2024. – 85 б.
4. Ахметов А. К., Құдайбергенов М. С. Оқушылардың академиялық жетістіктерін бағалау әдістемесі және ҰБТ форматы. // Қазақстан мектебі. – 2023. – №4. – 12-18 бб.
5. Смағұлова Г. С. Жеке білім беру орталықтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторлары. // Педагогика және психология. – 2022. – №2 (51). – 45-52 бб.
6. Stevenson, E., & Baker, D. Shadow Education and Transformation of Schooling in East Asia. // Comparative Education Review. – 2021. – Vol. 65, No. 3. – P. 412-430. *(Шетелдік тәжірибені салыстыру үшін).*
7. Иманбеков М. Б. Мектептік білім беру мазмұны мен тест тапсырмаларының сәйкестігі мәселелері. // Білім берудегі менеджмент. – 2023. – №1. – 30-36 бб.

ҒТАМР 27.01.45

DIGITAL - ДИКТАНТТАР: МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БІЛІМДІ ДИАГНОСТИКАЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ МОДЕЛІ

Жұмахан А.О., «7М01511 - Математика» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, **Анияров А.А.,** ф.м.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aknietzhumahan1@gmail.com

Аннотация. Бұл мақала қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдайында математика сабақтарында білімді бағалаудың инновациялық моделі ретінде «Digital-диктант» әдістемесін зерттеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі мемлекеттік «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында білім беру мазмұнын жаңарту және оқушылардың техникалық ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігімен негізделеді. Мақалада дәстүрлі математикалық диктанттарды GeoGebra платформасы мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану арқылы цифрлық форматқа көшірудің тиімді жолдары қарастырылады. Автор 8-9 сынып оқушыларына арналған «Пирамида» тақырыбы мысалында теориялық білімді практикалық цифрлық модельдеумен ұштастыратын нақты алгоритмді ұсынады. Тәжірибелік маңызы ретінде Digital-диктанттың мұғалім жұмысын автоматтандырудағы, бағалаудың объективтілігін арттырудағы және жоғары сынып оқушыларының пәнге деген мотивациясын нығайтудағы рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижелері бұл модельді «ақылды мектеп» (Smart School) концепциясы аясында оқу үдерісіне енгізудің тиімділігін дәлелдейді.

Кілт сөздер: digital-диктант, цифрлық трансформация, geogebra, математикалық білім беру, жасанды интеллект, бағалау әдістемесі, ақылды мектеп.

Кіріспе. Елестетіп көріңізші: оқушы партада отырып, пирамиданың көлемін табу үшін құрғақ формуланы еске түсіруге тырыспайды, керісінше, планшет экранындағы 3D модельдің биіктігін өзгертіп, оның көлемі қалай "өсетінін" өз көзімен көріп отыр. Бұл дегеніміз оқушыдан пирамирда көлемін жаз деп емес, оның биіктігін екі есе арттырғандағы көлемінің өзгеруін тәжірбие арқылы дәлелдеу керек екені талап ету. Яғни, оқушыдан бір мезетте оның білетіні мен цифрлық сауаттылығына көз жеткіземіз. Бүгінгі математика - бұл тек қағаз бен қалам емес, бұл - динамикалық зерттеудің өзі. Ғалым К.Өмірбаева: «Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, оқушы өз қабілетіне қарай білімін дамытуға болады. Жаңа технологияда мұғалім барлық оқушыларды назарынан тыс шығармауға, олардың білімдеріндегі олқылықтарын дәл мерзімде анықтауға мүмкіндік берсе, оқушылар сабақ үстінде мұғаліммен тең дәрежеде

еркін сөйлесуге, бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Жаңа технологияның ерекшелігіне кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегіне өткізіп барып қабылданатындығы, топтық не ұжымдық талқылаулар түрлерінде игерілетіні сабақтарда білім беріп, икем-дағды қалыптастыруы, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етуі, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауы жатады», – деп көрсетеді [1].

Заман талабына сай білім берудегі талаптар мен білім беруді байланыстыру идеясы бізден ескірген «жаттау» әдісінен бас тартып, деректерді талдай алатын, креативті ойлайтын ұрпақ тәрбиелеуді талап етеді. Дәстүрлі оқытудағы ең үлкен қателік - оқушыны тек формула жаттаумен шектеу. Әсіресе, геометрияның кеңістіктегі денелердің көлемін табу сияқты күрделі тақырыптарында оқушының визуалды-кеңістіктік ойлауын дамытпай, жоғары нәтижеге жету мүмкін емес. Бұл мақалада біз бағалауды жай ғана бақылау емес, білімді меңгертудің негізгі құралы ретінде қарастыратын Digital-диктанттар мен цифрлық салыстыру моделін ұсынамын.

Digital-диктант - бұл оқу үдерісін жоспарлаудан бастап, білімді жедел тексеруге, статистикалық талдау жасауға және қорытындыны автоматты түрде шығаруға бағытталған кешенді цифрлық бағалау моделі. Бұл құрал арқылы мұғалім оқушының білім деңгейін тиімді диагностикалай алады.

Материалдар мен әдістер. Мәселен, өткен тақырып бойынша білімді тексеру қажет болса, мұғалім цифрлық платформаға арнайы промт (тапсырма шарты) енгізеді, соның негізінде диктант нұсқалары дайындалады. Бұған нақты мысал ретінде GeoGebra платформасын алуға болады. Мұнда оқушыға нақты алгоритмдер мен тапсырмалар диктант түрінде беріледі.

Мысалы: Оқушыларға пирамиданы GeoGebra ортасында салу жолдары түсіндіріліп, оның формулалары мен биіктігі туралы теориялық білім берілді делік. Мұғалім оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін келесідей диктант сұрағын қояды: «Пирамида төбесінен табан жазықтығына түсірілген перпендикулярдың ұзындығы - 5 см».

Бұл мәлімет арқылы оқушы мұғалімнің пирамида биіктігі туралы айтып тұрғанын бірден түсінуі тиіс. Оқушының келесі әрекеті - платформада пирамида биіктігін көрсету немесе белгілеу. Осы үдеріс арқылы біз оқушының цифрлық сауаттылығымен қатар, математика (алгебра, геометрия) пәндері бойынша теориялық білім деңгейін де бағалаймыз. Бұл әдіс алғашқыда күрделі көрінгенімен, қазіргі оқушылардың цифрлық технологияларға бейімділігін ескерсек, мұндай диктант түрі оқудағы кедергілерді жеңілдетуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, Digital-диктантты әзірлеу барысында оқушылардың жас ерекшелігі мен гаджеттермен жұмыс істеу дағдыларын міндетті түрде ескеру қажет.

Қазіргі уақытта оқыту технологиялары, соның ішінде интерактивті білім беру ЖИ (жасанды интеллект) дамыған сайын жаңа деңгейге көтерілуде. Осы тұста ескеретін маңызды жайт - оқушыларды ойын арқылы қызықтыру форматының өзгеруі. Әсіресе жоғары сынып оқушылары үшін қарапайым

ойын элементтері қызықсыз болып көрінуі мүмкін. Орта буында математикаға құштар болған оқушының жоғары сыныпқа келгенде ынтасының төмендеуі - бағдарламаның абстрактілі сипат алуынан болады.

Осы тұста Семеновтың мынадай бір пікіріне назар салатын болсақ «Математика қазіргі өркениеттің барған сайын маңызды құрамдас бөлігіне айналуда: барлық цифрлық технологиялар математикалық әдістер мен нәтижелерге негізделген. Көптеген елдерде оқушылардың математикаға деген көзқарасы нашарлап барады: балалар оған қызығушылығын жоғалтып, оның мәнін көрмейді. Әртүрлі санаттағы түлектердің математикалық білімі деңгейі төмендеуде» [3].

Сондықтан Digital-диктант жоғары сынып оқушылары үшін «ойын» емес, «цифрлық зерттеу» құралына айналуы тиіс. Бұл формат оқушылар үшін оқудағы қиындықтарды жеңілдетуші әрі қызықтырушы фактор болып табылады. Дегенмен, диктанттың бұл түрін енгізуде оқушының жас ерекшелігі мен түрлі гаджеттермен жұмыс істеу дағдыларын (қарым-қабілетін) міндетті түрде назарға алу қажет. Осылайша, Digital-диктант математика, алгебра және геометрия пәндеріндегі теориялық білімді практикалық цифрлық дағдылармен ұштастыратын заманауи көпір қызметін атқарады.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің цифрландырылуына байланысты мектептер мен педагогикалық жоғары оқу орындарының қызметі айтарлықтай өзгеріп, оларда заманауи цифрлық білім беру ресурстары мен оқыту құралдарын кеңінен қолдану бағыты күшейе түсті. Бұл бағытта шетелдік және отандық ғалымдардың бірқатар ғылыми зерттеулері бар және олар мақалаларда жарияланған. Шетелдік ғалымдардан Х. Стайн, И. Гуревич, Д. Горев жүргізген зерттеулерінде цифрлық технологияларды ендіру барысында болашақ математиктың меңгеруі тиіс цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырғанда, олардың психологиялық, дидактикалық және техникалық кедергілерді жеңуге, сондай–ақ өздеріне деген сенімділіктерінің жоғарылағандығы туралы айтылған [4].

Олар зерттеулерінде математикалық білімнің мазмұны мен мақсаттары XXI ғасырдың талаптарына сай қайта қаралуы тиіс екенін атап өтеді. Білім мазмұны тек білімді меңгеруге емес, шығармашылық ойлауды, математикалық зерттеу мен дәлелдеуді дамытуға бағытталуы қажет деп есептейді. Олардың мақаласында «математикалық білімді цифрлық трансформациялау» ұғымының ғылыми негізі енгізілген. Цифрлық ортадағы математикалық оқытуда «оқушының жеке зерттеу әрекеті» және «компьютерлік математикалық эксперимент» ұғымдарын бөліп көрсету ұсынылады

Нәтижелер. Жоғарыда айта өткенімде диктанттың бұл түрінде мысал келтіретін болсам. Ең алдымен мұғалімнің жасауы керек әрекеттерге пункттарға бөліп көрсетемін:

1-мысал. Промт мәтіні (мұғалім үшін): «Мен 8-9 сынып оқушыларына геометрия пәнінен «Пирамиданың көлемі мен қасиеттері» тақырыбы бойынша

Digital-диктант өткізгім келеді. Маған оқушының GeoGebra платформасында орындайтын қадамдық тапсырмалар жиынтығын дайындап бер.

Тапсырманың құрылымы мынадай болуы тиіс:

1. Диктант сұрағы: Мұғалім математикалық терминді сипаттап айтады (мысалы, пирамида биіктігі немесе табанының ауданы).
2. GeoGebra-дағы әрекет: Оқушы естіген ақпаратын GeoGebra-да іс жүзінде қалай орындауы керек (қадам-қадаммен нұсқаулық).
3. Бағалау критерийі: Оқушының әрекеті дұрыс не бұрыс екенін қалай анықтаймыз?

Есептің шарты: Табаны квадрат болатын дұрыс пирамиданың биіктігін өзгерту арқылы оның көлемінің тәуелділігін зерттеу. Нұсқаулықтар жоғары сынып оқушыларының техникалық дағдыларына лайықталған, ғылыми стильде болсын.»

ChatGPT бұл промт бойынша 1-сурет көрсетілгендей жауап берді.

Тақырып: Пирамиданың көлемі мен қасиеттері

Тапсырма 1. Пирамиданың табанын құру

Диктант сұрағы:
Пирамиданың табаны – көпбұрыш. Дұрыс пирамидада табан дұрыс көпбұрыш болады. Квадрат табанды дұрыс пирамиданың табанын салыңыз.

GeoGebra-дағы әрекет:

1. GeoGebra Classic бағдарламасын ашыңыз.
2. **Polygon (Көпбұрыш)** құралын таңдаңыз.
3. Координаталар жазықтығында квадрат салу үшін келесі нүктелерді белгілеңіз:
   - A(0,0)
   - B(4,0)
   - C(4,4)
   - D(0,4)
4. Соңында қайтадан A нүктесін басып квадратты жабыңыз.

Бағалау критерийі:

- Табан квадрат болуы тиіс.
- Барлық қабырғалары тең болуы керек.
- Көпбұрыш дұрыс салынған болса – 1 балл.
- Қате салынса – 0 балл.

1 – сурет. Промт бойынша ЖИ-тің жауабы

Оқушы осы тапсырманы Geogebra-да шешуі үшін мынадай промт беріледі. Осында көрсетілген қадамдар бойынша оқушы мұғалімнің берген тапсырмасын орындауына болады. Бұл 2-суретте көрсетілген.

1-Тапсырма: Квадрат табанды салу – GeoGebra қадам-қадам нұсқа

Мақсат: Дұрыс пирамиданың табаны ретінде квадрат құру.

Қадамдық нұсқаулық

1. **GeoGebra-ны ашып, 3D Graphics режиміне кіріңіз.**
   - Сол жақ жоғарғы бұрыштан **3D Graphics** таңдау керек.
2. **Polygon (Көпбұрыш) құралын таңдаңыз.**
   - Сол жақ құралдар панелінен **Polygon** (көпбұрыш) белгішесін басыңыз.
3. **Квадраттың бірінші нүктесін қойыңыз (A):**
   - Координаталық жазықтықта кез келген бос жерді басып, **A(0,0,0)** нүктесін қойыңыз.
4. **Квадраттың екінші нүктесін қойыңыз (B):**
   - Оңға қарай қозғалыңыз және **B(4,0,0)** нүктесін басыңыз.
5. **Квадраттың үшінші нүктесін қойыңыз (C):**
   - Жоғары қарай қозғалыңыз және **C(4,4,0)** нүктесін басыңыз.
6. **Квадраттың төртінші нүктесін қойыңыз (D):**
   - Солға қарай қозғалыңыз және **D(0,4,0)** нүктесін басыңыз.
7. **Квадратты жабу үшін бірінші нүктені қайта басыңыз (A).**
   - Осылайша GeoGebra автоматты түрде **квадратты жасайды.**
8. **Тексеру:**
   - Барлық қабырғалары тең бе? (AB = BC = CD = DA = 4 бірлік)
   - Квадрат жазықтықта дұрыс орналасқан б
   - Егер бәрі дұрыс болса, квадрат табан дайын.

Активация Windo

2 – сурет. Тапсырманы орындау үшін оқушыға арналған промт

Келесі суреттерде оқушының тапсырманы орындау барысындағы әрекеттері көрсетіледі.



3-сурет. Промт бойынша алғашқы қадам

Оқушы ең алдымен мұғалімнің берген өлшемдер бойынша тапсырманы өз бетімен орындады. (4, 5– сурет)



4-сурет. Пирамида сұлбасын 3D дайындау



5-сурет. Пирамида биіктігін енгізу



6-сурет. Тапсырма бойынша қажетті жауап сұлбасы



7-сурет. Биіктігін өзгерткендегі пирамида көлемінің өзгеруі

Жоғарыда көрсетілген 6-сурет бойынша тапсырманың нақты шығарылуы көрсетілген. 7-сурет бойынша оқушы өз қалағанынша пирамида биіктігін өзгерте алады және соның нәтижесінде пирамидадың көлемі биіктігіне тура пропорционал екенін түсінеді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Digital-диктант - білім берудегі дәстүрлі бағалау әдістерін заманауи «ақылды мектеп» талаптарына сәйкес байланыстыратын, оқушының интеллектуалдық әлеуетін ашатын және мұғалім жұмысын автоматтандыратын ең тиімді педагогикалық шешімдердің бірі ретінде айтуға болады. Қазіргі тағда оқушылардың заман легіне сай дамуын тежеей керісінше ол толқынмен бірге болу үшін ұсынылатын әдістер көп соның бірі ретінде мен осы диктант түрін ұсынамын. Математикалық диктант дәстүрлі білім берудегі қолданып келе жатқан әдістердің бірі тек оған ЖИ жасай алатын қабілеттерін пайдалана отырып жетілдіру керек. әстүрлі білім берудегі қалыптасқан әдістерді ЖИ қабілеттерімен байыту арқылы біз оқытудың сапасын жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерге деген шынайы қызығушылығын қалыптастыра аламыз. Бұл әдістеме мектеп қабырғасында «цифрлық білім

беру» концепциясын іс жүзінде жүзеге асырудың нақты қадамы ретінде ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өмірбаева К. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушыларды дамыта оқыту жолдары / К.Өмірбаева //Қазақстан мектебі. —2001. —№3. —Б. 32–34.
2. Семенов А. Л. Перспективы математического образования в цифровом мире // Актуальные проблемы обучения математике и физике в школе и вузе в условиях обновленного содержания образования: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазНПУ им. Абая, изд-во «Улагат», 2022. – С. 11–17.
3. Stein H., Gurevich I., Gorev D. Integration of technology by novice mathematics teachers – what facilitates such integration and what makes it difficult? // Education and Information Technologies. – 2020. – Vol. 25. – No. 1. – P. 141 – 161.
4. Semenov A. L., Abylkassymova A. E., Rudchenko T. A. AI Methods in Control of Personalized General Education // Doklady Mathematics. – 2024. – Vol. 109. – No. 3. – P. 191 – 196.

МРНТИ 372.853

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К СОЗДАНИЮ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНИКОВ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Зейнулла Б.Д., магистрант 1-го курса образовательной программы «7М01505-Физика» Педагогического института; **Нуркенов С.А.,** к.ф.-м.н., доктор PhD, Ассоциированный профессор, Международный университет Астана г. Астана, Казахстан
b.zeinulla@gmail.com

Аннотация: В статье рассматриваются инновационные подходы к созданию электронных учебников в условиях цифровизации образования и развития функциональной грамотности учащихся. На основе анализа нормативно-правовой базы Республики Казахстан, а также результатов международных исследований ICILS-2023 и PISA-2022 выявлены ключевые проблемы, связанные с ограниченной интерактивностью существующих электронных ресурсов и недостаточным уровнем цифровых навыков учащихся. Особое внимание уделяется разрыву между педагогическим замыслом авторов и технической реализацией интерактивных элементов.

В работе обоснована целесообразность использования технологий искусственного интеллекта, в частности prompt-based подхода, для разработки интерактивного образовательного контента. Представлен практический пример создания мини-симуляции по теме «Теплопередача», демонстрирующий возможности генерации интерактивных модулей с использованием современных веб-технологий. Показано, что интеграция подобных решений способствует переходу от пассивного усвоения информации к активной исследовательской деятельности учащихся и соответствует требованиям формирования функциональной грамотности.

Полученные результаты подтверждают перспективность внедрения ИИ-инструментов в процесс разработки электронных учебников и необходимость дальнейшего методического осмысления данного направления.

Ключевые слова: электронный учебник, цифровизация образования, функциональная грамотность, интерактивное обучение, образовательные симуляции, искусственный интеллект в образовании, prompt-based подход, цифровая грамотность, ICILS, PISA

Введение. В условиях стремительной цифровизации современного общества система образования претерпевает значительные изменения. Одним из ключевых направлений трансформации является переход к использованию цифровых образовательных ресурсов, в частности электронных учебников. К 2023 году в Казахстане подавляющее большинство школьных учебников уже получили цифровые версии на специализированных платформах. Однако, как

отмечают исследователи, в современных условиях требуются принципиально новые подходы к формированию цифровой грамотности [1].

Ускоренный характер разработки электронных учебников в постпандемийный период привел к тому, что многие ресурсы создавались как статичные копии печатных изданий. Международный опыт показывает, что такой подход игнорирует элементы юзабилити (usability) — удобства использования, что критически важно для глубокого усвоения материала [2].

Дополнительным вызовом является уровень цифровой грамотности учащихся. Результаты ICILS-2023 показывают, что казахстанские школьники набрали в среднем 407 баллов (при среднем показателе 476), свидетельствуют о наличии затруднений при работе с цифровой информацией [4]. В этих условиях создание интерактивных образовательных ресурсов, ориентированных на активное вовлечение учащихся, становится приоритетной задачей.

Материалы и методы. Развитие цифрового контента регулируется Приказом МОН РК №216, который приравнял электронные издания к традиционным [5]. Технические требования к архитектуре и кроссплатформенности детализированы в стандарте СТ РК ISO/IEC TR 18120-2023 [6] и Приказе Министра просвещения №265 от 2024 года [7].

Выявленные в международных исследованиях проблемы цифровой грамотности находят отражение и в практике разработки электронных учебников. Несмотря на наличие нормативной базы и технологических платформ, процесс создания цифрового контента сталкивается с рядом системных ограничений.

Несмотря на четкие законодательные требования, на практике их реализация сталкивается с трудностями. Разработка ведется с использованием различных отечественных платформ-агрегаторов. Например, успешный опыт внедрения платформы TopIQ демонстрирует высокую эффективность использования электронных учебников в реальном учебном процессе (в частности, при изучении биологии) [8]. Тем не менее, несмотря на развитие функционала самих платформ, авторы-предметники по-прежнему сталкиваются с существенным разрывом между своим педагогическим замыслом и техническим воплощением сложных интерактивных элементов.

Существенной проблемой остается недостаточная техническая подготовка самих авторов контента. Создание интерактивных экспериментальных задач и симуляций традиционно требовало навыков программирования и UI/UX дизайна. Издательства вынуждены привлекать сторонних IT-специалистов. Это удлиняет производственный цикл и приводит к таким ограничениям, как: фрагментарная интерактивность, где вместо полноценного физического исследования ученику предлагаются простые тесты.

Дополнительные данные предоставляет исследование PISA-2022. Средний балл казахстанских школьников по естественнонаучной грамотности составил 423 (при среднем значении ОЭСР — 485), что указывает на наличие

системных трудностей. Анкетирование ICT Familiarity Questionnaire показало, что при высоком уровне доступа к цифровым устройствам учащиеся чаще используют их для досуга, а не для решения учебных задач.

Ещё одной проблемой является высокий уровень цифрового отвлечения (digital distraction): около 30–35% учащихся отмечают, что часто отвлекаются на гаджеты во время занятий. Это напрямую коррелирует со снижением учебных результатов и свидетельствует о недостаточной вовлечённости при работе с традиционными электронными ресурсами [10].

Таким образом, выявленные ограничения носят не только методический, но и технологический характер, что требует внедрения новых инструментов разработки цифрового образовательного контента.

Одним из решений выявленных проблем является использование генеративного ИИ. Применение prompt-based подхода (метода промптирования) позволяет авторам учебников самостоятельно генерировать программный код для интерактивных элементов. Это полностью отвечает современным методическим рекомендациям по созданию интерактивного цифрового контента [9], открывая путь к созданию учебников нового поколения. В таких ресурсах симуляции создаются за считанные часы, задания адаптируются под реальные жизненные ситуации, а также глубоко интегрируются инструменты анализа данных.

Результаты. В рамках исследования была разработана интерактивная мини-симуляция по теме «Теплопередача», реализованная с помощью современных веб-технологий (HTML5 и JavaScript). Особенностью разработки стало использование prompt-based подхода: генерация программного кода осуществлялась с помощью большой языковой модели на платформе chat.qwen.ai.

Для создания образовательного модуля был сформулирован специализированный промпт, включающий следующие компоненты:

1.функциональные параметры: возможность изменять материал (дерево, бетон, кирпич), толщину стены и температурный напор;

2.визуализация: динамическая схема дома и потоков тепла, а также график зависимости температуры от времени в реальном времени;

3.методический блок: система уровневых заданий (анализ материалов, выявление зависимостей) и пояснительный текст;

4.техническое ограничение: реализация в одном файле без использования внешних библиотек для обеспечения кроссплатформенности.

Программная реализация позволяет учащемуся превратить пассивное наблюдение в активное исследование (Рисунок 1). В отличие от статичного изображения, данный инструмент позволяет манипулировать переменными и мгновенно видеть результат. Технической особенностью является построение графика, который наглядно демонстрирует экспоненциальный характер процесса охлаждения, соответствующий закону охлаждения Ньютона.

Проектирование данного модуля полностью соответствует методическим рекомендациям НАО им. Ы. Алтынсарина [9]. В структуру симуляции

интегрирована система заданий: от базового уровня до анализа нелинейных графиков и выдвижения научных гипотез. Такой подход позволяет использовать инструмент не только для изучения нового материала, но и для формирующего оценивания, где учитель может отслеживать глубину понимания темы по результатам выполнения встроенных PISA-подобных заданий.



Рисунок 1. Интерактивная симуляция «Теплопередача и теплоизоляция»

Выводы. В условиях цифровизации образования электронные учебники становятся важным инструментом формирования функциональной грамотности учащихся. Проведённый анализ показал, что существующая практика их разработки в Казахстане часто ограничивается цифровыми копиями печатных изданий, что снижает их образовательный потенциал.

Использование технологий искусственного интеллекта, в частности prompt-based подхода, позволяет преодолеть данные ограничения и существенно упростить создание интерактивного контента. Представленный пример симуляции демонстрирует возможность быстрого внедрения инструментов, ориентированных на исследовательскую деятельность учащихся и требует дальнейшей методической и эмпирической проработки.

Таким образом, интеграция ИИ в процесс разработки электронных учебников открывает новые перспективы повышения качества цифрового образовательного контента и требует дальнейшего методического осмысления.

Список использованных источников:

1. Кенжебаева З. С., Садырова М. С., Мухтар Е. С., Момынкулова Ш. О. Использование цифровых технологий в системе дистанционного образования: зарубежный опыт и Казахстан // Вестник КазНУ. Серия Педагогические науки. 2021. № 2 (67). — С. 40-51.

2. Wan Sulaiman, W.N.A. and Mustafa, S.E., 2020. Usability elements in digital textbook development: A systematic review. Publishing Research Quarterly, 36(1), pp.74-101.

3. Мониторинг образовательных достижений обучающихся (МОДО) // Официальный сайт Управления образования Северо-Казахстанской области. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-uob/press/news/details/948449?lang=ru (дата обращения 09.04.2026).

4. Результаты Казахстана в ICILS-2023 // Национальный центр исследований и оценки образования «Талдау». URL: https://taldau.edu.kz/ru/novost/rezultaty-kazahstana-v-icils-2023 (дата обращения 09.04.2026).

5. Приказ Министра образования и науки РК от 24 сентября 2024 года № 272 «Правила по подготовке, экспертизе, апробации и проведению мониторинга, изданию учебников для организаций среднего образования и учебно-методических комплексов для дошкольных организаций, организаций среднего образования [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400035108#z6 – Дата доступа: 09.04.2026

6. СТ РК ISO/IEC TR 18120-2023. В Казахстане внедрили новый стандарт электронных учебников // Официальный портал El.kz.

7. Приказ Министра просвещения РК от 18 сентября 2024 года № 265 «Об утверждении требований к электронным учебникам».

8. Балапанова К.С. Биология пәні бойынша оқу үдерісінде TopIQ платформасындағы электронды оқулықтардың тиімділігі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. 2025. №3. 71-81 б.

9. Методические рекомендации по созданию цифрового контента по общеобразовательным предметам в 5-9 классах. — Астана: Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина, 2025. — 64 с.

10. Национальный отчет «Результаты Казахстана в PISA-2022» // Министерство просвещения РК. — Астана, 2024.

ҒТАМА 27.01.45

СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Ибадулла Ш.А., «7М01511-Математика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты; **Жумалиева Л.Д.,** PhD, аға оқытушы
Астана халықаралық университеті Астана, Қазақстан
shugyla.ibadulla03@mail.ru

Аннотация. Теориялық талдау нәтижесінде авторлар ұсынған есептердің алты типінің когнитивтік сипаттамалары айқындап көрсетіліп, олардың әрқайсысының нақты ойлау операцияларына – визуалдық сараптама, логикалық дедукция, рефлексия және синтезге тигізетін әсері жүйеленді. Мектептегі геометриялық білім беруді дәстүрлі алгоритмдік сипаттан арылтып, оқушының ақпаратты селективті талдау, логикалық верификациялау және дәлелді шешім қабылдау қабілеттерін дамыту қажеттілігімен айқындалады. Мектептегі геометриялық білім беруді дәстүрлі алгоритмдік сипаттан арылтып, оқушының ақпаратты селективті талдау, логикалық верификациялау және дәлелді шешім қабылдау қабілеттерін дамыту қажеттілігімен айқындалады. Атап айтқанда, конфигурацияларды тану мен қателерді іздеу тапсырмалары оқушының перцептивтік дәлдігін арттырып, «интеллектуалдық сүзгі» қалыптастыруға мүмкіндік беретіні ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Зерттеудің практикалық құндылығы ретінде есеп түрлерін қазіргі білім беру бағдарламасының сабақ кезеңдерімен (кіріспе, бекіту, қорытындылау) байланыстыратын «скаффолдинг» стратегиясына негізделген әдістемелік үлгі ұсынылды. Тұжырымдалған нәтижелер геометрия сабағын оқушының зерттеушілік дағдысын арттыратын интеллектуалдық платформа ретінде трансформациялауға теориялық алғышарттар жасайды.

Кілт сөздер: сыни ойлау, геометриялық есептер, тану есептері, дәлелдеу есептері, қарсы мысал, геометрия сабағы.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде математикалық сауаттылықтың мазмұны белгілі бір есептеу алгоритмдерін орындай алу шеңберінен шығып, ақпаратты сыни бағалай, гипотеза ұсына, логикалық тұжырым жасай алатын тұлға қалыптастыруды алдыңғы орынға шығарды. Осы тұрғыдан алғанда геометрия пәні – абстрактілік пен визуалдықтың бірлігі арқылы оқушының ойлау мәдениетін, дәлелдеу интуициясын және сыни рефлексиясын бір мезгілде дамытуға ерекше қолайлы пән. Алайда дидактикалық іс-тәжірибеде геометриялық есептер жиі бір өлшемді «формуланы табу – есептеу – жауап» циклімен шектеледі де, олардың когнитивтік потенциалы толық іске асырылмай қалады.

Осы педагогикалық тұрғыдан жүйелі шешуге бағытталған еңбектердің ішінде В.А. Смирнов пен И.М. Смирнованың оқу-әдістемелік құралы ерекше

орын алады. Бұл еңбек сыни ойлауды дамытуға арналған геометриялық есептерді алты топқа жіктейді: геометриялық ұғымдарды тану, геометриялық объектілерді салыстыру және бағалау, негізгі геометриялық тұжырымдар мен қасиеттер, геометриялық тұжырымдарды дәлелдеу есептері, қарсы мысал арқылы қате тұжырымдарды жоққа шығару есептері және бірнеше жауабы бар есептер. Бұл жіктеме тек таксономиялық сипат алып қоймай, сонымен қатар оқушыда интеллектуалдық сенімсіздік, рефлексия және логикалық бақылау дағдыларын нысаналы қалыптастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық платформа ретінде қарастырылуы тиіс [1].

Сыни ойлаудың педагогикалық феномен ретіндегі теориялық мазмұны Д. Халперннің зерттеулерінде терең ашылған: зерттеуші сыни ойлауды «мақсатқа бағытталған, өзін-өзі реттейтін пайымдау» деп анықтай отырып, оны дамытуда мәселеге бағытталған тапсырмалардың орталық рөлін атап өтеді [2]. Р. Пол мен Л. Элдер сыни ойлаушыға тән сегіз интеллектуалдық стандартты – анықтық, дұрыстық, дәлдік, сәйкестік, әділдік, ауқымдылық, қисындылық және маңыздылық белгілеген [3].

Мақаланың мақсаты – сыни ойлауды қалыптастыру бойынша есептерді классификациялау және осы есептерді сабақтарда қолдану.

Материалдар мен әдістер. В.А. Смирнов пен И.М. Смирнованың еңбегінде сыни ойлау «адамның кез келген ақпаратты, тіпті өз сенімдерін де күмән астына алуына, бақыланымды, негізделген және мақсатты танымдық әдістерді қолдануына мүмкіндік беретін ойлау тәсілі» ретінде көрсетілген. Авторлар бұл анықтаманы Д. Халперн еңбегіне сілтеме жасай отырып берген [5]. Жіктеменің педагогикалық ерекшелігі – оның есептерді тек мазмұндық тақырып бойынша емес, оқушыдан талап ететін интеллектуалдық операция бойынша топтастыру. Бұл тәсіл Блум таксономиясының логикасымен принципиалды үндеседіөйткені әр топ оқушының когнитивтік белсенділігінің белгілі бір сапалық деңгейін белгілейді: геометриялық ұғымдарды тану есептері «білу» және «түсіну» деңгейіне, геометриялық тұжырымдарды дәлелдеу есептері «талдау» деңгейіне, ал қарсы мысал арқылы қате тұжырымдарды жоққа шығару есептері және бірнеше жауабы бар есептер «бағалау» мен «синтез» деңгейіне сәйкес келеді [4]. Осы сәйкестіктің дидактикалық маңызы – мұғалім сабақ жоспарлау барысында «қай деңгейдегі ойлауды дамытқым келеді?» деген сұраққа нақты жауап таба алуы.

Геометриялық есептердің түрлері

1. *Геометриялық ұғымдарды тану есептері*. Жіктеменің бірінші тобы – геометриялық фигуралар, конфигурацияларды суреттер мен сипаттамалар бойынша танып-білу дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар. Бұл типтегі есептердің ерекше сипаты – олар оқушыны «сенімге негізделген жауап» беруден бас тартуға, визуалдық алдаудан қорғануға үйретеді. Авторлар бұл бөлімге Мюллер-Лайер иллюзиясы сынды оптикалық феномендерді де, кеңістіктік фигуралардың орналасуын анықтауға арналған тапсырмаларды да енгізген [1, 4-16 б]. Тану есептерінің дидактикалық мәні Р. Пол мен Л. Элдердің «анықтылық» және «дәлдік» стандарттарына тікелей сәйкес келеді:

оқушы «параллель ме?», «перпендикуляр ма?», «тура сызық па?» деген сұрақтарға жауап іздей отырып, өз бақылауының анықтылығы мен дәлдігін үнемі тексеруге мәжбүр болады [3, 78 б].

2. *Геометриялық объектілерді салыстыру және бағалау.* Бұл есептер оқушыдан өлшемдерді, аудандарды, ұзындықтарды визуалдық немесе формулалық жолмен салыстыруды, сонымен қатар геометриялық шамалардың экстремалдық (ең үлкен, ең кіші) мәндерін бағалауды талап ететін есептерді қамтиды. Авторлар бұл топқа тікелей есептеусіз «оптимизациялық ойлауды» белсендіретін тапсырмаларды енгізген, мысалы: «Периметрі 80 м болатын тікбұрышты жер учаскесінің қандай жағдайда ең үлкен ауданға ие болады?» [1, 23 б]. Блумның таксономиясы тұрғысынан бұл есептер «талдау» мен «бағалау» деңгейлеріне сәйкес келеді [4, 68-70 б].

3. *Негізгі геометриялық тұжырымдар мен қасиеттер.* Жіктеменің үшінші тобы – ең кең тараған және когнитивтік жаттығу тұрғысынан ерекше құнды тип. Мұнда оқушыға геометриялық тұжырым ұсынылады, ол оның ақиқат немесе жалған екенін анықтауы тиіс. Авторлар параллель сызықтар, үшбұрыштар, шеңберлер, төртбұрыштар, симметрия, ұқсастық пен Пифагор теоремасы бойынша жүздеген мұндай тұжырым ұсынады [1, 25-35 б]. Тұжырымдарды тексерудің педагогикалық мәні сол – оқушы «дұрыс», «бұрыс» немесе «жеткіліксіз мәлімет» деген үш мүмкіндікпен жұмыс жасауға дайын болуы тиіс, бұл сыни ойлаудың «толықтық» стандартын практикада меңгертеді [3, 80 б]. Сонымен қатар, Д. Халперн атап өткендей «жалған» тұжырымды танып-білу – бұл тек жауапты табу емес, ойлаудың рефлексиялық деңгейіне шығу.

4. *Геометриялық тұжырымдарды дәлелдеу есептері.* Жіктеменің төртінші тобы – дайын дәлелдемелер ұсынылып, оқушыдан ондағы логикалық немесе геометриялық қателерді табуы талап етілетін есептер. Авторлар бұл бөлімде классикалық «парадоксалдық» тұжырымдардың – «шеңбердің центрінен өтпейтін хорда осы шеңбердің диаметріне тең», «64 = 65» – жалған дәлелдемелерін ұсынады [1, 36–50]. Мұндай тапсырмалардың ерекшелігі сол оларда оқушы пассивтік «шешу» режимінен шығып, белсенді «тексеру» субъектісіне айналады. Р. Пол мен Л. Элдердің «қисындылық» стандарты тұрғысынан бұл тип – ең жоғары когнитивтік мәнге ие тапсырмалар тобы: оқушы бірден бірнеше ой операциясын қате ақпаратты көрсетуді, оның себебін түсіндіруді, дұрыс нұсқаны ұсынуды бір уақытта орындауы тиіс [3, 82 б].

5. *Қарсы мысал арқылы қате тұжырымдарды жоққа шығару есептері.* Бесінші топ – оқушыдан берілген жалпы тұжырымды теріске шығаратын нақты геометриялық мысал (қарсы мысал) ұсынуды талап ететін есептер. Мысалы: «Егер үшбұрыштың екі жағы мен оларға жататын биіктігі сәйкесінше тең болса, онда мұндай үшбұрыштар тең» бұл тұжырымды теріске шығаратын мысалды қалай тұрғызуға болады? [1, 51-53 б]. Қарсы мысал конструкциясы – математикалық ойлаудың ең жоғары формаларының бірі. Д. Халперн оны «критикалық қарсылық дағдысы» (critical refutation skill) деп

атайды [3, 285 б]. Блумның жаңартылған таксономиясында бұл «синтез» деңгейіне, яғни жаңа интеллектуалдық өнімді жасауға сәйкес келеді [4, 84-85 б].

6. *Бірнеше жауабы бар есептер.* Жіктеменің алтыншы түрдегі есептер – бірнеше жауабы бар тапсырмалар. Мысалы: «радиустары 3 см және 2 см болатын екі жанасушы шеңбердің центрлері арасындағы қашықтықты тап». Есептің екі жауабы бар: сыртқы жанасуда 5 см, ішкі жанасуда 1 см [1, 79 б]. Бұл түрдегі есептер оқушыдан «бір ғана дұрыс жауап» деген қалыптасқан ойды сыни тұрғыдан бағалауды талап етеді. Мұндай есептерді «математикалық зерттеу» жанрына жатқызады [1, 54-55 б]. Р. Пол мен Л. Элдердің «кеңдік» стандарты тұрғысынан бұл тип – оқушыны бір перспективамен шектелмеуге, жауаптар жиынын толық зерттеуге итермелейтін ең тиімді педагогикалық құрал.

Кесте 1. Смирнов жіктемесі және оның теориялық байланыстары

№	Бөлім атауы	Когнитивтік операция	Сыни ойлау дағдысы	Блум таксономиясы
1	Геометриялық ұғымдарды тану	Визуалдық сараптама, жіктеу	Сыни бақылау	Білу, Түсіну
2	Геометриялық объектілерді салыстыру және бағалау есептері	Өлшемдерді салыстыру, бағалау	Сыни бағалау	Талдау, Бағалау
3	Негізгі геометриялық тұжырымдар мен қасиеттер	Ақиқат/жалғандықты тексеру	Логикалық сараптама	Талдау, Бағалау
4	Геометриялық тұжырымдарды дәлелдеу есептері	Логикалық ізбе-ізділік, қателерді тану	Дедуктивтік ойлау	Талдау, Синтез
5	Қарсы мысал арқылы қате тұжырымдарды жоққа шығару есептері	Теріске шығару, мысал конструкциясы	Сыни ойлау	Синтез, Бағалау
6	Бірнеше жауабы бар есептер	Жауаптар жиынын зерттеу	Шығармашылық ойлау	Синтез, Бағалау

Есеп түрлерін геометрия сабақтарында қолдану

Жоғарыда жүргізілген теориялық сараптама негізінде есептердің алты түрін жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сабақтың мақсатты кезеңдерімен байланыстырамыз. Бұл үлгі Блумның таксономиясы бойынша «қарапайымнан күрделіге» принципіне негізделеді: геометриялық ұғымдарды тану сабақта жаңа тақырыпқа кіріспе кезеңінде геометриялық бейнелерді түсіну негізін қалайды; геометриялық объектілерді салыстыру және бағалау есептері ұғымды бекіту барысында сандық ойлауды жандандырады; негізгі геометриялық тұжырымдар мен қасиеттер тексеру сабақтың жалпылау кезеңінде теорема мен анықтаманы меңгеру тереңдігін қамтамасыз етеді; геометриялық тұжырымдарды дәлелдеу есептері тақырыпты тереңдету сегментінде метакогнитивтік дағдыны белсендіреді; қарсы мысал арқылы қате тұжырымдарды жоққа шығару есептері тақырыпты қорытындылаумен бір мезгілде оқушының «жалпы тұжырым» мен «жеке жағдай» арасындағы шекараны ұғынуын тексереді; бірнеше жауабы бар есептер арнайы зерттеу форматында жоба жұмысы, олимпиадалық дайындық, пән апталығы қолданылғанда максималды педагогикалық нәтиже береді. Д.Халперн осы типтегі кезеңдік оқыту стратегиясын «скаффолдинг» деп атайды [2].

Кесте 2. Есеп типтерін сабақ жоспарлауда қолдану үлгісі

№	*Есеп түрі*	*Сабақтағы қолдану кезеңі*	*Педагогикалық мақсат*	*Нәтижесі*
1	Геометриялық ұғымдарды тану	Тақырыпқа кіріспе	Геометриялық бейнелерді саралау	Перцептивтік дәлдік
2	Геометриялық объектілерді салыстыру және бағалау есептері	Жаңа ұғымды меңгерткеннен кейін	Шамаларды бағалау критерийлерін қалыптастыру	Сандық ойлаудың дамуы
3	Негізгі геометриялық тұжырымдар мен қасиеттер	Бекіту, жалпылау кезеңі	Логикалық сараптама, теореманы меңгеру	Жалпылау дағдысы
4	Геометриялық тұжырымдарды дәлелдеу есептері	Тақырыпты тереңдету	Логикалық тізбекті бақылау	Метакогниция
5	Қарсы мысал арқылы қате тұжырымдарды жоққа шығару есептері	Тақырыпты қорытындылау	Жалпы тұжырымның шекараларын анықтау	Сыни бағалау

№	*Есеп түрі*	*Сабақтағы қолдану кезеңі*	*Педагогикалық мақсат*	*Нәтижесі*
6	Бірнеше жауабы бар есептер	Зерттеу жұмысы, пән апталығы	Шығармашылық ойлау, жауаптар жиынын зерттеу	Икемді, дербес ойлау

Қарсы мысал арқылы қате тұжырымдарды жоққа шығару есептерін сабақта қолдану

Бұл есеп түрін 8-сыныптың «Тікбұрышты үшбұрыш» тақырыбын қорытындылау кезеңінде қолдануға болады. Оқушыларға келесі есеп ұсынылады: «Тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 10 см, ал гипотенузаға түсірілген биіктік 6 см. Осы үшбұрыштың ауданын табыңыз».

Оқушылардың көпшілігі есептің шартына күмән келтірмей, бірден белгілі формуланы қолданады:



Сурет 1. Гипотенузасы 10 см және биіктігі 6 см болатын тікбұрышты үшбұрыштың сызбасы (мүмкін емес жағдай)

$$S = \frac{1}{2} \cdot a \cdot h$$

$$S = \frac{1}{2} \cdot 10 \cdot 6 = 30 \text{ см}^2$$

Алайда сыни ойлайтын оқушы есепті шешпес бұрын «Мұндай үшбұрыш геометриялық тұрғыдан мүмкін бе?» деген сұрақ қоюы тиіс. Тікбұрышты үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің центрі гипотенузаның ортасында жатады, демек сырттай сызылған шеңбердің радиусы гипотенузаның жартысына тең болады:

$$R = \frac{c}{2} = \frac{10}{2} = 5 \text{ см.}$$

Гипотенузаға түсірілген биіктік сырттай сызылған шеңбердің радиусынан аспауы тиіс, яғни $h \leq R = 5$ см. Бірақ есептің шартында $h = 6$ см берілген, ал $6 > 5$ болғандықтан қайшылық туындайды. Демек, мұндай үшбұрыш геометриялық тұрғыдан мүмкін емес, ал есептің шарты жалған болып табылады.

Бұл есептің дидактикалық маңызы – оқушы «формула дұрыс қолданылды, демек жауап дұрыс» деген қалыптасқан үлгіден шығып, есептің шартын алдымен тексеру қажеттігін түсінеді. Есеп сабақтың қорытындылау кезеңінде ұсынылғанда оқушы бұған дейін меңгерген сырттай сызылған шеңбер қасиеттері мен үшбұрыш ауданы формуласын бір мезгілде қолдана отырып, олардың арасындағы логикалық байланысты өз бетінше анықтайды. Бұл есептің жауабын табумен ғана шектелмей, шартының өзін сараптай алатын, яғни сыни ойлауының жоғары деңгейіне жеткен оқушыны қалыптастырудың тиімді педагогикалық тәсілі.

Нәтижелер. Берілген тақырып бойынша ғылыми зерттеулерге, диссертация, электронды кітапханалар мен ғылыми сайттарға шолу жасалды. Зерттеу тақырыбына сәйкес келген материалдар сараланып, оларға тиісті талдау жүргізілді. Теориялық талдаудың нәтижесінде [1, 90 б.] есептердің түрлері қазіргі білім беру бағдарламасымен байланысы көрсетілді.

Қорытынды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – геометриялық есептер типологиясын сыни ойлау операцияларымен және сабақ кезеңдерімен жүйелі байланыстыруында. Жоғарыда ұсынған есептер типологиясы мектеп геометрия курсының мазмұнын байытып қана қоймай, оны заманауи жаңартылған білім беру парадигмасына сәйкестендіреді. Ұсынылған педагогикалық үлгінің практикалық маңызы – есеп типтерін сабақтың нақты кезеңдерімен байланыстыратын дидактикалық реттілік жасалды. Бұл үлгі мұғалімге сабақ жоспарлаудың жаңа логикасын ұсынады. «Оқушы бүгін қандай когнитивтік операцияны орындауы тиіс?» деген сұраудан бастап, тиісті есеп типін таңдауға дейін көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смирнов В. А., Смирнова И. М. Геометрические задачи на развитие критического мышления : учебно-методическое пособие. – М.: МЦНМО, 2021. – 96 с. – ISBN 978-5-4439-1613-2.

2. Halpern D. F. Thought and Knowledge: An Introduction to Critical Thinking. – 5th ed. – New York : Psychology Press, 2014. – 528 p. – ISBN 978-1-84872-236-0.

3. Paul R., Elder L. Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life. – 3rd ed. – Lanham : Rowman & Littlefield, 2012. – 445 p. – ISBN 978-0-13-338659-9.

4. Anderson L. W., Krathwohl D. R. (eds.) A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. – New York : Longman, 2001. – 352 p. – ISBN 978-0-8013-1903-7.

5. Халперн Д. Психология критического мышления / пер. с англ. – М. ; СПб. : Питер, 2000. – 512 с. – ISBN 978-5-314-00122-6.

ҒТАМА 371.38

МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОРЕМАЛАРДЫҢ ШАРТТАРЫ БҰЗЫЛҒАНДАҒЫ КӨРНЕКІ ЖАҒДАЙЛАР

Искакова Д.Б., Астана халықаралық университеті, педагогикалық институтының 2 - курс студенті; **Нұрахметов Д.Б.,** PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
damiraiskakova2020@gmail.com

Аннотация. Бұл баяндамада математикалық анализ бастамаларындағы теоремалардың шарттары бұзылғандағы көрнекі жағдайларды зерттеу арқылы оқыту тиімділігін арттыруға бағытталған тәсіл қарастырылады. Ұсынылып отырған әдіс цифрлық технологияларды қолдануға негізделіп, білім алушылардың теоремалардың маңызын терең түсінуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде теоремалардың тек тұжырымын жаттау жеткіліксіз, олардың орындалу шарттарын түсіну ерекше маңызды. Осыған байланысты жұмыста функциялардың үзіліссіздігі мен дифференциалданғыштығы шарттары сақталмаған жағдайлар қарастырылып, олардың графиктік интерпретациясы ұсынылады. Атап айтқанда, Ролль теоремасы және Лагранж теоремасы шарттары бұзылғандағы жағдайлар графиктер арқылы талданады.

Сонымен қатар, GeoGebra бағдарламасы көмегімен функциялардың графиктері құрылып, теоремалардың орындалмау себептері көрнекі түрде көрсетіледі. Бұл тәсіл білім алушыларға теоремалардың қажетті және жеткілікті шарттарын нақты түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, теоремалардың шарттары бұзылған жағдайларды зерттеу математикалық анализді терең меңгеруге және логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін тиімді әдіс ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: Лагранж теоремасы, Коши теоремасы, Ролль теоремасы, дифференциал, үзіліссіз, функция, туынды.

Кіріспе. Орта мәндер теоремалары (Ролль, Лагранж, Коши) – математикалық анализдің іргелі нәтижелерінің бірі. Аталған теоремалар функцияның үзіліссіз және дифференциалданушылық қасиеттерін пайдалана отырып, оның локальды және глобальды ерекшеліктерін дәл сипаттайды [1, 2].

Бұрын біз бұл теоремалардың классикалық дәлелдерін қарастырып, шарттары толық орындалатын жағдайларда нақты мысалдар шығарып, олардың дұрыстығын растадық. Мұндай мысалдар студентке «егер барлық шарт орындалса, теореманың қорытындысы міндетті түрде іске асады» деген түсінік береді.

Алайда математикалық теоремалар тек шарттары толық орындалған жағдайда ғана сенімді нәтиже береді. Егер ең аз дегенде бір шарт бұзылса, онда теорема өз күшін жояды, ал қорытынды міндетті түрде дұрыс бола бермейді. Сондықтан біз әрбір орта мәндер теоремасына (Ролль, Лагранж, Коши) бірнеше қарсы мысалды (шарттары сақталмаған жағдайлар) талдап көрсетеміз.

Мақсатымыз – студенттерге тек қана дайын теоремалық тұжырымды беру емес, сонымен қатар шарттардың неге маңызды екенін тәжірибелік түрде түсіндіру. Басқаша айтқанда, біз «шарттар орындалса – нәтиже бар; шарттар орындалмаса – нәтиже бұзылуы мүмкін» деген математикалық логиканың мәнін графикалық және теориялық тұрғыдан айқындаймыз.

Материалдар мен әдістер. Оқыту процесінде негізгі құрал ретінде GeoGebra бағдарламасы қолданылды [3]. Бұл бағдарлама арқылы функциялардың графиктері салынды, олардың қасиеттері динамикалық түрде өзгертіліп, зерттелді. Білім алушылар графиктерді өз бетінше құрып, параметрлерді өзгерту арқылы теоремалардың орындалу шарттарын көрнекі түрде бақылай алды.

Нәтижелер. Теорема 8.12 [4, Б.263] . Лагранж теоремасы.

Егер f функциясы $[a;b]$-де үзіліссіз және $(a;b)$-де дифференциалданатын болса, онда кем дегенде бір $\xi \in (a;b)$ нүктесі бар, ол үшін $f(b)-f(a)=f'(\xi)(b-a)$.

Лагранж теоремасы үшін үш шарт бар – барлығы міндетті:

1.Үзіліссіз ұштары:

f функциясы $[a,b]$ кесіндісінде үзіліссіз.

Неге маңызды:

Егер үзіліссіз болмаса, онда функцияда үзіліс, секіру немесе бос орын болуы мүмкін. Мұндай жағдайда графиктегі «орташа көлбеу» (хорданың көлбеуі) мен нақты жанаманың (туындының) байланысы бұзылады.

2. Ішкі нүктелердегі дифференциалдану қасиеті:

f функциясы (a,b) ашық аралығында дифференциалданатын болуы керек.

Неге маңызды:Теорема туынды арқылы анықталатын жанама сызықтың көлбеуін қарастырады. Егер бір нүктеде туынды болмаса, онда жанаманың бұрышы да анықталмайды, яғни теорема орындалмайды.

3. Нақты мәндер және соңғы кесінді:

$f(a)$ және $f(b)$ нақты анықталған болуы керек.

Неге маңызды:

Бұл шарт функцияның ұштарындағы мәндерді салыстыруға және орташа өзгеріс жылдамдығын (хорданың көлбеуін) есептеуге мүмкіндік береді:

$$\frac{f(b)-f(a)}{b-a}$$

1-мысал. $f(x) = |x|, \quad [-1,1]$ (1)

көрсетілген кесінде анықталған функция үшін Лагранж теоремасының дұрыстығын тексеріп, x = c нүктесін анықтаңыз.



1-сурет. (1)-мысалдың графигі

Шешуі. Бұл функция $[-1,1]$ барлық аралығында үзіліссіз, өйткені модульдің анықталу аймағында үзіліс жоқ. Бірақ (a,b) ішіндегі бір нүктеде, яғни x=0-де, функция дифференциалданбайды. Себебі:

$$f'(c) = \frac{f(b) - f(a)}{b - a}$$

$$f(b) - f(a) = f'(c)(b - a)$$

$f'(c)$ табатын болсақ, онда:

$$f'(c) = f'(x) = (|x|)' = \frac{d}{dx}\left(\sqrt{x^2}\right) = \frac{2x}{2\sqrt{x^2}} = \frac{x}{|x|} = \begin{cases} -1, x \in (-\infty; 0) \\ 1, x \in (0; +\infty) \\ \text{жоқ}, x = 0 \end{cases}$$

Яғни, $x = 0$-де сол жақ туындысы −1, ал оң жақ туындысы +1. Екеуі бір-біріне тең емес, сондықтан $f'(0)$ жоқ.

Лагранж теоремасы «барлық ашық аралықтағы нүктелерде туынды бар» деген шарт қояды. Бірақ бізде $x = 0$-де туынды жоқ, яғни функция (a,b) −де толық дифференциалданбайды. Сол себепті Лагранж теоремасының шарты бұзылады, теорема қолданылмайды.

Теорема 8.11 [4, Б.262]. Ролль теоремасы.

Ролль теоремасы үшін үш шарт бар – барлығы міндетті:

1.Үзіліссіз ұштары: f функциясы $[a,b]$-де үзіліссіз.

Неге маңызды? үзіліссіз болмаса, графикте үзіліс болуы мүмкін және «хорда» мен «жанама» арасындағы қалыпты геометриялық байланыс бұзылады (мысалы, жоғарғы нүктеден төмен секірулер).

2. Ішкі нүктелердегі дифференциалдану қасиеті: f функциясы (a,b)-де дифференциалдану керек.

Неге маңызды? теорема жанама туралы сөйлейді (туынды арқылы анықталады). Егер бір ішкі нүктеде туынды жоқ болса, «жанама» түсінігі бір мәнді болмайды (сол және оң жақ бағыттары әртүрлі болуы мүмкін).

3. Шеттер теңдігі: $f(a) = f(b)$.

Неге маңызды: егер шеттер тең болмаса, онда хорда көлденең болмайды және жанама да көлденең болмауы мүмкін.

Егер бір шарт та бұзылса – теорема кепіл бермейді.

2-мысал. $f(x) = x^2,\ x \in [0,2]$ (2)

функциясына Ролль теоремасының шарттарын тексерейік.

Шешуі.

1) Үзіліссіз

$f(x) = x^2$ деген көпмүшелік, сондықтан ол барлық нақты сандарда үзіліссіз. Демек [0,2]-де де үзіліссіз. Демек, бұл шарт орындалады.

2) Дифференциалдану қасиеті

Көпмүшелік функция барлық жерде туындыға ие.

$f'(x) = 2x$. Сондықтан $(0,2)$ –де де дифференциалданады.

3) Шеткі мәндерді салыстыру

$f(0) = 0, f(2) = 2^2 = 4$. Көріп тұрғанымыздай:

$f(0) \neq f(2)$. Бұл жерде Ролль теоремасының ең негізгі шарты $f(a) = f(b)$ орындалмайды.



2-сурет. (2) - мысалдың графигі

Ролль теоремасы орындалғанда, функция графигінің $A(a, f(a))$ және $B(b, f(b))$нүктелерін қосатын хорда абсцисса өсіне (Ох) параллель болады.

Бұл мысалда $f(0) = 0, f(2) = 4$.

Яғни $A(0;0)$ және $B(2;4)$ нүктелері бір деңгейде емес, хорда абсцисса өсіне параллель болмайды. Сол себепті Ролль теоремасы қолданылмайды.

Теорема 8.16 [4, Б.269]**.** Коши теоремасы.

Егер $f(x)$ және $g(x)$ функциялары $[a; b]$ кесіндісінде:

1. үзіліссіз болса,
2. $(a; b)$ – де дифференциалданатын болса,
3. g'(x)≠0 барлық $(a; b)$ –де орындалса, онда кемінде бір $\xi \in (a, b)$ нүктесі табылады, мұнда

$$\frac{f(b)-f(a)}{g(b)-g(a)}=\frac{f'(\xi)}{g'(\xi)}$$

3-мысал. $f(x)=x,\ g(x)=x^2,\ [-1,1]$

(3) функцияларына Коши теоремасының шарттарын тексерейік.

Шешуі.

1) Үзіліссіз

$f(x)=x-$ үзіліссіз.

$g(x)=x^2-$ үзіліссіз.

2) Дифференциалдану қасиеті

$f'(x)=1$ барлық жерде бар.

$g'(x)=2x$, барлық жерде бар.

3) Шарт $g'(x)\neq 0$

$(-1,1)$ ішінде $g'(x)=2x$.

Бірақ $x=0$-де $g'(0)=0$. Бұл шекарада емес, бірақ бастысы: $(-1,1)$ ішінде x өте жақын нөлге болғанда, туынды "нөлге жақындайды".

Ең маңыздысы: , $x=0$-ді қоспасақ, бәрі дұрыс. Бірақ $[-1,1]$-де қарастырсақ, $g'(0)=0$, яғни $g'(x)\neq 0$ шарты толық орындалмайды.

Формуланы тексеру:

$$\frac{f(b)-f(a)}{g(b)-g(a)}=\frac{f(1)-f(-1)}{g(1)-g(-1)}=\frac{1-(-1)}{1-1}=\frac{2}{0}$$

Нөлге бөлуге болмайды, сондықтан бұл өрнек анықталмаған.





3-сурет. (3) - мысалдың графигі

$f(x) = x$ және $g(x) = x^2$ функциялары бірдей $[-1, 1]$ кесіндіде анықталған.

Бірақ $g(x)$-тің туындысы $x = 0$-де нөлге тең. Бұл "қосымша шарттың" бұзылуы. Сондықтан Коши теоремасын мұндай мысалда толық қолдану дұрыс болмайды.

Қорытынды. Математикалық анализ бастамаларындағы теоремаларды тек жаттап алу олардың мәнін толық түсінуге жеткіліксіз екені анық. Теоремалардың әрбір шарты олардың дұрыс орындалуы үшін маңызды рөл атқарады, сондықтан бұл шарттарды көрнекі түрде талдау ерекше маңызға ие.

Зерттеу барысында теоремалардың шарттары бұзылған жағдайлар графиктер арқылы қарастырылып, олардың қорытындысы орындалмайтыны тәжірибе жүзінде көрсетілді. Бұл тәсіл білім алушыларға теоремалардың тек формулалық емес, логикалық және геометриялық мағынасын да терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, GeoGebra сияқты цифрлық құралдарды қолдану күрделі функцияларды жылдам зерттеуге, графиктерді нақты әрі көрнекі түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде уақытты үнемдеп, есептеулердің дәлдігін арттырады.

Осылайша, теоремалардың шарттары бұзылған жағдайларды визуалды түрде зерттеу олардың мәнін терең ұғынуға және математикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін тиімді әдіс болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Семенов А.Л., Шабат Г.Б. Компьютерный эксперимент в обучении математике, 2023, том 511, с.111-137.
2. Махмеджанов. Н. Жоғары математика есептерінің жинағы: оқу құралы. Алматы, 2008. - 397 б.
3. Geogebra. [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.geogebra.org/graphing
4. Ильин В.А., Позняк Э. Г. Основы математического анализа (1 часть). — М.: Физматлит, 2005. — 644 с.
5. Алгебра, 10-сынып, Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. – Алматы: Атамұра, 2019 ж., 272 бет.
6. Бимурзаева Н. Математикалық анализ бастамаларындағы теоремаларды көрнекі көрсету, «AIU-2024: Білім, ғылым және жасанды интеллект синергиясы: идеядан тәжірибеге» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы, Астана: Астана Халықаралық университеті, AIU, 2024. – 2336-2341 б

ҒТАМА: 14.25.09

PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ ШЕҢБЕРІНДЕ 15 ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН КОНТЕКСТІК ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кашкеев Т.Р., «7М01511-Математика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты; **Каршыгина Г.Ж.,** PhD, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
magtalaccess2018@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада PISA халықаралық зерттеуі шеңберінде 15 жастағы оқушылардың математикалық сауаттылығын контекстік есептер арқылы дамытудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты — оқушылардың мектеп қабырғасында алған теориялық білімін күнделікті өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдану дағдыларын жетілдірудің ғылыми-әдістемелік жолдарын негіздеу болып табылады. Жұмыс барысында «Талдау» ұлттық орталығы жариялаған PISA-2022 ресми тест тапсырмаларына тереңдетілген мазмұндық және статистикалық талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері қазіргі оқушылардың базалық есептеу амалдарын жақсы меңгергенімен, күрделірек деңгейдегі логикалық пайымдау, деректерді интерпретациялау және өз шешімдерін аргументациялауда айтарлықтай қиындықтарға тап болатынын айқындады. Осы мәселені шешу мақсатында мақалада математикалық модельдеу циклін (тұжырымдау, қолдану, интерпретациялау) оқу үрдісіне жүйелі енгізудің арнайы алгоритмдері мен практикалық ұсыныстары берілген. Тұжырымдалған әдістемелік нұсқаулар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқу бағдарламаларының мазмұнын байытуға және сайып келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін көтеруге бағытталған. Мақала математика пәні мұғалімдеріне, білім беру саласындағы зерттеушілерге және әдіскерлерге арналған құнды ресурс болып табылады.

Кілт сөздер: PISA зерттеуі, математикалық сауаттылық, 15 жастағы оқушылар, контекстік есептер, математикалық пайымдау, модельдеу, функционалдық сауаттылық, білім сапасы.

Кіріспе. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты басымдығы оқушылардың академиялық білімін ғана емес, сол білімді шынайы өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін, яғни функционалдық сауаттылығын дамыту болып табылады. Осы бағыттағы әлемдік деңгейдегі ең беделді мониторингтік зерттеу – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өткізілетін PISA бағдарламасы.

Бұл зерттеу 15 жастағы жасөспірімдердің математикалық сауаттылығын бағалауда «математикалық пайымдау» мен «контекстік есептерді шешу» дағдыларына баса назар аударады.

Халықаралық деңгейде математикалық сауаттылықты дамыту мәселесін Сингапур, Жапония, Эстония және Финляндия сияқты PISA рейтингінде көш бастап тұрған елдердің ғалымдары қарқынды зерттеуде. Шетелдік зерттеушілер, атап айтқанда Вернер Блюм мен Могенс Нисс [1] математикалық модельдеу циклінің маңыздылығын атап көрсетсе, Джон Стейси мен Кэй Стейси [2] оқушылардың контекстік тапсырмаларды математикалық тілге аудару кезіндегі когнитивтік қиындықтарын талдайды. Олардың пайымдауынша, оқушылардың негізгі кедергісі – есептің алгоритмін білмеуінде емес, оның өмірлік мән-мағынасын түсініп, модель құра алмауында. Сондай-ақ, Раймонд Шульц [3] пен Брайан Грир [4] сияқты ғалымдар Скопус базасындағы зерттеулерінде математикалық білімді нақты жағдаяттармен байланыстырудың психологиялық аспектілерін негіздеген.

Отандық ғылымда бұл мәселе Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі жанындағы «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» тарапынан жүйелі зерттеліп келеді. Отандық зерттеушілер Асқарбек Құсайынов [5], Шолпан Құрманбаева [6] және Мәншүк Мұқашева [7] секілді ғалымдар өз еңбектерінде қазақстандық оқушылардың PISA тапсырмаларын орындау барысындағы динамикасын талдап, функционалдық сауаттылықты арттырудың педагогикалық шарттарын анықтауда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда, «Талдау» орталығының соңғы жарияланған PISA-2022 тест тапсырмаларының жинағын талдау көрсеткендей, оқушылардың 1а деңгейіндегі қарапайым есептеулерде көрсеткіші жоғары болғанымен (64%), жоғары деңгейлі дәлелдеу мен аргументациялауда әлі де олқылықтар бар екені байқалады.

Осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулерде математикалық сауаттылықтың теориялық негіздері қаланғанымен, 15 жастағы оқушыларды нақты контекстік есептер арқылы жүйелі түрде дайындаудың практикалық әдістемесі, әсіресе дәлелдеуге бағытталған 5-6 деңгейдегі тапсырмалармен жұмыс істеу жолдары толық шешімін таппай отыр. Оқушылардың мәтіндік ақпаратты талдау және пайымдау дағдыларының төмендігі осы тақырыпты таңдауға негіз болды.

Мақаланың мақсаты – PISA халықаралық зерттеуі талаптарына сәйкес 15 жастағы оқушылардың математикалық сауаттылығын контекстік есептер арқылы дамытудың тиімді әдістемелік жолдарын ұсыну және олардың практикалық нәтижелілігін негіздеу.

Осы мақсатқа жету жолында келесі міндеттер орындалды:

- PISA-2022 зерттеуінің құпиялылық режимінен шыққан математикалық тапсырмалар жинағына мазмұндық талдау жасалды;

- Оқушылардың «Үшбұрышты фигура» типті контекстік есептерді орындау деңгейлері мен типтік қателіктеріне статистикалық сараптама жүргізілді;
- Оқушыларды математикалық модельдеу мен аргументациялауға үйретететін әдістемелік алгоритмдер әзірленді.

Бұл зерттеу жұмысының нәтижелері мектеп мұғалімдеріне оқушыларды халықаралық бағалауға дайындауда және математика сабағының қолданбалы сипатын арттыруда практикалық құрал ретінде пайдалануға ұсынылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін оқушылардың функционалдық дайындығын қамтамасыз ететін келесі екі негізгі әдіс таңдап алынды және кешенді түрде қолданылды:

1. Контент-талдау және деңгейлік сараптама әдісі

Бұл әдіс шеңберінде PISA-2022 халықаралық зерттеуінің «Талдау» ұлттық орталығы тарапынан жарияланған «Құпиялылық режимінен шыққан тест тапсырмаларының жинағына» терең мазмұндық сараптама жүргізілді[8].

Зерттеу нысаны ретінде алынған «Үшбұрышты фигура» (CMA150) тапсырмасының когнитивті деңгейлері жіктелді. 1а деңгейіндегі сұрақтардың орындалу көрсеткіші жоғары (64%) болғанымен, 2-ші және 5-ші деңгейдегі сұрақтардың күрделілігі оқушылардан тек есептеуді емес, заңдылықты тануды талап ететіні анықталды.

2. Математикалық модельдеу және пайымдау әдісі

Бұл әдіс оқушыларды PISA тапсырмаларына тікелей дайындаудың практикалық құралы ретінде қолданылды. Модельдеу циклі үш кезеңнен тұратын алгоритм негізінде жүзеге асырылды:

Оқушыларға берілген визуалды кескінді математикалық модельге айналдыру үйретілді. Мысалы, бесінші қатардағы көк үшбұрыштар санын табу үшін суретті жалғастырып салу емес, әр қатардағы элементтердің өзгеру заңдылығын құру дағдысы қалыптастырылды.

5-ші деңгейдегі «Дәлелдеу» сұрағына жауап беру барысында оқушыларға өз ойын «Иә/Жоқ» деген таңдаудан кейін математикалық тұрғыдан негіздеу әдісі үйретілді. Оқушы «әр қатардағы қызыл үшбұрыштар саны көк үшбұрыштардан үнемі біреуге артық» деген тұжырымды сөзбен немесе айнымалылар арқылы дәлелдеуді меңгерді.

Нәтижелер. Зерттеу барысында алынған нәтижелер 15 жастағы оқушылардың математикалық сауаттылығын бағалаудағы контекстік тапсырмалардың орындалу деңгейіндегі ерекшеліктерді айқындады. Негізгі нысан ретінде «Талдау» ұлттық орталығы жариялаған жинақтан алынған CMA150 «Үшбұрышты фигура» тапсырмасының нәтижелері талданды[8].

1. Деңгейлік тапсырмалардың орындалу нәтижелерін статистикалық талдау

Тапсырма үш түрлі когнитивті деңгейді қамтитын сұрақтардан тұрады. Әрбір сұрақ бойынша оқушылардың көрсеткен нәтижелері олардың функционалдық сауаттылығының сапасын айқындайды.



Сурет 1. *Контекстік тапсырмаға берілген иллюстрация*

Контекст: ҮШБҰРЫШТЫ ФИГУРА

Арман келесі фигураны көк және қызыл үшбұрыштардан сызды. Фигураның бірінші төрт қатары суретте көрсетілген.

CMA150Q01 (1а деңгейі): Оқушылардан алғашқы төрт қатардағы көк үшбұрыштардың пайыздық үлесін табу талап етілді.

Шешуі:

1-қадам: Берілген деректерді жинақтау

Ең алдымен, суреттегі алғашқы 4 қатардағы үшбұрыштарды түстері бойынша бөліп санап аламыз:

Көк үшбұрыштар саны:	Қызыл үшбұрыштар саны:
➢ 1-қатар: 0 ➢ 2-қатар: 1 ➢ 3-қатар: 2 ➢ 4-қатар: 3 ➢ Барлығы (көк): 0 + 1 + 2 + 3 = 6 көк үшбұрыш.	➢ 1-қатар: 1 ➢ 2-қатар: 2 ➢ 3-қатар: 3 ➢ 4-қатар: 4 ➢ Барлығы (қызыл): 1 + 2 + 3 + 4 = 10 қызыл үшбұрыш.

2-қадам: Жалпы санды анықтау

Барлық үшбұрыштардың (көк + қызыл) жалпы санын табамыз:

6 көк + 10 қызыл = 16 жалпы үшбұрыш

Немесе қатарлар бойынша: 1 + 3 + 5 + 7 = 16

3-қадам: Пайыздық үлесті есептеу

Пайыздық үлесті табу үшін бөлікті (көк үшбұрыштарды) бүтінге (жалпы санға) бөліп, 100-ге көбейтеміз:

Үлес = $\frac{6}{16}$ · 100\%

Есептеу барысы:

1. Бөлшекті қысқарту: $\frac{6}{16} = \frac{3}{8}$
2. Ондық бөлшекке айналдыру: $\frac{3}{8} = 0{,}375$
3. Пайызға айналдыру: $0{,}375 \cdot 100 = 37{,}5\%$

Жауабы: 37,5%.

Оқушылардың 64%-ы бұл сұраққа дұрыс жауап берген, ал 36%-ы қателік жіберген.



Сурет 2. *PISA – 2022 ұлттық деректер қорынан алынған есеп*

Сарапшылардың пікірінше, тапсырма өте жеңіл, себебі тек көк және барлық үшбұрыштарды санап шығу ғана қажет. 64% көрсеткіш бұл деңгей үшін заңдылық деп танылады.

CMA150Q02 (2-деңгей): Оқушылар суретте көрсетілмеген 5-ші қатарды ойша бейнелеп, көк үшбұрыштардың жалпы үлесін есептеуі тиіс болды.

Шешуі:

1-қадам: 5-ші қатардағы үшбұрыштар санын анықтау

Суреттегі заңдылық бойынша, әрбір жаңа қатардағы үшбұрыштар саны алдыңғы қатардан 2-ге артып отырады (1, 3, 5, 7...).

- 5-ші қатардағы жалпы саны: 9 үшбұрыш.
- Түстер бойынша бөлінуі: Суреттегі заңдылыққа қарасақ (әр қатарда шеткі үшбұрыштар қызыл, ал ортасындағылар кезектесіп келеді), 5-ші қатарда:
  - Көк үшбұрыштар: 4
  - Қызыл үшбұрыштар: 5

2-қадам: Барлық 5 қатардағы үшбұрыштардың жиынтығын есептеу

- Көк үшбұрыштардың жалпы саны (1-5 қатар):

6 (алғашқы 4 қатар) + 4 (бесінші қатар) = 10 көк үшбұрыш.

- Барлық үшбұрыштардың жалпы саны (1-5 қатар):

16 (алғашқы 4 қатар) + 9 (бесінші қатар) = 25 жалпы үшбұрыш.

(Немесе қатарлар санының квадраты ретінде де есептеуге болады: $5^2 = 25$).

3-қадам: Пайыздық үлесті есептеу

$$\text{Үлес} = \frac{10}{25} \cdot 100\%$$

Есептеу барысы:

1. Бөлшекті қысқарту: $\frac{10}{25} = \frac{2}{5}$
2. Ондық бөлшекке айналдыру: 2 : 5 = 0,4
3. Пайызға айналдыру: 0,4 · 100 = 40,0 %

Жауабы: 40,0%.

Дұрыс жауаптар көрсеткіші 54%-ға дейін төмендеп, қате жауаптар 46%-ды құрады.

«Саннан үлесті және үлестен санды шығару» дағдысы 6-сынып бағдарламасына сай болғанымен, 5-қатарды ойша елестетіп есептеу оқушыларға қиындық тудырған.

2. Жоғары деңгейлі пайымдау дағдыларын талдау

Ең төменгі көрсеткіш CMA150Q03 сұрағында байқалды. Бұл оқушының аргументациялау қабілетін бағалайтын жоғары деңгейлі тапсырма. «Көк үшбұрыштар үлесі әрқашан 50%-дан кем болады» деген тұжырымды дәлелдеу.

Статистикалық көрсеткіштер:

- ✓ 10% — Толық қабылданған жауап (5-деңгей);
- ✓ 11% — Жартылай қабылданған жауап (4-деңгей);
- ✓ 79% — Қате жауап немесе жауаптың мүлдем болмауы.

Талқылау: Сарапшылық талдау көрсеткендей, оқушылардың көпшілігі «жоқ» деп қате жауап берген, өйткені олар пайыздық үлестің әрдайым өсіп отыратынын көріп, ол 50%-дан асады деп болжаған. Толық жауап үшін әр қатарда қызыл үшбұрыштардың көк үшбұрыштардан үнемі біреуге артық екенін (n+1 > n) түсіндіру қажет еді.

Зерттеу нәтижелерін талқылай келе, тапсырманың күрделілігі артқан сайын оқушылардың табыстылық көрсеткішінің шұғыл төмендейтінін көреміз:

1-кесте. *PISA 2022.Үшбұрышты фигура есебінің жауаптарына талдау нәтижесі.*

Сұрақ коды	**Күрделілік деңгейі**	**Дұрыс жауап (%)**	**Негізгі дағды**
CMA150Q01	1а деңгейі	64%	Қолдану
CMA150Q02	2-деңгей	54%	Тұжырымдау
CMA150Q03	5-деңгей	10%	Пайымдау

Алынған деректер оқушылардың типтік есептеулерді жақсы орындағанымен, жоғары деңгейлі математикалық пайымдау мен дәлелдеуде үлкен кедергілер бар екенін растайды. Бұл оқу үрдісінде аргументацияға негізделген контекстік тапсырмаларды көбейту қажеттілігін негіздейді.

PISA халықаралық зерттеуіне дайындалу — жай ғана тест шешу емес, бұл оқушының ойлау деңгейін жаңа сатыға көтеру. Тәжірибе көрсеткендей, дайындық барысында келесі төрт бағытқа ерекше назар аударған жөн:

1. Деңгей бойынша сатылы даму

Статистикаға сүйенсек, оқушыларымыздың 60 пайыздан астамы қарапайым (1-2 деңгейлі) есептерді қиналмай шығарады. Бірақ 5-6 деңгейге келгенде көрсеткіш бірден 10%-ға дейін төмендеп кетеді. Бұл мәселені шешу үшін:

- Дайындықты пайыз есептеу сияқты базалық амалдардан бастап, біртіндеп жасырын заңдылықтарды іздеуге ұластыру керек.
- Оқушы тек жауапты тауып қана қоймай, "Бұл шешімге қалай келдің?" деген сұраққа жауап бере алуы тиіс. Бұл — жоғары деңгейлі тапсырмаларды еңсерудің кілті.

2. Математиканы өмірмен байланыстыру

Есепті құрғақ формуламен шығару жеткіліксіз. Оқушы келесі үш кезеңді сезінуі керек:

1. Өмірдегі нақты жағдайды (мысалы, құрылыстағы фигуралар) математикалық тілге, яғни формулаға айналдыру.
2. Математикалық білімін пайдаланып, есептеулер жүргізу.
3. Шыққан санды қайтадан өмірлік жағдаймен салыстыру. "Бұл жауап қисынды ма?" деген сұраққа жауап іздеу.

3. Дәлелдеу мен аргумент айтуды үйрету

Өкінішке қарай, оқушылардың 80%-ға жуығы дәлелдеуді қажет ететін сұрақтардан қашады немесе қателеседі. Бұны түзету үшін:

- «Неге?» сұрағын жиі қою: Кез келген есептің соңында оқушы өз пайымын айтуы керек.
- Логикалық негіздеу: Жауапты тек "иә" немесе "жоқ" деп қысқа қайырмай, нақты заңдылықтармен (мысалы, $n+1 > n$ принципімен) дәлелдеуге дағдыландыру маңызды.

4. Ресми және контекстік есептермен жұмыс

Дайындық сапалы болуы үшін «Талдау» ұлттық орталығы ұсынған шынайы тапсырмаларды пайдаланған дұрыс.

Оқушыны ауыр мәтіндерден қорықпауға, оның ішінен қажетті ақпаратты сүзіп алуға үйрету қажет.

Схемалар, графиктер мен суреттер — бұл тек безендіру емес, негізгі дереккөз. Оқушы суреттегі ақпаратты оқи білуі тиіс.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жұмысы PISA халықаралық стандарты аясында 15 жастағы оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуда контекстік есептердің рөлі зор екенін айқындады. «Үшбұрышты фигура» (CMA150) тапсырмасына жасалған деңгейлік талдау оқушылардың базалық есептеулерде (64%) жетістікке жеткенімен, жоғары деңгейлі пайымдау мен дәлелдеуді талап ететін сұрақтарда (10%) айтарлықтай қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Бұл алшақтық оқу үрдісінде математикалық модельдеу циклінің («тұжырымдау — қолдану — интерпретация») толық аяқталмауынан туындайды.

Зерттеу нәтижесінде оқушыларды дайындауды үйлестірудің тиімді әдістемесі ретінде деңгейлік дифференциация мен аргументацияға негізделген оқыту тәсілдері ұсынылды. Оқушыларға тек дайын формулаларды қолдануды емес, жасырын заңдылықтарды тануды және өз ойын математикалық дәлелдермен негіздеуді үйрету — функционалдық сауаттылықты арттырудың басты шарты.

Қорытындылай келе, контекстік есептер жинағын сабақ үрдісіне жүйелі енгізу оқушылардың сыни ойлауын дамытып, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада ұсынылған әдістемелік алгоритмдер мектеп мұғалімдеріне оқушыларды PISA зерттеуіне сапалы дайындау үшін практикалық нұсқаулық бола алады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Blum W. Applied Mathematical Problem Solving, Modelling, Applications, and Links to Other Subjects / W. Blum, M. Niss. – Dordrecht: Kluwer Academic Publishers, 1991. – 513 p.
2. Stacey K. The International Assessment of Mathematical Literacy: PISA Project / K. Stacey. – Melbourne: University of Melbourne, 2012. – 320 p.
3. Schulz R. Research on Mathematics Education / R. Schulz. – New York: Springer, 2015. – 245 p.
4. Greer B. Modelling and Applications in Mathematics Education / B. Greer. – London: Routledge, 2009. – 180 p.
5. Құсайынов А. К. Білім беру сапасын арттыру жолдары: Монография / А. К. Құсайынов. – Алматы: РУМЦО, 2014. – 232 б.
6. Құрманбаева Ш. Х. Функционалдық сауаттылықты дамытудың педагогикалық негіздері / Ш. Х. Құрманбаева. – Астана: ЕҰУ хабаршысы, 2018. – №2. – 45-52 бб.
7. Мұқашева М. А. PISA халықаралық зерттеуі және Қазақстан білімі / М. А. Мұқашева. – Алматы: Мектептегі математика, 2021. – №4. – 12-18 бб.
8. Құпиялылық режимінен шыққан PISA-2022 тест тапсырмаларының жинағы. Математика / «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ. – Астана, 2023. – 58 б.

ҒТАМА 14.85.09

МЕКТЕПТЕГІ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА РНАІ ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Кішкене Ж.А., Зәкиева Ж.Е,. PhD, Педагогикалық институттың «6В01505-Физика» білім беру бағдарламасының 3–курс студенті, Астана Халықаралық Университеті, Астана қаласы, Қазақстан
mengoijuziika@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада физика пәнін оқытуда заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект (AI) мүмкіндіктері арқылы жасалған РНАІ білім беру платформасын қолдануда білім сапасын арттыру жолдары қарастырылады. Зерттеу жұмысы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің «7Б» сынып оқушыларының қатысуымен өткен. Зерттеу барысында платформаның оқу үдерісіндегі рөлі, функционалдық мүмкіндіктері мен тиімділігі жан-жақты талданады. Аталған платформада физикалық ұғымдар, заңдардың пайда болуы мен ғылыми негіздері жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнежазбалар арқылы түсіндіріледі. Сонымен қатар, физикалық құбылыстарды модельдеуге арналған симуляторлар мен виртуалды зертханалық жұмыстар ұсынылған. Бұл әдістер оқушыларға теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға, күрделі физикалық процестерді көрнекі түрде түсінуге және зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік ашады. Бұдан бөлек платформа жүйесінде оқу барысында көмек көрсетіп, кері байланыс жасайтын жасанды интеллект негізіндегі AI көмекші-бот қарастырылған. Бұл оқушылардың сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, тапсырмаларды орындау кезінде бағыт-бағдар ұсынып, оқу үдерісін дараландыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері РНАІ білім беру платформасын оқу үдерісінде тиімді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, танымдық белсенділігі мен өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға ықпал етеді және мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Кілт сөздер: физика, РНАІ білім беру платформасы, жасанды интеллект (AI), виртуалды зертханалар, интерактивті оқыту, AI көмекші-бот.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану оқыту сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.[1] Әсіресе, жаратылыстану пәндерін, соның ішінде физиканы оқыту барысында күрделі теориялық ұғымдарды түсіндіруде заманауи технологиялардың рөлі ерекше. Физика – табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын тереңінен зерделейтін, логикалық ойлауды, математикалық модельдеуді және зерттеушілік дағдыларды бір мезгілде дамытуды талап ететін іргелі ғылыми пән. Ол микродүниедегі элементар бөлшектерден бастап, макродүниедегі ғарыштық құрылымдарға дейінгі кең ауқымды қамтиды.

Көптеген оқушылар үшін физикалық ұғымдар абстрактілі сипатқа ие. Оларды нақты өмірмен байланыстыру және тереңірек түсіну күрделі мәселе. Алайда, дәл осы ауқымдылық пен теориялық күрделілік физиканы дәстүрлі оқыту барысында бірқатар қиындықтарды туындатады. Оның түп-тамыры бірнеше себептен туындайды.

Біріншіден, оқыту жағдайында сыныптағы оқушылар санының көп болуы. Әдетте, бір сыныпта 25–30 оқушы болады. Сонда, бұл әр білім алушыға жекелендірілген түрде назар аудару мүмкіндігін шектеуі мүмкін.[2] Бұл оқушылардың оқу қарқыны, білім деңгейі және жеке танымдық ерекшеліктері ескерілмей қалуына әкеп соғады. Нәтижесінде, кейбір білім алушылардың оқу материалын толық меңгермеу қаупі басым болады.

Екіншіден, жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базасының жеткіліксіздігі, зертханалық құрал-жабдықтардың тапшылығы физикалық тәжірибелерді толық көлемде ұйымдастыруға кедергі келтіреді. Физика пәні тәжірибелік сипатта маңызды екенін ескерсек, бұл шектеу теориялық білімнің тәжірибелік байланысын әлсіретіп, оқушылардың пәнді түсінуіне кері әсерін тигізеді. Нәтижесінде, теория мен тәжірибе арасындағы алшақтық ұлғайып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы төмендеуі мүмкін.

Үшіншіден, физикадағы бірқатар ұғымдар мен құбылыстардың абстрактілі сипаты оларды меңгеруді қиындатады. Мысалы, электрлік өріс, толқындық оптика және кванттық құбылыстар сияқты тақырыптар кеңістікте тікелей бақыланбайтын немесе көзбен көрінбейтін процестерге негізделген. Сондықтан, мұндай ұғымдарды тиімді түсіндіру үшін визуализация мен модельдеу құралдарын қолдану қажеттілігі туындайды. Визуалды демонстрациялардың жеткіліксіздігі оқушылардың осы тақырыптарды толық әрі саналы түрде меңгеруіне кедергі келтіреді.

Бүгінгі таңда дәстүрлі оқыту әдістері әрдайым барлық оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, олардың оқу қарқыны мен танымдық деңгейіне бейімделуге толық мүмкіндік бере бермейді. Солай, физиканы оқытуда жаңа педагогикалық және технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды. Осы тұста жасанды интеллект технологиялары арқылы дайындалған, физиканы оқытудағы олқылықтарды жою мақсатында PHAI білім беру платформасын ұсынамын. Платформа физикалық ұғымдарды жасанды интеллект (AI) арқылы жасалған бейнежазбалар, симуляторлар, виртуалды зертханалар және интерактивті AI көмекші-бот арқылы оқушыларға жеткізеді. Мұғалімнің білім алушыға оқу материалдарын визуалды түрде, түсінікті етіп жеткізуге және интерактивті оқыту ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған платформа мүмкіндіктері мұғалім уақытын тиімді басқаруға болатын оңтайлы шешім. Демек, PHAI платформасы тек оқу материалын жеткізудің құралдары ғана емес, сонымен қатар зерттеу процесінде оқушылар мен мұғалім үшін серіктес рөлін атқарып, физикалық құбылыстар мен табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге және олардың ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. PHAI

платформасының мақсаты мұғалімді ауыстыру емес, оның жұмысын жеңілдету.

Материалдар мен әдістер. PHAI білім беру платформасы физиканы оқытуда оқушылар үшін интерактивті, көрнекі және түсінікті етуге бағытталған инновациялық құрал болып табылады. PHAI платформасы сабақ процесінде төрт негізгі педагогикалық функцияны қамтамасыз етеді:

Көрнекілік. PHAI платформасы физикалық құбылыстарды визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Анимациялар, интерактивті модельдер, бейнежазбалар және графикалық элементтер арқылы күрделі теориялық ұғымдар оқушыларға нақты көрініс табады. Мұндай тәсіл абстрактілі тақырыптарды түсіндіру кезінде аса тиімді. Визуализация арқылы оқушылар материалды жеңіл қабылдап, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Сонымен қатар, бұл әдіс теория мен тәжірибенің үйлесуін қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл, Mayer (2009) тұжырымдаған мультимедиялық оқыту принципіне, яғни, сөз бен бейненің бірлескен ықпалы оқушының материалды терең меңгеруін қамтамасыз ететіндігіне сәйкес келеді.[3]

Интерактивтілік. PHAI платформасында оқушылардың белсенділігін арттыратын тапсырмалар мен тесттер бар. Сабақ барысында оқушылар материалды тек пассив тыңдаушы ретінде емес, зерттеуші ретінде меңгереді. Оқушы симулятордың параметрлерін өзі баптап, нәтижелерін болжап, болжамын тексеру арқылы ғылыми тәжірибенің логикасын меңгереді. Бұл сыни ойлау мен мәселе шешу дағдыларын дамытудың тиімді жолы болып табылады.

Қолжетімділік. PHAI платформасындағы материалдарды кез-келген уақытта және кез-келген жерде пайдалануға қолжетімді. Бұл оқушыларға сабақтан тыс уақытта тақырыпты қайталауға, тапсырмаларды орындауға және өз білімін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, платформаны қолдану үйде қосымша оқыту немесе онлайн режимде білім алу кезінде тиімді болып келеді. Ерекшелігі сабақта уақытының жетіспеуіне байланысты материалды толық меңгере алмаған оқушыларға өз бетімен қайталап оқуға мүмкіндік береді.

Мотивация. Интерактивті тапсырмалар, виртуалды зертханалар және цифрлық құралдар сабаққа қызығушылықты арттырады. Сабақ көрнекі, ойын элементтерімен үйлескендіктен, оқушылар материалды өздігінен игеруге ынталанады. Яғни, оқушы тапсырманы мұғалімнің талабы бойынша емес, өзіне қызықты болғандықтан орындайды. Бұл оқу белсенділігін жоғарылатып, пәнге жағымды қатынас қалыптастырады.

Нәтижелер. PHAI платформасы физика пәнін интерактивті әрі түсінікті етіп ұйымдастыруға көмектесетін инновациялық білім беру ортасы болып саналады. Мен зерттеуді Астана қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің «7Б» сыныбына жүргіздім.

Бірінші апта сабақты дәстүрлі оқыту әдісімен өткіздім. Бұл кезеңде оқушылардың сабаққа белсенділігі төмен, теориялық ұғымдарды түсінуі

жеткіліксіз, ал есептерді орындауда қиындықтары бар екені байқалды. Көп жағдайда оқушылар тек тыңдаушы рөлінде қалды.

Екінші апта дәстүрлі әдістер жеткіліксіз екенін байқаған соң, сабақ барысында жасанды интеллект (AI) технологияларын қолдандым. Сабақ барысында тақырыпты анимациялық бейнежазбамен аштым және бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, бір-бірімен сұрақ алмасу арқылы сыныптағы ахуалды оятты.

Үшінші апта зертханалық жұмыс жүргізу жоспарланған болатын. Алайда, мектептегі зертханалық құрал-жабдықтар жеткіліксіз болды. Бұл мәселені шешу үшін виртуалды зертханалық симуляторлар жасадым. Виртуалды зертханалар күрделі тәжірибелерді қауіпсіз әрі тиімді орындауға мүмкіндік берді, оқушылар өздері бақылап, тәжірибе нәтижелерін талдай алды.[4] Бұл теориялық білімді тәжірибелік түрде ұғынуды жеңілдетіп, физикалық құбылыстарды нақты визуалды түрде түсінуге жағдай жасады. Оқушылар экранда физикалық тәжірибені кезеңмен орнатып, параметрлерді өзгертіп, нәтижелерін бақылады. Мысалы, Ом заңын тексеру тәжірибесінде кернеу мен кедергіні баптай отырып, токтың өзгерісін нақты уақыт кезеңінде бақылады және алынған деректерді кестеге жазып, графигін салды.[5] Бұл тәсіл зертханалық дағдыларды іс жүзінде емес, модельдеу арқылы да тиімді қалыптастыруға болатынын көрсетті.

1-кесте. PHAI платформасының модульдері

Модуль	Педагогикалық мақсаты	Көлемі	Оқушыға берілетін мүмкіндік
AI бейнежазба	Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру	120+ бейне	Оқу материалын меңгеру, кез-келген уақытта қайталау
Интерактивті симуляторлар	Физикалық заңдылықтарды тәжірибе арқылы түсіну	47 симулятор	Параметрлерді өзгерту арқылы нәтижені нақты уақытта бақылау
Виртуалды зертхана	Құбылысты визуалды түрде дамыту	24 зертханалық жұмыс	Эксперимент жүргізу, өлшеу нәтижелерін талдау
AI көмекші-бот	Жедел кері байланыс және оқыту процесін дербестендіру	24/7 қолжетімді	Сұрақтарға жауап алу, есептерді кезең-кезеңімен шығару

Нәтижесінде, салыстырмалы талдау жасау арқылы 1-кестеде көрсетілгендей, PHAI платформасының төрт модулі оқу үдерісінде бірін-бірі толықтыра отырып тиімді жұмыс істейтіні дәлелденді. PHAI платформасын қолдану сабақтарды интерактивті, қызықты қана қоймай, оқушылардың теориялық білімді тәжірибемен үйлестіруіне және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды. Мұғалімдердің пікіріне сүйенсек, PHAI платформасы сабақ дайындауға жұмсалатын уақытты үнемдейді. Платформадағы дайын бейнежазбалар, симуляторлар мен тест тапсырмалары мұғалімнің материал дайындауға бөлетін уақытын үнемдей отырып, оның жеке жұмысына назар аударуына жол ашады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, PHAI білім беру платформасын қолдану мектептегі физика сабақтарын интерактивті, көрнекі және жекелендірілген оқытуға мүмкіндік береді. Платформа физикалық ұғымдарды бейнежазбалар, виртуалды симуляторлар және AI көмекші-бот арқылы түсіндіру арқылы оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырады. Платформаның негізгі артықшылықтары жасанды интеллект (AI) арқылы жасалған бейнежазбалар, интерактивті симуляторлар, виртуалды зертханалар және AI көмекші-бот оқушылардың оқу белсенділігін, танымдық дербестігін және пәнге деген ынтасын айтарлықтай арттырды. Зерттеу жүргізу барысында оқушылардың үлгерімі үш апта ішінде өскен. PHAI платформасы заманауи білім беру талаптарына жауап беретін, физиканы оқытудағы олқылықтарды жоюға мүмкіндік беретін перспективалы инновациялық шешім.[6] Осылайша, PHAI платформасы физика пәнін оқытудың дәстүрлі әдістеріндегі шектеулерді еңсеруге көмектеседі және оқушылардың танымдық қабілеттерін, ғылыми зерттеушілік дағдыларын және өздігінен білім алу машықтарын дамытуға ықпал етеді. Зерттеу дәлелі ретінде платформа қолданылған сабақтарда оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі айтарлықтай артқанын көрсетуге болады. Сонымен қатар, мұғалім үшін сабақтарды ұйымдастыру жеңілдеп, оқыту процесінің сапасы артты.

Болашақта платформаны басқа жаратылыстану пәндеріне бейімдеу мысалы, химия, биология, математика, сонымен қатар, мұғалімдерге арналған арнайы оқыту модульдерін жасау жоспарланып отыр. PHAI платформасын одан әрі дамыту Қазақстандағы цифрлық білім беру кеңістігін жетілдіруге маңызды үлес қосады деп сенемін.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. (2023). ҚР Үкіметінің қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

2. Mahligawat, F., Allanas, E., Butarbutar, M. H., & Nordin, N. A. N. (2023). Artificial intelligence in physics education: A comprehensive literature review. Journal of Physics: Conference Series, 2596(1), 012080. https://doi.org/10.1088/1742-6596/2596/1/012080

3. Mayer, R. E. (2009). Multimedia learning (2nd ed.). Cambridge University Press.
4. Hamed, G., & Aljanazrah, A. (2020). The effectiveness of using virtual experiments on students' learning in the general physics lab. Journal of Information Technology Education: Research, 19, 977–996.
5. Rutten, N., van Joolingen, W. R., & van der Veen, J. T. (2012). The learning effects of computer simulations in science education. Computers & Education, 58(1), 136–153.
6. Zawacki-Richter, O., Marín, V. I., Bond, M., & Gouverneur, F. (2019). Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 16(1), 39.

ҒТАМА 371.38

ҮШБҰРЫШ ҰҒЫМДАРЫН КӨРНЕКІ ЖӘНЕ ТӘЖІРБИЕЛІК ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ТҮСІНДІРУ

Қайролла Д.Д., Астана халықаралық университеті, педагогикалық институтының 2-курс студенті**; Нұрахметов Д.Б.,** PhD, қауымдастырылған профессор
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
kairolla1605@gmail.com

Аннотация.Бұл мақалада 7-сынып оқушыларына геометрия пәнін оқытуда қағазды бүктеу әдісін қолданудың тиімділігі және жаттығулар жүйесі қарастырылады. Зерттеу барысында үшбұрыштың негізгі элементтері – биссектриса, медиана, биіктік, орта сызық, орта перпендикуляр және аудан ұғымдарын оқушыларға тәжірибелік жолмен меңгерту тәсілдері ұсынылған. Әдістеме оқушылардың кеңістік ойлауын, логикалық қабілетін және зерттеушілік дағдыларын дамытады. Қағазды бүктеу арқылы оқушылар геометриялық ұғымдарды теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар практикалық тәжірибе арқылы түсінеді. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, тақырыптың ұзақ уақыт есте сақтауын қамтамасыз етеді. Ұсынылған жаттығулар жүйесі арқылы оқушыларға анықтамаларды жаттатқызбай, олардың шығу жолын түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қағазды бүктеу әдісі оқушылардың моторикасын дамытып, сабақтағы белсенділігін арттырады. Әрбір жаттығу практикалық нәтижемен аяқталады, бұл оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Кілт сөздер: үшбұрыш, биссектриса, медиана, көрнекілік, оригами.

Кіріспе. Геометрия – математиканың ең күрделі бөлімдерінің бірі, себебі ол оқушылардан кеңістіктік елестеуді талап етеді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, оқушылар геометрияны меңгеруде қиындықтарға тап болады, себебі оқыту көбінесе түсінуге емес, есте сақтауға негізделген [1]. Оқушылардың ақпаратты қабылдауы мен түсіну деңгейі әртүрлі болғандықтан, оқу процесінде көрнекіліктерді қолдану өте тиімді болып табылады. Алайда үлгерімі төмен оқушылардың үлгерімін арттыру үшін көрнекіліктерді қолдану өте пайдалы [2]. Көрнекілік арқылы оқыту - оқушылардың жаңа ақпаратты жеңіл қабылдауына және оны ұзақ уақыт есте сақтауына ықпал ететін тиімді әдістердің бірі. Мысалы, сызғыш пен карандаш арқылы геометриялық фигураларды сызу ұсақ мотрикаңы дамытқанымен, фигуралардың ішкі құрылымын, симметриясын терең түсінуге мүмкіндік бермейді. Осы тұрғыдан алғанда, оригами әдісі оқушыларға фигураны әртүрлі қырынан көруге, геометриялық қасиеттерді өз қолымен жасап, түсінуге жағдай жасайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында геометрияны оқытуда оригами, яғни қағазды бүктеу әдісі қолданылды [3]. Бұл әдіс оқушылардың үшбұрыштың негізгі элементтерін тәжірибелік жолмен меңгеруіне бағытталды. Сонымен қатар құрал-жабдықтар ретінде: қағаз, қайшы, сызғыш, карандаш пайдаланылған болатын.

Нәтижелер. Нәтижелер ретінде мектеп курсында оқитын үшбұрыштың элементтеріне арналған бірнеше жаттығуларды дайындадым [4]. Біріншіден биссектриса анықтамасын түсіндіруге арналған жаттығуларды қарастырамыз.

Биссектриса

Оқушыларға биссектриса ұғымын түсіндіру үшін жазба қағаздары таратылады.

1 - жаттығу. *Берілген қағаздан бүктеу арқылы үшбұрыш жаса,* 1-сурет.



Сурет 1 - Үшбұрыш пайда болу үшін қағазды бүктедік.

2-жаттығу. *Бүктеген сызық бойымен үшбұрыш қиып ал*, 2-сурет.



Сурет 2 - Пайда болған үшбұрыш.

3-жаттығу. *Пайда болған үшбұрыштың барлық бұрыштарын тең екіге бөл.* Ол үшін әр бұрыштың екі қабырғасын бір-біріне дәл келтіріп, бүкте, 3-суретке қара.



Сурет 3 - Үшбұрыштың тікбұрышын бүктеу арқылы тең екіге бөлдік.

Енді екінші бұрышын бүктеу арқылы тең екіге бөл, 4-сурет.



Сурет 4 - Үшбұрыштың екінші бұрышын тең екіге бөлдік.

Үшбұрыштың үшінші бұрышын тең екіге бөл, 5-сурет.



Сурет 5 - Үшбұрыштың үшінші бұрышын тең екіге бөлдік.

4-жаттығу. *Енді сызғыштың көмегімен бүктелген іздер бойынша қаламмен кесінділерді сыз*.

Тікбұрыштың бүктелген жерінен сызылған кесіндіні 6-суреттен қара.



Сурет 6 - Үшбұрыштың тікбұрышынан жүргізілген биссектрисасы.

Жасыл қаламмен жүргізілген кесінді бұрыштың биссектрисасы болады. Себебі біз бұрышты тең екіге бүктеген кезде, бұрыштың екі қабырғасы бір-бірімен дәл беттеседі. Беттескен екі қабырға арасындағы пайда болған сызық – бұрыштың дәл ортасын көрсетеді. Яғни бұл сызық бұрыштың биссектрисасы болады. Үшбұрыштың биссектрисасы – үшбұрыштың бір төбесінен шығып, сол төбедегі бұрышты тең екіге бөледі [5, Б.44].

4-жаттығуды қайталап, қалған екі биссектрисаны сызайық.



Сурет 7 - Үшбұрыштың үш бұрышынан жүргізілген биссектрисалары.

Осылайша біз үшбұрыштың үш биссектрисасын таптық және тапсырманы орындау арқылы, үшбұрыштың биссектрисаларын табуды үйрендік.

Көрнекілік ретінде оқушыларға әр түрлі үшбұрыштарға сызылған биссектрисаларды көрсетуге болады, 8-сурет.



Сурет 8 - Әртүрлі үшбұрыштарға жүргізілген биссектрисалар.

Оқушылардың түсіну деңгейін білу үшін қорытынды сұрақтар қоюға болады.

1. Кез келген үшбұрыштың биссектрисалары болады ма?
2. Үшбұрышта неше биссектриса болады?
3. Неліктен бүктеу ізі бойынша жүргізілген кесінді биссектриса деп аталады?

Берілген практикалық жұмыс барысында оқушылар қағазды бүктеу әдісін қолдана отырып, үшбұрыш бұрыштарын тең екіге бөлуді тәжірибе жүзінде орындады. Әр бұрыштың екі қабырғасын дәл беттестіру арқылы пайда болған бүктеу сызығы бұрышты тең екіге бөлетінің көзбен көріп, қолмен ұстайды. Бұл жұмыс биссектрисаның анықтамасын есте сақтаумен шектелмей, оның пайда болу себебін және салу жолын жақсы меңгеруге мүмкіндік берді.

Медиана

Сабақ басында оқушыларға жазба қағаздары таратылады.

5-жаттығу. *Берілген қағазды үшбұрыш шығатындай бүкте және қиып ал*, 9-сурет.



Сурет 9 – Үшбұрышты қиып алдық.

6-жаттығу. *Енді пайда болған үшбрыштың барлық қабырғаларының ортасын тап.*

Ол үшін алдымен үшбұрыштың кез келген қабырғасының екі бұрышын бір-біріне беттестіріп, бүкте. Бүктеуден пайда болған сызық пен қабырғаның қиылысу нүктесі сол қабырғаның ортасын көрсетеді, оны қаламмен белгіледім, 10-суретке қара.



Сурет 10 - Үшбұрыштың табаңындағы жатқан қабырғаның ортасын таптық.

7-жаттығу. *Енді екінші қабырғаның ортасын тап.*

Ол үшін 6-жаттығуды қайтала, 11-суретке қара.



Сурет 11 - Екінші қабырғаның ортасын таптық.

8-жаттығу. *Үшінші қабырғаның ортасын тап.*

6-жаттығуды қайтала, 12-суретке қара.



Сурет 12 - Үшбұрыштың барлық қабырғаларының ортасын таптық.

9-жаттығу. *Үшбұрыштың бір төбесінен қарама-қарсы қабырғасының ортасына кесінді жүргіз*, (қаламмен белгіленген нүктеге).

Оны қызыл түспен белгіледім, 15-суретке қара. Бұл кесінді – үшбұрыштың медианасы болады. Үшбұрыштың медианасы – үшбұрыштың төбесі мен оған қарсы жатқан қабырғасының ортасын қосатын кесінді [3, Б.44].



Сурет 13 - Үшбұрыштың бір бұрышынан жүргізілген медиана.

10-жаттығу. *Үшбұрыштың екінші және үшінші төбесінен қарама-қарсы қабырғаларының орталарына сәйкесінше кесінділерді жүргіз.*

Ол үшін 9-жаттығуды қайтала. Екінші *төбесінен* жүргізілген медианаңы көк түспен, үшінші *төбесінен* бұрышынан жүргізілген медианаңы күлгін түспен белгіледім, 14-суреттен қара.





Сурет 14 - үшбұрыштың үш бұрышынан жүргізілген медиана.

Осылайша біз үшбұрыштың медианасын табуды үйрендік.

Көрнекілік ретінде, оқушыларға әртүрлі үшбұрыштарға жүргізілген медианаларды көрсетуге болады, 15-сурет.





Сурет 15 – Әртүрлі үшбұрыштарға жүргізілген медиана.

Қорытынды сұрақтар:

1. Үшбұрыштың медианасы дегеніміз не?
2. Медиана қабырғаны қалай бөледі?
3. Медианың биссектрисадан айырмашылығы қандай?

Ұсынылған жаттығулар арқылы оқушылар медиана ұғымын анықтама жүзінде ғана емес, тәжірбие жасау арқылы жақсы түсінеді. Нәтижесінде оқушылар медианаңың мағынасын терең түсініп, жаттығуларды өз беттерімен орындап, геометриялық ойлау қабілеттерін дамытады.

Қорытынды. Қазды бүктеу (оригами) әдісі геометрияны оқытуда тиімді және заманауи тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл әдіс оқушыларға геометриялық ұғымдарды тек теориялық түрде ғана емес, практикалық әрекет арқылы меңгеруге мүмкіндік береді. Оригами арқылы фигураларды құрастыру барысында оқушылар олардың қасиеттерін визуалды түрде түсініп, кеңістіктік ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар, қағазды бүктеу әдісі оқыту үдерісін қызықты әрі қолжетімді етіп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Осыған байланысты, оригами элементтерін геометрия сабақтарында қолдану білім беру сапасын арттыруға және оқу процесінің тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Берікқызы А., Нұрахметов Д.Б., Үшбұрыштың медианасы мен биссектрисасына көрнекі мысалдар. Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы. №1(25) 2024. -51- 52 б.

2. Берікқызы А., Нұрахметов Д.Б., Кейбір геометриялық фигуралардың қасиеттерін үйретуге арналған көрнекті есептер. Педагогикалық порталдың ресми сайтында оқу-әдістемелік құрал. Журнал «МЕКТЕП» Педагогический журнал Казахстана. 2024.

3. Kawthar M.Habeeb. Integrating Digital Tools with Origami Activities to Enhance Geometric Concepts and Creative Thinking in Kindergarten Education [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: 01.04.2026

4. Шыныбеков А.Н., Шыныбеков Д., Жұмабаев Р.Н. Алгебра 7 сынып. – Алматы «Атамұра», 2018.

5. Смирнов В.А., Тұяқов Е.А. Геометрия 7 сынып. – Алматы: Мектеп, 2017.

Ғылыми жетекші, қауымдастырылған профессор Нұрахметов Дәулет Бағдатұлына шын жүректен алғыс білдіремін. Осы мақаланы жазу барысында құнды білім алып, зерттеу дағдыларымды дамытуға мүмкіндік болды. Зерттеу жүргізу мен жұмысты рәсімдеу кезінде берілген маңызды ескертулер мен пайдалы кеңестер үшін ерекше ризашылығымды білдіремін.

ҒТАМА 14.85.09

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ФЕЙНМАН ӘДІСІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТХАНАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Қасым М.Ж., Зәкиева Ж.Е., PhD, Педагогикалық институттың «6В01505-Физика» білім беру бағдарламасының 3–курс студенті, Астана Халықаралық Университеті, Астана қаласы, Қазақстан
qasymmarzhan6@gmail.com

Аннотация. Мақалада физиканы оқытуда Ричард Фейнманның педагогикалық тәсілін тәжірибелік зертхана сабақтарымен бірге қолданудың теориялық негіздері мен практикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Фейнман әдісінің мәні — кез келген күрделі ұғымды қарапайым тілмен, аналогиялар арқылы түсіндіру — терең ұғыну мен сын тұрғысынан ойлауды дамытудың тиімді жолы ретінде талданады. Тәжірибелік зертхана сабақтарының дәстүрлі және зерттеушілік модельдері салыстырылып, шармен ұшу траекториясын зерттеу мысалы негізінде интеграцияланған оқыту моделі ұсынылады. Мақалада сонымен бірге оқушылардың оқу нәтижелеріне тікелей ықпал ететін белсенді оқыту стратегиялары, пирингтік оқыту форматтары және зертхана журналы тәсілдері сипатталады. Берілген ұсыныстар Қазақстанның жалпы білім беретін мектептері мен жоғары оқу орындарында қолданылуға бейімделген.

Түйін сөздер: Фейнман әдісі, физиканы оқыту, тәжірибелік зертхана, белсенді оқыту, терең ұғыну, пирингтік оқыту, ғылыми ойлау, физика педагогикасы.

Кіріспе. Физика — табиғат құбылыстарын сандық және сапалық тұрғыдан зерттейтін іргелі ғылым. Оны оқыту жүйесі ғасырлар бойы дамып, бүгінгі күнде де өзекті педагогикалық мәселе болып қала береді. Дегенмен көптеген зерттеулер мектеп пен жоғары оқу орнында физиканы оқытудың негізгі кемшілігін анықтаған: теориялық білімнің практикалық қолданудан алшақтығы [1].

Оқушылар формулаларды жаттауды, есеп шығаруды үйренеді, бірақ «неліктен?» деген сұраққа жауап бере алмайды. Ньютонның екінші заңын «F = ma» деп жазатын оқушы шар лақтырғанда не болатынын, кезінде не үшін ракета биікке ұшатынын реалды тілмен түсіндіре алмайды. Бұл — жаттанды білімнің терең ұғынудан айырмашылығы.

Осы проблеманы шешуде екі тәсіл өзара толықтырушы рөл атқарады: Ричард Фейнманның педагогикалық философиясы және тәжірибелік зертхана сабақтарының зерттеушілік моделі. Екеуінің өзегінде бір қағида жатыр — оқушы білімді «алмайды», ол білімді өзі «жасайды». Осы мақалада аталған тәсілдердің теориялық негіздері, практикалық мысалдары және оқыту нәтижелеріне тигізетін ықпалы жан-жақты қарастырылады.

Мақаланың мақсаты: физика оқытуда Фейнман әдісі мен тәжірибелік зертхана жұмыстарын кіріктірудің педагогикалық негізін айқындау және мектеп пен ЖОО практикасына қолдануға жарамды нақты ұсыныстар тұжырымдау.

2. Фейнман әдісі: теориялық негізі мен педагогикалық мәні

Ричард Филлипс Фейнман (1918–1988) — американдық теориялық физик, квантты электродинамика саласындағы еңбектері үшін 1965 жылы Нобель сыйлығын алған ғалым. Бірақ оның педагогикалық мұрасы ғылыми жетістіктерінен кем емес. Фейнман Калтехте оқыған лекция курсы «The Feynman Lectures on Physics» атымен жарияланып, бүгінгі күнге дейін физика педагогикасының классикалық үлгісі болып саналады [2].

Фейнман оқытуға деген көзқарасы бір сөйлемге сыяды: «Егер сіз бір нәрсені шынымен түсінсеңіз — оны кез келген адамға, тіпті балаға түсіндіре аласыз». Осы идеядан туындаған педагогикалық тәсіл қазіргі уақытта «Фейнман техникасы» деп аталады.

2.1. Фейнман техникасының төрт қадамы

1-қадам. Тақырыпты таңдау және «қарапайым тілмен жазу». Оқушы немесе студент зерттейтін тақырыпты таңдайды (мысалы, электромагниттік индукция) және оны 12 жасар баланы елестетіп, қарапайым сөзбен парақта жазады. Арнайы терминдерге жол берілмейді — тек нақты бейнелер, аналогиялар, мысалдар.

2-қадам. Білімдегі «саңылауларды» анықтау. Түсіндіру барысында оқушы тоқтап қалатын тұстарды белгілейді. «Мұнда мен сенімді емеспін» немесе «Бұл жерді білмеймін» деген сәттер — оқудың бағытын анықтайды. Бұл метатанымдық саналылықтың негізгі белгісі.

3-қадам. Бастапқы дереккөзге оралу. Анықталған білім олқылықтарын жою үшін оқушы оқулыққа, ғылыми мақалаға немесе мұғалімге жүгінеді. Бұл жолы мақсатты оқу жүреді — «не керек, соны іздеу».

4-қадам. Жеңілдету және аналогия. Оқушы материалды қайтадан қарапайым тілмен жазады, бірақ бұл жолы жаттанды емес, толық түсінумен. Тиімді аналогия — «электр тогы суға ұқсайды: кернеу — қысым, ток — ағыс жылдамдығы» — физикалық ұғымды бейнелі жадқа «бекітеді».

2.2. Фейнман тәсілінің психологиялық негізі

Фейнман тәсілі бірнеше психологиялық-педагогикалық теориямен тікелей байланысты. Дэвид Озюбелдің мәнді оқу теориясы (Meaningful Learning Theory) бойынша, жаңа білім тиімді меңгерілуі үшін оқушының бұрынғы білімімен байланысуы шарт [5]. Фейнман тәсілі дәл осыны аналогиялар арқылы жасайды — жаңа ұғымды таныс нәрсеге «байлайды».

Ал Джон Флавелл дамытқан метатаным теориясы (Metacognition Theory) оқушының өз оқу процесін бақылай, бағалай және реттей алу қабілетін зерттейді [8]. Фейнман техникасының 2-қадамы — дәл осы метатанымдық саналылықты іске қосады: оқушы «мен мұны білемін» деп ойламайды — шынымен түсінгенін тексереді.

Сонымен бірге, когнитивтік жүктеме теориясы (Cognitive Load Theory) бойынша, ақпаратты жеңілдетіп, бейнелі тілге аударғанда жұмыс жадының жүктемесі азаяды және ақпарат ұзақ мерзімді жадқа оңай ауысады [9].

3. Тәжірибелік зертхана сабақтары: дәстүрлі және зерттеушілік модельдер

Зертхана сабақтары физика оқытудың маңызды бөлігі болып саналады. Алайда барлық зертхана сабақтары бірдей тиімді емес. Педагогикалық зерттеулер екі негізгі модельді бөліп көрсетеді [4]:

1-кесте. Дәстүрлі және зерттеушілік зертхана модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы

Сипаттама	**Дәстүрлі модель**	**Зерттеушілік модель**
Мақсаты	Белгілі нәтижені растау	Гипотезаны өз бетінше тексеру
Жоспарлау	Мұғалім нұсқаулықты береді	Оқушы өзі жоспарлайды
Нәтиже	«Дұрыс жауапқа» дейін дөңгеленеді	Ауытқу талданып, себебі іздестіріледі
Ойлау деңгейі	Репродуктивтік	Сын тұрғысынан, шығармашылық
Білімнің бекінуі	Ұқсас есептерде ғана	Жаңа жағдайларда да қолданылады

Зерттеушілік зертхана моделі оқушыны «лаборант» рөлінен «ғалым» рөліне өткізеді. Мұнда маңызды кезең — болжам жасау, яғни тәжірибеге дейін «не болады деп ойлайсың?» деген сұрақ. Болжамы дұрыс немесе бұрыс болуы маңызды емес — маңыздысы оқушының себеп-салдарлық ойлауға тартылуы [4].

Тәжірибе нәтижесі теориядан ауытқыған жағдайда — бұл қате емес, зерттеу нысаны. «Неліктен ауытқыды? Ауа кедергісі ме? Өлшеу қатесі ме? Үйкеліс пе?» — осы сұрақтар физикалық ойлауды іске қосады.

4. Тәжірибелік мысал: шарды горизонталь атқанда траекторияны зерттеу

Бұл тәжірибе Ньютон заңдарын, кинематиканы және ауа кедергісі туралы ұғымды бірге зерттеуге мүмкіндік береді. Фейнман тәсілімен бірге қолданған жағдайда оқу нәтижесі айтарлықтай артады.

4.1. Тәжірибенің мақсаты мен жабдықтары

Мақсаты: горизонталь лақтырылған дененің (шардың) ауадағы траекториясын бақылап, теориялық есептеу мен тәжірибелік деректерді салыстыру; ауа кедергісінің ықпалын анықтау.

Жабдықтар: серіппелі немесе пневматикалық лақтырғыш, әртүрлі массадағы шарлар (теннис, пинг-понг, болат), миллиметрлік қағаз немесе координаталық тор, жоғары жылдамдықты камера (немесе смартфон), рулетка, секундомер, желдеткіш (ауа кедергісін арттыру үшін).

4.2. Тәжірибенің барысы

1-кезең. Болжам жасау (Фейнман қадамы 1). Тәжірибеге дейін оқушылар мына сұрақтарға жауап жазады: «Шар ауада қандай пішінде ұшады?», «Ауыр шар бе, жеңіл шар ма — қайсысы алысырақ ұшады?», «Ауа кедергісі болмаса не өзгерер еді?». Жауаптар топтастырылып, сыныпта ортақ пікір талқыланады.

2-кезең. Тәжірибені жүргізу. Шар горизонталь бағытта белгілі бастапқы жылдамдықпен (v_0) лақтырылады. Камера немесе фотоапарат бірнеше позицияны фиксациялайды. Уақыт (t), горизонталь (x) және вертикаль (y) ығысулар өлшенеді. Тәжірибе әртүрлі бұрышта (0°, 30°, 45°, 60°) қайталанады.

3-кезең. Теориялық есептеу. Ауа кедергісінсіз идеалды жағдайда траектория параболамен сипатталады:

$$x(t) = v_0 \cdot \cos(\theta) \cdot t$$

$$y(t) = v_0 \cdot \sin(\theta) \cdot t - \tfrac{1}{2} \cdot g \cdot t^2$$

мұндағы $g = 9{,}81$ м/с² — еркін түсу үдеуі, θ — лақтыру бұрышы, t — уақыт.

Максималь ұшу қашықтығы: $R = v_0^2 \cdot \sin(2\theta) / g$, максималь биіктік: $H = v_0^2 \cdot \sin^2(\theta) / (2g)$.

4-кезең. Деректерді салыстыру және талдау (Фейнман қадамы 2–4). Тәжірибелік деректер кестеге енгізіліп, теориялық мәндермен салыстырылады. Ауытқудың пайыздық қатесі есептеледі. Оқушылар ауытқу себебін Фейнман тәсілімен — қарапайым сөзбен — жазады: «Нақты шар теориядан ерте жерге түсті, себебі ауа кедергісі оның жылдамдығын азайтты, яғни кинетикалық энергияның бір бөлігі жылуға айналды».

2-кесте. Тәжірибе нәтижелерінің теориямен салыстырылуы (мысал деректер)

Бұрыш (°)	**Теор. қашықтық (м)**	**Тәжір. қашықтық (м)**	**Ауытқу (%)**
30°	8,50	7,92	6,8%
45°	10,00	9,14	8,6%
60°	8,50	7,68	9,6%

Кестеден көрінгендей, лақтыру бұрышы артқан сайын ауытқу жоғарылайды — бұл вертикаль компоненттің ауа кедергісімен өзара әрекетінің күшеюімен түсіндіріледі. Оқушылар осы заңдылықты Фейнман тәсілімен өз сөзімен жазғанда — теориялық физикадан нақты физикаға өту жүреді.

5. Фейнман тәсілі мен зертхана сабақтарының педагогикалық кіріктірілуі

Фейнман тәсілі мен тәжірибелік зертхана жеке-жеке де тиімді, бірақ кіріктіргенде синергиялық нәтиже береді. Бұл кіріктіру үш деңгейде жүзеге асырылады:

Деңгей 1 — Тәжірибеге дейін (Before Lab). Оқушы тақырыпты Фейнман тәсілімен алдын ала «түсіндіреді» — болжам жасайды, аналогиялар қолданады. Бұл «бұрынғы схема» (prior schema) активтендіреді, жаңа ақпаратты «тірек нүктеге» бекітеді.

Деңгей 2 — Тәжірибе кезінде (During Lab). Тәжірибе нәтижесі болжаммен сәйкес келмегенде, оқушы «сенімді білімін» жаңартады. Бұл — Пиаже айтқан «аккомодация» процесі: жаңа деректер кескін-кестені өзгертеді [10].

Деңгей 3 — Тәжірибеден кейін (After Lab). Оқушы «Зертхана журналы» форматында нәтижені қарапайым тілмен жазады: «Бұл тәжірибе нені дәлелдеді?», «Менің болжамым неліктен дұрыс/бұрыс болды?», «Осыны кім, қалай пайдалана алады?». Бұл жазба — Фейнман техникасының 4-қадамы — терең ойлауды белгілейді.

Джон Хэттидің 800-ден астам мета-талдауды қамтыған зерттеуінде белсенді оқыту стратегиялары (оқушы түсіндіреді, болжайды, рефлексия жасайды) стандартты оқытуға қарағанда оқу нәтижелілігін 0,5–0,8 стандарттық ауытқуға арттыратыны анықталған [6]. Бұл — педагогикада «жоғары ықпалды тәсіл» (high-impact strategy) деп саналатын деңгей.

6. Пирингтік оқыту және «Менің сабағым» форматы

Эрик Мазур (Гарвард университеті) 1990-шы жылдары Peer Instruction (Пирингтік оқыту) форматын жасады [7]. Мазур өз зерттеуінде жоғары оқу орнының студенттері физика формулаларын шеше алса да, концептуалды сұрақтарда сәтсіздікке ұшырайтынын анықтады. Шешім қарапайым болды: студенттер бірін-бірі оқытсын.

Формат: мұғалім концептуалды сұрақ қояды → студенттер жеке жауап береді → жауаптары әртүрлі студенттер бір-біріне 2–3 минут түсіндіреді → жауапты қайталайды → мұғалім дұрыс жауапты ашады. Зерттеулер бұл форматтың дәстүрлі лекцияға қарағанда 2 есе тиімді екенін көрсеткен [7].

Фейнман тәсілінің «Менің сабағым» форматы осы идеяны мектеп ортасына бейімдейді. Оқушыға апта сайын кезекпен бір физикалық тақырып тапсырылады. Ол 7–10 минут ішінде:

– Тақырыпты тақтаға сурет пен схема арқылы түсіндіреді;

– Кем дегенде бір нақты мысал немесе аналогия келтіреді;

– Сыныптан кемінде екі сұрақ алады және жауаптайды.

Мұғалім тыңдаушы ретінде жай сұрақтар қояды: «Ал мына жерде не болады?», «Неліктен солай?». Осы сұрақтар оқушының білімінің тереңдігін тексереді — жаттанды жауап ешқашан бұл сұрақтарды өтпейді.

7. Іске асыру тәжірибесі: мектеп пен ЖОО үшін ұсыныстар

Фейнман тәсілі мен тәжірибелік зертхананың кіріктірілген моделін іске асыру үшін арнайы жабдық немесе қосымша ресурс қажет емес. Педагогикалық ойлау жүйесі — басты шарт.

7.1. Мектеп деңгейі (7–11-сыныптар)

Апталық жоспарға мына элементтерді енгізу ұсынылады: Дүйсенбі — тақырыптың Фейнман тәсілімен алдын ала оқылуы (үй тапсырмасы: «осы тақырыпты анаңа түсіндір»); Сейсенбі–Бейсенбі — зерттеушілік зертхана сабағы болжам → тәжірибе → талдау циклімен; Жұма — «Менің сабағым» форматымен бір оқушының презентациясы және сыныптық талқылау.

Мұғалімнің бағалауы да өзгереді: дұрыс формула жаза алу ғана емес, «неліктен осылай?» деген сұраққа жауап бере алу — негізгі критерий болады.

7.2. ЖОО деңгейі (физика, инженерия, педагогика мамандықтары)

Жоғары оқу орындарында Peer Instruction форматын лекция сабақтарына енгізу, зертхана жұмыстарын ашық зерттеу форматына (open-ended lab) ауыстыру және студенттерге «зертхана журналы» арқылы нәтижені концептуалды деңгейде жазу талабы қойылуы мүмкін.

Курс соңында студент бүкіл пән бойынша «қарапайым сөзбен жазылған анықтамалық» жасайды — Фейнман тәсілінің жиынтық нәтижесі. Бұл жиынтық тек бағалау емес, терең оқудың тікелей өнімі болады.

7.3. Ресурсы шектеулі орта үшін бейімделу

Ауылдық мектептерде немесе жабдығы аз ортада шармен тәжірибеге баламалы қарапайым нұсқалар бар: еңкейтілген жазықтықтан домалатылған шар, суды стақаннан стақанға құю арқылы Бернулли қағидасын зерттеу, т.б. Фейнман тәсілі үшін ешқандай жабдық қажет емес — тек қаламсап, дәптер және «неліктен?» деген сұрақ жеткілікті.

Қорытынды. Физиканы оқытудың тиімділігін арттыру — бүгінгі педагогиканың өзекті мәселесі. Бұл мақалада Фейнман тәсілі мен тәжірибелік зертхана сабақтарының кіріктірілген моделі теориялық және практикалық тұрғыдан негізделді.

Фейнман тәсілі оқушыны терең ұғынуға, метатанымдық саналылыққа және ауызша түсіндіру дағдысына жетелейді. Зерттеушілік зертхана сабақтары бақылау, болжау, деректер талдау және ғылыми ойлау дағдыларын дамытады. Екеуін бірге қолданған педагог — формула жаттататын емес, ойлауды қалыптастыратын мұғалім.

Шармен тәжірибе мысалы көрсеткендей, тіпті қарапайым зертхана жұмысы Фейнман тәсілімен ұштасқанда — болжам → тәжірибе → Фейнман талдауы → пирингтік түсіндіру — дидактикалық жағынан бай оқу тізбегіне айналады.

Болашақ зерттеулер үшін ұсыныс: Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде аталған кіріктірілген модельді эксперименттік жолмен тексеру, оқушылардың физикадан PISA/TIMSS нәтижелерімен, мотивациясымен және сын тұрғысынан ойлау деңгейімен корреляциясын зерттеу.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. McDermott L.C., Shaffer P.S. Tutorials in Introductory Physics. — Upper Saddle River: Prentice Hall, 2002. — 232 б.
2. Feynman R.P., Leighton R.B., Sands M. The Feynman Lectures on Physics. Vol. 1. — California: Addison-Wesley, 1963. — P.560
3. Nestojko J.F., Bui D.C., Kornell N., Bjork E.L. Expecting to teach enhances learning and organization of knowledge // Memory & Cognition. — 2014. — Vol. 42. — P. 1038–1048.
4. Hofstein A., Lunetta V.N. The Laboratory in Science Education: Foundations for the Twenty-First Century // Science Education. — 2004. — Vol. 88 (1). — P. 28–54.
5. Ausubel D.P. The Psychology of Meaningful Verbal Learning. — New York: Grune & Stratton, 1963. — P. 255
6. Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. — London: Routledge, 2009. — 392 б.
7. Mazur E. Peer Instruction: A User's Manual. — Upper Saddle River: Prentice Hall, 1997. — 253 б.
8. Flavell J.H. Metacognition and cognitive monitoring: A new area of cognitive-developmental inquiry // American Psychologist. — 1979. — Vol. 34 (10). — P. 906–911.
9. Sweller J. Cognitive Load Theory, Learning Difficulty, and Instructional Design // Learning and Instruction. — 1994. — Vol. 4 (4). — P. 295–312.
10. Piaget J. The Psychology of Intelligence. — London: Routledge, 1950. — P.182 .

ӘОЖ 372.853

ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТА ФИЗИКАНЫ САРАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Құдайбергенова Н.Б., Педагогикалық институттың «7М01505 – Физика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты; **Нуркенов С.А.,** ф.-м.ғ.к., PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Астана Халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
kudaybergeb@mail.ru

Аннотация.Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында орта мектепте физика пәнін саралап (дифференциациялап) оқытудың тиімді әдістері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі әртүрлі білім алу қажеттіліктері бар оқушыларды бір сыныпта оқыту барысында туындайтын педагогикалық қиындықтармен және оқу үдерісін жекелендіру қажеттілігімен негізделеді. Мақаланың мақсаты – инклюзивті сыныпта физиканы оқытуда саралап оқыту тәсілдерін қолданудың ерекшеліктерін анықтау және олардың тиімділігін негіздеу.

Зерттеу барысында деңгейлік тапсырмалар жүйесі, топтық және жеке жұмыс формалары, сондай-ақ оқушыларға қолдау көрсету (scaffolding) әдістері талданды. Физика сабақтарында оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалын бейімдеу жолдары ұсынылды. Сонымен қатар, саралап оқыту әдістерін қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, пәнді меңгеру деңгейін жақсартуға және оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге ықпал ететіні көрсетілді.

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында физиканы тиімді оқытудың әдістемелік негіздерін жетілдіруге бағытталған және жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері үшін практикалық маңызға ие.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, физиканы оқыту, Data Harvest, цифрлық зертхана, зерттеушілік құзыреттілік, EasySense2, STEM білім беру, цифрландыру.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Әлемдік білім беру кеңістігінде әрбір оқушының сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету, олардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескеру негізгі басымдықтардың бірі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, жалпы білім беретін мектептерде әртүрлі деңгейдегі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды бір сыныпта оқыту педагогтан жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді[1].

Физика пәні – абстрактілі ұғымдарға, логикалық ойлауға және математикалық дайындыққа негізделген күрделі пәндердің бірі. Сондықтан

инклюзивті сыныпта физиканы тиімді оқыту оқушылардың жеке ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін және оқу қарқынын ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс. Бұл жағдайда саралап (дифференциациялап) оқыту тәсілдері ерекше рөл атқарады, себебі олар әр оқушының білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар беруге және оқу үдерісін икемді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Саралап оқыту – оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу мазмұнын, әдістерін және тапсырмаларды әртүрлі деңгейде ұсынуға бағытталған педагогикалық тәсіл. Инклюзивті білім беру жағдайында бұл тәсіл оқушылар арасындағы айырмашылықтарды теңестіруге емес, керісінше, олардың әрқайсысының әлеуетін ашуға бағытталады.

Осыған байланысты, инклюзивті сыныпта физиканы саралап оқыту әдістерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мақаланың мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында физика пәнін саралап оқыту әдістерінің ерекшеліктерін айқындау және олардың тиімділігін негіздеу. Осы мақсатқа жету үшін саралап оқыту тәсілдерінің теориялық негіздері талданып, оларды физика сабақтарында қолданудың практикалық жолдары қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы инклюзивті білім беру жағдайында орта мектепте физика пәнін саралап оқыту әдістерінің тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу базасы ретінде жалпы білім беретін мектептің инклюзивті сыныптары алынды. Зерттеуге әртүрлі оқу мүмкіндіктері мен білім деңгейлері бар оқушылар қатысты, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар да қамтылды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

педагогикалық бақылау, оқушылардың оқу әрекетін талдау, салыстырмалы талдау, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименттік жұмыс. Бақылау әдісі арқылы оқушылардың сабақтағы белсенділігі, тапсырмаларды орындау деңгейі және сараланған оқытуға реакциясы зерттелді. Сонымен қатар, оқушылардың оқу жетістіктері мен танымдық қызығушылықтарының өзгерісі талданды[2].

Тәжірибелік бөлімде физика сабақтарында саралап оқыту әдістері жүйелі түрде енгізілді. Атап айтқанда, деңгейлік тапсырмалар (базалық, орта, жоғары деңгей), топтық және жұптық жұмыс түрлері, жеке оқу траекториясын ұйымдастыру, сондай-ақ оқушыларға кезең-кезеңімен қолдау көрсету (scaffolding) әдістері қолданылды. Оқу материалдары оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімделіп, көрнекілік құралдар мен практикалық тапсырмалар кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелерін бағалау үшін оқушылардың оқу жетістіктері, тапсырмаларды орындау сапасы және пәнге деген қызығушылығы негізгі көрсеткіштер ретінде алынды. Алынған мәліметтер сапалық және сандық тұрғыда өңделіп, саралап оқыту әдістерінің тиімділігі анықталды.

Нәтижелер. Зерттеу барысында инклюзивті сыныпта физиканы саралап оқыту әдістерін енгізудің тиімділігі тәжірибелік жолмен тексерілді.

Экспериментке 7–9 сыныптың 52 оқушысы қатысты, оның ішінде 11 оқушы ерекше білім беру қажеттіліктері бар топқа жатқызылды. Алдын ала диагностикалық бақылау нәтижесінде оқушылардың физика пәні бойынша білім деңгейі төмен және орта деңгейде екені анықталды:



Саралап оқыту әдістерін (деңгейлік тапсырмалар, топтық жұмыс, scaffolding) 8 апта бойы жүйелі қолдану нәтижесінде көрсеткіштерде айтарлықтай өзгеріс байқалды:



Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар арасында да оң динамика тіркелді: тапсырмаларды өз бетінше орындау үлесі 32%-дан 61%-ға дейін артты сабаққа белсенді қатысу деңгейі 40%-дан 73%-ға өсті. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша: «физика пәні қызықты» деп жауап бергендер саны 38%-дан 67%-ға дейін өсті «қиын пән» деп бағалағандар 52%-дан 29%-

ға дейін төмендеді. Бақылау нәтижелері көрсеткендей, деңгейлік тапсырмаларды қолдану оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс істеуіне жағдай жасап, әсіресе төмен деңгейдегі оқушылардың үлгерімін жақсартуға ықпал етті. Ал топтық жұмыс барысында жоғары деңгейдегі оқушылардың көшбасшылық қабілеттері дамып, өзара оқыту жүзеге асты[4].

Оқушылар → (деңгей бойынша бөлу)
↓
Тапсырмалар:
- базалық
- орта
- күрделі
↓
Әдістер:
- топтық жұмыс
- жеке жұмыс
- scaffolding
↓
Нәтиже:
- білім сапасы ↑
- мотивация ↑

Scaffolding әдісін қолдану ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін ең тиімді тәсілдердің бірі екені анықталды. Кезең-кезеңімен берілген қолдау олардың күрделі тақырыптарды меңгеруін жеңілдетті. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер саралап оқыту әдістері: оқу сапасын 20–25% аралығында арттырғанын, оқушылардың белсенділігін шамамен 30%-ға жоғарылатқанын, инклюзивті ортада білім алудың тиімділігін күшейткенін көрсетті. Бұл деректер саралап оқыту әдістерінің инклюзивті сыныпта физиканы оқытудың маңызды және тиімді құралы екенін дәлелдейді[5].

Рефлексивті қорытынды: Қателіктерді талдау Зерттеу барысында инклюзивті сыныпта физиканы саралап оқыту әдістерін енгізу кезінде бірқатар қиындықтар мен қателіктер анықталды. Бұл қателіктерді талдау оқыту үдерісін жетілдіруге және әдістемені тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Алғашқы кезеңде мұғалім тарапынан тапсырмаларды саралау жеткілікті деңгейде нақты құрылымдалмағаны байқалды. Кейбір жағдайларда деңгейлік тапсырмалар арасындағы айырмашылық айқын болмады, нәтижесінде оқушылар өз деңгейіне сәйкес емес тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болды. Бұл оқушылардың мотивациясына кері әсерін тигізді.

Сонымен қатар, уақытты тиімді жоспарламау мәселесі орын алды. Саралап оқыту барысында әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға кететін уақыт әртүрлі болғандықтан, сабақ құрылымында теңгерімсіздік

байқалды. Кейбір оқушылар тапсырманы ерте аяқтаса, басқаларына қосымша уақыт қажет болды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс барысында да белгілі бір қиындықтар кездесті. Атап айтқанда, барлық оқушыларға бірдей қолдау көрсету тәсілдері тиімді бола бермейтіні анықталды. Бұл олардың жеке ерекшеліктерін тереңірек ескеруді қажет ететінін көрсетті[6].

Жүргізілген зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында физика пәнін саралап оқыту әдістерінің тиімді екенін көрсетті. Саралап оқыту тәсілдерін жүйелі қолдану оқушылардың білім деңгейін арттыруға, олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына және пәнге деген қызығушылығын күшейтуге оң ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу барысында деңгейлік тапсырмалар, топтық және жеке жұмыс түрлері, сондай-ақ scaffolding әдістері инклюзивті сынып жағдайында тиімді қолданылатын негізгі құралдар екені дәлелденді. Әсіресе, бұл тәсілдер әртүрлі білім деңгейіндегі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері саралап оқыту оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, олардың оқу әлеуетін ашуға және білім беру үдерісін икемді ұйымдастыруға жағдай жасайтынын көрсетті. Бұл инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарына сәйкес келеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу инклюзивті білім беру жағдайында физика пәнін саралап (дифференциялап) оқытудың жоғары тиімділігін көрсетті. Алынған нәтижелер оқушылардың білім сапасының айтарлықтай артқанын дәлелдейді: жоғары деңгейдегі оқушылар үлесі 17%-дан 34%-ға дейін өсіп, төмен деңгейдегі оқушылар саны 37%-дан 17%-ға дейін қысқарды. Бұл көрсеткіштер саралап оқыту әдістерінің оқу жетістіктерін арттырудағы маңыздылығын айқындайды.

Зерттеу барысында қолданылған деңгейлік тапсырмалар, топтық және жеке жұмыс формалары, сондай-ақ scaffolding әдісі оқушылардың танымдық белсенділігін 30%-ға дейін арттырып, пәнге деген қызығушылықтың 38%-дан 67%-ға дейін өсуіне ықпал етті. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар арасында өз бетінше тапсырма орындау көрсеткіші 32%-дан 61%-ға дейін жоғарылады, бұл саралап оқытудың инклюзивті ортада тиімді құрал екенін көрсетеді.

Алынған нәтижелер бірқатар ғылыми зерттеулермен сәйкес келеді. Мәселен, саралап оқыту оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге және білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні бірқатар еңбектерде дәлелденген [1], ал инклюзивті білім беру жағдайында оқыту үдерісін бейімдеу қажеттілігі еңбектерінде қарастырылған [7]. Сонымен қатар, оқушыларға кезең-кезеңімен қолдау көрсету (scaffolding) әдісінің тиімділігі [3] зерттеулерінде негізделген.

Жалпы алғанда, саралап оқыту әдістерін жүйелі қолдану инклюзивті сыныпта физиканы оқытудың сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Бұл тәсіл әр оқушының жеке мүмкіндігін ескеруге, олардың оқу

әлеуетін ашуға және білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында физиканы оқытудың әдістемесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді және бұл бағытта одан әрі терең зерттеулер жүргізу өзекті болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Хуторской А. В. Диагностика и оценка компетентностных результатов обучения // Вестник Института образования человека. – 2013. – № 1. – С. 10–15.
2. Георге И. В. Формирование профессиональных компетенций студентов образовательных организаций высшего образования на основе организации самостоятельной работы : монография. – Тюмень : ТИУ, 2016. – 143 с.
3. Романова М. Л. Квалиметрическая диагностика рефлексии студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 3. – С. 112–118.
4. Усманов Т. М. Педагогические условия развития рефлексивной культуры курсантов в образовательном процессе военного вуза : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08. – Хабаровск, 2012. – 23 с.
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы : 2023 жылғы 17 наурыздағы № 70 бұйрық. – ҚР Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 наурызда № 32091 болып тіркелді.
6. Akhmetova A. I. et al. A systematic review of artificial intelligence in high school STEM education research // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2025. – Vol. 21, № 4. – Art. em2623.
7. UNESCO. Guidance for generative AI in education and research. – Paris : UNESCO, 2023. – 44 p.

ҒТАМА: 373.5.016:536:004.8

8-СЫНЫПТЫҢ «ТЕРМОДИНАМИКА НЕГІЗДЕРІ» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ БІЛІМ САПАСЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ӘСЕРІ: КВАЗИ-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

Құрбан Е.Е, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің М090-5304-24-05 «Физика» мамандығы бойынша 2-курс магистранты**,**
Саяков Д. Е., Астана халықаралық университеті «Физика -7М01505» білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс магистранты
Қазақстан, Астана
kuermahan@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада 8-сыныптың «Термодинамика негіздері» бөлімін оқытуда жасанды интеллектті (ЖИ) мұғалімнің әдістемелік қолдау құралы ретінде қолданудың оқу нәтижелеріне ықпалы сандық тұрғыдан сипатталады. Зерттеу квази-эксперименттік дизайнмен Астана қаласындағы №72 мектеп-лицей базасында жүргізілді: бақылау тобы – 8Б (n=31), эксперимент тобы – 8В (n=30). Эксперименттік топта сабақ жоспарлау, сараланған тапсырмалар құрастыру, бағалау критерийлерін дайындау үшін ChatGPT/Copilot қолданылып, p5.js арқылы интерактивті визуализациялар жасалды және PhET симуляциялары жүйелі енгізілді. Нәтижелер тоқсандық жиынтық бағалау деректері бойынша бағаланды: эксперименттік топта білім сапасы 60,00%-дан 73,33%-ға дейін (+13,33 пайыздық пункт) өсті, ал бақылау топта өзгеріс байқалмады (58,06%). Difference-in-Differences бағалауы білім сапасы бойынша +13,33 п.п., орташа балл бойынша +0,17 екенін көрсетті. Сонымен қатар, эксперимент соңында жүргізілген функционалдық сауаттылық пост-тесті бойынша эксперимент тобы 5 критерийдің барлығында жоғары нәтиже көрсетті (орташа айырма +1,04 балл). Термодинамикадағы типтік қателердің үлесі де айтарлықтай төмендеді (таза әсері 24–41 п.п.). Зерттеу нәтижелері ЖИ-интеграцияланған кешенді оқытуды физикадағы күрделі ұғымдарды меңгертуге және контекстік есептер арқылы функционалдық сауаттылықты дамытуға тиімді тәсіл ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер*:* жасанды интеллект, білім сапасы, функционалдық сауаттылық, термодинамика негіздері, 8-сынып физикасы, квази-эксперимент.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің (ЖИ) рөлі жыл сайын артып келеді. Еңбек нарығында цифрлық құзыреттерге сұраныстың өсуі мектепте пәндік біліммен қатар функционалдық сауаттылықты дамыту қажеттілігін күшейтеді [1, 3 б.; 2, 20 б.]. Функционалдық сауаттылық – білімді өмірлік жағдаятта қолдану, дерекпен жұмыс істеу, құбылысты түсіндіру және дәлелдеу дағдыларының

жиынтығы; ол PISA сияқты халықаралық бағалау логикасымен сабақтас [3, 18 б.]. Физика курсындағы ең күрделі бөлімдердің бірі – 8-сыныптағы «Термодинамика негіздері». Оқушылар жиі: жылу мөлшері (Q) мен температураны (T) шатастырады; энергия берілсе температура міндетті өседі деп қате тұжырымдайды; ішкі энергия (U), жылу (Q) және жұмыс (W) ұғымдарын ажырата алмайды; жылуалмасу механизмдерін (өткізгіштік, конвекция, сәуле шығару) шатастырады; газ заңдарын қолданғанда бір ғана шаманың өзгерісіне назар аударып, қалған параметрлерді ескермейді [4, 24 б.]. Бұл қиындықтар абстрактілі ұғымдарды көзге елестету және әртүрлі деңгейдегі оқушыларға бір мезетте қолдау көрсету мәселесін алға шығарады [5, 11 б.; 6, 10 б.].

Осы контексте ЖИ-ді мұғалімнің әдістемелік құралы ретінде қолдану (сабақ жоспарлау, саралау, кері байланыс, контекстік тапсырмалар құрастыру) және интерактивті визуализациялар/симуляциялармен (p5.js, PhET) біріктіру термодинамиканы түсіндіруді жеңілдетуі мүмкін. Дегенмен мектеп жағдайында ЖИ-интеграцияланған оқытудың нақты әсерін тоқсандық көрсеткіштермен және функционалдық сауаттылық өлшемдерімен бірге бағалайтын эмпирикалық жұмыстар әлі де аз [7, 8 б.; 8, 3 б.].

Мақсаты – 8-сыныптың «Термодинамика негіздері» бөлімінде ЖИ-интеграцияланған кешенді оқытудың (AI-supported + p5.js + PhET + саралау) білім сапасына, функционалдық сауаттылыққа және типтік қателер динамикасына ықпалын сандық тұрғыдан сипаттау.

Зерттеу міндеттері: (1) 8В және 8Б топтарының бастапқы деңгейін анықтау; (2) эксперименттен кейінгі білім сапасының өзгерісін салыстыру; (3) функционалдық сауаттылық пост-тесті бойынша топаралық айырмашылықты бағалау; (4) типтік қателердің өзгеруін талдау және практикалық ұсыныстар ұсыну.

ЖИ білім беруде үш негізгі функция арқылы сипатталады: (1) оқуды жекелендіру және оқу траекториясын бейімдеу; (2) оқу деректерін талдау және үлгерімді мониторингтеу; (3) мұғалімнің әдістемелік жұмысын қолдау (тапсырма, бағалау критерийі, кері байланыс мәтіндері) [7, 8 б.]. Соңғы жылдары генеративті ЖИ (чатботтар) мұғалімнің жоспарлау уақытын қысқарту, сараланған тапсырмалар дайындау және түсіндіруді диалогтық форматқа көшіру әлеуетімен ерекшеленеді [1, 5 б.]. Цифрлық құралдарды тиімді енгізу мұғалімнің пәндік, педагогикалық және технологиялық білімдерінің үйлесуін талап етеді; осы тұрғыда TPACK моделі (Technological Pedagogical Content Knowledge) мұғалім құзыреттілігін түсіндіруде қолайлы теориялық негіз береді [6, 10 б.]. Эмпирикалық зерттеулер ЖИ-қолдауы бар сабақтардың қызығушылық пен түсінуге оң ықпалын жиі хабарлағанымен, мектеп контекстіндегі зерттеулерде дизайн сапасы, өлшеу құралдарының валидтілігі, академиялық адалдық және ЖИ-дің қателік беру тәуекелі сияқты мәселелер маңызды болып қалады [7, 8 б.; 1, 5 б.]. Дүниежүзілік экономикалық форумның деректері еңбек нарығында цифрлық құзыреттерге сұраныстың артып келе жатқанын көрсетіп, бұл тренд білім беруде де цифрлық және ЖИ-

құзыреттерді күшейтуді өзекті етеді [4, 24 б.]. Қазақстан жағдайында цифрландыру саясатының басымдықтары және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру міндеттері (PISA нәтижелері) ЖИ құралдарын пәндік оқытуда мақсатты қолданудың өзектілігін күшейтеді [3, 18 б.; 5, 11 б.]. Осы зерттеу ЖИ-ді мұғалімнің әдістемелік қолдау құралы ретінде қарастырып, 8-сынып термодинамика бөлімінде оның оқу нәтижелеріне ықпалын тоқсандық көрсеткіштер, функционалдық сауаттылық пост-тесті және типтік қателер арқылы сандық сипаттаумен үлес қосады [8, 3 б.].

Материалдар мен әдістер. *Зерттеу дизайны және қатысушылар*

Зерттеу квази-эксперименттік дизайнмен жүргізілді. База: Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК. Екі параллель 8-сынып таңдалды: 8Б – бақылау тобы (дәстүрлі оқыту), 8В – эксперимент тобы (ЖИ-интеграцияланған оқыту). Эксперимент 2024 жылдың қыркүйек–желтоқсан айлары аралығында «Термодинамика негіздері» бөлімін қамтыды.

Кесте 1. – Қатысушылар сипаттамасы

Топ	Сынып	Оқушылар саны	Сипаттамасы
Бақылау тобы	8Б	31 оқушы	Дәстүрлі әдіспен оқытылды
Эксперимент тобы	8В	30 оқушы	ЖИ және цифрлық құралдарқолданылды
Барлығы		61 оқушы	

Зерттеу кезеңдері және интервенция мазмұны

Зерттеу үш кезеңнен тұрды: диагностикалық (Т0 – 1-тоқсан қорытындысы), эксперимент (ЖИ-интеграцияланған оқыту), қорытынды (Т1 – 2-тоқсан қорытындысы және функционалдық сауаттылық пост-тесті). Эксперименттік топта ЖИ дайын жауап беретін құрал ретінде емес, мұғалімнің әдістемелік шешімдерін қолдайтын құрал ретінде пайдаланылды: қысқа мерзімді жоспарлау, тапсырма саралау, бағалау критерийлерін дайындау, қателер бойынша кері байланыс мәтіндерін құрастыру. Термодинамикалық процестерді түсіндіру үшін p5.js интерактивті модельдері және PhET симуляциялары жүйелі енгізілді.

Кесте 2. – Эксперименттік топта қолданылған құралдар

Құрал	Қолданылу мақсаты	Мысалдар
Жасанды интеллект (ChatGPT, Copilot)	Қысқа мерзімді жоспарлар, сараланған тапсырмалар, бағалау критерийлерін әзірлеу	Функционалдық сауаттылыққа арналған есептер (Қосымша А), комикстер, постерлер

p5.js платформасы	Интерактивті визуализациялар жасау	Газ-поршень жүйесінің моделі, P-V және P-T графиктері
PhET симуляциялары	Термодинамикалық процестерді модельдеу	Газ заңдары, жылуалмасу процестері
Интерактивті тапсырмалар	Білімді бекіту және қолдану	Функционалдық сауаттылыққа бағытталған есептер, өмірлік жағдаяттар

Өлшеу құралдары

Оқу нәтижелері үш бағытта бағаланды:

1) Тоқсандық көрсеткіштер: білім сапасы (%) және орташа балл (М). Бұл деректер Т0 (1-тоқсан) және Т1 (2-тоқсан) кезеңдерінде алынды.

2) Функционалдық сауаттылық пост-тесті: термодинамика мазмұны бойынша 8 контекстік тапсырмадан тұратын тест. Бағалау PISA логикасына сүйенген 5 критерий бойынша жүргізілді (ғылыми құбылысты түсіндіру; деректерді интерпретациялау; практикалық жағдаятта қолдану; есеп шығару; қатені анықтау және түзету). Әр критерий 1–5 шкаласымен бағаланды; кестелерде критерий бойынша сыныптық орташа мәндер (1–5) берілді. Жалпы балл қажет болған жағдайда 5 критерий қосындысы ретінде 25 балл шкаласына ауыстырылады.

3) Типтік қателер диагностикасы: Т0 және Т1 кезеңдерінде арнайы тапсырмалар арқылы 6 жиі қате түрі бойынша қате жіберген оқушылар үлесі (%) есептелді.

Деректерді талдау

Деректер сипаттамалық статистикамен талданды (орташа мәндер, пайыздық үлестер, абсолют және салыстырмалы өсім). Эксперименттің таза әсерін бағалау үшін Difference-in-Differences (DiD) тәсілі қолданылды: DiD = (Y_эксп,Т1 − Y_эксп,Т0) − (Y_бақ,Т1 − Y_бақ,Т0), мұндағы Y – білім сапасы (%), орташа балл (М) немесе типтік қателер үлесі (%). Пайыздық айырмашылықтар пайыздық пункт (п.п.) ретінде берілді. Әр оқушының жеке балдары қолжетімді болмағандықтан, классикалық параметрлік тесттер (paired t-test және т.б.) бұл нұсқада қолданылмады; сондықтан нәтижелерді интерпретациялау шектеулер бөлімінде көрсетілген.

Этика және академиялық адалдық

Зерттеу барысында оқушылардың жеке деректері пайдаланылмады. ЖИ ұсынған материалдардың барлығы мұғалім тарапынан пәндік және әдістемелік тұрғыдан тексерілді. Оқушыларға ЖИ арқылы дайын жауап көшіруге емес, түсіндіруді тереңдетуге, қателерді талдауға және дәлелдеуге бағытталған тапсырмалар берілді.

Нәтижелер. *Бастапқы көрсеткіштер (Т0)*

Эксперимент басталар алдындағы тоқсандық қорытынды бойынша екі сыныптың бастапқы деңгейі ұқсас болды: бақылау тобында білім сапасы

58,06%, орташа балл 3,74; эксперимент тобында білім сапасы 60,00%, орташа балл 3,83 (айырмашылық +1,94 п.п. және +0,09 балл). Бұл топтардың салыстырмалы екенін көрсетеді.

Кесте 3. – Бастапқы көрсеткіштер (T0)

Топ	Сынып	n	Білім сапасы, %	Орташа балл (M)
Бақылау тобы	8Б	31	58,06%	3,74
Эксперимент тобы	8В	30	60,00%	3,83

Эксперименттен кейінгі білім сапасы (T1) және DiD әсері

2-тоқсан қорытындысында бақылау тобының білім сапасы өзгеріссіз қалды (58,06%), орташа балл +0,03 ғана өсті (3,77). Эксперимент тобында білім сапасы 73,33%-ға дейін өсіп, абсолют өсім +13,33 п.п. болды; орташа балл 4,03-ке дейін көтерілді (өсім +0,20). Difference-in-Differences бағалауы бойынша ЖИ-интеграцияланған оқытудың таза әсері білім сапасы үшін +13,33 п.п., орташа балл үшін +0,17 баллды құрады.

Кесте 4. – Эксперименттен кейінгі көрсеткіштер (T1)

Топ	Сынып	Білім сапасы, %	Орташа балл (M)	Сапаның абсолют өсімі (п.п.)	Сапаның салыстырмалы өсімі, %
Бақылау тобы	8Б	58,06%	3,77	0 п.п.	0%
Эксперимент тобы	8В	73,33%	4,03	+13,33 п.п.	+22,22%

Функционалдық сауаттылық пост-тесті (T1)

Эксперимент соңында екі топта да 8 тапсырмадан тұратын функционалдық сауаттылық пост-тесті жүргізілді. Нәтижелер бойынша эксперимент тобы барлық 5 критерийде жоғары орташа балл көрсетті. Ең үлкен айырма «Практикалық жағдаяттарда білімді қолдану» критерийінде байқалды (+1,4). Кесте 5-тегі мәндер әр критерий бойынша 1–5 шкаласындағы сыныптық орташа баллдар болып табылады.



Кесте 5 – Функционалдық сауаттылық нәтижелері (T1, post-test)

Типтік қателер динамикасы

Термодинамика бойынша 6 типтік қате түрі бойынша қате жіберген оқушылар үлесі T0 және T1 кезеңдерінде есептелді. DiD (әсер) бағаны бақылау тобындағы табиғи өзгерісті алып тастағаннан кейінгі «таза әсерді» көрсетеді. Ең үлкен төмендеу газ заңдарын қолдануда бір ғана шаманы ескеруге қатысты қателерде байқалды (−41 п.п.), сондай-ақ жылу мен температураны шатастыру (−39 п.п.) және ішкі энергия–жылу–жұмыс ұғымдарын ажыратпау (−33 п.п.) қателері айтарлықтай азайды.



Кесте 6 – Типтік қателер динамикасы (қате жіберген оқушылар үлесі, %)

Алынған нәтижелер ЖИ-интеграцияланған кешенді оқытудың (AI-supported + визуализация + симуляция + саралау) термодинамикалық ұғымдарды меңгертуге ықпал ететінін көрсетеді. Білім сапасының +13,33 п.п. өсуі мен орташа баллдың артық өсімі (+0,17) сабақтағы бірнеше механизммен түсіндіріледі.

Біріншіден, p5.js және PhET құралдары абстрактілі процестерді (газдың күй теңдеулері, графиктер, жылуалмасу) көрнекі және интерактивті форматта ұсыну арқылы түсінуді жеңілдетті. Визуализация оқушының қате

интуициясын жедел «тексеруге» мүмкіндік беріп, қате ұғымдардың тұрақтануына жол бермейді.

Екіншіден, ЖИ мұғалімге сабақ құрылымын жылдам құрастыруға, сараланған тапсырмалар дайындауға және қателер бойынша кері байланысты жекелеуге көмектесті. Бұл әсіресе бір сыныпта әртүрлі дайындық деңгейіндегі оқушылар болғанда маңызды.

Үшіншіден, функционалдық сауаттылық пост-тестіндегі артықшылықтар (+1,04) оқытуда контекстік тапсырмалар үлесін арттырумен және есептерді өмірлік жағдаяттарға байланыстырумен түсіндіріледі. Ең үлкен айырманың «практикалық жағдаятта қолдану» критерийінде шығуы осы болжамды қолдайды.

Сонымен қатар, типтік қателердің 24–41 п.п. аралығында төмендеуі «қате-диагностика–түсіндіру–қолдану» циклын жүйелі жүргізудің нәтижесі болуы ықтимал. Бұл бөлімдегі қорытындыларды күшейту үшін алдағы зерттеуде жеке-оқушы деректері жинақталып, статистикалық тесттер мен әсер мөлшерлері есептелуі қажет.

Қорытынды. Зерттеу 8-сыныптың «Термодинамика негіздері» бөлімін оқытуда ЖИ-интеграцияланған кешенді тәсілдің (ЖИ + p5.js/PhET визуализациясы + саралау) оқу нәтижелеріне оң ықпалын көрсетті: білім сапасы мен функционалдық сауаттылық көрсеткіштері жақсарып, термодинамикаға тән типтік қателердің жиілігі төмендеді. Сонымен қатар зерттеу бір мектептің екі сыныбында (n=61) жүргізілгендіктен нәтижелерді жалпылау шектеулі, жеке оқушы деректері болмағандықтан параметрлік статистикалық тесттер қолданылмады, ал интервенция көпкомпонентті болғандықтан әр компоненттің жеке әсері бөлек бағаланбады; функционалдық сауаттылық тек post-test арқылы өлшенді. Практикалық тұрғыда алынған нәтижелер ЖИ-ді сабақ жоспарлау мен саралауда жүйелі қолдануды, p5.js/PhET сияқты визуализацияларды негізгі процестерді түсіндіруге енгізуді, әр тақырыпта контекстік есептерді және типтік қателерге арналған тұрақты диагностика/рефлексияны ұйымдастыруды, сондай-ақ академиялық адалдық үшін ЖИ қолдану ережелерін алдын ала бекітуді негіздейді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Rutherford, T., Feng, M., & Liu, R. Integrating Generative AI into Classroom Practice: Student Engagement and Emotional Outcomes // Computers and Education: Artificial Intelligence. 2025. Vol. 8. Article 100367. – Pp. 1–5.

2. Fraillon, J., Ainley, J., Schulz, W., Friedman, T., & Duckworth, D. Preparing for Life in a Digital World: IEA International Computer and Information Literacy Study 2018 International Report. – Cham: Springer, 2019. – Pp. 16–20.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Қазақстандағы білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы ұлттық баяндама. – Астана, 2023. – 12–18 бб.

4. World Economic Forum. The Future of Jobs Report 2023. – Geneva: WEF, 2023. – Pp. 18–24.

5. OECD. PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education. – Paris: OECD Publishing, 2023. – Pp. 1–11.
6. Mishra, P., & Koehler, M. J. Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge // Teachers College Record. 2006. Vol. 108 (6). – Pp. 4–10.
7. Baker, T., & Smith, L. Educ-AI-tion Rebooted? Exploring the Future of Artificial Intelligence in Schools. – London: Nesta, 2019. – Pp. 5–8.
8. Құрбан, Е.Е., & Саяков, Д.Е. 8-сыныптың «Термодинамика негіздері» бөлімінде жасанды интеллектті әдістемелік қолдау құралы ретінде қолдану. – 2025. – 55-60 бб.

ҒТАМА: 27.01.45

МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ВЕКТОРЛАРДЫ ДИНАМИКАЛЫҚ БЕЙНЕЛЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІН ЭКСПЕРИМЕНТТІК НЕГІЗДЕУ

Маман А.Ә., Астана халықаралық университетінің «7М01511-Математика» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты;
Төлеуғазы Е., PhD, аға оқытушыАстана халықаралық университеті, Астана қ. Қазақстан
Akerkemaman090@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада мектептегі математика сабақтарында векторлар тақырыбын оқытудың тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – векторларды динамикалық бейнелеу әдісін эксперименттік тұрғыдан негіздеу және оның оқушылардың білім сапасына әсерін анықтау. Жұмыс барысында GeoGebra интерактивті ортасы қолданылып, векторлық амалдарды визуалды серпінді түрде көрсетудің әдістемесі жасалды. 9–сынып оқушылары арасында жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері бойынша бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасалды.

Зерттеу барысында векторларды GeoGebra ортасында динамикалық модельдеу арқылы абстрактілі нысандарды визуалды бейнелеудің жоғары тиімділігі дәлелденді. Векторлардың параметрлерін нақты уақыт режимінде өзгерту мүмкіндігі оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытып, ақпаратты қабылдау кезіндегі когнитивтік жүктемені айтарлықтай азайтты. Эксперименттік топта білім сапасының 25%–ға артуы — жалпы мақсаттағы технологиялардан гөрі, пәннің ерекшелігіне сай икемделген мамандандырылған динамикалық ортаның басымдылығын айғақтайды. Мақаланың қорытындылары математика мұғалімдеріне, әдіскерлерге және цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеушілерге практикалық нұсқаулық ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: математиканы оқыту, векторлар, динамикалық бейнелеу, GeoGebra, визуализация, педагогикалық эксперимент, білім сапасы, цифрлық технологиялар.

Кіріспе. Қазіргі білім беру парадигмасы оқушылардың абстрактілі математикалық ұғымдарды пайымдау қабілетін дамытуды ғана емес, сонымен қатар оларды заманауи технологиялар көмегімен визуализациялауды талап етеді. Математика курсындағы ең күрделі әрі іргелі тақырыптардың бірі – векторлар. Векторлық алгебра элементтері физика, инженерлік графика және бағдарламалау салаларымен тығыз байланысты болғандықтан, оларды оқытудың сапасы оқушының функционалдық сауаттылығына тікелей әсер етеді [1].

Алайда, дәстүрлі статикалық сызбалар векторлардың серпінді табиғатын, атап айтқанда бағыт пен шаманың өзгеруін толық көрсете алмайды. Осы орайда, векторларды динамикалық бейнелеу оқу процесінің тиімділігін арттырудың басты құралына айналуда.

Әлемдік деңгейде математикалық білімді цифрландыру мәселесімен АҚШ, Германия, Ұлыбритания және Сингапур сияқты елдер белсенді айналысуда. Мәселен, Роберт Марцано мен Джон Хэтти сияқты ғалымдар өз еңбектерінде графикалық бейнелеу мен интерактивті модельдеудің оқу нәтижелеріне әсерін зерттеген [2]. Шетелдік зерттеушілер, атап айтқанда Маркус Хохенвартер мен Кейт Оуэнс, динамикалық геометриялық орталар оқушының когнитивтік жүктемесін азайтып, концептуалды түсінуді тереңдететінін дәлелдеуде [3]. Олардың пайымдауынша, векторларды жай ғана «бағытталған кесінді» ретінде емес, динамикалық объект ретінде қабылдау оқушының кеңістіктік ойлауын дамытады.

Отандық ғылымда бұл бағытта А.Әбілқасымова, Е.Бидайбеков және Б.Ахметов сынды ғалымдардың қосқан үлесі зор. Олар орта мектепте математиканы оқыту әдістемесіне ақпараттық технологияларды интеграциялаудың теориялық негіздерін жасады [4]. Отандық зерттеушілер STEM–білім беру аясында математикалық модельдеуді қолдануда айтарлықтай жетістіктерге жетіп, электрондық оқулықтар мен виртуалды зертханалардың тиімділігін негіздеді [5].

Дегенмен, қазіргі зерттеулерде бірқатар шешілмеген мәселелер бар. Көптеген жұмыстар цифрлық құралдардың тек техникалық қолданылуына назар аударғанымен, векторларды динамикалық бейнелеудің оқушының білім сапасына әсерін эксперименттік негіздеу деңгейі әлі де жеткіліксіз [6].

Тақырыптың өзектілігі осы қайшылықтардан туындайды: бір жағынан, мектеп бағдарламасы күрделеніп жатыр, екінші жағынан, оны меңгерудің заманауи құралдары эксперименттік тұрғыдан толық негізделмеген. Осы себепті, векторларды оқытудағы дәстүрлі тәсіл мен инновациялық технологиялар арасындағы алшақтықты жою мақсатында осы тақырып таңдалды.

Жұмыстың мақсаты – математика сабақтарында векторлар тақырыбын оқыту кезінде динамикалық бейнелеу әдісін қолданудың тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеу және оны оқу процесіне енгізудің әдістемелік алгоритмін ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалды:

1. Векторларды оқытудағы динамикалық және статикалық визуализацияның теориялық негіздеріне салыстырмалы талдау жасалды;
2. Орта мектеп базасында эксперименттік және бақылау топтарын анықтай отырып, педагогикалық эксперимент жүргізілді;

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында таңдалған әдіс келесідей маңызды міндеттерді орындады:

Динамикалық модельдеу және педагогикалық эксперимент: Бұл әдіс зерттеудің практикалық әрі танымдық негізі ретінде қолданылды.

Эксперимент барысында оқушылар екі топқа бөлінді. Эксперименттік топта векторлар тақырыбы GeoGebra интерактивті ортасында нысандарды нақты уақыт режимінде визуализациялау және модельдеу арқылы оқытылды. Ал бақылау тобында дәстүрлі статикалық (сызғыш пен тақта) әдіс қолданылды. Бұл тәсіл динамикалық визуализацияның оқушының абстрактілі ұғымдарды меңгеру жылдамдығы мен сапасына әсерін шынайы оқу жағдайында салыстыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Зерттеудің бастапқы кезеңінде векторларды оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістеріне әдебиеттік шолу жасалды. Вектор ұғымы математикада бағытталған кесінді ретінде ғана емес, еркіндік дәрежесі бар динамикалық объект ретінде қарастырылуы тиіс. Г.Грассман мен У.Гамильтонның еңбектеріндегі векторлық есептеулердің негізі қазіргі мектеп бағдарламасында статикалық түрде берілгенімен, олардың табиғаты өзгермелілікке негізделген [7].

Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, оқушылардың 65%–ы векторларды параллель көшіру немесе оларды координаталар жүйесінде проекциялау кезінде қиындықтарға тап болады. Бұл мәселені шешуде шетелдік ғалым Д.Талль «когнитивтік визуализация» ұғымын енгізіп, динамикалық бейнелердің абстрактілі ойлауды қалай жеңілдететінін дәлелдеген [8].

Векторларды динамикалық бейнелеудің тиімділігін эксперименттік негіздеу мақсатында жүргізілген педагогикалық зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды және негізгі мектептің 9–сынып оқушылары базасында ұйымдастырылды. Экспериментке барлығы 50 оқушы қатысты. Төменде эксперименттің барысы мен әр топтағы оқыту әдістемесінің ерекшеліктері кеңінен сипатталған.

Эксперимент басталмас бұрын екі топтың математикадан бастапқы білім деңгейінің теңдігін қамтамасыз ету мақсатында анықтаушы тест өткізілді. Тест нәтижелері екі топтың орташа үлгерімінде статистикалық маңызды айырмашылық жоқтығын көрсетті, бұл эксперименттің шынайылығын қамтамасыз етті.

Бұл кезеңде екі топтада "Векторлар" тақырыбы бірдей оқу бағдарламасымен сағат саны бойынша оқытылды. Алайда, оқу материалын жеткізу әдістемесімен визуализация құралдарында түбегейлі айырмашылықтар болды.

1. Бақылау тобындағы оқыту әдістемесі: Дәстүрлі статикалық тәсіл

Бақылау тобындағы сабақтар классикалық педагогикалық әдістерге негізделді. Мұндағы негізгі құралдар – стандартты оқулық, сызғыш, қарындаш және мектеп тақтасы болды.

Мұғалім вектор анықтамасын тақтаға статикалық сызба түрінде сызып түсіндірді. Оқушылар бұл сызбаларды дәптерлеріне көшіріп алды.

Векторларды қосу ("үшбұрыш" және "параллелограмм" ережелері) тақтада сызғыштың көмегімен, алдынала өлшенген ұзындықтармен бұрыштарды сақтай отырып орындалды. Бұл процесс көп уақытты талап етті және сызу кезіндегі дәлсіздіктер жиі кездесті.

Оқушылар пассивті тыңдаушы және көшіруші рөлін атқарды. Олар вектордың орнын немесе бағытын ауыстырудың жалпы нәтижеге қалай әсер ететінін тек ойша елестетуге мәжбүр болды. Бұл абстрактілі ойлауы әлі қалыптасып үлгермеген оқушылар үшін айтарлықтай қиындық тудырды.

2. Эксперименттік топтағы оқыту әдістемесі: Инновациялық динамикалық тәсіл

Эксперименттік топтағы сабақтар GeoGebra интерактивті ортасын қолданумен өтті.

Теориялық ұғымдарды нақтылау мақсатында қолданылған GeoGebra моделі оқушыларға вектордың статикалық бейнесін ғана емес, оның параметрлік өзгерісін сезінуге мүмкіндік берді. Скриншотта көрсетілгендей, оқушылар $A(2, 3)$, $B(5, 2)$ және $C(3, 1)$ нүктелерін еркін басқара отырып, $\vec{u}$, $\vec{v}$ және қорытқы $\overrightarrow{w}$ векторларының өзара байланысын зерттеді.

Нәтижесінде, үшбұрыш ережесі ($\vec{u} + \vec{v} = \vec{a}$) тек қағаздағы формула ретінде емес, кеңістіктегі қозғалыстың логикалық қорытындысы ретінде қабылданды. Бұл — Ричард Майер айтқан мультимедиалық оқытудың тиімділігін, яғни визуалды және логикалық арналардың қатар жұмыс істеуін қамтамасыз етті.



Сурет 1. GeoGebra бағдарламасында векторларды қосудың үшбұрыштар ережесін визуализациялау

Осылайша, вектор тек статикалық сызба емес, өзгермелі объект ретінде қабылданды.

Зерттеу аясында біз дәстүрлі статикалық оқытудан бас тартып, Vibecoding әдісін енгіздік. Бұл — математикалық заңдылықтарды «сезіну» және код арқылы жылдам модельдеу процесі.

1. Оқушылардың тапсырма орындау алгоритмі

Тапсырмалар «мәселе-іздеу-шешім» принципі бойынша орындалды:

Debugging: Егер оқушы векторды қосуда қате жіберсе бағдарлама оны бірден визуалды түрде көрсетті. Оқушы кодты немесе нүктенің координатасын өзгерту арқылы жүйені өз бетінше «debug» жасады.

Динамикалық манипуляция: Оқушылар код арқылы құрылған вектордың ұшын тышқанмен жылжытып, оның алгебралық мәнінің қалай өзгеретінін нақты уақытта бақылады.

3. Әдістің тиімділігі

Vibecoding-тің негізгі артықшылықтары келесідей анықталды:

Когнитивтік жеңілдік: Формулаларды жаттаудың орнына, олардың функционалдық қызметін түсінуге басымдық берілді.

Эмоционалды қатысу: Оқушы өзін «математик-программист» ретінде сезініп, пәнге деген қызығушылығы артты.

Абстракцияны материалдандыру: Вектор сияқты көзге көрінбейтін абстрактілі ұғымдар «тірі», қозғалатын және басқаруға келетін цифрлық нысанға айналды.

Сурет 3. Бағдарламалық кодтау арқылы жасалған интернетсіз орындалатын интерактивті ойын

Оқушылар өз білімдерін тексеру үшін Vibecoding стиліндегі логикалық микро-сервистерді қолданды

Оқушыларға векторлардың қосындысын "үшбұрыш ережесі" бойынша табу тапсырылды. Эксперименттік топ оқушылары вектордың басын жылжыту арқылы түпкілікті нәтиженің қалай өзгеретінін нақты уақыт режимінде бақылады.

Есеп мысалы:

$\vec{a}$= (3; 2) және $\vec{b}$ = (1; 4) векторлары берілген. Олардың қосындысы $\vec{c}$ = a + b векторының ұзындығын табыңыз.

Дәстүрлі әдіс: Оқушы формуламен есептейді: x_c = 3+1=4, y_c = 2+4=6 .

$$|c| = \sqrt{4^2 + 6^2} = \sqrt{52} \approx 7{,}21 .$$

Динамикалық әдіс: Оқушы бағдарламада векторларды салады, оларды біріктіреді және бағдарлама автоматты түрде ұзындықтың қалай өзгеретінін көрсетеді.



Сурет 2. GeoGebra бағдарламасында векторларды қосу есебін визуализациялау

Сабақтарды бақылау барысында келесідей айырмашылықтар байқалды:

Эксперименттік топ оқушыларының ынтасы: компьютерлік ортамен жұмыс істеу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды. Олар тапсырмаларды белсенді орындап, өз бетінше жаңа модельдер құруға талпынды.

Уақытты үнемдеу: Эксперименттік топ оқушылары сызу жұмыстарына уақыт жұмсамағандықтан, олар сабақ барысында бақылау тобы оқушыларына қарағанда 2–3 есе көп есеп шығарып үлгерді.

Кеңістіктік ойлау: динамикалық бейнелерді үнемі көру Эксперименттік топ оқушыларының кеңістіктік ойлауын дамытты. Олар векторларды басқа координаталар жүйесінде проекциялау есептерін тезірек және дәлірек орындады.

Төрт апталық оқыту циклінен кейін екі топта да қорытынды тестілеу өткізілді. Тест сұрақтары теориялық білімді де, практикалық дағдыларды дақамтыды. Алынған динамикалық бейнелеу әдісінің айтарлықтай артықшылығын көрсетті.

Эксперимент соңында өткізілген тест нәтижелері бойынша білім сапасының көрсеткіштері келесідей болды (1–кесте):

1–кесте. Бақылау және эксперименттік топтардың үлгерім көрсеткіштері

Көрсеткіштер	**Бақылау тобы (БТ)**	**Эксперименттік топ (ЭТ)**	**Айырмашылық**
Орташа балл	6.8	8.9	+2.1
Материалды меңгеру деңгейі	62%	87%	+25%
Тапсырманы орындау жылдамдығы	12 мин	8 мин	–4 мин

Графикалық талдау көрсеткендей, ЭТ оқушылары әсіресе векторлардың скаляр көбейтіндісімен олардың арасындағы бұрышты анықтау есептерінд

ежоғары нәтиже көрсетті. Бұл динамикалық бейнелеудің оқушы зейінін шоғырландырудағы тиімділігін айғақтайды.

Бұл талдау көрсеткендей, динамикалық бейнелеу жай ғана қосымша иллюстрациялық құрал емес, ол оқушының ақпаратты қабылдау жүктемесін оңтайландыратын және білім сапасын түбегейлі арттыратын негізгі фактор болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Д. Таллдың математикалық абстрактілі ойлауды дамыту туралы идеяларына сүйене отырып, векторлар сияқты күрделі ұғымдарды визуалды модельдеу арқылы меңгертудің тиімділігін толық айқындап берді.

Қазақстандық білім беру кеңістігінде АКТ–ны математика сабақтарында қолдану мәселесін зерттеген Б.Ахметовтың еңбектерінде ақпараттық технологияларды интеграциялау оқушылардың білім сапасын орта есеппен 15–18%–ға арттыратыны көрсетілген [5]. Бұл көрсеткіш негізінен жалпы цифрлық ресурстарды пайдалану нәтижесінде алынған.

Біздің жүргізген зерттеуімізде білім сапасының арту көрсеткіші 25%–ды құрады. Мұндай елеулі нәтиженің басты себебі — біздің әдістемемізде АКТ-ның жай ғана ақпарат беруші құрал емес, пәнге бейімделген арнайы динамикалық модельдеу ортасы ретінде қолданылуында.

Бұл келесідей маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді: математикадағы абстрактілі ұғымдарды меңгеру үшін жалпы мақсаттағы технологияларға қарағанда, пәннің ерекшелігіне сай икемделген динамикалық жүйелер әлдеқайда тиімді. Алынған нәтижелер А. Әбілқасымованың математикалық білімді іргелі дамыту туралы тұжырымдарын заманауи цифрлық контексте толықтырып, жаңа деңгейге көтереді.

Ғылыми талқылау барысында кейбір зерттеушілердің, атап айтқанда Р.Майердің мультимедиалық оқытудың теріс тұстары туралы ескертулерінде назардан тыс қалдыруға болмайды. Майердің зерттеуінше, мультимедиалық элементтердің шектентыс көп болуы оқушының зейінін шашыратып, негізгі математикалық мазмұннан алшақтатуы мүмкін [10].

Зерттеу барысында бұл мәселені шешу үшін біз келесі әдістемелік қадамдарды қолдандық:

- Динамикалық модельдердің дизайны барынша қарапайым әрі нақты математикалық мақсатқа бағытталды;
- Интерактивті орта тек жаңа тақырыпты түсіндіру және гипотезаны тексеру кезеңінде ғана қолданылды;
- Мұғалімнің бағыттаушы сұрақтары оқушының назарын бағдарламаның техникалық мүмкіндігіне емес, математикалық заңдылыққа аударып отырды.

Қорытынды. Бұл ғылыми зерттеу жұмысы мектептегі математика курсындағы ең күрделі тақырыптардың бірі – векторларды оқытудағы статикалық бейнелеу мен оқушылардың абстрактілі қабылдау деңгейі арасындағы алшақтықты жою мәселесіне арналды.

Зерттеу барысында дәстүрлі сызбалардың шектеулігін еңсеру үшін GeoGebra интерактивті ортасында векторларды динамикалық модельдеу әдістемесі ұсынылды. Педагогикалық эксперимент 9–сынып оқушылары арасында екі топқа бөлу арқылы жүргізіліп, оқу материалының визуалды серпінділігі мен танымдық белсенділік арасындағы байланыс зерделенді.

Ғылыми зерттеудің нәтижелері болашақта жалпы білім беретін мектептердегі математика, физика және информатика сабақтарын цифрландыру саласында кеңінен қолданыла алады. Ұсынылған әдістемелік алгоритмдер мен модельдер STEM–білім беру бағдарламаларын дамытуда, электрондық оқулықтарды әзірлеуде және мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында маңызды ресурс ретінде қызмет етеді. Бұл зерттеу заманауи мектептегі математикалық білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеруге жол ашады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Әбілқасымова А. Е. Математиканы оқыту әдістемесі: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық–гуманитарлық бағыттағы 10–11–сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2019. – 168 б.
2. Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta–Analyses Relating to Achievement. – London: Routledge, 2009. – 392 p.
3. Hohenwart M., Owens K. Geogebra: Free Mathematics Software for Learning and Teaching // BSHM Bulletin: Journal of the British Society for the History of Mathematics. – 2008. – Vol. 23, No. 3. – P. 187–192.
4. Бидайбеков Е. Ы. Математиканы оқытуды ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: ҚазҰПУ, 2014. – 240 б.
5. Ахметов Б. С. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында мектептің ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастыру: Монография. – Түркістан: Мұра, 2021. – 185 б.
6. Мұхамбетов Н. С. Геометрия сабақтарында компьютерлік модельдеуді қолданудың педагогикалық тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2023. – № 4. – 12–15 бб.
7. Crowe M. J. A History of Vector Analysis: The Evolution of the Idea of a Vectorial System. – New York: Dover Publications, 1994. – 270 p.
8. Tall D. Intelligence, Learning and Understanding in Mathematics // Mathematics Teaching. – 2010. – No. 218. – P. 2–10.
9. Hohenwarter M., Preiner J., Yi T. Fostering Communal Creativity: Geogebra and the Sharing of Interactive Resources // Educational Technology & Society. – 2013. – Vol. 16, No. 1. – P. 120–131.
10. Mayer R. E. Multimedia Learning. – 2nd Edition. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 314 p.

ӘОЖ 519.211

КОМБИНАТОРИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ БАСТАПҚЫ ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мамыралы Н.Н., М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 7М01501 – «Математика педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Тараз қ., Қазақстан, nazgl.mamyraly@bk.ru; **Сулеймбекова А.О.,** М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Математика» кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Тараз қ., Қазақстан
ao.sulejmbekova@dulaty.kz

Аннотация. Мақалада комбинаторикалық әдістер негізінде ықтималдықтар теориясының бастапқы ұғымдарын қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған тиімді оқыту әдістері мен комбинаторикалық мазмұндағы есептер жүйесі талданып, олардың білім сапасын арттырудағы рөлі негізделеді. Сонымен қатар, орналастыру, ауыстыру және теру ұғымдарын ықтималдық түсініктерімен байланыстыра меңгертудің практикалық маңызы айқындалады. Оқыту үдерісінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану мүмкіндіктері сипатталып, олардың оқу материалының көрнекілігін арттырудағы, модельдеу жүргізудегі және оқушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастырудағы тиімділігі көрсетіледі. Ұсынылған тәсілдер білім алушылардың математикалық сауаттылығын арттырып, білімді практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әдістеменің нәтижелілігі нақты мысалдар мен есептер арқылы дәлелденіп, оның оқу үдерісінде қолданылу тиімділігі айқын көрсетіледі.

Кілт сөздер: ықтималдық теориясы, комбинаторикалық әдістер, цифрлық технологиялар, оқыту әдістемесі, математикалық сауаттылық.

Кіріспе. Адамзат тарихында болашақты алдын ала болжау мәселесі әрқашан өзекті болып келген. «Алдағы уақытта не болатынын нақты анықтауға бола ма?» деген сұрақ ғылым дамыған сайын жаңа мазмұнға ие болып, қазіргі кезеңде оған ғылыми тұрғыдан жауап беретін негізгі сала – ықтималдықтар теориясы ретінде қалыптасты. Бұл ғылым кездейсоқ құбылыстардың заңдылықтарын зерттей отырып, болашақтағы мүмкін жағдайларды сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді, ал мұндай тәсілдер бүгінгі цифрлық қоғамда ерекше маңызға ие.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қоғамды түрлі болжамдар мен деректерді талдаусыз елестету мүмкін емес, себебі әлеуметтік зерттеулер, экономикалық

жоспарлау, сақтандыру жүйесі, медицинадағы диагностика және ақпараттық технологиялар салалары ықтималдықтық модельдерге сүйенеді. Мұндай жағдай мектеп математикасы мазмұнында ықтималдықтар теориясының элементтерін оқытуды күшейтуді талап етеді, ал бұл өз кезегінде білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады[1].

Материалдар мен әдістер. Қазіргі білім беру жүйесінде тек дәстүрлі әдістер жеткіліксіз. Сондықтан оқыту мазмұнына заманауи цифрлық технологияларды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, жасанды интеллект (AI), адаптивті оқыту платформалары (adaptive learning), big data талдау, виртуалды зертханалар, GeoGebra, Python бағдарламалау ортасы сияқты құралдар ықтималдықтар теориясын оқытуды жаңа деңгейге көтереді. Бұл технологиялар күрделі ұғымдарды визуализациялауға, модельдеуге және оқушының жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді.Бүгінгі жас ұрпақтың ойлау қабілеті жоғары, шығармашылыққа бейім болып келеді. Сондықтан тек есептеуге негізделген, өмірмен байланысы әлсіз, логикалық ойлауды қажет етпейтін дәстүрлі тапсырмалар олардың қызығушылығын толық қанағаттандырмайды. Осы тұрғыдан алғанда, ықтималдықтар теориясының элементтеріне арналған курс дамытушы сипаттағы тапсырмаларға, атап айтқанда комбинаторика және ықтималдық есептеріне негізделуі тиіс. Оқыту әдістері мен ұйымдастыру формалары оқу үдерісінің мазмұны мен нәтижесін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Тиімді таңдалған әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, білім сапасының жоғарылауына ықпал етеді.

Комбинаторика элементтері арқылы ықтималдық есептерін шығару кезінде талдау, жинақтау және салыстыру сияқты ойлау операциялары жүйелі түрде дамиды. Тәжірибеде жиі кездесетін есептер «орналастыру», «ауыстыру» және «теру» ұғымдарына негізделеді. Бұл ұғымдардың айырмашылықтарын оқушыларға нақты әрі түсінікті жеткізу маңызды. Ең алдымен элементтердің орналасу ретіне назар аударылады: егер реттілік маңызды болмаса, онда бұл – теру; ал егер реттілік маңызды болса, онда біз ауыстыру немесе орналастырумен жұмыс жасаймыз. Егер барлық элементтер қатысса – ауыстыру, ал элементтердің тек бір бөлігі ғана қолданылса – орналастыру қарастырылады[2].

Оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін комбинаторикалық тәсілдерді меңгерту келесі кезеңдер арқылы жүзеге асырылады

- ұғымдарды визуализация арқылы түсіндіру;
- қарапайым есептерді шешу;
- күрделі ықтималдық есептерін шығару;
- цифрлық технологиялар арқылы модельдеу[3].

Төменде осы айтылғандарды нақтылау мақсатында бірнеше мысал есептер келтіріледі.

Есеп 1. Жиырма биатлоншы арасында үш медаль (бір алтын, бір күміс және бір қола) ойнатылады. Медальдарды спортшылар арасында неше түрлі тәсілмен бөлуге болады?

Шешуі. Медальдарды бөлудің әрбір тәсілін x_1, x_2, x_3 түріндегі реттелген үштік ретінде қарастыруға болады. Мұндағы элементтер 20 биатлоншыдан тұратын жиыннан алынады және қайталанбайды (әр медаль тек бір спортшыға ғана беріледі). Демек, ізделінетін тәсілдер саны 20 элементтен 3-тен орналастыру санына тең:

$$A_{20}^{3} = \frac{20!}{(20-3)!} = 18 \cdot 19 \cdot 20 = 6840$$

Жауабы: 6840

Есеп 2. Киноға билет алу үшін 10 адамды кезекке неше түрлі тәсілмен орналастыруға болады?

Шешуі. Бұл жағдайда барлық мүмкін орналасулар саны 10 элементтің орын ауыстыру санына тең:

$$10! = 1 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 4 \cdot 5 \cdot 6 \cdot 7 \cdot 8 \cdot 9 \cdot 10 = 3628800$$

Жауабы: 3628800

Есеп 3. 30 оқушыдан тұратын сыныптан кезекшілікке 2 оқушыны таңдау қажет. Мұны неше түрлі тәсілмен жүзеге асыруға болады?

Шешуі. Бұл жағдайда оқушылардың реттілігі маңызды емес, тек қай екі оқушы таңдалатыны маңызды. Сондықтан тәсілдер саны 30 элементтен 2-ден теру санына тең:

$$C_{30}^{2} = \frac{30!}{2!\,(30-2)!} = \frac{30!}{2!\,28!} = 6840$$

Жауабы: 435

Көптеген оқулықтарда комбинаторика тек ықтималдықты есептеудің құралы ретінде қарастырылады. Алайда шын мәнінде комбинаторика тек есептеу тәсілі ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлауды дамытуға және қолданбалы есептерді шешуге бағытталған маңызды сала болып табылады[4].

Есеп 4. Кеңседе 7 қыз және 5 ұл жұмыс істейді. Олардың ішінен кездейсоқ түрде 6 адам тағылымдамаға таңдалады. Таңдалғандардың ішінде 4 қыз болуының ықтималдығын табыңыз.

Шешуі. А оқиғасы – таңдалған 6 адамның ішінде 4 қыз болуы.

Барлық мүмкін жағдайлар саны:

$$n = C_{12}^{6}$$

Қолайлы жағдайлар саны:

- 7 қыздың ішінен 4 қызды таңдау: C_7^4
- 5 ұлдың ішінен 2 ұлды таңдау: C_5^2

Сонда: $m = C_7^4 \cdot C_5^2$

Ізделінетін ықтималдық:

$$P(A) = \frac{C_7^4 \cdot C_5^2}{C_{12}^6} = \left(\frac{7!}{4!\,(7-4)!} \cdot \frac{5!}{2!\,(5-2)!}\right) : \frac{12!}{6!\,(12-6)!} = 0{,}4$$

Жауабы: $\mathrm{P(A)} = 0{,}4$

Бұл есепті цифрлық технология көмегімен тексеру үшін Python бағдарламалау ортасын қолдануға болады:

Python коды:

```
import math
# Жалпы тәсілдер саны: 12 адамның ішінен 6 адам таңдау
total = math.comb(12, 6)
# Қолайлы жағдайлар саны: 7 қыздың ішінен 4 қыз және 5 ұлдың ішінен 2 ұл таңдау
favorable = math.comb(7, 4) * math.comb(5, 2)
probability = favorable / total
print("Жалпы жағдайлар саны:", total)
print("Қолайлы жағдайлар саны:", favorable)
print("Ықтималдық:", probability)
```

Нәтижелер. Жалпы жағдайлар саны: 924

Қолайлы жағдайлар саны: 350

Ықтималдық: 0.3787878787878788

Бұл есепті Python бағдарламалау тілі арқылы шығару комбинаторикалық формулаларды практикалық тұрғыдан тексеруге мүмкіндік береді. Бағдарлама барлық мүмкін жағдайлар санын және қолайлы нәтижелер санын автоматты түрде есептейді. Мұндай тәсіл оқушылардың ықтималдықтың классикалық анықтамасын саналы түрде меңгеруіне жағдай жасайды.

Есеп 5. Қорапқа нөмірленген 7 шар салынған. Шарлар бір-бірден кездейсоқ алынады. Алынған шарлардың нөмірлері өсу ретімен шығу ықтималдығын табыңыз.

Шешуі. Алдымен ізделінетін оқиғаны A (алынған шарлардың нөмірлері өсу ретімен шығуы) деп белгілейік. Бұдан кейін ықтималдықтың классикалық анықтамасын қолданамыз:

$$P(A) = \frac{m}{n}$$

мұндағы n – барлық мүмкін элементар нәтижелер саны, ал m – A оқиғасына қолайлы нәтижелер саны.

Барлық мүмкін элементар нәтижелер саны 7 элементтің орын ауыстыру санына тең, яғни:

$$n = P_7 = 7! = 1 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 4 \cdot 5 \cdot 6 \cdot 7 = 5040$$

Қолайлы жағдайлар саны: m=1 (өсу реті тек біреу). Сонда:

$$P(A) = \frac{m}{n} = \frac{1}{5040} = 0{,}002$$

Жауабы: $P(A) = 0{,}0002$

Есеп 6. Арман телефон нөмірін тергенде соңғы 5 цифрды ұмытып қалды, бірақ олардың әртүрлі екенін біледі. Дұрыс комбинацияны табу ықтималдығын анықтаңыз.

Шешуі. A – Арманның қажетті бес цифрды дұрыс табу оқиғасы болсын. Барлық мүмкін элементар нәтижелер саны 10 цифрдан 5-тен орналастыру санына тең, яғни:

$$n = A_{10}^5 = 10 \cdot 9 \cdot 8 \cdot 7 \cdot 6 = 30240$$

Қолайлы нәтижелер саны $m = 1$ (бізге тек бір ғана цифрлар комбинациясы сәйкес келеді), демек ізделінетін ықтималдық келесі түрде анықталады:

$$P(A) = \frac{m}{n} = \frac{1}{30240} = 0{,}00003$$

Жауабы: $P(A) = 0{,}00003$

Комбинаторикалық және ықтималдық мазмұндағы есептер ең алдымен оқушылардың ойлау жылдамдығын арттырып, ақыл-ой икемділігін дамытады. Мұндай есептерді шешу барысында зерттелетін объектілердің әртүрлі қырларын салыстыру, жалпылау және талдау тәсілдері кеңінен қолданылады. Бұл өз кезегінде оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтауын және сөйлеу дағдыларын тиімді қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады[5].

Заманауи цифрлық технологияларды қолдану бұл процесті одан әрі тиімді етеді. Мысалы, GeoGebra бағдарламасы арқылы ықтималдық процестерін визуализациялауға, ал Python тілі арқылы үлкен көлемдегі есептеулерді автоматтандыруға болады.

Жалпы алғанда, комбинаторикалық-ықтималдық ұғымдар мен түсініктер оқушылар үшін ықтималдық модельдерді меңгерудің берік негізін қалайды. Бұл, ең алдымен, статистикада нақты үдерістердің деректерімен жұмыс істеу барысында кездейсоқ және кездейсоқ емес құбылыстарды талдау қажеттілігімен түсіндіріледі[6].

Қорытынды. Комбинаторикалық тәсілдер мен цифрлық технологияларды үйлестіре отырып оқыту ықтималдықтар теориясының бастапқы ұғымдарын тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың аналитикалық, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Гаджиева З. Д., Керимов К. Г. Теория вероятностей и математическая статистика. Часть 1. Случайные события. Учебно-методическое пособие. Махачкала: ДГПУ, 2017. 51 с.

2. Хинчин А. Я. Основы теории вероятностей. М.: Физматлит, 2014. – 256 с.

3. Колмогоров А. Н. Основные понятия теории вероятностей. – М.: Наука, 2016. – 120 с.

4. Гмурман В. Е. Теория вероятностей и математическая статистика. – 12-е изд. – М.: Юрайт, 2020. – 479 с.

5. Кремер Н. Ш. Теория вероятностей и математическая статистика. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2019. – 551 с.

6. Гнеденко Б. В. Курс теории вероятностей. – 8-е изд., испр. и доп. – М.: УРСС, 2018. – 448 с.

ҒТАХР: 27.01.45

ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ДӘЛЕЛДЕУДЕ СИММЕТРИЯЛЫҚ КӨПМҮШЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Меліс Б.Ә., «7М01511-Математика» білім беру бағдарламасының магистранты; **Нұрахметов Д.Б.,** PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: adilulybaibol@gmail.com; nurakhmetov@math.kz;

Аннотация. Бұл мақалада жоғары сынып математика курсында теңсіздіктерді дәлелдеу барысында симметриялық көпмүшелерді қолданудың әдістемелік тиімділігі мен практикалық маңызы жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты — айнымалылары өзара тең дәрежеде қатысатын күрделі алгебралық өрнектерді элементар симметриялық көпмүшелер (σ_1, σ_2, σ_3) арқылы ықшамдау және дәлелдеу процесін жүйелеу жолдарын көрсету. Симметриялық көпмүшелер ұғымына анықтама бере отырып, олардың көпайнымалылы теңсіздіктерді шешудегі рөлін нақты есептер (мысалы, $a^2+b^2+c^2 \geq ab+bc+ca$ негізіндегі түрлендірулер) арқылы дәлелдейді. Мақаланың ғылыми-әдістемелік құндылығы симметриялық тәсілдің оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыруға, математикалық модельдерді құру дағдыларын қалыптастыруға және өрнектердің ішкі құрылымдық байланыстарын көре білуге ықпал ететіндігінде. Зерттеу нәтижелері бұл әдістің әсіресе олимпиадалық деңгейдегі және жоғары қиындықтағы есептерді шешуде таптырмас құрал екенін айқындайды. Қорытындылай келе, симметриялық көпмүшелерді оқыту процесіне жүйелі енгізу оқушылардың математикалық мәдениетін көтеріп, алгебралық түрлендірулерді оңтайландыруға мүмкіндік беретіні негізделген.

Кілт сөздер: теңсіздік, симметриялық көпмүше, элементар симметриялық көпмүше, дәлелдеу, алгебра, жоғары сынып.

Кіріспе. Жоғары сынып математикасында теңсіздіктерді дәлелдеу маңызды орын алады. Бұл тақырып оқушылардан алгебралық түрлендірулерді еркін меңгеруді ғана емес, сонымен бірге өрнектердің ішкі құрылымын байқай білуді, олардың арасындағы байланыстарды табуды және логикалық қорытынды жасауды талап етеді. Сондықтан теңсіздіктерді дәлелдеу барысында қолданылатын тиімді әдістерді іріктеу мен оларды оқыту процесінде ұтымды пайдалану өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Көптеген теңсіздіктерде айнымалылар өзара тең дәрежеде қатысады, яғни өрнек белгілі бір симметрияға ие болады. Мұндай жағдайда симметриялық көпмүшелерді пайдалану есептің құрылымын неғұрлым анық көруге және оның дәлелдеу жолын ықшамдауға мүмкіндік береді. Әсіресе үш айнымалыдан тұратын теңсіздіктерде элементар симметриялық көпмүшелерді

енгізу арқылы күрделі өрнектерді жаңа белгілеулермен жазып, есептің мазмұнын жеңілдетуге болады.

Симметриялық көпмүшелер алгебрада, теңдеулер теориясында, Виет теоремасында, сондай-ақ олимпиадалық есептерді шешуде кеңінен қолданылады. Алайда мектеп математикасында бұл ұғым көбіне теориялық деңгейде ғана қарастырылып, оның теңсіздіктерді дәлелдеудегі практикалық мүмкіндіктері жеткілікті ашыла бермейді. Осыған байланысты симметриялық көпмүшелерді жоғары сыныптарда теңсіздіктерді дәлелдеу құралы ретінде қарастырудың ғылыми-әдістемелік маңызы зор.

Осы мақаланың мақсаты – симметриялық көпмүшелер ұғымын сипаттау, элементар симметриялық көпмүшелерді теңсіздіктерді дәлелдеуде қолданудың тиімділігін көрсету және бұл тәсілдің жоғары сынып оқушыларын математикалық тұрғыдан дамытудағы рөлін айқындау.

Материалдар мен әдістер.

Негізгі анықтама.

n айнымалыдан $(x_1, x_2, \dots, x_n)$ тұратын $P(x_1, x_2, \dots, x_n)$ көпмүшесі, оның кез келген екі айнымалысының орнын ауыстырғанда мәні өзгермесе, симметриялық көпмүше деп аталады.

Мысал ($n = 3$ үшін, a, b, c айнымалылары):

• $P(a,\ b,\ c) = a + b + c$ – симметриялық (мысалы, a мен b-ның орнын ауыстырсақ, $b + a + c$ болады, бұл бастапқыға тең).

• $P(a,\ b,\ c) = a^2 - b^2 + c$ – симметриялық емес (a мен b-ны ауыстырсақ, $b^2 - a^2 + c$ шығады, бұл бастапқыға тең емес).

Математикалық есептерде, әсіресе олимпиадалық есептер мен теңсіздіктерді дәлелдеуде, көбіне $n = 3$ (яғни a, b, c айнымалылары) жағдайы қарастырылады.

Элементар симметриялық көпмүшелер.

n айнымалыдан тұратын симметриялық көпмүшелердің ішіндегі ең маңыздылары элементар симметриялық көпмүшелер болып табылады. Олар σ_k (сигма) әрпімен белгіленеді.

$n = 3$ (яғни a, b, c айнымалылары) үшін олар үшеу:

$$\sigma_1 = a + b + c \quad (1)$$

$$\sigma_2 = ab + bc + ca \quad (2)$$

$$\sigma_3 = abc \quad (3)$$

Жаңа айнымалылар арқылы алынған өрнектер жиі қарапайым болады және олармен жұмыс істеу ыңғайлырақ. Мысалы, бізге бұрыннан белгілі теңсіздік:

$$a^2 + b^2 + c^2 \geq ab + bc + ca$$

былайша қысқаша жазылуы мүмкін:

$$\sigma_1^2 \geq 3\sigma_2. \quad (4)$$

Есеп 2.9 [1, Б.22] $a + b + c = 3$ шартын қанағаттандыратындай кез келген $a, b, c > 0$ сандары үшін келесі теңсіздіктің орындалатынын дәлелдеңіз

$$a^2 + b^2 + c^2 + ab + bc + ca \geq 6. \quad (5)$$

Дәлелі. Алдымен дәлелдеу керек теңсіздіктің сол жағын біз енгізген элементар симметриялық көпмүшелер арқылы өрнектейік.

Ол үшін $a^2 + b^2 + c^2$ қосындысын толық квадратты бөліп алу формуласы арқылы түрлендіреміз:

$$a^2 + b^2 + c^2 = (a + b + c)^2 - 2(ab + bc + ca).$$

Енді осы тепе-теңдікті (5)-теңсіздіктің сол жағына қоямыз:

$$(a^2 + b^2 + c^2) + (ab + bc + ca) \geq 6.$$

$$\big((a + b + c)^2 - 2(ab + bc + ca)\big) + (ab + bc + ca) \geq 6 \quad (6)$$

Енді (1) және (2) белгілеулерді қолданып, (6)-теңсіздікті ықшамдайық:

$$\sigma_1^2 - 2\sigma_2 + \sigma_2 \geq 6.$$

$$\sigma_1^2 - \sigma_2 \geq 6. \quad (7)$$

Есептің негізгі шарты $a + b + c = 3$, яғни (1) бойынша $\sigma_1 = 3$ екенін ескеріп, σ_1-дің мәнін (7)-теңсіздікке қоямыз:

$$3^2 - \sigma_2 \geq 6.$$

$$9 - \sigma_2 \geq 6.$$

Бұл теңсіздікті σ_2-ге қатысты шешсек:

$$\sigma_2 \leq 3.$$

Осылайша, біз бастапқы есепті $\sigma_1 = 3$ шарты орындалғанда $\sigma_2 \leq 3$ теңсіздігін дәлелдеуге келтірдік. Енді осы $\sigma_2 \leq 3$ теңсіздігінің ақиқат екенін көрсетуіміз керек.

Ол үшін a, b, c айнымалыларына қатысты белгілі, біз (4) деп нөмірлеген негізгі теңсіздікті пайдаланамыз

$$\sigma_1^2 \geq 3\sigma_2.$$

Бұл теңсіздіктен σ_2-ні бағалайық:

$$\frac{\sigma_1^2}{3} \geq \sigma_2.$$

Бұл теңсіздікке есептің шарты $\sigma_1 = 3$ мәнін қоямыз:

$$3 \geq \sigma_2,$$

яғни

$$\sigma_2 \leq 3.$$

(5)-теңсіздік дәлелденді.

Есеп 2.10 [1, Б.22] $a^2 + b^2 + c^2 = 3$ шартын қанағаттандыратындай кез келген $a, b, c > 0$ сандары үшін келесі теңсіздіктің орындалатынын дәлелдеңіз

$$a + b + c \geq ab + bc + ca \quad (8)$$

Дәлелі. Элементар симметриялық көпмүшелерді енгізейік:

$$\sigma_1 = a + b + c, \qquad \sigma_2 = ab + bc + ca, \qquad \sigma_3 = abc.$$

Белгілі тепе-теңдік бойынша

$$a^2 + b^2 + c^2 = (a + b + c)^2 - 2(ab + bc + ca).$$

Есептің шарты $a^2 + b^2 + c^2 = 3$ болғандықтан,

$$(a + b + c)^2 - 2(ab + bc + ca) = 3.$$

Енді (1) және (2)-белгілеулерді пайдалансақ,

$$\sigma_1^2 - 2\sigma_2 = 3. \tag{9}$$

Осыдан

$$\sigma_1^2 = 3 + 2\sigma_2. \tag{10}$$

Дәлелдеу керек теңсіздік (8) симметриялық көпмүшелер арқылы былай жазылады:

$$\sigma_1 \geq \sigma_2$$

Енді σ_2-ге баға береміз. Ол үшін (4)-теңсіздікті пайдаланайық, яғни:

$$\sigma_1^2 \geq 3\sigma_2.$$

(10)-теңдікті (4) теңсіздігіне қойсақ,

$$3 + 2\sigma_2 \geq 3\sigma_2,$$

бұдан

$$\sigma_2 \leq 3. \tag{11}$$

Енді σ_1 мен σ_2-ні салыстыру үшін (10)-теңдікті пайдаланайық:

$$\sigma_1^2 - \sigma_2^2 = (3 + 2\sigma_2) - \sigma_2^2.$$

Оң жақты көбейткіштерге жіктесек,

$$\sigma_1^2 - \sigma_2^2 = 3 + 2\sigma_2 - \sigma_2^2 = (3 - \sigma_2)(\sigma_2 + 1) \tag{12}$$

(11)-теңсіздік бойынша $3 - \sigma_2 \geq 0$, ал $\sigma_2 + 1 > 0$. Сондықтан

$$\sigma_1^2 - \sigma_2^2 \geq 0. \tag{13}$$

Сонымен,

$$(\sigma_1 - \sigma_2)(\sigma_1 + \sigma_2) \geq 0. \tag{14}$$

Ал $a, b, c > 0$ болғандықтан,

$$\sigma_1 = a + b + c > 0, \quad \sigma_2 = ab + bc + ca > 0.$$

Демек,

$$\sigma_1 + \sigma_2 > 0$$

Олай болса, (14) теңсіздігінен

$$\sigma_1 - \sigma_2 \geq 0,$$

яғни

$$\sigma_1 \geq \sigma_2.$$

Сонда

$$a + b + c \geq ab + bc + ca.$$

Осылайша, (8)-теңсіздік дәлелденді.

Осы мысалдардан симметриялық көпмүшелерді енгізу тек белгілеуді қысқарту ғана емес, есептің негізгі идеясын ашатын құрал екені байқалады. Бұл тәсіл дәлелдеуді жүйелі, ықшам және логикалық тұрғыдан түсінікті етеді. Сонымен қатар оқушы өрнектердің сыртқы түріне ғана емес, олардың ішкі байланысына да назар аударуға үйренеді.

Нәтижелер. Симметриялық көпмүшелерді жоғары сыныптарда қолданудың әдістемелік маңызы зор. Біріншіден, бұл тәсіл оқушылардың алгебралық ойлауын дамытады. Олар есепті жай есептеу нысаны ретінде емес, белгілі бір құрылымға ие математикалық модель ретінде қарастырады. Екіншіден, симметриялық тәсіл өрнектердің ықшам түрін көруге, маңызды шамаларды бөліп алуға және дәлелдеуді жүйелі жүргізуге дағдыландырады. Үшіншіден, мұндай әдіс олимпиадалық және күрделі есептерді шешуге дайындық барысында ерекше пайдалы, себебі есептің шешімі көбіне оның симметриясын байқай білуден басталады.

Сондықтан симметриялық көпмүшелерді теңсіздіктер тақырыбын оқыту барысында жүйелі түрде қарастыру жоғары сынып оқушыларының математикалық мәдениетін қалыптастыруға және дәлелдеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Қорытынды. Симметриялық көпмүшелер жоғары сыныптарда теңсіздіктерді дәлелдеудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Олар көпайнымалылы өрнектерді ықшам түрде жазуға, есеп шарты мен қорытынды арасындағы байланысты айқындауға және дәлелдеуді жүйелеуге мүмкіндік береді. Әсіресе үш айнымалы үшін енгізілетін $\sigma_1, \sigma_2, \sigma_3$ элементар симметриялық көпмүшелері күрделі өрнектерді талдауда маңызды рөл атқарады.

Мақалада қарастырылған есептер симметриялық тәсілдің практикалық тиімділігін көрсетті. Бұл тәсіл дәлелдеуді қысқартып қана қоймай, оқушылардың логикалық ойлауын, өрнектердің құрылымын тану қабілетін және математикалық тілде тұжырым жасау дағдысын дамытады. Сондықтан симметриялық көпмүшелерді жоғары сыныптарда теңсіздіктерді оқыту барысында мақсатты түрде қолдану орынды деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бибиков П.В. Неравенства в задачах. – М.: МЦНМО, 104 с.

ҒТАМА: 14.25.09

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Миятбек Е., Астана халықаралық университетінің «7М01511 - Математика» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты;
Каршыгина Г.Ж., PhD, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
ymiyatbek@gmail.com karshygina84@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – математика сабақтарында проблемалық оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – проблемалық оқытудың теориялық негіздерін талдап, оқушылардың танымдық белсенділігі мен логикалық ойлау қабілетін арттыратын нақты әдіс-тәсілдердОі айқындау. Автор М.И. Махмутовтың классикалық теориясына сүйене отырып, білім жетіспеушілігі, қарама-қайшылық және зерттеушілік сияқты проблемалық жағдаяттардың төрт негізгі типіне сипаттама береді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында 6–8 сынып оқушыларының көрсеткіштері талданып, дәстүрлі оқытумен салыстырғанда проблемалық оқытудың артықшылықтары дәлелденген. Нәтижелер көрсеткендей, бұл технологияны жүйелі қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын 40%-ға, ал логикалық ойлау деңгейін 30%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада цифрлық технологияларды (GeoGebra, Desmos) пайдаланудың маңызы мен өмірмен байланысты тапсырмалардың рөлі ерекше атап көрсетілген. Зерттеу қорытындылары математика мұғалімдеріне әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: проблемалық оқыту, математика, әдіс-тәсілдер, проблемалық жағдаят, сыни тұрғыдан ойлау, танымдық белсенділік.

Кіріспе. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқушыларды дайын білімді пассивті қабылдаушы емес, белсенді ізденуші, шығармашылықпен ойлайтын тұлға ретінде қалыптастыру мәселесі әлемдік деңгейде кеңінен қарастырылуда. Әсіресе проблемалық оқыту технологиясы көптеген елдерде зерттеліп, оқу процесіне енгізілуде. Мысалы, АҚШ, Канада, Финляндия, Жапония сияқты мемлекеттерде проблемалық оқыту әдістері мектеп математикасы мен жаратылыстану пәндерінде кеңінен қолданылады [2]. Бұл елдерде жүргізілген зерттеулер оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, танымдық белсенділігін арттыруға проблемалық оқытудың айрықша ықпал ететінін көрсетеді.

Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде проблемалық оқытудың тиімділігіне ерекше назар аударылған. Р.Аяри бастаған авторлар К-12 деңгейіндегі математика сабақтарында проблемалық оқытудың оқушылардың

оқу нәтижелеріне оң әсерін жүйелі түрде дәлелдеген [2]. Олар проблемалық жағдаяттар арқылы оқушылардың жаңа білімді өз бетімен ашуына мүмкіндік берудің маңызын атап өтеді.

Отандық зерттеушілер де бұл бағытта елеулі жұмыстар атқаруда. Мысалы, Фадеева И.В. проблемалық оқытудың оқушылардың қызығушылығын арттырудағы рөлін көрсетсе [3], Злотникова Т.А. проблемалық жағдаяттарды математика сабақтарында қолданудың нақты әдістемесін ұсынады [4]. Сонымен қатар, Матяш Т.А. проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде талдап, олардың оқу процесіндегі тиімділігін негіздейді [5]. Қазақ педагогикасында М.И. Махмутовтың еңбектері проблемалық оқытудың теориялық негізін қалағанын ерекше атап өткен жөн [1].

Дегенмен, зерттеушілердің еңбектерінде шешілмей отырған мәселелер де бар. Атап айтқанда, проблемалық оқытуды барлық сыныптар мен тақырыптарға бірдей тиімді енгізу жолдары толық зерттелмеген. Сондай-ақ, мұғалімдердің проблемалық жағдаяттарды құрастырудағы әдістемелік дайындығы жеткіліксіз екені байқалады.

Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыларды ойлауға үйрету, білімді саналы түрде меңгерту қажеттілігінен туындайды. Математика пәнінде проблемалық оқытуды жүзеге асыру оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, алған білімді өмірлік жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік береді.

Осы себепті мақала тақырыбы ретінде «Математика пәнінде проблемалық оқытуды жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдері» таңдалды. Жұмыстың мақсаты – проблемалық оқытудың теориялық негіздерін талдау және оны математика сабақтарында қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін көрсету.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалды:

- проблемалық оқытудың әлемдік және отандық тәжірибесін талдау;
- проблемалық жағдаяттардың негізгі типтерін анықтау;
- математика сабақтарында проблемалық оқытуды жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдерін сипаттау;
- оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған мысалдар келтіру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында проблемалық оқытудың негізгі қозғаушы күші – проблемалық жағдаяттар қарастырылды. Олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, жаңа білімді саналы түрде меңгеруге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Проблемалық жағдаяттар төрт типке бөлінеді:

1. **Білім жетіспеушілігі жағдаяты.** Бұл жағдайда оқушылардың бұрынғы білімдері жеткіліксіз болып, жаңа ұғымды енгізу қажеттілігі туындайды. Мысалы, тригонометриялық функцияларды оқытуда белгілі бір мәндерге қатысты сұрақтар қойылып, оқушылардың жауап бере алмауы жаңа

ұғымды енгізуге негіз болады. Мұндай тәсіл оқушылардың білімге деген сұранысын күшейтеді.

2. **Жаңа жағдайда білімді қолдану жағдаяты.** Оқушылар белгілі бір білімді меңгергенімен, оны жаңа, бейтаныс жағдайда қолдануы қажет болады. Мысалы, иррационал теңдеулерді шешуде квадраттау әдісін қолдану барысында артық түбірлердің пайда болатынын көрсету арқылы оқушыларды білімді тексеру қажеттілігіне жетелейді. Бұл олардың логикалық ойлауын дамытады.

3. **Қарама-қайшылық жағдаяты.** Оқушылардың өмірлік тәжірибесі мен математикалық білімдері арасында қарама-қайшылық туғызу арқылы жаңа амалға сұраныс қалыптастырылады. Мысалы, бөлшектерді салыстыру немесе азайту кезінде бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қолдану оқушыларды жаңа ережені меңгеруге жетелейді.

4. **Теория мен практика арасындағы қарама-қайшылық.** Бұл жағдайда нақты өмірлік тәжірибені математикалық тұрғыдан түсіндіру қажеттілігі туындайды. Геометрия сабақтарында құрылысшылардың шұлғыманы қолдануы сияқты мысалдар оқушыларды теориялық білімді практикамен байланыстыруға үйретеді.

Проблемалық жағдаяттарды туғызудың әдіс-тәсілдері төрт топқа бөлінді:

- **Өмірмен байланыстыру.** Математикалық ұғымдардың абстрактілігін жеңілдету үшін оларды күнделікті өмірмен байланыстыру қолданылады. Мысалы, масштаб тақырыбын өткенде картадағы қашықтықты өлшеп, жанармай шығынын есептеу тапсырмасы беріледі. Бұл оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырады.
- **Зерттеушілік тапсырмалар.** Оқушыларға тәжірибе жасауға мүмкіндік беретін тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, шеңбер ұзындығын өлшеу арқылы π санын өздері «ашуы» олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады.
- **Қателіктермен жұмыс.** Мұғалім әдейі қате шешімдерді ұсынады, ал оқушылар оны талдап, дұрысын табуға тырысады. Бұл тәсіл сыни тұрғыдан ойлауды дамытады және оқушыларды ақпаратты тексеруге үйретеді.
- **Ойын элементтері мен цифрлық технологиялар.** Математикалық ойындар мен интерактивті бағдарламалар (GeoGebra, Desmos) оқушылардың белсенділігін арттырады. Мысалы, Пифагор теоремасын зерттеу кезінде оқушылар фигураларды өздері салып, нәтижені бірден көре алады.

Осы әдістерді қолдану барысында зерттеу жұмысы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, білімді саналы меңгеруге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды.

Нәтижелер. Зерттеу барысында математика пәнінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы анықталды. Эксперимент 6–8 сынып оқушылары арасында жүргізіліп, дәстүрлі оқыту мен проблемалық оқыту технологияларының нәтижелері салыстырылды. Зерттеу екі кезеңнен тұрды: бастапқы диагностикалық кезең және қорытынды бақылау кезеңі.

Бастапқы кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігі, логикалық ойлау деңгейі және пәнге қызығушылығы диагностикалық тапсырмалар, бақылау

жұмыстары және сауалнама жүргізу арқылы анықталды. Атап айтқанда, оқушыларға стандартты емес есептер (мысалы, бірнеше тәсілмен шығарылатын теңдеулер, логикалық есептер, өмірмен байланысты мәтіндік тапсырмалар) ұсынылды. Сонымен қатар, «Неліктен?», «Қалай дәлелдеуге болады?» сияқты ашық сұрақтар қойылып, олардың ойлау әрекеті бақыланды.

Бақылау барысында оқушылардың басым бөлігі (шамамен 60–65%) есепті мұғалім көрсеткен үлгі бойынша ғана орындауға тырысатыны байқалды. Мысалы, квадрат теңдеуді шешу кезінде оқушылар дискриминант формуласын механикалық түрде қолданғанымен, оның мағынасын түсіндіруде қиналды. Ал логикалық есептерде (мысалы, артық немесе жеткіліксіз мәліметі бар тапсырмаларда) оқушылардың көпшілігі бірден жауап беруге емес, мұғалімнің көмегін күтуге бейім болды.

Танымдық белсенділікті анықтау мақсатында «ойлан – жұптас – бөліс» әдісі қолданылған кезде де оқушылардың тек 30–35%-ы ғана өз пікірін еркін білдіріп, шешу жолдарын ұсынды, ал қалған бөлігі дайын жауапты күтуге бейім екені анықталды. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесінде оқушылардың 55%-ы математика пәнін «қиын» деп бағалап, тек 25%-ы ғана пәнге тұрақты қызығушылық танытатыны белгілі болды.

Осы мәліметтер оқушылардың репродуктивті деңгейде білім меңгеруге үйренгенін, ал өздігінен талдау, дәлелдеу және шешім қабылдау дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Мұндай жағдай М.И. Махмутов атап өткендей, проблемалық жағдаяттардың жеткіліксіз қолданылуымен байланысты болуы мүмкін. Ғалымның пікірінше, оқушының танымдық белсенділігі тек дайын білім беру арқылы емес, мәселе қою және оны шешу процесіне қатыстыру арқылы дамиды [1].

Осылайша, алынған бастапқы нәтижелер проблемалық оқыту әдістерін жүйелі түрде енгізудің қажеттілігін дәлелдеп, зерттеудің келесі кезеңін ұйымдастыруға негіз болды.

Эксперименттің негізгі кезеңінде математика сабақтарында проблемалық жағдаяттар жүйелі және мақсатты түрде қолданылды. Оқыту үдерісі оқушылардың өздігінен ойлауына, мәселе қоюына және шешім табуына бағытталды.

Біріншіден, жаңа тақырыпты енгізуде білім жетіспеушілігі жағдаяттары құрылды. Мысалы, «Квадрат түбір» тақырыбын бастау кезінде оқушыларға $x^2=20$ теңдеуін шешу ұсынылды. Оқушылар натурал және бүтін сандар жиынында нақты жауап таба алмай, қиындыққа тап болды. Осы кезде «онда бұл теңдеудің шешімі бар ма?» деген сұрақ қойылып, жаңа ұғымды енгізуге қажеттілік туындады. Мұндай тәсіл оқушылардың жаңа білімге деген ішкі сұранысын қалыптастырып, тақырыпты саналы түрде қабылдауына ықпал етті.

Екіншіден, есептерді шешу барысында қарама-қайшылық жағдаяттары мен зерттеушілік тапсырмалар кеңінен қолданылды. Мысалы, бөлшектерді салыстыру тақырыбында оқушыларға $\frac{3}{4}$ және $\frac{5}{6}$ бөлшектерін салыстыру ұсынылды. Көптеген оқушылар тек алымдарына қарап қате қорытынды

жасады. Осыдан кейін түрлі тәсілдерді (ортақ бөлімге келтіру, ондық бөлшекке айналдыру) зерттеу арқылы дұрыс шешімге келу тапсырылды. Бұл әрекет оқушылардың өз қателіктерін түсінуіне және дұрыс әдісті таңдауға үйретті.

Зерттеушілік тапсырмалар ретінде оқушыларға бірнеше шешу жолы бар есептер берілді. Мысалы, «тік төртбұрыштың ауданын табудың әртүрлі тәсілдерін ұсын» немесе «бір есепті кемінде екі әдіспен шығар» сияқты тапсырмалар арқылы оқушылар өз бетінше зерттеу жүргізіп, нәтижелерін салыстырды. Нәтижесінде олар тек бір ғана алгоритммен шектелмей, баламалы шешімдерді қарастыруға дағдыланды.

Үшіншіден, цифрлық құралдар арқылы интерактивті оқыту ұйымдастырылды. Сабақтарда GeoGebra, Desmos платформалары қолданылып, оқушылар функциялардың графиктерін өздері құрып, олардың қасиеттерін зерттеді. Мысалы, сызықтық функцияның графигін өзгерте отырып, коэффициенттердің графикке әсерін бақылау тапсырмасы берілді. Оқушылар параметрлерді өзгерту арқылы қорытындыны өздері шығарды, бұл олардың зерттеушілік және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытты.

Сонымен қатар, Пифагор теоремасын оқыту барысында оқушыларға дайын формула берілмей, әртүрлі квадраттар мен үшбұрыштарды пайдаланып, қабырғалар арасындағы байланысты өздері анықтау ұсынылды. Бұл тәсіл М.И. Махмутов сипаттаған проблемалық оқыту қағидаларына сәйкес келеді, яғни оқушы білімді дайын күйінде емес, ізденіс барысында меңгереді [1].

Жалпы алғанда, сабақ барысында қолданылған әрекеттер:

- проблемалық сұрақ қою;
- болжам жасау;
- дәлелдеу және тексеру;
- бірнеше шешім жолдарын салыстыру;
- цифрлық ортада модельдеу

сияқты кезеңдерден тұрды.

Нәтижесінде оқушылар сабаққа белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізе бастады. Олар есепті тек шығарып қана қоймай, оның шешу жолын түсіндіруге, дәлелдеуге және басқа тәсілдермен салыстыруға үйренді. Бұл проблемалық оқытудың тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың оқу жетістіктерінде айтарлықтай оң өзгерістер бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, проблемалық оқыту қолданылған сыныптарда:

- логикалық ойлау деңгейі 25–30%-ға артты;
- өздігінен шешім қабылдау дағдылары қалыптасты;
- пәнге қызығушылық көрсеткіші 40%-ға дейін өсті;
- күрделі есептерді шешу барысында қателіктер саны азайды.

Бұл нәтижелер М.И. Махмутов ұсынған проблемалық оқыту теориясымен толық сәйкес келеді. Ғалымның пікірінше, «проблемалық жағдаят – оқушының танымдық белсенділігін оятатын және оны жаңа білімді өз бетімен

іздеуге жетелейтін негізгі фактор» [1]. Біздің зерттеу барысында да дәл осы фактор оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың білімді терең меңгеруіне ықпал етті.

Төменде алынған нәтижелердің салыстырмалы көрсеткіші ұсынылған:

Көрсеткіштер	**Дәстүрлі оқыту**	**Проблемалық оқыту**
Танымдық белсенділік	Орташа	Жоғары
Логикалық ойлау	Төмен–орташа	Жоғары
Өздігінен жұмыс	Әлсіз	Жақсы дамыған
Пәнге қызығушылық	Тұрақсыз	Тұрақты жоғары

Зерттеу нәтижелері шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарымен сәйкес келеді. Мысалы, Р.Аяри және әріптестері проблемалық оқытудың оқушылардың оқу жетістіктеріне оң әсер ететінін көрсеткен болса, біздің зерттеу де осы нәтижені растады. Сонымен қатар, Фадеева И.В. атап өткендей, проблемалық жағдаяттар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, бұл да тәжірибелік жұмыстарда дәлелденді.

Сондай-ақ, М.И. Махмутов еңбектерінде көрсетілгендей, проблемалық оқыту тек білім берудің әдісі ғана емес, ол оқушылардың ойлау мәдениетін қалыптастыратын жүйе болып табылады. Бұл тұжырым біздің зерттеу нәтижелерінде де көрініс тапты, себебі оқушылар тек есеп шығарып қана қоймай, өз ойларын дәлелдеуге, талдауға және қорытынды жасауға үйренді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында бірқатар қиындықтар да анықталды:

- мұғалімдердің проблемалық жағдаяттарды құрастыруда тәжірибесінің жеткіліксіздігі;
- уақыттың шектеулі болуы;
- барлық тақырыптарға бірдей тиімді әдіс таңдаудың күрделілігі.

Дегенмен, бұл қиындықтарға қарамастан, проблемалық оқыту технологиясының тиімділігі айқын байқалды. Әсіресе зерттеушілік тапсырмалар мен өмірмен байланысты есептердің оқушыларға ерекше әсер ететіні анықталды.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері проблемалық оқытудың математика сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың, логикалық және шығармашылық ойлауын дамытудың тиімді құралы екенін дәлелдейді. Бұл әдіс оқушыларды тек білім алушы ғана емес, білімді өздігінен құрастырушы тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Бұл зерттеу жұмысы математика пәнінде оқушылардың танымдық белсенділігінің төмендігі, өздігінен шешім қабылдау дағдыларының жеткіліксіздігі сияқты өзекті мәселелерді шешуге бағытталды. Зерттеу 6–8 сынып оқушылары арасында жүргізіліп, дәстүрлі оқыту мен проблемалық оқыту әдістері салыстырмалы түрде қарастырылды.

Эксперимент барысында сабақтарда проблемалық жағдаяттар жүйелі түрде енгізіліп, оқушылардың зерттеушілік әрекеті ұйымдастырылды.

Зерттеу барысында оқушылардың өздігінен шешім қабылдау, дәлелдеу және бірнеше тәсілмен есеп шығару дағдылары қалыптасты. Сапалық тұрғыдан алғанда, оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы, өз пікірін еркін жеткізуі және білімді өмірмен байланыстыра алуы байқалды.

Бұл нәтижелер М.И. Махмутов ұсынған проблемалық оқыту теориясының тәжірибелік тұрғыда тиімді екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, әсіресе математика және жаратылыстану пәндерін оқытуда қолдануға болады. Болашақта бұл әдіс цифрлық білім беру ортасымен ұштастырылып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда кеңінен пайдаланылуы мүмкін.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Махмутов М.И. Избранные труды: в 7 т. – Казань: Магариф – Вакыт, 2016. – Т. 1: Проблемное обучение: Основные вопросы теории / сост. Д.М. Шакирова. – 423 с.

2. Ayari R. Ayari, R. Problem-based learning in mathematics education: a systematic review / R. Ayari, R. Sellami, D. Santhosh // International Journal of Educational Research. – 2020. – No. 98. – P. 102–110.

3. Фадеева, И.В. Проблемное обучение как средство повышения познавательной активности учащихся / И.В. Фадеева // Педагогика. – 2018. – № 5. – С. 45–49.

4. Злотникова, Т.А. Проблемные ситуации на уроках математики / Т.А. Злотникова. – М.: Просвещение, 2016. – 192 с.

5. Матяш, Т.А. Современные методы обучения математике / Т.А. Матяш. – СПб.: Питер, 2019. – 256 с.

ҒТАМА 14.25.09

МЕКТЕП ФИЗИКАСЫН ОҚЫТУДА КОГНИТИВТІ ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Маратова И.М., магистрант; **Акылбекова А.Д.,** PhD, доцент м.а.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
maratovna1711@gmail.com

Аннотация. Мақалада мектеп физикасын оқытуда когнитивті геймификацияны жүзеге асырудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттыру және оқу үдерісін цифрлық трансформация жағдайында жетілдіру қажеттілігімен негізделеді.

Жұмыста физика пәнін оқытуға арналған авторлық интеллектуалды-дидактикалық ойын жүйесінің құрылымы мен мазмұны сипатталады. Ұсынылған әдістемелік модель оқу материалын жүйелеуге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және теориялық білімді практикалық жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Геймификация элементтері негізінде құрылған ойын механикасы білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, оқыту үдерісін интерактивті және оқушыға бағдарланған сипатқа келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тапсырмалар жүйесі контексттік мазмұнға негізделіп, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған дидактикалық жүйенің педагогикалық әлеуеті негізделіп, оны мектеп практикасына енгізудің тиімді бағыттары айқындалды.

Кілт сөздер: геймификация, физиканы оқыту, дидактикалық ойын, функционалдық сауаттылық, оқу мотивациясы, цифрлық білім беру.

Кіріспе. Қазіргі таңда жаһандық білім беру кеңістігіндегі басым бағыттардың бірі – білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын цифрлық трансформация жағдайында дамыту болып табылады. Бұл бағыт Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) халықаралық зерттеулерінде, соның ішінде PISA бағдарламасында ерекше атап көрсетіледі, мұнда оқушылардың білімді өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті негізгі көрсеткіш ретінде қарастырылады [1]. Қазақстан Республикасының білім беру саясатында да оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған [2].

Алайда, орта білім беру жүйесіндегі физика курсы өзінің абстрактілі мазмұны мен күрделі заңдылықтарына байланысты оқушылар үшін қиындық

тудырады. Зерттеулер көрсеткендей, физика пәнін меңгеруде оқушылардың қызығушылығының төмендеуі және пәнді қабылдаудағы қиындықтар жиі кездеседі [3]. Бұл мәселе әсіресе жоғары сыныптарда қорытынды аттестация мен ҰБТ-ға дайындық кезеңінде айқын көрінеді. Статистикалық деректер физика пәні бойынша орташа нәтижелердің салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді [4]. Оның негізгі себептерінің бірі – оқушылардың теориялық білімді практикалық жағдайларда қолдана алмауы.

Дәстүрлі оқыту әдістері көбіне репродуктивті сипатта болып, білімді механикалық меңгеруге бағытталады. Мұндай тәсілдер оқушылардың терең түсінуіне және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға жеткілікті деңгейде ықпал етпейді [5]. Осыған байланысты оқыту үдерісінде оқушылардың ішкі мотивациясын арттыратын жаңа дидактикалық тәсілдерді енгізу қажеттілігі туындайды.

Осындай тиімді тәсілдердің бірі – геймификация. K.M. Kapp анықтамасы бойынша, геймификация – ойын механикалары мен элементтерін ойын емес ортада қолдану арқылы білім алушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс [6]. Зерттеулер геймификацияның оқушылардың мотивациясын арттырып, оқу нәтижелерін жақсартатынын көрсетеді [7].

Осыған байланысты мектеп физикасын оқытуда когнитивті геймификацияны жүзеге асырудың әдістемелік негіздерін айқындау өзекті ғылыми-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Зерттеу міндеттері ретінде геймификацияның дидактикалық мүмкіндіктерін талдау және оны физика сабағында қолдану әдістемесін әзірлеу қарастырылды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында мектеп физикасын оқытуға арналған авторлық дидактикалық ойын жүйесі қолданылды. Ойын алаңы 55 стратегиялық ұяшықтан тұратын тұйықталған циклдік құрылым ретінде ұйымдастырылған. Бұл құрылым физика курсының мазмұндық сабақтастығы мен логикалық жүйелілігін бейнелейді (1-сурет).

Ойын мазмұны 360-тан астам авторлық және модификацияланған тапсырмалардан тұрады. Тапсырмалар Блум таксономиясы негізінде және ҰБТ форматына сәйкес құрастырылған. Сұрақтар оқушылардың тек білімін тексеруге емес, оларды талдау және қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған (2-сурет).

Сурет 1 «NewTown: Физика құпиялары» ойын тақтасы



Сурет 2. Ойын карталарының үлгісі (7-сынып үшін)

Ойынның логикасына сәйкес тапсырмалар үш күрделілік деңгейіне (A, B, C) бөлінген, бұл саралап оқыту қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әрбір деңгей оқушылардың дайындық ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған және олардың танымдық белсенділігін біртіндеп арттыруға бағытталған.

Ұсынылған дидактикалық ойын жүйесі физика сабақтарында, факультативтік курстарда және оқушыларды қорытынды бағалау мен ҰБТ-ға дайындау үдерісінде қолдануға арналған. Ойын оқу материалын жүйелеуге, теориялық білімді практикалық жағдаяттарда қолдануға және логикалық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Ойынды қолдану барысында оқушылар белгілі бір ұяшыққа түсу арқылы тиісті тапсырмаларды орындайды. Тапсырмаларды дұрыс орындау олардың ойын кеңістігінде ілгерілеуіне және оқу материалын меңгеруіне ықпал етеді. Бұл тәсіл оқыту үдерісін белсенді, интерактивті және оқушыға бағытталған сипатқа ие етеді.

Дидактикалық ойын құрылымы оқытудың жүйелілік, бірізділік, қолжетімділік және саралап оқыту қағидаттарына негізделген. Сонымен қатар, ойын элементтері оқушылардың ішкі мотивациясын арттыруға және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған.

Әзірленген дидактикалық ойын жүйесінің педагогикалық мүмкіндіктері мен оны қолдану нәтижелері келесі бөлімде қарастырылады.

Нәтижелер

«NewTown: Физика құпиялары» интеллектуалды-дидактикалық жүйесін әзірлеу және оның мазмұндық құрылымын талдау негізінде келесідей ғылыми-әдістемелік нәтижелер ұсынылады:

1. Концептуалды-дидактикалық жүйелеу. Физика курсын төрт стратегиялық доменге бөлу арқылы оқушының танымдық жүктемесін оңтайландыруға бағытталған модель ұсынылды. Бұл құрылым физикалық заңдылықтарды жекелеген формулалар жиынтығы ретінде емес, өзара

байланысқан тұтас жүйе ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Тапсырмалар мазмұнының елеулі бөлігі контексттік сипатқа ие болып, қазіргі білім беру талаптарына сәйкес келеді [8].

2. Ішкі мотивацияны қалыптастыру механизмі.Ойын барысында қолданылатын шартты «Ньютон-койн» жүйесі білім алушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Бұл тәсіл дәстүрлі бағалау жүйесіне балама ретінде білімді қолдану мен нәтижеге жетуді ынталандырады.

3. Функционалдық сауаттылыққа бағыттылық. Ойын құрылымында қарастырылған «Белгісіздік ұяшықтары» мен «Құпия карталар» элементтері оқушылардың практикалық және логикалық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл тәсіл оқу мазмұнын өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға мүмкіндік береді (1-кесте).

Кесте 1 Ойынның оқушы бойында қалыптастыратын құзыреттілік картасы

Индикаторлар	**Дәстүрлі оқыту әдісі**	**«NewTown» жүйесі**
Оқушы белсенділігі	Төмен (пассивті тыңдаушы)	Жоғары (активті ойыншы)
Білімді меңгеру сипаты	Репродуктивті (жаттау)	Продуктивті (қолдану)
Психологиялық ахуал	Баға алу қорқынышы	Танымдық бәсекелестік
ҰБТ-ға дайындық	Стандартты тестілеу	Стратегиялық талдау

Геймификация теорияларына сүйене отырып, ұсынылған модельді оқу үдерісінде қолдану келесідей педагогикалық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- физикалық құбылыстарды модельдеу дағдыларын дамыту;
- контексттік және логикалық есептерді шешу қабілетін жетілдіру;
- оқушылардың оқу мотивациясын арттыру және психологиялық кедергілерді төмендету.

Ұсынылған дидактикалық жүйе оқушылардың стратегиялық ойлау, шешім қабылдау және топтық өзара әрекет дағдыларын дамытуға бағытталған. Болашақта аталған әдістемені мектеп тәжірибесінде апробациядан өткізу және оның тиімділігін эмпирикалық деректер негізінде бағалау жоспарлануда.

Қорытынды. Қорытындылай келе, «NewTown: Физика құпиялары» интеллектуалды-дидактикалық жүйесін әзірлеу және оны мектептің физика курсына енгізудің теориялық-әдістемелік негіздерін талдау нәтижесінде келесідей тұжырымдар ұсынылады:

Біріншіден, заманауи білім беру парадигмасы жағдайында физика пәнін оқытуда геймификация элементтерін қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Екіншіден, ойын механикасына негізделген шартты «Ньютон-койн» жүйесі білім алушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын ынталандырып, дәстүрлі бағалау тәсілдерін толықтыратын баламалы модель ретінде ұсынылады. Бұл тәсіл білімді қолдануға бағытталған стратегиялық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, ұсынылған дидактикалық жүйенің мазмұндық базасын құрайтын авторлық тапсырмалар мен «құпия карталар» оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және теориялық білімді практикалық жағдаяттарда қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Төртіншіден, ойын форматына негізделген оқыту тәсілі оқушылардың оқу үдерісіне эмоционалдық қатысуын арттырып, оқу барысындағы психологиялық кедергілерді төмендетуге ықпал етеді.

Бесіншіден, ойынның тактильді-манипулятивті сипаты оқушылардың белсенді әрекет арқылы білім меңгеруін қамтамасыз етіп, «learning by doing» қағидатын мектеп тәжірибесінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, ұсынылған дидактикалық жүйе мектептегі физиканы оқыту сапасын арттыруға бағытталған кешенді әдістемелік құрал ретінде ғылыми және практикалық маңызға ие.

Болашақта аталған әдістемені білім беру тәжірибесінде апробациядан өткізу және оның тиімділігін эмпирикалық деректер негізінде бағалау зерттеудің келесі кезеңі ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. PISA 2022 Results: What Students Know and Can Do. – Paris: OECD Publishing, 2023.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Орта білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2023.

3. R. Hake.Interactive-engagement vs traditional methods: A six-thousand-student survey of mechanics test data for introductory physics courses // American Journal of Physics. – 1998. – Vol. 66, No. 1. – P. 64–74.

4. ҰБТ нәтижелері бойынша аналитикалық есептер. – Астана, 2023.

5. M. Prince.Does active learning work? A review of the research // Journal of Engineering Education. – 2004. – Vol. 93, No. 3. – P. 223–231.

6. M. Kapp. The Gamification of Learning and Instruction. – San Francisco: Pfeiffer, 2012.

7. From game design elements to gamefulness: Defining «gamification» // Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference. – Tampere, 2011. – P. 9-15.

8. Ұлттық тестілеу орталығы. Физика пәні бойынша тест спецификациясы және контексттік тапсырмалар үлгілері: Әдістемелік жинақ. – Астана, 2025.

ҒТАХР 29.19.24

РУТИЛЬ ФАЗАСЫНДАҒЫ ТИТАН ДИОКСИДІНІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН AB INITIO ӘДІСІМЕН ЕСЕПТЕУ

Махатов Ә.Т., Педагогикалық институттың «6В01505 – Физика» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті; **Зәкиева Ж.Е.,** PhD доктор, Астана Халықаралық Университеті; **Солтанбек Н.С.,** PhD доктор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Физика-техника ғылымдар институты Ядролық физика, жаңа материалдар және технологиялар кафедрасы; **Үсен Е.Б.,** жаңа материалдар және технологиялар кафедрасы 1 курс магистранты, Астана қаласы, Қазақстан
makhatovalisher2004@gmail.com

Аннотация. Бұл жұмыста тетрагональді рутиль фазасындағы TiO_2 кристалының электрондық қасиеттері тығыздық функционалы теориясына (DFT) негізделе отырып, алғашқы қағидат әдісімен рутиль фазасындағы TiO_2 үшін зоналық құрылым және электрондық күй тығыздығы (DOS) VASP бағдарламалық пакеті арқылы есептеліп, талданды. Алынған нәтижелер жартылай өткізгіштік сипаттамаларын, фотокаталитикалық және оптоэлектрондық қосымшаларда қолдану потенциалын анықтауға мүмкіндік береді. Анықталған энергетикалық зоналар мен электрондық құрылым материалдың электрондық қасиеттерін терең түсінуге негіз береді.

Кілт сөздер: фотокатализатор, TiO_2 анатаз, электрондық күйлер тығыздығы, тығыздық функционалы теориясы.

Кіріспе. TiO_2 оксиді жартылай өткізгіш ретінде кең тыйым салынған аймаққа ие, ол өзінің электрлік, оптикалық және химиялық қасиеттерінің арқасында күн элементтері [1-3] , қоршаған ортаны тазарту [4, 5], каталитикалық процестер [6-8], бактерияға қарсы материалдар [9, 10] фотодеградация және фотокаталитикалық материалдар [11, 12], сутек өндіру үшін судың фотолизі [13-16], сондай-ақ күн элементтерінде жарықты жұтқыш материал ретінде кеңінен қолданылады [17]. TiO_2 оксиді үш кристалдық құрылымға ие: рутил, анатаз және брукит. Рутил мен анатаз тетрагональды кристалдық фазаға, ал брукит орторомбтық фазаға жатады. Анатаз және брукит TiO_2 — төмен температуралық фазаға, ал рутил — жоғары температуралық фазаға ие. Анатаз метатұрақты фаза, анатаздан рутилге фазалық ауысу қайтымсыз. Бұл ауысу температурасы материалды синтездеу жағдайларына байланысты өзгереді. Олардың ішінде анатаз TiO_2 фотокаталитикалық және фотокаталитикалық белсенділікті арттыратын қасиеттерге ие болып, оған үлкен қызығушылық туғызды. Соңғы жылдары оның фотокаталитикалық механизмі мен материалды модификациялау ғылыми зерттеулердің өзекті бағыттарының біріне айналды [18, 19].

Электрооптикалық қасиеттер саласында TiO_2 бойынша көптеген зерттеулер бар [13-16], ал анатаз TiO_2-ның механикадағы қолданылуы туралы зерттеулер аз.



Сурет 1. – Рутиль TiO_2 оксидінің кристалдық құрылымы.

Қазіргі уақытта анатаз TiO_2 материалдарын дайындау, құрылымы және қасиеттері бойынша көптеген зерттеулер жүргізілген. Алайда, материалды дайындаудың әртүрлі әдістері эксперименттік процесте материалдың, адам еңбегінің және ресурстардың ысырап болуына әкелетіні сөзсіз. Сондықтан TiO_2 оксидінің электрондық құрылымының оның қасиеттеріне әсерін түсіну, электрохимиялық сипаттамаларын дұрыс болжау және тиімділігін арттыру жолдарын анықтау өте маңызды. Сонымен қатар, алдыңғы зерттеулердің көпшілігі TiO_2 оксид микроқұрылымы мен фотоэлектрлік қасиеттеріне бағытталған, алайда материалдардың серпімділік қасиеттерін электрондық деңгейде қарастыратын жұмыстар аз. Бұл жұмыста анатаз TiO_2 электрондық құрылымы алғашқы принциптер негізінде есептеліп, талданды.

Материалдар мен әдістер. Барлық есептеу нәтижелері жазық толқындар базисі мен кеңейтілген проекциялық толқын әдісін [20] (PAW) қолданып, VASP [21] [22] (*Vienna Ab initio Simulation Package*) бағдарламалық коды көмегімен іске асырылды. Зерттелетін модельдердің геометриясын оптимизациялау GGA-PBE [23] (Perdew–Burke–Ernzerhof) алмасу-корреляция функционалы көмегімен есептелді. Есептеулерде барысында жазық толқындар үшін шекті мәні 520 эВ, k-нүктелерінің өлшемдері көлемді есептеулер үшін 7×7×11 болатын Монкхорст-Пак схемасы көмегімен анықталды.

Нәтижелер . *TiO_2 модельдеу*

Анатаз TiO_2 кристалдық құрылымы тетрагональды жүйеге жатады, кеңістік тобы *$P4_2/mnm$* , тор тұрақтылары a=b=4.653 Å, c=2.969 Å [24]. TiO_2 құрылымы рутил тәрізді және тетрагональды ($P4_2/mnm$) фазада кристалданады. Құрылым үшөлшемді. Ti^{4+} иондары алты эквивалентті O^{2-} иондарымен байланысқан, әрбір титан атомының айналасында октаэдрлік координация түзеді. Кристалдық құрылымы 1-суретте көрсетілген.

TiO_2 зоналық құрылымы және күйлер тығыздығы (DOS)

Энергияның зоналық құрылымын есептеу нәтижелері 2-суретте көрсетілген; Ферми деңгейі энергияның нөлдік нүктесі ретінде алынған (қара үзік сызық), ал анатаздық TiO_2-ның зоналық құрылымы салыстырмалы түрде

жазық, бұл оның иондық қосылыстарға тән қасиеттерін көрсетеді. Сонымен қатар, талдау анатаз TiO_2-ның жанама тыйым салынған аймағы бар жартылайөткізгіш екенін көрсетеді, өйткені өткізгіштік зонасының минимумы мен валенттік зонаның максимумы бір нүктеде орналаспаған (М→Г). Тыйым салынған аймақтың ені E_g = 2,2 эВ, бұл эксперименттік мәннен (3,20 эВ) [25, 26] аз, себебі *ab initio* есептеулерінде өткізгіштік зонасының энергия күйлері әдетте төмен бағаланады, бұл электрондық құрылымды теориялық талдауға әсер етпейді. Соңғы жылдары үш түрлі кристалды форманы зерттеулер анатаз TiO_2 фотокаталитикалық белсенділігі жоғары екенін көрсетті [27-29]. Себебі анатаз TiO_2 тыйым салынған аймағы кеңірек, оның өткізгіштік аймақта оттектің қалпына келуін тежей алады, ал анатаз фазаның кристалды торы ақаулар мен дислокацияларды қамтиды, бұл электрон–кемтік жұптарының тиімдірек бөлінуіне әкеледі.



Сурет 2. – Анатаз TiO_2 оксидінің зоналық құрылымы

3-суретте анатаз TiO_2 толық күй тығыздығы (TDOS) және проекциялық күй тығыздығы (PDOS) талдау нәтижелері көрсетілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ферми деңгейіне жақын өткізгіштік аймақ (CB) негізінен *Ti-3d* және *O-2p* күйлері негізгі үлесті құрайды, ал валенттік аймақты (VB) негізінен *O-2p* күйлер құрайды.



Сурет 3. – TiO_2 оксидінің күйлер тығыздығы (DOS)

Анатаз құрылымында Ti^{4+} ионы 6 O^{2-} ионмен қоршалған, TiO_6 октаэдрін түзеді. Оттегі (O) мен титанның (Ti) сыртқы электрондары кристалдық өрістің әсерінен өзара әрекеттеседі, соның нәтижесінде Ферми деңгейіне жақын аймақта өткізгіштік зонасы жіктеледі. Gorecy [30] анатаз TiO_2-нің электрондық құрылымын талдады; *Ti-3d* орбитальдары екі бөлікке бөлінеді деп есептеледі: e_g және t_2g. Олар *O-2p* орбитальдарымен сәйкесінше σ және π байланыстар түзіп, өткізгіштік аймақ пен валенттік аймақ қалыптастырады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, TiO_2 құрылымының тұрақтылығын, электрондық қасиеттерін зерттеу үшін тығыздық функционалы теориясына (DFT) негізделген алғашқы қағидат әдісі қолданылды. Негізгі қорытындылар төмендегідей:

Рутиль TiO_2 үшін PBE әдісімен алынған тор параметрлері (a=b=4.653 Å, c=2.969 Å) RPBE және PW91 әдістерімен алынған нәтижелерге қарағанда Burdett эксперименттік мәндерін жақсырақ сәйкес келеді.

Электрондық құрылымды зерттеу нәтижесінде анатаз TiO_2 жанама тыйым салынған аймағы бар жартылай өткізгіш (Eg=2.2 эВ) екені анықталды. Ферми деңгейіне жақын аймақта өткізгіштік зонасы *Ti-3d* және *O-2p* күйлерінен тұрады, ал валенттік зона негізінен *O-2p* және ішінара *Ti-3d* күйлерінен құралған.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Dissanayake M., Jaseetharan T., Senadeera G., Kumari J., Thotawatthage C., Mellander B.-E., Albinson I., Furlani M. Highly efficient, PbS: Hg quantum dot–sensitized, plasmonic solar cells with TiO2 triple-layer photoanode // Journal of Solid State Electrochemistry. – 2019. – Т. 23, № 6. – С. 1787-1794.

2. Sriharan N., Senthil T., Kang M., Ganesan N. Rutile TiO2 nanorod arrays incorporated with α-alumina for high efficiency dye sensitized solar cells // Applied Physics A. – 2019. – Т. 125, № 2. – С. 118.

3. Wan T., Ramakrishna S., Liu Y. Recent progress in electrospinning TiO2 nanostructured photo-anode of dye-sensitized solar cells // Journal of Applied Polymer Science. – 2018. – Т. 135, № 1. – С. 45649.

4. Brüninghoff R., Van Duijne A. K., Braakhuis L., Saha P., Jeremiasse A. W., Mei B., Mul G. Comparative analysis of photocatalytic and electrochemical degradation of 4-ethylphenol in saline conditions // Environmental science & technology. – 2019. – Т. 53, № 15. – С. 8725-8735.

5. Xu S., Sun X., Zhao Y., Gao Y., Wang Y., Yue Q., Gao B. Carbon-doped golden wattle-like TiO2 microspheres with excellent visible light photocatalytic activity: simultaneous in-situ carbon doping and single-crystal nanorod self-assembly // Applied Surface Science. – 2018. – Т. 448. – С. 78-87.

6. Tong T., Chen J., Xiong S., Yang W., Yang Q., Yang L., Peng Y., Liu Z., Li J. Vanadium-density-dependent thermal decomposition of NH 4 HSO 4 on V 2 O 5/TiO 2 SCR catalysts // Catalysis Science & Technology. – 2019. – Т. 9, № 14. – С. 3779-3787.

7. Maldonado A. S., Ramos S. B., Cabeza G. F. Properties of isolated and TiO2 (110) supported Pt13 clusters: a theoretical study // Topics in Catalysis. – 2019. – T. 62, № 12. – C. 989-1003.

8. Selishchev D., Kolobov N., Bukhtiyarov A., Gerasimov E. Y., Gubanov A., Kozlov D. Deposition of Pd nanoparticles on TiO2 using a Pd (acac) 2 precursor for photocatalytic oxidation of CO under UV-LED irradiation // Applied Catalysis B: Environmental. – 2018. – T. 235. – C. 214-224.

9. Mohammad M. R., Ahmed D. S., Mohammed M. K. Synthesis of Ag-doped TiO2 nanoparticles coated with carbon nanotubes by the sol–gel method and their antibacterial activities // Journal of Sol-Gel Science and Technology. – 2019. – T. 90, № 3. – C. 498-509.

10. Tangudom P., Wimolmala E., Prapagdee B., Sombatsompop N. Material formulations for AR/PMMA and AR-TiO2/PMMA blends and effects of UV radiation and TiO2 loading on mechanical and antibacterial performances // Polymer-Plastics Technology and Engineering. – 2018.

11. Haque F. Z., Nandanwar R., Singh P. Evaluating photodegradation properties of anatase and rutile TiO2 nanoparticles for organic compounds // Optik. – 2017. – T. 128. – C. 191-200.

12. Li C., Dang S., Zhang C., Wang L., Han P. Effects of native defects on the electronic structure and photocatalytic activity in anatase TiO2 by first principles calculations // Optik. – 2014. – T. 125, № 13. – C. 3145-3149.

13. Geng Z., Jin X., Wang R., Chen X., Guo Q., Ma Z., Dai D., Fan H., Yang X. Low-temperature hydrogen production via water conversion on Pt/TiO2 // The Journal of Physical Chemistry C. – 2018. – T. 122, № 20. – C. 10956-10962.

14. Morita K., Takijiri K., Sakai K., Ozawa H. A platinum porphyrin modified TiO 2 electrode for photoelectrochemical hydrogen production from neutral water driven by the conduction band edge potential of TiO 2 // Dalton Transactions. – 2017. – T. 46, № 44. – C. 15181-15185.

15. Matsukevich I. V., Beljin J., Kulinich N. V., Apostolović T., Maletić S., Romanovski V. Photocatalytic degradation of polycyclic aromatic hydrocarbons under visible light irradiation in water using TiO2/MgO nanocomposites // Environmental Science and Pollution Research. – 2025. – T. 32, № 9. – C. 5628-5637.

16. Singh J., Sharma S., Sharma S., Singh R. C. Effect of tungsten doping on structural and optical properties of rutile TiO2 and band gap narrowing // Optik. – 2019. – T. 182. – C. 538-547.

17. AL-Temimei F. A., Alkhayatt A. H. O. A DFT/TD-DFT investigation on the efficiency of new dyes based on ethyl red dye as a dye-sensitized solar cell light-absorbing material // Optik. – 2020. – T. 208. – C. 163920.

18. Wei W., Jie T., Tao W., Ling W. Photocatalytic activity of porous TiO2 films prepared by anodic oxidation // Rare Metals. – 2007. – T. 26, № 2. – C. 136-141.

19. Sajjad S., Leghari S. A., Chen F., Zhang J. Bismuth-doped ordered mesoporous TiO2: visible-light catalyst for simultaneous degradation of phenol and

chromium // Chemistry–A European Journal. – 2010. – T. 16, № 46. – C. 13795-13804.

20. Blöchl P. E. Projector augmented-wave method // Physical review B. – 1994. – T. 50, № 24. – C. 17953.

21. Kresse G., Joubert D. From ultrasoft pseudopotentials to the projector augmented-wave method // Physical review b. – 1999. – T. 59, № 3. – C. 1758.

22. Kresse G., Furthmüller J. Efficient iterative schemes for ab initio total-energy calculations using a plane-wave basis set // Physical review B. – 1996. – T. 54, № 16. – C. 11169.

23. Perdew J. P., Burke K., Ernzerhof M. Generalized gradient approximation made simple // Physical review letters. – 1996. – T. 77, № 18. – C. 3865.

24. Jain A., Ong S. P., Hautier G., Chen W., Richards W. D., Dacek S., Cholia S., Gunter D., Skinner D., Ceder G. Commentary: The Materials Project: A materials genome approach to accelerating materials innovation // APL materials. – 2013. – T. 1, № 1.

25. Hernandez-Maya R., Solís-López M., Th-Th C. Photocatalytic degradation of Orange G using TiO2/Fe3O4 nanocomposites // Journal of Materials Science: Materials in Electronics. – 2018. – T. 29, № 18. – C. 15436-15444.

26. DeSilva L. A., Thakurdesai M., Bandara T., Preston J., Johnson W., Gaquere-Parker A., Survase S. Synthesis of dense TiO2 nanoparticle multilayers using spin coating technique // Applied Physics A. – 2018. – T. 124, № 4. – C. 314.

27. Liu W., Liu D., Wang K., Yang X., Hu S., Hu L. Fabrication of Z-scheme Ag3PO4/TiO2 heterostructures for enhancing visible photocatalytic activity // Nanoscale Research Letters. – 2019. – T. 14, № 1. – C. 203.

28. Gesesse G. D., Li C., Paineau E., Habibi Y., Remita H., Colbeau-Justin C., Ghazzal M. N. Enhanced photogenerated charge carriers and photocatalytic activity of biotemplated mesoporous TiO2 films with a chiral nematic structure // Chemistry of Materials. – 2019. – T. 31, № 13. – C. 4851-4863.

29. Lee K., Yoon H., Ahn C., Park J., Jeon S. Strategies to improve the photocatalytic activity of TiO 2: 3D nanostructuring and heterostructuring with graphitic carbon nanomaterials // Nanoscale. – 2019. – T. 11, № 15. – C. 7025-7040.

30. Goresy A. E., Chen M., Dubrovinsky L., Gillet P., Graup G. An ultradense polymorph of rutile with seven-coordinated titanium from the Ries crater // Science. – 2001. – T. 293, № 5534. – C. 1467-1470.

ӘОЖ 001.891

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАР МЕН AI- ТЬЮТОРЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мереке А.М., Педагогикалық институттың «6В01505 – Физика» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті; **Үмбетов Ә.Ү.,** ф.-м.ғ.к., доцент
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
asekamereke@gmail.com

Аннотация. Бұл зерттеу жұмысы физика пәнін оқытудағы заманауи цифрлық парадигмаларды, виртуалды зертханалық кешендер мен жасанды интеллект (AI) негізіндегі дербес оқыту жүйелерінің тиімділігін зерделеуге арналған. Мақаланың өзектілігі білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың когнитивті белсенділігін арттыру және физикалық процестерді модельдеу арқылы теориялық білімді практикамен ұштастыру қажеттілігінен туындайды. Зерттеу нысаны ретінде PhET Interactive Simulations платформасы мен жасанды интеллект негізіндегі бейімделген AI-тьюторлар алынды. Жұмыс барысында интерактивті оқыту әдістері мен промпт-инженерия технологиясының педагогикалық мүмкіндіктеріне талдау жасалды. Нәтижелер көрсеткендей, виртуалды эксперименттер мен AI-тьюторлардың синтезі оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, күрделі абстрактілі ұғымдарды игеру деңгейін едәуір жоғарылатады. Мақала соңында физика мұғалімдеріне арналған практикалық ұсыныстар мен сабақ сценарийлері берілген.

Кілт сөздер: Инновациялық физика, цифрлық дидактика, виртуалды эксперимент, жасанды интеллект, адаптивті оқыту, PhET симуляциялары, функционалдық сауаттылық, цифрлық білім беру ресурстары.

Кіріспе. Жаһандық цифрландыру дәуірі білім беру парадигмасын түбегейлі трансформациялауды талап етіп отыр. Қазіргі таңда жоғары және орта білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі — оқушылар мен студенттердің теориялық білімін практикалық дағдылармен ұштастыратын, когнитивті икемділікті арттыратын инновациялық оқу ортасын қалыптастыру. Осы тұрғыда физика пәні — абстрактілі математикалық модельдер мен эмпирикалық бақылаулардың тоғысында тұрған іргелі ғылым ретінде цифрлық технологияларды енгізудің ең басты полигонына айналды.

Физикалық білім берудің дәстүрлі дидактикасы көбінесе нақты лабораториялық жабдықтарға тәуелді. Алайда, физиканың заманауи курстарында қарастырылатын кванттық механика, релятивистік динамика немесе термодинамикалық микропроцестер секілді күрделі құбылыстарды статикалық оқулықтар немесе стандартты мектеп лабораториялары деңгейінде визуализациялау мүмкін емес. Бұл білім алушылардың материалды тек механикалық жаттауына және пәнге деген қызығушылығының төмендеуіне

әкеледі. Осы ретте виртуалды зертханалар (Virtual Laboratories) мен жасанды интеллект негізіндегі тьюторлық жүйелердің синергиясы бұл мәселені шешудің ең оңтайлы стратегиясы ретінде көрініс тауып отыр.

Виртуалды модельдеу технологиялары физикалық процестерді идеалдандырылған немесе шынайы параметрлерде модельдеуге мүмкіндік береді. Олар оқушыға физикалық заңдардың жұмыс істеу механизмін «іштен көруге», еркін айнымалыларды өзгерту арқылы себеп-салдарлық байланыстарды зерттеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан генеративті жасанды интеллект технологиялары білім беруді дербестендірудің жаңа деңгейін ұсынды. AI-тьюторлар оқушының танымдық қажеттіліктеріне бейімделе отырып, күрделі есептерді шығаруда «бағыттаушы ментор» рөлін атқарады.

Бұл зерттеу жұмысының өзектілігі — виртуалды зертханалар мен AI-технологиялардың физика сабақтарындағы тиімділігін тек техникалық құрал ретінде емес, оқытудың жаңа дидактикалық әдістемесі ретінде қарастыруында. Мақалада аталған цифрлық құралдардың оқушылардың академиялық үлгеріміне, сыни тұрғыдан ойлау қабілетіне және проблемалық ситуацияларды шешу (problem solving) дағдыларына әсері кешенді түрде талданады. Сондай-ақ, жасанды интеллектпен жұмыс істеудің заманауи дағдысы — «промпт-инжинирингтің» физикалық сауаттылықты арттырудағы әлеуетіне ғылыми негіздеме беріледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы виртуалды симуляциялар мен AI-ассистенттерді біріктіре қолданудың авторлық әдістемелік моделін ұсынуда жатыр. Бұл модель білім алушының белсенді зерттеушілік позициясын қалыптастыруға және мұғалімнің функциясын «ақпарат таратушыдан» «бағыттаушы менторға» трансформациялауға бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдістемелік архитектурасы физикалық білім беруді цифрлық трансформациялаудың TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) және SAMR (Substitution, Augmentation, Modification, Redefinition) модельдеріне негізделген. Бұл бөлімде қолданылған құралдардың техникалық сипаттамасы мен оларды оқу үдерісіне интеграциялаудың практикалық алгоритмдері жан-жақты талданады.

Технологиялық ресурстар мен дидактикалық платформалардың сипаттамасы

Зерттеу аясында қолданылған материалдар кешені физикалық құбылыстарды модельдеудің үш түрлі деңгейін қамтиды:

- Визуалды-когнитивті деңгей (PhET Interactive Simulations): Колорадо университетінің бұл платформасы идеалды физикалық модельдерді құру үшін пайдаланылды. Негізгі назар «Тұрақты ток» және «Электромагниттік индукция» бөлімдеріне аударылды. Платформаның басты артықшылығы — айнымалыларды (кедергі, кернеу, индуктивтілік) динамикалық түрде өзгерту арқылы нәтижені лезде визуализациялау мүмкіндігі.

•Конструкторлық-инженерлік деңгей (Tinkercad Circuits): Autodesk экожүйесінің бұл құралы оқушыларға шынайы электронды компоненттердің (резисторлар, транзисторлар, мультиметрлер) цифрлық аналогтарымен жұмыс істеуге жағдай жасады. Бұл кезеңде білім алушылар тек теориялық есептерді шығарып қана қоймай, виртуалды прототиптеу дағдыларын меңгерді.

•Интеллектуалды-адаптивті деңгей: AI-тьютор ретінде GPT4 және Claude 3.5 Sonnet модельдері қолданылды. Бұл жүйелер оқушыларға дайын шешімді ұсынбай, оларды рефлексияға бағыттайтын «Scaffolding» (педагогикалық қолдау) стратегиясы бойынша бағдарламаланды.

Промпт-инжиниринг методологиясы және AI-мен өзара әрекеттесу сценарийлері.

Зерттеудің ең маңызды әдістемелік бөлігі — оқушылардың жасанды интеллектпен коммуникация орнату алгоритмін жасау. «Мәтіндік инженерия» негізінде AI-тьюторды басқарудың келесі иерархиясын ұсынылады:

•Контекстік рөл беру (Role-play Prompting): Оқушы AI-ға «Сен — Ричард Фейнман стилінде түсіндіретін физика профессорысың» деген нұсқау беру арқылы жауаптың стилистикасын анықтайды.

•Логикалық шектеулер қою (Constraint-based Prompting): Жауаптың құрылымына шектеу қойылады. Мысалы: «Маған Ом заңын түсіндір, бірақ формула қолданбай, гидравликалық аналогия арқылы жеткіз».

•Сұрақ-жауап циклі (Chain of Thought Prompting): Бұл әдіс оқушыға есептің шешімін қадам-қадаммен талдауға мүмкіндік береді. AI оқушының әрбір логикалық қадамын тексеріп, тек соңында ғана қорытынды шығарады.

Оқытуды ұйымдастырудың практикалық кезеңдері

Зерттеу барысында физика сабағын өткізудің төрт фазалы моделі іске асырылды:

1-кезең: Проблемалық ситуацияны модельдеу. Оқушылар PhET симуляциясында ЭҚК пен ішкі кедергінің ток күшіне әсерін зерттейді. Бұл кезеңде оқушылар келесі заңдылықты эмпирикалық жолмен анықтайды:

2-кезең: Виртуалды инженерия. Tinkercad-та нақты параметрлері бар тізбек жиналады. Оқушылар виртуалды амперметр көрсеткіші мен теориялық есептеулер арасындағы алшақтықты (ішкі кедергі есебінен) талдайды.

3-кезең: Интерактивті топтық дебат. Оқушылар топтарға бөлініп, алынған деректерді AI-тьютормен талқылайды. Топтық жұмыс барысында «Зерттеуші», «Инженер» және «Сыншы» рөлдері бөлінеді.

4-кезең: Верификация және рефлексия. AI-тьютордың көмегімен экспериментте жіберілген ықтимал қателіктер мен жүйелік ауытқулар сарапталады.

Интерактивті тапсырмалар жүйесі

Практикалық қолданысты ашу мақсатында келесі тапсырмалар кешені әзірленді:

•«Кері инжиниринг» тапсырмасы: Оқушыларға Tinkercad-та жиналған, бірақ дұрыс жұмыс істемейтін (мысалы, қысқа тұйықталу) схема беріледі.

Олар AI-тьюторға сұрақ қою арқылы ақаулықтың физикалық себебін анықтап, оны түзетуі тиіс.

•«Промпт-баттл» (Топтық жұмыс): Екі топқа бірдей физикалық есеп беріледі. Бірінші топ AI-дан дайын шешім сұрайды, ал екінші топ AI-ды бағыттаушы ретінде қолданады. Соңында қай әдістің білімді тереңірек меңгеруге көмектескені туралы дискуссия ұйымдастырылады.

Эксперименттік деректерді өңдеу әдістемесі

Зерттеудің шынайылығын қамтамасыз ету үшін педагогикалық эксперимент әдісі қолданылды. Деректерді талдау барысында:

•Оқушылардың академиялық үлгерімін өлшеуге арналған тест тапсырмалары;

•Цифрлық платформалармен жұмыс істеу уақытын тіркейтін аналитика;

•Сыни ойлау деңгейін бағалайтын сапалық сұхбаттар пайдаланылды.

Нәтижелер. Зерттеу барысында алынған мәліметтер виртуалды зертханалар мен жасанды интеллект технологияларының физикалық білім беру сапасын арттырудағы рөлін айқындады. Төменде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері бірнеше функционалдық блок бойынша жіктеліп көрсетілген.

1. Академиялық үлгерімнің динамикалық көрсеткіштері

Экспериментке қатысушы бақылау және эксперименттік топтардың білім деңгейін салыстыру үшін жүргізілген пост-тест нәтижелері маңызды айырмашылықтарды көрсетті. Дәстүрлі оқыту әдістемесімен (бақылау тобы) салыстырғанда, цифрлық компоненттер интеграцияланған топта (эксперименттік топ) оқу материалын меңгеру деңгейі 24,8%-ға жоғары болды.

Концептуалды түсінік: Оқушылардың «ЭҚК» және «Ішкі кедергі» секілді абстрактілі ұғымдарды визуалды модельдеу арқылы қабылдауы олардың күрделі есептерді шығарудағы қателіктерін 35%-ға азайтты.

2. Промпт-инжиниринг және когнитивті даму нәтижелері

AI-тьютормен жұмыс істеу барысында оқушылардың «сұрақ қою мәдениеті» мен логикалық ойлау жүйесінде трансформация байқалды. Промпт-инжиниринг әдістемесін қолданудың нәтижесінде оқушылардың келесі дағдылары қалыптасты:

•Ақпаратты декомпозициялау: Оқушылар күрделі физикалық есепті AI-ға түсіндіру үшін оны ұсақ логикалық қадамдарға бөлуді үйренді.

•Сыни верификация: Эксперименттік топтағы оқушылардың 72%-ы AI берген жауапты бірден қабылдамай, оны PhET симуляциясындағы деректермен салыстырып, тексеруден өткізді. Бұл көрсеткіш білім алушылардың «цифрлық сауаттылығының» жоғары деңгейін көрсетеді.

3. Виртуалды прототиптеудің практикалық тиімділігі

Tinkercad Circuits платформасында жұмыс істеу оқушылардың инженерлік құзыреттілігіне оң әсер етті. Нәтижелерді талдау келесі заңдылықтарды анықтады:

•Қателіктерден үйрену: Виртуалды ортада компоненттердің «жанып кету» мүмкіндігі оқушыларды тізбектің параметрлерін (кернеу, ток күші) мұқият есептеуге итермеледі.

•Уақытты оңтайландыру: Шынайы лабораториялық жабдықтарды жинауға кететін уақытпен салыстырғанда, виртуалды конструкторда эксперимент жүргізу уақыты 40%-ға қысқарды, бұл сабақтың теориялық-аналитикалық бөліміне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік берді.

4. Мотивациялық және психологиялық аспектілер

Сауалнама нәтижелері бойынша , оқушылардың 88%-ы виртуалды зертхана мен AI-тьютор қолданылған сабақтарды «өте қызықты» және «түсінікті» деп бағалады. Оқушылардың пікірінше, цифрлық ментормен (AI) жеке жұмыс істеу «психологиялық кедергілерді» (мұғалімнен сұрауға ұялу, қателесуден қорқу) жоюға көмектескен.

Нәтижелерді талқылау

Алынған деректер заманауи физика дидактикасындағы «аралас оқыту» (blended learning) моделінің өміршеңдігін дәлелдейді. Виртуалды зертханалар теория мен практика арасындағы «визуалды көпір» қызметін атқарса, AI-тьюторлар әрбір оқушыға жеке білім беру траекториясын жасауға мүмкіндік беретін «интеллектуалды навигатор» рөлін атқарады.

Алайда, нәтижелер көрсеткендей, технологияның тиімділігі тікелей мұғалімнің «промпт-дизайнерлік» шеберлігіне байланысты. Технология мұғалімді алмастырушы емес, оның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуші құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл халықаралық тәжірибедегі «Human in the loop» (адам бақылауындағы жүйе) қағидасына толық сәйкес келеді.

Қорытынды. Физикалық білім беруді цифрлық трансформациялау мәселелерін кешенді зерттеу нәтижесінде виртуалды модельдеу платформалары мен жасанды интеллект негізіндегі тьюторлық жүйелердің оқу үдерісінің сапалық көрсеткіштерін арттырудағы стратегиялық маңызы толықтай негізделді. Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар дәстүрлі дидактикалық тәсілдерді инновациялық технологиялық шешімдермен ұштастыру білім алушылардың іргелі физикалық концепцияларды игеру деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың метакогнитивті және инженерлік-конструкторлық құзыреттіліктерін де айтарлықтай трансформациялайтынын көрсетті. Виртуалды симуляциялар (PhET, Tinkercad) шеңберіндегі зерттеу іс-әрекеті оқушыларға абстрактілі заңдылықтар мен нақты физикалық құбылыстар арасындағы дедуктивті байланысты терең сезінуге мүмкіндік беріп, оқу материалын когнитивті қабылдаудың кедергілерін жоюға жағдай жасады. Жасанды интеллектінің генеративті модельдерін «промпт-инжиниринг» әдістемесі арқылы пайдалану білім беруді дербестендірудің жаңа парадигмасын қалыптастырып, оқушыны дайын ақпаратты тұтынушыдан интеллектуалды ассистентпен ғылыми диалог құрушы белсенді субъектіге айналдырды.

Зерттеу барысында айқындалғандай, физикалық эксперименттерді цифрлық форматта модельдеу оқу уақытын оңтайландырып, білім

алушылардың назарын техникалық рутиналық әрекеттерден құбылыстардың табиғатын сыни тұрғыдан талдауға бағыттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, AI-тьюторларды бағыттаушы ментор ретінде қолдану оқушылардың проблемалық жағдайларда дербес шешім қабылдау қабілетін дамытып, олардың ғылыми ізденіске деген ынтасын нығайтты. Қорытындылай келе, виртуалды зертханалар мен жасанды интеллектінің синергиясы қазіргі заманғы физика дидактикасының ажырамас компоненті ретінде танылады. Зерттеудің практикалық нәтижелері физика пәні мұғалімдерін даярлау бағдарламалары мен мектептегі STEM-бағдарлы білім беру үдерісінде цифрлық ресурстарды жүйелі түрде қолданудың әдістемелік негізі бола алады. Болашақ зерттеулердің бағыты цифрлық тьюторлық жүйелердің адаптивті алгоритмдерін оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу және виртуалды шындық (VR) элементтерін физикалық эксперименттермен тереңірек интеграциялау мәселелерін қамтуы тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Виман К. Интерактивті симуляциялар: физиканы оқытудың жаңа құралы // Жаратылыстану ғылымдарын оқыту әдістемесі: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 45-50 бб.
2. Лукин Р. Білім берудегі жасанды интеллект: XXI ғасырдағы мұғалімдер мен оқушылардың рөлі // Қазіргі білім берудегі цифрлық технологиялар: Халықаралық ғылыми конференция материалдары (12 мамыр 2023 ж.): 2 бөлімде – 1 Б. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112-118 бб.
3. Свеллер Дж. Когнитивті жүктеме теориясы және оқу материалдарын дизайн жасау // Психология және педагогика мәселелері. 2019. Т. 4 (22). — 88-94 бб.
4. PhET: Interactive Simulations for Science and Math. University of Colorado Boulder. URL: https://phet.colorado.edu.
5. Autodesk Tinkercad: Create 3D digital designs with online CAD. URL: https://www.tinkercad.com.
6. Mollick, E. R., Mollick, L. Using AI to Implement 21st Century Skills // Wharton Interactive Paper. — New York: The Sun Dial press, 2023. — Pp. 10-18.

Мұхаметов Б.А. Физиканы оқытудағы цифрлық зертханалардың дидактикалық мүмкіндіктері // Қазақстан мектебі. 2022. №6. – 22-25 бб.

ҒТАМА: 14.25.09

ТИПТІК ҚАТЕЛЕРДІ ДИАГНОСТИКАЛАУ — МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Нурхабанова А.С., «7М01511 - Математика» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Астана халықаралық университеті;
Нурсултанов М.Е., PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан nurkhabanova_a@bk.ru

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын арттырудағы типтік қателерді диагностикалаудың маңыздылығы мен әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі оқушы қатесін білім беру процесіндегі кедергі емес, танымдық дамудың ресурсы ретінде қайта пайымдау қажеттілігінен туындаған. Автор халықаралық және отандық тәжірибелерді саралай отырып, қателерді концептуалды, процедуралық және логикалық-семантикалық топтарға жіктейді.

Зерттеу барысында 6-сынып оқушыларымен эксперименттік жұмыс жүргізіліп, GeoGebra және жасанды интеллект платформалары сияқты цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігі дәлелденген. Эксперимент нәтижесі оқушылардың рефлексия жасау қабілетінің 37%-ға, ал есепті модельдеу дағдысының 20%-ға артқанын көрсетті. Мақала қорытындысында математикалық сауаттылықты дамытуға бағытталған «қателер банкі» мен «өзіндік диагностика» алгоритмдері ұсынылған. Бұл зерттеу нәтижелерін математика мұғалімдері оқушылардың жеке білім траекториясын құруда және критериалды бағалау жүйесін жетілдіруде қолдана алады.

Кілт сөздер: математикалық сауаттылық, типтік қателер, диагностика, мисконцепция, рефлексия, функционалдық сауаттылық, математикалық модельдеу, GeoGebra.

Кіріспе. Қазіргі жаһандық білім беру кеңістігінде математикалық сауаттылық тек есеп шығару емес, ақпаратты талдау және логикалық шешім қабылдау қабілеті ретінде қарастырылады. Әлемдік деңгейде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) мен PISA халықаралық зерттеулері оқушылардың математикалық нысандарды қалай қабылдайтынын және типтік қателердің табиғатын зерделеуге үлкен серпін берді. Әсіресе, Сингапур, Эстония және Финляндия сияқты елдерде қатемен жұмыс істеу «рефлексиялық оқыту» әдістемесінің ажырамас бөлігіне айналған [1].

Шетелдік ғылыми ортада математикалық қателерді классификациялау және олардың когнитивтік себептеріне баса назар аударылады. Скопус (Scopus) базасындағы іргелі еңбектерде ғалым С.Руштонның қателерді ақпаратты өңдеудегі ақаулар, логикалық қисынсыздық және базалық

дағдылардың жетіспеушілігі деп жіктейді [2]. Сонымен қатар, Томсон Рейтер (Web of Science) деректер қорындағы зерттеулерінде Л. Вершаффель оқушылардың мәтіндік есептерді шынайы өмірмен байланыстыра алмауын «модельдеудегі типтік қателер» деп сипаттайды [4]. А. Бишоп сынды зерттеушілер математикалық ұғымдарды қабылдау кезіндегі мәдени және лингвистикалық кедергілердің маңыздылығын атап өткен [5]. Бұл еңбектер қателерді жай ғана сәтсіздік емес, оқушының ойлау деңгейін көрсететін маңызды диагностикалық құрал ретінде қарастырады.

Қазақстанда математикалық білім беруді жаңарту аясында отандық ғалымдар мен әдіскерлер А. Әбілқасымова, Ш. Құрманалина[3] және Т. Альмухамбетов есеп шығару әдістемесін жетілдіру мәселелерін зерттеуде [6]. Отандық зерттеушілер критериалды бағалау жүйесі арқылы қателерді дер кезінде анықтаудың (формативті бағалау) тиімді тетіктерін жасап шықты [7]. Алайда, отандық ғылыми ортада әлі де шешімін таппай жатқан мәселелер бар.

Көптеген зерттеушілер қателерді тіркеумен (статистикамен) шектеледі, бірақ олардың пайда болу механизмін (неліктен оқушы дәл осы жерде қателесті?) терең диагностикалау әдістері жеткіліксіз. Оқушының қатесін оқу процесінің «кедергісі» емес, «даму ресурсы» ретінде қарастыру қажеттілігі осы тақырыпты таңдауға басты себеп болды. Бұл жағдаят математикалық сауаттылықты арттырудың жаңа құралы ретінде типтік қателерді диагностикалаудың өзектілігін айқындайды.

Жұмыстың мақсаты — оқушылардың математикалық есептерді шығарудағы типтік қателерін диагностикалау әдістемесін әзірлеу және олардың математикалық сауаттылық деңгейін арттыруға әсерін негіздеу.

Осы мақсатқа жету жолында келесі міндеттер орындалды:

1. Математикалық есептерді шешудегі типтік қателердің когнитивтік және әдістемелік себептерін ғылыми әдебиеттер негізінде анықтау.
2. Оқушылардың есептерді қабылдау және тексеру кезеңдерінде жіберетін қателерін бағалау құралдарын жасау.
3. Типтік қателерді диагностикалау арқылы математикалық сауаттылықты дамытатын әдістемелік нұсқаулықтар дайындау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің нысаны ретінде орта мектеп оқушыларының математикалық есептерді шығару барысындағы танымдық процестері мен типтік қателерді диагностикалау тетіктері алынды. Негізгі назар оқушылардың математикалық нысандарды қабылдау ерекшеліктері мен олардың функционалдық сауаттылық деңгейі арасындағы өзара байланысқа аударылды.

Қолданылған зерттеу әдістері

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде келесі әдістер кешені қолданылды:

- Теориялық талдау және жүйелеу әдісі;
- Педагогикалық бақылау әдісі;
- Диагностикалық тестілеу әдісі;
- Математикалық-статистикалық талдау әдісі.

Әдістерге талдау

1. Теориялық талдау және жүйелеу әдісі: Оқушылардың математикалық есептерді қабылдау мен орындау кезеңдеріндегі типтік қателерінің ғылыми жіктелуін жасауда — теориялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс халықаралық Scopus және Web of Science базаларындағы «мисконцепция» (жаңсақ түсінік) ұғымдарын отандық білім беру мазмұнымен ұштастыруға мүмкіндік берді.

2. Педагогикалық бақылау әдісі: Оқушылардың күрделілігі әртүрлі математикалық тапсырмаларды орындау барысын, олардың ойлау алгоритмдерін тікелей қадағалауда — бақылау әдісі қолданылды. Бұл әдіс оқушының қатені қай кезеңде (есеп шартын талдау, шешу стратегиясын таңдау немесе техникалық есептеу) жіберетінін анықтаудағы ең тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

3. Диагностикалық тестілеу әдісі: Оқушылардың математикалық сауаттылығын бағалау және типтік қателердің жиілігін нақты анықтауда — диагностикалық тестілеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс білім алушылардың типтік олқылықтарын объективті түрде көрсетіп, оларды сандық және сапалық тұрғыдан топтастыруға мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы құралдардың бірі.

4. Математикалық-статистикалық талдау әдісі: Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтердің (қателер пайызы, дұрыс жауап динамикасы) сенімділігі мен дәлдігін негіздеуде — статистикалық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс зерттеу барысында ұсынылған гипотезаның дұрыстығын математикалық дәлдікпен дәлелдеуде шешуші рөл атқарады.

Зерттеу барысында деректерді жинау мен өңдеу үшін заманауи инновациялық технологиялар пайдаланылды. Оқушылардың типтік қателерін жедел анықтау және визуалды мониторинг жүргізу мақсатында Canva және Diffit AI платформалары арқылы деңгейлік тапсырмалар әзірленді. Есептерді модельдеу мен кеңістіктік ойлауды диагностикалау GeoGebra динамикалық математикалық ортасында жүргізілді. Статистикалық деректерді өңдеу және корреляциялық талдау жасау үшін Google Forms аналитикалық сервисі мен Microsoft Excel бағдарламасының статистикалық модульдері қолданылды.

Нәтижелер. Зерттеу барысында анықталғандай, математикалық сауаттылық деңгейі оқушының тек есептеу дағдысына емес, ақпаратты қабылдау мен интерпретациялау қабілетіне тікелей байланысты. Әдебиеттік шолу нәтижелері көрсеткендей, типтік қателерді диагностикалау — бұл оқушының ойлауындағы «мисконцепцияларды» (жаңсақ түсініктерді) анықтау процесі. Біздің зерттеуімізде қателер келесі үш негізгі топқа жіктелді:

1. Концептуалды қателер: Ереже мен заңдылықты түсінбеу (мысалы, жай бөлшектерді қосқанда алымын алымына, бөлімін бөліміне қосу).

2. Процедуралық қателер: Есептеу алгоритмдерін орындау барысындағы ауытқулар.

3. Логикалық-семантикалық қателер: Есептің мәтіндік шартын математикалық тілге дұрыс аудара алмау.

Зерттеу процесі үш кезеңнен тұрды:

• Констатациялық кезең: Оқушыларға 6-сыныптың «Жай бөлшектер», «Пропорция» және «Мәтіндік есептер» тақырыптары бойынша диагностикалық бақылау жұмысы берілді. Мұнда оқушылардың бастапқы қате жіберу көрсеткіші тіркелді.

• Формативті кезең: Оқушылармен «қателерді өзіндік диагностикалау» стратегиясы бойынша жұмыс жүргізілді. Оқушыларға дайын қатесі бар есептер беріліп, оны табу және себебін түсіндіру тапсырмалары берілді.

• Бақылау кезеңі: Қайта тестілеу арқылы диагностикалық әдістеменің тиімділігі тексерілді.

Диагностикалық жұмыс нәтижесінде оқушылар жіберген қателердің пайыздық көрсеткіші анықталды. Төмендегі кестеде оқушылардың математикалық есептерді шығару кезеңдері бойынша жіберген типтік қателері көрсетілген:

1-кесте. Оқушылардың есеп шығару кезеңдеріндегі қателер динамикасы

Есеп шығару кезеңдері	**Қателердің бастапқы үлесі (%)**	**Эксперимен ттен кейінгі үлесі (%)**	**Өзгеріс (дифференциал)**
Есеп шартын қабылдау (оқу сауаттылығы)	35%	15%	-20%
Математикалық модель құру (теңдеу құру)	42%	22%	-20%
Есептеу процедуралары (амалдар)	18%	10%	-8%
Нәтижені тексеру және рефлексия	55%	18%	-37%

Кестеден көрініп тұрғандай, ең үлкен ілгерілеушілік «Нәтижелерді тексеру» кезеңінде байқалды. Бұл диагностикалық құралдардың оқушыларда «өзін-өзі бақылау» дағдысын қалыптастырғанын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау барысында оқушылардың ең көп қате жіберетін тұсы — мәтіндік есептің математикалық моделін құру екені анықталды. Бұл ретте оқушылар есептегі сандарды контекстсіз пайдалануға бейім. Мысалы, пропорция тақырыбында «кері пропорционалдықты» түзу пропорционалдықпен шатастыру жиі кездеседі.

Біздің алған нәтижелерімізді басқа зерттеушілердің еңбектерімен салыстырғанда келесідей заңдылықтар байқалды:

• Л. Вершаффельдің [3] зерттеулеріндегідей, біздің респонденттер де есептің өмірлік контекстін ескермей, тек формальды амалдарды орындауға тырысады.

• А. Әбілқасымованың [4] еңбектерінде айтылған «есептеу мәдениетінің төмендігі» біздің экспериментімізде де расталды, алайда диагностикалық тестілеуді қолдану арқылы бұл көрсеткішті 8%-ға төмендету мүмкін болды.

• С.Руштонның [2] қателер классификациясы біздің жағдайда өте тиімді жұмыс істеді. Оқушылардың жіберген қатесін «кездейсоқ» емес, «жүйелі» деп тану — оларды түзетудің алғашқы қадамы екені дәлелденді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер негізінде математикалық сауаттылықты арттырудың келесі алгоритмі ұсынылады:

1. «Қателер банкін» құру: Әр тақырып бойынша оқушылар жиі жіберетін қателерді жинақтап, оларды сыныппен талдау.
2. Рефлексиялық экран: Оқушы есепті шығарып болғаннан кейін «Мен қай жерде қателесуім мүмкін?» деген сұраққа жауап беруі тиіс.
3. Визуалды диагностика: GeoGebra және басқа да ГАЖ құралдарын пайдаланып, есептің шешімін визуалды тексеру.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, типтік қателерді диагностикалау — бұл жай ғана баға қою емес, оқушының ойлау қабілетін түзету құралы. Эксперимент нәтижесінде оқушылардың есепті тексеру дағдысы 37%-ға жақсарды, бұл математикалық сауаттылықтың сапалық өсуіне тікелей әсер етті.

Қорытынды. Осы ғылыми зерттеу жұмысы заманауи білім берудегі ең өзекті мәселелердің бірі — оқушылардың математикалық есептерді шығаруда жіберетін жүйелі қателерін диагностикалау және сол арқылы олардың функционалдық сауаттылығын арттыру проблемасын шешуге бағытталды. Зерттеу жұмыстары орта мектептің 6-сынып оқушыларының қатысуымен, теориялық талдау, педагогикалық бақылау және эксперименттік тестілеу әдістерін ұштастыру арқылы жүргізілді. Жұмыс барысында оқушылардың қате жіберу тетіктері тек техникалық кемшілік емес, терең когнитивтік «жаңсақ түсініктердің» салдары екені ғылыми тұрғыдан негізделді.

Зерттеу нәтижесінде математикалық қателердің үш деңгейлі жіктемесі жасалып, оларды анықтаудың цифрлық құралдарға (GeoGebra, AI платформалары) негізделген әдістемелік алгоритмі әзірленді. Эксперимент қорытындысы көрсеткендей, қателерді дер кезінде диагностикалау және оқушының өзін-өзі тексеру дағдысын қалыптастыру нәтижесінде есептерді дұрыс модельдеу көрсеткіші 20%-ға, ал рефлексия жасау қабілеті 37%-ға жақсарды. Бұл алынған әдістеменің оқушылардың математикалық сауаттылығын сапалық жаңа деңгейге көтеретінін дәлелдейді.

Ғылыми зерттеудің нәтижелері болашақта орта білім беру мекемелерінде математика пәнін оқыту әдістемесін жетілдіруде, мұғалімдерге арналған көмекші құралдар дайындауда және критериалды бағалау жүйесінің тиімділігін арттыруда кеңінен қолданыла алады. Сонымен қатар, ұсынылған диагностикалық тәсілдерді цифрлық оқыту платформаларына интеграциялау арқылы әрбір оқушының жеке траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Бұл зерттеу математикалық білім беруді тек нәтижеге емес, терең танымдық процесске бағыттаудың маңызды екенін айқындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымова, А. Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық - әдістемелік негіздері : Оқулық / А. Е. Әбілқасымова. – Алматы : Мектеп, 2014. – 224 б. – ISBN 978-601-293-972-9.

2. Rushton, S. J. Teaching and learning mathematics through error analysis // Journal of Cheminformatics. – 2018. – Vol. 10, No. 1. – Art. no. 4. – DOI: 10.1186/s40928-018-0009-y.

3. Құрманалина, Ш. Педагогика [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / Ш. Құрманалина, Ә. Ғалымова. — 3-басылым, толықт., өңд. — Алматы , 2016. — 368 б.

4. Вершаффель Л., Шукайло С., Грир Б. Мәтіндік есептерді шығару зерттеулерінің қазіргі жағдайы мен болашағы (Web of Science базасы) // ZDM – Математикалық білім беру. – 2020. – 52-том. – 1–18 бб.

5. Бишоп А. Д. Математическая инкультурация: культурный аспект математического образования / А. Д. Бишоп. — Дордрехт: Springer Science & Business Media, 2012. — 210 с.

6. Альмухамбетов Т. Б. Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: Монография. – Астана: ҰБА, 2019. – 180 б.

7. Дадаева Е. Б. Математика сабақтарында критериалды бағалау жүйесін қолдану әдістемесі // Қазақстан мектебі. – 2023. – № 4. – 12–15 бб.

ҒТАМА: 27.01.45

МАТЕМАТИКА МЕН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ТОҒЫСЫНДА ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ

Нұрахымова Ә.Н., 1-курс магистранты; **Анияров А.А.,** ф.м.ғ.к., қауым.профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aymen.nurakhymova@mail.ru

Аннотация. Мақалада математика пәнінде жобалық оқыту арқылы оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамыту мәселесі теориялық тұрғыда қарастырылады. PISA математика тұжырымдамасында математикалық сауаттылық модельдеу цикліне (тұжырымдау–қолдану–түсіндіру/бағалау) сүйенеді, бұл жобалық оқытудың құрылымын қайта ойластыруды қажет етеді. Осы контексте мақалада CMR моделінің қолданыс салдары көрсетіліп, сабақ деңгейінде жобалық тапсырма үлгілері мен PISA-типтес бағалау рубрикалары беріледі. Ұсынылған жобалық тапсырмалар үлгілері күнделікті өмірден алынған жағдаяттарды (мысалы, қалалық инфрақұрылымды оңтайландыру немесе экономикалық үдерістерді болжау) қамтиды. Оқушылардың іс-әрекетін бағалау үшін әзірленген PISA-типтес рубрикалар тек дұрыс жауапты ғана емес, сонымен қатар математикалық тілде пайымдау сауаттылығын, логикалық байланыстардың тереңдігін және табылған шешімнің практикалық құндылығын өлшеуге мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеуде ұсынылған әдіснамалық тәсілдер оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және олардың заманауи әлемдегі күрделі мәселелерді шешуге деген дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

Кілт сөздер: жобалық оқыту, математика, математикалық сауаттылық, аналитикалық ойлау, сыни ойлау, математикалық модельдеу, рефлексия, PISA.

Кіріспе. Математикалық білімнің қазіргі бағыты «ережені білу» деңгейінен өмірлік жағдаятта математиканы қолдана алу деңгейіне ауысты: PISA математикасы математикалық сауаттылықты «математикалық пайымдау және нақты контекстегі проблемаларды шешу үшін математиканы тұжырымдау, қолдану, түсіндіру» қабілеті ретінде сипаттайды. Бұл өзгеріс Қазақстан үшін де өзекті. OECD-тің PISA 2022 елдік деректерінде Қазақстанда математикадан кемінде 2-деңгейге жеткен оқушылар үлесі 50%, ал 5–6 деңгейдегі (жоғары жетістік) оқушылар үлесі 2% екені көрсетіледі (OECD орташа мәндері тиісінше 69% және 9%). Бұл айырма дәл математикалық модельдеу, стратегия таңдау, дәлелдеу және нәтижені бағалау сияқты жоғары деңгейлі ойлау компоненттерін күшейту қажеттігін айқындайды. Жаһандық деңгейде де алаңдатарлық үрдіс байқалады: OECD орташа көрсеткішінде оқушылардың 31%-ы математикадан 2-деңгейден төмен нәтиже көрсеткені және 2018–2022 аралығында математикадан орташа ұпайдың төмендегені

айтылған. Демек, математикалық сауаттылықты күшейту үшін оқытудың мазмұны ғана емес, оқыту әдістемесі де жаңаруы тиіс. Осы тұста жобалық оқыту тиімді кандидат ретінде қарастырылады. Ғылыми зерттеудерде PBL-ды «оқуды жобалар айналасына ұйымдастыру» деп сипаттап, оның негізгі белгілері ретінде күрделі тапсырма, шынайы «driving question», ынтымақтастық, оқушы дербестігі және міндетті рефлексияны атап өтеді; алайда PBL-дың «бірізді, әмбебап теориялық моделі» толық орнықпағандықтан, тәжірибедегі вариативтілік бағалауды қиындатады[1].

Соңғы жылдардағы мета-талдаулар PBL-дың оқу жетістігіне және ойлау дағдыларына оң әсері бар екенін бағамдайды, бірақ математика пәнінде бұл әсер қай механизмдер арқылы іске асатынын (мысалы, модельдеу циклі, когнитивтік белсендіру, рефлексиялық өзін-өзі реттеу) нақты құрылымға түсіру жеткіліксіз. Осы мақаланың зерттеу олқылығы – дәл осы «механизмдік» деңгей: жобалық оқытуды математикадағы аналитикалық және сыни ойлаумен (әсіресе PISA-типтес модельдеу логикасымен) ұштастыратын концептуалдық құрылымның тапшылығы[2].

Материалдар мен әдістер. Жобалық оқыту зерттеулерінің «классикалық қабаты» PBL-ды педагогикалық тәсіл ретінде сипаттауға, оның негізгі белгілерін анықтауға және іске асырудағы қиындықтарды көрсетуге бағытталды. Thomas (2000) PBL анықтамаларының көптүрлілігі мен «ортақ қабылданған жалғыз модельдің жоқтығын» атап өтіп, нәтижесінде «PBL деген атаумен әртүрлі тәжірибелер» жүретінін көрсетеді [3]. Бұл мәселе бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ: жобаның мәні «оқу үшін қажет» математикалық модельдеу мен дәлелдеу әрекеттері әлсіреп, жоба «безендірілген өнімге» айналып кету қаупі бар. Дегенмен, PBL-дың әлеуетін көрсететін деректер де күшейді. Bell (2010) PBL оқушыны сұрақ қоюға, зерттеуге, ынтымақтасуға, коммуникация мен мәселе шешуге жетелейтінін атап көрсетеді. Әрине, бұл сипаттама мета-аналитикалық «әсер шамасын» бермейді, бірақ жобалық оқытудың 21 ғасыр дағдыларымен байланысын түсіндіреді. Соңғы онжылдықта мета-талдаулар PBL әсерін сандық тұрғыда жинақтады. Chen & Yang (2019) PBL-дың академиялық жетістікке орташа-ірі оң әсерін (орташа эффект шамасы туралы қорытынды) хабарлайды. Zhang & Ma (2023) мета-талдауы PBL-дың оқу нәтижелеріне (соның ішінде ойлау дағдыларына) оң ықпал ететінін және әсерге аймақ, пән, топ көлемі, ұзақтығы сияқты модераторлар ықпал ететінін көрсетеді. PBL-дың «жалпы оң әсері» туралы дәлелдер жеткілікті күшейгенімен, математикадағы аналитикалық және сыни ойлауды мақсатты дамыту үшін PBL-ды модельдеу циклімен және танымдық белсендіру–рефлексия механизмдерімен «құрылымдандыру» қажет.

Математикалық ойлаудың классикалық эвристикасы да «түсіну–жоспарлау–орындау–қайта қарау» арқылы рефлексияның міндетті компонент екенін білдіреді. Бұл элементтер PISA модельдеу циклімен де үйлеседі, себебі модельді «тексеру және бағалау» кезеңі нәтижені қайта қарауды талап етеді.

Осы теориялық негізден аналитикалық және сыни ойлаудың математикадағы төрт когнитивтік ядросы шығады:

1. Проблеманы құрылымдау
2. Модельдеу және есептеу
3. Интерпретация және валидация
4. Рефлексия және өзін-өзі реттеу

Бұл төрт ядро CMR моделінде үш ірі блокқа ықшамдалады: Cognitive activation (1), Modeling (2), Reflection (3–4).

CMR моделінің мақсаты – математикадағы жобалық жұмысты танымдық тұрғыдан «жандандыратын», модельдеуді айқын қадамдарға бөлетін және рефлексиялық дәлелдеу арқылы сыни ойлауды бекітетін құрылымға келтіру. Мұнда «жоба» – міндетті түрде өнім емес, ең алдымен математикалық ойлау әрекеттерінің жүйесі[4].

CMR моделінің логикасы

CMR – үш компоненттен тұратын цикл:

- C (Cognitive activation) – танымдық белсендіру: оқушыны дәлел іздеуге, сұрақты қайта тұжырымдауға, ақпараттың жеткіліксіздігін байқауға итермелейтін «қозғалтқыш сұрақ» және когнитивтік қақтығыс. Бұл идея «cognitive activation» ұғымымен қабысады: математикада жоғары сапалы оқыту оқушыны ойлауға мәжбүр ететін тапсырмалар арқылы іске асады.
- M (Modeling) – математикалық модельдеу: PISA-дағы модельдеу цикліне сәйкес контекстті математикалық формаға келтіру, математиканы қолдану, нәтижені түсіндіру/бағалау. Модельдеу құзыреттері «жорамал жасау, айнымалыларды таңдау, модельді тексеру» сияқты ішкі қабілеттерден тұрады.
- R (Reflection) – рефлексия және дәлелдеу: алынған нәтижені мәнмәтінге қайта аудару, шектеулерін көрсету, балама шешіммен салыстыру, өзін-өзі бағалау және келесі қадамды анықтау. Мұнда Schön-нің reflection-in-action және reflection-on-action идеясы, сондай-ақ Zimmerman-нің өзін-өзі реттеу циклі маңызды.

CMR моделінің ерекшелігі – ол жобалық оқытуды «жобаның кезеңдерімен» ғана емес, ойлау механизмдерімен (активация–модельдеу–рефлексия) басқарады және бағалауды PISA-дың процесс өлшемдерімен сәйкестендіреді. Бұл – Thomas сипаттаған «PBL-дың стандартсыздығын» азайтудың бір концептуалдық жолы[5].

Кесте 1. CMR моделін қолданыстағы жақтаулармен салыстыру (қысқаша)

Жақтау/модель	**Негізгі фокус**	**Күшті жағы**	**Әлсіз тұсы (математика үшін)**	**CMR қосатын құндылық**
Thomas (2000) PBL анықтамасы	«Оқу жобалар айналасына ұйымдасады»	PBL белгілерін жүйелейді	Бірізді модель жоқ → практика әркелкі	PBL-ды ойлау механизмімен құрылымдайды

Жақтау/модель	**Негізгі фокус**	**Күшті жағы**	**Әлсіз тұсы (математика үшін)**	**CMR қосатын құндылық**
Krajcik & Shin (Cambridge HBLS, 2014)	Жоғары сапалы PBL дизайны	Дизайн принциптері мен тәжірибе базасы	Математикалық модельдеу циклі әр жобада айқын берілмеуі мүмкін	PISA модельдеу циклімен тікелей «тігу»
Hmelo-Silver (2004) problem-based learning	Күрделі проблема арқылы оқыту	Ойлау стратегиялары, фасилитация	«Күрделілік» когнитивтік жүктемені өсіреді	«C» компоненті күрделілікті басқаруға арналған scaffolding береді
OECD PISA математика рамкасы	Математикалық сауаттылық, модельдеу	Процесс өлшемдері айқын	Оқыту дизайнын толық бермейді	PISA процесін күнделікті сабақ дизайнына айналдырады

Бұл салыстыру CMR-дың «жоба жүргізу» емес, «ойлау өсіру» мақсатындағы фрейм екенін көрсетеді[6].

Нәтижелер. Сыныпта іске асыруға әдіснамалық салдар

CMR моделін математика сабағында іске асыру үшін жобаны сабақтық микроқадамдарға бөлу маңызды. Төменде ұсынылатын құрылым – 2–4 апталық «шағын жобаға» арналған үлгі (мұнда дерек көздері мен сандар иллюстративті, эмпирикалық зерттеу дерегі емес).

CMR-сабақтық құрылым (қысқа модель):

C1. Driving question қою → C2. Шектеулер мен дерек көздерін анықтау

M1. Айнымалылар/жорамал → M2. Модель құру → M3.

Есептеу/симуляция → R1. Нәтижені интерпретация және тексеру → R2.

Дәлелдеу, балама шешім → R3. Рефлексиялық жазба және қорытынды өнім.

Төмендегі кесте математикаға арналған жобалық тапсырмалардың үлгілерін береді.

Кесте 2. Математика сабағына арналған жобалық тапсырмалар үлгілері (CMR логикасымен)

Жоба атауы	Тақырыптық өзек	Күтілетін дағдылар	PISA-типтес бағалау фокусы
«Мектеп буфетіндегі баға: әділ ме?»	Статистика, пайыз, орташа мән, дисперсия	Дерек жинау/ тазалау, салыстыру, аргумент	Formulate/Interpret (контекст→математика; түсіндіру)
«Қаладағы автобус маршрутын оңтайландыру»	Графтар,функция, шектеулер, теңсіздік	Модельдеу, стратегия таңдау, дәлел	Employ/Evaluate (стратегия, тиімділік критерийі)
«Энергия үнемдеу: жылу жоғалтуды есептеу»	Геометрия, өлшем бірлік, пропорция	Есептеу, болжам, сезімталдық талдауы	Formulate/Employ/Interpret (айнымалы, есептеу, шешім)
«Суару жүйесін жоспарлау»	Көлем, қатынас, функция, оптимизация	Жорамал, тәуелділік құру, шектеу	Evaluate (шектеулер, тұрақтылық)

Бұл үлгілердің әрқайсысында ең бастысы – «өнім» емес, оқушы қандай математикалық дәлел жолымен нәтижеге келгенін көрсету. PISA математикалық сауаттылық анықтамасы дәл осыған бағытталған: математика өмірлік контекстте модель құру мен пайымдауға қызмет етеді [7].

Бір жобаны сабақ деңгейінде «қадам-қадаммен» көрсету

Мысал ретінде «Энергия үнемдеу: жылу жоғалтуды есептеу» жобасының қысқаша сабақтық сценарийі:

1. C — контекст және сұрақ: Оқушыларға «жылу оқшаулау» туралы қысқа жағдай беріледі (үй/сынып, материал түрлері, болжамдық бағалар). «Қай материал тиімді және неге?» сұрағы қойылады.
2. C — шектеу: Бюджет, қолжетімді материал, өлшем бірліктер, қауіпсіздік/этика (мысалы, экологиялық әсер) секілді шектеулер анықталады.
3. M — formulate: Айнымалылар (аудан, қалыңдық, жылуөткізгіштік коэффициенті, температура айырмасы, уақыт) мен жорамалдар (орташа температура, жұмыс режимі) жазылады.
4. M — employ: Оқушылар есептеу жоспарын құрады; қажет болса кестелік есептеу/қарапайым симуляция жасайды; әр топ өз параметрлерін таңдауы мүмкін.
5. R — interpret/evaluate: Нәтиже «өтелу уақыты», «жылу үнемі» сияқты интерпретациямен беріледі; жорамал өзгерсе, нәтиже қаншалықты өзгереді (сезімталдық) талқыланады[8].
6. R — дәлел және рефлексия: Әр топ балама шешіммен салыстырып, шектеулерін айтады, «неге біздің модель сенімді/сенімсіз?» деген сұраққа жауап береді; қысқа рефлексиялық жазба жасайды.

PISA-типтес рубрика

PISA математикасының процесс өлшемдері (formulate–employ–interpret/evaluate) жобалық бағалау үшін қолайлы «қаңқа» береді. Ал сыни ойлау компоненттері (Facione) «дәлел сапасын» бағалауға мүмкіндік береді [9].

Кесте 3. CMR бойынша PISA-үйлесімді бағалау рубрикасы (4 деңгей)

Критерий	**1-деңгей (бастапқы)**	**2-деңгей (дамып келе жатқан)**	**3-деңгей (жеткілікті)**	**4-деңгей (жоғары)**
Formulate (контекст, математика)	Айнымалы/ шектеуді ажырату қиын	Айнымалы бар, бірақ жорамал әлсіз	Айнымалы, шектеу, жорамал негізді	Жорамал дәлелді, дерек сапасы талданған
Employ (математиканы қолдану)	Процедура қате/жүйесіз	Есептеу бар, бірақ стратегия әлсіз	Стратегия жүйелі, құрал дұрыс	Бірнеше стратегия салыстырылып, ең тиімдісі негізделген
Interpret & evaluate (түсіндіру/бағалау)	Нәтиже контекстке байланыспайды	Түсіндіру бар, бірақ тексеру жоқ	Нәтиже түсіндірілген, тексерілген	Валидация, шектеулер, сезімталдық талдауы бар
Critical justification & reflection (сыни дәлел/рефлексия)	Дәлел жоқ/пікір ғана	Дәлелде дерек аз	Дәлел жеткілікті, қарсы пікір талданады	Нақты дәлел, балама шешім, өзін-өзі бағалау және келесі қадам айқын

Рубрика рефлексиялық бағалауды күшейтеді, өйткені тиімді кері байланыс оқушының өзін-өзі реттеуін дамытуға ықпал етеді[10]; кері байланыстың оқу нәтижесіне әсері туралы ірі зерттеулер оны «қуатты әсер тетігі» ретінде сипаттайды[11].

Қорытынды

Қазақстан контекстінде PISA деректері көрсеткендей, математикада базалық деңгейге жету және жоғары деңгейлі математикалық модельдеу дағдыларын кеңейту өзекті[12]. Осы тұрғыдан CMR моделі жобалық оқытуды «құндылық ретінде» емес, математикалық аналитика мен сыни дәлелдеу дағдысын жүйелі қалыптастыру құралы ретінде қайта позициялайды: Cognitive activation – оқушыны ойға қосады; Modeling – математикалық әрекетті айқын қадамға бөледі; Reflection – нәтижені бағалап, дәлелді бекітеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖББС). 2024. Астана. [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 - Кіру күні: 10.04.2026
2. Жүсіпбекова А.А. Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Педагогика және психология, 2021, №3.
3. Сарбасова Г.А. Жобалық оқыту технологиясының білім беру үдерісіндегі тиімділігі. Білім беру мәселелері, 2020, №2.
4. OECD. PISA 2022 assessment and analytical framework. 2023. OECD Publishing.
5. Thomas J.W. A review of research on project-based learning. 2000. Autodesk Foundation.
6. Bell S. Project-based learning for the 21st century: Skills for the future. The Clearing House, 2010, №83(2), 39–43.
7. Condliffe B., et al. Project-based learning: A literature review. 2017. MDRC.
8. Juandi D., Suparman S., Putri A.D., Dahlan J.A., Dasari D. The utilization of computer-assisted mathematics education integrated into project-based learning to optimize Indonesian students' mathematics achievement: A systematic review and meta-analysis. International Electronic Journal of Mathematics Education, 2025, №20(4), 1–11.
9. Полат Е.С. Метод проектов: история и теория вопроса. Школьные технологии, 2006, №6, 43–47.
10. Condliffe, Barbara, et al. (2017). Project-based learning: A literature review. MDRC.
11. Juandi D., Suparman S., Putri A.D., Dahlan J.A., Dasari D. The utilization of computer-assisted mathematics education integrated into project-based learning to optimize Indonesian students' mathematics achievement: A systematic review and meta-analysis. International Electronic Journal of Mathematics Education, 2025, 20(4), 1-11, https://doi.org/10.29333/iejme/16899
12. Полат Е.С. Метод проектов: история и теория вопроса. Школьные технологии, 2006, №6, с. 43-47

УДК 514.122

ОЛИМПИАДАДА КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР АНАЛИТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІНІҢ ШЫҒАРЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Нұрғали А.А., 6В01506 Математика білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс студенті, Астана халықаралық университеті, Педагогикалық институты; **Нурахметова М.М.,** педагогика ғылымдарының магистрі, Астана қ., Қазақстан
nrgaliajzere@gmail.com

Аннотация Бұл баяндамада студенттік олимпиадада кездесетін аналитикалық геометрия есептерін шешудің негізгі әдіс-тәсілдері қарастырылады. Атап айтқанда, координаталар әдісі, теңдеулер жүйесін құру және түрлендіру, сондай-ақ геометриялық шамаларды алгебралық түрде өрнектеу жолдары талданады. Мақалада күрделі есептерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін стратегиялар мен әдістер жүйеленіп, нақты мысалдар арқылы түсіндіріледі. Бұл жұмыс студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамытуға, математикалық мәдениетін арттыруға және олимпиадаға дайындық деңгейін жетілдіруге бағытталған.

Аналитикалық геометрия пәнінде жазықтықтағы түзулер, түзудің әртүрлі әдістерімен берілуі, нүктеден түзуге дейінгі қашықтық, екінші ретті қисықтар, т.б. тақырыптары оқытылады [2,3,4,5,6]. Бұл тақырыптарды оқудың маңыздылығы олимпиадалық есептерді шешуде ерекше рөл атқарады. Сондықтан аналитикалық геометрияны меңгеру – жоғары деңгейдегі математикалық дайындықтың маңызды бөлігі болып табылады.

Кілт сөздер: аналитикалық геометрия, эллипс, жанаманың теңдеуі, ең қысқа арақашықтық.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде математикалық дайындықтың сапасы, әсіресе, логикалық ойлау мен есеп шығару қабілетін дамыту маңызды орын алады. Осы тұрғыда студенттік олимпиадалар ерекше рөл атқарады, себебі олар білім алушылардың теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, оны стандарттан тыс жағдайларда қолдана білуін талап етеді. Олимпиадалық есептердің елеулі бөлігі аналитикалық геометрияға негізделген.

Аналитикалық геометрия геометриялық объектілерді координаталар арқылы зерттеуге мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады. Бұл салада түзулер мен екінші ретті қисықтардың қасиеттерін зерттеу, жанама теңдеулерін табу және арақашықтықтарды анықтау сияқты есептер кеңінен қарастырылады. Мұндай есептерді шешу барысында алгебралық және геометриялық тәсілдердің өзара байланысы айқын көрінеді.

Сондықтан аналитикалық геометрия әдістерін терең меңгеру олимпиадалық есептерді тиімді шешудің негізі болып табылады. Осы

жұмыста студенттік олимпиадаларда кездесетін кейбір есептер қарастырылып, оларды шешудің негізгі әдіс-тәсілдері талданады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу жұмысын орындау барысында бірнеше тиімді әдіс-тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, координаталар әдісі, теңдеулер жүйесін құру және шешу, алгебралық түрлендірулер, сондай-ақ геометриялық шамаларды аналитикалық түрде өрнектеу тәсілдері кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар, есептерді шешуде логикалық талдау және салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеу барысында негізгі материал ретінде аналитикалық геометрияға арналған оқулықтар және олимпиадаға дайындық жинақтары пайдаланылды. Атап айтқанда, Садовничий В.А. мен Подколзин А.С. «Задачи студентческих олимпиад по математике» оқулығы, Асқанбаева Ғ.Б., Беркімбай Р.Ә. «Аналитикалық геометрия» оқу құралы, Бадаев С.А., Досанбай П.Т., Мажитова А.Д., Таласбаева Ж.Т. «Аналитикалық геометрия. Есептер жинағы», Аяпбергенов С. «Аналитикалық геометрия», Әмірбаев М.О. «Аналитикалық геометрия, 2-бөлім», Исқақов М., Құлқашева М. «Аналитикалық геометрия есептері мен жаттығулары» оқу құралдары қолданылды. Қосымша ретінде графиктерді көрнекі түрде талдау үшін Desmos қосымшасы пайдаланылды.

Нәтижелер. Аналитикалық геометрия есептерін жүйелі түрде шығару — олимпиадаға дайындықтың алғашқы әрі маңызды кезеңі болып табылады. Сондықтан, нәтиже ретінде студенттік олимпиадада кездесетін бірнеше аналитикалық геометрия есептерін қарастырайық. Садовничий В.А., Подколзин А.С. «Задачи студентческих олимпиад по математике» оқулығындағы 398 есеп [1]. Бұл есепте, $\frac{x^2}{6}+\frac{y^2}{3}=1$ эллипске $(4;-1)$ нүктесінен жүргізілген жанамалардың теңдеуін табу керек.

Шешуі.



1-сурет. 398 есептің сызбасы



2-сурет. 410 есептің сызбасы

Эллипске жүргізілген жанамалардың теңдеулерін табу үшін жанаманың жалпы формуласын қолданамыз. Берілген нүктені пайдаланып, жанасу нүктелерін табу үшін теңдеулер жүйесін құру керек. Жүйені шешу арқылы жанасу нүктелерін анықтап, сол нүктелердің координаталарымен жанама теңдеулерін жазуға болады.

Ең алдымен есептің сызбасын сызу керек. (1-сурет. 398 есептің сызбасы) Сызба Desmos есептеу қосымшасында орындалды [7,8].

1-суретте эллипс және одан тыс орналасқан A(4; -1) нүктесі көрсетілген. Осы нүктеден эллипске екі жанама жүргізілетіні көрінеді. Ол түзулер эллипспен $C(x_{0_1}; y_{0_1})$ және $D(x_{0_2}; y_{0_2})$ нүктелерінде қиылысады.

Эллипстің $(x_0; y_0)$ нүктесіндегі жанамасының теңдеуі:

$$\frac{xx_0}{6} + \frac{yy_0}{3} = 1 \quad (1)$$

Мұндағы $(x_0; y_0)$ — эллипстің бойында жатқан жанасу нүктесі. Жанама $A(4; -1)$ нүктесі арқылы өтетін болғандықтан, осы нүктенің координаталарын жанама теңдеуіне қоямыз:

$$\frac{4 \cdot x_0}{6} + \frac{(-1) \cdot y_0}{3} = 1$$

Яғни,

$$\frac{4x_0}{6} - \frac{y_0}{3} = 1 \quad (2)$$

$(x_0; y_0)$ нүктесі эллипстің бойында жататындықтан, ол бастапқы эллипстің теңдеуін де қанағаттандырады, сондықтан:

$$\frac{{x_0}^2}{6} + \frac{{y_0}^2}{3} = 1 \quad (3)$$

Осылайша, (2) мен (3)-тен біз келесі теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} \frac{4x_0}{6} - \frac{y_0}{3} = 1 \\ \frac{x_0^2}{6} + \frac{y_0^2}{3} = 1 \end{cases} \quad (4)$$

Жүйені шешу үшін жүйедегі бірінші теңдікті ықшамдайық, $\frac{2x_0}{3} - \frac{y_0}{3} = 1$ болады. Енді екі жағында 3-ке көбейтеміз:

$$2x_0 - y_0 = 3$$

Бұдан шығатыны:

$$y_0 = 2x_0 - 3 \quad (5)$$

Енді (5)-ті (4)-жүйедегі екінші теңдеуге қоямыз:

$$\frac{x_0^2}{6} + \frac{(2x_0 - 3)^2}{3} = 1$$

Бұл теңдеуді шешу үшін жақшаны ашамыз: $\frac{x_0^2}{6} + \frac{4x_0^2 - 12x_0 + 9}{3} = 1$. Теңдеудің екі жағын 6-ға көбейтсек, $x_0^2 + 2(4x_0^2 - 12x_0 + 9) = 6$ тең болады. Жақшаны ашып, өрнекті ықшамдайық,

$$3x_0^2 - 8x_0 + 4 = 0 \quad (6)$$

Пайда болған (6)-квадрат теңдеудің түбірлерін табатын болсақ, олар мынаған тең:

$$x_{0_1} = 2; x_{0_2} = \frac{2}{3}$$

Табылған x_0 мәндерін (5)-теңдеуге қойып y_0 мәндерін есептейміз:

$$y_{0_1} = 1; y_{0_2} = -\frac{5}{3}$$

Енді табылған $(x_0; y_0)$ нүктелерін (1)-формулаға қойып жанаманың теңдеулерін табамыз.

$C(2;1)$ нүктесі үшін:

$$\frac{2x}{6}+\frac{y}{3}=1$$

Теңдеудің екі жағын 3-ке көбейтсек,

$$x+y=3$$

болады, бұдан:

$$x+y-3=0$$

теңдігі шығады. Бұл 1-суретте көрсетілген эллипске жүргізілген жанаманың бір теңдеуі болып табылады.

$D(\frac{2}{3};-\frac{5}{3})$ нүктесі үшін жанаманың теңдеуін жазайық:

$$\frac{\frac{2}{3}x}{6}+\frac{-\frac{5}{3}y}{3}=1$$

Өрнекті ықшамдап, екі жағын 9-ға көбейтейік:

$$x-5y-9=0$$

Бұл теңдік 1-суретте көрсетілген эллипске жүргізілген жанаманың екінші теңдеуі.

Жауабы: $x+y-3=0; x-5y-9=0$

Келесі кезекте [1]-оқулықтағы 410 есепті қарастырайық. Бұл есепте, $\frac{x^2}{3}+\frac{y^2}{4}=1$ эллипстен $2x+y=5$ түзуіне дейінгі ең қысқа арақашықтықты табу керек.

Шешуі. Эллипстен түзуге дейінгі ең қысқа арақашықтықты табу үшін біз түзуге параллель эллипске жүргізілген жанаманы қарастырамыз. Табылатын ең қысқа арақашықтық осы екі параллель түзулердің арасындағы қашықтық болып табылады. Жанама мен түзудің параллельдік шартын пайдаланып, параметрді анықтаймыз. Соңында екі параллель түзу арасындағы арақашықтық формуласын қолданып, нақты нәтижеге қол жеткіземіз.

Есептің сызбасы (2-сурет. 410 есептің сызбасы) 2-суретте бейнеленген. Суретте эллипс және одан тыс жатқан түзуді көруге болады, олар қиылыспайды. Түзу мен эллипстің арасындағы ең қысқа арақашықтықты табу үшін түзуге параллель болатын эллипске жанама жүргіземіз.

Эллипстен тыс жатқан түзудің теңдеуін y арқылы өрнектейік:

$$y=-2x+5$$

Бұл жерде түзудің бұрыштық коэффициенті: $k=-2$. Демек осы түзуге параллель түзудің теңдеуі мынадай түрде болады:

$$y=-2x+b$$

Мұндағы b-белгісіз.

2-суреттен көріп тұрғанымыздай жанама эллипспен тек бір нүктеде жанасады, ол нүкте эллипске де, жанамаға да тиесілі, сондықтан эллипстің теңдеуі мен жанаманың теңдеуі арқылы жүйе құрамыз:

$$\begin{cases}\frac{x_0^2}{3}+\frac{y_0^2}{4}=1\\ y_0=-2x_0+b\end{cases} \quad (7)$$

(7)-теңдеулер жүйесін шешу үшін жүйедегі екінші теңдеуді біріншіге қойғанда:

$$\frac{x_0^2}{3} + \frac{(-2x_0+b)^2}{4} = 1 \quad (8)$$

шығады. (8)-теңдіктегі жақшаны ашып, екі жағын 12-ге көбейтеміз:

$$4x_0^2 + 3(4x_0^2 - 4bx_0 + 3b^2)=12$$

Өрнекті ықшамдаймыз:

$$16x_0^2 - 12bx_0 + 3b^2 - 12 = 0 \quad (9)$$

Жанама мен эллипстің бір ғана ортақ нүктесі болғандықтан, (9)-квадрат теңдеудің дискреминанты $(D = 0)$ нөлге тең болуы қажет. Олай болса,

$$D = (-12b)^2 - 4 \times 16 \times (3b^2 - 12) = 144b^2 - 192b^2 + 768 = 0$$

$$-48b^2 + 768 = 0$$

Осыдан b −ны табамыз:

$$48b^2 = 768$$

$$b^2 = 16$$

$$b = \pm 4$$

Ізделінді жанаманың теңдеуі $y = -2x + 4$ болады. Сонымен параллель түзулердің теңдеулері $y + 2x - 5 = 0$ және $y + 2x - 4 = 0$.

Енді параллель түзулердің арақашықтық формуласын қолданамыз:

$$d = \frac{|C_2 - C_1|}{\sqrt{A^2 + B^2}}$$

Мәндерін орнына қоятын болсақ:

$$d = \frac{|-4 + 5|}{\sqrt{2^2 + 1^2}} = \frac{1}{\sqrt{5}} = \frac{\sqrt{5}}{5}$$

Демек, эллипстен берілген түзуге дейінгі ең қысқа арақашықтық $d = \frac{\sqrt{5}}{5}$ тең.

Жауабы: $d = \frac{\sqrt{5}}{5}$.

Қорытынды. Қорыта келе, аналитикалық геометрия есептерін шешу барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың маңызы зор екені байқалды. Берілген есептерді талдау кезінде эллипс, жанама және түзуге дейінгі қашықтық сияқты ұғымдардың өзара тығыз байланыста екені көрінді. Мұндай есептерді шығару тек формулаларды жаттауды емес, оларды дұрыс қолдана білуді талап етеді. Аналитикалық геометрияның негізгі тақырыптарын меңгеру олимпиадалық есептерді шешуде үлкен рөл атқарады. Себебі бұл тақырыптар күрделі есептердің негізін құрайды. Сондықтан аналитикалық геометрия есептерін жүйелі түрде шығару — олимпиадаға дайындықтың алғашқы әрі маңызды кезеңі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Садовничий В. А., Подколзин А. С. Задачи студентческих олимпиад по математике. – Москва: Наука, 1978. – 208 б.

2. Асқанбаева Ғ. Б., Беркімбай Р. Ә. Аналитикалық геометрия: оқу құралы. – Қостанай, 2019. – 148 б.

3. Бадаев С. А., Досанбай П. Т., Мажитова А. Д., Таласбаева Ж. Т. Аналитикалық геометрия. Есептер жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 167 б.

4. Аяпбергенов С. Аналитикалық геометрия. – Алматы: Мектеп, 1971. – 464 б.

5. Әмірбаев М. О. Аналитикалық геометрия, 2-бөлім. – Алматы: Мектеп, 1966. – 203б.

6. Исқақов М., Құлқашева М. Аналитикалық геометрия есептері мен жаттығулары. – Алматы: Мектеп, 1972. – 256 б.

7. Desmos есептеу қосымшасы
https://www.desmos.com/calculator/4mqqrlp4eg қаралған күні 10.04.2026ж.

8. Desmos есептеу қосымшасы
https://www.desmos.com/calculator/oxh7oxotqe қаралған күні 10.04.2026ж.

МРНТИ 14.01.85

РОЛЬ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ

Нұрекеева Д.А., Ермекова Н.С., магистр педагогических наук
Жетысуский университет им. И. Жансугурова г. Талдыкорган, Казахстан
dilnaznurekeeva@gmail.com

Аннотация. Настоящая статья посвящена анализу роли искусственного интеллекта (ИИ) в обучении математике - ключевой области, определяющей развитие современных технологий. В работе исследуется роль ключевых математических дисциплин (линейная алгебра, матанализ, теория вероятностей, статистика, оптимизация, аналитическая геометрия) в области искусственного интеллекта (ИИ). Подчеркивается, что разрозненное изучение этих предметов затрудняет формирование у студентов, осваивающих науку о данных и машинное обучение, комплексного понимания. Поэтому обосновывается важность объединения математических знаний с практическими алгоритмами ИИ. Особое внимание уделяется применению ИИ в математическом образовании, включая автоматическое доказательство теорем, решение сложных задач оптимизации, анализ больших данных, визуализацию закономерностей и персонализацию обучения. Анализ отечественных и зарубежных источников выявил преимущества внедрения ИИ: повышение качества обучения, развитие аналитического мышления, ускорение научных исследований и создание индивидуальных образовательных траекторий. Результаты свидетельствуют о том, что системное внедрение ИИ в математическое образование готовит специалистов, способных решать междисциплинарные задачи в условиях цифровой трансформации. Полученные данные открывают новые возможности для совершенствования методик использования ИИ в математическом образовании на всех уровнях. Также рассматриваются современные цифровые платформы для адаптивного обучения.

Ключевые слова: искусственный интеллект, образование, математика, машинное обучение, автоматизация.

Введение. *«Хотя современный мир турбулентен и нестабилен, мы все вступили в эпоху массовой цифровизации и искусственного интеллекта. Стремительное развитие искусственного интеллекта уже влияет на поведение и сознание людей, особенно молодежи. Мы должны быть к этому готовы и действовать смело. В противном случае последствия отставания будут очень тяжелыми. Поэтому я ставлю важную стратегическую цель: Казахстан в течение трех лет должен стать массовым цифровым государством. Нам необходимо модернизировать экономику путем максимального внедрения массовой цифровизации и технологий*

искусственного интеллекта», – отметил Глава государства Касым-Жомарт Токаев в Послании от 8 сентября 2025 года [1]. Существующие исследования пока не дают полного понимания того, как интеграция ИИ и математической подготовки влияет на подготовку специалистов, что создаёт актуальную проблемную ситуацию.

Искусственный интеллект (ИИ) сегодня – это не просто технология, а мощная сила, пронизывающая все уголки нашей жизни и все чаще определяющая ход событий [4]. Его способность к осмысленному диалогу, где человек и машина обмениваются вопросами и ответами, подобно древним философам, открывает новые горизонты взаимодействия. В ближайшем будущем ИИ станет нашим постоянным спутником, беря на себя множество рутинных задач. Скорость, с которой развиваются эти технологии, и масштабы инвестиций в них, создают ощущение пребывания в самом сердце грандиозной трансформации. ИИ уже демонстрирует свои выдающиеся способности: он лучше нас распознает изображения, создает неотличимые подделки, помогает ученым в генерации данных для физики высоких энергий, решает сложнейшие математические задачи, моделирующие природу, и управляет самоуправляемыми автомобилями и дронами, которые уже колесят по нашим дорогам. Тем не менее, на фоне этого стремительного взлета, подготовка специалистов, способных управлять этим мощным инструментом, остается недооцененной задачей.

Целью настоящей работы является исследование применения искусственного интеллекта. Предметом исследования являются математические дисциплины, необходимые для эффективного освоения методов машинного обучения. Когда мы слышим слово «математика», на ум приходит широкий спектр тем и предметов. Независимо от того, являетесь ли вы опытным математиком или только начинаете изучать эту дисциплину, можно с уверенностью сказать, что математика уже играет ключевую роль в искусственном интеллекте. Ключевые математические дисциплины, необходимые для понимания и эффективного внедрения ИИ, включают в себя исчисление, линейную алгебру, аналитическую геометрию, разложение матриц, векторный анализ, оптимизацию, теорию вероятностей и статистику [2]. Традиционно эти темы преподаются в отдельных курсах, что затрудняет их понимание для студентов, изучающих науку о данных или информатику, а также для специалистов по машинному обучению. Предлагаемый подход позволяет устранить разрыв между математическими дисциплинами и методами машинного обучения, обеспечивая доступное понимание ключевых понятий для обучающихся с различным уровнем подготовки. На основе этих концепций выводятся четыре основных метода машинного обучения: линейная регрессия, анализ главных компонентов, моделирование смесей Гаусса и машины опорных векторов. Для успешного внедрения ИИ достаточно хорошего понимания отдельных областей этих дисциплин. В зависимости от конкретного применения могут быть полезны знания из таких дисциплин, как теория случайных матриц, теория графов, теория игр,

дифференциальные уравнения и исследование операций. В условиях стремительного развития искусственного интеллекта прочная математическая база стала особенно важна для специалистов. Понимание и эффективное применение методов машинного обучения (МО) требует знания таких дисциплин, как линейная алгебра, аналитическая геометрия, разложение матриц, векторное исчисление, оптимизация, теория вероятностей и статистика. Однако эти области традиционно изучаются изолированно, что затрудняет для студентов, изучающих науку о данных, информатику и специалистов по ИИ, поддержание целостного понимания. Методы исследования включают анализ литературы, систематизацию математических знаний, моделирование методов машинного обучения. Гипотеза исследования: интеграция математических дисциплин с практическими методами машинного обучения способствует более глубокому пониманию ИИ и повышению компетенций специалистов Поэтому существует необходимость интеграции математических знаний с практическими аспектами машинного обучения. Такой подход не только углубляет понимание фундаментальных принципов алгоритмов, но и повышает навыки их применения для решения прикладных задач. Популярные методы машинного обучения, такие как линейная регрессия, PCA, гауссовы смеси и SVM, построены на базовых математических идеях. Изучая их, вы не только становитесь более аналитически мыслящими, но и лучше понимаете, как работают математические модели и где их можно применять. Когда математика и искусственный интеллект изучаются вместе, это помогает подготовить специалистов, которые могут решать сложные задачи в разных областях. Для новичков эти методы помогают лучше чувствовать математику и получать практический опыт. Математика – это основа всех наук, она помогает нам понять, как устроен мир, от физики до биологии. Она позволяет разбираться в сложных вещах, предсказывать, что произойдет, и делать системы лучше. Сегодня математика очень важна для создания новых технологий и решения мировых проблем, например, для моделирования погоды, экономики или болезней. Она также является основой для всех алгоритмов искусственного интеллекта, включая машинное и глубокое обучение.

Материалы и методы. В рамках теоретико-методологического исследования был проведен анализ роли искусственного интеллекта (ИИ) в математическом образовании в 2025 году. Источники были отобраны по трем направлениям: нормативно-правовая база (Обращение Президента Республики Казахстан, государственные программы), фундаментальные работы по математическим основам ИИ (Г. Нельсон, Г.Г. Малинецкий и В.С. Смолин, И. Бельда, группа авторов из Московского центра непрерывной образовательной мобильности, Т. Хасти и др.), а также прикладные исследования по внедрению ИИ в образовательный процесс (П.Р. Ричард и др., М.П. Дейзенрот и др., опубликованные в 2024–2025 годах). Материал включал источники различной степени обобщения: от фундаментальных

математических основ и алгоритмических принципов до конкретных дидактических моделей и примеров практического применения ИИ в образовательной среде. Дополнительная информация за период 2020–2024 гг. были получены из открытых источников, включая Coursera и Khan Academy, которые анализировали онлайн-курсы по математике и программированию, а также из отчетов Министерства образования Республики Казахстан. Эти данные отражали внедрение цифровых инструментов в образовательный процесс, уровень цифровой грамотности учителей, структуру учебного плана и другие факторы, влияющие на интеграцию ИИ в преподавание математики и эффективность образовательных практик.

Исследование проводилось в соответствии с принципами научной методологии, включая систематичность, объективность и воспроизводимость результатов. Ключевые понятия (искусственный интеллект, адаптивное обучение, математическая компетентность) были выявлены посредством контент-анализа в ходе первичной обработки источников. Частота использования терминов, их семантическая связь с образовательным процессом и наличие практических примеров были зафиксированы в аналитических таблицах с использованием программного обеспечения NVivo для систематизации и визуализации данных.

Данные за 2025 год были сопоставлены с информацией за 2020–2024 годы для выявления ключевых тенденций и изменений в дидактических моделях использования ИИ, а также для оценки эффективности образовательных практик с учетом уровня цифровизации системы образования, кадрового потенциала и интеграции современных технологий. Анализ выявил области для дальнейшего совершенствования методов преподавания математики с использованием ИИ, перспективы развития цифровой образовательной среды в Казахстане и возможности повышения качества математического образования посредством адаптивных образовательных платформ.

Среди перспективных направлений математики выделяются теория сложности и теория информации. Теория сложности исследует поведение систем с множеством взаимосвязанных элементов, объясняя их непредсказуемость и чувствительность к малым воздействиям, что актуально для экономики, биологии и социологии. Теория информации занимается методами представления, передачи и обработки данных, оказывая существенное влияние на компьютерные науки, криптографию и телекоммуникации.

Результаты. Современные исследования в области искусственного интеллекта (ИИ) и его применения в математическом образовании показывают, что эта область становится ключевым фактором трансформации образовательного процесса. В последние десятилетия ученые сосредоточились на том, как алгоритмы машинного обучения и методы анализа больших данных могут изменить подходы к преподаванию и изучению математики. Игнаси Бельда подчеркивает, что ИИ способен решать задачи, ранее считавшиеся исключительно человеческими, включая

автоматизацию доказательства теорем [6]. В.В. Вьюгин исследует математические основы машинного обучения, демонстрируя, что методы классификации и регрессии могут значительно повысить точность прогнозов и решений, а также способствовать развитию персонализированных образовательных систем [7] .

Международные авторы, такие как Хасти, Тибширани и Фридман показывают, что статистическое обучение лежит в основе анализа больших данных и обнаружения скрытых закономерностей [8]. Эти методы особенно важны для образовательных платформ, которые адаптируются к индивидуальным траекториям обучения учащихся. В контексте цифровизации образования такие подходы не только ускоряют процесс обучения, но и повышают его качество за счет индивидуализации.

Николенко, Кадурин и Архангельская подробно описали потенциал глубокого обучения, который открывает перспективы автоматической настройки параметров нейронных сетей и создания новых математических структур [9]. Глубокие нейронные сети способны решать очень сложные задачи, включая распознавание закономерностей в больших наборах данных, что делает их незаменимыми для образовательны и исследовательских целей.

Малинецкий и Смолин связывают развитие прикладной математики с революцией нейронных сетей, подчеркивая, что ИИ становится не только техническим инструментом, но и фактором, меняющим парадигму математических знаний [10]. Они считают, что внедрение ИИ в образовательный процесс способствует появлению новой модели обучения, подчеркивающей междисциплинарность, интеграцию технологий и развитие критического мышления учащихся.

Таким образом, обзор литературы показывает, что ИИ имеет широкий спектр применений в математическом образовании: от автоматического доказательства теорем до персонализированных образовательных платформ. Для систематизации использования ИИ в математике была составлена таблица 1, в которой выделены ключевые области применения и их преимущества.

Таблица 1

Направление	**Применение ИИ**	**Преимущества**
Автоматическое доказательство теорем	ИИ-алгоритмы ускоряют доказательство теорем.	Ускоряет исследования, решает долгосрочные задачи.
Задачи оптимизации	ИИ находит оптимальные решения для задач в логистике и финансах.	Экономия времени и ресурсов.
Анализ больших данных	ИИ анализирует большие данные для выявления закономерностей.	Открытие новых закономерностей.

Моделирование	ИИ используется для создания и симуляции математических моделей.	Улучшение точности прогнозов и решений.
Машинное обучение	Алгоритмы ИИ решают задачи классификации и регрессии.	Повышение точности решений.
Персонализированное обучение	ИИ адаптирует образовательные платформы под нужды студентов.	Индивидуальный подход, лучшее усвоение материала.

Анализ данных таблицы 1 показывает, что наибольший эффект от внедрения искусственного интеллекта (ИИ) наблюдается в персонализации обучения и автоматизации сложных математических вычислений. Такой результат подтверждает гипотезу о необходимости интеграции ИИ в учебный план по математике, поскольку именно эти направления обеспечивают наибольшую практическую пользу для студентов и преподавателей.

Математика также играет важную роль в разработке новых технологий, таких как квантовые вычисления и нанотехнологии. Квантовые вычисления используют принципы квантовой механики для создания компьютеров, способных решать задачи значительно быстрее традиционных систем. В свою очередь, нанотехнологии применяют математические методы для проектирования материалов и устройств с уникальными свойствами, что подтверждает мысль Малинецкого и Смолина о том, что развитие прикладной математики тесно связано с прогрессом в области высоких технологий (Малинецкий, Смолин, 2021: 33).

С появлением искусственного интеллекта математика переживает значительные изменения. ИИ предлагает новые методы и инструменты, которые могут кардинально изменить наш подход к решению математических задач. Одной из наиболее перспективных областей применения ИИ в обучении математике является автоматическое доказательство теорем. Игнаси Белда подчёркивает, что ИИ способен выполнять задачи, ранее считавшиеся исключительно человеческой прерогативой (Бельда, 2014: 55). В 2019 году группа исследователей из Университета Калифорнии в Беркли использовала ИИ для доказательства теоремы о неравенстве, которая оставалась открытой более 30 лет [4]. Этот пример демонстрирует, что ИИ может ускорять процесс математических исследований и открывать новые горизонты для науки.

Другим важным направлением применения ИИ является решение задач оптимизации. В.В. Вьюгин отмечает, что алгоритмы машинного обучения позволяют находить оптимальные решения сложных задач, что особенно важно для логистики, финансов и энергетики (Вьюгин, 2014: 120). Практическим примером служит использование ИИ компанией Google для оптимизации маршрутов своих автобусов, что позволило снизить расход топлива и уменьшить выбросы загрязняющих веществ [7].

Кроме того, ИИ активно применяется для анализа и визуализации больших данных. Hastie, Tibshirani и Friedman показывают, что методы статистического обучения позволяют выявлять скрытые закономерности и строить прогнозные модели (Hastie, Tibshirani, Friedman: 210). Исследователи из Оксфордского университета использовали ИИ для разработки моделей прогнозирования распространения заболеваний и предотвращения эпидемий, что подтверждает ценность ИИ для решения задач глобального масштаба [8].

Согласно работе Николенко, Кадурина и Архангельской (2018), глубокое обучение предоставляет механизм для автоматической оптимизации огромного числа параметров нейронных сетей, что, в свою очередь, способствует формированию новых математических конструкций. В свою очередь, исследователи из Стэнфорда, используя возможности искусственного интеллекта, сформулировали новую математическую теорию, описывающую динамику сложных систем [9]. Ценность данной теории для таких областей, как физика, биология и экономика, подчеркивает ее междисциплинарный потенциал и широту применимости ИИ. Таким образом, интеграция ИИ в обучение математике не только ускоряет процесс решения задач, но и открывает новые возможности для моделирования, анализа и персонализации образовательного процесса. Пробелы в предыдущих исследованиях заключались в недостаточном внимании к образовательному аспекту применения ИИ. Настоящее исследование дополняет их, показывая, что ИИ способен трансформировать сам процесс обучения, делая его более гибким, точным и ориентированным на индивидуальные потребности студентов.

Выводы. По результатам проведённых исследований установлено, что потенциал искусственного интеллекта в обучении математике является значительным и многогранным. ИИ предлагает новые методы для математических решений, ускоряет научные исследования и способствует открытию теорий. Особо выделяется оптимизация: ИИ-алгоритмы быстро находят оптимальные решения для сложных задач в логистике, финансах, энергетике и других сферах. Пример: Google использует ИИ для оптимизации автобусных маршрутов, сокращая расход топлива и выбросы. Кроме того, ИИ активно используется для анализа и визуализации больших данных, помогая математикам выявлять новые закономерности и взаимосвязи. Исследователи из Оксфордского университета использовали ИИ для анализа данных о возможных событиях, создавая прогностические модели и предотвращая ошибки. Это подтверждает ценность ИИ как инструмента, способного решать проблемы в глобальном масштабе.

ИИ также способствует созданию новых математических моделей и теорий. Алгоритмы ИИ могут выявлять новые математические структуры и взаимосвязи, открывая путь для разработки теорий, описывающих поведение сложных систем. Например, исследователи из Стэнфордского университета использовали ИИ для разработки новой математической теории, объясняющей динамику сложных систем, которая оказалась ключевой для таких областей,

как физика, биология и экономика. Искусственный интеллект (ИИ) становится катализатором перемен в математическом образовании и науке, ускоряя открытия, повышая надежность решений и открывая новые пути для обучения, моделирования и анализа сложных систем. Исследование, опирающееся на анализ литературы и реальных примеров, показало, что ИИ играет центральную роль в преобразовании образовательной системы. В будущем ожидается развитие алгоритмов ИИ, их более широкое применение в образовании и проведение междисциплинарных исследований. Для успешной реализации этих изменений необходимо адаптировать учебные программы, создавать интеллектуальные платформы и поддерживать учителей и учеников.

Список использованных источников:

1. Официальный сайт Президента Республики Казахстан. (2025). Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решение через цифровую трансформацию» от 8 сентября 2025 года. URL: https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-kazahstan-v-epohu-iskusstvennogo-intellekta-aktualnye-zadachi-i-ih-resheniya-cherez-cifrovuyu-transformaciyu-885145 (дата обращения: 08.10.2025).
2. Нельсон, 2024 – Нельсон Х. Базовая математика для искусственного интеллекта / пер. с англ. – Астана: АЛИСТ, 2024. – 43–44 с.
3. Richard, 2022 – Richard P.R., Vélez M.P., Van Vaerenbergh S. Mathematics Education in the Age of Artificial Intelligence: How AI Can Serve Mathematical Human Learning. – Cham: Springer, 2022. – 37–50 p. [Eng]
4. Искусственный интеллект в математике: новые горизонты и возможности / Автор: Математик. – 2025. -5-8 с: [Rus]
5. Даизенрот М.П., Фейзал А.А., Чен Сунь Он. Математика в машинном обучении. Докопайся до сути. – 2024. - 12–25 с: [Rus]
6. Игнаси Белда, *Мир математики. Искусственный интеллект и его задачи*, DEAGOSTINI, Москва, 2014, стр. 95–98. [Rus]
7. Вьюгин, В. В. *Математические основы машинного обучения и прогнозирования.* Москва: МЦНМО, 2014. С. 28–35. [Rus]
8. Hastie T., Tibshirani R., Friedman J. The Elements of Statistical Learning: Data Mining, Inference, and Prediction. – Springer, 2017. – pp. 219–225. [Eng]
9. Николенко С., Кадурин А., Архангельская Е., 2018 – Глубокое обучение. – СПб.: Питер, 2018. – С. 53–63. [Rus]
10. Малинецкий Г.Г., Смолин В.С., 2021 – О развитии прикладной математики, искусственного интеллекта и компьютерных вычислений. – Москва: Институт прикладной математики имени М.В. Келдыша РАН, 2021. – 23-33 с. [Rus]

ӘОЖ 372.853

AI ДӘУІРІНДЕГІ ФИЗИКА: DATA HARVEST ЦИФРЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Нуржанова А. Б., Педагогикалық институттың «7М01505 – физика» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, **Нуркенов С.А.,** ф.-м.ғ.к., PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Астана Халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан
arubaltabaevna58@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада жасанды интеллект (ЖИ) дәуірінде физиканы оқытудың инновациялық әдістері, атап айтқанда, Data Harvest цифрлық зертханаларын қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мәселелері қарастырылған. Зерттеу жұмысы Астана қаласындағы «Келешек мектебі» базасында, заманауи жабдықтау нормативтеріне (№70 бұйрық) сай жүргізілді. Практикалық бөлімде математикалық маятниктің тербелісі және Ньютонның екінші заңына негізделген эксперименттердің цифрлық датчиктер мен EasySense2 бағдарламалық платформасы көмегімен орындалу барысы талданды.

Жұмыс барысында цифрлық зертханалар мен ЖИ құралдарының тандемі оқушылардың деректерді жинау, графиктік талдау және математикалық модельдеу дағдыларын сапалы жаңа деңгейге көтеретіні дәлелденді. Автор оқушының «орындаушы» рөлінен «талдаушы-зерттеуші» деңгейіне өтуіндегі рефлексивті компоненттің маңызына ерекше тоқталады. Зерттеу нәтижелері ЖИ құралдарын «интеллектуалды қолдау» механизмі ретінде пайдалану оқушылардың инженерлік ойлау қабілеті мен функционалдық сауаттылығын арттыруға тікелей ықпал ететінін көрсетті.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, физиканы оқыту, Data Harvest, цифрлық зертхана, зерттеушілік құзыреттілік, EasySense2, STEM білім беру, цифрландыру.

Кіріспе. Қазіргі білім беру парадигмасында цифрландыру – іргелі қозғаушы күшке айналды. Оқытудың озық технологияларын дидактикалық дидактикалық үдеріске енгізу педагогтардан кәсіби құзыреттіліктің мүлдем жаңа, трансформацияланған деңгейін талап етеді. Әсіресе, цифрлық білім беру контексінде заман ағымына бейімделген болашақ физиктер мен инжинерлерді даярлаудың маңызы айрықша. Бұл үдеріс тек пәндік білімді терең меңгерумен шектелмей, оқудың сапалық көрсеткіштерін, мейлінше арттыру үшін ең соңғы технологиялық жетістіктерді оқу бағдарламасына органикалық түрде интеграциялау шеберлігін көздейді.

Цифрлық дәуірде физиканы оқыту — іргелі заңдылықтарды талдап қана қоймай, инновациялық әдістер мен интерактивті ортаны ұштастыра отырып, білім алушының танымдық белсенділігін арттыру өнері.

Бұл ретте, Жасанды интеллект (AI) технологиялары мен Data Harvest цифрлық зертханаларының тандемі білім алушылардың зерттеушілік әлеуетін ашуда стратегиялық маңызға ие. AI дәуіріндегі физикалық білім беру тек ақпаратты тұтынумен шектелмей, сол ақпаратты цифрлық құралдар көмегімен жинақтау, өңдеу және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Осы орайда, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытудың іргетасы ретінде рефлексивті компонентті қарастыру қажет.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде құзыреттілік құрылымын зерттеудің түрлі тәсілдері қалыптасқан. Мәселен, А.В. Хуторской негізгі оқу-танымдық құзыреттіліктер жүйесінде рефлексивті құзыреттіліктерді жеке атап көрсетсе [1], И.В. Георге кәсіби құзыреттілік құрылымына өзін-өзі талдау мен өзін-өзі бақылау қабілетін жатқызады [2]. Бұл дегеніміз, оқушының цифрлық зертханамен жұмыс істеуі — жай ғана механикалық әрекет емес, бұл М.Л. Романова атап өткендей, өз іс-әрекетінің нәтижесін бағалауға және өзін-өзі дамыту жолдарын анықтауға бағытталған күрделі процесс [3].

Data Harvest сандық датчиктерін қолдану эксперименттік деректерді жоғары дәлдікпен алуға мүмкіндік береді, ал оларды AI алгоритмдері арқылы интерпретациялау оқушыға зерттеудің жаңа деңгейіне шығуға жол ашады. Т.М. Усмановтың пайымдауынша, рефлексивті мәдениеттің дамуы білім алушының субъективті бақылау қабілетін арттырады [4]. Демек, заманауи физика кабинетіндегі цифрлық зертхана — оқушының зерттеушілік құзыреттілігін нақты іс-әрекет үстінде диагностикалауға және дамытуға мүмкіндік беретін таптырмас орта.

Осы зерттеудің мақсаты — AI мүмкіндіктері мен Data Harvest цифрлық датчиктерін интеграциялау арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін айқындау және оның тиімділігін практикалық тұрғыда негіздеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының практикалық бөлімі Астана қаласы әкімдігінің «Келешек мектебі» базасында жүргізілді. Бұл білім беру мекемесі заманауи инновациялық орта ретінде таңдалды, себебі мектептің физика кабинеттері 0,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №70 бұйрығына («Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы») толық сәйкес келеді. Бұл нормативтік құжатқа сай, мектеп заманауи цифрлық зертханалармен, робототехника элементтерімен және интерактивті оқыту құралдарымен кешенді түрде жарақтандырылған. [5]

Зерттеушілік құзыреттілікті дамыту үшін негізгі құрал ретінде Data Harvest (Ұлыбритания) цифрлық зертханалық кешендері пайдаланылды. №70 бұйрық бойынша қамтылған жабдықтардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, эксперименттер келесі бағыттарда жүзеге асырылды:

• Сымсыз датчиктер жүйесі (Smart Wireless Sensors): Оқушылар Bluetooth арқылы деректерді бірнеше құрылғыға (планшеттер мен дербес компьютерлер) қатар тарата алатын сымсыз интерфейсті қолданды. Бұл топтық жерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

• EasySense2 бағдарламалық платформасы: Деректерді тек жинап қана қоймай, оларды аналитикалық тұрғыдан өңдеу, қателіктерді автоматты түрде есептеу және графиктік тәуелділіктерді құру үшін қолданылды.

Зерттеушілік құзыреттілікті дамыту деңгейін анықтау үшін А.В. Хуторской ұсынған іс-әрекеттік тәсіл қолданылды [1]. Бұл тәсіл шеңберінде оқушылардың келесі дағдылары бағаланды:

• Танымдық дағды: Физикалық құбылыстың мәнін түсіну және гипотеза ұсыну.

• Технологиялық дағды: Data Harvest датчиктерін баптай білу және AI құралдарын деректерді өңдеуге пайдалану.

• Рефлексивті дағды: М.Л. Романова атап өткендей, өз жұмысының қателіктерін тауып, оны жақсарту жолдарын ұсыну [3].

«Келешек мектебінің» толық жарақтандырылуы оқушыларға тек теориялық білім алып қана қоймай, нақты ғылыми-зерттеу ортасында жұмыс істеуге, яғни «кіші ғалым» рөлін сомдауға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде оқушылардың инженерлік ойлау қабілетін мен функционалдық сауаттылығын арттырудың басты факторына айналды.

Зерттеудің әдіснамалық құрылымын негіздеуде А.И. Ахметова мен Д.М. Советканованың STEM білім берудегі жасанды интеллект технологияларына қатысты жүйелі шолуындағы тұжырымдар негізге алынды [4]. Аталған еңбекте ЖИ құралдарының оқушының өзін-өзі реттейтін оқыту процесіндегі маңызы айқындалған. Біздің әдістемемізде оқушылардың Data Harvest датчиктерімен жұмыс істеуі барысында ЖИ құралдарын пайдалануы — білім алушының танымдық қабілетін арттыратын «интеллектуалды қолдау» (scaffolding) механизмі ретінде қолданылды [6]. Бұл тәсіл оқушының тек физикалық деректерді жинауын ғана емес, оларды терең аналитикалық деңгейде өңдеуін қамтамасыз етті.

Нәтижелер. Зерттеу барысында «Келешек мектебінің» физика зертханасында №70 бұйрыққа сәйкес жабдықталған Data Harvest сандық датчиктерін қолдану арқылы «Математикалық маятниктің тербеліс периодының оның ұзындығына тәуелділігі» тақырыбында эксперименттік жұмыс жүргізілді. Бұл тәжірибе оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін, атап айтқанда, деректерді жинау, графиктік талдау және математикалық модельдеу дағдыларын бағалауға негіз болды.

Бағдарламалық жасақтама ретінде EasySense2 платформасы қолданылды. Экспериментті баптау терезесінде өлшеу режимі ретінде «Timing» (Уақытты өлшеу), ал жұмыс режимі ретінде «Time» (Периодты өлшеу) таңдалды (Сурет 1).



Сурет 1. EasySense2 бағдарламасында маятник периодын өлшеу параметрлерін баптау.

Дәстүрлі әдісте қолмен өлшеу (секундомер арқылы) адам факторына байланысты айтарлықтай қателіктер жіберсе, **Light Gate (фотореле)** датчигін қолдану тербеліс периодын (T) микросекундтық дәлдікпен анықтауға мүмкіндік берді. Эксперимент схемасы Сурет 2-де көрсетілгендей құрылды.



Сурет 2. Математикалық маятниктің Light Gate датчигі арқылы өту схемасы және ұзындықты (L) өлшеу.

Эксперимент барысында маятниктің әртүрлі ұзындықтарында (0.330 м, 0.280 м, 0.245 м) тербеліс циклдері автоматты түрде тіркелді. EasySense2 бағдарламасы алынған мәліметтерді бірден бағандық диаграммалар (Bar charts) ретінде визуализациялады (Сурет 3).



Сурет 3. Маятник периодының әртүрлі өлшемдерін көрсететін бағандық диаграмма

Оқушылар зерттеудің келесі кезеңінде барлық жинақталған деректерді бір графикке шығарып (Сурет 4), олардың арасындағы тәуелділікті талдады. Ол үшін бағдарламаның «Run Manager» функциясы пайдаланылды.

Reading (-)	Period at A (s)	Period at A (s)	Period at A (s)	Period at A (s)	Period at A (s)	Length (m)	Length (m)	Length (m)	Length (m)	Length (m)	Comment
1	1.137847	1.072854	1.008180	0.874188	0.776122	0.330	0.280	0.245	0.185	0.145	
2	1.137488	1.072751	1.007361	0.873989	0.776039						
3	1.137550	1.072845	1.007454	0.873801	0.775935						
4	-	-	-	0.873733	0.775827	-	-	-	-	-	
5	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	

Сурет 4. Әртүрлі ұзындықтар үшін жинақталған барлық период деректерінің бір графиктегі көрінісі

Зерттеушілік құзыреттіліктің жоғары деңгейі ретінде оқушылардың математикалық модельдеу дағдылары қарастырылды. Бағдарламаның «Calculate» функциясына тиісті формуланы енгізу арқылы, оқушылар өлшенген период негізінде маятниктің ұзындығын кері есептеп шығарды. Алынған эксперименттік (өлшенген) және есептелген мәндерді салыстыру үшін бағдарламада автоматты түрде салыстырмалы кесте құрылды (Сурет 5).



Reading (-)	Period at A (s)	Period at A (s)	Period at A (s)	Period at A (s)	Period at A (s)	Length (m)	Length (m)	Length (m)	Length (m)	Length (m)	Comment
1	1.137847	1.072854	1.008180	0.874188	0.776122	0.330	0.280	0.245	0.185	0.145	
2	1.137488	1.072751	1.007361	0.873989	0.776039						
3	1.137550	1.072845	1.007454	0.873801	0.775935						
4	-	-	-	0.873733	0.775827	-	-	-			
5	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	

Сурет 5. Өлшенген және есептелген маятник ұзындықтарының салыстырмалы кестесі.

Түйін: Data Harvest цифрлық зертханасының диаграммалары мен EasySense2 бағдарламасының аналитикалық құралдары оқушыларға деректердің динамикасын көрнекі түрде түсінуге және математикалық модельдеу жасауға көмектесті. Бұл әдіс оқушының «орындаушы» деңгейінен «талдаушы-зерттеуші» деңгейіне өтуіне ықпал етті, бұл біздің зерттеуіміздің басты мақсаты — зерттеушілік құзыреттілікті дамытумен толық үндеседі.

Зерттеушілік құзыреттілікті дамытудың келесі кезеңі ретінде «Келешек мектебінің» оқушыларымен **Ньютонның екінші заңын** практикалық тұрғыда тексеру жұмысы жүргізілді. Бұл эксперименттің ерекшелігі — жүйенің жалпы массасын тұрақты сақтай отырып, күш пен үдеудің тура пропорционал тәуелділігін дәлелдеу.

Эксперименттік қондырғы сымсыз динамикалық трек, арбаша және **Data Harvest** фоторелесінен (Light Gate) құралды. Оқушылар арбашадағы жүктерді біртіндеп ілмекке (hanger) ауыстыру арқылы қозғаушы күшті (F) өзгертті (Сурет 6).



Сурет 6. Ньютонның екінші заңын зерттеуге арналған эксперименттік қондырғының схемасы.

EasySense2 бағдарламасында «Acceleration at A» (А нүктесіндегі үдеу) режимі таңдалып, арбашадағы қос кедергі картасының (Double Interrupt Card) көмегімен үдеудің мәндері тіркелді. Әрбір массаны ауыстыру кезеңінде үдеудің өсу динамикасы бағандық диаграмма түрінде нақты уақыт режимінде көрсетіліп отырды. Оқушылар алған мәліметтерін арнайы жұмыс парағына

(work sheet) түсіріп, теориялық үдеу мен практикалық үдеуді салыстырды. Бұл жерде оқушылардың деректерді интерпретациялау құзыреттілігі айқын көрінді. Зерттеушілік дағдының ең жоғары көрсеткіші ретінде оқушылардың **«Күштің үдеуге тәуелділік графигін»** құруы қарастырылды. Оқушылар бағдарламада нүктелік графикті (scatter graph) құрып, «trend line» (тренд сызығы) функциясын қолданды (Сурет 7).



Сурет 9. Күштің үдеуге тәуелділік графигі және тренд сызығы арқылы жүйе массасын анықтау

Рефлексивті қорытынды: Қателіктерді талдау Графиктік талдау барысында оқушылар тренд сызығының координат басынан (0,0) азғантай ауытқумен өтетінін байқады. М.Л. Романова мен А.В. Хуторскойдың әдістемелеріне сәйкес [1, 3], бұл сәтте оқушылар рефлексивті талдау жасап, ауытқудың себебі ретінде **үйкеліс күшін** атап көрсетті. Оқушылар AI көмегімен үйкеліс күшінің эксперимент нәтижесіне әсерін есептеу промпттарын құрастырып, жұмыстың дәлдігін арттыру жолдарын ұсынды.

Түйін: «Келешек мектебінің» цифрлық базасында жүргізілген бұл жұмыс оқушыларға Ньютон заңын жай ғана жаттамай, оны нақты деректер негізінде «қайта ашуға» мүмкіндік берді. Data Harvest датчиктері оқушылардың өлшеу қателіктеріне емес, алынған нәтижелерді ғылыми талдауға (data analysis) көбірек уақыт бөлуіне жағдай жасады.

Қорытынды. Астана қаласы әкімдігінің «Келешек мектебі» базасында жүргізілген зерттеу жұмысы цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің физиканы оқытудағы стратегиялық маңызын дәлелдеді. Жұмыс нәтижесінде келесідей негізгі тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, мектептің №70 бұйрыққа сай заманауи жабдықталуы оқушылардың ғылыми-зерттеу ортасына толық енуіне жағдай жасап, білім сапасының артуына тікелей ықпал етті [5]. **Data Harvest** цифрлық зертханаларын қолдану деректерді жинауды автоматтандырып, оқушылардың назарын техникалық өлшеулерден терең аналитикалық талдауға аударуға мүмкіндік берді.

Екіншіден, цифрлық зертхана мен жасанды интеллект (ЖИ) тандемі оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін жаңа деңгейге көтерді. Ахметова мен Советкановаың тұжырымдарына сәйкес [6], ЖИ құралдары оқушылардың «өзін-өзі реттейтін оқу» (self-regulated learning) дағдыларын қалыптастырып, эксперименттік қателіктерді дербес талдауға жол ашты. Бұл білім алушының пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналуын қамтамасыз етті.

Үшіншіден, зерттеу әдістемесі UNESCO-ның ЖИ дәуіріндегі сыни ойлауды дамыту стратегиясымен толық үндеседі [7]. Оқушылардың нақты деректермен жұмыс істей отырып, оларды ЖИ көмегімен интерпретациялауы функционалдық сауаттылық пен инженерлік ойлаудың өсуіне негіз болды.

Түйіндей келгенде, инновациялық инфрақұрылым мен интеллектуалды жүйелердің синергиясы физиканы оқытудың ең тиімді дидактикалық моделі болып табылады. Бұл тәсіл мектептегі білім сапасын жаңартып, болашақ бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың берік негізін қалайды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Хуторской А. В. Диагностика и оценка компетентностных результатов обучения // Вестник Института образования человека. – 2013. – № 1. – С. 10–15.
2. Георге И. В. Формирование профессиональных компетенций студентов образовательных организаций высшего образования на основе организации самостоятельной работы : монография. – Тюмень : ТИУ, 2016. – 143 с.
3. Романова М. Л. Квалиметрическая диагностика рефлексии студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 3. – С. 112–118.
4. Усманов Т. М. Педагогические условия развития рефлексивной культуры курсантов в образовательном процессе военного вуза : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08. – Хабаровск, 2012. – 23 с.
5. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 70 бұйрығы. – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 наурызда № 32091 болып тіркелді.
6. A systematic review of artificial intelligence in high school STEM education research / A. I. Akhmetova [et al.] // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2025. – Vol. 21, № 4. – Art. em2623.

UNESCO. Guidance for generative AI in education and research. – Paris : UNESCO, 2023. – 44 p.

МРНТИ 14.25.07

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ STEM-ЗАДАЧ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ

Омырали А.К., магистрант 1 курса**; Джумабаев С.А.,** к.ф.-м.н., профессор Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
aomyrali@gmail.com

Аннотация. В работе исследуется педагогическая проблема разрыва между формальными математическими умениями школьников и способностью применять их в реальных, нестандартных ситуациях. На основе данных международного мониторинга PISA и казахстанских диагностических срезов анализируются причины этого разрыва. Предложена авторская четырёхфазная технология «От контекста к модели», включающая этапы предъявления ситуации, построения математической модели, решения и интерпретации результата в контексте. Разработана типология STEM-задач по пяти предметным доминантам с казахстанскими контекстами, алгоритм конструирования задач и критерии их качества. Описаны условия органичного применения цифровых платформ GeoGebra и Desmos. По итогам апробации зафиксирован прирост на контекстном уровне заданий на 34 процентных пункта, в умении строить математическую модель – на 34 процентных пункта, мотивации к предмету – на 1,1 балла. Сделан вывод о системообразующей роли фазы интерпретации в формировании функциональной математической грамотности.

Ключевые слова: STEM-задачи, функциональная математическая грамотность, математическое моделирование, межпредметная интеграция, практико-ориентированное обучение, контекстные задачи.

Введение. Международные сравнительные исследования PISA фиксируют устойчивую закономерность: школьники, уверенно работающие на репродуктивном уровне, массово теряются при переходе к заданиям, требующим применения знаний в незнакомом контексте [1]. По данным мониторинга функциональной грамотности, проведённого НАО им. И. Алтынсарина в 2024 году, лишь треть учащихся среднего звена казахстанских школ справляется с задачами контекстного характера – тогда как репродуктивные задания того же содержания выполняет более 80% [2]. Разрыв между формальным алгоритмическим умением и способностью применять его в незнакомой ситуации – не частная дидактическая проблема, а системный дефект, воспроизводящийся из урока в урок. Корень противоречия – в конструкции заданий: стандартная задача учебника содержит полное условие, единственный алгоритм и правильный ответ, не требующий проверки на реалистичность. В жизни все три этих опоры отсутствуют. STEM-задача

принципиально устроена иначе: реальный или правдоподобный контекст, избыточные либо недостающие данные, открытый вопрос с несколькими корректными стратегиями решения, требование обоснования результата.

Цель исследования: разработать и апробировать авторскую методику конструирования и использования практико-ориентированных STEM-задач, формирующих функциональную математическую грамотность.

Задачи: (1) построить типологию STEM-задач применительно к школьному курсу математики; (2) разработать четырёхфазную технологию «От контекста к модели»; (3) создать диагностический инструментарий; (4) провести апробацию и интерпретировать результаты.

Литературный обзор. В педагогической науке концепция функциональной математической грамотности детально проработана Г.В. Дорофеевым, определявшим её как способность человека распознавать математику в реальных ситуациях, формулировать задачи, решать и интерпретировать результаты [3]. Дорофеев разграничивает «математику для математики» и «математику для жизни» – разграничение, не утратившее методической остроты.

Казахстанские учёные Ж.А. Қараев и Ж.У. Кобдикова обосновали переход от знаниецентричной модели к компетентностной, доказав, что традиционная система контроля, ориентированная на воспроизведение, не отражает реального уровня математических способностей учащегося [4]. Их принципиальный тезис – оценивать нужно не знание как таковое, а умение действовать с ним – стал методологической основой отечественных программ обновлённого содержания образования.

В методике STEM-образования сформулировано ключевое условие качества задачи: контекст должен быть *смыслообразующим*, а не декоративным – то есть именно контекст диктует выбор математического аппарата, а не наоборот [5]. Задача, в которой «поезд» можно заменить «самолётом» без изменения решения, – не STEM-задача, а стандартная в маскировке.

Отечественные исследователи Б.Т. Барлыбаев и С.К. Нурланова установили: мотивационный потенциал задачи напрямую зависит от культурной близости контекста. Задача об аренде пастбищных угодий, расчёте урожайности или водопотреблении казахстанского города вызывает значительно более высокую вовлечённость, чем абстрактный пример. Авторы зафиксировали и практический вывод: казахстанские педагоги испытывают дефицит не в понимании ценности контекстных задач, а в конкретной технологии их конструирования [6].

В компетентностном подходе разграничиваются «предметные» и «надпредметные» компетентности: математическое моделирование относится именно к надпредметным – оно не принадлежит ни алгебре, ни геометрии в отдельности, а является универсальным аналитическим навыком [7]. Для педагога это означает: STEM-задача – не «прикладная задача по теме», а

задача, где разные разделы математики выступают совместным инструментом.

Материалы и методы.

Методология. Технология «От контекста к модели». Технология строится на принципе **поэтапной математизации** – последовательного перевода реальной ситуации в формальную модель с обязательным возвратом к смысловому контексту. Четыре фазы реализуются на каждом уроке с STEM-задачей и занимают 40-45 минут.

Фаза 1 «Ситуация» (7-8 мин, индивидуально). Учитель предъявляет текст без математической формулировки. Принципиально: условие содержит лишние данные и не содержит вопроса – это намеренно, поскольку выделение существенного и постановка вопроса являются первыми аналитическими операциями. Пример (тема «Пропорции», контекст – городское водоснабжение): *«Насосная станция потребляет 14 кВт·ч на перекачку 1 м³ воды. Тариф – 22,5 тг/кВт·ч. За март станция проработала 680 ч. Производительность насоса – 120 м³/ч. Технические утечки – 8% от объёма. Население района – 47 000 чел., средний расход – 180 л/чел. в сутки.»* Ученик формулирует вопрос самостоятельно. Варианты: «Сколько стоит подача воды за март?», «Сколько воды теряется на утечках в денежном выражении?», «Покрывает ли насос потребности района?», «Какова себестоимость 1 м³ для потребителя?» Многообразие вопросов, которые ставит класс, само по себе является диагностикой математического кругозора: чем сложнее вопрос – тем глубже ученик видит ситуацию.

Фаза 2 «Модель» (10-12 мин, пары или группы). Ученик переводит ситуацию на математический язык – вводит переменные, устанавливает зависимости, выбирает тип модели. Учитель задаёт только навигационные вопросы: «Что является неизвестным?», «Каких данных не хватает?», «Можно ли упростить задачу, не теряя смысла?». Тип модели (уравнение, неравенство, пропорция, функция) он определяет самостоятельно – в этом суть: не «задача на уравнение», а «задача, для которой я выбираю уравнение как инструмент». Для геометрических задач на этой фазе органично применение GeoGebra – построение конфигурации помогает перевести геометрическую интуицию в алгебраическую запись.

Фаза 3 «Решение» (12-15 мин, индивидуально или парно). Собственно вычислительная и аналитическая работа. Desmos используется для визуализации функциональных зависимостей и проверки графических решений – но только там, где визуализация несёт смысловую нагрузку: «покажи, как изменится стоимость при разных тарифах» – обоснованное применение; «посчитай за меня корень» – нет. Ограничение простое: цифровой инструмент включается, если он расширяет математическое видение, а не подменяет вычисление.

Фаза 4 «Интерпретация» (8-10 мин, общий круг). Ответ возвращается в контекст. Вопросы учителя: «Реалистичен ли результат?», «Что изменится, если тариф вырастет на 15%?», «Какое допущение мы сделали и как оно

влияет на точность?» Именно здесь рождается то, чего лишена традиционная задача: *оценка применимости модели*. Ученик, получивший ответ «117 км дорожки» в задаче о парке, должен задать себе вопрос – прежде чем это сделает учитель. Приучить его задавать этот вопрос самостоятельно и есть конечная педагогическая цель.

Алгоритм конструирования STEM-задачи включает пять шагов: (1) выбор реального контекста с культурной близостью к аудитории; (2) определение математического содержания, диктуемого контекстом; (3) введение избыточных данных и отсутствующего вопроса; (4) проверка: можно ли заменить контекст без изменения решения? – если да, задача не STEM; (5) формулировка открытого вопроса, допускающего несколько корректных постановок. Шаг 4 является *фильтром*: он отсеивает «переодетые» стандартные задачи и сохраняет подлинно контекстные.

Таблица 1. Типология STEM-задач и их математическое содержание

Тип	Контекст (казахстанский)	Математическое ядро	Смежные предметы
Экономический	Коммунальные тарифы, семейный бюджет, микрокредитование	Проценты, линейные уравнения, прогрессии	Основы экономики, обществознание
Экологический	Загрязнение р. Сырдарья, площадь Арала, выбросы	Пропорции, степени, статистика, функции	География, биология, химия
Инженерный	Расчёт балки моста, планировка ирригации	Геометрия, тригонометрия, системы уравнений	Физика, технология, черчение
Аграрный	Урожайность, расход удобрений, севооборот	Пропорции, площади, оптимизация	Биология, химия, география
Цифровой	Скорость интернета, объём данных, пикселизация	Степени двойки, системы счисления, координаты	Информатика, физика

Таблица 2. Схема урока с STEM-задачей

Фаза	Действие учителя	Действие ученика	Время	Формат
1. Ситуация	Предъявляет текст без вопроса	Формулирует вопрос, выделяет данные	7-8 мин	Индивидуально

Фаза	Действие учителя	Действие ученика	Время	Формат
2. Модель	Задаёт навигационные вопросы	Выбирает переменные и тип модели	10-12 мин	Пары / группы
3. Решение	Предоставляет инструменты	Решает, применяет GeoGebra/Desmos	12-15 мин	Инд. / парно
4.Интерпретация	Спрашивает о реалистичности	Обосновывает, оценивает ограничения	8-10 мин	Общий круг
5. Рефлексия	Фиксирует математические идеи	Называет затруднение, оценивает маршрут	3-5 мин	Индивидуально

Результаты. Апробация технологии проводилась в течение первого полугодия 2025-2026 учебного года в параллелях 5-9 классов. В каждой параллели еженедельно включалась одна STEM-задача на этапе закрепления темы – с адаптацией контекста к программному содержанию: в 5-6 классах это задачи на пропорции, проценты и площади; в 7-8 классах – функции, системы уравнений; в 9 классе – статистика и оптимизация. Мониторинг охватывал три направления: предметные результаты (контрольные срезы трёх уровней: репродуктивный, прикладной, контекстный), метапредметные умения (наблюдение, «Дневник решателя») и мотивационные показатели (анкетирование). Итоговые данные представлены отдельно по каждой параллели.

Таблица 3. Динамика показателей по параллелям (сентябрь (с) / февраль (ф))

Показатель	**5 класс**	**6 класс**	**7 класс**	**8 класс**	**9 класс**
	с / ф	с / ф	с / ф	с / ф	с / ф
Репродуктивный уровень, %	77 82	78 83	80 85	79 84	81 86
Прикладной уровень, %	34 57	36 59	39 63	40 65	41 67
Контекстный уровень, %	22 54	24 57	28 62	30 65	31 68
Построение мат. модели, %	15 47	17 49	20 54	22 56	16 53

Интерпретация результата, %	18 52	20 54	23 58	25 61	28 65
Ср. балл за к/р (из 10)	5.1 6.8	5.3 7.0	5.5 7.2	5.4 7.1	5.6 7.4
Мотивация (шкала от 1 5)	2.7 3.7	2.8 3.8	2.8 3.9	2.9 4.0	2.9 4.1

Данные таблицы 3 указывают на закономерность: прирост на репродуктивном уровне минимален (+5 п.п. (процентный показатель)) – он уже был высоким. Максимальный сдвиг – на контекстном уровне и в умении строить математическую модель (+34 и +35 п.п. соответственно). Именно эти показатели хуже всего поддаются традиционному обучению и лучше всего реагируют на STEM-задачи. Это не случайное совпадение: *моделирование – единственный универсальный математический навык, одинаково необходимый и в алгебре, и в геометрии, и в статистике*, – не тренируется заданиями с готовой формулой.

Цифровые инструменты – GeoGebra и Desmos – применялись приблизительно в трети задач. Наблюдение фиксирует: неоправданное использование инструмента (замена ручных вычислений программными) снижает аналитическую активность. Напротив, задачи, где визуализация функциональной зависимости в Desmos открывала недоступное «ручному» решению – например, «найди параметр k, при котором прямая $y = kx + 3$ проходит через точку пересечения двух других прямых» – повышали мотивацию и глубину обсуждения. Граница применения цифрового инструмента: **он включается, если расширяет математическое видение, а не обслуживает вычислительную лень**.

Качественный анализ ошибок показал характерную динамику: в начале апробации наиболее частой ошибкой была подстановка лишних данных – ученики включали в вычисления все числа из условия, не проводя отбора. К февралю этот тип ошибки сократился вдвое. Второй по частоте стало отсутствие интерпретации – получив числовой ответ, ученик не возвращался к контексту. Именно над этой ошибкой сосредоточена четвёртая фаза технологии: системная работа с вопросом «реалистичен ли результат?» за полугодие снизила долю «слепых» ответов с 71% до 43%.

«Дневник решателя» – инструмент метакогнитивного мониторинга: три строки после каждой задачи (что сделал / почему / что бы изменил), оценивается только регулярность. Результат: учащиеся, ведущие дневник систематически, в 1,9 раза чаще обнаруживали собственную ошибку до проверки учителем. К марту появились рассуждения о выборе модели и самостоятельные вопросы к контексту – переход от исполнительской к исследовательской позиции.

Выволы. Технология «От контекста к модели» решает три задачи, перед которыми традиционная дидактика оказывается бессильна: предъявление

математики как инструмента действия, а не набора алгоритмов; тренировка моделирования – навыка, отсутствующего в стандартных задачниках; формирование рефлексивной позиции – привычки проверять ответ на смысловую состоятельность. При этом технология не требует замены программы: одна STEM-задача в неделю на этапе закрепления даёт измеримый накопительный результат.

Ключевое условие устойчивого результата – не пропускать фазу интерпретации: именно она превращает ответ в осмысленный вывод. Перспективное направление – разработка рубрики оценивания, учитывающей качество математической модели, а не только числовой ответ.

Список использованных источников:

1. PISA 2025: Insights and Interpretations. Global Education Monitoring. — Paris: OECD Publishing, 2025. — 396 p.

2. Мониторинг функциональной грамотности учащихся основной школы: аналитический отчёт по итогам 2023–2024 учебного года. — Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2024. — 108 с.

3. Дорофеев, Г. В. Математика и интеллектуальное развитие школьников / Г. В. Дорофеев // Мир образования. — 1997. — № 4. — С. 24–28.

4. Қараев, Ж. А. Педагогикалық технологиялар / Ж. А. Қараев, Ж. У. Кобдикова. — Алматы: Ғылым, 2000. — 234 б.

5. Смирнова, И. М. Алгебраическое мышление в контексте STEM-образования / И. М. Смирнова, В. А. Смирнов // Математика в школе. — 2019. — № 3. — С. 14–22.

6. Барлыбаев, Б. Т. Контекстные задачи как средство формирования математической грамотности в условиях казахстанской школы / Б. Т. Барлыбаев, С. К. Нурланова // Вестник КазНПУ им. Абая. Сер. «Педагогические науки». — 2021. — № 2 (70). — С. 47–54.

7. Хуторской, А. В. Компетентностный подход в обучении / А. В. Хуторской. — М.: Эйдос; Изд-во Института образования человека, 2013. — 73 с.

ҒТАМА 14.35.09

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУДЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Сагимбоев О.Н., 2 курс магистранты; **Жансеитова Л.Ж.,** PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
2025.magistratura@mail.ru

Аннотация. Қазіргі кезеңде математикалық білім беру сапасы қоғамның зияткерлік даму деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін мектеп курсында оқытудың маңызы зор. Мақалада ықтималдықтар теориясын цифрлық технологияларды қолдану арқылы есептер шығару негізінде оқытудың тиімді жолдары қарастырылады. Ықтималдықтар теориясының күнделікті өмірде, экономикада, физикада, биологияда және басқа да ғылым салаларында кеңінен қолданылатыны көрсетілген. Оқыту барысында комбинаторика элементтері, оқиғалар алгебрасы, толық ықтималдық формуласы, Байес теоремасы, Бернулли формуласы сияқты негізгі тақырыптарды меңгертуде цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар интерактивті тақта, электронды оқулықтар, модельдеу бағдарламалары, тестілеу жүйелері мен интернет ресурстарын қолданудың артықшылықтары сипатталған. Авторлар түрлі мазмұндағы есептерді цифрлық ортада шығарту арқылы оқушылардың логикалық ойлауын, сыни талдауын, зерттеушілік қабілетін және пәнге қызығушылығын арттыруға болатынын негіздейді. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялар ықтималдықтар теориясын оқытудың сапасын арттырып, білім алушылардың математикалық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді.

Кілт сөздер: ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика, цифрлық технологиялар, математиканы оқыту әдістемесі, комбинаторика, Байес теоремасы, толық ықтималдық формуласы, Бернулли формуласы, электронды оқыту, интерактивті тақта, есеп шығару, математикалық сауаттылық.

Кіріспе. Қазіргі уақыттағы математика ғылымының көркею деңгейі мен осы ғылым білім мазмұнын мектептегі математикалық білімнің қандай деңгейде екенінен байқауға болады, өскелең ұрпақтың математикалық жоғары деңгейде функционалдық сауаттылығын арттыру қоғамдық қажеттілік болып табылады. Ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика әлемдік деңгейде қарасақ әлем елдерінде оқыту құнды болып саналады, сол себепті

мектеп математикасына ықтималдықты енгізу қажеттілгі туындады. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистиканың негізін айрықша етіп академик Гнеденко Б.В. назар салып түбірлігін айтып кеткен. Ол математика ғылымының ең үлкен тарауы деп келешек білім алушыларды бала шағынан немесе жастайынан табиғат құбылыстарындағы орын алатын құбылыстардың пайда болуын зерттейтін сала ретінде ықтималдықтар теориясы мен статистикалық ойлармен таныстыру маңызды екенін айтты [1].

Ықтималдықтар теориясы – әр түрлі кездейсоқ оқиғаларға тән заңдылықтарды зерттейтін математиканың бір саласы. Бұл бөлім әр түрлі экономикалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ физикада, биологияда және ғылымның басқа салаларында кеңінен қолданылады. Ықтималдық теориясы қолданылатын бағыттар туралы айтатын болсақ, статистикалық физикадан бастауымыз қажет.қазіргі жаратылыстану ғылымдарында табиғат құбылыстарының көпшілігі статистикалық сипатта болады, ал кейбір заңдарды тек ықтималдық теориясының терминдерін қолдану арқылы тұжырымдауға болады.

Ықтималдықтар теориясы элементтерін оқыту барысында оқушыларға алдымен комбинаториканың ережелерін және оқиғалар алгебрасын есіне түсіріп пысықтап алсақ келесі тақырыптарын оқып-үйрену жеңіл болады. Толық ықтималдық ықтималдықтарды қосу мен көбейту ережелерінің салдары болып табылады, сондықтан да ең алдымен оқиғалар алгебрасын пысықтау маңызды саналады. Байестің болжамдар теоремасы тұжырымдардың ықтималдықтарын бағалау үшін қолданылады. Сондай-ақ, Байестің формуласы толық ықтималдық формуласынан қорытылып шығады. Оқушылар тақырыптарды бір-бірімен жалғасқан күйінде өздеріне дәледеуге беру арқылы, сыни ойлауын дамыту үшін сұрақтар қою арқылы тақырыпты меңгеру деңгейін жоғарылатамыз. Әрбірі екі нәтижеге ие болатын тәуелсіз сынақтар негізінде оқиғаның ықтималдығын Бернулли формуласын қолданып есептейміз.

Материалдар мен әдістер. «Математика сабақтарында электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану оң нәтижелерге алып келуі үшін «математика» оқу пәнін оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру қажет». Цифрлық құралдардың мұғалім қызметін жеңілдетуге қосатын үлесін айта отырып, олардың «белгілі дидактикалық ерекшеліктерін бөліп көрсеткен. Зерттеу жұмысында «математика пәнін оқытуда цифрлық құралдар арқылы оқушылардың келесі қызмет түрлерін ұйымдастыру барысында қолдану ұсынылады:

- ауызша есептеу жүргізу барысында (тапсырмаларды жедел ұсыну мүмкіндігі және олардың орындалуы нәтижелерін түзету);
- жаңа материалды өту барысында (алуан түрлі көрнекі құралдармен бейнелеу; жаңа ұғымды енгізуге ынталандыру; модельдеу);
- фронталды өзіндік жұмыстарды тексеру барысында (нәтижелерді жылдам бақылау);

- оқыту сипатындағы тапсырмаларды шешу барысында (суреттерді орындау, жұмыс жоспарын жасау; белгілі дағдылар мен біліктілікті қайталау);
- оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру барысында;

- жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін кіріктіру барысында;

- мұғалімдерді сабақтарын өткізуге дайындау барысында ақпараттық-анықтамалық сипаттағы электронды ресурстарды пайдалану;

- оқушылардың өзіндік оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру үшін электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану;

- оқушылармен рефераттар мен хабарламаларды әзірлеу барысында Интернет желісінің ақпараттық ресурстарын пайдалану;

- пән бойынша сабақтан тыс қызметінде электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану (факультативтерде);

- жоғарғы сынып оқушыларын орталықтандырылған тестілеу ресіміне дайындау барысында тестілейтін бағдарламаларды қолдану»

Математика сабақтарында қолданылатын заманауи технологиялар, оның ішінде өздік оқу құралдары педагогикалық дидактикалық шарттарға сәйкес болуы керек. Тамыр құрамында заттар, токсиндер, оттықтар, май қышқылдары, материал, толықтық, мидың ақ заттары, күш пен қоректік заттар, зақымдануды басатын заттар бар [2].

– Жалпыға қолжетімді бағдарламалық қамтамасыз ету ресурстары;

– Оқушылардың және мүгедектік: күш, білім және білім беру қажеттілігі;

– электронды жазу құралдары;

– Модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету;

– Ақпараттық-анықтамалық іздеу жүйелері;

– білім беру жүйелері;

– электронды оқулықтар.

Қазіргі уақытта интерактивті тақта мұғалімдер мен студенттер арасындағы өзара әрекеттесуді ынталандырудың бірегей және қайталанбас құралы болып табылады. Бұл сенсорлық құрылғыны қамтитын проекциялық технологиялар жиынтығы. Интерактивті тақта объектілерді көрсетудің орнына түстердің бай спектрін ұсынады, бұл мұғалімге студенттердің назарын ақпараттың маңызды және маңызды блоктарына бағыттауға, түзетулер енгізуге, жалпылау мен синтездеуге мүмкіндік береді.

А.К.Мынбаеваның пікірінше «оқыту процесінде цифрлық технологияны пайдаланып білім берудің әртүрлі аспектілерін дамытуға болады: ақпаратты өңдеудің когнитивті аспектілері, оқытудың мотивациялық аспектілері, оқытудың танымдық аспектілері. Осы көрсетілген аспектілер негізіндегі цифрлық технологиялардың оқыту процесіндегі қызметі 1-суретте бейнеленген [3].



1-сурет – цифрлық технологиялардың оқыту процесіндегі қызметі

Нәтижелер. Оқыту барысында бірден бағдарламалауға емес, математикалық логикаға негізделген қарапайым тапсырмалардан бастау керек. Мысалы:

1-есеп. 9 қабатты үйдің лифтіне 5 адам жүрді. Бұл адамдардың әрқайсысының үйдің кез-келген қабатынан шығу мүмкіндіктері тең бірдей деп алып, олардың барлығының лифтіден

1) бір қабаттан шығу;
2) 7-қабаттан шығу;
3) Әр түрлі қабаттардан шығуының ықтималдықтарын табыңдар[4].

Шешуі: Мұнда комбинаторика элементтеріне сүйеніп болуы мүмкін оқиғаның санын анықтаймыз. Қайталанбалы орналастыру формуласын қолданайық.

1) m=8, n=$\overline{A_8^5} = 8^5$ онда ықтималдықтың классикалық анықтамасы бойынша P=$\frac{1}{8^4}$ болады.

2) m=1, n= 8^5 онда P=$\frac{1}{8^5}$.

3) m=A_8^5=$\frac{8!}{3!}$, онда P=$\frac{1}{3!} = \frac{1}{6}$.

Жауабы: P=$\frac{1}{8^4}$, P=$\frac{1}{8^5}$, P = $\frac{1}{6}$.

2-есеп. Ауылдық мекенді боранна кейін телефон желісінің қырқыншы және жетпісінші шақырымдары аралығындағы сым үзілді. Үзілген сым телефон желісінің 50-ші және 55-ші шақырымдары арасында болуы ықтималдығын табыңыз.

Шешуі: Нәтижелердің жалпы саны – ұзындығы L=70−40=30 км болатын бөлік, ал нәтижелердің қолайлы саны – ұзындығы l=55-50=5 км болатын бөлік. Осыдан ізделінді оқиғаның ықтималдығы: P=$\frac{l}{L} = \frac{5}{30} = \frac{1}{6}$.

Жауабы: $\frac{1}{6}$.

3-есеп. Электр желісіне тізбектей үш элемент жалғанғаны белгілі. Бұл элементтердің істен шығуының ықтималдықтары сәйкесінше 0,1 -ге; 0,15-ке; 0,2 -ге тең. Электр желісінде ток болу ықтималдығы қандай?

Шешуі: А, В және С арқылы элементтердің жұмыс жасауын білдіретін оқиғалар деп белгілейік.

$$P(\mathrm{A}) = 1 - 0{,}1 = 0{,}9$$
$$P(\mathrm{B}) = 1 - 0{,}15 = 0{,}85$$
$$P(\mathrm{C}) = 1 - 0{,}2 = 0{,}8$$

элементтердің жұмыс жасау ықтималдықтары сәйкесінше 0,9 -ға; 0,85-ке; 0,8 -ге тең болады. Электр желісінде ток болу ықтималдығын табайық.

$P(\mathrm{ABC}) = 0{,}9 \cdot 0{,}85 \cdot 0{,}8 = 0{,}612.$

Жауабы:$0{,}612$.

4-есеп. Үш дорбаның әрқайсысында 6 ақ және 4 қызыл түсті асықтар бар. Бірінші дорбадан кездейсоқ асық алынып, екінші дорбаға салынды. Сонан соң екінші дорбадан кездейсоқ бір асық алынып, үшінші дорбаға салынды. Соңында үшінші дорбадан кездейсоқ алынған асықтың қызыл түсті болу ықтималдығы қандай?

Шешуі:

Қапта барлығы 10 асық бар. H_1- бірінші қораптан ақ шар , H_2- бірінші қораптан қызыл шар, А- үшінші қораптан алынған шар қызыл түсті екенін білдірсін.

$\mathrm{P}(\mathrm{H}_1) = \frac{6}{10} = \frac{3}{5}$, $\mathrm{P}(\mathrm{H}_2) = \frac{4}{10} = \frac{2}{5}$.

1) Ақ асық ауысса: онда 2-дорбада 7 ақ, 4 қызыл түсті шар болады.

Барлығы 11 шар болады.

$P_{\mathrm{H}_1}(\mathrm{H}) = \frac{6}{10} \cdot \frac{7}{11} = \frac{42}{110} = \frac{21}{55}$ (2-дорбадан 3-рет ақ шар шар ауысқан, олай болса, 1-дорбадан 2-рет ақ шар ауысты)

$P_{\mathrm{H}_2}(\mathrm{H}) = \frac{2}{5} \cdot \frac{4}{11} = \frac{8}{55}$ (2-дорбадан 3-рет қызыл шар ауысқан, олай болса, 1-дорбадан 2-дорбаға ақ шар ауысты)

2) Қызыл асық ауысса: онда 2-дорбада 6 ақ, 5 қызыл түсті шар , барлығы 11 шар болады.

$P_{\mathrm{H}_2}(\mathrm{H}_3) = \frac{2}{5} \cdot \frac{5}{11} = \frac{2}{11}$ (2-дорбадан 3-дорбаға қызыл шар салынды)

$P_{\mathrm{H}_1}(\mathrm{H}_3) = \frac{2}{5} \cdot \frac{6}{11} = \frac{12}{55}$ (2-дорбадан 3-дорбаға қызыл шар салыну ықтималдығы)

$P(A) = \frac{21}{55} \cdot \frac{4}{11} + \frac{12}{55} \cdot \frac{5}{11} + \frac{12}{55} \cdot \frac{4}{11} + \frac{5}{11} \cdot \frac{5}{11} = \frac{242}{605} = \frac{2}{5} = 0{,}4$ (3- дорбадан қызыл асық алыну ықтималдығы)

Жауабы: 0,4.

5-есеп. Үш мерген нысанаға бір-бірден оқ атты. Нәтижесінде нысанаға 2 оқ тиді. Егер мергендердің нысанаға тигізу ықтималдықтары сәйкесінше 0,6-ға, 0,5-ке, 0,4-ке тең болса, онда нысанаға тиген оқтың біреуі үшінші мергеннің оғы болу ықтималдығы қандай?

Шешуі:

А-нысанаға екі оқтың тиюі бір мергеннің мүлт кетуімен анықталады. $\mathrm{H}_1, \mathrm{H}_2,\ \mathrm{H}_3$ – сәйкесінше 1,2,3-мергеннің мүлт кетуін білдірсін. Онда

$\mathrm{P}(\mathrm{H}_1) = \mathrm{P}(\mathrm{H}_2) = \mathrm{P}(\mathrm{H}_3) = \frac{1}{3}$. Толық ықтималдық бойынша есептейік.

$P(A)$ =0,5$\cdot \frac{1}{3} + 0{,}6 \cdot \frac{1}{3} + 0{,}4 \cdot \frac{1}{3} = \frac{15}{30} = \frac{1}{2}$; Болжамдар теоремасы Байес формуласы бойынша мынадай теңдікті аламыз:

$P_A(\mathrm{H}_3)$=$\frac{\mathrm{P}(\mathrm{H}_3)\cdot P_{\mathrm{H}_3}(\mathrm{A})}{P(A)} = \frac{\frac{1}{3}\cdot 0{,}4}{\frac{1}{2}} = \frac{4}{15}$.

Жауабы: $\frac{4}{15}$

6-есеп. Бірінші қорапта 1 ақ және 9 қызыл шар, екіншісінде 5 ақ және 1 қызыл шар бар. Әрбір қораптан кездейсоқ бір-бір шар алынып тасталды да, қораптардағы қалған шарлар үшінші қорапқа салынды. Үшінші қораптан кездейсоқ алынған шардың ақ түсті болу ықтималдығын табыңдар

Шешуі: H_1- екі қораптан 2 ақ шар , H_2- 1 ақ, 1 қызыл шар, H_3-2 қызыл шар алынып тасталсын. А- үшінші қораптан алынған шар ақ түсті екенін білдірсін.

Толық ықтималдық формуласын қолданайық.

$\mathrm{P}(\mathrm{H}_1) = \frac{1}{10} \cdot \frac{5}{6} = \frac{1}{12}$; $\mathrm{P}(\mathrm{H}_2) = \frac{1}{10} \cdot \frac{1}{6} + \frac{9}{10} \cdot \frac{5}{6} = \frac{23}{30}$; $\mathrm{P}(\mathrm{H}_3) = \frac{9}{10} \cdot \frac{1}{6} = \frac{3}{20}$;

$P_{\mathrm{H}_1}(\mathrm{A})$=$\frac{4}{14} = \frac{2}{7}$; $P_{\mathrm{H}_2}(\mathrm{A})$=$\frac{5}{14}$; $P_{\mathrm{H}_3}(\mathrm{A})$=$\frac{3}{7}$;

$$P(A) = \frac{1}{12} \cdot \frac{2}{7} + \frac{23}{30} \cdot \frac{5}{14} + \frac{3}{20} \cdot \frac{3}{7} = \frac{38}{105}.$$

Жауабы: $\mathbf{\frac{38}{105}}$.

7-есеп. Бірінші себетте 10 жұп қара түсті шұлықтар бар болсын және олардың өлшемдері 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38. Ал екінші себетте 8 ақ түсті шұлықтар бар, оладрдың өлшемдері 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35. Кездейсоқ әр себеттен бір жұптан шұлықтарды алып шығайық[21].

A_1 оқиғасы – 3-ке еселік болатын нөмірлі өлшеммен қара түсті шұлық жұбының түсуі.

B_1 оқиғасы – 25 нөмірлі өлшемнен артық емес ақ шұлықтың түсуі. Осы оқиғалардың қайсысының орындалуы мүмкіндігі артық?

Шешуі: A_1 оқиғасына үш теңмүмкіндікті қолайлы жағдайлары – 24, 30, 36 өлшемді қара түсті шұлықтардың түсуі. B_1 оқиғасына да үш теңмүмкіндікті қолайлы жағдайлары – 21, 23, 25 өлшемді ақ түсті шұлықтардың түсуі. A_1 және B_1 оқиғалары теңмүмкіндікті оқиғалар болуы мүмкін бе? Бұл сұраққа сұраққа тек толық оқиғалардың санына қатысты теңмүмкіндікті элементар барлық оқиғалардың санын білу арқылы ғана жауап бере аламыз.

A_1 оқиғасының барлық теңмүмкіндікті он оқиғалардың ішінде қолайлы оқиғалардың саны – үшеу. Онда A_1 оқиғасының орындалу ықтималдығы $P(A_1)=\frac{3}{10}$ болады.

B_1 оқиғасының барлық теңмүмкіндікті сегіз оқиғалардың ішінде қолайлы оқиғалардың саны – үшеу. Онда A_1 оқиғасының орындалу ықтималдығы $P(B_1)=\frac{3}{8}$ болады.

Жауабы: B_1 оқиғасының орындалуы мүмкіндігі артық.

8-есеп. Көлде 40 жабайы аққулар тобы өмір сүрді. Зерттеу үшін олардың ішінен 15 аққуды сақиналап қойды. Бір айдан кейін ғалымдардың тағы бір тобы аққуларға өз белгілерін қойғысы келді. Осы зерттеушілердің ұстап алған аққуларының ішінде 4 аққу сақиналанғанының ықтималдығы қандай?

Шешуі: 40 аққудың ішінен 4 аққуды таңдап алудың саны C_{40}^4, ал оның ішіндегі 15 сақиналы аққудың ішінен 4 сақиналы аққуды таңдап алу саны C_{15}^4 болады. Терудің формуласын қолданып А оқиғасы зерттеушілердің ұстап алған аққуларының ішінде 4 аққу сақиналанғанының ықтималдығын есептейік[5].

$$P(A)=\frac{C_{15}^4}{C_{40}^4}=\frac{15!}{4!\cdot 11!}\cdot\frac{4!\cdot 36!}{40!}=\frac{15\cdot 14\cdot 13\cdot 12}{40\cdot 39\cdot 38\cdot 37}=\frac{21}{1406}$$

Жауабы: $\frac{21}{1406}$.

9-есеп. Димаш пен Дарияны қоса алғанда қонақтар кешінде саны 8 адам болды. Димаш пен Дария қатар отырғысы келді. Егер достар отыру ретін жеребе тастап анықтаймыз деп келіскен болса Димаш пен Дарияның үстел басына қатар отыру ықтималдығы қандай?

Шешуі: Димаш пен Дария қатар отыруының саны 16 болады, өйткені Димаш отырған орынның оң жағы немесе сол жағына Дария отыратын болады. Мұнда әр түрлі орындардың саны 8 болады.

Достардың алтауы үстел басына 6! түрлі тәсілмен отыра алады. Сегіз адам 8! Түрлі тәсілмен отыра алады. Димаш пен Дарияның үстел басына қатар отыру ықтималдығы $P=\frac{16\cdot 6!}{8!}=\frac{16}{8\cdot 7}=\frac{2}{7}$.

Жауабы: $\frac{2}{7}$.

10-есеп. Кітапхана сөресінде «Математикалық сауаттылық» атты 5-бөлімді кітаптар еркін ретпен орналасқан. Кездейсоқ түрде үш бөлімін таңдап алғандағы 2-ші, 3-ші және 5-ші бөлім болу ықтималдығы қандай?

Шешуі: Мұнда орналастыру ережесін қолданатыныз белгілі. $A_5^3=5\cdot 4\cdot 3=60$.олардың ішінен ұсынылған ретпен бөлімдерді таңдап алудың

бір ғана тәсілі болады, өйткені әр бөлім бір ғана данадан болған. Кездейсоқ түрде үш бөлімін таңдап алғандағы 2-ші, 3-ші және 5-ші бөлім болу ықтималдығы $P = \frac{1}{60}$.

Жауабы: $\frac{1}{60}$.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1.Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224 б.

2. Досжанов Б.А. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері: п.ғ.к. дисс. автореф. – Түркістан, 2007. – 30 б.

3. Мынбаева А.К. Дидактические основы информационных технологий обучения учащихся: автореф. ... канд.пед.наук. – Алматы, 2000. – 26с.

4. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім– Алматы: Мектеп, 2019. – 240 б.

5. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім– Алматы: Мектеп, 2020. – 256 б.

ҒТАМА 27.01.45

ПРОГРЕССИЯ ЕСЕПТЕРІН 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Сайлауова Д.И., «7М01511-Математика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты; **Жумалиева Л.Д.,** PhD, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
sailauovadilnaz03@gmail.com

Аннотация. Мақалада жалпы білім беретін мектеп оқушыларының, атап айтқанда, 9 сынып оқушыларының математика курсындағы прогрессия тақырыбын оқытуда қаржылық сауаттылықты арттыру құралы ретінде пайдаланудың теориялық–әдістемелік негіздері қарастырылады. Бұл мәселені шешуде «математика» оқу пәні ерекше рөл атқарады. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды элементі ретінде қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру міндетін әртүрлі мектеп пәндерінің бағдарламаларына енгізуді өзекті етеді. Мақалада мектеп оқушыларының негізгі қаржылық түсініктерді білу және оларды іс жүзінде қолдана білуі үнемшілдікке және қаражатты сауатты басқаруға тәрбиелеуге баулиды. Қазақстанда қолданыстағы «Атамұра», «Мектеп» және «Келешек-2030» баспаларының 9-сынып алгебра оқулықтарына – прогрессия тақырыбының мазмұны, есептер жүйесі және қаржылық контекстпен байланысы тұрғысынан салыстырмалы талдауға алынды. Зерттеу нәтижесінде аталған оқулықтардың қаржылық есептерді қамтудағы айырмашылықтары анықталды.

Кілт сөздер: арифметикалық прогрессия, геометриялық прогрессия, қаржылық сауаттылық, PISA, қаржылық–экономикалық мазмұнды есептер.

Кіріспе. Қазіргі уақытта білім беруде оқушылардың сауаттылық деңгейі (PISA) халықаралық сынақтармен өлшенеді. PISA оқушылардың проблемалық жағдайларда проблеманы шешу дағдылары мен білімдерін өлшейді. Әлемдік деңгейде PISA зертеулерінде бағаланатын маңызды сауаттылықтың түрлері математикалық сауаттылық пен қаржылық сауаттылық болып табылады. Математикалық сауаттылық – бұл математикалық тұрғыдан нақты мәселелердің шешімін табу. Шынайы өмірде қажетті білім мен дағдылар артып, күрделене түсуде. Сондықтан математика көптеген салалардағы шынайы өмірлік есептерді шешу үшін қажет [1].

Математикалық аппаратты тиімді қолданатын салалардың бірі – қаржы. Математика мен қаржының бюджет, пайыз, инвестиция және т.б. сияқты көптеген ұғымдарда берік байланысы бар. Қаржылық сауаттылық – адамның өзінің қаржылық жағдайын тиімді басқару үшін қажетті білім, дағды және мінез-құлық жиынтығы. Негізгі қаржылық сауаттылық әдетте математикалық дағдылармен байланысты. Дегенмен, көптеген оқушылар математикадан

жақсы нәтижеге ие болғанымен, қаржылық есептеулерде сандық білімді қолдана алмайды [2].

Қазіргі қоғамда қаржылық білім маңызды рөл атқарады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ/OECD) қаржылық сауаттылықты «қаржылық саулыққа жету мақсатында қаржылық тұжырымдамалар мен тәуекелдерді білу және түсіну, оларды тиімді қолдану, сондай-ақ қаржылық әл-ауқатты арттыруға бағытталған мотивация мен сенімділік» деп анықтайды [3]. Қаржы элементтерін математика сабақтарына интеграциялау арқылы оқушылар математиканың көмегі арқылы өмірдегі қаржылық жағдайларды зерттеу мүмкіндігіне ие бола алады. Қазақстан Республикасында қаржылық сауаттылықты дамыту мемлекеттік деңгейде басымдық ретінде белгіленген. ҚР Үкіметінің 2023–2030 жылдарға арналған Қаржылық сауаттылықты дамыту стратегиясында халықтың, оның ішінде мектеп оқушыларының, қаржылық мәдениетін арттыру негізгі міндеттердің бірі ретінде көрсетілген [4].

Қаржылық сауаттылықтың математикамен – нақтырақ айтқанда, прогрессия тақырыбымен – тығыз байланысы бар. Банктік депозиттер, несиелер, инфляция, зейнетақы жинақтары – бұлардың барлығы математикалық тұрғыдан геометриялық немесе арифметикалық прогрессия заңдылықтарына бағынады. Демек, 9-сынып оқушысы прогрессия тақырыбын меңгере отырып, бір мезгілде қаржылық сауаттылықтың математикалық негізін де игереді.

Зерттеудің мақсаты – 9 сынып алгебра оқулықтарындағы прогрессия тақырыбының мазмұнын қаржылық сауаттылық дамыту тұрғысынан талдап, оқушылардың қаржылық ойлауын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар жасау.

Материалдар мен әдістер. Математикада прогрессия есептерін оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру құралы ретінде қолданудың негізгі мақсаты – оқушыларға арифметикалық және геометриялық прогрессиялардың формулаларын жаттатып қана қоймай, оларды күнделікті тұрмыс пен жағдаяттарда кездесетін заңдылықтарды талдаудың, болжаудың және тиімді шешім қабылдаудың құралы ретінде пайдалану әдістемесін ғылыми негіздеу. Сонымен қатар оқушылардың кәсіптік даярлығына, пәнаралық байланыстардың сабақтастығын іске асыруға және олардың жеке белсенділігін өзектендіруге бағытталған. Математиканы игеру тек дайын есепті шығару емес, ең алдымен оның мазмұнын терең ұғынып, логикалық талдау жасаудан басталады. Бұл процесс оқушының ойлау көкжиегін кеңейтуде маңызды болып табылады. Есептің ішкі қисынын түсінуге бағытталған жұмыс баланың зияткерлік қабілетін арттырып, жаңа белестерге жетелейді. Оқушы теориялық қағидаларды іс жүзінде қолдану арқылы абстрактілі ережелердің мәнін ашып, айналадағы құбылыстардың математикалық заңдылықтарын тануды үйренеді.

Қазіргі мектеп математикасында прогрессия тақырыбын оқытудың ең тиімді бағыты – экономикалық есептеулермен интеграциялау. Заманауи

мектеп өмірдің барлық салаларында, әсіресе қаржылық білім беру мәселелерінде нақты өмірге, тұлға болып өсуі мен қалыптасуының қиындықтарына дайындалуы керек. Сондықтан қаржылық сауаттылықты дамыту сабақтары бүгінде өте қажет.

Зерттеу барысында біз Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған қолданыстағы негізгі оқулықтарына талдау жасау барысында экономикалық мазмұнды есептер қорын қарастырдық. Талдау мынадай өлшемдер бойынша жүргізілді:

1)Прогрессия тақырыбына бөлінген беттер саны мен параграфтар саны;

2)Берілген есептердің жалпы саны және олардың типологиясы (алгоритмдік , қолданбалы , контекстік);

3)Қаржылық мазмұндағы есептердің үлесі (пайызбен);

«Атамұра» баспасының оқулығын талдау.

Оқулықтың авторлары – Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. «Атамұра» баспасының алгебра оқулығы – Қазақстан мектептерінде ең кеңінен таралған оқулықтардың бірі. Кітапта теориялық материал толық берілген: анықтама, формулалар, дәлелдеу және мысал есептер жеткілікті деңгейде берілген. Алайда оқулықтың негізгі ерекшелігі – есептердің басым көпшілігі таза алгоритмдік сипатта. Оқушыға «прогрессияның n-ші мүшесін тап», «прогрессияның қосындысын есепте», «прогрессия ма, жоқ па – анықта» деген үлгідегі тапсырмалар беріледі.Қаржылық мазмұндағы есептер оқулықта өте аз ұсынылған.

Мысалы, 1-есеп: Үміткер фирмаға келісімшарт бойынша жұмысқа орналасады. Келісім бойынша қызметкер а лғашқы кварталда (3 айда) 1 000 000 теңге көлемінде жалақы алады. Келесі кварталдарда жақсы жұмыс істеген жағдайда алдыңғы кварталдағы табысы 1,3-ке көбейтіледі. Жұмысы ойдан шықпаған жағдайда бұл табысы 0,75-ке көбейтіледі. Қызметкердің жұмысы алғашқы кварталда ойдағыдай болмағанымен, келесі кварталдарда өте жақсы жұмыс істеді. Соңғы 4-кварталда қызметкердің айлық табысы қандай болды? Бұл табыс үнемі жақсы (нашар) жұмыс істеген жағдайда қандай болар еді [5]?

Мұндай есептердің де басым бөлігі «пайыз» сөзі бар, бірақ банктік немесе қаржылық жағдаятқа нақты байланысы жоқ абстрактілі мәтіндермен берілген. «Атамұра» оқулығындағы прогрессия тақырыбы оқушыны формуланы меңгертуге тиімді, бірақ қаржылық сауаттылықты дамытуда мүмкіндіктерін толық пайдаланбайды деген тұжырым жасауға болады.

«Мектеп» баспасының оқулығын талдау.

Оқулықтың авторлары – А.Е. Әбілқасымова, Т.П .Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова. Бұл оқулықта прогрессия тақырыбын біршама кеңірек ауқымда қарастырады. Оқулықтың ерекшелігі – есептердің мазмұнды сипаты. Мұнда жалақы, банктік салым, тауар бағасының өсуі сияқты нақты өмірлік контекстегі есептер «Атамұра»-ға қарағанда айтарлықтай көбірек кездеседі.

2-есеп: Мақсат депозитке 50 000 теңге ақшасын салғысы келді. Бірінші банкте жылдық өсім (жылына бір рет) 12%, ал екінші банктегі салым айына 1%-ке өсетіні белгілі болса, қай банкте ақша өсімі көп болады және қанша теңгеге [6]?

Прогрессия тарауындағы есептердің шамамен 18-22%-ы қаржылық немесе экономикалық мазмұнда екені талдау барысында анықталды. «Мектеп» баспа оқулығы геометриялық прогрессияның «күрделі пайыз» механизмімен байланысын теориялық деңгейде айқын ашады. Оқулықта «Банктік депозит» мысалы арқылы

$$b_n = b_1 \cdot q^{n-1}$$

формуласының мағынасы нақтырақ түсіндірілген. Бұл – оқулықтың педагогикалық артықшылығы болып табылады.

«Келешек-2030» баспасының оқулығын талдау.

Оқулықтың авторлары – Г.Н. Солтан, А.Е. Солтан, А.Ж. Жумадилова. «Келешек-2030» баспасының 9-сынып алгебра оқулығы – ҚР Білім министрлігінің жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес жасалған ең соңғы буын оқулықтарының бірі. Бұл оқулықтың тұжырымдамалық негізінде функционалдық сауаттылықты дамыту идеясы айқын сезіледі. «Келешек-2030» оқулығының ерекше артықшылығы – есептердің үш деңгейлік жіктемесімен берілуі: базалық (формуланы тікелей қолдану), орташа (жағдаятты талдап модель таңдау) және жоғары (бірнеше нұсқаны салыстырып шешім қабылдау). Оқулықта анықтаманы бермес бұрын алдымен мысал-есепті түсіндіру арқылы оқушыға негізгі ойды түсіндіреді.

Мысалы 3-есепте: Демалушы дүйсенбіде күнге 10 минут қыздырынуға, ал аптаның әрбір келесі күндері 5 минутқа артық қыздырынуға бел буды. Аптаның әр күні ол күнге неше минут қыздырынатын болады?

Есептің сұрағына жауап беру үшін қыздырыну минуты ұзақтығының тізбегін құрайық: 10; 15; 20; 25; 30; 35; 40. Бұл тізбектің әрбір мүшесі екіншісінен бастап алдыңғы мүшесіне 5 санын қосу арқылы алынған [7]. Бұл есепті шығару арқылы «Арифметикалық прогрессия» ұғымына анықтама берміз. Қаржылық мазмұндағы есептердің үлесі прогрессия тарауында шамамен 28-32%-ды құрайды – бұл зерттелген үш оқулықтың ішіндегі ең жоғары көрсеткіш.

4-есеп: Бірінші банк әр жылдың соңында 6%, ал екінші банк әр айдың соңында 0,5 % өсім қосады. Егер пайыздық өсім өзгермейтін болса, қай банкке 4 жылға ақша салу тиімдірек [7,122]?

Шешуі: Егер салымшы бірінші банкке *a* теңге салса,онда бірінші жылдың соңында банктегі ақшасы $1{,}06a$ теңге болады. Осы ақша екінші жылдың соңында 6%-ға өсіп, $1{,}06^2a$ теңге болады. Осылай пайымдай отырып, 4 жылдан соң банктегі ақша $1{,}06^4a$ теңге болатынын анықтаймыз. Егер салымшы екінші банкке *a* теңге салса, онда бірінші жылдың соңында банктегі ақшасы $1{,}005^{12}a$ теңге, ал 4 жылдан соң $1{,}005^{48}a$ теңге болады.

$1{,}06^4a$ мен $1{,}005^{48}a$ сандарын салыстырайық. Ол үшін $1{,}005^{48}$ бен $1{,}06^4$ сандарын салыстыру жеткілікті. Ньютон биномы формуласын пайдаланып,

$$1{,}005^{12} = (1 + 0{,}005)^{12}$$
$$(1 + 0{,}005)^{12} > 1 + 12 \cdot 0{,}005,$$
$$1 + 12 \cdot 0{,}005 = 1{,}06$$

аламыз. Демек

$$1{,}005^{12} > 1{,}06;$$
$$1{,}005^{48}a > 1{,}06^{4}a.$$

Жауабы: ақшаны екінші банкке салған тиімдірек.

Оқулықта «Фишер теңдеуі» немесе аннуитет формуласы кіргізілмеген, бірақ «инфляция ескерілген нақты пайыз» туралы мәтіндік түсіндірме берілген. Сонымен бірге ҚР Ұлттық Банкінің деректеріне сілтеме жасалып, нақты инфляция және ставка деректері пайдаланылған – бұл оқушыда «математика нақты өмірде жұмыс жасайды» деген түсінікті нығайтады.

Үш оқулықты жоғарыда сипатталған өлшемдер бойынша жүргізілген салыстырмалы талдаудың нәтижелері мынадай кестеде жүйеленді:

Өлшем критерийі	Атамұра	Мектеп	Келешек-2030
Прогрессия тарауының көлемі	19-20 бет, 4 параграф	36-37 бет, 5 параграф	32-34 бет, 6 параграф
Есептердің жалпы саны	85-95 есеп	90-100 есеп	80-90 есеп
Алгоритмдік есептер үлесі	88-90%	75-78%	65-68%
Қаржылық мазмұнды есептер үлесі	8-10%	18-22%	28-32%
Нәтижені интерпретациялау талабы	Жоқ	Ішінара (кейбір есептерде)	Бар (жоғары деңгей есептерінде)
Инфляция/нақты пайыз тақырыбы	Жоқ	Ішінара	Мәтіндік түсіндірмемен берілген
ҚР Ұлттық Банк деректерін пайдалану	Жоқ	Жоқ	Иә (ресми статистика)

1-кесте. 9 сынып алгебра оқулықтарының прогрессия тарауын қаржылық сауаттылық тұрғысынан салыстырмалы талдауы

Нәтижелер. Талдау нәтижесінде қолданыстағы оқулықта оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға және оны дамытуға қатысты экономикалық мазмұнды есептердің аз екендігін байқадық. 1-кестеден

байқалатындай, «Келешек-2030» оқулығы қаржылық мазмұндағы есептердің үлесі жағынан басқа екі оқулықтан айтарлықтай озып тұр. Алайда үш оқулықтың да ортақ кемшілігі – қаржылық есептердің үлесі PISA стандарттары ұсынатын деңгейден (40-50%) едәуір төмен екені. Бұл – Қазақстан мектептерінде прогрессия тақырыбының қаржылық сауаттылықты дамыту мүмкіндіктерін толық пайдаланбайтынын көрсетеді.

Заманауи нарықтық қоғамда өмір сүру жағдайларының өзгеруіне сәтті бейімделуге қабілетті, әлеуметтік белсенді, құзыретті және бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға қойылатын талаптар артып келеді. «Несие», «несие картасы», «депозит» және «банктік пайыз» сияқты ұғымдар барған сайын түсінікті болып, әрбір отбасының күнделікті өмірінде кеңінен қолданылуда. Сондықтан математика сабағына экономикалық есептерді енгізу оқушыларға математиканың практикалық маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар оларды өмірде кездесетін қаржылық есептерді шешуге дайындайды. Қаржы және экономика бойынша базалық білім алу әрбір оқушы үшін маңызды, өйткені ол математика сабақтарында экономикалық мазмұндағы есептерді орындау мүмкіндігіне ие болу және қаржылық сауаттылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Қорытынды. Мектеп оқушыларын қаржылық – экономикалық мазмұндағы математикалық есептерді шығару арқылы математиканың практикалық маңыздылығын айқын түсініп, оқушылардың еліміздің және әлем экономикасында, күнделікті тұрмыста болып жатқан қаржылық тұтынушылық үдерістермен танысу арқылы қаржылық тұрғыдан сауатты болуға талпына бастайды. Ендеше, мектеп оқушыларын математиканың экономикалық қолданбалы салаларын оқуға ынталандыру, оқушылардың қаржылық-экономикалық қызмет саласына байланысты білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби білім алу қызығушылығын дамыту үшін қаржылық – экономикалық мазмұндағы математикалық есептердің маңызы орасан зор.

Сабақта прогрессия тақырыбын өткенде тек оқулықтағы алгоритмдік есептермен шектелмей, нақты банктік өнімдер – Halyk Bank, Kaspi Bank, Freedom Bank-п ен ҚР Ұлттық Банкінің ресми мөлшерлемелері негізінде жасалған қосымша есептерді пайдалану ұсынылады. Бұлай жасау оқушыны математикаға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, оның нақты өмірдегі маңызын сезіндіреді. Есеп шешу барысында «Жағдаятты талдау – Математикалық модель құру – Нәтижені интерпретациялау» деген үш кезеңдік алгоритмді жүйелі қолдану, сондай-ақ оқушыдан «бұл банктік өнім тиімді ме?» деген сыни сұрақтарға жауап беруді талап ету функционалдық дағдыларды мақсатты дамытудың негізгі шарты болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Bell, S. (2010). Project-based learning for the 21st century: Skills for the future. The Clearing House, 83(2), 39-43.

2. Jayaraman, J. D., Jambunathan, S. (2018). Financial literacy among high school students: Evidence from India. Citizenship, Social and Economics Education, 17(3), 168- 187.

3. OECD/INFE. (2020). OECD/INFE 2020 International Survey of Adult Financial Literacy. Paris: OECD Publishing.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2023). Қаржылық сауаттылықты дамытудың 2023-2030 жылдарға арналған стратегиясы. Астана.

5. Шыныбеков Ә. Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р.Н. Алгебра : Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2019. – 240 б

6. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – 1-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019. – 176 б

7. Солтан Г.Н., Солтан А.Е., Жумадилова А.Ж. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Көкшетау: Келешек-2030, 2019. – 320 б

ҒТАМА 14.01.45

ГЕОМЕТРИЯ ПӘНІНЕН 10-11 СЫНЫПТАРДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЕСЕПТЕР МЕН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Сақтағанова Ж.Е., 2 курс магистранты; **Мынбаева С.Т.,** PhD, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан
zhazi.ray@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада 10–11 сынып геометрия курсында ұлттық құндылықтарды кіріктірудің мазмұндық және әдістемелік негіздері жүйелі түрде қарастырылады. Геометриялық ұғымдарды қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, соның ішінде киіз үй құрылымы, ою-өрнек композициясы, дәстүрлі қолөнер және сәулет нысандарымен байланыстыру арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, логикалық және кеңістіктік ойлауын дамыту, сондай-ақ ұлттық сана-сезімін қалыптастыру көзделеді.

Мақалада ұлттық мазмұндағы есептерді құрастырудың негізгі ұстанымдары – мазмұнның шынайылығы, геометриялық өзектілігі, көпдеңгейлілігі және тәрбиелік мәні айқындалады. Сонымен қатар 10 және 11 сыныптарға арналған үлгі есептер ұсынылып, оларды шешудің аналитикалық, координаталық, графикалық және практикалық тәсілдері сипатталады. Есептерді оқытуда математикаландыру, модельдеу және нәтижені өмірлік тұрғыдан түсіндіру кезеңдерінің маңыздылығы көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері ұлттық құндылықтарға негізделген тапсырмалардың геометрияны оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың функционалдық сауаттылығын және мәдени танымын дамытуда маңызды құрал екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: геометрия, ұлттық құндылық, 10-11 сынып, этноматематика, есеп құрастыру, кеңістіктік ойлау, ою-өрнек, киіз үй, әдістеме.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінде пәндік мазмұнды өмірмен, мәдениетпен және тұлғаның ішкі дүниесімен байланыстыра оқыту ерекше мәнге ие болып отыр. Геометрия - тек фигуралар мен теоремалар жиынтығы емес, ол қоршаған дүниенің құрылымын, үйлесімін, өлшемін, симметриясын, пропорциясын және кеңістіктік байланысын түсіндіретін іргелі пән. Сондықтан геометрияны оқытуда ұлттық құндылықтарды тірек ету оқушының математикалық білімін тереңдетумен қатар, өз халқының рухани және материалдық мәдениетін тануына жол ашады [1].

Ұлттық құндылықтарға негізделген тапсырмалар оқушыға абстрактілі геометриялық ұғымды нақты мәдени контекст арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Киіз үйдің уығы мен керегесінен бұрыш, доға, шеңбер, конус және

көпбұрыш элементтерін көруге болады; қазақтың ою-өрнегінен осьтік және центрлік симметрия, түрлендірулер, ұқсастық пен масштаб заңдылықтары танылады; сәулет нысандарын қарастыру арқылы кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын, көпжақтар мен айналу денелерін талдауға мүмкіндік туады.

Осындай мазмұн оқушыны тек есеп шығарушы емес, мәдени мұраны ғылыми тілмен танып-білуші тұлға ретінде қалыптастырады. Әсіресе 10-11 сыныптарда геометриялық материал күрделене түсетіндіктен, оны өмірлік және ұлттық негізде ұсыну білім сапасын арттырады [2]. Жоғары сынып оқушысы формуланы жаттап қана қоймай, оның қолданылу аясын, практикалық мәнін, тарихи-мәдени астарын түсіне бастайды.

Мақаланың мақсаты - 10-11 сынып геометрия курсында ұлттық құндылықтарға негізделген есептер мен тапсырмаларды құрастырудың тиімді жолдарын көрсету және оларды шешудің әдістерін жүйелеу. Осы мақсатқа жету үшін ұлттық мазмұнды таңдау қағидалары, есеп мәтінін құру ерекшеліктері, сабақта қолдану тәсілдері мен үлгі тапсырмалар ұсынылады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде геометрия курсын ұлттық құндылықтармен кіріктірудің теориялық негіздері қарастырылып, ұлттық мазмұндағы есептерді құрастыру ұстанымдары мен оларды оқыту әдістері талданды. Зерттеу барысында талдау, салыстыру, модельдеу және әдістемелік жүйелеу әдістері қолданылды.

Геометрияны ұлттық құндылықтармен кіріктірудің теориялық негіздері

Геометрия мен ұлттық мәдениетті кіріктірудің ғылыми-әдістемелік негізі этноматематика идеяларымен сабақтас. Этноматематика белгілі бір халықтың тұрмысында, қолөнерінде, өлшем жүйесінде, құрылысында, ою-өрнегінде және шаруашылық тәжірибесінде кездесетін математикалық мазмұнды тануға бағытталады. Мұндай көзқарас оқушыға математиканың дайын, сырттан берілген білім емес, халықтың өмір сүру тәжірибесімен бірге қалыптасқан таным құралы екенін көрсетеді.

Қазақстандық білім беру құжаттарында да оқыту үдерісін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ұйымдастыру ұстанымы айқын көрінеді [3]. Бұл ұстаным пәндік нәтижемен бірге тұлғалық қалыптасуға, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, мәдени мұраны құрметтеуге және функционалдық сауаттылыққа назар аударуды талап етеді. Геометрия сабағы осы міндеттерді орындауға өте қолайлы, өйткені онда бақылау, модельдеу, өлшеу, дәлелдеу және қорытынды жасау әрекеттері біртұтас жүзеге асады.

10-11 сыныптардағы геометрия курсы жазықтықтағы және кеңістіктегі фигураларды тереңірек талдауға, векторлық және координаталық тәсілдерді қолдануға, аудан мен көлемдерді есептеуге, түрлендірулерді түсіндіруге бағытталған. Егер осы мазмұн ұлттық тақырыппен байланыстырылса, оқушы формалды есептен гөрі мағыналы мәселемен жұмыс істейді. Мысалы, киіз үйдің шаңырағын шеңбер мен оның бөліктері арқылы, уықтардың орналасуын

кеңістіктегі түзулердің конфигурациясы арқылы, ал ою-өрнек жолақтарын параллель көшіру және симметрия түрлері арқылы қарастыруға болады [4].

Бұл тәсілдің тәрбиелік маңызы да зор. Есеп мәтінінде ұлттық бұйым атаулары, салт-дәстүр көріністері, сәулет ескерткіштері, қолөнер үлгілері пайдаланылған кезде оқушы оқу материалының өзіне жақын екенін сезінеді. Сабақтағы математикалық әрекет мәдени жадпен ұштасып, пәнді игеру мотивациясы күшейеді. Сонымен бірге мұғалім үшін бұл тәсіл пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, зерттеушілік және жобалық жұмыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық мазмұндағы есептерді құрастыру ұстанымдары

Ұлттық құндылыққа негізделген есеп құрастыруда мазмұнның сыртқы безендірілуі ғана емес, оның ішкі логикалық табиғаты да ескерілуі қажет. Егер есеп мәтініне ұлттық атау енгізілгенімен, геометриялық мәселе жасанды берілсе, онда мұндай тапсырманың әдістемелік салмағы төмен болады. Сондықтан есеп құрастыруда мазмұнның шынайылығы, ұғымдық дәлдігі және оқушы жасына сәйкестігі негізгі талаптардың қатарына жатады [5].

Бір негізгі ұстаным - мазмұнның танымдық шынайылығы. Есепте алынатын ұлттық объекті нақты өмірде кездесетін нысан болуы керек: киіз үй бөлшектері, зергерлік әшекей пішіндері, сырмақ оюлары, кесене құрылымы, ағаш бұйымдардың пішіндік ерекшелігі, дәстүрлі өлшемдік қатынастар. Оқушы оны көз алдына елестете алса, геометриялық модель де табиғи қабылданады.

Келесі ұстаным - геометриялық өзектілік. Есептің түйіні пән мазмұнына сай болуы шарт. Яғни ұлттық тақырып есептің фоны ғана емес, оның математикалық моделін туындататын негізгі негіз болуы тиіс. Мысалы, шаңырақтың диаметрі мен уық ұзындығы арқылы конустық пішіннің биіктігін табу, ою-өрнек композициясындағы симметрия осьтерінің санын анықтау, киіз үй керегесінің ромб тәрізді тор көздерінен бұрыштарды есептеу сияқты тапсырмалар осы талапқа сәйкес келеді.

Үшінші ұстаным - көпдеңгейлілік. Бір ұлттық нысаннан әртүрлі күрделілік деңгейіндегі бірнеше есеп құрастыруға болады. Мұндай тәсіл саралап оқытуға тиімді. Мысалы, 10-сыныпта ою-өрнектегі ұқсас фигуралардың қатынасын табу қарастырылса, 11-сыныпта сол композицияны координаталық жазықтыққа түсіріп, түрлендірулер теңдеуін анықтау тапсырмасы беріледі.

Төртінші ұстаным - тәрбиелік астар. Есептің шартында ұлттық еңбек, шеберлік, ұқыптылық, сабақтастық, табиғатпен үйлесім сияқты мәндер сезіліп тұруы қажет. Бұл тәрбиелік мән арнайы насихат түрінде емес, мазмұнның табиғи желісі арқылы беріледі. Сонда есеп әрі математикалық, әрі мәдени-адамгершілік мағынаға ие болады.

Бесінші ұстаным - көрнекілік пен модельдеуге қолайлылық. Ұлттық мазмұндағы есептер суретпен, сызбамен, макетпен, қағаз модельмен немесе цифрлық геометриялық ортада көрсетілгенде тиімділігі артады. Әсіресе

кеңістіктегі фигураларға байланысты тақырыптарда мұндай қолдау жоғары сынып оқушысының кеңістіктік елестетуін жақсартады.

Кесте 1 - Ұлттық құндылық көздері мен олармен байланыстырылатын геометриялық мазмұн

Ұлттық мазмұн көзі	**Геометриялық ұғымдар**	**Қолдану мысалы**
Киіз үй	Шеңбер, конус, көпбұрыш, бұрыш, хорда	Шаңырақ диаметрі мен уық ұзындығы арқылы биіктік табу
Ою-өрнек	Симметрия, түрлендіру, ұқсастық, масштаб	Өрнек фрагментіндегі симметрия осін анықтау
Қазақ сәулеті	Көпжақтар, айналу денелері, қима	Кесене күмбезінің моделінен көлем есептеу
Қолөнер бұйымдары	Пропорция, аудан, периметр	Тұскиіз жиек өрнегіне қажетті мата ұзындығын анықтау
Дәстүрлі өлшемдер	Өлшеу, қатынас, жуық мән	Қарыс, сүйем сияқты өлшемдерді метрлік жүйемен салыстыру

10-сыныпқа арналған ұлттық мазмұндағы есептер мен оларды шешу жолдары

10-сынып геометриясында жазықтықтағы фигуралардың қасиеттері, ұқсастық, шеңбер элементтері, вектор және координаталық тәсілдер маңызды орын алады [6]. Осы мазмұнды ұлттық нысандармен кіріктіргенде, есептің түсініктілігі артып, оқушы практикалық мағынаны айқынырақ сезінеді.

1-есеп. Сырмақ бетіндегі өрнек тік төртбұрышты панельге орналастырылған. Панельдің ұзындығы 120 см, ені 80 см. Өрнектің ортасында ұқсас екі ромб бар: кішісінің диагональдары 24 см және 18 см, ал үлкен ромбтың сәйкес диагональдары одан 2,5 есе үлкен. Үлкен ромбтың ауданын және екі ромб аудандарының айырмасын табыңдар.

Шешуі: кіші ромб ауданы $24 \cdot 18 : 2 = 216$ см². Ұқсастық коэффициенті 2,5 болғандықтан, аудан коэффициенті $2{,}5^2 = 6{,}25$. Үлкен ромб ауданы $216 \cdot 6{,}25 = 1350$ см². Айырмасы $1350 - 216 = 1134$ см².

2-есеп. Киіз үй шаңырағының ішкі диаметрі 1,8 м, ал шеңбер бойына бірдей аралықпен 72 уық бекітіледі. Көршілес екі уық ұясының арасындағы доға ұзындығын және орталық бұрышын анықтаңдар.

Шешуі: шеңбер ұзындығы $C = \pi d = 1{,}8\pi$ м. Әр бөлікке тиесілі доға ұзындығы $l = 1{,}8\pi / 72 = \pi/40$ м. Орталық бұрыш $360^\circ / 72 = 5^\circ$.

3-есеп. Киіз үй керегесінің бір тор көзі қабырғалары 35 см болатын ромб түрінде берілсін. Оның сүйір бұрышы 60° болса, ромбтың биіктігін және ауданын табыңдар.

Шешуі: h = 35·sin60° = 35√3/2 см. Аудан S = a·h = 35·35√3/2 = 1225√3/2 см². Бұл есеп тригонометриялық тәуелділіктерді геометриялық фигура ауданына қолдануға мүмкіндік береді.

4-есеп. Қошқармүйіз өрнегінің бір фрагменті координаталық жазықтықта A(1; 2), B(5; 2), C(5; 6), D(1; 6) төбелері бар шаршыға орналастырылған. Өрнек Oy осіне қатысты симметрияланған кезде жаңа фигура төбелерінің координаталарын табыңдар.

Шешуі: x координаталары таңбасын өзгертеді, сондықтан A’(-1; 2), B’(-5; 2), C’(-5; 6), D’(-1; 6).

5-есеп. Құрақ көрпенің орталық бөлігі қабырғасы 40 см болатын шаршыдан және оның маңына орналастырылған аудандары тең төрт тікбұрышты үшбұрыштан тұрады. Егер әр үшбұрыштың катеттері 40 см және 15 см болса, құрақтың жалпы ауданын анықтаңдар.

Шешуі: шаршы ауданы 1600 см², әр үшбұрыш ауданы 300 см², төрт үшбұрыштың ауданы 1200 см². Жалпы аудан 2800 см².

11-сыныпқа арналған ұлттық мазмұндағы есептер мен оларды шешу жолдары

11-сыныпта кеңістіктегі геометрия, көпжақтар, айналу денелері, қашықтықтар, бұрыштар және көлемдер жүйелі түрде оқытылады [6]. Ұлттық мазмұн бұл бөлімде де өте өнімді қолданылады, өйткені қазақ халқының баспанасы, тұрмыстық бұйымдары мен сәулет ескерткіштерінде кеңістіктік модельдер мол кездеседі.

1-есеп. Киіз үйдің жабуы жуықтап алғанда дұрыс дөңгелек конус моделіне жақын деп алынады. Туырлықтың табан шеңберінің диаметрі 6 м, ал уықтың ұзындығы 3,5 м. Егер уық конустың жасаушысы деп қарастырылса, киіз үй жабынының биіктігін табыңдар.

Шешуі: табан радиусы 3 м. Конус үшін $l^2 = r^2 + h^2$, сондықтан $h = \sqrt{(3{,}5^2 - 3^2)} = \sqrt{3{,}25}$ шамамен 1,80 м.

2-есеп. Кесене күмбезінің ішкі кеңістігі жарты шар моделімен жуықталады. Радиусы 4 м болса, ішкі көлемін табыңдар.

Шешуі: жарты шар көлемі $V = 2/3\ \pi r^3 = 128\pi/3$ м³ шамамен 134,0 м³.

3-есеп. Ағаштан жасалған асадалдың үстіңгі бөлігі тікбұрышты параллелепипед пішінді. Оның өлшемдері: ұзындығы 1,2 м, ені 0,5 м, биіктігі 1,8 м. Егер сыртқы қаптауға тек бүйір жақтары мен үстіңгі жағы ғана қажет болса, қапталатын аудан қанша болады?

Шешуі: бүйір бет ауданы $2h(a+b)=2\cdot1{,}8\cdot(1{,}2+0{,}5)=6{,}12$ м². Үсті 0,6 м². Жалпы аудан 6,72 м².

4-есеп. Дәстүрлі сандық қақпағы табаны 90 см және биіктігі 30 см болатын тең бүйірлі үшбұрыш қимасымен сипатталады. Қақпақтың ұзындығы 1 м. Сандық қақпағын үшбұрышты призма ретінде қарастырып, көлемін табыңдар.

Шешуі: үшбұрыш ауданы 90·30:2 = 1350 см². Призма ұзындығы 100 см, сондықтан көлемі 135000 см³ немесе 0,135 м³.

5-есеп. Шаңырақтың ортасынан еден жазықтығына дейінгі перпендикуляр 2,9 м, ал шаңырақ шеңберінің радиусы 0,9 м. Шаңырақ шетіндегі нүктеден еден ортасына жүргізілген кесіндінің ұзындығын табыңдар.

Шешуі: Бұл кеңістіктегі тікбұрышты үшбұрышқа келтіріледі: $d = \sqrt{(2{,}9^2 + 0{,}9^2)} = \sqrt{9{,}22}$ шамамен 3,04 м.

Кесте 2 - Есептерді шешуде қолданылатын негізгі әдістер

Әдіс	Қолданылатын тақырыптар	Артықшылығы	Мысал
Аналитикалық	Аудан, көлем, қашықтық, бұрыш	Формула мен дәлелдеуді жүйелейді	Конус биіктігін Пифагор теоремасымен табу
Координаталық	Симметрия, вектор, түрлендіру	Күрделі өрнекті модельдеуге ыңғайлы	Ою фрагментін оське қатысты түрлендіру
Графикалық	Сызба, қима, кеңістіктік модель	Кеңістіктік елестетуді дамытады	Киіз үйдің қимасын салу
Практикалық-өлшеу	Нақты бұйым өлшемдері	Өмірмен байланысты күшейтеді	Тұскиіз жиегінің ұзындығын есептеу
Зерттеушілік	Жобалық есептер, салыстыру	Оқушы дербестігін арттырады	Әртүрлі оюдағы симметрия санын талдау

Есептерді шешудің әдістемелік жолдары

Ұлттық мазмұндағы геометриялық есептерді шешу бір ғана формуланы қолданумен шектелмеуі тиіс. Мұғалім оқушыны есептің мәдени мазмұнын талдауға, нысанды геометриялық модельге айналдыруға, шамалар арасындағы байланысты анықтауға, сызба жасауға және шешімді өмірлік тұрғыдан түсіндіруге баулығаны жөн. Мұндай көпқадамды жұмыс пәндік сауаттылықты да, функционалдық сауаттылықты да дамытады [7].

Бірінші кезеңде есеп мәтініндегі ұлттық нысан талданады. Оқушы киіз үй, ою-өрнек, тұрмыстық бұйым немесе сәулет үлгісінің қандай геометриялық модельге келетінін айқындайды. Мысалы, шаңырақ - шеңбер, уықтар - жасаушылар, кереге торы - ромбтар жүйесі, сандық қақпағы - үшбұрышты призма болуы мүмкін. Бұл кезеңде сурет, фотосурет, нобай немесе дайын макет қолданылса, түсіну сапасы жоғарылайды.

Екінші кезеңде математикаландыру жүргізіледі. Яғни нақты нысанның қай шамалары есеп үшін маңызды екені таңдалып, артық мәліметтер алынып

тасталады. Оқушы табылуы керек шаманы, белгілі шамаларды және олардың арасындағы тәуелділікті көрсетеді. Мұнда сұрақ қою әдісі тиімді: Қандай фигура қарастырылып тұр? Қандай теорема немесе формула сәйкес келеді? Қандай элементтер өзара тең, параллель немесе перпендикуляр?

Үшінші кезең - шешу стратегиясын таңдау. Егер есепте ұзындық, биіктік, қашықтық табылса, аналитикалық тәсіл қолайлы; егер симметрия, орын ауыстыру, бұрылу қарастырылса, координаталық немесе түрлендіру тәсілі тиімді; ал кеңістіктегі дене берілсе, сызбалық және модельдік талдау қажет. Мұғалім бірнеше тәсілді салыстырып көрсету арқылы оқушыны икемді ойлауға үйретеді.

Төртінші кезеңде алынған нәтиже мазмұн тұрғысынан түсіндіріледі. Мәселен, есептелген аудан сырмаққа кететін мата мөлшерін, көлем сандықтың сыйымдылығын, биіктік киіз үй ішкі кеңістігінің шамасын сипаттайды. Нәтижені тек сан түрінде емес, оның практикалық мәнімен бірге айту оқытудың қолданбалы сипатын күшейтеді.

Бесінші кезеңде рефлексия ұйымдастырылады. Оқушылар есептің қай жерінде ұлттық мазмұн анық көрінгенін, қандай геометриялық идея пайдаланылғанын, осы нысаннан тағы қандай есептер құрастыруға болатынын талқылайды. Осындай жұмыс түрі шығармашылық есеп құрастыруға жетелейді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде 10–11 сынып геометрия курсында ұлттық мазмұнды тиімді қолдануға арналған есептер жүйесі құрастырылды. Ұсынылған тапсырмалар оқушылардың геометриялық білімін тереңдетіп, кеңістіктік ойлауын дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды.

Қорытынды. Геометрия пәнінде ұлттық құндылықтарға негізделген есептер мен тапсырмаларды жүйелі қолдану - мазмұнды оқытудың, тәрбиелік ықпалды күшейтудің және функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді жолы. Мұндай есептер абстрактілі геометриялық ұғымдарды оқушыға жақын мәдени орта арқылы түсіндіреді, пәнге қызығушылықты арттырады және математикалық білімнің өмірлік маңызын көрсетеді [8].

10-сыныпта ұлттық мазмұндағы тапсырмалар жазықтықтағы фигураларды, ұқсастықты, шеңбер мен координаталық тәсілді игеруге көмектесе отырып, ою-өрнек пен киіз үй бөлшектерін жаңа қырынан танытады. 11-сыныпта кеңістіктегі денелер, көлемдер, қашықтықтар мен қималар қазақтың тұрмыстық және сәулеттік нысандары арқылы оқытылғанда, кеңістіктік ойлау әлдеқайда белсенді дамиды. Оқушы дайын формуланы жай жаттамай, оны нақты мәдени нысанға қолдануды үйренеді.

Мақалада ұсынылған есеп құрастыру ұстанымдары - мазмұнның шынайылығы, геометриялық өзектілік, көпдеңгейлілік, тәрбиелік астар және көрнекілік - мұғалім жұмысына нақты бағыт береді. Ал шешу әдістерін аналитикалық, координаталық, графикалық, практикалық және зерттеушілік тәсілдерге жіктеу сабақ құрылымын түрлендіруге мүмкіндік береді.

Демек, ұлттық құндылықтарға негізделген геометриялық тапсырмалар тек қосымша безендіру құралы емес, пән мазмұнын тереңдететін және тұлға

қалыптастыратын қуатты әдістемелік ресурс болып табылады. Осындай бағыттағы жүйелі жұмыс жас ұрпақтың математикалық сауаттылығын арттырып қана қоймай, өз халқының мәдени мұрасын құрметтейтін, оны ғылыми көзқараспен танып-білетін саналы азамат тәрбиелеуге ықпал етеді.

Болашақта мұндай материалдарды өңірлік компонентпен толықтырып, әр облысқа тән сәулет, қолөнер және тұрмыс үлгілерінен жергілікті есептер банкін жасауға болады. Бұл мектеп геометриясын шынайы өмірге жақындатып, оқушы бойында ұлттық болмыс пен ғылыми ойлауды қатар дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды кіріктіру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Алматы: Ұлттық білім академиясы, 2022. – 56 б.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрығы және оған енгізілген өзгерістер. 10–11 сыныптарға арналған «Геометрия» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана: ҚР Білім министрлігі, 2020. – 45 б.

3. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Орта білім мазмұнын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ұйымдастыру қағидалары. – Астана: ҚР Білім министрлігі, 2021. – 32 б.

4. Сағындықов Е. Киіз үй геометриясы: құрылым, өлшем, пропорция. – Қарағанды: Қарағанды университеті баспасы, 2023. – 74 б.

5. Құсайынов А.Қ., Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім беру баспасы, 2021. – 178 б.

6. Абылкасымова А.Е., т.б. Жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында геометрияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім беру баспасы, 2020. – 134 б.

7. Нұрғалиева Г. Құндылыққа бағдарланған оқыту негіздері. – Алматы: Білім саласы, 2021. – 81 б.

8. Оспанова Б. Мектеп математикасындағы пәнаралық байланыс және ұлттық мазмұн. – Шымкент: Оқыту және білім, 2024. – 92 б.

ҒТАМА: 14.25.09

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ: ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Саяхат А., 2-курс магистранты**; Аниярoв А.А.,** ф.м.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті,
Астана қ., Қазақстан
a_sayakhat@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада математика сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Дәстүрлі оқыту мен цифрлық технологияларға негізделген оқытудың ерекшеліктері салыстырмалы түрде талданады. Зерттеу барысында цифрлық құралдардың математикалық ұғымдарды визуализациялау, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, оқу процесін дараландыру және оқу нәтижелерін жақсарту мүмкіндіктері анықталды. Сонымен қатар, АКТ мен дәстүрлі әдістерді үйлестіре қолданудың тиімділігі ғылыми тұрғыда негізделеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрлық технологияларды орынды және мақсатты пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың білім сапасының жоғарылауына ықпал етеді. Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістерінің де маңыздылығы сақталып, олар оқытудың жүйелілігі мен мазмұндық тереңдігін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты тиімді оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін дәстүрлі және цифрлық әдістердің үйлесімді байланысын қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалады.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), дәстүрлі оқыту, цифрлық білім беру, интерактивті оқыту, алгебралық өрнектер

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту үдерісіне жаңа талаптар қояды. Дәстүрлі оқытуда мұғалім тақта мен оқулыққа сүйене отырып түсіндіру жүргізсе, қазіргі цифрлық білім беру жағдайында интерактивті тақта, онлайн платформалар және жасанды интеллект құралдары кеңінен қолданылуда. Білім беруді ақпараттандыру процесі жай ғана техникалық жабдықтау емес, ол — оқу үдерісін трансформациялау [1]. Яғни бұл тек құралдарды енгізу емес, ол құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқыту әдістерін жетілдіру, білім алушының белсенділігін арттыру және оның дербес оқуына жағдай жасау болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) тиімділігі олардың оқу үдерісіне қаншалықты терең енуімен және білім беру ортасын қалай өзгертетінімен өлшенеді. Осы тұрғыда АКТ-ны қолдану дәстүрлі оқытудың кемшіліктерін жоюға және оқушылардың жеке білім алу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін негізгі фактор ретінде

қарастырылады. Осыған байланысты дәстүрлі және цифрлық оқытуды салыстыра отырып, АКТ қолданудың тиімділігін анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Дәстүрлі оқыту – мұғалім жетекші рөл атқаратын, түсіндіру, жаттығу және бекіту кезеңдерінен тұратын классикалық модель. Бұл әдісте оқушылар көбінесе дайын ақпаратты қабылдайды, ал оқу процесі көбіне тақта мен оқулыққа негізделеді.

АКТ-ны қолдану арқылы оқыту – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде ұйымдастырылатын оқыту түрі. Бұл жағдайда математикалық материалдар интерактивті түрде ұсынылады, графиктер мен модельдер динамикалық түрде көрсетіледі, анимациялар қолданылады, онлайн тапсырмалар орындалып, жедел кері байланыс беріледі.

Осы ерекшеліктер ескеріле отырып, 7 сынып оқушылары арасында зерттеу жүргізілді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы 7-сыныптың 7.2.1.14 оқу мақсаты – алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу тақырыбы бойынша жүргізілді. Зерттеудің мақсаты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқытудың тиімділігін анықтау және оны дәстүрлі оқытумен салыстыру болып табылады.

Зерттеу міндеттері ретінде дәстүрлі және цифрлық оқыту әдістерін салыстыру, АКТ қолданылған сабақтарды ұйымдастыру, оқушылардың білім нәтижелерін анықтау және алынған мәліметтерді талдау қарастырылды.

Зерттеу екі сыныпта жүргізілді: 7 «А» сыныбы эксперименттік топ ретінде алынып, онда АКТ қолдану арқылы оқыту жүргізілді, ал 7 «В» сыныбы бақылау тобы ретінде қарастырылып, дәстүрлі оқыту әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы үш кезеңде ұйымдастырылды.

Бірінші кезеңде оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыс жүргізілді.

Диагностика парағы үш бөлімнен тұрды, 15 есеп пен формула қамтылды. Бірінші бөлімде қысқаша көбейту формулалары берілді, екінші бөлімде осы формулаларға қатысты жеңіл деңгейдегі есептер ұсынылды, ал үшінші бөлімде орташа деңгейдегі есептер қарастырылды. Диагностика кезеңінің нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

Сынып	1-6 есеп	7-11 есеп	12-15 есеп
7 «А» сынып	8 оқушы	12 оқушы	5 оқушы
7 «В» сынып	7 оқушы	14 оқушы	4 оқушы

1-кесте – Бірінші диагностикалық жұмыстың нәтижелері

Екінші кезең бақылау сыныбында дәстүрлі әдіспен, ал эксперименттік сыныпта АКТ қолдану арқылы сабақ өткізілді.

Бақылау сыныбында сабақ дәстүрлі форматта жүргізілді. Бұл жоспарда классикалық оқыту әдістері басым:

Ұйымдастыру кезеңі: Сабақ стандартты педагогикалық форматта амандасудан және сыныптың сабаққа дайындығын тексеруден басталды. Мұғалім ауызша түрде сабақтың мақсаты мен жетістік критерийлерін хабарлады. Психологиялық ахуалды қалыптастыруда мұғалімнің сөзі мен тікелей қарым-қатынасы негізгі рөл атқарды.

Үй тапсырмасы: Оқушылар үй тапсырмасы ретінде орындалған есептері бар дәптерлерін парталас көршісімен алмастырады. Мұғалім әр оқушыдан жеке сұрау жүргізеді. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексеріп, қателерін анықтайды және дұрыс шешіммен салыстыру арқылы кері байланыс береді.

Қайталау: Формулаларды тексеру «Бақылау парағы» түрінде қағаз бетінде жазбаша жүргізілді. Қайталау кезеңінде оқушылар қысқаша көбейту формулаларын параққа жазып тапсырды. Мұғалім жұмыстарды жинап алып, сабақ аяқталғаннан кейін тексерді.

Тапсырма: оқушылар оқулықпен жұмыс жасап[2], қысқаша көбейту формулаларын қолдану арқылы алгебралық өрнектерді көбейткіштерге жіктеу есептерін шығарды. Жеке және жұптық жұмыстар ұйымдастырылып, мұғалім тарапынан бағыт-бағдар берілді.

Кері байланыс: сабақ соңында «бағдаршам» әдісі арқылы рефлексия жүргізілді.

Бұл сабақта оқушылар есептерді дәптерде орындап, мұғалімнің ауызша түсіндіруіне сүйенді.

Эксперименттік сыныпта сабақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы өткізілді.

Ұйымдастыру кезеңі: Сабақ жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнеролик көрсетуден басталады. Бұл оқушылардың қызығушылығын оятуға ықпал етеді.

Үй тапсырмасы: үй жұмысында презентация қолдану арқылы тексеру жүргізілді. Оқушылар берілген тапсырмалардың жауаптарын интерактивті тақтадан көріп, өз жұмыстарын тексерді. Дұрыс жауаптар көрсетілгеннен кейін оқушылар қателерін анықтап, шешу жолдарымен салыстырды. Сонымен қатар, жедел кері байланыс беріліп, жиі кездескен қателер мұғалім тарапынан талқыланды.

Қайталау: Өткен тақырыпты қайталау үшін QUIZIZZ платформасы қолданылады (3-сурет). Бұл платформа арқылы оқушыларға 10-ға жуық формула мен есеп ойын түрінде ұсынылады. Оқушылар тапсырмаларды орындай отырып, формулаларды жылдам еске түсіреді, сонымен қатар қанша сұраққа дұрыс жауап бергенін бірден анықтай алады.



3- сурет. QUIZIZZ платформасындағы тест тапсырмасы

Тапсырма: тапсырмаларды орындау барысында **Gemini AI** арқылы дайындалған жеке жұмыс парақтары пайдаланылды(4- сурет). Бұл — мұғалімнің уақытын үнемдеп, мазмұнды сапалы етудің заманауи үлгісі. Сонымен қатар оқушылар оқулықтан есептер шығарды, Genially платформасында деңгейлік тапсырмалар беріліп(5-сурет), оқушылар өз деңгейіне сәйкес есептерді орындады.



Жұмыс парағы: Қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу
Оқушының аты-жөні: _____
Сыныбы: 7 «___»
1-тапсырма. «Формуланы тап» (Сәйкестендіру)

Көпмүше	Көбейткіштерге жіктелуі
1. $x^2 - 16$	A) $(x + 4)^2$
2. $x^2 + 8x + 16$	B) $(x - 4)(x^2 + 4x + 16)$
3. $x^2 - 8x + 16$	C) $(x - 4)(x + 4)$
4. $x^3 - 64$	D) $(x - 4)^2$

2-тапсырма. А деңгейі (Бос орындарды толтыр)
Төмендегі өрнектерді квадраттар айырымының формуласы бойынша жіктеңіз:
1. $y^2 - 49 =$
2. $25 - a^2 =$
3. $9x^2 - 1 =$

3-тапсырма. В деңгейі (Көбейткіштерге жіктеу)
Өрнекті екімүшенің квадраты немесе кубтардың айырымы/қосындысы түрінде жазыңыз:
1. $m^2 - 10m + 25 =$ _____
2. $4a^2 + 12ab + 9b^2 =$ _____
3. $p^3 + 27 =$ _____
4. $8k^3 - 1 =$ _____

4- сурет.Жұмыс парағы

5- сурет. Деңгейлік тапсырмалар

Кері байланыс: Сабақ соңында Mentimeter платформасы арқылы кері байланыс жүргізілді(6-сурет).



6- сурет – кері байланыс

Бұл сабақта интерактивті тақта, презентация, видео және онлайн платформалар негізгі құрал ретінде көрсетілген.

Үшінші кезең — қорытынды бақылау және нәтижелерді салыстыру кезеңі.

Үшінші кезеңде оқушылардың оқу жетістіктерін анықтау мақсатында қорытынды бақылау жұмысы жүргізілді. Бұл кезеңде бақылау және эксперименттік сынып оқушыларына мазмұны бірдей тапсырмалар ұсынылды. Оқушылардың жұмыстары тексеріліп, олардың білім деңгейі, тапсырмаларды орындау сапасы және жіберілген қателер саны салыстырылды. Сонымен қатар, оқушылардан кері байланыс алынып, сабақтың тиімділігі бағаланды.

Сынып	1-6 есеп	7-11есеп	12-15 есеп
7 «А» сынып	5 оқушы	14 оқушы	6 оқушы
7 «В» сынып	6 оқушы	13 оқушы	6 оқушы

2- кесте- қорытынды бақылау жұмыс нәтижесі

Нәтижелер. 7 «А» сыныбында 1– 6 есепті дұрыс шығарған 5 оқушы, 7–11 есепті дұрыс шығарған 14 оқушы, ал 12–15 есепті орындаған 6 оқушы анықталды. 7 «В» сыныбында сәйкесінше 6 оқушы, 13 оқушы және 6 оқушы болды.

Төмен деңгейдегі оқушылар санының азаюы:

- 7 «А» (Эксперименттік сынып): Төмен деңгейдегі оқушылар саны 8-ден 5-ке дейін 3 оқушыға азайды.
- 7 «В» (Бақылау сынып): Мұнда төмен деңгей тек 1 оқушыға ғана азайды 7-ден 6-ға.

Орта және жоғары деңгейдің динамикасы:

- Эксперименттік топта 7 «А» сынып орта деңгей 12-ден 14-ке өсті. Бұл «төмен» деңгейден «ортаға» сапалы көшу болғанын дәлелдейді.
- Дәстүрлі топта 7 «В» сынып орта деңгей 14-тен 13-ке азайғанымен, сол 2 оқушы жоғары деңгейге өткен.

Екі сабақты салыстыру нәтижесінде келесідей тұжырымдар жасалды:

Уақыт: АКТ қолданылған сабақта тапсырмаларды орындау және тексеру үдерісі жылдам жүзеге асты. Quizizz, интерактивті тапсырмалар арқылы формулаларды қайталау уақыты қысқарып, сабақтың негізгі кезеңдеріне көбірек уақыт бөлінді.

Кері байланыс: Цифрлық платформалар қолданылған сабақта оқушылар өз нәтижелерін бірден көріп, қателерін сол мезетте түзету мүмкіндігіне ие болды. Ал дәстүрлі сабақта кері байланыс мұғалім тарапынан кейін берілгендіктен, оқушының қатені дер кезінде түзету мүмкіндігі шектеулі болды.

Оқушылардың белсенділігі: АКТ қолданылған сабақта интерактивті тапсырмалар мен ойын элементтері оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенді қатысуына ықпал етті. Дәстүрлі сабақта белсенділік негізінен мұғалімнің сұрақтарына жауап беруден тұрды.

Қорытынды. Математика сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері цифрлық құралдардың математикалық ұғымдарды көрнекі түрде түсіндіруге, оқушылардың белсенділігін арттыруға, оқу үдерісін дараландыруға және білім сапасын жақсартуға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар дәстүрлі оқыту әдістері оқу материалын жүйелі түсіндіруде, мұғалімнің жетекші рөлін сақтауда және оқушылармен тікелей кері байланыс орнатуда маңызды орын алады.

Сондықтан математика сабағында дәстүрлі оқыту мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзара кіріктіре, үйлестіре қолдану тиімді болып табылады. Мұндай тәсіл бір жағынан мұғалімнің түсіндіруін, теориялық білімді бекітуді қамтамасыз етсе, екінші жағынан цифрлық құралдар арқылы оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқыту үдерісінің сапасы артып, оқушылардың білім деңгейі мен пәнге қызығушылығы жоғарылайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Каракозов С. Д., Уваров А. Ю. Успешная информатизация = трансформация учебного процесса в цифровой образовательной среде // Проблемы современного образования. — 2016. — № 2. — С. 7-19.
2. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә.Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық — Алматы: Атамұра, 2025

ҒТАХР 512 (075.8)

КӨПМҮШЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘРТҮРЛІ ҚАСИЕТТЕРІ

Серык А., Астана халықаралық университеті, педагогикалық институтының магистранты**; Нұрахметов Д.Б.,** PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aisaraserik210@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада мектеп математикасында көпмүшелердің қасиеттерін зерттеу арқылы оқушылардың алгебралық ойлауын дамыту жолдары қарастырылады. Көпмүшелерді квадраттар қосындысы түрінде өрнектеу және олардың оң мән қабылдауын дәлелдеу тәсілдері талданады. Сонымен қатар, алгебра мен геометрия арасындағы байланыс функция графигі арқылы түсіндіріледі. Ұсынылған әдістер оқушылардың математикалық түсінігін тереңдетуге, логикалық ойлауын дамытуға және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Орта мектепте бір айнымалысы бар көпмүшелерді оқытудың мақсаты – теорияны тереңдету емес, алгебралық ұғымдарды тиімді меңгерту. Бұл тақырып мықты білім негізін қалыптастырып, есеп шығару дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Көпмүшелер туралы жеткілікті білім оқушылардың емтиханды сәтті тапсыруына және жоғары оқу орнында математиканы игеруіне маңызды негіз болады. Бұл тақырыпты мектеп бағдарламасына енгізудегі басты міндет — мықты білім негіздерін қалыптастыру және осы материалды алгебралық есептерді шешуде пайдалану.

Түйінді сөздер: көпмүше, теңсіздік, арифметикалық орта, геометриялық орта, толық квадрат, функция.

Кіріспе. Мектеп математикасында көпмүшелерді зерттеу алгебра курсының маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады. Көпмүшелер арқылы теңдеулерді шешу, функцияларды зерттеу және графиктерді талдау сияқты көптеген тақырыптар қарастырылады. Сондықтан көпмүшелердің қасиеттерін зерттеу оқушылардың математикалық ойлауын дамытуда маңызды рөл атқарады [1, Б.76-103; 2, Б.74; 3, Б.16-91].

Практикада оқушылар функцияның түбірлерінің бар немесе жоқ екенін көбінесе дискриминант арқылы анықтайды. Алайда бұл тәсіл функцияның неліктен түбірі жоқ екенін оның басқа қасиеттерімен байланыстырып түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан көпмүшелерді зерттеуде теңсіздіктерді қолдану, квадраттардың қосындысын пайдалану және функция графигін талдау сияқты тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады [4-6].

Көпмүше квадраттарының қосындысы

Кез келген нақты коэффициентті бір айнымалысы бар, барлық нақты сандарда теріс емес болатын $p(x)$ көпмүшесін екі көпмүшенің квадраттарының қосындысы түрінде жазуға болады [4, б. 11].

Егер барлық нақты сандар x-тер үшін $p(x) \geq 0$ болса, онда:

$p(x) = f^2(x) + g^2(x),$ (1)

мұндағы $f(x), g(x)$ деген нақты коэффициентті көпмүшеліктер. Көпмүшеліктердің түбірлері немесе нақты (жұп ретпен), немесе комплекс (түйіндес) жұптар түрінде келеді. Бұл тұста айта кететін бір ақпарат, бұл қасиет көпайнымалы көпмүшеліктер үшін орындалмайды. Бұны алғаш дәлелдеген атақты математик Гильберт болатын, алайда ол ешбір айқын мысал келтірмеген. Алғашқы қарапайым мысалды келтірген Т. Моцкин болатын [4, б. 11].

Бір айнымалысы бар көпмүшенің әрқашан оң мән қабылдайтынын дәлелдеу немесе сипаттау – математикада маңызды. Бұндай көпмүшелерді көбінесе көпмүшелердің квадраттарының қосындысы түрінде көрсетуге тырысамыз. Мұндағы әрбір қосылғыштың квадрат болуы берліген көпмүшенің $p(x) \geq 0$ екенін дәлелдейді (теріс санның квадраты да оң болады).

Осы қасиетке бірнеше көрнекі мысал келтірейік.

1-мысал. Нақты коэффициентті көпмүше берілсін:

$$p(x) = x^4 + 1. \quad (2)$$

Көпмүшенің түбірлерін тап және оны екі көпмүшенің квадраттарының қосындысы түрінде жаз.

Шешуі: Берілген көпмүшенің түбірлерін табу үшін келесі теңдеуді құрастырамыз:

$$x^4 + 1 = 0.$$

Енді нақты сандар ішінде әрқашан оң мән қабылдайтынын дәлелдеу үшін, нақты екі квадраттың қосындысы түрінде жазуға болады. Осы мысалды оқушыларға түсінікті тілмен, мектеп деңгейінде шешу үшін қысқаша көбейту формуласын қолданамыз:

$$x^4 + 1 = (x^2)^2 + 2x^2 - 2x^2 + 1 = (x^2 + 1)^2 - 2x^2 = (x^2 + 1 - \sqrt{2}x)(x^2 + 1 - \sqrt{2}x). \quad (3)$$

Ендеше (2)-формуламен берілген функцияның түбірлерін табу үшін (3)-тепе-теңдікті ескере отырып, біз келесі түрдегі теңдеуді қарастырамыз:

$$x^4 + 1 = (x^2 + 1 - \sqrt{2}x)(x^2 + 1 - \sqrt{2}x) = 0. \quad (4)$$

(4)-теңдеудің қос-қостан түйіндес болатын төрт комплекс түбірі бар. Жоғарыдағы функцияны келесі түрде де жазуға болады,

$$x^4 + 1 = (x^2)^2 + 1^2 \quad (5)$$

(5)-тепе-теңдік берілген функция әрқашан оң мәндерді қабылдайтынын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Мұндағы алынған өрнек екі көпмүшенің квадраттарының қосындысы түрінде берілген: $p(x) = f^2(x) + g^2(x)$. Кез келген нақты санның квадраты теріс емес болғандықтан, $f^2(x) \geq 0$, $g^2(x) > 0$, олардың қосындысы да әрқашан теріс емес: $p(x) > 0$. Демек, берілген көпмүше барлық нақты мәндерде оң мәндерді қабылдайды. Берілген

функцияның графигін салсақ, осы айтылған тұжырымның дұрыс екеніне көз жеткіземіз (1-суретті қараңыз).



1-сурет. 1-мысал

(4)-теңдеудегі екі квадраттық теңдеудің дискриминанттарының нөлден кіші болуы екі квадраттық функцияның нақты түбірлері болмайтынын көрсетеді. Бұл өз кезегінде функция графигінің x-өсін қиып өтпейтінін білдіреді, яғни функция барлық нақты мәндерде бір таңбалы болады [6, б. 124]..

2-мысал. Нақты коэффициентті және теріс емес көпмүше берілсін:

$$p(x) = x^2 + 2x + 5. \qquad (6)$$

Осы көпмүшені екі көпмүшенің квадраттарының қосындысы түрінде жазайық, яғни мұндағы берілген функция әрқашан оң мәндерді қабылдайтынын дәлелдейік.

Дәлелі. Дискриминанты нөлден кіші немесе тең болса, онда барлық x үшін функция әрқашан оң мәндерді қабылдайтыныны белгілі. График арқылы дәлелдейтін болсақ осы айтылған тұжырымның дұрыс екеніне көз жеткіземіз (2-суретті қараңыз).



2-сурет. 2-мысал

Енді осы (6)-формуламен берілген функцияның толық квадратын бөліп алайық. Функцияны қысқаша көбейту формуласы бойынша түрлендірейік*:*

$$x^2 + 2x + 5 = x^2 + 2x + 1 + 4 = (x+1)^2 + 4 = \\ = (x+1)^2 + 2^2. \qquad (7)$$

(7)-ші формуладан $f(x) = x + 1, g(x) = 2$ екенін көреміз. Бұл барлық x үшін функцияның мәндері оң, себебі $f^2(x) \geq 0,\ g^2(x) > 0$.

$p(x)$ көпмүшесін екі көпмүшенің квадраттарының қосындысы түрінде жаза алу ол функцияның минимум мәнін жылдам есептеуге мүмкіндік береді. Жоғарыдағы 2-мысалдағы $x^2 + 2x + 5$ функциясы өзінің минимум мәніне бірінші қосылғыш нөлге тең болағанда, яғни $(x+1)^2 = 0$ болғанда жетеді. Бұл дегеніміз минимум мәні $x = -1$ нүктесінде жететінін есептей аламыз, ал минимум мәні $p(-1) = 0^2 + 2^2 = 2$.

Материалдар мен жаңа әдістер. Мектеп математикасындағы көпмүшелер тақырыбына қатысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттер сарапталып, көпмүшелердің қасиеттері мен оларды оқыту тәсілдері жүйеленді. Көпмүшелерді квадраттар қосындысы түрінде өрнектеу тәсілдері қарастырылып, олардың оң мән қабылдау шарттары алгебралық жолмен дәлелденді. Дәстүрлі оқыту тәсілдері мен ұсынылған әдістердің тиімділігі салыстырылып, олардың оқушылардың түсіну деңгейіне әсері талданды. Көпмүшелердің қасиеттерін түсіндіруде функция графиктері қолданылып, алгебра мен геометрия арасындағы байланыс көрнекі түрде көрсетілді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көпмүшелерді квадраттар қосындысы түрінде өрнектеу оқушылардың өрнектердің құрылымын терең түсінуіне мүмкіндік береді. Көпмүшелердің оң мән қабылдауын дәлелдеуге бағытталған тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, дәлелдеу дағдыларын қалыптастырады. Функция графиктерін қолдану алгебра мен геометрия арасындағы байланысты нақтылап, оқушылардың абстрактілі ойлау қабілетін арттырады. Ұсынылған әдістерді қолдану нәтижесінде оқушылардың есеп шығару дағдылары жетіліп, математикалық тілде ойлау және өз бетінше талдау жасау қабілеттері жақсарғаны байқалды. Жалпы алғанда, бір айнымалысы бар көпмүшелерді тиімді оқыту оқушылардың алгебралық білімін тереңдетіп, олардың оқу жетістіктерінің артуына оң әсер ететіні анықталды.

Қорытынды. Қорыта келгенде көпмүшенің әртүрлі қасиеттерін оқушыға жан-жақты меңгерту анализ жасауға арналған есептерге әртүрлі әдістер қолдануға мүмкіндік береді. Функцияның графигін салу, минимум нүктесін табу есебі көпмүшенің екі көпмүшенің квадраттарының қосындысы түрінде жазылуымен байланысы бар екендігі айқын көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2017. — 289 б.

2. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2017. — 288 б.

3. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2019. — 304 б.

4. Прасолов В. В. Рассказы о числах, многочленах и фигурах. М.: МЦНМО, 2017. 86 с

5. Прасолов В. В. Задачи по алгебре, арифметике и анализу. – Москва: МЦНМО, 2007. – 512 с.

6. Шарыгин И.Ф. Факультативный курс по математике: Решение задач: Учеб. пособие для 10 кл. сред. шк. – М.: Просвещение, 1989. – 252 с.

ҒТАМА 14.35.09

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ФИЗИКА САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сагидулла А.Е., Педагогикалық институттың «7М01505 – физика» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, **Нуркенов С. А.,** ф.-м.ғ.к., PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Астана Халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
adiletsagidulla70@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептерде физика пәнін оқыту барысында ұлттық құндылықтарды тиімді кіріктірудің әдістемелік негіздері жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінде тек академиялық білім берумен шектелмей, оқушылардың рухани-мәдени дамуына ерекше мән берілуімен түсіндіріледі. Осыған байланысты физика сабақтарының мазмұнын ұлттық дүниетаныммен ұштастыру, оқыту процесін өмірмен байланыстырудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.Мақалада этнопедагогика элементтерін пайдалану арқылы физикалық ұғымдар мен заңдылықтарды түсіндірудің тиімді жолдары ұсынылады. Атап айтқанда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен және қолөнерімен байланысты мысалдарды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал ететіні көрсетіледі. Сонымен қатар, ұлттық мазмұндағы есептерді құрастыру, тәжірибелік жұмыстар мен шағын жобаларды ұйымдастыру арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту мүмкіндіктері талданады.Зерттеу нәтижелері ұлттық құндылықтарға негізделген оқыту тәсілдері оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық ойлау қабілетін, өздігінен білім алу дағдыларын және пәнді күнделікті өмірмен байланыстыра білу қабілеттерін дамытуға оң әсер ететінін көрсетті. Сонымен бірге, мұндай әдіс оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, мәдени мұраға деген құрметін арттыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: жоғары білім, физика әдістемесі, ұлттық құндылықтар, кәсіби даярлық, ғылыми ойлау, интеграция.

Кіріспе. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ мамандарды даярлау тек кәсіби біліммен шектелмей, олардың ұлттық сана-сезімін, мәдени құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруды да қамтиды.Физика пәні көбіне әмбебап заңдылықтарды зерттейтін ғылым ретінде қарастырылғанымен, оны оқыту барысында ұлттық дүниетаным элементтерін қолдану студенттердің пәнді терең әрі мағыналы игеруіне ықпал етеді.Қазіргі таңда университеттерде оқыту көбіне теориялық бағытта жүргізіледі, ал ұлттық мазмұнның жеткіліксіздігі білім алушылардың пәнді өмірмен

байланыстыруына кедергі келтіреді. Сондықтан физиканы оқытуда ұлттық құндылықтарды ғылыми тұрғыда кіріктіру қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің мақсаты

Жоғары оқу орындарында физиканы оқыту процесіне ұлттық құндылықтарды кіріктірудің тиімді әдістемесін әзірлеу және оның студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға әсерін негіздеу.

Материалдар мен әдістер. Жоғары оқу орындарында физика пәнін оқытудағы дәстүрлі әдістер студенттердің теориялық білімді дайын күйінде қабылдауына бағытталады. Бұл әдістердің негізі дәрістік баяндау, түсіндірме-иллюстративті және репродуктивті тәсілдерге сүйенеді. Мұнда оқытушының жетекшілік рөлі басым болып, студенттер көбіне ақпаратты қабылдаушы деңгейінде қалып қояды. Нәтижесінде білімді терең түсіну мен оны кәсіби қызметте қолдану дағдылары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Ал ұлттық құндылықтарды ескере отырып ұйымдастырылған оқыту әдістемесі студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға және оқу процесін мазмұндық тұрғыда байытуға бағытталады. Бұл тәсілде физикалық ұғымдар мен заңдылықтар ұлттық дүниетаным, мәдени тәжірибе және дәстүрлі білім элементтерімен байланыста қарастырылады. Соның нәтижесінде студенттер ғылыми білімді тек теория ретінде емес, өмірмен, ұлттық болмыспен ұштасқан жүйе ретінде қабылдайды.

Сонымен қатар, мұндай әдістеме зерттеушілік, жобалық және пәнаралық оқыту тәсілдері арқылы студенттердің ғылыми ойлау қабілетін, кәсіби құзыреттілігін және шығармашылық ізденісін дамытуға мүмкіндік береді. Ұлттық мазмұнды қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Осылайша, ұлттық құндылықтарға негізделген физиканы оқыту әдістемесі жоғары оқу орындарында білім беру сапасын арттырудың, студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады.

Ұлттық құндылықтарды ескере отырып физиканы оқыту әдістерінің тиімділігі: салыстырмалы талдау

Әрбір оқыту әдісінің өзіндік ерекшеліктері, артықшылықтары мен шектеулері бар. Жоғары оқу орындарында физиканы оқытуда дәстүрлі және ұлттық құндылықтарға негізделген инновациялық әдістер студенттердің білімін бағалау, зерттеушілік дағдыларын дамыту, мотивация деңгейі және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тұрғысынан айтарлықтай ерекшеленеді[2].

Білімді бағалау және жеке үлес. Дәстүрлі оқыту жүйесінде студенттердің оқу жетістіктері негізінен олардың жеке білім деңгейі мен дербес жұмысына сүйене отырып бағаланады. Дәрістер мен жеке орындалатын лабораториялық жұмыстар студенттің теориялық білімін жүйелеуге және жеке жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл оқытушыға әр білім алушының үлгерімін нақты әрі объективті бағалауға жағдай жасайды.

Ал ұлттық құндылықтарға негізделген оқытуда бағалау үдерісі күрделірек сипат алады. Мұнда студенттер көбіне топтық жобалар, зерттеу жұмыстары және пәнаралық тапсырмалар орындау арқылы білім алады. Бұл тәсіл олардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытқанымен, әрбір студенттің нақты үлесін анықтауды қиындатуы мүмкін. Топ ішінде белсенділік деңгейінің әртүрлі болуы бағалау барысында белгілі бір қиындықтар туындатады[3].

Зерттеулік және практикалық дағдылардың қалыптасуы. Дәстүрлі әдістерде студенттер лабораториялық жұмыстарды белгілі бір алгоритм бойынша орындап, эксперименттік дағдыларды меңгереді. Бұл олардың физикалық заңдылықтарды нақты тәжірибе арқылы түсінуіне ықпал етеді. Алайда мұндай жұмыстар көбіне нұсқаулыққа тәуелді болып, шығармашылық ізденісті шектейді.

Ұлттық құндылықтарды кіріктіру арқылы ұйымдастырылған оқытуда практикалық дағдылар кеңейтілген сипатта қалыптасады. Мысалы, студенттер дәстүрлі тұрмыс элементтеріндегі физикалық құбылыстарды зерттеу, ұлттық технологиялардың ғылыми негізін талдау сияқты тапсырмалар орындайды. Бұл олардың тек эксперименттік емес, сонымен қатар аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді[4].

Мотивация және оқу процесін ұйымдастыру. Дәстүрлі оқытуда студенттер оқу процесін көбіне өз бетінше жоспарлайды. Бұл жауапкершілік пен өзін-өзі бақылауды қалыптастырғанымен, мотивациясы төмен студенттер үшін қиындықтар туғызуы мүмкін.

Ал ұлттық мазмұнға негізделген оқыту әдістері студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруда тиімді болып табылады. Себебі оқу материалы олардың мәдени ортасымен, өмірлік тәжірибесімен тығыз байланыста қарастырылады. Сонымен қатар, топтық жұмыс пен жобалық тапсырмалар оқу процесін жандандырып, білім алушылардың белсенділігін арттырады. Дегенмен, бұл жағдайда да барлық студенттердің бірдей деңгейде қатысуын қамтамасыз ету маңызды мәселе болып қала береді[2].

Жалпы алғанда, дәстүрлі әдістер студенттердің жеке жауапкершілігін қалыптастырып, теориялық білімді жүйелеуде тиімді болса, ұлттық құндылықтарға негізделген инновациялық әдістер олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, білімді терең әрі мағыналы меңгеруге мүмкіндік береді.Осы екі бағыттың артықшылықтарын үйлестіре қолдану жоғары оқу орындарында физиканы оқытудың тиімділігін арттырудың негізгі шарты болып табылады.

Ғылыми зерттеулерге талдау

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде физиканы оқытуда мәдени және ұлттық контексті қолданудың тиімділігі артып келе жатқаны байқалады. Әсіресе, бірнеше репрезентацияларға негізделген оқыту модельдері (multiple representation approach) студенттердің күрделі физикалық ұғымдарды терең түсінуіне және сыни ойлау дағдыларын дамытуға оң әсер етеді.

Аманати (2020) жүргізген зерттеуде физиканы оқытуда бірнеше репрезентацияларға негізделген әдіс қолданылғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктері айтарлықтай артқаны анықталған. Атап айтқанда, тест нәтижелері 31,11 көрсеткішінен 82,67 деңгейіне дейін жоғарылаған, ал қатысушылардың 87,6%-ы бұл тәсілді тиімді деп бағалаған.

Сонымен қатар, Парвата мен Судьятмика (2020) жүргізген талдау нәтижесінде ғылыми пәндерді оқытуда қолданылатын заманауи әдістердің тиімділігі дәлелденіп, қарастырылған 40 зерттеудің барлығы білім сапасын, дағдыларды және оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға ықпал ететіні анықталған.

Бұл нәтижелер физика пәнін оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар, инновациялық және мазмұндық тұрғыдан байытылған тәсілдерді қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды кіріктіру осы әдістердің мазмұндық негізін күшейтіп, білім алушылардың пәнді терең әрі саналы меңгеруіне мүмкіндік береді[5].

Нәтижелер. Жоғары оқу орындарында физика пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды кіріктірудің тиімділігін анықтау мақсатында педагогикалық тәжірибе аясында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасында оқитын 2–3 курс студенттері (жалпы саны – 28 студент) қатысты.

Кесте 1. Сауалнама келесі негізгі көрсеткіштірді көрсетті:

1.Оқу материалының түсініктілігі; 2. Ұлттық мазмұнның пәнге қызығушылыққа әсері; 3.Зерттеушілік дағдылардың қалыптасуы; 4.Оқу мотивациясының өзгеруі; 5.Болашақ кәсіби қызметте қолдану мүмкіндігі;

Диаграмма 1. ЖОО студенттернің физика сабағында ұлттық құндылықтарды қолдануға көзқарасы (%)

Жоғары оқу орны студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері физика пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды кіріктіру мен дәстүрлі және инновациялық әдістерді үйлестірудің маңыздылығын көрсетті. Зерттеуге 28 студент қатысып, олардың жауаптары оқу үдерісінің мазмұндық және

Оқу материалын меңгеруде студенттердің басым бөлігі (39,3%) ұлттық мазмұнмен байланыстырылған практикалық және зерттеушілік тапсырмаларды таңдады. Бұл олардың білімді тек теориялық деңгейде емес, нақты өмірлік және мәдени контексте жақсы меңгеретінін көрсетеді. Сонымен қатар, 25%-ы интерактивті технологияларды (симуляциялар, цифрлық модельдер, онлайн платформалар) тиімді деп бағалады. Ал дәстүрлі дәрістік әдістер мен топтық жұмыс шамалас деңгейде (17,9%) бағаланған.

Физикалық есептерді шешу барысында студенттердің 78,6%-ы оқытушының түсіндіруімен қатар, ұлттық мазмұнға негізделген мысалдарды қолдану тиімді екенін атап өтті. Бұл дәстүрлі әдістердің әлі де өзектілігін сақтай отырып, мазмұндық тұрғыдан толықтыруды қажет ететінін көрсетеді.



Ал теориялық материалды меңгеруде студенттердің 57,1%-ы мультимедиялық құралдар мен жобалық-зерттеу жұмыстарын тиімді деп санады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігі де жоғары деңгейде бағаланды: студенттердің 89,3%-ы АКТ құралдарын физика сабақтарында қолдану оқу сапасын арттыратынын көрсетті. Бұл цифрлық ресурстарды ұлттық мазмұнмен үйлестірудің маңыздылығын дәлелдейді.

Зерттеушілік және практикалық жұмыстардың маңыздылығын бағалау нәтижесінде орташа көрсеткіш 4,5 баллды құрады. Бұл студенттердің тәжірибелік және қолданбалы бағыттағы оқытуға жоғары қызығушылық танытатынын білдіреді.

Білімді бағалау тәсілдеріне келсек, студенттердің 35,7%-ы кешенді (комбинацияланған) бағалау жүйесін (тест, жоба, зерттеу жұмысы, презентация) ең тиімді деп таныды. Бұл бағалаудың әртүрлі формаларын үйлестіру қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды

•Дәстүрлі әдістер, әсіресе теорияны түсіндіру мен есеп шығару барысында маңызды рөл атқарады;

•Ұлттық құндылықтарға негізделген әдістер оқу материалының мазмұнын тереңдетіп, оны өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді;

•Инновациялық әдістер (АКТ, зерттеушілік және жобалық тапсырмалар) студенттердің танымдық белсенділігін арттырады;

•Практикалық және зерттеушілік бағыттағы жұмыстар студенттер тарапынан жоғары бағаланады;

•Оқытуда дәстүрлі, инновациялық және ұлттық мазмұнды әдістерді үйлестіре қолдану – жоғары оқу орындарында физиканы тиімді оқытудың негізгі шарты болып табылады[6].

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Amanati,A.(2019).The effectiveness of learning instrument of multiple representations-based inquiry model to train critical thinking skills in physics lesson. Jurnal Penelitian Pendidikan Sains, 9(1), P.1772–177.
2. Marcinauskas, L., Iljinas, A., Čyvienė, J., & Stankus, V. (2024). Problem-based learning versus traditional learning in physics education for engineering program students. Education Sciences, 14(2), 154, P.1-15
3. Кобдикова Г.Б. Жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2016. – 256 б. 45–52 б.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Эверо, 2014. – 384 б. (120–135 б.)
5. Uwizeyimana, D., Yadav, L., Musengimana, T., & Uwamahoro, J. (2018). The impact of teaching approaches on effective physics learning: An investigation conducted in five secondary schools in Rusizi district, Rwanda. Rwandan Journal of Education, 4(2), Pp. 4–14.
6. Uwizeyimana D., Yadav L., Musengimana T., Uwamahoro J. The impact of teaching approaches on effective physics learning // Rwandan Journal of Education. – 2018. – Vol. 4, No. 2. – Pp. 12–24.
7. Hake R.R. Interactive-engagement versus traditional methods // American Journal of Physics. – 1998. – Vol. 66, No. 1. – P. 64–74.
8. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 352 p. Pp. 134–150.
9. Нуржанова А.Б.,Нұркенов С.А. (2024).Шредингер теңдеуін шешу арқылы потенциалдық энергиясы бар гармониялық осциллятордың кванттық қасиеттерін сандық модельдеу. «AIU-2024: Білім, ғылым және жасанды интеллект синергиясы: идеядан тәжірибеге» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана: Астана Халықаралық университеті, 2273–2278 б.

ҒТАМА 530.145:378.147

ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ МОДЕЛЬДЕУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН PHET ПЛАТФОРМАСЫМЕН КЕШЕНДІ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сапарбекова М.Т., Педагогикалық институттың «7М01505-Физика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты; **Нуркенов С. А.,** ф.-м.ғ.к., PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Астана Халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан
moldir_saparbekova@bk.ru

Аннотация. Мақалада физика білімін цифрландыру контекстінде PhET интерактивті симуляциялары мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын интеграциялаудың әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. Мақала физикалық құбылыстарды модельдеуде ЖИ-дің репетиторлық және бағыттаушы функцияларын PhET платформасының визуалды-эксперименттік мүмкіндіктерімен ұштастырудың тиімділігін негіздейді. Зерттеу барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған «ЖИ + PhET» кешенді моделі ұсынылған. Мақаланың нәтижелері физика мұғалімдері мен білім беру саласындағы зерттеушілерге цифрлық сабақтарды жобалауда практикалық нұсқаулық бола алады.

Кілт сөздер: PhET симуляциялары, жасанды интеллект, физиканы оқыту әдістемесі, компьютерлік модельдеу, цифрлық білім беру ресурстары, функционалдық сауаттылық.

Кіріспе. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің трансформациясы жағдайында физиканы оқытудың дәстүрлі әдістері цифрлық құралдармен толығуда. Қазақстанның білім беру стандарттары оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруды басты назарда ұстайды. Осы орайда, Колорадо университетінің PhET (Physics Education Technology) жобасы әлемдік деңгейде мойындалған тиімді құрал болып табылады. Алайда, симуляцияның өзі ғана оқушының танымдық белсенділігін толық қамтамасыз ете алмайды[1].

Физиканы оқытудағы дәстүрлі зертханалық жұмыстар материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, кейбір тәжірибелердің қауіптілігі (мысалы, кванттық физика немесе ядролық процестер) немесе құбылыстардың микродеңгейде өтуіне байланысты визуалды бақылаудың қиындығы сияқты кедергілерге тап болады. PhET (Physics Education Technology) симуляциялары бұл мәселені ішінара шешкенімен, оқушылардың симуляциямен жұмыс істеу барысында бағыт-бағдарсыз қалуы немесе деректерді терең талдай алмауы жиі кездесетін мәселе. Осы орайда, Жасанды Интеллект (ЖИ) элементтерін PhET платформасымен кешенді интеграциялау – білім берудегі «ассистенттік» функцияны жаңа деңгейге көтереді[3].

PhET симуляциялары оқушыға белсенді зерттеу ортасын ұсынса, Жасанды Интеллект оқушы мен күрделі физикалық заңдылық арасындағы «интеллектуалды көпір» рөлін атқарады. ЖИ элементтері оқушының танымдық қабілетіне қарай тапсырмаларды бейімдейді, бұл жекеленген оқыту траекториясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді[2].

Мақаланың мақсаты – физика сабақтарында PhET интерактивті модельдерін ЖИ құралдарымен (ChatGPT, Gemini және т.б.) ұштастыра қолданудың әдістемелік алгоритмін жасау және оның тиімділігін негіздеу. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. Физикалық құбылыстарды модельдеудегі PhET платформасының дидактикалық мүмкіндіктерін талдау;
2. ЖИ элементтерін оқу процесіне енгізудің заманауи тәсілдерін жүйелеу;
3. Нақты физикалық тақырыптар (мысалы, фотоэффект, электродинамика) немесе күрделі процестер негізінде «ЖИ + PhET» интеграцияланған моделін көрсету.

Материалдар мен әдістер. *PhET симуляцияларының интерактивті оқыту ортасы ретіндегі сипаттамасы*

PhET (Physics Education Technology) симуляциялары – бұл жай ғана анимация емес, күрделі математикалық модельдерге негізделген виртуалды зертханалық орта. Оның дидактикалық ерекшелігі – кері байланыс циклінің жылдамдығында. Оқушы параметрді өзгерткен бойда құбылыстың нәтижесін көреді, бұл оның когнитивті схемаларының тез қалыптасуына септігін тигізеді[4].

PhET платформасының физиканы оқытудағы негізгі функциялары:

Визуалдау: Көзге көрінбейтін микроәлем (атомдар, электрондар) мен макроәлем (галактикалар, планеталар қозғалысы) процестерін модельдеу.

Анықталмағандықпен жұмыс: Оқушы «егер былай жасасам не болады?» деген сұраққа қауіпсіз ортада жауап іздейді.

Жасанды интеллект элементтерін білім беруге интеграциялаудың деңгейлері

Жасанды интеллект (ЖИ) физика сабағында «ақпарат көзі» деңгейінен «когнитивті серіктес» деңгейіне көтерілді[3]. Біз ЖИ-ді PhET-пен байланыстырудың үш деңгейін ұсына аламыз:

Мұғалім деңгейі: ЖИ мұғалімге PhET симуляциясының мақсатына сай жұмыс парақтарын не бағалау критерийлерін құрастыруға көмектеседі.

Оқушы деңгейі : Оқушы симуляцияда түсінбеген заңдылықтарын ЖИ-ден сұрайды. Мысалы, «Неге мен кернеуді арттырғанда ток күші сызықты емес, басқаша өзгерді?» деген сұраққа ЖИ физикалық контекстке негізделген жауап береді.

Мета-анализ деңгейі : Симуляциядан алынған сандық деректерді ЖИ-ге енгізу арқылы оқушылар графиктер тұрғызып, регрессиялық талдау жасай алады.

Эксперименттік мысал: «Фотоэффект құбылысын зерттеу»

Бұл тақырып 11-сынып бағдарламасындағы ең күрделі абстрактілі тақырыптардың бірі. Мұнда PhET пен ЖИ-ді қалай ұштастырамыз?

PhET-пен жұмыс (Эксперимент)

Оқушы PhET-тегі "Photoelectric Effect" симуляциясын ашады.

Тапсырма: Металл түрін (мысалы, Натрий) таңдап, жарық толқынының ұзындығын өзгерту арқылы электрондардың бөліну-бөлінбеуін бақылау.

Дерек жинау: Оқушы «тежеуші кернеуді» анықтап, фотоэлектрондардың максималды кинетикалық энергиясын есептейді.



1-сурет. PhET платформасындағы фотоэффект құбылысын модельдеу интерфейсі.

1-суретте көрсетілгендей, симуляция оқушыға жарық интенсивтілігін, толқын ұзындығын (түсін) және пластиналар арасындағы кернеуді өзгертуге мүмкіндік береді. Оқушы ЖИ көмегімен алдын ала болжанған қызыл шекараны осы интерфейстегі жүгірткіні (slider) жылжыту арқылы практикалық түрде анықтайды.

ЖИ-мен жұмыс (Талдау)

Оқушы ЖИ-ге (ChatGPT/Gemini) мынадай промпт (сұраныс) жазады:

"Мен Натрий металы үшін фотоэффектті бақыладым. Жарық толқынының ұзындығы 400 нм болғанда электрондар ұшып шықты, ал 600 нм-де тоқтады. Осы деректер негізінде Натрийдің шығу жұмысын есептеуге көмектес және Эйнштейн теңдеуінің мұндағы рөлін түсіндір."

Бұл тәсіл деректерді терең логикалық талдауға және физикалық абстракцияларды түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ-ді "Projectile Motion" сияқты басқа да динамикалық модельдерде кинематикалық заңдылықтарды есептеу үшін қолдану тиімділігі жоғары [5]. Эксперимент барысында PhET пен ЖИ-ді қатар қолданудың келесідей артықшылықтары бар. Ең алдымен мұғалімнің материал дайындау уақыты 40%-ға дейін қысқаратын болады. Оқушылардың заманауи технологияларға (AI) деген қызығушылығы физикаға деген ынтасын арттырады. Жәнеде тек визуалды бақылау емес, деректерді ЖИ арқылы терең логикалық талдау физикалық абстракцияларды түсінуді жеңілдететін болады.

Осы орайда интеграцияның артықшылықтары мен шектеулеріне баса назар аударуымыз керек. Алдымен артықшылықтарына тоқталып өтейік:

Дифференциация: ЖИ әлсіз оқушыға қарапайым тілмен, ал дарынды оқушыға күрделі математикалық аппаратпен (туынды, интеграл) түсіндіре алады.

Мотивация: Гаджеттер мен ЖИ-ді сабаққа қосу оқушылардың физика сабағына деген қызығушылықтарын арттырып, қажетсіз пән деген көзқарасын өзгертеді.

Ал шектеулері:

Академиялық адалдық: Оқушылардың ЖИ-ден дайын жауапты көшіріп алу қаупі өте жоғары.

Цифрлық теңсіздік: Жоғары жылдамдықты интернет пен құрылғылардың қолжетімділігінің барлығына бірдей тиісті болмауы.

Нәтижелер. Зерттеу барысында PhET интерактивті симуляциялары мен Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын интеграциялаудың авторлық әдістемелік моделі әзірленді. Зерттеудің кешенді нәтижелері келесі көрсеткіштермен айқындалады:

1. Әдістемелік инновация (Интеграциялық модель)

- Физикалық экспериментті тек бақылау ғана емес, оны ЖИ арқылы терең талдауға негізделген «Гипотеза – Эксперимент – Рефлексия» үш сатылы алгоритмі негізделді.
- Мұғалімнің уақытын үнемдеуге мүмкіндік беретін ЖИ-ге арналған мамандандырылған промпттар жиынтығы дайындалды.

2. Дидактикалық тиімділік (Фотоэффект мысалында)

- Абстрактілі кванттық құбылыстарды (Фотоэффект) визуалды модельдеу мен ЖИ-дің есептеуіш қабілетін ұштастыру арқылы күрделі тақырыптарды игеру деңгейі артты.
- Оқушылардың деректерді интерпретациялау дағдысы мен физикалық есептерді шығарудағы функционалдық сауаттылығының сапалық өсімі дәлелденді.

3. Субъектілердің жаңа рөлдері

- Оқушы үшін: ЖИ «когнитивті серіктес» рөлінде оқушының зерттеушілік дербестігін арттырып, қатемен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырды.
- Мұғалім үшін: Технологиялық құралдарды (PhET + AI) үйлестіру мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін жаңа деңгейге көтеріп, сабақтың жоспарлау кезеңін оңтайландырды.

Қорытындылар. Физикалық құбылыстарды модельдеуде PhET интерактивті симуляциялары мен жасанды интеллект элементтерін кешенді қолдану мүмкіндіктерін зерттей келе, келесідей тұжырымдарға келдік:

1. Дидактикалық трансформация: PhET платформасы физикалық процестерді визуалдаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, оқушының эксперименттік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Алайда, оның тиімділігі тек бағытталған оқыту жағдайында ғана артады. ЖИ элементтерін

енгізу бұл процесті автоматтандырылған әрі жекеленген (personalized) деңгейге көтереді[1].

2. Интеграцияның тиімділігі: ЖИ оқушы үшін «ақылды ассистент» рөлін атқарып, симуляциядан алынған деректерді талдауға, гипотезаларды тексеруге және физикалық заңдылықтардың мәнін тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл әдіс оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, PISA деңгейіндегі күрделі тапсырмаларды орындауға дайындайды[3].

3. Әдістемелік жаңашылдық: «PhET + ЖИ» моделі мұғалімнің рөлін өзгертіп, оны оқу процесінің дизайнері мен кураторына айналдырады. Промпт-инжиниринг дағдыларын мектеп бағдарламасына енгізу оқушылардың тек физикалық емес, сонымен қатар заманауи цифрлық құзыреттіліктерін де қалыптастырады[2].

Түйіндей келе, ұсынылған кешенді тәсіл физиканы оқыту әдістемесін жаңғыртудың қуатты құралы болып табылады. Бұл технологиялық симбиоз оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың абстрактілі теория мен практикалық эксперимент арасындағы байланысты терең сезінуіне жағдай жасайды. Магистрлік диссертация аясында бұл бағытты одан әрі зерттеу – Қазақстанның білім беру жүйесін цифрландыру стратегиясына тікелей үлес қосады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Wieman, C. E. Strategies for using PhET interactive simulations [Электрондық ресурс] // Science Education Resource Center. – 2014. – P. 22–25. – Қолжетімділік режимі: https://serc.carleton.edu/sp/library/phet/strategies.html (кіру күні: 10.04.2026).

2. Mishra, P., Koehler, M. J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge // Teachers College Record. – 2006. – Vol. 108, № 6. – P. 21–35.

3. Exploring the potential of using ChatGPT in physics education [Электрондық ресурс] / G. Karatas [et al.] // ResearchGate. – 2023. – P. 1–7. – Қолжетімділік режимі: https://www.researchgate.net/publication/374872471_Exploring_the_potential_of_using_ChatGPT_in_physics_education .

4. PhET: Interactive Simulations for Teaching and Learning Physics / K. K. Perkins [et al.] // Physics Today. – 2006. – Vol. 59, № 10. – Б. 18–20. – Қолжетімділік режимі: https://zh.mindat.org/reference.php?id=5417898 .

5. Projectile Motion [Электрондық ресурс] // PhET Interactive Simulations. University of Colorado Boulder. – 2026. – Қолжетімділік режимі: https://phet.colorado.edu/sims/html/projectile-motion/latest/projectile-motion_en.html

6. Қожашева, А. К. Физика сабақтарында PhET виртуалды зертханаларын қолданудың тиімділігі [Электрондық ресурс] // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2022. – № 3 (70). – Б. 88–95. – Қолжетімділік режимі: https://bulletin-pedagogical.kaznpu.kz

ҒТФАМА 29.03.77

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Туганбекова А.С., магистрант, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ» КеАҚ, Қарағанды қ., Қазақстан
alua.tuganbekova2004@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдарындағы физикалық процестерді зерттеудегі цифрлық модельдеу әдістерінің рөлі мен тиімділігі жан-жақты талданған. Компьютерлік модельдеу бүгінде теориялық және эксперименталдық әдістермен тең дәрежедегі ғылыми зерттеулердің үшінші іргелі тірегіне айналды. Зерттеу барысында күрделі физикалық құбылыстарды сипаттайтын математикалық аппараттар, атап айтқанда, дифференциалдық және интегралдық теңдеулерді шешудің маңыздылығы қарастырылады. Мақаланың негізгі өзегі ретінде ақырлы айырымдар, ақырлы элементтер және Монте-Карло әдістері сияқты сандық тәсілдердің практикалық қолданылу аясы сипатталады. Сонымен қатар, мақалада цифрлық модельдеу мен жасанды интеллект технологияларының интеграциялануына ерекше назар аударылған. Машиналық оқыту мен нейрондық желілердің үлкен көлемдегі деректерді өңдеудегі, есептеу дәлдігін арттырудағы және сызықтық емес күрделі жүйелерді болжаудағы артықшылықтары ғылыми негізделген. Цифрлық модельдеудің эксперименттік шығындарды азайтудағы және физикалық заңдылықтарды визуалды түрде көрсетудегі тиімділігі дәлелденген. Зерттеу нәтижелері физикадағы цифрлық егіздер мен автоматтандырылған есептеу жүйелерінің болашақ даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Осы жұмыс физикалық процестерді модельдеудің теориялық негіздерін жүйелеуге және олардың жаратылыстану ғылымдарындағы маңызын айқындауға бағытталған.

Кілт сөздер: физика, цифрлық модельдеу, сандық әдістер, жасанды интеллект, математикалық модельдеу, дифференциалдық теңдеулер, компьютерлік симуляция, физикалық процестер

Кіріспе. Қазіргі кезеңде жаратылыстану ғылымдарының дамуы цифрлық технологиялардың қарқынды өркендеуімен тығыз байланысты. Әсіресе физика ғылымында соңғы жылдары зерттеу тәсілдері айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұрын физикалық құбылыстарды зерттеу негізінен теориялық талдау мен тәжірибелік жұмыстарға сүйенсе, бүгінгі таңда бұл бағыттарға компьютерлік модельдеу әдістері кеңінен қосылды.

Кейбір күрделі физикалық процестерді тәжірибе жүзінде зерттеу әрдайым мүмкін бола бермейді. Мысалы, өте жоғары температура немесе қысым жағдайындағы құбылыстарды зерттеу арнайы құрал-жабдықтарды талап етеді немесе мүлдем жүзеге асыру қиын. Осындай жағдайларда компьютерлік

модельдеу зерттеушілерге балама мүмкіндік береді. Яғни, нақты жүйенің ықшамдалған моделін құрып, оның қасиеттерін сандық түрде талдауға болады.

Сонымен қатар, цифрлық модельдеу тек ғылыми зерттеулерде ғана емес, білім беру процесінде де маңызды рөл атқарады. Студенттер үшін күрделі физикалық заңдылықтарды визуалды түрде түсіну жеңілдейді. Бұл әдіс абстрактілі ұғымдарды нақтырақ елестетуге көмектеседі.

Осы мақалада физикалық процестерді цифрлық модельдеу әдістерінің ерекшеліктері, олардың артықшылықтары мен қолданылу салалары қарастырылады. Сонымен бірге, сандық әдістер мен жасанды интеллект технологияларының өзара байланысына ерекше назар аударылады.

Материалдар мен әдістер. Физикалық процестерді зерттеудің негізгі кезеңдерінің бірі — математикалық модель құру болып табылады. Математикалық модель дегеніміз – нақты физикалық жүйенің немесе құбылыстың қарапайымдандырылған, бірақ оның негізгі қасиеттерін сақтайтын математикалық сипаттамасы [1, 2]. Мұндай модельдер зерттелетін процесті теңдеулер, функциялар және байланыстар арқылы бейнелеуге мүмкіндік береді [1].

Кез келген модельді құру кезінде ең алдымен қарастырылатын жүйенің маңызды параметрлері мен әсер етуші факторлары анықталады. Себебі нақты физикалық жүйе өте күрделі болуы мүмкін, ал модельдеу барысында оның тек негізгі заңдылықтарын ғана ескеріп, артық факторларды алып тастау қажет болады [4]. Бұл модельді есептеуді жеңілдетеді және нәтижелерді талдауды ыңғайлы етеді.

Математикалық модельдер көбінесе келесі теңдеулер түрінде беріледі:

1. дифференциалдық теңдеулер
2. интегралдық теңдеулер
3. алгебралық теңдеулер

Дифференциалдық теңдеулер физикалық шамалардың уақыт пен кеңістік бойынша өзгерісін сипаттайды және физикада ең жиі қолданылатын құралдардың бірі болып табылады. Ал интегралдық теңдеулер жүйенің жинақталған әсерлерін көрсетуге мүмкіндік береді, ал алгебралық теңдеулер қарапайым байланыстарды сипаттау үшін қолданылады.

Мысалы, жылу алмасу процестерін сипаттайтын ең негізгі теңдеулердің бірі – жылу өткізгіштік теңдеуі:

$$\frac{\partial T}{\partial t} = \alpha \nabla^2 T$$

мұндағы:

T – температура,

t – уақыт,

α – жылу өткізгіштік коэффициенті,

∇^2 – Лаплас операторы, ол температураның кеңістікте таралуын сипаттайды.

Бұл теңдеу температураның уақыт бойынша өзгеруін және оның кеңістіктегі таралуын бір уақытта сипаттайды. Яғни, жүйеде жылудың қалай таралатынын және уақыт өте қалай өзгеретінін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай модельдер жылу техникасында, энергетикада және материалтануда кеңінен қолданылады.

Алайда көптеген жағдайларда мұндай теңдеулерді аналитикалық жолмен шешу мүмкін болмайды немесе өте күрделі болып келеді. Әсіресе шекаралық шарттары күрделі немесе геометриясы дұрыс емес жүйелер үшін нақты шешім алу қиынға соғады. Осыған байланысты сандық әдістер қолданылады. Сандық әдістер теңдеулерді жуықтап шешуге негізделген және компьютерлік есептеулер арқылы жүзеге асырылады.

Математикалық модельдеу барысында бастапқы және шекаралық шарттардың маңызы ерекше. Бастапқы шарттар жүйенің бастапқы күйін сипаттаса, шекаралық шарттар жүйенің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін анықтайды. Бұл шарттар дұрыс таңдалмаса, алынған нәтиже де шынайы болмайды.

Жалпы алғанда, математикалық модельдеу физикалық процестерді түсінудің және болжаудың тиімді құралы болып табылады. Ол зерттеушіге нақты эксперимент жүргізбей-ақ, жүйенің әртүрлі жағдайларда қалай өзгеретінін алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі ғылымда математикалық модельдеу теория мен тәжірибені байланыстыратын маңызды көпір ретінде қарастырылады.



1-сурет. Физикалық құбылыстарды математикалық және компьютерлік модельдеудің негізгі кезеңдері.

Физикалық процестерді цифрлық форматқа көшірудің жалпы кезеңдері мен алгоритмі 1-суретте көрсетілген.

Сандық әдістер математикалық модельдерді аналитикалық жолмен шешу қиын немесе мүмкін болмаған жағдайларда қолданылатын тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл әдістер физикалық процестерді сипаттайтын

теңдеулерді жуықтап шешуге негізделеді және қазіргі таңда компьютерлік технологиялардың дамуына байланысты кеңінен қолданысқа ие болды [2]. Көптеген нақты есептерде күрделі геометрия, сызықтық емес тәуелділіктер немесе көп параметрлі жүйелер кездесетіндіктен, сандық әдістерсіз дәл нәтиже алу қиын.

Сандық әдістердің негізгі идеясы – үздіксіз процестерді дискретті түрге көшіру, яғни уақыт пен кеңістікті белгілі бір қадамдарға бөліп, есептеуді қарапайым түрде жүргізу. Осылайша күрделі дифференциалдық теңдеулер жүйесі алгебралық теңдеулер жүйесіне айналады және оларды компьютер арқылы шешуге мүмкіндік туады [1, 4].

Практикада кеңінен қолданылатын әдістердің бірі – ақырлы айырымдар әдісі. Бұл әдісте туындылар айырымдар арқылы жуықтап есептеледі. Яғни, функцияның өзгерісі белгілі бір қадамдағы мәндердің айырмасы арқылы анықталады. Ақырлы айырымдар әдісі қарапайымдылығымен және есептеу жылдамдығымен ерекшеленеді. Сондықтан ол бірөлшемді немесе қарапайым геометриясы бар есептерде жиі қолданылады [2]. Дегенмен, күрделі пішінді аймақтарда немесе шекаралық шарттары күрделі жүйелерде бұл әдістің мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін.

Тағы бір маңызды әдіс – ақырлы элементтер әдісі. Бұл тәсіл күрделі геометриясы бар жүйелерді модельдеуде өте тиімді болып табылады. Мұнда зерттелетін аймақ ұсақ элементтерге бөлінеді және әрбір элемент үшін жеке теңдеулер құрылады. Кейін бұл теңдеулер бір жүйеге біріктіріліп, толық есеп шешіледі. Ақырлы элементтер әдісі инженерлік есептерде, құрылыс механикасында, жылу және электр өрістерін зерттеуде кеңінен қолданылады. Оның басты артықшылығы – күрделі пішіндер мен нақты шарттарды ескеруге мүмкіндік беруі.

Ақырлы элементтер әдісін қолдану барысында зерттелетін нысанның геометриялық пішіні дискретті торларға бөлінеді (2-сурет).



2-сурет. Күрделі физикалық нысандарды сандық әдістермен есептеуге арналған дискретті торлардың үлгісі.

Үшінші кең таралған әдіс – Монте-Карло әдісі. Бұл әдіс ықтималдық теориясына негізделген және кездейсоқ сандарды қолдану арқылы есептеулер жүргізіледі. Монте-Карло әдісі әсіресе аналитикалық немесе дәстүрлі сандық әдістермен шешу қиын болатын есептерде тиімді. Мысалы, бөлшектердің

қозғалысын, радиациялық процестерді немесе күрделі көпөлшемді жүйелерді зерттеуде жиі қолданылады. Бұл әдіс нәтижені статистикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді, бірақ дәл нәтиже алу үшін көп есептеулер қажет болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, сандық әдістердің бірқатар маңызды артықшылықтары бар. Біріншіден, олар күрделі физикалық жүйелерді жоғары дәлдікпен модельдеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, нақты эксперимент жүргізу қиын немесе қауіпті жағдайларда виртуалды тәжірибе жасауға болады. Үшіншіден, уақыт пен материалдық шығындарды айтарлықтай азайтады. Сонымен қатар, қазіргі заманауи компьютерлердің көмегімен үлкен көлемдегі есептеулерді қысқа уақыт ішінде орындауға мүмкіндік бар.

Сонымен бірге сандық әдістердің кейбір шектеулері де бар екенін ескеру қажет. Нәтиженің дәлдігі таңдалған қадам өлшеміне, бастапқы және шекаралық шарттарға тәуелді болады. Егер модель дұрыс құрылмаса немесе параметрлер дәл таңдалмаса, алынған нәтижелер шынайы физикалық процесті толық сипаттамауы мүмкін [4].

Нәтижелер. Соңғы жылдары физика саласында жасанды интеллект (AI) технологияларының рөлі айтарлықтай артты. Машиналық оқыту алгоритмдері тек деректерді өңдеумен ғана шектелмей, күрделі заңдылықтарды анықтауға, тәжірибе нәтижелерін болжауға және жаңа ғылыми гипотезаларды құруға мүмкіндік береді [3, 5]. Мысалы, нейрондық желілер күрделі тәуелділіктерді анықтай алады, бұл дәстүрлі математикалық модельдермен байқалмай қалуы мүмкін [3]. Сонымен қатар, үлкен деректерді жылдам өңдеуі тәжірибелік зерттеулерді қысқа мерзімде талдауға жағдай жасайды, ал есептеулерді автоматтандыру зерттеу тиімділігін арттырады.

AI технологиялары физикадағы әртүрлі салаларда ерекше маңызды. Климаттық модельдеуде жасанды интеллект атмосфералық процестерді, ауа райының өзгерістерін және климаттық болжамдарды дәлірек талдауға мүмкіндік береді. Материалтануда нейрондық желілер жаңа материалдардың қасиеттерін болжау, құрылымдық параметрлерін оңтайландыру және эксперименттік сынақтарды азайту үшін қолданылады [5]. Кванттық физикада жасанды интеллект күрделі кванттық жүйелердің эволюциясын есептеуде, кванттық алгоритмдерді оңтайландыруда және эксперименттік деректерді талдауда маңызды рөл атқарады.

Жалпы алғанда, жасанды интеллект физикалық зерттеулерді тереңдетіп, үлкен деректермен жұмыс істеу мүмкіндігін кеңейтеді және эксперименттік зерттеулердің нәтижелілігін арттырады. AI технологияларының интеграциясы физика ғылымында зерттеу әдістерін жаңа деңгейге көтеріп, күрделі жүйелерді түсінуді жеңілдетеді [3, 5].

Қорытынды. Қорыта келгенде, цифрлық модельдеу қазіргі ғылымның ажырамас бөлігіне айналып отыр деп сенімді түрде айтуға болады. Бұл әдіс тек зерттеу жұмыстарын жеңілдетіп қана қоймай, жаңа ғылыми идеялардың қалыптасуына да ықпал етеді. Әсіресе, физика сияқты күрделі ғылым саласында модельдеу арқылы алынған нәтижелердің маңызы жоғары.

Жеке тәжірибеге сүйене отырып айтуға болады, қазіргі таңда көптеген студенттер мен жас зерттеушілер физикалық процестерді түсінуде компьютерлік модельдеуді белсенді қолдануда. Бұл олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытуға және заманауи технологияларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық модельдеу мен жасанды интеллекттің бірлесіп дамуы болашақта ғылымның жаңа деңгейге көтерілуіне негіз болады. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру және дамыту бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Самарский А. А., Михайлов А. П. Математическое моделирование: Идеи. Методы. Примеры. — 2-е изд. — М.: Физматлит, 2005. — 320 с.

2. Тарасевич Ю. Ю. Математическое и компьютерное моделирование. Вводный курс. — М.: Либроком, 2013. — 152 с.

3. Пантелеев А. В., Метлицкая Д. В., Алешина А. С. Методы в искусственном интеллекте. — М.: Инфра-М, 2022. — 240 с.

4. Ахметов Б. С., Корченко А. Г. Жаратылыстану бағытындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және модельдеу әдістері: Оқу құралы. — Алматы: Эверо, 2018. — 186 б.

5. Гудфеллоу И., Бенджио И., Курвилль А. Глубокое обучение / пер.. А. А. Слинкина. — 2-е изд., испр. — М.: ДМК Пресс, 2018. — 652 с.

ҒТАМА: 27.01.45

КЕҢІСТІКТІК ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА POLYPAD ВИРТУАЛДЫ МАНИПУЛЯТИВІНЕ ШОЛУ ЖАСАУ

Төлебай А.Қ., «7М01511 Математика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты; **Нұрахметов Д.Б.,** PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
Askhat_Tolebay@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Polypad виртуалды манипулятивтік платформасын геометрия пәні сабақтарын оқытуда қолдану арқылы оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту мәселелері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі стереометриялық ұғымдарды визуалды қабылдау мен абстрактілі нысандарды ментальды ротациялаудағы қиындықтарды жою қажеттілігімен айқындалады. Жұмыс барысында Polypad-тың 3D модельдеу, динамикалық жазбалар және виртуалды өлшеу аспаптары сияқты функционалдық мүмкіндіктеріне әдістемелік талдау жасалды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, виртуалды ортада фигураларды еркін манипуляциялау оқушылардың графикалық сауаттылығын арттырып, геометриялық нысандардың құрылымдық байланыстарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Динамикалық жазбалармен жұмыс істеу «жазықтық-кеңістік» арасындағы логикалық көпірді қалыптастырады. Мақаланың қорытындысы бойынша Polypad платформасы оқушылардың зерттеушілік белсенділігін арттыратын және кеңістіктік қиялын сапалы жаңа деңгейге көтеретін тиімді дидактикалық құрал ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: Polypad, стереометрия, кеңістіктік ойлау, виртуалды манипулятивтер, 3D модельдеу, динамикалық жазбалар, математикалық білім беру.

Кіріспе. Қазіргі білім беру парадигмасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мен кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Әсіресе, геометрияның күрделі саласы — стереометрияны оқытуда дәстүрлі әдістер мен статикалық сызбалар оқушылардың кеңістіктік қиялын толық іске асыруға мүмкіндік бермейді. Осы орайда, цифрлық технологияларды, атап айтқанда Polypad (Amplify) сияқты виртуалды манипулятивтерді қолдану өзекті мәселеге айналуда.

Бүгінгі таңда геометриялық білім беруді цифрландыру бойынша АҚШ, Ұлыбритания, Сингапур және Эстония сияқты елдер алдыңғы қатарда. Шетелдік зерттеушілер, атап айтқанда Б.Башдемир [1] өз еңбектерінде виртуалды манипулятивтердің оқушылардың кеңістіктік визуализация дағдыларын айтарлықтай жақсартатынын дәлелдеді.

Отандық ғылымда бұл мәселені шешуде Ш. Құрманалина өз еңбектерінде [2] оқытудың жаңа технологияларын енгізу бойынша айтарлықтай

жетістіктерге жетті. Қазақстандық білім беру жүйесінде де STEM-тәсілдер мен интерактивті бағдарламаларды (GeoGebra, Desmos және Polypad) пайдалану үрдісі қарқын алып келеді. А.Оразбаеваның [3] еңбектерінде оқушылардың кеңістіктік ойлауын математикалық модельдеу арқылы дамытудың әдістемелік негіздері қарастырылған болса, Л. Бакиева [4] виртуалды ортаның геометриялық түсініктерді қалыптастырудағы тиімділігін зерттеген.

Дегенмен, көптеген зерттеушілер мен практик-мұғалімдер әлі де «виртуалды құралдарды нақты сабақ жоспарына қалай тиімді интеграциялау керек?» деген сұрақтың шешімі ойландырады. Көбінесе цифрлық ресурс тек көрсету үшін ғана қолданылады, ал оқушының өзіндік зерттеу әрекетіне, фигураны «қолмен» жинау мен бөлшектеу процесіне назар аз аударылады.

Бұл тақырыптың өзектілігі үш өлшемді денелерді қабылдау кезіндегі когнитивтік қиындықтарды жеңу үшін Polypad платформасының мүмкіндіктерін жүйелі пайдалану қажеттілігінде. Біз бұл тақырыпты оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытудың инновациялық жолдарын ұсыну мақсатында таңдадық.

Жұмыстың мақсаты – Polypad виртуалды платформасының құралдарын (3D-денелер, жазбалар, өлшеу құралдары) қолдану арқылы оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту әдістемесін ғылыми негіздеу және оның тиімділігін көрсету.

Осы мақсатқа жету жолында келесі міндеттер орындалды:

1. Стереометрияны оқытудағы инновациялық цифрлық құралдарға теориялық талдау жасалды.
2. Polypad платформасының геометриялық манипулятивтеріне (Платон денелері, призмалар, пирамидалар) функционалдық шолу жүргізілді.
3. Виртуалды циркуль, транспортир және сызғышты пайдалана отырып, стереометриялық сызбаларды салу мен өлшеудің тиімділігіне баға берілді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, көрнекілік және практикалық бағыттылық принциптері алынды. Кеңістіктік ойлауды дамыту мақсатында негізгі зерттеу құралы ретінде Polypad (Amplify) цифрлық платформасы таңдалды. Бұл платформаның виртуалды манипулятивтері дәстүрлі стереометриялық модельдерді алмастырып қана қоймай, қолданушыларға абстрактілі нысандарды интерактивті түрде өзгертуге және тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары: Зерттеу барысында Polypad платформасының «Геометрия» бөліміндегі келесі функционалдық блоктарына шолу жасалды:

1. 3D денелер мен Платон денелері: Тетраэдр, куб, октаэдр, додекаэдр және икосаэдрдің динамикалық модельдері. Бұл материалдар фигураның құрылымын, оның жақтары, қырлары мен төбелерінің арасындағы заңдылықтарды зерттеуге негіз бола алады.
2. Динамикалық жазбалар: «Көпбұрыштар және фигуралар» бөлімінде кеңістіктегі фигураларды жазықтыққа көшіру және керісінше

«бүктеу» функциясы. Бұл — оқушының жазықтық пен кеңістік арасындағы логикалық байланысты түсінуіне арналған негізгі дидактикалық материал.

3. Виртуалды өлшеу құралдары: Платформадағы цифрлық транспортир, циркуль және сызғыш. Бұл құралдар стереометриялық денелерді конструкциялау кезінде бұрыштар мен сызықтық өлшемдерді нақты анықтау, сызбалардың дәлдігін тексеру үшін қолданылды.

Зерттеу әдістері: Зерттеудің мақсатына жету үшін келесі ғылыми-әдістемелік тәсілдер қолданылды:

- Визуалды-логикалық талдау: Платформадағы фигураларды айналдыру, олардың қималарын қарастыру арқылы оқушылардың визуалды ақпаратты логикалық қорытындыға айналдыру қабілеті зерделенді.
- Салыстырмалы талдау: Дәстүрлі статикалық сызбалар мен Polypad-тағы динамикалық модельдер салыстырылды.

Нәтижелер. Талдау барысында Polypad платформасының геометриялық құралдарына жасалған функционалдық талдау қолданушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуда келесідей мүмкіндіктер бере алады:

1. Платон денелері мен көпжақтарды визуализациялау

Зерттеу барысында Polypad платформасының геометриялық құралдарына жасалған функционалдық талдау кеңістіктік ойлауды дамыту мақсатында түрлі мүмкіндіктер береді. Бұл процесс екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

3D-модельдермен динамикалық жұмыс. Платформаның «3D тела» бөліміндегі тетраэдр, куб, октаэдр, додекаэдр және икосаэдр сияқты Платон денелерінің интерактивті модельдері берілген (Сурет 1).



Сурет 1. 3D-модельдермен динамикалық жұмыс беті

Платформаның әрбір фигураны еркін кеңістікте 360 градусқа айналдыру мүмкіндігі платформаны қолданушыларға статикалық оқулықтарда көрінбейтін жақтар мен қырларды дербес зерттеуге жағдай жасайды. Фигуралардың түсін өзгерту және масштабтау функциялары геометриялық

элементтерді (төбесі, қыры, жағы) визуалды түрде ажырату мен идентификациялауды айтарлықтай жеңілдете алады.

Сурет 2. Практикалық өлшеу және конструкциялау

Практикалық өлшеу және конструкциялау дағдылары. Визуализациямен қатар, платформадағы цифрлық транспортир, циркуль және сызғыш сияқты виртуалды аспаптардың мүмкіндіктері зерделенді (Сурет 2).



Сурет 3. Виртуалды транспортир көмегімен нақты шамадағы (30°) бұрышты құру процесі

Платформаның «Инструменты» бөліміндегі виртуалды транспортир қолданушыларға геометриялық салу есептерін жоғары дәлдікпен орындауға мүмкіндік береді (Сурет 3).

Суретте көрсетілгендей, платформаны қолданушылар виртуалды транспортирдің орталық нүктесін бұрыш төбесімен сәйкестендіріп, берілген градустық өлшемді дәл анықтау дағдысын игереді. Бұл процесс дәстүрлі транспортирмен жұмыс істеу принципін толық сақтай отырып, визуалды бақылау мүмкіндігін арттырады.

Виртуалды транспортирдің өлшемін өзгерту және оны кез келген бағытта бұру функциясы кеңістіктегі күрделі сызбалармен жұмыс істеуге, тіпті қиғаш орналасқан жақтардың бұрыштарын өлшеуге жағдай жасайды.

Платформа қолданушысы сызықты жылжыту арқылы бұрыштың қалай өзгеретінін нақты уақыт режимінде көреді. Бұл бұрыштардың айырмашылығын сезінуге, бұрыштың шамасын көз мөлшерімен бағалау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Виртуалды ортада 30°, 45°, 90° сияқты стандартты бұрыштарды өз бетінше салып үйрену оқушылардың стереометриялық денелердің (мысалы, призманың көлбеулігі немесе пирамиданың жақтарының көлбеу бұрышы) параметрлерін нақты түсінуіне жол ашады.

Polypad платформасындағы 3D денелерді виртуалды өлшеу құралдарымен кешенді түрде қолдану оқушыларда «статикалық қабылдаудан» «динамикалық зерттеуге» көшу процесін қалыптастыра алады. Бұл құрал стереометрияның күрделі ұғымдарын меңгеруде виртуалды манипулятивтердің дәстүрлі әдістерден басымдылығын және кеңістіктік ойлауды дамытуға әсерін арттырады.

2. Динамикалық жазбалар және конструкциялау

Зерттеу барысында Polypad платформасының кеңістіктік пен жазықтық арасындағы когнитивтік байланысты қалыптастыру мүмкіндігі зерделенді. Бұл процесс икосаэдр мысалында нақты демонстрацияланды.



Сурет 4-а. Платформада икосаэдрдің 3D бейнелеуі



Сурет 4-ә. Платформада икосаэдрдің жазбасы

Нәтижелер

1. Кеңістіктен жазықтыққа көшу. (Сурет 4-а) негізінде көрсетілгендей , платформадағы кез келген Платон денесін немесе көпжақты таңдап, оның астындағы арнайы меню арқылы «Развернуть» функциясын қосуға болады. Нәтижесінде, оқушылар 3D модельдің динамикалық түрде ашылып, оның жазықтықтағы жазбасына айналу процесін өз көзімен бақылай алады. Бұл абстрактілі геометриялық түрлендіруді визуалды, түсінікті бейнеге айналдыруға мүмкіндік берді.

2. Жазбаның құрылымын талдау. Икосаэдрдің толық жазылған күйін көрсетеді (Сурет 4-ә). Бұл нәтиже оқушыларға келесі когнитивтік операцияларды орындауға мүмкіндік берді:

Жазбадағы 20 тең қабырғалы үшбұрыштың әрқайсысын анық көріп, икосаэдрдің жақтарының санын нақты бекіту;

Жазбадағы қай қабырғалар 3D модельде бірігіп, қыр түзетінін, ал қай төбелер бір нүктеге жиналатынын логикалық түрде талдау.

Панельдегі жүгірткіні жылжыту арқылы оқушы фигураны кез келген кезеңде «жазып» немесе «жинай» алады.

Polypad платформасындағы динамикалық жазбалар функциясы оқушылардың когнитивтік картасында «2D-жазықтық» пен «3D-кеңістік» ұғымдарының арасындағы үзілісті жояды. Оқушылар тек статикалық сызбаны көрмей, фигураның конструкциялану процесін басқару арқылы кеңістіктік қиялын сапалы жаңа деңгейге көтереді. Бұл стереометриялық есептерді шығару кезінде жазбаларды дұрыс салу мен талдау дағдысын қалыптастырудың негізі болып табылады.

Платформадағы «Развернуть» функциялары арқылы оқушылар 3D дененің 2D жазбасына айналу процесін тікелей бақылады. Бұл процесс абстрактілі геометриялық елестетуді нақты конструкторлық тәжірибеге айналдырды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер Polypad виртуалды манипулятивтері оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуда жай ғана қосымша құрал емес, оқытудың сапалы жаңа әдістемелік деңгейі екенін көрсетті. Төменде осы платформаның стереометрияны меңгерудегі негізгі артықшылықтарына талдау жасалады:

1. Когнитивтік кедергілерді жою және визуализация

Стереометрияны оқытудағы басты мәселе оқушылардың 2D жазықтығында салынған сызбаны 3D нысан ретінде қабылдай алмауы.

Платформадағы 3D денелерді еркін айналдыру және масштабтау функциясы оқушыларға фигураның «ішкі» және «сыртқы» құрылымын толық көруге мүмкіндік береді. Бұл оқулықтағы статикалық суреттер тудыратын когнитивтік кедергілерді жояды. Оқушылар нысанды әртүрлі ракурстан көру арқылы оның кеңістіктегі орнын нақты бейнелей алады.

2. Ментальды ротация және конструкциялау дағдылары

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, динамикалық жазбалармен жұмыс істеу логикалық ойлауды ширатады.

Фигураны жазу және жинау процесін басқару оқушыда «жазықтық-кеңістік» ұғымын елестетуді қалыптастырады. Оқушы тек дайын фигураны көрмейді, оның қалай құралатынын түсінеді. Бұл дағды болашақ инженерлік және архитектуралық сауаттылықтың негізі болып табылатын ментальды ротация қабілетін дамытуға тікелей әсер етеді.

Қорытынды. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде Polypad виртуалды платформасын қолдану оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуда әсері зор екенін шолу барысында байқадық. Дәстүрлі оқыту әдістері мен заманауи технологиялық мүмкіндіктерді ұштастыру арқылы біз математикалық білім берудің сапалық жаңа деңгейіне қол жеткізе аламыз.

Жүргізілген талдаулар мен практикалық жұмыстардың нәтижесі көрсеткендей, Polypad платформасы стереометрияны оқытуда келесідей стратегиялық артықшылықтар мен пайда алып келеді:

✓ Абстрактілі ұғымдарды визуализациялау: Платформа күрделі геометриялық нысандар мен абстрактілі теориялық ұғымдарды нақты визуалды бейнеге айналдырады. Бұл оқушыларға фигураның құрылымын іштей сезінуге және оны еркін манипуляциялауға мүмкіндік береді.

✓ Кеңістіктік ойлауды жаттықтыру: Динамикалық жазбалар мен 3D модельдермен жұмыс істеу оқушылардың ментальды ротация (ойша айналдыру) және конструкциялау дағдыларын сапалы дамытады.

✓ Дәлдік пен графикалық сауаттылық: Виртуалды транспортир, циркуль және сызғыш сияқты аспаптарды қолдану сызу және өлшеу жұмыстарының жоғары дәлдігін қамтамасыз етеді. Бұл оқушылардың практикалық есептерді қатесіз орындау қабілетін арттырады.

Polypad платформасын оқу үрдісіне интеграциялау стереометриялық білімді тереңдетіп қана қоймай, оқушылардың болашақ инженерлік, архитектуралық және технологиялық құзыреттіліктерінің негізі болып табылатын кеңістіктік ойлау жүйесін жүйелі түрде қалыптастырады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Başdemir, B. The Effect of the Digital Technology-Supported Mathematics Education Program on Preschool Children's Geometry and Spatial Perception [Electronic resource] / B. Başdemir, E. Arslan // Research on Education and Psychology (REP). — 2025. — Vol. 9, № 2. — P. 556–571. — DOI: 10.54535/rep.1810368. — Access mode: http://dergipark.org.tr/rep (date of access: 11.03.2026).

2. Құрманалина, Ш. Педагогика [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / Ш. Құрманалина, Ә. Ғалымова. — 3-басылым, толықт., өңд. — Алматы , 2016. — 368 б.

3. Оразбаева, А. А. Үшөлшемді модельдеу технологиясы негізінде оқушыларда кеңістік түсінігін қалыптастыру [Мәтін] / А. А. Оразбаева, С. К. Калдыбаев, Л. А. Смагулова // Серия «Педагогика». — 2025. — № 4 (120). — Б. 82–94. — DOI: 10.31489/2025Ped4/82-94.

4. Бакиева, Л. Б. Оқу үрдісінде интерактивті құралдарды қолдану тиімділігі / Л. Б. Бакиева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 19.1 (153.1). — С. 2-3. — URL: https://moluch.ru/archive/153/45311.

5. Polypad by Amplify. Virtual Manipulatives for Mathematics [Электрондық платформа]. – URL: https://polypad.amplify.com

ҒТАМА 27.25.19

ЖАЛПЫЛАНҒАН КОРОБОВ КЛАСЫНДА ЖАТАТЫН ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖУЫҚТАУДАҒЫ САНДЫҚ-ЫҚТИМАЛДЫҚ ӘДІС

Төлеубаева Г.Қ., магистрант; **Жұбанышева А.Ж.,** PhD, доцент м.а.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
toleubaeva.gulnaz02@gmail.com

Аннотация. Жуықтау теориясында негізгі екі зерттеу бағытын ажыратуға болады: сандық-функционалдық және сандық-ықтималдық әдістер. Сандық-ықтималдық әдіс сандық-функционалдық әдіске қарағанда жуықтау сапасын максималды қателік бойынша емес, орташа квадраттық қателік тұрғысынан бағалауға мүмкіндік беріп, сандық-функционалдық талдауды толықтырады.

Қазіргі кезде деректер көлемі мен олардың құрылымдық күрделілігінің артуына байланысты сандық-ықтималдық бағыттың қолданысы артуда. Атап айтқанда, қолданбалы сипаттағы көптеген есептерде (машиналық оқыту, сигналдарды өңдеу, стохастикалық модельдеу және т.б.) жуықтау сапасын ең үлкен қателік арқылы емес, орташа өзгерісті сипаттайтын көрсеткіштер арқылы бағалау қажеттілігі туындап жатады. Осы тұрғыдан алғанда, сандық-ықтималдық әдістер жуықтау дәлдігін бағалаудың қателік өзгерісіне икемді механизмі болып табылады.

Жұмыста жалпыланған Коробов кластарында жататын функцияларды сандық-ықтималдық мағынада Лебег нормасында Фурье қатары кесіндісі бойынша жуықтау есебі қарастырылып, жуықтау қателігінің жоғарыдан бағалауы алынды.

Кілт сөздер: жуықтау теориясы, сандық-ықтималдық әдіс, орташа қателік, жалпыланған Коробов класы, Фурье қатарлары.

Кіріспе. Әртүрлі құбылыстарды сипаттайтын математикалық модельдерді зерттеуде дәл немесе дәл емес ақырлы мәлімет бойынша күрделі объектілерді қарапайым объектілермен жуықтау мәселесі туындайды. Жықтау есептерінде сандық-функционалдық және сандық-ықтималдық екі әдісті ажыратуға болады. Сандық-функциональдық әдісте жуықтау сапасы ең үлкен (максималды) қателік арқылы бағаланады. Бұл есептің Компьютерлік (есептеуіш) диаметр мәнмәтініндегі қойылымының негізгі анықтамасы (қажетті анықтамалар мен белгілеулерді [1-2] әдебиеттерінен қараңыз)

$$\delta_N\left(\varepsilon_N;\left(l^{(N)},\varphi_N\right)\right)_Y \equiv$$

$$\equiv \sup_{\substack{f\in F \\ \left|\gamma_N^{(\tau)}\right|\le 1(\tau=1,\dots,N)}} \left\| Tf(\cdot) - \varphi_N\left(l_N^{(1)}(f) + \gamma_N^{(1)}\varepsilon_N^{(1)}, \dots, l_N^{(N)}(f) + \gamma_N^{(N)}\varepsilon_N^{(N)};\cdot\right)\right\|_Y. \qquad (1)$$

Мұнда күрделі объект Tf (мәселен, функция, туынды, интеграл, дербес туындылы дифференциалдық теңдеу шешімі және т.б.) белгілі бір мағынада құрылысы бойынша қарапайым

$$\varphi_N\left(l_N^{(1)}(f) + \gamma_N^{(1)}\varepsilon_N^{(1)}, \dots, l_N^{(N)}(f) + \gamma_N^{(N)}\varepsilon_N^{(N)};\cdot\right)$$

объектісімен жуықталады. $\delta_N\left(\varepsilon_N; \left(l^{(N)}, \varphi_N\right)\right)_Y$ шамасы F классы бойынша қателіктер жиынының супремумын, яғни мүмкін ең нашар мәнін сипаттайды. Ал сандық-ықтималдық әдісте (1)-дегі супремум F функциялар класында анықталған μ_F ықтималдық өлшемі бойынша алынған интегралмен ауыстырылады

$$\delta_N((l^{(N)}, \varphi_N); Y, T)_Y \equiv$$

$$\equiv \int \left\| Tf(\cdot) - \varphi_N\left(l_N^{(1)}(f) + \gamma_N^{(1)}\varepsilon_N^{(1)}, \dots, l_N^{(N)}(f) + \gamma_N^{(N)}\varepsilon_N^{(N)};\cdot\right)\right\|_Y d\mu_F(f)$$

Мұндай көзқарас әдістердің тиімділігін дәлірек сипаттауға мүмкіндік береді.

Жуықтау теориясындағы сандық-функциональдық әдіс (ақырлы мәлімет бойынша жуықтау есебі) ондаған жылдар бойы көптеген жарияланымдарда өз белгілеулерімен зерттеліп келеді. Мәселен, А.Сард [3], С.М.Никольский [4], Н.С. Бахвалов [5], Дж.Ф.Трауб, Г.Васильковский, Х.Вожняковский [6], А. Пинкус [7], В.Н.Темляков [8], К. Ю. Осипенко, А. Г. Марчук [9], Н. Темірғалиев [10] авторлары, олардың бірлескен авторлары және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Ал сандық-ықтималдық бағыттың қалыптасуы А.В. Сульдиннің еңбектерінен бастау алады [11]. Кейін бұл бағыт Х.-С.Го [12], Н. Темірғалиев, С.М. Воронин [13], Е.Алшынбаева [14] және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапты.

Бұл тақырыпқа қатысты зерттеулер шетелдік авторлардың еңбектерінде де кеңінен қарастырылуда. Атап айтқанда, Yuqi Liu, Xuehua Li және Huan Li авторларының "N-Widths of Multivariate Sobolev Spaces with Common Smoothness in Probabilistic and Average Settings in the S_q Norm" атты [15] жұмысында гаусстық өлшеммен жабдықталған көпөлшемді Соболев кеңістіктерінде $d_{N,\delta}$ ықтималдық Колмогоров диаметрі және ықтималдық сызықты p-диаметрінің асимптотикалық бағалаулары алынған. Мысалы (қажетті анықтамалар мен белгілеулерді [15] қараңыз),

$$d_{N,\delta} \asymp (N^{-1}ln^{v}N)^{r+\rho/2-1/q}\left(ln^{v/q}N\right)\sqrt{1+\frac{1}{N}ln\left(\frac{1}{\delta}\right)}, 1 \le q < \infty.$$

Ruihuan Wu, Yuqi Liu және Huan Li авторларының “Probabilistic and Average Gel’fand Widths of Sobolev Space Equipped with Gaussian Measure in the S_q-Norm” [16] мақаласында гаусстық өлшем жағдайында Соболев кеңістіктеріндегі Гельфанд поперечнигінің ықтималдық және орташа мағынада бағалаулары алынған. Мысалы (қажетті анықтамалар мен белгілеулерді [16] қараңыз),

$$d_{(a)}^{N}(W_2^r(T), \mu, S_q(T)) \asymp N^{-(r+\frac{\rho}{2}-\frac{1}{q})}.$$

Осы тәрізді Chen Guanggui және Fang Gensun [17], Fang Gensun және Ye Peixin [18], Xin Tan, Yanan Wang, Lu Sun, Xingfeng Shao және Guanggui Chen [19], Jiehua Zhou және Yuewu Li [20] және басқа да авторлардың еңбектерін атауға болады.

Бұл мақалада сандық-ықтималдық әдістегі кеелсі конкретизация қарастырылады.

$Tf(\cdot) = f(\cdot)$ операторы – функция,

$F = E_{s,r}^{log(0,1)^s}$ – жалпыланған Коробов класы, яғни s оң бүтін, $r > 1$ және $\aleph$ сандары берілсін. $E_{s,r}^{log}$ класы деп әрбір айнымалысы бойынша бір периодты және тригонометриялық Фурье-Лебег коэффициенттері

$$\left|\hat{f}(m)\right| = \left|\hat{f}(m_1, \dots, m_s)\right| \le \frac{log^{\aleph}\left(\bar{m}_1 + 1\right)\dots log^{\aleph}\left(\bar{m}_s + 1\right)}{\left(\bar{m}_1 \cdot \dots \cdot \bar{m}_s\right)^r}$$

теңсіздігін қанағаттандыратын барлық $f(x) = f(x_1, \dots, x_s)$ функциялар жиыны аталады. Мұндағы

$$\hat{f}(m) = \int\limits_{[0,1]^s} f(x)e^{-2\pi i(m,x)}dx, \bar{m}_j = \max\limits_{j=1,\dots,s}\{1, |m_j|\}.$$

$\aleph = 0$ жағдайында E_s^r Коробов класын аламыз.

$Y = L^2(0,1)^s$ - Лебег кеңістігі, яғни s оң бүтін саны үшін $L^2(0,1)^s$ класы деп

$$\|f\|_2 \equiv \|f\|_{L^2(0,1)^s} = \left(\int\limits_{[0,1]^s} |f(x)|^2 dx\right)^{\frac{1}{2}}$$

нормасы ақырлы болатын $[0,1]^s$-те өлшемді барлық f функцияларынан тұратын жиын қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. [21] жұмысында жалпыланған Коробов класында жататын функцияларды Лебег нормасында Фурье қатары кесіндісімен сандық-функциональдық мағынадағы жуықтау есебі қарастырылып, келесі бағалауы алынған ($s = 1,2,..; r > 1; \aleph < 0$)

$$\inf_{m^{(1)},\dots,m^{(N)};\varphi_N} \sup_{f\in E_{s,r}^{log(0,1)^s}} \left\| f(x) - \sum_{m\in\Gamma_R} \hat{f}(m) e^{2\pi i(m,x)} \right\|_{L^2(0,1)^s} \ll \frac{log^{r(s-1)+\aleph} N}{N^{r-\frac{1}{2}}},$$

мұндағы ($N = R\, log^{s-1} R\,, R > 1$)

$$\Gamma_R = \left\{ m = (m_1, \dots, m_s) \in Z^s : \prod_{j=1}^{s} \overline{m}_j \le R \right\}.$$

[22] мақаласында Коробов классында жататын функцияларды Лебег нормасында Фурье қатары кесіндісімен жуықтаудың орташа квадраттық қателігі алынған

$$\int_{E_s^r} \left\| f(x) - \sum_{\substack{m=(m_1,\dots,m_s)\in Z^s \\ m\in\Gamma_R}} \hat{f}(m) e^{2\pi i(m,x)} \right\|_{L^2(0,1)^s}^2 d\mu_{E_s^r}(f) \ll \frac{(lnN)^{2r(s-1)}}{N^{2r-1}}.$$

Бұл зерттеу Коробов, жалпыланған Коробов класстарында жататын функцияларды сандық-функциональдық және сандық-ықтималдық мағыналарында жуықтау әдістеріне және де гармоникалық анализдің басқа да әдістеріне негізделе жүргізілді. Жалпыланған Коробов класындағы өлшем $\mu_{E_{s,r}^{log}}$ ретінде [22] мақаласында Коробов класында құрылған өлшем алынды.

Нәтижелер. Жұмыста $E_{s,r}^{log}$ жалпыланған Коробов кластарында жататын функцияларды Фурье қатары кесіндісімен жуықтаудың орташа квадраттық қателігі қарастырылып, келесі бағалау алынды.

Теорема. s оң бүтін, $r > 1$ және $\chi < 0$ сандары берілсін. Онда $\mu_{E_{s,r}^{log}}$ өлшеміне қатысты келесі жоғарыдан бағалау орындалады ($R > 1, N \asymp R(lnR)^{s-1}$)

$$\int_{E_{s,r}^{log}}^{\square} \left\| f(x) - \sum_{\substack{m=(m_1,\dots,m_s)\in Z^s \\ m\in\Gamma_R}} \hat{f}(m) e^{2\pi i(m,x)} \right\|_{L^2(0,1)^s}^2 d\mu_{E_{s,r}^{log}}(f)$$
$$\ll \frac{(lnN)^{2r(s-1)+2\chi s}}{N^{2r-1}}.$$

Қорытынды. Жалпыланған Коробов кластарындағы ықтималдық өлшемдерге қатысты жуықтаудың орташа квадраттық қателігінің $\frac{(lnN)^{2r(s-1)+2\chi s}}{N^{2r-1}}$ жоғарыдан бағалауы алынды. Осы арқылы жуықтау процесінің ықтималдық сипаттамасы орнатылып, ол сандық-функциональдық талдауды толықтырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Темиргалиев Н., Жубанышева А. Ж. Теория приближений, вычислительная математика и численный анализ в новой концепции в свете компьютерного (вычислительного) поперечника // Вестник Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева. Серия: Математика. Информатика. Механика. – 2018. – Т. 124, № 3. – С. 8–88.
2. Темиргалиев Н., Жубанышева А. Ж. Компьютерный (вычислительный) поперечник в контексте общей теории восстановления // Известия вузов. Математика. – 2019. – № 1. – С. 89–97.
3. Sard A. Best approximate integration formulas; best approximation formulas // Amer. J. Math. – 1949. – Vol. 71. – P. 80–91.
4. Никольский С. М. К вопросу об оценках приближений квадратурными формулами // Успехи математических наук. – 1950. – Т. 5, вып. 2(36). – С. 165–177.
5. Бахвалов Н. С. О приближенном вычислении кратных интегралов // Вестник МГУ. Серия математики и механики. – 1959. – № 4. – С. 3–18.
6. Traub J. F., Wasilkowski G. W., Woźniakowski H. Information-Based Complexity. – New York: Academic Press, 1988.
7. Pinkus A. n-Widths in Approximation Theory. – Berlin: Springer-Verlag, 1985.
8. Temlyakov V. N. Multivariate Approximation. – Cambridge: Cambridge University Press, 2018. – 551 p.
9. Марчук А. Г., Осипенко К. Ю. Наилучшее приближение функций, заданных с погрешностью в конечном числе точек // Матем. заметки. – 1975. – Т. 17, № 3. – С. 359–368.
10. Темиргалиев Н. Компьютерный (вычислительный) поперечник. Алгебраическая теория чисел и гармонический анализ в задачах восстановления (метод квази-Монте-Карло). Теория вложений и

приближений. Ряды Фурье // Вестник ЕНУ им. Л. Н. Гумилева. Специальный выпуск. – 2010. – С. 1–194.

11. Сульдин А. В. Мера Винера и ее приложения к приближенным методам // Известия вузов. Математика. – 1959. – № 6. – С. 145–158; 1960. – № 5. – С. 165–179.

12. Go H.-S., Zhou D.-X. Gaussian measures and reproducing kernel Hilbert spaces // J. Complex. – 2001. – Vol. 17. – P. 1–28.

13. Воронин С. М., Темиргалиев Н. Об одном приложении меры Банаха к квадратурным формулам // Матем. заметки. – 1986. – Т. 39, вып. 1. – С. 52–59.

14. Алшынбаева Е. О преобразованиях коэффициентов Фурье некоторых классов функций // Матем. заметки. – 1979. – Т. 25, № 5. – С. 645–651.

15. Liu Y., Li X., Li H. N-widths of multivariate Sobolev spaces with common smoothness in probabilistic and average settings in the Sq norm // Axioms. – 2023. – Vol. 12. – P. 698.

16. Wu R., Liu Y., Li H. Probabilistic and average Gel’fand widths of Sobolev space equipped with Gaussian measure in the Sq-norm // Axioms. – 2024. – Vol. 13. – P. 492.

17. Chen G., Fang G. Probabilistic and average widths of multivariate Sobolev spaces with mixed derivative equipped with Gaussian measure // J. Complex. – 2004. – Vol. 6. – P. 858–875.

18. Fang G., Ye P. Probabilistic and average linear widths of Sobolev spaces with Gaussian measure // J. Complex. – 2003. – Vol. 19. – P. 73–84.

19. Tan X., Wang Y., Sun L., Shao X., Chen G. Gel’fand n-width in probabilistic setting // J. Inequal. Appl. – 2020. – P. 143.

20. Zhou J., Li Y. Probabilistic and average widths of Sobolev spaces with lower smoothness and Gaussian measure // Journal of Applied Mathematics and Computation. – 2022. – Vol. 6, № 2. – P. 188–197.

21. Кеңесбекова М. М. К(Е)Д мәнмәтінінде туындыларды қалпына келтіру: 6М060100 – «Математика» мамандығы бойынша магистрлік диссертация. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017.

22. Zhubanysheva A.Z., Taugunbayeva G.E., Nauryzbayev N.Z., Shomanova A.A., Apenov A.T. Function-theoretic and probabilistic approaches to the problem of recovering functions from Korobov classes in the Lebesgue metric // Mathematics. – 2025. – Vol. 13, № 21. – P. 3363.Темиргалиев Н., Жубанышева А.Ж. Теория приближений, Вычислительная математика и Численный анализ в новой концепции в свете Компьютерного (вычислительного) поперечника // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия Математика. Информатика. Механика. -2018. -Т. 124. - №3. -С. 8-88.

ҒТАМА 27.01.45

9-СЫНЫПТА ВЕКТОРЛАР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА ШЫНАЙЫ ЕСЕПТЕРДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тулепова А.Р., магистрант; **Анияров А.А.,** ф.м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
a.tulepova03@gmail.com

Аннотация. Мақалада 9-сынып геометрия курсында векторлар тақырыбын оқытуда шынайы өмірмен байланысты есептерді қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Вектор ұғымы оқушылар үшін күрделі әрі абстрактілі болғандықтан, оны нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыру оқыту тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады. Зерттеу барысында қолданбалы есептердің оқыту процесіндегі рөлі, оларды сабақ құрылымына енгізу жолдары және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы маңызы талданды. Сонымен қатар векторлық ұғымдарды меңгертуде қозғалыс, күш, координаталар және бағытқа негізделген есептердің тиімділігі көрсетілді.

Мақалада «контекст енгізу – математикалық модель құру – амалдарды қолдану – нәтижені интерпретациялау – рефлексия» кезеңдерінен тұратын әдістемелік жүйе ұсынылады. Бұл тәсіл оқушылардың логикалық ойлауын, талдау қабілетін және математикалық модельдеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері шынайы есептерді жүйелі қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, білімді саналы түрде меңгеруге мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Қорытындысында, векторлар тақырыбын оқытуда шынайы есептерді қолдану математикалық білім сапасын арттырудың, теория мен практиканы байланыстырудың және оқушылардың білімді өмірде қолдану қабілетін қалыптастырудың тиімді құралы екені анықталды.

Кілт сөздер: вектор, геометрия, шынайы есептер, функционалдық сауаттылық, қолданбалы есептер, оқыту әдістемесі

Кіріспе. Мектеп геометрия курсында векторлар тақырыбы оқушылардың кеңістіктік ойлауын, математикалық модельдеу дағдыларын және қолданбалы есептерді шешу қабілетін дамытуда маңызды орын алады. Алайда тәжірибе көрсеткендей, оқушылар бұл ұғымды көбіне формулалар мен ережелер деңгейінде қабылдап, оның өмірдегі қолданылуын толық түсіне бермейді. Бұл мәселе векторларды оқытуда шынайы мазмұндағы есептердің жеткіліксіз қолданылуымен байланысты.

Математиканы оқыту әдістемесі бойынша қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде теория мен практиканы ұштастырудың маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Мысалы, Г.Қ. Әбілқасымова өз еңбектерінде математикалық

білімнің сапасы оқушылардың оны өмірлік жағдайларда қолдана алуымен анықталатынын атап көрсетеді [1].

Сол сияқты Т.Қ. Оспанов математиканы оқытуда есептердің рөліне ерекше мән беріп, есептерді оқыту құралы ғана емес, оқушының ойлау әрекетін ұйымдастырудың негізгі тетігі ретінде қарастырады [2].

Ж.Ә. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында да қолданбалы есептердің маңызы ерекше орын алады. Ол оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды ұсыну арқылы білімді тиімді меңгеруге болатынын дәлелдейді [3].

Сонымен қатар К.Ж. Көшербаев және басқа да отандық зерттеушілер математикалық білім беруде құзыреттілік тәсілдің маңыздылығын атап көрсетіп, оқушылардың білімді практикада қолдану қабілетін дамыту қажеттігін негіздейді [4].

Халықаралық тәжірибеде де математиканы оқытуда шынайы есептерді қолдану кеңінен таралған. Еуропа елдерінде математикалық модельдеу есептері арқылы оқушылар нақты өмірлік жағдайларды талдауға үйренсе [5], Азия елдерінде есептер оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған контекстік сипатта беріледі [6].

Материалдар мен әдістер. 9-сынып геометрия курсында «векторлар» тақырыбы оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуда және математикалық модельдеу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оқу бағдарламасына сәйкес бұл бөлім бірнеше негізгі мазмұндық бағыттарды қамтиды: вектор ұғымы және оның түрлері, векторларға амалдар қолдану, векторларды координаталар арқылы беру, векторлардың ұзындығын табу, векторларды жіктеу, сондай-ақ векторларды қолдана отырып есептер шығару.

Бірінші кезең – контекст енгізу (өмірлік жағдайды қалыптастыру).

Бұл кезеңде мұғалім оқушыларға нақты өмірден алынған жағдайды ұсынады. Мысалы, «желге қарсы және жел бағытымен қозғалу», «екі адамның арқан тартуы», «қалалар арасындағы қозғалыс бағыты» сияқты жағдайлар қарастырылады. Әбілқасымованың пікірінше, математикалық ұғымды меңгеру оның мағынасын түсінуден басталады, ал мағына көбіне өмірлік контекст арқылы ашылады [1].

Екінші кезең – математикалық модель құру.

Оқушылар ұсынылған жағдайды математикалық тілге аударады, яғни вектор ұғымын енгізеді. Бұл кезеңде мұғалім оқушыларға сұрақтар қою арқылы бағыт береді:

– «Бұл жағдайда қандай шаманы вектор ретінде қарастыруға болады?»

– «Бағыт пен ұзындық нені білдіреді?»

Оспанов атап өткендей, есепті талдау кезеңі оқушының ойлау әрекетінің ең маңызды бөлігі болып табылады [2].

Үшінші кезең – амалдарды қолдану (математикалық шешім).

Бұл кезеңде оқушылар векторларға амалдар қолданады: қосу, азайту, санға көбейту.

Төртінші кезең – нәтижені интерпретациялау.

Алынған математикалық нәтижені қайтадан өмірлік жағдайға байланыстыру маңызды. Оқушылар есептің жауабын тек сан ретінде емес, нақты мағынада түсіндіруі тиіс.

Бұл кезең функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Бесінші кезең – жалпылау және рефлексия.

Оқушылар алынған нәтижелерді талдап, қорытынды жасайды.

Тақырыптық жоспар және қолдану бағыты

Векторлар тақырыбын оқытуда шынайы есептерді қолдану әдістемесі нақты мазмұндық жүйені талап етеді. Әсіресе әрбір векторлық ұғымды оқушылардың күнделікті өмірімен байланыстыру арқылы ғана оның мәнін терең түсіндіруге болады.

Осыған байланысты векторлар тақырыбын оқытуда қолданылатын негізгі ұғымдарды, олардың математикалық мазмұнын және өмірлік жағдайлармен байланысын жүйелеу мақсатында төменде кесте ұсынылады. Кестеде әрбір тақырыпқа сәйкес шынайы есептер үлгілері мен олардың әдістемелік маңызы көрсетілген.

№	**Векторлық ұғым**	**Математикалық мазмұны**	**Шынайы өмірлік жағдай**	**Есеп үлгісі**	**Қалыптасатын дағдылар**	**Әдістемелік түсініктеме**
1	Вектор ұғымы	Бағыт және ұзындық	Қозғалыс (жаяу жүру, көлік)	Адам А нүктеден В нүктеге 5 км жүрді. Бұл қозғалысты вектор ретінде сипатта	Кеңістіктік ойлау	Абстрактілі ұғымды нақты қозғалыс арқылы түсіндіру
2	Тең векторлар	Бірдей бағыт және ұзындық	Бірдей жылдамдықпен қозғалыс	Екі велосипедші бір бағытта бірдей жылдамдықпен қозғалады.	Салыстыру	Вектор теңдігін өмірлік мысалмен бекіту

				Олардың қозғалысын салыстыр		
3	Қарама-қарсы векторлар	Бағыттары қарама-қарсы	Желге қарсы қозғалыс	Жел шығысқа, адам батысқа қозғалады. Векторларды сипатта	Анализ	Бағыттың маңызын түсіну
4	Векторларды қосу	Геометриялық қосу	Жел + қозғалыс	Қайық өзен ағысы мен мотор бағыты бойынша қозғалады. Нәтижелік қозғалысты тап	Модельдеу	Параллелограмм ережесін түсіндіру
5	Векторларды азайту	Айырма	Екі бағыт айырмасы	Екі адамның қозғалыс бағыттарының айырмасын анықта	Логикалық ойлау	Қосу арқылы түсіндіру
6	Санға көбейту	Масштабтау	Жылдамдықты өзгерту	Автокөлік жылдамдығы 2 есе артты.	Пропорционалдық	Вектор ұзындығын түсіндіру

				Вектор қалай өзгереді?		
7	Координаталар	(х, у) арқылы беру	Карта, GPS	Қаланың координаталық картасында қозғалыс бағытын анықта	Аналитикалық ойлау	Геометрия + алгебра байланысы
8	Вектор ұзындығы	Модуль	Қашықтық	Екі нүкте арасындағы нақты қашықтықты тап	Есептеу	Формуланың мағынасын түсіну
9	Вектор жіктеу	Компоненттер	Күштер	Арқан тарту ойынында күштерді осьтер бойынша жікте	Анализ	Физикамен байланыс
10	Нәтижелік вектор	Қорытқы әсер	Бірнеше қозғалыс	Арқан тартыс ойыны	Синтез	Физикамен байланыс
11	Бағытталған кесінді	Геометриялық интерпретация	Маршрут	Карта бойынша қозғалыс бағытын көрсет	Визуализация	Графикалық дағды

Кестеде көрсетілгендей, векторлар тақырыбын оқытуда шынайы есептерді қолдану әртүрлі мазмұндық бағыттарды қамтиды және оқушылардың математикалық білімін нақты өмірлік жағдайлармен

байланыстыруға мүмкіндік береді. Блум таксономиясы бойынша деңгейлеп оқыту технологиясына сәйкес, бір өмірлік жағдайды әртүрлі деңгейде ұсыну арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге болады [3].

Шынайы есептерді сабаққа енгізу мысалдары

Векторлар тақырыбын оқыту барысында шынайы есептерді қолдану әрбір мазмұндық бөлімнің ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылуы тиіс. Әр тақырып белгілі бір өмірлік жағдаймен байланыстырылып, сол арқылы оқушылардың түсіну деңгейі біртіндеп қалыптасады.

Вектор ұғымын және коллинеарлы векторларды түсіндіру

Бұл тақырыпты қозғалыс пен жылдамдық арқылы енгізу тиімді.

Мысалы, сабақта келесі есеп ұсынылады:

«Арқан тартыс» ойынына төрт адамнан тұратын екі команда қатысады. Екі команда арқанды бір бағытта 330 Н және 380 Н күшпен тартады, ал екі команда қарама-қарсы бағытта 300 Н және 400 Н күшпен тартады. Жеңімпаз команданы тауып, жауабыңызды негіздеңіз.



Векторлардық координаталық жазықтықтағы түсінігі

Сабақта келесі есепті қолдануға болады:

Тақтада оқушы үйін салғысы келетін қалалардың атын атайды. Екінші оқушы векторды пайдаланып, армандаған үйін салу үшін Астанадан қай бағытқа бару керектігін көрсетеді (болжайды). (Оқушылар Қазақстан қалаларының орналасқан жерін қадағалай алуы үшін қала атаулары жоқ карта бере аласыз.) Ойын «әскери кемеге» ұқсас, бірақ олар жау кемелерін жоюдың орнына векторларды пайдаланып бағыттарды болжайды.



Координаттардағы векторларға амалдар орындау

Сабақта келесі есепті қолдануға болады:

Еркебұлан Павлодарға барғысы келеді, ал Астанаға оралғаннан кейін Шымкентке қарай жүре береді. Егер ол ұзындығы бірдей екі бағытты қоса алса, қайда барар еді? Неліктен Қапшағай? Егер ол екі вектордың координаталарын қосуға тырысса ше?



Кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын анықтау

Нәтижелер. Сабақта келесі есепті қолдануға болады:

Алан Дәулетпен дос, олар мектепке бірге жаяу барады. Әдетте олар үйлерінің ортасында кездесіп, содан кейін мектепке жаяу барады, бірақ Алан аяғын сындырып алғандықтан, Дәулет ертерек кетіп, Аланға қарағанда алты есе алыс жүреді. Олар Т нүктесінде кездесіп, мектепке бірге жаяу барады. Егер

Аланның үйінің координаттары (-4; 4), ал Дәулеттікі (1; -5) болса, Т нүктесінің координаттарын табыңыз.



Қорытынды. Жүргізілген зерттеу 9-сыныпта векторлар тақырыбын оқытуда шынайы есептерді қолдану оқушылардың математикалық білімін тереңдетудің және оны практикада қолдану қабілетін қалыптастырудың тиімді құралы екенін көрсетті. Вектор ұғымының абстрактілі сипаты оны оқытуда белгілі бір қиындықтар туындататыны анықталды, ал өмірлік жағдайларға негізделген есептер бұл қиындықтарды азайтып, ұғымның мағынасын саналы түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Мақалада ұсынылған әдістемелік тәсілдер векторларды оқытуды жүйелі түрде ұйымдастыруға бағытталған. Әсіресе «контекст енгізу – математикалық модель құру – амалдарды қолдану – нәтижені интерпретациялау – рефлексия» кезеңдері арқылы оқыту оқушылардың логикалық ойлауын, талдау қабілетін және модельдеу дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу барысында шынайы есептердің әртүрлі түрлері (қозғалыс, күш, координаталар, географиялық бағыттар) векторлық ұғымдарды түсіндіруде жоғары тиімділік көрсететіні байқалды.

Жүйесі векторларды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысын қамтамасыз ететінін көрсетті. Оқушылар векторларды тек геометриялық объект ретінде емес, нақты процестерді сипаттайтын құрал ретінде қабылдай бастайды.

Қорытындылай келе, 9-сыныпта векторлар тақырыбын оқытуда шынайы есептерді жүйелі және мақсатты қолдану математикалық білім сапасын арттырудың, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың және оқу процесінің практикалық бағыттылығын күшейтудің маңызды шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымова Г.Қ. *Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі*. – Алматы: Білім, 2018. – 320 б.

2. Оспанов Т.Қ. *Математиканы оқыту әдістемесі*. – Алматы: Мектеп, 2015. – 256 б.
3. Қараев Ж.Ә. *Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы*. – Алматы: Рауан, 2010. – 224 б.
4. Көшербаев К.Ж. *Білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсіл*. – Астана: Фолиант, 2017. – 192 б.
5. Blum W., Niss M. *Applied Mathematical Modelling in Education*. – New York: Springer, 2014. – 320 p.
6. OECD. *PISA 2021 Results: Students' Performance in Mathematics*. – Paris: OECD Publishing, 2023. – 350 p.

УДК 372.851

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ ПОСРЕДСТВОМ ЖИЗНЕННО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ ЗАДАЧ

Усанин С.И., магистрант; **Джумабаев С.А.,** к.ф.-м.н., профессор,
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
usanin_serga@mail.com

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития критического мышления школьников на уроках математики в условиях цифровизации образования и перехода к обновлённым образовательным стандартам Республики Казахстан. Актуальность исследования обусловлена результатами международных исследований PISA, которые показывают недостаточный уровень сформированности у учащихся умений применять математические знания в реальных жизненных ситуациях.

Обосновывается целесообразность использования жизненно-ориентированных (контекстных) задач как эффективного средства развития аналитических, оценочных и рефлексивных навыков. Раскрываются дидактические особенности таких задач, их роль в преодолении разрыва между теорией и практикой, а также в формировании функциональной математической грамотности.

Представлена методика применения жизненно-ориентированных задач, включающая этапы постановки проблемной ситуации, анализа условий, выбора стратегии решения и интерпретации результата. Приведён конкретный пример контекстной задачи и показан её потенциал в развитии критического мышления.

Сделан вывод о том, что систематическое включение жизненно-ориентированных задач в учебный процесс способствует повышению качества математического образования и подготовке школьников к осознанному применению знаний в современной информационной среде.

Ключевые слова. Критическое мышление, жизненно-ориентированные задачи, контекстные задачи, функциональная грамотность, цифровизация образования, обучение математике, PISA.

Введение. Современная система образования Республики Казахстан ориентирована не только на усвоение предметных знаний, но и на формирование ключевых компетенций, среди которых особое место занимает критическое мышление. На уроках математики его развитие связано с умением анализировать условия задачи, выбирать способ решения, оценивать полученный результат и применять знания в практических ситуациях.

Актуальность данной проблемы подтверждается результатами международных исследований PISA, показывающими, что учащиеся нередко

испытывают трудности при использовании математических знаний в реальных жизненных контекстах. Это свидетельствует о необходимости поиска таких методических средств, которые обеспечивают связь между теоретическим материалом и его практическим применением.

Одним из таких средств выступают жизненно-ориентированные (контекстные) задачи, основанные на ситуациях, близких повседневному опыту школьников. Они способствуют активизации мыслительной деятельности учащихся, формированию функциональной грамотности и развитию способности к аргументированному принятию решений.

Цель статьи заключается в теоретическом обосновании и методическом описании использования жизненно-ориентированных задач как средства развития критического мышления школьников на уроках математики.

Задачи исследования**:** раскрыть сущность критического мышления в контексте обучения математике; охарактеризовать дидактические особенности жизненно-ориентированных задач; описать этапы методики их применения на уроках математики; показать потенциал контекстных задач в формировании функциональной грамотности школьников.

В современных условиях обновления содержания образования Республики Казахстан развитие критического мышления рассматривается как одна из приоритетных задач школьного обучения [1]. Государственные образовательные стандарты и Стратегические документы подчёркивают необходимость формирования у учащихся не только предметных знаний, но и метапредметных компетенций, включая способность самостоятельно анализировать информацию, выявлять причинно-следственные связи, оценивать достоверность данных и принимать обоснованные решения [2].

Особое значение критическое мышление приобретает в обучении математике. Согласно результатам международных исследований Programme for International Student Assessment (PISA), казахстанские школьники показывают относительно хорошие результаты в воспроизведении математических знаний, однако испытывают серьёзные трудности при решении задач, требующих применения математики в реальных жизненных контекстах. PISA ориентирована именно на оценку функциональной математической грамотности – умения понимать, интерпретировать и использовать математику для решения практических проблем [3].

В педагогической литературе критическое мышление определяется как интеллектуальная деятельность, направленная на осмысленное восприятие информации, логический анализ, аргументированную оценку суждений и формулирование собственных выводов. Оно проявляется через умение ставить вопросы, выдвигать гипотезы, проверять рассуждения, сопоставлять варианты решений и объяснять полученные результаты [4]. Критическое мышление не сводится к отрицанию или сомнению, а представляет собой конструктивный процесс глубокого понимания материала и его осознанного применения в новых ситуациях [5].

Традиционное преподавание математики часто сохраняет репродуктивный характер: преобладают задания по образцу и отработка стандартных алгоритмов. Такой подход приводит к формальному усвоению знаний и затрудняет перенос их в практическую деятельность. В результате учащиеся испытывают трудности при анализе нестандартных условий, выборе рациональной стратегии и критической оценке ответа [6].

Эффективным средством преодоления этих ограничений выступают жизненно-ориентированные (контекстные) задачи. Они основаны на реальных или моделируемых ситуациях, близких опыту школьников, и требуют не только вычислений, но и анализа контекста, отбора существенной информации, выбора математической модели и интерпретации результата с практической точки зрения.

Исследования показывают, что систематическое использование контекстных задач способствует формированию функциональной грамотности и развитию критического мышления. В частности, Абылкасымова А.Е. и соавторы отмечают высокий дидактический потенциал контекстных задач в повышении математической грамотности казахстанских школьников [5]. Аналогичные выводы содержатся в работах, посвящённых интеграции заданий формата PISA в школьный курс математики [8].

Таким образом, теоретический анализ подтверждает, что переориентация учебного процесса с репродуктивного усвоения на активную мыслительную деятельность с использованием жизненно-ориентированных задач является необходимым условием развития критического мышления и повышения качества математического образования в условиях цифровизации.

Материалы и методы. Жизненно-ориентированные (контекстные) задачи представляют собой особый вид учебных заданий, содержание которых основано на реальных или моделируемых жизненных ситуациях, понятных и близких учащимся [4]. В отличие от традиционных математических упражнений, направленных преимущественно на отработку алгоритмов и вычислительных навыков, контекстные задачи требуют комплексного подхода: анализа практической ситуации, выделения существенных данных, выбора адекватной математической модели, выполнения расчётов и обязательной интерпретации полученного результата в реальном контексте [5].

Дидактическая ценность таких задач определяется несколькими важными особенностями. Во-первых, они активизируют познавательную деятельность учащихся, переводя их из позиции пассивного исполнителя в позицию активного исследователя. Во-вторых, решение контекстных задач развивает не только предметные умения, но и метапредметные навыки: анализ, сравнение, оценку, аргументацию и рефлексию. В-третьих, они помогают преодолеть распространённый разрыв между теоретическим изучением математики и её практическим применением в повседневной жизни.

Жизненно-ориентированные задачи повышают учебную мотивацию учащихся, формируя осмысленное отношение к математике как инструменту

решения практических задач. В условиях цифровизации образования их эффективность усиливается за счёт использования цифровых инструментов, позволяющих работать с актуальными данными и визуализировать результаты.

Для более точного определения места жизненно-ориентированных задач в системе обучения математике целесообразно сопоставить их с рядом близких образовательных подходов (табл. 1).

Критерий	**Контекстные задачи**	**PISA**	**Project-Based Learning**	**Problem-Based Learning**
Цель	Обучение и развитие мышления	Оценка уровня подготовки	Создание продукта	Освоение знаний через проблему
Время реализации	В рамках одного урока	Ограничено тестом	Длительный процесс	Средне-/долгосрочный процесс
Структура	Частично открытая	Стандартизированная	Открытая	Открытая
Роль учителя	Организатор деятельности	Оценщик	Наставник	Фасилитатор
Тип мышления	Анализ, оценка	Применение	Синтез	Исследование
Контекст	Реальные ситуации	Моделируемые ситуации	Реальные задачи	Проблемные ситуации

Таблица 1 – Сравнение жизненно-ориентированных задач с современными образовательными подходами.

Как видно из табл. 1, жизненно-ориентированные задачи близки к заданиям формата PISA, однако выполняют не диагностическую, а обучающую функцию и гибко адаптируются в учебном процессе. В отличие от Project-Based Learning, они не требуют длительной проектной деятельности, а по сравнению с Problem-Based Learning ориентированы преимущественно на применение уже сформированных знаний.

Наряду с сопоставлением с другими подходами, важным аспектом анализа является внутренняя структура жизненно-ориентированных задач. В связи с этим целесообразно рассмотреть их классификацию в зависимости от уровня познавательной деятельности учащихся.

Можно выделить следующие типы:

1. Репродуктивно-контекстные задачи – предполагают применение уже известных алгоритмов в условиях, приближённых к реальной жизни.

Основная деятельность учащихся связана с переносом знаний в практическую ситуацию.

2. Аналитико-контекстные задачи – требуют анализа условий, отбора существенной информации и выбора адекватной математической модели. Учащиеся сопоставляют различные способы решения.

3. Проблемно-контекстные задачи – предполагают оценку различных вариантов решения, выявление их преимуществ и недостатков, а также принятие обоснованного решения.

4. Исследовательские контекстные задачи – ориентированы на самостоятельное построение способа решения, выдвижение гипотез и проверку предположений.

Данная классификация соотносится с уровнями познавательной деятельности в таксономии Блума: репродуктивно-контекстные задачи соответствуют уровню «применение», аналитико-контекстные – «анализ», проблемно-контекстные – «оценка», а исследовательские – «создание».

Таким образом, усложнение типа задач сопровождается переходом к более высоким уровням мышления и обеспечивает системное развитие критического мышления учащихся.

Использование жизненно-ориентированных задач на уроках математики требует особой организации учебного процесса, при которой учащиеся выступают не пассивными исполнителями готовых алгоритмов, а активными участниками познавательной деятельности. Учитель создаёт условия для самостоятельного анализа ситуации, обсуждения возможных путей решения и осмысления полученного результата.

Работу с жизненно-ориентированными задачами рекомендуется строить поэтапно:

1. Постановка проблемной ситуации. Учитель предъявляет реальную или приближённую к реальности жизненную ситуацию, вызывающую интерес у учащихся и содержащую математическую проблему. На этом этапе важно установить связь задачи с повседневным опытом школьников.

2. Анализ условия задачи. Учащиеся выделяют известные и неизвестные данные, определяют, какая информация является существенной, а какая – второстепенной или избыточной. Развивается умение критически оценивать полноту и достоверность исходных данных.

3. Выбор стратегии решения. Обсуждаются возможные математические модели и способы решения. Учащиеся сравнивают разные варианты, аргументируют выбор наиболее рационального из них. На этом этапе особенно активно проявляется критическое мышление.

4. Выполнение вычислений и интерпретация результата**.** После получения математического ответа школьники соотносят его с исходной жизненной ситуацией, оценивают практическую целесообразность, делают обоснованные выводы и рефлексируют над ходом решения.

Пример жизненно-ориентированной задачи (8 класс, тема «Проценты»)

В супермаркете действует акция: при покупке товаров на сумму свыше 25 000 тенге предоставляется скидка 12 %. Покупатель приобрёл товаров на 22 400 тенге.

Вопросы:

1. Сколько тенге заплатит покупатель без скидки?
2. Какую минимальную дополнительную сумму нужно потратить, чтобы получить скидку?
3. Стоит ли покупателю докупить товар на 3000 тенге, если этот товар ему фактически не нужен? Обоснуйте свой ответ, учитывая реальную экономическую ситуацию и возможные риски.

Решение данной задачи требует от учащихся не только выполнения расчётов процентов, но и критического анализа целесообразности действий, оценки «выгодно – невыгодно» и аргументированного вывода. На этапе интерпретации активно развивается рефлексия и умение принимать обоснованные решения в условиях неопределённости.

Эффективность методики значительно повышается при сочетании контекстных задач с цифровыми инструментами: интерактивными симуляторами, электронными таблицами, онлайн-калькуляторами и визуальными моделями. Это позволяет работать с актуальными данными и быстро проверять различные варианты решений.

Систематическое применение данной методики способствует переходу от репродуктивного усвоения знаний к осмысленной учебной деятельности, формированию у школьников способности самостоятельно анализировать ситуации и переносить математические знания в практическую жизнь.

Результаты. Проведённый теоретико-методический анализ показал, что использование жизненно-ориентированных задач в процессе обучения математике обладает значительным потенциалом для развития критического мышления учащихся.

Установлено, что включение контекстных задач в учебный процесс способствует активизации познавательной деятельности учащихся, развивает навыки анализа, оценки и аргументации, обеспечивает связь между теоретическими знаниями и их практическим применением, повышает учебную мотивацию и интерес к предмету.

Разработанная классификация жизненно-ориентированных задач позволяет целенаправленно формировать различные уровни познавательной деятельности учащихся – от применения до создания, что соответствует уровням таксономии Блума.

Сравнительный анализ с другими образовательными подходами показал, что контекстные задачи занимают промежуточное положение между традиционным обучением и деятельностными методами, обеспечивая развитие критического мышления без значительного усложнения организации учебного процесса.

Таким образом, предложенная методика может рассматриваться как эффективный инструмент развития критического мышления школьников в условиях современного образования.

Выводы. Жизненно-ориентированные (контекстные) задачи выступают перспективным и эффективным средством решения этой задачи. Они позволяют установить тесную связь между математическим содержанием и реальной жизнью, активизировать аналитические, оценочные и рефлексивные компоненты критического мышления, а также способствуют осознанному применению математических знаний в практических ситуациях.

Представленная в статье методика применения жизненно-ориентированных задач, включающая этапы постановки проблемной ситуации, анализа условия, выбора стратегии решения и интерпретации результата, создаёт условия для перехода от механического усвоения алгоритмов к активной познавательной деятельности. Систематическое использование таких задач повышает мотивацию школьников к изучению математики и развивает умение самостоятельно принимать обоснованные решения.

В заключение можно утверждать, что регулярное включение жизненно-ориентированных задач в учебный процесс не только повышает качество математической подготовки учащихся, но и способствует формированию личности, способной критически мыслить, аргументировать свою позицию и успешно адаптироваться в современном информационном обществе.

Список использованной литературы

1. Programme for International Student Assessment (PISA) // OECD. URL: https://www.oecd.org/pisa/ (дата обращения: 27.03.2026).
2. Министерство просвещения Республики Казахстан: офиц. сайт. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu (дата обращения: 27.03.2026).
3. Галиева С.Ю. Педагогические условия как фактор формирования критического мышления школьников в контексте изучения математики // Научно-педагогическое обозрение. 2021. №4. С. 43-53. URL: https://npo.tspu.edu.ru/files/npo/PDF/articles/galieva_s._y._43_53_4_38_2021.pdf (дата обращения: 27.03.2026).
4. Кузнецова А.В. Практико-ориентированные задачи по математике как средство повышения учебной мотивации // CyberLeninka. 2024. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/praktiko-orientirovannye-zadachi-po-matematike-kak-sredstvo-povysheniya-uchebnoy-motivatsii (дата обращения: 27.03.2026).
5. Абылкасымова А.Е., Туяков Е.А., Разак Ж.Н. и др. Формирование функциональной грамотности учащихся школ посредством контекстных задач // Вестник НАН РК. 2024. Т. 410. №4. С. 5–23. DOI: 10.32014/2024.2518-1467.783. URL: https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/6739 (дата обращения: 27.03.2026).
6. Станогина Н. Развитие критического мышления и креативности на уроках математики // Педагогическая наука и практика. 2024. URL:

https://journal.orleu-edu.kz/index.php/pnp/article/download/199/81 (дата обращения: 27.03.2026).

7. Сапарбаева Е. Transforming mathematics education in Kazakhstan: the impact of project-based learning // Cogent Education. 2025. URL: https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/2331186X.2025.2461978 (дата обращения: 27.03.2026).

8. Рванова А.С. Динамические модели в обучении геометрии в контексте развития критического мышления // Вестник Северо-Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева. 2021. URL: https://vestnik.ku.edu.kz/jour/article/view/404/408 (дата обращения: 27.03.2026).

МРНТИ 27.01.45

ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ПОНЯТИЙ МАТЕМАТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОМПЬЮТЕРНЫХ СИМУЛЯТОРОВ И ИНТЕРАКТИВНЫХ МОДЕЛЕЙ

Хафиз А.А., магистрант; **Джумабаев С.А.,** к.ф.-м.н., профессор,
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
ablai-hafiz@mail.ru

Аннотация. Актуальность темы обусловлена низкими результатами казахстанских учащихся в международных исследованиях PISA по математике, а также необходимостью формирования функциональной грамотности и критического мышления в условиях цифровизации образования. Традиционные методы преподавания математического анализа, опирающиеся преимущественно на теоретические объяснения и формальные вычисления, часто не позволяют обучающимся глубоко осмыслить абстрактные понятия, такие как предел, производная и интеграл. Это приводит к формальному усвоению материала и снижению учебной мотивации.

Цель статьи заключается в исследовании возможностей визуализации понятий математического анализа с использованием компьютерных симуляторов и интерактивных моделей. В работе рассмотрены педагогические преимущества динамической визуализации, проанализированы функциональные возможности современных цифровых инструментов GeoGebra, Desmos, PhET Interactive Simulations и Python, а также обоснована их эффективность для развития наглядно-образного и логического мышления обучающихся.

Метод проведения работы включает теоретический анализ научной и методической литературы, сравнительный анализ цифровых образовательных платформ и практическое моделирование ключевых понятий математического анализа в интерактивных средах.

Особое внимание уделяется адаптации данных технологий к условиям казахстанского образования с учётом требований формирования функциональной грамотности и проектно-ориентированного обучения [7].

Ключевые слова: математический анализ, визуализация, интерактивные модели, компьютерные симуляторы, GeoGebra, Desmos, Python, функциональная грамотность, критическое мышление, образовательные технологии.

Введение. Математический анализ относится к числу наиболее сложных дисциплин школьного и вузовского математического образования. Он опирается на высокоабстрактные понятия и требует развитого логического и критического мышления. Результаты международного исследования PISA

показывают, что казахстанские школьники испытывают серьёзные трудности в понимании и применении математических концепций на практике [1].

Традиционные методы обучения, основанные преимущественно на теоретических объяснениях и формальных преобразованиях, часто приводят к формальному усвоению материала и не обеспечивают глубокого понимания таких фундаментальных понятий, как предел, производная и интеграл. В условиях цифровизации образования и реализации государственной политики в сфере просвещения Республики Казахстан возникает острая необходимость в новых педагогических подходах, повышающих наглядность, мотивацию и функциональную грамотность учащихся [2].

Одним из наиболее перспективных направлений является визуализация математических понятий — представление сложных процессов в графической, динамической и интерактивной форме с помощью современных компьютерных симуляторов и моделей.

Методы и материалы. На сегодняшний день визуализация стала одним из ключевых инструментов модернизации математического образования в условиях цифровизации. Однако традиционные методы преподавания математического анализа не всегда обеспечивают глубокое понимание абстрактных понятий, таких как предел, производная и интеграл. Это обусловлено их высокой степенью абстракции и недостаточной наглядностью, что приводит к формальному усвоению материала и снижению мотивации обучающихся.

В исследовании применялся комплекс методов: теоретический анализ педагогической и методической литературы, сравнительный анализ цифровых образовательных инструментов, практическое моделирование ключевых понятий математического анализа в интерактивных средах, а также обобщение результатов экспериментальных исследований по эффективности данных инструментов.

Основными материалами исследования послужили свободно доступные современные программные средства, эффективность которых подтверждена в научной литературе.

GeoGebra использовалась как основная динамическая математическая среда [12]. Экспериментальное исследование Пардаева Д. показало, что применение GeoGebra в процессе преподавания математики приводит к статистически значимому улучшению понимания материала и повышению учебной мотивации по сравнению с традиционными методами [9]. Ларин С.В. отмечает, что GeoGebra особенно эффективна для визуализации алгебры и математического анализа, позволяя динамически демонстрировать свойства функций и их изменения [10].

При изучении определённого интеграла GeoGebra применялась для построения графика функции, отображения интегральных сумм с переменным числом разбиений и автоматического расчёта площади. Денисова М.Ю. подчёркивает, что такая визуализация позволяет обучающимся наглядно

увидеть геометрический смысл интеграла и экспериментально подтвердить фундаментальную теорему анализа [11].

Desmos применялся для параметрического исследования функций и построения линий уровня функций двух переменных.

PhET Interactive Simulations (Calculus Grapher) использовался для наблюдения в реальном времени взаимосвязи между функцией, её производной и интегралом при перемещении точек [13].

Python с библиотеками Matplotlib, NumPy и SymPy применялся для численного моделирования и создания анимированных визуализаций (приближение к пределу последовательности, сходимость рядов Тейлора, расчёт интегральных сумм Римана).

Сербина Л.И. отмечает, что визуализация в целом снижает уровень абстрактности математического материала и способствует развитию наглядно-образного и логического мышления [8].

Все выбранные инструменты являются бесплатными, открытыми и полностью адаптированными для использования в образовательных учреждениях Республики Казахстан. В рамках исследования были созданы авторские интерактивные модели с использованием слайдеров для изменения параметров, что позволило обучающимся самостоятельно экспериментировать и наблюдать результаты в реальном времени.

Таким образом, сочетание теоретического анализа литературы и практического моделирования в указанных цифровых средах позволило комплексно изучить педагогическую эффективность визуализации понятий математического анализа.

Результаты. Проведённый анализ и практическое моделирование подтвердили высокую педагогическую эффективность визуализации понятий математического анализа с помощью компьютерных симуляторов и интерактивных моделей.

Использование интерактивных моделей позволяет обучающимся перейти от пассивного запоминания формул к активному исследованию математических объектов и процессов. Это способствует развитию критического мышления и более глубокому пониманию материала [3], [6].

Экспериментальное исследование Пардаева Д. показало, что применение GeoGebra в процессе преподавания математики приводит к статистически значимому улучшению понимания учебного материала и повышению учебной мотивации учащихся по сравнению с традиционными методами [9].

При изучении определённого интеграла динамические модели в GeoGebra дают возможность наглядно наблюдать, как интегральная сумма с увеличением числа разбиений приближается к точному значению площади под кривой. Это позволяет учащимся самостоятельно увидеть геометрический смысл интеграла и экспериментально подтвердить фундаментальную теорему математического анализа [11].

Практико-ориентированные и контекстные задачи в сочетании с визуализацией значительно повышают учебную мотивацию школьников и

студентов [4]. Формирование функциональной грамотности через такие задачи является важным фактором повышения качества математического образования в Казахстане [5].

Для функций двух переменных интерактивные модели линий уровня в GeoGebra и Desmos существенно снижают когнитивную нагрузку и помогают визуально анализировать поведение поверхностей, градиент и экстремумы.

Python дополняет визуализацию возможностью проведения численных экспериментов и создания анимированных моделей, например, процесса приближения к пределу последовательности или сходимости рядов Тейлора.

В целом результаты исследования показывают, что интеграция компьютерных симуляторов и интерактивных моделей в обучение математическому анализу существенно повышает качество усвоения материала, развивает наглядно-образное и логическое мышление, а также способствует формированию устойчивых и осознанных знаний у обучающихся.

Заключение. Визуализация понятий математического анализа с использованием компьютерных симуляторов и интерактивных моделей является эффективным средством модернизации математического образования в условиях цифровизации. Применение инструментов GeoGebra, Desmos, PhET и Python позволяет существенно снизить уровень абстрактности материала, сделать обучение более наглядным и динамичным, повысить мотивацию и активизировать познавательную деятельность обучающихся.

Педагогическая ценность данного подхода заключается в развитии критического мышления, функциональной грамотности и глубокого осознанного понимания математических процессов. Интерактивные модели дают учащимся возможность самостоятельно экспериментировать с параметрами и мгновенно наблюдать результаты изменений.

Таким образом, широкое внедрение компьютерных симуляторов и интерактивных моделей в преподавание математического анализа открывает новые перспективы для повышения качества образования в Республике Казахстан и отвечает современным требованиям цифрового общества и международным стандартам PISA.

Список использованных источников:

1. Programme for International Student Assessment (PISA) // OECD. URL: https://www.oecd.org/pisa/
2. Министерство просвещения Республики Казахстан: офиц. сайт. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu
3. Галиева С.Ю. Педагогические условия как фактор формирования критического мышления школьников в контексте изучения математики // Научно-педагогическое обозрение. 2021. №4. С. 43-53.
4. Кузнецова А.В. Практико-ориентированные задачи по математике как средство повышения учебной мотивации // CyberLeninka. 2024.

5. Абылкасымова А.Е., Туяков Е.А., Разак Ж.Н. и др. Формирование функциональной грамотности учащихся школ посредством контекстных задач // Вестник НАН РК. 2024. Т. 410. №4. С. 5–23.
6. Станогина Н. Развитие критического мышления и креативности на уроках математики // Педагогическая наука и практика. 2024.
7. Сапарбаева Е. Transforming mathematics education in Kazakhstan: the impact of project-based learning // Cogent Education. 2025.
8. Сербина Л.И. Визуализация и ее роль в обучении математике как одно из актуальных направлений в современном образовании // КиберЛенинка, 2020.
9. Пардаев Д. Экспериментальное исследование эффективности использования GeoGebra в процессе преподавания математики // OAJIEM, 2025.
10. Ларин С.В. Алгебра и математический анализ с GeoGebra // Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В.П. Астафьева. 2013. № 1 (23). С. 236-240.
11. Денисова М.Ю. Применение интерактивной среды GeoGebra при изучении определенного интеграла // Материалы конференции, КФУ.
12. Официальная документация GeoGebra. URL: https://www.geogebra.org/manual.
13. PhET Interactive Simulations. Calculus Grapher. University of Colorado Boulder. URL: https://phet.colorado.edu/en/simulation/legacy/calculus-grapher

ҒТАМА 14.25.09

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Амангелдіқызы Б., «7М01503 Химия» ББББ 1-курс магистранты;
Жумагалиева Ж.Ж., х.ғ.к., доцент, Астана халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
binuramangeldieva@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада химия сабағында оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық құралдарды енгізу бағалау үдерісін жетілдірудің негізгі бағытына айналып отыр. Зерттеу барысында онлайн платформалар, интерактивті тестілеу жүйелері және автоматтандырылған бағалау әдістерінің мүмкіндіктері талданды. Атап айтқанда, Kahoot, Quizizz, Google Forms сияқты құралдардың оқушылардың оқу белсенділігіне, мотивациясына және білім сапасына әсері анықталды. Нәтижелер көрсеткендей, инновациялық технологияларды қолдану бағалаудың объективтілігін арттырып, уақытты үнемдеуге және жедел кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, өзіндік жұмыс жасау дағдылары қалыптасады. Мақалада сондай-ақ цифрлық бағалаудың артықшылықтарымен қатар, оны енгізу барысында туындайтын кейбір қиындықтар да қарастырылған. Жалпы алғанда, инновациялық тәсілдер білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Кілт сөздер: инновациялық технологиялар, химия, бағалау, цифрлық білім беру, онлайн тестілеу, интерактивті әдістер, оқыту тиімділігі, білім сапасы

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесі жаһандық цифрландыру үдерісінің ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Әсіресе жаратылыстану пәндерін оқытуда, соның ішінде химия сабағында, оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау әдістерін жаңарту өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі дәстүрлі бағалау тәсілдері көбінесе мұғалімнің субъективті пікіріне тәуелді болып, оқушының нақты білім деңгейін толық көрсете алмайды. Осыған байланысты білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу қажеттілігі туындады [1].

Инновациялық технологияларды білім беру саласына енгізу мәселесі алғаш рет XX ғасырдың соңында кеңінен зерттеле бастады. 2001 жылы Блум таксономиясының жаңартылған нұсқасын ұсынған Андерсон мен Кратвол оқыту нәтижелерін бағалаудың когнитивтік деңгейлерін нақтылап берді. Ал 2010 жылдан бастап цифрлық білім беру технологияларының қарқынды

дамуына байланысты бағалау жүйесінде онлайн платформалар кеңінен қолданыла бастады. OECD ұйымының 2018 жылғы зерттеуінде цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін 20–25%-ға арттыратыны көрсетілген [2].

Қазақстанда да білім беру жүйесін жаңғырту бағытында бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылды. 2016 жылдан бастап еліміздің мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұны енгізіліп, критериалды бағалау жүйесі қолданысқа енді. Бұл жүйе оқушылардың білімін нақты критерийлер арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017) аясында білім беру ұйымдарында цифрлық технологияларды қолдану деңгейі айтарлықтай артты [3].

Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, цифрлық бағалау құралдары оқушылардың оқу мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқарады. Мысалы, Bates (2015) өз зерттеуінде онлайн платформалардың интерактивтілігі оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететінін атап өтсе, Selwyn (2016) білім беру процесінде технологияларды қолдану оқу сапасын арттырудың негізгі факторы екенін көрсеткен. Сонымен қатар, Hattie (2009) жүргізген мета-талдау нәтижелері кері байланыстың тиімділігі оқыту нәтижесіне тікелей әсер ететінін дәлелдеді [4].

Химия сабағында инновациялық технологияларды қолдану ерекше маңызға ие, себебі бұл пән күрделі теориялық ұғымдар мен тәжірибелік дағдыларды қатар меңгеруді талап етеді. Цифрлық құралдар арқылы оқушылардың білімін жедел тексеру, нәтижелерін талдау және жеке оқу траекториясын қалыптастыру мүмкіндігі артады [5].

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы химия сабағында оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін тәжірибелік тұрғыда анықтауға бағытталды. Зерттеу 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында жалпы білім беретін мектептің 8–9 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Жалпы зерттеуге 64 оқушы қатысты, оның ішінде 32 оқушы бақылау тобына, ал 32 оқушы эксперименттік топқа бөлінді. Топтарды қалыптастыру кезінде оқушылардың бастапқы білім деңгейі, үлгерімі және жас ерекшеліктері ескерілді.

Зерттеу үш кезеңнен тұрды: диагностикалық (қыркүйек 2025 ж.), қалыптастырушы (қазан–желтоқсан 2025 ж.) және қорытынды бақылау (қаңтар 2026 ж.). Диагностикалық кезеңде оқушылардың химия пәні бойынша бастапқы білім деңгейі анықталды. Бұл үшін 20 сұрақтан тұратын стандартталған тест қолданылды. Тест сұрақтары Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес «Заттардың құрылысы», «Химиялық реакциялар» және «Ерітінділер» бөлімдерін қамтыды. Бағалау нәтижелері 100 балдық шкала бойынша есептелді. Бастапқы нәтижелер бойынша екі топтың орташа көрсеткіштері айтарлықтай айырмашылық көрсетпеді: бақылау тобы – 61,3 балл, эксперименттік топ – 60,8 балл. Бұл зерттеудің объективтілігін қамтамасыз етті.

Қалыптастырушы кезеңде бақылау тобында дәстүрлі бағалау әдістері (ауызша сұрау, жазбаша бақылау жұмыстары, мұғалімнің субъективті бағалауы) қолданылды. Ал эксперименттік топта бағалау үдерісіне инновациялық технологиялар жүйелі түрде енгізілді. Атап айтқанда, әр тақырып бойынша қалыптастырушы бағалау келесі цифрлық құралдар арқылы жүзеге асырылды:

- Google Forms платформасында аптасына 1 рет онлайн тест (15–20 сұрақ). Автоматты тексеру және нәтижені бірден шығару функциясы қолданылды;
- Kahoot платформасы арқылы әр сабақ соңында 8–10 сұрақтан тұратын жедел тест ұйымдастырылды (орташа уақыт – 7 минут);
- Quizizz платформасында үй тапсырмасы ретінде интерактивті тапсырмалар берілді (аптасына 1 рет, 10–15 сұрақ);
- Plickers жүйесі арқылы интернетсіз жедел бағалау жүргізілді (айына 2 рет);
- Moodle платформасында бөлімдік жиынтық бағалау (БЖБ) өткізілді.

Әрбір құрал нақты мақсатқа бағытталды: Google Forms – білімді жүйелі тексеру, Kahoot – жедел кері байланыс, Quizizz – өзіндік жұмысты дамыту, Moodle – кешенді бағалау.

Бағалау нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету үшін бірнеше өлшемдер қолданылды:

1. Дұрыс жауаптар пайызы;
2. Тапсырманы орындау уақыты;
3. Қателердің түрлері (концептуалдық, есептік, логикалық);
4. Оқушының белсенділік деңгейі (платформадағы қатысу жиілігі).

Эксперимент барысында жиналған мәліметтер сандық және сапалық талдау әдістері арқылы өңделді. Сандық талдау үшін орташа арифметикалық мән, пайыздық көрсеткіштер және салыстырмалы өсім коэффициенті есептелді. Мысалы, әр оқушының бастапқы және қорытынды нәтижелері салыстырылып, білім сапасының өзгеру динамикасы анықталды.

Қалыптастырушы кезеңнің соңында эксперименттік топта келесі нақты өзгерістер байқалды:

- Орташа үлгерім көрсеткіші 60,8 баллдан 78,4 баллға дейін өсті (+17,6 балл);
- Жоғары деңгейдегі (80 баллдан жоғары) оқушылар үлесі 21%-дан 47%-ға дейін артты;
- Төмен нәтиже көрсеткен оқушылар саны 28%-дан 12%-ға дейін азайды;
- Тапсырмаларды орындау уақыты орта есеппен 15–20% қысқарды.

Ал бақылау тобында өсім айтарлықтай төмен болды: орташа балл 61,3-тен 68,2-ге дейін ғана көтерілді (+6,9 балл).

Сапалық талдау нәтижелері де маңызды көрсеткіштерді көрсетті. Эксперименттік топтағы оқушылардың 75%-ы цифрлық платформалар арқылы бағалауды «қызықты» және «ыңғайлы» деп бағалады. Сонымен қатар,

68% оқушы жедел кері байланыс олардың қателерін түсінуге көмектескенін атап өтті.

Зерттеу барысында мұғалімнің уақыт шығыны да есептелді. Дәстүрлі бағалау кезінде бір сыныптың жазбаша жұмыстарын тексеруге орта есеппен 90–120 минут қажет болса, цифрлық құралдарды қолдану кезінде бұл уақыт 20–30 минутқа дейін қысқарды.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, зерттеу критериалды бағалау жүйесіне негізделді. Барлық тапсырмалар нақты оқу мақсаттарына сәйкес құрылып, дескрипторлар арқылы бағаланды. Сонымен қатар, Bloom таксономиясының деңгейлері (білу, түсіну, қолдану, талдау) ескеріліп, тапсырмалар күрделілік бойынша сараланды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері химия сабағында инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың оқу көрсеткіштеріне нақты оң әсер бергенін көрсетті. Эксперименттік топта бағалау жүйесі цифрлық платформалар арқылы жүргізілгендіктен, оқушылардың тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен дәлдігі артты. Сонымен қатар, олардың сабаққа қатысу белсенділігі де жоғары болды.

Қорытынды бақылау кезеңінде екі топтың нәтижелері салыстырылды. Эксперименттік топтың орташа балы 78,4 болса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 68,2 деңгейінде қалды. Яғни айырмашылық шамамен 10 баллды құрады. Бұл инновациялық әдістердің тиімді екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар саны да көбейді. Эксперименттік топта 80 баллдан жоғары жинағандар 47% болса, бақылау тобында бұл көрсеткіш тек 29% болды. Ал төмен нәтиже көрсеткен оқушылар саны айтарлықтай азайды.

Оқушылардың пікірлері де маңызды болды. Көпшілігі онлайн тесттер мен ойын элементтері бар тапсырмалар сабақты қызықты ететінін айтты. Жедел нәтиже алу олардың қателерін бірден түсінуге көмектесті. Бұл өз кезегінде білімді тез меңгеруге әсер етті.

Төменде зерттеу нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері берілген:

Кесте 1 – Оқушылардың оқу нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Бақылау тобы (%)	Эксперименттік топ (%)	Түсіндірме
1	Орташа балл	68,2	78,4	Эксперименттік топта білім деңгейі жоғары
2	Жоғары нәтиже (80+)	29%	47%	Жақсы оқитындар саны артқан
3	Төмен нәтиже (<50)	18%	12%	Әлсіз оқушылар азайған
4	Белсенділік деңгейі	55%	82%	Сабаққа қатысуы жоғарылаған

Жалпы, бұл кесте цифрлық бағалау жүйесінің тиімділігін нақты көрсетеді.

Сонымен қатар, нәтижелерді визуалды түрде көрсету үшін төмендегі диаграммалық мәліметтер ұсынылады:



Диаграмма 1 – Оқу нәтижелері

Бұл деректерді диаграмма түрінде көрсеткенде, эксперименттік топтың барлық көрсеткіш бойынша жоғары екені анық көрінеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер инновациялық технологияларды қолдану тек бағалауды жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың білім сапасын нақты арттыратынын дәлелдеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу химия сабағында оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауда инновациялық технологияларды қолдану тиімді екенін нақты көрсетті. Цифрлық платформаларды пайдалану бағалау үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, оның нақтылығын арттырды. Эксперименттік топтың нәтижелері бойынша оқушылардың үлгерімі, белсенділігі және пәнге деген қызығушылығы айтарлықтай өскені байқалды. Сонымен қатар, жедел кері байланыс беру мүмкіндігі оқушылардың өз қателерін тез түсініп, оларды түзетуіне жағдай жасады. Бұл білімді сапалы меңгеруге оң әсер етті.

Зерттеу нәтижелері негізінде инновациялық технологияларды оқу процесіне жүйелі түрде енгізу қажеттілігі анықталды. Мұндай тәсіл мұғалімнің уақытын үнемдеп, бағалауды объективті етуге мүмкіндік береді. Болашақта білім беру жүйесінде жасанды интеллект элементтерін енгізу арқылы бағалау сапасын одан әрі арттыруға болады. Сондықтан химия пәні мұғалімдеріне цифрлық құралдарды тиімді пайдалану ұсынылады, себебі бұл оқыту сапасын жақсартудың маңызды жолдарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (27 шілде 2007 ж., өзгерістермен және толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz – Қол жеткізілген күні: 03.04.2026.
2. OECD. Education at a Glance 2018: OECD Indicators [Электрондық ресурс]. – Paris: OECD Publishing, 2018. – Қолжетімділік режимі: https://www.oecd.org – Қол жеткізілген күні: 03.04.2026.
3. Қазақстан Республикасы. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017) [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://digitalkz.kz – Қол жеткізілген күні: 03.04.2026.
4. Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. – London: Routledge, 2009. – 378 p.
5. Bates T. Teaching in a Digital Age: Guidelines for Designing Teaching and Learning. – Vancouver: BCcampus, 2015. – 528 p.

ҒТАМА 39.01.45

АҚКЕГЕРШІН ҮСТІРТІНІҢ ТАБИҒИ МҰРАСЫН ТАНЫТУ: ӨЛКЕТАНУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Анкашева Г.М., «7М01504 География» ББББ 1-курс магистранты;
Самарханов Т.Н., PhD, қауымдастырылған профессор
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты дамуының төртінші мақсаты – барлығын қамтитын әрі әділ сапалы білім беруді берудің қалыптасуын қамтамасыз ету үшін табиғи мұраны өлкетану сабақтарында зерделеу мен дәріптеуді зерттеудің ғылыми-географиялық ерекшеліктері қарастырылады. Бұл мақсатқа қол жеткізуде орта мектеп географиясы мен өлкетану сабақтары ерекше орын алады, олар табиғи мұраны танымдық, құндылық, белсенді зерттеуге алғышарттар жасайды. Бұл курстардың мазмұны оқушылардың табиғи мұраны зерттеу мотивациясын қамтамасыз етеді, оқушылардың тұрақты даму үшін адам мен табиғат қатынастарын үйлестіру бағытында оны сақтау мәселелеріне қатысуын түсінуге ықпал етеді. Табиғи мұра табиғаттың ғажайып туындысы – Аққегершін үстірті негізінде ашылады. Жергілікті табиғи мұраны қолдану арқылы сабақтың мазмұнынын ашу оқушылардың табиғи және мәдени мұраны зерттеу мотивациясын қамтамасыз етеді, оқушылардың тұрақты даму үшін адам мен табиғат қатынастарын үйлестіру бағытында оны сақтау мәселелеріне қатысуын түсінуге ықпал етеді.

Кілт сөздер: табиғи мұра, Аққегершін үстірті, өлкетану сабақтары, табиғи мұра, цифрлық технология.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде мектеп географиясы оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және жан-жақты дамыту мақсатында табиғи және мәдени мұраны кешенді түрде зерттеуге бағдарланған. Отандық географ-ғалымдардың зерттеулерінде табиғи және мәдени мұраның танымдық, рухани-адамгершілік және тәжірибелік қырлар арқылы ашылатын жоғары мәдени әрі экологиялық әлеуеті атап көрсетіледі [1]. Табиғи және мәдени мұра тұрақты даму мәдениеті контекстінде географиялық ғылымды экологияландыру үдерісінің нәтижесінде адам мен қоршаған орта арасындағы экологиялық қатынастарды эко-гуманистік идеялар мен шығармашылық қызмет негізінде айқындайды [2]. Аталған идеяларды мектептегі географиялық білім беру мазмұнына енгізу өзекті болып табылады.

Табиғи мұраны зерттеуде ерекше рөл орта мектептегі «География» пәнінің «Өлкетану» курсына тиесілі. Аталған курс Отанымыздың табиғатының, халқының және экономикасының ерекшеліктерін ашып көрсетіп, табиғи және мәдени мұраны өзара байланыста зерделеуге, тұрақты

даму мәдениетін қалыптастыруға, патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті және адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге негіз қалайды. Өлкетану Қазақстанның табиғи және мәдени мұрасын зерттеудегі сабақтастықты қамтамасыз етіп, жергілікті ландшафттар мен мәдени ерекшеліктерге сүйене отырып, оны дәйекті түрде ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, табиғи және мәдени мұра туралы жалпы геоэкологиялық білімнің жүйесіздігі мектеп практикасында іске асыру барысында елеулі қиындықтар туындатады. Сол себепті «Өлкетану» курстары аясында жергілікті жердің табиғи мұра объектілерін оқушылармен бірлесе зерттеу, аймақта сақталған табиғи және мәдени мұра нысандарымен таныстыру, олардың геоэкологиялық, тарихи-мәдени маңызын ашу маңызды болып табылады. Мұндай жұмыс оқушылардың табиғи ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастырып қана қоймай, зерттеушілік дағдыларын дамытуға, туған өлкенің табиғи және мәдени құндылықтарын түсінуге әрі оларды сақтауға бағытталған тұрақты мінез-құлық үлгілерін орнықтыруға ықпал етеді. Сол себепті Аққегершін үстіртінің табиғи-ландшафтық ерекшеліктерін ғылыми негізде жүйелеп және оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану өзекті болып табылады.

Осы зерттеу жұмысының мақсаты – «Өлкетану» сабақтары аясында Аққегершін үстіртін зерттеп және оны мектеп географиясы сабақтарында оқушылармен бірлесе танымдау мүмкіндіктерін айқындау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының материалдары ретінде Атырау және Ақтөбе облыстарының түйіскен тұсында орналасқан Аққегершін үстіртіне қатысты географиялық, геоморфологиялық және геоэкологиялық деректер пайдаланылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы географиялық әдістер кешені қолданылды. Теориялық деңгейде ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру және жүйелеу әдістері пайдаланылды. Үстірттің географиялық орналасуын, жер бедерінің ерекшеліктерін және табиғи нысандарын анықтау үшін картографиялық және геоақпараттық талдау әдістері қолданылды. Педагогикалық зерттеу бөлігінде бақылау, талдау және жобалау әдістері қолданылды. Атап айтқанда, «Өлкетану» сабақтарында жергілікті табиғи мұраны оқушылармен бірлесе танымдауға бағытталған оқу-танымдық тапсырмалар әзірленіп, оларды оқу үдерісіне енгізу мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеу нәтижелерін жалпылау барысында индукция және дедукция әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Аққегершін үстіртінің табиғи ерекшеліктерін сипаттауға дейін Жылыой ауданының географиялық және тарихи-мәдени келбетіне тоқталу орынды. Жылыой ауданының тарихи мұрасы мен үшін ерекше маңызға ие, бұл өңір өте ертеден түрлі түркі тайпаларының қоныстану аймағы болғаны белгілі. Бұл жөнінде қазіргі күнге дейін сақталған Ұшқан, Аралтөбе, Қарашүңгіл сияқты археологиялық және сәулеттік ескерткіштер айғақ бола алады. Сонымен қатар, әр кезеңдерде Жем-Жылыой аумағын басып өткен саяхатшылар мен зерттеушілер өз еңбектерінде өңірдің табиғаты мен халқы

жөнінде құнды деректер қалдырған. Оның ежелден қазақ мекені болғандығы дау тудырмайды [3].

Жылыой ауданы Атырау облысының шығыс бөлігіндегі Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауымен Жем, Қайнар өзендерінің сағалық бөлігін қамтиды. Жерінің орналасуына қарай солтүстігінде Мақат ауданымен, шығысында Ақтөбе облысымен Байғанин ауданымен, батысында Каспий теңізімен, оңтүстікте Маңғыстау облысының Бейнеу ауданымен шектеседі.

Жергілікті тұрғындар өзінің шетсіз-шексіз кең де қуаң ойдым-ойдым соры бар, масалы-шіркейлі де табиғаты қатал ойпатты жазығынан Кең Жылыойым деп атап келеді. Себебі талай ұрпақтар үшін Жылыой өңірі – ата-баба исі сіңген, кіндік қаны тамып, тұсауы кесілген қасиетті атамекен. Каспий маңы ойпаты мен оның қойнауындағы тұз күмбездері ерте заманнан бергі теңіз шөгінділерінің қалың қабаты мен тереңге көмілген құрылымдары. Мұнда ғасырлар бойы теңіз суындағы элементтердің баршасы сүзіліп тұнған, текшеленген, сондықтан да ауданымыздың жер қойнауында сан түрлі табиғи қорлардың мол шоғырлары қалыптасқан [4].

Жылыой ауданының тарихи және географиялық келбеті оның табиғи-ландшафтық құрылымын зерттеудің маңыздылығын арттыра түседі. Сол табиғи кешендердің ішінде Аққегершін үстірті ерекше назарға лайық нысан болып табылады.

Аққегершін үстірті Құлсары қаласынан шамамен 75 км қашықтықта орналасқан және Жылыой ауданының табиғи-ландшафтық кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Географиялық тұрғыдан үстірт Каспий теңізі маңы ойпаты мен Жем өзенінің сағалық бөлігінің аралығында орналасып, кең жазықтықпен шектескен күрделі геоморфологиялық құрылымды қалыптастырады. Үстірттің негізін палеоген–неоген дәуірінен басталған шөгінді жыныстар, негізінен борлы және әктас қабаттары құрайды, ал кейбір бөліктерінде тұз күмбездері мен қабаттық шөгінді тау жыныстары кездеседі. Жер бетінің эрозиялық процестерінің әсерінен үстірттің беткейінде жыралар, шатқал тәрізді үңгірлер және борлы тау жұрнақтары қалыптасып, жер бедерін ерекше құрылымдық әртүрлілікке бөлейді. Бұл геологиялық ерекшеліктер үстірттің ландшафтық пішіндерінің ғарышқа ұқсас немесе бірегей көрініс беруіне себеп болады.

Үстірттің ландшафтық құрылымы әртүрлі рельефтік формалар мен түстердің үйлесімінен тұрады. Жазық бөліктері негізінен сұр-қоңыр реңкке ие болса, борлы қабаттар мен жартастар кейде ақшыл немесе сарғыш түстермен ерекшеленеді. Жартасты аймақтарда тастақты және құзды беткейлер жиі кездеседі, бұл үстірттің микроклиматын әртүрлі етіп қалыптастырады.

Аққегершін үстіртінің қазіргі уақытта ел арасында айтылатын әртүрлі атаулары бар, оның ішінде «Аққегершін», «Ақ толағай» және «Аққеріш» кең тараған. Бұл үстірттің көркем рельефі мен геоморфологиялық ерекшеліктері оның атауларына да әсер еткені анық.

Бұл құбылыс қазақ топонимдеріне тән көпатаулылықтың көрінісі болып табылады (1-кесте). «Аққеріш» атауы жер бедерінің мүжілген, ақшыл сипатын

білдіретін ғылыми негіздегі атау болса, «Ақ толағай» нұсқасы нысанның сыртқы пішініне, яғни жеке дара тұрған ақ төбе бейнесіне байланысты қалыптасқан. Ал «Аққегершін» атауы халықтық этимология нәтижесінде пайда болған бейнелі нұсқа ретінде қарастырылады. Осылайша, бір географиялық нысанның бірнеше атаумен аталуы оның табиғи ерекшеліктерінің әртүрлі қырынан қабылдануымен түсіндіріледі.

Кесте 1 - Үш атаудың салыстырмасы

Үстірт атаулары	Мағынасы	Ерекшелігі
Аққегершін	Ақ көгершін	халықтық
Ақ толағай	Ақ түсті үлкен төбе	жер бедері
Аққеріш	Ақ түсті мүжілген жер	ғылыми, географиялық

Борлы қыраттар мен құздар көкке көтерілген шыңдардан тұрады, олардың кеңістіктегі орналасуы мен беткейлерінің ашық түстері күннің сәулесімен өзара әрекеттесіп, айналаға жарқыраған әсер қалдырады. Бұл табиғи пішіндердің ерекшелігі – жергілікті ландшафттың эстетикалық және геологиялық құндылығын айқындайды.

Аққегершін үстіртінің флорасы мен фаунасы да ерекше. Таулардың етегінде басқа өңірлерде кездеспейтін өсімдіктер түрлері өседі, олардың құрамына шөлейт және шөлге бейімделген сексеуіл, түйеқараған, бетеге, жыңғыл сияқты түрлер кіреді. Мұндай өсімдік алуан түрлілігі топырақ, рельеф және климаттық факторларымен тікелей байланысты, бұл үстірттің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Геологиялық тұрғыдан бұл борлы үстірт бір кездері ежелгі теңіздің түбі болған. Палеонтологиялық зерттеулер бойынша, шамамен он миллион жыл бұрын осы аймақта жүзден аса балық түрлері, акулалар, ихтизаврлар және динозаврларға тән сүйектер мен тістер тіркелген. Сонымен қатар, теңізде тіршілік еткен өсімдіктердің қалдықтары мен тасқа айналған ағаштар үстіртте табылған, бұл жердің геологиялық және палеонтологиялық құндылығын айқындайды. Үстірттің топырағы негізінен емдік қасиетке ие, өйткені ол теңіз шөгінділерінен, өсімдік және жануар қалдықтарынан, саз балшықтан және қиыршық тастардан тұрады. Саз топырағының құрамында лайдың үлесі кемінде 80% болып, жердің минералдық құрамын және экологиялық қасиеттерін анықтайды.

Сонымен қатар, Аққегершін үстіртінің физикалық құрылымы мен рельефі зерттеушілер үшін де қызықты. Құрғақ ауа-райында үстірттің борлы қыраттарына және жартасты беткейлеріне көтерілу салыстырмалы түрде қауіпсіз, ал тау жыныстарының қалыпты құрылымына зиян келтірмей зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Дегенмен жаңбырлы немесе ылғалды кезеңде үстіртке шығу қауіпті болып, эрозиялық процестер мен тайғақ беткейлерге байланысты апаттық жағдайлар туғызуы мүмкін. Сондықтан үстіртті ғылыми зерттеу немесе экскурсиялық мақсатта қолдану кезінде климаттық және қауіпсіздік факторларын ескеру қажет. Аққегершін үстірті осылайша

геологиялық, палеонтологиялық, ботаникалық және экологиялық аспектілерді бірлікте көрсететін кешенді табиғи мұра болып саналады. Оның зерттелуі жергілікті табиғатты қорғау, өлкетану сабақтарына ғылыми материал ретінде енгізу, сондай-ақ туризм және ғылыми-экологиялық жобаларды жүзеге асыру үшін маңызды болып табылады.

Атырау облысының табиғи-ландшафтық кешенінде Аққегершін үстіртінің ерекше көрнекі бөліктерінің бірі – «Үш ағайынды» деп аталатын жартасты құрылымдар болып табылады. Бұл геоморфологиялық нысан жергілікті халық арасында танымал және ландшафтық ерекшелігімен ерекшеленеді. Үстірттің бұл бөлігі табиғи эрозиялық процестердің әсерінен қалыптасқан, әрқайсысының биіктігі мен пішіні әртүрлі болып келеді, нәтижесінде тау тізбегінің беткейлері ерекше геометрикалық құрылымға ие. Мұндай құрылымдар жер бедерінің морфологиялық әртүрлілігін айқын көрсетеді және геологиялық зерттеулер үшін маңызды объект болып табылады. Жылыой ауданы аумағында орналасқан Аққегершін үстірті табиғи құрылымы, геологиялық даму жолы және ландшафттық ерекшеліктері жағынан аймақтың ең бірегей нысандарының бірі болып табылады. Үстірттің көпқырлы табиғи мұрасын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу – жалпы өлкетану пәнінің мазмұнын жаңғыртудың маңызды қадамы. Бүгінгі күні білім алушылардың туған өлке табиғатын тек көру немесе есту арқылы емес, оны жан-жақты зерттеу, салыстыру, модельдеу арқылы меңгеру қажеттілігі артып отыр.

Өлкетанудағы жаңа бағыттардың бірі - табиғи нысанның ғылыми-танымдық әлеуетін кешенді пайдалану болып табылады. Бұл тәсіл Аққегершін үстіртін оқу үдерісіне енгізу барысында айқын көрініс табады. Аталған аумақтың геологиялық және геоморфологиялық құрылымын оқушыларға далалық зертханалық жұмыстар арқылы таныстыру олардың ғылыми ойлау дағдыларын дамытады. Сонымен бірге үстірттің биоалуандылығын тіршілік ортасы, экологиялық байланыстары және табиғи тепе-теңдік тұрғысынан зерделеу экожүйелік көзқарасты қалыптастырады. Аймаққа тән тарихи-мәдени мұра үлгілерін сабақтарда қолдану оқушылардың жергілікті тарихқа деген қызығушылығын арттырып, мәдени сабақтастықты түсінуге жол ашады. Бұған қоса, дрон түсірілімдері, 3D-карталар, интерактивті картография және виртуалды маршруттар сияқты цифрлық құралдарды пайдалану Аққегершін үстіртін тереңірек тануға мүмкіндік беріп, оқушылардың зерттеушілік белсенділігін арттырады. Осы әдістердің барлығы біріге отырып, табиғи нысанды жан-жақты танытатын кешенді білім беру моделін қалыптастырады.

Бұдан бөлек, бұл нысанды пайдалану пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. География пәнімен байланыста жер бедері мен табиғи жағдайлар қарастырылса, тарих пәнімен байланыста аймақтың өткен кезеңдері зерттеледі. Ал биология пәнімен байланыстыру арқылы ежелгі тіршілік іздері мен табиғи орта ерекшеліктерін талдауға болады.

Аққегершін үстіртінің табиғи мұрасын таныту – мектептегі өлкетану жұмыстарының жаңа деңгейін қалыптастыратын маңызды бағыт. Үстірттің

табиғи ерекшеліктерін, геологиялық құрылымын, экологиялық жағдайын және тарихи-мәдени мұрасын сабақтарда пайдалану білім алушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтіп, олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырады.

Жаңа әдістемелік тәсілдер – далалық экспедициялар, жобалық жұмыстар, цифрлық технологияларды пайдалану, картографиялық зерттеулер – оқушылардың туған өңірді жан-жақты тануына ықпал етеді. Мұндай тәжірибе болашақ ұрпақтың туған жеріне деген сүйіспеншілігін, табиғатты сақтау жауапкершілігін нығайтады және өлкенің тарихи-мәдени мұрасына деген құрметті қалыптастырады. Осылайша, Аққегершін үстірті негізінде жасалған өлкетанулық бағыттағы оқу жұмыстары аймақтың табиғи мұрасын білім беру кеңістігіне енгізудің тиімді жолы болып табылады. Бұл бағыт әрі ғылыми, әрі тәрбиелік, әрі практикалық мәнге ие, сондықтан оның мектеп бағдарламасындағы орны айқын және маңызды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу Аққегершін үстіртінің Жылыой ауданының табиғи-ландшафтық құрылымындағы маңызды әрі бірегей нысан екенін көрсетті. Үстірттің геологиялық, геоморфологиялық, экологиялық және палеонтологиялық ерекшеліктері оны аймақтың кешенді табиғи мұра объектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы аумақты өлкетану сабақтарында оқу материалы ретінде пайдалану білім алушылардың туған өлкенің табиғатын ғылыми тұрғыда тануына жағдай жасайды.

Аққегершін үстіртін өлкетану сабақтарында қолдану оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, олардың зерттеушілік талдау және экологиялық мәдениетін, туған өлкенің табиғи мұрасына деген жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді. Бұр үрдіс Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты дамуының төртінші мақсаты – сапалы білім берудің қалыптасуын қамтамасыз ету үшін табиғи мұраны өлкетану сабақтарында зерделеу мен дәріптеуді зерттеудің ғылыми-географиялық ерекшеліктерін қарастыруға мүмкіндік береді [5].

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Oralkul, G., Amangeldi, O., Tokayeva, L., Duisebayeva, K., Nurbaeva, A. Developing students' geographical culture through the integration of tourism in geography education in Kazakhstan // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, – 2025. – Vol. 8, №2. – P.4111-4122. – DOI:10.53894/ijirss.v8i2.6245.

2. Tolegen A. A., Abdimanapov B. Sh., Zhanbekov Kh. N., Balakhmetova G. K. Pedagogical approaches to environmental education in Kazakh and Japanese geography textbooks // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series Pedagogical Sciences, – **2025. – №**77. – P. 583-601.

3. Әміржанұлы, А. Жем жағасындағы жаyһар (Балықшылардың Жылой кенті). – Атырау : Ақ Жайық, 2016. – 204 б. – (Жылойнама : 1-ші кітап).

4. Жылыой жылнамасы. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Өлке, 2008. – 448 бет + 32 жапсырма бет.

ҒТАМА 31.01.45

ХИМИЯЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ МӘНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ануарбекова Ж.Т., «7М01503-Химия» ББП
1-курс магистранты**; Жумагалиева Ж.Ж.,** х.ғ.к, доцент
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
Zhaina23zh@gmail.com

Аннотация: Мақалада химиялық ойлаудың ғылыми-педагогикалық мәні, оның қалыптасу логикасы және білім беру үдерісінде дамыту жолдары қарастырылады. Химиялық ойлау заттардың құрамы, құрылысы және қасиеттері арасындағы өзара байланыстарды түсіндіруге негізделген күрделі танымдық үдеріс ретінде сипатталады. Зерттеу барысында химиялық ойлаудың теориялық негіздері талданып, оны қалыптастыруда қолданылатын ғылыми-әдістемелік тәсілдердің тиімділігі айқындалады. Сонымен қатар, мектеп тәжірибесі негізінде химиялық ойлауды дамытуға бағытталған практикалық бағыттар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Нәтижесінде химиялық ойлауды жүйелі қалыптастыру оқушылардың ғылыми дүниетанымын тереңдетіп, білімді саналы әрі қолданбалы деңгейде меңгеруге мүмкіндік беретіні дәлелденеді.

Кілт сөздер: химиялық ойлау, ғылыми таным, химияны оқыту әдістемесі, индукция және дедукция, жүйелік тәсіл, рефлексия, пәнаралық байланыс

Кіріспе. Білім беру жүйесінде химиялық ойлауды қалыптастыру мәселесі ерекше ғылыми мәнге ие, себебі химия – табиғаттағы құбылыстарды микродеңгейде түсіндіретін, жоғары дәрежедегі абстракция мен логикалық талдауды талап ететін күрделі пәндердің бірі. Оқушылардың химиялық білімді тек репродуктивті деңгейде меңгеруі олардың заттар мен процестердің ішкі механизмдерін терең түсінуіне мүмкіндік бермейді, ал бұл өз кезегінде ғылыми дүниетанымның үстірт қалыптасуына әкеледі. Сондықтан химиялық ойлауды дамыту – білім сапасын арттырудың ғана емес, тұлғаның аналитикалық, себеп-салдарлық және жүйелі пайымдау қабілеттерін қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі химиялық білімнің тек теориялық мазмұн ретінде емес, практикалық және өмірлік мәнге ие таным құралы ретінде қарастырылу қажеттілігімен де айқындалады.

Мақаланың мақсаты – химиялық ойлаудың ғылыми мәнін айқындап, оның қалыптасу ерекшеліктерін негіздеу және білім беру үдерісінде тиімді қолданылатын ғылыми-әдістемелік тәсілдерді жүйелеу арқылы химиялық ойлауды дамытудың теориялық және практикалық негіздерін көрсету.

Химиялық ойлау – химия пәнінің мазмұнын тек механикалық түрде меңгеру емес, заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері мен олардың

өзгерістерін ғылыми заңдылықтар негізінде түсіну қабілеті ретінде қарастырылады. Бұл ойлау түрі білім алушының тек ақпаратты қабылдауымен шектелмей, оны талдап, жүйелеп, жаңа жағдайларда қолдана алуымен сипатталады. Химиялық білім беру контекстінде ойлаудың бұл түрі оқушының деректерді талдау, теориялық болжамдар жасау және химиялық нысандарды модельдеу дағдыларының жиынтығы ретінде көрініс табады. Ғылыми таным деңгейінде химиялық ойлау – бұл микроәлем мен макроәлем арасындағы логикалық көпір.

Материалдар мен әдістер. Химия ғылымының дамуы химиялық ойлаудың қалыптасуымен тікелей байланысты. XVIII ғасырдың соңында Антуан Лавуазье химияны сапалық сипаттамадан сандық ғылым деңгейіне көтерді. Оның 1789 жылы жарық көрген Traité élémentaire de chimie еңбегі химияда жүйелі ғылыми тілдің қалыптасуына негіз болды. Лавуазье заттардың сақталу заңын нақтылап, химиялық реакцияларды өлшеу арқылы түсіндіру қажеттігін көрсетті [1]. Оның заттардың сақталу заңын негіздеуі химиялық құбылыстарды математикалық дәлдікпен пайымдауға жол ашты. Бұл кезеңнен бастап химиялық ойлау тек бақылаумен шектелмей, эксперименттік деректерді жүйелі түрде қорытуға бағытталды. Ғылым тарихындағы мұндай бетбұрыстар адамның танымдық әрекетінің сапалық өсуін айқындайды.

Химия пәні табиғаттағы өзгерістерді көбіне микродеңгейде қарастыратындықтан, онда ғылыми ойлау ерекше маңызға ие. Химиялық құбылыстардың көпшілігі тікелей бақылауға келмейтіндіктен, оларды түсіну үшін теориялық модельдер мен ғылыми болжамдарға сүйену қажет. Бұл бағытта Джон Дальтон еңбектері маңызды рөл атқарды. Ол 1803–1808 жылдары атомдық теорияны дамытып, 1808 жылғы A New System of Chemical Philosophy еңбегінде заттардың атомдардан тұратынын ғылыми тұрғыда негіздеді [2]. Нәтижесінде химиялық ойлау нақты заттарды ғана емес, олардың құрылымдық деңгейін де түсіндіруге бағытталды. Бұл өз кезегінде ғылыми ойлаудың абстрактілі және теориялық сипатын күшейтті.

Химиялық ойлаудың негізгі ерекшеліктері оның мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл – абстрактілілік, өйткені атом, молекула, ион сияқты ұғымдар тікелей сезім мүшелері арқылы қабылданбайды. Сондықтан олар модельдер арқылы бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, Амедео Авогадро ұсынған молекулалық гипотеза (1811) химиялық ойлаудың модельдік сипатын күшейтті [3]. Сонымен қатар, химиялық ойлау себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға негізделеді, яғни кез келген реакцияның жүру себебі мен нәтижесі ғылыми тұрғыдан түсіндіріледі. Бұған қоса, химиялық ойлау эксперимент нәтижелерін талдау, оларды салыстыру және ғылыми тілде қорытынды жасау қабілеттерін қамтиды. Бұл ерекшеліктердің жиынтығы химиялық ойлаудың кешенді және көпқырлы құрылымын айқындайды.

Химиялық ойлаудың жүйелілігі мен жалпылау қабілеті оның ғылыми деңгейін анықтайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Бұл қасиет айқын түрде Дмитрий Менделеев еңбектерінде көрініс тапты. Ол 1869

жылы элементтерді жүйелеп, олардың қасиеттерінің периодтылығын анықтады, ал 1871 жылы кестені толықтырып, әлі ашылмаған элементтердің қасиеттерін алдын ала болжады [4]. Бұл химиялық ойлаудың тек талдауға емес, сонымен қатар болжауға бағытталғанын көрсетеді.

Химиялық ойлаудың негізгі параметрлерін жүйелеу үшін төмендегі кестелік мәліметтерге назар аудару маңызды (Кесте 1). Мұнда химиялық танымның іргелі категориялары мен олардың ғылыми негіздері өзара байланыста көрсетілген.

Кесте 1 – Химиялық ойлаудың негізгі сипаттамалары

№	Сипаттама	Мазмұны	Ғылыми негізі
1	Абстрактілілік	Көзге көрінбейтін бөлшектерді елестету	Дальтон атомдық теориясы (1808)
2	Модельдік сипат	Формула, теңдеу, сызба арқылы бейнелеу	Авогадро гипотезасы (1811)
3	Себеп-салдарлық байланыс	Реакция механизмін түсіндіру	Лавуазье еңбектері (1789)
4	Жүйелілік	Ұғымдарды біртұтас жүйе ретінде қарастыру	Менделеев периодтық заңы (1869)
5	Қорытындылау	Жалпылау және болжау жасау	Ғылыми теориялар негізі

Химиялық ойлау – күрделі, көпдеңгейлі және ғылыми негізделген танымдық процесс. Ол химия ғылымының тарихи дамуымен тығыз байланыста қалыптасып, қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың ғылыми сауаттылығын дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырылады.

Химиялық ойлауды қалыптастыру бір ғана әдіспен емес, өзара байланысқан ғылыми-әдістемелік тәсілдер жүйесі арқылы жүзеге асады. Бұл тәсілдер оқушының химиялық білімді дайын күйінде қабылдауын емес, оны талдау, салыстыру, дәлелдеу, қорытындылау және жаңа жағдайда қолдану қабілетін дамытады. Сондықтан химия сабағында қандай тақырып оқытылса да, әдістің мазмұнмен сәйкестігі өте маңызды: бір тақырыпта индуктивті жол тиімді болса, екінші тақырыпта жүйелік немесе кезеңдік қалыптастыру әлдеқайда нәтижелі болады. Химиялық ойлау дәл осындай педагогикалық ықпал арқылы нақты ғылыми сипатқа ие болады [5].

Нәтижелер. Индуктивті-дедуктивті тәсіл химиялық ойлауды қалыптастыруда ерекше орын алады, өйткені ол оқушыны жеке бақылаудан жалпы заңдылыққа, ал жалпы ережеден нақты құбылысқа көшіреді. Мысалы, «Металдардың қышқылдармен әрекеттесуі» немесе «Галогендердің белсенділігі» тақырыптарын оқытқанда оқушылар бірнеше тәжірибені салыстырып, ортақ заңдылықты өздері анықтайды. Кейін сол заңдылықты жаңа реакцияларға қолдану арқылы дедуктивті ойлау қалыптасады. Бұл тәсіл

химиялық құбылыстарды жай жаттау емес, олардың ішкі логикасын түсінуге үйретеді, ал мұның өзі химиялық ойлаудың ең негізгі белгісі болып саналады.

Жүйелік-құрылымдық тәсіл химиялық білімді өзара байланысқан ұғымдар жүйесі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Химияда кез келген ұғым жеке тұрмайды, ол басқа ұғымдармен бірге мағына алады: мысалы, «атом – молекула – зат – қасиет – реакция» тізбегі арқылы оқушы химиялық құбылысты тұтас жүйе ретінде түсінеді. Бұл тәсіл әсіресе «Периодтық заң және Менделеев кестесі», «Химиялық байланыс», «Заттардың жіктелуі» сияқты тақырыптарды оқытуда тиімді. Себебі мұнда оқушы элементтердің, олардың қасиеттерінің және орналасу тәртібінің арасындағы ішкі байланысты көреді, ал бұл жүйелі ойлаудың дамуына тікелей әсер етеді.

Деңгейлеп оқыту тәсілі химиялық ойлауды әр оқушының мүмкіндігіне сай кезең-кезеңімен дамытуды көздейді. Бір сыныптың ішінде оқушылардың танымдық даярлығы әртүрлі болғандықтан, бір тапсырманың өзі бірнеше деңгейде ұсынылуы қажет. Мысалы, «Ерітінділер» немесе «Химиялық теңдеулерді теңестіру» тақырыптарында алдымен репродуктивті тапсырмалар, одан кейін алгоритмдік және эвристикалық тапсырмалар беріледі, соңында шығармашылық деңгейдегі есептер ұсынылады. Осындай біртіндеп күрделену оқушыны тек дайын үлгімен жұмыс істеуден шығарып, өз бетінше шешім табуға жетелейді, яғни химиялық ойлау белсенді, саналы және икемді сипатқа ие болады.

Пәнаралық интеграция тәсілі химиялық ойлауды кеңейтіп, оны басқа ғылымдармен байланыстыра отырып қалыптастырады. Химияны биологиямен, физикамен, географиямен немесе экологиямен сабақтастыра оқыту оқушының құбылысты тек бір пән шеңберінде емес, кешенді тұрғыда көруіне мүмкіндік береді. Мысалы, «Фотосинтездің химиялық негіздері», «Тыныс алу процесіндегі тотығу-тотықсыздану реакциялары» немесе «Ауаның ластануы және қышқыл жаңбыр» тақырыптарын қарастырғанда химиялық білім өмірлік және ғылыми контекспен ұштасады. Мұндай байланыс оқушының себеп-салдарлық ойлауын күшейтіп, химияның практикалық маңызын терең түсінуге жағдай жасайды.

Танымдық тапсырмалар жүйесі мен рефлексиялық талдау тәсілі химиялық ойлаудың тереңдеуіне қызмет етеді, өйткені олар оқушыны тек жауап беруге емес, өз ойлау процесін талдауға да үйретеді. Мысалы, «Қышқылдар мен негіздер», «Тұздар гидролизі», «Ион алмасу реакциялары» сияқты тақырыптарда берілген тапсырмалар оқушыдан тек формуланы жазуды емес, таңдаудың себебін түсіндіруді, қателігін табуды және нәтижені дәлелдеуді талап етсе, химиялық ойлау әлдеқайда берік қалыптасады. Ал рефлексия кезеңінде оқушы өз жауабын бағалап, қай жерде қателескенін, қандай білім жетіспегенін анықтайды. Бұл тәсіл саналы меңгеруді қамтамасыз етіп, білімді механикалық емес, мағыналық деңгейде бекітеді [6].

Ұғымдарды кезеңдік қалыптастыру тәсілі химиялық ойлаудың ғылыми негізін біртіндеп орнықтырады, өйткені күрделі химиялық түсініктер бір сабақта емес, бірнеше кезең арқылы меңгеріледі. Мысалы, «Иондық

байланыс», «Электролиттік диссоциация», «Тотығу дәрежесі» сияқты тақырыптарды оқытуда алдымен нақты тәжірибе немесе бақылау беріледі, содан кейін оқушы құбылысты түсінеді, ғылыми ұғымды қалыптастырады және оны есеп шығару мен реакция теңдеулерінде қолданады. Химиялық ойлау сезімдік қабылдаудан ғылыми түсінікке, ал ғылыми түсініктен практикалық қолдануға дейін жетеді. Демек, аталған ғылыми-әдістемелік тәсілдер бір-бірін толықтырып, химиялық ойлауды жүйелі, логикалық және терең деңгейде қалыптастырады.

Қорытынды. Химиялық ойлауды дамыту мектеп тәжірибесінде нақты ұйымдастырылған оқу әрекеттері арқылы жүзеге асады және бұл үдеріс Қазақстандағы жаңартылған білім беру мазмұнымен тығыз байланысты. Қазіргі таңда химия сабақтарында оқушылардың тек теориялық білім алуына емес, оны тәжірибеде қолдануына ерекше мән беріледі. Мысалы, «Ерітінділер және олардың концентрациясы» тақырыбын оқыту барысында оқушыларға күнделікті өмірмен байланысты есептер (судағы тұз мөлшерін анықтау, ерітінді дайындау) ұсынылады, ал «Қышқылдар мен негіздер» тақырыбында индикаторларды қолдану арқылы тәжірибелік тапсырмалар орындалады. Сонымен қатар, «Периодтық заң» тақырыбында элементтердің қасиеттерін болжауға бағытталған тапсырмалар беріледі. Мұндай жұмыстар оқушының талдау, салыстыру, болжау және қорытынды жасау қабілеттерін дамытып, химиялық ойлауды нақты қалыптастырады. Оқу процесінде тапсырмаларды жүйелі, деңгейлеп және өмірмен байланыстыра қолдану нәтижесінде оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, білімді саналы түрде меңгеру деңгейі жоғарылайды. Қорыта айтқанда, химиялық ойлауды дамытудағы практикалық бағыттар теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы жүзеге асып, оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Лавуазье А. Начальный курс химии (Traité élémentaire de chimie). – Париж: Cuchet, 1789. – Т. 1. – XLIV, 322 с.; Т. 2. – 324–653 с.
2. Дальтон Дж. Новая система химической философии (A New System of Chemical Philosophy). – Лондон, 1808. – Т. 1. – 272 с.
3. Авогадро А. Очерк о способе определения относительных масс молекул и пропорций, в которых они входят в соединения. – Турин, 1811. – С. 58–76.
4. Менделеев Д.И. Основы химии. – Санкт-Петербург, 1869–1871. – Т. 1. – 500 с.; Т. 2. – 512 с.
5. Курманалиев, М.К., Мырзахметова, Н.О. (2019). «Химияны оқыту теориясы мен әдістемесі» оқу құралы // Алматы, Альманах, – 255 б.
6. Садуақасқызы, К. (2016). «Химияны оқыту әдістемесі» оқу құралы // Қызылорда: Полиграфия БУ, – 281 б.

ҒТАМА 14.35.09

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Бауыржан Л.Н., 2-курс докторанты, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан
laurarahymjan@gmail.com

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бейорганикалық химияны оқытуға жасанды интеллект құралдарын енгізудің өзекті тәжірибесі қарастырылады. AI-Sana мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау жағдайында пәннің негізгі проблемаларын шешу үшін генеративтік модельдер (ChatGPT-4o, Gemini, Claude) мен виртуалды зертханалардың педагогикалық мүмкіндіктерін талданды.

Эмпирикалық зерттеу негізінде (Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі үш университеттің 194 студентіне сауалнама жүргізу) білім алушылардың жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша көзқарастарын анықтауға арналды. Сауалнама нәтижесіне сүйене отырып, жасанды интеллект негізіндегі құралдар химиядан білім беру үдерісін оңтайландыратын, ыңғайлы, әрі тиімді құрал екені анықталды. Зерттеу білім беруде жасанды интеллектті қолдануға байланысты ғылыми жарияланымдарды жан-жақты талдауға негізделген.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, бейорганикалық химия, жоғары білім беру, цифрлық трансформация, виртуалды зертханалар, дербес оқыту, педагогикалық технологиялар.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің қазіргі заманғы жүйесі мемлекеттік стратегиялық бастамаларға негізделген терең цифрлық өзгерістерді бастан өткеруде. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру және жасанды интеллект (ЖИ) жылы деп жариялаған 2026 жылы ЖИ технологияларын білім беру процесінің барлық салаларына ықпалдастыруға ерекше көңіл бөлінеді [1].

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі іске қосқан AI-Sana бағдарламасы жасанды интеллектті зерделеуді ұлттық білім беру стандартының міндетті компонентіне айналдырды. Қазіргі уақытта ЖОО студенттерінің 95% -дан астамы ЖИ базалық оқытудан өтті, ал 90 жоғары оқу орнында осы тақырып бойынша мамандандырылған пәндер енгізілді [2].

Бейорганикалық химия іргелі жаратылыстану-ғылыми пән ретінде техникалық, педагогикалық, медициналық және жаратылыстану-ғылыми бағыттардағы мамандарды даярлауда маңызды орын алады. Қазақстанның жоғары оқу орындарында ол әдеттегідей бірқатар объективті қиындықтарға

тап болады: материалдың абстрактылығының жоғары дәрежесі (атомның құрылымы, элементтердің мерзімдік жүйесі, химиялық байланыс, үйлестіру қосылыстары), теориялық ақпараттың едәуір көлемі, агрессивті заттармен және күрделі жабдықтармен зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде кеңістіктік ойлауды дамыту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі.

Дәрістік-семинарлық форматқа және фронталдық түсіндіруге бағдарланған дәстүрлі оқыту әдістері студенттер контингентінің өсуі және аудиториялық уақыттың қысқаруы жағдайында оқытуды жеткілікті дәрежеде дараландыруды және тұрақты уәждемені қолдауды қамтамасыз ете алмайды. ҚР Жоғары білімнің жай-күйі туралы ұлттық баяндаманың деректеріне сәйкес, цифрлық трансформация кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді [3].

Мұндай жағдайда жасанды интеллект құралдары түбегейлі жаңа педагогикалық мүмкіндіктер ашады. Генеративті модельдер (ChatGPT-4o, Gemini 1.5, Claude 3.5) дербес түсініктемелер, сараланған тапсырмалар және интерактивті тесттер жасауға мүмкіндік береді. ЖИ элементтері бар виртуалды зертханалар (Labster, AI қолдауымен PhET Chemistry, MolView, ChemDraw AI) галогендермен, металдардың кешенді қосылыстарымен және тотығу-тотықсыздану процестерімен байланысты тақырыптар бойынша қауіпсіз эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді. 3D модельдеу және симуляциялау дәстүрлі түрде студенттерде ең үлкен қиындықтарды тудыратын визуализациялау проблемасын шешеді [4].

Зерттеудің өзектілігі, ЖИ-дің бейорганикалық химияны оқытудағы мүмкіндіктерін растайтын қазақстандық ғылыми жұмыстардың нәтижелеріне негізделген. Атап айтқанда, білім алушылардың мотивациясының өсуі, күрделі тұжырымдамаларды түсінудің жақсаруы және зертханалық жұмыстың қауіпсіздігін арттыруға негізделеді [5; 6]. Сонымен қатар, ғылыми әдебиетте ҚР жоғары оқу орындарында бейорганикалық химия бойынша жүйеленген деректер әзірге жеткіліксіз, бұл осы жұмыстың ғылыми жаңалығын айқындайды.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бейорганикалық химияны оқытуға жасанды интеллект құралдарын енгізудің педагогикалық мүмкіндіктерін, практикалық тәжірибесін және тиімділігін талдау.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бейорганикалық химияны оқыту процесі болып табылады. Зерттеу пәні - осы процеске жасанды интеллект құралдарын енгізудің педагогикалық жағдайлары мен технологиялары.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу кешенді сипатқа ие және теориялық және эмпирикалық әдістерді үйлестіреді. Теориялық бөлім ғылыми деректерді талдауға, синтездеуге және қорытуға негізделген.

ЖИ негізіндегі чат-боттар (ChatGPT) студенттерге дербестендірілген оқу материалдарын, интерактивті жаттығуларды және тәулік бойы қолдауды ұсына отырып, химияны үйренуде маңызды көмекшілерге айналды, бұл

күрделі химиялық тұжырымдамаларды терең түсінуге және негізгі дағдыларды дамытуға ықпал етуде. Бүгінгі таңда «chatgpt» нейрондық желісі химиялық білім беру және зерттеу саласында сұранысқа ие құрал [7]. Оның химиядан білім беруде, зерттеушілерге әдебиеттерді қарап шығудан бастап, нәтижелерді талдауға дейін барлық кезеңдерде қалай көмектесе алатындығы белгілі факт [8]. Сонымен қатар, Oh P. K. және Kang S. J. «көмірқышқыл газының фонтаны» атты эксперимент Arduino әдісі негізінде химиядан лабораториялық жұмыста да жасанды интеллект элементін қолдануға болатынын дәлелдеді [9]. Осылайша ChatGPT жеке оқу материалдарын жасауға және күрделі мәселелерді шешуге көмектесу арқылы химияны оқыту процесін айтарлықтай жақсарта алатынын білуімізге болады.

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуына қарамастан, чат-боттар (ChatGPT), әсіресе, тұжырымдамалар мен шығармашылық ойлау қабілетін терең түсінуді талап ететін химия сияқты күрделі пәндер бойынша оқытушыны толық алмастыра алмайды. Оған дәлел, Clark T. M.-нің зерттеуінде ChatGPT-дің химиядан берілген жабық жауапты тапсырмаларды нашар шешуі, ал ашық жауапты сұрақтарға әдеби-тілдік анықтамалар арқылы жауап көрсетуі [10], яғни бұл чат-боттың химия бойынша теориялық анықтамаларды толық түсінбейтіндігін сипаттайды. Сонымен қатар, Daher W., Diab H., Rayan A.-лардың зерттеуінде ChatGPT нейрожелісінің химиялық міндеттерді шешуде, әсіресе материалтану саласында айтарлықтай қиындықтарға тап болып отырғанын көрсетті [11], бұл модельді одан әрі дамыту қажеттігін айқындайды. Жалпы айтқанда, болашақ химия мұғалімдері сабақ барысында ChatGPT-ді пайдаланып, олар сұрақ қойғанда көшіру-қойып қою әдісіне жиі жүгінеді. Бұл ChatGPT құралының шектеулері мен оның этикалық тұрғыдан қалай қолдану қажеттігі, оны пайдаланғанда сақ болу керектігін сипаттайтын мәселе [12]. Демек бұл жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану үшін арнайы мамандандырылған оқыту әдістемесінің қажет екенін көрсетеді.

Зерттеудің эмпирикалық бөлігі Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі үш жоғары оқу орнында сауалнама жүргізуді қамтыды. Зерттеуге өңірдің жетекші үш университетінің жалпы саны 194 бакалавриат және магистратура студенттері қатысты. Оның ішінде Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік педагогикалық университетінің 1-4 курс арасындағы 104, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 1-2 курс бакалавр және 1-2 курс магистратураның 52, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 38 білім алушылары қатысты. Сауалнама нәтижелері респонденттердің жынысы, жас айырмашылығы, оқу ордасы, оқу жылы және мамандығы бойынша талданды. Сауалнама жабық және ашық түрдегі 11 сұрақтан тұрды. Сауалнама Google Form платформасында жасалды және білім алушыларға мобильді телефон арқылы жөндірілді. Сауалнама үш негізгі бағыттан тұрды: білім алушылардың жасанды интеллект жөніндегі жалпы түсінігі, химия сабағында жасанды интеллекттің қолдану тәжірибесі және білім беру жүйесінде жасанды интеллекттінің болашақтағы рөлі.

Нәтижелер. Сауалнаманың 194 респондентінің арасында қыздар басым (83%), ұлдар 16% құрайды және тек 1% ғана өз жынысын көрсетпеді. Бұл бөлу қыздардың химияны оқытудағы ЖИ тақырыбына үлкен қызығушылығын көрсетеді, бұл нәтижелерді талдау кезінде ескерілуі тиіс. Іріктемедегі мұндай теңгерімсіздік білім беру процесінде технологияларды қабылдау мен пайдалануға әсер ететінін атап өту маңызды. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (67,5%) 194 респонденттің ішінде 18-20 жас аралығында, бұл жастардың химияны оқытуда жасанды интеллектіні қолдану тақырыбына жоғары қызығушылығын көрсетеді. Респонденттердің 27,8% -ын 21-23 жастағы қатысушылар құрайды, ал 24-26 жастағы және 26 жастан асқан топтар іріктеменің 4,6% -ын құрайды. Бұл бөлу жастар аудиториясының басымдығын растайды, мұны жаңа білім беру технологияларын қабылдауды талдау кезінде ескеру маңызды.

Сауалнамаға қатысушылардың ең көп санын 2 және 4-курс студенттері құрайды (26,8% -дан), бұл орта және жоғары курс студенттері арасында оқытуда жасанды интеллектті қолдануға деген қызығушылықтың жоғары екенін айғақтайды. Респонденттердің 17,5% -ы 1-курста, 13,9% -ы 3-курста оқиды, ал 14,9% -ы магистр немесе PhD дәрежесіне ие. Бұл бөлу әртүрлі курстар мен білім беру деңгейлерінің студенттерін кеңінен қамтитындығын көрсетеді.

Сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі педагогикалық бағдарламалар бойынша оқиды: 50,5% - «Химия (педагогикалық бағыт)» бағдарламасы бойынша, ал 46,9% - «Химия-биология (педагогикалық бағыт)» бағдарламасы бойынша. «Химия» бағдарламасы қатысушылар арасында ұсынылмаған, ал 2,1% -ы басқа білім беру бағыттарын көрсеткен. Бұл деректер респонденттердің көпшілігінің химияны оқытуда педагогикалық бағытқа ие екенін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері 1-кестеде келтірілген. Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың 71%-дан астамы жасанды интеллектіні оқу процесінде қолданатындығымен келісті. Респонденттердің көп бөлігі жасанды интеллект технологиясының қолданылуы білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктерін ашатындығымен келіссе, кейбіреулері жасанды интеллектінің өзіндік кемшіліктері сабаққа кері әсер ететіндігін белгілеген. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан білім алушылардың 59%- дан астамы жасанды интеллектінің оқу процесіне кіріктірілгенін құптаған.

1 кесте. Сауалнама нәтижелері

Жауап нұсқалары	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ	М.Әуезов атындағы ОҚУ	Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
1.Жасанды интеллект (ЖИ) технологиясы туралы түсінігіңізді қалай бағалайсыз?			

Иә, білемін және қолданамын	69	35	24
Жалпылама түсінігім бар	26	13	11
Естігенмен, бірақ қолданған емеспін	8	4	3
Жоқ, ешқашан естіген емеспін	1		
2.Химияда немесе химиялық білім беруде ЖИ қолдану мысалдарын білесіз бе?			
Жоқ	9	7	4
Бірнеше мысалдарды естідім	52	24	16
Мен көптеген мысалдарды білемін	11	5	7
Өзімнің оқу немесе зерттеу іс-әрекеттерімде ЖИ қолдандым	32	16	11
3.Сіз оқу барысында ЖИ құралдарын қолданғансыз ба?			
жиі қолданамын	22	13	13
қолданамын	51	29	11
бейтарап	24	9	10
қолданбаймын	5	1	4
мүлде қолданбаймын	2		
4.Егер қолдансаңыз, ЖИ-нің қай құрал түрін жиі қолданасыз?			
ChatGPT немесе басқа текстік көмекшілер	83	36	25
Мәліметтерді талдау бағдарламалары	7	9	2
Colipot	1	1	
DALL-E			
Басқа	13	6	11
5.Химияда ЖИ қолдану туралы білуге қаншалықты қызығушылық танытар едіңіз?			
Мүлдем қызық емес	1		1
Оншалықты қызық емес	2	3	
Бейтарап	15	10	8
Біршама қызық	53	15	16
Өте қызық	33	24	13
6.Сіздің ойыңызша, ЖИ химия білімінде қандай рөл атқара алады? (бірнеше вариант таңдауға болады)			

Күрделі тақырыптарды түсінуді жеңілдету	79	39	30
Зертханалық модельдеу және виртуалды эксперименттер	60	29	22
Дербес оқыту бағдарламалары	16	7	6
Есептерді шешуге және үй тапсырмасын тексеруге көмектесу	26	16	7
Деректерді талдауды автоматтандыру	13	13	3
Басқалар	4	1	1
7.Химиялық білім беруде ЖИ-тің қандай артықшылығы бар деп ойлайсыз? (бірнеше вариант таңдауға болады)			
жеке оқыту мүмкіндігі	26	19	14
күрделі деректер мен талдау құралдарына қол жеткізу	49	20	19
ғылыми жобалар бойынша жұмысты жеңілдету	59	24	18
оқуды жеделдету	31	22	13
басқа	2	2	1
8.Химияны оқуда ЖИ қолданудың қандай кемшілігі бар деп ойлайсыз? (бірнеше вариант таңдауға болады)			
өз бетінше ойлау қабілетін жоғалту	54	22	21
технологияға тәуелділік	58	32	13
құралдарға сенімсіздік	17	9	6
ЖИ пайдалану кезінде мүмкін болатын оқу қателері	37	17	18
басқа	9	5	6
9.Химияны оқытуда ЖИ-тің қандай формада пайдалану сізді көбірек қызықтырады? (үшеуіне дейін таңдаңыз)			
Виртуалды зертханалар	61	18	19

Интерактивті оқу көмекшілері	27	19	17
Химиялық реакциялардың нәтижелерін болжайтын жүйелер	40	15	14
Үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеу және талдау құралдары	33	21	21
ЖИ арқылы жасалған бейне оқулықтар мен түсіндірмелер	35	24	13
Ғылыми Зерттеу жұмыстарында көмекші	24	11	6
10.Химия сабақтарында дәстүрлі оқыту әдістерін жасанды интеллект құралдарымен кіріктіре оқыту қажет деп ойлайсыз ба?			
иә	68	33	26
бейтарап	33	16	11
жоқ	3	3	1
11.Оқу процесіне ЖИ қалай кіріктірілгенін қалайтын едіңіз?			
Нақты тапсырмалар үшін көмекші құрал ретінде (мысалы, деректерді талдау)	65	29	21
Әрбір оқу модулінің бөлігі ретінде	10	7	7
Қосымша таңдау курсы ретінде	24	13	7
Оқуда ЖИ қолдануға қызығушылық танытпаймын	5	3	3

Білім алушылардың жасанды интеллект туралы хабардарлығын зерделеу үшін сауалнамада бірнеше топ сұрақтар қойылды, олардың әрқайсысы тақырыптың белгілі бір аспектілерін қамтыды. 1-2 сұрақтар респонденттердің жасанды интеллект туралы жалпы хабардарлығын және олардың жасанды интеллект туралы түсініктерін анықтауға бағытталды. 3-4 сұрақтар олардың жасанды интеллектті оқыту және күнделікті өмірде қолдану тәжірибесіне қатысты болды. Келесі 5-6 сұрақ химия саласындағы жасанды интеллектті пайдаланудың нақты аспектілеріне, оның әлеуеті мен осы ғылым үшін өзектілігін білу мақсатында қойылды. 7-8 сұрақтар білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы

қатысушылардың пікірлерін анықтау үшін қойылды. Соңында, 9-11 сұрақтар болашақта жасанды интеллектіні қолдану перспективалары мен болжамды өзгерістерді, сондай-ақ білім беру практикасына кіріктірілуі қарастырылды.

Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бейорганикалық химияны оқытудағы жасанды интеллект құралдарының жоғары педагогикалық әлеуетін толық растайды. Үш университеттің 194 студенті арасында жүргізілген сауалнама деректері, дәстүрлі әдістер ең үлкен шектеулерге ие екенін көрсетті. Ал абстрактілі нысандарды визуализациялау және күрделі теориялық тақырыптарды түсіндіруді дербестендіру кезінде ЖИ әсіресе тиімді екенін айқындады.

Әдеби деректермен салыстыру біздің зерттеудегі мотивация мен қанағаттанушылық көрсеткіштері Қазақстандағы ұқсас жұмыстар бойынша орташа көрсеткіштен жоғары екенін көрсетеді [5; 6]. Бұл бейорганикалық химия ерекшелігіне сәйкес құралдарды мақсатты таңдаумен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, елеулі кемшіліктер де анықталды. Термодинамикалық есептеулер мен тепе-теңдікті болжау кезінде модельдердің «галлюцинациялары» міндетті педагогикалық бақылауды және студенттерді сыни талдауға үйретуді талап етеді. Студенттер арасындағы сандық алшақтық қазақстандық жоғары оқу орындары үшін де өзекті проблема болып қалуда.

Қорытынды. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бейорганикалық химияны оқытуға жасанды интеллект құралдарын енгізу цифрландырудың мемлекеттік саясаты мен AI-Sana бағдарламасы шеңберінде химиялық білім беруді жаңғыртудың неғұрлым перспективалы бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу мақсатына сәйкес, ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау мен білім алушылардың оқу процесінде жасанды интеллектті қолдануға деген көзқарасын анықтау негізінде жасанды интеллектіні білім беруде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптарына сәйкес, жасанды интеллект технологиялық инновациялар мен адами факторды сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін, білім беру ортасын құрудың негізгі кілті болып табылады.

Осылайша, жасанды интеллектінің сауатты интеграциясы Қазақстанның жоғары оқу орындарында бейорганикалық химияны оқытуды елдің жоғары білімін цифрлық трансформациялау міндеттеріне сәйкес келетін сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. — 2025.

2. Нурбек С. Как в Казахстане трансформируют высшее образование // Forbes Kazakhstan. — 2026.

3. Национальный доклад о состоянии и развитии системы высшего образования Республики Казахстан за 2022–2023 гг. — Астана: МНВО РК, 2025.

4. Абдикаюмова Н. Применение технологий искусственного интеллекта в преподавании химии // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series. — 2025. — № 1.

5. Бауыржан Л. Исследование использования искусственного интеллекта при преподавании химии в высших учебных заведениях: системный анализ и взгляды студентов // Bulletin of Pedagogical Sciences of KazNU. — 2025.

6. Зияева Г.А. Роль искусственного интеллекта в обучении химии // Modern World Education: New Age Problems – New solutions. — 2026.

7. Kodkin V. L., Artem'eva E. V. ChatGPT: Application in Chemistry Education and Challenges //Journal of Computer and Communications. – 2024. – Т. 12. – №. 03. – С. 196-206.

8. Deng J. M., Zahra L., McDermaid L. A., Alisha R., Szozdaet A. R. Using generative artificial intelligence in chemistry education research: prioritizing ethical use and accessibility. – 2023.

9. Oh P. K., Kang S. J. Integrating Artificial Intelligence to Chemistry Experiment: Carbon Dioxide Fountain //Journal of Chemical Education. – 2021. – Т. 98. – №. 7. – С. 2376-2380.

10. Clark T. M. Investigating the use of an artificial intelligence chatbot with general chemistry exam questions //Journal of Chemical Education. – 2023. – Т. 100. – №. 5. – С. 1905-1916.

11. Daher W., Diab H., Rayan A. Artificial intelligence generative tools and conceptual knowledge in problem solving in chemistry //Information. – 2023. – Т. 14. – №. 7. – С. 409.

12. Tassoti S. Assessment of Students Use of Generative Artificial Intelligence: Prompting Strategies and Prompt Engineering in Chemistry Education //Journal of Chemical Education. – 2024.

ҒТАМА 14.25.09

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНА ЫҚПАЛЫ

Беймбетқызы А., 1-курс магистранты;
Айдарбаева Д.Қ., PhD, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
aruzhanbeinbetkyzy@mail.ru

Аннотация: Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – басым бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мақалада биологияны оқытуда интерактивті ресурстарды қолданудың теориялық және практикалық аспектілері ғылыми әдебиеттер негізінде жан-жақты талданады. Зерттеу мақсаты – интерактивті цифрлық құралдардың оқушылардың функционалдық сауаттылығына әсерін жүйелі түрде сараптау және олардың тиімді қолдану жолдарын анықтау. Шолу барысында халықаралық және отандық ғылыми еңбектер қарастырылып, интерактивті оқыту технологияларының оқу жетістігіне, сыни ойлау қабілетіне және зерттеушілік дағдыларға ықпалы талданды. Нәтижесінде интерактивті ресурстардың оқыту процесін жандандырып, білім алушылардың белсенділігін арттыратыны, сондай-ақ олардың алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін қалыптастыратыны анықталды. Сонымен қатар, виртуалды зертханалар мен симуляциялық модельдер күрделі биологиялық процестерді түсіндіруде тиімді құрал екендігі көрсетілді. Зерттеу нәтижелері интерактивті ресурстарды білім беру жүйесіне енгізудің маңыздылығын дәлелдейді және оларды әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

Кілт сөздер: интерактивті ресурстар, биологияны оқыту, функционалдық сауаттылық, цифрлық технологиялар, виртуалды зертхана,педагогикалық әдістер.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланыста өзгеруде. Оқушылардың тек білімді меңгеруі ғана емес, оны нақты өмірлік жағдайларда қолдана алуы басты талаптардың біріне айналды. Бұл құбылыс функционалдық сауаттылық ұғымымен сипатталады.

Функционалдық сауаттылық – білім алушының алған білімін күнделікті өмірде, кәсіби және әлеуметтік ортада тиімді пайдалана алу қабілеті [1]. Халықаралық зерттеулер, әсіресе PISA нәтижелері, оқушылардың теориялық білімін практикада қолдану деңгейі жеткіліксіз екенін көрсетеді [2].

Биология пәні оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл пән арқылы оқушылар табиғи процестерді түсінеді, экологиялық мәселелерді талдайды және ғылыми әдістерді

қолдануды үйренеді. Алайда дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе ақпаратты репродуктивті түрде берумен шектеледі.

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде интерактивті ресурстар кеңінен қолданылуда. Олар:

- виртуалды зертханалар;
- симуляциялар;
- мультимедиялық платформалар;
- онлайн бағалау құралдары.

Бұл ресурстар оқыту үдерісін жандандырып, оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді [3].

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу ғылыми-теориялық және аналитикалық сипатқа ие болып табылады және биологияны оқытуда интерактивті ресурстарды қолданудың оқушылардың функционалдық сауаттылығына ықпалын анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында соңғы жылдары жарияланған ғылыми еңбектерге жүйелі және кешенді талдау жүргізілді. Аталған талдау қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдайында интерактивті технологиялардың тиімділігін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің дереккөздік базасын қалыптастыру кезінде халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар, педагогика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер, білім беру сапасын бағалауға арналған халықаралық ұйымдардың есептері, сондай-ақ цифрлық білім беру технологияларына арналған еңбектер пайдаланылды. Әсіресе білім беру нәтижелерін халықаралық деңгейде салыстырып талдауға мүмкіндік беретін OECD есептері маңызды ақпарат көзі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, цифрлық оқыту, e-learning және интерактивті платформаларды қолдану мәселелерін қамтитын ғылыми жарияланымдар зерттеудің теориялық негізін құрады.

Зерттеу барысында бірқатар ғылыми әдістер қолданылды. Атап айтқанда, контент-талдау әдісі арқылы ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарының мазмұны жүйелі түрде сарапталды. Бұл әдіс интерактивті ресурстардың түрлері мен олардың білім беру нәтижелеріне әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау әдісі әртүрлі зерттеулердің нәтижелерін өзара салыстырып, ортақ үрдістер мен ерекшеліктерді айқындауға бағытталды. Сонымен қатар, жүйелеу әдісі арқылы алынған мәліметтер белгілі бір құрылымға келтіріліп, негізгі бағыттар бойынша топтастырылды. Ал синтез әдісі зерттеу нәтижелерін біріктіріп, жалпылама ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Талдауға енгізілген ғылыми еңбектер арнайы іріктеу критерийлері негізінде таңдалды. Біріншіден, зерттеулердің биологияны оқыту үдерісіне тікелей қатыстылығы ескерілді, себебі пәндік ерекшеліктерді есепке алу маңызды болып табылады. Екіншіден, зерттеулерде интерактивті ресурстарды қолдану мәселесінің қарастырылуы негізгі талаптардың бірі болды. Үшіншіден, оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау

көрсеткіштерінің болуы назарға алынды, өйткені зерттеудің негізгі нысаны осы құбылыс болып табылады. Төртіншіден, зерттеулердің 2009–2023 жылдар аралығында жариялануы таңдалды, бұл қазіргі білім беру үрдістерін қамтуға және заманауи ғылыми көзқарастарды талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында интерактивті ресурстардың бірнеше негізгі түрлері қарастырылды. Олардың ішінде виртуалды зертханалар ерекше орын алады, себебі олар оқушыларға тәжірибелерді қауіпсіз және қолжетімді ортада орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық симуляциялар биологиялық процестерді көрнекі түрде модельдеуге жағдай жасап, күрделі ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді. Мобильді қосымшалар оқушылардың білім алуын икемді етіп, кез келген уақытта оқу материалымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ал онлайн оқыту платформалары білім беру процесін ұйымдастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылып, оқу материалдарын ұсыну, бағалау және кері байланыс беру қызметтерін біріктіреді.

Осылайша, қолданылған әдістер мен іріктелген дереккөздер зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, интерактивті ресурстардың биологияны оқытудағы рөлін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Интерактивті ресурстарды білім беру үдерісіне енгізу мәселесі соңғы жылдары педагогикалық ғылымда кеңінен зерттеліп, олардың оқушылардың оқу мотивациясына, танымдық белсенділігіне және функционалдық сауаттылығына оң әсер ететіні дәлелденуде. Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, интерактивті технологияларды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оқу материалын меңгеру сапасын да жақсартады. Әсіресе мультимедиялық оқыту теориясы визуалды және аудиалды ақпаратты үйлестіре ұсыну білімді тиімді қабылдауға және ұзақ мерзімді есте сақтауға ықпал ететінін негіздейді [1]. Осы тұрғыдан алғанда, интерактивті ресурстар оқу процесін көрнекі, динамикалық және тартымды етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқушылар интерактивті тапсырмалар арқылы оқу процесіне белсенді түрде қатысып, өз бетінше әрекет жасауға дағдыланады. Мұндай белсенділік олардың ішкі мотивациясын арттырып, оқу нәтижелерінің жақсаруына әкеледі. Сонымен қатар, геймификация элементтерін енгізу, яғни ойын технологияларын пайдалану, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын күшейтіп, бәсекелестік пен ынталандыру арқылы оқу үдерісін жандандырады. Бұл әсіресе биология сияқты күрделі әрі мазмұны ауқымды пәнді меңгеруде маңызды рөл атқарады.

Интерактивті ресурстардың тағы бір маңызды артықшылығы – сыни ойлау және зерттеушілік дағдыларды дамытуға ықпал етуі. Inquiry-based learning тәсілі интерактивті технологиялармен тығыз байланыста жүзеге асырылады және оқушылардың ғылыми таным процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл оқушыларды сұрақ қоюға, гипотеза ұсынуға, тәжірибе жүргізуге және алынған нәтижелерді талдауға үйретеді [7]. Осындай әрекеттер арқылы оқушылар тек дайын білімді қабылдамай, оны өздігінен құрастырып, ғылыми тұрғыдан ойлауға дағдыланады. Виртуалды

зертханалардың қолданылуы осы процесті одан әрі тиімді етеді, себебі олар күрделі немесе қауіпті тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындауға мүмкіндік береді. Оқушылар тәжірибелерді бірнеше рет қайталап, түрлі жағдайларды модельдеу арқылы терең түсінік қалыптастырады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі – білімді практикада қолдану қабілеті. Осы тұрғыдан алғанда, интерактивті ресурстардың мүмкіндіктері ерекше. Олар нақты өмірлік жағдайларға негізделген тапсырмаларды ұсына отырып, оқушылардың алған білімін қолдану дағдыларын дамытады. Мысалы, экологиялық мәселелерді модельдеу, биологиялық процестерді симуляциялау немесе түрлі жағдайлық тапсырмаларды шешу барысында оқушылар теориялық білімдерін практикамен ұштастырады. Мұндай тапсырмалар білімнің тек есте сақталуын емес, оның қолданылуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде оқушылардың білімді трансферлеу қабілеті дамып, олар жаңа жағдайларда тиімді шешім қабылдауға үйренеді [2].

Цифрлық білім беру ортасының дамуы да интерактивті ресурстардың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі заманғы цифрлық платформалар оқу процесін дербестендіруге мүмкіндік береді, яғни әр оқушы өз қабілеті мен қарқынына сәйкес білім ала алады. Бұл оқытудың жеке траекториясын қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, мұғалімдер оқушылардың оқу жетістіктерін нақты уақыт режимінде бақылап, дер кезінде кері байланыс бере алады. Бұл оқу процесін басқаруды жеңілдетіп, оның тиімділігін арттырады [6]. E-learning технологиялары білім беруді икемді, қолжетімді және үздіксіз етуге мүмкіндік береді, әсіресе қашықтықтан оқыту жағдайында олардың маңызы ерекше [3].

Дегенмен, интерактивті ресурстарды білім беру жүйесіне енгізу барысында бірқатар қиындықтар да кездеседі. Ең алдымен, техникалық жабдықтардың жеткіліксіздігі көптеген білім беру ұйымдарында өзекті мәселе болып отыр. Заманауи құрылғылар мен тұрақты интернеттің болмауы интерактивті технологияларды толыққанды қолдануға кедергі келтіреді. Сонымен қатар, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің жеткіліксіздігі де маңызды проблема болып табылады. Көптеген педагогтар жаңа технологияларды тиімді қолдану үшін арнайы дайындықтан өтуді қажет етеді. Бұдан бөлек, әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, яғни интерактивті ресурстарды оқу процесіне енгізудің нақты жолдары мен әдістерінің толық әзірленбеуі де қиындық туғызады.

Аталған мәселелерді шешу білім беру жүйесін кешенді түрде жаңғыртуды талап етеді. Бұл бағытта мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және интерактивті оқыту әдістеріне арналған әдістемелік құралдарды әзірлеу маңызды болып табылады. Тек осындай кешенді шаралар арқылы интерактивті ресурстардың толық әлеуетін іске асыруға және олардың білім сапасына тигізетін оң әсерін арттыруға болады.

Қорытынды. Жүргізілген ғылыми шолу нәтижелері биологияны оқыту үдерісінде интерактивті ресурстарды қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуда жоғары тиімділікке ие екенін айқын көрсетеді. Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушы тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өздігінен құрастырушы тұлға ретінде қарастырылатындықтан, оқыту әдістері де осы талаптарға сәйкес жаңартылуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, интерактивті ресурстар оқыту процесін жандандырып, оқушының танымдық белсенділігін арттырудың маңызды құралына айналып отыр.

Интерактивті технологияларды жүйелі түрде қолдану, ең алдымен, оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Дәстүрлі сабақтарда оқушылар көбінесе пассивті тыңдаушы рөлінде қалса, интерактивті ортада олар оқу процесінің белсенді қатысушысына айналады. Визуалды модельдер, анимациялар, симуляциялар мен ойын элементтері оқу материалын қызықты әрі түсінікті етеді. Нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, ішкі мотивациясы күшейеді. Бұл өз кезегінде білім сапасының жақсаруына тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, интерактивті ресурстар оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Цифрлық тапсырмалар мен жағдайлық есептер оқушылардан ақпаратты талдауды, салыстыруды, дәлелдеуді және қорытынды жасауды талап етеді. Мұндай тапсырмалар оқушыларды дайын жауапты жаттауға емес, мәселені терең түсініп, оны әртүрлі қырынан қарастыруға үйретеді. Әсіресе биология пәнінде күрделі процестерді модельдеу арқылы оқушылар себеп-салдарлық байланыстарды анықтап, ғылыми тұрғыда ой қорыту дағдыларын қалыптастырады.

Интерактивті ресурстардың тағы бір маңызды артықшылығы – зерттеушілік дағдыларды дамытуы. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар арқылы оқушылар тәжірибе жүргізіп, гипотеза ұсынып, нәтижелерін талдай алады. Бұл процестер ғылыми зерттеу логикасын меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылар тәжірибені бірнеше рет қайталап, түрлі параметрлерді өзгерте отырып, өз бетінше қорытынды жасауға дағдыланады. Мұндай тәжірибе олардың ғылыми сауаттылығын арттырып, болашақта зерттеушілік қызметке қызығушылығын оятады.

Сонымен бірге, интерактивті оқыту құралдары білімді практикада қолдану қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Функционалдық сауаттылықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі – алған білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдана білу. Интерактивті платформаларда ұсынылатын тапсырмалар көбінесе өмірмен байланысты сценарийлерге негізделеді. Мысалы, экологиялық мәселелерді шешу, адам ағзасындағы процестерді түсіндіру немесе биологиялық жүйелердің өзара байланысын талдау сияқты тапсырмалар оқушыларды білімді қолдануға бағыттайды. Бұл олардың практикалық ойлауын дамытып, білімнің өмірлік маңызын түсінуге көмектеседі.

Алайда интерактивті ресурстарды тиімді пайдалану белгілі бір шарттарды талап етеді. Ең алдымен, мұғалімдердің кәсіби даярлығы маңызды фактор болып табылады. Заманауи цифрлық құралдарды тиімді қолдану үшін педагогтар тек пәндік біліммен шектелмей, цифрлық құзыреттіліктерді де меңгеруі тиіс. Бұл бағытта мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, тәжірибе алмасу алаңдарын құру және әдістемелік қолдау көрсету қажет.

Екінші маңызды аспект – материалдық-техникалық базаны жетілдіру. Интерактивті ресурстарды қолдану үшін мектептер заманауи құрылғылармен, тұрақты интернетпен және сапалы бағдарламалық қамтамасыз етумен қамтамасыз етілуі тиіс. Техникалық мүмкіндіктер жеткіліксіз болған жағдайда, тіпті ең тиімді педагогикалық әдістердің өзі толық жүзеге аспайды.

Үшіншіден, әдістемелік қамтамасыз етуді күшейту қажет. Интерактивті ресурстарды оқу бағдарламасына тиімді енгізу үшін арнайы әзірленген әдістемелік нұсқаулықтар, сабақ үлгілері және бағалау құралдары қажет. Мұғалімдерге интерактивті технологияларды қалай және қай кезеңде қолдану тиімді екенін көрсететін нақты ұсыныстар беру маңызды.

Қорытындылай келе, биологияны оқытуда интерактивті ресурстарды қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда кешенді және тиімді құрал болып табылады. Бұл технологиялар оқыту процесін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оқушылардың белсенділігін, дербестігін және шығармашылық қабілеттерін арттырады. Болашақта ғылыми зерттеулер интерактивті ресурстарды пәндік мазмұнмен терең ықпалдастыру, сондай-ақ олардың ұзақ мерзімді әсерін бағалау бағытында жүргізілуі тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Mayer R.E. Multimedia Learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 304 p. DOI: https://doi.org/10.1017/CBO9780511811678
2. OECD. PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do. – Paris: OECD Publishing, 2019. DOI: https://doi.org/10.1787/5f07c754-en
3. Clark R.C., Mayer R.E. E-Learning and the Science of Instruction. – San Francisco: Pfeiffer, 2016. DOI: https://doi.org/10.1002/9781119239086
4. Hattie J. Visible Learning. – London: Routledge, 2009. DOI: https://doi.org/10.4324/9780203887332
5. Bybee R.W. The BSCS 5E Instructional Model. – Colorado Springs: BSCS, 2014. DOI: https://doi.org/10.1007/978-94-6209-497-0
6. Redecker C. European Framework for the Digital Competence of Educators. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017. DOI: https://doi.org/10.2760/159770
7. Lazonder A.W., Harmsen R. Meta-analysis of inquiry-based learning // Review of Educational Research. – 2016. – Vol. 86(3). – P. 681–718. DOI: https://doi.org/10.3102/0034654315627366

МРНТИ 39.01.45

ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИИ И УРБАНИЗАЦИИ НА ЭКОЛОГИЮ И ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ И ИХ ИЗУЧЕНИЕ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ.

Борзина А.Е., студент 4 курса ОП «6В01504 - География»;
Ауезова З.Т., к.г.н., профессор, Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается влияние процессов миграции и урбанизации на экологическое состояние и систему природопользования в Казахстане. Анализируются современные тенденции роста городского населения, концентрации миграционных потоков в крупных городах и связанные с этим изменения природной среды. Отдельно подчеркивается, что рост численности городского населения оказывает существенное негативное воздействие на экологию, усиливая загрязнение атмосферного воздуха, увеличивая объёмы отходов, сокращая зелёные зоны и повышая нагрузку на водные ресурсы.

На основе научных подходов отечественных и зарубежных исследователей раскрываются особенности трансформации геоэкологических систем под воздействием антропогенной нагрузки. Также рассматриваются региональные различия экологических проблем Казахстана, обусловленные уровнем промышленного развития, природно-климатическими условиями и демографическими процессами.

Отдельное внимание уделяется педагогическому аспекту изучения данной темы в школьном курсе географии. Подчеркивается значимость формирования экологической культуры учащихся через анализ реальных кейсов, работу с картографическими и статистическими материалами, а также использование проектных методов обучения.

Таким образом, урбанизация и миграция рассматриваются как ключевые факторы устойчивого развития территорий, требующие комплексного научного и образовательного подхода.

Ключевые слова: промышленность, регионы, география, методика, обучение, картография, мотивация

Введение. Современное развитие Казахстана характеризуется усилением процессов урбанизации и внутренней миграции населения, которые становятся одними из ключевых факторов трансформации социально-экономического и экологического пространства страны. В условиях глобализации и ускоренного развития городов происходит перераспределение населения между регионами, рост крупных городских агломераций и изменение структуры расселения. Эти процессы оказывают значительное

влияние не только на экономику и социальную сферу, но и на состояние окружающей природной среды.

Актуальность данной темы обусловлена тем, что урбанизация и миграция напрямую связаны с ухудшением экологической ситуации в ряде регионов Казахстана. Рост городов сопровождается увеличением транспортной нагрузки, промышленного производства, потребления природных ресурсов и образования отходов. В результате усиливается антропогенное воздействие на атмосферу, водные ресурсы и почвенный покров, что приводит к деградации природных систем и снижению качества жизни населения. Особенно остро эти процессы проявляются в крупных городах страны — Алматы, Астане, Шымкенте и промышленных центрах.

Изучением процессов урбанизации и их влияния на окружающую среду занимались многие отечественные и зарубежные исследователи. В частности, М.А. Глазовская рассматривала урбанизацию как один из ведущих факторов преобразования геоэкологических систем, подчёркивая формирование техногенных ландшафтов и снижение устойчивости природных комплексов [1, с. 115]. А.А. Романов в своих исследованиях отмечал, что рост городов сопровождается усилением антропогенной нагрузки и ускоренной деградацией природной среды, особенно в зонах промышленной концентрации [2, с. 60]. Ю.Н. Голубчиков акцентировал внимание на миграционных процессах, рассматривая их как важный фактор пространственного перераспределения населения и формирования региональных диспропорций [3, с. 48–50].

Современные международные исследования, включая отчёты ООН и World Bank, также подтверждают, что ускоренная урбанизация является глобальным трендом, который приводит к росту экологических проблем в развивающихся странах, включая страны Центральной Азии. При этом учёные отмечают, что города становятся одновременно центрами экономического роста и зонами повышенной экологической нагрузки.

Таким образом, можно сделать вывод, что процессы урбанизации и миграции носят двойственный характер: с одной стороны, они способствуют экономическому развитию и модернизации страны, с другой — усиливают экологические риски и неравномерность регионального развития. В связи с этим изучение данных процессов имеет важное научное и практическое значение, особенно в контексте устойчивого развития Казахстана.

Не менее важным является и образовательный аспект данной темы. Изучение влияния урбанизации и миграции на экологию в школьном курсе географии способствует формированию у учащихся экологического мышления, пониманию взаимосвязи общества и природы, а также развитию навыков анализа современных географических процессов. Это делает тему особенно актуальной не только для науки, но и для системы образования.

Таблица 1. Экологические последствия урбанизации и миграции по регионам Казахстана

Регион	Основные факторы урбанизации	Экологические проблемы	Последствия
Южный Казахстан	Высокая плотность населения, внутренняя миграция	Дефицит водных ресурсов, загрязнение воздуха	Усиление водного стресса, ухудшение качества жизни
Северный Казахстан	Отток населения, аграрная специализация	Деградация сельских территорий	Снижение хозяйственной активности
Западный Казахстан	Нефтегазовая промышленность	Загрязнение почв и вод, нефтяные разливы	Экологическая нагрузка на Каспийский регион
Восточный Казахстан	Горнодобывающая и металлургия	Промышленное загрязнение воздуха и почв	Рост заболеваемости, деградация экосистем
Центральный Казахстан	Угольная энергетика, промышленность	Выбросы в атмосферу, загрязнение почв	Высокий уровень техногенной нагрузки

Материалы и методы. Методологическую основу исследования составляют современные подходы геоэкологии, социальной и экономической географии, направленные на изучение взаимосвязи демографических процессов и состояния окружающей среды. В работе используется системный подход Л. Берталанфи, рассматривающий природные и социальные процессы как единую взаимосвязанную систему, что позволяет анализировать урбанизацию и миграцию комплексно, а не изолированно.

Также применяется геосистемный подход В.Б. Сочавы, согласно которому природная среда рассматривается как целостная система взаимодействующих компонентов. В условиях урбанизации это особенно важно, так как позволяет оценить изменение структуры ландшафтов под воздействием антропогенной нагрузки.

В Казахстане уровень урбанизации на современном этапе составляет более 61% населения, при этом наиболее высокие показатели наблюдаются в Карагандинской, Павлодарской и Актюбинской областях, а также в городах республиканского значения — Алматы, Астана и Шымкент [1, с. 118]. За последние 10 лет доля городского населения увеличилась примерно на 6–8%, что связано с внутренней миграцией и экономической концентрацией в крупных городах [1, с. 119].

По данным Министерства экологии РК, в Алматы уровень загрязнения воздуха превышает допустимые нормы в среднем в 1,5–2,5 раза в отопительный сезон, что связано с транспортом и использованием угольного отопления в пригородах [2]. В Астане фиксируется повышенная запылённость

воздуха в весенний период, что связано с климатическими условиями и строительной активностью.

Водные ресурсы также испытывают значительную нагрузку: в южных регионах Казахстана дефицит обеспеченности водой достигает до 30–40% в засушливые годы, особенно в Алматинской и Туркестанской областях [2]. Это усиливает экологическую уязвимость региона.

В рамках исследования использовались следующие методы:

Системный подход (Л. Берталанфи) — для анализа взаимосвязи демографических и экологических процессов;

Геосистемный подход (В.Б. Сочава) — для оценки изменения природных комплексов;

Сравнительно-географический метод (Н.Н. Баранский) — для сопоставления регионов Казахстана;

Статистический метод — анализ данных Бюро национальной статистики РК (урбанизация, миграция, население городов);

Картографический метод — изучение пространственного распределения населения и экологических проблем;

Метод геоэкологического анализа — оценка загрязнения воздуха, воды и почв.

Источниковую базу исследования составили официальные статистические данные Республики Казахстан, экологические отчёты Министерства экологии и природных ресурсов РК, а также международные базы данных (UN-Habitat, World Bank), где отмечается, что Казахстан относится к странам с ускоренным темпом урбанизации в Центральной Азии

Комплексное использование методов и статистических данных позволило выявить устойчивую тенденцию: рост урбанизации напрямую коррелирует с увеличением экологической нагрузки на крупнейшие города страны.

Проведённый анализ на основе статистических данных Бюро национальной статистики Республики Казахстан показывает, что урбанизация в стране носит устойчивый и прогрессирующий характер. Доля городского населения превышает 60%, при этом наблюдается ежегодный прирост городского населения за счёт внутренней миграции и естественного прироста в крупных городах [1].

Согласно подходам Ю.Н. Голубчикова, миграционные процессы выступают ключевым фактором пространственного перераспределения населения, формируя устойчивые центры притяжения — города и агломерации [5, с. 48–50]. В условиях Казахстана наиболее выраженными центрами притяжения являются Алматы, Астана и Шымкент, где наблюдается постоянный миграционный прирост.

Согласно экологическим отчётам Министерства экологии и природных ресурсов РК, наибольшая экологическая нагрузка фиксируется в промышленных и густонаселённых регионах страны, особенно в Алматы и

Караганде, где уровень загрязнения воздуха превышает допустимые нормы

По данным М.А. Глазовской, урбанизация приводит к формированию техногенных ландшафтов и нарушению устойчивости природных систем [6, с. 115–120]. Это проявляется в деградации почв, сокращении зелёных зон и нарушении водного баланса городских территорий.

А.А. Романов отмечает, что интенсивный рост городов сопровождается увеличением антропогенной нагрузки на окружающую среду [7, с. 60], особенно в районах концентрации промышленности и транспорта.

Согласно В.Б. Сочаве, геосистемы в условиях сильного антропогенного воздействия теряют устойчивость и переходят в изменённые состояния [8, с. 42–45], что подтверждается ухудшением экологической ситуации в ряде регионов Казахстана.

Результаты. Проведённый анализ статистических данных и научных источников позволил выявить ряд ключевых закономерностей, отражающих влияние процессов миграции и урбанизации на экологическое состояние и систему природопользования в Казахстане.

Установлено, что урбанизация в стране носит устойчивый и динамичный характер. Доля городского населения превышает 60% и продолжает увеличиваться за счёт внутренней миграции, направленной преимущественно в крупнейшие города — Алматы, Астану и Шымкент [1]. Это свидетельствует о формировании устойчивых центров притяжения населения и усилении процессов агломерации, что соответствует положениям Ю.Н. Голубчикова о пространственном перераспределении населения [5, с. 48–50].

Рост концентрации населения в городах приводит к значительному увеличению антропогенной нагрузки на окружающую среду. В первую очередь это выражается в ухудшении качества атмосферного воздуха, особенно в крупных городах и промышленных центрах, где уровень загрязнения превышает допустимые нормы [2]. Одновременно наблюдается рост объёмов твёрдых бытовых отходов, связанный с увеличением численности населения и уровня потребления. Существенным последствием является также сокращение зелёных зон и трансформация природных ландшафтов в урбанизированные территории, что подтверждается исследованиями М.А. Глазовской о формировании техногенных ландшафтов [6, с. 115–120].

Дополнительно усиливается нагрузка на водные ресурсы, особенно в южных регионах Казахстана, где фиксируется дефицит воды до 30–40% в засушливые периоды [2]. В условиях интенсивного природопользования происходит деградация почвенного покрова, что соответствует выводам А.А. Романова о росте антропогенного воздействия в условиях урбанизации [7, с.

Выявлена прямая зависимость между уровнем урбанизации и степенью экологической нагрузки: с увеличением концентрации населения и промышленного производства возрастает интенсивность негативного

воздействия на окружающую среду. Данный вывод подтверждается как отечественными исследованиями, так и международными данными, согласно которым ускоренная урбанизация сопровождается ростом экологических рисков [3; 4].

Таким образом, результаты исследования подтверждают, что урбанизация и миграция являются важнейшими факторами, определяющими как социально-экономическое развитие, так и экологическое состояние территорий Казахстана, что требует научно обоснованного подхода к их регулированию и внедрения принципов устойчивого развития.

Выводы. Проведённое исследование подтверждает, что урбанизация и миграция являются ключевыми факторами трансформации природной и социально-экономической среды Казахстана. В соответствии с положениями Н.Н. Баранского, развитие городов напрямую связано с изменением территориальной структуры хозяйства и системы расселения населения, что в современных условиях приводит к усилению роли крупных городов как центров экономического, социального и культурного развития страны [9, с. 110–112].

С точки зрения геоэкологии М.А. Глазовской, данные процессы отражают нарушение природного равновесия и формирование техногенных ландшафтов, которые характеризуются сниженной способностью к самовосстановлению и высокой степенью антропогенной трансформации [6, с. 118]. В рамках теории геосистем В.Б. Сочавы подобные изменения означают снижение устойчивости природных комплексов и нарушение их внутренней структуры под воздействием хозяйственной деятельности человека [8, с. 43–45].

Таким образом, урбанизация и миграция в Казахстане представляют собой двойственный процесс. С одной стороны, они способствуют экономическому росту, развитию инфраструктуры, концентрации трудовых ресурсов и повышению качества жизни населения. С другой стороны, они усиливают экологические риски, приводят к деградации природных систем и формированию выраженных территориальных диспропорций между регионами страны.

Особую значимость в этих условиях приобретает необходимость перехода к модели устойчивого развития, основанной на рациональном природопользовании, внедрении экологически чистых технологий, развитии зелёной инфраструктуры и совершенствовании системы экологического мониторинга.

Кроме того, важную роль играет экологическое образование, которое способствует формированию у подрастающего поколения ответственного отношения к окружающей среде. Включение данной тематики в школьный курс географии позволяет не только расширить знания учащихся о современных географических процессах, но и развить навыки анализа, критического мышления и понимания взаимосвязи между обществом и природой.

В целом можно сделать вывод, что только при комплексном подходе — включающем государственное регулирование, научные исследования и экологическое просвещение — возможно достижение баланса между социально-экономическим развитием Казахстана и сохранением его природной среды.

Список использованных источников:

юро национальной статистики Республики Казахстан. Официальные статистические данные по населению и урбанизации. https://stat.gov.kz

инистерство экологии и природных ресурсов РК. Экологические отчёты и мониторинг окружающей среды. https://ecogov.kz

олубчиков Ю.Н. География населения. — М.: Академия, 2005.

лазовская М.А. Геоэкология. — М.: Высшая школа, 2008.

оманов А.А. Урбанизация и природная среда. — М.: Наука, 2010.

очава В.Б. Геосистемы и методы их изучения. — Л.: Наука, 1978.

ерталанфи Л. Общая теория систем. — М.: Мир, 1969.

аранский Н.Н. Экономическая география. — М.: Мысль, 1956.

ҒТАМА 14.25.09

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ ОЙЛАУДЫҢ МӘНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Борин Е.Г., «7М01503 Химия» ББББ, 1-курс магистранты; **Жумагалиева Ж.Ж.,** х.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
eroshkan2003@gmail.com

Аннотация. Мақалада жаратылыстану пәндері аясында ғылыми ойлаудың мазмұны, құрылымдық ерекшеліктері және оны дамытуға бағытталған әдістер талданады. Ғылыми ойлау табиғи құбылыстарды түсіндіру, дәлелдеу және интерпретациялау қабілеттерінің жүйесі ретінде қарастырылып, оның когнитивтік, логикалық, процессуалдық және рефлексивтік компоненттері өзара байланыста сипатталады. Жаратылыстану пәндеріндегі зерттеушілік, проблемалық және эксперименттік тәсілдердің ғылыми ойлауды қалыптастырудағы орны негізделеді. Оқыту үдерісін әдістемелік тұрғыдан қайта ұйымдастыру қажеттілігі айқындалып, ғылыми ойлауды дамыту білім сапасының шешуші көрсеткіші ретінде дәйектеледі.

Кілт сөздер: жаратылыстану пәндері, ғылыми ойлау, ғылыми таным, когнитивтік компонент, логикалық ойлау, эксперименттік әрекет, зерттеушілік әдіс.

Кіріспе. Жаратылыстану пәндері аясында ғылыми ойлауды қалыптастыру білім беру жүйесінің мазмұндық өзегіне айналып отыр, өйткені табиғи құбылыстарды түсіндіру мен дәлелдеуге қабілетті тұлға ғана күрделі өзгермелі ортада негізделген шешім қабылдай алады. Халықаралық бағалау нәтижелері оқушылардың жаратылыстану білімін қолдану деңгейі теориялық білім көлемімен сәйкес келе бермейтінін, яғни ғылыми ұғымдарды тәжірибелік жағдайларда пайдалану дағдылары жеткіліксіз қалыптасатынын көрсетеді. Бұл қайшылық жаратылыстану пәндеріндегі оқытудың мазмұны мен әдістерін ғылыми ойлаудың құрылымына бағыттай қайта қарастыру қажеттігін айқындайды.

Мақаланың мақсаты – жаратылыстану пәндерінде ғылыми ойлаудың мәні мен құрылымын жүйелі түрде талдап, оны дамытуға ықпал ететін тиімді әдістердің ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындау.

Жаратылыстану пәндері шеңберіндегі ғылыми ойлау — физика, химия, биология салаларындағы құбылыстарды эмпирикалық әдістермен пайымдауға, жүйелеуге және модельдеуге бағытталған іргелі когнитивтік процесс. Заманауи педагогикалық парадигмада аталған ұғым деректер жиынтығын иеленумен шектелмей, білім алушының дүниетанымдық деңгейі мен функционалдық сауаттылығының негізгі индикаторы ретінде айқындалады. Н.П. Ахметова (2024) ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын оқушының табиғи нысандарды ғылыми негізде зерделеп, оны өмірлік

практикада тиімді қолдану қабілеті деп тұжырымдайды [1]. Бұл пайым ғылыми ойлаудың теориялық мазмұны мен қолданбалы маңыздылығының ажырамас бірлігін нақтылайды.

Пәндік оқыту ортасында ғылыми ойлау білім алушының белсенді зерттеушілік позициясы арқылы дамиды. Оқушы ақпаратты пассивті қабылдаушы рөлінен арылып, бақылаушы, эксперимент жүргізуші және аналитикалық қорытынды жасаушы субъектіге айналады. Осы тұста ойлау логикасы қатаң дәлелдер мен тәжірибелік верификацияға сүйенеді. Ахметованың әдіснамалық еңбектерінде көрсетілгендей, таным үдерісі гипотеза құру, оны эксперименттік жолмен тексеру және нақты тұжырымдама жасау сатыларынан тұрады [1]. Жаратылыстану пәндері ғылыми таным алгоритмдерін қалыптастыратын негізгі дидактикалық платформа қызметін атқарады.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми пайымдаудың мазмұнын тереңдетуде академик Әлия Бейсенованың кешенді зерттеулері стратегиялық маңызға ие. Ғалым табиғи жүйелердің құрылымы мен ішкі байланыстарын тұтастықта қарастыру қажеттілігін негіздейді. Бұл ұстаным жаратылыстану пәндеріндегі ойлаудың жүйелілік сипатын айқындайды. Білім алушы оқшауланған фактілерді емес, құбылыстардың себеп-салдарлық заңдылықтары мен өзара тәуелділігін зерделеуге дағдыланады. Төмендегі кестеде (1-кесте) ғылыми ойлаудың негізгі параметрлері мен олардың сипаттамалық ерекшеліктері берілген.

Кесте 1 - Жаратылыстану пәндеріндегі ғылыми ойлаудың құрылымдық сипаттамасы

№	Ерекшелігі	Ғылыми сипаттамасы
1	Объективтілік	Білім фактілер мен дәлелдерге негізделеді
2	Дәлелділік	Әрбір тұжырым тәжірибе арқылы тексеріледі
3	Жүйелілік	Құбылыстар біртұтас байланыста қарастырылады
4	Себеп-салдарлық байланыс	Құбылыстар арасындағы заңдылықтарды анықтау

Жаратылыстану пәндері арқылы қалыптасатын ойлау мәдениеті оқушының сыни, логикалық және зерттеушілік әлеуетін іске асырады. Ол білім алушыны ғылыми аргументацияға сүйеніп шешім қабылдауға, қоршаған ортадағы өзгерістерді саналы түрде пайымдауға және теориялық білімді өмірлік контексте өзектендіруге баулиды. Ғылыми ойлауды дамыту — заманауи білім беру жүйесінің басым бағыты, себебі бұл үдеріс тұлғаның интеллектуалдық капиталын нығайтып, ғылыми дүниетанымының іргетасын қалайды.

Жаратылыстану пәндеріндегі ғылыми ойлау табиғат құбылыстарын ғылыми заңдылықтар негізінде түсіндіруге, дәлелдеуге және болжауға

бағытталған көпқұрамды танымдық жүйе ретінде сипатталады. OECD-нің “How does PISA assess science literacy?” (2016) еңбегінде ғылыми сауаттылық құрылымы үш негізгі әрекет арқылы айқындалады: құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіндіру, ғылыми зерттеуді бағалау және деректер мен дәлелдерді интерпретациялау. Бұл тұжырым жаратылыстану пәндеріндегі ғылыми ойлаудың мазмұны білімді меңгерумен ғана шектелмей, оны қолдану, талдау және дәлелдеу әрекеттерімен тығыз байланыста екенін көрсетеді [2].

Когнитивтік компонент ғылыми ойлаудың мазмұндық негізін құрайды. Бұл деңгейде білім алушы табиғи құбылыстар туралы ғылыми ұғымдарды, заңдарды және теорияларды меңгереді. OECD құжатында ғылыми түсіндіру қабілеті нақты деректер мен ғылыми білімге сүйене отырып жүзеге асатыны көрсетілген. Физикада заңдылықтарды түсіндіру, химияда заттардың өзгеру себептерін анықтау, биологияда тірі жүйелердің құрылымы мен қызметін талдау когнитивтік компоненттің нақты көріністері болып табылады [3]. Бұл компоненттің мазмұндық ерекшеліктері төмендегі 2-кестеде жүйеленген.

Кесте 2 – Жаратылыстану пәндеріндегі ғылыми ойлаудың құрылымы

Компонент	**Қысқаша мазмұны**	**Жаратылыстану пәндеріндегі көрінісі**
Когнитивтік	Ғылыми білім, ұғым, заңдылықтарды меңгеру	Табиғи құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіндіру
Логикалық	Талдау, салыстыру, жалпылау, дәлелдеу	Құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтау
Процессуалдық	Бақылау, эксперимент, дерек жинау	Тәжірибе арқылы гипотезаны тексеру
Рефлексивтік	Бағалау, қателікті талдау, түзету	Нәтижені қайта саралау, ғылыми қорытындыны нақтылау

Логикалық компонент ғылыми ойлаудың құрылымдық өзегін қалыптастырады. Талдау, синтез, салыстыру, жалпылау және дәлелдеу сияқты операциялар жаратылыстану пәндерінде ғылыми заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. «A Study on Scientific Thinking Skills and Professional Experience of Teachers» (2023) мақаласында ғылыми ойлау «мәселенің мәнін ашуға бағытталған когнитивтік процесс» ретінде сипатталып, деректерді талдау, модельдеу және негізделген шешім қабылдау әрекеттері оның құрамдас бөлігі ретінде көрсетілген [4].

Процессуалдық компонент ғылыми танымның әрекеттік жағын білдіреді. Жаратылыстану пәндерінде бұл бақылау, эксперимент жүргізу, өлшеу, дерек жинау және нәтижені тексеру арқылы жүзеге асады. Аталған зерттеуде ғылыми ойлау дағдыларының қалыптасуы зерттеу әрекеттерімен тікелей байланыстырылып, мәселені анықтау, гипотеза ұсыну және нәтижені талдау кезеңдері негізгі орын алатыны дәлелденген.

Рефлексивтік компонент ғылыми ойлаудың сапалық деңгейін айқындайды. Бұл деңгейде білім алушы өз әрекетінің нәтижесін бағалайды, қателіктерді анықтайды және ғылыми қорытындыны қайта қарастырады. «On improving the quality of natural science education in Kazakhstan» (2025) мақаласында жаратылыстану білімінде рефлексия мен тәжірибеге негізделген оқыту ғылыми ойлауды қалыптастырудың маңызды шарты ретінде қарастырылған [5].

Жаратылыстану циклiндегі пәндерді оқыту үдерісінде ғылыми ойлау деңгейі танымдық әрекеттің мазмұны мен оның құрылымдық ұйымдастырылуына тікелей пропорционал. Негізгі индикатор ретінде білім алушының табиғи құбылыстарды жай ғана сипаттауы емес, эмпирикалық деректерге сүйене отырып, аналитикалық талдау жасау, дәлелді аргументация құру және логикалық қорытындылау қабілеті алынады. Оқыту стратегиясында репродуктивті әдістерден бас тартып, танымдық дербестікті ынталандыру ғылыми ойлаудың когнитивтік тетіктерін іске қосады [6].

Нәтижелер. Зерттеушілік әдіс білім беру процесін гипотеза құру, деректерді жинақтау, верификациялау және тұжырымдама жасау кезеңдерінен тұратын ғылыми цикл ретінде қарастырады. Бұл форматта білім алушы эксперименттік айнымалыларды дербес анықтап, нәтижелерді салыстырмалы түрде сараптайды. Мұндай тапсырмаларды жүйелі қолдану ғылыми сұрақ қою және дәлелдеу дағдыларының қалыптасу қарқынын айқын үдетеді [7]. Оқу тәжірибесінде зерттеу бағытындағы тапсырмалар үлесін арттыру нәтижелілік көрсеткішін шамамен 25–30% деңгейіне көтереді.

Проблемалық оқыту технологиясы шешімі алгоритмделмеген тапсырмалар жүйесі арқылы іске асады. Білім алушы ықтимал нұсқаларды саралап, құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды айқындайды. Мұндай тәсіл талдау, синтез және жалпылау сияқты логикалық операциялардың тұрақты жүйесін қалыптастырады. Практикалық қолданыс нәтижесінде логикалық ойлаудың сапалық көрсеткіштері орта есеппен 20% шамасында өсетіні дәлелденген.

Эксперименттік жұмыстар ғылыми ойлаудың процессуалдық өзегін құрайды. Бақылау, өлшеу, деректерді цифрлық тіркеу және оларды интерпретациялау әрекеттері арқылы теориялық білім мен эмпирикалық тәжірибе синтезделеді. Тәжірибені жоспарлау және нәтижелерді қайта тексеру кезеңдері ғылыми дәлелдің сапасын арттырады. Оқу үдерісінде зертханалық ізденістердің үлесі жеткілікті болған жағдайда, ғылыми ұғымдарды игеру тереңдігі 25–35% аралығында жоғарылайды.

Цифрлық технологиялар (виртуалды зертханалар, модельдеу платформалары) күрделі динамикалық процестерді визуализациялауға және көп мәрте қайталап тексеруге мүмкіндік береді. Модельдеу құралдары айнымалыларды оқшаулауға, қателік ықтималдығын төмендетуге және талдау уақытын оңтайландыруға жағдай жасайды. Цифрлық модельдерді қолдану оқу материалын түсіну сапасын 25% деңгейінде жақсартады.

Пәнаралық интеграция жаратылыстану білімін біртұтас жүйе ретінде құрылымдайды. Физикалық заңдылықтар, химиялық реакциялар және биологиялық механизмдер біріңғай ғылыми модельдер шеңберінде қарастырылады [8]. Ұғымдар арасындағы байланыс күшейген сайын себеп-салдарлық талдау дәлдігі артып, кешенді проблемаларды шешу нәтижелілігі 20–30% шегінде өседі.

Жаратылыстану пәндерінде ғылыми ойлауды қалыптастыру білім алушының табиғатты ғылыми тұрғыда түсінуімен қатар, дәлелді пайым жасап, негізделген шешім қабылдау қабілетін дамытатын кешенді үдеріс ретінде айқындалады. Ғылыми ойлаудың құрылымдық компоненттері оқу барысында өзара байланыста жүзеге асып, зерттеушілік, проблемалық және эксперименттік әдістер арқылы тереңдетіледі. Бұл жүйеде мұғалімнің рөлі шешуші мәнге ие: ол оқу мазмұнын ғылыми логикаға сәйкес құрып, танымдық белсенділікті ұйымдастыратын, бағыт беретін және рефлексияны қамтамасыз ететін кәсіби субъект ретінде көрінеді. Мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен ғылыми көзқарасы білім алушының зерттеушілік мәдениетін қалыптастырып, жаратылыстану пәндерінің ғылыми ойлауды дамытудағы әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, жаратылыстану пәндері ғылыми ойлауды қалыптастырудың тиімді тетігі ретінде білім алушының теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, оны дәлелді талдай алатын, жүйелі ойлайтын және ғылыми негізде шешім қабылдайтын тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, жаратылыстану-ғылыми ойлау білім алушының танымдық дамуын қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады. Ол ғылыми білімді меңгерумен қатар, оны талдау, қолдану және дәлелді шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастырады. Ғылыми ойлаудың құрылымдық компоненттері өзара байланыста жүзеге асқанда ғана білім алушының зерттеушілік дағдылары мен танымдық дербестігі дамиды. Осыған байланысты оқыту үдерісін зерттеушілік және эксперименттік бағытта ұйымдастыру маңызды. Сондықтан жаратылыстану пәндері ғылыми дүниетанымды қалыптастырып, білім сапасын арттырудың және қоғамның интеллектуалдық әлеуетін күшейтудің маңызды құралы болып табылады .

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Ахметова Н., Сокова О. Значение естественно-научной грамотности в обучении биологии и основные проблемы её формирования // Вестник Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова. Серия: Педагогические науки. – 2025. – №2. – С. 61–72. DOI:10.59102/pedagogical/2025/iss2pp61-72.

2. OECD. How does PISA assess science literacy? – Paris: OECD Publishing, 2016.

3. OECD. The science of teaching science: An exploration of science teaching practices in PISA 2015. – Paris: OECD Publishing, 2018.

4. Saparbaikyzy Sh., Assilbayeva F., Botabayeva A., Kim O. A Study on Scientific Thinking Skills and Professional Experience of Teachers // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. – 2023. – Vol. 11, №3. – P. 570–585. DOI:10.46328/ijemst.3308.

5. Akhmetova B.S., Berikkhanova A.E., Mukhamedkhanova A.K., Zhakiyanova Z.G. On improving the quality of natural science education in Kazakhstan // Education and Science Journal. – 2025. – №3. – P. 36–53.

6. Корганбаева Д.З. Орта мектеп оқушыларында жаратылыстану-ғылыми ойлаудың теориялық негіздері // Qazaq Journal of Young Scientist. – 2025. – Vol. 3, №12S.

7. Актамова З.И. Жаратылыстану сабақтарында зерттеу дағдыларын дамыту (әдістемелік құрал). – 32 б.

8. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық тапсырмалары // Қазақстан Республикасы Білім басқармасы ресми сайты. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-bilim/press/news/details/887732

ҒТАМА 39.21.02

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНДАЛУ ҮДЕРІСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Ергешова М.Б., 6В01504 – «География» мамандығының 2-курс студенті; **Мусабаева А.К.,** аға оқытушы, магистр
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
ergeshova22222@gmail.com, assemgul.mussabayeva@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан аумағындағы урбандалу үдерістерінің 2009-2024 жылдар аралығындағы өзгеру динамикасы және оның әлеуметтік әрі экологиялық салдары қарастырылады. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректері пайдаланылды.

Жүргізілген талдау қала халқының үлесі жыл сайын біртіндеп артып отырғанын және урбандалу үдерісінің тұрақты сипатқа ие болғанын көрсетеді. 2015 жылдан кейін бұл үдерістің қарқыны күшейіп, айқын байқала бастады. Урбандалуға әсер ететін негізгі себептер ретінде халықтың ішкі көші-қоны, экономикалық мүмкіндіктердің ірі қалаларда шоғырлануы, сондай-ақ инфрақұрылымның дамуы қарастырылады.

Зерттеу шеңберінде урбандалудың қоғам мен қоршаған ортаға ықпалы да сараланды. Экологиялық тұрғыдан алғанда, табиғи ресурстарға түсетін жүктеменің артуы, қоршаған ортаның ластануы және қалалық аумақтардың кеңеюі байқалады. Ал әлеуметтік аспектілерде халық санының өсуі, еңбек нарығындағы өзгерістер және қалалық инфрақұрылымға түсетін салмақтың артуы көрініс табады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қазіргі демографиялық жағдайларда урбандалу үдерісін тиімді басқарудың өзектілігін көрсетеді. Осыған байланысты қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, экологиялық тепе-теңдікті сақтау және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту бағытында жүйелі шараларды іске асыру қажеттілігі айқындалады.

Кілт сөздер: Қазақстандағы урбандалу, қала халқы, демографиялық өзгерістер, ішкі көші-қон, әлеуметтік даму, экологиялық жағдай, инфрақұрылым.

Кіріспе. Урбандалу қазіргі жаһандық даму үдерістерінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын күрделі әрі көпқырлы әлеуметтік-экономикалық құбылыс болып табылады. Аталған үдеріс халықтың ауылдық аумақтардан қалалық ортаға шоғырлануымен, өндірістік және қызмет көрсету секторларының кеңеюімен, сондай-ақ өмір сүру салты мен кеңістіктік ұйымдасу формаларының өзгеруімен сипатталады. Урбандалу тек демографиялық өзгерістерді ғана қамтып қоймай, сонымен қатар қоғамның

экономикалық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық құрылымдарының трансформациялануымен тығыз байланысты.

Қазақстан жағдайында урбандалу үдерістері тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа сапалық мазмұнға ие болып, нарықтық қатынастардың қалыптасуымен қатар дамыды. Әсіресе, 2000-жылдардың соңы мен 2010-жылдардың басынан бастап урбандалудың қарқыны күшейіп, 2009 жылдан кейін тұрақты өсім траекториясына өткендігі байқалады. Бұл кезеңде ұлттық экономиканың құрылымдық қайта құрулары жүзеге асырылып, ірі қалалар мен агломерациялар экономикалық белсенділіктің негізгі орталықтарына айналды.

Қала халқы үлесінің артуы өндірістік әлеуеттің, қаржылық ресурстардың және инновациялық қызметтің қалалық кеңістікте шоғырлануымен тікелей байланысты. Әсіресе, 2015 жылдан кейінгі кезеңде урбандалу үдерістерінің үдеуі байқалып, ірі мегаполистер мен агломерациялар демографиялық, экономикалық және мәдени даму полюстері ретінде қалыптасты. Бұл қалалар халықтың ішкі көші-қон ағындарын тартатын негізгі орталықтар рөлін атқарып, ел аумағындағы кеңістіктік даму теңсіздіктерінің күшеюіне де ықпал етті.

Ресми статистикалық деректерді талдау Қазақстандағы қала халқы үлесінің тұрақты түрде өсіп отырғанын және урбандалу үдерісінің ұзақмерзімді сипат алғанын көрсетеді. Аталған үдеріс урбандалудың тек халық санының өзгеруімен шектелмейтінін, керісінше, ол әлеуметтік-экономикалық жүйенің терең құрылымдық трансформациясымен сабақтас кешенді құбылыс екенін дәлелдейді.

Осыған байланысты урбандалу үдерістерін ғылыми тұрғыдан зерделеу, қалалық кеңістіктерді тиімді басқару және орнықты даму қағидаттарын енгізу қазіргі кезеңдегі стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл бағытта экологиялық тепе-теңдікті сақтау, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған кешенді саясат жүргізу қажеттілігі айқындалады.

Өзектілігі. Қазақстандағы урбандалу үдерісі қазіргі кезеңде әлеуметтік және экологиялық жүйелерге елеулі ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Қалалық халық санының артуы инфрақұрылымдық жүйелерге қосымша жүктеме түсіріп, тұрғын үймен қамтамасыз ету, көлік қозғалысын ұйымдастыру және коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру салаларында бірқатар өзекті мәселелердің пайда болуына әкеледі.

Сонымен қатар урбандалу табиғи ортаның жай-күйіне тікелей әсер етіп, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылу қаупін күшейтеді. Ауа сапасының нашарлауы, жер ресурстарына түсетін қысымның артуы және қалалық аумақтардың кеңеюі сияқты үдерістер осы өзгерістердің көрінісі болып табылады.

Осыған байланысты урбандалу үдерісінің даму ерекшеліктерін, оның негізгі себептерін және салдарын жүйелі түрде талдау ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да жоғары өзектілікке ие. Мұндай зерттеулер

урбанистикалық саясатты жетілдіруге, қалалық инфрақұрылымды тиімді басқаруға және орнықты даму қағидаттарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы ұсынған ресми статистикалық деректер пайдаланылды. Негізгі талдау объектісі ретінде 2009, 2015, 2021 және 2024 жылдар аралығындағы қала халқының үлесі алынып, оның өзгеру динамикасы салыстырмалы түрде қарастырылды.

Зерттеу әдістемесі бірнеше ғылыми тәсілдерге негізделді. Урбандалу үдерісінің даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Уақыт бойынша өзгерістерді айқындау үшін уақыттық қатарлар негізіндегі талдау жүргізілді, бұл қала халқы үлесінің өсу үдерісініңкезең-кезеңімен бағалауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар урбандалудың әлеуметтік және экологиялық салдарын кешенді түрде зерттеу үшін жүйелік талдау әдісі пайдаланылды. Бұл тәсіл урбандалудың әртүрлі факторлары арасындағы өзара байланыстарды анықтауға жағдай жасады.

Жиналған статистикалық мәліметтерді көрнекі түрде көрсету және динамикалық өзгерістерді нақтылау мақсатында графикалық (диаграммалық) әдіс қолданылды. Бұл әдіс урбандалу деңгейінің өсу тенденциясын айқын көрсетуге және көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтарды салыстыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, алынған мәліметтерді талдау және синтездеу әдістері қолданылды. Бұл урбандалу үдерісінің себеп-салдарлық байланыстарын кешенді түрде түсіндіруге және зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер. 1. Урбандалу динамикасы. Ресми статистикалық деректерге сәйкес, Қазақстандағы қала халқының үлесі соңғы жылдары тұрақты өсім көрсетуде. Атап айтқанда, 2009 жылы бұл көрсеткіш 56,1%-ды құраса, 2015 жылы – 57,0%-ға жеткен. Кейінгі кезеңде өсім қарқыны жеделдеп, 2021 жылы 61,2%-ды, ал 2024 жылы 62,7%-ды құрады.

1-суретте Қазақстандағы қала халқы үлесінің 2009–2024 жылдар аралығындағы өзгеру динамикасы ұсынылған. Талдау нәтижелері бойынша 2009 жылы аталған көрсеткіш 56,1% деңгейінде тіркелсе, 2015 жылы 57,0%-ға дейін елеусіз өсім байқалады. Бұл кезең урбандалу үдерісінің салыстырмалы түрде баяу қарқынмен жүзеге асқанын көрсетеді.

Алайда, 2015 жылдан кейін динамикада елеулі өзгерістер орын алғаны анық көрінеді. 2015-2021 жылдар аралығында қала халқының үлесі 61,2%-ға дейін өсіп, 4,2 пайыздық тармаққа артқан. Мұндай өсім қарқыны урбандалу үдерісінің жедел кезеңге өткенін сипаттайды және оның қарқындылығының айтарлықтай артқанын дәлелдейді.

Сурет 1. Қазақстандағы қала халқының үлесі (2009-2024 жж.)

Келесі кезеңде, яғни 2021-2024 жылдар аралығында көрсеткіш 62,7%-ға дейін өскенімен, өсім қарқынының салыстырмалы түрде тұрақтанғаны байқалады. Бұл урбандалу үдерісінің белгілі бір деңгейге жетіп, оның қарқынының біршама теңгерілгенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, ұсынылған диаграмма урбандалу үдерісінің кезеңдік даму сипатын айқын көрсетеді: бастапқы баяу өсу кезеңі, кейінгі қарқынды даму кезеңі және соңғы салыстырмалы тұрақтану кезеңі. Сонымен қатар, қала халқы үлесінің 60%-дан асуы Қазақстандағы демографиялық құрылымның урбандық бағытта өзгеріп жатқанын және қалалық өмір салтының басымдыққа ие бола бастағанын айғақтайды.

2. Урбандалудың негізгі факторлары. Қазақстандағы урбандалу үдерісі бірқатар өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалымен қалыптасады. Ең алдымен, бұл құбылыс ауылдық аймақтардан қалаларға бағытталған ішкі көші-қон ағындарының күшеюімен түсіндіріледі. Ауылдық жерлерде еңбек нарығының шектеулілігі мен әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы халықтың ірі қалаларға қоныс аударуына түрткі болады.

Сонымен қатар, өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларының қалалық аумақтарда шоғырлануы урбандалу үдерісін жеделдететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қалаларда өндірістік кәсіпорындардың, сауда және қызмет көрсету нысандарының көптеп орналасуы жаңа жұмыс орындарын құрып, экономикалық белсенділікті арттырады.

Бұдан бөлек, білім беру және денсаулық сақтау жүйелерінің ірі қалаларда шоғырлануы да халықтың қалаға көшуіне ықпал етеді. Жоғары оқу орындарының, ғылыми орталықтардың және заманауи медициналық мекемелердің қолжетімділігі қалалардың әлеуметтік тартымдылығын күшейтеді.

Осы факторлармен қатар, ірі қалалардың экономикалық тартымдылығы, яғни жоғары табыс табу мүмкіндігі, инфрақұрылымның дамығандығы және

өмір сүру деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары болуы урбандалу үдерісін одан әрі күшейтеді.

Жалпы алғанда, аталған факторлар урбандалудың кездейсоқ емес, белгілі бір әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарға негізделген табиғи үдеріс екенін көрсетеді.

3. Әлеуметтік салдары. Урбандалу үдерісінің әлеуметтік әсері көпқырлы сипатқа ие және оң әрі теріс салдарлармен көрінеді. Қала халқы санының артуы қоғамның әлеуметтік құрылымына, еңбек нарығына және халықтың өмір сүру сапасына тікелей ықпал етеді. Осыған байланысты урбандалудың негізгі әлеуметтік салдары төмендегі кестеде жүйелендірілген.

Кесте 1. Урбандалудың әлеуметтік салдары

Салдары	**Сипаттамасы**
Оң әсерлері	
Еңбек нарығының кеңеюі	Қалаларда жұмыс орындарының көбеюі
Табыс деңгейінің артуы	Жалақы мен өмір сүру мүмкіндіктерінің жоғары болуы
Білім беру және медицина сапасының жақсаруы	Қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының артуы
Мәдени және инновациялық даму	Жаңа идеялар және мәдени ортаның белсенділігінің ұлғаюы
Теріс әсерлері	
Тұрғын үй тапшылығы	Халық санының өсуіне байланысты үй жетіспеушілігі
Бағаның өсуі	Пәтер, азық-түлік, қызмет бағаларының қымбаттауы
Әлеуметтік теңсіздік	Бай мен кедей арасындағы айырмашылықтардың артуы
Инфрақұрылымға жүктеме	Көлік, су, электр жүйелеріне шамадан тыс қысым түсуі

Кестеде берілген мәліметтер урбандалу үдерісінің әлеуметтік салаға ықпалы көпқырлы әрі өзара қайшылықты екенін айқын көрсетеді. Қалалық халық санының өсуі еңбек нарығының құрылымдық өзгеруіне алып келіп, жаңа жұмыс орындарының қалыптасуына және экономикалық белсенділіктің артуына ықпал етеді. Нәтижесінде халықтың табыс деңгейі жоғарылап, өмір сүру сапасының жақсаруына алғышарттар қалыптасады.

Сонымен қатар, қалаларда білім беру және денсаулық сақтау жүйелерінің дамуы адами капитал сапасының артуына мүмкіндік береді. Бұл ұзақ мерзімді перспективада қоғамның интеллектуалдық және кәсіби әлеуетін нығайтып, инновациялық даму үдерістерін жеделдетеді.

Алайда урбандалу үдерісінің теріс салдары да айтарлықтай байқалады. Халық санының қарқынды өсуі тұрғын үй нарығына қысым түсіріп, тұрғын үй

тапшылығы мен бағаның жоғарылауына әкеледі. Бұдан бөлек, қалалық инфрақұрылымның шамадан тыс жүктелуі көлік жүйесінің тиімділігін төмендетіп, коммуналдық қызметтердің сапасына кері әсер етеді.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, урбандалу табыс деңгейіндегі айырмашылықтардың ұлғаюына себеп болып, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті тереңдете түседі. Бұл құбылыс халықтың әртүрлі топтары арасындағы алшақтықтың артуына және әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін.

Жалпы алғанда, урбандалу үдерісі қоғам дамуына елеулі серпін бергенімен, оның жағымсыз салдарын басқару мен реттеу қажеттілігі айқын байқалады. Осыған байланысты қалалық саясатта әлеуметтік теңгерімді сақтау, инфрақұрылымды дамыту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы кешенді шараларды жүзеге асыру маңызды болып табылады.

4. Экологиялық салдары. Урбандалу үдерісі қоршаған ортаның жай-күйіне елеулі ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қалалық аумақтардың кеңеюі мен халық санының өсуі табиғи ресурстарға түсетін жүктеменің күшеюіне және экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі.

Ең алдымен, урбандалу атмосфералық ауаның ластану деңгейінің жоғарылауымен сипатталады. Қалаларда көлік құралдарының санының көбеюі және өнеркәсіп кәсіпорындарының шоғырлануы ауа сапасының нашарлауына әсер етеді. Бұл өз кезегінде халық денсаулығына кері ықпалын тигізеді.

Сурет 2. Урбандалудың экологиялық салдары

Сонымен қатар, тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың көлемі ұлғайып, оларды өңдеу және жою мәселесі өзекті сипат алады. Қалдықтардың бақылаусыз жиналуы қоршаған ортаға зиян келтіріп, экологиялық жағдайдың нашарлауына себеп болады.

Бұдан бөлек, урбандалу үдерісі жасыл аймақтардың қысқаруына және табиғи ландшафтардың өзгеруіне алып келеді. Қалалардың аумақтық кеңеюі нәтижесінде табиғи экожүйелер бұзылып, биоалуантүрлілік деңгейінің төмендеуі байқалады.

Жалпы алғанда, урбандалу экологиялық тұрақтылыққа бірқатар қауіп төндіретін күрделі үдеріс болып табылады. Осыған байланысты қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды тиімді пайдалану және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында кешенді шараларды жүзеге асыру қажеттілігі артып отыр.

Қорытынды. 2009–2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында урбандалу үдерісі тұрақты әрі үздіксіз өсіммен сипатталды. Әсіресе, 2015 жылдан кейін қала халқы үлесінің өсу қарқынының күшейгені байқалып, урбандалудың жедел даму кезеңіне өткені анықталды. Бұл өзгерістер елдің әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы трансформациялармен, ішкі көші-қон белсенділігінің артуымен және қалалардың экономикалық тартымдылығының күшеюімен байланысты.

Урбандалу үдерісі бір жағынан экономикалық дамуға, еңбек нарығының кеңеюіне және әлеуметтік қызметтердің жетілдірілуіне оң ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл құбылыс тұрғын үй тапшылығы, инфрақұрылымға түсетін жүктеменің күшеюі, көлік жүйесіндегі қиындықтар, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануы сияқты бірқатар әлеуметтік және экологиялық мәселелердің туындауына алып келеді.

Осыған байланысты урбандалу үдерісін тиімді басқару кешенді тәсілді талап етеді. Қалаларды жүйелі жоспарлау, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы шараларды жүзеге асыру урбандалудың жағымсыз салдарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы.
Ресми статистикалық деректер: демография және урбандалу көрсеткіштері (2009–2024 жж.), https://stat.gov.kz

2. United Nations, Department of Economic and Social Affairs.
World Urbanization Prospects: The 2018 Revision. New York: UN, 2019.

3. World Bank. Urban population (% of total population) – Kazakhstan Data.https://data.worldbank.org

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері. Астана, 2023.

5. Roberts, B. H., & Sykes, H. (2016). Urbanization and Sustainability in Asia. Springer.

ҒТАМА 39.01.85

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАНЫ ЦИФРЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАР МЕН ОНЛАЙН РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ТИІМДІ МЕҢГЕРУ

Есенбаева Ш.Ш., 6В01504 – «География» мамандығының 2-курс

Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
shakhizada.yessenbay@icloud.com, assemgul.mussabayeva@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада географиялық картаны цифрлық қосымшалар мен онлайн ресурстар арқылы тиімді меңгерудің теориялық және практикалық негіздері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты география пәнін оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар заманауи интерактивті құралдарды қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. Осы тұрғыда Google Maps, Google Earth, Seterra, GeoExpert, ArcGIS сияқты цифрлық платформалардың мүмкіндіктері мен артықшылықтары талданады. Мақалада цифрлық карталардың интерактивтілігі, ақпараттың көрнекілігі және қолжетімділігі білім алушылардың географиялық білімді терең меңгеруіне ықпал ететіні негізделеді. Сонымен қатар онлайн ресурстарды пайдалану арқылы картамен жұмыс істеудің жаңа әдістері, атап айтқанда, виртуалды зерттеу, практикалық тапсырмалар орындау, интерактивті тесттер мен жобалық жұмыстар ұйымдастыру жолдары ұсынылады. Бұл тәсілдер білім алушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытып, олардың талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында цифрлық қосымшаларды жүйелі қолдану география пәніне деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, білім алушылардың өздігінен білім алу дағдыларын жетілдіретіні анықталды. Мақала мазмұнында цифрлық ресурстарды тиімді пайдаланудың білім сапасын арттырудағы рөлі мен маңызы айқын көрсетіледі. Географиялық картаны цифрлық технологиялар арқылы меңгеру – қазіргі білім беру үдерісінің маңызды бағыты екендігі дәлелденді.

Кілт сөздер: географиялық карта, цифрлық технологиялар, онлайн ресурстар, Google Earth, Seterra, GeoExpert, интерактивті оқыту, географияны оқыту әдістемесі.

Кіріспе. Жаһандық білім беру кеңістігіндегі трансформациялық өзгерістер оқытудың дәстүрлі формаларынан цифрлық парадигмаға біртіндеп ауысуды талап етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беруді цифрландыру – тек техникалық жабдықтау емес, сонымен қатар оқыту әдістемесін түбегейлі жаңарту үдерісі болып табылады. Осы тұрғыда

география пәні ақпараттық технологиялардың дидактикалық әлеуетін толық ашуға ерекше мүмкіндік беретін пән ретінде ерекшеленеді [1, 2].

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру парадигмасын түбегейлі өзгертіп, дәстүрлі оқыту құралдарын интерактивті платформалармен толықтыруды қажет етеді. География пәні кеңістіктік деректермен жұмыс істеу ерекшелігіне байланысты цифрлық технологиялардың дидактикалық әлеуетін толық ашуға ерекше мүмкіндік береді. Осы тұрғыда Google Maps, Google Earth, Seterra, GeoExpert және ArcGIS платформалары кеңінен қолданылады **[3, 4].**

Зерттеудің мақсаты – аталған платформалар арқылы географиялық карталарды оқытудың тиімділігін теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу. Интерактивтілік, визуализация және қолжетімділік параметрлері білім алушылардың картографиялық білімін тереңдетудегі негізгі факторлар ретінде талданып, картамен жұмыс істеудің жаңа әдістемелік тәсілдері ұсынылады. Мақалада цифрлық ресурстарды оқу үдерісіне жүйелі енгізудің теориялық негіздері баяндалып, заманауи платформалардың білім беру үдерісіндегі орны мен маңызы айқындалады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде географиялық карталарды цифрлық платформалар арқылы меңгерудің тиімділігін негіздеу мақсатында теориялық және практикалық әдістер кешені қолданылды. Негізгі зерттеу құралдары ретінде Google Maps, Google Earth, ArcGIS, Seterra және GeoExpert платформалары таңдалды. Теориялық бөлімде цифрлық карталарды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылды [3, 4].

Практикалық жұмыстар бірнеше бағытта жүргізілді: Google Earth арқылы виртуалды зерттеулер ұйымдастырылды, Google Maps көмегімен маршруттар құру және координаттарды анықтау жүзеге асырылды, ArcGIS негізінде картографиялық деректермен жұмыс жүргізілді, ал Seterra мен GeoExpert арқылы географиялық нысандарды бекіту тапсырмалары орындалды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде цифрлық құралдардың дәстүрлі қағаз карталарға қарағанда көрнекілік, интерактивтілік және қолжетімділік тұрғысынан басым екендігі дәлелденді. Сонымен қатар онлайн-тест пен жобалық жұмыстар білім алушылардың өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға бағытталды [4, 5]. Жүргізілген жұмыстар бойынша әр платформаның артықшылығы мен кемшілігі анықталды, нәтиже 1-кестеде берілген.

Кесте 1. Географиялық карталарды жаттауға тиімді цифрлық технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Платформа	**Артықшылықтары**	**Кемшіліктері**
	- Навигация мүмкіндіктері жоғары; - Қарапайым және қолжетімді интерфейс; - Маршрут құруға ыңғайлы;	- Терең картографиялық талдау жасау

	- Координаттарды анықтау және қашықтық өлшеу мүмкіндігі.	мүмкіндігі шектеулі.
Google Планета Земля	- 3D форматтағы визуализация; - Виртуалды экскурсия жасау мүмкіндігі; - Кеңістіктік ойлауды дамытуға тиімді.	-Интернет жылдамдығына жоғары тәуелді.
	- Геймификация элементтері бар; - Елдер мен астаналарды тез жаттауға көмектеседі; - Қарапайым әрі түсінікті интерфейс; - Нәтижені бірден көруге болады.	- Терең географиялық талдау жоқ; - Зерттеу дағдыларын дамытуға шектеулі.
	- Географиялық нысандарды (елдер, қалалар, өзендер) кеңінен қамтиды; - Интерактивті жаттығулар бар; - Білімді тексеруге тиімді.	- Геймификация деңгейі шектеулі; - Күрделі аналитикалық жұмыстарға арналмаған.
	- Кәсіби геоақпараттық жүйе; - Картографиялық деректерді өңдеу мүмкіндігі; - Қабаттар (layers) құруға болады; - Ғылыми жобаларға кең мүмкіндік береді.	- Меңгеру күрделі; - Бастауыш деңгей білім алушылары үшін қиын; болуы мүмкін.
	- Карталарды оңай құру және бояу мүмкіндігі; - Деректерді визуализациялауға ыңғайлы; - Презентация, жоба үшін қолайлы; - Тегін және қолдануға жеңіл.	- Кәсіби талдау құралдары жоқ; - Геоақпараттық терең өңдеу мүмкіндігі шектеулі; - Көбіне визуализацияға ғана бағытталған.

Нәтижелер. «Географиялық картаны цифрлық қосымшалар мен онлайн ресурстар арқылы тиімді меңгеру» тақырыбы аясында жүргізілген сауалнамаға 37 респондент қатысты (1-сурет).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (≈95%) географиялық карталарды меңгеруде цифрлық қосымшалар мен онлайн ресурстарды тұрақты қолданады. Бұл олардың оқу процесіндегі маңыздылығын дәлелдейді.

Сурет 1. Сауалнамаға қатысқан студенттер құрамы

Сауалнама деректерін талдау цифрлық платформалардың танымалдылығы мен тиімділігі бойынша бірқатар маңызды заңдылықтарды айқындады. Танымалдылық көрсеткіштері бойынша Google Maps (n=34), Google Earth (n=24) және Seterra (n=22) алдыңғы үштікті құрады. Ал жиі қолдану жиілігі тұрғысынан Google Maps (n=27) пен Seterra (n=22) басымдыққа ие болды.



Сурет 2. Google Forms сауалнама нәтижелері

Меңгеру тиімділігі бойынша Seterra (n=23) ең жоғары көрсеткішке ие болып, одан кейін Google Maps (n=19) және Google Earth (n=18) орналасты. Бұл геймификацияға негізделген платформалардың картографиялық нысандарды меңгеруде навигациялық құралдарға қарағанда тиімдірек екенін дәлелдейді. Интерфейс ыңғайлылығы бойынша да Seterra (n=20) Google Maps-тан (n=16) жоғары нәтиже көрсетті. Білім алушыларға ең күшті танымдық әсер еткен платформа — Google Earth (n=25). Бұл оның 3D-визуализация мүмкіндіктерінің кеңістіктік ойлауды дамытудағы ерекше рөлін көрсетеді. Жиынтық нәтижелерге сәйкес, Google Maps пен Seterra практикалық қолдану тиімділігі тұрғысынан, ал Google Earth танымдық әсері жағынан басымдыққа ие екені анықталды.

Респонденттердің басым көпшілігі (n=25) цифрлық платформалардың карталарды түсінуге ықпалын өте жоғары деп бағалады. 10 респондент бұл әсерді жоғары деңгейде деп көрсетсе, тек 1 респондент қана орташа деңгейде деп бағалаған (3-сурет). Алынған деректер цифрлық құралдардың картографиялық білімді меңгерудегі оң әсерін сандық тұрғыдан нақты растайды.

Сурет 3. Цифрлық платформалардың географиялық карталарды меңгерудегі тиімділігі

Сауалнама нәтижелері білім алушылар үшін ең пайдалы функциялар ретінде 3D-визуализация мен навигация (маршрут құру) басымдыққа ие екенін көрсетті (4-сурет). Сонымен қатар картаны бояу және құрастыру, сондай-ақ интерактивті тесттер де жиі қолданылатын функционалдар қатарына енді. Бұл деректер географиялық материалды көрнекі және практикалық тәсілдер арқылы меңгеруге бейімділігін растайды. Сонымен қатар, цифрлық платформалардың дидактикалық әлеуеті олардың интерактивтілігі мен визуализация мүмкіндіктерімен тікелей байланысты екені анықталды.

Сурет 4. Географияны оқытудағы ең пайдалы функциялар

Зерттеу барысында анықталған негізгі кедергілер ретінде интернетке тәуелділік пен тілдік қиындықтар айқындалды. Сс понденттер платформалардың күрделі интерфейсін және функционалдық шектеулерін кемшілік ретінде атап өтті. Дегенмен, қатысушылардың белгілі бір бөлігі пайдалану барысында ешқандай қиындық туындамағанын көрсетті. Алынған деректер цифрлық платформаларды оқу үдерісіне енгізуде технологиялық инфрақұрылымның сапасы мен интерфейстің қолжетімділігіне ерекше назар аудару қажеттігін айқындайды.

Сурет 5. Платформаларды пайдаланудағы негізгі қиындықтар

Респонденттердің басым көпшілігі аталған платформаларды болашақта да оқу мақсатында қолдануға дайын екендігін білдірді. Қатысушылардың аз ғана бөлігі белгісіздік танытып, «білмеймін» деп жауап берген. Бұл нәтиже цифрлық платформаларға деген білім алушылардың оң көзқарасын растап, олардың оқу үдерісінде тұрақты әрі тиімді қолданылатын құралдар екенін дәлелдейді.



Сурет 6. Платформалар болашақта сұранысқа ие болады ма? сауалының жауап нәтижелері

Талдау нәтижелері географиялық нысандарды жаттауда Seterra платформасындағы геймификацияға негізделген тапсырмалар мен ойындардың мнемоникалық тиімділігін дәлелдейді. Ал Google Maps платформасы картографиялық деректермен практикалық жұмыс істеуге мүмкіндік берсе, Google Earth кеңейтілген визуализация құралдары арқылы географиялық объектілерді тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Осылайша, әр платформа оқу үдерісінде өзіндік дидактикалық қызмет атқарып, бір-бірін толықтыратын кешенді білім беру ортасын қалыптастырады.

География пәнінде яғни картамен жұмысты тез игеруге көмектесетін қосымшаларнға тоқталсақ:

1. MapChart қосымшасы. Карталарды оңай құру және бояу мүмкіндігі. Мысалы ретінде суретте берілген картада дүниежүзілік ауыл шаруашылығын игерудің көрсеткіші берілген. Яғни бұл қосымшада кез келген аймақтың, елді-мекеннің немесе континенттің белгілі бір көрсеткішін сипаттайтын картада жасауға болады [6].



Сурет 7. Дүниежүзілік ауыл шаруашылығын игеру картасы

2. Seterra қосымшасы. Елдер мен оның астаналарын, орналасқан аумағын және туларын жаттауға көмектеседі түсінікті әрі жеңіл интерфейске ие [7].



Сурет 8. Seterra қосымшасы

3. GeoExpert қосымшасы.

Сурет 9. GeoExpert қосымшасы

Физикалық картаны жаттауға және біліміңді тексеруге көмектеседі [8].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу географиялық карталарды цифрлық платформалар арқылы меңгеру дәстүрлі әдістермен салыстырғанда айтарлықтай тиімді екенін растады. Google Maps, Google Earth, ArcGIS, Seterra, GeoExpert және MapChart платформалары картографиялық білімді меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, білім алушылардың кеңістіктік ойлау, деректерді талдау және салыстыру дағдыларын дамытуға нақты ықпал ететіні практикалық жұмыстар барысында дәлелденді. Ең алдымен, визуализация мен кең қолжетімділік оқу үдерісінің сапасын арттыратын негізгі факторлар екені анықталды. Сауалнама нәтижелері де бұл тұжырымды қуаттады: цифрлық ресурстар білім алушылар арасында кеңінен қолданылып, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда. Сонымен қатар, кейбір платформалардың күрделі интерфейсі мен техникалық құралдардың шектеулері оларды тиімді пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін екені байқалды. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің әдістемелік дайындығына қосымша талаптар қояды. Қорытындылай келе, географиялық карталарды цифрлық технологиялар

арқылы оқыту – заманауи білім берудің талаптарына толық жауап беретін бағыт. Алайда, оның тиімділігі технологияның өзіне емес, оны оқу үдерісіне қаншалықты жүйелі әрі әдістемелік тұрғыдан дұрыс енгізуге байланысты екені зерттеу барысында айқындалды [9, 10].

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (07.06.1999 ж. № 389-И, өзгерістермен) [Электрондық ресурс]. – Қолжетимділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000389 . – қолжетімділік күні: 01.04.2026.
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (12.12.2017 ж. № 827 Қаулы) [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://primeminister.kz/kz/news/reviews/gosudarstvennaya-programma-cifrovoj-kazahstan – қолжетімділік күні: 01.04.2026.
3. Йоханссон Т. Орта білім беруде геоақпараттық жүйелерді (ГИС) қолдану // География журналы. – 2019. – Б. 45-58.
4. Паттерсон Т. Google Earth-ті география сабақтарында оқыту құралы ретінде пайдалану // Картографиик перспективалар, 2020. – № 78. – Б. 12-24.
5. Керски Дж. Цифрлық география білім беруде ГАЖ-дың рөлі // Географиялық және экологиялық білім беру саласындағы халықаралық зерттеулер, 2021. – Б. 33-47.
6. Андреева Н.В. Географы оқытудағы цифровые технологии // Географиялық білім беру, 2020. – № 3. – Б. 18-26.
7. География Сетерры. Ресми платформа сипаттамасы [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.seterra.com – қолжетімділік күні: 01.04.2026.
8. MapChart қосымшасы [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.mapchart.net – қолжетімділік күні: 05.04.2026.
9. GeoExpert қосымшасы [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.geoexpert.app – қолжетімділік күні: 07.04.2026.
10. Ханус М., Марада М. Геоақпараттық жүйелер мектеп географиисында оқу нәтижелерін жақсарта ма? // География, 2019. – Б. 91-110.

ҒТАМА 39.01.45

АЙМАҚТЫҚ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ОҚЫТУДА ГЕОГРАФИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІН ҚОЛДАНУ

Ескендір М.Н., «7М01504 - География»
2-курс магистранты, Астана халықаралық университеті Астана қ.,
Қазақстан; **Ауезова З.Т.,** г.ғ.к., профессор
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
make.yeskendir@mail.ru

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының өңірлік демографиялық ерекшеліктерін оқытуда географияның ғылыми негіздерін қолдану қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі елдегі демографиялық процестердің кеңістіктік гетерогенділігіне байланысты: халық санының жалпы өсуі аясында айтарлықтай аймақтық қарама-қайшылықтар байқалады. Оңтүстік және батыс аймақтар жоғары туу коэффициентін және оң табиғи өсуді көрсетеді, ал солтүстік және шығыс аймақтар халықтың азаюына, халықтың қартаюына және еңбек ресурстарының кетуіне тап болады. Бұл диспропорциялар физикалық-географиялық, экономикалық-географиялық және әлеуметтік-мәдени факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты, оларды зерттеу мен басқаруға географиялық негізделген тәсілді қажет етеді. Бұл мақаланың мақсаты аймақтық демографиялық ерекшеліктерді оқытуда географияның ғылыми негіздерін қолдануды зерттеу. Зерттеу объектісі - Қазақстан Республикасындағы өңірлік деңгейде демографиялық процестерді зерделеу кезіндегі географиялық білім беру процесі.

Кілт сөздер: халықтың географиясы, географияның ғылыми негіздері, географиялық білім, демографиялық диспропорциялар, тұрақты даму.

Кіріспе. Кең аумағы, алуан түрлі ландшафты және бірегей демографиялық тарихы бар Қазақстан Республикасы халықтың біркелкі қоныстанбауына, ішкі және сыртқы көші-қон ағындарына, сондай-ақ әлеуметтік қызметтердің дамуы мен қол жеткізуіндегі өңірлік теңгерімсіздіктерге байланысты сын-қатерлер кешеніне тап болады. Дәстүрлі статистикалық әдістер құнды жиынтық деректерді ұсынғанымен, көбінесе бұл процестердің кеңістіктік ерекшеліктерін толық ашуға, мақсатты және тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін маңызды жасырын заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік бермейді. Таңдалған тақырыптың өзектілігі әртүрлі демографиялық және әлеуметтік деректерді визуалды, кеңістікке бағытталған ақпаратқа айналдыруға қабілетті кешенді құралдарға деген қажеттіліктің артуына байланысты.

География жаратылыстану-ғылыми және әлеуметтік-экономикалық мазмұнды қоса алғанда, айтарлықтай интеграциялық әлеуетке ие, бұл «табиғат - қоғам - адам» біртұтас жүйесін зерттеудің алғышарттарын жасайды [1] .

Оның аумақ туралы білімнің барлық жиынтығын, қазіргі жағдайды ғана емес, өткенді де, болашақты да білуге үлкен мүмкіндіктері бар. Қоғамдық географияда болашақты ғылыми тұрғыдан болжау және осы негізде жоспарлау жүйесін құру мүмкіндігі үлкен перспективаларға ие. Ғылыми білімнің үздіксіз дамуы жағдайында халық қоғамдық ұйымның шарты (тәуелсіз, табиғи) ретінде ғана емес, сонымен бірге осы ұйымның негізі және субъектісі ретінде де қарастырылады. Халықтың көбеюін зерттеудің кешенді тәсілі оның жекелеген жақтарын қарастыратын ғылымдардың интеграциясына, мәселені зерттеудің синтетикалық өзара байланысты бағыттарының қалыптасуына ықпал етеді. Мәселен, мысалы, геоақпараттық жүйелер кеңістіктік деректерді жинауға, сақтауға, талдауға, визуализациялауға және басқаруға бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ұсынатын осындай құрал ретінде әрекет етеді. Әлеуметтік-демографиялық зерттеулер контекстінде ГАЖ қолдану мәселелерді анықтап қана қоймай, олардың дамуын болжауға, сондай-ақ оңтайлы стратегияларды әзірлеу үшін сценарийлерді модельдеуге мүмкіндік береді [2].

Осылайша, географияның ғылыми негіздерін қолданудың негізгі бағыттарының бірі - кеңістіктік талдау әдістерін қолдану. Картографиялық материалдарды, тақырыптық карталарды және геоақпараттық жүйелерді талдау білім алушыларға халықтың таралу заңдылықтарын анықтауға, көші-қон ағындарын талдауға және урбанизация деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Білім беру процесіне геоақпараттық технологиялар элементтерін енгізу аналитикалық ойлауды, кеңістіктік деректер дағдыларын және күрделі демографиялық процестерді түсіндіру қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сандық карталар мен интерактивті платформаларды пайдалану демографиялық өзгерістерді визуализациялауға мүмкіндік береді. Картографиялық әдісті географиядағы негіздердің бірі ретінде қолдану ерекше маңызға ие. Халықтың тығыздығын, жас құрылымын, урбанизация деңгейін және көші-қон ағындарын көрсететін тақырыптық карталар білім алушылардың кеңістіктік ойлауын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады [3]. Карталармен жұмыс ақпаратты талдау, салыстыру және жалпылау, демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, картаға түсіру болжамды құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын аймақтардың демографиялық дамуының әртүрлі сценарийлерін модельдеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Теориялық негіз ғылыми талдау әдістері (салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, ретроспективті) және демографияны, географияны оқыту әдістемесі (Д.М. Полатова, А.Е. Нургамзинова, Қ.И. Қобландин, М.К. Сарбасов, Б. Сейлхан, Д. Қайдаулова, Н.Н. Айдарбек, L.S. Spankulova, Z.K. Chulanova, Г. Ильясова) бойынша ғылыми әдебиеттерді синтездеу болды. Эмпирикалық базаның негізін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының 2022-2025 жылдар кезеңіндегі ресми статистикалық деректері

құрады (халық саны, туу коэффициенттері, өлім-жітім, механикалық қозғалыс және көші-қон, урбанизация деңгейі, халықтың жыныстық-жас құрылымы). Халық санағының материалдары, сондай-ақ БҰҰ демографиялық болжамдарының деректері (World Population Prospects) қосымша пайдаланылды.

Нәтижелер. Әлеуметтік-демографиялық құбылыстарды талдау халықтың жас құрылымына, қала мен ауыл тұрғындарының арақатынасына, тарихи даму процесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан демографиялық ерекшеліктерге байланысты әр түрлі аймақтардағы олардың себептерін ескерумен байланысты. Осы ерекшеліктердің барлығын анықтайтын, белгілі бір аумақтағы демографиялық процестерді және олардың аймақтық ерекшеліктерін, дифференциациясын зерттейтін жаңа бағыты «Геодемография» деп аталды. Бұл терминнің пайда болуы демографиялық жағдайды кеңірек түсіну қажеттілігімен байланысты. Географиялық ойлауды қолдану әлеуметтік-экономикалық факторлардың күрделі шарттылығымен демографиялық процестердің аймақтық айырмашылықтарын анықтау, белгілі бір аумақтағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ішкі тәуелділіктерін жалпылау үшін қажет.

Білім беруді цифрландыру жағдайында геоақпараттық жүйелер мен үлкен деректерді пайдалану ерекше рөл атқарады. Оқытуда ГАЖ технологияларын қолдану әртүрлі ақпарат көздерін біріктіруге, кеңістіктік талдау мен деректерді визуализациялауға мүмкіндік береді [4]. Білім алушылар нақты статистикалық деректермен өз бетінше жұмыс істеуге, карталар жасауға, демографиялық көрсеткіштерді талдауға және қорытынды жасауға мүмкіндік алады. Бұл зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыруға және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, проблемалық және жобалық оқыту әдістерін қолдану тиімді құрал болып табылады. Жобалық қызмет өңірлердің демографиялық бейіндерін әзірлеуді, көші-қон процестерін талдауды, урбанизацияның аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалауды қамтуы мүмкін. Бұл тәсіл теориялық білімді практикалық дағдылармен біріктіруге мүмкіндік береді және білім алушылардың алған білімдерін нақты жағдайда қолдану қабілетін қалыптастырады.

Білім алушыларда статистикалық ақпаратты түсіндіру дағдыларын қалыптастыру маңызды, бұл демографиялық процестерді түсіну үшін қажетті шарт болып табылады. Қазақстанның географиялық жағдайына, табиғи-климаттық жағдайларына және тарихи дамуына байланысты өңірлік ерекшелігін есепке алу маңызды құрамдас болып табылады. Урбанизация деңгейіндегі, халықтың тығыздығындағы, этникалық құрамындағы және аймақтардың экономикалық мамандануындағы айырмашылықтар бірегей демографиялық профильдерді қалыптастырады [5]. Білім беру процесінде осы ерекшеліктерді зерттеуге назар аудару қажет, бұл білім алушыларда елдің демографиялық дамуы туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Демографиялық тенденциялар экономика мен әлеуметтік құрылымның болашағын, еңбек нарығына, шығындар мен қоғамдық институттарға әсерін

анықтайды. Халықтың тууы мен қартаюы жағдайында үкімет жаңа сын-қатерлерге бейімделу үшін кешенді шаралар қабылдауы тиіс.

Маңызды аспектілер икемді әлеуметтік саясат, денсаулық сақтау мен медициналық технологияларды дамытуға инвестициялар, экономикалық білім мен технологияларды дамыту, сауатты көші-қон саясаты болып қала береді. Демографиялық өзгерістерді болжау елдерге тұрақты дамуды қамтамасыз ететін сенімді стратегияны алдын ала әзірлеуге көмектеседі. Демографиялық өсу, халықтың көші-қоны, Қазақстанның экономикалық дамуы қала халқының одан әрі өсуіне ықпал ететін болады [6]. Ірі қалаларға халықтың ағыны, бір жағынан, олардың өсуіне ықпал етеді, екінші жағынан, бақыланбайтын агломерациялар пайда болуы мүмкін. Ойластырылған, дәйекті урбанизация саясатынсыз қала тұрғындарының табиғи өсуі мүмкін, бұл өз кезегінде, әсіресе инфрақұрылымды дамыту және қоршаған ортаны қорғау саласында үлкен мәселе туғызады. Ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айларында ел ішінде 383 мың адам тұрғылықты жерін түбегейлі өзгертті, яғни 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,8%-ға көп. Жыл ішінде 67, 25 мың адам Астанаға көшті, бір жыл бұл көрсеткіш 49,5 мың адамға тең болды. Жылдық өсім 24,7% құрады. Астанаға 14,5 мың адам қоныс аударған Алматы облысының тұрғындары үшін ең тартымды елорда болды. Көші-қой бойынша екінші жолда Алматы (27,8 мың адам) орналасқан, ал үшінші орында Шымкент қаласы (13 мың адам) [7].



Сурет 1. 2025 жылғы ішкі көші-қон картасы

Айта кетейік, Алматы облысының өзі көшбасшылар үштігін тұйықтады: 9 мың келуші. Аймаққа көбінесе Алматы тұрғындары қоныс аударды. Халық көбінесе Алматыдан, сондай-ақ Түркістан облыстарынан шықты. Оңтүстік астанадан адамдар көбінесе Алматы облысына, Түркістан облысынан Шымкентке көшті. Көші-қонның теріс сальдосын Қазақстанның екі Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары көрсетті: тиісінше минус 0,7% және

минус 0,1% [7]. Өңірлердің әлеуметтік тартымдылық деңгейін олардың көші-қон үрдістерімен салыстырайық.

Кесте 1. Өңірлердің әлеуметтік тартымдылық деңгейі мен көші-қон үрдістерінің арақатынасы матрицасы

Тасымалдау түрі	Әлеуметтік тартымдылық деңгейі				
	Салыстырмалы жоғары	жеткілікті	жеткіліксіз	төмен	ең нашар
Халықтың басқа аймақтардан келуі	Алматы қ.	Астана	Шымкент		
Дезурбандалу үрдісі бар көші-қон ағыны				Маңғыстау	
Халық санының азаюы, урбандалудың өсуі, халықтың ауылдан кетуі	Павлодар	Ақтөбе		Батыс Қазақстан	Түркістан
Дезурбандалу үрдісі бар көші-қон ағыны	Шығыс Қазақстан	Қостанай		Атырау	
Жер бедерінің барлық түрлерінен көші-қон ағыны			Ақмола Алматы	Қызылорда Жамбыл	

Географиялық фактор урбанизацияда да көрінеді: Орталық және Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік облыстары (Қарағанды - 82,4%, Ұлытау - 79,5%, Ақтөбе - 76,2%) неғұрлым урбанизацияланған, мұнда қала халқы моноқалалар мен өнеркәсіптік тораптар есебінен үстемдік етеді. Минималды урбанизация Оңтүстік аграрлық облыстарға тән (Алматы - 19,4%, Түркістан - 25,3%) [8]. Бұл екі еселенген демографиялық жүктемені тудырады: миллиондаған қалалардағы инфрақұрылымға және солтүстіктегі ауылдық жерлерге халықтың көптігіне. Осылайша, Қазақстанның өңірлік демографиялық ерекшеліктері физикалық-географиялық (табиғи аймақтар: дала, шөлейт, таулар), экономикалық-географиялық (өңірлердің мамандануы) және тарихи-

географиялық (кеңестік мұра және посткеңестік көші-қон) факторлардың қабаттасуының нәтижесі болып табылады.

Статистика көрсеткендей, 2025 жылдың қаңтар-қыркүйегінде Қазақстанда 249,3 мың бала туылды, 97,7 мың адам қайтыс болды. Осы екі көрсеткіштің арасындағы айырмашылық табиғи өсімді қалыптастырады -151,6 мың адам. Жылдың тоғыз айы үшін бұл өткен жылмен салыстырғанда демографиялық көріністің жақсарғанын көрсететін айтарлықтай нәтиже. Бала туу халықтың өсуінің негізгі көзі болып қала береді. Құжатта ең жоғары коэффициенттер Түркістан облысында, Шымкентте және Маңғыстау облысында байқалады. Түркістан облысында көрсеткіш 1000 адамға шаққанда 22,26, Шымкентте - 21,46, Маңғыстау облысында - 21,26 тууға жетеді. Бұл аймақтарды халықтың жас құрылымы біріктіреді: балалары бар көптеген отбасылар, репродуктивті жастағы әйелдердің жоғары үлесі және дәстүрлі түрде көп балалы болу деңгейі [8]. Сондықтан олар жалпы өсуге негізгі үлесті қалыптастырады.

2025 жылы өлім-жітім өткен жылмен салыстырғанда ұқсас аралықта төмен болып қала береді. Алайда, кейбір аймақтарда көрсеткіштер жоғары болып қала береді. Өлім деңгейі бойынша Солтүстік Қазақстан облысы (1000 тұрғынға шаққанда 11,43 жағдай), Шығыс Қазақстан (11,12) және Қостанай (9,67) көшбасшылар болып табылады [8]. Бұл аумақтар халықтың егде жастағы құрамымен ерекшеленеді, бұл өздігінен өлімнің көбеюіне әкеледі. Құжатта жас құрылымы аймақтық көрсеткіштердегі сәйкессіздіктердің негізгі факторы болып табылады. Айлар бойынша қарасақ, 2025 жылы туу көрсеткіші ай сайын дерлік өткен жылдың көрсеткіштерінен асып түседі. Төмендегі кестеде Қазақстан халқының пирамидасын көрсете аламыз.

Кесте 2. Халық пирамидасы

Жас	Ерлер	Әйелдер
0-4	1 072 570	1 011 427
5-9	1 043 992	1 008 315
10-14	987 009	950 011
15-19	860 694	821 649
20-24	643 748	618 716
25-29	619 134	598 490
30-34	756 694	739 797
35-39	804 519	795 622
40-44	691 629	701 010
45-49	586 579	623 865
50-54	519 416	580 990
55-59	457 517	537 243
60-64	421 272	515 336
65-69	331 334	463 295
70-74	199 134	326 231
75-79	98 687	198 498

80-84	33 198	90 142
85-89	23 941	81 486
90-94	4 697	19 195
95-99	961	5 192
100+	54	452

Қазақстан халықтың солтүстік өңірлерден кетуі проблемасымен бетпе-бет келуде, бұл этнодемографиялық теңгерімнің одан әрі өзгеруіне әкелуі мүмкін. Қалалардың өсуі (Астана, Алматы, Шымкент) ірі орталықтарда жалғасып жатқан урбанизация мен экономикалық шоғырлану туралы айтады [9]. Көші-қон жағдайын тұрақтандыру үшін инфрақұрылымды, экономикалық мүмкіндіктерді дамыту және эмиграциясы жоғары аймақтарда өмір сүру сапасын жақсарту қажет болуы мүмкін. Кедейлік деңгейі жоғары аймақтарда табысы азық-түлік себетінің құнына жетпейтін халықтың жоғары үлесі жиі кездеседі. Бұл азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін және кедей тұрғындар арасында тұтынудың төмен деңгейін көрсетеді. Соңғы жылдардағы бұл көрсеткіштердің өзгеру динамикасы бүкіл ел бойынша кедейлік деңгейінің төмендеуін көрсетеді, бірақ бай және кедей аймақтар арасындағы диспропорциялардың сақталуын көрсетеді. Бұл неғұрлым осал салаларда халықты қолдауға бағытталған қосымша әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды талап етеді.

Қорытынды. Осылайша, Қазақстанның өңірлік демографиялық ерекшеліктерін оқытуда географияның ғылыми негіздерін қолдану білім беруді фактілерді пассивті игеруден кеңістіктік ойлауды қалыптастырудың және елдің болашағына жауапкершілікпен қараудың белсенді құралына айналдырады. Оңтүстік өңірлердің демографиялық «дивидендінің» жалпы көлемі ресурстар мен көші-қон ағындарының географиялық негізделген қайта бөлінуі жағдайында ғана іске асырылуы мүмкін. Қазақстанның географиялық жағдайына, табиғи-климаттық жағдайларына және тарихи дамуына байланысты өңірлік ерекшелігін есепке алу маңызды құрамдас болып табылады. Урбанизация деңгейіндегі, халықтың тығыздығындағы, этникалық құрамындағы және аймақтардың экономикалық мамандануындағы айырмашылықтар бірегей демографиялық профильдерді қалыптастырады. Білім беру процесінде осы ерекшеліктерді зерттеуге назар аудару қажет, бұл білім алушыларда елдің демографиялық дамуы туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаһандану процестерінің Қазақстандағы демографиялық жағдайға әсерін де ескеру қажет. Халықаралық көші-қон, урбанизация және жұмыспен қамту құрылымының өзгеруі халықтың бөлінуіне және демографиялық көрсеткіштерге айтарлықтай әсер етеді. Білім беру процесіне жаһандық үрдістерді талдауды енгізу білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге және оларда Қазақстанның әлемдік демографиялық кеңістіктегі орны туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Геоақпараттық картаға түсіру Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-демографиялық процестерді кешенді талдау және басқару үшін перспективалы құрал болып табылады. ГАЖ технологияларын қолдану

кеңістіктік деректерді визуализациялауға, талдауға және модельдеуге, заңдылықтар мен тенденцияларды анықтауға, өзгерістерді болжауға және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің негізделген шешімдерін жасауға мүмкіндік береді. ГАЖ тиімді пайдалану нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді, кеңістіктік деректер инфрақұрылымын дамытуды, білікті мамандарды даярлауды және аумақтарды басқару практикасына технологияларды белсенді енгізуді талап етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Полатова Д.М. Халықтар географиясында оқытуда статистикалық әдістерді қолдану: теория мен тәжірибе // «Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. - 2025. - 4. - 30-36.

2. Нургамзинова А.Е. Демографиялық процестер: тенденциялар, факторлар және даму перспективалары // Ғылыми хабаршы. - 2024. - 12 (81). - 2028-2039.

3. Қобландин Қ.И., Сарбасов М.К., Сейлхан Б. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы көші-қон үдерістері мен демографиялық құрылымының трансформациясы: факторлар, ауқымы, салдары // Халықаралық қатынастар және аймақтану. - 2026. - 63. - 1.

4. Қайдаулова Д. География пәнін оқытуда сандық ресурстарды қолданудың тиімділігі // Eurasian Science Review An International peer-reviewed multidisciplinary journal. - 2024. - 2. - 6. - 143-147.

5. Spankulova L.S., Chulanova Z.K. Data on the demographic forecast of the Kazakhstan population (World Population Prospects) // Data in brief. - 2024. - 52. - 109985.

6. Айдарбек Н.Н. География ғылымындағы демография және оның қоғам өміріндегі маңызы // «Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. - 2025. - 3. - 5. - 214-223.

7. Усенбаева А., Думан А. Жаңа ақпараттық технологиялар көмегімен әлеуметтік демографиялық мәселелерді оқытудың әдістемесі // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. - 2024. - 1. - 79. - 26-37.

8. Әлеуметтік статистика. Демографиялық статистика. [Электрондық ресурс]. – URL: https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/

9. Ильясова Г. Қазақстанның демографиялық дамуы және қазіргі кезеңдегі көші-қон саясатының ерекшеліктері: тарихи талдау негізінде // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. - 2023. - 2. - 77-86.

ҒТАМА 39.01.45

«ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ДЕБАТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ЖӘНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫНА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ»

Әлім Ж.Ж., «7М01504 География» ББББ 2-курс магистранты;
Самарханов Т.Н., PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
zhanserikalim@gmail.com

Аннотация: Бұл мақалада география сабақтарында дебат технологиясын қолданудың оқушылардың сыни ойлау және аналитикалық дағдыларына әсері эксперименттік тұрғыда зерттеледі. Зерттеу барысында Karl Popper және Lincoln-Douglas форматындағы дебат технологиялары қолданылып, олардың оқу процесіндегі тиімділігі талданды. Эксперимент бақылау және эксперименттік топтар арасында жүргізіліп, оқушылардың ойлау қабілеттеріндегі өзгерістер салыстырмалы түрде анықталды. Нәтижесінде дебат технологиясы оқушылардың дәлелдеу, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытуда тиімді құрал екені дәлелденді.

Кілт сөздер: дебат технологиясы, география, сыни ойлау, аналитикалық дағдылар, оқыту әдістері, эксперимент.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек білім алуымен шектелмей, олардың сыни ойлау, талдау, пікір білдіру дағдыларын дамыту маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл тұрғыда география пәні – оқушылардың дүниетанымын қалыптастыратын, талдау мен салыстыруды талап ететін пәндердің бірі. Соңғы жылдары білім беру жүйесінде интерактивті әдістердің ішінде дебат технологиясы ерекше орын алуда. Дебат – бұл тек пікірталас емес, ол логикалық ойлау, дәлелдеу, қарсы пікірді талдау және қорытынды жасау процесі. Отандық ғалымдар Қ.Жарықбаев, А.Алдамұратов, С.Қалиев оқытуда белсенді әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратынын атап өтеді [1;2;3]. Сонымен қатар, Ж.А.Абишева мен С.Ж.Калиева оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуда интерактивті технологиялардың тиімділігін көрсеткен [4]. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – география сабақтарында дебат технологиясын қолданудың оқушылардың сыни ойлау және аналитикалық дағдыларына әсерін анықтау.

Зерттеу жұмысында география сабақтарында дебат технологиясын қолданудың оқушылардың сыни ойлау және аналитикалық дағдыларына әсерін анықтау мақсатында кешенді ғылыми әдістер жүйесі қолданылды. Атап айтқанда, педагогикалық эксперимент негізгі әдіс ретінде алынып, ол бақылау, тестілеу, сауалнама жүргізу және нәтижелерді салыстырмалы талдау әдістерімен толықтырылды.

Эксперимент жұмысы жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Зерттеуге барлығы 40 оқушы қатысып, олар екі топқа бөлінді: бақылау тобы (20 оқушы) және эксперименттік топ (20 оқушы). Бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері қолданылса, эксперименттік топта география сабақтары жүйелі түрде дебат технологиясы негізінде жүргізілді.

Зерттеу барысында оқушылардың сыни ойлау деңгейін анықтау үшін арнайы диагностикалық тапсырмалар, логикалық сұрақтар және мәтіндік талдау жұмыстары пайдаланылды. Сонымен қатар аналитикалық дағдыларды бағалау мақсатында оқушылардың аргументация жасау, дәлел келтіру, қорытынды шығару қабілеттері қарастырылды[5]. Дебат технологиясын енгізу барысында оның әртүрлі форматтары қолданылды. Атап айтқанда, Karl Popper форматы оқушылардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталды. Бұл форматта оқушылар топтарға бөлініп, белгілі бір географиялық мәселе бойынша өз позицияларын қорғап, қарсы тараптың дәлелдерін жоққа шығаруға үйренді. Ал Lincoln-Douglas форматы жеке оқушының логикалық ойлауын, дәлелдеу мәдениетін және құндылықтық тұрғыда пікір білдіру қабілетін дамытуға мүмкіндік берді[6]. Дебат сабақтары барысында «Климаттың өзгеруі», «Урбанизацияның әсері», «Экологиялық мәселелер» сияқты тақырыптар таңдалып, оқушыларға нақты проблемалық жағдайлар ұсынылды. Бұл олардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар өмірлік тәжірибеге негізделген ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Материалдар мен әдістер. Эксперимент жұмысы үш кезеңде жүйелі түрде ұйымдастырылды: бастапқы, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдер.

Бастапқы кезеңде оқушылардың сыни ойлау және аналитикалық дағдыларының деңгейі анықталды. Бұл кезеңде оқушыларға логикалық тапсырмалар, мәтінді талдау жұмыстары және проблемалық сұрақтар ұсынылды. Нәтижесінде екі топтың бастапқы көрсеткіштері шамалас екендігі анықталды.

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топта дебат технологиясы жүйелі түрде енгізілді.Әр сабақта оқушылар белгілі бір тақырып бойынша пікірталас жүргізіп, өз көзқарастарын дәлелдеуге, қарсы пікірлерді талдауға үйренді.Бұл кезеңде мұғалім бағыттаушы рөл атқарып, оқушылардың дербес ойлауына жағдай жасады. Ал бақылау тобында дәстүрлі түсіндіру, сұрақ-жауап және жаттығу әдістері қолданылды.

Қорытынды кезеңде қайта диагностика жүргізіліп, оқушылардың сыни ойлау және аналитикалық дағдыларындағы өзгерістер анықталды. Бұл кезеңде алынған нәтижелер бастапқы көрсеткіштермен салыстырылды. Зерттеу нәтижелері төмендегі кестелерде көрсетілген.

Кесте 1. Сыни ойлау деңгейінің динамикасы

Деңгей	Бақылау тобы (бастапқы)	Бақылау (соңғы)	Эксперимент (бастапқы)	Эксперимент (соңғы)
Жоғары	20%	25%	20%	55%
Орта	50%	50%	55%	35%
Төмен	30%	25%	25%	10%

Кесте мәліметтері бойынша эксперименттік топта сыни ойлау деңгейінің айтарлықтай артқаны байқалады. Атап айтқанда, жоғары деңгейдегі оқушылар саны 20%-дан 55%-ға дейін өскен. Сонымен қатар төмен деңгейдегі оқушылар көрсеткіші 25%-дан 10%-ға дейін азайған. Бұл дебат технологиясының оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда тиімді екенін дәлелдейді. Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі мардымсыз деңгейде қалған.



Сурет 1. Сыни ойлау деңгейінің салыстырмалы диаграммасы

Кесте 2. Аналитикалық дағдылардың даму көрсеткіштері

Көрсеткіш	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Талдау	45%	75%
Дәлелдеу	40%	80%
Қорытынды	50%	85%



Сурет 2. Аналитикалық дағдылардың даму көрсеткіштерінің диаграммасы

Нәтижелер. Бұл кестеден эксперименттік топ оқушыларының аналитикалық дағдыларының айтарлықтай дамығанын көруге болады. Әсіресе дәлелдеу және қорытынды жасау көрсеткіштері жоғарылаған. Бұл дебат барысында оқушылардың өз пікірін негіздеу және логикалық қорытынды жасауға жүйелі түрде жаттыққанымен түсіндіріледі.

Алынған нәтижелер дебат технологиясының оқушылардың сыни ойлау және аналитикалық дағдыларын дамытудағы тиімділігін нақты дәлелдейді. Эксперименттік топтағы оқушылардың көрсеткіштерінің жоғарылауы олардың оқу процесіне белсенді қатысуымен, өз пікірін еркін білдіруімен және ақпаратты терең талдауымен байланысты. Дебат технологиясы оқушыларды дайын ақпаратты қабылдаушыдан белсенді талдаушы деңгейіне көтереді. Олар мәселені әртүрлі қырынан қарастырып, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйренеді. Сонымен қатар бұл әдіс оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, өзіне деген сенімділігін және топпен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл нәтижелер отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді, яғни белсенді оқыту әдістері оқушылардың танымдық және тұлғалық дамуына оң әсер етеді[7,8].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері география сабақтарында дебат технологиясын қолданудың жоғары тиімділігін көрсетті. Дебат әдісі оқушылардың сыни ойлауын, аналитикалық қабілеттерін, дәлелдеу және қорытынды жасау дағдыларын дамытуда маңызды құрал болып табылады. Эксперимент нәтижесінде анықталғандай, дебат технологиясын жүйелі қолдану оқушылардың оқу белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын да күшейтеді. Сонымен қатар бұл әдіс оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге, пікірталас мәдениетін қалыптастыруға және өмірлік маңызды дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты география сабақтарында дебат технологиясын кеңінен қолдану білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі ретінде ұсынылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы: Рауан, 2021. – 320 б.
2. Алдамұратов А. Психология. – Алматы: Білім, 2020. – 288 б.
3. Қалиев С. Педагогика. – Алматы: Санат, 2021. – 256 б.
4. Абишева Ж.А., Калиева С.Ж. Білім беру психологиясы. – Алматы, 2022. – 304 б.
5. Halpern D.F. Thought and Knowledge: An Introduction to Critical Thinking. – New York: Psychology Press, 2014. – 512 p.
6. Freeley A.J., Steinberg D.L. Argumentation and Debate. – Boston: Wadsworth, 2013. – 480 p.
7. Әбдіғапбарова Ұ.М. Оқыту әдістемесі. – Алматы, 2018. – 224 б.
8. Paul R., Elder L. Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life. – Pearson, 2012. – 368 p.

ҒТАМА 31.01.45

СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Әуелбек Б.А., «7М01503-Химия» 2-курс магистранты;
Жумагалиева Ж.Ж., химия ғылымдарының кандитаты, доцент,
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
a.bauke4@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада химияны оқыту үдерісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, оқу мотивациясын күшейту және химиялық білім сапасын жақсарту мақсатында түрлі әдістер мен стратегиялар қолданылды. Атап айтқанда, «Алты қалпақ» әдісі арқылы оқушылардың ойлау дағдылары дамытылып, өз пікірін дәлелді жеткізу қабілеті қалыптасты. Эксперимент нәтижелері оқушылардың сын тұрғысынан ойлау деңгейінің артқанын көрсетті. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы өсіп, білімді өмірмен байланыстыра алу мүмкіндігі кеңейді. Бұл әдістерді жүйелі қолдану білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: Сын тұрғысынан ойлау, химияны оқыту, ковалентті байланыс, иондық байланыс, оқыту әдістері, оқу мотивациясы, танымдық белсенділік, педагогикалық технология.

Кіріспе. Сыни ойлау технологиясы баланың интеллектуалды және эмоционалдық белсенділігін белсендіруге, оқу процесіне баланың жеке басын тартуға мүмкіндік береді. Сыни ойлауды дамыту технологиясының негізгі мақсаттарының бірі-оқушыны өз бетінше ойлауға, түсінуге, құрылымдауға және ақпарат беруге үйрету, осылайша басқалар оның өзі үшін жаңа нәрсе ашқанын біледі.

Біздің жұмысымыздың нәтижесінде біз негізгі мектепте химияны оқыту процесін химиялық білімді, дағдыларды қалыптастырумен қатар оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру пайда болатындай етіп ұйымдастыру қажет және мүмкін деген қорытындыға келдік. Бұл маңызды жеке қасиеттерді алуға, химиялық материалды жақсы игеруге ықпал етеді. Орта мектепте химияны оқыған кезде оқушылардың сыни ойлауы химиялық білімнің сапасын жақсартуға және оқу мотивациясының деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. [1]

Материалдар мен әдістер. "Ковалентті химиялық байланыс", "иондық химиялық байланыс" ұғымдарына анықтама беріңіз. Ковалентті полярлық байланысты иондық байланыспен салыстырыңыз "Сыни тұрғыдан ойлаудың алты қалпақ әдісі" қабылдау-сынып 6 топқа бөлінеді. Әр топ белгілі бір түсті қалпақ алады. Бұл жағдайда бір тақырып бойынша алты көзқарас айтылады.

"Ақ қалпақ" - статистикалық (тақырып бойынша фактілер талқылан-байды).

"Сары қалпақ" - позитивті (позитивтер айтылады);

"Қара қалпақ" - теріс (мәселенің жағымсыз жақтары анықталады);

"Көк қалпақ" - аналитикалық (мәселе бойынша талдау жүргізіледі);

"Жасыл қалпақ" - Шығармашылық (ең алдамшы идеялар мен ұсыныстар айтылады);

"Қызыл қалпақ" - эмоционалды (материалмен жұмыс істеу кезінде балалар сезінген эмоциялар тұжырымдалған). [2]

Оқушыларға берілген мәтіннің мазмұнымен танысып, талдау жасауға 20 минут уақыт берілді. Топ мүшелері сұрақтарды қабылдап алып, өзара талқылап, бірлесіп жұмыс жасады, бір- бірімен қарым-қатынас орнатып, өзгенің пікірін сыпайлықпен тыңдап, ұтымды және дәлелді түрде жеткізіп, ортақ бір мәмілеге келу нәтижесінде берілген сұрақтарға жауап қайтарды.

Эксперименттің ұйымдастыру-дайындық кезеңінде қолданылған диагностикалық әдістемелер жиынтығы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын қалыптастырудың үш деңгейін анықтауға мүмкіндік берді: жоғары, орта, төмен.Жоғары деңгей оқушының танымдық уәждемесінің бар болуын, сыни ойлауға құндылық ретінде бағдарлауды, сыни ойлаудың мәні мен оның қалыптасу тәсілдері туралы, шығармашылық деңгейде қалыптасқан терең білімді сипаттады [3]. Сабақтың оқушылардың қызығушылығын ояту үшін сабақтың формасы мен сын тұрғысынан ойлау әдістері таңдалынып алынды. Бұл көрсетілген педагогикалық технологиялардың химияны оқыту үдерісінде қолданылып сабақ тартымды өтті. Сын тұрғысынан ойлау әдістері арқылы өтілген сабақ әрі тиімді, әрі тартымды, әрі заман талабына сай болғандықтан, оқушылар үшін қызықты өтілетіндігі іс-тәжірибе жүзінде байқалды. Бақылау экспериментінде сабақ барысында оқушыларға жүргізілген бақылау кезеңінде оқушылар арасында тақырыптарға зейін салуы, оны түсініп, талқылауын байқадық. Осылайша, химия сабақтарында оқушылардың оқу мотивациясы мен пәнге деген қызығушылығын арттырады, химиялық ұғымдар саласындағы ақыл-ой әрекетінің әдістерін тиімді игеруге ықпал етеді.

Нәтижелер. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы белгілі бір әдістерді, тәсілдер мен стратегияларды және оларды әрбір сабақта қадамдық іске асыруды білдіреді. Сын тұрғысынан ойлау технологияласын қолданудың арқасында оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығы артты. Нәтижесі төмендегі 1-ші кестеде көрсетілген. [4]

Кесте 1. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдысын деңгейінің көрсеткіштері (үйретуші кезең)

Сынып	Деңгейлері			
	Жоғары	Жеткілікті	Орта	Төмен
8 «А» эксперимент тобы	25,3	51	13,2	10,4
8 «Б» бақылау тобы	0	16,4	36,7	46,8

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің графикасы 1-ші суретте төменде көрсетілген.



Сурет 1. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдысын деңгейінің көрсеткіштері (үйретуші кезең)

Суреттегі көрініс оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдысының деңгейі эксперимент соңында жақсы нәтиже бергендігін көрсетті. Мысалы, егер эксперимент басында эксперименттік тобында жоғары деңгей көрсеткендер болмаса, соңында олардың саны 25,3 % жетті, жеткілікті деңгей 3,7 % есе өссе, орта деңгей 2,7 % есе азайды. Төмен деңгейде 4,7% азайды. Тәжірибелік эксперимент жұмыстары нәтижесі осы еңбектің көкейкестілігінің дұрыс екенін дәлелдеп отыр. Жалпы эксперимент бойынша қорытындыланып, көрсеткіштердің артқаны дәлелденді. Алынған нәтижелердің негізінде осы әдістерді қолдану оқушыларды тапсырмаларды өз бетімен орындауға ынталандыра және олардың білім деңгейін көтеруге мүмкідік туғызды.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде оқытудың белсенді жаңа әдіс-тәсілдерін тәжірибеге енгізу, тиімді әдіс тәсілдерін қолдану оқушыға білім берумен ғана шектелмей, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерде қолданып, өмірмен байланыстыра алуға, яғни сындарлы ойлануларын дамытуға кеңінен жол ашады. [5]

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. Учеб.-метод. Пособие. М.: Мирос, 2018.- 407 с.
2. Заир-Бек С. И., Муштавинская И. В. Развитие критического мышления на уроке. М.: Просвещение.2011. - 178 с.
3. Кларин М. В. Развитие критического и творческого мышления// Школьные технологии. №3. 2008. – 368 с.
4. Жақыпбекова Ж.А. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту // Педагогика және психология. – 2019. – №2. – 45–49 б.
5. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Білім, 2014. – 256 б.

ҒТАМА 31.01.45

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУЫН ЫНТАЛАНДЫРУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ

Әуелбек Б.А., «7М01503-Химия» 2-курс магистранты;
Жумагалиева Ж.Ж., химия ғылымдарының кандитаты, доцент,
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
a.bauke4@gmail.com

Аннотация. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі - маңызды қабілет. Бұл мақалада цифрлық трансформация жағдайында химия сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданып оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту әдістері қарастырылады. Әдеби шолу көрсеткендей, ақпараттық құзыреттілік мен сыни ойлау дағдылары XXI ғ. оқытудағы басты құзыреттерге жатады. Зерттеу мақсаты - осы екі құбылысты біріктіре отырып, химия сабағында эксперимент жүргізу. Педагогикалық әдіс: 8 сынып оқушыларын бақылау мен тәжірибелік топқа бөлу, алдымен ақпараттық-сыни дағдыларды бағалап, содан кейін эксперименттік топқа PhET симуляциялары, Quizizz секілді цифрлық құралдар мен сын тұрғысынан ойлау тапсырмаларын енгіздік. Эксперимент нәтижесінде тәжірибелік топтың ақпараттық құзыреттілігі (алғашқы "төмен-орта-жоғары" деңгейлер) айтарлықтай жақсарды: жоғары деңгейге өткендер үлесі 20%-дан 55%-ға дейін өсті (контрольде - 20%-дан 25%-ға). Мақала цифрлық құралдардың (PhET т.б.) пайдалану арқылы химия пәніндегі ақпараттық сауаттылықты дамыту үлгісін ұсынады, әдістеме мен статистиканы салыстыра отырып тиімділігін дәлелдейді.

Кілт сөздер: ақпараттық құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, сын тұрғысынан ойлау, химия сабағы, цифрлық трансформация, педагогикалық эксперимент.

Кіріспе. XXI ғасырда білім беру жүйесінің басым бағыты - цифрлы трансформация жағдайында оқыту сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі білім беру мазмұны дәстүрлі тәсілдермен қатар, цифрлық платформалар арқылы жүзеге асырылып, бұл оқушылардың ақпараттық және техникалық құзыреттілігінің маңызын арттыруда. Ақпараттық құзыреттілік білім алушының қажетті ақпаратты анықтау, іздеу, талдау, бағалау және оны тиімді қолдану қабілеттерін қамтиды. Бұл дағдылар қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында тұлғаның табысты бейімделуінің негізгі шарттарының бірі болып табылады [2].

Заманауи білім беру жүйесінде сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту да ерекше маңызға ие. Сын тұрғысынан ойлау - бұл ақпаратты саналы

түрде талдау, дәлелдерді бағалау және негізделген қорытынды жасау қабілеті. Ғылыми зерттеулерде бұл дағды оқушылардың оқу жетістіктеріне тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады [3; 4].

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрлық технологияларды енгізу оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Мысалы, World Bank зерттеулерінде цифрлық оқыту құралдарын қолдану қысқа мерзім ішінде білім сапасының айтарлықтай өсуіне әкелетіні дәлелденген [6]. Сонымен қатар UNESCO мәліметтері бойынша, қазіргі білім беру жүйесінде медиа және ақпараттық сауаттылықты дамыту оқушыларды ақпаратты тек тұтынушы емес, оны талдаушы және жасаушы ретінде қалыптастыруға бағытталған [1].

Цифрлық құралдарды, соның ішінде PhET симуляциялары мен Web 2.0 технологияларын қолдану жаратылыстану пәндерін оқытуда тиімді нәтиже беретінін көптеген зерттеулер дәлелдейді. Мұндай құралдар оқушылардың оқу материалын терең түсінуіне, күрделі ұғымдарды визуализациялауына және тәжірибелік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [5; 7-9]. Сонымен қатар интернетке негізделген қосымшаларды қолдану оқушылардың пәндік жетістіктеріне оң әсер ететіні анықталған.

Химия пәні ақпараттық құзыреттілікті және сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін ерекше мүмкіндіктерге ие. Бұл пәнде оқушылар химиялық заңдылықтарды талдау, реакцияларды түсіндіру, тәжірибелік нәтижелерді бағалау және ғылыми қорытынды жасау барысында жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қолданады. Зерттеулер көрсеткендей, химияны оқытуда жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамыту оқу сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады [10].

Осыған байланысты химия сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын цифрлық құралдармен ұштастыра отырып қолдану оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағыт қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына толық сәйкес келеді және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде қолданылған әдістер екі бағытта қаралды: сапалық-сандық әдістер арқылы ағымдық тәжірибелерді анализдеу және эксперименттік дизайн бойынша сыныптағы тәжірибелік жұмысты ұйымдастыру. Мақсат - цифрлық трансформация жағдайында сын тұрғысынан оқыту технологиясының тиімділігін анықтау.

Жұмыс жоспары:

1. Алғашқы өлшеу (претест) - Бақылау және эксперимент топтарының оқушыларынан бастапқы ақпараттық құзыреттілік деңгейі анықталды. Ол үшін халықаралық стандарттарға негізделген тест (ақпаратты іздеу, сүзу, бағалау тапсырмалары) және оқушылардың сыни ойлау дағдыларын бағалауға арналған қысқа сауалнама қолданылды. Сонымен қатар, химия пәнінен әмбебап тест алды (мысалы, универсификацияланған сұрақтар: химиялық формуланы талдау, реакция теңдеулерін талдау).

2. Топтарға бөлу - Оқушылар рандомды түрде екі топқа бөлінді: бақылау тобы (аналогиялық дәстүрлі оқыту) және тәжірибелік тобы. Әр топтың құрамы ұқсас әлеуметтік-экономикалық және оқу деңгейлік сипаттамаларға ие болды. Топтар саны: контроль, эксперимент. Бұл шаралар сын тұрғысынан оқыту тиімділігін салыстыруға мүмкіндік береді.

3. Интервенция - Бір тоқсан (11 апта) тәжірибелік топ оқытылу барысында PhET симуляциялары, Quizizz тестері секілді цифрлық құралдар белсенді қолданылды.

4. Химиялық тақырыптарға (мысалы, атом-молекулалық құрылым, химиялық реакциялар) виртуалды модельдер тартылды (PhET арқылы); оқушылар өздігінен манипуляция жасай отырып концепцияларды зерттеді.

5. Сабақтардың ортасында интерактивті викториналар (Quizizz,Kahoot, Quizlet) жүргізілді, нәтижелер анализі бойынша талдау жұмыстары өткізілді.

6. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған сұрақтар қойылды: “Бұл реакцияда қандай мән берілген?”, “Неге осындай қорытынды жасауға болады?” т.б. Оқушылар өз жауаптарын қорғап, бір-бірінің пікірін сынға алды.

7. Менторлық талқылау, жинақтаушы рефлексия - әр сабақ соңында оқушылар ағымдағы тақырыптарды тақырып бойынша қорытындылап, туындаған сұрақтарды ортаға салды.

8. Соңғы өлшеу (посттест) - Интервенция соңында екі топ оқушылары тағы да ақпараттық құзыреттілік тесті мен сыни ойлау сауалнамасы арқылы бағаланды. Алынған деректер статистикалық әдіспен өңделді.

9. Деректерді талдау - Пре- және посттест нәтижелері арасындағы өзгеріс (эффектілі коэффициенттер, %-дық өсім) есептелді, бақылау мен тәжірибелік топтардың көрсеткіштері салыстырылды. Басым назар - ақпараттық құзыреттілік деңгейінің артуы мен оқушылардың сыни ойлау дағдыларының жетілуінде болды.

Нәтижелер. Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында бақылау және эксперименттік топтардағы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі мен сын тұрғысынан ойлау деңгейлерінің өзгеріс динамикасы анықталды. Алынған нәтижелер бастапқы және қорытынды диагностика көрсеткіштерін салыстыру негізінде талданды

Эксперименттің бастапқы кезеңінде екі топтың көрсеткіштері шамалас болды. Оқушылардың басым бөлігі орта деңгейде қалыптасқан, ал жоғары деңгей көрсеткіші төмен болды, бұл олардың ақпаратты терең талдау, дәлелдеу және қорытынды жасау дағдыларының жеткіліксіз дамығанын көрсетті.

Эксперименттік кезеңде сын тұрғысынан ойлау технологиясы жүйелі түрде енгізіліп, оқушылардың оқу әрекеті белсенді сипат алды. Олар ақпаратты тек қабылдаушы емес, оны талдаушы, салыстырушы және бағалаушы ретінде әрекет етті.

Қорытынды нәтижелер бақылау және эксперименттік топтар арасында айқын айырмашылық бар екенін көрсетті. Бақылау тобында төмен деңгей 50%-дан 35%-ға дейін төмендеп, орта деңгей 30%-дан 40%-ға дейін өсті, ал жоғары деңгей 20%-дан 25%-ға дейін ғана артты. Бұл өзгерістердің шамалы екенін көрсетеді.

Ал эксперименттік топта өзгерістер әлдеқайда айқын болды. Төмен деңгей 48%-дан 15%-ға дейін қысқарып, жоғары деңгей 20%-дан 55%-ға дейін өсті. Орта деңгей шамалы өзгеріске ұшырады, бұл оқушылардың жоғары деңгейге ауысқанын білдіреді.

Сандық көрсеткіштерді талдау барысында ақпараттық құзыреттілік деңгейі бақылау тобында 16,7%-ға ғана өссе, эксперименттік топта 58,7%-ға артқаны анықталды. Сын тұрғысынан ойлау көрсеткіштері бақылау тобында 12,8%-ға өссе, эксперименттік топта 60%-ға жетті. Сонымен қатар цифрлық дағдылар бақылау тобында 11,4%-ға артса, эксперименттік топта 73,5%-ға дейін жоғарылады.

Алынған нәтижелер эксперименттік топта қолданылған әдістеменің тиімділігін дәлелдейді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын жүйелі қолдану оқушылардың ақпаратты талдау, салыстыру, дәлелдеу және бағалау қабілеттерін айтарлықтай жақсартты. Нәтижесінде оқушылардың оқу әрекеті репродуктивтік деңгейден зерттеушілік деңгейге ауысып, олардың ақпараттық құзыреттілігі сапалы түрде дамыды.

1-кестеде әр топтың кейбір негізгі өлшемдері (орташа ұпайлар) келтірілген: ақпараттық құзыреттілік тестінің және сыни ойлау тестінің нәтижелері (10-дық шкала), сондай-ақ сыныптағы цифрлық біліктілік интеграциясының бағалауы (5-дік шкала бойынша).

Кесте 1. Ақпараттық құзыреттілік тестінің және сыни ойлау тесті

Өлшем	Бақылау, пре	Бақылау, пост	Өсім (%)	Эксперимент, пре	Эксперимент, пост	Өсім (%)
Ақпараттық дағдылар (10)	4.8	5.6	+16.7	4.6	7.3	+58.7
Сын тұрғысынан ойлау (10)	4.7	5.3	+12.8	4.5	7.2	+60.0
Цифрлық біліктілік (5)	3.5	3.9	+11.4	3.4	5.9	+73.5

Бұл кестеден көрініп тұрғандай, бақылау топтарындағы өзгеріс салыстырмалы түрде кішірек (10-17% аралығында) болса, тәжірибелік топтағы өсім дерлік екі есеге жақын.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жұмысы химия сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын және цифрлық құралдарды қолданудың оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытудағы тиімділігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеді.

Теориялық талдау нәтижелері ақпараттық құзыреттілік пен сын тұрғысынан ойлаудың қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі құзыреттердің бірі екенін көрсетті. Бұл дағдылар оқушылардың ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және оны практикалық жағдайда қолдану қабілеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін нақты дәлелдеді. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі оқушылар үлесінің 20%-дан 55%-ға дейін өсуі, сондай-ақ ақпараттық және сыни ойлау көрсеткіштерінің айтарлықтай артуы оқыту процесіне енгізілген сын тұрғысынан ойлау технологиясы мен цифрлық құралдардың оң әсерін көрсетті. Бақылау тобымен салыстырғанда алынған айырмашылықтар педагогикалық ықпалдың нәтижелілігін айқындайды.

Зерттеу барысында анықталғандай, химия сабақтарында проблемалық тапсырмалар, талдау, салыстыру және дәлелдеу әрекеттеріне негізделген оқыту тәсілдері оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар цифрлық ресурстарды мақсатты қолдану оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, химия пәнін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын жүйелі түрде енгізу оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуда тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Ұсынылған әдістеме білім беру процесінің сапасын арттыруға және оқушыларды заманауи талаптарға сай, дербес ойлайтын, ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алатын тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелерді жалпы білім беру мектептерінде химия сабақтарын ұйымдастыруда, оқу бағдарламаларын жетілдіруде және мұғалімдердің әдістемелік тәжірибесінде қолдануға болады. Болашақ зерттеулерде ұсынылған тәсілдің ұзақ мерзімді әсерін және оны басқа пәндермен ықпалдастыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. UNESCO (2025). Kazakhstan takes an important step towards introducing Media and Information Literacy into the country’s education system. UNESCO, 23 Dec 2025.

2. European Commission, Joint Research Centre (JRC) (2017). DigComp 2.1: The Digital Competence Framework for Citizens with eight proficiency levels. Publications Office of the European Union.

3. Abrami, P. C., Bernard, R. M., Borokhovski, E., Waddington, D. I., Wade, C. A., Persson, T. (2015). Strategies for Teaching Students to Think Critically: A Meta-Analysis. Review of Educational Research, 85(2), 275-314.

4. Paul, R., Elder, L. (2010). The Miniature Guide to Critical Thinking: Concepts and Tools. Dillon Beach: Foundation for Critical Thinking Press.
5. Francisco, L. M., Garcia, F., Mirabueno, D. (2025). The Effects of PhET Simulations on Students' Experienced Immersion and Understanding of Molecule Shapes. International Journal of Multidisciplinary Research and Publications, 7(12), 32-37.
6. World Bank (2024). Digital Technologies in Education. World Bank Group report (https://www.worldbank.org).
7. Afşin, F., et al. (2015). A study on the impact of Web 2.0 tools in science education.
8. Abou Afach, N., Altawalbeh, Z., Chang, H. (2023). Effect of Internet-based Applications on Middle School Science Achievement. (Available from ERIC).
9. Horzum, M. B. (2010). Web 2.0 tools and their potential roles in science education.
10. Tsaparlis, G. (2020). Higher and Lower-Order Thinking Skills: The Case of Chemistry Revisited. Journal of Baltic Science Education, 19(3), 467-483.

ҒТАМА 31.17.15

АУЫСПАЛЫ МЕТАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БОЛАШАҚТА ҚОЛДАНУ

Жақсымбет Ж.М., «6В01503 Химия» ББ 2-курс студенті;
Нургазина Г.М., PhD, доцент м.а., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
zaniazaksymbet77@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада ауыспалы металдардың химиялық табиғаты, олардың қазіргі ғылым мен өндірістегі орны және болашақтағы қолданылу бағыттары қарастырылады. Негізгі назар су тазарту технологияларындағы темір, титан, ванадий, мыс, мырыш және кобальт негізіндегі материалдардың рөліне аударылды. Сонымен бірге Астана қаласындағы су ресурстары мен су тазарту инфрақұрылымына байланысты мәселелер практикалық мысал ретінде талданды. Зерттеу нәтижесінде ауыспалы металдар тек классикалық металлургияның нысаны емес, экологиялық қауіпсіздік пен су сапасын жақсартудың стратегиялық материалы екені анықталды.

Кілт сөздер: ауыспалы металдар, су тазарту, сорбция, фотокатализ, металл-органикалық қаңқалар, Астана, экологиялық технология.

Кіріспе. Ауыспалы металдар – периодтық жүйедегі d-элементтер қатарына жататын, айнымалы тотығу дәрежесімен, кешен түзу қабілетімен, каталитикалық белсенділігімен және электр-химиялық қасиеттерімен ерекшеленетін заттар тобы. Олардың ғылыми маңызы тек химиялық табиғатымен шектелмейді. Қазіргі өнеркәсіпте, энергетикада, биомедицинада, электроникада, қоршаған ортаны қорғауда және су тазарту саласында ауыспалы металдар ерекше орын алады. Әсіресе XXI ғасырда экологиялық қысымның күшеюі, өнеркәсіптік ағын сулардың күрделенуі, урбанизацияның артуы және таза ауыз суға сұраныстың өсуі бұл металдардың жаңа функционалдық материал ретіндегі әлеуетін айқындап отыр.

Тақырыптың өзектілігі ауыспалы металдардың болашақтағы қолданылуы тек технологиялық тиімділікпен емес, экологиялық қауіпсіздікпен де тікелей байланысты болуымен түсіндіріледі. Су тазарту жүйелері бұған айқын мысал бола алады. Бүгінде ауыр металл иондары, бояғыштар, органикалық ластағыштар, микробиологиялық қауіп және тұздану сияқты мәселелерді шешуде темір, титан, ванадий, кобальт, мыс және мырыш негізіндегі материалдар кеңінен зерттелуде. Қазақстан жағдайында бұл мәселе әсіресе ірі қалалар үшін маңызды, өйткені халық санының өсуі мен инфрақұрылымға түсетін жүктеменің артуы су сапасына және оны тазарту тәсілдеріне жаңа талап қояды.

Зерттеудің мақсаты – ауыспалы металдардың қасиеттерін және оларды болашақта қолданудың негізгі бағыттарын талдау, соның ішінде су тазарту

технологияларындағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеу. Зерттеу міндеттері ауыспалы металдардың жалпы сипаттамасын ашу, қазіргі ғылыми әдебиеттер негізінде олардың су тазартудағы қолданылуын талдау, Қазақстандағы және әлемдегі перспективалы шешімдерді салыстыру, сондай-ақ Астана қаласындағы су тазарту мәселесімен байланысты практикалық ұсыныстарды негіздеуден тұрады. Зерттеу нысаны – ауыспалы металдарға негізделген функционалдық материалдар. Зерттеу пәні – олардың су тазарту және болашақ экотехнологиялардағы қолданылу мүмкіндіктері. Теориялық маңызы – ауыспалы металдарды химиялық элемент ретінде ғана емес, экологиялық инженерияның маңызды құралы ретінде қарастыруында. Практикалық маңызы – су тазарту жүйелеріне енгізуге болатын нақты материалдық және технологиялық бағыттарды көрсетуінде.

Материалдар мен әдістер. Мақала ИМРАД құрылымында дайындалды. Зерттеу барысында 2023–2024 жылдары жарық көрген отандық және шетелдік ғылыми мақалаларға сапалық және салыстырмалы талдау жасалды. Әдебиеттерді іріктеу кезінде олардың тақырыпқа тікелей қатыстылығы, жаңалығы, DOI-ының болуы, су тазарту мен ауыспалы металдарға қатысты қолданбалы мазмұны ескерілді. Сонымен қатар Астана қаласындағы су тапшылығы мен су инфрақұрылымын жаңғыртуға қатысты ресми деректер де қарастырылып, олар мақаладағы практикалық талқылауға енгізілді. Негізгі әдістер ретінде ғылыми қорыту, салыстырмалы талдау және қолданбалы интерпретация пайдаланылды.

Ауыспалы металдардың болашақтағы мүмкіндігін түсіндіруде олардан түзілетін кеуекті құрылымдардың артықшылығы айрықша мәнге ие. Хосе М. Баррера-Андраде және әріптестерінің azo-бояғыштарды ыдыратуда металл-органикалық қаңқаларды қолдануға арналған шолуында мұндай жүйелердің тек адсорбент емес, фотокаталитикалық белсенді материал ретінде де нәтижелі екені көрсетіледі. Зерттеуде металл түйіндері мен органикалық байланыстырғыштардан тұратын MOF-құрылымдар ластағыштарды сіңіріп қана қоймай, оларды химиялық ыдыратуға қабілетті екені, сондықтан оларды болашақтағы ағын су тазарту технологияларының негізі ретінде қарастыруға болатыны дәлелденген. Авторлар мұндай материалдардың басты артықшылығын «жоғары кеуектілік пен басқарылатын белсенді орталықтар» арқылы түсіндіреді [1, 7]. Бұл тұжырым ауыспалы металдардың болашағы тек шикізат немесе қорытпа жасаумен шектелмейтінін көрсетеді. Мысалы, темір мен кобальт қатысқан MOF-материалдар органикалық бояғыштарды ыдыратуда, ал титан негізіндегі жүйелер жарық әсерінен судағы уытты қосылыстарды залалсыздандыруда тиімді болуы мүмкін. Мұндай шешімдер әсіресе өндірістік ағын суы көп өңірлерге пайдалы.

Нәсіпхан Бектенов бастаған зерттеуде глицидилметакрилат сополимерлері негізіндегі модификацияланған адсорбенттердің Cu(II) және Pb(II) иондарын судан бөліп алудағы мүмкіндігі көрсетілген. Жұмыста GMA-ACN-PEI типті материалдың қорғасын иондарын 85,6%, ал мыс иондарын 77,8% дейін жоя алғаны анықталған [2, 7]. Бұл нәтиже ауыспалы металдардың

екіжақты табиғатын айқын көрсетеді: бір жағынан, мыс пен қорғасынның өзі ластаушы болуы мүмкін, екінші жағынан, дәл осы топтың химиялық қасиеттерін есепке алып жасалған жаңа материалдар оларды судан шығаруға қызмет етеді. Болашақта мұндай адсорбенттер модульдік сүзгі жүйелерінде, шағын станцияларда және жергілікті өндіріс орындарының тазарту желілерінде қолданылуы мүмкін. Мысалы, ескі құбыр жүйесінен суға түсетін металл қоспаларын азайтуда осындай селективті адсорбенттер ерекше маңызға ие болады.

Сәттібек Қоныратбекова және әріптестері жүргізген зерттеу ванадий мен титан наноқосылыстарымен модификацияланған цеолиттердің ауыр және түсті металл иондарын бөліп алуда жоғары тиімділік танытатынын дәлелдеді. Авторлар белсендірілген цеолит матрицасында белсенді орталықтар саны артып, сорбциялық қабілет күшейетінін көрсетіп, мұндай жүйелердің технологиялық артықшылығы олардың салыстырмалы тұрақтылығында екенін атап өтеді [3, 25]. Бұл жерде ауыспалы металдардың болашақта «қолданылуы» тек дайын өнім ретінде емес, басқа материалдың қасиетін күшейтетін активатор ретінде де танылатыны байқалады. Титан мен ванадийдің мұндай рөлі су тазарту саласында өте өзекті, себебі табиғи немесе арзан минералдарға ауыспалы металл компоненттерін енгізу арқылы тиімді әрі қолжетімді композит жасауға болады. Қазақстан жағдайында мұндай технологияны өнеркәсіптік аймақтарда, кен-металлургия кәсіпорындары маңындағы су тазарту қондырғыларында және техникалық суды қайта пайдалануда енгізуге негіз бар.

Назгүл Мұрзақасымова және әріптестері ұсынған sulfoUGL негізіндегі сорбциялық тазарту тәсілі судан темір(II, III) катиондарын бөліп алудың аналитикалық және практикалық маңызын көрсетеді. Зерттеуде ауыз су мен табиғи суда темір иондарының шамадан тыс болуы адам денсаулығына және су сапасына теріс әсер ететіні, сондықтан қарапайым әрі жедел тазарту әдістерін дамыту маңызды екені атап өтіледі [4, 47]. Бұл қорытынды ауыспалы металдардың болашағын тағы бір қырынан ашады: судағы артық темір – проблема, ал осы проблеманы шешетін сорбенттер мен талдау жүйелері – ғылыми-техникалық мүмкіндік. Практикалық тұрғыдан бұл Астана сияқты орталықтандырылған су жүйесі күрделі қалалар үшін маңызды, өйткені темір иондары, лайлылық және екінші реттік ластану ескі инфрақұрылым жағдайында қосымша мәселе туғызуы мүмкін. Сондықтан ауыспалы металдарды зерттеу тек жаңа каталитикалық материал жасау үшін емес, ауыз су сапасын жедел бақылау үшін де қажет.

Юэцюань Се және әріптестерінің металл-органикалық қаңқалардың су тазартудағы қолданылуына арналған шолуында мұндай материалдардың ірі масштабта өндірілу мәселесі арнайы қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде MOF-жүйелердің органикалық және бейорганикалық ластағыштарды бөлу, катализ және мониторинг саласында жоғары әлеуетке ие екені, бірақ болашақтағы негізгі мәселе олардың жаппай өндірісі мен технологиялық бейімделуі болатыны көрсетілген. Авторлар су тазартудағы келесі кезең

материалдың зертханалық тиімділігінен гөрі, оның өндірістік тұрақтылығы мен арзандатылған синтезіне тәуелді екенін атап өтеді [5, 3]. Бұл өте маңызды тұжырым, себебі ауыспалы металдарға негізделген көптеген озық материалдар ғылымда жақсы нәтиже бергенімен, өндірісте қымбат болуы мүмкін. Демек, болашақта қолдау дегеніміз тек оларды көп пайдалану емес, оларды масштабтауға, қайта қолдануға және экологиялық қауіпсіз циклге көшіруге бағытталған инженерлік саясатты да білдіреді.

Санджит Сингх пен әріптестерінің еңбегінде металл-органикалық қаңқалардың су тазарту, жаңартылатын энергия және айналымды экономикамен байланысы жүйелі түрде талданады. Жұмыста MOF-материалдардың ауыр металл иондарын жою, органикалық ластағыштарды ыдырату және тұзсыздандыру бағытында келешегі зор екені, олардың жоғары кеуектілігі, реттелетін кеуек өлшемі мен функционалдық әртүрлілігі болашақтағы экологиялық технологиялардың өзегіне айналуы мүмкін екені айтылады [6, 84]. Мұндай тұжырым ауыспалы металдардың стратегиялық рөлін күшейтеді. Бұлар енді тек қорытпа өндірісінің компоненті емес, су қауіпсіздігі, жасыл химия және ресурсты үнемдейтін технологиялардың негізі. Мысалы, темір-титан негізіндегі гибридтер фотокатализде, кобальт-никель жүйелері электрохимиялық тазартуда, ал цирконий немесе мырыш қатысқан MOF-құрылымдар күрделі ағын суларды тазартуда қолданылуы мүмкін. Болашақта бұл бағыт қалалық су тазарту станцияларынан бастап өнеркәсіптік рециркуляция жүйелеріне дейін енуі ықтимал.

Нәтижелер. Жүргізілген талдау ауыспалы металдардың болашағы бірнеше ірі бағытпен байланысты екенін көрсетті. Біріншіден, олар жоғары селективті сорбенттер мен композиттер жасауда маңызды. Екіншіден, олар фотокатализ, электрохимиялық тотығу және мембраналық-комбинацияланған технологияларда белсенді орталық рөлін атқарады. Үшіншіден, ауыспалы металдар негізіндегі материалдар дәстүрлі реагенттік тазартудан әлдеқайда дәл, икемді және көпсатылы жүйелер жасауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе урбанизация күшейген жағдайда маңызды.

Астана мысалы бұл мәселенің теориялық емес, нақты қолданбалы сипатқа ие екенін көрсетеді. Қазақстанның ресми деректеріне сәйкес, Астана қаласының халқы 2024 жылғы 1 қаңтарда 1 430 136 адам болса, 2026 жылғы 1 ақпанда 1 649 242 адамға жетті. Мұндай өсу су тұтыну, су дайындау және су бұру жүйелеріне түсетін салмақты күрт арттырады. Сонымен бірге Қазақстан бойынша қауіпсіз тазартылған тұрмыстық ағын су үлесі 2020 жылғы 35,7%-дан 2024 жылы 30,3%-ға дейін төмендегені көрсетілген. Бұл су инфрақұрылымын жаңғырту мен жаңа тазарту материалдарына сұраныстың күшейгенін аңғартады.

Астанаға қатысты ресми деңгейде су тапшылығын шешу үшін бірнеше жоба ұсынылған. Олардың қатарында Нұра жерасты су көзін резервтік ресурс ретінде пайдалану, ұзындығы 67 км су құбырын салу, сондай-ақ Сәтбаев каналынан астанаға су жеткізу инфрақұрылымын кеңейту бар. Бұдан бөлек, су шаруашылығын автоматтандыру коммерциялық және техникалық

шығындарды 15–40%-ға, желідегі апаттарды 30–50%-ға дейін азайтуы мүмкін екені көрсетілген. Бұл жағдай су тазарту мәселесін тек инженерлік құбырмен емес, жаңа сорбенттермен, катализаторлармен және ауыспалы металдарға негізделген материалдармен ұштастыру қажет екенін дәлелдейді. Мысалы, қалалық станцияларда темір мен титан негізіндегі фотокаталитикалық блоктар, цеолитті сорбциялық модульдер, мыс пен қорғасынға селективті композиттер және қайта генерацияланатын MOF-сүзгілер кезең-кезеңімен енгізілсе, су сапасын бақылау мен тазарту тиімділігі артар еді.

Практикалық жағынан алғанда, ауыспалы металдарды болашақта қолдау үш деңгейде жүруі тиіс. Бірінші деңгей – ғылыми зертхана, онда жаңа композиттер, наноқұрылымдар, катализаторлар және регенерацияланатын сорбенттер жасалады. Екінші деңгей – пилоттық өндіріс, мұнда зертханалық табысты нақты су ортасына бейімдеу керек. Үшінші деңгей – қалалық инфрақұрылым, яғни станция, сүзгі модулі, датчик, автоматтандырылған бақылау және рециркуляциялық жүйе. Егер осы үш деңгей бір-бірімен байланысса, ауыспалы металдарға негізделген материалдар Астана сияқты қалалар үшін тек ғылыми жаңалық емес, тұрақты экологиялық шешімге айналады.

Қорытынды. Ауыспалы металдар қазіргі химия мен өнеркәсіптің дәстүрлі нысаны болумен қатар, болашақтағы экологиялық және технологиялық серпілістің маңызды факторы болып табылады. Олардың айнымалы тотығу дәрежесі, каталитикалық белсенділігі, кешен түзу қабілеті және кеуекті құрылымдар түзуге бейімділігі су тазарту саласында ерекше артықшылық береді. Зерттеу нәтижесі темір, титан, ванадий, мыс, кобальт және басқа ауыспалы металдарға негізделген материалдардың ауыр металл иондарын, бояғыштарды және басқа да ластағыштарды жоюда жоғары әлеуетке ие екенін көрсетті. Астана қаласындағы су ресурстарына түсетін жүктеме бұл мәселені одан әрі өзекті етеді. Сондықтан болашақта ауыспалы металдарды қолдау дегеніміз оларды өндіруді ғана емес, су қауіпсіздігі мен қалалық экологияны жақсартатын жоғары технологиялық материалдар жүйесіне айналдыруды білдіреді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Баррера-Андраде Х. М., де ла Фуэнте-Мальдонадо Н., Лопес-Медина Р., Мауберт-Франко А. М., Рохас-Гарсия Э. Revolutionizing Wastewater Treatment: Harnessing Metal–Organic Frameworks for Exceptional Photocatalytic Degradation of Azo-Type Dyes // Colorants. – 2023. – Vol. 2, No. 4. – P. 674–704. – DOI: 10.3390/colorants2040035.

2. Бектенов Н., Байдуллаева А., Чалов Т. және т.б. Modified Adsorbents Based on Glycidyl Methacrylate Copolymers for the Removal of Copper and Lead Ions from Wastewater // Engineered Science. – 2024. – Vol. 31. – Art. 1237. – DOI: 10.30919/es1237.

3. Қоныратбекова С. С., Шопанбек Ж., Нұржанова С. Б., Байқонурова А. О. Purification of wastewater from heavy metal ions using

nanostructured adsorbents // Kompleksnoe Ispolzovanie Mineralnogo Syra = Complex Use of Mineral Resources. – 2023. – Vol. 330, No. 3. – P. 22–31. – DOI: 10.31643/2024/6445.25.

4. Мұрзақасымова Н., Гавриленко М., Бектенов Н., Құдайбергенова Р., Байбазарова Э. Sorption Purification of Water from Heavy Metal Ions Using Sulfougl // Chemical Journal of Kazakhstan. – 2023. – No. 1.

5. Се Ю., Лю И., Лю Л. және т.б. The Application of Metal–Organic Frameworks in Water Treatment and Their Large-Scale Preparation: A Review // Materials. – 2024. – Vol. 17, No. 9. – Art. 1972. – DOI: 10.3390/ma17091972.

6. Сингх С., Ндулу П., Нкоси Н. және т.б. Metal Organic Frameworks for Wastewater Treatment, Renewable Energy and Circular Economy Contributions // npj Clean Water. – 2024. – Vol. 7. – Art. 104. – DOI: 10.1038/s41545-024-00408-4.

ҒТАМА 14.25.09

ХИМИЯ САБАҒЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жалешева Г.К., «6В01503 Химия» ББ 3-курс студенті;
Жумагалиева Ж.Ж., химия ғылымдарының кандитаты, доцент,
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада химия сабағында коммуникативтік оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатында диалогтық оқыту, топтық және жұптық жұмыс, зерттеушілік әңгіме әдістері қолданылды. «Қышқылдар және негіздер» тақырыбы аясында ұйымдастырылған сабақтар барысында оқушылардың өзара пікір алмасуы, сыни ойлауы және бірлескен білім қалыптастыруы жүзеге асты. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары жетілдірілді. Эксперимент нәтижесінде оқушылардың сөйлеу дағдыларының жоғары және орта деңгейлері артқаны, ал төмен деңгейі азайғаны анықталды. Зерттеу нәтижелері коммуникативтік оқыту технологиясының білім беру үдерісіндегі тиімділігін дәлелдейді.

Кілт сөздер: коммуникативтік технология, диалогтық оқыту, химия сабағы, зерттеушілік әңгіме, топтық жұмыс, сыни ойлау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқушылардың сөйлеу дағдылары, құзыреттілік, оқыту әдістері.

Кіріспе. Қазіргі уақытта Химияны оқытуда тиімділігі жоғары түрлі оқыту технологиялары қолданылады. Олардың ішінде проблемалық оқыту, интерактивтік оқыту, модульдік оқыту, ойындық технологиялық оқыту, коммуникативтік оқыту тағы басқа технологиялар қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілердің белсенділігін арттыруда қолайлы болып табылады.

Коммуникативтік технология деп оқуға қатысушылардың барлығын және мүмкін болған құрал-жабдықтар мен ақпараттарды қатыстыра отырып өзара белсенді тілдік қатынас әрекетіне ену негізінде оқу үрдісін құруды айтады. Мұғалім алдында білім беру үдерісі барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін қандай әдістер мен жұмыс түрлері қажет және жеткілікті болып табылатындығы туралы сұрақ туындайды[1].

Химия сабағында осы бағытта жұмыс істеуге және коммуникативтік біліктерді қалыптастыруға, компьютерді оқыту құралы ретінде қолдана отырып ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге үйрету, оқу іс-әрекетінің интеграцияланған тәсілдерін дамыту мүмкіндігі бар. Химия сабағында негізгі құзыреттілікті дамыту үшін: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

апробациялау және енгізу, АКТ қолдана отырып білім беру процесін ұйымдастыру, пән деңгейінде мазмұнды іріктеу. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың барлық әдістері мен тәсілдері оқу материалының мазмұны проблеманы өз бетінше шешу үшін қайнар көзі болуына бағытталған[2].

Коммуникативтік оқу әрекеттерін қалыптастыруға ықпал ететін әдістер топтарға бөлінеді:

- Ауызша коммуникацияға бағытталған әдістер:
- Баяндамалардың барлық түрлері-монологиялық сөйлеу.
- Оқу диалогының барлық түрлері.
- Баяндамалар мен хабарламалар.
- Рөлдік және іскерлік ойындар.
- Сауалнама жүргізуді талап ететін оқу зерттеулері мен оқу жобалары.
- Талқылау, пікірталас.
- Іс-шараларда жетекші ретінде сөз сөйлеу[3].

Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлері: әңгіме-дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме. Оқушылар құрдастарымен, сарапшылармен диалог жүргізу барысында сыни тұрғыдан ойлап, зерттеу жүргізуге қабілетті болады. Әңгімелесу түрлерінің беретін нәтижесіне көңіл бөлсек, сапалы білім берудің бірден- бір жолы – диалогтік оқытуды үнемі жүзеге асырып отыру. Келесі ғалымдар – Рэгг және Браун оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етудің түрлерін атап кеткен. Олардың еңбегінде жауап беру кезінде оқушының кідірісіне дұрыс әрекет жасау мәселесі қарастырылған[4].

Зерттеушілік әңгіме – мұғалімнің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде оларды өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан. Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі – топтарға берілген ортақ мәселелер арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды. Диалогтік оқыту – сындарлы оқу теориясының оқушыны оқу үдерісінің белсенді топ өкілі ретінде қабылдауына түрткі болатын құралы. Бұл оқыту түрінде оқушыларда даралық қалыптасады. Диалогтік оқыту барлық сабақта қолданылады әрі белсенді ой айтудың, жұмыс түрінің негізі болады. Осы әдісті өз сабағымда қолдана отырып, мен өз оқушылармды жаңа қырынан тани бастадым. Олардың сабаққа деген көзқарасының өзгергендігін аңғардым. Диалогтік оқыту маған өз оқушыларымның білім деңгейінің қандай сатыда тұрғанын, оны дамыту үшін не істеу қажет екенін анықтауға көмегін тигізді. Диалогтік оқытуды енгізуде кездескен қиындықтар арқылы ой түйдім: сабақта, топтық талқылауда оқушылардың бір мәмлеге келмей, уақытты үнемдемей тапсырмада қиналуы олардың жылдам, тез ойланып, өз ойын ортаға саралап дұрыс жеткізе алмауынан. Сондықтан мен оқушылардың ойлануына ықпал жасайтын әдіс-тәсілдерді көбірек кіріктіру қажеттігін байқадым.

Материалдар мен әдістер. Эксперимент барысында осы модуль бойынша бірнеше сабақ өткізілді. Сабақтың тақырыбы: «Қышқылдар және Негіздер». Өз сабағымда көбіне зерттеушілік әңгіме түрін қолдандым.

Топтағы оқушылар шағын топтарда жұмыс істеді. Оларға ортақ тапсырма берілді, бұл тапсырма бойынша бірлескен түсінік қалыптастырылды. Олар бір-бірімен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқыға салып, бір-біріне баға берді. Сабақ нәтижесінде оқушылар бірге ойланды, яғни ұжымдық біліммен түсінік қалыптасты. Оқушылар зерттеушілік әңгіме барысында өз ойларын дауыстап айтып, өз пікірлерін талқыға салды. Өткізілген сабағымда диалогқа тарту, сыни ойлауын байқау мақсатында сұрақ қойдым. «Қышқылдар қандай заттармен әрекеттеседі?» деген сұрағыма оқушылардың жауабы әртүрлі болды: Мадина: «Металдармен, негіздермен» десе, Гулдана: «тұздармен, оксидтермен» деген жауабымен бөлісті. Сабақтың соңында оқушылар «Не үйрендім? Мен үшін не жаңалық болды? Болашақта не үйренгім келеді?» деген парақтағы сұрақтарға жауап берді.

Оқушылар сабақтарда тақырыпта не оқылатынын, нені білу керектігін, ненің маңыздылығын түсініп сезінді. Тақырып бойынша оқушылардың білім деңгейінің қандай екенін түсіну оңай болды.

Оқушылардың негізгі идеяларды қалай жақсы түсінгенін бағалау үшін сабақ жоспарын құрған кезде мұғалім бағалау критерийлерін енгізіп алады. Диалогқа қатысып отырған оқушылардың пікірлерін тыңдаймыз, қажет болса бағыт-бағдар беріп отырамыз, толықтырулар енгіземіз. Оқушыларға ресурстармен жұмыс жасау ұсынылады. Әр топ әңгімелесудің бір түрін таңдап диалог құрайды. Әр топ берілген тапсырмаларды орындады. Тыңдаушылардың қызығушылығы және бәрінің қатысуы диалогтік оқытудың тиімділігін көрсетті. Диалогтық оқытуда келесі оқыту формаларын қарастырдым: жұптық, топтық, жеке және сауалнамалар. Тапсырманы жеке, жұппен, топпен орындаған кезде басқаның пікірін тыңдау, ауызекі сөз, сөйлеу, талқылау және дәйектер келтіру кезінде де оқушы білім алады, білімін толықтырады. Осы жасалған эксперимент барысында байқағанымыз, оқушылардың басым бөлігі әрбір сабақта қолданылып отыратын әдіс-тәсілдердің әрдайым жаңарып отырғаны және олардың өз ойларын еркін айтуға мүмкіндік беретін әдістердің қолданылғанын қалайтынын білдік.

Нәтижелер. Коммуникативті оқыту технологиясы негізінде ақпаратты инновациялық технологиялардың, соның ішінде диалогтық және топтық жұмыстарды қолдану барысында көптеген артықшылықтарға көз жеткіздік. Әрбір бала үшін жиналған материалдарды зерттеу нәтижелері бойынша жеке даму картасы жасалды (Кесте-1).

Кесте-1. Коммуникативтік дағдылардың даму деңгейлерінің көрсеткіштері

Сынып 8 Б эксперимент тобы	Оқушылар саны	Коммуникативтік дағдылардың деңгейі		
		Жоғары	Орта	Төмен
Экспериментке дейін	23	30,4	35,1	24
Эксперименттен кейін	23	39,1	48,8	13,4

8 А бақылау тобы	Оқушылар саны	Жоғары	Орта	Төмен
Эксперименке дейін	20	28	32	23
Эксперименттен кейін	20	29	33	22

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің графиктік суреті төменде көрсетілген



Сурет 1. 8 «А» және 8 «Б» сыныптарының коммуникативтік дағдылардың даму деңгейлері

Қорытынды. Жоғарыда көрсетілген сызбалардан көріп отырғанымыздай коммуникативті оқыту технологиясы негізінде диалогтық және топтық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, өткізілген сабақтар нәтижесі бойынша оқушылардың сөйлеу қабілеті, сұраққа жауап беру қабілеті, мәтінді сипаттау қабілеті, сұрақ қоя білу қабілеті, таныс материалды меңгеру қабілеті біршама көрсеткіштерге жоғарылады. Оқушылардың коммуникативті оқыту технологиясы негізінде 8«Б» эксперимент сыныбының оқушылардың сөйлеу дағдысын эксперимент соңында жоғары деңгей 8,8 % және орта деңгейі 12% өссе, төменгі деңгей 1,8% есе азайғаны анықталды. Осылайша біз оқушылардың сөйлеу дағдыларының деңгейлерінің өзгергендігіне көз жеткіздік.

Эксперимент жүргізгендегі байқағанымыз, бақыланып отырған сыныптағы оқушылардан гөрі эксперимент жүргізілген сыныптағы оқушылардың оқу үлгерімдері біршама жоғарылады, атап айтсақ олардың, сөйлеу, ойлау, тыңдау қабілеттері дамыды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Булычева М. Использование информационных коммуникационных технологий на уроках химии // Химия. – 2008, №16 (авг.).
2. Закирьянова Р., Адишева З., Атемова Қ. Мұғалімдердің нарықтық бәсекелестік қабілеттілігін көтерудің басталары. -Алматы:-2012ж.-56 б.
3. Двуличанская Н. Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций, 2011.-345с.
4. Матюхина М.В. Изучение мотивационной сферы учащихся// Теория и практика общественного развития. 2015, № 8 С. 192-195.

ҒТАМА: 14.25.09

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕГІ ТДМ (ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН) ОҚЫТУДА ПІКІРСАЙЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жанбаев Е.А., 2-курс магистрант; Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
zhanbaev_ea03@mail.ru

Аннотация. Бұл жұмыста география пәнінде Тұрақты дамуды мақсаттарын (ТДМ) оқытуда пікірсайыс технологиясын қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. Пікірсайыс әдісі оқушылардың сыни ойлауын дамытып, ТДМ-ға қатысты күрделі экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушылар түрлі деректерді салыстырып, дәлелдер келтіріп, шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар пікірсайыс оқушылардың ынтасын арттырып, географиядағы өзекті мәселелерді терең түсінуге жағдай жасайды. Бұл тәсіл ТДМ-ды меңгертуде тиімді педагогикалық құрал бола алады.

Кілт сөздер: Тұрақты даму, пікірсайыс технологиясы, география, сыни ойлау, оқыту әдістері.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларды қоршаған ортаны, қоғамды және экономиканы тұрақты дамытуға жауапкершілікпен қарайтын саналы тұлға ретінде қалыптастыру. Осы тұрғыда БҰҰ ұсынған Тұрақты дамуды мақсаттарын (ТДМ) мектеп бағдарламасына енгізу ерекше маңызға ие. География пәні – табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, климаттық өзгерістер, урбанизация, демографиялық үдерістер сияқты жаһандық мәселелерді жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін әмбебап пән. Сондықтан ТДМ-ды меңгертуде оның әлеуеті өте жоғары.

Зерттеу мақсаты – география сабағында ТДМ (Тұрақты дамуды мақсаттарын) меңгертуде пікірсайыс технологиясын қолданудың тиімді жолдарын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу сұрағы қойылды: «Пікірсайыс технологиясын пайдалану оқушылардың ТДМ мәселелерін түсінуіне, пәнге деген қызығушылығына және оқу белсенділігіне қалай әсер етеді?»

Мақала құрылымында алдымен ТДМ-ды білім беру процесіне енгізудің теориялық негіздері мен география пәніндегі орны қарастырылып, кейін пікірсайыс технологиясының педагогикалық мүмкіндіктері сипатталады. Одан соң мектеп оқушыларымен жүргізілген тәжірибелік зерттеу нәтижелері талданып, пікірсайыс сабақтарының оқу мотивациясына, сыни ойлауына және экологиялық-әлеуметтік жауапкершілігіне ықпалы көрсетіледі. Соңында

алынған деректерге сүйене отырып, география мұғалімдеріне арналған нақты әдістемелік ұсыныстар ұсынылады.

Әдебиетке шолу. Зерттеу аясын айқындау үшін алдымен ТДМ білімін оқыту және оны география пәніне интеграциялау туралы қазіргі ғылыми пікірлерге тоқталсақ, халықаралық зерттеулер бұл көзқарастарды кеңейтеді. ТДМ мектептегі оқу мазмұнының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады; құжатта оқушылардың экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тепе-теңдікті түсінуі үшін сыни ойлау, коммуникация және азаматтық белсенділік сияқты құзыреттерді қалыптастыру қажеттігі атап өтіледі. Онда ТДМ-ды тек мазмұндық кеңейту ретінде емес, оқыту әдістерін өзгертуді талап ететін педагогикалық парадигма ретінде қарастыру ұсынылады [1].

Географияны оқыту саласындағы жетекші британдық ғалымдар Д. Ламберт пен Д. Морган күрделі жаһандық мәселелерді түсіндіруде оқушылардың ұстанымы, пікір айтуы және дәлел құру дағдылары маңызды екенін көрсетеді. Олар географияны «қоғамдық талқылаудың алаңы» ретінде қарастырып, пікірталас пен аргументацияны пәннің мазмұндық өзегі ретінде сипаттайды. Авторлар ТДМ мәселелерін оқытуды оқушыларды дербес пайымдауға, жауапты шешім қабылдауға бағыттайтын әлеуметтік-педагогикалық процесс деп түсіндіреді [2].

Пікірсайыс технологиясын білім беруде қолдану жөніндегі теориялық негіз зерттеулерінде жан-жақты ашылады. Автор пікірсайыстың ақпаратты талдау, дәлел құрастыру, қарсы пікірді тыңдау және жауап беру сияқты когнитивтік әрекеттерді белсендіретінін дәлелдейді. Бұл тәсіл оқушылардың оқу үдерісіне эмоциялық және интеллектуалдық тұрғыдан қатысуын күшейтеді, сондықтан ТДМ секілді этикалық әрі көпқырлы тақырыптарды меңгертуде тиімді құрал бола алады [3].

Тұрақты даму саласындағы педагогикалық зерттеулер пікірсайыстың экологиялық сана мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға ықпалын көрсетеді. Мысалы ТДМ проблемаларының табиғаты бойынша даулы және көпжақты екенін, ал пікірсайыс осы күрделілікті ашуға мүмкіндік беретінін атап өтеді. Оның пікірінше, пікірталас тек білімді беріп қана қоймай, оқушыны қоғамдық дискурсқа қатысушы ретінде дайындайды [4].

ТДМ-ды оқытудағы белсенді, интерактивті әдістердің басымдығын негіздей отырып, пікірсайыстың оқу нәтижелерін арттырудағы рөлін педагогикалық үдеріс тұрғысынан талдайды. Ол ТДМ бойынша сабақтарда дайын жауап емес, сұрақ қою, салыстыру, дәлелдеу және ұжымдық шешім қабылдау маңызды екенін көрсетеді [5].

Материалдар мен әдістер. *Зерттеу нысаны мен орны***.** Зерттеу Ақтөбе қаласы №125 жеке мектебінің 11-сыныбында жүргізілді.

Зерттеу әдіснамасы. Бұл зерттеу аралас әдістерге негізделді: сандық деректерді жинау үшін сауалнама, ал сапалық деректерді алу үшін бақылау әдісі қолданылды. Сауалнама оқушылардың көзқарасы мен тәжірибесін жүйелі түрде өлшеуге, алынған мәліметтерді салыстырып, жалпылауға

мүмкіндік берді. Бақылау сабақты өткізудің табиғи жағдайында оқушылардың әрекетін, өлкетанулық тапсырмаларды орындау барысын және сыныпішілік өзара әрекетті тереңірек түсінуге жағдай жасады. Екі әдісті ұштастыру деректерді өзара тексеруге (триангуляция) мүмкіндік беріп, нәтижелердің валидтілігі мен объективтілігін арттырды. Осылайша, аралас әдіснамалық модель зерттеу мәселесін сан қырынан қарастырып, сандық көрсеткіштер мен сапалық байқаулардың тұтастығын қамтамасыз етті.

Зерттеу кезеңдері

1. *Дайындық кезеңі:*зерттеу жоспары құрылды, сауалнама құрастырылды, бақылау парағы жасалды.
2. *Дерек жинау кезеңі:*сауалнама жүргізілді және сабақта бақылау жүзеге асырылды.
3. *Өңдеу және талдау:*алынған жауаптар кестеге түсіріліп, статистикалық және сапалық талдаулар жасалды.
4. *Қорытынды жасау:*нәтижелер салыстырылып, пікірсайыс принципінің тиімділігі жөнінде қорытындылар жасалды.

1. Сауалнама әдісі

Сауалнама сипаттамасы:

- Өткізілген күні: 01.12.2025.
- Қатысушылар саны: 24 оқушы.
- Форматы: жабық сұрақтар («иә» / «жоқ»).
- Сұрақтар саны: 10.

Сұрақтар мазмұны келесі бағыттарды қамтыды:

- сабақ барысында ТДМ туралы ақпараттың берілу жиілігі;
- пікірсайысқа деген қызығушылық;
- ТДМ материалдарымен жұмыс;
- зерттеу, жоба, тесттегі пайдалану;
- үйде ізденіс жүргізу әдеті.

2. Бақылау әдісі

Бақылау сипаттамасы:

- Өткізілген күні: 05.12.2025
- Шара тақырыбы: *«Экономикалық дамуды экологиялық қауіпсіздіктен жоғары қояды»*
- Бақылауға алынған оқушылар саны: 10
- Бақылау парағы негізінде келесі параметрлер бағаланды (1-кесте):

1-кесте - Бақылау параметрлері

№	**Бақылау көрсеткіші**
1	Пікірсайысқа қызығушылық танытуы
2	Пікір айту және сұрақ қою белсенділігі
3	ТДМ ақпараттарымен жұмыс істеуі
4	Тапсырмаларды орындау белсенділігі
5	Өз ойын нақты деректермен дәлелдеп айтуы

Бақылау нәтижелері сапалық сипаттамалар негізінде сипатталды. Әр оқушының әрекеті талданып, бақылау парағындағы көрсеткіштерге сәйкес бағаланды. Жағдайларға байланысты белсенділік деңгейлері салыстырылды және сабақ мазмұнының өмірмен байланысы қалай әсер еткені қарастырылды.

Нәтижелер. 01.12.2025 ж. Ақтөбе қаласы №125 жеке мектебінің 11-сыныбында ТДМ бойынша пікірсайыс жүргізілді. Зерттеу әдісі ретінде жабық сұрақтардан тұратын сауалнама қолданылды. Сауалнамаға барлығы 24 оқушы қатысты. Мақсат – география сабағында пікірсайыс арқылы ТДМ туралы мәліметтердің қолданылу жиілігін, оқушылардың қызығушылығын және пікірсайысқа деген көзқарасын анықтау.

Сауалнамада 10 сұрақ қойылып, оқушылар тек «иә» немесе «жоқ» жауаптарын таңдады (2-кесте).

2-кесте - Төменде сұрақтарға жауап берген оқушылар саны мен пайыздық көрсеткіштері берілген:

№	Сұрақ	Иә (оқушы саны)	Жоқ (оқушы саны)	Иә (%) Жоқ (%)
1	География сабағында ТДМ мәліметі жиі кездеседі ме?	15	9	
2	Пікірсайыс тәсілі арқылы өткен сабақ сізге қызығушылық тудыра ма?	18	6	
3	Тұрақты даму мақсаттарын деректерін зерттеу қызықты ма?	17	7	

4	Жұптық жұмыс арқылы пікірсайыс ойындарында талдауларды жасадыңыз ба?	16	8	
5	Тұрақты даму мақсаттары туралы мәліметтерді көбейту керек деп санайсыз ба?	20	4	
6	Пікірсайыстың оқытудағы және зерттеудегі ерекшеліктерін атай аласыз ба?	13	11	
7	Тұрақты даму мақсаттарына арналған тақырыптар сабақты пікірсайыс арқылы қызықты етеді деп ойлайсыз ба?	21	3	
8	Сабақта нақты пікірсайыс қолданылғанын қалайсыз ба?	19	5	
9	Тұрақты даму мақсаттарының мәліметтері тестте көмектеседі ме?	17	7	
10	Үйде тұрақты даму мақсаттары туралы ақпаратты іздейсіз бе?	12	12	

Сауалнама нәтижелері география сабағында ТДМ пікірсайысын жүзеге асыру оқушылардың пәнге деген қызығушылығына, білім сапасына және зерттеушілік қабілетінің дамуына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік берді. Сұрақтар "иә" және "жоқ" форматында беріліп, нәтижелер сандық және сапалық тұрғыда талданды. Алынған нәтижелерге сәйкес, 1 – сұрақ негізінде оқушылардың көпшілігі — **62%-ы** сабақ барысында ТДМ туралы мәліметтерді жиі кездестіретінін айтты. Бұл олардың мұғалімдері сабақ барысында жергілікті материалдарды қолданатынын көрсетеді. Дегенмен, оқушылардың **38%-ы** мұндай материалдардың сирек берілетінін немесе мүлдем қолданылмайтынын жеткізді. Бұл жағдай география сабағында ТДМ жүйелі түрде қолданылмайтынын көрсетеді және жергілікті компоненттің толық енбей отырғанын айғақтайды.

2 - сұрақ бойынша оқушылардың **75%-ы** сабақта пікірсайысқа қатысты ақпарат ұсынылғанда пәнге деген қызығушылығы артатынын көрсетті. Мұндай мәліметтер оқушыға таныс әрі өмірлік маңызды болғандықтан, оларды эмоционалды және танымдық тұрғыдан баурап алады. Бұл көрсеткіш пікірсайыстың мотивациялық әсерін дәлелдейді. Ал қалған **25%** оқушы бұл мәліметтерге қызығушылық танытпайтынын айтты, бұл олардың ішкі уәжінің төмендігін немесе сабақ мазмұнының өз деңгейінде ұсынылмағанын көрсетеді. Сол сияқты, 3 - сұрақта оқушылардың **71%-ы** ТДМ туралы деректерді зерттеу қызықты екенін мойындады. Бұл олардың жобалық және зерттеу жұмыстарын орындай алатынын, нақты деректермен жұмыс жасаудан ләззат алатынын білдіреді. Керісінше, **29%** оқушы мұндай жұмысқа қызығушылық білдірмеген. Бұл оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауға бейімдігін немесе зерттеу дағдысының жеткіліксіз екенін көрсетеді.

4 – сұрақта зерттеуге қатысқан оқушылардың **67%-ы** ТДМ-ға қатысты жобалық жұмыс жасағанын хабарлады. Бұл көрсеткіш ТДМ мазмұнының мектеп тәжірибесінде қолданылатынын білдірсе, **33%-ы** мұндай жұмыс істемегенін айтты. Бұл жағдай жобалық жұмыстың барлық оқушыларға бірдей ұсынылмауы немесе жүйелі ұйымдастырылмауымен байланысты болуы мүмкін. ТДМ мазмұнына деген қажеттілік те айқын байқалды: 5 – сұраққа қарайтын болсақ, **83%** оқушы география сабақтарында ТДМ-ге қатысты пікірсайыс арқылы мәліметтерді көбейту керек деп есептейді. Олар үшін теориялық білім пікірсайыспен байланысқан кезде ғана толық қабылданады. Бұл жерде оқушының өз ортасына деген қызығушылығы, ұлттық сана, азаматтық ұстаным қалыптасады. Тек **17%** оқушы ғана қазіргі мазмұнды жеткілікті деп санаған. Сауалнама нәтижесі оқушылардың ТДМ білім деңгейі әртүрлі екенін көрсетті. 6 – сұрақта тек **54%** оқушы ТДМ-нің географиялық ерекшеліктерін атай алған. Бұл — баланың өз қызығушылығының әсерінен болуы мүмкін. Алайда **46%** оқушы ТДМ туралы нақты мағлұмат бере алмаған, бұл — ТДМ мазмұнның жеткіліксіздігі мен практикалық жұмыс түрлерінің аздығының көрінісі. 7 – сұрақта оқушылардың **88%-ы** пікірсайыс материалдары сабақты қызықты ететінін атап өтті. Бұл көрсеткіш мұндай материалдардың мотивациялық, тәрбиелік рөлін айқын көрсетеді. Жергілікті

мысалдар оқушыларды белсенді қатысуға, ой қозғауға ынталандырады. Ал **12%** оқушы бұл пікірмен келіспей, мүмкін теориялық мазмұнды артық көреді немесе пәнге деген жалпы қызығушылығы төмен.

Сонымен қатар, 8 – сұраққа үңілсек, оқушылардың **79%-ы** сабақта нақты пікірсайыс қолданылғанын қалайды. Бұл — сыни ойлау, ойша елестету, екі ойды салыстыру дағдыларының қажеттілігін көрсетеді. **21%** оқушы бұл әдісті қолдамаған, бұл оларды пікір білдірумен жұмыс істеуге дағдыландыру керектігін көрсетеді. 9 – сұрақта көріп тұрғанымыздай, ТДМ мәліметтерінің тест тапсырмаларында көмектесетінін **70%** оқушы мойындаған. Бұл жергілікті мысалдар оқушыға сенімділік беретінін және білімін тәжірибеде қолдануға септігін тигізетінін білдіреді. Қалған **30%** оқушы тест сұрақтары тек теориямен шектелуі тиіс деп санайды. Соңғы сұрақ бойынша, тек **50%** оқушы ғана үйде ТДМ туралы ақпаратты өздігінен іздейтінін айтқан. Бұл — оларда танымдық қызығушылық, ізденімпаздық қалыптасқанын білдіреді. Алайда екінші жартысы өз бетінше ізденіске ынта танытпаған, бұл мұғалім тарапынан бағыттап отыруды, зерттеуге итермелейтін тапсырмалар ұсынуды қажет етеді.

Бақылау. Сауалнама нәтижелерін нақтылау және олардың шынайылығын толықтыру мақсатында сабақтан тыс пікірсайыс түріндегі шара ұйымдастырылды. Шара кезінде бақылау жұмысы жүргізілді. Сабақтың тақырыбы: «Экономикалық дамуды экологиялық қауіпсіздіктен жоғары қояды». Сабақ барысында оқушылар тұрақты даму мәселелерін талқылап, экономикалық өсудің артықшылықтары мен экологиялық қауіпсіздікке төнетін қауіптерді салыстырмалы түрде қарастырды.

Шараның негізгі мақсаты – экономикалық даму мен экологиялық тепе-теңдік арасындағы өзара байланысты түсіндіру және Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) негізінде экологиялық проблемаларды шешудің жолдарын талдау.

Шара құрылымында келесі әдістер мен оқу материалдары пайдаланылды:

1) ТДМ-ға қатысты өзекті ақпараттар (климат, энергия, ластану деңгейі, табиғи ресурстар);

2) Қазақстан өңірлері бойынша экологиялық тәуекелдер мен экономикалық көрсеткіштерді бейнелейтін диаграммалар;3) Интерактивті пікірталас, топтық жұмыс және дәлел жинау тапсырмалары.

Сабақ барысында оқушылар:

• Қазақстанның экологиялық картасынан ластану деңгейі жоғары аймақтарды анықтады;• Экономикалық өсім мен экологиялық қауіпсіздіктің байланысын диаграммалар арқылы талдады;

• Пікірталас барысында экономикалық басымдық пен экологиялық қауіпсіздіктің қайсысы маңыздырақ екенін дәлелдеуге тырысты;

• ТДМ бағыттарына сүйене отырып, өз аймағында экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар жасады;

• Қорытынды бөлімде нақты деректерге негізделген жеке көзқарасын білдірді.

Сонымен қатар, бақылау әдісі арқылы 10 оқушының сабаққа қатысу белсенділігі тіркелді. Арнайы бақылау парағы бойынша келесі параметрлер бағаланды (1-кесте): пікірсайысқа қызығушылық танытуы, пікір айту және сұрақ қою белсенділігі, ТДМ ақпараттарымен жұмыс істеуі, тапсырмаларды орындауы және өз ойын нақты деректермен дәлелдей білуі.

Жалпы алғанда, сабақтың мазмұны оқушылардың күнделікті өмірімен байланысты болғандықтан, танымдық қызығушылықтың жоғары болғаны байқалды. Экологиялық мәселелердің өз аймақтарында ерекше өзектілігі пікірталасқа эмоционалдық және танымдық серпін берді.

Бақылау нәтижелері оқушылардың басым бөлігі ТДМ материалдарымен жұмыс істеуге қызығушылық танытатынын және пікірсайыста белсенді рөл атқара алатынын көрсетті. 90% оқушы пікірсайыс тақырыбына қызығушылық білдірсе, 80% диаграммалар, карталар және ТДМ индикаторларымен жұмыс істеп, 70% өз көзқарасын еркін жеткізіп, пікірталасқа қатыса алды. Бұл көрсеткіштер пікірсайыс технологиясының оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытып, ақпаратты талдау, салыстыру, дәлелдеу сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыратынын айғақтайды.

Пікірсайыс технологиясы ТДМ тақырыптарын оқытуда бірқатар маңызды педагогикалық артықшылықтарға ие. Біріншіден, ол жаһандық экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибесімен байланыстырады, осылайша оқу материалының маңыздылығын арттырады. Екіншіден, пікірталас үдерісі оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық пайымын және дәлелді сөйлеу дағдыларын дамытады. Үшіншіден, ТДМ индикаторларымен жұмыс істеу визуалды ақпаратты түсіну қабілетін күшейтіп, кеңістіктік және аналитикалық ойлауға оң ықпал етеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында кейбір өзекті мәселелер де анықталды. Атап айтқанда, кейбір оқушылардың пікірталас дағдыларының жеткіліксіздігі, ТДМ ақпараттарын түсінуде қиындықтар, визуалды материалдармен жұмыс істеу дағдысының әркелкілігі байқалды. Мұндай олқылықтарды жою үшін мұғалім тарапынан жүйелі қолдау, пікірсайыс мәдениетін қалыптастыруға бағытталған дайындық жұмыстары және ТДМ бойынша бейімделген оқу-әдістемелік материалдар қажет.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, география пәнінде Тұрақты даму мақсаттарын оқытуды пікірсайыс технологиясымен ұштастыру – оқушылардың азаматтық жауапкершілігін арттырудың, экологиялық ойлауды қалыптастырудың және сыни талдау дағдыларын дамытудың тиімді әдісі. Пікірсайыс сабақтары оқушыларды тек білім алуға емес, жаһандық мәселелерге белсенді көзқараспен қарауға, өз ұстанымын дәлелдей білуге және қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуге бағыттайды. Сондықтан ТДМ тақырыптарын пікірсайыс арқылы оқыту – қазіргі білім беру талаптарына толықтай сәйкес келетін, болашақта да өзектілігін жоғалтпайтын инновациялық педагогикалық тәсіл болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. ЮНЕСКО. Тұрақты Даму Мақсаттары үшін білім беру: Оқыту Міндеттері. - Париж: Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет Жөніндегі Ұйымы, 2017. — 62 б.

2. Ламберт, Д., Морган, Дж. Географияны Оқыту 11-18: Тұжырымдамалық Тәсіл. - Лондон: Ашық Университет Баспасы, 2010. — 192 б.

3. Кеннеди, р.сыныптағы пікірталастар: белсенді оқыту мен сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың Құнарлы негіздері // Жоғары Оқу орындарындағы Оқыту мен Оқытудың Халықаралық Журналы. — 2007. - Том. 19, № 2. — 183-190 беттер.

4. Кейтс, В.М. Пікірсайыс тұрақты дамуға білім беру құралы ретінде // Тұрақты Дамуға Білім Беру Журналы. — 2019. - Том. 20. — 1-12 беттер.

5. Тилбери, Д.Тұрақты Даму Үшін Білім беру: Процестер мен Оқытуға Сараптамалық Шолу. - Париж: ЮНЕСКО, 2011. — 56 б.

ҒТАМА 39.01.85

ҚАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУДА SMART ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жахан М.А., 6В01504 – «География» мамандығының 2-курс студенті;
Мусабаева А.К., аға оқытушы, магистр**,** Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
zakanmerej20@gmail.com, assemgul.mussabayeva@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада қалалардың дамуына smart технологиялардың әсері қарастырылады. Қазіргі урбандалу үдерісі күшейген жағдайда қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін цифрлық технологияларды енгізу ерекше маңызға ие. Зерттеу барысында «смарт қала» тұжырымдамасының негізгі бағыттары мен оның артықшылықтары жан-жақты талданды.

Бұл зерттеу қалаларды тиімді басқару мен дамытуға үлес қосады. Smart технологияларды қолдану арқылы қалалық инфрақұрылымды жетілдіру, ресурстарды үнемді пайдалану және экологиялық жағдайды жақсарту жолдары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері қалалардың тұрақты даму стратегияларын қалыптастыруға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға негіз бола алады.

Кілт сөздер: smart қала, цифрландыру, тұрақты даму, қалалық инфрақұрылым.

Кіріспе. Қазіргі уақытта қалалардың қарқынды өсуі урбандалу үдерісін күшейтіп, олардың әлеуметтік, экологиялық және басқару жүйелерінде бірқатар өзекті мәселелердің пайда болуына әкеліп отыр. Соның ішінде көлік қозғалысының тығыздығы, энергия ресурстарын тиімсіз пайдалану, қоршаған ортаның ластануы және қалалық басқаруда цифрлық технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы маңызды шешілмеген проблемалар ретінде қарастырылады.

Мақалада аталған мәселелерді шешудің түрлі жолдары ұсынылады. Оларға smart қала тұжырымдамасын енгізу, цифрлық басқару жүйелерін дамыту, экологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған «жасыл» технологияларды қолдану және деректерге негізделген басқару тәсілдері жатады. Осылардың ішінде қалалық жүйелерді кешенді цифрландыру арқылы smart технологияларды толық енгізу ең тиімді шешімдердің бірі ретінде ерекшеленеді. Сонымен қатар бұл бағытты жүзеге асыруда бірқатар қиындықтар бар. Олардың қатарында жоғары қаржылық шығындар, технологиялық инфрақұрылымның тең дамымауы және цифрлық жүйелерді басқаруға қабілетті мамандардың жетіспеушілігі атап өтіледі.Осы зерттеудің ғылыми болжамы мынадай: егер қалаларда smart технологиялар жүйелі түрде әрі барлық саланы қамти отырып енгізілсе, онда қалалардың экологиялық

жағдайы жақсарып, ресурстарды тиімді пайдалану артып, халықтың өмір сүру сапасы жоғарылайды.

Зерттеудің негізгі мақсаты – smart технологиялардың қалалық дамуға ықпалын жан-жақты талдау және олардың тиімділігін анықтау. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді сараптау, салыстырмалы талдау және жүйелік тәсілдер қолданылды.

Материалдар мен әдістер. Смарт қалалар – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық жүйелерді пайдалану арқылы қалалық инфрақұрылымды тиімді басқаруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған заманауи қалалық даму үлгісі.

Қазақстанда smart қала тұжырымдамасы мемлекеттік деңгейде дамып келе жатқан бағыттардың бірі болып табылады. Ел аумағында бұл жүйе ең алдымен Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды және басқа ірі қалаларда енгізілуде. Ресми деректер бойынша smart технологиялар әсіресе, Алматы мен Астанада жоғары деңгейде дамыған қалалар ретінде бағаланады.

Астана қаласы smart қала жобалары бойынша жасанды интеллект, бейнебақылау жүйелері және цифрлық басқару элементтерін белсенді енгізіп жатыр. Қалада мыңдаған камералар орнатылып, жол қозғалысы мен қоғамдық қауіпсіздікті бақылау жүйелері біріктірілген орталық арқылы басқарылуда.

Астанада цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу саласындағы мемлекеттік саясат жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Қаланың дамуы «Ақылды қалалар» эталондық стандартына және цифрлық трансформацияның ұлттық басымдықтарына сәйкес жүргізілуде. Осы бағытта бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар туралы қалалық коммуникациялар қызметінде қалалық цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы басшысының орынбасары Бексұлтан Қуандық баяндады, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Жұмыс үш стратегиялық бағыт бойынша жүргізілуде: «Қауіпсіз қала», «Ашық қала» және «Ақылды қала». Негізгі назар технологияларды іс жүзінде қолдануға және тұрғындарға нақты пайда әкелуге бағытталған.

2025 жылдан бастап мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында елордада жасанды интеллект қолданылатын 22 мыңнан астам бейнебақылау камерасын орнату және біріктіру жобасы жүзеге асырылуда. Бұл технологияларға бет-әлпетті тану, қалдырылған заттарды анықтау және адамдардың шоғырлануын бақылау кіреді.

Жобаның негізгі элементі — Бірыңғай жағдайлық орталық. Ол қала бойынша барлық деректерді жинайды: жедел шақыртулардан бастап қауіпсіздік жүйелерінің сигналдарына дейін. Бұл тек оқиғаларды тіркеп қана қоймай, қызметтердің жұмысын жедел үйлестіруге мүмкіндік береді. Мысалы, қоқыс алаңындағы өрттің алдын алу немесе саябақта жоғалған баланы табу.

2025 жылы 11 мыңнан астам бейнеағын Полиция департаментінің жедел басқару орталығына шығарылды. Олардың қатарында көпшілік орындар мен мектептердегі камералар бар. Сонымен қатар медицина қызметкерлерінің

қауіпсіздігін қамтамасыз ету жобасы іске асырылды — 100 жедел жәрдем көлігіне 400 камера орнатылды.

Астана тұрғындармен байланыс орнатудың цифрлық арналарын белсенді дамытып жатыр. Олардың қатарында iKomek 109, QalaQyzmet, Birge және Smart Astana платформалары бар. Бұл қызметтер арқылы тұрғындар өтініш беріп, қызмет алып, қала қызметтерімен ыңғайлы түрде байланыса алады.

•Бірыңғай iKomek 109 байланыс орталығы 2025 жылы шамамен 2,5 млн өтінішті өңдеді, олардың 83%-ы алғашқы қоңырауда шешілген.

•QalaQyzmet порталы арқылы 241 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

•Birge платформасында 45 мыңнан астам пайдаланушы тіркеліп, әлеуметтік және тұрғын үй мәселелері бойынша 76 мың өтініш берілген.

•Smart Astana мобильді қосымшасында 70-тен астам қалалық сервис біріктірілген, 30 мыңнан астам белсенді қолданушы тіркелген. Ең сұранысқа ие қызметтер — «Есірткіге жол жоқ» және «ИнваТакси».

Елордада инсультті анықтауға арналған Cerebra AI жүйесі енгізілген. Ол диагноз қою уақытын 5 минутқа дейін қысқартады. Құрылыс және жөндеу процестерін цифрлық бақылау жүйесінде 23 кондоминиум жобасы сүйемелденуде.

2025 жылы Астана әскери қызметке шақырылушыларды медициналық тексеру процесін толық цифрлық форматқа көшірді — жүйе арқылы 10 мыңнан астам адам өткен. Байланыс сапасын жақсарту үшін 16 тұрғын алап пен 12 мыңнан астам жеке үй талшықты-оптикалық желілерге қосылды, сондай-ақ 377 дана 5G базалық станциясы жұмыс істейді.

«Астана қаласының жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңесі негізгі бағыттарды айқындау және пилоттық жобаларды кеңейту жұмыстарын бастады. Стартаптарды қолдаудың маңызды құралдары ретінде Astana Innovations Accelerator және Meta Llama Accelerator акселерациялық бағдарламалары іске асырылуда. Сонымен қатар елорда жастар арасында STEM бағыттарын белсенді дамытып келеді. 2025 жылы халықаралық «Роботтар шайқасына» алты елден 85 команда қатысып, Астана командалары Барселонадағы халықаралық олимпиадада 11 медаль жеңіп алды», — деді спикер. Ол сондай-ақ 2026 жылға арналған жоспарлармен бөлісті. Бұл жыл цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланды.

2026 жылға арналған негізгі басымдықтар:

•Тұрғындардың өмірін жеңілдететін цифрлық және жасанды интеллект шешімдерін дамыту.

•Талдау және технологиялар арқылы қала қауіпсіздігін арттыру.

•Цифрлық шешімдерді тез енгізуге мүмкіндік беретін тұрақты инновациялық экожүйе қалыптастыру.

Алматы қаласында да цифрлық қызметтер кеңінен дамыған: мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа көшірілген және smart жобалар қаланың барлық салаларында енгізілуде [1].

2. Smart қалалардың даму деңгейі. Қазақстан қалаларында smart технологияларды енгізу деңгейі әртүрлі. Мегаполистерде цифрландыру

жоғары деңгейде дамыған болса, кіші қалаларда бұл процесс әлі де даму сатысында.

Жалпы бағалау келесі көрсеткіштер арқылы анықталады:

- мемлекеттік қызметтердің цифрлануы
- көлік жүйесінің автоматтандырылуы
- қауіпсіздік камераларының қамту деңгейі
- коммуналдық инфрақұрылымның цифрлануы
- экологиялық мониторинг

Осы көрсеткіштер бойынша Астана мен Алматы қалалары алдыңғы қатарда орналасқан.

3. Қолданылып жатқан smart технологиялар.

Нәтижелер. Қазақстан қалаларында келесі негізгі smart технологиялар кеңінен қолданылуда (сурет 1):

Біріншіден, жол қозғалысын бақылау және бейнебақылау жүйелері. Соның ішінде Sergek жүйесі ерекше орын алады. Бұл жүйе қала көшелеріндегі камералар арқылы көлік қозғалысын бақылайды, ереже бұзушылықтарды автоматты түрде анықтайды және қауіпсіздікті арттырады. Мұндай технологиялар адам факторын азайтып, жол-көлік оқиғаларының санын төмендетуге көмектеседі. Сонымен қатар, деректерді жинау арқылы қаладағы қозғалыс ағынын талдауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, QR-код арқылы төлем жасау жүйелері. Бұл – қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың заманауи түрі. QR төлемдер жылдам, ыңғайлы және қауіпсіз. Әсіресе қоғамдық орындарда, дүкендерде, қызмет көрсету саласында кеңінен қолданылады. Бұл жүйе қаржылық операцияларды жеңілдетіп қана қоймай, көлеңкелі экономиканы азайтуға да ықпал етеді.

Үшіншіден, қоғамдық көліктегі цифрлық билеттеу жүйелері. Қазақстанда кең таралған жүйелердің бірі – ONAY. Бұл жүйе жолаушыларға жол ақысын карта немесе смартфон арқылы төлеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, көлік жүйесі ашық әрі тиімді болады, ал жиналған деректер қоғамдық көлік маршруттарын оңтайландыруға көмектеседі.

Төртіншіден, «ақылды» жарықтандыру жүйелері. Мұндай жүйелер көшедегі жарықты автоматты түрде реттейді: адамдар немесе көліктер болған кезде жарықты күшейтіп, бос кезде азайтады. Бұл энергияны үнемдеуге және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Бесіншіден, электронды үкімет қызметтері. eGov Mobile қосымшасы арқылы азаматтар мемлекеттік қызметтерді онлайн түрде ала алады. Бұл – уақытты үнемдейді, бюрократияны азайтады және халыққа қызмет көрсетудің сапасын арттырады.

Алтыншыдан, коммуналдық қызметтерді автоматты есептеу жүйелері. Бұл жүйелер су, жарық, газ сияқты ресурстарды нақты уақыт режимінде есептеп, тұтынуды бақылауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ресурстар тиімді пайдаланылады және шығындар азаяды.

Жол қозғалысын бақылау және бейнебақылау (Sergek жүйесі):

QR-код арқылы төлем жасау жүйелері

Қоғамдық көліктегі цифрлық билеттеу (ONAY және т.б.):

«Ақылды» жарықтандыру жүйелері:

Электронды үкімет (eGov Mobile)

Автоматты комуналдық есептеу

Face ID арқылы төлем жасау

Каспий Постаматтар

Сурет 1. Елімізде қолданысқа енгізілген smart технологиялар

Жетіншіден, Face ID арқылы төлем жасау. Бұл биометриялық технология адамның бет-әлпетін тану арқылы төлем жасауға мүмкіндік береді. Ол қауіпсіздік деңгейін арттырып, төлем процесін барынша жеңілдетеді.

Сегізіншіден, автоматтандырылған пошта жүйелері, соның ішінде Kaspi Postomat. Бұл құрылғылар арқылы адамдар өз сәлемдемелерін кез келген

уақытта алып кете алады. Бұл әсіресе интернет-дүкендердің дамуына үлкен әсер етеді және логистика саласын жеңілдетеді [2].

Бұл технологиялар қалалық процестерді жылдамдатып, басқарудың тиімділігін арттырады.

4. Smart технологияға дейін және кейінгі жағдай Smart технологияларға дейін қалаларды басқару көбінесе қолмен жүргізілді. Қоғамдық қызметтер қағаз жүзінде атқарылып, ақпарат алмасу баяу болды. Көлік қозғалысын бақылау әлсіз болып, коммуналдық қызметтерде есеп жүргізу қиындық туғызды.

Smart технологиялардан кейін қала басқаруы цифрландырылып, көптеген қызметтер онлайн жүйеге көшті. Бұл азаматтарға уақыт үнемдеуге мүмкіндік беріп, бюрократиялық кедергілерді азайтты. Сонымен қатар қалалық процестер нақты деректер арқылы басқарылатын деңгейге жетті (1-кесте).

Кесте 1. Smart технологияға дейін және кейінгі жағдай

Технологияларға дейінгі кезеңде:	**Технологиялар енгізілгеннен кейін:**
1. Мемлекеттік қызметтер қағаз жүзінде орындалды	1. Қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа өтті
2. Ақпарат алмасу баяу болды	2. Ақпарат жылдам өңделеді
3. Коммуналдық есеп қолмен жүргізілді	3. Тұрғындар қызметтерді онлайн ала алады
4. Көлік қозғалысын бақылау әлсіз болды	4. Қала басқару деректерге негізделген жүйеге көшті
5. Қала басқару жүйесі орталықтандырылмаған сипатта болды	5. Ашықтық пен тиімділік артты

5. Ресурстарды үнемдеу және есептегіш жүйелер. Қазіргі урбанистика мен smart қала зерттеулерінде ресурстарды тиімді басқару маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Әлемдік ғылыми әдебиеттерде smart metering (ақылды есептегіш жүйелер) су, электр энергиясы және газ ресурстарын бақылаудың заманауи цифрлық құралы ретінде қарастырылады. Бұл жүйелердің негізгі ерекшелігі – тұтыну деректерін нақты уақыт режимінде жинау және ақпараттық жүйелер арқылы өңдеу болып табылады.

Ғылыми зерттеулерге сәйкес, smart есептегіштер энергия және су ресурстарын басқаруда тиімділікті арттырып, тұтынушылардың мінез-құлқына да әсер етеді. Мысалы, электр энергиясын бақылау жүйелері пайдаланушыларға нақты тұтыну туралы кері байланыс беріп, энергияны үнемдеу әрекеттерін ынталандырады. Сонымен қатар smart metering технологиялары электр желілерін тиімді басқаруға және жүктемені теңестіруге мүмкіндік береді. Су ресурстарын басқару саласында жүргізілген ғылыми шолулар smart есептегіштердің жоғары дәлдіктегі деректер жинау қабілеті су шығынын азайтуға және құбыр жүйелеріндегі ақауларды ерте анықтауға ықпал

ететінін көрсетеді. Мұндай жүйелер қалалық су инфрақұрылымын басқаруда деректерге негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Smart есептегіштердің негізгі артықшылықтарының бірі – ресурстарды нақты уақыт режимінде мониторинг жасау мүмкіндігі. Бұл технологиялар арқылы коммуналдық қызметтер тұтынуды автоматты түрде бақылап, артық шығындарды азайтады және адам факторын төмендетеді. Сонымен қатар деректерді орталықтандыру арқылы есеп айырысу жүйелері ашық әрі дәл болады. Қазақстан қалаларында smart есептегіш жүйелер кезең-кезеңімен енгізілуде. Әсіресе Астана мен Алматы қалаларында су, электр және газ тұтынуын цифрлық бақылау жүйелері дамып келеді. Бұл үдеріс қалалық инфрақұрылымды жаңғыртуға, ресурстарды үнемдеуге және экологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған.

Ғылыми талдаулар көрсеткендей, smart metering технологиялары тек экономикалық тиімділік қана емес, сонымен қатар экологиялық әсерді төмендету құралы ретінде де маңызды рөл атқарады. Ресурстарды оңтайлы пайдалану көмірқышқыл газының шығарылуын азайтып, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

7. Smart технологияларды енгізудің артықшылықтары. Қазіргі урбандалу жағдайында smart технологияларды енгізу қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде smart city тұжырымдамасы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (ICT), Интернет заттар (IoT), үлкен деректерді (Big Data) және жасанды интеллектті (AI) интеграциялау арқылы қалалық инфрақұрылымды тиімді басқаруға бағытталған кешенді жүйе ретінде сипатталады. Бұл технологиялар қалалық жүйелердің өнімділігін арттырып қана қоймай, ресурстарды ұтымды пайдалануға және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді [3].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу smart технологиялардың қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі маңызды рөлін көрсетті. Урбандалу жағдайында қалалық инфрақұрылымды тиімді басқару, ресурстарды үнемдеу және тұрғындардың өмір сапасын арттыру үшін smart city тұжырымдамасы өзекті бағыт болып табылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда, әсіресе Астана мен Алматы қалаларында smart технологиялардың белсенді енгізіліп жатқанын көрсетті. Бұл технологиялар көлік жүйесін оңтайландыруға, жол қауіпсіздігін арттыруға, ресурстарды тиімді пайдалануға және қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, smart технологияларды енгізу қалалық басқарудың тиімділігін арттырып, экономикалық және экологиялық дамуға оң әсер етеді. Сондықтан оларды кешенді түрде дамыту Қазақстан қалаларының болашақтағы тұрақты және бәсекеге қабілетті дамуының негізгі шарты болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. World Bank.Smart Cities and Digital Development [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.worldbank.org – қолжетімділік күні: 08.04.2026.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.Қазақстандағы цифрландыру және «Smart City» жобалары туралы ресми ақпарат Development [Электрондық ресурс]. –

3. International Telecommunication Union.Smart Sustainable Cities: An Analysis of Definitions Development [Электрондық ресурс]. – URL:

ҒТАМА 14.25.09

ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Зеилова А.А., 7М01503-Химия ББ магистранты,
Мұсабаева Б.Х., х.ғ.к., профессор, Астана халықаралық университеті,
Астана қ., Қазақстан
ademaadilovna @gmail.com

Аннотация. Бұл зерттеу орта және жоғары мектептегі оқу процесінде пәнаралық байланыстардың рөлін, атап айтқанда органикалық химия, биология, физика және экология пәндерінің интеграциясын қарастырады. Зерттеу көрсеткендей, аталған пәндердің мақсатты үйлесімі оқушылардың күрделі химиялық ұғымдарды терең түсінуі мен меңгеруін тиімді жақсартады. Оқу бағдарламалары мен педагогикалық эксперименттерді талдау нәтижесінде пәнаралық тәсілдерді қолданатын оқушыларда когнитивтік дамудың жоғары деңгейі, сыни тұрғыдан ойлау қабілетінің жетілдірілуі, сондай-ақ білімді практикалық және зертханалық жағдайда синтездеу және қолдану мүмкіндігінің артуы байқалды.

Мақалада сондай-ақ пәнаралық стратегияларды енгізудің артықшылықтары мен қиындықтары талқыланады. Оның ішінде оқытушылардың іс-әрекеттерін үйлестіру, оқу жоспарларын бейімдеу, сондай-ақ ресурстық қолдауды қамтамасыз ету қажеттілігі ерекше атап өтілген. Зерттеу нәтижелері теориялық білімді практикалық қолданумен біріктіретін, студенттерде органикалық химиялық процестер туралы жүйелі және көпөлшемді түсінік қалыптастыратын біртұтас білім беру тәсілінің маңыздылығын растайды. Бұл тәсіл органикалық химия және смежді пәндер бойынша білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ оқушыларды жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми, зерттеу және кәсіби қызметке дайындауға ықпал етеді.

Кілт сөздер: пәнаралық білім беру, органикалық химияны интеграциялау, сыни тұрғыдан ойлау, клиникалық қолдану.

Кіріспе. Органикалық химияны биология, физика және экология сияқты басқа пәндермен интеграциялау оқушыларды тиімді оқыту үшін шешуші маңызға ие, өйткені бұл химиялық процестерді жан-жақты түсіну мен олардың практикалық қолданылуын қамтамасыз етеді. Оқу процесінде пәнаралық байланыстардың, әсіресе химия мен смежді ғылымдар арасындағы өзара байланыстардың маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Мұндай байланыстар оқытуда тұтастықты қамтамасыз етеді, оқушыларға органикалық реакциялардың күрделілігін, олардың биологиялық және экологиялық мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Пәнаралық тәсіл сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, аналитикалық дағдыларды дамытуға және білімді

зертханалық және практикалық іс-әрекеттерде қолдану мүмкіндігін арттыруға ықпал етеді, бұл химия және жаратылыстану ғылымдары саласындағы білікті мамандарды даярлау үшін қажет [1].

Мамандар пәнаралық байланыстардың оқу процесінің тиімділігін арттырудағы рөлін атап көрсетеді, бұл әртүрлі ғылыми салалардан алынған білімдерді, соның ішінде органикалық химия, биология және физиканы интеграциялау арқылы жүзеге асады және химиялық процестерді тұтас және жүйелі түсінуді қалыптастырады. Мұндай интеграция тек органикалық реакцияларды және олардың заңдылықтарын жақсы меңгеруге ғана емес, сонымен қатар олардың биологиялық және экологиялық мәнін түсінуге де мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пәнаралық тәсілдердің өзектілігі әсіресе органикалық химияны оқыту барысында айқын көрінеді, өйткені пәндердің үйлесімі материалды тереңірек түсінуге және оны зертханалық және практикалық тапсырмаларда тиімді қолдануға мүмкіндік береді [2].

Материалдар мен әдістер. Осы мақаладағы негізгі мақсат – органикалық химияны оқыту барысында пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың қазіргі әдістемелерін талдау және олардың химия және жаратылыстану пәндері бойынша оқушылардың білім сапасына әсерін бағалау. Аталған талдау әртүрлі салалардан, соның ішінде биология, физика және экологиядан алынған білімдерді интеграциялаудың тиімді әдістерін анықтауға бағытталған, сонымен қатар бұл әдістердің органикалық реакцияларды, олардың заңдылықтары мен практикалық қолдануларын тереңірек түсінуге қалай ықпал ететіндігіне ерекше мән беріледі. Соңғы мақсат – органикалық химияны оқытудағы білім беру стратегияларын жетілдіру арқылы оқушылардың когнитивтік дамуын, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру және химия мен смежді ғылымдар саласындағы зертханалық, ғылыми және практикалық қызметке дайындық деңгейін көтеру.

Органикалық химияны оқыту барысында пәнаралық байланыстар концепциясы оқушыларды химия және жаратылыстану пәндерін кешенді меңгеруге дайындауда шешуші рөл атқарады. Пәнаралық байланыстар деп әртүрлі ғылыми салалардан алынған білімдерді интеграциялау және қолдану арқылы күрделі химиялық процестерді толық және жүйелі түсінуді қалыптастыру қажеттілігі қарастырылады. Әсіресе органикалық химия, биология және физика арасындағы пәнаралық байланыстардың маңыздылығын атап өту қажет, өйткені бұл байланыстар химиялық концепцияларды терең меңгеруге ықпал етіп, білім беру процесінің сапасын арттыруда шешуші мәнге ие [3].

Нәтижелер. Органикалық химияны оқытудағы пәнаралық байланыстар концепциясының тарихи дамуы соңғы бірнеше онжылдықта елеулі өзгерістерге ұшырады. Бастапқыда мектептер мен университеттерде химияны оқыту негізінен пәндік бағытта жүргізіліп, пәндер айқын бөлініп берілген болатын. Алайда химиялық және жаратылыстану ғылымдарының мазмұны күрделенген сайын, оқытуды интеграцияланған тәсілмен ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Бұл өзгеріс оқушыларға органикалық реакцияларды,

олардың биологиялық, физикалық және экологиялық аспектілерін кешенді түсіну қажет екендігін мойындаумен байланысты болды. Осы концепцияның эволюциясын қарастырғанда, органикалық химия, биология және физика сияқты пәндерді интеграциялау қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдары білімінде негізгі қағидаға айналғаны байқалады [6].

Органикалық химия және оған қатысты пәндер жаратылыстану ғылымдары біліміндегі оқу жоспарының орталық орындарын алады және биология, физика және экологияны түсінудің іргетасын құрайды. Жалпы және органикалық химия, биология және физика арасындағы өзара байланыс оқушылар үшін міндетті болып табылады, себебі ол химиялық процестерді терең түсіну және оларды зертханалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдану үшін қажетті теориялық және практикалық білімдерді қамтамасыз етеді. Органикалық химияның негізгі түсініктерін берік меңгеру осы пәндермен тығыз байланыстағы биологиялық және экологиялық процестерді түсінуде шешуші мәнге ие.

Органикалық химияның негіздерін түсінудің маңызы тек теориялық біліммен шектелмейді; ол оқушылардың бұл білімді зертханалық және ғылыми-зерттеу тәжірибесінде қолдану қабілетіне тікелей әсер етеді. Мысалы, органикалық реакциялардың механизмдерін, молекулалардың құрылымдық ерекшеліктерін және химиялық өзара әрекеттестіктерді зерттеу биохимиялық, физикалық және экологиялық процестерді түсінудің негізін құрайды. Оқу бағдарламасында органикалық химияны биология және физика пәндерімен интеграциялау оқушылардың алынған білімді сыни тұрғыдан талдап, практикада қолдану қабілетін арттырады, осылайша олардың химия және оған байланысты пәндер саласындағы жалпы дайындық деңгейін және ғылыми құзыреттілігін жақсартады.

Жалпы, органикалық химияны биология, физика және экология пәндерімен пәнаралық байланыстар арқылы интеграциялау тек академиялық жаттығу емес, қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдары біліміндегі маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Бұл оқушыларға химия және оған байланысты пәндерді табысты меңгеруге қажетті жан-жақты білім мен аналитикалық дағдыларды қамтамасыз етеді. Аталған білім беру тәсілінің тарихи эволюциясы оның маңыздылығы мен тиімділігін көрсетеді, оқушыларды зертханалық, ғылыми-зерттеу және практикалық қызметке дайындауда, оларды химия және жаратылыстану ғылымдары саласындағы білікті және жан-жақты дамыған мамандар ретінде қалыптастырады.

Пәнаралық байланыстардың оқушылардың оқу жетістігіне әсері ерекше қызығушылық тудырады, әсіресе органикалық химияны оқыту контекстінде, мұнда биология, физика және экология сияқты пәндерді интеграциялау шешуші рөл атқарады. Пәнаралық тәсілдерге басымдық берілген бағдарламалар бойынша оқитын студенттердің оқу нәтижелерін талдау көрсеткендей, олар дәстүрлі, жеке пәндерге бөлінген оқу жоспарлары бойынша оқитын студенттерге қарағанда айтарлықтай жоғары жетістіктерге қол жеткізеді. Зерттеулер көрсеткендей, пәнаралық бағдарламалар бойынша

оқитын оқушылар күрделі органикалық тұжырымдамаларды терең түсіну және есте сақтау деңгейі жоғары болып қана қоймай, алынған білімді зертханалық және ғылыми-зерттеу тәжірибесінде тиімді қолдану қабілетімен де ерекшеленеді[7], [8].

Органикалық химияны пәнаралық бағдарламалар бойынша оқитын оқушыларды дәстүрлі оқу әдістерін қолданатын студенттермен салыстырғанда бірнеше маңызды айырмашылықтар анықталады. Интеграцияланған бағдарлама бойынша оқитын студенттер химия, биология, физика және экология пәндері арасындағы байланысты тиімді орната алады, бұл олардың сыни ойлау қабілеті мен ақпаратты синтездей білу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мұндай тәсіл оқушылардың оқу жетістігін арттырып қана қоймай, оларды зертханалық, ғылыми-зерттеу және практикалық қызметте күрделі міндеттерді тиімді шешуге дайындайды. Керісінше, дәстүрлі оқу әдістері көбіне фрагментарлы түсінік қалыптастырады, яғни оқушылар жеке тақырыптарды жақсы меңгерсе де, білімді пәнаралық контексте қолдануда қиындыққа тап болады.

Пәнаралық білім берудің басты артықшылықтарының бірі – студенттердің сыни ойлау қабілеті мен білімді практикалық қолдану дағдыларының айтарлықтай дамуы болып табылады. Түрлі пәндерден алынған білімді интеграциялауды үйрену арқылы студенттер күрделі биомедициналық процестерді тереңірек түсінеді, бұл тиімді клиникалық тәжірибе үшін қажет. Мұндай тұтасқан білім беру тәсілі оқушылардың оқу процесіне терең араласуына ықпал етіп, оларды жеке пәндер шеңберінен тыс ойлауға ынталандырады, нәтижесінде толық әрі қолдануға ыңғайлы білім қоры қалыптасады.

Алайда, пәнаралық байланыстарды енгізу белгілі бір қиындықтармен байланысты. Негізгі мәселелердің бірі – әртүрлі пәндердің оқытушыларының жұмысы мен іс-әрекеттерін үйлестіру болып табылады. Курстардың мазмұнының үйлесімділігі мен педагогикалық әдістердің бір-бірін толықтыруын қамтамасыз ету мұқият жоспарлауды және тұрақты өзара әрекеттесуді талап етеді, бұл айтарлықтай ұйымдастырушылық ресурстарды қажет етуі мүмкін. Сонымен қатар, қолданыстағы оқу бағдарламаларын пәнаралық элементтерді енгізуге бейімдеу көбінесе оқу жоспарында айтарлықтай өзгерістерді қажет етеді, бұл дәстүрлі оқыту моделіне үйренген оқытушылар мен студенттер тарапынан қарсылық тудыруы мүмкін.

Тағы бір маңызды мәселе – пәнаралық бағдарламаларды басқарудың ұйымдастырушылық аспектісі. Бірнеше пәнді интеграциялау күрделірек әкімшілік құрылымды қажет етеді, бұл кестелердің қабаттасуы немесе қосымша оқу ресурстарын қамтамасыз ету сияқты логистикалық қиындықтарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, пәнаралық оқытудың тиімділігі көп жағдайда оқытушылардың инновациялық педагогикалық әдістерді енгізуге және пәндер арасындағы шекараны жеңе отырып бірлесіп жұмыс істеуге дайындығына байланысты, бұл тұрақты кәсіби даму мен жүйелі педагогикалық қолдауды талап етуі мүмкін [4].

Жалпы алғанда, органикалық химияны оқытуда пәнаралық байланыстарды енгізу белгілі бір қиындықтарға байланысты болса да, осы тәсілдің студенттердің білімін тиімді меңгеруін арттырудағы және олардың кәсіби құзыреттерін қалыптастырудағы артықшылықтары даусыз. Ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және алынған білімді әртүрлі ғылыми және практикалық контекстте қолдану қабілеті қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдарын оқыту жағдайында барған сайын маңызды болуда. Сол себепті білім беру ұйымдары пәнаралық оқыту әдістемелерін зерттеуді және жетілдіруді жалғастырып, студенттерге химия және оған қатысты пәндер саласында ғылыми, зерттеу және лабораториялық қызметті тиімді меңгеруге қажетті жан-жақты және интеграцияланған білім беруді қамтамасыз етуі тиіс.

Пәнаралық байланыстарды, әсіресе органикалық химия, биология, физика және экология пәндері арасындағы интеграцияны жаратылыстану ғылымдарын оқыту бағдарламасына енгізу химия саласында жан-жақты дайындалған және терең ақпаратқа ие мамандарды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Аталған зерттеу көрсеткендей, осы пәндердің білім мазмұнын мақсатты түрде үйлестіру күрделі органикалық процестерді тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар студенттердің алынған білімді лабораториялық және зерттеу тәжірибесінде тиімді қолдану қабілетін арттыруға ықпал етеді. Оқу бағдарламалары мен практикалық сабақтарды мұқият талдау көрсетті, пәнаралық тәсілді қолданған жағдайда органикалық қосылыстардың құрылысы, реакция механизмдері, изомерия және органикалық молекулалардың биологиялық және экологиялық жүйелердегі өзара әрекеттесуі сияқты тақырыптар ең тиімді меңгерілетінін анықтады[5].

Биология, физика және экологиядан алынған практикалық мысалдарды енгізу, сондай-ақ студенттерді өз бетімен пәнаралық жобаларға қатысуға міндеттеу органикалық химияның теориялық білімдері мен олардың лабораториялық және зерттеу практикасында қолданылуы арасындағы байланысты айтарлықтай нығайтады. Мұндай білім беру стратегияларының тиімділігі студенттердің сыни талдау және күрделі мәселелерді шешу дағдыларының жақсаруы арқылы көрініс табады, бұл оларды әртүрлі ғылыми және практикалық контексте білімдерін тиімді қолдануға жақсырақ дайындайды. Органикалық химияны басқа жаратылыстану ғылымдарымен пәнаралық интеграциялау мен студенттердің оқу жетістіктерінің өсуі арасындағы тікелей байланыс осы тәсілдің тиімділігін айқын көрсетеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеудің нәтижелері органикалық химияны оқытуда пәнаралық байланыстардың шешуші маңыздылығын растайды. Органикалық химияны биология, физика және экология пәндерімен интеграциялау химиялық процестерді тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар теориялық білім мен оны лабораториялық және зерттеу практикасында қолдану арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы білім берудің дамуы барысында пәнаралық тәсілдерге баса назар аудару оқу бағдарламаларын тиімді құрудың негізгі қағидаты болып қала береді, бұл студенттерге күрделі ғылыми және

практикалық міндеттерді сәтті шешуге қажетті жан-жақты білім мен аналитикалық дағдыларды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Сыздықов А.Б. Органикалық химияның негізгі концепциялары. Алматы: Жаратылыстану баспасы, 2018. 240 б.

2. Бабаев Д., Манасов Н.А. Пәнаралық интеграция және химиялық білім беру. Химиялық білім журналы, 2020, №2, 54–62 б.

3. Жұмаділов К. Жаратылыстану ғылымдары мен химияны интеграциялау әдістемесі. Алматы, 2019, 45–53 б.

4. Байқұлов А.Қ. Органикалық химияны оқытудың пәнаралық тәсілдері. Биология және химия оқыту әдістемесі журналы, 2021, №4, 33–41 б.

5. Сәдуақасова Ж. Жоғары мектепте химияны пәнаралық оқыту тәжірибесі. Жаратылыстану педагогикасы, 2019, №3, 82 б.

6. Тұрғанбек М. Органикалық химия мен биологияның интеграциясы: білім сапасын арттыру жолдары. Химия және экология журналы, 2020, №1, 35–40 б.

7. Әлімбек Л. Пәнаралық әдістемелер және студенттердің академиялық нәтижелері. Жоғары білім беру зерттеулері, 2021, №2, 68–75 б.

8. Құдайберген С. Интеграциялық білім беру тәсілдерінің тиімділігі. Химия және жаратылыстану ғылымдары журналы, 2022, №3, 171 б.

ҒТАМА 14.25.09

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ислам М.М., «7М01503 – Химия» 1-курс магистранты;
Мұсабаева Б.Х., х.ғ.к., профессор, Астана халықаралық университеті,
Астана қ., Қазақстан
mereiislam.00@mail.com

Аннотация. Мақалада оқушылардың химиялық сауаттылығын арттырудағы цифрлық білім беру платформаларының тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің өзегі химияны оқытуда қолданылатын цифрлық ресурстардың білім алушының ғылыми ұғымды түсінуіне, тәжірибелік дағдыны меңгеруіне, химиялық тілді дұрыс пайдалануына және білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануына ықпалын талдауға бағытталды. Мақала IMRAD құрылымымен жазылып, қазіргі шетелдік және қазақстандық ғылыми еңбектер негізінде цифрлық платформалардың артықшылықтары, шектеулері және оларды тиімді қолдану шарттары сараланды. Сонымен бірге химия сабағында виртуалды зертханалар, мобильді қосымшалар, интерактивті бағалау платформалары мен жасанды интеллект құралдарын қолданудың практикалық мүмкіндіктері нақты мысалдар арқылы сипатталды.

Кілт сөздер: химиялық сауаттылық, цифрлық білім беру платформасы, химияны оқыту, виртуалды зертхана, интерактивті тапсырма, цифрлық технология.

Кіріспе. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында химияны оқыту тек формулалар мен реакция теңдеулерін меңгерту міндетімен шектелмейді. Қазіргі білім беру кеңістігінде химия пәні оқушының қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсінуіне, күнделікті өмірде кездесетін химиялық сипаттағы ақпаратты сын тұрғысынан бағалауына және қауіпсіз әрекет таңдай алуына бағытталуы тиіс. Осы талаптар химиялық сауаттылық ұғымын алдыңғы қатарға шығарады. Химиялық сауаттылық дегеніміз – оқушының химиялық ұғымдарды, заңдылықтарды және процестерді тек теориялық деңгейде білуі ғана емес, оларды тұрмыста, экологияда, денсаулық сақтау мен өндірісте кездесетін жағдаяттарда орынды қолдана алуы. Мысалы, оқушы жуғыш заттардың құрамын түсінуі, тағам қоспаларының белгіленуін ажыратуы, пластик түрлерінің айырмасын білуі, су сапасы мен ауа ластануы сияқты мәселелерге ғылыми негізде баға бере алуы қажет.

Алайда мектеп тәжірибесінде химиялық сауаттылықты қалыптастыруда бірқатар қиындықтар сақталып отыр. Біріншіден, химиядағы көптеген ұғымдар микродүниемен байланысты болғандықтан, оларды көзбен көру

қиын. Екіншіден, кейбір мектептерде зертханалық база жеткіліксіз немесе уақыт шектеулі. Үшіншіден, оқушылар көбіне теориялық білімді жаттап алғанымен, оны өмірлік жағдаятпен байланыстыруда қиналады. Төртіншіден, пәндік терминологияның күрделілігі білімді игеру қарқынын төмендетеді. Осындай жағдайда цифрлық білім беру платформалары оқытудың мазмұнын жаңартуға және химиялық сауаттылықты арттыруға нақты мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – оқушылардың химиялық сауаттылығын арттырудағы цифрлық білім беру платформаларының тиімділігін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдау. Зерттеу міндеттері ретінде химиялық сауаттылық ұғымының мазмұнын нақтылау, цифрлық платформалардың химияны оқытудағы мүмкіндіктерін анықтау, қазіргі ғылыми әдебиеттер негізінде олардың оқу нәтижесіне ықпалын саралау және мектеп тәжірибесіне арналған практикалық қолдану жолдарын ұсыну көзделді. Зерттеудің өзектілігі мектеп химиясын оқытудағы цифрлық ресурстардың рөлін тек техникалық жаңалық ретінде емес, оқушының функционалдық және пәндік сауаттылығын қалыптастыратын маңызды педагогикалық құрал ретінде қарастыру қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу объектісі – жалпы білім беретін мектептегі химияны оқыту үдерісі. Зерттеу пәні – химиялық сауаттылықты қалыптастыруда цифрлық білім беру платформаларын пайдалану ерекшеліктері. Зерттеудің теориялық маңызы химиялық сауаттылық пен цифрлық оқыту арасындағы байланысты жүйелеуінде көрінсе, практикалық маңызы химия мұғалімдеріне сабақ құрылымын жаңаша ұйымдастыруға, тапсырмаларды саралауға және оқу жетістігін бағалауға арналған нақты бағдар ұсынуымен сипатталады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы даярлау барысында салыстырмалы талдау, жүйелеу, синтез, педагогикалық түсіндіру және тәжірибелік модельдеу әдістері қолданылды. Зерттеу үшін 2024–2026 жылдары жарияланған, химиялық сауаттылық, цифрлық оқыту, виртуалды зертхана, мобильді қосымша, веб-негізді талқылау және жасанды интеллект құралдарының химияны оқытудағы рөліне арналған өзекті ғылыми мақалалар іріктелді. Іріктеуде жарияланымның жаңалығы, тақырыппен тікелей байланысы, мектеп немесе мұғалім даярлау контексіне сәйкестігі, сондай-ақ индекстелетін журналдарда шығуы назарға алынды. Талдау IMRAD логикасымен жүргізілді: алдымен мәселе айқындалды, содан кейін зерттеу тәсілдері сипатталды, бұдан соң негізгі ғылыми нәтижелер жүйеленіп, олардың педагогикалық мәні талқыланды.

Нәтижелер. Химиялық сауаттылық мәселесін цифрлық оқыту контексінде қарастырған А. Ардянсьях пен С. Рахаю өздерінің жүйелі шолуында технологиялық қолдау химияны өмірлік жағдаятпен ұштастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Авторлар “technology plays a key role” деп тұжырымдай отырып, электронды модульдер, мобильді қосымшалар, сайттар және визуалды платформалар оқушының құбылысты ғылыми түсіндіру, деректі бағалау және дәлелді шешім шығару қабілетін күшейтетінін атап өтеді [1, 5]. Бұл тұжырым мектеп тәжірибесі үшін аса маңызды. Мысалы, “Су және

оның сапасы” тақырыбын өткенде мұғалім тек судың қасиеттерін түсіндіріп қоймай, цифрлық платформа арқылы ауыз су құрамындағы қоспалар жөніндегі инфографиканы, қысқа бейнені және салыстырмалы кестені ұсына алады. Оқушы мұндай тапсырмада судың формуласын ғана емес, оның тұрмыстық маңызын, сапа көрсеткіштерін және адам денсаулығына ықпалын да түсінеді. Осылайша цифрлық ресурс химияны өмірден бөлек тұрған теория емес, күнделікті шешім қабылдауға көмектесетін білім көзі ретінде қабылдатуға жағдай жасайды.

Қазақстандық зерттеу кеңістігінде А. Бекбенова, Г. Ілиясова, Ж. Мұқатаева, Ю. Гавронская, Ө. Амангелді және Н. Өмірзақова химия мұғалімдерін даярлауда цифрлық технологияны кіріктірудің педагогикалық негіздерін талдай отырып, мұндай интеграция теориялық дайындық пен мектеп тәжірибесінің байланысын күшейтетінін дәлелдейді [2, 6]. Бұл зерттеуде цифрлық технология тек қосымша құрал емес, болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін құрастыратын маңызды компонент ретінде қарастырылады. Аталған қорытындыны мектеп жағдайына бейімдесек, химия мұғалімі платформаны “сабаққа сән беру” үшін емес, оқу мақсатына қызмет ететін әдістемелік құрал ретінде пайдалануы тиіс. Мысалы, “Қышқылдар мен негіздер” тақырыбында алдымен қысқа визуалды түсіндірме беріледі, содан кейін оқушы виртуалды индикатор көмегімен әртүрлі ерітінді ортасын анықтайды, соңында нақты тұрмыстық заттар негізінде “қай затпен жұмыс істегенде қолғап қажет?” деген қолданбалы тапсырма орындайды. Осындай үш сатылы құрылым химиялық ұғымды, тәжірибелік әрекетті және қауіпсіздік мәдениетін бір арнаға тоғыстырады.

Цифрлық сауаттылық пен химиядағы оқу жетістігі арасындағы байланысты Н. Дьянтий-Гванья, Л. Мавенге, Т. Нцаньява және А. Дж. Асалейе айқын көрсетті. Олардың еңбегінде цифрлық құзыреттілігі жоғары студенттердің химиялық тапсырмаларды орындау сапасы жақсырақ болатыны, ал цифрлық ортада бағдарлану деңгейі төмен білім алушылардың пәнді игеруінде қосымша қиындықтар туындайтыны көрсетілген [3, 4]. Бұл нәтиже мектеп оқушылары үшін де өзекті. Егер мұғалім күрделі симуляция не виртуалды зертхана ұсынса, бірақ оқушы интерфейсті түсінбесе, айнымалыны басқара алмаса немесе графикті оқи білмесе, онда цифрлық платформа күткен нәтижеге жеткізбейді. Сондықтан химиядағы цифрлық платформа қолдану пәндік мазмұн мен цифрлық әрекетті бір мезгілде меңгертуді талап етеді. Мәселен, реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды оқыту барысында платформадағы “температура”, “концентрация”, “жанасу беті” айнымалылары алдын ала түсіндірілсе, оқушы тек бақылаушы болмайды, керісінше болжам жасап, салыстырып, қорытынды шығаратын зерттеушіге айналады.

Жасанды интеллект мүмкіндіктерін ғылым және химия білімінде қарастырған А. К. Эрюмит пен Р. Өздемир Сарыалиоғлу зерттеуінде 2014–2024 жылдар аралығындағы жұмыстар сараланып, AI-құралдардың жекелендірілген оқытуға, жедел кері байланысқа, түсіндіру сапасын арттыруға және бағалау үрдісін жетілдіруге ықпал ететіні көрсетіледі [3, 4]. Авторлар

жасанды интеллекттің оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекетті де жаңа деңгейге шығара алатынын айқындайды. Бұл әсіресе химия пәнінде маңызды, себебі оқушы көбіне есептің жауабын ғана емес, не себептен солай болғанын түсінуге мұқтаж. Мысалы, егер цифрлық ассистент “неге бұл реакция алмасу реакциясы болып саналады?” немесе “осы теңдеуде қате қай жерден кетті?” деген сұрақтарға кезең-кезеңмен жауап берсе, онда ол дайын шешімді ұсынатын құрал емес, түсіну үдерісін қолдайтын танымдық серіктеске айналады. Дегенмен мұнда сақтық та қажет. Жасанды интеллект оқушының орнына ойлап беретін механизмге айналса, химиялық сауаттылық әлсірейді. Сондықтан оны сұрақ қою, түсіндіру, салыстыру және өзін-өзі тексеру құралы ретінде пайдалану тиімдірек.

Органикалық химияны оқытудағы веб-негізді талқылау құралдарының әсерін А. Иямуремье, И. Твагилимана және Ф. Н. Ниёнзима зерттеуі дәлелді түрде көрсетеді. Бұл еңбекте веб-талқылау енгізілген жағдайда оқушылардың ұғымдық түсінігі ғана емес, коммуникация, бейімделу, уақытты басқару, ынтымақтастық сияқты XXI ғасыр дағдылары да жақсарғаны анықталған [5, 4]. Мұндай нәтиже химиялық сауаттылықтың тек жеке тест орындаумен шектелмейтінін, ол дәлелдеу, талқылау және өз ойын ғылыми тілде жеткізу үдерісі арқылы да қалыптасатынын аңғартады. Мектепте мұны өте қарапайым тәсілмен қолдануға болады. Мысалы, “Пластиктің қай түрі экологияға қауіптірек?” немесе “Тұрмыстық ағартқыш пен қышқылды араластыру неге қауіпті?” деген мәселе бойынша Padlet, Classroom немесе форум негізінде пікірталас ұйымдастыруға болады. Бір оқушы химиялық реакция тұрғысынан түсіндіреді, екіншісі денсаулыққа әсерін көрсетеді, үшіншісі қауіпсіздік ережесін ұсынады. Нәтижесінде оқушы формуланы жаттап қана қоймай, химиялық білімді әлеуметтік контексте қолдануды үйренеді.

Химиялық сауаттылықты кең мағынада қарастырған Й. Шьёстрём, М. Явузкая, Г. Герреро және И. Эйлкс “critical chemical literacy” ұғымын ұсына отырып, химияны оқыту климаттық жауапкершілік пен саналы әрекетке бастайтын білім болуы тиіс деп тұжырымдайды [6, 1]. Бұл ой мектеп химиясы үшін аса өзекті. Себебі қазіргі оқушы тұрмыстық химия, пластик қалдықтары, көміртек ізі, су ластануы, тағам қауіпсіздігі сияқты мәселелерге жиі тап болады. Егер химия сабағы осы құбылыстарды ғылыми негізде түсіндіруге мүмкіндік берсе, онда оқушының пәнге қызығушылығы да, білімінің өміршеңдігі де артады. Цифрлық платформа осы бағытта ерекше қызмет атқарады: карта, инфографика, анимация, шағын деректер жиынтығы және бейнефрагменттер арқылы оқушы күрделі экологиялық мәселені нақты дерекпен талдай алады. Мысалы, ауаның ластану көрсеткіші мен отын түрлері туралы мәлімет беріліп, “қай энергия көзі қоршаған ортаға аз әсер етеді?” деген сұрақ қойылса, ол химиялық білімнің құндылықтық жағын да дамытады.

Мобильді оқыту технологияларының тиімділігін Ф. М. Собовале, И. А. Мохаммед, Ф. Али, Б. М. Самсон және А. Садику практикалық химияны оқыту мысалында дәлелдейді. Зерттеуде мобильді қосымша қолданылғаннан кейін білім алушылардың практикалық жетістігі жақсарғаны, ал жұмыс алгоритмін

кезең-кезеңімен меңгеру сапасы артқаны көрсетілген [2, 7]. Бұл нәтиже әсіресе зертханалық мүмкіндігі шектеулі мектептер үшін маңызды. Мысалы, титрлеу, сүзу, қыздыру, ерітінді дайындау сияқты жұмыстарды орындамас бұрын оқушы мобильді қосымшадағы интерактивті нұсқамен танысып, құралдың қызметін, қауіпсіздік тәртібін және қадам ретін меңгере алады. Сонда нақты зертханалық сабақ кезінде қобалжу азайып, әрекет жүйелірек орындалады. Демек, мобильді платформа шынайы эксперименттің орнын толық баспаса да, оған дайындықты және кейінгі талдауды сапалы ете алады.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектер цифрлық білім беру платформаларының химиялық сауаттылықты арттыруда шынымен маңызды әлеуетке ие екенін көрсетті. Алайда бұл тиімділік платформаның өзін қолданудан емес, оның әдістемелік тұрғыдан сауатты кіріктірілуінен туындайды. Ең алдымен цифрлық платформа химиядағы көрінбейтін процестерді көрнекі етеді. Атом, молекула, ион, байланыс, энергия өзгерісі секілді құбылыстарды анимация мен модель арқылы көрсету оқушының абстрактілі ойлауын нақтылауға көмектеседі. Екіншіден, виртуалды орта тәжірибені қауіпсіз жағдайда қайталап көруге мүмкіндік береді. Үшіншіден, жедел кері байланыс химиядағы қате түсініктердің уақытында түзетілуіне әсер етеді. Төртіншіден, цифрлық платформа саралап оқытуға қолайлы. Бір оқушы бейне арқылы түсінсе, екіншісі симуляция арқылы, үшіншісі интерактивті тест арқылы жақсы меңгереді.

Практикалық тұрғыдан химия сабағында цифрлық платформаларды бірнеше бағытта қолдануға болады. Түсіндіру кезеңінде мұғалім молекулалық модель, қысқа анимация немесе симуляция арқылы жаңа тақырыптың негізін ашады. Бекіту кезеңінде интерактивті тест, сәйкестендіру, микрокейс, қате табу тапсырмалары беріледі. Зертханалық сабақ алдында виртуалды зертхана немесе мобильді қосымша қауіпсіздік ережесі мен әрекет ретін пысықтауға көмектеседі. Талқылау кезеңінде форум, ортақ онлайн-тақта немесе чат арқылы экологиялық, тұрмыстық және өндірістік мазмұндағы химиялық мәселелер қарастырылады. Бағалау барысында цифрлық платформа оқушының дұрыс не бұрыс жауап бергенін ғана емес, қай тұста қиналғанын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қышқылдар мен негіздер тақырыбында оқушы тек анықтаманы білумен шектелмей, нақты тұрмыстық заттардың қайсысы қауіпті қоспа түзетінін түсіндіруі керек.

Сонымен бірге цифрлық технологияны қолдануда шектеулер бар екенін де ескерген жөн. Егер мұғалім платформаны сабақ мақсатына сәйкестендірмесе, ол жай ғана қызықты көрініске айналады. Егер оқушыда цифрлық базалық дағды жеткіліксіз болса, пәндік мазмұнды игеру қиындайды. Егер тапсырма өмірлік жағдаятпен байланыспаса, химиялық сауаттылық емес, механикалық есте сақтау ғана дамиды. Сондықтан цифрлық химия сабағы мазмұн, әдіс, құрал және бағалау бірлігінде құрылуы керек. Әсіресе қазақ тіліндегі сапалы цифрлық контенттің көбеюі, интерфейстің түсініктілігі, мұғалімнің цифрлық құзыретін арттыру және жергілікті мектеп жағдайына бейімделген ресурстар қорының жасалуы маңызды.

Қорытынды. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттырудағы цифрлық білім беру платформаларының тиімділігі жоғары екені ғылыми тұрғыдан негізделеді. Олар күрделі химиялық ұғымдарды визуализациялауға, тәжірибелік әрекетті модельдеуге, жедел кері байланыс ұйымдастыруға, оқу мазмұнын даралауға, пікірталас пен дәлелдеуді дамытуға және химиялық білімді өмірлік жағдаятпен ұштастыруға мүмкіндік береді. Алайда олардың нақты нәтижесі мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне, тапсырманың сапасына, оқушының цифрлық дайындығына және платформаның оқу мақсатына сәйкестігіне тәуелді. Сондықтан мектеп химиясында цифрлық платформаларды қолдану тек техникалық жаңарту ретінде емес, химиялық сауаттылықты қалыптастыратын тұтас педагогикалық стратегия ретінде қарастырылуы қажет. Осындай жағдайда ғана цифрлық білім беру ортасы оқушыны формуланы жаттайтын емес, химиялық тұрғыдан ойлана алатын, деректі бағалайтын және күнделікті өмірде қауіпсіз әрі саналы шешім қабылдайтын тұлға деңгейіне көтере алады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Ardyansyah A., Rahayu S. Technology-enhanced learning influence on chemical literacy: A systematic review // Eclética Química. 2024. Vol. 49, No. 1. DOI: 10.26850/1678-4618.eq.v49.2024.e1534.
2. Bekbenova A., Ilyassova G., Mukatayeva Z., Gavronskaya Y., Amangeldi O., Umirzakova N. Pedagogical bases of ICT integration in pre-service chemistry teacher education: university-school bridge // Frontiers in Education. 2026. Vol. 11. DOI: 10.3389/feduc.2026.1729019.
3. Dyantyi-Gwanya N., Mavenge L., Ncanywa T., Asaleye A. J. Digital literacy and chemistry proficiency among first-year university students in Eastern Cape, South Africa // Frontiers in Education. 2025. Vol. 10. DOI: 10.3389/feduc.2025.1630306.
4. Erümit A. K., Özdemir Sarıalioğlu R. Artificial intelligence in science and chemistry education: a systematic review // Discover Education. 2025. Vol. 4. DOI: 10.1007/s44217-025-00622-3.
5. Iyamuremye A., Twagilimana I., Niyonzima F. N. Investigating the impact of using web-based discussion tools on students' conceptual understanding and 21st century skills development in organic chemistry education // Discover Education. 2025. Vol. 4. DOI: 10.1007/s44217-025-00548-w.
6. Sjöström J., Yavuzkaya M., Guerrero G., Eilks I. Critical Chemical Literacy as a Main Goal of Chemistry Education: Aiming for Climate Empowerment and Agency // Journal of Chemical Education. 2024. Vol. 101, No. 11. P. 4189–4195. DOI: 10.1021/acs.jchemed.4c00452.
7. Sobowale F. M., Mohammed I. A., Ali F., Samson B. M., Sadiku A. Development and evaluation of mobile learning application for practical chemistry among pre-service teachers // Discover Education. 2024. Vol. 3. Article 252. DOI: 10.1007/s44217-024-00352-y.

ҒТАМА 14.25.09

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ХИМИЯ КУРСЫНДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҰҒЫМДАРЫН МЕҢГЕРТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ҮШІН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ

Каирбаева А.Н., Астана қаласы әкімдігінің «№101 жалпы білім беретін мектеп» ШЖҚ МКК
kairbaeva_a.n@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада орта мектептегі химия курсында жаратылыстану ұғымдарын меңгерту сапасын арттыру мақсатында цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Білім беру үдерісінде заманауи платформалар, виртуалды зертханалар және бейімделген оқыту жүйелері оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, күрделі ұғымдарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізіндегі құралдар оқушылардың жеке оқу траекториясын анықтап, білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға жағдай жасайды. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану химияны оқыту тиімділігін арттыратынын көрсетеді.

Кілт сөздер : цифрлық ресурстар, жасанды интеллект, химия, білім беру, виртуалды зертхана, оқыту, технология, оқушы.

Кіріспе. Қазіргі білім беру үдерісінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары мұғалім мен оқушыға оқу үдерісін жеңілдетуге, білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналды . Әсіресе, күрделі пәндердің бірі — химияда ЖИ-дің рөлі ерекше. Химия — абстрактілі ұғымдарға бай, логикалық және кеңістіктік ойлауды талап ететін ғылым. Мысалы, "гибридтену", "молекулалық геометрия" немесе "химиялық тепе-теңдік" секілді тақырыптарды оқушылардың бәрі бірдей оңай түсіне алмайды . Осындай сәтте ЖИ-ге негізделген қосымшалар нақты көмек береді [6].

Материалдар мен әдістер 1. Жасанды интеллект түрлері және олардың химия сабағында қолданылуы

1.1. Генеративті ЖИ (ChatGPT, Gemini, Claude, DeepSeek)

Генеративті ЖИ чат-боттары оқушылармен диалог құру, күрделі сұрақтарға қарапайым тілмен жауап беру, тапсырмалар құрастыру және үй тапсырмасын орындау кезінде көмекші ретінде қызмет ете алады . Warwick университетінің зерттеуінде ChatGPT, Bing Chat, Bard (Gemini) және Claude сынды генеративті ЖИ құралдары химиялық білімді дамытуда "ойлау агенттері" ретінде қарастырылған. Бұл құралдар сыни ойлауды, проблемаларды шешу дағдыларын және персонализацияланған оқыту тәжірибесін дамытуға ықпал етеді . Зерттеу нәтижелері бойынша, ChatGPT

егжей-тегжейлі және нюансты жауаптарымен ерекшеленіп, білім беру ортасында өте тиімді деп танылған .[1]

1 кесте. Нақты тақырыптар бойынша қолдану мысалдары

Тақырып	Қолданылатын ЖИ құралы	Қолдану тәсілі
"Химиялық тепе-теңдік"	ChatGPT, Gemini	Ле Шателье принципін түсіндіру, тепе-теңдікке әсер ететін факторларды сұрақ-жауап арқылы меңгерту
"Титрлеу"	ChatGPT, Claude	Титрлеу процесі туралы ән мәтінін құрастыру
"Органикалық синтез"	ChatGPT, Gemini	Циклогексен синтезінде экологиялық таза катализаторларды таңдау бойынша ұсыныстар алу

Көкшетаулық химия пәні мұғалімі Аяжан Мұратова жасанды интеллект арқылы сабақ беруге көшкен. Оның айтуынша, "жасанды интеллект маған тестке тапсырмалар құрастырып береді" .

1.2. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар (AI-интеграцияланған)

PhET Interactive Simulations

PhET — Нобель сыйлығының лауреаты Карл Виман негізін қалаған, тегін, ашық бастапқы кодты 100-ден астам интерактивті симуляциялар жиынтығы . Бұл платформа арқылы оқушылар температураны, концентрацияны өзгертіп, реакция нәтижесін бақылай алады [3].

2 кесте. Виртуалды зертханалар негізінде химияны оқытуға арналған PhET симуляцияларының қолданылуы

Тақырып	Симуляция атауы	Оқу мақсаты
"Химиялық реакциялар жылдамдығы"	"Reaction Rates"	Температура, концентрация, катализатордың әсерін зерттеу
"Электролиттік диссоциация"	"Sugar and Salt Solutions"	Ерітінділердегі иондардың қозғалысын визуалды көру
"Атом құрылысы"	"Build an Atom"	Протон, нейтрон, электрон сандарын өзгерту арқылы атомдар құрастыру

Labster

Labster — 300-ден астам иммерсивті 3D симуляциялары бар виртуалды зертхана платформасы. AI-көмекші оқушыларды нақты уақытта бағыттап, олардың әрекеттеріне бейімделіп, кері байланыс береді .[3]

3 кесте. Labster платформасын оқу процесінде қолдану

Тақырып	Виртуалды зертхана	Қолдану ерекшелігі
"Бейорганикалық қосылыстар"	"Qualitative Analysis"	Катиондар мен аниондарды сапалық талдау
"Биохимия"	"Enzyme Kinetics"	Ферменттердің әсер ету механизмін зерттеу

Нәтижелер. *PraxiLabs*

PraxiLabs — 200-ден астам 3D виртуалды зертханалық симуляцияларды ұсынады. AI зертханалық көмекшісі, кіріктірілген сұрақтар банкі және LMS интеграциясы бар. Тегін жоспарда 20 виртуалды зертхана қолжетімді .

ChemCollective

ChemCollective — тегін виртуалды химия зертханасы. Оқушылар жүздеген реактивтерді таңдап, тәжірибелер жүргізе алады. Әсіресе қышқыл-негіз химиясы, термохимия, ерігіштік, тотығу-тотықсыздану және кинетика тақырыптарына күшті.[4]

1.3. Молекулалық модельдеу және визуализация құралдары

MolView

MolView — тегін веб-негізделген молекулалық сызғыш және 3D көруші. Оқушылар молекулалық құрылымдарды салады, доп-таяқша және ван-дер-Ваальс кескіндері арасында ауысады, байланыс бұрыштарын өлшейді, спектроскопиялық деректерге қол жеткізе алады .[3]

4 кесте. MolView арқылы молекулалық модельдеу

Тақырып	Қолдану тәсілі
"Ковалентті байланыс"	CH_4, NH_3, H_2O молекулаларының кеңістіктік құрылымын 3D форматында қарау
"Изомерия"	Цис- және транс-изомерлердің кеңістіктік айырмашылықтарын салыстыру
"Гибридтену"	sp^3, sp^2, sp-гибридтенген орбитальдардың бағыттарын визуалды көру

ChemSketch

ChemSketch — молекулалық құрылымдарды салуға арналған тегін бағдарламалық жасақтама. Оқушылар органикалық молекулалардың 2D және 3D модельдерін құрастырып, олардың қасиеттерін болжай алады.[5]

1.4. Білім беру платформалары мен ЖИ интеграциясы

BilimLand.Қазақстандық білім беру платформасында химия пәні бойынша интерактивті сабақтар, виртуалды зертханалар және тестілеу жүйелері бар. Платформа ЖИ элементтерін қолдана отырып, әр оқушының білім деңгейіне бейімделген тапсырмалар ұсынады.[7]

Nearpod — интерактивті сабақтар өткізуге арналған платформа. Қостанай өңірлік университетінде өткен шеберлік сабағында бұл платформа жасанды интеллект көмекшілерінің бірі ретінде қолданылды .[7]

MagicSchool — 60-тан астам AI-құралдары бар платформа. Химия пәні мұғалімдеріне арналған арнайы генераторлар: Зертхана генераторы (материалдар, процедуралар, қауіпсіздік ескертулерімен қамтылған зертханалық жоспарлар құрастырады), 5E моделі бойынша сабақ жоспары генераторы, Үш өлшемді ғылыми бағалау генераторы .

*ROQED A***I** – білім беру саласына арналған жасанды интеллектке негізделген заманауи платформа.[7]

Бұл жүйе мұғалімдерге оқу процесін жеңілдетуге және тиімді ұйымдастыруға көмектесетін «ақылды көмекші» ретінде қызмет етеді. Платформа сабақ жоспарларын автоматты түрде құрастырып, тапсырмалар дайындайды, білімді бағалайды және оқушылардың оқу жетістіктерін талдайды.

ROQED AI-дің негізгі мүмкіндіктері:

- сабақ жоспарын (5E моделі бойынша) автоматты жасау;
- интерактивті 3D модельдер мен симуляциялар қолдану;
- түрлі типтегі тапсырмалар құрастыру және автоматты тексеру;
- ойын элементтері арқылы оқыту (геймификация);
- оқушылардың жеке деңгейіне бейімделген оқыту.

Платформа Қазақстанның оқу бағдарламасына сәйкестендірілген мазмұн ұсына алады және мұғалімдердің уақытын үнемдеп, білім сапасын арттыруға бағытталған.

2. Нақты тақырыптар бойынша ЖИ қолдану кестесі

Төмендегі кестеде орта мектеп химия курсының күрделі тақырыптары бойынша қандай ЖИ құралдарын қолдануға болатыны көрсетілген:[4]

5 кесте. Химияны оқытуда жасанды интеллект және виртуалды зертхана құралдарын кешенді қолдану

№	Тақырып	Ұсынылатын ЖИ құралы	Қолдану әдісі	Күтілетін нәтиже
1	**Атом құрылысы (кванттық сандар)**	PhET "Build an Atom", ChatGPT	ChatGPT арқылы кванттық сандардың физикалық мағынасын түсіндіру, PhET-те атомдар құрастыру	Кеңістіктік ойлауды дамыту, электрондық конфигурацияны меңгерту
2	**Химиялық байланыс (гибридтену)**	MolView, ChemSketch	Молекулалардың 3D модельдерін құрастыру, гибридтену түрлерін салыстыру	sp^3, sp^2, sp-гибридтенуді визуалды түсіну
3	**Химиялық тепе-теңдік**	PhET "Reaction Rates", ChatGPT	Симуляцияда концентрация мен температураны өзгерту, ChatGPT арқылы Ле Шателье принципін талқылау	Тепе-теңдікке әсер ететін факторларды түсіну
4	**Электролиттік диссоциация**	PhET "Sugar and Salt Solutions", PraxiLabs	Ерітінділердегі иондар қозғалысын визуалды бақылау	Күшті және әлсіз электролиттерді ажырата білу
5	**Органикалық изомерия**	MolView, ChatGPT	3D форматында цис- және транс-изомерлерді салыстыру, ChatGPT арқылы изомерлердің қасиеттерін салыстыру	Кеңістіктік изомерияны түсіну
6	**Реакциялар жылдамдығы**	Labster "Enzyme Kinetics", PhET	Температура, концентрация, катализатор әсерін зерттеу	Активтену энергиясы ұғымын меңгерту

№	Тақырып	Ұсынылатын ЖИ құралы	Қолдану әдісі	Күтілетін нәтиже
7	**Титрлеу**	PraxiLabs, ChemCollective, AI музыка генераторлары	Виртуалды титрлеу жүргізу, SUNO/AIVA арқылы титрлеу туралы ән құрастыру	Қышқыл-негіздік титрлеудің мәнін түсіну
8	**Тотығу-тотықсыздану реакциялары**	PhET "Balancing Chemical Equations", ChatGPT	Реакция теңдеулерін теңестіру, тотықсыздандырғыш пен тотықтырғышты анықтау	Электрондық баланс әдісін меңгерту
9	**Полимерлер**	MolView, ChatGPT	Молекулалық құрылымдарды 3D форматында қарау, полимерлену механизмін түсіндіру	Полимерлердің құрылымы мен қасиеттерін байланыстыру
10	**"Жасыл химия" принциптері**	ChatGPT, Gemini, Consensus	Циклогексен синтезінде экологиялық таза катализаторларды зерттеу	Жасыл химия принциптерін практикада қолдану

3. ЖИ қолданудың әдістемелік ұсыныстары

3.1. "Ойлау агенті" ретінде қолдану

Warwick университетінің зерттеуінде генеративті ЖИ чат-боттарын "ойлау агенттері" (agents-to-think-with) ретінде қолдану ұсынылған . Бұл тәсіл бойынша:

Оқушылар ЖИ-мен диалог құра отырып, өз ойларын қалыптастырады

ЖИ дайын жауап емес, бағыт-бағдар беруші ретінде жұмыс істейді

Оқушылар ЖИ-дің жауаптарын сыни тұрғыдан бағалауды үйренеді

3.2. Prompt инженерияны үйрету

ЖИ-мен тиімді жұмыс істеу үшін оқушыларға дұрыс сұрақ қою (prompt) дағдысын үйрету қажет. Зерттеу нәтижелері бойынша, тиімді prompt құрастыру оқушылардың ЖИ-мен өзара әрекеттесу сапасын арттырады .[1]

3.3. Виртуалды зертхананы нақты зертханаға дайындық ретінде пайдалану

Ұсынылатын жұмыс тізбегі: тұжырымдаманы ЖИ-қолдаулы сабақтар арқылы таныстыру → виртуалды симуляцияларда тәжірибе жасау → нақты зертханалық жұмыс. Виртуалды тәжірибеден өткен оқушылар нақты эксперимент кезінде жақсы нәтиже көрсетеді .

3.4. ЖИ жауаптарын тексеру

ЖИ-дің ғылыми дәл емес ақпарат беретінін есте сақтау керек. Стохиометрия, реакция механизмдері сияқты тақырыптарда ЖИ қателіктері жиі кездеседі . Сондықтан:

Мұғалім барлық AI-генерацияланған материалды алдын ала тексеруі қажет

Оқушыларға AI жауаптарын сыни тұрғыдан бағалауды үйрету керек

Қорытынды. Орта мектептегі химия курсында жаратылыстану ұғымдарын меңгерту сапасын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын пайдалану — бүгінгі білім берудің өзекті бағыты. ЖИ-дің түрлеріне байланысты:

Генеративті ЖИ (ChatGPT, Gemini, Claude, DeepSeek) — күрделі ұғымдарды түсіндіру, тапсырмалар құрастыру, диалог құру;

Виртуалды зертханалар (PhET, Labster, PraxiLabs, ChemCollective) — қауіпсіз және қайталанатын эксперимент жүргізу;

Молекулалық модельдеу құралдары (MolView, ChemSketch) — абстрактілі молекулалық құрылымдарды визуализациялау;

Білім беру платформалары (MagicSchool, Nearpod, BilimLand) — сабақ жоспарлау, бағалау, дербестендірілген оқыту.

ЖИ технологияларын дұрыс интеграциялау арқылы химия пәнінің ең күрделі тақырыптарын оқушыларға түсінікті әрі қызықты етіп жеткізуге болады. Алайда, ЖИ мұғалімнің орнын басатын емес, оны толықтыратын құрал екенін және әрбір AI-генерацияланған материалды мұқият тексеру қажеттігін есте ұстаған жөн [2].

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1.Dos Santos, R.P. Enhancing Chemistry Learning with ChatGPT, Bing Chat, Bard, and Claude as Agents-to-Think-With: A Comparative Case Study. University of Warwick. 2026.

2. Химия сабағында жасанды интеллектіні тиімді пайдалану. Ust.kz. 2025.

3. AI Tools for Science Teachers: Labs, Simulations, and More. Educators Technology. 2026.

4. Kim, J. Integrating Artificial Intelligence (AI) Chatbots and Green Chemistry Principles in the Synthesis of Cyclohexene. Journal of Chemical Education. 2025.

5. ЖИ ғылымға көмек ретінде. Қостанай өңірлік университеті. 2025.

6. Using bots to make tough chemistry concepts stick. ACS. 2025.

7. https://roqed.com/kz/roqed-ai/

МРНТИ 14.25.09

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ В БИОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ: ПОНЯТИЕ, ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ

Каманова Т.Б.; Ахмадиева Ж.К., к.п.н., доцент
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
kamanova_sholpan@mail.ru

Аннотация. В работе рассматривается функциональная грамотность применительно к преподаванию биологии. Предлагается трактовка данного понятия через призму деятельностного, компетентностного и контекстного подходов. Обосновывается необходимость отхода от информационно-репродуктивной парадигмы обучения в сторону деятельностно-ориентированных подходов. Описаны конкретные педагогические инструменты, позволяющие системно формировать у обучающихся способность применять биологические знания в реальных жизненных ситуациях. Представленная модель может быть использована в практике работы учителей биологии, а также в системе повышения квалификации педагогических кадров.

Ключевые слова: функциональная грамотность, биологическое образование, естественнонаучная грамотность, PISA, компетентностный подход.

Введение. Современная система образования переживает этап переосмысления целевых ориентиров. Если ранее приоритетом выступало накопление обучающимися определенного объема предметных сведений, то сегодня на первый план выходит способность человека действовать в нестандартных ситуациях, используя имеющиеся знания как инструмент. В педагогической науке данная способность получила название «функциональная грамотность» [5].

Для предметной области «Биология» этот вопрос приобретает особую значимость. Биологические знания лежат в основе принятия повседневных решений — от выбора продуктов питания до понимания механизмов действия лекарственных препаратов, от оценки экологических рисков до осознанного отношения к собственному здоровью. Однако практика показывает, что многие обучающиеся, успешно воспроизводящие учебный материал, оказываются беспомощными при необходимости применить эти знания в реальном контексте [6].

Материалы и методы. Цель настоящей работы заключается в теоретическом обосновании и методической конкретизации подходов к формированию функциональной грамотности в процессе обучения биологии.

1. Понятие функциональной грамотности в биологическом образовании

Анализ научной литературы позволяет утверждать, что функциональная грамотность не сводится к простой сумме усвоенных сведений. Это интегративное качество личности, позволяющее человеку эффективно функционировать в различных сферах социальной практики [1]. Применительно к биологическому образованию наиболее адекватным является понятие «естественнонаучная грамотность», которое получило широкое распространение в рамках международных сравнительных исследований, таких как PISA [4].

В данном контексте естественнонаучно грамотный человек характеризуется тремя ключевыми признаками. Во-первых, он способен распознавать в окружающей действительности ситуации, требующие привлечения биологических знаний. Во-вторых, он владеет набором познавательных действий, позволяющих интерпретировать явления с научной точки зрения. В-третьих, он готов использовать полученные выводы для обоснования собственной позиции и принятия решений [8].

Важно подчеркнуть, что формирование такой грамотности не является автоматическим следствием изучения предмета. Оно требует специально организованной образовательной среды, где учебный материал предстает не как набор изолированных фактов, а как система взаимосвязанных идей, имеющих выход в практическую плоскость [7].

2. Теоретические основы функциональной грамотности в биологическом образовании

Теоретическое осмысление функциональной грамотности в биологическом образовании опирается на несколько фундаментальных подходов, сложившихся в отечественной и зарубежной педагогике.

Деятельностный подход выступает методологической базой для понимания природы функциональной грамотности. Согласно положениям, разработанным в трудах А. Н. Леонтьева и развитым в педагогике А. Г. Асмолова, знания усваиваются не в готовом виде, а в процессе активной деятельности, в ходе которой они становятся личностно значимыми [1]. Применительно к биологическому образованию это означает, что функциональная грамотность формируется не через запоминание учебного материала, а через включение обучающегося в ситуации, требующие применения биологических знаний для решения практических задач. Именно в деятельности происходит превращение «знания-информации» в «знание-инструмент».

Компетентностный подход задает целевую ориентацию образовательного процесса. В рамках данного подхода результат образования трактуется не как сумма усвоенных сведений, а как способность личности действовать в нестандартных ситуациях [7]. В международных исследованиях PISA, результаты которых во многом определили понимание функциональной грамотности в мировом образовательном пространстве, естественнонаучная грамотность рассматривается как одна из ключевых компетенций. Исследователи, работающие в рамках этого направления, выделяют в

структуре естественнонаучной грамотности три измерения: научное объяснение явлений, интерпретация данных и использование научных доказательств, а также оценка и планирование научных исследований [4; 8]. Данная модель получила широкое признание и легла в основу многих национальных образовательных стандартов.

Контекстный подход, развиваемый в работах А. А. Вербицкого, обосновывает необходимость погружения обучающегося в ситуации, приближенные к реальной профессиональной и повседневной деятельности [2]. Согласно этой теории, знание обретает смысл только в том контексте, где оно может быть применено. В биологическом образовании это означает, что изучение анатомии, экологии, генетики должно происходить не изолированно, а через рассмотрение реальных жизненных ситуаций — от вопросов сохранения здоровья до оценки экологических последствий хозяйственной деятельности человека [9].

Системно-структурный подход позволяет рассматривать функциональную грамотность как целостное образование, не сводимое к отдельным знаниям или умениям. В работах по методике обучения биологии подчеркивается, что биологические знания имеют системную природу: они не являются набором разрозненных фактов, а выстраиваются в иерархическую структуру, где каждое понятие связано с другими [6]. Соответственно, функциональная грамотность предполагает не просто владение отдельными понятиями, а понимание их системных связей, умение видеть биологический объект или процесс в его целостности и развитии.

Применение цифровых технологий в сочетании с методически верно подобранными методами обучения позволяет повысить качество образования, создаёт необходимый уровень для дифференциации и индивидуализации обучения. Это окажет большое влияние на понимание предмета, мотивацию и развитие компетенций обучающихся. Одним из примеров может быть проектное задание для обучающихся 9–11 классов на формирование

естественнонаучной грамотности посредством установления межпредметных связей между химией и биологией. Тему проекта можно сформулировать следующим образом: «Анализ химического состава чая и его влияния на организм человека». Обучающимся предстоит провести анализ химического состава различных видов чая (чёрный, зелёный, пуэр и др.) и определить их полезные свойства, а также возможное влияние на здоровье человека. Также стоит упомянуть интересные проекты в Казахстане, связанные с преподаванием естественных дисциплин в эпоху цифровой трансформации. Например, инициативу AI-SANA - программу обучения, нацеленную на выстраивание ИИ-компетенций среди студентов. Данный проект вошёл в список Международного университет Астана, которые активно поддерживают данную программу, даже сами студенты активно проявляют инициативу в прохождении данных курсов. Существует также становление DeepTech-стартапов и поддержку технологического предпринимательства. Программа охватывает 100,000 участников и разработана при участии ведущих международных экспертов из Stanford University, Imperial College London и других престижных учреждений. Особое значение в казахстанском контексте приобретает развитие цифровых образовательных ресурсов (ЦОР), которые позволяют нивелировать разрыв в качестве образования между городскими и сельскими школами, предоставляя равный доступ к визуализированным физическим и химическим моделям [2].

Для реализации поставленной цели необходимо решить следующие задачи исследования:

1. Изучить теоретико-методологические основы цифровой трансформации образования в контексте естественнонаучного цикла.
2. Выявить специфику внедрения цифровых технологий (виртуальных симуляций, облачных вычислений) в преподавание физики, химии и биологии.
3. Оценить текущее состояние и динамику цифровизации естественнонаучного образования в Республике Казахстан.
4. Разработать рекомендации по совершенствованию методической системы подготовки будущих специалистов в условиях высокотехнологичной образовательной среды.

Таблица 1. «Экспериментальный элемент» – проведенный в рамках учебной практики сравнительный анализ двух групп школьников

Показатель	Традиционное обучение	С цифровыми технологиями
Средний балл	3,2	3,8
Уровень вовлечённости	58%	81%
Понимание сложных тем	62%	84%

Рисунок 1 - Влияние цифровых технологий на средний балл учащихся

Использование 3D-моделей позволяет ученикам лучше понимать абстрактные процессы. Например, при изучении химии визуализация молекул увеличивает уровень понимания темы на 30–40%. Виртуальные лаборатории (например, аналог Labster) позволяют: снизить затраты на реактивы на 40–60%, увеличить количество экспериментов в 2–3 раза.



Рисунок 2 - Показано изменение уровня вовлечённости учащихся

В Казахстане цифровизация образования развивается неравномерно в зависимости от региона и возможностей. В связи с этим к ключевым проблемам можно отнести:

- различия между городом и селом;
- нехватка цифровых ресурсов на казахском языке;
- недостаточная подготовка преподавателей.

Но также имеются и положительные тенденции:

- внедрение STEM-программ;
- развитие EdTech-проектов;
- рост интереса учащихся к ИИ.

Подводя итоги, по сравнительному анализу школьников: использование инструментов повышает эффективность обучения в среднем на 20-25%. Цифровизация образования не является заменой традиционного обучения, а выступает его дополнением. Наиболее эффективной является **гибридная модель,** сочетающая: реальные эксперименты, цифровые симуляции. Ключевым фактором остаётся **роль преподавателя,** а не технологии. Для Казахстана важны: развитие локального контента, повышение квалификации педагогов, устранение цифрового неравенства.

Практическая значимость цифровой трансформации в Казахстане подтверждается стратегическими государственными инициативами, такими как национальный проект «Технологический рывок за счет цифровизации, науки и инноваций» и Концепция развития образования РК на 2022–2026 годы [3]. В рамках данных программ в учебный процесс казахстанских вузов и школ активно внедряются платформы, позволяющие проводить сложные естественнонаучные эксперименты без необходимости прямого контакта с дорогостоящими реактивами или опасными материалами.

Тем не менее, переход к формату «Цифрового Казахстана» требует не просто оцифровки учебников, а создания принципиально новых дидактических подходов. Исследования показывают, что эффективность STEM-образования в РК напрямую зависит от уровня цифровой грамотности преподавателей и их способности интегрировать искусственный интеллект в процесс проверки гипотез и анализа данных естественнонаучных экспериментов [4].

Таким образом, научное осмысление основ цифрового преподавания становится критически важным для обеспечения конкурентоспособности отечественной науки на мировой арене.

1.Когнитивная визуализация и моделирование Переход от статичных учебников к **интерактивным 3D-моделям** и виртуальным лабораториям позволяет учащимся «увидеть» микромир или сложные физические процессы. Это повышает уровень абстрактного мышления и глубину понимания естественнонаучных законов.

2.Персонализация на основе Data Science Использование цифровых платформ позволяет отслеживать индивидуальный прогресс учащихся в реальном времени. Внедрение адаптивных алгоритмов обеспечивает **индивидуальные образовательные траектории**, где сложность материала подстраивается под уровень знаний конкретного обучающегося.

3.Формирование «цифровой грамотности» исследователя Естественные науки теперь неразрывно связаны с обработкой больших данных. Результатом становится овладение навыками **компьютерного**

анализа, программирования для решения химических или биологических задач и умение критически оценивать информацию из цифровых источников.

4.Интенсификация экспериментальной деятельности Использование **VR/AR-технологий** снимает ограничения по безопасности и стоимости реагентов. Обучающиеся могут проводить рискованные или дорогостоящие эксперименты в виртуальной среде неограниченное количество раз, что развивает исследовательские навыки без риска для здоровья.

5.Переход к концепции Life-long Learning Цифровизация стирает границы между формальным и неформальным образованием. Доступ к глобальным научным базам и онлайн-курсам формирует у учащихся привычку к **непрерывному самообразованию** и актуализации знаний в быстро меняющемся мире. Согласно исследованиям UNESCO, применение Big Data позволяет перейти от традиционной модели обучения к адаптивным образовательным система. Благодаря чему появляется возможность в реальном времени корректировать содержание и сложность учебного процессы [5]. Разработка методических подходов, обеспечивает безопасное и эффективное использование данных в образовательной среде.

Результаты. В рамках проведённого анализа внедрение научно-обоснованных цифровых методик в преподавание естественных наук приводит к трансформации роли педагога из транслятора знаний в тьютора или же фасилитатора. Основным результатом выступает не только рост академической успеваемости, но и формирование цифровых компетенций, необходимых для будущей профессиональной деятельности в высокотехнологичных отраслях. Значительно снизит потребление реагентами, что даст возможность проводить различные лабораторные опыты по химии. Важным аспектом исследования является подтверждение теоретических положений практическим опытом.

В процессе собственной учебной и профессиональной деятельности я неоднократно сталкивалась с проявлениями цифровой трансформации образования. Так, в рамках изучения дисциплин химического цикла использование цифровых визуализаций, к примеру: моделей молекул, виртуальных лабораторий, значительно облегчало понимание сложных тем, связанных с пространственным строением веществ и механизмами химических реакций.

По личным наблюдениям, применение подобных инструментов позволяло быстрее усваивать материал по сравнению с традиционным текстовым объяснением.

Выводы. На основе поставленных задач и проведенного анализа, можно сформулировать следующие выводы исследования:

1.Трансформация методологических подходов. Установлено, что цифровая трансформация — это не просто смена носителя информации, а переход к гибридной дидактической модели. Научной основой преподавания

в новую эпоху становится сочетание классического научного метода с принципами интерактивности и иммерсивности (эффекта погружения).

2.Роль виртуализации в естествознании. Использование цифровых двойников и виртуальных симуляций (на примере платформ *Labster* и отечественных ЦОР) позволяет визуализировать микро и макропроцессы, недоступные для наблюдения в традиционной лаборатории. При этом критически важным остается сохранение связи виртуального эксперимента с реальными физико-химическими закономерностями для предотвращения формирования поверхностных знаний.

3. Специфика цифровизации в Казахстане. Анализ опыта внедрения национальных программ («Цифровой Казахстан», Концепция развития образования до 2026 г.) показал положительную динамику в преодолении «цифрового разрыва» между регионами. Казахстанская модель образования успешно интегрирует международные стандарты STEM, однако требует дальнейшего развития собственной базы качественного казахоязычного и русскоязычного цифрового контента по сложным естественнонаучным темам.

4. Необходимость развития цифровых компетенций. Обосновано, что ключевым фактором успеха является не техническая оснащенность, а готовность педагога к работе в роли навигатора в цифровой среде. Требуется непрерывное повышение квалификации преподавателей в области анализа больших данных (Big Data) и использования ИИ-ассистентов для персонализации траекторий обучения учащихся.

Список использованных источников:

1. Саметова Ф., Киынова Ж., Орынханова Г. Цифровые технологии в образовании: опыт и перспективы внедрения в Казахстане // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки». - 2023. - № 1.

2. Профессиональная подготовка будущих педагогов в условиях цифровизации образования // Вестник КазНПУ имени Абая, 2024, № 5.

3. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2022–2026 годы: Постановление Правительства РК от 28 марта 2023 года № 249 // Информационно-правовая система «Әділет». - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249.

4. Материалы международной научно-практической конференции «Трансформация образования в эпоху цифровизации». Астана: Министерство просвещения РК, 2023.

5. UNESCO. ICT in Education: A Critical Literature Review. – 2021.

ҒТАМА 14.25.09

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Қазханова А.Н., 1-курс магистранты;
Бекенова Н.А., б.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан
aruka.kazkhan@mail.ru, bekenova-nazym63@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада биологиялық білім беру үдерісінде мобильді технологияларды қолданудың оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудағы маңызы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – мобильді технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың ақпараттық мәдениет деңгейін анықтау және оның қалыптасу ерекшеліктерін талдау. Зерттеу барысында 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен сауалнама жүргізіліп, бақылау және эксперименттік топтар бойынша салыстырмалы талдау жасалды. Әдістер ретінде сауалнама жүргізу, сипаттамалық талдау және мазмұндық талдау қолданылды. Зерттеу нәтижелері оқушылардың мобильді құрылғылармен жоғары деңгейде қамтамасыз етілгенін, алайда ақпараттық мәдениет деңгейінің көбіне орташа деңгейде екенін көрсетті. Сонымен қатар, мобильді технологияларды оқу үдерісінде жүйелі қолдану оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға оң әсер ететіні анықталды. Биология сабағында мобильді технологияларды мақсатты түрде қолдану білім алушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы екендігі анықталды.

Кілт сөздер: биологиялық білім беру, биологияны оқыту, мобильді технология, мобильді оқыту, ақпараттық мәдениет, ақпараттық сауаттылық.

Кіріспе. Биологиялық білім берудің мазмұны мен мақсаттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында айқындалған [1]. Аталған құжаттарға сәйкес «Биология» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың заманауи талаптарға сай білімдері мен біліктерін дамыту, тіршіліктің мәнін, оның әртүрлі ұйымдасу деңгейлеріндегі көрінісін түсіндіру және өмірді ең жоғары құндылық ретінде қабылдайтын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін пән аясында табиғат заңдылықтарын түсіну, ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, зерттеушілік дағдыларды дамыту, сын тұрғысынан ойлау қабілетін жетілдіру және білім алушылардың өздігінен білім алуына жағдай жасау міндеттері қойылады [2].

Осыған сәйкес, биология пәнін оқыту тек теориялық білім берумен шектелмей, білім алушылардың қоршаған орта туралы, биосферадағы тірі ағзалардың алуан түрлілігі, табиғатта жүретін биологиялық үдерістер, сондай-

ақ адам ағзасының құрылымы мен қызметі туралы терең түсінік қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, оқушылардың адам денсаулығына қатысты мәселелерді, аурулардың пайда болу себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсінуі, заманауи технологиялардың адам өміріне оң және теріс әсерін бағалай алуы маңызды. Мұндай білімдер тек меңгеріліп қана қоймай, білім алушылардың оларды күнделікті өмірде, жеке тәжірибесінде тиімді қолдана алуымен құнды.

Дегенмен, білім беру тәжірибесі көрсеткендей, жоғары деңгейдегі нәтижеге қол жеткізу үшін оқыту үдерісі тек оқулықтағы ақпаратпен шектелмеуі тиіс. Бұл тұрғыда мұғалімнің білім алушыларға бағыт-бағдар беруі, қосымша сенімді ақпарат көздерімен қамтамасыз етуі және оқушылардың өздігінен іздену әрекетін ұйымдастыруы ерекше маңызға ие. Өз кезегінде, білім алушылар ақпараттық кеңістікте бағдарлана алуы, қажетті ақпаратты табуы, оның шынайылығын сыни тұрғыдан бағалауы, түсінуі және оны практикада қолдана алуы тиіс. Аталған қабілеттер жиынтығы ақпараттық мәдениеттің жоғары деңгейін сипаттайды.

XXI ғасыр жағдайында білім алушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуда мобильді технологиялардың рөлі ерекше артып отыр. Мобильді құрылғылар мен қосымшалар білім алушыларға шексіз ақпарат көздеріне қол жеткізуге, дербес оқу траекториясын қалыптастыруға және оқу үдерісін кез келген уақытта, кез келген жерде жалғастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе биологиялық білім беруде бұл технологиялар күрделі үдерістерді визуализациялау, тәжірибелік дағдыларды дамыту және зерттеушілік қызметті ұйымдастыру үшін тиімді құрал ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы білім беру кеңістігіне жаңа мүмкіндіктермен қатар, белгілі бір тәуекелдерді де алып келді. Бір жағынан, жасанды интеллект құралдары ақпаратты жылдам өңдеуге, білім алушылардың сұраныстарына жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, ақпараттық мәдениеті жеткілікті деңгейде қалыптаспаған білім алушылар үшін жалған, дәлелденбеген немесе бұрмаланған ақпаратты қабылдау қаупі артады. Осыған байланысты білім алушыларды жасанды интеллект мүмкіндіктерін сыни тұрғыдан, жауапкершілікпен және тиімді пайдалануға үйрету – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағыттың өзектілігі Қазақстан Республикасында цифрлық трансформацияны қолдауға бағытталған мемлекеттік бастамалармен де расталады [3]. Соның ішінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллект технологияларын дамытуға ерекше назар аударып, оны білім беру мен ғылым саласына кеңінен енгізу қажеттігін атап өтуі аталған мәселенің стратегиялық маңызын айқындайды.

Мобильді технологиялар ұғымы соңғы жылдары кеңейтілген мазмұнда қарастырылып келеді. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде мобильді технологиялар – бұл ақпаратты өңдеу, сақтау және тарату мүмкіндігі бар, интернет желісіне

қосылатын портативті цифрлық құрылғылар мен бағдарламалық қосымшалар жиынтығы ретінде анықталады. Мәселен, 2021-2024 жылдар аралығындағы Crompton мен Burke және Sung есімді ғалымдардың халықаралық зерттеулерінде мобильді технологиялар білім беру контекстінде оқытудың икемділігін, дербестендірілуін және интерактивтілігін қамтамасыз ететін құрал ретінде сипатталады [4, 5]. Бұл анықтамалар мобильді құрылғылардың тек техникалық құрал емес, сонымен қатар оқыту ортасының маңызды компоненті екенін дәлелдейді.

Биологиялық білім беруде мобильді технологияларға смартфондар, планшеттер, мобильді қосымшалар (мысалы, виртуалды зертханалар, биологиялық симуляциялар, AR/VR негізіндегі қосымшалар), онлайн платформалар, QR-кодтар арқылы ұйымдастырылатын тапсырмалар, сондай-ақ цифрлық микроскопия мен далалық зерттеулерге арналған мобильді құралдар жатады. Шетелдік ғалымдар Tang et al., Hwang & Chien зерттеулерінде мобильді технологияларды биология сабақтарында қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, деректермен жұмыс істеу қабілетін және ғылыми ойлауын дамытуда ерекше тиімді екендігі көрсетілген [6, 7].

Ақпараттық мәдениет ұғымы да қазіргі білім беру ғылымында көпқырлы түрде қарастырылады. Соңғы ғылыми еңбектерде (Ng, 2021; Falloon, 2022) ақпараттық мәдениет – бұл тұлғаның ақпаратты іздеу, талдау, бағалау, өңдеу және оны этикалық әрі қауіпсіз қолдану қабілеттерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі [8, 9]. Бұл тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және медиасауаттылық элементтерін қамтитын кешенді құбылыс болып табылады.

Қазақстандық ғылыми кеңістікте де бұл мәселе өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Соңғы жылдары отандық ғалымдар (мысалы, Н.Ж. Баймұханбетова, 2022; А.К. Сейтқазиева, 2023) ақпараттық мәдениетті оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды саналы, мақсатты және тиімді қолдану қабілеті ретінде қарастырады [10, 11]. Олардың зерттеулерінде мобильді оқыту элементтерін енгізу оқушылардың ақпараттық сауаттылығы мен дербес оқу белсенділігін арттыратыны дәлелденген. Сонымен қатар, қазақстандық мектеп тәжірибесінде мобильді қосымшаларды қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруға оң әсер ететіні анықталған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында, биология пәнін оқыту үдерісінде 10-11 сынып білім алушыларының қатысуымен ұйымдастырылды. Зерттеудің мақсатына сәйкес мобильді технологияларды қолданудың оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпалын айқындау үшін сандық және сапалық әдістер кешенді түрде пайдаланылды. Атап айтқанда, сауалнама жүргізу, салыстырмалы талдау және жауаптарды мазмұндық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеуге барлығы 51 оқушы қатысты. Іріктеу мақсатты түрде жүргізілді. Қатысушылар екі топқа бөлінді: бақылау тобы – 10 «Ә» сыныбы (27 оқушы) және эксперименттік топ – 11 «Ә» сыныбы (24 оқушы). Бақылау тобында оқу үдерісі дәстүрлі форматта ұйымдастырылса, эксперименттік топта биология сабақтарында мобильді технология элементтері жүйелі түрде енгізілді. Топтардың жас ерекшеліктері мен оқу бағдарламасының мазмұны ескеріліп, олардың бастапқы деңгейлерін салыстыру мақсатында зерттеудің алғашқы кезеңінде диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың мобильді технологияларға қолжетімділігі мен ақпараттық мәдениет деңгейін анықтау мақсатында анонимді сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнама Google Forms платформасы арқылы жүргізілді, бұл деректерді жинау мен өңдеуді жеңілдетуге мүмкіндік берді. Сауалнама мазмұны цифрлық құзыреттілікті бағалауға арналған халықаралық әдістемелер негізінде бейімделді. Атап айтқанда, Еуропалық комиссия ұсынған DigComp құрылымы және ЮНЕСКО әзірлеген цифрлық сауаттылық индикаторлары негізге алынды [12, 13]. Сонымен қатар мобильді оқыту тиімділігін зерттеген John Traxler және Agnes Kukulska-Hulme еңбектеріндегі әдістемелік ұстанымдар ескерілді [14, 15]. Бұл тәсіл зерттеу құралының ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сауалнама келесі сұрақтарды қамтыды: білім алушының сыныбы мен жынысы; мобильді технология ұғымын түсіну деңгейі; жеке мобильді құрылғысының болуы; интернет желісіне қолжетімділігі; білім алу барысында қолданылатын мобильді құрылғы түрлері; биология сабағында мобильді технологияларды қолдану тәжірибесі; қолданылатын нақты мобильді құралдар мен қосымшалар; ақпараттық мәдениет ұғымына қатысты түсінігі; сондай-ақ өзінің ақпараттық мәдениет деңгейін бес балдық шкала бойынша бағалау. Сауалнама сұрақтары жабық және жартылай ашық форматта құрылды, бұл сандық және сапалық деректерді қатар алуға мүмкіндік берді.

Жиналған деректер бастапқы кезеңде бақылау және эксперименттік топтар арасында салыстырмалы талдау жүргізу үшін қолданылды. Сандық мәліметтер пайыздық көрсеткіштер арқылы өңделіп, топтар арасындағы айырмашылықтар сипаттамалық талдау негізінде анықталды. Ал ашық сұрақтарға берілген жауаптар мазмұндық талдау әдісі арқылы жүйеленді. Бұл оқушылардың мобильді технологиялар мен ақпараттық мәдениетке қатысты түсініктерінің деңгейін тереңірек анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында этикалық талаптар сақталды. Сауалнама анонимді түрде жүргізіліп, қатысушылардың жеке деректері құпия сақталды. Алынған нәтижелер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды. Осылайша, қолданылған материалдар мен әдістер зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес таңдалып, оның нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Нәтижелер. Зерттеудің бастапқы кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижелері оқушылардың мобильді технологияларға қолжетімділігі мен ақпараттық мәдениет деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған деректер

бақылау және эксперименттік топтар бойынша салыстырмалы түрде талданды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың басым көпшілігі мобильді құрылғылармен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, бақылау тобындағы 27 оқушының 25-і, яғни 92,6%-ы, ал эксперименттік топтағы 24 оқушының 23-і, яғни 95,8%-ы жеке мобильді құрылғысы бар екенін көрсетті. Интернет желісіне қолжетімділік деңгейі де жоғары болып анықталды: бақылау тобында – 88,9%, эксперименттік топта – 91,7%. Бұл көрсеткіштер мобильді технологияларды оқу үдерісіне енгізуге объективті мүмкіндік бар екенін дәлелдейді (1-кесте).

Кесте 1 – Оқушылардың мобильді технологияларға қолжетімділігі

Көрсеткіш	Бақылау тобы (%)	Эксперименттік топ (%)
Жеке мобильді құрылғысы бар	92,6	95,8
Интернетке қолжетімділік	88,9	91,7

Сауалнама барысында «мобильді технология» ұғымын түсіну деңгейі де анықталды. Бақылау тобындағы оқушылардың 48%-ы бұл ұғымға толық анықтама бере алса, 37%-ы жартылай, 15%-ы нақты түсіндіре алмады. Эксперименттік топта бұл көрсеткіштер тиісінше 54%, 33% және 13% болды. Бұл нәтижелер оқушылардың мобильді технологияларды күнделікті қолданғанымен, оның ғылыми мәнін толық түсінбеуі мүмкін екенін көрсетеді (1-сурет).



Сурет 1. «Мобильді технология» ұғымын түсіну деңгейі

Білім алуда қолданылатын мобильді құрылғылардың ішінде ең жиі қолданылатыны смартфон екені анықталды. Бақылау тобында – 85%, эксперименттік топта – 88%. Планшет пен ноутбук қолдану көрсеткіштері айтарлықтай төмен болды.

Биология сабағында мобильді технологияларды қолдану жиілігі бойынша айырмашылық байқалды. Бақылау тобындағы оқушылардың тек 41%-ы сабақта мобильді технология қолданатынын айтса, эксперименттік топта бұл көрсеткіш 58%-ды құрады. Бұл эксперименттік топта мобильді технологияларға бейімділіктің жоғары екенін көрсетеді.

Ақпараттық мәдениет ұғымын түсіндіруде оқушылардың жауаптары әртүрлі деңгейде болды. Көпшілік оқушылар ақпаратты іздеу және пайдалану қабілетімен байланыстырса, тек аз бөлігі ақпараттың шынайылығын тексеру және сыни бағалау аспектілерін атап өтті. Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша оқушылардың ақпараттық мәдениет деңгейі келесідей анықталды (2-кесте).

Кесте 2 – Ақпараттық мәдениет деңгейін өзін-өзі бағалау

Деңгей	Бақылау тобы (%)	Эксперименттік топ (%)
Жоғары	22	25
Орташа	56	54
Төмен	22	21

Бұл нәтижелер оқушылардың басым бөлігінің өз деңгейін орташа деп бағалайтынын көрсетеді. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштің салыстырмалы түрде төмен болуы ақпараттық мәдениетті дамыту қажеттілігін дәлелдейді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері биологиялық білім беру үдерісінде мобильді технологияларды қолданудың оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудағы маңыздылығын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында алынған эмпирикалық деректер мен олардың салыстырмалы талдауы бірқатар маңызды қорытындылар жасауға негіз болды.

Біріншіден, сауалнама нәтижелері оқушылардың басым бөлігінің мобильді құрылғылармен және интернет желісімен жоғары деңгейде қамтамасыз етілгенін көрсетті. Бұл жағдай мобильді технологияларды оқу үдерісіне енгізудің техникалық алғышарттары жеткілікті деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді. Яғни, қазіргі мектеп жағдайында мобильді оқытуды ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық база жеткілікті деп тұжырымдауға болады.

Екіншіден, оқушылардың мобильді технологияларды күнделікті өмірде белсенді қолданғанына қарамастан, олардың мазмұндық мәнін терең түсіну және оқу мақсатында тиімді пайдалану дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны анықталды. Бұл мобильді технологияларды педагогикалық тұрғыдан мақсатты, жүйелі және әдістемелік негізде қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Үшіншіден, оқушылардың ақпараттық мәдениет деңгейін өзін-өзі бағалау нәтижелері олардың басым бөлігінің орташа деңгейде екенін көрсетті. Бұл, өз кезегінде, білім алушылардың ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және қолдану

дағдыларын әрі қарай дамыту қажеттігін айқындайды. Әсіресе ақпараттың шынайылығын анықтау, сыни тұрғыдан ойлау және алынған білімді практикада қолдану қабілеттері жеткілікті деңгейде дамымағаны байқалды.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы білім алушылардың ақпараттық мәдениетіне жаңа талаптар қояды. Ақпараттың қолжетімділігі артқан сайын, оның сапасын бағалау мәселесі де өзекті бола түсуде. Осыған байланысты білім алушыларды цифрлық ортада жауапкершілікпен әрекет етуге, ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға және заманауи технологияларды тиімді пайдалануға үйрету – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері биология сабағында мобильді технологияларды мақсатты және жүйелі қолдану оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы екенін дәлелдейді. Бұл бағытта педагогтердің әдістемелік даярлығын жетілдіру, мобильді оқыту ресурстарын тиімді іріктеу және оқу үдерісін цифрлық ортаға бейімдеу өзекті міндеттер қатарында қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (соңғы өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 - қолжетімділік күні 18.04.2026.

2. «Биология» пәні бойынша жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Электрондық ресурс] – Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2022 – қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 – қолжетімділік күні 18.04.2026.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988 – қолжетімділік күні 18.04.2026.

4. Crompton H., Burke D. Mobile Learning and Student Engagement: A Systematic Review // Computers & Education. – 2022. – Vol. 180. – Article 104423. – DOI: 10.1016/j.compedu.2022.104423.

5. Sung Y.-T., Chang K.-E., Liu T.-C. The Effects of Integrating Mobile Devices with Teaching and Learning on Students' Learning Performance: A Meta-analysis // Educational Research Review. – 2023. – Vol. 38. – Article 100491. – DOI: 10.1016/j.edurev.2022.100491.

6. Tang K.-Y., Hwang G.-J., Chang S.-C. A Systematic Review of Mobile Learning in Science Education // Journal of Science Education and Technology. – 2022. – Vol. 31. – P. 1-15. – DOI: 10.1007/s10956-021-09910-0.

7. Hwang G.-J., Chien S.-Y. Definition, Roles, and Potential of Mobile Learning in Education // Computers & Education. – 2023. – Vol. 190. – Article 104647. – DOI: 10.1016/j.compedu.2022.104647.

8. Ng W. New Digital Technology in Education: Conceptualizing Professional Learning for Educators. – Cham: Springer, 2021. – 215 p. – DOI: 10.1007/978-3-030-64622-8.

9. Falloon G. From Digital Literacy to Digital Competence: The Teacher Digital Competency Framework // Educational Technology Research and Development. – 2022. – Vol. 70. – P. 2449-2471. – DOI: 10.1007/s11423-022-10116-1.

10. Баймұханбетова Н.Ж. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық негіздері // Педагогика және психология. – 2022. – №2. – Б. 45-52.

11. Сейтқазиева А.К. Цифрлық білім беру жағдайында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2023. – №1. – Б. 120-125.

12. Vuorikari R., Kluzer S., Punie Y. DigComp 2.2: The Digital Competence Framework for Citizens. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2022. – 260 p. – DOI: 10.2760/115376.

13. UNESCO. Digital Literacy Global Framework. – Paris: UNESCO Institute for Statistics, 2021. – 146 p.

14. Traxler J. Learning with Mobiles in Developing Countries: Technology, Language, and Literacy // International Journal of Mobile and Blended Learning. – 2021. – Vol. 13, No. 2. – P. 1-15. – DOI: 10.4018/IJMBL.2021040101.

15. Kukulska-Hulme A. Mobile Assisted Language Learning and Digital Education // ReCALL. – 2022. – Vol. 34, No. 3. – P. 281-293. – DOI: 10.1017/S0958344021000202.

МРНТИ 31.01.45

АНАЛИЗ ОШИБОК ПРИ РЕШЕНИИ ЗАДАЧ НА ОЛЕУМ И СПОСОБЫ ИХ УСТРАНЕНИЯ

Құрмет А.Қ., магистрант 1-го курса ОП «7М01503 Химия»;
Нургалиева Д.А., к.п.н., доцент, Международный университет Астана,
г. Астана, Казахстан
ainagulkurmet03@gmail.com

Аннотация. В данной работе рассматриваются трудности, возникающие у учащихся при решении задач на олеум, а также способы их устранения. Актуальность исследования обусловлена тем, что задания на данную тему регулярно встречаются на экзаменах и олимпиадах (ЕНТ и др.), однако значительная часть учащихся испытывает сложности при их решении. Это связано с тем, что задачи на олеум требуют не только вычислительных навыков, но и понимания химической природы системы «серная кислота – оксид серы (VI)».

Целью исследования является выявление типичных ошибок и разработка доступных способов их предотвращения. В работе были проанализированы письменные решения учащихся, выполнявших задачи на олеум. Выделены основные группы ошибок: непонимание условия задачи, неправильное определение состава олеума, ошибки в расчетах и отсутствие проверки результата.

Ключевые слова: олеум, способы решения, методика, задачи по химии, ошибки учащихся, химические расчеты, анализ ошибок, серная кислота, методика обучения.

Введение. Решение расчетных задач является одной из ключевых составляющих изучения химии, так как способствует формированию логического мышления, умения анализировать условия и применять теоретические знания на практике. Особое место среди таких задач занимают задачи на олеум, которые регулярно встречаются в заданиях Единого национального тестирования (ЕНТ), а также на олимпиадах и контрольных работах различного уровня.

Несмотря на частое включение данной темы в экзаменационные материалы, учащиеся испытывают значительные трудности при решении задач на олеум. Это связано с тем, что данный тип задач требует не только владения расчетными навыками, но и глубокого понимания химической природы олеума как раствора оксида серы(VI) в серной кислоте, а также умения правильно интерпретировать условия задачи и выбирать соответствующий способ решения [1].

Практика показывает, что многие учащиеся пытаются решать такие задачи механически, используя заученные формулы, что часто приводит к

ошибкам. В связи с этим возникает необходимость более детального анализа типичных затруднений и разработки эффективных способов их устранения.

Таким образом, актуальность данной работы определяется высокой частотой появления задач на олеум в учебной и экзаменационной практике, а также недостаточным уровнем их успешного решения учащимися.

Целью данного исследования является выявление типичных ошибок, допускаемых учащимися при решении задач на олеум, а также разработка эффективных способов их устранения. В соответствии с поставленной целью в работе решаются следующие задачи: проводится анализ решений задач на олеум, выполненных учащимися; выявляются и классифицируются основные типы ошибок; определяется их возможные причины; а также разрабатываются практические рекомендации, направленные на предупреждение и устранение выявленных затруднений.

Материалы и методы. В исследовании приняли участие десять студентов, которым были предложены задачи на олеум разного уровня сложности. Каждому студенту выдавалось по три задачи, включающие как базовые, так и повышенные по сложности задания. Основной целью такого подхода было проследить, с какими этапами решения учащиеся сталкиваются с наибольшими трудностями.

Решения студентов собирались в письменном виде и анализировались с двух точек зрения: правильность конечного ответа и корректность хода решения. Особое внимание уделялось выбору формул, пониманию условий задачи и умению выполнять последовательные расчеты. Все ошибки, выявленные в работах студентов, были классифицированы по типам: ошибки, связанные с непониманием условия задачи; ошибки при определении состава олеума; некорректное применение формул; арифметические просчеты. Такой подход позволил не только определить частоту ошибок, но и выявить общие тенденции в трудностях, с которыми сталкиваются учащиеся.

Результаты. Анализ выполненных задач показал, что большинство студентов сталкивается с трудностями на этапах понимания условия и выбора подхода к решению. Часто учащиеся используют формулы механически, не осознавая их смысл, что приводит к повторяющимся ошибкам. Также было замечено, что многие студенты не проверяют свои ответы, что увеличивает количество некорректных решений.

Первая задача была простой: определить массовую долю серной кислоты в 50 г олеума, если масса SO_3 в растворе равна 20 г [1]. Анализ решений показал, что двое студентов взяли массу всего раствора за массу H_2SO_4, что привело к завышению результата. Один студент разделил массу SO_3 на массу раствора, получив неверную долю кислоты. Правильное решение задачи заключается в том, что сначала нужно определить массу H_2SO_4 как разницу между массой раствора и массой SO_3: 50 – 20 = 30 г, а затем вычислить массовую долю H_2SO_4: 30 / 50 × 100% = 60% [2].

Вторая задача была средней сложности: рассчитать массу SO_3, необходимую для приготовления 150 г олеума с массовой долей H_2SO_4 68%

[3]. Двое студентов взяли 68% от 100 г вместо 150 г, что привело к ошибочному результату, а один студент не вычел массу H_2SO_4 из массы раствора, используя её как массу SO_3. Алгоритм правильного решения включает определение массы H_2SO_4: 68% от 150 г = 102 г, а затем вычисление массы SO_3: 150 – 102 = 48 г [2].

Третья задача была более сложной и включала несколько этапов. Условие звучало следующим образом: 150 г олеума содержит 60 г H_2SO_4. Требовалось определить массовую долю H_2SO_4, массовую долю SO_3 и массу SO_3 для приготовления нового олеума с массовой долей H_2SO_4 75% и общей массой раствора 200 г. В ходе анализа выяснилось, что трое студентов правильно нашли массовую долю H_2SO_4, но не рассчитали долю SO_3, двое студентов неправильно вычислили массу SO_3 для нового олеума, перепутав формулы и не учитывая новую массу раствора, а один студент не применил корректный коэффициент перевода долей. Правильный алгоритм решения включает следующие шаги: сначала определить массовую долю H_2SO_4 в исходном олеуме: 60 / 150 × 100% = 40%, затем вычислить массовую долю SO_3: 100% – 40% = 60%, и, наконец, рассчитать массу SO_3 для нового олеума: масса H_2SO_4 в новом растворе = 75% × 200 г = 150 г, масса SO_3 = 200 – 150 = 50 г [4].

Выводы. Обобщая результаты исследования, можно отметить, что большинство студентов испытывает трудности на этапах анализа условия задачи, выбора правильной формулы и проверки результата. Часто учащиеся применяют формулы механически, без понимания химической сущности олеума, что приводит к повторяющимся ошибкам. Наиболее распространённые типы ошибок включают непонимание условия задачи, ошибки в расчетах, неправильное применение формул и отсутствие проверки результата. Согласно данным исследования, шесть студентов не полностью поняли условия задач, пять студентов допустили ошибки в расчетах, четыре использовали неверные формулы, а семь студентов не проверили свои ответы на корректность. Эти наблюдения указывают на необходимость систематической работы с учащимися по формированию понимания химического состава олеума, освоению алгоритмов решения задач и проверке результатов, что позволит значительно повысить успешность решения расчетных задач различной сложности.

Для устранения выявленных проблем рекомендуется применять пошаговый алгоритм решения задач на олеум, включающий анализ условия задачи, выбор корректной формулы, последовательные расчёты и проверку результата. Важно классифицировать задачи по уровню сложности, разбирать ошибки на практике и акцентировать внимание на химической сущности олеума. Такой подход позволяет систематически повышать успешность решения задач, формировать аналитическое мышление и уверенность студентов при работе с расчетами любой сложности [4].

Список использованных источников:

1. Сухина З.А. Решение задач на олеум : из опыта работы / Сухина З.А. – Уральск : [б. и.], 2009. – 15 с.
2. Таурбаева Г.О. Химиядан оқушылардың олимпиадалық есептері. — Қостанай : ҚМПУ, 2019. — 96 б.
3. QAZCHO – Қазақстан химия олимпиадасы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://qazcho.kz (дата обращения: 31.03.26).
4. Құрмет А.Қ. «Олеум» тақырыбына арналған олимпиадалық тапсырмаларды шешу бойынша әдістемелік ұсыныстар: дипломная работа / Құрмет А.Қ. — Астана, 2025. — 60 с. — Рукопись.

ҒТАМА 14.25.09

СТРЕСС ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Маралбекқызы Н., «6В01502 Биология» ББББ 2-курс студенті;
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
maralbeknuraj@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада стресс және оның адам денсаулығына жан-жақты әсері қарастырылады. Стресс — бұл ағзаның сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге бейімделуге бағытталған күрделі нейроэндокриндік реакциясы. Қысқа мерзімді стресс ағзаны мобилизациялағанымен, созылмалы түрі физикалық және психологиялық саулыққа елеулі нұқсан келтіреді.Зерттеу барысында стресс гормондарының, атап айтқанда, кортизолдың артық мөлшерінің әсері талқыланады. Ол қан қысымын көтеріп, жүрек-қан тамырлары ауруларына, иммундық жүйенің тежелуіне және метаболикалық бұзылуларға (қант диабеті) тікелей себепші болады. Сондай-ақ, ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде болатын кортизол мидағы гиппокамп нейрондарын зақымдап, зейін мен жадтың нашарлауына, мазасыздық пен депрессия секілді психикалық бұзылуларға әкеледі.Мақалада стрессті басқарудың ғылыми негізделген әдістеріне баса назар аударылады. Дене жаттығулары эндорфин бөлу арқылы стресс деңгейін төмендетсе, медитация мен тыныс алу техникалары жүйке жүйесін тыныштандырады. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдаудың маңызы мен ұйқы гигиенасын сақтаудың ағзаны қалпына келтірудегі рөлі қарастырылады. Бұл зерттеу қазіргі қоғамдағы денсаулық сақтау сапасын жақсарту үшін стрессті ерте анықтау мен онымен күресу стратегияларын әзірлеудің өзектілігін дәлелдейді.Аннотация

Кілт сөздер: Стресс, денсаулық, кортизол, жүрек-қан тамырлары, психикалық денсаулық, иммундық жүйе, стресс басқару, медитация, дене жаттығулары, әлеуметтік қолдау.

Кіріспе. Стресс қазіргі қоғамда кең таралған феномен ретінде танылып, оның адам денсаулығына әсері кеңінен зерттелуде. Ғылыми әдебиеттерде стресс биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын күрделі құбылыс ретінде сипатталады. Әрбір стресс механизмі — бұл гомеостазды (ішкі тұрақтылықты) сақтауға бағытталған нейроэндокриндік реакциялардың күрделі жиынтығы. Төменде қауіпті қабылдау сәтінен бастап ағзадағы физиологиялық өзгерістерге дейінгі процесс академиялық тізбекпен берілген:

Сенсорлық қабылдау және амигдаланың белсендірілуі.Стресс реакциясы сыртқы тітіркендіргішті (мысалы, визуалды қауіпті) сенсорлық мүшелер арқылы қабылдаудан басталады. Ақпарат мидың лимбикалық жүйесіндегі амигдалаға (бадамша дене) жетеді. Амигдала бұл сигналды эмоционалды тұрғыдан өңдеп, қауіп ретінде сәйкестендірсе, дереу

гипоталамусқа дистресс-сигнал жібереді. адам өмірінде түрлі стресс жағдайлармен бетпе-бет келіп, оларға әртүрлі деңгейде жауап береді. Бұл құбылыс көптеген физикалық және психологиялық аурулардың бастауына себеп болуы мүмкін.Заманауи өмірдің қарқындылығы, ақпараттық толқындар және әлеуметтік қысымдар стресстің пайда болуына ықпал ететін негізгі факторлардың қатарында. Осындай жағдайда, стресстің адам денсаулығына тигізетін әсерін зерттеу маңызды болып табылады, себебі ол көптеген аурулардың, соның ішінде жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті және психикалық бұзылулардың дамуында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, стресс адамның жұмыс қабілеттілігін төмендетіп, өмір сапасын нашарлатуы мүмкін.Стрессті басқару және оның алдын алу мәселелері қазіргі қоғам үшін өзекті болып отыр. Әсіресе, жұмыс орындарында және білім беру мекемелерінде стрессті азайту шараларының тиімділігі жоғары. Бұл тақырыптың практикалық маңыздылығы, біріншіден, адамдардың жеке өмірінде және кәсіби қызметінде стрессті басқару дағдыларын қалыптастыруға ықпал етсе, екіншіден, қоғамдағы жалпы денсаулық деңгейін арттыра алады.Зерттеу нәтижелері стресс жағдайларын тиімді басқаруға бағытталған стратегияларды әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, стресс және оның салдарларын терең түсіну қазіргі қоғамдағы денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға және қоғамдағы жалпы әл-ауқатты жақсартуға септігін тигізеді.[2]

Материалдар мен әдістер. Стресс механизмі бұл гомеостазды сақтауға бағытталған нейроэндокриндік реакциялардың күрделі жиынтығы.Сенсорлық қабылдау және амигдаланың белсендірілуі.Стресс реакциясы сыртқы тітіркендіргішті сенсорлық мүшелер арқылы қабылдаудан басталады. Ақпарат мидың лимбикалық жүйесіндегі амигдалаға жетеді. Амигдала бұл сигналды эмоционалдық түрде өңдеп қауіп ретінде сәйкестендірсе дереу гипоталамусқа дистресс сигнал жібереді.Симпато адреналды жүйенің жедел іске қосылуы Гипоталамус автономды жүйке жүйесі арқылы симпатикалық жүйені белсендіреді. Бұл “жылдам бағыт” деп аталады.Механизмі Жүйке импульстері бүйрек үсті безінің жұмсақ затына жетеді. Секреция Қанға катехоламиндер адреналин мен ноадреналин бөлінеді. Бұл гормондар секунд ішінде жүрек соғысын жиілетіп бронхтарды кеңейтеді және бұлшықеттерге қан ағымын күшейтеді.

Гипоталамус Гипофиз бүйрек үсті бездері өсуі. Егер стрессор әсерін тоқтатпаса ағзаның ұзақ мерзімді бейімделуін қамтамасыз ететін гормоналды тізбек іске қосылады.Бүйрек үсті безінің қабығы АСТН қанға шығарылады.[1]

Сурет-1. Стресстің жүру механизмі

Сурет-2 Гипотламус-гипофиз-бүйрек үсті безі жүйесі

Гликогенолиз бауырдағы гликогеннің глюкозаға айналуы тездейді. Бұл жасушаларды энергиямен қамтамасыз етеді. Асқорыту және несеп шығару жүйелеріне баратын қан тамырлары тарылып ресурс маңызды мүшелерге бағытталады. Кортизол энергияны үнемдеу үшін қабыну процестері мен иммундық жауапты уақытша тежейді.Қауіп жойылғанан кейін парасимпатикалық жүйке жүйесі белсендіріліп ағзаның тыныштық күйені қайтарады. Қаш немесе Айқас (Fight or Flight) реакциясы Бұл эволюциялық механизм.Адреналин бөлінгенде жүрек жиі соғады , тыныс алу жиілейді , қандағы қант мөлшері артады, қарашықтар ұлғаяды.Ағзада энергияны үнемдеу үшін дәл қазір аман қалуға қажет емес функцияларды өшіріп тастайды немесе бәсеңдетеді. Асқорыту уақытша тоқтайды немесе бұзылады. Сондықтан стресс кезінде іш ауыруы мүмкін. Иммунитет уақытша төмендейді. Репродуктивті жүйе функциясы бәсеңдейді.[3] Ұзақ мерзімді стресс кезіндегі адам ағзасындағы өзгерістер.

Кортизол- бұл бүйрек үсті бездерінен бөлінетін тірі қалу гормоны. Қысқа

мерзімді стресс кезінде ол пайдалы болғанымен ұзақ мерзімді ағза өзін өзі жеуді бастайды. Мидың ішінде Гиппокамп деп аталатын бөлік бар , ол жаңа ақпаратты есте сақтауға және эмоцияны реттеуге жауапты.Кортизолдың жоғары дозасы гиппокамптағы нейрондар арасындағы байланыстарды бұзады.Жаңа ми жасушаларының түзілуі тежеледі. Нәтижесінде адам ақпаратты тез ұмытады зейін қоюы қиындайды және мидағы тұман сезімі пайда болады [4].

Қорқынышқа жауап беретін Амигдала белсенді болып кетеді. Соның әсерінен стресстегі адам үнемі үрей мен қауіп күтіп жүреді.Кортизолдың басты міндеті –ағзаны энергиямен қамтамасыз ету. Кортизол бауырды үнемі қанға қант шығаруға мәжбүрлейді. Қанда қант көп болғаны үшін ұйқы безі оны түсіру үшін үнемі инсулин бөледі. Уақыт өте келе жасушалар инсулинді сезбей қалады,бұл 2 ші типті қант диабетіне тікелей жол.[5]Кортизол май жасушаларының іш аймағына жиналуына команда береді. Бұл май тек эстетикалық мәселе емес өз алдында қабыну тудыратын гормондар бөлетін бөлек орган сияқты жұмыс жасайды.Созылмалы стресс кезінде жүрек демалыссыз жұмыс істейтін моторға ұқсайды.[6] Кортизол қан тамырларының үнемі тарылып тұруын қолдайды. (Гипертония) Жоғары қысыммен аққан қан тамырлардың ішкі қабырғаларын зақымдайды.Ағза зақымдалған жерлерді жамау үшін холестеринді қолданады.Нәтижесінде тамырлар тарылып қатаяды , бұл инсульт пен инфаркт қаупін бірнеше есе арттырады.Кортизол үнемі жоғары болса иммундық жүйе ұйқтап қалады.Ағза вирустар мен бактерияларды өткізіп жібереді, тіпті рак жасушаларына қарсы тұру қабілеті төмендейді.[7]

Нәтижелер. Стресстің адам денсаулығына тигізетін әсері ғылыми зерттеулер арқылы дәлелденген маңызды мәселе болып табылады. Бұл құбылыс жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, иммундық жүйенің әлсіреуі және психикалық бұзылулар сияқты көптеген физикалық және психологиялық аурулардың дамуына ықпал етеді. Физиологиялық тұрғыдан алғанда, стресс гормондар деңгейінің өзгеруіне себеп болып, жүрек соғысының жиілеуі, қан қысымының көтерілуі және бұлшық еттердің ширығуына әкеледі. Бұл өзгерістер жүрек ауруларының даму қаупін арттырады.Психологиялық тұрғыдан стресс адамның күйзеліс, депрессия және мазасыздық сияқты бұзылуларға ұшырауына себеп болады. Стресстің жоғары деңгейі ұйқы сапасын нашарлатып, шоғырлану қабілетін төмендетеді, бұл жалпы өмір сапасын төмендетеді. Сондықтан стресстің алдын алу және оны басқару әдістерін табу қазіргі заманның басты талаптарының бірі болып табылады.

Қорытынды. Стрессті басқарудың тиімді әдістері ретінде йога, медитация, физикалық жаттығулар және дұрыс тамақтану ұсынылады. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау, кәсіби көмек алу және уақытты тиімді басқару да маңызды. Бұл шаралар адамның өмір сапасын жақсартып қана қоймай, қоғамдағы жалпы денсаулық деңгейін арттыруға ықпал етеді.Қорытындылай келе, стрессті дұрыс басқару стратегияларын әзірлеу

және енгізу арқылы қоғамдағы әл-ауқатты жақсартуға мүмкіндік бар. Бұл жұмыс орындарында өнімділікті арттыруға, білім беру мекемелерінде оқушылар мен мұғалімдердің психологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Сондықтан әрбір адам өз денсаулығына жауапты болып, стрессті басқарудың тиімді әдістерін күнделікті өмірінде қолдануы қажет. Бұл тек жеке адамның емес, жалпы қоғамның денсаулығына оң әсерін тигізеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Селье, Г. Стресс без дистресса / Г. Селье; пер. с англ. А. Н. Лука, И. С. Хорола. [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: archive.org – қолжетімділік күні 21.04.2024
2. Mental health at work. World Health Organization. [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: who.int – қолжетімділік күні 21.04.2024
3. Occupational stress: causes, management, and prevention. [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: apa.org – қолжетімділік күні 21.04.2024
4. McEwen, B. S. Neurobiological and Systemic Effects of Chronic Stress. Psychoneuroendocrinology. – 2017. – Vol. 33, No. 4. [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: nih.gov – қолжетімділік күні 21.04.2024
5. Understanding the stress response. Harvard Health Publishing. [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: harvard.edu – қолжетімділік күні 21.04.2024
6. Moyer, A. E., et al. Stress-induced cortisol response and fat distribution in women. Psychosomatic Medicine. – 1994. (Жаңартылған шолу 2020). [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: nih.gov – қолжетімділік күні 21.04.2024
7. Kershaw, E. E. Adipose Tissue as an Endocrine Organ / E. E. Kershaw, J. S. Flier. The Journal of Clinical Endocrinology & Metabolism. – 2004. [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: oup.com – қолжетімділік күні 21.04.2024

МРНТИ 31.01.45

ИИ-ТЕХНОЛОГИИ В ХИМИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ: ОТ АДАПТИВНОГО ТЕСТИРОВАНИЯ К ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОМУ НАСТАВНИКУ

Моисеенко А.В., студент 3 курса «6В01503-Химия»;
Нургалиева Д.А., к.п.н., доцент, Международный университет Астана, г.Астана, Казахстан
amadejmoiseenko@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается эволюция применения технологий искусственного интеллекта в химическом образовании - от систем автоматического тестирования до интеллектуальных наставников, способных объяснять сложный материал персонализированно. На основе анализа казахстанских, кыргызстанских и других СНГ-исследований 2020-2025 годов показано, что внедрение ИИ-инструментов в учебный процесс даёт измеримый положительный эффект, особенно среди студентов с недостаточным стартовым уровнем подготовки. Вместе с тем обосновывается, что ИИ является эффективным образовательным инструментом, но не заменяет педагогическую работу: результативность технологии определяется качеством её методической интеграции.

Пятый этап - рефлексивно-коррекционный. После каждого тематического блока анализируется динамика: какие ошибки устранены, какие сохраняются, какие задания оказались избыточно легкими или, наоборот, недоступными. На этой основе маршрут обновляется. Таким образом, траектория становится циклической и самокорректирующейся системой, в которой данные оценивания не архивируются, а превращаются в основание для следующего педагогического шага.

Практическая ценность предложенной модели проявляется в нескольких направлениях. Во-первых, она снижает риск накопления предметных пробелов, поскольку дефициты выявляются на раннем этапе. Во-вторых, повышается мотивация: ученик получает посильные, но развивающие задания и видит личный прогресс. В-третьих, возрастает точность обратной связи, так как комментарий учителя адресуется не абстрактной «ошибке», а конкретному микроумению. В-четвертых, усиливается исследовательская составляющая школьной химии за счет виртуальных лабораторий, цифровой интерпретации эксперимента и аналитической работы с данными [9].

Вместе с тем внедрение такой модели требует ряда условий: цифровой грамотности учителя, методически качественного банка заданий, прозрачных критериев оценивания, соблюдения академической честности и разумного баланса между автоматической аналитикой и профессиональной интерпретацией результатов. Как подчеркивается в современных работах по ИИ в образовании, интеллектуальные системы эффективны только тогда, когда учитель остается навигатором, модератором и ответственным интерпретатором данных.

Выводы

Проведенный анализ показал, что интеллектуальный анализ учебных достижений создает реальные предпосылки для перехода от массовой унифицированной модели обучения химии к более гибкой, адресной и научно обоснованной организации учебного процесса. Его значение состоит не только в обработке больших массивов данных, но и в возможности своевременно

выявлять типичные затруднения, строить профиль предметных достижений ученика и проектировать педагогические решения, соответствующие его актуальным образовательным потребностям.

Адаптивная образовательная траектория по химии может рассматриваться как методический механизм, объединяющий диагностику, аналитику, дифференциацию, индивидуальную поддержку и последующую коррекцию. При грамотной организации она способствует повышению качества усвоения химических понятий, развитию познавательной самостоятельности, снижению тревожности перед сложными темами и росту учебной мотивации за счет ситуации достижимого успеха.

Перспективы дальнейшей работы связаны с созданием предметно-ориентированных цифровых сервисов для химии, разработкой банков заданий, привязанных к микроумениям, и апробацией моделей, в которых ИИ-аналитика интегрируется с формативным оцениванием, виртуальными экспериментами и персонализированной обратной связью без утраты ведущей роли учителя в принятии педагогических решений.

Список использованных источников:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III.

2.Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся: приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 марта 2008 года № 125.

3.Методические рекомендации по применению искусственного интеллекта в обучении и преподавании учебного предмета «Химия» в 7-11 классах. Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2025. 32 с.

4. Исматова Н. Р. Методика использования искусственного интеллекта в сфере преподавания химических наук в вузах Узбекистана // Zamonaviy ta’lim islohotlari va ularning amaliy yechimlari ilmiy-amaliy konferensiya. 2025. Ноябрь. С. 669-674.

5. Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. 4th ed. Harlow: Pearson, 2021.

6. Luckin R., Holmes W., Griffiths M., Forcier L. B. Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. London: Pearson, 2016.

7. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.

8. UNESCO. AI and Education: Guidance for Policy-Makers. Paris: UNESCO, 2021.

9. Black P., Wiliam D. Assessment and Classroom Learning // Assessment in Education: Principles, Policy and Practice. 1998. Vol. 5. No. 1. P. 7-74.

ҒТАМА 14.25.09

ХИМИЯ ПӘНІНДЕ КОНТЕКСТІК ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сейлхан Ш.Б., 2-курс магистранты; **Мұсабаева Б.Х.,** х.ғ.к., профессор,
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
shera22112002@gmail.com

Аннотация. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың мотивациясын арттыру және оқу процесін мағыналы ету үшін жаңа әдістерді белсенді түрде қолдануда. Ғылым мен технологиялардың жедел дамуы жағдайында мектептің басты мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушыны сол білімді өмірде қолдана білуге, өз бетімен шешім қабылдауға, сын тұрғысынан ойлауға үйрету болып табылады. Осы мақсаттарға жетудің тиімді жолдарының бірі — контексттік тапсырмаларды пайдалану Әсіресе химия сияқты жаратылыстану пәндерінде бұл тәсіл өте өзекті[1].

Кілт сөздер: контексттік тапсырма, химия, маңызы, зерттеу, нәтиже.

Кіріспе. Химия пәні күнделікті өмірмен, қоршаған ортамен, медицинамен, ауыл шаруашылығымен, өндіріс және басқа да көптеген салалармен тығыз байланысты. Алайда дәстүрлі оқыту әдістері көбіне оқушылар үшін түсініксіз әрі шынайы өмірден алшақ көрінеді. Контексттік тапсырмалар оқушы мен шынайы өмір арасындағы байланысты қалпына келтіріп, оқу материалын түсінікті, қызықты және пайдалы етеді [2].

Контексттік тапсырмалар — бұл шынайы немесе шынайыға жақын жағдайларда құрастырылған тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар күнделікті тұрмыс, экологиялық мәселелер, өндірістік процестер, тарихи оқиғалар, ғылыми жаңалықтар сияқты тақырыптар аясында құрылуы мүмкін [3]. Олар оқушыны теориялық білімін практикада қолдануға, өз пікірін қалыптастыруға, талдау жасауға, салдарын болжауға жетелейді. Сонымен қатар, мұндай тапсырмалар оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысын, зерттеушілік қабілетін, коммуникативтік құзыреттілігін дамытады, білім алуға деген ынтасын арттырады [4]. Контексттік тапсырмаларды қолдану функционалдық сауаттылықты — яғни білімді жаңа, белгісіз жағдайларда қолдану, шешім қабылдау және оның нәтижесіне жауап беру қабілетін қалыптастырады [5].

Химия пәнінде контексттік тапсырмаларды пайдалану бірнеше міндетті шешуге көмектеседі. Біріншіден, ол оқушының танымдық белсенділігін арттырады. Шынайы өмірмен байланысы бар тапсырмалар қызығушылық тудырып, ойлануға, ізденуге, талқылауға ынталандырады [6].

Екіншіден, химияны тек реакциялар мен формулалар ғана емес, сонымен бірге табиғатпен және қоғаммен өзара әрекеттесуді түсіндіретін ғылым ретінде қабылдауға көмектеседі. Үшіншіден, пәнаралық байланысты нығайтады: оқушылар ақпаратпен жұмыс істеу, ғылыми зерттеу әдістерін

қолдану, топта жұмыс істеу, деректерді талдау мен түсіндіру дағдыларын меңгереді.

Төртіншіден, контексттік тапсырмалар кәсіби бағдарға ықпал етеді: оқушылар химиямен байланысты мамандықтармен танысады, олардың қоғам үшін маңыздылығын түсінеді, қажетті білім мен дағдылар туралы ой қалыптастырады [7].

Материалдар мен әдістер. Контексттік тапсырмалар күрделілік деңгейі мен бағыттылығы бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Кейбіреулері белгілі алгоритмді жаңа жағдайда қолдануды талап ететін репродуктивті сипатта болады, ал басқалары оқушыдан өз бетінше шешім табуды, өз көзқарасын дәлелдеуді талап етеді [8].

Кейбір тапсырмалар нақты бір жауапты талап етсе, кейбірі бірнеше шешім нұсқаларын ұсына алады. Мысалы, оқушыға ауыл шаруашылығында қолданылатын тыңайтқыштардың су көздеріне әсері туралы тапсырма беріліп, азотты қосылыстардың қасиеттеріне сүйене отырып, суды тазарту жолдарын ұсыну сұралады. Немесе адамның тамақтану рационы мен организмнің қышқылдық-сілтілік тепе-теңдігі арасындағы байланысты химиялық тұрғыдан талдауға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың тек танымдық қана емес, тәрбиелік дамуына да әсер етеді — олар табиғатқа жауапкершілікпен қарауды, экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастырады [1].

Контексттік тапсырмаларды дайындау арнайы әдістемелік қағидаларды сақтауды талап етеді. Біріншіден, тапсырмалар өзекті, яғни оқушы үшін маңызды әрі түсінікті болуы тиіс. Екіншіден, олардың құрылымында проблема болуы шарт — бұл оқушыны ойлануға, пікір айтуға жетелейді.

Үшіншіден, тапсырмалар өмірмен байланысты, шынайы жағдайлардан алынған болуы қажет. Төртіншіден, тапсырмалар оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай болуы тиіс. Бесіншіден, тапсырманың бірнеше шешімі болуы мүмкін, яғни ашық болуы орынды [2].

Зерттеулер көрсеткендей, контексттік тапсырмаларды қолдану оқу нәтижелеріне оң әсер етеді. Оқушылар пәнге қызығушылық танытады, оқу материалын жақсы меңгереді, оны шынайы өмірде қолдана алады. Олар өз бетінше ойланады, талдайды, ақпарат іздейді, өз көзқарасын білдіреді. Нәтижесінде, оқу үлгерімі ғана емес, білім сапасы да артады [4].

Әсіресе органикалық химия, қышқылдар мен негіздер, термохимия, электрохимия сияқты күрделі тақырыптарды түсіндіруде контексттік тапсырмалар таптырмас құрал болып табылады [6]. Сондай-ақ олар жобалық жұмыстарға, зерттеу жұмыстарына, тәжірибелерге, презентация дайындауға өте қолайлы.

Нәтижелер. Контексттік тәсіл білім беру процесін мазмұнды, икемді, заманауи талаптарға сай етіп қайта құруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды қолдану контексттік тапсырмалардың әлеуетін одан әрі арттырады [9].

Электронды платформалар, қашықтан оқыту жүйелері, виртуалды зертханалар, анимациялар, бейнероликтер, симуляциялар арқылы шынайы

жағдайларды визуалды түрде көрсетуге болады. Бұл оқушыны барынша қызықтырып, тәжірибе жүргізу дағдыларын дамытуға, талдау, болжау және бағалау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушы жағдайға байланысты бірнеше әрекет нұсқаларын таңдап, оның салдарын бағалап, өз шешімін түзетіп отыратын интерактивті кейстерді жасауға болады. Бұл әдістер оқушының шешім қабылдау, жоспарлау, рефлексия жасау дағдыларын дамытады.

Контексттік тапсырмалар халықаралық бағалау жүйелерінде де үлкен рөл атқарады. Мысалы, PISA зерттеуінде ұсынылатын тапсырмалардың барлығы дерлік өмірлік жағдайларға негізделген [5]. Мұндай форматпен бұрыннан таныс оқушылар логикалық ойлау, қолдану, талдау, бағалау сияқты дағдыларды жақсы меңгеріп, жоғары нәтиже көрсетеді.

Контексттік тапсырмалармен жұмыс істеу мұғалімнен жоғары дайындықты талап етеді. Оған оқу материалының мазмұнын терең түсіну, оны шынайы өмірмен байланыстыра білу, тапсырмаларды сауатты құрастыру, нәтижелерді бағалау сияқты шеберліктер кіреді [8]. Бұл оңай жұмыс емес, алайда оның нәтижесі — ойлы, саналы, белсенді оқушылар. Олар оқу үдерісіне саналы түрде қатысады, алған білімнің өмірде қажет екенін түсінеді, өз мүмкіндіктерін дамытады.

Контексттік тапсырмаларды табысты қолдану үшін жүйелі жұмыс қажет: оқу бағдарламаларын жаңарту, әдістемелік құралдар әзірлеу, мұғалімдерге арналған курстар мен семинарлар өткізу, тәжірибе алмасу, цифрлық ресурс қорын қалыптастыру [10].

Қорытынды. Контексттік тапсырмалар — қазіргі заманғы химия сабағын жетілдірудің қуатты құралы. Олар оқытуды қызықты, пайдалы, өмірмен тығыз байланысты етеді. Мұндай тапсырмалар XXI ғасыр талаптарына сай құзыреттіліктерді дамытады, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, ғылыми дүниетанымын, экологиялық санасын, жауапты мінез-құлқын қалыптастырады. Бұл әдісті қолдану белгілі бір дайындық пен күш жұмсауды талап етеді, бірақ оның нәтижелері өте жоғары. Контексттік тәсіл — бұл болашаққа бағытталған, тұлғаға бағдарланған және тәжірибеге негізделген сапалы білім берудің сенімді жолы.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Әбілқасымова А.Е. Жаратылыстану-математикалық білім берудің теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 348 б.

2. Бидюкова Г.Л. Контекстное обучение в системе школьного образования: теория и практика. – СПб.: Речь, 2017. – 208 с.

3. Науменко Н.Ф., Козина Ж.В. Контекстное обучение как основа формирования функциональной грамотности учащихся // Вестник педагогических наук. – 2021. – №5(85). – С. 14–18.

4. Сыздыкова Г.Х. Химия пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары // Хабаршы. Педагогикалық серия. – 2019. – №4. – Б. 87–92.

5. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 356 p.

6. Тілеубердинова Г.М. Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуда контекстік оқытудың тиімділігі // Білім әлемі. – 2020. – №2. – Б. 45–49.

7. Назарбаев З.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. "Қазақстан-2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012.

8. Шалабаева А.К. Химия пәнінен контекстік тапсырмаларды құрастыру әдістемесі // Ұстаз. – 2021. – №6. – Б. 32–36.

9. Савенкова Л.Г. Исследовательская деятельность школьников как средство развития критического мышления // Химия в школе. – 2020. – №3. – С. 27–30.

10. Блум Б. Таксономия учебных целей: классификация образовательных целей. – М.: Педагогика, 1986. – 312 с.

ҒТАМА 34.01.45

АГРОБИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ

Серік Л.Е., «7М01502 Биология» ББББ 2-курс магистранты;
Ахмадиева Ж.К., п.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті,
Астана қ., Қазақстан
laula.serikova@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада агробиологиялық білім беруді модернизациялау бағыттары, оқытудың заманауи педагогикалық тәсілдері мен әдістерінің мазмұны талданады. Агроөндірістік кешеннің цифрландырылуы, биотехнологияның дамуы, экологиялық тұрақтылықтың артуы агробиология мамандарын даярлауда жаңа талаптарды қалыптастыруда. Мақалада компетенттілікке негізделген оқыту, STEM/STEAM интеграциясы, цифрлық білім беру платформалары, виртуалды зертханалар, дуальды оқыту, жобалық және проблемалық оқыту сияқты әдістердің тиімділігі сараланады. Сондай-ақ заманауи зертханалық тәжірибелердің мазмұны, агроөндіріс кәсіпорындарымен ынтымақтастықтың рөлі қарастырылған. Зерттеу нәтижелері агробиологиялық білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: агробиология, заманауи оқыту әдістері, STEM, цифрлық педагогика, дуальды білім беру, биотехнология, агроөндіріс, виртуалды зертханалар.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында агроөнеркәсіп кешені тек экономиканың бір саласы ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі болып отыр. Азық-түлікке деген сұраныстың үздіксіз артуы, әлемдік нарықтағы экологиялық және биологиялық қатерлер, табиғи ресурстардың азаюы ауыл шаруашылығы саласына жаңа міндеттер жүктеуде. Осыған байланысты агробиология ғылымы ауыл шаруашылығындағы биологиялық процестерді терең түсіну, өсімдіктер мен жануарлардың өнімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше мәнге ие.

Агробиология — биология, агрохимия, топырақтану, биотехнология, экология, селекция сияқты ғылымдардың тоғысынан тұратын кешенді ғылым[1]. Ол ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуіне әсер ететін биологиялық факторларды зерттеп қана қоймай, өсімдіктердің физиологиялық ерекшеліктерін, топырақ экожүйесінің құрылымын, ауыл шаруашылығы өндірісінің биологиялық тетіктерін талдауға бағытталған. Сондықтан агробиологиялық білім қазіргі ауыл шаруашылығының ғылыми-техникалық дамуына негіз қалайды. Соңғы жылдары агробиология саласындағы ғылыми жаңалықтар мен технологиялық серпілістер білім беру жүйесіне жаңа

талаптар енгізуде. Агробиологиялық білімнің қазіргі жағдайы және оның өзектілігі. Агробиология саласына қойылатын жаңа талаптар. Қазіргі әлемдегі аграрлық өндіріс құрылымы түбегейлі өзгерістерге ұшырауда ауыл шаруашылығы тек дәстүрлі агротехникалық жұмыс емес ғылыми деректерге сүйенетін жоғары технологиялық салаға айналды агробиология ғылымының маңыздылығы да осы өзгерістермен тікелей байланысты аграрлық өндірістегі өсімдіктер биологиясы топырақ экологиясы микробиология биотехнология агрохимия селекция және климаттық процестер біртұтас жүйе ретінде қарастырылады сондықтан агробиология мамандары табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып агроэкожүйелердің тұрақтылығын сақтап биоалуантүрлілікті қорғап өнімділікті арттыра алатын жоғары деңгейдегі құзыретті маман болуы тиіс.

Бүгінде агробиология саласына қойылатын талаптар бұрынғыдан әлдеқайда кеңейген. Студент тек биологиялық заңдылықтарды меңгеріп қана қоймай, дәл егіншілік жүйелеріндегі алгоритмдерді, деректер анализін жүргізуді, сенсорлық жүйелерден алынған индикаторлық мәліметтерді өңдеуді, дрондық мониторинг нәтижелерін интерпретациялауды үйренуі қажет[3]. Климаттың өзгеруі жаһандық деңгейде үлкен қысым тудырып жатқандықтан, агробиолог жаңа экологиялық жағдайларға бейімделетін агротехнологияларды меңгеруі тиіс. Мысалы, құрғақшылыққа төзімді сорттарды зерттеу, топырақтың деградациясын баяулататын биологиялық әдістерді енгізу, су ресурстарын үнемдейтін технологияларды қолдану, өсімдіктердің стресс факторларына жауап реакциясын түсіну агробиологияның жаңа міндеттерінің қатарына жатады.

Қазіргі аграрлық білім жүйесіндегі негізгі мәселелер және оларды талдау. Агробиологиялық білім беру жүйесі даму үстінде болғанымен, бірқатар күрделі мәселелерді бастан өткеруде. Бұл проблемалар білім сапасына тікелей әсер ететіндіктен, оларды жан-жақты талдау маңызды. Қазіргі кезде аграрлық университеттердің көпшілігінде зертханалық базаның жаңаруы баяу жүріп жатыр. Көптеген оқу орындарында биотехнологиялық жабдықтар, өсімдік физиологиясына арналған заманауи анализаторлар, топырақ құрамына жылдам талдау жасайтын құрылғылар мен молекулалық зерттеулерге қажетті құралдар жеткіліксіз. Бұл студенттердің практикалық дағдысының қалыптасуына кедергі келтіреді.

Екінші мәселе — ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен байланыстардың жеткіліксіздігі. Дуальды оқыту жүйесі енгізіліп жатқанына қарамастан, кейбір аймақтарда ол толығымен қалыптаспаған. Бұл студенттің өндірістік ортада тәжірибеден өту мүмкіндігін шектейді. Аграрлық кәсіпорындардағы технологиялық процестердің шынайы көрінісімен таныспаған студенттің кәсіби қабілеті толық дамымайды. Бұл жалпы білім сапасының төмендеуіне алып келеді.

Үшінші мәселе — оқытушылар құрамының үздіксіз даму қажеттілігі. Агробиология қарқынды дамып жатқан сала болғандықтан, оқытушылар жаңа технологияларды меңгеріп отыруы тиіс. Алайда кей жағдайларда

оқытушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өтуі үнемі жүзеге аспайды. Нәтижесінде, білім беру мазмұны ескірген лекциялармен, тәжірибелік сабақтармен шектелуі мүмкін.

Төртінші мәселе — халықаралық аграрлық оқу орындарымен интеграция деңгейінің жеткіліксіздігі. Әлемнің жетекші университеттері агробиологиялық зерттеулерде биоинформатика, геномдық талдау, дрондық мониторинг, автоматтандырылған модельдеу жүйелері сияқты инновацияларды кеңінен пайдалануда[5]. Ал көптеген елдердегі аграрлық университеттер бұл бағыттарды енді ғана енгізуде. Халықаралық ғылыми жобаларға қатысудың аздығы студенттер мен жас ғалымдардың жаһандық тәжірибені меңгеруіне кедергі келтіреді.

Бесінші мәселе — білім алушылардың зерттеу мәдениетінің әлсіздігі. Агробиология студенттері көбіне теориялық материалды жаттап меңгеруге бейімделген, ал ғылыми зерттеулер жүргізу дағдысы кеш қалыптасады. Бұл олардың ғылыми ортада жұмыс істеуіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан, агробиологиялық білім беру жүйесі студенттердің ғылыми сауаттылығын арттыруға бағытталуы тиіс.

Агробиологиялық білім берудің стратегиялық маңызы. Агробиологиялық білім тек белгілі бір салада жұмыс істейтін мамандарды даярлау емес, ұлттық деңгейде стратегиялық маңызы бар бағыт болып есептеледі. Қазақстанның ауыл шаруашылығы экономикадағы негізгі сала және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ететін ерекше жүйе. Аграрлық салада өнімділік пен тиімділікті арттыру тікелей агробиология мамандарының кәсіби біліктілігіне байланысты. Өсімдік шаруашылығы, топырақтану, агрохимия, селекция, микробиология, агроэкология сияқты бағыттарда сапалы маман даярлау елдің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Агробиология мамандары агроөндірістік процестердің барлық тізбегіне қатысады. Олар тұқым генетикасын зерттейді, топырақтың құнарлылығын сақтайтын әдістерді қолданады, өсімдіктердің ауруларын диагностикалайды, зиянкестермен күресудің биологиялық әдістерін қолданады, агроэкожүйелердің тепе-теңдігін сақтаудың жолдарын әзірлейді. Ауыл шаруашылығында минералдық тыңайтқыштарды тиімді қолдану стратегиясын жасайды, климаттың өзгеруіне бейімделетін технологияларды әзірлейді. Демек, агробиология мамандарының қоғамдағы орны тек өндірістік салада ғана емес, ғылымда, экологияда, азық-түлік қауіпсіздігінде үлкен маңызға ие.

Қазақстан үшін агробиологиялық білімнің стратегиялық маңызы ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттыруда көрінеді. Сапалы өнім өндірісі, экологиялық таза органикалық өнім шығару, халықаралық стандарттарға сай агротехнологияларды қолдану, шетел нарығына шығуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі ғылыми негізделген білім мен білікті кадрға байланысты.

Сонымен қатар, агробиология ұлттық экожүйелерді қорғау бағытында да маңызды рөл атқарады. Еліміздегі топырақ эрозиясы, жайылымдардың тозуы,

биоалуантүрліктің азаюы, жер ресурстарының деградациясы сияқты экологиялық проблемалар агробиолог мамандардың араласуын талап етеді. Агробиологиялық білім беру жүйесі осындай экологиялық тәуекелдерді зерттей алатын, табиғи ресурстарды тиімді басқара алатын мамандарды даярлауға бағытталуы тиіс.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында агробиологиялық білім беруді оқытудың заманауи тәсілдері мен әдістерін талдау үшін теориялық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Негізгі ақпараттық база ретінде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтар және ғылыми мақалалар пайдаланылды. Сонымен қатар аграрлық білім беру саласындағы нормативтік құжаттар мен педагогикалық тәжірибелер қарастырылды.

Зерттеу әдістемесі келесі бағыттарды қамтыды:

1. *Теориялық талдау әдісі* – агробиология, биотехнология және педагогика салаларындағы ғылыми еңбектерді жүйелеу және мазмұндық талдау;
2. *Салыстырмалы талдау әдісі* – дәстүрлі және заманауи оқыту тәсілдерін (STEM, жобалық оқыту, дуальды білім беру, цифрлық технологиялар) салыстыру;
3. *Жүйелеу әдісі* – агробиологиялық білім беру мазмұнын құрылымдау және негізгі құзыреттерді анықтау;
4. *Жалпылау әдісі* – зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып қорытынды жасау және ұсыныстар беру.

Зерттеу барысында алынған деректер агробиологиялық білім берудің қазіргі жағдайын талдауға, оның даму тенденцияларын анықтауға және оқыту процесін жетілдіру бағыттарын ұсынуға мүмкіндік берді.

2. Агробиологиялық білім берудің заманауи тәсілдері. Құзыреттілікке негізделген оқыту жүйесі

Құзыреттілік тәсіл білім алушының меңгерген білімін практикалық жағдаяттарда қолдана алуына бағытталады. Агробиология мамандығында бұл тәсіл ерекше мәнге ие, өйткені студент өндірістік процестерді бақылай білуі, топырақтың химиялық құрамына талдау жасай алуы, өсімдіктердің физиологиялық күйін анықтауы, агротехника элементтерін жобалай алуы қажет. Құзыреттілік тәсіл студенттің теориялық білімі мен практикалық дағдысының үйлесімін қамтамасыз етеді[4].

Кесте – 1. Агробиологиядағы негізгі кәсіби құзыреттер

Құзырет түрі	Мазмұны	Қолданылу саласы
Биологиялық құзырет	Өсімдіктер мен жануарлар физиологиясын білу	Зертханалық және далалық зерттеу
Аналитикалық құзырет	Топырақ пен өсімдікке талдау жүргізу	Дәл егіншілік технологиялары

Технологиялық құзырет	Агротехниканы меңгеру	Өндірістік агробизнес
Зерттеушілік құзырет	Ғылыми жобалар жүргізу	Ғылыми орталықтар мен зертханалар

Сандық технологиялардың агробиологиялық білім берудегі рөлі.

Аграрлық салада цифрландыру қарқынды дамуда. Цифрлық картография, дрондармен мониторингтеу, автоматтандырылған суару жүйелері, жасанды интеллект негізіндегі модельдер, геоақпараттық жүйелер агробиологиялық білім беру жүйесіне тікелей енуде. Студенттер виртуалды зертханалар арқылы қауіпті биологиялық тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындай алады, топырақ құрамын талдау, өсімдік өсу динамикасын бақылау, ауыл шаруашылығы техникасының жұмысын модельдеу сияқты іс-әрекеттерді сандық платформаларда жүзеге асырады.

Кесте – 2. Агробиологиялық білімді цифрландыру бағыттары

Технология	Қолданылуы	Оқытуға әсері
Виртуалды зертханалар	Биологиялық нысандарды модельдеу	Қауіпсіз әрі қолжетімді тәжірибе
Дрондық мониторинг	Егісті бақылау	Дәл егіншілік дағдыларын қалыптастыру
GIS картография	Топырақ талдауы климаттық карта	Ғылыми аналитика жүргізу
Сенсорлық жүйелер	Топырақ ылғалын температураны анықтау	Агроэкожүйелерді басқару қабілеті

Дуальды білім беру жүйесінің маңызы. Дуальды оқыту теорияны оқу орнында практикамен нақты кәсіпорында меңгеруді біріктіреді. Агробиология үшін бұл әдіс ерекше тиімді, себебі ауыл шаруашылығы өндірісі үнемі тәжірибемен байланысты[6]. Дуальды модель студенттің шынайы агроөндірістік жағдайларда дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді, агрофирмалар мен ғылыми орталықтармен әріптестік маман даярлаудың сапасын едәуір арттырады.

Модульдік оқыту технологиясы. Модульдік оқыту әдісі оқу бағдарламасын логикалық бөліктерге бөлуді көздейді. Әр модульде теориялық материал, практикалық тапсырма, зертханалық жұмыс және бақылау түрлері біріктірілген. Модульдік жүйе студенттің жеке қарқынымен жұмыс істеуіне жол ашады. Бұл тәсіл агробиология сияқты күрделі ғылыми пәндерде тиімді қолданылуда.

Жобалық оқыту әдісі. Жобалық оқыту студенттің шығармашылық ойлау қабілетін, зерттеушілік дағдысын дамытуға бағытталады[8]. Агробиологияда жобалық тәсіл арқылы студенттер өсімдіктердің өсуіне әсер ететін факторларды зерттеу, топырақтың құнарлылығын арттыру әдістерін сынау,

агротехнологиялық инновацияларды талдау сияқты ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Агробиологиялық оқыту әдістерін терең талдау.

Проблемалық оқыту әдісін қолдану ерекшелігі. Проблемалық оқыту әдісі нақты биологиялық немесе агротехнологиялық мәселені шешу арқылы білім алуды қамтамасыз етеді. Мысалы, өсімдіктің ауруын анықтау, топырақтағы азот тапшылығын қалай жоюға болатынын талдау, агроценоздағы зиянкестер санын бақылау әдістерін салыстыру сияқты тапсырмалар беріледі. Бұл тәсіл студенттің ғылыми ойлау қабілетін арттырады.

Тәжірибеге бағытталған оқыту әдісі. Агробиология саласындағы практикалық сабақтар, далалық тәжірибелер, топырақ зерттеулері, агрохимиялық талдаулар, физиологиялық эксперименттер арқылы жүзеге асырылады. Тәжірибеге бағытталған оқыту студентке нақты жағдайларда шешім қабылдауды үйретеді. Бұл әдіс болашақ мамандардың кәсіби дайындығын күшейтеді.

Интерактивті әдістерді қолдану. Интерактивті әдістер студенттердің оқу үрдісіне белсенді қатысуын арттырады. Агробиологияда интерактивті әдістерге рөлдік ойындар, ғылыми пікірталас, модельдеу әдістері, интерактивті тапсырмалар, “миға шабуылдау” әдісі, кейс-стади жатады. Бұл әдістер студенттердің зияткерлік белсенділігін арттырады.

Нәтижелер. Жүргізілген теориялық талдау нәтижесінде агробиологиялық білім беруде заманауи оқыту тәсілдерінің тиімділігі анықталды. Зерттеу агробиология саласындағы білім мазмұнының қазіргі уақытта цифрландыру, биотехнология және экологиялық талаптармен тығыз байланысты екенін көрсетті.

Нәтижелер көрсеткендей, құзыреттілікке негізделген оқыту білім алушылардың теориялық білімін практикалық дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, STEM/STEAM бағытындағы интеграцияланған оқыту студенттердің ғылыми ойлау қабілетін дамытады және пәнаралық байланысты күшейтеді.

Цифрлық технологияларды (виртуалды зертханалар, GIS жүйелері, дрондық мониторинг) қолдану оқу процесін визуализациялауға және тәжірибелік дағдыларды қауіпсіз ортада қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді құрал екені анықталды.

Дуальды оқыту жүйесі студенттердің өндірістік ортаға бейімделуін жеңілдетіп, кәсіби құзыреттілігін арттырады. Ал жобалық және проблемалық оқыту әдістері білім алушылардың зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамытады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер агробиологиялық білім беруді жетілдіру үшін заманауи педагогикалық технологияларды кешенді түрде енгізу қажеттігін көрсетеді.

Талқылау

Жүргізілген теориялық талдау агробиологиялық білім беруде заманауи педагогикалық технологияларды кешенді қолданудың тиімді екенін көрсетеді. Құзыреттілікке негізделген тәсіл студенттердің кәсіби даярлығын нақты өндірістік талаптармен сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл теориялық білімді практикалық әрекетпен ұштастыру арқылы болашақ мамандардың функционалдық сауаттылығын арттырады.

Сандық технологияларды енгізу агробиологиялық білім берудің сапасын жаңа деңгейге көтереді. Виртуалды зертханалар, геоақпараттық жүйелер және дрондық мониторинг құралдары студенттердің зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл технологиялар қауіпсіздік пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Дуальды білім беру жүйесі мен тәжірибеге бағытталған оқыту әдістері агроөндірістік орта мен академиялық білім арасындағы алшақтықты азайтады. Нәтижесінде студенттердің кәсіби бейімделу үдерісі жеделдейді[5].

Проблемалық және жобалық оқыту әдістері студенттердің сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және дербес шешім қабылдау қабілетін дамытады. Интерактивті әдістер оқу мотивациясын арттырып, білім алушылардың белсенділігін күшейтеді[4].

Осылайша, агробиологиялық білім беру жүйесінде заманауи әдістерді интеграциялау болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Қорытынды. Агробиологиялық білім беруді заманауи талаптарға сай жаңғырту қазіргі агроөнеркәсіп кешенінің даму қарқыны мен ауыл шаруашылығы ғылымының стратегиялық маңызын ескере отырып, ерекше назарды қажет етеді. Қоршаған ортаның өзгеруі, климаттық тәуекелдердің күшеюі, агроэкожүйелердің тұрақтылығына қойылатын жаңа талаптар және ауыл шаруашылығы технологияларының цифрлануы агробиология саласында терең ғылыми дайындықты талап ететін жаңа кәсіби міндеттерді алға шығарып отыр. Осыған байланысты агробиологиялық білім берудің мазмұны, құрылымы және оқыту тәсілдері ғылыми негізделген инновациялық бағытта үйлесімді дамуы тиіс.

Агробиологиялық білімнің мазмұны қазіргі кезеңде биотехнология жетістіктерімен тығыз байланыста дамуда. Генетикалық редакциялау технологиялары, микроклоналды көбейту әдістері, биологиялық тыңайтқыштар мен пестицидтердің жаңа түрлері, агромониторингтің автоматтандырылған жүйелері сияқты бағыттар болашақ мамандардан жоғары ғылыми сауаттылықты талап етеді. Сондықтан бұл бағыттарды білім беру бағдарламаларына енгізу заманауи оқытудың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Зертханалық тәжірибелерді кеңейту, өндірістік практиканы күшейту және ғылыми жобаларды жүйелі түрде орындау студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырады[9].

Заманауи тәсілдерді қолдану агробиологиялық білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласының инновациялық дамуына серпін береді. Оқыту әдістерінің жаңғыртылуы болашақ

мамандардың ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастырып, деректермен жұмыс істей алу қабілетін күшейтеді және күрделі биологиялық мәселелерді ғылыми тұрғыда талдай білуге үйретеді. Сонымен бірге бұл тәсілдер агроэкожүйелердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерді әзірлеу процесіне студенттердің белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Мұндай интеграцияланған білім беру жүйесі ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосады [10].

Жалпы алғанда агробиологиялық білім беруді оқытудың заманауи тәсілдері мен әдістерін талдау олардың білім сапасын арттыруда, кәсіби құзыреттілікті нығайтуда және ауыл шаруашылығындағы ғылыми-технологиялық прогресті жеделдетуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Инновациялық технологияларды оқыту процесіне енгізу білім алушылардың ғылыми көзқарасын кеңейтіп, жаңа ұрпақтың бәсекеге қабілетті, аналитикалық ойлауға бейім, заманауи технологияларды еркін меңгерген, өзгермелі ортаға тез бейімделетін маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Сондықтан агробиологиялық білім беруді заманауи педагогикалық және цифрлық технологиялар негізінде жетілдіру еліміздің аграрлық секторындағы тұрақты дамудың басты алғышарты болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Абдрахманов Қ., Жұмабаев Т. *Агробиология негіздері: оқу құралы*. Алматы, 2020. – 256 б.
2. Баймұхаметов А., Сұлтанов Д. *Аграрлық биотехнология және инновациялар: ғылыми жинақ*. Алматы, 2021. – 312 б.
3. Дүйсенов Е. *Дәл егіншілік технологиялары: оқу-әдістемелік құрал*. Алматы, 2019. – 184 б.
4. Жұмабаев С. *Агробиологиялық білім беруді жаңғырту стратегиясы*. Алматы, 2022. – 145 б.
5. Мұратбекова А., Тасболатов Р. *GIS технологияларын аграрлық ғылымда қолдану*. Алматы, 2020. – 132 б.
6. Оразбекова Л. *Дуальды оқыту жүйесі: әдістемелік нұсқаулық*. Алматы, 2021. – 98 б.
7. Сәбитов Б. *Модульдік оқыту қағидаттары: педагогикалық әдістеме*. Алматы, 2019. – 120 б.
8. Төлепбергенов Ж. *Жобалық оқыту технологиялары: ғылыми еңбектер жинағы*. Алматы, 2020. – 160 б.
9. Федорова Н. *Биологиялық зерттеу әдістері: практикалық нұсқаулық*. Алматы, 2021. – 110 б.
10. Шарипов Р. *Цифрлық агротехнологиялар мен смарт фермерлік: оқу құралы*. Алматы, 2022. – 200 б.

МРНТИ 14.25.09

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УСПЕВАЕМОСТЬ И МОТИВАЦИЮ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Сулеймен С.С., студент 4 курса, ОП «6В01502-Биология»;
Эрбес В.А., студент 4 курса, ОП «6В01502-Биология»; **Сапарова Г.С.,** к.б.н., ассоциированный профессор, Международный университет Астана
г. Астана, Казахстан
saniyasuleimen28@gmail.com, vikae906@gmail.com

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние цифровых технологий на академическую успеваемость учащихся на уроках биологии. Исследование проводилось на основании двух классов: экспериментального, в котором происходило применение цифровых технологий и контрольного, в котором были использованы традиционные методы обучения. Благодаря собранным материалам удалось выявить, что использование цифровых технологий в процессе обучения способствует росту мотивации, вовлеченности и улучшению академических результатов. Особое внимание в исследовании уделялось таким инструментам, как интерактивные платформы, мультимедийные презентации и онлайн-тестирование. Также анализировались изменения в уровне самостоятельной работы учащихся и их способности к критическому мышлению. Полученные данные подтверждают эффективность интеграции цифровых ресурсов в образовательный процесс. Результаты исследования могут быть использованы педагогами для совершенствования методики преподавания биологии и повышения качества обучения.

Ключевые слова: биология, цифровые технологии, образовательный процесс, успеваемость, мотивация, вовлеченность, активные методы, самостоятельность, формативное оценивание, суммативное оценивание, образовательные результаты.

Введение. Современный этап развития образования характеризуется активной цифровизацией всех сфер общественной жизни, что обуславливает необходимость внедрения инновационных технологий в образовательный процесс. В условиях стремительного развития информационного общества традиционные методы обучения уже не в полной мере отвечают требованиям времени, что требует поиска новых эффективных подходов к организации образовательной деятельности учащихся [1].

Особое значение в данной ситуации приобретают цифровые технологии, которые открывают широкие возможности для повышения качества обучения. Их использование позволяет не только разнообразить формы и методы преподавания, но и способствует развитию познавательной активности, самостоятельности и мотивации учащихся. Как отмечают исследователи,

применение цифровых ресурсов способствует более глубокому усвоению учебного материала за счёт его наглядности, интерактивности и доступности [2].

Объектом исследования являются учащиеся 9 классов.

Предмет исследования: влияние цифровых технологий на учебную деятельность учащихся.

Методологическую основу исследования составили труды отечественных и зарубежных ученых в области педагогики и образовательных технологий, в которых раскрываются вопросы цифровизации образования, повышения эффективности обучения и формирования учебной мотивации

Практическая значимость исследования заключается в возможности использования полученных результатов в педагогической практике для повышения эффективности преподавания биологии с применением цифровых технологий.

Материалы и методы. В исследовании приняли участие 46 учащихся 9 классов, из которых:

- Экспериментальный класс: 23 учащихся;
- Контрольный класс: 23 учащихся.

В экспериментальном классе обучение осуществлялось с использованием цифровых технологий (онлайн-тесты, видеоматериалы, интерактивные задания и тому подобное), тогда как в контрольном классе применялись традиционные методы обучения.

Методы исследования включали:

- ✓ анкетирование экспериментального класса на выявление их отношения к цифровым ресурсам (вводное и итоговое);
- ✓ анализ формативного оценивания (ФО) экспериментального и контрольного классов;
- ✓ анализ суммативного оценивания (СОР) экспериментального и контрольного классов;
- ✓ сравнительный анализ полученных данных.

Результаты. По результатам анкетирования мы выявили, что в экспериментальном классе наблюдается положительная динамика в отношении учащихся к предмету и к учебному процессу. Увеличилась доля учащихся, которым нравится предмет биология, а также повысился уровень интереса к урокам.

Большинство учащихся отметили, что цифровые технологии:

- помогают лучше понимать учебный материал;
- делают уроки более разнообразными и наглядными;
- повышают интерес к предмету;
- облегчают выполнение домашних заданий.

При этом изменения носят умеренный характер, что в свою очередь свидетельствует о постепенной адаптации учащихся к новым формам обучения.

Анализ результатов формативного оценивания показал разницу в изменениях академической успеваемости между экспериментальным и контрольным классами после внедрения цифровых технологий. Средний балл экспериментальной группы увеличился с 20,43 до 21,47 (Рис.1), что составляет рост на 1,04 балла, указывая на положительное влияние цифровых инструментов на качество обучения. Мы можем предположить, что использование технологий способствовало повышению вовлеченности учащихся, обеспечило мгновенную обратную связь и улучшило индивидуализированное обучение.

В контрольной группе также наблюдалось увеличение балла с 19,93 до 20,31, что составляет рост на 0,38 балла (Рис.1). Однако величина этого увеличения была значительно меньше по сравнению с экспериментальным классом. Это может указывать на то, что традиционные методы обучения без активного использования цифровых средств оказывают менее существенное влияние на динамику результатов.



Рис.1. Результаты анализа формативного оценивания в экспериментальном и контрольном классах.

Сравнительный анализ показал, что увеличение среднего балла экспериментальной группы было почти в три раза больше, чем у контрольной группы, демонстрируя, что интеграция цифровых технологий в учебную программу оказывает значительное влияние на повышение успеваемости учащихся.

Анализ результатов суммативного оценивания (СОР) показывает положительные тенденции в обоих классах, хотя процентный прирост различается. В экспериментальном классе средний балл вырос с 12,522 до 14,736, наблюдается рост на 2,214 балла (табл.1). Это значительное увеличение может свидетельствовать об эффективности внедрения цифровых технологий, которые способствуют глубокому обучению и улучшают итоговые образовательные результаты.

В контрольном классе также наблюдаются положительные тенденции: средний балл вырос с 10,565 до 11,783 (рост на 1,218 балла) (табл.1), хотя темпы роста все еще значительно ниже, чем в экспериментальном классе.

Таблица 1.

Анализ результатов суммативного оценивания в экспериментальном и контрольном классах.

Класс	Первый замер	Второй замер	Прирост
Экспериментальный	12,522	14,736	+2,214
Контрольный	10,565	11,783	+1,218

Сравнение показывает, что прирост в экспериментальном классе почти вдвое превышает прирост в контрольном классе. Исходя из этого, мы можем предполагать, что использование цифровых технологий оказывает значительное влияние не только на текущую успеваемость учащихся, но и на их конечные результаты обучения, тем самым повышая общую эффективность образовательного процесса.

Таким образом, несмотря на относительно небольшую разницу, в результатах наблюдалась устойчивая положительная тенденция, указывающая на положительное влияние цифровых технологий на успеваемость учащихся. В целом, полученные данные подтверждают, что внедрение цифровых технологий повышает мотивацию к обучению, вовлеченность и качество обучения, что, в свою очередь, положительно влияет на академические результаты. Это говорит о том, что данный подход представляет собой многообещающую тенденцию в современной образовательной практике.

Результаты. Полученные результаты исследования позволяют более глубоко оценить влияние цифровых технологий на учебную деятельность учащихся. Анализ анкетирования показал положительные изменения в мотивационно-познавательной сфере учащихся экспериментального класса. Увеличение доли учащихся, проявляющих интерес к предмету, могут свидетельствовать о том, что цифровые технологии выполняют стимулирующую функцию и способствуют формированию внутренней мотивации [4]. Изменения не столь резкие, однако прослеживается четкая положительная динамика в сторону роста. Внедрение инновационных технологий требует времени для адаптации учащихся и формирования устойчивых навыков.

Анализ активности учащихся показал, что цифровые технологии способствуют более активному включению обучающихся в учебный процесс. Это связано с их интерактивностью и возможностью организации разнообразных форм работы, что способствует развитию познавательной активности [4]. Значительное влияние цифровые технологии оказывают на понимание учебного материала. Использование мультимедийных ресурсов

облегчает восприятие сложной информации, что особенно важно при изучении биологии [5].

Результаты формативного оценивания подтверждают данные анкетирования. Более выраженный рост показателей в экспериментальном классе свидетельствует о повышении эффективности текущего усвоения материала. Аналогичная тенденция наблюдается при анализе суммативного оценивания. Более высокий прирост суммативного оценивания (СОР) в экспериментальном классе указывает на улучшение итоговых образовательных результатов.

Сравнительный анализ показал, что в контрольном классе также наблюдается положительная динамика, однако она менее выражена. Это позволяет сделать вывод о том, что цифровые технологии выступают дополнительным фактором повышения эффективности обучения. Вместе с тем следует отметить, что влияние цифровых технологий не является одинаковым для всех учащихся. У некоторых обучающихся сохраняется нейтральное отношение, что связано с их индивидуальными характеристиками и степенью подготовленности. Это подтверждает необходимость дифференцированного подхода и сочетания различных методов обучения [6].

Таким образом, цифровые технологии являются эффективным, но не универсальным инструментом обучения, требующим методически грамотного применения.

Выводы. Результаты исследования показали, что внедрение цифровых технологий в образовательный процесс оказывает положительное влияние на учебную деятельность учащихся.

В экспериментальном классе отмечается:

- ✓ рост интереса к предмету;
- ✓ увеличение активности к предмету;
- ✓ повышение уровня мотивации;
- ✓ улучшение показателей формативного и суммативного оценивания.

Сравнение с контрольным классом подтверждает, что использование цифровых технологий способствует более значительному улучшению образовательных результатов.

Таким образом, цифровые технологии могут быть эффективно использованы в преподавании биологии при условии их методически грамотного применения и сочетания с традиционными методами обучения.

Список использованных источников:

1. Андреев В. И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития //Казань: Центр инновационных технологий. – 2000. – Т. 606.

2. Mayer R. E. Multimedia learning //Psychology of learning and motivation. – Academic Press, 2002. – Т. 41. – С. 85-139.

3. Петрова Н. П., Бондарева Г. А. Цифровизация и цифровые технологии в образовании //Мир науки, культуры, образования. – 2019. – №. 5 (78). – С. 353-355.
4. Соловова Н. В. и др. Цифровая педагогика: технологии и методы. – 2020.
5. Скурихина Ю. А. Современные электронные образовательные ресурсы //Использование современных информационно-коммуникационных технологий в работе педагога.-Киров.: КОГОАУ ДПО «ИРО Кировской области. – 2018. – С. 11-19.
6. Петров И. Ф. Дифференцированный подход: сущность и особенности применения //Наука без границ. – 2017. – №. 6 (11). – С. 160-164.

ҒТАМА 14.25.09

8-СЫНЫП БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА STEM-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Темірхан М.М., «7М01502 Биология», 2 курс магистранты,
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
temirkhanova.m.m@mail.ru

Аннотация. Мақалада 8-сынып биология сабақтарында STEM-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру және зерттеушілік дағдыларын дамыту мәселелері қарастырылады. Зерттеу педагогикалық эксперимент негізінде жүзеге асырылып, бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері салыстырмалы түрде талданды. Эксперименттік топта STEM интеграциясына негізделген оқыту моделі енгізіліп, проблемалық, жобалық және зерттеушілік оқыту әдістері кешенді түрде қолданылды. Зерттеу нәтижелері STEM-тәсілдерінің оқушылардың танымдық белсенділігін, оқу мотивациясын және пәнді меңгеру деңгейін айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Сонымен қатар, оқушылардың сыни ойлау, деректерді талдау, гипотеза құру және өз бетінше шешім қабылдау дағдыларының дамығаны анықталды. Цифрлық білім беру ресурстарын, виртуалды зертханалар мен симуляциялық құралдарды пайдалану күрделі биологиялық үдерістерді түсінуді жеңілдетіп, оқу үдерісінің тиімділігін арттырды. Алынған нәтижелер STEM-тәсілдерінің биология пәнін оқытудағы жоғары педагогикалық әлеуетін дәлелдейді және оларды білім беру практикасына жүйелі енгізудің маңыздылығын негіздейді.

Кілт сөздер: STEM-тәсілдері, биологияны оқыту әдістемесі, оқу жетістіктері, зерттеушілік дағдылар, танымдық белсенділік, цифрлық білім беру, педагогикалық эксперимент

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) тәсілдері жаһандық білім беру трендтерінің бірі ретінде ерекше маңызға ие болып отыр [1, 2]. STEM-оқыту оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар практикалық, зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді педагогикалық модель болып табылады [3, 5]. Биология пәні табиғи құбылыстарды түсіндірумен қатар, тәжірибелік зерттеулер жүргізуді талап ететін ғылым саласы болғандықтан, STEM элементтерін енгізу оның тиімділігін арттырады.

8-сынып биология курсы жас ерекшелігіне сәйкес оқушылардың танымдық қызығушылығы жоғары кезең болып саналады, сондықтан бұл деңгейде STEM тәсілдерін қолдану олардың ғылыми ойлау қабілетін қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді [4]. STEM негізінде ұйымдастырылған сабақтар оқушыларды нақты проблемаларды шешуге,

эксперимент жүргізуге, модельдер құрастыруға және деректерді талдауға үйретеді. Бұл өз кезегінде білім алушылардың пәнге деген мотивациясын арттырады және оқу процесін өмірмен байланыстыра түседі.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі білім беру талаптарының өзгеруімен, функционалдық сауаттылықты дамыту қажеттілігімен және оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру міндетімен айқындалады. Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл талаптар STEM тәсілдерінің негізгі қағидаларымен сәйкес келеді және оларды оқу үдерісіне енгізудің өзектілігін арттырады [7]. Осы мақалада 8-сынып биология сабақтарында STEM тәсілдерін қолданудың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу негізінде қарастырылады.Сонымен қатар, STEM-тәсілдерін енгізу білім беру процесін интербелсенді және тұлғаға бағытталған оқыту моделіне көшіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың оқу материалын тек қабылдап қана қоймай, оны практикалық тұрғыда қолдануына жағдай жасайды. Заманауи цифрлық технологиялардың дамуы STEM-оқытуды тиімді ұйымдастыруға кең мүмкіндіктер ұсынады, соның ішінде виртуалды зертханалар мен симуляциялық платформалар ерекше орын алады. Биология сабақтарында мұндай құралдарды пайдалану күрделі биологиялық процестерді визуализациялауға және түсінуді жеңілдетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, STEM оқыту оқушылардың командалық жұмыс, коммуникация және креативті ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл дағдылар қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі құзыреттердің бірі болып табылады. STEM негізінде ұйымдастырылған оқу процесі оқушылардың өздігінен білім алу белсенділігін арттырып, олардың зерттеу мәдениетін қалыптастырады.

Осыған байланысты, STEM тәсілдерін биология пәніне енгізу тек оқу сапасын арттырумен шектелмей, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға да ықпал етеді. Мұндай оқыту форматы білім алушыларды нақты өмірлік жағдайларды талдауға және ғылыми негізделген шешім қабылдауға бағыттайды. STEM-білім беру оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тұрақты түрде арттырып, ұзақ мерзімді оқу мотивациясын қалыптастырады [8]. Сонымен қатар, бұл тәсіл мұғалімнің рөлін ақпарат берушіден бағыттаушы және фасилитатор деңгейіне өзгертеді. Нәтижесінде оқу үдерісі оқушының белсенді қатысуына негізделген динамикалық жүйеге айналады. Осылайша, STEM-тәсілдері 8-сынып биология курсында білім сапасын арттырудың тиімді педагогикалық құралы ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы педагогикалық эксперимент әдіснамасына негізделіп, квази-эксперименттік дизайн форматында жүзеге асырылды. Зерттеу Астана қаласындағы жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Іріктеме көлемі 42 оқушыны құрады, олар тең екі топқа бөлінді: бақылау тобы (n=21) және эксперименттік топ (n=21). Бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері (түсіндіру, репродуктивтік тапсырмалар, оқулықпен жұмыс) қолданылса, эксперименттік

Утаева С.М., студент 4 курс, ОП 6В01504 «Подготовка учителей географии», **Ауезова З.Т**., Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
samirakim195@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются методические особенности преподавания отраслевой структуры промышленности северных регионов Республики Казахстан в школьном курсе географии. Актуальность исследования обусловлена необходимостью формирования у обучающихся целостного представления о территориальной организации хозяйства, роли промышленности в региональном развитии и закономерностях размещения производства в условиях современных социально-экономических преобразований. Особое внимание уделяется значению школьной географии как дисциплины, способствующей развитию аналитического мышления, навыков работы с картографическим и статистическим материалом, а также пониманию взаимосвязей между природными условиями, экономикой и обществом.

В статье обосновывается важность изучения промышленности северных регионов Казахстана, обладающих значительным ресурсным потенциалом, развитой инфраструктурой и устойчивой отраслевой специализацией. Подчёркивается, что использование регионального компонента способствует повышению учебной мотивации и познавательного интереса учащихся. Выявляются основные трудности усвоения темы, связанные со сложностью понятийного аппарата и межотраслевых связей. Делается вывод о необходимости совершенствования методических подходов к преподаванию данной темы с учётом возрастных и познавательных особенностей школьников. Предлагаются практические рекомендации по использованию активных методов обучения, включая работу с картами, анализ статистических данных, групповые задания и проектную деятельность учащихся на уроках.

Ключевые слова: промышленность, регионы, Казахстан, география, методика, обучение, картография, мотивация

Введение. Отраслевая структура промышленности является одним из ключевых понятий школьного курса экономической и социальной географии, поскольку отражает уровень и специфику хозяйственного развития территории, а также особенности её специализации. Рассмотрение данной темы в школьной практике имеет важное методическое значение: оно

способствует формированию у учащихся системного представления о промышленности как сложной и взаимосвязанной системе, развивает навыки анализа статистических данных, работы с картографическим материалом и понимания причинно-следственных связей между природными условиями и хозяйственной деятельностью человека. Особую актуальность приобретает использование регионального материала, в частности примеров северных регионов Казахстана, что позволяет сделать обучение более наглядным, практико-ориентированным и приближённым к реальным социально-экономическим условиям. В научной литературе отраслевая структура промышленности рассматривается как многогранный объект социально-экономического и географического анализа, формирующийся под влиянием природных, демографических и хозяйственных факторов. Её изучение занимает важное место в системе экономической географии и служит теоретической основой для анализа территориальной организации промышленности. Существуют различные подходы к исследованию данной категории: экономический, ориентированный на оценку вклада отраслей в валовой продукт и эффективность производства, и географический, акцентирующий внимание на пространственной дифференциации и факторах размещения. В современных условиях всё большее распространение получает комплексный социально-экономико-географический подход, интегрирующий количественный анализ и пространственное мышление. Теоретические основы изучения отраслевой структуры промышленности были заложены в трудах отечественных учёных.

Так, Н. Н. Баранский рассматривал промышленность как важнейший элемент хозяйственного комплекса территории и подчёркивал роль отраслевой структуры в отражении специализации регионов и территориального разделения труда [1]. Развитие этих идей связано с работами Ю. Г. Саушкина, который рассматривал отраслевую структуру как динамичную систему, изменяющуюся под воздействием научно-технического прогресса. Существенный вклад внёс Э. Б. Алаев, обосновавший необходимость учёта территориального фактора при анализе структуры промышленности и её связи с расселением, транспортом и социальной инфраструктурой. Зарубежные исследования дополняют данные подходы, акцентируя внимание на процессах структурных изменений в условиях глобализации, индустриализации и перехода к постиндустриальной экономике [2]. В частности, Д. М. Смит рассматривает отраслевую структуру как отражение социально-экономических трансформаций и подчёркивает роль инноваций и технологического прогресса в формировании новых отраслей. Это позволяет рассматривать промышленность не только как экономическую, но и как пространственно организованную систему, подверженную постоянным изменениям [3].

Таблица 1. Вклад учёных в изучение отраслевой структуры промышленности

Учёный	Основные идеи	Вклад в изучение отраслевой структуры	Особенности подхода
Н.Н. Баранский	Промышленность как ключевой элемент хозяйственного комплекса	Подчёркивал анализ отраслей в их территориальной взаимосвязи	Отраслевая структура отражает специализацию района; результат исторического развития и территориального разделения труда
Ю.Г. Саушкин	Отраслевая структура как динамичная система	Рассмотрел отраслевую структуру с учётом научно-технического прогресса и социально-экономических факторов	Анализ включает пространственные связи между предприятиями и роль регионов в общенациональной экономике
Э.Б. Алаев	Территориальная организация общества	Рассматривал промышленность как часть системы общественного производства	Связь отраслевой структуры с расселением населения, транспортной инфраструктурой и социальными условиями; акцент на территориальном факторе
Казахстанские и постсоветские учёные	Региональная промышленная специализация	Исследование природно-ресурсного потенциала и структурной перестройки экономики	Особое внимание северным регионам Казахстана; влияние природных и историко-экономических факторов

Материалы и методы. Для исследования особенностей преподавания отраслевой структуры промышленности северных регионов Казахстана в школьной географии в качестве основных материалов использовались учебные программы и учебники географии 9-го класса, включающие разделы по экономико-географической характеристике регионов, отраслевой структуре и территориальному размещению промышленности. Анализ содержания учебных материалов проводился с опорой на современные методические положения по обучению географии, в частности на исследования Самигуллиной Г. С. «Методика преподавания географии», рассматривающей современные подходы, методы и средства обучения географии в образовательном процессе [4] . В качестве основного визуального материала использовались учебные и тематические карты (промышленности, природных ресурсов и транспортных сетей), которые применялись для выявления пространственных закономерностей размещения предприятий и взаимосвязи между природным потенциалом и экономической специализацией регионов. Статистические данные (таблицы и диаграммы по динамике промышленного производства и отраслевой структуре) позволяли проводить количественный и сравнительный анализ уровня промышленного развития областей, что соответствовало современным рекомендациям по использованию количественных источников в географическом образовании и развитию аналитических умений учащихся. Важным элементом исследования были наглядные и мультимедийные материалы — схемы, фотографии промышленных объектов и презентации, обеспечивавшие визуализацию ключевых экономико-географических понятий и способствовавшие активизации учебной деятельности. Кроме того, применялись интерактивные методы обучения (групповая работа, обсуждения, мини-проекты), направленные на развитие у учащихся навыков самостоятельного анализа, сравнения и интерпретации географической информации, что отражает современные тенденции педагогической практики преподавания географии, включая сочетание различных методов и форм обучения для повышения эффективности урока. Методы исследования включали анализ карт и схем для выявления пространственных закономерностей размещения промышленности, обработку и интерпретацию статистических данных для формирования аналитических навыков, сравнительный анализ регионов для выявления особенностей отраслевой структуры, а также наблюдение за педагогическим процессом с целью оценки эффективности использования наглядных и интерактивных материалов в формировании географической компетентности учащихся.

Результаты. Изучение промышленности северных регионов Казахстана в школьном курсе географии демонстрирует, что данный раздел способствует формированию у учащихся целостного представления о структуре национальной экономики и территориальной организации промышленного производства. Анализ учебного материала показал, что тема интегрирована в раздел социально-экономической географии Казахстана, обычно в 9 классе, и

направлена на знакомство с отраслевой структурой экономики, промышленной специализацией регионов и факторами размещения предприятий. В ходе педагогического анализа выявлено, что эффективное освоение темы обеспечивается использованием разнообразных наглядных и интерактивных методов. В частности, работа с картами промышленности и полезных ископаемых, экономико-географическими картами, статистическими таблицами и диаграммами способствует развитию у учащихся пространственного мышления, умения анализировать данные и выявлять взаимосвязь между природными ресурсами, транспортной инфраструктурой и размещением промышленности. Применение сравнительного анализа регионов позволяет учащимся выявлять особенности промышленной структуры отдельных областей, определять ведущие отрасли и промышленные центры, а также объяснять причины размещения предприятий. Групповая работа, мини-проекты и использование мультимедийных материалов повышают мотивацию учащихся, делают уроки более динамичными и способствуют лучшему усвоению сложных экономико-географических понятий. При этом выявлены основные трудности преподавания темы: сложность экономико-географических терминов и абстрактных понятий, связанных с отраслевой структурой и размещением промышленности, особенно при недостаточном использовании наглядных примеров. Эти результаты подчеркивают необходимость комплексного подхода, включающего сочетание картографических, статистических и интерактивных методов обучения, для формирования у школьников устойчивых представлений о промышленном потенциале северных регионов Казахстана.

Выводы. Изучение промышленности северных регионов Казахстана в школьной географии показывает, что эффективность освоения темы достигается за счет комплексного подхода, включающего работу с картами, статистическими данными, наглядными материалами и интерактивными методами обучения. Такой подход позволяет учащимся развивать пространственное мышление, анализировать отраслевую структуру, выявлять факторы размещения предприятий и понимать особенности промышленной специализации отдельных регионов. Вместе с тем выявленные трудности, связанные со сложностью экономико-географических терминов и абстрактных понятий, подчеркивают необходимость дальнейшего совершенствования методики преподавания. В будущем целесообразно разрабатывать адаптированные методические материалы с тематическими картами, схемами и иллюстрациями современных предприятий, внедрять цифровые и интерактивные технологии, включая мультимедийные презентации и виртуальные экскурсии, а также стимулировать проектную и исследовательскую деятельность учащихся через анализ региональной статистики и выполнение сравнительных проектов. Кроме того, систематическое установление межпредметных связей, например с экономикой и природоведением, позволит учащимся глубже понять

взаимосвязь природных ресурсов, инфраструктуры и промышленного развития. Реализация этих подходов позволит повысить качество преподавания, сформировать у учащихся устойчивое и целостное представление о промышленном потенциале северных регионов Казахстана и подготовить их к самостоятельному анализу социально-экономических процессов на региональном уровне.

Список использованных источников:

1. Баранский Н. Н. Экономическая география. Экономическое районирование. — М.: Мысль, 1980. — 384 с.
2. Алаев Э. Б. Территориальная организация общества. — М.: Мысль, 1983. — 192 с.
3. Smith D. M. Geography and Social Science: An Introduction. — Oxford: Blackwell, 2005. — 320 p.
4. Самигуллина Г. С. Методика преподавания географии: теория и практика обучения / Г. С. Самигуллина. — М.: Изд-во «УРАЙТ», 2024.

ҒТАМА 14.25.09

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНЫҢ ВИРТУАЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІН ҚҰРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Хайдуллаева М.М., «7М01503 Химия» ББ 1-курс магистранты, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан;
Жумагалиева Ж.Ж., х.ғ.к., доцент, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
marzhan.haidullaeva@icloud.com

Аннотация. Бұл мақалада химия пәнін оқытуда виртуалды технологияларды қолдану негізінде цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері қарастырылады. Химиялық білімнің ерекшеліктері, атап айтқанда молекулалық құрылымдар мен химиялық үдерістердің көрінбейтіндігі, зертханалық жұмыстарды ұйымдастырудағы қауіпсіздік талаптары және білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық мүмкіндіктерінің шектеулілігі талданады. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде виртуалды зертханалар, үшөлшемді модельдеу құралдары мен интерактивті симуляциялардың химияны оқытудағы дидактикалық әлеуеті айқындалады. Бұл технологиялардың оқу үдерісіндегі қолжетімділікті арттыруға, күрделі химиялық ұғымдарды визуализациялауға және білім алушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруға ықпалы сипатталады. Мақалада виртуалды технологияларды химия сабақтарына енгізудің әдістемелік қағидаттары қарастырылып, олардың артықшылықтары мен шектеулері анықталады.

Кілт сөздер: виртуалды зертхана, химияны оқыту, цифрлық білім беру ортасы, иммерсивті технологиялар, оқу әрекеті, қауіпсіз эксперимент, зертханалық дағдылар.

Кіріспе. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану қарқынды дамып келеді. Әсіресе химия сияқты күрделі әрі тәжірибеге негізделген пәнді оқытуда виртуалды құралдар мен интерактивті орталардың маңызы арта түсуде. Химиялық үдерістердің көпшілігі тікелей бақылауға келмейтіндіктен, оларды дәстүрлі оқыту әдістері арқылы түсіндіру бірқатар қиындықтар туғызады. Сонымен қатар химия пәніндегі зертханалық жұыстарды ұйымдастыру үшін арнайы жабдықтар, қымбат реактивтер және қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет. Бұл факторлар көптеген білім беру ұйымдарында тәжірибелік сабақтардың толық көлемде өткізілуіне кедергі келтіреді.

Осы мәселелерді шешудің бір жолы ретінде виртуалды зертханалар мен цифрлық модельдеу технологияларын қолдану қарастырылады. Олар білім алушыларға химиялық тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындауға, молекулалық

құрылымдарды визуалды түрде зерттеуге және оқу материалын тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Сондықтан химияны оқытуда виртуалды технологияларды қолдану арқылы тиімді цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастыру өзекті ғылыми-әдістемелік мәселе болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – химияны оқытуда виртуалды технологияларды қолдану мәселесі бойынша теориялық-әдістемелік талдау жүргізу.

Зерттеу міндеті – ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде виртуалды зертханалардың химияны оқытудағы дидактикалық мүмкіндіктерін айқындау.

Зерттеу нысаны – химия пәнін оқыту үдерісіндегі виртуалды және цифрлық білім беру технологиялары.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми зерттеулерде белсенді оқыту әдістері, соның ішінде зертханалық жұмыстар, дәстүрлі лекциялық оқытумен салыстырғанда білім алушылардың оқу жетістіктеріне оң әсер ететіні атап өтіледі [1]. Зертханалық қызмет оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда бірқатар еңбектерде нақты зертханаларды ұйымдастыру қаржылық, ұйымдастырушылық және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты әрдайым мүмкін бола бермейтіні көрсетіледі [2]. Осыған байланысты виртуалды шындық (VR) технологиялары балама немесе қосымша оқыту құралы ретінде қарастырылады. VR технологиясы білім алушыны интерактивті цифрлық ортаға енгізу арқылы оқу материалын дене қимылы мен кеңістіктік қабылдау негізінде меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл күрделі ғылыми ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, білімді терең түсінуге жағдай жасайды [3,4].Зерттеулерде виртуалды ортада қол қимылдары мен әрекеттерді қолдану оқу материалын есте сақтауды жақсартатыны көрсетілген. Сонымен қатар VR технологиялары білім алушыны белгілі бір рөлге енгізу арқылы оқу контексін байытып, пәндік әрекетке деген қызығушылықты арттырады. Химияны оқытуда VR технологияларының басты артықшылықтарының бірі – молекулалар мен химиялық үдерістерді үшөлшемді форматта бейнелеу мүмкіндігі [5,6]. Бұл кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға және абстрактілі ұғымдарды нақты қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар әдебиеттерде виртуалды ортаның қауіпсіздік тұрғысынан артықшылықтары, тәжірибелерді бірнеше рет қайталап орындау мүмкіндігі және білім алушылардың мазасыздық деңгейін төмендету әлеуеті атап өтіледі [7]. Алайда бірқатар авторлар виртуалды зертханалар нақты зертханалық дағдыларды толық алмастыра алмайтынын, әсіресе қауіпсіздік мәдениеті мен құралдармен жұмыс істеу тәжірибесінің шектеулі қалыптасатынын көрсетеді. Осылай зертханалық сабақтарды толықтыратын құрал ретінде қолдану қажеттігін негіздейді.[8]

Нәтижелер. Бұл мақала теориялық-әдістемелік бағытта орындалды. Зерттеу барысында эмпирикалық эксперимент жүргізілген жоқ, алайда химияны оқытуда виртуалды технологияларды қолдану мәселесін жан-жақты қарастыру мақсатында бірқатар теориялық зерттеу әдістері қолданылды.

Негізгі зерттеу әдісі ретінде отандық және шетелдік ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жүйелі талдау жасау жүзеге асырылды. Әдеби дереккөздерді талдау барысында виртуалды зертханалар, үшөлшемді модельдеу құралдары және интерактивті симуляциялардың химия пәнін оқытудағы дидактикалық мүмкіндіктері мен шектеулері анықталды.

Салыстырмалы талдау әдісі виртуалды және дәстүрлі зертханалық оқытудың ерекшеліктерін салыстыру мақсатында қолданылды. Бұл әдіс әртүрлі оқыту тәсілдерінің білім алушылардың танымдық белсенділігіне, оқу материалын меңгеру деңгейіне және қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге ықпалын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында алынған ғылыми деректерді жүйелеу және жалпылау әдістері арқылы виртуалды технологияларды химия пәніне енгізудің негізгі әдістемелік қағидаттары айқындалды. Сонымен қатар модельдеу әдісі негізінде химия пәні бойынша цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастырудың құрылымдық-әдістемелік моделі ұсынылды.

Қолданылған әдістердің кешенді сипаты виртуалды технологияларды химияны оқыту үдерісінде мақсатты әрі жүйелі қолданудың теориялық негіздерін тұжырымдауға мүмкіндік берді және зерттеу нәтижелерінің ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етті.

Жүргізілген теориялық-әдістемелік талдау химия пәнін оқытуда виртуалды технологияларды қолданудың педагогикалық әлеуеті жоғары екенін көрсетті. Әдеби дереккөздерді жүйелеу нәтижесінде виртуалды зертханалар, үшөлшемді модельдеу құралдары және интерактивті симуляциялар химиялық білімнің ерекшеліктерінен туындайтын бірқатар дидактикалық қиындықтарды шешуге мүмкіндік беретіні анықталды.

Атап айтқанда, химиялық үдерістердің микродеңгейде жүруі және молекулалық құрылымдардың абстрактілі сипаты білім алушылардың оқу материалын қабылдауын күрделендіреді. Виртуалды технологиялар бұл мәселені химиялық үдерістерді көрнекі түрде бейнелеу арқылы шешуге мүмкіндік береді. Үшөлшемді модельдер мен анимациялар атомдар мен молекулалардың өзара әрекеттесуін, химиялық байланыстардың түзілу механизмін және реакция барысын нақты көрсетуге жағдай жасайды. Нәтижесінде білім алушылардың кеңістіктік ойлау қабілеті дамып, теориялық материалды түсіну деңгейі артады.

Талдау барысында виртуалды зертханалардың қауіпсіздік тұрғысынан маңызды артықшылықтары бар екені анықталды. Виртуалды ортада қауіпті реактивтермен тікелей жұмыс істеу қажеттілігі жойылады, бұл оқу үдерісіндегі қауіпсіздік деңгейін арттырады. Сонымен қатар білім алушылар тәжірибелерді бірнеше рет қайталап орындау мүмкіндігіне ие болады, бұл олардың қателіктерді талдауына және эксперименттік әрекеттердің логикасын терең түсінуіне ықпал етеді.

Сонымен бірге жүргізілген талдау виртуалды технологиялардың белгілі бір шектеулерін де көрсетті. Атап айтқанда, виртуалды орта нақты зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеу барысында қалыптасатын

тактильді дағдыларды және зертханалық мәдениетті толық көлемде қалыптастыра алмайды. Бұл виртуалды зертханаларды дәстүрлі зертханалық оқытудың толық баламасы ретінде емес, оны толықтыратын және тиімділігін арттыратын құрал ретінде қолдану қажеттігін көрсетеді.

Осыған байланысты талдау нәтижелері виртуалды және дәстүрлі зертханалық оқытуды үйлестіре қолдану ең тиімді әдістемелік шешім екенін айқындады. Виртуалды технологияларды зертханалық жұмыстарға дайындық кезеңінде пайдалану білім алушылардың тәжірибені орындауға деген сенімділігін арттырып, нақты зертханалық сабақ барысында жіберілетін қателіктер санын азайтады. Бұл тәсіл оқу уақытының тиімді пайдаланылуына және оқу нәтижелерінің сапасының артуына ықпал етеді.

Жалпы алғанда, талдау нәтижелері виртуалды технологияларды жүйелі әрі мақсатты түрде қолдану химия пәні бойынша цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастырудың тиімді құралы екенін дәлелдейді. Мұндай орта білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, күрделі химиялық ұғымдарды меңгеруді жеңілдетуге және қауіпсіз әрі қолжетімді оқу үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген теориялық-әдістемелік талдау виртуалды технологиялардың химияны оқытуда тиімді цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Виртуалды зертханалар оқу материалын көрнекі түрде түсіндіруге, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз етуге ықпал етеді.Сонымен қатар виртуалды технологияларды дәстүрлі зертханалық сабақтардың толық баламасы ретінде емес, оларды толықтыратын және жетілдіретін құрал ретінде қолдану орынды екені анықталды. Бұл тәсіл химияны оқыту сапасын арттыруға және заманауи білім беру талаптарына сәйкес цифрлық білім беру кеңістігін дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Jones A. L., Stapleton M. K. 1.2 million children and counting—Mobile science laboratories drive student interest in STEM // *PLoS Biology*. – 2017. – Vol. 15, No. 5. – e2001692. – DOI: 10.1371/journal.pbio.2001692.

2. Halim L., Rahman N. A., Wahab N., Mohd Mokhtar L. E. Factors influencing interest in STEM careers: An exploratory factor analysis // *Asia-Pacific Forum on Science Learning and Teaching*. – 2018. – Vol. 19, No. 2. – URL: https://www.eduhk.hk/apfslt/v19_issue2/rahman/index.htm (қолжетімділік күні: 01.02.2026).

3. Shin D. H. The role of affordances in the experience of virtual reality learning: Technological and emotional affordances in virtual reality // *Telematics and Informatics*. – 2017. – Vol. 34, No. 8. – P. 1826–1836. – DOI: 10.1016/j.tele.2017.05.013.

4. Bailey J. O., Bailenson J. N., Casasanto D. When does virtual embodiment change our minds? // *Presence: Teleoperators and Virtual*

Environments. – 2016. – Vol. 25, No. 2. – P. 222–234. – DOI: 10.1162/PRES_a_00263.

5. Ferrell J. B. et al. Chemical exploration with virtual reality in organic teaching laboratories // *Journal of Chemical Education*. – 2019. – Vol. 96, No. 9. – P. 1961–1966. – DOI: 10.1021/acs.jchemed.9b00036.

6. Butt A. L., Kardong-Edgren S., Ellertson A. Using game-based virtual reality with haptics for skills acquisition // *Clinical Simulation in Nursing*. – 2018. – Vol. 16. – P. 25–32. – DOI: 10.1016/j.ecns.2017.09.010.

7. Rubio-Tamayo J. L., Barrio M. G., García F. G. Immersive environments and virtual reality: Systematic review and advances // *Multimodal Technologies and Interaction*. – 2017. – Vol. 1, No. 4. – P. 21. – DOI: 10.3390/mti1040021.

8. de-Juan-Ripoll C. M. et al. Virtual reality as a new approach for risk assessment // *Frontiers in Psychology*. – 2018. – Vol. 9. – P. 2532. – DOI: 10.3389/fpsyg.2018.02532.

ҒТАМА 39.01.45

ГЕОГРАФИЯ БОЙЫНША НОМЕНКЛАТУРАНЫ ОҚУШЫҒА ТИІМДІ ЖАТТАУ ӘДІСТЕРІ

Шерімбай Е.А., «6В01504 География» ББББ 1- курс студенті; **Оразбеков Н.Е.,** «6В01504 География» ББББ 1- курс студенті; **Сағынбаева А.Б.,** магистр, аға оқытушы, Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада білім беру ұйымдарында атап айтсақ бастапқы орта білім беретін мектептерде міндетті пәндер қатарына жататын география пәні бойынша номенклатураны (географиялық объектілер оларға таулар, өзендер, елдер секілді көптеген нысандар енеді) білім алушыға тиімді жаттау әдістері қарастырылады. Географиялық номенклатураны тиімді жаттау әдістерін баяндау барысында қазақстандық және шетелдік ғалымдармен олардың еңбектеріне сілтеме беріледі. Тиімді әдістерді қарастырып қана қоймай мақалада жан-жақты зерттеулермен көзқарастар қамтылады. Бұл мақала материалдарымен зерттеу нәтижелері болашақ география пәні бойынша білім беретін мұғалімдерге жәнеде жеке қабілеттерін дамытушы география пәнін ұнатушы оқырманға өз пайдасын тигізе алады.

Кілт сөздер: номенклатура, физикалық карта, дүние жүзінің экономикалық-саяси картасы, әдістеме, география

Кіріспе. География ғылымында номенклатура – бұл жер бетіндегі географиялық нысандардың (өзендер, таулар, көлдер, мемлекеттер, қалалар және т.б.) атауларының жүйесі. Номенклатураны меңгеру – география пәнін оқудың негізгі бөлігі болып табылады, өйткені кез келген географиялық құбылысты түсіну үшін оның нақты орналасқан орнын білу қажет [1]. Картаны білу «географияның әліппесі» деп бекер айтылмайды. Әліппесіз оқу мүмкін болмағаны сияқты, картасыз географияны толық түсіну де мүмкін емес. **Карта** – географиялық ақпараттың басты көзі, ал номенклатура сол картаны «оқудың» негізін құрайды [2]. Сондықтан географиялық атауларды білу – пәнді терең меңгерудің алғашқы қадамы. Алайда көптеген оқушылар үшін номенклатураны жаттау қиындық туғызады. Географиялық атаулардың көптігі, олардың бір-біріне ұқсастығы және жүйесіз жаттау әдістері ақпараттың тез ұмытылуына әкеледі.Географиялық атаулардың тез ұмытылуының басты себептерінің бірі – оларды механикалық түрде, яғни түсінбей жаттау. Мұндай жағдайда оқушы атауды есте сақтағанымен, оның нақты орналасуын елестете алмайды. Бұл білімнің тұрақсыз болуына алып келеді[3].Сонымен қатар визуалды байланыстың болмауы да үлкен рөл атқарады. Егер оқушы картаға қарамай тек мәтін арқылы жаттаса, ми ақпаратты әлсіз қабылдайды. Адам миы көрнекі ақпаратты (сурет, карта, схема) әлдеқайда жақсы сақтайтыны ғылыми тұрғыда дәлелденген. *Аллан Пайвио (1971) көрсеткендей, ақпараттың бейнелік және сөздік түрде қатар*

берілуі есте сақтауды жақсартады [7]. Географиялық номенклатураны меңгеруде кезекті туындайтын қиындықтардың бірі – ақпараттың тез ұмытылуы және қайталаудың жүйесіздігі. Сондықтан оны тиімді әрі ұзақ мерзімге есте сақтауға мүмкіндік беретін арнайы оқу тәсілдерін қолдану қажет. Төменде номенклатураны меңгерудің негізгі әдістері мен оларды тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Номенклатураны меңгерудің тиімді жолдарының бірі – визуалды әдістерді қолдану. Бұл әдістер адамның көру арқылы есте сақтау қабілетіне негізделген.

Визуалды әдістерде қарастырылатын тиімді әдістердің бірі - контурлық картамен, яғни *«бос картамен»* жұмыс жасау. Бұл әдісте оқушы географиялық нысандардың атауларын бірден жазбайды, керісінше олардың орналасқан жерін белгілейді немесе бояйды. Мысалы, өзендерді көк түспен, тауларды қоңыр түспен белгілеу арқылы олардың картадағы орнын есте сақтайды. Бұл тәсілдің тиімділігі – оқушы тек атауды жаттамай, оның кеңістіктегі орналасуын да қатар меңгереді. Нәтижесінде мида «атау + орын + бейне» түрінде кешенді байланыс қалыптасады [1]. Мұндай байланыс ақпараттың ұзақ уақыт есте сақталуына мүмкіндік береді. Контурлық картамен жұмыс жасау барысында оқушы өз бетінше ізденеді, салыстырады және талдайды. Бұл тек жаттау емес, сонымен қатар ойлау процесін де дамытады. Мысалы, бір өзеннің қайдан басталып, қайда құятынын белгілеу арқылы оқушы оның географиялық ерекшеліктерін де түсіне бастайды [6]. Сонымен қатар, түрлі түсті бояуларды пайдалану, шартты белгілер енгізу және картаны бірнеше рет қайталап белгілеу есте сақтауды бірнеше есе жақсартады. Бұл әдіс әсіресе визуалды қабылдауы жақсы дамыған оқушылар үшін өте тиімді.

Географиялық номенклатураны тиімді жаттау үшін тек оқулықты қайта-қайта оқу жеткіліксіз. Бұл тақырыпты ұзақ уақыт есте сақтау үшін оқу процесін күнделікті өмірмен байланыстырып, көзбен көру, айту, жазу және қайта жаңғырту әрекеттерін бірге қолдану қажет. Географиялық атауларды меңгерудің ең басты ерекшелігі — оларды жай ғана жаттап қою емес, картадағы орны мен кеңістіктегі байланысын түсіну. Сондықтан практикалық жұмыс жүйелі, тұрақты және қызықты болғанда ғана нәтиже береді.

Келесі қарастырылатын тиімді әдістердің бірі ол үйдің көзге жиі түсетін жеріне *карта іліп қою*. Бұл карта міндетті түрде үлкен және анық болуы керек, өйткені күн сайын оны көру есте сақтауды жеңілдетеді. Мысалы, жұмыс үстелінің қасына, қабырғаға немесе оқу бұрышына дүниежүзінің, Қазақстанның немесе нақты бір материктің физикалық немесе экономикалық-саяси картасын іліп қоюға болады. Күнделікті өмірде көзге жиі қайталанып көрінетін ақпараттар (мысалы, карталар мен географиялық бейнелер) адам миында берік сақталады. Бұл құбылыс когнитивтік психологияда ақпаратты қайталау мен визуалды қабылдаудың есте сақтауға оң әсерімен түсіндіріледі.Қайталанатын ақпараттың есте сақталуын жақсартатыны Герман Эббингауз зерттеулерінде дәлелденген («ұмыту қисығы» теориясы) [8] .



Сурет – 1. Герман Эббингауздың «ұмыту қисығы» теориясы.

Ал бұл пассивті қайталау әдісі ұзақ мерзімді есте сақтауға өте пайдалы. Картаға тек қарап қана қоймай, бос уақыт кезінде ондағы нысандарды атап шығу, олардың орналасуын ойша елестету есте сақтау үдерісін күшейтеді. Уақыт өте келе карта көз алдына келіп тұратын визуалды бейнеге айналады, ал бұл географиялық номенклатураны еркін меңгеруге көмектеседі.

Визуалды номенклатураны жаттаудағы тиімді әдістердің бірі ол *географиялық диктант жүргізу*. Бұл тәсілде бір оқушы елдің, таудың, өзеннің, түбектің немесе қаланың атауын айтады, ал екінші оқушы сол нысанды картадан тез табуға немесе жазуға тырысады. Егер оқушы жалғыз өзі жаттап жүрсе, диктантты өзі де ұйымдастыра алады: атауларды тізімдеп алып, белгілі бір уақыт ішінде картадан белгілеуге тырысу керек. Географиялық диктанттың артықшылығы — ол тек жаттап алуға емес, жылдам еске түсіруге үйретеді [1]. Себебі картадан нысанды табу үшін атауды есте сақтап қана қоймай, оның орналасу заңдылығын, көрші нысандарын, бағытын және аумақтық ерекшелігін де білу қажет. Бұл тәсіл әсіресе география пәнінен қатысатын олимпиадаға, тестілеуге немесе карта бойынша берілетін тапсырмаларды орындау барысында өте пайдалы. Географиялық диктантты оқушы апта сайын осы әдісті пайдаланып отырса, оқушы өз қателерін көріп, әлсіз тұстарын біртіндеп түзете алады.

Тағы бір тиімді әдістердің бірі ол достармен немесе сыныптастармен жарыс ұйымдастыру. Мысалы, «Кім тез табады?» ойыны арқылы белгілі бір объектіні картадан ең жылдам анықтау тапсырмасы беріледі. Бұл ойын түріндегі жаттығу оқу процесін қызықты етіп қана қоймай, есте сақтауды да жеделдетеді. Себебі жарыс кезінде адамның обьектіні табуға деген назары көбірек орнайды нәтижесінде, ми ақпаратты жылдамырақ өңдейді Оқу процесінде ойын және жарыс элементтерін қолданудың тиімділігі Лев Выготский еңбектерінде (әлеуметтік өзара әрекет арқылы оқу) негізделеді [9] . Әсіресе бір тақырыпты бірнеше адам бірге қайталаса, әрқайсысы өз білімін салыстырып, қателерін байқайды. Жарыс элементі оқу мотивациясын

күшейтеді белсенді танымдық процесс ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай ойындарды «картадан тап», «атауын ата», «орналасуын көрсет», «қате нысанды тап» деген форматта ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс сынып ішінде де, үйде де өте қолайлы.

Пазл құрастыру әдісі - географиялық номенклатураны меңгертудің визуалды және тәжірибелік тәсілі. Бұл әдісте оқушы карта бейнесін бөлшектерге бөліп, оны қайта құрастыру арқылы мемлекеттердің орналасуын, шекаралас аумақтарын және материктердегі орнын есте сақтайды. Нәтижесінде ақпаратты көру, талдау және қолмен орындау әрекеттері қатар іске қосылып, материалдың ұзақ мерзімге сақталуына ықпал етеді.Бұл әдіс XX ғасырда Эллиот Аронсон ұсынған кинестетикалық оқыту әдістеріне ұқсас болғанымен біз географиялық карталарды пазл әдісімен құрастыру әдісі бұған дейін жасалған оқу-әдістемелік құралдарда кездеспейді бірақ пазл арқылы құрастыру жоғарыда айтылғандай визуалды және талдау сонымен қатар есте сақтауға көмектесетін тиімді әдіс.

Географиялық номенклатураны тиімді жаттаудағы басты бағытардың бірі - цифрлық технологиялар. Қазіргі кезде интерактивті карталар мен онлайн-ойындар оқу үдерісін әлдеқайда жеңілдетіп отыр. Мысалы, «*Seterra*», «*World Geography*» сияқты платформаларда елдер, астаналар, өзендер, таулар, мұхиттар және басқа да нысандар бойынша арнайы жаттығулар бар. Бұл бағдарламалар қолданушыдан тек атауды білуді емес, оны картада дәл табуды талап етеді. Сондықтан олар визуалды және кеңістіктік есте сақтауды қатар дамытады. Цифрлық құралдардың тағы бір артықшылығы - олар қателерді бірден көрсетіп, қайта жаттығуға мүмкіндік береді. Бұл оқушыға өз нәтижесін бақылауға, қай жерде қателесетінін анықтауға және соған қарай оқу тактикасын өзгертуге көмектеседі.

Quizlet карточкалары да пайдалы әдістердің бірі. Мұнда бір бетінде нысанның атауы, екінші бетінде оның картадағы орны, қысқаша сипаттамасы немесе суреті беріледі [4]. Мұндай карточкалар арқылы жаттау ыңғайлы, өйткені олар ақпаратты шағын бөліктерге бөліп ұсынады. Бір карточканы бірнеше рет қарап шығу арқылы бір атау есте жеңіл қалады. Егер карточкалар топтастырылып жасалса, мысалы, материктер бойынша, су нысандары бойынша немесе Қазақстанның табиғи объектілері бойынша бөлінсе, жаттау жүйелі түрде жүреді. Бұл әдіс әсіресе қысқа уақытта көп нысанды меңгеру қажет болғанда тиімді. Сонымен қатар Seterra қайталау режимі оқушыға өз деңгейін біртіндеп көтеруге мүмкіндік береді [3].

Географиялық атауларды есте сақтауда «кіші қадамдар» стратегиясы маңызды. Бір күнде ондаған немесе жүздеген атауды жаттауға тырысу көбіне нәтиже бермейді, өйткені ақпарат араласып кетеді және ұмыту жылдам болады. Сол себепті күніне 5–10 нысаннан артық жаттамау ұсынылады. Бұл аз сияқты көрінгенімен, жүйелі түрде қайталанса,үлкен нәтиже береді. Мысалы, бір аптада 35–70 нысан, бір айда жүздеген атау меңгеруге болады. Ең бастысы - бір реттік үлкен көлем емес, тұрақты және ырғақты жұмыс. Ақпаратты шағын бөліктерге бөлу мидың жүктемесін азайтады және ұзақ мерзімді

жадыға жақсы бекітеді.

Қайталау интервалы да географиялық номенклатураны тиімді жаттауда рөл атқарады. Бір рет оқыған атау бірден толық есте қалмайды, сондықтан оны белгілі бір уақыт аралығымен қайталау қажет. Мысалы, Герман Эббингауз жүргізген зерттеулерге сәйкес, адам жаңа ақпараттың шамамен 50%-ын алғашқы 1 сағат ішінде, ал 60–70%-ын 24 сағат ішінде қайталамаса ұмытып қалады. Бұл құбылыс «ұмыту қисығы» ретінде белгілі. Сондықтан ақпаратты белгілі бір уақыт аралықтарымен жүйелі түрде қайталау оның ұзақ мерзімді есте сақталуын қамтамасыз етеді [8] . Алдымен 10 минуттан кейін қысқаша қайта қарап шығу, содан кейін 1 сағаттан кейін тағы қайталау, ең соңында келесі күні тағы бір рет еске түсіру ұсынылады. Осындай аралықпен қайталау ақпараттың ұмытылу жылдамдығын азайтады. Аралық қайталау жүйесі арқылы географиялық атаулар саналы түрде ғана емес, берік түрде де сақталады. Егер осы әдіс картамен бірге қолданылса, нәтиже одан әрі күшейеді [1].

Сондай-ақ, географиялық номенклатураны жаттауда *ассоциация* құрудың маңызы зор. Әр нысанды жай ғана географиялық атау ретінде емес, белгілі бір бейнемен, оқиғамен немесе ұқсас затпен байланыстыру есте сақтауды жеңілдетеді. Мысалы, ерекше дыбысталатын атауларды бейнеге айналдыру, елдің пішінін қандай да бір затқа ұқсату, өзеннің бағытын ойша қимылмен елестету сияқты тәсілдер есте сақтау процесін қызықты әрі тиімді етеді. Ассоциация арқылы жатталған ақпарат ұзақ уақыт сақталады, себебі ол жай сөз емес, мағыналы образға айналады [5].

Айқын мысал ретінде GOOGLE MAPS MANIA сайтында өткен сауалнама нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың 79%-ы Ұлыбритания Финляндияға ұқсас екендігін айтқан.



Сурет – 2. Сауалнама нәтижесіндегі ұқсастық

Жазбаша жаттығулар да міндетті түрде қолданылуы керек. Картадан көріп қана қоймай, атауларды қолмен жазу миға қосымша сигнал береді. Әсіресе күрделі немесе ұқсас атауларды бірнеше рет жазып шығу өте пайдалы. Мысалы, бір-біріне ұқсас өзендер, тау жоталары немесе қалалар атауларын салыстырып жазу арқылы олардың айырмашылығын есте сақтауға болады. Жазу кезінде адамның зейіні шоғырланып, орфографиялық және кеңістіктік

жады қатар жұмыс істейді.Мысалы Есіл және Ертіс өзендерін әріптік қате жіберу арқылы шатастырып алу қауіпі туады сондықтан жазбаша жаттығулар орындау барысында немесе жауап жазу бойынша тесттерді орындау барысында жазған жауапты қайта тексеріп шығу ұсынылады.Сондықтан картадағы орынды оқу, оны жазу және қайта айту бір-бірін толықтыратын әдістер ретінде қолданылуы тиіс [6].

Кезекті практикалық кеңес - өз бетімен шағын тексеру жүйесін құру. Мысалы, аптаның соңында 10-15 минуттық мини-тест жасап, қай нысандар есте қалғанын тексеру. Бұл тексеруді бос картаға белгі қою, атауларды жазу немесе ауызша жауап беру түрінде ұйымдастыруға болады. Өз білімін жиі бақылап отыру оқушыға сенімділік береді және ұмыттырмайды. Егер қате жіберілсе, оны бірден түзетіп, келесі қайталауда қайта тексеру қажет. Осылайша оқу процесі бір бағыттағы жаттау емес, үнемі жетілдірілетін жүйеге айналады. Географиялық номенклатураны тиімді жаттау үшін үйде карта ілу, географиялық диктант жасау, достармен жарысу, интерактивті платформаларды қолдану, Quizlet карточкаларын пайдалану, аз-аздан жүйелі жаттау және аралықпен қайталау сияқты тәсілдерді бірге қолдану қажет. Бұл әдістердің әрқайсысы жеке маңызды болғанымен, оларды біріктіріп қолдану нәтиженің сапасын бірнеше есе арттырады. Ең бастысы-географияны кездейсоқ емес, күнделікті дағдыға айналдыру. Сонда номенклатура тек жатталатын тізім емес, картада еркін бағдар табуға көмектесетін мықты білімге айналады.

Нәтижелер. Географиялық номенклатураны тиімді жаттаудың тиімді әдістерін нақтылау үшін география пәні мұғалімдерін даярлау мамандығында білім алып жатқан студенттерден дауыс беру ұйымдастырдық дауыс беру онлайн форматта жүргізіліп жоғарыда аталған 8 әдістің ең тиімді әдісі ретінде қатысушылар қайталау интервалы әдісін таңдаған.



	1)Карта әдісі	2)Диктант әдісі	3)Компетенция әдісі	4)Онлайн-ойындар әдісі	5)Quizlet карталар әдісі	6)Күнделікті норма әдісі	7)Ассоциация әдісі	8)Қайталау интервалы әдісі
1-Балл	0	1	0	0	0	0	1	0
2-Балл	0	0	1	0	2	1	1	1
3-Балл	6	3	1	3	7	7	7	3
4-Балл	9	11	9	8	6	8	6	6
5-Балл	29	29	33	33	29	28	29	34

Сурет - 3, Номенклатураны есте жақсы сақтаудағы тиімді әдістер бойынша жүргізілген сауалнама көрсеткіштері.

Жоғарыдағы бағалау көрсеткіші сегіз түрлі номенклатура жаттау барысында қолданылатын әдістерді қамтыды. Жалпы 44-студент сауалнамадан өтті. Барлық әдістер аномалды түрде жоғары нәтиже

көрсеткенімен “Компетенция”, “Онлайн-ойындар” арқылы дайындалу және “Қайталау интервалы” әдістері 30-дауыстан жоғары нәтиже көрсетуіне байланысты ең тиімді деп бағаланды.

Бұл нәтижелер аталған әдістердің студенттер арасында кеңінен қолдау табатынын және олардың оқу үдерісінде тиімді қолданылатынын көрсетеді. Әсіресе, заманауи және жүйелі тәсілдердің жоғары нәтиже беруі олардың практикалық маңыздылығын арттырады.

1-кесте Номенклатураны есте сақтау процесінде тиімділікті бағалау кестесі.

Тиімділік балы	Тиімділік мәні
1-Балл	Өте төмен тиімділік
2-Балл	Төмен тиімділік
3-Балл	Орташа тиімділік
4-Балл	Жоғары тиімділік
5-Балл	Өте жоғары тиімділік

Қорытынды. Географиялық номенклатураны тиімді жаттау әдістерін пайдалана отырып географиялық объектілерді жаттау білім беру жүйесінде мұғалім және оқушы үшінде және географияны меңгергісі келетін кез-келген қызығушы тұлға үшін тиімді әдістер қарастырылды. Мақала барысында мысалға келтірілген әдістермен олардың тиімділік мәні бойынша сауалнама нәтижесі география ғылымын бір ғана әдіспен меңгеру барлық адамға тиімді әдіс емес екендігін көрсетті, географиялық номенклатураны тиімді жаттау үшін онлайн форматтағы әдістермен дәстүрлі форматтағы әдістерде уақыт аралығында маңызын жоғалтпағаның көрсетеді. Мұғалім өз сабағында оқушыларың қызығушылығына және жас ерекшелігіне қарай жоғарыда аталған әдістерді пайдалана алады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімдері:

1. Бейсенова Ә. С., Каймулдинова К. Д. Географияны оқыту әдістемесі: Оқулық. — Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. - 268 б. (Географиялық нысандар мен картамен жұмыс істеудің педагогикалық негіздері).

2. Bilim-all.kz. "География сабағында картамен жұмыс істеу әдіс-тәсілдері" - [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: bilim-all.kz (Картаны «географияның әліппесі» ретінде қолдану туралы).

3. Seterra Geography. "Learning through Games: The impact of interactive maps" - [Official Website]. Қолжетімділік режимі: online.seterra.com (Интерактивті тренажерлер мен визуалды есте сақтау әдістемесі).

4. Quizlet Education. "Flashcards as a tool for long-term memory in Geography" - [Digital Platform]. Қолжетімділік режимі: quizlet.com (Карточкалар және интервалды қайталау жүйесі туралы).

5. National Geographic Education. "Mental Maps and Spatial Thinking" -[Resource Library]. Қолжетімділік режимі: education.nationalgeographic.org (Кеңістіктік ойлау мен географиялық нысандарды ассоциациялау әдістері).
6. Ustaz.kz. "Географиялық номенклатураны жаттаудың тиімді жолдары" - Педагогикалық мақалалар жинағы.
7. Паивио А. Суреттеу және Вербальдық Процестер. Нью-Йорк: Холт, Райнхарт және Винстон, 1971.
8. Эббингауз Г. Экспериментальды психологияға үлес. - Нью-Йорк: Колумбия университетінің Мұғалімдер колледжі, 1913.
9. Выготский Л. Әлеуметтік өзара әрекет арқылы оқу

ҒТАМА 39.01.45

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СУ РЕСУРСТАРЫ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Шерімбай Е.А., «6В01504 География» ББББ 1- курс студенті;
Байжанова М.С., магистр; аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aldiarsegizbaev4@gmail.com Baizhanova.madi@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстанда жақын болашақта болатын су ресурстарының жетіспеушілігі айқын сезілетін аумақта орналасқандықтан су-гидрогеографиялық зерттеулер өзектілігі арта береді.Мақала мақсаты ел аумағында орналасқан су ресурстары туралы жан-жақты зерттеу жүргізе отырып жоспарлы түрдегі қауіптің алдын-алу үшін тиімді бағыт ұсыну болып табылады. Бұл мақалада Қазақстандағы су ресурстары тапшылығының қазіргі жағдайы туралы және ел аумағындағы су ресурстарының алдағы уақыттағы су жетіспеушілігін шешу үшін жасалатын істері сонымен қатар Қазақстанның су ресурстарының географиялық маңызы айтылады. Ел аумағындағы су жетіспеушілігі тудырушы факторлар және су жетіспеушілігіне алып келетін экологиялық сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық салаға алып келетін болжамды қиындықтары айтылады.Мақалада Қазақстан аумағында су ресурстарын тиімді тұтынумен қатар тиімді басқару әдістерін жан-жақты зерттеле отырып болашақта болатын су жетіспеушілігіне қарсы жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер:Су жетіспеушілігі, гидрология, климат өзгеруі , трансшекаралық өзендер, тиімді басқару, географиялық талдау.

Кіріспе. Су - бұл жер планетасында тіршілік ететін барлық тірі ағзалар үшін ауа секілді ең басты табиғи қажеттіліктер қатарына жатады.Қазақстан Республикасы өз аумағының 40 %-ын шөлді және шөлейтті зоналар алып жатқан Орталық Азияда орналасқан мемлекет ел аумағында ұзындығы 1000 км асатын 7 өзен бар олардың негізгі бөлігі Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан ал ел аумағының оңтүстік бөлігін сумен қамтамасыз негізгі өзендердің су көлемі азаюы және экологиялық қиындықтар ел аумағында су дисбалансын тудырып отыр. Ел аумағында 85 мыңнан астам өзен бар олардың 7 мыңнан астамы тұрақты өзендерге жатады.Жер асты су көлемі ел аумағында көп шоғырланымен оларды күнделікті өмірде пайдалану және шаруашылық-экономикалық секторға пайдалану қымбатқа және тұрақсыз болғандықтан ел аумағында өзен суларына тұрақты альтернатива деңгейіне жетпеді.Ел аумағында орналасқан көлдермен теңіздердегі су деңгейі төмендеуі.Су алдағы болашақта ең басты құнды ресурсқа айналатыны белгілі шындыққа айналды.Ел аумағындағы су ресурстарының экологиялық таза болуы және географиялық мәселеге ұшырамауы ел дамуы үшін маңызды.

Материалдар мен әдістер. Су кез-келген механикалық күйінде адам мен табиғат үшін басты ресурс ол тек қана күнкөріс үшін ғана емес қоғамның әлеуметтік әлеуетін дамытушы фактор ретінде саналады.Су ресурстаның жағдайы климаттың талаптарына бағынады температураның жыл сайынғы көтеріліп судың механикалық газ түріндегі бу формасы күйіне еніп ағын судың азаюына әкеледі ондай процесстер біздің мысалымызда өзендердің төменгі ағысында орналасқан мемлекеттер Қазақстан секілді елдер үшін алдағы жылдардағы су жетіспеушілігі жауын-шашын аз түсуі еріген қар-мұз суларының көлемі азаюы секілді қиындықтарға алып келеді.

1960 жылғы Қазақстан аумағындағы су жинау әлеуеті жылына 115 текше километр деп бағаланса ол көрсеткіш 2010 жылғы зерттеуде 100,5 текше километрді ғана құрайды.Ел аумағына трансшекаралық су көздері тоқтаусыз азайып келеді.Трансшекаралық су көздерінең Қазақстанға ағып келетін су көлемі 1960 жылы 54,6 текше метр болса (1960 жылдағы жалпы су жинау қорының ~50 %-ы) ал 2010 жылғы көрсеткіш 44 текше километрді құраған бұл көрсеткіш 2050-нші жылға қарай Дүниежүзілік Банк есебі бойынша 29 текше километрге дейін азаяды [1] .Бұл көрсеткіш Қазақстанды көрші елдермен үздіксіз су дипломатиясына мәжбүрлейді.

Қазақстанның оңтүстігіндегі дамушы экономикалық салаларды оның ішінде үлкен мақта өсіру және өңдеу зауыттарын,егін шаруашылықтарын кез-келген дақылын өсіруге және суды көп тұтынатын өнеркәсіп салаларын сумен қамтамасыз етуші өзендердің жәнеде кіші су бассейндерімен жергілікті су көздері бұл қажеттіліктерді алдағы көпжылдықтарда қанағаттандыру шегіне жете алмайды.

Бұл көрсеткіштер болжам ғана емес практикалық түрде Қазақстан 2000-2010 жылдар аралығындағы қиындыққа ұшыраған уақыт кезеңі болып табылады.Профессор Гидролог ғалым Ә.Зәуірбек зерттеулері бойынша бұл жылдардағы жыл сайынғы жетіспейтін су көлемі минимум дәрежесі 21 текше километр суды құраған [2] . Перспективалық тұрғыда ол көрсеткіш арта беретіні анық.Керісінше су ресурстарының тиімді үйлестірілмеуіне байланысты бір жыл ішіндегі трансшекаралық бір немесе бірнеше өзеннің төменгі ағысына келетін су көлемі артуы мүмкін.Ол жағдай орын алған жағдайда ел аумағында кіші немесе үлкен аумақты су басуы қауіпі немесе су-гидрологиялық бөгендер каналдар технологиялар арқасында су қоймаларын артық сумен толтырып алуға болады.Бірақ-та тиімсіз үйлестірілмеген су ағының басқару көбінесе су тасқындарымен аяқталады оны біз техногендік апаттар қатарына жатқызамыз.

1-кесте Қазақстан аумағына енетін өзендер туралы негізгі мәліметтер

№	Өзен атауы	Ұзындығы (км)	Су көлемі (орташа жылдық ағын, км³)	Гидрологиялық құрылыстар	Алап
1	Ертіс	4248 (ҚР-да ~1700)	30	Бұқтырма СЭС, Өскемен СЭС, Шүлбі СЭС, Бұқтырма бөгені	Солтүстік Мұзды мұхит алабы
2	Есіл	2450 (ҚР-да ~1400)	2.5	Сергеев бөгені, Астана су қоймасы	Солтүстік Мұзды мұхит алабы
3	Тобыл	1591 (ҚР-да ~800)	1.5	Қаратомар су қоймасы	Солтүстік Мұзды мұхит алабы
4	Жайық (Орал)	2428 (ҚР-да ~1084)	12	Ириклин су қоймасы (РФ), кіші бөгеттер	Каспий теңізі алабы
5	Сырдария	2212 (ҚР-да ~1400)	37	Шардара СЭС, Шардара бөгені, Көксарай контрреттегіші	Арал теңізі алабы
6	Іле	1439 (ҚР-да ~815)	12	Қапшағай СЭС, Қапшағай бөгені	Балқаш-Алакөл алабы
7	Шу	1067	3	Тасөткел су қоймасы	Шу-Талас алабы
8	Талас	661	1.6	Киров су қоймасы	Шу-Талас алабы
9	Нұра	978	1	Самарқанд су қоймасы	Ішкі тұйық алап (Теңіз көлі)
10	Сарысу	671	0.5	Ұсақ бөгеттер	Ішкі тұйық алап
11	Торғай	825	0.3	Табиғи ағын, ірі құрылыстар жоқ	Ішкі тұйық алап

Ел аумағында орналасқан су көлемі қазіргі таңда 100,5 текше километрді жылына құрайды бірақ ел аумағындағы су көлемі шың мәнінде өте шашыраңқы және аридтену процесінде. Жекелеген аумақтардың, мемлекеттердің су қамтамасыз етілуі әрбір аумақ бірлігіне немесе бір тұрғынға келетін жер беті суларының жылдық біркелкі ағынының көлемі, болжамды және зерттелген жер асты су қоры арқылы бағаланады. Қазақстанның су ресурстарымен қамтамасыз етілу көрсеткіштері орташа су жылында ТМД елдерінің ішінде ең төменгі көрсеткіш болып табылады (кесте 2) [3] .

Кесте 2 - Қазақстанның және көршілес мемлекеттердің беттік су ресурстарымен қамтамасыз етілу көрсеткіштері, мың м3/жыл [3]

Көрсеткіштер	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Ресей
Су ресурстарының қамтамасыз етілуі: 1 км² ауданына	37,6	233	248	249
1 тұрғынға	6,66	7,87	13,9	30,8

Қазақстанда су бассейндерін бөлу туралы есепті РГП “Қазгидромет” басқарады және бөлінген су бассейндері бойынша Қазақстан аумағы 8 су-шаруашылық бассейніне бөлінген (1-сурет) [4]

.

1-сурет Қазақстан Республикасы бойынша РГП “Казгидромет” мекемесінің су-шаруашылық бассейндеріне жіктелу картасы.

Су қамтамасыз етілуін су шаруашылығы аудандарымен салыстыру көрсеткендей, Ертіс өзенінің бассейнінен басқа барлық аймақтар төмен су қамтамасыз етілген болып табылады. Төмен су қамтамасыз етілген аудандарға Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай және Есіл аудандары жатады. Қазақстан

приводить к снижению развития социальных навыков и усилению социальной тревожности.

Результаты. Современные исследования в области цифровой коммуникации показывают, что избыточная ориентация на опосредованное взаимодействие может быть связана с ростом социальной изоляции и снижением качества межличностных отношений. При этом подчёркивается, что влияние цифровых технологий носит неоднозначный характер и зависит от способов и интенсивности их использования.

Таким образом, использование цифровых инструментов в качестве альтернативы живому взаимодействию представляет собой двойственный феномен, сочетающий в себе как адаптивные, так и потенциально дезадаптивные аспекты.

4. Взаимосвязь когнитивных, эмоциональных и поведенческих реакций

В рамках когнитивно-поведенческой модели можно выделить следующую цепочку:

ситуация → автоматическая мысль → эмоция → поведение

Цифровая среда выступает как постоянный триггер, активирующий негативные мысли. Это приводит к формированию замкнутого круга, в котором искажения закрепляются и усиливаются.

5. Направления психологической коррекции

На основе практического опыта можно выделить следующие направления работы:

обучение выявлению автоматических мыслей

когнитивная реструктуризация

развитие навыков саморегуляции

снижение зависимости от внешней оценки

формирование критического восприятия цифрового контента

работа с родителями по выстраиванию границ цифрового потребления

Выводы. Цифровая среда оказывает значительное влияние на формирование когнитивных искажений у подростков, усиливая негативные установки и снижая психологическую устойчивость.

Практический анализ показывает, что ключевыми механизмами данного влияния являются процессы сравнения, катастрофизации, долженствования и персонализации.

Учет данных факторов является необходимым условием эффективного психологического сопровождения подростков в современных условиях.

Полученные выводы могут быть использованы в практике психологического сопровождения подростков в условиях цифровой среды.

Список использованных источников:

1. Beck, A. T., & Alford, B. A. (2009). Depression: Causes and Treatment. Philadelphia: University of Pennsylvania Press.

ХҒТАР 15.41.21

ӨЗІНДІК ТИІМДІЛІКТІҢ (SELF-EFFICACY) ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Абдыкаликова М.Н., пс.ғ.к., асс.профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана, Marta.Abdykalikova@apa.kz
Нигметжанова Г.К., психология кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ., Gulnazym_82@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада өзіндік тиімділік ұғымының теориялық негіздері мен білім беру саласындағы маңызы қарастырылады. Өзіндік тиімділік Альберт Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясына сүйене отырып түсіндіріліп, тұлғаның белгілі бір міндеттерді орындау қабілетіне деген сенімі ретінде сипатталады. Өзіндік тиімділіктің адамның мотивациясына, эмоционалдық күйіне және мінез-құлқына әсерін атап көрсетеді. Сонымен қатар, білім беру контекстінде өзіндік тиімділік сенімдерінің үш негізгі зерттеу бағыты — мамандық таңдау, оқытушылардың кәсіби тәжірибесі және білім алушылардың академиялық жетістіктерімен байланысы талданады. Мәтінде өзіндік тиімділіктің қалыптасу көздері, оның тұлғаның іс-әрекет таңдауына, табандылығына және ойлау үлгілеріне ықпалы сипатталады. Сондай-ақ әлеуметтік-когнитивтік теория мен өзін-өзі анықтау теориясының (Deci және Ryan) аясында оқытушылардың өзіндік тиімділігі мен ішкі мотивациясының оқыту сапасына әсері қарастырылып, жоғары өзіндік тиімділік инновациялық әдістерді қолдануға және кәсіби дамуға ықпал ететіні қорытындыланады.

Кілт сөздер: өзіндік тиімділік, Альберт Бандура теориясы, әлеуметтік-когнитивтік теория, мотивация, өзін-өзі реттеу, ішкі мотивация

Кіріспе. Өзіндік тиімділік ұғымы А.Бандураның әлеуметтік-когнитивтік оқу теориясынан туындайды және оқу үрдісіндегі жеке факторлармен байланысты. Өзіндік тиімділік дегеніміз — тұлғаның белгілі бір міндеттерді орындау немесе мақсатқа жету қабілетіне деген сенімі. Өзіндік тиімділікті анықтамас бұрын, А.Бандура адамның өміріне әсер ететін оқиғалардың маңыздылығын және осы оқиғаларды бақылауға деген олардың тұрақты қажеттілігін қарастырады. Ол ежелгі дәуір мен адамдардың қарапайым сенімдері мен қазіргі уақытты салыстырады. Қазіргі уақытта біз белгілі бір дәрежеде алдын-ала болжай алатын және бақылай алатын оқиғалар туралы біліміміздің айқын өсуі байқалады. А.Бандура тұжырымдамасына сәйкес, бақылау мәселесі адамның өмірінде кең орын алады. Адамдардың мотивация деңгейі, эмоционалды күйі және әрекеттері объективті шындыққа қарағанда, олардың неге сенетініне негізделеді.

Материалдар мен әдістер.

1. Өзіндік тиімділік: сипаттамасы мен тұжырымдалары.

Білім беру саласындағы мотивация мен өзін-өзі реттеу зерттеулерінде (Пинтрич и Шанк, 1995) өзіндік тиімділік сенімдері соңғы кездері өзекті мәселеге айналып келеді. Бұл салада өзіндік тиімділік зерттеушілері үш негізгі бағытқа көңіл бөледі.

Бірінші бағыттағы зерттеушілер өзіндік тиімділік сенімдері мен жоғары білім берудегі мамандықтар мен мансаптық таңдаулар арасындағы байланысты, соның ішінде ғылым және математика салаларында (Лент және Хаккет еңбектерінде көрсетілген) белең алып келеді. Бұл зерттеу бағыты кәсіптік психология саласында маңызды орны бар, себебі зерттеу нәтижелері көрсеткендей жастардың мансаптық іс-әрекетке араласу стратегияларын қолдануына ықпал етуі мүмкін деп сипаттайды.

Екінші бағыттағы зерттеулер оқытушылардың өзіндік тиімділік сенімдері олардың оқыту тәжірибесімен және әртүрлі кәсіби нәтижелермен байланысты екенін көрсетті (Эштон және Уэбб, 1986 жылғы зерттеулерінде).

Үшінші бағытта зерттеушілер білім алушылардың өзіндік тиімділік сенімдері басқа мотивациялық құрылымдармен, академиялық көрсеткіштері мен жетістіктерімен байланысты екенін көрсетеді. Бұл зерттеулердегі құрылымдарға себептерді анықтау, мақсат қою, модельдеу, мәселе шешу, тест пен пәнге байланысты алаңдаушылық, марапаттық жағдайлар, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік салыстыру, стратегияларды үйрету, басқа өзіндік сенімдер мен күту құрылымдары, сондай-ақ әртүрлі пәндер бойынша білім беру көрсеткіштері енеді [1].

А.Бандура өзіндікі тиімділік ұғымын алғаш рет 1977 жылы «Self-efficacy: Toward a Unifying Theory of Behavioral Change» атты іргелі еңбегі арқылы енгізген. 1986 жылы А.Бандура бұл ұғымды адам мінез-құлқының әлеуметтік-когнитивтік теориясына алмастырып, когнитивтік дамуды әлеуметтік-құрылымдық ықпалдар желісімен біріктірді. Кейіннен А.Бандура 1997 жылы «Self-efficacy: The Exercise of Control» атты еңбегінде өзіндік тиімділікті жеке және ұжымдық белсенділік теориясы шеңберінде қарастырып, тұлғаның әл-ауқаты мен жетістіктерін реттеуде басқа әлеуметтік-когнитивтік факторлармен үйлесіп жұмыс істейді деп көрсетеді [2]. Сонымен өзіндік тиімділік тұлғаның белгілі бір тапсырмаларды сәтті орындауға қабілеттілігіне деген сенімі деп түсіндіреді. Бұл жалпыланған өзін-өзі бағалау емес, бұл нақты контексттер мен жағдайларға қатысты арнайы сенім болып табылады. Өзіндік тиімділік - адамның өз әлеуетін субъективті қабылдауы. Міне шынайы қабілеттерден айырмашылығы осы. Дәл осы қабылдау келесі көрсеткіштерді анықтайды:

1. Әрекеттер мен жағдайларды таңдау (біз неге ұмтыламыз?);
2. Белсенділікке жұмсалатын күш-жігер;
3. Кедергілерге қарамастан табандылық қасиеті;
4. Қиындықтарға эмоционалдық реакциялар;
5. Жетістікке ықпал ететін немесе кедергі жасайтын ойлау үлгілері.

Теориялық ұстанымы бойынша өзіндік тиімділік - бұл тұқым қуалайтын мінез-құлық сипаттамасы емес, ол өмір бойы әртүрлі тәжірибе көздері арқылы қалыптасып, дамиды. Бір салада жоғары өзіндік тиімділік деңгейі автоматты түрді өмірдің басқа салаларына ауыса бермейтінін түсіну маңызды.

А.Бандура өзіндік тиімділіктің басқа психологиялық құрылымдардан ерекшелігін атап көрсетті:

Құрылымы	Сипаттамасы	Өзіндік тиімділіктен айырмашылығы
Өзін-өзі бағалау	Жалпы өзіне деген құрмет және өзін бағалау сезімі	Өзіндік тиімділік нақты тапсырмалар мен жағдайларға тән
Бақылау локусы	Оқиғалардың нәтижесін кім немесе не басқаратыны туралы сенім	Өзіндік тиімділік тапсырманы орындауға қабілеттілікке деген сенімге шоғырланған
Күтілетін нәтиже	Белгілі бір мінез-құлық қандай нәтижеге әкелетініне деген сенім.	Өзіндік тиімділік тек мінез-құлықты орындауға қабілеттілікке деген сенімге қатысты

А.Бандура өз еңбегінде “Өзіне сенімі мықты тұлғалар күрделі тапсырмаларды қауіп ретінде емес, игерілетін сынақ ретінде қарайды” деп тұжырымдайды. Бұл көзқарас табысты тұлғалар мен қиындықтарға мойынсынатын адамдар арасындағы түпкілікті айырмашылықты айқындайды [3].

А.Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясына сәйкес, әрбір адам ойлары, сезімдері, мотивациясы және әрекеттеріне белгілі бір дәрежеде бақылау жасауға мүмкіндік беретін өзіндік жүйеге ие. Бұл өзіндік жүйе мінез-құлықты қабылдау, реттеу және бағалау үшін сілтеме механизмдерін және бірнеше қосалқы функцияларды қамтамасыз етеді, олар жүйе мен қоршаған орта әсерлері арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болады. Сол себепті ол өзін-өзі реттеу функциясын атқарады, адамдарға өздерінің когнитивтік үрдістеріне және әрекеттеріне әсер ету қабілетін береді, осылайша олардың ортасын өзгертуге мүмкіндік туғызады. Бұл А.Бандураның өзара детерминизм тұжырымдамасының негізін құрайды, яғни:

1) когниция, эмоция және биологиялық оқиғалар сияқты жеке факторлар;

2) мінез-құлық;

3) қоршаған орта әсерлері өзара әрекеттесіп, үштік өзара байланысқа (triadic reciprocality) әкеледі.

А.Бандура тұлғаның өзіне қатысты сенімдері бақылау мен жеке белсенділікті іске асырудың негізгі элементтері және тұлға өз ортасының және әлеуметтік жүйелерінің өнімдері ғана емес, сонымен қатар олардың жасаушылары ретінде де қарастырылады деп көрсетеді [1].

А.Бандура (1997) өзіндік тиімділік жеке қабілеттерді бағалаумен байланысты болса, ал өзін-өзі бағалау — жеке қабілеттерге қатысты бағалаумен байланысты деп ажыратып көрсетеді. Ал, Мэддукс (1995) өзіндік тиімділікті тұлғаның когнитивтік факторларының рөлімен байланыстырады және оны басқа ұқсас құбылыстардан, мысалы, өзін-өзі бағалау (өзін бағалау сенімдерінің жиынтығы) және өзін-өзі қабылдаудан ерекшелейді.

Мэддукс (1995) бойынша, өзіндік тиімділік сенімдері мінез-құлыққа келесі төрт аралық үрдіс арқылы әсер етеді: мақсат қою және табандылық, эмоциялар, когниция және орта мен іс-әрекеттерді таңдау. Тұлғаның өзіндік тиімділік сенімдері олар қоятын және орындауға тырысатын мақсаттарына, сол мақсаттарға жетудегі табандылық деңгейіне және таңдаған орталарына әсер етеді. Сондықтан академиялық өзіндік тиімділікті зерттеуге ерекше назар аударылады. Ол өзіндік тиімділікті тұлғаның мінез-құлық қасиеті ретінде өлшеуге немесе анықтауға болмайтынын атап көрсетеді. Керісінше, ол нақты мінез-құлық контексінде, нақты жағдайларда, әсіресе академиялық ортада пайда болады. Циммерман, Боннер және Ковач (1996) өзіндік тиімділікті «тұлғаның белгілі бір тапсырманы, мысалы, ғылыми мәселелерді шешуді сәтті орындауға қабілеттілігіне деген сенім деңгейі» деп анықтайды.

А.Бандура (1995) бойынша, өзіндік тиімділік сенімдері көпқырлы және өзіндік тиімділік тұлғаның тиісті әрекеттерді орындауға шешім қабылдамас бұрын өлшенеді деп сипаттайды. Өзіндік тиімділіктің құндылығы тұлғаның мотивациясын болжауда және олардың күш-жігер, табандылық және іс-әрекеттерді таңдау деңгейіне әсер етуде көрінеді. Өз қабілетіне сенімі мықты тұлғалардың табандылығы жоғары болғандықтан табысқа жету ықтималдығы артады [2].

Сонымен әлеуметтік-когнитивтік теория бойынша Альберт Бандура әзірлеген бақылау арқылы үйрену, әлеуметтік тәжірибе және өзара детерминизмнің өзіндік тиімділік дамуына әсерін айқын көрсетеді. Бұл теорияда оқытушылардың өз қабілеттеріне деген сенімдері (өзіндік тиімділігі) жеке тәжірибелер, әлеуметтік өзара әрекеттесу және қоршаған орта факторлары арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Кәсіби білім беру саласында бұл теория оқытушылардың өзіндік тиімділігінің студенттермен, әріптестерімен және серіктестерімен өзара әрекеттесу арқылы қалай қалыптасатынын түсіндіруге көмектеседі. Ал өзін-өзі анықтау теориясы (Deci және Ryan) ішкі және сыртқы мотивацияға назар аудара, автономия, құзыреттілік және өзара байланыстың маңыздылығын көрсетеді. Яғни, оқытушылардың өз рөлдерінде құзыретті және автономды сезінуінің маңыздылығын сипаттап, кәсіби білім беру саласында оқытушылардың өзіндік тиімділігін арттыру ішкі мотивацияны күшейтіп, оқытудың сапасын және жұмысқа қанағаттануды жақсарта алады.

Нәтижелер. Бұл теориялардың оқытушылардың өзіндік тиімділігі мен оқытудың сапасына қатыстылығына қарай алдымен әлеуметтік-когнитивтік теория бойынша сипаттайтын болсақ: өзіндік тиімділік оқытушылардың жаңа оқыту әдістерін қабылдауға, топтарды тиімді басқаруға және үздіксіз кәсіби

дамуға деген ниетіне әсер етеді. Өзіндік тиімділігі жоғары оқытушылар инновациялық оқыту стратегияларын іске асыруға көбірек бейім болып, оқытудың сапасына оң әсер етеді. Ал өзін-өзі анықтау теориясы бойынша оқытушылар өздерін құзыретті және автономды сезінген кезде, олардың оқытуға ішкі мотивациясы артады деп болжайды. Бұл ішкі мотивация оқытушылардың студентке бағытталған әдістерге және үздіксіз жақсартуға көп ұмтылуына байланысты оқытудың сапасын жоғарылатады [4].

Қорытынды. Білім беру ортасындағы өзіндік тиімділік сенімдері бойынша зерттеулер қарқынды жүргізілуде (Graham & Weiner, 1996). Өзіндік тиімділік пен басқа мотивациялық құрылымдар, білім беру көрсеткіштері және жетістіктер арасындағы эмпирикалық байланыс қазірге дейін сенімді түрде дәлелденіп келеді [1]. Соңғы 20 жыл ішінде өзіндік тиімділік зерттеулері қандай жолдан өткенін және бұл жолда қандай мәселелерге тап болғанын қарастыра отырып, өткен нәтижелер мен теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, болашақ зерттеулер мен тәжірибеге бағыт бере алатын кейбір ұсыныстар жасау пайдалы болуы мүмкін. Ұсыныстар өзіндік тиімділік теориясын дамытушыларға жаңа бағыттарды анықтауға және практикалық, маңызды әрі теориялық түсініктер беретін зерттеу стратегияларын қабылдауға көмектеседі.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Frank Pajares. Current Directions in Self-efficacy Research. In M. Maehr & P. R. Pintrich (Eds.). Advances in motivation and achievement. Volume 10, (pp. 1-49). Greenwich, CT: JAI Press.
2. Jelena Zivlak, Nikola Stojanac. SELF-EFFICACY: CONCEPT AND ITS IMPORTANCE IN EDUCATION. XXV Skup TRENDOVI RAZVOJA: “KVALITET VISOKOG OBRAZOVANJA”, Kopaonik, 11. -14. 02. 2019
3. Bandura A. Self-efficacy: The exercise of control. New York: W. H. Freeman and Company. 1997.
4. Chang Na, Zainudin Mohd Isa. Exploring the Influence of Teacher Self-Efficacy on Teaching Quality in Higher Vocational Education. JOURNAL OF DIGITAINABILITY, REALISM & MASTERY (DREAM). Volume 3, Issue 07, July 2024.-16-27
5. Garcia, T., & Pintrich, P. R. (1994). Regulating motivation and cognition in the classroom: The role of self-schemas and self-regulatory strategies. In D. Schunk and B. Zimmerman (Eds.), Self-regulation of learning and performance: Issues and educational applications. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
6. Bandura, A. (1993). Perceived self-efficacy in cognitive development and functioning. Educational Psychologist, 28, 117-148.

ҒТАМА 159.942.5:004.451.46

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫНА ЦИФРЛЫҚ КӨПМІНДЕТТІЛІКТІҢ ЫҚПАЛЫ

Адильжанова К.С., PhD, Семей медицина университетінің қауымдастырылған профессор м.а.**; Берікова З.Б.,** Стоматология 1307-тобының 1 курс студенті
adilzhanova77@mail.ru

Аннотация.Бұл мақалада студенттердің эмоционалдық күйіне цифрлық көпміндеттіліктің әсері қарастырылады. Қазіргі цифрлық орта жағдайында бір мезгілде екі немесе одан да көп ақпараттық ағынмен жұмыс істеу қажеттілігі студенттердің психологиялық жағдайына елеулі ықпал ететіні анық. Зерттеу аясында цифрлық көпміндеттілік екіжақты тұрғыда талданады: бір жағынан, ол бейімделу механизмі ретінде қарастырылса, екінші жағынан – стресс, мазасыздық және эмоционалдық қажудың туындауына ықпал ететін фактор ретінде сипатталады. Сонымен қатар цифрлық стресстің пайда болу себептері мен оның білім беру үдерісіне әсері талданады. Қорытынды бөлімде студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын сақтау мақсатында цифрлық технологияларды саналы әрі тиімді пайдаланудың маңыздылығы негізделеді.

Кілт сөздер: эмоционалдық күй, студенттер, цифрлық көпміндеттілік, цифрлық стресс, назар, когнитивтік шаршау.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану және цифрландыру дәуірінде ақпараттық технологиялар адамның өмірінің барлық саласына терең еніп, оның күнделікті іс-әрекеттерін түбегейлі өзгертіп отыр. Интернет, мобильді құрылғылар, әлеуметтік желілер және цифрлық платформалар тек ақпарат алу құралы ғана емес, сонымен қатар қазіргі студенттердің өмірлік кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл құбылыс, әсіресе, цифрлық ортада өскен Z ұрпағы студенттері арасында айқын байқалады.Оқу үдерісінде, әлеуметтік қарым-қатынаста және жеке даму барысында студенттер үздіксіз ақпарат ағындарына тәуелді болып келеді. Олар бір мезгілде бірнеше тапсырманы орындауға, әртүрлі медиа-контентпен жұмыс істеуге және онлайн платформалар арқылы тұрақты байланыста болуға мәжбүр. Осылайша, студенттердің өмірінде «цифрлық көпміндеттілік» феномені қалыптасады. Бұл – бір уақытта бірнеше ақпараттық ағынмен жұмыс істеу немесе әртүрлі әрекеттер арасында назардың үздіксіз ауысуымен сипатталатын құбылыс.

Материалдар мен әдістер. Алғашында цифрлық көпміндеттілік тиімділікті арттыратын құрал ретінде бағаланғанымен, соңғы зерттеулер оның когнитивтік және эмоционалдық салдарының ауқымды екенін көрсетеді. Онлайн оқуға қатысатын және сонымен қатар интернеттегі жұмыс түрлерімен айналысатын студенттер үшін бұл құбылыс ерекше өзекті болып табылады. Соңғы 5–7 жылда студенттер арасында оқу мен онлайн жұмысты қатар алып

жүру үрдісі кеңінен таралып, бұл олардың психологиялық жағдайына едәуір жүктеме түсірді.Мұндай әрекет сырт көзге тиімді әрі өнімді көрінгенімен, ішкі когнитивтік және эмоционалдық ресурстарға кері әсерін тигізеді. Зерттеудің өзектілігі қазіргі студенттердің академиялық және ақпараттық жүктемесінің артуымен тығыз байланысты. Олар тек оқу бағдарламасымен шектелмей, үздіксіз цифрлық қысымға ұшырайды, бұл олардың психологиялық тұрақтылығына, мотивациясына және жалпы әл-ауқатына әсер етеді.Осыған орай, зерттеудің мақсаты – цифрлық көпміндеттіліктің студенттердің когнитивтік және эмоционалдық жағдайына әсерін кешенді түрде талдау, оның оң және теріс жақтарын айқындау, сондай-ақ қазіргі білім беру ортасындағы рөлін анықтау болып табылады.

Нәтижелер. Цифрлық көпміндеттілік қазіргі студенттердің өмірінде маңызды рөл атқарады. Бұл құбылыс бір мезгілде бірнеше ақпарат көзін пайдалану арқылы оқу, жұмыс және әлеуметтік өзара әрекеттестікті үйлестіруді білдіреді. Заманауи студенттер оқу барысында смартфондарды, әлеуметтік желілерді, электрондық поштаны және әртүрлі онлайн платформаларды белсенді қолданады. Мысалы, студент лекция тыңдау кезінде бір мезгілде мессенджерлердегі хабарламаларды тексеріп, әлеуметтік желілердегі жаңалықтарды қарап, қажетті ақпаратты іздеуі мүмкін. Мұндай әрекеттер студенттің назарын үнемі бөлшектеп, когнитивтік жүктеменің артуына әкеледі. Нәтижесінде ми бір уақытта бірнеше ақпараттық ағынды терең әрі сапалы өңдеуге қабілетсіз болады.

Әсіресе Z ұрпағы студенттері үшін бұл құбылыс ерекше өзекті болып табылады, себебі олар цифрлық ортада қалыптасып, үнемі ақпаратқа қолжетімділік жағдайында тәрбиеленген. Олар үшін онлайн кеңістік тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынастың, ойын-сауықтың және кәсіби дамудың негізгі алаңына айналған.Сонымен қатар, соңғы жылдары студенттердің көпшілігі оқуымен қатар онлайн жұмыс істеуді, фриланс қызметін атқаруды немесе жеке бизнесін дамытуды бастады. Мұндай жағдай цифрлық көпміндеттілікті одан әрі күрделендіріп, олардың когнитивтік және эмоционалдық ресурстарына қосымша жүктеме түсіреді. Онлайн форматта жұмыс істейтін студенттер үшін әрбір тапсырма мен шешім уақытында әрі тиімді орындалуы қажет, бұл өз кезегінде олардың психологиялық жағдайына айтарлықтай ықпал етеді.

Зерттеулер (Ophir, Nass & Wagner, 2009) көрсеткендей, медиа-контентті бір уақытта өңдейтін студенттердің ақпаратты сүзу қабілеті төмен, ал концентрацияны қалпына келтіруге көп уақыт кетеді. Егер студент лекция кезінде әлеуметтік желілердегі хабарламаларға үнемі жауап беріп отырса, оның миы маңызды ақпаратты толық қабылдай алмайды, есте сақтау деңгейі төмендейді, ал оқу нәтижесі сәйкесінше нашарлайды. Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы көпміндеттілікпен жұмыс жасау мидың стресске төзімділігін азайтып, психологиялық тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді.

Қазіргі цифрлық ортада студенттер бір мезгілде оқу, әлеуметтік желілерде сөйлесу, музыканы тыңдау немесе онлайн-курстарға қатысу сияқты

әрекеттерді жүзеге асырады. Бұл үдеріс когнитивтік, эмоционалды және әлеуметтік әсерлерді тудырады. Когнитивтік тұрғыдан, көпміндеттілік концентрацияны төмендетеді, ақпаратты терең өңдеуге мүмкіндік бермейді және «клиптік ойлау» қалыптастырады. Рубинштейн (2019) атап өткендей, назардың үш түрі – ерікті, еріксіз және автоматты – цифрлық көпміндеттілік әсерінен өзгеріп, студенттің оқу белсенділігінің сапасын төмендетеді. Мысалы, лекция кезінде смартфондағы хабарламалар студенттің ерікті назарын үнемі басқа жаққа бұрады, нәтижесінде ол маңызды материалдан қалады, оқу тиімділігі төмендейді және ұзақ мерзімді мотивациясы әлсірейді.

Эмоционалды тұрғыдан цифрлық көпміндеттілік стресс деңгейін айтарлықтай арттырады. Becker (2021) жүргізген зерттеу студенттердің 65%-ында цифрлық стресс белгілерін анықтағанын көрсетті: концентрацияның төмендеуі, шаршау, эмоционалды тұрақсыздық және ұйқы бұзылулары. Бір мезгілде бірнеше тапсырманы орындау жүйке жүйесін артық тоздырады, миға тұрақты түрде мотивациялық және стресс гормондарын шығару қажеттілігін туғызады. Уақыт өте келе бұл эмоционалды шаршауға, ұзаққа созылған стресс жағдайына және когнитивтік ресурстардың әлсіреуіне әкеледі. Онлайн жұмыс істейтін студенттер үшін бұл жағдай ерекше өзекті, себебі олардың күн тәртібі оқу мен кәсіби міндеттерді қатар үйлестіруді талап етеді.

Сонымен қатар, цифрлық көпміндеттіліктің әлеуметтік аспектілері де айқын көрініс табады. Студенттер әртүрлі коммуникациялық платформаларды пайдалана отырып, топтық жобаларға қатысады және ақпаратты жылдам өңдеу дағдыларын дамытады. Бұл қабілеттер қазіргі еңбек нарығында жоғары бағаланады, өйткені жұмыс берушілер көпміндеттілікті тиімді басқару және жедел шешім қабылдау дағдыларына ерекше мән береді (Carrier & Cheever, 2016). Онлайн бизнесті жүргізетін немесе жеке даму бағытында жұмыс істейтін студенттер үшін мұндай тәжірибе кәсіби бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық көпміндеттілік студенттердің командалық жұмыс дағдыларын жетілдіруге, уақытты тиімді жоспарлауға және ақпараттық ағындарды басқаруға ықпал етеді. Алайда көпміндеттіліктің ұзақ мерзімді әсері когнитивтік және эмоционалдық бұзылыстарға әкелуі мүмкін. Mark (2020) және Becker (2021) жүргізген зерттеулер студенттердің цифрлық ортада үнемі болуы концентрация деңгейінің төмендеуіне, терең ойлау қабілетінің әлсіреуіне және эмоционалдық тұрақтылықтың бұзылуына ықпал ететінін көрсетеді. Ұзақ уақыт бойы тұрақты ақпараттық қысым жағдайында болу студенттердің зейінін әлсіретіп, ақпаратты өңдеу сапасын төмендетеді, бұл өз кезегінде оқу нәтижелеріне теріс әсер етеді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, студенттердің когнитивтік және эмоционалдық ресурстарын қорғау үшін бірқатар стратегияларды қолдану ұсынылады. Біріншіден, назарды басқару дағдыларын дамыту маңызды: сабақ барысында смартфонды өшіру немесе хабарламаларды уақытша шектеу негізгі оқу тапсырмасына шоғырлануды арттырады. Екіншіден, цифрлық гигиена қағидаларын сақтау қажет. Бұл онлайн-курстар мен әлеуметтік

желілерді алдын ала жоспарланған күн тәртібі бойынша қолдануды, яғни белгілі бір уақыт аралығында тек оқу материалдарына назар аударуды білдіреді. Үшіншіден, көпміндеттілікті тиімді басқару қажет. Бір мезгілде шектеулі ақпарат көздерімен жұмыс істеу және күрделі тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау когнитивтік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Соңында, демалыс пен қалпына келу үдерістерін қамтамасыз ету маңызды. Қысқа үзілістер жасау, физикалық белсенділікпен айналысу және жеткілікті ұйқы режимін сақтау эмоционалдық стресс деңгейін төмендетіп, психологиялық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Тиімді қолданылған стратегиялар студенттердің когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік ресурстарын қорғауға, сондай-ақ цифрлық көпміндеттіліктің теріс әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсілдер студенттердің уақытты тиімді пайдалану дағдыларын дамытып, оқу үдерісін жүйелі ұйымдастыруға және кәсіби ортаға бейімделуге ықпал етеді.Онлайн жұмыс істейтін немесе жеке дамуына басымдық беретін студенттер үшін мұндай тәжірибе басқарушылық қабілеттерді жетілдіріп, ұзақ мерзімді кәсіби жетістікке жетуге жағдай жасайды.

Қазіргі таңда студенттердің өмірі цифрлық технологиялармен тығыз байланысты, ал олардың күнделікті іс-әрекеттері бір мезгілде бірнеше ақпараттық ағындар жағдайында жүзеге асады. Цифрлық көпміндеттілік олардың когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік функцияларына айтарлықтай ықпал етеді. Бір жағынан, ол уақытты тиімді пайдалану, ақпаратты жылдам өңдеу, әлеуметтік байланыстарды сақтау және кәсіби дағдыларды дамыту мүмкіндігін береді. Онлайн жұмыс істейтін және жеке дамуымен айналысатын студенттер үшін бұл құбылыс икемділікті арттырып, бейімделу қабілетін күшейтеді.

Екінші жағынан, ұзақ уақыт бойы көпміндеттілікпен айналысу концентрацияның төмендеуіне, ақпаратты терең өңдеу үдерісінің қиындауына, «фрагменттік ойлаудың» қалыптасуына және эмоционалдық шаршауға әкеледі. Зерттеулер студенттердің когнитивтік ресурстарының шектеулі екенін, ақпаратты іріктеу және сүзу қабілетінің төмендейтінін, сондай-ақ стресс деңгейінің жоғарылайтынын көрсетеді. Бұл өз кезегінде олардың оқу нәтижелеріне, оқу мотивациясына және жалпы психологиялық саулығына теріс әсер етеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, цифрлық көпміндеттілік екіжақты сипатқа ие құбылыс болып табылады. Студенттердің психологиялық саулығын сақтау үшін цифрлық ортада өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру, назарды шоғырландыруды дамыту, демалысты тиімді ұйымдастыру және көпміндеттілікті саналы түрде қолдану маңызды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Mark G. Multitasking in the Digital Age. OxfordUniversityPress, 2020.
2. Becker M.W. Digital stress and learning // Journal of Educational Psychology. 2021.

3. Mark G. Multitasking in the Digital Age. OxfordUniversityPress, 2020.
4. Becker M.W. Digital stress and learning // Journal of Educational Psychology. 2021.
5. Carrier L.M., Cheever N.A. Multitasking across generations // Applied Cognitive Psychology. 2016.
6. Pea R. Media use, multitasking and mental health // Developmental Psychology. 2018.
7. Kushlev K. Smartphones, multitasking, and well-being // Psychological Science. 2016.
8. Lemola S. Digital media use and sleep problems // Journal of Adolescence. 2015.
9. Солдатова Г.У., Рассказова Е.И. Цифровое поколение: исследования и выводы. Москва, 2020.
10. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Москва, 2019.
11. Войскунский А.Е. Психология интернет-поведения. Москва, 2020.
12. Ярычев М.У. Формирование устойчивых мотивационных установок у студентов в условиях цифровой перегрузки // 2025.
13. Двойникова Е.Ю., Минибаева Е.Д., Федотенко К.Д. Влияние цифровизации на развитие личности // 2024.
14. Бочарова Л.А. Стресс в цифровом обществе и его влияние на молодежь // 2024.

ҒТАМА 159.9.072.43:004.8

ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЖАҢА ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЫҚПАЛЫ

Адильжанова К.С., PhD, Семей медицина университетінің қауымдастырылған профессор м.а.**; Мұздыбаева Т.А.,** тарих ғылымдарының магистрі, «Семей медицина университеті»; **Абылханова Б.,** Стоматология 209- тобының 2 курс студенті

Аннотация. Бұл мақалада психология ғылымындағы жаңа зерттеу бағыттарының қалыптасуына жасанды интеллект пен цифрлық мәдениеттің ықпалы қарастырылады. Қазіргі цифрлық дәуірде адамның когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық процестері технологиялық орта әсерінен өзгеріске ұшырап, жаңа ғылыми парадигмалардың қалыптасуына негіз болуда. Жасанды интеллекттің білім беру, коммуникация және күнделікті өмір салаларына белсенді енуі психологиялық зерттеулердің мазмұны мен әдіснамалық негіздерін кеңейтті. Сонымен қатар цифрлық мәдениет тұлғаның өзін-өзі қабылдауына, әлеуметтік өзара әрекеттесуіне және психологиялық әл-ауқатына тікелей ықпал етеді. Мақалада аталған құбылыстардың психология ғылымына әсері кешенді талданып, болашақ зерттеу бағыттары айқындалады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, цифрлық мәдениет, цифрлық этикет, психология, онлайн мінез-құлық, эмоциялық интеллект, үлкен деректер, алгоритмдік талдау, цифрлық трансформация.

Кіріспе. Қазіргі жаһандық трансформация үдерістерінің айқын көріністерінің бірі – қоғамның цифрлық қайта құрылуы болып табылады. Бұл өзгерістер тек технологиялық инфрақұрылымның жаңаруымен шектелмей, әлеуметтік қатынастардың сипатына, коммуникациялық модельдерге және тұлғаның психологиялық құрылымына терең ықпал етуде. Егер индустриялық кезеңде адамның іс-әрекеті негізінен нақты әлеуметтік және физикалық кеңістікте жүзеге асса, қазіргі уақытта оның күнделікті өмірі виртуалды және гибридті ортада өрбиді. Осылайша, цифрлық кеңістік тұлғаның өзін-өзі тануының, әлеуметтік бейімделуінің және құндылықтық бағдарларының маңызды алаңына айналып отыр.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы психология ғылымының зерттеу нысанын айтарлықтай кеңейтті. Қазіргі таңда адам мінез-құлқы тек бақылау немесе сауалнама әдістері арқылы ғана емес, сонымен қатар цифрлық іздер негізінде де талданады. Онлайн платформалардағы белсенділік, әлеуметтік желілердегі пікірлер мен цифрлық реакциялар тұлғаның эмоционалдық күйін, когнитивтік стратегияларын және әлеуметтік ұстанымдарын сипаттайтын маңызды дереккөзге айналды. Мұндай көлемді

мәліметтерді өңдеу дәстүрлі әдістер арқылы шектеулі болғандықтан, жасанды интеллект зерттеудің тиімді құралы ретінде алға шықты.

Жасанды интеллект алгоритмдері күрделі деректерді жүйелеуге, мінез-құлық үлгілерін анықтауға және эмоционалдық динамиканы талдауға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс психология ғылымының әдіснамалық базасын кеңейтіп, деректерге негізделген зерттеу парадигмасының қалыптасуына негіз қалады. Сонымен қатар, цифрлық мәдениет ұғымы адамның онлайн әрекетін түсіндірудің маңызды теориялық категориясы ретінде орнықты.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы теориялық және эмпирикалық талдау әдістеріне негізделді. Негізгі әдістер ретінде ғылыми әдебиеттерді жүйелеу, салыстырмалы талдау, контент-талдау және цифрлық деректерді алгоритмдік өңдеу қолданылды.

Эмпирикалық база ретінде халықаралық цифрлық мониторинг деректері, әлеуметтік желілердегі мәтіндік контент және онлайн білім беру платформаларындағы пайдаланушы белсенділігі қарастырылды.

Зерттеу барысында табиғи тілді өңдеу (Natural Language Processing), сентименттік талдау, сондай-ақ мінез-құлық динамикасын болжауға арналған алгоритмдік модельдер пайдаланылды. Сонымен қатар алынған нәтижелер психологиялық интерпретация әдістерімен толықтырылды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері цифрлық кеңістіктің тұлға психологиясына екіжақты әсер ететінін көрсетті. Бір жағынан, цифрлық орта когнитивтік икемділікті арттырып, ақпаратты өңдеу жылдамдығын күшейтеді және әлеуметтік байланыстарды кеңейтеді. Екінші жағынан, үздіксіз ақпараттық ағын зейіннің фрагментациясына, эмоциялық шамадан тыс жүктемеге және әлеуметтік салыстыру феноменінің күшеюіне әкеледі. Бұл құбылыс «digital cognitive overload» ретінде сипатталады.

Халықаралық деректерге сәйкес, әлем халқының 65%-дан астамы интернетті күнделікті пайдаланады, ал жастардың экран алдындағы уақыты тәулігіне 6–8 сағатты құрайды. Бұл адамның психикалық қызметінің маңызды бөлігі цифрлық ортада жүзеге асатынын дәлелдейді.

Жасанды интеллект технологиялары психологиялық зерттеулердің дәлдігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Табиғи тілді өңдеу модельдері эмоциялық реңкті шамамен 90% дәлдікпен анықтай алады. Сонымен қатар мәтіндік агрессияны анықтау жүйелерінің сенімділігі 0,82–0,88 аралығында бағаланады. Алгоритмдік модельдер онлайн мінез-құлық негізінде күйзеліс пен депрессиялық белгілерді алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

Цифрлық мәдениет тұлғаның онлайн мінез-құлқын сипаттайтын кешенді жүйе ретінде анықталды. Ол когнитивтік сауаттылық, эмоциялық реттелу, коммуникативтік жауапкершілік және құндылықтық бағдар компоненттерінен тұрады. Бұл компоненттердің үйлесімді дамуы тұлғаның цифрлық ортаға бейімделу деңгейін анықтайды.

Эмпирикалық деректер эмоциялық интеллект деңгейі жоғары тұлғалардың онлайн агрессияны 40%-ға аз көрсететінін дәлелдейді. Сонымен

қатар цифрлық мәдениеті жоғары студенттердің академиялық адалдық деңгейі мен оқу мотивациясы жоғары болатыны анықталды.

Білім беру саласында жасанды интеллект негізіндегі адаптивті оқыту жүйелері студенттердің оқу нәтижелілігін 10–15% арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, онлайн ортадағы анонимдік фактор «online disinhibition effect» құбылысын туындатып, агрессивті мінез-құлықтың артуына ықпал етеді.

Алгоритмдік талдау коммуникация сапасын бағалауда да тиімді. Сентименттік талдау нәтижелері бойынша университеттік платформалардағы пікірлердің 62%-ы позитивті, 27%-ы нейтралды және 11%-ы негативті сипатта болады. Бұл көрсеткіштер цифрлық мәдениет индексін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Алайда жасанды интеллекттің интерпретациялық шектеулері бар. Мәдени контекст, ирония және көпмағыналы тілдік құрылымдар алгоритмдік қателіктерге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар дербес мәліметтердің құпиялылығы мен алгоритмдік бейтараптық мәселелері өзекті болып табылады.

Цифрлық орта тұлғаның идентификациялық құрылымын да өзгертеді. Онлайн имиджге тәуелділік өзіндік бағалаудың тұрақсыздығына алып келуі мүмкін. Әсіресе жасөспірімдер арасында әлеуметтік салыстыру нәтижесінде мазасыздық деңгейінің жоғарылауы байқалады.

Қорытынды. Жасанды интеллект пен цифрлық мәдениеттің өзара ықпалы психология ғылымында жаңа зерттеу парадигмасының қалыптасқанын көрсетеді. Цифрлық трансформация адамның когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік процестерін өзгертіп, ғылыми әдіснаманың жаңаруына ықпал етті. Жасанды интеллект психологиялық зерттеулердің дәлдігін арттырып, деректерге негізделген талдау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Дегенмен, алгоритмдік талдауды психологиялық интерпретациямен үйлестіру ғылыми негізді тәсіл болып табылады.

Цифрлық мәдениет тұлғаның онлайн мінез-құлқын реттейтін маңызды фактор ретінде қарастырылады. Цифрлық этикет психологиялық тұрақтылықтың және әлеуметтік жауапкершіліктің индикаторы болып табылады. Болашақ зерттеулер цифрлық мінез-құлықты мультимодальды талдау әдістерін дамытуға, алгоритмдік модельдердің дәлдігін арттыруға және цифрлық мәдениет индексін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл бағыттағы зерттеулер цифрлық қоғам жағдайында тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Castells M. The rise of the network society. – 2nd ed. – Oxford: Wiley-Blackwell, 2010. – 597 p.

2. Turkle S. Alone together: Why we expect more from technology and less from each other. – New York: Basic Books, 2011. – 360 p.

3. Floridi L. The ethics of information. – Oxford: Oxford University Press, 2013. – 360 p.

4. Russell S., Norvig P. Artificial intelligence: A modern approach. – 3rd ed. – Upper Saddle River: Prentice Hall, 2010. – 1132 p.

5. OECD. Digital Education Outlook 2021: Pushing the frontiers with artificial intelligence, blockchain and robots. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 242 p.

6. Marín V. I., Castañeda L. Developing digital literacy for teaching and learning // Handbook of Open, Distance and Digital Education. – Singapore: Springer, 2023. – P. 1–18.

7. Ryabova M. Y. Virtual communication etiquette and its features // Virtual Communication and Social Networks. – 2023. – Vol. 2, No. 4. – P. 239–245.

8. Выготский Л. С. Педагогическая психология. – Москва: Педагогика, 1991. – 480 с.

9. Формановская Н. И. Речевой этикет и культура общения. – Москва: Высшая школа, 2006. – 304 с.

10. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтырулармен).

11. European Commission. Ethics guidelines for trustworthy AI. – Brussels, 2019. – 41 p.

ҒТАМА 14.35

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОҚУШЫНЫҢ МЕТАКОГНИТИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Айтқазина А.М., «Екі шет тілі» ББ студенті**; Шахин А.А.,**
ф.ғ.к., қауымд. проф., Астана Халықаралық Университеті,
Астана қ., Қазақстан
ajtkazinaajnaz5@gmail.com

Аннотация. Қазіргі білім беру процесі жасанды интеллекттің пайда болуымен жаңа кезеңге қадам басты. ChatGPT, Gemini, Grok, Cloude сияқты платформалар студенттердің ақпаратты іздеу, өңдеу және игеру тәсілдерін айтарлықтай өзгертті. ЖИ білім беру жүйесін жеделдетіп, оқуға қолжетімділікті арттырса да, педагогикалық және психологиялық тұрғыдан маңызды мәселе — «қабілеттілік иллюзиясы» феномені туындауда. Бұл құбылыс студенттердің ЖИ ұсынған дайын шешімдерге сүйенуі нәтижесінде пайда болып, олардың сыни ойлау қабілеті мен өз бетінше танымдық әрекетінің төмендеуіне әкеледі. Зерттеу барысында ЖИ-дің білім беруге тигізетін жағымды және кері әсерлері талданды. Қорытындысында, ЖИ білім беруде шектеу емес, «интеллектуалды тренажер» ретінде қолданылуы тиіс. Студент ЖИ-мен диалог құрып, ақпаратты өз бетінше өңдегенде ғана шынайы білім қалыптасады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, білім берудегі өзгерістер, қабілеттілік иллюзиясы, когнитивті жалқаулық, сыни ойлау, еркін хат, педагогикалық тәуекелдер, интеллектуалды тренажер.

Кіріспе. Қазіргі таңда ЖИ білім беру жүйесінде жиі қолдану үстінде. ChatGPT, Gemini, Grok, Cloude және басқа да онлайн сервистер негізгі ақпарат көзінің біріне айналды. ЖИ білім беру процесін қол жетімді және жеделдеткенімен, білім беру сапасына қатысты біршама маңызды мәселе туғызды.

Мәселе. Оқушыларда ЖИ-ден дайын ақпаратты алу кезінде “когнетивті иллюзия” қалыптасуы мүмкін. Бұны қолдану барысында, тақырыпты терең меңгергендей сезім қалыптасады. Бірақ, ақпаратты өздігінен іздеп талдамағандықтан шынайы білім мен қабілет қалыптастпайды.

Бұл мақаланың мақсаты - оқу және танымдық процесте жасанды интеллектті қолдануда тиімді және кері әсер ететін жақтарын талдап шегарасын анықтау. ЖИ көмегімен оқу: білім бе, әлде иллюзия ма деген сұраққа жауап ізделеді.

Материалдар мен әдістер. Білім берудегі жасанды интеллект және «қабілеттілік иллюзиясы» феномені. Қазіргі уақытта жасанды интеллект білім беру саласына біршама жақсы аспектілер әкеле отырып, оқу саласын жаңа

қырынан ашты. Оның білім беру процесіне тигізетін жағымды әсерлері ретінде мынадай тұстарын айта кетсе болады [1]:

Жекешелендірілген тәсіл. ЖИ-дің ең басты артықшылығы — әр білім алушыға персоналды тәсіл ұсынуы. Технология әр оқушының оқу деңгейіне, қабілетіне, қабылдау жылдамдығымен жасына қарай бейімделіп ақпаратты түсіндіреді. Бұл тақырыпты меңгеру барысындағы күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен ұғынуға көмектеседі.

Оқу процесінің тиімділігі мен жеделдігі. Сонымен қатар, ЖИ арқылы орналасқан жеріне не уақытқа қарамастан сапалы ақпаратты тез табуға, үлкен көлемді ақпаратты ыңғайлы әрі тиімді конспектеуге мүмкіндік береді. Демек, оқушы қысқа мерзімде көбірек білім алуға мүмкіндік алады.

Психологиялық қолайлылық. Оқушылар ЖИ-ге сұрақ қою кезінде ұялмай, қателескен жағдайда сыртқы қысым сезінбеуі — білім алушының өзіне деген сенімділігін арттырып, еркін ізденуіне қолайлы орта жасайды.

Дегенмен, көптеген қолайлы тұстарымен қатар, кері әсері «қабілеттілік иллюзиясы» феномені туындайды. А. Л. Нилсон атап өткендей: «Кейбір жағдайларда жасанды интеллектіні пайдалану, технологияларға шамадан тыс тәуелділікке әкелуі мүмкін. Бұл оқушылардың сыни ойлау, мәселелерді шешу сияқты маңызды дағдыларды дамыту мүмкіндігінің төмендейтінін білдіреді, өйткені олар барлық жұмысты жасап беретін дайын технологияларға иек артады» [2]. Зерттеушілер ЖИ-ді дұрыс қолданбау адам үшін жағымсыз салдарға соқтыруы мүмкін екенін көрсетеді.

Қабілеттік иллюзиясы — бұл оқушының ақпаратты сыртқы құралдан (ЖИ) дайын түрде алуынан қалыптасатын жалған сенімділік сезімі. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, ЖИ ұсынатын жедел жауаптар студенттің танымдық әрекетіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл құбылысты ғылымда «қабілеттілік иллюзия» деп атайды.

Психологиялық жағынан бұл феномен мынадай себептер әсерінен туындайды:

Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, адам миы ақпаратты екі түрлі деңгейде қабылдайды: тану және еске түсіру. Оқушы ЖИ дайындаған мәтінді оқығанда, оның мазмұнын толық түсіндім деп ойлайды. Бұл «жеңілдік сезімі» миды алдап, «мен бұны білемін» деген жалған сенім ұялатады. Шын мәнінде, білім өз бетіңмен іздену, талдау, қате жіберу арқылы ғана қалыптасады. ЖИ бұл процестері ысырғандықтан, ақпарат ұзақ мерзімді жадыға өтпейді. Нәтижесінде, оқушы тақырыпты түсінгендей сезімде болғанымен, оны практикада жүзінде қолдана алмайтын «иллюзия» деңгейінде қалады.

Метакогнитивті дағдылардың тежелуі.

Педагогикалық тәжірибеде студенттің өзіндік танымын арттыру үшін «Метакогнитивті хат», «Еркін фокусталған хат» әдістері жиі қолданылады. Мысалы, тіл сабағында жаңа тақырыпты біліп тану кезінде бұл әдістер оқушының өз ойын жинақтай отырып, сыни ойлауға және ішкі кері байланыс жасауына бағытталған әдіс. Бұл жерде нәтижеден көрі студенттің ойлау процесі маңызды [3].

Алайда, оқушылардың басым көпшілігі өздігінен жұмыс жасаудан қашып, тапсырмаларды орындау үшін жасанды интеллектіні қолданады. Бұл әдістің басты педагогикалық мәнін жояды: оқушының өзіндік стилі, ойы, көзқарасы жоғалады; өзі талдап анализ жасау орнына, дайын затқа үйреніп алады. Нәтижесінде, «сауатты жазылған мәтін» бар, бірақ ешқандай баланың еңбегі, дамуы, ой өсімі жоқ. Бұл — білім алудың орнына иллюзияның пайда болу көрінісі.

Когнитивті жалқаулық пен тәуелділік [4]. Адам миы көп энергия құртпас үшін жеңіл, қысқа жолды таңдайды. ЖИ дайын жауаптарды алу барысында оқушының аналитикалық талдау жасай алу қабілеті дамымайды. Бұл функциялық сауатсыздыққа, білімсіздікке әкелуі мүмкін: студент ақпаратты қолданады, бірақ оның мағынасын түсініп қолдана алмайды. Оған қоса білім алушы ЖИ берген деректерді тексермей қолданса, оны шын ретінде қабылдаса, оның сыни ойлауы дағдысы әлсірейді.

Нәтижелер. Зерттеу кезінде оқушылардың білім алу процесіне жасанды интеллектінің әсер ету деңгейін анықтау мақсатында Google Forms онлайн платформасында сауалнама жүргізілді. Нәтижелерді талдау барысында бірнеше маңызды аспектілер пайда болды:

ЖИ-ге деген позитивті көзқарас пен қолдану деңгейі. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 100%-ы оқу процесінде жасанды интеллект құралдарын белсенді қолданатынын және оны тақырыпты түсінуге көмектесетін көмекші ретінде қабылдайтынын білдірді. Бұл көрсеткіш ЖИ-дің заманауи білім берудегі ажырамас бөлігіне айналғанын және оның ақпаратқа қолжетімділік пен оқуды жеңілдетудегі жоғары тиімділігін көрсетеді (1-Сурет).



Сурет-1. 1 сұрақ бойынша диаграмма

Дегенмен, сауалнаманың екінші бөлімі студенттердің ЖИ-ге шамадан тыс тәуелділігін және когнитивті қауіптерді анықтады:

Тәуелділік пен когнитивті жалқаулық. Оқушылардың 53,8%-ы тапсырманы өздігінен орындаудың орнына ЖИ-ден дайын жауап алатынын мойындады. Бұл мидың күрделі тапсырмалардан бас тартуына әкеледі (2-Сурет).



Сурет-2. 2 сұрақ бойынша диаграмма

Сыни ойлаудың тежелуі: Оқушылардың 92,3%-ы ЖИ-ді көп қолдану өз бетінше ойлау қабілетіне кері әсер етеді және технологияға тәуелділік тудырады деп есептейді (3-Сурет).



Сурет-3. 3 сұрақ бойынша диаграмма

Үстірт білім (иллюзия): Қатысушылардың 38,5%-ы ЖИ-ді қолданған кезде тақырыпты толық түсінбей қалатын жағдайлар болатынын айтты. Бұл — біз теориялық бөлімде қарастырған «қабілеттілік иллюзиясының» нақты көрінісі: оқушылар жауаптың дұрыстығына сенгенімен, оның астарын терең меңгермейді (4-Сурет).

4.ИИ қолданған кезде сіз тақырыпты толық түсінбей қалатын жағдай болды ма?



Сурет-4. 4 сұрақ бойынша диаграмма

Оқушылардың 63,6%-ы ЖИ-ді бақылаусыз қолдану білім сапасын төмендетуі мүмкін деген пікірде. Бұл студенттердің өздері де технологияның кері әсерін сезінетінін, бірақ оның «ыңғайлылығынан» бас тарта алмайтынын көрсетеді.

Жүргізілген зерттеу мен сауалнама нәтижелері жасанды интеллектінің білім берудегі рөлі екіжақты екенін дәлелдеді.

Бір жағынан, ЖИ - білімді қолжетімді ететін, оқуды жекешелендіретін мықты құрал.

Екінші жағынан, оны тек «дайын жауап» алу үшін пайдалану студенттің сыни ойлауын тежеп, «қабілеттілік иллюзиясын» тудырады.

Бұл тәуекелдерді азайту үшін ЖИ-ді «дайын асқа тік қасық» емес, миды жаттықтыратын тренажер ретінде пайдалану қажет . Білім беру жүйесінде ЖИ-ді тыйым салу емес, оны студенттің рефлексиялық қабілетін арттыратын «интеллектуалды тренажер» ретінде қолдану мәдениетін қалыптастыру қажет. ЖИ-мен оқу тек оқушы онымен «диалог» құрып, ақпаратты өз бетінше өңдеген жағдайда ғана шынайы білімге айналады.

ЖИ-ді дайын жауап алу үшін емес, сұрақ-жауап арқылы талқылау жүргізетін диалог серіктесі ретінде қолдануға болады [5].

Рефлексия құралы ретінде пайдалану: Студент сабақ соңында ЖИ-ге өз конспектісін жүктеп: «Осы тақырып бойынша мен нені түсінбеген сияқтымын? Маған бақылау сұрақтарын қойшы» деп тапсырма береді. Нәтижесінде, егер оқушы ЖИ қойған сұрақтарға жауап бере алмаса, оның білімі үстірт («когнитивті иллюзия») болғаны анықталады.

Қорытындылар. Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы білім беру процесіндегі жасанды интеллекттің рөлін және оның студенттердің танымдық әрекетіне әсерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде мынадай негізгі тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, ЖИ оқу процесін жеңілдетіп, ақпаратқа қолжетімділікті арттырғанымен, студенттерде «қабілеттілік иллюзиясы» пайда болады. Оқушы ЖИ ұсынған дайын ақпаратты оқығанда оны түсінгендей сезінеді,

алайда ақпарат терең өңделмей, ұзақ мерзімді жадыға сақталмайды. Бұл оның практикалық қолдану қабілетіне кері әсерін тигізеді.

Екіншіден, әдістемелік тұрғыдан, «Метакогнитивті хат» және «Еркін хат» сияқты рефлексиялық әдістер студенттің өз бетінше ойлауын дамытуға бағытталған. Дегенмен, тапсырмаларды орындауда ЖИ-ді қолдану студенттің сыни ойлау процесін тежеп, когнитивті жалқаулыққа, авторлық стильдің әлсіреуіне және метакогнитивті дағдылардың дамымауына әкеледі.

Үшіншіден, ЖИ білім беру жүйесінен толықтай шектеудің қажеті жоқ. Оқушы ЖИ-мен саналы диалог жүргізіп, ақпаратты өз бетінше өңдеген жағдайда ғана шынайы білім қалыптасады. Рефлексия, бақылау сұрақтары және «кері оқыту» әдістері арқылы «қабілеттілік иллюзиясының» алдын алуға болады.

Түйіндей келе, ЖИ — білім емес, тек құрал. Оның тиімді қолданылуы оқушының сыни ойлау қабілетін, функционалдық сауаттылығын және метакогнитивті дағдыларын арттыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Кайржанов А.С. Интеллектуальные технологии в образовании: современные подходы и перспективы // Вестник образования Казахстана. - 2023. №4. - С. 45-52.

2. Nilsone, A. L. The Impact of artificial intelligence amongst higher education students: Bachelor's thesis. — Haaga-Helia University of Applied Sciences, 2023. - Available at: https://urn.fi/URN:NBN:fi:amk-2023060116981 (accessed:14 November 2025)

3. Bak P. «Impact of Multiple Educational Technologies on Well-Being: The Mediating Role of Digital Cognitive Load.» BMC Nursing, 2025.

4. Тлеубаев Т.С., Нариман С.А. Проблема когнитивный перегрузки в условиях цифрового обучения//Формирование цифровой эпохи: искусственный интеллект в действии.- Өскемен: С. Аманжолов атындаты ШКУ «Берел» баспасы. 2025.- Б. 410-412.

5. Нуркеева Д.Б., Исабекова А.Р. Применение чат-ботов в образовательном процессе // Современные проблемы цифрового обучения. - Алматы: КазНПУ, 2022. - С. 113-118.

МРНТИ 15.21.31

СВЯЗЬ ФРУСТРАЦИОННОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ И АКАДЕМИЧЕСКОЙ ПРОКРАСТИНАЦИИ У СТУДЕНТОВ

Аксенова П.А., студент 3 курса, ОП 6В03103- Психология;
Қабыл А.Н., преподаватель, магистр соц. наук
Международный университет Астана, г.Астана, Казахстан
polina_aksenova@stu.aiu.edu.kz

Аннотация. В статье рассматривается взаимосвязь между уровнем академической прокрастинации и фрустрационной толерантностью студентов. Актуальность темы обусловлена процессами цифровизации и глобализации образовательного процесса, повышением академических требований к студентам, а также ростом психологических трудностей в студенческой среде.

В работе представлен обзор зарубежных и отечественных исследований по данной теме, рассмотрены особенности казахстанского образовательного контекста, а также проведен сравнительный анализ подходов ряда авторов к определениям академической прокрастинации и фрустрационной толерантности.

Эмпирическое исследование проводилось на выборке из 60 студентов с применением «Шкалы оценки академической прокрастинации» (PASS) и формализованного теста фрустраций Розенцвейга (ФТФ-1). Анализ данных осуществлялся посредством коэффициента корреляции Пирсона.

По результатам исследования статистически значимых корреляций между исследуемыми показателями выявлено не было ($p > 0,05$), что указывает на многофакторную природу академической прокрастинации.

Ключевые слова: фрустрационная толерантность, академическая прокрастинация, студенты, тест Розенцвейга, шкала академической прокрастинации, корреляционный анализ, психологическое благополучие.

Введение. Современная система образования претерпевает серьезные изменения, которые связаны с процессами глобализации и цифровизации образовательного процесса, и сопровождается повышением академических требований к студентам, введением рейтинговой системы, а также ростом требований к их конкурентоспособности. В таких условиях студенты все чаще сталкиваются с психологическими трудностями, которые негативно влияют на их личностные и эмоциональные ресурсы. Это влечет за собой такие последствия, как тревожность, эмоциональное выгорание и стресс, которые в дальнейшем могут привести к академической прокрастинации. Особенно остро эти трудности проявляются в период сессии, когда возрастает умственное и психоэмоциональное напряжение [1].

На этом фоне феномен академической прокрастинации приобретает все большую распространенность в студенческой среде. По данным зарубежных и отечественных исследований, прокрастинация характерна для 80-95% студентов, из них 50% имеют серьезные проблемы в обучении. Согласно метааналитическим данным исследований, прокрастинация имеет отрицательную связь с академической успеваемостью, что показывает их взаимосвязь: чем выше уровень прокрастинации, тем ниже успеваемость [2]. При этом последствия прокрастинации это не только снижение успеваемости: у студентов с выраженной прокрастинацией наблюдаются повышенный уровень стресса, тревоги, сниженное настроение и чувство беспомощности, которые дополнительно ухудшают качество учебного процесса.

Проблему взаимосвязи академической прокрастинации и фрустрации необходимо изучать в рамках казахстанских реалий, так как за последние годы в стране изменились требования к студентам: усложнились условия проведения экзаменов, повысились стандарты защиты выпускных квалификационных работ, введены многоуровневые рейтинговые системы оценок. Эти изменения напрямую оказывают влияние на психологическое благополучие казахстанской молодежи. Согласно исследованию фонда Qalam (август-сентябрь 2023 г.), более 70% молодых казахстанцев страдают от стрессов, бессонницы и апатии [3]. По данным Республиканского научно-практического центра психического здоровья Министерства здравоохранения РК, в 2024 году общие группы граждан, состоящих на динамическом наблюдении с психическими заболеваниями и поведенческими расстройствами, превысили 198,4 тысячи человек, а объем услуг психиатрических учреждений вырос за год на 29,7%. Согласно данным того же Министерства здравоохранения РК, за последние десять лет обращения к психиатрам и психологам в стране удвоилось, особенно значительный рост наблюдается среди молодежи и подростков [4,5].

Исходя из результатов исследований и статистических данных, вопрос о наличии психологических служб в образовательных учреждениях является значимым. Государство реагирует на эту ситуацию на нормативном уровне: деятельность психологических служб в организациях образования предусмотрена Законом Республики Казахстан «Об образовании» и рядом подзаконных актов. Приказом Министра просвещения РК от 29 апреля 2025 года № 92 утверждают Правила деятельности службы психолого-педагогического сопровождения в организациях образования, что свидетельствует о признании системной важности психологической поддержки учащихся на государственном уровне [6]. Эффективность психологических служб позволяет студентам справляться с академическими и личными трудностями, что способствует их психологическому благополучию.

Одним из не до конца изученных составляющих аспектов академической прокрастинации является низкая фрустрационная толерантность - неспособность личности конструктивно переживать ситуацию, не учитывая ее ожидания. Низкая фрустрационная толерантность связана с негативными

академическими поведенческими моделями, которая включает прокрастинацию и пониженную академическую успеваемость. Студенты с низким уровнем ФТ, при столкновении со сложными задачами, не обладая психологической устойчивостью, отвлекаются, перекладывают выполнение, избегают фрустрирующего опыта [7].

Материалы и методы. За рубежом связь между фрустрационной толерантностью, прокрастинацией и академическим поведением изучается с 1970-х годов - со временем классических работ А. Эллиса и У. Кнауса. Сегодня зарубежная научная база по данной теме достаточно обширна, однако в казахстанском пространстве ситуация иная - исследования академической прокрастинации у студентов-казахстанцев носят единичный и исключительно описательный характер. Одним из примеров служит работа А. Сембаевой (КазНУ им. аль-Фараби, 2021), в ходе которой было проведено обследование 72 магистрантов КазНУ. Полученные результаты: 50% из них продемонстрировали высокий уровень прокрастинации, 43% - средний, и лишь 7% - низкий уровень [8].

Все вышесказанное определяет актуальность настоящего исследования и необходимость обращения к теоретическим основам изучаемых понятий.

В целях теоретического обоснования исследования рассмотрены подходы некоторых авторов к понятиям «академическая прокрастинация» и «фрустрационная толерантность», представленные в таблице [2,9,10,11,12].

Таблица 1. Теоретические подходы к определению академической прокрастинации и фрустрационной толерантности

Подход/автор	Академическая прокрастинация (определение)	Фрустрационная толерантность (определение)	Связь и доказанная база
Когнитивный (А. Эллис, У. Кнаус)	Результат иррациональных убеждений и самокритики; способ избежать немедленного дискомфорта ценой долгосрочных целей.	Способность принимать неприятные условия без эмоционального срыва. Низкая толерантность (LFT) - убеждение «я не вынесу этого дискомфорта».	LFT - ядро прокрастинации. Человек откладывает задачу, потому что считает дискомфорт от её выполнения невыносимым.
Многомерный (Н. Харрингтон)	Намеренная задержка выполнения учебного задания, вызванная неспособностью справиться с требованиями задачи.	Включает 4 измерения: непереносимость дискомфорта, эмоций, препятствий к достижениям и несправедливости.	Разработана шкала FDS (Frustration Discomfort Scale). Исследование (2005) подтвердило, что уровень прокрастинации прямо коррелирует с баллом по шкале FDS.

Мотивационный (П. Стил)	Провал саморегуляции, описываемый Теорией временной мотивации (ТМТ). Зависит от ценности задачи и импульсивности.	Способность подавлять импульс к немедленному удовольствию ради отложенной награды.	Мета-анализ Стила (2007) показал, что низкая саморегуляция (часть толерантности) - самый сильный предиктор прокрастинации.
Дифференциальный (Н.Милграм)	Специфическая форма откладывания, связанная с выполнением учебных заданий и подготовкой к экзаменам. Рассматривается как поведенческий паттерн, возникающий из-за дефицита навыков планирования и низкой самооценки.	Способность студента выдерживать напряжение, связанное с когнитивной нагрузкой и внешним давлением (дедлайнами).	В исследовании 1991 г. Милграм выявил, что академическая прокрастинация сильнее всего коррелирует с тревожностью перед оценкой и низким уровнем организованности. Милграм (1995) установил, что прокрастинация - это защитный механизм: при низкой толерантности к стрессу студент «убегает» в прокрастинацию, чтобы снизить уровень текущей тревоги.
Г. Ботори, Д.Моутер (совместно с Н.Милграмом)	Доказали, что это ситуативный ответ на учебную нагрузку. Установили, что прокрастинация выше там, где задачи кажутся студенту менее приятными и более навязанными извне.	Выявили связь: студенты с низкой толерантностью к «неприятным» задачам чаще используют прокрастинацию как защитный механизм, чтобы избежать тревоги здесь и сейчас	

Представленные теоретические подходы послужили основой для проведения эмпирического исследования. В исследовании приняли участие студенты 3 курса образовательных программ «Психология» и «Международные отношения и дипломатия», а также зарубежные студенты Медицинского университета РНИМУ и несколько магистрантов 1 курса

МГИМО образовательной программы «Финансовая экономика и финансовые технологии».

Всего в исследовании приняли участие 60 человек, среди которых 9 юношей и 51 девушка. Для оценки изучаемых показателей применялись методики: «Шкала оценки академической прокрастинации» (PASS) и формализованный тест фрустраций Розенцвейга (ФТФ-1) [13,14].

Согласно методике Розенцвейга, выделяются две группы шкал: направление реакции и тип фиксации. Шкала направление реакции включает в себя следующие показатели: E, I, M. Показатель E (экстрапунитивное направление реакций) характеризует степень экспрессивности и внешней активности человека при неожиданном столкновении с неприятной для него ситуацией. Показатель I (интропунитивное направление реакций) отражает склонность человека возлагать ответственность за произошедшее на себя, испытывать чувство вины и самообвинение. Показатель M (импунитивное направление реакций), характеризующее степень адекватности, с которой человек стремится снизить значимость возникших трудностей, воспринимая ситуацию как малозначимую или временную.

Шкала тип фиксации содержит показатели: O-D, E-D, N-P. Показатель O-D (фиксация на препятствии) отражает степень сосредоточенности человека на источнике фрустрации и может свидетельствовать о ригидности поведения в стрессовых ситуациях. Показатель E-D (фиксация на самозащите) характеризует выраженность защитных реакций личности и связан с силой или слабостью «Я», позволяя оценить общую стрессоустойчивость индивида. Показатель N-P (фиксация на удовлетворении потребности) отражает ориентацию человека на конструктивное и рациональное разрешение возникших трудностей; чем выше данный показатель, тем в большей степени выражена установка на позитивное преодоление стрессовой ситуации.

Отдельно рассматривается показатель GCR (Group Conformity Ratio) - уровень групповой конформности реакции. Он характеризует степень соответствия поведения испытуемого общепринятым, социально нормативным способам реагирования во фрустрирующих ситуациях. Высокий GCR косвенно свидетельствует о более зрелом и адаптивном реагировании на фрустрацию, что является одной из важных характеристик фрустрационной толерантности. Низкий GCR, напротив, может указывать на склонность к нестандартным, иногда дезадаптивным реакциям, что снижает общую толерантность к фрустрации [12].

Для исследования наибольшее значение имеют показатели O-D, N-P и GCR, поскольку они в большей степени связаны с переживанием трудностей и откладыванием деятельности. [1]

[1]*Примечание. Валидность использования показателей O-D, N-P и GCR в качестве индикаторов фрустрационной толерантности подтверждена в исследованиях Носса и Кабановой (2019), а также Köthe et al. (2020), где установлена конструктная валидность теста Розенцвейга как инструмента измерения фрустрационной толерантности [14,15].*

В методике «Шкала оценки академической прокрастинации» (PASS) выделяются три группы показателей: частота академической прокрастинации, причины прокрастинации и личностные характеристики, связанные с откладыванием учебной деятельности. Для исследования используется показатель общей шкалы - частота академической прокрастинации [13].

Результаты. На первом этапе исследования были выбраны подходящие методики и выдвинута гипотеза, которая стала основой работы: чем выше уровень академической прокрастинации, тем ниже фрустрационная толерантность студентов, что проявляется в снижении реакций, направленных на решение проблемы (NP), усилении фиксации на препятствии (OD) и снижении уровня групповой конформности (GCR).

На втором этапе исследования были получены результаты всех респондентов-участников по выбранным методикам. Согласно полученным данным методик, для анализа взаимосвязи академической прокрастинации и фрустрационной толерантности использовалась корреляция Пирсона (r). Были рассчитаны коэффициенты корреляции между показателем общей шкалы PASS (частота академической прокрастинации) и ключевыми показателями теста Розенцвейга: фиксацией на препятствии (O-D), ориентацией на конструктивное решение проблем (N-P) и уровнем групповой конформности реакции (GCR).

Корреляция между шкалой частоты академической прокрастинации и показателем O-D теста Розенцвейга составила r =0,149 (p =0,255) - слабая положительная связь. Поскольку результат не достигает уровня статистической значимости (p > 0,05), это говорит о том, что фиксация на препятствии статистически значимо не связана с уровнем академической прокрастинации в данной выборке.

Между шкалой частоты академической прокрастинации и показателем N-P методики Розенцвейга корреляция составила r = - 0,100 (p =0,445) - очень слабая отрицательная связь. Соответственно, так как связь не достигает уровня статистической значимости (p > 0,05), склонность к конструктивному поиску решений не может рассматриваться как значимо связанная с уровнем академической прокрастинации в данной выборке.

Между уровнем академической прокрастинации и показателем групповой конформности GCR обнаружена слабая отрицательная корреляция r = - 0,202 (p = 0,122). Несмотря на то, что направление связи соответствует теоретическим предположениям - студенты с более высоким уровнем прокрастинации несколько реже демонстрируют социально одобряемые способы реагирования на фрустрацию. Таким образом, данная взаимосвязь не достигает уровня статистической значимости (p > 0,05) и не может рассматриваться как устойчивая закономерность.

Исходя из полученных данных, результаты корреляционного анализа не подтвердили выдвинутую гипотезу о наличии значимой связи между уровнем академической прокрастинации и фрустрационной толерантностью студентов: ни по одному из показателей методики Розенцвейга (O-D, N-P,

GCR) не было обнаружено статистически значимой связи с уровнем академической прокрастинации ($p > 0,05$). Следует отметить, что направление полученных корреляций в целом не противоречит логике гипотезы: студенты с более высоким уровнем прокрастинации несколько чаще фиксируются на трудностях (O-D) и несколько реже ориентированы на конструктивное решение проблем (N-P), но данные тенденции не достигают уровня статистической значимости.

Выводы. Отсутствие значимых результатов может быть обусловлено сложной природой прокрастинации как явления, поскольку помимо фрустрационной толерантности на нее оказывают влияние тревожность, учебная мотивация, самоэффективность, перфекционизм и многие другие психологические факторы, а также ограниченным объемом выборки ($n = 60$), что могло снизить вероятность выявления статистически значимых взаимосвязей. Кроме того, согласно шкале причин академической прокрастинации, ее возникновение нередко связано с низкой самоорганизацией, неумением планировать время и избеганием оценивания - факторами, выходящими за рамки фрустрационной толерантности. Это указывает на то, что фрустрационная толерантность, вероятно, не является ключевым фактором, определяющим уровень академической прокрастинации, что определяет необходимость дальнейшего исследования с применением комплекса диагностических методов.

Список использованных источников:

1. Мальцева С. М., Смирнова Ж. В., Исаева И. Ю., Назаркина Е. С. Причины возникновения и профилактика синдрома эмоционального выгорания у студентов // Азимут научных исследований: педагогика и психология. - 2020. - Т. 9, № 2(31). - С. 348–350. - URL: https://cyberleninka.ru/article/n/prichiny-vozniknoveniya-i-profilaktika-sindroma-emotsionalnogo-vygoraniya-u-studentov (дата обращения: 29.03.2026).

2. Steel P. The nature of procrastination: A meta-analytic and theoretical review of quintessential self-regulatory failure // Psychological Bulletin. - 2007. - Vol. 133, №1. - P. 65–94. - DOI: 10.1037/0033-2909.133.1.65.

3. Фонд Qalam (2023 г.). Исследование социальных настроений молодёжи Казахстана. Август–сентябрь 2023 г. [Электронный ресурс]. URL: https://exclusive.kz/uroven-depressivnosti-molodezhi-kazahstana-v-pyat-raz-vyshe-chem-v-mire/ (дата обращения: 29.03.2026).

4. Республиканский научно-практический центр психического здоровья МЗ РК (2024 г.). Статистика заболеваний и поведенческих расстройств в РК. [Электронный ресурс]. URL: https://www.kt.kz/rus/opinions/rasprostranennost_depressii_v_kazahstane_prevysila_1377962062.html (дата обращения: 29.03.2026).

5. Бекмурзина Т. Казахстан погружается в депрессию [Электронный ресурс] // Exclusive.kz. - 2025. - 20 февраля. - URL:

https://exclusive.kz/kazahstan-pogruzhaetsya-v-depressiyu/ (дата обращения: 29.03.2026). - (цит. по данным Министерства здравоохранения РК).

6. Приказ Министра просвещения РК от 29 апреля 2025 года № 92 «Об утверждении Правил деятельности службы психолого-педагогического сопровождения в организациях образования». [Электронный ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047 (дата обращения: 29.03.2026).

7. Бузина Т. С. и др. Исследование психологических факторов выгорания студентов медицинского вуза // Психологическая газета. - 2024. - URL: https://psy.su/feed/12787/ (дата обращения: 29.03.2025).

8. Сембаева А. Академическая прокрастинация у магистрантов вуза в условиях пандемии COVID-19 // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. - 2021. - Т. 66, № 1. - С. 35–40. - DOI: 10.26577/JES.2021.v66.i1.04. - URL: https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/939 (дата обращения: 29.03.2026).

9. Ellis A., Knaus W. J. Overcoming Procrastination: Or How To Think and Act Rationally in Spite of Life's Inevitable Hassles. - New York : Institute for Rational Living, 1977. - 173 p.

10. Harrington N. It's too difficult! Frustration intolerance beliefs and procrastination // Personality and Individual Differences. - 2005b. - Vol. 39, № 5. - P. 873–883. - DOI: 10.1016/j.paid.2004.12.018.

11. Milgram N.A., Batori G., Mowrer D. Correlates of academic procrastination // Journal of School Psychology. - 1993. -№ 31. - стр. 487-500.

12. Носс И. Н., Игнаткин В. Н. Формализованный тест фрустраций С. Розенцвейга и его применение в профессиональном отборе кадров // Физиология человека. - 1997. - № 2. - URL: https://psytests.org/classic/rpfsn.html (дата обращения: 29.03.2026).

13. Зверева М. В. Шкала оценки академической прокрастинации PASS (Procrastination Assessment Scale for Students by L. Solomon & E. Rothblum) в адаптации Зверевой М. В. : методические рекомендации. - Москва, 2018. - URL: https://psytests.org/emvol/pcpass.html (дата обращения: 29.03.2026).

14. Носс И.Н., Кабанова Т.Н. Адаптация формализованного теста рисуночных фрустраций в процессе личностно-профессиональной диагностики сотрудников правоохранительных органов // Психология и право. - 2019. - Т. 9, № 3. - С. 81-89. DOI: 10.33463/2072-8336.2019.3(48).081-089. - URL: https://cyberleninka.ru/article/n/adaptatsiya-formalizovannogo-testa-risunochnyh-frustratsiy-v-protsesse-lichnostno-professionalnoy-diagnostiki-sotrudnikov (дата обращения: 29.03.2026).

15. Köthe N., Wertz M., Steffanowski A., Yundina E. Der Rosenzweig Picture-Frustration Test (PFT) im forensischen Kontext: Eine Validierungsstudie // Recht & Psychiatrie. - 2020. - Bd. 38, № 2. - S. 84–92. - URL: https://epub.ub.uni-muenchen.de/84810/ (дата обращения: 29.03.2026).

ҒТАМА 14

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН САУ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ақжанқызы А., Өнер және гуманитарлық ғылымдар факультеті психология мамандығы, 1-курс магистранты; **Аплашова А.Ж.,** Астана Халықаралық университеті,Астана,Қазақстан
akzhankyzya@icloud.com

Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру ортасындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың сау құрдастарының әлеуметтік бейімделуінің психологиялық аспектілері қарастырылады. Зерттеудің негізгі жаңалығы – әлеуметтік интеграция процесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолданудың тиімділігін негіздеу. Автор балалардың эмоционалдық интеллектін дамытудағы және коммуникативтік кедергілерді жоюдағы ЖИ ассистенттері мен адаптивті жүйелердің рөлін талдайды. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, инклюзияны цифрландырудың психологиялық модельдері ұсынылған. Зерттеу барысында ЖИ-дің адаптивті алгоритмдері, эмоционалдық тану жүйелері және әлеуметтік роботтардың ЕБҚ балалардың когнитивті және эмоционалдық дамуына әсері сипатталған. Сонымен қатар, ЖИ құралдарының сау балаларда эмпатия мен толеранттылықты қалыптастырудағы рөліне ғылыми негіздеме беріледі.

Кілт сөздер: корпустық лингвистика, ұлттық корпус, цифрландыру, лемматизация, жасанды интеллект.

Кіріспе. Инклюзивті білім беру – қазіргі педагогика мен психологияның ең басты гуманистік бағыттарының бірі. Бұл жүйе әрбір баланың жеке ерекшеліктеріне қарамастан, оның сапалы білім алуға және қоғамға толыққанды мүше болуға құқығы бар екенін мойындайды. Алайда, инклюзия тек физикалық тұрғыдан балаларды бір сыныпқа отырғызу емес, бұл күрделі психологиялық бейімделу процесі.

Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалардың әлеуметтік ортаға енуі көптеген психологиялық факторлармен шектеледі. Олардың қатарында мазасыздық деңгейінің жоғары болуы, өзін-өзі төмен бағалау және коммуникативтік дағдылардың жетіспеушілігі бар.Зерттеуші Л.И.Акатов атап өткендей,мұндай балалардың әлеуметтік реабилитациясы олардың ішкі психологиялық қорғаныс механизмдерін жеңіп, қоршаған ортамен эмоционалды байланыс орнатуына тікелей байланысты [3, 212 б.]. Бұл процесс тек ЕБҚ балаларға ғана емес, сонымен қатар сау балаларға да әсер етеді, себебі олардың толеранттылық деңгейі мен эмпатиясы инклюзивті ортада қалыптасады.

Материалдар мен әдістер. Жасанды интеллекттің инклюзияға енуі.Технологиялық прогресс дәуірінде жасанды интеллект (ЖИ) бұл мәселелерді шешудің жаңа әдістерін ұсынады. ЖИ негізіндегі адаптивті оқыту жүйелері әр баланың когнитивті қабілеттерін талдай отырып, оқу процесін жекешелендіреді. Бұл туралы Р. Лакин өзінің еңбегінде ЖИ-дің адам интеллектін алмастырушы емес, оның мүмкіндіктерін кеңейтуші құрал екенін, әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу қарқынын теңестіруде таптырмас көмекші екенін дәлелдейді [2, 98 б.].

Қазақстандық ғалымдар А.Қ. Назарбаева мен Р.А. Сүлейменова инклюзивті ортадағы психологиялық климаттың маңыздылығына тоқталады. Олардың пікірінше, баланың әлеуметтік бейімделуі үшін оқу бағдарламасы ғана емес, оның сыныптағы эмоционалдық жайлылығы басты орында болуы тиіс [1, 148 б.]. ЖИ технологиялары, атап айтқанда, эмоционалдық талдау жасаушы (Emotion AI) жүйелер баланың шаршауын, стресс деңгейін немесе қызығушылығының төмендеуін дер кезінде анықтап, мұғалімге сигнал беру арқылы осы жайлылықты сақтауға көмектеседі.Жасанды интеллект сонымен қатар виртуалды шындық (VR) арқылы балалардың әлеуметтік сценарийлерді "қауіпсіз ортада" жаттықтыруына мүмкіндік береді. И. Ролл мен Р. Уайлидің зерттеулері көрсеткендей, ЖИ негізіндегі симуляциялар балалардың нақты өмірдегі қарым-қатынасқа деген қорқынышын едәуір төмендетеді [4, 585 б.]. Бұл әсіресе аутизм спектрі бұзылған немесе әлеуметтік фобиясы бар балалар үшін маңызды. Осылайша, ЖИ тек білім беру құралы емес, сонымен қатар психологиялық терапия мен әлеуметтендірудің қуатты механизміне айналып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде де ЖИ элементтерін енгізу өзекті мәселе болып табылады, бұл Мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарында көрсетілген [5]. Мақаланың келесі бөлімдерінде біз осы технологиялардың нақты психологиялық әдістемелерін және олардың сау балалар мен ЕБҚ балалар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтудағы рөлін егжей-тегжейлі талдаймыз.

Инклюзивті ортада ЖИ тек техникалық құрал емес, ол "әлеуметтік медиатор" рөлін атқарады. Оны келесі бағыттар бойынша сипаттауға болады:

1. Эмоционалдық мониторинг және қолдау

ЖИ негізіндегі нейрондық желілер баланың дауыс ырғағын, бет әлпетінің микро-мимикасын және жүрек соғысын (сенсорлар арқылы) талдай алады.

• Психологиялық әсері: ЕБҚ балаларда жиі кездесетін "сенсорлық қайта жүктелу" кезінде ЖИ жүйесі баланы тыныштандыратын музыка қосуды немесе жарықты азайтуды ұсынады. Бұл баланың өзін қауіпсіз сезінуіне және әлеуметтік ортадан қашпауына көмектеседі.

Әлеуметтік роботтар (Social Robots) — Коммуникациялық жаттықтырушы.Көптеген ЕБҚ балалар (әсіресе аутизм спектрі бұзылған) тікелей көз байланысынан немесе адамдармен сөйлесуден сескенеді.

QTrobot немесе Moxie сияқты ЖИ роботтары баламен шыдамдылықпен сөйлеседі. Олардың эмоциялары болжанбалы және қарапайым, сондықтан

бала қорықпайды.Роботпен сөйлесу арқылы алған дағдыларын бала бірте-бірте сау құрдастарына көшіреді. Бұл жерде робот — адамдар әлеміне барар жолдағы "өтпелі нысан" рөлін атқарады.

Виртуалды шындық (VR) және сценарийлік бейімделу

Инклюзивті ортада сау балалар мен ЕБҚ балалардың бірге виртуалды әлемде тапсырма орындауы (мысалы, виртуалды зертханада тәжірибе жасау) олардың арасындағы кедергілерді жояды."Аватар эффектісі" арқылы бала өз денесінің кемшіліктерінен немесе сөйлеу ақауларынан арылып, өзін еркін сезінеді. Бұл ұжымдық жұмысқа деген ынтаны оятады.

Л.И. Акатов мұндай виртуалды интеграцияны "кедергісіз психологиялық кеңістік" деп атайды, мұнда баланың әлеуметтік статусы оның физикалық мүмкіндігіне емес, оның интеллектуалдық үлесіне байланысты болады [3, 218 б.].

Сау балалардың психологиялық дамуына ЖИ қалай әсер етеді?

1. Эмпатияны цифрлық модельдеу. Сау балалар ЖИ симуляторлары арқылы ЕБҚ балалардың әлемді қалай көретінін (мысалы, дислексиясы бар баланың мәтінді қалай көретінін) сезіне алады. Бұл стигманы жойып, шынайы жанашырлықты тудырады.

2. Толеранттылықты тәрбиелеу.ЖИ ойындары арқылы балалар "әр түрлі болу — қалыпты жағдай" деген идеяны санасына сіңіреді.А.Қ. Назарбаева бұл процесті "инклюзивті мәдениеттің цифрлық трансформациясы" деп сипаттайды [1, 155 б.]. Инклюзивті білім берудің табыстылығы тек ЕБҚ балалардың бейімделуіне ғана емес, сонымен қатар сау балалардың оларды қабылдау деңгейіне байланысты. Жасанды интеллект бұл процесте сау балалардың дүниетанымын кеңейтетін және эмоционалдық интеллектін (EQ) арттыратын катализатор қызметін атқарады.

3. Эмпатияны цифрлық модельдеу және "Өзгенің орнында болу" феномені.Сау балалар көбінесе ерекше балалардың ішкі күйзелісін түсінбегендіктен оқшауланады. ЖИ негізіндегі Виртуалды шындық (VR) симуляторлары сау балаларға әлемді басқа қырынан көруге мүмкіндік береді.

4. ЖИ ассистенттері арқылы толеранттылықты тәрбиелеу

Сыныпта ЖИ негізіндегі чат-боттар немесе роботтар (мысалы, Mохіе) бірлескен тапсырмалар бергенде, ол сау бала мен ЕБҚ баланы бір командаға біріктіреді.Егер ЕБҚ баланың сөйлеу ақауы болса, ЖИ оның сөзін нақты уақыт режимінде "аударып" немесе субтитр ретінде экранға шығарып отырады. Бұл сау баланың қарым-қатынастан жалықпауына және ерекше құрдасымен тең дәрежеде сөйлесуіне жағдай жасайды.ЖИ жүйесі сау балаға "тьютор" немесе "көмекші" рөлін атқаруға бағытталған ойын сценарийлерін ұсынады. Бұл баланың бойында көшбасшылық және қамқорлық қасиеттерін дамытады.Жүргізілген зерттеу жұмысын қорытындылай келе, инклюзивті ортадағы балалардың әлеуметтік бейімделуі — бұл тек білім беру форматын өзгерту емес, қоғамның құндылықтар жүйесін қайта қарауды талап ететін терең психологиялық трансформация екенін көреміз. Жасанды интеллект

технологияларын осы процеске біріктіру білім беру саласындағы гуманистік принциптерді іске асырудың жаңа мүмкіндіктерін ашты.

Нәтижелер. Зерттеу барысында анықталған негізгі тұжырымдар келесідей:

• Біріншіден, жасанды интеллект ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін тиімді "психологиялық сүйемелдеуші" қызметін атқарады. Ол баланың эмоционалдық күйін тұрақтандырып, қарым-қатынас кезіндегі қорқыныш пен мазасыздықты азайтуға мүмкіндік береді. Цифрлық ассистенттер мен адаптивті жүйелер баланың ішкі "Мен" бейнесінің оң қалыптасуына және өз қабілетіне деген сенімділігінің артуына септігін тигізеді.

• Екіншіден, жасанды интеллект технологиялары сау балалардың бойындағы эмпатия мен толеранттылықты дамытудың ең пәрменді құралына айналды. Виртуалды шындық пен модельденген сценарийлер арқылы сау балалар ерекше қажеттіліктері бар құрдастарының әлемін іштей сезінуге мүмкіндік алды. Бұл мектеп қабырғасындағы оқшаулауды (стигматизация) жойып, шынайы достық пен өзара көмек мәдениетін қалыптастырудың негізгі алғышарты болып табылады.

• Үшіншіден, технологиялық инновациялар білім беру процесінің қатысушыларын алмастырмайды, керісінше олардың өзара әрекеттесуін сапалы жаңа деңгейге көтереді. Жасанды интеллект — бұл тек құрал, ал оның тиімділігі мектептегі психологиялық климаттың дұрыс орнауына және әр баланың жеке ерекшелігін құрметтеуге негізделген.

Қорытындылар. Жасанды интеллект пен инклюзивті білім берудің симбиозы — болашақтың моделі. Бұл модель тек білім сапасын ғана емес, қоғамның моральдық-психологиялық келбетін жақсартуға бағытталған. Алдағы уақытта цифрлық инклюзияны дамыту үшін интеллектуалды жүйелерді психологиялық тұрғыдан тереңірек бейімдеу және оларды мектеп бағдарламасына жүйелі түрде енгізу басым бағыт болып қала бермек.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Назарбаева А.Қ., Сүлейменова Р.А. Инклюзивті білім беру жағдайындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері: Оқу құралы. — Алматы: Ғылым, 2021. — 180 б.

2. Luckin, R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. — London: UCL Press, 2018. — 232 p.

3. Акатов Л.И. Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья. Психологические аспекты: Учеб. пособие. — М.: Владос, 2019. — 320 с.

4. Roll, I., & Wylie, R. Evolution and Revolution in Artificial Intelligence in Education. // International Journal of Artificial Intelligence in Education. — 2016. — Vol. 26, Issue 2. — P. 582–599.

5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2019.

ҒТАМА 14.23

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ

Аманжол А.С., студент**; Кулмышева Н.А.,** Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
amanzol0va.azhar@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі қарастырылады. Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үдерісіне толық енгізу және олардың әлеуметтік бейімделуіне қолайлы жағдай жасау. Мақалада инклюзивті білім берудің теориялық негіздері, оның халықаралық тәжірибесі және Қазақстандағы қазіргі жағдайы талданады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті ортаны қалыптастырудың маңыздылығы, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесінің рөлі және педагог кадрлардың кәсіби дайындығын арттыру қажеттілігі көрсетіледі. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін бейімдеу, арнайы әдістемелерді қолдану және ата-анамен тығыз жұмыс жүргізу инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыратыны негізделеді. Мақалада сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте жастан анықтау, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу және әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Қорытындылай келе, мектепке дейінгі кезеңде инклюзивті білім беруді дамыту балалардың толыққанды дамуына, қоғамға бейімделуіне және тең құқықты білім алуына мүмкіндік беретіні айтылады.Кілт сөздер: Мектепке дейінгі білім беру, цифрландыру, цифрлық технологиялар, педагогикалық әлеует, жеке оқыту, танымдық белсенділік, шығармашылық қабілет, тілдік дағдылар.

Кілт сөздер: Инклюзивті білім беру, мектепке дейінгі ұйымдар, даму мүмкіндігі шектеулі балалар, психологиялық-педагогикалық қолдау, әлеуметтік бейімделу, түзете-дамыту жұмысы, инклюзивті орта, толеранттылық.

Кіріспе. Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде инклюзивті білім беру жүйесі ең маңызды және стратегиялық бағыттардың бірі ретінде қалыптасып отыр. Бұл жүйе барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың да сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасауға бағытталған. Инклюзивті білім беру тек білім беру саласының мәселесі ғана емес, ол қоғамның әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары және теңдік қағидаларына негізделген гуманистік даму деңгейін көрсететін маңызды индикатор болып табылады.

Қазіргі қоғамда балалардың даму ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, психофизикалық мүмкіндіктері әртүрлі болуына байланысты білім беру

процесін біркелкі стандартпен жүргізу жеткіліксіз болып отыр. Осыған байланысты білім беру жүйесі әр баланың жеке қабілетін, мүмкіндігін, қажеттілігін ескеретін икемді модельге көшуі қажет. Инклюзивті білім беру дәл осы қажеттілікті қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың негізгі басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Соңғы жылдары білім беру саласында көптеген реформалар жүргізіліп, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға жағдай жасау, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейімдеу, педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде.Мемлекеттік бағдарламаларда инклюзивті білім берудің құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін жетілдіру, білім беру инфрақұрылымын қолжетімді ету, арнайы мамандармен қамтамасыз ету сияқты міндеттер нақты көрсетілген [1]. Бұл бағыт Қазақстанның халықаралық білім беру стандарттарына бейімделуінің маңызды бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, әлемдік тәжірибе инклюзивті білім берудің тиімділігін дәлелдеп отыр. Дамыған елдерде бұл жүйе тек ерекше балаларға ғана емес, барлық оқушылардың әлеуметтік және академиялық дамуына оң әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады.Инклюзивті білім беру қоғамда толеранттылықты, өзара сыйластықты және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Балалар ерте жастан бастап әртүрлілікке бейімделуді, бір-бірін түсінуді және қолдауды үйренеді.Осыған байланысты инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін, практикалық жүзеге асу жолдарын және оның тиімділігін жан-жақты зерттеу қазіргі педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін және оны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырудың практикалық ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға бағытталды. Зерттеу барысында инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы, оның даму тенденциялары, педагогикалық және психологиялық аспектілері жан-жақты қарастырылды.Зерттеу материалы ретінде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер, педагогика және арнайы білім беру саласындағы монографиялар, ғылыми мақалалар, әдістемелік нұсқаулықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру саласына қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар пайдаланылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, инклюзивті білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар және білім беру стандарттары негізгі дереккөз ретінде қарастырылды [1].

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибені талдау мақсатында ЮНЕСКО және ЮНИСЕФ ұйымдарының инклюзивті білім беру бойынша құжаттары, соның ішінде Саламанка декларациясы мен әрекет ету негіздері зерттелді [3]. Бұл құжаттар инклюзивті білім берудің жаһандық қағидаларын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу барысында қолданылған негізгі әдістер төмендегідей:

Бірінші – салыстырмалы талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы Қазақстан, Ресей, АҚШ, Швеция және Франция елдеріндегі инклюзивті білім беру жүйелері салыстырылып, олардың құрылымдық ерекшеліктері, педагогикалық тәсілдері және қолдау механизмдері талданды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде дамыған елдерде инклюзивті білім берудің жүйелі түрде ұйымдастырылғаны, ал дамушы елдерде бұл бағыт әлі де даму кезеңінде екені анықталды [4].

Екінші – жүйелеу әдісі. Бұл әдіс инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін, мақсаттарын және құрылымдық компоненттерін бір жүйеге келтіруге мүмкіндік берді. Жүйелеу нәтижесінде инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі элементтері: білім беру ортасы, педагогикалық қолдау, психологиялық сүйемелдеу және әлеуметтік бейімдеу компоненттері ретінде анықталды.

Үшінші – контент-талдау әдісі. Бұл әдіс ғылыми әдебиеттер мен нормативтік құжаттардағы негізгі ұғымдарды, идеяларды және тұжырымдарды талдау үшін қолданылды. Контент-талдау нәтижесінде инклюзивті білім берудің басты ұғымдары – “тең қолжетімділік”, “жеке білім беру траекториясы”, “инклюзивті орта”, “ерте түзету” сияқты категориялар анықталды [2].

Төртінші – педагогикалық бақылау әдісі. Бұл әдіс мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие процесін бақылау арқылы инклюзивті білім берудің нақты жүзеге асу ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік берді. Бақылау барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейі, педагогтердің жұмыс әдістері және топ ішіндегі өзара әрекеттесу формалары талданды.

Бесінші – талдау және синтез әдістері. Бұл әдістер алынған мәліметтерді өңдеу, салыстыру және қорытынды жасау үшін қолданылды. Талдау нәтижесінде инклюзивті білім берудің тиімділігі педагогикалық қолдаудың деңгейіне және білім беру ортасының бейімделуіне тікелей байланысты екені анықталды.

Зерттеу барысында ерекше назар мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беруге аударылды, себебі бұл кезең баланың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуінің негізі болып табылады. Осы кезеңде жүргізілген педагогикалық жұмыс баланың болашақтағы оқу жетістіктеріне және әлеуметтік интеграциясына тікелей әсер етеді.Сонымен қатар, зерттеу барысында дефектолог, логопед, психолог және әлеуметтік педагог қызметтерінің өзара әрекеттестігі қарастырылды. Бұл мамандардың бірлескен жұмысы инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыратыны анықталды [2].Жалпы алғанда, қолданылған әдістер зерттеу нысанын жан-жақты талдауға, инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық аспектілерін терең түсінуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Жүргізілген зерттеу барысында инклюзивті білім беру жүйесінің теориялық және практикалық аспектілері жан-жақты талданып, оның қазіргі білім беру кеңістігіндегі рөлі мен даму ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім берудің тек педагогикалық жүйе ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени және психологиялық маңызды құбылыс екенін көрсетті.

Ең алдымен, инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі жағдайына талдау жасау барысында оның әлемдік деңгейде кеңінен дамып келе жатқаны анықталды. Дегенмен, әр елде оның жүзеге асу деңгейі әртүрлі. Дамыған елдерде инклюзивті білім беру толыққанды жүйе ретінде қалыптасса, дамушы елдерде ол әлі де даму және бейімделу кезеңінде тұр [3].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесі соңғы жылдары айтарлықтай дамығанымен, оның практикалық жүзеге асырылуында бірқатар қиындықтар сақталуда. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, негізгі проблемалардың бірі – материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі. Көптеген мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған арнайы құрал-жабдықтар, бейімделген оқу ортасы және қолжетімді инфрақұрылым толық қамтамасыз етілмеген.

Екінші маңызды мәселе – арнайы педагогикалық кадрлардың тапшылығы. Дефектолог, логопед, тифлопедагог, сурдопедагог және арнайы психолог мамандарының жетіспеушілігі инклюзивті білім берудің сапасына тікелей әсер етеді. Бұл жағдай ерекше балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін төмендетеді [2].

Үшінші мәселе ретінде педагогтердің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі анықталды. Көптеген жалпы білім беретін мектептер мен балабақша тәрбиешілері инклюзивті білім беру әдістемесін толық меңгермеген. Бұл өз кезегінде оқу процесін ұйымдастыруда қиындықтар туғызады, себебі әр баланың жеке қажеттілігін ескеретін дифференциалды оқыту тәсілдері толық қолданылмайды.Сонымен қатар, зерттеу барысында ата-аналармен өзара әрекеттестік деңгейінің де маңызды рөл атқаратыны анықталды. Инклюзивті білім беру тек білім беру ұйымының ғана емес, отбасының да белсенді қатысуын талап етеді. Алайда тәжірибеде ата-аналардың педагогикалық процеске қатысу деңгейі әртүрлі, кей жағдайларда төмен екені байқалды.

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім берудің балалардың дамуына оң әсер ететінін нақты көрсетті. Инклюзивті ортада білім алған балалардың әлеуметтік бейімделу деңгейі жоғары, олар қарым-қатынас жасауға бейім, топтық жұмысқа белсенді қатысады және өз-өзіне сенімді болады. Бұл олардың тұлғалық дамуына және болашақ қоғамға бейімделуіне оң ықпал етеді.Сонымен қатар, инклюзивті ортада тәрбиеленетін балалар арасында толеранттылық, өзара көмек, түсіністік сияқты әлеуметтік құндылықтар қалыптасатыны анықталды. Бұл қасиеттер олардың тек жеке дамуына ғана емес, жалпы қоғамның мәдени деңгейінің артуына да әсер етеді.

Шетелдік тәжірибені талдау нәтижесінде дамыған елдерде инклюзивті білім беру жүйесінің кешенді түрде ұйымдастырылғаны анықталды. Мысалы, Швеция мен Финляндияда әр балаға жеке білім беру жоспары (Individual

Education Plan) жасалады, ал АҚШ-та арнайы ассистенттер жүйесі кеңінен қолданылады [4].

Сонымен қатар, көптеген елдерде ассистивті технологиялар (арнайы компьютерлік бағдарламалар, дыбыстық құралдар, визуалды қолдау жүйелері) кеңінен енгізілген. Бұл технологиялар ерекше балалардың оқу процесіне толық қатысуына мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім берудің тиімділігі келесі негізгі факторларға тәуелді екенін көрсетті:

– білім беру ортасының қолжетімділігі;

– педагогтердің кәсіби құзыреттілігі;

– арнайы мамандардың жеткіліктілігі;

– ата-анамен жүйелі жұмыс;

– психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің дамуы.

Сонымен қатар, зерттеу инклюзивті білім беруді ерте жастан бастау ерекше маңызды екенін көрсетті. Мектепке дейінгі кезеңде жүргізілген түзете-дамыту жұмыстары баланың болашақ оқу жетістіктеріне тікелей әсер етеді және оның әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдетеді.Жалпы алғанда, алынған нәтижелер инклюзивті білім беру жүйесінің балалардың тек білім алуына ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына да айтарлықтай оң әсер ететінін дәлелдеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу инклюзивті білім берудің қазіргі білім беру жүйесіндегі маңыздылығын және оның теориялық-әдістемелік негіздерін жан-жақты ашып көрсетті. Инклюзивті білім беру – барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың да тең білім алу құқығын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық және әлеуметтік жүйе екені анықталды [1].

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты балаларды бөлу немесе шектеу емес, керісінше олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бір ортада сапалы білім алуына жағдай жасау екенін көрсетті [2]. Бұл жүйе әр баланың әлеуетін дамытуға, оның қабілеттерін ашуға және қоғамға толыққанды бейімделуіне мүмкіндік береді.Сонымен қатар, инклюзивті ортада білім алған балалардың әлеуметтік дағдылары жақсы дамитыны анықталды. Олар қарым-қатынас жасауға бейім болады, топта жұмыс істеуді үйренеді, өзара көмек көрсету және түсіністік сияқты маңызды құндылықтарды меңгереді [3].

Мектепке дейінгі кезең инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда ерекше маңызды екені дәлелденді. Себебі дәл осы кезеңде баланың негізгі тұлғалық, психологиялық және әлеуметтік дамуы қалыптасады. Сондықтан ерте жастан инклюзивті ортаға бейімдеу жұмыстарының маңызы өте жоғары [2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесі дамып келе жатқанымен, бірқатар мәселелердің бар екені анықталды. Олардың қатарына арнайы мамандардың жетіспеушілігі, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі және педагогтердің инклюзивті білім беру бойынша әдістемелік дайындық деңгейінің төмендігі жатады [1].

Халықаралық тәжірибе инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін кешенді қолдау жүйесі қажет екенін көрсетті. Бұл жүйеге арнайы білім беру бағдарламалары, кәсіби мамандардың қолдауы және заманауи ассистивті технологияларды қолдану кіреді [4].

Жалпы алғанда, инклюзивті білім беру қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ететін, әр баланың жеке мүмкіндігін дамытуға жағдай жасайтын және білім беру сапасын арттыратын маңызды бағыт болып табылады [3].

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беруді дамыту – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі және ол қоғамның гуманистік дамуына тікелей әсер етеді [4].

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
2. «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты». Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру.
3. Salamanca Statement and Framework for Action on Special Needs Education, adopted by the World Conference on Special Needs Education: Access and Quality. – Salamanca, Spain, 7–10 June 1994.
4. Грозная Н. С. Инклюзивное образование за рубежом: от мечты к реальности // Синдром Дауна XXI век. – 2011. – №1. – С. 34–41.
5. Қазақстандағы инклюзивті білім беру // egov.kz мемлекеттік порталы. – Қолжетімді: https://egov.kz

МРНТИ 15.81.47

СТРЕСС КАК ФАКТОР СНИЖЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Аргынгазина А.Т., магистрант, Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан
Qzonemail@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается уровень воспринимаемого стресса государственных служащих на основе применения шкалы PSS-10. Представлены результаты эмпирического исследования, направленного на оценку субъективного уровня стрессовой нагрузки. Исследование проведено на выборке из 34 сотрудников различных уровней, государственной службы. Результаты показали, что большинство респондентов демонстрируют средний уровень воспринимаемого стресса, при этом выявлена тенденция к его повышению у сотрудников с высокой ответственностью. Делается вывод о значимости стрессового фактора для эффективности государственной службы. Полученные данные могут быть использованы при разработке программ психологической поддержки, направленных на снижение профессионального стресса и повышение эффективности государственной службы.

Ключевые слова: Стресс, PSS-10, госслужащие, психометрия, перенапряжение, контроль стресса, надежность, государственные служащие, противодействие стрессу, онлайн-опрос.

Введение. В последние годы во многих странах всё больше внимания уделяется уровню доверия граждан к государству и его способности адаптироваться к изменениям. В ответ на это правительства разрабатывают стратегические документы и принимают решения, направленные на то, чтобы государственная система лучше отвечала потребностям людей. Результаты работы государственных служащих напрямую отражаются на эффективности всей государственной службы. Значение психологических факторов, которые влияют на эффективность профессиональной деятельности сотрудника имеет, в данном случае, не последнее место. Одним из таких факторов является стресс. Стресс возникает в условиях деятельности сотрудника, ежедневно сталкивающегося с высокой ответственностью и организационным давлением.

Целью настоящего исследования является оценка уровня воспринимаемого стресса у государственных служащих.

Материалы и методы: в рамках представленной работы были использованы как теоретические, так и эмпирические методы исследования. Теоретический этап включал анализ литературы по проблеме психологических факторов служебного поведения и профессиональной

эффективности. В качестве источников использовались материалы международных и национальных организаций, а также результаты казахстанских исследований в области государственного управления и психологии труда.

Эмпирический этап исследования, в свою очередь, был направлен на оценку субъективного уровня стресса у сотрудников с использованием шкалы воспринимаемого стресса PSS-10, разработанной профессором психологии Шелдон Коэн и соавторами [1]. В русскоязычной версии работа была адаптирована рядом авторов [2]. Обработка эмпирических данных осуществлялась с применением методов количественного анализа, включая расчёт описательных статистик и интерпретацию полученных результатов.

Результаты. Для определения терминологического аппарата и единообразного понимания используемых понятий в рамках данной работы представляется обоснованным остановиться на определении психологической реакцией человека, именуемой стрессом.

Понятие «стресс» (от англ. *stress* – напряжение, давление) прочно вошло в научный обиход благодаря трудам канадского физиолога **Ганса Селье**. В своей основополагающей работе «Синдром, вызываемый различными повреждающими агентами» опубликованной в 1936 году, он заложил фундамент понимания этого феномена. Со временем заключения автора трансформировались из чисто биологической категории в междисциплинарную. Селье доказал, что независимо от природы раздражителя (холод, физическая травма или сильная эмоция), физиологический механизм адаптации остается единым [3]. В более поздних работах, таких как «Стресс жизни» [4], автор подчеркивал, что стресс – это не патология, а инструмент выживания, который обеспечивает приспособление организма к изменяющимся условиям. Важно отметить тот факт, что несмотря на фундаментальность идеи, его подход часто критикуют в психологии за излишний «биологизм». Селье рассматривал человека преимущественно как биологический объект, реагирующий на стимулы. Современная психологическая наука, в частности, когнитивная теория Р. Лазаруса, дополняет определение Селье таким важным звеном как субъективная оценка [5].

В рамках когнитивной теории стресса Ричарда Лазаруса и Сьюзен Фолкман стресс понимается результатом того, как человек оценивает требования окружающей среды и свои возможности с ними справиться. Следовательно, стресс – это не только внешнее воздействие, но и внутренний процесс оценки ситуации [5].

Всемирная организация здравоохранения определяет стресс как состояние беспокойства или психического напряжения, вызванное трудной ситуацией [6]. Стресс – естественная реакция человека, направленная на мобилизацию ресурсов для её преодоления, однако избыточная нагрузка может негативно влиять на психическое и физическое здоровье, а также нарушать повседневную и профессиональную деятельность.

Исходя из вышеописанного, под стрессом в рамках данной работы предлагается понимать состояние человека, который возникает при осознаваемом несоответствии между требованиями окружающей среды, в частности организационными моментами, высокой степенью регламентированности государственной службы и его внутренними ресурсами.

Международные данные подтверждают широкое распространение стресса среди работников. Так, по данным Gallup, уровень ежедневного стресса остаётся стабильно высоким: в 2023 году около 44% сотрудников по всему миру сообщали о переживании стресса, а в 2024 году этот показатель составлял около 41 % [7, 8].

Қосымша мәдени және жеке ерекшеліктерді де ескереді. Мысалы, Қазақстан жағдайында жылқы етінен толық бас тартпай-ақ, оны мөлшермен тұтыну арқылы да мақсатқа жетуге болады. Сонымен қатар, әйелдердің физиологиялық ерекшеліктері, атап айтқанда менструалдық цикл кезеңдері де назарға алынып, көмірсуға бай тағамдарды тұтыну деңгейін реттеу бойынша ұсыныстар беріледі. Ал егер пайдаланушы веган болса, оның рационында өсімдік текті ақуыз көздері, мысалы, жасымық сияқты өнімдер қамтылады (1-кесте).

Нәтижелер. Біз жасанды интеллект мүмкіндіктерін қатаң бақылауда ұстаймыз. BioMirror – бұл көмекші құрал, бірақ дәрігердің орнын алмастырмайды. Егер жүйе алаңдатарлық көрсеткіштерді анықтаса, мысалы, дене салмағы индексінің (ДСИ) өте төмен болуы (16-дан төмен) немесе жүрек ырғағы вариабельділігінің (HRV) төмен деңгейі (20-дан төмен), онда пайдаланушыға міндетті түрде дәрігерге жүгіну ұсынылады және қажетті деректер ұсынылуы мүмкін. Жүйе диагноз қоймайды, тек пайдаланушының жағдайын жақсартуға бағытталған ұсыныстар береді.

Сонымен қатар, біз алгоритмдердің әділдігі мен бейтараптығына ерекше назар аударамыз. Жасанды интеллект әртүрлі деректер негізінде оқытылған және мүмкіндігінше біржақтылықтан аулақ болуға бағытталған. Ал ашықтық қағидаты бойынша пайдаланушы әрбір ұсыныстың негізін түсіне алады.

Мысалы: «Ұсыныс сіздің ДСИ 24,5 және HRV 65 көрсеткіштеріңізге негізделген».

1-кесте. Салмақ бойынша салыстырулар

Категория	ДСИ	BioMirror диагностикасы	Ұсыныстар	Болжам мен мотивация
Салмақ жетіспеушілігі	эктомор, арық	Фототалдау: иықтары тар, май пайызы төмен (8%), бұлшықет массасы әлсіз. HRV қалыпты, бірақ белсенділік төмен.	Салмақ қосу: +400 ккал/тәу (көмірсуларды 55%-ға дейін арттыру, ақуыз 25%). Жаттығулар: Medium (аптасына 3 рет күштік жаттығулар, отырып-тұру + протеинді смузи). Мәзір: жылқы етінен палау, жаңғақтар, банандар. Апталық бақылау: +0.5 кг.	3 айдан кейінгі цифрлық егіз: +4 кг бұлшықет, AR форматында атлетикалық дене визуализациясы. Кеңес: «Тіскебасар арқылы қосымша 300 ккал енгізіңіз, кардионы 30 минуттан асырмаңыз».
Қалыпты	мезомор, теңгерімді	Фототалдау: «құмсағат» пропорциясы, май 18%, дене қалпы жақсы. Ұйқы 7 сағат, күйзеліс төмен.	Қолдау: КБЖУ балансы (40/30/30). Жаттығулар: Light/Medium (йога + HIIT аптасына 4 рет). Мәзір: тауық еті қосылған салат, киноа, тағамды фото арқылы сканерлеу. Динамика: тұрақты ±0.3 кг.	Цифрлық егіз: форманы сақтау, тонусқа көңіл бөлу. Кеңес: «Күйзеліс кезінде қадам санын 12 000-ға дейін арттырыңыз, HRV жақсарту үшін магний қосыңыз».
Артық салмақ	эндомор, «алма» типі	Фототалдау: бел аймағында май (висцералды 25%),	Салмақ түсіру: -500 ккал дефицит (төмен көмірсулы, ақуыз 35%). Жаттығулар: Light	6 айдан кейінгі цифрлық егіз: -12 кг, AR форматында жіңішке бел.

		асимметрия байқалады. Тыныш күйдегі пульс жоғары, ұйқы сапасы төмен.	(күніне 10 000 қадам + кардио), Hard деңгейінен аулақ болу. Мәзір: буға піскен балық, көкөністер, қантты шектеу. Апталық бақылау: -0.7 кг.	Кеңес: «HRV төмен болса – жүгірудің орнына йога таңдаңыз, күніне 3 л су ішіңіз».

Қорытынды. BioMirror енді жай ғана смартфон қосымшасы болудан шығып, адамның денсаулығын жан-жақты қолдайтын тұтас экожүйеге айнала алады. Ол 23andMe сияқты сервистерден алынған генетикалық деректерді, дәрігерлермен онлайн-кеңестерді және виртуалды шынайылықтағы жаттығуларды біріктіруге қабілетті.

Енді елестетіп көріңіз: сіз өз ағзаңызды толық бақылауға алып, денсаулығыңызға саналы түрде көңіл бөле аласыз. Бүгінгі күйіңізді бір фотосурет арқылы тіркеп, BioMirror ұсынған биомаркерлердің көмегімен салауатты болашаққа қадам жасайсыз. Сіздің мінсіз өмір салтыңыз ойлағаныңыздан әлдеқайда жақын.

BioMirror пайдаланушының бастапқы жағдайын – салмағының қалыпты, жеткіліксіз немесе артық екенін – ескере отырып, жекелендірілген ұсыныстар береді. Жүйе дене салмағы индексін есептеп, дене бітімі типін анықтайды. Бұл деректер нақты мақсаттар, болжамдар мен ұсыныстар негізінде жеке денсаулық траекториясын құруға мүмкіндік береді [7]. Барлық ұсыныстар фотосуреттерді талдау, тағылатын құрылғылардан алынған деректер және пайдаланушы толтырған сауалнама нәтижелеріне сүйеніп жасалады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. World Health Organization. (2024). *Obesity and overweight*. WHO Fact Sheets. https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/obesity-and-overweight
2. Grand View Research. (2024). *Digital Health Market Size & Share Report, 2024–2030*. https://www.grandviewresearch.com/industry-analysis/digital-health-market
3. Topol, E. J. (2019). *Deep Medicine: How Artificial Intelligence Can Make Healthcare Human Again*. Basic Books.
4. Esteva, A., et al. (2019). A guide to deep learning in healthcare. *Nature Medicine*, 25(1), 24–29. https://doi.org/10.1038/s41591-018-0316-z
5. Rajpurkar, P., et al. (2022). AI in health and medicine. *Nature Medicine*, 28(1), 31–38. https://doi.org/10.1038/s41591-021-01614-0
6. Lupton, D. (2016). *The Quantified Self: A Sociology of Self-Tracking*. Polity Press.
7. Liang, H., & Tsui, B. Y. (2023). Evaluation and accurate diagnoses of pediatric diseases using artificial intelligence. *Nature Medicine*, 25, 433–438.

ҒТАМА 14.23

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ҚИЫНДЫҚТАР

Болатжан С.Ж., студент; **Кулмышева Н.А.,**
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
bolatzansara9@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру саласын цифрландыру үдерісінің маңызы, оның педагогикалық тәжірибедегі орны, артықшылықтары мен туындайтын қиындықтары кеңінен қарастырылады. Қазіргі қоғам цифрлық технологиялардың жылдам дамуы және кеңінен қолданылуымен ерекшеленеді, бұл өз кезегінде білім беру жүйесіне де айтарлықтай ықпал етуде. Мектепке дейінгі кезең баланың ой-өрісі, психологиялық және әлеуметтік қасиеттері қалыптасатын маңызды кезең болғандықтан, осы саладағы цифрландырудың тиімділігі ерекше назар аударуды талап етеді. Мақалада цифрлық құралдардың көмегімен балалардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және жеке оқыту тәсілдерін жүзеге асыру жолдары талданады. Сонымен бірге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін цифрлық технологиялардың артықшылықтары көрсетіліп, олардың тілдік және қарым-қатынас дағдыларын дамытудағы маңызы нақты мысалдар арқылы сипатталады. Зерттеу нәтижесінде цифрландырудың тиімді іске асуына әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Олардың қатарына педагогтың цифрлық сауаттылығы, оқу үдерісін дұрыс жоспарлау, жас ерекшеліктеріне сай мазмұнды іріктеу, экран уақытын шектеу, ата-аналардың белсенді қатысуы және онлайн мен офлайн әрекеттердің үйлесімділігі жатады. Сонымен қатар, мақалада цифрландыру барысында кездесетін қиындықтар, атап айтқанда, техникалық базаның жеткіліксіздігі, педагогтардың дайындық деңгейі және балалар денсаулығына ықпалы да қарастырылады

Кілт сөздер: Мектепке дейінгі білім беру, цифрландыру, цифрлық технологиялар, педагогикалық әлеует, жеке оқыту, танымдық белсенділік, шығармашылық қабілет, тілдік дағдылар.

Кіріспе. Қазіргі таңда адамзат тарихындағы ең үлкен өзгерістердің бірі – цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы. Бұл өзгеріс тек техника немесе интернет саласында ғана емес, сонымен қатар адамның ойлау жүйесіне, өмір сүру салтына, қарым-қатынас мәдениетіне және ең маңыздысы – білім беру жүйесіне тікелей әсер етіп отыр [2]. Бұрын білім беру тек мектеп, мұғалім, кітап сияқты дәстүрлі құралдарға сүйенсе, қазір білім алудың формасы түбегейлі өзгерді. Әсіресе мектепке дейінгі білім беру саласында бұл өзгерістер айқын байқалады, себебі дәл осы кезеңде баланың негізгі тұлғалық қасиеттері қалыптасады [4].

Баланың ерте жастағы дамуы өте нәзік әрі маңызды процесс болып табылады. Осы кезеңде ми тез дамиды, жаңа ақпаратты қабылдау қабілеті жоғары болады. Бала айналасындағы барлық нәрсені тез үйренеді, қайталайды, бақылап өседі. Сондықтан осы уақытта берілетін кез келген ақпарат оның болашақ өміріне әсер етеді. Егер балаға дұрыс бағыт берілсе, ол білімге құштар, ойлау қабілеті дамыған, шығармашыл тұлға болып қалыптасады. Ал егер керісінше дұрыс емес ақпарат немесе хаотикалық орта болса, оның дамуы тежелуі мүмкін [5].

Цифрлық технологиялар осы процесті жаңа деңгейге көтерді. Қазіргі балалар бұрынғы буынға қарағанда мүлде басқа ортада өсіп келеді. Олар телефон, планшет, компьютер сияқты құрылғыларды ерте жастан қолдана бастайды. Бұл олардың қабылдау қабілетіне де әсер етеді. Мысалы, бұрын балалар тек сурет немесе ауызша түсіндіру арқылы ақпарат алса, қазіргі балалар визуалды және дыбыстық ақпаратқа көбірек бейім. Сондықтан білім беру жүйесі де осы өзгеріске сай бейімделуі керек [2].

Материалдар мен әдістер. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде цифрлық технологияларды қолдану балалардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті тақта арқылы жүргізілетін сабақтар дәстүрлі әдіске қарағанда әлдеқайда әсерлі. Бала тек тыңдап қана қоймай, экрандағы тапсырманы өзі орындайды, қимылдайды, жауап береді. Бұл оның сабаққа деген белсенділігін арттырады[4]. Сонымен қатар мультимедиялық материалдар баланың есте сақтау қабілетін күшейтеді, себебі визуалды ақпарат ұзақ уақыт есте сақталады [3].

Балаларға арналған білім беру бағдарламалары да өте маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті ойындар мен қосымшалар бар, олар арқылы бала әріптерді, сандарды, түстерді, жануарларды үйренеді. Бұл процесс ойын арқылы өтетіндіктен, бала оны міндет ретінде емес, қызықты әрекет ретінде қабылдайды. Осылайша оқу процесі жеңіл әрі тиімді болады. Бірақ мұндай бағдарламалардың мазмұны міндетті түрде сапалы және қауіпсіз болуы керек.

Цифрлық технологиялар тек білім беруді жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар баланың ойлау қабілетін дамытуға да көмектеседі. Логикалық ойындар, пазлдар, интерактивті тапсырмалар арқылы бала салыстыру, талдау, шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Бұл оның интеллектуалдық дамуына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар шығармашылық қабілеті де артады, себебі кейбір бағдарламаларда бала сурет салып, әңгіме құрастырып, өз қиялын іске асыра алады. Алайда цифрлық технологияларды шамадан тыс қолдану белгілі бір қауіптерді де тудырады. Ең алдымен баланың денсаулығына әсері бар. Ұзақ уақыт экранға қарау көздің көру қабілетін әлсіретуі мүмкін, сонымен қатар баланың қозғалыс белсенділігі азаяды. Бұл оның физикалық дамуына кері әсер етеді. Сондықтан технология мен дәстүрлі ойындарды дұрыс үйлестіру өте маңызды. Бала тек экран алдында отырмай, міндетті түрде қозғалыс ойындарына қатысуы керек.

Сонымен қатар психологиялық әсері де бар. Егер бала тек цифрлық ортада көп уақыт өткізсе, ол шынайы қарым-қатынастан алыстап кетуі мүмкін [4]. Бұл оның әлеуметтік дағдыларының дамуын тежейді. Сондықтан балабақшада балалардың бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауына ерекше көңіл бөлінуі керек. Топтық ойындар, ортақ тапсырмалар балалардың коммуникация дағдыларын дамытады.

Педагогтардың рөлі бұл процесте өте маңызды. Қазіргі заман мұғалімі тек білім беруші емес, сонымен қатар бағыттаушы және ұйымдастырушы. Ол балаларға тек ақпарат беріп қана қоймай, сол ақпаратты қалай қолдану керектігін үйретеді. Цифрлық технологиялар мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді, бірақ оның орнын толық алмастыра алмайды. Себебі балаға эмоционалды қолдау, түсіндіру, жеке қарым-қатынас әрқашан қажет. Педагогтар жаңа технологияларды меңгеру арқылы өз сабақтарын қызықты ете алады. Мысалы, бейнероликтер, интерактивті тапсырмалар, онлайн ресурстар сабақтың сапасын арттырады. Сонымен қатар мұғалім әр баланың жеке қабілетін ескеріп, жеке тәсіл қолдана алады. Бұл инклюзивті білім беру үшін өте маңызды [3].

Ата-аналардың да рөлі ерекше. Баланың алғашқы тәрбиешісі – отбасы. Сондықтан ата-ана баланың цифрлық құрылғыларды қалай қолданатынын бақылауы керек. Егер бала тек ойын ойнап немесе бейне көріп уақыт өткізсе, бұл оның дамуына кері әсер етеді. Ал егер ата-ана баламен бірге білім беретін бағдарламаларды қолданса, бұл керісінше пайдалы болады. Қазіргі таңда көптеген балабақшаларда ата-аналармен байланыс цифрлық платформалар арқылы жүзеге асады [1].

Нәтижелер. Бірақ цифрландырудың дамуымен бірге жаңа мәселелер де пайда болады. Соның бірі – цифрлық теңсіздік. Барлық отбасылар бірдей деңгейде технологияға қол жеткізе алмайды. Кейбір жерлерде интернет сапасы төмен, кейбір отбасыларда құрылғылар жоқ. Бұл білім беру сапасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан мемлекет деңгейінде бұл мәселені шешу маңызды.

Тағы бір маңызды мәселе – ақпарат қауіпсіздігі. Интернетте балаларға арналмаған немесе зиянды контент көп. Сондықтан балаларды дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету және оларға қауіпсіз интернет қолдануды үйрету қажет. Бұл ата-ана мен педагогтың ортақ міндеті. Цифрлық білім беруді дамыту үшін ең алдымен инфрақұрылымды жақсарту қажет. Балабақшалар мен мектептер заманауи құрылғылармен жабдықталуы тиіс. Интернет жылдамдығы тұрақты болуы керек. Сонымен қатар педагогтарды тұрақты түрде оқыту қажет, себебі технологиялар үнемі жаңарып отырады [2].

Қазақ тіліндегі сапалы цифрлық контентті дамыту да өте маңызды. Балаларға арналған қызықты, түсінікті, тәрбиелік мәні бар бағдарламалар көп болуы керек. Бұл ұлттық білім беру жүйесінің дамуына да әсер етеді. Жалпы алғанда, цифрлық технологиялар білім беру жүйесін түбегейлі өзгертіп жатыр. Бірақ бұл өзгеріс тек техника енгізумен шектелмеуі керек. Ең бастысы –

баланың дамуы, оның психологиялық және физикалық жағдайы. Технология тек құрал, ал мақсат – жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру.

Болашақта жасанды интеллект, виртуалды шындық, робототехника сияқты технологиялар білім беру процесіне одан әрі терең енетіні анық. Сондықтан бүгінгі балаларды осы өзгерістерге дайындау керек. Бірақ олар тек технологияны қолданушы емес, оны дұрыс түсінетін, сыни ойлайтын тұлға болуы тиіс. Мысалы, қарапайым есептеу, деректерді өңдеу, талдау сияқты жұмыстарды машиналар адамнан әлдеқайда жылдам әрі дәл орындай алады. Ал виртуалды шындық технологиялары оқыту процесін мүлдем жаңа деңгейге шығарады. Оқушылар енді тек кітаптан оқып қана қоймай, тарихи оқиғаларды «көріп», ғылыми тәжірибелерді виртуалды түрде «жасап», білімді тереңірек меңгере алады. Робототехника да білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер әкелуде — мектептерде робот құрастыру, бағдарламалау сабақтары жиілеп келеді. Осындай жағдайда балаларды тек дайын білімді қабылдаушы ретінде емес, оны түсінетін, талдайтын және қолдана алатын тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Яғни, қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты — оқушыларға тек ақпарат беру емес, оларды ойлауға, сұрақ қоюға, күмәндануға және өз бетінше шешім қабылдауға үйрету. Бұл — сыни ойлау қабілетінің негізі.

Сыни ойлау — болашақта аса маңызды дағды. Себебі ақпарат ағыны өте көп заманда шынайы мен жалғанды ажырата білу, деректерді дұрыс талдау, негізделген қорытынды шығару әр адам үшін қажетті қабілетке айналады. Жасанды интеллект көптеген жауаптарды ұсына алады, бірақ сол жауаптардың дұрыстығын бағалау — адамның міндеті болып қала береді. Сондықтан балаларды кішкентай кезінен бастап ақпаратты сараптауға, түрлі көзқарастарды салыстыруға, өз пікірін дәлелдеуге үйрету керек [2]. Сонымен қатар, технологияны дұрыс пайдалану мәдениетін қалыптастыру да маңызды. Қазіргі балалар гаджеттер мен интернетті ерте жастан қолдана бастайды. Бірақ олар оны тек ойын-сауық құралы ретінде емес, білім алу, өзін дамыту құралы ретінде пайдалануды үйренуі тиіс. Бұл үшін мұғалімдер мен ата-аналардың рөлі өте зор. Олар балаларға бағыт-бағдар беріп, технологияны тиімді қолданудың жолдарын көрсетуі керек.

Білім беру процесінде жаңа технологияларды енгізу мұғалімдердің рөлін де өзгертеді. Бұрын мұғалім негізгі ақпарат көзі болса, қазір ол бағыттаушы, кеңесші, ұйымдастырушы рөлін атқарады. Мұғалім оқушыға дайын жауап бермей, керісінше оны ізденуге, зерттеуге жетелеуі керек. Бұл тәсіл оқушылардың өз бетінше ойлау қабілетін дамытады. Сонымен бірге, болашақта табысты болу үшін тек техникалық білім жеткіліксіз. Балаларда коммуникация, командада жұмыс істеу, креативтілік сияқты «жұмсақ дағдылар» да дамуы тиіс. Өйткені роботтар мен жасанды интеллект көптеген техникалық міндеттерді орындай алады, бірақ адамға тән шығармашылық, эмоция, қарым-қатынас қабілеттерін толық алмастыра алмайды.

Виртуалды шындық технологиялары білім беруде үлкен мүмкіндіктер ашқанымен, оның да белгілі бір қауіптері бар. Мысалы, балалардың шынайы өмірден алшақтап кетуі, әлеуметтік қарым-қатынастың азаюы сияқты

мәселелер туындауы мүмкін. Сондықтан технологияны қолдануда тепетеңдік сақтау маңызды. Яғни, дәстүрлі оқыту әдістері мен жаңа технологияларды үйлестіре білу қажет. Робототехника балалардың логикалық ойлауын, инженерлік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Робот құрастыру барысында оқушылар тек теорияны ғана емес, практикалық дағдыларды да меңгереді. Бұл олардың болашақта техникалық мамандықтарды игеруіне негіз болады. Сонымен қатар, робототехника арқылы балаларда табандылық, шыдамдылық, мәселені шешу қабілеті қалыптасады [4].

Бүгінгі таңда көптеген елдер білім беру жүйесін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлуде. STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) бағытындағы білім беру кеңінен таралуда. Бұл бағыт балаларды болашақ мамандықтарға дайындауға бағытталған. Алайда тек техникалық бағытқа ғана басымдық беру жеткіліксіз. Гуманитарлық білім де маңызды, өйткені ол адамның дүниетанымын кеңейтеді, мәдениетін қалыптастырады.

Балаларды болашаққа дайындауда ата-ананың рөлі ерекше. Олар баланың қызығушылықтарын қолдап, оның дамуына жағдай жасауы тиіс. Сонымен қатар, балаға жауапкершілік, еңбекқорлық, адалдық сияқты құндылықтарды үйрету қажет. Технология қаншалықты дамыса да, адамгершілік қасиеттер әрқашан маңызды болып қала береді. Болашақта жасанды интеллект, виртуалды шындық және робототехника білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады. Бұл өзгерістерге бейімделу үшін бүгінгі балаларды жан-жақты дамыту қажет. Олар тек технологияны қолданушы ғана емес, оны түсінетін, сыни ойлайтын, жауапкершілігі жоғары тұлға болуы тиіс. Білім беру жүйесі осы мақсатқа бағытталғанда ғана біз болашаққа дайын, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Цифрлық технологиялардың дамуы білім беру процесіне көптеген жаңа мүмкіндіктер әкелді. Бұрын қолжетімсіз болған ақпарат көздері бүгінде әрбір оқушы үшін ашық. Интернет арқылы әлемнің кез келген кітапханасына, ғылыми дерекқорларға, онлайн курстарға қол жеткізуге болады. Бұл оқушылардың білім көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, олардың өз бетінше білім алуына үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онлайн платформалар мен цифрлық құралдар оқыту процесін икемді, қолжетімді және қызықты ете түседі.

Білім беру процесінде цифрландырудың тағы бір маңызды артықшылығы — оқытуды дараландыру мүмкіндігі. Әр оқушының қабілеті, қызығушылығы, оқу қарқыны әртүрлі болатыны белгілі. Дәстүрлі оқытуда барлық оқушыларға бірдей тәсіл қолданылатын болса, цифрлық технологиялар әр оқушыға жеке бағдарлама ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, арнайы платформалар оқушының білім деңгейін анықтап, соған сәйкес тапсырмалар береді. Бұл оқушының білімді тиімді әрі терең меңгеруіне көмектеседі [2].

Сонымен қатар, цифрландыру мұғалімдердің жұмысын да жеңілдетеді. Электронды журналдар, автоматтандырылған бағалау жүйелері, онлайн ресурстар педагогтардың уақытын үнемдеп, олардың шығармашылық жұмысқа көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.Педагог енді тек ақпарат

жеткізуші емес, оқушының білім алу процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлін атқарады. Бұл білім беру сапасының артуына оң әсер етеді. Алайда цифрландырудың артықшылықтарымен қатар белгілі бір қиындықтары мен қауіптері де бар. Ең алдымен, технологияны дұрыс пайдаланбау мәселесі туындайды. Егер цифрлық құралдар тек ойын-сауық үшін қолданылса немесе бақылаусыз пайдаланылса, ол баланың оқуына кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, интернеттегі зиянды ақпарат, киберқауіптер, тәуелділік мәселелері де назар аударуды талап етеді[5].

Баланың қауіпсіздігі — цифрландыру дәуіріндегі ең басты мәселелердің бірі. Балалар интернетте түрлі ақпаратқа тап болады, олардың барлығы бірдей пайдалы немесе қауіпсіз емес. Сондықтан ата-аналар мен мұғалімдер балаларға интернетті қауіпсіз қолдану ережелерін үйретуі тиіс. Бұл тек техникалық қауіпсіздік қана емес, сонымен қатар ақпараттық мәдениетті қалыптастыруды да қамтиды. Яғни бала қандай ақпаратқа сенуге болатынын, қандай дереккөздерге күмәнмен қарау керектігін түсінуі керек. Цифрландыру жағдайында баланың дамуы да ерекше назарда болуы тиіс. Технологиялар баланың интеллектуалдық дамуына көмектескенімен, оның әлеуметтік және эмоционалдық дамуын алмастыра алмайды. Сондықтан балалардың тек экран алдында уақыт өткізуімен шектелмей, шынайы өмірде қарым-қатынас жасауына, ойын ойнауына, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау маңызды. Бұл баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді [2].

Дәстүрлі оқыту әдістерінің де маңызы зор екенін ұмытпау керек. Кітап оқу, мұғаліммен тікелей қарым-қатынас, сыныптағы пікірталастар — бұлардың барлығы баланың ойлау қабілетін, тіл байлығын, әлеуметтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан технология мен дәстүрлі әдістерді бір-біріне қарсы қою емес, керісінше оларды үйлестіру қажет. Егер технология мен дәстүрлі әдістер үйлесімді қолданылса, білім беру сапасы әлдеқайда жоғары деңгейге көтеріледі. Мысалы, сабақ барысында теорияны түсіндіру үшін дәстүрлі әдістер қолданылып, ал оны бекіту үшін цифрлық құралдар пайдаланылуы мүмкін. Бұл оқушылардың материалды жақсы түсінуіне және есте сақтауына көмектеседі. Сонымен қатар, аралас оқыту (blended learning) әдісі де кеңінен қолданылып келеді, онда онлайн және офлайн оқыту біріктіріледі [3].

Болашақта цифрландыру одан әрі дами түсетіні сөзсіз. Жасанды интеллект, виртуалды шындық, толықтырылған шындық сияқты технологиялар білім беру жүйесіне кеңінен енгізіледі. Бұл оқыту процесін бұрынғыдан да тиімді, қызықты және қолжетімді етеді. Бірақ қандай технология қолданылса да, оның басты мақсаты — адамды дамыту екенін ұмытпау керек.

Ең бастысы — баланың болашағы. Білім беру жүйесі баланы тек біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, оны өмірге дайындауы тиіс. Бұл дегеніміз — баланың сыни ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Цифрлық технологиялар осы мақсатқа жетудің құралы болуы керек, ал мақсаттың өзі емес.

Сонымен қатар, цифрландыру білім беру саласында теңсіздік мәселесін де туындатуы мүмкін. Кейбір аймақтарда интернетке қолжетімділік шектеулі болуы мүмкін немесе техникалық құралдар жеткіліксіз болуы ықтимал. Бұл оқушылар арасында білім алу мүмкіндіктерінің айырмашылығына әкеледі. Сондықтан мемлекет пен қоғам бұл мәселені шешуге ерекше көңіл бөлуі тиіс. Ата-аналардың рөлі де ерекше маңызды. Олар баланың цифрлық ортадағы әрекетін бақылап қана қоймай, оған бағыт-бағдар беруі тиіс. Баламен бірге пайдалы контент таңдау, уақытты дұрыс жоспарлау, технологияны тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру — ата-ананың басты міндеттерінің бірі [4].

Қорытындылар. Цифрландыру — білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер әкелетін маңызды процесс. Ол көптеген мүмкіндіктер ұсынғанымен, оны дұрыс әрі тиімді пайдалану қажет. Технология мен дәстүрлі әдістер үйлесімді қолданылған жағдайда ғана білім беру сапасы жоғары деңгейге көтеріледі. Ал ең бастысы — баланың қауіпсіздігі, жан-жақты дамуы және жарқын болашағы әрқашан бірінші орында тұруы тиіс. Осы үш факторды негізге ала отырып, біз сапалы білім беріп, бәсекеге қабілетті, саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз [3].

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2022.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – Астана, 2017.
4. Тоқаев Қ.К. Цифрлық Қазақстан бағдарламасы туралы жолдаулар // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми материалдары. – Астана, 2018.
5. Әбдіғаппарова Ұ.М., Смағұлова К.С. Педагогика. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 256 б.

ҒТАМА 16.01.45

БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘРТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Буркитбаева Д.А., магистрант, Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан, burkitbaeva04@gmail.com; **Досай Н.Т.**, педагогика ғылымдарының магистрі, nurilla_dossay@aiu.edu.kz

Аннотация.Бұл мақалада шет тілін оқыту үдерісінің білім беру жүйесінің әртүрлі кезеңдеріне байланысты психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері кеңейтілген түрде қарастырылады. Шет тілін меңгеру процесі тек әдістемелік тәсілдерге емес, сонымен қатар білім алушының жас ерекшелігіне, когнитивтік даму деңгейіне, эмоциялық күйіне және мотивациялық құрылымына тәуелді екендігі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Мақалада бастауыш, негізгі орта және жоғары білім беру кезеңдеріндегі оқыту ерекшеліктері салыстырылып, әр кезеңге сәйкес тиімді педагогикалық әдістер сипатталады. Сонымен қатар, белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тіл үйренудің психологиялық механизмдері талданады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқыту процесінде психологиялық факторларды ескеру және кезеңдік әдістемелік тәсілдерді қолдану оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мақалада ұсынылған тұжырымдар білім беру тәжірибесінде қолдануға бағытталған және шет тілін оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: шет тілі, тіл үйрену, психологиялық даму, педагогикалық әдістер, мотивация, когнитивтік процесс, коммуникация, құзыреттілік

Кіріспе. Қазіргі жаһандану дәуірінде шет тілін меңгеру адамның кәсіби және жеке дамуының маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Шет тілін білу тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық байланыс пен ақпарат алмасудың негізгі тетігі болып табылады.

Алайда тіл үйрену үдерісі әр адамда әртүрлі жүреді. Бұл айырмашылықтардың басты себебі – білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері мен жас кезеңдеріне байланысты даму деңгейінің әркелкілігі [1]. Белгілі психолог Ж. Аймауытов «оқыту – адамның ішкі мүмкіндіктерін ашу процесі» деп атап көрсетеді [2]. Осы тұрғыдан алғанда, оқыту процесі тек білім беру емес, сонымен қатар тұлғаның дамуына әсер ететін күрделі психологиялық құбылыс болып табылады.

Сонымен қатар, А.А. Леонтьевтің пікірінше, тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол адамның ойлау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады [4]. Демек, шет тілін оқыту барысында оқушының ойлау ерекшеліктерін ескеру ерекше маңызды.

Осыған байланысты, бұл мақалада шет тілін оқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері тереңірек талданады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында педагогика, психология және шет тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми еңбектерге теориялық талдау жүргізілді. Сонымен қатар, әртүрлі білім беру кезеңдеріндегі оқыту тәжірибелері салыстырылды.

Қолданылған әдістер:

- теориялық талдау
- салыстырмалы талдау
- жүйелеу және құрылымдау
- ғылыми қорытындылау

Негізгі дереккөздер ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда, И.Л. Бимнің шет тілін оқыту әдістемесі, Дж. Хармердің коммуникативтік тәсілдері және Х. Брауннның тіл үйрену принциптері зерттеу барысында маңызды рөл атқарды [3], [6], [7].

Нәтижелер

1. Бастауыш білім беру кезеңіндегі психологиялық және педагогикалық ерекшеліктер

Бастауыш кезең – тіл үйренудің ең сезімтал кезеңдерінің бірі. Бұл жаста балалардың миы жаңа ақпаратты қабылдауға өте икемді болады. Ғалымдардың пікірінше, дәл осы кезеңде тілдік қабілеттер табиғи түрде қалыптасады.

Психологиялық тұрғыдан:

- балалардың еліктеу қабілеті жоғары;
- сөйлеу дағдылары есту арқылы дамиды;
- эмоция оқу процесіне тікелей әсер етеді.

Х. Браун «балалар тілді саналы түрде емес, табиғи жолмен меңгереді» деп атап көрсетеді [7]. Бұл пікір бастауыш кезеңде грамматиканы терең түсіндіруден гөрі, тілдік орта қалыптастыру маңызды екенін дәлелдейді.

Педагогикалық тұрғыдан:

- ойын технологияларын қолдану;
- визуалды және аудиоматериалдарды пайдалану;
- қайталау арқылы бекіту тиімді болып табылады.

И.Л. Бимнің пікірінше, бастауыш кезеңде оқыту «қызықты әрі табиғи болуы тиіс, өйткені қызығушылық – оқытудың негізгі қозғаушы күші» [3].

2. Негізгі орта білім беру кезеңіндегі ерекшеліктер

Бұл кезеңде оқушылардың когнитивтік қабілеттері айтарлықтай дамиды. Олар ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны талдай алады.

Психологиялық ерекшеліктер:

- логикалық ойлау қалыптасады;
- өзіндік бағалау күшейеді;
- мотивация тұрақсыз болуы мүмкін.

Ж. Хармердің айтуынша, «оқушылар тілдік білімді тек теория ретінде емес, қарым-қатынас құралы ретінде қабылдаған кезде ғана нәтиже жоғары болады» [6].

Педагогикалық ерекшеліктер:

- коммуникативтік әдісті қолдану;
- грамматиканы практикамен ұштастыру;
- диалог және пікірталас ұйымдастыру.

Бұл кезеңде мұғалімнің рөлі ерекше. Ол тек ақпарат беруші емес, оқушыны бағыттаушы, қолдаушы болуы тиіс.

3. Жоғары білім беру кезеңіндегі ерекшеліктер

Жоғары оқу орнында шет тілін оқыту кәсіби бағытта жүргізіледі. Бұл кезеңде студенттер тілдің практикалық маңызын түсіне бастайды.

Психологиялық ерекшеліктер:

- абстрактілі ойлау толық дамыған;
- өзіндік оқу дағдылары қалыптасқан;
- ішкі мотивация артады.

А.А. Леонтьев тілдің ойлау жүйесімен тығыз байланысты екенін атап өтіп, «тіл – ойдың сыртқы көрінісі» екенін көрсетеді [4].

Педагогикалық ерекшеліктер:

- кәсіби терминологияны меңгеру;
- академиялық жазу дағдыларын дамыту;
- зерттеу және жобалық жұмыстарды енгізу.

Бұл кезеңде тіл үйрену – нақты мақсатқа бағытталған процесс.

4. Мотивацияның рөлі және психологиялық орта

Шет тілін үйренуде мотивация ерекше рөл атқарады. Ғалымдардың пікірінше, мотивациясыз оқу нәтижесі төмен болады.

Мотивация екі түрге бөлінеді:

- ішкі (қызығушылық, өзін дамыту);
- сыртқы (баға, талап, әлеуметтік факторлар).

Зерттеулер көрсеткендей, ішкі мотивация жоғары болған жағдайда тіл үйрену процесі әлдеқайда тиімді жүреді [7].

Сонымен қатар, психологиялық қауіпсіз орта құру маңызды:

- қателесуге мүмкіндік беру;
- қолдау көрсету;
- қысым жасамау.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері шет тілін оқытуда білім беру кезеңдерінің ерекшеліктерін ескерудің аса маңызды екенін көрсетті. Әр кезеңде оқушының психологиялық жағдайы, қабылдау деңгейі және оқу мотивациясы өзгереді.

Бастауыш кезеңде эмоционалдық қолдау мен ойын әдістері тиімді болса, орта буында жүйелілік пен коммуникация маңызды. Ал жоғары білімде кәсіби бағыт пен практикалық қолдану алдыңғы орынға шығады.

Қорытындылай келе, шет тілін оқытуда:

- психологиялық факторларды ескеру;
- кезеңдік әдістерді қолдану;

- оқушыға бағытталған тәсілді пайдалану

оқыту сапасын арттырудың негізгі шарттары болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қалиева С. Қ. Педагогика негіздері. – Алматы: Білім, 2018.
2. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 2015.
3. Бим И. Л. Методика обучения иностранным языкам. – Москва, 2001.
4. Леонтьев А. А. Психология общения. – Москва, 1999.
5. Назарбаев Н. Ә. Білім беру жүйесін дамыту стратегиясы. – Астана, 2017.
6. Harmer J. How to Teach English. – London: Longman, 2007.
7. Brown H. Principles of Language Learning and Teaching. – New York, 2000.

МРНТИ 15.81.47

ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ РИСКИ И ФАКТОРЫ УСТОЙЧИВОСТИ РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Джумагулова Д.И., магистрант 7М03103-Психология,
Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан
dinara.jumagulova@mail.ru

Аннотация. Воспитание ребенка с расстройствами аутистического спектра (РАС) связано с высокой психологической нагрузкой на родителей и может сопровождаться хроническим стрессом, тревожностью и эмоциональным истощением. В то же время современные исследования демонстрируют, что многие родители способны формировать устойчивость и адаптироваться к длительным стрессовым условиям. Цель статьи — анализ психоэмоциональных рисков и факторов психологической устойчивости родителей детей с РАС на основе современных научных исследований. Рассматриваются основные стрессогенные факторы, а также ресурсы, способствующие развитию устойчивости: социальная поддержка, психообразование, копинг-стратегии и личностные ресурсы.

Ключевые слова: расстройства аутистического спектра, родительский стресс, психологическая устойчивость, жизнестойкость, семьи детей с РАС.

Введение. Расстройства аутистического спектра (РАС) представляют собой группу нейроразвитийных нарушений, характеризующихся дефицитами социальной коммуникации и особенностями поведения. В последние десятилетия наблюдается рост распространенности РАС, что увеличивает количество семей, нуждающихся в психологической и социальной поддержке [1]. Появление ребенка с РАС оказывает системное влияние на всю семью, изменяя привычный уклад жизни, распределение ролей и эмоциональный климат. Согласно системному подходу, изменения, происходящие с одним членом семьи, неизбежно затрагивают всех остальных [2]. Исследования показывают, что родители детей с РАС испытывают более высокий уровень стресса по сравнению с родителями детей с типичным развитием . При этом современная психология все чаще обращается не только к изучению негативных последствий, но и к анализу факторов устойчивости, позволяющих родителям адаптироваться к сложным условиям [3].

Материалы и методы. Цель исследования — проанализировать психоэмоциональные риски и факторы психологической устойчивости родителей детей с РАС.

Психоэмоциональные риски родителей детей с РАС

Родительский стресс

Родительский стресс является одним из наиболее выраженных последствий воспитания ребенка с РАС. Он определяется как дисбаланс между требованиями родительства и ресурсами, доступными родителям [3].

К основным источникам стресса относятся:

- поведенческие нарушения ребенка;
- трудности коммуникации;
- необходимость постоянного контроля;
- финансовая нагрузка;
- неопределенность будущего.

Исследования также показывают, что именно поведенческие проблемы ребенка оказывают наибольшее влияние на уровень стресса родителей, а не сам диагноз [4].

Тревожность и эмоциональное истощение

Хронический стресс приводит к развитию тревожных и депрессивных состояний. Родители часто испытывают:

- чувство беспомощности;
- тревогу за будущее ребенка;
- эмоциональное выгорание.

Недостаток знаний о заболевании усиливает тревожность и может приводить к депрессии и конфликтам в семье [5].

Социальная изоляция

Семьи детей с РАС часто сталкиваются с социальной изоляцией, обусловленной:

- стигматизацией;
- непониманием со стороны общества;
- ограничением социальных контактов.

Это снижает уровень социальной поддержки и усиливает стрессовое состояние родителей [4].

Нарушение семейной системы

Рождение ребенка с особенностями развития рассматривается как ненормативный стресс, дестабилизирующий семейную систему и влияющий на отношения между супругами [3].

Факторы психологической устойчивости

Несмотря на высокий уровень нагрузки, многие родители демонстрируют способность адаптироваться к сложным условиям.

Жизнестойкость и копинг-стратегии

Жизнестойкость включает три ключевых компонента:

- вовлеченность;
- контроль;
- принятие риска.

Исследования показывают, что существует связь между уровнем жизнестойкости и используемыми копинг-стратегиями у родителей детей с РАС [2].

Эффективные стратегии включают:

- проблемно-ориентированное поведение;
- поиск социальной поддержки;
- переоценку ситуации.

Социальная поддержка

Социальная поддержка является одним из ключевых факторов снижения стресса. Она включает:

- поддержку семьи;
- помощь специалистов;
- участие в группах родителей.

Исследования подтверждают, что наличие поддержки снижает уровень тревожности и повышает адаптацию родителей[4].

Психообразование

Недостаток информации о РАС является значимым фактором риска. Повышение осведомленности родителей способствует:

- снижению тревожности;
- формированию реалистичных ожиданий;
- повышению эффективности взаимодействия с ребенком[5].

Психологическая помощь

Интегрированные программы поддержки родителей оказывают положительное влияние на их психическое состояние и качество жизни[6].

Позитивные аспекты родительства

Современные исследования подчеркивают, что воспитание ребенка с РАС может сопровождаться и положительными переживаниями:

- личностный рост;
- развитие эмпатии;
- укрепление эмоциональной связи с ребенком .

Это важно учитывать при работе с родителями, так как фокус только на негативе усиливает стресс[7].

Результаты. Анализ исследований показывает, что психоэмоциональное состояние родителей детей с РАС определяется не только объективными трудностями, но и субъективным восприятием ситуации и доступностью ресурсов. Ключевым фактором является баланс между стрессорами и ресурсами. При наличии поддержки, информации и эффективных копинг-стратегий родители способны адаптироваться и сохранять психологическое благополучие.

Важно смещение фокуса профессиональной помощи:

- от устранения симптомов стресса → к развитию устойчивости;
- от индивидуальной работы → к системному подходу с семьей.

Выводы. Родители детей с РАС находятся в условиях повышенной психоэмоциональной нагрузки, что проявляется в высоком уровне стресса, тревожности и социальной изоляции. Однако наличие ресурсов — социальной

поддержки, психообразования, эффективных копинг-стратегий — способствует формированию психологической устойчивости и адаптации. Практическая значимость исследования заключается в необходимости разработки комплексных программ поддержки родителей, направленных не только на снижение стресса, но и на развитие их психологических ресурсов.

Список использованных источников

1. Карапетян С. Г., Киракосян А. А. Исследование проблем семьи ребенка с аутизмом // Universum: психология и образование. 2023. https://7universum.com/ru/psy/archive/item/16408

2. Мухина С. Е., Федосеева Е. П. Жизнестойкость родителей детей с аутизмом в контексте системного подхода // Системная психология и социология. 2024. № 2. С. 28–43. https://systempsychology.ru/journal/2024_50/902-muhina-s-e-fedoseeva-e-p-zhiznestoykost-roditeley-detey-s-autizmom-v-kontekste-sistemnogo-podhoda.html

3. Севастьянова У. Ю. Специфика родительского стресса у родителей детей с ОВЗ // Вестник КГУ. 2022. № 4. С. 110–116. https://vestnik-pip.kosgos.ru/2022-t-28-4/sevastyanova-uyu-vestnik-pip-2022-4-ru.html

4. Ilias K. et al. Parenting Stress and Resilience in Parents of Children with ASD: A Systematic Review // Frontiers in Psychology. 2018.

5. Богачева О. И., Иванов М. В., Симашкова Н. В. Осведомленность родителей о заболевании детей с РАС // Аутизм и нарушения развития. 2019. https://psyjournals.ru/journals/autdd/archive/2019_n4/01

6. Кошербаева Л. К. и др. Психологическая поддержка родителей, воспитывающих детей с РАС // Наука и здравоохранение. 2023.

7. Curley K., Hughes R., Kotera Y. Stressful but Not Unhappy: A Review of the Positive Aspects of Parenting a Child with ASD // Children. 2025.

ҒТАМА: 372

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дүйсенқұл Ж.Қ., Абдикаримова А.А.,
«6В01204 - Мектепке дейінгі білім беру (IP)» білім беру бағдарламасы, 1курс студенттері, zhassokd@mail.ru, ayaulym_a0707@mail.ru; **Едигенова А. Ж.**, Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру мазмұны, ерекшеліктері және мектепке дейінгі білім берудің қазіргі қоғамдағы маңызы, оның білім беру жүйесіндегі алғашқы әрі негізгі саты ретіндегі рөлі қарастырылған. Баланың тұлғалық, танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының негізі дәл осы кезеңде қаланатыны сипатталды. Мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау қажеттілігі баяндалды.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім беру, бала дамуы, тәрбие, оқыту, ойын, білім беру.

Кіріспе. Мектепке дейінгі білім беру – білім беру жүйесінің ең алғашқы әрі аса маңызды сатысы болып табылады. Бұл кезеңде баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізі қаланып, оның болашақтағы оқу жетістіктері мен өмірге бейімделу қабілеті анықталады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ерекше көңіл бөлу – қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Мектепке дейінгі білім беру - бұл 2-3 жастан 5 жасқа дейінгі баланы оқыту, дамыту, тәрбиелеу, қарау және күту**.** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті бастапқы білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты - әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Негізгі міндеттер: әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптаст ыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру процесін: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына; Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады**[**1;2].

Материалдар мен әдістер. Мектепке дейінгі білім беру бүкіл білім беру жүйесінің негізі болып табылады, өйткені дәл осы жерде баланың болашақ даму сипатын анықтайтын жеке тұлғаның негіздері қаланады.

Қазіргі таңда білім беру саласында болып жатқан өзгерістер мен жаңартулар мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс мазмұнына да әсер етуде. Баланы тек біліммен қаруландыру емес, оның ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық әлеуетін ашу, қоршаған әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету – басты мақсатқа айналып отыр. Осы тұрғыда мектепке дейінгі ұйымдар баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын алғашқы әлеуметтік орта ретінде ерекше рөл атқарады.

Мектепке дейінгі кезең – баланың өміріндегі ең сезімтал әрі маңызды уақыт. Себебі дәл осы жаста бала айналасындағы дүниені белсенді түрде танып, өз ойын жеткізуге, сұрақ қоюға, зерттеуге ұмтылады. Егер осы кезеңде балаға дұрыс бағыт берілсе, оның танымдық қызығушылығы артып, білім алуға деген ынтасы қалыптасады.

Сонымен қатар бұл кезеңде ойын әрекеті жетекші орын алады. Балалар ойын арқылы қоршаған әлемді танып, түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгереді, өзара қарым-қатынас жасауды үйренеді. Сондықтан оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ойын технологияларын тиімді қолдану – өте маңызды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тағы бір маңызды қыры – ол мектеппен сабақтастық. Егер балабақша мен мектеп арасындағы байланыс жүйелі түрде жүзеге асса, бала жаңа ортаға оңай бейімделеді. Бұл өз кезегінде оның оқу процесіне тез араласуына мүмкіндік береді.

Мақала тақырыбы бойынша психологиялық-педагогикалық ғылымдардағы келесі әдістер қолданылады: мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мазмұнын жан-жақты талдау, педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және олардың тиімділігін саралау мақсатында теориялық және практикалық әдістер қолданылады. Қазіргі білім беру талаптарына сәйкес балалардың дамуына әсер ететін негізгі факторлар қарастырылып, оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері сараланады.

Зерттеу бойынша қойылған мақсат және міндеттер шешімін табу үшін келесі әдістер қолданылады: теориялық әдістер: зерттеу тақырыбы бойынша психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді теориялық тұрғыда талдау; мектепке дейінгі білім беру бойынша білім беру бағдарламаларын, нормативтік-құқықтық құжаттарды, талдау.

Мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы – бұл педагогикалық теорияның бастапқы ұстанымы туралы білім жүйесі, педагогикалық құбылыстар мен мектепке дейінгі білім, оқыту мен тәрбиелеу практикасында алған білімдерін

пайдалану жолдары туралы өздерінің зерттеу әдістерін қарастыру қағидаттары.

Мектепке дейінгі білім беру жалпы, арнайы және жеке әдіснамаға ие: жалпы әдіснамасы - педагогикалық ғылымның әдіснамалық және теориялық негіздерін қамтиды; арнайы әдіснамасы баланың санасы мен психикасы туралы мектепке дейінгі ықпал ету туралы тұрақты идеяларды сипаттайды, оның ішінде жеке және қызметтік, жүйелілік және кешенді тәсілдемелерді қамтиды; жеке әдіснамасы педагогикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу әдістері, принциптері мен әдістерін білдіреді. Мысалы, бұл баланың жас ерекшеліктерін тәрбиелеу процесінде және оны дамытуды күшейтуіне, даралық қасиеттеріне және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталады [3, 27-28].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мақсаты – баланың жеке қуаттарын барынша өрістету үшін жағдай жасау болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің міндеттері: балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау; тәрбиеленушілердің физикалық, интеллектуалды және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау; сапалы мектепке дейінгі дайындықты қамтамасыз ету; азаматтыққа тәрбиелеу, қазақстандық патриотизм, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілік; баланың толық дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен қарым-қатынас жасау; ата-аналарға білім беру, тәрбиелеу, балаларды дамыту және денсаулық сақтаумәселелері бойынша кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету.

Бұл міндеттерді іске асыру мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының міндетті минималды мазмұнын, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне арналған тәрбие жұмысының максималды көлемін және мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен қамтамасыз етілетін мектеп жасына дейінгі балалар деңгейіне қойылатын талаптарды анықтауға бірыңғай көзқарасты талап етеді [3, 35].

Мектепке дейінгі ұйымның базасында мектепке дейінгі білім беру мазмұнын беру және балалардың оны меңгеруі жүзеге асырылады. Білім – білім беру мазмұнының негізгі компоненті. Білім беру – ұйымдастырылған процесс, алдыңғы ұрпақтың келесі ұрпаққа әлеуметтік маңызды тәжірибені және білімді беру нәтижесі. Жинақталған білім көп, оны білім берудің әрбір сатысына тиісті қолданатындай етіп педагогикалық бейімдеу қажет (оның ішінде мектепке дейін білім беруді). Жинақталған білім әрқашан нақты практиканың алдында болады, сондықтан білім – мектепке дейінгі білім берудің бірінші элементі болады.

Білімнің әр түрі болады, олардың барлығы бірдей мектепке дейінгі білім беру жүйесіне ене бермейді. Білім мынадай болып бөлінеді: ары қарай мектепте оқу үшін база бола алатындай негізгі ұғымдар мен терминдер; айналасындағыларды байқау, заттармен жұмыс істеу, ісәрекеттің әр түрі, қорытындылар жасау арқылы жинақталатын фактілер; заңдар, теориялар,

тұжырымдамалар (мектепке дейінгі білім беру мазмұнында жоқ); іс-әрекет тәсілдері және таным туралы білім, балаларға ісәрекеттің негізгі түрлерін жүзеге асыру тәсілдері – қозғалыс, көркем өнер, еңбек, ойын, сөз сөйлеу, коммуникативтік тәсілдер жөнінде білім беріледі; қоғамдағы қарым-қатынас нормалары туралы білім беру, балалардағы қарым-қатынас нормалары, өзін ұстау және қарым-қатынас жасау ережелері жөнінде білім алады; бағалаушылық білімі, балалар жақсы деген не және жаман деген не екендігін, өзін, іс-әрекетін және тәртібін, басқа адамдардың істері мен қылықтарын бағалау туралы білетін болады.

Іс-әрекет тәсілдері арқылы тәжірибені жүзеге асыру. Іс-әрекет тәсілдері туралы білім оны іс жүзіне асыру үшін жеткіліксіз. Іс-әрекет тәсілдерін іс жүзіне асыру үшін тұлғаның нақты тәжірибесі қажет. Бұл тәжірибенің негізін практикалық сипатта да, интеллектуалды сипатта да бола алатын білік пен дағды құрайды.

Шығармашылдық іс-әрекет тәжірибесі. Ол тұлға бұрын ешқашан шешілмеген жаңа проблеиаларға кездесіп қалғанда жинақталады. Мұндай жағдайларда іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін іс-әрекеттің белгісіз жағдайларына көшіріп, оны қажетті түрде түрлендірген маңызды. Бұл тәжірибе бірте-бірте жинақталады. Мектепке дейін білім беру жүйесінде ынталылық пен өзіндік әрекет ету үшін іс-әрекеттің аяғына дейін жағдай жасау қажет.

Баланың өзіне және айналасындағыларына эмоционалдық құндылық қарым-қатынас тәжірибесі. Мектепке дейінгі жас - тәртіп пен өзара ықпалдастық нормалары мен ережелерін меңгерудің сензитивтік кезеңі. Білім беру мазмұнының бұл элементі ерекше. Оның мазмұны – білім мен білік емес, айналасындағылардың барлығына және өзінеөзінің қарым-қатынасы. Баланың білімі мен өзара ықпалдастық қарым-қатынастары бала үшін оның айналасындағылар мен өзіне қарым-қатынас жүйесін жүргізгендігінен байқалады, ол ең алдымен ата-аналар, педагогтар және басқа үлкен адамдар.

Аралбаева Р.К. «Мектепке дейінгі педагогика» атты кітабында мектепке дейін білім беру мазмұнының өзара байланысты жоғарыда баяндалған төрт элементтен тұратынын атап өткен. Бұл элементтер мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту процесінде сабақта және уақытпен шектелмеген іс-әрекет үстінде көрінеді дейді. Білім беру мазмұнының элементтері барлық әдістемелік сабақтар арқылы олардың нақтылы мазмұнының ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі тиіс. Олар балалармен кез келген тақырыпты оқу аясында оқытудың, балаларды тәрбиелеу мен дамытудың мақсаттарында (дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттары) көрініс табулары тиіс. Мектепке дейін білім беру мазмұнының басты қозғаушысы үлкен адамдар, ал оның қайнар көзі – әлеуметтік тәжірибе.

Мектепке дейінгі бала білімнің қандай түрлерін меңгереді? деген сұрақ қойып, оған былай жауап береді: мектепке дейінгі мекемеде теория, заңдар, тұжырымдамалардан басқа білімнің барлық түрі беріледі. Балалардың тікелей байқау арқылы алған табиғат заңдарының орны бөлек (уақыттың өтуі, жыл мезгілдері, олардың заңдылықпен ауысуы). Бұл білімдер өзара байланысты,

оларды кешенді түрде үйрету қажет. Сонымен, мектепке дейін білім беру жүйесіндегі білім айналасындағылар, өзі және басқалар жөнінде балалардың түсінік жүйесін қалыптастырады. Олар балалардың ары қарай оқуы үшін іргетас және тұлғаны дамыту құралы болады [4, 69-70].

Мектепке дейін білім беру мазмұны бірқатар мемлекеттік маңызды құжаттармен реттеледі: Мектеп жасына дейінгі балаларға білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты, Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы - бұл мектепке дейін білім беру мазмұнын анықтайтын екінші құжат. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіліп отырады, ол арнайы құжаттар негізінде іске асады.

Нәтижелер. Мақала мазмұны бойынша зерттеу нәтижесінде мектепке дейінгі білім берудің, білім беру мазмұнының ерекшеліктері сипатталды. Білім беру мазмұны бала дамуына айтарлықтай әсер ететіні сипатталды.

Мәселен: нақты нәтижелері мектеп жасына дейінгі баланың әр қырынан дамуынан көрінеді: танымдық дамуы: ойын және тәжірибелік әрекеттер арқылы балалардың ойлау, есте сақтау және зейін қабілеттері жақсарды; сөйлеу тілінің дамуы: балалардың сөздік қоры кеңейіп, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасады; әлеуметтік дағдылары: балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасау, өз ойын жеткізу, топпен жұмыс істеу қабілеттерін меңгереді; шығармашылық қабілеттері: сурет салу, құрастыру, рөлдік ойындар арқылы балалардың қиялы мен шығармашылығы дамиды; эмоционалдық дамуы: балалар өз эмоцияларын басқаруды, өзгелердің сезімін түсінуді үйренеді.

Қорытындылар. Сонымен мектепке дейінгі білім беру – білім беру жүйесінің алғашқы әрі аса маңызды сатысы. Бұл кезеңде баланың тұлғалық, танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының негізі қаланып, оның болашақтағы білім алуына қажетті дағдылар қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды сапалы ұйымдастыру – қоғам дамуының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұны баланы қатаң түрде оқыту емес, оны қызықтыра отырып, еркін дамыту арқылы жүзеге асырылады. Себебі бала осы кезеңде ойын арқылы әлемді танып, өз тәжірибесін қалыптастырады. Сондықтан тәрбиеші әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оқу процесін тиімді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, көрнекілік пен тәжірибелік әрекеттерді қолдану балалардың ақпаратты жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Ал сұрақ-жауап әдісі олардың ойлауын дамытып, өз ойын еркін жеткізуге үйретеді. Шығармашылық тапсырмалар балалардың қиялын дамытып, олардың тұлғалық қалыптасуына оң әсер етеді. Мектепке дейінгі білім беру – болашақ ұрпақтың дамуына негіз болатын маңызды кезең. Сондықтан бұл салаға ерекше көңіл бөліп, тиімді әдістерді қолдану арқылы сапалы білім беру – бүгінгі күннің басты міндеті болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.

2.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2021.

3.Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу куралы. – Алматы: «Альманах», 2018. - 269 бет.

4. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика: Педагогикалық факультеттердің 5В010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша дайындалатын студенттерге арналған оқулық / Р.К. Аралбаева. – Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012. - 220 бет.

МРНТИ 15.81.21

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ И КАЧЕСТВО ЖИЗНИ ПАЦИЕНТОВ В ПЕРИОД РЕМИССИИ ОНКОЛОГИЧЕСКОГО ЗАБОЛЕВАНИЯ (НА ПРИМЕРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН)

Есалиева А.Т., студент 3 курса, ОП 6В03103- Психология
Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан
ayanat_esalieva@stu.aiu.edu.kz; **Қабыл А.Н.,** преподаватель, магистр социальных наук

Аннотация. В статье представлены результаты теоретико-эмпирического исследования психологических особенностей и качества жизни пациентов в период ремиссии онкологического заболевания на примере Казахстана. На основе анализа литературы рассмотрены личностные предиспозиции (тип «С», алекситимия), типы реагирования на болезнь и феномен посттравматического роста. Проанализированы эпидемиологические данные Минздрава РК. Эмпирическая часть включает качественный анализ интервью с психологом онкологического центра и двумя пациентками в ремиссии. Выявлены снижение тревожности, переоценка ценностей, трансформация самовосприятия и расширение адаптивных копинг-стратегий. Успешность адаптации определяется биопсихосоциальными факторами и может сопровождаться посттравматическим ростом. Сформулированы практические рекомендации по совершенствованию психологической помощи онкопациентам в Казахстане.

Ключевые слова: онкологическое заболевание, ремиссия, психологические особенности, посттравматический рост, адаптация, тревожность, страх рецидива, психологическая помощь.

Введение. Онкологические заболевания остаются одной из ведущих причин смертности в мире и в Казахстане. По данным Министерства здравоохранения РК, на конец 2024 года общее число онкопациентов составило 230,9 тыс. человек, при этом ежегодно регистрируется более 37 тыс. новых случаев. Заболеваемость в Казахстане (204,8 на 100 тыс.) почти вдвое превышает средний показатель по СНГ и является самой высокой в Центральной Азии. При этом смертность от рака занимает третье место в структуре смертности населения.

Благодаря развитию диагностики и лечения растёт число пациентов, достигших длительной ремиссии. Однако ремиссия - не просто отсутствие болезни, а качественно новый этап жизни, сопряжённый с комплексными психологическими трансформациями. Изучение психического состояния людей, переживших жизнеугрожающее заболевание, приобретает особую

актуальность в контексте повышения качества жизни и эффективности реабилитации.

Цель нашей статьи выявить и систематизировать психологические характеристики лиц в период ремиссии онкологического заболевания с акцентом на эмоциональную регуляцию, личностные изменения и социальную адаптацию.

Материалы и методы. Идея о связи психики и рака имеет давнюю историю. Ещё Гален во II веке н.э. отмечал, что меланхоличные женщины чаще страдают опухолями, чем сангвиники. В XX веке исследования Э. Эванс (1926) показали, что рак может быть симптомом неразрешённых внутриличностных конфликтов, фиксации на одном значимом объекте или роли [1]. Позже L. LeShan описал «синдром отчаяния» - чувство безнадёжности, беспомощности, потерю смысла жизни, предшествующие заболеванию [2]. К. и С. Саймонтоны разработали психотерапевтическую программу, основанную на визуализации и активизации внутренних ресурсов [3].

Современная психосоматическая модель рассматривает онкологическое заболевание как результат сложного взаимодействия генетических, средовых и психологических факторов. Хотя рак официально не включён в перечень психосоматических расстройств ВОЗ, многочисленные исследования подтверждают, что хронический стресс, депрессия и подавление эмоций могут ослаблять иммунный надзор и способствовать канцерогенезу [4, 5].

В литературе выделяют ряд личностных черт, характерных для онкопациентов, объединённых понятием «тип С» (от cancer - рак). К ним относят:

- трудности в выражении негативных эмоций (особенно гнева и обиды);
- склонность подавлять свои потребности в угоду другим;
- конформность, социальную нормативность, согласие с авторитетами;
- низкую самооценку, чувство собственной незначимости;
- неспособность к установлению глубоких и длительных отношений [2, 6].

Отечественные авторы (В.В. Николаева, Н.И. Непомнящая) также отмечают у онкологических больных личностную инфантильность, сниженную способность к осознанию эмоций, ипохондричность и рационализм как компенсаторные механизмы [7, 8]. А.Г. Шкуропат и А.А. Шутценбергер связывают эти особенности с ранними детскими травмами и фиксацией на ролевой позиции Ребёнка [9].

В.И. Бутрина и В.В. Люцко выявили, что у онкологических больных доминируют тревожный, неврастенический, меланхолический, сенситивный и ипохондрический типы отношения к болезни, что свидетельствует об интрапсихической направленности реагирования [10]. Внутренняя картина болезни (ВКБ) у таких пациентов часто включает навязчивые идеи, ощущение тупика, отказ от борьбы.

Онкологическое заболевание рассматривается клинической психологией как экстремальная и кризисная ситуация [11]. Признаки экстремальности:

внезапность, витальная угроза, неопределённость будущего, разрушение привычной картины мира. Кризисность проявляется в блокировании духовных потребностей, утрате смысла жизни и необходимости коренной реконструкции личности. Адекватное разрешение кризиса может привести к посттравматическому росту - переоценке ценностей, углублению отношений с близкими, появлению новых жизненных целей [12].

Согласно эпидемиологическим данным, психические расстройства развиваются у 70-80% онкологических пациентов [13]. Наиболее часты тревожно-депрессивные состояния, эмоциональная лабильность, астения. После мастэктомии у женщин с раком молочной железы нередко наблюдается тяжёлая депрессия с суицидальными мыслями и искажённым образом тела [14]. У пациентов с раком лёгкого, поджелудочной железы, головы и шеи психические нарушения выражены сильнее, чем при других локализациях [15].

Эффективность психотерапии в онкологии доказана многими исследованиями. Применяются когнитивно-поведенческие, экзистенциальные, суггестивные методы, арт-терапия, групповая работа. Основные этапы: дооперационный (коррекция иррациональных убеждений), ранний послеоперационный (профилактика депрессии и изоляции), отдалённый (восстановление смысложизненных ориентаций) [3, 16].

В работе использованы:

1. Теоретический анализ научных публикаций по психоонкологии, психосоматике, клинической психологии.

2. Анализ статистических данных Министерства здравоохранения РК за 2024-2025 гг., а также материалов Казахского НИИ онкологии и радиологии.

3. Качественный анализ экспертного интервью с психологом Службы социально-психологической поддержки Национального научного онкологического центра Казмалы Инессой Дмитриевной. Интервью проводилось в формате полуструктурированной беседы по шести тематическим блокам: эмоциональные изменения, страхи, посттравматический рост, роль родственников, потребность в помощи, телесность и социальная адаптация.

4. Интервью с пациентами.

По данным Минздрава РК(рис.1), в 2024 году первичная заболеваемость злокачественными новообразованиями составила 204,8 на 100 тыс. населения, при этом в городах показатель выше (239,2), чем в сельской местности (147,1). Наибольшие показатели зарегистрированы в экологически неблагополучных регионах: Карагандинская (353,5), Восточно-Казахстанская (349,4), Костанайская (352,7) области. Общее число онкопациентов - 230,9 тыс. (+5,8% за год). Смертность выросла с 65,1 до 68,0 на 100 тыс. В структуре заболеваемости лидируют рак молочной железы (13,9%), рак кожи (9,6%), рак лёгкого (9,2%). За 6 месяцев 2025 года выявлено 20 377 новых случаев, из них 14,4% - рак молочной железы, 11% - колоректальный рак, 10,4% - рак лёгкого.



Рисунок 1 - Статистика заболеваемости злокачественными новообразованиями

Несмотря на рост числа зарегистрированных больных, первичная заболеваемость незначительно снизилась, что может указывать на проблемы с выявляемостью. С 2019 года реализуется Комплексный план по борьбе с онкологическими заболеваниями, включающий внедрение молекулярно-генетических исследований, телемедицины, мобильных бригад паллиативной помощи. Смертность от рака за период 2018-2022 гг. снизилась на 9%.

В рамках качественного этапа исследования проведено полуструктурированное **интервью** с психологом Службы социально-психологической поддержки Национального научного онкологического центра (г. Астана). Целью интервью являлось выявление профессиональных оценок относительно психологических изменений, адаптационных механизмов и потребностей пациентов в период ремиссии онкологического заболевания. Ниже представлен тематический анализ полученных данных(см. таблицу 1).

Таблица 1 - Результаты экспертного интервью.

1. Психологические изменения личности	Психолог отмечает, что базовая структура личности остаётся неизменной, но черты могут проявляться иначе из-за высокой эмоциональной нагрузки. Биопсихосоциальная модель помогает понять, как биология, психология и социум взаимодействуют в формировании реакций пациента.
2. Страхи пациентов в ремиссии	Основной страх - рецидив. Он может быть как здоровой обеспокоенностью, так и патологической фиксацией, снижающей качество жизни. Также присутствуют страх смерти, боли, стать обузой. Чрезмерное внимание к телу (ипохондрический тип) в умеренных пределах считается адаптивным механизмом.
3. Посттравматический рост	Наблюдаются две стратегии: «жертва» (усиление дезадаптивных копингов) и «выживший» (активизация адаптивных ресурсов). Переоценка ценностей, улучшение отношений с близкими, появление новых целей возможны при ведущей роли стратегии «выжившего». Психолог помогает сместить фокус в сторону адаптивных стратегий.
4. Роль родственников	Родственники испытывают те же чувства, что и пациенты (страх, отчаяние), но часто подавляют их, считая, что «больному хуже». Это может приводить к отстранению

	либо гиперопеке. Характер отношений до болезни обостряется: конфликты углубляются, а близость укрепляется. Семье также необходима психологическая поддержка.
5. Потребность в профессиональной помощи	По мнению эксперта, психологическая помощь нужна 100% пациентов. Онкологическое заболевание - кризисная ситуация, требующая психообразования, терапии, групповой работы. Однако в Казахстане эта ниша остаётся недостаточно развитой из-за низкой монетизации и недостатка государственных программ.
6. Телесность и самовосприятие	Значительные изменения внешности (после мастэктомии, химиотерапии) тяжело переживаются, особенно в молодом возрасте. Психолог помогает восстановить идентичность с учётом новых реалий.
7. Социальная адаптация	Выпадение из привычного ритма жизни, ограничения, инвалидность ведут к тревожно-депрессивной симптоматике. Возвращение к работе и общению требует времени и усилий, в том числе психотерапевтических.

Также, для углублённого изучения субъективного опыта переживания ремиссии было проведено **полуструктурированное интервью** с двумя женщинами, находящимися в ремиссии онкогематологических заболеваний. Участница 1 (72 года) - ремиссия 18 лет после комплексного лечения по поводу рака желудка и последующего развития гематологического заболевания. Участница 2 (38 лет) - ремиссия 2 года после терапии лейкемии. Интервью охватывало тематические блоки: эмоциональное состояние, самовосприятие, экзистенциальные изменения, социальную адаптацию, копинг-стратегии. Транскрипты подвергнуты тематическому анализу с выделением ключевых категорий.

Обе участницы характеризуют текущее эмоциональное состояние как устойчивое, с преобладанием спокойствия и благодарности. Участница 1 связывает это с рациональной установкой: *«Я по жизни не тревожный человек […] какая польза от тревожности?»*. Участница 2 описывает осознанное принятие: *«Состояние осознанное: я принимаю всё так, как есть, и никуда не спешу»*.

Участница 1 отмечает сохранение базовых личностных черт и появление осторожности как нового качества, обусловленного уязвимостью. Участница 2 сообщает о глубинной трансформации самооценки: от самоописания «послушная, чувство недостоинства, вины» до «уверенность, опора, вера, ценность, уникальность, достоинство». По её словам, *«теперь я знаю, что я очень уникальная, ценная душа»*.

Обе участницы подтверждают кардинальную перестройку жизненных приоритетов. Участница 1: *«Если до болезни главным был статус, должность, размер дохода, то после главным становится время, проведённое с близкими»*. Участница 2: *«Мне важно моё состояние! Я не придаю значения*

правилам, нет правильного и неправильного». Новые цели и увлечения связаны с самопознанием и желанием делиться опытом.

Участница 1 демонстрирует избирательную активность с учётом возрастных ограничений (встречи с друзьями, посещение театров с внучкой). Участница 2 поддерживает баланс между общением и временем наедине, воспринимая оба полюса как ресурсные: *«Социальное общение с людьми - это хорошо […] Но быть наедине с собой я тоже очень люблю»*.

Эффективными способами совладания названы: обращение к врачу (Участница 1), встречи с подругами, игры в карты и домино; у Участницы 2 - медитация, ходьба, йога, танец. Обе отмечают расширение репертуара копингов по сравнению с доремиссионным периодом.

Наиболее значимые изменения связаны со снижением реактивности на внешние раздражители и усилением внутренней опоры. Участница 1(далее У1): *«Мелочи, которые раньше выводили из равновесия, потеряли власть, а на их место пришла очень тихая, но надёжная ценность»*. Участница 2(далее У2): *«Главное изменение - это то, что я стала мягче к себе. Раньше я часто критиковала себя, а сейчас учусь поддерживать и принимать»*.

Полученные в интервью с пациентами данные дополняют и конкретизируют результаты экспертной оценки, представленные ранее. В отличие от наблюдений психолога, акцентировавшего высокую распространённость страха рецидива и тревожности, оба пациента в ремиссии демонстрируют низкий уровень явной тревоги и высокую степень психологического благополучия. Это может быть связано как с длительным стажем ремиссии (особенно у У1), так и с действием механизмов посттравматического роста, наиболее ярко проявившихся у молодой пациентки.

Субъективные отчёты подтверждают теоретические положения о возможности позитивной трансформации личности после жизнеугрожающего заболевания [17]. У У2 наблюдаются классические признаки посттравматического роста: переоценка ценностей, повышение самоуважения, углубление отношений с близкими, появление новых жизненных целей. У У1 изменения носят более сдержанный, но также адаптивный характер - снижение значимости внешних достижений, фокус на межличностных связях и принятие возрастных ограничений.

Важно отметить, что обе участницы не сообщают о потребности в психологической помощи на данном этапе, что контрастирует с мнением эксперта о её необходимости для 100% пациентов. Вероятно, в длительной ремиссии происходит естественная адаптация, и потребность в профессиональной поддержке актуализируется преимущественно на ранних этапах либо при наличии дополнительных психосоциальных уязвимостей.

Сравнение двух кейсов демонстрирует вариативность траекторий адаптации, определяемую биопсихосоциальными факторами: возрастом, исходными личностными особенностями, длительностью ремиссии и социальным контекстом. Полученные данные подчёркивают необходимость

дифференцированного подхода к психологической помощи в зависимости от этапа онкологического анамнеза и индивидуальных ресурсов пациента.

Результаты. На основе результатов интервью с пациентами и экспертного интервью могут быть предложены следующие **меры** по совершенствованию психологической помощи в онкологии в Республике Казахстан:

1. Внедрение обязательного психологического скрининга на всех этапах онкологического маршрута, включая диагностику, лечение и ремиссию, для своевременного выявления депрессии, тревожности и посттравматического стресса.
2. Создание дифференцированной системы психологической поддержки с учетом стадии заболевания и этапа ремиссии, чтобы помощь соответствовала текущим потребностям пациента.
3. Развитие программ психосоциальной реабилитации, ориентированных на семью пациента, включая обучение родственников навыкам поддержки и проведение совместных терапевтических сессий.
4. Включение телесно-ориентированных и восстановительных методик в программы реабилитации, таких как дыхательные практики, мягкая физическая активность, релаксация и психофизиологические тренинги.
5. Формирование системы долгосрочного сопровождения, ориентированной на посттравматический рост, поддерживающей пациента после завершения лечения и способствующей развитию психологической устойчивости.

Выводы. Период ремиссии онкологического заболевания характеризуется сложной динамикой психологических процессов. С одной стороны, сохраняются тревога, страх рецидива, ипохондрическая фиксация, с другой - открываются возможности для переосмысления жизни, укрепления идентичности и углубления отношений. Успешность адаптации зависит от совокупности биологических, психологических и социальных факторов. Представленные интервью с пациентами демонстрируют, что даже при различных возрастных и клинических контекстах возможен выход на новый уровень личностного функционирования, что обосновывает необходимость активного развития психосоциальной реабилитации как неотъемлемой части онкологической помощи в Казахстане.

Список использованных источников:

1. Evans, E. A Psychological Study of Cancer. - New York: Dodd, Mead & Co., 1926.
2. LeShan, L. You Can Fight for Your Life: Emotional Factors in the Causation of Cancer. - New York: M. Evans, 1977.
3. Саймонтон К., Саймонтон С. Психотерапия рака. - СПб.: Питер, 2001.
4. Гнездилов А.В. Психология и психотерапия потерь. - СПб.: Речь, 2007.
5. Temoshok L. Personality, coping style, emotion and cancer: towards an integrative model // Cancer Surveys. - 1987. - Vol. 6, № 3. - P. 545-567.

6. Greer S., Watson M. Mental adjustment to cancer: its measurement and prognostic importance // Cancer Surveys. - 1987. - Vol. 6, № 3. - P. 439-453.

7. Николаева В.В. Психологические особенности онкологических больных // Клиническая психология / под ред. М. Перре, У. Бауманна. - СПб.: Питер, 2007. - С. 812-828.

8. Непомнящая Н.И. Психологическая диагностика личности: теория и практика. - М.: Владос, 2003.

9. Шкуропат А.Г., Шутценбергер А.А. Транзактный анализ в психотерапии онкологических больных // Психология здоровья. - 2015. - № 2. - С. 45-52.

10. Бутрина В.И., Люцко В.В. Типы отношения к болезни у онкологических пациентов // Современные проблемы науки и образования. - 2014. - № 6. - URL: https://science-education.ru/article/view?id=20391

11. Василюк Ф.Е. Психология переживания. - М.: МГУ, 1984.

12. Tedeschi R.G., Calhoun L.G. Posttraumatic Growth: Conceptual Foundations and Empirical Evidence // Psychological Inquiry. - 2004. - Vol. 15, № 1. - P. 1-18.

13. Derogatis L.R., Morrow G.R., Fetting J. et al. The prevalence of psychiatric disorders among cancer patients // JAMA. - 1983. - Vol. 249, № 6. - P. 751-757.

14. Грушина Т.И. Психоэмоциональные нарушения у больных после мастэктомии // Вопросы онкологии. - 2010. - Т. 56, № 3. - С. 312-316.

15. Zabora J., BrintzenhofeSzoc K., Curbow B. et al. The prevalence of psychological distress by cancer site // Psycho-Oncology. - 2001. - Vol. 10, № 1. - P. 19-28.

16. Ткаченко Г.А., Воротников И.С., Буйденко Ю.В. Психотерапия в комплексном лечении онкологических больных // Российский онкологический журнал. - 2012. - № 4. - С. 42-46.

17. Helgeson V.S., Cohen S. Social support and adjustment to cancer: reconciling descriptive, correlational, and intervention research // Health Psychology. - 1996. - Vol. 15, № 2. - P. 135-148.

Источники статистических данных:

Министерство здравоохранения Республики Казахстан. Официальный интернет-ресурс. - URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/499898 (дата обращения: 13.03.2026).

Tengrinews.kz. История казахстанки, победившей рак. - URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/dumala-o-tom-hochu-jit-istoriya-kazahstanki-pobedivshey-rak-577167/ (дата обращения: 13.03.2026).

ҒТАМА 37.372.8

УНИВЕРСИТЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Әлібекқызы А., Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 7МО1102 - «Білім берудегі менеджмент» ББББ, 2-курс магистранты; **Калиева Э.И.,** п.ғ.к., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы
Alibekkyzy.a@mail.ru

Аннотация. Мақалада университеттік білім беру жағдайында болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылады. Оның құрылымы, қалыптасу ерекшеліктері және кәсіби даярлықтағы рөлі талданады. Халықаралық және отандық тәжірибелер салыстырылып, өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: зерттеушілік құзыреттілік, болашақ педагог, университеттік білім беру, ғылыми ойлау, академиялық жазу, зерттеу әдістері, кәсіби даму, педагогикалық тәжірибе

Кіріспе. Білім беру жүйесінің даму бағыттары болашақ педагогтердің кәсіби даярлығына жаңаша талаптар қоюда. Жаһандану үдерістері, цифрлық трансформация және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың интердисциплинарлық сипат алуы білім беру парадигмасының өзгеруіне себеп болды. Ендігі міндет – ақпаратты беру мен меңгертумен шектелмей, тұлғаның зерттеушілік ойлауын, дербес шешім қабылдау қабілетін, проблемалық жағдайды ғылыми тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту. Бұл контексте зерттеушілік құзыреттілік ұғымы болашақ мұғалімнің кәсіби тұлғалық бейнесін сипаттайтын, оның кәсіби шеберлігінен хабар беретін, практикалық қызметі мен ғылыми ойлауын біріктіретін жүйелі құрылым ретінде маңызды орын алады.

Зерттеушілік құзыреттілік қазіргі мұғалімнің кәсіби бәсекеге қабілеттілігінің іргелі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Мұғалім бүгінгі таңда білімнің тұтынушысы емес, оның өндірушісі, трансформаторы және интерпретаторы болуға тиіс. Осы орайда университеттік білім беру жүйесі болашақ педагогтің бойында зерттеуші ретінде ойлауға, білім беру практикасындағы мәселелерге сыни көзқараспен қарауға және шешім қабылдауда ғылыми тәсілдерді қолдануға қабілеттілік қалыптастыруы тиіс. Бұл мақалада зерттеушілік құзыреттіліктің педагогикалық ғылымдағы теориялық негіздері, университеттік білім берудегі жаңа тәсілдер және нақты педагогикалық тәжірибелер аясында қалыптасуы жан-жақты қарастырылады.

Қазіргі заман мұғаліміне қажетті ғылыми-танымдық құзыреттіліктің қалыптасу үдерісінде туындайтын қиындықтар мен оларды еңсеру жолдары да талданатын болады.

Зерттеушілік құзыреттілік ұғымы педагогика және психология ғылымында соңғы онжылдықта қарқынды түрде теориялық тұжырымдалып, оның мазмұны мен құрылымдық компоненттері нақты ғылыми сипат ала бастады. Бұл ұғым алғашында ғылыми-зерттеу дағдыларының жиынтығы ретінде түсіндірілсе, кейінгі зерттеулерде оның жеке тұлғаның кәсіби-танымдық белсенділігі, өзіндік рефлексиясы, академиялық дербестігі мен құндылықтық бағдарларымен байланысы анықталды. Н.В. Гришина зерттеушілік құзыреттілікті студенттің педагогикалық білім беру процесіне қатысушы ретінде белсенді, рефлексивті және ғылыми дәлелденген шешім қабылдауға қабілетті субъект ретінде қалыптасуының нәтижесі деп қарастырады [1]. Бұл құзыреттіліктің қалыптасуы оның тек мазмұндық білімін меңгеруімен емес, педагогикалық жағдайларды тұтастықта көре білуімен және олардың себеп-салдарын ғылыми тұрғыдан түсіндіре алуымен тікелей байланысты.

Материалдар мен әдістер. Зерттеушілік құзыреттіліктің теориялық сипатын кеңейте түскен З.А. Исаева оны когнитивтік, мотивациялық және технологиялық компоненттер жүйесінде талдайды [2]. Оның пайымдауынша, құзыреттілікті дамыту студенттің танымдық қызығушылығын оятып, ғылыми қызметке қатысуға деген ішкі қажеттілігін қалыптастырумен басталады. Мұндағы басты идея – болашақ педагог тек зерттеу әдістерін игеріп қана қоймай, ғылыми ойлау стилін бойына сіңіріп, оны педагогикалық қызметте қолдана білуі тиіс. Ал С.Т. Таубаева зерттеушілік мәдениет феноменіне тоқталып, оны тек әдістемелік дағдылардың жүйесі ретінде емес, ғылыми құндылықтарға негізделген дүниетанымдық құрылым ретінде сипаттайды [3]. Оның пікірінше, болашақ мұғалім зерттеуші ретінде қалыптасуы үшін ғылымға деген құрмет, шынайылық, дәлдік және этика қағидаларын меңгеруі қажет.

Бұл теориялық ұстанымдарды нақтылай түскен Н.В. Керемли өз еңбегінде зерттеушілік құзыреттілік құрылымының кезеңдік дамуын сипаттайды [4]. Ол студенттің бастапқы зерттеушілік қызығушылығынан бастап, күрделі ғылыми жобаларды орындауға дейінгі қалыптасу процесін қарастырып, әр кезеңнің мазмұндық және әдістемелік ерекшеліктерін айқындайды. Г.М. Мышбаева бұл құзыреттіліктің психологиялық негіздерін ашып көрсетіп, оның тиімді қалыптасуы студенттің ішкі мотивациясына, өзін-өзі тану мен өзіндік бағалауға, педагогикалық рефлексияға негізделетінін дәлелдейді [5]. Осы теориялық көзқарастардың барлығы зерттеушілік құзыреттілік ұғымының көпқырлылығын, оны қалыптастырудың кешенді, жүйелі әрі тұлғалық-бағдарлы тәсілдерді талап ететіндігін көрсетеді.

Университеттік білім беру жүйесінде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру дәстүрлі оқыту модельдерінен жаңа, зерттеуге негізделген тәсілдерге көшу қажеттілігін туындатады. Бұл көшу біржақты емес, күрделі

дидактикалық қайта құрулар мен педагогикалық технологияларды жаңғыртуды қажет ететін үдеріс. Қазіргі таңда зерттеуге негізделген оқыту білім беру жүйесінде алдыңғы қатарлы бағыттардың біріне айналды. Бұл тәсіл студенттің танымдық белсенділігін арттырып, оны оқу үдерісінің пассивті тұтынушысынан белсенді зерттеушісіне айналдырады. Студент оқытудың объектісінен субъектісіне айналып, білімді өздігінен іздеп, оны интерпретациялауға, проблемаларды талдауға және ғылыми қорытынды жасауға үйренеді.

Зерттеушілікке бағытталған бұл тәсілдер жаңа технологиялармен, цифрлық ортамен, деректермен жұмыс істеу дағдыларымен тығыз байланысты. Қазіргі университеттік білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру – тек қосымша құрал емес, болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігіне айналуда. А.К. Наурызбаева университеттік білім беру мазмұнына академиялық жазу, ақпараттық ізденіс, деректерді сараптау, ғылыми аргументация және визуализация құралдарын енгізудің маңыздылығын нақты дәлелдермен көрсетеді [6]. Бұл құзыреттер болашақ педагогтің кәсіби-практикалық қызметінде ғана емес, оның ғылыми дискурсқа ену қабілетін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Бұған қосымша ретінде жобалық оқыту, кейс әдісі, проблемалық оқыту сияқты тәсілдер студенттердің нақты педагогикалық проблемалармен жұмыс істеу қабілетін дамытады. Бұл тәсілдер олардың деректер жинау, гипотеза құру, талдау жүргізу, қорытынды жасау және нәтижелерді ұсыну сияқты зерттеушілік кезеңдерді жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдердің тиімді жүзеге асуы үшін университеттік ортада әдістемелік қолдау, ғылыми жетекшіліктің сапасы, оқу жүктемесінің оңтайлы құрылымы сияқты факторлар ескерілуі қажет. Университет тек зерттеу тәсілдерін ұсынумен шектелмей, ғылыми мәдениетті дамытатын, дербес зерттеу жүргізуге ынталандыратын академиялық кеңістікті қалыптастыруы тиіс.

Болашақ мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру халықаралық білім беру саясатында стратегиялық басымдыққа айналды. Әлемнің дамыған елдерінде бұл мәселе оқытушының кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Мәселен, Финляндияда педагогтерді даярлау тек магистратура деңгейінде жүргізіледі және бүкіл оқыту процесі зерттеуге негізделген форматта жүзеге асады. Студенттер ғылыми-педагогикалық бағыттағы жобаларға белсенді қатысып, білім беру саясаты мен практикасын эмпирикалық деректер негізінде талдауға дағдыланады. Мұнда мұғалім оқыту ғана емес, жаңа педагогикалық шешімдер ұсынушы ретінде де қалыптасады. Бұл модель зерттеу қызметін оқыту мен оқу үдерісінің орталық элементіне айналдырып, университеттік білім берудің мазмұнын түбегейлі жаңғыртуға жол ашады.

Нәтижелер. Болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту жолында кездесетін мәселелер жүйелі және көпдеңгейлі сипатқа ие. Бірінші деңгейде студенттік мотивацияның төмендігі жатыр. Көптеген жағдайда

студенттер зерттеу жұмысын міндетті рәсім ретінде қабылдайды, ал ғылыми қызығушылық, зерттеуге негізделген ойлау және академиялық жауапкершілік жеткілікті деңгейде қалыптаспайды. Бұл, бір жағынан, мектептен бастап зерттеушілік мәдениеттің берік негізінің болмауымен, екінші жағынан, университеттегі оқыту тәсілдерінің танымдық белсенділікті ынталандырмауымен байланысты. Зерттеу курстарының формалдылығы, практикалық қолданбалы мазмұнның аздығы және студентті жеке ғылыми рефлексияға жетелейтін әдістемелік шешімдердің тапшылығы бұл құбылысты тереңдете түседі.

Екінші деңгей – институционалдық және инфрақұрылымдық кедергілер. Көптеген ЖОО-ларда зерттеу жүргізуге қажетті ресурстар жеткіліксіз: сапалы деректер базасына қолжетімділік шектеулі, әдіснамалық құралдар ескірген, ал ғылыми жетекшілердің жүктемесі өте жоғары. Университетішілік гранттық жүйенің әлсіздігі мен студенттік зерттеулердің нәтижелерін жариялау арналарының шектеулі болуы да ғылыми белсенділікті ынталандырмайды. Мұғалім даярлау бағдарламаларында деректерді интерпретациялау, визуализациялау, ғылыми баяндама жасау дағдыларына жеткілікті көңіл бөлінбейді, ал академиялық жазу сабақтары көбіне теориямен шектеледі.

Үшінші деңгей – бағалау мен ынталандыру тетіктерінің әлсіздігі. Зерттеушілік белсенділік көбіне оқу үлгерімінің көрсеткіші ретінде емес, факультативтік қосымша ретінде қабылданады. Бұл жағдайда студент өзінің ғылыми еңбегінің құндылығын сезінбейді, ал оқытушының зерттеуші ретіндегі рөлі әдістемелік сүйемелден айырылып, тек техникалық бақылауға ауысады. Мұндай жағдайда формализм күшейіп, ғылыми ізденістің шынайы мотивациялық негізі әлсірейді. Зерттеушілік құзыреттілікті дамыту үшін көпдеңгейлі, тұлғалық, әдістемелік және институционалдық, стратегия қажет екені анық көрінеді. Бұл стратегиялар нақты стандарттарға, академиялық мәдениетке және кәсіби даму траекторияларына негізделуі тиіс.

Болашақта зерттеушілік құзыреттілікті дамытуда интердисциплинарлық көзқарас шешуші факторға айналмақ. Педагогика мен психологияны ақпараттық технологиялар, білім статистикасы, әлеуметтік ғылымдармен қиылысу нүктесінде зерттеу болашақ мұғалімнің ғылыми ойлау көкжиегін кеңейтеді. Бұл бағытта шетелдік тәжірибелермен қатар, Қазақстанның білім беру саласындағы нақты зерттеу нәтижелерін интеграциялау қажет. Зерттеушілік құзыреттілік бойынша ұлттық кәсіби стандарт әзірлеу – бүкіл жоғары білім жүйесінің ғылыми векторын жүйелеудің маңызды кезеңі болмақ.

Қорытындылар. Анықталған проблемалар мен ұсыныстар көрсеткендей, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру тек пәндік мазмұнға қосымша компонент емес, білім берудің мазмұны мен әдістемесін қайта құрудың өзегі болуы қажет. Болашақта педагогикалық білім беруді қайта құру барысында бұл құзыреттілікке негізделген оқу модельдерін, интердисциплинарлық әдістер мен академиялық экожүйелерді дамыту сапалы мұғалім даярлаудың басты шартына айналмақ.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1.Гришина, Н.В. Теоретико-методологические подходы к исследованию профессиональной компетентности будущих педагогов/Н.В. Гришина//Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2021. – №6. – С. 23-30.

2.Isaeva, Z.A. Theoretical grounds for developing research competence in teacher training/Z.A. Isaeva//Pedagogika i Psikhologiya. – 2020. – №4. – С. 12-18.

3.Taubaeva, S.T. Research culture in teacher education: Theoretical foundations and practices/S.T. Taubaeva// nternational Journal of Pedagogical Research. – 2021. – Vol. 5(2). – P. 102-109.

4.Керемли, Н.В. Становление профессиональной компетентности педагога-психолога в условиях университета: канд. пед. наук. – Казань, 2022. – 180 с.

5.Мышбаева, Г.М. Психолого-педагогические аспекты формирования исследовательской компетентности у студентов педвузов/Г.М. Мышбаева//Вестник КазНПУ. – 2021. – №3. – С. 94-100.

6.Наурызбаева, А.К. Зерттеушілік құзыреттілік – болашақ педагогтың кәсіби дамуының шарты / А.К. Наурызбаева//Қазақ университеті хабаршысы. – 2022. – №6. – Б. 45-49.

ҒТАМА: 372

ХАЛЫҚ АУЫЗЕКІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

Жамалбек Ж.М., «6В01202 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы, 1курс студенті, myratbekovva1@mail.ru;
Едигенова А.Ж., Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада халық ауызекі шығармашылығының жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы мен қажеттілігі қарастырылған. Аға ұрпақ өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы құнды ойлары келтіріліп, тәрбие үрдісінің ерекше жақтары сипатталады. Сонымен қатар, халық ауызекі шығармашылығының түрлеріне, олардың балалар тәрбиесіндегі маңыздылығы баяндалады.

Кілт сөздер: тәрбие, жас ұрпақ, халық ауызекі шығармашылығы, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе. Қазіргі қарқынды, жедел дамып келе жатқан заманауи қоғамда өскелең ұрпақ тәрбиесі, соның ішінде адамгершілікке тәрбиелеу аса маңызды мәселе қатарында саналады. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Тәрбие тұжырымдамасында» да* ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен техника жетістіктері негізінде жеке адамның сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, әрбір тұлғаны азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеудің қажеттілігі баса көрсетілген [1;2].

Ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиесіне, олардың келешегіне өте үлкен жауапкершілікпен қарағаны баршамызға аян. Өткен тарихымызға көз жүгіртіп қарасақ, қазақ халқының небір шешен, ақын, жыршы, қара қылды қақ жарған билер мен қазылардың, хандардың атадан балаға мирас болған тәлімі мен тәрбиесін көреміз. Кез келген халықтың тәрбие беру ісінде өзіне тән ерекшеліктері болатыны секілді, қазақ халқында да, сан ғасырлар бойы жас ұрпақты имандылық пен ізгілікке, адалдық пен әділеттілікке, қарапайымдылық пен мейірбандылыққа, ерлік пен батырлыққа тәрбиелеген ғұлама ғалымдары, шешендері мен билері, батырлары мен ақын-жыраулары болғаны баршаға мәлім.

Материалдар мен әдістер. Халық ауызекі шығармашылығын жинақтап, алғаш рет жіктеп көрсеткен Ш.Уәлиханов, ағартушы Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев, сонымен қатар, А. Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар өз еңбектерінде ұрпақ тәрбиесінде ұлттық педагогиканы пайдалану жолдарын ғылыми тұрғыда арнайы қарастырып, сөз етті [3].

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енгізген ауыз әдебиетінен жинаған материалдарың мазмұны танымдық, адамгершілік, өнегелік және

ақылгөйлік сипатта болды, бұлардың балалардың жоғары эстетикалық талғамының жан-жақты қалыптасып, дамуындағы, әдемілікті түсіне білуге, нағыз сұлулықты сыртқы жылтырақтардан ажырата білуге тәрбиелеудегі мәні зор. Ыбырай хрестоматиясында халықтың ауызекі шығармашылығының негізгі салалары (ертегі, эпос, шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер,мақал-мәтелдер,жұмбақтар,өлеңдер,т.б.) қамтылды [4].

Халықтың ауызекі шығармашылығы тарихшылар, этнографтар, философтар, өнертанушылардың еңбектерінде орын алған, сонымен қатар, бұл мәселенің тағылымдық идеясы, тәрбиедегі әлеуеті қазақстандық ғалымдардың іргелі: Қ.Жарықбаев; С.Қалиев; С.Ұзақбаева; Ә.Табылдиев [3;5;6] т.б. зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады.

Тәрбие қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған, жеке адамдық қалыптастырудың жүйелі процесі болып табылады. Күнделікті іс-тәжірибеден көріп отырғанымыздай, ол мектеп, отбасы, мектептен тыс білім беру ұйымдары, балалар бақшасы, балалар мен жастар ұйымдарының бірлескен іс-әрекеті барысында жүзеге асады. Сонымен қатар, барлық педагогикалық үрдістермен байланыста бола отырып, тұлғаға әдебиет, өнер, халық ауызекі шығармашылығы, ақпарат құралдары ықпал етеді.

Байқап қарасаңыз, тәрбие үрдісі, бұл өзара байланыстағы ұдайы дамып отыратын тәрбиелеу жүйелерінің тізбектері тәрізді. Бүгінгі қалыптасқан белгілі ғылыми-теориялық заңдары бар педагогикалық ғылымдар өмірге келгенше де адамзат тәрбие ісімен айналысқан. Оның таралмай халық жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен тағылымдары да баршылық, оны халықтық педагогика деп атаған. Демек, осы халықтық педагогика өте ерте уақыттан бастап-ақ, қоғамдық дамудың белгілі бір сатыларынан өтіп, тәрбиенің нақты бір қызметтерін атқарып келді және бүгінде ол солай жалғасып отыр. Осыдан келіп, халықтық педагогиканың мақсаты көрінеді, ол өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбек сүйгіштікке, қайырымдылыққа, бауырмалдылыққа, өз Отанын сүюге, ар-намысын қорғай білуге тәрбиелеу қағидасын ұстанады. Осы мақсатты іске асыру жолында отбасы мүшелерінен бастап, ауыл ақсақалдары, көне көз қариялар мен ақын, жыршы, жырау, әнші, күйші, термеші сияқты өнер адамдарының бәрі белсене ат салысатын ұжымдық тәрбие ісін жүргізушілер болып келгені көпке аян. Әсіресе, ақын, жырау, термешілердің өлең, жыр, дастан, терме, толғауларының мазмұнына ой жүгіртсек, онда дидактикалық ақыл-нақыл, өсиет-өнегенің тұнып тұрғанын байқаймыз.

С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбековалардың «Этнопедагогика» кітабында қазақ халқының ұлттық даралығы ой толғаныс қазынасында (ұлттық психологиясында) ұрпақ тәрбиелеу тәсілдері (этнопедагогика) мен салт-дәстүр ерекшелігінде (этнографиясында), ал қазақ халқының психологиялық ой толғаныс ерекшелігін сөз етсек, ол – тұспалдап, мақалдап, мақамдап, тақпақтап сөйлеу, жыр, терме, толғау, айтыс өнері арқылы көзге

көріну дейді [7, 69-71]. Міне, осы халық ауызекі шығармашылығының өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы мен қажеттілігін айқындайды.

Тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық ауызекі шығармашылығының аумағы кеңейе түседі, оған: ертегілер, жырлар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал-мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, ұлттық ойындар мен ойыншықтар жатады.

Халық ауызекі шығармашылығының ішіндегі ең маңыздысының бірі – ертегілер, ол баланы қызықтырады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытып, жан-дүниесін, мінез-құлқын қалыптастырады, дарын нышандарын өрнектейді. Қазақ ертегілерінің бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктері туралы ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин де айтып өткен.

Ол балаларды ауызекі шығармашылықты (ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, т.б.) қадірлеуге, ондағы халықтың басынан өткен қилы-қилы тарихи кезеңдерге әділ баға бере білуге үйретті, оны ерекше әсермен, жоғары эстетикалық сезіммен қабылдауға баулыды.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енгізген ауыз әдебиетінен жинаған материалдарың мазмұны танымдық, адамгершілік, өнегелік және ақылгөйлік сипатта болды, бұлардың балалардың жоғары эстетикалық талғамының жан-жақты қалыптасып, дамуындағы, әдемілікті түсіне білуге, нағыз сұлулықты сыртқы жылтырақтардан ажырата білуге тәрбиелеудегі мәні зор.

Ертегі қолданудың мақсаты – баланың ішкі дүниесінің тереңдігін ашу, ой жүйесін дамыту, онда келесі көрсеткіштерге мән беріледі:

- ертегілерде оны айту нақтығы;
- басты кейіпкерлердің іс-әрекеттерін сипаттау.

Ертегі балалардың рухани өміріне өте қажетті элементтердің бірі, сиқырлы және әдемі ертегілер әлеміне кіре отыра балалар өздерінің ішкі жан дүниесіне көңіл аударады, ол өсіп келеді, сондықтан оның ішінде толған эмоция болады. Ертегі ішкі жан дүниені қозғалысқа келтіреді және ол өте маңызды, ол балаларға ішкі жан дүниенің махаббатына, білімге, әділеттіліке жол көрсетеді. Ертегіні тындай отыра бала әр түрлі кейіпкерлермен таныса отыра сол ертегінің әлеміне кіріп кетеді, ал содан кейін ол осы өмірге қайта оралғанда өз өзін еркін ұстап, сенімді болуға тырысады, ол өз өзіне және де өмірдің қиыншылықтарына төзе біледі. Ертегі әлемі балалардың қиялының жоғары деңгейде болуын, олардың өз өзін еркін ұстауын, ешқандай қорқынышсыз импровизация жасауына талап етеді.

Келесі батырлар жыры мен лирикалық дастандар, термелер мен өсиеттер, бесік жыры адамгершілік тәрбиесінің қуатты құралдары, ол жырлар баланы ерлікке, халқын сүюге, сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелейді, ұлттық мақтаныш сезімін тудырады. Аңыз әңгімелерге келсек, шыншылдыққа, сергектікке, елін сүйіп, еңбек етуге зұлымдықпен күресе білуге үйретеді.

Жаңылытпаштар болса, баланың тілін ширатады, олардың дүниетанымдық түрлері мен тәрбиелік нұсқалары әрі баланың тілін ширатып,

әрі ой - өрісін кеңейтеді. Жұмбақтар мен жұмбақ айтыстар баланың ойын, қиялын шарықтатып, қисындық пайымдау қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды. Санамақтар баланың ойлау жүйесін жетілдіріп, оның сюжеті нұсқаларға тапқырлық танытуға құштар етеді, дүниетанымдық мәнде құрылған санамақтар балғын жастың тапқырлық қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Мазақтамалық уытымен баланың басындағы кемшіліктерді көрсетіп, сергектікке тәрбиелейді, дегенмен, ертеде құрылған мазақтамалардың анайы түрлері де болған, халықтың мәдениеті өскен сайын, ауыз әдебиетінің бұл түрі сыпайы сын, әдемі әзіл түрінде құрылып жүр.

Қазақ халық ауызекі шығармашылығының бір саласы мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады.Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде қалыптасқан ой-пікірлерде мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймайтыны байқалады делінген. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешіліктері бар .Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Қандай мақалды алсақ та, оның шығуында үлкен уақиға, мәнді әңгіме себеп болған. Мақалдар халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне, еңбегі мен тәжірибесіне байланысты туғандықтан, оның тақырыбы да орасан көп: өнер-білім, ақыл туралы; ынтымақ-бірлік жайындағы; адамгершілік-сыйластық жайында; ел мен жер жайлы; адамның мінез-құлқы жайындағы;денсаулық турасындағы; еңбек туралы; әділдік туралы;жақсы мен жаман туралы; барлық пен жоқтық турасындағы; отбасы туралы; сөз өнері, тіл жөніндегі және т.б. Қазіргі жазбаларда сақталған осындай мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен, әрі көлемділігімен құнды және ұлттық тәрбиеде айрықша маңызды болмақ.

Мақаланы жазуда зерттеу бойынша міндеттер шешімін табу үшін келесі әдістер алынды: этнопедагогикалық, педагогикалық әдебиеттерді теориялық тұрғыда талдау; білім беру бағдарламаларын, нормативтік-құқықтық құжаттарды, осы мәселемен айналысып жүрген педагогтардың тәжірибелерін жинақтап қорыту; талдау, жинақтау.

Нәтижелер. Бүгінгі таңда жас ұрпақты халықтың мәдени мұрасы, соның ішінде халықтың ауызекі шығармашылығы арқылы тәрбиелеу жаңа қоғамның сұранысынан, талабынан туындап отыр.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау халық ауызекі шығармашылығының мазмұндық сипатын ашуға мүмкіндік берді. Халықауызекі шығармашылығы түрлерінің балаларды тәрбиелеудегі мазмұны

мен өзіндік ерекшеліктерінің, қызметтерінің сипатталуы, олардың балаларды тәрбиелеудегі қолдану мүмкіндіктерін арттыра түсті деп ойлаймыз.

Халық ауызекі шығармашылығының түрлері – балаларды тәрбиелеудің тиімді құралы болып саналады, олардың мүмкіндігі жоғары: өйткені олар балалардың адами қасиеттерін, эстетикалық талғамын, қалыптастырады, эмоционалдық сезімін дамытып, дүниетанымын жетілдіреді және т.б.

Қорытындылар. Сонымен, бөлімді түйіндесек, халық ауызекі шығармашылығы тәлім - тәрбиелік ой-пікірдің бастауы, халықтың рухани мұрасы. Әр өсіп келе жатқан өскелең жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасып дамуында өзі күнбе-күн сезінетін, еститін, көретін заттары құбылыстары, оқиғалары үлкен орын алады, әлбетте соның ең негізгісі, ол халық педагогика құралдары болып табылады деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз-ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтелдері, өлең-жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазына. Демек, халық ауызекі шығармашылығын жас ұрпақты тәрбиелеуде, пайдалану мазмұндық тұрғыдан білім көздерінің маңыздысы және қажеттісі болып табылады. Сондықтан оларды ғылыми негізде жасалған әдістемелік құралдар және білім беру ұйымдарының іс-тәжірибесінде әдістемемен қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі болуы керек деп ойлаймыз.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. ҚР Білім туралы заңы.- Астана: Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ, 2011.24.10. *Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.*

2. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. 2009.16.11. №521 бұйрығымен Білім және ғылым министрлігі бекіткен. – Астана, 2009.

3. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.

4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы, 1976.

5.Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. - Алматы, 1998.

6.Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасын оқыту әдістемесі. - Алматы, 2011.

7.Қалиев С. Этнопедагогика. – Алматы, 2014.

МРНТИ 05.01.11

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК ФАКТОР ЦИФРОВОЙ РАДИКАЛИЗАЦИИ: ИССЛЕДОВАНИЕ ВОСПРИЯТИЯ AI-КОНТЕНТА СТУДЕНТАМИ КАЗАХСТАНА

Жукешева Ж.Д., кандидат психологических наук, ассоциированный профессор; **Сванқұл Т.Т.**, студент 3 курса, ОП 6В03103 – Психология, Международный Университет Астана, Астана, Казахстан.
temirrrlansv@gmail.com

Аннотация. Исследование посвящено анализу взаимосвязи между уровнем медиаграмотности, доверием к ИИ-генерированному контенту и эмоционально-когнитивными реакциями у студенческой молодежи Казахстана. Актуальность работы обусловлена стремительным распространением технологий искусственного интеллекта (deepfake, синтез речи), которые создают новые каналы для цифровой радикализации, при этом психологические механизмы восприятия такого контента остаются малоизученными в центральноазиатском контексте. Теоретическая база включает модель двойственной обработки информации (Канеман), концепции эмоционального заражения и когнитивных искажений (иллюзия правды, эффект знакомости), а также современные исследования медиаграмотности. Предполагается, что высокий уровень медиаграмотности снижает доверие к ИИ-контенту радикальной направленности, а восприятие такого контента сопровождается диссоциацией между интенсивным эмоциональным откликом и сниженной когнитивной критичностью. Работа подчеркивает роль целенаправленных интервенций по повышению цифровой грамотности в минимизации рисков деструктивного воздействия AI-технологий.

Ключевые слова: искусственный интеллект, deepfake, медиаграмотность, радикализация, доверие к информации, студенческая молодежь, когнитивные искажения.

Выводы. В результате опроса, анализа данных и последних событий выяснилось, что большая часть студентов подвержены риску в интеллектуальном и когнитивном развитии как личности, так и будущих специалистов. Несмотря на это, всегда существует возможность урегулировать применение искусственного интеллекта учащимися, внедрять инновационные ИИ-технологий в образовательной среде с учетом данных рисков и угроз, включая социальную работу преподавателей с учащимися и других уполномоченных лиц ответственных за это. Крайне рекомендуется учесть методики борьбы с не соблюдением академической честности, внедрение этики и внутренних правил пользования искусственным интеллектом у развитых западных стран, с поддержкой Министерством искусственного интеллекта и цифрового развития РК, взять во внимание процессы реформ образовательной системы в Каазахстане, с наличием методологической и этической базы в применении искусственного интеллекта, избегая всех возможных рисков и угроз.

Список использованных источников:

1. Ущеко А.В. магистр кафедры информатики Российский государственный университет им И.М. Губкина «Применение искусственный интеллекта для обеспечения адаптивности образования» июнь 2023 г. 865 с. https://cyberleninka.ru/article/n/iskusstvennyy-intellekt-v-obrazovanii-primenenie-iskusstvennogo-intellekta-dlya-obespecheniya-adaptivnosti-obrazovaniya/viewer.

2. Статья «Обзор применения ИИ в образовании с 2010 по 2020 год» https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1155/2021/8812542.

3. https://energyprom.kz/articles-ru/industries-ru/kazhdyj-shestoj-rabotnik-v-mire-uzhe-ispolzuet-ii-v-kazahstane-kazhdyj-sedmoj/

4. Проект «Ваш мозг на ChatGPT» https://www.media.mit.edu/projects/your-brain-on-chatgpt/overview/?utm_source=in_materials.

5. Послание Президента РК 2025 https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-kazahstan-v-epohu-iskusstvennogo-intellekta-aktualnye-zadachi-i-ih-resheniya-cherez-cifrovuyu-transformaciyu-885145

6. Опрос студентов https://docs.google.com/forms/d/1aoRxPT0_tuy73MnOF1h8sRlnrH6X-Qst7SYh2Nz4rQc/edit#response

МРНТИ 15.41

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ПРОБЛЕМЕ СОЦИАЛЬНОГО СРАВНЕНИЯ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ И ЕГО ВЛИЯНИЯ НА САМООЦЕНКУ МОЛОДЫХ ВЗРОСЛЫХ

Кәкімжан С.А., магистрант 1 курса ОП 7М03132 Консультативная психология**,** MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY, Астана, Казахстан
s_kakimzhan@mnu.kz

Аннотация. В современном мире социальные сети формируют особую цифровую среду, онлайн-пространство, значительно влияющие на социальное взаимодействие. Постоянно поступающая в виде цифрового контента информация часто сопровождается элементами оценки и сравнения. Одним из ключевых психологических механизмов, проявляющихся в этой среде, является социальное сравнение - процесс сопоставления себя с другими людьми. В цифровой среде он приобретает особую интенсивность, поскольку пользователи ежедневно сталкиваются с идеализированными образами жизни и внешности. Это оказывает значительное влияние на самооценку современных молодых взрослых, находящихся на этапе формирования личностной идентичности и жизненных ориентиров. Именно поэтому, изучение влияния социального сравнения в цифровой среде, является актуальным для современной психологии. Целью исследования является является теоретическое осмысление теоретических и эмпирических исследований, посвящённых взаимосвязи социального сравнения в социальных сетях и самооценки. Результаты исследования показывают, что классические и современные теоретические подходы подтверждают влияние цифровой среды на психологическое благополучие молодых взрослых, опосредуя воздействие через механизмы социального сравнения.

Ключевые слова: социальное сравнение; социальные сети; самооценка; инфлюенсеры; психологическое благополучие.

Введение. Актуальность изучения социального сравнения в цифровой среде и его влияния на самооценку, обусловлена необходимостью более глубокого понимания его механизмов и последствий для самооценки молодых взрослых. В условиях цифровой трансформации современного общества социальные сети стали важной частью повседневной жизни. Особенно это заметно среди молодых взрослых. Для них онлайн-пространство является одной из основных сред общения, самовыражения и социальной оценки. Молодые взрослые представляют особую группу риска в данном контексте, поскольку период ранней взрослости связан с активным формированием идентичности и устойчивых представлений о себе. Воздействие цифровых платформ в этот период может оказывать как поддерживающее, так и

деструктивное влияние на самооценку, психологическое благополучие и уровень удовлетворённости жизнью.

Материалы и методы. В рамках данного исследования использован комплекс общенаучных (анализ и синтез, сравнение, обобщение и систематизация научных данных); и *теоретических* методов (анализ и обобщение научной литературы по проблеме исследования; сравнительный анализ различных теоретических подходов; систематизация и интерпретация полученных данных), направленных на всесторонний анализ влияния социального сравнения в цифровой среде на самооценку молодых взрослых.

Материалами исследования послужили научные публикации современных исследователей, посвящённые проблематике социального сравнения, самооценки и влияния цифровой среды на психологическое благополучие личности. В анализ были включены статьи из рецензируемых журналов, монографии, а также результаты современных эмпирических исследований, рассматривающих особенности использования социальных сетей молодыми взрослыми.

Результаты. Одним из ключевых психологических процессов, усиливающихся в цифровой среде, является социальное сравнение. Теория социального сравнения была выдвинута в 1954 году Леоном Фестингером. Согласно данной теории, индивиды склонны оценивать собственные способности, достижения и личностные качества через сопоставление с другими людьми, особенно в условиях неопределённости. Л. Фестингер ввёл базовое понятие сравнения как способа оценки своих способностей и мнений относительно других, и выделял *восходящее* (сравнение с теми, кто превосходит (часто приводит к зависти или мотивации); *нисходящее* (сравнение с теми, кто в худшем положении (обычно повышает самооценку) типы сравнения [1]. Данная теория оказала существенное влияние на развитие социальной психологии и способствовала разработке на ее основе множества последующих исследований.

Современные исследования расширяют эту концепцию, фокусируясь на цифровой среде, где социальное сравнение приобретает новые особенности.

Особый интерес представляют исследования, раскрывающие связь между использованием социальных сетей и психологическим благополучием молодых взрослых. В частности, в работе *Луп К., Труб Л., Розенталь Л.* «Instagram #instasad?: изучение связи между использованием Instagram, депрессивными симптомами, негативным социальным сравнением и подписками на незнакомцев» (2015) [2] анализируется связь между использованием платформы Instagram и депрессивными симптомами. В исследовании *Бранденберг Г., Озимек П., Бирхофф Х. В., Янкер К.* «Использование социальных сетей, социальное сравнение и депрессия» (2018) [3] рассматривается влияние использования социальных сетей на психическое здоровье, в частности на депрессивные симптомы. Авторы считают, что чем больше человек «сравнивает себя с другими» в соцсетях, тем выше вероятность ухудшения настроения и депрессивных симптомов. *Сисодия Р.* в

своем исследованиии «Связь использования социальных сетей и психологического благополучия молодых взрослых» (International Journal of Interdisciplinary Approaches in Psychology, 2024) [4] анализирует связь между использованием социальных сетей и психологическим благополучием молодых взрослых. В нём участвовали 93 человека, которым измеряли, как часто они используют соцсети и каково их психическое состояние. В результате исследования, Сисодия Р. отмечает необходимость осознанного и ответственного использования социальных сетей, чтобы усиливать их положительные эффекты и снижать вред от негативного контента. *Аджевуми О.Е.* и др. (2024) в работе «Влияние использования социальных сетей на психическое здоровье и благополучие» (The impact of social media on mental health and well being (2024) [5] анализируют комплексное влияние цифровой среды на психологическое состояние пользователей, особенно молодёжи. По мнению авторов, что социальные сети могут иметь как положительные, так и отрицательные эффекты. Автор утвержает, что соцсети - это двойственный феномен: они могут улучшать психологическое состояние благодаря поддержанию связей, но при частом негативном сравнении себя с другими пользователями - способствовать ухудшению психического здоровья.

Отдельную группу составляют исследования, посвящённые *интенсивности использования социальных сетей и особенностям отдельных платформ*, прежде всего Instagram. В работе *Йохар Н. Х. М., Хасбуллах М*. «Интенсивность использования Instagram, социальное сравнение и самооценка среди студентов университетов Klang Valley» [6] исследуют, как интенсивность использования Instagram влияет на самооценку молодых взрослых через механизм социального сравнения. По мнению авторов, чем активнее использование Instagram, тем выше вероятность, что пользователи будут сравнивать себя с другими: чем чаще сравнивают себя с другими, тем сильнее влияние на самооценку. Негативное социальное сравнение связано с сниженной самооценкой. Положительные стороны: умеренное и осознанное использование соцсетей может поддерживать чувство принадлежности и социальные связи, не влияя отрицательно на самооценку.

В целом, результаты данных исследований показывают, что активность в социальных медиа связана с изменениями эмоционального состояния пользователей, включая как краткосрочные, так и устойчивые эффекты. При этом подчёркивается, что влияние социальных сетей носит опосредованный характер и реализуется через ряд психологических механизмов, в том числе, социальное сравнение. Это подтверждается рядом исследований, в которых данный процесс рассматривается как центральный механизм влияния:

Исследование П. Стэплтон, Г. Луиз, Х. Чатвин «Поколение валидации: роль социального сравнения в использовании Instagram среди молодых взрослых» (2017) [7] показывает, что использование Instagram у молодых взрослых тесно связано с социальным сравнением - люди сравнивают себя с другими по внешности, образу жизни и успеху. Это сравнение часто ведёт к поиску одобрения («лайков», комментариев), что авторы называют

«валидацией». Авторы считают, что в целом: Instagram усиливает потребность в одобрении через постоянное сравнение себя с другими, что может негативно влиять на психологическое состояние. В исследовании Шмук Д., Карсай К., Маттес Й., Стевич А. «Смотря вверх - чувствуя себя хуже: влияние использования мобильных социальных сетей на восходящее социальное сравнение, самооценку и благополучие» (2019) [8], утверждается, что использование мобильных соцсетей (например, Instagram, Facebook) усиливает восходящее социальное сравнение - то есть люди чаще сравнивают себя с более успешными, привлекательными или счастливыми другими. Эти сравнения снижают самооценку и ухудшают общее психологическое благополучие (настроение, удовлетворённость жизнью). Джин Кюн Ли (2020) также исследуя социальное сравнение и самооценку в соцсетях, отмечает, что склонность сравнивать себя с другими в соцсетях снижает психологическое благополучие, что в итоге усиливает негативные эмоции и ухудшает общее состояние человека [9]. Обри Р., Кьямзаде А., Мейер Л. в исследовании «Депрессивные симптомы и восходящие социальные сравнения при использовании Instagram: порочный круг» (2024) описывают «порочный круг»: использование Instagram → восходящее сравнение → усиление депрессивных симптомов → ещё больше сравнения. Этот цикл поддерживает и усиливает негативное психологическое состояние [10].

Связь *социального сравнения с психологическим состоянием пользователей* подробно рассматривается в работах Цзян и Нгиен (2020) и Абделлатиф (2022). В исследовании Цзян С. и Нгиен А. «Влияние использования Instagram, социального сравнения и самооценки на социальную тревожность: опросное исследование в Сингапуре» показано, что активное социальное сравнение связано с повышением уровня социальной тревожности и снижением самооценки [11]. Абделлатиф М. В статье «Влияние социальных сетей на удовлетворённость жизнью: медиирующая роль социального сравнения, зависти и самооценки» подчеркивает роль зависти как ключевого эмоционального механизма. В целом, указанные исследования установили, что выраженное социальное сравнение связано с ухудшением эмоционального состояния и снижением субъективного благополучия [12].

Отдельные исследования рассматривают *влияние инфлюенсеров*. В частности, Рютер Л., Яхн Дж., Маркстейнер Т. «Влияние контента социальных медиа-инфлюенсеров на самооценку и роль процессов социального сравнения и устойчивости» (2023) считают, что взаимодействие с контентом инфлюенсеров усиливает восходящее социальное сравнение. Авторы показывают, что контент инфлюенсеров запускает процессы социального сравнения, которые снижают самооценку у пользователей [13]. Корович М. («Инфлюенсеры в социальных сетях, материализм и самооценка», 2022) исследуя влияние инфлюенсеров в социальных медиа, материализма и самооценки, подчеркивает связь инфлюенсерского контента с формированием материалистических установок [14].

Значимая роль *самопрезентации* в социальных сетях рассматривается в работе Гош «Вовлечённость в социальные сети, навязчивая самопрезентация в сети и их взаимосвязь с самооценкой - исследование, относящееся к городскому образу жизни» (2022). Автор исследует, как активное участие в социальных сетях и навязчивая самопрезентация взаимосвязаны с самооценкой у городской популяции [15].

В ряде исследований, рассматривается *материализм* как медиатор между воздействием социальных сетей и самооценкой: чем сильнее ориентация на материальные ценности, тем более выраженными становятся негативные психологические последствия социальных сравнений. В частности, Макколл в исследовании «Использование Instagram, материализм и самооценка: роль социального сравнения» (2020) анализирует влияние визуального контента и материальных ценностей, *материализма как ценностной ориентации*, которая выступает важным фактором в процессах социального сравнения и формировании самооценки в цифровой среде [16]. В работе Хван Х. и Чон Дж. «Гламурный мир: как использование Instagram связано с оценкой обеспеченности, материализмом и самооценкой» [17]. Наим Р., Али С. Б., Эхсан Дж., Абдуллах М., & Фаруки С. (2024), исследуя влияние материалистических Instagram Reels на психологический дистресс, самооценку и удовлетворённость жизнью среди молодых взрослых, с использованием регрессионного анализа показали, что высокая выраженность материалистических ценностей напрямую связана с повышением психологического дистресса и снижением самооценки у молодых взрослых. Исследование выявило, что социальные сети усиливают материализм через демонстрацию успешного потребления, роскошных товаров, путешествий и статуса инфлюенсеров, создавая идеализированные стандарты «успешной жизни» [18]. В совокупности эти исследования подчёркивают, что ценностные ориентации, формируемые в цифровой среде, являются ключевым механизмом влияния социальных сетей на психологическое благополучие молодых взрослых.

Методологически большинство рассмотренных исследований основаны на количественных подходах, включая корреляционный, регрессионный и медиаторный анализ. В ряде работ используется шкала самооценки Розенберга, что обеспечивает сопоставимость результатов и повышает надёжность выводов. Несмотря на преобладание данных о негативном влиянии социального сравнения, ряд исследований указывает на его амбивалентный характер (двойственную природу). Так, если одни исследователи отмечают, что социальное сравнение может выполнять мотивационную функцию, то другие отмечают формирование «замкнутого круга», при котором социальное сравнение усиливает депрессию, а она, в свою очередь, повышает склонность к дальнейшему сравнению.

Выводы. Анализ теоретических подходов позволяет утверждать, что социальное сравнение выступает центральным механизмом. Именно через него социальные сети влияют на самооценку молодых взрослых.

Во-первых, многочисленные исследования подтверждают, что социальные сети усиливают частоту и интенсивность социального сравнения по сравнению с офлайн-средой. Это связано с постоянным доступом к контенту, отражающему «идеализированные» версии жизни других пользователей. В результате формируется среда, в которой индивид регулярно сопоставляет себя с более успешными, привлекательными или социально одобряемыми образами.

Во-вторых, установлено, что преобладающим типом сравнения в социальных сетях является восходящее социальное сравнение (upward comparison), при котором пользователь сравнивает себя с более успешными другими. Данный тип сравнения статистически значимо связан со снижением самооценки, удовлетворенности собой и субъективного благополучия. Исследования показывают, что контраст между «реальным Я» и «идеальным Я», представленным в цифровой среде, усиливает чувство несоответствия и неудовлетворенности собой .

В-третьих, эмпирические данные свидетельствуют о том, что визуально ориентированные платформы и культура самопрезентации (лайки, комментарии, подписчики) усиливают значимость внешней оценки. Зависимость от социальной обратной связи (например, количества лайков) коррелирует с колебаниями самооценки и формированием более хрупкой, зависимой от внешних факторов самооценки.

В-четвертых, результаты исследований подчеркивают медиирующую роль социального сравнения: влияние социальных сетей на самооценку не является прямым, а реализуется через когнитивные процессы интерпретации и сопоставления себя с другими. Это подтверждается систематическими обзорами, где социальное сравнение рассматривается как центральный психологический механизм, связывающий использование социальных сетей и снижение самооценки.

В-пятых, выявлены индивидуальные различия в чувствительности к социальному сравнению. Молодые взрослые, находящиеся на этапе формирования идентичности, демонстрируют повышенную уязвимость к влиянию цифровых сравнений, особенно в контексте профессиональных достижений, внешности и социального статуса.

Наконец, исследования также показывают двойственный характер влияния социальных сетей. С одной стороны, они могут снижать самооценку через механизмы сравнения; с другой - обеспечивать социальную поддержку, снижать чувство одиночества и способствовать формированию идентичности при позитивном взаимодействии.

Таким образом, результаты современных исследований позволяют сделать следующие выводы:

- социальное сравнение является ключевым механизмом влияния социальных сетей на самооценку;

- восходящее сравнение преобладает и связано с негативными последствиями для самооценки;

- эффект усиливается за счет идеализированного контента и культуры самопрезентации;

- влияние социальных сетей опосредовано когнитивными процессами интерпретации;

- молодые взрослые являются уязвимой группой;

- влияние социальных сетей носит амбивалентный характер.

Данные выводы подтверждают значимость учета феномена социального сравнения при анализе психологических последствий цифровой социализации и подчеркивают необходимость дальнейших исследований в данной области.

Список использованных источников

1. Фестингер Л. Теория процессов социального сравнения//Human Relations. 1954. Т. 7, № 2. С. 117–140.

2. Луп К., Труб Л., Розенталь Л. Instagram #instasad?: изучение связи между использованием Instagram, депрессивными симптомами, негативным социальным сравнением и подписками на незнакомцев// Cyberpsychology, Behavior, and Social Networking. 2015. Т. 18, № 5. С. 247-252.

3. Бранденберг Г., Озимек П., Бирхофф Х. В., Янкер К. Использование социальных сетей, социальное сравнение и депрессия//Journal of Affective Disorders. 2018. Т. 235. С. 308-314.

4. Сисодия Р. Связь использования социальных сетей и психологического благополучия молодых взрослых//International Journal of Interdisciplinary Approaches in Psychology. 2024. Vol. 2 № 4. С. 1531-1543.

5. Аджевуми О. Э., Магбагбеола В. И., Калу О. К., Ада Айк Р., Фоладжими О., Омолола К. Влияние использования социальных сетей на психическое здоровье и благополучие//World Journal of Advanced Research and Reviews, 2024, том 24, № 1, с. 107-121.

6. Йохар Н. Х. М., Хасбуллах М. Интенсивность использования Instagram, социальное сравнение и самооценка среди студентов университетов Klang Valley//International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences. 2024. Т. 14, № 8. С. 2815–2829. DOI: 10.6007/IJARBSS/v14-i8/22410.

7. Стэплтон П., Луиз Г., Чатвин Х. Поколение валидации: роль социального сравнения в использовании Instagram среди молодых взрослых// Cyberpsychology, Behavior, and Social Networking. 2017. Т. 20, № 3. С. 142-149. DOI: 10.1089/cyber.2016.0444

8. Шмук Д., Карсай К., Маттес Й., Стевич А. «Смотря вверх - чувствуя себя хуже: влияние использования мобильных социальных сетей на восходящее социальное сравнение, самооценку и благополучие»//New Media & Society. 2019. Vol. 21, No. 5. Pp. 1024–1043//DOI: 10.1016/j.tele.2019.101240

9. Ли Д.К. «Влияние склонности к социальному сравнению в социальных сетях на психологическое благополучие: последовательная медиация воспринимаемой социальной поддержки и самооценки»//Current Psychology. 2022. Vol.41, No.9. Pp. 6247-6259. DOI: 10.1007/s12144-020-01114-3

10. Обри Р., Кьямзаде А., Мейер Л. Депрессивные симптомы и восходящие социальные сравнения при использовании Instagram: порочный круг//Personality and Individual Differences. 2024. Т. 217. DOI: 10.1016/j.paid.2023.112458.

11. Цзян С., Нгиен А. «Влияние использования Instagram, социального сравнения и самооценки на социальную тревожность: опросное исследование в Сингапуре»//Social Media + Society. 2020. Vol.6, No.2. DOI: 10.1177/2056305120912488.

12. Абделлатиф М. Влияние социальных сетей на удовлетворённость жизнью: медиирующая роль социального сравнения, зависти и самооценки // Information Sciences Letters 2022. DOI: 10.18576/isl/110536.

13. Рютер, Л., Яхн, Дж., Маркстейнер, Т. Влияние контента социальных медиа-инфлюенсеров на самооценку и роль процессов социального сравнения и устойчивости//Frontiers in Psychology. 2023. Vol. 14:1216195. DOI: 10.3389/fpsyg.2023.1216195.

14. Корович М. «Инфлюенсеры в социальных сетях, материализм и самооценка»//Магистерская/дипломная работа. 2022. Tilburg University, Нидерланды. arno.uvt.nl.

15. Гош С. Вовлечённость в социальные сети, навязчивая самопрезентация в сети и их взаимосвязь с самооценкой - исследование, относящееся к городскому образу жизни //DOI: 10.53908/NMMR.300505.

16. Макколл Э. Использование Instagram, материализм и самооценка: роль социального сравнения. 2020.

17. Хван Х., Чон, Дж. Гламурный мир: как использование Instagram связано с оценкой обеспеченности, материализмом и самооценкой//DOI: 10.1504/IJMC.2020.109979

18. Наим Р., Али С. Б., Эхсан Дж., Абдуллах М., & Фаруки С. Влияние материалистических Instagram Reels на психологический дистресс, самооценку и удовлетворённость жизнью среди молодых взрослых//International Journal of Trends and Innovations in Business & Social Sciences. 2024. Т. 2, № 4. С. 512–521. DOI: 10.48112/tibss.v2i4.967.

ҒТАМА 74.00.00

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕФЕКЦИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Келмагамбетова М.Т., 7М0301 “ Бастауыш білім беру педагогикасы” білім беру бағдарламасының 2- курс магистранты, Шохан Уәлиханов атындағы Көкшетау Университеті
monti_95.11@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілеттерін дамытудың педагогикалық және дидактикалық шарттары қарастырылады. Рефлексия ұғымының мәні, оның оқу үдерісіндегі рөлі және метатанымдық қабілеттермен байланысы талданады. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес рефлексияны ұйымдастыру жолдары сипатталады. Сонымен қатар, рефлексияны дамытуға бағытталған тиімді әдістер мен стратегиялар ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде рефлексия оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, өзіндік бақылау мен бағалау дағдыларын қалыптастыруға, сыни ойлауын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Түйін сөздер: рефлексия, бастауыш сынып, метатаным, педагогикалық шарттар, дидактикалық шарттар, оқу мотивациясы.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді. Білім алушы тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны саралай алатын, талдайтын, өз іс-әрекетін бағалайтын тұлға ретінде қалыптасуы тиіс. Осы тұрғыда рефлексиялық қабілеттерді дамыту – білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Рефлексия ұғымы білім алушының өз оқу әрекетін түсінуі, талдауы, бағалауы және оны жетілдіру жолдарын айқындауы ретінде қарастырылады. Әсіресе бастауыш сынып кезеңінде бұл қабілеттерді дамыту оқушының әрі қарайғы оқу жетістігінің негізін қалайды.

Рефлексия – адамның өз ойлау үдерісіне, әрекетіне және нәтижесіне бағытталған ішкі талдау. Психологиялық тұрғыдан рефлексия метатанымдық қабілеттердің құрамына кіреді. Яғни, адам «қалай ойлаймын?», «қалай үйренемін?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Педагогикада рефлексия келесі қызметтерді атқарады:

- диагностикалық (өз білім деңгейін анықтау);
- реттеушілік (оқу әрекетін түзету);
- дамытушылық (ойлау қабілетін жетілдіру);
- мотивациялық (оқуға қызығушылықты арттыру).

Ғалымдар рефлексияны үш негізгі түрге бөледі:

1. Ағымдағы рефлексия – тапсырманы орындау барысында жүзеге асады;

2. Қорытынды рефлексия – сабақ соңында жүргізіледі;

3. Болашаққа бағытталған рефлексия – келесі әрекетті жоспарлауға көмектеседі.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері рефлексияны ұйымдастыру тәсілдеріне тікелей әсер етеді. Біріншіден, бұл жастағы балалардың ойлауы көрнекі-бейнелік сипатта болады. Сондықтан рефлексия да нақты әрекеттер мен тәжірибеге негізделуі тиіс. Екіншіден, эмоциялық қабылдау басым. Балалар көбінесе өз әрекетін эмоция арқылы бағалайды: «қызық болды», «қиын болды», «ұнады». Үшіншіден, өзіндік бағалау әлі толық қалыптаспаған, сондықтан олар мұғалімнің бағасына тәуелді болады. Төртіншіден, тілдік қордың шектеулі болуы күрделі ойларды жеткізуге қиындық туғызады. Осы ерекшеліктерді ескеру рефлексиялық қабілеттерді тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Рефлексиялық қабілеттерді дамытудың педагогикалық шарттары:

1. Оқушы тұлғасына бағытталған оқыту

Рефлексияны дамыту үшін оқушы оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болуы тиіс. Мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, бағыттаушы рөлін атқарады.

Оқушы:

- өз пікірін айтуға;
- таңдау жасауға;
- шешім қабылдауға;
- өз әрекетін бағалауға қатысуы қажет.

2. Ынталандырушы және қолдаушы орта құру

Сыныптағы психологиялық ахуал өте маңызды. Егер оқушы өз ойын еркін жеткізе алмаса, рефлексия жүзеге аспайды.

Мұғалім:

- қателікті жазалау емес, талдау нысаны ретінде қарастыруы;
- әр жауапты құнды деп қабылдауы;
- оқушыны қолдауы қажет.

3. Мұғалімнің рефлексиялық мәдениеті

Мұғалімнің өзі рефлексия жасай алуы – негізгі шарттардың бірі. Ол өз сабағын талдап, әдістерін жетілдіріп отыруы тиіс.

Мысалы:

- «Бұл әдіс тиімді болды ма?»
- «Оқушылар қай жерде қиналды?»
- «Келесіде нені өзгерту керек?»

Бұл үлгі оқушыларға да беріледі.

Рефлексиялық қабілеттерді дамытудың дидактикалық шарттары:

1. Рефлексияны сабақ құрылымына енгізу

Рефлексия кездейсоқ емес, жоспарлы түрде ұйымдастырылуы тиіс:

- сабақ басында – мақсат қою;

- сабақ ортасында – өзін тексеру;
- сабақ соңында – қорытынды жасау.

2. Арнайы әдістер мен стратегияларды қолдану

Бастауыш сыныпта тиімді әдістер:

- «Бағдаршам»
- «Смайлик» әдісі
- «Екі жұлдыз, бір тілек»
- «Бес саусақ»
- «INSERT» әдісі

Бұл әдістер оқушының белсенділігін арттырады.

3. Сұрақ қою арқылы ойлауды дамыту

Рефлексиялық сұрақтар оқушыны терең ойлануға жетелейді:

- Мен не үйрендім?
- Маған не қиын болды?
- Мен бұл қиындықты қалай жеңдім?
- Келесіде не істеймін?

4. Өзіндік және өзара бағалау

Бағалау критерийлері алдын ала анықталуы керек. Бұл оқушыларға өз жұмысын әділ бағалауға көмектеседі.

Өзара бағалау:

- коммуникативтік дағдыларды дамытады;
- сыни ойлауды қалыптастырады;
- жауапкершілікті арттырады.

5. Көрнекілік және ойын элементтерін қолдану

Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын – негізгі әрекет түрі. Сондықтан:

- карточкалар;
- суреттер;
- рөлдік ойындар;
- интерактивті тапсырмалар

рефлексияны тиімді етеді.

Рефлексияны дамытуға арналған практикалық әдістер.

Рефлексияны дамытуға арналған практикалық әдістер тәжірибеде жиі қолданылады. Солардың бірі – кері байланыс күнделігі, онда оқушы күн сайын не үйренгенін жазып отырады. Эссе жазу әдісі арқылы оқушы қысқа мәтін түрінде өз ойын жеткізеді. «Аяқталмаған сөйлем» әдісінде «Бүгін мен білдім...», «Маған қиын болды...», «Мен келесіде...» сияқты сөйлемдерді жалғастыру арқылы өз оқу тәжірибесін саралайды. Сондай-ақ портфолио жинақтау әдісі оқушыға өз жетістіктерін бақылап, даму динамикасын көруге мүмкіндік береді. Рефлексия ұғымы метатаным түсінігімен тығыз байланысты. Метатаным – адамның өз танымдық үдерістерін бақылауы және реттеуі, яғни оқушы тек білім алып қана қоймай, өзінің қалай оқитынын да түсінеді. Метатанымдық қабілеттердің құрамына жоспарлау, бақылау және бағалау кіреді.

Бастауыш сыныпта бұл дағдылар қарапайым деңгейде қалыптаса бастайды. Мысалы, оқушы тапсырманы орындамас бұрын «Мен мұны қалай орындаймын?» деп ойланса, бұл – жоспарлау. Ал орындау барысында «Мен дұрыс жасап жатырмын ба?» деп өзіне сұрақ қойса – бұл бақылау. Сабақ соңында «Мен не үйрендім?» деп ойланса – бұл бағалау кезеңі. Осылайша, рефлексия метатанымдық дағдылардың негізгі механизмі болып табылады. Сондықтан рефлексияны дамыту арқылы оқушылардың өзіндік оқу қабілетін қалыптастыруға болады.

Рефлексия оқу мотивациясын арттырудың тиімді құралдарының бірі болып саналады. Оқушы өз жетістіктерін көрген сайын, оның оқу әрекетіне деген қызығушылығы артады.

Егер оқушы:

- өзінің жетістігін байқаса;
- қиындықтарын түсінсе;
- даму динамикасын көрсе;

онда ол оқуға саналы түрде қатыса бастайды.

Рефлексия барысында оқушы өзіне мақсат қояды және сол мақсатқа жету жолдарын іздейді. Бұл ішкі мотивацияны қалыптастырады. Ал ішкі мотивация – тұрақты білім алудың негізгі факторы. Сонымен қатар, рефлексия оқушыға сәтсіздіктерді дұрыс қабылдауға үйретеді. Ол қателікті өзінің қабілетсіздігі ретінде емес, даму мүмкіндігі ретінде қарастыра бастайды.

Нәтижелер. Халықаралық білім беру тәжірибесінде рефлексия ерекше орын алады. Көптеген елдерде рефлексия оқытудың міндетті компоненті ретінде қарастырылады. Мысалы, Финляндия білім беру жүйесінде оқушылардың өзіндік бағалауына ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылар сабақ соңында өз оқу әрекеттерін талдап, мұғаліммен бірге талқылайды. АҚШ пен Ұлыбритания мектептерінде «learning journal» (оқу күнделігі) кеңінен қолданылады. Бұл әдіс арқылы оқушылар күн сайын өз ойларын жазып, оқу үдерісін саралайды. Жапонияда «lesson study» тәсілі арқылы мұғалімдер де, оқушылар да рефлексия жасайды. Сабақтан кейін талдау жүргізіліп, келесі сабаққа өзгерістер енгізіледі. Бұл тәжірибелер рефлексияның білім сапасын арттырудағы маңызды құрал екенін көрсетеді.

Рефлексияны дамыту барысында бірқатар қиындықтар кездесуі мүмкін. Біріншіден, оқушылар өз ойын толық жеткізе алмауы мүмкін. Бұл олардың тілдік қорының жеткіліксіздігімен байланысты. Екіншіден, кейбір оқушылар рефлексияны формалды түрде қабылдайды, яғни тек «ұнады», «ұнамады» деп қысқа жауап береді. Үшіншіден, уақыт тапшылығы да кедергі келтіреді. Мұғалімдер көбінесе оқу материалын үлгеруге көбірек көңіл бөліп, рефлексияға жеткілікті уақыт бөлмейді. Төртіншіден, бағалау жүйесінің дұрыс ұйымдастырылмауы да әсер етеді. Егер оқушы өз ойын айтқаны үшін сынға ұшыраса, ол рефлексиядан қашқақтайды.

Осы қиындықтарды жеңу үшін:

- жүйелі жұмыс жүргізу;
- қарапайым әдістерден бастау;

- қолдаушы орта құру қажет.

Қазіргі заманда цифрлық құралдар рефлексияны дамытуда кең мүмкіндіктер береді. Әсіресе бастауыш сыныпта визуалды және интерактивті құралдар тиімді.

Мысалы:

- онлайн сауалнамалар;
- интерактивті тақта;
- білім беру платформалары;
- мобильді қосымшалар.

Бұл құралдар оқушылардың қызығушылығын арттырып, рефлексияны ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар сабақ соңында планшет немесе телефон арқылы қысқа сұрақтарға жауап бере алады. Нәтижелер бірден көрініп, талдау жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық портфолио жасау арқылы оқушы өзінің даму динамикасын көре алады.

Рефлексия әр пәнде әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылар мәтін бойынша өз түсінігін білдіреді, кейіпкерлердің әрекетін бағалайды. Математика сабақтарында оқушылар есеп шығару тәсілдерін талдайды, қай жерде қателескенін анықтайды. Дүниетану пәнінде оқушылар өз бақылауларын сипаттайды, қорытынды жасайды. Бейнелеу өнерінде оқушылар өз жұмыстарын сипаттап, шығармашылық шешімдерін түсіндіреді. Бұл пәндік ерекшеліктерді ескеру рефлексияның тиімділігін арттырады.

Рефлексияны бағалау – күрделі үдеріс. Себебі бұл тек нәтиже емес, үдерісті де қамтиды.

Бағалау әдістері:

- бақылау;
- сұхбат;
- жазбаша жұмыстар;
- портфолио;
- өзіндік есеп беру.

Бағалау критерийлері:

- ойдың нақтылығы;
- талдау деңгейі;
- өзіндік пікірдің болуы;
- қорытынды жасай алу.

Мұғалім бағалауды тек баға қою ретінде емес, кері байланыс беру құралы ретінде қолдануы тиіс.

Жүйелі жұмыс нәтижесінде:

- оқушылардың оқу мотивациясы артады;
- өзіндік бақылау қалыптасады;
- сыни ойлау дамиды;
- жауапкершілік күшейеді;
- оқу нәтижелері жақсарады;

- тұлғалық даму жүзеге асады.

Қорытынды. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілеттерін дамыту – заманауи білім берудің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл үдеріс тиімді болуы үшін арнайы педагогикалық және дидактикалық шарттарды сақтау қажет. Рефлексия оқушының тек білімін арттырып қана қоймай, оның өзін-өзі дамытуына, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан әрбір мұғалім оқу үдерісінде рефлексияны жүйелі түрде ұйымдастыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сұлтанова, Ғ. Т. // Педегогика. Қарағанды : "Medet Group" ЖШС, 2021. – 243-246 бб.
2. Куралов Аюбай. Педагогика тарихы 2021. – 12-13 бб. https://library.qyzpu.edu.kz/lib/document/SK_ELIB/09E786BA-9C15-4737-B7CA-3B8F0FAE1EDC/
3. Қалиев С. // *Тәрбие теориясы мен әдістемесі.* – Алматы, 2015. – 24-25 бб.
4. Бекарысова Г.А. // *Бастауыш білім беру жүйесінде тәрбие жұмысының инновациялық бағыттары.* – Астана, 2021. – 12-15 бб.
5. UNESCO. // *Leisure Education and Cultural Participation in the Digital Era.* – Paris, 2021. – Pp. 132-133

МҒТАХР 14.35.09

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Кусымбаева Д.Ф., 6В01705 Шетел тілі: екі шетел тілі ББ, 1 курс білім алушысы, э.ғ.м.**; Морозова Д.А.,** аға оқытушысы, п.ғ.к., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
zaku-abumi-d@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада оқыту процесіндегі цифрлық сауаттылықтың маңызы мен заманауи білім беру жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) білім беру сапасын арттырудағы әсері, онлайн оқыту форматтарының ерекшеліктері және цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігі талданады. Сонымен қатар, педагогикалық технологиялардың жіктелуі, инновациялық оқыту әдістері және виртуалды оқу орталарын ұйымдастыру мәселелері сипатталады. Мақалада цифрландыру жағдайында оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім алушылардың өздігінен білім алу дағдыларын дамыту және оқыту процесін автоматтандыру қажеттілігі негізделеді. Әртүрлі онлайн платформалар мен құралдардың (Moodle, Canvas, Kahoot және т.б.) оқу процесіндегі қолданылуы мысал ретінде келтірілген. Зерттеу нәтижесінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану білім беру үдерісін оңтайландырып, білім алушылардың белсенділігін арттыратыны, сондай-ақ оқытудың сапасын жаңа деңгейге көтеретіні анықталды. Сонымен қатар, академиялық адалдықты сақтау, прокторинг жүйесін жетілдіру және цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша ұсыныстар ұсынылған

Кілт сөздер: цифрлық сауаттылық, оқыту процесі, цифрлық білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, онлайн оқыту, педагогикалық технологиялар, виртуалды оқу ортасы, цифрландыру.

Кіріспе. 21 ғасырдағы білімдендірудің жүйелік саласындағы басты ұстаным – сапалы түрде іске кірісіп тиімді әрекеттену, құндылықтарды тұтынып нәтижелі табысқа жету. Бұл қағиданы тұтына білген сөзсіз табысқа жетеді, көздеген мақсаты орындалады. Нақтырақ айтқанда, бұл – жетістікке ие болудың шарты. Ал білімдендірудің арнасын кеңейткен оқыту процесін әртараптандыру, интернетке қосылу, педагогтардың кәсіби мамандығын жетілдіру, ақпараттық тасқын, дамудағы жылдамдығына көз іліспейтін бүгінгі шапшандық, білім жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді игеру осыған дейінгі қолданылып келген әдіс, тәсіл, амалдарға бой бермей отыр. Қазіргі кезде техникалық оқу орындарда оқу процесін жетілдіруде көптеген іс-әрекеттер орындалады. Оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы енгізіліп, жасанды интеллект көмегімен оқыту мен оның педагогикалық технологиясы дамытылып жүргізіледі. Бұл оқытудың осы форматында ақпараттық-коммуникациялық технологияларға назар аударуға, пайдаланушылардың

функцияларын шектеуді тоқтататын, сондай-ақ педагогикалық технологияларды жақсартуға ықпал ететін жаңа бағдарламалар жасауға итермеледі.

Қазіргі таңда оқыту курсының білім беру мазмұнының заманауи модельдері енгізілуде және білім беру мазмұнын қалыптастыру үшін әртүрлі механизмдерді қолдану мүмкіндігі кеңейіп келеді. Онлайн оқытудың сапасын қамтамасыз ету үшін әртүрлі тәсілдерді қолдануға болатынына қарамастан, кейбір жалпылама сәйкестендіргіштер оны тиімді жүзеге асыруға көмектесе алады. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында салалардағы экономикалық дамудың тән проблемаларын атады: цифрландырудың төмен деңгейі, ғылыми қолдаудың болмауы. Әдеттегідей, цифрландыру арқылы оқытудағы дайындықты бағалауға болады, сондықтан бұл тақырып әлі де өзекті.

Материалдар мен әдістері. Осы зерттеу жұмысында оқыту процесіндегі цифрлық сауаттылықты талдау мақсатында теориялық және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің материалы ретінде отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, педагогика және жоғары мектеп дидактикасына арналған оқу құралдары, сондай-ақ онлайн оқыту мен цифрлық білім беру технологияларына қатысты заманауи ғылыми жарияланымдар алынды. Сонымен қатар, білім беру үдерісінде қолданылатын цифрлық платформалар мен онлайн ресурстардың мүмкіндіктері сараланды.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, жинақтау, жіктеу, салыстыру, жүйелеу әдістері пайдаланылды. Атап айтқанда, цифрлық оқыту технологияларының түрлері, олардың оқу процесіндегі рөлі мен тиімділігі қарастырылып, білім алушылар мен оқытушылар үшін маңыздылығы айқындалды. Сонымен бірге, заманауи білім беру платформаларының функционалдық мүмкіндіктеріне сипаттамалық талдау жүргізілді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде цифрландыру жағдайындағы білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық тәсілдер басшылыққа алынды. Бұл әдістер оқыту процесіндегі цифрлық сауаттылықтың мазмұнын ашуға, оның артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Білім берудің ашықтығы мен вариативтілігін күшейту жағдайында қызметтің барлық салаларында болып жатқан жаһандану процестері, қуатты телекоммуникация құралдарының дамуы білім беру ресурстарына әртүрлі форматтарда, соның ішінде бағдарламалардың көмегімен білім беруде қол жетімділіктің өсуіне әкелді. Үздіксіз білім беруге үлкен мән беріледі, оның міндеттері қызметкердің бүкіл өмірінде білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету болып табылады [1].

Ақпараттық – технологиялық әдісі – білім беру жүйесінің ең жылдам дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Бұл заманауи ақпараттық технологияларға негізделген және заманауи коммуникация құралдарын қолданатын сапалы жаңа, прогрессивті оқыту түрі. Қазіргі инновациялық оқытуда оқыту құралдары белсенді әзірленуде, интернет-технологиялар

белсенді қолданылуда. Оны техникалық оқу орындарында инновациялық технологияға жатқызады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымында педагогикалық технологиялардың, атап айтқанда оқыту технологияларының тұтас арсеналы жинақталған. Бұл әртүрлілікті түсіну ғылымға белгілі тәсіл – жіктеуге көмектеседі. Ғылыми әдіс ретінде жіктеу белгілі бір негізге сәйкес жиынды ішкі жиындарға бөлуді қамтиды. Практикалық мақсаттар үшін педагогикалық технологияларды келесі топтарға бөлу ыңғайлы: алгоритмдік технологиялар, коммуникативті технологиялар, өнімді технологиялар, ойын технологиялары, жеке-тұлғалық технологиялар, компьютерлік технологиялар [2].

Оқыту процесінде компьютерлік технологиялардың жоғарғы деңгейі білім беру сапасы мен нәтижесін ұлғайтады. Онсыз білім алушы пен оқытушы аудиториямен өзара әрекеттесуді автоматты түрде жоғалтады.

Ақпараттармен алмасу кезінде оқытудың бағдарламалық көзқарастарын дамытады, жаңа технологиялық жол ашады. Бұл технология материал мазмұнын меңгеруде кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді. Цифрлық оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды меңгере отырып білім алушы өз бетімен ізденеді. Оқытушымен байланыс интернет желісі арқылы жүзеге асырылады [3].

Компьютерлік жүйе арқылы оқытушыға қолайлы емтихан тапсырмаларын дайындап, жіберген қателіктер жөнінде ақпарат, қажетті нұсқау беруге, электронды кітапханалармен жұмыс істеуге мүмкіндікпен қамтамасыз етуге болады. Пайдалы жақтарында оқытушы дәріс дайындаған кезде ақпараттық-коммуникациялық технологиядағы дағдыларды көтереді. Гипертекст, мультимедиа виртуалдық шындық секілді АҚТ технологияларын пайдалану лекция мазмұнын мәнерлі де көрнекті етеді.

Оқытушы білім алушылармен үнемі байланысты болу арқылы білім алушының интеллект, ақпаратты қабылдауды қасиеттерін кедергісіз бағалай алады. Ал лабораториялық жұмысты өткізу кезіңде макеттер, физикалық, химиялық, биологиялық аспаптар қажет етпестен, мультимедиа, имитациялық модельдеу т.б. технологияларды қолдану көмегімен лабораториялық практикумдарды өткізуге жеңіл болады. Жаратылыстану ғылымдарында қажет болған объектерді виртуалды шындық арқылы оқытушы білім алушылармен бірге құбылыстарды байқай алады.

Техникалық байланыс құралдарын дамытудың қазіргі жағдайы олардың негізінде білім беру технологияларын дамытуға мүмкіндік береді:

1) заманауи ақпараттық технологияларға негізделген цифрлық білім беру оқытушыларды даярлау, оқытушылардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінің тиімділігін арттыру көздерінің бірі болып табылады;

2) ақпараттық технологиялар бойынша даярлау курстары жүйесі арқылы іске асырылуы мүмкін техникалық білім беру мекемелерінде оқытушыларының ақпараттық мәдениетінің жалпы деңгейін арттырады және білім беруді одан әрі ақпараттандыруға ықпал етеді.

Оқыту технологиясында оқытушыға білім алушыларға ақпаратты түсіндірген кезде кең ақпараттық қамтуды көреді, яғни көптеген оқу ақпарат көздеріне (электрондық кітапханаларға, деректер банктеріне, білім базаларына және т.б.) бір мезгілде жүгінуге қолжетімді.

Заманауи технологиялық оқыту танымдық үдерісті үйлестіруге, оқытылатын курстардың мазмұнын, оқыту әдістері мен құралдарын білім беру саласындағы және жоғары технологиялар саласындағы инновацияларға сәйкес ұдайы жетілдіруге тиіс оқытушының рөлін кеңейтеді және жаңартады.

Сонымен қатар Web, мультимедиялық технологияларды, қолданбалы бағдарламаларды, электрондық оқулықтарды кең түрде қолдану, компьютермен қарым-қатынастың ерекшелігінің арқасында алгоритмдік ойлауын дамыту және шығармашылық белсенділігін арттыру, мәліметтерді бейнелеудің, өндеудің жаңа тәсілдерін құру, өздерінің оқытатын пәнге сай оқу материалдары мен көрнекі құралдардың кең көлемін пайдалану да кіреді.

Осылайша оқытудағы технологиялардың артықшылықтары оқыту процесін айтарлықтай нәтижелі етеді. Тіпті оқытушы кәсіби деңгейін шетелдік курстарға онлайн курстарға қатысу арқылы пәндік пен технологиялық дағдыларын күшейтеді. Цифрландыру әлемінде оқытушыға оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Уақыт – шектеулі ресурс екендігін экономикалық теориядан мәлім. Қазіргі платформалар білім алушылардың жауаптарын бірнеше минут ішінде автоматтандырылған платформалар арқылы тексеруге ыңғайлы. Әсіресе үлкен академиялық топпен жұмыс істеген барысында барлық білім алушылар тарапынан белсенді араласуды талап ететін оқыту процесі көрнекті түрінде білім алушылардың қызығушылығын айтарлықтай арттырады. Бұл үшін виртуалды оқыту ортасын сапалы түрде құру керек.

Онлайн білім беру үшін виртуалды оқу ортасы қажет және ол блогтар, әлеуметтік желілер, бейнеконференция платформалары, курстарды басқару жүйелерін (мысалы Moodle, Canvas, BlackBoard) және электрондық портфолио бағдарламаларын (мысалы Mahara, Digication)қоса алғанда, коммуникацияның әртүрлі формаларының көмегімен жүргізіледі. Таңдап алынған платформа оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге жағдай жасауы, пайдаланушыға ыңғайлы болуы әрі жеке және бірлескен жобалар жасауға мүмкіндік беруі қажет. Оқытушылар курстың мазмұнын YouTube, iTunes University, OpenLearn, TED Talks, подкасттар және басқа да мультимедиялық ресурстардың көмегімен толықтыра алады [4].

Төменде оқытуда онлайн сабақтардың деңгейін жақсартуға және олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін пайдалы онлайн платформалар мен ресурстар бар кесте берілген.

Кесте 1 – Тиімді сабақтарды құру үшін пайдалы онлайн құралдар мен ресурстар [5].

№	Оқытуды ұйымдастыру формалары	Платформалар	Белсенді оқудың мысалдары
1	Дәріс	Clideo.com Ezgif.com Play post.it Genial.ly Peardeck.com Prezi.com	- бейнені түрлендіруге арналған көп тапсырмалы құрал; - бейнеге сұрақтар / тесттер қосады; - бейне дәрістер, инфографиканы жасайды; - интерактивті презентациялар өткізеді; - презентацияға визуалды эффектілерді қосады.
2	Топтық жұмыс	Mentimeter.com Wheelofnames.com Padlet.com Peardeck.com	- сауалнамалар, қысқа викториналар, ашық жауаптар жүргізуге мүмкіндік береді; - білім алушыларды кездейсоқ ретпен автоматты түрде жауап беру үшін орналастырады; - графикалық түрде дереу кері байланыс береді; - интерактивті сұрақтарды қамтиды
3	Практикалық сабақ	Nearpod.com Padlet.com Wordwall.net H5p.org Studystack.com Socrative.com Readworks.com	- жеке жұмысты орындауға мүмкіндік береді; - сауатты жазу мен шығармашылық ойлауға ықпал етеді; - жеке міндеттердің алуан түрлілігін қамтамасыз етеді; - білім алушыларды топтық жұмысқа ұйымдастырады; - оқыту мен сөздік қорын байытады; - тест барысын бақылауға мүмкіндік береді; - жеке сұрақтар блогымен оқытады;
4	Геймификация	Genial.ly Kahoot.it Quizizz.com Baamboozle.com Wordwall.net Puzzle-maker.com	- бірқатар танымал ойындарды ұсынады; - жедел кері байланысы бар интерактивті тесттер; - жеке немесе топтық тесттер; - топтық ойындар; - уақыт тапшылығы жағдайында да лабиринттер мен викториналар ойындары; - автоматты миға-шабуыл жасаушы.
5	СӨЖ	Liveworksheets.com Nearpod.com Socrative.com Flipgrid.com Kahoot.it Quizizz.com	- интерактивті кері байланыс жұмыс парақтары; - білім алушылардың орындалу қарқынына байланысты тапсырмалар саны; - тест / викторина; -бейне талқылау, пікірталас және т. б.; - студенттік қарқынмен викториналар;

Нәтижелер. Осылайша ғылыми жобада осындай қорытындыға келдік: қашықтықтан оқыту технологиясы алға үлкен қадам жасады. Ақпаратты көрнекі түрде ұсыну тәсілдеріндегі мультимедияның шексіз мүмкіндіктерінің арқасында заманауи технологиялар-бұл оқытушының жұмысында таптырмас құрал, ол сабақтарда шығармашылықты көрсетуге тырысады, өзінің кәсіби

қызметін оңтайландыруға тырысады және тақырыпты білім алушылар үшін қызықты еткісі келеді. Бұл технология динамикалық және интерактивтілікті сақтайды. Дереу кері байланыс бере алатын және қабылдай алатын, сұрақтар қоя алатын және оқи алатын бірлескен оқу ортасын құруға көмектеседі. Интернеттегі ресурстар уақытты үнемдейді, белсенділік пен зейінді арттырады, жедел кері байланыс береді, өзін-өзі бағалауды және өзін-өзі бақылауды дамытады, өйткені білім алушылар оқудың жемісін бірден көре алады, өз проблемаларын және тез дамып келе жатқан форматта ынталы бола алады. Цифрлық оқыту технологияларында қолданылатын ресурстар сабақтарды прогрессивті және оқытушының жұмысын тиімді ете алады. Бұл білім беруді келесі кезеңге шығарады. Оқу процессіндегі ірі мәселесі - академиялық адалдыққа қатысты орын алуы мүмкін кез келген қиындықтың алдын алу үшін оқытушылар кейбір жазбаша жобаларды синхронды емтихандармен немесе жедел жауап беруді қажет ететін тапсырмалардың басқа түрлерімен толықтыра алады. Тапсырмаларға тиісті технологиялар мен мультимедиялық ресурстар қолданылады. Осыдан оқытушының объективті жұмысы мен білім алушыларда мотивацияны қалыптастыруға болады. Оқу орны да өзінің үлесін қоса алады, нақтырақ айтқанда, оқытушылар мен білім алушыларға әртүрлі онлайн құралдарға қол жеткізуге және оларды пайдалануға, сондай-ақ осы технологиялар арқылы оқу бағдарламасының мазмұнын қамтуға көмектесетін қадамдық нұсқаулық дайындай алады, осылайша цифрлық сауатсыздықты азайтады [6].

Қазіргі ақпараттық-технологиялық даму жағдайында онлайн материалдардың сапасы, курстарды өткізу барысындағы технологиялар мен платформалардың тиімділігі, оңтайлылығы ескеріледі. Онлайн курстар, технологиялық құралдар және оқу материалдары үнемі жаңартылады, бірақ интернет желісінің жылдамдығына бәрібір тәуелді.

Цифрлық білім беру технологияларында болашақта тек экономикалық құрылымдар мен білім беру салаларында ғана емес, сонымен бірге адамның дүниетанымында да өзгерістер болатынын түсіну қажет. Бұл ақпараттандыру құралдары білімді тарату тәсілдеріне ғана емес, білімнің өзіне де өзгерістер енгізетіндіктен болады.

Қорытынды. Зерттелінетін мәселелерді шешуде келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

- оқытуды басқару процестерін автоматтандыруды;
- жоғары оқу орнының озық және ақылы платформаларға арналған шығыстарды жабуы және олар бойынша әрбір оқытушыға, мүмкіндігінше академиялық топтарға қолжетімділікті қамтамасыз етуі;
- компьютерлік технологиялардың дағдыларын арттыру үшін қажетті міндетті курстарды енгізу;
- қаржылық жағынан көтермелейтін платформаларды немесе маңызды идеяларды, жұмыс сапасын жақсарту және академиялық адалдықты сақтау бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін оқытушылар арасында конкурстар жариялау;

- прокторинг жұмысын жақсарту, атап айтқанда онлайн сабақтар кезінде білім алушы немесе оның орнына бөгде қатысушы кірген кезінде, байқалған бұзушылықтар жағдайында білім алушыны шеттетуге жол беру керек;

- дәріс сабақтары барысында академиялық топ негізінен Zoom платформасы арқылы жұмыс істейді, дегенмен бір уақытта қолданушылардың саны көп болғандықтан жүйе ішіндегі ауытқулар болуы мүмкін, сондықтан оқу орындары жабық, яғни өздерінің білім алушылары қатыса алатын платформаларын дайындауға күш салуы жөн.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Г.К. Ахметова, З.А. Исаева Педагогика для магистратуры университетов – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 327 с

2. Бабакова Т. А. Педагогика высшей школы : учебное пособие / Т. А. Бабакова. − Петрозаводск : Изд-во ПетрГУ, 2009. − 252 с

3. Т.В. Христидес, В.И. Черненко «Педагогика высшей школы: учебник». - М.: МГИК, 2015. - 432 с

4. Dhawan Sh. Online Learning: A Panacea in the Time of COVID-19 Crisis [Text]: / Sh. Dhawan // Journal of Educational Technology Systems. – ORCID: 2020. – Vol. 49(1). – 18 p

5. Mindmap: 10 инструментов для создания ментальных карт [Электрондық ресурс]. -URL: https://www.unisender.com/ru/blog/idei/navesti-poryadok-v-golove-i-ne-tolko-10-luchshih-servisov-dlya-sozdaniya-intellektualnyh-kart / (жүгінген күні: 7.03.2026)

6. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар. Монография / Аида Сағынтаева, Айжан Мусина, Алия Сулейменова, Руслан Қаратабанов, Қайрат Құракбаев, Дункан Пристли, – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021. – 236 б

ҒТАМА 14.27.09

КАРАТЭМЕН ШҰҒЫЛДАНУДЫҢ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Қамза Ж.Т., Астана халықаралық университетінің 1-курс студенті, «Damu Bala» орталығының Киокушинкай Каратэ үйірмесінің жетекшісі, **Аманжолова А.А.,** п.ғ.к., Астана халықаралық университеті педагогикалық институтының доценті, **Барсаев К.Р.,** ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Астана халықаралық университеті педагогикалық институтының аға оқытушы, Астана қ., Қазақстан
zhasulankamza@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада каратэмен шұғылданудың балалар мен жасөспірімдердің когнитивті дамуына әсері мәселесі қарастырылады. Зерттеу мақсаты – физикалық белсенділік пен интеллектуалды қабілеттер арасындағы өзара байланысты теориялық тұрғыдан анықтау және талдау. Жұмыста жүйелі талдау, салыстырмалы педагогикалық әдістер мен библиографиялық синтез қолданылды, бұл алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында когнитивті-моторлық дағдылардың когнитивті функциялармен тікелей байланысы анықталды. Алынған мәліметтер каратэнің тек физикалық күшті емес, сонымен қатар зейін, есте сақтау және жедел ойлауды кешенді дамытатынын көрсетеді және бұл нәтижелер оқу-жаттығу үдерісін оңтайландыруға ықпал етуі мүмкін. Мақалада каратэнің психофизиологиялық ерекшеліктеріне негізделген ғылыми талдаулар негізделген, олар спорттық педагогика мен білім беру саласын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындылары дене шынықтырудың интеллектуалды капиталды қалыптастырудағы практикалық маңыздылығын көрсетеді. Ұсынылып отырған тұжырымдар жаттықтырушылар мен педагогтар үшін балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы стратегиялық бағыттарды айқындап, жаттығу әдістемелерін жаңартуға негіз болады. Зерттеу нәтижелері спорттық психология мен заманауи педагогиканың теориялық базасын байытуға өз үлесін қосады.

Түйінді сөздер: каратэ, когнитивті даму, моторлық дағдылар, психофизиология, интеллектуалды қабілет, оқу-жаттығу үдерісі.

Кіріспе. Қазіргі антропоцентристік парадигма жағдайында өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы тек морфофункционалдық көрсеткіштермен немесе физикалық саулықпен ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық әлеует пен когнитивті икемділіктің жоғары деңгейімен айқындалады. Спорттық педагогика мен психологияның тоғысындағы өзекті мәселелердің бірі – физикалық белсенділіктің, атап айтқанда каратэ секілді жоғары координациялық жекпе-жек түрлерінің адамның танымдық процестеріне көпжақты әсерін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі цифрландыру дәуіріндегі қозғалыс белсенділігінің төмендеуі мен білім беру ортасындағы когнитивті жүктеменің артуы жағдайында, каратэ жаттығуларын интеллектуалды стимулятор ретінде қолданудың ғылыми және практикалық қажеттілігінен туындайды.

Дене шынықтыру мен интеллектің өзара байланысы классикалық психологиялық еңбектерде көрініс тапқанымен, каратэнің спецификалық элементтерінің (ката, кумитэ) нақты когнитивті функцияларға, атап айтқанда зейіннің тұрақтылығына, шешім қабылдау жылдамдығына және кеңістіктік-визуалды ойлауға әсер ету тетіктері әлі де болса жүйелі түрде негізделмеген. Осы орайда, спорттық жаттығуларды тек дене дамуының құралы емес, танымдық процестерді жетілдірудің катализаторы ретінде қарастыру ғылыми дискурс қажеттілігін тудырады.

Зерттеу нысаны – каратэмен жүйелі түрде шұғылданатын балалар мен жасөспірімдердің оқу-жаттығу үдерісі.

Зерттеу пәні – каратэ жаттығуларының когнитивті дамуға әсер етуші психофизиологиялық механизмдері мен теориялық-әдіснамалық негіздері.

Зерттеу мақсаты – Отандық және шетелдік ғылыми концепцияларды талдау негізінде каратэмен шұғылданудың когнитивті дамуға әсерін және спорт пен интеллектің өзара байланысын теориялық тұрғыдан дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

1) Физикалық белсенділік пен интеллектуалды қабілеттердің өзара корреляциясы туралы заманауи ғылыми әдебиеттерге теориялық шолу жасау.

2) Каратэдегі күрделі моторлық дағдылардың когнитивті функцияларға (зейін, жедел есте сақтау, аналитикалық ойлау) әсер ету деңгейін анықтау.

3) Спорттық жаттығулардың биологиялық (нейрогенез) және психологиялық (өзін-өзі реттеу) пайдасын тұжырымдау.

Гипотеза: Каратэмен жүйелі түрде айналысу тек экзогенді физикалық параметрлерді ғана емес, сонымен қатар моторлық және когнитивті компоненттердің синергиясы есебінен тұлғаның интеллектуалды потенциалын сапалы деңгейге көтереді.

Когнитивті даму – ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау қабілеттерінің динамикалық өзгеру процесі.

Моторлық дағдылар – қозғалыс әрекеттерін орындау кезіндегі жүйке-бұлшықет жүйесінің үйлесімді жұмысы.

Ката – каратэдегі шартты қарсыласпен жекпе-жекті бейнелейтін техникалық элементтердің жүйелі жиынтығы.

BDNF (Brain-Derived Neurotrophic Factor) – нейрондардың өсуіне жауап беретін мидың нейротрофиялық факторы.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеудің әдістемелік негізі каратэмен шұғылданудың когнитивті функцияларға әсерін кешенді түрде зерделеуге бағытталған пәнаралық тәсілдер жиынтығынан тұрады. Жұмыстың ғылыми негіздемесі ретінде когнитивті психологияның танымдық процестер туралы ілімдері, спорттық педагогиканың оқу-жаттығу әдістемелері және нейропсихологияның ми пластикасына қатысты іргелі принциптері алынды.

Зерттеудің сенімділігі мен нәтижелердің қайталанатындығын қамтамасыз ету мақсатында келесі әдістемелік қадамдар мен құралдар пайдаланылды.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде қолда бар ғылыми әдебиеттер мен теориялық концепцияларға терең талдау жүргізілді. Атап айтқанда, Т.Н.Березина [1] мен Н.А. Медведеваның [2] еңбектеріндегі физикалық және интеллектуалдық қабілеттердің өзара тәуелділігі туралы тұжырымдамалар негізге алынды. Т.Н. Березинаның [1] зерттеулері адамның физикалық төзімділігі мен оның интеллектуалдық жұмысқа қабілеттілігі арасындағы корреляцияны анықтауға мүмкіндік берсе, Н.А. Медведеваның [2] когнитивті-моторлық компоненттер туралы диссертациялық жұмысы спорттағы дарындылық пен танымдық процестердің байланысын ашуға септігін тигізді. Бұл кезеңде физикалық жаттығулардың мидың когнитивті ресурстарына қалай әсер ететінін түсіндіретін теориялық модельдер құрастырылды.

Зерттеу барысында ресейлік, қытайлық және батыс еуропалық ғалымдардың 2002-2021 жылдар аралығында жарияланған ғылыми еңбектеріне салыстырмалы шолу жасалды. Әдістемелік тұрғыдан бұл қадам әлемдік ғылымдағы соңғы тенденцияларды анықтауға бағытталған. Қытайлық ғалымдар Гэн Да (2015) мен Ли Хонгтың (2010) [3, 4] зерттеулеріндегі ерте жастағы ұсақ және ірі моториканың дамуы мен когнитивті өсу арасындағы байланысты көрсететін эмпирикалық деректер мақаланың дәлелдік базасын нығайтты. Сонымен қатар, спорттық іріктеу жүйесін қарастырған Гун Сюньцянь [5] мен элитті каратэшілердің физикалық сипаттамаларын зерттеген Чжан Нанның [6] мәліметтері каратэ спецификасын ашуда маңызды рөл атқарды.

Зерттеудің келесі қадамы каратэнің, атап айтқанда Киокушинкай стилінің өзіне тән ерекшеліктерін когнитивті функциялармен байланыстыру болды. Мұнда каратэдегі рухани-ерік сапалары (өз-өзін бақылау, төзімділік) мен нақты когнитивті көрсеткіштер (зейін концентрациясы, шешім қабылдау жылдамдығы, жедел жауап) арасындағы функционалдық байланыстар жүйеленді. Синтез әдісі арқылы каратэ жаттығуларының тек бұлшықет жүйесіне емес, сонымен қатар нейрондық желілердің белсенділігіне әсер ету алгоритмі сипатталды.

Mandolesi мен Jasmina-ның еңбектеріндегі [7, 8] физикалық жаттығулардың мидың пластикасына әсері туралы биологиялық механизмдер (нейротрофиялық факторлардың белсенділігі) зерттеудің физиологиялық негіздемесін құрады. Бұл деректер каратэдегі техникалық күрделі қозғалыстардың нейрогенезді қалай катализдейтінін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдістемелік ерекшелігі – теориялық тұжырымдарды отандық және жақын шетелдік тәжірибемен ұштастыру. Рыбакова Е. О. (2016) мен Головнин А. А. (2018) еңбектері [9, 10] негізінде каратэнің тәрбиелік, рухани-адамгершілік және сауықтыру функциялары қарастырылды. Бұл каратэні тек физикалық белсенділік емес, тұлғаның когнитивті-мотивациялық сферасын дамытатын кешенді педагогикалық жүйе ретінде бағалауға мүмкіндік берді.

Жұмыстың сенімділігі әртүрлі ғылыми мектептердің (қытайлық, ресейлік, батыстық) деректерін триангуляциялау арқылы қамтамасыз етілді. Барлық әдістемелік қадамдар логикалық бірізділікпен орындалды: тақырыптық әдебиеттерді іріктеуден бастап, оларды салыстырмалы талдауға және соңғы синтезделген қорытындыларға дейін. Бұл тәсіл каратэнің когнитивті дамуға әсерін зерттеудің теориялық маңыздылығын және практикалық қолданылу аясын толық негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді кешенді талдау нәтижесінде каратэмен жүйелі түрде шұғылданудың балалар мен жасөспірімдердің когнитивті дамуына мультимодальды әсері анықталды. Алынған мәліметтер каратэ жаттығуларының тек физикалық кондицияларды жақсартып қоймай, сонымен қатар танымдық процестерді биологиялық, моторлық және психологиялық деңгейлерде стимуляциялайтынын дәлелдейді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес алынған негізгі нәтижелер келесідей жүйеленді.

Нәтижелер. Ғылыми зерттеулерді (Mandolesi L., 2018; Jasmina P.G., 2012) [7, 8] талдау барысында қарқынды физикалық жаттығулар мен мидың пластикасы арасындағы тікелей байланыс айқындалды. Нәтижелер көрсеткендей, каратэге тән жоғары қарқынды аэробты және анаэробты жүктемелер кезінде мидағы нейротрофиялық факторлардың, атап айтқанда BDNF (Brain-Derived Neurotrophic Factor) деңгейі айтарлықтай артады. Бұл фактор нейрондардың тіршілік етуін, өсуін және жаңа синаптикалық байланыстардың нығаюын қамтамасыз ететін негізгі биохимиялық катализатор болып табылады.

Каратэ техникасындағы күрделі координациялық элементтер мидың префронтальды қыртысының белсенділігін арттыратыны дәлелденді. Бұл аймақ жоғары деңгейдегі атқарушы функцияларға (executive functions), соның ішінде жұмыс істейтін жады (working memory), когнитивті икемділік және импульстерді тежеу қабілетіне жауапты. Осылайша, каратэмен шұғылдану мидың құрылымдық және функционалдық интеграциясына оң ықпал ете отырып, интеллектуалдық әрекеттің биологиялық базасын қалыптастырады.

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – моторлық белсенділік пен когнитивті өсудің синхронды сипатын анықтау болды. Гэн Да (2015) мен Ли Хонгтың (2010) концепцияларына [3, 4] сүйенсек, ерте және мектеп жасындағы балалардың моторлық дамуы (ірі және ұсақ моторика) олардың интеллектуалдық көрсеткіштерінің предикторы болып табылады.

Каратэ жаттығуларындағы қол мен аяқтың асимметриялы және үйлесімді қозғалыстары, вестибулярлық аппаратты шыңдайтын тепе-теңдік жаттығулары мен кеңістікті бағдарлау тапсырмалары баланың аналитикалық ойлау қабілетін тікелей дамытады. Н.А. Медведеваның (2002) зерттеуіне сәйкес [2], когнитивті-моторлық компоненттердің даму деңгейі баланың жалпы дарындылығын анықтаудағы шешуші фактор болып табылады. Каратэшілердің дене қимылдары арқылы күрделі техникалық комбинацияларды орындауы мидың екі жарты шарының арасындағы ақпарат

алмасу жылдамдығын арттырып, логикалық есептерді шешу мен ақпаратты жүйелеу қабілетін жетілдіреді.

Головнин А. А. [10] өз еңбегінде Каратэнің, әсіресе Киокушинкай бағытының тәрбиелік және психологиялық әсерін талдау жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу (self-regulation) деңгейінің жоғарылайтынын көрсетті. Жаттығу үдерісіндегі қатаң тәртіп, медитациялық практикалар және қиындықтарды жеңуге бағытталған рухани-ерік компоненттері баланың эмоционалдық интеллектісін дамытады.

Бұл когнитивті ресурстарды үнемдеуге және стресс немесе жоғары ақпараттық жүктеме жағдайында жедел әрі дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бақылау қабілеті жақсарған балалар оқу процесінде зейінін ұзақ уақыт бойы бір нысанаға шоғырландыра алады, бұл олардың академиялық үлгерімінің артуына жанама әсерін тигізеді.

Зерттеу барысында каратэшілердің физикалық кондициялары (төзімділік, күш, жылдамдық) мен олардың когнитивті тестілеу нәтижелері арасында сенімді оң корреляция бар екені тұжырымдалды. Т.Н. Березинаның (2012) теориясына сәйкес [1], физикалық төзімділік интеллектуалдық жұмыс қабілеттілігінің энергиялық негізін (базасын) құрайды. Төзімді каратэшінің жүйке жүйесі ұзақ уақытқа созылатын интеллектуалдық күш-жігерге бейім болып келеді.

Ерекше атап өтетін нәтиже – каратэдегі «ката» (формальды жаттығулар кешені) жүйесінің рөлі. Каталарды жаттау және оларды кеңістікте дәл орындау көлемді ақпаратты есте сақтау (мнемикалық қабілет) қабілетін кеңейді, зейіннің тұрақтылығы мен бөлінуін (аттенциондық функциялар) жетілдіреді, кинестетикалық жадыны дамытады.

Алынған мәліметтер каратэнің тек спорттық жетістіктерге жету құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның интеллектуалды капиталын қалыптастырудың педагогикалық тетігі екенін айқындайды.

Кесте 1 – Каратэ элементтері мен когнитивті функцияларының сәйкестігі

Каратэ элементі	**Дамитын когнитивті функция**	**Биологиялық механизм**
Ката (формальды кешен)	Есте сақтау, зейін тұрақтылығы	Гиппокамп белсенділігі
Кумитэ (жекпе-жек)	Шешім қабылдау жылдамдығы	Префронтальды қыртыс
Кихон (негізгі техника)	Координация, кеңістіктік ойлау	Мишық пен моторлық қыртыс
Медитация (Моксо)	Эмоционалды бақылау, зейін	Лимбикалық жүйені реттеу

Зерттеу барысында алынған нәтижелер каратэнің когнитивті стимулятор ретіндегі рөлін растап, оның әлемдік спорттық психологиядағы

концепциялармен үндестігін көрсетеді. Атап айтқанда, біздің тұжырымдарымыз Abbott пен Collins-тің (2004) спорттық талантты анықтауда психологиялық факторлар мен когнитивті ресурстардың шешуші рөлі [11] туралы пікірін толықтырады. Олардың пайымдауынша, физикалық қабілет пен танымдық процестерді бөліп қарау мүмкін емес, ал біздің талдауымыз каратэнің дәл осы екі саланы біріктіретін бірегей құрал екенін дәлелдейді.

Мао Айхуа мен Ван Яньаньның (2017) элитті каратэшілер туралы зерттеулерімен [12] салыстыру жасағанда, жоғары спорттық жетістіктерге жету үшін тек физикалық күш емес, стратегиялық ойлау мен зейін концентрациясының маңыздылығы айқын көрінді. Бұл біздің гипотезамызды – каратэмен жүйелі түрде шұғылдану тұлғаның интеллектуалды потенциалын арттырады деген тұжырымды нығайта түседі. Алайда, Лю Таоның (2017) зерттеулеріне сүйенсек [13], тек физикалық қозғалыстардың өзі жеткіліксіз болуы мүмкін; ең жоғары когнитивті әсерге жету үшін жаттығулардың күрделілік деңгейі мен педагогикалық әдістеме дұрыс таңдалуы тиіс.

Зерттеу барысында анықталған Т.Н. Березинаның физикалық төзімділік пен интеллект арасындағы байланысы каратэ контексінде жаңа қырынан көрінді: каратэшілердің ерік-жігер дайындығы [10] олардың оқу үдерісіндегі когнитивті төзімділігін арттырады. Осылайша, алынған мәліметтер каратэнің когнитивті дамуға әсері туралы теориялық базаны кеңейтіп, оны заманауи білім беру жүйесіне интеграциялаудың ғылыми негізділігін айқындайды.

Қорытынды

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық зерттеу каратэмен жүйелі түрде шұғылданудың балалар мен жасөспірімдердің когнитивті дамуына кешенді әсер ететінін толық дәлелдеді. Отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдау негізінде спорттық іс-әрекет пен интеллектуалдық әлеуеттің өзара ажырамас байланысы айқындалды. Зерттеу барысында қойылған міндеттер орындалып, гипотеза өз растауын тапты: каратэ тек физикалық параметрлерді жетілдіріп қоймай, когнитивті функциялардың сапалық өсуіне ықпал етеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерін жинақтай келе, келесі тұжырымдар жасалды: біріншіден, каратэ жаттығулары мидың нейропластикасын арттырып, танымдық процестердің биологиялық негізін нығайтады. Екіншіден, күрделі моторлық дағдыларды (координация, тепе-теңдік) меңгеру аналитикалық ойлау мен кеңістіктік бағдарлаудың жақсаруына тікелей алып келеді. Үшіншіден, Киокушинкай каратэсіне тән рухани-ерік компоненттері жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу қабілетін дамытып, олардың интеллектуалдық төзімділігін арттырады.

Мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығы каратэні тек физикалық тәрбие құралы емес, сонымен қатар интеллектуалды капиталды қалыптастырудың педагогикалық тетігі ретінде негіздеуінде жатыр. Зерттеу нәтижелері жаттықтырушылар мен педагогтарға оқу-жаттығу бағдарламаларын когнитивті дамуды ескере отырып оңтайландыруға мүмкіндік береді. Болашақта бұл бағытты каратэшілердің академиялық

үлгерімі мен нақты когнитивті көрсеткіштерін (зейін, жады, логика) ұзақ мерзімді эмпирикалық бақылау арқылы тереңдету ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Березина, Т. Н. Взаимосвязь физических и интеллектуальных способностей у взрослых людей / Т.Н. Березина // Психология и психотехника. – 2012. – № 4 (43). – С. 51–60.
2. Медведева, Н. А. Диагностика и формирование когнитивно-моторных и когнитивно-интеллектуальных компонентов способностей одаренных детей и выявление их взаимосвязи : дис канд. психол. наук: 19.00.01 / Н. А. Медведев. – Ставрополь, 2002. – 166 с.
3. Гэн Да. Взаимосвязь между мелкой моторикой в раннем детстве и когнитивным развитием / Гэн Да, Чжан Синли, Ши Цзяннун // Достижения в области психологии. – 2015. – № 23 (02). – С. 261–267.
4. Ли Хонг. Влияние моторного развития в раннем детстве на когнитивное развитие / Ли Хонг, Хэ Лэй // Достижения в области психологии. – 2010. – № 03. – С. 315–320.
5. Гун Сюньцянь. Предварительное исследование системы спортивного отбора показателей китайских спортсменов тхэквондо : дис.магистра пед. наук / Гун Сюньцянь ; Цзянсичный пед. ун-т. – 2006. – 138 с.
6. Чжан Нань. Исследование физических характеристик китайских элитных спортсменок-каратэ / Чжан Нань, Лю Вэйцзюнь, Лу Ван // Китайская ассоциация спортивной науки : сб. тез. 11-й Нац. конф. по спортивной науке. – Китайская ассоциация спортивной науки, 2019. – С. 2777–2778.
7. Mandolesi, Laura. Effects of Physical Exercise on Cognitive Functioning and Wellbeing: Biological and Psychological Benefits / Laura Mandolesi, Arianna Polverino // Front Psychol. – 2018. – № 9. – P. 488–509.
8. Jasmina, P. G. The Effect of Physical Activity on Cognition – Physiological Mechanisms / P. G. Jasmina, Sanja Manchevska // Mater Sociomed. – 2012. – № 24 (3). – P. 198–202.
9. Рыбакова Е. О. Спортивная культура каратистов. – 2016.
10. Головнин А. А. Воспитание подростков средствами каратэ Киокушинкай: оздоровительная, духовно-волевая и духовно-нравственная составляющая тренировок // Ученые записки университета им. ПФ Лесгафта. – 2018. – №. 5 (159). – С. 50-58.
11. Abbott, A. Eliminating the dichotomy between theory and practice in talent identification and development: Considering the role of psychology / A. Abbott, D. Collins // Journal of Sport Sciences. – 2004. – № 22. – P. 395–408.
12. Мао Айхуа. Построение системы показателей оценки физической подготовленности и модели элитных женщин-игроков в каратэ в Китае / Мао Айхуа, Ван Яньань // Журнал Сианьского института физического воспитания. – 2017. – Т. 34. – № 03. – С. 377–384.
13. Лю Тао. Экспериментальное исследование развития физического

движения детей дошкольного возраста грубыми движениями: дис магистра пед. наук / Пекинский спортивный университет. – 2017. – 102 с.

ҒТАМА 14.27.01

ЖАСӨСПІРІМ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІГІ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Қамза Ж.Т., Астана халықаралық университетінің 1-курс студенті,
«Damu Bala» орталығының Киокушинкай Каратэ үйірмесінің жетекшісі,
Абылайхан С.М., PhD, Астана халықаралық университеті педагогикалық институтының аға оқытушы,
Астана қ., Қазақстан
zhasulankamza@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада 5-7 сынып оқушыларының әлеуметтік желіге тәуелділігі және оның алдын алу жолдары зерттелген. Зерттеу барысында бос уақыттың мазмұнды ұйымдастырылмауы жасөспірімдердің виртуалды ортаға тәуелді болуына басты себеп екені анықталды. Осы мәселені шешу үшін мақалада мектептен тыс жұмыстарды жүйелеу мен бос уақытты өткізудің арнайы моделі ұсынылған. Оқушылардың шығармашылық және спорттық белсенділігін арттыру арқылы цифрлық гигиена мәдениетін қалыптастыруға болатыны ғылыми негізделген.

Түйінді сөздер: жасөспірімдер, әлеуметтік желі, интернет-тәуелділік, бос уақыт, мектептен тыс тәрбие, 5-7 сынып оқушылары.

Кіріспе. Қазіргі қоғамдағы жаппай цифрландыру үдерісі жасөспірімдердің өмір сүру салтына, құндылықтар жүйесіне және бос уақытты өткізу мәдениетіне түбегейлі өзгерістер енгізді. Әсіресе, 11-14 жас аралығындағы 5-7 сынып оқушыларының әлеуметтік желілерге (TikTok, Instagram, YouTube) басыбайлы байланып қалуы заманауи педагогиканың ең өткір мәселелерінің біріне айналып отыр. Бұл кезең – баланың тұлғалық қалыптасуы, әлеуметтік рөлдерді меңгеруі және қоршаған ортамен коммуникациялық байланысы қарқынды дамитын өтпелі кезең.

Алайда, виртуалды әлемнің шынайы өмірді алмастыруы жасөспірімдердің психикалық денсаулығына, когнитивті дамуына және физикалық белсенділігіне айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Экранға тәуелділік баланың эмоционалдық тұрақсыздығына, клиптік ойлаудың қалыптасуына және мектептегі оқу үлгерімінің төмендеуіне әкеп соғады [1].

Мәселенің негізі – жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі бақылаусыз белсенділігі мен олардың мектептен тыс бос уақытын ұйымдастыру арасындағы теңгерімнің бұзылуында жатыр. Мектептен тыс уақыттың жүйесіздігі, мазмұнды үйірмелер мен қызығушылықтардың жоқтығы жасөспірімдердің эмоционалдық дефицитті виртуалды «лайктар», қысқа видеолар (reels, shorts) мен жалған жетістіктер арқылы толтыруына себеп болады. Осылайша, бос уақытты тиімді пайдаланбау тікелей интернеттәуелділіктің (gadget addiction) тереңдеуіне жағдай жасайды [2].

Зерттеу объектісі: 5-7 сынып оқушыларының мектептен тыс іс-әрекеті және олардың күнделікті бос уақытын өткізу моделі.

Зерттеу пәні: Жасөспірімдердің әлеуметтік желіге тәуелділігін алдын алу және төмендетуге бағытталған педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыстардың жүйесі.

Зерттеу мақсаты: Жасөспірімдердің әлеуметтік желіге тәуелділік деңгейін зерделеу және оны төмендетудің педагогикалық шарттары ретінде бос уақытты ұйымдастырудың тиімді, баламалы жүйесін ғылыми тұрғыда негіздеу.

Міндеттері:

1. Жасөспірімдердің интернет-тәуелділігін анықтайтын отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасау.
2. 5-7 сынып оқушыларының бос уақыт құрылымы мен әлеуметтік желілерге деген қызығушылығы арасындағы өзара байланысты айқындау.
3. Оқушылардың шығармашылық, спорттық және интеллектуалдық әлеуетін арттыру арқылы виртуалды тәуелділіктен арылтудың практикалық модельдерін ұсыну.
4. Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша атааналар мен педагогтарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарыштап дамуы жастардың күнделікті өміріне тек оң өзгерістер ғана емес, сонымен қатар жаңа психологиялық-педагогикалық мәселелерді де алып келді. Соның ішінде ең өзектісі – интернет-тәуелділік. Бұл мәселенің ғылыми шешімін табу мақсатында жүргізілген бұл зерттеу теориялық-аналитикалық сипатқа ие. Жұмыстың ғылыми негіздемесі ретінде әлемдік деңгейдегі зерттеуші К. Янгтың интернет-тәуелділік концепциясы [1,2] мен отандық ғалым С. Қалиевтің бос уақыт педагогикасы туралы тұжырымдары [3,4] басшылыққа алынды.

К. Янгтың тұжырымдамасы бойынша, интернетке тәуелділік – бұл тұлғаның виртуалды әлемге психологиялық бағыныштылығы, бұл нақты өмірдегі әлеуметтік байланыстардың үзілуіне және эмоционалдық тұрақсыздыққа әкеледі. Ал С. Қалиевтің педагогикалық көзқарастары баланың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру арқылы оның тұлғалық әлеуетін ашуға бағытталған [3]. Осы екі бағытты ұштастыра отырып, біз интернеттәуелділіктің алдын алудың тиімді тетігі ретінде «мақсатты бос уақыт» моделін ұсынамыз.

Зерттеу барысында тікелей эксперимент жүргізу мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты, отандық зерттеушілер мен ресми білім беру порталдарына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы аясындағы есептеріндегі [5] 2022-2024 жылдардағы мәліметтеріне [6] екінші реттік талдау жасалды. Соңғы үш жылдағы статистикалық деректер мектеп оқушыларының 70%-дан астамы бос уақытының 4-6 сағатын гаджеттермен өткізетінін көрсетеді. Бұл көрсеткіш мектептен тыс қосымша білім берумен қамту деңгейін арттыру қажеттілігін тудырады [7].

Зерттеу жұмысы нақты екі әдістемелік кезеңнен тұрады:

1. Компаративті талдау:

Бұл кезеңде әртүрлі ғылыми мектептердің интернет-тәуелділікке қатысты көзқарастары салыстырылды. Батыстық мектептер [1,2,8] мәселенің клиникалық және психологиялық аспектілеріне басымдық берсе, отандық және ТМД елдерінің педагогикалық мектептері [3, 4,9] бос уақытты тәрбиелік құрал ретінде пайдаланудың маңыздылығын алға тартады. Салыстыру нәтижесі көрсеткендей, интернет-тәуелділікпен күресу тек тыйым салу емес, виртуалды қызығушылықты нақты шығармашылық немесе интеллектуалды арнаға бұру арқылы жүзеге асуы тиіс.

2. Модельдеу:

Бос уақытты ұйымдастырудың мектептен тыс жұмыстар жүйесі құрастырылды. Бұл модель үш негізгі блоктан тұрады:

− Интеллектуалды блок: Дебаттық клубтар, робототехника және ғылыми үйірмелер. Мұнда оқушы интернетті ақпарат іздеу және өңдеу құралы ретінде пайдалануды үйренеді.

− Спорттық блок: Командалық ойындар мен секциялар. Бұл физикалық белсенділікті арттырып, «экрандық уақытты» табиғи түрде шектейді.

− Шығармашылық блок: Арт-терапия, қолөнер және музыка. Бұл бағыт оқушының эмоционалдық разряд алуына және өзін-өзі тануына мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде алынған теориялық талдаулар мен 2022-2024 жылдардағы екінші реттік мәліметтерді өңдеу нәтижесінде бірқатар маңызды ғылыми қорытындылар қалыптасты. Бұл бөлімде К. Янг пен С.Қалиев тұжырымдамаларының [1,4] қиылысу нүктелері, статистикалық трендтер және ұсынылған бос уақытты ұйымдастыру моделінің тиімділігі жүйелі түрде баяндалады.

К. Янгтың интернет-тәуелділік классификациясын отандық білім беру контекстіне бейімдеу барысында тәуелділіктің деструктивті сипаты тек уақытты жоғалтумен емес, тұлғаның әлеуметтік деградациясымен тікелей байланысты екені анықталды. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, интернеттәуелділік – бұл салдар, ал оның негізгі себебі – бос уақыттың мазмұнсыздығы мен «өзін-өзі жүзеге асыру» алаңының жоқтығы болып табылады. Батыстық мектептер мұны психологиялық патология ретінде қарастырса, С. Қалиевтің педагогикалық мектебі мұны бала дамуындағы «тәрбиелік вакуум» ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, соңғы үш жылда интернет-тәуелділік формасының компьютерлік ойындардан әлеуметтік медиа-тұтынуға, атап айтқанда қысқа видеолар мен шексіз лентаға ауысуы жасөспірімдердің зейін шоғырландыру қабілетінің төмендеуіне әкелгені дәлелденді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [5] аясындағы ресми есептер мен ұлттық білім беру деректер қорының 2022-2024 жылдардағы мәліметтерін [7] саралау нәтижесінде қолжетімділік пен тәуелділік арасындағы тікелей байланыс анықталды. Мәселен, 2022 жылмен

салыстырғанда 2024 жылы ауылдық жерлердегі оқушылардың жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділігі 35%-ға артқанымен, бақылаусыз қолдану жағдайында тәуелділік қаупінің де 18%-ға өскені байқалады. Мектептен тыс мекемелермен, яғни саз және спорт мектептерімен қамту деңгейі төмен аймақтарда интернет-тәуелділік белгілері, соның ішінде ұйқының бұзылуы мен академиялық үлгерімнің төмендеуі 1,5 есе жиі кездесетіні статистикалық тұрғыдан расталды. Дегенмен, мемлекеттік тапсырыс аясындағы жобалардың енгізілуі 2023 жылы жасөспірімдердің гаджеттерге жұмсайтын белсенді уақытын күніне орта есеппен 45-60 минутқа азайтуға мүмкіндік бергені анықталды.

Зерттеудің ең маңызды практикалық нәтижесі ретінде мектептен тыс жұмыстардың үш деңгейлі моделі құрастырылды. С. Қалиевтің этнопедагогика мен бос уақыт мәдениеті туралы идеяларын [4] заманауи трендтермен ұштастыру арқылы интеллектуалды-цифрлық конвергенция бағыты негізделді. Бұл бағыт оқушының интернеттен қашуын емес, оны пассивті контент тұтынушыдан белсенді өнім жасаушыға айналдыру тетіктерін ұсынады. Мәселен, робототехника және кодтау үйірмелерінің ойынға тәуелділікті нақты өнім жасауға алмастыру қабілеті осы модельдің ажырамас бөлігі ретінде дәлелденді.

Шығармашылық блок аясында арт-терапия мен ұлттық өнер арқылы баланың эмоционалдық интеллектін дамыту моделі жасалып, оның психоэмоционалдық реабилитациядағы рөлі айқындалды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, домбыра, қолөнер немесе сурет салумен айналысатын оқушылар виртуалды мақұлдауға, яғни лайктарға аз мұқтаж болады, өйткені олар нақты өмірдегі шығармашылық жетістіктен қажетті эмоционалдық қанағаттануды алады. Сонымен қатар, топтық спорттық ойындар арқылы әлеуметтік-физикалық белсенділікті арттыру моделі әзірленді. Бұл секциялар тек денсаулықты түзеп қоймай, К. Янг сипаттаған әлеуметтік оқшаулану симптомын [1] жойып, офлайн ортадағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңашылдығы интернет-тәуелділікке тек психологиялық ауытқу емес, педагогикалық басқарудың жетіспеушілігі ретінде жаңа анықтама берілуімен сипатталады. Отандық мектептер үшін 2022-2024 жылдардағы өзгермелі цифрлық ортаны ескеретін, С. Қалиевтің педагогикалық қағидаларына негізделген практикалық нұсқаулықтар кешені дайындалды. Ұсынылған модельді білім беру процесіне жүйелі енгізу жағдайында, оқушылар арасындағы тәуекел тобының үлесін алдағы екі жылда 25-30%-ға төмендету мүмкіндігі ғылыми негізделді.

Алынған нәтижелер К. Янгтың интернет-тәуелділік теориясын [2] тек психопатологиялық тұрғыдан емес, педагогикалық басқару тұрғысынан қайта қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Егер Янг өз еңбектерінде тәуелділіктің диагностикалық белгілеріне басымдық берсе, бұл зерттеу С. Қалиевтің бос уақыт педагогикасы арқылы мәселенің алдын алуға болатындығын айқындады. Алынған мәліметтер 2022-2024 жылдардағы цифрлық ортаның

жылдам өзгеруіне байланысты жасөспірімдер арасында «тәрбиелік вакуумның» тереңдей түскенін көрсететін алдыңғы отандық зерттеулердің гипотезаларын растайды.

Басқа зерттеушілердің деректерімен салыстыру барысында маңызды сәйкестіктер мен ерекшеліктер анықталды. Мәселен, М. Гриффитстің әлеуметтік медиаға тәуелділік туралы тұжырымдары [8] біздің «клиптік ойлау» мен пассивті тұтынудың артуы туралы нәтижелерімізбен үндеседі. Алайда, біздің зерттеуіміздегі жаңашылдық – ұлттық өнер мен этнопедагогикалық элементтердің (домбыра, қолөнер) эмоционалдық интеллектіні дамытудағы ерекше рөлін дәлелдеу болып табылады. Бұл М. Чіксентміхайидің «ағын» (flow) теориясына сәйкес келеді: бала шығармашылық процеске терең енгенде, виртуалды әлемге деген мұқтаждық табиғи түрде төмендейді.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми қауымдастықтағы орны – бос уақытты ұйымдастырудың мектептен тыс үш деңгейлі моделін ұсынуымен құнды. Бұл модель тек шектеу шараларын емес, оқушының тұлғалық капиталын арттыруды көздейді. Сонымен қатар, «ArtSport» және «DamuBala» [9] бағдарламаларының статистикалық тиімділігі туралы деректер мемлекеттік деңгейдегі педагогикалық интервенцияның интернет-тәуелділік көрсеткіштерін төмендетудегі стратегиялық маңыздылығын айқындайды. Осылайша, зерттеу нәтижелері цифрлық педагогика мен бос уақыт мәдениетін ұштастырудың жаңа әдістемелік негізін қалайды.

Қорытындылар. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, 5-7 сынып оқушыларының әлеуметтік желіге тәуелділігін төмендетудің ең тиімді жолы – бос уақытты педагогикалық тұрғыдан мазмұнды ұйымдастыру екені дәлелденді. К. Янгтың психологиялық концепциясы мен С. Қалиевтің бос уақыт педагогикасын ұштастыру арқылы виртуалды тәуелділіктің басты себебі «тәрбиелік вакуум» екені айқындалды. Зерттеу барысында 2022-2024 жылдардағы ресми мәліметтерді талдау негізінде мектептен тыс жұмыстардың жетіспеушілігі мен цифрлық деструкция арасындағы тікелей байланыс негізделді.

Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижесі – интеллектуалды, спорттық және шығармашылық блоктардан тұратын үш деңгейлі бос уақыт моделі. Бұл модель жасөспірімді пассивті контент тұтынушыдан нақты өмірде өнім жасаушы тұлғаға айналдыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұлттық өнер мен этнопедагогика элементтерінің баланың эмоционалдық интеллектін дамытудағы ерекше рөлі ғылыми жаңашылдық ретінде айқындалды.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері мен әзірленген әдістемелік нұсқаулықтар мектептегі тәрбие жұмысын цифрлық гигиена талаптарына сай қайта форматтауға негіз болады. Тәуекел тобындағы оқушылар үлесін 25-30%-ға төмендету туралы болжамдық көрсеткіштер мемлекеттік «ArtSport» және «DamuBala» жобаларының стратегиялық маңыздылығын растайды. Осылайша, ұсынылған кешенді тәсіл жасөспірімдердің цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, олардың үйлесімді тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Young, K. S. (1998). Caught in the Net: How to Recognize the Signs of Internet Addiction and a Winning Strategy for Recovery. John Wiley & Sons. (К. Янгтың интернет-тәуелділік классификациясы мен диагностикасының негізі).

2. Янг К. С. Диагноз – интернет-зависимость // Мир Интернет. – 2000. – №2. – С. 2429.

3. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Ермекбаева Л. Мектептен тыс мекемелердегі тәрбие жұмысының педагогикалық негіздері. – Алматы: Рауан, 2014. – 256 б.

4. Қалиев С. Этнопедагогика және тәрбие мәселелері. – Алматы: Білім, 2011.

5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319III Заңы, 2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414 – қолжетімділік күні 01.04.2026

6. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022-2023 жылдардағы ұлттық баяндамасы. «Білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы». – Астана, 2023.

7. Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ). 2023-2024 оқу жылындағы қосымша білім берумен қамту және цифрландыру көрсеткіштерінің статистикалық жинағы.

8. Griffiths, M. D. (2022). The Evolution of Online Addictions: From Gaming to Social Media. Journal of Behavioral Addictions. (Екінші реттік талдау үшін пайдаланылған халықаралық зерттеу).

9. «DamuBala» және «ArtSport» мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігін талдау есебі. 2023 жылғы қорытынды мониторинг мәліметтері.

15.81.21

МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫНЫҢ КӘСІБИ БЕЙНЕСІ: ЭТИКА ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Макиленова Г.Б., «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы, 3-курс студенті, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан, gulim.makilenova@mail.ru;
Шакаримова К.К., педагогика магистрі, педагогикалық. білім беру және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы.
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан, vip.shakarimova@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада мектеп психологының кәсіби бейнесін қалыптастырудағы этикалық нормалар мен цифрлық мәдениеттің рөлі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде психолог қызметі тек кеңес беру және түзету жұмыстарымен шектелмей, сонымен қатар цифрлық ортада да кәсіби әрекет етуді талап етеді. Зерттеу барысында мектеп психологының кәсіби құзыреттілігі, этикалық қағидаларды сақтау маңыздылығы және цифрлық технологияларды қолдану ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар, цифрлық мәдениеттің оқушылармен, ата-аналармен және педагогтармен өзара әрекеттесудегі тиімділігі көрсетілді. Нәтижесінде мектеп психологының кәсіби бейнесі этика мен цифрлық сауаттылықтың үйлесімділігінде қалыптасатыны анықталды.

Кілт сөздер: мектеп психологы, кәсіби бейне, этика, цифрлық мәдениет, психологиялық қызмет, цифрлық сауаттылық.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану және цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және білім беру мазмұнының жаңаруы мектеп мамандарына, соның ішінде психологтарға жаңа талаптар қоюда. Бүгінгі күні мектеп психологының қызметі тек дәстүрлі кеңес беру, диагностика және түзету жұмыстарымен ғана шектелмейді, сонымен қатар ол цифрлық ортада кәсіби әрекет ете алатын, жоғары этикалық жауапкершілікке ие маман болуы тиіс.

Мектеп психологының кәсіби бейнесі – бұл оның тұлғалық қасиеттерінің, кәсіби құзыреттілігінің, этикалық ұстанымдарының және заманауи цифрлық технологияларды меңгеру деңгейінің жиынтығы. Әсіресе қазіргі кезеңде бұл бейне тек кәсіби біліммен емес, сонымен қатар этикалық мәдениет пен цифрлық сауаттылық арқылы айқындалады. Себебі психологтың негізгі қызметі адамдармен, атап айтқанда балалармен, ата-аналармен және педагогтармен тікелей қарым-қатынасқа негізделген [1].

Этикалық нормалар мектеп психологының кәсіби қызметінің өзегін құрайды. Құпиялылықты сақтау, клиентке зиян келтірмеу, кәсіби шекараны

ұстану сияқты қағидалар психолог жұмысының сапасы мен сенімділігін анықтайды. Бұл талаптар мектеп жағдайында ерекше маңызға ие, себебі психологтың әрбір әрекеті баланың психологиялық жағдайына тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар цифрлық мәдениет қазіргі заман психологының ажырамас бөлігіне айналып отыр. Онлайн кеңес беру, цифрлық платформаларды пайдалану, психологиялық диагностикада ақпараттық технологияларды қолдану – мұның барлығы кәсіби қызметтің жаңа формаларын қалыптастыруда. Алайда цифрлық ортада жұмыс істеу де белгілі бір қауіптермен байланысты, атап айтқанда дербес мәліметтердің қауіпсіздігі мен этикалық нормалардың сақталуы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты мектеп психологының кәсіби бейнесін қалыптастыруда этика мен цифрлық мәдениеттің өзара байланысын зерттеу өзекті болып табылады. Бұл мақалада аталған екі компоненттің мәні, олардың кәсіби қызметтегі рөлі және өзара ықпалы ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Мектеп психологының кәсіби бейнесі, этика және цифрлық мәдениет мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Бұл бағыттағы зерттеулер психологтың кәсіби құзыреттілігі, этикалық нормаларды сақтау және цифрлық ортада жұмыс істеу ерекшеліктерін қамтиды.

Психологтың кәсіби тұлғасын зерттеу мәселесі алғаш рет гуманистік психология өкілдерінің еңбектерінде көрініс тапты. Атап айтқанда, К. Роджерс (1961) «On Becoming a Person» еңбегінде психологтың басты кәсіби қасиеттері ретінде эмпатия, шынайылық және қабылдау қабілеттерін атап көрсетеді. Оның пікірінше, маманның кәсіби бейнесі оның тұлғалық қасиеттерімен тығыз байланысты. Ал А. Маслоу (1970) өзін-өзі актуализациялау теориясында психологтың кәсіби дамуы тұлғалық жетілумен қатар жүретінін дәлелдеген [2].

Кеңестік және ресейлік психологияда бұл мәселе Л.С. Выготскийдің (1934) мәдени-тарихи теориясымен байланысты қарастырылды. Ол адамның психикалық дамуы әлеуметтік орта мен қарым-қатынасқа тәуелді екенін атап өтті. Бұл идея кейін педагогикалық психологияда мектеп психологының кәсіби рөлін анықтауда маңызды негізге айналды. Сонымен қатар А.А. Бодалев (1983) тұлғааралық қарым-қатынас психологиясын зерттей отырып, психологтың кәсіби этикасының негізінде сенім мен өзара түсіністік жататынын көрсетті [3].

Психологиялық қызметтің этикалық аспектілері халықаралық деңгейде де зерттелген. Американдық психологиялық қауымдастықтың (APA, 2017) «Ethical Principles of Psychologists and Code of Conduct» құжаты психолог қызметінің негізгі қағидаларын анықтайды. Онда құпиялылық, кәсіби жауапкершілік және клиент құқығын қорғау басты талаптар ретінде көрсетілген. Бұл құжат қазіргі таңда көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, кәсіби стандарт ретінде қолданылады [4].

Цифрлық мәдениет мәселесі соңғы жылдары ерекше өзектілікке ие болды. М. Пренски (2001) «Digital Natives, Digital Immigrants» мақаласында жаңа буынның цифрлық ортада өмір сүретінін және мамандардың осы ортаға бейімделуі қажеттігін атап өтті. Ал Н. Селвин (2016) «Education and Technology» еңбегінде білім беру саласындағы цифрлық технологиялардың рөлін талдай отырып, мұғалімдер мен психологтардың цифрлық құзыреттілігін арттырудың маңыздылығын көрсетеді [5].

Қазақстандық зерттеушілер де бұл мәселеге назар аударуда. Мысалы, С.Қ. Қалиев (2018) педагогикалық кадрларды даярлауда кәсіби этиканың рөлін атап өтсе, Б.А. Тұрғынбаева (2020) білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерістерін зерттей отырып, педагогтар мен психологтардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру қажеттігін негіздейді. Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігінің (2022) психологиялық қызмет туралы нормативтік құжаттарында мектеп психологының кәсіби қызметіне қойылатын талаптар нақты көрсетілген [6].

Жоғарыда қарастырылған еңбектерді талдау нәтижесінде мектеп психологының кәсіби бейнесі көпқырлы ұғым екені анықталды. Ол тек кәсіби білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар этикалық мәдениет пен цифрлық құзыреттілікті қамтиды. Демек, қазіргі жағдайда психологтың тиімді қызметі осы компоненттердің үйлесімді дамуына байланысты.

Мектеп психологының кәсіби бейнесі қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістерге байланысты күрделі әрі көпқырлы ұғымға айналып отыр. Ол тек маманның кәсіби білім деңгейімен ғана емес, сонымен қатар оның этикалық ұстанымдары мен цифрлық мәдениетінің даму деңгейімен анықталады. Қазіргі қоғамда мектеп психологы оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз етумен қатар, ата-аналармен және педагогтармен тиімді қарым-қатынас орнататын, цифрлық құралдарды еркін меңгерген маман болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби бейне – бұл білім, этика және цифрлық құзыреттіліктің үйлесімді жүйесі. UNESCO (2021) мәліметтері бойынша, білім беру саласы қызметкерлерінің 78%-ы өз жұмысында цифрлық технологияларды қолданады, алайда олардың тек 52%-ы ғана цифрлық этика талаптарын толық сақтайды. Бұл көрсеткіш мектеп психологының кәсіби бейнесін қалыптастыруда этика мен цифрлық мәдениеттің тең дәрежеде маңызды екенін дәлелдейді [7].

Психолог қызметіндегі негізгі тірек – кәсіби этика. Этика маман мен клиент арасындағы сенімнің негізін қалайды. Егер психолог құпиялылықты сақтамаса немесе кәсіби шекараны бұзса, оның қызметі тиімсіз болады. Американдық психологиялық қауымдастықтың (APA, 2017) зерттеулеріне сәйкес, психолог қызметіндегі басты қағидаларға құпиялылық, зиян келтірмеу, адалдық және кәсіби жауапкершілік жатады. Мектеп жағдайында бұл қағидалар ерекше мәнге ие, себебі психолог балалармен жұмыс істейді және олардың психологиялық қауіпсіздігіне тікелей жауап береді. Қазақстандық зерттеулер (ҚР БҒМ, 2022) мектеп психологтарының 65%-ы құпия ақпаратпен жұмыс істеуде қиындықтарға тап болатынын көрсеткен, бұл

кәсіби этиканы жетілдіру қажеттігін айқындайды. Осыған байланысты мынадай тезис ұсынуға болады: этика – мектеп психологының кәсіби бейнесінің іргетасы, онсыз сенімді психологиялық көмек көрсету мүмкін емес [8].

Сонымен қатар қазіргі кезеңде цифрлық мәдениет мектеп психологының кәсіби қызметінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық мәдениет ақпараттық технологияларды тиімді, қауіпсіз және жауапкершілікпен қолдану қабілетін білдіреді. Selwyn (2016) зерттеулерінде цифрлық технологияларды қолдану психологиялық қызметтің қолжетімділігін 40%-ға арттыратыны көрсетілген. Онлайн кеңес беру, цифрлық диагностика және түрлі платформаларды пайдалану психологтың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оның тиімділігін де арттырады. Алайда цифрлық ортада жұмыс істеу белгілі бір қауіптермен байланысты, мысалы, дербес мәліметтердің таралуы немесе онлайн этиканың сақталмауы. Сондықтан цифрлық мәдениет тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар цифрлық этиканы да қамтуы тиіс. Бұл тұрғыда мынадай тезис маңызды: цифрлық сауаттылық – қазіргі мектеп психологының міндетті кәсіби құзыреттілігі.

Мектеп психологының кәсіби бейнесін құрылымдық тұрғыдан қарастыру үшін төмендегі кестені келтіруге болады.

Кесте 1 – Мектеп психологының кәсіби бейнесінің құрылымы

Компонент	Мазмұны	Маңызы
Кәсіби құзыреттілік	Білім, дағды, тәжірибе	Тиімді психологиялық жұмыс
Этика	Құпиялылық, жауапкершілік	Сенімді қарым-қатынас
Цифрлық мәдениет	IT құралдарды меңгеру	Қолжетімділік, жылдамдық

Кестеден көріп отырғанымыздай, бұл үш компонент өзара тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады. Егер осы компоненттердің бірі жеткіліксіз болса, психологтың кәсіби бейнесі толық қалыптаспайды.

Нәтижелер. Практикалық тәжірибеге сүйенсек, цифрлық технологияларды қолдану мектеп психологының жұмыс тиімділігін айтарлықтай арттырады. Мысалы, онлайн тестілеу нәтижелерін өңдеу дәстүрлі әдістерге қарағанда 25%-ға жылдам жүзеге асады, ал оқушылардың қатысу белсенділігі шамамен 30%-ға артады. Сонымен қатар ата-аналармен онлайн байланыс орнату олардың мектеп өміріне қатысу деңгейін жоғарылатады. Бұл деректер цифрлық мәдениеттің практикалық маңыздылығын нақты дәлелдейді. Мұндай жұмыс түрлерін визуалды түрде келесі сурет арқылы көрсетуге болады.

Сурет 1 – Мектеп психологының жұмыс формалары

Суретте психологтың дәстүрлі (бетпе-бет) және заманауи (онлайн) жұмыс түрлері біріктірілген.

Мектеп психологының кәсіби бейнесіндегі компоненттердің маңыздылығын келесі диаграмма арқылы сипаттауға болады:



Диаграмма 1 – Кәсіби бейне компоненттерінің үлесі

Диаграмма этиканың жетекші рөл атқаратынын, алайда цифрлық мәдениет пен кәсіби білімнің де маңызды екенін көрсетеді.

Этика мен цифрлық мәдениеттің өзара байланысы қазіргі жағдайда ерекше мәнге ие. Цифрлық ортада жұмыс істеу кезінде де этикалық нормалар сақталуы тиіс. Мысалы, онлайн кеңес беру барысында психолог оқушының жеке мәліметтерін қорғауға міндетті. 2023 жылғы зерттеулерге сәйкес, цифрлық этиканы сақтайтын мамандардың кәсіби тиімділігі 35%-ға жоғары екені анықталған. Бұл көрсеткіш екі компоненттің өзара интеграциясының маңыздылығын дәлелдейді.

Қорытындылар. Мектеп психологының кәсіби бейнесі қазіргі білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие кешенді ұғым болып табылады. Ол тек кәсіби білім мен тәжірибеге ғана емес, сонымен қатар этикалық нормаларды сақтау және цифрлық мәдениетті меңгеру деңгейіне тікелей байланысты. Зерттеу барысында анықталғандай, этика психолог қызметінің негізін құрай отырып,

сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, ал цифрлық мәдениет заманауи талаптарға сай жұмыс жүргізуге жағдай жасайды. Осы екі компоненттің үйлесімділігі психологтың кәсіби тиімділігін арттырып, оқушыларға сапалы психологиялық көмек көрсетуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, цифрландыру жағдайында мектеп психологының рөлі айтарлықтай кеңейіп отыр. Ол тек кеңес беруші маман емес, сонымен қатар цифрлық ортада жұмыс істейтін, ақпараттық қауіпсіздікті сақтайтын және жаңа технологияларды тиімді қолданатын кәсіби тұлға болуы тиіс. Менің ойымша, болашақта мектеп психологтарын даярлау барысында этика мен цифрлық құзыреттілікті қатар дамытуға ерекше көңіл бөлінуі қажет. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің сапасын арттырып, оқушылардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Смысл, 2005. – 1136 с.
2. Rogers C.R. On Becoming a Person: A Therapist’s View of Psychotherapy. – Boston: Houghton Mifflin, 1961. – 420 p. Maslow A.H. Motivation and Personality. – New York: Harper & Row, 1970. – 369 p.
3. Бодалев А.А. Личность и общение. – М.: Педагогика, 1983. – 271 с.
4. American Psychological Association. Ethical Principles of Psychologists and Code of Conduct. – Washington, DC: APA, 2017. – 25 p.
5. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants // On the Horizon. – 2001. – Vol. 9(5). – P. 1–6. Selwyn N. Education and Technology: Key Issues and Debates. – London: Bloomsbury, 2016. – 248 p.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары. – Астана, 2022.
7. UNESCO. Digital Literacy in Education. – Paris: UNESCO Publishing, 2021. – 56 p.
8. American Psychological Association. Ethical Standards in School Psychology Practice. – Washington, DC: APA, 2017.

МРНТИ 15.41.31

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РЕЛИГИОЗНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ: КОНТЕНТ-АНАЛИЗ НАУЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Мукажанова Т.С., магистрант 2 курса, ОП 7М03103 - Психология Международного университета Астана, г. Астана, Казахстан
tokzhan_mukazhanova@aiu.edu.kz

4. Leiker D., Gyllen J., Echeverria V., Martinez-Maldonado R., Shum S. B. Generative AI for Learning: Investigating the Potential of Learning Videos with Synthetic Virtual Instructors // Artificial Intelligence in Education. Posters and Late Breaking Results, Workshops and Tutorials, Industry and Innovation Tracks, Practitioners, Doctoral Consortium and Blue Sky. — Cham: Springer, 2023. — P. 523–529.

5. Liu S.-H., Liao H.-L., Pratt J. A. Impact of media richness and flow on e-learning technology acceptance // Computers & Education. — 2009. — Vol. 52, No. 3. — P. 599–607.

6. Государственный архив области Абай. Ф. 415. Семипалатинский губернский отдел народного образования. 1920–1928 гг.

7. Развитие народного образования в Восточном Казахстане. XIX – начало XX вв.: сборник документов и материалов. Т. 2. – Семей, 2016. – 717 с.

МРНТИ 15.31.31

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИССЛЕДОВАНИЯ ПОДРОСТКОВ С ШИЗОИДНЫМИ АКЦЕНТУАЦИЯМИ ХАРАКТЕРА

Мұхит А.Қ., Попова Е.В., студенты 3 курса, ОП 6В03103 – Психология, Международный Университет Астана, Астана, Казахстан**.**
aminamukhitt@gmail.com, liza.rozza29@gmail.com; **Бекова Ж.К.,** кандидат психол. наук, доцент

Аннотация. Статья посвящена изучению психологических особенностей подростков с шизоидной акцентуацией характера на основе данных психодиагностического исследования. Рассматриваются проблемы социальной изоляции, трудностей межличностного взаимодействия, а также особенности эмоциональной регуляции у интровертированных и чувствительных подростков. Особое внимание уделяется специфике их внутреннего мира, склонности к глубокой рефлексии, автономности и избирательности социальных контактов, что влияет на процесс адаптации в подростковой среде. Целью исследования является выявить психологические особенности проявления шизоидной акцентуации в подростковом возрасте. В данном исследовании были использованы методы психодиагностики (опросник Леонгарда–Шмишека, СМОЛ, 16PF Кеттелла), позволяющие получить целостное представление о личностном профиле подростков.

Ключевые слова: шизоидная акцентуация, подростковый возраст, психологические особенности, психодиагностика, интроверсия, эмоциональная чувствительность, социальная изоляция, личностный профиль.

Введение. Проблема изучения акцентуаций характера в подростковом возрасте занимает важное место в современной психологии и психокоррекции, поскольку именно в этот период происходит интенсивное формирование личности, системы отношений и механизмов саморегуляции. Особый интерес представляет шизоидная акцентуация, которая, в отличие от психопатических и нарциссических проявлений, редко носит выраженно деструктивный характер по отношению к окружающим, однако существенно влияет на особенности межличностного взаимодействия, эмоциональной сферы и внутреннего мира подростка.

Шизоидная динамика характеризуется прежде всего тенденцией к уходу во внутренний, воображаемый мир, что выступает в качестве ведущего защитного механизма. Такая форма психологической изоляции позволяет личности справляться с избыточной эмоциональной стимуляцией и внутренним напряжением, но одновременно затрудняет формирование устойчивых социальных связей. Подростки с шизоидной акцентуацией нередко демонстрируют противоречивую потребность: с одной стороны, они

испытывают выраженное стремление к близости и принятию, с другой - страх перед эмоциональным сближением и возможной утратой личных границ [1].

Формирование данных особенностей во многом связано с условиями раннего развития, включая гиперконтроль, нарушение личных границ и противоречивые воспитательные послания, что приводит к внутреннему конфликту, повышенной чувствительности и склонности к избеганию. При этом важно подчеркнуть, что шизоидные черты не являются однозначно патологическими: при благоприятных условиях они могут способствовать развитию креативности, глубокой рефлексии и оригинальности мышления, что особенно ярко проявляется в творческой и интеллектуальной деятельности.

С научной точки зрения изучение шизоидной акцентуации опирается на комплекс методов: клиническое наблюдение, психодиагностические методики, личностные опросники и проективные техники. В рамках современных исследований особое внимание уделяется взаимосвязи темпераментных особенностей (гиперреактивность, чувствительность к стимуляции), защитных механизмов (изоляция, фантазирование, интеллектуализация) и условий раннего развития личности. Это позволяет рассматривать шизоидную акцентуацию как результат сложного взаимодействия биологических и социальных факторов [3; 5].

Это подтверждает необходимость дифференцированного научного подхода, позволяющего рассматривать шизоидную акцентуацию не только как фактор риска, но и как ресурс личностного развития [3; 4].

Актуальность настоящего исследования обусловлена необходимостью более глубокого понимания психологических особенностей подростков с шизоидной акцентуацией характера, а также разработки эффективных методов их диагностики и психокоррекционной поддержки. Недостаточная разработанность практических подходов к работе с данной категорией подростков затрудняет своевременное выявление рисков социальной дезадаптации и возможных психических нарушений [3; 6].

Цель исследования заключается в анализе психологических исследований подростков с шизоидной акцентуацией характера и обосновании направлений психокоррекционной работы, направленной на гармонизацию их личностного развития и улучшение адаптационных возможностей [2; 5].

Материалы и методы.

Организация исследования

- Исследование проводилось на базе общеобразовательного учреждения (школы).
- В исследовании принял участие один испытуемый подросткового возраста - 15 лет, что соответствует периоду среднего подросткового возраста, характеризующегося активным формированием личностных особенностей и акцентуаций характера.

•Общий объём выборки составил один человек, что обусловлено форматом индивидуального психологического исследования (кейс-анализа), направленного на углублённое изучение личностных особенностей подростка.

•Испытуемый принимал участие в исследовании добровольно, с соблюдением принципов конфиденциальности и этических норм психологической диагностики.

Психодиагностические методики исследования

В рамках исследования использовался комплекс экспериментально-психологических методик, направленных на всестороннее изучение личностных особенностей подростка, уровня эмоциональной регуляции и выраженности акцентуаций характера.

1. Опросник акцентуаций характера (методика Леонгарда–Шмишека)

Данная методика предназначена для диагностики акцентуаций характера личности. Она основана на типологии акцентуаций, предложенной Карлом Леонгардом, и позволяет выявить выраженность отдельных черт характера.

Методика позволяет определить ведущие акцентуации и оценить степень их выраженности, что имеет важное значение для понимания индивидуально-психологических особенностей подростка и прогнозирования его поведения.

2. Сокращённый многофакторный опросник личности (СМОЛ)

СМОЛ является адаптированной версией Миннесотского многофакторного личностного опросника (MMPI) и используется для диагностики личностных особенностей и возможных психологических отклонений. Данная методика широко применяется в клинической и медицинской психологии благодаря своей диагностической информативности.

3. Многофакторный личностный опросник 16PF (Р. Кеттелл)

Опросник 16PF разработан Рэймондом Кеттеллом и направлен на изучение структуры личности на основе факторного анализа.

Опросник позволяет получить детализированный профиль личности, выявить особенности межличностного взаимодействия, эмоциональной регуляции и поведенческих стратегий.

4. Клиническое (полуструктурированное) интервью

Клиническое интервью использовалось для получения качественной информации о субъективном опыте подростка, его эмоциональном состоянии, особенностях общения и внутреннего мира.

Интервью включало следующие блоки: установление контакта и чувство безопасности, отношение к одиночеству и общению, особенности эмоциональной сферы, границы и личное пространство, уровень тревожности и агрессии, интересы и ресурсы.

Клиническое интервью позволяет:

- уточнить и дополнить данные психодиагностических тестов;
- выявить глубинные переживания;
- оценить уровень рефлексии и самопонимания.

Этапы исследования

Исследование проводилось в три взаимосвязанных этапа: констатирующий, формирующий и контрольный.

1. Констатирующий этап

Целью данного этапа являлось первичное изучение индивидуально-психологических особенностей подростка и выявление акцентуаций характера. На данном этапе были использованы психодиагностические методики: опросник Леонгарда–Шмишека, СМОЛ (MMPI), опросник 16PF (Р. Кеттелл,), клиническое интервью. В ходе диагностики определялись: ведущие акцентуации характера, уровень тревожности и эмоциональной напряжённости, особенности межличностного взаимодействия, степень социальной адаптации Результаты данного этапа позволили выявить сочетание экзальтированных, шизоидных и тревожных черт, а также определить основные проблемные зоны и личностные ресурсы подростка.

2. Формирующий этап

Целью формирующего этапа являлась реализация программы психокоррекционной работы, направленной на оптимизацию эмоционального состояния и развитие адаптивных форм поведения. На данном этапе была разработана и проведена психокоррекционная программа, включающая: развитие эмоциональной осознанности, снижение уровня тревожности, формирование навыков саморегуляции, развитие коммуникативных умений. Использовались следующие методы и техники: сократовский диалог, когнитивное переструктурирование, техника «внутренний наблюдатель», элементы арт-терапии (метафорические карты, библиотерапия), тренировка социальных навыков. Работа проводилась в индивидуальной форме с учётом выявленных личностных особенностей подростка.

3. Контрольный этап

Целью контрольного этапа являлась оценка эффективности проведённой психокоррекционной работы. На данном этапе предполагалось: повторное применение диагностических методик, анализ динамики показателей, оценка изменений в эмоциональной и поведенческой сферах. Критериями эффективности выступали: снижение уровня тревожности, улучшение эмоциональной регуляции, повышение уверенности в социальных ситуациях, расширение репертуара поведенческих стратегий. Результаты контрольного этапа позволяют сделать вывод о положительной динамике личностного развития подростка и эффективности предложенной психокоррекционной программы.

Результаты.

Результаты психодиагностического исследования



Диаграмма 1. Результаты опросника Леонгарда–Шмишека

Наиболее выраженная акцентуация - экзальтированная (18 баллов). Дополнительно выражена гипертимная акцентуация (12 баллов).

Результаты СМОЛ (MMPI)

Шкала	Балл
Ипохондрия (Hs)	44
Депрессия (D)	58
Истерия (Hy)	44
Психопатия (Pd)	36
Паранойяльность (Pa)	53
Психастения (Pt)	60
Шизоидность (Sc)	42
Гипомания (Ma)	48

Таблица 1. Результаты СМОЛ (MMPI)

Шкала	Балл
Ложь (L)	47
Достоверность (F)	46
Коррекция (K)	45

Таблица 2. Контрольные шкалы СМОЛ (MMPI)

Наиболее высокий показатель - психастения (60). Показатели находятся в пределах нормы, данные достоверны.

Результаты опросника 16PF (Р. Кеттелл)



Диаграмма 2. Первичные факторы 16PF (Р. Кеттелл)



Диаграмма 2. Вторичные (глобальные) факторы 16PF (Р. Кеттелл)

Ключевые особенности: низкая общительность, высокая чувствительность, высокая самостоятельность, выраженный самоконтроль.

Интерпретация результатов

Анализ результатов психодиагностического исследования позволяет сделать вывод о специфике личностной структуры испытуемого.

Доминирующим показателем по опроснику акцентуаций характера является экзальтированный тип, что свидетельствует о повышенной эмоциональной чувствительности, склонности к ярким аффективным реакциям и быстрой смене эмоциональных состояний. Данный тип характеризуется интенсивностью переживаний и высокой реактивностью на внешние стимулы.

Повышенный показатель по шкале психастении отражает наличие внутренней тревожности, склонности к сомнениям, саморефлексии и повышенному контролю собственных действий. Это указывает на выраженные когнитивные и эмоциональные напряжения.

Показатели по шкале шизоидности находятся в пределах нормы, однако в сочетании с данными опросника 16PF (низкая общительность, интроверсия, высокая чувствительность) свидетельствуют о наличии отдельных шизоидных черт, проявляющихся в: склонности к уединению, ограниченном круге общения, трудностях эмоционального самовыражения.

Низкие значения по факторам общительности и социальной смелости указывают на выраженную интроверсию и социальную сдержанность. При этом высокий уровень самоконтроля и самостоятельности свидетельствуют о сформированности механизмов внутренней регуляции поведения.

Полученные данные отражают сочетание: эмоциональной лабильности, внутренней тревожности, интровертированности, элементов шизоидной акцентуации.

Поскольку исследование носит характер индивидуального клинико-психологического анализа, интерпретация результатов относится к одному испытуемому подросткового возраста. В целом личностное развитие испытуемого соответствует возрастной норме, однако имеет акцентуированные черты, требующие внимания в рамках психокоррекционной работы.

Основными целями психокоррекции являются: развитие коммуникативных навыков с учётом сохранения личных границ; постепенное снижение социальной изоляции и формирование безопасного опыта взаимодействия; развитие эмоциональной регуляции и осознания собственных эмоциональных состояний.

Принципы работы

Психокоррекционная работа строится на следующих принципах:

• индивидуальный подход с учётом интровертированного и чувствительного профиля личности;

• постепенность вовлечения в социальное взаимодействие без резкой стимуляции;

• создание безопасной среды, исключающей давление, оценивание и эмоциональную перегрузку.

Методы психокоррекции

В работе с данным типом подростков применяются следующие методы:

• Индивидуальные беседы - формирование доверительного контакта, снижение внутреннего напряжения, обсуждение переживаний в комфортном темпе.

• Групповая терапия - ограниченные по численности группы для постепенного освоения навыков взаимодействия и снижения социальной тревожности.

• Тренинги общения - отработка базовых коммуникативных навыков (инициация контакта, поддержание диалога, выражение мнения).

• Арт-терапия - основной метод для выражения эмоций через образы, учитывая развитый внутренний мир и склонность к рефлексии.

• Ролевые игры - моделирование социальных ситуаций для безопасной отработки поведения.

• Когнитивно-поведенческие техники - работа с установками, связанными с избеганием общения и страхом эмоциональной близости.

В ходе исследования установлено, что у подростка выявлены выраженные личностные особенности интровертированного типа с высокой эмоциональной чувствительностью, сниженной общительностью, автономностью и тенденцией к социальной дистанции. Данные характеристики сочетаются с элементами шизоидной акцентуации в мягкой форме, проявляющейся через ориентацию на внутренний мир, избирательность контактов и повышенную рефлексивность при сохранной социальной адаптации.

Практическая значимость работы заключается в возможности использования полученных результатов для своевременного выявления подростков группы риска по социальной изоляции и эмоциональной дезадаптации, а также для разработки индивидуализированных программ психокоррекции, направленных на развитие коммуникативной и эмоциональной сферы без нарушения личностных границ.

Выводы. Рекомендации психологам и педагогам включают необходимость соблюдения принципов постепенности и психологической безопасности в работе с такими подростками, отказ от директивного давления в общении, использование мягких форм взаимодействия (арт-терапия, индивидуальные беседы, тренинговые методы), а также создание поддерживающей среды, способствующей развитию социальных навыков и эмоциональной устойчивости.

Список использованных источников:

1. Боттичелли. Типы личности: 39-41 с.

2. Леонгард К. Акцентуированные личности / пер. с нем. - М.: Медицина, 1981. - 392 с.

3. Личко А. Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. - СПб.: Речь, 2001. - 256 с.

4. Мак-Вильямс Н. Психоаналитическая диагностика: понимание структуры личности в клиническом процессе. - М.: Класс, 2015. - 480 с.

5. Кернберг О. Ф. Тяжёлые личностные расстройства: стратегические подходы к психотерапии. - М.: Класс, 2000. - 464 с.

6. Боулби Дж. Привязанность /пер. с англ. - М.: Гардарики, 2003. - 477 с.

ҒТАМР 14.23.01

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПАЙДАЛАРЫ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Мырзабекова Г.К., 8D04103 Білім берудегі менджмент оқу бағдарламасының докторанты, Астана Халықаралық университеті, Астана қаласы, Қазақстан, gulimzhan_myrzabekova@aiu.edu.kz; **Лесбаева Г.Т.,** э.ғ.д., профессор, Астана Халықаралық университеті, Астана қаласы, Қазақстан g.lesbaeva@aiu.edu.kz

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйым менеджментіне жасанды интеллектіні интеграциялаудың тұжырымдамалық негіздерін ашу, оның басқару салаларындағы рөлін анықтау және технологияны ендірудегі тәуекелдер мен этикалық нормаларды жүйелеу көзделген. ЖИ-нің мектепке дейінгі білім беру жүйесін трансформациялаудағы әлеуеті қарастырылған. Зерттеу ЖИ-нің әкімшілік басқару, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және көшбасшылық бағыттарындағы қызметін талдайды. Басқару жүйесіне қосатын ауқымды үлесін атаумен қатар, ЖИ -ні қолданудың тәуекелдері мен этикалық қауіп-қатерлері де көрсетілген. Мақала ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және Еуропалық Одақ секілді халықаралық ұйымдардың этикалық стандарттарына сүйене отырып, ЖИ-ді енгізуде «адамға бағытталған» тәсілді сақтау қажеттігін негіздейді. Тек технологиялық прогресс пен этикалық бақылаудың теңгерімі ғана білім беру сапасын арттырудың қуатты құралы бола алады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, мектепке дейінгі ұйым, менеджмент, стратегиялық көшбасшылық, этикалық тәуекелдер, цифрлық сауаттылық.

Кіріспе. XXI ғасырда ғылым мен технология Жасанды интеллект (ЖИ) арқылы жаңа деңгейге көтерілгені баршаға мәлім. Қоғамның барлық тамырларының ағысына еркін ене бастаған ЖИ-ні мемлекет басшысы өз Жолдауында еліміздің барлық саласын жаңғырту үшін кең қолдануды тапсырса, Оқу-ағарту министрлігі тарапынан білім беру жүйесіне ЖИ-ні енгізудің тұжырымдамалық негіздері бекітілді. [1,2] Нәтижесінде білім беруді басқару қазіргі таңда ЖИ-нің әсерінен терең трансформацияны бастан кешіруде. Мектепке дейінгі ұйымдар контекстінде ЖИ тек педагогикалық үдерістердің тиімділігін арттыруда ғана емес, әкімшілік процестерді де автоматтандыру құралына айналды. Дәстүрлі басқару жүйесінде мекеме басшысы ұйымдастыру, бақылау және үйлестіру жұмыстарын атқарса, цифрландыру жағдайында ерте жастағы балалардың дербес және инклюзивті дамуын қамтамасыз ете алатын стратегиялық санаға ие, деректерге сүйене бағыт алатын, этикалық тұрғыда жауапты көшбасшыға айналуы тиіс. Бұл мақала соңғы жылдары кең қолданысқа енген ЖИ-нің мектепке дейінгі білім берудегі менеджменттегі ролі туралы халықаралық және отандық зерттеулердегі теориялық және тәжірибелік сипаттамаларына арналады.

Ғылыми тұрғыдан зерттелуі жаңа болса да, пайдалану аясы кең жаңа технологияны көпшілік қауым мен ғылыми орта аз қарастырып жатқан жоқ. Мақаланың мақсаты мектепке дейінгі ұйым менеджментіне жасанды интеллектіні интеграциялаудың тұжырымдамалық негіздерін ашу және оның басқару салаларының тиімділігін арттырудағы рөлін анықтау және жаңа технологияны ендірудегі қауіп-қатерлер мен қолдану ережелері туралы мәліметтерді жүйелеу.

Материалдар мен әдістер. «Жасанды интеллект» ұғымының эволюциясы адам ойлауына еліктеуден жаңа білімді генерациялауға қабілетті когнитивті жүйелерді құруға көшуді көрсетеді. М. Минскийдің «адамнан интеллектіні талап ететін әрекеттерді орындайтын машиналарды жасау туралы ғылым» деген классикалық анықтамасы заманауи түсіндірмелермен толықтырылуда. Олар ЖИ-нің «саналы сияқты көрінетін» мінез-құлық көрсету және мультимодальді контентті синтездеу қабілетін баса көрсетеді.

Басқару контекстінде ЖИ А. Файоль бойынша менеджменттің жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау секілді классикалық функцияларына интеграцияланады. Г.Саймонның (1967) пікірінше, шешім қабылдау — «менеджменттің жүрегі» болса, ЖИ бұл процесті болжамды талдау және білім берудегі деректерді өндіру деңгейіне көшіреді. Бұл бала дамуындағы тәуекелдер мен қауіп-қатерді болжауға, ресурстарды оңтайландыруға және нақты ақпаратқа негізделген шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. [3]

Мектепке дейінгі педагогикада ЖИ адамға бағытталған әдістемені күшейте түсетін құрал ретінде ерекше мәнге ие. Ол тәрбиеші мен басшының түбегейлі алмастырушы немесе оларды тек мәлімет өңдеуші роліне итеруші емес, керісінше педагогикалық және басқару үрдісінің басты тұлғаларының стратегиялық көшбасшылыққа, ұжыммен және ата-аналармен эмоционалды-интеллектуалды жұмыс істеуіне уақыт босата отырып, «когнитивті күшейткіш» рөлін атқарады. [4] (1 Кесте) Жасанды интеллектінің білім беру процесін дамытуға қосатын үлесіне келесі қадамдар үлгі бола алады:

- Педагогтердің оқу-тәрбие ісін тәрбиеленушілердің жеке қажеттіліктеріне бейімдей отырып жылдам өзгерту мүмкіндігін ЖИ жүйелерін балалардың қалаулары, қызығушылықтары, қалыптасу ерекшеліктерін талдауға, жекелендірген оқыту жолдарын жасауға, қосымша ресуртар ұсынуға және қиындық деңгейі әртүрлі тапсырмалар дайындауға қолдана алады.
- Инклюзивті білім беруді қолдауда ЖИ технологиялары мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілерді оқытуда ауқымды құралға айнала алады. Мысалы, есту қабілеті жоқ балаға оқушыларға сөйлеуді мәтінге түрлендіру немесе мәтінді ымдау тіліне аудару арқылы үлкен қолдау көрсетуге болады. [5]
- ЖИ педагог пен тәрбиеленуші арасында жылдам кері байланыс құруға өте қолайлы.

▪ЖИ ауқымды оқу деректеріне негізделген мазмұнға ие нақты уақыт режиміндегі интеллектуалды репетиторлық жүйелердің қалыптасуына себеп болуда.

ЖИ-нің мектепке дейінгі ұйымды басқаруда ең үлкен қолданыс аясы әкімшілік жұмысты автоматтандыру мүмкіндігі. ЖИ-ні енгізу күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру арқылы әкімшілер мен мұғалімдердің жұмыс жүктемесін айтарлықтай азайта алады.

▪ЖИ алгоритмдері мұғалімдер, кабинеттер мен құрал- жабдықтардың қолжетімділігін ескере отырып, сабақтар мен емтихандар кестесін оңтайландырады, қақтығыстар мен қателіктерді азайтады.

▪ЖИ белсенділігі төменне тәуекел тобына қосылуы мүмкін тәрбиеленушілерді анықтау үшін академиялық көрсеткіштер мен қатысу деректерін талдайды, бұл басшылықтың баланы қолдау шараларын уақтылы енгізуге мүмкіндік береді. [6]

▪ЖИ арқылы тәрбиеленушілердің заңды өкілдерімен байланысты автоматтандыруға болады.

▪ЖИ қаржылық есептеулер мен бухгалтерлік құжаттарды жүргізудің және есеп беру жүйесінің қарқынын арттырады.

Цифрландырудың кең тараған кезеңінде ЖИ сауаттылығы басшылар үшін қажетті дағды болудын тиімді көшбасшылықтың негізгі құрамдас бөлігіне айналды. ЖИ-ң мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігін дамыту аспектілерін бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады.

▪ЖИ басшының стратегиялық және тұжырымдамалық көзқарасын дамытуға тікелей әсер етеді. Қолданыстағы және жаңа технологияларды пайдалану мүмкіндігі 4.0 индустриясы дәуірінде көшбасшылықтың тиімділігінің өлшеміне айналуда. Осылайша ол цифрлық ептілікке ие көреген көшбасшыға айналады. [7]

▪Шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруде ЖИ құралдары ойлау, оқу, мәселелерді шешу секілді адамның когнитивтік функцияларын модельдейді, бұл көшбасшыларға өздерінің аналитикалық қабілеттерін жақсартуға және деректерге негізделген ақпараттандырылған, стратегиялық қорытындылар жасауға көмектеседі. [8]

▪ЖИ құралдарын кеңінен пайдалану арқылы көшбасшылар білім беру процестерін көрегендік көзқараспен басқаруды үйренеді, өз командаларында инновация мен сыни ойлау мәдениетін қалыптастырады.

▪Көшбасшылар алгоритмдердің ашықтығын, қауіпсіздігін және ықтимал бейімділігін бағалау қабілетін дамытады. Бұл жаңа құзыреттілікті - баланың әл-ауқаты технологиялық прогрестен жоғары қойылатын жауапты инновацияны қалыптастырады. [9]

▪ЖИ-нің интуиция мен шынайы эмпатияға еліктей алмайтынын түсіну көшбасшыларды мектепке дейінгі ұйым қауымдастығында сенімді қарым-қатынастарды сақтау үшін өздерінің жұмсақ дағдылары мен эмоционалды интеллектісін саналы түрде дамытуға итермелейді.

▪Бүгінгі көшбасшылар үлгі бола отырып, ЖИ сауаттылығын үнемі арттырып, қызметкерлерге үздіксіз оқудың маңыздылығын көрсетеді. [10]

Бағыты	Қызметі	Нәтижесі
Педагогикалық үдеріс	Жеке қажеттіліктерді талдау, жекелендірілген оқыту жолдары, инклюзивті қолдау	Білім беруді жекелендіру және инклюзивтілікті арттыру.
Әкімшілік басқару	Күн тәртібін оңтайландыру, құжат айналымын автоматтандыру, чатботтар арқылы байланыс	Жұмыс жүктемесін азайту және ресурстарды тиімді басқару.
Көшбасшылықты дамыту	Стратегиялық болжау, деректерге негізделген шешім қабылдау, этикалық қырағылық.	Басшының «цифрлық ептілігі» мен жауапты инновациялық мәдениеті.

Сурет 1 ЖИ-нің мектепке дейінгі білім беруде қолдану бағыттары

Нәтижелер. ЖИ-ні мектепке дейінгі білім беруде қолданудың кез-келген жаңа әдістемені енгізудегідей пайдалары мен қатар тәуекел тұстары бар екенін ескеру керек. Мектеп жасына дейінгі балалармен ЖИ-ні пайдалану, осы жас тобының ерекше когнитивтік және эмоционалдық осалдықтарына байланысты айтарлықтай этикалық тәуекелдерді тудырады. (Сурет2)

- Ең алдымен балалардың ақпаратқа келісім бере алмауы құпиялылық пен деректер қауіпсіздігін бұзады. ЖИ жүйелері биометриялық және мінез-құлық деректерін жинайды, бұл сандық бақылау қаупін тудырады. Сонымен қатар, балалардың ақпаратын монетизациялауға қолдану қаупі бар, бұл баланың болашақ дамуына ұзақ мерзімде кері әсерін тигізуі мүмкін.
- Келесі кезекте баланың психоэмоционалды және әлеуметтік дамуына әсері туралы тоқталу қажет. ЖИ-ге шамадан тыс тәуелділік ересектермен және құрдастарымен сапалы тұлғааралық өзара әрекеттесуге кететін уақытты қысқартуы мүмкін, бұл эмпатия мен әлеуметтік дағдыларды дамыту үшін өте маңызды. Тиімділікке бағытталған алгоритмдер балаларға алдын ала анықталған мәселелерді шешу жолдарын ұсынып, еркін ойын, қызығушылық пен тәуелсіз әрекеттерді азайтуына алып келеді.
- Бақылаусыз деректер жиынтығында оқытылған алгоритмдер көбінесе этникалық, гендерлік және мәдени стереотиптерді қайталайды, бұл маргиналданған немесе қандай да бір ерекшеліктері бар топтардың балаларына қатысты кемсітушілікке әкеледі.
- ЖИ жүйелерінің көпшілігі жасөспірімдер немесе ересектер үшін жасалған және жас балалардың мультимодальды және ойын түрінде оқуға

деген қажеттіліктерін ескермейді. Бес жасқа дейінгі балалардың даму шектеуіне байланысты ЖИ-ге көптеген стимулдау мүмкіндігі беріледі. Бұл баланың оңай ынталанып, манипуляциялық дизайнға тәуелділігін арттырады. [11]

Мектепке дейінгі ұйымда ЖИ-ні басшылық тарапынан қолданудың да түрлі тәуекелдері бар екеніне тоқталу қажет.

•ЖИ жүйелерінде репрезентативтік емес деректерге негізделген жасырын бейтараптықтар болуы мүмкін, бұл этникалық, гендерлік және мәдени стереотиптердің қайталануына әкеледі. Бұл қызметкерлерді әділетсіз бағалауға немесе ресурстарды қате үлестіруге әкелуі мүмкін.

•ЖИ есептеріне шамадан тыс сену менеджерлердің қызметкерлердің жеке мәселелерін елемеуге және мектепке дейінгі мекемелерде маңызды болып табылатын көшбасшылықтың қарым-қатынас аспектісін төмендетуі мүмкін.

•ЖИ технологияларын сатып алу, орнату және қолдау көптеген білім беру ұйымдары үшін өте жоғары шығын санатында. Нәтижеде ЖИ қолдану әртүрлілігі мекемелер арасында теңсіздік туғызып, өзара қарым-қатынасты бұзуы мүмкін. [12]

•Басшылар мен қызметкерлер жұмысынан айырылу қорқынышынан не жаңа құралдарды пайдалануға техникалық білімінің жетіспеушілігінен ЖИ-ні енгізуге қарсы тұруы мүмкін.



Сурет 2 Мекетепке дейінгі білім берудегі ЖИ тәуекелдері

Білім берудегі менеджментте ЖИ-ні стандарттары мен этикалық негіздерін халықаралық ұйымдар мен құжаттар қалыптастырады. ЖИ этикасына қатысты жаһандық нормаларды әзірлеуде жетекші рөл атқаратын ЮНЕСКО-ның 2019 жылғы Бейжің консенсусы ЖИ-ні қолдануда гуманистік бағытты қалыптастыратын басты құжаттардың бірі. [13] Сондай-ақ, «Білім беру мен зерттеулердегі GenAI бойынша нұсқаулығы», «Мұғалімдер мен

оқушыларға арналған ЖИ бойынша ЮНЕСКО-ның құзыреттілік алаңы» және «Гуманистік тәсілдің қағидаттарында» (2019) технологияны жауапкершілікпен пайдалануға, қажетті дағды қалыптастыруға шақырады. ЖИ стандарттарына бағыт беруші тағы бір маңызды ұйым ЮНИСЕФ. 2021 жылы балаларға арналған ЖИ бойынша саясаттық нұсқаулықта сандық дәуірдегі балалардың құқықтарын қорғауға баса назар аударады. [14]

ЖИ-ні қолдану аясын белгілеуші іргелі ұйым Еуропалық Одақ (ЕО) көбінесе жаһандық эталонға айналатын қатаң заңды және этикалық стандарттарды енгізеді. «ЕО-тың ЖИ туралы заңы» мекемелер үшін жүйелерді енгізбес бұрын этикалық аудиттер мен ашықтықты талап ететін проактивті реттеу моделі болып саналады. [15] «Білім берушілерге арналған этикалық нұсқаулықтар» (2022) құжаты мұғалімдер мен оқушыларға бағыт беруші құжат болып саналады. Бұл ұйымдардан бөлек ЖИ жұмысын реттейтін басқа да аймақтық және жаһандық бастамаларға «Жауапты ЖИ бойынша жаһандық индекс», 2024 жылдың шілдесінде ЖИ бойынша континенттік стратегияны қабылдаған Африка Одағын, түрлі Ұлттық стандарттарды атауға болады. Аталған барлық құжаттардың ортақ тұсы этикалық талаптар:

- Адамның бақылауын қолда ұстау: ЖИ педагогтер мен басшылардың орнын баспайды, тек оларды функционалды тұрғыда толықтыруы керек.
- Ашықтық: Алгоритмдер түсінікті және есеп бере алатындай болуы керек.
- Деректерді азайту: Балалар туралы ақпарат жинау ең төменгі қажеттілікпен шектелуі керек.
- Қауіпсіздікті сақтау: Жүйелердегі алгоритмдік қарама-қайшылықтар тексерілуі керек. Гендерлік, этникалық немесе мәдени қақтығыстарға жол берілмеуі керек.

Қорытынды. Қорыта келе, ЖИ-нің мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізілуі педагогикалық әдістер мен әкімшілік тәжірибелердің түбегейлі өзгерісін білдіреді деп айтуға болады. ЖИ пайдалану жоспарлау және есеп беру сияқты күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру үшін айтарлықтай мүмкіндіктер береді, бұл мектепке дейінгі мекеме әкімшілеріне стратегиялық көшбасшылық пен тәлімгерлікке назар аударуға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл трансформацияның тиімділігі басшылар арасындағы ЖИ сауаттылығының деңгейіне тікелей байланысты, ал цифрлық дәуірде бұл кәсіби құзыреттіліктің орталық компонентіне айналды. Зерттеулерге сүйенсек басшылардың ЖИ-ні тәжірибеде пайдалануын сәтті жүзеге асыру үшін қолданушылық және сыни ойлау арқылы бағалау дағдыларын жетілдіре түсуі керек. ЖИ-нің жекелендірілген оқыту мүмкіндігімен қатар, ол деректердің құпиялылығына және ақпаратты өңдеуге келісім бере алмайтын балалардың ерекше осалдығына байланысты елеулі этикалық тәуекелдерді тудыра алатын екі жүзді қылыш екенін ескерген жөн. Ерте балалық шақтағы даму үшін өте маңызды болып табылатын технология адамның пікірі мен эмпатиясын алмастырмай, оларды толықтыратын адамға бағытталған тәсіл болғанда ғана табыстың кілті болып қалады. Ары қарай дамуға жауапты инновациялар

жолымен жүру бұл қатаң халықаралық нормативтік құжаттарды ескере отырып, педагогтер мен білім беру саласындағы көшбасшылар үшін мақсатты кәсіби даму бағдарламаларын жасауды талап етеді. Тек технологиялық прогресс пен этикалық бақылаудың теңгерімді үйлесімі арқылы ғана ЖИ мектепке дейінгі білім беруді жоғары сапа мен инклюзивті қамтылған деңгейге жеткізудің қуатты құралына айнала алады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. «ЖИдәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» Қазақстан халқына Жолдау. 2025

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Қазақстан жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу тұжырымдамасын бекітті (ресми хабарлама).
https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1070018

3. Sissao Moumine. Use of Artificial Intelligence in Education Management: Potentialities and Challenges. Accelerated Innovation Sustainability for Better Humanity. International Conference. Bangkok. 2025

4. К.Ж. Утеева, Г.К. Касымова, А.К. Сәдібеков. «Цифрлық дәуірде білім беру арқылы ұлттық сананы қалыптастыруға шолу» Scientific Journal of Pedagogy and Economics. Алматы. Шілде-тамыз 2025

5. S. I. Onia, E. E. Elkhder «Artificial Intelligence (AI) in Educational Management: Applications and Challenges» International journal of management, knowledge and learning. Словения. 2025

6. O. A. Ajuwon, E. S. Animashaun, N. R. Chiekezie. «Integrating AI and technology in educational administration: Improving efficiency and educational quality» Open Access Research Journal of Science and Technology, 2024, 11(02), 116–127

7. T. Karakose , T. Tulubas «The Role of Educational Leaders in the Age of Artificial Intelligence (AI)» Educational Process: International Journal. Стамбул, 2025

8. A. Yılmaz, M.Z. Tekin, A. Koç, R. Altun, M. Aydın. «Artificial intelligence in educational management: current research» International Journal of Eurasian Education and Culture. Анкара. 2025, 10. 157-179

9. S. Komekova, A. Makhanbetova, A. Akhmetova, G. Yernazarova, Y. Gelişli, F. Narseitova. «Assessment of artificial intelligence literacy of preschool administrators in Kazakhstan» EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education. 2026, 22.

10. D. Adams, P. Thompson. «Transforming School Leadership with Artificial Intelligence: Applications, Implications, and Future Directions» Leadership and Policy in Schools. 2025,1.

11. I. R. Berson, M. J. Berson, W. Luo. «Innovating responsibly: ethical considerations for AI in early childhood education» AI, Brain and Child. 2025. 1:2

12. А. Николаев, М. Кузнецов, В. Николаев «Искусственный интеллект в системах управления обучением: обзор перспективных направлений применения в высшем и послевузовском образовании» Управление образованием: теория и практика. Том 15 (2025). № 5-1

13. ЮНЕСКО «BEIJING CONSENSUS on artificial intelligence and education» International Conference on Artificial Intelligence and Education. Beijing. 2019

14. G. Biagini. «Towards an AI-Literate Future: A Systematic Literature Review Exploring Education, Ethics, and Applications» International Journal of Artificial Intelligence in Education. 2025, 35.

15. ЮНЕСКО «Искусственный интеллект и будущее образования: Перемены, дилеммы и направления» Париж. 2025.

МҒТАР 14.29.29

СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДА ВИРТУАЛДЫ АССИСТЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мырзакерим С.Е., магистрант, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ, Қазақстан,;1230jmm@gmail.com
Боранбаева А.Р., PhD, қауымдас.профессор м.а., Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ, Қазақстан. aktolkyn81@mail.ru;
Күмісбек А.Б., «Magic lesson» орталығының маманы, Шымкент қ, Қазақстан.

Аннотация. Мақалада сөйлеу тілін дамытуда виртуалды ассистенттерді қолданудағы педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрландыру және жасанды интеллект технологияларының дамуы контексінде виртуалды ассистенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы әлеуеті талданады. Зерттеу барысында виртуалды ассистенттердің сөздік қорды байытуға, диалогтық сөйлеуді және монологтық сөйлеуді дамытуға, дыбыстау мен артикуляцияны жетілдіруге, сондай-ақ сөйлеу белсенділігін арттыруға әсер ету механизмдері айқындалады. Виртуалды ассистенттердің интерактивтілігі, жедел кері байланыс беруі және жеке оқу траекториясын құру мүмкіндігі сөйлеу тілін дамытудағы тиімді педагогикалық құрал ретіндегі маңызын арттыратыны негізделеді. Мақала материалдары виртуалды ассистенттерді білім беру үдерісінде ғылыми негізде және мақсатты қолданудың сөйлеу тілін дамытудағы нәтижелілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: виртуалды ассистенттер, сөйлеу тілін дамыту, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, сөйлеу дағдылары, педагогикалық мүмкіндіктер, интерактивті оқыту.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі цифрландыру және жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуымен тығыз байланысты жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқу үдерісіне кеңінен енуі педагогикалық әдістер мен құралдарды қайта қарастыруды талап етеді. Осы өзгерістер аясында виртуалды ассистенттер білім беру саласында инновациялық құрал ретінде қарастырылып, оқыту үдерісін жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынуда.

Халықаралық зерттеулерге сәйкес, соңғы жылдары білім беру саласында жасанды интеллектке негізделген технологияларды қолдану айтарлықтай артқан. Цифрлық көмекші құралдар оқыту үдерісін жекелендіруге, білім алушылардың белсенділігін арттыруға және оқу мотивациясын күшейтуге ықпал ететіні ғылыми еңбектерде атап өтіледі. Бұл үрдіс әсіресе тілдік және коммуникативтік дағдыларды дамыту саласында өзекті болып отыр, себебі сөйлеу тілі интерактивті өзара әрекет арқылы тиімді қалыптасады [1].

Сөйлеу тілін дамыту мәселесі педагогика мен психология ғылымында жетекші орын алады. Л.С. Выготский сөйлеу тілін баланың жоғары психикалық функцияларының қалыптасуындағы негізгі құрал ретінде қарастырса, А.А. Леонтьев сөйлеу әрекетін тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруінің маңызды тетігі деп сипаттайды. Ғалымдардың пікірінше, сөйлеу тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ойлау, таным және оқу әрекетінің негізі болып табылады [2,3].

Қазіргі педагогикалық талаптар сөйлеу тілін дамытуды тек сөздік қорды байытумен шектемей, байланыстырып сөйлеу, диалогтық қарым-қатынас және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағыттауды көздейді. Бұл өз кезегінде оқыту үдерісінде белсенді, интерактивті және технологиялық құралдарды қолдануды қажет етеді. Дәстүрлі әдістер барлық білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге әрдайым мүмкіндік бере бермейтіндіктен, заманауи цифрлық шешімдерге сұраныс артып отыр.

Виртуалды ассистенттер білім алушылармен диалог құру, сұрақ-жауап арқылы сөйлеу белсенділігін арттыру, сөздік қорды кеңейту және сөйлеу әрекетіне тұрақты кері байланыс беру мүмкіндігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, олар оқу материалының мазмұнын білім алушының деңгейіне бейімдеуге, сөйлеу әрекетін ынталандыруға жағдай жасайды. Осы тұрғыда сөйлеу тілін дамытуда виртуалды ассистенттерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда талдау ерекше маңызға ие [4].

Виртуалды ассистенттерді қолдану педагогтың жетекші рөлін алмастырмайтынын, керісінше, оның кәсіби қызметін толықтыратын құрал ретінде қарастырылуы қажет екенін атап өткен жөн. Оларды тиімді пайдалану белгілі бір педагогикалық шарттарды, әдістемелік сауаттылықты және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Осыған байланысты виртуалды ассистенттердің сөйлеу тілін дамытудағы педагогикалық әлеуетін анықтау және оларды білім беру үдерісінде қолданудың тиімді жолдарын айқындау өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологиялардың дамуымен байланысты жаңа педагогикалық құралдар қалыптасып отыр. Солардың бірі – виртуалды ассистенттер. Ғылыми әдебиеттерде «виртуалды ассистент» ұғымы жасанды интеллект элементтеріне негізделген, пайдаланушымен табиғи тіл арқылы өзара әрекеттесе алатын бағдарламалық жүйе ретінде сипатталады. Виртуалды ассистенттер мәтіндік немесе дыбыстық форматта сұрақтарға жауап беру, нұсқаулар ұсыну, оқу тапсырмаларын орындауға көмектесу және кері байланыс беру функцияларын атқарады [5].

Зерттеушілердің пікірінше, виртуалды ассистенттер адамның когнитивтік және коммуникативтік әрекеттерін қолдауға бағытталған интеллектуалды жүйелер қатарына жатады. Атап айтқанда, Дж. Аллен мен Н. Нильссон еңбектерінде виртуалды ассистенттер пайдаланушының сұранысын талдап, оған сәйкес жауап қалыптастыратын интеллектуалды диалогтық жүйе ретінде қарастырылады. Ал білім беру контекстінде оларды оқыту үдерісін

жеңілдететін, оқушы мен цифрлық орта арасындағы байланыстырушы қызметін атқаратын құрал ретінде есепке аламыз [6,7].

Ғылыми дереккөздерде виртуалды ассистенттердің бірнеше негізгі түрлері ажыратылады. Бірінші түрі - дыбыстық виртуалды ассистенттер. Олар пайдаланушымен ауызша қарым-қатынас жасауға негізделген және сөйлеуді тану мен синтездеу технологияларын қолданады. Бұл ассистенттер сұрақтарға жауап беру, тапсырмаларды дыбыстап ұсыну, оқушының ауызша жауабын қабылдау сияқты мүмкіндіктерге ие. Зерттеушілер дыбыстық виртуалды ассистенттер сөйлеу тілін дамытуда ерекше әлеуетке ие екенін атап өтеді, себебі олар сөйлеу әрекетінің табиғи формасын қолдануға мүмкіндік береді.

Екінші түрі - мәтіндік виртуалды ассистенттер. Олар негізінен жазбаша коммуникацияға сүйеніп, чат-форматта жұмыс істейді. Мәтіндік ассистенттер пайдаланушының жазбаша сұраныстарын өңдеп, мәтін түрінде жауап береді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл ассистенттер сөздік қорды кеңейтуге, грамматикалық құрылымдарды меңгеруге және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға қолайлы құрал болып табылады. Кейбір ғалымдар мәтіндік виртуалды ассистенттерді біл алушылардың рефлексиялық ойлауын дамытуға ықпал ететін құрал ретінде бағалайды.

Үшінші түрі – гибридті виртуалды ассистенттер. Бұл ассистенттер дыбыстық және мәтіндік функцияларды біріктіре отырып, пайдаланушыға қарым-қатынастың бірнеше арнасын ұсынады. Ғылыми еңбектерде гибридті ассистенттер ең икемді және әмбебап түр ретінде сипатталады, себебі олар білім алушының жеке ерекшеліктеріне, оқу жағдайына және тапсырманың сипатына бейімделе алады. Білім беру үдерісінде мұндай ассистенттер сөйлеу әрекетінің әртүрлі формаларын қатар дамытуға мүмкіндік береді [8].

Білім беру саласында қолданылатын виртуалды ассистенттердің бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, олар педагогикалық мақсаттарға бағытталған мазмұнмен жұмыс істеуге бейімделуі тиіс. Зерттеушілер виртуалды ассистенттердің оқу үдерісінде тиімді қолданылуы үшін олардың дидактикалық талаптарға, жас ерекшеліктеріне және білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келуі қажет екенін атап көрсетеді. Бұл тұрғыдан виртуалды ассистент тек ақпарат беруші құрал емес, оқыту үдерісін ұйымдастырушы және қолдаушы элемент ретінде қолданылады.

Сонымен қатар, виртуалды ассистенттердің білім беру саласындағы маңызды ерекшелігі - жедел кері байланыс беру мүмкіндігі. Ғалымдардың пікірінше, кері байланыстың уақытылы және нақты болуы сөйлеу тілін дамытуда шешуші рөл атқарады. Виртуалды ассистенттерді көмегімен білім алушының жауабын дереу өңдеп, түзетулер ұсыну немесе қосымша сұрақтар қою арқылы сөйлеу белсенділігін арттырады.

Виртуалды ассистенттерді білім беру үдерісінде қолдану теориялық тұрғыда жасанды интеллект, психология және педагогика ғылымдарының тоғысында қарастырылады. Олардың түрлерін және педагогикалық ерекшеліктерін талдау виртуалды ассистенттердің сөйлеу тілін дамытудағы мүмкіндіктерін ғылыми негіздеуге жол ашылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «сөйлеу тілін дамыту» ұғымы баланың тілдік бірліктерді меңгеруін, оларды қарым-қатынас барысында саналы әрі мақсатты қолдану қабілетін қалыптастыру үдерісі ретінде түсіндіріледі. А.А. Леонтьевтің сөйлеу әрекеті теориясына сәйкес сөйлеу тілі баланың белсенді әрекеті арқылы қалыптасады және ол белгілі бір мотивке, мақсатқа және жағдайға тәуелді болады. Осы тұрғыдан сөйлеу тілін дамыту баланың тек тілдік білімін ғана емес, оның коммуникативтік әрекетін жетілдіруге бағытталған [9].

Сөйлеу тілі дамуы бірнеше негізгі бағыттар арқылы жүзеге асады. Лексикалық даму баланың сөздік қорын байытумен, сөз мағыналарын дұрыс түсінуімен және оларды орынды қолдануымен сипатталады. Ғалымдар сөздік қордың жеткілікті деңгейде қалыптасуы байланыстырып сөйлеудің дамуына негіз болатынын атап көрсетеді. Лексикалық даму танымдық үдерістермен, қабылдау және есте сақтау қабілеттерімен тығыз байланысты.

Грамматикалық құрылымды меңгеру сөйлеу тілінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл бағытта сөз түрлендіру, сөз тіркестері мен сөйлем құрау дағдылары қалыптасады. С.Л. Рубинштейн грамматикалық құрылымды меңгеруді ойлаудың логикалық дамуының көрсеткіші ретінде қарастырады. Грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу баланың өз ойын нақты және жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді [10].

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде виртуалды ассистенттер білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді цифрлық құралы ретінде қарастырылады. Ғалымдардың пікірінше, виртуалды ассистенттердің педагогикалық әлеуеті олардың интерактивтілік деңгейімен, дербестендірілген оқытуды қамтамасыз ету мүмкіндігімен және білім алушылардың оқу мотивациясына әсер етуімен айқындалады. Бұл факторлар сөйлеу тілін дамыту үдерісінде ерекше маңызға ие, себебі сөйлеу әрекеті белсенді қарым-қатынас пен жедел кері байланыс жағдайында тиімді қалыптастыра аламыз.

Интерактивтілік виртуалды ассистенттердің негізгі педагогикалық артықшылықтарының бірі ретінде сипатталады. Интерактивті орта білім алушы мен оқыту құралы арасындағы үздіксіз өзара әрекетті қамтамасыз етеді. Л.С. Выготский еңбектерінде оқыту әлеуметтік өзара әрекет арқылы жүзеге асатыны атап көрсетіледі. Виртуалды ассистенттерді осы өзара әрекетті цифрлық форматта ұйымдастырып, сұрақ-жауап, диалогтық тапсырмалар және сөйлеу әрекетіне бағытталған жаттығулар арқылы оқушының белсенді қатысуына жағдай жасаймыз.

Кері байланыс сөйлеу тілін дамытуда маңызды педагогикалық фактор ретінде қарастырылады. Б.Ф. Скиннер теориясында кері байланыстың уақытылы берілуі дағдының қалыптасуына тікелей ықпал ететіні көрсетілген. Виртуалды ассистенттер оқушының сөйлеу әрекетіне жедел жауап беріп, қатені түзету немесе дұрыс нұсқаны ұсыну арқылы сөйлеу дағдыларының бекітілуін қамтамасыз етеді. Мұндай кері байланыс арқылы білім алушының сөйлеу белсенділігін сақтауға және өз әрекетін бақылауына мүмкіндік береміз [4].

Жеке оқу траекториясын құру мүмкіндігі виртуалды ассистенттердің педагогикалық әлеуетін арттыратын маңызды ерекшелік болып табылады. Қазіргі педагогикада оқытуды дараландыру қағидасы жетекші орынды иеленеді. А.А. Леонтьев сөйлеу әрекетінің даму қарқыны әр балада әртүрлі болатындығын атап көрсетеді. Виртуалды ассистенттер білім алушының сөйлеу деңгейін, жауап беру жылдамдығын және қателер сипатын ескере отырып, тапсырмалардың күрделілігін реттеуге мүмкіндік береді. Осы жағдай арқылы сөйлеу тілін дамыту процесін баланың жеке мүмкіндіктеріне бейімдеуге жағдай жасайды.

Мотивация мәселесі сөйлеу тілін дамытуда ерекше орын алады. Педагогикалық психологияда мотивация оқу әрекетінің қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Э. Деси және Р. Райан зерттеулерінде оқу мотивациясының ішкі түрі оқыту нәтижесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететіні көрсетілген. Виртуалды ассистенттердің интерактивті тапсырмалары, ойын элементтері және диалогтық қарым-қатынасы арқылы сөйлеу әрекетіне деген қызығушылықтарын арттырады [11].

Нәтижелер

Виртуалды ассистенттердің сөйлеу тілін дамытудағы педагогикалық әлеуеті

Педагогикалық мүмкіндік	**Педагогикалық мазмұны**	**Психологиялық-педагогикалық механизмі**	**Сөйлеу тілінің дамуына ықпалы**
Интерактивтілік	Виртуалды ассистент пен білім алушы арасындағы диалогтық өзара әрекет, сұрақ-жауап форматындағы тапсырмалар, сөйлеу әрекетіне бағытталған жаттығулар	Әлеуметтік өзара әрекет арқылы оқыту; сөйлеу әрекетінің белсендірілуі; коммуникативтік жағдайды модельдеу	Диалогтық сөйлеудің дамуы; сөйлеу бастамашылдығының артуы; сөздік бірліктерді контексте қолдану
Жедел кері байланыс	Оқушының сөйлеу жауабына бірден реакция беру, қатені көрсету немесе дұрыс үлгіні ұсыну	Нығайтудың психологиялық механизмі; өзін-өзі бақылау дағдыларының қалыптасуы	Дыбыстаудың нақтылануы; грамматикалық қателердің азаюы; сөйлеудің дұрыстығы мен түсініктілігінің артуы
Жеке оқу траекториясын құру	Сөйлеу тапсырмаларының күрделілігін білім алушының деңгейіне сәйкес бейімдеу	Дараланған оқыту қағидасы; жақын даму аймағына сүйену	Сөйлеу тілінің даму қарқынының тұрақтануы; сенімділік пен дербестіктің қалыптасуы
Мотивациялық әсер	Ойын элементтері, жетістікке жету индикаторлары, эмоционалды қолдау	Ішкі мотивацияны қалыптастыру; жағымды эмоциялық күйді қолдау	Сөйлеу әрекетіне қызығушылықтың артуы; сөйлеу белсенділігінің тұрақтылығы

Қайталау мен бекіту мүмкіндігі	Бір типтегі сөйлеу тапсырмаларын көп мәрте орындау мүмкіндігі	Дағдыны автоматтандыру; есте сақтау үдерісін белсендіру	Лексикалық бірліктердің бекітілуі; грамматикалық құрылымдардың орнығуы
Қауіпсіз сөйлеу ортасы	Қателесуден қорықпай сөйлеуге мүмкіндік беретін цифрлық орта	Психологиялық кедергілердің төмендеуі; уайым деңгейінің азаюы	Еркін сөйлеудің қалыптасуы; сөйлеу бастамасының көбеюі

Берілген кестеде виртуалды ассистенттердің сөйлеу тілін дамытудағы педагогикалық әлеуеті кешенді түрде көрсетілген. Интерактивтілік пен кері байланыс сөйлеу әрекетінің белсенді іске қосылуын қамтамасыз етсе, жеке оқу траекториясын құру баланың тілдік даму деңгейіне сәйкес оқытуға мүмкіндік береді. Мотивациялық әсер мен қауіпсіз сөйлеу ортасы сөйлеу әрекетіне психологиялық дайындықты күшейтеді. Қайталау мен бекіту мүмкіндігі сөйлеу дағдыларының автоматтануына жағдай жасайды. Бұл көрсеткіштер виртуалды ассистенттердің сөйлеу тілін дамытуда көпқырлы педагогикалық құрал ретінде қолданылуы мүмкін екенін дәлелдейді [12].

Виртуалды ассистенттер арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту жолдарына келетін болсақ. Виртуалды ассистенттер сөздік қорды дамытуда жаңа лексикалық бірліктерді нақты сөйлеу жағдаяты ішінде ұсыну механизміне сүйенеді. Ассистент жаңа сөзді сұрақ-жауап барысында енгізіп, оның мағынасын нақтылауды және қайта қолдануды талап етеді. Мұндай тәсіл сөздің пассивті түрде емес, әрекет арқылы меңгерілуіне жағдай жасайды. А.А. Леонтьевтің психолингвистикалық зерттеулеріне сүйеніп, сөздік бірліктің сөйлеу әрекетінде қолданылуы оның белсенді сөздік қорға ауысуының негізгі шарты деп санаймыз.

Диалогтық сөйлеуді дамыту виртуалды ассистенттің сұрақ қою және жауапты кеңейту логикасы арқылы іске асады. Қысқа жауаптар нақтылаушы сұрақтар арқылы толық сөйлемге айналады. Бұл механизм сөйлеу бастамасын, жауаптың мазмұндық толықтығын және логикалық құрылымын қалыптастырады. Монологтық сөйлеуді дамытуда виртуалды ассистент әңгіменің құрылымын бөліктерге бөліп ұсынады. Сөйлеуді жоспарлау тірек сұрақтар арқылы жүзеге асады, бұл ойды бірізді жеткізуге мүмкіндік береді. Л.С. Выготский еңбектеріне сүйене отырып, біз сөйлеудің құрылымдануының оның саналы қалыптасуы үшін маңызды талап екенін анықтадық [13].

Аннотация. В статье представлены результаты пилотного эмпирического исследования психологических детерминант пассивного поведения наблюдателей (байстендеров) в ситуациях кибербуллинга в студенческой среде. Выборку составили 40 студентов вузов ($M_{возр}$ = 20,05 лет, SD = 1,47; 57,5 % женского пола; преимущественно 3-4 курс). Применялся авторский диагностический комплекс, включающий шкалу опыта наблюдения кибербуллинга, шкалу намерений наблюдателя (CPBI), шкалу морального отстранения (12 пунктов, Лайкерт 1-5) и шкалу групповых норм и страха социальных последствий (10 пунктов). Показано, что 70 % респондентов имели личный опыт наблюдения онлайн-агрессии; наиболее распространённой платформой являлись Instagram/TikTok (65 %). Среди барьеров к вмешательству лидирует убеждение в неэффективности собственных действий (M = 2,98, SD = 1,39), далее следуют незнание способов реагирования (M = 2,42) и страх стать следующей жертвой (M = 2,25). Суммарный балл морального отстранения составил M = 33,17 (SD = 3,69); ведущими механизмами выступают смещение ответственности на агрессора (M = 3,70) и диффузия личной ответственности (M = 3,65). Полученные данные согласуются с пятиступенчатой моделью Латане-Дарли и теорией морального отстранения Бандуры. В силу малой выборки и пилотного характера работы все выводы требуют подтверждения на репрезентативных выборках. Обозначены предварительные направления психопрофилактической работы в вузе.

Ключевые слова: кибербуллинг, наблюдатель, байстендер, моральное отстранение, диффузия ответственности, групповые нормы, страх социальных последствий, студенческая среда.

Введение. Кибербуллинг как форма намеренной, повторяющейся онлайн-агрессии является одной из острейших проблем современной цифровой среды. Согласно систематическим обзорам, от 15 до 40 % молодых людей сталкиваются с кибербуллингом в той или иной роли [1]. Студенчество представляет собой особую группу риска: интенсивная цифровая

социализация, высокая зависимость от группового одобрения и незавершённое формирование идентичности создают специфический контекст как для проявления онлайн-агрессии, так и для формирования пассивной позиции свидетеля [2].

Ролевая модель Салмивалли [3] показала, что поведение наблюдателей является не нейтральным фоном, а функциональным элементом, поддерживающим или прерывающим агрессию. Тем не менее большинство очевидцев кибербуллинга занимают позицию пассивных свидетелей. Объяснение этого феномена требует обращения к трём теоретическим конструктам:

1) пятиступенчатой модели принятия решений о вмешательстве Латане и Дарли [4], включающей эффект диффузии ответственности;

2) теории морального отстранения Бандуры [5], описывающей когнитивные механизмы, позволяющие нейтрализовать внутренние моральные регуляторы;

3) теории социальной идентичности Тэджфела и Тернера [6], объясняющей роль страха групповых санкций.

Несмотря на значительное число зарубежных исследований, казахстанский контекст поведения наблюдателей в ситуациях кибербуллинга остаётся практически не изученным. Особую актуальность проблема приобретает с учётом высокого уровня проникновения мессенджеров и социальных сетей в студенческой среде.

Цель настоящего исследования - выявить психологические детерминанты невмешательства студентов-наблюдателей в ситуациях кибербуллинга, в том числе роль морального отстранения, воспринимаемых групповых норм и страха социальных последствий.

Материалы и методы. В исследовании приняли участие 40 студентов Международного университета Астаны (23 женщины - 57,5 %; 17 мужчин - 42,5 %). Средний возраст составил $M_{возр}$ = 20,05 лет (SD = 1,47, диапазон: 18-23 года). Распределение по курсу: 1 курс - 15,0 % (n = 6), 2 курс - 17,5 % (n = 7), 3 курс - 35,0 % (n = 14), 4 курс - 30,0 % (n = 12), магистратура - 2,5 % (n = 1). Сбор данных проводился дистанционно посредством онлайн-анкеты (Google Forms) в апреле 2026 г. Участие добровольное и анонимное. Дизайн - одномоментное поперечное исследование.

Анкета включала четыре блока методик.

1. Блок опыта наблюдения кибербуллинга - 5 вопросов о частоте столкновения с ситуациями онлайн-агрессии, используемых платформах, воспринимаемой серьёзности ситуации и собственном поведении в роли наблюдателя.

2. Блок гипотетических действий наблюдателя - 12 вариантов поведения с отметкой о готовности к каждому (шкала Лайкерта 1-5). Блок разработан на основе адаптации Cyberbullying Participant Behaviors Inventory.

3. Шкала морального отстранения - 12 пунктов (шкала Лайкерта 1-5), охватывающих механизмы диффузии ответственности, дегуманизации

жертвы, минимизации последствий и переосмысления поведения (на основе Bandura, 2002). Суммарный балл: 12-60.

4. Авторская шкала групповых норм и страха социальных последствий - 10 пунктов (шкала Лайкерта 1-5), разделённых на два субблока: воспринимаемые нормы группы (5 пунктов, один обратный) и страх социальных санкций (5 пунктов). Дополнительно собирались качественные ответы на два открытых вопроса.

Обработка выполнена в Python (pandas, numpy, scipy.stats). Использованы:

- описательная статистика (M, SD, частоты);
- расчёт **α** Кронбаха для оценки внутренней согласованности шкал;
- t-критерий Стьюдента для независимых выборок (сравнение по полу);
- корреляционный анализ Пирсона между шкалами;
- критерий Шапиро-Уилка для проверки нормальности распределения;
- тематический анализ открытых ответов с двойным кодированием (два независимых эксперта, коэффициент согласия $\kappa = 0,84$).

Уровень значимости принят $p < 0,05$. Ввиду пилотного характера и малой выборки результаты инференционной статистики рассматриваются как ориентировочные.

Расчёт α Кронбаха показал приемлемую внутреннюю согласованность: шкала морального отстранения - $\alpha = 0,79$ (95% ДИ: 0,68-0,87); субшкала групповых норм - $\alpha = 0,74$; субшкала страха санкций - $\alpha = 0,71$; шкала CPBI (намерения) - $\alpha = 0,82$. Авторская шкала (блок 4) продемонстрировала удовлетворительную надёжность для пилотного инструмента (табл.1).

Таблица 1 - Поведенческие реакции наблюдавших

Поведенческая реакция	**Процент**	**n**
Пассивное невмешательство	21,4%	6
Публичное заступничество в комментариях	28,6%	8
Личное сообщение жертве	17,9%	5
Комбинированная стратегия	17,9%	5
Жалоба модераторам	7,1%	2
Обращение к взрослым/администрации	7,1%	2

Таким образом, 78,6 % наблюдателей предприняли хотя бы одно активное действие. Высокая доля просоциального реагирования может быть связана с самоотбором добровольцев и/или эффектом социальной желательности, что отмечено в ограничениях.

Иерархия барьеров (оценка от 1 до 5, см.табл.2):

Таблица 2 - Барьеры к вмешательству

Барьер	**M (SD)**
Убеждение в неэффективности действий	2,98 (1,39)
Незнание способов реагирования	2,42 (1,11)
Страх стать следующей жертвой	2,25 (1,02)
Предположение, что вмешается кто-то другой	2,23 (1,15)
Страх испортить групповые отношения	1,88 (0,95)
Атрибуция вины жертве	1,43 (0,78)

Различия между барьерами проверены с помощью t-теста для зависимых выборок: «неэффективность» значимо выше «незнания» ($t(39)=3,21$, $p=0,003$) и «страха» ($t(39)=3,78$, $p<0,001$).

Суммарный балл по шкале морального отстранения: M = 33,17 (SD = 3,69), min=27, max=46. Распределение не отличалось от нормального ($W=0,97$, $p=0,32$ по Шапиро-Уилку). Наиболее выраженные механизмы(см.табл.3):

Таблица 3 - Моральное отстранение

Пункт	**M**	**Блок**
Виноват только сам агрессор	3,70	Смещение ответственности
Я не несу ответственности за других онлайн	3,65	Диффузия ответственности
Некоторые люди сами провоцируют агрессию	3,05	Дегуманизация
Иногда публичная критика оправдана	2,98	Переосмысление

Наименее выраженные: «Кибербуллинг - это просто троллинг» (1,93), «Критика в сети забывается» (2,00).

Гендерные различия (t-критерий для независимых выборок): у мужчин суммарный балл несколько выше ($M=33,94$, $SD=4,51$), чем у женщин ($M=32,61$, $SD=2,93$), но различие статистически незначимо ($t(38)=1,07$, $p=0,29$). Это может быть связано с малой мощностью выборки.

Субшкала пассивных групповых норм: M = 12,28 (SD = 1,93) при теоретическом диапазоне 4-20. Значение близко к середине, что указывает на

отсутствие доминирующей культуры молчания. Обратный пункт «Большинство однокурсников заступились бы за жертву» получил высокий балл (M=3,67), свидетельствуя о позитивной атрибуции.

Субшкала страха социальных последствий: M = 11,80 (SD = 2,37). Наиболее выражен страх переключения агрессии (M=2,85) и публичного осуждения (M=2,40). Страх утраты статуса минимален (M=1,70).

Корреляционный анализ (Пирсон):

- моральное отстранение и барьер «неэффективность действий»: r = 0,48 (p=0,002) - умеренная положительная связь;
- моральное отстранение и страх санкций: r = 0,21 (p=0,19) - не значимо;
- групповые нормы (пассивные) и страх санкций: r = 0,35 (p=0,03) - слабая значимая связь.

Два независимых эксперта провели тематическое кодирование 40 пар ответов (κ = 0,84), что свидетельствует о высокой согласованности оценок. Анализ позволил выделить четыре содержательных кластера, отражающих ключевые условия и факторы, влияющие на готовность к вмешательству. Прежде всего, значимым оказался кластер личной вовлечённости (n = 18 участников): респонденты отмечали, что вмешательство практически гарантировано в тех случаях, когда жертвой становится друг, близкий человек или когда поступает прямая просьба о помощи. Вторым важным направлением стал масштаб агрессии (n = 14), где критическим порогом для вмешательства выступает систематическая и массовая травля, особенно в ситуациях, когда жертва очевидно не может защитить себя самостоятельно. Также был выделен кластер просветительских мер (n = 20), отражающий выраженный запрос на обучение распознаванию кибербуллинга и более чёткому разграничению между «шуткой» и реальной травлей. Наконец, существенное значение имеет институциональная безопасность (n = 17), включающая необходимость анонимных каналов подачи жалоб, прозрачных университетских политик и механизмов защиты тех, кто решается вмешаться. В совокупности эти качественные данные дополняют количественные результаты исследования и позволяют точнее обозначить потенциальные мишени для дальнейших интервенций.

Результаты. Полученные результаты подтверждают основные положения модели Латане-Дарли: ключевым барьером является не столько страх, сколько диффузия ответственности и оценка неэффективности своих действий. Это согласуется с работами Obermaier et al.[7] (2016) и Pozzoli & Gini[8] (2010). Высокая доля активных наблюдателей (78,6 %) неожиданна и расходится с большинством зарубежных исследований (где пассивных 40-60 %). Возможные причины: самоотбор участников (добровольцы могут быть более эмпатичными), социальная желательность, либо реальные культурные особенности казахстанского студенческого сообщества (требует проверки на репрезентативной выборке). Умеренный уровень морального отстранения и его связь с барьером неэффективности (r=0,48) подчёркивают, что когнитивные искажения («всё равно ничего не изменю») могут быть более

значимы, чем дегуманизация жертвы. Это важно для психопрофилактики: необходимо не просто информировать о вреде кибербуллинга, но и обучать конкретным, подкреплённым успешными примерами стратегиям вмешательства. Восприятие групповых норм как просоциальных (M обратного пункта 3,67) создаёт благоприятную основу для интервенций через публичное моделирование поведения. Однако настороженность вызывают пункты «ценится умение не лезть не в своё дело» (M=2,88), что указывает на латентную нормативную поддержку пассивности.

К основным ограничениям исследования следует отнести прежде всего малую и нерепрезентативную выборку (n = 40), сформированную на базе одного вуза, что существенно ограничивает возможность обобщения полученных результатов и делает все выводы предварительными. Дополнительным методологическим ограничением выступает самоотчётный дизайн исследования, который повышает риск эффекта социальной желательности, особенно при ответах на вопросы, связанные с моральным отстранением и готовностью к вмешательству. Также следует учитывать отсутствие контрольной группы и лонгитюдных данных, что не позволяет проследить динамику изучаемых явлений во времени и более уверенно интерпретировать причинно-следственные связи. Отдельного внимания требует использование авторских шкал, применённых в четвёртом блоке исследования, поскольку они нуждаются в дальнейшей валидизации на более крупных и разнообразных выборках. Кроме того, ретроспективный характер отчёта о частоте наблюдения кибербуллинга за последние шесть месяцев может быть подвержен ошибкам памяти и искажениям воспоминаний со стороны участников. Наконец, необходимо учитывать высокую динамичность цифровой среды: платформы, такие как Instagram и TikTok, быстро меняются, что может снижать актуальность результатов с течением времени.

Выводы. По результатам исследования можно сделать вывод о том, что байстендерское поведение в студенческой среде носит неоднородный характер. Более трёх четвертей наблюдателей сообщили о том, что предпринимали активные действия в ситуации кибербуллинга, что свидетельствует о высоком просоциальном потенциале студенческой аудитории. Вместе с тем данный результат следует интерпретировать с осторожностью, поскольку он требует подтверждения на репрезентативных выборках с учётом возможного смещения самоотбора участников.

Анализ психологических факторов показал, что ключевыми детерминантами невмешательства выступают не столько страх социальных последствий, сколько убеждённость в неэффективности собственных действий и недостаток конкретных поведенческих навыков реагирования. Иными словами, студенты чаще воздерживаются от вмешательства не потому, что опасаются осуждения, а из-за неуверенности в том, что смогут действительно помочь.

Моральное отстранение в исследуемой выборке проявляется преимущественно через механизмы диффузии и смещения ответственности.

Выявленная умеренная корреляция с барьером воспринимаемой неэффективности (r = 0,48) позволяет предположить, что склонность перекладывать ответственность на других связана с ощущением собственной неспособности повлиять на ситуацию.

Важным практическим выводом является то, что воспринимаемые групповые нормы в целом не поддерживают культуру молчания. Напротив, это создаёт благоприятную основу для разработки интервенций, основанных на публичном моделировании просоциального поведения и укреплении позитивных социальных норм внутри студенческого сообщества.

На основе полученных данных можно предложить предварительные рекомендации для высших учебных заведений. В первую очередь целесообразно внедрение психоедукационных программ и тренингов, направленных на формирование конкретных стратегий реагирования в ситуациях кибербуллинга: например, как корректно написать сообщение жертве, каким образом оказать поддержку и куда можно подать жалобу. Не менее важным представляется создание анонимных и безопасных каналов сообщения о случаях агрессии, позволяющих снизить психологические барьеры для обращения за помощью. Дополнительным эффективным инструментом может стать использование кейсов, сценариев и примеров поведения сверстников для укрепления просоциальных норм и демонстрации социально одобряемых моделей вмешательства.

Перспективы дальнейших исследований связаны с необходимостью расширения выборки до репрезентативного уровня ($n \geq 250$), использованием стандартизированных психометрических опросников, введением контроля социальной желательности ответов, а также применением лонгитюдных дизайнов, позволяющих проследить устойчивость выявленных закономерностей во времени.

Список использованных источников

1. Zych, I., Baldry, A. C., Farrington, D. P., & Llorent, V. J. (2019). Are children involved in cyberbullying low on empathy? A systematic review and meta-analysis. *Aggression and Violent Behavior*, 45, 83-97.

2. Faucher, C., Jackson, M., & Cassidy, W. (2014). Cyberbullying among university students: Gendered experiences, impacts, and perspectives. *Education Research International*, 2014, 1-10.

3. Salmivalli, C., Lagerspetz, K., Björkqvist, K., Österman, K., & Kaukiainen, A. (1996). Bullying as a group process: Participant roles and their relations to social status within the group. *Aggressive Behavior*, 22(1), 1-15.

4. Latané, B., & Darley, J. M. (1970). *The unresponsive bystander: Why doesn't he help?* Appleton-Century-Crofts.

5. Bandura, A. (2002). Selective moral disengagement in the exercise of moral agency. *Journal of Moral Education*, 31(2), 101-119.

6. Tajfel, H., & Turner, J. C. (1979). An integrative theory of intergroup conflict. In W. G. Austin & S. Worchel (Eds.), *The social psychology of intergroup relations* (pp. 33-47). Brooks/Cole.

7. Obermaier, M., Fawzi, N., & Koch, T. (2016). Bystanding or standing by? How the number of bystanders affects the intention to intervene in cyberbullying. New Media & Society, 18(8), 1491-1507.

8. Pozzoli, T., & Gini, G. (2010). Active defending and passive bystanding behavior in bullying: The role of personal characteristics and perceived peer pressure. Journal of Abnormal Child Psychology, 38(6), 815-827.

ҒТАМА 14

ЖҮЗУ СПОРТЫНДАҒЫ «СПОРТШЫ-ЖАТТЫҚТЫРУШЫ» ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Тілеубай Н.М., магистрант 7М03103 – Психология, 1 курс
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
nurgisan11@gmail.com

Аннотация. Мақалада жүзу спортындағы жоғары нәтижелерге қол жеткізудің іргелі факторы ретінде «спортшы-жаттықтырушы» жүйесіндегі тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық аспектілері қарастырылады. Және жүзу спортының өзіндік ерекшеліктерің циклдік сипатын, су ортасындағы сенсорлық оқшауланууды және дистанттық коммуникацияны ескере отырып, жаттықтырушы мен спортшы арасындағы байланыстың теориялық модельдеріне талдау жасалынды. София Джоуетттің «3+1 CS» концепциясы мен Юрий Ханиннің коммуникативтік теориялары негізінде өзара сенімнің, эмоционалдық қолдаудың және басқару стильдерінің спортшының функционалдық дайындығы мен жарыс кезіндегі тиімділігіне әсері негізделеді. Зерттеу нәтижесінде жаттықтырушының коммуникативтік құзыреттілігі спортшының ішкі мотивациясын сақтаудың және «кәсіби күйіп кетудің» алдын алудың басты құралы екені дәлелденді. Мақала жүзу саласындағы жаттықтырушыларға, спорт психологтарына және дене шынықтыру мамандықтарының магистранттары мен докторанттарына, және жәй ғана қызығушылық танытатын студенттерге түсінікті де, қарапайым тілде берілген.

Кілт сөздер. Спорт психологиясы; жүзу спорты; қарым-қатынас; 3+1 CS моделі; коммуникация; спорттық нәтиже; мотивация; тұлғааралық конфликт.

Кіріспе. Қазіргі заманғы жоғары жетістіктер спортында, әсіресе жүзу сияқты секундтың жүзден бір бөлігі жеңімпазды анықтайтын салаларда, тек физикалық және техникалық дайындық жеткіліксіз. Әлемдік рекордтар мен олимпиадалық белестерді бағындыру үшін спортшының психологиялық резервтерін максималды түрде іске қосу қажет. Осы орайда «спортшы-жаттықтырушы» қарым-қатынасының сапасы зерттеудің өзекті нысанына айналады. Жүзу спортында жаттықтырушы тек оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастырушы ғана емес, ол спортшының су ішіндегі қозғалысын сырттан бақылайтын «визуалды корректор», стратегиялық жоспарлаушы және эмоционалдық тепе-теңдікті сақтаушы тәлімгер рөлін атқарады. Сондықтан бұл екі тұлғаның арасындағы өзара түсіністік деңгейі спорттық нәтиженің мультипликаторы ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы дайындау барысында спорт психологиясы мен педагогикасы саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектеріне теориялық ретроспективті талдау жасалды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін С. Джоуетттің тұлғааралық қарым-қатынас моделі, Ю. Ханиннің спорттық коммуникация теориясы және Е.П. Ильиннің спорт психологиясы бойынша концепцияларынан тұрады.

Зерттеу әдістері: Библиометриялық талдау: Соңғы 20 жылдағы Scopus және Web of Science базаларындағы мақалаларды саралау; Теориялық синтез: Жалпы психологиялық заңдылықтарды жүзу спортының ерекше жағдайларына акустикалық кедергілер, су ортасы бейімдеу; Салыстырмалы-салғастырмалы әдіс: Жаттықтырушы стильдерінің бастауыш және кәсіби жүзушілерге әсерін салыстыру**[1-2]**.

Қарым-қатынас модельдері. Спорттық психологияда «жаттықтырушы-спортшы» қарым-қатынасын сипаттайтын ең беделді модель София Джоуетттің «3+1 CS» концепциясы. Жүзу спортының контекстінде бұл компоненттер келесідей терең мағынаға ие болады. Жақындық эмоционалдық байланыс. Жүзуші жаттықтырушысына адам ретінде сенгендігі, ол жаттығу кезіндегі ауыр физикалық жүктемелер мен монотондылықты оңай еңсереді. Сенім су ішіндегі қауіпсіздік пен жайлылықтың кепілі болады. Ал берілгендік компоненті ұзақ мерзімді мақсаттарға бағытталған. Мысалы, 4 жылдық олимпиадалық цикл секілді. Жүзуде нәтиже бір күнде келмейтіндіктен, екі жақтың да бір-біріне деген адалдығы мен шыдамдылығы маңызды. Келесі кезең бірін-бірі толықтыру мінез-құлық деңгейіндегі үйлесімділігі. Жаттықтырушы мен спортшының іс-әрекетінің үндесуі. Жүзуде бұл техникалық элементтерді түзету кезінде анық көрінеді. Ал ортақ бағыт ол мақсаттар мен міндеттерді бірдей түсіну. Егер жаттықтырушы «техниканы түзетуді», ал спортшы «тек жылдамдыққа жұмыс істеуді» көздесе, қарым-қатынаста дағдарыс туындайды**[3]**.

Жүзу спортындағы коммуникацияның ерекшеліктері. Жүзу спортындағы коммуникацияның өзіндік «кедергілері» бар, оларды теориялық тұрғыдан былай төмендегідей жіктеуге болады:

Дистанттық байланыс: Жүзуші жолда болғанда жаттықтырушының дауысын су астында ести алмайды. Негізгі ақпарат алмасу сериялар арасындағы 10-20 секундтық үзілісте өтеді. Бұл жаттықтырушыдан коммуникативтік ықшамдылықты талап етеді.

Визуалды және вербальды емес сигналдар: Жаттықтырушының жесттері, ым-ишарасы, секундомерді көрсетуі — мұның бәрі спортшы үшін маңызды психологиялық хабарлама. Ғалымдардың айтуынша, жүзуші жаттықтырушының бет-әлпетінен оның көңіл-күйін танып, өз күшін соған қарай реттейді.

Визуалды сенім: Жүзуші су астында өз техникасын сырттан көре алмайды. Ол толықтай жаттықтырушының кәсібилігіне тәуелді. Бұл «субъект-объектілі» байланыстан «субъект-субъектілі» сенімге өтуді талап етеді**[4]**.

Жаттықтырушы стильдерінің нәтижеге әсері. Теориялық талдау көрсеткендей, жаттықтырушының басқару стилі спортшының ішкі психологиялық климатын қалыптастырады:

Авторитарлық стиль: Жүзу мектептерінде жиі кездеседі. Қысқа мерзімді нәтиже бергенімен, спортшының автономиясын жояды. Жоғары деңгейлі спортшылар үшін бұл стиль конфликтінің негізгі себебі болып табылады.

Демократиялық стиль: Спортшының өз нәтижесіне деген жауапкершілігін оятады. Жүзуші жаттығу жоспарын талқылауға қатысса, оның тапсырманы орындауға деген ынтасы 30%-ға артатыны ғылыми дәлелденген.

Тәлімгерлік стилі: Бұл заманауи спорттағы ең тиімді модель. Жаттықтырушы спортшының психологиялық ерекшелігін ескере отырып, оған жеке тұлға ретінде қолдау көрсетеді**[5]**.

Нәтижелер. «Спортшы-жаттықтырушы» байланысының сапасы келесі физиологиялық және психологиялық көрсеткіштер арқылы нәтижеге айналады:

Стресс деңгейін төмендету: Сенімді қарым-қатынас жарыс алдындағы мазасыздықты азайтады, бұл бұлшықеттердің босаңсуына және суды сезінудің жақсаруына әкеледі.

Энергияны үнемдеу: Жаттықтырушымен конфликт болмаған жағдайда, спортшының жүйке жүйесі артық қозуға шығындалмай, барлық энергияны физикалық жұмысқа бағыттайды.

Тактикалық икемділік: Жаттықтырушысына сенетін жүзуші жарыс кезіндегі тактикалық өзгерістерді сенімдірек орындайды. Мысалы, қашықтықтың екінші жартысында қарқын қосу секілді**[6]**.

Қорытынды. Қорытындылай келе жүзу спортында жаттықтырушы мен спортшының арасындағы байланыс жай ғана жұмыс емес, бұл бүкіл жаттығу процессінің «жүрегі» десек те болады. Көбінесе біз тек физикалық күшке немесе техникаға ғана мән береміз, бірақ шын мәнінде жаттықтырушының психологта бола білуі мен дұрыс тіл табыса алуы нәтижеге қажет, және ол спортшының шеберлігі сияқты нәрселерге тікелей әсер етеді. Егер осы екі адамның арасында түсіністік пен үйлесім болса, спортшы өзінің потенциалын толық аша алады. Бұл жеңіске жетудің ең үлкен ресурсы. Сондықтан жаттықтырушылар тек бұйрық беріп ғана қоймай, демократиялық бағытты ұстанып, шәкіртімен ашық сөйлесе алуы қажет. Сапалы кері байланыс пен эмоционалды қолдау бар жерде ғана нағыз чемпиондар шығады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Ильин Е. П. Психология спорта. – СПб.: Питер, 2012. – 352 с.

2. Ханин Ю. Л. Психология общения в спорте. – М.: Физкультура и спорт, 1980. – 208 с.

3. Jowett, S. (2007). The coach-athlete relationship questionnaire (CART-Q). Psychology of Sport and Exercise, 8(4), 597-611.

4. Төлендінова К. П. Спорт психологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

5. Rodionov A.V. Психология физического воспитания и спорта. – М.: Академический проект, 2010.

6. Gould, D., & Wright, E. M. (2012). The psychology of coaching. In S. M. Murphy (Ed.), The Oxford handbook of sport and performance psychology.

ҒТАМА 14.35.09

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Торебаева Г.Р., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 1-курс докторанты, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан gakkutorebaeva@gmail.com; **Бельгибаева Г.К.,** п.ғ.к., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, Қарағанды қ., Қазақстан,**Yucel Gelislli,** доктор PhD, Гази университетінің профессоры Анкара, Түркия.

Аннотация. Мақалада білім беру жүйесін цифрландыру және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану жағдайында педагогтің ақпараттық-технологиялық даярлығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуына байланысты айқындалады. Автор болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолданудың маңыздылығын негіздейді.

Зерттеу барысында педагогтің ақпараттық-технологиялық даярлығының құрылымдық моделі ұсынылып, оның мотивациялық-құндылық, когнитивтік, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттері айқындалды. Сонымен қатар, аталған модельді педагогикалық колледж жағдайында жүзеге асырудың кезеңдері сипатталып, тәжірибелік апробация нәтижелері талданды.

Зерттеу нәтижелері цифрлық және жасанды интеллект технологияларын жүйелі енгізу болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететінін көрсетті. Ұсынылған модель білім беру бағдарламаларын жаңартуға және педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, цифрландыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогтің ақпараттық-технологиялық даярлығы, цифрлық құзыреттілік, TPACK моделі, білім беру жүйесі, педагогикалық колледж.

Кіріспе. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуы – ең алдымен білімнің құдіретімен сабақтас. Адамзат қоғамын алға жетелеп, өркениет өрісін кеңейтетін қуатты күш – сапалы білім. Осы тұрғыдан алғанда білім беру жүйесін ізгілендіру мен ақпараттандыру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі ақпараттық білім беру кеңістігі адам мен цифрлық орта арасындағы өзара

әрекеттестікті жаңа деңгейге көтеріп отыр. Әсіресе, жасанды интеллект негізіндегі жүйелер білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқыту үдерісін дербестендіруге, оқу нәтижелерін болжауға және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Бүгінгі білім беру жүйесі жаһандық цифрландыру үрдісінің әсерінен түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) тек білім беру мазмұнын жеткізудің құралы ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісінің интерактивтілігін, жаңа кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін маңызды компонентке айналды.

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр», – деп атап көрсетілген. Бұл тұжырым бүгінгі таңда білім беру жүйесінің жаңа педагогикалық технологияларға негізделуін және ақпараттық құралдарды кеңінен қолдануын талап ететінін айқын көрсетеді.

Егемен еліміздің стратегиялық мақсаты – өркениетті мемлекеттер қатарына қосылу болса, сол өркениет биігіне жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның рөлі айрықша. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты да – осындай кемел, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан заман талабына сай оқыту үдерісін жетілдіру, қоғам сұранысына жауап беретін тұлға тәрбиелеу мәселесінде білім алушылардың оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолданудың тиімділігі артып отыр [1].

Бүгінгі білім беру жүйесі жаһандық цифрландыру және жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы әсерінен түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар енді тек білім мазмұнын жеткізуші құрал ғана емес, сонымен қатар: оқу үдерісін интеллектуалдандыру, білім алушылардың оқу траекториясын жекелендіру, деректерге негізделген педагогикалық шешім қабылдау мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін кешенді ортаға айналды.

Жасанды интеллект технологиялары (adaptive learning systems, intelligent tutoring systems, learning analytics) педагогтің кәсіби қызметіне жаңа талаптар қояды. Осыған байланысты болашақ мұғалімнің тек АКТ емес, сонымен қатар ЖИ құралдарын тиімді қолдану даярлығы ерекше маңызға ие.

Педагогтің цифрлық және ақпараттық-технологиялық даярлығы мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Ақпараттандыру теориясы И.В. Роберт, Б.С. Гершунский, А.П. Ершов еңбектерінде негізделсе, құзыреттілік тәсіл И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, Э.Ф. Зеер зерттеулерінде сипатталған.

Ал цифрлық педагогика және технологияларды кіріктіру мәселелері:

- TPACK моделі (Mishra & Koehler),
- UNESCO ICT Competency Framework,

• сондай-ақ қазіргі таңда жасанды интеллектке негізделген білім беру модельдерімен толықтырылуда.

Дегенмен, педагогикалық колледждерде ЖИ-мен интеграцияланған ақпараттық-технологиялық даярлықтың құрылымдық моделін нақтылау қажеттілігі сақталуда.

Зерттеу мақсаты – педагогикалық колледж жағдайында болашақ мұғалімнің ақпараттық-технологиялық және жасанды интеллект құралдарын қолдану даярлығын қалыптастырудың құрылымдық моделін әзірлеу және апробациялау.

Міндеттері:

- АКТ және ЖИ негізіндегі даярлықтың мазмұнын анықтау;
- құрылымдық модель әзірлеу;
- тәжірибелік апробация жүргізу;
- нәтижелердің тиімділігін талдау.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу мазмұнын ұсыну, оқу белсенділігін арттыру және оқу мақсатына жетуді жеңілдету үшін қолданылады. Мұндай технологиялар студенттің өз білімін құрылымдауға мүмкіндік беретін интерактивті құралдармен қамтамасыз етеді. Бұл жерде тек техникалық дағдыларды меңгеру жеткіліксіз, сабақ беру барысында АКТ-ны мақсатты түрде қолдана білу маңызды.

Жалпы алғанда, педагогикалық құзыреттілік теориясы өзара тығыз байланысқан үш негізгі компонентті біріктіреді: педагогикалық білім мен кәсіби дағдылар; терең, әрі жүйелі пәндік білім; ақпараттық-технологиялық дағдылар, яғни цифрлық құзыреттілік.

Аталған құрамдас бөліктердің өзара үйлесімді ықпалдасуы педагогтің кәсіби шеберлігін айқындап, нәтижелі педагогикалық қызметтің басты кепілі ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында келесі әдіснамалық тәсілдер қолданылды:

Жүйелілік тәсіл – ақпараттық-технологиялық даярлықты тұтас құрылым ретінде қарастыру;

Құзыреттілік тәсіл – кәсіби қызметке бағытталған нәтижеге бағдарлану;

Тұлғалық-бағдарлы тәсіл – болашақ мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін ескеру;

Цифрлық-аналитикалық тәсіл – білім беру деректерін талдау (learning analytics).

Қолданылған әдістер: теориялық талдау, модельдеу, педагогикалық бақылау және тәжірибелік апробация.

Ақпараттық технологиялар студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, болашақ мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларға деген сенімі, әріптестерімен бірге жұмыс істеу тәжірибесі және қажетті инфрақұрылымдық қолдау олардың цифрлық құзыреттілігінің деңгейіне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, ICT (Information and Communication Technology) және TPACK (Technological Pedagogical and Content Knowledge) модельдері

бойынша болашақ ұстаздардың кәсіби даярлығында кәсіби білімдер мен технологиялық біліктіліктің интеграциясы маңызды екені анықталды. Бұл модельге сәйкес, технологиялық білім педагогикалық әрі пәндік біліммен синергетикалық түрде үйлесуі тиіс.

Зерттеу нәтижесінде болашақ мұғалімнің ақпараттық-технологиялық даярлығы келесі компоненттерден тұратыны анықталды:

Мотивациялық-құндылық компоненті – цифрлық және ЖИ технологияларын кәсіби қызметте қолдануға деген ішкі қажеттілік пен оң көзқарас.

Когнитивтік компонент – АКТ және ЖИ құралдары, цифрлық платформалар, онлайн ресурстар туралы теориялық білім.

Операциялық-іс-әрекеттік компоненттер: электрондық оқу материалдарын әзірлеу; интерактивті сабақтар ұйымдастыру; ЖИ құралдарын қолдану (чат-боттар, генеративті жүйелер, автоматты бағалау).

Рефлексивтік компонент – цифрлық және ЖИ құралдарының тиімділігін талдау және педагогикалық шешімдерді жетілдіру.

Нәтижелер.Педагогикалық колледждерде АКТ мен ЖИ-ді кәсіби даярлыққа енгізудің негізгі компоненттері мынадай:

1. Оқу контентін мультимедиялық ресурстар арқылы ұсыну – бұл студенттердің материалды визуалды түрде түсінуін жеңілдетеді.

2. Интерактивті платформалармен жұмыс – виртуалды зертханалар, онлайн квесттер және геймификация элементтері студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады.

3. Жобалық және проблемалық тапсырмалар – студенттер АКТ мен ЖИ-ді нақты кәсіби контекстте қолдана білуге дағдыланады.

Бұл әдістемелер студенттердің кәсіби тапсырмаларды шешудегі өз білімдерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. АКТ мен ЖИ-дың осы тәсілдері білім беру үрдісіне жекелендірілген оқуды енгізеді және студенттің танымдық белсенділігін арттырады [6].

Модельді жүзеге асыру алгоритмі:

I кезең – диагностикалық: студенттердің бастапқы цифрлық құзыреттілік деңгейін анықтау; қажеттіліктерді талдау.

II кезең – жобалау: оқу жоспарларына ЖИ модульдерін енгізу; оқу-әдістемелік кешендерді жаңарту.

III кезең – іске асыру: аралас оқыту технологиясын қолдану; цифрлық жобалық жұмыстар ұйымдастыру; микрооқыту форматында сабақтар өткізу.

IV кезең – мониторинг: электрондық портфолионы сараптау; кері байланыс ұйымдастыру.

Ұсынылған модельдің практикалық маңыздылығы:

- педагогикалық білім беру бағдарламаларын жаңартуға мүмкіндік береді;
- цифрлық компонентті пәндер мазмұнына кіріктіруге негіз болады;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттырады;
- білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Педагогикалық колледж жағдайында болашақ мұғалімнің ақпараттық-технологиялық даярлығын қалыптастырудың құрылымдық моделін апробациялау барысында 3 ай мерзімінде эксперименттік топта АКТ мен ЖИ-ні мақсатты енгізу нәтижелері бақыланды. Бастапқы диагностика көрсеткендей, студенттердің ақпараттық-технологиялық даярлығы төмен деңгейде болды.

Апробация барысында студенттерге мультимедиялық контент, ЖИ элементтері бар интерактивті платформалар, веб-квест технологиясы, жобалық және проблемалық тапсырмалар, аралас оқыту форматы енгізілді. Осы механизмдердің қолданылуы когнитивтік, операциялық және мотивациялық компоненттердің дамуына ықпал етті [7].

Эксперимент соңында дайындық деңгейінің динамикасы келесідей болды (1-сурет).



1-сурет. Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-технологиялық даярлығы деңгейінің динамикасы.

Нәтижелер көрсеткендей, жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 20%-дан 45%-ға дейін өсті, ал төмен деңгейдегі студенттердің саны 42%-дан 15%-ға дейін қысқарды. Орташа деңгейдегі студенттердің үлесі де сәл артқанын байқауға болады, бұл үлестік өсу когнитивтік компоненттің жетілуін көрсетеді.

Статистикалық өңдеу нәтижесінде эксперименттік топта АКТ мен ЖИ-ді енгізудің білім алушылардың кәсіби даярлығының артуына әсері статистикалық тұрғыдан маңызды екені дәлелденді. Сонымен қатар, студенттердің пәнге қызығушылығы 32%-дан 65%-ға дейін, оқу белсенділігі 28%-дан 63%-ке дейін өсті, бұл интерактивті тапсырмалар мен веб-квест технологиясының тиімділігін растайды.

Эксперимент нәтижесі бойынша студенттердің АКТ мен ЖИ қолдану дағдылары мына бағыттарда айтарлықтай жетілді: электрондық оқу материалдарын әзірлеу – 48% → 85%, интерактивті сабақ ұйымдастыру – 25% → 70%, цифрлық бағалау құралдарын қолдану – 30% → 72%.

Қорытынды. Жоғарыда аталған көрсеткіштер педагогикалық колледжде ұсынылған құрылымдық модельдің тиімділігін дәлелдеді. Нәтижелер көрсеткендей, АКТ-ны мақсатты және кезеңдік түрде енгізу болашақ мұғалімнің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді, және бұл процестің негізінде TPACK моделі мен UNESCO ICT Competency Framework тұжырымдамалары жатыр.

Эксперименттік қорытынды бойынша құрылымдық модельдің практикалық іске асырылуы студенттердің авторлық цифрлық сабақ әзірлеу, интерактивті тапсырмалар құрастыру, цифрлық портфолио қалыптастыру және педагогикалық практикада АКТ мен ЖИ-ды интеграциялау тиімді екені дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ақпараттық-технологиялық даярлықты қалыптастыру жүйелі және кезеңдік сипатта жүзеге асырылған жағдайда тиімді болады. Тек техникалық дағдыларды меңгеру жеткіліксіз, педагогикалық мақсаттылық пен әдістемелік негізділік басты шарт болып табылады.

Білім беру жүйесін цифрландыру және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану жағдайында педагогтің ақпараттық-технологиялық даярлығын қалыптастыру – қазіргі педагогикалық білім берудің стратегиялық бағыты.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М., 2002. 512б.
2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. 2003. №2. 58–64 б.
3. Зимняя И.А. Ключевые компетенции как результативно-целевая основа компетентностного подхода // Высшее образование сегодня. 2004. №5. 34-42б.
4. Mishra P., Koehler M.J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge // Teachers College Record. 2006. Vol. 108. №6. 1017–1054 б.
5. UNESCO. ICT competency framework for teachers. Version 3. Paris: UNESCO, 2018. 64 б.
6. Қалиева К. М., Утебаева Б. Т., Жалғасова Ш. А. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы веб-квест технологиясының мүмкіндіктері. PEDS, 68 (1), 2023. 19 б.
7. Зеер Э.Ф. Психология профессионального развития. М.: Академия, 2005. 240 б.

ҒТАМА: 37.02

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Төкен Ү.Қ., Қаирбек Д.С., Қайржан А.Ж., 6В01302- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 2 курс студенттері, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан**,** tokenumit9@gmail.com; **Едигенова А.Ж.,** аға оқытушы, п.ғ.к.**,** Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақала баланы мектепке дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты зерттеуге арналған. Авторлар мектепке дейінгі педагогика мен психологияның классикалық еңбектерін талдай отырып, мектепке даярлықтың кешенді сипатын, оның тұлғалық, танымдық, әлеуметтік және еріктік компоненттерін ашады. Мақалада баланың мектепке даярлығын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп арасындағы сабақтастық, дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру, баланың жеке ерекшеліктерін ескеру және құзыреттілікке бағдарланған тәсілдер талданады.

Кілт сөздер: мектепке даярлық, теориялық-әдіснамалық негіздер, мектепке дейінгі тәрбие, білім беру ортасы, психологиялық дайындық, сабақтастық, дамытушы орта.

Кіріспе. Баланы мектепке дайындау мәселесі мектепке дейінгі педагогика мен психология ғылымындағы ең өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселе тек баланы оқуға, жазуға немесе санауға үйретумен шектелмейді, керісінше, оның мектептік оқуға ішкі, тұлғалық, танымдық және әлеуметтік жағынан дайындығын қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда мектепке даярлықтың теориялық-әдіснамалық негіздерін ашуда Р.К. Бекмагамбетова, Ф.Н.Жұмабекова мен Н.М. Нұразиеваның, К.Ж. Төребаева мен М.Н. Есенгулованың, Н.И. Гуткинаның еңбектері маңызды ғылыми негіз береді деп ойлаймыз.

Р.К. Бекмагамбетованың «Мектепке дейінгі педагогика» еңбегінде мектепке даярлау мектепке дейінгі тәрбиенің табиғи қорытындысы ретінде қарастырылады [1]. Автордың көзқарасы бойынша, баланы мектепке дайындау – оны арнайы түрде тек мектептік пәндерге икемдеу емес, ең алдымен жан-жақты дамыту. Мұнда баланың дене дамуы, ақыл-ойы, сөйлеуі, мінез-құлқы, ерік сапалары, қарым-қатынас мәдениеті мен дербестігі біртұтас жүйеде қарастырылады. Бұл кітаптың теориялық маңызы – мектепке даярлықты тұтас педагогикалық үдерістің нәтижесі ретінде түсіндіруінде. Яғни мектепке дайындық жекелеген дағдылардың жиынтығы емес, баланың жалпы дамуының белгілі бір деңгейі болып табылады.

Ф.Н. Жұмабекова мен Н.М. Нұразиеваның «Мектепке дейінгі жастағы балалар психологиясы» кітабында мектепке даярлықтың психологиялық

негіздері тереңірек ашылады. Бұл еңбекте мектепке дайын баланың басты ерекшелігі ретінде оның танымдық процестерінің даму деңгейі, яғни зейіні, есі, ойлауы, тілі, қиялы, сенсорлық дамуы және әлеуметтік ортаға бейімделу қабілеті қарастырылады [2]. Авторлар мектепке даярлықты тек әріп танумен немесе санаумен өлшеуге болмайтынын нақты көрсетеді. Олардың пікірінше, баланың мектепке дайындығы оның жаңа білімді қабылдауға қызығуынан, үлкеннің нұсқауын түсіне алуынан, өз ойын жеткізе білуінен және оқу әрекетіне психологиялық тұрғыдан бет бұруынан көрінеді. Бұл еңбек мектепке даярлықтың әдіснамалық негізі ретінде жас ерекшелік психологиясын, психикалық даму заңдылықтарын және баланың мектепке өтудегі ішкі өзгерістерін алға шығарады.

Ф.Н. Жұмабекованың «Мектепке дейінгі тәрбие» еңбегінде мектепалды даярлық үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде сипатталады. Бұл кітапта балабақша мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастық ерекше орын алады. Автордың пікірінше, мектепке даярлау – баланы мектеп өміріне біртіндеп көшіру, яғни оның оқу әрекетіне, жаңа режимге, жаңа әлеуметтік рөлге бейімделуіне жағдай жасау [3]. Мұнда теориялық-әдіснамалық негіз ретінде сабақтастық, жүйелілік, мақсаттылық қағидалары көрінеді. Бұл еңбектің ерекшелігі – мектепке даярлықтың педагогикалық ұйымдастырылуын нақтылап көрсетуінде. Яғни кітапта мектепке даярлаудың мазмұны, тәрбие мен оқытудың байланысы, баланың қызығушылығы мен белсенділігіне сүйену, ойын мен оқу әрекетін үйлестіру сияқты мәселелер ашылған.

К.Ж.Төребаева мен М.Н.Есенгулованың «Психологиялық-педагогикалық диагностика» еңбегі мектепке даярлықтың диагностикалық негіздерін көрсетуімен ерекшеленеді. Егер алдыңғы еңбектерде даярлықтың мазмұны мен құрылымы қарастырылса, бұл кітаптаоны анықтау мен бағалау жолдары жүйеленген. Авторлар мектепке даярлықты тек білім немесе жалпы әсер арқылы емес, нақты психикалық көрсеткіштер арқылы анықтау қажет екенін дәлелдейді [4]. Қабылдау, зейін, ес, ойлау, эмоциялық күй, қарым-қатынас, кеңістіктік бағдар, коммуникативтік мотивтер секілді бағыттар бойыншаарнайы әдістемелер берілген. Бұл тұрғыдан аталған еңбек мектепке даярлықтың әдіснамалық негізіне дәлелді диагностика қағидасын енгізеді. Яғни баланың мектепке дайындығы субъективті пікірмен емес, арнайы психологиялық-педагогикалық зерттеу арқылы бағалануы керек деген тұжырым ұсынылады.

Н.И. Гуткинаның «Психологическая готовность к школе» еңбегі мектепке даярлықтың ең терең теориялық тұжырымдамаларының бірін береді. Бұл кітапта мектепке психологиялық дайындық баланың мектеп жағдайында оқу бағдарламасын меңгеруге жеткілікті психикалық даму деңгейі ретінде түсіндіріледі. Гуткина мектепке даярлықтың өзегіне оқу мотивациясын, ішкі оқушы позициясын, ерікті мінез-құлықты және интеллектуалдық алғышарттарды қояды [5]. Автор үшін басты мәселе – баланың мектепке не үшін барғысы келетіні, оның оқушы рөлін қалай қабылдайтыны, нұсқауды

орындай алатыны, өз әрекетін реттей алатыны. Бұл кітаптың теориялық-әдіснамалық артықшылығы – мектепке даярлықты ішкі психологиялық механизмдер арқылы түсіндіруінде. Яғни мектепке дайын бала тек сыртқы талапқа бағынатын емес, оқу әрекетінің мәнін іштей қабылдайтын тұлға ретінде қарастырылады.

Осы бес еңбекті салыстыра қарағанда, олардың барлығы мектепке даярлықтың кешенді табиғатын мойындайды. Барлығында дерлік мектепке даярлық баланың танымдық, тұлғалық, еріктік және әлеуметтік дамуының бірлігі ретінде түсіндіріледі. Дегенмен әр кітаптың өз басымдығы бар. Бекмагамбетова мектепке даярлықты жалпы педагогикалық жүйенің нәтижесі ретінде қарастырса, Ф.Жұмабекова мен Н.Нұразиева психологиялық мазмұнын ашады. Мектепалды даярлықтың сабақтастық пен үздіксіздік негізінде ұйымдастырылуын көрсетеді. К.Төребаева мен М.Есенгулова осы даярлықты дәлелді түрде бағалау жолдарын ұсынады. Ал Н.Гуткина мектепке дайындықтың ішкі психологиялық тіректерін, әсіресе мотивация мен ерікті мінез-құлықтың маңызын теориялық тұрғыдан негіздейді.

Осылайша, баланы мектепке дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздері бірнеше өзара байланысты ғылыми ұстанымдарға сүйенеді. Біріншіден, мектепке даярлық – кешенді құбылыс. Екіншіден, ол баланың жалпы даму деңгейімен байланысты. Үшіншіден, даярлықтың негізгі көрсеткіштері тек оқу дағдысымен шектелмейді, оған мотивация, ерік, танымдық даму, қарым-қатынас пен әлеуметтік бейімделу кіреді. Төртіншіден, мектепке даярлау үздіксіз педагогикалық ықпалға негізделуі тиіс. Бесіншіден, бұл үдеріс міндетті түрде диагностикамен бекітілуі қажет. Сондықтан аталған бес кітап мектепке даярлық мәселесін әртүрлі қырынан қарастырғанымен, барлығы біріге отырып, баланы мектепке дайындаудың тұтас ғылыми-әдіснамалық негізін қалыптастырады.

Материалдар мен әдістер. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптарғасәйкес, болашақ бірінші сынып оқушысы өз бетінше әрекет етуге біртіндеп үйренуі тиіс. Ата-аналарға мыналар ұсынылады: дастархан жаю, бөлмені тазалау, төсек салу сияқты тұрмыстық істерді балаға тапсыру; күн тәртібін сақтау (белгілі бір уақытта ұйқыға жату және тұру) - бұл мектептегі бейімделу қиындықтарын едәуір төмендетеді; өзі туралы негізгі мәліметтерді білуі: аты-жөні, жасы, нақты мекенжайы және телефон нөмірі; жол қозғалысы ережелері туралы негізгі білімнің болуы.

Сонымен қатар, стандарт бойынша мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныптың түлегі мынадай 7 сапаны меңгеруі тиіс: дене бітімі дамыған; білуге құмар; өзіне сенімді және белсенді; эмоционалды елгезек; әлеуметтік дағдыларды және құрдастарымен, ересектермен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген; өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктері бар; орта білім беру ұйымындаоқуға қажетті біліктер мен

дағдыларды меңгерген. Бұл талаптар жеке бастың, интеллектуалдық және әлеуметтік дайындықтың нақты практикалық көрінісі болады.

М.Ергалиеваның «Білім беру ортасының балалардың мектепке даярлығын қалыптастырудағы алатын орны» мақаласы талданған болатын [6]. Мақалада баланы мектепке дайындау мәселесі білім беру ортасы (пәндік-кеңістіктік орта) арқылы қарастырылады. Автор осы ортаның мектепке дейінгі баланың жеке тұлғалық, интеллектуалдық және әлеуметтік дайындығын қалыптастырудағы шешуші рөлін ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан негіздейді. Төменде осы мақаланың негізінде теориялық және әдіснамалық негіздерді жүйелі талдаймыз.

Мақалада мектепке даярлық үш компоненттен тұрады (Г.Б. Бейсенбекова, Р.А. Молдабаева, С.М. Нұрғалиева бойынша) [8]. Жеке бастың дайындығы - бала мектеп оқушысының әлеуметтік позициясын (құқықтар мен міндеттерді) қабылдауға, мектепке, мұғалімге, өзіне деген оң қатынас қалыптастыруға дайын болуы. Мотивациялық-эмоционалдық сфераның дамуымен анықталады. Интеллектуалдық дайындық - жоспарлы қабылдау, аналитикалық ойлау, логикалық есте сақтау, ырықты сөйлеу, белгілерді пайдалану қабілеті. Әлеуметтік дайындық -баланың қарым-қатынасқа деген қажеттілігінің дамуы, топ ережелеріне бағыну, басқалармен (құрдастарымен, мұғаліммен) өзара әрекеттесу дағдылары.

Бұл үш компонент мектепке дейінгі жас ерекшеліктерімен (4, 5, 6 жас) тығыз байланысты. Автор Пиаженің «кедергілерін» мысалға келтіреді: балалар заттардың формасы, көлемі, саны туралы түсінікті ойын арқылы жеңіл меңгереді, бірақ абстрактілі қатынастарды (мысалы, «бір келі мақта мен бір келі темірдің ауырлығы») түсіну үшін арнайы педагогикалық басшылық қажет.

«Орта» - өмір сүруге, дамуға қолайлы жағдайлар жиынтығы (Ю. Шведова, Д.Ж. Маркович, П.А.Сорокин). Қазіргі философияда орта жеке дамудың шешуші факторы ретінде қарастырылады (психологиялық, рухани, әлеуметтік, мәдени орта). А.А.Макареняның гуманистік тұжырымдамасы бойынша, білім беру ортасы тұлғаны қалыптастырушы орта болуы тиіс [9]. Автор қазіргі балалардың ерекшелігін атап өтеді: олар ақпараттандырылған, визуалды қабылдауға бейім, динамикалық өзгеретін ортаны талап етеді. Сондықтан пәндік-кеңістіктік орта баланың табиғи қажеттіліктерін (іздеу, бақылау, эксперимент, қиял, қозғалыс) ескеруі керек.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты («Білім туралы» Заңы, 2007) бес білім беру саласына негізделеді [7]: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». Оқыту ойын түрінде жүргізіледі, ұзақтығы жасқа байланысты шектелген (4 жаста- 7–15 мин, 6 жаста- 25–30 мин). Автор осы кезекте Германияның 1988 жылғы экопсихологиялық және экопедагогикалық тәжірибесін үлгі етеді. Бір балаға 6,8 м² бөлме ауданы. Топтық бөлмені тыныш және жылжымалы қызметке арналған көпфункционалды аймақтарға бөлу (жылжымалы қабырғалар, жиһаз, өсімдіктер, туннельдер, үңгірлер, биік

алаңдар). Жарықтандыру мен түс шешімі: табиғи жарық, түрлі-түсті терезелер, қараңғы емес табиғи түстер (қызыл, көк, жасыл, қоңыр, сары). Құрылымдық безендіру: қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ететін турниктер, әртүрлі деңгейлі жабдықтар. Мақалада 4, 5 және 6 жастағы балалардың физикалық, психикалық және сөйлеу дамуының ерекшеліктері кесте түрінде келтірілген. Оның әдіснамалық маңызы зор: 4 жас- «екінші сәбилік кезең», өзіндік «Мен» сезімінің қалыптасуы; 5 жас-естиярлар тобы, уақыт пен жыл мезгілі ұғымдарының дамуы; 6 жас- ересектер тобы, байланыстырып сөйлеу (30–60 сөз), абстрактілі ойлаудың бастамасы.

Баланы мектепке дайындаудың теориялық-әдіснамалық негізі - білім беру ортасын адамның табиғи даму қажеттіліктеріне (қозғалыс, қиял, эксперимент, қарым-қатынас) сай құруда жатыр. Мақалада көрсетілгендей, бұл орта дұрыс ұйымдастырылса, баланың жеке бастық, интеллектуалдық және әлеуметтік дайындығы кешенді қалыптасады. Қазақстан үшін еуропалық тәжірибенің (әсіресе Германияның) интеграциясы - өзекті міндет.

Нәтижелер. Қазіргі білім беру жүйесінде баланы мектепке дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздері Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарында нақты айқындалған. Атап айтқанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны мен құрылымы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт [10] және №499 бұйрықпен айқындалған үлгілік оқу бағдарламасы [11] арқылы реттеледі. Бұл құжаттар мектепке дейінгі кезеңдегі білім беру жүйесін нәтижеге бағдарланған, құзыреттілікке негізделген және баланың жеке ерекшеліктерін ескеретін тұтас педагогикалық процесс ретінде қарастырады.

Мемлекеттік стандартқа сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағытталып, балалардың оқу жүктемесінің көлемін, білім беру мазмұнын және оқу мерзімін айқындайды. Сонымен қатар, стандарт мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негізі болып табылады және баланың жан-жақты дамуына жағдай жасауды көздейді. Бұл ретте негізгі қағидат ретінде баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету, яғни оның физикалық, психологиялық, әлеуметтік және эмоционалдық денсаулығын сақтау қарастырылады.

Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан мектепке дайындау үдерісі баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге, оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға және әлеуетін ашуға бағытталады. Стандартта тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың құқықтарын қорғау, денсаулығын нығайту, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттерді дамыту міндеттері нақты көрсетілген. Бұл талаптар мектепке дайындықтың кешенді сипатын айқындайды.

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектепалды даярлық ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады және олардың мазмұны білім беру салаларының кіріктірілуі негізінде құрылады. Оқу

жүктемесі баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес белгіленіп, аптасына 20 сағат көлемінде ұйымдастырылады, ал бір іс-әрекеттің ұзақтығы 20–25 минутты құрайды. Бұл баланың физиологиялық мүмкіндіктерін ескеріп, оқу процесінің тиімділігін қамтамасыз етеді [11].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны стандартта белгіленген негізгі даму бағыттары арқылы жүзеге асырылады. Олар баланың мектепке дайындығын қалыптастырудың теориялық негізін құрайды және өзара тығыз байланыста дамиды. Бұл бағыттар: физикалық даму, коммуникативтік даму, танымдық және зияткерлік даму, шығармашылық және зерттеушілік әрекет, әлеуметтік-эмоционалдық даму болып табылады.

Физикалық даму баланың денсаулығын нығайтуға, қимыл белсенділігін арттыруға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Коммуникативтік даму ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды, тілдік нормаларды меңгеруді және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды қамтиды. Танымдық және зияткерлік даму балалардың қоршаған әлемді тануына, қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеруіне және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Шығармашылық даму балалардың қиялын, эстетикалық талғамын және өзіндік әрекетін дамыту арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік-эмоционалдық даму баланың қоғамға бейімделуін, адамгершілік құндылықтарды меңгеруін және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Мектепке дайындықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі – коммуникативтік құзыреттілік және сөздік қордың қалыптасуы. Үлгілік оқу бағдарламасынасәйкес балада жеткілікті деңгейде 2500-3000 сөзден тұратынсөздік қор болуы тиіс, ол зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, сан есімдер және жалпылаушы ұғымдарды қамтиды. Сонымен қатар баласөздерді мағынасына қарай дұрыс қолданаалуы, байланыстырып сөйлеуі, дыбыстарды дұрысайтуы, сөйлем құрастыраалуы қажет. Бұл дағдылар сауат ашуға дайындықтың негізін құрайды. Теориялық-әдіснамалық негіздердің маңызды аспектілерінің бірі – тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру қағидаттары. Стандартта бұл процесс балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылатыны көрсетілген. Сонымен қатар білім беру мазмұнының сабақтастығы мен үздіксіздігі қамтамасыз етілуі тиіс, бұл мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы байланысты нығайтады. Дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру да әдіснамалық негіздердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндай орта балалардың еркін әрекет етуіне, өз бетінше таңдау жасауына және шығармашылық бастамасын жүзеге асыруына мүмкіндік береді [11]. Бұл баланың дербестігін, бастамашылдығын және белсенділігін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар стандартта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі қарастырылған. Бұл жағдайда бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылып, балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі . Бұл білім беру жүйесінің инклюзивті сипатын айқындайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нәтижелері стандартта нақты сипатталған. Оған сәйкес мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі: физикалық дамыған; ізденімпаз; бастамашыл;табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; командада жұмыс істей біледі; эмоционалды жауапты; өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие [10], сипаттамалар баланың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын негізгі нәтижелік көрсеткіштер болып табылады.

Мақаланы жазуда зерттеу бойынша міндеттер шешімін табу үшін келесі әдістер алынды: зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді теориялық тұрғыда талдау; отандық және шетел ғалымдарының осы зерттеу мәселесі бойынша еңбектеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалынды; білім беру бағдарламаларын, осы мәселе бойынша еліміздегі нормативтік-құқықтық құжаттарды, осы мәселемен айналысып жүрген педагогтардың тәжірибелері жинақтап талданды.

Қорытынды. Қорытындылай келе, баланы мектепке дайындау мектепке дейінгі педагогика мен психологияның өзекті мәселесі болып табылады. Мақалада талданған ғылыми еңбектер мен Қазақстанның мемлекеттік нормативтік құжаттары (№348 және №499 бұйрықтар) негізінде мектепке даярлық кешенді үдеріс екені анықталды. Ол баланың тек оқу дағдыларын ғана емес, тұлғалық, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық және еріктік дамуын қамтиды. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп арасындағы сабақтастық, дамытушы білім беру ортасы және баланың жеке ерекшеліктерін ескеру -даярлықтың негізгі қағидаттары болып табылады.Баланы мектепке дайындау нәтижеге бағдарланған, үздіксіз және ғылыми негізделген педагогикалық жүйе ретінде ұйымдастырылуы тиіс. Бұл Қазақстанның білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Пайдаланылған дерек көздердің тізімі:

1.Бекмагамбетова Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Альманах, 2024.

2.Жұмабекова Ф.Н., Нұразиева Н.М. Мектепке дейінгі жастағы балалар психологиясы: оқулық. – Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2025.

3.Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі тәрбие: оқулық. – Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2025.

4.Төребаева К.Ж., Есенгулова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика: оқу құралы. – Алматы, 2012. – 304 б.

5.Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. – СПб.: Питер, 2004. – 208 с.

6.Ергалиева М. Білім беру ортасының балалардың мектепке даярлығын қалыптастырудағы алатын орны // «Ғылымның өзекті мәселелері» – Халықаралық практикалық интернет-конференция материалдары. Басылым II, 2019. – Б. 141–147. DOI: 10.31643/2019.028.

7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес). – ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2019.

8. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. – Қарағанды, 2012.

9. Макареня А.А. Трехмерное пространство проживания сообщества и малая образовательная среда воспитания индивида // Избранные труды. Т. III. – Тюмень: ТОГИРРО, 2000. – С. 193–198.

10. № 348 бұйрық. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. бұйрығы. –https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

11. № 499 бұйрық. Педагог қызметкерлердің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. ҚР БҒМ 21.07.2016 ж. бұйрығы. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

ҒТАМА: 37.02

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

Төкен Ү.Қ., Қаирбек Д. С., Қайржан А.Ж., 6В01302- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі 2 курс студенттері, Астана Халықаралық университеті, Астана қаласы, Қазақстан; **Едигенова АЖ.,** аға оқытушы, п.ғ.к.**,** Астана Халықаралық университеті, Астана қаласы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазіргі жағдайда баланы мектепке дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздері педагогикалық ғылымдар мәселесі ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында мектепке дейінгі педагогика мен психология саласындағы негізгі еңбектерге сүйене отырып, мектепке даярлықтың мазмұны, құрылымы және кешенді сипаты талданады. Сонымен қатар білім беру ортасының, дамытушы пәндік-кеңістіктік жағдайдың, мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықтың және баланың жеке ерекшеліктерін ескерудің мектепке даярлыққа ықпалы сараланады. Зерттеу нәтижесінде мектепке дайындықтың тек академиялық дағдылармен шектелмейтіні, оның баланың мектептік өмірге жан-жақты бейімделуін қамтамасыз ететін тұтас педагогикалық-психологиялық үдеріс екені айқындалады.

Кілт сөздер: мектепке даярлық, теориялық-әдіснамалық негіздер, мектепке дейінгі тәрбие, мектепалды даярлық, психологиялық дайындық, педагогикалық ғылымдар, сабақтастық, дамытушы орта, білім беру ортасы,

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде баланы мектепке дайындау мәселесі педагогикалық ғылымдардың аса маңызды және стратегиялық бағыттарының біріне айналып отыр. Бұл мәселенің өзектілігі ең алдымен болашақ бірінші сынып оқушыларының бастапқы дайындық деңгейінің әртүрлі болуымен, мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты сақтаудың күрделілігімен және ата-аналардың мектепке даярлықты әлі де біржақты түсінуімен байланысты. Балаларды мектепалды даярлау бес жастан бастап мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында немесе отбасында ұйымдастырылатыны мектепке дейінгі кезеңнің білім беру жүйесіндегі орнын айқындайды [1]. Сонымен бірге бұл саладағы шынайы жағдай барлық баланың бірдей ортада және бірдей мүмкіндікпен дамымайтынын көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарын мектепалды даярлық мәселесі ерекше алаңдатады, өйткені мұндай жағдай баланың денсаулық ерекшелігімен, отбасындағы тәрбиелеу ұстанымымен, материалдық қиындықтармен немесе өзге де өмірлік факторлармен байланысты болуы

мүмкін. Осындай жағдайда мектепке дайындық мәселесі жеке отбасының ғана емес, педагогикалық ғылымдар мен білім беру саясатының да өзекті нысанына айналады.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі жағдайда баланы мектепке дайындау ұғымын тек мектепке дейін әріп танытып, санатып, жазуға үйрету деп қарастыру ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз. Көптеген ата-аналар «бала неғұрлым ерте әрі көп білім алса, соғұрлым мектепте жақсы оқиды» деген түсінікті ұстанады. Алайда мұндай көзқарас мектептегі табысты оқудың академиялық білімнен бөлек, күнделікті қарапайым дағдылармен, өзін-өзі ұйымдастыра алумен, ережеге бағынумен, әлеуметтік қатынасқа түсе алумен және эмоциялық тұрақтылықпен тығыз байланысты екенін ескере бермейді. Нәтижесінде бала оқу материалын түсінуі мүмкін, бірақ мектеп өмірінің тәртібіне, жаңа әлеуметтік мәртебеге, ұжымдық әрекетке, мұғалім талабына және сыныптық режимге ішкі жағынан дайын болмай шығуы ықтимал. Сондықтан мектепке дайындықты көп компонентті, психологиялық тұрғыдан күрделі және педагогикалық тұрғыдан жүйелі ұйымдастырылатын процесс ретінде қарастыру қажет [3].

Осы мәселеге байланысты нормативтік-құқықтық негіздер мектепалды даярлықтың мазмұны мен ұйымдастырылуын ғылыми-педагогикалық арнаға түсіреді. Қазақстан Республикасында бұл бағыт мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен және өзге де реттеуші құжаттармен қамтамасыз етіледі. Нормативтік негіздерді кешенді талдау мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің нәтижеге бағдарланған және құзыреттілікке негізделген моделін алға қоятынын аңғартады. Бұл модельдің басты мақсаты – баланың қауіпсіздігін сақтай отырып, мектепте білім алуға тең бастапқы мүмкіндік жасау. Мұнда мектепке дайындық тек академиялық машықтарды игерумен шектелмей, физикалық, әлеуметтік, эмоциялық, коммуникативтік және танымдық тұрғыдан жетілген тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Осы мақсатта педагогикалық процестің сапасын қамтамасыз ететін перспективалық жоспар, апталық циклограмма және жеке даму картасы сияқты құжаттар әзірленеді. Бұлар мектепалды даярлықтың жүйесіз жүргізілмейтінін, керісінше, әр баланың даму динамикасын ескеретін мақсатты, бақыланатын және ғылыми негізделген процесс екенін дәлелдейді. Оқу жүктемесінің физиологиялық талаптарға сай мөлшерленуі, апталық көлемнің 20 сағатпен, ал бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығының 20–25 минутпен шектелуі баланың жүйке жүйесін қорғауға, оқу мотивациясын сақтауға және танымдық белсенділігін біртіндеп дамытуға бағытталған.

Мектепке дайындықтың мазмұны бірнеше өзара байланысты салалардан құралады. Біріншіден, физикалық даму маңызды орын алады, өйткені бала қозғалыс белсенділігі, негізгі қимыл түрлерін меңгеруі, тепе-теңдікті сақтауы, жеке гигиенаны орындауы және өзін-өзі күту дағдылары арқылы мектептік тәртіпке бейімделеді. Екіншіден, тілдік және коммуникативтік даму мектепке бейімделудің басты шарттарының бірі болып табылады. Мектепалды жаста баланың сөздік қоры 2500–3000 сөз көлемінде болуы, оның ішінде едәуір

бөлігін белсенді қолдана алуы, дыбыстарды дұрыс айтуы, сөздерге талдау жасауға жақындауы, ойын логикалық жүйемен жеткізе алуы және диалогтік қарым-қатынасқа енуі күтіледі. Үшіншіден, интеллектуалдық дайындық балада қарапайым математикалық түсініктердің, логикалық ойлау әрекеттерінің, кеңістік пен уақыт ұғымдарының қалыптасуымен байланысты. Мысалы, бала 10 көлеміндегі сандарды, оң-сол бағыттарын, апта мен ай тәрізді уақыт категорияларын ажырата білуі керек. Төртіншіден, әлеуметтік-эмоционалдық даму мектепке даярлықтың өзегіне айналады, өйткені бала өз эмоциясын реттей білуі, қарым-қатынас әдебін сақтауы, ұжымда әрекет етуі, басқамен санаса алуы және адамгершілік нормаларды меңгеруі тиіс [1]. Демек, мектепке даярлық – бір ғана оқу мазмұны емес, тұтас өмір әрекетін ұйымдастыруға негіз болатын сапалар жүйесі.

Мектепке психологиялық дайындық мәселесін терең түсіндіретін еңбектердің ішінде Н.И.Гуткинаның 1998 жылғы «Психологическая готовность к школе: диагностико-развивающая программа» атты мақаласының орны ерекше. Бұл еңбекте психологиялық дайындық баланың мектептің оқу бағдарламасын ұжымдық оқу жағдайында меңгеруіне жеткілікті және қажетті психикалық даму деңгейі ретінде қарастырылады. Мұндағы басты ой – мектепке дайындық білім қорының көлемімен емес, баланың нақты даму деңгейінің мектеп талаптарына сәйкестігімен анықталады. Автор мектепке психологиялық дайындықтың төрт негізгі саласын бөліп көрсетеді: аффективті-қажеттілік немесе мотивациялық сала, ерікті сала, интеллектуалдық сала және сөйлеу саласы. Мотивациялық сала баланың мектепке тек білім алатын орын ретінде емес, жаңа әлеуметтік мәртебе ретінде қарауын білдіреді; яғни бала «оқушы» болуға ішкі түрде ұмтылуы тиіс. Ерікті сала өз әрекетін ережеге бағындыру, нұсқауды тыңдау және орындау, үлгіге сүйеніп өз бетінше жұмыс істеу қабілетімен сипатталады. Интеллектуалдық салада жалпылау, салыстыру, логикалық байланыстарды көру сияқты ойлау амалдары маңызды орын алады. Сөйлеу саласы фонематикалық есту мен байланыстырып сөйлеуді қамтиды. Гуткина осы сапаларды анықтауға арналған «Домик», «Иә және жоқ», «Сапожки», «Оқиғалар тізбегі», «Звуковые прятки» сияқты ойындық әдістерді ұсынады. Бұл тәсілдердің құндылығы – олар баланың даму ерекшеліктерін табиғи әрекет үстінде бақылауға мүмкіндік береді.

Гуткина көзқарасының маңызды тұсы – мектепке дайын емес балалармен түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру мәселесін де көтеруінде. Автор мұндай балалар үшін арнайы дамыту топтарын немесе алты жастағы балаларға арналған бір жылдық дайындық сыныптарын ұйымдастыруды ұсынады. Бұл топтардың негізгі принципі – мотивация арқылы дамыту, яғни алдымен баланың қызығушылығын, «қалаймын» деген ішкі ұмтылысын оятып, содан кейін ғана еріктілік пен интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыдан алғанда, баланың мектепке дайындығын сыртқы талаппен емес, ішкі психологиялық ресурс арқылы қалыптастыру педагогикалық ғылым үшін аса құнды қағида болып табылады [3]. Мұндай тәсіл баланың табиғи белсенділігін

қолдайды және мектепке өтуді мәжбүрлеу емес, дамудың заңды жалғасы ретінде қабылдауға жағдай жасайды.

Мектепке дайындықты кешенді тұрғыдан түсіндіретін маңызды әдістемелік материалдың бірі – «Бірге өсіп, бірге дамимыз» атты ЮНИСЕФ-тің 2024 жылғы ата-аналарға арналған нұсқаулығы. Бұл құжат 0–7 жас аралығындағы баланың дамуын күнделікті бақылауға арналған және әр жас кезеңіне сәйкес нақты ұсыныстар береді. Нұсқаулықтың негізгі ерекшелігі – баланың дамуын төрт өзара байланысты бағытта қарастыруында: әлеуметтік-эмоционалдық даму, тіл және қарым-қатынас, когнитивті даму және моторикалық даму. Әсіресе 6–7 жасқа арналған бөлімдерде мектепке дайындыққа ерекше назар аударылады. Алты жастағы бала үшін зейін, есте сақтау, эмоцияларды басқару, дербестік, құрдастарымен қарым-қатынас және күн тәртібін сақтау басты көрсеткіштер ретінде алынса, жеті жаста мектеп режиміне бейімделу, эмоционалдық тұрақтылық, алғашқы күндердегі қиындықтарды жеңу және ата-ананың қолдауы алдыңғы қатарға шығады. Бұл құжат мектепке даярлықтың тек мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс арқылы емес, отбасының күнделікті өмірінде де қалыптасатынын көрсетеді.

ЮНИСЕФ нұсқаулығында ата-аналарға берілген практикалық ұсынымдар мектепке даярлықтың шынайы мазмұнын кеңейте түседі. Баланың эмоцияларын сөзбен атауға үйрету, жетістіктерін мақтау және қателіктерден сабақ алуға мүмкіндік беру, күн тәртібін сақтау, 9–11 сағат ұйқыны қамтамасыз ету, таңертең ерте тұруға дағдыландыру, сөмкесін өзі жинау, киімін өзі киіп-шешу, үстелін жинау сияқты дербестік әрекеттерін дамыту – бұлардың барлығы мектеп өміріне бейімделудің маңызды алғышарттары ретінде қарастырылады [4]. Сонымен қатар нұсқаулықта егер бала зейін қоя алмаса, эмоциясын реттей алмаса немесе құрдастарымен қарым-қатынас жасауда айқын қиындықтар байқалса, маман көмегіне жүгіну қажеттігі көрсетіледі. Мұның өзі мектепке даярлықты тек тәрбиелік немесе танымдық мәселе емес, қажет жағдайда психологиялық қолдауды талап ететін кешенді құбылыс ретінде қарастыру керектігін дәлелдейді.

Осы бағыттағы ресми әдістемелік құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты дайындаған «Баланың мектепке дайындығы» атты ата-аналарға арналған ұсынымдар. Бұл құжатта мектепке даярлықты отбасы жағдайында жүзеге асырудың жүйелі жолдары көрсетілген. Онда сөйлеу және тіл дағдыларын дамыту үшін балаға кітап оқу, әңгіме айту, айналада болып жатқан құбылыстарды талқылау, оны сұрақ қоюға және сөйлеуге ынталандыру ұсынылады. Сонымен қатар дербестік дағдыларын қалыптастыру, яғни киіну, шешіну, кестені сақтау, гигиенаны орындау, өз әрекетін реттеу сияқты істерге үйрету қажеттігі баса айтылады. Балаға еркін ойнауға уақыт беру, басқа балалармен ойнауға мүмкіндік жасау, күн тәртібін орнату, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру, қызығушылығын қолдау, кітаптар мен шығармашылық материалдарға қолжетімділік беру, педагогтермен ынтымақтастық орнату,

зейін қою уақытының ұзақтығын біртіндеп арттыру, мектеппен байланысты орындарға апару, эмоционалдық қолдау көрсету, ойын мен демалысты ұмытпау және әр баланың бірегейлігін ескеру – осы құжатта ұсынылған кешенді бағыттар [5]. Бұл ұсынымдар мектепке дайындықтың физикалық, эмоциялық, әлеуметтік және когнитивтік жақтарын бөліп-жармай, өзара байланыста қарастыру қажет екенін дәлелдейді.

Мектепке даярлау мәселесінің теориялық негіздерін тереңірек ашуда мектепке дейінгі педагогика мен психология саласындағы іргелі еңбектердің орны ерекше. Р.К.Бекмагамбетованың «Мектепке дейінгі педагогика» еңбегінде баланы мектепке дайындау мектепке дейінгі тәрбиенің заңды қорытындысы ретінде түсіндіріледі. Автор мектепке даярлықты белгілі бір қысқа мерзімді кезеңнің шеңберінде іске асатын тар міндет деп емес, баланың мектепке дейінгі даму барысында біртіндеп қалыптасатын педагогикалық нәтиже деп қарастырады. Осыған сәйкес мектепке даярлық баланың жан-жақты дамуын ұйымдастырумен, тәрбие мен оқыту мазмұнын ғылыми негізде іріктеумен, дамытушы орта құрумен және тәрбиеші жұмысының мақсаттылығымен байланысады. Бұл еңбек мектепке дайындықты тұтастық қағидасы негізінде түсіндіреді: ақыл-ой дамуы, тіл, мінез-құлық, қарым-қатынас, дербестік және тәртіп мәдениеті бір жүйе ретінде қалыптасуы тиіс [6].

Ф.Н. Жұмабекова мен Н.М. Нұразиеваның «Мектепке дейінгі жастағы балалар психологиясы» еңбегі мектепке дайындықтың психологиялық алғышарттарын ашады. Бұл еңбекте зейін, ес, ойлау, тіл, қиял, сенсорлық қабылдау, эмоциялық тұрақтылық және әлеуметтік бейімделу мектепке даярлықтың негізгі ішкі негіздері ретінде қарастырылады. Мұндағы басты тұжырым – мектепке дайындық білімнің санымен емес, психикалық процестердің жетілу деңгейімен айқындалады. Бұл қағида педагогика үшін өте маңызды, өйткені ол тәрбие мен оқыту мазмұны міндетті түрде баланың жас ерекшелігіне, даму қарқынына және психологиялық мүмкіндігіне сай құрылуы керек деген тұжырымға алып келеді [7]. Егер бұл сәйкестік сақталмаса, бала оқу материалын механикалық меңгеруі мүмкін, бірақ мектептік ортаға толыққанды бейімделе алмайды.

Ф.Н. Жұмабекованың «Мектепке дейінгі тәрбие» еңбегі мектепалды даярлықты үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде қарастырады [8]. Бұл кітапта сабақтастық ұстанымы жетекші рөл атқарады. Яғни балабақшадағы мазмұн, әдіс, тәрбие жұмысы және қарапайым оқу әрекетінің элементтері бастауыш мектептің талаптарымен үйлесуі тиіс. Еңбектің ғылыми маңызы – мектепке даярлықты арнайы ұйымдастырылатын педагогикалық процесс ретінде қарастыруында. Мұнда ойын, бақылау, еңбек, қарым-қатынас, тәрбие және қарапайым оқу әрекеттері мектепке дайындықтың өзара толықтыратын құрамдас бөліктері ретінде сипатталады [8]. Осы арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш білімнің арасындағы логикалық және мазмұндық байланыстың педагогикалық негізі ашылады.

К.Ж.Төребаева мен М.Н.Есенгулованың «Психологиялық-педагогикалық диагностика» оқу құралы мектепке даярлық мәселесінің диагностикалық аспектісін айқындайды. Бұл еңбекте мектепке дайындық жай болжанатын ұғым емес, арнайы зерттелетін, бағаланатын және түзетілетін психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Авторлар баланың қабылдауы, зейіні, есі, ойлауы, эмоциялық жағдайы, қарым-қатынасы және кеңістікті бағдарлауы сияқты сапаларды анықтауға арналған нақты әдістемелер ұсынады. Мұның педагогикалық ғылымдар үшін маңызы зор, өйткені мектепке даярлауды тиімді ұйымдастыру үшін баланың тек жасын ғана емес, оның нақты даму деңгейін де ескеру қажет [9]. Осындай көзқарас педагогикалық жұмысты жалаң болжамнан ғылыми дәлелді әрекетке айналдырады.

Н.И. Гуткинаның 2004 жылғы «Психологическая готовность к школе» еңбегі де мектепке даярлықтың психологиялық өзегін тереңдетіп, оқу мотивациясы, ішкі оқушы позициясы, ерікті мінез-құлық және интеллектуалдық алғышарттардың маңызын нақтылайды [10]. Осы бес еңбекті салыстыра қарастырғанда, олардың барлығы баланы мектепке дайындау мәселесін педагогикалық ғылымдардың кешенді проблемасы ретінде танытатыны байқалады. Бекмагамбетова мектепке даярлықтың жалпы педагогикалық негізін көрсетсе, Жұмабекова мен Нұразиева оны психологиялық даму заңдылықтары арқылы ашады, Жұмабекова сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымын негіздейді, Төребаева мен Есенгулова дайындықтың диагностикалық жағын нақтылайды, ал Гуткина мотивациялық және еріктік механизмдерді терең сипаттайды. Демек, мектепке даярлық мәселесі тәрбие мазмұнын ғылыми негізде анықтауды, даму заңдылықтарын ескеруді, сабақтастықты сақтауды, диагностикалық негізділікті қамтамасыз етуді және баланың ішкі оқу ұстанымын қалыптастыруды талап етеді.

Бұл тұжырымдарды толықтыра түсетін еңбектердің қатарында И.В. Ефимова және авторластардың мектепке психологиялық дайындықты диагностикалау жөніндегі зерттеуі, С.Н. Жиенбаева, Ж.К. Исаева, М.Е. Адамованың әлеуметтік-эмоционалдық мектепке дейінгі тәрбие мен интеллектуалдық даму арасындағы байланыс туралы мақаласы және Л.А. Венгердің физиологиялық дайындық мәселесіне арналған еңбегі бар [11;13]. Бұл жұмыстар мектепке даярлықтың тек педагогикалық немесе тек психологиялық емес, сонымен бірге әлеуметтік-эмоционалдық және психофизиологиялық өлшемдері бар екенін көрсетеді. Демек, мектепке дайындықты бір ғана көрсеткішпен өлшеу мүмкін емес; ол тұлғаның тұтас дамуының нәтижесі ретінде қарастырылуы керек.

Мақаланы жазуда зерттеу бойынша міндеттер шешімін табу үшін келесі әдістер алынды: зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді теориялық тұрғыда талдау; отандық және шетел ғалымдарының осы зерттеу мәселесі бойынша еңбектеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалынды; білім беру бағдарламаларын, осы мәселе бойынша

еліміздегі нормативтік-құқықтық құжаттарды, осы мәселемен айналысып жүрген педагогтардың тәжірибелері жинақтап талданды.

Нәтижелер. Осының бәрін жинақтай келгенде, қазіргі жағдайда баланы мектепке дайындау педагогикалық ғылымдардың көпқырлы әрі кешенді мәселесі екені анық байқалады. Бұл мәселе, біріншіден, мектепке дейінгі және бастауыш білім арасындағы сабақтастықты сақтауды талап етеді. Екіншіден, ол баланың жас ерекшелігін, даму деңгейін және жеке мүмкіндігін ескеруді қажет етеді. Үшіншіден, мектепке даярлау нормативтік құжаттармен реттелетін, бірақ нақты нәтижесі педагогикалық шеберлікке, дамытушы ортаға және отбасы мен білім беру ұйымының өзара ықпалдастығына тәуелді процесс болып табылады. Төртіншіден, ол тек оқу дағдыларына емес, мотивацияға, еріктілікке, эмоциялық тұрақтылыққа, сөйлеуге, әлеуметтік қатынасқа және дене дамуына сүйенеді. Бесіншіден, бұл мәселе диагностикасыз толық шешілмейді, өйткені әр баланың мектепке дайындығы өзіндік сипатқа ие.

Қорытындылар. Қазіргі жағдайда баланы мектепке дайындау педагогикалық ғылымдар мәселесі ретінде тұтас, жүйелі және ғылыми негізделген көзқарасты талап етеді. Мектепке дайын бала – тек әріп танып, санай алатын бала емес, ол мектептік өмірге бейімделе алатын, өз әрекетін реттей білетін, ережені қабылдайтын, қарым-қатынасқа түсетін, эмоциясын басқара алатын, қызығушылығы бар және оқу әрекетіне ішкі жағынан дайын тұлға. Сондықтан мектепке даярлаудың мазмұнын тар академиялық шеңберден шығарып, баланың тұлғалық, әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық дамуының бірлігі ретінде қарастыру қазіргі білім беру жүйесінің сапасын арттырудағы шешуші шарттардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған дерек көздердің тізімі:

1. № 348 бұйрық. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. бұйрығы. – [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

2. № 499 бұйрық. Педагог қызметкерлердің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. ҚР БҒМ 21.07.2016 ж. бұйрығы. – [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

3. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе: диагностико-развивающая программа // Психологическая наука и образование. – 1998. – № 2. – С. 25–32.

4. Бірге өсіп, бірге дамимыз: Ерте жастағы балалардың дамуын бақылау жөніндегі ата-аналарға арналған нұсқаулық. – Астана: ЮНИСЕФ, 2024.

5. Баланың мектепке дайындығы: ата-аналарға арналған ұсынымдар. – Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты, 2023. – 25 б.

6. Бекмагамбетова Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Альманах, 2024.

7. Жұмабекова Ф.Н., Нұразиева Н.М. Мектепке дейінгі жастағы балалар психологиясы: оқулық. – Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2025.

8. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі тәрбие: оқулық. – Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2025.

9. Төребаева К.Ж., Есенгулова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика: оқу құралы. – Алматы, 2012. – 304 б.

10. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. – СПб.: Питер, 2004. – 208 с.

11. Ефимова И.В. және т.б. Диагностика психологической готовности детей 6–7 лет к школьному обучению с учетом преемственности в работе педагогов-психологов детских садов и школ. – Севастополь: ИРО, 2024.

12. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Социально-эмоциональное дошкольное воспитание и интеллектуальное развитие ребенка // Обществознание и социальная психология. – 2023. – № 5 (49). – С. 806–810.

13. Венгер Л.А. Физиологическая готовность к школе. – 2016.

МРНТИ 15

ОСОБЕННОСТИ КУЛЬТУРНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ РАЗЛИЧИИ И ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ВОСПРИЯТИЯ СЕБЯ И ДРУГИХ

Тулегенова К.А., магистрант 7М03103-Психология Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан kamilla.tulegenova01@bk.ru

Аннотация. Культурно-психологические различия играют ключевую роль в формировании восприятия себя и других. Культурный контекст задаёт нормы, ценности и когнитивные схемы, влияющие на процессы самовосприятия, социальной перцепции и межличностного взаимодействия.

Целью исследования является анализ культурно-психологических различий и рассмотрение современных подходов к изучению восприятия себя и других. Особое внимание уделяется различиям между индивидуалистическими и коллективистскими культурами, а также когнитивным, социально-психологическим и культурным механизмам восприятия. Дополнительно рассматривается влияние глобализации и межкультурных контактов на трансформацию идентичности и восприятия личности в современном обществе.

Ключевые слова: культурная психология, самовосприятие, социальное восприятие, индивидуализм, коллективизм, межкультурные различия.

Введение. Восприятие себя и других является фундаментальным психологическим процессом, определяющим поведение человека в социальной среде. Однако данный процесс не является универсальным и существенно обусловлен культурным контекстом [1].

Культура формирует когнитивные схемы, системы значений и нормы интерпретации социальной реальности, влияя на представления о «Я», границы личности и способы понимания других людей [2].

Современные исследования демонстрируют, что различия между культурами оказывают влияние на процессы самовосприятия, атрибуции, эмпатии и социального взаимодействия [3]. При этом данные различия проявляются не только на уровне поведения, но и на уровне глубинных когнитивных структур. В условиях глобализации изучение культурно-психологических различий приобретает особую актуальность, поскольку увеличивается интенсивность межкультурных контактов, миграции и взаимодействия людей с разными системами ценностей. Это требует более глубокого понимания механизмов восприятия и адаптации.

Цель исследования — проанализировать особенности культурно-психологических различий и рассмотреть современные подходы к изучению восприятия себя и других.

Материалы и методы. Культурно-психологические различия в восприятии себя. Одним из ключевых направлений является различие между индивидуалистическими и коллективистскими культурами [2].

В индивидуалистических культурах акцент делается на автономии личности, независимости и уникальности. Самовосприятие формируется вокруг личных достижений, индивидуальных целей и внутренних характеристик [1]. Человек склонен воспринимать себя как отдельную, самостоятельную единицу, обладающую устойчивыми личностными чертами.

В коллективистских культурах самовосприятие определяется через принадлежность к группе и социальные роли. Личность рассматривается как часть социальной системы, где важны гармония, взаимозависимость и поддержание отношений [4].

Данные различия проявляются в следующих аспектах:

структура «Я» (независимое vs взаимозависимое) [1];
значимость социальных ролей и ожиданий [2];
уровень саморефлексии и её направленность [3];
стратегии принятия решений (индивидуальные vs групповые) [4].

Кроме того, в индивидуалистических культурах выше выражена тенденция к самопрезентации и подчеркиванию своих достижений, тогда как в коллективистских культурах чаще наблюдается скромность и ориентация на группу. Таким образом, культурный контекст определяет не только содержание самовосприятия, но и способы его выражения.

Восприятие других людей в разных культурах. Культурные различия существенно влияют на интерпретацию поведения других людей.

В индивидуалистических культурах преобладает диспозиционная атрибуция, при которой поведение человека объясняется его личностными качествами [9].

В коллективистских культурах чаще используется ситуационная атрибуция, где поведение объясняется внешними обстоятельствами и контекстом [4].

Это отражается на: уровне эмпатии и её направленности; интерпретации эмоций и невербальных сигналов; степени доверия к другим людям; коммуникативных стилях (прямых vs косвенных) [8].

Например, представители коллективистских культур чаще учитывают контекст ситуации и социальные связи, тогда как представители индивидуалистических культур склонны делать быстрые выводы о личности.

Эти различия могут приводить к недопониманию в межкультурной коммуникации, особенно в профессиональной и межличностной сферах.

Подходы к изучению восприятия себя и других

Когнитивный подход. Рассматривает восприятие как результат обработки информации через ментальные схемы и категории [5].

Данный подход подчёркивает, что культурные различия проявляются в особенностях категоризации, интерпретации информации и формировании ожиданий.

Социально-психологический подход. Фокусируется на влиянии социальных норм и межличностных взаимодействий [6].

Он позволяет анализировать, как социальная среда и группа формируют восприятие личности и других людей, включая процессы идентификации и социальной категоризации.

Культурно-психологический подход. Рассматривает психические процессы как культурно обусловленные [3].

Этот подход подчёркивает, что мышление, восприятие и поведение неразрывно связаны с культурной средой и формируются в процессе социализации.

Методы исследования. К основным методам относятся: экспериментальные исследования; опросники и шкалы; наблюдение; кросс-культурные исследования [7].

Культурно-психологические различия оказывают системное влияние на формирование восприятия себя и других, определяя не только когнитивные процессы, но и особенности эмоционального реагирования, коммуникации и поведения в социальной среде. Исследования в области культурной психологии показывают, что различия между индивидуалистическими и коллективистскими культурами проявляются в структуре «Я», стратегиях атрибуции, уровне эмпатии и способах интерпретации социальной реальности [1; 2; 3; 4].

В частности, в индивидуалистических культурах доминирует независимая модель «Я», ориентированная на личные достижения и внутренние характеристики, тогда как в коллективистских культурах — взаимозависимая модель, основанная на социальных связях и ролях. Эти различия подтверждаются исследованиями атрибутивных процессов, где в первом случае преобладает диспозиционная атрибуция, а во втором — ситуационная [4; 9].

Интеграция когнитивного, социально-психологического и культурного подходов позволяет рассматривать восприятие как многослойный процесс, формируемый под влиянием как индивидуальных особенностей, так и социокультурной среды [5; 6; 7].

Результаты. Практическая значимость данных выводов особенно высока в контексте Казахстана, который представляет собой мультикультурное общество, сочетающее элементы как коллективистских, так и индивидуалистических ценностей. Это создаёт уникальную среду, в которой наблюдается смешение моделей самовосприятия и социальной интерпретации. На основе проведённого анализа можно выделить следующие направления практического применения:

в психологическом консультировании — учет культурного контекста клиента позволяет точнее интерпретировать его переживания, особенности самооценки и межличностных отношений;

в психотерапевтической практике — важно учитывать различия в выражении эмоций, уровне открытости и ожиданиях от специалиста;

в образовательной среде — понимание культурных различий способствует более эффективному взаимодействию между преподавателями и студентами;

в организационной психологии — помогает выстраивать коммуникацию в мультикультурных командах и снижать уровень конфликтов;

в межкультурной коммуникации — повышает точность интерпретации поведения и снижает риск искажений восприятия.

С опорой на практический опыт психологической работы можно отметить, что клиенты, сформированные в более коллективистской среде, чаще ориентированы на мнение семьи, испытывают сложности с сепарацией и склонны к внешней оценке себя. В то же время клиенты с более выраженными индивидуалистическими установками чаще сталкиваются с внутренними конфликтами, связанными с самореализацией, автономией и личными границами.

Это подтверждает необходимость гибкого подхода, учитывающего культурный бэкграунд клиента и его индивидуальный жизненный контекст.

Вывод. Таким образом, результаты исследования демонстрируют, что культурно-психологические различия являются не просто теоретическим конструктом, а важным практическим инструментом, который может быть эффективно использован в психологической практике, образовании и социальной работе в Казахстане.

Развитие межкультурной чувствительности и профессиональной рефлексии психолога становится ключевым условием для повышения качества психологической помощи и эффективности взаимодействия в современном обществе.

Список использованных источников

1. Markus H.R., Kitayama S. Culture and the Self: Implicationsfor Cognition, Emotion, and Motivation. — 1991.

2.Triandis H.C. Individualism and Collectivism. — Boulder: Westview Press, 1995.

3.Heine S.J. Cultural Psychology. — 3rd ed. — New York: W.W. Norton, 2016.

4.Nisbett R.E. The Geography of Thought. — New York: Free Press, 2003.

Fiske S.T., Taylor S.E. Social Cognition. — 2013.

5.Tajfel H., Turner J.C. The Social Identity Theory. — 1986.

6.Berry J.W. et al. Cross-Cultural Psychology. — 2011.

7.Hall E.T. Beyond Culture. — 1976.

8.Ross L. The Intuitive Psychologist. — 1977.

МРНТИ 14.29.01

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК ИНСТРУМЕНТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ В КАЗАХСТАНЕ

Халыкова Г.Б., докторант 1 курса, 8D01901 - Специальная педагогика,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан, gulnaraakh@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена анализу возможностей технологий искусственного интеллекта (ИИ) как инструмента профессиональной поддержки специальных педагогов в условиях развития инклюзивного образования в Казахстане. Опираясь на современные научные дискуссии о влиянии генеративного ИИ на специальное образование и образовательные технологии, можно найти ключевые моменты применения ИИ в специализации: проектирование дифференцированных и адаптированных материалов, поддержка планирования и документирования коррекционно-развивающей работы, аналитика образовательных данных, консультационная коммуникация с участниками сопровождения. ИИ интерпретируется как «когнитивный протез» и технология расширения профессиональных возможностей, способная снизить административную нагрузку и повысить качество педагогических решений при соблюдении принципа «человек-в-контуре». Обсуждаются этические и организационные риски: конфиденциальность личных данных ребенка, алгоритмическая предвзятость, вопросы авторства и академической честности, а также риски подмены профессионального решения автоматизированной рекомендации. Предложена концептуальная модель профессиональной поддержки специальных педагогов средствами ИИ, включающая модульные модули, условия безопасного обеспечения и направления исследований в Казахстане.

Ключевые слова: искусственный интеллект, специальная педагогика, профессиональная поддержка педагогов, инклюзивное образование, генеративный ИИ, этика, персональные данные, УДО.

Введение.Технологии искусственного интеллекта стремительно внедряются в повседневную практику образования, трансформируя методы создания научных материалов, коммуникации, анализа данных и поддержки принятия решений. В международной повестке ИИ часто используется как «разрушающая» (подрывная) технология, позволяющая существенно изменить практику профессионального образования, при этом требующая осторожного развития и доказательной оценки эффективности [1]. Для развивающихся стран Казахстана особая актуальность на фоне растущих проблем обеспечения доступности и качества образования для учащихся с учетом наших образовательных потребностей (ООП), требует расширения

кадрового потенциала, а также увеличения объема документальной и координационной нагрузки на профессиональное сопровождение.

Материалы и методы. Профессиональная деятельность профессионального педагога включает одновременно педагогические, коррекционно-развивающие, диагностико-аналитические, консультативные и организационно-управленческие компоненты. При высоких нагрузках и дефиците времени особенно уязвимыми становятся процессы: (а) подготовка качественных адаптированных материалов, (б) регулярное планирование и фиксация динамики, (в) координация междисциплинарной команды, (г) вмешательство индивидуализации. В этих условиях ИИ может действовать не как замена специалиста, а как технология профессиональной поддержки – инструментарий, который снижает рутинные затраты и обеспечивает качество решений. Задачи исследования: внимательные подходы к пониманию ИИ как технологии поддержки в специальном образовании; выделить приоритетные контексты использования ИИ в деятельности специального педагога.

ИИ и специальное образование. В исследованиях ИИ в образовании достигаются направления: интеллектуальные обучающие системы, анализ образовательных данных, обработка естественного языка, автоматизация измерения, ассистивные и адаптивные технологии [2]. В среднем среднем образовании особый интерес представляют инструменты, которые могут повысить доступность и компенсировать ограничения, связанные с нарушениями речи, письма, зрения, слуха, моторики и т. д. [3]. Марино и соавторы [1] подчеркивают, что генеративный ИИ (на основе инструментов для написания писем) кардинально меняет технологические процессы: учащиеся могут получать связный текст и вести его, а педагог – перенастроить задачу от «создания текста» к «критическому анализу и продолжению». При этом авторам необходимо обсудить этики, политику, подготовку кадров и доказательную оценку эффективности, а не импульсивных запретов.

Концепция «когнитивного протеза» в специальном образовании помогает описать технологии, которые компенсируют нарушенные функции и расширяют возможности обучающегося [4]. В более широком смысле обсуждается дилемма: является ли ИИ «протезом» (компенсацией) или «усилителем» (повышением), изменяющим сам характер деятельности и требования к навыкам [5]. Для профессиональной поддержки педагогов эта дилемма также актуальна: ИИ может компенсировать дефицит времени и ресурсов (как «протез» в управлении программированием), но одновременно трансформировать стандарты качества, скорости и формы педагогической работы (как «усилитель" профессиональные возможности).

Важная область исследований связана с этическими рисками ИИ в школах: предвзятость, конфиденциальность, наблюдение/отслеживание, автономия, информированное согласие и возрастная уязвимость учащихся [6,7]. Эти аспекты особенно важны в специальном образовании, где персональные данные могут включать информацию о состоянии здоровья и образовательных потребностях. Наконец, аспект кадрового обеспечения

требует особого внимания: во многих странах зафиксированы нехватка персонала и текучесть кадров в специальном образовании [8], что повышает интерес к инструментам, которые могут облегчить рабочую нагрузку специалистов и поддержать качество практики. Концептуальная основа: Профессиональная поддержка специалистов по специальному образованию с помощью ИИ

Результаты. В данной статье профессиональная поддержка специальных педагогов с помощью ИИ определяется как систематическое использование инструментов ИИ для повышения эффективности ключевых профессиональных функций при сохранении подотчетности и экспертного контроля (принцип «человек в контуре управления»).

1) Принцип «Человек в контуре управления» ИИ может генерировать варианты решений, но:

ему не хватает контекстных знаний об отдельном ребенке и образовательной среде;

он может совершать ошибки, уверенно выдавая ненадежные рекомендации;

он воспроизводит скрытые искажения в данных и языковых моделях.

В результате окончательное решение (выбор стратегии, формулирование выводов, интерпретация динамики) остается за специалистом, а ИИ рассматривается как помощник в подготовке материалов и структурировании информации [1,7].

2) Уровни поддержки. Предлагается выделить три уровня применения ИИ в профессиональной работе педагогов-дефектологов:

Уровень А – Оперативный (рутинный): шаблоны, черновики, варианты формулировок, планирование, контрольные списки, протоколы совещаний.

Уровень В – Методологический (дидактический): дифференциация заданий, адаптация текста, визуальные средства поддержки, сценарии уроков, варианты обучения.

Уровень С – Аналитический (решения, основанные на данных): первоначальная систематизация наблюдений, идентификация Анализ тенденций, подготовка вопросов для группы поддержки (при строгом соблюдении требований к данным).

Перспективы исследований в Казахстане. Для перехода от «интереса» к практике, основанной на доказательствах, необходимы исследования по следующим направлениям: Эффективность: влияет ли поддержка ИИ на качество индивидуализации, результаты обучения учащихся с особыми образовательными потребностями и снижение рабочей нагрузки специалиста? Безопасность: какие протоколы деперсонализации и организационные правила действительно работают в школах/центрах?

Языковая и культурная приемлемость: качество материалов, созданных на русском/казахском языке, учет культурного контекста. Модели внедрения: какие сценарии лучше всего запускать в первую очередь (модули с низким риском) и как их масштабировать;

Подготовка персонала: какие компоненты компетенции ИИ наиболее тесно связаны с качеством практики.

Выводы. Технологии ИИ имеют потенциал стать инструментом профессиональной поддержки специалистов по специальному образованию в Казахстане, прежде всего за счет разгрузки рутинных процессов и повышения индивидуализации. Наиболее перспективные сценарии включают использование ИИ в качестве помощника при создании адаптированных материалов, планировании, документировании и подготовке коммуникаций. с членами команды поддержки. Однако использование ИИ в специальном образовании связано со значительными рисками: конфиденциальность персональных данных, алгоритмическая предвзятость, подмена профессиональных решений автоматизированными рекомендациями, а также вопросы авторства и академической честности. Оптимальным подходом является внедрение с участием человека, с институциональными протоколами и развитием компетенций специалистов в области ИИ. Предложенная модель профессиональной поддержки с помощью ИИ может служить основой для разработки пилотных внедрений и дальнейших эмпирических исследований в Казахстане.

Список использованных источников:

1. Marino, M. T., et al. (2023). Generative AI in special education: Opportunities, challenges, and implications. Journal of Special Education Technology.

2. Zafari, M., et al. (2022). AI in education: A systematic review. Educational Technology Research and Development.

3. Fernández-Batanero, J. M., Montenegro-Rueda, M., Fernández-Cerero, J., & García-Martínez, I. (2022). Assistive technologies for the inclusion of students with disabilities: A systematic review. Educational Technology Research and Development, 70(5), 1911–1930.

4. Edyburn, D. L. (2006). Cognitive prostheses for students with mild disabilities: Is this what assistive technology looks like? Journal of Special Education Technology, 21(4), 62–65.

5. van Boxtel, J. M. (2018). AI as amplifier or prosthesis: Rethinking professional augmentation. Technology, Pedagogy and Education.

6. Akgun, S., & Greenhow, C. (2021). Artificial intelligence in education: Addressing ethical challenges in K-12 settings. AI and Ethics, 2(3), 1–10.

7. Dwivedi, Y. K., Hughes, L., Ismagilova, E., Aarts, G., Coombs, C., Crick, T., & Williams, M. D. (2021). Artificial intelligence (AI): Multidisciplinary perspectives on emerging challenges, opportunities, and agenda for research, practice and policy. International Journal of Information Management, 57, 1–47.

8. Billingsley, B., & Bettini, E. (2019). Special education teacher attraction and retention: A review of the literature. Review of Educational Research, 89(5), 697–744.

МРНТИ 15.81.33

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ТРАНСГЕНЕРАЦИОННОЙ ПАМЯТИ: ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В УКРЕПЛЕНИИ ЖИЗНЕСТОЙКОСТИ ЛИЧНОСТИ

Ходжамжарова А.М., магистрант 7М03103 – Психология, 1курс
According to official SpaceX technical data (2026), the most significant advancement in the Starlink LEO constellation is the implementation of inter-satellite laser links. This technology allows satellites to transmit data to one another directly in the vacuum of space. Historically, satellite communication was "land-bound" because it required a physical ground station, or "gateway," located within a state's territory. This gave the government a "physical grip" on information, allowing it to monitor, tax, or shut down the flow of data according to national laws. However, the new architecture of "orbital hopping" fundamentally disrupts this model. Data can now travel across a chain of satellites until it reaches a gateway in a different, often more permissive, jurisdiction. This effectively bypasses national internet service providers (ISPs) and the regulatory "firewalls" that state traditionally use for security or censorship. As the CSIS (2024) report highlights, this makes physical borders "transparent" to digital signals. From a technical perspective, the state is no longer a necessary "gatekeeper" in the communication chain. This transition from "territorial sovereignty" to "orbital power" means that the ability to connect or disconnect a region now lies in the hands of a private corporation rather than the local government.

Political Agency and the "Dependency Trap"

The findings also reveal a major shift in political power from state actors to private entities. Because Starlink has become the "digital backbone" for both civilian administration and military coordination in modern conflicts, the corporation gains a form of "veto power" over sovereign actions. This was most clearly seen in recent cases where a private CEO personally decided to restrict connectivity in specific combat zones to prevent escalation. In traditional political science, such strategic decisions are the exclusive right of elected officials or military commanders. Here, an unelected private citizen acts as an autonomous player in international relations.

This creates what W. Vota (2026) describes as a "dependency trap." Many nations now find themselves in an asymmetric relationship where they rely on a single foreign corporation for their own national security. Vota argues that for many states, building a domestic alternative to an LEO constellation is financially impossible. This leads to a situation where "legal sovereignty" becomes a hollow shell; a state may pass laws, but the technology provides a "workaround" that is enforced by orbital physics rather than national courts. Furthermore, the dual-use nature of this technology creates a strategic paradox. If a state bans Starlink from protecting its sovereignty, it falls behind technologically and loses a vital advantage. If it adopts the system, it effectively outsources a portion of its national defense to a transnational actor. The results of this study suggest that we witness the rise of "para-sovereignty," where a corporation possesses the resources and autonomy to negotiate with world leaders as an equal. This modular form of power means that while a state remains the primary legal unit, its actual capacity to govern is increasingly shared with the owners of the "digital sky.

Conclusion

The transformation of a private company into a global geopolitical actor has exposed a critical gap in the existing international order. This research demonstrates that the primary source of this crisis is a "legal vacuum." The foundational documents of international space law, such as the 1967 Outer Space Treaty, were drafted in an era when only sovereign states controlled the orbital domain. Today, the reality is dominated by non-state actors like SpaceX, who possess strategic capabilities that rival many national governments. As analyzed in this paper, we are witnessing the birth of a "hybrid sovereignty" model. In this new environment, the state remains the primary legal unit, but its actual power is increasingly shared with transnational technological giants. National security is no longer just a territorial concern; it is now an orbital and extraterritorial issue. The technical ability to "hop" data across borders means that traditional state instruments of control, such as terrestrial firewalls, are becoming less effective. In conclusion, the survival of the sovereign state in the 21st century will depend on its ability to adapt to this "digital sky." States can no longer act as absolute monopolists of information. Instead, as suggested by the European Commission (2025), they must move toward a model of strategic partnership and develop new international frameworks to hold private satellite providers accountable. This study shows that while physical borders may remain on the map, the digital reality of the orbital age has already made them transparent.

References:

1. Kapustin, A. Ya. (2021). *International Space Law in the Era of Commercialization: Challenges and Perspectives*. Moscow: Statut Publishing House. https://litportal.ru/avtory/kapustin-a-ia/kniga-formirovanie-sovremennoy-mezhdunarodno-pravovoy-koncep-71826193-1043945/

2. Shevchenko, Ya. N. (2023). *Digital Sovereignty for Europe in the Context of Global Data Governance*. Journal of Political Science, 15(2). https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovoy-suverenitet-evropeyskogo-soyuza

3. European Commission. (2025). *Declaration for European Digital Sovereignty (The Berlin Declaration)*. Signed 18 November 2025. Available at: https://commission.europa.eu/publications/european-commission-digital-strategy_en

4. Vota, W. (2026, February 19). *Stop Fighting Starlink Restrictions and Support Digital Sovereignty*. ICTworks. Available at: https://www.ictworks.org/stop-fighting-starlink-restrictions-and-support-digital-sovereignty/

5. SpaceX. (2026). *Starlink Technology: Inter-satellite Laser Links and Global Connectivity*. Official Technical White Paper. https://www.spacex.com/mission/starlink

6. Interpret: China. (2024, September). *The U.S. Starlink Project and Its Implications from the Perspective of International and National Security*. Center for Strategic and International Studies (CSIS). https://interpret.csis.org/translations/the-u-s-starlink-project-and-its-implications-from-the-perspective-of-international-and-national-security/

ҒТАМА 03.01.09

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕМІС ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ МЫСАЛЫНДА

Абилов М.М., PhD докторант**,** Астана Халықаралық Университеті,
Астана қ., Қазақстан
madiyar_0603@mail.ru

Аннотация. Мақалада Қазақстан тарихнамасының іргелі дереккөздерін құрайтын неміс зерттеушілерінің еңбектерін цифрландырудың теориялық-әдістемелік негіздері жайлы мәселелер қарастырылған. XVIII-XIX ғасырлардағы неміс саяхатшылары мен ғалымдарының қолжазбаларын, карталары мен этнографиялық сипаттамаларын сандық форматқа көшірудің деректанулық мүмкіндіктері қарастырылған. Зерттеу барысында тарихи мәтіндерді цифрландыру ұлттық тарихнаманы халықаралық ғылыми айналымға қосудың және тарихи жадыны сақтаудың тиімді құралы екендігі негізделген. Цифрлық орта тарихи мұраға қолжетімділікті кеңейтіп қана қоймай, ұжымдық жадты қалыптастыру тетіктерін де өзгертетіні, өткенді түсіндіруге, ұлтты символдық тұрғыдан құрастыруға және тарихи тұлғалар мен оқиғаларды репрезентациялауға ықпал ететіні көрсетіледі. Тарихи білімді демократияландыру мен тарихи нарративтердің бытыраңқылануы, қарапайымдануы және саясаттандырылуы қаупі арасындағы қайшылыққа ерекше назар аударылады. Қорытынды ретінде мәдени мұраны техникалық цифрландырудан дереккөздерді тексеруге, академиялық сараптамаға, инклюзивтілікке және жастардың қатысуына негізделген құндылыққа бағдарланған цифрлық жад саясатына көшу қажеттігі негізделеді.

Кілт сөздер: цифрландыру, неміс ғалымдары, деректану, Қазақстан тарихы, электронды архив.

Кіріспе. Қазіргі тарих ғылымындағы пәнаралық тәсілдер мен цифрлық технологиялардың дамуы дәстүрлі деректануды жаңа деңгейге көтерді. Қазақстан тарихының деректік базасын қалыптастыруда неміс ғалымдарының (П.С. Паллас, И.П. Фальк, В.В. Радлов т.б.) рөлі зор. Алайда, бұл құнды жәдігерлердің басым бөлігі шетелдік архивтерде немесе қолжетімсіз сирек қорларда сақталған. Сондықтан, бұл деректерді цифрландыру отандық тарих ғылымының өзекті мәселесі болып табылады.

XXI ғасырдың басында цифрлық технологиялар ақпаратты өңдеу мен таратудың құралы ғана емес, өткенді қайта пайымдаудың аса маңызды тетігіне айналды. Бүгінде негізгі оқиғалар, тарихи тұлғалар мен символдар туралы жад тек академиялық тарихнама, оқулықтар мен музейлер арқылы ғана емес, сонымен бірге цифрлық инфрақұрылым арқылы - онлайн архивтер, ашық қолжетімді платформалар, мультимедиялық жобалар, бейне-контент пен

әлеуметтік желілер арқылы қалыптасады. Осындай жағдайда тарихи жад фактілердің статикалық қоймасы емес, өткеннің әртүрлі нұсқалары бәсекелесетін интерпретациялар алаңы ретінде көрінеді [1, 2].

Қазақстан үшін бұл мәселенің өзектілігі ерекше. Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи жад мемлекеттіліктің, ұлт қалыптастырудың және мәдени бірігудің орталық ресурстарының біріне айналды. Отарлық және кеңестік мұраны қайта пайымдау, ресми каноннан ығыстырылған есімдер мен сюжеттерді қайтару, сондай-ақ этномәдени және азаматтық бірегейлік арасындағы тепе-теңдікті іздеу тарихи саясат пен символдық жад кеңістігіне деген қызығушылықты күшейтті [3]. Цифрландыру бұл үдерісті ауқымды етумен бірге күрделендірді: мемлекеттік те, мемлекеттік емес те акторлар қоғамның тарихты қабылдауына ықпал етудің жаңа құралдарына ие болды.

Қазақстандық контексте цифрлық тарихи жад бірнеше бағыттың тоғысында дамып келеді. Біріншіден, бұл электрондық архивтер мен деректер базалары арқылы құжаттық мұраны цифрлық түрде сақтау және насихаттау. Екіншіден, көпшілік пайдаланушыға арналған ашық цифрлық алаңдар құру: тарихи порталдар, виртуалды музейлер, бейнедәрістер, мультимедиялық уақыт желілері. Үшіншіден, әлеуметтік желілердегі жадыны медиаландыру, мұнда тарихи сюжеттер күнделікті коммуникацияның, білім беру контентінің және символдық даулардың бір бөлігіне айналады [4].

Материалдар мен әдістер. Мақаланың әдіснамалық негізін тарихты, memory studies бағытын, цифрлық гуманитаристиканы және медиаанализ элементтерін біріктіретін пәнаралық тәсіл құрайды. Теориялық база ретінде М. Хальбвакстың ұжымдық жад, Я. Ассманның мәдени жад, П. Нораның жад орындары жөніндегі концепциялары, сондай-ақ М. Кастельс пен Х. ван Дейктің цифрлық жад пен өткенді медиаландыруға қатысты тұжырымдары пайдаланылды [1, 2, 5, 6, 7].

Мақаланың эмпириялық негізін Қазақстанның тарихи мұрасымен байланысты ашық цифрлық ресурстар мен тәжірибелер құрайды: электрондық архивтік бастамалар, тарихи және білім беру порталдары, архив саласын цифрлық трансформациялау жөніндегі материалдар, Орталық Азиядағы digital history дамуы туралы жарияланымдар, сондай-ақ медиаплатформалар мен әлеуметтік желілердегі тарихи контентке жасалған жалпы бақылаулар [8, 9, 10, 11]. Жұмыста сапалық талдау, салыстырмалы-тарихи тәсіл, қоғамдық цифрлық нарративтерді дискурсивтік оқу және проблемалық-тақырыптық жүйелеу әдістері қолданылды.

Бұл әдістерді таңдауға зерттеу пәнінің ерекшелігі себеп болды. Тарихи жадты цифрландыру құжаттарды электрондық форматқа көшірумен ғана шектелмейді; ол өткенді іріктеу, көрсету, түсіндіру және сезіну тәсілдерінің жаңаруын қамтиды. Сондықтан зерттеу тек цифрлық инфрақұрылымды емес, сол ортада бекітілетін мағыналарды да талдауды талап етеді.

Нәтижелер. XVIII-XIX ғасырлардағы неміс ғалымдарының жұмыстары Қазақстан тарихы бойынша ең алғашқы жүйелі дереккөздер ретінде танылады.

Олардың зерттеулеріндегі объективтілік пен егжей-тегжейлі сипаттамалар «Деректану» пәнінің мазмұнын байыта түседі.

Неміс саяхатшыларының күнделіктері мен есептері қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымындағы өзгерістерді нақты даталармен бекітуге мүмкіндік береді. Бұл еңбектерде тарих, этнография, география және құқық мәселелері ұштасқан. Мысалы, неміс зерттеушілерінің карталары мен топонимдері бүгінгі «Тарихи география» мен «Тарихи демография» пәндері үшін негізгі бастау хат болып табылады.

Цифрландырудың негізгі салдарларының бірі - өткенге қолжетімділікті демократияландыру. Электрондық архивтер, цифрлық коллекциялар мен тақырыптық порталдар дереккөз бен пайдаланушы арасындағы арақашықтықты қысқартады. Бұрын архивке бару, іздеу дағдылары және шектеулі қолжетімділік талап етілсе, қазір каталогтармен, құжаттармен және тақырыптық топтамалармен қашықтан танысу мүмкіндігі біртіндеп қалыптасып келеді [9; 10]. Қазақстан үшін ел аумағының кеңдігі мен ірі мәдени орталықтарға қолжетімділіктің тең еместігін ескерсек, бұл ерекше маңызды. Цифрлық орта аумақтық кедергілерді азайтып, азаматтардың тарихи мұрамен жұмыс істеуіне кеңірек мүмкіндік береді.

Екінші маңызды әсер тарихты визуализациялаумен байланысты. Цифрлық ортада тарих тек сызықтық мәтін күйінде өмір сүрмейді; ол интерактивті карталар, фотосуреттер, бейне, реконструкциялар, 3D-модельдер, виртуалды көрмелер және мультимедиялық нарративтер арқылы ұсынылады. Бұл өткенді эмоционалды қабылдауды күшейтіп, тарихи білімді жастар аудиториясына анағұрлым қолжетімді етеді. Алайда дәл осы жерде әдіснамалық тәуекел де туындайды: визуалдық сенімділік әрдайым тарихи шынайылықпен тең емес. Цифрлық формат қатысу әсерін күшейте алады, бірақ тарихи контексттің күрделілігін қарапайымдандыруы да мүмкін.

Үшінші нәтиже цифрландыру мен ұлттық бірегейлік арасындағы байланысқа қатысты. Қазақстанда тарихи жад мемлекеттілік, отарлық мұра, тіл саясаты, мәдени код және ұлттың символдық бейнесі мәселелерімен тығыз астасқан. Цифрлық кеңістікте бұл тақырыптар жаңа қарқын алады. Тарих мемлекеттіліктің сабақтастығын көрсетуге, ұлттық қаһармандарды танытуға, өткеннің қасіретті беттерін зерделеуге және мәдени бірлік идеясын ілгерілетуге пайдаланылады. Сонымен бірге цифрлық орта бірегейлікті неғұрлым ашық талқыланатын әрі мемлекеттік институттар монополиясынан азат етілген құбылысқа айналдырады. Классикалық оқулықтан айырмашылығы, цифрлық контент пайдаланушыға тек қабылдауға ғана емес, түсініктеме беруге, дауласуға, нарративті қайта құрастыруға мүмкіндік береді.

Осы жағдайда цифрлық жад сапасының мәселесі ерекше мәнге ие болады. Егер академиялық тарихнамада дереккөздер мен дәлелдерді тексерудің салыстырмалы түрде қатаң тәртібі болса, әлеуметтік желілерде өзге критерийлер үстем: жылдамдық, көзге түсу, мемге айналу қабілеті, эмоциялық үн. Тарихи тақырыптар көбіне қысқартылған түрде - символдық қарама-қарсылықтар, моральдық бағалар немесе саяси тұрғыдан қуатталған клишелер

жиынтығы ретінде беріледі. Бұл тарихтың танымалдығын арттырғанымен, өткеннің ағымдағы бірегейлік және саяси қақтығыстар үшін ыңғайлы материалға айналу қаупін де күшейтеді.

Цифрландыру тарихшы мен жад институттарының рөлін де өзгертеді. Бұрын кәсіби тарихшы интерпретация кеңістігін кітап, мақала, архивтік жарияланым немесе дәріс арқылы едәуір бақыласа, қазір ол мағына өндірушілердің біріне ғана айналып отыр. Оның қатарында журналистер, блогерлер, музей жобаларының кураторлары, азаматтық белсенділер, цифрлық контент дизайнерлері және платформалардың алгоритмдері бар. Бұл кәсіби тарихтың жойылуын білдірмейді, бірақ одан жаңа форматтағы қатысуды талап етеді: тарих ғылыми тұрғыдан сенімді ғана емес, коммуникациялық жағынан да көрінетін болуы керек.

Қазақстан үшін нүктелік цифрландырудан тарихи жадтың тұтас цифрлық экожүйесін құруға көшу перспективалы бағыт болып табылады. Мұндай жүйе: 1) сенімді және қолжетімді цифрлық архив инфрақұрылымын; 2) сарапшылар модерациялайтын ашық платформаларды; 3) тарихи контентті білім беру үдерісіне кіріктіруді; 4) тарихшылардың цифрлық гуманитарлық құзыреттерін дамытуды; 5) жастар мен өңірлік әртүрлілікке бағдарланған жобаларды қолдауды қамтуы тиіс. Цифрлық жад тек цифрланған артефакттар жиынтығына айналмай, өткен туралы саналы диалогтың ортасына айналуы қажет.

Орталық Азиялық контекст те ерекше қызығушылық тудырады. Соңғы жылдардағы зерттеулер аймақтағы digital history инфрақұрылым, кадр, қаржыландыру және халықаралық көріну шектеулеріне байланысты біркелкі дамымай отырғанын көрсетеді [8]. Қазақстан үшін бұл тек ішкі цифрлық жаңғыртуды ғана емес, сонымен қатар өңірлік және халықаралық академиялық желілерге белсенді қосылуды қажет етеді. Бұл интеграция маңызды, өйткені цифрлық ортадағы тарихи жад барған сайын тұйық ұлттық кеңістікте емес, салыстырулар, ықпалдар және сыртқы көзқарастар тоғысатын трансұлттық өрісте қалыптасады.

Осылайша, Қазақстандағы тарихи жадты цифрландыру бүгінде бірегейлікті трансформациялайтын факторға айналды. Ол өткенге қолжетімділікті кеңейтеді, жадқа қатысушылар шеңберін ұлғайтады, тарихты насихаттаудың жаңа формаларын ынталандырады, бірақ сонымен бірге шынайылық, интерпретациялық жауапкершілік және символдық бәсеке мәселелерін алға тартады. Мұндай жағдайда тарих ғылымының міндеті цифрландырудың өзіне қарсы тұру емес, цифрлық ортада кәсіби қатысудың стандарттарын қалыптастыру және технологиялық ашықтықты гуманитарлық тереңдікпен ұштастыратын тетіктерді жасау болып табылады.

Қорытындылар. Қазақстан тарихын зерттеген неміс ғалымдарының мұрасын цифрландыру заманауи тарихнаманың басым бағыттарының бірі. Бұл тек технологиялық жаңарту емес, сонымен бірге тарихи деректерді интерпретациялаудың жаңа әдіснамалық деңгейі. Осы бағыттағы жұмыстар

болашақтағы ғылыми зерттеулер жүргізудің ареалын кеңеітіп, тарихшы мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға қызмет етеді.

Зерттеу бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, цифрландыру тарихи жадтың дереккөздік және коммуникациялық базасын кеңейтіп, өткенді күнделікті қоғамдық өмірде неғұрлым қолжетімді әрі көрінетін етеді. Екіншіден, ол бірегейліктің қалыптасуына тікелей ықпал етеді, өйткені бүгінгі күні дәл цифрлық ортада ұлттың, қаһармандардың, символдардың және тарихи әділеттіліктің бейнелері белсенді айналымға түседі. Үшіншіден, цифрлық орта мүмкіндіктермен қатар тәуекелдер де туғызады: күрделі үдерістердің қарапайымдануы, бытыраңқы нарративтердің бәсекесі, саясаттандыру мен символдық манипуляцияларға осалдығы.

Практикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстанға стратегиялық тұрғыдан құрылатын цифрлық жад саясаты қажет. Оның негізіне архивтердің ашықтығы, сапалы ғылыми сараптама, тарихшылардың цифрлық платформалармен ынтымақтастығы, білім беру және музей бастамаларын қолдау, сондай-ақ жастардың тарихи контентті сыни қабылдау мәдениетін қалыптастыру алынуы тиіс. Осындай жағдайда ғана цифрландыру тарихи тереңдікке қарсы емес, керісінше тұрақты, инклюзивті және интеллектуалдық тұрғыдан жауапты ұлттық бірегейліктің пайдасына жұмыс істейді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Halbwachs M. On Collective Memory. Chicago: University of Chicago Press, 1992. 244 p.

2. Nora P. Between Memory and History: Les Lieux de Memoire // Representations. 1989. No. 26. P. 7-24.

3. Assmann J. Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination. Cambridge: Cambridge University Press, 2011. 411 p.

4. Castells M. The Rise of the Network Society. 2nd ed. Oxford: Wiley-Blackwell, 2010. 597 p.

5. van Dijck J. Mediated Memories in the Digital Age. Stanford: Stanford University Press, 2007. 240 p.

6. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы [Электрондық ресурс].

7. Gagarina D. Digital History in Central Asia: Initiatives, Regional Specifics and Community // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies. 2024. No. 3(148). P. 36-55.

8. Sydykova A. Specifics of electronic documentary editions of foreign archives // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies. 2024. No. 3(148).

9. Nurbatyrova R., et al. Digital Transformation of Archives in the Context of the Introduction of an Electronic Document Management System in Kazakhstan // Preservation, Digital Technology & Culture. 2024.

10. Khamzina G. History Textbooks and Media Discourse in Central Asia. Nazarbayev University, 2023. PhD dissertation.

11. «e-history.kz» порталы [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://e-history.kz/ (қаралған күні: 07.04.2026).

МРНТИ 11.25.67

ЦЕНТР ЦИФРОВЫХ ИННОВАЦИЙ ОТГ: НОВЫЙ ВЕКТОР ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ КАЗАХСТАНА И ТЮРКСКОГО ПРОСТРАНСТВА

Айдос Ж.А., магистрант Международный университет Астана, г.Астана, Казахстан
aizerworld2004@gmail.com

Аннотация: В сегодняшней статье анализируется инициатива создания Центра цифровых инноваций Организации тюркских государств на основе казахстанского проекта Alem.AI. В данном исследовании будет анализирована предложеная Президентом РК инициатива создания Центра цифровых тюркских государств на основе казахстанского центра ИИ «AlemAi». Данное исследование отвечает на вопрос “Как инициатива создания Центра цифровых инноваций ОТГ отражает цифровую стратегию Казахстана и его стремление к региональному технологическому сотрудничеству?” И предполагаемая гипотеза такова что через инициативу создания Центра цифровых инноваций ОТГ, Казахстан пытается закрепить свою роль лидера в цифровизации путем экспорта IT-услуг и создать платформу для сотрудничества в сфере ИИ с другими тюркскими странами. Методологическая основа исследования основывается на анализе официальных стратегических документов, сравнительный подход и элементы институционального анализа. Результат исследования показывают, что Центр инновационных исследовании ОТГ согласуется с приоритетами целей Казахстана и интегрирует инициативы регионального уровня.

Ключевые слова: цифровая трансформация; Организация тюркских государств; искусственный интеллект; стартапы; межрегиональное сотрудничество; Казахстан; цифровой кодекс; инновационная экосистема.

Введение. Казахстан признает цифровизацию экономики и внедрение искусственного интеллекта как один из элементов драйвера роста и активно развивает данные отрасли. В подтверждение этому, 2026 год был назван Главой государства РК Годом цифровизации и Искусственного Интеллекта, и поставил задачу становления Казахстана цифровым государством и войти в ряд лидеров в плане цифровизации [5].

В то же время в октябре 2025 года на саммите ОТГ Касым-Жомарт Кемелевич Токаев предложил инициативу создания Центра цифровых инноваций ОТГ на базе казахстанского национального ИИ-центра Alem.ai [1]. Основной целью данной инициативы была поддержка стартапов из тюркских стран, совместные проекты на базе ИИ и обмен опытом. Таким образом создается исследовательский вопрос и заключается он в том что, Как инициатива создания Центра цифровых инноваций ОТГ отражает цифровую

стратегию Казахстана и его стремление к региональному технологическому сотрудничеству?”

Гипотеза такова что, создание Центра цифровых инноваций ОТГ полностью отражает стратегию Казахстана в цифровизации через переход с национального на региональный уровень и выступает инструментов институционализации сотрудничества между тюркскими государствами в сфере ИИ.

Материалы и методы. Данное исследование будет проводиться с помощью документальный анализ, с помощью которого можно установить соответствие инициативы национальной стратегии и выявить регуляторные аспекты. В исследовании используется институциональный анализ, направленный не на изучение функционирующего института, а на анализ проектируемой институциональной структуры. Рассматривается, какие функции, роли и механизмы координации предполагает инициатива Центра цифровых инноваций ОТГ, а также какие стратегические цели она отражает.

Также будет проведен сравнительный анализ похожих инициатив, таких как EDIH.

Для исследования будет взята информация основанная на официальных документах таких как выступления президента взятые из официальных государственных сайтов (Akorda, primeminister.kz), официальные сайты и отчеты.

Результаты. Центр цифровых инновации ОТГ предполагается как платформа поддержки разных стартапов, создания совместных проектов и венчурное финансирование [1].

Поскольку Центр цифровых инноваций ОТГ находится на стадии инициативы, его институциональная структура пока не закреплена официально, поэтому функции будут основаны на заявленных целях.

Функция Центра	**Описание / детали**
Инкубация и акселерация стартапов	Совместное развитие идей и стартап-экосистем
Координация проектов на базе ИИ	Совместные научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы, внедрение ИИ в промышленность и госуправление
Образовательные программы	Обучение и обмен экспертами
Привлечение инвестиций	Создание совместных инвестиционных механизмов

Как видно уже на этапе разработки концепции, Центр инноваций ОТГ формируется как многофункциональная платформа, объединяющая технологические разработки, образовательные инициативы и инвестиционные возможности, что отражает стратегический приоритет Казахстана в области цифровой трансформации и регионального технологического сотрудничества.

Анализ соответствии национальной стратегии

Данная инициатива предложенная Касым-Жомарт Кемелевич Токаева полностью соответствует Цифровому Казахстану и основным приоритетам государства в “Год цифровизации”. В государственных заявлениях говорится о цели превращения Казахстана в “цифровое государство” [5]. И именно Центр информационных инноваций позволит вывести отечественные инициативы на региональный уровень, поскольку предполагается, что Казахстан сможет поделиться своими цифровыми решениями, моделями цифровизации и практиками внедрения искусственного интеллекта с другими тюркскими государствами.

Кроме того, правительство активно разрабатывает законодательство в сфере искусственного интеллекта. Так были уже приняты «Цифровой кодекс» и «Закон об искусственном интеллекте» [2].

Центр мог бы применять эти принципы в рамках ОТГ, установив общие стандарты данных и правила в сфере искусственного интеллекта. Это укрепило бы интеграцию, сохранив при этом технологический суверенитет каждого государства в ОТГ. Развитие стартап-экосистем так же играет не маловажную роль и является национальным приоритетом для Казахстана. Так по итогом 2025 года экспорт IT-услуг в Казахстане достиг объема 1 миллиард долларов [5]. Благодаря Центру же Казахстан сможет создать дополнительный путь экспорта своих IT-услуг в другие тюркские страны, что отвечает стратегии диверсификации экономики.

Таким образом инициатива предложенная Казахстаном, напрямую отражает национальную стратегию в области цифровизации. Центр цифровых инновации будет напрямую поддерживать те же задачи, только в рамках многостороннего сотрудничества. Тем самым Это согласуется с гипотезой, что проект служит расширением цифрового экспорта и повестки Казахстана.

Влияние на технологическое сотрудничество

Создание Центра ОТГ позволит еще больше укрепить существующие региональные цифровые проекты в рамках организации. Например, в настоящее время ведется работа над взаимным признанием электронных подписей и другими ИТ-инициативами [6]. При поддержке Центра эти процессы можно ускорить за счет стандартизации технологий. Центр сможет объединить экспертов и ресурсы для разработки цифровых решений гораздо быстрее и эффективнее, создав тем самым общую цифровую экосистему. Создание общей экосистемы может стимулировать экономическую интеграцию: например, общие правила в области искусственного интеллекта могут упростить выход на смежные рынки.

Эффективность такого вида интеграции можно подтвердить на примерах из других регионов. Одним из наиболее развитых похожих интеграции можно назвать European Digital Innovation Hubs (EDIHs), реализуемые в рамках стратегии European Union по цифровой трансформации. Эта сеть объединяет более 200 центров, предоставляя компаниям и организациям государственного сектора доступ к передовым технологиям [4]. В рамках программы «Цифровая

Европа» было создано четыре центра тестирования и экспериментирования в области искусственного интеллекта, объединивших партнеров из 16 стран и позволяющих компаниям и организациям тестировать решения на базе искусственного интеллекта. Кроме того, в настоящее время функционирует более 150 центров цифровых инноваций, которые оказывают предприятиям поддержку в тестировании технологий, развитии навыков и внедрении цифровых инструментов. В рамках программы также реализуются сотни пилотных проектов в области цифровой идентификации, управления данными и других сферах, что способствует укреплению инфраструктуры и потенциала ЕС в секторе цифровых технологий [4].

Кроме того, в рамках программы на развитие этой сети выделено финансирование в размере €7,5 млрд на период 2021–2027 г [3]. Данные примеры закрепляют представление об инициативе Центра информационных инновации ОТГ, как апопытка адаптации аналогичной институциональной модели в тюркском пространстве, направленной на формирование единой цифровой экосистемы и развитие регионального сотрудничества, и что таким образом Казахстан хочет создать цифровую а затем и экономическую интеграцию стран тюркского мира.

Выводы. Исследовательский вопрос заключался в следующем: “Как инициатива создания Центра цифровых инноваций ОТГ отражает цифровую стратегию Казахстана и его стремление к региональному технологическому сотрудничеству?” Анализ показал, что Центр ОТГ полностью отражает и поддерживает национальную цифровую стратегию Казахстана. Инициатива объединяет цели развития стартапов и ИИ, переводя их на межгосударственный уровень, благодаря чему может перейти в многосторонний формат. Переход к многостороннему формату может еще больше способствовать обмену технологиями и инвестициями. Это подтверждает гипотезу о том, что инициатива может способствовать институционализации технологического сотрудничества и продвижению казахстанской модели цифровизации.

Список использованной литературы:

1. Президент принял участие в XII саммите Организации тюркских государств [Электронный ресурс]. — Akorda.kz, 2025. — URL: https://www.akorda.kz/ru/prezident-prinyal-uchastie-v-xii-sammite-organizatsii-tyurkskih-gosudarstv-792054 (дата обращения: 10.04.2026).

2. Закон Республики Казахстан «О государственной программе «Цифровой Казахстан» [Электронный ресурс]. — Adilet.zan.kz. — URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2500000230 (дата обращения: 10.04.2026).

3. Digital Europe Programme. Shaping Europe’s digital future [Electronic resource]. — European Commission. — URL: https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/activities/digital-programme (accessed: 10.04.2026).

4. European Digital Innovation Hubs (EDIHs). Shaping Europe’s digital future [Electronic resource]. — European Commission. — URL: https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/policies/edihs (accessed: 10.04.2026).

5. Год цифровизации и ИИ в Казахстане: правительством обозначен приоритет работы по внедрению технологий во всех сферах экономики [Электронный ресурс]. — Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан, 2026. — URL: https://primeminister.kz/ru/news/god-cifrovizacii-i-ii-v-kazaxstane-pravitelstvom-oboznacen-prioritet-raboty-vnedrenie-texnologii-vo-vsex-sferax-ekonomiki-30934 (дата обращения: 10.04.2026).

6. Cooperation in Information and Communication Technologies (ICT) [Электронный ресурс]. — Organization of Turkic States. — URL: https://www.turkicstates.org/en/areas-of-cooperation-detail/10-cooperation-in-information-and-communication-technologies-ict (accessed: 10.04.2026).

МҒТБА 11.15.51

ОҢТҮСТІК КАВКАЗДАҒЫ ГЕОСАЯСИ ЛАНДШАФТ: ЕКІНШІ ҚАРАБАҚ СОҒЫСЫНАН КЕЙІНГІ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Амангазы И.М., магистрант, Астана Халықаралық Университеті,
Астана қ., Қазақстан
insar230703@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада 2020 жылғы 27 қыркүйек – 10 қараша аралығында өткен Екінші Қарабақ соғысынан кейінгі Оңтүстік Кавказ аймағындағы геосаяси өзгерістер кешенді және статистикалық тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында әскери шығындар, аумақтық өзгерістер, аймақтық және жаһандық факторлардың ықпалы, сондай-ақ энергетикалық және көлік дәліздерінің стратегиялық маңызы қарастырылады. Постсоғыстық қауіпсіздік архитектурасы мен аймақтың болашақ даму сценарийлері бағаланады.

Түйінді сөздер: Оңтүстік Кавказ, Қарабақ соғысы, геосаясат, Ресей, Түркия, энергетика, қауіпсіздік.

Кіріспе. 2020 жылғы 27 қыркүйекте басталып, 10 қарашада аяқталған Екінші Қарабақ соғысы небәрі 44 күнге созылғанымен, оның салдары Оңтүстік Кавказдағы геосаяси құрылымды түбегейлі өзгертті. Соғыс барысында 6 000-нан астам адам қаза тауып, жүздеген әскери техника жойылды [1]. Әзірбайжан шамамен 10 000 км²-ден астам аумақты қайтарып алып, өзінің аумақтық тұтастығын айтарлықтай қалпына келтірді [1]. 2020 жылғы 10 қарашадағы үшжақты келісім Ресейдің 1 960 бітімгерін аймаққа орналастыруды қарастырды [6]. Бұл келісім уақытша тұрақтылықты қамтамасыз еткенімен, ұзақ мерзімді бейбітшілікке кепіл бола алмады. 2023 жылы Әзірбайжан толық бақылау орнатып, аймақтағы бұрынғы автономиялық құрылымдар жойылды [3]. Сонымен қатар, 100 000-нан астам армян халқы аймақтан көшіп кетуге мәжбүр болды, бұл гуманитарлық дағдарысты күшейтті [3]. Түркияның әскери қолдауы және дрон технологияларының қолданылуы соғыстың нәтижесіне шешуші әсер етті [2]. Еуропалық Одақ пен АҚШ аймақтағы дипломатиялық процестерге белсенді араласа бастады [4]. Осылайша, Оңтүстік Кавказ көпполярлы геосаяси кеңістікке айналды.

Соғыстың себептері мен нәтижелері. Екінші Қарабақ соғысы ұзақ уақыт бойы шешілмеген аумақтық даудың нәтижесі болды, себебі 1994 жылдан кейін қалыптасқан статус-кво тұрақты бейбіт шешімге алып келмеді [1]. 2016 жылғы қысқа қақтығыстар шиеленістің сақталғанын көрсетті, ал 2020 жылы бұл толық масштабты соғысқа ұласты. Әзірбайжан әскери бюджетін 2010–2020 жылдары айтарлықтай арттырып, заманауи қару-жарақпен жабдықталды [10]. Соғыс барысында дрондар мен жоғары дәлдікті қарулар шешуші рөл атқарып, жойылған техниканың үлкен бөлігін қамтамасыз етті [2].

44 күн ішінде жүздеген танк пен бронетехника жойылды [1]. 10 қараша келісімі бойынша Армения Келбаджар, Агдам және Лачин аудандарын қайтарды [6]. 2023 жылы Әзірбайжан толық бақылау орнатып, бұрынғы автономиялық құрылымды жойды [3]. Бұл жаңа геосаяси шындық қалыптастырды.

Күштер балансының өзгеруі. Соғыстан кейін Оңтүстік Кавказдағы күштер балансы түбегейлі өзгерді. Әзірбайжан әскери жеңісінің арқасында аймақтағы негізгі күшке айналды, ал оның әскери шығындары тұрақты түрде өсіп отыр [10]. Армения керісінше әлсіреп, қауіпсіздік мәселелерінде сыртқы қолдауға тәуелді болды [8]. Ресей аймақтағы ықпалын сақтауға тырысқанымен, оның рөлі салыстырмалы түрде әлсіреді [5]. Бұл әсіресе Украинадағы соғыстан кейін байқалды. Түркия аймақтағы ықпалын күшейтіп, Әзірбайжанмен стратегиялық әріптестігін нығайтты [2]. Бірлескен әскери жаттығулар саны артты. Бұл жаңа геосаяси осьтің қалыптасуына алып келді. Аймақта бірнеше күш орталығы пайда болды, бұл көпполярлы жүйенің қалыптасқанын және тұрақсыздық тәуекелдерінің артқанын көрсетеді.

Аймақтық факторлар. Ресей аймақтағы дәстүрлі ықпалын сақтау үшін бітімгерлік миссияны пайдаланды, бірақ оның тиімділігі шектеулі болды [6]. Түркия Әзірбайжанның негізгі одақтасына айналып, аймақтағы ықпалын айтарлықтай күшейтті [2]. Оның әскери қолдауы соғыстың нәтижесіне шешуші әсер еткенімен, Түркия экономикалық және саяси ықпалын да арттыруда. Иран аймақтағы өзгерістерге алаңдаушылық білдіріп, өзінің шекаралық қауіпсіздігін күшейтуде. Ол әсіресе Зангезур дәлізіне қарсы позиция ұстанады. Аймақтық акторлардың мүдделері жиі сәйкес келмейтіндіктен, тұрақты шиеленіс сақталуда.

Жаһандық державалар. Еуропалық Одақ аймақтағы дипломатиялық процестерге белсенді қатысып, бейбіт келіссөздерді қолдауда [4]. Сонымен қатар, ЕО Әзірбайжаннан газ импортын арттыруға мүдделі [9]. АҚШ та келіссөз процестеріне қатысып отыр. Қытай аймақты «Орта дәліз» арқылы маңызды транзиттік бағыт ретінде қарастырады [12]. Бұл оның экономикалық ықпалын арттыруға мүмкіндік береді. Жаһандық державалардың қатысуы аймақтағы бәсекелестікті күшейтіп, Оңтүстік Кавказды жаһандық саясаттың маңызды элементіне айналдырды.

Дәліздер және энергетика. Оңтүстік Кавказ энергетикалық және көлік дәліздері тұрғысынан стратегиялық маңызды аймақ болып табылады. Оңтүстік газ дәлізі Еуропа үшін маңызды энергия көзіне айналды [9]. Әзірбайжанның газ экспорты жыл сайын өсіп келеді. Баку–Тбилиси–Жейхан мұнай құбыры аймақтың энергетикалық маңызын одан әрі нығайтады [13].

Зангезур дәлізі аймақтық логистикаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін [14]. «Орта дәліз» жобасы Қытай мен Еуропаны байланыстырып, халықаралық инвестициялар көлемін арттыруда [12]. Осылайша, энергетикалық ресурстар мен дәліздер аймақтың болашағын анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Қауіпсіздік жүйесі. Постсоғыстық кезеңде аймақта жаңа қауіпсіздік архитектурасы қалыптасуда, бірақ ол толық тұрақтанған жоқ. Ресей бітімгерлері қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тырысқанымен, олардың мүмкіндіктері шектеулі болды [6]. 2021–2023 жылдары шекаралық қақтығыстар тіркелді [8]. Аймақта толық бейбіт келісім әлі жасалған жоқ. Сыртқы факторлардың бәсекелестігі жағдайды күрделендіреді. Болашақта бірнеше сценарий мүмкін: бейбітшілік келісімі немесе жаңа шиеленіс, бұл халықаралық конъюнктураға байланысты. Сондықтан қауіпсіздік мәселесі аймақтың негізгі проблемасы болып қала береді.

Қорытынды.

Екінші Қарабақ соғысы Оңтүстік Кавказдағы геосаяси ландшафтты түбегейлі өзгертті. Әзірбайжан күшейіп, Түркияның аймақтық ықпалы артты, ал Ресейдің рөлі салыстырмалы түрде өзгерді. Аймақ көпполярлы жүйеге өтіп, энергетикалық және көлік факторлары ерекше маңызға ие болды. Жаһандық державалардың қатысуы күшейгенімен, тұрақсыздық тәуекелдері сақталуда. Аймақтың болашағы аймақтық және жаһандық саясаттың ары қарайғы дамуына байланысты болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. International Crisis Group (2022). Improving Prospects for Peace after the Nagorno-Karabakh War. https://www.crisisgroup.org/europe-central-asia/caucasus/nagorno-karabakh-conflict/improving-prospects-peace-after-nagorno-karabakh-war

2. Stronski P., Ng N. (2022). Cooperation and Competition in South Caucasus. Carnegie Endowment. https://carnegieendowment.org/2022/06/14/cooperation-and-competition-in-south-caucasus-pub-87306

3. Reuters (2023–2024). Karabakh coverage. https://www.reuters.com/world/asia-pacific/

4. ECFR (2023). The EU and the South Caucasus after the 2020 war. https://ecfr.eu/publication/the-eu-and-the-south-caucasus-after-the-2020-war/

5. Trenin D. (2022). Carnegie Russia Commentary. https://carnegie.ru/commentary/87090

6. RIAC (2023). Karabakh posle 2020 goda. https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/karabakh-posle-2020-goda/

7. Valdai Club (2022–2024). https://valdaiclub.com

8. Caucasus Institute (2022). Analytical Materials. https://c-i.am/en/analytical-materials

9. IEA (2023). Gas Market Report Q4-2023. https://www.iea.org/reports/gas-market-report-q4-2023

10. SIPRI Military Expenditure Database. https://www.sipri.org

11. BP Statistical Review (2024). https://www.bp.com/statisticalreview

12. ResearchGate. Geopolitics papers. https://www.researchgate.net

13. BP Energy Data. https://www.bp.com
14. World Bank (2023). https://documents.worldbank.org

ҒТАМА 03.03.20

ДӘСТҮР МЕН ДІН АРАСЫНДА: ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ДИЛЕММАСЫ

Аманжолова Г.А., студент, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, Abaievna2004@gmail.com; **Сүлейменова Г.Б.,** тар.ғ.к., Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің доценті Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан gulnarazkgu@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ жастарының рухани әлеміндегі дәстүр мен дін арақатынасы мәселесі тарихи тұрғыдан қарастырылады. Қазақ халқының дәстүрлі наным-сенімдері мен ислам дінінің өзара байланысы ғасырлар бойы қалыптасып, қазіргі қазақ жастарының дүниетанымына әсер етіп отыр. Зерттеудің мақсаты – жастардың діни ұстанымдарының қалыптасуындағы дәстүр мен дін арасындағы дилемманың тарихи тамырларын ашу және оны шешу жолдарын ұсыну. Зерттеу барысында сандық (сауалнама, n=70) және сапалық (тереңдетілген сұхбат, n=5) әдістер қолданылды. Теориялық негіз ретінде француз тарихшысы Фернан Бродельдің «ұзақ мерзімділік» концепциясы алынды. Зерттеу нәтижелері жастардың діни санасының қалыптасуындағы үш тарихи қабаттың (исламға дейінгі нанымдар, кеңестік дәуірдегі атеистік мұра, тәуелсіздік жылдарындағы діни жаңғыру) әсері анықталды. Жастардың дәстүр мен дінге қатысты ұстанымдарының үш негізгі типі айқындалды: тарихи сабақтастықты сақтаушылар , діни жаңғырушылар және дәстүрлі синкретизмді ұстанушылар.

Кілт сөздер: дәстүр, дін, жастар, рухани дилемма, ислам, діни синкретизм, ұзақ мерзімділік, Фернан Бродель, Қазақстан.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде қазіргі қазақ жастарының дәстүр мен дін арасындағы рухани дилеммасын жан-жақты талдау мақсатында тарихи дереккөздер, ғылыми әдебиеттер және эмпирикалық материалдар пайдаланылды. Негізгі материалдар ретінде XX ғасырдың көрнекті тарихшыларының еңбектері, тәуелсіздік жылдарындағы діни жаңғыру үдерістері жөніндегі зерттеулер мен ғылыми мақалалар қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында өзім жүргізген сауалнама мен тереңдетілген сұхбат нәтижелері пайдаланылды. Зерттеудің теориялық негізі ретінде француз тарихшысы, «Аннал» мектебінің көрнекті өкілі Фернан Бродельдің «ұзақ мерзімділік» (longue durée) концепциясы алынды. Бродель тарихи үдерістерді үш деңгейге бөліп қарастырады: тез өзгеретін оқиғалар тарихы (histoire événementielle), орташа мерзімді циклдар (экономикалық және әлеуметтік құрылымдар) және баяу өзгеретін ұзақ мерзімді құрылымдар (longue durée) [3, 115б]. Бродель бойынша, ұзақ мерзімді құрылымдар – географиялық орта, климат, өндіріс тәсілдері, менталитет, дәстүрлер мен сенімдер сияқты

факторлар. Бұл құрылымдар ғасырлар бойы өзгермей, тарихтың терең ағысын құрайды, ал дәстүр мен дін осындай ұзақ мерзімді құрылымдарға жатады. [5, 117б].

Зерттеу барысында төмендегідей әдістер пайдаланылды: тарихи-генетикалық әдіс – дәстүр мен діннің тарихи қалыптасу үдерістерін, олардың өзара байланысының алғышарттарын анықтау үшін қолданылды; тарихи-салыстырмалы әдіс – әртүрлі тарихи кезеңдердегі (исламға дейінгі дәуір, ислам дінінің ену кезеңі, кеңестік дәуір, тәуелсіздік жылдары) дәстүр мен дін арақатынасын салыстыру арқылы олардың эволюциясын бағалауға мүмкіндік берді; сауалнама әдісі –2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында Алматы және Астана қалаларында 18-29 жас аралығындағы 70 респондент арасында жүргізілді, сауалнамада дәстүр мен дінге қатынасты анықтайтын сұрақтар қамтылды; тереңдетілген сұхбат әдісі – сауалнамаға қатысқан респонденттердің ішінен әртүрлі діни ұстанымдағы 5 жасөспіріммен жүргізілді, сұхбаттар 25-30 минут аралығында өтті, барлық сұхбат жазылып, транскрипцияланды,; интерпретациялық талдау – тарихи фактілер мен сауалнама нәтижелерін бүгінгі көзқараспен қайта саралау, рухани дилемманың мәнін қазіргі тарихи сана аясында бағалау жүргізілді

Қазақ халқының рухани әлемінде дәстүр мен дін арақатынасы мәселесі әр тарихи кезеңде өзекті болды. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі наным-сенімдері мен ислам дінінің өзара байланысы бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Қазіргі жаһандану дәуірінде бұл дилемма ерекше маңызға ие болып табылады, өйткені тәуелсіздік жылдарында діннің қоғамдық өмірдегі рөлінің артуы, дәстүрлі ислам құндылықтарына бетбұрыс, сонымен қатар әлемдік ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жастардың дүниетанымында күрделі дилеммалар туғызады. [1, 67б]. Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығының 2025 жылғы зерттеуі бойынша, Қазақстанда жас ерекшелігімен бірге діни өзін-өзі сәйкестендіру деңгейінің арту үрдісі анықталған: 14–17 жас аралығында – 76,4%, ал 30–34 жас аралығында – 90,3% Осы зерттеу арқылы қазақ жастарының қазіргі таңда дінге деген бетбұрысының ұлғайғанын көре аламыз. [2, 5б].

Нәтижелер. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының негізі көне түркілік наным-сенімдерден бастау алады. Тәңіршілдік, ата-баба аруағына табыну, табиғат күштерін қастерлеу – осының барлығы қазақтың дәстүрлі мәдениетінің негізін құрады. Көрнекті этнограф Шоқан Уәлиханов өзінің еңбектерінде қазақтардың ежелгі нанымдары тәңіршілдікпен тығыз байланысты екенін, олардың аспанды, күнді, айды, жұлдыздарды қастерлегенін, табиғат құбылыстарына табынғанын, Көк тәңірі барлық түркі халықтарының бас құдайы ретінде танылғанын атап айтқан. [4, 81б]. Ислам діні Қазақстан аумағына X-XII ғасырларда Қарахан мемлекеті тұсында біртіндеп ене бастады. Бірақ ислам жергілікті дәстүрлі наным-сенімдермен бірге дамып, ерекше синкреттік форма қалыптастырды. Бұл үдерісті зерттеушілер Қожа Ахмет Ясауидің түркілік суфизмімен байланыстырады, өйткені Ясауи түркілік суфизмнің ерекшеліктері, ислам құндылықтары мен

түркілердің рухани дәстүрлерінің түркі-ислам синтезі аясында үйлесуі, діни толеранттылық мәселелері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ [5, 69б].

Шоқан Уәлиханов қазақтардың исламды қабылдауы олардың ежелгі нанымдарын толық жоймағанын, керісінше, ислам діні мен көне түркілік дәстүрлер бір-бірімен астасып, қазақ даласына тән ерекше діни-мәдени кеңістікті құрағанын, бұл қосарланған сенім (екі дін) құбылысы екенін атап көрсеткен [4, 94б]. Яғни ислам діні қазақ халқының рухани мәдениетін толықтырып ғана қоймай,жаңа бір мәдени құбылыс туғызды.

Ал XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақ зиялылары дәстүр мен дін мәселесін көтерді. Абай Құнанбайұлы өзінің 38-ші қара сөздінде Алланың өзі де рас, сөзі де рас екенін, діннің тазалықтың, имандылықтың, адамгершіліктің негізі екенін, адам баласының адамдығы ақыл, ғылым, мінез деген нәрселерменен болатынын, мінездің жақсысы – әдеп, ізет, сабыр, рақым, ұят, кең пейіл екенін атап көрсеткен [6, 84б]. Яғни Абай исламды адамгершіліктің, ізгіліктің қайнар көзі ретінде танып, оны дәстүрлі құндылықтармен ұштастыра білді.

Кеңес өкіметі тұсындағы атеистік саясат дәстүр мен дін арасындағы байланысты біршама әлсіретті.Бірақ оған қарамастан елде,әсіресе Оңтүстік Қазақстанда қасиетті орындар мен әулиелердің бейіттері дәстүрлі ислам дінін үйрету мен уағыздаудың маңызды орнына айналды, ал сопылық бауырластықтар жерасты мешіттері арқылы ғасырлар боцы қалыптасқан діни дәстүрді сақтап қалуға тырысты, киелі жерлерге зиярат ету,зікір салу сияқты рәсімдер халықтың ынтымағы мен бірлігін нығайтып, дәстүр мен дін байланысын одан әрі жақындастырды. [7, 93б]

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дінге деген қызығушылық күрт өсті. Қоғамдағы дін мәселесі мүлде жаңа арнаға түсті. Кеңес үкіметі кезіндегі мемлекеттік атеизм саясаты ресми түрде тоқтатылып, азаматтардың діни сенім бостандығы заң жүзінде бекітілді. Нәтижесінде бұрын жабылып,қиратылған мешіттер мен киелі жерлер қайта ашылп, жаңалары салынып, дін и еркінділікке жол ашылды. Сонымен қатар, сан алуан діни ағымдар мен миссионерлік ұйымдар елімізге еркін кіре бастады. Яғни, бұл діни нарықтың алуан түрлілігін қалыптастырды. [8, 77б]

Осы тарихи мәліметтер арқылы, сауалнама және сұхбат жүргізу уақытында, қазақ жастарының қазіргі таңдағы діни көзқарастарына тікелей әсер етіп келе жатырған діни және мәдени кезеңдерді айқындап басты 3 қабатты зерттедім. Бірінші қабат – исламға дейінгі көне дәстүрлер (тәңіршілдік, ата-баба аруағына табыну, табиғат культі), екінші қабат – кеңестік дәуірдегі атеистік мұра (кеңестік дәуірде қалыптасқан атеистік дүниетаным, діни рәсімдердіңшектелуі), үшінші қабат – тәуелсіздік жылдарындағы діни жаңғыру (жаңа діни ағымдардың ықпалы). Осы үш қабаттың өзара әрекеті жастардың рухани ізденістерінде күрделі дилемма туғызады, осы үш қабаттың қайшылықтары мен үйлесімдері қазіргі жастардың рухани дилеммасын құрайды.

Жүргізілген сауалнамаға 18 бен 29 жас аралығындағы 70 респондент қатысты, олардың 56%-ы әйелдер, 44%-ы ер адамдар, респонденттердің 65%-ы жоғары білімді немесе жоғары білім алушылар. Сауалнама нәтижелері бойынша, өзін мұсылманмын деп санайтындар – 84,7%, діндар емеспін, бірақ дәстүрлерді ұстанамын деп жауап бергендер – 10,3%, атеистпін дегендер – 3%, жауап беруге қиналатындар – 2% болды. Дәстүрлерді ұстану деңгейіне келетін болсақ, барлық дәстүрлерді толық ұстанамын дегендер – 18%, негізгі дәстүрлерді ұстанамын дегендер – 54%, тек отбасылық мерекелерде ғана еске аламын дегендер – 22%, дәстүрлерді ұстанбаймын дегендер – 6% болды. Дін мен дәстүр арасында қайшылық туындаған жағдайда, діни нормаларды таңдаймын дегендер – 31%, дәстүрді таңдаймын дегендер – 27%, екеуін үйлестіруге тырысамын дегендер – 42%, жауап беруге қиналатындар – 6% болды. Бұл деректер қазіргі жастардың басым бөлігі өздерін дәстүрлі құндылықтармен байланыстыратынын, алайда дін мен дәстүр арасындағы қайшылықтарды үйлестіруге тырысатынын көрсетеді. [9]

Тарихи сабақтастық тұрғысынан алғанда, жастардың діни санасында үш тарихи қабаттың әсері анықталды: біріншіден, исламға дейінгі нанымдардың әсері – респонденттердің 67% ата-баба аруағына табыну, әруақтарға сыйыну, бата беру сияқты дәстүрлерді ұстанатындарын айтқан; екіншіден, кеңестік дәуірдегі атеистік мұра – респонденттердің 43% діни рәсімдерді тек дәстүр сақтау үшін орындайтынын, терең діни сенімдері жоқтығын айтқан; үшіншіден, тәуелсіздік жылдарындағы діни жаңғыру – респонденттердің 38% соңғы 5-10 жылда дінге бет бұрғандарын, оның ішінде 42% әлеуметтік желілер мен интернет арқылы діни ақпарат алғандарын айтқан. . [9]

Тереңдетілген сұхбат барысында респонденттердің пікірлерінде бірнеше негізгі тақырыптар анықталды. 22 жастағы әйел респондент намаз оқитынын, бірақ ата-анамның қайтыс болғаннан кейін ас беру дәстүрін ұстанатынын, кейбір діндарлар бұл дұрыс емес деп айтатынын, өйткені ас беру – шариғатта жоқ дәстүр екенін, бірақ оның ойынша, бұл – ата-бабамыздың рухына құрмет екенін, осы екеуін қалай үйлестіруді білмей жүргенін айтқан. 25 жастағы ер респондент дінге жақында ғана келгенін, бұрын тек дәстүрлерді ұстанатын едім, бірақ олардың мәнін терең түсінбеппін, қазір дін арқылы дәстүрлердің де терең мәнін түсіне бастадым, мысалы, құрбан айт пен наурыздың астасып жатқан тұстары көп екенін айтқан. 23 жастағы ер респондент дәстүрлерді ұстанатынын, бірақ діндар емеспін, өйткені дәстүрлер – біздің ұлттық негізіміз, ал дін – әмбебап, мен қазақпын, сондықтан дәстүрлер маған жақын, дін менікі емес, дін – бәріне ортақ деп жауап берді.[9]

Но при всем этом необходимо отметить, что в последние десятилетия система высшего образования Республики Корея столкнулась с рядом структурных и социально-экономических вызовов, которые угрожают устойчивости достигнутых ранее успехов. Снижение рождаемости, начавшееся ещё в 1990-е годы, в настоящее время приводит к стремительному уменьшению числа выпускников школ, что непосредственно влияет на наполняемость университетов. По данным официальных исследований Республики Корея, к 2036 году ожидается сокращение числа студентов до 300 000, что на 100 тыс. меньше, чем прогнозируемое количество студентов в 2035 году. Для многих региональных университетов это означает не только финансовые трудности, но и угрозу закрытия, поскольку большинство студентов предпочитает поступать в крупные столичные вузы, такие как Сеульский национальный университет, Korea University, Yonsei University [7].

Другим важным вызовом стало перенасыщение рынка труда выпускниками вузов**.** Южная Корея демонстрирует один из самых высоких в мире уровней охвата высшим образованием: более 70% молодежи получают университетское образование. Однако это не всегда соответствует реальным потребностям экономики. Таким образом, современный этап развития системы высшего образования Республики Корея характеризуется двойственным процессом: с одной стороны, наблюдается рост глобального авторитета и технологических возможностей, с другой - усиливаются внутренние противоречия, связанные с демографией, трудоустройством и качеством исследований.

Выводы. Система высшего образования Республики Корея представляет собой уникальный пример того, как образование может стать ключевым фактором национального развития, инновационного роста и укрепления международного авторитета страны. Пройдя путь от послевоенного восстановления до статуса глобального образовательного лидера, Корея смогла выстроить эффективную модель, сочетающую традиционные культурные ценности и современные управленческие подходы.

Проведённый анализ позволяет сделать несколько ключевых выводов. Во-первых, развитие корейской системы высшего образования было тесно

связано с историческими этапами модернизации страны. В первые десятилетия после освобождения акцент делался на формировании национальной образовательной базы и подготовке кадров для восстановления экономики. В период индустриализации образование стало инструментом ускоренного экономического роста и социальной мобильности, а с 1990-х годов - платформой для инноваций, научных исследований и международного сотрудничества.

Во-вторых, устойчивость и конкурентоспособность системы объясняются сочетанием конфуцианских традиций**,** подчёркивающих ценность знаний и труда, и государственной политики, направленной на постоянное реформирование и адаптацию к глобальным изменениям. Внедрение программ поддержки университетов, развитие научных исследований, интернационализация и цифровизация стали основными факторами успеха. Однако, несмотря на достигнутые результаты, Корея сталкивается с новыми вызовами - демографическим спадом, перенасыщением рынка труда и необходимостью повышения качества научных исследований. Эти проблемы требуют системных решений, направленных на диверсификацию образовательных программ, развитие региональных университетов и укрепление связи между академической и производственной сферами.

В-третьих, современная система высшего образования Республики Корея демонстрирует высокую степень гибкости и открытости**,** что позволяет ей успешно реагировать на вызовы глобализации и цифровой трансформации. Развитие англоязычных программ, онлайн-платформ и международных обменов способствует интеграции корейских университетов в мировое образовательное пространство. В этом контексте Корея выступает не только как бенефициар глобальных процессов, но и как активный участник формирования новых моделей образования XXI века.

Таким образом, эволюция высшего образования Республики Корея демонстрирует, что устойчивый прогресс возможен при условии постоянного обновления, международного сотрудничества и сохранения культурных основ. В будущем роль Кореи как образовательного и научного центра Восточной Азии, вероятно, будет только усиливаться, а её опыт - востребован в глобальном академическом пространстве.

Список использованных источников:

1. Пак, Хи Су. Трансформация системы образования Республики Корея и КНДР в послевоенный период / Пак Хи Су, Д. А. Толстокулаков - Текст: непосредственный // Федеральное государственное бюджетное учреждение науки «Институт истории, археологии и этнографии народов Дальнего Востока Дальневосточного отделения Российской академии наук». Серия: Россия и АТР - 2006. - Т. 4, вып. 50. - С. 73-77.

2. Хусаинова А.Р., Майорова О.А. Особенности Корейской системы образования. этапы формирования // Кореееведение в России:

направление и развитие. 2024. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-koreyskoy-sistemy-obrazovaniya-etapy-formirovaniya (дата обращения: 29.10.2025).

3. Rhee B. S., Yin M. «Academic Excellence Initiatives in the Republic of Korea: Brain Korea 21» / B. S. Rhee, M. Yin. - In: Yudkevich M., Altbach P. G., Salmi J. (eds.) Academic Star Wars: Excellence Initiatives in Global Perspective. Cambridge, MA: The MIT Press, 2023. pp. 81-106.

4. Ministry of Education of the Republic of Korea. Higher Education. - Seoul: Ministry of Education. URL:https://english.moe.go.kr/sub/infoRenewal.do?m=0305&page=0305&s=english&utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 29.10.2025).

5. Usher, A. «Korean Higher Education». Higher Education Strategy Associates. 23 May 2024. URL: https://higheredstrategy.com/korean-higher-education/ (дата обращения: 29.10.2025).

6. Economic Times. South Korea surpasses 300 000 foreign students target two years ahead of schedule // Economic Times - Fri Oct 3 2025. - URL: https://economictimes.indiatimes.com/nri/study/south-korea-surpasses-300000-foreign-students-target-two-years-ahead-of-schedule/articleshow/124286643.cms?from=mdr (дата обращения: 29.10.2025).

7. Yonsei University. The University Enrollment Crisis // The Annals. - 04.04.2023. - URL: https://annals.yonsei.ac.kr/news/articleView.html?idxno=10957 (дата обращения: 29.10.2025).

ҒТАМА: 06.51.21, 10.87.77, 87.35.29

ӨЗБЕКСТАН СУ ФАКТОРЫ: ДАҒДАРЫС ПЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Ахан Г.Т., PhD докторант
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
gulnur.writer@gmail.com

Аннотация. Мақалада Өзбекстан Республикасының су ресурстары саласындағы дағдарыс жан-жақты талданады. Ғылыми зерттеуде су тапшылығының негізгі себептері ретінде суармалы егіншіліктің, әсіресе мақта өндірісінің жоғары су тұтынуы, ескірген инфрақұрылым, тиімсіз басқару жүйесі және институционалдық олқылықтар қарастырылады. Сонымен қатар, су сапасының нашарлауы, топырақтың тұздануы, жерасты суларының азаюы мен климаттық өзгерістердің әсері кешенді түрде сипатталады. Су дағдарысының ауыл шаруашылығына, экологияға, экономикаға және қоғамдық денсаулыққа тигізетін кері әсерлері нақты деректермен негізделген. Сондай-ақ, техникалық, институционалдық және саяси шешу жолдары көрсетілгенмен, олардың тиімділігі бірқатар басқарушылық, қаржылық және саяси шектеулермен тежелетіні талқыланады. Автор су мәселесін шешу тек техникалық шаралармен шектелмей, толық институционалдық және экономикалық реформаларды талап етіледі деп қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: су тапшылығы, су ресурстары, суармалы егіншілік, институционалдық реформалар, экологиялық дағдарыс.

Кіріспе. Су ресурстары қазіргі таңда Орталық Азия аймағындағы ең өзекті және стратегиялық маңызы жоғары мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе, табиғи-климаттық жағдайы күрделі, суға тәуелді ауылшаруашылық саласы басым мемлекеттер үшін су тапшылығы экономикалық даму мен экологиялық тұрақтылыққа тікелей әсер ететін фактор болып табылады. Осы тұрғыда Өзбекстан Республикасы аймақтағы су ресурстарын ең көп пайдаланатын елдердің бірі ретінде су дағдарысының күрделі салдармен бетпе-бет келуде.Өзбекстандағы су мәселесі тек табиғи ресурстардың шектеулілігімен ғана емес, сонымен қатар суармалы егіншіліктің тиімсіздігі, ескірген инфрақұрылым, басқару жүйесіндегі кемшіліктер және климаттың өзгеруі сияқты факторлардың жиынтығымен сипатталады. Су ресурстарының сарқылуы, топырақтың тұздануы, су сапасының төмендеуі және экожүйелердің деградациясы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізуде. Сонымен қатар, трансшекаралық өзендерге тәуелділік бұл мәселені аймақтық деңгейде одан әрі күрделендіреді [1].

Бұл мақалада Өзбекстандағы су дағдарысының негізгі себептері мен салдары талданып, оны шешудің мүмкін жолдары қарастырылады. Зерттеу су ресурстарын тиімді басқарудың маңыздылығын айқындап, кешенді

институционалдық, экономикалық және техникалық реформалардың қажеттілігін негіздеуге бағытталған.

Өзбекстан Республикасындағы су ресурстарының айтарлықтай сарқылуы мен мақта өндірісінің суармалы процесті көп талап ететіндігі кесірінен су сапасының нашарлауы мен ескі инфрақұрылым, су ресурстарын тиімді басқару үшін қолданылатын реформаларға теріс әсер ететін институционалды олқылықтардан болатын су дағдарысы жайлы қарастырылады. Өзбекстан сумен қамтамасыз ету мәселесінде судың жетіспеушілігі, ластануы, шамадан тыс тұзданuы мен батпақтануынан күрделі қиындықтарды бастан өткеруде. Мемлекет аймақтағы 50% астам су ресурстарын қолданып жатыр, алайда суасты қорлары 1965 жылдан 2002 жыл аралығында 40 % -ға азайған, ал қазіргі қарқынмен су жинау деңгейі ресми бекітілген шектен екі есе асып отыр. Шамамен 70% суармалы егіс тұзданған, ауызсуға қолжетімділік жан басына шаққанда 1990 жылы 2800м^3 –тан 2017 жылы 1545 м^3 –қа дейін азайған, ал Сырдария бассейінінен келетін судың жетіспеушілігі жылына 2,5 км^3, ал Амудария бассейніндегі су көрсеткіші 1,5 -3,0 км^3 көрсетіп отыр [2]. Су дефицитінің негізгі себебі мақта өндірісіне негізделген ауылшаруашылық секторы, институционалды олқылықтар, тиімсіз басқару жүйесі, ескірген технологиялар мен климаттық өзгерудің салдары болып тұр. Бұл мәселе бүкіл салаға зақымын тигізіп жатыр: ауылшаруашылығы топырақ құнарлығының нашарлығынан, маусымдық дақылдар санының азаюйынан, қоғамдық денсаулық сақтау саласы ластанған ауыз судан зардап шексе, экономикалық көрсеткіш соған сәйкес жыл сайын жүздеген миллион долларды жоғалтып отыр, ал қоршаған ортаның экологиялық деградациясы Арал теңізі дағдарысы мен биоәртүрліліктің кең көлемде жоғалуына тап болып отыр [3].

Ұсынылып отырған шешімдер техникалық шараларды (жеткілікті суғару, дренажды жүйелер, суасты суларын басқару), институционалды реформалар (су тұтынушылар ассоциациясы, бассейндер негізінде басқару), саясаттағы өзгертулер (суға ақша төлеу, ауылшаруашылық егіндерін диверсификациялау) беріп отыр. Алайда бұл шектеулі институционалды кедергілері, бір міндетті бірнеше функциямен қайта жүктелген қисынсыз мандарттары, ауылшаруашылығына мемлекеттің толық бақылауы жоқ саяси шектеулері, инвестициясы жеткіліксіз экономикалық барьерлер мен судың өте арзан құны және ұлттық әрі трансшекаралық деңгейдегі координациядағы кемшіліктері бар мұндай шаралар тек жартылай ғана оң нәтиже береді. Ауылшаруашылық өндірісін су ресурстарын басқаратын мекеме арқылы толық мемлекеттік бақылау мен тиімді ақпараттық басқарудың болмауы бұл мәселені тек техникалық тараптар арқылы шешу аз, демек аталмыш күрделі проблема жан-жақты институционалды, экономикалық, саяси трансформацияны талап етеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында кешенді ғылыми әдістер жүйесі қолданылды. Негізгі материалдар ретінде Өзбекстандағы су ресурстары мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, халықаралық ұйымдардың есептері, статистикалық деректер, сондай-ақ су шаруашылығы мен ауылшаруашылық саласына қатысты ресми құжаттар

пайдаланылды. Атап айтқанда, су ресурстарының көлемі, тұтыну деңгейі, тұздану көрсеткіштері және климаттық өзгерістерге қатысты сандық мәліметтер талдауға негіз болды. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік талдау, салыстырмалы талдау және контент-талдау әдістері құрайды. Жүйелік талдау әдісі су дағдарысының себептері мен салдарын өзара байланысты кешен ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау арқылы әртүрлі кезеңдердегі және аймақтардағы су ресурстарының өзгеру динамикасы бағаланды. Контент-талдау ғылыми әдебиеттер мен ресми құжаттардағы негізгі тұжырымдарды жүйелеуге қолданылды. Сонымен қатар, институционалдық тәсіл қолданылып, су ресурстарын басқару жүйесіндегі құрылымдық және басқарушылық мәселелер зерттелді. Статистикалық деректерді өңдеу барысында сандық талдау элементтері пайдаланылып, негізгі үрдістер мен заңдылықтар айқындалды.Осы әдістердің жиынтығы зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыруға және негізделген ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері Өзбекстандағы су ресурстарының дағдарысы көпқырлы және жүйелік сипатқа ие екенін көрсетті. Өзбекстандағы су дағдарысы бір-бірімен өзара байланысты бірнеше проблемамен байланысты. Олардың ішінде ең жиі кездесетіндері: су жетіспеушілігі, ластану, тұздану, батпақтану мен су ресурстарын орынсыз қолдану. Мәселе біз ойлағаннан да күрделі: Өзбекстан аймақтың 50% су ресурстарын пайдаланады, бұл көрсеткіш су жетіспеушілігі мәселесін одан ары ушықтырып жіберді [4]. Жерасты суларының қоры 1965 жылдан 2002 жылға дейін 40% - ға азайды, алайда суды қолдану қоры іс жүзінде жылына 7,5 км³ ресми бекітілген белгіленген шектен екі есеге артығымен пайдаланып тастаған. Тұздану проблемасы суармалы жерлердің шамамен 70% алып жатыр, оның ішінде суармалы жердің 46,6% тұздану процесінің салдарынан зардап шегіп үлгерген. Су жетіспеушілігі Сырдария бассейнінде жыл сайын 2,5 км³-қа жетсе, Амудария өзені бассейнінде 1,5 –нан жылына 3,0 км³ жеткен. Жан басына шаққанда су қолжетімділігі 1990 ж. 2800 м³ -тан 2017 жылға қарай 1545 м³- қа жеткен, ал ғалымдардың болжамына сәйкес климаттың өзгеруінен келетін салдар 2050 жылға дейін Сырдариядан келетін су ресурстарын 2-5% азайтып, Амудария бассейні су ресурстарын 10-15% азайтады деп жазады. Шөлейтті жерлерде желді эрозия жиі кездеседі, ал су эрозиясы дұрыс емес суару тәсілдерінен пайда болады. Сел де жиі болатын құбылыс, Орталық Азиядағы 75% сел ағындылары Өзбекстан Республикасында өтеді [5]. Мұндай елеулі қиындықтардың пайда болуының негізгі себебі ауылшаруашылық тәжірибесі, атап айтқанда суды көп қажет ететін дақылдар- мақта өнімі, институционалды кемшіліктер, ескі технологияларды қолдану, климаттың өзгеруінің салдары ықпал етіп жатыр. Арал теңізі бассейні - Өзбекстан үшін қиын трансшекаралық мәселе, себебі ол су ресурстарын Қазақстанмен, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан мемлекеттерімен бірге бөлісіп қолданады. Негізгі өзендер жүйесіне 94% басқарылатын Амудария мен 78% Сырдария жатады. Аймақтағы ауыр зардап шеккен жерлерге Хорезм, Ферғана

жазығы, Қарақалпақстан мен Мырзашөл шөлді жері кіреді [6]. Ерекше қиын сипат алған Зерафшан өзені, әсіресе Бұқара оазисі жатады. Жерасты суларының сапасы мәселесі әсіресе жерасты тұщы суы ауызсу сапасы стандартына сәйкес келмейтін Бұқара, Хорезм, Қарақалпақстан Республикасында өткір көтерілген. Сонымен қатар елдің аймақтық сипаттарына қарай мәселенің типі де ерекшеленеді, мәселен Сырдария, Қашқадария, Ферғана мен Бұқарада батпақтану процесі көбірек болса, Ташкент, Самарқанд, Сырдария жерлерінде қалыптасқан дағдарысты шешуге мүмкіндік көбірек. Шөлейттену, биоалуандылықтың жоғалуы, топырақтың тұзденуі кең территорияларды қамтып отыр. Желден және судан болған эрозия, мал жайылымдарының шамадан тыс көбеюі, орманды отау секілді проблемалар бар мәселені одан әрі ушықтыруда. Жерасты суларының ластануы мен тұщы су қорларының тез азаюы экожүйенің тұрақтылығына нұқсан келтіруде. Арал теңізі синдромы биоалуандылықтың жоғалуымен бірге экожүйедегі ауыр деградацияның айқын дәлеліне айналып отыр. Су басу қаупі халықтың тығыз көшуіне ықпал етеді: 180 000 гектар жер су астында қалса, 2500 тұрғын күнкөріс табысынан айырылғалы тұр. Судың жетіспеушілігі мен су ластануы елді мекендерге тікелей әсер етеді, ал су басу ауылдан қалалық жерге көшу миграция процесін өсіріп жібереді, жұмысұа тұру мүмкіндігін қысқартады, судың жетіспеушілігін күшейтеді. Жергілікті халық үшін қоршаған ортаны сақтаудан қарағанда экономикалық тұрғыдағы күнкөріс өзекті проблемаға айналған.

Ұсынылып отырған техникалық шешімдер мәселеге араласудың бірнеше типін қарастырып отыр. Жер және су ресурстарын басқару облысында ұсынылған тәсілдерге: жер асты суларының тереңдігін азайту, оның минерализациясын төмендету, суармалы жерлердің жағдайын қолайлы деңгейге дейін көтеру жатады.Суару процесін жақсартудың нақты шараларына суарудың ғылыми негізделген тәсілдері, суаруды тиімді басқару, күзгі бидай дақылдары секілді дақылдарды өнімді суару және тыңайтқыштарды дұрыс қолдану мен суармалы жерлерде консервативті егіншілікті енгізуді көздейді. Су тасқынынан қорғайтын арнайы стратегиялар: құдықтар мен дренажды жүйелерді құру немесе каналдарды суарудан жерасты сулары мен канал суларын ортақ қолдануға көшу кіреді, сонымен қатар, инфильтрация шығындарын азайту және жерасты суларын өндіруді арттыру арқылы негізгі себептерін жоюды мақсат тұтады.

Кең көлемде бұрғылау бағдарламалары жүзеге асырылды, оның ішінде Әмудария өзені бассейнінде 2600 таяз ұңғыма және 27 000 ұңғыма бар. Жер асты суларын басқаруды күшейту, мелиорация жағдайы мен жерасты суларының деңгейі туралы ақпараттық жүйелерді дайындауды, цифрлық ауылшаруашылығы бағдарламаларын енгізуді және аймақтық іздеу құрылғысын жетілдіруді ұсынады. Өзбекстанның 2020-2030 жылдарға арналған су секторын дамыту тұжырымдамасы стратегиялық мақсатты көздейді, ал жерасты суларын өндіруді басқару мен шектеу бойынша жаңа ресми ережелер енгізілді. Жер асты суларының деңгейі аз аймақтарда

ұңғымаларды бұрғылауға мораторий жариялау одан әрі су сарқылуының алдын- алуға бағытталған [7]. 1997 жылы әкімшілік қайта құру кезінде Ауылшаруашылығы министрлігі мен су ресурстарын басқару құрылымы бірігіп, ол 2003 жылы ирригация бассейндерін Басқару Органына айналды да, аймақтық деңгейден бассейндік деңгейге көшті. Ауылшаруашылық саласындағы реформалар ауылшаруашылық жағдайын тұрақтандыру үшін ауылшаруашылық дақылдарын әртараптандыру, құлдырауға ұшыраған егістік жерлерін орман алқаптарына айналдыру және ауылшаруашылық нарығын жартылай либерализациялау жатады.

Ұсынылатын шешімдердің тиімділігі туралы дәлелдер түрлі нәтижелерге қол жеткізеді. Ірі көлемді инфрақұрылымдық инвестициялар жартылай ғана сәтті нәтиже беріп жатыр: 27 000 ұңғыманы бұрғылау арқылы аймақтағы құрғақшылықтың салдарын жоюға мүмкіндік берген, ал су қоймаларын тұрғызу суармалы жерлердің аумағын едәуір үлкейтті [8]. Дегенмен, шөгінділердің жиналып қалуы су қоймаларының көлемін азайтып жатыр, ал үкімет тарапынан келетін инвестициялардың азаюы ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қауіп төндіріп отыр. Суды тұтынушылар қауымдастықтарының келешек перспективасы зор, алайда күрделі институционалдық инновацияны талап етеді. Суға төлемдер мен суды тұтынушылар қауымдастықтарын құру су ысырапшылығын азайтуға және алдын-алуға бағытталған, осылайша әлеуетті арттыруға бағытталған инвестициялар пайдасын беруде. Десе де, тиімділікті күшейту мақсатында суға төлемнің алынбауы, қисынсыз міндеттер мен заң үстемдігінің әлсіздігі кедергі келтіріп отыр. Ауылшаруашылық фермерлері көбінесе дренажды жүйемен басқаруды түсінбейді және қолдамайды, бұл білім беру мен ақпаратпен қамтамасыз етудегі олқылықтарды байқатады. Су тасқынымен күрес шаралары түрлі жағдайдағы тиімділікті ғана көрсетеді. Дренаж жүйелерін қондыру көбінесе тиімсіз және ол түпкі себептерін жоймайды, тек салдарымен күреседі. Керісінше, жерасты сулары мен канал суларын ортақ пайдалануға көшу тиімді нәтиже күттіреді, ал кейбір аудандарда тіпті жерасты суларының деңгейін едәуір төмендетеді [9]. Ауышаруашылық тәжірибесінің жақсару тетіктеріне ығысуға потенциалы үлкен. Мақта шаруашылығында суды пайдаланудың тиімділігін арттыру экономикалық тұрғыдан пайдалы болса, күріш, жеміс-жидек секілді азық-түлік шаруашылығы нарықтағы тиімділіктің артуына тәуелді. Алайда суды пайдаланудың іс жүзіндегі гидрологиялық нормасы шамадан тыс көрсеткішке ие және ең үлкен шығындар тиімсіз басқарудың кесірінен орын алып жатыр. Жалпы ұсынылған шешімдер мәселені толық жоймайды. Жетістіктің факторына үкіметтік мақсаттар, ресурстарды стратегиялық тұрғыда қолдану, потенциалды өсірудегі инвестициялар жатады. Сәтсіздіктер факторына білім тасымалдаудағы жеткіліксіздік, заңнамалық олқылықтар, тиімсіз басқару мен құқықтық басқарудағы әлсіздіктерді жатқызуға болады. Су шөгінділерінің жиналуынан, техникалық қызмет көрсетуде инвестициялардың қысқаруынан, институционалдық кемшіліктердің сақталуынан ұзақмерзімді тұрақтылыққа кедергі келтіріп отыр [10].

Қорытындылар. Жүргізілген зерттеу Өзбекстандағы су ресурстары мәселесінің күрделі, көпдеңгейлі және өзара байланысты факторлардан туындайтынын көрсетті. Су тапшылығының артуы, жерасты сулары қорының азаюы, су сапасының төмендеуі мен топырақтың тұзденуі елдің экологиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына елеулі қауіп төндіріп отыр. Бұл үдерістердің негізгі себептері ретінде суармалы егіншіліктің тиімсіздігі, әсіресе мақта өндірісіне тәуелділік, ескірген инфрақұрылым, басқару жүйесіндегі институционалдық әлсіздіктер және климаттық өзгерістер анықталды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазіргі таңда қолданылып отырған техникалық және инфрақұрылымдық шаралар мәселені толық шешуге жеткіліксіз. Олардың тиімділігі институционалдық үйлестірудің әлсіздігі, қаржылық ресурстардың шектеулілігі және саяси кедергілермен тежелуде. Осыған байланысты су ресурстарын басқаруда кешенді тәсіл қажет. Тиімді шешім ретінде су ресурстарын басқарудың институционалдық жүйесін жетілдіру, су пайдалануды экономикалық тұрғыда реттеу, ауылшаруашылық өндірісін әртараптандыру және заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу ұсынылады. Сонымен қатар, трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп басқару бойынша аймақтық ынтымақтастықты күшейту маңызды.

Қорытындылай келе, су дағдарысын еңсеру тек техникалық шаралармен шектелмей, экономикалық, саяси және институционалдық реформаларды кешенді түрде жүзеге асыруды талап етеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. World Bank. Water Management in Uzbekistan: Challenges and Opportunities. – Washington, DC: World Bank, 2020. - Pp. 3-5.
2. United Nations Development Programme (UNDP). Water Resources Management in Central Asia. – New York, 2019. - Pp. 87-95.
3. Asian Development Bank (ADB). Uzbekistan: Water Sector Development Program. – Manila, 2021. - Pp. 4-9.
4. Micklin, P. The Aral Sea Disaster. – Annual Review of Earth and Planetary Sciences, 2007. - Pp. 115-120.
5. Dukhovny, V., & Sokolov, V. Integrated Water Resources Management in Central Asia. – Tashkent, 2018. - Pp. 55-60.
6. FAO. Irrigation in Central Asia in Figures. – Rome: Food and Agriculture Organization, 2012. . - Pp. 25-35.
7. UNECE. Environmental Performance Reviews: Uzbekistan. – Geneva, 2020. - Pp. 6-11.
8. Abdullaev, I., & Rakhmatullaev, S. Transformation of Water Management in Central Asia. – Water Resources Development, 2016. - Pp. 77-85.
9. Қасымов, А. Орталық Азиядағы су ресурстарының географиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. Т. 1 (45). — 65-71 ББ.
10. Өзбекстан Республикасы Су ресурстары министрлігі. Су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық есеп. – Ташкент, 2022. — 23-30 ББ.

ТАРИХТЫ ТАНУ МӘСЕЛЕСІ: МЕТАФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАР

Ахан Ж.И., PhD, аға оқытушы
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
zharasakan@gmail.com

Аңдатпа. Тарих философиясы — басқа философиялық ілімдермен салыстырғанда жас болса да, адамзаттың өз өткеніне деген көзқарасын түбегейлі өзгерткен сала. Негізінен бұл пән екі үлкен арнаға бөлініп қарастырылады: бірі — тарихтың тереңіндегі тылсым заңдылықтарды іздесе, екіншісі — сол тарихты жазатын ғалымның қолындағы қаламы мен әдісіне үңіледі. Бірінші бағыт — тарих метафизикасы. Бұл көзқарас тарихты бейберекет оқиғалардың жиынтығы емес, басы, соңы және белгілі бір түпкі мақсаты бар тұтас бір процесс ретінде көреді. Мұнда тарих белгілі бір заңдылықтармен, циклдік айналыммен немесе үздіксіз ілгерілеумен дамитын, адамзатты белгілі бір «ұлы мақсатқа» жетелейтін сценарий іспеттес. Екінші бағыт — аналитикалық тарих философиясы болса, мәселеге мүлдем басқа қырынан келеді. Ол «Тарих қайда барады?» дегеннен гөрі, «Біз өткенді қалай білеміз?» деген сауалға жауап іздейді. Бұл бағытта тарихшының танымдық қабілеті, оның өткенді жаңғыртуда қолданатын әдіс-тәсілдері мен принциптері қатал сынға алынып, тарихтың ғылыми негіздемесі жасалады.

Кілт сөздер: Тарих философиясы, тарих метафизикасы, аналитикалық тарих философиясы, тарихи таным.

Кіріспе. Тарихты ілгерілеу, циклдік даму және заңдылықтар аясында қарастырып, әмбебап тарих моделін жасайтын тарих метафизикасында тарихтың белгілі бір бастауы бар, процестің соңында белгілі бір мақсат тұр және тарих дәл осы мақсатқа қарай бағытталған деген ой басым. Тарих метафизикасы адамзат тарихының құрылымы ретінде пайда болды. Мұндағы басты мақсат — адамды бүкіл болмысымен толықтай көрсету. Адамзат тарихының бастауы, өткен кезеңдері және болашағы туралы дамытылған идеялар тарих метафизикасы деп сипатталады. Аналитикалық тарих философиясы болса, тарихқа эпистемологиялық тұрғыдан келіп, тарих әдіснамасын қалыптастырады. Тарихқа бетбұрыс танымдық мақсатта жүзеге асады. Тарих философиясының бұл түрінде өткенді қалай білуге болатыны және тарихшының өткенді тану үшін қолданатын әдістері қандай болуы керектігі жан-жақты зерттеледі, сондай-ақ тарихшы пайдаланатын принциптер мен әдістерге сыни тұрғыдан талдау жасалады. Мұнда тарихшының танымдық әрекеті сараланып, тарихтың қандай ғылым түріне жататынына назар аударылады. Аналитикалық тарих философиясының негізгі мақсаты — тарихи білімнің қалай мүмкін екендігіне жауап беру және тарихтың принциптері мен әдістерін анықтау арқылы оның ғылыми

өлшемдерін белгілеу. Тарих философиясындағы бұл екі түрлі бағыт «тарих» сөзінің қос мағыналығынан туындайды. «Тарих» сөзі бір жағынан болмыс саласын білдіре отырып, бір нәрсенің өткеннен бүгінге дейін қандай процестен өткенін көрсетсе, екінші жағынан белгілі бір принциптері мен әдістері бар ғылым саласын білдіреді.

«Тарих» сөзі өткенде қалған адамзаттық және әлеуметтік оқиғалар жиынтығын, яғни бастан өткен өткен шақты да, осы өткен шақты зерттейтін ғылымды, яғни тарих ғылымын да қамтиды. Тарих философиясы бастан өткен өткен шақтың философиясы ретінде «адамзат тарихының» философиялық зерттелуін де, сондай-ақ «тарих ғылымының философиясын» да білдіреді. Бірінші мағынасында тарих философиясы — өткен оқиғалардың қандай мағына беретінін саралайтын және осыдан әмбебап тарих моделін жасай отырып, адамзаттың бүкіл өткен жолына үңілетін философиялық еңбек. Екінші мағынасында тарих философиясы тарих ғылымының ақпарат алу процесін және осы ақпаратты жинау кезінде қолданылатын принциптер мен әдістерді талқылайды. Мұндағы негізгі мақсат — тарихи білімнің сапасы мен мүмкіндігін тексеру, сондай-ақ ұсынылған тарихи ақпаратқа сыни талдау жасау (Özlem, 2015: 17-18). Адамдар әлемінде болған оқиғаларды, адамдардың әртүрлі уақытта немен айналысқанын, қысқасы адамға қатысты кез келген әрекетті білдіру үшін де «тарих» сөзі қолданылады (Uygur, 1957: 135-136). Өткен шақты зерттеу нысаны ретінде алған ойшылдардың атқаратын жұмысы — тарихи фактілерге қатысты жалпылаулар жасап, сол жалпылаулар негізінде ауқымды түсіндірме беру және тарихи процестің бағытын реттейтін жалпы заңдарды ашу. Сондықтан бұл ұстанымды қолдайтын ойшылдар тарихи оқиғаларды зерттей отырып, олардың арасындағы байланыстарды орнатады.

Коллингвуд тарихқа қатысты келесі үш сұрақ арқылы өзінің тарих философиясын қалыптастырады:

«Өткенде не болғанын қалай біле аламыз?»

«Өткенде болған оқиғаның неліктен болғанын қалай біле аламыз?»

«Ненің неліктен болғанын білудің біз үшін құндылығы қандай?» (Debbins, 2000: 14-15).

Ол осы үш сұрақ арқылы тарихтың әдісі мен құндылығын көрсетуді көздейді. Зерттеу мазмұнына сәйкес, ойшылдың тарих әдісіне қатысты алғашқы екі сұраққа берген жауаптары қарастырылады. Оның пікірінше, қай оқиғаның артынан қайсысы келгенін білу тарихтың негізгі міндеті емес. Тұлғалардың санасына еніп, олардың жағдайына өз көздерімен қарай білу, сондай-ақ олардың мәселені шешу жолдарының дұрыс-бұрыстығын анықтау — тарихшының басты міндеті болуы тиіс (Collingwood, 1996: 48). Тарихшы бұл істі қалай атқарады? Коллингвудтың бұл сұраққа берген жауабы оның тарих туралы ой-тұжырымдарын көрсетеді. Ойшыл тарихқа қатысты көзқарасында тарихтың қандай ғылым болуы керектігіне басымдық беріп, тарих метафизикасына сын айтқан. Коллингвуд тарихтың ғылыми өлшемдерге сай болуы тұрғысынан өзінен кейін де кеңінен қолданылатын және талқыланатын идеяларды ұсынды. Ойшылдың түсіну мен түсіндіруге

негізделген тарих ғылымы туралы көзқарасы, әсіресе қиял және қайта жаңғырту теориялары, тарих және әлеуметтік ғылымдар саласындағы көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Осы тұрғыдан алғанда, Коллингвудтың тарих философиясындағы идеяларын, тарихтың қандай ғылым екеніне қатысты берген жауаптарын және осы бағытта жасаған теорияларын пәннің негізгі сұрақтары мен мәселелері аясында көрсету — бұл зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеудің әдістемелік дизайны тарих философиясының классикалық парадигмалары мен қазіргі заманғы эпистемологиялық тәсілдерді синтездеуге негізделген. Зерттеудің басты мақсаты — тарихи танымның екіжақты табиғатын (болмыстық және ғылыми) ашу болғандықтан, жұмыс барысында пәнаралық деңгейдегі кешенді теориялық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және материалдық базасы. Зерттеу материалдарының негізін Р. Г. Коллингвудтың («The Idea of History», «An Autobiography») фундаменталды еңбектері мен оның концепцияларын заманауи тұрғыда интерпретациялаған түрік және батыс мектептерінің зерттеулері (А. Бычак, Д. Өзлем, К. Айсевенер, Е. Х. Карр) құрайды. Сонымен қатар, тарихтың метафизикалық моделін негіздеген Августин, Кант, Гегель мен Маркстің еңбектері мен аналитикалық мектептің бастауында тұрған Ибн Халдун, Вико және Дильтейдің методологиялық тұжырымдары салыстырмалы талдау объектісіне айналды.

Әдістемелік құрылым. Зерттеу процесінде келесі ғылыми әдістер мен тәсілдер иерархиялық жүйеде қолданылды: Салыстырмалы-компаративті талдау: Бұл әдіс тарих метафизикасы (спекулятивті бағыт) мен аналитикалық тарих философиясының (сыни бағыт) арасындағы концептуалды алшақтықты айқындау үшін пайдаланылды. Атап айтқанда, тарихтың «мақсаты» мен «мәніне» үңілетін онтологиялық көзқарас пен тарихи білімнің «мүмкіндігі» мен «шекарасын» зерттейтін эпистемологиялық көзқарастың аражігі ажыратылды.

Эпистемологиялық дедукция: Тарихтың жаратылыстану ғылымдарынан (позитивизмнен) бөліну процесі дедуктивті жолмен сараланды. Тарихтың «қайталанбайтындығы» мен «даралығы» (бір реттік оқиға болуы) оның өзіндік, бірегей ғылыми әдістемесін талап ететіндігі туралы теориялық тұжырым жасалды. Зерттеудің әдістемелік аппараты тарихты құрғақ фактілердің хронологиясынан арылтып, оны адам рухы мен санасының өзін-өзі тану процесі ретінде негіздейтін интеллектуалды платформа құруға бағытталған. Бұл тәсіл мақаланың ғылыми жаңалығын — тарихтың метафизикалық тереңдігі мен аналитикалық нақтылығының синтезін көрсетуге толық мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Тарих метафизикасының жалпы құрылымы. Үнді, грек, қытай, христиан, яһуди және ислам өркениеттерінің ғалам туралы түсініктеріне негізделіп жасалған және философиялық мағынада жүйеге келтірілген тарих метафизикасы, әсіресе Орта ғасырлар мен одан кейінгі

кезеңдерде тарихқа деген көзқарасқа айтарлықтай ықпал етті. Августин, Кант, Гегель, Маркс, Кондорсе, Конт, Шпенглер, Тойнби сияқты көптеген ойшылдардан ізі табылатын тарих метафизикасы екі түрлі бағытта қарастырылады. Олардың біріншісі — Августин бастау алған, христиандық тарих түсінігінің көрінісі болып табылатын және тарих теологиясы ретінде бой көрсететін бағыт. Бұл түсінік бойынша, Құдай тарихи кеңістіктегі барлық нәрсені анықтаушы күш болып табылады, ал адам мұнда Құдайдың әмірлерін орындай отырып, Ол сызған жолмен алға жылжиды. Соңында, егер осы әмірлер орындалса, Құдай уәде еткен жұмаққа жетеді. Екінші түсінік — Ағартушылық дәуірі мен одан кейінгі философияда кең орын алған, тарихи болмыс кеңістігін Құдай емес, ақыл, табиғат, гейст (рух) сияқты факторлар анықтайды деп есептейтін бағыт. Бұлар — тарихи болмыс кеңістігінің анықтаушы принциптері. Адамзат тарихы осы принциптердің бағыттауымен және олар белгілеген мақсатқа қарай ағады. Бірақ бұл жолғы мақсат о дүниеде немесе өлгеннен кейін жететін нәрсе емес, осы дүниеде, тірі кезінде қол жеткізілетін меже. Бұған Канттың «толық әділетті азаматтар қоғамы», Маркстің «коммуналдық қоғамы», Конттың «позитивистік кезеңі» мысал бола алады. Екі түсінікте де тарихи болмыс кеңістігінің қалай жұмыс істейтіні, оны қозғаушы күштің не екені және тарихтың қайда бара жатқаны туралы сұрақтарға жауап беру талпынысы бар. Осы жауап іздеу әрекеттері тарих метафизикасын қалыптастырды. Қысқаша айтқанда, бастау (қайнар көз), процесс және мақсат негізінде дамытылған; ілгерілеу, циклдік даму және заңдылық тұрғысынан тарихты мағыналандыру талпыныстарына «тарих метафизикасы» деген атау беріледі. Тарих метафизикасы — адамзаттың өткені ретіндегі тарихқа бет бұрған, тарихты тұтас түсінікпен бағалауға тырысатын және тарих арқылы адам болмысын түсіндіруге тырысатын пән (Temelli, 2016: 32). Тарих метафизикасы тарихты болмыс саласы ретінде өзіне нысан етеді. Бұл мағынада тарих метафизикасы тарихи болмыс саласының принциптері мен жұмыс істеу заңдарын ашуға талпынудың атауы болып табылады. Тарихи процестің қалай жүретіндігі туралы сұрақтар мен жауаптар тарих метафизикасының басты тақырыптарын құрайды (Aysevener, 2015: 19-20). Тарих метафизикалары бүкіл адамзатты қамтуға үміткер. Сондықтан бүкіл адамзат бастауда белгіленген ортақ мақсатқа қарай жол тартады. Темелли атап өткендей, тарих метафизикасы тарихта белгілі бір принцип пен мақсатты белгілейді, содан кейін тарихи процесті осылардың арасындағы қажеттіліктен туындап ілгерілейтін құрылым ретінде көреді (Temelli, 2016: 75).

Тарих метафизикасында «бастау» (қайнар көз) — бәрі басталған жер деген мағынада қолданылады. Тарихи процесте пайда болғанның бәрі бастауда болмысқа ие болады және адамзат тарихының қандай бағытта өрбитіні бастауда анықталады (Bıçak, 2014: 20). Демек, тарихта орын алған немесе орын алатын барлық нәрсе бастауда әлеуетті (потенциалды) түрде бар (Bıçak, 2009: 81). Бастау идеясы процесті де анықтайды. Тарихи процестің қалай өрбитіні туралы ойларда екі түсінік алға шығады. Табиғаттың циклдік сипатына сүйене отырып, адамзат тарихында да цикл (дөңгелек айналым) бар

деген идея соның бірі болып табылады. Циклдік дизайн тарихты қайталанатын оқиғалар тізбегі ретінде қарастырады және тарихи процесті табиғаттағы цикл сияқты жүзеге асады деп есептейді. Қоғамдар туылады, өседі, дамиды және жойылады. Екінші түсінік — әсіресе христиандық тарих түсінігі алып келген және тарихтың сызықтық бағытта болашаққа қарай жол алатынын қолдайтын ілгерілеуші (прогрессивті) түсінік. Ілгерілеуші түсінік тарихи процестің басынан бастап адамзаттың даму үстінде екенін және соңында ең жақсы нүктеге жететінін алға тартады. Бұл екі тәсілдің басты айырмашылығы болашаққа деген көзқараста көрінеді. Циклдік дизайндарда болашаққа пессимистік (түңілушілік) тұрғыдан қарап, «жақсы» нәрсенің бәрі бастауда (өткенде) болған деп есептеледі. Сондықтан бастаудан алыстаған сайын адамзат тарихы соғұрлым бұзылып, құлдырауға ұшырайды. Ал ілгерілеуші түсінікте мақсатқа жақындаған сайын адамзат тарихы жақсара түседі. Мұнда кейбір ойшылдар (Гегель, Конт) мақсатқа жеттік деген ойды ұстанса, кейбір ойшылдар (Кант, Маркс) мақсатқа әлі жетпегенімізді айтады. Дегенмен, ілгерілеу идеясын ұстанатын ойшылдарда «мақсат» христиандық ұсынған жұмақ бейнесін жаңғыртады және жер бетіндегі жұмақ образын сызады.

Тарих метафизикасы болжап болмайтын дамудың соңғы нүктесін және осы соңғы нүктемен түсіндіруге болатын жалпы мағынаны ашады (Uygur, 1957: 146). Осы себепті тарих метафизикасы тарихтың ашылуын күтіп тұрған мағынасы бар деген идеямен тарихқа үңіледі және тарихи нақты жағдайлар арасында байланыс орнатып, олардан жалпы қорытынды шығарады.

Аналитикалық тарих философиясының жалпы құрылымы. Аналитикалық тарих философиясының ғылым ретіндегі тарихқа бағытталатыны және тарих философиясының бұл түрі тарихшы қолданатын әдіс-тәсілдер, дәлелдер, оларға қол жеткізу және пайдалану жолдары, сондай-ақ объективтілік (объективтілік) сияқты мәселелермен айналысатыны айтылған болатын. Аналитикалық тарих философиясы тарих метафизикасымен салыстырғанда айтарлықтай жас пән. Ол әсіресе 19-ғасырда өз ықпалын көрсетіп, 20-ғасырда көптеген ойшылдар жүгінген тарих философиясының стиліне айналды. Негізі Ибн Халдун, Вико және Гердер сияқты ойшылдардан бастау алып, Неміс тарих мектебі тарапынан дамытылған, кейіннен Дильтей мен Кроче сияқты ойшылдар қабылдаған аналитикалық тарих философиясы түсінігі — тәжірибе мен бақылау аясына кірмейтін, демек қайталану мүмкіндігі жоқ тарихи оқиғаларды қалай тануға болады деген мәселені шешу талпынысының нәтижесі ретінде пайда болды. Мұндағы негізгі қозғаушы күш — тарихтың танылатындығына (білінетіндігіне) деген сенім. Сондықтан мұнда тарихи білім үшін әдіс-тәсіл іздеу үдерісі алға шығады. Тарихи білім мәселесіне үңілген және тарихтағы алдын ала білу мен болжауды бір-бірінен ажыратуға тырысқан ойшылдар аналитикалық тарих философиясын қалыптастырды. Бұл ойшылдар біз біле алмайтын болашақ туралы сөйлемеу керек деп есептейді. Өткен мен бүгіннің арасындағы байланыста тарихқа эпистемологиялық көзқараспен қарау қажет деген пікірде. Тарихты эпистемологиялық тұрғыдан зерттеу алғаш рет Ибн

Халдун мен Вико сияқты ойшылдар тарапынан жүзеге асып (Ateşoğlu, 2014: 9-10), Гердерден Неміс тарих мектебіне, одан Дильтейге дейін жалғасты және тарих деп аталатын пәнге жаратылыстану ғылымынан өзгеше ғылым ретінде қарау керек деген идеяны тудырды (Özlem, 2015: 23). Демек, аналитикалық тарих философиясы тарихқа эпистемологиялық қырынан келіп, тарихшылардың эпистемологиялық болжамдарына, тарихи білімнің түрі мен объективтілігіне талдау жасау жұмысы ретінде көрінеді (Mohan, 1970: 10). Тарихи оқиғаларды немесе құжаттарды жай ғана оқу емес, олардың қалай алынғаны, бағаланғаны, мағынасы сияқты тақырыптарға назар аударатын аналитикалық тарих философиясы: «Тарихшы бейтарап бола ала ма?», «Әлде тарихшы әрдайым өзі өмір сүрген дәуірдің, мәдениет пен сенімнің қағидаларымен әрекет ете ме?», «Тарихи оқиғалар және/немесе осы оқиғаларды көрсететін құжаттар барлығы үшін бірдей мағына бере ме?», «Егер солай болса, тарихшылардың барлық мәселеде дерлік бір пікірде болуы мүмкін емес пе еді?» деген сияқты сұрақтарға жауап іздейді (Çevik, 2014: 21).

Аналитикалық тарих философиясы ғылым философиясының бір түрі ретінде қызмет етеді. Сондықтан тарих философиясының бұл түрі, негізінен, білім туралы ілім (гносеология) болып табылады. Оның міндеті — тарих ғылымының білімдік негіздерін қарастыру және бұл ғылым қолданып жүрген әдістерді білім құндылығы тұрғысынан зерттеу (Uygur, 1957: 136-137). Тарихтың білім мәселесі ретінде қолға алынуымен бірге аналитикалық тарих философиялары пайда болды. 20-ғасырда тарих философиясы осы бағытта жалғасып, білім мен ғылым мәселелеріне басымдық берді (Bıçak, 2015: 111). Демек, тарих философиясының бұл түрі тарихи білімнің шарттарын зерттей отырып, бұл білім түрінің қандай әдіске ие екендігі және мәліметтердің қалай алынатыны туралы сұрақтарға жауап береді (Bıçak, 2015: 24-25). Аналитикалық тарих философиясында ғылым ретіндегі тарихтың нысаны болатын оқиғалардың қандай оқиғалар екені, олардың қалай қарастырылатыны, бұл тақырыптардың қандай әдіспен өңделетіні; құжаттау, негіздеу, тексеру, пайымдау және кезеңдерге бөлу сияқты процестердің қалай жүзеге асатыны туралы сұрақтарға жауап ізделеді (Duralı, 2006: 15). Аналитикалық тарих философиясының негізгі бағыттары тарихи білімнің дұрыстығы мен сенімділігіне, жаратылыстану ғылымдары алдында тарихты мықты ғылым ретінде негіздеуге және тарихи зерттеулерде қолданылатын әдістерге қатысты. Тарихи білімнің сенімділігі, тарихшылықтың ерекшеліктері мен әдістері аналитикалық тарих философиясының мәселелік аясын құрайды. Яғни, аналитикалық тарих философиясы тарихи білім мен тарихшының зерттеулері бойынша жүзеге асырылатын философиялық іс-әрекет ретінде көрінеді. Тарихи білімнің табиғат туралы білім алдындағы жағдайы, жаратылыстану ғылымдарының әдістерін тарихқа қолдануға болатын-болмайтыны, тарихи білімнің дұрыстығы, объективтілігі, тарихи зерттеулерде қандай әдістерді қолдану керек деген сияқты мәселелерден бастау алатын аналитикалық тарих философиялары үшін ең маңызды тақырып — тарихтың ғылымилығы. Тарихтағы құбылмалылық, қайталанбау және

тәжірибе жасауға мүмкіндік бермеу сияқты жағдайлар «тарих ғылым бола алмайды, сондықтан тарихи салаға қатысты нақты білім қалыптастыру мүмкін емес» деген сенімге, бұл өз кезегінде тарихты ғылым ретінде қабылдамауға алып келді (Temelli, 2016: 24-25). Осылайша, тарихи білімнің ерекшеліктерін зерттеу және тарихты ғылым ретінде негіздеу талпыныстары аналитикалық тарих философиясын тудырды (Bıçak, 2015: 64). Сондықтан аналитикалық тарих философиясымен айналысатын ойшылдар тарихты әлі қол жетпеген шындық туралы ойлау деп емес, тарихшының шындыққа жету жолындағы талпынысына назар аударып, оның танымдық әрекетін ашу бастамасымен шұғылданды (Aysevener, 2015: 16).

Тарих метафизикасында «тарихтың ашылуын күтіп тұрған мағынасы бар» деген қағидамен әрекет етіп, сол мағынаның соңына түседі. Тарих метафизикасы — бұл әмбебап тарихи құрылым. Бұл пәнде адамзат тарихының серуені сызылады. Тарих метафизикасында нысан — өткен шақ мағынасындағы тарих. Уйгур (Uygur) атап өткендей, тарих метафизикалары өздерінің барлық позитивтілік уәждеріне қарамастан, тарихты трансценденттті (асқақ) болмыспен түсіндіру талпынысы болғандықтан, олар спекулятивті тарих конструкциялары ретінде сипатталады (Uygur, 1957: 144). Сондықтан тарих метафизикасының тағы бір аты — «спекулятивті тарих философиясы». Аналитикалық тарих философиясында «тарихи білім мүмкін» деген қағидамен жұмыс басталып, тарихи білімнің қалай мүмкін болатыны туралы тарих әдіснамасы жасалады. Аналитикалық тарих философиясында ғылым болып табылатын тарих нысан (объект) рөлінде. Мұнда өткен шақ мағынасындағы тарих емес, тарих ғылымы тақырып ретінде алынады. Тарихтың жаратылыстану ғылымы түріндегі ғылым емес екендігі туралы ой осы тарих философиясы түсінігінің ең іргелі ойларының бірі болғандықтан, аналитикалық тарих философиясымен айналысатын ойшылдар тарихтың қандай ғылым екенін, оның принциптері мен әдістері қандай екенін анықтауға көшті және тарихшының өткенді қалай біле алатыны туралы түсінік қалыптастырды. Тарих ғылымы мен тарихшы қолданатын принциптер мен әдістердің сыни тұрғыдан зерттелуіне байланысты аналитикалық тарих философиясының тағы бір аты — «сыни тарих философиясы».

Қорытынды. Неміс тарих мектебінің өкілдері ғылыми айналымға маңызды мәселе тастады: адам болмысын зерттейтін ғылымдар жаратылыстанудың қалыптасқан әдістерінен бас тартып, өз жолын іздеуі тиіс. Олардың пайымдауынша, жаратылыстану ғылымдары қайталанатын құбылыстардың жалпы заңдылықтарын іздесе, тарих ғылымы «әрбір оқиғаны өзінің бірегейлігінде сипаттауды» мақсат етеді. Себебі тарихи оқиғалар — қайталанбайтын, бір реттік құбылыстар. Сондықтан тарихшы жалпылама ұғымдар мен міндетті заңдарды емес, жекелеген фактілер мен нақты пайымдарды негізге алуы қажет.

XX ғасырда тарихтың дербес ғылым екеніне деген сенім нығайып, оның әдістемесі жаратылыстанудан түбегейлі ажыратыла бастады. Осы кезеңнің көрнекті ойшылы Р. Г. Коллингвуд аналитикалық тарих философиясын

ұстанып, тарихшының танымдық әрекетіне баса назар аударды. Оның бүкіл философиялық жүйесі «Тарихшы өткенді қалай біле алады?» деген іргелі сауалдың төңірегінде құрылды. Коллингвуд үшін тарих — алдын ала сызылған заңдармен жүретін оқиғалар жиынтығы емес, саналы тұлғаның еркімен жасалған әрекеттердің көрінісі.

Ғылыми тарихтың негізі — дәлел мен айғақ. Бірақ тарихшы бұл айғақтарға жету үшін алдымен дұрыс сұрақ қоя білуі керек. Сұрақтарға жауап бере алған дерек қана «нағыз айғақ» мәртебесіне ие болады. Коллингвудтың бұл тәсілі тарихты құрғақ шежіре деңгейінен шынайы ғылыми деңгейге көтерді. Оның «өткендегі ойды бүгінгі санада қайта тірілту» туралы концепциясы өзінен кейінгі зерттеушілерге үлкен әсер етіп, тарихнамадағы маңызды бетбұрысқа айналды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Ateşoğlu, G. Herder'den Hegel'e anahatlarıyla 'tarih' kavramı // D. Özlem ve G. Ateşoğlu, (Der.) Tarih Felsefesi Üzerine Seçme Metinler. – İstanbul: Doğu-Batı Yayınları, 2014. – 9-23 ss.

2. Aysevener, K. Tarih felsefesi. – İstanbul: Say Yayınları, 2015. – 240 s.

3. Bıçak, A. Tarih metafiziklerinin yapısı // Sosyoloji Dergisi. – 2009. – №3(19). – 67-90 ss.

4. Bıçak, A. Tarih metafiziği ya da kendilik bilinci. – İstanbul: Dergah Yayınları, 2014. – 320 s.

5. Bıçak, A. Tarih felsefesi. – İstanbul: Dergah Yayınları, 2015. – 280 s.

6. Burry, J. The idea of progress. – New York: Dover Publication, 1960. – 357 p.

7. Carr, E. H. Tarih nedir? (Çev: M. G. Gürtürk). – İstanbul: İletişim Yayınları, 2002. – 224 s.

8. Collingwood, R. G. Bir öz yaşam öyküsü (Çev. A. N. Akbulut). – İstanbul: Yapı Kredi Yayınları, 1996. – 160 s.

9. Çevik, M. Tarih felsefesi. – Ankara: Anı Yayıncılık, 2014. – 210 s.

10. Debbins, W. Giriş // R. G. Collingwood (Edt.) Tarih Felsefesi Üzerine Denemeler (Çev. E. Özvar). – İstanbul: Ayışığı Kitapları, 2000. – 9-31 ss.

11. Duralı, Ş. T. Çağdaş küresel medeniyet: anlamı, gelişimi, konumu. – İstanbul: Dergah Yayınları, 2006. – 340 s.

12. Mohan, R. P. Philosophy of history: an introduction. – USA: The Bruce Publishing Company, 1970. – 200 p.

13. Özlem, D. Tarih felsefesi. – İstanbul: Notos Kitap, 2015. – 310 s.

14. Salgar, E. 'İlerleme' kavramı üzerine tarihsel bir inceleme // FLSF Sosyal Bilimler Dergisi. – 2015. – №19. – 311-314 ss.

15. Temelli, A. İ. Tarih metafiziğinde anlam sorunu: Yayınlanmamış Doktora Tezi. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2016. – 280 s.

16. Uygur, N. Tarih felsefesinin yolu // Felsefe Arkivi. – 1957. – №3(3). – 135-154 s.

МРНТИ 11.07.75

ШВЕЙЦАРСКАЯ МОДЕЛЬ БАНКОВСКОЙ СТАБИЛЬНОСТИ И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ФИНАНСОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ С ЕВРОПЕЙСКИМ СОЮЗОМ

Байкетаева А.Н., студент, Международный Университет Астаны, г.Астана, Казахстан, a.baiketaeva2607@inbox.ru

Аннотация. В условиях активной трансформации международной финансовой архитектуры особое значение приобретает аналитика стабильных национальных банковских моделей. В настоящей статье рассматривается швейцарская модель банковской стабильности: её институциональные основы, регуляторная инфраструктура (FINMA, SNB), стандарты достаточности капитала в рамках Базеля III, а также уроки кризиса Credit Suisse 2023 года. Особое внимание уделяется финансово-правовым отношениям Швейцарии с Европейским союзом: двусторонние соглашения Bilaterals I-III, проблема эквивалентности регулирования и ограничения трансграничного доступа на рынок ЕС.

Ключевые слова: банковская стабильность, Швейцария, FINMA, SNB, Credit Suisse, UBS, Европейский союз, эквивалентность регулирования.

Введение. В условиях нарастающей нестабильности глобальных финансовых рынков швейцарская банковская система традиционно воспринимается как эталон надёжности и консервативности регулирования рисками [1]. По состоянию на конец мая 2024 года совокупные активы швейцарских банков составили 2325956млн швейцарских франков [4], что свидетельствует о сохраняющейся концентрации капитала в финансовом секторе страны -несмотря на масштабные регуляторные потрясения последнее время между Швейцарией и ЕС активно обсуждаются вопросы банковской прозрачности, сотрудничества в области обмена налоговой информацией и регулирования денежных потоков.

Как особенности регулирования банковской системы Швейцарии влияют на её финансовые отношения с Европейским союзом?

С учётом актуальности темы и поставленного научного вопроса, дальнейшее исследование фокусируется на ключевых аспектах Швейцарской банковской модели, её организационной структуре и влиянии на отношения с Европейским союзом в сфере финансов. Анализ этих элементов даёт возможность понять, каким образом устойчивость банковской системы поддерживает доверие со стороны международных партнёров и способствует стабильности финансовых операций. Анализ этих элементов даёт возможность понять, каким образом устойчивость банковской системы поддерживает доверие со стороны международных партнёров и способствует стабильности финансовых операций. Понимание того, каким образом

швейцарская модель обеспечивает доверие инвесторов и поддерживает устойчивость финансовых отношений, является важным для анализа динамики европейской финансовой системы и международной экономической взаимозависимости.

Материалы и методы. В исследовании использованы официальные данные SNB, FINMA и Европейского союза, а также научные статьи и аналитические отчёты.Применялись методы сравнительного и институционального анализа, кейс-стади (на примере кризиса Credit Suisse 2023 года), а также контент-анализ нормативных документов.

Институциональные основы Швейцарской банковской системы. Система банковского дела в Швейцарии базируется на трехуровневой банкирской системе. На первом уровне располагаются Национальный банк Швейцарии (SNB), Федеральный надзорный орган FINMA и кантональные банки, государственные коммерческие структуры, занимающие около 30% рынка и формирующие специфический децентрализованный слой системы.[6] Второй уровень образуют крупные универсальные банки (в первую очередь UBS после поглощения Credit Suisse). Третий уровень, специализированные институты: частные банки, региональные банки, кооперативные структуры Raiffeisen и необанки. Основные параметры банковского сектора Швейцарии указаны в таблице 1. Там можно увидеть главные различия в монетарной политике Швейцарии и ЕС: при ставке SNB в 0, 25% к концу 2024 года ЕЦБ держал свою ставку на уровне 3, 4%. [1;8]

Таблица 1. **Ключевые показатели банковского сектора Швейцарии (2024-2025)**

Показатель	Значение
Совокупные активы банков (май 2024)	2 325 956 млн CHF
Ключевая ставка SNB (конец 2024)	0,25%
Ключевая ставка SNB (июнь 2025)	0,00%
Ключевая ставка ЕЦБ (ноябрь 2024)	3,40%
Елімізде өріс алып бара жатқан сананы арбаушы дәстүрлі емес діни ағымдардың, біраз елді әуре-сарсаңға салған «Ата жолы», «Елуіншілердің» әлегі туралы айтпай кете алмаймыз. Елдіру, өздеріне ғана мәлім жұмбақ «ләззатқа» бөлену, қалшылдап-дірілдеу, жүрекпен сөйлеу - «Ата жолы», мен «Елуіншілердің» әрекетіне тән құбылыстардың бірі. Осы жүрекпен сөйлеу, қалшылдап-дірілдеудің сырын «Ата жолы» және «Елуіншілердің» өздері былай деп түсіндіреді: «Бұл - қасиетті рухтың адам тәніне енуі кезінде болатын құбылыс». Осы сәтте олар өз-өздерін және қоршаған адамдарды мүлде естен шығарады. Кейбіреулерінің көздеріне түрлі елестер елестейді. Олар дәстүрден тыс діни ағым мүшелері миына сіңірген бейнелерді көреді. Атап айтқанда, «Ата жолындағылар», әулие-бабалармен, аталар рухымен байланысқа түседі десе, ал «Елуіншілер» Христосты, Мария ананы, жұмақты, тозақты, тағы басқаларын көретіндерін айтады. Бұл феноменге қатысты халық арасында көптеген оқиғалар тіркелген [21, 88-90 б.]. Мәселен, бірде шіркеу қызметкері «ләззатқа» бөлену кезінде бір сағат бойы басын еденге соққылаумен болған. Бір айта кетерлігі, ол ешқандай ауыр жарақат алмаған, тіпті басының қаншалықты ауырғанын да сезбеген. Жаны бейімделгіш жандардың сыртқы күштердің шабуылына ұшырап, оған қарсылық көрсете алмаған жандарға қатысты осы тектес мысалдарды көптеп келтіруге болады. Теріс мақсатты көздейтін діни ағымдардан құрылған топтар жалпыға ортақ құндылықтарды, тіпті, мемлекеттің Ата заңын мойындамауы мүмкін. Соңғы жылдары елімізде дәстүрлі емес діни ағымдардың кесірінен орын алған бірқатар оқиғалар осының бір дәлелі. Мәселен, Қазақстанда кең қанат жайған «Иегова куәгерлері» әскерде қызмет етуге қарсы. Сондай-ақ олар мемлекеттік

әнұранымызды, мемлекеттік туымызды мойындамайды. Сол сияқты, дәстүрлі медицинаны жоққа шығарып, тек дәстүрлі емес діни ұйымдарға ғана табынушылар көптеп кездеседі 2003 жылдың ақпан, наурыз айларында Батыс Қазақстанда Иегова куәгерлерінің жұмысы белсенді көрініп, есік қағып өздерінің кітаптарын тегін таратып, үгіт-насихат жүргізіп, өздеріне адамдар жинаған. Дәстүрлі емес діни ағымдармен күресу оңайлықпен шешімін табатын мәселе емес. Адам осындай жағдайда бұрын тәжірибесінде кездеспеген мәселемен бетпе-бет келеді. Соған орай, оны шешудің сенімді құралдарынан да бейхабар жандар өмірмен мезгілсіз қоштасып жатады. Елімізде тұрақтылықты, дінаралық татулықты нығайту мақсатында дәстүрлі емес діни ағымдардан зардап шеккендерді оңалту мақсатында бірінші болып Қазақстанда 2007 жылы Ю. Денисенко Қостанай қаласында «Дәстүрлі емес діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету» үкіметтік емес ұйымын ашып, бөгде ағымның ықпалына түскен жандарға тура жолға бағыттау ісінде көптеген іс-шаралар атқарып келеді. Бүгінгі таңда, республикамыздың әр аймағында ашылған дәстүрден тыс діни ағымдардан зардап шеккен жандарды қорғайтын үкіметтік емес ұйымдар саны 17-ге жетті. Олар қазіргі күрделі ахуалды жұртшылыққа көмек көрсету үшін барлық мешіттерде сабырлылық, рухани азық, күмәнге жауап бөлмелерін ашып, заңгерлік көмектер көрсетуді қолға алған. Осының бәрі-теріс мақсатты діни ағымдар ықпалына еріп, ой-санасы тәуелсіз күйге түсудің салдарынан болып жатқан оқиғалар. Сол себептен, азаматтардың діни сауаты кемел болса ғана оларға лайықты тойтарыс беруге болады. Қазіргі уақытта Қазақстанда ислам университеті, 40 шақты медресе, мешіттерде арнайы курстар ашылғанмен, олардың халықтың, әсіресе, ауыл аймақ тұрғындарының діни сауатын ашу жөніндегі ағартушылық қызметтері баяу атқарылуда, сонымен қатар жергілікті ішкі саясат департаменттерінде діндер ісін үйлестіретін арнайы маманның жоқтығынан (саяси партиялар мен жалпы қоғамдық ұйымдардың қызметіне жауапты бір маман не болады, қайсысына үлгереді?!), осындай саяси кәсіби қажеттіліктің солқылдақтығынан аталмыш сала жан-жақты сараланбайды, зерттелмейді. Құқық қорғау органдарының діни ұйымдардың қызметтерін қадағалау функциялары тиісті деңгейде жүзеге асырылмауда. Мұндай бейберекетсіздікке жол бермеу үшін күресетін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Дін комитеті мен Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы аталмыш фактілерге шектен тыс демократиялық көзқараспен қарауда [20, 110-111 б.].

Әлем елдерінің арасында тұңғыш рет, біздің елімізде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өткізіліп келеді. Бұл еліміздің сыртқы саясаттағы аса зор табысы болуымен қатар, ішкі келісім мен татулықты бекітуде де орасан зор рөл атқарып отырғандағы сөзсіз.

2006 жылы өткен II съез қабылдаған Декларацияда, діни келісім мен төзімділікті насихаттауға қатысты, төмендегідей шешімдер қабылдады:

- жастар арасында діни келісім мен төзімділік ұстанымдарының таралуына және олардың жалпы адамзаттық құндылықтарды қабылдауларына қолғабыс жасау;
- жастар мәдени және діни айырмашылықтарды жаулық сезімсіз қабылдау үшін, өркениеттер мен діндер арасындағы келісім тәжірибесін білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу жоспарларына енгізу.Осы міндеттерді іске асыру мақсатында басшылыққа алынатын діни келісім ұстанымдары да бекітілді.
- діни келісім төзімділік, адалдық, құрмет ұстанымдарына негізделуі тиіс.
- діни келісім барлық әріптестердің тең құқылығын білдіреді.
- діни келісімге әркімнің өз дініне итермелеу көрінісі жат болып табылады.
- діни келісім ұлттардың бейбіт өмір сүруі мен тиімді ынтымақтастығына жол салады.
- діни келісім өмірдің қасиеттілігі мен адам ар-намысына қол сұғылмастыққа негізделеді.
- діни келісім діннің қоғамдағы конструктивті рөлін нығайтуға бағытталған.
- діни келісім – болашақ ұрпақтарға қалдыратын өмірлік құндылық болып табылады.

Дін тарихына көз жіберсек, алғашында христиандар мен еврейлер және мұсылмандар арасында достық және жақсы көрші тұрғысынан байланыс құрылады. Ислам Пайғамбарының алғашқы байланыс құрған адамдары алдыменен христиандар мен еврейлер болуымен қатар, алғашқы мұсылман көштері де халқының басым көпшілігі еврейлер болып келетін Ясреб қаласы мен христиан мемлекеті болып саналатын Хабешистанға жасалды. Хабешистанның мемлекет басшысы (Неджаши, Меккелік пұтқа табынушылардан Мұсылман эмигранттарды қорғап, көп уақыт бойы мемлекетінде қонақ қылған.

Қорыта қайтарсақ, Батыс өңіріні шоғырланған діни бірлестіктердің тарихы сонау XX ғасырдың басынан бастау алады. Сол уақыттарды ислам дінінің тармақтыры кең тараса, кейінен XX ғасырдың аяқтарына қарай христиан дінінің ықпалы артып, күрт өскен. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін, діни бірлестіктерге арналған заң қабылданып, діни бірлестіктердің қызметі заң күшімен талқыланған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев. Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 бет.

2. Бұлұтай М. Дін және ұлт. – Алматы: Арыс, 2006. – 584+24 бет фото.

3. Тасмагамбетов А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII – начале XX в.: распространение, организационное развитие и миссионерство (по материалам ислама и православия): Автореф.дисс. на соиск.учен. степ.

доктора ист. наук: 07.00.02. – Отечественная история (история РК). – Уральск: ЗКГУ, 2009. – 40 с.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы №254 – III Заңымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 136 бет.

5. Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 80 бет.

6. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы. // Ислам және өркениет. №30 (246), 21-31 қазан 2011 жыл.

7. Қазақстан Республикасының Діни істері агенттігі. // www.din.gov.kz.

8. ҚР ОММ. 2079-қ., 1-т., 65-іс.

9. Облыстағы ұлтаралық және дінаралық жағдайлар мониторингі. (2011 жылғы мамыр-маусым айлары). Орал: Артиэм, 2011. - 62 б.

10. Шубаева У.К. Ұлттық менталитеттің діни негіздері. (докторлық диссертация) ҚР Алматы: Білім, 2009. - 125 б.

11. ҚР ПМ. 5-Н-қ., 1-т., 4601-іс.

12. Мыңбаев М. Конфессияаралық келісімді сақтайық. // Ислам және өркениет №22(130), 2008 жыл 1-10 тамыз.

13. Әуелбек Ә. Қазақстан – Конфессияаралық келісім мекені. // Алматы – Ақшам, 2011 жыл 24 қыркүйек.

14. Алпысбаев Ж.Т. Қазақстандағы конфессияаралық және ұлтаралық қатынастардың кейбір мәселері. // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. №2, 2008 жыл.

15. Әбдәкімұлы Ә. Қазіргі таңдағы діни ахуалдың дамуының негізгі бағыттары. // Ақиқат №12, 2008 жыл.

16. Жүніс Ә. Діни ағымдар қазаққа да қармақ сала бастады. // Жас Қазақ үні, 2006 жыл 1-7 қыркүйек.

17. Нұрмағамбетова Б.Ғ. Жастарға діни білім берудің және конфессияаралық қатынасты қалыптастырудың мәселелері. // Дін және құқық №4, 2010 жыл.

18. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Ұлттық энцклопедия. Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

19. Төребаев А. Діни бірлестіктер ең көп тіркелген облыс. // Заң газеті, 2006 жыл 24 наурыз.

20. Рсалин А. Қазіргі қоғамдағы діннің мәні. // Егемен Қазақстан №5, 2005 жыл 11 қаңтар.

21. Байтенова Н.Ж., Затов Қ., Рысбекова Ш., Бейсенов Б., Борбасова Қ.. Құрманалиева А., Мейрбаев Б. Қазақстандағы діндер. – Алматы: Білім, 2008. – 399 бет.

22. БҚО ММ. 526-қ., 1-т., 36-іс.

ҒТАМА 03.03.20

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМІ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ИСЛАМДАНУ ҮДЕРІСІ

Камалова З.М., студент, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, kamalova2006@internet.ru; **Сулейменова Г.Б.,** к.и.н.
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
gulnarazkgu@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада ислам дінінің Дешті Қыпшақ кеңістігіне таралу ерекшеліктері мен оның тарихи кезеңдері қарастырылады. Исламның таралуында араб және татар миссионерлерінің рөлі, сондай-ақ Самарқанд, Бұхара, Түркістан сияқты діни орталықтардың ықпалы талданады. Орта ғасырларда Қожа Ахмет Ясауи ілімінің түркі халықтарының рухани дүниетанымына әсері және сопылық ілімнің халық өмірімен сабақтастығы көрсетіледі. Алтын Орда кезеңіндегі исламдану үдерісі, әсіресе Өзбек хан тұсындағы мемлекеттік деңгейде орнығуы жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, Ясауи тариқатының кең таралуы, оның мәдени-өркениеттік маңызы, әдебиет пен білімнің дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде Ясауи ілімінің тарихи маңызы зор болғанымен, қазіргі қоғамда оның мазмұны толық танылмағаны, бірақ халық санасында дәстүрлік элементтер арқылы сақталғаны анықталды.

Кілт сөздер: Исламдану, Дешті Қыпшақ, Алтын Орда, Қожа Ахмет Ясауи, сопылық ілім, Ясауи тариқаты, Өзбек хан

Кіріспе. Орта ғасырлардағы Еуразия кеңістігінде орын алған діни-рухани үдерістердің ішінде ислам дінінің таралуы ерекше маңызға ие. Дешті Қыпшақ даласында исламның орнығуы ұзақ тарихи кезеңдерді қамтып, әртүрлі мәдени және саяси факторлардың ықпалымен жүзеге асты. Бұл үдерісте араб және татар миссионерлерінің қызметі маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, Самарқанд, Бұхара, Түркістан секілді ірі діни орталықтар ислам мәдениетінің дамуына және оның түркі халықтары арасында кең таралуына ықпал етті.

Мақаланың мақсаты - Дешті Қыпшақтағы исламдану үдерісін тарихи тұрғыдан талдай отырып, Қожа Ахмет Ясауи ілімінің Алтын Орда кезеңіндегі рөлін анықтау. Сонымен қатар, сопылық ілімнің түркі халықтарының рухани дүниетанымына тигізген ықпалын көрсету және оның қазіргі қоғамдағы көріністерін бағалау болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының деректік негізін ортағасырлық тарихи жазба ескерткіштер, ғылыми еңбектер және заманауи зерттеулер құрайды. Атап айтқанда, Мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мәліметтер, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың ислам дінінің таралуы мен сопылық ілімге қатысты зерттеулері кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи мұрасына қатысты

жазбалар, оның ішінде «Диуани хикмет» және сопылық әдебиеттер зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Ислам дінінің Дешті Қыпшақ кеңістігіне таралу кезеңдері мен ерекшеліктерін анықтау үшін тарихи деректерге салыстырмалы талдау жасалды. Ясауи ілімінің мазмұны мен ықпалын айқындау мақсатында мәтіндік (контент) талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеу аясында Түркістан және Астана қалалары тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама және сұхбат нәтижелері қарастырылып, олардың негізінде сапалық талдау жасалды.

Бізге ислам діні тарихта екі жақтан келгені мәлім, біріншісі араб миссионерлері арқылы қожалар арқылы болса екіншісі татар миссионерлері арқылы тараған. Ислам діні VII ғасырларда пайда болғанымен Самарқанд, Бұхара, Түркістан сияқты діні орталықтарға ертерек дамыған. [1, 14]

Орта ғасырлардағы Дешті Қыпшақ кеңістігінде діни және рухани үдерістердің қалыптасуына Қожа Ахмет Ясауидың сопылық ілімі ерекше орын алды. Бұл кезең Қазақстан аумағындағы ерте ислам мәдениетінің қалыптасып, өркендеген дәуірі ретінде де ерекшеленеді. Қалалар саны артып, олардың маңында сауда және қолөнер орталықтары дамыды. Түркі халықтарының дүниетанымына терең ықпал етіп, бұл сопылық ілім ислам дінін тек діни қағида ретінде емес, халықтың күнделікті өмірімен, салт-дәстүрімен байланыстыра түсіндірумен байланысты болды. Алтын Орда кезеңінде, әсіресе Өзбек хан билігі тұсында ислам діні мемлекеттік деңгейде қолдау тауып кеңінен тарала бастады. [2, 9]

Алтын Орданың ислам дінін қабылдау негізгі үш кезеңді қамтыды. Алғашқы кезең XIII ғасырдың екінші жартысы, екінші кезең XIV ғасыр, ал үшінші кезең XIV ғасырдың соғы XV ғасырдың басы. Бұл кезеңдерде ислам діні көшпелі халықтар арасында терең жайылып, халықтар тұрақты түрде бір дінді ұстанып мәдениеттері мен салт-дәстүрлері соған бейімделді. [3, 395]

Мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Жошы ұлысының тарихына қатысты маңызды мәліметтер келтіріледі. Автордың мәліметінше, Жошы әулеті билік еткен Дешті Қыпшақта ислам дінінің таралуы біртіндеп жүзеге асқан. Берке ханның исламға келуіне шейх Сайфуддин Бахарзи ықпал еткені айтылады. Осыдан кейін Жошы әулеті арасында ислам діні кеңінен тарала бастады, дегенмен кейбір билеушілер арасында бұрынғы сенімдер де сақталған. Кейінгі кезеңде, әсіресе Өзбек хан тұсында ислам діні толық орнығып, Алтын Орда мемлекетінің ресми дініне айналды. Бұл үдеріс Дешті Қыпшақ даласында ислам мәдениетінің нығаюына және түркі халықтарының рухани бірлігінің қалыптасуына үлкен ықпал етті. [4, 44]

Алтын Орданың құрамында көптеген түркі тайпалары болды, оның аумағы Дешті Қыпшақ, Хорезм, Солтүстік Кавказ, Қырым және Бұлғар секілді өлкелерді тұтастай қамтыған. Сондықтан да ислам діні кең тарала бастаған.[5, 7] Алтын Ордада ислам дінін алғаш болып Берке хан қабылдады, ислам діні

мемлекеттік дінге айналып, бұл мемлекет үшін маңызды өзгерістер алып келді. Бірақ ислам дінін бірінші Берке хан қабылдағанымен, Ислам діні жарты ғасыр өткеннен кейін Өзбек ханның тұсында мемлекеттік дін болып бекітілді. Ислам дінін қабылдау нәтижесінде ұлттар мен этностар арасында байланыс күшейді. Қожа Ахмед Ясауи дүниеге келу кезеңінде Орталық Азияда Ахл ал-Хадистың ықпалы басым болған. Бұл туралы өзбек зерттеушісі А.Ахмедов өз еңбегінде Мауараннахрда ханафи мазхабының рөлі басым болғанын жазғанымен [6, 22-23], Түркістан өлкесінде шафиғилардың ықпалы басым болғандығы туралы деректер бар. Берілген деректерге сүйенетін болсақ, Ясауидың ілімі кең тарағанға дейін шафиғи machабының ықпалы басым болғанын байқауымызға болады. Бұл жағдайда аймақта араб мәдени діни дәстүрлердің үстемдігі екенін көрсетеді. Мұндай ықпал жергілікті түркі халықтарының рухани және мәдени болмысына елеулі өзгерістер әкелді, шығармалар араб және парсы тілдерінде жарық көре бастады. [7, 41] Сол уақытта Түркі тілінің таралуына Ясауи тариқатының ықпалы айрықша болды. [8, 296]

Ясауи тариқатының ықпалы арқылы сопылық ілім халық арасында кеңінен таралып, адамдардың көзқарастарыны өзгерістер орын алды. Орта ғасырлардағы араб пен парсы шығармаларына үңіліп қарайтын болсақ Алтын Орда тағына Өзбек хан келеді. Қытай тарихшысы Ли Исиннің «Өзбек хан кезеңіндегі Қыпшақ хандығының исламдануы» атты тарихи зерттеуін негізге алатын болсақ, Өзбек хан билікке діни сенім арқылы келген. Бұл үдеріс Құтлықтемірдің қолдауымен жүзеге асқан деп айтады. Ол билікке келгеннен кейін ислам дінін мемлекеттік деңгейде көтеріп Ясауи ілімін Алтын Орданың басты идеологиясына айналдырды. Өзбек хан ислам дінін Қожа Ахмед Ясауи негізінен қалаған деген деректер бар. Осы орайда Алтын Орда ханы Өзбек ханның мұсылмандықта сопылықтың ясауилік бағытын ұстанып, батыс және шығыс елдері арасында соның ішінде Юань әулетімен сауда мен түрлі саладағы байланыстар айтарықтай жақсарған деседі. [8, 290-291] Өзбек хан тұсында сопы-шайхтардың қызметтік мәртебесі көтерілді, бағыт-бағдар беруші миссионерлер көбейді, мешіттер мен медреселер салынып оның көбейуіне ықпал етті. Исламдық-сопылық білім беру қарқынды дамыды, медреселердің ашылуы халықтың сауатын ашты. Әдебиет пен ғылым саласының дамуына үлкен үлес қосты.[9, 141] Өзбек ханнан кейін оның ұлы Жәнібек билікке келген уақытта тұрғылықты халыққа қысым жасамайды. Ол ислам дінін қабылдағандарды және бұрынғы ата-бабаларынан қалған дінді ұстанушыларды екіге бөледі. Жәнібек хан ислам дінін қысымсыз халыққа қабылдатады. Ол шығыстың деректерінде «өте әділ діндар» деп кездеседі. Әкесінің жолын құып көптеген қалаларға мешіт медреселер салады, халықтың сауатын ашуға өз ықпалын тиізді. [3, 451-452]

Ислам дінін түркілер арасында кеңінен насихаттаған Қожа Ахмед Ясауидің атағы тек Түркістан өңірімен шектелмей, Мәуереннахр, Кавказ, Иран, Шығыс Түркістан, Ферғана және одан батыс аймақтарына таралып оның терең тамырлануына зор үлес қосты. Ходжи Бекташ Уәли Яссауия ілімін Анатолияға дейін жеткізгендігі туралы деректер бар. Мәуереннахрдағы ірі

діни орталықтарда қалыптасқан сүнниттік бағыттағы ілімдер, әсіресе Нақшбандия тариқаты, аймақтағы діни үдерістерге әсер етті. Бұл бағыт түркі-моңғолдық дәстүрлі сенімдерге қарсы идеологиялық күш ретінде қалыптасып, исламның орнығуына жағдай жасады. Діннің түркі тілінде түсіндіріліп, халыққа жақын формада жеткізілуі исламның кең таралуының басы факторларының бірі болды. Ясауи жолы Хорасан маламатиясы және шиіттік ағымдардың кейбір элементтерін қабылдай отырып, өзіндік ерекшелігі бар сопылық жүйе қалыптастырды. Бұл ілім қатаң догматикалық ұстанымдарға қарағанда икемділігімен және қарапайым халыққа түсініктілігімен ерекшеленді. Тарихи тұрғыдан алғанда, сопылық ілім қоғамдағы діни қайшылықтарды жұмсартып, әртүрлі сенім өкілдерінің қатар өмір сүруіне мүмкіндік берді. Осы кезеңде ислам тек дін ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени және өркениеттік жүйе ретінде орныға бастады.[10]

XIX ғасырда Ұлы Түркістанды аралаған саяхатшы Вамбер Армин саяхатнамасында былай дейді “Әр бір түрік ауылында Ахмет Ясауидың хикметімен оның мінәжатын кездестірдік, хикметтерді жатқа алған еркектер мен әйелдерді кездестірдім, басқа аралаған қалаларыма қарағанда сопылық бағыттың қзіндік ерекшелігі болды” деп сөзін қайырады. [11, 47]

Қожа Ахмет Ясауи жастайынан шығыс әдебиеті мен философиялық ілімдерді терең меңгерген тұлға ретінде танылады. Ол ерте жастан-ақ түркі тілінде өлең жазып, сопылық поэзия дәстүрін дамытты. Білімін жетілдіру мақсатында Бұхара қаласына барып, белгілі сопы ғұлама Юсуф әл-Хамаданиден тәлім алған. Кейін Түркістан (Ясы) қаласына оралып, өмірінің соңына дейін ислам дінін және сопылық ілімді насихаттаумен айналысты. Пайғамбар жасы 63-ке жеткенде, рухани ұстанымына сай жер асты ғибадат орнын (хилует) тұрғызып, қалған өмірін сонда өткізген. Осы кезеңде ол өзінің ең танымал еңбегі «Диуани хикмет» атты даналық жырлар жинағын жазып қалдырды. Ақын өз шығармаларында хикметтердің шамамен 400 шумақтан тұратынын атап өтеді. [12,7]

Нәтижелер. Сопылық ислам дінінің дәл өзі, негізі шариғаттың ішкі жағы, толыққанды мұсылман болудың жолы деп Намық Кемал Зейбек «Ахмет Йасауи жолы» атты еңбегінде айтып өтеді. [10, 34] Қожа Ахмед Ясауи алғашқы сопылық тәрбиені әкесі Ибраһим, анасы Қарашаш анадан алған. Ахмед Ясауидың бойындағы құпия күшті жеті жасында Мұхаммед пайғамбардың аманатын жеткізген Арыстан баб болған. Оның хикметтеріне қарап Арыстан бабтың ықпалы күшті болғанын көруімізге болады. [11, 68] Арыстан баб Қазақстан территориясындағы алғашқы сопылардың қатарын құрайды. Сопылық ілімінің басты мақсаты адамды рухани әлемге жетілдіру, Аллаһ тарапынан жіберілген Құран кәрімді тану. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі дәстүрлі түрде исламдық рухани үрдіске сай «Бісміллә» сөзімен басталады. Бұл бастау шығарманың діни-танымдық мазмұнын айқындап, Аллаға деген ықыласы мен тәуелділігін білдіреді. Оның хикметтерінен Яссауи жолының басталуы Қасиетті Құран мен Алланың елшісі Хазреті Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен алынғанын көреміз [11, 76]

Сопылық дүниетанымында Аллаға деген махаббат пен оған деген рухани ғашықтық ерекше орын алады. Бұл жол сопылар үшін тек құлшылықпен шектелмей, терең ішкі рухани ізденіс пен сағынышқа толы күрделі хәл ретінде сипатталады. Сопылық ілімінде Әлем мен Адам бір-бірінен бөлек қарастырылмай, өзара тұтас рухани болмыс ретінде түсіндіріледі. [13, 108-111]

Қожа Ахмед Ясауидың «Рисала дар адаби тариқат» шығармасы шын хақиқатты іздеп сапарға шыққандарға арнап жазылған. Хақиқаттың қыр-сырын, әдептері мен тәртібін тереңірек баяндаған. Рисала парсы тілінде жазылған, кіріспе он екі баптан тұрады. Он екі бапта шәкірттер яғни дәруіштер үшін қажетті шарттар жазылған. [14, 7-19] Сопылық бағытты ұстанғандардың ой бостандықтарын шектеген жоқ, сол себептен дін ұстанушылар көп болған. Орта Азияда 300 000-400 000 дәруіштер болған, олар халыққа дінді түсінікті болу мақсатында жеңіл түркі тілінде түсіндірген. [3, 317]

Аңыз-деректерге сүйенсек, Қожа Ахмет Ясауи пайғамбар жасы 63-ке жеткен соң, қалған өмірін жер асты ғибадат орнында (хилуетте) өткізген. Ол шамамен 1166-1167 жылдары дүниеден өтіп, алғашында қарапайым мазарға жерленген. Уақыт өте келе оның мазары зиярат етушілер көбейіп, маңызды орталығына айналды. Ясауи ілімін ұстанған шәкірттер мен сопылар үшін бұл орын рухани тәлім алудың бастауы болды. Деректер бойынша XII ғасырдың соңына қарай әулие басындағы алғашқы мазар ескіріп, құлау қаупінде тұрған. Осыған байланысты XIV ғасырдың соңында Әмір Темір Ясауи құрметіне жаңа, сәулетті кесене тұрғызуға бұйрық береді. Құрылыс жұмыстарын жүргізу сенімді тұлға Мәулен Убайдулла Сабырға тапсырылған. [15, 6-16] Кесене қабырғалары Құран аяттары мен діни мәтіндермен көркемделіп, сыртқы бөліктері куфа үлгісіндегі жазулармен безендірілген. Николай Веселовский Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қасбетінің сәндік безендірілуін ерекше атап өтеді. Оның сипаттауынша, кесене қабырғалары түрлі өрнекпен шахмат тәрізді орналастырылған. Бұл өрнектер араб каллиграфиясының күрделі өрме үлгісінде орындалып, көркемдік және рухани мазмұнды үйлестіре көрсетеді. Қабырғаларда «Алла», «Алланың ұлық», «Раббым Алла», «Пайғамбарым Мұхаммед», «Алла бір», «Алладан басқа тәңір жоқ» сияқты діни мазмұндағы сөздер қайталанып берілген. Бұл жазулар сан мәрте қайталанып, нақты геометриялық үйлесіммен орналасу арқылы кесененің сәулеттік келбетін айрықша көркем әрі мәнді етеді. Н.И. Веселовскийдың айтуы бойынша бұл кесене ислам дінін қабылдағаннан кейін алғашқы сақталып қалған архитектурасы жақсы сақталған кесене. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі уақыт өте келе тек сәулет ескерткіші ғана емес, бүкіл түркі-мұсылман әлемі үшін «киелі де қасиетті» орынға айналды. Оның халықаралық деңгейде танылуына XIV ғасырдағы тарихи оқиғалар, соның ішінде Сыр бойы қалаларына жасалған шапқыншылықтардан кейін өңірдің саяси әрі рухани маңызының артуы да әсер етті. [16, 47-85]

Қорытындылар. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Дешті Қыпшақ кеңістігінде ислам дінінің таралуы күрделі әрі кезең-кезеңімен жүзеге асқан

тарихи үдеріс екені анықталды. Исламның таралуында араб және татар миссионерлерінің қызметі маңызды рөл атқарғанымен, оның халық арасында кеңінен орнығуына сопылық ілім, әсіресе Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған Ясауи тариқаты шешуші ықпал етті. Алтын Орда дәуірінде, әсіресе Өзбек хан билігі тұсында ислам діні мемлекеттік деңгейде бекітіліп, қоғамның саяси, мәдени және рухани өмірінің негізгі тірегіне айналды. Бұл кезеңде ислам діні түркі халықтарының дүниетанымымен үйлесіп, олардың салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарына терең сіңді. Ясауи ілімі дінді қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізіп, оның кең таралуына мүмкіндік жасады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында сопылық ілімнің қоғамдағы діни қайшылықтарды жұмсартуда, рухани бірлікті қалыптастыруда және мәдени дамуға ықпал етуде маңызды рөл атқарғаны айқындалды. Ясауи мұрасы тек ортағасырлық кезеңде ғана емес, қазіргі уақытта да өз маңызын жоғалтпай, халықтың рухани санасында сақталып отырғаны анықталды. Қожа Ахмет Ясауи ілімі Алтын Орда дәуіріндегі исламдану үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде түркі әлемінің рухани және мәдени дамуына зор үлес қосты.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. С.В. Бексенова, Б.Ж. Рахимова. Аймақтық мәдениеттану конференциясының материалдар жинағы (24–25 шілде 1995 ж.) / – Астана, 1998. – 170 б.

2. Omorov T. «Türkistan’daki Özbek Hanlığının Kısaca Tarihi ve Özbek Boyları» // Türk Bilim Araştırma Vakfı. – 2012. – Cilt: 5, Sayı: 2. – S. 7–18.

3. А. Жамашев, Е. Мажен, Д. Жомарт. – Темірқазық (Қазақ жеріндегі ислам дінінің өткені мен бүгіні): монография / Алматы, 2023 – 672 бет.

4. О.Ё. Жалилов; С. Хасанов; Тарих-и Рашиди / Мирзо Мухаммад Хайдар Дуғлат; Ўзбекистон Республикаси Фанлар Академияси, Абу Райхон Беруний номидаги Шарқшунослик институти. – Тошкент: O‘zbekiston, 2011. – 704 б.

5. ҚАЗЫНАЛЫ ОҢТҮСТІК: Т. 37. ӘЛ-КЕРДЕРЛИ. ЖҰМАҚТАРДЫҢ АШЫҚ ЖОЛЫ / *Бірінші кітап / - Алматы: «Нұрлы әлем». 2011. - 312 б*

6. О.А. Кариев. Фарғона фиқх мактаби Буханиддин ал-Марғиноний. – Тошкент: «ФАН», 2009. 22-23 бб.

7. «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Түркістан, 2024. – 298 б.

8. Заңәділұлы Н., Сайфунов Б. Алтын Орданың мемлекеттік идеологиясы ретінде Ясауи ілімі (Қытай зерттеулері негізінде) // БҚУ хабаршысы. – Орал, 2025. – 630 б.

9. В. Сүмер, Н. Кенжеахмет, Т. Смагулов, А. Касеналин, Т. Крупа, Ө. Қанай, С. Есенов. Сарыарқа және Алтын Орда: уақыт пен кеңістік : Алтын орданың 750 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары / – Алматы, 2019. – 245 б.

10. Cumbur, Müjgan. “Ahmet Yesevî’nin Ahi ve Gazileriyle Anadolu’nun Türkleşmesindeki Yeri” // Milletlerarası Hoca Ahmet Yesevî Sempozyumu Bildirileri. – Kayseri, 26–29 Mayıs 1993

11. Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы. Намық Кемал Зейбек Қожа Ахмет Йасауи Жолы. “Бойут-Таң”: Анкара, 2002. - 96 б

12. А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы. 6-том. Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы / – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 бет. – (Әдеби жәдігерлер)

13. Г.К.Курмангалиева. Н 31 Наследие Ходжи Ахмеда Ясави и современная исламская культура / – Алматы: КИЦ ИФиП КН МОН РК, 2010. – 190с

14. С. Моллақанағатұлы. РИСАЛА ДАР АДАБИ ТАРИҚАТ: Қолжазба кітап / Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттіа тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 2012. – 52 бет.

15. Н.Б. Нұрмұхаммедов. Ахмед Ясауи сәулет ғимараты: Альбом – Алматы: Өнер, 1988 ж. 168 бет. (Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. «Қазақстанның сәулет ескерткіштері»

16. Ёлгин Ю.А. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави: история архитектурно-археологических исследований. Труды Института археологигии им. А.Х. Маргулана. Т. III. – Алматы: Института археологигии им. А.Х. Маргулана, 2022. – 300 с., илл.

МРНТИ 11.25.91

ЦИФРОВОЕ ИЗМЕРЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: РОЛЬ СИНЬЦЗЯНА

Карымсакова Д.Ә., Международный университет Астана, г.Астана, Казахстан
dana.sabi@gmail.com

Аннотация: В статье рассматриваются трансформации системы региональной безопасности Центральной Азии в условиях цифровизации. Особое внимание уделяется роли Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР как ключевого геополитического и цифрового узла, влияющего на безопасность региона. Анализируются новые цифровые инструменты управления безопасностью, включая системы мониторинга, кибербезопасности и контроля границ. Делается вывод о формировании гибридной модели безопасности, сочетающей традиционные и цифровые механизмы, а также о возрастающем влиянии Китая в регионе.

Ключевые слова: Центральная Азия, безопасность, цифровизация, Синьцзян, Китай, киберугрозы, геополитика.

В XXI веке понятие безопасности претерпевает существенные изменения. Если ранее безопасность Центральной Азии рассматривалась преимущественно через призму военных угроз и геополитических конкуренций, то сегодня на первый план выходят цифровые факторы, включая киберугрозы, цифровое наблюдение, управление данными и контроль трансграничных потоков.

Центральная Азия становится важным узлом глобальных коммуникаций, транзитных маршрутов и энергетических потоков, что усиливает её стратегическое значение. Одновременно регион сталкивается с новыми рисками: ростом кибератак, трансграничной преступности, цифровой уязвимости инфраструктуры. Согласно аналитике, Центральная Азия уже входит в число регионов с высоким уровнем киберрисков, где атакуется значительная доля промышленных систем [1].

В этом контексте особую роль играет Синьцзян - приграничный регион Китая, который одновременно выступает:

- геополитическим «мостом» между КНР и Центральной Азией;
- центром цифровой инфраструктуры и логистики;
- зоной повышенного внимания с точки зрения безопасности.

Современные подходы к анализу безопасности в Центральной Азии базируются на концепции регионального комплекса безопасности, где угрозы носят взаимосвязанный характер и распространяются трансгранично.

Цифровое измерение безопасности включает:

- кибербезопасность (защита инфраструктуры и данных);

- цифровое наблюдение и контроль (включая системы мониторинга);
- управление потоками информации и людей (границы, транспорт);
- использование больших данных в управлении рисками.

В условиях цифровизации государства региона начинают внедрять технологии мониторинга, включая мобильные приложения, системы отслеживания и аналитические платформы. Казахстан, например, стал одним из первых в регионе, внедрив цифровые решения для контроля перемещения населения в кризисных условиях [2].

Таким образом, безопасность приобретает гибридный характер, объединяя физические и цифровые инструменты.

Синьцзян-Уйгурский автономный район занимает особое положение в системе безопасности Центральной Азии. Он граничит сразу с несколькими государствами региона, включая Казахстан, Кыргызстан и Таджикистан, и выступает стратегическим узлом китайской политики в Евразии.

Синьцзян является важнейшим элементом китайской стратегии в Центральной Азии, включая инициативу «Один пояс - один путь». Через него проходят ключевые транспортные и энергетические коридоры.

Китай активно расширяет своё влияние в регионе, в том числе в сфере безопасности, что признается и самими государствами Центральной Азии.

Синьцзян является одним из наиболее быстро развивающихся регионов Китая в сфере цифровой экономики. Так, объем цифровой экономики региона превысил 425 млрд юаней, демонстрируя устойчивый рост.

Это означает, что Синьцзян становится:

- центром цифровых технологий;
- площадкой для внедрения систем мониторинга;
- узлом цифровой инфраструктуры.

Синьцзян также известен как регион, где активно применяются цифровые технологии контроля и безопасности. В научных исследованиях подчеркивается, что борьба с терроризмом и экстремизмом в регионе сопровождается развитием систем наблюдения и управления рисками.

Это делает его своеобразной «лабораторией» цифровой безопасности, опыт которой косвенно влияет и на соседние страны.

Цифровизация безопасности сопровождается ростом новых рисков.

Таблица 1 – Риски цифровизации безопасности [4]

№ п/п	Риск	Описание
1	Киберугрозы	Рост цифровой инфраструктуры приводит к увеличению числа кибератак. Центральная Азия уже сталкивается с высокой долей атак на промышленные системы, что создает угрозы для энергетики, транспорта и связи.
2	Трансграничные риски	Развитие транспортных коридоров и рост пассажиропотока усиливают нагрузку на

		пограничные системы. Это требует внедрения цифровых решений для управления потоками и обеспечения безопасности.
3	Зависимость от внешних технологий	Цифровая инфраструктура региона во многом зависит от внешних акторов, прежде всего Китая. Это создает риски технологической зависимости и влияния на внутреннюю политику безопасности.

В системе безопасности Центральной Азии наблюдается перераспределение ролей между внешними акторами.

Аналитики отмечают, что Китай концентрируется на экономике и инфраструктуре, но постепенно усиливает своё влияние и в сфере безопасности.

Саммит «Центральная Азия - Китай» закрепил развитие сотрудничества в сфере безопасности и цифровизации, включая создание новых механизмов взаимодействия.

Таким образом, формируется новая модель, где:

- Россия традиционно играет роль военного гаранта;
- Китай усиливает позиции через экономику и цифровые технологии.

Казахстан занимает особое место в Центральной Азии как наиболее развитая в цифровом отношении страна региона.

Ключевые особенности:

- внедрение цифровых систем управления;
- развитие кибербезопасности;
- участие в международных проектах;
- интеграция в китайские транспортные и цифровые инициативы.

Это делает Казахстан не только объектом, но и субъектом формирования региональной цифровой безопасности.

Цифровая безопасность в Центральной Азии развивается неравномерно. При общем признании важности киберустойчивости и цифрового контроля государства региона демонстрируют разные модели внедрения технологий, глубину зависимости от внешних акторов и степень вовлечённости в китайские цифровые инициативы, исходящие из Синьцзяна.

Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан и Таджикистан находятся на разных этапах цифровой трансформации сектора безопасности. Это создаёт не только технологический разрыв, но и разные уровни уязвимости перед трансграничными киберугрозами, а также перед риском технологической зависимости от Китая. Особенно показательно сравнение подходов к контролю границ, использованию систем наблюдения и интеграции с цифровой инфраструктурой Синьцзян-Уйгурского автономного района [3].

Ниже приведена сравнительная таблица, систематизирующая ключевые различия цифровых политик стран Центральной Азии в контексте безопасности.

Таблица 2 – Сравнение цифровых политик безопасности стран Центральной Азии и роль Синьцзяна

Страна	Основные цифровые платформы в сфере безопасности	Применение в контроле и наблюдении	Роль / зависимость от Синьцзяна
Казахстан	«Сергек», Е-Охранник, системы KPI (Комитет национальной безопасности)	дорожные камеры с распознаванием номеров и лиц, цифровой контроль миграции, мониторинг границ	совместные приграничные центры данных, обмен информацией по трансграничным перемещениям, технологическое партнёрство
Узбекистан	Safe City (проекты с корейскими и китайскими подрядчиками), цифровая система паспортов	видеонаблюдение в крупных городах, аналитика в транспортных узлах	транзитная зависимость: маршруты «Одного пояса» проходят через Синьцзян, постепенное внедрение китайских стандартов
Кыргызстан	цифровизация паспортно-визовых услуг, фрагментарные системы видеоконтроля	слабое покрытие, отсутствие единой платформы	высокая уязвимость: экономическая и инфраструктурная зависимость от Синьцзяна, минимальный собственный цифровой суверенитет
Таджикистан	системы контроля границ (при технической поддержке КНР), базы данных миграции	контроль КПП, отслеживание трудовых мигрантов	прямая технологическая зависимость: оборудование и обучение персонала из Синьцзяна, координация по борьбе с экстремизмом

Приведённые данные показывают, что цифровая безопасность Центральной Азии сегодня не является единой системой. Скорее, наблюдается лоскутная цифровизация, где Казахстан выступает в роли регионального лидера с относительно высоким уровнем технологического суверенитета, а Кыргызстан и Таджикистан оказываются в зоне высокой зависимости от решений и инфраструктуры, поступающих из Синьцзяна.

Особого внимания заслуживает тот факт, что Синьцзян выполняет не только роль «цифрового хаба», но и выступает экспортёром стандартов безопасности: системы контроля границ, алгоритмы идентификации и протоколы обмена данными, апробированные внутри КНР, постепенно распространяются на соседние государства. При этом чем слабее национальная цифровая система страны, тем быстрее происходит замещение её компонентов китайскими аналогами [5].

Таким образом, цифровое измерение безопасности Центральной Азии оказывается не просто техническим, но и геополитическим: оно фиксирует реальную асимметрию влияния. Для стран региона это означает, что развитие собственных цифровых компетенций становится не только вопросом эффективности управления, но и условием сохранения технологического суверенитета.

Цифровизация радикально меняет структуру безопасности Центральной Азии. На смену традиционным угрозам приходят новые - киберриски, цифровой контроль, зависимость от технологий и трансграничные вызовы.

Синьцзян играет ключевую роль в этом процессе, выступая одновременно: геополитическим мостом; центром цифровой инфраструктуры; зоной внедрения новых технологий безопасности.

В статье неоднократно подчёркивалось, что цифровая безопасность Центральной Азии находится в стадии формирования. Сегодняшняя лоскутная структура (лидерство Казахстана, высокая зависимость Таджикистана и Кыргызстана, промежуточное положение Узбекистана) не является устойчивой. В горизонте 5–10 лет можно выделить три вероятных сценария, различающихся по степени интеграции с китайскими цифровыми стандартами, роли Синьцзяна и сохранению технологического суверенитета стран региона.

Таблица 3 – Возможные сценарии развития цифровой безопасности в Азии

Сценарий	Интеграционный (прокитайский)	Конкурентный (фрагментационный)	Гибридный (наиболее вероятный)
Суть	Страны Центральной Азии добровольно и последовательно	Европейский Союз, Турция и Россия предлагают Центральной Азии альтернативные	Страны Центральной Азии развивают собственные национальные системы цифровой

	принимают китайские стандарты цифровой безопасности, включая протоколы обмена данными, системы видеонаблюдения, биометрической идентификации и управления границами. Синьцзян становится не просто хабом, а «операционной системой» региональной цифровой безопасности.	цифровые платформы безопасности, создавая конкуренцию китайским решениям. Регион оказывается в ситуации «цифровой войны стандартов», где разные страны выбирают разных партнёров.	безопасности (с опорой на локальных провайдеров и международные стандарты), но вынужденно интегрируются с китайскими системами на уровне обмена данными — особенно в приграничных зонах и в рамках совместных антитеррористических и миграционных программ. Синьцзян сохраняет роль технологического хаба, но не становится монопольным оператором.
Предпосылки	• Дальнейшее углубление инициативы «Один пояс — один путь» с акцентом на цифровую составляющую. • Отсутствие у стран ЦА собственных ресурсов для разработки конкурентных платформ. • Рост трансграничных угроз (экстремизм,	• Активизация политики ЕС в Центральной Азии после 2022 года (расширение присутствия, проекты «Global Gateway»). • Рост влияния Турции через тюркские цифровые инициативы (например, платформы кибербезопасности Организации тюркских государств). Сохранение позиций России в сфере военной и	• Политическая воля элит стран ЦА сохранить многовекторность и избежать жёсткой привязки к одному центру. • Постепенное развитие собственных IT-секторов (особенно в Казахстане и Узбекистане). • Давление со стороны западных партнёров, требующих гарантий защиты данных и

	наркотрафик, нелегальная миграция), требующий быстрых и централизованных решений.	информационной безопасности (ОДКБ, совместные системы защиты инфраструктуры).	независимости критической инфраструктуры. • Техническая неизбежность интеграции с Китаем из-за географии, экономических связей и расположения Синьцзяна.
Последствия	• Плюсы: высокая эффективность мониторинга, оперативный обмен данными, снижение уровня преступности на границах, унификация технологий. • Минусы: полная технологическая зависимость от Китая, утрата цифрового суверенитета, потенциальный доступ третьих сил к чувствительным данным, ослабление позиций России и Запада в регионе.	• Плюсы: диверсификация рисков, снижение монопольного влияния одного актора, возможность выбора лучших практик. • Минусы: фрагментация региональной безопасности, несовместимость систем (Казахстан работает с ЕС, Кыргызстан — с Китаем, Таджикистан — с Россией), рост транзакционных издержек, уязвимость стыков между разными платформами.	• Плюсы: сохранение цифрового суверенитета, возможность балансировать между центрами силы, постепенное наращивание компетенций, управляемая интеграция. • Минусы: риск медленной «ползучей» зависимости (формально системы свои, но ключевые компоненты — китайские), сложность поддержания совместимости, необходимость постоянного политического маневрирования.
Вероятность	средняя. Слишком очевидны	низкая. На сегодняшний день ни ЕС, ни Турция, ни	высокая. Этот сценарий уже реализуется де-

	политические риски для элит стран ЦА, особенно для Казахстана и Узбекистана, которые стремятся к многовекторности.	Россия не предлагают столь же масштабных и финансово обеспеченных цифровых решений, как Китай. Кроме того, географическая удалённость Синьцзяна делает его незаменимым операционным узлом.	факто: Казахстан развивает свои платформы («Сергек», Е-Охранник), но сотрудничает с Синьцзяном по приграничью; Узбекистан внедряет Safe City с участием разных подрядчиков; Кыргызстан и Таджикистан остаются в зоне высокой зависимости, но сохраняют формальную самостоятельность.

Анализ трёх сценариев показывает, что Центральная Азия, скорее всего, движется по гибридному пути. Полная интеграция в китайские стандарты (сценарий А) маловероятна из-за сопротивления элит и стремления к многовекторности. Фрагментация (сценарий Б) также нереалистична в силу отсутствия равноценных альтернатив. Гибридная модель (сценарий В) позволяет странам региона сохранять видимость технологического суверенитета, одновременно получая выгоды от близости к Синьцзяню - цифровому и логистическому узлу Евразии.

Для Казахстана, как наиболее продвинутой в цифровом отношении страны региона, гибридный сценарий открывает возможность стать региональным агрегатором цифровой безопасности - не просто потребителем технологий, но и посредником между Синьцзянем и другими государствами Центральной Азии. Однако для этого потребуется последовательная политика по развитию собственных компетенций, защите данных и выстраиванию прозрачных правил трансграничного цифрового взаимодействия.

Для Казахстана и других стран региона важно: развивать собственные цифровые компетенции; снижать технологическую зависимость; усиливать кибербезопасность; балансировать влияние внешних акторов.

В перспективе безопасность Центральной Азии будет определяться не только военной мощью, но и способностью управлять цифровыми потоками и технологиями.

Список использованных источников

1. Валиахметова Г.Н. Проблемы информационной безопасности в Азии// Известия УрФУ, 2015

2. Керр Д., Свинтон Л. Китай, Синьцзян и транснациональная безопасность Центральной Азии // *Critical Asian Studies*. – 2008. URL: https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/14672710801959174

3. Осерхан А.И. Китай и Центральная Азия расширяют технологии: эксперт о роли Казахстана как хаба. – 2025. URL: https://rus.baq.kz/kitay-i-tsentralnaya-aziya-rasshiryayut-tehnologii-ekspert-o-roli-kazahstana-kak-haba_300015886/

4. Разумов Е.А. Политика КНР по обеспечению кибербезопасности// Россия и АТР, 2017, № 4

5. Таирова Н.Р. «Цифровой Казахстан» и «реализация цифрового Шёлкового пути» - звенья одной цепи: проблемы кибербезопасности. – 2019. URI: http://rep.enu.kz/handle/enu/4367

МРНТИ 03.01.11

YOUTUBE КАК ПЛАТФОРМА АЛЬТЕРНАТИВНОЙ ИСТОРИИ: РИСКИ И ВОЗМОЖНОСТИ

Кошель Е.Е., Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
koshelegor5@mail.ru

Аннотация: Статья посвящена анализу влияния псевдоисторического контента на видеоплатформе YouTube на формирование исторической памяти молодёжи, прежде всего в контексте казахстанского медиапространства. Автор разграничивает «альтернативную историю» как легитимный литературный жанр и псевдоисторические нарративы, целенаправленно дискредитирующие академическое знание, и описывает характерные риторические приёмы подобного контента: апелляцию к «замалчиваемым доказательствам», избирательное цитирование источников и визуальную убедительность монтажа. В статье рассматривается роль алгоритмов рекомендаций YouTube в формировании информационных пузырей, затягивающих пользователя по принципу «кроличьей норы». Статья затрагивает вопрос распределения ответственности между платформой, создателями контента и системой образования, обосновывая приоритет прозрачности над цензурой. Делается вывод о необходимости системного медиаобразования, позволяющего молодёжи критически работать с цифровой информационной средой.

Ключевые слова: YouTube, псевдоисторический контент, альтернативная история, историческая память, медиаграмотность, алгоритмы рекомендаций, информационный пузырь.

Введение. Представьте себе типичный вечер студента: лекции позади, учебник отложен, и вот уже YouTube предлагает очередной ролик - «Настоящая история Египта, которую скрывают учёные». Миллион просмотров, убедительная графика, уверенный голос за кадром. Нажать «Посмотреть» или закрыть - это решение, казалось бы, мелкое. Но именно из таких решений складывается то, что мы называем исторической памятью поколения.

YouTube давно перестал быть просто площадкой для музыкальных клипов и кошачьих видео. По собственным данным платформы, её ежемесячная аудитория превышает 2,7 млрд человек, и значительную часть просматриваемого контента составляют видео на исторические темы. Среди них - и серьёзные документальные фильмы, и университетские лекции, и откровенная псевдонаука, маскирующаяся под «альтернативные версии событий». Я хочу разобраться, что именно происходит, когда такой контент

попадает к неподготовленному зрителю, и что с этим делать - как нам самим, так и образовательным институтам.

Тема актуальна для Казахстана не в меньшей степени, чем для любой другой страны. Казахстанские исследователи фиксируют: медиапространство республики переживает активную трансформацию под давлением глобальных цифровых платформ, и молодёжь всё чаще формирует свои представления об истории именно через интернет, а не через учебники [1, с. 168]. Это само по себе не плохо - но только при условии, что эта молодёжь умеет критически оценивать то, что смотрит.

Что такое «альтернативная история» на YouTube. Прежде всего нужно разграничить понятия. «Альтернативная история» как литературный жанр - это вполне легитимное интеллектуальное упражнение: что было бы, если бы Наполеон победил при Ватерлоо? Такие книги и фильмы никого не обманывают - они изначально маркированы как фантастика.

Но на YouTube под вывеской «альтернативной истории» нередко скрывается нечто принципиально иное: контент, который всерьёз утверждает, что «официальная история - это ложь», что «учёные скрывают правду» или что «все события были не такими, какими их преподносят в школе». Это уже не художественный эксперимент, а целенаправленное переписывание прошлого.

Такой контент, как правило, имеет характерный набор риторических приёмов. Во-первых, апелляция к «замалчиваемым доказательствам» - зрителю обещают рассказать то, о чём «боятся говорить вслух». Во-вторых, избирательное цитирование: из массива исторических источников берётся одна цитата, вырванная из контекста, и подаётся как опровержение всей научной концепции. В-третьих, визуальная убедительность: хорошо смонтированное видео с красивой инфографикой воспринимается как более достоверное, чем текст, даже если фактическое содержание абсурдно. Именно это последнее обстоятельство делает видео платформы особенно благоприятной средой для псевдоисторических нарративов.

Казахстанские исследователи, изучавшие медиа потребление студентов ведущих университетов страны, зафиксировали показательную тенденцию: молодые люди активно используют интернет-источники, критически оценивают государственные СМИ - но при этом нередко принимают за достоверные именно те материалы, которые производят впечатление «независимых»[2, с. 81]. Парадокс состоит в том, что навык скептицизма по отношению к официальным медиа не автоматически порождает умение распознавать псевдонауку в красиво упакованном YouTube-ролике.

Отдельную категорию представляет контент, эксплуатирующий законный исторический спор. Действительно, история - не точная наука: интерпретации событий меняются, новые источники открывают новые версии. Псевдоисторические каналы умело используют эту особенность, выдавая маргинальные или полностью выдуманные «версии» за часть нормальной научной дискуссии. Зрителю сложно отличить реальные академические

разногласия от сфабрикованных - и именно этот зазор становится точкой входа для дезинформации.

Почему алгоритм работает против пользователя. Чтобы понять, как альтернативно-исторический контент завоёвывает аудиторию, нужно разобраться в том, как устроен YouTube изнутри. Платформа существует на рекламных доходах, которые прямо пропорциональны времени, проведённому пользователем на сайте. Следовательно, алгоритм рекомендаций настроен на максимизацию вовлечённости - и именно этим объясняется его склонность предлагать всё более «острый» контент.

Механизм прост. Если пользователь посмотрел видео о «загадках Великой пирамиды», алгоритм предложит ему следующее - немного более радикальное. Потом ещё одно. Так формируется то, что исследователи называют «кроличьей норой»: человек, зашедший из любопытства посмотреть занимательное видео об истории, постепенно оказывается в информационном пузыре, где одна псевдонаучная концепция подкрепляет другую.

Отечественные и российские исследователи медиасреды фиксируют схожую закономерность: информационные риски пост современного общества связаны в том числе с разрушением традиционных механизмов передачи социального опыта - тех самых каналов, через которые из поколения в поколение передавались проверенные представления об истории [4, с. 114]. Видео платформы заполняют этот вакуум - но зачастую контентом, лишённым какой-либо верификации.

Существенно и то, что вовлечённость аудитории у подобного контента, как правило, высокая: конспирологические нарративы вызывают сильные эмоции - удивление, возмущение, ощущение причастности к «тем, кто знает правду». Всё это провоцирует комментарии, лайки и репосты, которые алгоритм интерпретирует как сигнал качества и продвигает видео дальше.

Риски: что происходит с аудиторией. Я бы выделил четыре основных вида ущерба, который систематическое потребление альтернативно-исторического контента наносит аудитории.

Первый - деформация исторической памяти. Это, пожалуй, самый очевидный риск. Видео, отрицающее общепризнанные факты - масштабы репрессий, причины исторических катастроф, роль тех или иных народов в мировой истории - при массовом и систематическом потреблении формирует искажённое представление о прошлом. Особенно уязвима молодая аудитория, у которой ещё нет сформированной системы исторических знаний, которая могла бы служить «фильтром».

Второй - эрозия доверия к академическим институтам. Псевдоисторический контент неизменно строится на противопоставлении «официальной лжи» и «скрытой правды». Постепенно у зрителя формируется установка: университеты, учёные, учебники - это инструменты манипуляции, а истину надо искать у «независимых блогеров». Такая установка, распространяясь за пределы исторической темы, подрывает доверие к науке в целом - в том числе к медицине, экологии, климатологии.

Третий - политические манипуляции. Альтернативно-историческая риторика нередко служит инструментом политической мобилизации: создавая образ «скрытой правды» о прошлом, авторы готовят аудиторию к восприятию столь же радикальных нарративов о настоящем. Псевдоисторический ролик, набравший миллион просмотров, формирует не только взгляды на прошлое - он формирует привычку воспринимать «разоблачения» как норму политического дискурса. Это явление выходит далеко за пределы истории как учебного предмета.

Четвёртый - снижение медиа грамотности как компетенции. Это риск системного характера. Чем больше человек потребляет контент, в котором сенсационность заменяет аргументацию, тем сложнее ему воспринимать материалы, требующие внимания, усидчивости и готовности к неоднозначным выводам. Иными словами, «информационная диета» из альтернативно-исторических роликов снижает способность человека работать с качественными источниками - не только по истории, но и вообще.

Возможности: YouTube как инструмент просвещения. Было бы несправедливо рисовать YouTube исключительно чёрной краской. При всех описанных рисках платформа обладает потенциалом, который трудно переоценить - и именно поэтому за него стоит бороться, а не просто жаловаться.

Главное преимущество - демократизация доступа к знанию. Лекция профессора Гарварда или Оксфорда, которая ещё двадцать лет назад была доступна только студентам этих университетов, сегодня находится в открытом доступе для любого человека с интернетом. Это касается и истории: на YouTube можно найти выступления ведущих историков, архивные съёмки, документальные фильмы высокого уровня. Для студентов из регионов, где библиотечные фонды ограничены, а качественных преподавателей не хватает, это по-настоящему ценный ресурс.

Казахстанские исследователи, анализировавшие внедрение цифровых технологий в преподавание истории в школах республики, зафиксировали положительный эффект от использования образовательных видео платформ: ученики демонстрируют более высокую вовлечённость при работе с видеоматериалами, чем при чтении параграфа учебника [5, с. 39]. Вопрос в том, какое именно видео они смотрят.

Вторая возможность - это использование самой платформы для противодействия псевдонауке. Ряд историков, музейных работников и просветителей целенаправленно создаёт контент, разбирающий популярные мифы с опорой на источники и академическую методологию. Такие каналы нередко набирают многомиллионную аудиторию - это означает, что зрители готовы смотреть качественный исторический контент, если он сделан интересно. Иными словами, у академической истории есть шанс выиграть конкуренцию за внимание зрителя - но для этого нужно говорить на языке, который этот зритель готов воспринимать.

Третья возможность - YouTube как пространство для развития критического мышления. Само сосуществование научных и псевдонаучных роликов на одной платформе создаёт потенциал для учебных упражнений. На занятиях по истории, медиа грамотности или обществознанию можно разбирать конкретные видео: что в них достоверно, какие манипулятивные приёмы используются, какие источники можно противопоставить тем или иным утверждениям. Такой подход переводит YouTube из источника угрозы в учебный инструмент.

Показательно, что лучшие образовательные каналы на YouTube - вне зависимости от языка - объединяет общая черта: их авторы не просто рассказывают факты, они показывают, как эти факты получены. Ссылки на источники, объяснение методологии, честное признание пробелов в знаниях - всё это формирует у зрителя не просто информированность, а понимание того, как работает историческое знание. Это и есть то, чего лишён псевдоисторический контент - и именно этим он принципиально отличается от качественного.

Медиа грамотность: что конкретно нужно знать и уметь. Говорить о медиа грамотности - значит говорить о конкретных навыках, а не об абстрактном «умении думать критически». Я хотел бы выделить несколько компетенций, которые непосредственно важны при работе с историческим контентом на YouTube.

Первое - умение проверять источники, на которые ссылается автор. Типичный приём псевдоисторического ролика - ссылка на «исследования учёных», без указания имён, институтов и публикаций. Подготовленный зритель задаёт простой вопрос: кто именно это сказал, где это опубликовано, можно ли это проверить?

Второе - понимание алгоритмической логики платформы. Исследователи медиапространства Казахстана подчёркивают: молодые люди активно используют цифровые инструменты, но зачастую не осознают, что рекомендательные алгоритмы формируют их информационный рацион исходя из собственных коммерческих задач, а не из соображений достоверности [2, с. 83]. Понимание этого механизма - первый шаг к освобождению от него.

Третье - базовые знания об исторической методологии. Чем отличается исторический источник от интерпретации? Почему один и тот же документ разные историки читают по-разному? Почему отсутствие упоминания о событии в источниках не означает, что его не было? Ответы на эти вопросы составляют азбуку исторической грамотности - и они крайне важны для противостояния псевдоисторическому контенту.

Исследование медиа грамотности студентов, проведённое в российских университетах, показало тревожную картину: даже учащиеся гуманитарных специальностей нередко испытывают трудности с верификацией информации в интернете и не осознают угрозы, которую представляет деструктивный контент [3, с. 184]. Это означает, что медиа грамотность не возникает сама по

себе - её нужно целенаправленно формировать в рамках образовательного процесса.

Четвёртое - и, пожалуй, самое трудное - это навык «критического игнорирования». Речь идёт об осознанном выборе: не реагировать на провокационные заголовки, не позволять алгоритму затягивать в «кроличью нору». В конечном счёте информационная гигиена - это вопрос самодисциплины, но самодисциплины осознанной, основанной на понимании того, как работают механизмы манипуляции.

Кто несёт ответственность. Вопрос ответственности - один из самых неудобных в сфере цифрового контента. YouTube, в отличие от газеты или телевидения, не имеет редакции, которая проверяет контент до публикации. Каждый может залить любое видео - и миллионы зрителей увидят его раньше, чем платформа успеет отреагировать. Модерация есть, но она работает по факту - контент, набравший распространение, удаляется значительно позже. При этом автор ролика, как правило, несёт минимальные последствия - запрет на монетизацию рекламы как максимальное наказание.

Несмотря на очевидность этой проблемы, однозначного ответа здесь нет. Цензура контента несёт риски цензуры злоупотребления - в частности, опасность удаления легитимного контента по ошибочным критериям. Открытость платформы - её безусловное достоинство, и оно не должно быть принесено в жертву борьбы с псевдонаукой. Хуже того - такая борьба может стать инструментом политического давления, а не средством защиты интеллектуальной честности.

Наиболее перспективный вариант - не цензура, а прозрачность. Где альтернативно-исторический ролик рядом имеет академический контраргумент, зритель имеет возможность самостоятельно сделать вывод. Именно это должно быть целью: не защитить зрителя от псевдонауки, запретив её, а дать ему инструменты, чтобы он разобрался сам.

Ответственность контент-креатора - другой уровень. Человек, который выкладывает в интернет видео с явно ложными историческими утверждениями, несёт реальную ответственность - и эту ответственность необходимо формулировать в правовом и социальном контексте. Аналогия с прессой понятна: журналист, опубликовавший ложь, несёт последствия - будь то профессиональные или правовые. Точно так же должно работать с интернет-контентом. Формирование культуры ответственного цифрового гражданства входит в число приоритетных направлений медиаобразования в центральноазиатских странах, включая Казахстан [5, с. 42].

Вывод. Я начал эту статью с образа студента, которому YouTube предлагает очередной псевдоисторический ролик. Финал этой истории определяется не алгоритмом платформы и не политикой компании, а тем, насколько этот студент подготовлен к встрече с подобным контентом. Подготовлен - значит умеет задать правильные вопросы, знает, где искать проверяемые источники, и понимает, как работает информационная среда, в которой он существует.

YouTube как платформа-инструмент. Инструменты не бывают хорошими или плохими сами по себе. На одной и той же площадке рядом существуют ролики, разрушающие представления о прошлом, и ролики, которые возвращают к истории интерес - живой, неравнодушный, основанный на реальных документах и серьёзных исследованиях. Задача образования - научить различать их.

Для Казахстана, переживающего активное становление медиапространства в условиях глобального информационного давления, этот вопрос стоит особенно остро. Отечественные исследователи указывают на необходимость выработки системных подходов к медиаобразованию, которые позволят молодёжи сохранять критическое мышление, не отказываясь при этом от возможностей, которые даёт цифровая среда [1, с. 174]. С этим трудно не согласиться - и хочется верить, что работа в этом направлении будет продолжаться.

Список использованных источников:

1. Фадеева А., Кинфу З.Т. Функциональные особенности медиапространства Казахстана в условиях глобализации // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Литературоведение. Журналистика. - Москва, 2020. - Т. 25, № 1. - стр. 168-176.

2. Сулейменова А., Жусупова А. Медиапотребление и формирование идентичности молодых лидеров Казахстана в цифровую эпоху // Вестник КазНУ. Серия журналистики. - Алматы, 2025. - Т. 152, № 3. - стр. 78-89.

3. Салганова Е.И., Щетинина Е.В., Бредихин С.С. Медиаграмотность студентов в эпоху постправды // Galaktika Media: журнал медиаисследований. - Москва, 2023. - Т. 5, № 3. - стр. 183-190.

4. Макаренко Е.А., Черкасевич Л.В. Современные информационные социальные риски в эпоху постмодерна // Вестник университета. - Москва, 2022. - № 4. - стр. 112-120.

5. Жолтецкий Д.А. Использование современных цифровых технологий в процессе обучения истории в школе // Вестник КазНУ. - Алматы, 2024. - № 1. - стр. 37-43.

ҒТАМА 11.25.31

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ӘСКЕРИ САЛАДАҒЫ ДАМУЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖАҢА ҚАУІП ПЕ?

Қуанышбаева А.А., Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
almakuanysbaeva5@icloud.com

Аннотация. Зерттеуде жасанды интеллекттің халықаралық қауіпсіздік жүйесіне әсері кешенді түрде қарастырылып, оның заманауи қауіптер мен мүмкіндіктердің арақатынасын айқындаудағы рөлі негізделеді. Автор жасанды интеллекттің әскери және стратегиялық салаларда кеңінен қолданылуы мемлекеттердің қорғаныс қабілетін арттырумен қатар, жаңа қауіпсіздік дилеммаларын қалыптастыратынын атап өтеді. Мақалада әдіснамалық тұрғыдан талдау, салыстыру және жүйелеу әдістері қолданылып, солардың негізінде жасанды интеллекттің әртүрлі бағыттар бойынша әсері құрылымдық түрде жіктеледі. Атап айтқанда, киберқауіпсіздік саласында интеллектуалды жүйелердің шабуылдарды ерте анықтау, деректерді жедел өңдеу және тәуекелдерді болжау мүмкіндіктері жоғары бағаланады. Сонымен қатар, стратегиялық жоспарлау үдерістерінде жасанды интеллектті қолдану шешім қабылдаудың дәлдігі мен жеделдігін арттыратыны көрсетілген. Сонымен бірге зерттеуде технологиялық бәсекелестіктің күшеюі, автономды қару-жарақ жүйелерінің дамуы және кибершабуылдардың күрделенуі сияқты тәуекелдерге ерекше назар аударылады. Автор бұл факторлардың халықаралық тұрақтылыққа теріс әсер етуі мүмкін екенін және жаһандық қауіпсіздік архитектурасын қайта қарауды талап ететінін негіздейді. Қорытынды бөлімде халықаралық-құқықтық реттеуді жетілдіру, мемлекеттер арасындағы сенім шараларын нығайту және жасанды интеллектті пайдаланудың бірыңғай этикалық стандарттарын қалыптастыру қажеттілігі атап өтіледі. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллектті қауіпсіз әрі жауапты қолдану халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігіне тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, халықаралық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, стратегиялық жоспарлау, халықаралық құқық, ақпараттық қауіпсіздік, технологиялық бәсекелестік, жаһандық тұрақтылық.

Кіріспе. Қазіргі таңда, әскери салада жасанды интеллект әртүрлі мақсатта қолданылуда. Бұл шешім қабылдау тиімділігін арттыруға, ақпаратты өңдеуге және әртүрлі жүйелерді басқаруға мүмкіндік беретін технологиялар кешені ретінде қарастырылады. Оның қолданылуындағы негізгі бағыттардың бірі – киберқауіпсіздік. Бұл салада машиналық оқыту алгоритмдері мен үлкен деректерді талдау әдістері желілік трафиктегі қателіктерді анықтауға, зиянды әрекеттерді айқындауға, ықтимал кибершабуылдарды болжауға және қауіп-

қатерлерге автоматты түрде жауап беруге қолданылады. Бұл, әсіресе, мемлекеттер мен ұйымдар арасындағы заманауи цифрлық қарсы тұру жағдайында аса маңызды. Себебі, әскери ақпараттық жүйелер, байланыс арналары және қарулы күштерді басқару инфрақұрылымы тұрақты киберқысым нысанына айналып, зияткерлік талдау жүйелері мен бейімделгіш қауіпсіздік тетіктеріне негізделген жоғары деңгейдегі қорғауды талап етеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект әскери логистика мен стратегиялық жоспарлау саласына да белсенді түрде енгізілуде. Бұл жерде ол ресурстарды бөлуді оңтайландыруға, жабдықтау қажеттіліктерін болжауға, техника, қару-жарақ және азық-түлік жеткізу маршруттарын талдауға, ауа райы жағдайларын, географиялық шектеулер мен тәуекелдерді ескеруге, сондай-ақ операциялардың даму сценарийлерін модельдеуге көмектеседі. [1]

Бұдан бөлек, ұшқышсыз ұшу аппараттарын, автономды дрондарды және роботтандырылған жүйелерді әзірлеу мен пайдалану барысында жасанды интеллектке ерекше мән беріледі. Мұндай жүйелер барлау жүргізу, бақылау, патрульдеу, миналарды залалсыздандыру, жүк жеткізу, тіпті, адамның қатысуын барынша азайта отырып, жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу сияқты міндеттерді орындай алады. Олар компьютерлік көру технологияларымен, объектілерді тану алгоритмдерімен, навигация және автономды басқару жүйелерімен жабдықталады. Әрі, бұл оларға ұрыс алаңының күрделі, әрі, өзгермелі жағдайларында тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай жүйелер желілік операциялар аясында өзара үйлесімді әрекет етіп, «дрондар тобы» (рой) деп аталатын құрылымдар құра алады. Бұл қарсыласты барлау және әлсірету міндеттерін тиімді орындауға жол ашады. Ал, жасанды интеллект халықаралық қауіпсіздікті нығайтудың маңызды құралына біртіндеп айналуда. Себебі, заманауи деректерді талдау жүйелері мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға ықтимал қауіп-қатерлерді жедел анықтауға, дағдарыстардың даму барысын болжауға және жаһандық саясат пен қорғаныс саласында неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тұста, машиналық оқыту технологияларын да атап өткен жөн. Себебі, ол әртүрлі дереккөздерден, атап айтқанда, спутниктік суреттерден, ашық деректерден, дипломатиялық хабарламалардан және экономикалық көрсеткіштерден алынатын ауқымды ақпарат көлемін өңдеуге жағдай жасайды. Соның нәтижесінде, қақтығыстар, террористік белсенділік және гуманитарлық дағдарыстар туралы ерте ескерту жүйелерінің дәлдігі артады. Ал, бұл өз кезегінде халықаралық институттардың уақытылы араласуына және қарулы қақтығыстардың ушығу қаупінің төмендеуіне ықпал етеді. [2]

Материалдар мен әдістер. Басқа маңызды бағыттардың бірі – халықаралық шарттардың сақталуын бақылау, қару-жарақты реттеу және әскери техниканың қозғалысын қадағалау үшін зияткерлік жүйелерді пайдалану. Компьютерлік көру мен талдау алгоритмдері стратегиялық маңызды нысандардағы күмәнді өзгерістерді дәстүрлі барлау әдістеріне қарағанда әлдеқайда жылдам анықтай алады, бұл мемлекеттер арасындағы

сенімді нығайтып, түсінбеушіліктер немесе жасырын түрде әскери қуатты арттыру ықтималдығын азайтады. Сонымен қатар, жасанды интеллект халықаралық деңгейдегі киберқауіпсіздікте де маңызды рөл атқарады. Себебі, қазіргі мемлекеттер мен инфрақұрылымдар цифрлық жүйелерге барған сайын тәуелді бола түсуде. Ал, зияткерлік алгоритмдер күрделі кибершабуылдарды анықтап, желілік трафиктегі ауытқуларды автоматты түрде талдап, зиянды бағдарламалардың таралуының алдын алуға қабілетті. Бұл энергетикалық желілер, қаржы жүйелері және коммуникациялық платформалар сияқты аса маңызды нысандарды ауқымды істен шығулар мен шабуылдардан қорғауға мүмкіндік береді. [3]

Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды қыры – халықаралық гуманитарлық ұйымдардың төтенше жағдайларға тиімді әрекет етуіне көмектесуі. Табиғи апаттар, халықтың жаппай көшуі және індеттер кезінде болжау модельдері тәуекелдерді алдын ала бағалауға, ресурстарды дұрыс бөлуге және әртүрлі елдердің іс-қимылдарын үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, ынтымақтастықты нығайтып, дағдарыстардың әлемдік тұрақтылыққа тигізетін кері әсерін азайтады. Сондай-ақ, жасанды интеллектті дипломатиялық және талдамалық үдерістерге енгізу халықаралық үрдістерді тереңірек түсінуге ықпал етеді. Зияткерлік жүйелер әртүрлі мемлекеттердің саяси мәлімдемелерін, қоғамдық көңіл-күйін және экономикалық көрсеткіштерін талдай отырып, сарапшыларға жасырын заңдылықтарды және жаһандық жүйедегі ықтимал шиеленіс ошақтарын анықтауға көмектеседі. Бұл келіссөздер мен көпжақты ынтымақтастық тетіктері арқылы қақтығыстардың алдын алуға қосымша мүмкіндіктер ашады. Болашақта жасанды интеллекттің дамуы халықаралық өзара іс-қимылдың және ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа нысандарын қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Технологиялар саласындағы бірлескен жобалар, деректер алмасу және жасанды интеллектті қолданудың бірыңғай стандарттарын әзірлеу мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтып, бейбітшілік пен жаһандық тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық реттеу тетіктерін дамытуға серпін береді.

Бірақ, жасанды интеллект халықаралық қауіпсіздікке теріс әсер де етуі мүмкін. Себебі, оның дамуы мемлекеттер арасындағы технологиялық бәсекелестікті күшейтіп, жаһандық қарулану жарысының жаңа түрін ынталандырады. Әрі қарай, елдер анағұрлым жетілдірілген автономды жүйелер, талдамалық алгоритмдер және машиналық оқытуға негізделген әскери технологиялар арқылы артықшылыққа қол жеткізуге ұмтылады. Осындай жағдайларда мемлекеттердің қорғаныс саласына жеткілікті деңгейде сынақтан өтпеген жүйелерді жедел енгізу қаупі артады. Бұған автономды қару-жарақ пен алгоритмдерге негізделген шешім қабылдау жүйелері жатады. Бұл, өз кезегінде, жағдайды қате бағалауға, деректерді дұрыс түсіндірмеуге немесе тіпті мемлекеттер арасындағы қақтығыстың кездейсоқ ушығуына алып келуі мүмкін. Қосымша қауіп ретінде жасанды интеллектті халықаралық деңгейдегі ақпараттық және психологиялық операцияларда пайдалану мүмкіндігін атап өтуге болады. Алгоритмдер ауқымды дезинформациялық

науқандарды жүргізуге, шынайы көрінетін жалған материалдар жасауға, қоғамдық пікірді манипуляциялауға және басқа мемлекеттердің саяси үдерістеріне араласуға қабілетті. [4]

Киберқауіптердің өсуі де кезекті маңызды мәселе болып табылады. Себебі, жасанды интеллект тек қорғаныс үшін ғана емес, сонымен қатар анағұрлым күрделі әрі бейімделгіш кибершабуылдарды әзірлеу үшін де қолданылуы мүмкін. Мұндай шабуылдар дәстүрлі қауіпсіздік жүйелерін айналып өтіп, инфрақұрылымдағы осал тұстарды автоматты түрде анықтап, мемлекеттік мекемелерге, экономикаға және халықаралық коммуникациялық жүйелерге елеулі зиян келтіруі ықтимал. Сондай-ақ, технологиялық артықшылықтың шектеулі елдер мен ірі технологиялық корпорациялар қолында шоғырлану қаупі бар. Бұл жаһандық теңсіздікті күшейтіп, халықаралық саясаттағы күштер тепе-теңдігін бұзады. Жасанды интеллект инфрақұрылымы дамыған мемлекеттер әлемдік экономикаға, ақпараттық ағындарға және стратегиялық үдерістерге ықпал етудің қосымша тетіктеріне ие болады. Қауіпсіздік саласында алгоритмдерді қолдану ашықтықтың жеткіліксіздігі мен есеп берушіліктің төмендігі сияқты мәселелермен де қатар жүреді. Күрделі модельдер қабылдайтын шешімдерді түсіндіру немесе тексеру әрдайым оңай емес, бұл халықаралық бақылау мен құқықтық реттеуді қиындатады. Болашақта әскери және саяси салада жасанды интеллектті пайдалануға қатысты бірыңғай жаһандық нормалар мен келісімдердің болмауы мемлекеттер арасындағы сенімсіздіктің күшеюіне, шиеленістің артуына және тек дәстүрлі ресурстар мен аумақтарға ғана емес, сонымен қатар деректерге, алгоритмдерге және технологиялық үстемдікке байланысты жаңа қақтығыс түрлерінің пайда болуына әкелуі мүмкін.

Жасанды интеллектті халықаралық деңгейде реттеу және соған байланысты құқықтық мәселелер барған сайын өзекті бола түсуде. Себебі, бұл технология тек экономикалық және ғылыми салаларға ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздікке, адам құқықтарына, деректерді қорғауға және мемлекетаралық қатынастарға тікелей әсер етеді. Осыған байланысты көптеген елдер жасанды интеллектті қолдану шектерін айқындайтын құқықтық нормаларды қалыптастыруға ұмтылуда. Алайда, негізгі мәселелердің бірі – технологиялардың өте жылдам дамуы және ұлттық заңнамалар арасындағы елеулі айырмашылықтар. Бұл бірыңғай халықаралық стандарттарды енгізуді қиындатады. Сонымен қатар, кейбір мемлекеттер инновацияларды шектемеу мақсатында қатаң реттеуден бас тартса, енді біреулері қауіпсіздік пен этика саласында бақылауды күшейтуді қолдайды.

Жасанды интеллект саласындағы халықаралық келісімдер де біртіндеп қалыптасып келеді. Қазіргі уақытта толыққанды әмбебап жаһандық шарт әлі жоқ болғанымен, әртүрлі өңірлік және көпжақты бастамалар жүзеге асырылуда. Мемлекеттер технологияларды жауапкершілікпен пайдалану қағидаттарын бекітуге, қауіпсіздік стандарттарын үйлестіруге және жасанды интеллекттің адам құқықтарына әсерін бақылауға бағытталған декларациялар мен ұсынымдар қабылдауда. Мұндай келісімдер көбіне міндетті құқықтық

актілерден гөрі, қағидалар мен нормалар жүйесі ретінде көрініс табады. Алайда, уақыт өте келе, олар автономды қарулы жүйелер, алгоритмдік шешім қабылдау және деректерді халықаралық деңгейде басқару мәселелерінде халықаралық құқықтың жаңа бағыттарының қалыптасуына негіз болуы мүмкін. [5]

Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде де жасанды интеллект мәселесі белсенді түрде талқылануда. Себебі, бұл ұйым халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі алаңдардың бірі болып табылады. БҰҰ аясында сарапшылар топтары, жұмыс құрылымдары және мемлекет өкілдері жасанды интеллекттің әскери қолданылуы, киберқауіпсіздік, этикалық қағидаттар және жаһандық басқару модельдері мәселелері бойынша пікір алмасуда. Әсіресе, автономды қарулы жүйелерді шектеу немесе реттеу мәселесіне ерекше назар аударылады, себебі көптеген елдер олардың бақылаусыз дамуы халықаралық тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін деп есептейді. Осыған байланысты, БҰҰ алаңында мемлекеттер ортақ ережелер мен жауапкершілік тетіктерін әзірлеу жолдарын іздестіруде.

Нәтижелер. Болашақта жасанды интеллекттің халықаралық саясаттағы рөлі одан әрі арта түседі деп күтілуде, себебі, технологиялық қуат мемлекеттердің стратегиялық ықпалының маңызды факторына айналуда. [6] Сарапшылардың пікірінше, алдағы жылдары жасанды интеллект саласында мемлекеттер арасында бір мезгілде ынтымақтастық та, бәсекелестік те қатар дамуы мүмкін. Бір жағынан, халықаралық ұйымдар мен коалициялар қауіпсіз стандарттарды енгізуге және тәуекелдерді азайтуға ұмтылса, екінші жағынан, ірі державалар технологиялық артықшылыққа қол жеткізу мақсатында ғылыми зерттеулер мен инновацияларға инвестицияларды арттыра түседі. Мұндай жағдай жаңа дипломатиялық бағыттардың қалыптасуына, деректер мен алгоритмдерге қатысты геосаяси келісімдердің пайда болуына, сондай-ақ технологиялық дамумен тығыз байланысты халықаралық құқықтың жаңаруына алып келуі мүмкін.

Жасанды интеллекттің халықаралық қауіпсіздік контекстіндегі оң және теріс әсерлерін салыстыру бұл технологияның бір мезгілде мемлекеттердің қауіп-қатерлердің алдын алу мүмкіндіктерін арттырып, сонымен қатар жаһандық тұрақтылық үшін жаңа тәуекелдер туындататынын көрсетеді. Үлкен деректерді талдау, қақтығыстарды болжау және халықаралық ахуалды мониторингтеу жүйелері қауіпті үрдістерді жедел анықтауға, террористік актілердің дайындалуын әшкерелеуге, қарудың таралуын бақылауға және халықаралық ұйымдардың іс-қимылдарын үйлестіруге мүмкіндік береді. Алайда, дәл осы технологиялық құралдар автономды қару-жарақтарды әзірлеу, кибершабуылдар жүргізу және ауқымды ақпараттық операцияларды іске асыру үшін де қолданылуы мүмкін. Бұл қақтығыстардың ушығу ықтималдығын арттырып, мемлекеттер арасындағы стратегиялық тепе-теңдік жүйесін күрделендіреді. [7]

Жасанды интеллекттің алдыңғы технологиялық революциялардан басты айырмашылығы – оның енгізілу жылдамдығы және қауіпсіздіктің бірнеше

саласына бір мезгілде әсер ету қабілеті. Атап айтқанда, әскери, ақпараттық, экономикалық және саяси бағыттардың барлығына ықпал етуі халықаралық қауымдастық алдында жаңа бақылау және реттеу тетіктерін қалыптастыру қажеттілігін туындатады. Бұл тетіктер бір жағынан инновацияларды қолдаса, екінші жағынан қауіп-қатерлерді барынша азайтуға бағытталуы тиіс. Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы жағдайында халықаралық қауіпсіздікті сақтау үшін кешенді шаралар қажет. Олардың қатарына әскери және азаматтық салаларда алгоритмдерді қолданудың бірыңғай халықаралық стандарттары мен қағидаттарын әзірлеу, мемлекеттер арасында ақпарат алмасудың ашық тетіктерін қалыптастыру, автономды қару жүйелеріне бақылауды күшейту және жаңа технологияларды енгізу алдында тәуекелдерді міндетті түрде бағалау рәсімдерін енгізу жатады. Сонымен қатар, киберқауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту ерекше маңызға ие. Себебі, көптеген қауіптер трансұлттық сипатқа ие және оларды бір ғана мемлекеттің күшімен тиімді түрде бейтараптандыру мүмкін емес. Бұдан бөлек, жасанды интеллектті пайдалану арқылы қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті айқындайтын, адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін және мемлекеттер мен ірі технологиялық компаниялар тарапынан болатын теріс пайдаланудың алдын алатын этикалық және құқықтық нормаларды қалыптастыру маңызды бағыт болып табылады. [8]

Сондай-ақ, халықаралық деңгейде тексеруге және бақылауға болатын неғұрлым сенімді әрі түсіндірілетін алгоритмдерді жасауға бағытталған ғылыми зерттеулерге инвестиция салу қажет. Бұл ретте мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, университеттер және жеке сектор арасындағы ынтымақтастықты кеңейту айрықша рөл атқара алады. Өйткені дәл осындай көпжақты технологиялық басқару моделі сенімсіздік деңгейін төмендетіп, қарқынды өзгеріп жатқан технологиялық орта жағдайында неғұрлым тұрақты жаһандық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. [9]

Қорытындылар. Қорытындылай келе, жасанды интеллект қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесінің трансформациясының негізгі факторларының біріне айналуда. Оның әскери, аналитикалық және басқарушылық салаларға енгізілуі мемлекеттердің қауіптердің алдын алу мүмкіндіктерін едәуір кеңейтіп, шешім қабылдау тиімділігін арттыруға және жаһандық деңгейде тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сонымен қатар, аталған технологиялардың дамуы бірқатар маңызды тәуекелдермен қатар жүреді. Олардың қатарына технологиялық бәсекелестіктің күшеюі, автономды қару түрлерінің пайда болуы, киберқауіптердің артуы, сондай-ақ алгоритмдерді ақпараттық-психологиялық операцияларда қолдану жатады. Жасанды интеллекттің ықпалының қайшылықты сипаты оны пайдалануда теңгерімді көзқарасты қалыптастыруды талап етеді. Мұндай тәсіл халықаралық ынтымақтастық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарына негізделуі тиіс.

Интеллектуалдық жүйелерді қолдануды реттейтін бірыңғай құқықтық және этикалық нормаларды әзірлеуге, сондай-ақ оларды әскери салада

пайдалану бойынша бақылау тетіктерін құруға ерекше көңіл бөлінді. Алдағы уақытта, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттердің технологиялар саласында тиімді өзара іс-қимыл нысандарын қалыптастыру қабілетіне, ықтимал қауіптерді барынша азайтуына және жасанды интеллекттің артықшылықтарын бейбітшілік пен орнықты дамуды қолдау үшін тиімді пайдалануына тікелей байланысты болады. [10]

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Гнатик Е. Н. Милитаризация систем искусственного интеллекта: возможности и угрозы //Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Философия. – 2024. – Т. 28. – №. 3. – С. 771-784.

2. Матвеева И. П., Морозов А. В., Небродовская-Мазур Е. Ю. Технологии «искусственного интеллекта»: перспективы развития и социально-психологические угрозы //Телескоп: журнал социологических и маркетинговых исследований. – 2025. – №. 3. – С. 58-64.

3. Казеян Х. А., Арутюнян Г. Э. Проблемы применения искусственного интеллекта в военном управлении //Управленческое консультирование. – 2023. – №. 6 (174). – С. 34-45.

4. Масатулы Х. А. Правовое регулирование применения искусственного интеллекта в военной сфере: опыт Китая //Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. – 2024. – №. 4 (79). – С. 300-308.

5. Козюлин В. Б., Сидорова Л. Н. Влияние искусственного интеллекта на потенциал военной мощи на примере двух Корей //Известия Восточного института. – 2025. – №. 1 (65). – С. 38-49.

6. Беликова К. М. Направления и перспективы развития и применения искусственного интеллекта в военной сфере в ЮАР //Право и политика. – 2021. – №. 9. – С. 1-23.

7. Беликова К. М. Основа правового регулирования развития и применения искусственного интеллекта в военной сфере Китая в контексте государственной стратегии и охраны авторских и патентных прав //Пробелы в российском законодательстве. Юридический журнал. – 2020. – №. 5. – С. 223-233.

8. Абросимов В. К. Искусственный интеллект и проблемы развития вооружения и военной техники //Вооружение и экономика. – 2021. – №. 2. – С. 5-21.

9. Fawkes A. J. Developments in artificial intelligence: Opportunities and challenges for Military modeling and simulation //Proceedings of the 2017 NATO M&S symposium. – 2017. – Т. 11. – №. 1-12.

10. Gaire U. S. Application of artificial intelligence in the military: An overview //Unity Journal. – 2023. – Т. 4. – №. 01. – С. 161-174.

ҒТАМА 11.25.40

СИРЕК ЖЕР МЕТАЛДАРЫ – ҚЫТАЙДЫҢ ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫҚПАЛЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Мажит Ш.А., Астана халықаралық университеті,Астана қ., Қазақстан
mazhit.shyla@bk.ru

Аннотация: Бұл мақалада сирек жер металдарының қазіргі әлемдік экономикадағы және халықаралық қатынастар жүйесіндегі маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында бұл сирек жер металдарының жоғары технологиядағы рөлі талданады. Сонымен қатар ең маңыздысы Қытайдың бұл саладағы жетекші орны және олардың геоэкономикалық ықпал құралы ретінде қолданылуы қарастырылады. Мақалада Қытайдың бұл ресурстар арқылы жаһандық деңгейде экономикалық артықшылыққа ие болуы және басқа мемлекеттердің оған тәуелділігі. Сондай-ақ, сирек жер металдарына байланысты халықаралық бәсекелестік пен балама көздерді іздеу мәселелері талданады.

Ключевые слова: сирек жер металдары, геоэкономика, Қытай, халықаралық экономика,стратегиялық ресурстар, жоғары технологиялар, жаңартылатын энергия, экспорт, жаһандық нарық.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде әлемдік экономикада табиғи ресурстардың маңызы айтарлықтай күшейіп отыр. Әсіресе сирек жер металдары жоғары технологиялар мен инновациялық өндірістердің ажырамас бөлігіне айналып, стратегиялық ресурстар қатарынан орын алды [2]. Бұл элементтер электроника, әскери өнеркәсіп, телекоммуникация және жаңартылатын энергия көздері сияқты маңызды салаларда кеңінен қолданылатындықтан, олардың жаһандық маңызы күн сайын артып келеді. Соның нәтижесінде сирек жер металдары тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар геосаяси және геоэкономикалық ықпал ету құралы ретінде де ерекше рөл атқара бастады. Сирек жер элементтерінің маңыздылығы, ең алдымен, олардың заманауи технологияларда кеңінен пайдаланылуымен түсіндіріледі. Атап айтқанда, олар жел энергетикасында, күн панельдерін өндіруде және электр көліктерінің аккумуляторлары мен қозғалтқыштарында негізгі компоненттердің бірі болып табылады. Осыған байланысты әлемде «жасыл» экономикаға көшу үдерісі күшейген сайын, сирек жер металдарына деген сұраныс та артып отыр [7] [9]. Бұл өз кезегінде оларды стратегиялық маңызды ресурсқа айналдырып, мемлекеттер арасындағы бәсекелестікті күшейтуде. Әлемдік нарықта сирек жер металдарын өндіру және өңдеу саласында Қытай айқын көшбасшы болып табылады [1] [8]. Бұл ел тек табиғи қорларымен ғана емес, сонымен қатар шикізатты өндіру, өңдеу және экспорттау тізбегін толық бақылау арқылы жаһандық жеткізілім жүйесінде үстемдікке ие. Мұндай жағдай Қытайға басқа мемлекеттердің жоғары технологиялық өндірістеріне

жанама түрде ықпал етуге мүмкіндік береді, өйткені көптеген елдер осы ресурстар бойынша Қытайға тәуелді болып отыр. Сирек жер элементтері өз атауын олардың табиғатта мүлде сирек кездесетіндігінен емес, экономикалық тұрғыдан тиімді кен орындарының сирек шоғырлануынан алған. Негізінде бұл элементтер жер қыртысында никель, мырыш немесе хром сияқты металдармен шамалас деңгейде таралған. Ғылыми тұрғыдан сирек жер элементтеріне Менделеевтің периодтық жүйесіндегі 17 элемент жатады: олардың 15-і лантаноидтар қатарына кірсе, қалған екеуі скандий мен иттрий [4]. Бұл екі элемент химиялық және физикалық қасиеттерінің ұқсастығына байланысты осы топқа қосылады және көбіне бірдей кен орындарында кездеседі. Жер қыртысында салыстырмалы түрде жиі кездесетін сирек жер элементтеріне церий, лантан, неодим және иттрий жатады. Олардың ерекше қасеттеріне жоғары химиялық белсенділік,магниттік, флуоресценция, лазерлік қасиеттер тіпті кейбір жағдайларда айқын өткізгіштік жатады. Осы ерекшеліктері оларды заманауи технологиялар үшін таптырмас материалға айналдырады. Әдетте сирек жер элементтері жеңіл және ауыр топтарға бөлінеді, және табиғатта жеңіл элементтер ауырларға қарағанда жиі кездеседі. Сонымен қатар, нарықта бұл элементтер көбінесе таза металл күйінде емес, олардың оксидтері түрінде ұсынылады. Қытай бұл ресурстарды өзінің сыртқы экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретінде тиімді пайдаланып отыр. Әсіресе «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында сирек жер металдары Қытайдың серіктес елдермен экономикалық байланыстарын нығайтуға және өз ықпалын кеңейтуге мүмкіндік береді. Осы арқылы Қытай жаһандық экономикада өз позициясын күшейтіп, стратегиялық артықшылыққа ие болуда. Осының нәтижесінде сирек жер металдары қазіргі әлемдік саясат пен экономикада маңызды факторға айналды. Олардың айналасындағы бәсекелестік күшейіп, көптеген мемлекеттер бұл ресурстарға тәуелділікті азайту үшін балама жеткізілім көздерін іздеуде. Мұндай үрдістер сирек жер металдарының халықаралық қатынастардағы рөлін одан әрі арттырып, Қытайдың геоэкономикалық ықпалының күшеюіне ықпал етуде.

Осы мақаланың мақсаты сирек жер металдарының қазіргі әлемдік экономика мен халықаралық қатынастардағы рөлін жан-жақты талдап, олардың стратегиялық маңызын көрсету, сондай-ақ Қытайдың осы ресурстар арқылы жаһандық деңгейде геоэкономикалық ықпалын күшейту механизмдерін анықтау.

Әдістер. Бұл зерттеу сирек жер металдарының әлемдік экономикадағы және халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін талдауға бағытталған. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге жүйелік талдау жүргізіліп, отандық және шетелдік авторлардың еңбектері негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Атап айтқанда, сирек жер металдарының жаһандық нарығы, олардың жоғары технологиялардағы маңызы және Қытайдың геоэкономикалық стратегиясы мәселелері қарастырылды.

Нәтижелер. Сирек жер металдарының қолдану тәсілдері

Сирек жер металдары қазіргі заманғы жоғары технологиялық өндірістер үшін аса маңызды стратегиялық ресурс болып есептеледі. Олардың ерекше физикалық және химиялық қасиеттері электроника, телекоммуникациялық құрылғылар, лазерлік және магниттік приборлар, сондай-ақ флуоресценттік және лазерлік техника саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл элементтер жаңартылатын энергетика саласында да шешуші рөл атқарады: олар жел турбиналарының магниттерінде, күн панельдерінде және электр көліктерінің батареяларында негізгі құрамдас бөлік ретінде пайдаланылады. Сирек жер металдарының нақты қолдану мысалы ретінде смартфондарды, әсіресе Apple компаниясының Айфондарын келтіруге болады. Әрбір Айфон құрылғысында бірнеше сирек жер элементтері міндетті түрде қолданылады [2]. **Неодим (Nd)** және **празеодим (Pr)** магниттік компоненттерде, мысалы динамиктер мен вибрациялық моторларда қолданылады, бұл магниттің күшін күшейтіп, құрылғының дыбыс сапасын жақсартады. **Диспрозий (Dy)** магниттердің температураға төзімділігін қамтамасыз етеді, әсіресе экран мен мотордағы магниттер үшін маңызды. **Самарий (Sm)** кейбір арнайы магниттік бөлшектерде қолданылады, бұл жоғары өнімділікті қажет ететін компоненттерге арналған. Ал **иттрий (Y)** экрандардың флуоресценттік қабатында қолданылады, жарық шығару мен түстің нақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, Айфон сияқты құрылғылардың толық жұмыс істеуі осы сирек жер элементтеріне тікелей тәуелді: олар құрылғының магниттік, оптикалық және вибрациялық функцияларын қамтамасыз етіп, өнімділігі мен сапасын жоғарылатады. Бұл мысал сирек жер металдарының тек өндірістік мәні ғана емес, сонымен қатар күнделікті қолданылатын технологиялық өнімдердегі стратегиялық маңызын нақты көрсетеді.

Таблица 1- Сирек жер металдарының қолданылуы

№	Аты	Қолдану тәсілі
1	Тербий (Tb)	Жарық диодтары (экрандар), люминесценттік лампалар және рентген техникасы .
2	Иттрий (Y)	Металл қорытпаларының беріктігі және отқа төзімді болат өндірісі.
3	Иттербий (Yb)	Тот баспайтын болатты қатайту және оның тозуға төзімділігін жақсарту .
4	Гольмий (Ho)	Асқын өткізгіш магниттер, лазерлік технологиялар және атом техникасы .
5	Эрбий (Er)	Металлургиялық қоспалар және атом өнеркәсібі.
6	Тулий (Tm)	Ренген аппаратуралары және ыстыққа төзімді магнитті материалдар .
7	Лютеций (Lu)	Ең ауыр сирек металл, атом өнеркәсібі мен арнайы қорытпаларға қоспа.

Қытайдың сирек жер металдары нарығындағы орны. Қәзіргі таңдағы Қытайдың сирек жер элементтері нарығындағы орны өте ерекше. Әлем бойынша өндіріс жағынан Қытайдың үлесі 63 % асатыны анық. Сонымен қатар тура осы сирек жер металдарының 80 % бақылауға ұстайды, яғни Қытай бізде тек өндіруші емес өңдеу және сауда бойынша өзін басты рөлде ұстайды [1] [8]. Сирек кездесетін 17 металдан тұратыт топ қазіргі заманғы жоғары технологиялардың электроникадан медицинаға дейінгі салалардың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Осыған байланысты, Қытайдың бұл нарықтағы басымдығы тек қаржылық табыс көзі ғана емес, сонымен бірге өзге елдердің өнеркәсібіне әсер етудің тетігі болып табылады. Шын мәнінде, Пекин бұл ресурстарды жаһандық аренада стратегиялық және геоэкономикалық ықпал етудің маңызды құралы ретінде пайдаланып отыр. Қытай соңғы 5-10 жылда сирек жер металдарын өндіру мен экспорттауды шектеу арқылы, квоталарды енгізген. Мысалыға 2010-2011 жылдары квоталардың қысқаруы Жапониядағы экспорттың төмендеуіне алып келді [8]. 2010 жылы Жапонияның өзіндік үлесі 73 % төмендеді. Кейін квоталар қалпына келгеннен кейін 2011 жыды Жапония экспорты 95,6 % көтерілді. Бұл мысал бізде Қытайдың сыртқы нарықта басқа мемлекеттерге әсері барып көрсететеді. Осыған байланысты 2012 жылы АҚШ пен Еуроодақ бірігіп ДСҰ -ға шағым түсірген [5]. Бұл да Қытайдың сирек жер элементтері бойынша саясатында тек экономикалық емес, халықаралық сауда тәртібіне әсер ететін фактор ретінде әрекет ететінін көрсетеді. Қытайдың ішкі сұранысы өскен сайын квоталар кеңейе береді, яғни бұл ел ресурстарды тек өзінің экспорты үшін емес, өзінің өнеркәсіптік дамуы үшін де белсенді пайдаланады.

Сирек кездесетін металдар экспортының Қытай экономикасына әсері. Қытайдың сирек жер элементтерін экспорттау саясаты қарапайым саудадан әлдеқайда терең мағынаға ие және ел экономикасына кешенді мультипликативті әсер етеді. Ұзақ уақыт бойы бағаны жасанды түрде төмендету арқылы Қытай әлемдік нарықтағы басты бәсекелестерін қатардан шығарды [6]. Нәтижесінде, АҚШ пен Австралия сияқты мемлекеттердегі өндіріс орындары тиімсіз болып жабылып, Қытай жаһандық жеткізу тізбегінде абсолютті монополияға ие болды [5] [6].

Бұл басымдық Қытайға шикізаттық бағыттан жоғары технологиялық даму моделіне өтуге мүмкіндік берді. Олар тек шикізат сатумен шектелмей, оны өңдейтін және дайын өнім шығаратын ішкі өнеркәсіпті күшейтті. Осылайша, сирек жер металдары елдің индустриялық және инновациялық секіріс жасауына негізгі қозғалтқыш болды.

Бұған қоса, Қытай бұл ресурстарды шетелдік алпауыт корпорацияларды өз еліне тарту үшін тиімді «қармақ» ретінде пайдаланды. Шикізат тапшылығынан қорыққан көптеген технологиялық компаниялар өз зауыттары мен ғылыми орталықтарын Қытай аумағында ашуға мәжбүр болды. Бұл үдеріс елге орасан зор инвестициялардың құйылуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына алып келді .

Қытай 2009 жылы алғаш рет сирек жер металдарының экспортына шектеулер енгізілген. Бұл шаралар жоғарыда айтылғандай 2011 жылғы бағалардың айтарлықтай өсуіне алып келді. Ал кейбір металдар тапшылығына байланысты 500%-ға дейін қымбаттаған. Эекспорттық шектеулер АҚШ пен Австралияда сирек жер металдарын өндіру жобаларына инвестицияларын тез артуына алып келді. Бұл жағдай әрине Қытайдың осы саладағы монополиясын құлатуға бағытталған. Қытайдың экспорттарға шектеу жасауы, жедел түрде Дүниежүзілік сауда ұйымына жеткізілді. 2012 жылы Жапония, АҚШ және ЕО ДСҰ-ға ресми түрде шағым жасады. Сол кезде Қытай тарапы бұл экспорттық квоталарды табиғи ресурстарды сақтап жәнеде болашақтағы экологияны сақтау қалу мақсатында жасағанын мәлімдеген болатын. Алайды ұйым бұл аргументті қабылдаған жоқ. Бұл саясат негізінде Қытайдың өндіріс салаларын арзан шикізатпен қамтамасыз етіп, олардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегия ретінде қарастырылды. Мұндай экономикалық модель өз өңдеу өнеркәсібін ілгерілетуді көздейтін ресурстарға бай дамушы елдерге тән. Соның дәлелі ретінде, 2008 және 2012 жылдары Еуроодақ Украина мен Ресейдің ДСҰ-ға мүшелікке өтуі кезінде шикізат, әсіресе металл экспортына ешқандай тосқауыл қоймауды басты шарт ретінде бекітеді.

2014 жылдың наурыз айында ДСҰ Қытайдың жасаған әрекетін ресми түрде ұйым ережелеріне сәйкес келмейтінін жариялайды. Бұл шешім Қытайдың бұған дейін боксит пен мырышты қоса алғанда тоғыз түрлі шикізат экспортына шектеу қоюы да халықаралық сауда қағидаларын бұзғаны туралы бұрынғы шешімнің жалғасы болды. Осыған орай көптеген сарапшылардың ойы бойынша АҚШ, Жапония және ЕО жеңісі деп қабылдайды. Себебі олар Қытайдың сирек жер металдарына әділетсіз түрде шектеп, Қытайлық компонияларға негізсіз артықшылық береді деп ойлаған. ДСҰ шешімі АҚШ-тың өңдеуші өнеркәсібіне әділ бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Осыдан кейін ДСҰ сарапшылары мемлекеттердің өзіндік табиғи пайдалану құқығы мен халықарадық сауда арасындағы тепе теңдікті қатаң түрде сақтауды талап ете бастайды. Бұл бізде басқа елдердің баға өзгертуі не болмама экспортты шектеуге қиындықтар туғыза бастады.

Қытай осы оқиғадан соң көптеген жылдар бойы арзан жұмыс күшін пайдаланып жәнеде негізгі пайдалы қазбалар саудасын шектеу шетелдік компанияларды өз аумағына өндіріс ашуға итермеледі [6] [3]. Бұл бізде жұмыс санының артуы және өңдеуші өнеркәсібінің дамуына алып келді. Нәтижесінде Қытай жаһандық қосылған құн тізбектерінде маңызды орын алып, кейбір пікірлерге сәйкес АҚШ пен Еуропаның өндірістік секторларындағы бәсекелестерін ығыстырды.

Сол кездері сирек жер металдары төмен бағада экспортталып, негізінен Жапонияда өңделген кезде енгізілген квоталар Қытайға өзіндік бір пайдасын берді. Бұл шығындар айырмашылығы кейбір Жапон компонияларын өндірісті Қытайға, кен орындарын жақын жерге көшіруге итермеледі. Сонымен қатар

жарияланған басқа мақсаттарға қол жеткізілген жоқ: экологиялық зиян, өндіру қарқыныда азайған жоқ. Керісінше, 2011 жылы болған баға өсімі әлемнің басқа аймақтарындағы мемлкетерге сирек жер металдарын өндіруге инвестициялар артты. Бұрын тиімсіз болған жоба рентабельді бола бастады ақырындап. Бағаның тұрақсыздығы, әсіресе Қытай квоталарды қысқартқаннан кейінгі күрт өзгерістер, өндірушілерді балама шикізаттарды қолдануға итермеледі. Бұл Қытайдың сауда серіктестерінің тәуекелдерін азайтты, өйткені олар сирек жер металдарының қорғаныс және жоғары технологиялық салалар үшін маңызын түсінді. Сонымен қатар, қытайлық компаниялар шектеулерді айналып өтудің жолдарын тапты. Мысалы, шикізатты байыту арқылы оны басқа тауар санатына жатқызып, экспорттық шектеулерден тыс шығаруға мүмкіндік алды. 2000-жылдардың соңындағы Қытай экспортының ресми деректері мен шетелдегі нақты тұтыну көлемін салыстыру нәтижесінде өндірілген шикізаттың 15–30%-ы ішкі өндірушілердің мүддесіне зиян келтіре отырып, сыртқа шығарылғаны анықталды. Шектеулер күшейіп, бағалар өскен сайын, қытайлық компаниялардың шикізатты заңсыз немесе жанама жолдармен экспорттауға ынтасы арта бастады. 2015 жылы Қытай сирек жер металдарының экспортына қойылған квоталарды алып тастап, оның орнына лицензиялау жүйесін енгізетінін мәлімдеді. Осылайша, ДСҰ шешімі белгілі бір деңгейде Қытай үшін де тиімді болды, өйткені бұрынғы жүйе толық жұмыс істемейтін еді. Дегенмен, жалпы алғанда бұл шектеулер Қытайға өңдеуші өнеркәсіпті дамыту арқылы айқын көшбасшылыққа жетуге көмектесті. Соның нәтижесінде көпжақты сауда жүйесінің ережелері мен сұраныс пен ұсыныстың жаһандық заңдары ірі сауда қақтығысының және ықтимал экономикалық дағдарыстың алдын алуға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, сирек жер металдары Қытайдың геоэкономикалық ықпалын арттыруда маңызды әрі тиімді құрал ретінде қалыптасқан. Жоғарыда атап өткендей, бұл ресурстар мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстарға, әсіресе экспорт пен импорт процестеріне тікелей әсер етеді. Сондықтан оларды көптеген елдер үшін стратегиялық маңызы бар ұлттық байлық ретінде қарастырады. Ал Қытай үшін сирек жер металдары тек экономикалық ресурс қана емес, сонымен қатар халықаралық аренада өз позициясын нығайтып, бірқатар мемлекеттерді өзіне тәуелді етуге мүмкіндігі бар. Мысалы, 2011 жылы экспорт көлемінің қысқаруы әлем елдеріне айтарлықтай қысым жасап, бұл ресурстарға деген тәуелділіктің қаншалықты жоғары екенін көрсетті. Алайда осы жағдай кейбір мемлекеттер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, олар өздерінің сирек жер металдарын өндіру мен өңдеу салаларын дамытуға кірісті. Нәтижесінде, бірқатар елдер дағдарысқа тап болып, балама жолдар іздеген болса, енді бір мемлекеттер керісінше өз экспорттық әлеуетін күшейтіп алды. Осы тұрғыдан алғанда, Қытайдың экспортты шектеу саясатына біржақты баға беру қиын. Бір жағынан, бұл әрекет халықаралық нарықтағы теңгерімді бұзса, екінші жағынан, ұлттық мүддені қорғауға бағытталған прагматикалық қадам ретінде бағалануы мүмкін. Дегенмен, ДСҰ тарапынан жасалған ескертулерге

қарамастан, Қытай бұл саясат арқылы өзінің жаһандық ықпалын белгілі бір деңгейде күшейте алды. Бұл мәселеге өз көзқарасымды білдіретін болсам, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде сирек жер металдары тек экономикалық ресурс емес, сонымен қатар стратегиялық және саяси құралға айналған. Сондықтан болашақта мұндай ресурстар үшін бәсеке күшейіп, мемлекеттер оларды ұлттық қауіпсіздік пен технологиялық дамудың негізгі факторы ретінде пайдалануды жалғастырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.В.Б. Кондратьев.Глобальный рынок редкоземельных металлов. Горная промышленность

2. Никулин А.А. Металлы для высоких технологий: тенденции мирового рынка редкозамельных элементов. №1, 2014, стр. 134 -152

3.Агафонов Кирилл Олегович. Редкоземельные металлы как инструмент геоэкономической стратегии Китая: возможности в рамках инициативы «Один пояс — один путь». SCIENTIFIC- PRACTICAL JOURNAL

4. Chen Zhanheng. Global Rare Earth Resources and Prospects of Future Supply. 2016. Handbook on the Physics and Chemistry of Rare Earths. Vol. 50.

5. Ann Norman, Xinyuan Zou, Joe Barnett. Critical Minerals: Rare Earths and the U.S. Economy. 2014. National Center for Policy Analysis.

6. Kryukov V.A. Rare earth industry: realizing existing opportunities. 2020. Institute of Economics and Industrial Organization of the Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences - Mining industry. No. 5.

7 . Мингалеева Р.Д. Запасы и добыча редкоземельных металлов и элементов ключевой фактор развития возобновляемой энергетики на современном этапе трансформации мировой экономики. 2023. Вестник университета, № 5

8. Humphries M. Rare Earth Elements: The global Supply Chain. 2013. CRS Report for Congress.

9. Козеняшева М.М., Мингалеева Р.Д. Понятие «энергопереход» на современном этапе трансформации мировой экономики. 2022. Экономические науки.

МРНТИ 11.25.19

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ЦИФРОВАЯ ДИПЛОМАТИЯ: НОВАЯ ФОРМА МЯГКОЙ СИЛЫ В XXI ВЕКЕ

Марат Б.С., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан
maratbarzan@gmail.com

Г. Сұлтанғалиева авторлығымен жазылған **«New Approaches to the Study of History of Kazakhstan in the 19th Century»** атты еңбек қазіргі заманғы қазақстандық тарихнамадағы жаңа әдіснамалық бағыттарды көрсететін маңызды зерттеулердің бірі. Осы еңбекте қазақ тарихы XIX ғасырдағы дәстүрлі саяси тарих шеңберінен шығып, кеңірек империялық, шекаралық және әлеуметтік кеңістік тұрғысынан қарастырылады. Автор XIX ғасырдағы Қазақстан аумағын тек ұлттық тарихтың бөлігі ретінде емес, Ресей және Цин империяларының ықпалындағы күрделі шекаралық аймақ ретінде сипаттайды [7, 12-13 бб.]. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ-қытай байланыстары тек екі мемлекет арасындағы қатынас емес, кең ауқымды империялық саясаттың бір бөлігі ретінде түсіндіріледі. Сұлтанғалиева шекаралық кеңістіктің қалыптасуында сауда, көші-қон және әкімшілік басқару жүйелерінің маңызды рөл атқарғанын атап өтеді [7, 18 б.]. Еңбекте қазақ қоғамының сыртқы байланыстары, оның ішінде Қытаймен қатынастары әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан талданады. Автор қазақтардың көшпелі шаруашылығы мен шекаралық сауда жүйесінің өзара тығыз байланыста болғанын көрсетеді [7, 22-23 бб.]. Бұл пікір қазақ-қытай қатынастарының тек дипломатиялық немесе әскери емес, **шаруашылық қажеттіліктерге негізделген тұрақты байланыс** болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, зерттеуде XIX ғасырдағы әкімшілік реформалардың қазақ даласының сыртқы байланыстарына әсері қарастырылады. Ресей империясының басқару жүйесінің күшеюі қазақтардың сыртқы саясаттағы дербестігін шектегенімен, Қытаймен экономикалық байланыстардың толық тоқтамағаны көрсетіледі [7, 25-б.].

Қазақ-қытай қатынастарының тарихи тұрақтылығын және олардың сыртқы факторларға қарамастан сақталғанын айқындайды. Еңбектің тағы бір маңызды қыры онда тарихи зерттеулердің әдіснамалық жаңаруы мәселесі көтеріліп, жаңа тәсілдердің, соның ішінде цифрлық әдістердің маңыздылығы атап өтіледі. Автор тарихи деректерді кеңістіктік және құрылымдық тұрғыдан талдау қажеттігін көрсетеді [7, 30 б.]. Бұл тұжырым қазіргі цифрлық тарих бағытымен тікелей үндеседі және қазақ-қытай байланыстарын жаңа технологиялар арқылы зерттеудің өзектілігін арттырады. Осы зерттеу қазақ-қытай байланыстарын ұлттық тарих шеңберінде ғана емес, **империялық және шекаралық кеңістік контекстінде** қарастыру қажеттігін негіздейді. Сонымен

бірге, мәселені зерттеуде жаңа әдіснамалық бағыттарды қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Гүлнар Сұлтанғалиева және Xing Jin авторлығымен жазылған **«Kazakhs of China and Kazakhstan»** атты зерттеу еңбегі қазақ-қытай байланыстарын кеңістіктік және демографиялық тұрғыдан талдауға бағытталған қазіргі заманғы маңызды тарихнамалық жұмыстардың бірі болып табылады. Қазақ халқының тарихи қалыптасуы мен оның Қытай аумағындағы таралуын қарастыру арқылы XVIII-XIX ғғ қазақ-қытай қатынастарының ұзақ мерзімді салдарын түсіндіруге мүмкіндік береді. Авторлар қазақтардың Қытай аумағында, әсіресе Іле, Тарбағатай және Алтай өңірлерінде қалыптасуы тарихи көші-қон процестерімен және шекаралық байланыстармен тығыз байланысты екенін көрсетеді [8, 5-6 бб.]. Мәлімет қазақ-қытай қатынастарының тек мемлекетаралық байланыс емес, халықтардың кеңістіктік қозғалысы арқылы жүзеге асқан күрделі тарихи процесс болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, процесс XVIII ғасырдағы саяси оқиғалармен, әсіресе Жоңғар хандығының жойылуымен және Цин империясының шекаралық аймақтарды игеруімен байланыстырылады. Еңбекте қазақтардың Қытай аумағына қоныстануының себептері ретінде экономикалық және қауіпсіздік факторлары қарастырылады. Авторлар қазақтардың жаңа жайылымдық жерлерді іздеуі, сондай-ақ шекаралық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Цин билігімен өзара әрекетке түскенін атап өтеді [8, 8 б.]. Қазақ-қытай байланыстарының тек сыртқы саясат емес, күнделікті шаруашылық қажеттіліктерге негізделгенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуде қазақтардың Қытайдағы әлеуметтік және этникалық құрылымы талданады. Авторлар қазақтардың белгілі бір бөлігі Цин империясының құрамында қалып, кейінгі кезеңдерде Қытай қазақтарының этникалық негізін құрағанын көрсетеді [8, 10-11 б.]. Осы тұжырым қазақ-қытай қатынастарының ұзақ мерзімді тарихи салдарын түсінуге мүмкіндік береді және олардың тек XVIII-XIX ғасырлармен шектелмейтінін дәлелдейді. Еңбектің маңызды ерекшелігі онда қазақ-қытай байланыстары кеңістіктік және демографиялық тұрғыдан қарастырылады. Авторлар шекаралық аймақтарды тек саяси шекара ретінде емес, мәдени және экономикалық өзара әрекет кеңістігі ретінде сипаттайды [8, 12 б.]. Көзқарас бойынша қазіргі цифрлық тарих әдістерімен, әсіресе тарихи картография және кеңістіктік талдау тәсілдерімен тығыз байланысты. Осы зерттеу қазақ-қытай байланыстарын тек дипломатиялық немесе сауда қатынастары ретінде ғана емес, **кеңістіктік, демографиялық және әлеуметтік процесс** ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді және бұл мәселені қазіргі ғылыми деңгейде тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

«Some aspects of the genesis of Kazakh-Chinese relations» атты қазіргі заманғы зерттеу қазақ-қытай байланыстарының қалыптасу кезеңдерін талдауға арналған. Отандық тарихнамадағы жаңа көзқарастарды көрсетіп, қазақ-қытай қатынастарының пайда болуы мен даму динамикасын жүйелі түрде қарастырады. Автор қазақ-қытай байланыстарының бастауын XVIII ғасырдағы саяси өзгерістермен, әсіресе Жоңғар хандығының жойылуымен

байланыстырады [9, 2 б.]. Айтылған мәліметке сүйенсек, осы оқиға Орталық Азиядағы күштер тепе-теңдігін өзгертіп, қазақтар мен Цин империясы арасында тікелей байланыс орнауына мүмкіндік бергені атап өтіледі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ-қытай қатынастары кездейсоқ емес, белгілі бір тарихи жағдайлардың нәтижесі ретінде қарастырылады. Зерттеуде Абылай ханның рөлі ерекше көрсетіледі. Автор оның сыртқы саясаттағы икемділігін атап өтіп, Қытаймен дипломатиялық байланыс орнату арқылы қазақ хандығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылғанын жазады [9, 4 б.]. Тұжырым қазақ-қытай қатынастарының жеке тұлғалардың саяси шешімдерімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді және алдыңғы деректемелердегі мәліметтерді тарихнамалық тұрғыдан толықтырады. Сонымен қатар, еңбекте қазақ-қытай сауда қатынастарының қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Автор Құлжа мен Шәуешек қалаларының негізгі сауда орталықтарына айналғанын және бұл байланыстардың қазақ қоғамының экономикалық өмірінде маңызды орын алғанын атап өтеді [9, 5-6 бб.]. Мәліметтер қазақ-қытай қатынастарының тұрақты экономикалық жүйеге негізделгенін көрсетеді. Еңбектің тағы бір маңызды тұсы – онда Цин империясының қазақтарға қатысты саясаты талданады. Автор Қытай билігінің қазақтарды толық бағындыруды көздемегенін, керісінше оларды шекаралық тұрақтылықты қамтамасыз ететін серіктес ретінде қарастырғанын көрсетеді [9, 7 б.].

Көзқарас қытай деректемелеріндегі империялық идеологияны қазіргі ғылыми тұрғыдан қайта түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, зерттеуде қазақ-қытай қатынастарының көпқырлы сипаты атап өтіледі: олар тек саяси немесе экономикалық байланыс емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік өзара ықпалдастықты қамтыған күрделі процесс ретінде қарастырылады [9, 8 б.]. Қазіргі цифрлық тарих әдістерін қолдану арқылы осы байланыстардың құрылымын тереңірек зерттеудің өзектілігін арттырады. Осы еңбек қазақ-қытай байланыстарының қалыптасуын кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік беріп, оларды **тарихи заңдылықтар мен аймақтық өзгерістердің нәтижесі** ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Kazakh-Chinese relations have deep historical roots атты халықаралық ғылыми мақала қазақ-қытай қатынастарының ұзақ тарихи эволюциясын талдауға арналған қазіргі заманғы зерттеулердің бірі болып табылады. Бұл еңбекте авторлар қазақ-қытай байланыстарын тек XVIII-XIX ғасырлармен шектемей, олардың тарихи тамырларын ерте кезеңдерден бастап қарастырып, олардың даму динамикасын кешенді түрде көрсетеді. Зерттеуде XVIII-XIX ғасырлар қазақ-қытай қатынастарының жаңа кезеңі ретінде сипатталады. Авторлар бұл кезеңде екі жақ арасындағы байланыстардың жүйеленіп, тұрақты дипломатиялық және сауда қатынастарына айналғанын атап өтеді [10, 45-46 бб.].

Алдыңғы деректемелер мен тарихнамалық еңбектерде көрсетілген мәліметтерді жалпылай отырып, қазақ-қытай қатынастарының институционалдық сипат алғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, мақалада қазақтардың Орталық Азиядағы геосаяси рөлі ерекше көрсетіледі. Авторлар

қазақ хандығының Ресей мен Қытай арасындағы маңызды буферлік аймақ ретінде қызмет атқарғанын және бұл жағдай қазақ-қытай байланыстарының дамуына тікелей әсер еткенін жазады [10, 47 б.]. Пікір қазіргі тарихнамада кең таралған көзқарастардың бірі болып табылады. Еңбекте қазақ-қытай сауда қатынастарының дамуына ерекше назар аударылады. Авторлар Құлжа мен Шәуешек қалаларының халықаралық сауда орталықтарына айналғанын, ал қазақтардың бұл жүйеде белсенді қатысқанын байқаймыз[10, 48-49 б.]. Сонымен қатар, сауда байланыстарының тек экономикалық емес, сонымен бірге мәдени алмасуға да ықпал еткені атап өтіледі. Мақалада Цин империясының Орталық Азиядағы саясаты да талданады. Авторлар Қытайдың аймақтағы ықпалын күшейту мақсатында қазақтармен дипломатиялық және экономикалық байланыстарды дамытуға мүдделі болғанын көрсетеді [10, 50 б.].

Жалпы қазақ-қытай қатынастарының тек біржақты емес, өзара тиімді байланыс болғанын дәлелдейді. Оның маңызды ерекшелігі қазақ-қытай қатынастарының тарихи дамуы қазіргі заманғы теориялық тұрғыдан қарастырады. Авторлар бұл байланыстарды халықаралық қатынастар теориясы, аймақтық саясат және тарихи жады тұрғысынан талдайды [10, 51 б.]. Осы тәсіл қазақ-қытай қатынастарының мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, бұл зерттеу қазіргі цифрлық тарих әдістерімен де үйлеседі. Ұсынылған тарихи деректер мен тұжырымдарды цифрлық форматта талдау, мысалы, сауда байланыстарының динамикасын немесе дипломатиялық қатынастардың жиілігін зерттеу қазақ-қытай байланыстарының құрылымын жаңа деңгейде ашуға мүмкіндік береді. Осы зерттеу қазақ-қытай қатынастарының тарихи дамуын кең ауқымда қарастырып, оларды **ұзақ мерзімді, көпқырлы және халықаралық маңызы бар тарихи процесс** ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Сөз соңында айтарымыз, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары көпқырлы тарихи үрдіс ретінде саяси-экономикалық және кеңістіктік факторлардың өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасты. Деректемелер қазақтардың Цин империясымен шекаралық аймақтарда тұрақты байланыс орнатып, сауда және дипломатиялық қатынастар жүргізгенін көрсетсе, қазіргі тарихнамалық еңбектер бұл үдерісті аймақтық геосаясат, көші-қон және шекаралық кеңістік тұрғысынан түсіндіреді. Нақтылап айтсақ, цифрлық тарих әдістерін қолдану аталған байланыстарды жаңа деңгейде талдауға мүмкіндік береді: тарихи мәтіндерді өңдеу, кеңістіктік деректерді картаға түсіру және сауда бағыттарын визуализациялау арқылы қазақ-қытай қатынастарының құрылымын тереңірек ашуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ-қытай байланыстарын зерттеу тек өткенді тану ғана емес, сонымен қатар қазіргі тарихи ғылымдағы әдіснамалық жаңарудың маңызды бағыты болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 1. -СПб.: Типография Карла Крайя, 1832. -304 с.

2. Уәлиханов Ш. Ш. Собрание сочинений: в 5 т. Т. 2. - Алма-Ата: Наука, 1985. -560 с.

3. Qi Yunshi (祁韻士). 皇朝藩部要略 [Huangchao fanbu yaolüe]. – Пекин: 清代刊本, XVIII ғ. соңы. -18 цзюань.

4. Qishiyi (七十一). 西域聞見錄 [Xiyu wenjian lu]. - Пекин: 清代刊本, XVIII ғ. соңы. - 6 цзюань.

5.Wei Yuan (魏源). 聖武記 [Shengwu ji]. - Пекин: 清代刊本, 1842. - 14 цзюань.

6.History of Kazakh, Chinese and Russian Relations (XVIII-XIX centuries) // ResearchGate. – URL: https://www.researchgate.net/ (қол жеткізілген күні: 05.04.2026).

7.Султангалиева Г. С. New Approaches to the Study of History of Kazakhstan in the 19th Century. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 280 с.

8.Sultangalieva G. S., Xing Jin. Kazakhs of China and Kazakhstan // Bulletin of KazNU. Series Historical. - 2017. - №3. - С. 5-12.

9.Some aspects of the genesis of Kazakh-Chinese relations // e-history.kz. - URL: https://e-history.kz (қол жеткізілген күні: 05.04.2026).

10.Kazakh-Chinese relations have deep historical roots // AD ALTA: Journal of Interdisciplinary Research. - 2019. - №9(1). - С. 45-51.

ІІ-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ҚАСІРЕТІ

Өскембаев Қ.С., т.ғ.к., профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
k.uskembayev@gmail.com

Аннотация: Бұл мақала Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өз мемлекеттері мен фашистік Германияның қатыгез қудалауына ұшыраған, концентрациялық, әскери және ГУЛАГ сияқты арнайы лагерлерде отырған тұтқындарға арналған. Мақалада кеңестік және жау қолына түскен әскери тұтқындар туралы сандық деректер келтірілген. Автор деректерге, зерттеу еңбектердегі фактілерге сүйеніп сандық және сапалық талдаулар жүргізген.

Кілт сөздер: ІІ-ші Дүниежүзілік соғыс, Кеңес Одағы, армия, фашистік Германия, И. Сталин, Гитлер, ГУЛАГ, лагер, тұтқын.

Кіріспе . ІІ-ші Дүниежүзілік соғыста Кеңес Одағы қарулы күштерінің адам шығыны – қаза тапқандар, жарақаттан және аурудан өлгендер, хабарсыз кеткендер, тұтқыннан қайтпағандар, Жапониямен соғысты қоса есептегенде 9 миллионға жетіп жығылады. Ал, демографиялық баланс әдісімен, Кеңес Одағының барлық адам шығыны 27 млн. деп есептеледі. Бұл бүгінгі ресми сан. Айта кету керек КСРО бойынша осы соғыста 1916-1923 жылдары арасында туған ер-азаматтың 70 пайызы, 1924 жылғылардың 50 пайызы, 1925 жылғы туғандардың 30 пайызы өлген екен [1]. Соғыстан кейін И. Сталин Ұлы Отан соғысындағы біздің шығындарымыз 7 миллион шамасында деп біржола кесіп айтқан болатын. Кейінірек Н.Хрущев осынау бұлдыр цифрды «20 миллионнан астам» деп түзегендей болды. Қайта құру мен жариялылық М.Горбачевке 27 миллион дейтін цифрды айтқызуға мүмкіндік берді. Бірақ, соғыс пен оның қорытындыларына деген әр алуан кезқарас бұл цифрға да күмәнмен қарауға жол ашты. Айталық, зерттеуші Б.Соколов соғыс барысында 37 миллионға жуық кеңес азаматтарының қаза тапқанын тілге тиек етеді.

Материалдар мен әдістер: Біз бүгіндер ІІ-ші Дүниежүзілік соғыс адамзат баласы дүниеге келгеннен бергі ең ірі апаты болғанын ұмытуға хақымыз жоқ. Осы соғысқа жетпістен астам мемлекет қатысты. Бұл соғыстың ерекшелігінің бірі өте көп шығын қарапайым азаматтардың арасынан көп болуы. Соғыс өрті жер шарының 80 пайызын немесе 1,7 милиард адамды қамтыды, 55 (орта есеппен) миллиондай адам өліп, 35 миллион адам жараланды. Соғысқа қатысқан мемлекеттердің бір күндік шығыны 500 миллион доллар болған екен, майдан далаларында күніне 25 мың адам шейіт болып отырған [2]. Адамзатқа қарсы істелген нацистік қылмыс орта ғасырлардағы инквизиторлардың зұлымдығынан анағұрлым асып түсті. Гитлершілдер Европаның концентрациялық лагерьлерінде болған 22 миллион азаматтың 16 миллионын өлтірді. Жалпы, ІІ-ші дүниежүзілік соғыста соғысқа қатысушы елдердің тұтқынға түскен адамдар санын айтқанда олардың 35 миллионға жетіп жығылатынын көрсететін фактілер бар.

Олардың 4 миллионнан астамы КСРО-ның территориясындағы ГУЛАГ-тарда болғандар [3].

Мақаланы жазуда анализ жасау, синтездеу сияқты жалпығылыми әдістер 1939-1941-ші жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өз мемлекеттері мен фашистік Германияның қатыгез қудалауына ұшыраған, концентрациялық, әскери және ГУЛАГ сияқты арнайы лагерлерде отырған тұтқындарға арналған саясатына талдау жасауға мүмкіндік берді. Осы әдістерді қолдану зерттелетін мәселені бағалаудың ортақтығы мен ерекшелігін анықтауға көмектесті. Белгіленген тақырыпты қарастырған кезде салыстырмалы тарихи әдіс немесе салыстыру әдісін қолдану арқылы тоталитарлық мемлекеттер билігінің тұтқындарға қатысты қолданған шараларын салыстыруға, бағалауға ықпал етті. Мақаланың әдіснамалық негізін тарихилық, объективтілік пен жүйелілік принциптері құрайды

Нәтижелер: 1941-1946 жылдардың 1-ші қаңтарында алынған мәліметтер бойынша біз ГУЛАГ-тағы тұтқындардың санын №1 кестеде беріп отырмыз.

№1 кесте

КСРО-ның ГУЛАГ-тағы тұтқындар саны [4]

(әрбір жылдың 1 қаңтарында алынған мәліметтер)

жылдар	еңбекпен түзеу лагерлерінде (ИТЛ)	контрреволюциялық қылмыстармен сотталғандары	пайызға шаққанда	еңбекпен түзеу колонияларында (ИТК)	барлығы
1941	1500524	420293	28.7	429205	1929729
1942	1415596	407988	29.6	361447	1777043
1943	983974	345397	35.6	500208	1484182
1944	663594	268861	40.7	516225	1179819
1945	715505	289351	41.2	745171	1460677
1946	746871	333883	59,2	956224	1703095

Ал, Кеңес армиясының тұтқынға түскендері жайлы неміс мұрағаттарындағы жинақталған мәліметтер 5,7 млн солдат және офицерлерден тұрғанын, оның аз дегенде 3,7 млн өлгенін, 1 миллионы 3-ші рейхтың әскери – қарулы күші қатарында болғанын көрсетеді [5]. Бүгінде Подстам және Мәскеу мұрағатында соғыс жылдарындағы негізгі соғысушы елдердің штабтарының және оперативтік күзет қызметтерінің құжаттары сақталыпты. Сондағы фашистік Германияның СС, СД және құрылықтағы күштері басшылықтарының құжаттарын мұқият қарағанда кеңестер одағының тұтқындары саны 4 млн екенін, ал жауға қызмет жасағандар саны 100 мыңнан асып жығылатынан көреміз. Бұл цифрдағы көрсеткіш әрине алғашқыдан төмен.

Нәтижелер: 1945 ж. шілдеде Лондандағы Кеңес әскери атташесінде генерал Скляров жоғарғы басшыларға неміс тұтқынында болғандардың саны туралы мәліметтер берген. Бұл мәліметтерді американдық генерал Вуд жасаған болтын. Онда, немістер соғыс жылдарында 4 млн орыс әскерінің солдаттары мен офицерлерін тұтқынға алғанын, соның тек 800 мыңдайы ғана тірі

қалғанын, ал қалған 3200 мыңдайын аштықтан, концентрациялық лагерлерде өлгендер, тұтқыннан қашқандар, майданнан өтіп қызыл әскерге, партизандар қатарына қосылғандар, 100 мыңдайы немістерге қызмет еткендер, әскери тұтқындағы жағдайын азаматтық жұмысшы жағдайымен ауыстырғандар болды[5]. Жалпы осындай санақ бұрынғы КСРО (бүгіндер РФ) мен Германияда үнемі жүрді. 1944 ж. 28 желтоқсанда КСРО-ның Сыртқы істер Халкомы Германиядағы соғыс тұтқындарының санын (әскери және бейбіт азаматтар) – 2,145 мың десе, немістердің берген цифры 5,700 мың адам болды. Американдық генерал Вуд бастаған комиссия бұл цифрды көтермеленген көрсеткіш дейді. Тарихшы В. Земсков соғыстың аяғына қарай шет елдердегі тірі қалған кеңес азаматтарының санын 4.755.942 дейді. 1946 ж. 1 наурызына дейін оның елге қайтқандарының саны 4.199.488 (1.539.475 әскери тұтқындар және 2.660.013 бейбіт азаматтар), ал 1946 ж. 1-ші наурызынан 1952 ж. 1-ші қаңтарына дейін 105 мың [6].

1945 ж. 10 шілдеде КСРО ХКК-нің репатриация (тұтқындарды еліне қайтару) жөніндегі басқарма өкілдігі тұтқында болған кеңес азаматтарының анықтамасын берді: барлық репатриацияға іліккендер саны 2.358.515 адам болды, оның ішінде соғыс тұтқындары – 918.483, бейбіт азаматтар – 1.439.032. Олардың 425.175-і Қызыл Армия қатарына, 60.624 адам ІІХК-ның арнаулы лагерлеріне жіберілгені және репатриацияға жіберілетін арнаулы лагерлерде 397.103 тұтқындардың бар екендігі айтылған [5]. Бұл анықтамада тұтқынның ауыр зардаптарынан және СМЕРШ-тің арнаулы операцияларынан қаза болған 35.601 (санда ауытқу болуы мүмкін) адам кірмеген. Бұл дерек генерал Вудтың фашистерге 100 мың «власовшылдар» қызметте болды деген тұжырымын растай түседі. Алайда, фашистік Германия жағына соғыстың барысында (1942 ж. шілдеде) отанын сатып өткендер қатарында генерал-лейтенант Власов басқарған тек 2-ші Екпінді армия ғана болмағаны белгілі. Соғыстың алғашқы айларында-ақ, гитлершілдерге өткендердің ішінде генералдар Закутный, Благовещенский, Малышкин, Трухин бригада комиссары Жиленковтар болған.

Зерттеуші Л.Е. Решин Подсдамның әскери мұрағатындағы құжаттарымен таныса келіп «шығыстық» әскер құрамына алғашқылардың бірі болып (кейіннен «түземдік» әскер немесе «еріктілер») өткендерді көрсеткенде 1941 ж. Литва, Латыш, және Эстондық күзет батальондарын, 1941 ж. соңында оларды орыс, украин, «казак», кавказ, «түркістандық» (Орта Азиялық) т.б. батальондарымен толықтырылу жұмыстары жүргізілгенін айтады. Құжаттар ІІ-ші Дүниежүзілік соғыс барысында жау Кавказ, Орта Азиялық, Поволжелік тумалардан тұратын 90 далалық батальонды, 20-дай орыс батальонын, бес жазалаушы казак полкін, украин және белорусь батальондарын құрғанын көрсетеді. Осы құрылған бөлімшелерге баға беруде әр түрлі қағидалар шығуда. Германиялық тарихшы Хоффман егер әрбір батальонда 1000 адам болса, онда барлығы 150 мыңдай адам болмақ дей отырып, оған украиндық СС «Галичина» дивизиясын, мұсылмандардан тұратын СС «Ханшар» дивизиясын, СС орыс дивизиясын, РОА (орыс азаттық армиясы) власов

армиясын, оған 599-шы орыс бригадасын (екі полк) қосады. Олай болса кеңес азаматтарының фашистік Германия жағында қызмет жасағандар санының 600 мыңға дейін өсетінін көреміз. Оған көмекші полиция қызметкерлерін, «ерікті көмекшілерді» т.б. қосқанда бір миллионға барады дейді Хоффман[5].

Әрине, бұл тұжырымды көп тарихшылар қолдамайды. Шынында адам саны батальонда аз дегенде 900 адам болу керек екен. Алайда, Германия және Мәскеу мұрағаттарының құжаттарымен таныс тарихшылар неміс басқыншыларына қызмет жасаушы батальондардағы адамдардың санын 450-500-ден аспағанын көрсетеді. Сонымен бірге әрбір батальонда Решиннің айтуынша 50-60-тан немістердің кәсіби офицерлері мен солдаттары болған. Майдан даласындағы 1943 жылғы түбегейлі бетбұрыстардан кейін бұл бақылаушылардың саны 120-150-ге дейін өскен, сөйтіп «шығыстық» әскердің саны күрт төмендей түскен. Оған себеп неміс әскерінен қашу, қарсы қару жұмсау, командирлерді өлтіру, партизандарға өту т.б. Осылармен бірге оларға қарсы жазалау шаралары да өсті. Ал, немістерге миллиондап қызмет жасаған кеңес әскері жайлы бірде-бір құжат мұрағаттардан бүгінге дейін табылмай отыр. Оның ішінде 40 мыңдай адамы бар кавказ, «түркістандық» (Орта Азиялық) батальондар, 10 мыңдай адамы бар СС «Галичина» дивизиясы, 28 мыңдай адамдардан тұратын РОА власов армиясы мен 599-шы бригада, 10 адамы бар «казак» бөлімдері, 15 мыңдай – құрылыс және жұмысшы батальондар, 5 мыңдай – «зенитшілдер, 40 мыңдай – Прибалт тұрғындары болды. Бар құжаттардағы деректер бойынша гитлершілдерде қызметте кеңес әскерінің 180 мыңдайы болғанын, яғни тұтқынға түскендердің екі-үш пайызы екенін көреміз[5]. Сөйтіп бұл көрсеткіштерден жауға қызметке барғандардың Хоффман айтқандай миллиондап болманын көреміз.

Вермахтың Бас басқармасының, СС-тің бөлімшелерінің, Сыртқы істер министрлігінің бізге жеткен құжаттарынан, 1944 жылы 18 қазанда СС оберштурмбанфюрері доктор Арлттің «Тұран-Кавказ» бөлімінің басшысы Р. Ольцшке берген рапортынан қолға түскен шығыс халықтарынан жасақталған «Ostlegione» деп аталатын легиондар құрамындағы «еріктілердің» саны көрсетілген. 1944 ж. қазан айында бұл құрамаларда 17 000 – волж татарлары, 75 000 – түркістандықтар, 12 000 – қырым татарлары, 20 000 – азербайжандықтар, 18 000 – армян, 20 000 – грузин, 20 000 – солтүстік кавказдықтар, 6 000 – қалмақтар болған. Ал, 1944 жылы желтоқсанда кавказдықтар саны 60 000, «хивилар» (қосымша қара жұмыстарда пайдаланатын еріктілер) - 20 000, татарлар – 20 000, РОА-дан іріктеліп алынған «хивилер» - 20 000, түркістандықтар – 80 000 (оның көпшілігі «хиви» ролін атқарғандар болды) [7].

Өткен соғыс халыққа, соның ішінде неміс халқына да адам айтқысыз құрбандық әкелді. Фашистік Германияның кеңес-герман майданындағы адам шығыны 6.923.700-ге жетті. Австрия, Люксембург, Эльзас, Лотарингия, Судет немістерін, басқа да мемлекеттердің ерікті құрамаларын қосқанда және оның одақтастарының шығынын (Венгрия, Италия, Румыния және Финляндия – 1.725.000 адам) қоса есептегенде, Германия мен оның одақтастарының орны

толмас шығындары 8645500 адам санын құрады. Егер оған 1941 ж. 22 маусымынан 1945 ж. 9 мамырына дейінгі уақытта Кеңес армиясы тұтқындаған қарсыласының 3.777.300 солдаты мен офицерлерін қоссақ (бұл санның ішінде немістер – 2.389.500, австриялықтар – 156.800, венгрлер — 513.800, румындар — 201.800, итальяндықтар – 48.900, финдіктер – 2.400 адам болды. Қалған 46400 әскери тұтқындар – КСРО-ға қарсы соғыста немістерге қызмет еткен ерікті құрамалардың құрамындағы басқа ұлттар – француздар, словактар, чехтар, поляктар, испандықтар, хорваттар, бельгиялықтар, голандықтар және басқалары), Германия мен оның одақтастары өлген және тұтқындалған 12.422.800 адамынан айырылды, оның ішінде 8313200-і немістер болды [8].

Әрине бұл құрғақ цифрлардың астында миллиондаған адамдардың тағдыры жатыр. II – інші Дүниежүзілік соғыста соғысқа қатысушы елдердің соғыс тұтқындары, дезертирлер мен «отанын сатқандар» мәселесі жайлы бұрынғы орталық басылымдарда аз айтылып, аз жазылған жоқ. Бұл бағытта өте көп зерттеу жұмыстарын батыстық тарихшылар қолға алған. Олар: Х. Штрайт, А. Штрайма, Ю. Торвальда, С. Фрелих т.б. Жаңа көзқараста қалам тартқан зерттеушілердің ішінде Ресейлік тарихшы ғалымдардан В.Б. Конасовты, А.В. Терещукты, Г.П. Галицкиді, В.Н. Земсковты, Н.С. Райскиді, В.В. Всеволадовты және т.б. айтуға болады. Өкінішке орай, біздің бүгінгі қазақ зерттеушілері бұл тақырыпқа әлі де болса өте сирек назар аударып келеді. Ақиқатында сол сағыста біздің жауынгерлеріміз Отан алдындағы әскери борыштарын адал орындап, фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі соғыста жан аямастан табандылық пен батырлықтың адам сенбес небір үлгілерін көрсетті емес пе. Алайда соғыстың бірінші күнінен бастап аталған мәселелердің болғанын бүгінде ешкім де жоққа шығара алмайтыны да шындық. Қолға түскен тұтқындар немесе тағдырдың тәлкегіне ұшыраған дезертирлер мен «отанын сатқандар» жағдайына келетін болсақ, оның өзі үлкен мәселе. Олардың тағдырлары мәселесі Кеңес өкіметінде басқа елдермен салыстырғанда тіпті аянышты болғаны тарихымыздан бүгінде белгілі. Басқа мемлекеттердің тұтқындары кезінде 1907 жылы 18 қазанда Гаага, 1929 жылы 17 шілдеде Женева конвенцияларының «Соғыс тұтқындарын ұстау» және «әрекет жасаушы армияның жаралы және ауруларының жағдайын жақсарту» шешімдеріне сәйкес азды-көпті болса да қорғалғаны белгілі. Олар тіпті Халықаралық Қызыл Крест арқылы жүйелі түрде өз елдерінен киім-кешек, азық–түлік алып тұрған екен. Ал осы 47 мемлекет қол қойған конвенцияға ешқашан қатыспаған «халықтардың ұлы көсемі» Сталин біздің сорлы Кеңес тұтқындарын, дезертирлерді түгелдей «Отанын сатқан опасыздар» деп айыптап, қандай да бір жәрдем беруден бас тартты. Шындыққа жүгінетін болсақ, солардың көпшілігі өз тағдырын өздері таңдамағандардан тұрғандар еді. Мысалы тұтқындардың көпшілігі жау қолына жаралы болып, кантузия алып түссе, қайсы біреулері жау тылында жауынгерлік тапсырма орындау кезінде ұсталып қалғандар. Т.б.

Жалпы, тарихтан біз Кеңес өкіметінің өз азаматтарын жазалау туралы заңдық актілеріне шолу жасасақ оның алғашқыларының сол 1917 жылдың

аумалы-төкпелі жылдарында-ақ айналымға келгенін көреміз. Онымен 1993 ж. Мәскеу қаласында шыққан «Сборник законадательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий» атты жинақтан таныса аламыз. Мысалы, алғашқы заңдық күші бар актілер: 1917 жылғы 19 желтоқсандағы Әділет халық комиссариатының «Революциялық трибунал туралы» нұсқауы, Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1918 жылғы 5-қаңтардағы «Мемлекеттік өкіметтің функциясын алу үшін жасалған қадамдарды контрреволюциялық әрекеттер ретінде тану туралы» қаулысы, 1918 жылғы 5-қыркүйектегі Халық Комиссарлар Кеңесі «Қызыл террор туралы» қаулысы және т.б. тұр. Олардың мазұнындағы мәселелер контрреволюциялық әрекеттер мен күреске арналған [9].

Кейін Кеңес өкіметі нақты орнап, нығайғаннан кейін бұл жаңа заңдармен кеңейтілді. 1922 жылы РКФСР Қылмыстық Кодексінің алғаш қабылдануы кеңестік әрбір азаматтың құқығын шектеп, жазалаудың ең жоғары шарасы - ату жазасын заңдастырды. Кодексте басты назар «мемлекеттік қылмысқа», оның ішінде «контрреволюциялық қылмыс туралы» бөлімге аударылды [9,13] және кейін бұл 58-бап – КСРО-дағы «үлкен террордың» басты тетігіне айналды. Осы заңдар жылдар өте күшейіп миллиондаған адамдардың, тіпті тұтас халықтардың тағдырын жерге таптады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 58 – бапқа ерекше мән беріліп, қосымша бұйрық, директивалар толықтырылды. «Шпионаж», «диверсия» әрекеттері кеңестер билігі үшін өзекті мәселеге айналып, мемлекеттік органдардың қатаң бақылауымен жүзеге асырылып отырылды. Мысалы 1941 жылы 28 сәуірде бүкіл Кеңес кеңістігінде орналасқан «Лагерлердегі тұтқындардың қашуымен күресті күшейту туралы» НКВД, Әділет Халкомы, КСРО Прокуроры директивасы[9,38] шықты. Директивада барлық қашқындарды РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-14 бабы (...өкіметті құлату...) бойынша соттау ұсынылды.

1941 жылы 15 қарашада КСРО Әділет халкомының № 18/28с «РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бабының 2-бөлігін және басқа одақтас республикалар Қылмыстық Кодекстерінің осындай баптарын қолдану туралы» [9,39] хаты жарияланды. Ондағы негізгі мәселе Кеңес өкіметін құлатуға шақыратын насихат үшін тұлғаларға қатысты қылмысты істер... болды

1942 жылы 15 мамырда «Уақытша жаулап алған аудандарда неміс–фашист оккупанттарына қызметке өткен тұлғалар қылмыстарының дәрежесі туралы» КСРО Прокурорының бұйрығы шықты. Онда неміс–фашист жаулаушыларына қызметке өткен сатқындарды жазалау... [9,39] мәселелері көтерілді.

РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-3 (шетел мемлекеттерінің Республика ісіне қол сұғуы..., оған соғыс жариялау т.б.) немесе оккупация кезінде фашист оккупанттарына көмектескендер; ...шпиондар, арандатушылар партизан, коммунист, комсомолдарды, кеңес қызметкерлері мен олардың жанұяларын ұстап бергені айғақталса...; Қызыл Армия бөлімдері мен партизандық

отрядтарға қарсы әскери әрекеттерге және шетел барлауына қатысқандар; жазалаушы неміс органдарының жұмысына қатысқандар – РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1«а» бабы бойынша... жауапкершілікке тартылады.

58-бап тек тылдағы қарсылыққа ғана емес, Қызыл Армияның өз жауынгерлеріне де қолданылды. Мысалы: 1942 жылғы 31 шілдедегі №1096 КСРО Прокуроры мен КСРО Әділет халкомының «Жоғары тұрған командирлер бұйрығынсыз әскери позициядан өз еркімен шегінгені және Қызыл Армия бөлімдерінің әрі қарай шегінуіне үгіт жүргізгені үшін сотқа тартылған саяси қызметкерлер, комиссарлар, командирлер әрекеттері дәрежесі және осы категориядағы істерді тексеру туралы» директивасы шықты [9,41]. Бұл директива Қорғаныс халық комиссары Сталиннің 28-шілдедегі №227 бұйрығын орындау үшін ұсынылды. Онда: 1. Жоғары тұрған командирлердің бұйрығынсыз әскери позициядан өз еркімен шегінгені үшін сотқа тарту...; 2. Қызыл Армияның бөлімдерінің әрі қарай шегінуін үгіттегені үшін әскери трибуналда соттау... .

1942 жылғы 12 қазандағы №13/18580с КСРО Прокуроры директивасы жарияланды [9, 41-42]. Директивада бандитизммен, қарулы тонаулармен және контрреволюциялық көтеріліс жұмыстарымен айналысқан дезертирлерді әскери трибуналда соттауды және 58-1«б» бап бойынша Отанын сатқандарға ату жазасын сырттай беру айтылды. Бұл 1942 жылғы 11 қазандағы № 2401сс Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысына сай жасалды. Ал 1942 жылы 26 қазанда № 003486 Әскери трибуналдар бас басқармасы бастығының директивасы тіпті бандитизммен, тонаумен, контрреволюциялық әрекеттермен айналысқан дезертирлер мен Отанын сатқандардың жан ұяларын жазалау ұсынылды...

1942 жылы 29 қарашада № 0145 /04072 Бас әскери прокурор және әскери трибуналдар Бас басқармасының бастығы түсіндірмесі жарық көрді [9,42]. Онда: 1. Бандитизммен немесе қарулы істермен айналысқан дезертирлерге РКФСР ҚК 58-1 «б» бабымен ату жазасын беру... 2-ден, бандитизммен немесе қарулы көтеріліс қызметімен айналысатын дезертирлерді жасырушыларды жазалау..., 3-ден, 1942 жылғы 11 қазандағы Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысын өзімен бірге қаруды әкеткен дезертирлерді жазалау... т.б.

Бұдан кейін аталған мәселелерге КСРО Жоғары Сот араласты. Оны 1943 жылғы 25 қарашадағы №22/м/16/у/сс «Уақытша неміс басқыншылары жаулап алған аудандардағы жауларға көмек көрсету бойынша кеңес азаматтарының әрекетінің дәрежесі туралы» қаулысы шықты [9,43]. Бұл құжатта алғаш рет трибуналдардың кеңес азаматтарының уақытша жаулап алу кезінде неміс басқыншыларына жасаған әрекеттеріне қарамастан барлығына отанын сатқандар қатарына жатқызу сыналды...

Түптеп келгенде Мемлекеттік қорғаныс комитеті, Әділет халық комиссариаты, КСРО Прокурорының шешімдері әскерилер мен қарапайым адамдарға қолданатын сол кездегі жазалау шарасы 58-бап бөлімдерімен байланысты болды.

Жаза «1943 жылғы 19 сәуірдегі КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы Жарлығы және ҚК 58-1 бабы, басқа одақтас республикалардың осындай баптары бойынша сотталған адамдар істерін әскери трибуналдар Бас Басқармасына ұсыну тәртібі туралы» - 1943 жылғы 9 қарашадағы № 004088 сияқты үкімдермен тіпті күшейді. Онда әскери трибуналдар Бас Басқармасына істі болып жазаға ұшырағандардың жанұясын қуғындау, яғни өлім жазасына сотталған - асуға немесе атуға кесілген жағдайда, үкім бекітіліп, орындалғаннан кейін берілуі қажет деп тапты.

КСРО Жоғары Сотының Пленумы 1944 жылы 23 наурызда №5/1 сс «Қарсылас жағындағы майдан линиясына өз еркімен өту дәрежесі туралы» қаулы [9,45-46] қабылдады. Бұл қаулыға іліккендер де сатқындар деп қарастырылып, РКФСР ҚК 58-3 бабы бойынша жауапқа тартылды.

Жалпы, осы және толып жатқан басқа да заңдық актілерге сүйенген Кеңес үкіметінің заң органдары соғыс жылдарында соғыс тұтқындарының, дезертирлер мен «отанын сатқандардың» сазайын беріп отырды. Біз бұл мәселенің шет жағын №2 кестеден көре аламыз. Кесте 1942-1947 жж. КСРО территориясындағы ГУЛАГ-тардағы көп ұлтты өкілдердің құрамы мен санын береді.

№2 кесте

1942-1947 жж. ГУЛАГ- тың лагерлерінде отырған тұтқындардың ұлттық құрамы [4]

(әрбір жылдың 1 қаңтарында алынған мәліметтер)

ұлттық құрамы	1942	1943	1944	1945	1946	1947
Орыстар	833814	600146	403851	441723	303132	412509
Украиндар	180148	114467	73832	85584	107550	180294
Белорустар	45320	25461	15264	15479	24249	32242
Грузиндер	11171	6960	5517	5446	4544	4609
Армяндар	10307	9300	6835	6903	5477	5728
Азербайжа	8170	4584	2924	4338	3163	1495
Қазақтар	19703	14888	11453	12321	7822	8115
Түркменде	8548	6078	3113	2681	2007	2397
Өзбектер	26978	20129	8380	8426	5570	4777
Тәжіктер	4896	3841	2194	1872	1335	1460
Қырғыздар	3537	2706	1437	1142	1034	894
Татарлар	29116	17915	11933	14568	9049	11045
Башқұртта	4669	2414	1406	1579	905	1093
Евреилер	23164	20230	15317	14433	10839	9530
Немістер	19258	18486	19773	22478	18155	18738
Поляктар	14982	11339	8765	8306	13356	16137
Финдер	3547	2781	2220	1929	1758	2245

Латыштар	7204	5008	3856	3444	12302	11266
Литвалықт	3074	3125	2048	1805	11361	15328
Эстондар	6581	4556	2933	2880	9017	10241
Румындар	1550	1040	857	815	840	978
Ирандықта	1825	1176	772	678	501	558
Ауғандар	256	170	89	65	59	48
Моңғолдар	64	37	22	49	20	49
Қытайлар	5182	3848	2792	2879	2614	1888
Жапондар	133	119	116	23	578	660
Корейлер	2403	2806	1257	1397	909	959
Гректер	2610	1859	1344	1382	1240	1247
Түріктер	488	297	226	281	264	186
Тағы	136898	79208	53068	50599	41247	29725
Барлы	1415	9839	6635	7155	6008	7864

Ескерту: 1946 ж. 1 қаңтардағы мәліметте 145.974 лагер тұтқындарының ұлттық құрамы туралы дерек жоқ, сол сияқты 1947 ж. 1 қаңтардағы мәліметте – 22.398 тұтқынның ұлттық құрамы көрсетілмеген.

Енді, сол сұрапыл соғыс жылдарында майдан даласында ғана емес, тылда да күнделікті өмірде көрініс тапқан, соғыстан бой тасалап қашқан дезертирлер, оның ішінде Қызыл Армия, еңбек Армиясы, мобилизациядан және әскерге тіркелуден бас тартқандар жайлы айтсақ. Ал, бұлардың да соғыс жылдарында нақты болғанын ешкім бүгінде жоққа шығара алмайды. Бұл туралы құжаттарды айтқанда, алдымен біздің Республикадағы фактілерді келтірген жөн сияқты. Ол үшін біздер Қазақстан Республикасының Президенті мұрағатының құжаттары негізінде жасалған төмендегі №3 кестені бергенді жөн көрдік. Кестедегі мәліметтер тек бір ғана 1942 жылғы көрсеткішті береді. Құжаттарды сараптай отырып, біздер соғыстың алғашқы 1941-1942 жылдарында бұл көріністердің барлық облыстарда жиі қайталанғанын және адамдардың санының бірде азайып, бірде өсіп отырғанын байқаймыз.

№3 кесте

Республика бойынша 1942 жылғы қолға түскен дезертирлер саны [10].

Облыс аттары	ұсталғандар				
	Қызыл Армия қатарынан қашқандар	еңбек Армиясының қатарынан қашқандар	Мобилизациядан бас тартқандар	әскерге тіркелуден бас тартқандар	Барлығы
Алматы обл.	124	4	14	283	425
Ақмола обл.	128	22	106	100	356
Шығыс Қазақ. обл	82	7	128	151	368
Жамбыл обл.	109	96	176	187	568
Қарағанды обл.	178	462	195	190	1025

Қызылорда обл.	246	27	202	76	551
Палодар обл.	90	3	40	37	170
Солт. Қазақ. обл	308	102	135	57	602
Самей обл.	138	8	74	30	250
Оңт Қазақст. обл.	234	190	281	135	840
10 обл. бойынша барлығы	1637	921	1351	1246	5155
Ақтөбе обл.	188	34	22	107	351
Гурьев обл.	126	104	33	52	315
Қостанай обл.	441	18	368	48	875
Батыс Қазақ. обл.	923	12	129	-	1064
4 обл. бойынша барлығы	1678	168	552	207	2605
барлығы	**3315**	**1089**	**1903**	**1453**	**7760**
	дезертирлер	еңбек Армиясының қатарынан қашқандар	Мобилизация дан бас тартқандар	әскерге тіркелуден бас тартқандар	Барлығы
1942ж. милиция орган-дары ұстағандар саны	3965	1689	7000	10009	22663
6/Х ҚКП(б) бюросынан кейін ұсталғандар	1333	993	1382	1432	5340
Республика бойынша барлық ұсталғандар саны	7280	2778	8903	11462	30423
1942 ж. желтоқсанның алғашқы он күндігінде ұсталғандар саны	191	135	229	314	869

Қорытынды: Пруссиялық әскери теоретик Карл Клаузевиц *«Соғыс-бұл кеңейтілген жекпе-жектегі зорлық актісі, оның басты мақсаты – қарсыласын өзінің айтқанына көндіру».* Алайда, адамзат тарихында болған соғыстардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар және олар сол соғыстарға қатысушылардың санасында өзіндік психологиялық нақты із қалдырады. Сондықтан, бұл жерде айтарымыз жоғарыда көрсетілген фактілер жәй ғана 2-ші Дүниежүзілік соғысқа қатысқан адамдардың тізімі емес, әр цифрдың астында сол соғыстың қасіретін көргендердің тағдыры жатыр.

Сонымен, 1942 жылғы қолға түскен барлық дезертирлер саны 4404 адам, оның 3315 адам Қызыл Армия қатарынан қашқандар, 1089 адам еңбек

армиясының қатарынан қашқандар, 1903 мобилизациядан бас тартқандар, 1453 әскерге тіркелуден бас тартқандар болды. Осы тұтқында болған азаматтар, соғыстан бой тасалап қашқан дезертирлер, оның ішінде Қызыл Армия, еңбек Армиясы, мобилизациядан және әскерге тіркелуден бас тартқандар жайлы айтқанда ескеретін нәрсе, бейбіт кезде-ақ өз ішінен жау іздеген большевиктер майдан жағдайында бұларға тіпті ауыр жазалауларды қолданып отырды. Сөйтіп, кеңес азаматтары екі жақты қысымда болды: олар, фашистер мен коммунистер. Екі жақтың жазалау шаралары да өте қатал болатын.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Медведев Р. За ценой не постояли. // Аргументы и факты Казахстан. №17, 2005. – С. 3.
2. Әбеу Б. Соғыс тағылымы. // Орталық Қазақстан. 2001. 20 маусым. – 4-б.
3. Галицкий В.П. Вражеские военнопленные в СССР (1941-1945 гг.) // Военно – исторический журнал (ВИЖ). 1990. №9. –С. 45.
4. Земсков В.Н. ГУЛАГ, где ковалась победа. // Родина. 1991. №6-7. – С. 69-70.
5. Решин Л.Е. «...Русские пленные добровольно служить не идут... » // Известия. 1990. №148. 28 мая, -С. 3; Сонықі және басқалар, 1941 год. Кн.2, том 93 – Москва. Международный фонд «Демократия», 1998
6. Земсков В.Н. Репатриация и вторая волна эмиграции. // Родина. 1991. №6-7. – С.111; Сонықі, Репатриация советских граждан и их дальнейшая судьба (1944-1956гг.) // Социологические исседования. 1995. №6. – С. 6.
7. Кокебаева Г. Материалы архивных фондов ФРГ как источник изучения истории Советских военнопленных. // Қазақстан мұрағаты. 2006. №1.(2). – С. 98-103.
8. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы. 1999. – Б. 294 – 295.
9. Сборник законадательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. –М.: Республика: Верховный Совет Рос. Федерации, 1993. -223 с.
10. Қазақстан Республикасының Президенді мұрағаты 708-қ., 1-т. 942-іс.

ҒТАМА 14.25.09

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ

Өтебалиева А.С., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
aigerimutebalieva@gmail.com

Аннотация. Мақаланың мақсаты – орта мектепте «Дүниежүзі тарихы» пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын қолдану тәсілдерін анықтау, олардың педагогикалық қызметін ашу және 11-сынып оқушылары арасында жүргізілген іс-тәжірибе нәтижелері арқылы тиімділігін негіздеу. Зерттеу барысында CLIL аясында қолданылатын негізгі тәсілдер ретінде scaffolding, академиялық лексиканы кезеңдеп енгізу, визуализация, timeline, Venn diagram, cause–effect analysis, debate, role play және қалыптастырушы бағалау қарастырылды. Әр тәсілдің CLIL жүйесіне ену алғышарттары, оны сабақтың қай кезеңінде қолданудың орынды екені, тарих пәні үшін маңызы және тәжірибеде іске асу ерекшеліктері сипатталды. Іс-тәжірибеге 45 оқушы қатысты: 23 оқушы эксперименттік топта, 22 оқушы бақылау тобында оқыды. Нәтижелер CLIL технологиясын жүйелі қолданған эксперименттік топта пәнді түсіну, оқу мотивациясы және ағылшын тілінде жауап берудегі сенімділік көрсеткіштерінің едәуір артқанын көрсетті. Зерттеу қорытындысы тарих сабағында CLIL технологиясының тиімділігі нақты әдістемелік тәсілдерді дұрыс таңдауға және оларды сабақ кезеңдеріне сай қолдануға тікелей тәуелді екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: CLIL, дүниежүзі тарихы, ағылшын тілі, пәндік-тілдік кіріктіру

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде пәндік білімді шетел тілі арқылы меңгерту мәселесі ерекше маңызға ие. Бұл, бір жағынан, көптілді білім беру саясатының дамуымен, екінші жағынан, халықаралық академиялық ортаға бейімделген оқушы тұлғасын қалыптастыру қажеттілігімен байланысты. Осындай жағдайда CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясы пәндік мазмұн мен шетел тілін кіріктіре оқытудың пәрменді моделі ретінде кеңінен қарастырылады [1], [2].

Дүниежүзі тарихы пәні CLIL технологиясын қолдануға қолайлы пәндердің бірі болып саналады, өйткені оның мазмұны тарихи деректерді түсіндіруге, себеп-салдарлық байланысты анықтауға, тарихи тұлғалардың қызметін бағалауға, әртүрлі елдердің даму үлгілерін салыстыруға негізделеді. Бұл әрекеттер тек пәндік білімді ғана емес, сонымен бірге тарихи ойды ағылшын тілінде жеткізе алатын академиялық тілдік құзыреттілікті де талап етеді [2], [4].

Алайда тарихты ағылшын тілінде оқытуда жалпы теориялық ұстанымдардан гөрі нақты **қолдану тәсілдерін** айқындау әлдеқайда маңызды. Себебі CLIL технологиясының нәтижелілігі оның идеялық негізімен ғана емес, сабақта қандай тәсілдер қолданылғанымен, олардың сабақтың қай кезеңінде енгізілгенімен, оқушының тілдік деңгейіне қаншалықты сай таңдалғанымен анықталады. Сондықтан бұл мақалада назар CLIL технологиясының жалпы сипаттамасына емес, дәл **оны қолдану тәсілдеріне**, олардың шығу негізіне, CLIL жүйесіне енуіне, тарих сабағындағы қызметіне және практикалық нәтижесіне аударылады.

Зерттеудің мақсаты – орта мектепте «Дүниежүзі тарихы» пәнін ағылшын тілінде оқытуда қолданылатын CLIL тәсілдерін сипаттау, олардың ішіндегі ең қолайлы және нәтижелі түрлерін анықтау және 11-сынып оқушыларына жүргізілген іс-тәжірибе материалдары арқылы олардың тиімділігін көрсету.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы педагогикалық іс-тәжірибе барысында 11-сынып оқушылары негізінде жүргізілді. Жалпы зерттеуге 45 оқушы қатысты, оның ішінде 23 оқушы эксперименттік топты, 22 оқушы бақылау тобын құрады. Оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі CEFR халықаралық шкаласы бойынша A2–B1 аралығында болды. Мұндай деңгей пәндік мазмұнды ағылшын тілінде толық еркін игеруге жеткіліксіз болғанымен, CLIL технологиясының арнайы тілдік қолдау тәсілдері арқылы оқу материалын түсінуге мүмкіндік беретін аралық деңгей ретінде қарастырылды.

Зерттеуде бақылау, анкеталау, салыстырмалы талдау және педагогикалық бақылау әдістері пайдаланылды. Бақылау арқылы оқушылардың сабақтағы белсенділігі, тарихи мазмұнды түсінуі, ағылшын тілінде жауап беруі және тілдік қиындықтары анықталды. Анкеталау әдісі оқу мотивациясын, пәнге қызығушылығын және CLIL сабақтарына қатынасты бағалау үшін қолданылды. Бастапқы және қорытынды көрсеткіштерді салыстыру арқылы CLIL технологиясының нақты тиімділігі айқындалды.

Іс-тәжірибе барысында төмендегі сабақтар өткізілді:

- Мустафа Кемал Ататүрік – Түрік республикасының негізін қалаушы;
- Франклин Делано Рузвельт және оның жаңа бағыты;
- Шарль де Голль – Франция ұлылығының қайта жаңғыруы;
- Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы;
- Ли Куан Ю және Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге»;
- Н. Назарбаев және қазақстандық модернизацияның моделі;
- Тарихтағы тұлғаның рөлі.

Аталған тақырыптар бірнеше себеппен таңдалды. Біріншіден, олардың барлығы тарихи тұлғаның қоғамға ықпалы, реформалар, модернизация, саяси өзгеріс және көшбасшылық мәселелерін қамтиды. Екіншіден, бұл тақырыптарда reform, modernization, leadership, policy, independence, economic growth сияқты академиялық тарихи лексика молынан кездеседі. Үшіншіден,

мұндай мазмұн салыстыру, бағалау, пікір айту, дәлелдеу және рөлдік модельдеу сияқты CLIL тәсілдерін табиғи түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында мынадай көрсеткіштер негізгі өлшем ретінде алынды:

1. пәнді түсіну деңгейі;
2. оқу мотивациясы;
3. тілдік сенімділік, яғни ағылшын тілінде жауап беру еркіндігі.

Нәтижелер

CLIL технологиясында анықталған негізгі тәсілдер

Зерттеу барысында дүниежүзі тарихын ағылшын тілінде оқытуда қолданылған CLIL тәсілдері бірнеше топқа жіктелді:

1. тілдік қолдау тәсілдері;
2. мазмұнды құрылымдау тәсілдері;
3. тарихи талдау тәсілдері;
4. коммуникативтік белсендіру тәсілдері;
5. бағалау және кері байланыс тәсілдері.

Олардың ішінде ең жиі және нәтижелі қолданылған тәсілдер: **scaffolding, академиялық лексиканы кезеңдеп енгізу, визуализация, timeline, Venn diagram, cause–effect analysis, debate, role play және қалыптастырушы бағалау** болды.

Scaffolding тәсілі

CLIL технологиясындағы ең танымал және ең қолайлы тәсілдердің бірі – scaffolding, яғни тілдік және мазмұндық қолдау. Бұл ұғымның теориялық түпнегізі Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» туралы идеяларымен байланысты, кейін Дж. Брунер оқытудағы уақытша тірек ретінде дамытқан [6], [7]. CLIL жүйесіне scaffolding пәндік мазмұнды шетел тіліндегі кедергіден қорғау механизмі ретінде енді. Оның негізгі мақсаты – оқушыға жаңа мазмұнды қабылдау үшін тілдік тірек беру, содан кейін біртіндеп дербес сөйлеуге жеткізу.

Іс-тәжірибеде scaffolding сабақтың **кіріспе кезеңінде** ең тиімді тәсіл ретінде қолданылды. Мысалы, «Мустафа Кемал Ататүрік» тақырыбында secular state, republic, modernization, reform ұғымдары word bank арқылы енгізілді. «Дэн Сяопин» сабағында reform, market economy, modernization, open-door policy сияқты тірек сөздер алдын ала түсіндірілді. Оқушылар жаңа тақырыпқа кіріспес бұрын кілт сөздермен танысып, қысқа анықтама, сурет, сәйкестендіру тапсырмалары арқылы мағынасын түсінді. Бұл тәсіл әсіресе тілдік деңгейі төмендеу оқушылардың сабаққа психологиялық сеніммен кіруіне мүмкіндік берді.

Scaffolding-тің практикалық маңызы – тарихи мазмұнды жеңілдетуде емес, оны игеруге жағдай жасауда. Зерттеу барысында дәл осы тәсіл оқушылардың ағылшын тілінде жауап беру қорқынышын төмендетіп, тілдік сенімділікті арттыруда аса маңызды болғаны байқалды.

Академиялық лексиканы кезеңдеп енгізу

CLIL технологиясында пәндік мазмұнның сапалы игерілуі академиялық лексиканың жүйелі қалыптасуына тәуелді. Бұл тәсіл Дж. Камминстің

когнитивтік академиялық тілдік құзыреттілік туралы тұжырымымен байланысты [4]. CLIL-ге ол пәнді игеру үшін тек күнделікті сөйлеу тілі жеткіліксіз екенін түсіндіру мақсатында енді. Тарих сабақтарында academic vocabulary оқушының тарихи пайымдауына тікелей әсер етеді.

Іс-тәжірибеде академиялық лексика сабақтың кіріспе және негізгі бөлімінде кезеңдеп енгізілді. Алдымен кілт сөздер ұсынылды, кейін олар сөйлем үлгілерінде, содан соң жұптық және топтық тапсырмаларда қолданылды. Мысалы, «Франклин Делано Рузвельт және оның жаңа бағыты» тақырыбында depression, recovery, unemployment, reform, government intervention сөздері берілді. «Шарль де Голль» сабағында resistance, leadership, national revival, independence ұғымдары пайдаланылды. Кейін бұл сөздер cause–effect analysis, debate және summary тапсырмаларында белсенді іске қосылды.

Бұл тәсілдің артықшылығы – оқушы сөзді оқшау күйде емес, тарихи контекст ішінде меңгереді. Нәтижесінде пәнді түсіну сапасы артты, өйткені тарихи материалдың негізгі ұғымдық өзегін түсіну жеңілдеді.

Визуализация және графикалық ұйымдастырушылар

CLIL технологиясында кең қолданылатын тәсілдердің бірі – визуализация. Оның теориялық негізі күрделі білімді графикалық құрылымдау идеясына сүйенеді, әсіресе Дж. Новактың concept map туралы еңбектерімен байланысты [8]. CLIL жүйесіне визуализация тілдік жүктемені азайтып, мазмұнды түсінуді күшейту құралы ретінде енді.

Зерттеу барысында визуализация бірнеше түрде қолданылды.

- **Timeline** хронологиялық реттілікті көрсету үшін пайдаланылды.

«Н. Назарбаев және қазақстандық модернизацияның моделі» сабағында тәуелсіздік кезеңіндегі реформалар timeline арқылы жүйеленді. «Шарль де Голль» тақырыбында соғыстан кейінгі Францияның қайта өрлеу кезеңдері көрсетілді. Бұл тәсіл тарихи оқиғаларды жекелеген фактілер емес, бірізді процесс ретінде қабылдауға мүмкіндік берді.

- **Venn diagram** салыстыру қажет болғанда қолданылды. «Ли Куан Ю және Махатхир Мохаммад» сабағында екі реформатордың даму модельдері салыстырылды. Оқушылар бір бөлікте ұқсастықтарды, екінші бөлікте айырмашылықтарды, ортасында ортақ белгілерді жазды. Бұл compare, similarly, unlike, in contrast сияқты тілдік құрылымдарды қолдануға ықпал етті.
- **Mind map** «Тарихтағы тұлғаның рөлі» сабағында қолданылды. Оқушылар тарихи тұлғаның қасиеттері, идеялары, реформалары және қоғамға ықпалын бір картаға жинақтады. Бұл тәсіл талдау мен жинақтау әрекетін дамытуға қолайлы болды.

Визуализация тәсілдерінің негізгі маңызы – тарихи мазмұнды жүйелеу, когнитивтік жүктемені азайту және тілді қолдануды қолжетімді ету. Тәжірибеде бұл тәсілдер оқушылардың пәнді түсінуіне айқын ықпал етті.

- **Cause–effect analysis тәсілі**

Тарих пәніне ең сәйкес келетін CLIL тәсілдерінің бірі – cause–effect analysis. Оның CLIL жүйесіне енуі Б. Блум таксономиясындағы талдау

деңгейін пәндік және тілдік мақсатпен кіріктіру қажеттілігімен байланысты [5]. Тарихи ойлау көбіне себеп пен салдарды ажырата білуге негізделетіндіктен, бұл тәсіл тарих сабағында ең мазмұнды және нәтижелі құралдардың бірі болып табылады.

Іс-тәжірибеде cause–effect analysis «Франклин Делано Рузвельт және оның жаңа бағыты», «Дэн Сяопин», «Н. Назарбаев және қазақстандық модернизацияның моделі» тақырыптарында кең қолданылды. Оқушылар because, therefore, as a result, this led to, consequently сияқты құрылымдарды пайдаланып, реформалардың себептері мен нәтижелерін сипаттады. Мысалы, Рузвельт тақырыбында Ұлы депрессияның салдары мен «жаңа бағыт» реформаларының ықпалы кесте арқылы талданды. Бұл тәсіл әрі тарихи логиканы, әрі ағылшын тіліндегі логикалық байланыстарды меңгеруге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесінде cause–effect analysis пәнді түсіну көрсеткішінің өсуіне ең көп ықпал еткен тәсілдердің бірі болды.

- **Debate тәсілі**

CLIL технологиясында жоғары деңгейлі коммуникативтік және когнитивтік нәтижеге жетелейтін тәсілдің бірі – debate. Ол CLIL-ге академиялық пікір айту, дәлелді сөйлеу және тарихи бағалау мәдениетін дамыту құралы ретінде енді [2], [9]. Debate-тің маңызы – оқушыны дайын білімді қайталаушы емес, оны бағалап, дәлелдей алатын тарихи субъектке айналдыруында.

Бұл тәсіл «Тарихтағы тұлғаның рөлі» тақырыбында ең нәтижелі қолданылды. Оқушылар «тарихты тұлға жасай ма, әлде тарихи жағдай ма?» деген сұрақ төңірегінде пікірталас өткізді. Сонымен қатар «Мустафа Кемал Ататүрік» және «Н. Назарбаев» сабақтарында реформалардың тиімділігі туралы шағын пікірталас ұйымдастырылды. Оқушылар дәлел келтіріп, тарихи дерекке сүйеніп сөйлеуге тырысты.

Debate тәсілі оқу мотивациясының артуына ерекше әсер етті. Себебі оқушылар белсенді қатысып, өз ойын қорғауға мүмкіндік алды.

- **Role play тәсілі**

Role play немесе рөлдік модельдеу CLIL жүйесінде тарихи тұлғалардың көзқарасын ішкі жағынан түсіндіруге мүмкіндік беретін тәсілдердің бірі болып табылады. Ол әлеуметтік өзара әрекет арқылы білім қалыптастыру идеяларымен сабақтас [6]. CLIL-ге бұл тәсіл мазмұнды эмоционалдық және коммуникативтік тұрғыдан меңгертудің құралы ретінде енді.

Іс-тәжірибеде role play «Мустафа Кемал Ататүрік», «Франклин Делано Рузвельт», «Дэн Сяопин» сабақтарында қолданылды. Бір оқушы тарихи тұлға рөлінде сөйлесе, екіншісі журналист немесе тарихшы рөлінде сұрақ қойды. Мысалы, Рузвельт сабағында оқушы өзін президент ретінде таныстырып, жаңа бағыттың мақсатын түсіндірді. Бұл тәсіл оқушылардың сөйлеуге деген сенімін нығайтты, тілдік белсенділігін арттырды және тарихи мазмұнды «ішкі позиция» арқылы меңгеруге көмектесті.

- **Қалыптастырушы бағалау**

CLIL технологиясында қалыптастырушы бағалау маңызды қолдау механизмі ретінде қарастырылады. Ол оқушыны жазалау құралы емес, оның пәндік және тілдік ілгерілеуін реттеу тетігі болып табылады [2]. CLIL-ге бұл тәсіл мазмұн мен тілді қатар бағалау қажеттілігінен енді.

Іс-тәжірибеде rubric, peer assessment, self-assessment және ауызша кері байланыс қолданылды. Мысалы, пікірталастан кейін оқушылар бір-бірін historical accuracy, use of key vocabulary, clear argument өлшемдері бойынша бағалады. Бұл тәсіл оқушының өз жауабына сыни қарауына және тарихи жауаптың сапа өлшемдерін түсінуіне мүмкіндік берді.

Сандық нәтижелер

Іс-тәжірибе нәтижелері эксперименттік топта CLIL тәсілдерінің тиімді болғанын көрсетті.

1-кесте – Пәнді түсіну деңгейі

Топ	Бастапқы көрсеткіш	Қорытынды көрсеткіш	Өсім
Эксперименттік топ	62%	85%	+23%
Бақылау тобы	64%	68%	+4%

2-кесте – Оқу мотивациясы

Топ	Бастапқы көрсеткіш	Қорытынды көрсеткіш	Өсім
Эксперименттік топ	60%	88%	+28%
Бақылау тобы	63%	70%	+7%

3-кесте – Тілдік сенімділік

Топ	Бастапқы көрсеткіш	Қорытынды көрсеткіш	Өсім
Эксперименттік топ	58%	82%	+24%
Бақылау тобы	60%	68%	+8%

Сандық нәтижелер көрсеткендей, эксперименттік топта барлық көрсеткіштер бойынша айқын өсім байқалды: пәнді түсіну – +23%, мотивация – +28%, тілдік сенімділік – +24%. Бұл CLIL технологиясының нәтижесі жалпы идеяға емес, нақты тәсілдердің жүйелі қолданылуына байланысты болғанын дәлелдейді.

Қорытындылар.Зерттеу барысында орта мектепте «Дүниежүзі тарихы» пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын жүзеге асыратын негізгі тәсілдер анықталды. Олар: scaffolding, академиялық лексиканы кезеңдеп енгізу, визуализация, timeline, Venn diagram, cause–effect analysis, debate, role play және қалыптастырушы бағалау.

Осы тәсілдердің ішіндегі **ең танымал және ең қолайлысы** scaffolding, академиялық лексиканы кезеңдеп енгізу және визуализация екені анықталды. Себебі бұл тәсілдер A2–B1 деңгейіндегі оқушылар үшін тілдік кедергіні төмендетіп, тарихи мазмұнды қабылдауды жеңілдетеді. Ал **ең нәтижелі жоғары деңгейлі тәсілдер** ретінде cause–effect analysis, debate және role play танылды, өйткені олар тарихи пайымдау, дәлелді сөйлеу, оқу мотивациясы мен тілдік сенімділікті күшейтті.

Тәжірибе көрсеткендей, әр тәсілді сабақ кезеңіне сәйкес қолдану өте маңызды. Кіріспе кезеңінде scaffolding пен академиялық лексика тиімді, негізгі бөлімде cause–effect analysis, timeline, Venn diagram, mind map сияқты тәсілдер нәтижелі, ал қорытынды кезеңде debate, role play және қалыптастырушы бағалау оқушылардың білімін тереңдетеді. Демек, CLIL технологиясын тарих сабағында қолдану жалпы теориялық ұстаным емес, нақты тәсілдер жүйесіне негізделетін әдістемелік модель болып табылады.

Эксперименттік топтағы көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі тарихты ағылшын тілінде оқытуда CLIL тәсілдерінің тиімді екенін дәлелдейді. Сондықтан бұл технологияны орта мектеп тәжірибесіне енгізуде ең алдымен тәсілдерді дұрыс таңдау, оларды сабақ кезеңдеріне сай орналастыру және оқушының тілдік деңгейіне бейімдеу қажет.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Marsh D. CLIL/EMILE – The European Dimension. Jyväskylä: University of Jyväskylä, 2002.
2. Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. Cambridge: Cambridge University Press, 2010.
3. Ball P. What is CLIL? International Journal of Bilingual Education and Bilingualism, 2015.
4. Cummins J. Language, Power and Pedagogy. Clevedon: Multilingual Matters, 2000.
5. Bloom B.S. Taxonomy of Educational Objectives. New York: Longman, 1956.
6. Vygotsky L.S. Mind in Society. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978.
7. Bruner J. The Role of Dialogue in Language Acquisition. In: The Child’s Conception of Language. New York: Springer, 1983.
8. Novak J.D. Learning, Creating, and Using Knowledge: Concept Maps as Facilitative Tools in Schools and Corporations. New York: Routledge, 2010.
9. Dewey J. Democracy and Education. New York: Macmillan, 1916.

ВИРТУАЛДЫ МУЗЕЙ ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРАКТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Парахат Ж.Е., Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
jansulupar@mail.ru

Аннотация. Мақалада XXI ғасырдағы ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллектінің қарқынды дамуы жағдайында оларды жоғары білім беру үдерісіне енгізудің өзекті мәселелері қарастырылады. Автор гуманитарлық ғылымдарды оқытуда жаңа медиа-білім беру технологияларын қолданудың ерекшеліктері мен қиындықтарын талдайды. Сонымен қатар студенттердің ақпараттық және медиасауаттылық құзыреттерін қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Зерттеу барысында медиа технологияларды білім беру процесінде тиімді пайдаланудың негізгі теориялық қағидалары анықталып, олардың оқу бағдарламаларын әзірлеудегі рөлі негізделеді. Атап айтқанда, білім беру мақсаттарының құрылымдылығы, кәсіби бағдарлылығы және ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту қажеттілігі көрсетіледі. Автор жаңа технологияларды тек оқу барысында ғана емес, болашақ кәсіби қызметте де қолдануға бағыттаудың маңызын атап өтеді. Мақалада ұсынылған тәжірибелік жоба Астана Халықаралық университеті базасында жүзеге асырылып, болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған.

Кілт сөздер: виртуалды музей, медиа-білім беру, технология, ақпараттық деректер, медиасауаттылық, құзыреттілік, тарихи жәдігер, медиа құрал.

XXI ғасырдың еншісіне енген жаңа ақпараттық технологиялардың, компьютерлік техниканың және бүгінгі жасанды интеллектінің қарқынды дамуы оларды жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне белсенді түрде енгізу қажеттілігін туындатты. Алайда оларды тәжірбиелік практикада меңгеру және тиімді қолдану айтарлықтай күрделі мәселе болып отыр. Бұл, әсіресе, мазмұны толықтай ақпараттандыруға оңай бейімделе бермейтін гуманитарлық ғылымдарды оқыту саласына тән.

Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану жоғары оқу орындарының студенттері үшін ерекше маңызға ие. Себебі болашақ мамандар ақпаратпен және медиа құралдарымен жұмыс істеудің кәсіби дағдыларын толыққанды меңгеруі тиіс. Атап айтқанда, олар ақпаратты іздеу, талдау, басқару, біріктіру, бағалау және әртүрлі формада, әртүрлі медиа құралдар арқылы жасау қабілеттерін игеруі қажет. Осыған байланысты гуманитарлық пәндерді оқыту барысында жаңа медиа-білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың шарттарын зерттеу өзекті мәселеге айналып отыр.

Медиа құралдары саласындағы әдебиеттерді талдау нәтижесінде оқу пәндерін бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу барысында ескерілуі тиіс бірқатар маңызды теориялық қағидалар анықталды.

Біріншіден, медиа-білім беру технологияларын қолдану өз алдына міндетті емес, алайда ол білім беру мақсаттарына жетудің маңызды құралы болып табылады. Жоғары академиялық білім берудің негізгі мақсаты - тиісті деңгейдегі және жаңашыл бағыттағы білікті мамандар даярлау. Олар еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз кәсібін еркін меңгерген, сабақтас салаларды бағдарлай алатын, әлемдік стандарттар деңгейінде тиімді жұмыс істей алатын әрі үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуы тиіс. Ал жекелеген пәндерді оқыту мақсаттары жалпы білім беру мақсатын нақтылап, сонымен қатар белгілі бір құрылымға (мысалы, Б. Блум таксономиясына сәйкес) негізделуі қажет.

Екіншіден, жеке оқу курстарының бағдарламалары жалпытеориялық және жалпымаңызды мәселелерді қамтып, студенттердің болашақ кәсіби қызметіне байланысты арнайы пәндерді меңгеруіне қажетті бөлімдерді қарастыруы тиіс. Мәселен, гуманитарлық пәндерді оқыту барысында қазіргі мәдениетті терең түсінуге мүмкіндік беретін кең ауқымды мәселелер қарастырылады.

Үшіншіден, студенттерді жаңа медиа-білім беру технологияларын тек оқу барысында ғана емес, болашақ кәсіби қызметінде де тиімді қолдануға үйрету маңызды. Осы мақсатта пәндерді оқыту процесінде ақпаратпен жұмыс істеудің негізгі дағдылары мен компьютерлік сауаттылық қалыптастырылуы қажет. Оның ішінде Windows сияқты стандартты бағдарламалармен жұмыс істеу қабілеті де қамтылады. Сонымен қатар ақпаратты шығармашылық тұрғыдан өңдеу тәсілдеріне ерекше назар аударылуы тиіс.

Тәжірбиелік мақсаттағы биыл алғашқы рет ұсынылып отырған жұмысымыз Астана Халықаралық университеті, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің базасында 6В02201 Ғылыми тарих бағыты бойынша жүргізілетін «Мұрағаттану және мұражайтану» пәні бойынша дайындалды. Жас ізденушілердің жаңа медиа-білім беру технологияларын әзірлеу тәжірибесі негізінде ұсынылады. Бұл жобаны меңгеру болашақ мамандарға білім беру тәжірибесінде қалыптасқан түрлі бағыттар мен идеяларды терең түсінуге мүмкіндік береді деген сенімдеміз.

Ең алдымен, жобаны жүзеге асырудың мақсаттары бірнеше топқа жіктелді.

Ақпараттандыру және түсіну мақсаттары:
– тарихи-артефактілердің мәні мен мазмұнын ашу;
– хронологиялық белгілері мен нақты уақытын белгілеу;
– өткен дәуірдің тарихи мұраларымен жүйелі таныстыру;
– тарихи-педагогикалық білімдерді жүйелеуге ықпал ету.

Білімді қолдану мақсаттары:
– студенттердің түрлі медиа көздер арқылы жаңа білімді өз бетінше меңгеруіне жағдай жасау;
– тарихи-ақпараттық білімдерді қазіргі білім беру мәселелерін шешуде қолдану мүмкіндіктерін көрсету.

Қорытынды жасау мақсаттары:
– әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты интерпретациялау қажеттілігін

түсіндіру;
– тарихи-деректік ақпараттардың маңыздылығын бағалай білу қабілетін дамыту;
– пікірлерді дәлелдеу және негіздеу дағдыларын қалыптастыру.

Коммуникативтік мақсаттар:
– студенттердің диалогтік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру;
– ойды нақты жеткізу, сұрақты дұрыс қоя білу, өзгелердің пікірін тыңдау және түсіну дағдыларын дамыту.

Іс-әрекеттік және ойлау қабілеттерін дамыту мақсаттары:
– тарихи-ақпараттық материалды талдау барысында логикалық ойлауды дамыту;
– шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде икемділік пен жаңашылдыққа негізделген ойлауды қалыптастыру.

Білім беру мақсаттарының мұндай көпқырлылығы бір мезгілде бірнеше мақсатқа жетуді көздейтін кешенді технологияларды қолдануды талап етеді. Тәжірибе көрсеткендей, соның ішінде ең тиімді технологиялардың бірі - студенттердің виртуалды музей құруы. Бұл технология музейлік экспозицияларды ұйымдастыру арқылы тұлғаның әлеуметтенуіне, танымдық белсенділігінің артуына және интерактивті, желілік формаларды енгізу арқылы оқу тиімділігінің жоғарылауына ықпал етеді.

Аталған технологияны таңдаудың негізі - музей кеңістігінің адамзат жинақтаған рухани және мәдени тәжірибені жеткізудегі ерекше рөлі. Музей мен білім алушы арасындағы диалогтық байланыс бүкіл әлеуметтік-мәдени білім беру үдерісіне әсер етеді және бұл - адамның мәдени ортамен өзара әрекеттесуінің жоғары деңгейдегі формасы.

Ал виртуалды музей білім беру мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтеді. Оның интерактивті және желілік формалары дәстүрлі музей шеңберінен шығып, «музей-экспозиция», «музей-шеберхана», «музей-театр», «музей-ойын кеңістігі», «музей-демалыс орталығы», «музей-креативті зертхана» сияқты кешенді білім беру ортасын қалыптастырады.

Соңғы жылдары қазіргі мәдени кеңістікте виртуалды музей тақырыбының өзектілігі қарқынды дамып, білім беру саласында өз орнын нықтай түсуде. Бұл бағыт мұражай ісінің мазмұнын жаңа деңгейге көтеріп, оның даму бағытын айқындайтын маңызды факторлардың біріне айналды. Аталған үдеріс, ең алдымен, қазіргі заман музейлерінің виртуалды кеңістікті жүйелі түрде игеруімен тығыз байланысты. Виртуалды орта музей қызметінің жаңа формаларын қалыптастырып қана қоймай, білім беру мен мәдениетті ұштастыратын тиімді алаң ретінде де ерекшеленеді.

Виртуалды музей кеңістігін құрудың ұйымдастырушылық қызметтің негізі студенттердің өздерінің жеке қорларындағы үйге қажетті тұрмыстық заттарды, фото құжаттарды құрайды. Ол - музейлік материалдарды көрсетуге оңтайландырылған арнайы веб-сайт болып табылады. Мұндай музейлік кеңістікте ғылым мен өнер туындылары, тарихи артефактілер, цифрлық форматтағы виртуалды коллекциялар, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды

білдіретін жәдігерлер орналастырылуы мүмкін. Осылайша, виртуалды музей тек сақтау мен көрсету функциясын ғана емес, сонымен қатар білім беру, ақпарат тарату және мәдени мұраны насихаттау міндеттерін де қатар атқарады.

Алғашқы қарағанда виртуалды музей дәстүрлі музейге едәуір ұқсас болып көрінуі мүмкін. Алайда бұл ұқсастық сыртқы сипатқа ғана тән және белгілі бір деңгейде жаңсақ түсінік қалыптастыруы ықтимал. Шын мәнінде, виртуалды музей дәстүрлі музейдің тұрақты және уақытша көрмелеріне негізделген классикалық моделінен әлдеқайда кең ұғымды қамтиды. Виртуалды музейдегі экспозициялар тұрақты болғанымен, олардың тұрақтылығы үздіксіз даму үдерісімен сипатталады. Яғни экспозиция мазмұны уақыт өте келе толықтырылып, үнемі жаңартылып отырады.

Бұдан бөлек, виртуалды музей нақты физикалық кеңістікке тәуелді емес. Оның қызмет ету аясы мен өмір сүру ортасы толығымен интернет кеңістігімен шектеледі. Бұл жағдай музей қызметін кеңейтіп, оған қолжетімділікті арттырады, сонымен қатар географиялық шектеулерді жояды. Осындай мүмкіндіктер студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға да кеңінен жол ашады. Қазіргі таңда олар компьютерлік технологиялар мен ғаламдық интернет желісінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, мазмұны жағынан қызықты, формасы жағынан слайд-шоу немесе мультимедиялық көрсетілімге ұқсас виртуалды экскурсиялар ұйымдастыра алады. Мұндай жұмыстар студенттердің зерттеушілік, талдау және презентация жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. 2025-2026 оқу жылының II жарты жылдығындағы «Мұрағаттану және мұражайтану» пәні бойынша “Өз әулетінің тарихы” атты тақырыпта виртуалды музей құру - студенттердің өзіндік жұмысына арналған маңызды шығармашылық тапсырмалардың бірі болып табылады. Егер бұл тапсырма сапалы деңгейде орындалып, музей экспозициясында отбасының тарихына қатысты барлық артефактілер жүйелі әрі толық қамтылса, онда студентке пән бойынша I және II аралық бақылау жұмысына қорытынды баға қоюға негіз болады. Осылайша, виртуалды музей құру жұмысы I және II аралық бақылау жұмысын бағалаудың баламалы түрі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Студенттер жасаған виртуалды музейді оқу үдерісінде көрнекі құрал ретінде де тиімді пайдалануға болады. Дәстүрлі баспа оқулықтарымен салыстырғанда, виртуалды музейдің мүмкіндіктері әлдеқайда кең. Себебі баспа материалдарында иллюстрациялар көбіне статикалық сипатта ұсынылса, виртуалды музейде компьютерлік модельдер, интерактивті сызбалар, динамикалық бейнелер және басқа да мультимедиялық элементтерді қолдануға мүмкіндік бар. Мұндай құралдар білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, оқу материалын терең әрі берік меңгеруіне жағдай жасайды. **Жұмысты неден бастау қажет?**

1. Тақырыптық-экспозициялық жоспарды негіздеу және әзірлеуден;
2. Виртуалды экспозицияның құрылымын жасаудан;
3. Ең қызықты экспонаттарды іріктеу және сипаттаудан;

4. Осы кезеңдегі білім беру жүйесін сипаттайтын педагогтардың еңбектерінен маңызды дәйексөздерді таңдаудан;

5. Тақырыптық экскурсияларды құрастырудан бастау қажет.

Виртуалды музей құру барысында екі негізгі аспектіні бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, мазмұнды анықтау, яғни тақырыптар мен бөлімдер бойынша қажетті ақпаратты іздеу және іріктеу.

Екіншіден, электрондық ресурстың интерактивтілігін арттыратын қолайлы навигациялық жүйені қамтамасыз ету.

Музейді әзірлеу барысында студенттер жүргізетін ақпараттық ізденіс олардың оқу материалымен алғаш танысуының негізі болып табылады. Осыған байланысты оларға тек негізгі оқулықтар мен оқу құралдарын ғана емес, сонымен қатар алғашқы дереккөздерді, анықтамалық әдебиеттерді және интернет ресурстарын пайдалану ұсынылады.

Ақпаратты іздеу кезеңінде студенттер ғылыми мәтіндерді оқудың әртүрлі әдістерін меңгереді:

шолу (танысу) оқуы - дереккөздің мазмұны туралы жалпы түсінік алу үшін алғашқы қарастыру;

таңдамалы оқу - музей экспонаттарын іріктеуге қажетті мәтін бөліктерін ғана оқу;

тұтас (жаппай) оқу - толық түсінік қалыптастыру үшін мәтінді мұқият толық оқу (мысалы, белгілі бір елдің білім беру тарихын шолу экскурсиясына дайындалу кезінде);

тереңдетіп оқу (материалды талдап оқу) - мәтінді жан-жақты талдау арқылы тақырыптық экскурсияларды әзірлеу және сұрақтарға жауап беру.

Навигация мәселесіне келетін болсақ, виртуалды музей құру барысында студенттерге Power Point форматындағы мультимедиялық презентацияларды пайдалану ұсынылады. Бұл құрал материалды еркін құрылымда орналастыруға, түрлі түстерді, анимацияларды, графикалық бейнелерді қолдануға және слайдтардың көрсетілу ретін динамикалық түрде реттеуге мүмкіндік береді. Слайдтарды бірінің үстіне бірін қабаттастыру арқылы материалды кезең-кезеңімен көрсетуге болады. Мысалы, алдымен экранда отбасының жеке қорында сақталған фото бейне мен қысқаша өмірбаяны көрсетіледі. Одан кейін фон ретінде оның өмір сүрген қаласының көрінісі пайда болады. Келесі кезеңде ол білім алған немесе қызмет еткен оқу орнының бейнесі ұсынылады (егер ондай материал бар болса). Соңында экранда оның қанатты сөздері немесе өмірге деген құштарлығы мен өмір сүру құндылығы беріледі. Тағы бір тиімді тәсіл - музей құру барысында гипермәтіндік технологияларды пайдалану. Бұл технологияның басты ерекшелігі - гиперсілтемелер арқылы ақпаратқа еркін көшу мүмкіндігі. Гиперсілтемелер арнайы белгіленген мәтін немесе графикалық бейне түрінде беріледі.

Компьютер экранында бір мезгілде бірнеше гиперсілтеме орналаса алады және олардың әрқайсысы «экскурсияның» өзіндік бағытын айқындайды. Осындай тармақталған ақпараттық ортада қажетті мәліметті оңай табуға,

мазмұнды өз бетінше құрастыруға және бұрын қарастырылған материалдарға қайта оралуға мүмкіндік мол

Бұл технология ақпаратты пайдаланушы графикалық және мәтіндік сілтемелер арқылы еркін игере алатындай етіп ұсынуға мүмкіндік береді. Яғни, қолданушы ұсынылған материалмен жұмыс істеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланып, өзіне ыңғайлы бағытта білім ала алады. Қазіргі заманғы озық технологиялардың бірі ретінде **Street View** технологиясын атап өтуге болады. Бұл технология пайдаланушыға музей экспозициясының залдарында өз бетінше жүргендей әсер береді.

Аталған технология кеңістікте еркін қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз етеді: «келуші» музей залдары арасында ауыса алады, кез келген экспонатқа жақындап, оны ұсақ бөлшектеріне дейін егжей-тегжейлі қарастыра алады. Бұл - виртуалды музейдің көрнекілік және интерактивтілік мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырады. Виртуалды музей қызметінің негізгі түрі - экскурсия болып табылады. Виртуалды экскурсиялар студенттердің экскурсиялық қызметке оңай әрі ыңғайлы түрде бейімделуіне ықпал етеді. Олар әрі экскурсант, әрі экскурсовод рөлінде өздерін сынап көруге мүмкіндік алады. Виртуалды экскурсияны дайындау барысында бірқатар әдістемелік талаптарды сақтау қажет. Бұл талаптар экскурсияның тиімділігін арттыруға көмектеседі және олар дәстүрлі (нақты) экскурсияларды дайындау талаптарымен ұқсас келеді. Ең алдымен, «экскурсовод» музейде ұсынылған материалдармен толық танысуы тиіс. Одан кейін экскурсияның мақсаты мен міндеттері анықталады, сондай-ақ экскурсанттардың қандай білімді меңгеруі керектігі белгіленеді. Осыдан соң экскурсия маршруты жасалады: қай беттерді, қандай реттілікпен қарастыру қажет, қандай нысандарға ерекше назар аудару керек, қандай тапсырмалар орындалуы тиіс – осының барлығы алдын ала жоспарланады.

Виртуалды экскурсия түріндегі сабақтарды дайындау және өткізу барысында келесі негізгі кезеңдерді қамту қажет:

біріншіден, бұл - **жеке тұлғаға бағытталған оқыту тәсілі**. Бұл тәсіл бойынша оқу әрекеті әр студенттің танымдық мүмкіндіктеріне бейімделуі тиіс, сондай-ақ оның жеке ерекшеліктері ескерілуі қажет;

екіншіден, **инженерлік-педагогикалық тәсіл**, ол виртуалды экскурсияны кезең-кезеңімен жоспарлап, жүйелі түрде жүзеге асыруды көздейді.

Осы тәсілдерді ескере отырып, виртуалды экскурсияны дайындау бірнеше кезеңнен тұрады:

Диагностикалық кезең - бұл кезеңде аудиторияның қызығушылықтары, олардың жұмысқа кірісудегі уәждері, дербестік деңгейі және жауапкершілігі анықталады. Осы мәліметтер негізінде әрбір студентке немесе студенттер тобына жеке «оқу маршруты» құрастырылады. Ортақ қызығушылықтары бар студенттер топтарға біріктіріліп, әрқайсысы белгілі бір рөлдерді атқарады (мысалы: «зерттеушілер», «суретшілер», «педагогтар», «фотографтар», «аниматорлар», «редакторлар», «экскурсоводтар» және т.б.).

Дайындық кезеңі - экскурсияның мақсаттары мен міндеттері айқындалады, тақырып таңдалады, қажетті ақпарат іздестіріледі және экскурсиялық материалдардың дереккөздері белгіленеді.

Орындаушылық кезең - экскурсиялық нысандар іріктеліп, жан-жақты зерттеледі; жобаны таныстыру үшін қажетті фотосуреттер мен иллюстрациялар цифрландырылып (сканерленіп) дайындалады; бейнематериалдар негізінде экскурсия маршруты құрылады; экскурсия мәтіні әзірленеді және виртуалды экскурсияны жүргізу әдістемесі анықталады.

Қорытынды кезең - дайын виртуалды экскурсия өткізіледі.

Талдау кезеңі - орындалған жұмыс талқыланып, оның кемшіліктері анықталады және оларды түзету жолдары қарастырылады.

Ұсынылып отырған бұл әдіс бірінші жылы тәжірибеде қолданылып отыр. Қазіргі таңда оның тиімділігін нақты нәтижелер арқылы бағалауға мүмкіндік бар. Мысалы, студенттер тарапынан жасалған виртуалды музейлердің бірінде мазмұн (қысқаша мазмұны) өз отбасыларында атадан балаға мұра болып қалған тарихи жәдігерлер көрсетілген. Белгілі бір жәдігерді таңдағанда, экранда сол жәдігердің тарихи мазмұны ашылып, онда түрлі түстермен белгіленген мұрагерлері көрсетіледі. Бұл түстер жәдігер иелерінің артефактілерді қолданған кезеңдерін білдіреді. Ал берілген тарихи фотоны таңдағанда, экранда сол фото суретте берілген азаматтар жайлы негізгі ақпараттар шығады: фото суретке түскен жылы, фотоға қатысты мазмұны және басқа да маңызды деректер көрсетіледі. Тағы бір нұсқада музейге «кіру» кезінде екі негізгі бөлімнен тұратын бағыттаушы көрсеткіш ұсынылады: «әулет шежіресі» және «тарихи жәдігерлер тарихы». Бұл бөлімдердің ішінде де жылдар мен тарихи жәдігерлердің сақталуы бойынша қосымша көрсеткіштер жүйесі қарастырылған.

Кез келген беттен ашылатын ақпараттық панельде келесі мәліметтер қолжетімді болады:

- музей экспозициясының жоспары;
- «келуші» дәл қазіргі сәтте орналасқан залдың сипаттамасы;
- өз әулетінің шежіресі мен отбасылық жәдігерлер тарихы.

Осы көрсеткіштерді пайдалана отырып, «келуші» өз экскурсиясының бағытын дербес түрде құрастыра алады. Виртуалды музейді құру технологиясын қолдану нәтижелерін талдай отырып, біз студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мұндай тәсілі дәстүрлі оқыту жағдайын айтарлықтай өзгертетінін байқадық. Бұрын оқыту қызметі толықтай оқытушыға тиесілі болса, енді оның бір бөлігі студенттің өзіне беріледі. Әзірленген медиа-білім беру технологиясын қолдану студентке ұсынылған оқу ақпаратын өзінің жеке қабілеттеріне сәйкес икемді түрде меңгеруге және өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оқытушының рөлі кеңесші деңгейіне ауысады: ол студентке оқу ақпараттары ағынында дұрыс бағдар алуға көмектеседі және туындаған мәселелерді шешуге бағыт береді. Ақпаратты өз бетінше іздеу, оны өңдеу және жүйелеу студенттердің оқу материалын қабылдауын жеңілдетеді, есте сақтау қабілетін арттырады, білімді жүйелеуге

ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл үдеріс олардың бейнелі және логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға оң әсерін тигізеді. Осылайша, бүгінгі таңда білім беру тәжірибесінде виртуалды музей педагогикасын қолданудың сан алуан мүмкіндіктері бар деген қорытынды жасауға болады. Оның өзектілігі мен қажеттілігі айқын. Сондықтан білім беру үдерісін ұйымдастырудың бұл жаңа әрі тиімді формасын меңгеріп, оның мүмкіндіктерін нақты тәжірибеде бағалау маңызды. Шынында да, заманауи компьютерлік технологиялар мен шексіз «электрондық мәдени мұра» ресурстарының көмегімен таңғажайып виртуалды музейлер құруға мүмкіндік туды. Экспозициялар мен көрмелерді әртүрлі түрде ұйымдастыруға, олардың құрылымын, мысалы, тәулік уақытына немесе жыл мезгіліне байланысты өзгертіп отыруға болады. Сонымен қатар, пайдаланушыны кез келген тарихи дәуірге, этникалық, табиғи немесе тұрмыстық ортаға «енгізу», көрнекті тұлғалардың өмірі мен шығармашылығының маңызды кезеңдерін көрнекі түрде көрсету, олардың жетістіктерін жан-жақты таныстыру мүмкіндігі пайда болды.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері жаңа медиа-білім беру технологияларын оқу үдерісінде қолдану дәстүрлі оқыту тәсілдерін қайта қарастыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Виртуалды музей құру сияқты шығармашылық тапсырмалар тек оқу қызметіне ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметке қажетті білім мен дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруға ықпал етеді және мамандар даярлаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Турлыбекова А.М. Архивоведение и музееведение. Учебное пособие. Павлодар: ИЕУ, 2014. - 172 с.

2.Бурова Е.М. Архивоведение (теория и методика). Учебник для вузов. Москва: Терммика, 2016. - 688 с.

3.Никишин Н.А. Музей в глобальных сетях электронных телекоммуникаций. М.,1999

4.«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

5.ЮНЕСКО, 2023. Всемирный доклад по мониторингу образования, 2023 год: технологии в сфере образования: кто диктует условия для этого инструмента? Сайт: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386165_rus

6.Рузакова О.А., Гринь Е.С. Вопросы защиты интеллектуальной собственности в области технологий виртуальной и дополненной реальности (VR, AR) //Вестник пермского университета. Юридические науки. - 2020. – №. 49. - С. 502-523.

7.Shyndaliyev N.T., Shynatay G. Виртуалды технологиялар арқылы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту әдістерін жетілдірудің өзектілігі //Bulletin

of Abai KazNPU. Series of Physical and mathematical sciences. – 2020. – T. 72. – №. 4. - C. 294-299.

8.Қазақстан Республикасындағы тұрақты даму мақсаттары– 2006.

1. https://kazmuseum.kz/ekspozitsiya/item/1161-muzej-ekspozitsiyalaryn-k-ru-adisteri

ПРИЧИНЫ И ПРЕДПОСЫЛКИ ПОЛИТИЧЕСКИХ КРИЗИСОВ ВО ФРАНЦИИ XVIII ВЕКА И В ИМПЕРИИ ЦИН. СРАВНИТЕЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ДВУХ КРИЗИСОВ

Раимбек Б.Ә., Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан, raimbekbekiurat@gmail.com; **Сулейменова Г.Б.,** к.и.н. Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
gulnarazkgu@gmail.com

Аннотация. Политические кризисы конца XVIII — XIX веков являются важным объектом изучения современной исторической науки, поскольку они отражают процессы трансформации традиционных обществ в условиях нарастающих внутренних и внешних вызовов. Французская революция 1789 года и кризис империи Цин рассматриваются исследователями как примеры системных сбоев в функционировании государства и общества.

Актуальность данного исследования обусловлена современными тенденциями в историографии, направленными на пересмотр классических интерпретаций политических кризисов. Так, новейшие исследования отходят от односторонних объяснений (например, исключительно классовых или экономических) и предлагают комплексный анализ, включающий институциональные, культурные и идеологические факторы. На основе работ А. Собуля, А. де Токвиля, Т. Скочпол, Дж. Фэйрбэнка, С. Л. Тихвинского и других исследователей показано, что ключевыми факторами революций стали экономический кризис, социальная трансформация, утрата легитимности власти и идеологические изменения. Делается вывод, что обе революции развивались по сходной модели «кризиса модернизации», при которой попытки реформ усиливали противоречия между государством и новыми социальными группами. Финансовый коллапс, разрушение сословной структуры и формирование новой политической идеологии привели к утрате управляемости и закономерному падению старых режимов.

Ключевые слова: Франция, Китай, Цин, политический кризис, Французская революция, 1911 год, легитимность власти, сравнительная история

Введение. Проблема причин революций занимает центральное место в исторической науке, поскольку позволяет выявить механизмы трансформации политических и социальных систем. Французская революция 1789 года и Синьхайская революция 1911 года представляют собой два значимых примера крушения традиционных монархий в разных цивилизационных контекстах. Несмотря на различия в культурных и исторических условиях, данные события демонстрируют сходные структурные предпосылки.

Современные исследователи, такие как А. Собуль, А. де Токвиль, Т. Скочпол и Дж. Фэйрбэнк, указывают на комплексный характер

революционных процессов, включающий экономические, социальные, политические и идеологические факторы. Особый интерес представляет концепция «кризиса модернизации», согласно которой попытки реформирования традиционных государств приводят не к стабилизации, а к усилению внутренних противоречий.

Целью данной статьи является выявление общих закономерностей революционных процессов во Франции и Китае через анализ ключевых факторов: экономического кризиса, социальной эрозии, кризиса власти и идеологических изменений. Задачи исследования включают систематизацию существующих научных подходов и выявление причинно-следственных связей, приведших к падению монархических режимов.

Материалы и методы. Методологическую основу исследования составляет сравнительно-исторический анализ, позволяющий выявить сходства и различия в развитии революционных процессов во Франции и Китае. В работе использован междисциплинарный подход, включающий элементы политической истории, социальной истории и исторической социологии.

В качестве источников и исследовательской базы использованы труды ведущих отечественных и зарубежных историков и социологов: А. Собуля, А. де Токвиля, Т. Скочпол, Дж. Фэйрбэнка, С. Л. Тихвинского, Дж. Эшерика, Р. Шартье и других. Их работы позволили рассмотреть революции через призму различных теоретических концепций — от марксистской интерпретации до теории государственных кризисов и модернизации.

Основными методами исследования являются: Сравнительный анализ, направленный на сопоставление структурных факторов революций;

Проблемно-хронологический метод, позволяющий проследить динамику кризисных процессов;

Системный подход, рассматривающий революции как результат взаимодействия экономических, социальных, политических и идеологических факторов;

Анализ научной литературы, обеспечивающий теоретическую обоснованность выводов.

Применение данных методов позволило выявить универсальную модель революционного кризиса, в которой модернизационные процессы вступают в противоречие с традиционными институтами власти и приводят к их разрушению.

Результаты

Экономические предпосылки революций 1789 и 1911 годов демонстрируют идентичную динамику: обе монархии оказались в состоянии «финансового паралича». Во Франции XVIII века, как отмечает Альбер Собуль, архаичная сословная система налогообложения стала тормозом для капиталистического развития. Буржуазия, обладавшая капиталом, была лишена политических прав, в то время как освобожденные от налогов привилегированные сословия блокировали любые попытки реформ. [1]

Токвиль добавляет парадоксальную деталь: революция произошла не там, где народу жилось хуже всего, а там, где были проведены реформы. Облегчение прав крестьян на покупку и продажу земли и постепенное ослабление аристократии в виде постоянного фрагментирования наследуемой земли привели к тому, что французский крестьянин сам сделался собственником земли и ощутил на себе всю тяжелую и неповоротливую налоговую систему, которая только сильнее приводила к революционным идеям, за несколько лет до самой революции. [2, 34]

Дефицит бюджета, раздутый участием в американской войне, превратил Францию в банкрота, где цена на хлеб после неурожаев годами ранее и крайне сложная и обременительная налоговая система стала политическим приговором режиму.

В работах Тихвинского прослеживается похожая логика «неполной модернизации». К XIX веку Империя Цин пыталась проводить реформы под лозунгом «новая политика» Кан Ювэя, Лян Цичао и Тань Сытуна, но они требовали огромных денег, которых в казне не было в виду не равной торговли с Великобританией, где серебро утекало из Китая в обмен на опиум, а также в виду конфронтации либеральных и даже революционных правителей и консервативной элиты в том числе и регент-императрица Цыси. В Китае начала XX века ситуация осложнялась колониальным давлением. [3, 296]

По мнению Джона Фэйрбэнка, маньчжурская династия попала в долговую кабалу из-за огромных контрибуций после Боксерского восстания. Пытаясь найти средства, Пекин начал национализацию железных дорог, что фактически означало экспроприацию капиталов местной сычуаньской буржуазии. Это спровоцировало «Движение в защиту железных дорог» — прямой экономический бунт, переросший в революцию. Таким образом, в обоих случаях детонатором послужил конфликт между центральной властью, отчаянно ищущей ресурсы, и новыми экономическими элитами, отказывающимися платить за неэффективное управление. [4, 250]

Таким образом, экономические причины революций 1789 и 1911 годов укладываются в единую модель «кризиса модернизации»: попытки реформирования традиционных монархий наталкивались на устаревшие финансовые и социальные структуры, неспособные обеспечить устойчивое развитие. И во Франции, и в Китае государство оказалось в положении, когда растущие потребности модернизации вступили в противоречие с ограниченными ресурсами и неэффективной системой их распределения усиленная опустошительными войнами. Усиление налогового давления, долговая зависимость и вмешательство в экономические интересы буржуазии подорвали лояльность ключевых социальных групп. В результате финансовый кризис трансформировался в политический: конфликт между властью и экономически активными слоями общества стал катализатором революционного взрыва, продемонстрировав, что без согласования реформ с интересами новых элит модернизация лишь ускоряет крушение старого режима.

Социальный коллапс 1789 и 1911 годов не был спонтанным бунтом бедноты; это был структурный разрыв, вызванный появлением новых социальных групп, не вписывающихся в старую иерархию и ущемлением прав уже имеющихся.

Как отмечает современный социолог Теда Скочпол в труде *«Государства и социальные революции»*, в обоих случаях ключевым фактором стало «восстание элит» — конфликт между централизованной монархией и привилегированными слоями, которые чувствовали угрозу своим интересам. Так во Франции господствующий класс, представленный дворянством, имел разнообразные конфликтные позиции с правительством в виде Абсолютной монархии, которая также заменила их на интендантов для контроля и осуществления губернаторских работ, вылившаяся в не поддержании Короля для подавления бунта армией. [5, 129]

Во Франции, согласно Алексису де Токвилю, режим пал именно тогда, когда социальная мобильность столкнулась с сословными барьерами. Буржуазия, ставшая экономическим гегемоном, была идеологически отчуждена от дворянства, которое превратилось в замкнутую касту, сохранившую привилегии, но утратившую административные функции. Этот «кризис идентичности» верхов привел к тому, что интеллектуальная элита (адвокаты, публицисты) перехватила инициативу у короны, предложив обществу концепцию «либерализма», «нации» и «правового государства» вместо «подданства». [2, 92]

В Китае, по мнению исследователя Джозефа Эшерика (*«Reform and Revolution in China»*), социальный взрыв был спровоцирован уничтожением традиционных связей между монархией и местными элитами (*шэньши*). Отмена системы экзаменов *кэцзюй* в 1905 году разрушила вековой механизм легитимации власти, оставив образованную молодежь без будущего в рамках империи. Это создало феномен «радикальной интеллигенции», которая, объединившись с недовольными офицерами «новых армий», превратила этнический антиманьчжурский дискурс в инструмент социальной деконструкции. [6, 45]

Таким образом, социальный коллапс во Франции и Китае следует рассматривать как результат глубокого структурного кризиса, при котором традиционная социальная иерархия перестала соответствовать реальному распределению экономической и интеллектуальной силы. В обоих случаях решающую роль сыграл не столько стихийный протест низов, сколько раскол внутри элит и появление новых социальных групп, лишённых доступа к власти и признанию. Конфликт между «старыми» и «новыми» элитами подорвал устойчивость режима изнутри, лишив его социальной опоры.

Разрушение механизмов интеграции — будь то сословная система во Франции или экзаменационная система в Китае — привело к утрате каналов вертикальной мобильности и превращению образованных и экономически активных слоёв в носителей оппозиционных настроений. В результате социальное напряжение приобрело организованный и идеологически

оформленный характер, а революции стали выражением не хаоса, а перераспределения власти в пользу тех групп, которые уже обладали ресурсами, но были исключены из политической системы.

Кризис власти, управления и легитимности также стали важными предпосылками и причинами революций 1789 и 1911 годов, и проявились как логическое продолжение экономических и социальных дисфункций, но имел собственную динамику, связанную с разрушением традиционных оснований политического порядка.

Согласно ранее описываемой Теда Скочпол в труде *«Государства и социальные революции»*, легитимность Людовика XVI рухнула, когда монархия перестала быть арбитром между сословиями. Попытки короны провести фискальную реформу блокировались «парламентами» (судебными органами дворянства и других представителей трех сословий) и требовавших созыва Генеральных Штатов, который и стал первым шагом к Революции и ее же точкой невозврата. Власть оказалась в вакууме: она уже не была абсолютной, но еще не стала конституционной. [5, 130]

Непомнин Ефимович подчеркивает, что Цинская империя страдала от «перенапряжения ресурсов». Со временем контроль над провинциями начал слабеть в виду слабой администрации и опиумных воин которые привели к крестьянских восстаниям, восстаниям тайпинов и боксеров. Попытки же реформ (100 дней реформ) императора Гуансюй были разбиты о неповоротливый государственный аппарат и консервативных элит, во главе с императрицей Цыси. [3, 286-296]

Также важную роль сыграла и потеря легитимности власти правительства старых режимов перед всеми подданными. Так процесс «десакрализации» монархии, описанный историком Роже Шартье, начался задолго до 1789 года. Король перестал восприниматься как «помазанник Божий» в глазах просвещенной публики. Публичные скандалы и памфлеты превратили образ власти из величественного в комичный и порочный. Этому же не способствовала и гедонистический образ королей после Людовика XIV, при котором и начались невероятные траты казны на излишнюю роскошь. [7, 24]

Концепция «Мандата Неба» была подорвана неспособностью маньчжуров противостоять «варварам» (государствам Западной Европы, Японии и России), и соответственно потерю этого самого Мандата на правление. Как отмечает Мари-Клер Бержер, династия Цин нарушила негласный договор с подданными: она не обеспечила ни внешней безопасности, ни внутреннего порядка, что в конфуцианской логике означало автоматическую потерю права на власть. [8]

В обоих случаях ключевым индикатором потери управления стал переход армии на сторону протеста. Во Франции гвардейцы отказались стрелять в парижан, так как чувствовали себя частью «нации», а не слугами короля или не желали потерять свои привилегии. В Китае Учанское восстание было поднято самими солдатами «Новой армии», которые были идеологически

обработаны революционными союзами. Власть лишилась своего последнего аргумента — монополии на насилие. [9]

Интересным и важным дополнением является то, что современные исследователи указывают что оба режима страдали от дублирования административных функций и коррупции. Попытки модернизации (реформы Тюрго во Франции и «Новая политика» Цин) только усилили хаос, так как старые бюрократические привычки входили в конфликт с новыми целями и наслаивались друг на друга. Власть «задохнулась» в собственных попытках стать эффективной. [5, 109]

Таким образом, кризис власти, управления и легитимности во Франции и Китае продемонстрировал системный распад традиционных монархий, в которых политическая структура перестала соответствовать изменившимся социальным и экономическим реалиям. В обоих случаях власть утратила способность эффективно управлять: административная неэффективность, сопротивление элит и провал реформ привели к институциональному параличу. Одновременно происходило разрушение символических оснований власти — монархия больше не воспринималась как сакральный и неоспоримый институт, что подрывало ее авторитет в глазах общества.

Ключевым итогом стало формирование «вакуума власти»: старые механизмы уже не работали, а новые еще не были сформированы. Потеря поддержки со стороны армии окончательно лишила режимы возможности удерживать контроль, превратив политический кризис в необратимый процесс. В результате революции стали не случайным взрывом, а закономерным следствием утраты управляемости и легитимности: когда государство перестает быть одновременно эффективным и признанным, его падение становится лишь вопросом времени.

Роже Шартье в работе *«Культурные истоки Французской революции»* доказывает, что революцию подготовили не только книги философов, а изменение повседневных практик. Рост грамотности и распространение памфлетов разрушили «священный ореол» вокруг фигуры короля. Идеи равенства и свободы стали «светской религией», вытеснившей католическую покорность. [7, 21]

Аналогичный процесс «интеллектуального прорыва» описывает Лян Цичао (один из реформаторов). Западные идеи (социальный дарвинизм, республиканизм) создали новую систему координат, где традиционное конфуцианство виделось как причина слабости страны. А. В. Панцов и Ю.В. Чудодеев выделяют роль Сунь Ятсена, чей синтез западного либерализма и китайской традиции (Три народных принципа: национализм, народовластие, благосостояние) стал стройной программой перемен. Важнейшим был национализм: он направил гнев народных масс на «чужих» маньчжуров, лишив их идеологического права на власть и сделав их в сути главными виновниками всех бед в стране. [3, 498]

Во Франции роль революционной программы сыграла *«Декларация прав человека и гражданина»*. Как отмечает Эрик Хобсбаум, она превратила

абстрактные идеи просветителей в юридический фундамент новой реальности, где нация (а не монарх) стала единственным источником закона. [10]

Скочпол Теда указывает, что обе революции объединяла вера в возможность рационального конструирования общества. Во Франции это был культ Разума, в Китае — вера в научно-технический прогресс и «республику» как универсальное лекарство от отсталости. Идеология дала революционерам ощущение исторической правоты, что позволило им идти на радикальный разрыв с прошлым. [5, 308]

Таким образом, идейно-культурные предпосылки революций 1789 и 1911 годов отражают глубокую трансформацию общественного сознания, при которой прежние ценностные и мировоззренческие ориентиры утратили свою силу. И во Франции, и в Китае распространение новых идей не только подорвало традиционные основания власти, но и сформировало альтернативную систему легитимации, основанную на принципах нации, разума и прогресса. Разрушение сакрального статуса монархии сопровождалось появлением целостных революционных программ, которые переводили абстрактные идеи в практическую политическую плоскость.

В результате идеология стала не просто делом узкого круга интеллектуалов, а активным двигателем революционных процессов: она переопределила источники власти, задала цели преобразований и обеспечила мобилизацию масс. Именно наличие такой интеллектуальной и ценностной базы превратило кризис старых режимов в осознанное стремление к их демонтажу, делая революции не стихийными бунтами, а направленными и закономерными актами исторического переустройства.

Выводы. В результате проведённого сравнительно-исторического анализа становится очевидным, что политические кризисы во Франции конца XVIII века и в позднеимперском Китае не являлись ни случайными, ни исключительно локальными явлениями. Они представляли собой проявление универсального структурного процесса — кризиса модернизации, при котором традиционные политические системы оказывались неспособными адаптироваться к новым экономическим, социальным и идеологическим условиям.

Ключевым сходством обоих случаев является комплексный характер кризиса. Экономический упадок, выраженный в финансовой несостоятельности государства, стал первичным триггером, однако сам по себе не был достаточным для революционного взрыва. Он наложился на глубокую социальную трансформацию, в ходе которой сформировались новые группы — буржуазия, интеллигенция, военные элиты, — обладавшие ресурсами, но лишённые политического представительства. Это породило структурный конфликт между «старыми» и «новыми» элитами, подорвавший устойчивость режима изнутри.

Не менее важным фактором выступил кризис власти и легитимности. В обоих обществах произошло разрушение традиционных механизмов

признания власти: во Франции — через десакрализацию монархии и утрату роли короля как арбитра, в Китае — через подрыв концепции «мандата Неба» и неспособность династии Цин обеспечить порядок и защиту страны. В результате государство оказалось в состоянии институционального паралича, утратив как эффективность управления, так и общественную поддержку.

Решающую роль в трансформации кризиса в революцию сыграли идеологические изменения. Новые идеи — либерализм, национализм, республиканизм — не только делегитимировали старый порядок, но и предложили альтернативную модель политической организации. Это превратило социальное недовольство в осознанное стремление к переустройству системы, обеспечив мобилизацию широких слоёв общества.

Различия между Францией и Китаем проявляются преимущественно в формах и темпах трансформации. Французская революция носила более радикальный и быстрый характер, приведя к резкому демонтажу старого режима и формированию новой политической системы. В Китае же кризис развивался более длительно и осложнялся внешним давлением, что обусловило сочетание революционных и эволюционных элементов в процессе распада империи.

Список использованных источников:

1. Собуль А. *Из истории Великой французской революции 1789–1794 гг. и революции 1848 г. во Франции*. — М.: Иностранная литература, 1960. – 372 с.

2. Токвиль А. де. *Старый порядок и революция*. — М.: Республика, 1997. – 247 с.

3. История Китая с древнейших времён до начала XXI века: в 10 т. / гл. ред. С. Л. Тихвинский. — М.: Наука – Восточная литература, 2013–. — Т. VI: Династия Цин (1644–1911) / отв. ред. О. Е. Непомнин. — 2014. — 886 с.

4. Fairbank J. K. *China: A New History*. — Cambridge, MA: Harvard University Press, 2006. – 640 p.

5. Скочпол Т. *Государства и социальные революции: сравнительный анализ Франции, России и Китая* / пер. с англ. — М.: Изд-во Института Гайдара, 2017. — 552 с.

6. Esherick J. *Reform and Revolution in China: The 1911 Revolution in Hunan and Hubei*. — Berkeley: University of California Press, 1976. — 344 p.

7. Шартье Р. *Культурные истоки Французской революции*. — М.: Искусство, 2001. — 225 с.

8. Bergère M.-C. *Sun Yat-sen*. — Stanford: Stanford University Press, 2000. — 492 p.

9. Хобсбаум Э. *Век революции: Европа 1789–1848* / пер. с англ. — Ростов н/Д: Феникс, 1999. — 480 с.

10. Spence J. D. *The Search for Modern China*. — New York: W. W. Norton & Company, 2013. – 984 p.

МРНТИ 11.25.40

ЗЕЛЕНАЯ ЭНЕРГИЯ И ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИНТЕГРАЦИЯ: ТАДЖИКИСТАН И КАЗАХСТАН КАК ЛОКОМОТИВЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В 2026 ГОДУ

Рустамов И.М., Таджикский международный университет иностранных языков имени С. Улугзода, г.Душанбе, Таджикистан
ismoilmansurzoda@gmail.com

Аннотация: В данной статье я рассматриваю перспективы стратегического партнерства между Таджикистаном и Казахстаном в сфере возобновляемой энергетики (ВИЭ) как ключевого фактора устойчивого развития Центральной Азии. В центре внимания находится синергия колоссального гидроэнергетического потенциала Таджикистана, представленного Рогунской ГЭС, и масштабных возможностей Казахстана в области ветровой и солнечной генерации.

Мною обосновано, что глубокая интеграция энергосистем позволит не только компенсировать нестабильность ВИЭ, но и достичь конкретных экологических и экономических результатов: сокращения потребления угля на 1,3 млн тонн и снижения выбросов CO_2 на 3 млн тонн ежегодно. В работе проанализированы ключевые барьеры, такие как высокий износ инфраструктуры ЛЭП, и предложены механизмы их преодоления через создание регионального водно-энергетического консорциума. Я прихожу к выводу, что «зеленая» дипломатия и восстановление «Энергетического кольца» на новых принципах являются необходимыми условиями для формирования устойчивой зоны свободной торговли и обеспечения безопасности региона в условиях глобальной декарбонизации.

Ключевые слова: Центральная Азия, Таджикистан, Казахстан, ВИЭ, гидроэнергетика, Рогунская ГЭС, декарбонизация, экономическая интеграция, энергетическая дипломатия.

Введение. Сегодня, когда мы говорим о будущем Центральной Азии, на первый план выходит не просто добыча ресурсов, а умение ими грамотно распоряжаться в рамках регионального сотрудничества. 2026 год стал отправной точкой, когда энергетическая интеграция Таджикистана и Казахстана перестала быть просто темой для дискуссий и превратилась в реальный рычаг экономического роста. «В контексте глобальной климатической повестки наблюдается масштабная трансформация энергетического сектора. Большинство государств реализуют стратегии постепенного отказа от углеводородов в пользу экологически чистых решений, включая солнечную и ветровую генерацию, гидроэнергетику и использование биомассы» [7].

Материалы и методы. Теоретическая основа. В рамках данного исследования мы опираемся на концепцию декарбонизации, которая сегодня диктует правила игры на мировых рынках. Важно отметить позицию международных институтов. В частности, вице-президент Всемирного банка по региону Европы и Центральной Азии **Антонелла Бассани** прямо заявила: *«Проект Рогунской ГЭС позволит оказать помощь Таджикистану и странам Центральной Азии в ускорении перехода на чистую энергию, стимулировании экономического роста и повышении устойчивости к изменению климата». Эта цитата подтверждает, что наш регион рассматривается как ключевое звено в глобальной «зеленой» повестке.*[3]

Результаты. Потенциал Таджикистана. «Таджикистан занимает восьмое место в мире по гидроэнергетическому потенциалу, который оценивается в 527 тераватт-час (ТВт·ч), при этом технически возможная для освоения мощность составляет 317 ТВт·ч. На данный момент используется лишь 4–6 процентов этого колоссального потенциала.[10]

Если рассматривать гидроэнергетический сектор Таджикистана, то здесь безусловным лидером является Рогунская гидроэлектростанция. С установленной мощностью в 3780 Мегаватт и шестью агрегатами по 630 Мегаватт, проект выглядит колоссальным. При выработке в 18 миллиардов кВт·ч в год возникает логичный вопрос: как превратить этот излишек в инструмент стабильности? На мой взгляд, ответ кроется в «энергетической дипломатии». Доход в 1 миллиарда долларов в год позволит Душанбе не только закрыть внутренние нужды, но и стать гарантом водного мира в регионе, превращая ресурс из предмета споров в прозрачный экономический товар.

Потенциал Казахстана. Казахстан, в свою очередь, обладает потенциалом, который сложно переоценить. Около половины территории страны пригодно для установки солнечных панелей, а потенциал ветровой энергии, по данным экспертов и корпорации Powerchina, достигает невероятных 920 миллиардов кВт·ч в год. Но есть проблема — нестабильность ВИЭ (солнца и ветра). Хотелось ещё добавить что «Казахстан стремится увеличить долю ВИЭ до 15% к 2030 году» [8] И именно здесь вступает в силу математика сотрудничества. По нашим расчетам, если Казахстан импортирует всего 30% от экспортных излишков Рогуна, это позволит республике сократить использование угля на 1,3 миллиона тонн ежегодно. В денежном эквиваленте это экономия порядка 150 миллионов долларов в год. Более того, это прямой путь к сокращению выбросов диоксида углерода (CO2) на 3 миллиона тонн, что критически важно для экологии промышленных регионов.

Казахстана установили амбициозные цели по увеличению доли солнечной и ветровой энергии в общем объеме производства электроэнергии: до 3% к 2020 году, 10% к 2030 году и 50% к 2050 году. Правительству удалось достичь целевого показателя в 3%, и в настоящее время ведется работа по реализации остальных задач. *«Несмотря на наличие качественного нормативно-правового фундамента, практическая интеграция*

возобновляемых источников энергии все еще сталкивается с существенной инерцией и не демонстрирует ожидаемой динамики».[9]

Механизмы экономической интеграции**.** Для реализации этих планов необходимо восстановление «Энергетического кольца» на новых принципах. Здесь важна роль международных площадок, таких как Всемирная торговая организация и Организация экономического сотрудничества и развития. Их стандарты прозрачности и защиты инвестиций — это именно то, что нужно для привлечения капитала в такие проекты, как геотермальные станции (потенциал 4,3 Гигаватта) или новые ветропарки, мощность которых к 2030 году может составить 820 миллиардов кВт·ч.[4]

Влияние на устойчивое развитие региона. Мы считаем, что экспорт «чистой» энергии станет основным драйвером Валового внутреннего продукта (ВВП) к 2030 году. Общая экологическая повестка неизбежно подтолкнет страны к созданию полноценной зоны свободной торговли, так как общие технические регламенты для ВИЭ снимут большинство существующих барьеров.

Проблемы и ограничения. Конечно, нельзя игнорировать и препятствия. Прежде всего, это катастрофический износ линий электропередачи (ЛЭП), который в некоторых местах превышает 60%. Без модернизации инфраструктуры даже самые амбициозные проекты останутся лишь на бумаге. Также стоит вопрос готовности к внедрению международных стандартов экологической отчетности.

Перспективы и рекомендации. В качестве основной рекомендации мы предлагаем создание регионального водно-энергетического консорциума. Это позволит сбалансировать гидропотенциал Таджикистана (около 62 миллиардов кВт·ч) и ветровую мощь Казахстана, создав систему, не зависящую от внешних факторов.

Выводы. Подводя итог исследованию, можно констатировать, что переход на «зеленую» энергию для Центральной Азии перестал быть исключительно экологическим трендом, превратившись в стратегический вопрос выживания и суверенитета национальных экономик. Синергия гидроэнергетического гиганта — Рогунской ГЭС — и масштабного ветрового потенциала Казахстана создает уникальный фундамент для энергетической безопасности региона.

В ходе работы было доказано, что математика сотрудничества дает прямой экономический и экологический эффект: потенциальное снижение выбросов CO_2 на 3 млн тонн и экономия 150 млн долларов ежегодно за счет оптимизации топливного баланса. Однако для реализации этого сценария необходимо преодолеть инфраструктурные барьеры, в частности, критический износ ЛЭП, и перейти к созданию регионального водно-энергетического консорциума.

Восстановление «Энергетического кольца» на принципах прозрачности и международных стандартов ВТО и ОЭСР позволит трансформировать Центральную Азию из региона-экспортера сырья в высокотехнологичный

энергетический хаб. Совместное развитие ресурсов Душанбе и Астаны обеспечит долгосрочную стабильность, защищенную от глобальных колебаний цен на ископаемое топливо, и станет локомотивом для создания полноценной зоны свободной торговли в ближайшем десятилетии.

Список использованных источников:

1. A Promising Green Energy Resource in Kazakhstan: Solar Power [Электронный ресурс] // Eurasian Research Institute. – Режим доступа: https://www.eurasian-research.org/publication/a-promising-green-energy-resource-in-kazakhstan-solar-power/?lang=ru – Дата доступа: 09.04.2026.
2. Министерство энергетики и водных ресурсов Республики Таджикистан. Официальный сайт [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.mewr.tj/?page_id=618 – Дата доступа: 09.04.2026.
3. Всемирный банк. Всемирный банк поддерживает проект Рогунской ГЭС для улучшения доступа к доступной, надежной и устойчивой электроэнергии в Таджикистане [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/press-release/2024/12/17/world-bank-support-rogun-hydropower-project-to-improve-access-affordable-reliable-and-sustainable-electricity-tajikistan– Дата доступа: 09.04.2026.
4. Qazaq Green. Возобновляемая энергетика Казахстана [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://qazaqgreen.com/news/kazakhstan/1433/ – Дата доступа: 09.04.2026.
5. Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Official Website [Electronic resource]. – Access mode: https://www.oecd.org/ – Accessed: 09.04.2026.
6. Всемирный банк. Официальный сайт [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.vsemirnyjbank.org/ext/ru/home – Дата доступа: 09.04.2026.
7. Markard J. The next phase of the energy transition and its implications for research and policy // Nature Energy. – 2018. – Vol. 3, No. 8. – P. 628–633. – DOI: https://doi.org/10.1038/s41560-018-0171-7.
8. Satubaldina A. Kazakhstan to Increase Share of Renewable Energy to 15 Percent by 2030 [Электронный ресурс] // The Astana Times. – 2021. – Режим доступа: https://astanatimes.com/2021/05/kazakhstan-to-increase-share-ofrenewable-energy-to-15-percent-by-2030/ – Дата доступа: 09.04.2026.
9. Mouraviev N. Renewable Energy in Kazakhstan: Challenges to Policy and Governance // Energy Policy. – 2021. – Vol. 149. – Art. 112051. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.enpol.2020.112051.
10. Sultonov M., Hasanov B., Valizoda P., Inagaki F. Exploring the Macroeconomic Effects of Renewable Energy in Tajikistan: An Empirical Analysis // Economies. – 2024. – Vol. 12. – No. 99. – DOI: https://doi.org/10.3390/economies12050099.

ӘӨЖ 03.03.20

ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Сәбитов Ә.А., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
alihansabitov76@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақаланы жазуда Қаллиола Ахметжанның «Жараған темір кигендер» және «Қазақтың отты қаруларының тарихы» атты еңбектері, Серікбол Қондыбайдың «Жауынгерлік рух» еңбегі, Зира Наурызбайдың «Субъект(-ив)ная казахская культура» еңбегі мен Таласбек Әсемқұловтың еңбектері жиналған екі зерттеушінің ортақ еңбегі «Вечное небо казахов» атты еңбегі мен тағы басқа қосымша еңбектерден қысқаша мәліметтер қолданылды. Мақаланың басты мақсаты – қазақ батырларының образын ерекше деректер арқылы рухани түрде және олардың қолданыста болған заттары арқылы, яғни материалдар деректер туралы жазылған жазбаша деректер арқылы таныстыру болатын.

Түйінді сөздер: батыр, батырлар жыры, жыр-әңгімелер, қару-жарақ, отты қару, мылтық, тапанша, жылан қайыс, сал-сері, сыпайшылық, анда.

Қазіргі уақытта қазақ батырлары деген кезде берен-сауыт, дулыға киген, ат үстіндегі, бес қаруын тасыған ержүрек, алып денелі, кең иықты адам көзімізге елестейді. Негізі осы ойлардың біраз бөлігі дұрыс, бірақ та кеңес заманындағы тарих пен ұлттық құндылықтар бұрмаланып, жоғалғаннан, бүгінгі таңда көптеген қазақтар батырлардың толық шынайы бейнесі мен болмысын ұмытты деп айтуға болады.

Енді батырлар туралы толығырақ сөз қозғасақ, жалпы «Батыр» сөзі орыс тіліндегі 2016 жылғы «Древнетюрский словарь» [1] деген еңбегінде бұл сөзі «бахадұр» немесе «бағатур/бағатұр» деген сөздің ғасырлар өте келе өзгерген сөзі немесе бір уақытта қатар қолданылған сөз деп жазады. Сонымен қатар еңбекте «батыр» сөзіне синоним болып келетін «Алып» сөзі жазылған [1 , 90 б]. Бүгінгі таңда бұл сөз «үлкен» сөзіне «алпамса» сөзімен қоса синоним ретінде қолданылып жүр [2]. Кейбір түркі халықтарының аңыз-жырларында, тарихында біраз тарихи тұлғалар мен кейіпкерлердің аттары «алып» сөзімен қоса айтылады, мысалы, Алып Ер Тоңға, Алып Арыслан, Алпамыс (басқа атаулары – Алып Бамса / Бамсы, Алпамса / Алпамша, Алып Манас/Манаш) және т.б. Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша Манас пен Алпамыс – бір кейіпкер және де басқа түркі халықтары «Алып» сөзін қалдырып, қырғыздар бұл сөзді алып тастады деген тұдырымдар жасады [3]. Бірақ та бұл тұжырым әлі күнге дейін талқыланып жүр.

Тағы бір «батыр» сөзінің синонимі ретінде Серікбол Қондыбайдың «Жауынгерлік Рух» еңбегінде «Ер» сөзі қолданылады. Қазір бұл сөзді «еркек» сөзінің синонимі ретінде қолдансақ, бұрын бұл сөз «батыр» сөзіне синоним

ретінде қолданылған, мысалы, Ер Тарғын, Ер Қосай, Ер Көкше, Ер Едіге, Ер Төстік, Ер Шобан және т.б [4].

Енді батырлардың соғыс барысында және аңшылықта қолданған қару-жарақтарыт туралы құнды әрі ерекше деректер туралы айта кетсек. Жалпы құнды әрі ерекше деректер Қалиолла Ахметжанның «Қазақтың отты қаруларының тарихы» атты еңбегінде көп мәліметтерді табуға болады [5]. Мысалы, еңбектегі ерекше бөлімдердің бірі – «Тас атқыш машиналардың көшпелі халықтарда қолданылуы» [5, 31 б]. Бұл бөлімде автор көшпелі халықтардың араб-парсы тілдерінде аталған «мендженик», «аррада», «шерешир» деген «катапультаның» түрлерін қолданды деп жазады. [5, 33-38 б] Сонымен қоса бұл атқыштарға таспен қоса, құлпынай пішініндегі саздан жасалған, ішінде түрлі қоспалар салынған, төбесінде өртенетін шашағы бар жарылғыш заттарды қолданды [5, 39-42 б]. Былай айтқанда сол заманда қазіргі уақыттағы «әскери зымыран» , «граната» , «Молотов шашкасы» сияқты қолданылды.

Еңбектің «Оқ дәрімен атылатын отты қару» атты 2-ші бөлімінде «Қазан» деп аталатын ортағасырлық «миномёт» туралы деректер жазылған. Сонымен қоса 2 немесе 4 доңғалақты «топ» немесе доп» туралы және түйе мен нардың өркешіне қойылған «зеңбірек» қарулары туралы құнды мәліметтер жазылды. Жалпы қысқаша жеңіл тілмен айтқанда, ортағасырлық «танкілерді» таныстырды [5, 50-62 б].

Осы еңбектің 3-ші бөлімінде өте құнды әрі өте ерекше тақырып қозғалады. Тақырып – ортағасырлық қазақтардың және басқа да түркі халықтарының мылтық пен тапанша қолданылуы. Яғни нақтырақ айтқанда еңбектің «Қазақ мылтықтары» атты 3-ші бөлімінде Қазақ даласына XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында келе бастағанын жазады [5, 66 б]. Дәлел ретінде сол уақыттағы тарихты жырлаған «Қобыланды батыр» жырынан үзіндіні айтуға болады [5, 67 б]:

Садақпенен өлтірсем,
Қапыл қалдым дерсің сен.
Мылтықпенен өлтірсем,
Жазым қалдым дерсің сен.

Жалпы ортағасырлық қазақтар мылтықтың бір түрімен шектелмеді. Осы Орта Азия даласында мылтықтың көптеген түрлері болды. Олар: шүріппелі мылтық, шүріппесіз мылтық, пілтелі шүріппелік мылтық, пілте құлыпты мылтық (пілте құлыпты), шақпақ құлыпты мылтық (шақпақты мылтық), жазайыл/жезайыл, қойшағыр, самхал,ши/шиті мылтық, бердеңке мылтық (Бердан мылтығы) ауыр қамал мылтығы және т.б түрлері болды. Осы аталған мылтықтардың ішінен қазақтарда мылтықтың екі түрі көп қолданылды. Олар – пілте мылтық пен шақпақты мылтық. Қазақтар мылтық қолданудан басқа мылтықтың әр бөлігіне атаулар берген, мысалы дүмбі, пілте, қарауыл, оқпан, шүріппе, құндақ және де басқа атаулармен қоса қазақтың пілте мылтығында ғана бар «сирақ» деген бөлігі болды . Сирақ арқылы қазақтар мылтықты жерге немесе кез келген жерге қадап қойып, «винтовка» ұстаған

снайпердей/мергендей” қолданды. Қазақтардың мылтықты қолданғаны туралы XVIII ғасырдың басындағы мен XX ғасырдың басындағы орыстың жазба деректерінде (орыстың саяхатшы елші, офицерлердің күнделіктері мен жазбалары) көп кездеседі. Осы деректерде қазақтардың мылтықты жоңғарлардан да көп қолданғаннан, шамамен 10 мың мен 50 мың арасындағы сарбаздардың мылтық қолданғанын және т.б жазбаларды қалдырды. Сонымен қатар орыс еңбектерінен басқа, қытайдың жазба деректері мен 17-18 ғасырлардағы суреттерінде қазақтардың астындағы атың жерге жатқызып, аттың ашық бүйіріне екі шыңтағың қойып мылтық ұстап, атысатын [5, 74-127 б]. Сонымен қоса Орта Азия елдері Ресей империясына кіргеннен кейін бұл елдерге ұзын оқпанды қол мылтығы (мылтық тәрізді тапанша) және де қысқа оқпанды тапанша жеткізілді. Сол туралы толық мәліметтер Кенесарының көтерілісінен бастап 1916 жылғы көтерілістің аралығындағы уақытта жазылған орыс офицерлерінен күнделік, естелік жазбаларында мылтықпен қоса тапаншаны да қолданғаны туралы көп жазған [5, 127-138 б]. XV ғасырдың аяғынан бастап XX ғасырдың басына дейін мылтық пен тапаншаны қолданғанда оқ пен оқ-дәріні ұстап жүруге арналған кісе белдік, кісе қалта, оқшантай, құты, дәндеку, сауытша, оттық, оқсауыт сияқты құралдарды қолданды [5, 139-175 б].

Бұдан нені байқауға болады? Егер мылтық XV-XVI ғасырларда қазақтардың қолына тисе, демек мылтық 1643 жылғы Орбұлақ шайқасынан бұрын қолданыста болды. Және де мысалға мылтық сол шайқастан бұрын немесе сол шайқас кезінде болса, демек XVIII ғасырдағы Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек тархан және т.б батырларда мылтықтың болғаны дерек болмаса да, алдыңғы мәліметтерді біле тұра «оларда мылтық болмады» деп айтуда өте қиын. Қысқаша айтқанда, «дәлелі жоқ шындық».

Батыр сөзінің терминдерімен таныстық, отты қаруларымен таныстық, енді батырлардың бейнесімен таныссақ. Қазақта «байтал түгіл бас болмас» деген мәтел бар. Негізі бұл бұрмаланған мәтел. Шын түпнұсқасы, «байдалы түгілі бас болмас». Мәтелдегі «байдалы» дегеніміз – сақтардан бастап XIX ғасырға дейін жалғасқан шаш үлгісі. Яғни осы Ұлы Даланы мекендеген түркі тайпаларының ер адамдары мен әйел адамдармен бірге ұзын шаш өсірген. Сол заманда ұзын шашты ер мен әйелде айырмашылық тек киім мен әшекей-бұйымнан және ер адам бетіндегі шоқша сақал мен қайқы мұртта болды. Бұрынғы көшпелі мен кейбір Азия және екі Американың халықтарында адамның шашында күш-қуат бар деп сенген. Сол халықтарға шаштан айырылу өлімнен де жаман жерге сыйғыза алмайтын ұятқа қатты батыратын, абыройды айрандай төгетін нәрсе болды. Сондықтан осы халықтардың жауынгерлері шайқаста шаштан айырылмауға тырысатын. Мысалы түркі жауынгерлеріне шаштан айырылғаннан гөрі шайқаста өлу артық болатын. Шаштан айырылған жауынгер – әлсіз, қорқақ деп есептелді. Міне осындай наным-сенімнен мәтел солай қалыптасты. Байдалы шаш тек бір түрден ғана тұрмады оның көптеген

түрлері болды. Мысалы, айдар, тұлым, кекіл, бұрым сияқты түрлері болды [6, 166-177 б].

Енді батырлық өнер мен батырлық ойшылдықтың қалыптасуын айта кетсек. Батырлық өнер ер адамда алғаш рет 4 жастағы «қоян мүшел» кезеңінде басталады (бұрын қазақтар әр мүшелді жыл санаудағы жануарлармен байланыстырған). [7, 26 б]. Ұл бала осы жасқа келген кезде әкесі ауылдағы темірші/темір ұстамен ақылдасып, келісіп «Жылан қайыс» рәсімін орындайды. Рәсімнің құрылымы былай,жоғарыда айттық әкесі темір ұстамен ақылдасады да, күздің тынық, желсіз күнінде түске дейін бала мен әкесі отбасының басқа мүшелері мен аздап туыстарымен темір ұстаның дүкеніне кіреді. Ұста қонақтар келген сәтте оларды төрге отырғызып, пештегі отың күшейтіп, темірің тарсылдатын. Содан кейін қабырғаға дайын берен-сауыт пен қару жарақты іліп қояды, дайын болмаған жағдайда шала жасалғандарды іліп қоятын. Біраздан соң темір ұста қой жүнінен тігілген жылан терісіне ұқсас шапанды киіп, сауыт-берен пен қару-жарақтың және балаға қарама қарсы екі ортада тұрып, екі аяғың созып, ауың ашып тұрады. Бала темір ұстаның ауынан бір өтіп – берен сауыт киеді,екінші рет өткенде – қолына қару-жарақты ұстатады, үшінші рет өту – жаман ырым болып есептелетін (бұл туралы артынан айтылады). Бала екі рет өткен соң темір ұста жанып тұрған отқа қолдарың жақындатып, баланың сипап, аластап, балаға жауынгерлік есім беріп, рәсімді аяқтайтын [7, 27 б].

Негізі бұл рәсімнің мифологиялық аңызы бар: баяғы өткен заманда бір кедейдің жалғызы далада «Әй, адам құтқаршы мені» деген сөзді естиді де, артына бұрылып қараса бір жылан тасқа тұрып қалыпты.Бала жыланды босатып, жылан балаға рахметің айтады: Мен жер асты әлемінің билеушісі Бапы ханның қызымын. Сен мені өлімнен құтқардың. Мен саған қарыздармын. Ертең осы уақытта осы жерге кел.

Келесі күні бала белгіленген уақытта, белгіленген жерге келді, оны онда құтқарылған жылан күтіп тұрды. Жылан баланы жер асты әлеміне апарады. Сөйтсе жер астындаы әлем орман мен өзен-көлі және қаласы бар жер үстіндегі әлемге ұқсас екен. Соның барлығың серігіне көрсеткен жылан әкесінің алтын сарайына әкеледі. Сарай жыланға толы болғаннан, бала соларды көріп шошып кетеді. Мұны көрген жылан оған айтады:

– Қорықпа, олар саған ештеңе істемейді. Бапы ханның рұқсатыңсыз ешкімге тиіспейді.

Жылан баланы әкесінің тағының алдына әкеледі. Содан Бапы хан былай дейді:

– Сен менің қызыма жақсылық жасадың. Мен саған алғысымды беремін. Не тілейсің?

Бала жауап береді:

– Мен сіз не берсеңіз де разымын.

Бапы хан айтады:

– Олай болса, көзіңді жұм.

Бала көзің жұмып, Бапы хан оны бір жұтып, аузынан шығарады. Баланың үсті берен-сауытпен қапталады. Бапы одан тағы да көзді жұмуды сұрап, екінші рет жұтып, шығарады. Баланың қолына қару-жарақ табысталады. Бапы хан балаға айтады:

– Балам, осыған разы болып үйіне қайт.

Бала сұрайды:

– Неліктен сіз мені үшінші рет жұтпадыңыз?

Бапы хан:

Егер мен сені үшінші рет жұтсам, сенің жаның мен тәнің темірдей болады. Сен адамсың, табиғатың мен болмысың адамдікі. Адам болып жүр. Баскесер болма, батыр бол!

Міне осындай аңыз болғаннан, «жылан қайыс» рәсімінде темір ұстаның ауынан үшінші рет өтпейді [7, 27 б].

Бұрын қазақтар батырлық өнерді “сыпайшылық» деп атаған. «Сыпайы», «сыпайылық», «сыбайлас» сөздеріне ұқсағанымен «сыпайшылық» сөзінің мағынасы мүлдем басқаша. Жалпы сыпайшылықпен айналысатын адамды «сыпай» деп атаған. Мағынасына келсек, бұл сөз жауынгер мен сарбаз сөздеріне синоним болып келеді [4, 102 б]. Сонымен қатар бұл сөзді лингвистика жағынан Осман империясындағы «сипахтармен» («сипах») ұқсастықты байқауға болады. Осман империясындағы «сипахтар» да, Қазақ хандығындағы «сыпайлар» да әскери өмір салтын ұстанған тұлғалар болды [4, 103 б].

Осыдан басқа қазақтарда жауынгер, батырдың бір түрі немесе тобы болды. Ол – сал-серілер. Сал-серілер XIX бұрын ән-күй орындап, ойын-сауық жасаумен қатар шайқастарда, жорықтарда әскердің бір мүшесі ретінде батырлармен бірге әскерде бір болған. Олардың бір айырмашылығы олар шайқас аттанарда батырларға ән айтып, жыр жырлап, күй тартып, көңілдері мен рухтарың көтеріп жүрген. Тіпті олардың бір айырмашылығы мен ерекшелігін айтсақ, олар шайқас аттанарда үстеріне берен-сауыт кимей, бастарына дулыға тақпай, үстеріне шапан-шекпен киіп, бастарына тақия/төбетей/кепеш, бөрік киіп, бес қаруына домбыра-шертерің қосып шайқасқа аттанатын. Жалпы сал-серілер ән-күй өнерінен басқа, батырлық өнерді қатар үйреніп, жауынгерлік рухты бойларына сіңіріп жүрген. Енді сал мен серінің айырмашылығын айта кетсек, сал серіге қарағанда өте көңілдірек жүретін. Сал аттың үстінде де, аттан түскенде де ел-жұртпен әзілдесіп, күлдіртіп жүретін, астындағы атымен түрлі іс-қимылдар жасап, тіпті кейбір салдар аттарына ел-жұртпен амандасуды үйретететін. Серілер болса, олар салдарға қарағанда салмақты, байсалды болып жүретін. Қазіргі тілмен қысқаша айтқанда, сал – «цирктің әнші-әртісі», сері – «эстрада әншісі» [7, 275 б].

Қазақ батырларындағы «Сауға» ұғымен таныстыра кетсек. Қазақ батырларында «жекпе-жекте қарсыласын өлтіру – мақсат емес, мақсаты – күшің мойындату, ерлігің таныту» болатын. Жекпе-жекте батырлар

қарсыласың жеңген соң, қарсыласына өмірің сауғаға беріп, кейін қарсыластар дос болып, тіпті андас болып та кететін.

Андас – ақыреттік дос, ана дүниелес – анда [4, 122 б].

Анда немесе андас дегеніміз – жауынгерлік ғұрыптың атауы. Бұл ғұрыптың сипаты мындай: екі жауынгер біліктерің тіліп, қанды шығарып түйістіріп, екі дүниеде де дос болып, бір-біріне мүлдем сатқындық жасамауға уәде немесе ант береді [4, 122 б, 4, 129 б]. Осындағы «анда» мен «ант» бір түбірден болуы да мүмкін және де «андас» сөзі өзгерге ұшыраған «анттас» («уәделес») сөзі болуы да мүмкін. [4, 129 б]

Ұлы Далаға Ислам діні кіргеннен кейін «андас» сөзі, түркі дәстүрлері исламның элементтерімен, сопылық қалыптасқан кезде, «ақыреттік», «қияметтік» деген сөздер қолданысқа ене бастап, «андас» сөзі қолданыстан жоғала бастайды. Осы екі «Қырымның қырық батыры» жырларының 4 сюжетінде кездеседі:

Аңшыбай мен Аюбайдың «ақыреттік» дос болуы, Шаппаз хан мен Нұрадын, Едіге мен Аңғысын құшақтасып «қияметтік» дос болуы және де Бегіс батырдың өз баласы Көгіс пен жолдасының ұлы Тегісті «қияметтік» дос қылуы. [4, 130 б]

Бұрын әлемнің әр жауынгерлерінде өзіндік ұлттық жауынгерік кодексі болған. Мысалы, еуропалық рыцарьлардың кодексі, самурайлардың «бушидо» кодексі, үнділік «ману» заңдары және т.б. Негізі бізде де жазылмаған Ұлы дала батырының заңы/кодексі бар. Мысал ретінде «Қырымның қырық батыры» жырлар цикліндегі «Парпария жырындағы» Аңшыбай батырдың Парпария ұлына берген бата түрінде айтылған өсиетің айтуға болады [4, 130 б]:

Парпария қарағым,
Қайырлы болсын талабың!
Ел қорғаны болам деген,
Тілегіңді қабыл аламын
Аңысын аңда әр істің,
Айыра біл асықпай
Тоғыз жолдың торабын
Орнын тауып, жұмсай біл,
Бойыңа біткен күш-қайрат,
Ақыл-ой мен сананың.
Тайғақ кешу, тар жолда
Аруағы жар болсын,
Бұрынғы өткен бабаның
Дүниенің сыры көп.
Әккі жаудың сыры көп
Жан-жағыңды шолып қарағын,
Өз бойыңа сай болсын
Сауыт-сайман жарағың,
Тұлпар болсын мінгенің,
Сұңқар болсын ілгенің,

Сұлу болсын сүйгенің,
Асыл болсын кигенің,
Жауынды жеңіп, ел алсаң,
Қатын-балаға тимегін.
Жазықсыз жанды жылатпа,
Тарихи тамды құлатпа.
Қайратыңа мастанып,
Кем адамды кемітіп,
Қағып-соғып құлатпа.
Қартты көрсең, қайырылып,
Барың болса, беріп кет.
Үй-үйден қайыр сұратпа,
Жауынды жеңіп, ел алсаң,
Ел сенгенше, өзіңе
Сол жерде жылдап тұрақта.
Таңдап ал, балам, досыңды.
Сайлап ал қонар қосыңды.
Әрқашан да ұмытпа.
Есіңе алып жүргейсің
Тағы да айтар сырым бар.
Бар ынтаңмен ұғып ал,
Әйел деген – арбаушы,
Ойыңды одан аулақ сал.
Есіңнен еш те шықпасын
Үйдегі бала, сүйген жар.
Кетсең егер сүрініп,
Ғазиз басың болар дал.
Дұшпандарың табалап
Теріс қарап достарың,
Төгілер, балам, ұят-ар

Қорытынды. Бұл мақалада қазақ батырларының бейнесі дәстүрлі түсініктен тыс, кеңірек тарихи-этнографиялық және мәдени тұрғыда қарастырылды. Зерттеу барысында батыр ұғымының тек әскери күшпен шектелмей, оның терең рухани, тілдік және дүниетанымдық мазмұнға ие екендігі анықталды.

Қазақ батырларының қару-жарақтары туралы деректер олардың тек суық қарумен ғана емес, сонымен қатар отты қаруларды да ерте кезеңдерден бастап қолданғанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде қазақ қоғамының әскери мәдениеті мен технологиялық дамуының жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, батырлардың сыртқы келбеті, шаш үлгілері, тәрбиелік рәсімдері мен мифологиялық түсініктері олардың ерекше мәдени-символдық жүйеге ие болғанын айқындайды. Батырлықтың бала кезден қалыптасуы, «жылан қайыс» сияқты рәсімдер арқылы берілуі – бұл институттың жүйелі және дәстүрлі сипатта болғанын көрсетеді.

Мақалада қарастырылған «сауға», «андас» сияқты ұғымдар қазақ батырларының тек жауынгер ғана емес, сонымен бірге жоғары моральдық-этикалық қағидаларды ұстанған тұлға болғанын дәлелдейді. Бұл қағидалар әділдік, адамгершілік, сертке беріктік және қарсыласқа құрмет көрсету сияқты құндылықтарға негізделген.

Қорыта келгенде, қазақ батырлары – тек тарихи кейіпкерлер емес, олар Ұлы Дала өркениетінің әскери, рухани және мәдени кодын бойына жинақтаған күрделі феномен болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Древнетюркский словарь. / под ред. Д.М. Насилова, И.В. Кормушина и др.; сост. Т.А. Боровкова, Л.В. Дмитриева, А.А. Зырин, И.В. Кормушин и др. 2-е изд., пересмотр. -Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. -760 с.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст.: Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. -752 б.

3. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. / Н. Келімбетов ... . -Алматы: Мектеп, 1986., 212, [2] б.; - Мырзатай Жолдасбеков қоры . . – 3800 дана (мұқ.)

4. Жауынгерлік рух кітабы. Алпамыс ғаламы. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2008. -416 бет

5. Ахметжан Қ. Қазақтың отты қаруларының тарихы: монография / Қ. Ахметжан. -Астана: Фолиант, 2016. -320 б.

6. Ахметжанов Қ. С. Жараған темір кигендер (Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). -Алматы: РГЖИ «Дәуір» АО «Томол», 1996. -256 б.

7. Асемкулов. Т., Наурызбай З. Субъект(-ив)ная казахская культура. / Таласбек Асемкулов, Зира Наурызбай. -Алматы: “Otuken.kz”. -2022. -400 стр.

ЦИФРЛЫҚ САНА ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҒДАЙЫНДА ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕР МЕН ӨЗІНДІК ТҮСІНУДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Сағидолла М.Ғ., Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
kmeru004@gmail.com

Аңдатпа. Қазіргі цифрлық қоғам адам мен ғаламдық ақпарат кеңістігінің әлеуметтік-технологиялық, философиялық байланысы ретінде қарастырылады. Мақалада цифрлық сананың қалыптасуы, ЖИ-тің тұлғалық «Менге» әсері, алгоритмдік тәуелділік, экзистенциалдық рефлексияның трансформациясы талданады. COVID-19 пандемиясынан кейінгі онлайн-коммуникациялардың рөлі, ақпараттық этика мәселелері (Хабермас, Капурро, Флориди, Брей дәстүрлері) және цифрлық ортадағы жауапкершілік зерттеледі. Нәтижесінде технология өмірді жеңілдеткенімен, терең ойлау мен өзіндік сана әлсірейді деп қорытындыланады.

Кілт сөздер: Цифрлық қоғам, цифрлық сана, ақпараттық этика, өзіндік сана, жасанды интеллект, алгоритмдік басқару, экзистенциалдық рефлексия, онлайн коммуникация.

Қазіргі цифрлық қоғам – адам мен ғаламдық ақпараттық кеңістік арасындағы әлеуметтік-технологиялық интерфейс. Цифрлық қоғамның негізгі қалыптасуы XX ғасырдың 80-90 жылдарында бастау алды, дәл осы кезеңде желілік коммуникация технологиялары қарқынды дамып, ақпараттық қоғамды технологиялық және әлеуметтік феномен ретінде зерттеу тереңдей түсті. Осы процестер жаһанданудың жаңа деңгейін туындатып, цифрлық кеңістікті қоғамдық өзара әрекеттесудің тұрақты тіректерінің біріне айналдырды. Бұл қоғамды жою немесе бұзу мүмкін емес, алайда ол саяси, экономикалық және мәдени процестердің ықпалында үнемі өзгеріп отырады. Соның нәтижесінде әлеуметтік кеңістік біртұтас құрылым емес, мозаикалық, фрагменттелген және атомизацияланған формада дамып келеді. Мұндай жағдайда тұлғаның өзін-өзі түсінуі, әлеуметтік бағдарлары және жауапкершілік сезімі жаңа сипат алады [1].

Цифрлық қоғам тек ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтумен шектелмейді – ол цифрлық сананы қалыптастырады. Цифрлық сана – адамның ойлау, есте сақтау, қабылдау және өзіндік «Менін» сезіну процестерінің технологиялық кеңістікпен тоғысуы. Мұнда ақпарат сыртқы ортадан алынатын ресурс қана емес, тұлғалық тәжірибенің тікелей құрастырушы факторы ретінде әрекет етеді.

Технология дамыған сайын адам білімге де, еңбекке де тез жетудің қысқа жолдарын іздейді. Әсіресе COVID-19 пандемиясынан кейін онлайн-оқыту, цифрлық сервистер, виртуалды коммуникациялар өмір салтының негізгі бөлігіне айналды. Тіпті дәстүрлі мұғалім мен студенттің қарым-қатынасы да

«жүйе», «платформа», «интерфейс» деңгейіне ығысты. Бұл процессте тиімділік артқанымен, сұрақ туындайды: цифрлық орта адам құндылығын, өзіндік рефлексияны, экзистенциалдық тәжірибені қалыптастыра ала ма?. Себебі экзистенциализм адамның шынайы өмірмен, өз сезімдерімен және таңдауларымен тікелей қақтығысын талап етеді. Ал цифрлық коммуникация көбінесе тәжірибені жеңілдетеді, сезімдік және этикалық күрделілікті азайтады, өмірді «ыңғайлы режимге» көшіреді. Осылайша, цифрлық сана белгілі бір дейгейде тұлғаның ішкі әлемін трансформациялайды: бір жағынан, ол танымды тездетеді және кеңейтеді; екінші жағынан, өзіндік түсінуді, терең рефлексияны әлсірету қаупін тудырады.

Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық сана феноменін және жасанды интеллект жағдайында тұлға қалыптасуындағы танымдық процестер мен өзіндік «Мен» трансформациясын зерттеу қазіргі гуманитарлық ғылымның стратегиялық маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Бүгінде жасанды интеллект пен цифрлық платформалардың дамуы адам болмысының терең қабаттарына әсер етіп отыр. Бір жағынан, технология адам мүмкіндіктерін кеңейтетін құрал болса, екінші жағынан – оның еркіндігі мен таңдауына ықпал ететін жасырын күш. Цифрлық қоғамда адамның шешім қабылдауы жиі алгоритимдік ұсыныстарға тәуелді, бұл танымдық автономияны әлсіретіп, еркіндік ұғымын қайта ойлануға мәжбүрлейді. Әлеуметтік желілер, іздеу жүйелері мен контент платформалары пайдаланушының мінез-құлқын талдап, оған «ыңғайлы» ақпарат ұсынады. Бұл адамның ойлау көкжиегін тарылтып, таңдау иллюзиясын тудырады: адам өз шешімін өзі қабылдап жатырмын деп ойлайды, бірақ шешімнің бағыты алгоритммен алдын-ала құрастырылған. Осылайша, цифрлық ортада еркіндік пен бақылау арасындағы шекара күңгірттенеді. Бұл – тек технологиялық тәуелділік емес, экзистенциялық тәуелділік: адамның «Мен» сезімі сыртқы жүйелермен біртіндеп байланысып, оның өзіндік болмысын анықтау үдерісін әлсіретеді. Мәселен, фейк-реалдылық және шынайылықтың бұзылуы, синтетикалық медиа, дипфейктер және автоматтандырылған ақпараттық ағын шындық пен жалғанның шекарасын әлсіретуде. Цифрлық ортада қалыптасатын шынайылық модельдері адамның тәжірибесін тек бейнелер, сигналдар және деректер арқылы қорытындылауға итермелейді. Ақпараттық манипуляция енді ашық мәжбүрлеу емес, эмоциялық және мінез-құлықтық профильдеу арқылы жүзеге асады, бұл адамды ақпараттық кеңістіктің пассивті элементіне айналдырады. Мысалы, цифрлық платформалардағы эстетикалық трендтер адам болмысына сыртқы ғана емес, ішкі деңгейде де ықпал етеді. Tiktok пен Instagram кеңістігінде қалыптасқан «сұлулық стандарты» – ағартылған тері, стандартталған бет пішіні, камераға бейімделген макияж адамның жеке даралығын әлсіретіп, бір типті визуалды бейне қалыптастырады [2]. Бұл эстетика шынайы өзіндік ерекшелікті емес, алгоритмдік ұсынған ортақ образды алға тартады. Блогерлердің «жақсылықты көрсетіп жасау» мәдениеті іс-әрекеттің моральдық мәнін әлсіретіп, адамды өз болмысынан алыстатады: жақсылық тәжірибеге емес, контентке, ал өмір сүру әрекетке емес, көріну

формасына айналады. Бұл жағдайда тұлға өзінің экзистенциалды негізін жоғалту қаупіне тап болады, өйткені адамның «Мен» сезінуі енді ішкі шынайылықтан емес, сыртқы бағалау мен виртуалды аудиторияның реакциясынан туындай бастайды. Нәтижесінде тұлға «Мен кіммін?» деген сұраққа өз болмысынан емес, алгоритмдер құрастырған бейнеден жауап іздеуге мәжбүр болады.

Қазіргі адам бір уақытта екі кеңістікте өмір сүреді: нақты және виртуалды. Виртуалды бейне өзін көрсету формасы болса да, ол адамның өз болмысынан алыстауына себеп болуы мүмкін. Бұл тұлғаның тұтастығы мен өзіндік «Менін» ұғыну мәселесін алдыңғы орынға шығарады. Экзистенциалистік тұрғыдан, тұлға өз әрекеті үшін жауапкершілік алған кезде ғана шынайы болады. Бірақ алгоритм шешім қабылдау үдерісінің бір бөлігін өз мойнына алған кезде, бұл жауапкершіліктің өзі әлсірейді. Осы жағдайда ақпараттық этика тұлғаның танымдық және рухани егемендігін қорғауды көздейді. Осы ретте, неміс философы Юрген Хабермас ақпараттың көбеюі қоғамды автоматты түрде демократиялық және саналы етпейді деп санайды, яғни ақпарат көбіне адамдардың санасын басқару мен иландыру құралына айналады [3]. Алайда зерттеушілердің басым көпшілігі ақпараттандыру мен цифрлық мәдениеттің қазіргі қоғам үшін қажетті екенін мойындайды. Цифрлық мәдениет икемділігі мен жылдам әрекет ету қабілеті арқылы экономикалық үдерістерді тиімді басқаруға, әлеуметтік капиталды арттыруға және білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан цифрлық қоғамның қалыптасуы мемлекеттің экономикалық дамуы мен жаһандық бәсекеге өз орнын сақтауының басты шарты болып табылады. Бұл үдерістің адам мен қоғам болмысына әсерін философтар Рафаэль Капурро, Антон Веддер және Лучано Флориди және т.б. зерттеу нысандарына алды. Р.Капурро «басқалармен бір әлемде болу» идеясын дамыта отырып, цифрлық кеңістік адамның әлеммен қарым-қатынас тәсілін түбегейлі өзгертетінін көрсетеді. Цифрлық ортада құпиялылық әлсіреп, жеке автономия қауіпке ұшырайды, сондықтан компьютерлік этикада құпиялылық, дәлдік, иелік және қолжетімділік мәселелері орталық орын алады [4]. Веддер құпиялылықты тек жеке өмірді қорғау емес, жеке тұлғаның ақпараттық дербестігін сақтау тетігі ретінде құрастырады. Ал, Флориди болса, ақпараттық кеңістікті адам болмысының жаңа онтологиялық өлшемі деп сипаттап, жеке деректерді қорғаудың әлсіреуі тұлғалық тұтастыққа қауіп төндіретінін атап өтеді [5]. Осы тұрғыда Джон Фрэнсис Брей технологияны жобалау мен қолдануда пайдаланушы автономиясын сақтау этикалық жауапкершілік болуға тиіс екенін ұсынады [6].

Осылайша, цифрлық қоғам тек экономикалық тиімділік пен жаңа мүмкіндіктер ғана емес, сонымен бірге адам еркіндігі, жеке өмір және тұлғалық бірегейлік үшін күрделі этикалық сын-тегеуріндер тудырады.

Қорытындылай келе, қазіргі цифрлық қоғам адам болмысы мен әлеуметтік қатынастарды түбегейлі өзгертетін күрделі құбылыс болып табылады. Бір жағынан, цифрлық технологиялар ақпаратқа қолжетімділікті

кеңейтіп, білім мен экономиканың дамуын жеделдетсе, екінші жағынан – тұлғаның өзіндік «Менін» сезінуін, еркін шешім қабылдауын және құндылық бағдарларын қайта анықтауға мәжбүрлейді. Жасанды интеллект пен алгоритмдік басқару адамның танымдық автономиясын әлсіретіп, тыңдау еркіндігін жасырын түрде шектей алады. Сонымен бірге виртуалды кеңістікте қалыптасатын фейк-реалдылық шынайылық пен көрінудің шекарасын бұлдыратып, тұлғалық тұтастыққа қауіп төндіреді. Осы жағдайларда ақпараттық этиканың, цифрлық мәдениеттің және жеке дербестікті қорғаудың маңызы арта түседі. Цифрлық орта адам мүмкіндіктерін кеңейткенмен, оның адамгершілік, рухани және экзистенциалдық өлшемдерін сақтай отырып дамуы қажет. Демек, цифрлық қоғамды тиімді басқару тек технологиялық жетілдірумен емес, адамның тұлғалық мәнін, еркіндігін және жауапкершілігін қорғауға бағытталған гуманитарлық ойлаумен ұштасқанда ғана мүмкін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Джекебаева М. А. Философиядағы еркіндік пен жауапкершілік //Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. –2015. – Т. 50. – №. 1.

2. Лемеш К.И. «Обзор стандартов женской красоты». – г. Екатеринбург: Уральский государственный педагогический университет, 2016. – С.112-118

3. Хабермас Ю. Отношения между системой и жизненным миром в условиях позднего капитализма: дис. – Thesis, 1993.

4. Capurro R. Intercultural information ethics: Foundations and applications //Journal of Information, Communication and Ethics in Society. – 2008. – Т. 6. – №. 2. – С. 116-126.

5. Бекенова Ж. Н. «Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі». – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2024. – 122 б.

6. Brey P. Disclosive computer ethics //ACM Sigcas Computers and Society. – 2000. – Т. 30. – №. 4. – С. 10-16.

ҒТАМА 03.20

АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ МУЗЕЙЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Сақтаған Б.Ж., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан theidea2003@gmail.com; **Гиззатов С.М.,** қауымд.профессор, т.ғ.к., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан **sayalbek@mail.ru**

Аңдатпа. Мақалада Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихы кеңестік кезеңнің соңынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта тарихи-мәдени үдеріс ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – елордалық музей кеңістігінің қалыптасу кезеңдерін, оның қаланың тарихи жады мен мәдени бірегейлігін қамтамасыз етудегі рөлін анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, тарихнамалық және институционалдық талдау әдістері қолданылды. Мақалада Астана қаласының мәдени өміріне қатысты жарық көрген еңбектер (энциклопедия, мақала және т.б.) талданады. Түрлі дереккөздерге сүйене отырып Астана қаласында жұмыс жасап тұрған және жұмысын тоқтатқан музейлер қарастырылады. Сондай-ақ Тәуелсіз Қазақстанның идеологиялық және мәдени басымдықтарына сай жаңа ұлттық музейлік модельдің орнығуына назар аударылады. Осы жұмыста музейлердің тек жәдігерлерді сақтайтын орын емес, сонымен қатар қоғамдық жадыны жаңғыртатын, ұлттық тарихты жаңа мазмұнда ұсынатын және заманауи коммуникациялық технологияларды енгізетін мәдени институтқа айналғаны тұжырымдалады. Ізденіс нәтижесінде Астана музейлерінің эволюциясы қаланың әкімшілік орталықтан символдық-мәдени астанаға айналу үдерісімен тікелей сабақтастықта екені айқындалады.

Кілт сөздер: Астана, ҚР Ұлттық музейі, Сәкен Сейфуллин, өнер, музейн, тарих.

Кіріспе. Астана қаласының тарихи даму жолы оның музей кеңістігінің қалыптасу ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Кеңестік кезеңнен бастап Тәуелсіздік жылдарында, әсіресе астананы көшіру үдерісінен кейін қаланың саяси-әкімшілік мәртебесінің өзгеруі музей саласының мазмұны мен құрылымына да тікелей әсер етті. Нәтижесінде елордалық музей кеңістігі жаңа сипатқа ие болып, ұлттық мемлекеттіліктің, тарихи жадының және мәдени мұраның маңызды көрініс алаңына айналды.

Музей – ел тарихы, ұлттың көне менталитеті, дүниетануы, мәдениетінің қайнар көзі тоғысатын жер және қоғамның тарихи жадын сақтайтын, мәдени мұраны жинақтайтын және оны келесі ұрпаққа жеткізетін маңызды әлеуметтік-мәдени институттардың бірі. Өйткені музей экспозициясына орналасқан әрбір мұраның астарында сол жәдігердің тарихы ғана емес, яғни осыған байланысты болатын кез келген халықтың жүріп өткен кезеңдері мен

тарихы жатыр. Қазақстанның астанасы Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихын зерттеу отандық тарихтағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Демек, аталмыш тақырып қай тұсынан алып қарасақ та бүгінгі күн талабына сай зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе болып саналады.

Мемлекет астанасындағы музейлердің қалыптасу тарихын зерделеу, бір жағынан, қала тарихының мәдени қырларын ашуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, Тәуелсіз Қазақстандағы музей ісінің даму бағыттарын түсінуге жол ашады. Сондықтан елордадағы музейлер жүйесі тек мәдени мекемелер жиынтығы емес, ол – мемлекеттің идеологиялық басымдықтарын, тарихи саясаттың ерекшеліктерін және қоғамдық сананы жаңғырту үдерістерін бейнелейтін ерекше кеңістік. Бұл қатарда кеңестік кезеңнен бастау алатын Сәкен Сейфуллин және Қазіргі заманғы өнер музейі, кейінгі кезеңде құрылған Президенттік мәдениет орталығының музейлік бөлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, сондай-ақ өз жұмысын тоқтатқан немесе қайта ұйымдастырылған музейлердің тарихы ерекше назар аудартады.

Мақаланың мақсаты – Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихын тарихи-мәдени үдеріс ретінде қарастырып, олардың даму кезеңдерін, институционалдық ерекшеліктерін және қаланың тарихи жады мен мәдени бірегейлігін орнықтырудағы рөлін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін музейлердің құрылу тарихын жүйелеу, жұмыс істеп тұрған және қызметін тоқтатқан музейлердің ерекшеліктерін салыстыру, сондай-ақ тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа ұлттық музейлік модельдің қалыптасу сипатын талдау міндеттері қойылады.

Бүгінгі таңда Астана қаласы музей ісі мен тарихына қатысты музейлерді бірнеше топқа бөлуге болады:

Біріншіден, Кеңестік кезеңнен Тәуелсіздік алған уақытқа дейінгі Астана қаласында қалыптасқан музейлер;

Екіншіден, Тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі уақытқа дейінгі Астана қаласында ашылған музейлер.

Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихын зерттеу тек жекелеген мәдени мекемелердің шежіресін түгендеу ғана емес, сонымен бірге елорданың символдық, тарихи және мәдени келбетін ғылыми тұрғыдан зерделеу болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер қала тарихының мәдени мазмұнын тереңірек ашуға, музей ісінің қоғам өміріндегі рөлін нақтылауға және Қазақстандағы музей кеңістігінің даму логикасын түсіндіруге қызмет етеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының деректік негізін Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихына қатысты энциклопедиялық басылымдар, ғылыми мақалалар, музейтану саласындағы зерттеулер, сондай-ақ музейлердің құрылуы, қайта ұйымдастырылуы және қызметінің тоқтатылуы жөніндегі ресми мәліметтер құрады. Негізгі материалдар ретінде Астана қаласының тарихына арналған энциклопедиялық еңбектер, Қазақстан музей ісінің дамуын қарастыратын отандық ғылыми жарияланымдар,

жекелеген музейлердің тарихына арналған зерттеулер алынды. Бұл деректер Астана қаласындағы музей кеңістігінің қалыптасу кезеңдерін, олардың институционалдық өзгерістерін және тарихи-мәдени мазмұнын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында деректерді іріктеу кезінде тақырыпқа тікелей қатыстылығы, ғылыми айналымда қолданылуы, мазмұндық нақтылығы және хронологиялық сәйкестігі басты назарға алынды. Осыған байланысты Астана қаласында әр кезеңде жұмыс істеген және қазіргі уақытта қызметін жалғастырып отырған музейлер туралы мәліметтер салыстырмалы түрде қарастырылды. Сонымен қатар бұрын жұмыс істеп, кейін жабылған немесе қайта ұйымдастырылған музейлерге қатысты материалдар да зерттеу нысаны аясында қамтылды. Мұндай ұстаным елордалық музей жүйесінің эволюциясын тек қазіргі жағдайымен шектемей, оның тарихи сабақтастығын анықтауға негіз болды.

Мақаланы дайындау барысында бірнеше ғылыми әдіс кешенді түрде қолданылды. Ең алдымен, тарихи-салыстырмалы әдіс пайдаланылды. Бұған қоса тарихнамалық әдіс жүзеге асырылды. Зерттеуде институционалдық талдау әдісі де маңызды орын алды. Бұдан бөлек, зерттеу барысында жүйелеу және топтау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі музейді тарихи жадты сақтаушы, мәдени мұраны танытушы және қоғамдық сананы қалыптастырушы күрделі әлеуметтік-мәдени институт ретінде қарастыратын қазіргі музейтанулық ұстанымдарға сүйенеді.

Осылайша, пайдаланылған материалдар мен қолданылған әдістер жиынтығы Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихын тарихи сабақтастық, институционалдық өзгеріс және мәдени маңыз тұрғысынан кешенді зерделеуге мүмкіндікке жол ашты.

Нәтижелер. Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихын хронологиялық тұрғыдан қарастырғанда елорданың музейлік кеңістігі бірнеше кезең арқылы дамығаны байқалады. Елордадағы музей ісі 1923 жылы ашылған Ақмола уездік тарихи-өлкетану музейінен бастау алады. Кеңестік кезеңде түрлі қиындықтарды басынан өткеріп, тәуелсіздік жылдарында музейлердің мазмұны, қызметі өзгеріп, қоғамдық рөлі арта түсті. Соның нәтижесінде Астана музейлері мемориалдық, көркемөнерлік, саяси-тарихи, әскери-тарихи, археологиялық және этномәдени бағыттарды қамтитын көпқырлы мәдени жүйеге айналды.

Жоғарыда айтылып кеткен музейлердің ішіндегі бірінші топқа, соның ішінде КСРО мемлекетінің ыдырау шағына жақындаған уақытында Целиноград қаласында пайда болып, өз есігін ашқан екі музейге тоқталсақ.

Біріншісі – Астананың Қазіргі заман өнері музейі (1980–2014). Елордадағы мәдени реформалар барысында өз жұмысын тоқтатқан мәдениет мекемесі. Бірақ бұл музей еліміздің бейнелеу өнерін насихаттауда зор үлесін қосты.

Қазіргі заман өнері музейі (тың және тыңайған жерлерді игерудің 25 жылдығына арналған) 1980 жылы 2 қазанда Целиноград қаласында ашылды.

Музейдің алғашқы коллекциясын 500 шығарма құрады, олар Целиноград қаласына 1979 жылы Қазақстан астанасы Алматыда өткен «Ғалам және адамдар» атты Халықаралық көрмеден жіберілді [1, 570 б.]. Осылайша, Тың және тыңайған жерді игерудің 25 жылдығы кезінде ұйымдастырылған «Адам және жер» атты бүкілодақтық көрме (1979) музейдің дүниеге келуіне жол ашып берді [1, 137 б.]. Мәдени орынның құрылып қалыптасып кетуіне қазақ халқының белгілі қылқалам шеберлері де барынша өз үлестерін қосты. Атап айтқанда, А. Ғалымбаева, Е. Сидоркин, Н. Гаев, Ә. Ысмайылов, Ж. Шәрденов, Ү.Әжиев және тағы басқа өнер өкілдері өз шығармаларын музейге тарту етті [1, 137 б.].

Ал енді осы топтағы екінші музейге тоқталсақ, бұл – Кеңес Одағының құлдырау кезінде қалыптасқан Сәкен Сейфуллин музейі. Көрнекті қайраткер Сәкен Сейфуллин атындағы музей өз есігін 1988 жылғы 20 ақпанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімімен Целиноград, қазіргі Астана қаласында ашты [2, 192 б.]. Музей қызметкерлері ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттеу, насихаттау, құжаттық және заттық мұраларды жинақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді [2, 193 б.]. Мекеме қорында жазушының көзі тірісінде жарық көрген кітаптары, түпнұсқа фотосуреттері, құжаттары және тарихи киноқұжаттары сақталған. Сәкен атындағы музей қазіргі уақытта да жұмыс істеп тұр және қонақтарға есігі ашық. Елордамыздағы С. Сейфуллин атындағы музейге келген әрбір адам қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне бір мезгіл жақындай түседі. Қазақ халқы үшін ұлы тұлға есімі халық жадында мәңгі сақталады.

Бөлінген екінші топтағы музейлерге еліміз Тәуелсіздік алған сәттен бастап Астана қаласында ашылған музейлер жатады.

Алғаш болып Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығы ашылды. Орталық 2000 жылы 27 қазанда ҚР Үкіметінің Қаулысымен ҚР Мемлекеттік музейі мен С. Сейфуллин атындағы Республикалық көпшілік кітапханасының біріктірілуі негізінде құрылды [1, 571 б.]. Президенттік мәдениет орталығының ашылуы елордадағы мәдени инфрақұрылымды жаңаша ұйымдастырудың және тарихи-мәдени мұраны мемлекеттік деңгейде ұсынудың маңызды қадамы болды.

Одан кейінгі кезеңде Астана қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті музейі ашылды. Музей 2004 жылы ашылғанымен, оның қорлары 1990-жылдардың ортасынан бастап қалыптаса бастады [3, 41 б.]. Соның нәтижесінде музей ашылған сәттен бастап-ақ мазмұнды әрі көлемді коллекцияға ие болды. Қор құрамына архивтік құжаттар, фото және бейнематериалдар, қару-жарақ, кәдесыйлар мен өнер туындылары енді. Экспозициялар Қазақстанның жаңа тарихын, мемлекеттің қалыптасу кезеңдерін және саяси, әлеуметтік, халықаралық, экономикалық, мәдени үдерістерді кеңінен таныстыруға бағытталды [3, 41 б.]. Осы арқылы Астана қаласындағы Тұңғыш Президент музейі тәуелсіз Қазақстанның жаңа саяси-тарихи бейнесін музейлік кеңістікте көрсеткен ірі нысанға айналды.

Елорда музейлерінің сапалық жаңа кезеңі Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің құрылуымен байланысты. Ұлттық музейдің негізі 2013 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаланды. Ол Орталық Азиядағы ең жас, әрі ең ірі музейлердің бірі ретінде сипатталады. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің ерекшелігі оның кең ауқымды экспозициялық құрылымында ғана емес, заманауи техникалық жабдықталуы мен тарихи мұраны ұсынудың жаңа тәсілдерінде де көрініс тапты. Осыған байланысты Ұлттық музей тәуелсіз Қазақстанның тарихи санасын, мәдени мұрасын және ұлттық болмысын кең ауқымда танытатын жетекші мәдени институттардың бірі болып орнықты [4, 2 б.].

ҚР Ұлттық музейі аз ғана уақыттың ішінде халықаралық деңгейде танымал болып, көптеген әлемнің үздік музейлерімен әріптестік орнатып, бірлескен іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Атқаратын қызметі мен бай коллекцияларына қарап Ұлттық музейді Франциядағы Лувр музейі, Қытай Ұлттық музейі, Ресейдегі Мемлекеттік Эрмитаж секілді «әмбебап» музейлердің қатарына жатқызуға болады [5, С. 60-63].

Хронологиялық реттегі келесі маңызды музей – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-тарихи музейі. Ол 2015 жылғы 1 желтоқсанда ашылды. Музей қоры қазақ халқының көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі әскери тарихы мен мәдениетін бейнелейтін сирек жәдігерлерден тұрады. Оның ашылуы Астана қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығы аясында жүзеге асуы бұл мекеменің тарихи жадыны жаңғырту және патриоттық тәрбиені күшейту бағытындағы маңызын арттыра түсті. Сонымен бірге музейдің Әскери-патриоттық орталық құрамында жұмыс істеуі оның тек көрме орны емес, сонымен қатар қоғамдық тәрбие мен тарихи сананы қалыптастыру құралы екенін көрсетеді [6, 4 б.].

Астана қаласындағы музей кеңістігінің келесі даму кезеңі «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының құрылуымен ерекшеленеді. 2018 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мәдениет және спорт министрлігі құрылымында «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы қаулысымен аяқталды (2018 жылғы 31 наурыздағы № 150 қаулы). Музей-қорықтың штаттық құрамы жасақталып, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ғимаратынан кеңсе бөлінді [7, 125 б.]. Оның ашылуы Бозоқ қалашығын археологиялық, тарихи және сакралды нысан ретінде ұзақ жылдар бойы зерттеудің нәтижесі болды. Ал 2017 жылы Бозоқ қалашығы жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның киелі нысандары қатарына енгізілді. «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның киелі нысандары» жинағында Бозоқтың ежелде Батыс пен Шығысты байланыстырған әйгілі Ұлы Жібек жолының ең белгілі орталықтарының бірі екені, ал осы дәстүрдің жалғасы ретінде Астананың бүгінде Батыс пен Шығыс өркениеттерін жалғаған алтын көпірге айналғаны атап көрсетілген [7, 125 б.]. Осы арқылы Астана музейлік кеңістігі жабық ғимараттағы экспозициялармен қатар, ашық аспан астындағы тарихи-мәдени кешендермен де толықты. Бозоқ музей-қорығы елорданың

ежелгі тарихын қазіргі қалалық кеңістікпен сабақтастыратын ерекше музейлік үлгі ретінде қалыптастырады.

Хронологиялық жағынан ең соңғы болып Астана қаласында Өнер музейі мұражайлық кеңістіктің жаңа бағытын айқындады. Музей 2025 жылы 10 желтоқсанда өз есігін Астана қала тұрғындарына алғаш рет ашты. Елордада жаңа Өнер музейінің салтанатты тұсаукесер рәсімі өтіп, оған қаланың гидтері, экскурсоводтары, туроператорлары және қаланың туристік қауымдастықтары қатысты. Іс-шара барысында ұлттық музыкалық аспаптардың көрсетілімімен «Жошы» этно-фольклорлық ансамблінің концерттік шоуы көрсетілді. Сондай-ақ музей экспозициялары таныстырылды. Музейде 1600-ден астам ұлттық музыкалық аспап қойылған. Соның ішінде сирек кездесетін және ұмыт бола бастаған көне аспаптар – желбуаз, мес сырнай, уілдек, тастауық және тағы басқалар ерекше орын алады. Аспаптардың барлығы музей қызметкерлерінің қолымен жасалған.

Көрме мекемесі жанында Болат Сарыбаев атындағы ғылыми-зертханалық шеберхана жұмыс істейтін болады. Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған бұл орталықта ұлттық музыкалық аспаптар ғылыми негізде зерттеліп, жаңғыртылып, көпшілікке ұсынылмақ. Сонымен қатар мұнда ұлттық киімдер мен бас киімдердің бірегей коллекциясы да бар. Ауқымды мәдени іс-шаралар кезінде музей қызметкерлерінен құралған JOSHY QAZAQ NATIONAL GROUP мультиаспаптық ансамблі өнер ұсынады. Айта кету керек, музей XIX ғасырдың соңында салынған көне мектептің ғимаратында орналасқан. 1982 жылдан бастап нысан республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған болатын [8]. Осылайша, Өнер музейі Астана музейлерінің заманауи кезеңдегі этномәдени және музыкалық мұраны танытатын жаңа буынын білдіреді.

Жалпы алғанда, музейлердің ашылу реті Астана қаласындағы музей ісінің даму логикасын айқын көрсетеді. 1923 жылы тарихи-өлкетану музейі, 1980-1988 жылдары көркемөнерлік және мемориалдық бағыттағы музейлер қалыптасты. 2000-2004 жылдары тәуелсіз мемлекеттің саяси-мәдени келбетін танытатын жаңа институттар құрылды. 2013 жылдан кейін ұлттық, әскери-тарихи, археологиялық және этномәдени бағыттағы музейлердің белсенді дамуы байқалды. Аталған үдерістердің жиынтығы Астана музейлерінің қаланың әкімшілік орталықтан тарихи жады мен мәдени мұра шоғырланған символдық кеңістікке айналуымен тікелей сабақтас екенін көрсетеді.

Қорытынды. Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихын талдау елорданың мәдени кеңістігі кездейсоқ немесе үзік-үзік сипатта емес, нақты тарихи кезеңдер мен қоғамдық-саяси өзгерістер аясында жүйелі түрде дамығанын айқындады. Зерттеу нәтижелері музей ісінің эволюциясы қаланың кеңестік кезеңдегі аймақтық мәдени орталықтан тәуелсіз Қазақстанның саяси, рухани және символдық астанасына айналу үдерісімен тікелей сабақтас екенін растайды. Осы тұрғыдан алғанда, Астана музейлері тек жекелеген мекемелер жиынтығы емес, елорданың тарихи жадын, ұлттық бірегейлігін және мәдени сабақтастығын айқындайтын күрделі институционалдық жүйе ретінде

бағаланады. Зерттеу барысында Астана музейлерінің қалыптасуын екі ірі кезеңге бөліп қарастырудың ғылыми тұрғыдан негізді екені анықталды: біріншісі – кеңестік дәуірде пайда болған музейлер; екіншісі – тәуелсіздік жылдарында құрылған жаңа музейлік институттар. Алғашқы кезеңдегі музейлер, әсіресе көркемөнерлік және мемориалдық бағыттағы мекемелер, қаланың мәдени іргетасын қалаған болса, кейінгі кезеңде құрылған музейлер ұлттық тарихты жаңа мазмұнда ұсынатын, мемлекеттілік идеяларын бекітетін, тарихи сананы жаңғыртатын және заманауи музейлік технологияларды енгізетін ірі мәдени орталықтарға айналды. Бұл үдеріс Астанадағы музей кеңістігінің мазмұндық, құрылымдық және қызметтік тұрғыдан үздіксіз жаңарып отырғанын көрсетеді.

Сонымен қатар мақалада қарастырылған материалдар Астана музейлерінің қоғам өміріндегі рөлі жәдігерлерді сақтау қызметімен ғана шектелмейтінін нақтылайды. Олар қоғамдық жадты қайта жаңғыртуға, тарихи мұраны жаңа интерпретацияда танытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және қала тұрғындары мен қонақтарының мәдени танымын кеңейтуге ықпал ететін маңызды әлеуметтік-мәдени институттар қатарында. Әсіресе елордалық музейлердің құрамында мемориалдық, көркемөнерлік, әскери-тарихи, археологиялық, этномәдени бағыттардың қатар дамуы Астана музей ісінің көпқырлы әрі кешенді сипат алғанын білдіреді. Осылайша, Астана қаласындағы музейлердің қалыптасу тарихы Қазақстанның жалпы мәдени саясатының, тарихи сананы жаңғырту үдерісінің және ұлттық мұраны институционалдық тұрғыдан орнықтыру тәжірибесінің маңызды бөлігі болып саналады. Елорданың музейлік кеңістігі уақыт өткен сайын тек кеңейіп қана қоймай, мазмұндық жағынан тереңдеп, тарихи-мәдени мағынасы күшейе түсті. Сондықтан Астана музейлерінің тарихын зерттеу қала шежіресін толықтырумен қатар, тәуелсіз Қазақстанның мәдени жады, музей саясаты және ұлттық бірегейлік мәселелерін ғылыми тұрғыдан түсінуге мүмкіндікке негіз болды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Астана: энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2008. - 575 б.

2. Музей как феномен истории и современности: сборник материалов Первого Международного форума музееведов в Казахстане (17-19 мая 2011 г.) / редкол. У. Д. Муналбаева. - Астана: [Б. и.], 2011. - 319 с.

3. Актуальная тема: Музеи постсоветскогопространств; Интервью с директором Музея Первого Президента Республики Казахстан Сагынгали А. С. // Современные проблемы сервиса и туризма. 2009. №2. С. 40-45.

4. Медеуова К.А., Бакытова Л.Б. Некоторые аспекты использования мультимедиа в экспозиционных практиках (на примере Национального музея Республики Казахстан) // Universum: Общественные науки: электрон. научн. журн. 2016. № 1 URL: http://7universum.com/ru/social/archive/item/3095

5. Гиззатов С.М., Жаксалыкова Ж.А. Национальный музей Республики Казахстан как территория культурных смыслов // Халықаралық «Қазақстан

музей конгресі» материалдарының жинағы (2024 жылғы 23-24 қыркүйек). – Астана: «Бекзат» ЖК, 2024. – 408 б. – 59-65 бб.

6. Дильманов С.Д., Ещанов А. Ш., Койшигарина Г. М., Альшимбаева Г.А., Мартынов А.А., Асилов Н.Т. Роль военно-исторического музея в военно-патриотическом воспитании. Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан - Астана: НУО, 2018. - 315 с.

7. Хабдулина М.К. История создания музея-заповедника «Бозок» // Turkic Studies Journal. №2 (2022). С. 116-129.

8. Астанада жаңа Өнер мұражайы ашылды. [Электрондық ресурс] - қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/astana/press/news/details/1122570?lang=kk - қолжетімділік күні: 10.12.2025

ҒТАМА-03.20

АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (1921–1922 ЖЖ.)

Серикбай А.Б., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан aidanaserikbay03@mail.ru**; Гиззатов С.М.,** қауымд.профессор, т.ғ.к., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан sayalbek@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада 1921–1922 жылдардағы Ақмола өңіріндегі ашаршылықтың себептері мен зардаптары кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, табиғи-климаттық қиындықтар, азамат соғысының салдары және кеңестік биліктің экономикалық саясатының ықпалы талданады. Ашаршылықтың туындауына әсер еткен негізгі факторлар ретінде азық-түлік салғырты, шаруашылықтың күйреуі, мал басының күрт азаюы және көші-қон үдерістерінің күшеюі айқындалады. Сонымен қатар, халықтың демографиялық шығындары, босқыншылық, аурулардың таралуы және әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер нақты деректер негізінде сипатталады. Мақалада шетелдік және жергілікті ұйымдардың көмек көрсету әрекеттері де қарастырылып, олардың тиімділігі бағаланады. Зерттеу нәтижелері Ақмола өңіріндегі ашаршылықтың жалпы қазақстандық тарихи үдерістермен тығыз байланыста болғанын және оның ұзақ мерзімді әлеуметтік-демографиялық салдарларға алып келгенін көрсетеді. Бұл мәселені зерделеу тарихи жадыны жаңғырту мен өңірлік тарихты терең түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ашаршылық, Ақмола өңірі, 1921–1922 жж., демографиялық шығын, көші-қон, кеңестік саясат, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, гуманитарлық көмек

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған 1921–1922 жылдардағы ашаршылық Қазақстан тарихындағы ең күрделі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың бірі болып табылады. Бұл нәубет әсіресе Солтүстік және Орталық Қазақстан өңірлерін, соның ішінде Ақмола губерниясын кеңінен қамтып, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, демографиялық жағдайына және дәстүрлі шаруашылық құрылымына ауыр зардаптар әкелді. Зерттеушілердің еңбектерінде аталған кезеңдегі ашаршылықтың табиғи апаттармен ғана емес, сонымен қатар азамат соғысының салдарымен, «әскери коммунизм» саясатының нәтижелерімен және азық-түлік салғырты сияқты әкімшілік-шаруашылық шаралармен тікелей байланысты екені атап көрсетіледі. [1, 112 – 118-бб.]

Ақмола өңіріндегі ашаршылық мәселесі отандық және шетелдік тарихнамада біртіндеп зерттеліп келе жатқанымен, оның аймақтық ерекшеліктері, әлеуметтік салдары мен халықтың күнделікті өміріндегі

өзгерістері әлі де терең талдауды қажет етеді. Мәселен, М.М. Қозыбаева және әріптестері Солтүстік Қазақстан материалдары негізінде ашаршылықтың ауқымы мен зардаптарын нақты архивтік деректер арқылы көрсетсе [2, 149 – 157-бб.], Г.Б. Карсакова өңірдегі аштықтың барысын орталық мемлекеттік мұрағат материалдары арқылы талдайды [3, 135 – 138-бб.]. Сонымен қатар, В. Шмидт еңбектерінде 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтың жалпы қазақстандық контекстегі себептері мен салдары жүйелі түрде қарастырылады. [4, 40 – 50-бб.]

Қазіргі кезеңдегі зерттеулерде бұл тақырып жаңа методологиялық тұрғыдан қайта қарастырылуда. Мысалы, А.Қапаева мен С.Асанова ашаршылықты тек экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-гуманитарлық апат ретінде бағалайды. [5] Ал ағылшын тіліндегі зерттеулерде, әсіресе М.М. Қозыбаева мен әріптестерінің еңбектерінде, халықаралық ұйымдардың аштықпен күрестегі рөлі мен оның тиімділігіне ерекше назар аударылады. Сонымен бірге, С. Кэмеронның еңбегі кеңестік саясаттың қазақ қоғамына тигізген ұзақ мерзімді салдарын терең талдауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, мақалада Ақмола өңіріндегі 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтың себептері мен зардаптарын кешенді түрде талдау мақсат етіледі. Зерттеудің негізгі міндеттері – ашаршылықтың туындау факторларын анықтау, оның демографиялық және әлеуметтік салдарын бағалау, сондай-ақ өңірлік ерекшеліктерін айқындау. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, деректанулық және талдау әдістері қолданылып, отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер мен архивтік материалдар кеңінен пайдаланылды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының деректік негізін 1921–1922 жылдардағы Қазақстандағы, соның ішінде Ақмола өңіріндегі ашаршылық мәселесіне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, архивтік материалдар мен талдамалық мақалалар құрайды. Атап айтқанда, зерттеу барысында Т. Омарбековтің еңбегінде келтірілген әлеуметтік-экономикалық дағдарыс сипаттамалары мен ашаршылықтың себептерін көрсететін деректер пайдаланылды [1, 112–118-бб.]. Сонымен қатар, М.М. Қозыбаева және әріптестерінің Солтүстік Қазақстан материалдарына негізделген зерттеуінде берілген нақты статистикалық және архивтік мәліметтер Ақмола өңіріндегі ахуалды талдауда маңызды дереккөз ретінде қолданылды [2, 150–153-бб.].

Өңірлік ерекшеліктерді нақтылау үшін Г.Б. Карсаковананың Солтүстік Қазақстандағы аштық мәселесіне арналған еңбегі өңірлік ерекшеліктерді нақтылау мақсатында қолданылды [3, 78–81-бб.].

Зерттеу барысында шетелдік ғылыми әдебиеттер де кеңінен тартылды. Атап айтқанда, М.М. Қозыбаева мен әріптестерінің ағылшын тіліндегі еңбектерінде келтірілген мәліметтер халықаралық ұйымдардың аштыққа қарсы күрестегі рөлін бағалауда қолданылды [6, 535–538-бб.]. Сонымен қатар, С. Кэмеронның зерттеуіндегі кеңестік саясаттың әлеуметтік-демографиялық

салдарлары туралы тұжырымдар салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берді [7, 97–105-бб.].

Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау және деректанулық әдістер қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы Ақмола өңіріндегі ашаршылықтың себептері мен салдары Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырыла отырып қарастырылды. Жүйелі талдау әдісі ашаршылықтың әлеуметтік, экономикалық және демографиялық аспектілерін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік берді. Ал деректанулық әдіс архивтік құжаттар мен ғылыми еңбектердің мазмұнын сыни тұрғыдан бағалауға бағытталды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында статистикалық мәліметтерді талдау әдісі де қолданылып, халық санының азаюы, көші-қон үдерістері және шаруашылық құрылымының өзгерістері сарапталды. Бұл әдістердің жиынтығы зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыруға және ғылыми тұрғыдан негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері 1921–1922 жылдардағы Ақмола өңіріндегі ашаршылықтың көпфакторлы сипатқа ие болғанын және оның туындауына табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және саяси себептердің кешенді ықпал еткенін көрсетті. Атап айтқанда, өңірдегі құрғақшылық пен егіннің шықпай қалуы ашаршылықтың табиғи алғышарттарын қалыптастырса, азамат соғысының салдарынан шаруашылықтың күйреуі және азық-түлік салғырты саясаты жағдайды күрт ушықтырды [1, 115–118-бб.; 7, 3–5-бб.].

Ақмола губерниясында ауыл шаруашылығының негізгі тірегі болып табылатын мал шаруашылығы мен егіншілік дағдарысқа ұшырап, өндірістік қуаттардың төмендеуі байқалды. Архивтік және статистикалық деректер негізінде жүргізілген талдау нәтижесінде мал басының күрт азайғаны және егістік алқаптардың қысқарғаны анықталды. Бұл өз кезегінде азық-түлік тапшылығын күшейтіп, халықтың жаппай ашығуына алып келді.

Ақмола губерниясында аштыққа ұшыраған халықтың саны күннен күнге арта берді. Архив деректеріне сүйенсек 1921 жылдың екінші жартыжылдығында губернияда нәубетке ұрынғандар саны 440 мың адамды құраған. Атап айтқанда, Петропавл уезінде 150 000, Көкшетау уезінде 115 000, Атбасар уезінде 110 000, Ақмола уезінде 66 500 адам ашыққан [8; 56-п]. Нәтижесінде Ақмола өңірінде халық санының едәуір қысқаруы, өлім-жітім деңгейінің жоғарылауы және босқыншылықтың кең таралуы байқалды. Көптеген тұрғындар көрші аймақтарға немесе қалаларға қоныс аударуға мәжбүр болды. Сонымен қатар, жұқпалы аурулардың таралуы халықтың жағдайын одан әрі күрделендірді.

Әлеуметтік құрылымда да елеулі өзгерістер орын алды. Дәстүрлі шаруашылық жүйесі бұзылып, халықтың күнкөріс деңгейі төмендеді, кедейлену үдерісі күшейді. Ашаршылық жылдары қоғамда әлеуметтік теңсіздік тереңдеп, халықтың мемлекеттік және сыртқы көмекке тәуелділігі артты. Осы кезеңде аштарға көмек көрсету ісіне жергілікті органдармен қатар шетелдік қоғамдық ұйымдар да қатысқан. М.М. Қозыбаева мен А.Н.

Қоңқабаева зерттеулерінде 1921–1922 жылдары Қазақстандағы аштыққа ұшырағандарға шетелдік қоғамдық ұйымдардың көмек көрсетуі белгілі бір деңгейде халықтың бір бөлігін аман алып қалуға ықпал еткені көрсетіледі [9, 89–97-бб.].

Сонымен бірге ашаршылықтың ұзақ мерзімді салдарын кеңестік саясатпен байланыстыра қарастыру маңызды. С. Кэмерон еңбегінде кеңестік биліктің қазақ даласындағы саясаты, зорлық, ашаршылық және әлеуметтік өзгерістер мәселесі кең контексте қарастырылып, ашаршылықтың қазақ қоғамының тарихи даму траекториясына ұзақ мерзімді әсер еткені талданады [7, 97–105-бб.].

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Ақмола өңіріндегі 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтың тек қысқа мерзімді дағдарыс емес, ұзақ мерзімді әлеуметтік-демографиялық өзгерістерге алып келген тарихи құбылыс екенін дәлелдейді. Бұл кезең өңірдің экономикалық дамуына кері әсер етіп, халықтың тарихи жадында терең із қалдырды.

Қорытындылар. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде 1921–1922 жылдардағы Ақмола өңіріндегі ашаршылықтың көпқырлы, кешенді тарихи құбылыс екені толық айқындалды. Ашаршылықтың туындауы табиғи-климаттық қолайсыздықтармен ғана шектелмей, азамат соғысының ауыр салдары, шаруашылық жүйенің күйреуі және кеңестік биліктің экономикалық саясатының, әсіресе азық-түлік салғыртының, тікелей ықпалымен қалыптасқаны дәлелденді [1, 115–118-бб.]. Бұл факторлардың өзара ықпалы аймақтағы дағдарысты тереңдетіп, оны жаппай гуманитарлық апат деңгейіне жеткізді.

Ақмола өңірінде ауыл шаруашылығының негізгі салалары – мал шаруашылығы мен егіншілік – күрт құлдырап, өндірістік әлеует төмендеді. Мал басының жаппай азаюы мен егістік алқаптарының қысқаруы азық-түлік тапшылығын күшейтіп, халықтың жаппай ашығуына алып келді [2, 151–153-бб.]. Бұл үдеріс өңірдің экономикалық құрылымын әлсіретіп қана қоймай, оның кейінгі даму қарқынына да кері әсер етті.

Зерттеу барысында ашаршылықтың демографиялық салдары ерекше маңызға ие екені анықталды. Халық санының едәуір қысқаруы, өлім-жітім деңгейінің жоғарылауы және босқыншылықтың кең таралуы Ақмола өңірінің әлеуметтік құрылымын түбегейлі өзгертті. Архив деректері Ақмола губерниясында ашыққандар санының өте жоғары болғанын көрсетеді [8, 56-п.]. Бұл мәліметтер өңірдегі ашаршылықтың ауқымын нақтылауға мүмкіндік береді.Сонымен қатар, жұқпалы аурулардың таралуы мен ме дициналық көмектің жеткіліксіздігі жағдайды одан әрі күрделендірді [7, 6-б.]. Бұл демографиялық өзгерістер ұзақ мерзімді сипат алып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етті.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, ашаршылық дәстүрлі шаруашылық жүйесінің бұзылуына, халықтың жаппай кедейленуіне және әлеуметтік жіктелудің тереңдеуіне алып келді. Қоғамда тұрақсыздық күшейіп, халықтың

мемлекеттік және сыртқы көмекке тәуелділігі артты. Бұл жағдай кеңестік биліктің әлеуметтік саясатындағы қайшылықтарды да айқын көрсетті.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері халықаралық және жергілікті ұйымдардың аштықпен күрестегі рөлін де айқындады. Шетелдік гуманитарлық ұйымдардың азық-түлік және медициналық көмек көрсетуі халықтың бір бөлігін аман сақтап қалуға мүмкіндік бергенімен, олардың көмегі ашаршылықтың барлық салдарын толық жоюға жеткіліксіз болды. Бұл өз кезегінде дағдарыстың ауқымы мен тереңдігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Ақмола өңіріндегі 1921–1922 жылдардағы ашаршылық қысқа мерзімді экономикалық дағдарыс емес, кең ауқымды әлеуметтік-демографиялық және тарихи өзгерістерге алып келген күрделі құбылыс ретінде бағаланады. Бұл кезең өңірдің тарихи даму траекториясына елеулі ықпал етіп, халықтың тарихи жадында терең із қалдырды.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Ақмола өңіріндегі ашаршылықты аймақтық деңгейде ғана емес, жалпы қазақстандық және кеңестік тарихи үдерістер аясында қарастырудың ғылыми маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, болашақ зерттеулерде өңірлік архивтік материалдарды кеңінен тарту, микротарихи талдаулар жүргізу және ашаршылықтың әлеуметтік-психологиялық салдарын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1.Омарбеков Т. 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 318 б.

2. Қозыбаева М. М., Құдайбергенова А. И., Байдалы Р. Ж. Қазақстандағы 1921–1922 жылдардағы ашаршылық және оның зардаптары (Солтүстік Қазақстан материалдары негізінде) // Отан тарихы. – 2021. – № 4(96). – 149–157 бб.

3. Карсакова Г. Б. Из истории голода в Северном Казахстане в 1921–1923 гг. (на материалах Центрального государственного архива Республики Казахстан) // Материалы международной научно-практической конференции «Единство. Гражданственность. Патритотизм». Уфа, 22–23 марта 2019 года. С. 135-138.

4. Шмидт В. Трагедия Казахстана 1921–1922 годов: голод и его последствия // Восточный архив, №1 (37). 2018. С. 40-50.

5. Қапаева А. Т., Асанова С. А. Қазақстандағы 1921–1922 жылдардағы ашаршылық: зерттеу нысанын кеңейту // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2023. – [Электрондық ресурс] – қолжетімділік режимі: https://ajspiie.com/index.php/history/article/download/940/970

6. Malabayev S. K., Kozybayeva M. M. Features of Hunger 1921–1922 in Kazakhstan and Its Consequences // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2021. – Vol. 8, No. 3. – Pp. 232–239.

7. Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. – Ithaca: Cornell University Press, 2018. – 294 p.

8. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві, 55 қор, 1 тізбе, 26 іс, 56 п.

9. Қозыбаева М. М., Қоңқабаева А. Н. Қазақстандағы 1921–1922 жылдардағы аштыққа ұшырағандарға шетелдік қоғамдық ұйымдардың көмек көрсетуі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2022. – № 4(108). – 89–97 бб.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ: ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Стақан Қ., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
kstakan3@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада жасанды интелектіні тарихи зерттеулерде қолдану тәжірибелері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі цифрлық деректер көлемінің күрт артуы мен оларды тиімді өңдеуге деген сұраныстың өсуімен түсіндіріледі. Жасанды интеллект негізіндегі мәтіндік және визуалды талдау құралдары тарихи деректерді жинау, жүйелеу, тақырыптық жіктеу, қолжазбалар мен құжаттарды автоматты тану сияқты міндеттерді шешуге кеңінен қолданыла бастады. Мақалада, бір жағынан, жасанды интеллекттің тарихи зерттеулердегі негізгі мүмкіндіктері (үлкен деректермен жұмыс, жасырын заңдылықтарды анықтау, уақытты үнемдеу) сипатталса, екінші жағынан, оның әдіснамалық, этикалық және практикалық шектеулері (дерек сапасына тәуелділік, алгоритмдік қисықтық, интерпретациядағы қауіптер) талданады. Зерттеу барысында отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасау, нақты цифрлық жобалардың (мәтін майнингі, қолжазбаларды тану, тарихи карталарды цифрлық өңдеу) мысалдарын сараптау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелер жасанды интелектіні тарихшы жұмысының баламасы емес, оны кеңейтетін және дерекпен жұмыс істеу аясын ұлғайтатын көмекші әдіс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, тарихи зерттеулер, цифрлық тарих, мәтін майнингі, машиналық оқыту, тарихи деректер, тарихи талдау, цифрлық гуманитаристика, нейрондық желілер.

Кіріспе. Гуманитарлық ғылымдарда компьютерлік және цифрлық технологияларға сүйену үрдісі XX–XXI ғасырлар тоғысында айқындала бастады. Ауызша тарих саласында бұл өзгеріс «цифрлық революция» ұғымымен байланыстырылады. Осы бағыттағы алғашқы тұжырымдардың бірін 2000-шы жылдардың басында белгілі тарихшы Алистер Томсон ұсынды. Ол өз еңбектерінде әріптесі Майкл Фриштің жаңа ақпараттық технологиялардың, әсіресе бейне интервьюлерді цифрлық индекстеу мен олармен жұмыс істеуге арналған жаңа құралдардың пайда болуына қатысты оптимистік идеяларын дамытты [1,33б.] А. Томсонның мақаласы жарық көргеннен кейін көп ұзамай АҚШ-та жасанды интеллект пен жетілдірілген алгоритмдер көмегімен ірі көлемдегі ауызша сұхбаттарды өңдеуге мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалық шешімдер әзірлене бастады. Мұндай жүйелер ұзақтығы ондаған сағатқа созылатын аудио және бейне интервьюлерді автоматты түрде транскрипциялау, оларды тақырыптық тұрғыдан индекстеу, кілтті эпизодтарды белгілеу сияқты міндеттерді атқара алатын болды. Соның нәтижесінде зерттеушілердің күнделікті рутиналық еңбегі едәуір жеңілдеп,

үлкен көлемдегі материалды талдаудың өнімділігі артты, ал ауызша тарих жобалары үшін бұрын мүмкін болмаған жаңа зерттеу сұрақтарын қоюға жағдай жасалды.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде жасанды интелектіні тарихи зерттеулерде қолдану тәжірибесін жан-жақты талдау мақсатында теориялық еңбектер, цифрлық тарих бойынша ғылыми әдебиеттер және эмпирикалық материалдар пайдаланылды. Негізгі материалдар ретінде XX–XXI ғасырлардағы тарихнамада цифрлық әдістер мен жасанды интеллектті қолдану мәселелеріне арналған шетелдік және отандық зерттеулер, сондай-ақ мәтін майнингі, тақырыптық модельдеу, қолжазбаларды тану, тарихи карталарды цифрлық өңдеу сияқты жобаларды сипаттайтын ғылыми мақалалар мен онлайн платформа материалдары қолданылды. Бұған қоса, қазіргі қазақ тарихшылары мен студенттер арасында өтілген практикалық жұмыс нәтижелері де талдауға қосылды; олар жасанды интелектінің тарихи зерттеулерде қабылдануы мен практикалық қолданылу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында төмендегідей әдістер пайдаланылды: тарихи-генетикалық әдіс – жасанды интеллект технологияларының ғылыми айналымға ену эволюциясын, олардың тарих ғылымында кезең-кезеңімен қолданылуын сипаттау үшін қолданылды; тарихи салыстырмалы әдіс – әртүрлі елдер мен ғылыми мектептерде жасанды интелектіні қолдану тәжірибесін салыстыру арқылы ортақ үрдістер мен ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік берді; деректанулық талдау – цифрлық жобаларда пайдаланылған тарихи деректердің сипатын, олардың репрезентативтілігі мен шектеулерін бағалау үшін қолданылды.

Нәтижелер. Ауызша тарих саласында жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың нақты көрініс тапқан алғашқы жобаларының бірі – Oral History Metadata Synchronizer (OHMS) жүйесі болды. Бұл ауызша тарих метадеректерін синхрондау жүйесі ашық бастапқы кодқа ие интернет бағдарлама ретінде әзірленген, яғни зерттеушілер мен пайдаланушыларға құралды өз қажетіне қарай бейімдеп, жетілдіруге мүмкіндік береді. Бағдарлама Кентукки университеті базасында ауызша естеліктерді индекстеу және олар бойынша іздеу жүргізу мақсатында жасалды. Жобаны әзірлеу 2008 жылы басталып, 2014 жылға қарай пайдаланушыларға қолжетімді толыққанды құралға айналды, қазіргі уақытта да жүйе жаңа функциялармен толықтырылып, тұрақты түрде жетілдіріліп келеді [2]. Ауызша тарих деректеріне машиналық оқытуды қолданудың (нейрожелілер кең таралмай тұрған кезеңде) алғашқы әрекеттерінің бірі ретінде нидерландтық ғалымдардың Croatian Memories жобасын атауға болады. Croatian Memories жобасы ауызша тарих деректеріне машиналық оқытуды қолданудың алғашқылардың бірі ретінде гуманитарлық зерттеулердегі жаңа methodological бетбұрысты айқын көрсетеді.

Бұл жоба Хорватия, Босния және Герцеговина тұрғындарының соғыс пен саяси қақтығыстарға байланысты жеке естеліктерін жүйелі түрде жинап,

сақтауды және талдауды мақсат еткен. Арнайы құрылған архивте Екінші дүниежүзілік соғыстан бастап 1990-жылдардағы Балқан соғыстарына дейінгі кезеңді қамтитын 400-ден астам видео интервью жинақталған. Соның ішінен транскрипцияланған және басқа тілдерге аударылған 50 сұхбат тәжірибелік корпус ретінде таңдалып, машиналық оқыту әдістерімен талданған. Бұл сұхбаттарда куәгерлер өздерінің соғыс жылдарындағы, тұтқында, босқындықта немесе әскери қақтығыс аймақтарында бастан кешкен жеке тәжірибелері, психологиялық жарақаттары, жоғалтулары мен үміттері туралы еркін әңгімелейді [3]. Жобаның ғылыми құндылығы – дәл осы көпқабатты, эмоцияға толы, құрылымы жағынан еркін ауызша нарративтерді тек дәстүрлі «қолмен» оқып талдаумен шектелмей, машиналық оқыту алгоритмдері арқылы да зерттеуге талпынысында.

Алдымен сұхбаттар толық транскрипцияланып, мәтін ретінде цифрлық базаға енгізіледі; бұдан кейін зерттеушілер әрбір әңгімедегі кілт сөздер, оқиға орындары, уақыт межелері, қатысушы тұлғалар туралы деректерді автоматты түрде айырып көрсетуге мүмкіндік беретін алгоритмдерді қолданады. Мұндай тәсіл үлкен көлемдегі мәтін ішінен белгілі бір тақырыптарды, мысалы «концлагерьдегі күнделікті өмір», «отбасынан ажырау», «соғыстан кейінгі бейімделу», «қорқыныш пен үміт сезімдері» сияқты қайталанатын мотивтерді тезірек табуға жағдай жасайды. Сонымен қатар мәтіндік талдаумен қатар аудио видео жазбалардағы дауыс ырғағы мен мимикаға негізделген автоматты эмоция талдауы жүргізіліп, вербалды (сөзбен айтылған) және вербалды емес (дауыс, бет әлпет) эмоция көріністерінің арақатынасы қарастырылады. Croatian Memories тәжірибесі ауызша тарихтағы жасанды интеллект пен машиналық оқытудың мүмкіндіктерін бірнеше бағытта айқын көрсетеді. Біріншіден, үлкен көлемдегі жеке естеліктерді қысқа уақытта жүйелеу, индекстеу және тақырыптық топтарға бөлу мүмкіндігі туады, бұл зерттеушілерге материалдың жалпы құрылымын көруге көмектеседі. Екіншіден, травма, соғыс тәжірибесі, зорлық, босқындық сияқты сезімтал тақырыптардың нарративтік бейнесін сандық көрсеткіштер арқылы да бағалауға (эмоциялық реңк, негативті және позитивті лексиканың жиілігі, белгілі бір оқиғаларға байланысты эмоцияның күшеюі) жол ашады. Үшіншіден, әртүрлі кезеңдер мен аймақтардағы естеліктерді салыстыру арқылы соғыс пен зорлықтың жеке және коллективтік жадыда қалай сақталатынын, қандай ортақ және айрықша белгілер бар екенін анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Croatian Memories жобасы – жасанды интеллект технологиялары ауызша тарих материалдарын тек техникалық тұрғыдан «жеңілдетіп» қана қоймай, тарихи оқиғалардың терең психологиялық және әлеуметтік қырларын түсінуді жаңа деңгейге көтере алатынын дәлелдейтін маңызды үлгі.

Қорытындылар. Жасанды интеллект тарихи зерттеулердегі деректермен жұмыс істеудің мазмұнын да, ауқымын да өзгертетін маңызды әдістемелік ресурс екені анықталды. Ол үлкен мәтіндік корпустарды, ауызша тарих интервьюлерін, архивтік құжаттар мен картографиялық материалдарды қысқа

уақытта өңдеуге, деректерді жүйелеуге, индекстеуге және жасырын тақырыптық, кеңістік уақыттық, эмоциялық үлгілерді айқындауға мүмкіндік береді. Дегенмен, жасанды интеллект тарихшының орнын басатын «автоматтандырылған зерттеуші» емес, керісінше рутиналық операцияларды өз мойнына алатын көмекші құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Жүргізілген талдау жасанды интеллекттің әсіресе ауызша тарих, соғыс пен саяси қақтығыстар тарихы, травма мен коллективтік жады, көші-қон, этникалық және гендерлік тарих сияқты салаларда тиімді қолданылатынын көрсетті. Ауызша тарихқа арналған OHMS, Croatian Memories, Densho, Fortunoff сияқты халықаралық жобалар деректерді цифрлық форматта сақтаумен қатар, машиналық оқыту мен NLP технологиялар арқылы жеке естеліктердегі қайталанатын мотивтерді, эмоциялық реңкті, кеңістік пен уақыт арасындағы байланыстарды тереңірек түсінуге жол ашатынын дәлелдейді. Бұл үлгілер жасанды интеллекттің тарихи нарративтерді сандық және сапалық тұрғыдан қатар талдауға мүмкіндік беретінін байқатты. Сонымен бірге, жасанды интеллектті тарихи зерттеулерге енгізу бірқатар шектеулер мен қауіптерді де айқындады.Тілдік теңсіздік (ағылшынмен салыстырғанда қазақ және басқа тілдерге арналған корпустардың аздығы), техникалық инфрақұрылым мен есептеу ресурстарына тәуелділік, көптеген платформалардың коммерциялық сипаты, модельдердің қателіктері мен алгоритмдік қисықтықтары тарихи деректерді соқыр түрде автоматты өңдеу қауіпті екенін көрсетті. Сондықтан жасанды интеллекттің шығараты нәтижелері міндетті түрде деректанулық сыннан өтуі, тарихшы тарапынан қолмен тексеріліп, интерпретациялануы қажет. Қазақстан жағдайында жасанды интеллект көбінесе тарихты оқытуда, деректерді цифрландыруда, оқу-әдістемелік жобаларда қолданылып жатқанымен, алдағы уақытта оны толыққанды ғылыми зерттеулерде пайдалану әлеуеті жоғары. Немістің белгілі ғалымы Марк Блок «Тарихтың берері – шексіз. Әрбір адамның айтқан сөзі, жазғаны, қолымен жасағаны, қолы тиген жерінің бәрі ол туралы дерек беруі керек» - деп жазған болатын. Американ ғалымы Т.Кун мұндай жағдайды тарихи танымның жаңа парадигмаға ауысуы – ғылымдағы революция ретінде ең алдымен ескеретін жағдай - зерттейтін проблема жөнінде жанжақты, толық ақпарат беретін материал жинап алу қажеттігін сипаттаған еді. Сондықтан да тарих ғылымында тарихи оқиғаларды йқындау мен баяндауда жасанды интеллект технологиялық әдістері маңызды болмақ.

Ұлттық архивтік және ауызша тарих қорлары негізінде көптілді тарихи корпустар құру, қазақ және орыс тілдеріне бейімделген модельдер әзірлеу, тарихшылар мен IT мамандардың бірлескен жобаларын дамыту келешекте жаңаша технологиялық тәсілдерге жол ашпақ. Осылайша, жасанды интеллектті жауапкершілікпен және сыни көзқараспен пайдалану тарихи зерттеулердің сапасын арттырып, гуманитарлық ғылымдардағы жаңа зерттеу мәселелерін тұжырымдауға және тарихи сананы тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда жасанды интеллектіні қолданудың құқықтық шеңберін [4,36б.] айқындайтын арнайы «Жасанды интеллект туралы» Заңы қабылданды, ол ЖИ жүйелерін ақпараттандыру нысаны және «адамға белгілі бір міндеттерді орындауға көмектесетін құрал» ретінде анықтайды. Заңның негізгі қағидаты – технологиялық даму мен адам құқықтарының арасындағы тепе-теңдікті сақтау, яғни адамның өмірі, абыройы мен ерік жігері ЖИ жүйелерін құру және пайдалану барысында ең жоғары құндылық ретінде қарастырылады [5] заңда ЖИ-мен жасалған контентті таңбалау және қауіптілігі жоғары ЖИ жүйелерінің тәуекелдерін басқару талаптары бекітілген, бұл талаптарды бұзған жағдайда жеке және заңды тұлғаларға айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Бұл гуманитарлық зерттеулерде, білім беру мен медиа кеңістікте ЖИ-дың қатысуын жасыруды шектеуге және пайдаланушыларға ақпараттың қалай жасалғанын білу құқығын қамтамасыз етуге бағытталған [6]. Қазақстанның «Жасанды интеллект туралы» Заңы гуманитарлық ғылым өкілдері үшін ЖИ-ды пайдалану кезінде тек техникалық емес, құқықтық-этикалық өлшемдерді де ескеру қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда: дерек иесінің келісімі, жеке ақпараттың құпиялығы, дискриминацияға жол бермеу. ЖИ-мен жасалған материалды ашық белгілеу және нәтижелер үшін адам тарапынан нақты жауапкершілік алу – гуманитарлық зерттеулерде ЖИ-ды қауіпсіз әрі жауапты қолданудың негізгі шарттары болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Thomson, A. Four Paradigm Transformations in Oral History // The Oral History Review. Vol. 34, No. 1 (Winter-Spring, 2007). P. 68–70.

2. https://www.oralhistoryonline.org/ Accessed 12.09.2025.

3. Truong, K.P., Westerhof, G.J., and others. Emotional Expression in Oral History Narratives: Comparing Results of Automated Verbal and Nonverbal Analyses // 2013 Workshop on Computational Models of Narrative. Hamburg, 2013. P. 310–315. https://www.dagstuhl.de/dagpub/978-3-939897-57-6. Accessed 12.09.2025

4. Технологии искусственного интеллекта в гуманитарных научных исследованиях: опыт и перспективы использования. / Отв.ред. Е.В. Байдалова, Е.В. Шатько.-М.: Институт славяноведения РАН,2025. - 176 с

5. «Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды». Ақорда, 17.11.2025. Дерек көзі: https: www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-zhasandy-intellekt-turaly-kazakstan-respublikasynyn-zanyna-kol-koydy-17105624 [қолжетімділік күні: 07.04.2026]

6. Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңы. 2025 жылғы 17 қарашадағы №230-VIII ҚРЗ. // Дерек көзі: https: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230 [қолжетімділік күні: 07.04.2026].

МРНТИ 10.87.01

КАСПИЙСКИЙ РЕГИОН В СИСТЕМЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: РОЛЬ ПРАВОВЫХ ОСНОВ СОТРУДНИЧЕСТВА

Сыздыкова А.М., Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
syzdykova.adiya22@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается роль правовых механизмов сотрудничества прикаспийских государств в системе современных международных отношений. Проанализирована эволюция международно-правовых основ взаимодействия в Каспийском регионе — от ранних двусторонних договоров к современной системе многостороннего регулирования. Особое внимание уделено Конвенции о правовом статусе Каспийского моря 2018 года, а также другим соглашениям, регулирующим экологическое, экономическое, транспортное и политико-правовое взаимодействие прикаспийских государств. Выявлено, что международно-правовая база Каспийского региона выполняет не только регулятивную, но и стабилизирующую функцию, обеспечивая согласование интересов государств, снижение конфликтности и формирование устойчивой модели межгосударственного сотрудничества в условиях усиления региональной взаимосвязанности и возрастания стратегической значимости Каспия.

Ключевые слова: Каспийский регион, международные отношения, международное право, правовые механизмы сотрудничества, прикаспийские государства, Каспийское море, Конвенция о правовом статусе Каспийского моря, региональное взаимодействие.

Введение. Каспийский регион представляет собой одно из значимых пространств современного межгосударственного взаимодействия, в котором пересекаются политические, экономические, транспортно-логистические, экологические и ресурсные интересы прибрежных государств. Его значение в системе международных отношений определяется не только выгодным географическим положением, но и значительным природно-ресурсным потенциалом, а также возрастающей ролью Каспия как пространства регионального сотрудничества, транзита и стратегической коммуникации. В этих условиях особое значение приобретает международно-правовое регулирование, поскольку именно оно формирует рамки взаимодействия государств, обеспечивает согласование их интересов и создаёт основу для устойчивого и предсказуемого сотрудничества.

Специфика Каспийского региона состоит в том, что развитие взаимодействия прикаспийских государств невозможно рассматривать исключительно через призму политических и экономических факторов. Существенную роль здесь играет правовая составляющая, охватывающая

вопросы определения статуса Каспийского моря, разграничения пространств, обеспечения экологической безопасности, использования природных ресурсов, развития транспортных коммуникаций и торгово-экономических связей. В связи с этим правовые механизмы выступают не вспомогательным, а системообразующим элементом регионального взаимодействия.

В рамках настоящего исследования основное внимание сосредоточено на анализе роли правовых механизмов сотрудничества прикаспийских государств в системе современных международных отношений. Для достижения поставленной цели необходимо проследить эволюцию международно-правовых основ взаимодействия государств региона, рассмотреть ключевые соглашения и нормативные акты, регулирующие сотрудничество на Каспии, а также определить значение правовых механизмов для формирования устойчивой модели межгосударственного взаимодействия.

Актуальность. Каспийский регион занимает важное место в системе современных международных отношений благодаря своему стратегическому географическому положению, значительному ресурсному потенциалу и возрастающему значению в сфере транспортно-логистического, экологического и экономического взаимодействия. В современных условиях особую значимость приобретает исследование правовых механизмов сотрудничества прикаспийских государств, поскольку именно международно-правовая база обеспечивает согласование интересов стран региона, формирует устойчивые принципы взаимодействия и снижает риск межгосударственных противоречий. Актуальность темы также обусловлена тем, что развитие сотрудничества в Каспийском регионе связано не только с определением правового статуса моря, но и с регулированием вопросов безопасности, охраны окружающей среды, использования природных ресурсов, торговли и транспортных коммуникаций.

Цель исследования. Целью исследования является анализ роли правовых механизмов сотрудничества прикаспийских государств в системе современных международных отношений.

Задачи исследования. Рассмотреть эволюцию международно-правовых основ взаимодействия прикаспийских государств. Проанализировать ключевые правовые механизмы, регулирующие сотрудничество в Каспийском регионе. Определить значение правовых механизмов в развитии устойчивого межгосударственного взаимодействия в Каспийском регионе.

Методы исследования. В процессе написания статьи были использованы различные методы научного анализа для изучения роли правовых механизмов сотрудничества прикаспийских государств в системе современных международных отношений. В частности, был применён контент-анализ научных публикаций и коллективных исследований, посвящённых правовому статусу Каспийского моря и развитию регионального взаимодействия, включая работы Л.Б. Вардомского, И.С. Рожкова, Л.С. Рубан, З.Р. Гапизова, Н.И. Харитоновой, С.С. Жильцова, И.С. Зонна, О.И. Ильинской и Г.Г.

Шинкарецкой. Это позволило выявить основные подходы к пониманию международно-правовой эволюции Каспийского региона. Историко-правовой метод использовался при рассмотрении становления международно-правовой базы Каспийского региона — от российско-персидских и советско-иранских договоров до современных соглашений постсоветского периода и Конвенции о правовом статусе Каспийского моря 2018 года. Формально-юридический метод был применён для анализа международных договоров, деклараций и нормативных правовых актов, регулирующих взаимодействие государств региона, включая документы, размещённые в системе «Әділет», на сайте МИД РФ и на официальных ресурсах, посвящённых каспийскому сотрудничеству. Сравнительно-правовой метод использовался для сопоставления соглашений по вопросам разграничения морского пространства, экологической безопасности, гидрометеорологии и торгово-экономического взаимодействия. Системный подход позволил рассмотреть правовые механизмы как комплексную основу межгосударственного взаимодействия в Каспийском регионе.

Обсуждение. Эволюция международно-правовых основ взаимодействия прикаспийских государств

Формирование международно-правовых основ взаимодействия прикаспийских государств носило длительный и поэтапный характер. С.С. Жильцов, И.С. Зонн и И.С. Рожков отмечают, что проблема правового статуса Каспийского моря долгое время оставалась одной из ключевых в региональной повестке, поскольку Каспий представляет собой особый водоём, требующий специального режима международно-правового регулирования [1]. О.И. Ильинская подчёркивает, что правовой статус Каспийского моря не мог быть урегулирован исключительно в рамках универсальных норм морского права и требовал формирования самостоятельной договорной базы прикаспийских государств [2].

Как показывает Л.С. Рубан, историческое развитие правового режима Каспийского моря в досоветский и постсоветский периоды во многом предопределило современные подходы к определению статуса акватории и разграничению сфер влияния в регионе [3]. Исторические предпосылки современной правовой системы восходят к российско-персидским договорам XVIII–XIX вв.: Русско-Персидскому договору 1723 г. [4], а также Гюлистанскому договору 1813 г. и Туркманчайскому договору 1828 г. [5, с. 212].

В советский период правовой режим Каспийского моря регулировался прежде всего двусторонними соглашениями между СССР и Ираном. Дополнительное значение для дальнейшего разграничения имело решение 1970 г. о секторном разделе советской части Каспийского моря, которое, по данным Л.Н. Нурсултановой, зафиксировало распределение акватории между союзными республиками и впоследствии повлияло на подходы к делимитации дна и недр [6, с. 254]. После распада СССР появление новых независимых

государств обусловило необходимость пересмотра прежнего режима и формирования обновлённой договорной базы.

Важную роль в развитии правовых основ регионального сотрудничества сыграли соглашения между Казахстаном, Россией и Азербайджаном, касавшиеся экономического сотрудничества, разграничения дна Каспийского моря и координации взаимодействия на Каспии. Таким образом, эволюция правовой базы Каспийского региона отражает переход от ограниченной двусторонней модели к более сложной системе многостороннего взаимодействия.

Современные правовые механизмы сотрудничества в Каспийском регионе. Ключевым этапом развития международно-правовой базы Каспийского региона стало принятие в 2018 году Конвенции о правовом статусе Каспийского моря. З.Р. Гапизов и Н.И. Харитонова характеризуют её как «Каспийскую конституцию», подчёркивая, что данный документ закрепил основы взаимодействия пяти прикаспийских государств и стал результатом длительного политико-правового переговорного процесса [7]. На официальном уровне Конвенция также рассматривается как основа современного сотрудничества в регионе.

Важным дополнением стала Тегеранская конвенция по защите морской среды Каспийского моря [8]. Как отмечает Г.Г. Шинкарецкая, её принятие обозначило расширение международно-правовой повестки каспийского сотрудничества за счёт экологического измерения, которое ранее оставалось менее разработанным [9]. Современный этап также характеризуется развитием отраслевых соглашений в сферах безопасности, гидрометеорологии, рационального использования биологических ресурсов и торгово-экономического взаимодействия. В более широком контексте Л.Б. Вардомский рассматривает Каспийский регион как важный элемент процессов регионализации Евразии, устойчивость которого во многом зависит от наличия согласованных правовых и институциональных механизмов [10].

Роль правовых механизмов в системе международных отношений Каспийского региона. В системе современных международных отношений правовые механизмы сотрудничества выполняют в Каспийском регионе стабилизирующую и координирующую функции. Они важны не только для урегулирования статуса моря, но и для развития экономического и транспортно-логистического взаимодействия. В официальных документах Республики Казахстан подчёркивается значение каспийского направления для развития внешнеполитического и торгово-транспортного потенциала страны [11]. Значимость развития логистических комплексов Казахстана для расширения его транспортных возможностей и укрепления связей с внешними рынками также отмечается в современных исследованиях [12].

Экономическое и ресурсное значение Каспийского региона усиливает роль правовых механизмов как инструмента согласования интересов государств. Каспийская нефть рассматривается в контексте международной безопасности, а освоение Волго-Каспийского региона на протяжении

длительного времени сопровождалось необходимостью политико-правового согласования интересов приграничных государств. Это подтверждает, что правовые механизмы связаны не только с юридическим оформлением договорённостей, но и с созданием условий для безопасного освоения ресурсов, развития транспортных маршрутов и укрепления региональной стабильности.

Таким образом, правовые механизмы сотрудничества играют ключевую роль в системе международных отношений Каспийского региона: они обеспечивают согласование интересов прикаспийских государств, снижают конфликтность и формируют нормативную основу экономического, экологического и транспортного взаимодействия.

Результаты. В ходе проведённого исследования были получены следующие результаты.

1. Выявлены основные этапы формирования международно-правовой базы Каспийского региона.

Международно-правовые основы сотрудничества прикаспийских государств формировались поэтапно: от российско-персидских и советско-иранских договоров к современной системе двусторонних, трёхсторонних и многосторонних соглашений. Переход к новой модели правового регулирования был обусловлен изменением состава субъектов международного права после распада СССР и необходимостью пересмотра прежнего режима взаимодействия на Каспии.

2. Определена ключевая роль Конвенции о правовом статусе Каспийского моря 2018 года.

Конвенция о правовом статусе Каспийского моря стала центральным элементом современной международно-правовой базы региона. Принятие данного документа позволило закрепить основные принципы взаимодействия пяти прикаспийских государств и создать правовую основу для дальнейшего развития сотрудничества в политической, экономической, экологической и транспортной сферах.

3. Выявлен комплексный характер современных правовых механизмов сотрудничества.

Современные правовые механизмы сотрудничества в Каспийском регионе не ограничиваются вопросами правового статуса моря. Они охватывают экологическую безопасность, рациональное использование биологических ресурсов, гидрометеорологическое взаимодействие, торгово-экономическое сотрудничество и развитие транспортно-логистических связей, что свидетельствует о расширении международно-правовой повестки каспийского сотрудничества.

4. Определено значение правовых механизмов для устойчивого межгосударственного взаимодействия.

Правовые механизмы играют стабилизирующую и координирующую роль в системе международных отношений Каспийского региона. Они способствуют согласованию интересов прикаспийских государств, снижению

конфликтности и формированию предсказуемых условий для развития долгосрочного сотрудничества. Тем самым международно-правовая база выступает не только средством нормативного регулирования, но и важным фактором институционализации Каспийского региона как особого пространства международного взаимодействия.

Қазақстан Республикасының білім беру стандарттары, жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамалары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың ұсынымдары білім беру жүйесінде цифрлық және интеллектуалдық технологияларды жүйелі енгізудің маңыздылығын айқындайды. Атап айтқанда, UNESCO ұсынған генеративті жасанды интеллектті білім беру мен

зерттеу саласында қолдану жөніндегі нұсқаулықтар білім алушылардың құқығын, академиялық адалдықты және педагогтің рөлін сақтай отырып, инновацияларды енгізу қажеттігін көрсетеді.[9]

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде әртүрлі цифрлық платформалар қолданылады:

Google Classroom – тегін білім беру платформасы, Google сервистерімен интеграцияланған және тапсырмаларды басқаруға мүмкіндік береді. [10]

Moodle – ашық кодты оқу басқару жүйесі (LMS), оқу курстарын ұйымдастыруға арналған. [11]

Zoom – онлайн сабақтар мен бейнеконференциялар өткізуге арналған платформа. [12]

Microsoft Teams – Microsoft компаниясының білім беру платформасы. Бұл жүйе онлайн сабақ өткізуге, файлдармен алмасуға және топтық жобаларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. [13]

Coursera – әлемнің жетекші университеттері ұсынатын онлайн курстар платформасы. Мұнда әртүрлі пәндер бойынша кәсіби білім алу мүмкіндігі бар.

Kundelik.kz – Қазақстан мектептерінде қолданылатын электрондық күнделік жүйесі. Платформа арқылы ата-аналар мен мұғалімдер оқушылардың оқу үлгерімін бақылап, оқу процесіне қатысты ақпарат ала алады.[7]

Қорытындылар. Жалпы айтқанда инновациялық технологиялар, жасанды интеллект және цифрландыру қазіргі қоғам дамуының негізгі факторлары болып табылады. Бұл технологиялар экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, қоғам өмірінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Life-long learning қағидалары мен микро оқыту кеңінен енгізіліп, дағдыларға бағытталған оқыту басым болады. Осы эволюция арқылы педагог кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқушының дербестігі мен сыни ойлау қабілеті дамиды, білім беру инфрақұрылымы жаңарып, цифрлық ресурстардың қолжетімділігі артады.

Сонымен қатар цифрландыру процестері басқару тиімділігін арттырып, ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтуде.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Таненбаум Э. Компьютерлік желілер. Алматы: 2014. https://biblio.rii.kz/wpcontent/uploads/Books/KAZ/AISiB/AK/Informatika/КОМПЬЮТЕРЛІК%20ЖЕЛІЛЕР2%201.pdf

2. Schwab K. The Fourth Industrial Revolution. – 2016. https://robscholtemuseum.nl/wp-content/uploads/2022/11/Schwab-Klaus-The-Fourth-Industrial-Revolution-2016.pdf

3. World Economic Forum Digital Transformation Report.

4. Қазақстан Республикасы "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы. https://www.gov.kz/memleket/entities/maidd/activities/14764?lang=kk

5. McKinsey Digital Economy Report. DECEMBER 2017. https://www.mckinsey.com/~/media/mckinsey/industries/technology%20media%20and%20telecommunications/high%20tech/our%20insights/digital%20china%

20powering%20the%20economy%20to%20global%20competitiveness/mgi_digital-china_report_dec-2017.pdf

6. Темирова Сулу Джумабаевна. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ӘЛЕУЕТІ МЕН АДАМЗАТҚА ӘСЕРІ. https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/1616/Темирова.pdf?sequence=1&isAllowed=y

7. Күнделік.kz https://portal.kundelik.kz/v2

8. NIS (Назарбаев Зияткерлік мектептері). (2015–2023). Инновациялық білім беру тәжірибелері туралы әдістемелік материалдар. https://nis.edu.kz/kk/page/2024-2025-oqu-zyly

9. UNESCO. (2021). Reimagining our futures together: A new social contract for education. Paris: UNESCO Publishing. https://ifap.ru/library/book641.pdf

10. https://edu.google.ru/workspace-for-education/products/classroom/

11. https://moodle.com/

12. Войти в систему | Zoom

13. https://teams.microsoft.com/v2/

14. Gartner Technology Trends. 2024. https://media.rbcdn.ru/media/reports/Gartner_Top_10_Strategic_Technology_Trends_2024.pdf

ҒТАМА 14.25.09

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ГЕНЕРАТИВТІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ТИІМДІЛІГІ МЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жамалова С.А., педагогика ғылымдарының магистрі; **Махан Б.Т.,**
6В01507 «Информатика» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті
Астана қ., Қазақстан
samal_72_ark@mail.ru, bibimahan0@gmail.com

Аннотация. Бұл зерттеу жұмысы генеративті жасанды интеллекттің (GenAI) қазіргі білім беру жүйесіне әсерін және оның академиялық адалдық контексіндегі рөлін талдауға арналған. Жұмыста ЖИ-дің пайда болуы көшіру (плагиат) деңгейін арттырды деген кең таралған пікірдің негізсіз екендігі Стэнфорд университеті мен Turnitin компаниясының көпжылдық зерттеулері негізінде дәлелденеді. Мақалада студенттердің ЖИ құралдарын пайдалану мотивациясы, олардың этикалық ұстанымдары және оқу орындарының тыйым салу саясатының кері әсерлері қарастырылған. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, студенттердің басым бөлігі ЖИ-ді алаяқтық үшін емес, оқу процесін жеңілдету мен күрделі ақпаратты меңгеру үшін «жеке көмекші» ретінде қолданады. Жұмыс соңында оқытушыларға арналған бағалау жүйесін трансформациялау және академиялық адалдықты сақтаудың тиімді стратегиялары ұсынылған.

Кілт сөздер: *Жасанды интеллект, генеративті ЖИ (GenAI), академиялық адалдық, плагиат, ChatGPT, цифрлық этика, оқу процесін бағалау, AI literacy (ЖИ сауаттылығы).*

Кіріспе. Білім берудегі жасанды интеллект экожүйесінің жаңа кезеңі 2022 жылдың соңында ChatGPT іске қосылуымен генеративті жасанды интеллект (GenAI) қоғам назарын өзіне күрт аударып, тарихтағы ең жылдам дамып келе жатқан қосымшаға айналды. Адамның мәтін, сурет, бейне, музыка және бағдарламалық кодтар сияқты түрлі форматтағы контент жасау қабілетін жоғары деңгейде еліктей алатын бұл технологиялар үлкен резонанс тудырды. Қазіргі таңда миллиондаған адам GenAI-ді күнделікті өмірінде қолдануда және бұл модельдерді нақты салаларға бейімдеу мүмкіндігі шексіз көрінеді[1].

Материаллдар мен әдістер. Ақпаратты өңдеу мен білім өндірудің мұндай кең ауқымды мүмкіндіктері білім беру саласына орасан зор әсер етуде. Олар адамның оқу процесінің негізін құрайтын жоғары деңгейдегі ойлау қабілетін (higher-order thinking) қайталай алады. GenAI құралдары мәтін жазу мен шығармашылықтың негізгі деңгейлерін автоматтандыруға қабілетті болғандықтан, олар білім беру саласындағы саясаткерлер мен мекемелерді "біз не үшін, нені және қалай оқимыз?" деген іргелі сұрақтарды қайта қарауға

мәжбүр етуде. Бұл сандық дәуірдің жаңа кезеңіндегі білім беру жүйесі үшін өте маңызды мәселе болып табылады[1].

Осы орайда, жасанды интеллекттің оқу процесіне енуі бақылаусыз қалмауы қажет. ЮНЕСКО-ның білім беру жөніндегі бас директорының орынбасары Стефания Джаннини (Stefania Giannini) атап өткендей: *"Жасанды интеллект адам ақылын басып озып, оны узурпацияламауы тиіс. Керісінше, ол бізді білім мен адамның оқу процесі туралы қалыптасқан түсінігімізді қайта қарауға шақырады"*. Сондықтан, бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты – генеративті жасанды интеллекттің білім берудегі тиімділігін талдап, оның академиялық адалдыққа тигізетін қауіптерін зерделеу[1].

Академиялық адалдық феномені және ЖИ-дің тарихи контекс. Академиялық адалдық мәселесі жасанды интеллект (ЖИ) пайда болғанға дейін де білім беру жүйесінің өзекті тақырыбы болды. Бұл бөлімде академиялық алаяқтықтың тарихи негіздері мен ЖИ-дің осы үдеріске нақты әсері Стэнфорд университеті мен басқа да халықаралық зерттеулер негізінде талданады [2].

Академиялық адалдық: Ұғымы мен тарихы. Академиялық адалдық - автордың өз жұмысында басқаның еңбегін иемденбеуін, зерттеу нәтижелерін бұрмаламауын және пайдаланылған барлық дереккөздерді нақты көрсетуін талап ететін этикалық қағидалар жиынтығы[3].

Тарихи тұрғыдан алғанда, плагиат пен алаяқтық мәселесі кітап басу ісі дамыған кезден-ақ белгілі болған [4].

Сонымен қатар, техникалық прогресс жағдайында адам мен технология арасындағы қарым-қатынастың этикалық нормаларын сақтау - заманауи ғылымның басты талабы болып табылады[5].

Сондықтан ЖИ-ді алаяқтықтың жаңа себебі емес, бар мәселенің сандық форматқа ауысқан жаңа құралы ретінде қарастырған дұрыс. ЖИ-ге дейінгі және кейінгі көшіру деңгейі: Салыстырмалы талдау

БАҚ пен қоғамда ЖИ-дің пайда болуы «академиялық адалдықтың ақыры» ретінде сипатталғанымен, нақты зерттеулер бұл үрейдің негізсіз екенін дәлелдейді[6].

Стэнфорд университеті мен Challenge Success (CS) ұйымының 10 жылдық бақылаулары мен 2023 жылғы сауалнамалары оқушылар мен студенттердің алаяқтыққа бару деңгейі өспегенін көрсетеді[7].

- Көшіру деңгейінің тұрақтылығы: ЖИ құралдары жаппай қолжетімді болғаннан кейін де, оқушылар мен студенттердің алаяқтыққа бару деңгейі өспеген.
- Тарихи статистика: ЖИ-ге дейінгі кезеңде (2012 ж.) АҚШ-тағы жоғары сынып оқушыларының 75%-ыүй тапсырмасын, ал 52%-ы бақылау жұмыстарын тұрақты түрде көшіріп келген[8].
- Жаңа этикалық норма: Қазіргі таңда ғылымда «GPT-тәртіпсіздігі» (GPT-dishonesty) термині қалыптасты. Бұл ЖИ жасаған жұмысты өз туындысы ретінде көрсетуді білдіреді, бірақ бұл әрекеттің жиілігі дәстүрлі плагиат деңгейінен аспаған [9].

Студенттердің ЖИ-ге жүгіну себептері

Нәтижелер. Зерттеу барысында студенттердің анонимді жауаптары негізінде ЖИ-ді пайдаланудың негізгі себептері анықталды. Бұл тек «жеңіл жол іздеу» емес, жүйелі мәселелердің салдары:

1. Психологиялық қысым мен стресс: Оқу орындары мен ата-аналар тарапынан қойылатын тым жоғары талаптар студенттерді ЖИ көмегіне жүгінуге итермелейді.
2. Уақыт тапшылығы: Оқу жүктемесінің шамадан тыс болуы студенттердің «уақыт үнемдеу» үшін ЖИ-ді қолдануына әкеледі.
3. Ережелердің анық болмауы: Студенттердің басым бөлігі қай жерде ЖИ «рұқсат етілген көмекші», ал қай жерде «алаяқтық» екенін нақты ажырата алмайды.

Осылайша, ЖИ-ді шектеу емес, студенттерге оны қалай этикалық тұрғыда қолдануды үйрету және оқу жүктемесін оңтайландыру академиялық адалдықты сақтаудың басты жолы болып табылады.

Студенттердің этикалық жауапкершілігі мен сақтығы Зерттеу нәтижелері студенттердің ЖИ-ді жаппай теріс мақсатта пайдалануға асықпайтынын дәлелдейді. Керісінше, олардың академиялық адалдыққа қатысты ұстанымдары оқытушыларға қарағанда қатаңырақ болып шықты.

Кесте 1- Студенттердің ЖИ-ді қолдану мақсаты



Turnitin деректеріне сәйкес, студенттердің 63%-ы тапсырманы толығымен ЖИ-ге жаздыруды "академиялық қателік (cheating)" деп санайды (салыстыру үшін: бұл көрсеткіш оқытушылар арасында 55%, ал әкімшілік қызметкерлерде небәрі 45%). Сонымен қатар, студенттердің 64%-ы ЖИ-дің білім беру саласындағы рөліне алаңдаушылық білдірсе, 51%-ы ЖИ "галлюцинациялары" (қате ақпарат беруі) оларды бұл құралдарды қолданудан бас тартуға итермелейтінін атап өткен. Бұл жастардың технологияға соқыр сеніммен қарамайтынын, оның шектеулерін толық сезінетінін көрсетеді.[9]

ЖИ - плагиат құралы емес, оқу көмекшісі Статистика көрсеткендей, студенттердің 88%-ы оқу процесінде генеративті ЖИ-ді қолданған, бірақ бұл плагиатты білдірмейді. HEPI зерттеуіне сәйкес, студенттер ЖИ-ді жүйені

алдау үшін емес, жеке "оқу көмекшісі" ретінде пайдаланады. Оның ең танымал қолданыс аясы:

- Күрделі тұжырымдамаларды түсіндіру (58%);
- Көлемді мақалаларды жинақтап, Қорытындылар лау (48%);
- Зерттеу жұмыстарына идеялар генерациялау (41%)[9].

Ал ЖИ генерациялаған мәтінді тікелей бағаланатын тапсырма ретінде өткізетіндердің үлесі небәрі 18%-ды құрайды. Бұған қоса, студенттердің 59%-ы ЖИ құралдары олардың сыни ойлау қабілетін төмендетіп жібере ме деп қауіптенеді. Бұл мәліметтер студенттердің басым бөлігі ЖИ-ді оқу процесін бұзу үшін емес, оны толықтыру үшін қолданатынын айқын көрсетеді[9].

Қатаң саясаттың кері әсері және болашақ мамандардың құзыреті студенттердің 67%-ы ЖИ-ді сауатты меңгеру олардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігін (employability) арттыратынына сенімді. Алайда, білім беру мекемелеріндегі тыйым салуға негізделген қатаң саясаттар мен плагиатты анықтау жүйелері күтпеген кері нәтиже беруде. HEPI (53%) және Turnitin (47%) мәліметтері бойынша, студенттердің жартысына жуығы ЖИ-ді тіпті легитимді (заңды, көмекші) мақсатта қолдануға қорқады. Себебі олар "жасанды интеллектті қолданды" деген жалған айыптауларға ұшыраудан үрейленеді[9].

Бұл жағдай жоғары оқу орындары үшін маңызды дилемма тудырады: шамадан тыс қатаң тыйымдар мен жазалау саясаты академиялық теріс қылықтарды азайтқанымен, ол студенттердің болашақ еңбек нарығында аса қажетті болатын цифрлық дағдыларын (AI literacy) дамытуына кедергі келтіруде[9].

Академиялық плагиаттың алдын алу стратегиялары және ЖИ мәтінін анықтау әдістері. Генеративті жасанды интеллекттің дамуы оқытушылар қауымына студенттердің жұмысын бағалауда жаңа қиындықтар тудырып отыр. Дегенмен, академиялық адалдықты сақтап, ЖИ-ді заңсыз қолданудың (плагиаттың) алдын алу үшін оқу орындары мен оқытушылар кешенді стратегияларды жүзеге асыра алады.

Оқытушыларға арналған алдын алу стратегиялары ЖИ арқылы жасалатын плагиатты болдырмаудың ең тиімді жолы – бағалау жүйесі мен тапсырма беру форматын өзгерту:

- Нақты нұсқаулар мен бағалау рубрикалары: Студенттерге эссе немесе жобаның құрылымы туралы өте нақты, детальді нұсқаулар беру қажет. Сонымен қатар, студенттің тақырыпты түсінгенін терең бағалау үшін арнайы рубрикалар (бағалау критерийлері) мен аралас бағалау әдістерін (жазбаша жұмыс + ауызша қорғау) қолданған жөн. Бұл студенттің материалды шын мәнінде қаншалықты меңгергенін дәл анықтауға көмектеседі.
- Академиялық адалдыққа тәрбиелеу: Студенттерге плагиаттың не екенін және ЖИ-ді рұқсатсыз қолданудың салдарын түсіндіру маңызды. Оқу орындары студенттерден өз жұмысының түпнұсқа екенін және ЖИ құралдарынсыз (немесе тек рұқсат етілген шекте) жазылғанын растайтын

жазбаша декларацияталап ете алады. Бұл олардың жауапкершілігін арттырады.

- Кезең-кезеңмен бақылау (Қараламаларды талап ету): Студенттерден тек дайын жұмысты емес, оның бастапқы жоспарын, қаралама нұсқаларын (черновик) тексеруге өткізуді талап ету. Бұл оқытушыға оқушының ойлау процесін бақылауға, кері байланыс беруге және ЖИ-дің кенеттен араласуын байқауға мүмкіндік береді.
- ЖИ қолданудың ашық ережелерін бекіту: Силабуста ЖИ модельдерін (мысалы, ChatGPT) қашан, қандай мақсатта қолдануға болатынын және ЖИ генерациялаған мәтінге қалай дұрыс сілтеме жасау керектігін нақты көрсету керек[9].

ЖИ арқылы жазылған мәтінді анықтау әдістері Автоматтандырылған құралдардан бөлек, оқытушылар адам факторына негізделген бірнеше тәсіл арқылы ЖИ мәтінін тани алады:

- Дереккөздер мен сілтемелерді тексеру: ЖИ модельдері түпнұсқа зерттеу жүргізе алмайды. Сондықтан олар көбінесе табиғатта жоқ авторларды, мақалаларды немесе сілтемелерді ойдан құрастырады. Сілтемелердің жалған екенін немесе дұрыс рәсімделмегенін тексеру арқылы мәтіннің авторын оңай табуға болады.
- Фактологиялық қателерді іздеу: ЖИ генерациялаған эсселер грамматикалық тұрғыдан аса «мінсіз» болғанымен, олар нақты деректерден қателесуі мүмкін. Эсседегі логикалық немесе фактологиялық қателер машиналық генерацияның белгісі бола алады.
- Лингвистикалық үлгілер мен контекст: ЖИ мәтіндері көбінесе белгілі бір шаблонмен жазылады. Оларда қайталанатын сөз тіркестері жиі кездеседі, ал ой желісі нақты аудиторияға немесе контекстке бейімделмеген, тым жалпылама (абстрактілі) сипатта болады. Адам жазған мәтін әдетте аудиторияның қажеттілігіне көбірек жауап береді.
- Антиплагиат және лингвистикалық талдау құралдары: Мәтіннің компиляция екенін көрсету үшін дәстүрлі антиплагиат бағдарламаларын қолдануға болады. Сонымен қатар, мәтіндегі лингвистикалық ауытқуларды талдау үшін табиғи тілді өңдеу (NLP) алгоритмдеріне негізделген арнайы құралдарды (мысалы, GPT-2 Output Detector) көмекші ретінде пайдаланған жөн.[10].

Қорытындылар. Зерттеу жұмысын Қорытындылармен келе, генеративті жасанды интеллекттің (GenAI) білім беру саласына енуі академиялық орта үшін тек қауіп емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктер кезеңі екенін көруге болады. Жүргізілген талдаулар негізінде мынадай түйінді тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, Стэнфорд университеті мен халықаралық зерттеулер дәлелдегендей, ЖИ құралдарының қолжетімді болуы студенттер арасындағы алаяқтық деңгейінің жаппай өсуіне әкелген жоқ. Көшіру мәселесі технологияға дейін де болған және оның негізгі себебі -технологияның бар

болуында емес, оқу процесіндегі жоғары стресс пен бағалау жүйесінің ерекшеліктерінде жатыр.

Екіншіден, студенттердің басым бөлігі (88%) ЖИ-ді жүйені алдау үшін емес, күрделі ақпаратты түсіндіру, идеялар генерациялау және оқу материалын жинақтау үшін «жеке көмекші» ретінде пайдаланады. Студенттердің 63%-ы ЖИ-ге тапсырманы толық жаздыруды академиялық қателік деп санауы - жас ұрпақтың цифрлық этиканы жақсы түсінетінін айғақтайды.

Үшіншіден, білім беру мекемелеріндегі тым қатаң тыйым салу саясаты мен жазалау шаралары күтілген нәтиже бермеуі мүмкін. Керісінше, мұндай тәсіл студенттердің болашақ еңбек нарығында қажетті болатын цифрлық құзыреттіліктерін (AI literacy) дамытуға кедергі келтіреді.

Түйіндей айтқанда, ЖИ-ді шектеу емес, оны оқу бағдарламаларына этикалық тұрғыда интеграциялау, бағалау әдістерін трансформациялау (аралас бағалау, ауызша қорғау, қараламаларды тексеру) және оқытушы мен студент арасындағы сенім атмосферасын қалыптастыру - заманауи білім беру жүйесінің басты басымдығы болуы тиіс. ЖИ адам ақылын алмастырушы емес, оны толықтырушы және дамытушы құрал ретінде қызмет етуі қажет.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. UNESCO. (2023). *Guidance for generative AI in education and research*.
2. Системный Блокъ. (2024). *Академическая честность в эпоху искусственного интеллекта*.
3. International Center for Academic Integrity [ICAI]. (2021). *The Fundamental Values of Academic Integrity*.
4. Энгельмейер, П. К. (1898). *Технический итог XIX столетия*.
5. Миронов, А. В. (2014). *Философия науки, техники и технологий*.
6. Cotton, D. R. E., Cotton, P. A., & Shipway, J. R. (2024). *Chatting and cheating*.
7. Stanford University / Challenge Success. (2023). *Academic Integrity in the Age of AI*.
8. Josephson Institute of Ethics. (2012). *The Ethics of American Youth*.
9. Turnitin / HEPI. (2025). *What 2025 generative AI trends reveal about student behavior*.
10. Liang, W., et al. (2023). *GPT detectors are biased against non-native English writers*.

МРНТИ 27.47.17; 20.53.21

РАЗРАБОТКА АЛГОРИТМА ДЛЯ ГИС ПО ОБНАРУЖЕНИЮ ГРАНИЦ ЛЕСНОГО ХОЗЯЙСТВА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ

Жолдыхан С.Ж., магистрант 2-го курса ОП «IT Менеджмент»,
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан

Аннотация. В данной статье представлена разработка специализированного алгоритма для геоинформационных систем (ГИС), направленного на автоматизацию процесса обнаружения и мониторинга границ лесного хозяйства. Актуальность исследования обусловлена необходимостью оперативного контроля за лесными ресурсами для предотвращения экологических правонарушений и эффективного лесоустройства. Основное внимание уделено интеграции методов компьютерного зрения и технологий машинного обучения.

В ходе работы была спроектирована архитектура системы, включающая предварительную обработку спутниковых снимков в цветовом пространстве HSV, применение фильтрации для снижения шумов и сегментацию изображений. Программная реализация выполнена на языке Python с использованием фреймворка Django и библиотек OpenCV и TensorFlow. Разработанный веб-сервис позволяет пользователям загружать картографические данные и получать обработанные изображения с точно выделенными контурами лесных массивов. Результаты тестирования подтверждают высокую эффективность предложенного алгоритма, что делает его перспективным инструментом для цифровизации лесного сектора и повышения точности геопространственного анализа.

Ключевые слова: Геоинформационные системы, лесное хозяйство, машинное обучение, компьютерное зрение, алгоритм сегментации, Python, мониторинг ресурсов.

Введение. Для взаимодействия с пользователем разработан веб-интерфейс, функционирующий по принципу REST API. Пользователь загружает спутниковый снимок через веб-страницу, после чего серверная часть на Django обрабатывает файл с помощью обученной модели и возвращает результат с визуально выделенными границами лесничества.

Материалы и методы. Для разработки алгоритма был выбран комплексный подход, объединяющий методы компьютерного зрения и глубокого обучения. В качестве технологического стека использовались:

- **Python** — основной язык программирования.
- **TensorFlow и Keras** — для построения и обучения архитектуры нейронной сети.

• **OpenCV и Pillow** — для предобработки изображений, выделения контуров и цветовой сегментации в пространстве HSV.

• **Django** — для реализации серверной части веб-приложения.

Разработка алгоритма

Процесс обработки изображений включает несколько критических этапов:

1. **Предобработка:** загрузка снимка и его преобразование в цветовое пространство HSV для более точного выделения зеленого спектра растительности.
2. **Фильтрация:** применение медианного фильтра для удаления шума и артефактов на спутниковых снимках.
3. **Сегментация:** пороговая обработка пикселей для выделения областей, соответствующих лесному массиву.
4. **Анализ контуров:** поиск и наложение границ обнаруженных объектов на исходное изображение.

Результаты. Разработанный алгоритм демонстрирует высокую точность распознавания границ даже на сложных участках. Практическое применение данной системы позволяет:

• Автоматизировать мониторинг состояния лесов.

• Значительно сократить временные и финансовые затраты на ручную обработку картографических данных.

• Повысить качество принимаемых решений в сфере лесоуправления.

Рисунок 3 – до обнаружения границ лесного хозяйства



Рисунок 2 - Результат работы программы

Выводы. Разработанный программный комплекс представляет собой эффективный инструмент для ГИС-специалистов и экологов. Интеграция методов машинного обучения в процессы мониторинга лесных ресурсов открывает новые возможности для сохранения природных экосистем и рационального природопользования.

Список использованных источников:

1. Черниховский, Д. М., Алексеев, А. С. Метод определения характеристик лесов на основе материалов дистанционного зондирования Земли, данных лесоустройства и алгоритма k-NN (на примере Лодейнопольского лесничества Лен инградской области) // Известия высших учебных заведений. Лесной журнал. – 2019. – №. 4 370 с
2. TensorFlow documentation. Retrieved from https://www.tensorflow.org/api_docs. Дата обращения: 3.02.2023
3. Keras documentation. Retrieved from https://keras.io/api/.
4. Django REST framework documentation. Retrieved from https://www.django-rest-framework.org/. Дата обращения: 3.02.2023
5. Л.П. Коэльо, В. Ричарт, Построение систем машинного обучения на языке Python. 2-е издание // пер. с англ. Слинкин А. А. – М. : ДМК Пресс, 2016. – 302 с
6. Введение в машинное обучение // URL: https://habr.com/ru/post/448892/ Дата обращения: 03.02.2023
7. K.G Liakos, P. Busato, D. Moshou, S.Pearson , , D. Bochtis (2018). Machine Learning in Agriculture: // Sensors. – 2018. – Т. 18. – №. 8. – С. 2674
8. Global Forest Watch (GFW) URL: https://www.globalforestwatch.org/ Дата обращения: 8.02.2023

9. Тужилкин А. С. // Разработка и исследование алгоритма поиска положения особых точек в системах технического зрения летательных аппаратов // Вестник Концерна ВКО «Алмаз-Антей». – 2018. – № 1

10. A. Géron, Hands-On Machine Learning with Scikit-Learn, Keras, and TensorFlow: Concepts, Tools, and Techniques to Build Intelligent Systems, 2nd ed. O'Reilly Media, 2019.

11. Исрафилов Х.С. // Исследование методов бинаризации изображений. – 2017. – Вестник науки и образования № 6(30). Том 2. № 3. – С. 43-50.

12. Liu, W., Chen, S., Guo, L., Zhu, X., Liu, J. Cptr: Full transformer network for image captioning //arXiv preprint arXiv:2101.10804. – 2021. https://doi.org/10.48550/arXiv.2101.10804

13. А. И. Годунов, С. Т. Баланян, П. С. Егоров. // Сегментация изображений и распознавание объектов на основе технологии сверточных нейронных сетей / Надежность и качество сложных систем. № 3 – 2021. – С. 62–72.

14. В. Б Жарников. Техногенная трансформация земель и ее показатели в системе мониторинга [Текст] / В. Б. Жарников, О. Н. Николаева, В. В. Сафонов // Вестник СГГА. – 2013. – Вып. 2 (22). – С. 36–43

15. С.А. Барталев, Ф.В. Стыценко, С.А. Хвостиков, Е.А. Лупян, Методология мониторинга и прогнозирования пирогенной гибели лесов на основе данных спутниковых наблюдений/ // Современные проблемы дистанционного зондирования Земли из космоса № 6, 2017, с.176-193.

16. А.П. Богданов, Совершенствование мониторинга лесов путем использования облачных технологий как элемента устойчивого лесоуправления / А. П. Богданов, А. А. Карпов, Н. А. Демина, Р. А. Алешко // Современные проблемы дистанционного зондирования Земли из космоса. 2018. №1. С. 89-100.

17. Канищев Д. С. / Автоматическая сегментация речи методами кластеризации и с применением метода Оцу. // Киров : Вятский государственный университет – 2019. – С. 48-56

18. Соболь Б. В., Соловьев А. Н., Васильев П. В., Подколзина Л. А. / Модель глубокой сверточной нейронной сети в задаче сегментации трещин на изображениях асфальта // Вестник Донского государственного технического университета. – 2019. – Т. 19, № 1. С. 63–73.

19. M. A Zhang Customer Segmentation Model Based on Affinity Propagation Algorithm and Improved Genetic K-Means Algorithm [Text] / Meiyang Zhang, Zili Zhang, Shi Qiu // 10th IFIP TC 12 International Conference, IIP 2018, Nanning, China, October 19-22, 2018, Proceedings – IIP 2018: Intelligent Information Processing IX. – IFIP International Federation for Information Processing 2018. – pp. 321-327

20.Pillow documentation. Retrieved from https://pillow.readthedocs.io/en/stable/. Дата обращения: 03.02.2023

21. NumPy documentation. Retrieved from https://numpy.org/doc/stable/. Дата обращения: 03.02.2023

МРНТИ 28.23.15

ГИБРИДНЫЕ НЕЙРОСЕТЕВЫЕ АРХИТЕКТУРЫ ДЛЯ ДЕТЕКЦИИ ОБЪЕКТОВ В РЕАЛЬНОМ ВРЕМЕНИ: СРАВНЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ МОДЕЛЕЙ, СОЧЕТАЮЩИХ ЛЕГКОСТЬ YOLO-ПОДОБНЫХ СЕТЕЙ И ТОЧНОСТЬ ТРАНСФОРМЕРОВ

Жұмаш Е.Ғ., магистрант 1 курса; **Жолдыхан С. Ж.,** магистрант 2 курса;
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
goodquestionyzh@gmail.com

Аннотация. В данной статье представлен комплексный сравнительный анализ современных гибридных нейросетевых архитектур, предназначенных для высокоточной детекции объектов в режиме реального времени. Основное внимание уделено моделям, которые эффективно объединяют скоростные преимущества классических сверточных сетей семейства YOLO с глобальным контекстом и высокой точностью визуальных трансформеров. В работе детально рассмотрены ключевые архитектурные решения, такие как RT-DETR, YOLOv8, DINO, YOLO-NAS и DAB-DETR. Исследованы инновационные механизмы их структурной интеграции, включая замену стандартного алгоритма подавления немаксимумов (NMS) эффективным трансформерным декодером и использование нейроархитектурного поиска для оптимизации весов моделей. Автором проведён глубокий анализ ключевых метрик точности (mAP), скорости вывода (FPS) и общей вычислительной сложности на стандартных наборах данных COCO и LVIS с применением графического процессора NVIDIA A100. Экспериментальные данные подтверждают, что наиболее сбалансированные результаты демонстрируют модели RT-DETR и YOLO-NAS. В то же время полностью трансформерные архитектуры показывают превосходство в точности при существенном снижении скорости обработки кадров. В заключении обсуждаются стратегии гибридизации и перспективы широкого внедрения данных подходов в автономные транспортные системы и промышленные платформы в рамках текущей цифровой трансформации.

Ключевые слова: детекция объектов, YOLO, трансформер, RT-DETR, гибридная архитектура, компьютерное зрение, реальное время.

Введение.Задача детекции объектов является одной из центральных в области компьютерного зрения и находит применение в системах видеонаблюдения, автономного вождения, медицинской диагностики и промышленной инспекции. На протяжении последнего десятилетия доминирующим подходом к детекции в реальном времени оставались одноэтапные архитектуры семейства YOLO (You Only Look Once), предложенные Redmon et al. в 2016 году [1]. Их главным достоинством является высокая скорость вывода при приемлемой точности, что делает их

пригодными для встраиваемых систем и задач с жёсткими требованиями к латентности.

Параллельно в области обработки естественного языка произошла революция, обусловленная появлением архитектуры трансформера [2]. Применение механизма самовнимания (self-attention) к задачам компьютерного зрения открыло новые возможности: Vision Transformer (ViT) [3] и основанная на нём модель DETR [4] продемонстрировали, что трансформеры способны достигать точности, превосходящей свёрточные сети, однако ценой значительных вычислительных затрат и медленной скорости вывода.

Разрыв между двумя подходами породил закономерный исследовательский вопрос: возможно ли создать гибридную архитектуру, сочетающую скорость YOLO-подобных детекторов и точность трансформеров? Именно этому вопросу посвящена настоящая работа. Её цель - систематизировать существующие гибридные решения, провести их сравнительный анализ и выявить наиболее перспективные направления развития.

Материалы и методы. Для сравнительного анализа были отобраны пять репрезентативных архитектур, опубликованных в период 2021-2024 годов и доступных в виде открытого программного обеспечения: YOLOv8 [5], RT-DETR [6], YOLO-NAS [7], DAB-DETR [8] и DINO (DETR with Improved DeNoising Anchor Boxes) [9]. Критериями отбора служили наличие результатов на эталонном наборе данных MS COCO val2017, воспроизводимость экспериментов и релевантность тематике гибридизации.

Оценка моделей проводилась по следующим показателям: средняя точность детекции (mAP при IoU = 0.5:0.95), скорость вывода в кадрах в секунду (FPS) при инференсе на GPU NVIDIA A100 с размером входного изображения 640×640 пикселей, а также число параметров модели и вычислительная сложность в единицах GFLOPS. Источниками данных послужили оригинальные публикации и официальная документация разработчиков.

Архитектурный анализ предполагал изучение трёх ключевых компонентов: (1) типа магистральной сети (backbone) - свёрточной, трансформерной или гибридной; (2) механизма агрегации признаков (neck); (3) типа «головы» детектора (head) - якорной, безъякорной или на основе запросов (query-based). Классификация моделей по принципу гибридизации производилась согласно таксономии, предложенной в обзоре Khan et al. [10].

Результаты. В таблице 1 представлены сводные результаты сравнения рассматриваемых архитектур на наборе данных MS COCO val2017. Наиболее высокую точность демонстрирует модель DINO (58.5 mAP), однако её скорость вывода составляет лишь 14 FPS, что неприемлемо для большинства задач реального времени. YOLOv8-x достигает 53.9 mAP при скорости 90 FPS, оставаясь сугубо свёрточной архитектурой. Визуальное сопоставление всех моделей по показателям mAP и FPS представлено на рис. 1 и рис. 2.

Таблица 1 - Сравнение архитектур детекции объектов (MS COCO val2017)

Модель	Тип архитектуры	mAP (0.5:0.95), %	FPS (A100)	Параметры, млн
YOLOv8-l	Свёрточная	52.9	87	43.7
YOLOv8-x	Свёрточная	53.9	90	68.2
YOLO-NAS-L	Гибридная (NAS)	52.2	78	42.2
RT-DETR-L	Гибридная (CNN+Tr.)	53.0	114	32.0
DAB-DETR	Трансформерная	50.0	28	47.0
DINO (Swin-L)	Трансформерная	58.5	14	218.0



Рис. 1. Точность (mAP) vs скорость вывода (FPS) для исследуемых архитектур



Рис. 2. Сравнение значений mAP по моделям на MS COCO val2017

Результаты. Наиболее примечательным результатом является модель RT-DETR-L, предложенная Lv et al. [6]: при точности 53.0 mAP она обеспечивает скорость 114 FPS на GPU A100, что эквивалентно YOLOv8-l (52.9 mAP, 87 FPS) при сопоставимом числе параметров. RT-DETR заменяет традиционный NMS (Non-Maximum Suppression) механизмом декодирования на основе трансформерных запросов, устраняя тем самым зависимость от гиперпараметров NMS и снижая латентность постобработки. Это наглядно подтверждается положением RT-DETR-L в правом верхнем квадранте диаграммы рис. 1.

YOLO-NAS, разработанный Deci AI [7], использует принцип нейроархитектурного поиска (NAS) для автоматического нахождения оптимального сочетания свёрточных и квантизируемых блоков. Модель YOLO-NAS-L достигает 52.2 mAP при скорости 78 FPS и демонстрирует на 0.5-1.2 mAP превосходство над YOLOv8 при сопоставимой вычислительной сложности (рис. 2).

DAB-DETR [8] вводит понятие «динамических якорей» в трансформерный декодер, что позволяет ускорить сходимость по сравнению с оригинальным DETR и повысить точность детекции мелких объектов. Тем не менее при скорости 28 FPS данная модель уступает RT-DETR по производительности, что хорошо видно на рис. 3: при значительном числе параметров она показывает наименьший FPS среди рассматриваемых архитектур.

Анализ компонентов архитектур позволяет выделить три основных стратегии гибридизации. Во-первых, замена свёрточного магистрального модуля трансформерным encoder-ом с сохранением свёрточного backbone (RT-DETR). Во-вторых, применение NAS для совместной оптимизации свёрточных и attention-блоков (YOLO-NAS). В-третьих, полноценное замещение двухэтапного пайплайна end-to-end трансформерным детектором (DINO, DAB-DETR). Первая стратегия обеспечивает наилучший баланс точность/скорость, тогда как третья приоритизирует точность. Сравнение

интегрального индекса эффективности по всем трём стратегиям представлено на рис. 4.



Рис. 3. Число параметров vs скорость вывода (размер пузыря пропорционален числу параметров)



Рис. 4. Индекс эффективности архитектур (mAP × FPS / 100)

Выводы. Проведённый анализ показывает, что гибридные архитектуры, сочетающие элементы YOLO-подобных сетей и трансформеров, способны преодолеть исторический компромисс между скоростью и точностью детекции объектов. Модель RT-DETR демонстрирует, что трансформерный декодер может быть интегрирован в однэтапный детектор без потери скорости вывода, что опровергает устоявшееся представление о несовместимости трансформеров с задачами реального времени (см. рис. 1 и рис. 4).

Применение нейроархитектурного поиска (YOLO-NAS) открывает перспективы автоматизированного проектирования гибридных архитектур с заданными ограничениями на вычислительные ресурсы целевой платформы - что особенно актуально для встраиваемых систем и мобильных устройств.

Дальнейшие исследования целесообразно направить на: (1) разработку лёгких гибридных архитектур для инференса на FPGA и NPU; (2) улучшение детекции мелких объектов в условиях плотного расположения; (3) исследование обобщающей способности гибридных моделей при переносе на специализированные предметные области (доменная адаптация). Интеграция ИИ-методов детекции в реальном времени с системами цифровой трансформации представляет значительный практический интерес в контексте Года цифровизации в Казахстане.

Список использованных источников:

1. Redmon J., Divvala S., Girshick R., Farhadi A. You Only Look Once: Unified, Real-Time Object Detection // Proceedings of the IEEE Conference on Computer Vision and Pattern Recognition (CVPR). 2016. Pp. 779-788.

2. Vaswani A., Shazeer N., Parmar N. et al. Attention Is All You Need // Advances in Neural Information Processing Systems (NeurIPS). 2017. Vol. 30. Pp. 5998-6008.

3. Dosovitskiy A., Beyer L., Kolesnikov A. et al. An Image is Worth 16x16 Words: Transformers for Image Recognition at Scale // International Conference on Learning Representations (ICLR). 2021. URL: https://arxiv.org/abs/2010.11929 (дата обращения: 15.03.2026).

4. Carion N., Massa F., Synnaeve G. et al. End-to-End Object Detection with Transformers // European Conference on Computer Vision (ECCV). 2020. Pp. 213-229.

5. Jocher G., Chaurasia A., Qiu J. Ultralytics YOLOv8 [Программный комплекс]. 2023. URL: https://github.com/ultralytics/ultralytics (дата обращения: 10.03.2026).

6. Lv W., Xu S., Zhao Y. et al. DETRs Beat YOLOs on Real-time Object Detection // Proceedings of the IEEE/CVF Conference on Computer Vision and Pattern Recognition (CVPR). 2024. Pp. 16965-16974.

7. Aharon S., Louis-Dupont, Ofri-Manor A. et al. YOLO-NAS: Neural Architecture Search for Efficient Object Detection [Препринт]. arXiv:2307.07722. 2023. URL: https://arxiv.org/abs/2307.07722 (дата обращения: 12.03.2026).

8. Liu S., Li F., Zhang H. et al. DAB-DETR: Dynamic Anchor Boxes are Better Queries for DETR // International Conference on Learning Representations (ICLR). 2022. URL: https://arxiv.org/abs/2201.12329 (дата обращения: 14.03.2026).

9. Zhang H., Li F., Liu S. et al. DINO: DETR with Improved DeNoising Anchor Boxes for End-to-End Object Detection // International Conference on Learning Representations (ICLR). 2023. URL: https://arxiv.org/abs/2203.03605 (дата обращения: 14.03.2026).

10. Khan S., Naseer M., Hayat M. et al. Transformers in Vision: A Survey // ACM Computing Surveys. 2022. Vol. 54, № 10. Pp. 1-41.

ҒТАМА 14.25.09

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ИНТЕРАКТИВТІ, МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕЙМИФИКАЦИЯЛАНҒАН САБАҚТАР ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Жамалова С.А., Педагогика ғылымдарының магистрі;
Темірлан Ә.Т., Казкен А.М., 6В01507 «Информатика» білім беру бағдарламасының 2-курс студенттері, Астана қ., Қазақстан
anel080806@gmail.com, ayaulym110799@gmail.com, samal_72_ark@mail.ru

Аннотация. Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру, танымдық белсенділігін дамыту және оқу материалын түсінікті ұсыну маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда жасанды интеллект құралдарын пайдалану оқу үдерісін жаңғыртуға мүмкіндік береді. Мақалада бастауыш сыныпқа арналған интерактивті, мультимедиалық және геймификацияланған сабақтар жүйесін әзірлеудің мазмұны қарастырылады. Жұмыста LogicLab оқу-ойыны, «Информатика әлемі» цифрлық оқу платформасы, пәндік симуляциялар, Suno AI, Jeda AI және NotebookLM құралдары қолданылды. Аталған ресурстар сабақтың мазмұнын көрнекі, қызықты және оқушы жасына сай ұсынуға көмектеседі. Сонымен қатар жасанды интеллект арқылы музыка, өлең, аудиоқайталау, презентация, карточка және интерактивті тапсырмалар әзірлеу мүмкіндігі көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде мұндай жүйе оқушының сабаққа қызығушылығын арттырып, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға және білімді берік меңгеруге ықпал ететіні анықталды. Жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісіне орынды енгізу мұғалім жұмысының тиімділігін де арттырады.

Түйінді сөздер. жасанды интеллект, бастауыш сынып, интерактивті сабақ, мультимедиа, геймификация, цифрлық білім беру, оқу мотивациясы, симуляция.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі цифрлық трансформация жағдайында дамып келеді. Бүгінгі бастауыш сынып оқушысы ақпаратты көбіне визуалды, дыбыстық және интерактивті форматта қабылдауға бейім. Сондықтан сабақ мазмұнын дәстүрлі түсіндірумен ғана шектеу оқушы қызығушылығын толық қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты оқу үдерісіне жасанды интеллект құралдарын енгізу маңызды педагогикалық бағыттардың біріне айналып отыр [1].

Жасанды интеллект оқушыны тек ақпаратпен қамтамасыз ететін құрал ғана емес, сонымен бірге оқу мазмұнын даралауға, көрнекі етуге, ойын элементтері арқылы ұсынуға және жедел кері байланыс беруге мүмкіндік жасайтын цифрлық көмекші болып табылады [2].

Әсіресе бастауыш сыныпта бұл өте маңызды, себебі осы кезеңде баланың білімге деген алғашқы көзқарасы, оқу әдеті және танымдық белсенділігі қалыптасады. Зерттеу барысында цифрлық білім беру ресурстарын талдау, салыстыру, жүйелеу және практикалық апробация әдістері қолданылды. Жұмыстың негізгі мазмұны бастауыш сыныпқа арналған оқу материалдарын жасанды интеллект құралдарының көмегімен әзірлеуге негізделді.

Материалдар мен әдістер. Сабақтар жүйесін дайындауда бірнеше цифрлық ресурс пайдаланылды. Соның бірі – LogicLab оқу-ойыны. Бұл платформада «Цифрды есте сақта», «Айырмашылықты тап», «Алманы сана», «Бірдей карточка», «Клавиатура тренері», «Салыстыру» сияқты бөлімдер қарастырылған. Аталған ойындар оқушылардың есте сақтау қабілетін, зейінін, салыстыру дағдысын және қарапайым логикалық ойлауын дамытуға бағытталған [3].

Екінші маңызды ресурс – «Информатика әлемі» оқу ойыны. Бұл платформада теориялық бөліммен қатар компьютер жинау, пернетақта ойыны, викторина, пазл, байланыстарды табу және жұмбақтар сияқты интерактивті бөлімдер енгізілген. Мұндай құрылым оқушының тек ақпаратты оқып қана қоймай, оны іс-әрекет арқылы меңгеруіне мүмкіндік береді [4].

Сонымен қатар сабақ мазмұнын байыту мақсатында Suno AI құралы қолданылды. Бұл ресурс арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған қысқа әндер, тақырыптық өлеңдер және сергіту сәтіне лайық музыкалық үзінділер жасауға болады. Мұндай формат әлеуметтік желілерде де кең таралғандықтан, балалардың қызығушылығын тез оятады және оқу материалын есте сақтауды жеңілдетеді [5].

Көрнекілікті жүйелеу үшін Jeda AI онлайн тақтасы қолданылды. Бұл ортада mind map, сызба, кесте, инфографика және құрылымдық визуалдар әзірлеуге мүмкіндік бар. Мысалы, роботтар түрлері, компьютер құрылғылары, алгоритм қадамдары, табиғат құбылыстары сияқты тақырыптарды тармақталған схема түрінде көрсету оқушыға материалды жүйелі түсінуге көмектеседі [6].

Ал NotebookLM платформасы арқылы аудиоқысқаша мазмұн, презентация, карточка және қайталау материалдарын әзірлеу мүмкіндігі пайдаланылды. Бұл құрал мұғалімге бір тақырып бойынша бірнеше форматтағы оқу материалын жылдам дайындауға жағдай жасайды [7].

Интерактивті сабақтар жүйесін құрастыруда келесі әдістемелік ұстанымдар негізге алынды:

- **қолжетімділік ұстанымы** – материал оқушы жасына лайық болуы;
- **көрнекілік ұстанымы** – мәтін міндетті түрде визуалды немесе дыбыстық қолдаумен ұсынылуы;
- **белсенділік ұстанымы** – оқушы тек тыңдаушы емес, орындаушы болуы;
- **жекелендіру ұстанымы** – тапсырмалар әртүрлі деңгейде ұсынылуы;
- **қайталану және бекіту ұстанымы** – материал бірнеше форматта қайта қолданылуы.

Сонымен бірге пәндік симуляциялар әзірленді. Олар информатика, биология, химия сияқты пәндік бағыттарда қолданылып, күрделі ұғымдарды көрнекі әрі түсінікті түрде ұсынуға бағытталды. Мысалы, информатикада ақпаратты сақтау, алгоритм, құрылғылар қызметі; биологияда тірі ағзалар әлемі; химияда қарапайым құбылыстар мен тәжірибелік байланыстар анимациялық және модельдік форматта берілді. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде бастауыш сыныпқа арналған интерактивті, мультимедиалық және геймификацияланған сабақтар жүйесінің бірнеше маңызды артықшылығы анықталды.

Біріншіден, жасанды интеллект негізінде әзірленген сабақтар оқушылардың оқу мотивациясын арттырады. LogicLab және «Информатика әлемі» сияқты платформалардағы ойын тапсырмалары баланың сабаққа қызығушылығын күшейтіп, оны белсенді әрекетке тартады. Оқушы бір мезетте әрі ойнайды, әрі үйренеді. Мұндай тәсіл оқу мазмұнын жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, бұл жүйе көрнекілік пен мультимедиалық қолдауды күшейтеді**.** Бастауыш сынып оқушылары абстрактілі ұғымдарды түсінуде көбіне қиындық көреді. Ал анимация, бейне, дыбыс, сурет, схема және симуляция арқылы ұсынылған материал олардың түсінуін жеңілдетеді. Мысалы, «Компьютер құрылғылары», «Ақпарат түрлері», «Алгоритм», «Роботтар», «Тірі табиғат» сияқты тақырыптар визуалды түрде әлдеқайда түсінікті беріледі.

Үшіншіден, әзірленген жүйе геймификация элементтерімен толықтырылған**.** Ұпай жинау, кезеңнен өту, дұрыс жауапты табу, карточкаларды сәйкестендіру, уақытпен жұмыс істеу сияқты әрекеттер оқушылардың ішкі ынтасын арттырады. Бала тапсырманы орындауды міндет емес, қызықты әрекет ретінде қабылдай бастайды.

Төртіншіден, Suno AI арқылы жасалған әндер мен өлеңдер оқу процесінің эмоциялық тартымдылығын күшейтеді. Мысалы, қауіпсіздік ережелері, әріптер, сандар, пернетақта пернелері немесе табиғат құбылыстары туралы қысқа әндер оқушылардың есте сақтау қабілетіне оң әсер етеді. Ән арқылы ұсынылған материал бала санасында ұзақ сақталады.

Бесіншіден, Jeda AI мен NotebookLM құралдары мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Jeda AI арқылы тақырыптық сызба, инфографика және байланыс картасын жасауға болса, NotebookLM арқылы бір тақырыпқа арналған қысқаша түсіндірме, аудиоқайталау, карточка және презентация дайындауға мүмкіндік туады. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабақ сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Алтыншыдан, пәндік симуляциялар оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтеді**.** Олар күрделі ұғымды жай ғана тыңдап қоймай, оны көреді, салыстырады, түсіндіреді және орындайды. Мұндай тәсіл оқушының есте сақтауын, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілетін дамытады.

Нәтижелер. Бұл жүйенің педагогикалық тиімділігі бірнеше бағытта байқалады. Біріншіден, оқушының оқу мотивациясы артады. Екіншіден,

танымдық белсенділігі күшейеді. Үшіншіден, шығармашылық қабілеті дамиды, себебі бала тек дайын материалды қабылдамай, кей жағдайда өзі мәтін құрап, сурет сипаттап, идея ұсынады. Төртіншіден, цифрлық сауаттылық қалыптасады. Бесіншіден, өзіндік жұмыс дағдысы дамиды, өйткені интерактивті платформалар оқушыны тапсырманы өз бетімен орындауға жетелейді.

Сонымен қатар мұндай сабақтар жүйесін енгізуде кейбір қиындықтар да болуы мүмкін. Олардың қатарына интернет сапасы, техникалық құралдардың жеткіліксіздігі, мұғалімнің цифрлық құзыреттілігінің әртүрлі деңгейде болуы, жасанды интеллект құралдарын дұрыс таңдамау және оқушының назарын мазмұннан гөрі сыртқы эффектілерге аударып жіберу қаупі жатады. Сондықтан ЖИ құралдарын пайдалану кезінде педагогикалық мақсат бірінші орында тұруы керек. Технология тек құрал, ал негізгі жетекші рөл мұғалімде сақталады.

Болашақта мұндай жүйені одан әрі дамытуға болады. Мысалы, әр сыныпқа жеке цифрлық бөлім жасау, оқушы деңгейіне қарай автоматты бейімделетін тапсырмалар енгізу, ата-аналарға арналған бақылау бөлімі ашу, қазақ тіліндегі интерактивті оқу контентін көбейту, дыбыстық көмекші мен сөйлейтін кейіпкерлерді қосу сияқты мүмкіндіктер бар. Бұл бастауыш білім беру жүйесін жаңғыртуға және оқушыға жақын, түсінікті цифрлық орта қалыптастыруға жол ашады.

Практикалық қолдану нәтижесін талдау интерактивті сабақтар жүйесінде ең жиі пайдаланылған құралдар ретінде LogicLab, «Информатика әлемі» және пәндік симуляциялар ерекшеленгенін көрсетті. Диаграмма бойынша LogicLab – 25%, «Информатика әлемі» – 20%, пәндік симуляциялар – 20%, NotebookLM – 15%, Suno AI – 10%, Jeda AI – 10% үлеспен қолданылды. Бұл көрсеткіштер бастауыш сыныпта оқу ойындары мен симуляциялық материалдардың негізгі құрал болғанын, ал аудио, музыка және визуалды құрылымдау құралдарының қосымша қолдаушы ресурс ретінде қолданылғанын дәлелдейді. Нәтижесінде жасанды интеллект құралдары сабақтың түрлі кезеңінде кешенді түрде пайдаланылып, оқу материалын түсіндіру, бекіту, қайталау және қызығушылықты арттыру қызметін атқарды.

Қорытындылар

Жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы бастауыш сыныпқа арналған интерактивті, мультимедиалық және геймификацияланған сабақтар жүйесін әзірлеу – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі. Бұл жүйе оқушының жас ерекшелігіне сай оқу материалын қызықты, көрнекі және қолжетімді түрде ұсынуға мүмкіндік береді. LogicLab пен «Информатика әлемі» сияқты оқу-ойын платформалары әрекет арқылы оқытуды жүзеге асырса, Suno AI оқыту мазмұнын музыкалық форматта беруге жол ашады. Jeda AI күрделі ұғымдарды визуалды құрылымдауға көмектеседі, ал NotebookLM оқу материалдарын әртүрлі форматта дайындауды жеңілдетеді. Жасанды интеллект құралдарының көмегімен сабақ тек ақпарат беру алаңы емес, оқушыны қызықтыратын, ойландыратын, белсенді әрекетке жетелейтін

шығармашылық ортаға айналады. Мұндай сабақтар жүйесі оқу мотивациясын арттырумен қатар, цифрлық сауаттылықты, логикалық ойлауды, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын және шығармашылық қабілетті дамытуға ықпал етеді. Сондықтан жасанды интеллектті бастауыш білім беру үдерісіне орынды, мақсатты және әдістемелік тұрғыдан сауатты енгізу білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. UST.KZ. Жасанды интеллектті (ЖИ) бастауыш сынып сабақтарында қолданудың тиімділігі [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://ust.kz/word/jasandy_intellektti_ji_bastayys_synyp_sabaqtarynda_qoldanyd yng_tiimdiligi-354498.html
2. UST.KZ. Бастауыш сыныпта жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданудың алғашқы қадамдары [Электрондық ресурс]. https://ust.kz/word/bastayys_synypta_jasandy_intellekt_mumkindikterin_qoldanyd yng_algasqy_qadamdary-408550.html
3. LogicLab. Оқу-ойын платформасы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://logic-lab-ayau.netlify.app/
4. Информатика әлемі. Оқу ойын платформасы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://informatica-game.netlify.app/
5. Suno AI. Музыка және ән жасау құралы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://suno.com/
6. Jeda AI. Онлайн тақта және визуалды құрылымдау ортасы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://go.jeda.ai/6RRe4V2h
7. NotebookLM. Аудиопересказ, презентация және карточка жасау платформасы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://notebooklm.google.com/notebook/d60b7928-6669-4225-a46a-4f2656097c4b

ҒТАМА 06.71.11

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕР: ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Зиятбекова Г.З., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан; **Полатова Ж.Б., Сыдыкова М.М., Дүйсенәлі А.Е., Алтай Қ.М.,** Алматы технологиялық университеті, e-mail: aknurduisenali51@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада цифрлық экономиканың қалыптасуы мен дамуындағы жасанды интеллект және үлкен деректер технологияларының маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында цифрлық экономиканың негізгі ерекшеліктері, деректердің стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі және олардың экономикалық тиімділікке әсері талданады. Сонымен қатар, Цифрлық Қазақстан бағдарламасы аясында Қазақстандағы цифрландыру үдерістерінің жүзеге асырылуы сипатталады.Мақалада жасанды интеллект пен үлкен деректердің өзара байланысы, олардың әртүрлі салаларда қолданылуы және жаңа экономикалық мүмкіндіктерді қалыптастырудағы рөлі қарастырылған. Сонымен қатар, цифрлық экономиканың дамуына байланысты туындайтын киберқауіпсіздік, кадр тапшылығы және деректер құпиялығы сияқты өзекті мәселелерге назар аударылады.Зерттеу нәтижесінде жасанды интеллект пен үлкен деректердің цифрлық экономиканың негізгі драйверлері екендігі анықталып, оларды тиімді пайдалану елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы ретінде негізделеді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, үлкен деректер, цифрландыру, киберқауіпсіздік, цифрлық трансформация.

Кіріспе. Қазіргі заманда цифрлық экономика – ақпараттық технологиялар мен инновациялық шешімдерге негізделген экономикалық жүйе болып табылады. Осы жүйенің басты қозғаушы күші – жасанды интеллект (AI) және үлкен деректер (Big Data) технологиялары. Жасанды интеллект ұйымдарға, бизнеске және мемлекеттік секторға деректерді жылдам өңдеуге, аналитикалық шешімдер қабылдауға және жаңа мүмкіндіктер ашуға көмектеседі. Ал Big Data технологиялары әртүрлі көздерден алынған үлкен көлемдегі ақпаратты жинау, сақтау және талдауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, цифрлық экономика жағдайында деректер «жаңа мұнай» ретінде стратегиялық маңызды ресурсқа айналып отыр. Үлкен деректерді тиімді пайдалану компанияларға тұтынушылардың мінез-құлқын терең түсінуге және нарықтағы өзгерістерге жедел бейімделуге мүмкіндік береді. AI бұл деректерді талдау процесін автоматтандырып, болжау мен оңтайландыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі таңда AI мен Big Data медицинада, қаржы, білім беру, өндіріс және мемлекеттік басқару сияқты салаларда белсенді қолданылады. Осылайша, жасанды интеллект пен үлкен деректердің

интеграциясы цифрлық экономиканың дамуына серпін беріп, жаңа бизнес-модельдердің қалыптасуына, еңбек нарығының өзгеруіне және қоғамның цифрлық трансформациясына ықпал етеді [1].

Материалдар мен әдістер. Қазақстанда цифрландыру саясаты аясында 2017 жылы "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Оның басты мақсаты – экономиканы жедел дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және цифрлық технологияларды барлық салаларға енгізу болды. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жасанды интеллект (AI) және үлкен деректер (Big Data) технологиялары мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, электрондық үкіметті дамыту, бизнес-процестерді автоматтандыру және деректерді талдау жүйелерін енгізуге бағытталды. Нәтижесінде мемлекеттік қызметтердің көп бөлігі онлайн форматқа көшіп, олардың қолжетімділігі мен тиімділігі артты. Мысалы, eGov.kz порталы арқылы 1000-нан астам мемлекеттік қызмет онлайн іске қосылып, азаматтар енді үйден шықпай-ақ құжаттарға өтініш беріп, анықтамалар ала алады. Сонымен қатар, eGov Mobile қосымшасы смартфон арқылы қызметтерді ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік берді [2,3].

Қаржы секторында Kaspi.kz және Halyk Bank платформалары Big Data және AI көмегімен клиенттердің әрекеттерін талдап, жеке ұсыныстар жасап, алаяқтық әрекеттерді автоматты түрде анықтайды. Қауіпсіздік саласында Sergek интеллектуалды бейнебақылау жүйесі енгізіліп, жол ережесін бұзу оқиғалары азайды. Денсаулық сақтау саласында Damumed жүйесі пациенттердің медициналық карталарын цифрландырды, дәрігерлерге онлайн жазылу және талдау нәтижелерін көру мүмкіндігі берілді. Салық және бизнес саласында e-Salyq жүйесі есеп беру мен тіркеу процестерін жеңілдетті, кәсіпкерлер үшін автоматтандырылған шешімдер ұсынылды [4,5].

Сонымен қатар, Astana Hub IT-стартаптар технопаркі жасанды интеллект, үлкен деректер және цифрлық технологиялар саласында инновациялық жобаларды дамытуға жағдай жасады. Бағдарламаны іске асыру барысында цифрлық инфрақұрылымның біркелкі дамымауы, интернет сапасының төмендігі, білікті IT-мамандардың жетіспеушілігі сияқты қиындықтар туындаса да, мемлекет инфрақұрылымды дамыту, кадрларды даярлау және цифрлық сауаттылықты арттыру бағытында шаралар қабылдады. Осылайша, "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы елдегі цифрлық трансформацияның негізін қалыптастырып, жасанды интеллект пен үлкен деректердің интеграциясы арқылы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Цифрлық экономикада деректер негізгі ресурс болып табылады, ал AI мен Big Data технологиялары оларды тиімді пайдаланып, стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді [6].

Нәтижелер. Цифрлық экономика жаңа мүмкіндіктерді қалыптастырады. Біріншіден, цифрлық технологиялар өндіріс шығындарын азайтып, тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, IT мамандары, деректер аналитиктері және киберқауіпсіздік сарапшылары сияқты жаңа мамандықтар пайда болып, еңбек нарығы өзгеруде. Үшіншіден, интернет пен

заманауи технологиялар стартаптардың дамуына жол ашып, инновациялық бизнестің қалыптасуына ықпал етеді. Төртіншіден, компаниялар тек жергілікті нарықпен шектелмей, жаһандық деңгейде қызмет көрсету мүмкіндігіне ие болуда.

Бұл үрдіс уақыт өте келе жаңа бастамалармен жалғасып, цифрландыру саясатының келесі кезеңіне өтті. Соның бір дәлелі ретінде 2026 жылдың Қазақстанда "Цифрландыру және жасанды интеллект жылы" болып жариялануын атап өтуге болады. Осы аяда 8 негізгі бағыт пен 100-ден астам іс-шараны қамтитын кешенді жоспар бекітілді (1-кесте).

1-кесте. Қазақстандағы цифрландыру бағыттары және олардың сипаттамасы

№	Бағыт	Сипаттама
1	Мемлекеттік басқаруды цифрландыру	Мемлекеттік қызметтерді толық автоматтандыру және e-gov жүйесін дамыту
2	Жасанды интеллектті дамыту	AI технологияларын зерттеу, енгізу және кеңінен қолдану
3	Инфрақұрылымды цифрландыру	Байланыс, интернет және IT инфрақұрылымды жаңғырту
4	Экономиканың цифрлық трансформациясы	Бизнес процестерді автоматтандыру және цифрлық платформаларды дамыту
5	Білім беру саласын цифрландыру	Онлайн оқыту, EdTech платформаларын енгізу және дамыту
6	Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру	Электронды медицина, диагностикада AI қолдану
7	Ауыл шаруашылығын цифрландыру	Smart farming, өнімділікті арттыруға арналған AI шешімдері
8	Киберқауіпсіздік пен деректерді қорғау	Ақпараттық қауіпсіздікті күшейту және деректерді қорғау жүйелері

Бүгінгі таңда жасанды интеллект пен үлкен деректер әртүрлі салаларда белсенді қолданылуда. Мысалы, энергетика саласында басқару жүйелеріне AI енгізілсе, геологиялық зерттеулерде деректердің басым бөлігі цифрлық форматқа көшірілуде. Ауыл шаруашылығында жасанды интеллект өнімділікті арттыруға ықпал етсе, құрылыс саласында цифрлық модельдеу кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, қаржы секторында да деректерге негізделген қызметтер мен интеграциялық жүйелер дамып келеді.

Алайда цифрлық экономиканың қарқынды дамуы белгілі бір сын-қатерлерді де туындатады. Ең алдымен, киберқауіпсіздік мәселесі өзекті болып отыр, себебі деректердің жоғалуы немесе ұрлану қаупі артуда. Сонымен қатар, барлық аймақтарда цифрлық технологияларға қолжетімділік бірдей емес, бұл цифрлық теңсіздік мәселесін тудырады. Бұдан бөлек, жоғары білікті IT мамандарының тапшылығы байқалады, ал деректерді пайдалану кезінде жеке өмір құпиясын сақтау мәселесі де маңызды болып қала береді. Цифрлық экономика жаңа мүмкіндіктермен қатар, шешуді талап ететін күрделі мәселелерді де қамтиды, бұл өз кезегінде технологияларды тиімді және жауапкершілікпен қолданудың маңыздылығын көрсетеді.Әртүрлі салаларда AI мен үлкен деректер белсенді қолданылуда.

1-сурет. Жасанды интеллект (AI) және Big Data негізінде деректер көлемі артқан сайын экономикалық өсу

Цифрлық экономиканың қарқынды дамуы жағдайында үлкен деректер (Big Data) көлемінің экспоненциалды өсуі ақпараттық қауіпсіздік мәселесін стратегиялық маңызы бар ғылыми бағыттардың біріне айналдырды. Қазіргі цифрлық ортада деректер тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар экономикалық құндылыққа ие негізгі ресурс ретінде қарастырылады. Осыған байланысты оларды қорғау, өңдеу және сақтау мәселелері кешенді ғылыми-техникалық тәсілді талап етеді [7].

2-сурет. Big Data сипаттамалары

Үлкен деректер жүйелерінің негізгі сипаттамаларына олардың көлемі (Volume), жылдамдығы (Velocity) және әртүрлілігі (Variety) жатады. Аталған факторлар деректерді өңдеу процесін күрделендіріп, киберқауіптерге осалдық деңгейін арттырады. Нәтижесінде деректердің тұтастығы (integrity), құпиялылығы (confidentiality) және қолжетімділігі (availability) ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі принциптері ретінде қарастырылады.

3-сурет. Киберқауіпсіздік

Қазіргі таңда Big Data жүйелеріне бағытталған қауіптердің қатарына кибершабуылдар, ransomware типіндегі зиянды бағдарламалар, фишингтік шабуылдар және ішкі қауіптер (insider threats) жатады. Сонымен қатар, жүйелік осалдықтар арқылы деректердің заңсыз жариялануы (data breach) да маңызды мәселе болып отыр. Осы қауіптерді азайту мақсатында заманауи ақпараттық қауіпсіздік технологиялары кеңінен енгізілуде. Олардың ішінде деректерді криптографиялық қорғау (encryption), көп факторлы аутентификация (Multi-Factor Authentication), “Zero Trust” қауіпсіздік архитектурасы және деректерді маскалау (data masking) әдістері ерекше орын алады. Бұл тәсілдер ақпараттық жүйелердің қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары жасанды интеллект (Artificial Intelligence) технологиялары киберқауіпсіздік саласында белсенді қолданыла бастады. AI негізіндегі жүйелер желілік трафикті талдау, аномалияларды анықтау және күдікті әрекеттерді ерте кезеңде тану арқылы қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді. Машиналық оқыту алгоритмдері (Machine Learning) үлкен көлемдегі деректерді талдап, шабуыл үлгілерін автоматты түрде анықтай алады. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеде деректер қауіпсіздігін реттеуде GDPR (General Data Protection Regulation, ЕО), ISO/IEC 27001 ақпараттық қауіпсіздік стандарты және NIST киберқауіпсіздік шеңбері кеңінен қолданылады. Бұл стандарттар деректерді басқару мен қорғаудың бірыңғай халықаралық талаптарын қалыптастырады [8].

Қазақстан Республикасында да ақпараттық қауіпсіздік саласын дамыту бағытында бірқатар нормативтік-құқықтық және технологиялық шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, “Жеке деректер және оларды қорғау туралы” заң негізінде дербес ақпаратты қорғау талаптары күшейтілген. Сонымен қатар, мемлекеттік цифрлық жүйелерде қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында қорғалған инфрақұрылымдар мен киберқауіпсіздік орталықтары енгізілуде. Жалпы алғанда, үлкен деректер қауіпсіздігі мәселесі толық шешілген құбылыс емес, керісінше үздіксіз дамып отыратын динамикалық процесс болып табылады. Сондықтан жасанды интеллект пен заманауи

криптографиялық әдістерді біріктіру ақпараттық қауіпсіздіктің болашақтағы негізгі даму бағыты ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллект (Artificial Intelligence) бірнеше деңгей мен бағыттарға бөлінеді, олардың әрқайсысы функционалдық мүмкіндіктері мен қолдану саласына байланысты ерекшеленеді. Қазіргі таңда AI жүйелерінің көпшілігі нақты тапсырмаларды орындауға бағытталған және толық адам интеллектісін алмастыра алмайды [9].

4-сурет. AI және Big Data Цифрлық дамуы

1. Narrow AI (әлсіз жасанды интеллект)
2. Machine Learning (машиналық оқыту)
3. Deep Learning (терең оқыту)

Жасанды интеллект (AI) пен үлкен деректер (Big Data) технологияларының дамуы цифрлық экономиканың болашақ құрылымын түбегейлі өзгертеді. Бұл технологиялар тек қазіргі бизнес-процестерді оңтайландырып қана қоймай, сонымен қатар жаңа автоматтандырылған экономикалық модельдердің қалыптасуына негіз болады [10].

1. AI + IoT интеграциясы
2. Автоматтандырылған экономика (Automated Economy)
3. Self-learning systems (өздігінен үйренетін жүйелер)
4. AI Governance (жасанды интеллектті басқару)

Болашақта жасанды интеллект пен Big Data технологиялары толық автоматтандырылған цифрлық экономиканың негізін қалыптастырады. AI + IoT интеграциясы, self-learning жүйелер және AI governance механизмдері жаңа технологиялық экожүйенің дамуына әсер етеді. Бұл үрдістер экономикалық тиімділікті арттырғанымен, сонымен қатар жаңа этикалық және құқықтық талаптарды қалыптастырады [11].

Қорытынды. Цифрлық экономиканың дамуында жасанды интеллект (AI) пен үлкен деректер (Big Data) технологиялары негізгі қозғаушы күш болып табылады. Зерттеу барысында деректердің стратегиялық ресурс ретінде маңызы, олардың экономикалық жүйелерге әсері және цифрлық экономиканың теориялық негіздері талданды. AI және Big Data бизнеске,

мемлекеттік секторға және қоғамға шешім қабылдауды жылдамдатуға, экономикалық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда “Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы аясында электрондық үкімет жүйесі, қаржы технологиялары, денсаулық сақтау, қауіпсіздік және салық салаларында цифрлық шешімдер енгізілді. Мысалы, eGov.kz порталы арқылы мемлекеттік қызметтердің онлайн форматы кеңейтіліп, Kaspi.kz пен Damumed сияқты платформалар деректерге негізделген қызмет көрсетуін жетілдірді. AI көмегімен қызмет көрсету сапасы артып, процестер автоматтандырылды, алаяқтық әрекеттер мен құқықбұзушылықтар азайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, AI мен Big Data цифрлық экономиканың негізгі драйверлері болып табылады. Олар бизнес-процестерді оңтайландырып, инновациялық шешімдер енгізуге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, деректер қауіпсіздігі, кадр тапшылығы және цифрлық теңсіздік мәселелері өзекті болып отыр. Осылайша, жасанды интеллект пен үлкен деректер технологиялары цифрлық экономиканың дамуы мен елдің инновациялық әлеуетін арттырудың негізгі факторы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Ақпараттық жүйелер және Big Data технологиялары бойынша дәрістер жинағы. – Алматы, 2022. – 180 б.
2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017. – URL: https://digitalkz.kz
3. Қалиев С.С. Информатика және есептеу техникасы негіздері. – Алматы: Мектеп, 2018. – 350 б.
4. eGov.kz электрондық үкімет порталы. – URL: https://egov.kz
5. Нұрсұлтанов А.Б. Ақпараттық технологиялар негіздері. – Алматы: Білім, 2020. – 312 б.
6. Оразбаев Ж.К. Киберқауіпсіздік және ақпаратты қорғау. – Алматы: Экономика, 2021. – 300 б.
7. Astana Hub. Қазақстандағы IT экожүйе және стартаптар. – Астана, 2023. – URL: https://astanahub.com
8. Сәтбаев Е.Т. Деректер базасы және ақпараттық жүйелер. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 280 б.
9. Damumed ақпараттық жүйесі. – Алматы, 2023. – URL: https://damumed.kz
10. Төлегенов Б.М. Жасанды интеллект негіздері. – Алматы: Бастау, 2022. – 240 б.
11. Назарбаев Университеті. Цифрлық экономика және инновациялар бойынша оқу материалдары. – Астана, 2023. – 150 б.

ҒТАМА 68.35.03

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Зиятбекова Г.З., PhD, қауымдастырылған профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан**;**
Бірліктұзды Е.Ж, студент, Алматы технологиялық университеті,
Алматы, Қазақстан**; Валентинов Е.О.,** студент
Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
birliktuzdyermek@gmail.com

Аннотация. Мақалада жасанды интеллекттің (ЖИ) ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудағы рөлі жан-жақты қарастырылады. Дәлме-дәл егіншілік, машиналық оқыту және робототехниканың практикалық қолданылуы талданады. Халықаралық тәжірибелер негізінде нақты мысалдар келтіріліп, ЖИ технологияларын енгізудің экономикалық және экологиялық тиімділігі көрсетіледі. Сонымен қатар, технологияны енгізу барысында кездесетін негізгі кедергілер мен болашақ даму бағыттары сараланады. Мақалада Қазақстанның аграрлық саласына ЖИ технологияларын енгізудің стратегиялық маңыздылығы, IoT сенсорлары мен агророботтарды пайдаланудың тиімділігі, сондай-ақ жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жасанды интеллекттің рөлі де кеңінен баяндалады. Сонымен қатар, ЖИ жүйелерін кең ауқымда енгізу барысында кездесетін инфрақұрылымдық, қаржылық және кадрлық кедергілер сараланып, оларды жеңудің тиімді жолдары ұсынылады. Қазақстанның аграрлық саласына ЖИ технологияларын енгізудің стратегиялық маңыздылығына ерекше назар аударылады: елдің кең байтақ жер қоры мен климаттық алуан түрлілігі жағдайында цифрлық трансформацияның болашағы бағаланады.

Кілттік сөздер: жасанды интеллект, дәлме-дәл егіншілік, машиналық оқыту, азық-түлік қауіпсіздігі, агророботтар, IoT сенсорлары, тұрақты даму, цифрлық фермалар, деректер аналитикасы, компьютерлік көру.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде жаһандық аграрлық сектор бірқатар күрделі мәселелерге тап болып отыр. Халық санының өсуі азық-түлікке деген сұраныстың артуына алып келсе, климаттың өзгеруі мен табиғи ресурстардың сарқылуы дәстүрлі егіншілік әдістерінің тиімділігін төмендетуде. БҰҰ-ның болжауы бойынша, 2050 жылға қарай жер бетіндегі халық саны 10 млрд адамнан асады, бұл азық-түлік өндірісін қазіргідегіден 70%-ға дейін арттыруды талап етеді. Осы жағдайлар ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялау қажеттілігін айқындайды. Ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуымен қатар аграрлық сектордың цифрлық экономикаға интеграциялануы жаңа мүмкіндіктер ашуда. Жасанды интеллект, Нәрселердің интернеті (IoT), дрон технологиялары, блокчейн және робототехниканың

бірлесіп қолданылуы «ақылды ауыл шаруашылығы» (Smart Agriculture) деп аталатын жаңа paradigмаға жол ашуда. Жасанды интеллект аталған үдерісте маңызды технологиялық фактор ретінде қарастырылады. Ол өндірістік процестерді оңтайландыруға, ресурстарды тиімді пайдалануға және тәуекелдерді алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары ЖИ-ді аграрлық салада қолдану жедел қарқынмен дамып, іс жүзінде оның нәтижелілігі дәлелденуде. McKinsey Global Institute есебіне сәйкес, ауыл шаруашылығындағы ЖИ нарығы 2025 жылға қарай 2,6 млрд долларға дейін өсуі күтілуде.

Жасанды интеллект — адамның ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін модельдеуге бағытталған алгоритмдер мен бағдарламалық жүйелер жиынтығы. Аталған технология үлкен көлемдегі деректерді жылдам өңдеп, күрделі заңдылықтарды анықтауға қабілетті(1 сурет). ЖИ-дің негізгі компоненттері: машиналық оқыту (Machine Learning), терең оқыту (Deep Learning), компьютерлік көру (Computer Vision) және табиғи тілді өңдеу (NLP) болып табылады [1].



1-сурет. Ауыл шаруашылығындағы жасанды интеллект технологияларының құрылымы

Агросалада ЖИ-дің қолданылуы тарихи тұрғыдан алғанда бірнеше кезеңнен өтті. Бірінші кезең (1990–2005) сарапшылық жүйелерді (expert systems) ауыл шаруашылығы диагностикасына пайдаланумен сипатталады. Екінші кезең (2005–2015) GPS технологиясы мен GIS жүйелерін дәлме-дәл егіншілікке ендіруге байланысты. Үшінші кезең (2015 — қазіргі уақыт) терең оқыту, дрондар мен IoT-тің аграрлық кластерге толықтай интеграциялануымен белгіленеді. Болжамдық модельдеу бағытында ЖИ алгоритмдері өткен жылдардағы статистикалық деректерді талдау арқылы болашақ өнім көлемін болжайды. Нәтижесінде жоспарлау үдерісінің тиімділігі артып, ықтимал тәуекелдер алдын ала анықталады.

13. Заманауи болжамдық жүйелер деректердің әртүрлі көздерін пайдаланады. Жерсерік суреттері вегетация индексін (NDVI) бақылауға, топырақ температурасын анықтауға және ылғалдылық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Метеорологиялық деректерді машиналық оқыту

алгоритмдерімен өңдеу арқылы ауа райы болжамының дәлдігі 15–20%-ға жоғарылайды. Тарихи өнімділік деректерін терең нейрондық желілер арқылы талдау болашақ егін шығымын 85–90% дәлдікпен болжауға мүмкіндік береді.

2-сурет. Цифрлық фермадағы деректер жинау және мониторинг процесі

IBM компаниясының Watson Decision Platform for Agriculture жүйесі фермерлерге ауа райы болжамы, аурулар туралы ескерту және егін жинау кезеңін анықтау бойынша нақты ұсыныстар береді (2-сурет). Зерттеулер бойынша, аталған жүйені пайдаланатын фермерлер өнімділігін орта есеппен 10–15%-ға арттырған [2]. Жүйе 20-дан астам елде коммерциялық қолданылуда. Үндістанда Microsoft компаниясы жергілікті фермерлермен бірлесіп жасаған Cortana Intelligence Suite жүйесі күріш өнімділігін 30%-ға дейін болжай алады. Жүйе смартфон арқылы фермерге қандай тыңайтқыш қолдану керектігі, суару мерзімі және зиянкестер туралы ескертулер жібереді. Бұл жоба Үндістанның 600 000-нан астам шағын фермерін цифрлық технологиямен қамтыды. Нидерланды мен Германияда жасалған Agromonitoring платформасы Еуропа, Орталық Азия және Латын Америкасының 50-ден астам елінде егістік алқаптарын жерсерік арқылы мониторингтейді. Жүйе биомасса индексі, хлорофилл мөлшері және судың стресс деңгейі бойынша нақты уақыт режимінде есептер жасайды.

Дәлме-дәл егіншілік (Precision Agriculture) жүйесінде егістік алқабының әрбір бөлігі жеке талданады. Осыған байланысты ресурстар нақты қажетті мөлшерде қолданылады. Бұл тәсіл топырақ құрамы мен ылғалдылық деңгейінің әртүрлілігін ескеруге мүмкіндік береді. Арнайы сенсорлар топырақтың pH деңгейін, ылғалдылығын және жауын-шашын мөлшерін бақылайды. Алынған деректер талдау орталықтарына жіберіліп, кешенді түрде өңделеді [2]. Дәлме-дәл егіншіліктің технологиялық базасы бірнеше компоненттен тұрады. Бірінші компонент — сенсорлар мен деректер жинау жүйелері. Топырақ сенсорлары pH, азот, фосфор, калий деңгейлерін, ылғалдылықты үздіксіз тіркейді. Ауа райы станциялары температура, жауын-шашын, жел жылдамдығы мен бағытын өлшейді. Дрон сенсорлары NDVI,

NDRE, NDWI индекстерін арнайы мультиспектральды камералармен анықтайды (3-сурет).



3-сурет. Дәлме-дәл егіншіліктің экономикалық және технологиялық артықшылықтары

Екінші компонент — картографиялық жүйелер (GIS). ГАЖ технологиялары арқылы топырақтың гетерогенділігі карталарға түсіріліп, вариабельді мөлшерлеу технологиясы (VRT) белсендіріледі. Үшінші компонент — тыңайтқыш, пестицид және суды алқап картасына сәйкес автоматты реттеу. Бұл жүйе арқылы тыңайтқышты қолдану 15–30%, пестицид шығыны 20–40%-ға кемиді. АҚШ-тың Калифорния штатындағы жүзім шаруашылықтарында ЖИ негізіндегі суару жүйелерін қолдану өнімділікті шамамен 25%-ға арттырып, су шығынын 20%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берген. Аталған тәжірибе Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстан үшін де өте өзекті, өйткені су ресурстарының тапшылығы аграрлық секторымыздың басты проблемаларының біріне айналуда [3]. Netafim компаниясының ЖИ негізіндегі тамшылатып суару жүйесі топырақтың ылғалдылығын нақты уақыт режимінде бақылап, суды тек қажет болғанда ғана береді. Нәтижесінде суды қолдану дәстүрлі суармен салыстырғанда 50–70%-ға азаяды, ал өнімділік 20–30%-ға артады. Бұл жүйелер Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы бақшашылық пен жүзімшілік үшін аса тиімді болуы мүмкін. Машиналық оқыту модельдері үлкен деректерді (Big Data) өңдеу арқылы өсімдік ауруларын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

Өсімдік жапырағының түсі мен құрылымындағы өзгерістерді талдау негізінде жүйе зиянкестердің пайда болу ықтималдығын болжайды. Компьютерлік көру (Computer Vision) технологиясы негізінде жасалған жүйелер өсімдіктердің суреттерін сандық пиксель деңгейінде талдайды. Терең нейрондық желілер (CNN — Convolutional Neural Networks) арқылы жапырақтың пішіні, түсі, дақтардың таралуы мен пішімі бойынша ауру анықталады. Бүгінгі таңда бұл жүйелер 500-ден астам өсімдік ауруын тани алады. Plantix мобильді қосымшасы өсімдік жапырағының фотосуреті арқылы ауру түрін бірнеше секунд ішінде анықтауға жағдай жасайды. Қосымша 400-ден астам өсімдік ауруын, зиянкесті және топырақ тапшылығын тани алады. Қазіргі таңда бұл қосымшаны 100-ден астам елдегі 10 миллионнан астам фермер пайдаланады. Дамушы елдердегі шағын шаруашылықтарда аурудан

болатын шығынды 30%-ға дейін азайтқаны дәлелденген [4]. Нейрондық желілер негізіндегі модельдер топырақтың спектральды талдауы арқылы микроэлементтердің жетіспеушілігін 85–92% дәлдікпен анықтай алады. Бұл дәстүрлі зертханалық талдаумен салыстырғанда нәтижені алу уақытын күннен бірнеше сағатқа дейін қысқартады, шығынды болдырмауға мүмкіндік береді. Дрондармен бірлесіп пайдаланылатын компьютерлік көру технологиясы аса тиімді нәтиже береді. Дрон ұшу барысында жүздеген гектар жерді скандап, өсімдіктердің күйін автоматты түрде бағалайды. ЖИ алгоритмдері стресс белгілері бар аймақтарды дәл анықтап, фермерге карта түрінде жібереді. DJI компаниясының Agras сериялы агродрондары Қытайда 20 миллион гектардан астам жерді өңдеуде қолданылуда, ал жаппай пайдалануы 2020 жылдан бері жыл сайын 50%-ға өсуде. John Deere компаниясының автономды тракторлары химиялық заттарды дәл мөлшерде енгізу технологиясы арқылы олардың қолданылуын 80–90%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді (4-сурет).

4-сурет. Дрон арқылы жерді сканерлеу

Бұл экологиялық зияндылықты азайтып, топырақтың ұзақ мерзімді тиімділігін сақтайды. Компанияның See & Spray технологиясы арамшөп пен дақылды 99% дәлдікпен ажыратып, тек арамшөпке ғана гербицид бүркеді. Агророботтар тоғыз негізгі бағытта дамып отыр. Себу роботтары дәнді дәл тереңдікке, дәл аралықпен отырғызады, бұл өнімділікті 5–10%-ға арттырады. Жинау роботтары компьютерлік көру жүйесімен жетілген жемістерді нақты анықтап, механикалық зақымсыз жинайды. Арамшөп жою роботтары лазер немесе дәлдіктен тыс гербицидтен кемінде 90%-ға аз химикат қолдана отырып, механикалық жол арқылы арамшөпті жояды. Топырақ қазу роботтары агрохимиялық сараптама үшін автоматты үлгі алады. SCR компаниясының жүйесі 40 000-нан астам шаруашылықта қолданылады. Испанияның Almería провинциясында жылыжай шаруашылықтарында толықтай автоматтандырылған ЖИ жүйелері өнімділікті 40%-ға арттырып, жұмыс күші шығынын 60%-ға дейін азайтқан. Нидерландыда «Wageningen» университеті жасаған роботтар томат жинауда адам еңбегімен бәсекелесе алатын деңгейге жеткен.

ЖИ арқылы оңтайландырылған егін айналымы жүйесі топырақтың органикалық заттар мөлшерін сақтауға немесе арттыруға жол ашады. Топырақтың бұзылуын болдырмау ауыл шаруашылығының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Microsoft-тың зерттеулері бойынша, ЖИ-ді кеңінен пайдалану аграрлық секторда жылына 1 млрд тоннаға дейін CO_2 эквивалентін азайтуға мүмкіндік береді [5].

Нәтижелер. Қазақстан — ауыл шаруашылығы экономикасы үшін стратегиялық маңызды сала болып табылатын ел. Жалпы ішкі өнімнің шамамен 4–5%-ын аграрлық сектор құрайды, ал егістік жер көлемі жағынан ел дүниежүзінде алдыңғы орындарды иеленеді. Еліміздің 22 млн гектардан астам суармалы және суарылмайтын егістік алқабы бар.

Қазақстанның аграрлық секторы ЖИ технологияларын енгізу үшін мынадай мүмкіндіктерге ие:

• кең егістік алқаптары — масштабтарды үнемді пайдалануға мүмкіндік береді;

• жас IT мамандары — ел ішінде ЖИ шешімдерін жасау потенциалы бар;

• мемлекеттің цифрлық трансформацияға қолдауы («Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы);

• халықаралық серіктестік мүмкіндіктері (ЕО, Израиль, Нидерланды тәжірибесі).

Қазақстан үкіметі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде аграрлық секторды технологиялық жаңарту бағытын ұстанып отыр. «Ақылды фермалар» жобасы пилоттық тәртіпте Қостанай, Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарында іске асырылуда. 2025 жылы 500-ден астам фермалық шаруашылық цифрлық технологияларды белсенді пайдаланып отыр. "Kazagro" ұлттық холдингі мен ҚазАгроИнновация институты аграрлық ЖИ шешімдерін тестілеп жатқан бірқатар жобаны қолдауда. Жамбыл облысындағы «Ақылды суару» пилоттық жобасы 30%-ға дейін суды үнемдеп, өнімділікті 18%-ға арттырды. Бұл тәжірибені оңтүстік аймақтар бойынша кеңейту мемлекеттік деңгейде жоспарланып отыр [6].

Жасанды интеллекттің жоғары әлеуетіне қарамастан, оны жаппай енгізу барысында бірқатар объективті қиындықтар туындайды. Аталған кедергілер үш негізгі топқа бөлінеді: техникалық, экономикалық және әлеуметтік.

Техникалық кедергілер мен шешімдері:

• Интернет желісінің ауылдық аймақтарда жеткіліксіздігі → спутниктік байланыс (Starlink, ЖЗС) және офлайн-жұмыс мүмкіндігі бар жүйелер;

• Деректер стандарттарының жоқтығы → салалық стандарттар мен ашық деректер протоколдарын енгізу;

• Жергілікті жағдайға бейімделген алгоритмдердің жоқтығы → отандық ЖИ шешімдерін жасауды қолдау.

Экономикалық кедергілер мен шешімдері:

• ЖИ жүйелерінің бастапқы шығынының жоғарылығы → мемлекеттік субсидиялар мен гранттар;

• Шағын фермерлер үшін несиелік ресурстардың жеткіліксіздігі → кооперативтік модель және технологияны бірлесіп пайдалану;

• ROI мерзімінің ұзақтығы → нәтижеге бағытталған «Pay-per-use» сервис модельдері;

Әлеуметтік кедергілер мен шешімдері:

• Цифрлық сауаттылық деңгейінің төмендігі → фермерлер үшін тегін оқыту бағдарламалары;

• Жаңа технологияларға деген сенімсіздік → жергілікті жетістік кейстерін насихаттау;

• Жас мамандардың ауылдан кетуі → ауылдық жерде жұмыс берудің тартымдылығын арттыру [7].

Халықаралық тәжірибе мемлекеттік-жеке меншік серіктестік (ЖЖС) моделі технологияны тарату үшін ең тиімді болып табылатынын дәлелдейді. Мемлекет инфрақұрылым мен реттеуді қамтамасыз етсе, жеке сектор инновацияны қаржыландырады, ал фермерлер кооперативтер арқылы технологияны бірлесіп пайдаланады.

АҚШ моделі нарықтық бәсекелестікке сүйенеді: ірі агрокорпорациялар (John Deere, Monsanto/Bayer, Cargill) ЖИ-ді коммерциялық негізде дамытады. Мемлекет реттеуші рөл атқарады және R&D субсидиялайды. Нәтижесінде нарыққа жедел инновациялау жылдамдығы жоғары, бірақ технология шағыны фермерлерге қолжетімді бола бермейді.

Еуропалық (Нидерланды, Германия) модель мемлекет пен бизнестің тығыз серіктестігіне негізделген. «Wageningen» университеті мен агробизнес кластерлері бірлесіп жүйелер жасайды. Фермерлер кооперативтері арқылы шағын шаруашылықтар да ЖИ технологияларын пайдалана алады. Бұл модель тұрақтылығы жоғары, бірақ баяу дамиды.

Израиль моделі су тапшылығы жағдайында өмірге келді. Мемлекет суды үнемдейтін технологияларға ерекше назар аударып, зерттеулерді бюджеттен қаржыландырады. Израильдің суды өңдеу мен суаруда ЖИ-ді пайдалану тәжірибесі Қазақстан үшін ең маңызды үлгі болып табылады (6-сурет).

Қытай моделі мемлекеттің жоспарлы қолдауына және технологиялық компаниялардың (Alibaba, Huawei, DJI) белсенді қатысуына негізделген. Агродрондар нарығы бойынша Қытай бүкіл әлемде бірінші орынды иеленеді. Ауқымды мемлекеттік бағдарламалар шаруаларды цифрлық технологиямен жаппай қамтиды [8].



6-сурет. ЖИ технологияларын аграрлық секторға ендірудің типтік модель диаграммасы

Қазақстан үшін оңтайлы модель — Израиль мен Еуропа тәжірибесін синтездеу. Яғни, мемлекеттің белсенді қолдауымен кооперативтік принципте жұмыс жасайтын ЖИ экожүйесін қалыптастыру: ірі фермерлер технологияны бірінші ендіріп, шағын шаруашылықтарға аутсорсинг арқылы қызмет көрсетеді. Бұл модель Қазақстанның аграрлық құрылымына сай келеді.

Қорытындылар. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жасанды интеллект технологияларын агрошаруашылыққа енгізу заманауи экономиканың маңызды талаптарының бірі екендігі анықталды. Аталған технологиялар аграрлық жүйелердің өнімділігін арттырумен қатар, ресурстарды тиімді пайдалануға және өндірістік тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді. ЖИ негізіндегі дәлме-дәл егіншілік, болжамдық аналитика, компьютерлік көру технологиялары және автономды агротехника бірлесіп жұмыс жасағанда «ақылды ауыл шаруашылығының» толыққанды экожүйесін қалыптастырады. Бұл экожүйеде фермер нақты уақыттағы деректерге сүйене отырып, оңтайлы шешімдер қабылдайды, ресурстарды үнемдейді және өнімнің сапасы мен санын арттырады. Қазақстан үшін бұл технологияларды енгізу ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыруда және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде стратегиялық маңызға ие. «Жасыл экономика» және «Цифрлық Қазақстан» бағдарламаларымен үндестікте ЖИ-ді аграрлық секторға ендіру 2030 жылға қарай елдің азық-түлік экспортын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулер үшін Қазақстанның нақты жағдайында ЖИ жүйелерінің ROI талдауы, ауылдық аймақтардың цифрлық инфрақұрылымын дамытудың оңтайлы модельдерін іздестіру және агро-стартаптарды ынталандыру механизмдерін зерттеу ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Russell, S., Norvig, P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. — 4th Edition. — Pearson, 2022. — P. 45-67.

2. John Deere Intelligence. "Autonomous Farming and Data-Driven Decisions," Annual Report, 2024. – P. 12–18.

3. Plantix Case Study. "AI in Disease Detection for Smallholder Farmers," Global Agrotech Review, 2023. – P. 34–39.

4. FAO. The Future of Food and Agriculture: Alternative Pathways to 2050. –Rome: FAO, 2022. – 224 p.

5. Liakos, K.G., et al. "Machine Learning in Agriculture: A Review." Sensors, 2018, 18(8), 2674.

6.ҚР «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/compare

7. OECD. Digital Agriculture. – Paris: OECD Publishing, 2023. – P. 29 – 36.

8. McKinsey Global Institute. Artificial Intelligence: The Next Digital Frontier? – McKinsey & Company, 2017. – P. 20 – 29.

ҒТАМА **68.35.03**

БЕЙНЕ АҒЫНЫНДАҒЫ АНОМАЛЬДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ КОМПЬЮТЕРЛІК КӨРУ НЕГІЗІНДЕ АНЫҚТАУ

Зиятбекқызы Г.З., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, технологиялық университеті Алматы, Қазақстан; **Полатова Ж.Б., Сыдыкова М.М., Амангелдиева Н.Б., Әлібек Г.М.,** Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: amangeldievanurdana@gmail.com
e-mail: amangeldievanurdana@gmail.com

Аңдатпа. Жұмыста бейнебақылау жүйелерінде адамның кенеттен құлауы, төбелес және лоитеринг (күдікті ұзақ тұру) сияқты аномальды әрекеттерді нақты уақыт режимінде автоматты түрде анықтау мәселесі қарастырылған. Ұсынылған әдіс күрделі нейрондық желілерді (YOLO, MediaPipe) қолданбай, классикалық компьютерлік көру тәсілдеріне (MOG2 фонын алып тастау, геометриялық белгілерді талдау) негізделген. Python және OpenCV кітапханасында жүзеге асырылған жүйе 5 бейнежазба бойынша тестіленіп, құлауды 80%, қақтығыстарды 80%, лоитерингті 60% дәлдікпен анықтады. Шешім GPU талап етпейді және қолданыстағы бейнебақылау инфрақұрылымына оңай біріктіріледі.

Түйін сөздер: компьютерлік көру, бейнеаналитика, аномальды мінез-құлықты анықтау, OpenCV, MOG2, фонды алып тастау.

Кіріспе. Бейнебақылау жүйелерінің кең таралуына қарамастан, олардың басым бөлігі пассивті бақылау құралы күйінде қалып отыр. Оператор назарынан тыс қалған құлау, төбелес немесе күдікті тұлғаның ұзақ уақыт қозғалыссыз тұруы (лоитеринг) сияқты инциденттер қауіпсіздікке елеулі қатер төндіреді. Дәстүрлі жүйелер адам факторына тәуелді әрі көп камералы ортада тиімділігі төмен. Терең оқытуға негізделген заманауи тәсілдер (YOLO, MediaPipe) жоғары дәлдік көрсеткенімен, қуатты графикалық процессорлар (GPU) мен үлкен көлемдегі оқу деректерін талап етеді, бұл оларды ресурсы шектеулі нысандар үшін қолжетімсіз етеді.

Зерттеу мақсаты – күрделі нейрондық желілерді пайдаланбай, классикалық компьютерлік көру әдістері (фонды алып тастау, геометриялық талдау) негізінде нақты уақытта аномальды мінез-құлықты (құлау, төбелес, лоитеринг) анықтайтын, ресурсты аз тұтынатын бағдарламалық модуль әзірлеу.

Негізгі міндеттер: аномалияларды анықтау әдістеріне шолу жасау, MOG2 және IoU трекингі арқылы белгілерді алу, Python/OpenCV көмегімен алгоритмді іске асыру және әртүрлі сценарийлерде тестілеу.

Практикалық маңыздылығы: ұсынылған шешім GPU мен үлкен дерекқорды қажет етпейді, сондықтан оны вокзал, әуежай, оқу орындары

сияқты нысандардағы қолданыстағы бейнебақылау жүйелеріне қосымша модуль ретінде оңай біріктіруге болады.

Материалдар және әдістер. *Аномальды мінез-құлықты анықтау мәселесі.* Аномалияларды анықтау (Anomaly Detection) - қалыпты әрекет үлгісінен ауытқитын оқиғаларды автоматты түрде табу процесі. Мұндай ауытқулар ұрлық, вандализм, адамның құлауы немесе агрессивті әрекеттер түрінде көрінуі мүмкін (Xia et al., 2020). Адам операторына негізделген дәстүрлі бақылау жүйелері зейіннің шектеулілігі мен ақпараттың шамадан тыс жүктелуі салдарынан маңызды оқиғаларды өткізіп алу қаупі жоғары (Dee & Velastin, 2008). Интеллектуалды бейнеаналитика (Intelligent Video Analytics) саласы осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған (Hu et al., 2004).

Қолданыстағы әдістерге шолу. Аномалияларды анықтау әдістері екі топқа бөлінеді: дәстүрлі компьютерлік көру және терең оқыту. YOLO, MediaPipe сияқты терең оқыту модельдері жоғары дәлдік бергенімен, GPU-ға тәуелділік, үлкен оқу деректерін қажет ету және жаңа ортаға бейімделу қиындығы сияқты кемшіліктерге ие. Ресурсы шектеулі жүйелер үшін классикалық әдістер, атап айтқанда фонды алып тастау (Background Subtraction) өзектілігін сақтап келеді.

MOG2 алгоритмі. Фонды алып тастау - қозғалыстағы объектілерді статикалық немесе баяу өзгеретін фоннан бөліп алу әдісі. Жұмыста MOG2 (Mixture of Gaussians) алгоритмі қолданылды (Zivkovic, 2004). Ол әр пиксел үшін Гаусс үлестірімдерінің қоспасын құрып, параметрлерді уақыт өте келе бейімдейді. MOG2 жарықтандырудың біртіндеп өзгеруіне және камера діріліне төзімді, әрі нақты уақытта бинарлы масканы жылдам есептейді.

*Геометриялық белгілер негізінде аномалияларды жіктеу***.** Құлау: тік тұрған адамның шектеуші тіктөртбұрышының биіктігі енінен айтарлықтай үлкен болады (Aspect Ratio > 1.4). Құлау кезінде бұл қатынас күрт төмендейді. Әдіс контур ауданының жеткілікті үлкен болуы шартымен қате оң нәтижелерді азайтады (Vishwakarma et al., 2007). Қақтығыс: екі адамның центрлері арасындағы қашықтық шекті мәннен аз болған жағдайда, олардың контур аудандарының өзгеру жылдамдығы (қозғалыс энергиясы) талданады. Жоғары энергия хаотикалық қозғалысты көрсетеді. Лоитеринг: адамның соңғы N секундтағы траекториясы буферде сақталып, жалпы ығысу векторының ұзындығы есептеледі. Егер ығысу рұқсат етілген шектен төмен болса, лоитеринг тіркеледі.

Объектілерді трекингтеу. Кадрлар арасында адамдарды сәйкестендіру үшін IoU (Intersection over Union) метрикасына негізделген трекинг қолданылады. Ағымдағы және алдыңғы кадрлардағы шектеуші тіктөртбұрыштардың қиылысу коэффициенті 0.3-тен асқан жағдайда объектілер бірдей идентификатормен байланыстырылады.

Қолданылған құралдар. Жүйе Python 3.9 тілінде әзірленіп, OpenCV (cv2), NumPy және collections кітапханалары пайдаланылды. Бұл құралдар жоғары тасымалданымдылықты және алдын ала үйретілген нейрондық желілердің қажетсіздігін қамтамасыз етеді.

Алгоритм кезеңдері. Жүйенің жұмыс істеу алгоритмі төмендегідей дәйекті қадамдардан тұрады:

1. Кадрды алу - веб-камерадан немесе бейнефайлдан.

1-*сурет. Бейне ағынындағы аномальды мінез-құлықты анықтау алгоритмінің блок-схемасы.*

2. Фонды алып тастау – қозғалыстағы объектілерді бөліп алу үшін MOG2 (Mixture of Gaussians) әдісі қолданылады.

3. Бинарлы масканы морфологиялық өңдеу – шуылдарды жою және бөлшектенген аймақтарды біріктіру мақсатында ашу, жабу және кеңейту операциялары орындалады.

4. Контурларды іздеу және адамдарды анықтау үшін минималды аудан бойынша сүзгілеу.

5. Объектілерді трекингтеу – кадрлар арасындағы bounding box сәйкестендіру үшін IoU (Intersection over Union) метрикасы қолданылады.

6. Белгілерді алу – әрбір анықталған адам үшін центр координаттары, контур ауданы және шектеуші тіктөртбұрыштың биіктігінің еніне қатынасы есептеледі.

7. Аномалияларды талдау – жинақталған орын ауыстыру тарихы мен геометриялық сипаттамалар негізінде.

8. Нәтижелерді бейнелеу – кадрға шекаралық рамкалар мен күй мәтінін шығару.

Аномалияларды анықтау логикасы. Қалыпты жағдай.

Адам бөлмеде баяу жүреді, тоқтайды, телефонмен сөйлеседі. Жүйе тұрақты түрде жасыл рамка және «Қалыпты» күйін көрсетеді.

Құлау (талма ауруы).



2-сурет. Қалыпты мінез-құлық үлгісі – жүйенің жасыл күйі

Құлауды анықтау екі негізгі белгіге негізделген: шектеуші тіктөртбұрыш пропорцияларының өзгеруі және алып жатқан аудан шамасы. Қалыпты күйде (тұру, жүру) адам үшін биіктіктің енге қатынасы (`aspect_ratio`) 1.3–1.4-тен жоғары болады. Құлау кезінде адам көлденең қалыпқа өтеді және бұл қатынас `FALL_ASPECT_RATIO_MAX = 1.3` шекті мәнінен төмендейді. Қосымша түрде контур ауданы `FALL_AREA_MIN = 6000` пикселден асатыны тексеріледі, бұл ұсақ объектілерге жалған оң нәтижелерді болдырмауға мүмкіндік береді. Екі шарт бір уақытта орындалғанда жүйе оқиғаны құлау деп жіктейді және «Адам талма ауруынан құлады» хабарын шығарады. Адам есінен танып құлауды имитациялайды және еденге жатады. Жүйе 0.5–1 секунд ішінде шектеуші тіктөртбұрыш пропорцияларының өзгеруін тіркейді және «Адам талма ауруынан құлады» хабарын шығарады.

3-сурет. «Адам құлады» оқиғасын анықтау

Қақтығыс. Қақтығыс яғни кадрда кем дегенде екі адам болған жағдайда ғана анықталады. Әрбір жұп үшін олардың центрлері арасындағы евклидтік қашықтық есептеледі. Егер қашықтық `FIGHT_DISTANCE = 90` пикселден аз болса, «қозғалыс энергиясы» талданады, ол екі адамның контур аудандарының алдыңғы кадрмен салыстырғандағы абсолюттік өзгерістерінің қосындысы ретінде бағаланады, `FIGHT_MOTION_ENERGY = 800` шекті



4-сурет. «Қақтығыс» оқиғасын анықтау

мәнінен асу физикалық қақтығысқа тән хаотикалық, жоғары амплитудалы қозғалыс белсенділігін көрсетеді. Бұл жағдайда «Төбелес» күйі көрсетіледі. Екі адам жақындап, бір-бірінің қасында қолдарын қатты сермелейді. Жүйе жекелеген кенет қимылдарға әрекет етпей, төбелесті дұрыс анықтайды

Лоитеринг (күдікті ұзақ тұру). Лоитерингті анықтау үшін әрбір бақыланатын адамға оның центрінің соңғы `LOITERING_TIME = 8` секунд ішіндегі координаттары сақиналы буферде сақталады. Жинақтау мерзімі аяқталғаннан кейін уфердегі бірінші және соңғы нүкте арасындағы евклидтік ығысу есептеледі. Егер ығысу `LOITERING_DISPLACEMENT = 35` пикселден аз болса, адам қозғалыссыз деп саналады және жүйе **«Лоитеринг»** туралы ескертеді.



5-сурет. «Лоитеринг» оқиғасын анықтау

Бағдарламалық код үзіндісі (негізгі фрагмент).

```
python
# Құлауды тексеру
if aspect < FALL_ASPECT_RATIO_MAX and area > FALL_AREA_MIN:
status_text = "Адам талма ауруынан құлады"
status_color = (0, 0, 255)
# Төбелесті тексеру
for i in range(len(current_people)):
for j in range(i+1, len(current_people)):
dist = np.linalg.norm(np.array(p1['center']) - np.array(p2['center']))
if dist < FIGHT_DISTANCE:
motion = abs(p1['area'] - prev_area1) + abs(p2['area'] - prev_area2)
if motion > FIGHT_MOTION_ENERGY:
status_text = "Төбелес"
status_color = (0, 0, 255)
```

Тестілеу нәтижелері. Жүйе 4 түрлі сценарий бойынша 5 бейнежазба негізінде тестіленді (1-кесте). Жалған оң нәтижелер жарықтың күрт өзгеруінен немесе кадрда ірі жансыз заттардың пайда болуынан туындады.

1-кесте. Әртүрлі сценарийлер бойынша аномалияларды анықтау дәлдігі

Сценарий түрі	**Жағдай саны**	**Дұрыс анықталған**	**Дәлдік, %**
Қалыпты мінез-құлық	5	5	100
Құлау (талма)	5	4	80
Төбелес / Бокс	5	4	80

Лоитеринг (бір қалыпта тұру)	5	3	60
Барлығы / Орташа	20	16	80

Практикалық бөлім қорытындысы. Әзірленген модуль ресурсты қажет ететін нейрондық желілерсіз-ақ аномальды мінез-құлықты анықтау мүмкіндігін растады. Классикалық әдістер нақты уақытта құлау, төбелес және лоитеринг сияқты инциденттерді қанағаттанарлық дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Шешім қолданыстағы бейнебақылау жүйелеріне интеллектуалды қондырма ретінде біріктірілуге жарамды.

Қорытынды. Жұмыс барысында бейне ағынындағы аномальды мінез-құлықты (құлау, төбелес, лоитеринг) автоматты түрде анықтайтын бағдарламалық модуль әзірленді. Шешімнің негізгі артықшылығы - терең оқыту үлгілерінің орнына классикалық компьютерлік көру әдістерінің (MOG2, геометриялық талдау) қолданылуы, бұл жүйенің GPU-сыз, қарапайым құрылғыларда нақты уақыт режимінде жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Тестілеу нәтижелері бойынша орташа дәлдік 80% құрады: қалыпты жағдай - 100%, құлау - 80%, төбелес - 80%, лоитеринг - 60%. Жалған оң нәтижелер негізінен жарықтандырудың өзгеруіне және кадрдағы бөгде ірі объектілерге байланысты. Практикалық маңыздылығы: әзірленген модуль қолданыстағы бейнебақылау инфрақұрылымына қосымша интеллектуалды компонент ретінде оңай біріктіріледі. Ресурсты аз тұтынуы оны шағын және орта нысандарда (мектептер, ауруханалар, сауда орындары) қымбат жабдықты жаңартпай-ақ енгізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Марьенков А. Н., Приходько А. А. Анализ методов классификации действий человека на видеоизображении // Известия высших учебных заведений. Технология легкой промышленности. — 2021. — Т. 51, № 1. — Б. 233–247.

2. Әмірғалиев Е. Н., Бүкенова И. Н. Бейне арқылы адамның психоэмоционалды жағдайын талдау // Engineering Journal of Satbayev University. — 2021. — Т. 143, № 4. — Б. 104–109. — DOI: 10.51301/vest.su.2021.i4.13.

3. Гриценко Г. Г., Фраленко В. П. Аналитический обзор архитектур, моделей, методов и алгоритмов для локализации и трекинга неригидных объектов // Программные системы: теория и приложения. — 2024. — Т. 15, № 4. — Б. 111–151. — DOI: 10.25209/2079-3316-2024-15-4-111-151.

4. Мұратұлы Д. Компьютерлік көру технологиясы негізінде субъектінің мінез-құлқын анықтау және талдау // AITU Journal. — 2022. — DOI: 10.37943/AITU.2022.30.25.006.

5. Factcheck.kz. Қазақстанда жасанды интеллект элементтері бар бейнебақылау камералары іске қосылды. – 2024. [Электрондық ресурс]. URL:

https://factcheck.kz/kaz/zhanalyq/jaazajastanda-zhasandy-intellekt-elementterja-bar-beynebajaylau-kameralary-engjazjaldja/ (өтінім берілген күн: 13.04.2026).
6. Лошаков К.П., Мамонова Т.Е. Алгоритм отслеживания и выделения движущихся объектов в видеопотоке [Электрондық ресурс] // Научный вестник НГТУ. – 2019. – Т. 76, № 3. – Б. 77–86. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/algoritm-otslezhivaniya-i-vydeleniya-dvizhuschihsya-obektov-v-videopotoke

МРНТИ 378.1

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА STEM БІЛІМ БЕРУГЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕРІ

Канапина З.Е., «8D01511 – Информатика» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты; **Шындалиев Н.Т.,** Информатика кафедрасы, п.ғ.к., қауымдастырылған профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
zibagulkanapina@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында STEM білім беруге жасанды интеллектіні енгізудің қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі кезеңде STEM білім беру ғылыми-техникалық бағыттарды біріктіре отырып, білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды білім беру үлгісі болып табылады. Алайда көптеген жоғары оқу орындарында STEM сабақтары дәстүрлі әдістер негізінде ұйымдастырылып келеді, бұл оқыту үдерісінің тиімділігін төмендетуі мүмкін [1].

Зерттеулер көрсеткендей, жасанды интеллект технологияларын қолдану оқытуды жекелендіруге, білім алушылардың оқу белсенділігін арттыруға және оқу нәтижелерін тиімді бағалауға мүмкіндік береді [2; 3]. Сонымен қатар, жасанды интеллект STEM білім беруде тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге және білім сапасын арттыруға ықпал етеді [4]. Қазақстандық тәжірибеде STEM құзыреттерін қалыптастыруда заманауи технологияларды енгізудің маңыздылығы дәлелденген [5; 6]. Осыған байланысты STEM білім беруге жасанды интеллектіні енгізу білім беру үдерісін жаңартудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Кілттік сөздер. STEM, жасанды интеллект, жоғары оқу орны, білім беру, цифрлық технология, оқыту үдерісі, интеграция, инновациялық әдістер

Кіріспе. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты үлкен өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Жасанды интеллект, үлкен деректер және автоматтандырылған жүйелер қоғамның барлық саласына еніп, білім беру мазмұны мен әдістеріне жаңа талаптар қойып отыр. Осы өзгерістер аясында STEM білім беру бағыты ерекше маңызға ие болуда.

STEM білім беру ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіре отырып, білім алушылардың кешенді ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Алайда зерттеулер көрсеткендей, көптеген оқу орындарында STEM сабақтары әлі де дәстүрлі оқыту әдістеріне негізделген, яғни лекциялық түсіндіру, стандартты тапсырмалар және дайын үлгілерге сүйену басым [1]. Бұл жағдай білім

алушылардың белсенділігін төмендетіп, олардың зерттеушілік дағдыларын толық дамытуға мүмкіндік бермейді.

Соңғы жылдары білім беру саласында жасанды интеллект технологияларын қолдану белсенді түрде дамып келеді. Жасанды интеллект білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды ұйымдастыруға, оқу материалын бейімдеуге және кері байланысты жедел ұсынуға мүмкіндік береді [3]. Сонымен қатар, ChatGPT сияқты құралдар білім алушылардың өздігінен білім алуына, күрделі тақырыптарды түсінуіне және оқу барысында қосымша қолдау алуына жағдай жасайды [2].

Қазақстандық және шетелдік зерттеулер STEM білім беруді жетілдіруде жасанды интеллект технологияларын енгізудің маңыздылығын атап өтеді [5; 6]. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында STEM сабақтарына жасанды интеллектіні енгізу қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында STEM білім беру және жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге кешенді талдау жүргізілді. Әдебиеттерді талдау арқылы STEM сабақтарының қазіргі жағдайы, оларды ұйымдастыру ерекшеліктері және жасанды интеллектті қолданудың негізгі бағыттары анықталды.

Зерттеу әдістері ретінде келесі әдістер қолданылды:

- ғылыми әдебиеттерге теориялық шолу жасау;
- салыстырмалы талдау әдісі;
- ақпаратты жинақтау және жүйелеу;
- тәжірибелік зерттеулер нәтижелерін талдау.

Әдебиеттерді талдау барысында жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісінде қолданудың әртүрлі мысалдары қарастырылды. Атап айтқанда, ChatGPT негізіндегі оқыту тәжірибелері білім алушылардың оқу белсенділігін арттыруда және өзіндік білім алу дағдыларын қалыптастыруда тиімді екендігі анықталды [2]. Сонымен қатар, жасанды интеллектті STEM білім беруде қолдануға арналған жүйелі шолу зерттеулері бұл технологиялардың оқыту үдерісін жекелендіруге, білім сапасын арттыруға және оқу нәтижелерін талдауға мүмкіндік беретінін көрсетеді [3; 7].

Қазақстандық зерттеулерде STEM құзыреттерін қалыптастыруда интеграцияланған оқыту тәсілдері мен цифрлық технологияларды қолданудың маңызы ерекше атап өтіледі [5; 6]. Сонымен қатар, магистратура деңгейінде жүзеге асырылған жасанды интеллектке негізделген IoT жобалары білім алушылардың практикалық және инженерлік дағдыларын дамытуға оң әсер ететіні анықталған [6].

Қосымша ретінде халықаралық зерттеулерде STEM білім беруде жасанды интеллекттің рөлі, оның ішінде мұғалімдердің көзқарасы мен дайындық деңгейі де қарастырылды. Мысалы, STEM педагогтарының пікірлерін зерттеу нәтижелері жасанды интеллектті тиімді енгізу үшін мұғалімдердің цифрлық құзыреттерін дамыту қажеттігін көрсетеді [8]. Сонымен қатар, бастауыш және

орта білім деңгейіндегі зерттеулер жасанды интеллектті қолданудың оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға және пәнге қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін дәлелдейді [9].

Сондай-ақ, халықаралық ғылыми еңбектерде STEM білім беру саласындағы соңғы онжылдықтағы зерттеу бағыттары талданып, жасанды интеллекттің осы саладағы маңызды даму факторына айналғаны көрсетіледі [10].

Бұл әдістер мен талдаулар STEM сабақтарына жасанды интеллектіні енгізудің қазіргі жағдайын жан-жақты қарастыруға, оның тиімділігі мен қолдану ерекшеліктерін анықтауға және ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Зерттеу барысында STEM сабақтарына жасанды интеллектіні енгізу бірнеше маңызды бағыт бойынша оң әсер беретіндігі анықталды. Ең алдымен, жасанды интеллект оқу материалын білім алушының деңгейіне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе бір топтағы білім алушылардың дайындық деңгейі әртүрлі болған жағдайда маңызды. Жасанды интеллектке негізделген құралдар күрделілігі әртүрлі тапсырмалар ұсынуға, қателерді жедел анықтауға және білім алушыға дер кезінде кері байланыс беруге жағдай жасайды. Мұның нәтижесінде білім алушы тек дайын ақпаратты қабылдап қоймай, оны түсіндіру, салыстыру, талдау және қайта қолдану дағдыларын дамытады. STEM бағытындағы оқыту үшін бұл өте маңызды, себебі мұнда теория мен практиканың байланысы шешуші рөл атқарады.

Екінші маңызды нәтиже – жасанды интеллект білім алушылардың оқу белсенділігін арттыруға ықпал етеді. ChatGPT, Gemini және т.б. құралдары арқылы білім алушылар өз сұрақтарына жедел жауап алып, күрделі тақырыптарды қайта түсіндіре алады, есеп шығару жолдарын салыстыра алады, жобалық тапсырмалар бойынша қосымша идеялар ала алады. Бұл STEM сабақтарында өзіндік жұмыстың сапасын көтереді. Сонымен қатар, білім алушылардың оқуға деген сенімділігі артады, себебі ол тапсырманы орындау кезінде бірден бағыт-бағдар ала алады. Алайда бұл жерде жасанды интеллект дайын жауап беретін құрал емес, оқу серіктесі ретінде қолданылғанда ғана тиімді болатыны байқалады.

Үшінші нәтиже – жасанды интеллектті STEM-мен ұштастыру практикалық және жобалық жұмыстардың мазмұнын күшейтеді. Әсіресе IoT, модельдеу, алгоритмдеу, деректерді талдау сияқты тапсырмаларда жасанды интеллект құралдары білім алушылардың жобаны жоспарлауына, деректерді түсіндіруіне және шешім қабылдауына көмектеседі. Қазақстандық тәжірибеде магистратура деңгейінде AI-driven IoT жобалары STEM білім беруді тереңдетуге, білім алушылардың инженерлік ойлауын және зерттеу дағдыларын дамытуға әсер еткені көрсетілген. Бұл жасанды интеллекттің тек теориялық емес, тәжірибелік құрал екенін дәлелдейді.

Төртінші нәтиже – болашақ мұғалімдерді даярлау тұрғысынан алғанда, STEM сабақтарына жасанды интеллектіні енгізу олардың кәсіби құзыреттерін

кеңейтеді. Болашақ мұғалім тек пәндік біліммен шектелмей, цифрлық құралдарды таңдау, оларды сабақ мақсатына сай қолдану, жобалық оқытуды ұйымдастыру, пәнаралық байланыс орнату сияқты дағдыларды меңгеруі қажет. Қазақстандық зерттеулерде STEM құзыреттерін қалыптастыру мен болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда кіріктірілген оқыту, проблемалық және жобалық тәсілдердің маңызы ерекше көрсетіледі. Бұл жасанды интеллектіні STEM сабақтарына енгізу, мұғалім даярлаудың мазмұнын да жаңартатынын көрсетеді.

Сонымен бірге, зерттеу барысында бірқатар шектеулер де байқалды. Кейбір жоғары оқу орындарында цифрлық инфрақұрылым жеткіліксіз, ал кей жағдайда оқу бағдарламалары әлі дәстүрлі мазмұннан толық арылмаған. Сондықтан жасанды интеллектіні STEM сабақтарына енгізу тек технологиялық мәселе емес, сонымен бірге әдістемелік, ұйымдастырушылық және кадрлық мәселе екені анықталды.

Қорытындылар. Қорытындыларлай келе, STEM сабақтарына жасанды интеллектіні енгізу жоғары оқу орындарында білім беру сапасын арттыруға, оқытуды жекелендіруге, білім алушылардың белсенділігін күшейтуге және практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллектті STEM сабақтарына енгізу білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін, сыни ойлауын және шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Жобалық және тәжірибелік тапсырмалармен ұштастырылған оқыту әдістері білім алушылардың теориялық білімін практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде олардың болашақ кәсіби қызметіне дайындық деңгейін арттырады.

Алайда зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллектті білім беру үдерісіне тиімді енгізу үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Атап айтқанда, оқытушылардың цифрлық және әдістемелік даярлығын арттыру, оқу бағдарламаларын жаңарту, сондай-ақ білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру маңызды болып табылады. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдарын тиімді және орынды пайдалану үшін әдістемелік нұсқаулықтар мен оқыту әдістемелерін әзірлеу қажет.

Осылайша, STEM және жасанды интеллекттің кіріктірілуі жоғары білім беру сапасын арттыруға, білім алушылардың заманауи талаптарға сай құзыреттерін қалыптастыруға және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Tashetova, S. S., Syzdykova, A. I. Practical Aspects of the Development of STEM Education in Kazakhstan // Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы. – 2024. – № 3(46). – URL: https://journal.orleu-edu.kz/index.php/vesti-no/article/view/37

2. Valeri, F., Nilsson, P., Cederqvist, A.-M. Exploring Students' Experience of ChatGPT in STEM Education // Computers and Education: Artificial

Intelligence. – 2025. – Vol. 8. – Art. 100360. – URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666920X24001632

3. Xu, W., Ouyang, F. The Application of AI Technologies in STEM Education: A Systematic Review from 2011 to 2021 // International Journal of STEM Education. – 2022. – Vol. 9. – Art. 59. – URL: https://link.springer.com/article/10.1186/s40594-022-00377-5

4. Kohnke, S., Zaugg, T. Artificial Intelligence: An Untapped Opportunity for Equity and Access in STEM Education // Education Sciences. – 2025. – Vol. 15, No. 1. – P. 68. – URL: https://www.mdpi.com/2227-7102/15/1/68

5. Abdrakhmanova, K., Kadirbayeva, R., Kudaibergenova, K., Zharmukhanbetov, S., Nurmukhanbetova, G. Formation of STEM Competencies of Future Teachers: Kazakhstani Experience // Open Education Studies. – 2025. – Vol. 7, No. 1. – Art. 20240058. – URL: https://www.degruyterbrill.com/document/doi/10.1515/edu-2024-0058/html

6. Маратова, Т. Ф., Бостанов, Б. Г., Ермекова, Д. Е., Наурызбаев, Д. Б. Интеграция элементов STEM-образования в подготовку будущих учителей информатики // Известия. Серия: Педагогические науки. – 2025. – Т. 76, № 1. – С. 374. – URL: https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1534

7. Serik, M., Tleuzhanova, K., Nurgaliyeva, S. Enhancing Master's-Level STEM Education through AI-Driven IoT Projects: A Kazakhstan Experiment // International Journal of Information and Education Technology. – 2025. – Vol. 15, No. 10. – Pp. 2086–2094. – URL: https://www.ijiet.org/show-232-3068-1.html

8. Avci, H., Lunn, S. J., Hazari, Z. Exploring STEM Educators' Perspectives on the Integration of AI-Enabled Technologies in Teaching and Learning // Computers and Education Open. – 2025. – Vol. 9. – Art. 100304. – URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666557325000631

9. Chiu, T. K. F., Li, Y., Ding, M., Hallström, J., Koretsky, M. A Decade of Research Contributions and Emerging Trends in the International Journal of STEM Education // International Journal of STEM Education. – 2025.

10. Li, S., Zeng, C., Liu, H., Jia, J., Liang, M., Cha, Y., Lim, C. P., Wu, X. A Meta-Analysis of AI-Enabled Personalized STEM Education in Schools.

МРНТИ 20.19.27

АВТОМАТИЧЕСКИЙ НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ТЕКСТОВ С ИСПОЛЬЗВОВАНИЕМ МОДЕЛЕЙ NLP НА ОСНОВЕ ТРАНСФОРМЕРОВ

Кәрімұратова А.Р., магистрант, Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
akmaralkarimuratova@gmail.com

Аннотация. В условиях стремительного роста объёмов цифровых текстовых данных автоматизация их анализа становится одной из ключевых задач современной науки и прикладных исследований. Традиционные методы обработки естественного языка, основанные на статистических и правил-ориентированных подходах, демонстрируют ограниченные возможности при работе со сложными семантическими структурами, контекстной неоднозначностью и многоязычными корпусами текстов. В последние годы значительный прогресс в данной области был достигнут благодаря развитию моделей глубокого обучения, в частности архитектур на основе трансформеров. В данной работе рассматривается подход к автоматическому научному анализу текстов с использованием трансформерных моделей NLP, таких как BERT и его модификации. В рамках исследования реализован полный цикл анализа научных текстов, включающий предобработку данных, векторное представление текстов, классификацию тематической направленности и извлечение ключевых смысловых единиц. Экспериментальная часть работы основана на корпусе научных статей, что позволяет оценить применимость предложенного подхода для задач академического анализа. Полученные результаты демонстрируют повышение точности и устойчивости анализа по сравнению с традиционными методами, подтверждая эффективность трансформерных моделей для автоматизированной обработки научных текстов.

Ключевые слова: трансформеры, обработка естественного языка, научные тексты, автоматический анализ, машинное обучение, классификация, извлечение сущностей.

Введение. В условиях цифровизации научной и образовательной деятельности объёмы текстовой информации, создаваемой и публикуемой в электронном виде, возрастают экспоненциальными темпами. Научные статьи, диссертации, отчёты, учебные материалы и аналитические обзоры формируют массивы данных, анализ которых в ручном режиме становится неэффективным и трудоёмким. Это актуализирует необходимость разработки интеллектуальных методов автоматического анализа текстов, способных не только извлекать поверхностные статистические характеристики, но и

интерпретировать содержание документов на семантическом уровне (Гиллиоз и др., 2020:179–186).

Автоматический анализ научных текстов представляет собой комплексную задачу, включающую такие подзадачи, как тематическая классификация, выявление ключевых понятий, анализ структуры аргументации, оценка новизны и релевантности содержания. В отличие от текстов общего назначения, научные тексты характеризуются высокой степенью формализации, наличием специализированной терминологии, сложными синтаксическими конструкциями и строгой логикой изложения. Эти особенности существенно усложняют применение классических методов обработки естественного языка (Кальян и др., 2021).

На ранних этапах развития NLP основное внимание уделялось статистическим моделям, таким как мешок слов (Bag of Words), TF-IDF и n-граммные представления. Несмотря на их простоту и интерпретируемость, данные подходы не учитывают контекст употребления слов и не способны адекватно моделировать семантические зависимости внутри текста (Гиллиоз и др., 2020:179–186). Впоследствии были предложены методы распределённого представления слов, включая Word2Vec и GloVe, которые позволили учитывать семантическую близость лексем, однако и они демонстрировали ограничения при работе с полисемией и длинными текстами.

Значительный качественный скачок в области обработки естественного языка был достигнут с появлением архитектуры трансформеров, предложенной в работе, предложенной в работе Васвани и др. (2017). Ключевой особенностью трансформеров является механизм самовнимания (self-attention), позволяющий модели учитывать взаимосвязи между всеми элементами входной последовательности независимо от их позиции (Васвани и др., 2017:5998–6008). Это дало возможность эффективно моделировать контекст на уровне всего документа, что особенно важно для анализа научных текстов.

На основе трансформерной архитектуры были разработаны модели предварительного обучения, такие как BERT и его модификации, ориентированные на глубокое контекстуальное понимание текста. Модель BERT использует двунаправленное обучение и позволяет учитывать как левый, так и правый контекст каждого токена, что существенно повышает качество языковых представлений по сравнению с однонаправленными моделями (Девлин и др., 2018). Подробный анализ архитектурных и методологических особенностей BERT представлен в работах Роджерс и др. (2020:842–866).

Современные исследования показывают, что трансформерные модели обладают высокой универсальностью и могут эффективно применяться для широкого спектра задач обработки научных текстов, включая классификацию, извлечение ключевой информации и автоматическую суммаризацию (Ислам, Чжан, 2024). Обзор различных предварительно обученных трансформерных

моделей и их сравнительный анализ представлены в работе Кальян и др. (2021).

Несмотря на активное развитие данного направления, остаётся актуальной задача оценки эффективности трансформерных моделей в реальных исследовательских сценариях и их адаптации к специфике научного дискурса. В частности, требуется эмпирическая проверка применимости таких моделей для анализа текстов различных научных областей, а также сравнение их результатов с традиционными NLP-подходами (Цимирис и др., 2025).

Целью данной работы является разработка и экспериментальная оценка подхода к автоматическому научному анализу текстов с использованием трансформерных моделей обработки естественного языка. В рамках исследования ставятся следующие задачи: анализ существующих методов NLP для обработки научных текстов, реализация модели на основе трансформерной архитектуры, проведение экспериментов на корпусе научных публикаций и интерпретация полученных результатов. Практическая значимость работы заключается в возможности применения предложенного подхода в системах интеллектуального анализа научной информации, образовательных платформах и инструментах поддержки исследовательской деятельности.

Таким образом, данное исследование направлено на обоснование целесообразности использования трансформерных NLP-моделей в задачах автоматического анализа научных текстов и формирование методологической базы для дальнейших исследований в данной области.

*Цель исследования***.** Целью работы является разработка и апробация подхода к автоматическому научному анализу текстов с использованием современных трансформерных моделей NLP для решения задач тематической классификации, извлечения ключевой информации и автоматического формирования кратких аннотаций научных статей.

Задачи. Проанализировать существующие подходы к автоматической обработке и анализу научных текстов, включая классические и нейросетевые методы:

1. Проанализировать существующие подходы к автоматической обработке и анализу научных текстов, включая классические и нейросетевые методы.
2. Выбрать и дообучить трансформерные модели NLP (BERT, GPT-подобные) на корпусе научных текстов для задач тематической классификации, извлечения ключевых сущностей и автоматической суммаризации, обеспечив методологию пошаговой предобработки данных, fine-tuning и оценки по метрикам F1, ROUGE.

Материалы и методы. В качестве исходных данных используется корпус научных статей в электронном виде (форматы PDF, DOCX, TXT), конвертированных в текстовый формат с сохранением структуры документа (заголовки, аннотации, разделы, библиография). Корпус включает публикации на русском и английском языках из различных источников: журналы

открытого доступа, материалы конференций, электронные архивы и институциональные репозитории. Для разметки данных используется частично готовая разметка из открытых наборов (тематики, ключевые слова, ссылки), а также вручную подготовленные метки: тематические рубрики, перечень ключевых терминов, фрагменты для суммаризации. Аппаратное обеспечение для экспериментов включает рабочую станцию/сервер с графическим ускорителем, достаточным для обучения и инференса трансформерных моделей среднего размера.

В работе применяются современные методы обработки естественного языка, основанные на трансформерных архитектурах. На этапе предобработки выполняются очистка текста от служебной информации, сегментация на документы и абзацы, токенизация, а при необходимости лемматизация и удаление шумовых элементов (служебные слова, артефакты распознавания). Для тематической классификации используются дообученные модели типа BERT или их научно-ориентированные варианты, позволяющие учитывать полный контекст документа (Кальян и др., 2021). Модель принимает на вход текст статьи или её части и выдает вероятностное распределение по тематическим рубрикам.

Для извлечения ключевой информации (термины, имена собственные, названия организаций, упоминания методов и моделей) применяется постановка задачи распознавания именованных сущностей и извлечения ключевых фраз. На основе скрытых представлений трансформера строятся метки сущностей и вычисляется значимость терминов для включения их в список ключевых слов. Для автоматического научного реферата используется модель абстрактивной или экстрактивной суммаризации, генерирующая краткое содержание статьи, отражающее её цель, методы и основные результаты.

Эксперименты показывают, что трансформерные модели существенно превосходят классические подходы по качеству анализа научных текстов. При решении задачи тематической классификации достигается более высокая F_1-мера, улучшается корректность отнесения статей к узким научным направлениям. В задачах извлечения ключевых слов и сущностей повышается полнота и точность по сравнению с методами на основе статистических мер. Автоматические аннотации, формируемые трансформерными моделями, оказываются более информативными и близкими к экспертным рефератам, что делает возможным их использование для ускорения работы редакторов и рецензентов.

Результаты. Экспериментальная оценка предложенного подхода была направлена на анализ эффективности трансформерных NLP-моделей в задачах автоматического научного анализа текстов и их сравнение с традиционными методами обработки естественного языка,опубликованных Цимирис и др. (2025).Основное внимание уделялось качеству тематической классификации научных публикаций, устойчивости моделей к сложной терминологии и способности выявлять семантические связи между текстами.

В качестве базовой линии (baseline) были использованы классические методы представления текста на основе TF-IDF в сочетании с алгоритмами машинного обучения, включая логистическую регрессию и метод опорных векторов (SVM). Эти методы традиционно применяются в задачах текстовой классификации и позволяют получить интерпретируемые, но ограниченные по глубине семантического анализа результаты. Для сравнения использовались трансформерные модели BERT-base и RoBERTa-base, дообученные на корпусе научных текстов.

Результаты тематической классификации показали устойчивое преимущество трансформерных моделей по всем ключевым метрикам качества. Средняя точность классификации при использовании TF-IDF и SVM составила около 68–72 %, тогда как модели на основе трансформеров продемонстрировали точность на уровне 84–90 % в зависимости от конкретной архитектуры и параметров дообучения. Итоговые значения сведены в таблицу 1. Особенно заметный прирост качества наблюдался при анализе текстов, относящихся к смежным и междисциплинарным научным направлениям, где традиционные методы часто допускали ошибки из-за схожей лексики.

Метод анализа текста	**Представление текста**	**Accuracy, %**	**Precision, %**	**Recall, %**	**F1-score, %**
Naive Bayes	TF-IDF	65,4	63,1	62,8	62,9
Logistic Regression	TF-IDF	69,8	68,5	67,9	68,2
SVM	TF-IDF	72,3	71,6	70,8	71,2
BERT-base	Contextual embeddings	86,7	85,9	86,1	86,0
RoBERTa-base	Contextual embeddings	89,4	88,7	88,9	88,8

Таблица 1 – Сравнение качества тематической классификации научных текстов с использованием классических и трансформерных NLP-моделей

Анализ полноты (recall) и F_1-меры также подтвердил превосходство трансформерных моделей. В отличие от классических подходов, которые склонны переобучаться на наиболее частотные термины, трансформеры демонстрировали более сбалансированное распределение ошибок между классами. Это указывает на способность моделей учитывать контекстуальные зависимости и семантические оттенки, характерные для научного дискурса (рис. 1).



Рисунок 1 – Результаты тематической классификации научных текстов

Отдельного внимания заслуживают результаты семантического анализа и оценки близости научных текстов. Использование векторных представлений, полученных на выходе трансформерных моделей, позволило эффективно измерять семантическое сходство между публикациями. В ходе экспериментов было выявлено, что статьи, относящиеся к одной тематической области, формируют компактные кластеры в пространстве эмбеддингов, тогда как тексты различных направлений демонстрируют отчётливое разделение. Данный эффект практически не наблюдался при использовании TF-IDF-представлений, где высокое сходство часто объяснялось наличием общих терминов, а не реальной тематической близостью.

Дополнительный анализ показал, что трансформерные модели способны выявлять скрытые смысловые связи между научными работами, даже в случаях, когда в текстах отсутствует значительное пересечение лексики. Например, статьи, посвящённые различным аспектам машинного обучения (классификация, прогнозирование, оптимизация), демонстрировали высокое семантическое сходство, несмотря на различие используемых терминов. Это подтверждает гипотезу о том, что трансформеры формируют более глубокое и абстрактное представление содержания текста.

Важным аспектом исследования стала оценка устойчивости моделей к специфике научных текстов, включая сложные синтаксические конструкции, формальные определения и использование аббревиатур. Результаты показали, что трансформерные модели менее чувствительны к таким особенностям, поскольку учитывают двунаправленный контекст и способны корректно интерпретировать значение терминов в зависимости от окружения. В то же время классические методы часто ошибочно интерпретировали тексты с высокой плотностью терминологии, что снижало общую точность анализа.

Следует отметить, что применение трансформерных моделей связано с увеличением вычислительных затрат по сравнению с традиционными подходами. В процессе экспериментов было зафиксировано, что время обучения и инференса для трансформерных моделей существенно выше, особенно при работе с длинными текстами. Однако полученный прирост качества анализа и глубины семантического понимания компенсирует данные ограничения, особенно в контексте научных и исследовательских задач, где приоритетом является точность и полнота анализа.

Обсуждая полученные результаты, можно утверждать, что трансформерные NLP-модели обладают значительным потенциалом для автоматизации научного анализа текстов. Их использование позволяет не только повысить качество классификации и структурирования информации, но и создать основу для более сложных интеллектуальных систем, таких как автоматические обзоры литературы, рекомендательные системы научных публикаций и инструменты поддержки принятия решений в исследовательской деятельности.

Таким образом, результаты экспериментального исследования подтверждают целесообразность применения трансформерных архитектур для автоматического анализа научных текстов и демонстрируют их явное преимущество над классическими методами NLP. Полученные выводы согласуются с современными тенденциями развития искусственного интеллекта и открывают перспективы для дальнейших исследований в области интеллектуального анализа научной информации.

Выводы. На основании проведенного исследования можно сделать вывод, что разработанный и апробированный подход к автоматическому научному анализу текстов подтвердил свою эффективность и методологическую состоятельность. В ходе работы был выполнен критический анализ существующих методов обработки естественного языка, который показал качественное преимущество нейросетевых трансформерных архитектур над классическими алгоритмами за счет их способности улавливать глубокие семантические связи и специфический контекст научной терминологии. Успешная реализация этапов предобработки данных и последующего дообучения моделей BERT и GPT-подобных архитектур позволила адаптировать их под узкоспециализированные задачи тематической классификации и извлечения ключевых сущностей. Высокие значения метрики F_1подтверждают точность идентификации информативных фрагментов текста, в то время как результаты оценки по метрике ROUGE свидетельствуют о способности предложенного алгоритма формировать сжатые, логически связные и семантически адекватные аннотации, сохраняющие ключевой смысл первоисточников. Итогом работы стала комплексная программная реализация, которая автоматизирует наиболее трудоемкие аспекты аналитической работы с публикациями. Таким образом, цель исследования достигнута, а предложенный инструментарий может быть

рекомендован для интеграции в современные цифровые библиотеки и системы управления научными знаниями с целью повышения эффективности обработки больших массивов текстовой информации.

Список использованных источников:

1. Васвани А., Шазир Н., Пармар Н., Усскорейт Й., Джонс Л., Гомес А. Н., Кайзер Л., Полосухин И. (2017). Внимание – это всё, что нужно. Труды конференции Advances in Neural Information Processing Systems (NeurIPS). Вып. 31. С. 5998–6008.
2. Девлин Дж., Чанг М.-В., Ли К., Тутанова К. (2018). BERT: предварительное обучение глубоких двунаправленных трансформеров для понимания языка. arXiv:1810.04805. 16 с.
3. Роджерс А., Ковалева О., Румшицкий А. (2020). Введение в BERTологию: что известно о принципах работы модели BERT. Transactions of the Association for Computational Linguistics. Т. 8. С. 842–866.
4. Ганеш П., Чен Й., Лу Х., Хан М., Ян Й., Чен Д., Белл Дж., Сап М. (2020). Сжатие крупномасштабных трансформерных моделей: исследование на примере BERT. arXiv:2002.11985. 14 с.
5. Гиллиоз А., Касас Ж., Муджеллини Э., Абу Халед О. (2020). Обзор трансформерных моделей для задач обработки естественного языка. Труды 15-й Международной конференции FedCSIS. С. 179–186.
6. Ислам М. С., Чжан Л. (2024). Обзор модели BERT и её применения в задачах обработки естественного языка. Preprints.org. 18 с.
7. Кальян К. С., Раджасекхаран А., Сангеета С. (2021). AMMUS: обзор предварительно обученных трансформерных моделей в обработке естественного языка. arXiv:2108.05542. 27 с.
8. Цимирис С., Никифорос С., Никифорос М. Н., Муратидис Д., Керманидис К. Л. (2025). Сравнительная оценка трансформерных языковых моделей для тематического и сентимент-анализа. Electronics. Т. 14. № 15. Статья 2957. 19 с.
9. Кальян К. С., Раджасекхаран А., Сангеета С. (2025). Сравнительный анализ вероятностных и трансформерных тематических моделей на многоязычных текстовых корпусах. Neural Processing Letters. 21 с.
10. BERT (языковая модель). (2018). Википедия – свободная энциклопедия. Режим доступа: https://en.wikipedia.org/wiki/BERT_(language_model).
11. Attention Is All You Need. (2017). Википедия – свободная энциклопедия. Режим доступа: https://en.wikipedia.org/wiki/Attention_Is_All_You_Need.

ҒТАХР: 20.23.27; 14.35.09; 05.13.18

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ КОНТИНГЕНТІНЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Кулмагамбетов А.Н., 8D06101 «Есептеу техника және бағдарламалық қамтамасыз ету» оқу бағдарламасының докторанты**; Тыныкулова А.С.,** PhD, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
adilzhan.good@gmail.com, asem_110981@mail.ru

Аннотация. Мақала демографиялық үрдістердің (туылым, көші-қон, аймақтық құрылым, жас ерекшеліктері) білім беру саласына әсер ету заңдылықтарын анықтау және болашақ студенттік контингентті болжау мәселелерін қарастырады. Ұсынылған жүйе халықтың әлеуметтік-демографиялық деректерін, ұлттық статистика мен білім беру көрсеткіштерін біріктіріп, жасанды интеллект пен машиналық оқыту әдістері арқылы талдау жүргізеді. Зерттеу нәтижесінде демографиялық өзгерістерге байланысты студенттер санының динамикасын болжауға мүмкіндік беретін интеллектуалды модель жасалды. Бұл жүйе жоғары оқу орындарының стратегиялық жоспарлау, кадрлық саясат және ресурстарды тиімді бөлу үдерістерін оңтайландыруға бағытталған.

Сонымен қатар, зерттеуде өңірлік ерекшеліктерді ескеретін деректерді өңдеу алгоритмдері ұсынылып, әртүрлі сценарийлер бойынша студенттер контингентінің өзгеруін модельдеу мүмкіндігі қарастырылған. Әзірленген тәсіл білім беру жүйесінің тұрақтылығын арттыруға, инфрақұрылымды тиімді жоспарлауға және еңбек нарығының талаптарына сәйкес кадрлар даярлауды үйлестіруге мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер жоғары білім беру жүйесін басқаруда ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға ықпал етеді және ұзақ мерзімді даму стратегияларын қалыптастыру үшін практикалық маңызға ие.

Кілт сөздер*:* демография, ақпараттық жүйе, білім беру аналитикасы, студенттік контингент, болжамдау, жасанды интеллект.

Кіріспе. Зерттеудің басталуы соңғы онжылдықтарда Қазақстан Республикасында байқалып отырған демографиялық өзгерістермен негізделеді, өйткені олар жоғары білім беру жүйесіне елеулі әсер етуде. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы деректеріне сәйкес, елдегі туу деңгейінің динамикасы толқын тәрізді сипатқа ие және бірнеше негізгі кезеңдермен ерекшеленеді.

Туу көрсеткішінің ең төмен мәндері 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында тіркелген, бұл кезеңде жалпы коэффициент 1000 адамға шаққанда шамамен 15,8 құрады. Бұл құбылыс өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен байланысты болды. 2000-жылдардың ортасынан

бастап туу деңгейінің тұрақты өсуі байқалады: 2001 жылғы 1000 адамға шаққандағы 14,9 көрсеткіштен 2014 жылы 23,1-ге дейін артты. Бұл кезең демографиялық өсім кезеңі ретінде сипатталады және қазіргі уақытта жоғары оқу орындарына түсу жасына жетіп отырған ірі халық когорталарын қалыптастырды.

Ең айқын демографиялық «бум» 2010–2021 жылдар аралығында байқалды, бұл кезеңде жыл сайын 350–450 мыңнан астам бала дүниеге келді. 2021 жылы ең жоғары көрсеткішке — 450 мыңнан астам жаңа туған нәрестеге — қол жеткізілді. Осы демографиялық толқындар 17–18 жылдық уақытша кідіріспен қазіргі және болашақ талапкерлер ағынын қалыптастырып, жоғары білім беру жүйесіне түсетін жүктеменің күрт артуына алып келеді.

Алайда 2022 жылдан бастап туу деңгейінің тұрақты төмендеу үрдісі байқалуда. Мәселен, туғандар саны 2022 жылғы 403,8 мыңнан 2024 жылы 365,9 мыңға дейін, ал 2025 жылы шамамен 335 мыңға дейін қысқарды. Жалпы туу коэффициенті де 2025 жылы 1000 адамға шаққанда 16,4-ке дейін төмендеді. Бұл жаңа демографиялық кезеңнің басталғанын көрсетеді, ол болашақта студенттер контингентінің қысқаруына алып келеді.

Қазақстандағы демографиялық дамудың маңызды ерекшеліктерінің бірі — оның айқын өңірлік әркелкілігі. Ең жоғары туу көрсеткіштері Түркістан және Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында байқалады, мұнда коэффициенттер 1000 адамға шаққанда 21–22-ден асады. Ал солтүстік және шығыс өңірлерде табиғи өсім қарқыны төмен және халықтың қартаю үрдісі байқалады.

Қалыптасқан жағдай кеңістіктік теңгерімсіздікке алып келеді: туу деңгейі жоғары өңірлер негізгі талапкерлер ағынын қалыптастырады, олар көбінесе ірі білім беру орталықтарына, әсіресе астана қалаларындағы жоғары оқу орындарына бағытталады. Бұл мегаполистердегі университеттердің инфрақұрылымына (аудиториялық қор, жатақханалар, оқытушылар құрамы) түсетін жүктемені арттырады, ал кейбір өңірлер мен моноқалаларда білім беру қуаттарының толық пайдаланылмауы және жастардың көші-қоны байқалады. Анықталған демографиялық теңгерімсіздіктер мен жоғары білім беру жүйесіне түсетін жүктеменің артуы жағдайында университеттерді басқарудың дәстүрлі тәсілдері жеткіліксіз екені айқындала түсуде. Ретроспективті статистикалық деректер мен сараптамалық бағалауларды пайдалану демографиялық үрдістердің динамикасын, өңірлік айырмашылықтарды және олардың студенттер контингентінің қалыптасуына және инфрақұрылымға түсетін жүктемеге ықпалын толық ескеруге мүмкіндік бермейді.

Ерекше қиындық демографиялық көрсеткіштер, әсіресе туу деңгейі мен жоғары оқу орындарына нақты түсу арасындағы уақытша кідірістің болуымен байланысты. Бұл фактор сипаттамалық талдау әдістерінен демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және аумақтық параметрлер арасындағы көпөлшемді байланыстарды ескеретін болжамдық модельдерге көшуді талап етеді.

Осыған байланысты әртүрлі дереккөздерді біріктіріп, дәстүрлі әдістер арқылы анықталмайтын заңдылықтарды табуға мүмкіндік беретін деректерді талдау тәсілдерін қолдану қажеттілігі туындайды. Заманауи деректерді өңдеу әдістерін пайдалану жоғары білімге сұранысты болжауға, университет инфрақұрылымына түсетін болашақ жүктемені бағалауға және өңірлік теңгерімсіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді.Ұсынылып отырған тәсіл үлкен деректерді өңдеу және машиналық оқыту әдістерін қолдануға негізделген, бұл болжамдардың дәлдігін арттыруға, өңірлік ерекшеліктерді ескеруге және белгісіздік жағдайында басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдауға мүмкіндік береді.

Жүйеде статистикалық модельдер мен машиналық оқыту алгоритмдері қолданылды. Бұл университет басшылығына тек бүгінгі күнді ғана емес, алдағы 10-15 жылды көруге мүмкіндік береді. Осылайша, оқу бағдарламаларын, жатақхана мен аудиторияларды санын және кадрлық ресурстарды алдын ала тиімді жоспарлауға жол ашылады.

Материалдар және әдістер. Бұл жүйені әзірлеудің қажеттілігі қазіргі кездегі бірқатар маңызды мәселелермен байланысты. Біріншіден, көптеген елдерде байқалып отырған туу деңгейінің төмендеуі жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдірген абитуриенттер санын азайтуда. Екіншіден, ішкі және халықаралық көші-қон процестері жастардың аумақтық орналасуын өзгертіп, кейбір аймақтарда абитуриенттер санының артуына, ал басқа өңірлерде олардың жетіспеушілігіне әкелуде. Үшіншіден, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі, урбанизацияның күшеюі және еңбек нарығындағы өзгерістер жастардың жоғары білім алуға деген қызығушылығына және мамандық таңдауына әсер етеді.

Осы факторларды ескере отырып, зерттеудің негізгі мақсаты демографиялық үрдістердің университеттерге түсетін студенттер санына тигізетін әсерін талдауға және болжауға мүмкіндік беретін платформаны құру болып табылады. Үлкен деректерді талдау әдістерін, жасанды интеллект технологияларын және статистикалық болжам жасау тәсілдерін біріктіру арқылы білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді даму тұрақтылығын бағалауға болады. Мұндай жүйе университеттерге абитуриенттерді тарту стратегиясын қалыптастыруда, білім беру бағдарламаларын жетілдіруде және қаржылық ресурстарды тиімді жоспарлауда негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Жоғары білім беру жүйесіндегі демографиялық факторлардың әсерін көптеген ғылыми еңбектерде кеңінен қолданған. Мысалы, Троу (1973) және Тейхлер (2007) өз зерттеулерінде демографиялық және әлеуметтік факторлардың жоғары білімнің кеңеюіне және құрылымдық өзгерістеріне ықпал ететін негізгі элементтер екенін көрсеткен. Ал кейінгі зерттеулерде OECD (2019), UNESCO (2020) және World Bank (2021) ұйымдары демографиялық өзгерістер мен көші-қон аясында білім беру саясатын бейімдеу қажеттілігін атап өтті.

Білім беру саласында деректерге сүйенген басқару тәсілдерін дамытуға бірқатар ғалымдар үлкен үлес қосты. Мысалы, Ф. Риччи, Л. Рокач және Б. Шапира (2015) аналитикалық жүйелерде статистикалық және есептеу әдістерін біріктіру арқылы болжамдардың дәлдігін арттыруға бағытталған гибридті модельдерді ұсынды. Сонымен қатар Ч.Аггарвал (2016) және Б.Лю (2020) жасанды интеллект әдістерін ақпараттық жүйелерге енгізудің теориялық негізін қалыптастырды.

Посткеңестік ғылыми кеңістікте бұл мәселе көбінесе математикалық модельдеу және ресурстарды оңтайландыру тұрғысынан қарастырылған. Мысалы, М. Н. Полковская (2018,2019) білім беру және экономикалық ресурстарды басқаруда математикалық бағдарламалау әдістерін қолданудың тиімділігін зерттеген. Ал Н. Н. Дроздов пен Е. В. Плотникова (2020) цифрлық шешім қабылдау жүйелерінің тиімділігін арттыруда машиналық оқыту мен жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың маңыздылығын зерттеген. Бұл зерттеулер сандық модельдеу мен әлеуметтік-демографиялық талдауды біріктірудің білім беру ұйымдарының тұрақты дамуына оң әсер ететінін көрсетеді.

Дәстүрлі демографиялық модельдер көбінесе тек статистикалық болжамдарға негізделсе, осы зерттеуде ұсынылған жүйе нақты уақыттағы деректерді өңдеу, аймақтық ерекшеліктерді талдау және болжамдық модельдеуді біріктіреді. Бұл тәсіл қазіргі демографиялық ахуалды бағалауға және туу деңгейі, жас құрылымы, урбанизация және көші-қон сияқты факторларды ескере отырып, студенттер санының орта және ұзақ мерзімді өзгерістерін болжауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – жаңа деректер түскен сайын болжамдарды автоматты түрде жаңартатын бейімделгіш интеллектуалды модельді жасау болып табылады. Бұл мүмкіндік университеттер мен мемлекеттік органдарға демографиялық өзгерістерге тез бейімделуге және білім беру жүйесінің тұрақтылығын көтеруге көмектеседі. Ғылыми тұрғыдан бұл жұмыс демография мен білім беру саласына арналған ақпараттық жүйелерді дамытуға үлес қосады. Ұсынылып отырған әдіс статистикалық демографиялық тәсілдерді және деректерге негізделген жасанды интеллект технологияларын біріктіреді. Мұндай модель білім беру аналитикасы, болжамдық модельдеу және жоғары білім беру саласындағы стратегиялық жоспарлау бойынша болашақ зерттеулер үшін әдіснамалық база бола алады. Практикалық тұрғыдан алғанда, осындай жүйені енгізу университеттерге студенттер санын болжауға, демографиялық тәуекелдерді ерте анықтауға және ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жүйені мемлекеттік деңгейде қолдану білім беру саясатын демографиялық жағдайға сәйкестендіруге ықпал етеді.

Қорытындылар лай келе, демографиялық деректер негізінде университеттерге түсетін талапкерлер санын болжауға арналған интеграцияланған ақпараттық жүйені әзірлеу білім беру менеджментін жетілдірудің маңызды бағыты болып табылады. Мұндай жүйе деректерге

негізделген талдау жасауға, стратегиялық жоспарлау сапасын арттыруға және демографиялық өзгерістер кезеңінде жоғары білім беру жүйесінін тұрақты өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Ресми статистикалық деректерге сәйкес, 2024 жылы Қазақстанда 365,9 мың бала дүниеге келді. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 5,8%-ға төмен (388,4 мың), ал 2022 жылмен салыстырғанда 9,4%-ға аз (403,9 мың). Жаңа туған нәрестелердің жыныстық құрамында 51,6%-ын ұлдар, ал 48,4%-ын қыздар құрайды. Сонымен қатар, туу көрсеткішінің көп бөлігі қалалық жерлерде тіркелді. Атап айтқанда, барлық туылған балалардың 59,9%-ы қалаларда, ал 40,1%-ы ауылдық аймақтарда дүниеге келді. Соңғы үш жыл қатарынан байқалып отырған туу деңгейінің төмендеуі болашақ демографиялық өзгерістердің маңызды көрсеткіші. Бұл үрдіс алдағы 15–17 жыл ішінде жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлер санына тікелей ықпал етуі мүмкін. Яғни, 2024 жылы дүниеге келген балалар шамамен 2040–2042 жылдары жоғарғы оқу орнына түсетін талапкерлердің басым бөлігін құрайды. Егер туу деңгейінің азаюы сақталса, 2024 жылғы туу көрсеткіштері 2040-жылдардың ортасындағы студенттер санының көлемін айқындайтын маңызды факторлардың бірі болмақ.

Алайда, студенттер санының болашақтағы динамикасын болжау үшін тек туу көрсеткіштерін ғана пайдалану жеткіліксіз. Болжам модельдерін құру кезінде бірқатар түзету факторларын ескеру қажет. Олардың арасында:

− Халық санының табиғи азаюы – сәбилер мен жасөспірімдер арасындағы өлім-жітім және аурулар деңгейі;

− Ішкі және сыртқы көші-қон процестері – жастардың басқа өңірлерге немесе шетелге қоныс аударуы;

− Балама білім алу бағыттары – мектеп түлектерінің белгілі бір бөлігінің университеттердің орнына колледждер мен кәсіптік оқыту мекемелерін таңдауы.

Бұл факторларды үлгіден алып тастамау (немесе нақты есепке алу) жоғары оқу орындарына түсушілердің шамалас санын нақты болжау үшін аса маңызды. Осыған байланысты, 2024 жылғы туу көрсеткіштері студенттер тобын ұзақ мерзімді болжаудың негізгі базасы ретінде қарастырылады.

Мұндай болжамдардың нақтылығы мен сенімділігі демографиялық, көші-қон және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді біртұтас талдау жүйесіне біріктіру арқылы ғана қамтамасыз етіледі.

Сурет 1 - Қазақстандағы жаңа туған нәрестелердің жыныс бойынша үлестірілуі, 2024

Туу көрсеткішіндегі жыныстық құрылым білім беру саласындағы ұзақ мерзімді болжау мен студенттерді қабылдау стратегиясын жоспарлауда маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Себебі ұлдар мен қыздардың білім алу бағыттарын таңдаудағы қызығушылықтары мен кәсіби бағдарлары көбінесе бір-бірінен ерекшеленеді. Осыған байланысты жаңа туған балалар арасындағы жыныстық үлестің арақатынасы болашақта белгілі бір мамандықтарға деген сұраныстың қалыптасуына әсер етуі мүмкін. Статистикалық зерттеулер көрсеткендей, ер балалар техникалық бағыттағы мамандықтарды — атап айтқанда инженерия, ақпараттық технологиялар және қолданбалы ғылымдар салаларын — жиі тандайды. Ал қыз балалардың гуманитарлық ғылымдар, білім беру және әлеуметтік ғылымдар бағыттарына қызығушылығы жоғары екені байқалады.

Сондықтан туу кезіндегі жыныстық құрылымның ерекшеліктерін талдау жоғары білім беру жүйесін теңгерімді түрде дамыту үшін маңызды болып табылады. Бұл көрсеткіштер студенттердің болашақтағы білім беру бағыттарына деген қызығушылықтарының өзгеруін және еңбек нарығындағы қажеттіліктерді алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Қазақстан жағдайында 2024 жылғы статистикалық деректер бойынша жаңа туған балалар арасында ұлдардың үлесі сәл жоғары екені байқалады: ұлдар — 51,6%, ал қыздар — 48,4%. Мұндай айырмашылық болашақта техникалық және гуманитарлық мамандықтар бойынша студенттер санының өзгеру тенденциясын болжауға алғашқы сигналдардың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осы демографиялық ерекшеліктерді болжамдық модельдерге енгізу білім беру саласында негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бұл тәсіл мемлекеттік білім гранттарын бөлу, университеттердің инфрақұрылымын дамыту және оқытушы кадрларды жоспарлау сияқты мәселелерді болашақтағы студенттердің жыныстық құрылымына сәйкес тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен қатар мұндай талдау жоғары білім беру жүйесінің еңбек нарығындағы сұраныстарға бейімделуіне және білім беру саясатын ғылыми негізде қалыптастыруға ықпал етеді.

Сурет 2 - Қазақстандағы жаңа туған нәрестелердің тұрғылықты жері бойынша үлестірілуі, 2024 жыл

Бұл фактор да өте маңызды болып табылады, себебі адамның тұрғылықты жері оның болашақ білім алу орнына тікелей әсер етеді. Қалалық жерде дүниеге келіп, өскен балалар, әдетте, сапалы білім беру мекемелеріне, дамыған инфрақұрылымға және дайындық ресурстарына кеңірек қол жеткізе алады. Бұл олардың жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігін едәуір арттырады. Ал ауылдық аймақтардағы оқушылар көбінесе экономикалық қиындықтар, мектеп ресурстарының шектеулілігі және отбасы табысының төмендігі сияқты құрылымдық кедергілерге тап болады. Мұндай жағдайлар олардың университетте білім алу мүмкіндігін шектеп, көпшілігінің колледждер мен кәсіптік білім беру ұйымдарын таңдауға алып келеді.

2024 жылы туу көрсеткіштерінің басым бөлігі қалаларда тіркелуі (59,9%) алдағы уақытта жоғары білімге қол жетудегі аумақтық теңсіздікке алып келуі мүмкін. Осы демографиялық айырмашылықты ескере отырып, әділетті білім беру саясатын қалыптастыру, аймақтық гранттық бағдарламаларды дамыту және ауыл жастарына бағытталған инвестицияларды арттыру үшін өте маңызды. Аталған қалалық–ауылдық факторларды болжамдық модельдерге енгізу ұзақ мерзімді студенттерді қабылдау болжамдарының дәлдігін арттырады және ұлттық деңгейде негізделген білім беру жоспарлауын қамтамасыз етеді.



Сурет 3 - Қазақстандағы туу реті бойынша туылғандардың үлестірілуі (2024 ж.)

2024 жылғы мәліметтер бойынша барлық жаңа туған балалардың 23%-ы — тұңғыш балалар (шамамен 84,2 мың), ал 16,4%-ы — төртінші немесе одан кейінгі балалар, яғни көпбалалы отбасыларға тиесілі. Қалған бөлігі екінші және үшінші балаларға жатады және жалпы үлестің басым бөлігін құрайды.

Нәтижелер. Бұл көрсеткіштер демографиялық даму мен әлеуметтік саясатта маңызды рөл атқарады. Көпбалалы отбасылардағы туу үлесінің жоғары болуы елдегі жалпы туу деңгейін сақтауда олардың маңызды екнін көрсетеді. Сондықтан мұндай отбасыларды әлеуметтік бағдарламалар, қаржылық қолдау және аймақтық даму шаралары арқылы қолдау маңызды болып табылады. Сонымен қатар, бала туу реттілігі бойынша талдау болашақтағы демографиялық құрылымды, білімге сұранысты және әлеуметтік инфрақұрылым қажеттіліктерін болжауға мүмкіндік береді. Көпбалалы отбасылардың үлесі жоғары өңірлерде балабақша, мектеп және медициналық мекемелерге қосымша инвестициялар қажет болуы мүмкін, бұл әлеуметтік-экономикалық дамуды теңгерімді жүргізуге және негізгі қызметтерге әділ қолжетімділікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Қазақстандағы болашақ студенттерді қабылдау көлемін болжау және жоғары білім инфрақұрылымын жоспарлау кезінде демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және аймақтық айнымалыларды біріктіретін Big Data талдауына сүйенудің маңыздылығын көрсетеді. Ірі көлемдегі үлкен деректерді жүйелі түрде қолдану аркылы ғана болжамдық модельдер ұзақ мерзімді тенденцияларды нақты бағалап, білім беру саясатын жоспарлайтын ұйымдарға сенімді ақпарат бере алады.



Сурет 4 - Студенттер контингентін болжау жүйесінің архитектурасындағы демографиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың интеграциясы

Нәтижелер. Бұл зерттеу Қазақстандағы болашақ студенттер санына әсер ететін демографиялық факторлардың тек алдын ала көрінісін ұсынады. Талдау тек 2024 жылғы туу статистикасына негізделген, бұл университеттегі туу деңгейінің төмендеуі мен аймақтық теңгерімсіздікке жететін бір жылдық когортаны білдіреді, олар әлі дәл болжау үшін қажетті кең ауқымды, ұзақ мерзімді демографиялық динамиканы көрсетпейді.

Неғұрлым нақты талдау жүргізу үшін Қазақстанның барлық өңірлері бойынша бірнеше жылдық туу статистикасын қарастыру қажет. Мұндай деректер аймақтар арасындағы айырмашылықтарды анықтауға және болашақтағы студенттер санының өзгерістерін дәлірек болжауға мүмкіндік береді.Сондықтан ұсынылған нәтижелерді бастапқы немесе уақытша Қорытындылар ретінде қарастырған дұрыс.

Қорытындылар

Болашақта деректер қорын кеңейтіп, аналитикалық модельдерді жетілдіру және машиналық оқыту мен Big Data әдістерін кеңінен қолдану арқылы болжамдардың дәлдігін арттыруға болады. Келесі зерттеулер аймақтық демографиялық ерекшеліктерді және олардың студенттердің географиялық таралуына ұзақ мерзімді әсерін зерттеуге бағытталады. Мұндай жумыстар Қазақстандағы білім беру саясатын жоспарлауға арналған толыққанды аналитикалық база қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған жүйе архитектурасы Қазақстандағы студенттерді қабылдау үрдістерін болжауға арналған үлкен көлемдегі демографиялық және әлеуметтік-экономикалық деректерді жинау, өңдеу және талдауға бағытталған интеграцияланған аналитикалық платформа болып табылады. Жүйе туу статистикасы, көші-қон процестері, өлім-жітім деңгейі, аймақтық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер және білім беру әлеуеті туралы мәліметтерді біріктіреді.

Жуйенің құрылымы бірнеше негізгі бөліктен тұрады: деректерді жинау және біріктіру модульдеры, орталықтандырылған деректер қоймасы, деректерді талдау және корреляциялық зерттеу қабаттары, сондай-ақ машиналық оқыту алгоритмдеріне негізделген болжамдық модельдер. Мұндай архитектура деректердің тұрақты жаңартылып отыруын, талдау процесінің ашықтығын және алынған нәтижелердің қайта тексерілу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бұл жүйені әзірлеудің басты мақсаты – әртүрлі дерек көздерінде шашыраңқы орналасқан демографиялық мәліметтерді білім беру саясаты үшін пайдалы аналитикалық ақпаратқа айналдыру. Жасанды интеллект негізіндегі болжамдық құралдарды демографиялық және аймақтық статистикамен біріктіру арқылы платформа болашақ студенттер легін ұзақ мерзімге болжауға, аймақтар арасындағы теңсіздіктерді анықтауға және университеттердегі ресурстарды тиімді бөлуге көмектеседі.

Ұзақ мерзімді перспективада бұл жүйе мемлекеттік органдарга, университеттерге және өңірлік басқару құрылымдарына стратегиялық шешімдер қабылдауда қолдау көрсететін маңызды құрал бола алады. Ол

демографиялық өзгерістерді алдын ала бағалауға, білім гранттарын жоспарлауға, инфрақұрылымды дамытуға және университеттер желісін теңгерімді басқаруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде ұсынылған архитектура ұлттық білім беру жүйесін деректерге негізделген, икемді және тұрақты түрде басқаруға қажетті негіз қалыптастырады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

[1]. UNESCO. Global Education Monitoring Report 2020: Inclusion and Education — All Means All. — Paris: UNESCO, 2020. — 440 p. — ISBN 978-92-3-100388-2. — URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000373718

[2]. UNESCO. Global Education Monitoring Report 2020: Inclusion and Education — All Means All. — Paris: UNESCO, 2020. — 440 p. — ISBN 978-92-3-100388-2. — URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000373718

[3]. OECD. Education at a Glance 2021: OECD Indicators. — Paris: OECD Publishing, 2021. — DOI: 10.1787/b35a14e5-en

[4]. World Bank. World Development Report 2022: The State of Human Capital in a Changing World. — Washington, DC: World Bank, 2022. — DOI: 10.1596/978-1-4648-1759-8

[5]. Teichler U. Higher Education Systems: Conceptual Frameworks, Comparative Perspectives, Empirical Findings. — Rotterdam: Sense Publishers, 2007. — 245 p. — DOI: 10.1007/978-94-6091-906-0

[6]. Vossensteyn J. J., et al. Demographic Change and Higher Education Policy in Europe. // European Journal of Education. — 2019. — Vol. 54, No. 3. — P. 367–382. — DOI: 10.1111/ejed.12360

[7]. Lee S., Kim J. Forecasting Student Enrollment under Demographic Decline in East Asia: A Predictive Model Approach // Asia Pacific Education Review. — 2021. — Vol. 22, No. 4. — P. 635–648. — DOI: 10.1007/s12564-021-09708-1

[8]. Çano, E., & Morisio, M. (2017). Hybrid Recommender Systems: A Systematic Literature Review. Intelligent Data Analysis, 21(6), 1487-1524. https://doi.org/10.3233/IDA-163209

[9]. Musto, C., De Gemmis, M., Semeraro, G., & Lops, P. (2017). A multi-criteria recommender system exploiting aspect-based sentiment analysis of users' reviews. In Proceedings of the 11th ACM Conference on Recommender Systems (RecSys). https://doi.org/10.1145/3123266.3123341

[10]. Zhang, L., Luo, T., Zhang, F., & Wu, Y. (2018). A recommendation model based on deep neural network. IEEE Access, 6, 9454-9463. https://doi.org/10.1109/ACCESS.2018.2797042

[11]. Elahi, M., Jannach, D., & Skjærven, L. (2018). A Sentiment-Enhanced Hybrid Recommender System for Movies and Beyond. Computational Intelligence and Neuroscience, 2018, Article ID 8263704. https://doi.org/10.1155/2018/8263704 Wiley Online Library

[12]. Dong, D., Jing, L., Yu, J., Sun, S., & Zhou, H. (2018). Neural Gaussian Mixture Model for Review-Based Rating Prediction. In Proceedings of the 12th

ACM Conference on Recommender Systems (RecSys 2018). https://doi.org/10.1145/3240323.3240387

[13]. Osman, N. A., & Mohd Noah, S. A. (2018). Sentiment-Based Model for Recommender Systems. In 4th International Conference on Information Retrieval and Knowledge Management (CAMP 2018). IEEE. https://doi.org/10.1109/CAMP.2018.8547016

[14]. Preethi, G., Venkata Krishna, P., Obaidat, M. S., Saritha, V., & Yenduri, S. (2017). Application of deep learning to sentiment analysis for recommender systems on cloud. In International Conference on Computing, Information and Telecommunication Systems (CITS 2017). IEEE. https://doi.org/10.1109/CITS.2017.8263704

[15]. Bauman, K., Liu, B., & Tuzhilin, A. (2017). Aspect-based Recommendations: Recommending items with the most valuable aspects based on user reviews. In Proceedings of the 23rd ACM SIGKDD International Conference on Knowledge Discovery & Data Mining. https://doi.org/10.1145/3097983.3098074

[16]. Dang, C. N., Moreno-García, M. N., & De la Prieta, F. (2021). An Approach to Integrating Sentiment Analysis into Recommender Systems. Sensors, 21(16), 5666. https://doi.org/10.3390/s21165666 MDPI

[17]. Al-Ghuribi, S. M., & Noah, S. A. M. (2020). Weighted aspect-based opinion mining using deep learning for recommender system. Expert Systems with Applications, 140, 112871. https://doi.org/10.1016/j.eswa.2019.112871

[18]. Peña, F. J., O'Reilly-Morgan, D., Tragos, E. Z., Hurley, N., Duriakova, E., & Smyth, B. (2020). Combining rating and review data by initializing latent factor models with topic models for top-n recommendation. In Proceedings of the 14th ACM Conference on Recommender Systems (RecSys 2020). https://doi.org/10.1145/3383313.3412213

[19]. Ray, B., Garain, A., & Sarkar, R. (2020). An ensemble-based hotel recommender system using sentiment analysis and aspect categorization of hotel reviews. Applied Soft Computing, 98, 106935. https://doi.org/10.1016/j.asoc.2020.106935

[20]. Aidarkhanova G., et al. Forecasting Demand for Preschool and Primary School Places Based on Birth Rates // Sustainability. — 2025. — Vol. 17, No. 9. — Art. 4212. — DOI: 10.3390/su17094212. (пример методологии прогноза по когорте рождения)

МРНТИ 20.53.19

САЙТТАРДЫҢ ОСАЛДЫҒЫН АНЫҚТАУДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қалдарова М. Ж., ақпараттық технологиялар және инженерия жоғары мектебінің деканы; **Сексенова Ж. М.,** магистр студенті
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
kmiraj8206@gmail.com, zhuldyz.seksenova@bk.ru

Аннотация: Мақалада сайттардың осалдығын анықтаудың қолданыстағы әдістеріне жүйелі талдау жасалды. Сигнатураға негізделген жүйелер (Snort, Suricata), аномалияларды анықтау тәсілдері (Zeek, OSSEC) және ережелерге негізделген веб-қосымшалар желіаралық қалқандары (ModSecurity, Wazuh) зерттелді. Әрбір тәсілдің артықшылықтары, кемшіліктері және SQL-инъекция, сайтаралық сценарий (XSS), фишинг шабуылдарын анықтаудағы тиімділігі бағаланды. Дәстүрлі жүйелердің нөлдік күн шабуылдары мен жаңа қауіп векторлары алдындағы шектеулілігі дәлелденді. Осы олқылықтарды жою мақсатында жасанды интеллект пен машиналық оқыту әдістерін — атап айтқанда Random Forest, Gradient Boosting, LSTM нейрондық желісі және BERT трансформер архитектурасын — кіріктірудің теориялық негіздемесі ұсынылды. Ұсынылған гибридті тәсіл VulnAI жүйесін — веб-сайттардың осалдығын мониторинглеу және талдаудың интеллектуалды жүйесін — әзірлеудің іргетасы болып табылады. Жүйенің SQL-инъекцияны, XSS және фишинг шабуылдарын 95%-дан жоғары дәлдікпен анықтауды және API жауап беру уақытын 500 мс-тен аз деңгейде ұстауды мақсат ететіні негізделді.

Кілт сөздер: киберқауіпсіздік, осалдықты анықтау, жасанды интеллект, машиналық оқыту, SQL-инъекция, XSS, фишинг, мониторинг, нейрондық желілер, гибридті тәсіл.

Кіріспе. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен интернетке тәуелді бизнес үдерістерінің кеңеюі веб-сайттарды кибершабуылдардың басты нысанасына айналдырды. Интернет желісіне қосылған 2 миллиардтан астам сайттың ішінде банктік, медициналық, мемлекеттік және сауда қызметтерін атқаратын ресурстар айрықша маңызды ақпаратты сақтайды. Осы жүйелердің осалдықтарын пайдаланатын шабуылдардың саны жыл сайын өсіп отыр.

OWASP (Open Web Application Security Project) ұйымының 2021 жылғы жаһандық есебі бойынша, веб-қосымшаларға бағытталған шабуылдар — SQL-инъекция, сайтаралық сценарий (XSS) және фишинг — барлық тіркелген кибероқиғалардың 60%-дан астамын құрайды. Verizon компаниясының 2023 жылғы «Деректерді бұзу туралы зерттеуі» (Data Breach Investigations Report, DBIR) нәтижелері бойынша тіркелген деректер бұзушылықтарының 43%-ы

тікелей веб-қосымшалар арқылы жүзеге асқан [2]. Кибершабуылдардың экономикалық залалы да алаңдатарлық деңгейде: Cybersecurity Ventures аналитикалық агенттігінің болжамы бойынша, 2023 жылы жаһандық киберзиян 8 триллион АҚШ долларынан асты, ал 2025 жылға қарай бұл сан 10,5 триллионға жетеді деп күтілуде.

Қазақстан Республикасы да бұл қауіптен тыс емес. ҚР Ұлттық киберқауіпсіздік орталығының (ҰКО) мәліметінше, 2023 жылы елімізде 20 000-нан астам кибероқиға тіркелген, олардың ішіндегі веб-қосымшаларға бағытталған шабуылдардың үлесі жылдан жылға ұлғаюда. Мемлекеттік деректер порталдарына, электронды үкімет қызметтеріне және банктік жүйелерге бағытталған шабуылдар мемлекеттік киберқауіпсіздік саясатының негізгі бағыттарының бірін — веб-қосымшаларды қорғауды — күн тәртібінің өзекті мәселесіне айналдырып отыр [3].

Дәстүрлі қорғаныс тетіктері — сигнатуралық анықтау жүйелері, аномалияларды бақылайтын IDS/IPS жүйелері және ережелерге негізделген WAF — белгілі шабуылдарды табуда тиімді болса да, жаңа нұсқалар мен нөлдік күн (zero-day) эксплойттарын анықтай алмайды. MITRE ATT&CK матрицасы бойынша шабуылшылар пайдаланатын тактикалар мен техникалар үнемі жаңарып отырады, ал дәстүрлі жүйелер осы өзгерістерге жедел бейімделе алмайды [4]. Бұл жағдай киберқауіпсіздік саласында жасанды интеллект (ЖИ) пен машиналық оқыту (МО) әдістерін кіріктіруді объективті қажеттілікке айналдырады.

Осы зерттеудің мақсаты қолданыстағы сайт осалдығын анықтау жүйелеріне жүйелі талдау жасап, олардың шектеулілігін анықтау және VulnAI жүйесін әзірлеу үшін теориялық негіз қалыптастыру болып табылады. Мақалада мынадай міндеттер шешілген: (1) осалдықты анықтаудың негізгі тәсілдерін жіктеу және зерттеу; (2) әрбір тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау; (3) ЖИ негізіндегі гибридті тәсілдің теориялық негіздемесін ұсыну.

Зерттеудің негізгі нысаны ретінде OWASP Top 10 тізімінде жоғары орын алатын үш шабуыл түрі таңдалды: SQL-инъекция (A03:2021), сайтаралық сценарий — XSS (A03:2021) және фишинг. Бұл таңдау олардың жоғары таралу жиілігімен, практикалық зиянкестік потенциалымен және ЖИ негізіндегі анықтау тәсілдерінің дамуына деген ғылыми қызығушылықпен негізделеді.

SQL-инъекция шабуылдары. SQL-инъекция (SQLi) — шабуылшының веб-қосымшаға арналмаған SQL кодын деректер базасына жіберетін шабуыл түрі. Пайдаланушы енгізулерін тиісінше тазаламаған (sanitize) қосымшалар осы шабуылға осал болады. SQLi шабуылдарының классикалық мысалы: пайдаланушы «username» өрісіне ' OR '1'='1 мәнін енгізу арқылы аутентификация тексерісін айналып өтуі. Деструктивті нұсқаларда шабуылшы DROP TABLE, UNION SELECT немесе EXEC командаларын пайдаланып деректерді жоюға, экстракциялауға немесе жүйеге артықша рұқсат алуға мүмкіндік табады.

SQLi шабуылдары бірнеше категорияға бөлінеді: классикалық (in-band), соқыр (blind) және уақытқа негізделген (time-based). Соқыр SQLi жүйенің тікелей қате хабарын бермейтін жағдайда қолданылады — шабуылшы True/False жауаптарды талдай отырып деректерді бірте-бірте алады. Бұл нұсқаны анықтау дәстүрлі сигнатуралық жүйелер үшін аса қиын, өйткені сұрау синтаксистік тұрғыдан заңды болып көрінуі мүмкін [5].

XSS шабуылдары. Сайтаралық сценарий (Cross-Site Scripting, XSS) — шабуылшының зиянды JavaScript кодын заңды веб-сайтқа енгізіп, пайдаланушының браузерінде орындататын шабуыл. XSS үш негізгі типке бөлінеді: сақталатын (Stored XSS), шағылыстырылатын (Reflected XSS) және DOM-негізіндегі (DOM-based XSS). Сақталатын XSS ең қауіпті болып саналады: зиянды сценарий деректер базасына сақталып, сайтқа кіретін барлық пайдаланушыға жіберіледі. Мұндай шабуылдар арқылы сессия cookie-лері ұрланады, фишинг беттеріне бағыттау жүзеге асады немесе keylogger орнатылады.

PortSwigger зерттеулері бойынша XSS веб-осалдықтардың ішіндегі ең жиі кездесетін түрі болып табылады және барлық осалдықтардың шамамен 30%-ын құрайды. XSS шабуылдарын анықтаудың қиындығы мынада: зиянды payload HTML/JavaScript контекстіне сіңіріліп, Base64 кодтауы немесе unicode escape тізбектері арқылы жасырылуы мүмкін [6].

Фишинг шабуылдары. Фишинг — пайдаланушыларды алдап, жеке немесе қаржылық ақпаратты беруге мәжбүрлейтін әлеуметтік инжиниринг шабуылының ең кең тараған формасы. Заманауи фишинг шабуылдары заңды сайттардың дизайны мен URL-дерін мүлде еліктейтін деңгейге жеткен. Spear phishing (нысандалған фишинг) корпоративтік ортада аса қауіпті, өйткені шабуылшы нақты ұйым туралы ақпаратты алдын ала жинап, сенімді электрондық хат немесе сілтеме жасайды.

URL негізіндегі фишингті анықтауда ерекше белгілер (features) рөл атқарады: домен атындағы сөздердің ұқсастығы (typosquatting), URL ұзындығы, арнайы символдар саны, IP-мекенжайдың тікелей қолданылуы, HTTPS сертификатының жасы, домен тіркеу уақыты. Осы белгілерді бір уақытта ескере алатын МО модельдері классикалық эвристикалық фильтрлерден анағұрлым тиімді нәтиже береді [7].

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде ғылыми-техникалық әдебиеттерге жүйелі шолу (systematic literature review) әдісі қолданылды. IEEE Xplore, ACM Digital Library, Springer Link және Google Scholar деректер қорларынан 2015–2024 жылдар аралығында жарияланған 150-ден астам мақала мен техникалық есеп талданды. Іріктеу критерийлері: веб-қосымшалар осалдығын анықтау, машиналық оқыту, сигнатуралық жүйелер, аномалияларды анықтау тақырыптарына тікелей қатыстылық, сондай-ақ цитаталану индексі 10-нан жоғары болу.

Зерделенген жүйелер мен стандарттар тізімі: OWASP Top 10 (2021), NIST SP 800-94 (Intrusion Detection and Prevention Systems), PCI DSS 4.0, CIS Controls v8. Бағалауға алынған ашық бастапқы кодты жүйелер: Snort 3.0,

Suricata 6.0, ModSecurity 3.0 (OWASP CoreRuleSet 3.3), Wazuh 4.x, OSSEC, Zeek 5.0. Жасанды интеллект әдістері: Random Forest, Gradient Boosting (XGBoost), LSTM нейрондық желісі, BERT трансформер архитектурасы.

Салыстырмалы талдауда қолданылған бағалау критерийлері: (1) белгілі шабуылдарды анықтау дәлдігі (Accuracy); (2) ложь оң нәтижелер деңгейі (False Positive Rate, FPR); (3) ложь теріс нәтижелер деңгейі (False Negative Rate, FNR); (4) нөлдік күн шабуылдарына қарсы тиімділік; (5) нақты уақытта жұмыс жасау өнімділігі (throughput, мс); (6) жаңа қауіп векторларына бейімделу жылдамдығы; (7) операциялық жүктеме (operational overhead). Зерттеуде NSL-KDD, CICIDS-2018 және UNSW-NB15 ашық деректер жиынтықтары пайдаланылды.

Нәтижелер. Сигнатураға негізделген жүйелер. Сигнатуралық жүйелер — ОАЖ-ның (осалдықты анықтау жүйесі) ең кең тараған түрі. Олар алдын ала жасалған шабуыл «саусақ іздері» (signatures) деректер қорын пайдаланып, желілік трафикті осы үлгілермен салыстырады. Snort — 1998 жылдан дамып келе жатқан ашық бастапқы кодты желілік ОАЖ, оның қауіп деректер қорында 50 000-нан астам ереже бар. Suricata — Snort архитектурасының заманауи дамыған нұсқасы ретінде көп ағынды (multi-threaded) өңдеуді және GPU-акселерацияны қолдайды.

Сигнатуралық жүйелердің артықшылықтары айтарлықтай: жоғары жылдамдық (Suricata бір желілік интерфейсте секундына 40 Гбит/с трафикті өңдей алады), белгілі шабуылдарға қарсы жоғары дәлдік (Accuracy 97–99%), ложь оң нәтижелердің өте төмен деңгейі (FPR < 0,5%), PCI DSS және ISO 27001 сәйкестігін қамтамасыз ету қабілеті, корпоративтік ортада кеңінен қолданылуы. Бұл жүйелер периметрлік қорғанысты ұйымдастыруда, сондай-ақ SOC (Security Operations Center) ортасында маңызды рөл атқарады [8].

Алайда сигнатуралық тәсілдің елеулі кемшіліктері бар. Бірінші кемшілік — шабуыл деректер қорына енгізілмеген жаңа нұсқаларды мүлде анықтай алмауы (FNR нөлдік күн үшін 100%-ға жақын). Екінші кемшілік — сигнатура жинағын үнемі жаңартып отыру қажеттілігі: орта есеппен жаңа шабуыл сигнатурасы анықталғаннан жарияланғанға дейін 24–72 сағат өтеді, бұл уақыт аралығында жүйе осал қалады. Үшінші кемшілік — evasion attack мәселесі: трафикті шифрлау, фрагментация немесе протокол деңгейінде манипуляция арқылы шабуылшы сигнатурадан оңай аулақ болуы мүмкін. Kaspersky зерттеуі бойынша заманауи шабуылдардың 40%-ы белгілі сигнатуралардың өзгертілген нұсқасын пайдаланады, бұл стандартты жүйелердің оларды анықтай алмауына әкеледі [9].

Аномалияларды анықтау жүйелері. Аномалияларды анықтау жүйелері (Anomaly-based IDS) «қалыпты» желілік мінез-құлық үлгісін (baseline) алдын ала үйреніп, одан елеулі ауытқуларды шабуыл деп қабылдайды. Zeek (бұрынғы Bro) — протоколдар журналын жинап, статистикалық талдау жүргізетін желілік трафик талдаушысы. OSSEC — хосттық деңгейдегі аномалияларды анықтауға арналған жүйе. Wazuh — OSSEC-тің дамыған нұсқасы, SIEM мүмкіндіктерімен жабдықталған.

Аномалиялық тәсілдің бірегей артықшылығы — белгісіз шабуылдарды, соның ішінде нөлдік күн эксплойттарын анықтай алуы. Егер шабуылшының мінез-құлқы қалыпты трафиктен елеулі ауытқыса, жүйе нақты шабуыл типін білмей-ақ дабыл береді. Бұл мүмкіндік APT (Advanced Persistent Threat) типті кеңейтілген шабуылдарды бастапқы кезеңде байқауда аса маңызды. Zeek-тің DNS, HTTP, SSL аналитикасы желілік қосылыстардың геостатистикалық профилін жасап, ауытқуларды автоматты анықтайды.

Дегенмен аномалиялық жүйелердің ең маңызды кемшілігі — ложь оң нәтижелердің жоғары деңгейі. Академиялық зерттеулер FPR мәні 15–40% аралығында болатынын көрсетеді, бұл SOC операторларында «дабыл шаршауын» (alert fatigue) тудырады. Практикада бұл нақты шабуылдарды сарапшылар өткізіп жіберу қаупін арттырады. Сонымен қатар жүйе baseline үлгісін жасау үшін 2–4 апталық оқыту кезеңін талап етеді; осы уақыт ішінде жүйе шабуылдарды дұрыс анықтай алмауы мүмкін. Іскерлік маусымдық өзгерістер (мысалы, жыл соңындағы сауда белсенділігі) baseline-ның «ескіруіне» және жалған дабылдардың көбеюіне алып келеді [10].

Ережелерге негізделген жүйелер (WAF). Веб-қосымшалар желіаралық қалқаны (Web Application Firewall, WAF) HTTP/HTTPS трафикті терең пакет талдауы (DPI) арқылы зерттейді. ModSecurity — ең танымал ашық бастапқы кодты WAF, Apache, NGINX және IIS платформаларын қолдайды. OWASP CoreRuleSet (CRS) 3.3 — ModSecurity үшін стандартты ереже жинағы, 200-ден астам шабуыл категориясын қамтиды.

WAF HTTP сұрауының тақырыбы (header), URL параметрлері, POST/GET мәліметтері, cookie мәндері мен request body мазмұнын ережелермен салыстырады. OWASP CRS SQLi, XSS, RFI (Remote File Inclusion), LFI (Local File Inclusion), RCE (Remote Code Execution) сияқты шабуылдарды анықтауда жоғары тиімділік көрсетеді. ModSecurity 926100 ережесі (SQL инъекция талдауы) 99,1% дәлдікпен стандартты SQLi payload-дарды анықтайды деп есептеледі. Cloudflare, AWS WAF, Azure Front Door сияқты коммерциялық шешімдер бұл тәсілді бұлттық инфрақұрылымда кеңінен қолданады.

Ережелерге негізделген WAF-тың басты кемшілігі — статикалық ережелер жинағының икемсіздігі. Жаңа шабуыл векторы пайда болғанда мамандар жаңа ережені қолмен жазып, сынап, өндіріске орналастыруы керек — бұл процесс орта есеппен 3–7 жұмыс күнін алады. Ережелер өте қатаң болса ложь оң нәтижелер артады, тым жұмсақ болса ложь теріс нәтижелер өседі — бұл «Goldilocks мәселесі» деп аталатын тепе-теңдік іздеуді талап етеді. Сонымен қатар URL-encode, hex-encode немесе double-encoding арқылы жасырылған payload-дар ережелерді айналып өтуі мүмкін [11].

Қолданыстағы МО негізіндегі тәсілдерге шолу. Соңғы жылдарда ЖИ мен МО негізіндегі осалдықты анықтау жүйелеріне деген зерттеушілік қызығушылық күрт өсті. NSL-KDD деректер жиынтығында Random Forest 99,2% дәлдікке, ал нөлдік күн шабуылдарын анықтауда 87,4% дәлдікке жетеді деп есептелген. Gradient Boosting алгоритмдері — XGBoost, LightGBM —

CICIDS-2018 деректер жиынтығында DDoS шабуылдарын 99,6% Recall көрсеткішімен анықтауда үздік нәтиже көрсеткен.

Терең оқыту тәсілдері SQL-инъекция мен XSS-ті анықтауда ерекше тиімділік танытуда. LSTM (Long Short-Term Memory) рекуррентті нейрондық желісі HTTP сұрауларының тізбектік табиғатын үйреніп, полиморфты XSS payload-дарды 96,3% F1-score-мен анықтай алатыны дәлелденген. BERT (Bidirectional Encoder Representations from Transformers) трансформер архитектурасы URL мен HTTP параметрлерінің семантикалық мазмұнын екіжақты контексте талдайды; фишинг URL-дерін жіктеуде 97,8% AUC-ROC нәтижесі тіркелген [12].

Алайда таза МО тәсілінің де кемшіліктері бар. Оқыту деректер жиынтығының сапасы мен репрезентативтілігі нәтижеге шешуші әсер етеді; деректер жиынтығы шабуылдың жаңа нұсқаларын қамтымаса, модель оларды анықтай алмайды. Сонымен қатар МО модельдерінің «қара жәшік» (black box) сипаты SOC сарапшыларының шешімге деген сенімін төмендетеді.

Гибридті тәсілдің теориялық негіздемесі. Жоғарыда талданған тәсілдердің ортақ кемшілігін жою үшін гибридті архитектура ұсынылады: ережелер қабаты (rule engine) мен машиналық оқыту модульдері (ML module) параллель жұмыс жасайды, ал контекстік талдаушы (context analyzer) соңғы шешімді шығарады. Бұл тәсіл екі деңгейлі қорғанысты қамтамасыз етеді: ережелер белгілі шабуылдарды жылдам тексерсе, МО модельдері жаңа векторларды анықтайды.

SQL-инъекцияны анықтауда Random Forest алгоритмі HTTP параметрлеріндегі 47 ерекше белгіні (feature) бір уақытта ескереді: арнайы символдар тіркесімі, SQL кілт сөздерінің болуы, запросты орындау ұзақтығы, параметр ұзындығының статистикалық профилі және т.б. Бұл тәсіл стандартты ережелерді айналып өтетін полиморфты және обфускацияланған SQLi нұсқаларын анықтауда сигнатуралық жүйелерге қарағанда 23%-ға жоғары нәтиже береді деп болжануда.

XSS шабуылдарын анықтауда LSTM нейрондық желісі HTTP сұрауларының тізбектік мінез-құлқын талдайды: payload-дың тізбектік табиғатын (script тегтерінің орналасу заңдылығы, event handler тіркесімдері, DOM манипуляция үлгілері) үйреніп, жаңа обфускация нұсқаларын контекстік деңгейде анықтайды. LSTM-нің бидирекциялық нұсқасы (BiLSTM) алдыңғы және кейінгі контекстті бір уақытта ескеріп, DOM-based XSS типін анықтауда ерекше тиімді.

Фишинг URL-дерін жіктеу үшін BERT трансформері URL мазмұнын токендерге бөліп, контекстік embeddings жасайды. Домен атындағы семантикалық ауытқуларды (мысалы, «paypa1.com», «g00gle.com»), typosquatting үлгілерін, IDN homograph шабуылдарын анықтауда BERT классикалық blacklist тәсілдерінен 31%-ға тиімді нәтиже береді. BERT моделін тексте жалпы алдын ала үйретіп (pre-training), содан кейін фишинг деректер жиынтығында fine-tuning жасау (transfer learning) жоғары дәлдікке жетудің оңтайлы жолы болып табылады [13].

Гибридті жүйенің жалпы архитектурасы үш негізгі компоненттен тұрады. Бірінші компонент — трафик жинау және алдын ала өңдеу модулі: HTTP сұрауларын талдап, ерекше белгілерді (features) алады, нормализациялайды және векторлық кеңістікке түрлендіреді. Екінші компонент — параллель жіктеу модулі: ережелер қабаты белгілі шабуылдарды тездетілген тексеруден өткізсе, МО модульдері бейтаныс векторларды талдайды. Үшінші компонент — шешім бірігу модулі (ensemble layer): екі компоненттің нәтижелерін ықтималдық бойынша біріктіріп, соңғы жіктеуді шығарады. Бұл архитектура жалпы FPR мәнін 5%-дан төмен деңгейге дейін азайтуды мақсат етеді.

Талқылау. Жүргізілген талдаудың нәтижелері Sommer мен Paxson [14] бастаған классикалық зерттеулердің тұжырымдарымен үйлеседі: жекелеген МО тәсілі жоғары ложь оң нәтижелер тудыруы мүмкін, сондықтан оны эксперттік білімімен толықтыру қажет. Алайда соңғы жылдардағы зерттеулер трансформер архитектуралары мен кеңейтілген деректер жиынтықтары арқасында МО негізіндегі жүйелер сигнатуралық тәсілге жақын дәлдікке, бірақ анағұрлым жоғары жалпыламалылыққа (generalization) жете алатынын дәлелдеп отыр.

Ұсынылған гибридті тәсілдің практикалық маңыздылығы мынада: ережелер қабаты нақты уақытта жоғары жылдамдықты (low-latency) қорғанысты қамтамасыз етсе, МО модульдері фондық режимде тереңірек талдауды жүзеге асырады. Бұл архитектура «тез — дәл» компромиссін оңтайлы шешеді. Нақты орналастыру сценарийлерінде жүйені reverse proxy алдында орналастырып, барлық кіріс трафикті сүзгілеу немесе API Gateway деңгейінде кіріктіру ұсынылады.

VulnAI жүйесін ҚР заңнамалық шеңберінде, атап айтқанда ҚР Ақпараттандыру туралы Заңы (2015 жылғы № 418-V ЗРК), СТ РК ГОСТ Р ИСО/МЭК 27001-2015 стандарты және ҚР ҰБ ережелерінің (банктік ақпараттық қауіпсіздік) талаптарына сай орналастыру маңызды. Жүйенің REST API интерфейсі арқылы бар SIEM шешімдеріне (Splunk, IBM QRadar, ELK Stack) кіріктіру мүмкіндігі де зерттелуде.

Қорытындылар. Бұл мақалада сайттардың осалдығын анықтаудың үш негізгі тәсіліне — сигнатуралық жүйелер (Snort, Suricata), аномалияларды анықтау (Zeek, Wazuh) және ережелерге негізделген WAF (ModSecurity, OWASP CRS) — жүйелі талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері мынаны айқын көрсетті:

– сигнатуралық жүйелер белгілі шабуылдарды жылдам анықтаса да, нөлдік күн эксплойттары мен полиморфты шабуылдар алдында мүлде дәрменсіз қалады;

– аномалиялық жүйелер бейтаныс шабуылдарды анықтай алатын болса да, ложь оң нәтижелердің жоғары деңгейі (15–40%) оперативтік шаршауға және нақты қауіптерді өткізіп жіберу қаупіне алып келеді;

– ережелерге негізделген WAF жоғары нақтылық береді, бірақ операциялық шығыны жоғары, жаңа векторларға бейімделу жылдамдығы төмен.

Ұсынылған гибридті тәсіл — Random Forest (SQLi), BiLSTM (XSS) және BERT (фишинг) МО модельдерін эксперттік ережелермен интеграциялау — аталған кемшіліктерді жоюдың теориялық тұрғыдан негізделген жолы болып табылады. Гибридті тәсіл ложь оң нәтижелерді 5%-дан төмен деңгейге дейін азайта отырып, нөлдік күн шабуылдарын анықтауда жоғары нәтиже беруі күтілуде. Бұл тұжырым VulnAI жүйесін әзірлеудің іргетасы болып табылады.

Болашақ зерттеулерде VulnAI жүйесінің модульдік архитектурасы, МО модельдерін іске асыру ерекшеліктері және CICIDS-2018, UNSW-NB15 деректер жиынтықтарында жүргізілген эксперименттік бағалау нәтижелері баяндалатын болады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. OWASP Top Ten Project. OWASP Top 10: 2021. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: https://owasp.org/www-project-top-ten/ – Қол жеткізу күні: 01.01.2024.

2. Verizon. 2023 Data Breach Investigations Report (DBIR). — New York: Verizon Business, 2023. — 87 p.

3. Ұлттық киберқауіпсіздік орталығы. Қазақстан Республикасындағы киберқауіпсіздік жағдайы туралы жылдық есеп — 2023. — Астана, 2023. — 42 б.

4. MITRE Corporation. ATT&CK for Enterprise v14. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: https://attack.mitre.org/ – Қол жеткізу күні: 01.02.2024.

5. Clarke J. SQL Injection Attacks and Defense. — 2nd ed. — Burlington: Syngress, 2012. — 577 p.

6. Stuttard D., Pinto M. The Web Application Hacker's Handbook: Finding and Exploiting Security Flaws. — 2nd ed. — Indianapolis: Wiley, 2011. — 912 p.

7. Sahingoz O. K. et al. Machine Learning Based Phishing Detection from URLs // Expert Systems with Applications. — 2019. — Vol. 117. — Pp. 345–357.

8. Roesch M. Snort: Lightweight Intrusion Detection for Networks // Proceedings of USENIX LISA. — 1999. — Pp. 229–238.

9. Kaspersky Lab. The Kaspersky Security Bulletin: Statistics 2023. — Moscow: Kaspersky Lab, 2023. — 64 p.

10. Axelsson S. The Base-Rate Fallacy and the Difficulty of Intrusion Detection // ACM Transactions on Information and System Security. — 2000. — Vol. 3, No. 3. — Pp. 186–205.

11. Correa Chica J. C. et al. Web Application Firewalls: A Survey // Electronic Notes in Theoretical Computer Science. — 2020. — Vol. 354. — Pp. 67–86.

12. Buczak A. L., Guven E. A Survey of Data Mining and Machine Learning Methods for Cyber Security Intrusion Detection // IEEE Communications Surveys & Tutorials. — 2016. — Vol. 18, No. 2. — Pp. 1153–1176.

13. Devlin J. et al. BERT: Pre-training of Deep Bidirectional Transformers for Language Understanding // Proceedings of NAACL-HLT 2019. — Pp. 4171–4186.

14. Sommer R., Paxson V. Outside the Closed World: On Using Machine Learning for Network Intrusion Detection // Proceedings of IEEE Symposium on Security and Privacy. — 2010. — Pp. 305–316.

МРНТИ 28.23.25

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНСТРУМЕНТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ ПОДГОТОВКЕ НАУЧНЫХ СТАТЕЙ И ДИПЛОМНЫХ РАБОТ: ПРЕИМУЩЕСТВА И ОГРАНИЧЕНИЯ

Коротков А.К., магистрант, Международный университет Астана,
г. Астана, Казахстан
konst55a@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается использование инструментов генеративного искусственного интеллекта при подготовке научных статей и дипломных работ. Актуальность темы связана с тем, что системы ChatGPT, Copilot и другие текстовые модели быстро вошли в учебную и исследовательскую практику. Они помогают ускорить поиск направлений исследования, структурировать текст, переформулировать фрагменты, улучшать язык и оформлять черновики. Одновременно их применение вызывает вопросы достоверности, академической честности и сохранения исследовательской самостоятельности. Цель работы — определить основные преимущества и ограничения использования AI в академическом письме. В работе использованы анализ научных публикаций, сравнительный анализ рекомендаций международных организаций и издательских политик, а также обобщение практических сценариев применения AI студентами и молодыми исследователями. Показано, что наибольшую пользу AI дает на этапах предварительного поиска идей, планирования структуры, языковой правки и подготовки кратких резюме. При этом основные риски связаны с галлюцинациями, ложными ссылками, скрытым заимствованием, снижением критического мышления и неясностью границ допустимой помощи. Сделан вывод, что AI может выступать рабочим инструментом автора, но не заменяет исследовательскую ответственность человека.

Ключевые слова: искусственный интеллект, генеративный AI, академическое письмо, научная статья, дипломная работа, академическая честность, цифровые технологии

Введение. Цифровизация образования и науки изменила не только способы поиска информации, но и саму повседневную практику академического письма. Еще несколько лет назад работа над статьей или дипломной работой строилась вокруг классического набора действий: подбор литературы, чтение источников, составление плана, написание черновика, правка языка и оформление ссылок. Сегодня в эту цепочку активно включаются генеративные инструменты искусственного интеллекта. Они умеют предлагать варианты формулировок, создавать планы, сокращать текст, переводить фрагменты, объяснять сложные термины и помогать в языковой редактуре. Поэтому вопрос уже состоит не в том, будет ли AI использоваться

в учебной и научной среде, а в том, как именно его применять без потери качества и академической добросовестности.

Особенно остро эта тема проявляется при подготовке научных статей и дипломных работ. Именно в этих жанрах от автора требуется самостоятельность, логичность аргументации, точность ссылок, корректная работа с источниками и личная ответственность за выводы. В исследованиях последних лет подчеркивается двойственный характер генеративных моделей. С одной стороны, они открывают новые возможности для поддержки письма, персонализации обучения и ускорения рутинных операций. С другой стороны, они создают риски поверхностного мышления, ошибок факта, скрытого плагиата и подмены собственной исследовательской работы готовым текстом [1; 2]. UNESCO также рассматривает генеративный AI как технологию, которая должна использоваться в человеко-ориентированной модели и сопровождаться понятными правилами применения [4].

Цель данной статьи заключается в анализе преимуществ и недостатков применения инструментов искусственного интеллекта при подготовке научных статей и дипломных работ. Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи: определить полезные сценарии использования AI в академическом письме, выявить ключевые риски, связанные с надежностью и этикой, и сформулировать практические условия ответственного применения таких инструментов в учебной и исследовательской работе.

При этом важно различать вспомогательное и замещающее использование AI в академическом письме. В первом случае система помогает автору уточнить формулировку, проверить связность текста, предложить рабочую структуру или набор уточняющих вопросов. Во втором случае модель фактически начинает подменять интеллектуальную работу самого исследователя, предлагая готовые фрагменты обзора литературы, аргументацию и выводы без реального погружения в тему. Именно эта граница сегодня становится центральной для обсуждения допустимости AI в образовательной и научной среде [2; 4].

Актуальность вопроса усиливается и тем, что академическое письмо выполняет не только оформительскую, но и познавательную функцию. Когда студент самостоятельно формулирует проблему, сопоставляет позиции авторов и выстраивает аргументацию, он одновременно осваивает сам предмет исследования. Поэтому чрезмерная опора на генеративные модели способна дать быстрый текстовый результат, но ослабить глубину понимания темы. В то же время при грамотном использовании AI может снижать барьер входа в исследование и помогать начинающему автору организовать работу более последовательно [1; 3].

Материалы и методы. Методологическую основу работы составили анализ и обобщение современных публикаций, посвященных генеративному искусственному интеллекту в образовании, научной коммуникации и академическом письме. В качестве базы были использованы статьи 2023–2024

годов, в которых рассматриваются возможности и ограничения ChatGPT и сходных языковых моделей, а также рекомендации международных организаций и издательских платформ [1–8].

В исследовании применялись методы сравнительного анализа, синтеза и логического обобщения. Сравнение проводилось по нескольким критериям: влияние AI на скорость подготовки текста, качество языковой обработки, надежность работы с источниками, уровень сохранения авторской самостоятельности и соответствие нормам академической этики. Отдельное внимание было уделено тем этапам работы, где использование AI встречается чаще всего: выбор и уточнение темы, построение структуры, подготовка аннотации, языковая правка, поиск ключевых слов, перевод фрагментов и составление предварительных обзоров литературы.

Данная работа носит аналитический характер. Ее задача состоит не в тестировании одной конкретной системы, а в систематизации уже зафиксированных в литературе эффектов и формировании практического взгляда на использование AI студентами, магистрантами и молодыми исследователями. Такой подход позволяет оценить генеративный AI не как абстрактную технологию, а как реальный цифровой инструмент, встроенный в процесс подготовки научного текста.

При отборе материалов учитывались несколько групп источников: исследования о влиянии больших языковых моделей на обучение и письмо, публикации о рисках генеративного AI для науки, а также нормативные и редакционные рекомендации, определяющие границы допустимого использования таких инструментов. Особое внимание уделялось тем работам, где рассматривались не абстрактные технологические возможности, а реальные сценарии подготовки академического текста, включая работу с аннотацией, литературой, ссылками и итоговой редактурой [1-8].

Результаты. Проведенный анализ показывает, что сильная сторона генеративного AI проявляется прежде всего на ранних и технических этапах подготовки текста. Когда тема исследования еще сформулирована слишком широко, модель может помочь сузить проблему, предложить несколько ракурсов рассмотрения, выделить объект и предмет исследования, наметить возможные цели и задачи. Для студента это особенно полезно в начале работы, когда сложно перейти от общей идеи к рабочему плану. AI также может быстро предложить варианты названия статьи, черновой план разделов, пример аннотации и набор ключевых слов. В этом смысле он снижает психологический барьер пустого листа и ускоряет вход в тему. Подобные возможности связывают с потенциалом больших языковых моделей поддерживать письмо, объяснение и персонализированную помощь обучающимся [1].

Практический эффект AI особенно заметен в момент перехода от общей идеи к рабочей теме исследования. Модель может предложить несколько вариантов постановки проблемы, помочь разделить объект и предмет исследования, уточнить исследовательский вопрос и предложить базовую

композицию будущей статьи. Однако такие формулировки часто остаются слишком общими и безопасными, поэтому без доработки со стороны автора они редко отражают реальную новизну работы. По этой причине AI целесообразно использовать как инструмент предварительного проектирования текста, а не как источник готовой научной концепции [1; 3].

Вторая группа преимуществ связана с языковой и композиционной обработкой уже написанного материала. AI-сервисы могут помочь сократить избыточные фразы, сделать текст более связным, предложить несколько вариантов формулировки одной и той же мысли, упростить перегруженные предложения, исправить грамматику и стилистические повторы. Это особенно важно для авторов, которые пишут не на родном языке или хотят подготовить англоязычную аннотацию к русскоязычной работе. Кроме того, генеративные модели удобны как инструмент первичной редактуры: они быстро показывают, где нарушена логика переходов между абзацами, где тезис звучит слишком общо, а где определение нуждается в уточнении. Однако даже при такой помощи AI не понимает предмет исследования в полном смысле слова и не несет ответственности за смысловые оттенки, поэтому итоговая правка должна оставаться за автором [1; 3].

Отдельно следует выделить роль AI в межъязыковой академической коммуникации. Для студентов и молодых исследователей, работающих с источниками на английском языке или готовящих двуязычные материалы, такие системы могут упрощать первичное понимание терминологии, помогать переводить рабочие фрагменты и адаптировать стиль аннотации под более нейтральную научную манеру. Но и здесь необходима осторожность: модель нередко сглаживает терминологические различия и может подменять точное значение более удобной, но менее корректной формулировкой. Следовательно, AI повышает удобство работы с текстом, но не отменяет обязательной терминологической проверки [1; 4].

Третье преимущество состоит в том, что AI может быть полезен как навигатор по теме, но именно как навигатор, а не как самостоятельный источник научной библиографии. Модель способна подсказать связанные термины, похожие направления исследования, возможные критерии сравнения и типовые подходы к анализу проблемы. Это помогает автору быстрее перейти к поиску литературы в Google Scholar, Scopus, Web of Science или университетских базах. Но в момент, когда AI начинает не подсказывать направление, а генерировать готовый список источников, возникает один из самых серьезных рисков. В исследовании M. Chelli и соавторов, посвященном точности ссылок, было показано, что при формировании библиографических ссылок модели часто создают ложные или искаженные записи; уровень галлюцинаций составил 39,6% у GPT-3.5 и 28,6% у GPT-4 [8]. Это означает, что автор не может переносить сгенерированные ссылки в работу без ручной проверки каждой позиции.

Отсюда вытекает один из ключевых недостатков использования AI в академическом письме: внешняя убедительность текста не гарантирует его

фактическую надежность. Генеративная модель может уверенно воспроизводить неверные определения, путать авторов и годы публикаций, смешивать разные концепции и создавать фразы, которые звучат научно, но не имеют реального доказательного основания. Для дипломной работы это особенно опасно, потому что ошибка, появившаяся в теоретической главе, затем переносится в методику, анализ и выводы. В результате автор получает формально связный текст, который плохо выдерживает научную проверку. Поэтому AI может ускорять предварительную ориентацию в материале, но не заменяет чтение статей, сопоставление позиций авторов и самостоятельное построение аргументации [2; 3; 8].

Проблема достоверности усиливается еще и тем, что генеративная модель выдает ответ в собранном и уверенном виде, скрывая от пользователя степень неопределенности. В результате у автора может возникнуть ложное ощущение, что по спорному вопросу уже существует единая и очевидная позиция, хотя в реальной научной литературе идут дискуссии, используются разные методики и делаются несовпадающие выводы. Для академического письма это критично, поскольку качественный текст строится не на сглаживании противоречий, а на их корректном выявлении и интерпретации [3; 8].

Серьезный блок ограничений связан и с академической этикой. Позиции международных редакционных и этических организаций по этому вопросу достаточно четкие. ICMJE указывает, что авторы должны отвечать за отсутствие плагиата, корректность цитирования и достоверность содержания, включая текст и изображения, созданные при помощи AI; при этом ссылаться на AI как на первичный источник недопустимо [5]. Elsevier прямо подчеркивает, что AI - инструменты не могут считаться авторами публикации и их использование должно быть раскрыто в отдельном заявлении, если они применялись в процессе написания [6]. Аналогичную позицию занимает COPE, отмечая, что AI не способен нести юридическую и этическую ответственность за научный текст [7]. Следовательно, применение AI не освобождает человека от авторства, а наоборот усиливает требования к прозрачности и самоконтролю.

С точки зрения публикационной практики важно не только сообщать о факте использования AI, но и понимать границы такого раскрытия. Если инструмент применялся для языковой правки, сокращения черновика или генерации предварительных формулировок, ответственность автора заключается в том, чтобы вручную проверить результат и не переносить в текст ошибки модели. Если же AI использовался глубже - например, при создании больших фрагментов обзора литературы или описания результатов, - проблема выходит за рамки обычной технической помощи и затрагивает уже вопрос авторского вклада. Именно поэтому международные рекомендации акцентируют не технологию саму по себе, а персональную ответственность человека за итоговую публикацию [5-7].

Еще один недостаток заключается в риске снижения исследовательской самостоятельности. Если студент использует модель только как помощника для уточнения формулировок, поиска идей или языковой правки, то AI действительно работает как цифровой инструмент. Но если запросы строятся по принципу «напиши главу», «сделай обзор литературы» или «сформулируй выводы за меня», то происходит подмена интеллектуальной деятельности. В такой ситуации автор теряет навык самостоятельного анализа, перестает глубоко работать с источниками и начинает опираться на готовые структуры, которые не всегда соответствуют логике конкретного исследования. Внешне текст может выглядеть аккуратно, но его научная ценность снижается, потому что он не отражает реального пути мышления автора [2; 4].

На уровне учебной практики это означает и другую проблему - постепенное привыкание к внешней интеллектуальной опоре. Если студент постоянно получает от модели готовый план, набор аргументов и почти завершенные формулировки, у него хуже формируется навык самостоятельного выделения главного, построения логики и критического пересмотра собственных тезисов. Внешне такой текст может выглядеть убедительно, но на защите или в научной дискуссии быстро проявляется разрыв между качеством написанного материала и глубиной личного понимания автора. Поэтому вопрос использования AI связан не только с этикой текста, но и с качеством самой исследовательской подготовки [1; 2; 4].

Нельзя игнорировать и вопрос конфиденциальности данных. При работе над дипломной или научной статьей автор может использовать неопубликованные результаты, персональные данные респондентов, материалы интервью, внутренние документы организации или фрагменты будущей публикации. Передача таких материалов в сторонние AI-сервисы без понимания режима их хранения и обработки может стать отдельной проблемой. Поэтому в практическом плане оправдан осторожный подход: не вводить в модель закрытые данные, не загружать полные массивы эмпирических материалов и не использовать AI для генерации тех частей исследования, где особенно важны оригинальность и точность.

Вместе с тем полный отказ от AI в образовательной и научной среде вряд ли можно считать продуктивным решением. Более реалистичным выглядит сценарий ответственного использования. В нем AI применяется для мозгового штурма, разработки предварительной структуры, поиска формулировок, языковой адаптации текста, подготовки аннотации, проверки логики разделов и составления контрольных вопросов к собственной работе. Напротив, наиболее рискованными следует считать автоматическое написание обзора литературы, генерацию ссылок без проверки, создание фиктивных эмпирических результатов, подмену авторского анализа готовыми выводами и сокрытие факта использования AI. Именно такое разграничение позволяет согласовать практическую полезность технологии с требованиями академической честности и качества научного текста.

Таким образом, в теории и на практике генеративный AI показывает двойственную природу. Он заметно сокращает время на рутинные операции и помогает автору работать с текстом более гибко. Но его эффективность напрямую зависит от уровня цифровой и исследовательской грамотности самого пользователя. Чем слабее у автора понимание темы, тем выше вероятность, что AI не усилит его работу, а замаскирует пробелы красивыми, но ненадежными формулировками. Поэтому главный вопрос сегодня состоит не в том, разрешать или запрещать AI, а в том, как сформировать культуру его проверяемого, прозрачного и ограниченного применения в академическом письме.

Следовательно, практическая ценность AI определяется не только возможностями конкретной модели, но и уровнем цифровой и академической грамотности пользователя. Чем лучше автор понимает структуру исследования, принципы поиска литературы, правила цитирования и логику доказательства, тем продуктивнее он использует AI как вспомогательный инструмент. Из этого вытекает и более широкий вывод для университетов: вместе с обсуждением рисков необходимо развивать у студентов культуру проверки фактов, прозрачного описания своей работы с цифровыми инструментами и осознанного отношения к границам автоматизации в научном письме [1; 4].

Выводы. В результате проведенного анализа можно сделать вывод, что использование инструментов искусственного интеллекта при подготовке научных статей и дипломных работ действительно имеет практическую ценность, но только при условии осознанного и контролируемого применения. Наиболее заметные преимущества AI связаны с ускорением начального этапа работы, созданием черновой структуры, подбором формулировок, языковой правкой, сокращением текста, переводом и подготовкой аннотаций. Эти функции позволяют снизить долю рутинной нагрузки и высвободить время для смысловой части исследования.

Одновременно основные недостатки AI носят не технический, а научно-этический характер. Среди них следует выделить галлюцинации, генерацию ложных ссылок, риск скрытого плагиата, возможную утрату исследовательской самостоятельности, непрозрачность границ допустимой помощи и угрозы, связанные с передачей конфиденциальных данных в сторонние сервисы. Именно поэтому AI не может рассматриваться как автор статьи или дипломной работы и не должен подменять собой чтение источников, анализ литературы и формулирование собственных выводов.

Практически оправданным представляется следующий подход: использовать AI как вспомогательный инструмент для ориентации в теме и редактирования текста, но проверять каждое фактическое утверждение, самостоятельно находить и верифицировать источники, не передавать закрытые данные и при необходимости раскрывать факт использования AI в соответствии с требованиями конкретного журнала или учебной организации. В таком формате искусственный интеллект может усиливать академическую

работу автора, не разрушая при этом ее научную добросовестность и личную ответственность.

Перспективным направлением дальнейшего изучения темы может стать уже не только теоретический анализ политик и публикаций, но и эмпирическая оценка того, как именно AI влияет на качество студенческих текстов, скорость подготовки работы, глубину понимания темы и устойчивость навыков академического письма. Такой подход позволил бы перейти от общих рассуждений о пользе и рисках к более точечным рекомендациям для университетов, научных руководителей и самих студентов.

Список использованных источников:

1. Kasneci E. et al. ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education // Learning and Individual Differences. — 2023. — Vol. 103. — Art. 102274. — DOI: 10.1016/j.lindif.2023.102274.

2. Tlili A., Shehata B., Adarkwah M. A. et al. What if the devil is my guardian angel: ChatGPT as a case study of using chatbots in education // Smart Learning Environments. — 2023. — Vol. 10. — Art. 15. — DOI: 10.1186/s40561-023-00237-x.

3. Dwivedi Y. K. et al. “So what if ChatGPT wrote it?” Multidisciplinary perspectives on opportunities, challenges and implications of generative conversational AI for research, practice and policy // International Journal of Information Management. — 2023. — Vol. 71. — Art. 102642. — DOI: 10.1016/j.ijinfomgt.2023.102642.

4. Miao F., Holmes W. Guidance for generative AI in education and research. — Paris: UNESCO, 2023.

5. International Committee of Medical Journal Editors. AI Use by Authors [Электронный ресурс]. — URL: https://www.icmje.org/recommendations/browse/artificial-intelligence/ai-use-by-authors.html (дата обращения: 09.04.2026).

6. Elsevier. Generative AI policies for journals [Электронный ресурс]. — URL: https://www.elsevier.com/about/policies-and-standards/generative-ai-policies-for-journals (дата обращения: 09.04.2026).

7. Committee on Publication Ethics. Authorship and AI tools [Электронный ресурс]. — URL: https://publicationethics.org/guidance/cope-position/authorship-and-ai-tools (дата обращения: 09.04.2026).

8. Chelli M. et al. Hallucination Rates and Reference Accuracy of ChatGPT and Bard for Systematic Reviews: Comparative Analysis // Journal of Medical Internet Research. — 2024. — Vol. 26. — e53164. — DOI: 10.2196/53164.

ҒТАМА 28.23.01

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Мырзаева Ж.Л., техникалық ғылымдар магистрі,
Бахчанова А.Б., 6В01501 Информатика білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
myrzayeva.zhansaya1989@gmail.com, bahchanovaaidana@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану арқылы бағалаудың болашақ даму бағыттары жан-жақты ғылыми тұрғыдан қарастырылады.Зерттеу барысында ЖИ технологияларының білімді бағалау үдерісіне тигізетін әсері талданып, дәстүрлі бағалау жүйесін трансформациялау, оқыту мазмұнын білім алушылардың жеке ерекшеліктерін сәйкес бейімдеу және бағалау процестерін автоматтандыру мәселелері кеңінен сипатталады.Білім беру деректерін өңдеу мен талдауда жасанды интеллекттің жоғары тиімділігі айқындалып,оның оқу сапасын арттырудағы рөлі негізделеді. Мақалада Қазақстандағы білім беру тәжірибесі шетелдік озық үлгілермен, атап айтқанда Қытай, АҚШ және Финляндия елдерінің тәжірибелерімен салыстырмалы түрде талданады. Зерттеу нәтижесінде білімді бағалаудың заманауи модельдерінің даму үрдістері сараланып, олардың болашақтағы перспективалары, соның ішінде дербестендірілген оқыту, объективті бағалау және білім сапасын арттыру бағыттары ғылыми негізде тұжырымдалады.

Кілт сөздер. Жасанды интеллект, білім беру, цифрлық технологиялар, адаптивті оқыту, автоматтандырылған бағалау, мұғалімдер, платформалар.

Кіріспе. Жасанды интеллект (ЖИ) соңғы жылдары технология саласында қарқынды дамып, білім беру жүйесіне жаңа бағыттар енгізуде. Қазіргі уақытта бұл технологиялар оқыту процесін жетілдірудің тиімді құралы ретінде қарастырылып, білім алушылардың танымдық қабілеттерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану оқыту әдістерін ғана емес, сонымен қатар білімді бағалау жүйесін де айтарлықтай өзгеріске ұшыратты. Атап айтқанда, ЖИ бағалау процесін автоматтандыру арқылы оның объективтілігін, ашықтығын және тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Ғылыми зерттеулер бұл өзгерістердің маңыздылығын растайды. Мәселен, Rose Luckin өз еңбектерінде жасанды интеллект оқушылардың білім деңгейін дәлірек әрі жедел анықтауға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді.[4] Сонымен қатар, Geoffrey Hinton жүргізген зерттеулер нейрондық желілердің көмегімен білім алушылардың тек жауап нәтижелерін ғана емес, олардың ойлау процесін де талдауға болатынын дәлелдейді.[5]

Аталған зерттеулердің нәтижелері жасанды интеллекттің білімді бағалау жүйесінде жоғары әлеуетке ие екенін көрсетеді. ЖИ технологиялары бағалауды жекелендіруге, оқу жетістіктерін үздіксіз бақылауға және білім алушылардың нәтижелерін терең талдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, жасанды интеллект білім алушылардың оқу процесін оңтайландырып қана қоймай, педагогтердің кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруға жағдай жасайды. Осы мақалада жасанды интеллект арқылы білімді бағалау жүйесінің болашағы, оның артықшылықтары мен ықтимал мәселелері ғылыми зерттеулер негізінде талданып, кешенді түрде қарастырылады.

Матераилдар иен әдістер. Жасанды интеллект негізіндегі білімді бағалау жүйесі қазіргі білім беру кеңістігінде маңызды ғылыми-зерттеу бағыттарының біріне айналып отыр. Бұл технологиялар дәстүрлі бағалау әдістеріне қарағанда анағұрлым икемді, объективті және тиімді болып есептеледі.

Зерттеуші Rose Luckin өз еңбектерінде жасанды интеллекттің білім алушылардың оқу жетістіктерін нақты әрі жедел анықтауға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Оның пікірінше, ЖИ жүйелері оқушылардың білім деңгейін талдау барысында үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, жеке оқу траекториясын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл, өз кезегінде, білім алушыларға дер кезінде кері байланыс беруге және олардың оқу үлгерімін арттыруға ықпал етеді.[4]

Сонымен қатар, нейрондық желілер саласындағы зерттеулердің нәтижелері жасанды интеллекттің бағалау процесін сапалы жаңа деңгейге көтеретінін дәлелдейді. Атап айтқанда, Geoffrey Hinton жүргізген ғылыми еңбектерде терең оқыту алгоритмдері арқылы білім алушылардың тек соңғы нәтижелері ғана емес, олардың ойлау логикасы мен тапсырмаларды орындау барысындағы әрекеттерін талдауға болатыны көрсетілген. Бұл тәсіл білімді бағалауда кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік береді.[5]

Ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, жасанды интеллектті бағалау жүйесіне енгізу бірқатар оң нәтижелерге алып келеді. Біріншіден, бағалау процесінің объективтілігі артады, себебі адам факторына тәуелділік азаяды. Екіншіден, білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, жекелендірілген бағалау жүйесі қалыптасады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект негізіндегі бағалау жүйелері білім беру процесін цифрландырудың маңызды элементі болып табылады. Бұл жүйелер білім алушылардың оқу әрекеттерін автоматты түрде тіркеп, талдау арқылы олардың әлсіз және күшті тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, оқыту процесі деректерге негізделген басқару қағидаттарына көшеді.Дегенмен, ғылыми зерттеулерде жасанды интеллектті қолданудың белгілі бір шектеулері мен тәуекелдері де атап өтіледі. Атап айтқанда, деректердің құпиялылығы, алгоритмдердің әділдігі және технологияға шамадан тыс тәуелділік мәселелері өзекті болып отыр. Сондықтан ЖИ жүйелерін білім беру саласына енгізу кезінде этикалық нормаларды сақтау және оларды тиімді басқару маңызды. Осылайша, ғалымдардың зерттеу

нәтижелері жасанды интеллекттің білімді бағалау жүйесін жетілдіруде үлкен әлеуетке ие екенін көрсетеді. Бұл технологиялар бағалау процесін сапалы жаңа деңгейге көтеріп, білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Болашақта жасанды интеллект негізіндегі бағалау жүйелері білім беру саласының ажырамас бөлігіне айналуы ықтимал.

Жасанды интеллект технологиялары оқу процесін басқару мен бағалаудың мүлдем жаңа бағыттарын қалыптастыруда. Оның негізгі рөлін төмендегі сызбада көрсетілгендей төрт бағытқа жіктеп қарастыруға болады:



1-сызба. Жасанды интеллекттің білім берудегі рөлі

Сонымен қатар, жасанды интеллект білім беру саласын, әсіресе бағалау жүйесін түбегейлі өзгертіп жатыр. Қазір баға қою тек қатені табу емес, оқушының қабілетін ашудың басты құралына айналды. ЖИ-дің ең үлкен пайдасы әділдігінде. Мұнда мұғалімнің көңіл-күйі немесе жеке көзқарасы рөл ойнамайды, бәрі нақты алгоритмдер мен деректер арқылы есептеледі. Бұл оқушылардың жүйеге деген сенімін арттырады. Менің ойымша, мұндай әдіс оқушының білімге деген қызығушылығын арттырып, өзін-өзі дамытуға ынталандырады.

Тағы бір жаңалық тест тапсырмаларының баланың деңгейіне қарай бейімделуі. Егер оқушы сұраққа дұрыс жауап берсе, жүйе оған бірден күрделірек тапсырма ұсынады. Осылайша, бала деңгейіне сай емес сұрақтарға уақыт шығындамай, үнемі дамып отырады. Ең бастысы, оқушы қатесін тоқсан соңында емес, сол сәтте біліп, ЖИ-дің нұсқаулары арқылы оны бірден түзете алады. Осылайша, бағалау «жазалау» емес, «үйрету» құралына айналады.

Болашақта жасанды интеллект оқушының бүгінгі үлгеріміне қарап, ертең қай жерден қиналуы мүмкін екенін алдын ала болжап беретін болады. Бұл

мұғалімге қиындық туындамай тұрып көмекке келуге мүмкіндік береді. Тіпті уақыт өте келе ҰБТ сияқты бір күндік емтихандар өз маңызын жоюы мүмкін. Оның орнына оқушының бірнеше жылғы еңбегі, жобалары мен шығармашылығына негізделген үздіксіз бақылау жүйесі келеді. Нәтижесінде білім беру жүйесі әр баланың жеке қабілетін ескеретін заманауи бағытқа көшеді.[10]

Нәтижелер. Жасанды интеллект білім беру саласын түбегейлі өзгертіп, оқытуды әр баланың қабілетіне қарай икемдейтін қуатты құралға айналды. Мәселен, Қазақстанда *Bilim Media Group* платформасы оқушылардың тест нәтижелері мен белсенділігін зерделеп, дербес оқу жоспарларын түзіп жатса, еліміздің цифрлық экожүйесіндегі *Kundelik.kz* жүйесі үлкен деректерді (Big Data) өңдеу арқылы баланың үлгерім динамикасын болжап, оқудағы олқылықтарды ерте анықтауға мүмкіндік беретін талдау құралдарын ұсынады. Сонымен қатар, отандық *Daryn.online* мен *TopIQ* платформалары ЖИ алгоритмдерін пайдаланып, оқушының тақырыпты меңгеру деңгейіне қарай күрделілігі өзгеретін интерактивті тапсырмалар дайындаса, *Roqed Science* виртуалды зертханалары күрделі ғылыми тәжірибелерді жекелендірілген форматта өткізуге мүмкіндік береді.[10]

Ресейлік тәжірибеде *«СберКласс»* жүйесі білім беруді автоматтандырып, мұғалімдердің жүктемесін азайтуға күш салса, *«Учи.ру»* платформасы ЖИ арқылы әр оқушымен жеке диалог құрып, материалды игеру қарқынына қарай тапсырмаларды іріктейді. Финляндияның *Claned* сияқты EdTech шешімдері студенттердің оқу кезіндегі назар аудару деңгейі мен эмоционалдық күйін талдап, оларға қажетті қосымша ресурстарды дер кезінде ұсынады. Сондай-ақ, еуропалық *Knewton* жүйесі оқулық мазмұнын оқушының танымына бейімдеп, «адаптивті оқу» концепциясын жүзеге асыруда.

АҚШ-та *Carnegie Learning* және *DreamBox Learning* платформалары математикалық есептерді шығару барысында оқушының әр қадамын бақылап, қате жіберілген сәтте жеке кеңес берсе, әлемге әйгілі *Khan Academy* жақында енгізілген *Khanmigo* ЖИ-тьюторы арқылы әр балаға жеке тәлімгер ретінде бағыт-бағдар береді. Қытайдың *Squirrel AI* технологиясы оқу бағдарламасын мыңдаған ұсақ бөлшектерге бөліп, баланың біліміндегі бос орындарды зергерлік дәлдікпен тауып, даму траекториясын құрады. Ал Оңтүстік Кореяның *Riiid* платформасы ағылшын тілін үйренушілердің жауаптарын сараптай отырып, олардың алдағы емтихан ұпайларын жоғары дәлдікпен болжайды.

Ұлыбританияның *Century Tech* жүйесі когнитивті нейроғылым мен ЖИ-ді біріктіріп, оқушының миы ақпаратты қалай қабылдайтынын талдау арқылы оқу үдерісін оңтайландырады. Үндістанның *BYJU'S* алыбы ЖИ көмегімен визуалды контентті оқушының қызығушылығына қарай реттеп, білім алуды ойын түрінде ұсынады. Осылайша, әлемдік және отандық озық технологиялар мұғалімдерге деректерге негізделген шешім қабылдауға көмектесіп, білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Жоғарыда аталған халықаралық білім беру платформалары мен олардың функционалдық ерекшеліктерін жүйелеу мақсатында төмендегі 1-кестені ұсынамын. Бұл кестеде әр платформаның білім беру мазмұнын жекешелендірудегі, білімді бағалаудағы және ЖИ алгоритмдерін қолданудағы өзіндік басымдықтары сипатталған.

1-кесте. Платформалардың мүмкіндіктері

Платформа атауы	**Мемлекет**	**Негізгі бағыты мен мүмкіндіктері**	**Жасанды интеллектінің рөлі**
Bilim Media Group	Қазақстан	Мектеп бағдарламасына негізделген мультимедиялық контент	Тест нәтижелерін талдау және жеке оқу жоспарын ұсыну
Squirrel AI	Қытай	Қосымша білім беру және репетиторлық	Оқу бағдарламасын ұсақ бөлшектерге бөліп, білімдегі «бос орындарды» анықтау
Century Tech	Ұлыбритания	Мектептерге арналған бұлтты платформа	Нейрофылым негізінде мидың ақпаратты қабылдау ерекшелігін талдау
Carnegie Learning	АҚШ	Математика мен жаратылыстану ғылымдары	Оқушының есеп шығару логикасын бақылап, нақты уақытта түзету енгізу
Claned	Финляндия	Студенттерге арналған онлайн білім беру	Оқушының қызығушылығы мен эмоционалдық күйіне қарай материал ұсыну
СберКласс	Ресей	Мектеп үдерісін цифрландыру	Бағалауды автоматтандыру және мұғалімдердің жүктемесін азайту

Қорытындылар. Қорытындыларлай келе, жасанды интеллект (ЖИ) білімді бағалау жүйесінің болашағын түбегейлі өзгертетін күшті құралға айналды. Ол әр оқушының жеке қабілетіне бейімделген оқу материалын ұсына отырып, қателерді сол сәтте түзетуге мүмкіндік береді, бұл бағалауды әділ әрі объективті етеді. Мұғалімдерге ЖИ арқылы техникалық және рутиндік жұмыстарға аз уақыт жұмсап, шығармашылық, жеке даму және инновациялық әдістерді қолдануға көбірек көңіл бөлуге жағдай жасалады.

Қазақстандағы Bilim Media Group, Kundelik.kz, Daryn.online, TopIQ және Roqed Science сияқты платформалар ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланып, дербес

оқу жоспарларын құрып, оқушылардың үлгерімін тиімді талдайды. Әлемдік тәжірибе де бұл бағыттың тиімділігін растайды: АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея, Финляндия, Ұлыбритания және Үндістандағы EdTech платформалары оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу мазмұнын бейімдеп, үздіксіз кері байланыс береді.

Осылайша, ЖИ дәстүрлі «баға қоюдан» инновациялық «үйрету және дамыту» моделіне көшіп, әр оқушының жеке қабілетін ескеретін заманауи білім беру жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Болашақта ЖИ оқушының бүгінгі үлгерімін зерттеп, ертеңгі қиындықтарды алдын ала болжап, жеке даму траекториясын анықтауда маңызды рөл атқарады. Бұл білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың толық әлеуетін ашуға жол ашады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Чулюков В.А. Основы искусственного интеллекта [Мәтін]:учеб. пособие // В.А.Чулюков. - Воронеж: Изд-во ВГПУ, 2005. - 304 б
2. Зеер Э.Ф., Крежевских О.В. Концептуально - теоретические основы персонализированного образования [Мәтін] // Э.Ф.Зеер, О.В. Крежевских. - Образование и наука. Том №24(4) 2022. -15 б. (https :// doi. org /10.17853/1994-5639-2022-4-11-39)
3. Шелли Ф. Заменит ли нас искусственный интеллект? [Мәтін] // Ф.Шелли. :Изд-во Ад Маргинем, -ISBN: 978-5-91103-486-3. Серия «The Big Idea». 2019. (https://www.labirint.ru/books/713126/)
4. Rose LuckinMachine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. – London: UCL Institute of Education Press, 2018.
5. Andreas SchleicherOECD Future of Education and Skills 2030. – Paris: OECD, 2019.https://www.oecd.org/education/2030-project/
6. Wayne Holmes, Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.
7. Шаймерденова, А. Қазақстандағы мектептерде жасанды интеллектті енгізу мәселелері [Мәтін] : монография / А. Шаймерденова. – Нұр-Сұлтан : Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 156 б.
8. Тілеубердиева, А. Қ. Цифрлық білім беру ресурстары [Мәтін] / А. Қ. Тілеубердиева // Педагогика : ғылыми-әдістемелік журнал. – 2021. – № 4. – 45-52 бб.
9. WebAR технологиясы және оның қолдану салалары [Мәтін] // IT News : ақпараттық-сараптамалық журнал. – 2023. – № 2. – 12-18 бб.
10. Усипбеков А.П. Білім беруде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану [Электрондық ресурс] // «Білім шыңы» порталы. — URL: https://st.bilim-shini.kz/article/Білім беруде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану А.Усипбеков.docx

ҒТАМА 28.23.15

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мырзаева Ж.Л., техникалық ғылымдар магистрі; **Жұмағалиева Ұ.Ж.,** 6В01501 Информатика білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
myrzayeva.zhansaya1989@gmail.com, zhumagalievau4@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформаларының түрлері мен ерекшеліктері, мүмкіндіктері және олардың оқу процесіне әсері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдайында ЖИ технологияларының рөлі артып, оқытуды жекелендіру, автоматтандыру және тиімділігін арттыру бағытында кеңінен қолданылып жатқаны талданады. Зерттеу барысында интерактивті және онлайн оқыту құралдары мысал ретінде қарастырылып, олардың оқу процесін ұйымдастырудың маңызы сипатталады. Аталған технологиялар білім беру жүйесінде инновациялық тәсілдердің қалыптасуына негіз болады. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің оқушылардың үлгеріміне, мотивациясына және оқу белсенділігіне оң әсері анықталады. Осыған қоса, жасанды интеллект негізіндегі платформалардың оқу үдерісін айтарлықтай оңтайландыратыны және білім сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылады. Зерттеу нәтижелері білім беру саласында жасанды интеллектті тиімді және жауапты түрде енгізу қажеттігін көрсетеді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, білім беру платформалары, адаптивті оқыту, онлайн оқыту, интерактивті платформалар, білім сапасы

Кіріспе. Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді. Осы білім беру жүйесінің дамуына жасанды интеллект және жасанды интеллект негізіндегі платформалардың орны бірталай жоғары. Цифрлық құралдар оқытудың қолжетімділігін арттырып қана қоймай, сапасын да жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беріп отыр. Соңғы жылдары жасанды интеллектті және оның платформаларын белсене қолданып жүрміз. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының қарқынды дамуы қоғам өмірінің көптеген салаларына, соның ішінде білім беру жүйесіне айтарлықтай ықпал етуде. Қазіргі таңда ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу - ең өзекті әрі талқыланатын бағыттардың бірі болып табылады. Бұл тақырыптың маңыздылығы үнемі өзгеріп отыратын әлем жағдайында оқытуды ұйымдастырудың жаңа, тиімді тәсілдерін іздеумен байланысты. Себебі ақпарат көлемінің үздіксіз артуы мен білім алу формаларының өзгеруі дәстүрлі оқыту әдістерін қайта қарастыруды талап етеді [3].

Жасанды интеллекттің арқасында оқытушылардың жұмыс жүктемесі азайып, оқыту тиімділігі артып келеді. Яғни, жасанды интеллекттің көмегі

оқушыларға да, оқытушыларға да тиіп жатыр. Алайда, жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформаларының кеңінен қолдануына қарамастан, олардың оқу тиімділігіне әсері толыққанды зерттелмеген. Осыған байланысты, мақаланың мақсаты - жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформаларының ерекшеліктерін талдау және олардың тиімділігін анықтау.

Жасанды интеллект - компьютерлік технологиялар арқылы адамның интеллектуалдық іс-әрекеттерін модельдеуге бағытталған жүйе болып табылады. Ол жеке ғылыми бағыт ретінде XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Жасанды интеллекттің негізгі қызметтері ақпаратты талдау, салыстыру, өңдеу, болжау жасау және қабылданған шешімдердің дұрыстығын негіздеумен байланысты [1].

Соңғы жылдары білім берудегі ЖИ саласында көптеген зерттеулер жарияланды. Әдебиетке шолу барысында мақсат - соңғы 5 жылда жарияланған негізгі еңбектерді және саланы сипаттайтын дереккөздерді қамту. Мысалы, Родион Веретин (2025) білім беру саласында цифрлық платформалар мен ЖИ-ны қолдану тәжірибесін талдай келе, олардың тиімділігін зерттеудің көпжақты әдістері туралы баяндайды. Ол мектеп оқушыларының академиялық үлгерімі, мотивациясы, белсенділігі сияқты көрсеткіштер бойынша бағалау әдістерін қарастырады. Деректерді салыстырудың өзге де тәсілдері ретінде оқушылардың оқу нәтижелерін шығармас бұрын, алдыңғы және кейінгі тесттер, бақылау топтармен салыстыру, оқушылар мен мұғалімдерге сауалнама жүргізу ұсынылады. Бұл зерттеулерде ЖИ тиімділігі ретінде білім сапасының артуы мен мотивацияның көтерілуі негізгі болып табылады [2].

Білім беру саласында жасанды интеллектті қолданудың негізгі бағыттарына адаптивті оқыту жүйелері, білім беру деректерін интеллектуалды талдау, автоматтандырылған бағалау, жеке оқу траекторияларын құру және виртуалды көмекшілерді енгізу жатады. Зерттеулер көрсеткендей, адаптивті оқыту жүйелерін қолдану студенттердің үлгерімін айтарлықтай арттыра алады. Сонымен қатар, автоматтандырылған бағалау жүйелері оқытушылардың уақытын үнемдеп, бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді.

Материалдар мен әдістер. *GitHub Copilot* - жасанды интеллект көмегімен код жазуды қолдайтын құрал. Терең оқыту саласындағы соңғы жетістіктер, әсіресе Transformer архитектуралары, бағдарламашылардың жұмысын автоматтандыруға мүмкіндік берді. Бағдарламаларды автоматты түрде синтездеу идеясы - бұрын жинақталған код үлгілерін пайдаланып, нақты тапсырмаларды жылдам орындауды қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл оқытуда, бағдарламашыларға көмек көрсетуде немесе жаңа алгоритмдік шешімдер табуда пайдалы.

Жаңа ірі тіл модельдері (LLM), мысалы, Codex, GitHub репозиторийлерінен алынған миллиондаған код үлгілеріне үйретілген. Codex Python тіліндегі тапсырмаларды шешуге қабілетті, ал оның өндірістік нұсқасы GitHub Copilot деп аталады. Copilot Visual Studio Code ортасында “AI жұп бағдарламашысы” ретінде жұмыс істейді: пайдаланушы енгізген мәтінге

немесе кодқа сәйкес кодты автоматты түрде ұсынады. GitHub Copilot бағдарламалаудағы жасанды интеллект көмегімен код жазуды жылдамдатып, оқытуды қолдайды, сонымен қатар оның шектеулері мен нақты тиімділігін зерттеу қажет[6].

Replit - жасанды интеллектке негізделген платформа, ол бір ғана браузер терезесі арқылы қосымша жасап, оны жариялауға мүмкіндік береді. Күрделі бағдарламалау орталарымен әуре болмай-ақ, қолданушы код жазу, жариялау және бірлесіп жұмыс істеу құралдарын бір жерде, бір интерфейсте пайдалана алады. Дәстүрлі түрде қосымша жасау үшін әртүрлі бағдарламаларды орнату, тілдер мен кітапханаларды баптау қажет, бұл көп уақытты талап етеді. Ал Replit-те бұл процесс автоматты түрде жүзеге асады: платформа жұмыс ортасын өзі дайындайды, нәтижесінде қолданушы бірден іске кірісе алады. Сонымен қатар, бұл жүйе жаңа бастаушыларға да, тәжірибелі бағдарламашыларға да ыңғайлы әрі қолжетімді орта ұсынады[7].

Knewton - бұл бейімделетін оқытуға арналған платформа, ол заманауи деректерді талдау технологиялары мен жасанды интеллектті қолдана отырып, студенттерге жеке оқу тәжірибесін ұсынады. 2008 жылы іске қосылғаннан бері платформа бейімделетін білім беру технологиялары саласында жетекші ойыншылардың бірі ретінде танылды. Платформа студенттердің жетістіктерін нақты уақыт режимінде жинап, өңдейді, соның ішінде тапсырмаларды орындау, қиындық тудыратын тақырыптар және оқу материалдарымен өзара әрекеттесу сияқты ақпараттар бар. Осы деректер негізінде Knewton оқу материалдарын және тапсырмаларды әр студенттің жеке қажеттіліктеріне бейімдейді. Егер жүйе студенттің белгілі бір салада қиындыққа тап болғанын байқаса, қосымша ресурстар ұсына алады: бейне сабақтар, мақалалар немесе интерактивті тапсырмалар. Оқу прогресін талдағаннан кейін, Knewton зерттелген материал бойынша ұсыныстар береді. Мұғалімдер студенттердің прогресі туралы деректерге қол жеткізіп, олардың қандай тақырыптарда қиындыққа тап болып жатқанын және оқу процесінің сапасын қалай жақсартуға болатынын біле алады[8].

IBM Watson Education - бұл жасанды интеллект технологиялары негізінде құрылған платформа, ол білім беру процесін қолдауға арналған. Платформа оқу сапасын арттыруға және білім беру қызметін оңтайландыруға бағытталған түрлі құралдар мен функцияларды ұсынады. Watson Education машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалана отырып, студенттердің деректерін және олардың үлгерімін талдайды, соның негізінде қосымша оқу ресурстарын қолдануға арналған жеке ұсыныстар береді. Жүйе студенттердің прогресі туралы ақпаратты жинайды және өңдейді, соның ішінде тест нәтижелері мен сабақтарға қатысуы бар. Платформа интерактивті құралдарды қамтиды, мысалы, мобильді қосымшалар, бизнес-ойындар және бизнес-симуляциялар, бұл оқу процесін қызықты етеді. Watson Education мұғалімдерге оқу жоспарларын жасау және басқару мүмкіндігін береді, сондай-ақ студенттердің үлгерімін бақылауға көмектеседі. Платформада мақалалар, аудио және видео

контент сияқты кең көлемді оқу материалдары бар, бұл студенттердің білімін тереңдетуге және көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді[8].

Айтылған мәліметтер бойынша платформаларды салыстыра кетсек, 1-кестеде платформалардың артықшылықтары мен негізгі ерекшеліктері берілген.

1-кесте. Жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары

Платформалар	**Бағыты**	**Негізгі ерекшеліктері**	**Артықшылықтары**
GitHub Copilot	Бағдарламалау	AI жұп бағдарламашы, кодты автоматты ұсыну (Codex негізінде)	Код жазуды жылдамдатады, оқытуды жеңілдетеді, практикалық көмек
Replit	Бағдарламалау	Онлайн IDE, ЖИ көмекшісі, браузерде жұмыс	Орнатусыз жұмыс, бір ортада код жазу/жариялау
Knewton	Адаптивті оқыту	Деректерді талдау, жеке оқу жолын құру	Әлсіз/күшті тұстарды анықтау, жеке ұсыныстар, нақты уақыттағы талдау
IBM Watson Education	Білім беру аналитикасы	Машиналық оқыту, деректер талдауы, интерактивті құралдар	Жекелендірілген оқу, мұғалімге көмек, оқу процесін басқару

Нәтижелер. Жасанды интеллектке негізделген платформалар оқушылардың когнитивтік (мысалы, оқу нәтижелерінің жақсаруы), жеке (мысалы, мотивацияның артуы) және әлеуметтік (мысалы, коммуникациялық дағдылардың дамуы) нәтижелеріне оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, мұғалімдер үшін де артықшылықтары бар, мысалы, тапсырмаларды оңтайландыру, уақытты үнемдеу және оқыту процесін жеңілдету. Бұл талдау маңызды, себебі жасанды интеллект құралдары студенттердің жеке дамуын қолдап, оқу тәжірибесін тиімдірек жасауға мүмкіндік береді. Осы әсерлерді түсіну педагогтар мен білім беру саясаты саласындағы мамандарға жасанды интеллект құралдарын оқу мақсаттарына сәйкес басымдықпен енгізуге көмектеседі [4]. Жасанды интеллект - бұл оқуға, ойлауға және қоршаған ортаға бейімделуге қабілетті жүйелерді құруға арналған технологиялар мен алгоритмдер жиынтығы. Ол білім беру процесін оңтайландыруға және жекелендіруге кең мүмкіндіктер ашады. Markets and Markets компаниясының зерттеу деректері бойынша, 2020 жылы әлемдік білім беру саласындағы ЖИ нарығы 1,1 млрд АҚШ долларын құраса, 2025 жылы оның көлемі 6,1 млрд

долларға дейін өсуі болжанып, жылдық өсім темпі (CAGR) 40,2% болады деп көрсетілген. Бұл көрсеткіштер ЖИ-ді білім беру саласында қолданудың үлкен әлеуетін және оның артықшылықтары мен тәуекелдерін тереңірек зерттеудің қажеттілігін айқын көрсетеді[3]. ЖИ енгізудің айқын артықшылықтарына қарамастан, бірқатар проблемалық аспектілер мен ықтимал тәуекелдер бар. Негізгі мәселенің бірі - ЖИ қолдануда этика мен ашықтықты қамтамасыз ету, себебі алгоритмдерде модельдерді үйрету кезінде әзірлеушілер енгізген алдын ала қалыптасқан көзқарастар мен дискриминациялық факторлар болуы мүмкін. Gallup компаниясының жүргізген сауалнамасына сәйкес, АҚШ азаматтарының 73%-ы білім беру контекстінде ЖИ қолданудың жеке деректерге теріс әсер етуінен алаңдауда.

Сондықтан, қазіргі таңда ЖИ-ді білім беру жүйесіне енгізудің оңтайлы стратегияларын іздеу маңызды мәселе болып отыр. Бұл стратегиялар артықшылықтар мен тәуекелдер арасындағы баланс сақтай отырып, процестің этикалық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін ескеруі қажет. Болашақта ЖИ-ді білім беру ортасына тиімді интеграциялау, сапаны бақылау мен реттеу механизмдерін қалыптастыру, сондай-ақ қоғамда ЖИ-дің рөлі мен орны туралы консенсус жасау үшін қосымша аралас салалық зерттеулер жүргізу қажет [3].

Қорытындылар. Жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары қазіргі білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Зерттеулер көрсеткендей, ЖИ технологиялары жекелендірілген оқытуды жүзеге асырып, оқу мазмұнын, қарқынын және әдістерін әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді [5]. Сонымен қатар, ЖИ негізіндегі жүйелер оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартып, олардың мотивациясын арттыруға және оқу процесінің тиімділігін жоғарылатуға ықпал етеді.

Алайда, ЖИ қолдану барысында деректер қауіпсіздігі, этикалық мәселелер және технологияға шамадан тыс тәуелділік сияқты бірқатар қиындықтар туындайды. Ғылыми еңбектерде ЖИ-ді білім беру жүйесіне енгізу кезінде мұғалімнің рөлі сақталуы және адам мен технология арасындағы тепе-теңдік қамтамасыз етілуі қажет екендігі атап өтіледі [5].

Жалпы алғанда, жасанды интеллект білім беру жүйесін трансформациялаудың қуатты құралы болып табылады. Олар оқу мазмұнын, қарқынын және әдістерін әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеп, оқу нәтижелерін жақсартуға, мотивацияны арттыруға және оқу процесінің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді[8]. Болашақта ЖИ технологияларын дұрыс және жауапты түрде енгізу арқылы білім беру сапасын арттыруға және әрбір оқушының жеке әлеуетін толық ашуға жағдай жасауға болады. Сонымен қатар, бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру және тиімді педагогикалық тәсілдермен ұштастыру білім беру жүйесінің тұрақты дамуына негіз болады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. А. Ж. Асамбаев Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір» 2011 ж. – 136 б.

2. Веретин Р.С. Анализ эффективности цифровых образовательных платформ с поддержкой искусственного интеллекта в школах россии // Московский городской педагогический университет, Москва, Россия, 2025

3. Кузьмин Н.Н., Глазунова И.Н., Чистякова Н.А. Внедрение искусственного интеллекта в образование: плюсы и минусы // Московский финансово-промышленный университет Синергия, Москва, Россия, 2025

4. Juan Garzón, Eddy Patiño, Camilo Marulanda Systematic Review of Artificial Intelligence in Education: Trends, Benefits, and Challenges // Faculty of Engineering, Universidad Católica de Oriente, Rionegro 054040, Colombia, 2025

5. Carlos Merino-Campos, The Impact of Artificial Intelligence on Personalized Learning in Higher Education: A Systematic Review // Department of Educational Sciences, Universidad de Alcalá, 28801 Alcalá de Henares, Madrid, Spain, 2025

6. Arghavan Moradi Dakhel, Vahid Majdinasab, Amin Nikanjam, Foutse Khomh, Michel C. Desmarais, Zhen Ming Jiang GitHub Copilot AI pair programmer: Asset or Liability? // Polytechnique Montreal, Montreal, Canada; York University, Toronto, Canada, 2023

7. Replit ресми парақшасы https://docs.replit.com/getting-started/intro-replit

8. Косоруков А.А. Платформы искусственного интеллекта в сфереобразования // Московский государственный университет имени М.В.Ломоносова, Москва, 2025

МРНТИ 28.23.15

МЕТОДЫ АВТОМАТИЧЕСКОЙ СЕГМЕНТАЦИИ КОСТНЫХ И ХРЯЩЕВЫХ ТКАНЕЙ КОЛЕННОГО СУСТАВА ПО ДАННЫМ МРТ

Маратов Е.Б., магистрант 1 курса
Астана халықаралық университеті, Астана, Казахстан
maratov.2003@gmail.com

Аннотация. В работе рассматривается задача автоматической сегментации костных и хрящевых тканей коленного сустава по данным магнитно-резонансной томографии (МРТ). В качестве источника данных использован открытый набор 3D Knee MRI Cartilage Segmentation, основанный на материалах Osteoarthritis Initiative (OAI), содержащий МРТ-срезы с попиксельной разметкой пяти анатомических классов: фон, бедренный хрящ, большеберцовый хрящ, костная ткань и дефекты хряща. Проведён разведочный анализ данных с извлечением 20 интерпретируемых признаков (интенсивностные, спектральные, текстурные GLCM, морфологические и клинические). Реализован базовый метод сегментации на основе порогового метода Otsu и морфологических операций (Dice 0.20–0.35). Построены и сравнены пять моделей классификации степени остеоартрита по шкале Kellgren–Lawrence: Logistic Regression, Random Forest, SVM, Decision Tree и KNN. Лучшая модель (Logistic Regression) достигла точности 75.22% (F1 = 75.19%). Также построена модель линейной регрессии для прогнозирования прогрессии остеоартрита с R^2 = 0.85 и RMSE = ±0.37%. Ключевыми предикторами являются ширина суставной щели, выраженность остеофитов и доля хрящевой ткани. Результаты подтверждают возможность применения методов машинного обучения для анализа МРТ-данных коленного сустава.

Ключевые слова: сегментация коленного сустава, МРТ, остеоартрит, машинное обучение, линейная регрессия, Random Forest, метод Otsu

Введение

Остеоартрит (ОА) коленного сустава является одним из наиболее распространённых дегенеративных заболеваний опорно-двигательного аппарата, затрагивающим более 250 миллионов человек по всему миру [18]. Магнитно-резонансная томография (МРТ) считается золотым стандартом визуализации мягких тканей сустава, позволяя оценивать состояние хрящевой ткани и костных структур без ионизирующего излучения.

Однако ручная сегментация МРТ-изображений трудоёмка: один МРТ-объём содержит 40–160 срезов. Архитектуры U-Net [1], nnU-Net [2] и TransUNet [3] достигают Dice > 0.85, но остаются проблемы: дисбаланс классов, размытые границы тканей на поздних стадиях ОА и потребность в комплексном анализе.

Цель исследования: разработка и оценка методов автоматической сегментации и анализа МРТ-изображений коленного сустава, включая

классификацию степени ОА по шкале Kellgren–Lawrence и прогнозирование прогрессии заболевания.

Одним из первых подходов к сегментации хрящевой ткани стало применение пороговых методов. Метод Otsu [4] позволяет автоматически определять порог бинаризации, однако имеет ограниченную точность при сегментации мягких тканей из-за низкого контраста. Текстурные признаки GLCM [9] дополняют интенсивностный анализ характеристиками матрицы совместной встречаемости.

Архитектура U-Net [1] стала прорывом в биомедицинской сегментации, достигая Dice 0.85–0.90 на хрящевой ткани [13]. Метод nnU-Net [2] автоматически подбирает архитектуру и параметры обучения (Dice 0.88–0.95). TransUNet [3] интегрирует Vision Transformer для учёта глобального контекста. Norman et al. [13] показали эффективность 2D U-Net для сегментации хряща и мениска.

Для классификации степени остеоартрита используется шкала Kellgren–Lawrence [5], определяющая пять степеней тяжести (KL 0–4). Методы Random Forest [8] и SVM применяются для классификации по KL-грейду [17]. В данной работе предлагается комплексный подход, объединяющий EDA, базовую сегментацию и модели ML.

Материалы и методы. Использован набор данных 3D Knee MRI Cartilage Segmentation (Kaggle/OAI): 1 733 МРТ-среза с разметкой 5 классов (фон, бедренный хрящ, большеберцовый хрящ, костная ткань, дефекты хряща). Дисбаланс: KL-0–KL-3 по ~400 объектов (23%), KL-4 — 133 объекта (7.67%).

Таблица 1 — Анатомические классы сегментации

Класс	Код	Описание
Фон	0	Нетканевые области
Бедренный хрящ	1	Хрящевая ткань бедренной кости
Большеберцовый хрящ	2	Хрящевая ткань большеберцовой кости
Костная ткань	3	Бедренная и большеберцовая кости
Дефекты хряща	4	Области повреждения хрящевой ткани

Из каждого МРТ-среза извлечены 20 интерпретируемых признаков [9, 12]: интенсивностные (mean, std, skew, kurtosis), спектральные (fft_mean), резкость (laplacian_var), границы (edge_density), текстурные GLCM (contrast, homogeneity, energy, correlation, entropy), морфологические (bone_area_ratio, cartilage_area_ratio, joint_space_width), клинические (osteophyte_score, sclerosis_index) и гистограммные (mean_gradient, hist_peak_pos, hist_spread).

Предварительная обработка включает удаление пропусков, нормализацию StandardScaler ($x' = (x - \mu) / \sigma$) и стратифицированное разбиение 80/20. Нормализация необходима для линейных моделей, так как масштабы признаков существенно различаются: mean_intensity $\in [90, 150]$, laplacian_var $\in [600, 1200]$.

Базовая сегментация реализована конвейером [4]: нормализация → порог Otsu → морфологическое закрытие → анализ связных компонент → присвоение классов по размеру компонент. Данный подход обеспечивает Dice 0.20–0.35, что существенно ниже нейросетевых методов [1, 2], но служит baseline.

Для классификации по KL-грейду обучены 5 моделей [7, 8]: Logistic Regression, Random Forest (300 деревьев), Decision Tree, SVM (RBF-ядро) и KNN (k=7). Для прогнозирования прогрессии OA построена линейная регрессия на основе клинически обоснованных признаков [18, 19].

Результаты вычислительного эксперимента. Анализ распределения признаков показал статистически значимые различия между классами KL-грейдов. Плотность границ (edge_density) снижается с увеличением тяжести OA: деградация хрящевой ткани приводит к потере чётких анатомических границ. Дисперсия лапласиана (laplacian_var) также уменьшается при прогрессировании заболевания.

Корреляционный анализ выявил наибольшую связь с KL-грейдом у признаков joint_space_width, osteophyte_score и cartilage_area_ratio. Внутри группы текстурных признаков GLCM обнаружена мультиколлинеарность: корреляция между energy и homogeneity достигает r ≈ 0.9. PCA-проекция показала частичное перекрытие классов KL-0 — KL-4, что указывает на необходимость нелинейных моделей.



Рисунок 1 — Распределение классов по степеням остеоартрита (KL-grade)

Таблица 2 — Результаты классификации по KL-грейду

Модель	**Accuracy**	**Precision**	**Recall**	**F1**
Logistic Regression	75.22%	75.61%	75.22%	75.19%
SVM	74.06%	74.64%	74.06%	73.96%
Random Forest	71.47%	73.69%	71.47%	70.36%
KNN	63.11%	63.33%	63.11%	61.60%
Decision Tree	54.18%	54.34%	54.18%	54.19%

Logistic Regression показала лучший результат (F1 = 75.19%). SVM — сопоставимый (74.06%). Decision Tree переобучился на 20 признаках (54.18%)
.



Рисунок 2 — Confusion matrices: Logistic Regression vs Random Forest

Анализ важности признаков модели Random Forest показал, что наибольший вклад в классификацию вносят клинически значимые морфологические признаки: joint_space_width (ширина суставной щели), osteophyte_score (остеофиты) и cartilage_area_ratio (доля хрящевой ткани). Базовые статистики интенсивности оказались наименее значимыми.



Рисунок 3 — Важность признаков модели Random Forest

Таблица 3 — Метрики модели линейной регрессии

Метрика	**Значение**	**Интерпретация**
R^2	0.8492	Модель объясняет 84.9% вариации
RMSE	±0.37%	Средняя ошибка предсказания
MAE	0.29%	Средняя абсолютная ошибка

Ключевые факторы прогрессии: osteophyte_score (+0.38), sclerosis_index (+0.34), joint_space_width (−0.32). Сужение суставной щели и выраженность остеофитов — главные предикторы ускоренной прогрессии ОА.

Результаты. Полученные результаты демонстрируют возможность использования методов машинного обучения для комплексного анализа МРТ-данных коленного сустава. Logistic Regression достигает наибольшей точности (75.22%), близкий результат SVM (74.06%) подтверждает хорошую линейную разделимость после нормализации. Модель линейной регрессии показала $R^2 = 0.85$.

Ширина суставной щели, выраженность остеофитов и доля хрящевой ткани являются ключевыми предикторами как для классификации, так и для прогнозирования, что согласуется с клиническими наблюдениями [5, 18]. Ограничения исследования: дисбаланс класса KL-4 (7.67%), моделированная целевая переменная регрессии, низкий Dice базовой сегментации (0.20–0.35). Перспективными направлениями являются реализация U-Net/nnU-Net [1, 2], 3D-волюметрическая сегментация и валидация на продольных данных OAI [6].

Выводы

В данной работе рассмотрена задача автоматической сегментации и анализа МРТ-изображений коленного сустава. Проведён разведочный анализ с извлечением 20 признаков, реализована базовая сегментация (Dice 0.20–0.35) и построены модели классификации (Logistic Regression: Accuracy = 75.22%, F1 = 75.19%) и регрессии ($R^2 = 0.85$, RMSE = ±0.37%). В дальнейшем планируется реализация U-Net/nnU-Net, переход к 3D-анализу и валидация на данных OAI.

Список использованных источников:

1. Ronneberger O., Fischer P., Brox T. U-Net: Convolutional Networks for Biomedical Image Segmentation // MICCAI, 2015.

2. Isensee F., Jaeger P., Kohl S. et al. nnU-Net: a self-configuring method for deep learning-based biomedical image segmentation // Nature Methods, 2021.

3. Chen J., Lu Y., Yu Q. et al. TransUNet: Transformers Make Strong Encoders for Medical Image Segmentation // arXiv:2102.04306, 2021.

4. Otsu N. A threshold selection method from gray-level histograms // IEEE Trans. Systems, Man, and Cybernetics, 1979.

5. Kellgren J.H., Lawrence J.S. Radiological assessment of osteo-arthrosis // Annals of the Rheumatic Diseases, 1957.

6. Osteoarthritis Initiative (OAI). NIAMS. https://nda.nih.gov/oai/

7. Pedregosa F. et al. Scikit-learn: Machine Learning in Python // JMLR, 2011.

8. Breiman L. Random Forests // Machine Learning, 2001.

9. Haralick R.M. et al. Textural Features for Image Classification // IEEE Trans. SMC, 1973.

10. McKinney W. Data Structures for Statistical Computing in Python // Proc. 9th Python in Science Conf., 2010.

11. Hunter J.D. Matplotlib: A 2D Graphics Environment // Computing in Science & Engineering, 2007.

12. Bradski G. The OpenCV Library // Dr. Dobb's Journal, 2000.

13. Norman B., Pedoia V., Majumdar S. Use of 2D U-Net for automated cartilage and meniscus segmentation of knee MR imaging data // Radiology, 2018.

14. Ambellan F. et al. Automated segmentation of knee bone and cartilage combining statistical shape knowledge and CNNs // Medical Image Analysis, 2019.

15. Liu F. et al. Deep CNN and 3D deformable approach for tissue segmentation in musculoskeletal MRI // Magnetic Resonance in Medicine, 2018.

16. Panfilov E. et al. Deep learning-based segmentation of knee MRI for automatic morphological assessment of cartilage // Osteoarthritis and Cartilage, 2022.

17. Tiulpin A. et al. Automatic knee osteoarthritis diagnosis from plain radiographs: A deep learning-based approach // Scientific Reports, 2018.

18. Eckstein F., Wirth W., Nevitt M. Recent advances in osteoarthritis imaging — the OAI // Nature Reviews Rheumatology, 2012.

19. Wirth W., Eckstein F. A technique for regional analysis of femorotibial cartilage thickness based on quantitative MRI // IEEE Trans. Med. Imaging, 2008.

20. 3D Knee MRI Cartilage Segmentation Dataset // Kaggle.

ҒТАМА 28.23.01

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМІ: ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ ПЕДАГОГТЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ

Мырзаева Ж.Л., техникалық ғылымдар магистрі; **Амантай А.Е.,**
6В01501 Информатика білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
myrzayeva.zhansaya1989@gmail.com, aaulymhalyk789@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада жасанды интеллект дәуіріндегі педагог бейнесінің өзгеруі жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесі цифрландыру мен озық технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде түбегейлі трансформацияға ұшырап отыр. Осы тұрғыда жасанды интеллекттің білім беру процесіндегі рөлі, атап айтқанда оқытуды жекелендіру, білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімделген оқу траекторияларын құру, әкімшілік тапсырмаларды автоматтандыру және оқу тиімділігін арттыру мүмкіндіктері терең талданады. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдарының мұғалімдердің кәсіби қызметіне әсері, олардың педагогикалық әдістерін жаңғыртудағы маңызы да қарастырылады.Мақалада жасанды интеллекттің білім беру саласына ықпалы жан-жақты сараланып, оның негізгі артықшылықтары мен шектеулері айқындалады. Атап айтқанда, деректерге негізделген оқыту, уақыт үнемдеу, білім сапасын арттыру мүмкіндіктерімен қатар, технологияға тәуелділік, этикалық мәселелер және мұғалімнің рөлінің өзгеруі сияқты өзекті мәселелер қозғалады. Зерттеу нәтижелері педагогиканың болашағы жасанды интеллектпен тығыз байланысты екенін, ал мұғалімнің рөлі тек білім беруші ғана емес, бағыттаушы, фасилитатор және цифрлық ортада тиімді жұмыс істейтін маман ретінде жаңа деңгейге көтерілетінін көрсетеді. Сонымен бірге, болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту қажеттілігі ерекше атап өтіледі.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, білім беру, педагогика, цифрландыру, жекелендірілген оқыту, адаптативті оқу, мұғалім рөлі, білім беру технологиялары

Кіріспе. Қазіргі даму кезеңі ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллекттің экзистенциалды қарқынымен сипатталатын жаңа цифрлық парадигманың қалыптасу дәуірі. Бұл технологиялық трансформация қоғамдық институттардың барлық деңгейлерін, соның ішінде білім беру жүйесін түбегейлі реформалауда. Бүгінгі таңда білім алу процесі институционалдық шеңберден шығып, жаһандық цифрлық ресурстардың қолжетімділігі арқылы автономиялық сипатқа ие болуда. Осы орайда, педагогтың дәстүрлі «ақпаратты трансляциялаушы» ретіндегі редукцияланған рөлі өз өзектілігін жоғалтып, жаңа кәсіби функциялардың пайда болуына алып келді.

Мәселен, белгілі сарапшы Андреас Шляйхер білім беру жүйесінің болашағын статикалық ақпаратты меңгеруде емес, оқушыларды трансверсалды дағдыларға бейімдеу мен динамикалық әлемде өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін дамытуда деп қарастырады.[7] Осыған үндес пікір білдіретін Йонг Чжао цифрлық дәуірде стандартталған оқытудан бас тартып, әрбір білім алушының өзіндік ерекшеліктерін ескеретін жекелендірілген оқыту моделінің маңыздылығын негіздейді.[2] Осы бағытта ЮНЕСКО ұйымының баяндамаларында да жасанды интеллекттің білім беру сапасын арттырудағы әлеуеті айқындалып, оны этикалық тұрғыда тиімді қолданудың маңыздылығы атап көрсетілген.[8]

Жасанды интеллекттің педагогикалық ортаға интеграциялануы мұғалім бейнесін оқыту процесін ұйымдастырушы тьютор мен бағыт беруші ментор ретінде қайта қарастыруды талап етеді. Осыған орай, ұсынылып отырған мақаланың мақсаты жасанды интеллект жағдайында педагог рөлінің трансформациялану ерекшеліктерін кешенді түрде талдау және болашақ білім беру моделіндегі мұғалімнің стратегиялық даму бағыттарын айқындау болып табылады.

Материалдар мен тәсілдер. Жасанды интеллекттің (ЖИ) тарихи тамыры XI ғасырдағы Раймунд Луллийдің алғашқы модельдеу әрекеттерінен бастау алып, 1956 жылы Стэнфорд семинарында ресми термин ретінде бекітілгеннен бері нейрокибернетикалық бағытта қарқынды дамып келеді.[4] Қазіргі цифрлық парадигма жағдайында бұл технология білім беру саласының архитектоникасын түбегейлі өзгертуде. ЖИ-дің педагогикалық қызметке интеграциялануы оқыту әдістерін жаңартып, күнделікті рутиндік тапсырмаларды автоматтандыру арқылы оқу бағдарламаларын жекелендіруге жол ашты. Мәселен, бағалау жүйесі мен материалдарды іріктеу процестерін ЖИ-ге сеніп тапсыру мұғалімнің уақытын үнемдеп, оның оқушымен тікелей шығармашылық байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Бұл ретте белгілі сарапшы Андреас Шляйхердің зерттеулері ЖИ-дің әр білім алушының қабілетіне қарай бейімделетін «адаптивті оқыту» әлеуетін растайды.[7] Алайда, ЖИ-ді шексіз ресурс ретінде қарастыруға болмайды; ол тек деректер негізінде жұмыс істейтіндіктен, білім берудегі эмоционалдық интеллект, мотивация және тұлғааралық қарым-қатынас сияқты фундаменталды факторларды алмастыра алмайды. Жүйенің алгоритмдік қателіктерге бейімділігі педагогтың сараптамалық рөлінің маңыздылығын арттыра түседі. Осылайша, қазіргі мұғалімнің жаңа бейнесі ақпаратты трансляциялаушы емес, ЖИ мүмкіндіктерін этикалық және әдістемелік тұрғыдан үйлестіретін стратегиялық ментор ретінде қалыптасуда. Бұл трансформативті процесс білім беру сапасын арттырып қана қоймай, болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін жаңа биікке көтереді.

Нәтижелер. Дәстүрлі және қазіргі педагогикалық модельдерді дифференциациялау барысында антропоцентристік парадигманың күшеюін және білім берудің философиялық негіздерінің трансформациясын атап өткен жөн. Егер классикалық жүйеде оқыту процесі «дайын өнімді» репродуктивті

жолмен берумен шектелсе, заманауи білім беру кеңістігінде педагог архитектуралық-дизайнерлік рөлге ие болып, күрделі когнитивті экожүйелерді жобалайды. Жасанды интеллект технологияларының білім беру саласына терең енуі мұғалімнің функциясын алмастыру емес, оның интеллектуалдық мүмкіндіктерін кеңейтетін когнитивті серіктестік моделін қалыптастырды. Осы орайда, қазіргі педагогтың кәсіби бейнесіндегі маңызды вектор деректерге негізделген оқыту (Data-Driven Instruction) парадигмасына көшу. ЖИ құралдары білім алушының оқу белсенділігі мен метакогнитивті дамуына терең аналитика жасауға мүмкіндік беріп, мұғалімді техникалық рутинадан босатады, нәтижесінде педагог назарын оқушының эмоционалдық интеллекті мен құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағыттайды. Бұл ретте мұғалім ақпарат таратушы субъектіден білімді бірлесіп құрастырушы (co-creator) және трансдисциплинарлық синтез жасаушы стратегиялық тұлға деңгейіне көтеріледі. Сонымен қатар, цифрлық трансформация жағдайындағы педагогикалық этика мен киберпедагогика мәселелері мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Осылайша, педагог бейнесінің эволюциясы білім берудің жай ғана технологиялық жаңғыруы емес, тұлғаның интеллектуалдық капиталын қалыптастырудағы адам мен технологияның симбиозына негізделген жаңа әлеуметтік-мәдени феномен ретінде айқындалады. Мұндай сапалық өсім мұғалімнің қоғамдағы мәртебесін инновациялық процестердің негізгі драйвері ретінде қайта бекітеді.

1- сызба. Жасанды интеллект жағдайындағы педагогиканың болашағы

Жалпы алғанда, жасанды интеллекттің қарқынды дамуы жағдайындағы педагогиканың болашағы анағұрлым тиімді, қолжетімді және терең жекелендірілген білім беру парадигмасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл процесс білім беруді цифрландыру ғана емес, оқытудың мазмұны мен формасын түбегейлі қайта құрылымдауды көздейді. Технологиялық прогресс мұғалімнің функционалдық міндеттерін техникалық және ақпараттық жүктемеден босатып, оның тәлімгер (ментор) ретіндегі антропоцентристік маңыздылығын бұрынғыдан да айқындай түседі. Болашақтың педагогикалық моделінде жасанды интеллект когнитивті ассистент рөлін атқарып, білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген алгоритмдерді ұсынса, педагог осы процестің стратегиялық кураторы, моральдық-этикалық бағдаршамы және эмоционалдық қолдаушысы ретінде әрекет етеді. Педагог бейнесінің бұл эволюциясы білім берудің жай ғана ақпарат алмасу емес, адамның ішкі потенциалын ашуға бағытталған күрделі әлеуметтік-мәдени процесс екенін дәлелдейді. Бұл трансформациялық кезеңде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен гуманистік ұстанымы білім беру жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігінің кепілі болып қала береді.

Қорытындылар. Зерттеу нәтижелерін жинақтай келе, жасанды интеллект дәуіріндегі білім беру парадигмасы педагог мәртебесін төмендетпейді, керісінше оның кәсіби бейнесін жаңа интеллектуалдық деңгейге трансформациялайды деген Қорытындыларға келеміз. Андреас Шляйхер мен Йонг Чжао сияқты жетекші сарапшылардың тұжырымдамалары ЖИ-дің алгоритмдік мүмкіндіктері мен мұғалімнің эмоционалдық интеллектісі арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын айқындап берді. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, ЖИ технологиялары рутиндік тапсырмаларды 40%-ға дейін автоматтандыру арқылы оқытуды жекелендіруге (90% дәлдікпен) жол ашады. Бұл үдеріс мұғалімнің рөлін «ақпарат таратушыдан» стратегиялық ментор мен фасилитатор деңгейіне трансформациялайды.

Дегенмен, ЖИ интеграциясы этикалық аспектілерді, деректерді қорғауды және алгоритмдік біржақтылықтың алдын алуды қажет ететін жаңа стандарттарды талап етеді. Болашақ педагогы үшін аналитикалық жүйелермен жұмыс істеу және деректерді интерпретациялау базалық құзыреттілікке айналмақ. Зерттеу барысында анықталғандай, білім берудегі технологиялық прогресс тек адам факторы мен гуманистік мазмұн сақталған жағдайда ғана тиімді болмақ. Сонымен, жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалім бейнесі жоғары технологиялық құралдарды еркін меңгерген, бірақ оқушының тұлғалық дамуын, моральдық құндылықтары мен эмоционалдық тұрақтылығын басты орынға қоятын «цифрлық дәуірдің сәулетшісі». Бұл ғылыми нәтижелер ЖИ мен педагогтың симбиозы болашақ білім беру жүйесінің сапалық ілгерілеуінің негізгі кепілі екенін айғақтайды. Нәтижесінде, технологиялық инновациялар мен дәстүрлі гуманистік құндылықтардың осындай үйлесімді симбиозы заманауи білім беру

кеңістігінің тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін іргелі факторға айналады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Видова Т.А. Возможности применения технологий искусственного интеллекта в образовательном процессе / Т.А. Видова, И.Н. Романова // Образовательные ресурсы и технологии. – 2023. – № 1 (42). – С. 27-35. – URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=52519316
2. Zhao Y. Artificial intelligence and education: End the grammar of schooling // *ECNU Review of Education*. 2024. – URL: https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/20965311241265124
3. Ажыкулов С.М. Искусственный интеллект в сфере образования / С.М. Ажыкулов // Архонт – 2024. – № 4 (43). – С. 44-48. – URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=69207766
4. Ясницкий Л. Н., Черепанов Ф. М. Искусственный интеллект. Элективный курс: Методическое пособие по преподаванию. М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2011.
5. Ясницкий Л. Н. Интеллектуальные информационные технологии и системы / Пермь: Изд-во Перм. ун-та, 2007.
6. Ясницкий Л. Н. Пермская научная школа искусственного интеллекта и ее инновационные проекты / Под ред.
7. Schleicher A. World Class: How to Build a 21st-Century School System. – Paris: OECD Publishing, 2018.
8. UNESCO. *Guidance for generative AI in education and research*. – Paris: UNESCO, 2023. – URL: https://unesdoc.unesco.org

МРНТИ 28.17.31

МУЛЬТИАГЕНТНЫЕ СИСТЕМЫ ДЛЯ АВТОМАТИЧЕСКОЙ ОПТИМИЗАЦИИ УЧЕБНОГО РАСПИСАНИЯ В ВУЗЕ

Медеубаев А.А., Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
alnurmedeubaev1337@gmail.com

Аннотация. Проблема составления расписания в образовательных учреждениях относится к классу NP-полных задач комбинаторной оптимизации, характеризующихся высокой вычислительной сложностью и наличием множества жёстких и мягких ограничений. Традиционные централизованные методы часто оказываются неэффективными в условиях динамически изменяющихся требований и форс-мажорных обстоятельств. В данной статье рассматривается разработка и применение мультиагентной системы (МАС) для автоматизации и оптимизации процесса составления расписания занятий.

В работе использованы методы агентно-ориентированного программирования, протокол переговоров Contract Net Protocol, а также эвристические алгоритмы оценки полезности. Разработанная архитектура включает три типа агентов: агент-группа, агент-преподаватель и агент-аудитория, взаимодействующих в децентрализованной среде.

Результаты имитационного моделирования показали, что предложенный подход позволяет снизить количество конфликтов в расписании на 18% по сравнению с классическими генетическими алгоритмами и сократить время поиска решения на 25%. Особую значимость представляет способность системы к локальной реадаптации расписания без полного пересчёта при возникновении локальных изменений (например, болезнь преподавателя). Полученные результаты могут быть применены для внедрения в информационные системы управления вузами.

Ключевые слова: мультиагентные системы, составление расписания, оптимизация, интеллектуальные агенты, Contract Net Protocol, NP-полная задача, автоматизация вуза.

Введение. Составление расписания занятий в крупных университетах представляет собой сложную задачу ресурсного планирования, которая непосредственно влияет на качество образовательного процесса и эффективность использования аудиторного фонда. Традиционно эта задача решается либо вручную диспетчерами, что трудоёмко и влечёт человеческие ошибки, либо с помощью централизованных алгоритмов (линейное программирование, раскраска графов).

Однако классические подходы обладают существенным недостатком: они статичны. Любое изменение вводных данных (например, ремонт

аудитории или изменение нагрузки кафедры) часто требует полного или частичного пересчёта всего расписания, что вычислительно затратно и неудобно.

Аннотация. Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту үдерісін түбегейлі өзгертті. Онлайн оқыту платформалары білім алушылар үшін оқу материалдарына қолжетімділікті жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар оқытушылармен кері байланыс орнатуға және тапсырмаларды орындауға кең мүмкіндіктер береді. Алайда, мұндай жүйелерде пайдаланушылардың дербес деректерінің сақталуы олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін ерекше өзекті етеді. Бұл мақалада білім беру платформаларындағы деректер қауіпсіздігінің қазіргі жағдайы, негізгі киберқауіптердің сипаттамасы және олардан қорғанудың тиімді тәсілдері талданады. Ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау жасалып, онлайн білім беру ортасындағы ақпараттық қауіпсіздіктің маңыздылығы айқындалды. Сонымен қатар білім беру платформаларында жиі кездесетін кибершабуыл түрлері, мысалы фишинг, зиянды бағдарламалар және кіру мәселелері қарастырылып, бұл жағдайлардан қорғану жолдары көрсетіледі. Нәтижесінде Деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тек техникалық емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық және білім беру шараларын бірге қолдану қажет екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: деректер қауіпсіздігі, білім беру платформалары, киберқауіпсіздік, онлайн білім беру, ақпараттық қауіпсіздік

Кіріспе

Ақпараттық технологиялардың дамуы білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер алып келді. Қазіргі таңда көптеген оқу орындары оқу процесін ұйымдастыру үшін түрлі цифрлық платформаларды пайдаланады. Онлайн оқыту жүйелері білім алушылар мен оқытушыларға қашықтан білім алуға және оқу материалдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осындай платформалар сабақтарды кез келген уақытта қайталап қарап, қиын түсінген материалдарды қайтадан меңгеруге үлкен мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мұндай жүйелерде көптеген деректер сақталады. Цифрлық білім беру ортасында студенттердің жеке мәліметтері, оқу нәтижелері, бағалар, тапсырмалар және басқа да ақпараттар жүйеде сақталады [1]. Білім беру процесінде қолданылатын цифрлық платформаларда тапсырмалар мен бағалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі болып табылады, себебі ақпараттың жеткілікті деңгейде

қорғалмауы жеке деректердің бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекше маңызға ие.

Материалдар мен әдістер. Онлайн білім беру жүйесінің дамуы жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа қауіптерді де туындатады [2]. Мысалы, кибершабуылдар, фишинг, деректердің ұрлануы және жүйеге рұқсатсыз қол жеткізу сияқты қауіптер жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда студенттердің қауіпсіздікке деген мәдениетін қалыптастыру өте маңызды, өйткені тек техникалық құралдармен шектелу жеткіліксіз.

Бұл мәселені көптеген шетелдік және отандық ғалымдар зерттеген. Мысалы, Zarifa Sadiqzade және Hasan Alisoy өз еңбектерінде онлайн білім беру жүйелеріндегі негізгі қауіптерді талдап, деректердің қорғалмауы студенттердің жеке ақпаратына үлкен қауіп төндіретінін атап көрсетеді. Олар кибершабуылдар мен ақпараттың таралу қаупі білім беру платформаларының әлсіз қорғалуымен тікелей байланысты екенін дәлелдейді.

Ал Hamed Taherdoost пен Reismary Armas зерттеулерінде жоғары оқу орындарында киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылған. Олардың пікірінше, тек техникалық қорғаныс шаралары жеткіліксіз, сонымен қатар пайдаланушылардың (студенттер мен оқытушылардың) қауіпсіздік туралы білімін арттыру қажет.

Сонымен қатар Fadi Thabtah және Joan Lu цифрлық білім беру жүйелерінде деректерді қорғау әдістерін зерттеп, қауіпсіздік саясаты мен бақылау жүйелерін жетілдірудің маңыздылығын көрсеткен. Олар білім беру платформаларында аутентификация, шифрлау және қол жеткізуді басқару механизмдерін енгізу қажет екенін ұсынады.

Аталған ғалымдардың зерттеулері білім беру платформаларындағы деректер қауіпсіздігі тек техникалық мәселе ғана емес, сонымен қатар педагогикалық және ұйымдастырушылық мәселе екенін дәлелдейді. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс.



Диаграмма 1. Киберқауіптердің таралу пайызы онлайн білім беру платформаларында

Білім беру платформалары – оқыту процесін ұйымдастыруға арналған цифрлық жүйелер. Мұндай платформалар арқылы оқу материалдарын тарату, студенттердің тапсырмаларын қабылдау және олардың оқу нәтижелерін бағалау жүзеге асырылады. Менің тәжірибемде Moodle және Google Classroom платформалары оқу материалдарын жинақтап, тапсырмаларды орындау барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі. Бұл студент ретінде маған сабаққа дайындалуды әлдеқайда жеңілдетеді.

Цифрлық платформалар оқушылардың оқу нәтижелерін бақылауға және олардың білім деңгейін талдауға мүмкіндік береді [3]. Мұғалімдерімнің осы жүйелер арқылы оқу үлгерімді бақылайтынын байқап, қажетті жағдайда қосымша материалдар алуға мүмкіндік туады. Дегенмен, тек платформалармен шектелу жеткіліксіз – оқушылардың өздері де деректерді қорғау және қауіпсіздік ережелерін білуі керек.

Білім беру платформалары және олардың ерекшеліктері

Білім беру платформалары — оқыту процесін ұйымдастыруға арналған цифрлық жүйелер. Олар арқылы оқу материалдарын тарату, студенттердің тапсырмаларын қабылдау және оқу нәтижелерін бағалау жүзеге асырылады. Бұл платформалар оқытушы мен студент арасындағы байланысты жеңілдетіп, оқу процесін тиімді етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, Moodle, Google Classroom, Coursera және Blackboard сияқты платформалар оқыту процесін жеңілдетіп, студенттердің оқу материалдарына кез келген уақытта қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай платформалар студенттердің оқу нәтижелерін бақылауға және олардың білім деңгейін талдауға мүмкіндік береді [2]. Google Classroom-ды пайдаланғанда, тапсырмаларды бір жерден жинақтап, кестеге сәйкес орындау жеңіл болатынын байқадым. Бұл платформалар әсіресе қашықтан оқыту кезінде уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Алайда, білім беру платформаларында көптеген пайдаланушылардың деректері сақталатындықтан, олардың қауіпсіздігі ерекше назар аударуды талап етеді. Студенттердің жеке мәліметтері, бағалары, тапсырмалары және басқа да ақпараттар дұрыс қорғалмаса, жеке өмірге қатысты қауіп туындауы мүмкін.

Нәтижелер. Білім беру платформаларындағы киберқауіптер. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, онлайн білім беру жүйелері кибершабуылдарға жиі ұшырайтын сала болып табылады. Онда деректердің ұрлануы, фишинг шабуылдары, зиянды бағдарламалар мен рұқсатсыз қол жеткізу сияқты қауіптер кездеседі [3].

Кибершабуылдардың кең таралуы онлайн білім беру платформаларын қылмыскерлер үшін тартымды нысанға айналдырады. Мұндай жағдайда платформаны дұрыс пайдалану, сенімді парольдер қолдану және жеке

мәліметтерді тек қажетті ақпаратпен шектеп бөлісу өте маңызды. Бұл студенттердің жеке өміріне қауіп төнбеуі үшін маңызды шара болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдары деректерді қорғау үшін арнайы қауіпсіздік шараларын қолдануы қажет [1].

Білім беру платформаларында деректерді қорғау үшін бірнеше тәсілдер қолданылады:

1. **Қауіпсіз аутентификация әдістері**: екі факторлы аутентификация пайдаланушылардың жүйеге қауіпсіз кіруін қамтамасыз етеді. Аутентификацияның бірнеше түрі қолданылады: бір факторлы аутентификация тек парольді пайдаланса, екі факторлы аутентификация пароль мен SMS арқылы келетін кодты қатар талап етеді. Көп факторлы аутентификация одан да күрделірек – пароль, SMS және саусақ ізі немесе бет тану секілді биометриялық деректерді қатар тексереді. Сонымен қатар арнайы қосымшалар (Google Authenticator) арқылы уақытша кодтар алу әдісі де кең таралған. Студенттер мен оқытушылар өздерінің жеке кабинеттеріне кіру кезінде осы мүмкіндіктерді пайдалануы маңызды.Студенттерге жеке аккаунттардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау маңызды.
2. **Деректерді шифрлау технологиялары**: ақпаратты үшінші тұлғалардың қол жеткізуінен қорғайды және құпиялылықты сақтауға мүмкіндік береді. Шифрлаудың негізгі екі түрі бар: симметриялық және асимметриялық шифрлау. Симметриялық шифрлауда деректерді шифрлау және оқу үшін бір ғана кілт қолданылса, асимметриялық шифрлауда екі түрлі кілт – ашық және жабық кілт пайдаланылады. Қолданылу орнына қарай да екіге бөлінеді: деректерді сақтау кезіндегі шифрлау (мысалы, сервердегі мәліметтер) және деректерді жіберу кезіндегі шифрлау (мысалы, HTTPS протоколы арқылы интернетте тасымалданатын ақпарат). Осының арқасында пайдаланушылардың жеке мәліметтері бөгде көздерден қорғалады.
3. **Пайдаланушылардың киберқауіпсіздік білімін арттыру**: егер студенттер мен мұғалімдер қауіпсіздік ережелерін сақтаса, кибершабуылдардың алдын алуға болады. Білім арттыру жұмыстары бірнеше бағытта жүргізіледі. Пассивті оқыту әдістеріне нұсқаулықтар, жадынамалар, бейнероликтер мен буклеттер тарату жатады. Активті оқыту әдістері тренингтер, семинарлар, вебинарлар өткізуді қамтиды. Ал симуляциялық оқыту әдісінде пайдаланушыларға жасанды фишингтік хаттар жіберіліп, олардың нақты жағдайда қалай әрекет ететіні тексеріледі. Сонымен қатар, арнайы тестілеу жүргізу арқылы пайдаланушылардың алған білімдерін бақылауға болады. Бұл шаралардың барлығы адам факторынан болатын қауіптерді төмендетуге көмектеседі.

Қорытындылар.

Жоғарыда көрсеткендей, тек техникалық тәсілдер ғана емес, сонымен қатар құқықтық және ұйымдастырушылық шараларды қолдану да деректер қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөл атқарады [3].

Білім беру платформаларындағы деректер қауіпсіздігі — қазіргі білім беру жүйесінің маңызды мәселелерінің бірі. Онлайн білім беру жүйелері көптеген мүмкіндіктер ұсынғанымен, деректердің қорғалуы басты назарда болуы тиіс.

Нәтижелері көрсеткендей, білім беру ұйымдары деректерді қорғау үшін техникалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шараларды бірге қолдануы керек. Сонымен қатар пайдаланушылардың киберқауіпсіздік туралы білімін арттыру да маңызды. Бұл шаралар білім беру платформаларын сенімді, тиімді және қауіпсіз етуге бағытталған.

Болашақта білім беру платформаларын дамыту барысында ақпараттық қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінуі қажет. Бұл студенттердің жеке деректерін қорғауға және білім беру жүйесінің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Sadiqzade Z., Alisoy H. Cybersecurity and Online Education – Risks and Solutions.https://egarp.lt/index.php/LUMIN/article/view/143.
2. Yaseen K. A. Digital Education: The Cybersecurity Challenges in the Online Classroom.https://ajcst.co/index.php/ajcst/article/view/3450
3. Bykov V., Burov O., Dementievska N. Cyber Security in a Digital Learning Environment. https://journal.iitta.gov.ua/index.php/itlt/article/view/2876

ҒТАМА: 14.35.09

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – МҰҒАЛІМНІҢ ТИІМДІ ЦИФРЛЫҚ КӨМЕКШІСІ

Ұйбағарова Н.Т., 6В01501-Информатика мамандығының 2-курс студенті, стана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, **Жамалова С.А.,** педагогика ғылымдарының магистрі;
samal_72_ark@mail.ru, uibagarovan@gmail.com

Аннотация. Мақалада Жасанды Интеллект (ЖИ) технологиялардың, информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби қызметіне әсері қарастырылады. Зерттеудің басты мақсаты – ЖИ-ті мұғалім көмекшісі ретінде таныстырып, оны информатика пәні бойынша мүмкіндіктері мен оқу процесін жеңілдетуінің мүмкіндіктерін қарастыру. Сауалнама әдістері мен қатар тәжірибелік бақылауы қолданылады. Нәтижесінде ЖИ-нің басты артықшылықтары ретінде күрделі санаған түсініктерді жеңілдету, уақытты үнемдеу, ал тәуелділіктері ретінде ақпараттардың дәлелді еместігі мен қатар сыни ойлау дағдысының нашарлау болуы анықталады. Қорытындылар лай келе ЖИ-ны білім беруге енгізуде – ақпаратты тексеру, сыни талдауды дамытумен қатар мұғалімнің басшылық етуін сақтау ұсынылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясына практикалық құндылығымен қатар педагогикалық кадрларды даярлауға арналған ұсыныстарды қамтиды. ЖИ-ды тиімді пайдалану үшін мұғалімнің жетекші рөлін сақтау және ақпаратты тексеру қажеттігі ұсынылады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, цифрлық білім беру, педагогикалық технологиялар, цифрлық сауаттылық, мұғалім көмекшісі

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында трансформациялану үстінде. Ақпараттық қоғамның дамуы білім беру мазмұны мен оқыту әдістерін жаңартуды талап етеді. Жасанды интеллект технологиялары педагогикалық үдерістердің тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде қарастырылуда.

Жасанды интеллект ұғымы компьютерлік жүйелердің адам интеллектіне ұқсас функцияларды орындау қабілетімен сипатталады. Білім беру саласында ЖИ технологиялары интеллектуалды оқыт ужүйелерін, виртуалды ассистенттерді және автоматтандырылған бағалау құралдарын дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллектті мұғалімнің көмекші құралы ретінде қарастыру және оның оқу процесіндегі тиімділігі мен шектеулерін анықтау. Зерттеу объектісі – білім беру жүйесіндегі цифрлық технологиялар, ал зерттеупәні – ЖИ құралдарының педагогикалық қолданылуы.

Зерттеу өзектілігі Қазақстан Республикасының білім беру саласын цифрландыру саясатына негізделеді. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында цифрлық технологияларды қолдану білім сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Қазақстанның "Цифрлық Қазақстан" ұлттық бағдарламасы аясында білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы жүзеге асырылуда [1]. Бұл жұмыс бойынша Жасанды интеллект құралдарының білім берудегі интеграциясы тек технологиялық тұрғыдан ғана емес, педагогикалық парадигманың өзгеруінде білдіреді. Дегенмен, технологиялардың қолжетімді болуы оның тиімді қолданумен қатар қауіпсіздігін қамтамасыз етпейді. Қазіргі кезде зерттеушілер мен мұғалімдер ЖИ-ның білім беру саласындағы нақты орны туралы сұрақтарды қояды: жасанды интеллект толығымен мұғалімді толығымен алмастыра алады ма? Оқушылардың сыни ойлауына әсері қандай?

ЖИ құралдарының, сөйлеуші боттардың болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі рөлін анықтау мен олардың сабақ беру процесінде қандай тиімді тәсілдерін қолданатындығын түсіндіру.

Жұмыстың міндеттері:

1. Жасанды интелекттің білім беруде мұғалімге білім берудегі көмекші рөлі туралы ғылыми көзқарастарды қысқаша талдау.
2. Жасанды интелекттің білім беру процесінде қалай пайдалануға болатынын тәжірибелік бақылаулармен студенттер арасындағы сауалнамалар негізінде сипаттау.
3. Жасанды интелекттің білім беруде пайдаланудың артықшылықтары мен тәуелділіктерін жүйелеу.

Жасанды интеллектінің білім беруде қолдануы жаңадан туған процес емес. Бұл сала бірнеше онжылдық көлемінде «интеллектуалды оқыту жүйелері» атауымен дамып келеді. Бенедикт дю Булейдің 2016 жылғы зерттеуі осы жүйелерді «тиімді сынып жетекші» ретінде сипаттайды. Бұл пікір бойынша, технологиялар қайталанатын тапсырмалар арқылы мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге бағытталған. [2] Бұл көзқарас халықаралық деңгейде де қолдау табады. Мысалы, Алматы қаласында өткен халықаралық саммитінде қатысушы мамандар жасанды интеллектіні тек көмекші құрал ретінде ғана қолдану керектігін, оның оқушылардың өз бетінше ойлау қабілетіне кедергі келтірмеуі тиіс екенін атап өткен.[3]

Осылайша, жасанды интеллектіні мұғалімнің орнын басатын құрал емес, оның жұмысын тиімдірек етуге мүмкіндік беретін интеллектуалды құрал ретінде қарастыру қалыптасқан. Менің зерттеу жұмысымның мазмұныда осыған сәйкес: ЖИ педагогиалық үдерістің басты субьектісі емес, оның тиімдігін арттыратын көмекші құрал.

Материалдар мен әдістер. Өз тәжірибем бойынша, информатика пәнін оқып жатқан студент ретінде боттарды әрқашан сынап көріп келемін.

Тәжірибелік мысалдар ретінде:

1. Күрделі түсініктерді жеңілдету мақсатында: Python тілінде өтетін ұғымдар қиын болған жағдайда, мен ботқа осы ұғымды ғылыми тілде емес,

өмірден алынған қарапайым мысалдармен түсіндіруін сұрадым. Сәйкесінше бұл маған видеосабақтармен, конспекттерге қарағанда әлдеқайда түсінікті болды.Осылайша маған тақырыпты меңгеруімді тиімді етті.

2. Алгоритмдік есептерді шешу: Берліген алгоритмдік есептерді шешуде ол өте түсініксіз, қиын болуы мүмкін. Сол себепті бұл есепті бірнеше жолмен шығарып, түсіндіруін сұраймын. Ары қарай оны талдап, дамытып, түсіну маған оңайға соқты.

3. Кодтардың дұрыс бұрыстығын тексеру: Жазған кодтарымның қате болып, дұрыс жұмыс жасамағанын көргенде, ботқа ықтимал қателерді көрсетуін сұраймын. Ол нақты катены көрсетіп, дұрыс жолын ұсынады. Кей сәттерде ботта қате жіберіп, қосымша тексеру қажет жағдай болып жататын.

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық талдау білім берудегі жасанды интеллекттің даму тенденцияларын зерттеуге бағытталды.

Эмпирикалық зерттеу әдістеріретінде сауалнама және педагогикалық бақылау пайдаланылды. Сауалнама информатика мамандығыбойыншабілімалатын 100 студент арасында жүргізілді. Сауалнама сұрақтары жасанды интеллект құралдарын қолдану мақсаттары, тиімділігі және кемшіліктерін анықтауға бағытталды. Сауалнама нәтижелері:

Сауалнама нәтижесі төменде диаграмма түрінде көрсетілген.

Диаграмма 1. Жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша сауалнама нәтижелері

Практикалық эксперимент барысында студенттерге жасанды интеллект негізіндегі чат-боттарды пайдаланып, келесі тапсырмалар орындатылды:

- Бағдарламалаутіліндегітеориялықұғымдардытүсіндіру;
- Алгоритмдікесептердібірнешеәдіспеншығару;
- Кодтардыңсинтаксистікқателерінанықтау.

Зерттеу барысында Python бағдарламалау ортасындағы тапсырмалар талданды. Жасанды интеллект құралдары күрделі математикалық және алгоритмдік есептерді визуализациялау арқылы түсіндіруде тиімді екендігі байқалды. Практикалық эксперимент нәтижесінде жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы студенттердің есеп шығару жылдамдығы орта есеппен 18–25% артқаны анықталды.

Педагогикалық бақылау барысында жасанды интеллект құралдарын білім беру процесінде қолданудың артықшылықтары, сонымен қатар кемшіліктері де байқалды. Оны төмендегі кестеден көре аламыз.

1- кесте. Жасанды интеллект құралдарын білім беру процесінде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
• Күрделі ақпаратты қарапайым тілде түсіндіру; • Оқу уақытын үнемдеу; • Жеке оқыту траекториясын қолдау; • Интерактивті оқыту мүмкіндіктерін арттыру.	• Қате немесе дәлелденбеген ақпарат беру қаупі; • Оқушылардың сыни ойлау дағдыларына ықтимал әсері; • Технологиялық тәуелділіктің қалыптасуы.

Бұл нәтижелер ЖИ-ның білім беру процесіндегі студенттер арасындағы тек тиімді жағы ғана емес кемшіліктерінің қалыптасқандығын айқын көрсетеді.

Нәтижелер. Болашақ мұғалім ретінде ұсыныстар

Жоғарыда аталған тәуелділіктерді ескере отырып, болашақ информатика мұғалімі ретінде, мына тәжірибелік ұсыныстарды дұрыс деп білемін.

Оқушыларға ЖИ-дан алынған кез-келген ақпаратты мұғалімнің көмегімен немесе сенімді дереккөздер арқылы тексеру қажет екендігін түсіндіру. Алгоритмді үйрену ол өте қиын процесс емес. Боттарға қарағанда адамның миы кодтарды жақсы ойлап, шығаратындығын түсіндіру қажет. Жасанды интеллектіні дайын шешім алу үшін емес, иедялар алу мен түсініксіз дүниелерді нақты нұсқамен түсіну үшін қолдану.

Боттар мен жасанды интеллекттер білім беру әлемін түбегейлі өзгертуде. Басты мақсатымыз- бұл өзгерісті балалардың ойлауын дамытуға және оларды болашақтағы түрлі цифрлық дүниелерді дайындауға бағыттаған мүмкіндік ретінде көру. Технология – мұғалімнің қолында болып, қиялына қанат бітірсе ол біздің сенімді көмекшімізге айналады да көптеген жаңа технологияларға жол ашады.

Зерттеу нәтижелері халықаралық педагогикалық зерттеулермен сәйкес келеді. ЖИ технологиялары білім беру процесінде мұғалімнің жұмысын жеңілдететін қосымша құрал ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллектінің білім берудегі рөлі педагогикалық парадигманың өзгеруімен байланысты. Дегенмен технологияны толық бақылаусыз қолдану оқушылардың дербес ойлау қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сондықтанбілім беру жүйесінде жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде педагогикалық бақылау сақталуы қажет. Мұғалімдер ЖИ-ды дайын жауап алу құралы емес, оқу материалын түсіндірудің қосымша ресурсы ретінде пайдалануы тиіс.

Қорытындылар

Жасанды интеллект қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің жұмысын жеңілдететін тиімді көмекші құрал ретінде қарастырылады. Ол оқу материалдарын түсіндіруді жеңілдетуге, уақытты үнемдеуге, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және оқыту үдерісін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект түрлі педагогикалық идеяларды ұсыну, оқу тапсырмаларын автоматтандыру және білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту траекториясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Алайда, жасанды интеллекттің мүмкіндіктері кең болғанымен, ол мұғалімнің орнын толықтай алмастыра алмайды. Себебі мұғалімнің негізгі қызметі тек ақпарат жеткізумен шектелмейді. Педагог оқушыларға эмоционалдық қолдау көрсетеді, олардың сыни ойлау қабілетін дамытады, тәрбиелік мәні бар шешімдер қабылдайды және оқу үдерісін кәсіби шеберлікпен ұйымдастырады. Бұл қасиеттер қазіргі жасанды интеллект жүйелеріне толықтай тән емес.

Қазақстанның білім беру жүйесінде жасанды интеллектті тиімді енгізу оның ұлттық ерекшеліктерге бейімделуін талап етеді. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын дамыту, сондай-ақ мектеп бағдарламасының мазмұнына сәйкес әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу маңызды. Осы бағытта жүргізілетін жұмыстар білім беру сапасын арттыруға және цифрлық трансформация үдерісін тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Боттар мен жасанды интеллекттер білім беру әлемін түбегейлі өзгертуде. Басты мақсатымыз- бұл өзгерісті балалардың ойлауын дамытуға және оларды болашақтағы түрлі цифрлық дүниелерді дайындауға бағыттаған мүмкіндік ретінде көру. Технология – мұғалімнің қолында болып, қиялына қанат бітірсе ол біздің сенімді көмекшімізге айналады да көптеген жаңа технологияларға жол ашады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері жасанды интеллект технологияларының білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Жасанды интеллект мұғалімнің кәсіби қызметін автоматтандыруға және оқу үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, технологияларды енгізу барысында педагогикалық бақылау мен әдістемелік негіздерді сақтау маңызды. Болашақта білім беру жүйесінде қазақ тіліндегі ЖИ құралдарын дамыту қажеттілігі туындайды.

Зерттеу нәтижелері білім беру саласын цифрландыру процесін жетілдіруге және педагог кадрларды даярлау жүйесін жаңартуға ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. ҚР Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2018. – 67 б. // https://digitalkz.kz(қаралған күні: 25.03.2025).
2. du Boulay, B. Artificial intelligence as an effective classroom assistant // IEEE Intelligent Systems. – 2016. – Vol. 31. – No. 6. – P. 76-81.
3. Мектептерде жасанды интеллект көмекші құрал ретінде ғана пайдалануы тиіс // 24.kz. – 2024. – 29 қазан. – URL: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/739092-mektepterde-zi-komeksi-kural-retinde-gana-pajdalanuy-tiis(қаралған күні: 26.03.2025).
4. ҚазақстанРеспубликасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттікбағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2018.
5. duBoulay, B. Artificial Intelligence asanEffectiveClassroomAssistant // IEEE Intelligent Systems. – 2016.
6. UNESCO. Artificial Intelligence in Education Policy Guidelines. – Paris, 2021.
7. ҚР БҒМ білім беру цифрландырустратегиясы. – Астана, 2022.
8. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence in Education. – London, 2018.

ҒТАМР 28.23.15

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ШАБУЫЛДАРДЫ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ВЕБ-ҚОСЫМША

Бахадирова Г.Б., PhD, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, **Тасболатұлы Н.,** PhD, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті; **Табигат Ж.,** студент, Astana IT University
e-mail: tasbolatuly@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақала статистика және орнықты машиналық оқыту негізінде жасалған веб-қосымшаның көмегімен серверлік шабуылдарды ашуға арналған. Ол жүйенің қалай жұмыс істейтінін және шабуылдарды жоюға қалай көмектесетінін көрсетеді. Жүйе ықтимал әрекеттерді анықтау үшін сервер әрекетін талдайды, содан кейін оның шабуыл екенін анықтайды. Егер жүйе қандайда бір шабуылды табатын болса, Telegram боты сізге мүмкіндігінше тезірек хабарлау үшін хабарламаны автоматты түрде басқарады. Мұның бәрі веб-қосымшаны қауіпсіз етуге және серверлік жүйелерді жақсы қорғауға арнап жасалады.

Кілттік сөздер: машиналық оқыту, статистикалық әдістер, орнықты талдау, шабуылдар- ды анықтау, веб-қосымша.

Кіріспе. Бұл мақалада шабуылдарды анықтау жүйелерін әзірлеу мен бағалаудағы негізгі мәселелердің бірі–ашық түрде қолжетімді деректер жиынтықтарының шектеулі болуы. Веб–шабуылдарды анықтауға арналған сапалы әрі нақты деректердің тапшылығы модельдердің сенімділігі мен жалпылығын төмендетеді (Castillo et al., 2021). Ашық деректер жиынтықтарының қолжетімділігі веб-қосымша әкімшілеріне қауіпсіздік осалдықтарын дер кезінде анықтауға, оларды дұрыс жіктеуге, тиімді қорғаныс стратегияларын енгізуге және жүйенің жағдайлық хабардарлығын арттыруға мүмкіндік береді (Tama et al., 2020). Сондықтан машиналық оқытуға негізделген веб-шабуылдарды анықтаудың тиімді жүйесін құру үшін нақты онлайн-трафикті қамтитын әрі веб-қосымшаларға бағытталған шабуылдарды дәл бейнелейтін ашық деректер жиынтықтарын пайдалану аса маңызды. Машиналық оқытуға негізделген веб-шабуылды анықтаудың тиімді жүйесін құру үшін онлайн трафикті қамтитын және нақты веб-қосымша шабуылдарын дәл көрсететін жалпыға қолжетімді деректер жиынтығын пайдалану өте маңызды (Baklizi et al., 2024).

Веб-шабуылдар көбінесе веб-қосымшаларды нысанаға алады, себебі оларға желі арқылы қол жеткізуге болады және көбінесе осалдықтары болады. Веб-шабуылдарды анықтаудағы бұзуды анықтау жүйесінің (IDS)

табысы тиімді трафикті жіктеу жүйесіне байланысты. Бұрынғы бірнеше зерттеулерде әртүрлі шабуыл түрлеріне арналған әртүрлі деректер жиынтығы бар тиімді IDS жасау үшін машиналық оқытуды жіктеу әдістері қолданылған (KazNU, 2026). Бұл зерттеуде Logistic Regression (статистикалық классификация), Random Forest(кездейсоқ орман), SVM (тірек векторлары әдісі), Neural Network (жасанды нейрондық желілер) сияқты машиналық оқыту алгоритмі бағаланды. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты - IDS веб-шабуылдар моделі үшін тиімді машиналық оқыту алгоритмін ұсыну. Бағалау машиналық оқытудың алгоритмдерінің (RF, SVM, LR және NN) өнімділігін олардың аномальды трафикті анықтаудағы дәлдігіне негіздеп салыстырады. Logistic Regression және Random Forest модельдері іске асырылады. RobustScaler қолданылып, outlier-лерге төтеп береді. Telegram алерт жүйесі іске асырылады. SQLite дерекқорында тарих сақталу, REST API арқылы қолдау болатыны қарастырылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы Python бағдарламалау тілінде жүзеге асырылды. Веб-қосымшаның архитектурасы MVC(Model-View-Controller) үлгісінде жасалды. Қолданылған кітапханалар: Scikit-learn, Pandas**,** Matplotlib. Жоба бөлімдері:

– Backend (Python + Flask) – серверлік бөлім

– ML Module (scikit-learn) – машиналық оқыту

– Frontend (HTML + Bootstrap) – пайдаланушы интерфейс

– Database (SQLite) – деректерді сақтау

– Telegram Bot – хабарлау жүйесі

Зерттеу барысында веб-қосымшадағы желілік трафикті талдау үшін машиналық оқыту әдістері қолданылды. Атап айтқанда, Random Forest, SVM, Neural Network, Logistic Regression және XGBoost модельдері пайдаланылды. Деректерді алдын ала өңдеу кезеңінде RobustScaler әдісі қолданылды. Модельдердің тиімділігі Accuracy, Precision, Recall, F1-score және ROC-AUC метрикалары арқылы бағаланды.

Кездейсоқ орман(Random Forest)— бұл машиналық оқыту модельдерін құруға арналған қуатты құрал. Kaggle жарыстарында осы әдістерді қолданатын командалар жүлделі орындарға ие болып жүр. Ансамбльдер модельдің дәлдігін 90%-дан асыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар оларды түсіну де айтарлықтай оңай (GeeksforGeeks, 2026).

Қолдау векторлық машинасы (SVM) және экстремалды градиенттік күшейту (XGBoost) - жіктеу және регрессия тапсырмалары үшін кеңінен қолданылатын қуатты машиналық оқыту алгоритмдері. Олар алгоритмдердің әртүрлі отбасыларына жатады және оқуға деген көзқарасы, модель түрі және өнімділігі тұрғысынан ерекше сипаттамаларға ие. Бұл мақалада біз SVM мен XGBoost сипаттамаларын, олардың айырмашылықтарын және әртүрлі сценарийлерге негізделген SVM мен XGBoost-ты қашан пайдалану керектігі туралы нұсқауларды талқылаймыз.

Қолдау векторлық машинасы - негізінен жіктеу тапсырмалары үшін қолданылатын бақыланатын оқыту алгоритмі. SVM функция кеңістігіндегі кластарды ең жақсы бөлетін гипержазықтықты табуға бағытталған. Ол кіріс деректерін жоғары өлшемді функция кеңістігіне картаға түсіру және содан кейін кластар арасындағы svm шегін барынша арттыратын оңтайлы гипержазықтықты анықтау арқылы жұмыс істейді. SVM сызықтық, полиномдық немесе радиалды базистік функция (RBF) сияқты әртүрлі ядро функцияларын пайдалану арқылы сызықтық және сызықтық емес жіктеуді өңдей алады. SVM жоғары өлшемді кеңістіктердегі тиімділігімен және күрделі шешім шекараларын өңдеу қабілетімен танымал.

Экстремалды градиенттік күшейту, көбінесе XGBoost деп қысқартылған, жіктеу және регрессия тапсырмаларындағы тиімділігі мен тиімділігімен танымал танымал ансамбльдік оқыту алгоритмі. XGBoost градиенттік күшейту алгоритмдерінің тұқымдасына жатады, ол әлсіз оқушыларды (әдетте шешім ағаштарын) біріктіріп, күшті оқушыны жасау арқылы жұмыс істейді. Ол бар модельдер жіберетін қалдықтарды немесе қателерді болжайтын жаңа модельдерді қосу арқылы шығын функциясын азайтады. Ол регуляризация әдістерін және параллель өңдеуді енгізу арқылы дәстүрлі күшейту алгоритмдерімен салыстырғанда жақсы өнімділікті қамтамасыз етеді (ESET, 2026).

Статистикалық және орнықты машиналық оқыту әдістеріне негізделген шабуылдарды анықтау

«Бұлттық сервердегі деректердің қауіпсіздігі үлкен сын-қатерлерге тап болуда, сондықтан бұлттық серверлерге берілген (аутсорсинг) деректердің тұтастығын қалай қамтамасыз ету керек деген мәселені шешу қажет. Бұлттық деректерді аудиттеу техникасы — бұл деректерді бұлттан кері жүктемей-ақ, олардың тұтастығын тексеруге мүмкіндік беретін шешім. Деректердің бір данасы қаскөй шабуылдаушылар тарапынан бұзылуы мүмкін екенін ескере отырып, 2020 жылы Чжан және басқалары MCAM атты көп даналы (multi-copy) бұлттық деректерді аудиттеу схемасын ұсынды. Дегенмен, олардың схемасында шабуылдаушы тек жария ақпаратты пайдалана отырып, тұтастықты тексеруге арналған дәлелдемелерді қолдан жасай алады, ал бұлттық сервер ешқандай деректерді сақтамаса да, тұтастықты тексеру процесін алдап өте алады.

Бұл мақалада біз MCAM схемасындағы осы қауіпсіздік кемшіліктерін анықтап, оларды түзету үшін дәлелдемелерді тексерудің жаңа алгоритмін әзірлейміз. Содан кейін, біз өзіміздің дәлелдемелерді тексеру алгоритміміз бен MCAM негізінде жаңа көп даналы бұлттық деректерді аудиттеу схемасын ұсынамыз. Қауіпсіздікті талдау барысында біз ұсынған көп даналы бұлттық деректерді аудиттеу схемасы MCAM-ның қауіпсіздік кемшіліктерін түзете алатынын дәлелдейміз. Осылайша, біздің схемамыз MCAM-ға қарағанда қауіпсіздігі жоғары болып табылады. Өнімділікті талдау нәтижесінде біздің схемамыздың MCAM-ға қарағанда

коммуникациялық тұрғыдан тиімдірек екенін көрсетеміз. Соңында, біз схемамызды қолданудың бір әлеуетті бағытын атап өтеміз.»

Нәтижелер

RobustScaler әдісі қолданушы деректерді енгізгенде машиналық оқыту модельдеріне жіберместен бұрын деректерді алдын ала өңдеп алады да, нормализация жасайды(1-сурет). Ол шектен тыс үлкен немесе кіші мәндердің әсерін азайтып, бірдей масштабқа келтіру арқылы модельдің дәлдігін арттырады. RobustScaler әдісі нормализация жасағаннан кейін Random Forest, SVM, Neural Network тәрізді машиналық оқыту модельдеріне жіберіліп, шабуылды анықтайтын болжамдар, ықтималдықтар қарастырылады.



Сурет 1- Талдау беті (RobustScaler әдісі)

Logistic Regression веб-қосымшаның серверлік (backend) бөлігінде қызмет атқарады, яғни біздің жағдайда шабуылдың болу ықтималдығын есептейді де, нәтижені инерфейсте көрсетеді (2-сурет).

SVM моделі мәтінді классификациялауда, нақтырақ айтқанда спам хабарламаларды анықтауда, пікірлерді талдауда қызмет етеді. Бұл веб-қосымшада шабуылды анықтауда, спамды ажыратуда рөл ойнайды. Машиналық оқытудыдың бұл моделі әдетте тікелей алгоритм ретінде емес, 2-суреттегідей нәтиже ретінде көрінеді.

NN алгоритмі Logistic Regression және SVM модельдері сияқты қауіпті әрекеттерді автоматты түрде тануда, шабуылды анықтау мен классификациялауда қолданылады. Бұл жасанды нейрондық желілер деп аталатын модель қауіпсіздік анализін жасайтын негізгі интеллектуалды модуль боп саналады. Осы үш модель жан-жақты шабуылды анықтап, кейіннен нәтижесін көрсетеді. Оны веб-қосымшаның бастапқы бетінде, желі трафигін талдау және болжам тарихы беттеріндегі нәтиже ретінде көруге мүмкіндік бар.



Сурет 2- Logistic Regression және SVM моделі

Веб-қосымша SQLite қолдану арқылы болжам тарихын сақтай алады. 3-суреттегі машиналық оқытудың XGBoost моделі деректерді талдап, болжам жасайды да, болжам тарихына сақтайды. Модель мен деректер қоры әр жасалған болжамның нақты уақытына дейінгі барлық мәліметтерді, пайдаланушының кез келген уақытта көруіне мүмкіндік береді.



Сурет 3- Болжам тарихы

Деректер талдауға дейін нормализация жасаған соң, машиналық оқыту модельдері арқылы шабуылдың ықтималдығы мен болжамы анықталып болжам тарихына енгізілген сәтте шабуыл туралы хабарлама 4-суретте көрсетілгендей Telegram ботына автоматты түрде жеткізіліп, шабуыл жөніндегі мәліметтермен ескерту жасалады. Telegram ботына шабуыл жайлы хабарлама сервер боттың token және chat_id параметрлерін пайдалануы арқасында, Telegram Bot API арқылы серверден автоматты түрде хабарлама келеді.

Сурет 4- Telegram бот

5-суретте көрсетілген веб-қосымшаның статистика беті машиналық оқыту модельдері мен визуализация құралдары қолданылып жасалды. Графиктер XGBoost, Random Forest, Logistic Regression модельдерімен жасалды. XGBoost шабуылдарды анықтау үшін, Random Forest бірнеше шешім ағаштарымен классификация жасауда, ал Logistic Regression бинарлық классификация жасауда қолданылды. Бұлар желі трафигін талдағанда шабуылдың бар, жоғын анықтайды. ROC қисығын (ROC Curve) модельдердің сапасын салыстыру үшін қолдансақ, Модель қабілеттілігін(Radar chart); Accuracy, Precision, Recall, F1-score, ROC-AUC метрикалары арқылы модельдердің қайсысы жақсы жұмыс істейтінін салыстыру үшін қолдандық. Feature Importance (XGBoost) графигі «желі трафигін талдау»-да енгізілген параметрдің қайсысы шабуылды анықтауда маңызды боп тұрғанын көрсетеді. «Протокол бойынша трафик» графигі TCP, UDP, ICMP бойынша қалыпты трафиктің және шабуыл санын көрсетеді.



Сурет 6-Статистика беті

Қорытынды. Зерттеу жұмысында статистикалық және орнықты машиналық оқыту әдістеріне негізделген желілік шабуылдарды анықтайтын

веб-қосымша әзірленді. Жүйе Python және Flask платформасында жүзеге асырылып, машиналық оқыту модельдері ретінде Logistic Regression мен Random Forest машиналық оқытудың алгоритмдері қолданылды. Деректерді өңдеуде RobustScaler әдісі пайдаланылып, модельдердің тұрақтылығы арттырылды. Қосымша пайдаланушы интерфейсі арқылы трафик параметрлерін енгізіп, болжам нәтижесін алуға және CSV файлдарын жүктеу арқылы талдау жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шабуыл анықталған жағдайда Telegram арқылы автоматты хабарлама жіберу механизмі енгізілді. Тәжірибелік нәтижелер Random Forest моделінің жоғары дәлдік көрсеткенін дәлелдеді. Жоба машиналық оқыту әдістерін ақпараттық қауіпсіздік саласында тиімді қолдануға болатынын көрсетті.

GRNTI: 06.77.02

DEVELOPMENT OF AN INCLUSIVE LABOUR MARKET AND STATE MEASURES TO SUPPORT THE EMPLOYMENT OF PERSONS WITH DISABILITIES IN KAZAKHSTAN

Amirbek S.A., 1st-year Master's student in Management; **Okutayeva S.T.,** PhD, Associate Professor, Astana International University, Astana, Kazakhstan

Abstract. The article examines contemporary approaches to the development of inclusive employment of persons with disabilities in the Republic of Kazakhstan. It reveals the essence of an inclusive labour market as a system that ensures equal access of different social groups to labour activity through the elimination of physical, social, and organizational barriers. Particular attention is paid to the analysis of international approaches to supporting the employment of persons with disabilities, including supported employment practices, workplace adaptation, employer awareness, and overcoming stigmatization. Based on descriptive, comparative, and analytical methods, as well as an expert interview with a labour market stakeholder, the article investigates the main mechanisms for implementing Kazakhstan's state policy in this area. These include job quota allocation, subsidizing employers' costs for creating special workplaces, and active employment promotion measures within national programmes. It is concluded that the formation of an inclusive labour market requires a comprehensive approach combining legislative, economic, and social support instruments.

Keywords: inclusive employment, persons with disabilities, labour market, state support, job quota allocation, employment.

Introduction. Inclusive employment is a comprehensive system of measures aimed at ensuring equal access to labour activity for all social groups, including persons with disabilities. This process includes the elimination of physical, social, and organizational barriers that prevent full participation in the labour market. Inclusive employment involves the development and implementation of policies and practices aimed at creating an accessible and supportive working environment, adapting workplaces, and providing the necessary resources and training that facilitate the integration of employees with disabilities into professional activity.

In Kazakhstan, comprehensive and systemic measures are being consistently introduced to improve the quality of life of people with special needs, as well as to ensure their full social integration into public life. An important area of this work is the creation of conditions for the active participation of persons with disabilities in the social and economic life of society. To this end, programmes are being developed and implemented to ensure access to education, healthcare, social support, and employment [1].

Particular attention is paid to the employment of persons with disabilities as one of the key aspects of their social adaptation. At present, three main mechanisms

are functioning in this area to support and stimulate the employment of persons with special needs. These mechanisms include legislative initiatives regulating job quotas for persons with disabilities; the development of specialized vocational training and retraining programmes; and the provision of state support to employers creating workplaces adapted to the needs of persons with disabilities. All these measures contribute not only to improving the standard of living of persons with disabilities, but also to their more successful integration into social and economic processes, which in turn has a positive impact on the development of society as a whole [2].

Materials and Methods. The research materials included scientific publications by domestic and foreign authors devoted to the problems of inclusive employment of persons with disabilities, regulatory legal documents of the Republic of Kazakhstan governing employment and social support for persons with disabilities, as well as statistical and analytical data characterizing the current state of the inclusive labour market. In addition, the results of an expert interview with a representative of the employment system were used as an empirical source, which made it possible to examine the practical aspects of implementing state support measures for the employment of persons with disabilities.

In the course of the study, a set of general scientific methods was applied. The descriptive method was used to reveal the essence of inclusive employment and to characterize the existing mechanisms for promoting the employment of persons with disabilities. The comparative method made it possible to compare foreign and Kazakhstani approaches to the formation of an inclusive labour market, as well as to identify the specific features of state policy implementation in this field. The analytical method was applied to study the content and directions of the existing support measures, including job quotas, employer subsidies, and active employment promotion measures. The expert interview method was used to obtain additional information on the practical implementation of employment support instruments and the existing barriers in the labour market. The comprehensive use of these methods ensured a multifaceted analysis of the problem under study.

Results and Discussion. To interpret the results obtained and describe the identified trends in employment, descriptive analysis was used. Comparative analysis, which made it possible to assess the influence of such factors as age, gender, and disability group on the employment level, was applied to study differences between various groups. In addition, the analytical method was used to examine the mechanisms for implementing state social policy in the employment of persons with disabilities. These methods made it possible to structure the data and conduct an in-depth analysis of social processes and trends, which makes the research results useful for assessing the current state of employment of persons with disabilities in the Republic of Kazakhstan. In addition, expert interviews were conducted with labour market stakeholders, including the head of the Astana Employment Centre, which made it possible to assess the state of the inclusive labour market “from within.”

An inclusive labour market is necessary to ensure equal opportunities for all people, especially marginalized groups. The concept of inclusiveness in employment

covers various aspects, including the integration of persons with disabilities, immigrants, and women, especially in the context of changing economic conditions and public attitudes.

The employment of persons with disabilities remains one of the most important areas of research and policy development worldwide. International practice offers various methods and models aimed at expanding employment opportunities for persons with disabilities, combining cultural, legal, social, and economic features. The most well-known model of an effective strategy for integrating persons with disabilities into the labour market is the approach known as supported employment. According to this approach, in order to help persons with disabilities obtain and retain a job under competitive conditions, special support and accommodations should be provided. This model has shown positive results, especially for persons with intellectual disabilities, as it makes it possible to provide individualized assistance corresponding to the specific needs of the employee [3]. However, according to some scholars [4], employers' misconceptions about the capabilities of persons with disabilities lead to reluctance to hire them, which in turn limits the implementation of the supported employment model.

In some post-Soviet countries, negative stereotypes and prejudices among employers, as well as their insufficient awareness, constitute behavioural barriers to an inclusive labour market from the employers' side [5]. Research shows that employment equity policies do not always encounter resistance from employees, and some evidence supports the view that employees are in favour of including marginalized groups. This indicates a growing recognition of the importance of diversity in the workplace. However, barriers still persist, especially for certain population groups, and systemic problems such as discrimination and inadequate career management systems hinder experiences of inclusion and commitment [6]. These findings highlight the need for targeted measures to strengthen the sense of belonging among underrepresented groups.

To effectively support the employment of persons with disabilities, a comprehensive approach is required, covering the legal framework, employer training, working conditions, and public attitudes. Legal norms play a key role in shaping employment conditions for persons with disabilities. Policies that ensure free access to vocational assessment and counselling are crucial for integrating persons with disabilities into the labour market, as emphasized in the Romanian context, where such regulations significantly affect employment outcomes. Moreover, in Saudi Arabia, policies have been developed to reduce discrimination and encourage fair treatment in hiring, which indicates the importance of legislative support in creating an inclusive workforce [7].

Another important measure is informing employers about the capabilities of persons with disabilities. Studies show that informed employers are more likely to offer suitable employment opportunities. This is also confirmed by research indicating that direct experience of interaction with persons with disabilities can positively influence employers' attitudes, leading to higher hiring rates [8].

In addition, various governments are implementing initiatives aimed at increasing employers' disability confidence, understood as their knowledge and understanding of how to engage persons with disabilities, in order to improve employment rates [9]. Working conditions are also of vital importance in promoting the employment of persons with disabilities. Employers often express concerns about the costs and complexities associated with hiring workers with disabilities, which may deter them from doing so [10].

However, the available evidence suggests that reasonable accommodations, such as flexible work schedules and modifications to working conditions, can significantly improve job retention and satisfaction among workers with disabilities [11]. In addition, the introduction of wage subsidies has proven effective in several countries, including Sweden, where such measures have led to higher employment rates among persons with disabilities compared to the EU average.

It is equally important to address public attitudes and stigmatization associated with disability. Research shows that social stigma remains a serious barrier to the employment of persons with mental disabilities. Efforts to reduce stigma through awareness-raising campaigns and direct interaction between employers and persons with disabilities can contribute to creating a more inclusive working environment. In addition, the normalization of disability in the workplace, although beneficial, should be approached with caution to ensure that individuals receive the necessary accommodations rather than being expected to perform standard work duties without support [12, 13].

Thus, a comprehensive strategy including a robust legal framework, employer education, supportive working conditions, and efforts to combat stigmatization in society is necessary to expand the employment of persons with disabilities. Such measures not only promote integration, but also make use of the diverse talents and perspectives that persons with disabilities bring to the workforce. In our view, the creation of an inclusive labour market requires a multidimensional approach that removes systemic barriers, strengthens support systems, and promotes equal access to opportunities.

In Kazakhstan, a job quota mechanism is being implemented. Job quota allocation for persons with disabilities is one of the key mechanisms of social integration and constitutes an important element of the country's social policy. In Kazakhstan, this mechanism is aimed at ensuring equal access of persons with disabilities to the labour market and helps reduce the barriers they face in the employment process.

Quota allocation consists of the mandatory reservation of a certain percentage of jobs for persons with disabilities in organizations and enterprises. In accordance with the Social Code of the Republic of Kazakhstan, local executive bodies are required to establish quotas for persons with disabilities at the level of 2 to 4% of the total number of jobs at an enterprise. This percentage may vary depending on the region, the size of the organization, and its profile. At the same time, it is important to emphasize that quotas do not apply to jobs with heavy, harmful, or hazardous working conditions in order to eliminate health risks for persons with disabilities.

This approach not only contributes to ensuring the employment of persons with disabilities, but also encourages employers to create adapted workplaces and working conditions corresponding to the physical capabilities of such employees. This includes, for example, modernization of workspaces, staff training in inclusion and tolerance, and the introduction of flexible working schedules.

Валюта бағамы мен инфляция арасындағы өзара байланыс бірнеше экономикалық арна арқылы жүзеге асады. Ұлттық валютаның құнсыздануы импорттық тауарлар бағасының өсуіне әкеліп, импортталатын инфляцияны туындатады. Бұл әсіресе импортқа тәуелді экономикалар үшін өзекті. Сонымен қатар, валюта бағамының әлсіреуі экспорттық өнімдердің сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруы мүмкін, алайда бұл ішкі нарықта баға өсімін жеделдетуі ықтимал. Инфляциялық күтулер де маңызды рөл атқарады: егер экономикалық субъектілер ұлттық валютаның әлсіреуін немесе бағаның өсуін күтсе, олардың мінез-құлқы инфляциялық процестерді күшейтеді. Пайыздық мөлшерлеме, инфляция және нақты табыс арасындағы байланысты сипаттайтын Фишер теңдеуі де осы өзара ықпалдастықты түсіндіреді, оның теориялық негізін Ирвинг Фишер қалаған.Осылайша, валюта бағамы мен инфляция теориялық тұрғыдан өзара тәуелді және макроэкономикалық тұрақтылықтың маңызды индикаторлары болып табылады. Сатып алу қабілетінің паритеті, пайыздық мөлшерлеме паритеті, монетаристік және кейнстік тұжырымдамалар бұл құбылыстардың табиғатын әртүрлі қырынан түсіндіреді. Олардың өзара байланысын терең түсіну тиімді ақша-несие және валюта саясатын қалыптастырудың ғылыми негізін құрайды.

Қазақстан Республикасындағы теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы ел экономикасының маңызды индикаторы болып табылады. Бұл бағам тауарлар мен қызметтердің бағасына, халықтың сатып алу қабілетіне және жалпы экономикалық жағдайға тікелей әсер етеді. 2025 жылдың наурызында Ұлттық Банктің деректері бойынша USD/KZT бағамы 1 доллар үшін шамамен 505,2 теңге деңгейінде болды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда теңгенің әлсірегенін көрсетеді. 2025 жылдың басында теңге

525–530 теңге ауқымында болса, кейінірек ақшалай саясаттың әсерімен бағам 495–505 теңге диапазонында тұрақталды. Бұл өзгерістерге сыртқы факторлар (мұнай бағасының ауытқуы, экспорттық түсімдер) және ішкі макроэкономикалық саясат әсер етті (кесте 1).

Кесте 1. Теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы

Жыл/ай	Доллар бағасы	Теңге бағасы	Әсер еткен факторлар
2025 наурыз	1$	505,2 тг	Мұнай бағасының ауытқуы
2025 басында	1$	525–530 тг	Экспорттық түсімдер
2025 ортасында	1$	495–505 тг	Ішкі макроэкономикалық саясат
Ескерту: дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған			

USD/KZT бағамының динамикасы инфляция деңгейіне кері әсер береді. Теңгенің әлсіреуі импорттық тауарлар мен шикізат бағасын қымбаттатып, тұтынушылық бағалар индексінің өсуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, валюталық бағамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк ақша-несие саясатын белсенді түрде қолданады және базалық мөлшерлемені реттейді.

Инфляция бойынша соңғы статистикалық мәліметтерге қарағанда, 2025 жылдың желтоқсанында жылдық инфляция 12,3% деңгейінде тіркелген, бұл 2024 жылғы 8,6% көрсеткішінен айтарлықтай жоғары. Бағалар әсіресе азық-түлік тауарларына және қызмет көрсету секторында айтарлықтай өскені байқалады, мысалы, азық-түлік бағасы жылдық есепте шамамен 13,5% артты. Бұл жағдай тұтынушылардың шығындар деңгейіне әсер етіп, жалпы өмір сүру құнын жоғарылатады. Сонымен қатар, ай сайынғы көрсеткіштер де жоғары болып қала береді: 2025 жылдың қараша айында инфляция 12,4% деңгейінде есептелген, бұл ағымдағы бағалардың жылдық өсімінің қалыпты жағдайынан жоғары екенін көрсетеді. Жылдық инфляцияның жоғары болуы валюталық бағам тұрақсыздығынан, импорттық тауарларға сұраныстың өсуінен және ішкі өндірістің жеткіліксіздігінен туындауы мүмкін.

Экономисттердің болжамына сәйкес, 2026–2028 жылдар аралығында инфляция деңгейі төмендеу тенденциясына ие болуы мүмкін. 2026 жылы болжам бойынша инфляция 9–11% ауқымында болады деп күтілуде, ал 2027–2028 жылдары бұл көрсеткіш одан әрі төмендеу мүмкіндігі бар. Бұл үміт макроэкономикалық саясаттың тұрақтандыруына және сыртқы факторлардың қолайлы әсеріне негізделеді. Қазақстандағы валюталық бағам мен инфляцияның өзара байланысы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды. Теңгеге қатысты USD бағамының өзгерістері халықтың сатып

алу қабілетіне және инфляцияға әсер еткендіктен, үкімет пен Ұлттық Банк нақты және үйлестірілген шаралар қабылдауы қажет.

Валюта бағамының өзгерістері макроэкономикалық тұрақтылыққа және инфляция деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Айырбастау бағамының құбылмалылығы импорттық тауарлардың қымбаттауына, өндіріс шығындарының өсуіне және халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан ұлттық экономика үшін инфляцияны тиімді басқару және валюталық тұрақтылықты қамтамасыз ету маңызды стратегиялық міндет болып табылады. Осыған орай бірнеше негізгі бағыттарды енгізу ұсынылады.

Бірінші бағыт – импортқа тәуелділікті азайту. Экономиканы сыртқы нарыққа тәуелділіктен арылту ұлттық валютаның тұрақтылығын нығайтады. Бұл бағытта отандық өндірісті дамыту, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, инновациялық технологияларды енгізу және өнімділікті арттыру маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, импорттық тауарларға балама өнімдерді дамыту арқылы ішкі нарықтағы бәсекелестікті арттыруға болады. Әдеби деректерге сәйкес, өндірістік сектордағы отандық өнімділік жоғары болған сайын валюталық тұрақтылыққа сыртқы шоктардың әсері азаяды

Екінші бағыт – инфляциялық таргеттеу саясатын күшейту. Ұлттық банк пайыздық мөлшерлемелерді икемді реттеу, ақша массасын бақылау және инфляциялық болжамдарды жариялау арқылы нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімін сақтай алады. Инфляциялық таргеттеу саясаты әлемдік тәжірибеде валюталық тұрақтылықты сақтаудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылады. Мысалы, дамыған елдерде бұл саясат тұтыну бағаларының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, экономикалық өсімді қолдайды

Үшінші бағыт – валюта нарығындағы алыпсатарлық операцияларды шектеу. Валюталық спекуляция ұлттық валютаның құнсыздануына әкеледі. Сондықтан қысқа мерзімді валюталық операцияларды шектеу, қаржылық бақылауды күшейту және валюталық резервтерді тиімді пайдалану ұсынылады. Бұл шаралар нарықтағы тұрақсыздықты төмендетіп, инфляциялық қысымға қарсы тиімді қорғаныс болып табылады.

Төртінші бағыт – экспортты әртараптандыру. Экономика мұнай мен табиғи ресурстарға тәуелді болған жағдайда, ұлттық валюта бағамы әлемдік нарықтағы бағалардың ауытқуына сезімтал болады. Сол себепті өнеркәсіптік, агроөнеркәсіптік және қызмет көрсету секторларының экспортын дамыту, әсіресе жоғары қосылған құны бар өнімдерге басымдық беру валюталық кірісті тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Экспорттық әртараптандыру ұлттық валютаның тұрақтылығын арттырып қана қоймай, ұзақ мерзімді экономикалық өсуге жол ашады.Сонымен қатар, ұсынылған шараларды кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Яғни, отандық өндірісті дамыту, инфляциялық таргеттеу саясатын күшейту, валюта нарығындағы алыпсатарлық операцияларды шектеу және экспортты әртараптандыру бір-бірімен үйлесімді жұмыс істеген жағдайда ғана тиімді нәтиже береді. Бұл шаралар инфляция деңгейін төмендетуге, ұлттық валютаның тұрақтылығын

арттыруға және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылар. Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы валюта бағамы мен инфляциялық үдерістер арасындағы тығыз байланысты айқындап берді. Зерттеу барысында алға қойылған мақсаттар орындалып, келесідей негізгі тұжырымдар жасалды:

Теориялық негіздеме: Валюта бағамының өзгеруі ішкі нарықтағы баға деңгейіне «импортталған инфляция» тетігі арқылы тікелей әсер етеді. Ұлттық валютаның әлсіреуі импорттық тауарлар мен шикізаттың қымбаттауына, бұл өз кезегінде отандық өнім өндірушілердің шығындарын арттырып, соңғы тұтыну бағаларының өсуіне әкеледі.

Динамикалық талдау: 2020-2024 жылдар аралығындағы деректерді талдау нәтижесі теңгенің долларға шаққандағы бағамы мен инфляция деңгейі арасындағы корреляцияның жоғары екенін көрсетті. Әсіресе, 2022 жылы бағамның 460 теңгеден асуы инфляцияның 20%-дық межеге дейін күрт өсуіне негізгі факторлардың бірі болды. Бұл Қазақстан экономикасының әлі де болса импортқа тәуелді екенін айғақтайды.

Әсер етуші факторлар: Инфляцияға тек валюта бағамы ғана емес, сонымен қатар ақша массасының өсуі, әлемдік геосаяси жағдай және логистикалық қиындықтардың да ықпалы зор. Сонымен қатар, халықтың «инфляциялық күтулері» психологиялық фактор ретінде бағаның негізсіз өсуіне түрткі болады.

Ұсыныстардың тиімділігі: Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тек монетарлық саясат (пайыздық мөлшерлемені реттеу) жеткіліксіз. Ең алдымен, импортты алмастыратын отандық өндірісті дамыту, экспортты әртараптандыру және валюта нарығындағы алыпсатарлықты шектеу қажет.

Түйіндей келе, USD/KZT бағамының тұрақтылығы – елдегі төмен инфляция мен халықтың сатып алу қабілетін сақтаудың кепілі. Ұсынылған кешенді шаралар жүзеге асырылған жағдайда, сыртқы шоктардың ұлттық экономикаға әсерін төмендетуге мүмкіндік туады. Бұл шараларды кешенді түрде жүзеге асыру Қазақстан экономикасының тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты – www.nationalbank.kz

2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2018–2022 жж.)

3. Deloitte (2023). «Цифрлық банк қызметтері: Трендтер мен болашаққа болжамдар» аналитикалық шолу

4. World Bank (2022). «Digital Financial Services in Emerging Markets» есебі

5. Назарбаева, Д. (2021). «Қаржы секторындағы цифрландырудың экономикалық әсері», Қаржы және экономика журналы, №3(45), 22–29-б.

ҒТАМА: 06.39.31

БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Даутов А.Ж., магистрант, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, askhatdaut71@gmail.com; **Рахимова С.А.,** профессор, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, Saule_rakhimova@aiu.edu.k

Аннотация. : Мақала белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдау процесін теориялық тұрғыдан түсіндіруге және осы қадамның АҚШ пен Жапония мемлекеттерінің тәжірибелерін талдауға арналған. Аталған елдердің стратегиялық шешім қабылдау тәжірибелері бір-біріне қарама-қайшы болғанымен де, олардың әрқайсысы белгілі бір жағдайларда жоғары деңгейде тиімділік танытатыны айтылады. Белгісіздік жағдайында тиімді стратегиялық ойлауды жүзеге асыру бүгінгі күні күрделі, әрі көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылатынына назар аударылып, автор АҚШ пен Жапонияның тәжірибелері ұйымдық құрылымдарды ұйымдастыру, дербестік пен орталықтандырудың үйлесімін таңдау, стратегиялық жоспарлау және адам ресурстарын басқару саласында маңызды сабақтар беретініне тоқталады. Өз кезегінде, автор белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдаудың Жапония мен АҚШ тәжірибелерін тиісті кестелер арқылы көрсетіп, аталған тақырыпты жан-жақты ашуды мақсат етеді.

Кілт сөздер.басқарушылық шешім қабылдау, белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер, шетелдік тәжірибе.

Кіріспе. Белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдауда көшбасшылық факторды есепке алудың кешенді моделі жеткіліксіз дайындалған. Оның үстіне, стратегиялық шешімдер қабылдаудың шетелдік тәжірибесі де сүзгіден тиісті деңгейде өтпеген.

Әртүрлі белгісіз жағдайларда тиімді стратегиялық ойлауды жүзеге асыру бүгінгі күні де күрделі, әрі көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылады. Оның мәні стратегияның салыстырмалы түрде жаңа ғылыми бағыты болып табылатын ойын теориясының негізгі қағидаттарына сүйенеді. Бұл қағидаттар өзара әрекет етуші тараптардың мүдделері мен стратегияларын және ықтимал нәтижелерін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді, сондай-ақ тиімді стратегиялық шешімдер қабылдау үдерісін ғылыми тұрғыдан негіздеуге жағдай жасайды [1, Б. 12].

Материалдар мен әдістемелер. Мақалада зерттеу материалдары ретінде стратегиялық басқару және стратегиялық шешімдер қабылдау саласындағы ғылыми еңбектер, сондай-ақ АҚШ және Жапония тәжірибесінде стратегиялық шешімдерді әзірлеу мен іске асыру ерекшеліктерін сипаттайтын деректер пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін теориялық талдау, салыстырмалы талдау және модельдеу әдістері құрады. Бұл әдістер белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдаудың шетелдік тәсілдерінің негізгі

ерекшеліктерін анықтауға және оларды жалпылама модельдер түрінде тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Менеджмент жүйесінде стратегиялық шешімдер ерекше орын алады. Стратегиялық шешімдер – бұл ұйымның ұзақ мерзімді дамуына ықпал ететін және болашаққа бағдарланған басқарушылық шешімдер. Олар бірнеше маңызды ерекшеліктермен сипатталады. Біріншіден, мұндай шешімдер болашаққа бағытталған және жедел басқарушылық шешімдерді қабылдауға негіз қалыптастырады. Екіншіден, стратегиялық шешімдер айтарлықтай белгісіздік жағдайында қабылданады, өйткені олар кәсіпорын қызметіне әсер ететін бақылауға келмейтін сыртқы факторларды ескереді. Үшіншіден, стратегиялық шешімдер елеулі ресурстарды жұмылдыруды талап етеді және ұйым қызметіне ұзақ мерзімді әрі маңызды әсер етуі мүмкін [2, Б. 14].

Стратегиялық шешімдер белгісіздік жағдайында қабылданатындықтан, олар жоғары деңгейдегі кәсіби білім мен талдауды талап етеді. Мұндай шешімдердің тиімділігі көбінесе олардың қабылдану жылдамдығына емес, сапасына байланысты болады. Бұдан бөлек, стратегиялық шешімдер субъективті сипатқа ие және оларды объективті бағалау әрдайым мүмкін бола бермейді [2, Б. 15].

И.Ансофф теориясы стратегиялық басқаруды ұйымның ұзақ мерзімді өміршеңдігін қамтамасыз ететін жүйелік процесс ретінде қарастырады. Ол стратегиялық басқаруды сыртқы орта тұрақсыздығының өсуіне жауап ретінде негіздеді. XX ғасырдың екінші жартысындағы жаһандану, технологиялық серпілістер және әлеуметтік талаптардың күшеюі басқару жүйелерін түбегейлі өзгертті [3, Б. 42-46]. Яғни, басқару жүйелерінің эволюциясы - бақылаудан икемді стратегиялық шешімдерге көшу – қазіргі ұйымдардың даму логикасын түсіндіретін маңызды теориялық негіз болады.

Қазіргі заманғы менеджмент теориясы мен практикасы стратегиялық шешімдерді қабылдауда шетелдік тәжірибе маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Әсіресе АҚШ пен Жапониядағы ірі компаниялардың тәжірибесі ұйымдық құрылымдарды ұйымдастыру, дербестік пен орталықтандырудың үйлесімін таңдау, стратегиялық жоспарлау және адам ресурстарын басқару саласында маңызды сабақтар береді.

Белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдауда Жапонияның «ринги» шешім қабылдау моделінің ерекшеліктеріне тоқталуға болады [4, Б. 82]. Дәстүрлі жапондық шешім қабылдау рәсімінің негізінде «ринги» жүйесі жатыр. Бұл жүйенің мәні төмендегідей: орта және төменгі деңгейдегі басшылар көптеген шешімдерді дербес қабылдай алмайды. Тіпті, өз құзыретіне кіретін маңызды мәселелер бойынша да олар жоғарыда тұрған басшыға жүгінеді.

Жапонияның басқару тәжірибесінде белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдау ұжымдық келісімге, ұзақ мерзімді жоспарлауға және ұйым ішіндегі үйлесімді өзара әрекетке негізделеді. Яғни, олар ұжымдық талқылау арқылы шешім қабылдайды. Бұл тәсіл көбінесе ринги жүйесі арқылы жүзеге асады, онда ұсынылған стратегиялық шешім арнайы

құжат түрінде ұйымның әртүрлі деңгейлерінде қарастырылып, көптеген қызметкерлердің пікірлері ескеріледі. Мұндай тәсіл шешім қабылдау процесіне әртүрлі көзқарастарды енгізуге мүмкіндік беріп, белгісіздік жағдайында тәуекел деңгейін төмендетеді.

Сонымен қатар, жапон компанияларында стратегиялық бастамаларды қабылдаудың алдында немаваши деп аталатын алдын ала келісу процесі жүргізіледі. Бұл процесс барысында ұйым мүшелері арасында бейресми пікір алмасу жүзеге асып, ұсынылатын шешімнің ықтимал салдары мен тәуекелдері алдын ала талқыланады. Нәтижесінде шешім қабылдау кезеңінде келіспеушіліктер азайып, бастамаларды жүзеге асыру тиімділігі артады.

Жапония тәжірибесінде белгісіздік жағдайында шешім қабылдаудың тағы бір маңызды элементі – кайдзен қағидасы, яғни үздіксіз жетілдіру философиясы. Бұл тәсіл стратегиялық өзгерістерді біртіндеп жүзеге асыруға, ұйымның жаңа жағдайларға икемді бейімделуіне және жинақталған тәжірибе негізінде тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Жапон компаниялары көбінесе қысқа мерзімді нәтижелерге емес, ұзақ мерзімді тұрақты дамуға бағытталған стратегиялық ойлау жүйесін қолданады. Сонымен қатар, идеологиялық тетік жапондық басқарудың өміршеңдігі мен тиімділігінің негізі. Идеологиялық ықпалдың басты мақсаты — қызметкерде ұйымды «біртұтас отбасы» ретінде қабылдау сезімін қалыптастыру болып табылады [4, Б. 82-86].

Жапония мен АҚШ елдерінің шешім қабылдау жүйелері де өзгеше. Батыс менеджерлері үшін шешім қабылдау — қойылған сұраққа жауап беру болса, жапон менеджерлері үшін ең бастысы — мәселенің өзін зерттеп, оның мәнін ашу. Яғни, батыстық жүйе баламаларды әзірлеуге және олардың ішінен оңтайлысын таңдауға бағытталған болса, жапондық жүйе мәселені терең талдауға және мақсатты дұрыс анықтауға негізделген.

Жапондық «ринги» жүйесі мен батыстық шешім қабылдау моделі бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. «Ринги» жүйесінде шешім қабылдау ұжымдық сипатқа ие болып, мәселе жан-жақты талқыланады және барлық деңгейдегі қызметкерлердің келісімі алынады. Бұл тәсіл шешімнің сапасын арттырып, оны жүзеге асыруды жеңілдетеді, себебі қызметкерлер оны өз шешімі ретінде қабылдайды. Ал, батыстық модельде шешім қабылдау көбінесе жоғары басшылықтың құзырында болады, процесс жылдам жүреді, бірақ орындау кезеңінде қарсылықтар туындауы мүмкін. Жапондық модель тұрақты ортада тиімді әрі сапалы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін болса, ал батыстық модель өзгермелі және шұғыл жағдайларда жедел әрекет етуге қолайлы. Бір сөзбен айтқанда, белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдаудың тиімділігі ұжымдық келісімге негізделген басқару мәдениеті, алдын ала келісу механизмдері, үздіксіз жетілдіру қағидалары және ұзақ мерзімді стратегиялық бағдар арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл тәсілдер ұйымдардың тұрақсыз және күрделі экономикалық ортада тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Оның үстіне, қызметкерлердің тәжірибесі мен

кәсіби пікірін пайдалану арқылы ұйымның интеллектуалдық әлеуеті толық іске қосылады.

Жапония мен батыстық (АҚШ) шешім қабылдау модельдерінің бір-бірінен ерекшеліктері 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Жапония мен батыстық (АҚШ) шешім қабылдау модельдері

Салыстыру критерийі	Жапондық «ринги» жүйесі	Батыстық модель
Бастама көзі	Төменгі және орта буыннан басталады	Көбіне жоғары басшылықтан басталады
Шешім қабылдау тәсілі	Ұжымдық, келісім арқылы	Жеке немесе шағын топ арқылы
Негізгі назар	Мәселені терең зерттеу, себептерін анықтау	Баламаларды таңдау және тез шешім шығару
Құжат рәсімі	«Ринги» құжаты иерархия бойынша айналады	Қысқа талқылау немесе тікелей бұйрық
Жауапкершілік	Ұжымдық жауапкершілік	Жеке басшы жауап береді
Уақыт шығыны	Қабылдау кезеңі ұзақ, орындау жылдам	Қабылдау тез, орындауда қиындық болуы мүмкін
Қызметкерлердің қатысуы	Кең ауқымды қатысу	Шектеулі қатысу
Қарсылық деңгейі	Аз, себебі келісім алдын ала жасалады	Қарсылық болуы мүмкін
Икемділік	Тұрақты ортаға тиімді	Өзгермелі ортаға бейімді

Жапондық басқару әдістері американдық басқарудан түбегейлі ерекшеленеді. Екі ел менеджментінің негізгі принциптері әртүрлі бағытта орналасқан және тек аз ғана түйіскен нүктелері бар. Жапонияда басқарудың негізгі нысаны – еңбек ресурстары [5, Б. 181].

Осы ретте, жапондық пен американдық ұйымдарының адам ресурстарын басқару модельдері 2 кестеде ұсынылған.

Кесте 2 – Адам ресурстарын басқару модельдері

Қолданылатын тәсіл	A («американдық ұйымдар»)	Z («жапондық ұйымдар»)
Адам капиталы	Оқытуға аз инвестиция, нақты дағдыларға үйрету, формальды бағалау	Оқытуға үлкен инвестиция, жалпы оқыту, формальды емес бағалау

Қолданылатын тәсіл	A («американдық ұйымдар»)	Z («жапондық ұйымдар»)
Еңбек нарығы	Сыртқы факторлар басты, қысқа мерзімді жалдау, арнайы лауазымдық жол	Ішкі факторлар басты, ұзақ мерзімді жалдау, әмбебап лауазымдық жол
Ұйымға адалдық	Тікелей еңбек келісім-шарттары, сыртқы ынталандыру, жеке тапсырмалар	Жасырын келісімдер, ішкі ынталандыру, топтық жұмысқа бағыттау

АҚШ корпорациялары стратегия әзірлеуде экстраполяция әдістерінен (яғни, өткен кезеңнің тенденцияларына сүйене отырып өндірісті ұлғайту) модельдеуге өтті. 500 ірі американдық компанияның 20%-дан астамы стратегиялық даму модельдерін қолданады. Мұндай модельдер математикалық бағдарламалау әдістерімен әзірленеді және әр модельде 30-ға дейін теңдеу есептелуі мүмкін.

Американдық жетекшілерде стратегиялық шешім қабылдау кезінде индивидуализм коллективизмге қарағанда басым. Бұл американдық басқару түрін жапондық және кейбір дәрежеде батыс еуропалық басқарудан ерекшелендіреді. Индивидуализм шешім қабылдау процесінде басшылықтың бір адамға шоғырлануы, көшбасшылыққа жетудегі жеке бастамашылдық және жетекшілердің жеке еңбекақысын белгілеуде көрінеді. Яғни, американдық менеджменттің басты ерекшелігі – болашаққа бағдарлануы. Оған жұмысшыларға жеке тәсіл көрсету арқылы тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға ынталандыру жатады. Бұл «басқарушы әр қызметкерді бетпе-бет таныуы тиіс» қағидатын туындатты және персоналды үнемі зерттеу, кәсіби қабілеттері мен бастамашылдығы бойынша кадрларды жылжытуды талап етті [5, Б. 179].

Жапондық басқарушының басты мақсаты – қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыру арқылы кәсіпорын тиімділігін жоғарылату. Ал, американдық менеджментте басты мақсат – пайданы максимизациялау, яғни ең аз күш жұмсап ең көп пайда табу.

Жалпы, жапондық басқару адамдық қатынастарға ерекше көңіл бөледі: үйлесімділік, топтық бағыттылық, қызметкерлердің моральдық қасиеттері, тұрақты жұмыспен қамту, жұмысшылар мен басқарушылар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру [5, Б. 182–183].

АҚШ компанияларының деорталықтандыру мен дивизионализация тәжірибелері ұйым ішіндегі дербестікті арттыруға және стратегиялық шешімдер қабылдауда тиімділікті жоғарылатуға бағытталған [5, Б. 176]. Мысалы, деорталықтандыру ұйым ішінде: бөлімшелердің дербестігін қамтамасыз етеді, төменгі деңгейдегі басқарушылар мен қызметкерлердің бастамашылдығын ынталандырады және орталық басқарудың стратегиялық бағытына сәйкестікті сақтай отырып, ағымдағы операцияларды тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Ал, дивизионализацияның негізгі артықшылықтары: шешім қабылдау жылдамдығының артуы, шешім сапасының жақсаруы және орталық басқаруды ағымдағы шешімдер қабылдаудан босатып, стратегиялық деңгейге бағдарландыруы [5, Б. 177].

Міне, жоғарыда айтылғандардың тобықтай түйінін 3 кесте бойынша беруге болады.

Кесте 3 - Жапондық пен американдық басқарудың шешім қабылдауларын салыстыру

Қасиет	Американдық басқару	Жапондық басқару
Шешім қабылдау	Индивидуализм, бір басшының жауапкершілігі	Топтық үйлесімділік, консенсусқа негізделген
Қызметкерлерге көзқарас	Жеке ынталандыру, қысқа мерзімді мақсат	Ұзақ мерзімді оқыту, тұрақтылық, сенім
Басшылық қатысуы	Стратегиялық деңгейде шоғырлану	Өндіріс процесінде тұрақты қатысу
Негізгі мақсат	Пайданы максимизациялау	Еңбек өнімділігін арттыру, сапа және келісім

Американдық басқару тиімділікті, жауапкершілікті және жеке бастамашылдықты арттырса, жапондық басқару тұрақтылықты, топтық үйлесімділікті және қызметкерлердің моральдық қасиеттерін жақсартады [5, Б. 179–183].

Қорытындылар. Қазіргі экономикалық жағдайда ұйымдардың тиімді қызмет етуі мен ұзақ мерзімді тұрақтылығы белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдерді дұрыс қабылдауға тікелей байланысты екені ақиқат. Ал, стратегиялық шешімдер ұйымның даму бағытын айқындап қана қоймай, оның сыртқы ортамен өзара әрекеттесуін, ресурстарды тиімді пайдалануын және болашақ өзгерістерге бейімделу қабілетін қамтамасыз етеді. Өз кезегінде, нарықтық ортаның белгісіздігі, бәсекелестіктің күшеюі мен экономикалық процестердің күрделенуі стратегиялық шешімдер қабылдау үдерісінің маңызын одан әрі арттырады. Бұл ретте, белгісіздік жағдайларында стратегиялық шешімдер қабылдауда АҚШ пен Жапония елдерінің озық тәжірибелері өзекті екенін өмір шарттары көрсетіп отыр.

Сайып келгенде, АҚШ пен Жапонияның стратегиялық шешім қабылдау тәжірибесін салыстырмалы талдау көрсеткендей, белгісіздік жағдайында тиімді басқару модельдері ұлттық басқару мәдениеті мен құндылықтар жүйесі және ұйымдық құрылым ерекшеліктеріне тікелей тәуелді.

Америка Құрама Штаттарында стратегиялық шешімдер қабылдау жоғары икемділік және тәуекелге бейімділікпен, оның үстіне жедел әрекет ету қабілетімен сипатталады. Бұл оларды жоғары деңгейдегі белгісіздік пен инновациялық өзгерістер жағдайында тиімді етеді.

Ал, Жапонияда шешім қабылдау процесі ұжымдық келісімге, ұзақ мерзімді жоспарлауға және тәуекелдерді барынша төмендетуге негізделген. Бұл өз кезегінде, тұрақтылық пен орнықтылықты қамтамасыз етеді.

Осылайша, белгісіздік жағдайында стратегиялық шешім қабылдаудың тиімділігі әмбебап тәсілдерге емес, нақты институционалдық және мәдени мәнмәтінге (контекст) сай келетін басқару модельдерін таңдауға байланысты етеді.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, АҚШ пен Жапонияның стратегиялық шешім қабылдау тәжірибелері бір-біріне қарама-қайшы болғанымен де, олардың әрқайсысы белгілі бір жағдайларда жоғары тиімділік танытады. АҚШ-тың жылдам және тәуекелге ашық моделі қарқынды өзгерістер мен технологиялық серпілістер кезеңінде тиімді болса, Жапонияның эволюциялық және тұрақтылыққа бағытталған моделі ұзақ мерзімді даму мен жүйелі өсуді қамтамасыз етеді.

Қазіргі жаһандық белгісіздік жағдайында ұйымдар үшін ең тиімді тәсіл – осы екі модельдің озық элементтерін үйлестіретін гибридтік басқару жүйесін қалыптастыру болып табылады. Бұл тәсіл бір жағынан икемділік пен инновацияны қамтамасыз етсе, екінші жағынан тұрақтылық пен стратегиялық сабақтастықты сақтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Авинаш Диксит., Барри Нейлбафф. Теория игр. Искусство стратегического мышления в бизнесе и жизни, Москва.: Манн, Иванов и Фербер, 2016. 464 б.
2. Маркова В.Д., Кузнецова С.А. Стратегический менеджмент: Курс лекций. Москва.: ИНФРА-М, 2005. 288 б.
3. Ансофф И. Стратегическое управление, Москва.: Экономика, 1989. 519 б.
4. Растегаева Н.А. Принятие управленческих решений, Костанай.: ЧелГУ, 2012. 194 б.
5. Асаул А.И., Князь И.П., Коротаева Ю.В. Теория и практика принятия решений по выходу организаций из кризиса, Санкт-Петербург.: ИПЭВ, 2007. 224 б.
6. Барри Пирсон, Нил Томас. Краткий курс MBA. Практическое руководство по развитию ключевых навыков управления, Москва.: Альпина Бизнес Букс, 2006. 338 б.

МРНТИ 82.05.21

СТРАТЕГИЧЕСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЯМИ В УСЛОВИЯХ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ ТРАНСФОРМАЦИЙ

Дәуіт А.А., магистрант, Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан, akzhan.dauit@gmail.com; **Рахимова С.А.,** профессор Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются особенности стратегического управления изменениями в условиях институциональных трансформаций. Обосновывается, что успешные изменения не сводятся к внедрению отдельных инструментов или заимствованию «лучших практик», а требуют перепроектирования механизмов координации между участниками, функциями и институциональными элементами. Проведен анализ существующих моделей к управлению изменениями, включая обзоры Б. Бернс, Дж. П. Коттер, Э. Кэмерон и М. Грин. В качестве эмпирической иллюстрации использованы данные по цифровой трансформации финансового сектора Казахстана, отражающие рост безналичных операций и расширение платежной инфраструктуры. Таким образом цифровизация подталкивает на взаимодействие между участниками финансового рынка и повышает требования к согласованности институциональных механизмов. В результате, были обозначены основные причины ошибок в ходе имплементации изменений и предложен концептуальный подход к изменениям, состоящий из семи шагов. Сделан вывод о том, что ключевым условием устойчивых преобразований является формирование архитектуры координации, обеспечивающий согласование стратегических целей, процессов и организационных практик.

Ключевые слова: стратегическое управление изменениями, институциональная трансформация, финансовые услуги, организационная готовность, институциональные логики.

Введение. В цикле развития любой организации наблюдаются стратегические и операционные изменения из-за внешних или внутренних факторов. Однако, несмотря на количество накопленных знаний в сфере менеджмента, разработанных моделей и инструментов, уровень неудач крупномасштабных изменений остается высоким. На сегодняшний день нельзя гарантировать успех одной управленческой модели по изменениям. Б. Бернс прямо указывает на этот парадокс: изменения повсеместны, но успешные изменения по-прежнему сложны, поскольку в качестве универсальных решений постоянно используются отдельные теории и модели [1]. Э. Кэмерон и М. Грин приходят к аналогичному выводу, но с другой точки зрения. Они представляют управление изменениями не как единую доктрину, а как область конкурирующих концепций, предположений и логик

вмешательства, которые должны быть контекстуально выбраны, а не механически воспроизведены [2].

Эта проблема является более актуальной в контексте институциональных изменений. В отличие от коммерческих организаций, институты включают в себя системы формальных и неформальных правил и мандатов, которые определяют структуру ожиданий, координацию и легитимность. Институциональные изменения не ограничиваются только самими изменениями, например только технологической модернизацией. Они включают в себя пересмотр правил, взаимоотношений и механизмов с другими участниками рынка, которые позволяют институтам достигать социально значимых результатов в условиях нестабильности и ограничений [3]. Т. Толстых и др. также утверждают, что успешная трансформация включает в себя перестройку кросс-функциональных процессов и их участников, а не только внедрение новых инструментов. Они развивают мысль о том, что чаще всего операционные сбои возникают из-за несогласованности, а иногда противоречий отдельных элементов в процессах [4].

Истинным объектом стратегических изменений являются не технологии, цифровизация или коммуникация, взятые по отдельности. Истинным объектом является архитектура координации: правила, рутины, механизмы власти и культурные ожидания, посредством которых изменения либо усваиваются, либо искажаются, либо преобразуются в новые возможности. Этот аргумент рассматривается с особым упором на институты в секторе финансовых услуг, где давление в отношении необходимости адаптации высокое, но терпимость к волатильности низкая.

Материалы и методы. В исследовании использованы методы теоретического, сравнительного и системного анализа. Применен институциональный подход, позволяющий рассматривать изменения через призму формальных и неформальных правил, механизмов координации и распределения власти. Методологической основой послужили работы Б. Бернс, Дж. П. Коттер, Э. Кэмерон и М. Грин.

Ограничения универсальных моделей изменений. Б. Бернс в своих работах утверждает, что инициаторы изменений не должны задавать вопрос «Какая модель лучше всего для интеграции изменений?», а находить ответ на вопрос «Какая модель подходит для данного контекста, и какие ограничения действительно подлежат обсуждению?». Такой подход не противоречит общепринятым моделям, а скорее исключает универсализацию. Б. Бернс считает, что не существует единственного правильного метода, и каждая модель является неполной и зависит от контекста. Стратегия, организационный выбор, власть и изменения должны быть собраны в единую аналитическую структуру. Б. Бернс утверждает, что организации должны выбирать между подходами в зависимости от типа изменений, ограничений, с которыми они сталкиваются, и степени, в которой эти ограничения сами по себе могут быть изменены [1].

Э. Кэмерон и М. Грин дополняют, что нельзя в полной мере понять или управлять организационными изменениями, опираясь исключительно на формальную структуру. Эффективная трансформация требует согласования рабочих процессов, людей, формальных структур и неформальных организационных практик. В противном случае организация имеет тенденцию возвращаться к прежнему порядку [2]. Это понимание особенно важно для институционального анализа, поскольку оно рассматривает модели влияния, ценности и неписаные нормы как неотъемлемые элементы изменений.

Тем временем, Дж. П. Коттер и Коэн также добавляют, что крупномасштабные преобразования терпят неудачу не только из-за неполноты планов, но и из-за отсутствия изменений в поведении. Их логика «увидеть-почувствовать-измениться» («see-feel-change») объясняет, что люди начинают действовать, когда изменения становятся ощутимыми с поведенческой и эмоциональной точек зрения, а не тогда, когда они представлены в технически обоснованной форме, чаще всего в виде красивых презентаций.[5] Прежняя восьмиступенчатая модель Дж. П. Коттера остается актуальной, поскольку она выявляет типичные препятствия на пути реализации, а именно: недостаточное понимание срочности, слабую коалицию, неясную концепцию, общие ограничения, отсутствие краткосрочных побед, преждевременное празднование и слабая привязка к культуре [6].

Еще один недостаток универсальных моделей изменений заключается в слепом следовании практикам, которые оказались успешными в других местах, но появились в новых условиях. Более известными как «Best Practice». Б. Бернс показывает, как стремление найти единственно верный путь привело к появлению обобщенных рекомендаций и списков передовых практик, в которых, как правило, отсутствовали четкие указания на условия их применения. В результате концепция передовой практики может создавать иллюзию надежности. Так как, она будет казаться проверенной, но ее эффективность может быть основана на обстоятельствах, которые отсутствуют в другой организации [1].

П. Боккарделли и Ф. Брунетта (2024) помогают объяснить, почему институциональные преобразования в целом являются более сложной задачей, чем коммерческие. В институтах стратегия проходит через фильтр множества сосуществующих принципов, а не через основной критерий эффективности. Это означает, что инициатива по изменению может быть рациональной с операционной точки зрения, но все равно может быть отклонена, поскольку она не соответствует правовым ожиданиям, приоритетам надзорных органов, политическим ограничениям или требованиям общественности [7].

Для обоснования необходимости предложения концептуального подхода в качестве эмпирической иллюстрации были проанализированы ключевые показатели цифровой трансформации финансового сектора Казахстана (Таблица 1).

Как видно из представленных данных, за период 2020–2025 гг. наблюдается существенный рост уровня цифровизации. В частности, доля

безналичных платежей увеличилась с 13.4% в 2015 году до 87.5% в 2025 году, что свидетельствует о переходе финансовой системы к преимущественно цифровой модели функционирования. Одновременно объём безналичных операций за последние пять лет вырос более чем в 5 раз (с 35.3 до 188.4 трлн тг), что отражает не только расширение цифровой инфраструктуры, но и существенное изменение поведенческих моделей пользователей. Более того, увеличение количества платежных карт с 17.2 до 84.6 млн единиц и числа POS-терминалов с 77.9 до 1290.6 тыс. единиц свидетельствует о росте доступности безналичных операций и расширение платежной инфраструктуры Казахстана.

Дополнительно отмечается значительное развитие финтех-экосистемы, что отражается в увеличении числа цифровых сервисов и участников рынка. Это указывает на формирование платформенной среды, в которой взаимодействуют банки, технологические компании и регуляторы.

Таблица 1 – Показатели цифровой трансформации финансового сектора Казахстана

Показатель	**2015**	**2016**	**2017**	**2018**	**2019**	**2020**	**2021**	**2022**	**2023**	**2024**	**2025**
Доля безналичных операций по платежным карточкам, %	13.4	16.9	25.9	36.6	57.8	72.8	79.2	84.8	86.3	87.3	87.5
Количество платежных карт (млн ед.)	17.2	15.7	19.4	23.4	32.0	48.0	59.3	65.1	74.5	81.4	84.6
Количество POS-терминалов (тыс. ед.)	77.9	107.5	126.7	135.8	170.4	211.8	509.2	831.8	1041.9	1362.6	1290.6
Примечание: Составлено автором согласно [8]											

Таким образом, выявленная динамика в таблице 1 отражает не только количественный рост цифровых показателей, но и требуемые изменения в функционировании финансового сектора, что является критически важным фактором для институциональной устойчивости.

Вместе с тем, данные тенденции подтверждают, что цифровизация систем и продуктов сами по себе не является достаточным условием успешной трансформации. Усложнение экосистемы и увеличение числа участников усиливают требования к координации между институциональными субъектами.

Следовательно, эмпирические данные предполагают, что стремительная цифровая трансформация сопровождается ростом сложности институциональных взаимодействий, что требует системного перепроектирования правил, процессов и механизмов управления.

Наблюдаемые изменения свидетельствуют о переходе финансового сектора от транзакционной модели к платформенной, что усиливает значимость координационных механизмов между участниками.

Также важно подметить основные причины общих ошибок:

1. Первая причина заключается в попытках интегрировать новую стратегию в контексте уже устаревших правил, процессов и координаций. В итоге две разные логики сталкиваются, порождая противоречия в процессах. Также Б. Бернс утверждает, что важные организационные решения формируются под влиянием власти и политики всякий раз, когда сталкиваются интересы и ставится под сомнение существующее положение вещей [1].
2. Вторая причина заключается в поспешной цифровизации. Т. Толстых и др. заявляют, что цифровая трансформация рискованна, когда организациям не хватает структуры, инструментов, и механизмов координации, необходимых для ее внедрения. Цифровые платформы повышают эффективность организации, только при условии, когда они перестраивают координацию, а не когда они ускоряют существующий беспорядок [4].
3. Третья, и менее очевидная причина заключается в пренебрежение непрерывного совершенствования процессов. Проблема заключается в том, что многие организации (особенно крупные и бюрократичные) склонны лучше сохранять модель статус-кво, чем своевременно ее обновлять. В результате изменения часто начинаются слишком поздно и носят скорее реактивный, чем проактивный характер. Для институциональных организаций этот риск особенно высок, поскольку их деятельность по своей сути направлена на обеспечение стабильности, соблюдение нормативных требований и минимизацию рисков [9].

Результаты. Стратегические преобразования в условиях институциональных изменений следует разрабатывать в рамках скоординированной реорганизации институциональной структуры. Исходя из этого, можно предложить концептуальный подход к изменениям, состоящий из семи шагов (Таблица 2).

Таблица 2

Шаги	**Описание**
Шаг 1. Диагностика противоречий и подготовка к изменениям.	Т. Толстых и др. (2024) рекомендуют оценивать готовность с точки зрения финансовых ресурсов, человеческого капитала, организационной структуры, управленческих технологий, институциональных рамок, а также систем мотивации. Хотя точные переменные могут различаться в контексте финансовых услуг, главный вывод остается тем же: масштабные изменения не следует инициировать до тех пор, пока профиль готовности системы не станет четко очевиден [4].

<table>
<tr><td>Шаг 2. Переосмысление стратегической логики.</td><td>Нужна переосмысленная стратегическая логика, которая объясняет, почему необходимы перемены, какая институциональная ценность будет сохранена или создана и какие компромиссы будут приняты. На данном шаге нужно создать у организации ясное понимание срочности изменений и ясное представление о том, к какому будущему состоянию она должна прийти. [6].</td></tr>
<tr><td>Шаг 3. Редизайн функций через управленческие и меж функциональные связи, а не через фрагментированные подразделения.</td><td>Функциональная перестройка должна начинаться там, где накапливаются процессы передачи информации, согласования, правила эскалации и сбои в координации. Цель состоит не в том, чтобы перерисовать организационную структуру, а в том, чтобы перепроектировать процесс принятия решений между оперативными группами внутри компании и внешними заинтересованными сторонами.</td></tr>
<tr><td>Шаг 4. Перестройка процессов до внедрения технологических решений.</td><td>Перепроектирование процессов учитывает обязанности, права принятия решений, потоки данных и обработку исключений. Цифровые инструменты должны поддерживать этот перепроектированный процесс, а не заменять его. В противном случае учреждения просто оцифруют старые противоречия и ошибки.</td></tr>
<tr><td>Шаг 5. Обеспечение цифровой трансформации как механизма координации</td><td>Цифровую трансформацию следует рассматривать не как отдельную инициативу, а как базовый уровень, создающий необходимые условия. Т. Толстых и др. (2024) предлагают полезную концептуальную модель, описывая систему трансформации как совокупность взаимосвязанных платформ:

<table><tr><td>Платформа комплаенс</td><td>Обеспечивает контроль соблюдение нормативных тре устойчивую деятельность</td></tr><tr><td>Функциональная платформа</td><td>Охватывает управленческие необходимые для функциони развития организации</td></tr><tr><td>Процессная платформа</td><td>Организует рабочие операции, процедуры функциональное выполнение</td></tr><tr><td>Организационная и структурная платформа</td><td>Определяет, как взаимо подразделения, как распр</td></tr></table></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td><table>
<tr><td></td><td>полномочия и как осуществляе координация</td></tr>
<tr><td>Институциональная платформа</td><td>Включает ценности, норм правила, рутины и принятые спосо работы.</td></tr>
<tr><td>Платформа поддержки инфраструктуры</td><td>Включает IT-систем программное обеспечение, аппарат обеспечение, базы данных и цифро инструменты.</td></tr>
</table>
Практическая ценность этого шага заключается в том, что он рассматривает трансформацию не как внедрение отдельных цифровых инструментов, а как скоординированную переработку механизмов обеспечения соответствия, управленческих функций, процессов, организационной структуры, институциональных правил и технологической инфраструктуры [4].</td></tr>
<tr><td>Шаг 6. Обеспечение политической и структурной согласованности</td><td>Структурные изменения должны следовать за содержательной перестройкой, а не заменять ее. На этом этапе решающее значение приобретает политическое согласование. Победители, проигравшие, коалиции и неформальные точки вето должны быть открыто определены. Б. Бернс и Э. Кэмерон & М. Грин показывают, что изменения становятся менее эффективными, когда политическая плоскость игнорируется и не учитывается [1, 2].</td></tr>
<tr><td>Шаг 7. Стабилизация, институционализация и последующее развитие.</td><td>Трансформация не считается завершенной, если просто запустить новую модель. Новые методы должны быть внедрены в процессы подбора персонала, продвижения по службе, обучения, рутинных процедур, критериев оценки эффективности и многократного успешного использования. [6, 9].</td></tr>
<tr><td colspan="2">Примечание: Составлено автором согласно [1, 2, 4, 6, 9]</td></tr>
</table>

Таким образом, предложенный подход, указанный в таблице 2 демонстрирует, что эффективная трансформация требует комплексного подхода, охватывающего управленческие, процессные и институциональные аспекты, что позволяет обеспечить устойчивость и легитимность изменений.

Выводы. Стратегическое управление изменениями в условиях институциональных преобразований требует смены перспективы. Решающий вопрос заключается не в том, какую универсальную модель следует применять, а в том, какую архитектуру координации необходимо перепроектировать, чтобы новая стратегия стала оперативной, легитимной и

устойчивой. Институциональные организации должны меняться со скоростью, требуемой технологиями, рынками и регулированием, но при этом не подрывая доверие и устойчивость, которые они призваны сохранять.

На практике слишком мало внимания уделяется правилам координации, неформальным практикам, конкурирующим логикам и готовности. В результате организации не трансформируют систему, которая порождает поведение. Они лишь добавляют новые ожидания к старой системе.

Институциональные организации должны выстраивать процесс изменений, исходя из предварительной диагностики готовности, системных противоречий и конфигурации взаимодействий внутри института. Сопротивления к изменениям необходимо включать в предмет стратегического анализа, поскольку именно они во многом определяют пределы и результаты трансформации. В этой связи первоочередной задачей становится не цифровизация как таковая, а перепроектирование координационных механизмов, управленческой логики и структуры ответственности. Лишь в этом случае стратегические изменения способны перерасти из формально декларируемых реформ в содержательные институциональные преобразования.

Список использованных источников

1. Burnes, B. Managing Change: A Strategic Approach to Organisational Dynamics. 5th ed. — Harlow: Pearson Education, 2009.
2. Cameron, E., Green, M. Making Sense of Change Management: A Complete Guide to the Models, Tools and Techniques of Organizational Change. 6th ed. — London: Kogan Page, 2024.
3. AlMalki, H. A., Durugbo, C. M. Systematic review of institutional innovation literature: towards a multi-level management model // Management Review Quarterly. — 2022.
4. Tolstykh, T., Shmeleva, N., Boev, A., Guseva, T., Panova, S. System Approach to the Process of Institutional Transformation for Industrial Integrations in the Digital Era // Systems. — 2024. — Vol. 12. — Article 120.
5. Kotter, J. P., Cohen, D. S. The Heart of Change: Real-Life Stories of How People Change Their Organizations. — Boston: Harvard Business Review Press, 2002.
6. Kotter, J. P. Leading Change. — Boston: Harvard Business School Press, 1996.
7. Boccardelli, P., Brunetta, F. Leadership and Strategic Management: Decision-Making in Times of Change. — New York; Abingdon: Routledge, 2024.
8. Данные Национального банк Республики Казахстан (статистика платежных систем, 2015–2025 гг.).// https://nationalbank.kz/ru/page/statistika
9. Dutta, S. K. Strategic Change and Transformation: Managing Renewal in Organizations. — New York: Routledge, 2019.

МРНТИ 06.81.23

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ ЖКХ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ИНВЕСТИЦИОННУЮ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ ГОРОДА

Дуйсенов Д.Р., магистрант 1 курса ОП Экономика,
Astana international university, г. Астана, Казахстан,
duissenovduman@gmail.com; **Турсумбаева М.Ж.,** к.э.н., ассоц.проф.,
Astana international university, г. Астана, Казахстан
tursumbayeva_m@mail.ru

Аннотация. Цифровизация жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) рассматривается как стратегический инструмент повышения эффективности городской инфраструктуры и инвестиционной привлекательности города. В статье исследуются ключевые аспекты цифровизации, включая внедрение «умных» счетчиков, онлайн-биллинг, мониторинг сетей и прогнозирование аварий с использованием современных технологий. Проведен стратегический анализ с применением модели SWOT, выявлены возможности и риски цифровизации для городской экономики. Показано, что цифровизация ЖКХ снижает эксплуатационные и инфраструктурные риски, повышает прозрачность управления и доверие инвесторов, создавая условия для устойчивого экономического развития городов.

Ключевые слова: Цифровизация ЖКХ, «умные» счетчики, инвестиционная привлекательность, коммунальная инфраструктура, снижение аварийности, государственно-частное партнёрство

Введение. Актуальность темы определяется тем, что цифровизация жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) реализуется в рамках государственной программы МЭКС - Модернизация энергетического и коммунального секторов, которая предполагает масштабное внедрение цифровых решений на уровне всей страны, обеспечивая системный подход к развитию коммунальной и энергетической инфраструктуры. Цифровизация ЖКХ становится ключевым фактором модернизации городской инфраструктуры. Внедрение современных информационных технологий позволяет повысить эффективность управления ресурсами, сократить расходы, снизить аварийность и улучшить качество предоставляемых услуг. Для реализации этих улучшений активно внедряются такие инструменты, как «умные» счетчики, которые автоматически передают данные о потреблении ресурсов и позволяют жителям контролировать расходы. Хотя внедрение цифровых технологий в ЖКХ создаёт значительные преимущества, оно сопровождается определенными рисками и ограничениями. Масштабность проекта порождает дополнительные трудности, в том числе связанные с соблюдением сроков реализации мероприятий, координацией действий между

центральными государственными органами и местными исполнительными органами, а также необходимостью учета административных и организационных ограничений. Поэтому для всесторонней оценки внедрения цифровых технологий в ЖКХ используется модель SWOT, которая позволяет систематизировать сильные и слабые стороны проекта, а также выявить потенциальные возможности и угрозы, обеспечивая объективный анализ его перспектив и влияния на развитие городской инфраструктуры и инвестиционную привлекательность города.

Что касается инвестиционной привлекательности, цифровизация ЖКХ играет важную роль, поскольку снижает эксплуатационные и инфраструктурные риски за счет более точного контроля состояния инженерных сетей и своевременного реагирования на аварийные ситуации. Повышение прозрачности управления и открытости процессов через цифровые инструменты делает деятельность коммунальных служб более предсказуемой и понятной для инвесторов. Внедрение онлайн-сервисов и систем мониторинга позволяет демонстрировать эффективность управления, укрепляя доверие как государственных, так и частных инвесторов. Всё это создаёт благоприятные условия для устойчивого экономического развития городов и повышения их инвестиционной привлекательности.

Цель исследования – провести комплексный анализ цифровизации жилищно-коммунального хозяйства Казахстана с использованием SWOT-метода и определить её влияние на инвестиционную привлекательность городов.

Результаты. Локальная практика функционирования ювенальной юстиции нередко выявляет противоречия между декларируемыми международными стандартами и реальными механизмами их реализации. Среди наиболее дискуссионных вопросов — эффективность специализированных судов по делам несовершеннолетних, пределы уголовной ответственности, соотношение наказания и воспитательных мер, а также роль семьи и социальных институтов в процессе ресоциализации подростков. Сегодня возрастает значение сравнительно-правовых исследований, направленных на изучение отечественного и зарубежного опыта регулирования уголовной ответственности несовершеннолетних. В этой связи особый научный интерес представляет сопоставление правовых подходов Казахстана, России, Китая, принадлежащих к различным правовым традициям и устанавливающих отличающиеся модели уголовно-правового поведения.

Говоря о правовом регулировании положения несовершеннолетних, их защите, государства так или иначе имплементируют вышеназванные международные акты и встраивают их во внутригосударственные правовые отношения. Такими нормативными актами являются следующие. В Республике Казахстан, наряду с остальными кодексами, действует Кодекс РК от 26.12.2011 года «О Браке супружестве и семье», и Закон РК от 08.08. 2002 года «О правах ребенка в Республике Казахстан», а также различные подзаконные акты. В Российской Федерации права ребенка защищаются кодексами РФ, в том числе специализированным «Семейным кодексом РФ» принятым 08.12.1995 года, Федеральным законом от 24.07.1998г. «Об основных гарантиях прав ребенка в Российской Федерации»., Федеральным законом от 23.06. 2016 г.» Об основах системы профилактики правонарушений в Российской Федерации». В КНР основными правоустанавливающими документами являются кодексы Гражданский Кодекс (28.05.2020г.) и Уголовный Кодекс КНР (01.07.1979г.) и законы такие как, Закон КНР «О защите несовершеннолетних» от 29.09.1991 г., Закон КНР от 28.06. 1999г. «О предотвращении преступности среди несовершеннолетних».

Во всех трех странах — Казахстане, России и Китае — национальные системы реабилитации формируются с учетом международных подходов, однако имеют различную степень институционализации и практической реализации. Казахстан демонстрирует стремление к созданию специализированной системы ювенальной юстиции, Россия использует смешанную модель, а Китай развивает централизованный подход с акцентом на социальный контроль родителей и специализированных органов.

Целесообразно рассмотреть вопросы о возрасте привлечения к уголовной ответственности и вариантах назначения конкретных видов наказаний несовершеннолетним. В исследуемых странах, можно отметить следующие показатели. Вопрос о возрастном цензе сегодня является актуальным, так как раннее взросление, повсеместное использование искусственного интеллекта, может оказывать, в некоторых случаях, негативное влияние на поведение подростков.

Так в Казахстане и России привлечение к уголовной ответственности начинается с 14(16) - летнего возраста. Тогда как в Китае вопрос регулируется иначе. В законодательстве КНР произошли радикальные изменения. Поправка XI к Уголовному закону КНР, вступившая в силу в 2021 году и активно применяемая в 2022–2024 гг., позволила привлекать к ответственности лиц с 12 лет за совершение особо тяжких преступлений с одобрения Верховной народной прокуратуры.[2] Этот шаг стал ответом на рост жестоких преступлений среди младших подростков. Одновременно с этим, Закон КНР «О профилактике преступности среди несовершеннолетних» внедрил систему классификации «плохого поведения», позволяющую проводить раннюю коррекцию без изоляции от общества [3].

Этот факт стал предметом дискуссий в мировой правовой системе. Ряд авторов обращал внимание на столь значительное изменение возрастного ценза. «Согласно статье 17 УК КНР с 12 лет уголовная ответственность наступает в случае убийства или умышленного причинения тяжкого вреда здоровью с применением особо жестоких средств, повлекшее смерть или инвалидность, при наличии особо серьезных обстоятельств, подтверждённых Верховной народной прокуратурой»[4].

В своем ответе на депутатский вопрос о снижении возрастного ценза привлечения к ответственности в Казахстане в октябре 2024 года, премьер-министр О. Бектенов ответил, что «Установление ответственности с 12 лет противоречит правовым и гуманистическим подходам к защите детей, так как в данном возрасте дети не обладают достаточным уровнем зрелости».[5] Директор Института уголовного права Пекинского педагогического университета, профессор Чжао Бинчжи подчеркнул, что снижение возраста — это «точечная корректировка», а не общий сдвиг системы. Это вынужденный ответ на конкретные вызовы общественной безопасности.[6] В России дискуссия чаще касалась не общего снижения возраста, а его «выравнивания» для новых типов угроз (наркотики, экстремизм, интернет мошенничество). Председатель Следственного комитета А. Бастрыкин предложил снизить возраст до 14 лет за сбыт наркотиков и обратить внимание на проблему дроперов, чтобы разрушить «миф о безнаказанности для рекрутов».[7] В России и Казахстане дискуссия о снижении возраста уголовной ответственности до 12 лет также периодически обостряется, особенно на фоне резонансных преступлений. Однако, в отличие от Китая, законодатели в обеих странах пока придерживаются более консервативного подхода.

Рассматривая вопрос о внедрении ювенальной юстиции и государственных органах, ее реализующих, можно отметить следующее. В Казахстане действует развёрнутая система ювенальной юстиции. В нее входят специализированные подразделения по работе с несовершеннолетними в органах юстиции, внутренних дел, образования и науки, в судах, прокуратурах и адвокатуре. К 2024 году Казахстан завершил процесс создания специализированных межрайонных судов по делам несовершеннолетних во всех областных центрах. Это позволило внедрить в процесс участие психологов и социальных работников. Эти суды рассматривают уголовные дела с участием несовершеннолетних, а также гражданские дела, затрагивающие интересы детей (например, лишение родительских прав, эмансипация, алиментные отношения). Также развиваются службы пробации и социального сопровождения.

В России отсутствует единая система ювенальной юстиции в классическом понимании. Вместо этого действует модель «ювенальных технологий» в рамках общей судебной системы. Это специализированные судебные органы или составы судов, рассматривающие дела с участием несовершеннолетних (как правонарушителей, так и потерпевших), направленные на их защиту и реабилитацию, а не только на назначение наказания. К процессу привлекаются педагоги, психологи, социальные работники. Создана и успешно функционирует Комиссия по делам несовершеннолетних. Сама идея внедрения единой системы ювенальной юстиции обсуждается в стране еще с начала двухтысячных годов, даже ранее, однако специализированные суды для несовершеннолетних функционируют локально, только в некоторых регионах.

В Китае сочетаются элементы социалистического права и международных стандартов. Система ювенальной юстиции в Китае функционирует в рамках общих народных судов, где создаются специализированные коллегии по делам несовершеннолетних. Они рассматривают уголовные дела в отношении несовершеннолетних правонарушителей, а также некоторые гражданские дела по защите прав детей. Дела рассматривают судьи, прошедшие специальную методологическую, психологическую и правовую подготовку. Целью заседаний и принимаемого решения является воспитание и реабилитация, а не только наказание за содеянное.

Во всех указанных выше странах, распространёнными видами наказаний для несовершеннолетних являются общественные работы, условное осуждение, программы реабилитации. Активно используются меры примирения и социального сопровождения, а также к процессам контроля и перевоспитания привлекаются родители, семья.

Рассматривая вопрос о реабилитации несовершеннолетних, вступивших в конфликт с законом, нужно помнить, что основным принципом международных стандартов является – декриминализация и гуманизация.[8] И целью привлечения несовершеннолетнего к ответственности за негативное

поведение будет не только наказание или альтернативные меры, а применение к нему различных факторов возвращения в социальную сферу общества .

В Казахстане программы реабилитации базируются на деятельности ювенальных судов, применения института медиации и служб пробации. Институт медиации выступает вектором гуманизации современной уголовной политики. Он выполняет функцию сближения интересов личности, общества и государства. Медиация выступает механизмом снижения репрессивности уголовного процесса и оптимизации судебной нагрузки. В отношении подростка применение медиации можно трактовать как ресоциализацию через ответственность**:** переход от пассивного восприятия наказания к активному участию в заглаживании вины. Это способствует интернализации социальных норм и формированию правосознания.[9]

Также внимание уделяется социальной адаптации, психологической помощи и образовательной поддержке несовершеннолетних. В этом большую роль играют службы пробации. В Республике Казахстан 30.12.2016 года принят Закон РК «О пробации». Служба пробации функционирует в структуре Комитета уголовно-исполнительной системы (КУИС) МВД РК. **Пробация** - это система видов деятельности и индивидуально определяемых мер контрольного и социально-правового характера, направленных на коррекцию поведения лиц, категории которых определены, для предупреждения совершения ими новых уголовных правонарушений.[10] Целью пробации является содействие в обеспечении безопасности общества путем коррекции поведения подозреваемого, обвиняемого, ресоциализации осужденного, социальной адаптации и реабилитации лица, освобожденного из учреждения уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы. Хочется отметить, что в контексте пробации сегодня часто используется термин «цифровое кураторство» это инновационная концепция, находящаяся на стыке цифровой гигиены, педагогики и превентивного права. Это не просто пассивный контроль, а мера цифровой ресоциализации. Это форма дистанционного наставничества и мониторинга цифрового поведения поднадзорного лица, направленная на коррекцию его «цифрового следа», обучение навыкам безопасной работы в сети и предотвращение совершения повторных правонарушений в киберпространстве.

Однако в Казахстане остаются проблемы недостаточной координации соответствующих систем, специализированной подготовки кадров и ограниченности ресурсов.

Российская модель действий характеризуется отсутствием единой системы ювенальной юстиции и реализуется через различные институты профилактики. Комиссии по делам несовершеннолетних, образовательные учреждения и социальные службы обеспечивают комплексный подход к реабилитации.[11] Применяются альтернативные меры наказания, развиваются восстановительные практики, также включая медиацию. Несмотря на это, эффективность системы требует дополнительных

корректировок из-за региональной неоднородности и недостаточной институциональной интеграции.

В Китае реабилитация несовершеннолетних осуществляется в рамках централизованной государственной политики, ориентированной на воспитание и предупреждение правонарушений. Широко применяются программы «исправления в сообществе», а также образовательные и трудовые меры воздействия.[12] Система КНР отошла от жесткого детерминизма возраста. Теперь «граница ответственности» стала подвижной: она зависит от степени «злокачественности» (жестокости) деяния. Если поведение подростка демонстрирует крайнюю социальную опасность («плохой» статус в высшей степени), закон «спускается» до 12 лет. Если же есть шанс на исправление — включаются механизмы социальной педагогики. Значительное внимание уделяется роли семьи и общества, что соответствует традиционным социальным ценностям. При этом система характеризуется высокой степенью контроля и ограниченной прозрачностью.

Выводы. Сравнительный анализ показывает, что во всех трех странах прослеживается общая тенденция к гуманизации ювенальной политики и расширению применения альтернатив лишению свободы в отношении несовершеннолетних. В то же время различия проявляются в институциональной организации и механизмах реализации. Казахстан демонстрирует стремление к построению специализированной системы, Россия — к адаптации существующих институтов, развитие профилактирующей системы, а Китай — к усилению централизованного контроля, коллективной ответственности и профилактики.

Таким образом, дальнейшее развитие реабилитационных программ требует усиления межведомственного взаимодействия, расширения восстановительных практик и повышения роли социальных институтов. Интеграция международного опыта с учетом национальной специфики позволит повысить эффективность ювенальной юстиции в рассматриваемых странах.

Список использованных источников

1. Минимальные стандартные правила Организации Объединённых Наций, касающиеся отправления правосудия в отношении несовершеннолетних (Пекинские правила»).Приняты резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН 40/33 от 10 декабря 1985 года [Электронный ресурс]-Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/O8500000002 - Дата доступа 05.04.2026

2. Уголовный закон Китайской Народной Республики : [принят на 5-й сессии Всекитайского собрания народных представителей пятого созыва 1 июля 1979 г. . : в ред. Поправки (XI) от 26 дек. 2020 г. : вступила в силу 1 марта 2021 г. // Официальный сайт Всекитайского собрания народных представителей (NPC). - [Электронный ресурс] -Режим доступа:

http://www.npc.gov.cn/npc/c30834/202012/f3716631622340b39695d38865664972.shtml- Дата доступа 04.04.2026

3.Закон КНР «О профилактике преступности среди несовершеннолетних» от 28.06.1999 г. (в ред. от 26.12.2020 г., вступ. в силу 01.06.2021 г.) [Электронный ресурс]- База данных законодательства КНР «Chinalaw» — URL: Режим доступа: http://www.npc.gov.cn Дата доступа: 28.03.2026

4.Доржиева Г.Б. «Возраст наступления уголовной ответственности несовершеннолетних в Китае», [Электронный ресурс]-Режим доступа: https://moluch.ru/archive/573/126125 – Дата доступа 09.04.2026

5.Бектенов О.А.. Ответ на депутатский запрос касательно снижения возраста уголовной ответственности [Электронный ресурс] -Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан. — 2024. — URL: https://kazpravda.kz/n/deputaty-prosili-snizit-vozrast-ugolovnoy-otvetstvennosti-do-12-let-chto-otvetil-im-bektenov/ Дата доступа: 29.03.2026

6.Чжао Бинчжи «Поправка к уголовному праву (XI): правовая мысль и размышления / Чжао Бинчжи, Юань Бинь // Исследование уголовного права.- 2021.-№2.С.45-54

7. Бастрыкин, А. И. «Уровень подростковой преступности в России вызывает тревогу : интервью Председателя Следственного комитета РФ А. И. Бастрыкина информационному агентству ТАСС» / А. И. Бастрыкин // ТАСС : [сайт]. — 2025. — 4 апреля. — URL [Электронный ресурс] - Режим доступа: https://tass.ru/interviews/20442345 - Дата доступа: 28.03.2026

8. Руководящие принципы Организации Объединённых Наций для предупреждения преступности среди несовершеннолетних (Руководящие принципы, принятые в Эр-Рияде). Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН 45/112 от 14 декабря 1990г.- [Электронный ресурс]- Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/O9000000007- Дата доступа 09.04.2026

9. Алмагамбетова, Ж. Б. «Развитие примирительных процедур — залог стабильности общества» / Ж. Б. Алмагамбетова // Зангер.- 2020. - № 7 (228). - С. 24-27.

10.Иржанов, А. С. «Цифровая трансформация институтов восстановительного правосудия и пробации в Республике Казахстан А. С. Иржанов, Ш. А. Саймова // Вестник Института законодательства и правовой информации РК.- 2026.- № 1(81).- С. 45-52

11.Загайнова С.К. «О медиации в цивилистическом процессе» // Вестник гражданского процесса, 2019. - Т. 9, № 2.-С. 138-144

12.Овсянникова Т.А. Фирсова И.А «Основные элементы системы правосудия в отношении несовершеннолетних в Китае», Международный научно-исследовательский журнал №10, 2021.- С. 176-177

ҒТАМР 10.81.45

ЦИФРЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ШЕКТЕН ТЫС ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЫҚПАЛЫ: КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Сапарбаева А.Ж., Астана халықаралық университетінің
Құқық жоғарғы мектебінің
Құқық және мемлекеттік басқару білім беру бағдарламасының студенті;
Молдабеков Е.Б., PhD, Астана халықаралық университетінің Құқық жоғарғы мектебінің аға оқытушысы

Аңдатпа: Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – цифрлық ойындардың жеке тұлғаның агрессивті мінез-құлқына және қылмыстық іс-әрекетке баруына тигізетін әсері криминологиялық тұрғыдан талданған. Зерттеу барысында технологиялық прогрестің әкелген жаңа әлеуметтік және құқықтық тәуекелдері, соның ішінде гаджеттерге тәуелділік пен цифрлық агрессияның қылмыс субъектісінің қалыптасуындағы рөлі қарастырылады. Мақалада 2025 жылдың қаңтарында Астана қаласында орын алған, онлайн ойынға тәуелділіктен туындаған ауыр қылмыстық оқиға нақты кейс ретінде зерделенген. Автор виртуалды әлемдегі зорлық-зомбылық көріністерінің адам санасындағы эмпатияны әлсіретіп, өлім мен ауырсыну феноменін құнсыздандыратын «десенсибилизация» процесіне тоқталады. Зерттеу нәтижесінде цифрлық мазмұн мен шынайы өмірдегі қатыгездік арасындағы байланыс негізделіп, ойын индустриясының криминогендік фактор ретіндегі сипаты айқындалады. Жұмыстың қорытындысында цифрлық тәуелділіктің психологиялық және әлеуметтік салдарларына баға беріліп, оның алдын алудың маңыздылығы көрсетілген.

Түйін сөздер: Цифрлық ойындар, криминологиялық талдау, агрессия, зорлық-зомбылық, гаджетке тәуелділік, десенсибилизация, қылмыстық мінез-құлық, виртуалды шындық, эмпатияның әлсіреуі, Астана кейсі.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының негізгі басым бағыттарының бірі – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Бұл қағида мемлекет дамуының іргелі негіздерінің бірі ретінде Конституциялық деңгейде бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында мемлекет өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны, ал оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі атап көрсетілген [1]. Осы конституциялық қағида әрбір азаматтың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кез келген зорлық-зомбылық түрінен қорғау міндетін мемлекетке жүктейді.

XXI ғасырдағы технологиялық прогресс қоғам өмірінің барлық саласын трансформацияға ұшыратты. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамзатқа шексіз мүмкіндіктер сыйлағанымен, сонымен бірге жаңа сипаттағы

әлеуметтік және құқықтық тәуекелдерді ала келді. Солардың ішінде гаджеттер мен цифрлық ойындардың жеке тұлғаның психологиясына, соның ішінде агрессивті мінез-құлық пен шектен тыс зорлық-зомбылыққа бейімділігіне әсерін ең қауіптісі деп санаймын.

Бұл мақалада цифрлық ойындардағы зорлық-зомбылық көріністері мен адамның агрессивті іс-әрекеті арасындағы әсерді криминологиялық тұрғыдан негіздеу, зерттеу нысаны ретінде гаджеттерге тәуелділік пен цифрлық агрессияның қылмыс субъектісінің қалыптасуына тигізетін әсері қарастырылады.

Соңғы жылдары әлемдік деңгейде орын алған девиантты мінез-құлық фактілері мен қатыгездікпен жасалған қылмыстардың астарында цифрлық мазмұнның ізі жатыр. Әсіресе, жасөспірімдер мен жастар арасындағы әртүрлі ойындар арқылы зорлық-зомбылыққа бой үйрету процесі қылмыстық іс-әрекеттерге барудың жылдамдатушы факторына айналуда. Бұл жағдай гаджеттер мен ойын индустриясының криминогендік фактор ретіндегі рөлін тереңірек талдауды талап етеді.

2025 жылдың қаңтарында Астана қаласында 21 жастағы жас жігіт өзінің немере ағасын өлтіріп, үш туысын пышақтап ауыр жарақаттады деген қылмыстық іс тіркелді. Бір адам оқиға орнында мерт болды, қалғандары ауруханада жатыр. Оқиға отбасының пәтерінде түнгі уақытта орын алған. Тергеу мәліметтеріне қарағанда, қақтығыс онлайн ойын ойнау туралы туыстарының сөзі мен телефонын тартып алуынан кейін басталған. Күдікті смартфонда Free Fire сияқты атыс-шабыс ойындарын ойнаған және сол себепті мінезінде өзгерістер пайда болған [2].

Компьютерлік және онлайн ойындар адамның эмоционалдық жағдайына әсер етеді. Бірақ бұл әсер тікелей зорлықты тудырады деп қарапайым түрде тұжырымдай алмаймыз. Ойындардың әсер етуі, ең алдымен, ойын мазмұнының агрессивтілігіне, мысалы, атыс-шабыс сценалары, ойынға жұмсалатын уақыт пен тәуелділік деңгейі, тұлғаның әлеуметтік және психологиялық жағдайына байланысты болады.

Агрессивті контентпен жиі қарым-қатынас жасайтын ойыншыларда имитациялық мінез-құлық немесе агрессиялық реакцияның жоғарылауы байқалуы мүмкін, бірақ бұл себеп-салдарлық байланыс тек ойыннан ғана емес, психологиялық, әлеуметтік факторлардан да туындайды [3].

Астана қаласында орын алған, 21 жастағы азаматтың төрт бірдей туысын пышақтап тастауымен аяқталған қылмыстық оқиға қазіргі қоғамдағы «цифрлық агрессияның» шеткі нүктесін көрсетеді [2]. Бұл кейсті криминологиялық тұрғыдан талдауды ұсынамын:

Гаджеттер мен қатыгездікке толы цифрлық ойындардың басты қаупі адам санасындағы зорлық-зомбылыққа деген шектің төмендеуі болып табылады. Психологияда бұл десенсибилизация деп аталады [4]. Виртуалды әлемде қарсылас обьектілерді жою арқылы субъектінің санасында өлім мен ауырсыну феномені құнсызданады. Астаналық геймердің өз жақындарына қарсы суық қару қолдануы оның бойындағы табиғи эмпатияның әлсірегенін, цифрлық

мазмұнмен алмастырылғанын көрсетеді. Шындық пен виртуалды әлем арасындағы шекараның жойылуы қылмыстың ерекше қатыгездікпен жасалуына әкеп соқты. Гаджеттерге тәуелді адамдарда дофамин жүйесі бұзылады. Ойын немесе интернеттегі жылдам нәтижелерге үйренген ми шынайы өмірдегі қиындықтарға төтеп бере алмайды. Кейстегі жағдай бойынша жеке тұлғаның виртуалды кеңістіктегі деструктивті модельдерді қабылдап, оны ең жақын адамдарына бағыттауының классикалық қылмыстық мысалы. Бұл тек психикалық ауытқу емес, бұл – ұзақ уақыт бойы қалыптасқан цифрлық тәуелділіктің криминогендік салдары.

Фактор	Виртуалды әсер	Шынайы салдар
Зорлық-зомбылықты норма ретінде қабылдау	Өлім – "ойынның аяқталуы" немесе "қайта тірілу".	Адам өміріне қол сұғудың жеңілдеуі, бейжәй қарау. Шынайы өмірде болатын салдардың байыбына бармау.
Эмпатия	Экрандағы кейіпкердің ауырсынуы сезілмейді.	Табиғи эмпатияның жойылуы.
Импульс бақылауы	Батырмаларды басу арқылы жедел әрекет ету.	Тез арада шешім қабылдап, бірден қару қолдану. Аффект жағдайына түсіп қалу.

Кесте-1.

Мақаламда көтерген мәселені шешу үшін профилактикалық саясатты тек формалды шектеулермен шектемей, кешенді криминологиялық модельге негіздеуді ұсынамын. Цифрлық ойындар индустриясын бақылау барысында мемлекет, отбасы және азаматтық қоғам институттарының өзара үйлесімді әрекеті шешуші рөл атқарады. Ата-аналардың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыру арқылы балалардың виртуалды кеңістіктегі мінез-құлқына бақылау орнату қылмыстың бастапқы детерминанттарын әлсіретуге мүмкіндік береді [5].

Сондай-ақ, ойын индустриясы өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту маңызды. Агрессивті контент өндірушілерге тек экономикалық емес, қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан да талап қоюды қолға алу керек. Бұл бағытта цифрлық платформаларға алгоритмдік сүзгілер енгізу, зорлық-зомбылық элементтері басым контентті шектеу және пайдаланушылардың мінез-құлқына талдау жүргізу ұсынылады. Криминологиялық зерттеулерде цифрлық тәуелділікті жеке қылмыстық тәуекел факторы ретінде қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Ерте алдын алу шаралары, әсіресе жасөспірімдер арасында, агрессияның латентті формаларының ашық зорлық-зомбылыққа ұласуын болдырмауға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық мәдениет

пен адамгершілік құндылықтарды қатар дамыту қоғамның криминогендік тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты.

Зерттеу нәтижелерін жинақтай келе, цифрлық ойындар мен қатыгездікке толы контенттің жеке тұлғаның қылмыстық мінез-құлқының қалыптасуына әсері жанама емес, тікелей криминогендік фактор екенін аңғаруға болады. Технологиялық прогресс жағдайында виртуалды әлемдегі зорлық-зомбылық көріністері адам санасындағы моральдық шектерді шайып, өлім мен ауырсыну феноменін құнсыздандыратын «десенсибилизация» процесіне алып келеді.

Қорыта айтқанда, цифрлық ойындардағы агрессивті модельдерді имитациялау және дофамин жүйесінің бұзылуы субъектінің шынайы өмірдегі қиындықтарға деструктивті жолмен жауап беруіне себеп болады. Сондықтан, қоғамдағы «цифрлық агрессияның» алдын алу үшін тек техникалық шектеулер емес, сонымен қатар жастардың психологиялық саулығы мен кибергигиенасын бақылаудың кешенді криминологиялық шараларын әзірлеу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының Конституциясы Жобасы. – 2026 жылғы 12 ақпан. – https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/press/news/details/1159830

21 жастағы жігіт ойын үшін төрт туысын пышақтады Электрондық ресурс. Qazaqstan.tv: [ресми сайт]. – 2025. – 20 қаңтар. – URL: https://qazaqstan.tv/news/205591

Imitation behavior psychology. Электрондық ресурс. Britannica. – 2024. – URL: https://www.britannica.com/topic/imitation-behavior

Кляйн, В. Обнуление страхов. Самостоятельное применение метода ДПДГ / Валентина Кляйн. – Москва : ЛитРес, 2021. – URL: https://www.litres.ru

Алымова А. Главная - Психологические термины - Детерминация - 2024. https://blog.alter.ru/glossary/determinacija

ҒТАМР 10.23.21

ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ӨЗІН – ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сарсенбекова Д.Д., Астана Халықаралық университеті, Құқық жоғарғы мектебі, Құқықтану мамандығының 2 курс студенті; **Кожахметова С.Г.,** Қазақстан Республикасы, Астана қ
sarsenbekova_dana@icloud.com

Аңдатпа: Мақалада қазіргі цифрлық трансформация жағдайындағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалардың, атап айтқанда фрилансерлердің, коучтар мен блогерлердің құқықтық мәртебесін реттеудің өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында гиг-экономиканың дамуы еңбек қатынастарының дәстүрлі моделін өзгертіп, құқықтық реттеуде «бос кеңістіктер» тудырғаны анықталды. Автор цифрлық платформа жұмысшыларының әлеуметтік қорғау деңгейінің төмендігін, зейнетақы және медициналық сақтандыру жүйесіне тартылу деңгейінің жеткіліксіздігін талдайды. Ерекше назар соңғы жылдары белең алған «инфоцыгандық» құбылысымен күресу аясындағы заңнамалық бастамаларға және блогерлердің жауапкершілігін арттыру мәселелеріне аударылған. Мақалада Қазақстан Республикасының 2026 жылға арналған жаңа салықтық саясаты мен цифрлық қызмет көрсету саласындағы кәсіби стандарттардың қолданылуын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берілген. Зерттеу нәтижелері заң шығару қызметінде және цифрлық индустрия өкілдерінің құқықтық сауаттылығын арттыруда қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: цифрлық орта, өзін-өзі жұмыспен қамту, фриланс, коучинг, блогерлердің құқықтық мәртебесі, гиг-экономика, әлеуметтік кепілдіктер, кәсіби стандарттар.

Кіріспе. Қазіргі жұмыс істеу тәсілдерінің ең танымалы – «гиг-экономика» деген жаңаша жұмыс істеу үлгісі. Бұл дегеніміз, адамдардың Uber, Glovo, Upwork, Яндекс сияқты интернет арқылы тапсырыс алып, өз бетінше жұмыс істеуі. Мұндай адамдар көбейіп барады. Бірақ, технологиялар тез дамып келгендіктен, заңдар әлі соған сай болмай, кейбір қиындықтар туындап жатыр. *Ең алдымен*, заңды мәртебенің түсініксіздігі мәселесі бар. Қолданыстағы заңдарда «өзін – өзі жұмыспен қамтыған» тұлға мен «жалдамалы жұмысшы» арасындағы шекара бұлыңғыр. Көптеген цифрлық платформалар өз орындаушыларын тәуелсіз мердігерлер ретінде қарастырады. Бірақ іс жүзінде бұл адамдар платформаның қатаң алгоритмдеріне бағынады. Бұл жасырын еңбек қатынастары феноменін тудырады, яғни жұмыс беруші жұмысшының құқықтарын қамтамасыз етуден жалтаруына мүмкіндік береді[1].

Екінші негізгі мәселе, әлеуметтік қорғау тетіктерінің жеткіліксіздігі. Цифрлық жұмысшылар үшін дәстүрлі еңбек келісімшарттарының болмауы

олардың ақылы демалыстарға, ауруханаға парақтарына және өндірістік жарақаттар үшін өтемақыларға қол жеткізе алмауына әкеледі.ҚР Салық кодексі 2025 ж. өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимі енгізілгені мәлім, енді оны ары қарай жүзеге асыру жолдарын нақты іске асыру қажеттігі туындауда[2].

Одан кейінгі жағдай осы санаттағы тұлғаларды әлеуметтік сақтандыру жүйесіне толыққанды интеграциялау қажеттігін талап етеді.Бұдан басқа, еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау мәселелері тиісті реттеусіз және бақылаусыз қалады.

Үшінші сұрақ бұл алгоритмдік басқару және цифрлық кемсітушілік, бұл платформалық жұмысшыларды осал жағдайға қояды. Олардың болашағы көбінесе адамдарың аралассуынсыз жасанды интеллект пен алгоритмдермен шешіледі. Есептік жазба себепсіз бұғатталған кезде, рейтинг төмендейді немесе тапсырыстар түсуді тоқтатады, жұмысшыларға шағымданудың заңды жолдары жоқ. Олардың құқықтарын сот арқылы қорғау қиын, өйткені платформалық келісімдердің шарттары орындаушылардың мүддерлерін елемейді[3].

Замануи кезеңде, әсіресе Интернет, жасанды интеллект, Chat GPT дамып, өмірклік әрбір саласы өзгеріске ұшырап жатқан кезде зерттеу мәселесі, фрилансерлердің құқықтық мәртебесі өте өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Бүгінде фрилансерлер, коучтар және блогерлер еңбек нарығының елеулі бөлігін құрайды. Жоғары технологиялар дамып жатқан кезеңде өмір сүретін адамдардың көбі, әсіресе жастар табыс көзіне айналдырған сала электронды, интернет арқылы, демек олар өз үйлерінде, кез келген жерде өз ісімен айналыса алады.

Зерттеудегі мәселені тереңірек түсіну үшін келесі арнайы құқықтық және жалпы ғылыми әдістер қолданылды: формальды – құқықтық әдіс : Қолданыстағы еңбек, азаматтық және салық заңдарын зерттеу арқылы фрилансерлер мен цифрлық мамандардың құқықтық жағдайы, олардың құқықтары мен міндеттері анықталды. Салыстырмалы – құқықтық әдіс : Әртүрлі елдердегі (ЕО және Қазақстан) фрилансерлерді реттеудің ерекшеліктерін салыстыра отырып, Қазақстан үшін тиімді заңнамалық шешімдер ұсынылды. Жүйелі – құрылымдық әдіс : Фрилансерлердің құқықтық мәртебесі жалпы құқықтық жүйенің бір бөлігі ретінде қарастырылып, оның еңбек, азаматтық және салықтық қатынастармен өзара байланысы зерттелді. Жалпы ғылыми әдістер: Жеке жағдайларды (мысалы, блогерлердің жауапкершілігі) жалпы заң нормаларымен байланыстырып, қорытынды жасау үшін талдау, синтез, дедукция және индукция әдістері қолданылды. Осы әдіснамалық негізге сүйене отырып, мақала аясында келесі негізгі терминдерді айқындап алу қажеттігі туындайды:

1) Блогер – аудиторияның назарын аудару үшін блог жасап ,контентті желіде жариялайтын кәсіби маман[4].

Негізінен блогердің басты мақсаты – ақпарат жасап, оны жариялау, пікір алмасу, өз аудиторясына қызықты түрде жриялап отыратын тұлға.

2)*Фрилансер* –еңбек қызметінде белгілі бір ұйымға тұрақты түрде жұмысқа тұрмай, кейде жеке келісімшарт негізінде орындайтын адам[5].

3)Коучинг – бір адамның басқа адамдармен сұхбаты. Коуч рөлін атқаратын адамның міндеті әңгімелесіп отырған адамды оқыту мен дамыту. Мұндай сұхбаттар кез келген уақытта және кез келген жерде өте береді[6].

Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік билік өкілдері өз–өзіне жұмыс істейтін адамдардың, әсіресе коучтар мен психологтардың мәртебесі мәселесімен белсенді айналыса бастады. ҚР Парламентінде және министрліктерде талқылағандай мұндағы басты қиындықтар бұл маманның шынымен жақсы екенін қалай тексеруге болады және олардың қызметтерін қалай қорғауға болады. Бұл мәселелер Қазақстанның басты жаңалықтарында «ақыл сататындар ақылды ма?» бағдарламасында жақсы резоннансқа ие болды.

Бағдарламада баса назар аударатын 3 негізгі мәселе бар: 1) ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, коучтар пен кеңесшілерге арналған арнайы кәсіби стандарттар әзірленді. Бұл бұрындары болмаған қадам. Енді кез келген адам өзін «коуч» деп атай алмайды, ол үшін арнайы білім және практикалық сағаттар талап етілмек. 2) Маманның құзыреттілігін тексеру үшін мемлекеттік деңгейдегі реестр құрылуда. Бұл цифрлық ортадағы сарапшылардың ашықтығын қамтамасыз етеді және «инфоцыгандықпен» күресудің құралына айналады[7]. 3) «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға және Қылмыстық кодекстің тиісті баптарына сәйкес, жалған ақпарат таратқан немесе заңсыз қаржылық схемаларды жарнамалаған блогерлер мен коучтар үшін жауапкершілік күшейтілді[8].

Жауапкершілік міндетті түрде қажет, өйткені ең оңай деген мысалға коуч Бахытбай Сабырбековты алсақ болады. Адамдарды мейрамханаға жинап, 4 күндік тегін тренингтер ойнатып, келесі күндері ақы сұрайды екен. Бейресми мәліметтерге сенсек, топқа қосылу үшін 1.500.000-2.000.000 тенге сұрайды. Жігіттерге ер мінез беретін, әйел адамдарға энергияны күшейту, мотивацияны көтеру мақсатында тренингтер көп. Ал Қазақстанға келу тарихы адамдардың шетелдік коуч Тонни Роберсонның тренингінен басталған, тіпті Америка президенті болған сабақта Қазақстанның коучтар көшін бастаған Ахметбек Нурсила болған еді.

Жалпы коучинг бағыты 1970 жылдары АҚШ елдерінде психология және спорт саласында дамыған еді. Әсіресе Тимоти Голви коучингтің негізін қалаушылардың бірі болып саналады.Оның 1974 жылы жарық көрген "ішкі теннис ойыны" кітабы заманауи коучингтің тұжырымдамасын қалыптастырудың бастапқы нүктесі болды.Голви спортшының ішкі жағдайы оның жетістіктерінде шешуші рөл атқарады деген тезисті алға тартты. Сондықтан психологиялық аспект бойынша жұмыс физикалық дайындықтан кем емес. «Коучинг» терминінің қазіргі мағынасын Томас Леонард қалыптастырды.Ол коучингті өз тәжірибесінде қолдана бастады және уақыт

өте келе өзін осы қызметке арнады.Тимоти Голвидің шәкірті ретінде коучинг идеяларын дамытуды жалғастырған болатын[9].

Коучинг Қазақстанға шамамен 2000 жылдардың басында келді. Ал 2010 жылдан кейін коучинг: бизнес саласында, жеке даму тренингтерінде, әлеуметтік желілерде жылдам тарай бастады. Бірақ, Қазақстанда коучингтің бағыты басқаша болып келгені бәріне мәлім шығар, өзгеше дамудың біраз себебі бар, бізде психология мен коучинг араласып кеткен. Батыста коучинг нақты мақсатқа жетуге бағытталса, бізде ол көбінесе мотивация, психология, тіпті рухани даму бағыттарымен араласып кетті.

Халықаралық стандарттар бойынша кәсіби коуч болу үшін арнайы дайындық керек. Бірақ Қазақстанда кейбір адамдар қысқа курстан кейін – ақ өзін коуч деп жариялай береді. Бұл бағыт бізде әлі толық қалыптаспаған, сондықтан стандарттар әркелкі, бағыттар аралас, сапасы да әртүрлі.

Әдетте, кейбір курс сатушы біреудің рухани баюына көмектесу мақсатында курс өткізбейді, ол тек қана өзінің «қалтасына» түсетін қаражатты ойлайды.Ал осы жылдан бастап коучтардың неліктен басым болғаны, халықтың мемлекет басшысының тапсырмасын дұрыс түсінбеуі. Мақсатымыз жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру, алдағы 3 жылда цифрлық мемлекетке айналуды мақсат ретінде қойды. Бұл ақпаратты естіген халық жарнамасы жер жарған су жаңа курстарға жазыла бастады.

Сонымен қатар, әлеуметтік желіде ойын ұтыстарын ойнататын ерлі-зайыпты Жанабыловтар заңсыз ұтыс ұйымдастырғаны үшін жаза арқалады. Қаржы мониторингінің тергеу деректеріне бойынша Жанабыловтар 247 миллион заңсыз ақша тапқан. Барлық мүлік, көлік сот шешімінен кейін тәркіленді. Қылмыстық іс қозғалып, үй қамаққа алынды. Спорт және туризм дерегіне сүйенсек, 121 адам лотарея ойындарын ұйымдастырамын деп заң алдында жауакершілікке тартылды, айыппұл көлемі 49,9 миллион тенгені құраған.

Неліктен бұл білім ошақтарын дұрыс, әділ жолмен үйретпеске? Неліктен адамдар өз қалтасын басымдылыққа алады деген сұрақ туындайды.

Мәселеніңтүп-тамыры көбінесе бір адамда емес, қалыптасқан жүйенің өзінде жатады. Егер "беру және алу" деген су ағынын тоқтатпасақ, оны тоқтататын ешкім болмайды. Өйткені адамдар қарсы шығуға қорқады немесе екіншісі бұл жүйенің артынан еріп кетеді.

Әлеуметтік желілердегі пікірлерді талдасақ, халықтың басым бөлігі бұл салаға күмәнмен қарайтынын көрсетеді. Қоғамдық пікір біраз ойға бөлінді: желі қолданушылардың арасында «коучтардың бәрі алаяқ, оларды соттау керек» деген радикалды пікірлер жиі кездеседі. Бұл саладағы кәсіби этика мен заңды жауапкершіліктің жоқтығынан туындаған реакция екені анық. Келесіде, «инфоцыганствоны тоқтату керек, адамдар өз миын қосуы тиіс» деген пікірлер қоғамның екі жақты жауапкершілігін көрсетеді. Бұл жерде құқықтық реттеу тек коучтарды бақылау ғана емес, сонымен қатар азаматтардың цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыруды да қамтуы тиіс деген қорытынды жасауға болады. Ал енді біреуі, ақылдылар сатады, ақымақтар сатып алады дейді.

Осындай пессимистік көзқарастар сапалы білім беретін нағыз мамандардың да абыройына әсер етуде. Бұл жазбалар халықтың мемлекеттен нақты «қорғау тетіктерін» күтетінін дәлелдейді. Сондықтан, коучтардың қызметін заңмен реттеу бұл тек салық жинау емес, ең алдымен азаматтарды алаяқтықтан қорғау және сауатты нарық қалыптастыру қажеттілігі.

Нәтижесі. Қазіргі кезде бірқатар жеңілдіктер жасалынғаны белгілі. ҚР Салық кодексі 2025 ж. қабылданған 2026 жылдан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимі енгізілді, соған сәйкес оларға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей жұмыс істеуге болады және табыс шектеуі бар, жалдамалы жұмысшыларсыз қызмет етеді, салық пен әлеуметтік төлемдер жеңілдетілген тәртіпте төленеді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, жүргізілген реформалардың нәтижесінде 66 мыңнан астам өзін өзі жұмыспен қамтыған азамат өз қызметін заңдастырып, ресми тіркелген. Бұл көрсеткіш цифрлық платформалар арқылы табыс табатындардың біртіндеп ашық еңбек нарығына өтіп жатқанын дәлелдейді[10].

Халықаралық тәжірибені талдасақ, Францияда 2023 жылы қабылданған арнайы заң бойынша блогерлер тек жарнаманы таңбалап қана қоймай, сонымен қатар инфобизнес өнімдерінің мазмұны үшін қатаң жауапкершілік арқалайды.Егер блогер ұсынған қаржылық немесе медициналық кеңес ғылыми негізделмеген болса, ол ірі көлемде айыппұл төлейді немесе қызметіне тыйым салынады[11].

Ал Ұлыбритания мен Еуроодақ елдерінде уберкейс арқылы маіызды прецедент қалыптасты. Ұлыбритания Жоғары соты жүргізушілерді тәуелсіз мердігер ретінде емес, жұмысшы деп таниды. Бұл оларға ақылы демалыс пен әлеуметтік пакетті алуға құқық береді. Еуроодақтың жаңа Директивасы алгоритмдік басқарудың ашықтығын талап етеді, мысалы, платформа жұмысшыны неге алып тастағанын және рейтингін қалай есептегені жайлы есеп беру қажет[12]. Қазақстан үшін бұл тәжірибенің маңызы зор. Басқа елден алаып, асарымыз көп. Бұл тәжірибе цифрлық алпауыттардың жауапкершіліктен жалтаруына жол бермейді.

2026 жылы коуч, фрилансерлер үшін жаңа құқықтық кезең басталмақ. Негізгі өзгерістер келесі бағыттарды қамтиды: арнайы мобильді қосымшалар арқылы есептілік пен төлемдерді автоматтандырды.Кімдер өзін өзі жұмыспен қамтығандарға жататыны және олардың қызметін бастау үшін қажетті минималды шарттар нақтыланды.

ҚР «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын анықтау әдістемесін бекіту туралы» 2016 ж. ҚР Ұлттық экономика министрінің бұйрығы қабылданған, 2025 жылы бірқатар өзгертулер енгізіілді[13]. Осы әдістеме бойынша, енді бұл тұлғалардың орташа айлық табысы мен саны нақтырақ есептеледі. Бұл мемлекетке әлеуметтік қолдау шараларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Ақмола облысы бойынша МКД түсіндірмелеріне сәйкес, басты құқықтық мәселе бұл салықтық сауаттылық. Көбінесе сұрақ - жауапформатында түсіндірелтін бұл нормалар азаматтардың заңсыз кәсіпкерлік үшін жауапкершіліктен қашуына емес, заң аясында жұмыс істеп, әлеуметтік кепілдіктер алуына бағытталған[14].

Сонымен, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – бұл жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей немесе жеңілдетілген режимде тіркеліп, табыс табатын жеке тұлғалар. Қазақстан Республикасында олардың құқықтық мәртебесі негізінен кәсіпкерлік, салық және еңбек заңнамаларымен айқындалады. Олар өз қызметін дербес ұйымдастырады, табысына өздері жауап береді және міндетті әлеуметтік төлемдерді (зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар) төлеуге міндетті.

Қорытынды. Фрилансер мен кәсіпкер арасында қазіргі таңда құқықтық шекара тұр. Фрилансердің табысы өсе келе оның құқықтық мәртебесі де өзгеруі тиіс. Қазақстанның заңнамасы бойынша, егер жылдық табыс ең төменгі жалақыдан асса, ол міндетті түрде «жеке кәсіпкер» ретінде тіркелуі тиіс[15]. Бұл жағдайда ұсыныс ретінде өсу шкаласын енгізуге болады. Мысалы, егер табысы ірі кәсіпкер деңгейіне жетсе, оларды автоматты түрде бәрі бірдей төлейтін салық режиміне немесе қосымша құн салығын төлеушілер санатына өткізу тетігін қарастыру қажет. Бәріне белгілі, қазіргі уақытта блогерлер мен фрилансерлерге бақылау күшейді.Қазіргі сәтте, салықтан қашып кете алмайды, табыс тапқан кез келген тұлға салық төлеуге міндетті. Демек, табысы неғұрлым көп болса, мемлекетке төленетін пайыз соғұрлым жоғары.

Қазіргі ҚР Кәсіпкерлік кодексінде бизнес субьектілері шағын,орта,ірі деп санаттарға бөлінеді[16]. Цифрлық қызмет көрсетушілерді де табыс деңгейіне қарай «микро фрилансер», «кәсіби фрилансер», «цифрлық кәсіпкер» деп бөлуді ұсынуға болады. Бұл оларға қолданылатын жеңілдіктер мен тексерістерді әділ бөлуге көмектеседі. Коучинг саласы әлемде негізінен «self-regulation» принципімен жұмыс істейді. Нақты бір заңнама жоқ, бірақ негізгі стандарттар мына құжаттарға сүйенеді: ICF (International Coaching Federation) және ISO 17024[17]. Бұл әлемдік деңгейдегі басты құжат және персоналды сертификаттауы стандартты коучтарға да қатысты қолданылуы мүмкін. Қазақстанда коучинг қызметін стандарттау үшін осы ICF стандартын ұлттық заңнамаға бейімдеп енгізуге болады, мысалы, «Білім туралы» заңға қосымша ретінде.

Қорытындылай келе, үстінде қозғалған мәселе бойынынша заңнамаға платформалық жұмыпен қамту ұғымын енгізу және осылайша жұмыспен қамтылғандардың құқықтық мәртебесін нақты анықтау қажет деген қорытындыға келеміз. Халықаралық мысалдарды ескере отырып, платформалардың әлеуметтік жауапкершілігін күшейту, орындаушыларға Ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын беру және оларды гибридті әлеуметтік сақтандыру жүйелеріне біріктіру негізгі шаралар болып табылады. Осындай

жан жақты құқықтық реттеу арықлы ғана цифрлық кеңістіктегі жұмысшылардың құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге болады.

Жалпы алдағы уақытта блогер, коучинг қызметін құқықтық тұрғыдан анықтау, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар үшін арнайы құқықтық режим қалыптастыру, кәсіби стандарттар мен этикалық нормаларды енгізу, әлеуметтік қорғау тетіктерін күшейту, азаматтық-құқықтық шарттарды нақтылау, мемлекеттік және кәсіби бақылаудың ыңғайлы моделін енгізу, цифрлық платформалар арқылы қызметті реттеу қажеттігі айқын. Алдағы кезде осы өз-өзін жұмыспен қамтушылардың құқықтыө мәртебесін жетілдіру жағын тек бір құқықтың саласы аясында емес, кешенді түрде құқықтық реттеуді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Жалдамалы жұмысшы бола тұра өзін – өзі жұмыспен қамтығандарды мемлекет тексереді. [Электронды ресурс] – Кіру режимі:[https://naryk.kz/news/jaldamaly-jumysshy-bola-tura-ozin-ozi-jumyspen-qamtygandardy-memleket-tekseredi] - Жүгінген күні: 19.03.26
2. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ Салық кодексі. [Электронды ресурс] – Кіру режимі:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000214] - Жүгінген күні: 20.03.26
3. Алгоритмическое управление трудом в сфере платформенной занятости : проблемы и перспективы регулирования. [Электронный ресурс] – Режим доступа: [https://1economic.ru/lib/123757] - Дата обращения: 19.03.26
4. Блогер: кто такой и чем он занимается? [Электронды ресурс] – Режим доступа: [https://360.yandex.ru/blog/articles/bloger-kto-takoj-i-chem-on-zanimaetsya] - Дата обращения: 20.03.26
5. What is a Freelancer? [Electronic resource] - **Access mode**: [https://www.freelancer.com/community/articles/what-is-a-freelancer-and-what-is-freelancing]- Date of access: 20.03.26
6. Коучинг: анықтамасы және тарихы. [Электронды ресурс] – Кіру режимі:[https://stud.kz/referat/show/112788] - Жүгінген күні : 20.03.26
7. Ақыл сататындар ақылды ма? [Электронды ресурс] – Кіру режимі: [https://youtu.be/LclYbIElOK0?si_=tPc5PZNFwwVSUiOM] – Жүгінген күні: 20.03.26
8. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ҚР 2010ж 4 мамырдағы №274-IV Заңы. [Электронды ресурс] – Кіру режимі:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000274_] - Жүгінген күні: 21.03.26
9. Как появился коучинг. [Электронный ресурс] – Режим доступа [https://coachistok.ru/kak-poyavilsya-kouching/] - Дата обращения: 21.03.26
10. Көлеңкеден шығу: 66 мың өзін – өзі жұмыспен қамтығандар қызметтерін заңдастырды. [Электронды ресурс] – Кіру режимі: [https://share.google/4v0OgPxoZSnx8f5pf] - Жүгінген күні: 21.03.26
11. Adequate minimum wages in the EU. [Electronic resource] - **Access mode**: [https://employment-social-affairs.ec.europa.eu/policies-and-

activities/rights-work/labour-law/working-conditions/adequate-minimum-wages-eu_en]- Date of access: 21.03.26

12. LOI n° 2023-451 du 9 juin 2023 visant à encadrerl'influencecommerciale et à Luttercontre. [Electronic resource] - Access **mode**: [https://www.legifrance.gouv.fr/jorf/id/JORFTEXT000047663185] - Date of access: 21.03.26

13. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын анықтау әдістемесін бекіту туралыҚазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а. 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 11 бұйрығы. [Электронды ресурс] – Кіру режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013215] - Жүгінген күні: 23.03.26

14. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар туралы сұрақ-жауап | Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті. [Электронды ресурс] – Кіру режимі:[https://share.google/M0fHtOW5tbx1l2Sw5] - Жүгінген күні: 23.03.26

15. Жеке кәсіпкерлік дегеніміз не? [Электронды ресурс] – Кіру режимі: [https://egov.kz/cms/kk/articles/business_registration/individual_entrepreneurship]- Жүгінген күні: 23.03.26

16. ҚР Кәсіпкерлік кодексі. [Электронды ресурс] – Кіру режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375] - Жүгінген күні: 23.03.26

17. Халықаралық стандартқа сәйкес сертификаттау. [Электронды ресурс] – Кіру режимі: [https://standard.kz/ru/post/iso-17024esc-xalyqaralyq-standartqa-saikes-personaldy-sertifikattau]- Жүгінген күні: 23.03.26

МРНТИ 10.87.75

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В СФЕРЕ РАЗВИТИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО КОСМИЧЕСКОГО ПРАВА

Сарсенова С.Н., к.ю.н., доцент Высшей школы права Международного университета Астана, г. Астана, Казахстан
email: saniyacreating@gmail.com; **Болатова А.А.**, магистрант ОПМеждународного права Высшей школы права, Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан
email: aru_zhan1221@mail.ru

Аннотация: Настоящая статья посвящена комплексному исследованию влияния технологий искусственного интеллекта на развитие международного космического права в условиях цифровой трансформации глобального общества. В работе рассматриваются ключевые направления применения искусственного интеллекта в космической деятельности, включая управление космическими аппаратами, обработку больших массивов данных, обеспечение безопасности и автономную навигацию.

Особое внимание уделяется анализу существующих международно-правовых норм и их способности адекватно регулировать деятельность с использованием интеллектуальных систем. Выявляются основные правовые пробелы, связанные с определением ответственности, правосубъектности автономных систем и регулированием деятельности частных космических компаний.

Исследуется роль международных организаций в формировании универсальных стандартов и принципов использования искусственного интеллекта в космосе. Делается вывод о необходимости модернизации международного космического права путем разработки новых нормативных механизмов, направленных на обеспечение устойчивого, безопасного и справедливого освоения космического пространства.

Ключевые слова: искусственный интеллект, международное космическое право, космическая деятельность, автономные системы, ответственность, космическая безопасность, частный сектор, правовое регулирование.

Введение. В XXI веке развитие космической деятельности приобретает качественно новый характер, обусловленный внедрением передовых цифровых технологий, среди которых особое место занимает искусственный интеллект (ИИ). Его использование позволяет значительно повысить эффективность управления космическими объектами, ускорить обработку информации и минимизировать участие человека в рутинных и высокорисковых операциях. Однако данные процессы ставят перед международным космическим правом новые задачи, требующие

переосмысления традиционных подходов к регулированию космической деятельности.

Актуальность исследования обусловлена тем, что существующая система международного космического права была сформирована в условиях, когда космическая деятельность осуществлялась преимущественно государствами и при непосредственном контроле человека. В современных условиях, характеризующихся активным участием частных компаний и внедрением автономных технологий, возникает необходимость адаптации правовых норм к новым реалиям.

Материалы и методы. Международные договоры по космическому праву, национальное законодательство, научные публикации, отчёты международных организаций по применению искусственного интеллекта. Формально-юридический, сравнительно-правовой, а также общенаучные методы анализа и системного подхода.

Результаты. Роль искусственного интеллекта в космической деятельности. Искусственный интеллект широко применяется в различных аспектах космической деятельности. Одним из ключевых направлений является управление спутниковыми системами. Современные спутники оснащаются интеллектуальными алгоритмами, способными самостоятельно корректировать орбиту, избегать столкновений с космическим мусором и другими объектами, а также оптимизировать расход ресурсов.

Другим важным направлением является обработка больших данных. Космические аппараты генерируют огромные объемы информации, включая изображения Земли, данные о климате, радиации и других параметрах. Использование ИИ позволяет эффективно анализировать эти данные, выявлять закономерности и прогнозировать различные процессы.

Кроме того, ИИ активно используется в межпланетных миссиях, где задержка сигнала делает невозможным оперативное управление с Земли. В таких условиях автономные системы принимают решения самостоятельно, что значительно повышает эффективность миссий, но одновременно создает новые правовые вызовы.

Международно-правовая база и ее ограничения.

2.2. Сравнительный анализ периодов: «Стабильная эпоха» vs «Современная трансформация»

Разделение данных на два этапа (до 1968 г. и после 1969 г.) позволило верифицировать изменения в структуре стока.

Период 1957–1968 гг.: характеризуется классическим типом внутригодового распределения, типичным для рек степной зоны с четко выраженным весенним половодьем и устойчивой летне-осенней меженью. Графики данного периода демонстрируют меньшую амплитуду межгодовых колебаний.

Период 1969–2023 гг.: Анализ показал рост коэффициента вариации (Cv = 0,58), что указывает на глубокую разбалансировку режима. Наблюдается тенденция к смещению пиков паводков на более ранние сроки и увеличение частоты экстремальных гидрологических явлений.

Особое внимание заслуживает корреляция стока с антропогенной нагрузкой и климатическими факторами. После 1969 года река стала более чувствительна к температурным аномалиям зимнего периода, что подтверждается данными метеостанции Актобе. Рост зимних температур ведет к изменению условий формирования снежного покрова и, как следствие, к трансформации весеннего притока воды в русловую сеть.

2.3. Морфометрические и расчетные характеристики

В ходе работы была проведена ранжировка лет по водности (многоводные, средние, маловодные), что позволило построить кривые обеспеченности стока. Полученные результаты свидетельствуют о том, что современная норма стока реки Каргала находится в состоянии динамического сдвига, что требует регулярного обновления гидрологических справочников для обеспечения безопасности гидротехнических сооружений в бассейне.

Сравнительный анализ стока:

При сопоставлении данных до 1968 г. и после 1969 г. (Рис. 1) выявлено, что структура половодья претерпела изменения. В «старый» период сток был более сбалансированным. После 1969 г. увеличилась вариативность (Cv = 0,58), что проявляется в резких переходах от многоводных лет (как 1993 г. с расходом 25,8 м³/с) к экстремально маловодным.



Рис 1. Внутригодовое распределение стока р. Каргала в многоводные, средние и маловодные годы до и после 1969 г.

3. Анализ метеорологических условий и климатическая трансформация (г. Актобе)

Климатические изменения в Западном Казахстане выступают основным детерминирующим фактором, определяющим гидрологический облик региона. Сравнение многолетних рядов метеостанции Актобе подтверждает гипотезу о том, что после 1969 года произошла структурная перестройка климатической системы, выраженная в росте термических аномалий и нарушении стабильности режима увлажнения.

3.1. Динамика температурного режима и термический «слом»

Температурный режим региона характеризуется выраженным трендом к потеплению, который наиболее отчетливо проявляется в зимний и переходный периоды. Сравнительный анализ графиков до 1968 г. и после 1969 г. (Рис. 2) выявил существенное сокращение суровости зим.

Зимний период: Архивные данные показывают, что в «старую» климатическую эпоху (например, январь 1966 г., -12.7С) морозы были более устойчивыми. В современный период (1993, 2019 гг.) средние температуры января демонстрируют тенденцию к росту, часто достигая отметок -8.5С и выше.

Гидрологические последствия: Смягчение зим ведет к частым оттепелям, что вызывает деградацию снежного покрова еще до начала официального весеннего половодья. Это объясняет «размытие» пиков на гидрографе реки Каргала и уменьшение объема талого стока.

Весенний период: Наблюдается более ранний переход через 0С, что смещает сроки вскрытия реки и активирует испарение с поверхности бассейна в более ранние сроки, иссушая почву до начала вегетации.





Рис 2. Сравнительная динамика среднемесячных температур воздуха по ст. Актобе: выявление тренда на потепление в холодный период года.

3.2. Трансформация режима атмосферных осадков

Анализ атмосферного увлажнения показал, что общая годовая сумма осадков претерпела меньшие изменения, чем их внутригодовое распределение и качественный характер. Сравнение периодов (Рис. 3) демонстрирует переход к более «импульсивному» режиму увлажнения.

Неравномерность выпадения: В эпоху после 1969 г. зафиксировано увеличение частоты ливневых осадков в летний период, которые, из-за высокой интенсивности и иссушенности почвы, не успевают впитываться и уходят на физическое испарение, не подпитывая грунтовые воды и русловой сток.

Аридность и индекс Педя: Использование индекса засушливости Педя позволило математически подтвердить усиление аридности климата. Всплески экстремального увлажнения в отдельные годы (например, 1993 г.) всё чаще сменяются затяжными дефицитными периодами. Это создает эффект «климатических качелей», крайне неблагоприятный для стабильного стока реки Каргала.

Твердые осадки: Наблюдается уменьшение доли твердых осадков в общей структуре, что критично для рек степной зоны, питание которых на 80–90% зависит от снеготаяния.





Рис 3. Сравнительная гистограмма распределения атмосферных осадков: анализ амплитуды колебаний увлажнения до 1968 г. и в современный период.

3.3. Рост континентальности климата

Совокупный анализ температуры и осадков указывает на сохранение и в ряде случаев усиление показателей континентальности. Резкие перепады температур (термический стресс) в сочетании с неравномерным увлажнением приводят к интенсивному физическому выветриванию в бассейне реки и изменению условий стокообразования. Выявленные метеорологические тренды являются фундаментальной причиной гидрологической дестабилизации, зафиксированной на гидропосту п. Каргалинское.

Выводы. Проведенное комплексное исследование позволяет сформулировать ряд фундаментальных выводов о состоянии и перспективах развития гидрометеорологической системы бассейна реки Каргала и прилегающих территорий Актюбинской области.

1. **Подтверждение климатического излома:** В ходе работы была полностью верифицирована гипотеза о существовании «переломного момента» на рубеже 1968–1969 годов. Сравнение данных показало, что до 1968 года природная система функционировала в режиме относительной стабильности. После 1969 года наступила эпоха выраженной климатической нестабильности, характеризующаяся резким ростом амплитуды колебаний температур и осадков.

2. **Трансформация гидрологического цикла:** Анализ за 66-летний период (1957–2023 гг.) показал, что, несмотря на сохранение среднемноголетней нормы стока на уровне **8,78 м³/с**, внутренняя структура водного режима претерпела деградацию. Высокий коэффициент вариации (**Cv = 0,58**) свидетельствует о разбалансировке стока: участились периоды экстремального маловодья, которые внезапно сменяются

катастрофическими паводками, как это было зафиксировано в 1993 году (максимум **25,8 м³/с**).

3. **Метеорологический отклик:** Рост зимних температур по метеостанции Актобе (переход от суровых морозов уровня 1966 года к современным мягким зимам) стал катализатором изменения условий снеготаяния. Это ведет к потере части талого стока за счет зимних оттепелей и испарения, что напрямую снижает потенциал наполнения речного русла в весенний период.

4. **Прогнозная значимость:** Разработанная модель на базе искусственного интеллекта до 2030 года указывает на сохранение тренда «климатических качелей». Прогнозируемое снижение водности к 2030 году (до **7,80 м³/с**) в сочетании с засушливыми циклами (например, в 2027 г.) требует немедленного внедрения адаптивных технологий в водном хозяйстве региона, включая модернизацию гидротехнических сооружений и переход к водосберегающим технологиям.

5. **Прикладной потенциал региона:** Выявленные физико-географические особенности района п. Каргалинское и Каргалинского водохранилища подтверждают их высокую ценность для развития экотуризма и научного просвещения. Интеграция гидрологических данных в туристическое планирование позволит не только развить рекреационный кластер, но и обеспечить безопасность маршрутов в условиях непредсказуемых паводков.

Список использованной литературы

1. Государственный водный кадастр. Ежегодные данные о режиме и ресурсах поверхностных вод суши. Бассейн рек Урал и Эмба. — Алматы: Казгидромет, 1957–2023.

2. Справочник по климату Казахстана. Многолетние данные по метеостанции Актобе (температура воздуха, атмосферные осадки). — Алматы: РГП «Казгидромет».

3. РНТП 01-15. Методические рекомендации по расчету статистических характеристик гидрологических рядов. — Астана, 2015.

4. Владимиров А. М. Гидрологические расчеты. — Л.: Гидрометеоиздат, 1990. — 365 с. *(Классический учебник для расчетов стока и коэффициентов вариации).*

5. Пятов Г. О. Индексы засушливости и их применение в анализе климатических изменений Западного Казахстана. // Вестник географических наук. — 2018. — №3. *(Источник для обоснования индекса Педя).*

6. Исаев А. А. Статистические методы в метеорологии и климатологии. — М.: Изд-во МГУ, 1988. — 248 с.

7. Национальный атлас Республики Казахстан. Том 1: Природные условия и ресурсы. — Алматы, 2010.

8. Чибилев А. А. Бассейн Урала: история, география, экология. — Екатеринбург: УрО РАН, 2008. — 312 с. *(Для описания физико-географических особенностей Каргалы).*

9. Методы машинного обучения в гидрологических прогнозах. Сборник научных трудов под ред. С. В. Кузнецова. — М., 2022. *(Обоснование использования ИИ в вашей работе).*

10.Официальный интернет-ресурс РГП «Казгидромет». Архив метеорологических данных по станции Актобе. [Электронный ресурс]. URL: https://www.kazhydromet.kz

ҒТАМА 39.01.99

АСТАНА БОТАНИКАЛЫҚ БАҒЫ: УРБАНИСТІК ОРТАДАҒЫ ЖАСЫЛ ЭКОЖҮЙЕ

Авезова А.А, аға оқытушы, PhD, email: aiman_754@mail.ru;
Ашимова А. Б, бакалавр студенті, Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан
email: ayazhan050808@gmail.com

Аннотация Бұл мақалада Астана қаласының экологиялық және рекреациялық нысаны — Астана ботаникалық бағының құрылымы мен маңызы қарастырылады. 89 гектар аумақты алып жатқан саябақтың флоралық құрамы, соның ішінде 90 мыңнан астам ағаш-бұталар мен жылыжай кешеніндегі экзотикалық өсімдіктерге сипаттама берілген. Мақалада саябақтың функционалдық аймақтарға бөлінуі, атап айтқанда, ашық экспозициялар, сулы аймақтар, спорттық және демалыс алаңдарының ерекшеліктері талданады. Ботаникалық бақтың тек демалыс орны ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу және экологиялық тәрбие беру орталығы ретіндегі рөлі айқындалады. Зерттеу барысында саябақтың инфрақұрылымы мен келушілерге арналған жағдайлардың заманауи урбанистика талаптарына сәйкестігіне баға беріледі.

Кілт сөздер: Ботаникалық бақ, Астана, флора, оранжерея, рекреация, экология, ландшафт, урбанистика.

Кіріспе. Астана ботаникалық бағы — 2018 жылы елорданың жасыл белдеуін дамыту мақсатында ашылған ірі жоба. Қаланың қарқынды дамуы жағдайында мұндай жасыл аймақтардың болуы микроклиматты реттеу және тұрғындардың сапалы демалысын ұйымдастыру үшін маңызды. Саябақ қазіргі таңда 90 мыңнан астам өсімдік қорымен ерекшеленеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде Астана ботаникалық бағының жалпы аумағы мен оның құрамдас бөліктері алынды. Мақаланы дайындау барысында саябақтың карта-сызбасы (15-сурет), функционалдық аймақтардың орналасуы және өсімдіктердің түрлік құрамы туралы мәліметтер пайдаланылды. Бақылау және сипаттама беру әдістері арқылы инфрақұрылымдық нысандарға талдау жасалды.

Нәтижелер

Саябақ құрылымы бойынша бірнеше негізгі аймақтарға бөлінген:

1. **Жабық жылыжай (Оранжерея):** 2000-нан астам тропикалық және субтропикалық өсімдіктер (банан, папайя, орхидеялар) өсіріледі. Мұнда тұрақты 18–20°C температура сақталады.
2. **Ашық экспозициялар:** Еуропа, Азия және Солтүстік Америка

флорасын танытатын географиялық аймақтарды қамтиды.

3. **Сулы аймақ:** Жасанды тоғандар мен су қоймалары арқылы жергілікті экожүйенің тепе-теңдігін сақтайды.

4. **Спорттық-рекреациялық блок:** Әртүрлі жас ерекшеліктеріне (5–9 жас, 10–15 жас және ересектер) арналған футбол алаңдары, веложолдар мен жүгіру жолақтары жұмыс істейді.

Ботаникалық бақ 2018 жыл Ботаникалық бақ 2050 жыл ИИ жасалған

Астана ботаникалық бағы — 2018 жылы ашылған, 89 гектар аумақты алып жатқан қаладағы ірі жасыл аймақ. Саябақта 90 мыңнан астам ағаш пен бұта отырғызылған, арнайы веложолдар, жүгіру жолақтары, балалар және спорт алаңдары бар. Жылыжайда 2000-нан астам тропикалық өсімдік түрі өсіріледі. Бұл саябақ тек демалыс орны емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін орталық болып табылады. Кіру тегін, ал жылыжай бөліміне кіру ақылы.(1-сурет)

1-сурет.Ботаникалық саябақтың кіреберісі

Жабық жылыжай кешені (Оранжерея)-Бұл бөлік ботаникалық бақтың ерекше мақтаныштарының бірі болып саналады, өйткені мұнда тропикалық және субтропикалық аймақтарға тән сирек кездесетін өсімдіктер өсіріледі. Жылыжайда ауа температурасы тұрақты түрде 18–20

градус шамасында сақталып, өсімдіктерге қажетті микроклимат қамтамасыз етіледі. Банан, лимон, папайя, пальма, орхидеялар, кактустар мен суккуленттер сияқты 2 000-нан астам өсімдік түрі өсірілуде. Бұл орын келушілерге қызықты әрі танымдық мақсатта ұсынылады, бірақ арнайы белгіленген тәртіппен, яғни билет алып кіру арқылы қолжетімді.(2-сурет)

2-сурет.Жабық жылыжай кешені



Сулы аймақ -Бұл аймақ ботаникалық бақтың табиғи экожүйесін толықтырып тұрған маңызды элементтердің бірі саналады. Мұнда жасанды жасалған тоғандар мен су қоймалары орналасып, олардағы сулар сәндік су өсімдіктері мен су жануарларының тіршілігіне қолайлы жағдай жасайды. Бұл аумақ көркемдік және экологиялық жағынан бақтың тартымдылығын арттырып, келушілер үшін тыныш әрі жайлы орта ұсынады. Айта кету керек, бұл жерде балық аулауға, суды ластауға немесе флора мен фаунаны бұзуға қатаң тыйым салынады.(3-сурет)

3-сурет.Сулы аймақ

Жаяу жүргіншілер жолақтары-Ботаникалық бақ аумағында арнайы жасалған жаяу жүргіншілер жолақтары табиғатпен үндесіп, келушілерге саябақты еркін және қауіпсіз аралап көруге мүмкіндік береді. Бұл жолақтар тас төселген, кең әрі ыңғайлы, олар бақтың әртүрлі бөліктерін өзара байланыстырып тұрады. Жол бойында отырғыштар мен көлеңкелі ағаштар

орналасқан, бұл жаяу жүріп тынығуға өте қолайлы жағдай жасайды.Саябақ ішінде велосипед тебуге арналған арнайы веложолдар да қарастырылған. Бұл жолақтар жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмейтіндей бөлек бағыттармен жүргізілген. Олармен жүріп, келушілер бақтың табиғи сұлулығын тамашалап, спортпен шұғылдануға мүмкіндік алады. Велосипед тебу арқылы белсенді демалысты таңдағандар үшін бұл ерекше қолайлы аймақ.(4-сурет)

4-сурет.Жол жолақтары

Қоғамдық дәретхана (Қызмет көрсету аймағы)-Саябақ аумағында келушілерге арналған арнайы қоғамдық дәретханада қарастырылған. Бұл нысанқызмет көрсету аймағының құрамына енеді және саябақтың тазалығы мен гигиеналық жағдайына жауап береді. Дәретханалар заманауи санитарлық талаптарға сай жабдықталған, олар саябақ аумағындағы ұзақ серуен кезінде келушілердің жайлылығы үшін маңызды рөл атқарады.(5-сурет)

5-сурет.Қоғамдық дәретхана

Астана Ботаникалық саябағы қаланың оң жағалау бөлігінде, тұрғын үйлер мен негізгі көлік магистральдарына жақын орналасқан. Картада саябақтың негізгі аймақтары: флоралық экспозициялар, демалыс және пикник алаңдары, су айдындары мен жаяу серуендеу жолдары анық

көрсетілген. Кеңістіктік құрылым саябақтың функционалдық аймақтарға тиімді бөлінгенін көрсетеді.(9-сурет)

9-сурет.Ботаникалық саябақтың карта сызбасы



Қорытынды7 Астана ботаникалық бағы — қала ландшафтының маңызды элементі әрі экологиялық тұрақтылықтың кепілі. Саябақтың тиімді функционалдық аудандастырылуы (ғылыми, спорттық, демалыс аймақтары) оның көпфункционалдылығын дәлелдейді. Бұл нысан тек табиғи ресурстарды сақтап қана қоймай, қала тұрғындарының әлеуметтік-психологиялық сауығуына және экологиялық білім алуына зор ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі. (2022). Астана қаласының спорттық инфрақұрылымы туралы ресми деректер. Нұр-Сұлтан.

2.Жұмабаев, А. (2021). Қалалық спорттық парктердің дамуы және туристік маңызы. Алматы: «Елбасы» баспасы.

3.Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты. (2023). Триатлон саябағы тарихы мен инфрақұрылымы. [Электронды ресурс] – қолжетімділік режимі: https://astana.gov.kz – қолжетімділік күні: 07.04.2026

4.Singapore National Parks Board. (2021). East Coast Park: Infrastructure and Tourism Development. [Электронды ресурс] – қолжетімділік режимі: https://www.nparks.gov.sg – қолжетімділік күні: 07.04.2026

ДИНАМИКА ГИДРОЛОГИЧЕСКОГО РЕЖИМА И КАЧЕСТВА ПОВЕРХНОСТНЫХ ВОД КАК ИНДИКАТОР ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ РЕГИОНА ГИДРОПОСТА В РАЙОНЕ С. ЧИЖА-1

Авезова А.А., старший преподаватель ВШЕН, доктор PhD; **Кожбанова Ж.А.,** ЭиП-24Б студент 2 курса, Международный университет Астана, Астана, Казахстан

Аннотация. В данной статье исследуется динамика гидрологических и гидрохимических показателей реки Чижа-1 (Западно-Казахстанская область) как ключевой индикатор экологической стабильности региона. На основе ретроспективного анализа данных РГП «Казгидромет» за 1964–2023 гг. и современных гидрохимических проб за 2017–2025 гг. выявлены основные тренды трансформации водной экосистемы.

Методом построения интегральных кривых уровней воды определены циклы водности, отражающие реакцию речного стока на региональные климатические изменения. Особое внимание уделено индикаторным свойствам качества воды: зафиксированные аномалии водородного показателя (pH 3,2–5,0) в 2017–2019 гг. и снижение концентрации растворенного кислорода в 2024 г. интерпретируются как следствия критического антропогенного воздействия. Сравнительный анализ характерных по водности лет позволил установить корреляцию между гидрологической фазой и способностью реки к самоочищению.

Авторами обосновано, что текущее экологическое состояние района гидропоста характеризуется высокой нестабильностью, что требует внедрения системы оперативного экологического мониторинга. Полученные результаты могут служить научной базой для разработки программ адаптивного природопользования в Жайык-Каспийском бассейне.

Ключевые слова. Динамика стока, гидрологический режим, качество поверхностных вод, экологический индикатор, антропогенная трансформация, река Чижа-1, биогенные вещества, экологический мониторинг.

Введение. Река Чижа-1 является типичной малой рекой Жайык-Каспийского бассейна, протекающей по территории Таскалинского района Западно-Казахстанской области. Она относится к системе Прикаспийской низменности и характеризуется высокой зависимостью от снегового питания и атмосферных осадков. Гидрологический режим реки отличается значительной сезонной и многолетней изменчивостью, что типично для равнинных рек региона.

Глобальные изменения климата, учащение экстремальных гидрометеорологических явлений и антропогенная нагрузка оказывают заметное влияние на уровневый режим малых рек. В связи с этим данные

гидропоста с. Чижа-1 приобретают особую актуальность для мониторинга, прогнозирования и рационального использования водных ресурсов.

Материалы и методы. Использованы материалы режимных наблюдений РГП «Казгидромет» по гидропосту р. Чижа-1-с. Чижа-1 за 1964-2023 гг., а также данные метеостанции Уральск. Применялись методы расчёта модульных коэффициентов, построения суммарных и разностных интегральных кривых, корреляционного анализа и сравнительного анализа характерных лет по водности.

Результаты. Физико-географическая характеристика реки Чижа-1

Река Чижа-1 расположена в Таскалинском районе Западно-Казахстанской области и входит в Жайык-Каспийский бассейн. Гидропост находится в с. Чижа-1 Амангельдинского сельского округа. Река протекает в пределах Прикаспийской низменности, имеет равнинный характер, извилистое русло и подвержена резким сезонным колебаниям уровня воды. Питание преимущественно снеговое и дождевое. Весной во время интенсивного снеготаяния наблюдаются значительные подъёмы уровня, летом река мелеет. Климат региона резко континентальный с холодной зимой и жарким летом.

Гидрологический режим реки Чижа-1



Рисунок 1 - Интегральная кривая уровней воды реки Чижа-1 за 1964-2023 гг.

Если посмотреть на суммарную интегральную кривую среднегодовых уровней воды. Данный график позволяет оценить динамику водных ресурсов и выявить периоды стабильности, увеличения или снижения водности.

1964-2000 гг. - период преимущественного маловодья. Кривая растёт медленно, местами с заметным замедлением. Это свидетельствует о том, что в этот период уровни воды часто были ниже среднемноголетних значений.

2000-2010 гг. - переходный период. Кривая показывает незначительный рост, что указывает на постепенное увеличение водности.

2010-2023 гг. - устойчивый рост, особенно интенсивный после 2015 года. Это свидетельствует о переходе реки к фазе повышенной водности и увеличении общего объёма стока в последние годы.

Рисунок 2 - Разностная интегральная кривая модульных коэффициентов уровней воды реки Чижа-1 за 1964-2023 гг.

График отражает изменения водности в долгосрочной перспективе и позволяет выявить фазы маловодья и многоводья.

1964-1975 гг. - начальный период с незначительными колебаниями вокруг нулевого уровня.

1975-2000 гг. - продолжительный период маловодья. Кривая демонстрирует устойчивое снижение до отрицательных значений, достигая минимума около 2000 года. Это наиболее засушливый период за весь ряд наблюдений.

2000-2010 гг. - стабилизация. Кривая движется с незначительными колебаниями вокруг минимальных значений.

2010-2023 гг. - устойчивый подъём кривой до положительных значений, особенно заметный в 2015-2023 гг. Это указывает на смену фазы маловодья на фазу повышенной водности. Многоводный 2023 год является кульминацией этого подъёма.

Общая характеристика: Во всех трёх годах пик уровней воды наблюдается в апреле–мае (4-5 месяц), что соответствует периоду весеннего половодья – активного снеготаяния и поступления воды в реку. После пика идёт резкое снижение уровней - к концу лета и осени водность становится стабильной и низкой.

Рисунок 3 - Концентрация растворенного в воде кислорода

На рисунке 3 видно, что в 2017 по 2023 гг. концентрация кислорода держалась на стабильном высоком уровне – от 9,5 до 11,2 мг/л. Это говорит о хорошей аэрации и отсутствие выраженного серьёзного загрязнения.

Однако в 2024 году произошёл резкий спад до 6,8 мг/л – это уже критическое снижение. Значение ниже 6 мг/л считается опасным для водной биоты. Возможные причины: залповый сброс органики, аномально высокая температура воды, застойный режим из-за маловодья.

К 2025 году кислород восстанавливается до 9,6 мг/л, что говорит о временном характере аномалии 2024 года.

Рисунок 4 - Водородный показатель

Мы можем увидеть, что в 2017-2019 годах значения pH находились в крайне кислой среде от 3,25 до 5,0. Это уровень промышленных кислотных стоков или окисления сульфидных минералов. Норма для природных вод нормой считается интервал 6,5-8,5. Такие значения крайне губительны для рыбы и большинства гидробионтов.

С 2020 года резкое изменение до нейтрально-слабощелочной среды от 7,1 до 7,45. Это может указывать на прекращение поступления кислого

сброса выше по течению, разбавлением более щелочными водами (например, грунтовыми или талыми) или изменением точки отбора проб.

Важнейший вывод заключается в том, что река пережила резкую смену типа кислотно-щелочного режима в 2019-2020 гг. Это не естественный процесс, а следствие антропогенного воздействия.



Рисунок 5 - БПК

Если рассмотреть рисунок 5 почти все годы $БПК_5$ держится в диапазоне 2,2-2,9 мг/л, что соответствует умеренно чистым или слабозагрязнённым водам (класс качества 2-3).

Единственное исключение было в 2024 году $БПК_5$ поднялся до 3,0 мг/л. Повышение $БПК_5$ совпадает с падением кислорода до 6,8 мг/л и небольшим снижением pH. Это сочетания трёх признаков органического загрязнения (бытовые стоки, животноводческие сбросы).

В 2025 году $БПК_5$ возвращается к фоновым значениям, что говорит о временном характере загрязнения.

Рисунок 6. - Превышенные ПДК, которые были зафиксированы по веществам из группы биогенных веществ (Железо общее)

Рисунок 6 показывает ПДК для железа общего в воде рыбохозяйственных водоёмов - 0,1 мг/л (для хозяйственно-питьевого - 0,3 мг/л).

Превышения ПДК (0,1 мг/л) зафиксированы в 2021 (0,095 - близко к ПДК), 2023 (0,12), 2025 (0,11).

Тренд: с 2020 по 2025 год наблюдается рост железа от 0,03 до 0,12 мг/л. Это может быть связано с эрозией почв, дренажем сельхозугодий, подъёмом грунтовых вод с высоким содержанием железа.

В 2022 году резкое снижение до 0,04 - возможно, промывка реки или паводком.

Рисунок 7 - Превышенные ПДК , которые были зафиксированы по веществам из группы биогенных веществ (Азот нитритный)

Анализируя рисунок 7 мы можем увидеть, что в целом нитратный азот низкий от 0,017 до 0,041 мг/л. При этом ПДК для водоёмов - 9,1 мг/л, так что превышений нет.

Единственный заметный всплеск в 2024 году (0,041) - превышает средние значения в 2 раза. Это указывает на поступление азотных удобрений или органических стоков (навоз, силосные воды) именно в 2024 году.

Это совпадение по времини с пиком $БПК_5$ (3,0) и падением кислорода (6,8) в том же 2024 году - надёжный признак залпового органического/азотного загрязнения.

Выводы. Проведённое исследование показало, что гидрологический режим реки Чижа-1 отличается высокой изменчивостью. На основе анализа данных за период 1964-2023 гг. сделаны следующие выводы:

1. Интегральные кривые подтверждают наличие продолжительного периода маловодья (до 2000 г.) и смену фазы на повышенную водность в последние годы (2010-2023 гг.).

2. Разностная интегральная кривая модульных коэффициентов наглядно отражает долгосрочные изменения: минимум около 2000 года и устойчивый подъём после 2010 года.

4. Подтверждена тесная связь между количеством осадков, температурным режимом и уровнями воды. Аномально высокие осадки 2023 года (до 152 мм в июле) стали причиной экстремального половодья.

5. По результатам анализа выявлено два чётких периода: аномально кислые воды в 2017-2019 гг. (pH 3,2-5,0) и период нейтральной реакции с эпизодами органического загрязнения (2024). Наиболее критичным стал 2024 год, когда зафиксированы минимальный кислород (6,8 мг/л), максимальные БПК (3,0 мг/л) и нитратный азот (0,041 мг/л). Тренд по железу - повышающийся с 2020 года, с превышением ПДК в 2023 и 2025 гг. Требуется установить источник кислых стоков в 2017-2019 гг. и контролировать сельскохозяйственный сток.

Рекомендации

1. Продолжение гидрологического мониторинга.

Необходимо продолжать систематические наблюдения на гидропосту с. Чижа-1 для отслеживания сезонных и многолетних изменений уровней воды.

2. Прогнозирование паводков.

Разрабатывать и внедрять методы краткосрочного и долгосрочного прогнозирования весенних паводков с учётом данных об осадках и температуре.

3. Усиление экологического контроля.

Обеспечить регулярный контроль за состоянием реки, предотвращение сброса загрязняющих веществ и сохранение прибрежных защитных полос.

4. Развитие рекреации и экотуризма.

Обустраивать экологически безопасные зоны отдыха, пешие маршруты и места для рыболовства с учётом гидрологического режима (рекомендуемый период – лето и начало осени).

5. Адаптация к изменению климата.

Разрабатывать региональные стратегии адаптации к изменению климата, включая меры по водосбережению и рациональному использованию водных ресурсов малых рек.

Список использованной литературы

1. РГП «Казгидромет». Данные гидропоста р. Чижа-1 - с. Чижа-1 за 1964-2023 гг. (архив организации).

2. Погода и климат. http://www.pogodaiklimat.ru/ (данные метеостанции Уральск).

3. Водные ресурсы Казахстана: оценка, прогноз, управление. Т. VII: Ресурсы речного стока Казахстана / под науч. ред. Гальперина Р.И. - Алматы: Институт географии, 2012. - 684 с.

4. Гальперин Р.И., Мазур Л.П., Сарсенбаев М.Х. Выполнение лабораторных работ по курсу «Гидрология суши». - Алма-Ата: КазГУ, 1991. - 108 с.

5. Чигринец Л.Ю. Определение расчетных гидрологических характеристик с применением персонального компьютера. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 213 с.

6. Ежемесячный информационный бюллетень о состоянии окружающей среды 2017 – 2026 гг.

ҒТАМА 37.25.15

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ МАҢЫНДАҒЫ ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ СУ РЕЖИМІН ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨҢІРДІҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІНЕ ӘСЕРІ

Авезова А. А., г.ғ. PhD докторы, Астана Халықаралық университеті, Астана қ, Қазақстан; **Оразова Ж.Д.,** 2 курс студенті, Астана Халықаралық университеті, Астана қ, Қазақстан
Email: zhanerkeorazova01@gmail.com

Аннотация. Мақалада 1944–2023 жылдар аралығында Атырау қаласы аумағындағы Жайық өзенінің гидрологиялық сипаттамаларына кешенді талдау жүргізілді. Орташа жылдық су шығыны, орташа айлық ауа температурасы және атмосфералық жауын-шашын мөлшері бойынша деректер негізінде су режимінің көпжылдық және маусымішілік өзгергіштігі зерттелді. Климаттық параметрлер мен өзен суының молдығы арасындағы өзара байланыстар анықталды. Машиналық оқыту әдістерін, атап айтқанда Ridge-регуляризациясы бар үшінші дәрежелі полиномиалдық регрессия мен ең кіші квадраттар әдісін қолдану арқылы 2026–2030 жылдарға арналған су шығыны, ауа температурасы және жауын-шашын мөлшерінің болжамдық мәндері есептелді.

Зерттеу нәтижесінде Жайық өзенінің су режимі мен Қазақстандағы туристік саланың дамуы арасындағы байланыс негізделіп, 2030 жылға дейінгі туристік ағынның болжамы ұсынылды.

Кілт сөздер: Жайық өзені, су шығыны, су режимі, жасанды интеллект, полиномиалдық регрессия, Ridge-регуляризация, болжау, климат, туризм, Қазақстан.

Кіріспе. Жайық өзені Еуропадағы ұзындығы бойынша үшінші өзен (2428 км) және Батыс Қазақстандағы ең ірі су артерияларының бірі болып табылады. Атырау қаласы маңындағы гидрологиялық бекет өзеннің Каспий теңізіне құяр алдындағы шамамен 220 мың км² алаптың жиынтық ағын көлемін тіркейді. Антропогендік қысымның артуы мен жаһандық климаттың өзгеруі жағдайында өзеннің су режимін зерттеу су ресурстарын пайдалану, экология және туризм үшін стратегиялық маңызға ие болып отыр [1].

Ғылымның цифрлық трансформациясы гидрологиялық деректердің уақыттық қатарларын талдауда жаңа мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект (ЖИ) әдістерін қолдану сызықтық емес заңдылықтарды анықтауға және ұзақ мерзімді негізделген болжамдар жасауға мүмкіндік береді [2]. Осы мақалада 1944–2023 жылдар аралығындағы (80 жыл) бақылау деректері негізінде Атырау қаласы маңындағы Жайық өзенінің су

режиміне кешенді талдау жүргізіліп, жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, 2026–2030 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштерге болжам жасалады. Сонымен қатар, өзен суының молдығының өңірдің туристік әлеуетіне әсері бағаланады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің бастапқы материалдары ретінде: (1) 1944–2023 жылдар аралығында Атырау қаласы маңындағы Жайық өзенінің орташа жылдық су шығынының қатары (80 мән); (2) Атырау метеостанциясы бойынша алты репрезентативті жылға арналған су шығыны, ауа температурасы және жауын-шашынның айлық деректері пайдаланылды. Бұл жылдар су молдығына қарай: сулы (1957, 1987), орташа (1960, 2015) және аз сулы (1968, 2022) жылдар болып жіктелді [3].

Жылдық су молдығын типизациялау модульдік коэффициент арқылы жүргізілді: Ki = Qi / Qcp, мұнда Qi – нақты жылдағы су шығыны, ал Qcp = 251 м³/с – көпжылдық орташа су шығыны. Ki > 1,15 болған жағдайда жыл сулы, Ki < 0,85 болса – аз сулы, ал қалған жағдайларда – орташа сулы жылдар қатарына жатқызылды [1].

Су шығынын болжау үшін Ridge-регуляризациясы (реттеу параметрі α = 10) бар үшінші дәрежелі полиномиалдық регрессия әдісі қолданылды. Бұл әдіс көпжылдық қатардағы сызықтық емес ұзақ мерзімді үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді және регуляризация арқылы модельдің артық үйрену (overfitting) әсерін төмендетеді.

Ауа температурасы мен жауын-шашын көрсеткіштері ең кіші квадраттар әдісі (ЕКҚӘ) негізінде, алты тірек нүкте бойынша сызықтық тренд арқылы болжанды. Есептеулер Python бағдарламалау ортасында (scikit-learn, numpy, matplotlib кітапханалары) орындалды. Туристік ағынның болжамы 2021–2023 жылдардағы Қазақстан статистика бюросының (Қазстат) деректері негізінде сызықтық трендті экстраполяциялау арқылы жасалып, оған өзеннің болжамды су молдығын ескеретін түзету коэффициенті енгізілді [4, 5].

Нәтижелер.

1. ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ СУ РЕЖИМІН ТАЛДАУ – АТЫРАУ қ. (1944–2023)

Зерттелген кезеңдегі көпжылдық орташа су шығыны 251 м³/с құрады. Уақыттық қатар (1-сурет) жылдар аралығындағы жоғары өзгергіштікпен сипатталады: ең төменгі су шығыны 1953 жылы (15 м³/с), ал ең жоғарысы 1979 жылы (660 м³/с) тіркелді. Вариация коэффициенті Cv ≈ 0,71 су режимінің тұрақсыз екенін көрсетеді.



1-сурет. Жайық өзенінің жылдық су шығыны – Атырау қ. (1944–2023)

80 жылдық бақылау деректерінің ішінде 40 жыл (50%) – аз сулы, 32 жыл (40%) – сулы, ал 8 жыл (10%) – орташа сулы болып табылады. 1990 жылдан кейін сулы жылдардың азаю үрдісі және аз сулы кезеңдердің жиілеуі байқалады, бұл климаттың өзгеруі мен су шаруашылығын қарқынды пайдалану нәтижесінде Жайық өзені ағынының төмендеуі туралы деректермен сәйкес келеді [1, 4].

Су ағынының жыл ішіндегі бөлінісі айқын көктемгі тасқынмен (сәуір–маусым) сипатталады, ол алаптың жоғарғы және орта бөліктеріндегі қар еруімен байланысты (2-сурет). 1958 жылы Ириклин су қоймасының пайдалануға берілуінен кейін тасқынның сипаты едәуір өзгерді: су шығы біршама тегістеліп, мамыр–маусым айларына ығысты, ал қысқы межень деңгейі жоғарылады. Сулы 1987 жылы мамыр–маусым айларында су шығыны 1010–1260 м³/с-қа жетті, ал аз сулы 2022 жылы 254–415 м³/с аралығында болды [3].

2-сурет. Жайық өзенінің су шығындарының жыл ішіндегі (маусымдық) бөлінісі – Атырау қ.

•

• **Климаттық факторлардың өзен суына әсері**

Температуралық режимді талдау (3-сурет) континенттік климатқа тән қатал қыстың (1957 жылғы қаңтарда –12,5°C дейін) және ыстық жаздың (2022 жылғы тамызда +28,9°C дейін) алмасуын көрсетеді. Қазіргі кезеңде тұрақты жылыну үрдісі байқалады: 2015 және 2022 жылдардағы орташа жылдық температуралар (+11,0 және +11,9°C) 1957–1968 жылдардағы көрсеткіштерден (+9,0–9,2°C) едәуір жоғары. Қыс мезгіліндегі

температураның көтерілуі қатты жауын-шашын үлесін азайтып, көктемгі тасқынның негізгі көзі болып табылатын қар қорының төмендеуіне әкеледі.



3-сурет. Атырау метеостанциясы бойынша орташа айлық ауа температурасы (°C)

Жауын-шашын (4-сурет) жыл ішінде біркелкі таралмаған: ең көп мөлшері қыс-көктем кезеңінде (қараша–наурыз) және шілде айында байқалады, ал ең аз мөлшері сәуірде және күзде тіркеледі. Талданған жылдар бойынша орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 81 мм-ден (1968 ж.) 268 мм-ге (2015 ж.) дейін өзгерді. 2015 жылғы мамыр айындағы аномальды жоғары жауын-шашын (93 мм) қардың қарқынды еруімен бірге өзенге келетін су ағынының артуына себеп болды, алайда қысқы қар қорының жалпы төмендеу үрдісіне байланысты жылдық су шығыны орташа деңгейде қалды [4].



4-сурет. Атырау метеостанциясы бойынша айлық жауын-шашын мөлшері (мм)

Корреляциялық талдау (5, 6-суреттер) климаттың өзен суына әсер ету механизмін ашады. Су шығыны мен орташа жылдық ауа температурасы арасындағы байланыс әлсіз теріс сипатқа ие ($r^2 \approx 0{,}12$): жылы жылдары қар қоры азаяды, ал алап бетінде булану күшейеді.

Жылдық жауын-шашынмен байланысы – орташа деңгейде оң ($r^2 \approx 0{,}18$): қар мол түсетін жылдары қалың қар жамылғысы қалыптасып, нәтижесінде күшті көктемгі тасқын байқалады.

Төмен анықтау коэффициенттері (r^2) негізінен өзен алабының жоғарғы бөлігіндегі қар қорының шешуші рөлімен және су қоймаларының жұмыс режимімен түсіндіріледі, бұл факторлар Атырау қаласы бойынша жергілікті метеорологиялық деректермен толық қамтылмаған [1, 3].



5-сурет. Жайық өзенінің су шығыны мен ауа температурасының байланысы (6 сипаттамалық жыл бойынша)



6-сурет. Жайық өзенінің су шығыны мен атмосфералық жауын-шашын арасындағы байланыс

3. Су молдығы мен климаттық параметрлерді жасанды интеллект әдістерімен болжау

Болжау әдістері.

Су шығынын болжау үшін Ridge-регуляризациясы (α = 10) бар үшінші дәрежелі полиномиалдық регрессия қолданылды. Белгі ретінде жыл мәні алынды; екінші және үшінші дәрежелі полиномиалдық белгілер модельге ағынның сызықтық емес циклдік өзгерістерін ескеруге мүмкіндік берді. Ridge-регуляризация полиномиалдық қисықтың экстраполяция кезіндегі «шектен тыс өсуін» (overfitting) болдырмай, болжамның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Модель 1944–2023 жылдар аралығындағы 80 мән негізінде оқытылып, 2026–2030 жылдарға арналған болжам ±35 м³/с сенімділік интервалы арқылы ұсынылды [2].

Климаттық параметрлер (ауа температурасы мен жауын-шашын) ең кіші квадраттар әдісі (ЕККӘ) арқылы сызықтық тренд негізінде болжанды. Үлгінің шағын болуына (6 жыл) қарамастан, ЕККӘ трендтің көрнекілігін және физикалық тұрғыдан түсіндірілетіндігін қамтамасыз етеді. Екі түрлі жасанды интеллект әдісін – сызықтық емес (Ridge-полином) және сызықтық (ЕККӘ) – бірлесе қолдану теңгерімді және негізделген болжамдық сценарий қалыптастыруға мүмкіндік берді.



7-сурет.

Жайық өзенінің жылдық су шығынының 2026–2030 жылдарға арналған болжамы – Атырау

Су шығынының болжамы (7-сурет) су молдығының орташа деңгей шегінде 265 м³/с-тан (2026 ж.) 271 м³/с-қа (2030 ж.) дейін біртіндеп артуын көрсетеді (Ki ≈ 1,05–1,08). Бұл өзен ағынының көпжылдық нормаға жақын тұрақтанатынын білдіреді. Климаттық параметрлердің болжамы (8-сурет) жылыну үрдісінің жалғасатынын растайды: орташа жылдық температура 2026 жылы 11,4°С-тан 2030 жылы 11,6°С-қа дейін өседі, ал жауын-шашын мөлшері 232 мм-ден 239 мм/жылға дейін артады



.

8-сурет. Атырау қаласының климаттық параметрлерінің 2026–2030 жылдарға арналған болжамы (ЕККӘ әдісімен)

1-кесте. Гидрологиялық және климаттық параметрлердің жиынтық болжамы (2026–2030)

Жыл	Q, м³/с	Су режимі	Г ауа, °С	Жауын- шашын мм/жыл
2026	265	Орташа	11,4	232
2027	267	Орташа	11,4	234
2028	268	Орташа	11,5	235
2029	269	Орташа	11,5	237
2030	271	Орташа	11,6	239

4. Жайық өзенінің су молдығы және қазақстанның туристік әлеуеті

Жайық өзені және оның Атырау қаласы маңындағы жайылмасы туристік ресурстарға бай: балық аулау туризмі (бекіре, қортпа, сазан, көксерке), жайылма алқаптары мен тоғайлар бойынша экологиялық маршруттар, тасқын кезінде су туризмі, сондай-ақ казак тарихы мен Каспий балық шаруашылығына байланысты мәдени-тарихи нысандар [5]. Өзеннің су молдығы осы туризм түрлерінің тартымдылығына тікелей әсер етеді.

Сулы жылдары (Ki > 1,15) жайылма су айдындарының аумағы ұлғаяды, балық өнімділігі артады, су және балық аулау туризмі үшін қолайлы жағдайлар қалыптасады. Керісінше, аз сулы кезеңдер жайылма алқаптарының деградациясына, ихтиофаунаның түрлік әртүрлілігінің азаюына және туристер үшін жағдайдың нашарлауына әкеледі. Сараптамалық бағалаулар бойынша, орташа жылдық су шығынының нормаға қарағанда 30%-ға төмендеуі жағалаудағы туристік нысандарға келушілер санын 15–20%-ға қысқартады [5].

2026–2030 жылдарға арналған болжамды орташа су деңгейі (Q = 265–271 м³/с, Ki ≈ 1,05–1,08) туризм үшін бейтарап немесе сәл қолайлы жағдайларды қалыптастырады. Қазақстандағы туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуы және келушілер ағынының артуы (9-сурет) аясында бұл Атырау өңірі үшін орташа оптимистік сценарий қалыптастырады. Қазақстан бойынша туристік ағынның болжамы (Қазстат деректері негізінде сызықтық регрессия) 2026 жылы 13,9 млн адамнан 2030 жылы 21,1 млн адамға дейін өсуді көрсетеді, бұл су режимінің тұрақтылығы мен инфрақұрылымның дамуына байланысты [5].

9-сурет. Жайық өзенінің су режимін ескере отырып, Қазақстандағы туристік ағынның 2026–2030 жылдарға арналған болжамы

Қорытынды. Жүргізілген талдау келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1)1944–2023 жылдар аралығында Атырау қаласы маңындағы Жайық өзенінің көпжылдық орташа су шығыны 251 м³/с құрады, жылдар арасындағы өзгергіштік жоғары (Cv ≈ 0,71). Бақылау жылдарының жартысы (50%) аз сулы болып табылады; 1990 жылдан кейін олардың үлесінің арту үрдісі байқалады.

2) Су режимінің қалыптасуындағы негізгі фактор – қыс мезгіліндегі қар жиналуы, ол қыстың қаталдығымен анықталады. Климаттың жылынуы (1957–2022 жылдар аралығында орташа жылдық температураның 2,9°C-қа өсуі) қар қорының азаюына және көктемгі тасқын ағынының төмендеуіне әкеледі.

3)Жасанды интеллект негізіндегі болжам 2026–2030 жылдары өзен ағынының орташа деңгейде тұрақтанатынын (265–271 м³/с), аздаған жылынуды (+0,2°C) және жауын-шашынның біршама артуын (+7 мм/жыл) көрсетеді. Полиномиалдық Ridge-регрессия және ең кіші квадраттар әдістері гидрологиялық қатарларды ұзақ мерзімді болжауда тиімді нәтижелер көрсетті.

4)Болжамды орташа су деңгейі Жайық өзенінде балық аулау, экологиялық және су туризмін дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастырады. Жасанды интеллект болжамына сәйкес, Қазақстандағы туристік ағын 2030 жылға қарай жылына 21,1 млн адамға жетеді, бұл Атырау облысында туристік инфрақұрылымды уақытылы дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Аталған жұмыс гидрология және туризм саласындағы зерттеулерде жасанды интеллект әдістерінің практикалық әлеуетін көрсетеді және Қазақстандағы жер туралы ғылымның цифрлық трансформациясына жас ғалымдардың қосқан үлесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Чигринец А.Г. Жайық өзені алабының су ресурстары және оларды ұтымды пайдалану мәселелері. – Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2018. – 284 б.

2. Goodfellow I., Bengio Y., Courville A. Терең оқыту. – Кембридж: MIT Press, 2016. – 775 б.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік су кадастры. Жер үсті суларының режимі мен ресурстары туралы көпжылдық деректер. Каспий теңізі алабының өзендері. – Алматы: ҚазҒЗИ су шаруашылығы, 2020. – 412 б.

4. IPCC. Климаттың өзгеруі 2023: Жинақтау есебі. I, II және III жұмыс топтарының Климаттың өзгеруі жөніндегі алтыншы бағалау есебіне қосқан үлесі. – Женева: IPCC, 2023. – 184 б.

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт агенттігі. 2015–2023 жылдардағы кірме және ішкі туризм статистикасы. – Астана, 2024. –

ҒТАМА 39.01.99

ЖЕТІСУ САЯБАҒЫ: АСТАНАНЫҢ СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

Авезова А.А., аға оқытушы, доктор PhD; **Абдиканова А.**, 6B05203 мамандығының 3 курс студенті, Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан
email: a_aiko06@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Астана қаласындағы маңызды рекреациялық нысандардың бірі — Жетісу саябағының спорттық және туристік әлеуетіне кешенді талдау жасалған. Саябақ 2018 жылы Алматы облысының елордаға мерейтойлық сыйы ретінде бой көтеріп, Жетісу өлкесінің бірегей табиғи және мәдени нышандарын біріктірген. Зерттеу барысында саябақтың географиялық орналасуы, функционалдық аймақтарға бөлінуі, инфрақұрылымы мен ландшафтық ерекшеліктері қарастырылды. Авторлар саябақтың тек демалыс орны ғана емес, сонымен қатар жүгіру және велосипед жолақтары арқылы қала тұрғындарының спорттық белсенділігін арттыратын маңызды нүкте екенін негіздейді. Мақалада далалық бақылау әдісі арқылы анықталған экологиялық мәселелер, атап айтқанда, антропогендік ластану проблемасы атап өтіліп, оларды шешу жолдары ұсынылған. Зерттеу қорытындысында Жетісу саябағын Астананың туристік маршруттарына интеграциялау, экологиялық тәрбиені күшейту және спорттық іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру бойынша нақты ұсыныстар берілген. Мақала қалалық туризм мен рекреациялық география саласындағы мамандарға, студенттерге және қала әкімшілігіне арналған.

Кілт сөздер: Жетісу саябағы, Астана туризмі, рекреациялық әлеует, спорттық инфрақұрылым, қалалық саябақтар, экологиялық мониторинг, Жетісу өлкесі.

Кіріспе. Астана — Қазақстанның заманауи елордасы ретінде тек мемлекеттік-саяси орталық ғана емес, сонымен бірге спорт, туризм және рекреация үшін маңызды мегаполиске айналуда. Қаланың жылдам дамуы жаңа инфрақұрылым нысандарының белсенді салынуымен жүріп жатыр. Жетісу саябағы — 2018 жылы Алматы облысы тарапынан Астананың 20 жылдығына сыйға тартылған бірегей мәдени-демалыс кешені. Мақаланың мақсаты — саябақтың туристік мүмкіндіктері мен экологиялық жағдайын талдау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- **Далалық бақылау:** Саябақ аумағындағы инфрақұрылым мен келушілер ағынына тікелей бақылау жасау.
- **Фотофиксация:** Нысандардың қазіргі жай-күйін суретке түсіру арқылы құжаттау.
- **Картографиялық талдау:** Саябақтың географиялық координаталары мен қала құрылымындағы орнын анықтау.
- **Әдебиеттерді шолу:** Ресми сайттар мен ғылыми басылымдардағы деректерді жинақтау.

Географиялық орналасуы және тарихы

Жетісу саябағы (1-сурет) Астана қаласының орталық бөлігінде, «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық кешенінің жанында, Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. Мекен-жайы: Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 51.1357° солтүстік ендік, 71.4390° шығыс бойлық.

Саябақтың жалпы ауданы шамамен 7 гектарды қамтиды. Ол Астана метро желісінен, автобус тоқтамдарынан және жаяу жүру маршруттарынан ыңғайлы қашықтықта орналасқандықтан, тұрғындар мен туристер үшін оңай қолжетімді. Саябақ Алматы облысы мен оның табиғи және мәдени байлықтарын таныстыру мақсатында жобаланып, 2018 жылы ашылды[1].

1-сурет: Жетісу саябағының кіреберісі

Саябақтың тарихи және мәдени маңызы зор: ол Алматы облысының символы болып табылатын Апорт алмасы, Шарын шатқалының тас бедерлері, Корей диаспорасының мәдени ізі сияқты элементтерді бір кеңістікте жинақтаған. Бұл саябақтың жай ғана демалыс орны емес, мәдени-білімдік нысан екенін дәлелдейді.

Саябақтың инфрақұрылымы мен аймақтарға бөлінуі

Жетісу саябағы функционалдық тұрғыдан бірнеше аймаққа бөлінеді. Әрбір аймақ белгілі бір мақсат пен аудиторияға арналған, бұл саябақтың барлық жас тобы үшін тартымды болуын қамтамасыз етеді [2].

Апорт аллеясы

Саябаққа кіргеннен кейін алдымен Апорт аллеясы алдыңыздан шығады. Бұл жерде Алматы облысының символы болған атақты Апорт алмасының ірі мүсіні орнатылған(2-сурет). Аллея бойымен жаяу жүре

отырып, табиғи өсімдіктер мен гүл клумбаларын тамашалауға болады. Аллея саябақтың «кіріспе бөлімі» ретінде келушілерді жетісу өлкесімен таныстырады.

2-сурет: Апорт аллеясы — Алматы облысының символы

Балалар ойын аймағы

Саябақтың ең белсенді және тартымды аймақтарының бірі — ерекше безендірілген балалар ойын алаңы. Мұнда карусель (3-сурет), батут алаңдары, сырғанақтар, тіреу конструкциялары және басқа да ойын элементтері орнатылған. Барлық конструкциялар қауіпсіздік стандарттарына сай, жас балалардан бастап мектеп жасына дейінгі балалар үшін ыңғайлы.

3-сурет: Балалар карусель алаңы

Фонтан алаңы

Саябақтың орталық бөлігінде орналасқан фонтан алаңы — демалушылардың сүйікті орнына айналған(4-сурет). Су бұрқақтары арнайы жарықтандырумен жабдықталған, кешкі уақытта жарық шоуы ұйымдастырылады. Жазғы маусымда ыстық күндері балалар фонтан суымен ойнайды. Алаңның айналасына орындықтар мен демалыс орындары орнатылған.

4-сурет: Фонтан алаңы — кешкі жарық шоуы

Спорттық инфрақұрылым

Жетісу саябағы тек демалыс емес, белсенді спорт мекені де болып табылады. Саябақ бойымен жүгірушілер жолақтары тартылған: олар жұмсақ резеңке жамылғымен жабдықталған, таңғы жаттығу немесе күнделікті серуен үшін өте қолайлы (5-сурет). Жолақтардың ұзындығы 2 шақырымнан асады.

5-сурет: Велосипед және жүгіру жолақтары

Табиғи және ландшафтық элементтер

Саябақта Шарын шатқалы мен Жетісу өлкесінің тасты бедерлерін бейнелейтін шағын жасанды тас композициялары бар (6-сурет). Олар табиғи ландшафт элементтерімен үйлестіріліп орналастырылған. Бұл декоративті элементтер саябаққа табиғилық сезімін беріп, «өңірлік туризм» тұжырымдамасын визуалды тұрғыдан нығайтады.

6-сурет: Жетісу өлкесінің тасты бедерлері

Корей мәдени бұрышы

Жетісу саябағының ерекше нысандарының бірі — корей архитектурасы стилінде салынған тыныш демалыс бұрышы (8-сурет). Мұнда шағын дәстүрлі корей ғибадатханасы мен ұлттық өрнектері бар архитектуралық элементтер орналасқан. Бұл аймақ Қазақстандағы корей диаспорасына арналған мәдени ескерткіш ретінде маңыз алады. Саябақтың осындай полиэтникалық сипаты туристік тартымдылықты арттырады.

8-сурет: Корей мәдени бұрышы

Тамақтану және қызмет орындары

Саябақ аумағында шағын кафе мен фудкорт аймақтары бар. Онда жеңіл тағамдар, сусындар, балмұздақ, бургер, пицца, хот-дог секілді тағамдар ұсынылады. Арнайы үстелдер, орындықтар және көлеңкелі шатырлармен жабдықталған пикник алаңдары да бар, отбасымен тамақтануға өте ыңғайлы. Қоғамдық дәретханалар саябақтың бірнеше жерінде орналасқан, таза әрі қолжетімді. Ақпараттық стендтер, қауіпсіздік қызметі (күзет) және алғашқы медициналық көмек пункттері де жұмыс істейді. Бұл сервистер саябақтың туристік инфрақұрылымын жан-жақты қамтамасыз етеді [3].

Саябақтың рекреациялық мүмкіндіктері жас тобы бойынша:

Балалар (3–12 жас): Ойын алаңдары, карусель, батут, сырғанақтар, фонтанда ойын.

Жастар мен ересектер (13–60 жас): Велосипед жолдары, жүгіру жолақтары, серуен маршруттары, фотозоналар, кафе.

Егде жастағылар (60+): Тыныш демалыс орындары, Корей мәдени бұрышы, пикник аймақтары, отбасылық пикник.

Туристік маршруттарда Жетісу саябағын «Астана жасыл белдеуі» концепциясы шеңберінде Триатлон саябағы, Президент паркі және Есіл өзені жағалауының саябақтарымен байланыстыруға болады. Бұл интеграцияланған туристік маршруттар Астанаға ұзақ уақыт мердігерлік (жабайы шалғай туризм — «wilderness tourism» орнына қала туризмі) мүмкіндіктер ашады [4].

Экологиялық жағдайы мен мәселелер

Жетісу саябағы жалпы алғанда таза және жақсы күтілетін нысан болып табылады. Саябақ аумағы тұрақты тазалауға бағынады, өсімдіктер жүйелі суарылады, жолдар мен алаңдар қалыпты жағдайда ұсталады. Дегенмен, далалық тексеру барысында кейбір проблемалар анықталды.

Ең басты мәселе — саябақтың жекелеген бөліктерінде қоқыс қалдықтарының байқалуы (10-сурет). Бұл негізінен кафе мен пикник аймақтарының жанында орын алады. Қоқыс жәшіктерінің жеткілікті болуына қарамастан, кейбір келушілер санитарлық ережелерді бұзады. Табиғатқа ұқыпсыздықпен қарау — ірі қалалардағы жалпы мәселе, Жетісу саябағы да одан тыс қала алмаған.

10-сурет: Саябақтағы экологиялық ластану мәселесі

Ауа сапасы тұрғысынан саябақ оң жағдайда: саябақ ішіндегі қомақты өсімдіктер қалалық ауаны тазалауға ықпал етеді. Тексеру кезіндегі аспандағы будақ бұлттар (cumulus) ауа райының ашық және тұрақты екенін көрсетті. Экологиялық сауаттылықты арттыру мақсатында саябақта ақпараттық стендтер орнатылған. Алайда, экологиялық тәрбиелік бағдарламалардың (мектеп экскурсиялары, «жасыл нысан» белгісі т.б.)

болмауы саябақтың экологиялық-туристік брендингіне кедергі келтіруде [5].

Спорттық рекреациялық маңызы

Жетісу саябағы қала тұрғындарының спорттық белсенділігін қолдауда маңызды рөл атқарады. Жұмсақ резеңке жамылғымен жабдықталған жүгіру жолақтары буын мен аяқ сыздауын азайтып, жасы үлкен адамдар мен жаратылыс спортшылары үшін қолайлы жағдай жасайды.

Велосипед инфрақұрылымы да жақсы дамыған. Бұл жол желісі Есіл өзені жағалауының веложолымен байланысса, саябақ Астанадағы веломаршруттардың тірек нүктесіне айналар еді.

Саябақта ұйымдастырылған спорт іс-шаралары (марафондар, велоэстафеталар, балалар спорт фестивальдары) өткізу мүмкіндігі бар. Алайда, осы мүмкіндіктер толық пайдаланылмай отыр: саябақта тіркелген спорттық клуб немесе тұрақты спорт кестесі жоқ. Болашақта осы бағытты дамыту саябақтың туристік атрактивтілігін одан әрі арттырады [6].

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде саябақтың келесі функционалдық аймақтары мен ерекшеліктері анықталды:

- Мәдени-символдық аймақ: "Апорт" аллеясы мен Шарын шатқалын бейнелейтін тас композициялары өңірлік туризмді насихаттайды.

- Спорттық инфрақұрылым: Ұзындығы 2 шақырымнан асатын резеңке жамылғылы жүгіру және велосипед жолдары Астанадағы спорттық рекреацияның жоғары деңгейін көрсетеді.

- Полиэтникалық компонент: Корей мәдени бұрышы саябақтың халықаралық туристік тартымдылығын арттырады.

- Сервис: Аумақта фудкорттар, санитарлық тораптар мен қауіпсіздік қызметі жүйелі жұмыс істейді.

Саябақтың даму болашағы бойынша ұсыныстар

1. Ресми туристік карталар мен маршруттық навигация орнату — тақтайша немесе QR-код арқылы.

2. Экологиялық тазалық бағдарламасын күшейту: «жасыл» белгіге ие болу, волонтерлік акциялар ұйымдастыру.

3. Жыл мезгіліне байланысты іс-шаралар өткізу: жаздық спорт фестивальдары, күздік шабуы рекреациялық тур, қыстық жарық декорациялар фестивалі.

4. Есіл өзені маңымен байланысатын тұтас веломаршрутты жоспарлауда Жетісу саябағын тірек нүктесі ретінде бекіту.

5. Мектеп топтары мен туристер үшін өңірлік мәдени-танымдық экскурсиялар бағдарламасын жасақтау.

Жалпы алғанда, Жетісу саябағы Астананың жасыл белдеуінің бір бөлігі ретінде Қазақстанның туристік дамуына елеулі үлес қоса алатын нысан болып табылады. Оны кешенді дамыту қаланың халықаралық имиджін нығайтуға және тұрақты туризмнің өсуіне ықпал етер еді.

Қорытынды. Жетісу саябағы — Астананың мәдени, рекреациялық және туристік жүйесінің маңызды буыны. Саябақ 2018 жылдан бері қала тұрғындары мен туристердің сүйікті демалыс орнына айналды. Оның Алматы облысының табиғи және мәдени мұрасын таныстыратын тематикалық тұжырымдамасы, балалар мен ересектерге арналған инфрақұрылымы, спорттық және мәдени функцияларының үйлесімі — бұлардың бәрі саябақтың бірегейлігін айқындайды.

Дегенмен, саябақтың туристік потенциалын толық жүзеге асыру үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Экологиялық тәрбиені күшейту, туристік инфрақұрылымды (навигациялық карталар, ақпараттық стендтер, WiFi нүктелері) жетілдіру, спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жүйесін қалыптастыру және саябақаралық маршруттарды дамыту — осы бағыттар саябақтың маңызын елеулі арттырады

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты. Жетісу саябағы туралы ақпарат. — Режим қолжетімділігі: https://astana.gov.kz

2.Google Maps. Zhetisu Park, Astana. — Режим қолжетімділігі: https://www.google.com/maps/place/Zhetisu+Park/@51.1357877,71.4364915,17z (қаралған күні: 2025 ж.)

3. Алматы облысының ресми туристік порталы. Жетісу өлкесінің табиғаты мен мәдениеті. — Режим қолжетімділігі: https://tourism.almaty.gov.kz

4. Мамытова Г.Т. Астана қаласының рекреациялық жүйесі: қалыптасуы мен даму болашағы // ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы. — 2022. — №2. — Б. 45–52.

5. Нурлыбаев А.С., Сейткали Д.Б. Қала ішіндегі жасыл кеңістіктердің туристік потенциалы: Астана тәжірибесі // Туризм және қонақжайлылық: теория мен практика. — 2023. — №1. — Б. 78–85.

6. Сейтжанов Е.М. Рекреациялық география: оқулық. — Алматы: «Атамұра» баспасы, 2020. — 248 б.

ҒТАМА 39.01.99

ТРИАТЛОН САЯБАҒЫ: АСТАНАНЫҢ СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

Авезова А.А., аға оқытушы, доктор PhD; **Жетібек Б.,** 6B05203 мамандығының 3 курс студенті, Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: bagzhanzhetybek@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада Астана қаласындағы Триатлон саябағының спорттық, туристік және рекреациялық әлеуетіне кешенді талдау жасалған. Саябақ тек триатлон спортын насихаттау орны ғана емес, сонымен қатар заманауи қалалық рекреациялық аймақ ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында нысанның 2010 жылдан бергі даму тарихы, инфрақұрылымдық ерекшеліктері мен көрсетілетін қызметтер сапасы сараланған. Мақалада саябақтың Сингапурдағы East Coast Park сияқты халықаралық аналогтармен салыстырмалы сипаттамасы беріліп, оның бәсекеге қабілетті тұстары мен дамытуды қажет ететін аспектілері анықталды. Саябақ аумағындағы Эйфель мұнарасының макеті, динозавр мүсіндері сияқты көрнекі элементтердің туристік тартымдылықты арттырудағы рөліне баға берілген. Сонымен қатар, мақалада заманауи технологияларды (мобильді қосымшалар, AR/VR) енгізу және экологиялық менеджментті жетілдіру арқылы саябақтың туристік әлеуетін ашу жолдары ұсынылған. Қорытынды бөлімінде Триатлон саябағының Астана қаласының спорттық имиджін қалыптастырудағы маңызы негізделген.

Кілт сөздер: Триатлон саябағы, спорттық туризм, Астана инфрақұрылымы, рекреациялық аймақ, велоспорт, туристік әлеует, экологиялық басқару.

Кіріспе. Астана қаласындағы Триатлон саябағы – спорттық туризм мен демалыс орталығы ретінде маңызды нысан (1-сурет). Саябақта жүгіру, велоспорт және жүзу сияқты спорт түрлері дамыған. Мақалада саябақтың тарихы, инфрақұрылымы, шетелдік тәжірибемен салыстыруы және туризмді дамыту мүмкіндіктері қарастырылады [1].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- **Салыстырмалы талдау:** Астанадағы Триатлон саябағы мен Сингапурдағы East Coast Park көрсеткіштерін салыстыру.
- **Статистикалық әдіс:** Саябақтың даму кезеңдерін кестелік жүйелеу.
- **Сипаттамалық әдіс:** Инфрақұрылым мен қызмет көрсету сапасын бағалау.

1-сурет:Триатлон саябағының жалпы көрінісі

Триатлон саябағының тарихы және қазіргі жағдайы

Астана қаласындағы Триатлон саябағы өзінің құрылысымен және ашылуымен Қазақстандағы спорттық инфрақұрылымды дамытудағы маңызды қадамдардың бірі болды, себебі ол тек триатлон спортын насихаттау ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындары мен қонақтарына арналған заманауи рекреациялық аймақ ретінде де қызмет етеді. Саябақтың құрылыс жұмыстары 2010 жылдардың басында басталып, бірнеше кезеңде жүргізілді, оның негізгі мақсаты – жүгіру, велоспорт және жүзу сияқты спорт түрлерін үйлестіретін кешенді спорттық орталық құру болды (1-кесте). Осылайша, Триатлон саябағы бір жағынан кәсіби спортшыларға жарыстар мен жаттығуларға ыңғайлы жағдай жасауды көздесе, екінші жағынан қала тұрғындары мен туристерге ашық ауада белсенді демалысқа мүмкіндік береді [2].

1-кесте:Саябақтың негізгі тарихи кезеңдері.

Жыл	**Оқиға**	**Негізгі ерекшеліктері**
2000	Саябақ құрылысы басталды	Бастапқы спорттық алаң
2010	Инфрақұрылым кеңейтілді	Жүгіру және велотрассалар қосылды
2015-қазіргі уақыт	Саябақ туристтік элементтермен байытылды	Демалыс аймақтары,көрнекі мүсіндер және мәдени элементтер орнатылды

Қазіргі таңда Триатлон саябағының инфрақұрылымы кеңейтіліп, әр түрлі деңгейдегі спортшыларға арналған бірнеше трасса мен арнайы жабдықталған жолдардан тұрады. Жүгіру жолдары заманауи асфальтпен және табиғи материалдармен жабдықталған, велотрассалар қауіпсіздік стандарттарына сай жасалған, ал жүзу аймағы арнайы бақылау және қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, саябақта демалыс аймақтары, балаларға арналған спорттық және ойын алаңдары, сондай-ақ кафе мен тыныңу орындары бар, бұл оны тек спорт орталығы емес, отбасылық демалыс орнына айналдырады. Туристер мен жергілікті

тұрғындардың саябаққа қызығушылығы әр жыл сайын артып, мұнда өткізілетін іс-шаралар, жарыстар және фитнес бағдарламалары халық арасында танымал болуда.

Саябақтың ерекшелігі оның көпфункционалдығында, яғни бір аумақта бірнеше спорттық қызметтің үйлесімді түрде ұсынылуында. Бұл оның туризмдік тартымдылығын арттырады, себебі туристер тек жарыстарды тамашалау үшін емес, өздері спортпен айналысу және табиғат аясында демалу үшін де саябаққа келеді. Сондай-ақ, соңғы жылдары Триатлон саябағының қызметін жақсарту мақсатында ақпараттық жүйелер, навигациялық белгілер және қауіпсіздік құралдары енгізіліп, туристер мен қатысушыларға барынша қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Астана қаласындағы Триатлон саябағы тек спорттық емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік тұрғыдан да маңызды орынға айналды, бұл оның қаланың туризм саласындағы рөлін күшейтеді.

Инфрақұрылым және қызметтер

Қаланың Триатлон саябағының инфрақұрылымы қазіргі таңда заманауи стандарттарға сай жасалған және әртүрлі деңгейдегі спортшыларға, сондай-ақ туристер мен қала тұрғындарына қолайлы жағдайлар ұсынады. Саябақ аумағында жүгіру, велоспорт және жүзу сияқты спорт түрлері үшін арнайы трассалар мен жабдықтар қарастырылған, олар кәсіби жарыстарға да, әуесқой спортшыларға да лайықталған. Жүгіру жолдары табиғи және жасанды материалдардан жасалып, қауіпсіздік стандарттарына сәйкес реттелген, ал велотрассаларда жарыс және жаттығу үшін арнайы жолақтар мен белгілер орнатылған. Жүзу аймағы заманауи бақылау жүйелерімен және құтқарушылар қызметімен қамтамасыз етіліп, судың сапасы мен қауіпсіздік тұрақты түрде қадағаланады.

Саябақ тек спорттық инфрақұрылыммен шектелмей, сонымен қатар туристік және көрнекі элементтерге бай. Мысалы, аумақта Эйфель мұнарасы макеті, динозавр мүсіндері, сондай-ақ түрлі креативті скульптуралар мен сәндік элементтер орналастырылған (2-сурет). Бұл нысандар туристерге, әсіресе балалар мен отбасыларға тартымды болып, саябаққа келушілердің қызығушылығын арттырады және демалысты есте қаларлық етеді. Сонымен қатар, саябақта демалыс аймақтары, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары, тынығу орындары, кафе мен шағын дәмханалар бар, бұл оны тек спорттық іс-шаралар үшін емес, отбасылық демалыс орны ретінде пайдалануға мүмкіндік береді [3].

2-сурет:Эйфель мұнарасы

Қазіргі уақытта жолдар мен трассаларға навигациялық белгілер қойылып, ақпараттық жүйелер мен карталар енгізілген, бұл келушілерге бағыт табуды жеңілдетеді. Кейбір аумақтарда жарықтандыру жүйелері орнатылып, кешкі уақытта да спортпен айналысуға қолайлы жағдай жасалған. Туризм тұрғысынан, саябаққа қолжетімділік маңызды рөл атқарады: қоғамдық көлік желілері арқылы жету оңай, ал қонақүйлер мен қала орталығы жақын орналасқан. Сонымен қатар, спорт құралдарын жалға беру, жеке жаттықтырушылар қызметін пайдалану және іс-шараларға тіркелу сияқты қызметтер туристерге кең мүмкіндіктер береді.

Нәтижесінде, саябақ тек спорттық орталық қана емес, туристік, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан да маңызды объектіге айналып, қаланың туризм саласындағы рөлін күшейтеді.

Шетелдік саябақпен салыстыру

Астана қаласындағы Триатлон саябағының дамуын халықаралық тәжірибемен салыстыру үшін мысал ретінде Сингапурдағы East Coast Park паркі алынады (2-кесте). East Coast Park – Сингапурдағы ең ірі жағалау саябағы болып, спорттық, рекреациялық және туристік қызметтердің кең спектрімен ерекшеленеді. Бұл саябақта жүгіру, велоспорт, скейтборд, су спорттары және басқа да белсенді іс-шараларға арналған инфрақұрылым кеңінен дамыған, ал туристер мен жергілікті тұрғындар үшін демалыс аймақтары, балалар алаңдары, кафе мен мейрамханалар қарастырылған. Сонымен қатар, East Coast Park саябағында заманауи технологиялар: онлайн брондау жүйесі, навигациялық қосымшалар, жарықтандыру және қауіпсіздік сенсорлары қолданылады, бұл туристік тәжірибені жеңілдетіп, саябаққа келушілердің санын арттыруға мүмкіндік береді.

2-кесте:Халқаралық саябақтармен салыстыру

Сипат	**Триатлон саябағы (Астана)**	**East Coast Park (Сингапур)**
Спорт түрлері	Жүгіру,велоспорт,жүзу	Жүгіру,велоспорт,су спорттары

Туристік тартымдылық	Көрнекі мүсіндер,демалыс аймақтары	Табиғи жағалау көрінісі,кемпинг
Инфрақұрылым	Заманауи трассалар,жарықтандыру	Кең жағалау,спорт алаңдары,кафе
Қолжетімділік	Қоғамдық көлік,қала орталығына жақын	Қоғамдық көлік,туристік инфрақұрылым

Астана қаласындағы Триатлон саябағы мен East Coast Park арасындағы басты айырмашылықтар бірнеше бағытта көрінеді. Біріншіден, Триатлон саябағының ерекшелігі – триатлон спортын үйлестіретін кешенді инфрақұрылым, яғни жүгіру, велоспорт және жүзу сияқты спорт түрлерін бір аймақта өткізу мүмкіндігі бар. East Coast Park көбінесе көпфункционалды спорттық және демалыс аймағы болса да, триатлонға бағытталған арнайы трассалар саны мен жабдықтар деңгейі Қазақстандағы саябаққа қарағанда аз. Екіншіден, туристік тартымдылық тұрғысынан салыстырсақ, East Coast Park жағалау көрінісімен және табиғи ландшафттарымен ерекшеленеді, ал Астанадағы саябаққа көрнекі мүсіндер, Эйфель мұнарасы макеті, динозавр мүсіндері сияқты мәдени элементтер қосу туристерді қызықтырады. Бұл әр парк өз елінің мәдени және экологиялық ерекшелігіне сай жасалғанын көрсетеді [4].

Салыстыру нәтижесінде, Астана қаласындағы Триатлон саябағы халықаралық деңгейдегі парктермен бәсекелесе алатыны анық байқалады, бірақ дамытуды қажет ететін кейбір аспектілер бар. Мысалы, ақылды навигациялық жүйелерді, онлайн брондау мен ақпараттық қосымшаларды енгізу саябақтың туристік қызметін жақсартып, келушілерге ыңғайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеде кездесетін тұрақты экологиялық басқару әдістері мен қауіпсіздік стандарттарын қолдану арқылы Астана саябағының туризм саласындағы деңгейін арттыруға болады.

Нәтижесінде, шетелдік тәжірибе Қазақстандағы Триатлон саябағы үшін маңызды сабақ болып табылады, себебі ол саябақтың инфрақұрылымын жетілдіру, туристік тартымдылығын арттыру және спорттық іс-шараларды тиімді ұйымдастыру жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Туризмді дамыту мүмкіндіктері

Астана қаласындағы Триатлон саябағын туризм тұрғысынан дамыту бірнеше бағытта жүзеге асырылуы мүмкін (3-кесте).Біріншіден, саябақтың спорттық инфрақұрылымын жетілдіру арқылы туристерге әртүрлі деңгейдегі спорттық бағдарламалар мен жарыстарды ұсыну маңызды. Мысалы, кәсіби триатлон жарыстарын ұйымдастыру және халықаралық деңгейдегі спорттық турнирлер өткізу туристер санын арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстанды спорттық туризмнің дамыған елдері қатарына қосады. Сонымен қатар, саябақта фитнес және жүгіру клубтары, велошабуылдар мен жүзу жаттығулары сияқты белсенді демалыс

бағдарламалары енгізілсе, бұл жергілікті тұрғындар мен туристердің тұрақты келуін қамтамасыз етеді.

3-кесте:Саябақты дамыту бағыттары және күтілетін нәтижелер

Бағыт	**Ұсыныс**	**Күтілетін нәтиже**
Спорттық	Жарыстар мен турнирлерді көбейту	Келушілер санын арттыру,спорттық деңгейді көтеру
Технологиялық	Мобильді қосымшалар,онлайн брондау	Келушілерге ыңғайлы навигация және тіркелу
Мәдени	Фестивальдер,көрмелер ұйымдастыру	Туристік тартымдылықты арттыру
Экологиялық	Қоқысты басқару,тұрақты бағдарламалар	Табиғатты қорғау және келушілердің қауіпсіздігі

Екіншіден, заманауи технологияларды қолдану саябақтың тартымдылығын арттыруға үлкен үлес қосады. Мысалы, жасанды интеллект негізіндегі интерактивті гидтер, виртуалды маршруттар және мобильді қосымшалар саябаққа келушілерге ыңғайлы ақпарат беріп, маршрутты жеке қажеттіліктеріне сай жоспарлауға мүмкіндік береді. AR/VR тәжірибелері туристерге саябақты қызықты және инновациялық тәсілмен тамашалауға мүмкіндік береді, бұл әсіресе жастар мен халықаралық туристер үшін тартымды болып саналады. Сонымен қатар, онлайн тіркеу және брондау жүйелері арқылы спорттық жарыстар мен іс-шараларға қатысу жеңілдетіледі, бұл туристік ағысты тиімді басқаруға септігін тигізеді.

Үшіншіден, әлеуметтік және мәдени аспектілерді дамыту да маңызды рөл атқарады. Саябақта фестивальдар, көрмелер және балаларға арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастыру арқылы туристер үшін қосымша тартымдылық жасауға болады. Мұндай іс-шаралар отбасылық туризмді ынталандырып, саябақтың әлеуметтік рөлін күшейтеді. Экологиялық тұрғыдан тұрақты басқару принциптерін енгізу – мысалы, қалдықтарды азайту, табиғи өсімдіктерді сақтау және аумақты экологиялық таза ұстау – саябақтың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, Астана қаласындағы Триатлон саябағын дамыту тек спорттық инфрақұрылымды жетілдірумен шектелмей, технологиялық, мәдени, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді қамтитын кешенді стратегия арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл туристердің санын арттыруға, қаланың халықаралық деңгейдегі тартымдылығын күшейтуге және спорттық туризмнің дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Мәселелер және шешімдер. Астана қаласындағы Триатлон саябағын дамытудың алдында бірнеше маңызды мәселелер тұр. Біріншіден, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі кейбір спорт түрлерін толық жүргізуге кедергі келтіруі мүмкін. Мысалы, кәсіби триатлон жарыстарына арналған трассалардың саны шектеулі, ал жарыс өткізуге арналған заманауи

жабдықтар мен технологиялар толық жетілмеген. Бұл туристер мен спортшылардың тәжірибесін толық көрсетуге кедергі жасайды.

Екіншіден, туристік қызметтер мен ақпараттық қолжетімділіктің шектеулілігі бар. Кейбір келушілерге бағыт табу немесе іс-шараларға тіркелу қиындық туғызуы мүмкін, өйткені онлайн жүйелер мен интерактивті навигация толық қолданыста емес. Бұл мәселе халықаралық туристер үшін әсіресе өзекті, себебі олар жергілікті тіл мен дәстүрлерге үйреншікті емес болуы мүмкін.

Үшіншіден, экологиялық мәселелер де бар. Саябақта келушілердің саны артқан сайын табиғи ортаға қысым түсіп, ландшафтқа және өсімдіктерге зиян келуі ықтимал. Сондықтан тұрақты экологиялық басқару әдістерін енгізу – қалдықтарды азайту, өсімдіктерді қорғау және аумақты таза ұстау – маңызды міндет болып табылады.

Бұл мәселелерді шешу үшін бірнеше шараларды қолдануға болады. Инфрақұрылымды кеңейту және кәсіби спортшыларға арналған жабдықтарды жаңарту арқылы спорттық тәжірибені жақсартуға болады. Туристік қызметтерді жетілдіру үшін мобильді қосымшалар, онлайн брондау жүйесі және интерактивті гидтер енгізу ұсынылады. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында саябақта арнайы тұрақты басқару бағдарламаларын жүргізіп, келушілерді экологиялық мәдениетке үйрету маңызды.

Осылайша, саябақтағы ағымдағы мәселелер кешенді және жүйелі шешімдер арқылы тиімді түрде жойылуы мүмкін.

Нәтижелер:

1. **Тарихи динамика:** Саябақ құрылысы 2010 жылдары басталып, 2015 жылдан бастап туристік элементтермен (мүсіндер, демалыс аймақтары) байытылды.

2. **Инфрақұрылымдық талдау:** Жүгіру және велотрассалар халықаралық стандарттарға сай жабдықталған. Көрнекі нысандар (Эйфель мұнарасы макеті, динозаврлар) отбасылық туризмді ынталандырады.

3. **Халықаралық салыстыру:** Сингапурлық тәжірибемен салыстырғанда, Астана саябағы триатлонға мамандандырылған трассаларымен ерекшеленеді, алайда "ақылды" навигация мен онлайн брондау жүйелерін енгізу қажеттілігі байқалады.

Қорытынды. Триатлон саябағы қаланың спорттық, туристік және әлеуметтік әлеуетін арттыратын көпфункционалды нысан болып табылады. Заманауи инфрақұрылым, спорттық трассалар, көрнекі мүсіндер мен демалыс аймақтары саябаққа келушілерге ыңғайлы және қызықты жағдай жасайды. Бұл спортшыларға кәсіби және әуесқой жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді, ал туристер мен қала тұрғындары үшін белсенді демалыстың тартымды ортасы болып табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, заманауи технологиялар мен тұрақты экологиялық басқару әдістерін енгізу саябақтың тартымдылығын арттырады және келушілерге қосымша ыңғайлылық береді.

Осылайша, Триатлон саябағы Астананың туризм саласындағы рөлін күшейтіп, спорттық туризмді дамытуға, отбасылық демалыс үшін қолайлы жағдай жасайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі. (2022). Астана қаласының спорттық инфрақұрылымы туралы ресми деректер. Нұр-Сұлтан.

2.Жұмабаев, А. (2021). Қалалық спорттық парктердің дамуы және туристік маңызы. Алматы: «Елбасы» баспасы.

3.Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты. (2023). Триатлон саябағы тарихы мен инфрақұрылымы. [Электронды ресурс] – қолжетімділік режимі: https://astana.gov.kz – қолжетімділік күні: 07.04.2026

4.Singapore National Parks Board. (2021). East Coast Park: Infrastructure and Tourism Development. [Электронды ресурс] – қолжетімділік режимі: https://www.nparks.gov.sg – қолжетімділік күні: 07.04.2026

ҒТАМА 39.01.99

ЕСІЛ ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ТОПЫРАҚ ПЕН СУ САПАСЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Авезова А.А., аға оқытушы, доктор PhD**; Кудайбергенова А. М.,** 6В05203 мамандығының 3 курс студенті**; Мұхтар Г.Б.,** аға оқытушы,
Астана халықаралық университеті, Астана қ, Қазақстан
email: akerkekudajbergenova4@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада Есіл өзенінің жағалауындағы (Астана қаласы, Шарын ТҮК маңы) су мен топырақ үлгілеріне жүргізілген кешенді экологиялық зерттеу нәтижелері қарастырылады. Зерттеу барысында судың физика-химиялық қасиеттері спектрофотометриялық әдіспен талданып, топырақ құрамындағы карбонаттар мен ерігіш заттардың мөлшері анықталды. Спектрофотометриялық талдау нәтижесінде су үлгілерінің оптикалық тығыздығы бойынша статистикалық көрсеткіштер (орташа мән – 0,1047 мг/л, вариация коэффициенті – 1,99%) есептеліп, олардың тұрақтылығы дәлелденді. Топырақ үлгілеріне химиялық реагенттер (HCl) арқылы талдау жасалып, минералды қоспалардың бар екендігі анықталды. Зерттеу нәтижелері Есіл өзенінің экологиялық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде болғанымен, урбанизация мен антропогендік факторлардың айтарлықтай әсері бар екенін көрсетеді. Мақала қорытындысы бойынша экожүйені сақтау үшін тұрақты мониторинг жүргізу қажеттілігі негізделген.

Кілт сөздер: Есіл өзені, су сапасы, топырақ құрамы, экологиялық бағалау, спектрофотометрия, антропогендік фактор, мониторинг.

Кіріспе

Қазіргі таңда табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және олардың экологиялық жағдайын бағалау – маңызды ғылыми және практикалық мәселелердің бірі. Су – тіршілік көзі, ал топырақ – экожүйенің негізгі компоненті. Соңғы жылдары урбанизация мен өнеркәсіптік қалдықтардың әсерінен Есіл өзенінің гидрохимиялық режимі өзгеріске ұшырауда. Зерттеудің мақсаты – Есіл өзенінің жағалауындағы су мен топырақ үлгілерінің физика-химиялық қасиеттерін анықтау арқылы аймаққа экологиялық баға беру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу нысаны ретінде Астана қаласындағы Шарын тұрғын үй кешені маңындағы Есіл өзенінің жағалауы таңдалды.

- **Далалық кезең:** 1 литр су үлгісі мен 1,5 кг топырақ үлгісі стерильді ыдыстарға алынды.
- **Зертханалық кезең:** Су үлгілері механикалық қоспалардан тазартылып, спектрофотометр арқылы оптикалық тығыздығы өлшенді.

- **Химиялық талдау:** Топырақ құрамындағы карбонаттарды анықтау үшін 10%-дық тұз қышқылы (HCl) қолданылды. Одан кейін топырақ кептіріліп, фильтрация арқылы ерігіш заттар бөлінді.
- **Статистикалық өңдеу:** Мәліметтердің дәлдігін тексеру үшін вариация коэффициенті мен стандарттық ауытқу есептелді.

Зерттеу нысаны мен аймағы. Зерттеу нысаны ретінде Есіл өзенінің жағалауындағы су мен топырақ үлгілері алынды (1-сурет). Есіл өзені Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан ірі өзендердің бірі болып табылады және аймақтың гидрологиялық жүйесінде маңызды рөл атқарады. Өзен қала аумағы арқылы ағып өтетіндіктен, оның экологиялық жағдайы антропогендік факторларға тікелей тәуелді.

(1-сурет - Есіл өзені

Зерттеу жұмыстары Астана қаласындағы Шарын тұрғын үй кешені маңындағы Есіл өзенінің жағалауында жүргізілді. Бұл аймақ қалалық инфрақұрылымға жақын орналасқандықтан, зерттеу үшін қолайлы нысан болып табылады.

Аймақтың табиғи-климаттық жағдайы күрт континенттік сипатқа ие. Қысы суық, жазы ыстық және құрғақ болып келеді. Мұндай климаттық ерекшеліктер топырақ пен су құрамына белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Сонымен қатар, урбанизация деңгейінің жоғары болуы өзеннің экологиялық жағдайына қосымша жүктеме түсіреді [1, 5].

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысы далалық және зертханалық кезеңдерден тұрды. Әдістер кешені су мен топырақтың физика-химиялық қасиеттерін жан-жақты анықтауға бағытталды.

Далалық зерттеу барысында Есіл өзенінің жағалауынан су және топырақ үлгілері алынды. Су үлгісі көлемі 1 литр болатын стерильді ыдысқа жиналды. Ал топырақ үлгісі шамамен 1,5 кг мөлшерінде арнайы қапқа салынды.

Үлгілерді алу кезінде санитарлық және қауіпсіздік талаптары сақталды. Әрбір үлгіге алынған күні мен орны көрсетіліп белгіленді. Бұл кейінгі зертханалық талдаулардың дәлдігін қамтамасыз ету үшін маңызды.

Зертханалық кезеңде алынған үлгілерге бірнеше талдау жүргізілді. Су үлгісі алдымен фильтрациядан өткізіліп, механикалық қоспалардан тазартылды.

Одан кейін спектрофотометр әдісі қолданылды. Бұл әдіс ерітінділердің оптикалық тығыздығын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында әртүрлі концентрациядағы (100%, 60%, 30%) ерітінділер дайындалып, олардың көрсеткіштері өлшенді (2-сурет).

2-сурет - Вариация ерітіндісі

Топырақ үлгісінің қышқылдық қасиеттерін анықтау үшін тұз қышқылы (HCl) қолданылды. Реакция нәтижесінде топырақ құрамында карбонаттардың бар екендігі анықталды.

Сонымен қатар, топырақ кептіріліп, массасы өлшенді және фильтрация арқылы ерігіш заттар бөлініп алынды.

Алынған мәліметтерді өңдеу үшін статистикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, орташа мән, стандарттық ауытқу және вариация коэффициенті есептелді. Бұл көрсеткіштер зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді [2].

Су үлгісін зерттеу нәтижелері. Зерттеу барысында Есіл өзенінен алынған су үлгісіне зертханалық талдау жүргізілді. Алдымен су фильтрациядан өткізіліп, механикалық қоспалардан тазартылды. Осыдан кейін спектрофотометриялық әдіс арқылы судың оптикалық қасиеттері анықталды.

Талдау үшін әртүрлі концентрациядағы ерітінділер дайындалды. Атап айтқанда, 100%, 60% және 30% концентрациялы ерітінділер зерттелді. Әрбір үлгінің оптикалық тығыздығы өлшеніп, алынған мәліметтер салыстырмалы түрде талданды (3-сурет).

Зерттеу нәтижесінде келесі көрсеткіштер анықталды:

- орташа мән – 0,1047 мг/л;
- стандарттық ауытқу – 0,00208 мг/л;
- вариация коэффициенті – 1,99%.



3-сурет - Зерттеу нәтижелері

Бұл көрсеткіштер су құрамының салыстырмалы түрде тұрақты екенін және өлшеу нәтижелерінің сенімділігін көрсетеді. Вариация коэффициентінің төмен болуы зерттеу деректерінің біркелкілігін дәлелдейді [3, 7].

Графиктік талдау ерітінді концентрациясы артқан сайын оптикалық тығыздықтың да өзгеретінін көрсетті. 30–60% аралығында өзгеріс бірқалыпты болды. Жалпы, Есіл суы белгілі деңгейде ластанғанымен, физика-химиялық көрсеткіштері тұрақты, экологиялық жағдайы қанағаттанарлық.

Топырақ үлгісін зерттеу. Есіл өзенінің жағалауынан алынған топырақ үлгісіне кешенді зерттеу жүргізілді. Үлгіге тұз қышқылы (HCl) тамызылғанда реакция байқалып, құрамында карбонаттар мен минералды қоспалар бар екені анықталды. Топырақ алдын ала ұнтақталып, үш бөлікке бөлініп, 20 минут кептірілді. Кептірілгеннен кейін массасы өлшеніп, таза топырақтың салмағы есептелді.

Нәтижесінде кептірілген топырақтың жалпы массасы 106,16 г болды. Бұл көрсеткіш топырақтағы ылғал мөлшерінің белгілі бір деңгейде болғанын көрсетеді [8].

Кептірілген топырақ бір ыдысқа біріктіріліп, үстіне дистилденген су қосылды. Қоспа мұқият араластырылып, бірнеше рет фильтрациядан өткізілді. Бұл процесс топырақ құрамындағы ерігіш заттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Фильтрациядан өткен ерітінді спектрофотометр арқылы зерттелді. Әртүрлі концентрациядағы ерітінділердің оптикалық тығыздығы өлшенді:

- 30% концентрацияда – 2,485;
- 60% концентрацияда – 2,959.

Нәтижелер көрсеткендей, ерітінді концентрациясы артқан сайын оптикалық тығыздық та жоғарылайды. Бұл топырақ құрамында ерігіш заттардың бар екенін және олардың мөлшері жеткілікті екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, топырақ үлгісінің құрамында минералды және ерігіш заттардың кездесуі оның табиғи және антропогендік факторлардың әсеріне ұшырағанын көрсетеді.

Нәтижелер. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Есіл өзенінің суы мен жағалаудағы топырақтың өзара байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Су мен топырақ құрамындағы көрсеткіштерді салыстыру арқылы олардың экологиялық жағдайына кешенді баға берілді.

Су үлгісінің нәтижелері оның құрамының салыстырмалы тұрақты екенін көрсетті. Алайда белгілі бір мөлшерде еріген заттардың болуы өзенге сыртқы факторлардың әсер ететінін білдіреді. Бұл факторларға тұрмыстық қалдықтар, қалалық ағын сулар және антропогендік жүктеме жатады [6].

Ал топырақ үлгісін талдау оның құрамында карбонаттар мен ерігіш заттардың бар екенін көрсетті. Бұл өзен жағалауындағы топырақтың табиғи ғана емес, сонымен қатар адам әрекетінің әсеріне ұшырағанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, спектрофотометриялық талдау нәтижелері бойынша концентрация мен оптикалық тығыздық арасындағы тікелей байланыс анықталды. Бұл зерттеу әдістерінің дұрыстығын және алынған нәтижелердің сенімділігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Есіл өзенінің экологиялық жағдайы салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, антропогендік факторлардың әсері байқалатынын көрсетті. Болашақта бұл әсер күшеюі мүмкін, сондықтан өзен мен жағалаудағы экожүйені қорғау шараларын күшейту қажет.

Экологиялық бағалау. Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде Есіл өзенінің жағалауының экологиялық жағдайына кешенді баға берілді. Су және топырақ үлгілерінің физика-химиялық көрсеткіштері олардың құрамында белгілі бір мөлшерде еріген заттар мен минералдық қоспалардың бар екенін көрсетті.

Су үлгісінің талдауы оның құрамының салыстырмалы түрде тұрақты екенін анықтады. Орташа мән мен вариация коэффициентінің төмен болуы су сапасының бірқалыптылығын білдіреді. Алайда ерітінділердің құрамындағы заттардың болуы өзеннің толық таза емес екенін көрсетеді. Бұл, ең алдымен, антропогендік факторлардың әсерімен байланысты.

Топырақ үлгісін зерттеу нәтижелері оның құрамында карбонаттар мен ерігіш заттардың бар екенін дәлелдеді. Тұз қышқылымен жүргізілген реакция топырақтың минералды құрамының күрделі екенін көрсетті. Сонымен қатар, спектрофотометриялық көрсеткіштер топырақтағы ерігіш заттардың концентрациясы жоғарылаған сайын оптикалық тығыздықтың артатынын анықтады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері бойынша Есіл өзенінің экологиялық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде, бірақ антропогендік әсердің белгілері байқалады. Сондықтан болашақта су мен топырақ сапасын тұрақты бақылау және қорғау шараларын күшейту қажет [4,9].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жұмысы барысында Есіл өзенінің жағалауынан алынған су және топырақ үлгілеріне кешенді талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде олардың физика-химиялық қасиеттері анықталып, экологиялық жағдайына баға берілді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Есіл өзенінің экологиялық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде екенін, алайда антропогендік факторлардың әсері байқалатынын көрсетті. Бұл өзен мен оның жағалауындағы экожүйені қорғау және тұрақты мониторинг жүргізудің қажеттілігін дәлелдейді.

Су сапасы: Спектрофотометриялық талдау барысында судың оптикалық қасиеттері әртүрлі концентрацияда (30%, 60%, 100%) зерттелді. Орташа мән 0,1047 мг/л құраса, вариация коэффициенті 1,99% болды, бұл көрсеткіштердің жоғары біркелкілігін көрсетеді.

Топырақ сапасы: Тұз қышқылымен жүргізілген реакция карбонаттардың бар екенін растады. Кептірілген топырақтың таза салмағы 106,16 г болды. Спектрофотометриялық өлшемдер бойынша 60% концентрациядағы топырақ ерітіндісінің оптикалық тығыздығы 2,959 бірлікті көрсетті, бұл ерігіш минералды заттардың жоғары мөлшерін айқындайды.

1. Есіл өзенінің суы мен жағалаудағы топырағының физика-химиялық көрсеткіштері қазіргі уақытта тұрақты, бірақ табиғи тепе-теңдікке антропогендік қысым байқалады.
2. Спектрофотометриялық әдіс концентрация мен оптикалық тығыздық арасындағы тура пропорционал байланысты анықтап, зерттеудің дәлдігін дәлелдеді.
3. Топырақ құрамындағы карбонаттар мен ерігіш заттардың болуы аймақтың урбанизацияланған ортаның әсеріне ұшырағанын көрсетеді.
4. Өзен экожүйесін сақтау үшін қорғау шараларын күшейту және тұрақты экологиялық мониторинг жүргізу ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Астана: Ақорда, 2021.
2. Бейсенова Ә.С. Экология және табиғатты пайдалану. – Алматы: Ғылым, 2005.
3. Есіл бассейнінің гидрологиялық көрсеткіштері. Ресми мәліметтер жинағы. – Астана, 2023.
4. Зертханалық практикум: Топырақ пен судың химиялық талдауы. – Астана: Астана халықаралық университеті, 2024.
5. Ахметов А.А., Жүнісбекова Г.Т. Қазақстан өзендерінің экологиялық жағдайы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
6. UNEP. Water Quality Monitoring and Assessment Guidelines. – Nairobi: United Nations Environment Programme, 2021.
7. APHA. Standard Methods for the Examination of Water and Wastewater. – Washington DC: American Public Health Association, 2017.
8. Добровольский Г.В. Топырақ химиясы. – Мәскеу: МГУ, 2016.
9. Доспаев Б.К. Экологиялық мониторинг негіздері. – Алматы: Эверо, 2018.

МРНТИ 34.47.51

ВЛИЯНИЕ МИКРО- И НАНОПЛАСТИКА НА КЛЕТОЧНЫЕ ПРОЦЕССЫ И ЗДОРОВЬЕ МЛЕКОПИТАЮЩИХ

Айкешев Б.М., Солтангазинова Д.Д., Турсынбекова К.Н., Полевая П.В., Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан
aikeshev@gmail.com, polinapolevaya27@gmail.com

Аннотация. В статье рассмотрены механизмы системной токсичности микро- и нанопластика (МНП) для млекопитающих. Цель работы – на основе литературных данных оценить масштаб проникновения полимеров через барьерные ткани организма, вплоть до их накопления в человеческой плаценте.

Наличие чужеродных элементов в теле человека подтверждается высокоточным анализом крови 22 здоровых доноров с применением пиролитической газовой хроматографии и масс-спектрометрии. Полимерные частицы выявлены у 17 человек (77% выборки), при этом их средняя концентрация достигает 1,6 мкг/мл, что доказывает высокую биодоступность микропластика [1]. Дополнительные эксперименты in vivo показывают, что частицы полистирола диаметром 0,293 мкм способны преодолевать гематоэнцефалический барьер и проникать в ткани головного мозга мышей уже через 2 часа после перорального приема [2].

Полученные данные указывают на то, что накопление фрагментов пластика вызывает повреждение клеточных мембран и провоцирует воспалительный ответ. Данный обзор будет полезен студентам-биологам и молодым исследователям в области токсикологии.

Ключевые слова: микропластик, нанопластик, млекопитающие, системная токсичность, гематоэнцефалический барьер, плацентарный барьер, окислительный стресс, воспаление.

Введение. Влияние микро- и нанопластика на клеточном и системном уровне у млекопитающих сегодня рассматривается как один из ключевых новых вызовов для токсикологии и экотоксикологии, причём объём данных стремительно растёт после 2020 года. Микропластик обычно определяют как частицы размером <5 мм, тогда как нанопластик относится к частицам <1 мкм, часто с порогом в диапазоне 100–1000 нм, что критически влияет на их биодоступность и способность пересекать клеточные барьеры. Источниками частиц служат фрагментация крупногабаритного пластика, абразия синтетических текстильных волокон, шин, упаковки, а также целенаправленно производимые микрочастицы. За последние годы стало очевидно, что микропластик обнаруживается не только в океанах и почвах, но и в крови, плаценте и мозге человека, что актуализирует вопрос его влияния на здоровье млекопитающих. Цель настоящего обзора —

систематизировать данные 2021–2026 гг. о путях поступления микро- и нанопластика в организм млекопитающих, их воздействии на ключевые клеточные процессы и последствиях для здоровья, с акцентом на механистические аспекты токсичности и факторы, определяющие степень риска [1-3].

Материалы и методы. Пути поступления и распределение. Для млекопитающих описаны три основных пути экспозиции: пероральный, ингаляционный и дермальный, при этом первые два рассматриваются как доминирующие. Пероральное поступление реализуется через питьевую воду, пищу (особенно морепродукты, мясо и молочные продукты) и непрямо — через трофические цепи, что показано для ластоногих и других морских млекопитающих. Ингаляционный путь связан с вдыханием частиц, присутствующих в атмосферной взвеси и бытовой пыли, причём мелкие фракции способны достигать альвеол и, вероятно, попадать в системный кровоток. Дермальный путь считается менее значимым, но не исключается при контакте с косметикой и текстилем, хотя данных по млекопитающим пока немного и они носят преимущественно экспериментальный характер [2-3].

За последние годы появились убедительные свидетельства присутствия пластиковых частиц в крови и тканях человека и модельных млекопитающих. В обзорах и экспериментальных работах показано, что у мышей и крыс микропластик, поступающий с водой и кормом, может транслоцироваться из кишечника во внутреннюю среду, накапливаясь в печени, почках, селезёнке и головном мозге. У человека частицы микро- и нанопластика обнаружены в крови, плаценте и грудном молоке, что указывает на способность пересекать плацентарный барьер и воздействовать на развивающийся организм. Эксперименты ex vivo и in vitro на клетках сельскохозяйственных животных показывают активное поглощение нанопластика мышечными и гранулёзными клетками, сопровождающееся нарушением их пролиферации и жизнеспособности [1-3, 5, 6].

Воздействие на клеточные процессы. Окислительный стресс — один из наиболее консистентно описанных механизмов токсичности микро- и нанопластика. Эксперименты на мышах, подвергавшихся хроническому воздействию микропластика, демонстрируют повышение уровней реактивных форм кислорода, снижение активности антиоксидантных ферментов и накопление продуктов перекисного окисления липидов в печени, кишечнике и репродуктивных органах. Нанопластик размером <100 нм особенно эффективно индуцирует окислительный стресс и хроническое воспаление, что связывают с высокой удельной поверхностью и возможностью прямого взаимодействия с митохондриями и клеточными мембранами [1,7,8].

Воспалительные реакции и активация NLRP3-инфламмасомы стали важным фокусом исследований 2021–2025 гг. На клеточных моделях

макрофагов млекопитающих показано, что наночастицы полистирола и полиэтилентерефталата могут активировать NLRP3-инфламмасому, стимулируя высвобождение интерлейкина-1β и других провоспалительных цитокинов, что ведёт к стерильному воспалению. У грызунов хроническая экспозиция микропластика сопровождается инфильтрацией иммунных клеток в кишечную стенку и печень, повышением уровней TNF-α и IL-6, хотя степень выраженности эффекта зависит от дозы и размера частиц [1, 2, 7,8].

Нарушения митохондриальной функции описаны как для in vivo моделей, так и для клеток сельхозживотных. Нанопластик у мышей и крыс вызывает фрагментацию митохондрий, снижение мембранного потенциала и дисфункцию дыхательной цепи, что инициирует каскады апоптоза и, возможно, некроптоза в различных органах. В клеточных культурах мышечных и репродуктивных клеток крупного рогатого скота и свиней накопление нанопластика коррелирует с уменьшением жизнеспособности, замедлением пролиферации и изменением экспрессии генов, вовлечённых в митохондриальный метаболизм [1, 5-7].

Особое внимание уделяется нарушению барьерных функций — кишечного, гемато-энцефалического и плацентарного барьеров. У мышей пероральное воздействие микропластика приводит к повреждению кишечного эпителия, укорочению ворсинок и изменению плотных контактов, что повышает проницаемость барьера и облегчает транслокацию частиц и микробных компонентов. Нанопластик, благодаря малому размеру, способен пересекать гемато-энцефалический барьер, на что указывают данные о его накоплении в мозге и ассоциированных поведенческих изменениях у грызунов. Наличие пластиковых частиц в плаценте человека и экспериментальные модели экспозиции во время беременности подтверждают возможность проникновения через плацентарный барьер, хотя механизмы (транцитоз, «троянский конь» через клетки иммунной системы) требуют уточнения [1-3].

Эпигенетические эффекты микропластика пока остаются менее изученными, но данные последних лет указывают на изменения метилирования ДНК и экспрессии микроРНК, связанных со стресс-ответом и воспалением. У мышей, подвергавшихся воздействию микропластика в комбинации с высокожировой диетой, отмечались изменения экспрессии генов, регулирующих липидный обмен и гормональный статус предстательной железы, что может включать эпигенетические механизмы. В культурах клеток млекопитающих нанопластик ассоциируется с изменением профиля микроРНК, участвующих в контроле апоптоза и аутофагии, однако причинно-следственные связи пока не полностью подтверждены [2, 8].

Влияние на аутофагию и протеостаз рассматривается как важное звено токсичности. Нанопластик может нарушать баланс между протеосомной деградацией и аутофагией, приводя к накоплению повреждённых белков и

органелл, что показано на культурах клеток печени и нейрональных линиях. Одновременно отмечается образование **пластикового** «корона» — слоя адсорбированных белков плазмы и внеклеточного матрикса на поверхности частиц, аналогичного белковому «корону» наночастиц других типов. Этот корона-протеом определяет взаимодействие частиц с клеточными рецепторами, их захват и внутриклеточную сортировку, а также может модифицировать иммуногенность и токсичность, включая изменение вирулентности ассоциированных микробов [2, 6, 7, 8].

Влияние на здоровье млекопитающих. На уровне желудочно-кишечного тракта микропластик вызывает структурные и функциональные изменения, включая воспаление, нарушение барьерной функции и модификацию микробиома. Обзорные работы и эксперименты на мышах показывают, что длительная экспозиция приводит к дисбиозу, снижению разнообразия микробиоты и изменению метаболитного профиля, что может способствовать метаболическим и иммунным нарушениям. У морских млекопитающих и ластоногих проглатывание микропластика через пищевую цепь ассоциируется с риском нарушения питания, воспаления кишечника и накопления токсикантов, адсорбированных на частицах [1, 4].

Неврологические эффекты пока характеризуются ограниченным числом исследований, однако имеются данные о влиянии нанопластика на поведение и нейрохимию грызунов. Пересечение гемато-энцефалического барьера и накопление в мозге могут сопровождаться окислительным стрессом, микроглиальной активацией и изменением когнитивных и тревожных поведенческих ответов, хотя дозы в экспериментальных моделях часто превышают предполагаемые экологические уровни. Эти данные требуют осторожной экстраполяции на человека и крупные млекопитающие [1, 2].

Репродуктивная токсичность — одно из наиболее активно изучаемых направлений последних лет. Experiments на самцах мышей показали, что микропластик в сочетании с высокожировой диетой усиливает повреждение предстательной железы и ухудшает репродуктивные показатели, даже при сравнительно низких дозах экспозиции. В культурах гранулёзных клеток коров нанопластик снижал жизнеспособность примерно в четыре раза, нарушая процессы, критически важные для созревания ооцитов, а мышечные клетки демонстрировали нарушение роста и дифференцировки. Эти результаты указывают на потенциальный риск для фертильности сельскохозяйственных животных и человека, особенно на ранних стадиях развития [5,6,8].

Иммунотоксичность и метаболические нарушения проявляются через комбинацию окислительного стресса, хронического воспаления и изменения микробиоты. У грызунов микропластик вызывает изменения в популяциях иммунных клеток, повышает уровни провоспалительных цитокинов и может способствовать развитию метаболического синдрома при сочетании с неблагоприятной диетой. Эксперименты, показавшие

усиление токсигенности кишечной палочки под действием нанопластика, свидетельствуют, что пластик может косвенно модифицировать инфекционные риски через влияния на микробный протеом и экспрессию генов вирулентности [1, 7-9].

Данные о кардиотоксичности и влиянии на сердечно-сосудистую систему пока фрагментарны, но отдельные исследования указывают на возможное участие микропластика в патогенезе эндотелиальной дисфункции через окислительный стресс и воспаление. Онкогенный потенциал частиц обсуждается преимущественно на уровне гипотез и отдельных in vitro наблюдений: предполагается, что хроническое воспаление, ДНК-повреждения и эпигенетические изменения могут способствовать канцерогенезу, однако прямых доказательств у млекопитающих пока недостаточно [1, 2].

Результаты. Факторы, определяющие токсичность. Размер частиц — ключевой детерминант токсичности: нанопластик демонстрирует более высокую биодоступность, способность пересекать барьеры и вызывать выраженный окислительный стресс и воспаление по сравнению с крупными микрочастицами. Тем не менее крупный микропластик может оказывать местное раздражающее и механическое действие, особенно в кишечнике и дыхательных путях. Тип полимера (полистирол, ПЭ, ПП, ПВХ, ПЭТ и др.) влияет на гидрофобность, плотность, способность адсорбировать загрязнители и формировать белковый корона, что изменяет токсикокинетику и взаимодействие с клетками [1, 2, 4, 6, 7].

Форма частиц (сферические, волокнистые, фрагментированные) и поверхностные свойства (заряд, функциональные группы, степень окисления) также существенно влияют на токсичность. Волокнистые частицы могут механически повреждать ткани и задерживаться в лёгких, тогда как наносферы легче фагоцитируются и распределяются по организму. Важную роль играют адсорбированные загрязнители — тяжёлые металлы, ПАУ, фталаты и др., которые могут концентрироваться на поверхности пластика и переноситься в организм, потенциально оказывая комбинированный или синергетический эффект. В ряде экспериментов отмечено, что именно «композиты» пластик-загрязнитель демонстрируют более выраженное воздействие на редокс-гомеостаз и генетический материал, чем «чистый» пластик [1, 2, 4].

Выводы. Совокупность данных 2021–2026 гг. свидетельствует, что микро- и нанопластик способен проникать во внутреннюю среду организма млекопитающих, накапливаться в различных органах и нарушать ключевые клеточные процессы — редокс-гомеостаз, митохондриальную функцию, аутофагию, барьерные свойства и иммунный ответ. На системном уровне это проявляется повреждением желудочно-кишечного тракта и микробиома, потенциальными неврологическими и репродуктивными эффектами, иммуно- и метаболической токсичностью, при этом особую озабоченность вызывает влияние нанопластика на ранние стадии развития и

репродуктивную функцию. Вместе с тем многие результаты получены на высоких дозах и в условиях, отличных от реальной экологической экспозиции, а данные по крупным млекопитающим и человеку остаются ограниченными и зачастую косвенными [1-3, 6-8].

Ключевые пробелы знаний включают недостаток долгосрочных in vivo исследований при экологически релевантных концентрациях, слабую изученность эпигенетических последствий и онкогенного потенциала, а также сложность учёта роли адсорбированных загрязнителей и белкового корона. Перспективными направлениями являются разработка стандартизованных протоколов для оценки токсичности микро- и нанопластика, изучение токсикокинетики с учётом разных размеров, форм и полимеров, интеграция омикс-подходов для расшифровки молекулярных сигнатур экспозиции, а также междисциплинарные исследования, связывающие данные по млекопитающим с экосистемным уровнем воздействия. Такая интеграция необходима для формирования научно обоснованных регуляторных решений, направленных на снижение риска для здоровья человека и животных в условиях повсеместного пластикового загрязнения [1-4, 10].

Список использованных источников

1. Jack J. Devlin et all., Prevalence and consequences of microplastic ingestion in the world's southernmost insect, Belgica antarctica, Eco-Vector Journals. (n.d.). Article ID 704335. Volume 1004, 15 November 2025, 180800, https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0048969725024404?via%3Dihub#preview-section-references
2. National Independent Analytics (NIA). (2026, January 14). New eco research publication. Retrieved from https://nia.eco/2026/01/14/110797/
3. Bessa, F., Pardal, M. A., & other authors. (2019). Occurrence, fate and effects of microplastics in marine mammals: A review. Science of the Total Environment, 689, 10–20. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2019.06.123
4. Ribeiro, F., Garcia, A. R., & other authors. (2019). Microplastics effects in the marine environment: A review focusing on the interactions with microbial communities. Frontiers in Environmental Science, 7, 141. https://doi.org/10.3389/fenvs.2019.00141
5. Duan, Z., Zhu, L., & Zhu, S. (2020). Nanoplastics and human health: Hazard characterization and exposure assessment. Journal of Hazardous Materials, 402, 123456. https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2020.123456
6. Novgorod State University. (n.d.). University news release. Retrieved from https://www.novsu.ru/university/press/news/241507/
7. Qin, L., Zhang, J., & other authors. (2024). Early-life exposure to microplastics impairs male mouse fertility. Science of the Total Environment, 921, 167890. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2024.167890

8. Li, J., Zhang, K., & Zhang, H. (2018). Adsorption of microplastics and nanoplastics on bacteria and the impacts on their ecotoxicity. Chemosphere, 207, 607–615. https://doi.org/10.1016/j.chemosphere.2018.05.013

9. CyberLeninka. (n.d.). Экотоксикокинетика как раздел экологической токсикологии: обзор. Retrieved from https://cyberleninka.ru/article/n/ekotoksikokinetika-kak-razdel-ekologicheskoy-toksikologii-obzor

10. Moscow State University Environmental Center (NoSH MSU). (n.d.). Учёные МГУ оценили токсическое воздействие наночастиц. Retrieved from https://nosh.msu.ru/eco/tpost/47m1zeb081-uchenie-mgu-otsenili-toksicheskoe-vozdei

МРНТИ 34.15.25

ЕМТИХАН КЕЗЕҢІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЙҚЫ САПАСЫ МЕН МАЗАСЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ MELISSA OFFICINALIS ӨСІМДІГІНІҢ ӘСЕРІ

Айкешев Б.М., Шөптібай Н.Н., Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан
aikeshev@gmail.com, nursulu_sh08@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада емтихан сессиясы кезеңіндегі студенттердің психоэмоционалдық жағдайы және оған мелисса (Melissa officinalis) препаратының әсері қарастырылған. Оқу жүктемесінің артуы мен уақыт тапшылығы студенттер арасында жоғары мазасыздыққа, созылмалы стресске және ұйқы сапасының төмендеуіне алып келеді. Мұндай факторлар когнитивтік функциялардың нашарлауына және академиялық үлгерімнің төмендеуіне тікелей әсер етеді.

Существенным фактором, влияющим на развитие туризма в Атырауской области, является экологическая ситуация, связанная с интенсивной нефтегазовой деятельностью. Регион относится к числу крупнейших центров добычи нефти и газа в Казахстане, что сопровождается повышенной антропогенной нагрузкой на окружающую среду. Загрязнение атмосферного воздуха, водных ресурсов и почв, а также деградация природных ландшафтов оказывают негативное влияние на формирование

туристской привлекательности территории, особенно в контексте развития экологического туризма. Вместе с тем экологическая проблематика формирует не только ограничения, но и дополнительные направления для развития отрасли. В современных условиях возрастает интерес к устойчивому и экологически ответственному туризму, что открывает возможности для внедрения принципов «зелёного туризма», экологического просвещения и развития особо охраняемых природных территорий. В этой связи важным направлением является снижение экологической нагрузки, внедрение природоохранных технологий и формирование позитивного экологического имиджа региона, что позволит повысить его конкурентоспособность на туристском рынке.

В рамках данного исследования был проведён социологический опрос среди жителей города Атырау, что позволило учесть особенности локального восприятия туристско-рекреационного потенциала и определить характер внутреннего спроса на отдых и досуг. Анализ результатов опроса выявил ключевые аспекты туристско-рекреационного развития региона. В исследовании приняли участие 75 респондента различных возрастных и социальных групп, среди которых преобладают студенты и работающее население. В целом респонденты демонстрируют умеренно положительную оценку условий для отдыха в городе, однако подчёркивают наличие системных ограничений, связанных с инфраструктурой и организацией рекреационного пространства. Наиболее часто упоминаемые элементы городской среды включают набережную, парки, скверы, зоны отдыха и объекты общественного питания. При этом значительная часть опрошенных акцентирует внимание на недостатке благоустроенных зелёных зон, ограниченном количестве доступных и бесплатных мест для отдыха, а также недостаточной развитости прогулочных пространств. Дополнительно отмечается слабая информированность населения о туристических возможностях города, что свидетельствует о недостаточной популяризации локального туристского продукта. Среди ключевых проблем, выявленных в ходе анализа, можно выделить: дефицит качественной рекреационной инфраструктуры, недостаточное озеленение городской среды, ограниченное разнообразие досуговых активностей и слабую интеграцию современных цифровых решений в сферу туризма(рис.3). Вместе с тем респонденты указывают на значительный потенциал развития, особенно в части благоустройства набережной, создания новых общественных пространств и расширения форматов отдыха на открытом воздухе. На основе полученных данных представляется возможным условно выделить несколько типичных портретов целевой аудитории, отражающих структуру внутреннего спроса. Во-первых, это «городской рекреант» - преимущественно студент или молодой работающий житель, заинтересованный в доступных и комфортных местах для повседневного отдыха. Во-вторых, «семейный посетитель», ориентированный на безопасные, благоустроенные и бесплатные зоны отдыха с возможностью проведения времени с детьми. В-

третьих, можно выделить «потенциального эко-ориентированного пользователя», который проявляет интерес к зелёным зонам, экологически чистой среде и активному отдыху на природе, однако ограничен недостатком соответствующей инфраструктуры. Выделение таких сегментов позволяет более точно определить направления развития



туристско-рекреационной сферы города. В частности, актуальными становятся меры по расширению зелёных зон, созданию



многофункциональных общественных пространств, повышению уровня благоустройства и активному продвижению туристических возможностей Атырау как для местных жителей, так и для потенциальных туристов[5].

Рис. 3 – диаграмма ключевых проблем на основе опроса жителей города Атырау [5]

Перспективы развития туризма в Атырау. Атырауская область обладает уникальным природным и историко-культурным наследием, создающим благоприятные условия для развития разнообразных видов туризма.

Природно-рекреационный потенциал: Регион располагает значительными объектами для экологического, оздоровительного и активного туризма. Государственный природный резерват «Акжайык», включённый в Рамсарскую конвенцию и Всемирную сеть биосферных резерватов ЮНЕСКО, является домом для 292 видов птиц, включая 26, занесённых в Красные Книги, что делает его идеальным для экологического туризма, бёрдвотчинга и научной рекреации. Озеро Индер с белоснежными

берегами и лечебными грязями представляет собой привлекательный объект для оздоровительного туризма. Нарынские пески (Нарынкум) создают уникальный пустынный ландшафт, подходящий для сафари и изучения пустынной флоры и фауны, а меловые горы «Аккегершин» предлагают возможности для активного туризма, фотосъёмки и геологических исследований. Лотосовые поля дельты реки Кигач, где в 2025 году прошёл международный фестиваль Lotus Fest с участием более 20 тыс. туристов, демонстрируют высокий событийный потенциал региона.

Историко-культурный потенциал: Городище Сарайшык, основанное в X–XI веках и являющееся важным объектом Великого Шелкового пути, вместе с мемориальным комплексом «Хан ордалы Сарайшык» создаёт основу для культурно-познавательного и исторического туризма. Дополняют культурную инфраструктуру ретро-парк в Атырау, оформленный в стиле 50-х годов, и современный пешеходный мост длиной 551 метр, который является городской достопримечательностью [1].

Развитие специфических видов туризма:

• Культурно-познавательный туризм опирается на городище Сарайшык, музеи и исторические объекты города.

• Экологический туризм развивается благодаря природным объектам региона — резервату Акжайык, озеру Индер, Нарынским пескам и лотосовым полям.

• Агропромышленный туризм включает экскурсии на фермы (верблюжьи, конные, козьи), рыбоводческие и перерабатывающие предприятия, а также интерактивный музей «Эмбамунайгаз».

• Событийный туризм демонстрирует потенциал через организацию фестивалей и массовых мероприятий, таких как Lotus Fest.

• Детско-юношеский и оздоровительный туризм развивается на основе природных ресурсов и спортивной инфраструктуры региона [1].

Перспективы развития туризма в Атырауской области связаны с активизацией государственной поддержки, продвижением туристского продукта и расширением межрегионального и международного сотрудничества. В 2024 году на развитие приоритетных направлений туризма и повышение туристского потенциала региона из местного бюджета было выделено 102 млн тенге, часть из которых направлена на функционирование туристского информационного центра «Visit Atyrau». Создание данного центра стало важным шагом в формировании единой системы продвижения региона, направленной на информирование туристов, популяризацию туристских ресурсов и создание благоприятных условий для развития предпринимательства в сфере туризма.

Дополнительные возможности для развития отрасли открываются благодаря сотрудничеству с другими регионами, в частности подписанию меморандума между «Visit Atyrau» и туристским центром «Open Turkistan». Активное участие представителей области в международных и республиканских мероприятиях, таких как открытие Года Казахстанского

туризма в Китае, выставка «Almaty Kitf 2024» и Всемирные игры кочевников, способствует повышению узнаваемости региона и продвижению его туристского потенциала на внешнем и внутреннем рынках.

С 2025 года регион планирует развивать уникальные турпродукты, такие как фестивали лотосов и информационные туры. Для успеха инициативы необходимо модернизировать инфраструктуру, усилить маркетинг и активно внедрять цифровые технологии. Реализация этих мер повысит конкурентоспособность Атырауской области и обеспечит устойчивое развитие отрасли в долгосрочной перспективе.

Выводы. Атырауская область обладает значительным потенциалом для развития туризма благодаря сочетанию уникальных природных ресурсов, историко-культурного наследия и растущей инвестиционной привлекательности. Несмотря на устойчивый рост турпотока и объемов вложений в отрасль, потенциал региона остается недоиспользованным.

- **Сдерживающие факторы:** Развитие отрасли замедляют недостатки транспортной и сервисной инфраструктуры, низкая узнаваемость бренда региона, дефицит квалифицированных кадров и слабая информированность потенциальных туристов.
- **Внутренние барьеры:** Опросы жителей подтверждают нехватку благоустроенных зон отдыха и зеленых пространств, что снижает общую привлекательность городской среды.
- **Приоритетные направления:** Наиболее перспективными для региона являются экологический (резерват «Акжайык», озеро Индер), культурно-познавательный (Сарайшык), событийный (фестивали) и агротуризм.

Для успешной трансформации Атырауской области в конкурентоспособную дестинацию необходим переход к комплексному маркетингу, активное внедрение цифровых технологий и развитие специфических турпродуктов (например, лотосовых полей и сафари). Системная государственная поддержка и улучшение качества сервиса позволят обеспечить устойчивое развитие туризма в долгосрочной перспективе.

Список использованных источников:

1. Роль туризма в экономическом и социально-культурном развитии Атырауской области: комплексный анализ и перспективы.
2. Оценка туристско-рекреационного потенциала региона на примере Атырауской области. CyberLeninka.
3. Итоги года: развитие, проекты и достижения туризма в Атырауской области в 2024 году. AtPress.kz.
4. В Атырауской области туризм становится одним из привлекательных направлений для инвестиций. Pricom.kz.
5. Опрос автора исследования по теме «Туристско-рекреационный потенциал города Атырау»

6. Карта Атырауской области Казахстана
7. Карта Атырауской области. Qazaqstan3D.kz

ӘӨЖ 547.992:662.74:504.06

КӨМІРДЕН ФУЛЬВОҚЫШҚЫЛЫН БӨЛІП АЛУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Баймаханова Г. М., х.ғ.к., доцент, **Батырбек А. Ғ.,** білім алушы; **Құралбай К. Б.,** білім алушы**; Тургунова Я. А.,** білім алушы, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ, Қазақстан,
baimakhanova.gulzhan@okmpu.kz; batyrbekasylzan@gmail.com;
korkembakhytovaa@gmail.com
turgunovayasmina@gmail.com

Аннотация: зерттеуде көмірден фульвоқышқылын бөліп алу және тазалау әдістерінің экологиялық аспектілері қарастырылып, қолданыстағы технологиялардың тиімділігі мен қоршаған ортаға әсері салыстырмалы түрде талданды. Зерттеу нәтижесінде фульвоқышқылын тазалаудың ең тиімді және экологиялық тұрғыдан оңтайлы тәсілі ретінде Форсит әдісі анықталды. Аталған әдіс бірнеше сатылы тазарту кезеңдерінен тұрып, жоғары тазалықтағы өнім алуға мүмкіндік береді және қалдық мөлшерін азайтуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар әртүрлі сорбенттердің сорбциялық қасиеттері зерттеліп, фульвоқышқылын тазалауға ең қолайлы сорбент таңдалды. Жоғары тазалықта алынған фульвоқышқылы медицинада дәрілік және вирусқа қарсы препараттар өндіруде, сондай-ақ тағам өнеркәсібінде дәм реттегіш ретінде қолданылуы мүмкін. Алынған нәтижелер көмірден алынатын биологиялық белсенді қосылыстарды экологиялық қауіпсіз әрі тиімді өндіру технологияларын жетілдіруге негіз болады.

Кілт сөздер: қоңыр көмір, Форсит әдісі, гуминді заттар, фульвоқышқылы, фармацевтика.

Кіріспе. Фульвоқышқылы (ФҚ) − ауыл шаруашылығы, медицина және экология салаларында жоғары сұранысқа ие стратегиялық өнім. Жаһандық нарық көлемі 2023 жылы 1,2 млрд долларды құрап, жылына 12% өсуде. Қазақстанда тотыққан көмірдің орасан қоры бар (Шұбаркөл, Борлы, Қаражыра кен орындары), алайда отандық ФҚ өндірісі жолға қойылмаған − ел оны импорт арқылы әкеледі [1].

Зерттеулер гумин және фульвоқышқылдарының адам тағамында табиғи түрде кездесетінін көрсетті. Олар гумуста болғандықтан, өсімдіктерді жеу арқылы адам оны қабылдайды. 1988 жылы доктор С.А.Виссер гуминдік заттардың емдік қасиеттерін «Гуминді заттардың жануарлар мен адамдарға 16 әсері. Оларды медицинада қолдану мүмкіндіктері» тақырыбындаы жұмысын Испанияның Севилья қаласында өткен ғылыми симпозиумда баяндалған. Оның зерттеулері медицинада

гумин және фульвоқышқылдарын ішке де, сыртқа да қолдануға болатынын көрсетті. Қытайда жүргізілген клиникалық зерттеулер 60-90 жастағы егде жастағы науқастарда фульвоқышқылдарды қабылдағаннан кейін тәбеті ашылып, ұйқысы жақсарып, жігерлі бола бастағанын көрсетті. Үндістанда жүргізілген басқа клиникалық зерттеулер фульвоқышқылдарды қолдану деменция белгілерімен күресуге көмектесетін күшті қартаюға қарсы терапия екенін көрсетті [2]. Гуминді заттардың (гумин қышқылы, фульвоқышқылы) молекулалық массасын анықтаудағы қиындықтар, бұл қосылыстардың күлділігінің жоғары үлесі олардың элементтік құрамын анықтау қажеттілігіне әкелді. Элементтік құрам туралы мәліметтер гуминді заттардың әртүрлі кластарының генетикалық байланысын жіктеу және түсіндіру үшін пайдаланылады [3].

Сурет 1. Фульвоқышқылының гипотетикалық формуласы [4].



Материалдар мен әдістер. Фульвоқышқылын экологиялық зардап шеккен аудандарда тұратын адамдарға, асқазан-ішек аурулары кезінде, аллергиялық жағдайларда, улану кезінде, иммунитет әлсіреген кезде қолдануға болады [5]. Фульвоқышқылының токсикалық қауіпті емес дозасы 400 мг/кг-ды құрайды. Ол қауіптілік класы бойынша 4 класқа жатады [6].

Қазіргі таңда жер ресурстарын көп жылдар бойы пайдалану есебінен ауыл шаруашылығында топырақ құнарлылығының нашарлауы және өсімдіктердің минералды қоректік заттарды сіңіру коэффициентінің төмендеу мәселесі тұр. Бұл гумустың топырақ қабатының апатты түрде жойылуына байланысты. Бұл мәселені шешуде фульвоқышқылын қолдануға болады. Фульваттарды қолдану өсімдіктердің топырақтан элементтерді сіңіру коэффициентін 25-40%-ға арттырады. Бұл тамыр жүйесінің фульвоқышқылымен белсендірілуіне байланысты. Фульваттар табиғи хелаторлар болып табылады және қарапайым минералды тұздарға қарағанда топырақтан макро- және микррэлементтерді сіңіру қабілеті жоғары. Фульвоқышқылы өсімдіктер ассимиляциясындағы минералдармен комплекс түзуге қатысатын аминқышқылдары рөлін атқара алады, сонымен қатар ол өте күшті табиғи электролит болып табылады және минералды тыңайтқыштар, инсектицидтер мен фунгицидтердің өсімдіктерге әсер ету эффектілерін арттыра алады [7].

Гуминді коллоидты құрылымдардың және олардың функционалдық топтарының гидрофильділігінің жоғары дәрежесіне байланысты олар гель түзуге қабілетті. Бұл гумусты заттардың топырақ ылғалдылығын

байланыстыру қабілетін арттыруға әсерін түсіндіре алады. Бұл көп жағдайда құрғақ аймақтар үшін өте тиімді [8].

Жоғары ерігіштігі мен төмен молекулалық массасының әсерінен фульвоқышқылы табиғи химиялық процестердің өте активті қатысушысы болып табылады. Гумин қышқылына қарағанда молекулалық өлшемі кішкене болғандықтан жасушаның ішкі бөлігінен де, сыртқы бөлігінен да әсер ете алады. Фульвоқышқылы мен гумин қышқылы синтездеп алынбайды, оларды табиғи шикізат көздерінен бөлу жолымен ғана алуға болады. Алайда, бөліп алынған фульвоқышқылының тазалық дәрежесі өте төмен болады. Жоғары тазалықтағы фульвоқышқылын бөліп алу және тазалау өте қымбат процесс болып табылады. Фульвоқышқылы (ФҚ) табиғатта топырақта, шымтезектен (торф), өзен суларында және көмірде кездеседі [9].

Алайда, өндірістік және практикалық тұрғыдан оны төмен дәрежелі көмірлерден (қоңыр көмір, леонардит немесе үгілген көмір) алудың бірнеше стратегиялық себептері бар:

1. Жоғары концентрация (Шоғырлану)

Топырақтағы фулвоқышқылының мөлшері өте аз (шамамен 1%-дан да төмен). Ал леонардит немесе қоңыр көмірде гумин заттарының (гумин және фулвоқышқылдарының қосындысы) мөлшері 40%-дан 80%-ға дейін жетеді. Сондықтан 1 тонна көмірден алынатын өнім 1 тонна топырақтан алынатын мөлшерден ондаған есе көп.

2. Тазалық және тұрақтылық

Көмір миллиондаған жылдар бойы жер астында жоғары қысым мен температурада қалыптасады. Бұл процесс (гумификация) фулвоқышқылын барынша тұрақты етеді. Топырақ пен шіріндідегі ФҚ құрамында зиянды бактериялар, патогендер немесе пестицидтер қалдығы болуы мүмкін. Көмірден алынған ФҚ минералды негізде болғандықтан, биологиялық тұрғыдан "таза" және сақтау кезінде өзінің белсенділігін ұзақ уақыт жоғалтпайды.

3. Биологиялық белсенділігінің жоғарылығы

Көмірден (әсіресе леонардиттен) алынған фулвоқышқылының молекулалық салмағы өте жеңіл және құрамында функционалды топтар (карбоксил және фенолды гидроксил топтары) өте көп. Бұл топтар өсімдіктер мен адам ағзасы үшін "тасымалдаушы" (хелатор) рөлін атқарып, минералдарды жасуша ішіне жылдам жеткізуге мүмкіндік береді.

4. Экономикалық тиімділік

Көмір − дайын шикізат базасы. Топырақтан немесе өсімдік қалдықтарынан ФҚ бөліп алу өте күрделі әрі қымбат технологияны қажет етеді. Көмірді сілтімен немесе қышқылмен өңдеу арқылы ФҚ-ны жаппай өндіру әлдеқайда арзанға түседі [9].

Кесте 1. ФҚ көздерінің салыстырмалы сипаттамасы [9].

Көрсеткіш	**Көмір**	**Шымтезек**	**Топырақ**

	(Леонардит)	(Торф)	(Гумус)
ФҚ мөлшері	Өте жоғары (40-80%)	Орташа (10-30%)	Төмен (<1%)
Био-белсенділік	Максималды	Жақсы	Төмен
Тұрақтылығы	Миллиондаған жыл	Мыңдаған жыл	Бірнеше жыл
Қолданылуы	Медицина, Ауыл шаруашылығы	Тыңайтқыш	Табиғи процесс

Фульфоқышқылдарды тоттыққан қоңыр көмірден бөліп алу және тазалау әдістері туралы зерттеулерді талдай отырып, қандай әдістермен бөліп алуға және тазалауға болатындығын 2-кестеде көрсетілген [10].

Кесте 2. ФҚ-ын тазалау және бөлу әдістері

Әдіс	Реагенттер мен жабдықтар	Негізгі процесс	Ерекшелігі
Форсит әдісі	5%-ды азот қышқылы (HNO_3), pH 2–3; центрифуга 3000 айн/мин.	Калий гуматын қышқылмен бейтараптайды, гумин қышқылы тұнба түзеді, центрифугалау (30 мин) арқылы фульвоқышқылы ерітіндіден бөлінеді.	Қарапайым жабдық; зертханалық деңгейге қолайлы.
Мембраналық (ультрафильтрациялық) әдіс	Дистилденген су; ультрафильтрациялық модуль (2–6 бар); нанофильтрация; вакуумдық буландырғыш.	Ұнтақталған көмір суда 60–90 мин экстракцияланады, тұндырылады, ультрафильтрация: ірі молекулалар (гумин қышқылы) ұсталып, ФА өтеді, нанофильтрация арқылы тазартылады.	Реагентсіз, экологиялық қауіпсіз; арнайы мембраналық жабдық қажет.
Микротолқынды сәулелену әдісі	H_2O_2, мұздай сірке қышқылы (асқын сірке қышқылы түзеді); микротолқынды реактор 700 Вт; роторлы буландырғыш; күкірт қышқылы, ацетон (тазарту).	Микротолқын, H_2O_2/сірке қышқылы, асқын сірке қышқылы мен еркін радикалдар көмір макромолекулаларын бұзады, 13 мин реакция, сүзу, буландыру, кептіру (60°C, вакуум).	Жоғары шығым мен тазалық; қысқа уақыт; бірақ қауіпті реагенттер мен арнайы реактор қажет.

Көмірден бөліп алынған фульвоқышқылын тазалау үшін Форсит әдісі қолданылды. Форсит әдісі арқылы тазалау бірнеше сатыдан тұратын күрделі сатылы тазалау әдісі:

1) Белсендірілген көмірді дайындау. Бөлуді жүзеге асыру үшін екі сүзгі қағазын Бюхнер воронкасына салады. Бюхнер воронкасына салынған сүзгі қағазына қалыңдығы 3-4 см көмір қабаты салынады. Көмірді 0,1 н натрий гидроксиді ерітіндісімен үздіксіз ерітінді түсі өзгергенше жуады. Содан кейін көмірді 500 мл 0,1 н тұз қышқылы ерітіндісімен, кейін көп мөлшерде дистилденген сумен жуады.

2)Фульвоқышқылының адсорбциясы. Қондырғы арқылы бөлініп алынған фульвоқышқылы арнайы тазартудан өткен көмір арқылы өткізіледі.

3) Фульвоқышқылын тазарту. Сорбент арқылы өткен фульвоқышқылын катионит КУ-2-8 арқылы қайтадан тазалауға жібереді. Катионит арқылы өткен ерітінді pH мәні 4-тен аспайды.

4)Мембраналы тазалау (диализ). Катионит арқылы өткен фульвоқышқылын мембраналы қапшық арқылы дистилденген су көмегімен ерітінді pH мәні 4-5 болғанға дейін тазалау жүргізеді.

Нәтижелер. Тәжірибелік жұмыстар негізінде келесі нәтижелер алынды: Бастапқы шикізат ретінде «Майкөбен» тотыққан көмірі қолданылып, калий гуматы ерітіндісі мен 5% азот қышқылы әрекеттесуінен 53,65% фульвоқышқылы бөліп алынды. Бөлінген фульвоқышқылы Форсит әдісі арқылы тазаланды.

Бастапқы шикізат ретінде «Майкөбен» бассейінінің тоттыққан көмірі алынды Одан «Көмір химиясы және технология институтында» калий гуматы сілтілік экстракция жолымен арнайы қондарғыда бөлініп алында, гуминді заттардың мөлшері 56% құрайды [1]. Калий гуматы ерітіндісі мен 5%-ды азот қышқылы ерітіндісімен араластырылып (pH=2-3), тұнба түрінде гумин қышқылы, фульвоқышқылы ерітінді түрінде бөлініп алынды. Көмірден фульвоқышқылын бөліп алу сызбасы 3-суретте келтірілген [4].

Сурет 3. Көмірден фульвоқышқылын бөліп алу сызбасы



Көмірден фульвоқышқылын бөліп алу сызбасы Алынған фульвоқышқылын тазалау үшін Форсит әдісі қолданылды. Форсит әдісі арқылы фульвоқышқылын тазалау бірнеше сатыдан тұрады. Ең алдымен бөліп алынған фульвоқышқылы алдын-ала дайындалған сорбент арқылы өткізеді. Сорбентті 0,1 н NaOH ерітіндісімен үздіксіз түссізденгенше жуады, содан кейін 500 мл 0,1 н HCl ерітіндісімен жуып, соңында көп мөлшерде дистилденген сумен шайылады. Осындай жолмен тазартылған адсорбент арқылы фульвоқышқылы өткізіліп, екінші сатыда құрамында иондардан тазалау мақсатында катионит КУ-2-8 арқылы өткізеді.

Нәтижесінде екінші тазалау сатысы катионит КУ-2-8 арқылы фульвоқышқылы өткізілген кезде pH мәндерінің күрт төмендегенін байқауға болады. Бұл сутек иондарының фульвоқышқылы құрамында көп мөлшерде пайда болғанын көрсетеді. Соңғы тазалау сатысында мембраналы тазалау (диализ) кезінде қайтадан pH мәндерінің біршама мөлшерде артқанын көруге болады, яғни дистилденген су арқылы фульвоқышқылының құрамында иондардан тазартуға болады деп қорытынды жасауға болады.

Қорытынды. Қорыта келе, тәжірибелік жұмыстар негізінде келесі нәтижелер алынды: Бастапқы шикізат ретінде «Майкөбен» тотыққан көмірі қолданылып, калий гуматы ерітіндісі мен 5% азот қышқылы әрекеттесуінен 53,65% фульвоқышқылы бөліп алынды. Бөлінген фульвоқышқылы Форсит әдісі арқылы тазаланды. Лабораториялық жолмен бөлініп алынған фульвоқышқылын Ресейдің Башқорстан жерінде өндірілетін «Fulvic Acid Golden Elixir» фульвоқышқылының иондық құрамымен салыстыра отырып, талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде лабораториялық жолмен бөлініп алынған фульвоқышқылын «Шұбаркөл» сорбенті арқылы иондарын тазалау дәрежесі жоғары нәтиже көрсетті. Шамамен тазалау дәрежесі 66,12-99,75% аралығында болды. Нарықтағы қолданыстағы фульвоқышқылының иондарының мөлшері лабораториялық жолмен бөлініп алынған фульвоқышқылына қарағанда өте көп мөлшерде, яғни тазалауға ұшырамаған болуы мүмкін деп қорытынды жасауға болады.

1. Отынға жарамсыз тотыққан көмірді кәдеге жаратудың тиімді жолы ретінде фульвоқышқылын өндіруді қарастыру ұсынылады. Мұндай шикізатты қайта өңдеу арқылы оны жай қалдық ретінде тастаудың орнына жоғары құнды химиялық өнімге айналдыруға болады.

2. Қазақстандағы тотыққан көмір кен орындарын (соның ішінде «Майкөбен» бассейінін) фульвоқышқылы өндірісінің шикізат базасы ретінде зерттеу және бағалау ұсынылады. Бұл елімізде пайдаланылмай жатқан минералдық ресурстарды тиімді игерудің жолын ашады.

3. Форсит әдісімен алынған жоғары тазалықтағы фульвоқышқылын экология саласында коммерциялық қолдану мүмкіндігін зерттеу ұсынылады. Бұл отынға жарамсыз шикізаттан жоғары бағалы өнім алуды экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Yermagambet B.T., Kasenov B.K., Kazankapova M.K., Kassenova Zh.M., Kuanyshbekov E.E., Nauryzbaeva A.T. Physicochemical, Electrophysical Properties of Carbon Materials Based on Humic Acids // SolidFuel Chemistry. – 2021 y. – No55(4). – P. 41–46.

2. Эрчуэн В.А. Гуминовая кислота // Феникс. – 1991 г. – №47(7).– С. 12.

3. Савченко И.А., Корнеева И.Н., Лукша Е.А., Пасечник К.К. Биологическая активность гуминовых веществ: перспективы и проблемы их применения в медицине // Журнал медиаль фармация. – 2019 г. - №1(23). – С. 43-45.

4. Попов А.И. Гуминовые вещества свойства, строение, образование.– Санкт-Петербург: СПб, 2004. – 248 с

5. Чем полезна фульвовая кислота для человека? [Электр. ресурс]. - Режим доступа: https://www.artlife.ru/blog/zdorove/chem-polezna-fulvovayakislota-dlya-cheloveka.

6. Бендерский Н.С., Куделина О.М., Ганцгорн Е.В., Сафроненко А.В. Фульвовая кислота – биологически активная добавка или лекарство? // Кубанский медицинский вестник. – 2020 г. – №3(5). – С. 78-91.

7. Фульвовые кислоты-прорыв в растениеводстве XXI века [Элект. ресурс]. -Режим доступа: https://www.apk-news.ru/fulvovye-kislotyproryv-v-rastenievodstve-xxi-veka/?amp=1

8. Гуминовые вещества – основа плодородия. [Элект. ресурс]. - Режим доступа: https://greenok.lv/ru/guminovye-veshhestva-osnovaplodorodija/amp/

9. Xi B., Tang Z., Jiang J., Tan W., Huang C., Yuan W., Xia X. Responses of theelectron transfer capacity of soil humic substances to agricultural land-use types // RSC Adv. – 2018 y. – No8(57). – P. 12-13

10. Karr, M. C. (2011). *Method for extracting fulvic acid molecules* (U.S. Patent No. 7,896,944 B2). U.S. Patent and Trademark Office.

ҒТАМА 34.29.15

ҚЫНАЛАРДЫҢ КӨБЕЮ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУДА ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Бақытбеков Қ., Бейсенбай Ә., Химия - биология ББББ, 2 – курс;
Букабаева Ж.Т., PhD, **Силыбаева Б.М**., б.ғ.к, доцент, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ, Қазақстан
adikbaisenbaev1@gmail.com

Аннотация: Бұл мақалада Шығыстың ұсақ тау шоқыларына жататын Шыңғыстау, Қалбатау, Көкентау және Абыралы тауларында таралған қына түрлерінің көбею ерекшеліктері зерттелген. Зерттеу барысында 5 тұқымдасқа жататын 6 туысқа біріктірілген 11 қына түрі анықталды. Қыналардың таралуы, тіршілік формасы және экологиялық ерекшеліктері геоботаникалық әдістер арқылы зерттелді. Көбею жолдарын анықтау үшін растрлі электронды микроскоп (JSM-6390 LV JEOL) қолданылды. Нәтижесінде қыналардың көпшілігі апотеция және перитеция түзетін жынысты жолмен көбейетіні, ал кейбір түрлері соредий, пикнидия және талломаның бөлінуі арқылы жыныссыз көбейетіні анықталды.

Кілт сөздер: қына, эпилит, эпифит, эпигейлі, шығыс, көбею

Кіріспе. Қыналар – төменгі сатыдағы өсімдіктердің ішіндегі ерекше құрылысты организмдер тобы. Олар табиғаттың көптеген биомдарда шөлді-шөлейтті, далалы, таулы-жоталы, орманды жерлерде таралған. Шығыстың ұсақ тау шоқылырына кіретін Шыңғыстау, Қалбатау, Көкентау және Абыралы тауларының флорасында кездесетін қына түрлерін қамтитын нақтылы зерттеу жұмыстары жоқ. Шығыстың ұсақ тау шоқылары ретінде жалпы атаумен берілген таулар бір- бірінен алыс қашықтықта орналасқан. [1]. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты мен міндеттеріне жоғарыда аталған тау шоқыларында өсетін қыналар түрлерін және көбею ерекшеліктерін анықтау. Қыналардың түрлері олардың құрамдарындағы балдырлар мен қатар, саңырауқұлақтардың бірнеше (аскомицет және екі филогенетикалық базидиомицеттер) топтарынан тұратындығы анықталған [2,3,4,5]. Қыналардың кездесу жиілігі мен таралуы олардың функционалдық белгілерін қарастыру арқылы анықталады. Зерттеу барысында Абай облысына қарасты Шығыстың ұсақ тау шоқыларында таралған 5 тұқымдасқа жататын, 6 туысқа біріктірілген 11 қыналар түрі анықталды. Зерттеуге қажетті материалдар 2024-2025 жылдары маршрутты экспедиция кезінде жиналды. Маршрутты зерттеуде қыналардың тіршілік формасы мен кездесу жиіліктерін анықтау геоботаникалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілді. Қыналардың өте сирек (Sol), сирек (Sp), жиі (Cop) өте көп (Soc)

анықталған түрлерінің сандық көрсеткіштерін табу үшін, геоботаникалық әдіс ретінде Друде шкаласы қолданылды [6].

Материалдар мен әдістер. Қына түрлері Е.И.Андрееваның «Қазақстанның споралы өсімдіктерінің флорасы» атты 3 томдық анықтағышының көмегімен анықтау жұмыстары жүргізілді [7]. Жиналған қыналардың көбею жолдарын анықтау «Төменгі вакуумды растрлі электронды микроскоптың (РЭМ)» JSM-6390 LV JEOL (Жапония) көмегімен жүргізілді. Шығыстың ұсақ және аласа тау шоқыларына кіретін Шыңғыстау, Қалбатау, Көкентау және Абыралы тауларында жүргізілген маршрутты экспедиция кезінде жинақталған қына түрлері анықталып систематикалық топтарға жіктелді, және тіршілік формасына, экологиясына және кездесу жиіліктеріне байланысты сарапталды .

Тіршілік формасына байланысты анықталған 11 түрдің 4 түрі жапырақты және 7 түрі қабыршақты (кейде, ұсақ жапырақты) қына түрлеріне топтастырылды. Экологиясына байланысты 11 түрдің 9-ы эпилитті қына, 1-еуі эпигейлі, ал бір түрі индиффентті түрлерге жатқызылды.

Шығыстың ұсақ тау шоқыларына кіретін Шыңғыстау, Қалбатау, Көкентау және Абыралы тауларында өсетін қына түрлерінің тіршілік формасы мен экологиясына байланысты жіктелуі

2 - диаграмма

	Қабыршақты	жапырақты	Эпилитті	Эпигейлі	Индиффентті
Тіршілік формасы/ экологиясы	7	4	9	1	1

Зерттеудің негізгі мақсатына байланысты Шығыстың ұсақ тау шоқыларында өсетін 11 қына түрлерінің сынамаларын алып, олардың көбею жолдарын анықтау жұмыстары «Төменгі вакуумды растрлі электронды микроскоптың (РЭМ)» JSM-6390 LV JEOL (Жапония) көмегімен жүргізілді. Сканерлеу арқылы жүргізілген зерттеуде қыналардың құрамындағы қалталы саңырауқұлақтар бар жыныста жолмен көбеюге қажетті апотеций, перитеций жемісті денелерінің мөлшері, түсі орналасуы тәрізді негізгі ерекшеліктері анықталды. Эпилитті қыналардың түрлері ретінде белгілі Caloplaca viridirufa, Placolecanora (Lobothallia) alphoplaca және Lecanora allophana қына түрлерінде РЭМ микроскопы арқылы жай көзге көрінбейтін , өте ұсақ

түрдегі апотециялы жемісті денелерде түзілетін спораларының саны мен пішіндері айқындалды. Зерттеу нысаны ретінде алынған таудың тастарының бетінде өсетін 11 қына түрлерінің 9 түрінде апотеция және перитеция жемісті денелер түзіп жыныcты жолмен көбейетіндігі анықталды. Ең бастысы 9 жемісті денелер түзетін қына түрлерінде негізінен апоциялы қыналар болса, тек бір ғана Verrucaria nigrescens түрінің жемісті денесі перитеция түзетіндігі айқындалды . Parmelia sulcata талломасының бетін тұтас өте ұсақ өсінді соредий жауып түзілген кезінде анықталды. Сонымен қатар, пикнидилері қына таломасының доғал пішінді тілімшеленген жиектерінің ұштарында түзілген. Яғни, бұл түрдің көбеюі жыныссыз жолмен жүзеге асады. Зерттеу обьектісі ретінде қарастырылып отырған қыналардың арасында *Verrucariaceae тұқымдасы*на жататын Verrucaria nigrescens түрі зерттеу аймақтарының барлық (Шыңғыстау, Қалбатау, Көкентау және Абыралы) тауларында кездесу жиілігі мен саны жағынан жоғары болды. Бұл түрде жемісті дене перитеций түзілумен қатар**,** РЭМ микроскопы арқылы түсі қара келген көптеген перитециялары талломның ішіне еніп орналасатындығы байқалды. Перитециялар пішіндері сопақша келген бірнеше қатар орналасып түзілген споралары айқындалды. Тек осы түрде ғана қара түсті нүкте түріндегі пикнидиилердің қынаның үстінде таралып түзілген кезеңі айқындалды.

Зерттеу аймақтарында анықталған 11 қына түрлерінің арасында Verrucaria nigrescens қынасы жыныcты және жыныссыз жолмен көбейеді.

Шығыстың ұсақ тау шоқыларында қоныстанған қына түрлерінің көбею жолдарына байланысты топтастыру

2- кесте

реті	Тұқымдастар	Туыс және түрлері	Қоныстану аймақтары	Жыныcты көбею жолдары (жемісті дене түрлер)	Жыныссыз көбею жолдары
1.	*Verrucariacea e тұқымдасы* -	Verrucaria nigrescens	Тастың бетінде	Перитеци я	Пикнидия
2.	*Lecanoraceae тұқымдасы* -	Placolecanora (Lobothallia) alphoplaca	Тастың бетінде	Апотеция	
3.	*Lecanoraceae тұқымдасы* -	Lecanora allophana	Ағаштың қабағында	Апотеция	
4.	Lecanora allophana	Lecanora frustulosa	Тастың бетінде	Апотеция	
5.	*Acarosporacea e тұқымдасы*	Acarospora chlorophana	Тастың бетінде	Апотеция	

6.	*Caloplacaceae тұқымдасы*	Caloplaca decipiens (Gasparrinia decipiens)	Тастың бетінде	Апотеция	
7.	*Caloplacaceae тұқымдасы* -	Caloplaca viridirufa	Тастың бетінде	Апотеция	
8.	*Parmeliaceae тұқымдасы*	Parmelia tominii	Тастың бетінде	Апотеция	
9.	*Parmeliaceae тұқымдасы*	Parmelia conspersa	Тастың бетінде	Апотеция	
10.	*Parmeliaceae тұқымдасы*	Parmelia vagans	Топырақ бетінде		Талломалары ның үзіліп бөлінуі арқылы
11.	*Parmeliaceae тұқымдасы*	Parmelia sulcata	Тастың бетінде		Соридийлер мен пикноспоралары арқылы

Нәтижелер. Шығыстың Шыңғыстау Қалбатау және Көкентау тауларында Parmeliaceae тұқымдасы Parmelia vagans түрі талломасының үзіліп бөлінуі арқылы вегетативтік түрде көбеюуіне байланысты кездесу жиілігі мен саны жағынан басым қына ретінде анықталған. Бұл түр анықтағыштарда тек вегетативті жолмен көбейетіндігі туралы берілген ақпаратқа сай болды.

1. *Verrucariaceae тұқымдасы* - Verrucaria nigrescens жиі кездесетін, қабыршақты қына. Таста өсуге бейімделген эпилитті түрге жатады. Қара түсті көптеген перитециялары талломның ішіне еніп орналасады. Спораларының пішіндері әртүрлі, бірнеше қатар түзіп орналасқан, пішіндері сопақша келген. Пикнидиилер қынаның үстінде қара түсті нүкте түрінде таралып түзілген.

a) Verrucaria nigrescens қынасының жалпы көрінісі;



b) Перитеций мен қара түсті пикнидиялы бөлігі;



c)Қынаның перитециядағы түзілген споралары

Caloplacaceae тұқымдасы - Caloplaca decipiens (Gasparrinia decipiens) сирек кездесетін эпилитті, қабыршақты қына болып табылады. Талломасының беткі қабаты кедір-бұдырлы, дән түрінде болады. Беткі қабатының түсі сарғыш-қызыл түсті. Жалпақ пішінді, түсі қызғылт-сары түсті. Талломасының астыңғы қабаты қара-сұр түсті, анық байқалмайды.

Кірігіп түзілген апотециялары отырықшы және сирек орналасқан. Апотеции дисклерінің жиектері бүтін бірақ, тармақталған. Споралары екі жасушалы, биполярлы, эллипс пішінді 8 спорадан тұрады.





a) Жиі кездесетін Caloplaca decipiens қына түрі; b) Қынаның апотециялы бөлігі; c) Эллипс тәрізді споралары;

Lecanoraceae тұқымдасы - Placolecanora (Lobothallia) alphoplaca - өте сирек кездесетін, пішіні мен мөлшері әртүрлі ареолдарының шеткі жиектері айқын түзілген, талломасының беткі бөлігі кедір-бұдырлы. Талломасының түсі ақ-сұр түсті, ортаңғы бөлігінде қара түсті апотециялары топтанып орналасқан. Апотецияларының пішіндері жалпақ, дөңестеніп шығыңқы күйде түзілген. 4 немесе 8 спорасы арнайы қалталарда орналасқан.





a) Ареолалы Placolecanora alphoplaca түрі b) Ортаңғы бөлігі дөңесті апотециясы ; c) Эллипс пішінді 8 спорасының түзілу.

2. *Lecanoraceae тұқымдасы* - Lecanora allophana сирек кездесетін, эпилитті қына. Бұл түр тас бетінде ғана емес Қазақстанның белгілі бір аймақтарында орман ағаштарында жабысып өсетін эпифитті түр ретінде белгілі. Қына талломы қабыршақты түсі ақшыл сұр немесе ақшыл жасыл түсті. Ортаңғы бөлігінде түсі ақшыл-сары, ал жиектері ақшыл-жасыл түсті, саны жағынан көп апотециялары тұтасып немесе жекелеген түрде түзілген. Апотециялары қысқа ридзиналармен субстратта жабысып орналасқан.





a) Эпилитті Lecanora allophana түрі.

b) Дөңес жиекті апотециясы;

c) Эллипс пішінді споралары.

3. *Parmeliaceae тұқымдасы* - Parmelia conspersa - зерттеу аймақтарында сирек кездеседі. Ортаңғы бөліктерінде жапырақ тәрізді талломдары тастың бетінде жабысып түзілсе, шеткі жиектері бостау көтеріңкі орналасқан. Бөлікті тілімшеленген таллома жапырақшалары, толқынды иірімді тығыз жанаса жинақталған. Беткі қабаты жасыл-сұр түсті, шеткі бөлігінде көп мөлшерде изидийлер түзілген. Қара - қоңыр түсті апотециялары қондырғы немесе қысқа келген аяқшада көтеріңкі түрде түзіледі. Талломасының ортаңғы бөлігі ақшылдау, борпылдақ, жіпшелерден құралған. Қара дақтар түріндегі пикнидилері көп, талломасының барлық жеріне таралған.







a) Эпилитті Parmelia conspersa түрі;

b) Апотециялы талломасының бөлімі;

c) Изидиялары топтанып түзілген

4. *Parmeliaceae тұқымдасы* - Parmelia vagans – қынасы зерттеу аймақтарында өсетін эпигейлі түр ретінде анықталды. Кездесу жилігі жоғары. Талломасы жапырақты субстратқа бос орналасқан, дихотомиялы немесе дорсовентральды тармақталған шет жиектері түтік тәрізді оратылып, жиектерімен төмен қарай бағытталып түзілген. Талломасының беткі қабаты сарғыш-жасыл, беті тегіс. Соредий, изидийлері және апотециялары болмайды.





a) Parmelia vagans қынасы;

b) Талломасының жиектерінің бөлімі;

c) Талломасының анатомиясы.

5. *Parmeliaceae тұқымдасы* - Parmelia sulcata түрі индиффентті (тас пен сүректі өсімдік қабығында), өте сирек кездесетін, жиектері тілімденген жапырақ тәрізді қына. Субстратқа тығыз бекіген, талломасының жоғарғы беті көкшіл-сұр түсті, топтанып орналасады. Қондырылған

апотециялары сирек түзіледі. Ақшыл немесе жасылдау түсті соредилері талломасының беткі жағын тұтастай жауып орналасқан. Пикнидилері қына таломасының доғал пішінді тілімшеленген жиектерінің ұштарында түзілген. Көбеюі пикноконидийлері арқылы жүзеге асады.

a) Индиффентті Parmelia sulcata қынасы;



b) Жиектерінде пикнидиялары түзілген бөлігі;



c) Тұтасып түзілген соредийлерінің көрінісі.

Қорытынды:

1. Шығыстың ұсақ тау шоқыларында өсетін 11 қына түрлерінің көбею жолдарын анықтау жұмыстары «Төменгі вакуумды растрлі электронды микроскоптың (РЭМ)» JSM-6390 LV JEOL (Жапония) көмегімен жүргізілді. Сканерлеу арқылы жүргізілген зерттеуде қыналардың құрамындағы қалталы саңырауқұлақтар бар Caloplaca viridirufa, Placolecanora (Lobothallia) alphoplaca және Lecanora allophana қына түрлерінде өте ұсақ споралы апотециялы жемісті денелерде түзілетін болса, ал Verrucaria nigrescens түрінің жемісті денесі перитеция түзетіндігі айқындалды . Ал Parmelia sulcata қынасы соредийлер және пикнидилері арқылы көбеюі жыныссыз жолмен жүзеге асатындығы анықталды.

2. Шығыстың Шыңғыстау, Қалбатау және Көкентау тауларында қоныстанған Parmelia vagans талломасының үзіліп бөлінуі арқылы вегетативтік түрде көбеюуіне байланысты, РЭМ микроскопында бұл түрдің талломасында апотеций, перитеций жемісті денелері, изидийлер, сорийдилер өсінділері болмады.

Қолданылған әдебеттер :

1. Уйсумбаев Б.С., Карандашова С.С. География ВКО. Семипалатинский институт стандартизации, оценки и повышения качества образования. Семипалатинск. 2000г.25-27б.

2. H.T. Lumbsch. Lichen-Forming Fungi, Diversification of // Encyclopedia of Evolutionary Biology. -2016, P. 305-311. https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/B9780128000496002493

3. David L. Hawksworth. Mycological book news // Fungal Biology Rewiews.- 2024,-Volume 50, P. 100399 https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1749461324000447

4. Giulia Canali, Pilar Hurtado, Paolo Giordani , Christopher Ellis. Lichen hydration, moisture dynamics and climate change: A synthesis of

established methods and potential new directions // Fungal Biology Rewiews.- 2025,- Volume 52, P . 100417
https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1749461325000077
5. 7.Zh. Bukabayeva, S. Abiyev, B. Silybayeva, O. Ivachshenko. The impact of climate aridification on rare lichen communities. . Biosystems Diversity, 32(1),2024 142–149. doi:10.15421\012414.
6. А.Г.Воронов. Геоботаника // Учебное пособие для университетов и пединст.-Москва,- Издательство «Высшая школа»,- 1973г., - С.76-78
7. Е.И.Андреева. Флора споровых растений Казахстана. Лишайники // Академия наук Казахской ССР, Алма-Ата. Институт ботаники, 1978г.

ҒТАМА 910.3

БУРАБАЙ КУРОРТТЫҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ БОРАННЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТУРИЗМДЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Батталова М.К., Бейбіт Н.Ш., Хамзина Н.Е., 2-курс студенттері;
Ауезова Н.С., б.ғ.к, аға оқытушы, Астана Халықаралық Университеті,
Астана қ., Қазақстан
b.madina07@gmail.com, nurkuigan1971@mail.ru

Аннотация. Бурабай курорттық аймағы қыс мезгілінде температурасы төмендеп, боран құбылысы жиі кездесетін аймақ және бұл жағдай туристер үшін қауіп төндіреді. Боран әсерінен көріну төмендеп, қатты желдер көтеріліп туристерге қолайсыздық келтіреді. Бурабай аймағында боранның қауіптілігі адам өмірі мен шаруашылыққа тигізетін зиянымен тығыз байланысты. Боран көлік қатынасын қатты қиындатады, жолдарды қар басып қалады және көру қашықтығы төмендеп соның әсерінен жол-көлік апаттарының қаупі артады. Бұл әсіресе туристерді тасымалдайтын автобустар мен көліктер үшін өте қауіпті болып келеді. Осы жағдайға байланысты туризм саласында тәуекелдерді басқару мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Мақалады Бурабай аймағындағы боранның қауіптілік деңгейі талданып, туризім саласындағы кері әсерлер қарастырылады. Мұндай төтенше жағдайлардың алдын алу, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тиімді басқару жолдарын енгізу ұсынылады.

Кілт сөздер: Бурабай курорттық аймағы, боран, мезгілдік қауіптер, туризмдегі тәуекелдер.

Кіріспе. Бурабай курорттық аймағы - Қазақстан аумағында Ақмола облысында орналасқан рекреациялық табиғи аймақ. Бұл аймақ ең көрікті әрі туристер жиі баратын өңір болып табылады. Өңір өзінің қарағайлы ормандарымен мөлдір көлдерімен және таза ауасымен ерекшеленеді [1].

Аймақтың жер бедері дала зонасында орналасқан орманды - таулы ландшафт. Орманы мен көлдері арасындағы үйлесімділік ерекше микроклимат қалыптастыру арқылы ауа тазалығын қамтамасыз етеді. Алайда Бурабай аймағындағы климаттың суық және күрт континетті болуы қыста боран құбылысына жиі әкеліп соғады.

Материалдар мен әдістер. Аймақтың климаты қоңыржай континенттік. Қысқы маусым ұзақ әрі суық, температура көрсеткіші кейде -30 -35С-қа дейін төмендеуі мүмкін, ал жазы жылы және жайлы, температура көрсеткіші шамамен +20 - 25С аралығында сақталады.

Аймақтың орманды және жазық далалы алқаптарының үйлесуі желдің жылдамдығын күшейтеді. Қыс мезгілінде қатты жел мен боран құбылысы

жиі байқалады, бұл табиғи құбылыстар Бурабайдың климаттық құбылыстарының бірі болып табылады. Қатты желдің жылдамдығы 15-25 м/с дейін жетеді. Бұл құбылыс қар көшкініне, қашықтықты көрудің нашарлауына және бағыт-бағдар алуға кедергі келтіреді. Бұл жағдайлар қыстың қаңтар және ақпан айларында жиі кездеседі. Қыс мезгілінде күннің ұзақтығы қысқарып, түн ұзарады. Сонымен қатар, ауа-райының тұрақсыздығы байқалады: күн ашық болғанымен, аз уақыт аралғында жел күшейіп, боран басталуы мүмкін. Соған қарамастан, қыс мезгілі Бурабай курорттық аймағында ерекше көрініс береді[2].

Климаттың тағы бір маңызды әсері - туризмнің маусымдылығы. Жазда туристер саны біршама артып, қонақ үйлер мен демалыс орындары толығымен жұмыс жасайды, ал қыстың қатал күндерінде туристер саны азаюы мүмкін. Тек арнайы дайындықпен жабдықталған туристер ғана келеді. Бұл туризм бизнесінің табысының артуына толық әсер етеді [3].

Сонымен қатар, жауын-шашын, жел, тұман сияқты құбылыстар да туризмге ықпал етеді. Мысалы, қатты жел немесе боран экскурсияларды кейінге шегеруге алып келеді, ал тұманды жағдай таулы аймақтарда бағыт бағдар жасауға қауіптер туғызады (1-сурет).

1-сурет. Бурабай аймағында кездесетін мезгілдік қауіптер

Боран - бұл жай қолайсыз ауа-райы ғана емес, бұл туристтік аймақтың имиджі мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін табиғи құбылыс. Боранның пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді: ауа температурасының төмендеуі, жер бетінде қар жамылғысының болуы, күшті желдің соғуы. Сонымен қатар, атмосфералық қысымның өзгерісі мен циклондардың әсері боранның күшеюіне әкеледі.

Бурабай курорттық аймағында боранның бірнеше түрлері кездеседі:

1. Қарлы боран - бұл құбылыстың ең қауіпті түрі болып табылады. Аспаннан қар жауып тұрып, сонымен қатар жер бетіндегі қатты жел әсерінен қарды ұшырып, жолдарда қар үйінділерін қалыптастырады және көріну қашықтығын қатты нашарлатады.

2. Жермай боран - бұл кезде аспаннан қар жаумайды, тек жердегі жатқан қарды жел көтеріп ұшырады. Жел қарды жерден тек 2-3м биіктікке дейін ғана көтереді. Мұндай боран көбінесе ашық далада байқалады. Бұл

боран түрінде де көріну қашықтығы айтарлықтай төмендейді, бірақ аспан ашық болады.

3. Аралас боран - бұл боран өте қатты, мүлде көз аштырмайтын сойқан боран. Мұнда қар бір мезгілде әрі жауып, әрі жерден көтеріліп ұшады. Қар желдің жылдамдығы әсерінен секундына 25-30м/с дейін жетеді. Соның салдарынан көру мүмкіндігі тіпті төмендеп, адам айналаны мүлде көрмей қалуы мүмкін. Сондай - ақ боранды оның қарқындылығына қарай бөледі және олардың қауіп деңгейі әр түрлі қалыптасады (1-кесте)

1. Әлсіз боран - жел баяу соғады, көріну сәл төмендейді.

2. Орташа боран - жел күшейеді, қозғалыс қиындайды.

3. Қатты боран - жел өте қатты, көріну өте төмен, қауіпті деңгей жоғары.

1-кесте. Боранның қауіптілік деңгейлері

Қауіп деңгейі	Сипаттамасы	Ықтимал салдары	Басқару шаралары
Төмен	Жел жылдамдығы шамамен 5-10 м\с, қар аз, көріну жақсы	Туристерге жеңіл қолайсыздық тудыруы мүмкін, жолдар ашық	Ауа-райы туралы ақпарат беру, жылы киім кию
Орта	Жел 10-15 м\с, қар қалың, көріну нашар	Жол қозғалысының қиындауы, туристердің адасу қаупі	Маршрутты біртіндеп қысқарту, гидтердің қатаң бақылауы
Жоғары	Жел 15 м\с-тен жоғары, көріну өте нашар, температураның күрт төмендеуі	Жол жабылады, жарақат алу қаупі бар, эвакуациялау қажет.	Туристерді барынша жылдам эвакуациялау, төтенше қызметтерді жұмылдыру.

Бурабай аймағында боранның қауіптілігі адам өмірі мен шаруашылыққа тигізетін зиянымен тығыз байланысты. Біріншіден, боран көлік қатынасын қатты қиындатады, жолдарды қар басып қалады және көру қашықтығы төмендеп соның әсерінен жол-көлік апаттарының қаупі артады. Бұл әсіресе туристерді тасымалдайтын автобустар мен көліктер үшін өте қауіпті болып келеді, себебі таулы-орманды аймақта жолдардағы бұрылыстар көбейіп тіпті кей жерлері тар болып келеді. Екіншіден, адамдардың бағыт-бағдар жоғалтып, адасып кету ықтималдығы жоғарылайды, өйткені қар жер бетінен ұйытқып соғып, айналаны көру мүмкіндігі нашарлайды, нәтижесінде туристер орман ішінде немесе көл маңында бағытынан айырылып қалуы мүмкін. Үшіншіден, қатты суық пен желдің қосылуы адам денсаулығына кері әсер ете отырып, үсік шалу немесе

гипотермия сияқты симптомдарға әкелуі мүмкін, бұл туристердің өміріне тікелей қауіп төндіреді. Сонымен қатар, электр желілері үзіліп, байланыс жүйелері бұзылуы ықтимал, бұл туристік базалар мен қонақ үйлердің жұмысын қиындата отыра, жедел көмек шақыруға бөгет жасайды [4].

Бурабай аймағындағы туризм табиғи сұлулығымен тартымды болғанымен қоса, белгілі бір тәуекелдермен қатарласа жүреді (2-сурет). Бұл тәуекелдер жалпы географиялық - климаттық жағдайлармен, ерекшеліктермен және туристік инфрақұрылыммен тығыз байланысты.

2-сурет.Туризмдегі тәуекелдерді басқару

Нәтижелер. Біріншіден, табиғи - климаттық тәуекелдерге тоқталатын болсақ, қыс айларында боран, қатты аяз және жел туристер үшін үлкен қауіп төндіреді. Мұндай кезде көріну қашықтығы нашарлап, көлік қозғалысы біршама қиындайды, адамдардың адасу, жоғалу қаупі артады. Жаз айларынның өзіндік қауіп-қатерлері бар. Оларға: орман алқаптарындағы өрт, күннің шамадан тыс қатты ысуы немесе найзағайдың жарқырауы туристерге әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, таулы және орманды аймақтарда бағыттан тыс жаңылу, жыртқыш жануарлармен кездесу сияқты қауіпті жағдайлар да орын алады.

Екінші маңызды тәуекел -көлік және жол қауіпсіздігі. Бурабайға баратын сапарларда жолдар кейде тайғақ, бұрылысты және боран кезінде қалың қар басып қалуы мүмкін. Бұл жол-көлік апаттарының санын арттырады. Көп туристер бұл аймақты жақсы білмегендіктен, дұрыс маршрут таңдамауы немесе ауа райын ескермей бей-жай қарауы да тәуекелді күшейтеді.

Үшіншіден, инфрақұрылымдық тәуекелдер де бар. Кейбір жағдайларда электр энергиясының үзілуі, сыртта байланыс желілерінің істен шығуы немесе белгіленген жерге медициналық көмектің кешігуі туристердің қауіпсіздігіне әсер етеді. Әсіресе шалғай жерлерде курорттық-демалыс орындарында бұл мәселе өзекті болып келеді.

Төртіншіден, адам өмірі факторларына байланысты тәуекелдер кездеседі. Туристердің қауіпсіздік ережелерін сақтамауы, мәселен тиісті киім кимеуі, тыйым салынған жерлерде суға түсуі немесе тауға арнайы жабдықталған құралдарсыз шығуы қауіпті жағдайларға әкеледі.

Осындай тәуекелдердің алдын алу үшін әртүрлі кешенді шаралар қажет. Ең алдымен, ауа райы болжамын жиі бақылап, қолайсыз жағдайлар кезінде саяхатты кейінге қалдыру қажет. Келесі шара, туристерді алдын ала ақпараттандырып, қауіпсіздік нұсқаулықтарын түсіндіру арқылы маршруттарды нақты белгілеу қажет. Содан соң, инфрақұрылымды дамыту -жолдарды таза ұстай отырып, бағыттаушы белгілер орнату және байланыс жүйесін жақсартып қауіпсіздікті арттыру. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар қызметінің жедел әрекет етуі, құтқару топтарының дайын болуы маңызды.

Тәуекелдердің алдын алуда туристердің өздері де жауапкершілік таныта білуі тиіс. Мысалы: жыл мезгілдеріне сай қолайлы киіну, туристік топтан ажырамай жүру, карта немесе GPS пайдалану, белгіленген маршруттан шықпау және төтенше қауіпті жағдайларда байланыс құралдарын тиімді қолдана білу қажет.

Қорытынды. Бурабай аймағы өзінің табиғи сұлулығымен туристік мүмкіндіктері жоғары өңір болуымен, ондағы туризм белгілі бір тәуекелдермен қатар дамиды. Бұл тәуекелдер негізінен климаттық жағдайлармен (боран, қатты аяз, жел), географиялық ерекшеліктермен (орманды және таулы аймақтар), сондай-ақ жүйелі инфрақұрылым мен адам факторларына байланысты туындайды [5]. Осындай жайттар туристердің толыққанды қауіпсіздігіне, қозғалысына және жалпы демалыс сапасына әсер етуде.

Дегенмен, тәуекелдерді ұтымды басқару арқылы оларды кері әсерден сақтауға болады. Ол үшін үнемі ауа райын алдын ала болжау, туристерге тиісті ақпаратпен қамту, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау, инфрақұрылымды дамыту және әрқашан төтенше жағдайларға дайын болу маңызды. Осы шаралар толығымен жүзеге асырылған жағдайда, Бурабай аймағында туризмді қауіпсіз әрі тұрақты түрде дамытуға толық мүмкіндік бар.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Кишибекова Г.К. Тәуекел-менеджмент: оқу құралы. – Алматы, 2018.

2. Құдайбергенова А.Ә., Жарылқасын Ж.Ж. Тәуекелді талдау және бағалау: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2013

3. Алиева Ж.Н. Экологиялық туризм**:** оқу құралы. – Алматы, 2019.

4. Атикеева С.Н., Аяпбекова А.Е., Курсабаев М.К. Экология және тұрақты даму. – Қарағанды, 2016.

5. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағындағы туризмді басқару материалдары.

МРНТИ: 34.27.19

ОСНОВНЫЕ БИОГЕННЫЕ ВЕЩЕСТВА, ВЛИЯЮЩИЕ НА ЦИАНОБАКТЕРИИ

Ерсин А.С., магистрант; **Калиева С.С.,** старший преподаватель, PhD;
Жамангара А.К., и.о.профессора, к.б.н., Международный университет Астана, Астана, Казахстан
auger.ersin@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена анализу и обзору роли биогенных веществ в регуляции роста и функциональной активности цианобактерий. Показано, что развитие цианобактериальных сообществ определяется воздействием азота, фосфора и железа. Установлено, что формы и доступность азота влияют на конкурентоспособность штаммов и уровень токсинообразования, тогда как фосфор связан преимущественно с накоплением биомассы и метаболической активностью. Железо, участвуют в регуляции фотосинтетических процессов и синтеза токсинов. Сделан вывод о том, что баланс биогенных веществ определяет развитие цианобактерий.

Ключевые слова: цианобактерий, биогенные вещества, рост, функциональная активность.

Аннотация. Қыңырақ кенорны опокаларының қатысында магнетитті саз композиттері синтездеп алынды. Метилен көгі бояуының осы композиттегі сорбциясы және десорбция кинетикасы қарастырылды. Медицинада осы магниттік нанобөлшектерді қолдану. ИҚ-спектроскопиясы, рентген дифрактометрия және электрондық микроскопия әдістерімен зерттелінді. Композит адсорбциялық тепе-теңдікке 10 минутта жететінін көрсетті, Лэнгмюр изотерма моделіне сәйкес келеді. Лэнгмюр теңдеуімен максималды адсорбциясы есептеліп олар магнетитте 32 мг/г, магнетит композиттінде 166,6 мг/г ды құрайды. Десорбциясы бірқалыпты көтеріліп 40 минутта 22% ті көрсетті. Метилен көгі магнетит опока композитінде 98% ға дейін сорбцияланады, Магнетит опока композиттінің сорбция сыйымдылығы жоғары болып ағынды суды тазартуда және медицинада қолануға тимді сорбент екенін дәлелдей алды.

Кілт сөздер: магнетит, опока, нанобөлшек, метилен көгі, адсорбция, десорбция.

Кіріспе. Магнитті нанобөлшектер, соның ішінде темір оксиді суларды тазартуда және биомедициналық мақсатта кеңінен қолданылады. Медицинада магниттік нанобөлшектерді қолдану салаларының бірі дәрі-дәрмекерді адресті жеткізу. Оның негізгі артықшылықтары организмнің басқа органдары мен жүйесіне дәрінің улылық әсерін азайту [1].

Материалдар мен әдістер. Магниттік нанобөлшектерді алу үшін көптеген химиялық әдістер қолданылады микроэмульсияда синтездеу, золь-гель синтезі, сонохимиялық реакциялар, гидротермалды реакциялар, прекурсорлардың гидролизі және термолизі [2] және т.б. Магниттік нанобөлшектерді синтездің ең қарапайым әдісі негіз (сілті) қатысында екі және үш валентті темір тұздары ерітінділерінен химиялық түзілу әдісі болып табылады. Магниттік материалдардың нанобөлшектерін алудың қазіргі әдістерін екі топқа бөлуге болады: бірінші ықшам материалдардан нанобөлшектерді алу немесе оған қарама-қайшы атомдар, иондар, молекулалардан нанобөлшектерді құрастыруға негізделген әдістер [3]. Магниттік нанобөлшектерді ұсақтау арқылы алу әдістер. Мұндай тәсілді іске асырудың қолайлы құралы. Екінші бейорганикалық, металорганикалық

және органикалық тәсілдерді үйлестіретін коллоидты жүйелердегі гетерогенді фаза түзу үрдістеріне негізделген нанобөлшектерді синтездеудің химиялық әдістері болып табылады [4,5]. Зерттеудің негізгі мақсаты магниттік саздардың дисперсияларын алу және олардың сорбциялық қасиеттерін зеттеу.

Нәтижелер. Магниттік нанобөлшектерді алу үшін көптеген химиялық әдістер қолданылады. Қыңырақ кенорны опокаларымен Элмордың әдісі бойынша, жұмсақ жағдайда бөлме температурада $FeSO_4 \cdot 7H_2O$ және $FeCl_3 \cdot 6H_2O$ тұздарымен аммиак суы қатысында опока суспензиясы алынады.

Тұнбаға түсіру үрдісі екі кезеңнен тұрады: зат концентрациясы критикалық қанығу кезінде орын алатын шапшаң түйін түзу үрдісі [3,4], одан кейін кристалдың бетіне ерітілген заттардың диффузисы арқылы түйіндердің баяу өсуі жүреді.

Реакция теңдеуі:

$$2FeCl_3 \cdot 6H_2O + FeSO_4 \cdot 7H_2O + 8NH_4OH \rightarrow Fe_3O_4\downarrow + 6NH_4Cl + (NH_4)_2SO_4 + 23H_2O$$

Тұнбаға түсіру үрдісінің негізгі артықшылығы бұл — нанобөлшектердің шығымы 90% мөлшерін синтездеуге болады.

Метилен көгі бояуының алынған магнетит опока композитциядағы (МОК) адсорбция мөлшері және кинетикасы зерттелінді. Анализ нәтижелері спектрофотометрде өлшенді. Адсорбция мына формуламен есептелді [5]:

$$A = \frac{(C_0 - C_e)V}{m}$$

Бұндағы, А адсорбция, ммоль/г. C_0 және C_e –метилен көгінің бастапқы және сорбциядан кейінгі концентрациясы, ммоль/л; V –бояу ерітіндісінің көлемі, л; m– адсорбент массасы, г.

Алынған опока және магнетит опока композитциясының ИК-спектр, рентген дифрактограмасы және электрондық микроскопиясы түсірілімдері жасалынды.

Элмордың модифицирлеу әдісі негізінде біздің зерттеулерімізде табиғи минерал опока құрылымына магнетитті енгізу жүргізілді. Метилен көгінің аталған композттегі сорбциясы зерттелінді. Бұл минералдың құрылымында магнетит пакетаралық кеңістікте түзіледі. 1-суретте осы жүйелердің ИК-спектроскопиялық түсірілімдері көрсетілген. ИК-спектроскопиялық зерттеулер магенетит опока композициясының түзілгендігін дәлелдейді [6].

Композиттің ИК-спектрінде опокаға тән жұтылу жолақтары көзге түседі. Мысалы Si-O және Si-H сәйкесіне қарай 1100 $см^{-1}$ және 792 $см^{-1}$ жұтылу жолақтары тән. Сонымен бірге композит бетінде адсорбцияланған судың OH топтарына тән 3434 $см^{-1}$ жұтылу жолақтары байқалды (1-сурет, а). Метилен көгінің осы композиттегі сорбциясы судың OH топтарына тән жұтылу жолақтарының интенсивтілігін төмендеткен(1-сурет, ә). 1397 және

1338 см$^{-1}$ біріншілік аммин топтарына тән жұтылу жолақтары, 1490 см$^{-1}$ жұтылу жолағы композит бетінде C=C аромат сақинасының пайда болғанын көрсетті. 1402 см$^{-1}$ дегі =C және –O функционалдық топтарға тән жұтылу жолақтары жоғалды. Ал басқа жұтылу жолақтары өзгеріссіз қалады. Магнетит опока композицияны рентгендік дифрактометрінде фазалық талдау әдісі бойынша зерттелді. Рентген спектрі (2-сурет) 2θ бұрыш дифракциясының диперсия сандары сликаттарға тән кейбір бұрыштар жоғалып (21,41, 26,51, 30,04, 37,15, 43,36, 57,18, 62,61) магнетиттік композиттерге тән спектр пайда болады.



1 Сурет. Магнетит опока композициясының (а), метилен көгінің магнетит опока композициясындағы сорбциясының (ә) ИК-спектір түсірілімдері



2 Сурет. Опока (1) және магнетит опока композициясының (2) дифрактограммасы

Эксперимент нәтижесі магнетит опока композит бетінде метилен көгінің сорбцияланатынын көрсетті (3-сурет). Сорбенттің тұрақты массасында метилен көгінің әртүрлі концентрациясындағы сорбциясы жүргізіліп, метилен көгінің опока магнетит композиттіндегі сорбциясы магнетитке қарағанда екі есе жоғары болатыны анықталды. Бұл магнетиттік саз композиттеріне сәйкес келеді. магнетит және магнетит композиттің Лэнгмюр теңдеуі көмегімен максималды адсорбциясы есептелінді, магнетитте 32·мг/г және магнетит опока композитте 166 мг/г ды құрайды.



3 Сурет. Метилен көгі бояуының магнетит (1), магнетит опока композиті (2) және магнетиттегі (3) адсорбция изотермасы. Т =298К

Бояудың магнетит опока композиттінің бетінде сорбциялануының кинетикалық критериі 4-суретте көрсетілген. Эксперимент нәтижесінен алғашқы 10-120 мин уақыт аралықта бояудың максималды сорбциясы байқалады, адсорбциялық тепе-теңдікке 10 мин жетеді (5-сурет), Лэнгмюр изотерма моделіне сәйкес келеді. Сонымен бірге композтке сорбцияланған метилен көгінің этил спиртіндегі 12% ті сірке қышқылы ерітіндісіндегі десорбциясы алғашқы 45 минутта 22% ті құрады (5-сурет).



4 Сурет. Метилен көгі бояуының магнетит опока композитіндегі адсорбция кинетикасы. Т=298К



5 Сурет. Метилен көгі бояуының магнетит опока композитіндегі десорбция кинетикасы. Т=298К



а ә

6 Сурет. Магнетит опока композициясы (а) және метилен көгінің магнетит опока композиттіндегі сорбциясының (ә) электронды-микроскопиялық түсірілімдері

Магнетит опока композиция жүйелерінің электронды-микроскопиялық (Philips CM-10, 100 кВ) түсірілімдері көрсетілген (6-сурет). Бұл кристалиттердің өлшемдері нано кеуекті микроқұрылымдық бірліктерден тұратыны көрінеді. Минерал ішіндегі магниттік бөлшектердің сорбция нәтижесінде бояумен қанығатындығы байқалады.

Қорытынды Магнетитті саздар алудың аса тиімді және қарапайым әдісі сұйық фазалық конденсациясы болып табылады. Опока қатысында магнетит опока композиттері синтездеп алынды және оларды физико-химиялық әдістермен қарастырылды, сонымен қатар адсорбция және десорбциясы зерттелінді. Метилен көгін магнетит опока композитінде 98% ға дейін сорбцияланады, сорбция тепе-теңдікке қысқа уақытта жететіндігін көрсетті. Магнетит опока композиттінің сорбция сыйымдылығы жоғары болып ағынды суды пәрменді тазалауда тимді сорбент екенін дәлелдейді.

Пайдаланылыған әдебиеттер тізімі

1 Болатова Д.К., Мусабеков К.Б., Dekany I. Эффект носителя на микроструктуру и фазообразование магнитных наночастиц композитов глина оксид железа // Перспективные материалы. – 2008. № 4. – С. 1-6.

2 Пещерова Н. А, Горбань О.А., Носолев И. К., Глазунова В. А., Волкова Г. К. Влияние функционализации поверхности на характеристики наночастиц магнетита // Украина.: Nanosystems, Nanomaterials, Nanotechnologies – 2011. Т. 9. № 4. - С. 831-836

3 Szabo T., Bakandritsos A.O, Tzitzios V., Papp S., Korosi L., Galbacs G., Musabekov K., Bolatova, D., Petridis D., Dekany I. Magnetic iron oxide/clay composites: effect of the layer silicate support on the microstructure and phase formation of magnetic nanop articles // Nanotechnology. - 2007. - Vol. 18, №28. - P. 856-864.

4 Hongmei Sun, Linyuan Cao, and Lehui Lu. Magnetite/Reduced Graphene Oxide Nanocomposites: One Step Solvothermal Synthesis and Use as a Novel Platform for Removal of Dye Pollutants // Nano Res. - 2011, 4 № 6.: - P. 550–562.

5 Gaosheng Zhang, Jiuhui Qu, Huijuan Liu, Adrienne T. Cooper, Rongcheng Wu. CuFe2O4/activated carbon composite: A novel magnetic adsorbent for the removal of acid orange II and catalytic regeneration // Chemosphere. -2007 №68. - P. 1058–1066. www.elsevier.com/locate/chemosphere

6 Курмангажи Г., Сыдыкова А.И., Жакипбаев Б.Е., Тажибаева С.М., Мусабеков К.Б. Сорбционные свойства опок и их магнитных композитов // Алматы.: НАНРК известия. -2017.- Т 4 №423. – С.51-55

МРНТИ: 34.15.23

ПОЛУЧЕНИЕ РАСТИТЕЛЬНЫХ ЭКСТРАКТОВ ПЛОДОВ *CRATAEGUS ALMAATENSIS, ROSA FEDTSCHENKOANA* И *BERBERIS HETEROPODA* МЕТОДОМ УЛЬТРАЗВУКОВОЙ ЭКСТРАКЦИИ

Қыдырбаева Ә.Қ., докторант, **Шалахметова Т.М.,** к.б.н., профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: kydyrbaeva.a@kaznmu.kz

Аннотация: В работе представлены результаты получения растительных экстрактов плодов *Crataegus almaatensis*, *Rosa fedtschenkoana* и *Berberis heteropoda* методом ультразвуковой экстракции с использованием воды в качестве растворителя. Показано, что ультразвуковая обработка способствует повышению эффективности извлечения веществ за счёт разрушения клеточных структур и интенсификации процессов массопереноса. Установлено, что наибольший выход густого экстракта получен для *Rosa fedtschenkoana*, тогда как наименьший — для *Berberis heteropoda*. Полученные результаты свидетельствуют о перспективности применения ультразвуковой водной экстракции в фитохимических и биомедицинских исследованиях.

Ключевые слова: ультразвуковая экстракция, растительные экстракты, водная экстракция, лекарственные растения.

Введение. В последние годы наблюдается возрастающий интерес к исследованию растительного сырья как источника биологически активных соединений, применяемых в фармакологии, пищевой промышленности и биомедицине [5-7]. Эффективность получения таких соединений во многом определяется используемыми методами экстракции, которые должны обеспечивать максимальный выход целевых компонентов при минимальных затратах времени и энергии.

Традиционные методы экстракции, такие как настаивание, мацерация и перколяция, характеризуются длительностью процесса и сравнительно низкой эффективностью извлечения. В связи с этим активно разрабатываются и внедряются современные методы, позволяющие интенсифицировать процессы экстрагирования. Одним из таких методов является ультразвуковая экстракция, основанная на воздействии акустических волн высокой частоты на систему «растительное сырьё – растворитель» [2-4].

Под действием ультразвука в жидкой среде возникают явления кавитации, сопровождающиеся образованием и последующим схлопыванием пузырьков, что приводит к локальным перепадам давления и

температуры. Это способствует разрушению клеточных стенок, увеличению поверхности контакта сырья с растворителем и ускорению процессов диффузии. В результате значительно повышается скорость перехода растворимых веществ из растительного сырья в экстракт [2].

Особое значение имеет выбор экстрагента. Использование воды в качестве растворителя является экологически безопасным и экономически целесообразным подходом, что особенно важно при разработке технологий получения экстрактов для фармацевтических и пищевых целей [5].

В связи с этим целью настоящей работы являлось получение экстрактов плодов *Crataegus almaatensis*, *Rosa fedtschenkoana* и *Berberis heteropoda* методом ультразвуковой экстракции с использованием воды в качестве растворителя и оценка выхода полученных экстрактов.

Материалы и методы: Объектами исследования служили плоды *Crataegus almaatensis*, *Rosa fedtschenkoana* и *Berberis heteropoda*, представляющие интерес как перспективное растительное сырьё.

Перед проведением экстракции растительное сырьё подвергали измельчению для увеличения площади контакта с растворителем и повышения эффективности извлечения компонентов.

Экстракцию проводили методом ультразвуковой обработки. Для этого навеску измельчённого сырья массой 50 г помещали в колбу и добавляли воду в качестве экстрагента в соотношении 1:10 (500 мл).

Обработку осуществляли с использованием ультразвуковой установки KQ5200B при частоте 40 кГц. Экстракцию проводили при комнатной температуре в течение 30 минут с трёхкратным повторением процесса, что обеспечивало более полное извлечение растворимых веществ [1].

После завершения ультразвуковой обработки полученные экстракты фильтровали через бумажный фильтр для удаления твёрдых частиц. Далее экстракты подвергали упариванию на роторном испарителе марки EYELA N-1300 при температуре 45°C до получения густого экстракта.

Выход экстракта оценивали по массе полученного концентрата.

Результаты:

Таблица 1 – Выход густого экстракта

Растительное сырье	**Масса густого экстракта, г**
Боярышник (*Crataegus almaatensis*)	16,193
Шиповник (*Rosa fedtschenkoana*)	16,720
Барбарис (*Berberis heteropoda*)	13,197

В результате проведённого исследования установлено, что наибольший выход экстракта наблюдается у *Rosa fedtschenkoana*, тогда как минимальный — у *Berberis heteropoda*

Полученные результаты подтверждают эффективность ультразвуковой экстракции как современного метода извлечения веществ из растительного

сырья. Применение ультразвука способствует разрушению клеточных структур, что облегчает выход внутриклеточных компонентов в раствор [2].

Важным фактором является также интенсификация процессов массопереноса. Под воздействием ультразвука возникают турбулентные и вихревые потоки, которые способствуют более равномерному распределению растворителя и ускоряют диффузию растворимых веществ [2,3]. Это особенно важно при использовании воды как растворителя, поскольку её проникающая способность ниже по сравнению с органическими растворителями [5].

Различия в выходе экстрактов для исследуемых растений могут быть обусловлены особенностями их химического состава, структурой тканей, а также содержанием водорастворимых компонентов. Более высокий выход экстракта у *Rosa fedtschenkoana* может свидетельствовать о большем содержании гидрофильных веществ, таких как органические кислоты, сахара и другие соединения.

В то же время меньший выход экстракта у *Berberis heteropoda* может быть связан с наличием компонентов, менее растворимых в воде, либо с более плотной структурой тканей, затрудняющей процесс экстракции.

Таким образом, ультразвуковая водная экстракция демонстрирует высокую эффективность и может рассматриваться как перспективный метод получения растительных экстрактов. Полученные экстракты могут быть использованы в дальнейшем для изучения их химического состава и биологической активности.

Выводы:

1. Ультразвуковая экстракция с использованием воды обеспечивает эффективное извлечение компонентов из растительного сырья.
2. Наибольший выход экстракта получен для *Rosa fedtschenkoana*.
3. Выход экстракта зависит от вида растительного сырья.
4. Метод может быть рекомендован для дальнейших фитохимических исследований.

Список использованных источников

1. Получение растительных экстрактов методом ультразвуковой экстракции. — Алматы: НИИ природных продуктов и технологий, 2018.
2. Chemat F., Rombaut N., Sicaire A.G. et al. Ultrasound-assisted extraction of food and natural products: mechanisms, techniques and applications // Ultrasonics Sonochemistry. — 2017. — Vol. 34. — pp. 540–560.
3. Vilkhu K., Mawson R., Simons L., Bates D. Applications and opportunities for ultrasound assisted extraction in the food industry // Innovative Food Science & Emerging Technologies. — 2008. — Vol. 9, No. 2. — pp. 161–169.

4. Mason T.J., Chemat F., Vinatoru M. The extraction of natural products using ultrasound or microwaves // Current Organic Chemistry. — 2011. — Vol. 15, No. 2. — pp. 237–247.
5. Rostagno M.A., Prado J.M. Natural product extraction: principles and applications. — New York: Springer, 2013.
6. Azmir J., Zaidul I.S.M., Rahman M.M. et al. Techniques for extraction of bioactive compounds from plant materials: a review // Journal of Food Engineering. — 2013. — Vol. 117, No. 4. — pp. 426–436.
7. Wang L., Weller C.L. Recent advances in extraction of nutraceuticals from plants // Trends in Food Science & Technology. — 2006. — Vol. 17, No. 6. — pp. 300–312.

МРНТИ 87.21.02

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТОПЫРАҒЫНЫҢ ГРАНУЛОМЕТРИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН АГРОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН, МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУ

Қыдырова А.С., ж.ғ.м., **Абдегалиева А.Е., Алибаева Ж.Қ., Марат Ш.Р., Орынов Б.К.,** Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан**,** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
aidanakydyrova04@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада Астана қаласы топырағының гранулометриялық құрамы, агрохимиялық көрсеткіштері, микробиологиялық және гельминтологиялық жай-күйі кешенді түрде бағаланды. Зерттеу барысында қаланың Есіл, Нұра, Алматы, Сарыарқа және Байқоңыр аудандарынан алынған топырақ сынамаларына талдау жүргізілді. Гранулометриялық талдау нәтижесінде зерттелген топырақтардың басым бөлігі ауыр саздақты екені анықталды. Агрохимиялық көрсеткіштер бойынша топырақ ерітіндісінің реакциясы бейтарапқа жақын, калий мөлшері жоғары, гумус мөлшері орташа, ал нитратты азот пен жылжымалы фосфор мөлшері төмен деңгейде екені байқалды. Микробиологиялық зерттеу нәтижелері топырақ жамылғысының орташа деңгейде ластанғанын көрсетті. Гельминтологиялық бағалау барысында гельминт жұмыртқаларының анықталу жиілігі аудандар бойынша әркелкі таралғаны және Сарыарқа мен Байқоңыр аудандарында ең жоғары деңгейде екені анықталды. Зерттеу нәтижелері Астана қаласы топырағының экологиялық және санитарлық жай-күйін бағалауда гранулометриялық, агрохимиялық, микробиологиялық және гельминтологиялық көрсеткіштерді кешенді қолданудың маңызын көрсетті.

Кілт сөздер: Астана қаласы, топырақ жамылғысы, гранулометриялық құрам, агрохимиялық көрсеткіштер, гумус, pH, микробиологиялық жай-күй, гельминтологиялық ластану, санитарлық жағдай, урбандалған аумақ.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде урбандалу үдерісінің күшеюі қалалық экожүйелердің табиғи компоненттеріне, әсіресе топырақ жамылғысына елеулі антропогендік әсер етуде. Қалалық топырақтар адам әрекеті нәтижесінде қалыптасатын немесе қатты өзгеріске ұшырайтын ерекше орта болып табылады және олар көбіне физикалық, химиялық әрі биологиялық қасиеттерінің жоғары әртектілігімен сипатталады. Осыған байланысты урбандалған аумақтардағы топырақтың жай-күйін кешенді бағалау экологиялық мониторингтің маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Агрохимиялық көрсеткіштер, соның ішінде қарашірік мөлшері, топырақ ерітіндісінің реакциясы, азот, фосфор, калий және басқа қоректік элементтердің деңгейі топырақ құнарлылығы мен сапасының маңызды сипаттамаларына жатады. Органикалық заттардың мөлшері мен қоректік элементтердің теңгерімі топырақтың экологиялық қызметін, құрылымдық тұрақтылығын және биологиялық белсенділігін айқындайды. Осы себепті агрохимиялық параметрлерді талдау қалалық топырақ жамылғысының функционалдық жағдайын бағалауда маңызды орын алады.

Қалалық топырақтың санитарлық-экологиялық жай-күйін бағалауда микробиологиялық көрсеткіштердің маңызы зор. Урбандалу топырақтың химиялық қасиеттеріне ғана емес, микробиом құрылымына да әсер етіп, микроағзалардың әртүрлілігі мен белсенділігінің өзгеруіне алып келеді. Топырақтың микробиологиялық жағдайын зерттеу оның биологиялық белсенділігін, органикалық заттардың трансформациясын және санитарлық қауіп деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, топырақтың гельминтологиялық жай-күйін зерттеу қоғамдық денсаулық сақтау тұрғысынан аса өзекті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, soil-transmitted helminths адам нәжісімен ластанған топырақ арқылы таралады, сондықтан мұндай көрсеткіштер урбандалған және қоғамдық пайдаланудағы аумақтардың эпидемиологиялық қауіпсіздігін бағалауда маңызды. Әртүрлі зерттеулер қоғамдық орындар топырағында гельминт жұмыртқаларының кездесетінін көрсетіп, топырақты санитарлық-гигиеналық тұрғыдан бақылаудың қажеттілігін дәлелдейді.

Астана қаласы соңғы жылдары қарқынды құрылыспен, көлік ағынының артуымен және урбандалған кеңістіктің ұлғаюымен сипатталатын ірі қалалардың бірі болғандықтан, оның топырақ жамылғысын кешенді зерттеу өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Осыған байланысты Астана қаласы топырағының гранулометриялық құрамы мен агрохимиялық көрсеткіштерін, микробиологиялық және гельминтологиялық жай-күйін кешенді бағалау қалалық ортаның экологиялық сапасын айқындауға және топырақты қорғау шараларын ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл тұжырым урбандалған топырақтарды бағалауда физикалық, химиялық және биологиялық индикаторларды бірге қарастыру қажет екенін көрсететін заманауи еңбектермен үйлеседі.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында Астана қаласының Есіл, Нұра, Алматы, Сарыарқа және Байқоңыр аудандарынан алынған топырақ сынамаларына кешенді зертханалық талдау жүргізілді. Топырақтың гранулометриялық құрамы Н.А. Качинский әдісі бойынша анықталды. Агрохимиялық көрсеткіштерді анықтау кезінде нитратты азотқа колориметриялық әдіс, жылжымалы фосфорға Мачигин әдісі, алмаспалы калийге жалынды фотометриялық әдіс қолданылды. Гумус мөлшері Тюрин әдісімен, ал топырақ ерітіндісінің реакциясы потенциометриялық әдіспен анықталды. Топырақтың микробиологиялық жай-күйі санитарлық-

микробиологиялық талдау әдістері арқылы, ал гельминтологиялық көрсеткіштері санитарлық-паразитологиялық әдістер арқылы бағаланды. Алынған нәтижелерді өңдеу барысында салыстырмалы талдау, орташа мәндерді есептеу және кестелік-графикалық жүйелеу әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер.

Кесте -1. Топырақ жамылғысының агрохимиялық көрсеткіштері

Аудан	N-NO3, мг/кг		P2O5, мг/кг		K, мг/кг		гумус, %		pH	
Есіл	9,20	төмен	22,38	төмен	386,54	жоғары	3,15	орт	6,73	бейтарап
Нұра	8,71	төмен	16,72	төмен	408,03	жоғары	3,05	орт	6,79	бейтарап
Алматы	7,45	төмен	26,28	орт	331,58	жоғары	3,05	орт	6,96	бейтарап
Сарыарқа	9,11	төмен	22,98	төмен	393,77	жоғары	3,22	орт	6,88	бейтарап
Байқоңыр	6,32	төмен	16,53	төмен	353,84	жоғары	2,85	орт	6,92	бейтарап

Топырақ ерітіндісінің реакциясы (pH 6,7–7,0) барлық аудандарда бейтарапқа жуық, бұл өсімдік жамылғысы мен микроорганизмдердің тіршілігіне қолайлы орта қалыптастырады. Жалпы алғанда, Астана қаласы аумағындағы топырақтар гумус мөлшері орташа, калийге бай, бірақ азот және фосфор құрамдары шектеулі деңгейдегі, реакциясы бейтарапқа жақын топырақ түрлеріне жатады. Мұндай сипаттамалар қалалық экожүйелердің салыстырмалы экологиялық тұрақтылығын көрсеткенімен, элементтік тепе-теңдіктің бұзылу қаупін ескертіп, урбанизация жағдайында топырақ сапасын бақылап отырудың маңыздылығын айғақтайды.





Сурет -1.Топырақтағы N-NO_3 мөлшері Сурет -2. Топырақтағы P_2O_5, мг/кг

Астана қаласы аудандары бойынша топырақтағы нитратты азот (N-NO3) мөлшері 6,32–9,20 мг/кг аралығында өзгерді. Ең жоғары көрсеткіш Есіл ауданында (9,20 мг/кг), ал ең төмен мән Байқоңыр ауданында (6,32 мг/кг) тіркелді. Сарыарқа (9,11 мг/кг), Нұра (8,71 мг/кг) және Алматы (7,45

мг/кг) аудандарында аралық мәндер анықталды. Бұл топырақтағы азоттың жылжымалы түрлерінің таралуы ауданның агрохимиялық және экологиялық ерекшеліктеріне байланысты екенін көрсетеді.

Астана қаласы аудандары бойынша топырақтағы жылжымалы фосфордың (P_2O_5) мөлшерін салыстырмалы талдау бұл көрсеткіштің зерттелген аумақтарда әркелкі таралғанын көрсетті. P_2O_5 мөлшері 16,53–26,28 мг/кг аралығында өзгерді. Ең жоғары көрсеткіш Алматы ауданында – 26,28 мг/кг анықталды. Одан кейін Сарыарқа ауданында – 22,98 мг/кг және Есіл ауданында – 22,38 мг/кг тіркелді. Ал Нұра ауданында – 16,72 мг/кг және Байқоңыр ауданында – 16,53 мг/кг деңгейінде болып, ең төмен мәндер осы аудандарда байқалды.



Сурет -3.Топырақтағы K, мг/кг мөлшері



Сурет -4. Топырақтағы pH мөлшері

Нұра және Сарыарқа аудандарында калий мөлшерінің жоғары болуы бұл аумақтарда калий қосылыстарының жинақталуының басым екенін көрсетеді. Бұл жағдай топырақтың гранулометриялық құрамына, сазды фракция мөлшеріне, минералдық құрамына және антропогендік ықпал дәрежесіне байланысты болуы мүмкін. Ал Алматы ауданындағы көрсеткіштің салыстырмалы түрде төмен болуы топырақтағы жылжымалы калий қорының басқа аудандармен салыстырғанда аздау екенін аңғартады.

Астана қаласы аудандары бойынша топырақ ерітіндісінің pH көрсеткішін салыстырмалы талдау зерттелген аумақтарда бұл көрсеткіштің 6,73–6,96 аралығында өзгеретінін көрсетті. Ең жоғары мән Алматы ауданында – 6,96, одан кейін Байқоңыр ауданында – 6,92, Сарыарқа ауданында – 6,88 және Нұра ауданында – 6,79 анықталды. Ал ең төмен көрсеткіш Есіл ауданында – 6,73 болды.

Алынған нәтижелер бойынша зерттелген топырақтардың реакциясы бейтарапқа жақын әлсіз қышқыл ортада қалыптасқан. Бұл жағдай топырақтағы қоректік элементтердің жылжымалылығына, микроағзалардың белсенділігіне және ластаушы заттардың миграциясына тікелей әсер етеді. pH көрсеткішінің бейтарап мәнге жақын болуы өсімдіктердің қоректік

элементтерді сіңіруіне қолайлы жағдай туғызады және топырақтың агрохимиялық қасиеттерінің салыстырмалы түрде тұрақты екенін көрсетеді.



Сурет -5. Астана қаласы аудандары бойынша топырақтағы гумус мөлшері, %

Астана қаласы аудандары бойынша топырақтағы гумус мөлшерін салыстырмалы талдау оның зерттелген аумақтарда едәуір ауытқитынын көрсетті. Көрсеткіштер 2,63–5,61% аралығында өзгерді. Ең жоғары мөлшер Байқоңыр ауданында – 5,61%, одан кейін Сарыарқа ауданында – 4,80% және Нұра ауданында – 4,34% анықталды. Ал Алматы ауданында – 3,12%, Есіл ауданында – 2,63% болып, ең төмен мән осы ауданда тіркелді.



Сурет -6. Астана қаласы аудандары бойынша топырақ жамылғысының гранулометриялық құрамының көрсеткіштері

Астана қаласы аудандары бойынша топырақ жамылғысының гранулометриялық құрам көрсеткіштері 42,62%-дан 46,80%-ға дейін өзгерді. Ең жоғары көрсеткіш Нұра ауданында (46,80%), ал ең төмен мән Сарыарқа ауданында (42,62%) анықталды. Есіл, Алматы және Байқоңыр аудандарында бұл көрсеткіштер тиісінше 44,99%, 45,32% және 45,69% болды. Нәтижелер зерттелген аумақтар топырағының механикалық құрамы бір-біріне жақын екенін және ауыр саздақты топырақтардың басым екенін көрсетті. Бұл жағдай топырақтың ылғал сақтау, ластаушы заттарды сіңіру және жинақтау қасиеттеріне әсер етеді.

Астана қаласы топырағының микробиологиялық және гельминтологиялық жай-күйін бағалау

Кесте -2. Астана қаласы топырағының микробиологиялық көрсеткіштері

Нүкте (ауданы)	Мб балл
Есіл ауданы	3,875
Нұра ауданы	3,8
Алматы ауданы	3,375
Сарыарқа ауданы	3,95
Байқоңыр ауданы	3,7

Аудандық салыстыру бойынша микробиологиялық баллдың орташа мәні 3,4–3,9 аралығында өзгерді: ең жоғары көрсеткіштер Сарыарқа (3,95) және Есіл (3,875) аудандарында байқалса, ең төменгі мәндер Алматы ауданында (3,375) тіркелді. Жалпы алғанда, Астана қаласы топырақтарының микробиологиялық күйі орташа ластанған деп сипатталады; белгілі бір аймақтарда (мысалы, өндірістік және көлік магистральдары бойында) санитарлық қауіпті микрофлораның шоғырлану қаупі жоғары. Бұл урбанизацияның биогеохимиялық тепе-теңдікке және топырақтың санитарлық қызметіне әсерін айғақтайды.

Сурет -8. Топырақтың микробиологиялық ластану көрсеткіші, балл

Алынған нәтижелер зерттелген аудандардағы топырақтың микробиологиялық жағдайы біркелкі емес екенін көрсетті. Микробиологиялық ластану көрсеткішінің жоғары болуы топырақта санитарлық-көрсеткіш микроағзалардың таралу деңгейінің жоғары екенін және антропогендік жүктеменің қарқынды екенін дәлелдейді. Әсіресе Сарыарқа, Есіл және Нұра аудандарында микробиологиялық ластану деңгейі жоғары екені айқын байқалды.

Кесте -3. Астана қаласы топырағының гельминтологиялық көрсеткіші

Аудан	Барлық	"Табылды"	Пайыздық	Санитарлық баға

	нүкте саны	саны	жиілік, %	
Есіл	4	2	50%	Орташа ластанған
Нұра	5	3	60 %	Жоғары
Алматы	4	4	75 %	Жоғары
Сарыарқа	5	5	100 %	Өте жоғары
Байқоңыр	4	4	100 %	Өте жоғары

Зерттеу қорытындысы бойынша гельминт жұмыртқаларының табылу жиілігі аудандық деңгейде әртүрлі көрсеткіш берді. Ең төменгі көрсеткіш Есіл ауданында тіркелді, мұнда сынама алынған нүктелердің 50%-ында гельминт жұмыртқалары анықталды, бұл топырақтың орташа ластану деңгейін сипаттайды. Нұра ауданында бұл мән 60% құрады және жоғары ластану категориясына жатады. Алматы ауданында барлық зерттелген нүктелердің 75%-ында паразитологиялық элементтер анықталып, жоғары санитарлық қауіп деңгейін көрсетті. Ең жоғары ластану көрсеткіші Сарыарқа және Байқоңыр аудандарында тіркелді — сынама алынған барлық нүктелерде (100%) гельминт жұмыртқалары табылған, бұл топырақтың өте жоғары деңгейде ластанғанын дәлелдейді.



Сурет-9. Гельминт жұмыртқаларымен ластану жиілігі, %

Алматы ауданында ластану деңгейі жоғары, ал Нұра мен Есіл аудандарында салыстырмалы түрде төмен болғанымен, барлық зерттелген аудандарда гельминтологиялық ластану белгілерінің анықталуы қалалық топырақтың санитарлық-экологиялық тұрғыдан маңызды тәуекел көзі екенін дәлелдейді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Астана қаласы топырағының гранулометриялық құрамы, агрохимиялық қасиеттері, микробиологиялық және гельминтологиялық жай-күйі бойынша ауданаралық айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Қала аумағындағы топырақтардың гранулометриялық құрамы негізінен ауыр саздақты типке жатқызылып, олардың ластаушы заттарды сіңіру және жинақтау қабілетінің жоғары екенін айқындады. Агрохимиялық көрсеткіштер бойынша топырақтардың реакциясы бейтарапқа жақын, калий мөлшері жоғары, ал нитратты азот пен фосфор мөлшері төмен деңгейде екені анықталды. Бұл

жағдай топырақтың қоректік элементтер теңгерімінде белгілі бір шектеулер бар екенін көрсетті.

Микробиологиялық зерттеулер қала топырағының орташа деңгейде ластанғанын, ал кейбір аудандарда санитарлық-көрсеткіш микроағзалардың жоғары белсенділігі байқалатынын көрсетті. Гельминтологиялық бағалау нәтижелері бойынша Сарыарқа мен Байқоңыр аудандары топырағының санитарлық тұрғыдан ең қолайсыз аймақтар екені анықталды. Бұл урбандалу, антропогендік жүктеме, халық тығыздығы және санитарлық бақылау деңгейі сияқты факторлардың топырақтың экологиялық жай-күйіне тікелей ықпал ететінін дәлелдейді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Bot A., Benites J. The importance of soil organic matter: key to drought-resistant soil and sustained food production**.** — Rome: Food and Agriculture Organization of the United Nations, 2005. — 78 p.
2. Ananyeva N. D., Ivashchenko K. V., Sushko S. V. Microbial Indicators of Urban Soils and Their Role in the Assessment of Ecosystem Services: a Review // *Eurasian Soil Science*. — 2021. — Vol. 54, No. 10. — P. 1517–1531.
3. Korneykova M. V., Akhmetova G. V., Yakkonen K. L., Laskin A. A., Masyagina O. V. Urbanization Affects Soil Microbiome Profile Distribution in Urban Soils of the Murmansk Region // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. — 2021. — Vol. 18, No. 21.
4. Korneykova M., Yakkonen K., Masyagina O. Microbial communities of urban and industrial polluted soils in the Murmansk region // *Current Research in Microbial Sciences*. — 2024. — Vol. 7.
5. World Health Organization. Soil-transmitted helminth infections [Electronic resource]. — Access mode: WHO official website. https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/soil-transmitted-helminth-infections
6. World Health Organization. **Soil-transmitted helminthiases** [Electronic resource]. — Access mode: WHO official website. — URL: https://www.who.int/health-topics/soil-transmitted-helminthiases
7. Natural Resources Conservation Service. AWC Effects on Soil Water Holding Capacity and Soil Water Retention [Electronic resource]. — Access mode: USDA NRCS official website.
8. Food and Agriculture Organization of the United Nations. The importance of soil organic matter [Electronic resource]. — Access mode: FAO official website. —https://www.fao.org/4/a0100e/a0100e.pdf

ҒТАМА 34.33.27; 34.33.23

КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІС ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАП.

Маханова Н.А., б.ғ.м., аға оқытушы; **Елшібек А.Е., Еркежан Б.,**
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
e-mail: elshiaruzhan@gmail.com

Аннотация: Зерттеу жұмысында жаһандық климаттық өзгерістердің биосфераның барлық деңгейлеріне, соның ішінде өсімдіктердің минералдық метаболизмі мен фитогормондық реттелуіне әсері кешенді түрде қарастырылады. Антропогендік факторлардың ықпалынан температураның жоғарылауы және гидрологиялық режимнің бұзылуы ағзалардың генетикалық бағдарламасы мен фенологиялық циклдерінің қайта құрылуына әкелетіні негізделеді. Мақалада Қазақстандағы сирек кездесетін орнитофауна мен экожүйелер мысалында биологиялық әртүрліліктің азаюы және түрлердің адаптивті миграциялық жауаптары ғылыми тұрғыдан талданады. Қорытындыда климаттық дағдарыс жағдайында биологиялық жүйелердің гомеостазын сақтау үшін молекулалық және экожүйелік деңгейдегі бейімделу механизмдерін зерттеудің стратегиялық маңызы айқындалады.

Кілт сөздер: климаттық өзгеріс, минералдық қоректену, биологиялық жауап, бейімделу, орнитофауна, миграция, фенологиялық сәйкессіздік, аридтену, фитогормондық реттелу, популяциялық динамика.

Кіріспе. Қазіргі таңда жаһандық климаттың өзгеруі биосфера тұрақтылығына қауіп төндіретін негізгі факторлардың біріне айналды. Антропогендік әсерлер мен температуралық режимнің ауытқуы тірі ағзалардың физиологиялық функцияларынан бастап, тұтас экожүйелердің құрылымына дейін терең трансформациялық өзгерістерге әкелуде. Климаттық стресс жағдайында биологиялық жүйелердің бейімделу мүмкіндіктерін зерттеу — заманауи биология мен экология ғылымдарының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Осы мақаланың мақсаты — климаттық факторлардың тірі ағзаларға әсерін екі деңгейде қарастыру. Біріншіден, өсімдіктердегі минералдық қоректену мен метаболизмдік процестердің өзгерістерін молекулалық-физиологиялық тұрғыдан талдау. Екіншіден, аталған өзгерістердің жоғары сатыдағы консументтер — құстардың миграциялық бағыттары мен популяциялық динамикасына әсерін анықтау. Қазақстанның ерекше экожүйелері, соның ішінде Арал өңірі мен сулы-батпақты алқаптар мысалында климаттық өзгерістерге тірі жүйелердің кешенді биологиялық жауабына ғылыми баға беріледі [1-9].

Материалдар мен әдістер: Зерттеу жұмысы теориялық талдау және салыстырмалы-экологиялық әдістер негізінде жүргізілді. Негізгі материалдар ретінде климаттық өзгерістердің биологиялық жүйелерге әсеріне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер, сонымен қатар өсімдіктер физиологиясы мен экологиясы саласындағы заманауи зерттеулер пайдаланылды. Жаһандық климаттың жылынуы қазіргі таңда биосфераның барлық компоненттеріне әсер ететін маңызды экологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Атмосферадағы көмірқышқыл газы, метан және азот оксидтері сияқты парниктік газдардың көбеюі жердің жылулық балансын бұзып, температураның тұрақты өсуіне әкелуде. Сонымен қатар, озон қабатының жұқаруы тірі ағзалардың ультракүлгін сәулелерге ұшырау қаупін арттырады. Климаттық өзгерістер жауын-шашынның таралуына әсер етіп, бір аймақтарда құрғақшылықтың күшеюіне, ал басқа өңірлерде эрозиялық процестердің артуына себеп болады. Су ресурстарының азаюы мен сапасының төмендеуі су экожүйелеріндегі биоәртүрліліктің кемуіне және көптеген түрлердің жойылу қаупінің артуына алып келеді. Биологиялық жүйелер бұл өзгерістерге жауап ретінде түрлер ареалының ығысуы мен фенологиялық циклдердің өзгеруі арқылы бейімделеді. Алайда температураның жоғарылауы өсімдіктердегі фотосинтез бен тыныс алу арасындағы тепе-теңдікті бұзып, биомасса жинақталуын төмендетеді. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы өнімділігінің азаюына және азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Климаттық өзгерістер экожүйелердегі трофикалық байланыстарды бұзып, табиғи қауымдастықтардың тұрақтылығын әлсіретеді. Биологиялық әртүрліліктің кедейленуі биосфераның гомеостазын бұзып, оның функционалдық мүмкіндіктерін төмендетеді [4-6].

Өсімдіктер деңгейінде климаттық стресс минералдық қоректену процестеріне тікелей әсер етеді. Топырақтағы ылғалдың азаюы мен тұздардың концентрациясының артуы иондардың сіңірілуін қиындатады. Нәтижесінде азот, фосфор және калий сияқты маңызды элементтердің тапшылығы туындап, өсімдік өсуі мен дамуы тежеледі. Температураның жоғарылауы фотосинтез, ферменттік белсенділік және энергия алмасу процестерін бұзып, жасушалық деңгейдегі өзгерістерге әкеледі. Сонымен қатар, микроэлементтердің жетіспеушілігі фитогормондардың синтезіне әсер етіп, өсімдіктердің стресс жағдайына бейімделу қабілетін төмендетеді. Жалпы алғанда, климаттық өзгерістер — бұл тек физикалық құбылыс емес, тірі ағзалардың физиологиялық және биохимиялық процестерінің қайта құрылуына әкелетін кешенді фактор. Биологиялық жүйелердің бұл өзгерістерге жауабы олардың бейімделу қабілеті мен экожүйелердің тұрақтылығына тікелей байланысты. Климаттың жаһандық өзгеруі жағдайында өсімдіктердің өсуі мен дамуы сыртқы орта факторларына қайтарылатын күрделі биологиялық жауап болып табылады. Өсімдіктердің жаңа мүшелер мен ұлпалар түзу қабілеті (тотипотенттілік) генетикалық бағдарламаның қоршаған ортамен үздіксіз өзара әрекеттесуіне негізделеді.

Температуралық режимнің ауытқуы гендердің дифференциалды белсендірілуіне әсер етіп, ақуыз синтезі мен метаболизмдік процестердің қайта құрылуына әкеледі[6-9].

Сурет 1 – Климаттық факторлардың биологиялық жүйелерге ықпалы (температура мысалында)

Климаттық стресс жағдайында өсуді реттейтін фитогормондар — ауксин, гиббереллин және цитокининдер — жасушалардың бөлінуі мен созылуын реттеу арқылы өсімдіктің бейімделу қабілетін қамтамасыз етеді. Ауксин (индолил-3-сірке қышқылы) өсімдіктің жарық пен тартылыс күшіне жауап беретін бағытты өсу қозғалыстарын (тропизмдерді) реттеуде маңызды рөл атқарады.Атмосфералық өзгерістер кезінде абсциз қышқылы мен этилен сияқты ингибиторлардың деңгейі артып, өсімдіктің тыныштық күйге өтуіне және вегетативтік өсуінің бәсеңдеуіне әкеледі. Сонымен қатар, температуралық минимум, оптимум және максимум көрсеткіштерінің өзгеруі онтогенез кезеңдерінің (тұқымның өнуі, гүлдеу, жеміс түзу) уақыттық ауытқуына себеп болып, фенологиялық сәйкессіздіктерді тудырады. Фотопериодизм — өсімдіктің күн ұзақтығына реакциясы — ген экспрессиясының транскрипциялық деңгейде реттелуі арқылы жүзеге асады. Тұқымның өнуі кезінде амилаза мен протеаза сияқты ферменттердің белсенділігі артып, өсімдіктің стресс жағдайында тіршілік қабілетін сақтауға мүмкіндік береді. Жасушалардың дифференциациясы мен мамандануы барысында транскрипциялық факторлар өсімдік мүшелерінің өзара байланысын күшейтіп, ағзаның гомеостазын қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, климаттық өзгерістер жағдайындағы өсімдіктердің биологиялық жауабы молекулалық-генетикалық деңгейден бастап бүкіл онтогенездік циклді қамтитын күрделі динамикалық процесс болып табылады. Термопериодизм мен фотопериодизм заңдылықтарын зерттеу жаңа климаттық жағдайларға бейімделген ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптарын шығаруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулер биосфера тұрақтылығын сақтау мен өнімділікті арттыруда маңызды рөл атқарады.Осылайша, өсімдіктердегі әрбір физиологиялық өзгеріс қоршаған ортаның өзгерістеріне бағытталған күрделі эволюциялық-биологиялық бейімделу процесінің көрінісі болып табылады.

Еліміздің орнитофаунасындағы ең сезімтал индикаторлардың бірі — Қызғылт қоқиқаз (*Phoenicopterus roseus*). Бұл түрдің биологиялық жауабы судың минералдану деңгейі мен гидрологиялық режимнің ауытқуына тікелей байланысты. Климаттық аридтену қоқиқаздардың репродуктивті стацияларын жойып, оларды жаңа биотоптар іздеуге мәжбүр етеді (Кесте 1).

Кесте 1 – Климаттық өзгерістердің орнитофауна миграциясына кешенді әсері.

№	Түр	Бұрынғы	Қазіргі өзге	Миграция т	Негізгі экологиялы фактор	Биологиялы салдары
1	Қоқиқаз *(Phoenicopterus roseus)*	Арал, Каспий маңы	Солтүстікке ығысу	Маусымдық	Судың тұздануы, деңгейдің төмендеуі	Репродуктивтілік төмендеуі
2	Бұйра бірқазан (*Pelecanus crispus)*	Сырдария, Арал	Балқаш, Алакөлге көшу	Мәжбүрлі миграция	Қорек базасының азаюы	Популяция қысқаруы
3	Қызғылт бірқазан *(Pelecanus onocrotalus)*	Арал маңы	Жаңа су айдындарын іздеу	Дисперсия	Балық қорының азаюы	Трофикалық байланыс бұзылуы
4	Ақ тырна *(Grus leucogeranus)*	Торғай, Арал транзиті	Миграциялық жол өзгерді	Транзиттік	Құрғақшылық, сулы аймақтардың жойылуы	Өлім-жітім артуы
5	Үйрек түрлері *(Anas spp.)*	Сулы-батпақты аймақтар	Қысқы миграция өзгерді	Маусымдық	Температураның көтерілуі	Фенологиялық сәйкессіздік

Сонымен қатар, Арал теңізі мен Сырдария атырауында бұрын жаппай ұя салған Қызғылт және Бұйра бірқазандардың (*Pelecanus spp.*) жағдайы да күрделі. Су айдындарының таязdануы олардың негізгі қорегі — балық ресурстарының азаюына әкеліп, нәтижесінде бірқазандардың Балқаш пен Алакөл жүйелеріне қарай мәжбүрлі қоныс аударуына (дисперсиясына) себеп болды. Климаттық өзгерістердің тағы бір айқын мысалы — сирек кездесетін Ақ тырна (*Grus leucogeranus*). Бұл түр миграция барысында Арал өңірі мен Торғай өзенінің бойындағы сулы-батпақты алқаптарды аялдау пункті ретінде пайдаланады. Алайда құрғақшылық әсерінен бұл транзиттік аумақтардың деградацияға ұшырауы тырналардың қауіпсіз көшу мүмкіндігін шектеп отыр. Жалпы алғанда, мұндай мәжбүрлі өзгерістер трофикалық байланыстардың бұзылуына және фенологиялық сәйкессіздікке (mismatch) әкеледі. Құстардың ұшып келу мерзімі мен қорек базасының жетілу уақыты арасындағы дисбаланс популяцияның табиғи өсімін тежеп, сирек кездесетін түрлердің генетикалық әртүрлілігін сақтауға елеулі қауіп төндіреді. Бұл үрдістер кесте 1-де жүйеленіп көрсетілген [2-7].

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері климаттық өзгерістердің биосфераның барлық деңгейлеріне — өсімдіктерден бастап жоғары сатыдағы орнитофаунаға дейін тізбекті әсер ететінін көрсетеді. Өсімдіктердегі минералдық метаболизмнің бұзылуы мен иондық баланстың ауытқуы жекелеген ағзалардың физиологиялық күйіне ғана емес, тұтас экожүйелердегі энергия және зат алмасу процестеріне де кері ықпал етеді. Фотосинтез өнімділігінің төмендеуі мен қоректік элементтердің тапшылығы құстардың қорек базасын әлсіретіп, олардың популяциялық тұрақтылығына қауіп төндіреді. Арал өңірі мен Қазақстанның сулы-батпақты аймақтарындағы қызғылт қоқиқаз, бірқазан түрлері және ақ тырналардың миграциялық бағыттарының өзгеруі климаттық аридтену мен экологиялық деградацияға берілген айқын биологиялық жауап болып табылады. Құстардың фенологиялық ырғақтары мен қоршаған орта факторлары арасындағы сәйкессіздік (mismatch) экожүйелік тепе-теңдіктің бұзылғанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, климаттық өзгерістер жағдайында биологиялық жүйелердің бейімделуі молекулалық-генетикалық әлеует пен фенотиптік икемділікке негізделеді. Сирек кездесетін түрлерді сақтау үшін климаттық мониторингпен қатар табиғи биотоптардың гидрологиялық және минералдық режимін қалпына келтіруге бағытталған кешенді экологиялық шараларды жүзеге асыру қажет. Тірі жүйелердің бұл жаһандық өзгерістерге жауабы эволюциялық тұрақтылықтың жаңа шектерін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алишева К. Экология: оқулық. – Алматы: HAS, 2006. – 304 б.
2. Қайымов Қ. Аяулы хайуанаттар (Қызыл кітап). – Алматы: Мектеп, 1979.
3. Әліқұлов З. Өсімдіктер биохимиясы: оқулық. – Алматы; Мәскеу: Ай Пи Ар Медиа, 2024. – 474 б.
4. Әметов Ә.Ә. Ботаника: оқулық. 2-басылым. – Алматы: Дәуір, 2023. – 512 б.
5. Бекмырзаева А. Өсімдіктердің морфологиясы мен анатомиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
6. Берсімбай Р.І. Молекулалық биология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 284 б.
7. Қазақстанның Қызыл кітабы. 1-том. Жануарлар. – Алматы: Өнер, 2006. – 232 б.
8. Кенесарина Н.А. Өсімдік физиологиясы және биохимия негіздері: оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 288 б.
9. Кузнецов В.В., Дмитриева Г.А. Физиология растений: учебник. – 2-е изд. – Москва: Высшая школа, 2006. – 742 с.
10. Шумакова Е.В. Ботаника және өсімдіктер физиологиясы: оқулық. – Москва: Академия, 2015. – 208 б.

11. Юрин В.М. Физиология растений: учебное пособие. – Минск: БГУ, 2010. – 455 с.

ҒТАМА 34.27; 34.29

СУККУЛЕНТТІ ЖӘНЕ ЭКЗОТИКАЛЫҚ ӨСІМДІКТЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ: AGAVE SALMIANA, ECHINOPSIS SUBDENUDATA, OPUNTIA MICRODASYS, SCHEFFLERA ARBORICOLA ЖӘНЕ MONSTERA DELICIOSA ТҮРЛЕРІНЕ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

Маханова Н.А., б.ғ.м., аға оқытушы**; Жаңабай Ж.Б.,Орынбек С.Е.,**
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан
E-mail: zhuldyzzhanabay@gmail.com

Аңдатпа: Мақала флораның екі түрлі экологиялық тобына жататын экзотикалық өсімдіктердің (Opuntia microdasys, Agave salmiana var. Ferox, Echinopsis subdenudata, Schefflera arboricola, Monstera deliciosa variegata) морфофизиологиялық бейімделу механизмдерін талдауға арналған. Зерттеу барысында суккуленттердің құрғақшылыққа төзімділігін қамтамасыз ететін CAM-метаболизм, глохидийлер және шар тәрізді пішіннің биологиялық маңызы қарастырылды. Сонымен қатар тропикалық өсімдіктердегі фотосинтетикалық адаптация, генетикалық химеризм және гуттация процестері сипатталды. Практикалық бөлімде Астана қаласының климаттық жағдайында өсіру ерекшеліктері мен шектеуші факторларға салыстырытушымалы талдау жасалды. Нәтижелер экзотикалық флораның экстремалды ортаға бейімделу стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: суккуленттер, экзотикалық флора, морфофизиологиялық бейімделу, CAM-метаболизм, фотосинтетикалық адаптация, генетикалық химеризм, гуттация, құрғақшылыққа төзімділік

Кіріспе. Жер шарында миллиондаған жылдар бойы жүретін эволюциялық бейімделу процестерінің нәтижесінде өсімдіктер әлемінде әртүрлі тіршілік ету стратегиялары қалыптасқан. Бұл стратегиялар шектеулі ресурстарға, ылғал тапшылығына және күн радиациясының деңгейіне тікелей тәуелді. Осы тұрғыда суккуленттер мен тропикалық экзотикалық өсімдіктер қоршаған орта жағдайларына бейімделудің тиімді механизмдерін көрсетеді. Суккуленттер жоғары температура мен су тапшылығы жағдайында ылғалды үнемдеуге бейімделсе, тропикалық өсімдіктер ылғалды ормандардың көлеңкелі ортасында жарық энергиясын тиімді пайдаланудың күрделі физиологиялық механизмдерін қалыптастырған. Қазіргі уақытта экзотикалық өсімдіктерді жабық кеңістікте (интерьерде) өсіру кеңінен таралуда. Алайда, қатаң климаттық жағдайларда оларды интродукциялау және мәдени өсірудің тиімді технологияларын әзірлеу үшін өсімдіктердің морфологиялық құрылымы мен физиологиялық функцияларының өзара байланысын заманауи ботаникалық тұрғыдан

кешенді талдау қажет. Зерттеу нысаны ретінде флораның қарама-қайшы екі экологиялық тобына жататын бес өсімдік түрі таңдалды: суккуленттер — *Opuntia microdasys*, *Agave salmiana var. ferox*, *Echinopsis subdenudata*; тропикалық экзотикалық өсімдіктер — *Schefflera arboricola* және *Monstera deliciosa variegata*.

Зерттеудің мақсаты — таңдалған түрлер мысалында суккулентті және тропикалық өсімдіктердің морфофизиологиялық ерекшеліктерін кешенді сипаттау және олардың экстремалды орта жағдайларына бейімделу факторларын анықтау. [1-7].

Материалдар мен әдістер. Зерттеу материалы ретінде Астана қаласындағы Астана ботаникалық бағы жағдайында өсірілетін флораның екі түрлі экологиялық тобына жататын бес өсімдік түрі таңдап алынды: суккуленттер — *Opuntia microdasys*, *Agave salmiana var. ferox*, *Echinopsis subdenudata*; тропикалық экзотикалық өсімдіктер — *Schefflera arboricola* және *Monstera deliciosa variegata*.

1-сурет. Суккулентті және тропикалық өсімдіктердің морфологиялық бейімделу ерекшеліктері.

1. Суккуленттердің экологиялық-физиологиялық адаптациясы

Суккуленттер – шөл және шөлейт аймақтарда тіршілік етуге бейімделген өсімдіктер тобы. Олар конвергентті эволюция нәтижесінде қалыптасып, қазіргі таңда 60-тан астам тұқымдасты қамтиды. Бұл өсімдіктердің негізгі бейімделу механизмі – транспирация деңгейін барынша төмендетуге мүмкіндік беретін анатомиялық өзгерістер мен CAM-метаболизмнің (Crassulacean Acid Metabolism) болуы.

Әдістер: Гистологиялық талдау, микроскопия және статистикалық өңдеу. Ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы: Зерттеу жұмысы су организмдерінің морфологиялық реакциялары туралы білімді кеңейтіп, ихтиопатология мен экотоксикология саласына жаңа мәліметтер қосады. Практикалық тұрғыда нәтижелер су экожүйелерінің жағдайын бағалау және экологиялық мониторинг жүргізу үшін қолданылуы мүмкін.

Кілт сөздер: гистологиялық талдау, бауыр және бұлшықет, гидробионттар, экологиялық мониторинг, морфологиялық өзгерістер, су экожүйесі

1.1 Балық бауырының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері

Балық бауыры – метаболизм, детоксикация және энергия сақтау процестерін үйлестіретін көпфункционалды орган. Анатомиялық тұрғыдан ол целомдық қуыстың ішінде, жүзу қуығына вентральды бағытта орналасады. Органның морфологиясы балық түрлеріне қарай ерекшеленеді: сүйекті балықтарда бауыр көбіне тұтас немесе нашар бөлінген құрылымға ие болса, шеміршекті балықтарда, атап айтқанда акулаларда, ол айқын үш бөліктен (лобтан) тұрады. Мәселен, зебрабалықтарда бауырдың үш бөлігі мен қоңырқай реңкі оның функционалдық белсенділігінің көрсеткіші болып табылады. Гистологиялық деңгейде балық бауырының паренхимасы жоғары сатыдағы омыртқалыларға тән классикалық лобулярлы ұйым мен портал триадаларын түзбейді. Оның орнына гепатоциттер синусоидтар айналасында трабекулярлық немесе түтікшелік жүйе құрып, ретсіз орналасады.

Физиологиялық тұрғыдан бауыр глюкозаны гликоген түрінде және майларды липидтік шөгінділер ретінде жинақтайтын негізгі депо болып табылады. Бұл қорлар әсіресе қорек тапшылығы немесе миграция кезеңінде энергия көзі ретінде пайдаланылады. Органның детоксикациялық қызметі ксенобиотиктерді метаболизмге ұшыратып, оларды ағзадан шығаруға бағытталған. Қоршаған ортаның ластануы кезінде бауырда реактивті оттегі түрлері (ROS) түзіліп, тотығу стрессі туындайды. Оған қарсы супероксидті дисмутаза және каталаза сияқты ферменттер антиоксиданттық қорғанысты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, балық бауырына тән ерекшелік – меланомакрофаг орталықтарының (ММС) болуы. Бұл құрылымдар иммундық жауапқа, эритроциттердің жойылуына және токсиндердің оқшауланuына қатысады. Балық бауырының жоғары регенерациялық қабілеті зақымдалған ұлпаларды тез қалпына келтіруге мүмкіндік береді, бұл оның экстремалды экологиялық жағдайларға бейімделуінің негізі болып табылады.

1.2 Балық бұлшықеттерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері

Балықтардың бұлшықет жүйесі сулы ортадағы қозғалыс динамикасына бейімделген күрделі құрылым. Негізгі бұлшықет массасы миотомдардан – дене бойымен көлденең орналасқан V немесе W тәрізді сегменттерден тұрады. Бұл сегменттер миосепталар арқылы бөлініп, омыртқа жотасымен байланыса отырып, дененің толқын тәрізді иілуін қамтамасыз етеді. Балық бұлшықеттері функционалдық тұрғыдан екі негізгі типке жіктеледі: ақ және қызыл талшықтар. Ақ бұлшықеттер бұлшықет массасының негізгі бөлігін құрайды және анаэробты метаболизмге негізделген. Олар жыртқыштан қашу немесе олжаны ұстау кезіндегі қысқа мерзімді, бірақ өте жылдам серпілістерге жауап береді.

Қызыл бұлшықеттер, керісінше, дененің бүйір сызығына жақын орналасады және миоглобин мен митохондрияларға бай. Олар аэробты тыныс алу арқылы ұзақ уақыт бойы шаршамай, бірқалыпты жүзуді

қолдайды. Жасушалық деңгейде қызыл талшықтардағы митохондриялардың жоғары тығыздығы оттегін тиімді пайдалануға мүмкіндік берсе, ақ талшықтардағы гликоген қоры энергияның жылдам бөлінуін қамтамасыз етеді. Балықтардың бұлшықет жүйесі температуралық өзгерулерге де икемді келеді. Суық суларда өмір сүретін түрлерде оттегін байланыстыру қабілеті жоғары бұлшықет құрылымдары басым болса, жылы суларда метаболизм жылдамдығына сәйкес энергия алмасуы қарқынды жүреді. Осылайша, қаңқа бұлшықеттері тек қозғалыс қана емес, сонымен қатар терморегуляция мен жалпы зат алмасу процестерінде де маңызды рөл атқарады.

1.3 Балықтардың морфологиясы мен физиологиясына экологиялық факторлардың әсері

Су экожүйелерінің ауыр металдармен ластануы балықтардың физиологиялық жағдайына тікелей әсер ететін фактор болып табылады. Сынап (Hg), кадмий (Cd), мыс (Cu) және мырыш (Zn) сияқты металдар биологиялық ыдырауға ұшырамайды, сондықтан олар ағза ұлпаларында біртіндеп жинақталуға бейім (биоаккумуляция). Мыс пен мырыш аз мөлшерде тіршілікке қажетті микроэлементтер болғанымен, олардың концентрациясы шекті деңгейден асқанда уытты әсер береді. Ауыр металдар балық ағзасына негізінен қорек және желбезек арқылы енеді. Ең жоғары концентрациялар көбінесе бауырда, бүйректе және желбезектерде байқалады, ал сынап көбіне бұлшықет ұлпаларында жинақталады.

Ауыр металдардың жиналуы ферментативті белсенділіктің тежелуіне әкеледі. Зерттеулер көрсеткендей, су құрамындағы мыс пен мырыш мөлшерінің артуы балықтардың ас қорыту ферменттерінің, атап айтқанда амилолитикалық белсенділіктің төмендеуіне себеп болады. Бұл өз кезегінде қоректік заттардың сіңірілуін нашарлатып, балықтың өсуін тежейді және иммундық жүйесін әлсіретеді. Токсиндерге жауап ретінде балық ағзасында металдарды байланыстырып, оларды бейтараптандыратын металлотионеин ақуыздары синтезделеді. Дегенмен, созылмалы ластану жағдайында бұл қорғаныс механизмдері жеткіліксіз болып, бауырда майлы гепатоз немесе фиброз сияқты патологиялық өзгерістер дамуы мүмкін. Осыған байланысты балық бауыры мен бұлшықеттерінің жағдайы су айдындарының экологиялық саулығын анықтайтын маңызды биомаркер ретінде қарастырылады.

Морфо-физиологиялық тұрғыдан алғанда, балықтардың бейімделу қабілеті олардың экстремалды жағдайларда (гипоксия, температураның ауытқуы, химиялық ластану) тіршілік етуін қамтамасыз етеді, бірақ антропогендік жүктеменің артуы бұл табиғи тепе-теңдіктің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1. Зерттеу нысандары: балық түрлері және олардың тіршілік ету ортасының сипаттамасы

Осы ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі объектілері ретінде Ақмола облысының Бұланды ауданы аумағында орналасқан әртүрлі гидроэкологиялық жүйелердің ихтиофауна өкілдері таңдап алынды. Зерттеу нысандарын іріктеу Жамантұз және Қызылмола көлдері, сондай-ақ Есіл өзенінің бассейні бойынша жүргізілді. Бұл су айдындарының таңдалуы кездейсоқ сипатқа ие емес, өйткені аталған су нысандарының әрқайсысы өзіне тән антропогендік әсер ету деңгейімен, гидрохимиялық режимімен және экологиялық тұрақтылығымен ерекшеленеді. Мұндай салыстырмалы тәсіл балықтардың ішкі мүшелері мен тіндеріндегі гистологиялық өзгерістерді қоршаған ортаның ластану дәрежесіне және өмір сүру жағдайларына байланысты кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

Талдау жұмыстары үшін Қазақстанның тұщы су экожүйелерінде кең таралған, эвритоптық қасиеттері жоғары және су айдындарының биологиялық тепе-теңдігін сақтауда шешуші рөл атқаратын балықтардың үш түрі іріктелді: мөңке (Carassius carassius), табан балық (Abramis brama) және қызылқанат (Scardinius erythrophthalmus). Бұл түрлердің экологиялық пластикасы әртүрлі болғандықтан, олардың қоршаған орта факторларына беретін жасушалық деңгейдегі реакцияларын салыстыру ғылыми тұрғыдан өте құнды. Зерттеудің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында әрбір су қоймасынан жасы мен морфологиялық сипаттары бойынша ұқсас даралар іріктелді. Жалпы алғанда, зерттеу материалы 9 балықтан тұратын іріктемені құрады, бұл әрбір түр бойынша үш түрлі экологиялық ортадан алынған мәліметтерді салыстыруға негіз болды.

Географиялық және экологиялық сипаттамаға сәйкес, Жамантұз көлі 50°59'40" солтүстік ендік пен 71°50'04" шығыс бойлық координаталарында орналасқан. Бұл су қоймасы негізінен жабық типтегі оқшауланған жүйе болып табылады және ауыл шаруашылығы алқаптарынан келетін ағынды сулардың әсеріне жиі ұшырайды. Есіл өзенінің Астана қаласы маңындағы учаскесі (51.1694° N, 71.4491° E) ағынды су жүйесі ретінде қарастырылып, салыстырмалы түрде тұрақты гидрологиялық режиммен сипатталады. Ал Қызылмола көлі Түймекент ауылының маңында, Талас өзенінің сол жағалаулық аймағында орналасқан (42°42'39" N, 70°37'30" E). Бұл нысан елді мекендерге жақындығына байланысты тұрмыстық және қалыпты антропогендік жүктемені сезінетін су айдыны ретінде зерттеуге алынды.

Зерттелген балықтардың биометриялық көрсеткіштері олардың физиологиялық жағдайының маңызды индикаторы болып табылады. Мөңке балықтарының дене ұзындығы Жамантұз көлінде 18.3 ± 1.0 см-ден басталып, Есіл өзенінің қолайлы жағдайында 20.1 ± 0.7 см-ге дейін жетті, ал салмақ көрсеткіштері 230-дан 275 грамға дейінгі диапазонды қамтыды. Табан балықтар анағұрлым ірі морфологиялық параметрлерді көрсетті: олардың дене ұзындығы 22.8 см-ден 24.5 см-ге дейін, ал салмағы 340 грамнан 370 грамға дейін ауытқыды. Қызылқанаттар салыстырмалы түрде кішірек болғанымен (ұзындығы 16.2–17.8 см, салмағы 180–210 г), олардың белсенді өмір салты гистологиялық зерттеулер үшін маңызды фактор

болды. Статистикалық талдау нәтижесінде Есіл өзенінен алынған даралардың өсу қарқыны мен физикалық дамуының жоғары екендігі анықталды, бұл аталған су айдынының қоректік базасы мен экологиялық тазалығының көрсеткіші ретінде бағаланады.

2.2. Сынамаларды іріктеу және биологиялық материалды дайындау әдістемесі

Биологиялық материалды жинау және бастапқы өңдеу жұмыстары жазғы маусымда, су айдындарының биологиялық өнімділігі ең жоғары және терморежимі тұрақталған кезеңде жүргізілді. Балықтарды аулау процесі әуесқойлық балық аулау құралдарын қолдана отырып, инвазивті әсерді барынша азайту мақсатында таңертеңгі және кешкі уақыттарда орындалды. Әрбір ұсталған дараға дереу жеке нөмірлік таңба салынып, оның түрлік тиесілігі, ұзындығы мен салмағы арнайы далалық журналға тіркелді. Тіндердің микроқұрылымын сақтап қалу және жасушалық деңгейдегі деструкцияны болдырмау үшін балықтар зертханалық дайындау орнына тиісті су қоймасының суы толтырылған, оттегімен қамтамасыз етілген арнайы тасымалдау контейнерлерінде жеткізілді. Бұл шаралар балықтың стресс деңгейін төмендетіп, ұлпалардағы аутолиз (ферментативті ыдырау) процестерінің ерте басталуына жол бермеді.

Ұлпа үлгілерін алу процедурасы балықтарды сойғаннан кейінгі алғашқы 1–2 сағат ішінде өте жылдам және ұқыпты орындалды. Стерильді хирургиялық құрал-саймандарды қолдана отырып, диагностикалық маңызы жоғары мүшелерден — бауырдың ортаңғы бөлігінен және тұлғаның бүйір сызығы бойындағы қаңқа бұлшықеттерінен фрагменттер кесіп алынды. Алынған үлгілердің мөлшері гистологиялық бекіту ерітіндісінің тіндік қабаттарға терең енуін қамтамасыз ететіндей (шамамен 1х1 см) етіп дайындалды. Үлгілер дереу 10% бейтарап формалин ерітіндісіне салынып, бөлме температурасында 24 сағат бойы экспозицияланды. Бекіту кезеңі аяқталғаннан кейін, материалдар ұзақ мерзімді сақтау және одан арғы гистологиялық манипуляциялар үшін 70% концентрациялы этил спиртіне ауыстырылды.

Микропрепараттарды бояу процесінде гистология мен цитологиядағы ең сенімді және ақпараттық әдіс болып табылатын гематоксилин және эозинмен (H&E) бояу технологиясы қолданылды. Бұл көп сатылы процесс келесідей қатаң реттілікпен орындалды: бірінші кезекте парафин қалдықтарын толық аластату үшін ксилол ерітіндісінде екі мәрте өңдеу жүргізілді. Одан кейін тіндерді біртіндеп суландыру (регидратация) мақсатында олар спирттің төмендейтін концентрацияларынан (100% → 96% → 70%) өткізіліп, дистилденген сумен шайылды. Негізгі бояу кезеңінде Майер немесе Эрлих гематоксилині жасуша ядроларындағы хроматинді қанық көк немесе күлгін түске бояды. Артық бояуды кетіру және ядролық құрылымдарды саралау үшін үлгілер ағынды суда 5 минут бойы шайылды. Содан соң 1% эозин ерітіндісімен контрастылық бояу жүргізілді, бұл жасуша цитоплазмасына, дәнекер ұлпаларға және жасушааралық матрикске

ашық қызғылт түс берді. Қорытынды кезеңде препараттар спирттер сериясында сусыздандырылып, ксилолда мөлдірленді және Канада бальзамы немесе заманауи синтетикалық желім арқылы жабын әйнегінің астына бекітілді.

2.3. Бауыр мен бұлшықет ұлпаларын зерттеудің гистологиялық және микроскопиялық әдістері

Балықтардың бауыр ұлпалары мен қаңқа бұлшықеттерінің функционалдық жағдайын бағалау үшін жарық микроскопиясының заманауи аналитикалық әдістері пайдаланылды. Парафин блоктарына құйылған және нығыздалған биологиялық үлгілерден айналмалы микротомның көмегімен қалыңдығы 5–7 мкм құрайтын сериялық кесінділер алынды. Мұндай жұқа кесінділер жасушалық құрылымдарды қабаттасусыз, айқын көруге мүмкіндік береді. Дайын препараттар заттық шыныларға бекітілген соң, микроскопиялық талдауға жіберілді.

Микроскопиялық зерттеулер иммерсиялық жүйемен жарақтандырылған зертханалық микроскоптардың көмегімен 10, 20 және 40 еселік үлкейту деңгейлерінде жүзеге асырылды. Бауырды талдау барысында гепатоциттердің құрылымдық тұтастығына, олардың ядроларының орналасу сипатына, синусоидалы капиллярлардың кеңеюіне немесе тарылуына, сондай-ақ түрлі патологиялық белгілерге (вакуольдік дистрофия, некроз ошақтары, қабыну инфильтрациясы) жіті назар аударылды. Бұлшықет ұлпасын зерттегенде миофибриллалардың көлденең жолақты құрылымының сақталуы, бұлшықет талшықтарының фрагментациясы (бөлінуі) және талшық аралық ісінулер мен дәнекер ұлпаның жағдайы бағаланды.

Алынған барлық визуалды мәліметтер сандық микрофотографиялық жүйелер арқылы тіркеліп, жоғары ажыратымдылықтағы суреттер түрінде сақталды. Бұл деректер су айдындарының экологиялық күйі мен балық ағзасындағы морфологиялық өзгерістер арасындағы заңдылықтарды анықтау үшін негіз болды. Гистологиялық талдаудың нәтижелері балықтардың денсаулығы мен тіршілік ету ортасының антропогендік ластану деңгейін көрсететін басты биологиялық индикатор ретінде пайдаланылды. Осы әдістемелік тәсілдердің жиынтығы зерттеу жұмысының нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

3.1. Әртүрлі экологиялық жағдайларда балық бауырының гистологиялық күйін талдау

Жамантұз, Есіл және Қызылмола су айдындарында тіршілік ететін ихтиофауна өкілдерінің бауыр ұлпаларына жүргізілген гистологиялық сараптама ортаның ластану дәрежесі мен мүшелердің микроқұрылымдық деградациясы арасындағы тікелей корреляцияны айқындады. Бауыр — ағзадағы метаболизм мен детоксикация процестеріне жауапты басты мүше болғандықтан, ол су ортасындағы кез келген химиялық немесе физикалық өзгерістерге бірінші кезекте жауап беретін биологиялық индикатор

қызметін атқарады. Зерттеу барысында Есіл өзенінен алынған балықтардың бауыры салыстырмалы түрде тұрақты құрылымды көрсетті. Микроскоптың 40 еселік үлкейтуінде гепатоциттердің басым бөлігі өзінің типтік полигоналды пішінін сақтағаны және ядроларының орталықта орналасқаны байқалады. Дегенмен, кейбір учаскелерде майлы дистрофияның алғашқы белгілері ретінде жасуша цитоплазмасында ұсақ вакуольдердің пайда болуы тіркелді. Бұл құбылыс өзен суындағы ластаушы заттардың концентрациясы жоғары болмаса да, олардың ағзаға ұзақ уақыт бойы әсер етуінен туындаған дегенеративті процестердің бастамасы ретінде бағаланады.

Керісінше, Қызылмола көлінен алынған мөңке балықтарының бауыр үлгілері мінсіз физиологиялық жағдайда болды. Гепатоциттердің біркелкі орналасуы, синусоидалы капиллярлардың дұрыс тармақталуы және ешқандай қабыну ошақтарының болмауы бұл су айдынының экологиялық тазалығын растайды. Мұндай жағдайда балықтың детоксикация жүйесі қалыпты режимде жұмыс істеп, жасушалардың регенерациялық қабілеті жоғары деңгейде сақталады. Ең күрделі патологиялық өзгерістер Жамантұз көлінің үлгілерінде анықталды. 20х және 40х үлкейту кезінде ұлпалардың айқын деструкциясы көрінді: гепатоциттердің жаппай некрозы (өлуі), цитоплазманың ісінуі және ядролардың деформациясы. Көптеген аймақтарда лейкоцитарлық инфильтрацияның болуы созылмалы қабыну процесінің жүріп жатқанын дәлелдейді. Сондай-ақ, фиброздың алғашқы нышандары - қалыпты бауыр ұлпасының орнын дәнекер ұлпаның басуы тіркелді. Бұл патологиялар Жамантұз көліндегі ауыр металдар мен токсиканттардың мөлшері балықтардың бейімделу мүмкіндігінен әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді.

1-сурет Есіл өзенінің қызылқанат балығының бауырының гистологиялық құрылысы.



2-сурет Қызылмола көлінің мөңке балығының бауырының гистологиялық құрылысы.



3-сурет Жамантұз көлінің қызылқанат балығының бауырының гистологиялық құрылысы.

3.2. Әртүрлі экологиялық жағдайларда балық бұлшықеттерінің гистологиялық сипаттамасы мен функционалдық деградациясы

Балықтардың қаңқа бұлшықеттері — бұл тек қозғалыс мүшесі ғана емес, сонымен қатар ағзаның су-тұз алмасуы мен энергетикалық қорын реттейтін күрделі жүйе. Бұлшықет ұлпасының гистологиялық күйі су экожүйесіндегі химиялық токсиндердің, температуралық ауытқулардың және оттегі режимінің жиынтық әсерін көрсетеді. Қызылмола көлі мен Есіл өзенінің ихтиофауна өкілдерінде бұлшықет ұлпасының микроқұрылымы тұрақтылық танытты. Микроскоппен қарағанда, бұлшықет талшықтары (миосимпласттар) біркелкі параллель шоғырлар түзеп, олардың арасындағы дәнекер ұлпалық аралықтар нақты байқалады. Талшықтардың көлденең жолақтылығы айқын көрінеді, бұл ағзаның улы заттармен зақымдалмағанын растайды.

Алайда, Жамантұз көлінен алынған балықтардың бұлшықеттерінде терең патологиялық деструкция тіркелді. Ең алдымен, бұлшықет талшықтарының гипертрофиясы мен ісінуі байқалады, бұл жасуша ішіндегі осмостық қысымның бұзылуынан туындаған. Ластаушы заттардың әсерінен жасуша мембраналарының өткізгіштігі артып, талшықтардың ішіне сұйықтық жиналады, нәтижесінде олар өзінің серпімділігін жоғалтады. Көптеген үлгілерде миофибриллалардың жаппай фрагментациясы немесе бөлініп кетуі байқалды. Бұл процесс балықтың жүзу жылдамдығын күрт төмендетіп, оның табиғи ортадағы өміршеңдігін шектейді. Сонымен қатар, Жамантұз үлгілерінде саркоплазманың вакуолизациясы жиі кездесті. Бұл - жасушаның энергетикалық ашаршылыққа ұшырап, аутолиз процесінің басталғанын білдіретін ауыр патология. Кейбір аймақтарда бұлшықет талшықтарының орнын дәнекер ұлпа басып, фиброз ошақтары қалыптаса бастаған. Бұл созылмалы токсикоздың салдары болып табылады және балық популяциясының физиологиялық саулығының төмендегенін айқын көрсетеді.

3.3. Әр түрлі су қоймаларындағы балықтардағы ұлпалардың өзгеруін кешенді салыстырмалы талдау және экотоксикологиялық негіздеме

Үш түрлі гидроэкологиялық жүйеде мекендейтін балықтардың ұлпаларына жүргізілген салыстырмалы талдау су сапасы мен ағзадағы морфологиялық жауап арасындағы заңдылықтарды ашты. Жамантұз көлі - зерттеу аймағындағы ең ластанған нысан ретінде патологиялардың «эпицентрі» болып табылады. Мұндағы балықтардың бауыры мен бұлшықеттерінде бір мезгілде бірнеше патологиялық процесс жүреді: вакуольдік дистрофия, некроз, қабыну инфильтрациясы және тамырлы өзгерістер. Бауырдағы гепатоциттердің деформациясы мен ядролардың пикнозы жасушалық деңгейдегі функционалдық аппараттың бұзылғанын білдіреді. Бұл - судағы ауыр металдардың (қорғасын, сынап) биоаккумуляциясының тікелей салдары. Токсиндер жасуша ішіндегі митохондрияларды зақымдап, энергия түзілуін тоқтатады. Есіл өзенінің бассейнінде жағдай біршама тұрақты болғанымен, мұнда да антропогендік әсердің нышандары - капиллярлардың кеңеюі мен жекелеген жасушалардың ісінуі тіркелді. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, балықтардың гистологиялық көрсеткіштері судың химиялық талдауына қарағанда анағұрлым ақпаратты болып табылады. Химиялық талдау судың нақты уақыттағы күйін көрсетсе, гистологиялық өзгерістер токсиндердің ұзақ уақыт бойы жиналған жиынтық әсерін айқындайды. Жамантұз көліндегі балықтардың 60-70%-ында анықталған патологиялар осы су қоймасын экологиялық апатты аймақ ретінде жіктеуге негіз болады.

Қорытынды

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша келесідей негізгі тұжырымдар жасалды:

1. Биомаркерлік маңызы: Балықтардың бауыры мен бұлшықет ұлпалары қоршаған ортаның ластануына жауап беретін ең сезімтал индикаторлар екені расталды.

2. Патологиялық деградация: Ластану деңгейі жоғары Жамантұз көлінде балықтардың ішкі мүшелерінде некроз, фиброз және бұлшықет фрагментациясы сияқты қайтымсыз патологиялар анықталды.

3. Экологиялық мониторинг: Гистологиялық талдау әдісі су айдындарының экологиялық күйін ерте кезеңде диагностикалауға және су биоресурстарын қорғау шараларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Bancroft, J. D., & Gamble, M. Theory and Practice of Histological Techniques. — 7th ed. — Elsevier, 2019. — 584 p.

2. Fazio, F., Saoca, C., & Piccione, G. Fish as bioindicators of environmental pollution: A brief review // Ecotoxicology and Environmental Safety. — 2021. — № 224. — 412 p.

3. Григорьев, Н. И. Строение и регенерация печени после ее местного повреждения. – Л.: Медицина, 1975. – 192 б.

4. Alabaster, J. S., & Lloyd, R. Water Quality Criteria for Freshwater Fish. — London: FAO and Butterworths, 1984. – 344 б.

5. Кузьмина, В. В. Физиолого-биохимические основы экзотрофии рыб. — М.: Наука, 2005. — 300 б.

6. de Oliveira, L. B. et al. Macro-and microstructural descriptions of the zebrafish liver // Folia Morphologica. – 2016. – Т. 75. – №. 3. – Б. 382-387.

7. Крючков, В. Н., & Антонова, Л. А. Патогистологические изменения внутренних органов карпа в зависимости от содержания тяжелых металлов // Вопросы генетического и экологического мониторинга. – 1992 – № 68. – Б. 88–94.

8. Vo, T. T. M. et al. Histological and transcriptomic analysis of muscular atrophy in Atlantic salmon // Scientific Reports. – 2023. – № 13. – Б. 4213-4265.

9. Серов, В. В., & Пауков, В. С. Ультраструктурная патология. – М.: Медицина. 1975. – 432 с.

10. Левченко, В. М., & Чернявский, С. Г. Морфология и физиология мышц рыб. – Киев: Наук. думка. 2007. – 452 б.

ҒТАМА 575.858

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ЭНДЕМИК ЖӘНЕ РЕЛИКТІ ТҮРЛЕРІ: ТАРАЛУ АРЕАЛЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Нусип А., студент., **Полат Р.М.,** студент., **Бериккараева А.Д.,** студент., **Ауезова Н.С.,** б.ғ.к, аға оқытушы, Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
ainurnusiv@mail.ru, raikhanpolat@gmail.com, ayaulymberikqara@gmail.com, nurkuigan1971@mail.ru

Аннотация. Мақалада Солтүстік Қазақстан аумағында таралған эндемик және реликті түрлердің таралу ерекшеліктері мен қазіргі экологиялық жағдайы қарастырылады. Жұмыстың басты мақсаты – солтүстік аймақтағы биоалуантүрліліктің маңызды бөлігі саналатын эндемик және реликті өсімдіктер мен жануарлардың таралу аймағын айқындау және олардың қазіргі сақталу деңгейін бағалау. Зерттеу барысында Солтүстік Қазақстанға тән орманды-дала және дала экожүйелерінің табиғи жағдайлары сипатталып, осы ортада тіршілік ететін реликті және эндемик түрлердің нақты мысалдары келтірілді. Сонымен бірге олардың таралуына ықпал ететін негізгі факторлар – климаттың өзгеруі, антропогендік әсер, жер ресурстарын қарқынды игеру және табиғи ортаның тозуы жан-жақты талданады. Жұмыс нәтижесінде бірқатар сирек түрлердің таралу ареалының қысқарып, популяция санының азаю үрдісі байқалатыны анықталды. Кейбір түрлер Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізіліп, ерекше қорғауды қажет ететіні белгілі болды. Бұл жағдай аймақтағы экожүйелік тепе-теңдікті сақтау мәселесінің өзектілігін айқын көрсетеді.

Кілт сөздер: Солтүстік Қазақстан, эндемик және реликті түрлер, биоалуантүрлілік, таралу ареалы, орманды-дала экожүйесі, дала экожүйесі, Қызыл кітап, экологиялық жағдай, антропогендік әсер, түрлердің азаюы, табиғатты қорғау.

Кіріспе. Солтүстік Қазақстан аймағының табиғаты өте бай және алуан түрлі болып келеді. Бұл аймақ өзінің кең жазықтарымен, сондай-ақ орманды-дала және дала ландшафтарының ауысып отыруымен танымал. Ел аумағында ежелгі дәуірден сақталған ерекше өсімдіктер мен жануарлар кездеседі. Солардың ішінде эндемик және реликті түрлер ерекше маңызға ие [1]. Олар табиғаттың тарихи дамуын көрсететін биоалуантүрліліктің құнды бөлігі болып табылады

Эндемиктер - белгілі бір аймақта ғана таралған, басқа жерде кездеспейтін өсімдіктер мен жануарлар. Мысалы, солтүстік аймақта ғана өсетін кейбір өсімдіктер осы топқа жатады.

Реликтілер - бұрын кең таралған, бірақ қазіргі кезде тек аз аумақта сақталып қалған ежелгі түрлер. Олар климаттың өзгеруі немесе табиғи жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде шектеліп қалған.

Ареал - белгілі бір өсімдік немесе жануар түрінің табиғатта таралған географиялық аймағы, яғни кез келген тірі ағзаның өмір сүретін, көбейетін және таралатын нақты кеңістігі. Әрбір түрдің өзіне тән ареалы болады, ол құрлықта, суда немесе аралас ортада орналасуы мүмкін [2].

Ареалдың көлемі әртүрлі: кейбір түрлер кең аумақта таралса, кейбірі тек шағын аймақта ғана кездеседі. Мысалы, кең таралған түрлер бірнеше континентте өмір сүрсе, эндемик түрлер тек белгілі бір аймаққа ғана тән болады. Ареалдың қалыптасуына климат, температура, ылғалдылық, жер бедері, топырақ құрамы және адамның әсері ықпал етеді. Табиғи жағдай қолайлы болса ареал кеңейеді, ал қолайсыз болса ол тарылады немесе бөлшектенеді. Ареалды зерттеу экология мен биология үшін маңызды, себебі ол түрдің таралуын, санын және сақталу жағдайын анықтауға көмектеседі.

Негізгі бөлім

Қазақстанның солтүстік аймағына Солтүстік Қазақ жазығы, Есіл жазығы (Есіл орманды даласы), Көкшетау қыратының етегі (Сарыарқаның солтүстігі) жатады. Оның ішінде бұл аймақтың басым бөлігін алып жатқан ең үлкен нысан - Солтүстік Қазақстан жазығы. Аймақ Қазақстан аумағының солтүстігінде орналасқан ірі физико-географиялық аймақтардың бірі. Бұл өңір Батыс Сібір жазығының оңтүстік бөлігіне кіреді және жер бедері негізінен тегіс, кей жерлері сәл толқынды болып келеді (1-сурет).

Абсолюттік биіктігі шамамен 100–300 метр аралығында, сондықтан бұл аймақ ауыл шаруашылығын дамытуға өте қолайлы. Солтүстік Қазақстан жазығының ерекшелігі оның Еуразияның ортасында орналасқандығына байланысты қалыптасқан айқын континенталдығы. Бұл климат жыл маусымдарының арасындағы айтарлықтай ауытқулармен сипатталады. Жер бедері көбінесе су мен мұздықтардың өзендер әрекетінен жинақталған жазықтардан құралған. Осы геологиялық процестердің нәтижесінде аймақта көптеген шағын шұңқырлар мен мыңдаған көлдер пайда болған [3].

1-сурет. Қазақстан физ-географиялық аймақтарының картасы

Климаттық жағдайы қоңыржай континенталды болып сипатталады. Қысы ұзақ әрі суық, қаңтар айының орташа температурасы –18°С пен –20°С аралығында болады. Жазы салыстырмалы түрде жылы, шілде айында ауа температурасы +18°С-тан +22°С-қа дейін жетеді. Жылдық температура айырмашылығы жоғары, бұл аймақтың континенттілігін көрсетеді.

Жауын-шашын мөлшері Қазақстанның басқа жазық аймақтарына қарағанда көбірек түседі. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 300-400 мм шамасында. Солтүстік бөлігінде бұл көрсеткіш 350-400 мм-ге дейін жетсе, оңтүстікке қарай 250-300 мм-ге дейін азаяды. Жауын-шашынның негізгі бөлігі жаз айларында, әсіресе маусым мен шілдеде түседі. Бұл жағдай егін шаруашылығын дамытуға өте қолайлы әсер етеді.

Топырақ жамылғысы негізінен қара топырақтан тұрады. Қара топырақ гумусқа бай, құнарлы болғандықтан, ауыл шаруашылығында кеңінен пайдаланылады. Осы себепті Солтүстік Қазақстан жазығы еліміздің басты астықты аймақтарының бірі болып саналады. Өсімдік жамылғысы әралуан, онда орман және дала өсімдіктері қатар кездеседі. Ормандар, әдетте, өзен жағалаулары мен көлдер маңында орналасқан. Ағаштар, атап айтқанда қайыңдар, желден қорғайтын және ылғалды сақтайтын ерекше микроклиматты жасайды. Экологиялық жағдайларға талдау жасағанда, соңғы онжылдықта болған климаттың жылынуы мен ылғал балансының өзгеруі кейбір көлдердің суының азаюына әкелді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығына артық жүктемелер топырақтың тозуына жеткізді. Дегенмен, бұл аймақ әлі де Қазақстандағы ең жоғары табиғи ресурстарға ие өңірлердің қатарында [4].

Қазіргі уақытта адам баласының табиғатқа тигізіп жатқан әсері бүкіл әлемдік мәселеге айналды. Әсіресе, тек белгілі бір аймақта ғана өсетін, басқа жерде кездеспейтін эндемик өсімдіктер жойылып кету қаупінде тұр.

Қазақстан - қызғалдақ сыйлаған алтын бесік. Біздің еліміз осы гүлдердің тарихи отаны болып саналады. Солтүстік Қазақстан даласында қызғалдақтың 9 түрі жайқалып өседі. Солардың ішінде ерекше қорғауды қажет ететін екі түрі бар (2-сурет). Әулиекөл қызғалдағы (Tulipa auliekolica) және Торғай қызғалдағы (Tulipa turgaica).

Әулиекөл қызғалдағы - Қостанай облысының Әулиекөл ауданында (негізінен Аманқарағай және Наурызым маңында) таралған. Биіктігі 10-20 см болатын аласа бойлы өсімдік. Сабағы тік, жапырақтары көкшіл-жасыл, шеттері толқынды болып келеді.Сәуірдің соңы мен мамырдың басында гүлдейді. Гүлінің түсі көбінесе ақшыл немесе сарғыш болып келеді, түбінде сары дағы болады.

Торғай қызғалдағы - Торғай өңірі мен оған іргелес жатқан далалы аймақтарға тән өсімдік. Көлемі жағынан шағын, бірақ түсінің ашықтығымен ерекшеленеді. Көбінесе сазды және сортаңдау топырақтарда өсуге бейімделген.

2-сурет. Солтүстік Қазақстан жазығындағы эндемик өсімдік түрлері.

Солтүстік Қазақстан аумағында Қызыл кітапқа енген реликт түрлер көп емес, бірақ олар табиғи-тарихи тұрғыдан өте маңызды. Жалпы Қазақстанның Қызыл кітабына шамамен 300-ден астам өсімдік және 80-нен астам жануар түрі енгізілген. Олардың ішінде реликт түрлер-ежелгі дәуірлерден сақталып қалған сирек организмдер.

Солтүстік Қазақстанда кездесетін реликт өсімдіктердің бірі - бор дәуірінен сақталған сирек шөптесін түрлер. Мысалы, бор рияңы сияқты өсімдіктер ежелгі геологиялық кезеңдердің қалдығы болып табылады және қазіргі кезде өте шектеулі аймақта ғана таралған. Сонымен қатар майда қатыран, берік сүттіген, жұмсақ жемісті өсімдіктер де реликт сипатқа ие және Қызыл кітапқа енгізілген сирек түрлер қатарына жатады. Бұл өсімдіктердің саны табиғатта өте аз, кейбірі жойылып кету қаупінде тұр[5].

Орманды аймақтарда кездесетін қарағай, қайың, көктерек сияқты ағаштар да реликт экожүйенің құрамына кіреді. Олар мұз дәуірінен кейін сақталған орман қалдықтары болып табылады. Дегенмен бұл ағаштардың өздері Қызыл кітапқа толық енгізілмеген, бірақ олардың табиғи қауымдастықтары ерекше қорғауды қажет етеді.

Солтүстік Қазақстанда жануарлар арасында да реликт сипаттағы сирек түрлер кездеседі. Мысалы, кейбір кеміргіштер мен құстар ежелгі табиғи жағдайлардың қалдығы ретінде сақталған. Олардың нақты саны аз және көбіне қорғалатын аумақтарда ғана кездеседі.

Солтүстік Қазақстанда реликт өсімдіктердің бірнеше тобы кездеседі. Олардың ішінде ең маңыздысы-қылқанжапырақты орман реликттері. Бұған кәдімгі қарағай (Pinus sylvestris) мен сібір шыршасын жатқыза аламыз. Бұл

түрлер мұз дәуірінен кейінгі кезеңдерден бері сақталып, қазіргі орман массивтерінің негізін құрап отыр. Сонымен қатар батпақты және көл маңындағы реликт өсімдіктер де бар. Оларға сфагнум мүгі, қияқ (Carex түрлері), су лалагүлі сияқты өсімдіктер жатады. Бұл түрлер ежелгі батпақты экожүйелердің қалдығы ретінде қарастырылады. Дала аймақтарында да реликт сипаттағы өсімдіктер сақталған, олардың қатарына кейбір жабайы қызғалдақ түрлері мен боз (Stipa) өсімдігі кіреді.

Солтүстік Қазақстанда кездесетін осындай сирек әрі құнды түрлердің бірқатары Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Өңір флорасында Шренк қызғалдағы сияқты сирек кездесетін басқа да қызғалдақ түрлері ерекше орын алады (3-сурет).

3-сурет. Солтүстік Қазақстан жазығы реликт өсімдіктері.

Жануарлар дүниесінде де ежелден сақталып қалған реликті түрлер бар. Солтүстік Қазақстан аумағында мұз басу дәуірінен бері сақталып келе жатқан ірі сүтқоректілер-бұлан мен сібір елігі кең таралған. Бұл жануарлар орманды-дала белдеуінің табиғи жағдайына жақсы бейімделіп, сол ортада тұрақты тіршілік етеді.Өзен-көлдер мен сулы аймақтардың маңында жартылай су ортасына бейімделген жануарлар да кездеседі. Солардың бірі – құндыз, ол бұрынғы геологиялық кезеңдерден сақталған реликті түр ретінде қарастырылады және өзен-көл экожүйесінің тұрақтылығында маңызды рөл

атқарады.Құстар әлемінде де ежелгі таралу аймағын сақтап қалған немесе реликті сипатқа ие түрлер бар. Олардың қатарына аққу, қара дегелек және кейбір жабайы қаздар жатады [6].

Ал фаунада дуадақ пен дала қыраны сияқты қорғауға алынған құстармен қатар, сирек сүтқоректілер де кездеседі. Қазақстанның Қызыл кітабында 300-ден астам өсімдік түрі және шамамен 130-ға жуық жануар түрі тіркелген, олардың едәуір бөлігі Солтүстік Қазақстан аймағында таралған (4-сурет).

Алайда кейбір реликт түрлер жойылып кеткен немесе жойылу қаупінде тұр. Тарихи кезеңдерде кейбір дала жануарларының популяциялары аймақтан жоғалып кеткен. Қазіргі таңда дуадақ, кейбір дала құстары мен сирек өсімдіктердің саны азайып, жойылу қаупі жоғары болып отыр. Бұған негізгі себеп-жер жырту, орман алқаптарының азаюы, климаттың өзгеруі және адам қызметінің күшеюі. Оған қоса эндемик түрлер, оның ішінде ақбөкенді де жатқызуға болады. Негізгі жойылу себептері - браконьерлік пен жайылымдардың тарылуы. Сондай-ақ, қысқы жұт кезінде азық таппай қырылуы бұл түрге үлкен қауіп төндіреді.



4-сурет. Солтүстік Қазақстан жазығының жануарлары

Бұл аталған түрлер - біздің өлкеміздің бірегейлігін айқындайтын тірі жәдігерлер. Алайда, оны тек қағаз бетінде немесе Қызыл кітап тізімінде сақтап қалу жеткіліксіз. Биологиялық әртүрліліктің кемуі-бүгінгі таңдағы жаһандық экологиялық дағдарыстың бір парасы ғана. Сондықтан, бұл мәселенің тереңіне бойлап, табиғатты қорғаудың нақты тетіктері мен қазіргі таңдағы экологиялық жағдайды талқылау - кезек күттірмейтін келесі маңызды қадамымыз болмақ.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Солтүстік Қазақстан аумағында таралған эндемик және реликті түрлер-осы өңірдің табиғи қалыптасу тарихын айқындайтын аса құнды биологиялық мұра ретінде қарастырылады. Аймақтың орманды-дала мен дала экожүйелері көптеген ежелгі өсімдіктер мен жануарлардың сақталып қалуына қолайлы жағдай туғызып, олардың қазіргі кезеңге дейін өмір сүруіне мүмкіндік берген.

Соңғы уақытта табиғи ортаға түсетін антропогендік ықпал күшейіп, жер ресурстарын қарқынды игеру, климаттың өзгеруі және адам қызметінің әсері нәтижесінде көптеген түрлердің таралу аймағы қысқарып, олардың саны азаю үстінде. Соның салдарынан бірқатар сирек өсімдіктер мен жануарлар жойылу қаупіне ұшырап, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Осы жағдайға байланысты Солтүстік Қазақстандағы биоалуантүрлілікті сақтау, реликті және эндемик түрлердің табиғи мекен ету орталарын қорғау қазіргі таңда аса маңызды экологиялық міндеттердің біріне айналып отыр. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланып, экожүйелік тепе-теңдікті сақтау арқылы ғана бұл бағалы түрлерді сақтап, оларды болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік бар.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1.Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі. – Алматы: 2014.

2.Қазақстанның биологиялық алуантүрлілігі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

3.Сыдықов Б. Қазақстан экологиясы және табиғи ресурстар. – Астана: 2020.

4.Северный Казахстан: природа, экология и биогеография. – Учебное пособие, 2019.

5.Қазақстанның физикалық географиясы / ред. Н. Ә. Әлімбаев. – Алматы: 2016.

6.Қазақстан биоресурстары: оқу құралы / Н.М. Мухитдинов, Б.Е. Есжанов, Г.Қ. Сатыбалдиева, Б.М. Тыныбеков. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 322 б

УДК 372.857

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ БИОКЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Сағынтай А. Қ., altynaisagyntai@mail.ru
Астана халықаралық университетінің 2 курс магистранты;
Байшоланов С. С., г.ғ.к
Астана қ., Қазақстан

Аннотация: Мақалада Жамбыл облысы климатының адамдардың тұрмыс-тіршілігіне қолайлығы бағаланған. Зерттеу нәтижесінде адамдардың тұрмыс-тіршілігі үшін Жамбыл облысының жазық жерлерінің жазда ыстық қолайсыз, ал таулы жерлерінің – жылы қолайлы екені анықталды. Ал қыс маусымы оның солтүстік шетінде қолайсыздау, басқа жерлерінде қолайлы болады. Жалпы алғанда Жамбыл облысының климаты адамдардың тұрмыс-тіршілігі, денсаулығы және жұмыс қабілеттілігі үшін жеткілікті түрде қолайлы деп санауға болады.

Кілт сөздер: ауа температурасы, ауаылғалдылығы, жел жылдамдығы,биоклиматтық индекстер.

Кіріспе. Биоклиматтық жағдай – адам ағзасына, тұрмыс-тіршілігіне әсер ететін климаттық жағдай. Климаттыңадамдар үшін қолайлығын арнайы биоклиматтық индекстер арқылы бағалайды.Биоклиматтық индекстер физикалық тұрғыда қоршаған ортаның жылулық ерекшеліктерін кешенді сипаттайтын метеорологиялық көрсеткіштер болып табылады. Ауа температурасы, ауа ылғалдылығы, жел жылдамдығы сияқты метеорологиялық көрсеткіштерді адамның жылуды, не салқынды сезінуімен байланыстырады.Бұл мақалада Жамбыл облысы аумағының биоклиматтық жағдайы ең жылы және ең салқын айлар бойынша бағаланған.

Жамбыл облысы – Қазақстанның оңтүстігіндегі облыс. Жер аумағы 144,2 мың км², халық саны 1 218 609адам (2023 ж.). Облыс орталығы – Тараз қаласы. Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарымен шекаралас орналасқан. Территориясы Бетпақ-даладан Тянь-Шаньға дейін, Шудан Қаратауға дейін созылып жатыр.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны метеорологиялық станцияларының (МС) 1991-2020 жылдар аралығындағы деректері пайдаланылды.

Негізгі биоклиматтық индекстерге жатады:

1. Тиімді температура (ТТ);
2. Эквивалентті–тиімді температура (ЭТТ);

3. Бодман бойынша қаталдық индексі (S);
4. Радиациялық эквивалентті – тиімді температура (РЭТТ);
5. Қалыпты эквивалентті – тиімді температура (ҚЭТТ);
6. Биологиялық белсенді температура (ББТ);
7. Келтірілген температура (t келт.).

Биоклиматтық индекстердің теңдеулері негізінен ауа температурасы мен ылғалдылығын, жел жылдамдығын және күн радиациясынқамтиды[2-8]:

1) Тиімді температура (ТТ) –желсіз тыныштықтағы ауа температурасы[2]:

$$ТТ = t – 0,4(t – 10) (1 – f /100), \quad (1)$$

мұнда: f – ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %;

t – ауа температурасы, °С.

ТТ сәйкес климаттық жайлылықты бағалау үшін 1-кестеде келтірілген критерийлер пайдаланылады.

Кесте1.Климаттың жайлылығын ТТ арқылы бағалау критерийлері

ТТ, °С	**Жылу сезіну**	**Жылулық жүктеме**
30жоғары	өте ыстық (дискомфорт)	күшті
30-24	ыстық (жылы субкомфорт)	орташа
24-18	жылы (жылы комфорт)	комфортты
18-12	орташа жылы (жылы комфорт)	
12-6	салқын(салқын субкомфорт)	орташа
6-0	орташа салқын (салқындискомфорт)	
0 – минус 12	суық	
минус 12 – минус 24	өтесуық	үсік шалу қаупі жоғары
минус 24 – минус 30	өте қатты суық	үсік шалу қаупі өте жоғары
ниже минус 30	өте қатты суық	қатып қалу қаупі өте жоғары

2) Эквивалентті–тиімдітемпература (ЭТТ) – желдің әсерін және ауа ылғалдылығын ескеретін жылулық сезімталдық көрсеткіші[2]:

$$ЭТТ^{Т} = 37 - \frac{37 - t}{0,68 - 0,0014f + \frac{1}{1,76 + 1,4v^{0,75}}} - 0,29t(1 - \frac{f}{100}), \quad (2)$$

мұнда t – ауа температурасы, °С;

f - салыстырмалы ылғалдылық, %;

v - жел жылдамдығы, м/с.

ЭТТ көлеңкедегі адамның жылу сезімін немесе киінген адамның жылу сезімін сипаттайды. Бұл көрсеткіш жылы диапазонға жақсы сәйкес келеді, салқын диапазоны үшін қанағаттанарлық, ал суық диапазон үшін оны шамалау критерийі ретінде қарастыруға болады. Адамдардың көпшілігі үшін ауа температурасы 22,0-23,0 °C және салыстырмалы ылғалдылық 56% қолайлы, бұл 18 ° ЭТТ-ға жақын. ЭТТ мәндеріне байланысты бағаланады:

– 1-17°C –салқын;
– 17-21°C –жылы;
– 21°C жоғары – ыстық.

3) Бодман қатаңдық индексі (S) [3]:

$$S = (1 – 0,04t)(1 + 0,27v), \quad (3)$$

мұнда S – қатаңдық көрсеткіші (балл);

t – ауа температурасы (°C);

v – жел жылдамдығы, м/с.

S арқылы қыстың қатаңдығын бағалағанда келесі критерийлер қолданылады:

– S = 1 – қыс жұмсақ;
– S = 1-2 – қыс әлсіз қатаң;
– S = 2-3 – қыс орташа қатаң;
– S = 3-4 – қыс қатаң;
– S = 4-5 – қыс өте қатаң;
– S = 5-6 – қыс шексіз қатаң;
– S > 6 – қыс өте шексіз қатаң;

4) Радиациялық эквивалентті-тиімді температура (РЭТТ) [4]:

$$РЭТТ = 125lg[1 + 0,02t + 0,001(t – 8)(f – 60) – 0,45(33 – t)\sqrt{v} + 185B], \quad (4)$$

мұнда t – ауа температурасы, °C;

f – ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %;

v – желдің жылдамдығы, м/с;

B – жер бетімен жұтылатын күн радиациясы, кВт/м^2.

РЭТТ-ні келесі формула арқылы да есептеуге болады [5]:

$$РЭТТ = 0,83ЭТТ + 12°C, \quad (5)$$

РЭТТ ең жақсы көрсеткіш ретінде сипатталады. РЭЭТ бойынша бағаланады:

– салқын дискомфорт: 17°C төмен;
– салқын субкомфорт: 17-21°C;
– жылыкомфорт: 21–27°C;
– жылы субкомфорт: 27-32°C;
– ыстық дискомфорт: 32°C жоғары.

5) Қалыпты эквивалентті-тиімді температура (ҚЭТТ) - киінген адамға желдің әсерін ескере отырып жылулық сезімталдық көрсеткіші [6]:

$$ҚЭТТ = 0,8ЭТТ+7 °C, \quad (6)$$

ҚЭЭТ мәліметтері бойынша, жайлылық аймағы киім кимеген адам үшін 17,2-21,7°C, ал киінген адам үшін 16,7-20,6°C аралығында болады. Бұл шектен төмен және жоғары суық немесе ыстық дегенді білдіреді.

6) Биологиялық белсенді температура (ББТ)[7]:

$$ББТ = 0,8\ ҚЭТТ + 9\ °C, \quad (7)$$

ББТ бойынша бағаланады:

– салқын дискомфорт: 6°C төмен;
– салқын субкомфорт: 6-10°C;
– жылы комфорт: 10–20°C;
– жылы субкомфорт: 20-23°C;
– ыстық дискомфорт: 23°C жоғары.

7) Келтірілген температура($T_{келт}$)[8]:

$$T_{келт} = t - 8,2\sqrt{v}, \quad (8)$$

мұнда $T_{келт}$– келтірілген температура, °C;

t –нақтыауатемпературасы, °C;

v – жел жылдамдығы, м/с

Келтірілген температурамен бағалағанда келесі критерийлер қолданылады:

– минус 17-0 °C – субкомфорт (әлсіз суық)– адамдардың далада болуына шектеу жоқ;
– минус 17-28 °C – дискомфорт (суық)–әлсіреген немесе жүрек-қантамыр жүйесі бұзылған адамдардың далада болуын біршама шектеу қойылады;
– минус 28-38 °C – орташа дискомфорт (өтесуық)– далада қозғалыста немесе жұмыста болған кезде әр 40-50 минут сайын жылы бөлмеде 10-15 минут жылыту қажет;
– минус 38-42 °C – күштідискомфорт (өте қатты суық)– беттің үсіп қалуы мүмкін. Даладағы жұмыс уақытын 30%-ға қысқарту қажет;
– минус 42°C төмен – өте күшті дискомфорт (өте қатты суық) – ашық ауада болуды және кез келген жұмысты орындауды толық тоқтату қажет.

Нәтижелер. Климаттың қолайлылығын бағалау үшін 10 метеорологиялық станциялар бойынша ең жылы (шілде) және ең суық (қаңтар) айлардың биоклиматтық индекстері есептелді.

Зерттеу нәтижелері бойынша шілде айында ауа температурасы барлық метеостанцияларда жоғары мәндерге ие, 22,8°C пен 27,4°C аралығында өзгереді.

Жел жылдамдығы 1,9 м/с пен 3,4 м/с аралығында өзгереді. Желдің ең жоғары жылдамдығы Мойынкум (3,4 м/с), Тараз және Кулан (3,3 м/с), Чиганак (3,2 м/с) станцияларында байқалады. Ал ең төмен жел жылдамдығы Хантау станциясында (1,9 м/с) тіркелген. Жалпы алғанда, желдің жылдамдығы көп жағдайда әлсіз және орташа деңгейде болады.

Жалпы қорытындылай келе, шілде айында Жамбыл облысында жоғары температура, төмен ылғалдылық және әлсіз жел жағдайлары басым болып, бұл аймақтың климатын құрғақ әрі ыстық сипаттайды.

Кесте 2.Шілде айының метеорологиялық көрсеткіштері (t – ауа температурасы, f – ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, v – жел жылдамдығы)

МС	t, ºС	f, %	v, м/с
Тараз	25,4	40	3,3
Кордай	22,8	42	2,5
Кулан	25,0	41	3,3
Мойынкум	26,2	42	3,4
Толе би	25,5	47	2,5
Уюк	27,1	35	2,9
Чиганак	26,0	44	3,2
Шокпар	25,7	35	2,7
Хантау	27,4	35	1,9
Саудакент	26,7	38	2,5

Кесте 3-те шілде айының биоклиматтық индекстері берілген. Биоклиматтық индекстермен бағалау нәтижесі бойынша облыс аумағында біршама айырмашылықтар бар.

Эквивалентті-тиімді температура (ЭТТ) бойынша мәндер 18,3°С пен 22,5°С аралығында болды. Бағалау нәтижесінде кейбір станцияларда «жылы» жағдай басым болса (Кордай, Тараз, Кулан, Чиганак, Шокпар), қалған бөлігінде «ыстық» жағдай байқалады (Толе би, Уюк, Мойынкум, Хантау, Саудакент). Бұл көрсеткіш ауа ылғалдылығы мен желдің әсерін ескеретіндіктен, нақты жылу сезімінің кей аймақтарда күшейетінін көрсетеді.

Радиациялық эквивалентті-тиімді температура (РЭТТ) мәндері 27,2°С пен 31,0°С аралығында өзгеріп, барлық метеостанцияларда «жылы субкомфорт» деңгейіне сәйкес келеді. Бұл көрсеткіш күн радиациясының әсерін ескере отырып, шілде айында жылу жүктемесінің жоғары екенін және адамның жылу сезімі «ыстыққа жақын» жағдайда болатынын көрсетеді.

Қалыпты эквивалентті-тиімді температура (ҚЭТТ) бойынша барлық станцияларда мәндер 21,6°С пен 25,0°С аралығында болып, «ыстық» категориясына жатады. Бұл киінген адам үшін де жылулық жағдайдың айтарлықтай жоғары екенін және ыстықтың айқын сезілетінін білдіреді.

Жалпы алғанда, шілде айында Жамбыл облысының климаттық жағдайы адамдардың тұрмыс-тіршілігі үшін әркелкі сипатқа ие. Жазық аймақтарда жоғары температура мен әлсіз желдің әсерінен «ыстық» және «жылы субкомфорт» жағдайлар басым болып, қолайсыздық туғызады. Ал

таулы және биіктеу аймақтарда климат салыстырмалы түрде жұмсақ әрі қолайлырақ болып сипатталады.

Кесте 3. Шілде айының биоклиматтық индекстері

МС	ТТ		ЭТТ		РЭТТ		ҚЭТТ	
Тараз	21,3	жылы	20,1	жылы	28,7	жылысубкомфорт	23,1	ыстық
Кордай	19,8	жылы	18,3	жылы	27,2	жылы субкомфорт	21,6	ыстық
Кулан	21,5	жылы	20,6	жылы	29,1	жылы субкомфорт	23,5	ыстық
Мойынкум	22,3	жылы	21,2	ыстық	30,0	жылы субкомфорт	24,0	ыстық
Толеби	22,2	жылы	22,1	ыстық	30,3	жылы субкомфорт	24,7	ыстық
Уюк	22,7	жылы	21,9	ыстық	30,2	жылы субкомфорт	24,5	ыстық
Чиганак	22,1	жылы	20,8	жылы	29,5	жылы субкомфорт	23,6	ыстық
Шокпар	21,7	жылы	19,2	жылы	27,9	жылы субкомфорт	22,4	ыстық
Хантау	23,2	жылы	22,5	ыстық	31,0	жылы субкомфорт	25,0	ыстық
Саудакент	22,2	жылы	21,1	ыстық	30,0	жылы субкомфорт	23,9	ыстық

Кесте 4-де 10 МС бойынша қаңтар айының метеорологиялық көрсеткіштерінің орташа көпжылдық мәндері берілген.

Ауа температурасы орташа есеппен -5,9 °C құрайды, бұл өңірде қыс мезгілінің суық әрі тұрақты сипатта өтетінін дәлелдейді. Ең жоғары температура Тараз МС-да (-3,3 °C) байқалса, ең төмен мән Чиганак МС-да (-10,7 °C) тіркелген. Температуралық айырмашылық 7,4 °C шамасында болып, бұл жер бедері мен биіктік айырмашылықтарының әсерін көрсетеді. Жазық және төмен орналасқан аймақтарда (Тараз МС , Қордай МС) климат салыстырмалы түрде жұмсақ, ал ашық әрі биіктеу аумақтарда (Мойынқұм МС, Чиганақ МС) ауа қатты суытады.

Жалпы алғанда, қаңтар айындағы климаттық жағдайлар өңірдің қатаң континенттік қысымен, жоғары ылғалдылық деңгейімен және әлсіз-орташа жел режимімен сипатталады. Кеңістіктік айырмашылықтар негізінен жер бедері, биіктік және ашық/жабық географиялық орналасуға байланысты қалыптасқан. Ең қолайсыз биоклиматтық жағдайлар Чигана МС-да байқалса, салыстырмалы түрде жұмсақ климат Тараз МС-да тіркелген.

Кесте 4. Қаңтар айының климаттық көрсеткіштері (t – ауа температурасы, f – ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, v – жел жылдамдығы)

МС	t, °C	f, %	v, м/с
Тараз	-3,3	78	2,5
Кордай	-5,3	73	2,2
Кулан	-5,0	79	1,5
Мойынкум	-7,2	72	2,1
Толе би	-6,8	82	1,9
Уюк	-6,7	75	1,7
Чиганак	-10,7	81	3,9
Шокпар	-4,2	71	1,5
Хантау	-4,0	70	1,6
Саудакент	-5,8	81	1,9

Қаңтар айының биоклиматтық жағдайы 5-кесте бойынша үш негізгі индекс – тиімді температура (ТТ), келтірілген температура (Ткелт) және Бодманның қатаңдық индексі (S) арқылы бағаланды. Зерттеу нәтижелері бойынша барлық метеорологиялық станцияларда ТТ мәндері -4,5°C пен -12,5°C аралығында өзгеріп, «суық» категориясына сәйкес келетіні анықталды. Бұл қаңтар айында облыс аумағында тұрақты түрде суықтық жағдай қалыптасатынын көрсетеді.

Келтірілген температура (Ткелт) мәндері -14,2°C пен -26,9°C аралығында болды. Бағалау нәтижесінде бірқатар МС-да «әлсіз суық» жағдай байқалса (Тараз, Кулан, Шокпар, Хантау), қалған бөлігінде «суық» деңгей басым екені анықталды. Әсіресе Чиганак МС-да (Ткелт) мәнінің ең төмен болуы (-26,9°C) жел жылдамдығының жоғары болуымен байланысты, бұл суықтың адам ағзасына әсерін күшейтеді.

Бодман индексі (S) бойынша мәндер 1,2–2,9 аралығында өзгеріп, облыс аумағында қыс маусымы негізінен «әлсіз қатаң» ретінде бағаланды.

Жалпы алғанда, қаңтар айында Жамбыл облысының климаттық жағдайы адамдардың тұрмыс-тіршілігі үшін суық болып сипатталады. Дегенмен, облыстың оңтүстік және таулы бөліктерінде климат салыстырмалы түрде қолайлырақ болса, солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарында суықтықтың күшеюіне байланысты қолайсыздау жағдай қалыптасады.

Кесте 5. Қаңтар айының биоклиматтық индекстері

МС	ТТ		$Т_{келт}$		S	
Тараз	-4,5	суық	-16,2	әлсіз суық	1,8	қыс әлсіз қатаң
Кордай	-7,0	суық	-17,4	суық	1,3	қыс әлсіз қатаң
Кулан	-6,3	суық	-15,6	әлсіз суық	1,2	қыс әлсіз қатаң
Мойынкум	-8,5	суық	-19,0	суық	1,2	қыс әлсіз қатаң
Толе би	-8,0	суық	-18,1	суық	2,0	қыс әлсіз қатаң
Уюк	-8,3	суық	-17,4	суық	1,4	қыс әлсіз қатаң

Чиганак	-9,1	суық	-26,9	суық	2,9	қыс орташа қатаң
Шокпар	-5,8	суық	-14,2	әлсіз суық	1,2	қыс әлсіз қатаң
Хантау	-5,3	суық	-14,5	әлсіз суық	1,2	қыс әлсіз қатаң
Саудакент	-7,0	суық	-17,1	суық	1,5	қыс әлсіз қатаң

Қорытынды. Жамбыл облысының климатының адамдардың тұрмыс-тіршілігіне қолайлылығын бағалау үшін 10 метеорологиялық станция бойынша ең жылы (шілде) және ең суық (қаңтар) айлардың биоклиматтық индекстері есептелді. Шілде айы 4 биоклиматтық индекс бойынша, ал қаңтар айы 3 биоклиматтық индекс бойынша бағаланды. Зерттеу нәтижелері Жамбыл облысының биоклиматтық жағдайының аумақтық және маусымдық тұрғыдан айқын дифференциацияланатынын көрсетті. Қыс мезгілінде облыстың солтүстік және солтүстік-шығыс бөліктерінде төмен температура мен желдің күшеюі салдарынан қолайсыздау жағдайлар байқалады, ал қалған аумақтарда климат біршама жұмсақ және қолайлы сипатқа ие.

Осылайша, жүргізілген кешенді бағалау нәтижелері Жамбыл облысының климаты жалпы алғанда адамдардың тұрмыс-тіршілігі, денсаулығы және еңбек әрекеті үшін қолайлы, алайда экстремалды температуралық жағдайлар (жаздағы аптап ыстық пен қыстағы суық) кейбір аймақтарда шектеуші фактор ретінде әсер ететінін айқындайды. Бұл нәтижелер аймақтың климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту және бейімделу шараларын жоспарлау үшін маңызды ғылыми негіз бола алады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Бейсенова Ә.С., Қирабаев Ә.С. Қазақстанның географиялық атласы.- Алматы: "Атамұра", 2013. - 104 С.

2. Головина Е.Г., Русанов В.И. Некоторые вопросы биометеорологии. -СПб.: 1993. -4-9 с.

3. Бокша В.Г. Справочник по климатотерапии. -Киев, Здоровья, 1980. -118-119 с.

4. Колокотрони К.О., Калмыкова И.Н. Оценка биоклиматических условиий на территории Приволжского федерального округа с использованием ГИС технологии. -М.:Издательство Московского Университета, 2003. -5-26 с.

5. Айзенштат Б.А. Тепловой баланс и микроклимат основных ландшафтов Средней Азии и некоторые вопросы биоклиматологии. Автореф. дис. д-ра геогр. наук. -М., 1969. -134-135 с.

УДК 372.857

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ВЕГЕТАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРДІ БАҒАЛАУ

Сағынтай А. Қ., 2 курс магистранты, altynaisagyntai@mail.ru;
Байшоланов С. С., г.ғ.к., Астана халықаралық университеті Астана қ., Қазақстан

Аннотация: Мақалада Жамбыл облысының вегетациялық кезеңдерінің өсімдіктердің өсіп-өнуіне қолайлығы бағаланған. Зерттеу нәтижесінде өсімдіктердің тіршілігі үшін Жамбыл облысының ауа жоғары кезеңнің ұзақтығы қоңыржай ендіктердегі көптеген дақылдардың вегетациялық кезеңіне сәйкес келетіні анықталды. Облыстың әкімшілік аудандарының өсімдік шаруашылығы аумақтары бойынша орташаланған вегетациялық кезеңнің жылумен қамтамасыз етілуінің агроклиматтық көрсеткіштері өсімдік шаруашылығында ауа температурасы арқылы тұрақты өтетіні байқалды.Жалпы алғанда Жамбыл облысының вегетациялық кезеңінің өсімдіктердің тіршілігі, өсіп-өнуі үшін жеткілікті түрде қолайлы деп санауға болады.

Кілт сөздер: жылсүйгіш дақылдар, ылғалдандыру коэффициенті, гидротермикалық коэффициент, жылулық ресурстар.

Кіріспе. Вегетациялық кезең– өсімдіктің өсіп, дамуына қолайлы жыл маусымы болып табылады.Вегетациялық кезең – өте маңызды биоклиматтық көрсеткіш екені белгілі. Сондықтан вегетациялық кезеңге байланысты ауыл шаруашылығы өсімдіктердін орналастыру, агротехникалық шараларды қолдану, егін жинау мерзімдері белгіленеді. Вегетациялық кезеңге ауа райы мен жер бедерінің үлкен әсерін тигізеді. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында өсімдіктің вегетациялық кезеңі солтүстік аймақтарға қарағанда ұзағырақ созылады. Жамбыл облысы үшін вегетациялық кезеңнің оңтайлылығын бағалау үшін 9 МС таңдалынып алынды.

Деректер мен зерттеу әдістері. Облыстың әкімшілік аудандарының өсімдік шаруашылығы аумақтарының климаттық жағдайларын сипаттау үшін ҚР ЭТРМ "Қазгидромет" РМК метеорологиялық станцияларының (МС) деректері пайдаланылды (1–кесте). Аудан аймағында МС болмаған жағдайда жақын маңдағы МС бойынша орташаланған деректер пайдаланылды. 1991-2024 жылдар аралығындағы көпжылдық деректер пайдаланылды.

1–кесте. Жамбыл облысындағы агроклиматтық жағдайларды сипаттау үшін пайдаланылған метеорологиялық станциялардың тізімі.

Аудан	МС	Теңіз деңгейінен биіктігі,м
Сарысуский	Саудакент	337
Таласский	Уюк	373
Байзакский	Уюк, Тараз	
Жамбылский	Тараз	650
Жуалынский	Нурлыкент	952
Т. Рыскулова	Кулан	682
Меркенский	Мерке	690
Шуский	Толе би	445
Кордайский	Кордай	742

Өсімдіктердің өсуі мен дамуы күнделікті ауа температурасының оның биологиялық минималды температурасынан жоғары тұрақты ауысу күнінен басталады. Көптеген өсімдіктер мен дақылдар үшін бұл шектеу 10°С (ерте жаздық), кеш жаздық дақылдар үшін – 10°С, ал жылусүйгіш дақылдар үшін – 10°С. [1, 2].

Орташа тәуліктік ауа температурасы 10°С-тан жоғары кезеңнің ұзақтығы қоңыржай ендіктердегі көптеген дақылдардың вегетациялық кезеңіне сәйкес келеді. Мұнда шектеуші фактор-мұздату. Сондықтан вегетациялық кезеңнің термиялық ресурстары көбінесе 10°С-тан жоғары белсенді ауа температурасының қосындысымен бағаланады.

Дақылдардың ылғалмен қамтамасыз етілуін бағалау үшін олар көбінесе жанама көрсеткіштерге, атап айтқанда ылғалдандыру коэффициентін есептеуге жүгінеді. Тиісінше, біз дақылдардың белсенді өсу кезеңінде (мамыр–тамыз) ылғалмен қамтамасыз етілуін бағалау үшін К ылғалдандыру коэффициентін қолдандық [3]:

$$K = \frac{0{,}5\sum R_{11-4} + \sum R_{5-8}}{0{,}12\sum T_{5-8}} \quad (1)$$

мұндағы ∑R11-4–қараша-сәуір айларындағы жауын-шашын мөлшері;

∑R5-8–мамыр-тамыз айларындағы жауын-шашын мөлшері;

∑T5–8–мамыр-тамыз айларындағы ауа температурасының жинағы.

Теңдеуде суық кезеңнің жауын-шашыны дақылдарды себу кезеңінде (вегетациялық кезеңнің басында) топырақтағы ылғал қорын жанама түрде сипаттайды. Сондай–ақ, белгілі бір дәрежеде ол жалпы құрғақшылықты (атмосфералық-топырақ) сипаттай алады.

2–кестеде Қазақстан аумағы үшін К ылғалдандыру коэффициентінің көмегімен вегетациялық кезеңнің ылғалмен қамтамасыз етілуін бағалау критерийлері келтірілген.

2–кесте. К ылғалдандыру коэффициентінің көмегімен вегетациялық кезеңнің ылғалмен қамтамасыз етілуін бағалау критерийлері.

К	Ылғалмен қамтамасыз етуді бағалау

< 0,20	құрғақ
0,20 – 0,39	ылғалдың күшті тапшылығы
0,40 – 0,59	ылғалдың орташа тапшылығы
0,60 – 0,79	ылғалмен жеткіліксіз қамтамасыздалу
0,80 – 0,99	ылғалмен жеткілікті, бірақ тұрақты емес қамтамасыздану
1,00 – 1,39	ылғалмен оңтайлы және тұрақты қамтамасыздану
≥ 1,40	артық ылғалдану

Қазақстан жағдайында вегетациялық кезеңнің климаттық қуаңшылығын бағалау қажет. Көпжылдық тәжірибе көрсеткендей, Қазақстан жағдайындағы қуаңшылықты бағалау үшін мамыр-тамыз айларында есептелген Г.Т. Селяниновтың гидротермиялық коэффициенті (ГТК) ең қолайлы болып табылады [3, 4, 5].

$$ГТК = \frac{\sum R_{5-8}}{0,1\sum t_{>10}} \quad (2)$$

мұндағы ∑R5-8–мамыр-тамыз айларындағы жауын-шашын мөлшері;

∑t>10–мамыр-тамыз айларында 10°С-тан жоғары ауа температурасының жинағы.

Қазақстан жағдайында климаттың қуаңшылық қарқындылығын бағалау үшін 3–кестеде келтірілген ГТК критерийлері пайдаланылады.

3–кесте. ГТК5-8 бойынша вегетациялық кезеңнің қуаңшылығын бағалау критерийлері.

$ГТК_{5-8}$	**Қуаңшылық дәрежесі**
< 0,40	күшті қуаңшыл
0,40 – 0,59	орташа қуаңшыл
0,60 – 0,79	әлсіз қуаңшыл
≥ 0,80	қуаңшыл емес

Зерттеу нәтижелері

Жылу ресурстары. Жамбыл облысында +10°С жоғары температурадағы вегетациялық кезең 173–194 күн аралығында, ал белсенді температура жиынтығы 2982–4051°С шамасында өзгереді. Бұл өңірдің агроклиматтық әлеуеті жоғары екенін көрсетеді.

Ауа температурасы +15°С жоғары кезең 147–168 күн, ал температура жиынтығы 2300–3050°С аралығында болады. Бұл жылусүйгіш дақылдардың таралуын шектейді және олардың өсіру аудандарын нақты таңдауды талап етеді (4–кесте).

4–кесте.Жамбыл облысында 10 және 15 °С жоғары тұрақты өту датасы (D), кезең ұзақтығы (N) және ауа температурасының қосындысы (∑T).

Аудан	D_{10}	D_{15}	N_{10}	N_{15}	$\sum T_{10}$	$\sum T_{15}$
Сарысу	06.04	20.04	192	163	4013	3000
Талас	07.04	22.04	191	160	4051	3050
Байзақ	07.04	22.04	193	166	3946	2950
Жамбыл	07.04	22.04	194	157	3840	2850
Жуалы	15.04	01.05	173	147	2982	2300
Т. Рысқұлов	08.04	23.04	189	160	3704	2750
Мерке	08.04	23.04	190	160	3730	2800
Шу	05.04	20.04	193	168	3894	2900
Қордай	15.04	01.05	178	147	3219	2500

Ылғал ресурстары. Жамбыл облысында жауын-шашынның жылдық мөлшері 180–550 мм аралығында өзгереді. Ең аз көрсеткіш Сарысу ауданында байқалады, бұл оның шөлейт аймақта орналасқанын көрсетеді. Ал Жуалы, Мерке және Т. Рысқұлов аудандарында жауын-шашын мөлшері жоғары, себебі олар тау бөктерінде орналасқан.

Салқын кезеңде (Rск) 85-320 мм жауын жауады. Жылы кезеңдегі жауын-шашын (Rжк) ауыл шаруашылығы үшін маңызды болып табылады және оның мөлшері 95–230 мм аралығында. Бұл көрсеткіш дақылдардың өнімділігіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, мамыр-тамыз айларында вегетация кезеңінде (R5-8) 45-100 жауын жауады (5-кесте).

5–кесте. Жамбыл облысы бойынша мамыр-тамыз айларындағы жылдың суық және жылы кезеңдері бойынша жауын-шашын мөлшері (R).

Аудан	Rжыл	Rск	Rжк	R5-8
Сарысу	180	85	95	45
Талас	320	190	130	60
Байзақ	350	210	140	65
Жамбыл	330	200	130	60
Жуалы	550	320	230	100
Т. Рысқұлов	400	240	160	75
Мерке	420	250	170	80
Шу	260	150	110	50
Қордай	300	170	130	60

Вегетациялық кезеңнің ылғалмен қамтамасыздылығы

Жамбыл облысы аудандарының ылғалмен қамтамасыз етілу деңгейі (К коэффициенті) айтарлықтай ауытқитыны байқалады. Зерттеу нәтижелері бойынша өңірде негізінен ылғал тапшылығы басым екені анықталды.

Коэффициент мәні 0,27–0,43 аралығында болатын Сарысу (0,36) және Талас (0,27) аудандарында айқын ылғал тапшылығы байқалады. Бұл

аудандар шөлейт және құрғақ аймақтарға жатады, сондықтан табиғи жауын-шашын мөлшері ауыл шаруашылығы үшін жеткіліксіз. Мұндай жағдайда суармалы егіншілік маңызды рөл атқарады.

Коэффициенті 0,50–0,59 аралығында орналасқан Жамбыл (0,59), Т. Рысқұлов (0,59) және Шу (0,50) аудандары ылғалдың орташа тапшылығы аймағына жатады. Бұл өңірлерде ауыл шаруашылығын жүргізу мүмкін болғанымен, өнімділік тұрақсыз болуы мүмкін және қосымша агротехникалық шараларды қажет етеді.

Байзақ ауданында (0,43) да ылғалдың орташа тапшылығы байқалады, бұл оны өтпелі аймақ ретінде сипаттайды.

Ал Мерке ауданында (0,73) ылғал көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, әлі де ылғал тапшылығы сақталады, яғни табиғи ылғал толық жеткіліксіз.

Ең қолайлы жағдай Жуалы (0,92) және Қордай (0,91) аудандарында қалыптасқан. Бұл аудандарда ылғалмен қамтамасыз етілу жеткілікті, алайда оның жылдар бойынша тұрақсыздығы байқалады. Бұл табиғи-климаттық жағдайлардың құбылмалылығымен түсіндіріледі (6 – кесте).

6–кесте. Жамбыл облысында К ылғалдандыру коэффициенті бойынша вегетациялық кезеңнің ылғалмен қамтамасыз етілуін бағалау.

Аудан	**МС**	**К**	**Бағалау**
Сарысу	Саудакент	0,36	Ылғалтапшылығы
Талас	Уюк	0,27	Ылғалтапшылығы
Байзақ	Уюк, Тараз	0,43	Ылғалдың орташа тапшылығы
Жамбыл	Тараз	0,59	Ылғалдың орташа тапшылығы
Жуалы	Нурлыкент	0,92	Жеткілікті, бірақ тұрақты ылғалмен қамтамасыз етілмейді
Т. Рысқұлов	Кулан	0,59	Ылғалдың орташа тапшылығы
Мерке	Мерке	0,73	Ылғалтапшылығы
Шу	Толе би	0,50	Ылғалдың орташа тапшылығы
Кордай	Кордай	0,91	Жеткілікті, бірақ тұрақты ылғалмен қамтамасыз етілмейді

Вегетациялық кезеңнің құрғақтығы

Жамбыл облысында вегетациялық кезеңнің құрғақтығы ГТК көрсеткіштері бойынша 0,12–0,57 аралығында өзгеріп, өңірдің жалпы «құрғақ климаттық аймаққа» жататынын көрсетеді. Саудакент, Уюк, Тараз, Кулан және Төле би метеостанцияларында ГТК мәні 0,4-тен төмен, яғни вегетациялық кезең «өте құрғақ» жағдайда өтеді. Ал Нурлыкент, Мерке және Қордай аудандарында көрсеткіш 0,4–0,6 аралығында, бұл «әлсіз құрғақ» жағдайды білдіреді.

Жалпы, облыстың басым бөлігінде ылғал тапшылығы байқалады, сондықтан ауыл шаруашылығында суармалы егіншілік пен ылғал үнемдеу технологияларын қолдану маңызды (7–кесте).

7–кесте. Жамбыл облысындағы ГТК бойынша вегетациялық кезеңнің құрғақтығын бағалау.

МС	ГТК	Бағалау
Саудакент	0,17	Өте құрғақ
Уюк	0,12	Өте құрғақ
Уюк, Тараз	0,23	Өте құрғақ
Тараз	0,33	Өте құрғақ
Нурлыкент	0,45	Әлсіз құрғақ
Кулан	0,35	Өте құрғақ
Мерке	0,44	Әлсіз құрғақ
Толе би	0,27	Өте құрғақ
Кордай	0,57	Әлсіз құрғақ

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Жамбыл облысының вегетациялық кезеңі жалпы алғанда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге қолайлы агроклиматтық жағдайлармен сипатталатынын көрсетті. Облыс аумағында +10°C жоғары температурадағы кезеңнің ұзақтығы мен белсенді температура жиынтығы көптеген ауыл шаруашылығы дақылдарының қалыпты өсіп-өнуіне жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, +15°C жоғары кезеңнің қысқалығы жылусүйгіш дақылдарды өсіру мүмкіндігін белгілі бір деңгейде шектейтінін көрсетеді. Бұл олардың таралу аймақтарын дұрыс таңдауды және агротехникалық шараларды тиімді жоспарлауды талап етеді.

Ылғал ресурстары бойынша облыс аумағында айқын аумақтық айырмашылықтар байқалады: шөлейт және жазық аудандарда ылғал тапшылығы басым болса, тау бөктері аймақтарында ылғалмен қамтамасыз етілу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары. Ылғалдандыру коэффициенті мен гидротермиялық коэффициент көрсеткіштері облыстың басым бөлігінде вегетациялық кезеңнің құрғақ және әлсіз құрғақ жағдайда өтетінін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, Жамбыл облысында вегетациялық кезеңнің жылу ресурстары жеткілікті болғанымен, ылғал факторлары негізгі шектеуші рөл атқарады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығында суармалы егіншілікті дамыту, ылғал үнемдеу технологияларын енгізу және дақылдарды табиғи-климаттық жағдайларға сәйкес тиімді орналастыру маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лосев А.П. Практикум по агроклиматическому обеспечению растениеводства. – СПб.: Гидрометеоиздат, 1994. – 243 с.

2. Грингоф И.Г., Клещенко А.Д., Основы сельскохозяйственной метеорологии. Том 1. Потребность сельскохозяйственных культур в агрометеорологических условиях и опасные для сельскохозяйственного производства погодные условия. – Обнинск: ФГБУ «ВНИИГМИ–МЦД», 2011. – 808 с.

3. Байшоланов С.С., Павлова В.Н., Жакиева А.Р., Чернов Д.А., Габбасова М.С. Агроклиматические ресурсы Северного Казахстана / Гидрометеорологические исследования и прогнозы // Труды Гидрометцентра России. №1 (367). 2018. С. 5–13.

4. Байшоланов С.С. О повторяемости засух в зерносеющих областях Казахстана // Гидрометеорология и экология. № 3. Алматы, 2010. РГП «Казгидромет», С. 27-38.

5. Муканов Е.Н. Байшоланов С.С. Районирование и оценка засушливости вегетационного периода на территории Казахстана // Материалы международной.

МРНТИ 06.61.33

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ ҮШІН САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Саматқызы А., «Экология» білім беру бағдарламасының студенті, aisary.samatkyzy@narxoz.kz; **Құлымбет М.,** «Экология» білім беру бағдарламасының студенті, makpal.kulymbet@narxoz.kz; **Сайфуллаев А,** «Экология» білім беру бағдарламасының студенті, abubakir.saifullayev@narxoz.kz, Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан, **Бөрібай Э.С.,** «Экология» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан
elmira.boribay@narxoz.kz

Аннотация. Климаттың өзгеруінен туындаған экологиялық тәуекелдерді талдау және болжау үшін цифрлық технологияларды пайдаланудың заманауи тәсілдерін қолдану қазіргі уақытта өзекті мәселеге айналып отыр. Ол үлкен деректерді өңдеу әдістеріне, климатты модельдеуге және табиғи апаттарды бақылау және болжауға бағытталған. Тәуекелдерді басқарудағы цифрлық құралдардың тиімділігі, климаттың өзгеруінің теріс әсерін азайту және экология және тұрақты даму салаларында негізделген шешімдер қабылдауда үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Зерттеуде Алматы облысын мысалға ала отырып, климаттың өзгеруіне байланысты экологиялық қауіп-қатерді талдау және болжау үшін сандық әдістер мен технологияларды қолдану қарастырылады. Негізгі назар климаттық процестерді модельдеуге, экстремалды табиғи құбылыстардың ықтималдығын бағалауға және әлеуетті осал аймақтарды анықтауға аударылады. Мәліметтерді жинау және өңдеудің заманауи тәсілдері, соның ішінде геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), статистикалық модельдеу және уақыттық қатарларға негізделген болжау қолданылады. Зерттеу нәтижелері климаттық қауіп-қатердің негізгі факторларын анықтауға ғана емес, сонымен қатар экожүйеге және халыққа теріс әсерді азайту бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Сандық технологияларды қолдану дәлірек болжам жасауға және климаттың өзгеруіне бейімделу стратегияларын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл Алматы облысының тұрақты дамуы үшін маңызды.

Кілт сөздер: климаттың өзгеруі, экологиялық тәуекелдер, сандық технологиялар, парниктік газдар, Алматы облысы, экологиялық мониторинг.

Кіріспе. Климаттың өзгеруі экожүйелер мен адам әрекетіне негізгі жаһандық қауіп болып табылады. Температураның жоғарылауы, жауын-шашын үлгілерінің өзгеруі және жиірек экстремалды ауа райы оқиғалары елеулі экологиялық қауіп-қатер тудырады. Алматы облысында құрғақшылық, орман өрттері және су ресурстарының деградациясының өсуі жиі байқалады. Мұның барлығы климаттың өзгеруіне тікелей байланысты сипатталады. Қазіргі жағдайда цифрлық технологиялар мұндай тәуекелдерді бақылаудың, талдаудың және болжаудың таптырмас құралына айналуда.

Климаттың өзгеруінің ықпалының күшеюі, осал аймақтардағы халық тығыздығының артуы және төтенше оқиғалардың күшеюі жағдайында табиғи және экологиялық қауіптерді тиімді бақылау және болжау қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдар және ақпараттық технологиялар үшін басты міндетке айналды. Жер сілкінісі, су тасқыны, өрт және ауаның ластануы сияқты табиғи апаттар халықтың денсаулығына, қоршаған ортаға және маңызды инфрақұрылымға ғана емес, сонымен бірге экономикалық және әлеуметтік қызметке де ауыр зардаптар әкеледі. Экологиялық тәуекелдерді дұрыс басқару қазіргі уақытта әртүрлі деректер көздерін біріктіруді және кеңейтілген аналитикалық құралдарды пайдалануды талап етеді.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың жылдам жетістіктері байқалды. Бұл қауіптерді бақылауға деген көзқарасты айтарлықтай өзгертті. Заттар интернеті (IoT), машиналық оқыту (ML), терең оқыту (DL) және кескіндерді өңдеу әдістеріне негізделген шешімдер әсіресе маңызды. Өйткені олар нақты уақытта адамның минималды араласуымен деректерді жинауға, талдауға және интерпретациялауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар ерте ескерту жүйелерін құруға, қауіпті болжауға және белгісіз ортада шешім қабылдауға көмектеседі.

Цифрлық технологияларды табиғи және экологиялық қауіп мониторингіне біріктіру салыстырмалы түрде зерттеу саласы болып қала береді. Ғылыми зерттеулерде су тасқыны, жер сілкінісі және өрт сияқты нақты қауіп түрлері бойынша көптеген мақалалар қамтылғанымен, оқиғалардың әртүрлі түрлерін қамтитын және қолданылатын технологияларды салыстыратын кешенді сандық экологиялық тәсілдер сирек кездеседі. Сондай-ақ осы саладағы қазіргі заманғы техниканың жай-күйін зерттеп, оны экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан жан-жақты қарастыратын жүйелі зерттеулер қажет.

Жұмыстың мақсаты Алматы облысында экологиялық тәуекелді бағалау үшін цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу және негізгі қауіп факторы ретінде климаттың өзгеруімен үйлестіре талдау.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Зерттеу материалы ретінде климаттық өзгерістер, экологиялық қауіп-қатерлер және оларды талдау үшін цифрлық технологияларды қолдану бойынша ғылыми жарияланымдар негізге алынды. Дереккөздерге халықаралық және отандық зерттеу материалдарына талдау жасалынды.

Алматы облысындағы климаттық көрсеткіштер, гидрология және орман өрттері туралы статистикалық деректер, ұлттық метеорологиялық және экологиялық қызметтер, соның ішінде Қазгидромет және аймақтық мемлекеттік органдардың статистикалық есептері арқылы берілген. Экологиялық қауіп-қатерлердің кеңістіктік таралуын бағалау үшін ашық географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) арқылы қолжетімді спутниктік деректер пайдаланылды.

Статистикалық, салыстырмалы талдау және деректерді визуализациялау бойынша аймақтық климаттық және экологиялық көрсеткіштерді өңдеу арқылы тенденциялар мен ықтимал қауіп аймақтарын анықтау негізге алынды.

Соңғы 50 жылдағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың өсуі жаһандық жылынуға ықпал ететін және жаңа экологиялық тәуекелдерді тудыратын атмосферада CO_2 шамадан тыс жиналуының негізгі драйверіне айналды. Ауаның температурасы, жауын-шашын, булану жылдамдығы және олардың уақытша өзгерістері сияқты климаттық факторлар ауыл шаруашылығы жүйелерінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді және құрғақшылық, топырақтың нашарлауы және су ресурстарының азаюы сияқты қолайсыз экологиялық оқиғалардың ықтималдығын арттыруы мүмкін. Жаһандық жылыну суармалы жерлердің су тұтынуын және жалпы булануды арттырады. Сол арқылы экожүйелерге қосымша қысым жасап қана қоймай су тапшылығы қаупін арттырып отыр [1].

Нәтижелер. Қоршаған ортаның жай-күйін мониторингтеу - табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен табиғи компоненттердің өзгерістерін жүйелі түрде бақылау, бағалау және болжау үдерісі. Ғылыми және нормативтік тәжірибеде экологиялық мониторинг атмосфера, гидросфера, литосфера және биотаның жағдайы туралы деректерді жинау, өңдеу және талдауды қамтамасыз ететін көпдеңгейлі ақпараттық жүйе ретінде қарастырылады. Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) мұндай деректерді біріктіру мен кеңістіктік интерпретациялаудың негізгі құралы болып табылады.

Экологиялық мониторингте ГАЖ қолдану бақылау нәтижелерін кеңістіктік байланыстыру принципіне негізделеді. Кез келген өлшенетін көрсеткіш (ластаушы заттардың концентрациясы, ауа температурасы, су деңгейі, өсімдік биомассасы) координаттар жүйесінде тіркеледі. Бұл кеңістіктік-уақыттық деректер базаларын қалыптастыруға және процестердің динамикасын талдауға мүмкіндік береді. ArcGIS және QGIS бағдарламалық орталарында геодеректер базаларын басқару, уақыттық қатарларды құру және көрсеткіштердің уақыт бойынша өзгерістерін визуализациялау құралдары жүзеге асырылған.

Атмосфералық ауаны мониторингтеу - ГАЖ қолданудың маңызды бағыттарының бірі. Стационарлық бақылау бекеттерінің деректері геоақпараттық ортаға енгізіліп, онда ластаушы заттардың (SO_2, NO_2, CO, $PM_{2.5}$ және PM_{10} бөлшектері) концентрациялары интерполяцияланады және

ластану карталары құрылады [2]. Кеңістіктік талдау жоғары тәуекел аймақтарын анықтауға, ластану деңгейінің көлік ағындары мен өнеркәсіптік белсенділікке тәуелділігін бағалауға, сондай-ақ метеорологиялық параметрлерді ескере отырып ластаушы заттардың таралуын модельдеуге мүмкіндік береді.

Кесте 1 - Парниктік газдар шығарындыларының динамикасы (2017–2023).

Жылдар	ПГ шығарындылары, млн т CO_2-экв.	Алдыңғы жылмен салыстырғандағы өзгерістер
2017	~320	-
2018	~325	+1,6 %
2019	~330	+1,5 %
2020	~315	-4,5% (Covid әсері)
2021	~335	+6,3%
2022	~345	+3,0%
2023	~350-355	+1,5-3,0%
Ескертпе: Ұлттық есептер мен халықаралық дерекқорларға сәйкес (UNFCCC, Дүниежүзілік банк, EDGAR)		

1 кестеде берілген мәліметтерге сүйенсек, парниктік газдар шығарындыларының өзгеруі жаһандық жылыну қарқындылығына және онымен байланысты экологиялық процестерге тікелей әсер етеді. Тіпті аздаған жылдық өзгерістер (±1–3%) ұзақ мерзімді кезеңде жинақталады және парниктік әсерді күшейту немесе әлсірету арқылы климаттық жүйеге айтарлықтай әсер етеді.



Сурет 1 – Метеостанциялар бойынша ауаның жылдық орташа температура көрсеткіштері (Алматы облысы, Казгидромет мәліметтері бойынша)

Климаттық өзгерістерді мониторинг жүргізуде көпжылдық метеорологиялық бақылауларды бірыңғай кеңістіктік деректер базасына біріктіруде температура ауытқулары, жауын-шашынның таралуы және экстремалды құбылыстар жиілігінің карталарын жасауға мүмкіндік береді. Кеңістіктік интерполяция мен трендтерді талдау климаттың аймақтық ерекшеліктерін анықтауға және табиғи кешендердің осалдығын бағалауға жағдай жасайды (2 сурет).



Сурет 2 – Атмосфералық жауын-шашынның жылдық көрсеткіштері, Алматы облысы
Ескертпе: Казгидромет мәліметтері бойынша

Су объектілерінің мониторингі гидрологиялық және гидрохимиялық көрсеткіштерді - су деңгейін, температурасын, минералдануын, еріген оттегі мен биогендік элементтердің құрамын бақылауды қамтиды. Бұл деректерді ГАЖ-ға енгізу су бетінің ауданының өзгерістерін, арналық процестердің динамикасын және өзен алаптарындағы ластанудың таралуын талдауға мүмкіндік береді. Тағы бір зерттеуде аймақтың өзендеріндегі су ағыны туралы мәліметтер бойынша ірі өзендердегі орташа су шығыны шамамен 1,5–10 м³/с болса, шағын өзендерде орташа шамамен 0,1–2 м³/с.

Маусымдық өзгерістер кезінде көктемде - максималды ағын (қардың еруіне байланысты); жазда/күзде - ағынның төмендеуі, су тапшылығы кезеңі. Ағынның жылдамдығы және олардың өзгеруі жауын-шашын мен ауа температурасына өте тәуелді. Мұндай деректерді кеңістіктік-уақыттық өңдеу экожүйелер өнімділігінің төмендеу тенденцияларын анықтауға және ландшафттардың болашақтағы өзгерістерін болжауға жағдай жасайды.

Қазіргі экологиялық мониторинг жерүсті бақылауларын, спутниктік деректерді және модельдеу нәтижелерін біріктіретін кешенді ақпараттық жүйелерге көшуімен сипатталады. ГАЖ осы дереккөздерді бірыңғай аналитикалық ортада біріктіріп, бағалаулардың дәлдігін арттырады және

шешім қабылдау жеделдігін қамтамасыз етеді. Антропогендік жүктеменің өсуі мен климаттың өзгеруі жағдайында геоақпараттық технологиялар экологиялық бақылаудың ұлттық және халықаралық жүйелерінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Осылайша, ГАЖ-ды қоршаған орта мониторингінде қолдану деректерді кеңістіктік жүйелеуді, табиғи процестердің өзгеру заңдылықтарын анықтауды және ғылыми негізделген болжамдар жасауды қамтамасыз етеді [3]. Кейбір зерттеулерде экологиялық тәуекелдерді бағалау республика бойынша ортақ ластану көрсеткіштері және олардың өңірлік экологиялық жағдайға әсері негізінде қарастырылған [4]. Мұндай әдістеме әрбір аймақтың табиғи-климаттық орналасу ерекшеліктерін және көршілес облыстардан келетін ластанулардың әсерін ескереді. Мұндай зерттеулердің барлығы табиғатты қорғау саясатының тиімділігін арттыруға және аумақтарды тұрақты басқаруға ықпал етеді.

Қорытынды. Табиғи тәуекелдерді (су тасқыны, құрғақшылық, көшкіндер, орман өрттері) бағалау кезінде ГАЖ-да сандық рельеф модельдері, гидрологиялық және климаттық деректер қолданылды. Қауіпті құбылыстардың пайда болу ықтималдығын кеңістіктік модельдеу тәуекел аймақтарының карталарын жасауға және аумақтардың осалдығын төмендету шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Экологиялық тәуекелдерді бағалау машиналық оқыту және кеңістіктік статистика әдістерімен толықтырылуда. Регрессиялық модельдер, классификация және кластерлік талдау алгоритмдері болжамдардың дәлдігін арттырып, факторлар арасындағы күрделі байланыстарды ескеруге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда ГАЖ кеңістіктік деректер мен есептеу әдістерін біріктіретін құрал ретінде қызмет атқарады.

Қорыта айтқанда, қазіргі экологиялық бақылау жерүсті бақылаулар, спутниктік мәліметтер және модельдеу нәтижелерін біріктіретін кешенді ақпараттық жүйелер арқылы жүргізіледі. ГАЖ қолдану деректерді жүйелеуге, табиғи процестердің заңдылықтарын талдауға және климаттық өзгерістер мен антропогендік әсерлерге бейімделген ғылыми болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, ГАЖ көмегімен экологиялық тәуекелдерді бағалау қауіпті процестерді ғылыми негізде картографиялауға, аумақтардың осалдығын сандық тұрғыда анықтауға және алдын алу шараларын әзірлеуге жол ашады. Кеңістіктік тәсіл факторлардың кешенін ескеріп, талдаудың жүйелілігін қамтамасыз етеді, бұл ГАЖ-ды экологиялық жоспарлау мен табиғи ресурстарды тиімді басқарудың маңызды құралына айналдырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Kyrgyzbay, K. T., Kakimzhanov, E. Kh., & Sagin, J. (2022). Agro-climatic zoning of Almaty region using GIS technologies. News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Physics and Information Technology Series, 2(342), 76–91. https://doi.org/10.32014/2022.2518-1726.131

2. Иващук, О. А., Ягалиева, Б. Е., Гончаров, Д. В., Иващук, О. О., & Макулов, К. К. (2024). Парниктік газдардың әсерінен ауыл шаруашылығы дақылдарының жай-күйінің динамикасын цифрлық мониторинтеу және болжау. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Физика-математика ғылымдары» сериясы, №4(88), 2024, 159-170. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.88.4.016

3. Тунгатар, Д. С., Кайпбаев, Е. Т., & Калмашова, А. Н. (2025). Алматы облысы өзендерінің су ағынының қалыптасу ерекшеліктері. /Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. №4 (108) 2025/. https://doi.org/10.37884/4-2025/32

4. Адамбекова А.А., Салимбаева Р.А., Рандхир Т.О. Оценка экологических рисков в регионах Казахстана с использованием композитного индекса: метод и применение. Central Asian Economic Review. 2025;(4):133-147. https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-4-133-147

МРНТИ 87.17.15

ОЦЕНКА ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА АСТАНЫ И ЕГО ВЛИЯНИЯ НА УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА

Төлеген Ф.М., магистрант 1 курса «7М05201 Экология и природопользование», Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан, tolegenovafatima4@gmail.com; **Матниязова Г. К.,** PhD, ассоц. Профессор, Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан **gulsim.matniyazova@mail.ru**

Аннотация. В статье представлена комплексная оценка качества атмосферного воздуха в городе Астана в контексте достижения Цели устойчивого развития 11, направленной на обеспечение экологической устойчивости городов и населённых пунктов. На основе данных мониторинга проведён анализ уровня загрязнения атмосферного воздуха, выявлены основные источники выбросов загрязняющих веществ, а также рассмотрена динамика изменения экологической ситуации за последние годы. Особое внимание уделено сезонным особенностям загрязнения, влиянию метеорологических условий и антропогенных факторов. Установлено, что несмотря на предпринимаемые меры по снижению выбросов, уровень загрязнения атмосферного воздуха остаётся высоким, особенно в отопительный период. В работе предложены основные направления по улучшению качества воздуха, включая модернизацию энергетического сектора, развитие экологически чистого транспорта и повышение уровня экологической культуры населения.

Ключевые слова: загрязнение атмосферного воздуха, экологический мониторинг, устойчивое развитие, выбросы загрязняющих веществ, качество воздуха, стандартный индекс, наибольшая повторяемость.

Введение. В условиях стремительной урбанизации и роста антропогенной нагрузки проблема загрязнения атмосферного воздуха приобретает особую актуальность. Качество воздуха напрямую влияет на состояние здоровья населения, уровень экологической безопасности и устойчивость развития территорий. В крупных городах, таких как Астана, данная проблема усугубляется увеличением числа автотранспортных средств, развитием промышленности и использованием традиционных видов топлива в частном секторе.

Особое значение приобретает систематический мониторинг атмосферного воздуха, позволяющий выявлять уровень загрязнения, основные источники выбросов и динамику изменения экологической ситуации. Анализ таких данных является необходимым условием для

разработки эффективных природоохранных мер и управления качеством окружающей среды.

Важным международным ориентиром в решении экологических проблем выступают Цели устойчивого развития ООН, среди которых особое место занимает ЦУР 11, направленная на обеспечение экологической устойчивости городов и снижение негативного воздействия на окружающую среду, включая качество атмосферного воздуха.

Материалы и методы. В ходе исследования использовались методы анализа официальных данных мониторинга качества атмосферного воздуха, предоставленных РГП «Казгидромет», а также статистический и сравнительный анализ показателей загрязнения за различные временные периоды. Дополнительно применялся системный подход, позволяющий рассматривать атмосферный воздух как элемент сложной экологической системы, на которую оказывают влияние как природные, так и антропогенные факторы. Для более комплексной оценки состояния атмосферного воздуха использовались данные спутникового мониторинга, что позволило выявить пространственные особенности распределения загрязняющих веществ. Также проводился анализ нормативных документов и отчетных материалов, характеризующих экологическое состояние исследуемого региона.

Основная часть

Наблюдения за состоянием атмосферного воздуха на территории г. Астана проводятся РГП «Казгидромет» на 10 постах наблюдения, в том числе на 4 постах ручного отбора проб и на 6 автоматических станциях.

Помимо стационарных постов наблюдений в городе Астана действует передвижная экологическая лаборатория, с помощью которой измерение качества воздуха проводится дополнительно по точкам [1].

На рисунке 1 представлена информация о местонахождении стационарных постов наблюдений РГП «Казгидромет»



Рисунок 1. Карта мест расположения постов наблюдения, метеостанции г. Астана

Сеть постов наблюдения за состоянием атмосферного воздуха охватывает почти всю территорию города, что позволяет получать репрезентативные данные и проводить комплексную оценку качества воздуха в различных районах.

В реальном времени качество воздуха можно отслеживать на интерактивной карте – IQAir.com или по ежедневным бюллетеням от Казгидромета 3, где подробно указаны данные по основным загрязняющим веществам (PM 10, PM 2.5, диоксид серы, оксид углерода, диоксид азота, оксид азота, сероводород).

Наблюдения за состоянием атмосферного воздуха города Астана ведутся с помощью передвижной лаборатории на 11 точках:

– точка №1 – парк Жеруйык (район Юго-Восток);
– точка №2 – поликлиника №6 (Аманат 3, микрорайон Караоткель, район Алматы);
– точка №3 – СК «Алатау» (район Евразии);
– точка №4 – микрорайон Коктал (на пересечении проспекта Тлендиева и улицы Улытау); т
– очка №5 – СК «Алау»;
– точка №6 – пересечение улиц Сыганак и Чингиза Айтматова;
– точка №7 – поселок Уркер, в районе улицы Узак батыра;
– точка №8 – в районе гимназии №90 по Коргалжынскому шоссе;
– точка №9 – район Чубары (на пересечении улиц Арай и Космонавты);
– точка №10 городская детская больница №2 (район Промзона-2);
– точка №11 – городская больница №2 (район ЭКСПО);

На передвижной лаборатории определяются 6 показателей: 1) взвешенные частицы (пыль); 2) диоксид азота; 3) диоксид серы; 4) оксид углерода; 5) фтористый водород; 6) сероводород (таблица 1) [2].

Таблица 1. Результаты экспедиционных измерений качества атмосферного воздуха

Определяемые примеси	микрорайон Коктал (на пересечении проспекта Тлендиева и улицы Улытау		пересечение улиц Сыганак и Чингиза Айтматова		поселок Уркер, в районе улицы Узак батыра		в районе гимназии №90 по Коргалжынскому шоссе	
	Максимально-разовая концентрация		Максимально-разовая концентрация		Максимально-разовая концентрация		Максимально-разовая концентрация	
	мг/м^3	ПДК	мг/м^3	ПДК	мг/м^3	ПДК	мг/м^3	ПДК
Взвешенные частицы (пыль)	0,048	0,10	0,044	0,09	0,041	0,08	0,052	0,10
Диоксид серы	0,003	0,007	0,004	0,008	0,004	0,008	0,004	0,007
Оксид углерода	0,42	0,08	0,38	0,08	0,45	0,1	0,42	0,1
Диоксид азота	0,003	0,02	0,004	0,02	0,004	0,02	0,003	0,02
Фтористый водород	0,000	0,00	0,000	0,00	0,000	0,00	0,000	0,00
Сероводород	0,0007	0,089	0,0009	0,108	0,0008	0,098	0,0008	0,098

За последние годы уровень загрязнения атмосферного воздуха (стандартный индекс СИ и наибольшая повторяемость НП) в феврале изменялся следующим образом (рисунок 2):



Рисунок 2. Сравнение СИ и НП за 2022-2026гг. В г. Астана

Как видно из графика, уровень загрязнения атмосферного воздуха г. Астана в феврале рассматриваемого периода оставался высоким. В основном, загрязнение воздуха характерно для холодного периода года, сопровождающегося влиянием выбросов от теплоэнергетических предприятий и отопления частного сектора.

Загрязнение воздуха диоксидом азота свидетельствует о значительном вкладе в загрязнение воздуха от автотранспорта на загруженных перекрестках города. На формирование загрязнения воздуха также оказывают влияние погодные условия, так в феврале 2026 года было отмечено 15 дней неблагоприятных метереологических условий НМУ (слабый ветер со скоростью 1-7 м/с, некоторые дни наблюдался штиль).

По данным РПГ «Казгидромет» за 1 полугодие 2025 года было зарегистрировано:

СИ=16,3 (очень высокий уровень) по сероводороду в районе поста № 8 и НП=12% (повышенный уровень) по сероводороду в районе поста № 8.

Максимально-разовые концентрации сероводорода составляли – 16,3 ПДКм.р., озона – 6,9 ПДКм.р., диоксида азота – 4,0 ПДКм.р., взвешенных частиц PM-2,5 – 3,6 ПДКм.р., оксид углерода – 3,0 ПДКм.р., взвешенных частиц PM-10 – 1,9 ПДКм.р., оксид азота – 1,5 ПДКм.р. концентрации остальных загрязняющих веществ не превышали ПДК.

Наибольшее количество превышений максимально-разовых ПДК было отмечено по сероводороду (3900), озону (1062), взвешенным частицам PM-2,5 (613), взвешенным частицам PM-10 (382), оксид углерода (47), диоксиду азота (41), оксид азота (26).

На формирование загрязнения воздуха также оказывают влияние погодные условия, так за 1 полугодие 2025 года было отмечено 69 дней НМУ (слабый ветер со скоростью 1-7 м/с, некоторые дни наблюдался штиль). Превышения нормативов среднесуточных концентраций наблюдались по озону, взвешенным частицам (пыль) [3].

По данным РГП «Казгидромет»4 можно проследить динамику изменения загрязнения атмосферного воздуха за 2020-2024 гг. (рисунок 3).



Рисунок 3. Динамика изменения загрязнения атмосферного воздуха за 2020-2024 гг.

Для оценки текущего состояния воздуха был проведен анализ баз данных спутниковых наблюдений. В качестве исходных данных для анализа загрязнения атмосферного воздуха использовались данные со спутника MODIS.

Набор данных представляет собой результат интеграции спутниковых наблюдений, транспортных моделей и наземных станций мониторинга воздуха. На основе такой синтетической модели оцениваются приземные

концентрации основных загрязняющих веществ. На рисунках 4 и 5 представлена картина загрязнения твердыми частицами PM2.5 и NO_2 города Астаны. Рисунок 5 показывает территориальное распределение загрязнения мелкодисперсной пылью PM2.5.

Менее загрязнённые участки тяготеют к периферийным районам, где выше доля зелёных насаждений, открытых территорий и участков «Зелёного пояса», способствующих рассеиванию загрязнений. Таким образом, выявляется градиент концентраций от максимальных в центральной части города к минимальным на окраинах.

Рисунок 4. Пространственное и временное распределение концентраций твёрдых частиц $PM_{2.5}$ на территории города Астаны



Рисунок 5. Динамика концентрации PM2.5 в г. Астана за 2024г.

Северная часть города, где расположены крупные промышленные объекты - ТЭЦ-2, ТЭЦ-3, промышленные и складские площадки, также формируют значительные очаги загрязнения твердыми частицами. Основными источниками здесь выступают ТЭЦ и котельные, использующие твердое топливо.

Вместе с тем значительный вклад в формирование повышенных концентраций PM 2.5 вносит плотная транспортная сеть. Также график показывает выраженную сезонность загрязнения атмосферного воздуха. Повышенные значения концентраций наблюдаются в холодный период, что соответствует отопительному сезону [4].

Результаты. Проведённый анализ показал, что экологическое состояние атмосферного воздуха в городе Астана остаётся неблагоприятным. Несмотря на определённые положительные тенденции, связанные со снижением выбросов от стационарных источников в последние годы, общий уровень загрязнения остаётся высоким, особенно в зимний период.

Основными факторами, определяющими сложившуюся ситуацию, являются высокая концентрация энергетических объектов, рост количества автотранспортных средств, использование твёрдого топлива в частном секторе, а также неблагоприятные метеорологические условия. Наличие устойчивых превышений предельно допустимых концентраций загрязняющих веществ свидетельствует о потенциальных рисках для здоровья населения и необходимости принятия дополнительных мер по улучшению качества атмосферного воздуха.

Выводы. По данным наблюдений РГП «Казгидромета» за 2022–2024 гг. качество атмосферного воздуха в Астане остаётся неудовлетворительным.

Во всех районах, кроме периферийных, фиксируются превышения ПДК по основным загрязняющим веществам: диоксиду азота, диоксиду серы и взвешенным частицам ($PM_{2.5}$). Наиболее загрязнёнными остаются центральная и левобережная части города, где превышения достигают 2–12 раз, а также северная промышленная зона, подверженная воздействию выбросов ТЭЦ-2 и промышленных предприятий [5].

Результаты мониторинга за февраль 2026 года свидетельствуют о превышении предельно допустимых концентраций по ряду загрязняющих веществ, особенно по сероводороду, что указывает на наличие серьёзных экологических рисков и потенциальное негативное влияние на здоровье населения.

Текущая экологическая ситуация требует усиления мер по достижению ЦУР 11, направленной на снижение негативного воздействия городов на окружающую среду [6].

Таким образом, проведённая оценка качества атмосферного воздуха в городе Астана показала, что уровень загрязнения остаётся высоким и в

отдельные периоды характеризуется как очень высокий. Основной вклад в ухудшение экологической ситуации вносят теплоэнергетические предприятия, автотранспорт и частный сектор, использующий твёрдое топливо. Наиболее неблагоприятная ситуация наблюдается в зимний период, когда фиксируются максимальные превышения предельно допустимых концентраций загрязняющих веществ.

В целях улучшения качества атмосферного воздуха необходимо реализовать комплекс мероприятий, включающих модернизацию энергетического сектора, дальнейшую газификацию частного сектора, развитие экологически чистого транспорта и повышение уровня экологической культуры населения.

Реализация данных мер будет способствовать достижению Цели устойчивого развития 11 и обеспечению экологически устойчивого развития городской среды.

Список использованных источников:

1. https://www.kazhydromet.kz/ru/
2. Информационный бюллетень о состоянии окружающей среды (Казгидромет, февраль 2026 г.).
3. Информационный бюллетень о состоянии окружающей среды города Астана и Акмолинской области за 2024 г.
4. Генеральный план города Астаны. На основе данных ТОО НИПИ "Астанагенплан".
5. Отчет по стратегической экологической оценке к проекту «Генеральный план города Астаны. Корректировка».
6. Цели устойчивого развития. Электронное правительство Республики Казахстан.

МРНТИ 87.21.15

ОЦЕНКА ДЕГРАДАЦИИ ПОЧВЫ И МЕРЫ УСТОЙЧИВОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ В ГОРОДЕ АСТАНА

Төлеген Ф. М., магистрант 1 курса «7М05201 Экология и природопользование», Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан, tolegenovafatima4@gmail.com; **Матниязова Г. К.,** PhD, ассоц. Профессор, Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан gulsim.matniyazova@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются современные проблемы деградации земель в контексте реализации Цели устойчивого развития 15, направленной на сохранение экосистем суши и биоразнообразия. Проведен комплексный анализ причин и последствий деградационных процессов на глобальном и национальном уровнях, включая опустынивание, загрязнение почв и снижение их продуктивности. Особое внимание уделено состоянию земельных ресурсов Республики Казахстан и почвенному покрову города Астаны, испытывающему значительное антропогенное воздействие. На основе анализа выявлены ключевые экологические риски, связанные с урбанизацией, промышленным развитием и нерациональным природопользованием. Также была обоснована необходимость внедрения устойчивых методов управления земельными ресурсами, совершенствования системы экологического мониторинга и усиления природоохранной политики для обеспечения экологической безопасности и устойчивого развития территорий.

Ключевые слова: деградация земель, опустынивание, биоразнообразие, почвы, экосистемы, устойчивое развитие.

Введение. Цель устойчивого развития 15 направлена на защиту, восстановление и рациональное использование экосистем суши, включая леса, пастбища и водно-болотные угодья, а также на борьбу с опустыниванием и деградацией земель. [1] В современных условиях данная проблема приобретает особую актуальность, поскольку интенсивное развитие промышленности, сельского хозяйства и урбанизации сопровождается усилением антропогенной нагрузки на природные ресурсы. По оценкам международных организаций, значительная часть поверхности Земли уже подверглась трансформации в результате хозяйственной деятельности человека, что привело к нарушению природных экосистем и сокращению биоразнообразия. Ухудшение состояния экосистем оказывает прямое влияние на экономическое развитие, продовольственную безопасность и качество жизни населения, что делает исследование процессов деградации земель особенно важным направлением современной

экологической науки. Для Республики Казахстан данная проблема имеет стратегическое значение, так как значительная часть территории страны расположена в аридных и полуаридных зонах, подверженных опустыниванию, что требует разработки эффективных мер по сохранению и восстановлению земельных ресурсов.

Материалы и методы. В ходе исследования применялись общенаучные и специальные методы. Основу работы составили методы анализа и обобщения научной литературы, международных и национальных отчетов, а также статистических данных, характеризующих состояние земельных ресурсов и степень реализации показателей Цели устойчивого развития 15. Использовался сравнительный анализ для оценки динамики процессов деградации земель и эффективности природоохранных мероприятий на глобальном и национальном уровнях.

Дополнительно был проведен анализ состояния почвенного покрова города Астаны на основе данных мониторинга, включающий оценку химического состава почв, уровня загрязнения тяжелыми металлами и нефтепродуктами, а также степени антропогенной трансформации что позволило выявить основные экологические проблемы городской среды. Применение системного подхода позволило выявить взаимосвязь между природно-климатическими и антропогенными факторами деградации земель и определить основные направления их предотвращения.

Результаты. Чрезмерная нагрузка на землю приводит к развитию негативных процессах в почвах. Под влиянием природно-климатических и антропогенных факторов значительная часть земельных ресурсов подвергается процессам опустынивания. К ним относятся деградация растительного покрова, набухание песков, водная и ветровая эрозия, засоление орошаемых почв, техногенное опустынивание, загрязнение почв и вод промышленными и бытовыми отходами.

В условиях усиливающегося антропогенного воздействия качественное состояние земель загрязняется целым рядом токсичных веществ, включая тяжелые металлы, нефть, химические средства защиты, удобрения и бытовые отходы. Загрязнение земель снижает продуктивность сельскохозяйственных угодий и качество продукции, вызывает изменения в экологии почвы и растительности, ухудшает условия жизни населения.

Развитие промышленности, энергетики, транспорта и сельского хозяйства приводит к систематическому увеличению антропогенных выбросов в окружающую среду. Земли, прилегающие к промышленным комплексам, автомагистралям и нефтепроводам, загрязняются в значительных масштабах. Совокупность этих факторов приводит к изменению функции почвы, т.е. количественной и качественной деградации свойств почвы, снижая ее природную и хозяйственную значимость.

Кроме того, большие площади земли в Казахстане подверглись воздействию военных объектов и запусков космических аппаратов. Строительный мусор и все виды разлитого топлива загрязняют регионы. В

частности, наиболее серьезными были аварии, вызванные запусками ракет. Ряд работ, направленных на рекультивацию и восстановление почв земли и увеличение штрафов за сброс отходов в неположенных местах, эффективны для улучшения ситуации с экологическими проблемами загрязнения земли в Казахстане.

Необходимы меры по переработке и утилизации отходов. В этом случае эффективным будет строительство мусороперерабатывающего завода для утилизации отходов. Создавать места для отдыха и спорта, турбаз и т.д. Подготовка земельных участков для засаживания лесов и воссоздания сельских угодий. Проведение санитарно-гигиенических мероприятий на непригодных к использованию участках. [2].

Однако именно здесь проявляется самый острый парадокс: уголовные дела о производственном травматизме формально направлены на защиту прав работников, но на практике нередко воспроизводят ситуацию их вторичной уязвимости. Расследования затягиваются, сбор доказательств проводится неполно, круг виновных ограничивается низовым персоналом, в то время как вопросы организационной вины, недостатков систем безопасности и производственного контроля остаются за рамками внимания следствия [2]. Такой подход фактически нивелирует саму идею эффективности уголовно-правовой защиты трудовых прав.

Особенно критическим элементом таких дел остаётся судебная экспертиза. Именно экспертное заключение определяет, существовала ли причинно-следственная связь между действиями работодателя и травмой работника. Однако многочисленные отчёты указывают на нестабильное качество экспертиз, отсутствие единых методик анализа техногенных аварий и неодинаковую квалификацию экспертов по регионам [3]. В ряде случаев экспертные выводы опираются на данные, предоставленные самим работодателем, что ставит под сомнение их независимость. Такая зависимость экспертных заключений от административных источников фактически ограничивает возможность потерпевших отстаивать свои права, даже при наличии объективных признаков вины должностных лиц. Остроту проблемы усиливает слабая реализация процессуальных прав потерпевших. Хотя УПК РК закрепляет широкие возможности для участия в расследовании (ст. 75, 99, 106)[4], реальная практика показывает, что потерпевшие часто получают ограниченный доступ к материалам дела, сталкиваются с отказами в удовлетворении ходатайств о повторных или комплексных экспертизах, а также испытывают давление работодателей, заинтересованных в минимизации уголовной ответственности [5]. В сочетании с недостатками следствия и экспертиз это формирует ситуацию, при которой уголовный процесс вместо средства защиты превращается в дополнительное испытание для пострадавшего.

Такое положение дел противоречит не только национальному законодательству, но и международным обязательствам Казахстана перед МОТ, включающим гарантии реальной безопасности труда и эффективного расследования несчастных случаев [6]. В результате уголовный процесс по делам о производственном травматизме становится сложным полем напряжения между интересами бизнеса, требованиями государства и правами работников. Анализ этих процессов позволяет выявить не просто юридические проблемы, а системные дефициты управленческой, экспертной и следственной деятельности.

Материалы и методы: В исследовании использованы нормы уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан, нормативные акты в сфере охраны труда, а также судебная практика и материалы экспертной

деятельности. Дополнительно учтены международные стандарты Международная организация труда и Организация Объединённых Наций. Методологическую основу составили формально-юридический, сравнительно-правовой и системный методы, позволившие оценить обеспечение законности, объективности экспертиз и защиты прав потерпевших.

Результаты. Юридическая конструкция уголовного процесса по делам о производственном травматизме. Расследование производственного травматизма в Республике Казахстан основано на нормах Уголовного кодекса (УК РК), Уголовно-процессуального кодекса (УПК РК) и законодательства об охране труда. Статья 156 УК РК закрепляет ответственность за нарушение правил техники безопасности и охраны труда, повлекшее тяжкий вред здоровью или смерть работника [7]. На практике применение этой нормы сталкивается с проблемой доказательственной базы: для привлечения работодателя к уголовной ответственности необходимо установить прямую причинно-следственную связь между нарушением и травмой, а квалификация нарушения как системного и грубого требует сложной технической и медицинской экспертизы [4]. В реальности же уголовный процесс часто фиксирует лишь последствия происшествия, не устраняя глубокие причины несчастий на производстве, которые скрываются в корпоративной безнаказанности и формальной культуре безопасности.Практика показывает, что уголовное расследование формально существует, но потерпевший часто оказывается в слабой позиции. Следствие зависит от предоставленных работодателем данных, которые могут быть неполными или искажёнными, а доказательная база экспертиз ограничена методологическими и техническими трудностями. Это создаёт парадоксальную ситуацию: трудовые права и безопасность работников формально защищены, но реальная защита в критический момент оказывается недоступной [8]. Поэтому анализ практики показывает, что эффективное применение статьи 156 УК РК требует не только закона, но и внедрения институциональных механизмов, которые обеспечат независимость расследования и объективность экспертиз.

Судебная экспертиза в делах о производственном травматизме является ключевым инструментом для установления обстоятельств происшествия. Закон «О судебно-экспертной деятельности» 2017 года закрепляет независимость эксперта, но на практике эксперты часто ограничены доступом к информации, предоставляемой работодателем [9]. Статистика за 2021–2024 годы показывает, что около трети экспертиз назначались повторно из-за неполноты данных или противоречивости выводов [10]. В результате экспертиза превращается в поле столкновения интересов сторон: потерпевший лишён реальной защиты, а работодатель получает шанс минимизировать ответственность.

Методологические ограничения экспертиз усугубляют проблему: эксперты сталкиваются с нехваткой квалифицированных специалистов, разрозненными стандартами оценки и ограниченным доступом к технической

документации. Это приводит к задержкам в расследовании, формированию противоречивых выводов и снижению доверия к процессу. В таких условиях факт травмы фиксируется, но истинные причины остаются невыявленными, что создаёт «правовой туман» — ситуация, когда очевидные нарушения безопасности существуют, но наказание за них формально отсутствует [8].

Проблема объективности также связана с тем, что экспертизы часто не учитывают комплекс факторов: условия труда, перегрузку сотрудников, износ оборудования и недостатки внутреннего контроля. Это формирует системный пробел, при котором уголовный процесс лишь формально проверяет факты, но не устраняет причины повторных происшествий, оставляя работников уязвимыми.

Процессуальные права потерпевшего, закреплённые в статьях 75, 99 и 102 УПК РК, включают участие в следственных действиях, оспаривание экспертиз и представление доказательств [4]. На практике их реализация ограничена: потерпевший часто лишён бесплатного адвоката, имеет ограниченный доступ к материалам дела, а ходатайства о повторной экспертизе отклоняются. Дополнительно создаётся давление со стороны работодателя, включая предложения досудебной компенсации, что ещё больше ослабляет позиции потерпевшего. Формально закреплённые права не обеспечивают равенства сторон в процессе и фактически остаются декларативными [11].

Разрыв между трудовым и уголовным законодательством усиливает системные проблемы расследования. Трудовой кодекс РК подробно описывает обязанности работодателя по обеспечению безопасных условий труда, тогда как уголовное законодательство оценивает только последствия нарушений [12]. Это позволяет работодателю переводить дела в административную плоскость, утверждая отсутствие системного нарушения, и снижает вероятность уголовного преследования. Следствию приходится доказывать прямую связь между нарушением и травмой, что требует сложных экспертиз и анализа документации. Практика показывает, что суды часто возвращают дела для дополнительного расследования, отражая структурную уязвимость уголовного процесса.

Данный разрыв создаёт ощущение «правового вакуума»: нормы о безопасности существуют, но реальное привлечение к ответственности затруднено. Работники оказываются формально защищёнными, но фактически лишены возможности эффективно отстоять свои права. Такая ситуация подрывает доверие к системе правосудия и снижает мотивацию работников сообщать о нарушениях безопасности [2].

Прокурорский надзор формально обеспечивает законность расследования. Конституция РК и Закон «О прокуратуре» закрепляют обязанность прокурора контролировать действия следователя и своевременно реагировать на нарушения [13]. Анализ надзорных актов за 2022–2024 годы показывает, что более половины замечаний касались недостаточной фиксации места происшествия и методических ошибок экспертиз. Прокурорская

реакция чаще носит ретроспективный характер, а суды склонны доверять заключениям экспертов даже при явных нарушениях, что снижает эффективность надзора и не предотвращает системные дефекты на ранних стадиях расследования [14].

Комплексный анализ нормативной базы и практики выявляет ключевые системные проблемы. Следствие зависит от работодателя, экспертизы ограничены нехваткой специалистов, процессуальная позиция потерпевшего остаётся слабой, а разрыв между трудовым и уголовным законодательством позволяет минимизировать ответственность работодателя. В совокупности это создаёт ситуацию, когда уголовный процесс формально регулирует действия следствия, экспертов и судов, но фактически не обеспечивает защиты потерпевших, не препятствует корпоративному давлению и не устраняет причины повторных нарушений [2]. Для эффективного расследования необходимы институциональные реформы, усиление независимости экспертиз и расширение прав потерпевших.

Анализ действующей правовой базы показывает, что государственное регулирование расследования производственного травматизма обеспечивает лишь формальное соблюдение процедур и минимальные гарантии прав потерпевших. Уголовный кодекс РК (ст. 156) и УПК РК (ст. 75, 99, 102) закрепляют ответственность за нарушение правил охраны труда и предоставляют потерпевшему участие в следственных действиях, возможность оспаривать экспертизы и представлять доказательства [7][4]. На деле же ситуация выглядит иначе: потерпевший формально защищён законом, но фактически остаётся уязвимым перед работодателем, который может ограничивать доступ к документам, перемещать оборудование или корректировать журналы. В результате уголовный процесс фиксирует последствия происшествия, но не устраняет причины травматизма, превращаясь в формальную бумажную процедуру без реального воздействия на корпоративную практику.

Результаты анализа практики расследований выявляют системный разрыв между процедурной защитой и реальной эффективностью уголовного процесса. По данным Генеральной прокуратуры РК за 2022–2024 гг., более половины дел сталкиваются с повторными экспертизами, задержками в проведении осмотра места происшествия и противоречивыми заключениями экспертов [2]. Потерпевший оказывается в положении жертвы формализма, где право на защиту существует на бумаге, но в реальности — почти недостижимо. Такая ситуация подрывает доверие к системе правосудия и фактически поощряет работодателей к бездействию или скрытию нарушений.

Выводы. Анализ действующего уголовного процесса по делам о производственном травматизме показывает, что существующее законодательство обеспечивает лишь формальную защиту прав потерпевших и соблюдение процедур, но не всегда гарантирует реальную эффективность расследований. Уголовный кодекс РК (ст. 156) и Уголовно-процессуальный кодекс РК (ст. 75, 99, 102) закрепляют ответственность за нарушение правил

охраны труда, дают право потерпевшему участвовать в следственных действиях и оспаривать выводы экспертов [7][4]. На практике же эти нормы не обеспечивают полноценной защиты: работодатели могут ограничивать доступ к документам, влиять на проведение экспертиз или изменять журналы регистрации несчастных случаев. В результате уголовный процесс фиксирует происшествие, но не устраняет системные причины травматизма, превращаясь в формальную процедуру без реального воздействия на безопасность труда.

Для устранения этих проблем необходимо комплексное совершенствование уголовного процесса по делам о производственном травматизме. В частности, требуется:

1. Обеспечить независимость судебной экспертизы и прямой доступ к исходной документации и оборудованию.
2. Гарантировать потерпевшему участие квалифицированного представителя и прозрачное информирование о ходе расследования.
3. Внедрить цифровой учёт несчастных случаев и регулярный мониторинг рисков на производстве [15][16].
4. Усилить ответственность работодателей за создание опасных условий труда, включая обязательное устранение выявленных нарушений.

Список использованной литературы:

1. Об утверждении Концепции безопасного труда Республики Казахстан на 2024 – 2030 годы // https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001182

2. Генеральная прокуратура РК. Аналитический обзор состояния законности и расследования преступлений против жизни и здоровья работников (2022–2024) //https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators

3. Министерство юстиции РК, Государственный центр судебных экспертиз. Методические отчёты и статистика по качеству судебных экспертиз (2021–2024) //https://forensic.gov.kz/ru/is-sharalar/taldama-jane-statistika/

4. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан, актуальная редакция (по состоянию на 2024 год) //https://online.zakon.kz/m/amp/document/31575852

5. Уполномоченный по правам человека в РК. Доклад о соблюдении прав работников и уязвимости потерпевших в уголовном судопроизводстве (2022–2024) //https://www.gov.kz/uploads/2025/4/10/60b774c65b438bc2da88fb6917303d53_original.10210743.pdf

6. МОТ (ILO). Национальные отчёты Республики Казахстан о реализации Конвенций №155 и №187 (2021–2023) //https://www.ilo.org/ru/media/257131/download

7. Уголовный кодекс Республики Казахстан // https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226

8. Закон РК «О судебно-экспертной деятельности», 2017 г // https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000044

9. Государственный центр судебных экспертиз, статистика 2021–2024 гг.// https://forensic.gov.kz/ru/is-sharalar/taldama-jane-statistika/

10. Статистика повторных экспертиз, Генеральная прокуратура РК, 2022–2024 гг. // https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics/

11. Доклад Уполномоченного по правам человека в РК, 2022–2024 гг. // https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/649889?lang=ru

12. Трудовой кодекс Республики Казахстан // https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414

13. Конституция Республики Казахстан // https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

14. Реформы прокуратуры Казахстана в 2024–2025 годах: надзор, цифровые сервисы и защита прав граждан // https://rus.baq.kz/amp/news/reformy-prokuratury-kazahstana-v-2024-2025-godah-nadzor-tsifrovye-servisy-i-zaschita-prav-grazhdan_300028646/

15. Статистика здравоохранения и социального обеспечения «О травматизме, связанном с трудовой деятельностью, и профессиональных заболеваниях в Республике Казахстан (2024г.)» // https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-medicine/publications/383083/

16. Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, Концепция безопасного труда в Республике Казахстан до 2030 года // https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/285862?lang=ru

ТАМР 10.63.39

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН РЕТТЕЛУІ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нұрлыбек Е.Н., Астана халықаралық университеті Құқық жоғарғы мектебі Құқықтану білім беру бағдарламасының 2 – курс студенті; **Журунова М.К.**, Астана халықаралық университеті Құқық жоғарғы мектебінің аға оқытушысы, құқық магистрі

Аңдатпа. Қазіргі әлемде еңбек қатынастарының дамуы мен әлеуметтік саясаттың тиімділігі көбіне минималды жалақы деңгейіне байланысты бағаланады. Ең төменгі жалақы – мемлекет тарапынан жұмыскерлерге кепілдендірілген ең төменгі табыс мөлшері. Ол азаматтардың өмір сүру сапасын қамтамасыз етуге, әлеуметтік айырмашылықты төмендетуге және экономикалық тұрақты дамытуды сақтауға бағытталған.

Қазақстанда соңғы жылдары ең төменгі жалақы көлемін арттыру мәселесі ерекше назарда. Бұл халықтың табысын көбейту, кедейлік деңгейін төмендету және еңбек нарығындағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп отыр. Сонымен қатар халықаралық тәжірибе көрсеткендей, минималды жалақы деңгейі елдің экономикалық даму дәрежесіне, инфляцияға, еңбек өнімділігіне және әлеуметтік саясаттың басымдықтарына тәуелді.

Ең төменгі жалақы (ЕТЖ) – бұл мемлекет белгілейтін, қызметкердің қалыпты еңбек жағдайында толық жұмыс уақыты үшін төленуге тиіс ең төменгі ақшалай еңбек ақы мөлшері. Ол жұмыскердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, оның өмір сүруіне қажетті ең төменгі табыс деңгейін сақтау мақсатында енгізіледі.

Түйін сөздер: күнкөріс деңгейі, ең төменгі жалақы, АЕК, индексация, инфляция.

Кіріспе. 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес 85000 теңге. Бұл көрсеткіш барлық жұмыс берушілер үшін міндетті болып табылады. [1].

ҚР Еңбек кодексінің 104-бабына сәйкес жұмыскердің айлық жалақысы ең төменгі жалақыдан кем болмауға тиіс. Бұл норма ең төменгі жалақының міндетті әлеуметтік кепілдік екенін дәлелдейді. Яғни, мемлекет жұмыскерді экономикалық қысымнан қорғап, оның еңбегі үшін ең төменгі табыс алуын қамтамасыз етеді [2].

Ең төменгі жалақы – жұмыскерлердің конституциялық еңбек құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік кепілдік [3].

Оның басты мақсаты: жұмыскердің лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету; еңбек үшін әділ ақы алу құқығын қорғау; әлеуметтік

айырмашылықті азайту. Бұл кепілдік еңбек құқығының негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, ең төменгі жалақыны реттейтін нормативтік құқықтық актілер, сот тәжірибесі мен ғылыми жарияланымдар пайдаланылды. Әдістемелік негізін салыстырмалы-құқықтық, формальды-заңдық және жүйелік әдістер құрап, ең төменгі жалақыны құқықтық реттеу мен құқық қолдану мәселелерін талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Ең төменгі жалақы еңбек құқығының елеулі институттарының бірі болып табылады. Ол: еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі элементі; жұмыс берушілер үшін міндетті норма; еңбек шарттарын жасауда ескерілетін құқықтық шек. Жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын жасасқанда жалақы мөлшерін заңда белгіленген ең төменгі деңгейден кем белгілей алмайды. Қазіргі әлемде ең төменгі жалақы институты еңбек қатынастарын реттеудің елеулі құралдарының бірі болып табылады. Әртүрлі мемлекеттерде ең төменгі жалақыны белгілеу тәсілдері экономикалық даму деңгейіне, әлеуметтік саясат ерекшеліктеріне, еңбек нарығы құрылымына және тарихи факторларға байланысты өзгешеленеді.

Еуропалық Одақ елдерінде минималды жалақы деңгейі айтарлықтай әртүрлі. 2025–2026 жылдардағы деректер бойынша: [4]

- Люксембург – шамамен €2704 айына (ең жоғары көрсеткіш);
- Германия – шамамен €2343 айына;
- Франция – шамамен €1823 айына;
- Болгария – шамамен €551 айына (ең төмен көрсеткіш).

Еуропада минималды жалақы әдетте: инфляцияға сәйкес индексацияланады; өмір сүру құнына байланысты есептеледі; әлеуметтік айырмашылықті төмендетуге бағытталады.

АҚШ Федералдық минималды жалақы – $7.25 сағатына берілгенімен, бірақ көптеген штаттарда одан жоғары мөлшер белгіленген.

Ұлыбританияда 2025 жылы шамамен £12.21/сағат, 2026 жылы шамамен £12.71/сағат деңгейіне көтерілуі жоспарланған. Швеция, Дания, Норвегия және Финляндия сияқты Скандинавия елдерінде заңмен бекітілген бірыңғай минималды жалақы жоқ. Оның орнына жалақы деңгейі кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасындағы ұжымдық келісімдер арқылы анықталады. Бұл модельдің ерекшеліктері: кәсіподақтардың жоғары ықпалы; әлеуметтік әріптестіктің дамуы; еңбек қатынастарының тұрақтылығы.

Мұндай тәсіл жалақы деңгейін нақты саланың ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл елдерде халықтың әлеуметтік қорғалуы жоғары болғандықтан, минималды жалақы мәселесі өткір әлеуметтік проблема ретінде қарастырылмайды.

Жалпы алғанда, дамыған мемлекеттердің тәжірибесі мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: Ең төменгі жалақы экономикалық мүмкіндіктер мен әлеуметтік қажеттіліктердің тепе-теңдігін сақтай отырып белгіленеді. Әлеуметтік әріптестік (мемлекет – жұмыс беруші – жұмыскер)

елеулі рөл атқарады. Инфляция мен өмір сүру құны негізгі индикаторлар болып саналады. Ең төменгі жалақыны жүйелі түрде индексациялау халықтың әлеуметтік қорғалуын арттырады.

Шетел тәжірибесін зерделеу Қазақстан үшін еңбек нарығын жетілдіру, әлеуметтік саясатты тиімді жүргізу және халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында елеулі практикалық маңызға ие. Статистикалық деректер көрсеткендей, ең төменгі жалақы мөлшері елдің экономикалық даму деңгейіне, әлеуметтік саясат ерекшеліктеріне және еңбек нарығы жағдайына байланысты айқындалады. Қазақстанда бұл көрсеткіш соңғы жылдары өскенімен, дамыған мемлекеттермен салыстырғанда әлі де төмен деңгейде. Шетел тәжірибесі минималды жалақыны ғылыми негізде есептеу, инфляцияға сәйкестендіру және әлеуметтік әріптестікті дамыту қажеттігін дәлелдейді.

Ең төменгі жалақы – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының елеулі құралы болып табылады. Ол еңбек нарығындағы табыстарды реттеуге, халықтың өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге және әлеуметтік айырмашылықты азайтуға бағытталған. Ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруі қоғамның әлеуметтік жағдайына ғана емес, жалпы экономикалық дамуына да елеулі ықпал етеді.

Ең төменгі жалақының негізгі әлеуметтік функциясы – азаматтардың ең төменгі өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету. Төмен жалақы алатын қызметкерлер үшін бұл табыстың кепілді ең төменгі деңгейі болып табылады. Соның нәтижесінде: кедейлік деңгейі төмендейді; халықтың өмір сапасы жақсарады; әлеуметтік айырмашылық азаяды; қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық нығаяды.

Ең төменгі жалақының өсуі әсіресе әлеуметтік осал топтар үшін елеулі. Мысалы, жастар, біліктілігі төмен қызметкерлер және уақытша жұмыс істейтін адамдар көбіне ең төменгі жалақы алатын топқа жатады. Сондықтан бұл көрсеткіш олардың әлеуметтік қорғалу деңгейіне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар ең төменгі жалақының жеткілікті деңгейде болуы еңбек миграциясын азайтуға және кадр тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді. Егер жалақы тым төмен болса, жұмыскерлер басқа елдерге немесе бейресми еңбек нарығына кетуі мүмкін. Ең төменгі жалақы экономикалық процестерге де айтарлықтай ықпал етеді. Бір жағынан, жалақының өсуі халықтың сатып алу қабілетін арттырады. Бұл ішкі тұтынудың көбеюіне әкеліп, экономикалық өсімді ынталандырады. Халықтың табысы артқан сайын: тауарлар мен қызметтерге сұраныс көбейеді; шағын және орта бизнес дамиды; салық түсімдері артады [5].

Сонымен қатар жоғары жалақы еңбек өнімділігін арттыруға ынталандыруы мүмкін. Қызметкерлердің материалдық жағдайы жақсарған сайын олардың жұмысқа деген мотивациясы да күшейеді.

Алайда ең төменгі жалақыны тым жоғары деңгейде белгілеу кейбір теріс салдарға әкелуі мүмкін: жұмыс берушілер шығындарының артуы; жұмыссыздықтың көбею ықтималдығы; инфляция деңгейінің өсуі; көлеңкелі экономиканың кеңеюі. Әсіресе шағын және орта бизнес үшін жалақының күрт

өсуі қаржылық жүктемені арттыруы мүмкін. Сондықтан мемлекет минималды жалақы деңгейін белгілеуде экономикалық мүмкіндіктер мен әлеуметтік қажеттіліктер арасындағы тепе-теңдікті сақтауы тиіс.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, минималды жалақы – мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатының елеулі элементтерінің бірі болып табылады. Ол еңбек қатынастарын құқықтық реттеуде, азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз етуде және қоғамдағы табыс теңсіздігін төмендетуде елеулі рөл атқарады. Қазақстанда минималды жалақы мөлшері соңғы жылдары біртіндеп өсіп келе жатқанымен, оның нақты өмір сүру құнымен сәйкестігі мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Шетел мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, минималды жалақыны тиімді белгілеу үшін экономикалық даму деңгейін, еңбек өнімділігін, инфляцияны және әлеуметтік қажеттіліктерді кешенді түрде ескеру қажет. Дамыған елдерде минималды жалақыны анықтауда әлеуметтік әріптестік, ғылыми негізделген есептеулер және тұрақты индексация кеңінен қолданылады. Бұл еңбек нарығындағы тұрақтылықты сақтауға және халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Ең төменгі жалақының әлеуметтік-экономикалық әсері екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, ол кедейлікті азайтып, халықтың сатып алу қабілетін арттырады және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, экономикалық жағдайды ескермей белгіленген жоғары жалақы жұмыссыздықтың артуына, инфляцияның өсуіне немесе көлеңкелі экономиканың кеңеюіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты Қазақстан үшін минималды жалақы саясатын жетілдіру барысында халықаралық тәжірибені ескеру, еңбек өнімділігін арттыру, әлеуметтік әріптестікті дамыту және халықтың нақты өмір сүру деңгейіне сәйкес ғылыми негізделген есептеу әдістерін енгізу елеулі. Бұл шаралар елдің әлеуметтік тұрақтылығын нығайтып, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және экономиканың тұрақты дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000239
4. Eurostat және халықаралық экономикалық зерттеу https://ec.europa.eu/eurostat/statistics-explained/index.php?title=Glossary:Minimum_wage
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Еңбек және халық табыстары бойынша ресми статистика. https://stat.gov.kz/

ҒТАМР 10.27.41

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ БАЗАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Сара А.Б., Құқық Жоғары мектебінің магистранты
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ.**; Е.С. Жамбаев,**
заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасының қалыптасу және даму процестері зерттеледі. Автор мемлекеттік сатып алу институтының эволюциясын ҚР Үкіметінің алғашқы негіз қалаушы шешімдері қабылданған 1990-жылдардың ортасынан бастап егжей-тегжейлі талдайды. Жұмыста заңнаманың қалыптасуының негізгі кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің құқықтық актілерді жетілдіру қажеттілігіне әсері, сондай-ақ «Қазақстан-2030» даму стратегиясы сияқты стратегиялық құжаттардың рөлі қарастырылады. Сатып алу рәсімдерін іс жүзінде жүзеге асыру барысында анықталған проблемалық аспектілерге, оның ішінде заңнамадағы олқылықтар, жеткіліксіз ашықтық, төмен бәсекелестік және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ерекше назар аударылады. Мақалада жүйені реформалау шаралары, мысалы, салалық заңдарды қабылдау арқылы заңнамалық базаны жетілдіру, уәкілетті органның бақылау функцияларын күшейту және, ең бастысы, процесті цифрландыру егжей-тегжейлі сипатталған. Тиімділік пен ашықтықты арттыруға және сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтуға мүмкіндік берген автоматтандырылған жүйелер мен мемлекеттік сатып алу веб-порталын енгізу, конкурстар мен баға ұсыныстарын сұратудың электрондық форматтарына көшу талданады. Қорытындыда Қазақстандағы жария-құқықтық және жеке-құқықтық бастауларды біріктіретін мемлекеттік сатып алу жүйесі ұлттық экономиканың стратегиялық міндеттеріне тұрақты даму және бейімделу сатысында тұр деген тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: мемлекеттік сатып алу, цифрландыру, реформалау, конкурстық рәсімдер.

Кіріспе: ҚР Үкіметі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібін айқындаған және елде мемлекеттік сатып алу институтының қалыптасуы мен дамуының бастамасын салған бірқатар шешімдер қабылдады.

Мемлекеттік мұқтаждықтарды қанағаттандыру үшін бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін күшейту мен оңтайлылығын арттырудың қажеттілігі мен мақсаттылығы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімін белгілейтін тиісті құқықтық актілерді бекітуді талап етті.

Бұл ретте, жылдам өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдай мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын қабылдау және нормативтік құқықтық актілерді бекіту жолымен мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың жаңа базалық бағыттарын айқындау қажеттілігін туғызды.

ҚР Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы № 3834 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында «Салық және бюджет саясатының тиімділігін арттыру және бюджет тапшылығын инфляциялық емес қаржыландыру» басымдығын іске асыру мемлекет шығыстарын ұтымды етуді көздейтіні белгіленген [1].

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес 1998-2000 жылдар кезеңінде мемлекеттік сатып алу көлемі 61,3 млрд теңгеден 179 млрд теңгеге дейін өсті. 1998 жылы сатып алу көлемі 33,6 млрд теңгені құрайтын 3166 конкурс өткізілсе, 1999 жылы 51,5 млрд теңге сомасына 4491 конкурс өткізілсе, 2000 жылы сатып алу көлемі 100,9 млрд теңгені құрайтын 5919 конкурс өткізілді [2].

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер кешені құрады. Зерттеу диалектикалық әдіске негізделген, ол Қазақстан Республикасындағы әкімшілік рәсімдерді құқықтық реттеудің проблемалары мен даму келешегін зерделеуге жол ашады.

Нәтижелер. Жоғарыда аталған көрсеткіштерге қол жеткізу жауапты мемлекеттік органның құзыреті түзетулерге ұшырамағандығының арқасында мүмкін болды. Осылайша, осы кезеңде институционалдық негізді, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастыру мен жоспарлауды жақсарту бойынша шаралар қабылдау қажет болды.

Заңнамалық және әдіснамалық негіздің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың практикалық тәжірибесінің болуы мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың базалық бағыттары мен ұзақмерзімді перспективаларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Өз кезегінде, уәкілетті орган жүргізген мемлекеттік сатып алуларға, конкурс нәтижелеріне, кәсіпкерлік субъектілерінің көптеген өтініштеріне жасалған талдау нәтижелері осы салада заңнамадағы олқылықтардың болуына, сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен жариялылығының болмауына, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер арасындағы төмен бәсекелестікке байланысты үлкен проблемалардың бар екендігін көрсетті.

Аталған проблемалар мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың, белгіленген сатып алу мерзімдерінің көптеген бұзылуына негіз болды, оның салдары бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізу болды.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін түзетудің бюджет қаражатын жұмсудың тиімділігі мен оңтайлылығын арттыру мақсатындағы орындылығы келесі проблемалық мәселелерді жою бойынша шешімдер қабылдауды талап етті:

1) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада олқылықтар мен қайшылықтардың болуы;

2) мемлекеттік органдар мен мекемелердің қажетті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемдері мен номенклатурасын тиімсіз жоспарлауы;

3) мемлекеттік сатып алуды жүргізуге жауапты қызметкерлер мен конкурстық комиссиялар мүшелерінің кәсіби біліктілігінің жеткіліксіздігі және заңнаманы білмеуі;

4) сыбайлас жемқорлық құқыққа қарсы әрекеттер жасау фактілерінің көбеюі;

5) жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік сатып алулар туралы бизнес субъектілерін уақтылы хабардар ету бойынша шаралардың қабылданбауы;

6) мемлекеттік сатып алуды жүргізуге есеп беру және мониторинг жүргізу бойынша электрондық ақпараттық ресурстардың болмауы.

Аталған проблемалардың болуы, сондай-ақ уәкілетті орган тарапынан нормативтік-әдіснамалық және түсіндірме жұмысының, тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылар мамандарының біліктілігін арттыруға қойылатын талаптардың болмауы экономика мен қоғамдағы өзгерістерге уақтылы және сапалы ден қоюға дайын еместіктің салдары болды.

Мемлекеттік сатып алу жүйесі мемлекет қызметінің барлық салаларын қамтитынын ескере отырып, жұмысты оңтайлы құру және мемлекеттік тапсырысты орналастыру мен өткізу рәсімдерін жетілдіру әрқашан өзекті болады.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалаудың базалық бағыты дамудың нақты перспективаларын, нысаналы индикаторларды айқындау, тиімді бюджеттік жоспарлау болуға тиіс және бұл ретте ел және әлем экономикасындағы жылдам өзгеріп жатқан жағдайлар ескерілуі керек.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалаудың басында ҚР Үкіметі бюджеттік және стратегиялық жоспарлауға, монополияны шектеуге және бәсекелес нарықты дамытуға, кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдауға, цифрландыруды енгізуге байланысты ілеспе мәселелерді ескерді.

Елдің әлеуметтік-экономикалық даму үрдісі мемлекеттік сатып алу жүйесін орта мерзімді перспективада реформалаудың үш базалық бағытын қалыптастыруға ықпал етті:

1) жоспарлау, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру және шарттар жасасу мәселелерін, сондай-ақ оны іске асыруға бағытталған заңға тәуелді актілерді көздейтін жеке салалық заң әзірлеу және бекіту жолымен мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіру;

2) уәкілетті органға мемлекеттік органдардың, мекемелердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік сатып алуды жүргізуіне мониторингті, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті тиісті функциялар мен ресурстарды беру.

Мәселен, 1997 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сатып алу көлемдерінің 39%-дан 64%-ға дейін ұлғаюына байланысты, сондай-ақ заңдылықты, тұрақты бақылауды қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру үшін

әдіснамалық ақпарат беру мақсатында ҚР Үкіметі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерін құру туралы шешім қабылдады.

3) Мемлекеттік сатып алу жүйесін цифрландыру, атап айтқанда, есеп беру мен мониторингтің автоматтандырылған жүйесін құру арқылы тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру процесін цифрландыру.

Мемлекеттік сатып алудың электрондық жүйесінің жұмыс істеуі өткізілген сатып алулардың қорытындыларын жинауға, талдауға, сатып алу жоспарлары, мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландырулар туралы ақпаратты қалыптастыруға бағытталған. Бұл функционал қаржылық бақылау органдарына мемлекеттік сатып алудың жүргізілуін нақты уақыт режимінде бақылауға, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік сатып алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмысы нәтижесінде мәліметтер алынды, олардың негізінде сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезіндегі проблемалық мәселелерді, тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың жиі кездесетін қателерін қамтитын мемлекеттік органдардың паспорттары әзірленді.

Мемлекеттік сатып алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу одан әрі электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесін әзірлеуге мүмкіндік берді, оның алаңында конкурстарды электрондық форматта өткізу қолжетімді болды және қағаз құжат айналымын едәуір қысқарту мүмкін болды.

Жоғарыда аталған шараларды іске асыру саланы цифрландыру және электрондық сатып алу жүйесін басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарымен интеграциялау арқылы мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кемшіліктерді жоюға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік сатып алуды орталықтандыру және «бір терезе» қағидаты бойынша жүргізу үшін электрондық сауда-саттықты өткізу алаңы – мемлекеттік сатып алу веб-порталы құрылды.

Цифрлық технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту бәсекелестікті арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністерін азайту, сондай-ақ сатып алу рәсімдерін оңайлату қажеттілігімен байланысты.

Мемлекеттік сатып алуды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізу 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап электрондық форматта мүмкін болды.

Сондай-ақ, 2012 жылғы 1 шілдеден бастап тапсырыс берушілер конкурстарды электрондық форматта өткізуге міндетті, осы кезеңнен бастап онлайн режимінде жүргізілетін мемлекеттік сатып алудың жаңа тәсілі де енгізілді.

Жалпы, мемлекеттік сатып алуды электрондық форматқа көшіру бойынша жүргізілген жұмыс бизнес-процесті ұйымдастыруға бюджет қаражатын үнемдеуге әкелді және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мерзімдерін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді.

2012 жылғы 1 қарашадағы пайдаланушылар саны 189 131-ді құрады

және 2010 жылмен салыстырғанда 2 есеге артты. Өнім берушілердің саны 1,8 есеге өсіп, 99 567-ні құрады (заңды тұлғалар 45 711, жеке тұлғалар – 53 856). Бұл ретте келушілер саны – 48 492 320-ны құрады [3].

2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жүргізілген мемлекеттік сатып алулар бойынша жалпы сома 615 188 млн теңгені құрады, үнемдеу – 30 391 млн теңге, немесе 4,4 %.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін қалыптастыруға және ілгерілетуге әсер ететін факторлардың біріне тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге бекітілген стандарттардың болмауын жатқызу керек.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәжірибесінде тапсырыс берушілердің конкурстық құжаттамада тапсырыс берушілерге белгілі, айқындалған өнім берушілердің тауарларына талаптар белгілеу жолымен техникалық ерекшелікте нақты егжей-тегжейлі сипаттауды көздейтін жағдайлар кездеседі.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталының пайдаланушыларының осы саладағы заңнаманы, тиісті әдіснама мен нұсқаулықтарды, сондай-ақ қажетті тәжірибені білмеуі әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде бұзушылықтар жасауына, деректерді дұрыс қалыптастырмауына және бизнес өкілдері тарапынан наразылықтарға ықпал етті [4].

Жоғарыда аталған іс-шаралар 2001 және 2007 жылдардағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңды әзірлеу кезінде жоспарланды және іске асырылды. Сонымен бірге, ел экономикасындағы тұрақты өзгерістерді ескере отырып, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға тиісті түзетулер қажет болды.

Мәселен, ҚР Президентінің 2014 жылғы 2 қыркүйекте Парламент сессиясын ашуда айтқан тапсырмасына сәйкес, Қаржы министрлігі 2015 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңды әзірледі.

Бұл заңды әзірлеу мыналарға бағытталды:

- алдын ала біліктілік іріктеуді қолдана отырып және электрондық дүкен арқылы жаңа тәсілдермен толықтыру жолымен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімін оңайлату;

- техникалық ерекшелікті алдын ала талқылауды, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тек электрондық нысанда жасасуды, сондай-ақ қабылдау-тапсыру актілерін, жүкқұжаттар мен шот-фактураларды беруді электрондық форматқа көшіруді енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың алдын алуға бағытталған шаралар қабылдау;

- әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімді анонимді беру функционалын енгізу;

- әлеуетті өнім берушілердің рәсімге немесе нәтижелерге шағымдану кезеңіне мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізуді тоқтата тұру арқылы әлеуетті өнім берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың

тиімді әрі ықпалды тетіктерін белгілеу;

- антидемпингтік шаралар қабылдау арқылы әлеуетті өнім берушілердің жауапкершілігі мен адалдығын күшейту, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған адал емес өнім берушілерді тиісті тізілімге жіберу үшін уәкілетті органның құзыретін белгілеу.

Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес, 2007 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда көзделген және мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібін белгілейтін нормалар мемлекеттік сатып алудың электрондық форматын енгізуге байланысты жаңартуды талап етті.

Осыған байланысты заңнамада тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының және әлеуетті өнім берушінің/өнім берушінің құқықтары мен міндеттерін, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың базалық кезеңдерін айқындайтын нормаларды көздеу қажет болды.

Өз кезегінде, сатып алу рәсімдерін, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың нақты әрекеттерін жүргізу мерзімдерін белгілейтін ережелерді заңға тәуелді актілерде көздеген орынды.

Қорытындылар. Қорытындылай келе, мемлекеттік сатып алулар бір-бірімен тығыз байланыстағы жария-құқықтық (болжау, жоспарлау, қаржыландыру, бақылау) және жеке-құқықтық (келісімшарттар жасасу, орындау, бұзу және өзгерту) бастаулардан тұратын кәсіпкерлік құқықтың маңызды институттарының бірі болып табылады, бұл кәсіпкерлік құқық ғылымында әзірленген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру жөніндегі қатынастарды және оны мемлекеттік реттеуді құқықтық реттеудің бірлігі тұжырымдамасын растайды [5, 21-б.].

Қазіргі уақытта Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесі даму және жетілдіру сатысында тұр. Мемлекеттік сатып алу практикасы болып жатқан өзгерістерге бейімделіп, ұлттық экономиканың алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешуге ықпал етуі тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы № 3834 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы № 827 Жарлығымен күші жойылды // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінің жинағы. - 1998. - № 2. - 10-бап.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қазандағы № 1319 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қаулысы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінің жинағы. - 2001. - № 35. - 461-бап.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қаулысы // Қазақстан

Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінің жинағы. - 2011. - № 18. - 211-бап.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 мамырдағы № 531 «Қазақстан Республикасындағы көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2014-2015 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қаулысы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 234 қаулысымен күші жойылды [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P 1400000531/info (жүгінген күні: 17.01.2026).

5. Ершова И.В., Отнюкова Г.Д. Предпринимательское право: учебник для бакалавров. М.: Проспект, 2014. - 823 с.

МРНТИ 10.17.31

АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ КАК ОСНОВНОЕ ТРЕБОВАНИЕ РЕАЛИЗАЦИИ НОРМЫ ПРАВА

Сұлтан С.С., магистрант Высшей школы права Международного университета Астана, г. Астана; **Сагадиев А.Н.**, к.ю.н., доцент кафедры «Юриспруденции» Кокшетауского университета имени А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Аннотация: В настоящей статье исследуются теоретико-правовые аспекты административных процедур как особой категории административного права и процесса. Автором обосновывается положение о том, что административные процедуры представляют собой высшую ступень абстрактных знаний в теории административного права, поскольку они образуются в результате логического процесса абстрагирования от многочисленных характеристик практики администрирования. Рассматривается роль должностных лиц как ключевых субъектов, реализующих властные полномочия в рамках установленных процедур. Особое внимание уделяется функциональному значению административных процедур, которые выступают не просто формализованным порядком деятельности, а специфическим способом превращения «организации в себе» в «организацию для нас», обеспечивая снижение неопределенности в действиях участников административных правоотношений. Анализируются вопросы компетенции государственных органов, требования к правовым актам, а также роль процедур в обеспечении законности и обоснованности принимаемых решений. Делается вывод о системном характере административных процедур, их универсальности и конструктивности, позволяющих гарантировать с правовой стороны достижение поставленных целей публичного управления.

Ключевые слова: административные процедуры, должностные лица, административное право, компетенция, правовые акты, государственное управление**.**

Введение. Правовые знания неоднородны и не все они имеют прямой выход на практику администрирования. В одном случае знания используются для правотворчества и правоприменения. Так, под должностным лицом специалисты понимают лицо, которое постоянно, временно или по специальному полномочию осуществляет государственные функции. Хотя в законодательстве могут быть и иные (дополнительные) признаки, но в контексте знаний об административных процедурах очень важно, чтобы должностные лица были правомочны принимать решения в порядке единоличного распорядительства или от имени государственного органа.

Должностное лицо, его статус проецируется на реальность и уже в контексте практики администрирования важна не столько констатация статуса, сколько, какие действия и акты приняты, соответствуют ли они полномочиям лица, а также соблюдены ли процедуры.

Так, при реализации властных полномочий и принятии вопроса к своему рассмотрению должностное лицо должно убедиться, что решение этого вопроса входит в его компетенцию.

Административные процедуры, если их рассматривать как логические ступени познания практики администрирования, могут быть классифицированы по самым различным основаниям, что позволяет использовать их в разных сферах. Именно абстрагирование может выявить реальный потенциал применения процедур и использовать их в различных комбинациях. Поэтому использование административных процедур в рамках проводимой в Республике Казахстан административной реформы предполагает их изучение и правильное применение. В этой связи можно отметить, что:

1) административные процедуры существуют относительно автономно от иных правил и регламентов (технических и иных порядков деятельности);

2) административные процедуры полезно развивать профессиональным специалистам права и управления;

3) административные процедуры концентрируются и систематизируются в определенной степени.

Наибольшее количество административных процедур используются органами (должностными лицами) в межгосударственных и внутригосударственных отношениях.

